ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында
Академик Т.Т. Тәжібаевтың туылғанына 114 жыл толуына арналған
«ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОҚУ-АҒАРТУ ЖҮЙЕСІ:
ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

международной научно-практической конференции
«НАУКА И СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА: ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ», посвященной 114-летию со дня рождения академика Т. Т. Тажибаева, в рамках 90-летия Казахского национального университета имени аль-Фараби

COLLECTION

of the international scientific and practical conference
"SCIENCE AND THE EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN: PATHS AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT", dedicated to the 114th anniversary of the birth of academician T. T. Tazhibayev within the framework of the 90th anniversary of the Al-Farabi Kazakh National University

Алматы, 2024

УДК 378(063)
ББК 74.58
Қ 18

«ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОҚУ-АҒАРТУ ЖҮЙЕСІ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. Алматы, 2024. – 2166 б.

ISBN 978-601-269-484-0

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында академик Т.Т. Тәжібаевтың туылғанына 114 жыл толуына арналған **«Қазақстан ғылымы және оқу-ағарту жүйесі: даму жолдары мен болашағы»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшінші ректоры, Т.Т.Тәжібаевтың (1910-1964) ғылым, білімге, басқарушы қызметіне бағытталған озық идеялары мен 90 жылдық тарихы бар университеттің дамуына өз үлесін қосқан ғалымдардың ғылыми еңбектері, университеттік білім беру жағдайында ғылыми зерттеулерді дамытудың басымдықтары, білім алушылардың сұранысына ие цифрлық педагогика, инновациялық оқыту әдістемелері, инклюзивті білім беру жағдайындағы ғылыми ізденістер, ғылыми және кәсіби ұйымдардың өзара ынтымақтастығына негіз болатын білім беру үдерісін ізгілендіру мәселелеріне басты назар аударылады.

Білім берудің барлық деңгейлерінде практикалық қызметті жүзеге асыратын немесе білім беру нәтижелеріне қызығушылық танытатын педагогтарға, білім беру мекемелерінің басшыларына және басқа да кәсіби мамандарға арналған.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і, Философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесінің 2024 жылғы 26 қаңтар №9 хаттамамен басып шығаруға ұсынылды.

ISBN 978-601-269-484-0 © әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

Түймебаев Ж.Қ.,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма төрағасы – Ректор,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ҚҰРМЕТТІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ!
ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, БІЛІМ АЛУШЫ ЖАСТАР!

90 жылдық тарихы бар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне қош келдіңіздер!

Бүгінгі конференция мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, академик Төлеген Тәжібаевтың ғылыми мұрасын зерттеуге арналып отыр.

Төлеген Тәжібайұлының еңбек жолы біздің университеттпен тығыз байланысты.

Білім ордасын әр жылдары Иван Лукьянец, Асқар Закарин, Темірбай Дарқанбаев, Өмірбек Жолдасбеков сынды тұлғалар басқарған.

Бұл қатарда академик Төлеген Тәжібаевтың да есімі ерекше аталады.

Төлеген Тәжібаев 1940 жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының педагогика жөне психология кафедрасында еңбек жолын бастады.

Қазақ КСР-і Халық ағарту комиссары болды.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ КСР-і Сыртқы істер министрі болып, дипломатия саласының дамуына үлес қосты.

1947 жылдан 1953 жылға дейін С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (Қазіргі ҚазҰУ) ректоры қызметін абыроймен атқарды.

Осы кезеңде университетте философия, экономика факультеттері ашылды.

Кешкі және сырттай оқу жүйелері енгізілді.

Шоқан Уәлиханов атындағы студенттік ғылыми қауымдастық құрылды.

Студенттік көркемөнерпаздар үйірмесі мен спорттық секциялар ашылды.

Университеттік ғылымның дамуына көңіл бөлініп, жұмысқа тәжірибелі мамандар шақырылды.

Одан кейінгі жылдары Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР-і Мәдениет министрі лауазымдарын атқарды.

Үндістандағы КСРО елшілігінің кеңесші-өкілі, Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры әрі меңгерушісі болды.

Қазақ КСР педагогика қоғамының президенті, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің екі шақырылымында депутат болды.

Төлеген Тәжібаев - ғылыми жұмыс пен мемлекеттік қызметті қатар атқарып, еліміздің дамуына үлкен үлес қосты.

Педагогика, психология саласында іргелі зерттеулер жүргізіп, ғылыми ортада жоғары бағасын алды.

«Жалпы психология» атты тұңғыш қазақ оқулығын жазды.

Қазақ тілінде психология ғылымы терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты.

Өзінің ғылыми мектебін қалыптастырып, ізбасар шәкірттер тәрбиеледі.

Төлеген Тәжібаевтың шәкірттерінің бірі - ҚазҰУ ардагері, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жолмұхан Түрікпенұлы биыл 90-ға келді.

Екі тұлғаның рухани байланысы жөнінде өткен жылы «Ұстаз бен шәкірт» кітабы жарық көріп, тұсауы кесілген болатын.

Бүгінгі жиын қарсаңында академик Төлеген Тәжібайұлының қайраткерлігі мен ғылыми еңбек жолын саралаған «Заңар тұлға» кітабы жарық көрді.

(Екі кітаптың құрастырушысы - ҚазҰУ профессоры Алмасбек Мәуленов)

Университет қайраткер тұлғалар бастаған игі істерді жаңа бағытта жалғастырып келеді.

Түймебаев Ж.Қ.,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма төрағасы – Ректор,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ҚҰРМЕТТІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ!
ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, БІЛІМ АЛУШЫ ЖАСТАР!

90 жылдық тарихы бар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне қош келдіңіздер!

Бүгінгі конференция мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, академик Төлеген Тәжібаевтың ғылыми мұрасын зерттеуге арналып отыр.

Төлеген Тәжібайұлының еңбек жолы біздің университеттпен тығыз байланысты.

Білім ордасын әр жылдары Иван Лукьянец, Асқар Закарин, Темірбай Дарқанбаев, Өмірбек Жолдасбеков сынды тұлғалар басқарған.

Бұл қатарда академик Төлеген Тәжібаевтың да есімі ерекше аталады.

Төлеген Тәжібаев 1940 жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасында еңбек жолын бастады.

Қазақ КСР-і Халық ағарту комиссары болды.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ КСР-і Сыртқы істер министрі болып, дипломатия саласының дамуына үлес қосты.

1947 жылдан 1953 жылға дейін С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (Қазіргі ҚазҰУ) ректоры қызметін абыроймен атқарды.

Осы кезеңде университетте философия, экономика факультеттері ашылды.

Кешкі және сырттай оқу жүйелері енгізілді.

Шоқан Уәлиханов атындағы студенттік ғылыми қауымдастық құрылды.

Студенттік көркемөнерпаздар үйірмесі мен спорттық секциялар ашылды.

Университеттік ғылымның дамуына көңіл бөлініп, жұмысқа тәжірибелі мамандар шақырылды.

Одан кейінгі жылдары Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР-і Мәдениет министрі лауазымдарын атқарды.

Үндістандағы КСРО елшілігінің кеңесші-өкілі, Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры әрі меңгерушісі болды.

Қазақ КСР педагогика қоғамының президенті, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің екі шақырылымында депутат болды.

Төлеген Тәжібаев - ғылыми жұмыс пен мемлекеттік қызметті қатар атқарып, еліміздің дамуына үлкен үлес қосты.

Педагогика, психология саласында іргелі зерттеулер жүргізіп, ғылыми ортада жоғары бағасын алды.

«Жалпы психология» атты тұңғыш қазақ оқулығын жазды.

Қазақ тілінде психология ғылымы терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты.

Өзінің ғылыми мектебін қалыптастырып, ізбасар шәкірттер тәрбиеледі.

Төлеген Тәжібаевтың шәкірттерінің бірі - ҚазҰУ ардагері, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жолмұхан Түрікпенұлы биыл 90-ға келді.

Екі тұлғаның рухани байланысы жөнінде өткен жылы «Ұстаз бен шәкірт» кітабы жарық көріп, тұсауы кесілген болатын.

Бүгінгі жиын қарсаңында академик Төлеген Тәжібайұлының қайраткерлігі мен ғылыми еңбек жолын саралаған «Заңар тұлға» кітабы жарық көрді.

(Екі кітаптың құрастырушысы - ҚазҰУ профессоры Алмасбек Мәуленов)

Университет қайраткер тұлғалар бастаған игі істерді жаңа бағытта жалғастырып келеді.

Бүгінгі конференцияның мақсаты – Төлеген Тәжібаевтың педагогика, психология саласындағы еңбектеріне жан-жақты талдау жасау.

Т.Тәжібаев тәлімін негізге ала отырып, университеттік ғылымды дамытудың жаңа бағыттарына талдау жасау.

Жиында жаңа идеялар, ұтымды ұсыныстар айтылады деп ойлаймын.

Конференция жұмысына табыс тілеймін!

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

(Профессор Т.Тәжібаевтың феномені)

Жолмұхан ТҮРІКПЕНҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры,
психология ғылымдарының кандидаты,
Т. Тәжібаевтың шәкірті

Қазақстан Республикасы белгілі мемлекет қоғам қайраткері, Қазақ ССР ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Тәжібаев (1910-1964) республикамыздағы Халық ағарту ісін ұйымдастырушылар мен басқарушылардың бірі болды. Қазақстандағы педагогика-психология ғылымдарының іргетасын қалаушы. Ол 1910 жылы ақпан айының 23 жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданында дүниеге келді. Шымкенттегі педагогика техникумын, Москвадағы Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясын үздік дипломмен бітірді, соңғы білім ордасындағы психология кафедрасының аспирантурасына қалдырып, 1938 жылы «К.Д. Ушинскийдің педагогикалық психологиясы» деген тақырыпта диссертациялық жұмысын ойдағыдай қорғады.

Ұстаздық жолын Абай атындағы Қазақ педагогика институтының педагогика және психология кафедрасынан бастады. Доценті, меңгерушісі болды. Ал, одан соң республика Халық ағарту комиссарының бірінші орынбасары, Халық ағарту комиссары, Қазақ ССР Халық Комиссарлары советі Председателінің орынбасары, Қазақ ССР Сыртқы істер министрі қызметтерін атқарды.

1948-1954 жылдар арасында С.М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің ректоры болды. 1954 жылдың қазанында Т. Тәжібаев Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне қайта тағайындалды. Ал, 1957-1961 жылдары Үндістандағы СССР елшілігінің Бас кеңесшісі болды. Одан келген соң, өмірінің соңғы жасына дейін Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болды.

Сонымен қатар көптеген қоғамдық жұмыстарды атқарды. Мысалы, Қазақ ССР Педагогика қоғамының президенті, Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің педагогика және психология саласындағы ғылыми-педагогикалық советінің председателі, «Білім» қоғамы сияқты Үкімет ол кісінің атқарған істерін жоғары бағалап, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және көптеген медальдармен наградталды.

Республикамыздағы педагогика ғылымының дамуында тым кенже қалып келе жатқан саласы-педагогика тарихы, оқу-ағартудың даму проблемалары еді. Осыны түсінген Т.Тәжібаев 1950 жылдардан бастап-ақ Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы мен мектептер тарихын зерттей бастады. Өзінің монографиялық еңбегінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ағарту ісін, мектептер тарихын, педагогикалық ой-пікірдің даму проблемасын саралайды. Сондай-ақ, Шоқан Уалихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастарына арнап бірнеше ғылыми мақалалар жазды.

1957 жылы «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары», ал арада бір жыл өткен соң «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен педагогикалық ой пікірінің дамуы» деген кітаптары жарияланды. 1962 жылы «XIX ғасырдың Қазақстанның ағарту екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен мектебінің дамуы» деген еңбегі көпшіліктің қолына тиді. Кең ауқымды ғылыми зерттеулерінде Қазақстандағы мектептер жүйесі дамуының өзіне тән жақтары, түрлі аймақтар мен оқу орындарына бағынған оқу-тәрбие мекемелерінің ерекшеліктері жан-жақты сараланып көрсетіледі.

Сонымен бірге XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ арасындағы ағарту ісі қалай дамығанын, оған орыс ғалымдары қаншалықты әсер етіп, оқу ісі қалай жүргізілгені баяндалған. Профессор Төлеген Тәжібайұлы мол білімін, ақыл-ойын, бай тәжірибесін шәкірттеріне оқыған дәрістерінде де шебер пайдаланған. Сондықтан профессор М.Балақаев «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деген еңбегінде: «М.О.Әуезов, Т.Тәжібаев лекция оқығанда, студенттер қит етпей отырып, сүйсіне, ынтыға отырып тыңдайтын, олай тыңдаушыларын жалықтырмай, қызықтыра, еліктіре сөйлеуге білім керек, шеберлік керек» деп орынды айтқан.

Ал, осындай еңбектері, творчестволық ізденуі М.Мұқанов, Е.Суфиев, Ә.Асылбеков, К.Қойбағаров, С.Д. Пименов, Г.М.Храпченков, Қ.Б. Жарықбаев, Ж.Түрікпенұлы сияқты талапты ғалымдарды даярлауға, Орта Азия Республикаларының көптеген мамандарына ғылыми басшылық жасауға жағдай жасады. Сондықтан ұлағатты ұстаз, мемлекет, һәм қоғам қайраткері, дипломат, академик-ғалым Т.Тәжібаевтың жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай сынық, сыпайы, әрі салмақты, білімді, мәдениетті болғанын бәріміз де сезінуге, бағалауға міндеттіміз. Сондықтан қазақ халқының аяулы ұстаздарының бірі Т.Тәжібаевтың жарқын өмірі, ғылыми мұрасы, бәрімізге үлкен өнеге болуға тиісті.

***

Т. ТӘЖІБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТІЛДІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ (XIX Ғ. II ЖАРТЫСЫ)

Т.Тәжібаев «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлер» атты кітабында (А., 1965) сол кезеңдегі қазақ халқының орыс тіліне көшуін орыстандырылуымен жан-жақты терең талдаған. XIX ғасырдың екінші жартысындағы басқа халықтардың балаларын ана тілінде оқытуға тыйым салу, тек орыс тілін барлық білім жүйелеріне енгізу арқылы орыстандыру саясаты – қол астындағы халықтарға қысым көрсетіп, оларды бодандыққа айналдыруға бағытталған патшалық үкіметтің отарлау саясатының бір көрінісі. 140 миллион халқы бар Ресейдің жартысына жуығын «орыс емес» халықтар құрағанына қарамастан, үкімет ұлттық азшылыққа қысым көрсету саясатын жүргізді, олардың өзіндік танымының, ұлттық мәдениеттің дамуына, балаларды ана тілінде оқытуға кедергі болды. Патша үкіметі «орыс емес» балаларды ана тілінде оқытуға тырысқандарды қатаң жазалап отырды. Қазақтардың орыс тілін үйренуі, қазақ балаларын орыс жазуына үйрету – қазақ халқының орыс мәдениетіне жақындатқан прогрессивті қозғалыс. Бірақ «орыс емес» халықтың орыс тілін үйрену күштеп емес, тек өз еркімен оқытылған жағдайда, сондай-ақ егер орыс тілі мектепте ана тілінің орнына емес, ана тілімен бірге ендірілген болса және де халықтың психологиясын білдіретін, бала күнінен ана сүтімен дарыған ана тілді негізгі тіл ретінде оқыту енгізілген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Орыс шенеуніктерінің қазақ даласына орыс тілін қазақтарды орыстандыру мақсатымен күштеп оқыту салдарынан қазақ халқы арасында наразылық туып, орыс тіліне деген жеккөріністерін жасыра алмады. Мұны бастапқыда қазақтардың көбісі өз балаларын орыс жазуына үйретуге қарсылық білдірулерімен немесе әрең келісімге келуімен түсіндіруге болады. Қазақ балаларына орыс тілін күштеп оқыту ісі жүргізілгенімен, олардың бұл тілді терең оқып, оны игеруі міндетті болмады. Патшалық әкімшіліктің ойынша, қазақ балалары орыс тілінен тек шала сауатты болса жетуші еді.

Қазақ балаларына орыс тілін үйретудің үлгілі көрсеткіші болып саналатын Орынбор шекаралық комиссияның қарамағындағы қазақ мектебінде орыс тілін үйрету ісі күткендегідей нәтиже бермеді, ал балалардың тіл үйренудегі табыстары елеусіз болды. Орыс тілін үйрету табысты, нәтижелі болуы үшін, аймақтық басқарма шенеуніктерінің жанұясынан шыққан он орыс баласы мектепке алынды. Бұл қазақ балаларының ауызекі орысшасының дамуына елеулі ықпал жасады. Сондай-ақ оқытылатын пәндердің

(геометрия, география, тарих) қысқартылуы оқып жүрген қазақ балаларының орыс тілінде жақсы сөйлеуіне жағдай жасады. Үздіксіз жасалынған жаттығулардың нәтижесінде қазақ балалары 2-3 жыл ішінде грамматиканың негізгі қағидаларын сақтай отырып, өз ойын еркін жеткізе алуы керек еді.

Орыс-қазақ мектептеріндегі қазақ балалары үшін ұзақ уақыт бойы орыс тілімен қатар тағы бір бөтен тіл – татар тілі де оқытылды. Өткен ғасырдың соңғы ширегіне дейін татар тілі тек балалардың оқу тілі боп келді, тілмаштар әрқашан татарлар болды. Тек 80-жылдардан бастап қазақтардың арасында наразылықтың өсуі нәтижесінде, сондай-ақ қазақ халқының ағартушы өкілдері Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтың, орыс зиялы қауымы таланттарына сай, Патша Үкіметі қазақ тілін қазақ мектептерінде ана тілі ретінде енгізді. Қазақтарды орыс тілін үйретуге шақырған атақты қазақ ағартушылары қазақтың ұлттық мәдениетін дамыту мақсатында қазақ тілін мойындату үшін күресті.

«Татарлануға» қарсы күрес мақсатымен Сыртқы істер министрлігі Орынбор аймағының басшылары мен Ағарту министрлігі қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу ғана емес, сонымен қатар қазақ балаларын өз ана тілінде оқытуды қажет деп санады. Сондықтан олар араб әліпбиінің орнына орыс әліпбиін енгізуді дұрыс деп тапты. Орыс әліпбиінің қазақ жазуында қандай дәрежеде қолданылуы жөнінде, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты өзгерістер енгізіледі ме немесе бүкіл әліпбиді толығымен енгізу ме деген сұрақтар төңірегінде көптеген келіспеушілік, тартыстар болды. Қазақ балалары ана тілінде оқыту қазақ жазуына орыс әліпбиін енгізумен және орыс транскрипциясымен қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жасаумен байланыстырылды. Бірақ тартыс кезінде татар жазуы мәселесі де бастапқы орындардың біріне қойылды.

«Қазақ даласы» газетінде қазақ тілін тазарту, оны дамыту және зерттеудің қажеттілігі туралы көп жазылды. Ы.Алтынсарин шәкірттерінің бірі А.Құрманбаев «Қырғыз тілі» туралы мақаласында жартылай қазақ, жартылай татар тілінде қазақтарға арналып жазылған кітаптар ана тілін мазақ ету болып табылатынын айтып, өз наразылығын танытты. Қазақтар үшін кітап жазатын татарлар, тіпті қазақтардың өздері де қазақ тілін араб, парсы, түрік, өзбек сөздерімен ластайтынын айта отырып, А.Құрманбаев қазақ халқы мен оның тілін қызу колдаушылардан марқұм Ы.Алтынсариннің жолын жалғастыруды және қазақ тілі ережелерін сақтауды талап етті. «Қырғыз (қазақ) тілі жылдан-жылға төмендеп бара жатыр, білімділік – бізге пайдасы жоқ, араб, парсы және басқа тілдерді білгендікке емес, біздің қазақтар осы қажетсіз тілдерді оқуға жіберген уақыттары мен күштерін бізге қажетті ана тіліміз бен орыс тілін оқуға жіберсе, бұл жүз есе пайдалырақ болатын еді» деп жазды А.Құрманбаев. Оның ойынша, қазақ халқының барлық ағартушылары қазақ тілін дамыту, орыс жазуын таратуға тиісті болды.

Қазақтар арасында орыс жазуының таралу, қазақ тіліне орыс әліпбиінің енгізілуі түпкілікті шешілгеннен кейін, белгілі жерлерде бірқатар шаралар жүзеге аса бастады: орыс-қазақ мектептер жүйесі кеңейтілді, мұсылман мектептеріне міндетті түрде орыс тілі енгізілді, орыс әліпбиімен басылған қазақ тіліндегі орыс-қазақ мектептеріне арналған оқу құралдары шығарылды, қазақ тілі мемлекеттік іс жүргізуге қосылды, орыс әліпбиін қолдана отырып, қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар шығарыла бастады.

Мәдениеті жоғары халықпен қатынасуда орыс тілінің үлкен пайдасы бар екеніне көздері жетіп, орыс мәдениетін үйренуге ықпал ететініне сеніммен қарап, 80-жылдардың басынан бастап еңбекші қазақтар балаларын орыс мектептеріне өз еріктерімен бере бастады.

Бұған орыс тілі мен мәдениетінің жаршысы – қазақ ағартушыларының үлкен еңбегі сіңді. Олар өздері орыс мектептерінде оқулары арқылы халыққа үлгі болды. Омбы кадет корпусын аяқтап, дарынды ғалым атанған Ш.Уәлиханов, Халық ағарту ісінде танымал болған Ы.Алтынсарин орыс тілін түпкілікті меңгерген еді. Жасынан орыс мектебінде 3 ай білім алып, жетік білген А.Құнанбаев А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов өлеңдерін қазақ тіліне еркін аударды.

Қазақ жазуына орыс әліпбиін енгізудің орыс-қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуда маңызы зор болды. Қазақстан жерінде орыс тілінің бірте-бірте шексіз үстемдікке ие бола

бастауы қазақ тілінің қолданылу аясын тарылта түсті. Ана тіліміздегі мектептердің жаппай жабылуы, іс-қағаздарының орыс тілінде жүргізілуі, жиындардың орыс тілінде өтуі салдарынан қазақ тілі шұбарланып, қандастарымыз ана тілін ұмыта бастады. Тіпті, өз Отанында туып-өскен қазақ жастары өз ана тілін менсінбеуі, өз тілінде сөйлеуге арлануы жүрек ауыртады. Қазақ тілінің қоғамдағы орны әлсіреп, орысша білмегені үшін өзін төмен сезінген кездер де болды.

Дегенмен, сол жылдардағы «тіл игерудің» теріс жағы да, оң жағы да болды. Орыс тілінің елге тарауы арқылы қазақ халқы толық сауатын ашып, әлемдік әдеби, мәдени бай мұраларды таныды. Орыс тілінде жазылған озық туындылары мен зиялы қауым өкілдерінің жалпы шығармашылық ізденістері, тілдік кеңістік қанатының кеңейе түсуіне оң ықпал еткені шындық.

ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙРАТКЕР, ДИПЛОМАТ

Зулфухар Сұлтанұлы Ғайыпов,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Басқару институтының директоры, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, ҚР Ұлттық Құрылтай мүшесі

Тарихқа көз жүгіртсек әр заманның өзіне тән философиясы болған және де Һәкім Абайдың сөзімен айтқандай «әркімді заман сүйреген». Біздің бүгінгі кейіпкерімізде өз заманында туылып, сол өзі өмір сүрген заманда елге адал қызмет еткен тұлғаның бірі де бірегейі - Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев.

Жастайынан жетім қалып, бөгде ұлт отбасында, кейіннен Арыс қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленген Төлеген Тәжібайұлы бала кезінен зерек болады. Сөзіміздің дәлелі ретінде Төлегенді 6 жасында қолына алып, бағып, өсірген Иван Федорович Кабановтың мына бір естелігінен байқауға болады. «Билік әлі де тұрақтамай қоймаған аумалы-төкпелі кез болатын. Аяқ астынан бір топ әскери адамдар үйге баса - көктеп кіріп, үйде қару бар ма деп тексере бастады. Сол кезде кішкентай Төлеген байқатпай үйден шығып, қорадағы жасырулы жатқан револьверді алып, басқа жаққа апарып тығып қойыпты. Егерде кішкентай Төлеген осылай әрекет етпегенде, менің жағдайым не болатыны белгісіз болар еді» деп еске түсіреді. Кабановтар отбасында жүрген кезінде ол өзінің жан-жақты қабілеті бар екенін көрсетеді. Кабановтың қызына еліктеп, тез арада скрипканы да үйреніп алады. Төлеген Тәжібайұлының алғырлығын байқаған Иван Федорович оны қаладағы интернат-пансионатқа оқуға береді.

Төлеген Тәжібайұлы мектепте, техникумда оқып жүрген кезінен-ақ құрбыларының арасында білімі мен алғырлығы жағынан ерекшеленіп, өзгелерден оқ бойы озып тұрды. Жоғарыда айтқанымыздай, қабілет - қарымының арқасында билікке де ерте араласады. 14 жасында, яғни 1924 жылы комсомол қатарына, ал 1939 жылы комунистер қатарына қосылуы Төлеген Тәжібайұлының болашақ ғылыми-саяси карьерасына тікелей әсер етеді.

Ленинград университетінде психология мамандығы бойынша білім ала жүріп, осы пәнді университетке білімін жетілдіру үшін келген жазушылар мен партиялық номенклатура қызметкерлеріне психология мамандығы бойынша дәріс те оқиды. Ленинград университетінде оқи жүріп, Төлеген Тәжібайұлы 1939 жылы «К.Д,Ушинский основоположник педогогической психологии в Росии» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Кейінірек ол 1948 жылы «Психология и педогогическая психология К.Д.Ушинского» деген үлкен ғылыми еңбегін жариялайды.

Төлеген Тәжібайұлының саяси қызметі 1940 жылдарға тұспа-тұс келеді. Сол заманда Кеңес үкіметі Төлеген сияқты «халық арасынан шыққан» идеологиялық жағынан берік жастарды партиялық қызметте шебер пайдаланды. Бар болғаны 30 жастағы Төлегенді үкімет Білім ағарту комиссариаты төрағасының орынбасары қызметіне тағайындайды.

Төлегеннің бар ұйымдастырушылық таланты енді осы тұста керемет ашылады. Қазақстанда орта және кәсіби білім беру оқу орындары көптеп ашылады. Мысалы, 1928 жылы әр мың адамға шаққанда білімнің осы саласында бар болғаны 87 адам тартылса, 1939 жылдың аяғына таяу бұл көрсеткіш мың адамға шаққанда 185 адамға жетті, яғни екі еседен астамға өсті. Сонымен қатар, 1941/42 оқу жылында 225 мектеп-интернатында 9400 бала оқыса, келесі оқу жылында олардың саны 11 000 жуықтады. Осы жылдарда еңбектен қол үзбей оқытатын жұмысфак (рабфак) саны артты. Рабфактар жанынан шеберханалар құрылды. Соғыс алдында бұл шеберханаларда қорғаныс саласына қатысты тапсырыстар орындала бастады.

Төлеген Тәжібайұлының соғыс жылдарындағы Қазақстанға соғыс аумағынан көшірілген Балалар үйінің қызметі қарады. Балаларды ыстық тамақпен, киім-кешекпен және жатын орындар мен төсек жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесі тікелей бақылауында болды. Балаларды білім берумен қамту соғыс жылдарында еш тоқтамады. Педагогикалық училище мен техникумдарды бітірген жастар түгелдей дерлік білім беру ісіне тартылды.

Соғыс жағдайына қарамастан 1941 жылы Төлеген Тәжібайұлы Қазақстанда түңғыш кинофестиваль ұйымдастырады. Кинофестивальға еліміздің танымал әртістері Күләш Байсейтова, Шолпан Жандарбекова, Иванова, Тұрдықұлова сияқты тұлғалар қатысты. Соғыс кезінде елдің еңсесін көтеру мақсатында, ірі қалаларда мұндай мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып отырды. Міне осы істердің басы-қасында Төлеген Тәжібайұлының қолтаңбасы тайға таңба басқандай көрініп тұрды. Елде жаңа мектептер ашылып, оқу процесі дұрыс жолға қойылады.

Ұлы Отан соғысы ел экономикасына орасан материалдық және рухани шығын келтірді. Адами капиталды айтпағанда. КСРО көлеміндегі 334 жоғары оқу орындары жартылай немесе толықтай қирады. 1946-1950 жылдарға арналған бесжылдықта осы мәселені шұғыл түрде қалпына келтіру жұмыстары тез арада қолға алынып шешіле бастады. 1946 жылы Жоғары білім беру министрлігі құрылады.

КСРО Жоғары білім министрінің 1948 жылдың 15 наурыздағы №235/к бұйрығымен Төлеген Тәжібайұлы С.М.Киров атындағы КазМудің ректоры қызметіне тағайындалады. Сол кездегі экономикалық жағдайға қарамастан оқу орнының материалдық базасын біршама жақсартады. Профессор – оқытушылар құрамы сапасын жоғары деңгейге көтереді. Әсіресе, қазақ жастарын жаратылыс тану мамандықтарына барынша тарту жұмысын ерекше қолға алады. Деректерге қарағанда Төлген Тәжібайұлы университетті басқарған жылдары осы саладағы қазақ студенттерінің саны артады. Мысалы 1940 жылы КазМудағы студенттер контингенті 995 болса, соның тек 133 ғана қазақ ұлтына тиесілі болған. Ал 1949 жылы студенттер саны екі жарым есеге, яғни 2263 адамға жетті. Соның ішінде жергілікті ұлт өкілдері 840 адамға өсті. |Жаңадан филология факультетінің ғимараты салынды. Биология факультетінің жанынан биостанция ашылды. Реті келгенде айта кету керек, осы жылдары биология факультетінде тұңғыш рет қазақ тобы ашылды.

Студенттердің шығармашылығын қолдау барысында алғаш рет студенттерге арналған «За отличную учебу» атты газеті шықты. Алғашқыда 300 тиражбен шыққан басылым, кейінірек 1000 данамен басылып шығатын болды. Жоғарыда айтқанымыздай, университеттің материалдық базасы күн сайын жақсара түсті. 1949/1950 оқу жылында университет 736 мың рубльге құрал-жабдықтар алды, соның ішінде 100 мыңға тек спротттық инвентарьлар алынды. Қазақ Кеңестік Республикасының құрылуының 30 жылдығына орай университеттің №3 павилионы салынып біттіп, ендігі кезекте №4 және 5 павилиондарды салу ісі қолға алынды. Әділдігін айта кету керек, жалпы тұтас университет қалашығын салу идеясы алғаш рет Төлеген Тәжібайұлы тиесілі болатын.

Сонымен қатар, философия және экономика факультетін жаңадан ашылуына да тікелей Төлеген Тәжібайұлының еңбек-тері бар екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Ректордың бастамасымен қазіргі Төле би көшесіндегі КазМудің ғимараттары салынды.

Төлеген Тәжібайұлы әлі де болса соғыстың ызғарын ұмыта қоймаған университет ұжымына, барынша мәдени-спорттық шараларды көбірек ұйымдастырды. Алғаш рет факультетаралық спартакиада ұйымдастырылып, оған 1000 жуық студенттер қатысты. Сонымен қатар, университет ұжымы қала деңгейіндегі барлық мәдени іс-шараларды ұйымдастыруда белсенділік танытты.

Төлеген Тәжібайұлы университеттің ғылыми әлеуетін арттыру үшін аспирантураның жұмысын ерекше бақылауға алып, өзі қолдап отырды. Мысалы, 1947/48 оқу жылында 13 аспирант кандидаттық диссертация қорғаса 1948/49 оқу жылында ол үш есеге артып 36 аспирант сәтті қорғаудан өтті. Аспиранттардың саны артты. Тек осы көрсетілген жылдарда олардың саны 49-ға жетті. Сонымен бірге 10-нан астам ұстаздар «орталыққа» докторантура мен аспирантураға жіберілді.

1950/51 оқу жылында университеттегі профессор-оқытушылар құрамы 285 адамды құраса, соның ішінде 18 профессор, 58 доцент, 27 ғылым кандидаттары болды. Тек бір жылдың ішінде 4 ғылым докторы, 9 ғылым кандидаттары диссертацияларын сәтті қорғап шықты. Ал 1951 жылы 36 адам кандидаттық қорғауға дайын тұрды.

Төлеген Тәжібайұлының ректорлық қызметі кезінде университетте әдебиет пен мәдениет саласындағы атақты тұлғалардың қонақ дәрістері ұйымдастырылды. Бұл кезең студенттермен университет ұжымы үшін нағыз «алтын ғасыр» орнаған кез болатын. Өйткені атақты Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Тайыр Жароков, Ғабиден Мұстафин. Мәлік Ғабдулин т.с.с. тұлғалар студенттерге дәріс оқыды. Дәл осы сияқты дәрістер жаратылыс тану факультеттерінде де жүріп жатты.

Жаз артынан күз келетіні сияқты елдегі саяси жағдай 50 жылдың ортасына таяу қайтадан қатая бастады. Оның ызғарын бүкіл одақ ақырын сезінді. «Космополиттермен күрес» деген жаңа науқан шықты. Жоғарыда айтқанымыздай, соғыстан кейін интелегенция сәл де болса еркін демалып, творчестволық ізденіс үстінде болатын. Жаңа бір толқын туып, жаңа көзқарастар пайда болған еді. Әсіресе, бұл гуманитарлық салада айқын сезілді.

Дәл осы сәтте жас ғалым, тарих ғылымының докторы, Қазақ Кеңестер Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тұңғыш университеттегі «Қазақстан тарихы» кафедрасының ұйымдастырушысы әрі меңгерушісі Ермұхан Бекмахановтың басына қара бұлт шүйілді. Бар болғаны 31 жасында докторлығын қорғаған талантты ғалымды «ұлтшыл», «бұрынғы хандар мен бай - манаптарды жақтаушы» – т.б. жалалармен университеттен қудалай бастайды. Дәл осы тұста Төлеген Тәжібайұлы Ермұхан Бекмахановты барынша қорғап, арашалап қалуға тырысады.

1950 жылы 26 қазанда «Правда» газетінде бір топ «белсенді-ғалымдардың» ректордың қалайша саяси жағынан саяз ғалым Е.Бекмахановты қолдайды деген көлемді мақаласы жарияланады. Бір қызығы, осындай «арнайы тапсырыспен» жазылған мақалалар сериясы дүркін-дүркін қайталанып 2 жыл бойы толастамайды. Артынша бұл дискуссия үлкен белең алып, 1952 жылы 5 қыркүйекте Ермұхан Бекмахановты 25 жылға тұтқындаумен, артынан Төлеген Тәжібаевты 1953 жылы 23 ақпанда (өзінің туған күнінде) №77 Одақтың жоғары білім министрі В.Столетовтың «С.М.Киров атындағы университеттің ректоры профессор Тәжібаев Төлеген Тәжібайұлын университетте басшылықты қамтамассыз ете алмағаны үшін орнынан босатылсын» деген бұйрығымен қызметінен босатады.

Төлеген Тәжібайұлы қай қызметте жүрсе де бар күш жігерін аямай еліне адал қызмет атқарған тұлға. Қазақ «Асыл тас су түбінде жатпайды» деп бекер айтпаса керек. Тарих деген МЫРЗА кімнің кім екннін дәлелдеп, орнына қойып берді. Қазақтың қара шаңырағы атанған ҚазМудың тарихында біздің кейіпкерліміздің орны жыл артқан сайын биіктеп, жарқырай беретініне бек сенімдеміз.

Мақаламыздың барысында Төлеген Тәжібайұлы бір мезетте бірнеше қызметті қатар алып жүрді деген болатынбыз. Де – юре Қазақстанда Сыртқы істер комиссариаты 1944

жылы 13 сәуір Қазақ Кеңес Республикасы Жоғары кеңесінің қаулысымен құрылған болатын. Ол да сол кездегі КСРО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) алдында 15 одақтық республикаларды, соның ішінде Қазақ Республикасында әлем алдында тәуелсіз мемлекет деп көрсету мақсатында ғана құрған ширма болатын. Де -факто бізде тек сауда-саттық мәселесі, оның өзінде бар болғаны көршілес Монғолия мен Қытай Халық Республикасының Сынциян автономиялық ауданы арасында ғана жүрді. Сондай-ақ, Қытайдың СУАР-да консулдық қызмет көрсетумен ғана шектелген болатын. Жалпы алғанда, шетелдермен толыққанды дипломатиялық қатнас -байланыс орнату тек КСРО Сыртқы істер комиссариатының құзіретінде В.М.Молотовта болды. Десек те еліміздің Сыртқы істер министрлігінің тарихы осы датадан басталады. Ақиқат ретінде айта кету керек, Төлеген Тәжібайұлы осы министрліктің жалпы құрамы мен құрылымын және қызметінің негізін қалаған тұлға.

1944 жылдың 27 қазанда Төлеген Тәжібайұлы сол кездегі үкімет басшысы Дінмұхамбет Қонаевқа Министірліктің штатын 12 адамнан бекітіп беру туралы өтініш хат түсіреді. Көп ұзамай өтініш қанағаттандырылып, төмендегі құрамда штат бекітіледі:

Министр;
Министрдің көмекшісі:
Минисртдің орынбасары:
Министр орынбасарының көмекшісі;
Бөлім басшысы;
Іс басқарушы;
Сарапшы-кеңесші;
Жауапты референт;
Бөлім басшысының орынбасары;
Бөлім басшысының көмекшісі;
Шаруашылық меңгеруші;

Бас бухгалтер, міне осы құрамда еліміздің тұңғыш Сыртқы істер министрлігі жұмыс атқарды.

Төлеген Тәжібайұлының ұйымдастырушылық қызметі осы салада да ерекше көзге түсті. Еліміздің тарихында алғаш рет 17 маусымда 1944 жылы Алматыға АҚШ-тың вице-президенті Генри Уоллес ат басын тірейді. Вице - президенттің қасында Мексиканың елшісі Кантенния, британ генералы Споллинг бірге жүрді. Делегацияны күтіп алу мен елді таныстыру жұмыстарының барлығы да халықаралық протоколға сай тамаша ұйымдастырады. Қазақ елі тарапынан оларды сол кездегі үкімет басшысы Нұртас Оңдасынов. Жер қатнастар комиссариатының басшысы - Дәдебаев, КСРО Сыртқы істер министрінің қазақстандағы өкілі - Г.Амиров күтіп алады. Осы кездесуде академик Қаныш Сәтбаевта бірге болғанын атап өту керек. Кездесу тек мәдени-ағарту саласында ақпарат алмасумен ғана шектеледі.

Жалпы, Сыртқы істер министірі кезінде Төлеген Тәжібайұлы көршілес Монғолия,Қытай, Ауғанистан, Үндістан, Иран мемлекеттерімен мәдени - ағарту жұмыстарын жақсы жолға қойды. Министр осы елдерде тұрып жатқан қандастарымыздың өмірлері, саны туралы құнды ақпараттар жинады. Сонымен қатар, осы елдерден қазіргі сөзбен айтқанда инвестиция тарту жұмыстарымен де терең айналысты.

Сондай-ақ, Төлеген Тәжібаевтвң КСРО тарихында, жалпы адамзат тарихында ерекше орын алған 1947 жылығы Подстам конференциясына қатысқан тұлға екенін де айта кету керек. Осы конференцияға дайындық және қатысу барысында КСРО мен Батыс мемлекеттерінің соғыстан кейінгі Герман мемлекетінің тағдыры туралы сессияда КСРО тарапының пікірін керемет қорғай білген білікті манан-сарапшы ретінде көрсете білді.

Төлеген Тәжібайұлы әр жылдары 1950,1955, 1956 КСРО делегация құрамында БҰҰ отырыстарына қатысады. Сондай кезекті БҰҰ отырысында оны Бас Ассамблеяның

қамқоршылық Комитетінің төрағасы етіп сайлайды. Дамушы елдердің саясатын қорғауда аса табандылық танытады. Сонымен бірге, Төлеген Тәжібайұлы Қазақ Республикасы атынан БҰҰ өкілі ретінде де қызмет атқарған.

Төлеген Тәжібайұлының Қытай Халық Республикасымен бейбіт саясат орнатуда атқарған еңбегі өз алдына бір тақырып. Сол кездің өзінде ол «Қытай Халық Республикасы халықаралық аренада ерекше орны бар мемлекет, КСРО Қытай мемлекетімен екі жақты қатынасты терең дамытуы керек» деп ескерткен болатын. Дипломаттың осы сөзі бүгінде шындыққа айналды.

Төлеген Тәжібайұлы Нәзір Төреқұловтан кейінгі қазақтан шыққан Төтенше және өкілетті елші қызметінде болған саяси тұлға. Үндістан Республикасында елшілік қызметте жүргенде КСРО мен Үндістан мемлекеті арасындағы мәдени-экономикалық және саяси байланыстар қарқындап дамыды. 1958 жылы Төлеген Тәжібайұлы үнді-кеңес мәдени орталығын құрды. Орталық екі ел арасындағы мәдениет пен білім саласындағы достықты жақтады. Әр түрлі деңгейде фото көрмелер өткізді. Екі елдің көрнекті тұлғаларымен кездесулер ұйымдастырды. Төлеген Тәжібайұлының тікелей бастамасымен 1960 жылы бір топ үнді әйелдер делегациясы Москваға келіп үндістан мен кеңес үкіметтерінің бейбітшілік жолындағы істері мен мәдениетімен, жалпы екі елдің достық қарым қатнастарымен танысып қайтады. Сол кездегі үнді публицист жазушысы Төлеген Тәжібайұлы туралы үлкен мақала жазып, оны «өз елінің тамаша патриоты, нағыз қарапайымдылық пен кісіліктің үлгісі» деп суреттейді. Үндістанның да келешектегі әлемдік аренадағы орнын лайықты бағалап, онымен екі жақты қатынасты барынша дамыту керек деген саясатты ұстанды.

Төлеген Тәжібаев көреген саясаткер болғандығын да атап өткен жөн. Мелекетттік қызметте болсын, елшілік қызметте болсын ол бірінші кезекте мемлекеттің мүддесін барынша қорғады. Халықаралық саясатта бейбіт және қару жарақты барынша азайту керек деген саясатты ұстанды. Артында үлкен ғылыми мұра қалдырған Төлеген Тәжібайұлы қай қызметте жүрсе де еліне адал қызмет еткен ғалым, педагог, мемлекет қайраткері және дипломат. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев киелі Түркістанда өткен II Ұлттық құрылтайда «Еліміздің дамуына өз үлесін қосқан тұлғалар, ел тарихында өздерінің лайықты орнын алу керек» деген болатын. Мемлекет басшысының берген тапсырмасын ескерсек, Төлеген Тәжібайұлына елімізде қандай құрмет көрсетілседе, сол құрметке лайық тұлға деп білеміз.

Т.ТӘЖІБАЕВ ШЫҢЫ!

Бақыт Сыдықов,
Т.Тәжібаевтың жиеншары,
педагогика ғылымдарының докторы, доцент,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика,
физика және информатика институтының директоры

Төлеген Тәжібаев туралы сөз қозғалғанда ең алдыңмен елге сіңірген еңбегі мен білім, ғылым жолындағы ізденістері, шығармашылығы туралы айтылады. Иә бұл әрине талассыз заңдылық. Өзінің 54 жылдық ғұмырында елімізге өлшеусіз еңбегін сіңіре отырып, өзінің тұлғалық қасиеттерін өнеге ретінде қалдыра білген. «... Орта бойлы, дөңгелек жүзді, қою қасты, келбетті кісі ...» Т.Тәжібаевтың өмір жолын, атқарған қызметін және ғылыми мұрасын зерттеп, ел жұртқа, келешек ұрпаққа таныстыруда академик Ж.Түрікпенұлының еңбегі өте орасан зор, ауқымды болды. Біз сөзіміз дәлелді болу үшін алдыңғы аға буын, кезінде Т.Тәжібаевтың көзін көрген, бірге қызметтес болған әріптестері мен шәкірттерінің пікіріне, естеліктеріне сүйенеміз.

Академик Төлеген Тәжібаев – күрделі тұлға. Ол өмірден өткен соң көп жылдар бойына атаусыз қалды. Тіптен ұмыт бола бастады. Артына қалдырған мұралары шаң басып жатты. Ал, ол ұмытуға болмайтын, кейінгі жастарға өнеге тұтатын жан еді. Осыдан қырық жыл бұрын профессор Құбығұл Жарықбаев екеуміз оның өмірін, ғылыми еңбектерін жинастырдық. Жұмыстарын кітап етіп шығардық. (Ж.Түрікпенұлы).

Төкең қазақтан шыққан тұңғыш дипломат, республиканың алғашқы Сыртқы істер министрі, ұзақ жылдар бойы Қазақ мемлекеттік университетін басқарып, оның қалыптасып, қанат жаюына зор үлесін қосты. ...Тәжібаев қоғамдық, мемлекеттік қызметті зор ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұштастыра білген оқымысты. Психология саласындағы зерттеулері қазақ топырағында осы ілімнің дамуына, оның дұрыс қалыптасуына игі ықпалы тиді. (Д.А.Қонаев).

Тәжібаевтың жоғарыдағы өмір белестеріне қарап, басына бақ қонған жан дерсің. Ол рас. Басқа мемлекеттік қызметтерін былай қойғанда, мұхиттың арғы жағындағы Америкаға барып, БҰҰ-да Советтер Одағы атынан сөз сөйлеп, оның үлкен бір комитетін басқару сол кезде одан басқа қай қазақтың пешенесіне жазылыпты. Бұл бүкіл ұлтымыз үшін абырой мақтаныш емес пе?! (Ж.Түрікпенұлы).

Тәжібаевтың жұмыс істеу тәсілі де өзгеше еді. Кафедраның, ректораттың, ғылыми кеңестің отырыстары мен мәжілістерінде жұрттың бәрі сөйлеп болмай, пікірін ашып айтпайтын. Және өзгелерді мұқият тыңдап отырған тәкәппар пішінінен, іштей кімді мақұлдайтынын сезу мүмкін емес еді. Қандай да бір кереғар пікірлер айтылып жатқанда, тосыннан киіп кетпей, шыдамдылық, сабырлылық танытатын. Ол университетке ең білікті ғалымдарды жинап, олардың бастарына қиыншылық туған шақта жанын салып қорғады. (Р.Х.Хисматулина).

Үлкен дипломат әрі ғалым академик Т.Тәжібаевтың жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай сынық, сыпайы әрі салмақты болатын, біреумен сөйлесе келгенде, оның сөзінен білімді, мәдениетті адам екені бірден сезілетін. ...Т.Тәжібаевтың іздеттілігі оның әбден қанына сіңген табиғи қасиеті болатын. (М.Балақаев).

Т.Тәжібайұлының жарығы мен жылуы, даңқы мен абыройы, биіктігі мен біліктілігі бүгінгі күн үшін де өз қасиетін төмендеткен жоқ. Онда өлмес өмір, өшпес өнеге ғана бар. Өсер өркен үшін, келер ұрпақ үшін, заман үшін Төлеген Тәжібайұлының өмірі мен қызметінің ғибраты, тарихи мәні осында. (К.Нарибаев).

Т.Тәжібаев – ұлттық мінез бен қазақ халқының психологиясына, мәдени мұрасына байланысты да қалам тартқан ғалым. Мамандығы бойынша психолог бола тұра Төкең, әсіресе, халқымыздың педагогикалық ой-пікір тарихын зерттеу ісінде де өзін аясы кең, алымы қарымды, білімі мол ғалым екендігін байқатты. (А.Мауленов).

Қоғам, мемлекет қайраткері, ұлтымыздың мақтанышы, көрнекті ғалым, профессор, ҚССР ҒА академигі, дипломат, генерал-полковник Т.Тәжібаев бауырын жазып шаба алмаған – тұлпар сияқты 54 жасында дүниеден жарқ етіп өте шыққан қазақ халқының ардақты ұлдарының бірі болды.

ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ И ОБРАЗОВАНИЯ – ВЕДУЩАЯ ТЕМАТИКА ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ АКАДЕМИКА Т.Т.ТАЖИБАЕВА

Ахметова М.К.,
доктор психологических наук, профессор
Академия Кайнар

Аннотация. Статья посвящена изучению до сих пор неразработанного в целостном плане психологического наследия видного казахстанского ученого Тулегена Тажибаевича Тажибаева, который был первопроходцем в разработке целого ряда проблем казахстанской психологии. Его исследования по вопросам истории зарубежной и русской психологии, истории становления и развития казахской психологической мысли, проблем народной психологии и казахского национального характера являются маяком для сегодняшних исследователей современной психологической науки Казахстана.

Аннотация. Мақала қазақ психологиясының бірқатар мәселелерінің дамуына мұрындық болған көрнекті қазақ ғалымы Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаевтың психологиялық мұрасын зерттеуге арналған. Оның шетел және орыс психологиясының тарихы, қазақ психологиялық ой-пікірінің қалыптасу және даму тарихы, халық психологиясы мен қазақтың ұлттық сипаты мәселелеріне арналған зерттеулері бүгінгі Қазақстандағы қазіргі психология ғылымын зерттеушілерге бағдар ретінде танылған.

Annotation. The article is devoted to the study of the still undeveloped psychological heritage of the prominent Kazakh scientist Tulegen Tazhibaevich Tazhibaev, who was a pioneer in the development of a number of problems of Kazakh psychology. His research on the history of foreign and Russian psychology, the history of the formation and development of Kazakh psychological thought, problems of folk psychology and the Kazakh national character are a beacon for today's researchers of modern psychological science in Kazakhstan.

Ключевые слова. Этнопедагогика и этнопсихология, этническая психология, прикладные отрасли, идеал кочевника, гуманизм, патриот, психология кочевника, жырау-мыслители, народное воспитание, айтыс, национальный характер.

Важность и значимость для нынешнего поколения знаний своего исторического прошлого, восстановления незаслуженно забытых имен тех или иных известных личностей, заполнения и других белых пятен и пробелов нашей истории, изучение проблем казахской этнопедагогики и этнопсихологии - веление времени.

XX столетие породило немало выдающихся общественных и государственных деятелей, талантливых ученых, представителей культуры и искусства, оставивших глубокий и неизгладимый след в социально-экономической, культурной и научной жизни казахского народа.

Одной из таких личностей этого периода является Тулеген Тажибаевич Тажибаев, видный ученый-психолог, крупный государственный деятель, дипломат, академик АН Казахской ССР, ректор Каз ГУ им. С.М. Кирова, автор фундаментальных работ в области психологии и педагогики, оставивший заметный след в истории становления и развития общественной и культурной жизни республики.

Адекватная оценка истории психолого-педагогической науки Казахстана чрезвычайно важна не только для современного этапа ее развития, но и для ее обозримого будущего. Как известно, выдающиеся мыслители, видные ученые в своих работах указывали и указывают на принципиально важное значение исследования путей развития и становления науки об обучении и воспитании в историческом ракурсе. Разработка истории казахстанской педагогики и психологии является актуальной нам не только потому, что она вскрывает великое историческое прошлое этих наук, но и потому, что она возвращает к новой жизни идеи, которые по-настоящему могут быть поняты и творчески осмыслены и развиты

особенно сейчас, когда наша страна приобрела суверенитет и независимость. Академик А.В.Петровский, характеризуя проблематику истории науки, подчеркнул, что для развития современной психологии, обращение к ее историческому прошлому – научная необходимость, позволяющая определить основные перспективные линии формирования ее важнейших отраслей, разделов. В этом отношении интерес для казахстанской психологической науки представляет изучение научной лаборатории видного казахского ученого Т.Т. Тажибаева - основателя казахстанской научной психологической школы.

В силу ряда объективных и субъективных причин масштабы личности и творчества Т.Т. Тажибаева недостаточно осознаны научной общественностью. В настоящее время его имя не имеет той широкой популярности, которую можно было ожидать, учитывая истинные заслуги Т.Т. Тажибаева перед казахстанской наукой. Чтобы понять настоящее место Т.Т. Тажибаева в развитии психологической науки в Казахстане, необходимо изучать и пропагандировать жизнь и творчество этого ученого подобно тому, как это делается в отношении других представителей психологической мысли республик СНГ Г.С. Костюк – Украина, М.А. Мазманян – Армения , А.С. Прангишвили – Грузия , А.Н. Леонтьев – Россия и другие, к которым несомненно принадлежит и Т.Т.Тажибаев.

Одним из первых исследователей психологического наследия Т.Т. Тажибаева является доктор педагогических и психологических наук, профессор К.Б. Жарикбаев. Данный вопрос ученый затронул в своей диссертации «Развитие психологической мысли в Казахстане» (со второй половины XIX века до наших дней). Эпизодически, в виде отдельных книг и статей, эту тему затрагивал профессор Ж. Туркпен улы. Отдельные исследователи, изучавшие творческую лабораторию Т.Т. Тажибаева, почти не освещали рассматриваемый нами аспект. Необходимо также отметить, что автор данной статьи, М.К. Ахметова, в своей кандидатской диссертации «Педагогическое наследие Т.Т. Тажибаева (1910-1964)», осветила педагогические взгляды ученого. И далее в докторской диссертации «Психологическое наследие академика Т.Т.Тажибаева и современная казахстанская психология», где были затронуты психологические взгляды Тажибаева, По совокупности и значимости целостных научных идей Т.Т. Тажибаева мы пришли к выводу, что академика Т.Т. Тажибаева можно считать основоположником научной психологии Казахстана, поскольку он является первооткрывателем всех научно-психологических проблем казахстанской психологии того времени.

Идеи Тажибаева о том, что разработка современных проблем психологии требует обращения к ее истории, в той или иной форме находили свое отражение и в исследованиях А.М. Ким , Ж.И. Намазбаевой , Х.Т. Шерьяздановой, С.К. Бердибаевой, О.К. Аймагамбетовой , О.С. Сангилбаева , Б.А. Амировой , А.Р. Ерментаевой , А.Х. Кукубаевой и других.

Идеи Тажибаева о важности и целесообразности разработки фундаментальных теоретических проблем истории западно-европейской, русской и казахской психологии, а также педагогической и этнической психологии, имеющей исключительно важное значение для создания теоретико-методологических основ научной психологии республики не потеряли значения и в наши дни.

В своих многочисленных публикациях Т.Т.Тажибаев затрагивал также различные аспекты педагогической психологии. Так, он особо подчеркивал, что учение есть могущественный орган воспитания, и воспитатель, лишенный этого органа, потеряет все средства, особенно психологического воздействия на учащихся.

Учитывая двусторонний характер процесса обучения, Т.Т. Тажибаев, вслед за Ушинским, предъявляет учащимся и учителям ряд требований. Это, во-первых, принцип самостоятельности, активное отношение учащихся к овладению знаниями. Ребенок не губка, впитывающая в себя влагу, он усваивает хорошо только то, что затрагивает его личность, что возбуждает его чувства, побуждая его к активному участию к познанию. Одним словом, учитель должен научить учащихся работать продуктивно, достигая максимум работоспособности при минимуме затрат времени и умственных сил.

Т.Т. Тажибаев выдвинул идею экономии умственных сил учащихся. Он писал, что способности учащихся в усвоении знаний, умений и навыков развиваются с возрастом, претерпевая существенные изменения в переходе из класса в класс, развивается, совершенствуется их произвольная память, особой направленности достигает мыслительная деятельность.

Т.Т. Тажибаев считает, что некоторые учащиеся со слабыми типами нервной системы быстро устают, поэтому их не следует часто привлекать к выполнению сложной умственной работы, так как это может довести таких детей до истощения. Учитель вовремя должен уловить признаки утомляемости учащихся, сделать соответствующую разрядку. Полезно, особенно в младших классах, на несколько минут остановить урок, заменить трудную умственную работу более легкой. Т.Т. Тажибаев особо подчеркивал зависимость утомляемости школьников от возраста, от индивидуальных способностей детей, от степени сравнительной утомляемости, от характера различных учебных предметов, а также от влияний на нее личности учителя. Здесь ученый указывает и на ряд других факторов, влияющих на утомляемость учащихся.

В своей книге «Общая психология» он писал, что наиболее часто встречающиеся недостатки познавательной деятельности учащихся – это спутанность мысли и неумение логически мыслить. Первое возникает у тех ребят, кто во время уроков сильно волнуется при ответах или у кого в должной мере еще не развито произвольное внимание, т.е. кто еще не умеет сосредоточиться, а неустойчивость внимания приводит к спутанности мыслей в любой попытке начать систематическую деятельность. По мнению автора, дефект интеллектуальной деятельности учащихся возникает в недостаточно развитом навыке использования приемов логической памяти и привычке прибегать к механическому запоминанию там, где прежде всего требуется размышление и рассуждение. Одной из главных причин такого дефекта Т.Т. Тажибаев считал преждевременный переход к чисто книжному способу изучения предмета. Ученик со слабой волей и не приученный к умственному напряжению часто прибегает к механическому виду запоминания. Такой способ бывает ему утомителен. Такие факты часто наблюдаются особенно у младших школьников. Автор считает, что нельзя спрашивать у ученика больше того, что он в состоянии сделать. Учителю необходимо найти тот предел, до которого ученик может дойти в результате систематических упражнений. Возможности совершенствования умственных действий ученика почти безграничны, важно пробудить желание, убедить его, что он может достичь очень высокого уровня в усвоении знаний.

Предпринимая попытку ответа на него, обратим внимание на ту особенность развития социума, которая является и наиболее значимой, и наиболее обобщенной. Речь идет о становлении новой реальности – о вступлении социума в новое состояние, в так называемую цифровую эпоху, обусловливающую качественно другую по сравнению с прежней ситуацию социализации личности [14, 15, 16].

В этом плане используется, как известно, и понятие цифровой социализации. Другими словами, проблема социальной относительности антимотивации конкретизируется до вопроса о том, каким образом на нее влияет цифровая социализация в целом и широкое распространение компьютерных технологий, в особенности. Подчеркнем также, что этот вопрос в настоящее время остается практически полностью неисследованным и ставится в данной работе, по существу, впервые. В связи с этим, представленные ниже материалы следует рассматривать как первый шаг в направлении его исследования, предполагающий возможность дальнейших разработок в данной области и, соответственно, расширения содержания антимотивации. Вместе с тем, некоторые из наиболее значимых факторов антимотивационного плана с достаточной степенью очевидности могут быть дифференцированы уже сейчас.

По нашему мнению, все они могут быть разделены на две группы, точнее, на два уровня. Это – относительно более очевидные, «поверхностные» и более имплицитные – глубинные. Так, в частности, к первым могут быть отнесены следующие факторы, влияющие на формирование антимотивации.

Прежде всего, следует констатировать, что наиболее общий принцип построения практически любого контента состоит в том, чтобы удовлетворять требованию «интересности» – он строится так, чтобы и привлекать, и увлекать, и завлекать, причем, как правило, неважно, какими именно средствами. В результате он существенно выигрывает у любого иного контента, в том числе и учебного плана. Соответственно, возникает мощный мотив – интерес к самому этому контенту. В дело вступает общее правило: если человек не хочет чего-либо, то только потому, что он хочет чего-то другого; этим «другим» в наиболее общем плане и выступает компьютерный контент в его предельно общем проявлении.

Работа с этим контентом, погруженность в него характеризуется и большей легкостью, и меньшей ориентацией на результат и, соответственно, ответственностью, а также другими параметрами, делающими его мотивационно более привлекательным. Кроме того, легкость доступа практически к любой информации, в том числе, и далеко не всегда социально

одобряемой, делает его привлекательным вдвойне. Наконец, еще одним фактором поверхностного плана выступает то, что возникает не просто еще одна сфера коммуникации, а такая, которая практически полностью переключает на себя коммуникативные установки и соответствующее поведение личности. Мотивация уходит именно в нее, а потребность в общении, получая гипертрофированные возможности для удовлетворения, вытесняет другие, в том числе и учебные мотивы.

Вместе с тем, существуют и другие, более имплицитные и не менее сильные факторы антимотивационного плана, сопряженные с цифровой социализацией. К основным из них, по нашему мнению, необходимо отнести следующие факторы.

Во-первых, сама по себе легкость доступа практически к любой информации, простота ее получения приводят к тому, что ее так называемый внутренний поиск – необходимость прийти к ней в результате интеллектуальных усилий - вытесняется тем, что обозначается понятием фильтрации – выбора информации из тех массивов, которые уже есть в поисковом контенте. В итоге этого снижаются личностные инвестиции, то есть, своего рода мера труда по добыванию информации и, соответственно, мотивационная привлекательность как самого поиска, так и удовлетворенности от самостоятельно найденного решения, от найденной информации и пр. Следовательно, принципиальная смена стратегий добывания нового – с поиска на фильтрацию – выступает мощным фактором антимотивационного плана.

Во-вторых, как следствие этого, возникает и не менее известный, еще более негативный и общий феномен, обозначаемый понятием снижения когнитивности [10, 11, 12]. Он объединяет в себе все эффекты негативного плана, имеющие место по отношению к совокупности основных когнитивных процессов. Он приводит к тому, что замена поиска на фильтрацию, а также другие особенности компьютерных технологий обуславливают возникновение очень выраженного противоречия между большим объемом информации, которая доступна личности и которая представлена в готовом виде, с одной стороны, и слабой сформированностью средств и механизмов ее переработки, с другой. Переработка информации подменяется ее поиском, фильтрацией и использованием, следствием чего является резкое снижение интеллектуальной активности, связанной с переработкой сложной и объемной информации, с восприятием семантически наполненных текстов. В результате, доступность больших массивов информации оборачивается несформированностью механизмов, на основе которых происходит переработка и усвоение информации. Это противоречие считается наиболее негативным следствием цифровизации в целом. Однако, необходимо выделять и мотивационный аспект цифровизации. Дело в том, что снижение когнитивности непосредственно влияет на сдерживание развития интеллектуального потенциала, а оно, в свою очередь, на степень субъектности личности и, следовательно, на ее мотивационную сферу. Личность из активного деятеля все более трансформируется в относительно пассивного пользователя, а мотивация, сопряженная с активностью и удовлетворение от нее вытесняется мотивацией потребления, которая, как правило, не носит продуктивного характера и выступает как источник антимотивации.

В-третьих, следует учитывать и то, что нередко педагоги или родители, осознавая не только позитивные, но и негативные последствия гиперкомпьютеризации стремятся к ограничению так называемого компьютерного времени, а, проще говоря, накладывают запреты на занятия с компьютером. Однако, столь же известно, что именно в том возрасте, в котором и развертывается наиболее интенсивно учебная деятельность – прежде всего, в подростковом, наибольшей выраженностью обладает важный феномен «реактивного сопротивления» (Дж. Брем). Он, в сочетании с этими запретами, приводит к обратному эффекту – стремлению делать то, что запрещается, еще более усиливается и само оно выступает как мощный фактор антимотивационного плана.

Наконец, необходимо отметить и еще один фактор, источник антимотивации. Как показывают исследования последнего времени, под влиянием цифровой социализации происходит не только снижение когнитивности, но и производное от нее снижение

метакогнитивности, то есть редукция рефлексивных механизмов регуляции [12]. Это влияет и на способность к самоанализу и, соответственно, на становление высших уровней мотивационной регуляции поведения и деятельности в целом, провоцируя одновременно и развитие антимотивации.

Итак, представленные выше факты с очевидностью приводят к необходимости принципиально новой постановке проблемы мотивации учебной деятельности – к ее разработке не просто в контексте цифровой социализации в целом, но и в плане влияния ее на очень важную и крайне негативную для учебной деятельности категорию факторов – факторов антимотивационной направленности.

Их раскрытие и, главное, их профилактика и минимизация является важным средством оптимизации процесса обучения, что и обусловливает значимость данного аспекта психологии мотивации учебной деятельности. По нашему мнению, в качестве одного из возможных и весьма действенных средств такой оптимизации могут выступить программы мотивационного сопровождения учебной деятельности, базирующиеся на следующем – ключевом теоретическом положении.

Известно, что ни профилактика, ни коррекция мотивационных установок не является эффективной в том случае, если она построена на стратегии так называемого прямого воздействия. Напротив, такое «лобовое» воздействие, которое чаще всего предстает либо как система запретов, либо как система принудительных мер, дает противоположный результат. Это объясняется тем, что в данном случае активизируются, как мы указывали выше, механизмы реактивного сопротивления личности, то есть те мотивационные установки, которые являются противоположными по отношению к навязываемым извне.

В силу этого, построение указанной стратегии должно базироваться на принципиально ином – опосредствованном подходе. Он основывается на принципе, который можно обозначить как принцип ценностно-опосредствованой коррекции (ЦОК) мотивации учебной деятельности. Данный подход предполагает двухэтапную структуру. На первом этапе необходимо выявить ведущие ценностные ориентации учащихся и их мотивационные установки, носящие продуктивный в личностном плане и в профессиональном отношении характер. Другими словами, это те ориентации, которые содействуют достижению субъективно-принятых профессиональных и личностных целей. На втором этапе следует ориентировать учащихся на приоритетное внимание и выбор тех компьютерных продуктов и тех фрагментов интернетовского контента, которые сопряжены с этими ориентациями и установками, а, тем самым, помогают их реализовать. В связи с этим, субъект ставится в ситуацию, в которой он заинтересован – мотивирован на работу именно с этим контентом. Здесь можно вспомнить известный постулат теории мотивации, который гласит что «лучший способ убедить человека сделать что-то состоит в том, чтобы он сам захотел сделать это». Однако следует учитывать то, что именно такой контент, как правило, оказывает не деструктирирующее влияние на когнитивный потенциал личности, а, наоборот, содействует его развитию. Следовательно, такая стратегия может способствовать не только коррекции тех негативных тенденций, которые указаны выше, но и развитию тенденций развивающего, формирующего плана.

Список источников

1. Alison A. Cyberpsychology. – 2015. – 304 p.
2. Антонова Д. А., Оспенникова Е.В., Спирин Е.В. Цифровая трансформация системы образования // Вестник Пермского государственного гуманитарно-педагогического университета. Сер. Информационные компьютерные технологии в образовании. 2018. № 14. С. 5–37
3. Bell V., Bishop D. V., Przybylski A. K. The debate over digital technology and young people. BMJ 2015; 351: h3064.
4. Belibou A. Integrating Computerized Musical Education into an Interdisciplinary Paradigm; Proposal of Applications using Sibelius Software // Studia Universitatis Babeş-Bolyai Musica.
5. Joinson et al. The Oxford Handbook of Internet Psychology. – 2007. –520 p.
6. Soegoto E.S., Luckyardi S. Computerized Entrepreneurship Education. Special Review on Life Quality in Digital Era // Journal of Physics: Conference Series. 2020. pp. 85-87.

7. Карпова Е. В. Структура и генезис мотивационной сферы личности в учебной деятельности: монография. Ярославль: ЯГПУ, 2007. 570 с.
8. Карпова Е. В. Мотивационные и антимотивационные факторы «перевернутого обучения» // Ярославский педагогический вестник. 2020. №4 (115). С.8-1
9. Карпова Е. В., Афанасьева А. С. Мотивация студентов в дистанционном обучении: монография. Ярославль: ЯГПУ, 2021. 359 с.
10. Бевз С. О., Горягин Р. А. О влиянии гаджетов на когнитивное развитие личности: генезис, история и последствия проблемы // Проблемы современного педагогического образования. 2019. № 63-1. С. 439-441
11. Войскунский А. Е. Психология и Интернет. Москва: Акрополь, 2010. 439 с.
12. Карпов А. В., Карпов А. А. Структура метакогнитивной регуляции информационной деятельности. Москва: РАО, 2022. 690 с.
13. Карпова Е. В. Информированность в области компьютерной техники как детерминанта успеваемости мотивации учебной деятельности школьников //Психология и жизнь: актуальные проблемы психологии образования и развития личности в современном мире. Матер.VI Междун. научно-практ. конф. Минск: БГПУ,2022. С.95-101
14. Карр Н. Пустышка: Что Интернет делает с нашими мозгами. Санкт- Петербург: Best Business Books, 2012. 256 с.
15. Смолл Г., Ворган М. Мозг Онлайн. Москва: Колибри, 2011. 352 с.
16. Фельдштейн Д. И. Психология развития человека как личности: избр.психол.труды. Москва; Воронеж: МОДЭК, 2005. Т.2. 453 с.

КОМПОНЕНТЫ И МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ КОМПЕТЕНЦИЙ САМОСТОЯТЕЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ В КРЕДИТНО-МОДУЛЬНОЙ СИСТЕМЕ

Болтаева Барнохон Хомиджоновна – в.б.доцент,

Резюме: В данной статье широко освещаются компоненты развития самостоятельных образовательных компетенций студентов в кредитно-модульной системе, а также вопрос профессиональной мобильности при организации образовательного процесса в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: кредит-модуль, компетенция, компонент, мобильность, мотивация, интеллектуальная, психологическая.

Annotation. This article extensively covers the components of the development of independent educational competencies of students in the credit-modular system, as well as the issue of professional mobility in the organization of the educational process in higher educational institutions.

Keywords: credit module, competence, component, mobility, motivation, intellectual, psychological.

При организации образовательного процесса в высших учебных заведениях особое внимание следует уделить вопросу обеспечения качества подготовки трудоспособной молодежи с точки зрения профессиональной мобильности. В частности, необходимо формирование профессиональной компетентности при подготовке студентов бакалавриата по направлению Экономика к профессии, что опровергает такое утверждение о том, что математическое образование, предоставляемое работодателями студентам в вузах, преподается отдельно от реальных учебных процессов высших учебных заведений.

Основная цель развития профессионально-педагогической компетентности-создание необходимых условий для развития творческих способностей и самостоятельной деятельности, включающих в себя уверенность в себе, свободу и рискованность, чувство инициативы, способность к мышлению и творчеству, а также развитие личностных качеств и навыков. Кроме того, разработка и реализация проекта также включает разработку

конкретных исследовательских проектов, которые дадут вам навыки и знания, которые могут дать ответы на вопросы о том, как управлять процессом его разработки.

Исследовательские проекты должны включать в себя инструменты, необходимые для развития творческого мышления, чтобы иметь знания и навыки для эффективного решения проблем, анализа бизнес-идей, общения, систематической деятельности, лидерства, оценки любого потенциального проекта. Если у студентов будет возможность протестировать свои бизнес-идеи в среде учебного заведения, прежде чем начать свою предпринимательскую деятельность, то в этой сфере они будут более уверены в себе.

Кредитно-модульное обучение в Osm, функционирующих на системной основе, основной задачей развития самостоятельной подготовки студентов при обучении историческим предметам является замена нестабильных внешних мотивов самостоятельной познавательной деятельности базовой внутренней мотивацией, внешним контролем и оценкой - самоконтролем и самообладанием.

Содержание любого учебного материала может быть интересным для учащихся, учащиеся могут быть к ним равнодушны или вызывать негативные чувства по отношению к учебному материалу. Интерес как один из мотивов обучения студентов кредит в обучении студентов историческое образование в вузах на основе модульной системы образования поскольку образовательная направленность при преподавании исторических дисциплин играет очень большую роль в развитии их самостоятельного обучения, интерес может быть одним из способов развития этого качества личности. Чем сильнее у человека интерес к знаниям, тем концентрированнее и сильнее его мышление. Возникает желание поближе познакомиться с предметом или деятельностью, глубже вникнуть в их суть, не упустить из виду даже мельчайшие детали. При этом развивается не формальный, а творческий подход к предметам и явлениям.

А.Н.Леонтьев писал:”процесс эффективного решения задачи определяется не только ее предметным содержанием, но прежде всего зависит от мотивации, двигающей ребенка, иными словами от того, какое значение для него имеет эта деятельность"

Л.Рубинштеин утверждал, что для того, чтобы вызвать интерес, необходимо сначала создать мотив, а затем работать с содержанием.

И.А.Зимняя объясняет условия формирования интереса к обучению: возможностью проявления свободомыслия и инициативы в обучении (использование активных методов обучения); созданием проблемной ситуации (создаваемые трудности должны быть возможны для учащегося); рациональным многообразием содержания и методов воспитательной работы; эмоциональной окраской изложения материала.

В.В.Давидов выделяет два условия правильной организации деятельности учащихся, направленной на усвоение знаний в форме полноценной учебной деятельности:

1. Любой учебный материал ученик усваивает только тогда, когда в его изучении есть внутренняя потребность и стимул.

2. Учащимся следует давать задания, решение которых требует экспериментов с учебным материалом.

Таким образом, интерес учащихся к изучаемому материалу можно привлечь двумя способами: через увязку содержания учебного материала с практикой, через форму активной работы по усвоению изучаемого материала с будущей профессиональной деятельностью учащихся, поскольку развитие собственных знаний и умений происходит не с помощью книг, а в результате различных наблюдений в жизни и природе.

Самостоятельная познавательная (познавательная) деятельность базируется на общеобразовательных умениях и навыках и требует выполнения определенных процессов.

Таким образом, основной педагогической задачей формирования опыта самостоятельной познавательной (познавательной) деятельности является задача выбора оптимального сочетания методов, форм и средств обучения, способствующих формированию вышеупомянутых конкретных операций.

Проблемные, исследовательские и исследовательские методы требуют от учащихся логического мышления, взаимного анализа и оценки различных мнений, что позволяет сделать вывод о необходимости совместной работы, активного общения. Одной из форм организации деятельности учащихся является проведение деятельности в группах, структура участия в такой деятельности в основном будет состоять из 4-х человек. Потому что задание дается группе студентов, а не отдельному ученику.

Целевая цель из заданий, организуемых в группы, С.М.Рис и Дж.С.Рензулли утверждает, что стимулирование активности студентов заключается в повышении его интереса к обучению, интеграции большого количества методов обучения и навыков деятельности в различные области учебной программы вузов.

Таким образом, интересной является проблема развития самостоятельной познавательной деятельности учащихся, включающая в себя обучение учащихся выполнению заданий, выполняемых в группах, постановку учебных заданий, предоставление учителю кратких инструкций для обсуждения и составления плана, а также разработку учебных заданий, выполняемых в группах, определение путей решения задачи (задания) (направляющей деятельности) и распределение ответственности за выполнение учебного задания; контроль деятельности учителя и проверка групповых и индивидуальных занятий, взаимная проверка и контроль за выполнением задания в группе, информирование учащихся о результатах, оцененных учителем, организация дискуссий в классных комнатах под руководством учителя, внесение дополнений и исправлений, дополнительная информация, предоставляемая учителем, формирование итоговых выводов и индивидуальная оценка работы группы.

Поверхностный анализ вышеперечисленных этапов также позволяет сделать вывод, что достаточно будет устранить проблему формирования самостоятельной познавательной деятельности.

В последнее время адаптированное проектное обучение рассматривается как альтернатива системе начального образования (традиционной системе обучения, преподаваемой в классах). Целью такого стиля обучения является обучение методам деятельности, а не накопление фактических знаний, что рассматривается как одно из эффективных дидактических средств развития навыков, служащих для самостоятельного приобретения знаний. Средством эффективного развития самостоятельной познавательной деятельности является контроль за самостоятельным обучением учащихся на занятиях, организуемых в группах с целью изучения и закрепления изучаемого материала.

Такая форма деятельности имеет ряд преимуществ перед другими формами организации обучения: дает возможность учащимся высказать свое личное мнение по вопросам, связанным с учебой, в результате учебная деятельность меняется в лучшую сторону и повышается интерес учащихся, у учащихся, работающих в группах, повышается уровень активности, формируются навыки совместной работы, формируется мотивация и волевые качества личности, которыми является деятельность. повышает эффективность работы не менее чем на 10%, на основе сравнения знаний учащихся у них развивается умение оценивать свои возможности, появляется возможность практического изучения студентом необходимого материала, создаются благоприятные условия для эффективного понимания учебного материала каждым студентом с точки зрения теории поэтапного формирования знаний. возможность создания, наиболее эффективный материал.

На учебных занятиях, организованных в традиционной форме, учащиеся узнают от учителя в готовом виде цель обучения. Для эффективного усвоения знаний важно, чтобы эта цель была воспринята учащимися, стала движущей силой и мотивацией.

Для этого ученик должен знать, чему учиться, ставить перед собой следующие вопросы: чему учиться? в чем его суть? Почему это нужно изучать? Способы достижения цели (как это сделать?), показать ожидаемые трудности в достижении цели, контролировать, насколько реализация соответствует цели, насколько она будет успешной. способствует

развитию целеустремленности, коллективных навыков и методов труда, формированию положительных качеств личности;

Возможность использования такой формы работы на разных этапах изучения материала, в традиционной системе обучения, взаимодействие учителя с учеником также.

Однако форму работы студентов в группах профессор П.И.Пидкасисти считает, что их нельзя комбинировать и противопоставлять другим формам обучения. Наряду с преимуществами работы в группах, она имеет ряд существенных недостатков. Например, при заполнении групп устанавливаются строгие требования: например, в каждой группе должно быть не менее половины обучающихся, способных эффективно работать самостоятельно с учетом межличностных отношений.

Учащиеся не всегда могут самостоятельно разобраться в сложном учебном материале и выбрать эффективный способ его изучения; в некоторых случаях активность инициативы учащихся может снижаться со стороны других учащихся: более сильные и прилежные учащиеся менее активны, имеют более низкое усвоение, что снижает энтузиазм учащихся к самостоятельному выполнению заданий, что приводит к тому, что учащийся теряет мотивацию к личной ответственности, а, работает в группах

Разработанный методический метод развития исследуемой особенности личности включает этап. На первом этапе необходимо работать со студентами, обладающими примерно такой же умственной и познавательной самостоятельностью. Разделение учащихся на группы должно осуществляться с учетом их интеллектуальных (умственных) и психологических (психических) факторов.

Для определения уровня психического развития студента целесообразно использовать методику тестирования психического развития вузов. Среди различных психологических тестов данная методика может быть выбрана следующим образом: методика тестирования умственного развития вузов соответствует целям группировки учащихся. При этом необходимо осознавать умственное развитие каждого ученика, оценивать его умственный уровень и особенности, указывать на недостатки и ошибки мыслительного процесса [30. – Б.20];

Список использованной литературы

1. Закон Республики Узбекистан об образовании. https://online.zakon.kz/ Document/?doc_id=35806343

2. Романова, Е.С. 99 популярных профессий. Психологический анализ и профессиограммы. – СПб.: Питер, 2006.

3. Болтабоева Б.Х. Кредит-модул тизимида талабаларни мустақил билиш фаолиятини ривожлантириш. https://www.doi.org/10.37547/эjlfas-v03-i03-p1-05

4. Болтаева. Б.Х. Кредит-модул тизимида талабаларнинг мустақил таълим олиш компетенсияларини ривожлантириш педагогик муаммо сифатида. Тошкент давлат педагогика университети илмий ахборотлари 2023/ 5 – сон.

5. Болтаева. Б.Х. Кредит модул таълим тизимида тарих таълими йўналиши талабаларнинг мустақил таълим олишнинг назарий асослари мутафаккир олимлар талқинида. Тошкент давлат педагогика университети илмий ахборотлари 2023/ 7 – сон

6. Б Болтаева - Science and innovation, 2023. [HTML] с сайта cyberleninka.ru
Development of competencies for self-study of students in a credit-modular system as a pedagogical problem.

АКАДЕМИК Т.ТӘЖІБАЕВ: «ЗАҢҒАР ТҰЛҒА» ЖӘНЕ «ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ» КІТАПТАРЫ ТУРАЛЫ ОЙ-ТОЛҒАНЫС

Алмасбек МАУЛЕНОВ,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Жамбыл атындағы филологиялық
зерттеулер Ғылыми Орталығының
жетекшісі ф.ғ.д., қ. профессор

Арыстаннан алтау туғанмен,
Абадан болар біреуі.
Жылқыдан жетеу туғанмен,
Тұлпар болар біреуі.
Қасқырдан алтау туғанмен,
Арлан болар біреуі.
Атадан алтау туғанмен,
Заманы оның келгенде,
Елінің қамын ойлайтын,
Заңғар болар біреуі...
Бұхар жырау

Қазақ халқының тарихында елі үшін, жері үшін басын бәйгеге тіккен талай Алаштың атпал азаматтары ат үстінде жүріп, маңдай терін төгіп бір сәтке де белін шешпей өмірлерін үнемі үздіксіз күреспен өткізгені ақиқат. Оған бағаны тарихтың өзі беріп қойған. Өздеріңізге ұсынып отырған еңбекте негізінен қозғалатын мәселелердің бірі – Алаш зиялыларының тәрбиесін көрген, солардың ұстанымын басшылыққа алған қазақ халқының біртуар ұлы Төлеген Тәжібаевтың азаматтық келбеті. Алаш зиялылары XX ғасырдың басында тарих сахнасына терең біліммен, іргелі ғылыммен және данышпан Абайдың «толық адам туралы» ілімімен қаруланған еді. Бұл қазақ елінің тарихындағы «алтын ғасыры» деп атасақ та артық бола қоймас.

Екі жақты қанауға, тоқырау мен дағдарысқа түскен қазақ елінің мүшкіл хәлін қалайда болмасын технологиясы дамыған, экономикасы өрлеген елдердің қатарына қосу – Алаш зиялыларының басты межесі еді. Осы жолда тынымсыз еңбек, сапалы білім, қайратты жүрек қажеттілігін қазақ еліне ұран тастап ұғындыра білді. Хәкім Абайдан шыққан ащы шындық пен ақиқат арлы істің бастауы болды. Қайнар көздің қарашығына айналды.

Ұрпақтар сабақтастығы, кешегі мен бүгінгіні жалғастыра білу жасампаз ұлттың жарқын көрінісі. Ұлттың мүддесін қарақан басының мүддесінен жоғары қоя білушілік – ұлтқа қызмет етудің биік мансабы еді. Тағдырдың жазуымен, өзінің білімге деген құштарлығымен көп қиыншылықтардан өткен Т.Тәжібаев 1924 жылы Шымкенттегі педтехникумға оқуға түседі. Сол кезде педтехникумның директоры алаштың аяулы азаматы, тұңғыш жантану ілімін зерттеуші, жазушы, ғалым – Жүсіпбек Аймауытов еді. Жас шәкірттің психология іліміне деген қызығушылығы осы кезден қаланса керек. Диплом алған соң педтехникумда оқытушылық қызметке қалдырылады.

Кейіннен ұстазы Жүсіпбек Аймауытов халық жауы болып ұсталып, ату жазасына кесіледі. Жас шәкірттің жүрегіне мұз боп қадалған жара, өмір бойы жазылмағаны анық. Педтехникумнан алынған білім Т.Тәжібаевты қанағаттандыра алмады. 1931 жылы талантты да, талапты жас мұғалім Москвадағы Н.К. Крупская атындағы Коммунистік тәрбие Академиясына оқуға аттанады. Қазақ халқының мына бір мақалы «Отызыңда орда бұзбасаң, қырқыңда қамал ала алмайсың» дегені Т.Тәжібаевқа қарап айтылғандай көрінеді.

Халыққа қызмет етудің жолын таңдаған арынды жас мұнымен де тоқтамай Академияның аспирантурасының күндізгі оқу бөліміне түсіп, 1938 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Елім деп еңіреген ер ешқандай да қолайлы жағдайға қарамай Қазақстанға талантты да, салиқалы ғалым болып оралады. Жоғарыда айтылған қазақ мақалындай Т.Тәжібаев отыз жасында 1940 жылы республика Халық ағарту Комиссарының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалады, кейіннен Халық ағарту Комиссары болады. Алаш зиялыларының тәуелсіздікті аңсаған арман-мұраттары Тәжібаевтың көкейіндегі білім нәрімен нұрлана түседі.

Оны біз Т.Тәжібаевтың атқарған істері мен жасаған қызметтерінен айқын аңғара аламыз. Бұл еңбегіміз 2020 жылы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған еді. Сол кезеңде орын алған «Дүниежүзілік пандемияға» байланысты кейінге қалып қойды. Т.Тәжібаевтың 1957 жылы жарыққа шыққан «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педогогикалық көзқарастары» атты еңбегінің негізінде ақын шығармашылығына тұңғыш рет осы ғылым салалары бойынша сарапталынып әділ бағасы берілген тұжырымдамаларына тоқталу еді. Т.Тәжібаев осы тақырыпта докторлық диссертацияда қорғамақ болған.

Бұған пікір жазған М.Әуезов: «Бұл Абай шығармаларын психологиялық тұрғыда тануда тың ой-пікірлерге негізделген өте құнды еңбек» деп жоғары бағасын беріп, өз ойын да білдірген. Не керек сол кездегі солақай саясаттың жандайшаптары Абай үстем таптың өкілі, социализмнің идеясына қайшы келеді деген айқай-шуға ұластырып әкеткен кез еді. Оның үстіне Әуезовтің үстіне шағым түсіріп, қудалуға ұшратқан келеңсіз заман келбеті тұғын. Алаш арыстарының армандаған асыл мұраттарының орындалуына әлі де біраз уақыт керек еді. Сонда да болса архетиптік жадыда сақталған алаштық идея өмір сүріп жатты.

Кітаптың «Заңғар тұлға» деп аталуы бекер емес. Абайдан бастау алған қазақтың тәуелсіздік асыл мұраттары кейінгі Алаш зиялыларының азаттық идеясымен байланысып жатқан асу бермес ақ армандарымен ұштасып жатыр. Осы кітапта Төлеген Тәжібаевтың ұзақ уақыт зерттеп-зерделеген тақырыбы «Абайдың педагогикалық һәм психологиялық көзқарастары» атты еңбегі. Ғалым Абайдың тәлім-тәрбиелік мәні зор шығармаларын жан-жақты терең талдаған. Ол, әсіресе, Хакімнің жастарды тәрбиелеу мәселесіне көңіл аударған. Абайдың өзі айтқандай: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», «көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым үлгі жастарға бермек үшін» - дегендей, кемеңгердің әр өлеңі, әр сөзі жастарға үлгі-өсиет, білгендерге зор ғибрат.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов профессор Т.Тәжібаевтың Абай туралы зерттеулерін жоғары бағалаған. Аталған еңбекте тұңғыш рет философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылыми тұрғыдан Абай шығармашылығы талданады. Абайдың айтқан қара сөздері мен өлеңдеріндегі ойларын Т.Тәжібаев терең ізденіспен, зор ынта-жігермен арнайы қарастырады. Данышпан Абайдың, әсіресе, «Жастарды тәрбиелеу» бағытындағы құнды ойларын философиялық, психологиялық және педагогикалық жағынан зерттеуі үлкен жетістіктерге жеткізіп, бүгінгі күні де өз маңыздылығын жоғалта қойған жоқ.

Кітапта Т.Тәжібаев шығармашылығы туралы айналасында жүрген шәкірттерінің, қоғам қайраткерлерінің жылы лебіздері барынша толық қамтылған. Сондай-ақ шәкірті Ж.Түрікпенұлының ұстазына арнаған естеліктері мен құнды зерттеулері топтастырылған. Оның жарқын көрінісі Т.Тәжібаевтың Төрт держава Германия тағдырын 1947 жылы талқыға салғанда Совет үкіметі тарапынан эксперт-кеңесші болып маңызды мәселерге байланысты байыпты баяндамалары тарих беттерінде хатталып тұр.

Екінші бір айтылатын мәселе 1948-1953 жылдары бүгінде 90-жылдығы аталып отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ректор лауазымын аброймен атқарған қызметі. Ұлттық кадрларды даярлау, сапасын көтеру, университетің ғылыми-техникалық базасын арттыру сияқты қыруар мәселерді дер кезінде шеше білген іскер басшылық қасиеті. Мұның барлығы сол болашақ ұрпақтың қамы үшін атқарылған қыруар шаруалардың бір ұшпағы ғана еді.

Атақты тарихшы Ермұхан Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабына қатысты ғалымдар арасындағы керағар, қайшылықты дау-дамайда университет ректоры, іскер басшы Т.Тәжібаев

Е. Бекмахановты әділ,әрі асқан білімдар ғалым деп қорғап қалады. Бірақ жан-жақтан анталаған арыз берушілер дегендеріне жетеді. Тарихшы Е. Бекмаханов кінәлі деп танылып ұзақ жылға жер аударылады, Ректорға қорғап, қорған болғаны үшін қатаң сөгіс жарияланады. Бұл да болса көкейде күмбірлеп жатқан Алаштың азаттықты аңсаған идеясы болар.

Асқар таулар да аласарады, терең теңіз де тартылып түбі көрінеді. Мұның бәріне шыдас берер ғаламат күш ақыл - парасат пен ғылым - білім болар бәлкім. Оны бір Алла білер? Осындай ғаламат күшке ие парасат иесі Т. Тәжібаев 1955-1958 дипломатиялық қызметке ауыстырылады. Бұл қызметте де Т.Тәжібаев өз уақытынан озып, республикамызды шын мәнінде тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуге дайындады десек артық айтқандық емес болар. Т. Тәжібаевтың асқан дарыны мен салиқалы, сарабдал білімін сол кездегі Одақтың Сыртқы істер министрлігі лайықты бағалай білді. БҰҰ -да Советтер Одағы делегация басшысының орынбасары ретінде халықаралық аренаға шығады. Әлем азаматы Т. Тәжібаев хакім Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» деген қағидасын дүниежүзі халықтарына БҰҰ мінберінен айқын да, нақты фактілермен жеткізе алды. Алаш азаматының осы бір идеясы бүгінгі жаһандану үдерісінде өз өзектілігін танытып отырғаны ақиқат болмыс.

Т. Тәжібаев Азия, Африка және Латын Америкасы елдері жөніндегі комитетті басқарып, Нью-Йорктегі үлкен мінберден төрт рет баяндама жасайды. Өз заманында Т.Тәжібаевтай заңғар тұлға мұхиттың арғы жағындағы Америкаға барып, БҰҰ -да Советтер Одағы атынан сөз сөйлеп, оның бір үлкен комитетін басқару кеше де, бүгін де қай қазақтың баласының басына, пешенесіне бұйырған бақ тұғын.

Бұл бүкіл ұлтымыз үшін үлкен мақтаныш, абырой! Алаштың асқақ арманы, қашанда өз жолынан адаспай, бағытынан таймай көк жүзінде қалықтап жүзе береді дегіміз келеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылуының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында көрнекті қайраткер, дипломат, ұлағатты ұстаз, Сыртқы істер халық комиссары, 1948-1953 жж. аралығында қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болған педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА академигі Төлеген Тәжібаев пен шәкірті педагог-ғалым Жолмұхан Түрікпенұлының 90 жасқа толуына орай естеліктер мен мұрағаттар және ғылыми мақалалар топтастырылып беріліп отыр. Екінші бір еңбегіміз осының алдында ғана жарыққа шыққан «Ұстаз бен шәкірт» атты кітабымыз.

Кітап екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде негізінен Т.Тәжібаевтың сирек кездесетін мұрағаттық қорынан алынған материалдары және шежірелік фото-суреттері қамтылған.

Екінші бөлімде Ж.Түрікпенұлы туралы жазылған ғалымдардың мақалалары мен өзінің өмірлік тәжірибелік жұмыстар жүргізген зерттеу еңбектері арқау болды.

Өмірдің сан-салалы өткелдерінде әрбір буын мен ұрпақтың өзіне тиесілі парыздары мен қарыздары болатыны анық. Осы жолда әділеттің ақ жолынан адаспай, туралықтан таймай өз мақсат-міндеттеріне жете білу екінің біріне бұйыра бермейтін тағдырдың сыйы мен бағы. Аласапыран алмағайып заманда өмірдің түрлі саласында сынықтан сүрінбей өтіп, өзінің тәжірбиесімен бөлісіп, жеке басының үлгісімен адамдардың жүрегіне жақсылықтың нұрын сепкен қайтпас-қайсар Тұлғалар туралы сыр шерту де оңай дүние емес. Олардың бар мақсаты – қазақтың болашақ ұрпақтарына білім беру және де Отанға адал қызмет ететін азаматтарды тәрбиелеу талабы тұрды.

Осы міндеттерді іске асыру барысында талай-талай кедергілер мен қиыншылықтарға кездескені де ақиқат. Кітап «Ұстаз бен шәкірт» - деп аталады. Ұлағатты ұстазы Төлеген Тәжібаев туралы алпыс жылдан аса тынбай еңбектеніп, зерделі зерттеулер жүргізіп келе жатқан ұғымтал шәкірті Жолмұқан Түрікпенұлы адал шәкірттерінің – бірі.

Ұстазының жолын басшылыққа ала отырып Жолмұқан ағамызда осы бағытта еселі еңбек етіп келеді. Педогогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жолмұқан

Түрікпенұлының бүгінгі күнге дейін жарық көрген еңбектері 200-ге жуық. Солардың ішінде педагогика және психология саласына арнаған 20 монографиясы мен 50-ге тарта оқу құралдарын ерекше атап өткім келеді.

Бұл зерттеу еңбектерінде автор бүгінгі күнде өзектілігін жоя қоймаған балалар мен жастарға кәсіби бағыт-бағдар беру (профориентация) және болашақ мамандық таңдау мәселеріне үлкен мән бере отырып зерделейді. Ғалымның осы тақырыпқа қатысты көптеген еңбектері бар. Солардың ішіндегі ерекше әрі бірегейі «Кәсіптік бағдар» атты зерттеуі. 1995 жылы жарық көріп, 2014,2015 жылдары министрліктің сұранысымен қайта басылып шықты.

Негізінен зерттеу еңбегінің бағыт-бағдары балаларды жастайынан еңбекке баулу және сол арқылы өзінің болашақ мамандығын адаспай таңдай алу қабілетін дамытуға арналған. Сондай-ақ, педагогикалық-психология ғылымының Қазақстанда дамып, өсіп өркендеуіне де өзіндік ерекше үлес қосқан ғалымдар қатарынан орын алады.

Ғалымның «Тәрбие психологиясы» атты кітабы (2008, 2018, 2020 жж. үш басылым) болашақ ұрпаққа тәрбие берудің түрлі әдіс-тәсілдерімен бағыт – бағдарымен ерекшелененіп шыққан құнды дүние.

Жолмұқан Түрікпенұлының аса ден қойып, терең зерттеп жүрген мәселелерінің бірі – өзі пір тұтқан ұлағатты ұстазы Төлеген Тәжібаевтың ғылыми мұралары болып табылады. Ұстазы Төкең шәкіртінің білімге деген ұмтылысын, құштарлығын барынша қолдап, қуаттап отырады. Төлеген Тәжібаев осы ұғымға қай жағынан болсын лайықты тұлға.

Төлеген Тәжібаев Жолмұқан ағамызды өзіне шәкірт етіп 1962-1964 жж. аспирантурға түсіріп, қамқорлығына алады. Осы жылдар ішінде ұстазының бүкіл болмыс-бітімін, азаматтық келбетін тани түскендей болады. Тағдырдың Т.Тәжібаевтай тұлғамен жолықтырып, табыстырғанына алғыс айтады. Өзінің ғылыми жұмысын ұстазының үйінде отырып жазады. Өйткені ол кісінің үйінде Мәскеу мен Санкт-Петербургтан алып келген сирек кездесетін кітаптар бар екен.

Амал нешік ұстазы ауыр науқастан арыла алмай 1964 жылы 14 июньде Мәскеуде ауруханада көз жұмады. Ұстазының орындай алмай кеткен арман мұраттарын жүзеге асыру ендігі сәтте шәкірті Жолмұқанға жүктелгендей болады. Төлеген Тәжібаевтың жарыққа шықпай қалған зерттеу еңбектерін аса мұқияттылықпен жинастыра жүріп, оннан аса кітаптар жазады. 2002 жылы «Академик Т.Т. Тәжібаев» атты көлемді 25 б.т. зерттеу еңбегі жарық көреді. Кейін 2014,2019 ж.ж толықтырылып қайта басылады. Сондай-ақ, Т.Тәжібаев туралы алпыстан аса ғылыми мақалалар жазды.

Жолмұқан Түрікпенұлы ұстазы Төлеген Тәжібаевтың кең мұрасын бүгінгі және келешек ұрпаққа алып келуші зерделі зерттеуші һәм ұлағатты ұстаз болып табылады. Осындай шынайы, адал шәкірті бар тұлғалардың еңбектері мәңгі ел есінде сақтала бермек.

Бүгінде қара шаңырақ Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойымен қатар келіп отырған Жолмұқан Түрікпенұлының 90 жасында жасап жатқан ғылыми еңбектері қазақ халқының педагогика және психология ғылымына үлкен үлес боп қосыла берері анық.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ЖӘНЕ ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ

Н.С.Әлқожаева,
пед.ғ.к., доцент
Педагогика және білім беру
кафедрасының меңгерушісі

Аннотация

Мақалада автор, Т.Тәжібаевты әл-Фараби атындағы университетпен байланыстыра қарастырады, оның ректор және кафедра меңгерушісі болып қызмет жасаған кезеңдерде қандай өзгерістер болғанына мән берген. Сонымен қатар, түрлі аспектіде Т.Тәжібаевты зерттеген университет ғалымдарына тоқталады. Және де, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Т.Т.Тәжібаевқа қатысты өткізіліп жатқан іс-шараларға талдау жасаған.

Түйіе сөздер: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ғұлама, конференция, ағарту, педагогика-психология ғылымы т.б.

Аннотация

В статье автор рассматривает связь Т. Тажибаева с университетом имени аль-Фараби, а также подчеркивает изменения, произошедшие за время его пребывания на посту ректора и заведующего кафедрой. Кроме того, выделяет ученых университета которые, в разных аспектах исследовали Т. Тажибаева. Также, сосредоточилась на проводимых мероприятиях, в КазНУ имени аль-Фараби честь Т.Т.Тажибаева.

Ключевые слова: КазНУ им. аль-Фараби, великие ученые, конференция, образование, психолого-педагогическая наука и др.

Annotation

In the article, the author examines T. Tazhibaev’s connection with Al-Farabi University, and also emphasizes the changes that occurred during his tenure as rector and head of the department. In addition, he highlights university scientists who have studied T. Tazhibayev in various aspects. Also, I focused on the events held at Al-Farabi Kazakh National University honoring T.T. Tazhibayev.

Key words: KazNU named after. al-Farabi, great scientists, conference, education, psychological and pedagogical science, etc.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ көптеген ғұламалар, ғалымдардың есімі және қызметімен байланысты. Соның бірі Төлеген Тәжібаев, ол 1948-1953 жылдарда сол кездегі С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың ректоры және педагогика-психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Міне, осы кезден бастап, университетің дамуына ауқымды үлес қосқан. Т.Т. Тәжібаев басшылық еткен уақытта университетте, 1948 жылы география қазіргі «География және табиғатты пайдалану» факультеті ашылған, одан кейін бір жыл салып экономика және философия факультеттерінің негізі қаланды. Яғни, 1949 жылы философия және экономика факультеті болып құрылып, 1951 жылы философия-экономикалық факультет болып біріктірілген. Қазіргі кездегі «Экономика және бизнес жоғары мектебі» мен «Философия және саясаттану факультетінің» тарихы Т.Тәжібаевпен тікелей байланысты. Араға уақыт тастап (1954-57 жж. ҚазКСР Министрлер кеңесінің төрағасының орынбасары, 1957-61 жж. КСРО-ның Үндістандағы елшілігінің кеңесші-өкілі), 1961-64 жылдары университетке қайта оралып, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметін жалғастырған. Осы кезеңнен бастап ол Қазақстанның педагогикалық ой-пікірлерінің, оқу-ағарту ісінің дамуын және мектептердің тарихын зерттеуді қолға алған. Соның негізінде «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның ағарту мен педагогикалық ой-пікірлерінің дамуы» тақырыбында монографиясы жарық көрген [1]. 1962

жылы ол өзінің докторлық диссертациясын қорғап (Ленинградта), педагогика ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алды.

Төлеген Тәжібаевты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бір топ ғалымдары зерттеді, белгілі педагог-психолог ғалым Қ.Б. Жарықбаев 1965 жылы Төлеген Тәжібаевтың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы педагогикалық ойлар еңбегіне» сын пікір жазу барысында ол туралы өзіндік ой-пікірімен бөліскен [2]. 1968 жылы педагогикалық энциклопедияның мазмұнына Т.Тәжібаев туралы ақпараттық-нұсқаулық жазды. 1990 жылы «Қазақстандағы психология мен педагогика ғылымдарының өзекті проблемалары» тақырыбында өткен ғылыми-теориялық конференцияда «Төлеген Тәжібаевтың психологиялық мұрасы» тақырыбында баяндама жасаған. Сонымен қатар, осындай көптеген конференциялар жинағына, газет-журналдарға Т.Тәжібаев туралы мақалалар жазды, оның негізгі идеяларын оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұнына ендірді. Құбығұл Бозаевич Т. Тәжібаевтың тікелей шәкірті Ж. Түркпенов және қызы М.К. Ахметовамен бірге «Психолого-педагогическое наследие Т. Тажибаева (1910-1964)» тақырыбында монографияларын жарыққа шығарды [3]. Ж. Түркпенов Тәжібаев туралы өте көп (алпыстан аса) еңбектер жазды, соның ішінде «Академик Төлеген Тәжібаевтың ғылыми мұралары» тақырыбындағы монографиясының маңызы зор. Т.Тәжібаев педагогикалық-психологиялық бағытта ғылыми зерттеулермен айналыса жүріп, мемлекеттік қызметтер атқарғаны баршаға мәлім. Оның саяси көзқарастары туралы З.С. Гайыпов «Әкімшіл-әміршіл жүйедегі тұлға: Т.Т. Тәжібаев – ұстаз, ғалым, саясаткер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады [4].

Филолог-ғалым Алмасбек Мәуленовтың «Ұстаз бен шәкірт» атты 2023 жылы университеттің 90 жылдығы мен Т.Тәжібаевтың рухына бағышталған еңбегі жарық көрді. Онда, Т.Тәжібаев және оның шәкірті Ж. Түрікпенұлы туралы келелі ой-пікірлер және басқа да ғалымдардың естеліктері жазылған [5]. Сондай-ақ М. Балақаев, Ә. Омаров, К. Нәрібаев т.б. сынды білікті ғалымдар да Т.Тәжібаев туралы көзқарастарын айтып, ғұлама ғалым, көрнекті қайраткер, ұлағатты ұстаз, деп баға берген.

ҚазҰУ профессоры С.М. Жақыпов өз зерттеулерінде, Т. Тәжібаев фундаменталды ғылымды дамытпай прогресс болмайтындығын жете түсінген. Қазақстандағы сол кездегі жалғыз университетті алдыңғы қатарлы ғылыми ойлардың жалаугеріне айналдыруға ұмтылды. Ол өз күшімен университетте шығыстанушыларды, психологтар мен философтарды дайындай бастады, деген пікірін айтты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Төлеген Тәжібаевтың 60 жылдық, 70 жылдық мерейтойларын өткізуге ұйтқы болды, одан кейін жыл сайын Төлеген Тәжібаевқа арналған ғылыми конференциялар өткізіліп келеді. Солардың бірнешеуіне тоқталар болсам, 2010 жылы Т.Тәжібаевтың 100 жылдығына арналған «Жоғары білім берудің қазіргі мәселелері: жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Конференцияға көптеген шетелдік, отандық ғалымдар жиналып, ғылымды дамытуға байланысты келелі ойларымен бөлісті. Сол кездегі ректор Б.Т. Жұмағұлов «Әрі министр, әрі ректор болған ғалым-ұстаз» тақырыбында баяндама жасады. Шындығында ол кісі бірнеше қызметті бірге алып жүрді.

2015 жылдың 24 ақпанында жыл сайынғы Тәжібаев оқулары аясында Т.Т. Тәжібаевтың 105 жылдығы және жалпы және этникалық педагогика кафедрасының 75 жылдығына арналған «Төлеген Тәжібаев және қазіргі педагогикалық ғылым» атты ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.

Конференцияға қатысушылар Т.Т. Тәжібаевтың ғылыми іс-әрекетінің педагогика ғылымындағы маңызын – тәрбие, білім беру және өскелең ұрпақты оқытуды шешумен толықтай байланысты екенін атап өтумен қатар, педагогика кафедрасының 75 жылдығы мерейтойымен сәйкес келуінің де жайдан-жай емес екеніне мән берді. Сонымен қатар, конференция шеңберінде Ж.Түркпенұлының «Академик Т.Тәжібаев» кітабының тұсаукесері өткізілді. Көптеген, отандық, шетелдік ғалымдар қатысып, баяндамалар жасады.

Оның өмірі мен қызметі, еңбектері жинақталып, 2016 жылы «Өнегелі өмір» сериясының 69-шығарылымы Т.Тәжібаевқа арналып, 2017 жылдың 6-сәуірінде салтанатты түрде кітаптың тұсау кесері өтті.

2018 жылы **Академик Т.Т.Тәжібаевтің туылғанының 108-жылдығына арналған «Ұлттық рухани жандандыру бағдарламасын жүзеге асыру контексіндегі қазіргі таңдағы психологиялық ғылым және тәжірибе» тақырыбында Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция өткізілді.**

2020 жылы «Білім және психологиялық-педагогикалық ғылым: жүйелілік, сабақтастық, инновациялылық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция Т. Тәжібаевтың 110 жылдығына арналды. Конференция факультет деканы Масалимова Алия Рымғазықызының модераторлығымен өткізілді. Оған сол кездегі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Тойбаев Әділет Жүнісұлы қатысып, құттықтау сөз айтты.

2021 жылдың 20 ақпанында Т. Тәжібаевтың 111 жылдығына арналған «Білім берудегі бәсекеге қабілетті тұлғаны дамытудың қазіргі заманғы тенденциялары» атты онлайн режимдегі Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция жұмысы жүзеге асырылды. Онда, қазіргі таңдағы психологиялық-педагогикалық ғылымның өзекті мәселелерін Т.Т.Тәжібаев идеялары контекстінде талқылау және олардың шешімдерін іздеу және ғылыми, қолданбалы нәтижелермен, зерттеу тәжірибесімен алмасу мақсаты алға қойылды.

2023 жылғы 23 ақпанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасында жыл сайынғы Тәжібаев оқулары - «Білім және психологиялық-педагогикалық ғылым: жүйелілік, сабақтастық, инновациялылық» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылып, оған университет ардагері, профессор Ж.Түркпен-Ұлы, профессор А.Мәуленов, Абай атындағы ҚазҰПУ Математика, физика және информатика институтының директоры Б.Д.Сыдыхов, философия және саясаттану факультетінің деканы Б.Б. Мейірбаев құттықтау сөз сөйлеп, естеліктерімен бөлісті.

Алғашында Т.Т. Тәжібаевтың туған күніне байланысты республикалық, халықаралық конференция ұйымдастырылған болса, 2001 жылдан бері Қ.Б. Жарықбаевтың бастамасымен «Тәжібаев оқуларын» өткізу игі дәстүрге айналды, яғни былтырғы жылы 22 – оқу өтті. Бұл іс-шаралар аясында, ұлағатты ұстазды жас ұрпаққа насихаттау жұмыстары жүргізіледі, өйткені мұндай тұлғалардың еңбегі ұрпақтан-ұрпаққа таралып отыруы тиіс.

Сонымен қатар, 1998 жылы Университетте Т.Тәжібаев атындағы этнопедагогика-этнопсихология орталығы ашылды, оны алғашында көп жылдар бойы Қ.Б. Жарықбаев, одан кейін орталықты К.Ж. Қожахметова, Б.А. Әрінова, Ұ.Б. Төлешова т.б. басқарып, ізденушілердің диссертациялары талданып, семинарлар өткізілді.

Т.Тәжібаев педагогика-психология ғылымдарына ауымды үлес қосқан өр тұлға, философия және саясаттану факультетіндегі педагогика және білім беру менеджменті мен жалпы және қолданбалы психология кафедралары білікті факультет басшыларымен бірге, университеттің қолдауымен жылда туған күні қарсаңында конференция өткізуді дәстүрге айналдырып келеді. Бұл дәстүр қашан да жалғасын табады деген сенімдемін.

Міне, биыл Академик Т.Т. Тәжібаевтың 114 жылдығы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына тұспа-тұс келіп отыр, соған арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы **«Қазақстан ғылымы және оқу-ағарту жүйесі: даму жолдары мен болашағы»** тақырыбында өткізілуде. Конференцияға алыс-жақын шетелдік әріптестер мен қатар республика көлемінде көптеген мақалалар келіп түсті.

Пленарлық мәжілісте, Т.Тәжібаевты зерттеп жүрген ғалымдардың баяндамалары мен құттықтау сөздер күтілуде. Сонымен қатар, зерттеу университетінің басымдықтары және заманауи білім беру жүйесі, Т.Т.Тәжібаевтың ғылыми идеялары мен басқарушылық қызметі, педагогика және психология ғылымындағы инновациялар: цифрлық педагогика мен психология, инновациялық оқыту әдістері, инклюзивті білім беру жағдайында мектеп пен жоғары мектеп сабақтастығы мәселелері талқыға түспек.

Арнайы «Университеттік білім беру жағдайында ғылыми зерттеулерді дамытудың

негізгі тенденциялары» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылады. Кез-келген ғылым-білімге қатысты семинар, конференция, дөңгелек үстел т.б. іс-шаралардың жастардың дамуына өзіндік үлесі бар екеніне сенімдімін. Сондықтанда мұндай іс-шараға студенттер, магистранттар, докторанттар көптеп тартылғаны абзал. Келесі 2025 жылы ұлама ғалымға 115 жыл толады, сол уақытта да келелі ғылыми тағлым жүзеге асырылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Тәжібаев Т. Өнегелі өмір.-Алматы, Қазақ университеті, 2016. Ш.69. -336 б.
2. Бағалы еңбек // Қазақ әдебиеті. 1965. 1 қыркүйек. - Кітапқа сын: Тажибаев Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. - Алма-Ата: Казахстан, 1965. 164 с.
3. Психолого-педагогическое наследие Т. Таджибаеве (1910-1964): монография / К.Б. Жарикбаев, Ж. Туркпен-улы, М.К. Ахметова. - Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 142с.
Аннотация. Бұл мақалада заманауи білім беру жүйесінің қарқынды дамуына байланысты үкімет назарынан тыс қалып қойып жатқан, бірақ келешекте әлеуметтік қақтығыстарға ұласуы мүмкін мәселелер туралы айтылған. Оларды математикалық модельдеу барысында мемлекеттің қандай пайдалы шешімдерге қол жеткізе алатындығы және мақалада мақсатсыз жанжалдардың алдын-алу әрекеттері сарапталған.

Тірек сөздер: білім беру жүйесі, математикалық модельдеу, цифрландыру, әлеуметтік қақтығыстар, қақтығыстарды болжау.

В данной статье говорится о проблемах, которые остаются без внимания правительства в связи с бурным развитием современной системы образования, но которые могут привести к социальным конфликтам в будущем. В возможном ходе их математического моделирования в статье анализируются, каких полезных решений может достичь государство, а также усилия по предотвращению ненужных конфликтов.

Ключевые слова: система образования, математическое моделирование, цифровизация, социальные конфликты, прогнозирование конфликтов.

This article talks about problems that remain unattended by the government due to the rapid development of the modern education system, but which can lead to social conflicts in the future. In the possible course of their mathematical modeling, the article analyzes what useful solutions the state can achieve, as well as efforts to prevent unnecessary conflicts.

Key words: education system, mathematical modeling, digitalization, social conflicts, conflict forecasting.

Ақпараттардың дамыған заманында жыл өткен сайын адамзат баласы жаңа күрделі жобаларды жүзеге асырып, қоғамды барынша цифрландыруға қомақты күш-жігерін жұмсап жатыр. Бұның өзгеріске алып келерлік тұстары білім беру жағдайында да көзге бірден түсіп, еліміздегі кейбір жоғары оқу орындарының студенттерінің электронды оқулықтарға өте бастағанын көрсетеді. Дәстүрлі мектеп пен жоғары мектеп емтихандары толықтай заманауи компьютерлік құрылғыларда тапсырылатын болып үкімет тарапынан шешілді. Халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы электрондық кезектер, электрондық үкімет, жоғары мекемелерге шағымданушының электронды арыз қалдыра алуы, кез-келген әлеуметтік желілерде белгілі саяси не әлеуметтік оқиғаның online түрде еркін талдана алынуы, тұтынушының өз қаражатын банк қосымшасында электронды әмбиянда сақтап жүре алуы, ауа-райының күрт өзгеруіне байланысты хабарламалардың смс түрінде желі пайдаланушыларының ұялы телефондарына келуі, студенттер мен оқушыларға арнап электронды платформада күнделік қызметін орындайтын жаңа цифрлық қосымшаларының ашылуы және т.б. жатады. Цифрландыру заманында ақпараттың ақпараттық кеңістікте үлкен жылдамдықпен тарайтынын және ақпараттардың ауқымдылығы мен түрлілігіне байланысты көп жағдайда өңделмей қалып та жататынын көреміз [1, 28-29 с.].

ҚР мемлекеті әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, жаңа білім беру жүйесі жағдайында барлық мекемелерді цифрландыруға көше бастағаны мәлім. Оқушылар білімге қажетті түрлі ақпараттар көздерін оқулықтан бөлек түрлі интернет ресурстардан да ала бастады. Бұл сол ақпаратты тұтынушылардың шығармашылық кеңістігін ұлғайтқанымен, тигізетін кері әсерлері де бар екені жалған емес. Себебі, өңделмеген дереккөздердің кейде сол тақырыптан хабары тыс адамның сол проблематикаға байланысты пікірін ауыстырып жіберуі мүмкін. Бұл жерде «білімді» және «ақпараттандырылған» адамдардың класы пайда болады. «Ақпараттандырылған» адамдар тобы өздерін «білімді» адамдар тобымен бірдей екендіктерін дәлелдеумен боп, мүдделері қорғалмаған жағдайда жаңа әлеуметтік жанжалдарға әкелуі мүмкін. Бұл екі категория кейде өзара түйісіп те жатады [1, 102 с.].

Жаңа заманда «кім ақпаратқа ие болса, сол әлемге ие» деген ресми емес халық арасында жанды түсінік қалыптасты. XXI ғасырда жаңа соғыстың түрі – ақпараттық соғыстың да дүниеге келуі кездейсоқ емес. Қандай да екі ел арасында тоталды соғысқа ұласарлық жанжал басталар алдында екі жақ та алдын-ала бір-біріне қарсы ақпараттық майданда кездесіп, бір-біріне шындыққа жанасуы мүмкін жалған ақпараттарды, кейде шындығы бар ақпаратты шамадан тыс ұлғайту әдісі арқылы екінші тарапты кінәлау позицияларын ұстанатындары жалған емес [2, 180-181 с.]. Соның нәтижесінде қарсылас екі мемлекет те өздеріне сенімді одақтас іздеуге талпынады. Г. Киссенджердің мәлемдеуінше, жаңа мыңжылдықтағы ақпараттық соғыс өз кезегінде қарсыластың күші мен қуатын анықтауға қажет, егер қарсылас тарап өз әлсіздігін көрсеткен жағдайда ол дипломатиялық жеңіліске соғыс басталмай тұрып жеңіліске ұшырап, соғысудан бас тартуы мүмкін.

Ақпараттық жанжал ресми соғыс кезінде де қатар жүре алады. Мәселен, Ресей мен Украина қақтығысы бір-бірінің берген статистикалық ақпараттарын жоққа шығарып, өзара кеткен адам шығындарын түрліше деректерге сүйеніп беріп жатқанын көреміз. Соңғы он жылдықта орын алған халықаралық деңгейдегі барлық жанжалдар ақпараттық соғыс қазанында пісіп-жетіліп, тек кейіннен жарылғыштық күйге айналғандықтарын байқаймыз. Цифрландыру кезеңінде ақпараттардың дұрыс таратылуы мен таратылмауын қатаң қадағаалйтын арнайы құзіретті орындардың жоқтығы аталмыш мәселені одан бетер шиеленістіріп қоятыны сөзсіз.

Әлеуметтік желілер мен интернет іздеу қосымшалары кейде желі тұтынушыларын адасушылыққа бастауы мүмкін. Әр қақтығысқа арнайы түсірілген ютуб желісіндегі видео астындағы комментарийлерді оқу барысында біздер түрлі эмоциялардың өзара жанжалын байқай аламыз. Эмоциялар полигонында жастардың, әсіресе мектеп оқушыларының батыл мәлімдемелерін де аңғару қиын емес.

Адам ақпараттандырылған сайын оның бастапқы ұстанып алған бағытын өзгерту қиын іс. Мәселен, маргиналды топтардың көбеюінде де осының себеп пен салдары жатыр. Жоғары оқу орындарында кейде эмперикалық зерттеулерді, тәжірибе алмасуды шетелдік өтілген жол ретінде есептеп, студенттерге өз бетінше білім алуға мүмкіндіктер жасайды. Алайда, кейде нақты академиялық бағыттың айқын көрсетілмеулеріне байланысты, студенттер өз бетінше білім алу барысында мақсат тұтқан тақырып аясында ақпараттар қорын жинап, соларды өз беттерінше игере бастайды [3, 79-80 с.]. Жоғарыда айтып өткеніміздей ақпараттар қорының қажетті құзіретті мекемелер тарапынан жіті қадағаланбай қалуларынан олар өз бойларында түрлі: діни, саяси, ұлттық, мәдени, радикалдық, экстремистік және т.б. қасиеттерді жинақтауы мүмкін. Нәтижесінде сол ақпараттар қорын тасымалдаушы көптеген интернет ресурстары үкімет тарапына наразы, оппозиялық радикалдар тобын дүниеге алып келуге жағдай жасауы таңқаларлық жәйт емес. Көріп отырғанымыздай, шетелдік білім беру жүйесіне сүйенген жағдайда, ол үрдістердің біздің мемлекетте жүзеге асуы үшін қаншалықты дұрыс орта қалыптасқандығын алдымен өлшегеніміз абзал. Бұл үшін Отандық білім беру жүйесінде ұстаздар қауымы әрдайым білім алушылардың қай әдебиеттер қорын пайдаланатындығын тексеріп отырғандары жөн секілді. Өйткені, білім – қару, ал білім алу мұздай қаруланумен тең деп Д. Дидро революциялық ойларын бекер жазбас еді [3, 109-с.].

Бастапқыда шетелдік эмперикалық зерттеулерге арналған еркіндікті біздің қоғамда білім алушыға толық еркіндік беру деп түсініп жататын кездер бар. Әр студент ондай кезде өз тақырыбының аясында барлық іздеу қосымшаларынан табылған ақпараттарды еш өңдемей қолдана түсетіндігі тағы бар. Бұл әсіресе қоғамдық-гуманитарлық мамандықтарда оқитын студенттер үшін қауіп төндіру аумағы болып есептеледі. Белгілі проблематика аясында жеткілікті ақпарат жинаған студент келешекте өзін сол сұрақтың нақты маманы ретінде есептеп, кей тұстарда сын да көтере алмайтын деңгейге жетуі мүмкін. Яғни, бұл арқылы көптеген жоғары оқу орындары келешекте «білімді» мамандардың орнына «ақпараттандырылған» мамандарды даярлап жатыр деген қаупі бар. Ал, бұл өз кезегінде мемлекеттің экономикалық және мәдени, саяси даму өмірінде айтарлықты кері әсерін тигізетін құбылыстардың басталуына бастама болатын күйретуші жоба. Мемлекеттің қауіпсіздігі әрдайым ерекше мағынаға ие [4, 60-с.].

Соңғы он жылдықтар көлемінде газет-журналдар оқитын адамдар саны күрт кеміп, тек аға және орта буын өкілдерінің назарында жүретіні баршаға мәлім. Ал, әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарын тұтынушылардың саны күн санап өсіп, мемлекеттік саясатты жүргізетін, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын теле арналарға, БАҚ-қа көңіл бөле тыңдайтын аудиторияның саны кеміп бара жатыр. Бұл өз кезегінде ұлттық журналистика саласына орны толмас нұқсан келтіреді [4, 62-с.]. Мәселен, дәстүрлі журналистика саласын бітірген, қолында 4 жылдық білімін растайтын дипломы бар абитуриенттер ғана медиа кеңістікте бұрын қызметке тұрып, мемлекет саясатын дұрыс насихаттаумен айналысып жүретін болса, қазіргі таңда БАҚ жөнінде академиялық ешқандай білімі жоқ, эмоцияларға тез салынғыштығымен ерекшеленетін, мемлекеттік саясатты кейде дұрыс насихаттай алмайтын және өздігінен радикалдық топтарды әдемі уәделерімен өз маңайына тарта алатын жартылай сауатты әрі жасанды жұлдыздар шеруін тамашалататын инста-тұлғалар, тик-ток өнертапқыштары, фейсбуктік философтар саны көбейді. Мемлекеттің стандартты орындап отырған білім беру жүйесіне осындай қосалқы медиа кеңістіктерінің кедергі келтіретіндіктері де жоқ емес [5].

Саяси зерттеулер институтының мәлімдеуінше, Қазақстан республикасында жастардың, әсіресе оның ішінде 10-17 жастар аралығын құрайтын мектеп оқушыларының 83,8% бір тәулікте кемінде 4 сағат уақытын әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарына арнайды.

Ультрокүлгін сәулеге уланған жастар 10-20 жыл көлемінде әлеуметтік желілерді белсенді түрде пайдаланатын болса, өздігінен креативтік шешімдер қабылдауға, кеңістік тұрғыда ойлануға қабілетсіз болатыны мәлім. Әлеуметтік желіге деген адамдардың тәуелділігі қазіргі таңда әлем назарын өзіне аударып отырған, шешімін таппаған ең күрделі сауалдардың бірі болып табылады. Әсіресе, цифрландыру заманында бұл сұрақпен жіті айналысып жүрген алдыңғы орындағы елдерге: Жапония, Оңтүстік Корея, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания жатады. Жапонияда бұл сұрақпен ғана шұғылданатын өз ішінде 70-тен астам зерттеу институттары бар. Адамдардың шынайы өмірден қол үзіп, вертуалды әлемге өтіп кетулері мемлекетті үлкен тоқыраушылықтарға алып келуі мүмкін [6].

1980-жылдардан бастап әлеуметтік ойындарға құмар әрі тәуелді жастар буыны қалыптасып, олар продуктивті жұмыс жасай алу мүмкіндіктерінен 8-9 төңірегінде толыққанды айырылды. Яғни, ол буынның жастары қазіргі таңда 50-60 жас аралығын қамтып отыр. Арнайы зерттеу институттарының берген ақпараттарына сүйенсек, ол кезде тәуелді жастардың тәуелсіз жастарға тура пропорционалдылығы 1/150 құраса, соңғы онжылдықта бұл көрсеткіш 1/15-ке жетіп отыр. Яғни, бұдан шығатын қорытынды бойынша, вертуалды өмірге тәуелді жастардың үлесі 40 жыл ішінде 10 есеге өсіп отыр. Жұмысқа икемсіздікті тудыратын бұл фактор адамды интеллектуалдылық тұрғысынан «зомби» тектес жаратылыс иесіне айналдырады. Ондай жастардың көпшілігі ұзақ уақыт бойы вертуалды әлемге үйренгендіктен, қарым-қатынас аясына келгенде өзге адамдармен сөйлесуге не уақыт өткізуге мұқтаж болмайды. Жалғыздыққа үйренгендіктен келешекте отбасы құрып, олардың ата-ана рөлін дұрыс атқарулары да күрделі сұрақ түрінде қалып отыр [7].

Әлеуметтік қақтығыстарды өткен ғасырда ғана Р. Дарендорф басқаруға болмайды, оны тек бақылауға ғана болады деп тұжырымдама жасады. Дегенмен де жаңа мыңжылдықта аталмыш әлеуметтік жанжалдарға алып келетін қауіпті үрдістерді тек бақылау бізге ол мәселені шешуге көмектеспейтін секілді. Қақтығыстарды тудырушы және қоздырушы факторларды басқару арқылы біздер болуы мүмкін қақтығыстардың алдын ала аламыз. Ол үшін таза коэффиценттерді өз күйінде көрсететін статистикалық зерттеулерге сүйенгеніміз жөн. Компьютерлік және математикалық модельдеу принциптері арқылы біз толқын тәрізді осы мәселенің даму динамикасын сыза аламыз. Күрделі әлеуметтік фигураларға алып келетін функция графигіндегі нүктелерді дифференциялдау барысында, алдағы уақытта сол сұрақтың тікелей қатысуымен жүзеге аса алатын оқиғаның мерзімін және орнын анықтауға көмектесетін геометриялық интервалдарды құрастыруға мүмкіндік аламыз [8].

Әлеуметтік кеңістікті геометриялық кеңістікке тура проекциялап көшіру барысында әлеуметтік кеңістіктің қосалқы белгілері (әлеуметтік көңіл-күй, себеп-салдарлар, әлеуметтік оқиға орны, құбылыстың таралу заңдылығы) физикалық мағынаға ие болып, төртінші кеңістік теңдеуінде жалғасын таба алады. Мәселен, әлеуметтік көңіл-күйді әлеуметтік температура эквивалентіне оңай ауыстыра аламыз. Физика ғылымы бойынша, белгілі материяда температура көтерілген жағдайда, сол материяның ішіндегі молекулалардың жылдамдығы артып, ретсіз қозғала бастайды. Ал, бұл үрдіс нейтрон мен протондардың да жылдамдығына әсер етіп, молекулалық хаосқа алып келеді. Тура әлеуметтік кеңістікте де көңіл-күйлері көтеріңкі емес, өз өмірлеріне сынмен қарайтын адамдардың өз шеңберлерінен шығып кетулері үшін кез-келген мемлекет өміріндегі жағдай рөл ойнап кетуі ықтималдылығы жоғары [8].

$f(x_{\text{i}}, x_{\text{j}})$ функциясы индивидтер арасындағы қатынасты сипаттайды, олар мұнда классикалық Гаусс үлестірімі арқылы модельденеді. $\text{f}(x_{\text{i}}, x_{\text{j}}) = \frac{1}{u\sqrt{\pi}} e^{\frac{-(x_{\text{i}} - x_{\text{j}})^2}{u^2}}$, $\text{u} = k_c^{\text{i}} k_s^{\text{i}} + k_c^{\text{j}} k_s^{\text{j}}$ әр түрлі социологиялық зерттеулерде жеткілікті түрде кеңінен қолданылады. k_s^{i} – ғылыми-техникалық прогрестің және і-ші жеке тұлғаның/жеке адамдар тобының даму коэффициенті. k_c^{i} – і-ші әлеуметтік белсенділік коэффициенті жеке/топтық жеке. $\bar{\delta}$ – кері Кронекердің кері байланысы.

$$\begin{cases} \dfrac{\partial h(x_1;t)}{\partial t} = \mathrm{D}[\mathrm{h}(x_1,t) - \mathrm{h}(x_1,0)] + \alpha k_c^2 k_5^1 e^{\frac{\psi^2+1}{\psi}}(x_1 + x_2)^2, \\ \dfrac{\partial h(x_2;t)}{\partial t} = \mathrm{D}[\mathrm{h}(x_2,t) - \mathrm{h}(x_2,0)] + \alpha k_c^1 k_5^2 e^{\frac{\psi^2+1}{\psi}}(x_1 + x_2)^2, \\ \dfrac{dx_1}{dt} = \dfrac{\partial h(x_2;t)}{\partial x_2} + \sqrt{2D}\xi_1(\mathrm{t}), \\ \dfrac{dx_2}{dt} = \dfrac{\partial h(x_1;t)}{\partial x_1} + \sqrt{2D}\xi_2(\mathrm{t}), \end{cases}$$

Бұл жерде $\Psi = k_c^1 + k_5^1 + k_c^2 + k_5^2$, $\alpha = \frac{1}{\Psi\sqrt{\pi}}\bar{\delta}_{k_c^1 + k_5^1,\ k_c^2 + k_5^2}$. Осы теңдікті одан әрі жалғастырып, дифференциалдап кетсек те болады. Бұл модельден де шығатын есептеулердің нәтижесі келесі мысал ретінде қолданылатын мета ойындар теориясының нәтижесімен бірдей болары сөзсіз. Тек бұл жерде әдістердің түрлілігі ғана бар. Конфликтіні метаойындар теориясы арқылы модельдеу барысында адамдардың жеке мүдделеріне қатысты барлық конфликтіге алып келуі мүмкін шарттарды қарастырған жөн. Ойын арқылы модельдеу келесі мақсаттарда ғана жүзеге аса алады: үйрету және дайындық кезеңдері, басқару кезіндегі шешім қабылдаушылық, индивидтің шешім қабылдауы кезіндегі үрдістерінің зерттелуі, кәсіби ойындар [9, 196-197 с.]. V = $\begin{vmatrix} V_{ii} & V_{ij} \\ V_{ji} & V_{jj} \end{vmatrix}$. Матрицалау барысында әрқайсының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескерген жөн. Өйткені, V_{ii} егерде V_{ij}-дан үлкен болса, онда V_{jj} көрсеткіші V_{ji}-дан үлкен болады. Бұл көрсеткіштер берілген есептеулердің негізгі шарттарына байланысты ауысып, өзгеріп те отыруы мүмкін. Жастарды көп векторлы А объектісі ретінде алайық. Күткен нәтижеге деген сенімнің индивидетер арасында жоғалмау шартының орындалуы келесі теңдікпен өрнектеледі: IC_a(t) ≥ IC_a(t - dt). Компьютерлік бағдарламаның талаптарын ескере отырып, сандық (математикалық) және сапалық (эксперттік) модельдеуге бейім Изингтың айналдыру моделін қолданғанымыз жөн. Белсенді **A** элементтер жиынтығын өз шеңберінде қарастыратын **S** жүйесі бар болсын. Ол кезде айналдыру моделі бізге келесі теңдікті бере алады: pA = (↑, ↓).

Өзара көрші элементтер үшін келесі түсінушілік шарты орындалады: rG (A_i, A_j) = 1. Берілген әрекеттер егер Изингтік энергия көлемімен өлшенсе, төмендегі теңсіздік қанағаттандырылады: E $(r_{A_i - A_j})$ ≥ 0. Қос элементтің спиндерінің параллельдігі шарты тек келесі шарттар орындалса ғана жүзеге аса алады: pA_i = pA_j $(A_i \uparrow A_j)$. Ал, антипараллельдік шарттары тек төмендегі шарт орындалса ғана мүмкін бола алады: pA_i ≠ pA_j $(A_i \uparrow A_j)$. Байлау бұрыштарының энергиясы нөлдік емес көрсеткіште келесі шарттар орындаса бола алады: E(A_j) = $\sum E_{\mathrm{rG}\,(A_i,A_j)}$. Салыстырмалы депривация кезінде элементтер ең аз деген мөлшерде энергия шығындағысы келеді, егерде E(A↑) < E(A↓) есептеу шартына сәйкес келесі нәтижеге қол жеткізілсе: P(A) = ↑. Егерде E(A↑) > E(A↓) шарты есептеу барысында орындалса, онда мына нәтижені ала аламыз: P(A) = ↓ [10, 85-86 с.].

Дұрыс емес ақпараттар түрлі мессенджерлерде таратыла бастаған жағдайда, онсыз да ашуызасы қайнап жүрген адамдар тобы өздеріне жақтас өзі сияқты адамдарды іздеп, аз уақыт арасында ортақ мүдде аясында біріге бастайды. Ал, ақпараттардың тексеретін бұл жерде білікті мамандардың жоқтығы не оларға мемлекеттің мұқтаж еместігі байқалады. Әлеуметтік көңіл-күйдің түсуі әлеуметтік температураның көтерілуіне алып келсе, молекулалық заңдылыққа сәйкес ондай салдар дүмпу алдында тұрған маргиналды топтар өкілдерінің тез бірлесе қимылдауларына және барынша үлкен аумақтарды қамтуларына алып келе алады. Өз ойымды **қорытындылай** келе, осындай жанжалдардың алдын алу үшін алдымен мемлекет қолданысында жүрген интернет ресурстары мен әлеуметтік желілердегі ақпараттарды модельдеп, халықтың әлеуметтік көңіл-күйін математикалық модельдеу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сысоев В. В. Конфликт. Сотрудничество. Иезависимость: системное взаимодействие в структурно-параметрическом представлении. М.: издательство МАЭиП», 1999. 151 с.
2. Дарендорф Р. Элементы теории социального конфликта. М.: издательство «Директ-Медиа», 1956. 210 с.
3. Козер Л. Функция социального конфликта. М.: издательство «Идея-Пресс», 2000. 465 с.
4. Насимова Г. О. Основные факторы и причины возникновения конфликтов в Казахстане //Человек. Общество. Право. 2009. №1, 59-66 с. Электронный ресурс http://chsu.kubsu.ru/. (Дата обращения: 25. 01.2024.)
5. Лаумулин М. Т. Геополитика в Центральной Азии и безопасность республики Казахстан. Электронный ресурс https://www.dissercat.com/. (Дата обращения: 25. 01.2024.)
6. Сеңгірбай М. Ж. Этносаралық қақтығыстардың алдын алу мен реттеудің технологиялары (посткеңестік мемлекеттер тәжірибесі). Электронды ресурс https://www.enu.kz/. (Дата обращения: 25. 01.2024.)
7. Алияров Е. К. Государственная информационная политика Республики Казахстан в условиях глобальной информатизации. Электронный ресурс https://articlekz.com/. (Дата обращения: 25. 01.2024.)
8. Покорная О. Ю. О выборе оптимальных стратегий в планировании боевых операций. //Инновации в авиационных комплексах и системах военного назначения». Вестник ВАИУ, 2009. С. 194-198.
9. Левин В. И. Логико-алгебраический подход к моделированию конфликтов //Системы управления, связи и безопасности. 2015. №4. С. 69-87. URL: http: //sccs.intelgr.com/archive/2015-04/03-Levin.pdf (Дата обращения: 25. 01.2024.)
10. Шимиев Г. В. Коллективное конфликтное поведение линейных последовательностных машин //Вестник БГУ, 2009, № 2, с. 82-92.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА АРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Дуйсенбаев Абай,
п.ғ.к., доцент
Оханова Ырысгул Нарбекқызы,
«8D01801 – Әлеуметтік педагогика және өзән-өзі тану» мамандығының 2 курс докторанты,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і

Аннотация

Мақалада әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлау процесінде арт-технологияларды қолданудың рөлі мен тиімділігі қарастырылады. Зерттеу болашақ әлеуметтік педагогтерге білім беру және оларды оқыту әдістемесінің қазіргі тенденцияларын талдауға негізделген.

Кілт сөздер: арт-технология, әлеуметтік педагогтерді даярлау, кәсіби даярлау.

Аннотация

В статье рассматривается роль и эффективность использования арт-технологий в процессе профессиональной подготовки социальных педагогов. Исследование основано на анализе современных тенденций методики обучения и обучения будущих социальных педагогов.

Ключевые слова: арт-технология, подготовка социальных педагогов, профессиональная подготовка.

Annotation

The article examines the role and effectiveness of the use of art technologies in the process of professional training of social educators. The research is based on an analysis of current trends in teaching methods and training of future social educators.

Keywords: art technology, training of social educators, professional training.

Бүгінгі қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуының қарқындылығы, білім беру кеңістігін модернизациялау динамикасы әлеуметтік-педагогикалық бейіндегі мамандарды даярлауға жаңа талаптар қояды. Мемлекеттің жоспарлы іс-шараларының нәтижелілігі, адами ресурстардың сапасы және инновациялық жобаларды іске асырудағы әлеуметтік институттардың әлеуеті, жас ұрпақтың белсенді азаматтық ұстанымы, өзекті мәселелерді шешу жөніндегі әлеуметтік бастамаларды іске асыруға дайындығы олардың кәсіби құзыреттілігіне байланысты.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың ауқымды жобалары аясында әлеуметтік сала, білім беру мамандарын кәсіби даярлау қоғам өмірінің әлеуметтік-өндірістік салаларының кадрлық әлеуетін сапалы мазмұнды жаңарту, өзін-өзі дамытатын білім беру жүйелерін құру, әртүрлі қоғамда адам ресурстарының мәдени көбеюін қамтамасыз ету мәселесі ретінде өзекті болып отыр. Қазіргі уақытта кәсіптік білім берудің өзекті міндеті – білім беру кеңістігін дамытуға, мемлекеттік-қоғамдық көзқарасты іске асыруға, басым әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде әлеуметтік институттарды интеграциялауға, кәсіби жәрдемдесуге қабілетті мамандарды даярлау болып табылады.

Әлеуметтік педагог – әртүрлі әлеуметтік-мәдени ортада балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырушы маман. Әлеуметтік педагог жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, мінез-құлқындағы ауытқуды анықтай отырып, қоршаған ортаны зерттейді және балаға уақытында әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді [1].

Қазіргі таңда отбасының, мәдениет, спорт мекемелерінің, қосымша білім беру жүйесінің, оқушылардың бейіндік оқыту базасына айналатын өндірістік кәсіпорындардың білім беру әлеуетін арттыру қажеттілігі айқындалып, білім берудің жаңа модельдері мен тетіктері күшіне енген кезде әлеуметтік педагогтер институты да ерекше сұранысқа ие.

Уақыт өте келе әлеуметтік педагогтің жеке басының ұтқырлығына, оның коммуникативтік әлеуетіне, қазіргі заманғы менеджмент негіздерін меңгеруіне, жеке тұлғаны әлеуметтік оңалтудың психологиялық-педагогикалық технологияларын білуіне, отбасын әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеуге, өмірлік өзін-өзі анықтау жағдайларында жеке адамға қолдау көрсетуіне ерекше талаптар қойылады. Әлеуметтік педагогтің кәсіби құзыреттілігінің маңызды сипаттамаларының қатарында тұлғаның бейімделу, білім беру қабілеттеріне, оның шығармашылығына, бастамашылығына, тиімді әлеуметтік-педагогикалық модельдерді жобалау және іске асыру қабілетіне байланысты компоненттер едәуір күшейтілген.

Әлеуметтік педагогты даярлау мен кәсіби қызметтің қазіргі теориясы мен практикасының жағдайы жоғарыда көрсетілген әлеуметтік-мәдени дамудың объективті талаптарынан ауытқып жатады. Нарықтық экономикаға көшу кезінде әлеуметтік-өндірістік саланың дағдарыстық жағдайында, әлеуметтік педагогтің шынайы функцияларына мән бермеу және оған өзге міндеттерді жүктеу, оның қызметін білім беру мекемесінің кеңістігімен ғана шектеу әрекеттері байқалды. Мұндай тәжірибе әлеуметік педагогикалық мәселелерді шешпейтіні анық, сондықтан жағдайды өзгертудің негізгі шарты – студенттерді әлеуметтік-педагогикалық қызметке даярлау жүйесін жаңғырту болып табылады.

Аталған проблема тұрғысынан ерекше назар аударуға лайық тәсілдердің бірі – әлеуметтік педагогтарды арт-технологиялар арқылы кәсіби қызметке дайындау. Арт-технологияларды педагогикалық теория мен практикаға қарқынды енгізу XX ғасырдың 90-шы жылдарынан басынан бастап әлеуметтік педагогтар институтының дамуымен қатар жүрді. Екеуінің уақытпен сәйкестенуі кездейсоқ емес, себебі әлеуметтік педагогтердің негізгі рөлі ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйелердің дамуы болса, жеке тұлғалардың шығармашылығын арттыру міндеті арт-технологияның келуімен шешілді.

Әлеуметтік педагог маманына сұраныстың артуы әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлаудың талаптарын арттырды, ал арт-технологиялардың әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлаудағы тиімділігі біршама зерттеушілердің қызығушылығын арттырды.

Әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлау мәселесі XX ғасырдың 90 жылдарынан бастап қарастырала бастады. В.А. Сластенин [2], И.Ф. Исаева, А.И. Мищенко сынды орыс ғалымдары әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің жалпы сипаттамасын негіздеді, ғалымдар маманның құзыреттілігін – оның кәсібилігін сипаттайтын тиісті қызметті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігі ретінде көреді. Одан бөлек, Л.В. Мардахаев [3][4], Е.А. Овчаров [5] сынды ғалымдарда әлеуметтік педагогикалық қызметке маман даярлау мәселесін жан-жақты зерттеп, болашақ әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлаудың тиімді жолдарын ұсынған.

В.А. Сластениннің анықтамасына сәйкес, әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттілігі – әлеуметтік педагогикалық қызмет процесінде кәсіби-педагогикалық функциялардың сәтті орындалуын қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

В.Г. Бочарова [6] әлеуметтік педагогтердің маңызды кәсіби құзыреттіліктеріне:

- жағдайды дұрыс қабылдау;
- қарым-қатынас орнатуға дайындық;
- жағдайға рефлексия жасау: ағымдағы процесті қайта құру, содан кейін жасалған немесе орындалмағанның дұрыстығын растауды жатқызады.

Сондай ол мамандарды оқытудың когнитивті (білім беру және оларды ұтымды талқылау); прагматикалық (жұмыс әдістерін оқыту, мінез-құлық тренингі); эмоционалды (өзін-өзі тану, жеке тәжірибенің рефлексиясы) деңгейлерін жіктеп, әлеуметтік педагог орындайтын көптеген рөлдерге (делдал, адвокат, көмекші, психотерапевт, тәлімгер, конфликтолог, сарапшы, қоғам қайраткері) баса назар аударады, оның кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптардың ерекшелігін анықтайды.

Елімізде әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлау мәселесін А.А. Булатбаева, А.К. Мынбаева, Ш.Т. Таубаева, З.Б. Мадалиева [7], А.С. Магауова [8] [9], Ұ. Қыякбаева және т.б. [10], І.Р. Халитова және т.б. ғалымдар зерттеп, отандық әлеуметтік педагогикалық ғылымның дамуына үлкен үлес қосқан.

Кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесін зерттеушілердің бірі Н.Д. Хмель өз зерттеулерінде белгілі бір кәсіпке ие адамның кәсіби әрекетке даярлығын мотивациялық-құндылықтық, мазмұндық және іс-әрекеттің компоненттердің тұрақты бірлігі ретінде анықтады [11]. Әлеуметтік педагогтің кәсіби даярлығы осы аталған үш компонентті меңгеру нәтижесінде толыққанды жүзеге асады.

Әлеуметтік педагогтердің ғана емес, жалпы педагогтердің кәсіби іс-әрекетке даярлығын Н.Д. Хмельден бөлек, Никитенкова Л.В., Хан Н.Н., Абенова Ш.Н., Есенова М.И., Неустроева Н.А., Жақсылыкова Н.Е., Жүкенова К.А сынды қазақстандық зерттеушілер тұтас педагогикалық процесс тұжырымдамасының негізінде зерттеген.

Қазіргі заманғы зерттеулерді талдау негізінде әлеуметтік педагогтарды даярлау процесінде арт-технологияларды қолданудың әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарын атап өту қажет. Арт-технологияларды қолданудың қалыптасуы мен даму үдерісі XX ғасырда пайда болған уақыттан бастап, тұлғаның ішкі күйін және оның дамуына әсерін зерттеу үшін өнерді емдік және диагностикалық мүмкіндіктерін пайдалану идеяларын алға тартты. Арт-технологияны арт-терапия негізінде қарастырып, өнермен емдеуді алғаш жүргізген Адриан Хилл болды. Кейіннен АҚШ-да Маргарет Наумберг психоналитикалық бағдарламаларды құру арқылы өнерді терапиялық мақсатта пайдаланды. Алғашында медицинада, кейіннен психотерапияда пайдаланылған арт-технологиялар бірте-бірте психологияға, педагогикаға, одан әрі олардың салаларына да ене бастады.

Арт-технология – бұл білім беру процесінде тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған әр түрлі өнер түрлерінің формалары, әдістері мен құралдарының жиынтығы. Арт-технологиялар көркем және шығармашылық технологиялар деп те аталады, бұл оқытушының білімі, дағдылары мен іс-әрекетінің жиынтығы, сондай-ақ білім алушының жеке басына бағытталған көркемдік шығармашылық құралдары ретінде де қарастырылады. Педагогикалық контексте арт-технологиялар арт-педагогика саласында қарастырылып, әртүрлі өнер түрінің құралдарымен оқыту және тәрбиелеуді сипаттайды.

Дегенмен, арт-технология ұғымын арт-терапия ұғымынан ажыратып алу өте маңызды. Себебі, олардың ұқсастықтары болғанымен, қолдану құралдарына қарай олар әртүрлі мәселелерді шешеді. Арт-терапия психологиялық түзетуге және емдеуге бағытталған болса, арт-технологиялар жеке тұлғаның дамуы мен оның білімінің мақсаттарына жетуге және міндеттерін шешуге ықпал етеді.

Отандық ғалым А.К. Мынбаева, А. Смайлованың зерттеулерінде, арт-технология – бұл өзін-өзі көрсетуге және тұлғаның дамуына ықпал ететін көркем шығармашылықтың әдістері, тәсілдері мен техникалар жүйесі ретінде анықталады. Ал А.Б. Айтбаева, Г.А. Қасен «арт-техникалар – өнермен психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістері, өзін-өзі көрсетудің бір түрі (сурет қана емес, сөйлеу, қозғалыс, музыка, дыбыс, әртүрлі, соның ішінде ағаш немесе саз сияқты табиғи материалдармен жұмыс істеу)» деп сипаттайды.

С.В. Старикова өз зерттеуінде студенттерді әлеуметтік-педагогикалық қызметке дайындау кезінде арт-технологияларды іске асырудың ерекшеліктерін:

а) екі жақты интерпретацияның өзара тәуелділігі – болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың өзіндік құралы ретінде және әлеуметтік-педагогикалық практикада қолдану үшін игерілген кәсіби қызмет әдісі ретінде;

ә) интроверт, даралық, жақындық диалектикасында көркемдік шығармашылық пен әлеуметтік ұтқырлықтың ерекшеліктері, экстраверт, коммуникативтілік, әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметінің ерекшелігі талап ететін тұлғаның көшбасшылық қасиеттері ретінде;

б) әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды көркемдік түсіндіруде, кәсіби құндылық көзқарастарының көркемдік бейнелерінде әрекет етуде, әлеуметтік-педагогикалық қызмет модельдерін жобалауда көрінетін іске асырылатын арт-технологиялар мазмұнын кәсіби бағдарлау ретінде қарастырады.

Арт-технологиялар арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың базалық инварианты студенттерде арт-педагогика және арт-терапия, білім беру, профилактикалық, түзету, әлеуметтік-терапевтік, дамытушылық, диагностикалық құралдар ретінде көркемдік-шығармашылық технологиялардың әлеуеті туралы идеяларды қалыптастыруды; арт-технологияларды қолдану салаларымен танысуды қамтиды; әлеуметтік-педагогикалық жұмыста арт-технологияларды қолданудың ғылыми-технологиялық негіздеріне оқыту, әртүрлі жас топтары бар әртүрлі әлеуметтік институттар жағдайында арт-технологияларды іске асыру біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; сондай-ақ студенттердің кәсіби қызметте өзін-өзі жүзеге асырудың жеке кеңістігін қалыптастыру мотивациясы мен дағдыларын дамытуды көздейді.

Одан бөлек, болашақ әлеуметтік педагогтарды арт-технологиялар құралдарымен кәсіби даярлаудың негізі әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі тәжірибеде студенттерді когнитивті-интеллектуалды, коммуникативті, эмоционалды-мотивтік, жеке тұлғаның процессуалдық-операциялық компоненттері, жеке art-ты іске асыру қажеттілігі арасындағы байланыста өнердің әртүрлі түрлерімен қатысудың рухани-адамгершілік тәжірибесін дамытуға ықпал ететін кәсіби бағдарланған көркемдік-шығармашылық қызметке қосуды көздейді.

Болашақ әлеуметтік педагогтерді арт-технологиялар арқылы кәсіби даярлау мақсатын жүзеге асыру үшін студенттерге бағытталған жұмыс мынадай кезеңдерді қамтуы тиіс:

- Арт-технология ұғымына кіріспе және оның әлеуметтік педагогикада қолданылуы туралы білім беру;
- Әлеуметтік педагогикадағы арт-технология түрлеріне талдау жасау;
- Арт-технологияларды әлеуметтік интервенцияларға интеграциялау моделін құру;
- Арт-технология әсерін бағалау және мониторингілеу;
- Арт-технологияға негізделген жобалық, қорытынды жұмыс жасау;
- Студенттердің арт-технологиялық білімге рефлексия жасауы.

Жоғарыда келтірілген кезеңдердің дұрыс орындалуы әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлауда арт-технологияларды қолдану тәжірибесін ұғындырып қана қоймай, студенттер

көркемдік әдістер арқылы жеке тұлғалармен тиімді қарым-қатынас жасау және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қажетті дағдыларды алады.

Қорытындылай келе, болашақ әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлауда арт-технологияларды қолдану жан-жақты және терең кәсіби дамуға көптеген мүмкіндіктер береді. Бұл инновациялық әдістеме әлеуметтік педагогикалық салада құзыретті және эмоционалды дайындалған мамандарды қалыптастыруға ықпал етеді. Әрі қарайғы зерттеулер мен практикалық сынақтар арт-технологияларды оқу бағдарламаларына біріктірудің оңтайлы тәсілдерін анықтауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Касымова Р.С. Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы: Оқу құралы. Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 200 б.
2. Сластенин В. А. О моделировании образовательных технологий // Наука и школа. - 2000. - № 4. - С.50-56.
3. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: педагогика становления и развития личности : учебник для студентов средних и высших учебных заведений, магистрантов и аспирантов / Л.В. Мардахаев. –Москва; Берлин: Директ-Медиа, 2019. – 260 с.
4. Мардахаев Л.В. Педагогическая культура социального педагога, ее сущность и содержание /Л.В. Мардахаев// ЦИТИСЭ: Электронный научный журнал. –2020. –No 3(25). –С. 300-313.
5. Овчаров Е. А. Специальность - социальная педагогика // Высшее образование в России - №4, - С. 101, 1994.
6. Бочарова В. Г. Социально-педагогическая деятельность как научная категория. - М.: ИПСР РАО, 2002.
7. Bulatbayeva A.A., Mynbayeva A., Taubayeva Sh., Madaliyeva Z. Experience of Designing Of Educational Training Programs of Social Pedagogues: Comparative Analysis //The Social Sciences. Medwell journals – 2016. – No11(16).
8. Магауова А.С. Опыт формирования компетенций социальных педагогов в использовании социальной терапии в инклюзивном образовании // Понятийный аппарат педагогики и образования: сборник научных трудов / отв. ред. М.А. Галагузова. – Екатеринбург: [б. и.], 2020. – Вып. 12. – 327-333.
9. Магауова А.С., Махамбетова Ж.Т. Деятельность социального педагога в условиях инклюзивного образования: учебно-методическое пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 188 с.
10. Қыякбаева Ұ., Иниятова А., Асанханова Ж., Шырынбаева Қ., Сураншиева М. Әлеуметтік педагогтің жасөспірім-дермен тұрғылықты мекен-жайы бойынша жүргізілетін жұмысы // Педагогика және психология. – 2020. – 1(42). – 109-115.
11. Хмель Н.Д. Теоретическое основы профессиональной подготовки учителя: Автореф. канд. дис. Киев, 1986.

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ СЕПАРАЦИИ В ЗАРУБЕЖНОЙ ПСИХОЛОГИИ И ФАКТОРЫ, СТИМУЛИРУЮЩИЕ ЕЕ

Ф.С. Ташимова,
доктор психологических наук, профессор КазНУ им.аль-Фараби
Е.А. Храмова,
Магистрант 2 курса по специальности «7М03125 Психология», кафедра общей и прикладной психологии,

Аннотация: Тема сепарации являлась одной из важных и интересующих исследователей тем еще с начала прошлого века. Однако исследования данного процесса не теряют своей актуальности и по сей день. В данной обзорной статье представлен анализ зарубежных исследований на тему сепарации за последние пять лет. Важно отметить, что в английском языке слово ‘separation’ может значить не только сам процесс психологической сепарации ребенка от родителя. Это слово так же используется зарубежными авторами для обозначения

физической сепарации (разлука, переезд, бегство), развода, и других моментов человеческой жизни в отношении которых можно примерить слово «разделение».
Ключевые слова: психологическая сепарация, детско-родительские отношения, развод, Боулби, миграция.

Бөлу тақырыбы өткен ғасырдың басынан бері зерттеушілер үшін маңызды және қызықты тақырыптардың бірі болды. Дегенмен, бұл процесті зерттеу бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпайды. Бұл шолу мақаласында соңғы бес жылдағы бөліну тақырыбы бойынша шетелдік зерттеулердің талдауы берілген. Ағылшын тілінде «separation» сөзі баланың ата-анасынан бөліну процесін ғана білдіре алмайтынын атап өткен жөн. Бұл сөзді шетелдік авторлар да физикалық бөлінуді (бөлу, көшу, ұшу), ажырасу және адам өмірінің басқа да сәттерін «бөлу» сөзін қолдануға болады.
Түйін сөздер: психологиялық бөліну, психологиялық сепарациялану, ата-ана мен бала қатынасы, Боулби, көші-қон

The topic of separation has been one of the important and interesting topics for researchers since the beginning of the last century. However, research into this process does not lose its relevance to this day. This review article presents an analysis of foreign research on the topic of separation over the past five years. It is important to note that in English the word ‘separation’ can mean not only the process of separation of a child from a parent. This word is also used by foreign authors to denote physical separation (separation, moving, flight), divorce, and other moments of human life in relation to which the word “separation” can be used.
Keywords: psychological separation, parent-child relationship, divorce, Bowlby, migration

Вопрос сепарации изучается в психологии уже более 100 лет. Впервые этот термин был использован ещё во фрейдовских трудах и оставался интригующей темой на протяжении всего прошлого и нынешнего столетий. Многие исследователи, такие как: М. Малер, Дж. Боулби, М. Кляйн, К. Абрахам, К. Юнг, Р. Фейрберн и другие, занимались этим вопросом на разных этапах развития психологии. Таким образом интерес к этой теме не угас и по сей день - на тему сепарации в различных аспектах человеческой жизни ежегодно публикуются различные исследования.

Обращаясь к зарубежным исследованиям по данной теме, необходимо отметить, что аналогия слова «сепарация» в русском языке звучит идентично в английском «separation», хотя и имеет большее количество значений. Так, используя слово «separation», зарубежные авторы имеют ввиду развод (сепарация супругов), беженство (разделение родственников в процессе беженства), переезд, смена страны проживания (сепарация от страны и общества), оставление (физический уход значимого субъекта). В данном литературном обзоре можно найти исследования о сепарации в каждом из этих пониманий данного термина.

Исследователи из Китая рассмотрели вопрос карьерной нерешительности и её связи с родительскими ожиданиями к своим детям в вопросе самостоятельности [1]. Причём данную связь они рассмотрели через призму психологический сепарации, так как полагаясь на азиатскую культуру, исследователи утверждают, что родительские ожидания к детям заключаются в том, что те найдут себе должность с высоким заработком и смогут обеспечить себя и родителей. Карьерная нерешительность в данном исследовании рассматривается как следствие неуверенности в себе, а не поверхностных проблем, таких как, отсутствие информации о профессии или образование.

Для того чтобы изучить данный вопрос исследователи опросили 520 студентов в возрасте от 18 до 28 лет из восьми университетов южного и северного Китая. 51% выборки составили девушки. Так было выявлено, что дети с высоким уровнем родительских ожиданий по вопросу самостоятельности испытывали большую нерешительность в отношении карьеры, чем дети с более низким уровнем ожиданий. Иными словами, те студенты, родители которых ждали от них большего, чем те могли дать, были склонны к нерешительности в выборе

профессиональной деятельности и самореализации. Таким образом основная гипотеза исследования была подтверждена: уровень психологической сепарации действительно влияет на то, как молодые люди принимают важные жизненные решения и как на это влияет мнение их родителей.

Поводом к следующему исследованию послужило отсутствие данных о предподростковом возрасте в отношении эмоциональной сепарации и доверительных отношениях с родителями и того, как эти факторы влияют на психосоциальную адаптацию. Хотя исследования о том, что эмоциональная сепарация препятствует психосоциальной адаптации подростков, а доверительные отношения с родителями наоборот способствует этому, существуют. Также известно, что слишком ранняя эмоциональная сепарация, в том числе, негативно влияет на психосоциальную адаптацию. Данная гипотеза была проверена в исследовании на двух группах школьников: 856 учащихся в возрасте от 9 до 12 лет и 518 учащихся в возрасте от 12 до 15 лет [2]. Исследователи с помощью тестов измерили у них уровень эмоциональной сепарации, родительского доверия и психосоциальной адаптации, такой как школьная адаптация и поведение в повседневной жизни. Гипотеза исследования была подтверждена, причём сразу в двух группах, так как результаты оказались одинаковыми. Эмоциональная сепарация с родителями в младшем школьном возрасте негативно коррелировала с выполнением домашних заданий. В то время как доверительные отношения с родителями положительно коррелировали с адаптацией в школе, соблюдением школьного графика и правил. Таким образом эмоциональная сепарация от родителей на ранних этапах скорее вредна, чем полезна, а доверительные отношения являются основополагающим фактором для ощущения ребёнком безопасности и удовлетворенности жизнью.

Исследование на тему того, как психологическая сепарация влияет на адаптацию в новом учебном заведении было проведено в Индонезии и результаты его были опубликованы в 2023 году [3]. Выборка составила 769 человек, которые прошли опрос по психологической сепарации и опрос по адаптации. По результатам исследования выяснилось, что положительная связь между психологической сепарацией и способностью к адаптации всё-таки существует - сепарированные студенты быстрее и эффективнее адаптировались в новом учебном заведении.

Для того чтобы узнать как сепарация влияет на отношения между родителями и подростками, исследователи из Израиля [4] сравнили две группы старшеклассников подростков в возрасте от 17 до 18 лет, проживающих в интернате и дома. Среди учеников было проведено несколько тестов: тест на определение уровня идентичности, психологической сепарации и их восприятию отношений с родителями. Логично, что учащиеся школы-интерната отметили более высокий уровень эмоциональной и поведенческой независимости, чем учащиеся обычных школы. Уровень родительского контроля для них также был ниже, чем для учеников обычной школы. Также было выявлено, что несмотря на физическую сепарацию была сохранена эмоциональная близость между школьниками и родителями, что также поспособствовало формированию чувства свободы. Результаты исследования будут применены для родителей, учителей и терапевтов, для улучшения взаимодействия со школьниками старших классов.

Ещё одно исследование, проведённое в Китае, также были было нацелено на изучение карьерной зрелости выпускников-магистрантов ведущих университетов Китая (было опрошено 584 человека) [5]. По итогу исследования было установлено несколько значимых связей. Первое: психологическая сепарация выпускников положительно коррелирует с профессиональной самоэффективностью и карьерной зрелостью соответственно. Второе: профессиональная самоэффективность играет роль буфера между психологической сепарацией и карьерной зрелостью. Третье: психологически сепарированные выпускники показали более высокие результаты в достижении своих карьерных целей, а также сильнее вовлечены в процесс выбора будущей профессии и растут по карьерной лестнице значительно быстрее. Результаты говорят сами за себя: психологическая сепарация от родителей положительно влияет на развитие человека как отдельной независимой личности.

Ещё одно небезынтересное исследование было проведено в Корее, где изучались влияние семейных ценностей, психологической сепарации и уровня надежды на отношение к браку в возрасте ранней взрослости [6]. 299 испытуемых-студентов университетов старше 18 лет ответили на ряд вопросов в специальной анкете. Результаты в ходе исследования оказались следующими: семейная ценностная ориентация мужчин оказалась более традиционной, чем у женщин. Уровень сепарации по результатам тоже был выше среднего, как и уровень надежды - он был высоким. Мужчины в свою очередь проявили более положительное отношение к браку, чем женщины, хотя общие значения были выше среднего у обоих полов. Подытоживая, можно сказать, что на отношения к браку влияют следующие критерии: специальность, наличие партнёра, ориентация на семейные ценности, поддержка родителей и добровольное принятие решений.

В следующем Американском исследовании была изучена взаимосвязь между дифференциацией собственного «я» и психологической адаптации к разлуке с партнёром [7]. Для этого было опрошено 84 разведённых взрослых людей возрастом не младше чем 21 год переживших развод за последние 5 лет. Влияние наличия детей в парах не изучалось, однако, данные по этому вопросу в том числе были собраны. Исследователи отталкивались от системной семейной модели по Боуэну. Согласно данной модели, между зависимостью партнёров друг от друга, низкой самодифференциацией и не способностью регулировать себя и справляться с тревогой (навыки стрессоустойчивости) есть прямая взаимосвязь. По результатам множественного регрессионного анализа было выявлено, что слияние с партнёром и эмоциональный разрыв с ним выступал предиктором одиночества и негативизма. Эти аспекты также были взаимосвязаны с конфликтом совместного воспитания, так как после развода у многих пар оставались совместные дети. Половых различий по результатам исследования обнаружено не было. Таким образом, можно отметить, что люди, имеющие слабую идентичность, имеют большую склонность к зависимости от партнёра и тяжелее переносят расставание\ развод с ним. Результаты полученные в ходе данного исследования помогут эффективнее воздействовать на эмоциональное состояние людей, прошедших через развод и поощрить здоровое совместное воспитание детей.

В 2018 году исследователи из Аризонского университета провели лонгитюдное исследование на тему того, как лингвистические предикторы влияют на психологический дистресс спустя 4 года после развода [8]. Они опросили 134 взрослых человека, прошедших развод в первоначальном исследовании и спустя 4,5 года. В исследовании было два основных критерия: использование местоимений первого лица единственного числа (я) и первого лица множественного числа (мы) (первоначальное исследование) и уровень психологического дистресса (последующее исследование спустя 4 года). Выяснилось, что те люди, которые использовали местоимение множественного числа, испытывали больший психологический стресс спустя 4 с половиной года после развода. Исследователи утверждают что этот поведенческий индикатор может послужить сигналом к выявлению людей, которые способны подвергнуться большему риску пережить стресс после развода, что приведет к плохой адаптации.

Результаты ещё одного исследования, направленного на изучение последствий развода, были опубликованы в 2023 году [9]. Исследователи из Америки в течение 5 месяцев три раза обследовали 138 взрослых людей, прошедших развод. Целью было оценить его влияние на внутриличностное состояние, межличностные взаимоотношения, на продолжающуюся привязанность к бывшему партнеру и интенсивность негативных эмоций. Также была оценена эффективность сна с помощью актиграфии. Важно было узнать, влияет ли бракоразводный процесс на качество сна и какие дополнительные стимулы также могут внести свою лепту в понижение качества жизни разведённого человека. По результатам исследования можно заключить, что люди которые больше всего эмоционально вовлечены в свои прошлые отношения, больше подвержены риску ухудшения сна в период после развода.

Поиск ответа на вопрос о том, как развод родителей влияет на детей был освящён в литературном обзоре марокканских исследователей в 2020 году [10]. Вопрос заинтересовал

исследователей не просто так. В их исследовании приведена статистика по Америке и Европе, где, согласно их данным, разводится до половины всех зарегистрированных в браке пар. Таким образом, в Америке ежегодно родительский развод проживает миллион детей. Дети тяжело переживают развод родителей, так как они представляют для ребёнка неразрывную эмоциональную единицу. То есть, по большому счёту, мать и отец воспринимаются как единое целое, а не два каких-либо отдельных человека. Исследователи утверждают, что степень переживаний о разводе у детей зависит от многих факторов.

Так, например, у младенцев реакция на развод родителей проявляется в нарушениях сна, пониженном настроении, беспокойстве, коликах и других симптомах. Ребёнок в возрасте от одного до трёх лет испытывают сепарационную тревогу, грусть, нарушение сна, регресс когнитивных и моторных функций. Не исключено наличие фобических страхов и эмоциональная нестабильность. В возрасте от 3 до 6 лет, то есть на эдипальном этапе, ребёнок может получить психическую травму от того, что будет чувствовать ответственность за развод родителей, так как подсознательно хочет избавиться от одного из них. Это может проявиться в регрессии, восприятии себя слабым, агрессивных выходках и депрессивных состояниях. Дети в возрасте от 6 до 12 лет проживают экстернальные реакции - обвиняют окружающих, шантажируют ими. Иногда дети становятся чересчур самостоятельными, не требуя внимания взрослых. В подростковом возрасте дети реагируют задержкой сепарации-индивидуации и подвергаются чувству вины и жалости по отношению к одному из родителей. На реакцию на развод также влияет место ребёнка в данном конфликте. У эмоционально зрелых родителей ребёнок остаётся на своём месте. Однако в ряде случаев ребёнок превращается в связующее звено и родители общаются исключительно через него. Ребёнок также может стать «козлом отпущения» в родительских конфликтах, слушать обвинения в свою сторону, брать ответственность за развод на себя. Также дети иногда становятся некого рода терапевтами для одного из своих родителей и выслушивают его переживания. Часть детей также вынуждена перенять сторону одного из родителей.

На переживания родительского развода также влияет порядок рождения в семье, семейная история, степень и природа родительского конфликта, реакция родителей на развод и социально-экономическая адаптация после развода.

Жалпы, алдын алу жұмыстары топтағы өзара көмек негізінде қары-қатынас орнатуға, бірлескен бірлескен ұжымдық және жеке маңызды қызмет барысында жасөспірімдерді біріктіруге, жеке және топтар арасындағы қайшылықтарды жоюға бағытталуы керек. К.Аудмайер буллинг салдарынан зардап шеккен балаға ата-анасы, психолог және мектеп мұғалімдері тарапынан көрсете алатын эмоционалды қолдау мен қауіпсіздік қажет деп жазады. Олар баланың мектепте кездесетін қиындықтарын түсінуі керек. Буллинг құрбаны болған балалар мен жасөспірімдер өз бетімен болған оқиғаны аттап өтіп, артта қалдырып, әрі

қарай жүре алуы сирек кездеседі. Өйткені бұл жаста олардың жағдаяттарды өңдеу, талдау тәжірибесі жеткіліксіз болады [9, б.5].

Сондықтан болып жатқан жатқан жағдаятқа қатысты баланы қорғауға байланысты шаралар қабылдау және өз ұстанымын белгілеу маңызды, бірақ баланы кінәлаудан аулақ болу керек. Т.Мерцалова мұндай жағдайларда ата-аналар көбінесе баланы дұрыс тәрбиелемей жатқандай сезініп, оның мінез-құлқын өзгертуге тырысады, бірақ бұл жағдайда бала өзін қорғансыз, қажетсіз сезінуі мүмкін деген [10].

Мұнда балаға қызығушылықтары бойынша қатысатын үйірме мүшелері, бір секцияның оқушылары қолдау көрсеткені абзал. Күйзеліске ұшырап, тұншыққан баланың депрессияға шалдығып, бойында әртүрлі қорқыныштар пайда болуы мүмкін екенін ескеру қажет. К. Аудмайер егер қорлау, жәбірлеу оқиғасы анықталса, ата-аналар мамандарға, мектеп басшылығына, сондай-ақ кейбір жағдайларда құқық қорғау органдарына жүгінуі керек деп жазады [9, 7-бет].

Жасөспірімдер ортасында буллинг процесі жеке белгісімен әрі ерекше пайда болуы. О.Маланцева психологтің әр жағдайға жеке назар аударуы керектігін ескертеді. Себебі жасөспірімдердің қарым – қатынас кезіндегі проблемалар әр уақытта жеке белгілерімен өзінше дараланып отырады [11].

М.О.Зиновьева буллингтің алдын алу жұмыстары тек жеке жағдайларға ғана емес, сонымен қатар топтық шарттарға да бағытталуы керек екенін атап айтады [12]. Бұл жағдайда буллингтің пайда болуына ықпал ететін топтық факторлардың әсерін жеңудің жолын қарастыру керек. Мәселен, ұжымдық қатынастарда буллингке жол бермейтін сыныптың әлеуметтік ұжымдық қызметін қалыптастыру, ондағы өзара жауапкершілік, өзара көмек, ізгі ниет және т. б. сияқты өзара әрекеттесуге ықпал ететін сипаттарға баса назар аударту дұрыс.

Шет елдердің білім беру мекемелерінде буллингтің алдын алуддың сәтті тәжірибелері бар. Мысалы, Норвегия мен Швецияда 1990 жылдары буллингке тыйым салатын заңдар қабылданды. Норвегия үкіметі мүдделі тараптарды күш біріктіруге шақыратын қорлау, мазақ етуге қарсы манифест қабылдады.

А. Гуггенбюль ата-аналар мен тәрбиешілер балаларға қорқытудың алдын алу дағдыларын үйретіп, өз тарапынан жеке үлгі көрсетуі керек деп атап өтті [13]. Финляндияда "KiVa" қорлау, мазақ етудің алдын алу бағдарламасы әзірленді, ол үш бағытты қамтиды: ескерту, нақты жағдайларды қарау және өзгерістерді бақылау. Бұл бағдарлама мектеп басшылығының мұғалімдерді қорлау, мазақ етудің алдын алудың тиімді дағдылары мен тәсілдеріне, сондай-ақ мектептегі әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсартуға үйретуге деген ұмтылысын ынталандырады.

О.А. Селиванова, Т.С. Шевцова балалардың пікірін айтуға, олардың пікірлерін ескеруге құқық беру қажеттілігін атап көрсетеді [14]. Бағдарламаның негізгі ұстанымдары: орын алған жағдаяттарды дереу талдау; жұмысқа орналасу кезінде мұғалімдерді оқыту; білім беру мекемесінің барлық қызметкерлерін буллинг жағдайларын тиімді шешу әдістеріне үйрету.

Қорытынды. Жасөспірім кезіндегі буллинг түріндегі зорлық-зомбылық процестің барлық қатысушыларына әсер ететін жағымсыз салдарға әкеледі. Оның ең ауыр салдары- баланы суицидке әкелуі. Буллингтің алдын-алуды кешенді түрде қарастыру буллинг сияқты мәсені шешудің тиімді нұсқасы деуге болады. Яғни, буллингтің алдын-алуды кешенді түрде қарастыруды біртұтас қызмет деп қарастырған орынды. Мұнда арнайы мамандар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, педагогикалық ұжым, мектеп қызметкерлері және ата-аналар мен оқушылар (жәбірленуші, қатысушы(лар), агрессор қатысады. Сонымен, буллингтің алдын алудағы біртұтас қызмет – бір мақсатта белгілі бір мәселені шешуде нәтижеге бағдарланған бір-бірімен өзара тығыз байланыста атқарылатын қызмет сапалы болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шалғынбаева Қ.Қ., Асылбекова М.П., Шолпанұлова Г.К. Атырау облысы бойынша жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллингтің алдын алу тәжірибелері. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. Номер 3 (70) 2023. – Б. 303-320

2. Шолпанқұлова Г.К., Асылбекова М.П., Шалғынбаева Қ.Қ., Жубакова С.С. Павлодар облысы бойынша оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу тәжірибесі. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық Университетінің Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. №3(79), 2023. – Б. 285-298

3. Махадиева А.К., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С., Махадиева А.К. Буллингке қатысушылардың рөлдік ұстанымы. «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы 3(70)2023.-340-356 бет. ISSN 2412-2149 (Print). ISSN 2710-3269 (Online)

4. Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе. (Авторлық ұжым) Халықаралық ғылыми семинар жинағы. Астана, 20 сәуір 2023. 223Б. ISBN 978-601-337-842-8 Формула печати, 2023.-УДК 378.1

5. Еникополов, С.Н. Понятие агрессии в современной психологии [Текст] / С.Н. Еникополов. – М., 2013. – 60 с

6. Бютнер, К. Жить с агрессивными детьми [Текст] / К. Бютнер. – М., 1991. – 68 с.

7. Арпентьева, М.Р. Проблема социального порядка и насилие в школах [Текст] / М.Р. Арпентьева // Проблемы современного образования. – 2016. - № 5. – 39-49 с.

8. Предотвращение насилия в образовательных учреждениях. Методическое пособие для педагогических работников [Текст] / Л.А. Глазырина, М.А. Костенко; под ред. Т.А. Епояна. – М., 2015. – 145 с.

9. Аудмайер, К. Все на одного: Как защитить ребенка от травли в школе [Текст] / К. Аудмайер. – Издание на русском языке, перевод, оформление ООО «Альпина Паблишер», 2016. – 28 с

10. Мерцалова, Т. Насилие в школе: что противопоставить жестокости и агрессии? [Текст] / Т. Мерцалова // Директор школы. – 2008. - № 3. – 25-32 с

11. Маланцева, О. «Буллинг» в школе. Что мы можем сделать? [Текст] / О. Маланцева // Социальная педагогика. – 2007. - № 4. – 90-92 с.

12. Зиновьева, И.О., Михайлова, Н.Ф. Психология и психотерапия насилия. Ребенок в кризисной ситуации [Текст] / И.О. Зиновьева, Н.Ф. Михайлова. – СПб.: Речь, 2005. – 248 с.

13. Гуггенбюль, А. Зловещее очарование насилия. Профилактика детской агрессивности и жестокости и борьба с ними [Текст] / А. Гуггенбюль. – СПб.: Академический проспект, 2000. – 220 с.

14. Селиванова, О.А., Шевцова, Т.С. Профилактика агрессивности и жестокости в образовательном учреждении: монография [Текст] / О.А. Селиванова, Т.С. Шевцова. – Тюмень: Изд-во Тюменского государственного университета. – 2011. – 232 с.

КУЛЬТУРНЫЕ РАЗЛИЧИЯ В ПРОЦЕССЕ АДАПТАЦИИ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ КАЗАХСТАНА: ВЛИЯНИЕ ТРАДИЦИЙ, СОЦИАЛЬНЫХ НОРМ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

Санбаева Б.Ж.,
докторант 2 курса
по специальности «8D01801-Социальная педагогика и самопознание»,
кафедра педагогики и образовательного менеджмента,
Есенова К.А.
PhD доктор , и.о. доцент
кафедры педагогики и образовательного менеджмента

Аннотация: Статья рассматривает актуальные аспекты высшего образования в Казахстане, сосредотачиваясь на повышении качества обучения и поддержке иностранных студентов. Анализируются социальная интеграция, культурные различия и преодоление языковых барьеров, влияющих на успешную адаптацию. Представлены рекомендации по улучшению международного признания и созданию условий для формирования квалифицированных специалистов.

Ключевые слова: высшее образование, адаптация, международное признание, социальная интеграция, культурные различия, языковые барьеры.

Мақалада Қазақстандағы жоғары білім берудің өзекті аспектілерін қарастырады, оқыту сапасын арттыруға және шетелдік студенттерді қолдауға бағытталған. Әлеуметтік интеграция, мәдени айырмашылықтар және сәтті бейімделуге әсер ететін тілдік кедергілерді жеңу талданады. Халықаралық қатынастарды жақсарту және білікті мамандарды қалыптастыру үшін жағдай жасау бойынша ұсыныстарда бар.

Түйінді сөздер: жоғары білім, бейімделу, халықаралық тану, әлеуметтік интеграция, мәдени айырмашылықтар, тілдік кедергілер.

The article examines the current aspects of higher education in Kazakhstan, focusing on improving the quality of education and supporting international students. Social integration, cultural differences and overcoming language barriers affecting successful adaptation are analyzed. Recommendations on improving international recognition and creating conditions for the formation of qualified specialists are presented.

Keywords*:* higher education, adaptation, international recognition, social integration, cultural differences, language barriers.

Тема "Культурные различия в процессе адаптации иностранных студентов в высших учебных заведениях Казахстана: влияние традиций, социальных норм и образовательной среды" крайне актуальна в контексте реализации Концепции развития высшего образования и науки в Республике Казахстан на 2023-2029 годы (от 28 марта 2023 года No248). Обеспечение успешной адаптации иностранных студентов в высших учебных заведениях Казахстана становится ключевым аспектом стратегии многоязычного, инклюзивного образования и развития международного сотрудничества. Исследование культурных особенностей в адаптации студентов выступает важным инструментом для выявления потребностей в образовательной среде, обеспечивая соответствие национальным и международным стандартам качества образования, что согласуется с главными направлениями стратегии образовательного развития в Республике Казахстан.

Первыми, кто рассмотрел проблему адаптации, отмечают ученые Селье Г. [1], Анохин П. [2], Меерсон Ф. [3], Казначеева В. [4], Медведев В. [5] и др.

Изучение процесса адаптации с разных точек зрения приводит к многообразию типов адаптации. Сиомичев А. По его словам, адаптация – это адаптация человека к изменившимся условиям, среде как личности. Адаптацию определяют как процесс адаптации личностных и личностных качеств к изменениям в жизни и деятельности человека; в адаптации студента также рассматриваются познавательные и коммуникативные аспекты как основное направление учебной деятельности [6].

Теперь рассмотрим адаптацию иностранных студентов проходит в два раза сложнее потому что на адаптацию иностранных студентов к университетской среде влияют несколько факторов. Изучение процесса адаптации иностранных студентов в Казахстане позволяет выделить несколько основных барьеров на пути социальной адаптации (1-рисунок):



1-рисунок. Процес адаптации иностранных студентов

Языковые барьеры. Конечно, главное из них-языковой барьер. Незнание казахского или русского языка – главное препятствие в социальной адаптации иностранных студентов. Проблемы овладения казахским или русским языком иностранными студентами могут быть связаны со сложностью языка, не имеющего отношения к родному языку, у иностранных студентов долго формируются фонематические навыки слуха и произношения, большинство иностранных студентов приезжают учиться в Казахстан с очень низким уровнем казахского или русского языка [7]. Хотя Баркер М.Ж. в своем исследовании зарубежные студенты продемонстрировали эффективные способы адаптации к университетской среде: культурное развитие, наличие большого количества друзей из других стран среди друзей и друзей, частые поездки студентов во время учебы, улучшение культурных отношений во время учебы [8].

Культурные различия. Культурные различия оказывают существенное воздействие на процесс адаптации иностранных студентов, причем результаты исследований, проведенных Байер Т.С. [9], указывают на более успешную адаптацию западных студентов по сравнению с их незападными сверстниками. Влияние таких факторов, как уверенность в себе, языковые навыки и наличие социальной поддержки, играют значительную роль в этом процессе . Согласно исследованиям Аваковой П.П [10], на процесс адаптации также влияют психофизиологические, образовательно-когнитивные и социокультурные факторы, а также случайные обстоятельства.

Иностранные студенты сталкиваются с разнообразными трудностями, включая проблемы в академической сфере, социокультурные аспекты и языковую некомпетентность, которые, как подчеркивает Хуссейн М., могут быть смягчены благодаря поддержке университета, сверстников и психологической мотивации. Процесс культурной адаптации, как отмечает Хуссейн М. [11], охватывает различные фазы, включая стадию медового месяца, которая характеризуется волнением и потенциальными разногласиями из-за культурных различий. Эти выводы подчеркивают важность учета многогранных аспектов культурной адаптации иностранных студентов для создания эффективных стратегий поддержки в высших учебных заведениях.

Социальная интеграция. Социальная интеграция иностранных студентов в высших учебных заведениях представляет собой важный аспект их образовательного опыта, оказывая значительное воздействие на качество и результативность их пребывания в новой образовательной среде. Основываясь на исследованиях, проведенных в данной области, подходы к социальной интеграции могут варьироваться, в зависимости от различных факторов, таких как культурные особенности студентов, характер образовательной программы и стратегии учебного заведения.

Важным элементом социальной интеграции является формирование активных и поддерживающих социальных сетей для иностранных студентов. Исследования, проведенные в этой области Байер Т.С. [9], выделяют роль социальных связей в смягчении переживаемых трудностей и стимулировании успешной адаптации. Учебные заведения, предоставляющие возможности для участия в общественных мероприятиях, клубах и социальных группах, способствуют формированию долгосрочных дружеских связей и повышению общественной активности студентов.

Следует также обратить внимание на важность языковой поддержки в контексте социальной интеграции. Учебные заведения, предоставляя языковые курсы и ресурсы, способствуют повышению коммуникативных навыков и уверенности иностранных студентов в общении с местными студентами и преподавателями.

Социальная интеграция также тесно связана с адаптацией к местной культуре. Образовательные программы, включающие в себя элементы культурного обмена, традиций и праздников, способствуют лучшему пониманию и взаимодействию с культурой страны пребывания. Этот подход способен создать более теплую и включающую атмосферу для иностранных студентов.

Таким образом, успешная социальная интеграция иностранных студентов в высших учебных заведениях требует комплексного подхода, включающего создание поддерживающих социальных сетей, предоставление языковой поддержки и интеграцию элементов местной культуры в образовательную среду. Эти меры не только способствуют эффективной адаптации студентов, но также обогащают общественный и образовательный опыт в университете.

Сложный и постоянно эволюционирующий процесс социальной интеграции иностранных студентов в высших учебных заведениях в значительной мере зависит от университетских структур и инициатив. Как отмечено в исследованиях Коулза Р, оптимальное организационное распределение учебных курсов играет важную роль в содействии успешной адаптации студентов к новой социальной обстановке [12]. Работа Оуэнса А. выделяет преимущества социальных программ, особенно в контексте обеспечения благополучия и безопасности иностранных студентов, подчеркивая, что их активное участие в мероприятиях способствует созданию поддерживающего окружения [13]. В свою очередь, Бисерова Г.К. подчеркивает важность преодоления психологических барьеров через специализированные программы, предоставляя студентам психологическую поддержку и тренинги для борьбы со стрессом и повышения комфорта в новой культурной среде [14]. Исследование Артура Н. подчеркивает, что готовность участников университетского сообщества, включая преподавателей и студентов, поддерживать и включать иностранных студентов, содействует полноценной социальной интеграции, создавая благоприятные условия для успешного обучения и взаимодействия в университете [15].

Исследование Садвокасовой А. внимательно рассматривает процессы социальной адаптации как внутренних мигрантов, так и студентов, раскрывая более широкий контекст миграционных явлений в Казахстане [16]. В своей работе Ахтариева Р уделяет особое внимание роли интеграции в процессе аккультурации, фокусируясь, в частности, на контексте полиэтнической образовательной среды [17]. Оба этих исследования выявляют важность целенаправленной поддержки и внедрения инклюзивной политики для успешной социальной интеграции иностранных студентов в казахстанских вузах. Эти исследования не только обогащают понимание динамики социальной интеграции, но и предоставляют конкретные перспективы в рамках высшего образования в Казахстане.

Образовательная среда. Поддержка иностранных студентов в высших учебных заведениях является ключевым аспектом обеспечения их успешной адаптации и интеграции в новую образовательную среду. Эта поддержка включает в себя различные компоненты, начиная от академической помощи, такой как языковые курсы и наставничество, которые помогают преодолеть языковые барьеры и успешно освоить учебный материал, до социальных инициатив, таких как мероприятия для знакомства и культурные обмены, способствующие формированию дружественной обстановки и расширению социальных связей. Психологическая поддержка также играет важную роль, предоставляя консультации и помощь в справлении со стрессовыми ситуациями, связанными с изменением культурной среды. Эффективная поддержка иностранных студентов не только способствует их индивидуальному успеху, но и формирует разнообразную и инклюзивную образовательную среду, где каждый студент имеет равные возможности для развития и достижения своих образовательных целей.

Авторы отмечают важность поддержки иностранных студентов в Казахстане, приводя конкретные результаты исследований. Ибраева Ж.Б. выявила удовлетворенность социально-культурной поддержкой студентов медицинского университета, особенно высоко оценивая роль кураторов-профессоров [18]. В то же время студенты высказали потребность в дополнительных языковых курсах и поддержке в поддержании связи с родителями. Абдухалыкова Ж. обсудила внедрение академического консультирования в контексте модернизации высшего образования, подчеркивая важность перехода к образованию, основанному на компетентностях [19]. Мухамеджанова Д. выделила опыт иностранных студентов в Казахстане, подчеркивая необходимость создания учебными заведениями инклюзивной образовательной среды и оказания поддержки в адаптации студентов к новой

обстановке [20]. Эти исследования подчеркивают актуальность и важность интегрированных подходов к поддержке иностранных студентов в казахстанских учебных заведениях.

Заключение: Высшее образование в Казахстане активно совершенствуется в соответствии с мировыми стандартами, предлагая разнообразные образовательные программы. Принятие мер по социальной интеграции, включая культурные мероприятия и поддержку иностранных студентов, содействует успешной адаптации в учебной среде. Преодоление языковых барьеров через языковые курсы также играет ключевую роль в обеспечении беспрепятственного обучения. Дальнейшее развитие международных партнерств и активное продвижение международного признания, а также обмен опытом в образовательной сфере, содействовали бы укреплению позиций казахстанских университетов в глобальном образовательном сообществе и созданию условий для формирования квалифицированных кадров с международным признанием.

Литература

1. Селье, Г. Очерки об адаптационным синдроме. -Москва.: Изд-во Медгиз, - 1960.-225с.
2. Анохин, П. Очерки об адаптационным синдроме . М.:Медицина, - 1975.-278 с.
3. Меерсон, Ф. Адаптация, стрес и профилактика. М.: Наука, - 1981.- 278 стр.
4. Казначеева, В. Современные аспекты адаптаций . Новосибирск, - 1986. – 120 с.
5. Медеведев, В. Компоненты адаптационного процесса . Л.: Наука, - 1989. - 109 с.
6. Сиомичев, А. Психологические особнности адаптаций студентов в сфере познания и общения в вузе . Автореферат на соискание степени кандидата психологических наук , - 1985. – 17 с.
7. Биекенов К.У,. Ногайбаев Е.О//К проблеме социальной адаптации иностранных студентов к условиям казахстанских вузов. Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. No4 (43). -2012. – С- 35 .
8. Barker, M. J. Academic.achievement and social adaptation among international students: a comparison groups study of the peer-pairing program.//International Journal of Iercuitwo/ Reiotions. - 1990. - Vol. 14. -P. 263,
9. Baier, Stefanie T.. “International students: Culture shock and adaptation to the U.S. culture.” (2005).
10. Mesidor, Jean Kesnold and Kaye F. Sly. “Factors That Contribute to the Adjustment of International Students.” *Journal of International Students* 6 (2016): 262-282.
11. Hussain, Mudassir and Hong Shen. “A Study on Academic Adaptation of International Students in China.” *Higher Education Studies* (2019): n. pag. https://doi.org/10.5539/hes.v9n4p80
12. Coles, Rebecca and Viren Swami. “The sociocultural adjustment trajectory of international university students and the role of university structures: A qualitative investigation.” *Journal of Research in International Education* 11 (2012): 100 - 87. https://doi.org/10.1177/1475240911435867
13. Owens, Alison and Susan Loomes. “Managing and resourcing a program of social integration initiatives for international university students: what are the benefits?” *Journal of Higher Education Policy and Management* 32 (2010): 275 - 290. https://doi.org/10.1080/13600801003743364
14. Biserova, Galia Kamilyevna and Guzalia Rasikhovna Shagivaleeva. “Socio-Psychological Adaptation of International Students to Learning and Professional Activities.” *Space and Culture, India* (2019).
15. Arthur, Nancy. “Supporting international students through strengthening their social resources.” *Studies in Higher Education* 42 (2017): 887 - 894. https://doi.org/10.1080/03075079.2017.1293876
16. Сәдуақасова А, Казмиркевич П. «Миграция и социальная адаптация внутренних переселенцев и студентов казахстана» Научный журнал. 2022/4 (104), 2022, стр 34-53
17. Ahtarieva, Raziya et al. “Integration as a Form of Acculturation of Foreign Student –Future Teacher in the Polyethnic Educational Environment of the University.” *Journal of Social Studies Education Research* 9 (2018): 317-331.
18. Ibraieva, J B et al. “[THE SATISFACTION OF FOREIGN STUDENTS WITH SOCIAL CULTURAL SUPPORT IN THE MEDICAL UNIVERSITY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN].” *Problemy sotsial'noi gigieny, zdravookhraneniia i istorii meditsiny* 24 1 (2016): 39-43 . https://doi.org/10.1016/0869-866X-2016-1-39-43
19. Abdykhalykova, Zhazira et al. “Academic advising in the context of modernisation of higher education of Kazakhstan.” *Contemporary Educational Researches Journal* (2017). https://doi.org/10.18844/CERJ.V8I3.588
20. Mukhamejanova, Dinara. “International students in Kazakhstan.” *International Journal of Comparative Education and Development* (2019). https://doi.org/10.1108/IJCED-07-2018-0024

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ РӨЛІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Сатыбаева Анара Умирзаковна,
8D03101 – Әлеуметтану мамандығы
бойынша 1 курс докторанты,
Шабденова Айжан Базархановна
PhD докторы, әлеуметтану және
әлеуметтік жұмыс кафедрасының доценті м.а
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Аңдатпа: Мақалада денаулық сақтау саласындағы тілдік фактордың негізгі сипаты мен маңызы қарастырылады. Оның ішінде Қазақстандағы көп этностардың мекен етуі медицина саласы мамандарының қызметінде тілді қолдану сипаты зерттелген. Денсаулық сақтау саласы мамандарының ҚР медицина саласындағы тілдік ахуалға баға беруі, медицина саласындағы мамандармен тілдерді қолдануы, мамандардың тілдерді қолданудағы қиындықтары қарастырылған.

Тірек сөздер: тіл, медицина, денсаулық сақтау, лингвистика, этностар.

В статье рассматривается основной характер и значение языкового фактора в области физического сохранения. В том числе изучен характер использования языка в деятельности специалистов медицинской сферы проживания многих этносов Казахстана. Рассмотрены оценка специалистами здравоохранения языковой ситуации в медицинской сфере РК, использование языков специалистами в медицинской сфере, трудности в использовании языков специалистами.

Ключевые слова: язык, медицина, здравоохранение, лингвистика, этносы.

The article examines the main character and importance of the language factor in the field of physical preservation. In particular, the nature of the use of language in the activities of specialists in the medical field of residence of many ethnic groups of Kazakhstan has been studied. The assessment by healthcare professionals of the linguistic situation in the medical field of the Republic of Kazakhstan, the use of languages by specialists in the medical field, difficulties in using languages by specialists are considered.

Key words: language, medicine, healthcare, linguistics, ethnic groups.

Денсаулық сақтау саласы қоғам өмірі үшін маңызды салалардың бірі. Адам денсаулығын сақтау, түрлі аурулардың алдын алу дені сау қоғамның басты негізігі. Тіл денсаулық сақтау саласында әр түрлі деңгейде шешуші рөл атқарады. Тілдің денсаулық сақтау саласында айтарлықтай маңызы бар бірнеше аспектілерді қарастыруға болады, оларға ем алушылармен байланыс, медициналық құжаттар толтыру, білім беру және кеңес беру, халықаралық ынтымақтастық, медициналық зерттеу қызметі, этикалық мәселелер, диагностика жасау. Аталған бағыттарда тілді қолдану коммуникация негізі ретінде қарастырылады. Дәрігерлер мен медициналық қызметкерлер пациенттермен олардың белгілерін, ескертулерін, ауру тарихын түсіну және қажетті емдеу шараларын түсіндіру үшін тиімді қарым-қатынас жасауы керек. Пациенттердің мәдени ерекшеліктері мен тілдік қалауларын түсіну көрсетілетін медициналық көмектің сапасын айтарлықтай жақсарта алады.

Медициналық құжаттама толтырудағы тілдің қажеттігі дәрігерлер мен медбикелер тілді пациенттердің медициналық тарихын, зерттеу нәтижелерін, диагноздарын және емдеу жоспарларын құжаттау үшін пайдаланады. Тілдің дәлдігі мен анықтығы медицина мамандары арасында ақпарат беру үшін маңызды. Білім беру және кеңес беру денсаулық сақтаудың тиімді бағдарламаларын жүргізу түсінікті және түсінікті тілді қажет етеді. Білім беру материалдары, брошюралар, дәрістер мен кеңестер әртүрлі аудиторияларға, соның ішінде әртүрлі білім деңгейлері мен мәдени ортасы бар адамдарға қолжетімді және түсінікті болуы керек. Халықаралық ынтымақтастық нығайтуда, жаһандық медициналық тәжірибеде әртүрлі елдер

мен мәдениеттердің мамандары арасында тиімді ақпарат алмасу мүмкіндігі маңызды. Бұл тұрғыда тілдік кедергілер қиындық тудыруы мүмкін және тиімді қарым-қатынас жалпы қабылданған терминдер мен стандарттарды қолдануды талап етеді. Медициналық зерттеу қызметін жүзеге асыруда ғылыми ақпаратпен және зерттеу нәтижелерімен бөлісу үшін дәрігерлер мен зерттеушілер ғылыми тілді қолданады. Бұл денсаулық сақтау саласындағы стандарттар мен дәлдікті сақтауға көмектеседі. Этикалық мәселелер және кеңес беруде тіл медицинадағы этикалық мәселелерді талқылауда және күрделі моральдық дилеммаларды шешу бойынша кеңес беруде маңызды рөл атқарады.

Денсаулық сақтаудың жалпы тиімділігі ақпаратты жеткізу, пациенттердің қажеттіліктерін түсіну және медициналық қоғамдастықта ынтымақтастық үшін тілді қолдану қабілетімен тығыз байланысты болып келеді. Осы орайда Ю.В.Сметанина медицина саласындағы коммуникацияның тілдік және социомәдени ерекшеліктері туралы зерттеген, оның ішінде АҚШтың денсаулық сақтау саласы мысалға алған. Сметанина зерттеуінің негізгі сипаты түрлі ұлттар шоғырланған Америкадағы медицина саласындағы тілдік қарым-қатынас қиындықтары немесе оның денсаулық сақтау саласына қаншалықты әсері бар екендігі. Оның айтуынша коммуникациялық ерекшеліктері этномәдени сипат алады, ондағы коммуникациялық фактордың адам денсаулығына қаншалықты әсер ететіндігі зерттеледі [1].

Дәрігерлер пациенттермен өз жағдайларын толық түсініп, денсаулығына қатысты ақпараттандырылған шешімдер қабылдай алатындай медициналық терминдер мен емдеу жоспарларын түсіндіре алуы керек. Науқасқа қол жетімді тіл ынтымақтастықты жақсартуға және ұсыныстарды орындауға ықпал етеді. Осы орайда зерттеулер және ғылыми даму медициналық зерттеулер саласында ғалымдар арасында ақпарат алмасу үшін дәл және стандартталған тілді қолдану маңызды. Бұл жаңа технологияларды, емдеу әдістерін дамытуға және денсаулық сақтау стандарттарын жақсартуға ықпал етеді. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды жақсарту халықаралық ынтымақтастық тәжірибесіне сүйенеді. Әлемдік медициналық тәжірибеде елдер мен мәдениеттер арасында тиімді ақпарат алмасу және тәжірибе алмасу мүмкіндігі маңызды. Бірыңғай медициналық тіл халықаралық ынтымақтастық пен медициналық стандарттардың дамуына ықпал етеді.

Медициналық салада стандартталған, дәл және түсінікті тілді жалпы қолдану сапалы және қауіпсіз медициналық көмек көрсетудің кілті болып табылады.

Осы орайда Қазақстанда қазақ ұлтымен қатар басқа да этностар мекен етеді және олардың этномәдени ерекшеліктерін сақтау өмірінің барлық саласында әсер етеді. Еліміздің Конституциясымен бекітілген адамның құқықтарында тіліне, жынысына, дініне, біліміне, денелік сипатына, нәсіліне қарамастан елімізде еркін өмір сүру құқығы бар. Сол құқықтардың бірі тілдік құқығын ерекше атауға болады. Себебі, Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие, ал орыс тілі этностар арасындағы коммуникация тілі ретінде қолданысқа ие.


Медициналық персоналдың тілдік әлеуеті денсаулық сақтау сапасына айтарлықтай әсер етеді. Медициналық персоналдың тілдік әлеуетіне көптілділіктің әсері зор. Көптілділік пациенттер әртүрлі тілдерде сөйлейтін көп мәдениетті қоғамдарда немесе медициналық топтарда көптілді медициналық персоналдың болуы өте маңызды болуы мүмкін. Бұл пациенттермен қарым-қатынасты жеңілдетеді, түсінуді жақсартады және медициналық қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

Осы орайда тілдік құқықтар мен лингвистикалық құқықтар туралы Біріккен ұлттар ұйымының Тілдік аздықтардың тілдік құқықтары сұрақтары туралы Арнайы баяндамашысының практикалық нұсқаулығында айтылған. «Тілдік құқықтар» мен «лингвистикалық құқықтар» - бұл мемлекеттік органдардың, жеке тұлғалардың және басқа субъектілердің тілді қалауына немесе қолдануына әсер ететін адам құқықтары. «Тілдік құқықтар» ұғымы, әдетте, «лингвистикалық құқықтарға» қарағанда кеңірек. Сондықтан, бұл нұсқаулықта екі термин де тілдік азшылықтардың құқықтарын тиімді жүзеге асыру үшін қандай минималды және мүмкін болатын қосымша шаралар қабылдануы керек немесе қабылдануы мүмкін екендігі туралы мәселелерді талқылау үшін қолданылады. Тіл адам табиғаты мен мәдениеті үшін өте маңызды және жеке тұлғаның маңызды көріністерінің бірі

болып табылады. Осы себепті, тілге қатысты мәселелер ерекше эмоционалды бояуды қабылдайды және кейде маргиналдану, оқшаулану және кемсітушілік жағдайында өздерінің ерекше белгілері мен мәдени ерекшеліктерін сақтауға тырысатын тілдік азшылықтар үшін өте маңызды» деп атап кеткен [2].

Аталған құқықтардың сақталуы Қазақстан үшін маңызды болып табылады. Әсіресе денсаулық сақтау саласында халықтың коммуникация жасау мүмкіндіктері мен кемсітушіліктерге жол бермеу басты назарда ұсталады. Бұл мәселе әлемнің бірнеше елдерінде көптеп кездеседі. Бірақ дұрыс шешімін тапқан, тиімді тіл саясатын қолданатын мемлекетте барлық этностардың бір-бірін түсінуі және өз өмірінің сапалы болуына кедергі келтірмеуі қажет. Сондықтан да, өмір сапасының жақсаруына денсаулық сақтау саласының дамуы әсер етеді, ал денсаулық сақтау саласындағы тілдерді қолдану, ондағы тілдік ахуалды зерделеу қазіргі кезде Қазақстан үшін өзекті болып табылады.


Денсаулық сақтау саласы мамандарының Қазақстан Республикасындағы медицина саласындағы тілдік ахуалға 64,0 % баға беруінде «мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңейіп келеді, ол жиналыстар, кеңестер өткізу, құжаттама толтыруда көрініс береді» - деген [3] (1 сурет).



1 сурет – ҚР денсаулық сақтау саласы мамандарының тілдік ахуалға баға беруі
Дереккөзі: [3] әдебиет

Суреттен денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік тілден басқа орыс тілінің де қатар қолданатындығын, әрі денсаулық сақтау саласындағы тілдік ахуал ем қабылдаушылардың ұлттық сипатына тікелей байланысты екенідігі де назарға алынады. Мұнда басқа этностармен көбіне орыс тілінде қарым-қатынас жасалатындығын көрсетеді. Сала мамандарының қызметте қай тілді көбірек қолданатындығы да маңызды, осы орайда денсаулық сақтау саласы мамандарының кәсіби қызметтерінде қазақ тілін басымырақ қолданатын болып шықты (64,4%), орыс тілінде 23,9%, қазақ және орыс тілдерінде 9,7%, ағылшын тілін қолдануы 1,4% құраған (2 сурет).

Бірақ, бұл денсаулық сала мамандарының айтарлықтай деңгейде мемлекеттік тілді меңгергендігін білдірмейді, керісінше бұл мамандардың деңгей бойынша (қызмет ету түріне қатысты) және қолдану түрін білдірмейді. Мысалы, медицина саласында қазақ тілін білім алуда немесе пациенттермен қарым-қатынаста, құжат толтыруда, әріптестермен қарым-қатынаста қолданылатындығын тереңірек зерттеуді қажет етеді.



2 сурет – Денсаулық сақтау саласы мамандарының тілдерді қолдану сипаты
Дереккөзі: [3] әдебиет

Медициналық құжаттама қазіргі кезде мамандардың бағалауы бойынша мемлекеттік тілде басым қолдану қажеттігі бар ма? Осы сұраққа мамандар денсаулық сақтау саласында кездесетін қиындықтар тұрғысынан жауап берген болатын. Сала мамандарының басым бөлігі құжаттаманы қазақ тілінде толтыру керек болады дегенмен келіседі (40%) және 23,4% қазақ тіліндегі емделушілер саны артып келеді, осыған орай мемлекеттік тілді жақсы меңгерген мамандар саны аз дегенді атап кетсе. Келесі маңызды бір бөлігі тілдік мәселені маңызды деп санамайды, қажет болған жағдайда аудармашылардың немесе басқа да мамандардың көмегіне жүгінетіндігі белгілі болды.

Демек, медицина саласы мамандарының арасында мемлекеттік тілд қолдану айтарлықтай басым деуге болады, оған құжаттаманы мемлекеттік тілде толтыру қажеттігі негіз болып отыр. Бірақ, бұл денсаулық сақтау саласы мамандарының арасында тілдік мәселенің жоқ екендігінің дәлелі емес, керісінше мамандардың тілдерді игеруге деген ынтасын оятуы мүмкін.



3 сурет – Денсаулық сақтау саласы мамандарының тілдік қиындықтары
Дереккөзі: [3] әдебиет

Демек, медицина тілі бірнеше себептерге байланысты денсаулық сақтау сапасында шешуші рөл атқарады және оның әсері медициналық практиканың әртүрлі аспектілерін қамтиды. Диагностика мен емдеудің дәлдігін алатын болсақ медицина тілі симптомдарды, диагноздарды, емдеу процедураларын және зерттеу нәтижелерін сипаттаудың стандартталған және дәл әдісін ұсынады. Медициналық тілдегі дәлсіздіктер немесе анықтықтың жеткіліксіздігі түсініспеушіліктерге, диагноздардағы қателіктерге және тиімсіз емдеу

стратегияларына әкелуі мүмкін, сол себептен емделушілермен тиімді байланыс орнату маңыздылығы туындайды. Медициналық қызметкерлер арасындағы тиімді байланыстың ерекшелігі, медициналық саласында әр түрлі мамандықтағы мамандар жұмыс істейді, оларға дәрігерлер, медбикелер, зертханашылар және басқалар кіреді. Мамандармен тілді біркелкі қолдану оларға ақпаратты тиімді бөлісуге мүмкіндік береді, бұл күтімді үйлестіру және пациенттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Медициналық тілдегі нақты құжаттама денсаулық сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Ол пациенттің медициналық тарихы, леч, зерттеу нәтижелері туралы ақпаратты сенімді сақтауды және беруді қамтамасыз етеді, бұл кейінгі күтім мен емдеудің дәйектілігі үшін маңызды. Сонымен қатар денсаулық сақтау саласындағы қарым-қатынас дағдыларында тілді игеру қажеттілігін жетілдіру қажет етеді. Дәрігерлер мен медбикелер пациенттермен нақты және түсінікті қарым-қатынас жасау үшін жақсы қарым-қатынас дағдыларына ие болуы керек. Бұған түсінікті тілді қолдану, күрделі терминдерден аулақ болу, пациенттің түсіну деңгейіне байланысты қарым-қатынас стилін бейімдеу мүмкіндігі кіреді және бұл медицина саласының тиімділігін арттыра түседі. Денсаулық сақтау саласындағы маңызды бағыттардың бірі аударма және түсіндіру қабілетін зерделеу. Егер пациент медициналық көмек көрсетілетін елдің тілін білмесе, сапалы аударма мен интерпретация үшін персоналдың немесе ресурстардың болуы маңызды. Бұл симптомдарды, процедураларды және берілген ақпаратты дұрыс түсінуге кепілдік береді. Сол себептен денсаулық сақтау саласындағы дұрыс аударламаларды қолдану маңызды. Бұл дәрігерлер мен клиенттер арасындағы эмпатия мен мәдени құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал етеді. Медициналық қызметкерлер пациенттердің қажеттіліктері мен қалауларын жақсы түсіну үшін мәдени айырмашылықтарға сезімтал болуы керек. Бұл тілдегі, әдет-ғұрыптағы және нанымдағы айырмашылықтарды құрметтеуді қамтиды.

Осылайша, денсаулық сақтау саласындағы тілдерге оқыту маңызды орын алады. Медициналық қызметкерлерді тілдік құзыреттілік бойынша үздіксіз оқыту қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін маңызды. Бұған коммуникативті дағдыларды жақсарту бойынша семинарлар, курстар немесе тренингтер өткізу қажет. Бұл сала мамандары арасындағы байланысты жеңілдету үшін технологиялардыны пайдалануды қажет етеді. Мобильді аударма қолданбалары немесе бейне байланыс сияқты заманауи технологияларды пайдалану, әсіресе көп тілді персонал болмаған кезде, тиімдірек қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін пайдалы болалды. Медициналық персоналдың жалпы тілдік әлеуеті олардың мәдени және тілдік фонына қарамастан барлық пациенттерге сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсетудің маңызды факторы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сметанина-Волдвин Юлия Валентиновна, Языковые и социокультурные особенности коммуникации в медицинской сфере (на примере различных коммуникативных общностей в контексте здравоохранения США), Вестник НГУ, Серия: Лингвистика и международная коммуникация, 2009, Том 7, выпуск 1.

2. Языковые права языковых меньшинств. Практическое руководство специального докладчика Организации Объединенных Наций по вопросам меньшинств, Женева, март 2017.

3. Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеулер / Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім және министрлігінің Тіл саясаты комитеті, «NewGroup.kz» ЖШС. – Астана, 2022 жыл

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ВИКТИМДІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ БАР ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мурзагулова Мейрамкул Дауренбековна,
«8D01823- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Масимбаева Маржан Аликеновна,
№1 облыстық арнайы мектеп интернаты. Педагог-тәрбиеші
Турегельдиева Ақжарқын Сериковна,
аға оқытушы

Аннотация. Мақалада виктимді мінез-құлқы бар жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері мен виктимді мінез-құлықтың пайда болу факторлары туралы баяндалып, виктимді мінез-құлықты жасөспірімдермен жұмыс жасау ерекшеліктері көрсетілген.

Тірек сөздер*:* виктимді мінез-құлық, биологиялық факторлар, психологиялық факторлар, әлеуметтік –психологиялық факторлар, әлеуметтік-экономикалық факторлар.

В статье рассказывается о психологических особенностях подростков с виктимным поведением и факторах возникновения виктимного поведения, показаны особенности работы с виктимным поведением подростков.

Ключевые слова: виктимное поведение, биологические факторы, психологические факторы, социально –психологические факторы, социально-экономические факторы.

The article describes the psychological characteristics of adolescents with victim behavior and the factors of the occurrence of victim behavior, shows the features of working with victim behavior of adolescents.

Keywords: victim behavior, biological factors, psychological factors, socio–psychological factors, socio-economic factors.

Жаңа цифрлы қоғамның уақыт ілеспес жылдамдықпен алға дамуына сай адамзат тарихында тәрбие мәселесі тек қоғам философтарын, психологтарын ғана емес, әсіресе, әлеуметтік педагогтардың назарын ерекше аудартуда. Қоғамда күн сайын жасөспірімдер виктимизациясы түрлерінің артуы «қарыны тоқтық, көйлегі көктік- аздырар адам баласын»-ға әкеле жатқандай. Бұл мәселе әлеуметтік педагогтардың жасөспірімдердің виктимді мінез-құлқының алдын алу әдістерін кәсіби құзыреттіліктілікпен жетік меңгерген жағдайда шешіледі. Олай болса, ең алдымен виктимді мінез-құлық, виктимизация факторлары және әлеуметтік педагогтың жұмыс ерекшеліктерін анықтап, саралаймыз.

ХХ ғасырда «қиын бала», «девиантты бала», «деликвентті мінез-құлық», «виктимді мінез-құлық», «қауіптілікті тудыратын», «зорлық-зомбылық» деген ұғымдар туындап, оларды виктимология ғылым саласы зерттеді. Қазірде осы ұғымдар қатарына «буллинг», «кибербуллинг», «суицид» қосылды.

Адамның қолайсыз жағдаяттың құрбаны болу бейімділігін сипаттайтын виктимизация болса, сол жағдаятқа тап болған адам мінезі виктимділікке жатады. Әсіресе, виктимді мінез-құлық жасөспірімдерде басымырақ көрінеді. Оған бірнеше факторлар себеп: біріншіден жасөспірімге тән физиологиялық ерекшеліктер көрінісі-өтпелі кезеңге сәйкес келуі, екіншіден сыртқы әлеуметтік орта әсері (отбасы мен қоршаған орта). Қазірде жасөспірімдер виктимизациясының өршуінің негізгі аспектісіне: олардың мінез-құлқындағы ауытқушылықтарына, компьютерге, теледидарға (мұнда алкоголь, темекі, энергетикалық ішімдіктер, арықтататын өнімдерді жарнамалау және т.б.), олардың жеке басының қоғамға қарсы көзқарасын қалыптастыратын құрдастар топтарына ересектердің, кері әсері бар екенін айта кету керек. Осы аталған жағымсыз әсерлердің нәтижесі көпшілік жағдайда жасөспірімді

қоғамға жат әрекеттерге итермелейді, сонымен қатар оны виктимизация құрбанына айналдыруы әбден мүмкін. Осыған байланысты жасөспірімдер виктимизация процестерінің алдын алу әлеуметтік-педагог жұмысының маңызды бағыты болады. Виктимологияның негізгі ұғымдары мен әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның ерекшеліктері М.А. Галагузова, В.И Загвязинский, А.В.Мудрик, Ф.А. Мұстаева, М.В. Шакурова еңбектерінде айқындалып, қарастырылған. Ал әлеуметтік педагогтың виктимді мінез-құлыққа бейім жасөспірімдермен алдын алу жұмысының ерекшеліктерінің өзекті мәселелерін М.А. Галагузова, С.А. Беличева, А.В. Мудриктің еңбектерінен көреміз. Психология саласында виктимді мінез-құлық туралы Г.Т. Бекмұратованың «Мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балалардың ерекшеліктерін психологиялық тұрғыда зерттеу» [1] және А. Болтаеваның «Құқық психологиясы» еңбектерінде қарастырылады [2]. Заң тұрғысында осы мәселеге Е.О. Алаухановтың еңбектерінде де кездеседі [3].

Қазіргі уақытта әлеуметтік педагогиканың өзекті мәсеселерінің бірі ретінде виктимология тұлғаның әлеуметтенуіне кері әсер ететін факторларды анықтай отырып, жасөспірімдердің әлеуметтік-мәдени өміріндегі жағымды өзгерістерді айқындауға назар аударады.

Әлеуметтік педагогика-бұл әлеуметтік мәселелер мен қиындықтардан зардап шегетін адамдарға көмек көрсетуге бағытталған кәсіби қызмет саласы. Ал әлеуметтік-педагогикалық виктимология- құрбан болған адамдардың қайта әлеуметтенуіне қажетті жағдайларды анықтап, жалпы және арнайы ұстанымдары мен алдын алудың формасы мен әдістерін, диагностикалап және түзету тәсілдерімен бірге кеңес беру түрлерін ғылыми негіздеп, оларды практикалық тұрғыдан тексеріп дәлелдеуге бағытталады. Сондықтан әлеуметтік-педагогикалық виктимология әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік педагогика және әлеуметтік психология ғылымдарының байланысында тұлғаның ауытқушылық мінез-құлық, әртүрлі физиологиялық кемшіліктерінің социопатогенезіндегі мәселелерін қарастырады. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның мәденигенетикалық тұжырымдамасының авторы ресейлік психолог ғалым, Е.В. Руденский тұлғаның әлеуметтік-мәдени қызығушылықтарының теріс бағытта дамуы, тұлға әлеуметттенуінің механизмдерінің әлсіздігі виктимділікке әкелетінін айтады [4]. Виктимология жәбірленген адамның құрбандыққа айналу факторларының себеп-салдарына мән беріп, яғни адамды қылмыс құрбанына айналуға бейім етуі мүмкін физикалық, психикалық және әлеуметтік ерекшеліктер мен белгілерді зерттейді, ал әлеуметтік-педагогикалық виктимология адамдардың жағымсыз қылықтары мен мінез- құлқынан, не басқалардың кесірінен құрбандыққа тап болған себеп-салдары мен оны түзету жолдарын зерттейді. Жалпы адамдардың қоғамда әлеуметтенуінде келеңсіз оқиғалардың ықтимал құрбаны болуын қарастырады. «Жеке топтың профилактика жұмыстарының технологиясын тиімді іске асыру үшін әлеуметтік-педагог алдын алу жұмысы мен балаларға көмек көрсетуде құзыретті болуы тиіс» деп көрсетіледі. [5]. Олай болса, әлеуметтік педагогқа қажетті құзыреттіліктер:

-жәбірленушінің алдында тұрған әлеуметтік мәселелер мен қиындықтарды түсіну және білу;

-әлеуметтік-педагогикалық диагностиканы жүргізу қабілеті;

--әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралар мен бағдарламаларды жоспарлау және іске асыру мүмкіндігі;

- бұл топта және әлеуметтік қызметтер желісінде жұмыс істей білу;

- өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу дағдылары.

Әлеуметтік педагогтың жасөспірімдердің виктимді мінез-құлқының алдын алу жұмыс бағыттарының бірі ретінде баланың дамуы мен әлеуметтену ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралардың кең ауқымын қарастырады. «Виктимологияның алдын алу» деңгейлерінде профилактикалық жұмыс әдістері мен формаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Жасөспірімдердің виктимді мінез-құлқының алдын алу әдістері мен тәсілдеріне мыналарды жатқызамыз:

1. Жәбірленушінің "портретін" психологиялық зерттеу. Бұл әдіс құрбандыққа әкелетін адамның мінез-құлқының себептерін зерттеуді қамтиды. Ол үшін ақпарат жинаудың социометриялық әдістері, тестілеу, бақылау және т. б. қолданылады.

2. Ауызша әдіс (дәріс, әңгіме, жеке және топтық жұмыс). Жәбірленуші мінез-құлықтың алдын-алудың тиімді әдісі әңгіме болуы мүмкін-жеке немесе топтық жұмыс тәсілі, белгілі бір жағдайда құрбан болу мүмкіндігінің алдын алуға бағытталған.

3. Тренинг. Жасөспірімдермен жұмыс жасаудағы ең тиімді әдістердің бірі-жәбірленуші мінез-құлықтың алдын алу контекстінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру-психологиялық тренинг.

Білім беру мекемелерінің мамандары көбіне психологиялық-педагогикалық тренингті қолданады, ол білім беру ортасы жағдайында заңсыз әрекеттердің алдын алудың тиімді әдістерін меңгеруге, виктимизация кезіндегі мінез-құлық стратегияларын пысықтауға және талдауға бағытталған, бұл баланы жәбірленуші рөліне қоя алады және оның өміріне қауіп төндіреді. Тренингтерде ситуациялық-рөлдік, дидактикалық, шығармашылық, ұйымдастырушылық-белсенділік, ойын, дәстүрлі және дәстүрлі емес жұмыс әдістерін қолдануға болады. Жасөспірімдермен тренингтік сабақтарды ұйымдастыру кезінде қиыншылыққа төтеп беру мен шиеленістен шығу жолдарын жеңу, қатысушылар арасында сенімді қарым-қатынас құру мақсатында ашық ойындар пайдаланылады.

Рөлдік ойындар диагностика мен өзін-өзі диагностикалау құралына айналады, бұл қарым-қатынастағы қиындықтарды, сондай-ақ жеке дамудағы психологиялық мәселелерді анықтауға ықпал етеді. Ойын тек оқу процесіне жанама әсерін тигізеді: ойын әрекеті жаңа мінез-құлық дағдыларын дамытуға және оларды бекітуге ықпал етеді; ойын барысында тиімді қарым-қатынас дағдылары қалыптасады; рөлдік ойын басқа адамдармен өзара әрекеттесу тәжірибесін алуға ықпал етеді. А. А. Реан құрбан болған жасөспірімдермен тренингтік жұмысты ұйымдастыруда денеге бағытталған психотерапия әдісін қолдануды ұсынады. Бұл формада техниканың үш негізгі кіші тобы бар: дене құрылымымен жұмыс, сенсорлық хабардарлық және жүйке-бұлшықет релаксация [6].

Жасөспірімдерде виктимді мінез-құлқының алдын алу бойынша әлеуметтік педагог қызметінің негізгі ерекшеліктері:

1. Әр жасөспірімге жеке көзқарас: әлеуметтік педагог әр жасөспірімнің ерекшеліктерін, оның қажеттіліктері мен мүдделерін ескеруі керек. Әр түрлі жастағы, әртүрлі әлеуметтік, психологиялық және физикалық ерекшеліктері бар жасөспірімдермен жұмыс істей білу керек.
2. Жүйелік тәсіл: әлеуметтік тәрбиеші психологтар, дәрігерлер, заңгерлер және басқалар сияқты басқа мамандармен бірлесіп жұмыс істеуі керек. Жасөспірімдерде құрбандықтың алдын алуға мүмкіндік беретін бірыңғай жұмыс жүйесін құру қажет.
3. Ата-аналармен жұмыс: әлеуметтік тәрбиеші жасөспірімдердің ата-аналарымен олардың дамуы мен құрбандықтан қорғануы үшін қолайлы жағдай жасау үшін жұмыс істей білуі керек.
4. Қоғаммен жұмыс: әлеуметтік тәрбиеші қоғаммен белсенді қарым-қатынас жасауы керек, құрбандық мәселесімен бірлесіп күресу үшін еріктілерді, серіктестерді және басқа да мүдделі тараптарды жұмысқа тартуы керек.
5. Мониторинг және талдау: әлеуметтік тәрбиеші жағдайды үнемі қадағалап, қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау және олардың қызметіне қажетті түзетулер енгізу үшін талдау жүргізуі керек.

Қорыта келе, қиын жағдайға тап болған жасөспірімге әлеуметтік педагог педагогикалық-психологиялық демеу көрсетіп, оны рухани тұрғыдан қолдау, өзіне деген сенімін ояту арқылы өз күшіне сендіріп, болашаққа деген сенімін күшейтуі үшін маман бойында белгілі бір білім қорларымен қатар ұйымдастырушылық дағдылары, балалар ұжымымен жұмыс жасай алу қабілеттіліктерімен қатар педагогикалық икемділікпен және виктимологиялық ғылым негіздерімен қаруланулы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Бекмұратова Г.Т. Мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балалардың ерекшеліктерін психологиялық тұрғыда зерттеу.- Алматы: 2005. -118б.

2. Болтаева А.М. Құқық психологиясы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 202 б.

3. Алауханова Е.О. Криминологические проблемы корыстно-насильственных преступлений: монография. - СПб., 2005. – 152 б.

4. Руденская Ю. Е. Виктимодиагностика : учеб. Пособие-Новосиб.гос.пед.ун-т. – Новосибирск : НГПУ, 2015. – 213 с.

5. Мурзагулова М., Атемова К., Сулейменова Л., Аринова Н., Батырбаева Б. Болашақ әлеуметтік педагогтардың жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлыққа бейімділігінің алдын алуға даярлау//Хабаршы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. №3 (72) - Алматы: Қазақ университеті, 2022.-49 бет.

6. Реан А. А. Психология личности – Санкт-Петербург : Питер, 2013. – 288 с.

ХИМИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ ҮШІН БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

Тастанова Ляззат Кнашевна
х.ғ.к., доцент.
Бахытжанова Зарина Арматовна
Әбілханова Айжан Ерболқызы
7М01504 Химия мамандығының
2 курс магистранттары,
Химия және химиялық технологиялар факультеті,
Зерттеушілік құзыреттілік түсінігінің нақтылығын қамтамасыз ету үшін, бірінші кезекте "құзыреттілік" және "зерттеу" деген ұғымдарды айқындау маңызды. Бұл түсініктерге қатысты кең ауқымды зерттеулерге қарамастан, зерттеушілік құзыреттілікке біртұтас анықтама әлі жасалмаған. Әр автор бұл ұғымды өзінше түсіндіреді. Отандық психологияда бұл термин "бағытталған қызмет" ретінде белгілі. М.И.Лысина "танымдық белсенділік" түсінігін қолданады, бұл көпқырлы ұғым болып табылады және оны бір ғана белгімен анықтау мүмкін емес. Белсенділік – бұл жеке тұлғаның өзіндік әрекетке дайындығы, мақсатқа ұмтылысы және оңтайлы шешімдерді таңдау қабілеті ретінде қарастырылады. Студенттердің танымдық белсенділігін дамыту және қалыптастыру тақырыбы көптеген зерттеушілердің, педагогтардың және әдіскерлердің еңбектеріне арналған. Кей жағдайларда бұл ұғым "білуге құштарлық", "зерттеушілік әрекет" және "зерттеу" терминдерімен тығыз байланысты. Бұл терминдер жиі бір-бірімен шатастырылып қолданылады. Мысалы, Д.Б.Годовикова баланың танымдық әрекетін оның бағытталған-зерттеу қызметінің қалыптасуына байланысты жаңа жағдайлардағы себеп-салдар тұрғысынан зерттейді. Зерттеу әрекеті, кез келген тірі организмнің мінез-құлқының, бейімделуінің, дамуының және денсаулығының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Зерттеу бастамасының негізгі мотивациясы – білуге деген құштарлық пен қызығушылық. Танымдық қызығушылықты дамыту мәселелері көп зерттелгенімен, бұл ұғымға берілетін нақты анықтамалар әлі жеткілікті түрде қалыптаспаған. Таным әрекетіндегі маңызын, оған байланысты ұғымдардың мағынасын ашып беруде әртүрлі пікірлер бар. Қызығу дегеніміз – бұл ынтықтылық, алғырлық, тұрақтылық және білуге құштарлық сияқты компоненттерден құралып, белгілі бір нысанға назар аудару арқылы пайда болатын жеке тұлғаның ерекшелігі.

Көптеген зерттеушілер студенттердің зерттеушілік құзыреттіліктерін олардың жүргізген жүйелі зерттеу жұмысының нәтижелері ретінде бағалайды. Оқу орындарының студенттермен жұмысының мақсаты – оларға өз қабілеттерін толық пайдалануға жағдай жасау, олардың жеке басының ерекшеліктерін дамыту.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы оқыту процесін заманауи технологиялармен жаңартуға баса назар аударады. Осыған байланысты, қазіргі кезеңде оқыту үрдісінің технологияландырылуы маңызды болып отыр. Мұғалімдер жаңа оқу технологияларын және интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттерге заман талабына сай білім алу мүмкіндігін береді. Осыған орай, студенттердің ғылыми жоба дайындау кезінде мынадай мәселелерді ескерулері маңызды (1-диаграмма):



Студенттердің зерттеу жұмысына қатысуы, эссе жазу, жобалар мен курстық жұмыстарды орындау арқылы олардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту маңызды. Жоғары оқу орындарында басталатын бұл процесс студенттерге кәсіби жетілу жолында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге мүмкіндік береді. Ғалымдардың пікірінше, жоғары оқу орнында алынған білім мен тәжірибе кәсіби дамуға үлкен ықпал етеді. Студенттердің шығармашылық және зерттеушілік қызметі арқылы жаңа ғылыми болжамдар пайда болып, олардың зерттеушілік қабілеттері кеңейеді, бұл еліміздегі еңбек нарығында жоғары білімді және шығармашылық деңгейі жоғары мамандардың сұранысын арттырады. Студенттің зерттеушілік құзыреттілігін меңгеруі, оған жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды меңгеруге жол ашады. Студенттердің дарындылығын, ізденімпаздығын және зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін жеке жұмыс, сарамандық сабақтар, лабораториялық жұмыстар маңызды болып табылады. Жоғары оқу орындарында ұйымдастырылатын ғылыми жұмыстар, шығармашылық кештер студенттердің зерттеушілік қабілеттерін арттырады. Әр түрлі заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы студенттер мақсаттарына жету жолдарын табуға мүмкіндік алады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, болашақ педагог-математиктердің кәсіби даярлығында зерттеу құзыреттілігінің рөлі өте маңызды. Бұл оларға білім беру сапасын арттыруға, оқыту әдістерін жаңартуға және оқушылардың математикалық құзыреттілігін дамытуға көмектеседі. Сондықтан, болашақ педагог-математиктердің зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға ерекше көңіл бөлу керек. Математика мамандығында білім алатын студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту үшін бірқатар стратегиялар мен әдістерді қолдануға болады. Мұндағы мақсат – студенттердің математикалық теорияларды түсінуін, сондай-ақ оларды нақты проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілетін арттыру. Мынадай бірнеше негізгі аспектілерді қарастыруға болады:

1. *Негізгі математикалық теорияларды меңгеру:* Математикалық зерттеулердің негізі болып табылатын теорияларды терең түсіну маңызды. Бұл алгебра, анализ, геометрия және статистика сияқты негізгі тақырыптарды қамтиды.
2. *Зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру:* Студенттерге зерттеу жүргізу процесін, қателерді талдау, эксперименттер жасау және гипотезалар құру тәсілдерін үйрету.
3. *Критикалық ойлау қабілеттерін дамыту:* Математикалық мәселелерді талдауда критикалық ойлау маңызды. Студенттерге мәселелердің бірнеше шешімдерін қарастырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалауға көмектесу керек.
4. *Нақты проблемаларды шешу:* Теориялық білімді нақты әлемдегі мәселелерді шешуге қолдана білу. Мысалы, қаржылық математика, сандық анализ, статистикалық модельдеу сияқты салалардағы тапсырмалар.

5. *Компьютерлік сауаттылық:* Математикалық модельдеу, деректерді талдау және алгоритмдерді жазу сияқты компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеу құзыреттілігін дамыту.

6. *Әдебиеттерге шолу және зерттеу жұмыстарын жүргізу:* Студенттерге академиялық журналдардағы мақалаларды оқып, зерттеулер жүргізу және өздерінің тұжырымдарын жазу жолдарын үйрету.

7. *Топтық жұмыс және коммуникация:* Топтық жобалар мен бірлескен зерттеулер арқылы әріптестермен тиімді байланыс орнату және идеяларды алмасу құзыреттілігін қалыптастыру.

Осы аспектілерді ескере отырып, оқыту бағдарламаларын жоспарлау және студенттерге арналған практикалық тапсырмалар мен зерттеу жобаларын ұйымдастыру қажет. Бұл студенттердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға және олардың кәсіби мансапта табысқа жетуіне көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Журавлева, А. П. "Педагогикалық зерттеу құзіреттілігі: теориясы мен практикасы" – Москва: Академия, 2020.
2. Казаков, А. Ю. "Зерттеу құзіреттілігін дамыту: педагогикалық тәсілдер" – Санкт-Петербург: Білім, 2019.
3. Иванова, Н. Л. "Педагогикалық білім беруде зерттеу құзіреттілігінің дамуы" – Казань: Издательство Казанского университета, 2021.
4. Смирнова, М. В. "Білім беру саласында зерттеу құзіреттілігі: теория және тәжірибе" – Екатеринбург: УрФУ, 2022.
5. Петровская, Л. А., Румянцева, П. В. "Жоғары оқу орындарындағы педагогтердің зерттеу құзіреттілігі: теориясы мен әдістемесі" – Новосибирск: НГПУ, 2020.
6. Коваленко, И. В. "Жаңа педагогикалық ортадағы зерттеу құзіреттілігі: қазіргі көзқарастар" – Воронеж: Издательство ВГПУ, 2021.
7. Белкина, Н. П., Горбунова, Л. Н. "Білім беру мекемелерінде зерттеу құзіреттілігі: әдістемелік ұсыныстар" – Ростов-на-Дону: Издательство РГПУ, 2019.
8. "Білім берудегі заманауи әдістер мен технологиялар" ред. А. С. Макаренко – Москва: Просвещение, 2023.
9. Кузьминова, О. И. "Педагогикалық ғылымдағы зерттеу құзіреттілігі: теория мен тәжірибе" – Челябинск: ЧГПУ, 2022.
10. Михайлова, А. В. "Зерттеу құзіреттілігі: жоғары білім берудегі инновациялық тәсілдер" – Томск: ТГУ, 2021.
11. Vincentas LAMANAUSKAS & bDalia AUGIENE. Scientific research activity in comprehensive school: a position of upper secondary school students. A New Approach for Teaching ‘Energy’ Concept: The Common Knowledge Construction Model, Western Anatolia Journal of Educational Sciences (WAJES), Dokuz Eylul University Institute, Izmir, Turkey, 2011
12. Yanto, Subali & Suyanto I. Improving Students’ Scientific Reasoning Skills through the Three Levels of Inquiry. International Journal of Instruction. October 2019. Vol.12, No.4

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ МЕН ЗЕРТТЕУДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Кадирбаева Роза Изтлеуовна,
п.ғ.д., доцент
Нұралы Айсәуле,
7М01501 Математика педагогін даярлау
2 курс магистранты, Математика кафедрасы,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ

Аңдатпа. Мақалада математиканы оқыту мен зерттеуде компьютерлік технологияларды қолданудың әртүрлі әдістері қарастырылады. Компьютерлік технология оқушылардың ойлау қабілеттерін, шығармашылық және аналитикалық дағдыларын дамытуға бағытталып, заманауи білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Мақалада интерактивті оқыту платформалары, оқыту бағдарламалары, ойынға негізделген оқыту сондай-ақ әлеуметтік медиа және блогтар сияқты құралдарды қолдану арқылы математиканы оқытуда оқушылардың есеп шығару дағдыларын жетілдіру мәселелері сипатталған. Бұл компьютерлік технологияларды пайдалану оқушыларға күрделі математикалық және ғылыми түсініктерді жеңілірек түсінуге, сондай-ақ олардың білімге деген ынтасын арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Осы арқылы білім берудің сапасын жоғарылатуға және оқушылардың болашақта ғылыми, технологиялық салаларда табысты болуына негіз қаланады.

Тірек сөздер: математика, оқу процессі,компьютерлік технологиялар, әдіс, тәсіл, талдау

В статье рассматриваются различные методы использования компьютерных технологий в обучении и изучении математики. Компьютерные технологии играют важную роль в современной системе образования, ориентируясь на развитие мыслительных способностей, творческих и аналитических навыков учащихся. В статье описаны проблемы совершенствования навыков решения проблем учащихся при обучении математике с помощью таких инструментов, как интерактивные обучающие платформы, обучающие программы, игровое обучение, а также социальные сети и блоги. Это показывает, что использование компьютерных технологий позволяет учащимся легче понимать сложные математические и научные концепции, а также повышает их мотивацию к знаниям. Этим закладывается основа для повышения качества образования и будущего успеха учащихся в научной, технологической сферах.

Ключевые слова: математика, учебный процесс, компьютерные технологии, метод, подход, анализ

The article discusses various methods of using computer technology in teaching and learning mathematics. Computer technologies play an important role in the modern education system, focusing on the development of students' thinking abilities, creative and analytical skills. The article describes the problems of improving students' problem solving skills when teaching mathematics using tools such as interactive learning platforms, training programs, game learning, as well as social networks and blogs. This shows that the use of computer technology makes it easier for students to understand complex mathematical and scientific concepts, as well as increases their motivation for knowledge. This lays the foundation for improving the quality of education and the future success of students in the scientific and technological fields.

Keywords: mathematics, educational process, computer technology, method, approach, analysis

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры. Қазіргі уақытта білім беру саласында компьютерлік технологияларды тиімді қолдану әрдайым өзекті. Мектепте математиканы оқытуда компьютерлік технологияларды пайдалану оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға және қиын математикалық есептерді түсінуге көмектеседі.

Компьютерлік технологиялар математиканың әртүрлі аспектілерінде маңызды рөл атқарады, есептерді шешуді, зерттеулер жүргізуді және оқытуды жеңілдетеді. Математиканы оқыту мен зерттеуде компьютерлік технологияны қолданудың келесі әдістері бар:

1. Математикалық есептерді шешу:

- Символдық есептеу: Mathematica, Maple немесе SageMath сияқты бағдарламалық құралдар аналитикалық есептеулер мен алгебралық манипуляцияларды жеңілдететін символдық есептеулерді шешуге мүмкіндік береді.

- Сандық әдістер: компьютерлер сандық есептеулер мен теңдеулерді шешуде тиімді, бұл сандық интеграция, дифференциалдық теңдеулерді шешу және оңтайландыру сияқты салаларда пайдалы.

2. Математикалық модельдеу: Мұнда симуляция және модельдеу қарастырылады. Олар ақырлы элементтер әдістерін, Монте-Карло әдістерін және басқа әдістерді қолдана отырып, компьютерлер физикалық процестерден бастап әлеуметтік жүйелерге дейінгі әр түрлі құбылыстарды талдау үшін математикалық модельдер жасауға мүмкіндік береді.

3. Білім беру және оқыту: Мұнда интерактивті білім беру бағдарламалары қолданылады. Интерактивті қосымшалар мен веб-сайттарды әзірлеу студенттерге визуалды және интерактивті құралдар арқылы математиканы үйренуге мүмкіндік береді.

4. Графика және визуализация: Matplotlib кітапханалары бар MATLAB, Python сияқты деректерді визуализациялау бағдарламалары немесе графикалық редакторлар математикалық ұғымдарды көрнекі түрде көрсетуге көмектеседі.

5. Деректерді зерттеу және өңдеу (Статистикалық талдау): Pandas және SciPy кітапханалары бар R немесе Python сияқты статистикалық пакеттерді қолдана отырып, деректерді талдау, гипотезаны тексеру, регрессиялық талдау және машиналық оқыту жүргізілуі мүмкін.


6. Компьютерлік алгебра: Компьютерлік алгебра жүйелері (CAS) болып табылатын Mathematica немесе Maple сияқты бағдарламалар символдық математика, алгебра және тригонометриямен жұмыс істеуге арналған қуатты құралдарды ұсынады.

7. Бағдарламалау және алгоритмдер: Python немесе MATLAB сияқты тілдерде бағдарламалау математиктерге күрделі есептерді шешу үшін алгоритмдерді құруға және тексеруге мүмкіндік береді.

Бұл әдістер математикада компьютерлік технологияны қолдану тәсілдеріне қысқаша шолу жасайды. Сонымен қатар, жыл сайын компьютерлік технологиялар көбейіп келеді, бүгінде олардың жаңа құралдары мен тәсілдері пайда болуда.

Білім беру мен оқытуда қолданылатын компьютерлік бағдарламалар және оқыту платформалары оқушыларға есептерді түсінуге және шешуге көмектеседі. Математиканы оқытуға арналған компьютерлік бағдарламалар мектеп оқушылары мен пән мұғалімдері үшін өте пайдалы құралдар болып табылады. Олар математикалық дағдыларды дамытуға, түсініктерді тереңірек ұғынуға және күрделі математикалық мәселелерді шешуге көмектеседі. Міне, кейбір танымал математикалық бағдарламалардың тізімі:

а) GeoGebra: Бұл интерактивті геометрия, алгебра, статистика және калькуляция салаларын қамтитын бағдарлама. Ол оқушыларға математикалық концепцияларды визуалды түрде зерттеуге мүмкіндік береді (*1-сурет*).




1-сурет «GeoGebra бағдарламасын алгебрада пайдалану»

b) Khan Academy: Бұл онлайн ресурс мектеп математика пәні бойынша сабақтар мен жаттығулар ұсынады. Оның көмегімен оқушылар өздерінің жылдамдықтарымен оқи алады.

c) Wolfram Alpha: Бұл бағдарлама күрделі математикалық есептеулерді және анализдерді жүргізуге мүмкіндік береді. Ол аса күрделі есептерді шешуде және математикалық деректерді зерттеуде пайдалы (2-сурет).

d) Desmos: Бұл онлайн графиктік калькулятор математикалық функциялардың графиктерін сызуда өте қолайлы. Ол оқушыларға әр түрлі математикалық функциялардың графиктерін зерттеуге және түсінуге мүмкіндік береді (*3-сурет*).



2-сурет «Wolfram Alpha бағдарламасын алгебрада қолдану»

3-сурет «dDesmos бағдарламасын алгебрада қолдану»

e) Microsoft Mathematics: Бұл бағдарлама оқушыларға алгебра, геометрия, тригонометрия, статистика сияқты салалар бойынша есептеулер жасауға көмектеседі. Ол сондай-ақ, 3D графиктерді сызу құралын ұсынады.

f) MyScript Calculator: Бұл қолмен жазу арқылы есептеулер жасауға мүмкіндік беретін мобильді қосымша. Пайдаланушылар қолмен жазған есептерін енгізеді, ал қосымша оларды автоматты түрде талдап, нәтижелерді шығарады.

g) Photomath: Бұл смартфон қосымшасы камера арқылы математикалық есептерді танып, оларды шешуге көмектеседі. Ол сондай-ақ, қадамдар бойынша жіктелген шешімдер мен түсіндірмелерді ұсынады.

h) Mathway: Бұл қосымша математика, алгебра, геометрия, тригонометрия және басқа да салалар бойынша күрделі есептерді шешуге көмектеседі.

Бұл бағдарламалар мектеп оқушылары мен мұғалімдерге математиканы түсінуге, жаңа дағдыларды меңгеруге және математикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Олардың көпшілігі жеке оқуға және сыныптағы оқытуға бейімделген, және әр түрлі қолданушылардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сай келетін функционалдылыққа ие. Осы бағдарламаларды қолдану арқылы оқушылар математикалық ұғымдарды тереңірек түсінеді және практикалық дағдыларды жақсартады, бұл олардың математикалық сауаттылығын арттырады.

Графикалық көмекші құралдар математикалық концепцияларды визуализациялауға көмектеседі. Мысалы:

1) Графикалық калькуляторлар: Бұл калькуляторлар көп функциялы болып келеді және олар математикалық функциялардың графиктерін салуға, көптеген математикалық есептерді шешуге және статистикалық деректерді өңдеуге қабілетті.

2) Компьютерлік бағдарламалар мен қосымшалар: *Mathematica, MATLAB, GeoGebra, Desmos* сияқты бағдарламалар математикалық концепцияларды зерттеу үшін күшті құралдар болып табылады. Олар функциялардың графиктерін, геометриялық фигураларды және көптеген басқа математикалық объектілерді визуализациялауға мүмкіндік береді.

3) Онлайн ресурстар: Интернетте көптеген онлайн графикалық калькуляторлар және интерактивті оқыту құралдары бар, олар математикалық концепцияларды түсіндіруге көмектеседі.

4) Интерактивті тақта бағдарламалары: Мектептерде жиі қолданылатын бұл бағдарламалар математикалық ұғымдарды түсіндіруде және талқылауда өте пайдалы. Мысалы, *SmartBoard* немесе *Promethean* тақталарында қолданылатын бағдарламалар математикалық түсініктерді визуализациялауға мүмкіндік береді.

5) Виртуалды және аралас шынайылық құралдары: VR (виртуалды шынайылық) және AR (аралас шынайылық) технологиялары математикалық үлгілерді және концепцияларды үшөлшемді кеңістікте көрсету арқылы оқушыларға күрделі идеяларды түсінуге көмектеседі (4-сурет).



4-Сурет «Виртуалды шынайылық»

6) Электронды оқу құралдары: *Khan Academy, Coursera, EdX* сияқты онлайн платформалар математикалық тақырыптарды оқытуға арналған көптеген курс және ресурстарды ұсынады. Олар визуализациялар мен интерактивті тапсырмалар арқылы оқу материалын түсінікті етеді.

7) Өзара әрекеттесуші жаттығулар: Бағдарламалау орталарында жасалған, мысалы *Python* немесе *JavaScript* кітапханаларын пайдаланып жасалған интерактивті жаттығулар, оқушыларға математикалық концепцияларды тәжірибе арқылы түсінуге көмектеседі. Мысалы, *Jupyter Notebook* сияқты орталарда оқушылар математикалық есептерді шешіп, нәтижелерін тікелей көре алады.

8) Деректер визуализациясы құралдары: *Tableau, PowerBI* сияқты құралдар күрделі деректер жиынтықтарын түсінікті және көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл құралдар статистика және деректер аналитикасында өте пайдалы.

Бұл құралдардың көпшілігі математикалық ұғымдарды тереңірек түсінуге, талдау жасауға және математикалық ойлауды дамытуға көмектеседі. Олардың көмегімен оқушылар мен мамандар теорияны практикамен ұштастыра алады.

Ойынға негізделген оқыту. Математикалық ойындар және қосымшалар оқушылардың есеп шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі және олардың қызығушылығын арттырады. Математикалық ойындар әртүрлі дағдылар мен логикалық ойлауды дамытуда пайдалы болып табылады. Кейбір танымал математикалық ойындардың түрлері:

- Судоку: Бұл ойын торды сандармен толтыруға негізделген, мұнда әрбір қатарда, бағанда және кішігірім квадратта 1-ден 9-ға дейінгі сандар бір рет қана кездесуі керек.
- КенКен немесе Какуро: Бұл Судоку сияқты ойындар, бірақ оларда арифметикалық жұмбақтар қосылған.
- Шашки немесе Шахмат: Бұл стратегиялық ойындар математикалық ойлауға, алдын ала жоспарлауға және проблемаларды шешуге көмектеседі.
- Рубик Кубигі: Бұл ойын логикалық ойлау және кеңістіктік қабілетті дамытады.
- Тетрис: Бұл ойын кеңістіктік қабілетті және жылдам шешім қабылдау дағдыларын дамытады.
- Математикалық Билер: Бұл сияқты ойындар арифметикалық дағдыларды жаттықтырады және шапшаң есептеуге көмектеседі.
- Логикалық Жұмбақтар: Бұл жұмбақтар логикалық ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамытады.
- Сет: Бұл карталық ойын қатысушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін, назарын және шапшаң ойлау дағдыларын дамытады.

Осы аталған бағдарламалармен қатар математиканы оқытуда әлеуметтік медиа және блогтардың да рөлі бар. YouTube, электрондық оқу блогтарындағы түсіндірмелі видеолар мен мақалалар оқушыларға күрделі тақырыптарды түсінуге көмектеседі.

Математика саласында цифрлық технологияларды енгізудің пайдасы туралы мәселе ертеден бар және зерттелген болып табылады. Мысалы, Хейд (1997) цифрлық технологияларды қосудың негізгі принциптері мен мәселелеріне шолу жасап, олардың әртүрлі түрлері мен педагогикалық мүмкіндіктерін сипаттайды [1]. Буррилл (2002) қолданыстағы графикалық технологияларды қолдану тәжірибесінің 43 зерттеуін шолып, осы құралдардың студенттерге математикалық түсініктерді тереңірек меңгеруге көмектесетінін айтады [2], дегенмен бұл тұжырым статистикалық тұрғыдан анықталмаған. Эллингтон (2003, 2006) графикалық калькуляторлардың 54 зерттеуіне шолу жасап, бұл құралдардың студенттердің есептеу және мәселелерді шешу дағдыларын жақсартуын көрсетеді [3], әсіресе олардың әсері шектеулі болғанда. Лагранж, Артиг, Лаборде және Труш (2003) математикалық білім беруде 662 технологиялық зерттеуді қамтитын кешенді құрылымды дамытты [4], бірақ оқу нәтижелеріне толық шолу жасамады. Кулик (2003) 16 зерттеудегі математикалық интеграцияланған оқу жүйелерінің әсерін орташа d = 0,38 деп бағалайды. Свела (2019) планшеттерді математикалық білім беруде қолдану туралы шолуда мұғалімдердің планшеттік технологияларды және негізделген педагогикалық әдістерді қолданудағы қиындықтарын атап өтеді. Драйверс (2013) математикалық білім беруде технологияларды қосудың үш маңызды факторын анықтайды: технологияны дамыту, оқу қызметі және тапсырмалар; мұғалімнің рөлі; және білім беру контексті. Николас (2013) студенттердің технологияны оқу үшін жеке қолдана алмайтынын айтады. Динарски және басқалары (2007) және Кампузано, Динарски, Агодини және Ралл (2009) 9-сынып алгебра курстарындағы цифрлық құралдардың әсерінің статистикалық маңызы жоқ екенін көрсетеді. Токбах (2008) компьютерлік алгебра жүйелерін пайдалану үшін орташа d = 0,38 болатын маңызды оң әсерлерді табады. Қорытындылай келе, бұл зерттеулер математикалық білім берудегі цифрлық құралдарды қолданудың аралас нәтижелерін және әртүрлі деңгейдегі статистикалық дәлелдемелерін көрсетеді.

Қорытындылай келе, математиканы оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану арқылы білім сапасын дамыту - заман талабы. Бұл әдістер оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, олардың білімге деген ынтасын арттырады. Болашақта, бұл әдістердің әрі қарай дамытылуы және кеңінен қолданылуы білім берудің сапасын жоғарылататын болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. M. Kathleen Heid «Using the graphing calculator inthe classroom: helping studentssolve the "unsolvable"» 1997
2. Gail Burrill «Handheld Graphing Technology in Secondary Mathematics: Research Findings and Implications for Classroom Practice» 2022
3. Ellington «The Effects of Non-CAS Graphing Calculators on Student Achievement and Attitude Levels in Mathematics: A Meta-Analysis» 2006
4. Jean-Baptiste Lagrange, Michèle Artigue, Colette Laborde & Luc Trouche «Technology and Mathematics Education: A Multidimensional Study of the Evolution of Research and Innovation»

ЗАМАНАУИ АУДИОВИЗУАЛДЫ КОНТЕНТТІҢ МӘНІН БАЙЫТУДЫҢ МӘСЛЕЛЕЛЕРІ

Пшенаева Эльмира Болатханқызы,
«8D02184 – Кино и ТВ режиссурасы» мамандығының 2-курс докторанты
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Ренат Косай Қадырұлы,
«Дыбыс режиссурасы және операторлық өнер» кафедрасының доценті
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Ахметжанова Айнур Муратқызы
магистр режиссурасы, аға оқытушысы,
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Аңдатпа. Қазір XXI ғасыр – ақпарат пен ақпараттық технологияның шарықтап дамыған кезеңі. Бүгінде біздің қоғамда ақсап тұрған мәселе - ақпарат пен ақпараттық технологиялар. Біз өмір сүріп жатқан қоғамда жақсылықтар баршылық.

Тірек сөздер: Аудио мен визуальды контенттері, қазақ телевизиясы, Теледидар, Интернет телевидение, коммуникация.

Сейчас XXI век-период бурного развития информации и информационных технологий. Сегодня в нашем обществе проблема хромает-информация и информационной технологии. В обществе, в котором мы живем, есть много хорошого.

Ключевые слова: Аудио и визуальный контент, казахское телевидение, телевидение, Интернет телевидение, коммуникации,

Now the XXI century is a time of rapid development of information and Information Technology. The problem that is limping in our society today is information and Information Technology. There are good things in the society in which we live.

Key words: audio and visual content, Kazakh television, television, internet television, communication№

Бүгінгі күні әлемдік ақпарат ағыны аудиовизуалды контентсіз елестету мүмкін емес. Аудиовизуалды контент заманауи мәдениетті қалыптастырып отыр десек, артық айтқандық емес. Ерекше аудиовизуалды контенттің тілі экрандық өнердің негізгі кілті, сонымен қатар видео технологияның басты құралы болып саналады. Аудиовизуалды контент арқылы бүгінгі таңда ақпарат беруші тыңдарманның санасына мәлімет құю арқылы өзінің ырқына жығып отырғаны айдан анық. Аудиовизуалды тіл екіге бөлінеді. Біріншісі, қазіргі тілмен айтқанда,

ертеден келе жатқан халық ауыз әдебиеті, ән-жыр, театр болып табылады. Ал, екіншісіне бейнелеу өнері мен кино жатады.

Жаңа технологиялар контенттерді біріктірудің жолдарын іздеп, аудиовизуалды болмыстың тілін қалыптастырды. Яғни, жаңа заманның артықшылығы арнайы ортаны таңдамайды. Мейлі, ол теледидар, интернет не болмаса әлеуметтік желілер болсын. Әр аудиовизуалды ақпараттың деңгейіне байланысты өз тыңдарманының сұранысын қанағаттандырып отырады.

Аудиовизуалды контенттердің көру тәсілдері маңызды рөл атқармайды. Бастысы, контент және оның мағынасы, сондай-ақ, аудиовизуалды шығарманың мінез-құлқы. Медиа орталық контентті тұтынушыға жеткізудің жай ғана бір жолы. Осы ақпаратты берушінің білімділігі және өткірлігі тұтынушының ойын өзгерте алуға деген қабілеті оның кәсіпқойлығына байланысты болмақ. Аудиовизуалды ақпарат жеткізу мүмкіндіктері күннен күнге дамып келеді. Бұл жерде ерекше өзекті мәнге ие болатын нәрсе, оның уақыт кеңістігімен дәлме-дәл ұштасуымен қабысып жатыр.

Біз кез келген контентті қарап отырып, автордың бізге не айтқысы келетінін және оның ақиқатқа сәйкес пе, жоқ жалған мәлімет беру арқылы санамызды терістеуге арналған ақпарат па, аңғара алуымыз маңызды. Немесе өзіміз контент жасау барысында оның тыңдарманға қалай әсер ететінін біліп отыруымыз керек. Өйткені, кез келген қате жасалған жұмыс үлкен қателікке апарып соқтыруы әбден мүмкін.

Осы орайда, аудиовизуалды контенттің мән-мағынасы оның дұрыс жасалуы, орнықты қалыптасуы үлкен маңызға ие. Әр дүниенің дұрыс және бұрыс болатыны тәрізді, үнемі контент ақпараты сарапқа салынып отыруы тиіс.

Заманауи контенттік өнім әлбетте рейтингте көш бастауы қажет. Сонымен қатар, коммерциялық табысты бола алуды да керек. О.Р.Лащук айтуы бойынша, жанр – форматты анықтайтын негізгі элемент болып табылады. Бұл контентті құраушы және оны ерекшелеуші құрал және оған қоса, оны оңтайлы ұсынудың үлгісі болмақ. Осылай ақпараттық құрылымы форматтың талабына сай болады. Бұл жағдайда Е.Л. Вартанова инновациямен ғұмыры ұзақ формалардың ортасында баланс ұстауға шақырады. Сонымен бірге жаңашылдыққа да ұмтылып отырғанды жөн деп біледі. Яғни, осы екеуінің біреуі дұрыс емес болса, не тыңдарманды жоғалтады, не болмаса тыңдарманды дүбараға айналдырады, - деп баға берген. Телезерттеуші Марат Барманқұлов жанрлар эволюциясын біріншіден, уақыт межесімен, екіншіден, бейнелеуші құралдармен, үшіншіден, жанрдың атқаратын функциясымен байланыстыра қарастыру керек деген байлам жасайды. [2]

Біздің пайымдауымызша, аудиовизуалды контент құрауда екі жолды естен шығармаған абзал. Ол технологиялық және қалыптастырушы жол болып саналады.

Енді «жанр» терминінің түсінігіне назар аударсақ. Заманауи жанрлық құрылым екі категорияға бөлінеді.

1. Ақпараттық-талдамалы (сюжет, репортаж, есеп, шығарылым, интервью, комментарий, пікір-талас, корреспонденция, шолу, ток-шоу, баспасөз жиыны).
2. Көркем-публицистикалық (суреттеу, очерк, эссе, фельетон, памфлет).

Ғалымдар жанрды үш катергорияға бөледі:

1. Ақпараттық
2. Талдамалы
3. Көркем-публицистикалық.

Ақпараттық жанрға: жаңалық, репортаж, кадрдағы мәтін, интервью, репортаж жатса, публицистикалық талдамалыға шынайы хабар, ток-шоу, деректі фильмді алып қарастырсақ. Үшіншіге ойын-сауықтық бағдарламалар, реалитишоу, сериалдар, көркем фильмдер енеді.

Бұл күндері кейбір медиа гиганттар өздерінің арнайы жанрлық жүйесін қалыптастырып алған. Мәселен, жаңалықты бөліп қарастырады. Сондай-ақ, саяси әлеуметтік бағдарламаларды көп ұсынады. Осы арқылы бір қалыпты ұстап отыруға негізгі идеологияны жүргізуге мүмкіндік алады.

Адамзаттың феноменологиялық медиа саласын дамытуда әртүрлі жанрдағы хабарларды ұсынады. Мысалы, кей арналар, немесе сайттар өздерінің контенттерін төмендегідей жанрлар арқылы қалыптастырып отыр:

1. Деректі бағдарламалар
2. Танымдық бағдарламалар
3. Балалар бағдарламасы
4. Телехикаялар
5. Ойын-сауықтық бағдарламалар
6. Музыкалық
7. Кино
8. Спорттық хабарлар

Бүгінгі таңда жанрлар күрделенумен қатар, соның нәтижесінде бір- бірімен араласып, түсініксіздеу дәрежеде болып тұр. Аудиовизуалды жанрлардың классикалық моделінде осы күні біздің ойымызша тұрақтылықты сақтап келе жатқаны, сонымен бірге өзінің өзектілігін жоғалтпағаны ақпараттық топқа тән қасиет болып тұр. Олар репортаж, интервью және сюжет. Талдамалы жанрға арнайы репортаж, талдамалы интервью. Соңғы көркем-публицистикалық жанрға суреттеу мен очерк, оның ішінде портреттік және танымдық очерк жатады.

Медиа саласы әдебиеттен бастау алған жанрды қалыптастырып отыр. Келе-келе бұл жүйе аудиовизуалды шығармаға айналды. Киноматограф жалпы өнертану мен театрдың жанрлық жүйесін жалғай түсті. Бұл орайда, аудио визуалды деректілік екі жанрдың қосындысынан пайда болды десек, орынды айтқандық болар. Яғни, киноматографтық және әдеби.

Қазіргі уақытта телевидение, радио, интернет журналистика белгілі бір мезетте ғана хабар таратуы өз құндылығын жоғалтып отыр. Аудиовизуалды образдық олардың қоғаммен байланысын қамтамасыз етіп, бір құрылымнан екінші құрылымға ақпарат жеткізуін жеңілдетті. Сонымен қатар, арнайы үгіт-насихат үшін таптырмайтын құрал болып қалыптасты. Дәстүрлі БАҚ-пен күресте интернет жеңіске жетіп отыр. Өйткені интернетті алғашқы кезде өсек - аяң ортасы деп қабылдайтын телеарналар, радио, газеттер еріксіз жеке сайттар ашуға бел буды. Тіпті арнайы веб редакциялар ұстап отырғандары да аян. [4]

Француз ақыны Шарль Бодлер: «данышпан деп стереотип қалыптастыра алған жанды атау керек» деген екен.

Енді біздің міндетіміз мағынасы заманға сай, кісі қызығарлық контен жасау. Сол жолда жүргендер болғаны осы деп қарамау керек. Біз жоғарыда контенттің ұрпақ санасына қаншалықты әсер ететінін сөз еттік, ендеше сапалы, мазмұнды контент құраудың ауыртпалығы болашақты ойлаған адамдардың жұмысы болмақ.

Заманауи аудиовизуалды контенттің мәнін байыту мәселесінде қазір жиі тыңдалатын пайдалы подкасты қосуға болады. Бүгінде жиі еститін подкаст - медиаөнімнің (тв, радио, баспа сынды) бір түрі. Сапалы контенттің артуы, қалаған адамға подкаст жасауға мүмкіндік беру, қалаған жерде қалаған уақытта тыңдау мүмкіндігі. Подкаст өзінің даму тарихын әлемде 2001 жылдан бастағанымен, подкастинг саласы Қазақстанда араға 15–16 жыл салып таныла бастады. Әйтсе де подкаст дегеніміз не және оның радиохабардан қандай айырмашылығы бар екенін жастар ажыратып үлгерді. Қазір ғаламторды ашсаңыз, қазақша подкаст көптеп шыға келеді. Бұл - қуантарлық жағдай. Ал, оның мазмұны мен рухани деңгейіне зер салып, соған акцент жасауымыз керек. Аудиоформат түріндегі өнімдерді қалың аудиторияға өте жылдам таралады, тез өтеді. Подкаст – RSS арқылы тарайтын аудио форматындағы жазба. Оны тікелей онлайн, алдымен жүктеп алып, кез келген ыңғайлы уақытта арнайы платформалар арқылы тыңдауға болады. Әдетте подкаст тақырыптары да, форматтары да алуан түрлі болып келеді. Енді осыны заманауи аудиовизуалды контенттің мәнін байыту мәселесі ретінде алып, ұлттық колоритке сіңіруіміз шарт. Подкастинг сегментіндегі авторлардың бірқатары бүгінде қазақ тіліндегі өнімдердің дамуы қуантады деп отыр. Аудитория кеңейген сайын өнім сапасына да жаңа талаптар қойылып, бәсекелестік артуда. Қазақша подкаст тақырыптары да біртіндеп өзгере бастаған, мысалы, бұған дейін қалың көпшілік арасында аса талқыға шыға бермейтін жыныстық сауат, психологиялық талдау, сол сияқты заманға сай бала тәрбиесі, эко-өмір

салты, шетелде білім алу сынды өзге де тақырыптар өміршеңдігін көрсете алған. Сонымен қатар, заманауи аудио визуалды контент жасауда қаржы көзінің бар болғандығы іспетті, подкастта да қаражат табу, тез ақша жасау мүмкіндігі мол. Әлемде подкаст өнімін монетизациялауда – patreon, яғни контент өндіруші авторға асар жасап, қаржылық тұрғыдан қолдау көрсету дегендей краудфандинг әдісінің өзіндік түрі кең тараған. Patreon қаражатын жоба авторы өз өнімінің техникалық жағдайын жақсартуға, дизайн мен музыканың сапасын арттыруға, SMM жүргізуге жұмсай алады. Қазақстанда patreon әдісі орыс тілді подкастерлер арасында жақсы дамыған. Қазақша подкастинг авторлары әдетте үкіметтік емес ұйымдардың гранттарына көбірек жүгінеді. Бірақ бұл арадағы басты тәуекел – грант мерзімі аяқталған соң, подкаст жұмысы да тоқтап қалуы әбден мүмкін. Содан да болар, отандық подкастерлердің бірқатары подкаст жасау бойынша ақылы курстар мен тренингтер өткізіп, өз тәжірибесінен қаражат табуға ден қойған. Кей подкастерлер серіктестік негіздегі подкаст жобаларды жүзеге асыруға мән беруде. Бір сөзбен айтсақ, заманауи аудио визуалды контенттің мәнін байытудағы мәселенің біріне подкасты қоса аламыз.

Мазмұны бай контент ол адамның, мемлекеттің, жалпы халықтың игілігіне жұмыс жасайды. Мәселені балаларға арналған конттентерден бастау керек, бұл жағы бізде әлі ақсап тұр. Ең басты байытуға, мән беруге тісті аудиовизуалды контен осы болуға тиіс.

Үйді керегесінен бастап салуға болмайтынындай, басқа дүниені де ортасынан бастап нәтижеге жете алмаймыз. Сондықтан, балалар контенті басты орында. Өйткені, бүгінгі бала – ертеңгі түрлі саладағы мемлекеттің қызметкері.

«Тәрбие тал бесіктен басталады» деген бұрынғылардың сөзі осы балалар контентіне келгенде де өзектілігі жойған жоқ. Тұзу шығар ағашты, шыбық кезінде күзеп, құрт құмырсқаға арналған дәрісін сеуіп отырып, баптап өсіреді.

Қазіргі уақытта интернеттен балаларға арналған контент табу қиын, осы жағы басты назарда болу керек. Сонда біздің заманауи аудио визуалды контенттің мәні белгілі бір дәрежеде байыту мүмкіндігін жасай аламыз.

Қорыта айтқанда, контентің мәнін байыту, ол бір мемлектеттің тағдыры десек болады. елдің ертеңі жастардың қолында**.**

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құдайберген Тұрсын «Көгілдір экран әлемі» 287, 63 б
2. Федоров А.В., Новикова А.А. Медиа и медиаобразование // Alma Mater: Вестник высшей школы.- А., 2001,-№11,- 254, 45 б.
3. Засурский Я.Н.Информационная безопасность: развитие доступа к информации // Вестник Московского унивирситета.- М.,1998. - №1. 128, 56 б .
4. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТӘЖІРИБЕСІ 2003, 128, 23 б.
5. Тұрсын Қ, Нұсқабайұлы Ж. Телидидар сөздігі - тележурналист анықтамалығы. Оку құралы. Алматы. Білім; 2003. – 147, 28 б.
6. Омашев Н. Журналистканың жаңа стилі // Ақиқат. №9. 1997. 85-88 бет.
7. Тұрсын. Қ. Сөз сиқыры. Алматы: Қазақ университеті, 1998. 112 бет.
8. Ықсан А. Қазақ теледидардың үні неге құмығыңқы? // Қазақ әдебиеті. 2001. 24 тамыз. 4 бет.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ УАҚЫТ ФИЛОСОФИЯСЫ

Шканова Б.Ә.,
филология ғылымының кандидаты, профессор,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті.
Магауова А.Т.,
аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті

Аннотация: Мақалада қазақ халқының ұлы ойшыл ақыны Абай Құнанбаевтың шығармаларындағы «толық адам» мәселесі және оған қол жеткізуде уақыт құндылықтарын дұрыс пайдалана білу туралы философиялық ой-толғамдарына талдау жасалған.

Түйін сөздер: «толық адам» түсінігі, ғақлиат – қарасөздер, философиялық лирика, ғибрат сөздер, рухани өнеге.

В статье проанализированы философские размышления о проблеме «всесторонного человека» и правильном использовании времени в ходе его достижения, также умение считаться с особенностями времени в произведениях казахского акына-мыслителя Абая Кунанбаева.

Ключевые слова: понятие «всесторонний человек», слова-назидания, философская лирика, поучительные речи, духовные ценности.

Abstract: The article analyzes philosophical reflections on the problem of a “comprehensive person” and the proper use of time in achieving it, as well as the ability to consider the peculiarities of time in the writings of the Kazakh poet-thinker Abai Kunanbayev.

Key words: the concept of “comprehensive person”, enlightening phrases, inspirational lyrics, educational speeches, spiritual values.

Абай – қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі.
М.Әуезов

Абай – мұрасы адамзаттың асыл қазынасы. Абай - тұтас әлем, оның аспаны биік, көкжиегі кең, тереңі тұңғиық, ұшы-қиырына көз жетпейтін ғаламат дүние. Адамдар оны ғұмыр бойына игере алмай келе жатқан қазына, әлі де сан ұрпақтың еншісіне тиесілі, әр қырынан жарқырай берер, жайыла берер киелі арна.

Абай шығармалары – адамгершіліктің, имандылықтың, биік парасаттың сыр сандығы. Ол - өлең құдіреті, сөз мәйегі, ғылым, пәлсапа, тарих, этнография, ұстаздық өнеге, психология, ән, инабат өлшемі тәрізді адам баласының рухани өмірінің барлық салаларына мол үлес қосуымен кемеңгер ойшылдық дәрежеге көтерілген тұлға.

1909 жылы Кәкітай Ысқақұлының жинауымен Петербургтегі Ілияс Бораганскийдің баспаханасынан жарық көрген жинағы арқылы Абайдың 164 өлеңі (8000-дай өлең жолы), 45 қара сөзі, 3 дастаны («Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі»), 64 аудармасы бізге баға жетпес мұра боп жетіп отыр. Сонымен қатар Абай - өнерпаз, сазгер. Оның 28 әні (70 нұсқада айтылады) , 3 күйі де («Торы жорға», «Май түні», «Абайдың желдірмесі») оқырманға танымал. Саясаттың кедергісімен қалың жұртшылыққа жетпеген өлеңдері мен танымал айтулы өлеңдерінің көптеген шумақтары кейінгі кезде жарияланып жатыр. Сондай-ақ «Ақ толқын» атты күйін де жақында «Хабар» арнасынан өнер зерттеушілерінің ауыздарынан естіп қалдық.

Данышпан ақынның философиялық ой-толғамдарын, поэзия, проза әлеміне әкелген жаңа стилін, өзіне дейін болмаған жаңа тақырыптарын, сөз мағыналарын сан қырынан ашып, терең

қолдану шеберлігін пайымдап түсіну, түйсіну - оқырман санасын көкке қалықтатар ғаламат дүние. Ұлы ғұлама шығармаларын терең зерделей оқуда негізгі ұстанар бағытымыз – осы арналар болса керек-ті.

Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың:

«Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,

Жаттап тоқы көңілге», - деген сөзі Абайдың ұлылығын, оның шығармаларының көркемдігін тану үшін бір оқып шығу аз, оның мазмұнына бойлап, қайталап оқып, таңырқана таңдану керектігін нұсқайды. Оның күпия кілті, ой сыры қайталап оқығанда ғана ашыла берер сан қабатты қасиетті қазына.

Ұлы ойшылдың көтерген басты мәселелерінің бірі – адамды жас кезінен бастап оқып, білім алуға және өнер үйренуге үндеуі, нәтижесінде, рухани жан-жақты дамыған, толық адам болу дәрежесіне жету проблемасы. Ол жеке тұлғаның рухани биік дәрежеге көтерілу сатыларын өлеңдерінде де, қара сөздерінде де үнемі атап көрсетіп отырады. Мысалы:

Әуелде бір суық мұз – **ақыл** зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық **жүрек**.
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,-
Бұл **қайраттан** шығады, білсең керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда **толық** боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек, -

дей келіп, адамның басты қасиеттері - ақыл, қайрат, жүректің – әрқашан да ғылыммен байланыста ғана толық болатындығын уағыздайды.

Ұлы ойшыл:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, ойы орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,-

немесе

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ,- деп,

өзінің негізгі арманы – толық адам тәрбиесін – адамның еңбекқор, білімді, достыққа адал болуын , жалқау, мақтаншақ даңғаза болмауын өз шығармаларында да, сонымен бірге, аудармаларында да басты нысанаға алып отырады. «Қалың елі қазағына», үміт артар жастарға үлгі болсын деген шығармаларды ғана аударып жеткізді, білімді дарытуды, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жирендіруді» көздеді.

Ақынның басты идеясының бірі, шығармаларына алтын арқау болып отыратын дүние – уақыт философиясы. «Көзі ашық, көкірегі ояу» толық адам болу үшін оқырманына

уақыттың маңызын, оны дұрыс пайдалана білуін және оның өтпелілігін ұғындыруға күш салды.

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» өлеңінде:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы бос қақпай елең-селең, -

дей отырып, адам өміріндегі өлеңнің ролімен қатар, уақыттың да соншалықты қымбат екендігін, оны босқа өткізбеуіне кеңес береді.

Ақын өнер-білім мәселесіне келгенде, «Ғылым таппай, мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» сияқты көптеген өлеңдерінде білім алып, өнер үйренуді жас кезден бастау керектігін айтады. Мысалы, «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңінде ақыл берер ғұламалардың... «Сөзін оқы және ойла, Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта – көңіл гүл»,- деп, өнер, білім алып, оны ойына, бойына сіңіру үшін жас кезеңнің маңызды екендігін атап көрсетеді. Немесе,

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім,
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?- деп,

өзінің орны толмас өкінішінің кейінгіге сабақ болуын қалайды.

Адам өміріндегі маңызды кезең - жар таңдау мәселесіне келгенде, жастарға:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма.
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар , ұяты бар
Ата-ананың қызынан қапы қалма,- деп, кеңес береді.

«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде:

«... Кәрі жас дәурені өзге тату емес, Епке көнер ет жүрек сату емес», « Біреуі - көк балдырған, бірі - қурай, Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз?»,- малына сатып қыз алған шалды аяусыз сынға алады. «Екі көңіл арасы - жылшылық жер, оны қайтіп қосады ол ант атқан?»,- деп, ақын уақыттың құдіретін, уақытпен санаса білуді ескертеді.

Ұлы Абайдың әдеби-философиялық мұрасында «Ғақлиат» атанған Қарасөздері - өз алдына бір байтақ әлем. Ол қарасөздерінде де уақыттың маңызын, құндылығын үнемі ескертіп отырады.

Жетінші қарасөзінде:

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақүй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демектік... «ол немене?», «бұл немене?»...,-деп, ... бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. ...Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық...», -деп, «қайран жұртының» дүние-мал жинаудан аса алмай қалатындығына күйінеді, әз ғұмырын өнер-білімге арнамайтындығын, ойшылдыққа талпынбайтындығын сынайды.

Он тоғызыншы қарасөзінде:

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады»,- дей отырып, адамның есті, білікті, білімді болуы үшін, оның өмір бойы ізденісте болуын, үйрену үшін уақыт шексіздігін ескертеді.

Сонымен қатар, Төртінші қарасөзінде: «Адам баласы жылап туады,кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», - деп, адам баласына қас-қағым ғұмырын бос өткізбей, еңбекпен, пайдалы іспен айналысып, бір-бірімен «кемді күнді» ауызбіршілікте «тату» өткізуге кеңес береді.

Ақынның қарасөздері хақында сөз еткенде, қазақ әдебиетіне әкелген стильдік жаңалығын айта кетуді жөн көрдік. Қарасөздері - қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған ерекше жанр. Қарасөздері арқылы халықтың салт-дәстүрі, тарихы, философиясы мен педагогикасынан мол мәлімет бере отырып, өз ой-толғамдарын да ортаға салады. Сондай-ақ тағы бір ерекшелігі автор қарасөздерді оқып отырған адам алдында отырғандай етіп баяндайды, оқырманды әңгімелесушіге айналдырады. Әдеби бұл шеберлік оқырманды өзіне баурап, мәтінді асқан қызығушылықпен қабылдауына мүмкіндік береді.

Ақынның уақыттың маңызын, өтпелілігін терең талдай жазған философиялық лирика жанрына жататын өлеңі - «Сағаттың шықылдағы емес ермек».

Адамның өмірі жайлы жазылған бұл өлеңінде Абай сағатты, оның шықылдағанын өмірдің тоқтаусыз, толассыз өтіп жатқанын білдіретін уақыт өлшеуші қақында қолданады.

«Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмишә өмір өтпек ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.
... Күн жиылып ай болды, он екі ай жыл,
Жыл жиылып, қартайып қылғаны бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл», - деп,

өлеңдегі минут, сағат, күн, ай, жыл қандай өлшемдермен өлшенсе де, уақыт үнемі ілгері жылжи беретіндігін, оның үздіксіз зымырап өтіп жатуы заманның бірқалыпта тұрмайтынын, өзгеріп отыратынын, өткен өмірдің қайтып келмейтінін танытады.

Өлеңдегі «һәмишә» сөзі - парсы тілінде: ылғи, үнемі, әрқашандеген түсінік береді. /Абай Энциклопедиясы, 641-бет/.

Мәңгілік тұрғысынан алғанда, бір адамның өмірі – бір минут, қас қағым уақыт қана екендігін, сол қысқа өмірді түкке тұрғысыз ұсақ қулық, «алты бақан алауыздыққа», өнбес дауға шығындамай, ақылмен ойлап, баянды, көңіл толарлық іспен айналысуға арнауға үгіттейді. Мына өтпелі жалған дүниеде абыройлы іс қылуға «жалғаны жоқ тәңірден» - Алладан – медет сұрайды. Осынау ізсіз, баянсыз уақыт кеңістігін қайырлы ететін артыңа, ұрпағыңа қалдырар адал еңбек пен үлгі-өнеге екендігін насихаттайды.

Қорыта келе айтарымыз, «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп ақын өзі жырлағанындай, оның мұралары уақыт кеңістігінде маңызын жоймай, ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін бүкіл адамзаттық қазына. Ақын шығармаларының

аса бір құнды ерекшелігі – өзі өмір сүрген кезеңмен, сол кездегі тарихи оқиғалармен шектелмейді, олар бүкіл адамзат өмірімен, кешемен, бүгінмен, ертеңмен астасып жатуында. Қай кезең ұрпағына да мол рухани бағдар, үлгі, өнеге.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға, -

деген ақынның ғибрат сөздері күні бүгін де бізбен сырласып, бағыт беріп, жөн сілтеп отырғандай.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай (толық шығармалар жинағы) 1,2-том, Алматы, 1999.
2. М.Әуезов Қазақтың бас ақыны (ғылыми мақала), Алматы, 1999.
3. Абай Энциклопедиясы, Алматы, «Атамұра», 1995.
4. Қ.Бітібаева Абай шығармаларын оқыту, Алматы, 2004.
5. Б.Шканова Әдебиеттану және әдістеме мәселелері, Орал, 2011.

ЖАСӨСПІРІМДІК ЖАСТАҒЫ АГРЕССИЯ

Тусупова Мейрамгуль Максутовна,
Психология магистрі, аға оқытушы
Қарағанды Букетов университеті «Психология» кафедрасы

Аннотация: Мақалада жас ерекшелікке байланысты байқалатын агрессия түрлерінің зерттеуі қарастырылады. Зерттеу әдісі ретінде Басса-Дарктің «Жасөспірімдердің агрессиялық деңгейін диагностикалау» сауалнамасы алынды.

Түйін сөздер: агрессия, агрессивтілік, жасөспірім, вербальді, негатив

В статье рассматривается исследование типов агрессии, наблюдаемых в зависимости от возраста. В качестве метода исследования был взят опросник Басса-Дарка «диагностика уровня подростковой агрессии».

The article examines the study of the types of aggression observed depending on age. The Bass-Dark questionnaire "Diagnosis of the level of adolescent aggression" was used as a research method.

Қазіргі кездегі бала агрессиясы біздің өмір жағдайымыздың бүгінгі өзекті мәселесі, ол нақты психологиялық ерекшеліктерді қозғайды, ол баланы қоршаған адамдарға ғана тиесілі болмай (ата-аналары, тәрбиешілер, мұғалімдер, құрбылары), баланың өзіне және қоршаған ортамен қарым- қатынасында елеулі қиыншылықтар тудырады. Агрессия бала дамуында сәтсіздіктерге әкеліп соқтырады.

Психолог А.А. Реан "агрессия" және "агрессивтілік" деген екі ұғымның бір-біріне ұқсамайтын бөлек мағына деп қарастырады. Агрессия - бұл бөгде адамға болмаса, адамдар мен жануарлар тобына ниеттеліп тура бағышталған қиянат [1, 25].

Агрессивтілілік – бұл жеке тұлғалық қасиет мінез-құлық, агрессияға дайындық көрінісі. Осылай түсіндіре келе, мұны былай тұжырымдауға болады. Егер агрессия – бұл әрекет болса, ал агрессивтілік осындай әрекетке дайындық.

Адамдағы агрессия мәселесі қазіргі біздің қоғам үшін ең маңызды мәселелердің бірі. Қоғамдағы болып жатқан террор жәбірлеудің өсуі сияқты әлеуметтік-қауіпті құбылыстардың қатты белең алуына байланысты агрессия сұрағы зерттеудің негізгі объектісі болып отыр.

Психологияда вербальды және физикалық агрессияны бөліп қарастырады, олардың әрқайсысының тікелей және жанама түрі бар [2, 147].

Американдық психологтар Р.Симмонс пен Розенберг 12-14 жас аралығы мен 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің өзіндік «мендік» бейнелерін салыстырды. Бұл жерде 12-14 жас аралығындағы топ өзіндік сананың қалыптасуында ерекше орын алады. Бұларда өзін-өзі бақылау, эгоцентризм күшейе түседі. «Мен» бейнесінің тұрақтылығы азаяды, өзін-өзі сынауы сәл ғана төмендейді және кейбір қасиеттерді өзінше бақылауы көп мөлшерде өзгереді. Сонымен бірге жасөспірімдер көбінесе ата-аналары, мұғалімдері, құрбылары өзі туралы нашар пікірде деп ойлаған [3, 261].

Кейбір психологтар, мысалы Лазарус агрессияның негізгі қоздырушысы қорқыту деп санайды, яғни қорқыныш күйзелісті тудырады, ал агрессия күйзеліске қарсы реакция болып табылады [4, 32].

А. Басс «агрессия» және «өшпенділік» ұғымдарын бөліп көрсетеді және соңғысын «адамдардың және жағдайлардың жағымсыз сезімдері мен жағымсыз бағаларын дамытатын реакция» дейді. А. Басс пен А. Дарк әдістемені жасай отырып, агрессия мен өшпенділіктің көрінуін дифференциялайтын төмендегі реакция түрлерін көрсетеді:

1. Физикалық агрессия – зиян келтіру үшін дене күшін қолдану..
2. Жанама- агрессия, басқа біреуге немесе ешкімге бағытталмаған
3. Ашулану – деструктивті мінез-құлыққа дайын болу
4. Негативизм – басқа адамдардың пікіріне, дәстүріне, заңдарына пассивті немесе белсенді қарсылық көрсету.
5. Реніш – қоршаған ортаға қызғаныш пен жеткөрушілік
6. Күмәндану – күдік (адам адамдардан сақ болған кезде) және сенімсіздік (адам басқа адамдар оған зиян тигізбейтініне енді сенбейтін кезде).
7. Вербальды агрессия – эмоцияның сөз деңгейінде білдірілуі: айғайлау, айғайлау, қорқыту, қарғыс айту..
8. Кінә сезімі – өзін-өзі күнәлі адам деп сезіну.

А.Басс пен А.Дарктің «Жасөспірімдердің агрессиялық деңгейін диагностикалау» сұрақнамасын агрессия деңгейін анықтау үшін алдық [5, 175].

Нәтижені қортындылауда Басса-Дарк сауалнамасы, алынған жауаптардың қосындысымен анықталады, агрессивті және өшпенділік реакцияларының әртүрлі формаларының индекстерінің көмегімен өңделеді.

Зерттеу бөлімі. Соңғы уақытта қоғамдағы елеулі өзгерістерге байланысты жасөспірім балалардың ауытқушылық мінез-құлқының дамуы белең алып отыр. Сол себептен осы мізез-құлықтың жасөспірімдік және жеткіншек жастағылар арасындағы айырмашылықты анықтау мақсатында «Жасөспірімдік жастағы агрессия» тақырыбын, жасөспірімдік жастағы агрессия деңгейін зерттеу және жеткіншектік жастағы агрессия көрсеткішімен салыстыру мақсатында зерттеуді жөн көрдік.

Ол үшін келесі міндеттерді алға қойдық:

- Агрессия тақырыбы бойынша педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді зерделеу;
- Басса-Дарк әдісі бойынша жасөспірімдер мен жеткіншектердің агрессия деңгейін зерттеу;
- Диагностика нәтижелерін өңдеу, жоба мақсатына сәйкес нәтижелерді салыстыру.

Зерттеу барысында агрессия деңгейін анықтау үшін Басса-Дарк сауалнамасы (Резапкин модификациясы) қолданылды.

Зерттеу сауалнамасы 7 және 10 сынып оқушыларына, яғни 12-13 жасар оқушылары және 15-16 сынып оқушыларына жүргізілді.


Жоба мақсатына сәйкес зерттеу жұмысымызда А.Басс пен А.Дарктің «Жасөспірімдердің агрессиялық деңгейін диагностикалау» сұрақнамасы қолданылды.

Зерттеуге барлығы 48 бала қатысты. 24 оқушы – 7 сынып оқушылары, 24 - оқушы 10 сынып оқушылары.

7 сынып оқушыларының зерттеу нәтижелерін талдау:

7 сынып оқушыларының «Жасөспірімдердің агрессиялық деңгейін диагностикалау» сұрақнамасының нәтижесі Кесте 1 көрсетілген

Кесте 1



12-13 жасар жасөспірімдер үшін агрессия деңгейінің жоғары көрсеткіші 7 пункт Сөздік агрессия бойынша жоғары екенін көруге болады, ол 46% пайызды құрап отыр. Сөздік агрессия дегеніміз - жағымсыз сезімдерді айғайлау, шыңғыру арқылы немесе сөздік жауапта зілдің болуымен (қарғау, қорқыту) сипатталады. Одан кейін 8 пункт Күнә сезімі бойынша көрсеткіш 42 % құраған. Күнә сезімі - бұл адамның жаман адам екендігіне, сондай-ақ оның өкінуіне деген ықтимал сенімін білдіреді. Келесі орында 3 пунк тітіркену бойынша көрсеткіш 38% құрайды. Тітіркену ол - болмашы себептерге бола негативті сезімдерді көрсетуге дайын болуды көрсетеді (темперамент, дөрекілік). Одан кейін 5 пункт бойынша Реніш көрсеткіші 34% құрайды. Яғни реніш - басқаларды шынайы және ойдан шығарылған әрекеттері үшін қызғану және жек көру. Келесі 29% көрсеткішті 4-ші пункт Негативизм бойынша байқауға болады. Негативизм дегеніміз белгіленген заңдар мен дәстүрлерге пассивті қарсылықтан белсенді күш көрсетуге дейінгі қарсы болуды көрсетеді. Физикалық агрессия 21% оқушыда жоғары. Күдіктену мен жанама агрессия 17% оқушыларда жоғары екенін көреміз.

Сонымен 12-13 жасар оқушыларға сөздік агрессия тән деп айтуға болады, бұл олардың агрессияны сөз арқылы шығаратындықтарын байқатады. Адам өзінің агрессиясын физикалық күш деңгейінде көрсете алмаған жағдайда, ол оның көрінісінің сөздік формаларын пайдаланады:

Сөздік-белсенді-тікелей: қорлау, сөздік қорлау.

Сөздік-белсенді-жанама: арам пиғыл, өсек тарату.

Сонымен, басқа адамның ескертуіне жауап ретінде әдеттегі үнсіздік пен сөйлескісі келмеуі агрессивті көрініс ретінде қабылдануы мүмкін. Сондай-ақ ашық және жасырын ауызша агрессия бар:


Ашық - моральдық немесе психологиялық зиян келтіру мақсатында теріс көзқарасыңыз бен қорлауыңызды тікелей білдіру. Көбінесе физикалық агрессияға айналады.

Жасырын - өшпенділіктің айқын көрінісінсіз басқа адамға зиян келтіру үшін манипуляция, қысым көрсету.

10 сынып оқушыларының зерттеу нәтижелерін талдау

10 сынып оқушыларының «Жасөспірімдердің агрессиялық деңгейін диагностикалау» сұрақнамасының нәтижесі Кесте 2 көрсетілген.

Кесте 2



15-16 жасар 10 сынып оқушылары үшін агрессия деңгейінің жоғары көрсеткіші 3 пункт Тітіркену, яғни ашулану бойынша агрессия жоғары екенін көруге болады, ол 33% пайызды құрап отыр. Келесі кезекте сөздік агрессия мен Негатив көрсеткіштері бойынша 29 % құрайды. Одан кейін 8 пункт Күнә сезімі бойынша көрсеткіш 25 % құраған. Күнә сезімі - бұл адамның жаман адам екендігіне, сондай-ақ оның өкінуіне деген ықтимал сенімін білдіреді. дегеніміз - жағымсыз сезімдерді айғайлау, шыңғыру арқылы немесе сөздік жауапта зілдің болуымен (қарғау, қорқыту) сипатталады. Одан кейін 8 пункт Күнә сезімі бойынша көрсеткіш 42% құраған. Күнә сезімі - бұл адамның жаман адам екендігіне, сондай-ақ оның өкінуіне деген ықтимал сенімін білдіреді. Физикалық агрессия 13% оқушыда жоғары. Күдіктену мен жанама агрессия 9% оқушыларда жоғары екенін көреміз. Ең төменгі көрсеткіш 5 пункт бойынша Реніш көрсеткіші 4% құрайды. Яғни реніш - басқаларды шынайы және ойдан шығарылған әрекеттері үшін қызғану және жек көру.

Салыстырмалы түрде 7 және 10 сынып оқушыларының агрессияның жоғарғы көрсеткіштерін диаграммамен Кесте 3 келтірдік

Кесте 3



Бұл жерде 7 сынып оқушылары үшін жоғарғы көрсеткіште болған (46%) сөздік агрессия 10 сынып оқушыларында едәуір төмендегенін (29%) төмендегенін көруге болады. Сол сияқты күнә сезімімен байланысты агрессия көрсеткіші де 7 сыныптағылармен (42%) салыстырғанда 10 сынып оқушыларында (25%) төмендеген. Тітіркену көрсеткіші 7 сынып оқушылары үшін 38% жоғары болды, ал 10сынып оқушыларының 33% жоғары көрсеткішке ие болды және бұл 15-16 жастағылар үшін ең жоғарғы көрсеткішке ие агрессия түрі болып табылады. Реніш көрсеткіші бойынша айтарлықтай айырмашылықты көруге болады, яғни 7 сынып

оқушыларының 34% бұл көрсеткіш тән болса, 10 сыныпта тек 4% оқушыда байқалады. 7 және 10 сынып оқушыларына бірдей көрсеткіште Негатив агрессия түрі бірдей көрсеткішке ие - 29%.

Салыстырмалы көрсеткіштер бойынша айтарлықтай айырмашылық Сөздік агрессия түрі мен күмән сезімі түрлерінде байқалады. Бұл 12-13 аралығындағы балалардың жасөспірімдік кезеңімен байланысты болуы мүмкін. Бұл жаста бала бойында сенімсіздіктің, қобалжудың жоғары болуымен, өзін адекватты қабылдай алмауымен байланысты. Өзін ортада бекіту үшін жасөспірім туындаған қиындықтан, қауіптен қорғану үшін ішкі қорқынышын басқаға аударады. Мысалы, өз қорқынышын мойындай алмағандықтан өзгені қорқыту, өзі күлкіге қалмас үшін өзгені мазақтау, келеке ету т.с.с.. Өзін толық түсіне алмаған жасөспірім үшін агрессияны дұрыс шығара алмау тән болып келеді.

15-16 жаста өзіндік сана сезімнің дамуымен қатар, өзін түсіну, өзін тану қасиеттері қалыптасады. Өтпелі кезеңнен өтумен бірге шыдамдылық, сабырлылық, өзгені түсіне алу сияқты мінез ерекшеліктері дамиды. Сонымен қатар, эмоцияны ұстай алу, ерік-жігер қалыптасады. Адам салмақты күйге түседі. Өзіне және өзгелерге талап қояды. Өмірлік көзқарасы, принциптері пайда болады, осы көзқарасқа немесе өмірлік принциптерге қарама-қайшы жағдайлар пайда болған кезде, келіспеушіліктер туындауы мүмкін. Бұл адамның тітіркенуіне, ашулануына әкеледі. Бұған 10 сынып оқушыларындағы тітіркену көрсеткішінің салыстырмалы түрде жоғары болуынан байқауға болады.

Сонымен 12-13 жас аралығы мен 15-16 жас аралығындағы жасөспірімдердің агрессия көрсеткіштерін зерттей отырып, 12-13 жас аралығындағы балаларда сөздік агрессия көрсеткіші жоғары екенін байқадық. Бұл жастағы балаларда өзін-өзі бақылау, эгоцентризм қасиеттері күшейе түседі. «Мен» бейнесі әлі де тұрақтала қоймағандықтан, өзіне-өзі көңілі толмау, өзгелермен өзін салыстыру арқылы өзіне сынмен қарау және өзін бақылауы да күшейе түседі. Соның салдарынан қоршаған ортасындағы сыныптастыры, достары, мұғалімдер өзі туралы нашар пікірде деген ой қалыптасады.

Жеткіншектік шаққа өткенде, яғни 15-16 жастан бастап өзін-өзі сыйлауы жоғарылайды, ортада өзін еркін ұстау, өзіне-өзі баға беруі тұрақтанады. «Мен» бейнесі, яғни өзі туралы түсінігі қалыптасады. Тек өзіне ғана тән ерекшеліктері болатынын, психосексуалды идентификация кезеңінің бітуі, жастық дағдарыстан өтуі, сол сияқты өмірге әртүрлі көзқарастардың қалыптасуы және кәсіби өзін-өзі анықтауымен жалғасады. Болашаққа жоспар құрып, мамандық таңдау, маман иесі болу мәселелері өзекті болады.

Дегенмен де, агрессия көрсеткіші барлық жасөспірмдер жеткіншек жасқа өткенде қалыпты болады деп болжам жасауға болмайды. Кейбір жасөспірімдерде агрессия деңгейінің артуына себеп болатын ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен шамадан тыс көрсеткіште болуы мүмкін. Агрессияға бейім болу агрессивтілік қасиеттің дамуына ықпал етеді. Агрессивті жасөспірімдер - бұл көмекке мұқтаж және үлкендердің қабылдамауына ұшыраған балалар тобы. Агрессивті мінез-құлықтың себептерін білместік, түсінбеушілік агрессивті жеткіншетердің ересектер және құрдастар тарапынан оларды ашық түрде жақтырмай, қабылдамауына алып келеді.

Жасөспірімнің агрессивті мінез-құлқын түзету - бұл бала тұлғасының толыққанды дамуы және қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында агрессивті әрекеттерді анықтауға бағытталған психологиялық әсер ету болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бютнер К. «Жить с агрессивными детьми» - М.,2001.
2. Өтеген Қ. Агрессивті оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу //Бастауыш мектебі 2007 № 3.
3. Сұлтанбекова А ., Малдыбаева А. Агрессивті мінез-құлық //Қазақстан мектебі 2005 №5-6 мамыр-маусым.
4. Қалыбаева Р. Мектеп психологының агрессивті балалармен жұмыс әдісі.
//Мектептегі психология 2007 № 1.
5. Қойжігітов А. Девиантты іс-әрекетті балалар мәселесі. //Ұстаздар пайымы 2007,
№ 3.

МЕКТЕПТЕГІ БУЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЕКТІСІ

Наубаева Хапиза Танирбергеновна
пс.ғ.докторы, профессор
Альмухамбетова Бибигуль Жексембаева
философия докторы (PhD)
Мамекова Асем Танирберегеновна
философия докторы (PhD)
Педагогика және білім беру бағдарламасы
«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

Аннотация: Бұл мақалада мектептегі ең өзекті мәселені қамтылған. Мектеп оқушылардың арасында кездесетін буллинг, Буллинг ол жүйелі түрде сөзбен қорлау, тұлғаның қандай да болмасын бір ерекшелігін қорлау, ұру, итеру, затын тартып алу немесе бүлдіру, ар-намысын қорлау, тұлғаларға қатысты күш актілерін жасауға мәжбүрлеу болуы мүмкіндігі жайлы сипатталған. Соның себептері, түрлері және балалардың эмоциясын басқаруды және басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауды қамтитын эмоционалды интеллект салауатты екендігі жайлы талданған. Оның мәні біздің өміріміздің көптеген салаларында көрінеді. Эмоционалды интеллекттің маңызды болуының бірнеше негізгі себептерін және ата-аналар баланың эмоционалды интеллектісін дамыту қажеттілігі туралы қарастырылған.

Кілттік сөздер: Буллинг, қорқыту, эмоция, сезім, эмоционалды интелект, қарым-қатынас.

В этой статье освещается самая актуальная проблема в школе. Буллинг, Буллинг, встречающийся в школе среди учащихся, описывается как систематическое словесное оскорбление, унижение какой-либо черты личности, избиение, толкание, захват или повреждение предмета, унижение чести, принуждение к совершению актов насилия в отношении лиц. Были проанализированы причины, типы и тот факт, что эмоциональный интеллект, который включает в себя управление эмоциями детей и эффективное общение с другими, был здоровым. Его сущность проявляется во многих сферах нашей жизни. Рассмотрены несколько основных причин, по которым эмоциональный интеллект важен, и необходимость, чтобы родители развили эмоциональный интеллект ребенка.

Ключевые слова: Буллинг, запугивание, эмоции, чувства, эмоциональный интеллект, общение.

This article highlights the most pressing problem at school. Bullying, Bullying found in school among students, is described as systematic verbal abuse, humiliation of any personality trait, beating, pushing, grabbing or damaging an object, humiliation of honor, coercion to commit acts of violence against persons. The reasons, types and the fact that emotional intelligence, which includes managing the emotions of children and effective communication with others, was healthy were analyzed. Its essence is manifested in many areas of our life. Several main reasons why emotional intelligence is important and the need for parents to develop a child's emotional intelligence are considered.

Keywords: Bullying, intimidation, emotions, feelings, emotional intelligence, communication.

Қазіргі уақытта әлеуметтік желілер мен технологиялардың жаңа деңгейге шығуы балалар арасындағы буллингті де жаңа деңгейге бой көтерген. Буллинг көп жағдайда физикалық қысымнан ғана тұрмайды. көбінесе психологиялық шабуыл: қорлау, жаман сөздер айту, келемеждеу, өсек пен өтірік сөз тарату және шеттетуден тұрады. Әсіресе соңғысы балалардың өз ортасынан алшақтап, жалғыздықтан суицидке баруына әсер етеді.

Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалау дегенді білдіреді. Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай.

"Балалар арасындағы буллинг бұрыннан бар нәрсе. Тек қазіргі уақытта телефонға түсіріп алу, оны таратып жіберу секілді әрекеттер бұл мәселені одан бетер өршітіп жіберді. Сонымен қатар қазір буллингтің физикалық түріне қарағанда психологиялық шабуылы көбірек байқалады. Балалар арасындағы суицидтің көп белең алып кетуі де осыған байланысты. Алайда біз бұдан физикалық буллингке қарағанда оның психологиялық түрі қауіпті болады деп айта алмаймыз. Бұлардың екеуі де қауіпті. Мысалы, физикалық шабуыл кезінде қудалауға ұшыраған баланы итеріп жіберіп немесе ауыр соққы жасаса, психологиялық түрінде баланы шеттету, мазақтау, күлкіге айналдыру болады. Мұның барлығы да ақыл-есі қатпаған жасөспірімге ауыр әсер етеді[1].

Қорқыту құбылысы туралы әр түрлі шетел зерттеулерден байқауға болады. Д. Олвеус буллинг зорлық-зомбылықтың ерекше түрлерін көрсетеді. Д. Олвеус көзқарасында Олар: бір адам (немесе топ) екіншісіне физикалық шабуыл жасайды немесе қорқытады, адамға (топқа), соңғысы әлсіз және өзін қорғай алмайды, физикалық немесе психикалық емес десе, ал, И. Н. Кона, қорқытуды, физикалық немесе эмоционалды көрініс, жәбірленушіде қорқыныш таныту мақсатында және сол арқылы оның өзіне бағынуы - дейді[2]. Сонымен қатар Д. Лейнбуллинг құбылысын мектептегі қорлау деп түсінеді және Роландтың позициясын қолдайды, бұл қорқыту ұзақ мерзімді физикалық немесе жеке адамның немесе топтың психикалық зорлық-зомбылығы, өзін белгілі бір деңгейде қорғауға мүмкіндігі жоқ адам жағдайлар десе. Ал, И. Бердышев болса, буллинг - саналы, ұзақ өзін-өзі қорғау белгілері жоқ және белгілі бір нәрседен туындайтын зорлық-зомбылық адам саны [3].

Жоғарыда аталған авторлар қорқытуды зорлық-зомбылық деп түсіндіреді. Қорқыту тек зорлық-зомбылық емес, зорлық-зомбылықтың бір түрі. Нәтижесінде мұны біз С. В. Кривцованың ең оңтайлы нұсқасын анықтадық, қорқыту-бұл кейбір балалардың басқаларға қарсы агрессиясы орын агрессор мен жәбірленушінің күштерінің теңсіздігі, агрессия тенденцияға ие, жәбірленушінің жауабы оның қаншалықты ауыр тигенін көрсетеді. Осы Тұжырымдаманың әртүрлі түсіндірмелерін қарастыра отырып, біз мынаны қарастырамыз, барлық анықтамалар орын алады, бірақ сонымен бірге мәні бар қарастырылып отырған құбылыс толық ашылмайды. Сондықтан біз үшін қорқытудың түрлерін зерттеу қажеттілігі туындайды.

Мектепте буллинг көбіне бастауыш және орта сыныптарда кездесетінін анық. Ал, 10-11 сыныптарда ми құрылымдарының жетілу процестерінің және жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу қабілетінің аясында мұндай мәселелер бірте-бірте жойылады. "Басталған буллингті тоқтату өте қиын. Оның қатысушылары да көп болады. Мәселен, буллер қудалауды ойлап тауып, оны жүзеге асырады. Бақылаушылар – олар даудан алшақ жүреді, бірақ болып жатқан жағдайға жақтау немесе қарсылық реакциясын білдіреді. Соңғысы – құрбан болған бала. Психологияда тіпті бұны "бақылаушының жарақаты" деп те қарастырады [1].

Буллинг әртүрлі болады. Бір жағдайда, ол жүйелі түрде сөзбен қорлау, тұлғаның қандай да болмасын бір ерекшелігін – сырт бейнесін, сөйлеу мәнерін, киім киісін, жүрысын, ымдарын, соның ішінде аурудан немесе мүгедектіктен (кекештік, ақсақтық) болатын әрекеттерін мазақтау, келеке ету болуы мүмкін. Келесі жағдайда, қорлау ұру, итеру, затын тартып алу немесе бүлдіру, ар-намысын қорлау, мысалы, қандай да бір кемсітетін әрекеттер орындауға немесе үшінші тұлғаларға қатысты күш актілерін жасауға мәжбүрлеу болуы мүмкін. Осындай

дене және сөз әрекеттері тура буллингті сипаттайды. Тура емес буллинг онша айқын емес әрекеттер арқылы – айлы-шарғы тәртібі - өтірік мәліметтер, өсектер тарату, адамды қарым-қатынас аясынан, бірлескен ойындардан шығарып жіберу, шеттету, бойкот, елемеу түрінде болады. Көп жағдайда балалар үздіксіз зорлық-зомбылықтың куәгері болу тәжірибесін өз бетімен жеңе алмайды. Яғни буллинг тек құрбан болған баланың ғана емес, үнсіз бақылаушы баланың да психикалық денсаулығына зиян келтіреді.

Мектептегі қорлау-бұл жан-жақты және тиімді тәсілді қажет ететін мәселе. Қорлаудың жағымсыз салдарын азайтуға қабілетті маңызды аспектілердің бірі-оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту. Эмоцияны басқаруды және басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауды қамтитын эмоционалды интеллект салауатты қарым-қатынасты қалыптастыруда және жанжалдың алдын алуда шешуші рөл атқарады.

Эмоционалды интеллектті дамыту әдістерінің бірі-білім беру процесіне зейін практикасын енгізу. Медитация және тыныс алу жаттығулары балаларға эмоцияларына мұқият болуға көмектеседі, бұл өз кезегінде сыныпта жағымды жағдай жасауға ықпал етеді. Ал, Эмоционалды интеллект дегеніміз не**?** және ол не үшін қажет?-деген сауалға жауап жазып көрейік.

Эмоционалды интеллект-бұл сіздің және басқалардың эмоцияларын білу, түсіну және басқару қабілеті. Бұл өзіңізді және басқаларды жақсы түсінуге, тиімді қарым-қатынас жасауға және мәселелерді шешуге көмектеседі. Мектептегі қорқыту жағдайында эмоционалды интеллектті дамыту-бұл қауіпсіз және қолдау көрсететін білім беру ортасына инвестиция. Бірге қабылданған бұл стратегиялар әр оқушының білімі ғана емес, сонымен бірге қоршаған әлеммен тиімді қарым-қатынас жасауға және қорқытуға қарсы тұруға мүмкіндік беретін дағдылары бар мектеп құруға бағытталған кешенді тәсілді қалыптастырады [4].

Кейінірек, 1995 жылы клиникалық психолог және ғылыми журналист Дэвид Големан эмоционалды интеллект тұжырымдамасын сипаттап, оған бірнеше компонентті көрсетеді: әлеуметтік дағдылар — басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау, байланыс орнату, жанжалдарды шешу және командада жұмыс істеу қабілеті. Басқаша айтқанда, эмоционалды интеллекттің даму теориясы баланың эмоцияларды түсінуден оларды басқаруға дейінгі жолдан өтуінен тұрады.

Шетелдік психологияда П. Салоуей, Дж.Мэйер және Д. Карузо бойынша: «эмоциялық интеллект – әлеуметтік интеллектінің компоненті, өз сезімдері мен өзге адамдар сезімін қадағалау, оларды ажырата білу және ол ақпаратты өзінің ой, әрекеттерін басқару үшін қолдану қабілеті, эмоциялық интеллектінің дамуы тұлғаның үйлесімді, тұлғалық дамуына игі ықпалын тигізеді [5].

Эмоционалды интеллект (ЭИ) - бұл жеке дамудың маңызды аспектісі және сіздің эмоцияларыңызды, сондай-ақ басқа адамдардың эмоцияларын түсіну, білу және басқару қабілеті. Оның мәні біздің өміріміздің көптеген салаларында көрінеді. Міне, эмоционалды интеллекттің маңызды болуының бірнеше негізгі себептері:

1. Эмоционалды интеллект басқа адамдармен үйлесімді және сапалы қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді.
2. ЭИ қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға көмектеседі, бұл сіздің эмоцияларыңыз бен ойларыңызды жақсы білдіруге, басқаларды тиімді тыңдауға және түсінуге мүмкіндік береді.
3. Эмоцияларыңызды білу және оларды тиімді басқара білу стрессті жеңуге көмектеседі, эмоционалды жағдайлардың жағымсыз әсерін азайтады және салмақты шешім қабылдау қабілетін арттырады.
4. Эмоционалды интеллектісі дамыған адамдар өзгерістер мен қиындықтарды жақсы жеңе алады, олар жаңа жағдайларға бейімделеді және эмоциялардың ұтымды шешім қабылдауға кедергі келтіруіне жол бермейді.
5. Эмоционалды интеллекті дамыған адамдар кедергілерді оңай жеңеді, Шабыт табады және өз мақсаттарын қалай қою керектігін біледі.

6. Командалармен жұмыс істеу және тұлғааралық қарым-қатынас маңызды рөл атқаратын қазіргі әлемде эмоционалды интеллект мансаптық табыстың негізгі факторына айналады.

Жалпы, эмоционалды интеллекттіні дамыту бізге бақытты, табысты және теңдестірілген тұлға болуға, өзімізді және басқаларды жақсы түсінуге, сондай-ақ өмірлік міндеттерді тиімді шешуге және қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Баланың эмоционалды интеллектінің даму кезеңдері:

- ✓ эмоцияға дейінгі кезең (туғаннан үш жасқа дейін)
- ✓ эмоционалды хабардарлық (4-7 жас)
- ✓ өзін-өзі реттеуді дамыту (7-10 жас)
- ✓ эмпатия мен әлеуметтік құзыреттілікті дамыту (10-18 жас)

Эмоционалды интеллекттің даму деңгейі төмен және өте төмен балалар құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады, олармен жиі қақтығысады немесе ұжымнан оқшауланады. Олар көбінесе стресстік және сыни жағдайларда эмоционалды жағдайларды жеңе алмайды. Бұл балалардың үлгерімі қанағаттанарлық болады [5].

Мектепке дейінгі кезеңде бала эмоционалды әлемнің барлық алуан түрлілігімен танысады, әр эмоцияның атын біледі, ол айтқандай, өзін тыңдайды, бір эмоцияны екіншісінен ажыратуды үйренеді, оның пайда болу себебін түсінеді.

Осы кезеңде ата-аналарға кеңес:

- ➢ балаға сезімдер мен эмоциялар туралы көрнекі материал арқылы айту: суреттер, оқулықтар, иллюстрациялары бар балалар әдебиеті;
- ➢ ертегілерді оқып, эмоционалды мазмұны бар мультфильмдерді бірге
- ➢ әр түрлі жағдайларда баланың сезімдері мен сезімдерін айту: "мен қазір шыныаяқты сындырғаныңызға қатты ашуландым"," мен сенің сүйікті көлігің сынғандықтан ренжігеніңді көремін", "әже сенің оған осындай керемет сурет сыйлағаныңа қуанышты";
- ➢ балаңыздан күн сайын: "бүгін сенің көңіл-күйің қандай?", "Бүгін сен не сездің?».

Бала эмоциялар мен сезімдердің тек өзінен ғана емес, басқа адамдардан да бар екенін біледі, басқа адамның бет-әлпетінен, позасынан, мінез-құлқынан не сезінетінін анықтауға үйренеді, қолдауға және жанашырлыққа үйренеді.

Ал, мектеп жасында баланың эмоционалды интеллектінің қарқынды дамуы байқалады. Ол өзінің сезімдері мен эмоцияларын тану және қабылдау қабілетіне ие болады, оларды басқаруды үйренеді. Бала басқа адамдардың сезімдерін түсіне бастайды, олармен ортақ тіл таба бастайды, өзін басқа адамның орнында елестетеді, оған жанашырлық танытады.

Бала үшін сезімдер мен эмоциялар әлемін білудің негізгі көздері-отбасы мен мектеп. Мектепте бала сынып өміріне қатысады, сыныптастарымен және мұғалімдерімен өзара әрекеттеседі.

Мектепте болған жағдайлар балалардың тұлға болып дамуына әсер етеді. Сыныптастарынан бас тарту, мұғалімдердің біржақты көзқарасы жағдайларына тап болуы мүмкін. Қиын жағдайлар баланың өмірінде ерекше рөл атқарады, оған өз қабілеттерін сезінуге мүмкіндік береді, бұл кейбір жағдайларда өз жетістіктері үшін қуаныш пен мақтаныш әкеледі, ал басқаларында ашуланшақтық пен көңілсіздікке себеп болады. Мұнда эмоционалды интеллект өмірдің реттеушісіне айналады, қажетті эмоционалды ақпаратты бекітеді және қажетсізді жояды. Өз мінез-құлқын басқару бала сезінген нәрсені түсінуге және талдауға үйренгеннен кейін, ол өзінің эмоционалды күйін басқаруға және басқара алады. Үйде де байқалып отырады [4].

Сондықтан ата-аналар баланың эмоционалды интеллектісі және оны дамыту қажеттілігі туралы білуі керек. Егер сіз өзіңізбен және айналаңыздағы әлеммен үйлесімді өмір сүретін бақытты және табысты адамды тәрбиелегіңіз келсе, оған өзін және басқаларды түсінуге үйретіңіз!

Бірақ қазіргі ата — аналар нәрестенің эмоционалды әлемін, оның сезімдерін, эмоцияларын, қарым-қатынас қабілеттерін - "эмоционалды интеллект" ұғымына енетін нәрсені дамытуға назар аудармайды. Ересектер баланың бұл процестері көмексіз өздігінен дамуы керек деп

санайды. Және бұл үлкен қате түсінік. Ата-аналар балалардың тұлға болып дамуындағы басты ролде екенін ұмытпау қажет. Баланың эмоционалды интеллектісін дамыту, оған өзін және басқаларды түсінуге үйрету болып табылады.

Бала кезімізден бізді эмоцияларымызды тежеуге, басуға немесе елемеуге үйретеді: ашулану немесе қызғану - жаман, қайғылы немесе қызғаныш - дұрыс емес. Алайда, эмоцияларды - өз және басқаларды тани білу оларға барабар жауап беруге мүмкіндік береді. Сондықтан сіздің эмоционалды интеллектіңізді дамыту өте маңызды: стресстік жағдайларда салмақты шешім қабылдай алатын, сынға дұрыс жауап бере алатын және эмпатияға қабілетті адамдар жеке өмірде де, жұмыста да сәтті болады.

Белгілі педагог, журналист маманы Джил Хассон өз кітабында эмоциялар сізді басып алған жағдайларды қалай шешуге болатынын, айналаңыздағы адамдардың эмоционалды қажеттіліктерін қалай анықтауға болатынын және басқа адамдардың эмоционалды тұзақтарына түспеуді үйретеді [5].

Қазіргі таңда мектепте ең өзекті мәселеге айналып отыр, мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог, педагогтар және психологтар оқушылардың тұлға болып дамуындағы буллингті алдын алудағы эмоционалды интеллектісін дамытуда бағыт бағдар беріп, әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері қамтылуда. Буллингке түскендерге көмектесу, біз оған мұқтаж екенімізді білдіреміз, біз онымен біргеміз; оның проблемалары және біздің проблемаларымыз да, ол қоғамда жалғыз емес екендігі жайлы, өмір сүруге үйрету негізгі міндетіміз болып табылады. Кез-келген проблема туындауы мүмкін сондықтан әр жағдайдың шешу мәселесі, жолдары және әдістері бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Травли NET. Мектеп педагогтары мен мектеп психологтарына арналған әдістемелік құрал./ Л.Петрановская.; ред. М.Рупасова. – Мәскеу, 2018.
2. Білім беру мекемелерінде зорлықты болдырмау. Педагог қызметкерлерге арналған әдістемелік нұсқаулық /Л.А. Глазырина, М.А. Костенко; ред. Т.А. Епоян. – Мәскеу, 2015.
3. Большой психологический словарь – 4-е изд. /Сост. и общ.ред. Б.Г.Мещерякова, В.П. Зинченко. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА; СПб.: Прайм-Еврознак, 2009. – 811 с.
4. Кузовкин В.В., Баранникова С.А. Концептуализация понятия «эмоциональный интеллект» в психологической науке //Психология и школа. №2 / 2014.
5. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М.: АСТ: АСТ Москва: Хранитель, 2008. – 478 с.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Кулдашева Надежда Утегалиевна,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
8D010300 – «Педагогика және психология» 2 курс докторанты

Аннотация: Мақалада психологиялық денсаулықты сақтау және дамыту бойынша теориялық талдау жасалған. Психологиялық денсаулықты дамыту мақсатында ЖОО-қолданылатын қазіргі кезеңдегі инновациялық технологияларға сипаттама берілген. Автор психологиялық денсаулықты сақтау принциптеріне тоқталып, оқу-үдерісінде қолданылатын ұсыныстар қарастырылған.

Кілт сөздер*:* психологиялық денсаулық, тұлғаға бағытталған технологиялар, дамыта оқыту технологиясы, ынтымақтастық педагогикасы, психологиялық сүйемелдеу технологиясы.

В статье проведен теоретический анализ сохранения и развития психологического здоровья. Дана характеристика инновационных технологий на современном этапе, используемых вузами в целях развития психологического здоровья. Автор остановился на принципах сохранения психологического здоровья и рассмотрел рекомендации, применяемые в уч***ебно-воспитательном процессе.***

Ключевые слова: психологическое здоровье, личностно-ориентированные технологии, Технология развивающего обучения, педагогика сотрудничества, технология психологического сопровождения.

The article provides a theoretical analysis of the preservation and development of psychological health. The characteristic of innovative technologies at the present stage used by universities for the development of psychological health is given. The author dwelt on the principles of maintaining psychological health and considered the recommendations used in the educational process.

Keywords: psychological health, personality-oriented technologies, Technology of developmental learning, pedagogy of cooperation, technology of psychological support.

Қазіргі қоғамда психологиялық денсаулықты сақтау мәселесі өзекті бірақ аз зерттелген мәселе болып табылады. Психологиялық денсаулық мәселесі өзекті және психология мен педагогикада талқыланатын негізгі мәселелердің бірі болып табылады. (В.Я.Семке, Г.К.Ушаков, Ю.А.Александровский, Б.С. Братусь, Г.С. Никифоров, И.В.Дубровина, О.В. Хухлаева, Л.М. Фридман) [1]. Бұл кездейсоқ емес, өйткені психикалық денсаулық-бұл адамның өзін-өзі қамтамасыз етуге, өзін-өзі теңестіруге мүмкіндік беретін сапа, ол өзінің мінез-құлқы мен қарым-қатынасында тек сыртқы нормаларға ғана емес, сонымен бірге ішкі нормаларға да сүйенеді.

«Психологиялық денсаулық» терминін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) енгізген және адамның өз әлеуетін жүзеге асыра алатын, әдеттегі өмірлік стресстермен күресетін, өнімді және жемісті жұмыс жасайтын және өз қауымдастығының өміріне үлес қоса алатын әл-ауқат жағдайы ретінде анықталады. Психологиялық денсаулықтың құрамдас бөліктері (ДДҰ бойынша): сабақтастықты сезіну, оның физикалық және психикалық тұрақтылығы мен бірегейлігі бойынша әлеуметтік нормаларға (ережелерге, заңдарға) сәйкес мінез-құлқын басқару қабілеті; өз өмірін жоспарлау және оны жүзеге асыру қабілеті; өмірлік жағдаяттар мен жағдайлардың өзгеруіне байланысты мінез-құлық тәсілін өзгерту мүмкіндігі.

Позитивті мағынада психологиялық денсаулық адамның өзі үшін де, адамзат қауымдастығы үшін де әл-ауқат пен тиімді қызмет істеудің негізі болып табылады. Психологиялық денсаулықтың негізгі тұжырымдамасы оның әртүрлі мәдениеттердегі кең және әртүрлі түсіндермелеріне сәйкес келеді.

Р.М. Хусаинова психологиялық денсаулықты- оның көрінуінің биологиялық, психологиялық, әлеуметтік деңгейлерінің когнитивті-бағалау компонентін қамтитын жеке әл-ауқаттың интегралды сипаттамасымен байланыстырады [2].

В.М. Крук психологиялық денсаулықты кең және тар мағынада қарастырған жөн деп анықтады. Бірінші жағдайда ол көпдеңгейлі (рухани, жекелік-психологиялық, психосоматикалық, биоэнергетикалық) мәселелік сипатқа бағытталған өмірлік әрекеттің сапасы, психологиялық дамудың қалыпты сипаттамасы және ол өзін-өзі реттеу негізінде жүзеге асады деп анықтады. Екінші жағдайда психофизикалық күй мен әл-ауқаттың, бағдарлау мен мінез құлықтың даму деңгейіне сәйкестігін білдіретін өмірдің кешенді көп деңгейлі сапалы мәні деп-тұжырымдады[3].

Біздің ойымызша, психикалық денсаулықты адам ағзасының күйі деп атауға болады, онда адамның өзіне және қоршаған әлемге деген қарым-қатынас мәдениеті оның барлық көріністерінде көрінеді, бұл оның өмірлік күштерін арттыруға және адамның өзімен және әлеммен қарым-қатынасын үйлестіруге бағытталған тұрақты мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға күш салу дәрежесімен анықталады.

«Психологиялық денсаулық» ұғымын дамытудың логикасы деп- «білім алушының денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін, оның білімін, іскерлігі мен дағдыларын игеруі, шығармашылық ойлауды дамыту және әлемге эмоционалды-құндылық қатынасын қалыптастыру физикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық, әлеуметтік, рухани қолайлы жағдайда, сондай-ақ қолайлы психологиялық ахуал құруды қамтамасыз ететін жаңа технологиялар арқылы оқыту» [4].

Біздің зерттеу аймағымыз бойынша қазіргі таңда Жоғары білім беру жүйесінде психологиялық денсаулықты сақтайтын білім беру ортасын құру мәселелері ерекше өзекті болып отыр. Білім алу үдерісінде денсаулық сақтау ортасын құру алдымен білім ордасында тиісті педагогикалық ортаны құрудан басталу керек. Мамандар «педагогикалық орта» ұғымын педагогикалық мақсаттарға, балалардың әлемге деген көзқарасын қалыптастыруға бағытталған өмір сүру жағдайларының жүйесіне сәйкес ұйым ретінде анықтады. Ф.Ф. Караваев психологиялық денсаулық және денсаулық сақтау технологиялары білім беруде тұтастай, физикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық, жеке, әлеуметтік байланыста, рухани және этникалық компоненттер деп қарастырды.

Психологиялық денсаулық сақтау технологиялары ұғымы денсаулық мәселесінің қаншалықты шешілетінін көрсететін кез-келген білім беру технологиясының сапалық сипаттамасы болып табылады. Мұндай технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі технологияларын толықтыра отырып, оларға психологиялық денсаулық сақтау белгілерін қарастыратын, педагогикалық жұмыстың принциптері, әдістері мен әдістерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Психологиялық денсаулықты сақтау технологияларына төмендегі технологиялар жатады:

Тұлғаға бағытталған технологиялар. Психологиялық денсаулықты сақтау технологияларына әр білім алушының ерекшеліктерін ескеретін және оның әлеуетін барынша толық ашуға бағытталған тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын ерекше атап өтуге болады. Бұл технологияларға жобалық қызмет технологиясы, ынтымақтастықты оқыту, әртүрлі ойын технологиялары жатады. Тұлғаға бағытталған оқыту оқу қызметін ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдануды қамтиды. Бұл ретте оқытушының алдында жаңа міндеттер қойылады: білім алушының оқу әрекетіне деген қызығушылығының атмосферасын құру; оларды мәлімдемелерге ынталандыру және қателесуден қорықпай тапсырмаларды орындаудың әртүрлі тәсілдерін қолдану; әр білім алушыға өз ойын ашық айтуға мүмкіндік беретін оқу үдерісінде педагогикалық жағдайларын құру[5].

Дамыта оқыту технологиясы. Л.С. Выготскийдің жемісті идеяларына, атап айтқанда, оқытудың түпкі мақсаты білім беру емес, оқушыларды дамыту құралы деген болжамына сәйкес келеді. Д.Б.Эльконин мен В.В. Давыдов әзірлеген дамытушылық оқыту технологиясының жіктеу сипаттамалары белгілі бір бөлімде денсаулық сақтау педагогикасының принциптеріне сәйкес келеді. Жеке білім беру бағдарламасын құру кезінде оқушының «жақын даму аймағына» назар аудару оның қабілеттерін, мүмкіндіктерін, даму қарқынын, қоршаған орта мен жағдайларының әсерін барынша ескеруге мүмкіндік берді.

Ынтымақтастық педагогикасы – оны білім алушылар мен мұғалімдердің психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту міндеттерін іске асыру үшін барлық жағдай жасаушы әдіс ретінде қарастыруға болады. Бұл педагогиканың маңызды ерекшелігі-тәрбиенің оқытудан басымдығы жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру шеңберінде білім алушының денсаулық мәдениетін дәйекті түрде тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Оқушыларға адамгершілік көзқарас, оларға деген оптимистік сенім, тікелей сенім, тікелей мәжбүрлеудің болмауы, оң ынталандырудың басымдығы, кемшілікке төзімділік- салауатты психиканың қалыптасуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қарым-қатынасты демократиялдандыру, оқушының еркін таңдау құқығы, өз көзқарасын ашық айта алу жеке тұлғаның оң тұжырымдамасын қалыптастыруда да жақсы ықпал етеді. Оқу үдерісінде қолайлы психологиялық ахуал құру арқылы сабақ кезінде білім алушылардың психологиялық жайлылығы қалыптасады. Бір жағынан, оқушылардың шаршауының алдын-алу мәселесі шешіледі, екінші жағынан, әр оқушының шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға қосымша ынталандыру пайда болады. Айта кету керек, психологиялық жайлылық пен эмоционалды көңіл-күйдің көтеріңкілігі жағдайында білім алушылардың оқуға деген ынталандыру деңгейі айтарлықтай артады, бұл сайып келгенде, бұл одан да жақсы сапаға әкеліп, білімді игеру және нәтижесінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік болады.

Психологиялық денсаулықты сақтау және салауатты өмір жолын насихаттау білім алушының өмірі мен оқу іс-әрекетін ұйымдастыру үшін қажетті психологиялық жағдай жасауды ғана емес, сонымен қатар түрлі аурулардың алдын-алуды, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттауды көздейді.

Психологиялық сүйемелдеу технологиясын М.Ю. Громов және Н.К. Смирнов құрастырды. Оның негізінде психологтардың білім беру үрдісіне белсенді қатысуы, психологтың негізгі мәселелердің біріне айналдыру денсаулық сақтау қағидаттарына негізделген оқу-тәрбие үрдісінің бейнесі.

Әлеуметтік бейімдеу және жеке-даму технологиялары. Оларға жастарды қолдаудың психологиялық қызметі кіреді. Ол бірнеше бағыт бойынша қызмет етеді:

1.Психологиялық денсаулық деңгейін анықтау және жекелік-психологиялық даму.

2. Жекелік-тұлғалық ерекшеліктерді дамыту және психологиялық денсаулықты сақтау бағытында кеңес беру.

3.Таным үрдістері, эмоционалды-ерік аймағы, қолайсыз формалар мен мінез-құлық пен жанжалды қарым-қатынастарды түзету

4. Оқу-әдістемелік қызмет, оның ішінде білім алушылардың кәсіби-тұлғалық дамуын қарастыратын әлеуметтік-психологиялық тренингтер[6].

Білім беру орындарындағы психологиялық қызмет келесі міндеттерді қамтиды:

- Әлеуметтік жағдайды психологиялық талдау, олардың себептері мен шешімдерін анықтау;
- Білім алушылардың психологиялық денсаулығына мониторингтік зерттеу жүргізу;
- Оқытушыларға, топ кураторларына кеңес беру;
- Стресс және эмоционалды уайым, конфликт жағдайындағы студенттерге психологиялық көмек пен қолдау көрсету;
- Әлеуметке қарсы мінез-құлықты түзеу;
- Психологиялық денсаулықты сақтау және дамыту бойынша ағарту мақсатындағы хабарламалық әңгіме ұйымдастыру.

Біз жоғарыда атап өткен технологияларды негізге ала отырып, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге мотивацияны дамытуға, психологиялық денсаулықты сақтайтын мінез-құлық стратегияларын қалыптастыруда қолдануға болатын бірнеше принциптерін ұсынамыз. Психологиялық денсаулық сақтау технологияларының негізгі принциптері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

1.Стресстік факторларды жоюды қамтамасыз ететін білім беру ортасында оқу-тәрбие үдерісін қалыптастыру. Мейірімділік атмосферасын құру. Білім алушылардың психофизиологиялық жағдайын және таным үдерісін дамытуда жеке тәсіл ойластыру.

2. Білім беру үрдісінің шығармашылық сипаты. Шығармашылық зарядсыз оқу қызықты болмайды. Шығармашылық міндеттерді сабақтан тыс жұмыстарда оқытудың белсенді әдістері мен формаларын қолдану арқылы қол жеткізіледі.

3.Білім алушы әлеуметтену үдерісіне эмоционалды түрде қатысу керек болған кезде, білім беру іс-әрекетінің мотивациясын қалыптастыру, бұл денсаулыққа зиян келтірместен мидың тиімділігін табиғи түрде арттыруды қамтамасыз етеді.

4.Психикалық функциялардың қалыптасу заңдылықтарына сәйкес оқу үдерісін құру. Ең алдымен, бұл бірлескен заңдылықтарына сәйкес оқу үдерісін құру. Бұл бірлескен іс-әрекеттен тәуелсіз іс-әрекетке, материалдық жоспардағы іс-әрекеттен орындаудың сөйлеу және ақыл-ой жоспарына көшуді, кеңейтілген кезеңдік әрекеттерден бүктелген және автоматтандырылған әрекеттерге көшуді білдіреді.

5.Жоғары психикалық функциялардың жүйелік құрылымын есепке алу. Негізгі функцияларды қалыптастыру кезінде мұғалімге осы функцияға кіретін барлық компоненттерді, олардың жаңа функцияны қалыптастыруға дайындығын ескеру қажет.

6.Теріс стереотиптерден бас тартуға әкелетін тәжірибе мен алынған және эмоционалды-құндылық тәжірибесі мен қабылданған білім мен дағыдыларға негізделген даралық принципін қолдану.

7.Аксиологиялық приципті қолдану, бұл адамдарда және жеке тұлғада жалпы адамзаттық құндылықтар, өзін-өзі құрметтеу, өз денсаулығы және басқалардың денсаулығы туралы дүниетанымдық идеяларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

8.Жеке адамның жасын, жеке қасиеттерін, өмір сүру жағдайларын, көңіл-күйін, әлеуметтік ортаның адамгершілік заңдарын өзгертуді көздейтін біртіндеп принцип бойынша салауатты өмір салтын қалыптастырудың мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың дәйектілігі.

Қорытындылай келе білім алушылардың психологиялық денсаулығын дамыту және сақтау өзекті мәселе. Психологиялық денсаулықтың сапасы биологиялық, психологиялық және әлеуметтік-экологиялық факторлардың өзара әрекеттесуінен (тұқымқуалаушылық, жас ерекшелік, тәрбие шарттары, дайындық сапасы, қалыптасқан мінез-құлық түрі және жаңа ортаға бейімделу, стресстік жағдайларды жеңу дағдылары, психикалық травмалар) тұратын жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерінің жиынтығымен және дененің ішкі ортасының жағдайымен анықталады.

Қазіргі таңда білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау үшін оқу тәрбие үдерісінде олардың психикасына жағымды әсер ететін оқыту технологияларын тиімді қолдану қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1.Дубровина И.В. Психологическая служба образования: организация и управления// Вестник практической психологии образования. 2007.№1 (10)

2.Хусаинова Р.М. Зависимость психологического здоровья учителя от возраста и стажа педагогической деятельности: автореф.дис..канд.психол.наук. Казань, 2006. 240 с.

3.В.М. Крук. Психогигиена и психотерапия. М.,1993, 641с.

4.Громов М.Ю. Смирнов Н.К. Технологии психологического сопровождения учебной группы. М.2009.125с

5.Башкирева Т.В. Общие критерии психологическогоб психологического и социального здоровья// Мир психологии. 2007, №2, 140-150 с.

6.Пахальяна В.Э. Развитие и психологическое здоровье. Питер ,2006. 240 с.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ УПРАВЛЕНИЯ ТРЕВОЖНОСТЬЮ У ДЕТЕЙ В ДОШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

Бекмагамбетова Роза Карпыковна,
д.п.н., профессор
Завалишина Ольга Васильевна,
к.п.н, доцент
Конысбаева Алия Бусегеновна,
магистр, ст. преподаватель институт педагогики и психологии КазНПУ имени Абая

Аннотация: Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың мазасыздығын басқару технологиясын анықтау мәселесі қарастырылады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі мазасыздықты түсіну тәсілдері, мектепке дейінгі жастағы мазасыздықтың пайда болуы мен ерекшеліктері, түзету бағдарламаларын құру және мектепке дейінгі білім беру ұйымы жағдайында мазасыздық көріністері бар балалармен жұмыс жасауда технологияларды қолдану мәселелері сипатталған және ұсынылған.

Түйінді сөздер: мазасыздық, мектепке дейінгі жас, үлкен мектеп жасына дейінгі бала, психологиялық технологиялар, мектепке дейінгі білім беру ұйымы, сүйемелдеу.

В статье рассматривается проблема определения технологий управления тревожностью детей дошкольного возраста. Описаны и представлены подходы к пониманию тревожности в психолого-педагогической литературе, возникновение и особенности проявления тревожности в дошкольном возрасте, вопросы построения коррекционных программ и

применения технологий в работе с детьми с проявлениями тревожности в условиях дошкольной организации образования.

Ключевые слова: тревожность, дошкольный возраст, старший дошкольник, психологические технологии, дошкольная организация образования, сопровождение.

The article is devoted to the problem of psychological correction of childhood anxiety, in particular, modern technologies for managing anxiety in preschool children. The article discusses the concept of anxiety, the causes of childhood anxiety, issues of constructing correctional programs and the use of technologies for managing children's anxiety in preschool education.

Keywords: anxiety, preschool age, senior preschooler, psychological technologies, preschool educational organization, support

На современном этапе развития общества утверждение о том, что эмоциональные проблемы детства являются основой психологических проблем в более взрослом возрасте, многократно подтверждаются в исследованиях.

Исследователи традиционно рассматривают тревожность, при перечислении личностных особенностей детей, предрасполагающих к возникновению невротических страхов и развитию неврозов [1, с.13-14].

В то же самое время исследователи говорят о проблеме детей с повышенной тревожностью: «В настоящее время закономерностью является то, что под воздействием ряда факторов у детей могут возникать негативные эмоциональные переживания: тревожность, выражающаяся в конфликтах и агрессии, неуверенность, определяющаяся замкнутостью и депрессивностью [2, 4].

В перспективе негативного личностного развития высокий уровень тревожности и неуверенности в себе наряду с общей эмоциональной неустойчивостью могут оказать воздействие на закрепление дезадаптивных форм поведения и, в частности, виктимности – предрасположенности человека попадать в опасные ситуации, оказываясь в роли жертвы [3, с.27-26, 4, с.124-125].

Изучавшие вопрос наличия корреляции между уровнем тревожности и склонностью к виктимному поведению у подростков, Н.В. Шараева и М.А. Данилова, приводят данные, согласно которым уровень тревожности значительно выше у подростков, склонных к виктимному поведению [5, с.883-885].

Исследование современных технологий управления тревожностью у детей дошкольного возраста предполагает обзор методологических подходов психолого-педагогической коррекции, направленных на оказание помощи дошкольникам с высоким уровнем тревожности. В связи с чем, необходимо дать четкое определение исследуемым явлениям.

Поскольку для исследования эффективности инструмента воздействия на объект психологической природы, требуется изучение самого объекта, таким образом, анализ современных технологий, позволяющих управлять эмоциональными состояниями детей, неразрывно связан с раскрытием понятия собственно тревожности: с точки зрения исследователей в области психологии личности, детской, возрастной психологии и практической психологии и педагогики воспитания и обучения.

Рассмотрим понятие тревожности как качественной характеристики человека – черте характера в рамках науки о личности – персонологии в сравнении двух классических направлений: психодинамического и гуманистического.

С точки зрения психодинамического подхода тревожность является результатом внутриличностного конфликта, так, по мнению З. Фрейда она вызывается ожидаемым возрастанием напряжения или неудовольствия, «когда угроза оказывается слишком большой, чтобы ее игнорировать, чтобы с ней справиться или разрядить» [6, с.88]. Ситуации, порождающие тревожность связаны с угрозой потери: потери важного объекта, потери возможности завоевать чужие любовь и одобрение, потери себя, как личности, в том числе, угроза ситуации осмеяния, потери собственной любви к себе. И поскольку подобные ситуации

неизбежны в жизни любого человека, следовательно, тревожность в определенной степени, свойственна всем.

С точки зрения К. Хорни тревожность является динамическим центром неврозов, при этом не влечения являются источником тревоги, напротив, это тревожность порождает навязчивые влечения. Источником самой тревожности исследователь называла базовую тревогу, которая «появляется в самом начале жизни человека вследствие нарушения взаимоотношений между ребенком и значимыми другими – родителями» [7, с.19-20]. К. Хорни отмечала, что возникновение и закрепление тревожности связаны с неудовлетворением ведущих возрастных потребностей ребенка, которые приобретают гипертрофированный характер.

В рамках того же подхода Э. Фромм, разработав концепцию продуктивного и непродуктивных типов характера, [8, с.313] не рассматривал тревожность как характеристику присущую каждой личности, она является одной из черт непродуктивной – накапливающей ориентации личности, для которой свойственно движение «от людей». Данный тип отличает «*внутренняя потребность устанавливать эмоциональную дистанцию, отделяющую их от других людей*» [7, с.212-213] и, хотя внешне они могут хорошо ладить с людьми, в случае вторжения внешнего мира в их жизнь, возникает тревога.

Авторы гуманистической психологии, в частности, К. Роджерс и А. Маслоу считали тревожность обусловленной несоответствием между представлением человека о себе и отношением к нему окружающих [8, с.80-82]. Однако, следует отметить, что поскольку тревожность определяется как детерминированное конфликтом между «Реальным Я» и «Я Идеальным», то она может помочь поставить конкретные реальные цели и определить необходимые действия для достижения идеала и зачастую способствует развитию личности.

Помимо этого, К. Роджерс упоминал тревожность в качестве одного из проявлений неконгруэнтности – несоответствия между опознаванием опыта, самим переживаемым опытом и сообщением об опыте [7, с.354].

Большой вклад в исследовании тревожности как черты личности внес Ч. Спилбергер, разделявший понятия ситуативной тревожности и личностной, что позволило представить тревожность в качестве сложного личностного процесса с множественными компонентами: *когнитивные, аффективные и поведенческие реакции*.

Психологов, изучающих тревожность в процессе онтогенетического развития, в рамках *детской психологии интересовали возрастные периоды и причины ее возникновения и закреплени*я.

По мнению А. И. Захарова тревога зарождается в раннем детском возрасте и отражает «*...тревогу, основанную на угрозе потери принадлежности к группе*». Под группой автор понимал в первую очередь *фигуру матери*; других взрослых, занимающих второстепенные позиции и, наконец, *сверстников*. Размышляя об истоках тревожности, исследователь отмечает, что «…беспокойство, испытываемое нормально развивающимися детьми в период от семи месяцев до одного года двух месяцев может явиться предпосылкой для последующего развития тревоги. Условием перехода состояния тревоги в личностное свойство тревожности, по мнению Захарова, является неблагополучно сложившаяся ситуация, при которой тревоги и страхи родителей сочетаются с определенным травмирующим опытом: «тревога перерастает в тревожность... превращаясь тем самым в устойчивые черты характера. Но происходит это не раньше старшего дошкольного возраста» [9, с.59].

Механизм формирования тревожности как свойства личности представлен в работе Ж. М. Глозмана и В. В. Зоткина и описывается как длительный процесс: «*Структурные изменения личности формируются не сразу, а постепенно, по мере закрепления отрицательных личностных установок, тенденций воспринимать достаточно широкий круг ситуаций как угрожающие и реагировать на них состоянием тревоги*» [10, с.217-220].

Изучая генезис тревожности в контексте особенностей семейных отношений, Н. В. Имедадзе выделяет факторы способствующие развитию тревожности дошкольников. Зачастую провоцирующее воздействие может быть обусловлено рождением младшего ребенка, чрезмерная опека взрослых, и недостаточная – неадекватная возрасту низкая

приспособленность ребенка: слабое владение навыками самообслуживания, при котором дошкольник не уверен в себе и тревожится по поводу неумения самостоятельно принимать пищу, одеваться, укладываться спать [11, с.632-636].

Исследования указывают на связь эмоциональных нарушений в дошкольном возрасте с потерей контакта ребенка с матерью и нарушенными детско-родительскими взаимоотношениями, к которым относятся эмоциональное отвержение, авторитарность взрослых и эгоцентрическое воспитание [12, с.51].

В возрасте 4-5 лет недостатки воспитания ребенка начинают постепенно укореняться и переходить в устойчивые черты характера.

Ребенок в 5-6 лет ребенок способен различать все эмоции, появляются устойчивые чувства и отношения.

Большое влияние на эмоциональную сферу ребенка оказывает смена социальных отношений при поступлении ребенка в дошкольное образовательное учреждение. Подобное зачастую привносит значительные трудности и способно спровоцировать развитие тревожности. Наблюдения показали, что многие дети с приходом в детскую организацию образования становятся беспокойными, плаксивыми, замкнутыми. Согласно Захарову тревожное состояние и эмоциональная напряженность связаны главным образом с отсутствием близких для ребенка людей, с изменением окружающей обстановки, привычных условий и ритма жизни.

При посещении ребенком детских организаций образования тревожность зачастую детерминирована характером межличностных взаимоотношений педагога и воспитанника в случае преобладания авторитарного стиля общения и неустойчивой системе предъявляемых требований. Психологи Л. И. Божович и М. С. Неймарк определяют тревожность эмоциональным состоянием, подразумевающим наряду с высоким уровнем притязаний недостаток уверенности в своих силах, который проявляется в ситуациях, включающих опасность для чувства собственного достоинства.

Нарушение социального статуса ребенка также может рассматриваться в ряду причин, вызывающих тревожность. Говоря о «возрастных пиках тревожности», А. М. Прихожан уточняет, что «*для каждого возрастного периода существуют определенные области, объекты действительности, которые вызывают повышенную тревогу большинства детей вне зависимости от наличия реальной угрозы или тревожности как устойчивого образования* [13, с.1-2].

В связи с чем сотрудники, осуществляющие психолого-педагогическое сопровождение воспитательного процесса в дошкольной организации образования, обращают внимание на детей, испытывающих сложности адаптации или имеющих иные проблемы эмоциональной сферы, в частности, на дошкольников с высоким уровнем тревожности.

Учитывая факторы влияния на возникновение тревожности и ее закрепление в дезадаптивных поведенческих реакциях, и их отрицательных последствиях возможно построение программы работы с применением современных технологий управления тревожностью дошкольников.

Понятие технология трактуется как «технология – совокупность методов и инструментов для достижения желаемого результата; это применение научного знания для решения практических задач. Технология подразумевает создание условий социального развития и воспитания подрастающего поколения, в ее основе лежит практико-ориентированное обучение [14, с.6-9].

Исходя из данной дефиниции, можно утверждать, что технологию отличает наличие:

- цели;
- методов выявления проявлений тревожности в поведении детей дошкольного возраста;
- системы методов и средств достижения поставленных целей;
- способы анализа процесса и результатов деятельности, свидетельствующие об эффективности работы;

- структурированное взаимодействия педагога с детьми, родителями, позволяющие разрабатывать процесс изменения: сопровождения.

Повторим, современный подход основывается на принципах системности и комплексности – индивидуальные или групповые занятия с детьми могут быть полезны, однако, могут оказаться малоэффективными. Объяснение этому заключается в возрастных особенностях психики ребенка: когнитивной, волевой, эмоциональной незрелости и полной зависимости от взрослых; а также спецификой проблемы – тревожность бывает обусловлена не только внутренними причинами, но и внешними условиями, к примеру, пережитым травмирующим опытом, неблагоприятными психологическим климатом в социуме: в рамках семьи, детского сада, двора.

Исходя из вышеуказанного, программа психолого-педагогического сопровождения детей с проявлениями тревожности в дошкольной организации образования предполагает комплексное применение технологий, ориентированных на работу с:

- дошкольниками;
- родителями;
- педагогами и администрацией.

Выбор методов, видов и форм работы зависит он целей и задач технологии: так работа с педагогами и администрацией преследует просветительские задачи: обратить внимание на важность мероприятий, научить распознавать проявления тревожности в поведении детей дошкольного возраста, правильно взаимодействовать с ними, подобные встречи проводятся в форме тематических педагогических мастер-классов, мини-лекций; занятия с родителями имеют как просветительские, так и коррекционные цели и задачи: они могут проводиться в форме бесед, родительских собраний и, возможно, коррекционных занятий, в случае, когда именно высокая тревожность или эмоциональная нестабильность родителей или особенности детско-родительских или семейных отношений, становятся причиной высокой тревожности у детей.

Среди эффективных методов психологической коррекции высокой тревожности и неврозов у взрослых: когнитивно-поведенческая терапия А. Бека, рационально-эмоциональная поведенческая терапия А. Эллиса, игровая терапия, тренинг ассертивного поведения.

Данный блок мероприятий целесообразно проводить до начала работы с детьми, в целях создания условий для положительных сдвигов в эмоциональной и поведенческой сферах ребенка, снижения тревожности и закрепления положительного опыта реагирования в ситуациях, ранее вызывающих тревогу и страхи.

Также следует уточнить, что под коррекцией высокой тревожности у детей, мы понимаем организованную систему психолого-педагогических воздействий, целью которой является смягчение эмоционального дискомфорта у детей, повышение их активности и самостоятельности, устранение реакций, обусловленных эмоциональными нарушениями, тревожной мнительностью.

В практической психологии выделяют два основных подхода в коррекции эмоциональных нарушений: психодинамический и поведенческий. Задачей психодинамического подхода является создание условий, снимающих внешние социальные преграды на пути развертывания внутрипсихического конфликта. Успешному разрешению способствуют психоанализ, семейная психокоррекция, игровая терапия и терапия искусством.

Коррекционное воздействие в рамках поведенческого подхода помогает ребенку выработать новые, адаптивные реакции или создать условия для угасания имеющихся дезадаптивных форм поведения. Различные поведенческие тренинги и индивидуальные занятия закрепляют усвоенный опыт.

При подборе методов коррекции эмоциональных нарушений необходимо исходить из специфической направленности конфликта, определяющего эмоциональное неблагополучие дошкольника. Так, при внутриличностном конфликте рекомендовано отдать предпочтение игровым психоаналитическим методам, поскольку игра является наиболее естественной

формой жизнедеятельности ребенка. *В процессе игры формируется активное взаимодействие ребенка с окружающим миром, развиваются его интеллектуальные, эмоционально-волевые, нравственные качества, формируется его личность в целом*.

Существенным психологическим и также педагогическим свойством игры можно назвать одновременное переживание человеком условности и реальности сложившейся ситуации. В условных обстоятельствах, созданных по определенным правилам, игра дает ребенку возможность переживать удачи, успех, познать свои физические и психические силы, что раскрывает ее богатый психолого-педагогический потенциал.

А. Фрейд и М. Кляйн применили игру как метод психотерапии детей, используя две формы игровой терапии: директивную и недирективную.

Директивная – игровая терапия, направленная на активное участие педагога в игре ребенка, где он ведет и интерпретирует деятельность ребенка.

Недирективная – игровая терапия, проходящая в форме свободной игры ребенка, что способствует большему самовыражению, достижению эмоциональной устойчивости и саморегуляции.

В настоящее время разработано огромное количество методов недирективной игровой терапии, для коррекции эмоционального дискомфорта ребенка широкое признание получили игры с песком и водой.

Недирективная игровая коррекция способствует развитию самовыражения ребенка, снимает имеющийся у ребенка эмоциональный дискомфорт, формирует процессы саморегуляции, педагог осуществляет эмпатическое общение с ребенком, эмоционально сопереживает с ним, устанавливает определенные ограничения в игре, что является регулятором поведения.

В процессе директивной игровой коррекции главное значение имеет *техника формулирования запретов и ограничений. Функция педагога заключаются в организации игры, в анализе ее символического значения*.

Различают два вида *директивной игровой коррекции*: *сюжетно-ролевые игры и психодрамы.*

Сюжетно-ролевые игры способствуют *коррекции самооценки ребенка*, формированию у него *позитивных отношений со сверстниками и взрослыми*.

Перед началом игровой коррекции необходимо *разработать сюжет игры*, выбрать *игровой материал, сформировать группу детей и спланировать игровые ситуации*. В *процессе игры производится фиксация эмоциональных проявлений ребенка*. Перед началом игры необходимо *подобрать специальные сюжеты, где ребенок мог проследить различные конфликтные ситуации, близкие ему по значению*. В ходе игры происходит смена ролей. Способность ребенка входить в образ – важное условие для коррекции эмоционального дискомфорта ребенка и его внутренних конфликтов.

Сюжетно-ролевые игры полезно проводить совместно с родителями, при этом производится подготовка: *педагог* вместе с родителями *обсуждает конфликтную ситуацию, характерную для данной семьи*. Упражнение может иметь больший терапевтический эффект, если ребенок с родителями обменяются ролями. Использование этого метода педагогической коррекции *вызывает у детей положительные эмоции*: от спокойно-удовлетворенного состояния до состояния эмоционального вдохновения.

В процессе коррекции детям предлагается не только игровое воспроизведение прошлого или настоящего опыта, но и моделирование нового опыта в возможных стрессовых условиях.

Основной задачей игр драматизаций также является коррекция эмоциональной сферы ребенка. Перед проведением игры драматизации производится обсуждение содержания знакомой сказки по вопросам, помогающим ребенку воссоздать образы персонажей сказки и проявить к ним эмоциональное отношение. Сказка актуализирует воображение ребенка, развивает у него умение представлять игровые коллизии, в которые попадают персонажи. Ребенок не просто подражает, а создает образ персонажа, уподобляется ему. Способность ребенка войти в роль, уподобить себя образу необходима для коррекции не только

эмоционального дискомфорта, но и негативных характерологических проявлений. Собственные отрицательные эмоции и качества личности дети переносят на игровой образ, наделяя ими персонажи.

Очень близким к данному методу является сказкотерапия. Особенностью данного метода заключается в том, что психолого-педагогическое воздействие опосредованно применение метафор, аллегорий позволяет оказывать влияние на эмоциональную сферу воспитанника. Сказки сочиняются под конкретные потребности ребенка, при этом актуальная проблема выражена в сказке иносказательно и приписывается чаще всего главному действующему лицу: принцу или принцессе; при построении сюжета обязательно наделять героя некоторыми сходными чертами, роднящими его с ребенком или группой детей [15, с.10]. Формы проведения занятий по сказкотерапии различны: от организованного совместного прослушивания, до совместного сочинения сюжета новой сказки. Сказка дает возможность соединить сказкотерапию с игровой терапией: посредством проигрывания сказки по ролям, или с арт-терапией, через предложение детям нарисовать героев или события сказочных историй.

Сюжеты сказок содержат возможности для изменения героев, а также для ситуации выбора ответственного решения. Сказки позволяют говорить с детьми на понятном им языке, способствуют этическому развитию, эмоциональному взрослению.

Изобразительное творчество является одним из ведущих методов коррекции эмоциональных нарушений у детей и подростков.

Арт-терапия – это специализированная форма терапии, основанная на изобразительном искусстве. Основная задача арт-терапии состоит в развитии самовыражения и самопознания ребенка.

В исследованиях психологов было давно замечено: рисунки детей не только отражают уровень умственного развития и индивидуальные личностные особенности, но и являются своеобразной проекцией личности. Рисунок выступает как средство усиления чувства идентичности ребенка, помогает детям узнать себя и свои способности.

Наиболее эффективна *арт-терапия в коррекции страхов*. С помощью метода рисования А.И. Захаров выделяет несколько этапов коррекции страхов у детей [16, с.214-215]. Первоначально следует вызвать у детей интерес к рисованию на свободные темы: «*В детском саду», «На улице», «Я* дома», «*Моя семья», «Что мне снится страшного», «Кого я боюсь», «Мой самый страшный день*», далее следует занятие, направленное на устранение страхов. Педагог-психолог совместно с ребенком составляет список страхов, затем предлагает ребенку нарисовать их. В процессе анализа детского рисунка психолог каждый раз должен выражать одобрение, вызывая у ребенка гордость за выполненное задание. Через несколько дней педагог-психолог проводит индивидуальное обсуждение рисунков. Обсуждая, остался ли страх у ребенка, рекомендовано закреплять похвалой, далее рисуются снова оставшиеся страхи и то, чего ребенок уже не боится, дополнительно стимулируя ребенка на преодоление страхов и тревоги [16, с.216-219].

В психокоррекции детей с высокой тревожностью широко используется музыкотерапия. Эффективность музыкотерапии детерминировано эмоциональным активированием в ходе психотерапии, воздействием на психовегетативные процессы, развитие эстетических потребностей. В качестве психологических механизмов психокоррекционного воздействия музыкотерапии авторы указывают:

- катарсис – эмоциональную разрядку, регулирование эмоционального состояния;
- усвоение новых способов эмоциональной экспрессии;
- повышение социальной активности.

Традиционно выделяются следующие варианты музыкотерапии: рецептивная музыкотерапия, которая предполагает восприятие музыки с коррекционной целью, и активная, которая представляет собой коррекционно-направленную, активную музыкальную деятельность.

Различают три формы рецептивной психокоррекции:

- коммуникативная – совместное прослушивание музыкальных произведений, направленное на поддержание взаимных контактов, взаимопонимания и доверия.
- реактивная, помогающая достижению катарсиса.
- результативная, ведущая к снижению нервно-психического напряжения.

При работе с детьми целесообразно использовать и рецептивный, и активный варианты музыкальной психокоррекции.

Активная психокоррекция широко практикуется в групповых занятиях для сплочения группы и эффективности группового взаимодействия. Например, хоровое пение, исполнение музыкальных произведений на музыкальных инструментах или с импровизированных инструментов.

Благодаря рецептивной музыкотерапии решаются конкретные психокорррекционные задачи: оптимизация общения, создание доверительной эмпатийной атмосферы, снижение эмоционального дискомфорта.

Таким образом, завершая обзор современных технологий управления тревожностью детей дошкольного возраста в условиях дошкольной образовательной организации необходимо отметить следующие выводы:

Технология управления тревожностью как совокупность разработанных методов и средств воздействия для достижения поставленной цели, располагает широким спектром инструментов – психокоррекционных упражнений и методик, направленных на снижение уровня тревожности, и позволяет выстроить эффективную программу психолого-педагогической коррекции эмоциональных проблем у тревожных детей. Однако следует обратить внимание на важность соблюдения принципов *системности, последовательности и комплексности в процессе ее реализации*, поскольку *дошкольник в силу собственных возрастных особенностей остается зависимым от значимых взрослых, социума и внешних условий*. По этой причине внедрение технологии управления тревожностью предполагает включение в программу мероприятий работу с педагогическим коллективом дошкольной организации образования и родителями детей с проявлениями тревожности.

Список источников:

1. Гарбузов В.И., Захаров А.И., Исаев Д. Н. - «Неврозы у детей и их лечение». Л.: Медицина. 1977. С 13-14
2. Епанчинцева О.Ю. Роль песочной терапии в развитии эмоциональной сферы детей дошкольного возраста. СПб. 2010 с. 4
3. БашироваТ.Н. Противоречивость социально-психологических характеристик личности, как основа виктимного поведения студентов/Т.Н. Баширова. – М.: Норма, 2009. с. 265.
4. Стуколова Л.С. Психологические основы виктимности в юношеском возрасте// международный научный журнал «Символ науки». 2016. - №7. – с.124-125
5. Шараева Н.В. Данилова М.А. Особенности проявления тревожности у подростков, склонных к виктимному поведению.// Форум молодых ученых. 5/3(21) 2018 г. с 884-885.
6. Райгородский Д.Я. Психология личности. Хрестоматия Том 1. 2006.: «Бахрах-М» с.88, с.212-213, с.354.
7. Хорни К. Невротическая личность нашего времени. Самоанализ. М, 1983. С. 117-123
8. Мадди С. Теории личности: сравнительный анализ. СПб: Речь, 2002. с 313
9. Захаров А.И. Происхождение и психотерапия детских неврозов. М. Каро. 2006. с. 39.
10. Глозман Ж.М., Зоткин В.В. Исследование уровня тревожности у больных с афазией //Вести. Моск. ун-та. Психология. - 1983. - № 1. С. 217-220.
11. Марданова Ш.С., Ерназарова С.Т., Мадалиева С.Х., Багиярова Ф.А. К проблеме развития эмоциональных комплексов у детей дошкольного возраста// Международный журнал экспериментального образования. – 2015. – № 12-5. – С. 632-636.
12. Гарбузов В.И. «Нервные и трудные дети». Л.: Медицина. 1990. с.51-55.
13. Прихожан А.М. Причины, профилактика и преодоление тревожности// Психологическая наука и образование. 1998. Том 3. № 2.
14. Литова З. А. Сущность понятия «технология» на современном этапе// Ученые записки. Электронный научный журнал Курского государственного университета. 2019. № 2 (50). Т. 1.
15. Черняева С.А. Психотерапевтические сказки и игры. СПб. 2018 с. 10.
16. Захаров А.И. «Как преодолеть страхи у детей». М.: Каро. 2017. с.214-219.

ТҰЛҒАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Құдайбергенова Г.Д.,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Әлеуметтік ғылымдар кафедрасы»
«7103101 Психология» мамандығының
2-курс магистранты
Меңлібекова Г.Ж.,
п.ғ.д., профессор

Аңдатпа: Бұл мақалада жалпы тұлғаның психологиялық қауіпсіздігі ұғымы, ол туралы зерттеулер нәтижелері мен тұжырымдар қарастырылады. Қоғамда және жеке тұлға үшін психологиялық қауіпсіздіктің жалпы маңызы мен қарым-қатынастардағы әсері айтылады. Психологиялық қауіпсіздік жеке тұлғаның да, қоғамның да тұрақтылығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің негізгі факторы екеніне назар аударылады. Психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін зерттеулер негізіндегі қажетті факторлар аталып өтіледі. Адамдардың мінез құлқы мен қарым-қатынасындағы психологиялық қауіпсіздіктің әртүрлі аспектілері, сондай оның эмоционалды күйге, шешім қабылдауға және өмір сапасына әсері қарастырылады. Қауіпсіздікті сезіну деңгейі әр адамның жеке субъективті көзқарасымен, қабылдау ерекшілігіне байланысты. Тұлғаның өзін психологиялық қауіпсіздікте сезінуі оның өзін сенімді әрі белсенді түрде еркін көрсете алатыны көрсетіледі. Қазіргі заманауи техникалар дамыған уақытта ақпараттық-психологиялық қауіпсіздікке де маңызды назар аударылып зерттелуде екені атап өтіледі. Психологиялық қауіпсіздік ұғымымен және оған әсер ететін факторлармен таныс болу, түсіну қоғамның, оның ішінде жеке тұлғаның қанағаттанарлық, үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз етудің маңызды факторы екені тұжырымдалады. Ол сыртқы қауіптерден қорғанудың жеткілікті деңгейін, сондай-ақ күйзеліс пен жағымсыз әсерлерге ішкі төзімділікті білдіреді. Психологиялық қауіпсіздік адамға өмірлік қиындықтарды тиімді жеңуге, психикалық тепе-теңдікті және салауатты қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер*:* Қауіпсіздік, психологиялық қауіпсіздік, тұлға психологиясы, ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік.

В данной статье рассматривается концепция психологической безопасности личности, обзор теоретических исследований и их результатов. В ней обсуждается общая важность психологической безопасности для личности и его влияние на отношения с обществом. Акцентируется внимание на том, что является ли психологическая безопасность основным фактором обеспечения стабильности как личности, так и общества. Определены необходимые факторы, показанные в исследованиях для поддержки психологической безопастности. Рассматриваются различные аспекты психологической безопастности в поведении и взаимоотношениях людей, а также её влияние на эмоциональное состояние, принятие решений и качества жизни. Останавливаемся на уровне чувства безопасности, которое зависит от индивидуального субъективного отношения каждого человека от специфики восприятия. Показано, что если человек чувствует себя в психологически защищенным, то он может уверенно и активно самовыражаться. Отмечается в нынешнем современном обществе, где во всех сферах стремительно растет использование технологии, особенное внимание уделяется изучению информационно-психологической безопасности личности, как элемента общества. Исследования показывают, что психологическая безопасность является важным фактором для предотвращения различных психических расстройств и обеспечение полноценной жизни личности. Поэтому осознание и понимание психологической безопасности все более важным в современном мире. Он подразумевает достаточный уровень защиты от внешних угроз, а также внутреннюю устойчивоть к стрессам и негативным воздействиям. Психологическая

безопасность позволяет человеку эффективно преодолевать жизненные трудности, поддерживать душевное равновесие и здоровые отношения.
Ключевые слова: Психологическая безопасность, безопасность личности, информационно-психологическая безопасность, психология личности

The article discusses the concept of psychological security of the individual, a review of theoretical research and their results. It discusses the general importance of psychological security for the individual and its impact relations with society. Attention is focused on whether psychological security is the main factor in insuring the stability of both the individual and society. The necessary factors shown in research to support psychological safety are identified. Various aspects of psychological safety in human behavior and relationships are considered, as well as its impact on emotional state, decision-making and quality of life. We stop at the level of a sense of security, which depends on the individual subjective attitude of each person and the specifics of perception. It is shown that if a person feels psychological protected, he can confidently and actively express himself. It is noted that in modern society, where the use of technology in all spheres is growing rapidly special attention is paid to the study of information and psychological security of the individual as an element of society. Research shows that psychological safety is an important factor in the prevention of various mental disorders ensuring a full-fledged life of an individual. Therefore, awareness and understanding of psychological safety is becoming increasingly important in the modern world. This implies a sufficient level of protection from external threats as well as internal resistance to stress and negative influences. Psychological safety allows a person to effectively overcome life difficulties, maintain mental balance and healthy relationships.
Keywords: Psychological safety, security of person, information and psychological safety, psychology of person.

Кіріспе. Бүгінгі динамикалық және гипербәсекелестік орта оқыту, өзгерту және инновациялар арқылы ұйымды үздіксіз жетілдіру оның табысты болуын қамтамасыз етті. Әлемдік тәжірибе психологиялық қауіпсіздіктің жылдам өзгеретін әлемде өсу, оқу, үлес қосу және тиімді жұмыс істеу үшін жұмыс орнында өзін қауіпсіз сезінуге» мүмкіндік беретінін көрсетті.

Адамзат тарихында қауіпсіздік мәселесі әрдайым маңызды рөл атқарған. Адамдар әрқашан қауіпсіз өмір сүруге ұмтылады. Қауіпсіздіктің әр түрлі аспектілері бар: саяси қауіпсіздік (мемлекеттік қауіпсіздік), техникалық қауіпсіздік (көбінесе «қауіпсіздік технологиясы» деп аталады), әлеуметтік қауіпсіздік (басқа адамдармен өзара ара-қатынас жасау үшін мүмкіндігінше қауіпсіз әлеуметтік ортаға ұмтылу), экологиялық қауіпсіздік (қоршаған ортамен, табиғатпен өзара қауіпсіз қарым-қатынас жасау) және басқа да көптеген аспектілер. Бірақ қауіпсіздіктің барлық түрлерінің квинтэссенциясы психологиялық қауіпсіздік болып табылады, яғни белгілі бір уақыт шеңберінде адам өміріне төнетін қандай да бір қауіптердің жоқтығына субъективті сенімділік. Тұлға үшін қауіпсіздіктердің барлық аспектілері оның өміріне қатысты болғанға дейін абстрактілі болып табылады.

Психологияда «қауіпсіздік» түсінігі өте күрделі және оның анықтамасы көпұшты болып келеді. Ол психологияның эргономика, еңбек психологиясы, инженерлік психология сияқты салаларында кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, психологиялық мазмұны анық емес, дәлірек айтқанда мағынасы психикалық құрылымнан бөлініп қарастырылады, тек «қауіп», «мазасыздық», «қорқыныш» сияқты құбылыстарға қарама-қайшы сипатта қолданылады. Сөйтіп, оның өзіндік болмысы басқа психикалық ұғымдарда жоғалып бұлыңғыр болады. Әйтсе де, бұл ұғым психикалық көріністер мен жеке қасиеттердің ең маңызды қырын көрсетеді. Өзін қауіпсіз сезіну тиімді шешім қабылдау, таңдау жасауда ынталы болу және т.б. өмірдің барлық салаларында пайдалы нәтиже көрсетудің анықтаушы факторына айналады. Өзін қауіпсіздікте деп қабылдау көбінесе жеке тұлғаның ішкі әлемін, оның мазмұнын қалыптастырады және оның әрқилылығын көрсетеді.

Материалдар мен әдістер. Қазіргі заманғы жұмыс орнында психологиялық қауіпсіздіктің маңызды рөлінің өсіп келе жатқан эмпирикалық дәлелдеріне қарамастан, бірнеше маңызды сұрақтар әлі де бар. Осы сұрақтарға жауап беру және психологиялық қауіпсіздік бойынша зерттеулерді ілгерілету үшін теориялық зерттеу әдістері қолданылды.

Субъективті деңгейде қауіпсіздік жеке құндылық қатарына жатқызылады. Көптеген теориялар жеке тұлғаның қалыптасуында қауіпсіздік сезімінің маыздылығын көрсетеді. А. Маслоудың әйгілі мотивацияны қалыптастыру теориясы «қауіпсіздікті» негізгі қажеттілік ретінде анықтайды. Оны қанағаттандырмай үйлесімді даму және жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне қол жеткізі мүмкін емес (1).

Нәтижелер. Тұлғаның психологиялық қауіпсіздігі – жеке адамның санасының, оның психикалық жай-күйін, психологиялық сипаттамалары мен мінез-құлық, іс-әрекеттерін адам еркінен тыс өзгертетін әсерлерден белгілі бір деңгейде қорғалуы (2)

В.Д. Анасов тұлғаның психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті үш факторды атап көрсетеді: адами фактор, қауіпсіздік факторы және экологиялық факторлар. Алғашқы екеуі негізгісі болып саналады. Адами фактор – бұл адамның қауіпті жағдайлардағы әр түрлі әрекеттері. Қоршаған орта дәстүрлі түрде физикалық және әлеуметтік болып бөлінеді және де ол тұлғаның өзін қауіпсіз сезінуі үшін қолайлы әрі түсінікті болуы шарт. Қауіпсіздік факторы – адамдардың өздерін үрейлі және қауіпті жағдайлардан қорғау үшін қолданатын құралдары, олар да физикалық немесе психологиялық (психикалық қорғаныс механизмдері) болуы мүмкін (3)

Қауіпсіздік қауіппен тығыз байланысты. Құқықтық әдебиеттерде адамға төндірілетін қауіп бағытына байланысты келесідей екіге бөлінеді:

- Физикалық – дененің физикалық жағдайына, оның қалыпты жұмысына қауіп;
- Психологиялық – ықтимал психологиялық соққыларға әкелетін қорқыту, қорлау, балағаттау немесе басқа да қылмыстық элементтер тарапынан келетін қудалау түрінде, не болмаса қорқынышты шындықты асыра күшейтіп қабылдау түрінде көрінетін қауіп (4)

Демек, адам қауіп-қатер болмаған немесе одан қорғалған кезде өзін қауіпсіз сезінеді. Көпшілік адамның санасында қауіпсіздік ұғымы қорғаныс, қорғауда болу, қорғалумен байланысты. Адамзат мінез-құлқының ерекше сипатына байланысты қорғаныста болу – ол өзара белсенді әлеуметтік ара-қатынаста болуды талап етеді. Олай болса, біз біріккен жағдайда қорғауда боламыз деген сөз. Әйтсе де, қоғамға қосылу немесе өзара бірігу еркіндікті шектеуді білдіреді және жеке қауіпсіздікке әлеуметтік қауіп төндіреді. Осылайша, еңсерілмейтін парадокс туындайды: жеке қауіпсіздік айналадағы болып жатқан құбылыстарды абсолютті бақылап, қолда ұстау арқылы өзін еркін және белсенді таныта алу мүмкіндігін қажет етеді, бірақ қоғамда бұл мүмкін емес. Қоғам жеке адамның еркін мінез-құлық, іс-әрекетін ережелер жүйесімен шектейді, сонымен қатар, осылайша қоршаған ортаның зиянды факторларынан да қорғайды. Әлеуметтік және қоғамдық байланыстар бәсекелестікті, манипуляциялық, дерективалық, достық және т.б. қарым-қатынастарды туғызуы мүмкін. Олар адам санасында қауіпсіздік әсерімен қатар күйзелісті де, алаңдаушылықты да, қиындықтарды тосу сезімін де, түптеп айтқанда қауіпті тудыруы мүмкін. Бұл парадокс адам күйі динамикасының энергетикалық факторы болып табылады. Адам қоғамдық нормаларды, құндылықтарды, заңдарды игереді, солардың негізінде адамгершілік, әдептілік, парасаттылық, жауапкершілік сияқты тұлғалық қасиеттер қалыптасады. Олар адамға өзін қорғаныста сезініуіне және өзін субъективті еркін таныта алатынын түсініп, сезінгенде әртүрлі күйзелістерге сәтті төтеп беруге көмектеседі.

Психологиялық қауіпсіздікті қалыптастыру және дамыту процесі – тұланың қандай да бір жағдайларды реттеу үшін іс-әрекеттерді алдын ала бағдарламалау негізінде құрылатын субъективті модель түріндегі ортаны қабылдауын қамтиды, яғни бір ортадағы әртүрлі субъектілердің қауіпсіздікті сезіну дәрежесі санқилы болуы мүмкін. (5)

Талқылау. Ғылыми еңбектерде еңбек ұжымындағы психологиялық қауіпсіздік туралы келесідей тұжырымдар бар.

«Психологиялық қауіпсіздік» ұғымын ұйымдастыру ғылымына 1965 жылы Шейн мен Беннис енгізді, бірақ соңғы жылдары ғана эмпирикалық зерттеулер өркендей бастады. Адамдардың жұмыс ортасындағы тұлғааралық қарым-қатынастарында психологиялық қауіпсіздік олардың тәуекелдерінің салдары туралы түсінігін сипаттайды. Ол кімде-кім қауіп төндіруі ықтимал, мысалы сұрақ қою, кері байланыс сұрау, қате туралы хабарлау немесе жаңа идеяны ұсыну сияқты жағдайларға түскенде басқалардың қалай әрекет ететіні туралы нақты сенімдерден тұрады. Іс-әрекет микрошешімдерін қабылдау нүктелерінде адамдар үнсіз іштей анализбен айналысады, сол арқылы олар белгілі бір тұлғалармен қарым-қатынаста оның мінез-құлық пен іс-әрекетіне байланысты тәуекелді бағалайды: мысалы, «Егер мен бұл жерде Х жасасам, мені ренжітеді ме, ұятқа немесе сынға қаламын ба?» Теріс жауап тұлғаның ары қарай әрекет етуіне мүмкіндік беретін психологиялық қауіпсіздікті көрсетеді. Осылайша, ары қарай болатын нәтиже мен салдарды әр қилы елестету әсерінен бір жұмыс тобына ақылға алмайтын әрекет екінші бір жұмыс тобында оңай жасалуы мүмкін (6)

Басқа да зерттеулерде психологиялық қауіпсіздік осыған ұқсас жолдармен анықталады. Мысалы, Уильям А. Кан (1990,708) оны «өзін-өзі бағалау, мәртебе немесе мансап үшін жағымсыз нәтиже мен салдарлардан қорықпай, өзін көрсете білу және өзінің мықты жақтарын пайдалана білу сезімі» деп сипаттаған. Сапалы аумақтық зерттеуінде Кан психологиялық қауіпсіздік ұжымдағы «адамдардың өз рөлдерін қалай орнықайтынын қалыптастыратын» үш психологиялық жағдайлардың бірі екенін анықтады. Мэй, Гилсон және Хартер жүргізген эипирикалық зерттеулер психологиялық қауіпсіздік қызметкердің жұмысқа келуге құштарлығына ықпал ететінін көрсетеді.

Дәл осылай ұйымдық өзгерістерді классикалық зерттеуде Эдгар Шейн мен Уоррен Беннис (1965) адамдардың өзін қауіпсіз сезінуі және соған орай мінез-құлық пен іс-әрекеттерін өзгертуі үшін психологиялық қауіпсіздікпен сипатталатын жұмыс ортасы қажет деп ұсынған. Одан бермен келе, Шейн (1985, 298-299) психологиялық қауіпсіздік адамдарға олардың үміттерін ақтамайтын, нәтижелі оқуға кедергі келтіруі мүмкін деректер ұсынылғанда пайда болатын қорғаныс қабілетін немесе «оқу уайымын» жеңуге көмектесетінін айтты. (6)

Психологиялық қауіпсіздік қоғамда барлық адамдар мүндетті түрде тұлғаға жақын достар болатын қолайлы ортаны, сондай-ақ ешқандай қысымның болмауын білдірмейді. Оның орнына, тұлғааралық өзара қарым-қатынаста қауіпсіздік сезімі туралы қалыптасқан көзқарасты сипаттайды. (6)

Соңғы уақытта ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік көбірек назарға алынып зерттелуде. Жеке тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігін оның қоғамда өзін-өзі ұстауының орынды ақпараттық-бағдарланған негізінің қалыптасуы мен жұмыс істеуіне кедергі келтіретін немесе қиындататын әртүрлі ақпараттық факторлардың әсерінен оның психикасының қорғалуы ретінде қарастыруға болады. Оған қоса, оның қоршаған әлемге және өзіне деген субъективті қисынды қарым-қатынас жүйесінің аталған факторлардан психологиялық қорғалуы.

Жалпы алғанда, жеке тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі оның белсенді әлеуметтік субъект ретінде тұтастығын және қоршаған ортамен ақпараттық өзара ара-қатынасында даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін жеке қауіпсіздік жағдайы.

Жеке тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігін (бұл жағдайда тұлға ұғымы жеке белсенді әлеуметтік субъект ретінде жалпы түрде қолданылады) ақпараттық және психологиялық қауіпсіздіктің жалпы мәселелерінен бөліп, тәуелсіз бағыт ретінде қарастыру келесі негізгі себептермен анықталады:

Біріншіден, ақпараттық қоғамға (ақпараттық өркениетке) өтуге байланысты ақпараттық ағындардың және бүкіл ақпараттық ортаның мазмұны мен құрылымының ауқымы және күрделілігінің артуы, оның адам психикасына ықпалы айтарлықтай күшейіп, қарқынданауында, әрі әсері тез өсуде. Бұл қазіргі қоғамдағы адамның жеке тұлға және белсенді әлеуметтік субъект ретінде өмір сүруінің жаңа механизмдері мен құралдарын қалыптастыру қажеттілігін анықтайды;

Екіншіден, адам психикасының ақпарттық ортамен әрекеттесуі сапалық және спецификалық жағынан басқа биологиялық, техникалық, әлеуметтік жіне әлеуметтік-техникалық жүйелердің ақпараттық ортамен өзара әрекеттесуінен ерекшеленеді және орынды, адекватты аналогы жоқ.

Үшіншіден, ақпараттық әсер етудің негізгі және орталық «нысаны» адам, оның психикасы болып табылады. Күрделілігі әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік субъектілердің, кез-келген қауымдастықтар мен қоғамдық ұйымдардың – шағын топтан жалпы ел халқына дейін – қалыпты жұмыс істеуі жеке тұлғаларға, олардың өзара әрекеті мен қарым-қатынасына байланысты. (7)

Қазақстандық зерттеулерде субъектілердің көбшілігінде ақпараттықпсихологиялық қауіпсіздік туралы идеялардың қалыптасу деңгейі жеткіліксіз, бұл олардың теріс ақпараттық әсерге осалдығын көрсетеді. Студенттер арасында жүргізілген зертеулерде де бұл салада олардың айтарлықтай хабарлары мен білімдері жоқ екені, үстіртін білетіндері, соған орай ақпараттық жағымсыз қауіптерге қарсы тұру құлшыныстары мен тәжірибелерінің аз екені анықталған. (11-12)

Психологиялық қауіпсіздік – адамның әл-әуқатының негізгі аспектісі, ол эмоционалды жағдайдың тұрақтылығын, өзіне деген сенімділікті, қоғамда өзінің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін қанағаттандыруды, психологиялық жарақаттан қорғауды қамтиды.

Жеке тұлғаның психологиялық қауіпсіздігі көптеген факторлорға, соның ішінде отбасылық ортаға, кәсіби іс-әрекетке, әлеуметтік қарым-қатынасқа, моральдік көзқарастарға және басқаларға байланысты. Психологиялық қауіпсіздіктің негізгі аспектілерінің бірі – жеке өзін-өзі бағалау. Өзін-өзі төмен бағалау әртүрлі психологиялық проблемаларды тудыруы мүмкін, ал өзін-өзі жоғары бағалау стресстік жағдайлардан қорғау қызметін атқара алады. (8,9,10)

Жеке тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қоғам тарапынан жүйелі қолдау қажет. Психологиялық қолдау көрсетуге арналған түрлі бағдарламалар мен жобалар, сондай-ақ психологтар мен психотерапевттерге кәсіби кеңес беру маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ позитивті ойлау, күйзеліс пен жанжалдарды басқару дағдыларын, психологиялық тұрақтылықты дамыту маңызды. (8,9,10)

Қорытынды. Зерттеулер көрсеткендей, психологиялық қауіпсіздік әртүрлі психикалық ауытқулардың алдын алудың және қанағаттанарлық жеке өмірді қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Сондықтан қазіргі әлемде психологиялық қауіпсіздік туралы хабардар болу және түсінудің маңызы артуда.

Қорыта келгенде, жеке тұлғаның психологиялық қауіпсіздігі оның әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Психологиялық қауіпсіздікке әсер ететін факторларды түсіну және оны қолдау әдістерін әзірлеу қазіргі психологияның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Маслоу А. Мотивация и личность. - Санкт-Петербург: Питер, 2008. – 351 с.
2. Колесникова Т.И. Психологический мир личности и его безопасность. Москва: Изд-во Владос-пресс, 2001. – 176 с.
3. Анасов В.Д., Лепский В. Е.. Исходные посылки проблематики информационно-психологической безопастностиииити. - Москва: Институт психологии РАН, 1996. – С. 7-11.
4. Папкин А.И. Личная безопастность сотрудников органов внутренних дел. Тактика и психология безопастной деятельности: пособие. - Москва: ГУК МВД РФ, 1996. –260 с.
5. Ефимова Н.С. Основы психологической безопасности: Учебное пособие. - Москва: ИД Форум – Инфра-М, 2019. – 192 с.
6. Kramer R. M., Cook K. S. (ed.). Trust and distrust in organizations: Dilemmas and approaches. – Russell Sage Foundation, 2004.
7. Грачев Г. В. Информационно-психологическая безопасность личности: состояние и возможности психологической защиты //М.: изд-во РАГС. – 1998. – Т. 125. – С. 14.
8. American Psychological Association. (2019). Building your resilience. https://www.apa.org/topics/resilience.
9. Masten A.S. (2014). Global perspectives on resilience in children and youth. Child development. 85(1), (6-20).

10. Seligman M. E. P., & Csikszentmihalyi M. (2000) Positive psychology& An introduction. American Psychologist. 55(1), 5-14.
11. Васко Т.П., Аймагамбетова О.Х., Ихсанова Д.Т.. Представление об информационно-психологической безопастности современных студентов. Вестник КазНУ: Серия психологии и социологии. -№3 (58) -2016. - 44 с.
12. Васько Т.П.. Информационно-психологическая безопастность личности. Вестник КазНУ: Серия психологии и социологии. -№1 (44) -2013. -42 с.

ТҰЛҒАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Муратпек Айман Муратпекқызы,
6М011900 – Шет тілі: екі шет тілі мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар магистрі,
Арнайы пән оқытушысы
Жетісу облысы, Сарқан қаласы,
Сарқан көпсалалы колледжі

Аннотация: Баяндамада тұлғаның лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы жан-жақты дамуына ықпал жасайтын құзыреттіліктердің өзара әрекеттесуінің үрдісі және қорытындысы сипатталады. Бұл саладағы отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастары салыстырылып, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру шетелдік білім беру жүйесінің негізгі мақсаты ретінде қарастырылады. Осы құзыреттілікті меңгеруде өте маңызды болып табылатын дағдыларды меңгеру ашып көрсетіледі. Лингвомәдени ақпарат студенттердің коммуникативті құзыреттілігіне қажетті бір бөлігіне айналуына байланысты, лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымы сарапталады.
Тірек сөздер: лингвомәдени, құзыреттілік, мәдениеттану, үлгі, тұлға.

В статье рассматривается формирования лингвокультурной компетенции в личности, характеризуется процесс взаимодействия и развития компетенций. Сравнивается взгляды отечественных и зарубежных ученых в этой области. Формирование лингвокультурной компетентности рассматривается как главная цель зарубежной образовательной системы. Раскрываются навыки, необходимые для приобретения этой компетенции, поскольку лингвокультурная информация становится необходимой коммуникативной частью компетенции студента, анализируется структура лингвокультурной компетенции.
Ключевые слова*:* лингвокультура, компетентность, культурология, модель, личность.

This article considers the formation of linguacultural competence of the individual, characterized by a process of interaction and development of competencies. Formation of linguacultural competence is the basic aim of foreign education. For the formation of the competence notes necessary types of ability, which are very important in mastering linguacultural competence, linguistic and cultural information becomes a necessary part of the communicative competence of the student and analyze the structure of linguacultural competence.
Keywords: linguacultural, competence, culturology, model, personality.

Қазіргі таңда мамандарды әзірлеудің кәсіби дайындық теориясы мен әдістемесінің алдында тұлғаның жоғары лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мен байланысты өзекті ғылыми негіздеу мәселесі туындап отыр. Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерімен Д.И. Башурина, А.В. Гетманская, Е.А. Иванова, Ф.С. Кебекова, М.С. Киселева, М.А. Мигненко, И.А. Орехова, М.А. Пахноцкая, Н.А. Фоменко, Е.А. Чубина, А.М. Шуралёв, А.С. Алметова, С.С. Құнанбаева, С. Сәтенова, М. Ешимов және т.б. сияқты ғалымдар айналысады.Алайдажоғарыда аталған авторлардың жұмыстарында лингвомәдени құзыреттіліктің ұғымына және құрылымына әртүрлі көзқарастар берілген, осыған байланысты оны түсіну әртүрлі болып келеді, демек оны қалыптастыру тәсілдері, әсіресе жоғары кәсіби білім беру орын дарында, әртүрлі болып отыр[1, 236 б.].

Жоғарыдағы ғалымдар ұсынған лингвомәдени құзыреттіліктің анықтамасы оның маңыздылығын ашады. Яғни, лингвомәдени құзыреттілік – бұл адамның дербес іске асыра алатын жеке интегралды қасиеті. Ол белгілі бір ұлттық тілде іске асырылған, адамның теориялық-практикалық және жекелік әлеуметтік маңызды дайындығында, арнайы дағдыларды адамның жекелік қасиетін, мәдени құндылықтарды игеру барысында пайда болатын қабілеті және тәжірибесі.

Лингвомәдени құзіреттілік - мәдениетаралық қатысым жағдайында лингвомәдени дағдыларын орында пайдалана білумен ерекшеленетін көп сатылы, бірі екіншісіне тәуелді бірнеше кезеңдері бар, өз сөзін дұрыс ұйымдастыра білумен, ең соңында басқа мәдениет өкілімен еркін тілдесуге қол жеткізуімен айқындалатын құзіреттілік. Жалпы алғанда лингвомәдени құзіреттілігіне былайша анықтама беруге болады: «Лингвомәдени құзіреттілік дегеніміз - басқа лингвомәдени қоғам өкілімен тілдік қатынас кезінде тіл бірліктерінде көрінетін әлем туралы білім негіздерін меңгеруі арқылы мәдениеттер сұхбатына танымдық іргетас жасай тілдесе алуын қамтамасыз ететін өзара әрекеттестік пен өзара түсіністік жағдайында сөйлесуге дайындығы лингвомәдени құзіреттілігі болып саналады» [2, 5б.]. Бұл мәселемен айналысқан ғалымдар өзге тілде оқытудың ең соңғы жетістігі лингвомәдени құзіреттіліктің қалыптасу деңгейімен өлшенетінін негіздейді.

Осыған байланысты, ана тілін оқыту барысында шет тілі дәрістемесінде лингвомәдени әрекетті қолдану маңызды болып табылады, өйткені лингвомәдени ақпараттар шетелдік студенттің маңыздылығын құрайтын ерекше түрде тілдік бірліктер семантикасына айналған байланыс құзіреті болып табылады. Лингвомәдени ілім, байланыс бөлігі ретінде, лингвомәдени құзірет қажеттілігін қалыптастыруын тудырады.

Лингвомәдени құзіреттіліктің қалыптасуы, қазіргі кезеңде шетел тілдерін оқытудың негізгі мақсатын құрайтын, мәдениаралық байланыс құзіреттілігінің негізгі бөліктерінің бірі болып табылады. Бұл мәселені зерттеушілер С.С.Құнанбаева, Д.Н.Құлыбаева шетел тілдерін оқытудың негізгі деңгейіне қол жеткізу лингвомәдени құзіреттіліктің қалыптасу деңгейімен анықталатынын айтады [2, 12 б.].

Лингвомәдени құзіреттіліктің үлгісін жасау үшін, ең алдымен оның пәндік мазмұндық және іс-жүргізушілік толықтылығын анықтау қажет. Лингвомәдени құзіреттіліктің мазмұнын толықтыру туралы мәселені қарастыра отырып яғни үлгілеу обьектісі туралы, көптеген ғалымдар құзіреттіліктің мазмұндық аспектілерін «білім, дағды, шеберлік» терминдерімен қарастырады.

Лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымын сараптай келе, біз оны құрайтын өзара байланысты құзыреттіліктерді ұсынамыз:

1. Лингвистикалық (тіл зерттеушілік) – сөйлеу барысын дұрыс ұйымдастыру үшін тіл туралы теориялық, лингвистикалық білімдерді белсендіру және жүйелеу іскерлігін игеру;

2. Тілдік – тілді практикалық игеру; сөйлеу барысын дұрыс ұйымдастыру үшін тілдік бірліктерді сараптау және таңдау үшін адамның лингвистикалық (тілдік) білімдерінің қоры;

3. Сөйлеу – қарым-қатынас мақсатына орай сөйлеу іс-әрекеті; түрлі сөйлемдерді құрастыру үшін саны шектелген тілдік бірліктерді қолдану, олардың әрекет ету және қолдану заңдылықтарын білу;

4. Әлеуметтік-лингвистикалық – контекстіге сай тілдік формаларды таңдау және оларды түрлендіріп, қолдану (қарым-қатынастың жағдайына және мақсатына, коммуникацияға қатысушылардың әлеуметтік рөліне тәуелді);

5. Дискурсивті (прагматикалық) – берілген әлеуметтік ортада қабылданған қарым-қатынас ережелерінің көмегімен сөйлеу іс-әрекетін (жазбаша немесе ауызша) ұйымдастыру;

6. Стратегиялық (компенсаторлық) – ауызша және ауызша емес сөйлеу стратегиялар арқылы тілдік, әлеуметтік білімнің қарым-қатынас тәжірибесінің нақты жағдайында жетіспеушілігінің орнын басу;

7. Әлеуметтік-әлеуметтік жағдайда хабардар болу және оны басқару. Қарым-қатынас жасау және оны жалғастырудың практикалық көрінісі;

8. Лингвоелтанушылық-ұлттық-мәдени тілдік бірліктерден мемлекеттің мәдениеті, дәстүрлері, халықтың тұрмыс-салтерекшеліктері жайында алынған білімді шетел тілінде қарым-қатынас жасау барысында қолдана алу;

9. Әлеуметтік-мәдени – оқып жатқан тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін (салт-дәстүрлерді, тарихты және мәдениетті білу) және тілдік байланыстар ережелерін (әлеуметтік ұстанымдар мен этикет) меңгеру;

10. Мәдениеттанушылық – қабылданған экстралингвистикалық білімдер кешенінің, басқа елдің әлеуметтік-мәдени, сонымен қатар елтанушылық білімдердің қалыптасуына зор үлес қосқан тарихи жағдайлар туралы білімдердің негізінде мәдениеттер арасындағы тілдік қарым-қатынас жасауға мүмкіндік, өзіндік және шетелдік мәдениетке талдау жасай білу ;

11. Оқу-танымдық (оқу-әдістемелік) – өз бетінше жаңа білімді, іскерліктерді және іс-әрекет жасау тәсілдерін игере алу [3].

Жоғарыда берілген құзыреттіліктердің өзара байланысы интегративтісипатқа ие болып отыр, себебі лингвомәдени құзыреттілік өзара тығыз байланысқан өзіндік қасиеттері бар біртұтас білімді білдіреді.

Тұлғаның бойында лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруда интегративті тұғырды қолдану келесідей болу керек:тұлғаның жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту;мәдени құндылықтарды игеру үдерісі барысында субъектілік және әлеуметтік тәжірибені байыту;тұлғалық және әлеуметтік маңызды кәсіби қызметті іске асыру үшін студент үшін теориялық-қосалқы дайындық мүмкіндігін беру.

Адамның тілдік білімі өз бетінше пайда болмайтыны баршаға мәлім. Ол белгілі әлеуметтік ортада қалыптасқан ережелерге сай адамның бастан кешірген жағдайларына, яғни өмірлік тәжірибесіне байланысты. Сол себептен сөзді тану – оны өз тәжірибеңе еңгізуді білдіреді [4, 160 б.]. Ішкі контекст адамның индивидуалды біліміне, оның индивидуалды әлем бейнесіне тікелей байланысты. М.Р.Қондыбаеваның пікірінше, жедел жадының, болжау дағдыларының жеткілікті көлемі, сөйлеу іс-әрекетінің жылдамдығы, есту арқылы сөздерді тез арада тану көптілді білім беру жүйесінде үлкен нәтижеге әкеледі [5, 84 б.].

Шынайы тілдесу тілдік құзіреттілікпен шектелмейді, ол лингвоелтанулық, лингвомәдениеттанулық білімді қажет етеді. Елтану, мәдениеттану мәліметтерін тілді өзге тіл ретінде оқып-үйренуші басқа ұлт өкіліне толық өз дәрежесінде жеткізу қиын.

Мәдениетаралық құзіреттілік үйренушінің өзге мәдениет дәйектерін шыдаммен қабылдауға қабілетін қалыптастырады,шын ниетпен өзге мәдениетті түсінуге, сол тілде сөйлейтін адамдардың жүріс-тұрыстарын солардың көз қарастарын үйрету болып табылады. Осы жол арқылы бүкіл әлемдік мәдениетті қабылдауға, олардың ұлттық тұрмысын білуден сол арқылы өз мәдениетінде, тілінде байытады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Колков М.К. Проблемы обучения иностранных языков в вузе // Методическое пособие обучения иностранных языков в школе и вузе. - Санкт-Петербург, 2001.-236 с.
2. Коппосынова М.Қ. «Көркем аударманы оқытуда болашақ аудармашының лингвомәдени құзіреттілігін қалыптастыру жолдары» //
Аударма ісі мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдары магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация-Қызылорда, 2013 – 5-12 бб.
3. https://bilimgylym.wordpress.com/2016/11/23/%D1%82%D2%B1%D0%BB%D2%93%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D2%A3-%D0%BB%D0%B8%D0%BD%D0%B3%D0%B2%D0%BE%D0%BC%D3%99%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D0%B8-%D2%9B%D2%B1%D0%B7%D1%8B%D1%80%D0%B5%D1%82%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%B3%D1%96/
4. Языковое образование в вузе: Методическое пособие для преподавателей высшей школы, аспирантов и студентов.-Санкт-Петербург: КАРО, 2005.- 160 с.
5. Волкова Л.В. Методика формирования коммуникативной компетенции в практике преподавания английского языка: учебное пособие.-Астана, ЕАГИ, 2010.-84 с.

ЖЫЛУ ТАСЫМАЛДАУ ҚҰБЫЛЫСТАРЫН СИПАТТАЙТЫН НЕГІЗГІ ЗАҢДАР

Түсүпбаева Мөлдір Бақытбекқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі, арнайы пәндер оқытушысы
Сагадинова Айдана Нурлановна,
педагогика ғылымдарының магистрі, физика пәні оқытушысы
Исмаилова Мадина Маратовна,
арнайы пәндер оқытушысы
Талдықорған жоғары политехникалық колледжі

Аңдатпа: Бұл мақалада жылу тасымалдау құбылыстарына қатысты жалпы түсініктер мен мағлұматтар айтылады. Диффузия, жылу өткізгіштік, тұтқырлық тасымалдау құбылыстарына стационар жағдайда жеке-жеке тоқталып, қарастырылды. Жылу өткізгіштік құбылысының ішкі механизмі молекула-кинетикалық теория тұрғысынан түсіндіріліп,берілген денедегі өте кішкентай бөлшектер (атом, элетрон, молекула) арасындағы жылулық қозғалыс пен энергетикалық өзара әсерлесу салдарынан энергияның ауысуы жүзеге асырылатыны дәлелденді.

Тірек сөздер*:* энергия, масса, импульс, диффузия, жылу өткізгіштер, сұйықтар,газ, жылу ағыны, градиент.

В статье рассматриваются общие понятия и информация о явлениях теплообмена. Феномен диффузии, теплопроводности, переноса вязкости был рассмотрен в случае стационарного состояния. Внутренний механизм теплопроводности объясняется молекулярно-кинетической теорией, и доказано, что осуществляется передача энергии за счет теплового движения и взаимодействия энергии между очень маленькими частицами (атомом, электроном, молекулой) в теле.

Ключевые слова*:* энергия, масса, импульс, диффузия, теплопровод, жидкости, газ, поток тепла, градиент.

This article discusses general concepts and information about heat transfer phenomena. The phenomenon of diffusion , heat conduction, viscosity transfer was considered in the case of a stationary state. The internal mechanism of heat conduction is explained by the molecular-kinetic theory, and it is proved that energy is transferred through thermal motion and energy interaction between very small particles (atom, electron, molecule) in the body.

Keywords: energy, mass, impulse, diffusion, heat pipes, liquids, gas, heat flux, gradient.

Тепе-теңдіктегі дененің күйі дене күйінің өзгерісінің тепе-теңдіктегі стационар процессін береді, яғни бастапқы шамалар уақыт бойынша өзгермейді

Кеңістіктің бір жерінен екінші жеріне қандай да бір физикалық қасиеттің молекулалардың жылулық қозғалысы әсерінен тасымалдануы ғылымда тасымалдау құбылыстары деп аталады. Табиғатта кездесетін тасымалдау құбылыстарының ішінде ең маңызды міндет атқаратын үш процесс бар. Олар:

1. Заттың (массаның) өздігінен тасымалдану процесі - диффузия.
2. Энергияның (жылудың) өздігінен тасымалдану процесі - жылу өткізгіштік.
3. Импульстің (жылдамдықтың) өздігінен тасымалдануы- тұтқырлық немесе ішкі үйкеліс.

Осы үш тасымалдау құбылыстарында белгілі физикалық қасиеттің (масса, энергия, импульс) тасымалдануының механизмі біреу, ол-молекулалардың жылулық бейберекет қозғалысы. Осы үш процесті жеке-жеке мысалдар арқылы қарастырайық (стационар жағдайда).

Диффузия

Қалыпты жағдайларда диффузия процесі айтарлықтай баяу етеді. Бұл бір қарағанда молекулалар жылдамдығының жоғары болуына қарама – қайшы келетін келетін сияқты. Мәселе молекулалардың өзара жиі соғысуында және олардың еркін қозғалыс кезінде жүретін жолының қысқалығында болып тұр. Егер газ өзімен өзі қалдырылса (сыртқы күштер әсер етпесе), онда диффузия процесінің нәтижесінде олардың концентрациясы теңеле бастайды да, бұл процесс газ тепе-теңдік күйге келгенше жүре береді. Егер осы бастапқы тепе-теңсіздік күй тұрақты сақталса, онда стационар (уақытпен өзгермейтін) процесс жүреді. Қандай да бір көлемді алып тұрған газға барлық көлемде қысымы мен температурасы бірдей болатындай екінші бір газды қосқанда, сол көлемнің бір бөлігінде қандай да бір газ компонентінің концентрациясы басқа бөліктерге қарағанда көп болса, онда біз белгілі уақыт өткеннен кейін қоспаның бүкіл көлемге біртекті таралғанын көреміз. Мұндай концентрацияның бүкіл көлемде теңелуі, яғни, концентрациясы көп молекулалардың концентрациясы аз молекулалар жаққа қарай бағытталған орын ауыстыруын диффузия деп атайды. Орын ауыстырған молекуланың орнына қоспаның басқа молекулалары келеді, сондықтан бұл жерде де қысым өзгермейді, тек қосылған газдардың массаларының тасымалдануы жүреді. Бұл тасымалдау процесі де молекулалардың жылулық қозғалысына негізделгендіктен молекулалардың қозғалыс жылдамдығы өте жоғары болып, диффузия жылдам өтіп, яғни концентрация лезде теңелетін сияқты көрінеді. Алайда, тәжірибе диффузияның атмосфералық қысымда өте баяу жүретіндігін көрсетті.

Қоспадағы қандай да бір компоненттің концентрациялар айырымының әсерінен орын ауыстыруы сол компоненттің диффузиялық ағыны деп аталады. Ол концентрациясы аз жаққа қарай бағытталған диффузия бағытына перпендикуляр бірлік аудан арқылы бірлік уақытта өтетін диффузияланушы компоненттің санымен өлшенеді. Диффузиялық ағынды масса өлшем бірлігі арқылы өрнектеуге болады, онда ол СИ жүйесінде кг/(м^{2}с) арқылы өлшенеді [1].

Концентрациялар айырымының әсерінен болатын диффузиялық ағын концентрацияның теңелуіне әкеледі. Біртекті емес газ қоспасы диффузия процесі арқасында белгілі уақыт өткен соң біртекті болады. Егер жүйені сипаттайтын шамалар уақыт бойынша өзгермесе, онда оны стационар процесс деп атайды. Стационар диффузияны былай тұжырымдауға болады: қандай да бір жасанды жолмен қоспадағы компоненттердің концентрациялар айырымы сақталып отыратын диффузия. Ол үшін, мысалы, ыдыстың диффузиялық ағын кетіп жатқан аймағына сол ағындағы компонентті үздіксіз қосып, ал екінші диффузиялық ағын бағытталған аймақтан компонентті алып отыру керек.

Диффузияның негізгі заңы - Фик заңы. Бұл заңды 1855 жылы неміс ғалымы А.Фик ашқан. Ол былай тұжырымдалады: қандай да бір зат компонентінің диффузия ағыны осы компоненттің теріс таңбамен алынған концентрациясының градиентіне тура пропорционал [2].

Координатаға тәуелді қандай да бір G скаляр шаманың градиенті деп осы шаманың кеңістікте өзгеру жылдамдығын сиппаттайтын шаманы айтады. Бұл вектор G –дің мейлінше тез өтетін жағына бағытталған және осы шаманың өсу жылдамдығына тең.

Біз қандай да бір бағытта, мысалы, x осі бойымен өзгеретін шамаларды қарастырамыз. Сондықтан $\frac{\partial G}{\partial x}$ дербес туындының орнына $\frac{dG}{dx}$ толық туындыны аламыз. Олай болса

$$gradG = \frac{dG}{dx}. \qquad (1.1)$$

Егер газ қоспасының біз қарастыратын компонентінің концентрациясы q x осі бойынша өзгерсе, онда q концентрациясының градиенті мына түрде болады:

$$qradq = \frac{dq}{dx}. \qquad (1.2)$$

Онда диффузияның негізгі заңы (Фик заңы) былай жазылады:

$$I = -D\frac{dq}{dx}, \tag{1.3}$$

мұндағы I-біз қарастыратын компоненттің x осі бағытындағы диффузиялық ағыны.

(1.3) теңдеудегі D коэффициенті диффузия коэффициенті деп аталады. Оның мағынасы: ол 1-ге тең болатын концентрация градиентіндегі диффузиялық ағынға тең. Диффузия коэффициенті СИ жүйесінде $м^2/с$, СГС жүйесінде $см^2/с$ бірлігімен өлшенеді.

Жылу өткізгіштік

Макроскопиялық тұрғыдан қарағанда жылуөткізгітік құбылысы бір жылу мөлшерінің ыстығырақ қабаттан суығырақ қабатқа ауысуы болып табылады.Молекулалық – кинетикалық теория тұрғысынан қарағанда жылу өткізу процесі деп молекулалардың өздерінің орташа кинетикалық энергиясы көп болатын ыстығырақ қабаттан суығырақ қабатқа өтіп, осы қабаттағы молекулаларға энергияларының бір бөлігін беруін айтамыз. Керісінше, суық қабаттың молекулалары ыстығырақ қабатқа өтіп, осы қабаттағы молекулалардан біраз кинетикалық энергия алады. Осының нәтижесіндеыстық қабат суыйды да, суық қабат қызады. Сонымен, жылу мөлшерінің берілу, молекулалық – кинетикалық теория тұрғысынан қарағанда, аудан арқылы молекулалардың ретсіз қозғалысының белгілі бір мөлшердегі кинетикалық энергиясының көшуі болып табылады. Өнеркәсіптің көптеген салаларында әр түрлі жағдайларға жылу алмасу аппараттары қолданылады. Бұл аппараттарда жылу тасушылар ретінде әртүрлі температуралар мен қысымдардағы сұйықтар мен газдар қолданылады.

Егер газ біркелкі қыздырылмаған болса, яғни оның температурасы бір бөлігінде басқа бөліктеріне қарағанда жоғары немесе төмен болса, онда температураның теңелуі байқалады: қызған бөлігі салқындайды, салқын бөлігі қызады.

Бұл мейлінше қызған газ бөлігінен мейлінше салқынырақ бөлігіне қарай жылу ағынының жүруімен байланысты. Осылай газдарда жылу ағынының пайда болуы жылу өткізгіштік деп аталады. Кез келген жеке өзі ғана берілген денеде, соның ішінде газда, жылу өткізгіштік температураның теңелуіне әкеледі, және бұл стационар емес проесс болып табылады. Бірақ көбінесе температуралар айырымы жасанды жолмен сақталып отыратын жағдайлар да жиі кездеседі. [3]

Қандай да бір бағытта, мысалы x осі бойымен, газдың температурасы бір нүктеден екінші нүктеге дейін өзгеріп отырса, яғни x –тің функциясы болып табылса, онда x осіне перпендикуляр жазықтықта температура бірдей болады 1-сурет.

Температураның x осі бойынша өзгерісі $\partial T / \partial x$ температура градиенті арқылы сипатталады. Температура градиентінің мағынасы мынада, ол бірлік арақашықтықтағы бірінші нүкте мен екінші нүктенің арасындағы температураның өзгерісіне тең. Диффузия процесі жүру үшін концентрация градиентінің болуы қажеттілігі сияқты, температура градиентінің болуы жылу өткізгіштіктің пайда болуының қажетті шарты болып табылады. [4]


Жылу ағынының бағыты температураның төмендеу бағытымен бағыттас. Егер x-тің өсуіне температураның төмендеуі сәйкес келсе, онда жылу x-тің өсу бағытымен ағады: жылу ағыны оны тудырған температура градиентін азайту үшін бағытталған.

Тәжірибе Q жылу ағынының температура градиентіне пропорционал екенін көрсетеді (Фурье заңы):

$$Q = -\chi\frac{dT}{dx}. \tag{1.4}$$

Сонымен қатар, жылу ағыны деп бірлік уақытта бірлік аудан арқылы өтетін жылу мөлшерін айтуға болады.

(1.2) теңдеудегі χ коэффициенті жылу өткізгіштік коэффициенті деп аталады.Ол (1.2) теңдеуінен көрініп тұрғандай 1К/см бірлікке тең температура градиентіндегі жылу ағынына сандық жағынан тең. Жылу өткізгіштік коэффициентінің СИ жүйесінде Дж/(м с К) немесе Вт/(мК) бірлігімен өрнектелетінін оңай көруге болады.



Сурет 1. Газдың температурасы бір нүктеден екінші нүктеге дейін өзгеруі

Тұтқырлық (ішкі үйкеліс)

Газдың қабаттары әр түрлі жылдамдықпен қозғалғанда олардың арасында ішкі үйкеліс күші пайда болады. Жылдамырақ қозғалатын қабат жайырақ қозғалатын қабатты өзімен ілестіріп шапшаңдатады, ал керісінше, жайырақ қозғалатын қабат жылдам қозғалатын қабатқа бөгет жасайды. Осындай жағдайда пайда болатын ішкі үйкеліс күштері f газ қабатына жанама бағытпен әсер етеді. Молекулалық – кинетикалық тұрғыдан газ молекулаларының қозғалыстары бейберекет (хаосты) болатындақтан, олар ағысы жылдам қабаттан ағысы баяу қабатқа ұшып келгенде, өздерімен бірге $m\vartheta$ қозғалыс мөлшерінің үлкен құраушысын әкеледі де, баяу қабаттың қозғалысын шапшаңдатады. Керісінше, баяу ағатын қабаттан жылдам ағатын қабатқа өтетін молекулалардың қозғалыс мөлшерінің $m\vartheta$ құраушысы аз болатындықтан, олар жылдам ағатын қабатты бөгейді. [5]

Газдың ішінен ойша әр түрлі ϑ жылдамдықпен ағатын қабаттарға параллель етіп ΔS ауданын бөліп алайық. Бұл қабаттардың ΔS аралығы мен ауданына дейінгі ара қашықтықтары $\overline{\lambda}$, яғни молекулалардың еркін жолының орташа ұзындығына тең. Сонда 1-қабаттан ΔS ауданға қарай ұшқан молекулалар оған басқа молекулаларға соқтықпай жетеді. Сонымен, $\Delta\tau$ уақыт ішінде & ауданы арқылы өтетін молекулалар саны Δn жоғарыда айтылғандай мынаған тең:

$$\Delta n_1 = \frac{1}{6} n_0 \overline{\vartheta} \Delta S \Delta \tau \qquad (1.5)$$

Сондай-ақ ΔS ауданның үстіңгі жағындағы $\overline{\lambda}$ аралықта жатқан жылдамдығы ϑ_2 – қабаттан $\Delta\tau$ уақыттың ішінде ұшып шығатын молекулалар ΔS ауданы арқылы мынадай қозғалыс мөлшерін тасымалдайды:

$$\Delta K_2 = \frac{1}{6} n_0 \overline{\vartheta} \Delta S \Delta \tau \cdot m\vartheta_2 . \qquad (1.6)$$

Сонда қозғалыс мөлшерінің қарама-қарсы бағытталған, осылайша екі рет тасымалдануының нәтижесінде ΔS ауданы арқылы мынадай қозғалыс мөлшерінің айырым тасымалданады:

$$\Delta K = \Delta K_2 - \Delta K_1 = \frac{1}{6} n_0 \overline{\vartheta} \Delta S \Delta \tau (m\vartheta_2 - m\vartheta_1), \qquad (1.7)$$

$$m\vartheta_2 - m\vartheta_1 = m(\vartheta_2 - \vartheta_1)$$

(1.8)

Жылдамдықтардың $\vartheta_2 - \vartheta_1$ айырымы 2-мен 1-қабаттардың ара қашықтығымен жылдамдық градиентінің $\Delta\vartheta/\Delta z$ көбейтіндісіне тең $\vartheta_2 - \vartheta_1 = \left(\frac{\Delta\vartheta}{\Delta z}\right)2\bar{\lambda}$, осыны ескеріп, жоғарыдағы ΔK өрнегін былай жазамыз:

$$\Delta K = \frac{1}{3}n_0 m\bar{\bar{\lambda}}\bar{\vartheta}\left(\frac{\Delta\vartheta}{\Delta z}\right)\Delta S\cdot\Delta\tau, \tag{1.9}$$

$n_0 m = \rho$ газдың тығыздығы екенін ескеріп, бұдан мынаны аламыз:

$$\Delta K = \frac{1}{3}\rho\bar{\bar{\lambda}}\bar{\vartheta}\left(\frac{\Delta\vartheta}{\Delta z}\right)\Delta S\Delta\tau, \tag{1.10}$$

бұдан неғұрлым жай қозғалатын қабаттың жылдамырақ қозғалатын қабатқа әсер ететін f күші мынаған тең болады:

$$f = \frac{\Delta K}{\Delta\tau} = \frac{1}{3}\rho\bar{\bar{\lambda}}\bar{\vartheta}\left(\frac{\Delta\vartheta}{\Delta z}\right)\cdot\Delta S, \tag{1.11}$$

мұндағы $\eta = \frac{1}{3}\rho\bar{\lambda}\cdot\bar{\vartheta}$- ішкі үйкеліс коэффициентін сипаттайды, сонда

$$f = \eta\left(\frac{\Delta\vartheta}{\Delta z}\right)\Delta S \tag{1.12}$$

үйкеліс күшін сипаттайтын Ньютон теңдеуін алдық.

Сонымен, газдардың молекулалық – кинетикалық теориясы η ішкі үйкеліс коэффициентін (динамикалық тұтқырлық коэффициенті) газдың құрылымын сипаттайтын шамалар арқылы, яғни молекулалардың еркін жолының $\bar{\bar{\lambda}}$ орташа ұзындығы, олардың $\bar{\vartheta}$ орташа жылдамдығы және газдың ρ – тығыздығы арқылы өрнектеуге мүмкіндік береді екен. $\bar{\vartheta}$ – қысымға байланысты емес, ал қалған екі шаманың ішіндегі ρ тығыздық газдың P қысымына тура пропорционал болады да, молекулалардың еркін жолының $\bar{\lambda}$ орташа ұзындығы P қысымға кері пропорционал болады. Сондықтан $\rho\bar{\lambda}$ көбейтіндісі газдың P қысымына тәуелді емес, ал олай болса, газдың ішкі үйкелісінің коэффициенті де газдың P қысымына тәуелді болмайды. Бұл жағдайды тәжірибе нәтижелері растайды. [6]

Ішкі үйкеліс коэффициентінің өрнегіне молекулалардың жылулық қозғалысының орташа жылдамдығы енетіндіктен $\left(\bar{\vartheta}\sim\sqrt{T}\right)$ ол да T тура пропорционал түрде өзгереді. Шын мәнінде тұтқырлық $\sqrt{T}$ қарағанда тезірек өседі. Бұл температура жоғарылаған сайын $\boldsymbol{\lambda}$ өсуімен байланысты.


Газдардың тұтқырлығы – бұл газдың әр қабаттарының түрлі қозғалыс жылдамдықтарын теңестіретін қасиеті. Бұл қасиеттің болуын, мысалы, желдің немесе боранның уақыт өте келе тоқтайтынынан көреміз. Газдың әртүрлі жылдамдықтағы көршілес қабаттарының жылдамдықтарының теңелуі қозғалыс жылдамдығы үлкен газ қабатынан кіші жылдамдықпен қозғалатын қабатқа импульстің (қозғалыс мөлшері) тасымалдануымен жүзеге асады.

Егер газдың әртүрлі қабаттарының қозғалыс жылдамдығының айырымын сыртқы күштер арқылы тұрақты етіп отырса, онда жылдамдығы кіші қабатқа қарай бағытталған қабаттың импульсы стационар болады. Біз мұндай жағдайларды, мысалы, қозғалыс бағытына қысымның тұрақты айырымы әсер ететін екі пластина немесе түтік арасындағы газдың баяу ағысы кезінде көреміз.

Егер газ ағынындағы u жылдамдық қабаттан қабатқа өзгеріп отыратын болса, онда қатар жатқан екі қабаттың арасындағы шекарада ішкі үйкеліс әсер ететін болады, оның шамасы, өзіміз механикадан білетініміздей, төмендегідей формуламен анықталады:

$$f = \eta \frac{du}{dz} S , \qquad (1.13)$$

мұндағы η-тұтқырлық коэффициенті немесе ішкі үйкеліс коэффициенті, $\frac{du}{dz}$-жылдамдықтың градиенті немесе қабаттарды бөліп тұрған бетке перпендикуляр z бағытында (2.) газдың қозғалыс жылдамдығы u-дың қаншалықты тез өзгеретіндігін көрсететін шама, S-күш түсірілген беттің шамасы.



Сурет 2. Газ ағынындағы u жылдамдық қабаттан қабатқа өзгеруі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кулбеков М.К. К численному решению уравнения теплопроводности с эффективным коэффициентом. (В кн.: Исследования по дифференциальным уравнениям и их приложения). –Алма-Ата. -1989. -с.83-89.
2. Турчак Л. И. Численные методы. М., Энергия, - 1986. -265с.
3. Қ.М.Құлбекұлы. Бірінші текті фазалық ауысулар. ИФМ. 1992.
4. Қ.М.Құлбекұлы. молекулалық физика және термодинамика.Алматы. Қарасай баспасы.2005. -248б.
5. Исаев С.И, Коников И.А, Кофанов В.И.Теория тепломассо обмена: Учебник для бузов. М.1979
6. Франк-Каменецкий Д. А. «Диффузия и теплопередача в химической кинетике». М: Наука 1987, с.502

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕ МӘТІННІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Амантаева Сандугаш Асылхановна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,
ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК.

Аннотация: Қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту - ертеңгі болашақ маманның кәсіби даярлығы мен дағдыларын қалыптастыра отырып, өзінің болашақ мамандығына тән барлық аспектілермен жете танысып, игерген теориялық білімдерін тиянақтап, мамандығына деген өз көзқарастарын жан-жақты қалыптастыру.

Тірек сөздер: Кәсіби қазақ тілі, мәтін, болашақ маман, мамандыққа байланысты мәтіндер

Обучение казахскому языку в профессиональном направлении - формирование профессиональной подготовки и навыков завтрашнего будущего специалиста, знакомство со всеми аспектами, специфичными для его будущей профессии, обобщение полученных теоретических знаний, всестороннее формирование собственного отношения к своей профессии.
Ключевые слова: Профессиональный казахский язык, текст, будущий специалист, тексты, связанные с профессией.

Teaching the Kazakh language in a professional direction - the formation of professional training and skills of tomorrow's future specialist, familiarization with all aspects specific to his future profession, generalization of the acquired theoretical knowledge, comprehensive formation of his own attitude towards his profession.
Key words: Professional Kazakh language, text, future specialist, texts related to the profession.

Қазіргі нарықтың талабына сай болашақ бәсекелес мамандарды даярлау мақсатында студенттерге үздіксіз білім беру, оларды оқыту, әсіресе мемлекеттік тілді кәсіби тілде үйрету маңызды болып табылады. Өйткені, болашақта мемлекеттің саясатын, оның ішінде мемелекеттік тіл саясатын жүргізетіндер, тілдік орта құрайтындар, оны ары қарай жетілдіретіндер де жас буын - жастар

Кәсіби тіл - белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы.

Кәсіби тіл - өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл болып табылады.

Қазіргі қоғамның алдындағы негізгі мақсаттарының бірі - биік кәсіби іскерлігі адамгершілік қасиетпен ұштасып жататын шығармашыл тұлғаларды дайындау. Соған байланысты жаңа ағымға сай білікті мамандар даярлау, оқытудың сапасын жоғары дәрежеге көтеру, кәсіби мамандықтарға негізделген білім беру үшін, жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, оқытуға ерекше назар аударылуда.

Бүгінгі студент - ертеңгі болашақ маман. Әр студент маман ретінде өзінің кәсіби тілінде, яғни мемлекеттік тілде қарым-қатынасқа түсе біліп, мамандығына қатысты термин сөздерді меңгеріп, белсенді қолдана білуі тиіс.

Қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту - ертеңгі болашақ маманның кәсіби даярлығы мен дағдыларын қалыптастыра отырып, өзінің болашақ мамандығына тән барлық аспектілермен жете танысып, игерген теориялық білімдерін тиянақтап, мамандығына деген өз көзқарастарын жан-жақты қалыптастыра бастайды. Кәсіби бағдар бере отырып оқыту қазақ тілінде сөйлеу тілін қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды факторы болып табылады. Кәсіби тілде оқыту болашақ маманды қалыптастыру үшін, қолайлы жағдай туғыза отырып, білім алушыларды мамандығына сәйкес оқыту, яғни мамандықтарына қатысты лексикалық минимумды меңгерту. Кәсіби бағытты ескере отырып оқыту - білім алушының таңдаған мамандықтарына қажетті білімді толық игерген, кәсіби мүмкіндігі мол маман иесін даярлауға бағыттайды.

Соңғы жылдары әдіскер-ғалымдар қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертумен қатар, студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып игертудің тиімді жақтарын қарастыруда.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне мамандыққа байланысты оқытуды көздейтін еңбектердің бірі – Р.Ә.Шаханова, С.Т.Айбергенова, Г.А.Аужановаңың авторлығымен жазылған “Мамандыққа байланысты жаттығулар мен текстер жинағы”. Бұл авторлар студенттердің мамандығына, кәсібіне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды, сөздік қорларын байытуды, кәсіби сөздерді меңгеріп, өз ойларын дұрыс мазмұндап жеткізуге, аға ұрпақтың өнегелі өмірін өздеріне үлгі ете білуге үйретуді мақсат етеді.

2002 жылы К.Қ. Аяпбергенова, Р.Т. Қатаева мейірбике ісі мамандығы бойынша жоғары оқу орындарының студенттері мен колледж шәкірттеріне арнап “Қазақ тілі” оқулығын жазды. Оқу құралында студенттердің медицина лексикасына айрықша көңіл бөлу керектігі айтылады.

Тіл дамытудағы ең тиімді әдістердің бірі – мәтін бойынша жұмыс істеу. Мәтін арқылы тілдік қатынастың барлық түрі үйретіледі.

Мамандыққа қатысты оқытудың басты мақсаты – өз мамандықтары бойынша алған білімдерін қазақ тілінде мамандықтарына қатысты жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен байыту болып табылады. Мамандыққа қатысты мәтіндер мазмұнын нақты дұрыс түсінуін қамтамасыз етуге арналған жұмыстың түрлерін белгілеу қажет. Мәтінмен жұмыс арқылы, оның мазмұнын ғана емес, мәтіндегі тілдік құралдардың қолданысын есте сақтау, ойын, тілін дамыту жұмыстары да басты назарда болуы тиіс. Мәтінді оқытуда, оның мазмұнын студент нақты түсіну үшін тақырыптың ішкі бөліктеріне студент көңілін аударуымыз қажет. Ол үшін мәтіндегі ішкі әр бөліміне жеке тақырып қойғызып, әр бөлікке сұрақтар қойып, оған жауап бергізу арқылы тірек сөздерді тапқызу жұмыстарын жүргіземіз. Мамандыққа қатысты мәтіндер мазмұнын нақты дұрыс түсінуін қамтамасыз етуге арналған жұмыстың түрлерін белгілеу қажет.

Мамандыққа байланысты мәтіндерді меңгерту арқылы студентті болашақ мамандығымен кеңірек таныстыруға мүмкіндік туады. Мысалы, «Фармацевтика» факультетінің студенттеріне төмендегідей тапсырмалар беріледі:

1-тапсырма. «Дәрі және оның түрлері» мәтіні бойынша кездесетін жаңа сөздерді есте сақтаңыздар. Сақтандыру, шипалы, жөтелді басатын, қызуды төмендететін, ауруды басатын, жансыздандыратын, терлететін, химиялық өнім.

2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, түсінгендеріңізді айтыңыздар.

3-тапсырма. Мәтінге байланысты білетін дәрілердің түрлерін жазыңыздар.

4-тапсырма. Оң бағандағы етістіктерді пайдаланып, сол жақтағы сөздермен (сұрақ арқылы) сөз тіркесін құраңыз.\

фармокология	сақтандыру (неден?)
дәрілер	жазылған (қайда?)
дәріханаларда	шығарылу (нелер?)
аурудан	жасау (неден?)
тіріағзадан	дамыды (не?)
Гален еңбектерінде	сақтау (қайда?)

Мәтін бойынша тапсырмалар берілді.
Олтапсырмаларстуденттердіңқазақшасөйлеутіліндамытуғабағытталады. Олар:

Мәтіндегі сөздердің түсінікті, түсініксіз екендігін сұрау;
Мәтіндегі сөздерді лексикалық жақтан түсіндіру;
Мәтіндегі сөздердің түбір тұлғасын анықтау;
Мәтіндегі сөздерді сөз таптарына сай талдау;
Мәтіндегі сөз тіркестерінің түрлерін ажырату;
Мәтіндегі жай сөйлемнің түрлері мен тыныс белгілерін ажырату;
Мәтіндегі құрмалас сөйлемдердің жолдары мен компоненттерін талдау;
Мәтіндегісөздердің орынтәртібі мен байланысу жолдарын ажырату;
Мәтіндегі қиындаусөздер мен сөйлемдерді қайталатып оқыту;
Мәтіндегі қате оқылған объектілерді тыңдап отырған туденттерге түзеттіру;
Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтқызу;
Мәтінді дұрыс оқуға пайдасы тиетін жаңалық хабарларды оқыту жәнет.б.

Медицина мамандығын меңгеруге қажетті лексикалық қордытілдік қатынаста қатысымдық тұрғыдан жаңа жаңа технология арқылы іске асырудың амал-тәсілдерін іздестіру. Мамандыққа байланысты мәтіндерді оқытқан кезде тілдік қатынастың барлық түрлері қолданылады. Студенттердің мәтінді талдау әрекетімен бірге әңгімелесу арқылы сөйлеу әрекетіне, сұрақ-жауап арқылы тілдесім әрекетіне, мазмұндама жазғызу арқылы жазу әрекетіне үйрету көзделеді.

Сонымен, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау арқылы еліміздің ертеңіне жауапты

мамандарды тәрбиелеу жолдарының бірі ретінде «… дүниеге жауапкершілікпен қарайтын, инновациялық, шығармашылық ойлауға дағдыланған, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, адамгершілігі мол және білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру» міндеті қойылған [3]. Бұл үштұғырлы тіл саясатын ұстанып отырған егемен елдің болашақ мамандарының мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, оны өзі қызмет ететін салада қолдана алуы олардың кәсіби әлеуетін арттырумен қатар елжандылық қасиеттерін де қалыптастырудың басты шарты болып табылатынын танытады.

Кез келген өркениетті мемлекеттегі аса маңызды қоғамдық саланың бірі – медицина саласы. Себебі мемлекеттің басты байлығы саналатын халықтың денсаулығы – оның толыққанды ел екендігінің де басты көрсеткіші. Сондықтан медицина саласы бойынша білікті маман тәрбиелеу ісінде мемлекеттік тілдің, қазақ әдеби тілінің атқарар рөлі ерекше. Қазақ әдеби тілінің танымдық әрі коммуникативтік қызметінің сан-қырлылығын көрсететін де осы сала.

Әдебиеттер:

1. Мешимбаева Б. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі. – Алматы, 1999. –163 б.

2. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі. – Алматы, 2001. – 301 б

3. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми -әдістемелік негіздері. –Алматы, 2002. -327б.

4. К.Кужукеева, А.Салькина Кәсіби қазақ тілі (Профессиональный казахский язык) Оқу құралы, - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2016.- 97 б.

ФОРМИРОВАНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ В КОНТЕКСТЕ ЭТНОКУЛЬТУРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Сыдыкова Роза Шаймардановна,
доктор педагогических наук, профессор
Ахметова Жадыра Ораховна,
Магистр педагогического образования, страший преподаватель
Дәрмеш Аружан Талғатқызы,
магистрант 1 курса по специальности
«7М01403 Подготовка педагога по музыкальному образованию»,
Кафедра музыкальное образование,
ЮКПУ имени О.Жанибеков

Аннотация: Қазіргі мәдени-ағарту жағдайында өсіп келе жатқан жастардың этномәдени толеранттылығын қалыптастыру процесінің көп қырлы мәселелерін дамыту, «өзгелерді» қабылдаудың өзара әрекеттесу тұжырымдамасының шығармашылық миссиясын айқындау өзінің өзіндік ерекшелігімен, мәдени құндылықтардың мәнін айқындайды.

Кілттік сөздер: Мұғалім, тұлға, құндылық, толеранттылық, этномәдени толеранттылық.

В современных культурно-образовательных условиях разработка многоаспектных вопросов процесса формирования этнокультурной толерантности подрастающей молодежи определяя созидательную миссию концепции взаимодействия принятия «иного», в своей самобытности, культурных ценностей обусловливает смыслообразующий компонент толерантности.

Ключевые слова: Учитель, личность, ценность, толерантность, этнокультурная толерантность.

In modern cultural and educational conditions, the development of multifaceted issues of the process of forming ethnocultural tolerance of growing youth, defining the creative mission of the

concept of interaction of accepting “other”, in its originality, cultural values determines the meaning-forming component of tolerance.

Key words: Teacher, personality, value, tolerance, ethnocultural tolerance.

В конкурентных условиях созидательная политика и идеология, социально-ориентированная экономика суверенного государства Казахстан создала возможность инновационного подхода к пересмотру насущных проблем и задач в сфере образования и воспитания подрастающего поколения многонациональной народа. Выявления возникающих противоречий, поисков путей ее преодоления, новых концептуальных подходов к конструированию, моделированию, содержанию образования и повысили роль духовно - эстетической составляющей. Эти обстоятельства, в свою очередь, повысив степень свободы, расширили границы проявления инициативы и свободного выбора, серьезного изменения целей, содержания, функций и возможностей образования. В связи с чем, в значительной мере расширились и видоизменились функции образования как важного фактора социальной стабильности, преемственности культурного развития казахстанского сообщества, возрождения этнокультуры, сохранения нравственного, физического и психического здоровья молодежи, воспитания их толерантности.

Этнокультурная толерантность сама по себе объединяет два научных понятия, такие как этнокультура и толерантность, которые, в свою очередь, связывают философию культурологии, рассмотренные нами сквозь призму антропологической сферы образования и воспитания молодого поколения. Этнокультурная толерантность выступает в качестве основания межэтнического взаимодействия, освоения культуры, традиций, истории, быта и традиций народов.

Основной этнокультурной толерантности является позитивная этническая идентичность – психологическая категория, составная часть социальной идентичности личности, относящейся к осознанию своей принадлежности к определенной этнической общности.

Несомненно, совокупность жизненного опыта человеческого общества есть национальное достояние, целостность и жизнетворчества связаное с историей нашего народа и нашей республики. Понятие толерантности показывает качества людей. Толерантность тесно связана с сотрудничеством. Наш Казахстан соответствует этой тенденции. Он внедрен во всех учреждениях, всех государственных и образовательных учреждениях. Этнокультурные ценности представляют собой уникальное сочетание традиционных и инновационных элементов, сконцентрированных в жизненном опыте этнического народа.

Сегодня цивилизация вступает в новый постиндустриальный этап своего развития. Кроме того, для философии образования и социологической мысли особый интерес представляют судьба современных взглядов связанных с внедрением личностно – ориентированной парадигмы образования охватывающие широкий спектр возможных ее разрешений в научно – образовательном пространстве.

Толерантность предполагает активную позицию всех заинтересованных сторон, и одновременно отказ от навязывания своей точки зрения одной из сторон. Следовательно, толерантность есть новообразование личности, выражающее систему ее терпимых отношений к другому этносу, нации, религии, позиции, мнению и поведению другого человека. Это свойство общей культуры человека, сложное качество личности, в структуре которого можно выделить - терпение, терпеливость, покорность, смирение и, собственно, терпимость и т.д.

В соответствии с парадигмой нового мирового порядка, а в образовании парадигмы гуманистического образования, выдвигаются и аргументируются новые идеи и ориентиры на базе которых выстраивается стройная концепция диалога народов, культур и конфессий, основанная на межэтнической толерантности. И это важно. По нашему мнению, в условиях кризиса планетарной культуры и ее «вестернизации» (А.Б.Афанасьев) на фоне уничтожения и подмены ценностей высокой культуры и дегуманизации общественного сознания

актуальными являются проблемы сохранения и возрождения духовно-смысловой константы народно-песенного творчества как фактора развития духовно-нравственной «экологии» этносов, благоприятствующих процессам становления этнической самоидентификации и ее процветания, укрепления традиционной корневой этнокультуры противостоящие разрушительным силам глобализации. С этой точки зрения, изучение возможностей народно-певческого творчества являющиеся «кодовым» эмоциональным тонусом интонационной формулы «кладовой памяти» народа (Л.П.Карпушина) требует своевременного научного осмысления и адекватной ее интерпретации, и задача данной статьи направлена на исследование духовно-смысловых возможностей народно-песенного творчества в формировании толерантности народов в мировом социокультурном пространстве.

Научная основа феномена «толерантность» получает цивилизационную содержательную трактовку в социокультурном пространстве, связанную с процессом внедрения в образовательно-просвещенческую практику гуманистической парадигмы образования (личностно-ориентированное образование), созидающая на интеграции принципов этнокультурности, природосообразности, культуротворчества, диалога культур, толерантности, реализующихся в воспитательно - образовательном процессе. Не останавливаясь в рамках данной статьи на ее начной характеристике, рассмотрим ее музыкально-педагогическое претворение в процессе специализированного образования.

В содержании понятия «толерантность» А.Г. Асмолов выделяет три основных аспекта: один связывает данное понятие с устойчивостью, выносливостью, другой – с терпимостью, третий – с допуском, допустимостью, допустимым отклонением. На наш взгляд, четвертый аспект должен быть связан с воспитанием, воспитанием – самоограничением. Толерантность – это, прежде всего, воспитанность, требующая самоограничений и позволяющая относиться к другому человеку с позиций равного. Воспитание, как процесс взаимодействия, сопряжен с толерантностью – с терпением и терпимостью того, что дает возможность размышления и развития. В числе принципов толерантности выделяются пять основополагающих: отказ от насилия; добровольность выбора; умение принудить себя, не принуждая других; подчинение законам; принятие «другого» («иного») [1].

По мнению С.С.Зорина толерантное разрешение интеграции системы «личность – культура – образование» гибко разрешается через творческую деятельность. Автор считает, что культура вытекает в целом как явление синкретическое, как фон гармонических отношений человека с природой, обществом и самим собой, как синтез созданных человеком материальных и духовных ценностей, как необходимое условие его гармоничной взаимосвязи с окружающим миром. Поскольку культура неотделима от человека – субъекта культуры и сам человек формируется в процессе адекватного ее прочтения в ходе деятельности как культурно-историческое существо, то это взаимодействие и составляет основу его формирования, т.к. в процессе усвоения и присвоения культуры он образовывается, воспитывается, развивается интеллектуально, духовно - нравственно и художественно - эстетически. Культура как толерантная созидательная деятельность людей по преобразованию природы и общества отражает и характеризует степень их «очеловечивания», меру развития и саморазвития индивида прежде всего в духовно-нравственной, в художественно - эстетической и интеллектуальной сфере личности. Культура выступает как необходимое условие, средство, процесс и результат образования и воспитания человека. В свою очередь, образование выступает как средство существования и развития культуры, в постижении и присвоении которой человек формируется и развивается [2].

Сфера художественного образования представляет собой специализированную область культуры, предназначенную для массовой трансляции социального значимого культурного опыта, накопленного в обществе от поколения к поколению, форму трансляции духовного опыта, а также подготовку к будущему состоянию культуры.

Музыкальное образование является неотъемлемой частью этнокультурного образовательного процесса в целом, и направлено на формирование толерантной личности, знающей этнокультурные традиции, способной к их ретрансляции и развитию. Особо

значимым является рассмотрение проблемы использования этнокультурного подхода как фактора социализации толерантной личности в процессе музыкального образования.

Музыкальное образование является сложным, интегрированным процессом передачи подрастающему поколению музыкальных ценностей, музыкального опыта прошлого и настоящего, направленного на формирование музыкальной, эстетической, духовной культуры личности, способной к созидательной музыкально-творческой деятельности. Л.С.Майковская в научном исследовании «Феномен этнокультурной толерантности в музыкальном образовании» рассматривая художественно-педагогические направления этнокультурной толерантности отмечает: «…в плане воспитания этнокультурной толерантности личности выступают уроки музыки в общеобразовательной школе. Так как именно в этих условиях все дети в процессе художественно-коммуникативной деятельности постигают основы мировой музыкальной культуры. …В этом контексте толерантное отношение учителя к представителям разных национальностей, их культуре выступает в качестве своеобразной установки на этнотолерантное поведение учащихся[3].

Основываясь на вышеизложенном, мы определяем этнотолерантный подход как фактор социализации личности в процессе музыкального образования как реализацию принципа этнокультурности, природосообразности, культуротворчества, диалога культур, толерантности, обеспечивающих формирование у него готовности к успешной деятельности в художественно-творческой среде, ориентирами которой являются гражданская и этническая идентичность, толерантность, способность к межэтническому и межкультурному общению, развитие этномузыкальной культуры на основе освоения народно-песенного творчества своего народа, а также народов мира. «Народно-музыкальное искусство – это художественное явление … В народной песне соединились духовный смысл, чувственная природа, энергия и адекватная музыкальная структура представляющая тождество содержания и формы, единение «субзнаков и элементарных знаков», подчеркивает И.Яранек.

По мнению Л.П.Карпушиной «В народной музыке большой объем информации передается на бессознательном уровне путем «заряжения» особой энергетикой в ходе настройки энергетического поля человека на частоту энергетического поля народно-певческого мелоса. Народная песня рождается не в результате переживания конфронтации окружающего мира и человека …а, возникает из сочувствующей миру позиции, из родства с ним, из любви и сопричастности к людям, природе. Далее, автор выделяет важные этапы восприятия и воспроизведения процесса этномузыкального мышления, которые составляют целую структуру фольклорного интонирования (специфическое песнопение). Автор считает, что основы этномузыкального мышления закладываются с младенческого возраста благодаря накоплению определенного запаса интонационно-слуховых представлений в «кладовой памяти». Определенная часть музыкальной информации уже существует благодаря генетической памяти. Ученый подчеркивает мысль о том, что « … к 6-7 годам у ребенка формируется первичное, элементарное этномузыкальное мышление. Большой помехой в формировании его основ является ранее насыщении, пресыщение массовыми жанрами музыкального искусства и на этой основе притупление «национального чутья»[4]. Сложившиеся на «грамматике и фонетике» мажорно-минорной системы. На шумах, ритмоблоках препятствуют качественному народно-песенному интонированию. В ходе музыкального мышления происходит диалог с современностью и с прошлой «эписистемой», причем новые знаки, смыслы, интонации, должны *осуществлять «национально-сохраняющую функцию», оберегая интонационные* символы национальной музыки.

В диалоге с прошлым, с традицией человек постигает на основе толерантности «осознанное антропостроительство»(А.Торопова). «В глубинных «подвалах подсознания живет проинтонация (смутное предчувствие музыки)» по В.В.Медушевскому», наполненная «истинной чистой энергией». У представителя этноса это закладывается на уровне личного бессознательного.

Несомненно, необходимо отметить, что народная музыка несет в себе определенный эмоциональный тонус народа, «коды» эмоциональных состояний, которые под влиянием

определенных условий превратились в новое качество, богатое выразительными возможностями и служащими единицами музыкального языка народной музыки.

Примечательно то, что народно-песенное творчество раскрывает новое мировосприятие, мирочувствование и мировоззрения народов, в котором закодировано интонационно (вибрационно) - энергетическое послание предков. Неординарный подход к изучению научно-теоретических основ данного процесса позволит, на наш взгляд, раскрыть богатство «Интонации красоты…космоса истинного мирочувствования» (В.В.Медушевский), которое строится на духовном синтезе мудрости и красоты. В данном направлении необходимо отметить, что теоретическое и практическое осмысление музыкального образования на основе изучения народно-песенного творчества, с учетом народных музыкальных традиций, этнокультурного опыта, духовно-нравственных ценностей на основе постижения музыки своего народа – традиционной казахской музыки и музыки народов мира, обеспечивает направленность личности обучающегося на межэтническое толерантное взаимодействие и сотрудничество в адекватной этнокультурной среде.

Действительно, особыми возможностями в плане воспитания этнокультурной толерантности личности выступают уроки музыки в общеобразовательной школе, так как именно в этих условиях все дети в процессе художественно-коммуникативной деятельности постигают основы мировой музыкальной культуры. Смысл и специфика общения с музыкой разных этнокультурных традиций заключается в постижении художественного «Я» музыкального произведения (термин В.В. Медушевского), его «лирического героя», в установлении с ним духовно-личностного контакта, > межкультурного диалога. Алгоритм проявления этнокультурной толерантности в процессе восприятия музыки разных народов фиксируется, в первую очередь, в стремлении познать музыкальную культуру того или иного этноса, в способности понять ее музыкальный язык, проникая в сущность глубинных архетипов определенной этнокультурной традиции, и, как следствие — принять эту культуру[5].

Расширено терминологическое поле проблемы формирования этнокультурной толерантности с позиции музыкального искусства: охарактеризованы понятия «эмпатия», «музыкально-языковая восприимчивость», «рефлексия», «диалог», «флексибельность мышления», «самоуправление» и «самоконтроль», фиксирующие сущностные свойства феномена этнокультурной толерантности в музыкально-образовательном пространстве. Выявлен и обоснован воспитательный потенциал музыкального искусства как средства формирования этнокультурной толерантности личности.

Теоретически обоснованы функции (информационная, регулятивная, аффектно-коммуникативная), логико-содержательные основы структурных элементов (мотивационного, содержательного, художественно-исполнительского) художественно-коммуникативной деятельности педагога-музыканта, направленной . на воспитание этнокультурной толерантности учащихся в процессе музыкальных занятий. Определен алгоритм проявления этнокультурной толерантности в процессе восприятия музыки разных народов, который заключается, в первую очередь, в стремлении познать музыкальную культуру того или иного этноса, в способности понять ее музыкальный язык, проникая в сущность глубинных архетипов определенной этнокультурной традиции, и, как следствие - принять , эту культуру. Охарактеризованы различные виды деятельности педагога-музыканта (конструктивная, музыкально-исполнительская, организаторская, исследовательская) в контексте воспитания этнокультурной толерантности учащихся средствами музыкального искусства. Теоретически обоснована проблема создания художественно-творческой атмосферы на уроках музыки как необходимого педагогического условия формирования этнокультурной толерантности школьников.

Этнокультурная толерантность выступает в качестве важнейшего основания межкультурной «музыкальной коммуникации», благодаря чему в едином жизненном пространстве («целостности») становится возможным сосуществование различных национальных и других «музыкально-культурных» идентичностей, исповедующих

самобытные установки и. представления о человеческих ценностях. Реализуемая в музыкальном искусстве и музыкальном образовании модель диалогической межкультурной коммуникации представляет способ включения «чужого» бытия в «моё», и наоборот. В этой функции музыка и разнообразные формы взаимодействия с ней выступают как олицетворение высших по смыслу толерантных отношений в человеческом сообществе.

В теории воспитания этнокультурной толерантности личности отмечается идея о том, что музыка обладает огромным потенциалом в обогащении сознания и опыта человека толерантным отношением, являясь могучим средством воспитания этнокультурной толерантности личности в процессе специально организованных занятий. Во многом благодаря музыкальному искусству человечество сохранило и умножило свою способность взаимодействовать с окружающим миром, а также друг с другом на основе принципа толерантности в соответствии с законами высокой духовности и нравственности.

Культура каждого народа имеет право на участие в гуманистическом развитии всего человечества. Культурное сотрудничество, диалог, взаимопонимание народов мира являются залогом справедливости и демократии, условием предотвращения конфликтов, насилия и воин». Культура этноса должна развивается не изолированно, а быть составной частью единой мировой культуры. Этнос, замыкающийся в себе, быстро обнаруживает тенденцию к своему саморазрушению, ибо нарушается принцип детерминизма, лежащий в основе развития. Именно через воспитание культура отдельного этноса переосмысливается в общемировую культуру. Школа, как институт социализации, отражает совокупность традиций, культурных ценностей, накопленных обществом (и в этом смысле суть воспитания - в трансляции и присвоении культуры), поэтому педагогическое сознание отражает те социальные тенденции, которые имеются в данный исторический период времени. Осознание своей национальной (этнической) принадлежности необходимо для самоутверждения, самореализации индивида.

Майковская рассматривает сущность феномена этнокультурной толерантности в контексте музыкального образования как «интегративное качество личности, которое формируется в процессе познания музыкальной культуры различных этнических традиций и проявляется в доброжелательном отношении ко всем нациям, основанном на понимании (осознании) и приятии особенностей психологии и культуры разных этносов»[3].

Создание этнокультурной парадигмы в процессе музыкального образования проходит в несколько этапов (первый этап изучение музыкальной культуры своего народа, которая узнается, «вспоминается» генетической памятью посредством актуализации глубинных архетипов и организации «точки удивления» при столкновении с различными культурными инвариантами воплощения этих архетипов; второй этап - знакомство и освоение музыкальной культуры разных этнических традиций через выявление в них «общего» и «особенного», осознание единства общечеловеческих ценностей, межкультурных различий и сходства культур на духовно-нравственных основах).

Формы функционирования этнокультурной парадигмы в музыкальнообразовательном пространстве общеобразовательной школы проявляются в качестве установки на либеральное принятие моделей учебных планов и программ; как толерантное поведение преподавателей по отношению к учащимся и коллегам, а также учащихся к преподавателям и друг другу; в форме свободного выражения своих музыкально-культурных интересов, потребностей, взглядов; как готовность принимать духовно значимые ценности музыкального искусства «Другого» в условиях «толерантного музыкального пространства»; как проявление уважения к «чужой» музыкальной культуре и ее представителям.

Педагогическими условиями в парадигме музыкального образования, необходимыми для эффективного формирования этнокультурной толерантности школьников на уроках музыки являются: включение в репертуар музыкальных занятий подлинно художественных народных, классических и современных произведений разных стран, способных вызывать у учащихся активный интерес; создание необходимой художественно-творческой атмосферы и поликультурной среды, в которой развиваются субъект-субъектные (учитель-ученики) и субъект- объектные (учитель, ученики-музыка разных народов) отношения; развитие

музыкально-языковой восприимчивости, эмпатии, рефлексии, гибкости и диалогичности мышления в процессе постижения музыки разных этнических традиций; художественная направленность коммуникативной деятельности учителя музыки и учащихся; активная музыкально ориентированная полихудожественная деятельность учащихся на основе познания различных этнокультурных обычаев, традиций, обрядов и т.д.

Воспитание этнокультурной толерантности школьников средствами музыкального искусства должно быть основано на системно-синергетическом, аксиологическом, герменевтическом, культурологическом и поликультурном подходах, в рамках которого разработаны и обоснованы логико-содержательные компоненты данной подготовки (мотивационно-ценностный, логикоконструктивный и художественно-операциональный)

Воспитательный потенциал музыкального искусства является средством формирования этнокультурной толерантности личности. Нами определен алгоритм проявления этнокультурной толерантности в процессе восприятия музыки разных народов, который заключается, в первую очередь, в стремлении познать музыкальную культуру того или иного этноса, в способности понять ее музыкальный язык, проникая в сущность глубинных архетипов определенной этнокультурной традиции, и, как следствие - принять эту культуру. Охарактеризованы различные виды деятельности будущего педагога-музыканта (конструктивная, музыкально-исполнительская, организаторская, исследовательская) в контексте воспитания этнокультурной толерантности учащихся средствами музыкального искусства.

Музыкальный фольклор является своеобразной аркой, устанавливающей связь музыкальных культур Востока и Запада, так как его восприятие «без перевода» обеспечивается структурно-типологической общностью архетипов, связанных с всеобщим пониманием духовных ценностей жизни, а также сходными для всех культур способами общения - интонацией и движением.

Взаимовлияние музыкальных культур Востока и Запада способствует преодолению культурных границ и расширению межкультурного диалога. Именно на этой основе происходит сближение различных этносов, их толерантное взаимодействие, обогащение чувств, эмоций, толерантного сознания. Так как взаимодействие западного, восточного и других архетипов культур приводит к изменению музыкальных предпочтений в социуме, то, выявляя музыкальные предпочтения представителей разных культур, можно фиксировать не только результат сложной социальной эволюции коренного этноса, процесс адаптации этносов-мигрантов, но и уровень проявлений этнокультурной толерантности в обществе.

Таким образом, можно отметить, что восприятие народно-песенного творчества как духовно-ценностного интонационного моста между поколениями и ее изучение позволяет обучающимся, на новом уровне познания, соприкоснуться к гармонии макро и микрокосмоса веховых народо-певческих традиций обусловленные Космо-Психо-Логосом (Г.Гачев) этносов.

Список источников:

1. Асмолов, А.Г. О смыслах понятия «толерантность» / А.Г. Асмолов, Г.У. Солдатова, Л.А. Шайгерова // Век толерантности. – М.: МГУ, 2011. – С. 8-12.
2. Зорин С.С. Деятельность и творчество. // Искусство и образование. 2006. - №1.- с.4 – 20.
3. Майковская Л.С. Феномен этнокультурной толерантности в музыкальном образовании: автореф. …докт.пед.наук. – Москва, 2009. с.4.
4. Майковская Л. С. Этнокультурная толерантность педагога-музыканта и её структурные компоненты//Методология педагогики музыкального образования (Научная школа Э.Б.Абдуллина): Сб. научных статей/Под науч. ред. Э.Б.Абдуллина. - М.: Mlll У. 2007. - 332с.
5. Карпушина Л.П. О сущности личностного этнокультурного мышления // Музыка в школе. 2007. - №1.- с.25 – 35.
Лимашева Ляззат Алимбековна
6D050300 -психология мамандығының
2 курс докторанты,
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і

Аннотация: Көптеген зерттеулерге талдаулар жасау кезінде смартфонға тәуелділік жастардың өмірінде басым рөл атақаратынын байқадық. Сонымен қатар студенттерде өмірлік стресстің туындауы академиялық үлгерім, достарымен ара-қатынасы кезінде туындайтын мәселелерге алып келетінін көрдік және осы кезде студенттер ұялы байланыс көздеріне көбірек жүгінеді деген пікірге келдік. Смартфонға үнемі назар аударып пайдаланушылар толыққанды оқып, жұмысты ойластырылғандай нәтижелі орындап, басқалармен қарым-қатынас орнатып және тұтастай алғанда-толыққанды өмір сүруі мүмкін емес.

Аннотация: анализируя многочисленные исследования, мы заметили, что зависимость от смартфонов играет доминирующую роль в жизни молодежи. Мы также увидели, что возникновение жизненного стресса у студентов приводит к проблемам, возникающим во время академической успеваемости, общения с друзьями, и пришли к мнению, что в этот момент студенты все чаще обращаются к мобильным источникам. При постоянном внимании к смартфону пользователи не могут полноценно читать, выполнять работу продуктивно, как задумано, налаживать отношения с окружающими и в целом-жить полноценной жизнью.

Abstract: Analyzing numerous studies, we have noticed that smartphone addiction plays a dominant role in the lives of young people. We also saw that the occurrence of life stress in students leads to problems that arise during academic performance, communication with friends, and came to the conclusion that at this point students are increasingly turning to mobile sources. With constant attention to the smartphone, users cannot fully read, perform work productively, as intended, establish relationships with others and, in general, live a full life.

Тірек сөздер: смартфон, тәуелділік, мазасыздық, конгломерат, депрессия, стресс, өзін- өзі бақылау, әлеуметтік байланыстар

Смартфон пайдаланушылар қатарында ең көп көлемді жастар алады. Қоғам құрылымына қарайтын болсақ, жастық уақыт адамның шарықтап, дамитын, мансап құратын, тұрмыс құратын, жеке дамитын уақыты. Алайда, дәл осы жастар арасындағы смартфонға тәуелділік олардың психологиялық денсаулығына әсер ететіні сөзсіз. Қазіргі заманауи жастардың стресстік жағдайы мен смартфонға тәуелділіктің арасындағы өзара байланысты зерттеу – психология ғылымындағы ең өзекті тақырыптың бірі.

Смартфонға тәуелділік - бұл жаңа құбылыс, ең көп таралған медициналық емес тәуелділіктердің бірі, ол өзінің бұқаралық сипаты бойынша Интернетке тәуелділік пен құмар ойындарды артта қалдырып, олармен қауіпті конгломерат құрады [1, б. 98-100].

Смартфонға тәуелділіктің кері салдары осы тәуелділіктің құрбандарының психологиялық және мінез-құлық мәселелерін қамтуы мүмкін. Себептері мен салдарын түсіну бұл жаңа құбылыс көптеген жарияланымдардың тақырыбы болып табылады.

Ұялы телефондар адамдар үшін маңызды. Ұялы телефондарды әртүрлі тәсілдермен пайдалануға болады, олардың жеке әл-ауқатқа қосқан үлесі сұрақтар тудыруы мүмкін, өйткені ұялы телефондарды пайдаланудың артуы көбінесе өмірге қанағаттанудың төмендеуімен байланысты. Бұл, әсіресе, құрылғы ойын-сауық үшін және байланыссыз мақсаттар үшін шамадан тыс пайдаланылған кезде дұрыс. Бұл нәтижелерді жеке әл-ауқатқа керісінше әсер ететін екі процесс арқылы түсіндіруге болады: мобильді құрылғыларды пайдалану қуаныш, эйфория және басқа да жағымды эмоциялардың көзі бола алады, өйткені ол мағыналы адамдармен қарым-қатынасты жақсартады және осылайша әлеуметтік қолдауды қол жетімді етеді . Керісінше, құрылғыларды шамадан тыс пайдалану эмоциялардың бейімделмеген реттелуіне, өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне, тіпті шөлдеу мен тәуелділік сезімі сияқты тәуелділікке ұқсас белгілерге байланысты болады [2, б. 268-275].

Ұялы байланысқа тәуелділік-бұл телефонға қатысты проблемалық мінез-құлықты сипаттау үшін жиі қолданылады, ол көптеген зерттеулерде қарастырылады. Дегенмен, осы саладағы зерттеулердің әртүрлілігі мобильді құрылғыларды шамадан тыс пайдалану гетерогенді құбылыс екенін көрсетеді, сондықтан оның кейбір түрлерін басқа тәуелділіктерден ажыратуға болады. Мобильді құрылғыларға қатысты мәселелер, құрылғыны

шамадан тыс пайдаланудан басқа, ұялы телефонды үнемі тексеріп отыруға әкелетін қоңыраулар мен хабарламаларды қабылдаудың жалған сезімін сипаттайтын тұрақты тексеру әдеттерін немесе "қоңырау туралы алаңдаушылықты" қамтиды [3, б. 48].

Ең жиі зерттелетін проблемалық мінез-құлық жас буын арасында интернетке тәуелділікпен байланысты ұялы телефондарды шамадан тыс пайдалану болып табылады. Демек, бұл жаман әдеттер кибербуллингке жәбірленуші немесе қылмыскер ретінде жиі қатысумен байланысты . Сонымен қатар, ұялы байланыс платформаларын шамадан тыс пайдалану мазасыздықтың даму ықтималдығымен байланысты болуы мүмкін. Мазасыздықтың бұл түрі көбінесе құрдастарымен жағымсыз байланыс негізінде немесе киберқауіпсіздік сезінген кезде орын алады, басқа адамдардың өмірінде болып жатқан стресстік оқиғалар туралы хабарлар және әлеуметтік медиа жаңалықтарды сезіну әсер етеді. Сондай-ақ, мұндай платформаларды пайдалану мазасыздықпен немесе депрессия кезінде адамдар үшін күресу механизмі ретінде пайдаланылуы мүмкін [4, б. 123-126].

Сонымен қатар, ұялы телефондарды шамадан тыс пайдалану ұйқының бұзылуымен байланысты, олардың байланысы әртүрлі басқа факторлармен бірге жүреді. Алайда, ұялы телефондарды проблемалық пайдалану барлық жерде кездеседі, өйткені әр түрлі елдердің ересек тұрғындарының 12-21%-ы ұялы телефондарды шамадан тыс пайдалануды өлшейтін шкалалар бойынша жоғары деңгейді көрсетінін байқаймыз (Лопес-Фернандес, 2017). Мобильді құрылғыларды пайдалану бойынша зерттеулердің көпшілігі интернетті пайдалану мәселелерін талқылау кезінде ересектер мен жасөспірімдерге бағытталған құрылғылар, бірақ зерттеу нәтижелер көрсеткендей, тіпті сәбилер мен кішкентай бүлдіршіндердің ата-аналары құрылғыларды мінез-құлықты реттеу құралы ретінде пайдаланып жатады.

Мектептерде мобильді құрылғыларды пайдалану қазіргі уақытта жиі талқыланатын және зерттелетін тақырып болып табылады. Мемлекеттер арасында ұялы телефондардың

таралуында айырмашылықтар болғанымен, көптеген аймақтарда оқушылардың көпшілігінде ұялы телефондар бар және оларды білім алу кезінде үнемі пайдаланады. Мысалы, 2022 жылғы статистика Қазақстан Республикасында жасөспірімдердің 92,2**%** смартфонға қол жеткізе алатынын көрсетеді [5, б. 56-60].

Деректер бойынша студенттердің барлығында ұялы телефондарыдың бар екенін және оларды, әсіресе орта буын оқушылары жиі пайдаланатынын көруге болады.

Оқу ортасында жаңа технологияларды қолданудың айқын артықшылықтары мен болашақ мүмкіндіктеріне қарамастан, кейбір кемшіліктер мен кедергілер бар. Мектептегі мобильді құрылғыларды пайдаланудың бірінші және ең көп тараған мәселесі-оқу мақсатында емес сабақтар кезінде құрылғыларды пайдаланудан туындаған алаңдаушылық. Құрылғылар тудыратын тағы бір мәселе-емтихан кезінде пайдалану. Білім алушылардың мобильді құрылғыларды пайдалануы кезінде әсіресе, сабақ барысында оқушылар хат жазысқанда, ойын ойнағанда немесе әлеуметтік желілерде сөйлескенде бұл әрекеттері мұғалімдерді ашуландырады. Оқу процесінде хабар алмасу қызметтерін пайдалану ақпаратты қабылдауға және есте сақтауға теріс әсер етеді.

Осыған байланысты 2021 жылы ғалымдар мобильді құрылғыларсыз мектеп күнін өткізудің нәтижесінде жоғары сынып оқушыларының алаңдаушылығы мен сабаққа қатысуына әсерін бағалайтын зерттеу жүргізуге шешім қабылдады. "мобильді құрылғыларсыз Мектеп күні"деп аталатын сынақ мектеп бағдарламасының салдарын зерттеді.. Зерттеуге 235 орта мектеп оқушылары қатысты. Зерттеу авторлары мобильді құрылғыларсыз мектепке бару оқушылардың алаңдаушылығына және олардың сабаққа қатысуына әсер етуі мүмкін деп болжады. Мазасыздық пен сабаққа қатысу деңгейі әдеттегі оқу күнінен кейін салыстыру үшін бастапқы ретінде бағаланды.

Зерттеушілер бірнеше болжам жасады. Бірінші болжам, егер оқушылар бірінші және соңғы сабақтар арасында мобильді құрылғыларынан алыс болса, оқушылардың мазасыздық деңгейі әдеттегі мектеп күнімен салыстырғанда жоғарылайды деп болжады. Бұл болжам ұялы телефонан ажырау мен стресс арасындағы байланысты көрсететін бұрын жүргізілген зерттеулерге негізделген. Зерттеу нәтижелері бойынша ұялы телефондар жастар үшін, әсіресе жасөспірімдер үшін маңызды. Олар қауіпсіздік пен қорғауды қамтамасыз ететін объектілерге айналған, сондықтан олар болмаған кезде мазасыздану туындайды. Ұялы телефондардан ажырау және мазасыздық: зерттеу көрсеткендей, мектептегі ұялы телефондардан ажырау орта мектеп оқушыларын алаңдатты [6, б. 100-108].

Смартфонға тәуелді мінез-құлық пен стресстің өзара байланысы.

В.П. Шейнов зерттеулердің бірінде жастардың 71,2% -ы смартфондарды қолданумен байланысты денсаулық проблемалары бар екенін айтты. Ұйқысыздық осы құрылғыларды қолдануға байланысты денсаулыққа қатысты ең көп таралған (23,6%) шағым ретінде қарастырылды.

Автордың пікірінше, зерттеулер смартфонға тәуелділік пен денсаулық белгілері арасында айтарлықтай оң корреляция бар екенін көрсетті. Ұйқының сапасыздығы бұл байланысқа делдал болды. Нәтижелер адамдардың әл-ауқаты мен әл-ауқаты үшін оларды пайдалануды шектеуге шақыру керек екенін көрсетеді, әсіресе ұйықтар алдындағы зияны зор екені туралы тұжырым жасады .

Осы бағыттағы зерттеулерге сүйенсек, смартфонға тәуелділіктің салдарынан туындайтын ауытқу ол ең алдымен депрессия мен мазасыздық. Тұлғалық стресстің жоғары деңгейі мен көңіл-күйі төмен адамдар көбіне смартфонға тәуелді болады [7, б. 120-127].

Әлемдік зерттеулерге сүйенсек, смартфонды үнемі пайдаланудың салдарынан адамдар зардап шегуде. Американдағы «Kleiner Perkins Caufield& Byers» компаниясының сарапшылары күніне смартфон қызметтерін пайдалануға 75 минутын жұмсаған адамда тәуелділік басталды деп есептейді.

Зерттеушілер смартфонға тәуелділіктің бес типін бөліп қарастырады.

1. Әлеуметтік желі. Әсіресе, секунд сайын жаңа ақпарат салып отыратын Twitter мен Facebook-ты пайдалану. Әлеуметтік желідегі ақпаратты талқылау, пікір білдіру оның бастамасы болып саналады.

2. Ойындар. Күніне бірнеше рет кірмесе ұтылуға алып баратын, ойын ойнауды ескертіп тұратын бағдарламалар бар. Смартфоны қайта-қайта көңілін бөлген соң ойынға бас қойған адам үш сағатқа дейінгі уақытын алаңсыз ойынмен өткізіп алады.

3.WhatsApp, Messenger сынды чаттарда сөйлесу. Бір мезгілде бірнеше досы, танысымен, тіпті қызықты топтарда бірнеше адам болып сөйлесу де уақыттың лезде өте шыққанын сездірмейді.

4.Қаржыны реттеуге мүмкіндік беретін бағдарламалар. Бүгінде ғаламтор желісі арқылы түрлі төлемдерді жасауға, ақша аударуға болады. Осындай қолжетімділікке үйренген адамдар да барлық қызметтер үшін смартфонын пайдаланатын болды.

5. Бейнероликтер көру. Спорттық жарыстарды онлайн арқылы бақылап отыру, қысқа әзілдер, кино, сериалдар мен жаңалықтарды толық қалаған уақытыңызда көру мүмкіндігі де смартфоныңызға тәуелді етері сөзсіз [8, б. 77-98].

Қазіргі уақытта зерттеушілер смартфонға тәуелділіктің өзіне деген сенімділіктің төмендігімен, эмоционалды интеллектпен (ЭИ), конфликттер мен стресстермен статистикалық маңызды байланыстарын орнатты.

Әдебиеттер тізімі

1. Елисеева Е.Ю., Карева А.И. Изучение зависимости от Интернета и мобильных устройств у школьников, гендерные и возрастные особенности // Смоленский медицинский альманах. – 2019. – №1. – б. 98-100.
2. Максименко С.Д., Лысенко А.С. Проблема виртуальной зависимости у подростков // Психиатрия, психотерапия и клиническая психология. – 2020. – Т.11. – №2. – б. 265-278. doi: 10.34883/PI.2020.11.2.004.
3. Жарасбаев Е.Е., Алтай А., Ерниязов Б. «Интернет зависимость» Вестник Актюбинского университета им. С.Баишева 2014 ж.
4. Сангилбаева А.О., Сарсенбаева Л.О. «Студенттердің интернетті шамадан тыс пайдалану мәселесі». ЕНУ Хабаршысы №3(140) 2022 ж.
5. Аяғанова А.Ж., Тұрғазы А.Б. «Жастардың интернет -кеңістігіндегі коммуникативті мінез-құлығы» 1 Жарықбаева оқулары – 2022 ж.
6. Новикова И.И., Зубцовская Н.А., Лобкис М. А. и др. Оценка динамики психоэмоционального состояния детей в условиях ограничения использования мобильных устройств связи в школе // Наука о человеке: гуманитарные исследования. – 2020. – Т.14. – №3. – б., 100-108.
7. Шейнов В.П. Связи зависимости от смартфона с состояниями и свойствами личности //Журнал Белорусского государственного университета. Социология. 2020а. № 4.б. 120–127.
8. Шейнов В.П. Кибербуллинг: предпосылки и последствия // Институт психологии Российской академии наук. Социальная и экономическая психология. 2019б. Т. 4.№ 2 (14). б. 77–98.

СЕКЦИЯ 2

АКАДЕМИК Т.Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ИДЕЯЛАРЫ МЕН БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

НАУЧНЫЕ ИДЕИ И УПРАВЛЕНЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АКАДЕМИКА Т.Т. ТАЖИБАЕВА

SCIENTIFIC IDEAS AND MANAGEMENT ACTIVITIES OF ACADEMICIAN T.T. TAZHIBAEV

Академик Т. Тәжібаев – тарихи-педагогикалық зерттеу әдіснамасын жасаушы

Таубаева Шаркуль Таубаевна,
п..ғ.д., профессор
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Педагогика тарихы – білім беру практикасы мен педагогикалық білімнің тарихи дамуын бірлікте және білім берудің, педагогика ғылымының қазіргі заманғы мәселелерімен өзара байланыстыра зерттейтін ғылым саласы, педагогиканың, әлеуметтанудың, философия, мәдениет, психология тарихының мәліметтерін тоғыстыра отырып педагогика тарихи-педагогикалық үдерісті тарихи-мәдени үдерістің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Білім беру мен тәрбие тәжірибесінің сондай-ақ, педагогика білімнің дамуын қамтитын тарихи-педагогикалық үдерістің құрылымында негізгі пәндік екі сала сараланады олардың әрқайсысы зерттеу саласы ретінде біршама дербес болғанымен, мән-мағынасы тұрғысынан біртұтас. Педагогика тарихына өзіндік үлес қосқан белгілі ғалымдардың қатарында Төлеген Тәжібаевтың орны ерекше.

Академик Т. Тәжібаев (1910-1962) – Қазақ мемлекеттік университетінің үшінші ректоры (1948-1953), Қазақ ҚСР-інің Халық ағарту Комиссарлар Кеңесінің төрағасының орынбасары (1941-1944), республиканың сыртқы істер министрі (1944-1948), Қазақ ҚСР-інің Министрліктер Кеңесі төрағасының орынбасары (1953-1957). Төлеген Тәжібаев – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстанда психология және педагогика ғылымдарының қалыптасуы мен дамуына белсене атсалысқан, мазмұнды мұрасын қалдырған ұлама ғалым, елімізде тұңғыш рет педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының академигі.

Академик Т. Тәжібаевтың мұрасын Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, Қ.Б. Сейталиев Р.Х. Аймағамбетова және тағы басқа танымал ғалымдар өздерінің кандидаттық пен докторлық диссертациялары негізінде жазылған ғылыми еңбектерінде теориялық тұрғыдан талдап, болашақ зерттеушілерге тарих-педагогикалық ізденістің қисынын ұсынуда. Дегенмен де, ғылымның классикалық еместен кейінгі дәуірінде Т. Тәжібаевтың зерттеулерін жаңаша ойластырып, оларды әдіснамалық талдау нысаны деңгейінде қарастыру қажет. Себебі, ғылымға келіп жатқан жас буын педагогика тарихын бір рет айтылып, әрі жазылып кеткен, қазір соны қайталаудың қажеттілігі қаншалықты маңызды деген пікірде. Бірақ өткенді шынайы пайымдап, оны әрі қарай қазақ елінің мәңгілігін өміршең етуге қызмет жасату үшін тарихи-педагогикалық мұраны ғылымның философиясы мен педагогикасы қағидалары арқылы түсінуге ұмтылысқа аға ұрпақ мұрындық болғаны абзал. Оның үстіне, әрбір зерттелетін тақырыптың өз тарихы, өз генезисі, эволюциясы бар. Бұларды терең қарастырмайынша, ізденіс қарқынды жүргізілмейді, әрі түрлі кедергілерге кезігуі мүмкін.

Т. Тәжібаевтың ғылыми еңбектері негізінен психология мен педагогиканың тарихын зерттеуге арналған. Айталық, ол 1939 жылы «К.Д. Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы» деген тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын ойдағыдай қорғап шығады. Демек, ғалымның диссертациясы пәнаралық әдіснама тұрғысынан орындалып, жиырмасыншы ғасырда педагогикалық психология ғылымының негізін салушылардың алғашқы легінде тұр деген сөз. Сондай-ақ, педагогика тарихындағы жеке персоналийларды зерттеудің үлгісін көрсеткені де ақиқат. Қазіргі уақытта зерттеушілер жеке ұламалардың педагогикалық көзқарастарын және оларды білім беру үдерісінде пайдалану жолдарымен бірге зерделеуде. Әйтсе де, әуелі сол ойшылдардың қалдырған еңбектерін тарихи-педагогикалық зерттеу талаптарына сәйкес толық талдап барып, ондағы өзекті, бүгінгі күнгі тәжірибеге қажетті тұстарын іріктеп ала отырып, пайдаға жаратудың өзі де ғылыми шеберлік деп түсінеміз.

Т. Тәжібаев 1962 жылы Ленинград педагогикалық институтында «XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық пікірдің дамуы» тақырыбында педагогика ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Докторлық диссертациясына оның «XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда халық ағарту ісі мен педагогикалық ой-пікірдің дамуы» (1958 ж), «XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда халық ағарту ісі мен мектеп» (1962 ж), «XIX ғасырдың II жартысында педагогикалық ой-пікірдің дамуы» (1965 ж) атты бірнеше монографиялық еңбектері негіз болды. Академиктің еңбектеріне жүргізілген талдау нәтижесінде оның сол кезде өз зерттеулерін тарихи-педагогикалық зерттеудің әдіснамасын ғылыми болжамдықпен қолдана алғанын аңғардық. [1].

Сондықтан, зерттеушіге қажет болатын Т. Тәжібаевтың зерттеулерінде қолданылған әдіснамалық ұстанымдар мен тұғырлардың жүйесін сипаттауды жөн көрдік.

Тарихи-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы нақты зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығынан, мақсаты мен міндеттерінен туындайды да, біріншіден, Қазақстанның білім беру саясатын қалыптастыру мақсатын іске асырады. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде педагогика мен тарих ғылымдарының базалық ұстанымдары (объективтілік, шынайылық, ғылымилық, әлеуметтік, тарихилық) басшылыққа алынады. ***Шынайылық ұстанымы*** қазіргі ғылыми практиканың негізіне алынады. Тарихи-педагогикалық тәжірибе объективтілік ұстанымы тұрғысынан талданады. Жетістіктерді талдауда бұрынғы таптаурыннан алыстап, білім беруді бағалауда объективті бағаларды қолданып жүр. ***Ғылымилық ұстанымы*** заманауи философиялық теорияларда қолданылады, педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық негізін құрайды. ***Әлеуметтік ұстанымы*** білім берудің әлеуметтік қызметтірімен айқындалады. ***Тарихилық ұстанымы*** құбылыстар мен үдерістерді дамуда қарастыруға, XX және XXI ғасырлар тоғысындағы білім беру саласындағы саясатты талдауға мүмкіндік береді. Тарихи-педагогикалық зерттеулерде диалектикалық-материалистік, талдамалық, дедуктивтік және индуктивтік әдістер қолданылады. Тарихи-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі жеке ғылымилық тұрғыда педагогика ғылымына жатады. Ал пәндік мазмұны жағынан педагогика тарихының білімдерін жинақтайды, педагогикалық пәндер жүйесінде педагогика тарихы (пәні, оның міндеттері, ерекшеліктері) сипатына қарай танымдық құралдар мен практикалық әдіс-тәсілдерін, педагогика тарихының ұғымдық құрылымын анықтаумен қатар, басқа ғылымдардың (этнология, этнопсихология, фольклор, мәдениет теориялары және т. б.) жетістіктерін, тәжірибесін зерттеу жұмыстарын да пайдаланады [2].

Педагогика тарихының әдіснамалық негізі философиялық диалектика, ол ғылыми әдіснама ретінде педагогикалық таным теорияларының қалыптасып дамуына іргетас қалайды, шындықты бейнелеудің басты жолдарын анықтайды. Яғни, жеке тұлғаның үйлесімді қалыптасуын, оған сан-саналы әлеуметтік байланыстар жиынтығының ықпалды әсер етуін, *бір жағынан*, әрбір адам қоғамдық қарым-қатынастардың жемісі болса, *екінші жағынан,* қоғамды дамытуда өзіндік үлес қосатын жеке тұлға болып қалыптасатынын көрсетеді. Сонымен, ғылымның әдіснамасы – бұл қағидалар, қорытындылар, ұстанымдар, танымдық әдістер арқылы әр жақты жағдайлар тоғысында шындықты бейнелеу ақиқатын зерделеп түсіндіретін ілім [3].

Педагогика тарихының әдіснамасы – әр тарихи дәуірдегі педагогикалық білім мен тәрбиені, ойлар мен идеяларды талдап жүйелеу, оларды ұғындыру, тұжырымдар жасау арқылы педагогикалық үдеріске өзгерістер енгізу немесе жетілдіру мақсатын іске асыратын педагогика ғылымының бір саласы. **Педагогика тарихының әдіснамасы** төмендегідей ***жүйелі құрылымнан*** тұрады: ***тарихи-педагогикалық білімнің құрылымы мен қызметтері; педагогикалық идеялар, ой-пікірлер, іс-тәжірибелер, үлгілер, негізгі педагогикалық қағидалар (идея, болжам, тұжырымдама, теория); тарихи-педагогикалық білімдерді өңдеп жетілдіріп, педагогикалық үдеріске ендіру.*** Осындай, үлгідегі тарихи-педагогикалық, психологикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары жалпы ғылыми ұстанымдарға негізделе жүгізіледі.

Ғылыми-зерттеу ұстанымдары мен оларға қойылатын талаптар әдіснамалық білімде ерекше орын алады. Өйткені, олар тарихи-педагогикалық білімді, теория мен практиканы біріктіріп, білім беру ұйымдарына ғылыми негізделген бағдар береді. Қандай бір ғылыми жұмыстар болсын, олардың тірек ұстанымдар қатарына жататын ең негізгі әдіснамалық ұстанымы – ***жүйелілік.*** Тарихи-педагогикалық зерттеуге қойылатын маңызды әдіснамалық ***талаптарының бірі*** – деректердің барлық түрін кешенді пайдалану, сол арқылы бірін-бірі тексеру, толықтыру, барлық деректерді салыстыра отырып жинақтау, зерттеуде шектес ғылымдардың зерттеу әдістері жиынтығын кешенді түрде пайдалану, сөйтіп педагогикалық тұрғыдан түсіндіру қажет. Педагогика тарихының ғылыми-зерттеу ұстанымдары тарихи білім, педагогикалық теория мен тәжірибені біріктіріп, білім беру ұйымдарына ғылыми негізделген бағдар береді. Педагогика тарихының негізгі әдіснамалық ұстанымы ***ақиқаттылық,*** ол зерттеу объектісі жайлы білім алу үшін, зерттеу барысында оның әрбір құбылысына ықпал ететін, дамытатын жағдайларды, шарттарды ескеріп, зерттеу құралдары мен тәсілдерін дұрыс қолданып, жинаған дәйектерді бағалап, қорытындысын шығаруда ақиқатты ұғымдар мен түсінікер жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми ізденістердің объектісін ***баламалық ұстаным*** тұрғысынан қарастырғанда және оған дәлелді талдап қойғанда, тарихи-педагогикалық материалды немесе көзқарастарды талдағанда, күрделі педагогикалық үдерістердің шешімін табу үшін әртүрлі көзқарастар айтылады. Ондай көзқарастардың шынайы болуы немесе оған қарсы пікірлер айтылуы мүмкін. ***Баламалық ұстанымның мәні*** – мәселенің шешімін іздестіргенде және объектінің жұмысын ұтымды ұйымдастырғанда алға қоятын мақсаттың нәтижелі орындалып, соның негізінде қол жеткізілетін нақты жетістіктердің ауқымы анықталады. Баламалық ұстанымға жақын әдіснамалық ұстанымның бірі – ***мәндік талдау ұстанымы***. Әрбір қарастырылатын құбылыстардың жалпылығы, ерекшелігі және бірегейлігі анықталып, объектінің ішкі құрылымына, атқаратын қызметі мен даму заңдылықтарына, шарттары мен даму үрдістеріне талдау жүргізіліп, олардың мақсатты түрде өзгерістерге ұшырау мүмкіндіктері талданады. Бұл ұстаным зерттеу қисынын нақты жазудан бастап, жан-жақты түсіндіруге, одан педагогикалық құбылыс пен үдерістің, болжамның дәлелденуіне дейінгі кезеңді қарастырады. Тәжірибе тарихи-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық ***генетикалық*** ұстанымды қолдану керектігін көрсетуде. Тарихи-педагогикалық ұстанымның мәні педагогикалық дәйектерді немесе құбылыстарды зерттегенде олардың пайда болуын, онан кейінгі дамуын түрлі саяси-экономикалық жағдайлардағы білім беру үдерісінің бір сапалық деңгейден екінші сапалық деңгейге ауысуы жан-жақты қарастырылатындығында жатыр [4].

Тарихи және қисындылық ұстанымы зерттеу жұмыстарында нысанның тарихын (генетикалық қыры), теориясын (құрылымы, қызметі, нысанның қазіргі жағдайы) және оның даму болашағын бірлікте зерттейді. Тарихи талдау объектінің құрылымы мен қызметін талдау, белгілі бір ғылыми тұжырымдама жасау үшін керек. Ал теориялық талдаудың қажеттігі объектінің генезисін (пайда болуын, қалыптасуын) қарастырмай ақиқатқа жету мүмкін еместігін ескереді. Сондықтан да, тарихи-педагогикалық және теориялық-педагогикалық зерттеулердің бір-бірінен айырмашылығы зерттеушінің ғылыми болжамына байланысты болады. Бұл ұстанымнан шығатын талап зерттеудің сабақтастығы, жинақталған тәжірибе, дәстүр, ғылыми жетістіктер, бұрынғы зерттеу объектілерінің генезисін тарихи-педагогикалық тұрғыдан талдау болып табылады.

Жалпы ғылыми ұстанымның бірі – ***тұжырымдамалық бірлік ұстанымы.*** Зерттеуші ғылыми тұжырымдама жасау үшін басқа зерттеушілердің тұжырымдамалық пікірлерін талдап, негіздеп, ізденіс жүргізу барысында зерттеудің алдына қойған мақсат-міндеттерін, ғылыми болжамын анықтап, жүргізетін болса, нақты ғылыми жетістіктерге жетуіне болады. Ол үшін алғашқы ғылыми болжамын тексеріп, дамытып, қажет болса, іздену барысында түзетулер енгізіп, тұжырымдамасын жетілдіреді. Сонда ғана ғылыми ізденіс өз нәтижесін береді. ***Тарихи-жүйелілік ұстанымы*** – жалпы ғылыми әдіснамалық зерттеудің бір ұстанымы ретінде педагогикалық үдерістің және бір-бірімен байланысты құбылыстарды

жүйелі зерттейтін өзіндік сапасымен сипатталатын ғылыми әдістердің бірі. ***Тарихи-жүйелік әдісі*** білім беру жүйесін біртұтастық ұстаным тұрғысынан зерттегенде педагогикалық үдерістің кей қырларын, элементтерін, қарым-қатынастарын бөлшектеп қарастырғанда өте мұқият қолданылуы керек[5].

Тарихи және психологиялық-педагогикалық үдерістегі өзара байланысты ***синергетика*** - қазіргі бірлескен іс-әрекет теориясын зерттейді. Бұл теория тұтас жүйенің тұрақты болмай, өзгеріске түсетіндігін ескеріп, тұтастықтың жоспарланған басты бір нұсқасын алып, болжамданған үдерістің мағынасын ашады. Педагогикалық жүйенің бір-бірімен байланысы: білім мен тәрбие мақсаты, оның тарихи аспектісі, педагогикалық үдерістің субъектісі, педагогикалық идеялар мен ой-пікірлер, білім мазмұндары (жалпы, базалық және кәсіби мәдениет), материалдық базасы, т. б. бірлігі және құрылымдық-функциялық қызметтері ***тұтастық*** арқылы зерделенеді [6].

Іс-әрекеттік тұғыр тарихи-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық зерттеулерде нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылады. Педагогикалық үдерісті қайта құру немесе өзгерістер енгізудің алғашқы формасы еңбек. Адамның материалдық және рухани байлықтарды жасаудағы іс-әрекеттері еңбек барысында атқарылып, айналасын қоршаған дүниені шығармашылықпен өзгеріске түсіреді. Сондықтан, оқушыларды өмірге және жан-жақты іс-әрекеттерге дайындауда олардың мүмкіндіктерін ескеріп, өмір тіршіліктеріне қажетті істерге тартып, олардың өмірін әлеуметтік және адамгершілік тұрғыдан ұйымдастыру қажет.

Ал, ***мәдениетанымдық тұғыры –*** оқушының жеке тұлғасын зерттеп, құндылық бағдарын қалыптастыруда аксиологиялық құндылық іліміне сүйеніп, нақты ғылыми әдіснама ретінде танымдық пен педагогикалық іс-әрекеттерді қайта құруға немесе өзгерістер енгізуге бағыт-бағдар береді. ***Мәдениетанымдық тұғыры арқылы*** жеке тұлғаның мәдениетпен объективтік байланысы негізінде оның мінез-құлқындағы құндылықтар жүйесін зерттейді. Өйткені адам мәдениет арқылы дамығандықтан сол мәдениетке жаңа элементтер енгізуге үлес қосады. Сол себептен, адам мәдениет құндылықтарының жүйесін игеріп өзін-өзі дамытса, екінші жағынан, оның шығармашылықты жеке тұлға болып дамуына жағдай туады. ***Этнопедагогикалық тұғыр*** мәні – оқушы этностың біріне жататын әлеуметтік-мәдени ортада өмір сүреді, білім мен тәрбие алады. Халықтың ұлттық салт-дәстүріне, оның мәдениетіне, діліне, ұлттық-этникалық психологиясына, әдет-дағдыларына сүйеніп, педагогикалық үдерістің жобасын жасап, жоспарлап ұйымдастырады. Әртүрлі білім ұйымдарының ортақ мақсаты-оқушы жастардың ұлттық мәдениетке ынта-ықыласын арттырып, оларға өзін- өзі тәрбиелеуге жағдай туғызу болып табылады, педагог бұл ортаны жан-жақты зерттелуі керек.

Тарихи-педагогикалық зерттеу әдісі мұрағат құжаттарын, тарихи-педагогикалық құбылыстарды зерттеу арқылы педагогикалық ой-пікірлерді, идеяларды, теориялар мен тәжірибелерді жүйелеу негізінде ғылыми-тарихи ақпараттар жинастыруды, олардың өзара байланыстарындағы заңдылықтарын айқындауды қамтамасыз етеді. ***Тарихи-теориялық зерттеу әдістері*** тарихи-педагогикалық құбылыстардың кейбір жақтарын, белгілері мен ерекшеліктерін тарихи-педагогикалық тұғырдан талдайды. Кейбір деректерді талдағанда оларды мазмұндық жақтарына қарай топтастырып және жүйелеп, зерттеушілер педагогикалық құбылыстың жалпы белгілері және ерекшелігін айқындайды. Тарихи-теориялық зерттеулерде индуктивті және дедуктивті әдістер қолданылады. Индуктивті әдістер ізденушінің ойлау қабілетін жеке пікірден жалпы қорытынды жасауға итермелесе, дедуктивті әдіс, керсінше, жалпы пікірден жеке қорытындыға келуге бағыттайды.

Тарихи-педагогикалық тәжірибелерді зерттеу әдісі кейде дәстүрлі педагогикалық әдіс деп аталады. Бұл әдістерді кезінде Платон, М.Ф. Квинтилиан, Я. А. Коменский, И. Песталоцци де қолданған, қазіргі ғылымда да пайдаланылады. Педагогикалық тәжірибелерді зерделеу, байқау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу, оқушылардың шығармашылық жұмыстарын, мектеп құжаттарын талдау, т.б. зерттеу әдіс-тәсілдері ізденіс жұмыстарында қолданылады.

Математикалық және статистикалық әдіс – әр кезеңдегі тарихи-педагогикалық материалдарды салыстыру, жалпы сұрақтар мен эксперименттік мәліметтердің қортындысын шығаруда қолданылатын әдіс. Бұл әдіс тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қортындысын сенімділікпен бағалауға жағдай туғызады. Ал статистикалық әдіс көптеп жинақталған материалдарды жүйелеп қорытуда арнайы формула арқылы есептеп, қортындысын график, диаграмма, кестелер арқылы шығаруға мүмкіндік береді.

Түйіндей келсек, педагогика тарихының зерттеулерінде жоғарыда көрсетілген әдіснамалық ұстанымдар негізінде тарихи-педагогикалық зерттеу әдістері қолданылады. Олар: кешенді әдістер (жалпы ғылыми әдіс - тарихилық және қисындылық); тарихи әдістер (тарихи-генетикалық, тарихи салыстырмалы, тарихи жүйелілік); педагогикалық әдістер (теориялық педагогикалық талдау, педагогикалық тәжірибені қорытындылау); мұрағат құжаттарын оқып, талдау; орта және жоғары мектеп құжаттарымен танысып, мамандар мен оқушылардың құрамын анықтау әдістері; зерттеу нәтижесі мен сапасын бағалау әдістері, т. б. Тарихи-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасында ***(әдіснамалық тұғыр, ұстаным, мәселелер, тарихи педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық қызметтері мен әдістері)*** тағы бір ескеретін жайт зерттеудің тарихи көздері (мәдениеттің өнімдері, адам үшін ортақ болып келеді де, олар ғылым аралық зерттеулердің негізін құрайды, тарихи-салыстырмалы зерттеудің пәніне айналады [7].

Педагогика тарихының мәні және оның әдіснамасы, тарихи-педагогикалық зерттеу әдістері туралы білімдерді қорытындылай келе, төмендегідей логикалық-құрылымдылық кестені ұсынамыз (1-кесте).

1-кесте. Тарихи-педагогикалық зерттеу әдіснамасы

/	Тарихи педагогикалық зерттеу әдіснамасы	
	Әдіснамалық бағдарлар	**Тұғыр атауы**
1	Әдіснамалық тұғыр	• жүйелік тұғыр • жеке тұлғалық тұғыр • іс-әрекеттік тұғыр • өркениеттік тұғыр • формациялық тұғыр • аксиологиялық тұғыр • этнопедагогикалық тұғыр • инновациялық тұғыр • тұтастық тұғыр • әлеуметтанулық тұғыр
2	Әдіснамалық ұстаным	• обьективтілік ұстанымы • тарихилық ұстанымы • мәндік талдау ұстанымы • генетикалық ұстанымы • логикалық пен тарихилықтың бірлігі ұстанымы • зерттеудің тұжырымдамалық бірлігі ұстанымы
3	Тарихи-педагогикалық зерттеудің әдіснамалық қызметтері	• теориялық-танымдық • эвристикалық-прогностикалық • әлеуметтік және аксиологиялық • дәлелдеушілік және өлшемдік • тәрбиелік
4	Тарихи-педагогикалық зерттеу әдістері	• тарихи-генетикалық әдіс • тарихи-салыстырмалы әдіс • тарихи-жүйелік әдіс • тарихи-педагогикалық зерттеудің логикалық әдістері: анализ, синтез, индукция, дедукция, абстрактілеу, нақтылау, аналогия, идеализация, формализация.

5	Тарихи-педагогикалық зерттеудің әдіснамалық мәселелері	• Тарихи-педагогикалық зерттеулердегі логикалық пен тарихилық бірлігі • Білім беру және педагогикалық ой-пікірлердің даму кезеңдерін анықтау • Педагогика тарихының қазіргі өмірімен байланысы • Тұтас тарихи-педагогикалық үдерістің құрылымы мен құрамының бөліктері сипаттау және т. б

Сонымен, академик Т. Тәжібаевтың ғылыми мұрасын зерделегенде тарихи-педагогикалық зерттеудің әдіснамалық ұстанымдары мен тұғырларының әлеуетінің жан-жақты, әрі логикалық жүйемен қолданылғандығын жас зерттеушілерге үлгі ете отырып, тәжібаевтану саласындағы зерттеулер көкжиегі болашақта кеңейе түсетініне сеніміміз мол.

Әдебиеттер

1. Тажибаев Т.Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. Алма-ата, 1965.

2. Таубаева Ш.Т**.** Философия и методология педагогики**:** научные школы стран СНГ и Республики Казахстан: хрестоматия. Под ред. д.филос.н., профессора А.Р. Масалимовой. - Алматы: Қазақ университеті, 2017 .- 402 с.

3. Богуславский М.В. История педагогики: методология, теория, персоналии: Монография. – М.: ФГНУ ИТИП РАО, Издательский центр АНОО «ИЭТ», 2012. – 436 с.

4. Бобырышев С.В. Методология историко-педагогического исследования развития педагогического знания. Дисс…д.п.н.. – Спб: РГПУ им. А.И.Герцена, 2008.

5. Калкеева К.Р. История педагогики и образования в Казахстане: системный и полипарадигмальный анализ. Монография. – Аркалык, 2010. 129 с.

6. Институту теории и истории педагогики: 1944-2014. Под общей редакцией д-ра филос. наук, профессора С.В. Ивановой. – М.: ФПНУ ИТИП РАО, 2014. - 448 с.

7. Бордовская Н.В. Диалектика педагогического исследования: монография/Н.В. Бордовская. – Москва: КНОРУС, 2018. - 512 с.

ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, БЕЛГІЛІ ҚАЙРАТКЕР, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Акажанова Алма Таурбекқызы
пс.ғ.д., ҚАЗҰПУ-ң профессоры
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы

Аңдатпа: Мақалада ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, белгілі қайраткер, академик Төлеген Тәжібаевтің қысқаша өмір жолына, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларына шолу жасалды. Ерекше көңіл К.Д.Ушинскийдің педагогикалық психологияға қосқан үлесі, А. Құнанбаевтің, Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің ағартушы, білім мен тәрбиеге қатысты еңбектері қарастырылып, талданды. Т.Тәжібаев барлық азаматтық өмірін, ғылыми мұрасын жас жеткіншектердің және жалпы халықтың білімді, тәрбиелі болуына орасан зор ықпалын тигізгені баяндалған.

Тірек сөздер: ағартушы, қайраткер, психология, педагогика, білім, ғылым, тәрбие, ұстаз және шәкірт, педагогикалық психология.

В статье представлен краткий обзор жизненного пути, защищенных кандидатских и докторских диссертаций Толегена Тажибаева, ученого, великого педагога, известного деятеля, академика. Особое внимание уделяется вкладу К. Д. Ушинского в педагогическую психологию. Рассмотрены и проанализированы работы А. Кунанбаева, Ч. Валиханова и И.Алтынсарина, связанные с образованием и воспитанием. Описаны факты того, что Т.Тажибаев на протяжении всей своей гражданской жизни и научного наследия оказал большое влияние на образование и воспитание молодежи и широкой общественности.

Ключевые слова: просветитель, деятель, психология, педагогика, образование, наука, учитель и ученик, педагогическая психология.

The article provides a brief overview of the life path, defended candidate and doctoral dissertations of Tolegen Tazhibayev, a scientist, a great teacher, a famous figure, and an academician. Particular attention is paid to the contribution of K. D. Ushinsky to educational psychology. The works of A. Kunanbaev, Ch. Valikhanov and I. Altynsarin related to education and upbringing were reviewed and analyzed. The facts are described that T. Tazhibaev, throughout his civil life and scientific heritage, had a great influence on the education and upbringing of youth and the general public.

Keyword: educator, activist, psychology, pedagogy, education, science, teacher and student, pedagogical psychology.

Қазақтың көрнекті педагогі және психологі, педагогика ғылымының тұңғыш докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Төлеген Тәжібаевтің (1910 –1964 жж.) Қазақстандағы психология ғылымының дамуына қосқан үлесі орасан зор.

Төлеген Тәжібайұлы қысқа ғұмырында артына өшпес мұра қалдырды. Өзінің барлық саналы өмірін қиын-қыстауы мол Кеңес заманында өткізді. 1928 жылы Шымкент қаласының педагогикалық техникумын үздік аяқтап, сол оқу орнында өзінің табиги қабілеттілігінің арқасында оқытушылық қызметті жоғары дәрежеде атқара білді. Зерттеушілердің (профессор Ж.Түрікпен) деректері бойынша, Т. Тәжібаев жиырмасыншы жылдары Шымкент педтехникумында Ж. Аймауытұлынан дәріс алған.

1931-1935 жылдары Мәскеудегі Коммунистік тәрбие Академиясына түсіп, сол академияның психология мамандығы бойынша аспирантураға қабылданады. 1939 жылы Т.Тәжібаев белгілі психолог А.В. Веденовтың жетекшілігімен «К.Д. Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы» атты» тақырыпқа кандидаттық диссертация қорғады. Бұл ғылыми ізденіс орыстың ұлы педагогі К.Д. Ушинскийдің қызметімен оның психологиялық көзқарасын зерттеуге арналған еңбек нәтижесі. Кезінде Ресей ғалымы, профессор Б.Г. Ананьев осы еңбектің оппоненті ретінде өте жоғары баға берген: «Тәжібаев психология тарихында тұңғыш рет Ушинскийдің педагогикалық теориясының психологиялық негіздері жөнінде мәселе көтерген. Ол орыстың ұлы педагог ғалымына шынайы сүйіспеншілікпен қарап, оның мұрасын асқан мұқияттылықпен терең зерттей алған», - деп жазған [1, 5]. Ресейде психология ғылымы тек 60-шы жылдардан бастап дамысада, Ушинский оның келешегі зор, ірі маңызды ғылым ретінде бағалап, өзінің ойын байқатады: «Психологияның жеке тарауларын нақты түрде зерттеп шешу керек, психология ғылымы бір кездегі неміс философтар мен психологтарының жолымен жалпы

түрде, ойша, тек жорамалдау арқылы құрастырылған дерексіз теориялар жинағы болудың орнына адамның психологиялық әрекеттерін нақты үйрену, зерттеу нәтижесінде тәжірибеге негізделген ғылым болуы тиіс», – дейді. Т.Тәжібаевтің айтуы бойынша, Ушинский психология мәселелерін шешу үшін ең алды физиологиялық құбылыстарды сипаттай келе «жан жүйе әрекетінің» кейбір түрлеріне тоқталып, адам баласына тән рухани құбылыстарды қарастырады [2, 364-366]. Осы маңызды еңбек арқылы Т.Тәжібаев мұғалімдердің кәсіптік білімі мен ұстаздық шеберлігін арттыруға көмегін тигізетін идеяларының сырын ашып көрсетті. Сөйтіп, оқырман қауым орыс педагогикасы классигінің озық ойы мен тәлім-тәрбие істерінің мақсаттылығымен таныстырылды. Педагогикалық психология төңірегінде екі үлкен монография жарық көрді. «Қазақстандағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы оқу-ағарту істері мен мектептері» атты ғылыми еңбегі монографияның үшінші бөлімі болып саналады. Бұл еңбек халқымыздың ұлама перзенттері Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың психологиялық-педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналған. «Шоқан Уәлиханов педагогикалық-психологиялық мәселеге байланысты арнайы еңбектер жазбағанымен», – деп жазады Тәжібаев, ол өз халқының ұлттық мінез-құлқын және салт-дәстүрін өте жақсы білгеннен кейбір батыс және орыс ғалымдарының айтқанына ағартушы тойтарыс бере алған. Мысалы, «Еуропада бүгінгі күні қате көзқарас үстемділік байқалады. Көшпенді тайпалар жауыз, шектен шыққан жабайы адамдар, көшпелі монгол мен қырғыздар дөреке малспеттес жауыздар ретінде қабылданады. Соған қарамастан «айуандар»-дың көптен бөлігінде өзінің әдебиетімен аңыз-әңгімелері бар – жазбаша және ауызша» [3, 104-105]. Тәжібаевтің ойынша, ғалым ағартушы Ш.Уәлихановның «көптеген еңбектерінде, ерекше жазбаларында, бақылау күнделігінде әртүрлі этнос иелерінің (қырғыз, өзбек,уйғыр, қытай т с.с) жеке тұлғалық қасиеттерін, этностық айырмашылығын зерттеу қажет. Ағартушының еңбектерінде ерекше маңызды болып саналатын: тұлғаның қалыптасуындағы тәрбие және оқу мәселесі. Ғалым-ағартушы айрықша көрсеткен: «Қарапайым халық ойлау және рухани жағынан билікке отырғандардан кем емес, өкінішке орай, оларға тек білім жетіспейді. Мәдениет адам ағзасын өзгерте алады... қырғызды жаңартушы идеяларды қабылдауға қабілетті жасай алады» [3, 105-106].

Абайды, ұлы ағартушы деп айтқанда ең алды сол замандағы жағдайға көңіл аудару қажет. Өзінің заманында орыс халқының жетістіктерін үлгі ретінде алып, өз халқының ағарту ісіне, ғылым мен мәдениетті дамытуға шақырды. Жазба әдебиетінің негізін салушы ретінде А.Құнанбайұлы өз халқының тек ұлы ақыны болып қалған жоқ, сонымен бірге үлкен ойшыл аталды. Ол философия, тарих, педагогика, этика және тәрбие мәселелеріне ерекше көңіл аудара білді. «Абай Құнанбаев, шын ғылыми мәніндегі ғалым-психолог болған жоқ. Бірақ оның мәңгі өлмейтін поэтикалық және прозалық еңбектерінен адамның психикасын шебер және терең ажырата білгендігін көруге болады», - деп жазады Т. Тәжібаев [2, 377-378]. Психология мәселелері ерекше айқын көрініс береді Абайдың «Ғақлияларында». Абай психологиядағы үш терминді: ақыл, сезім, ерікті алға тартып, оларға түсінік беруге тырысады. Олардың дәлелі «Әуелде бір суық мұз, ақыл зерек, «Он жетінші сөз», «Жиырма жетінші сөз», «Қырық үшінші сөз» және т.б. Ақыл-ой құбылыстарына ол түсіну, қабылдауды, елестеу мен есті, ойлау мен ақылдың өзін (яғни сананы жатқызады). Мінезді ерікпен байланыстырып қарайды. «Ақыл мен сезім және ерік, Абайдың ойлауынша, бірлестікте, толық тұтастықта және жарастықта болуы керек, өйткені бұлар бір-бірінсіз пайдаға аса алмайды... Сондықтан білімнің міндеті адамның осы үш салалы психикалық әрекетін зерттеу, сөйтіп, олардың бірлестікте болуын қамтамасыз ету.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жолда жоқ жарым есті жақсы демек.
Ақыл да, ашу да, күлкі де жоқ,

Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреунсіз,
Ғылым сол үшін үшеуінің жолын білмек» [2, 382-383].

Философиялық тұрғыда бұлардың арасында диалектикалық байланыс бар екенін Абай поэтикалық сөздермен түсіндіре білген. Тәжібаевтің пайымдауынша, «Абай тек асқан ойшыл, кемеңгер ақын емес, ол сонымен бірге қазақтан шыққан ірі философ, халқының психологиялық білімдер жүйесін туған халқына насихаттаумен айналысқан ғұлама аталмыш зерттеуші... Еңбектерінде келтірілген психологиялық ұғымдардың көпшілігі өздерінің ғылыми мәні жағынан қазіргі психология ғылымында қолданылып жүрген атаулардан оншама алшақ кетпейді» [4, 6-7].

Сонымен қоса бұл еңбекте халқымыздың аса көрнекті ағартушы-демократы Ыбырай Алтынсариннның психологиялық-педагогикалық көзқарасы туралы айта келе, Т.Тәжібаев ұстаздық өнер, мұғалімге тән білімдарлық, ұстамдылық, әдеп, өзгелердің жан-дүниесінің сырын барлау, сыпайылық, еңбек сүйгіштік, сыйластық сезім – мұндай қасиеттердің бәрі де ұстаз бойында болуы тиісті сапалар деп бағалады. Осы көлемді еңбегінде мұғалімнің жеке басына тән игі қасиеттерге, шәкірттердің ақыл-ой деңгейін өрістету, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін айқын білу, әрбір оқушының өзіндік мүмкіндіктерін, қабілетін тану т.б. тақырыптарға ғалым ерекше көңіл бөлген. Ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас, мұғалімнің тәлім-тәрбие әрекетін балалардың ақыл-ойы мен санасына қонымды ету жайын атап көрсетті. Монографиялық еңбекте ұлт балаларының орыс тілін жақсы меңгерулеріне барынша күш-жігер жұмсап оларды қадағалап отыру мұғалімдерге жүктелетін жауапты міндет екені педагогикалық тұрғыдан дәлелденеді. Әсіресе мұғалім қызметінің әлеуметтік өмірдегі тарихи рөлі, оның кәсіптік даярлығы, білім деңгейі, ұстаздық өнегесі сол дәуірдің талап-мұқтажына лайықты болуына айырықша назар аударылды. Автор мұғалімнің жеке басына тән игі қасиетіне – шәкірттердің ақыл-ой деңгейін өрістету, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін жеті білу әрбір оқушының өзіндік мүмкіндіктерін, қабілетін тану т.б. баса көңіл бөледі. Ы. Алтынсарин көптеген оқу және әдіснамалық құралдардың авторы. Соның бірі К.Д. Ушинскийдің «Детский мир» үлгі бойынша жазылған «Киргизская хрестоматия», «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» т.с.с. «Балаларға арналған қызықты әңгімелерінің тәрбиелік мән-мағынасы өте жоғары», - деп жазады Тәжібаев. Ондағы мақсат балаларды еңбек сүйгіштікке, имандылыққа, мейірімділікке, адамгершілікке және Отан сүйгішке тәрбиелеу [3, 111-112]. Осының барлығы Ұстаздың қолында деген тұжырым жасайды Төлеген Тажібайұлы.

Т.Тәжібаев 1938–1964 жылдары Қазақ педагогикалық институтында және Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеттің доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, ректорлық қызметтер атқарды. Осы жылдар аралығында оның бірнеше монографиялары, жүзге жуық ғылыми мақалалары жарық көрді. Бұл еңбектерде психология мен педагогиканың теориясы мен тарихы, мораль, этика мәселелері, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлердің даму жолдары сөз болды. 1939–1940 жылдары «Халық мұғалімі» журналының беттеріндегі жарияланған мақалаларында сол кездердегі психология ғылымының көптеген көкейтесті мәселелері, классикалық психологияның тарихы, оның даму, қалыптасу жолдарын жан-жақты талдауға алды [1, 6].

Т. Тәжібаев 30 жасында (1940 жыл) халық ағарту комиссариятының халық комиссары, ал 32 жасында – Республика үкіметі төрағасының орынбасары, осы жылдарды бастан кешкен халықтың хал-жағдайы, сауаттылығы айтарлықтай төмен еді. Сол кезеңде халықтың көзін ашу Халық ағарту комиссариатына жүктелген екен. «Төлегеннің алдында аса қауырт міндеттер тұрды. Ең алды ұстаздар мәртебесін биіктету керек болды. Төлеген Тәжібаев үкімет алдына осы мәселені ұсынып өнегелі ұстаздарға «Республиканаң еңбек сіңірген мұғалімі» атағын беру жөнінде ұсыныс тастады. Біреулер қолдаса, кейбірі түсінік білдірмеді. Бірақ көп кешікпей мұндай атақ беру жөнінде оң шешім шықты [5, 48]. Жастайынан қалыптасқан зор ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында 40-шы жылдары

Т.Тәжібаев аса жауапты қоғамдық-мемлекеттік дипломатиялық қызметтер атқарды. 1951 жылдары Тәжібаев Қазақ университетінің ректоры, профессор бола тұрып, ҚазақССР-ң Сыртқы істер министрі қызметін қоса атқарған. 1957-1961 жылдардың ішінде Төлеген Тәжібаев Үндістанда Совет өкіметінің кеңесші өкілі ретінде, еліміздің мүддесі, халық игілігі үшін ауқымды қызмет жасады [5, 48-75].

1947 жылы Қазақстандағы мемлекеттік университетте логика және психология мамандарын дайындайтын бөлім ашылды. Т.Тәжібаев 1947–1958 жылдарда өзінің негізгі қызметімен бірге осы бөлімге тікелей қамқорлық көрсетіп, студенттердің арнайы маман болуларына басшылық етті. 1948–1954 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік университетінің ректорлық қызметін атқарды. Төлеген Тәжібаев 1949 жылы профессор, ал 1954 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды. 1962 жылдың желтоқсанында Ленинград пединститутының ғылыми кеңесінде «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық ой-пікірдің дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Академик Т.Тәжібаевтың оқу-ағарту істерін қамтитын барлық зерттеулері мен ғылыми еңбектерінде мұғалімнің бейнесі, оның мамандық ісі мен білімі, моральдық бейнесі мен іс-харекеті, тәлімгерлік өнегесі үнемі басты мәселе, өзекті проблема ретінде қамтылып, мән-жайы әр қырынан қарастырылады. Т. Тәжібаевтің өмір жолы жас ұрпақты біліммен қаруландырып, өнеге көрсеткен ұстаз, халық қадірлеген ардагер азамат, ел-жұртының құрметіне ие болған қоғам және мемлекет қайраткері ретінде бағаланады.

Т.Тәжібаев ұлттық мінезбен этнопсихологияға, қазақ халқының мұрасына байланысты да қалам тартқан ғалым. Ғалымның жетекшілігімен онға жуық аспиранттар кандидаттық диссертация қорғады, өзі талай диссертанттардың ресми оппоненті болды. Белгілі психолог ғалымдардың оқу ағарту ісі мен педагогика ғылымы жүйесіндегі зерттеулері – халқымыздың мәдени және рухани өмірінің қарқынды дамуына қосқан үлесі елеулі. Елуінші жылдары Т. Тәжібаевтің ғылыми жетекшілігімен Е. Суфиев, М. Мұқанов, А. Темірбеков сияқты талапкерлер психология мамандығынан кандидаттық диссертация қорғап, Қазақстанның жоғары оқу орындарында жемісті қызмет атқарған [6, 48-75].

Т.Тәжібаев өзінің жарқын өмірінің Қазақстандағы оқу-ағарту ісі мен Республика халқының мәдениетін өркендетуге арнады. Ол осы салада бірнеше ғылыми еңбек жазды. Т. Тәжібаев дарынды ұстаз, өмір тәжірибесі мол, әр тарапты білімдер психолог-маман болатын. Тәжібаев ұстаздық өнері мен ғалымдық қабілетін қоғамдық-әкімшілік әлеуметтік және дипломатикалық қызметтерді атқарумен шебер ұштастырды. Есейген кезінен өмірінің ақырына дейін жоғары лауазымды қызметтерді атқара жүріп, педагогика және психология ғылымдары саласынан келелі зерттеу істерімен шұғылданады. Қазақстанда психология ғылымының өріс алуына айтарлықтай еңбек сіңірді. Т. Тәжібаевтің еңбектері Республикада психология ғылымының дамуына тиімді ықпал етіп, бұл саладағы ғылыми-зерттеу істерінің өрістеріне қолайлы жағдай туғызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Төлеген Тәжібаев. Қазақтың тұңғыш психолог-ғалымы, мемлекет қайраткері және дипломатының өмірі туралы. Фотоальбом/ Қ. Жарықбаев, Ж. Түрікпенұлы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2000. – 98 бет.
2. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Қазақтың психологиялық ой-пікірлері. 10-том/Жетекшісі акад.Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: Таймас, 2006. – 480 бет.
3. Жарикбаев К.Б., Туркпен-ұлы Ж., Ахметова М.К. Психолого-педагогическое наследие Т. Тажибаева (1910-1964). – Алматы: Қазақ ун-ті, 2000. – 142 с.
4. Тәжібаев Т.Т. Таңдамалы шығармалары /Құраст.: Қ.Б. Жарықбаев, Ж. Түрікпен-ұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 272 бет.
5. Жақып М., Түрікпенұлы Ж. Төлеген Тәжібаев. – Алматы: Қазақстан, 2008. –248 б.
6. Акажанова А.Т., Түрікпенұлы Ж. Психология тарихы: Оқулық. – Алматы: NURPRESS, 2019. – 292 бет.

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СИСТЕМА К.Д. УШИНСКОГО В ИССЛЕДОВАНИЯХ АКАДЕМИКА Т.Т. ТАЖИБАЕВА

Абдраимова Багдагуль Срашевна,
Магистрантка 2 курса по специальности
7М03102 «Психология и журналистика»,
Кафедра психологии и журналистики, Академия Кайнар

Аннотация: Воспитание и обучение - есть единый процесс формирования личности. Очень важно единство трех элементов школы: администрация, учителя и ученики. Также важно разнообразие предметов в школе.

Ключевые слова: воспитание, правила, подход к воспитанию, цели воспитания, принципы воспитания, педагог-воспитатель.

Тәрбие мен оқыту-жеке тұлғаны қалыптастырудың бірыңғай процесі. Мектептің үш элементінің бірлігі өте маңызды: әкімшілік, мұғалімдер және оқушылар. Мектептегі пәндердің әртүрлілігі де маңызды.

Education and training is a single process of personality formation. Very important is the unity of the three elements of the school: administration, teachers and pupils. In addition, variety of subjects in the school is important.

Осындай үлкен міндеттің жеке дара емес, бүкіл қоғам жұмыла жасағанда оң нәтиже беретінін Әл-Фараби атамыз да өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты трактатының арнайы параграфында адамдардың бірлесуі мен өзара көмегі жайлы зерттеу жүргізді. "Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек. Ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әр қайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады, оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне сондықтан да бір-біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестігі арқылы ғана өзінің жаратылысына сай кемелдік дәрежесіне жете алады!!" деген болатын [4,171].

«Талант и мудрость Т.Т.Тажибаева» деген естелігінде В.К.Сидоров мынандай сөздерімен толықтыра түседі "Сонымен, Шымкент облысы Арыс ауданының ауылдық жігіті мен Сүткент өзінің мақсатына байланысты республикада, Кеңес Одағында бірінші дәрежелі мұғалім, оқытушы, ірі ғалым, зерттеуші, дипломат, мемлекет, қоғамдық-саяси қайраткер болып қалыптасты. Туғаннан дарынды Төлеген Тәжібайұлы салыстырмалы түрде қысқа, бірақ айқын өмір сүрді. Осылайша ол менің есімде қалды. Мен көп нәрсені білдім және өмірде, практикалық істерде принциптерін басшылыққа алдым".[2.227]

Осындай қиыншылық кезеңде туылғанмен, рухы сынбаған, қайта ортада жүре отырып, мықтылардан сабақ алып қанатын кеңге жайған ұлы тұлғаның, қоғамның мықты қайраткерінің оның өмір жолымен таныс болған әрбір оқырманның да шабыты оянып, рухы толыға түсері айдан анық. Мықты азаматтарымыздың арқасында, солардың тынбай жүріп өткен жолдарының үстінде, еткен еңбектерінің, төккен терлерінің, асқақ армандарының арқасында бүгінгі күні тәуелсіз елде өмір сүріп отырмыз. Мұны бүгінгі үлкен ұрпақ пен кейінгі кіші ұрпақта түсіне білуі керек.

Әдебиеттер:

1.Төлеген Тәжібаев: Абайдың психологиялық көзқарастары. Abaialemi.kz >post/view? Id =1121

2.Гаипов Зулфухар. Тулеген Тажибаев (Первый нарком иностранных дел Казахстана). Публицистическое эссе. Алматы "Арда" 2006. – 232 стр.

3. Төлеген Тәжібаев. Жалпы психология. Оқу құралы. Алматы, «Қазақ университеті», 1993.-240 бет.

4. Қорқыт атаның табиғат туралы нақыл сөздері. Э.Ильясова. Қорқыттану II кітап. Қызылорда "Тұмар"2004

5.Төлеген Тәжібаевтың ғибратты ғұмыры. Qazaquni.kz > Жаңалықтар >

6.Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев – Уикипедия. Kk.wikepedia.org> Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев.

ӨТКЕНДІ БІЛМЕЙ БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАУ МҮМКІН ЕМЕС!

Байырбаева Бақытгүл Сеитовна,
Уклинова Қаршыға Едиловна,
Тарих пәндерінің оқытушылары
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
«Zhansugurov College»

Аннотация:
Тарих - өшпес мұра, ол біздің жарқын болашағымыздың кепілі. Кәзіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі – ХХ ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі оқу – ағарту ісінің зерттелуі. Осы салаға Отандық тарихқа елеулі үлес қосқан көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, психолог-ғалым, академик Төлегеи Тәжібаев болды. Ұлы ғалым туралы ой-пікірлер, деректер жалғасын табады.

Тірек сөздер: оқу-ағарту ісі, педагогикалық ойлау, этнопедагогика және этнопсихология, мәдени даму, психологиялық көзқарас.

История- неугасаемый архив. Это гарантия нашего светлого будущего. Сейчас, в наше время история является одним из основных проблем изучение учебно-просветительского дела на казахской земле начала XX века. Все достижения и значительный вклад в отечественную историю видного общественного и государственного деятеля, ученого-психолога, академика Толеген Тажибаева очень ценны. Его труды и заслуги будут продолжены нашими поколениями.

History is an indelible legacy, it is the key to our bright future. One of the urgent issues at the present stage is the study of educational work in the Kazakh land of the beginning of the XX century. He made a significant contribution to this area of national history was a prominent public and statesman, a scientist-psychologist, academic Tolegey Tazhibaev. Thoughts, facts about the great scientist will be continued.

Тарих - өшпес мұра, ол біздің жарқын болашағымыздың кепілі. Сол мақсатта Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Академик Т.Т. Тәжібаевтың туылғанына 114 жыл және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына арналған «Қазақстан ғылымы және оқу-ағарту жүйесі: даму жолдары мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырып, ұлтымыздың болашағы үшін, жаңашылдықты насихаттауға үлкен үлес қосуда.

Кәзіргі уақытта елімізде отандық тарих ғылымы алдына елеулі міндеттер жүктеліп отыр. Ғылым мен білімнің кеңейіп, онда шынайылықтың көрініс табуы арта түскен сайын ғалымдар жаңа білімге қол жеткізуге мүмкін деген әдістер мен тәсілдерді талдауға және негіздеуге ұмтылып, жұмылуда. Бұл, тарих ғылымына, оның жекелеген проблемаларын зерделеуге, соның ішінде Кеңес үкіметі дәуіріндегі қазақтар арасындағы халық ағарту ісіне де қатысты.

ХХ ғасырдың басында тарих сахынасына қазақ зиялыларының жаңа легінің пайда болып, қазақ халқының рухани-мәдени дамуына үлкен жол ашқан болатын. Мәдени тұрғысынан алғанда бұл кезеңде ауқатты топ өкілдерінің, аз да болса қазақ жастарының европалық мәдениетті, Ресейдің жоғарғы оқу орындарын оқып меңгергендігі. Сол кезде патша үкіметі қазақтарға белгілі бір деңгейде ғана білім беруді, сол жергілікті халықты орыстандырып, Ресей империясына тәуелді етудің шараларының бірі ретінде қараса, ал бұл қазақ халықы үшін оқу-ағарту ұлттық сананы ояту, отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күрес жүргізу үшін қажет болды.

Сондықтан да қазіргі таңда шындықты және заман талабына сай зерттеуді қажет ететін тарихымыздың аз зерттелген, әлі де күрделі, өзекті мәселелерінің бірі – ХХ ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі оқу – ағарту ісі [1, б. 12].

ХХ ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының басшылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы және т.б. еңбектерінен құнды мәліметтер алуға болады. Бұл деректердің құндылығы сонда, олар қазақ халқының сол кездегі әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы мен мәдени дамудың әр-бір қадамын зерттеді.

Қазан төңкерісіне дейінгі шыққан зерттеулердің басым бөлігі қазақ халқының мәдени өміріне қатысты фактілерді берумен шектелініп отырды, тек кеңес үкіметі тұсында ғана бұл мәселеге жүйелі түрде көңіл бөліне бастады.

XX ғ. 20-30 жж. қазақ халқының мәдени өмірін белгілі ғалым С. Асфендияров қарастырды. Автор патша үкіметінің оқу-ағарту және білім беру жүйесін сынға алды. «Патша өкіметі жаңа әкімшілік құрлысты орнатумен қатар, шоқындыру-ағарту ісін өркендете бастады. Қазақты орысқа айналдыру саясатын патша өкіметі ерекше ыждахатпен жүргізе бастады. Сонымен қатар, патша өкіметі өзіне дайын ұсынып отыратын кадр тәрбиелеуді мақсат етіп, орыс-қазақ мектептерін аша бастады» деп жазды. Асфендияров осы жазған еңбегі үшін қуғынға ұшыраған болатын.

XX ғасырдың 50-80 жылдары XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы халық ағарту ісі терең зерттеліне бастады. Т. Тәжібаев, Н. Сәбитов, А.И.Сембаев, Г.И. Храпченков тағы басқаларының бірқатар еңбектері жарық көрді. Мысалы, Т. Тәжібаевтың XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өлкесіндегі оқу-ағарту, білім беру ісінің, мектептердің және педагогикалық ойдың дамуы тарихына арналған монографиясында автор: «Патша өкіметі бастауыш мектептерді әсте де қазақтардың толық және жан-жақты білім алуы үшін емес, болыс басқарушыларына тілмаш, сұлтандардың іс-жүргізушілері және т.б болып жұмыс істеуге жарарлықтай аздаған білім беру үшін ғана ашқанын» жазады. Т.Тәжібаев өз еңбегінде Алматы, Орынбор, Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Қазан, Уфа, Омбы және Қазақстанның кейбір облыстарының бай мұрағат деректерін пайдаланып, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы бастауыш және орта білім беретін мектептердің саны, әрбір облыстардағы, соның ішінде біз қарастырып отырған Ақмола облысындағы халық ағарту ісінің даму ерекшеліктеріне де тоқталған. Сонымен қатар ғалым XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы оқу ағарту-ісі мен педагогикалық ойдың дамуындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың алғышарттарын зерттеді [2, б. 31].

Қазақстандағы педогогикалық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы тақырыбына бірқатар құнды ғылыми еңбектер жариялады. XIX ғасырдың 2-жартысындағы қазақтың демократ–ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың педогогикалық көзқарастарын зерттеп, келелі пікірлер айтты. Ұлы ақынның дүниетанымы, педогогика және психология туралы ойларына алғаш рет материалистік көзқараста талдау жасады. Абайдың табиғат сырын терең түсінуде адамда үш түрлі: алғашқы - әр затты үнемі қозғалыста, өзгеруде болады деп қарау, екінші - заттардың бір - бірінен айырмашылығын салыстыра отырып анықтауы, үшінші - ақылды ойды жүрекпен сезіне білу сияқты қасиеттің жинақталуы керек деген қағидасының материалистік мазмұнын анық мысалдармен ашып көрсетті. Т.Тәжібаев адам бес сезім мүшесінің қызметі арқылы қоршаған ортаны танып білетіні туралы Абай ұғымының ғылым талабына сай, ақиқат шындық екенін оның Жиырма жетінші сөзіндегі Сократ пен шәкірті Аристодим арасындағы пікірталасын арқау ете отырып дәлелдеді. Адамзаттың ақыл, сезім, қайрат сияқты психолог қасиеттерінің ерекшеліктерін ақынның ғақлияларында және поэзия тілімен шебер бейнелеуін қазақ халқының педогогика ой-пікірінің қалыптасу тарихындағы үлкен жетістік ретінде жоғары бағалады. Ғалымның тұжырымынша, адам баласының хайуаннан айырмашылығы ақыл-парасатында, логикалық ойлау қызметінде және ақылмен саналы әрекет етуінде, ақылдың қасиеті өткірлігімен, ашықтығымен ерекшеленетіні жөніндегі ақын пікірі педогогика ғылымының методикалық талабымен толық үндес келеді. Т. Тәжібаев Абайдың жүрек туралы түсінігін оның гуманистік ой толғауларының негізі ретінде қарастырды, педогогика көзқарастарына талдау жасай келе, адам психологиясының жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отыратындығын және мінез-құлқының қалыптасуы тәрбиеге байланыстылығы жайлы пікірлерінің ғылыми тұрғыда маңызды екенін атап өтті. Тәжібаев ақынның еңбек, оқу-білім, адамгершілік тәрбиесі туралы тұжырымдарының мәнін ашып көрсетті. Ұлы Абайдың эстетика көзқарастарын да жан-жақты зерттеп, өлең сөздің құдіреті туралы ойларына психологиялық тұрғыда талдау жасады. Ол ақынның ағартушылық, демократтық

ой-пікірлерінің орыстың ойшыл-демократтары Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов, В. Г. Белинский т. б. көзқарастарымен идеялық өзектестігін ғылыми тұрғыда терең тұжырымдаған алғашқы зерттеушілердің бірі болды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісімен педагогикалық ой-пікір дамуы жөніндегі зерттеулері көлемді, әрі маңызды зерттеулер қатарынан саналады. Кәзіргі таңда, оның қазақстандық педагогика мен психология теориясының дамуына қосқан үлесі баға жетпес, ғылыми еңбектері жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулерде бүгінге дейін оқу құралдарының қосымшасы түрінде қолданып келеді.

«Психология и педагогическая психология К.Д. Ушинского», «Абай Құнанбаев жастарды әрбиелеу туралы», «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева», «Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века», «Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века» сияқты туындылары жарияланған. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендері, т. б. бірнеше медальдардың иегері.

Өз заманында қазақ жеріндегі ағартушылықтың туын жоғары ұстаған ағартушы-демократтар Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың рухани мұрасының, психологиялық ой-пікірдің даму тарихында алатын орны өз алдына бір бөлек. Аталғанқоғам қайраткелерінің психологиялық көзқарасын қазақ психологтарының ішінен бірінші болып зерделеген көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, психолог-ғалым, академик Төлегеи Тәжібаев болды [3, б. 55].

«Т.Тәжібаев өз мамандығы педагогика, психологиядан басқа философия, тарих, әдебиет, тіл білімі сияқты қоғамдық ғалымдардың басты салаларына батыл барып, олар жөнінде мәселелі пікірлерде еркін айта алатын, кең тынысты ғалым болды және де ағылшын тілін жақсы білетін» - деп, зерттеушілер Е.Құлымбетов пен Ж. Ысқақов өзіндік пікір қалдырған. Ғалымның ғылыми еңбектерін жастарға насихаттау мақсатында академик Т.Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология ғылыми-зерттеу орталығында жыл сайын Тәжібаев оқулары, ғылыми конференциялар жүргізіліп отырады. Ұлы ғалым туралы ой-пікірлер көбейіп жалғасын табуда. Жалпы айтқанда, ұлы тұлғада ғылымға деген қызығушылық ерте кезден бастап пайда болды. Өз заманында барынша еңбек етіп, қазақ ғылымы мен білімі саласына зор үлес қсып, келер ұрпаққа өнегелі өмірімен өшпес із қалдырды.

Заманның қай өкілі болса да, ұлылардың өмірін, шығармашылығын, еліне сіңірген ерен еңбектерін оқып, келер ұрпаққа үлгі етіп айтып, насихаттап отырса, еліміздің болашағы жарқын болатыны сөзсіз деп ойлаймыз. Сөз соңында айтарымыз: айтқаннан емес, жас ұрпақ көргеннен алады тәрбиені, сондықтан да біздер, алдыңғы буын оқып, біліп, айқын дәлелдермен оларды баулуымыз керек сияқты. Бүгінгі өткізіліп жатқан іс – шаралар да, осы әрекеттің бір көрінісі деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1.Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995 ж.

2.Жарықбаев Қ.Б.,Тәжібаев ойлары және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Т.Т. Тәжібаевтың педагогикалық мұралары, 2019 ж.

3.Түрікпенұлы Ж. «Өнегелі өмір» (Профессор Т.Тәжібаевтың феномені), 2010 ж.

АКАДЕМИК Т.Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ МӘҢГІЛІК МҰРАСЫ

Кенжбаева Майра Утеновна,
к.пс.н., PhD
Талғар қаласы
Қонаев колледжі

Аннотация: Бұл мақала Қазақстандағы психология ғылымының негізін қалаушы және еліміздің басқару жұмысында қызметтер атқарған академик Т.Т.Тәжібаевтың 114 жылдығына орай дайындалды. Көрнекті ғалымға құрмет көрсете отырып, еңбектеріне тоқталуды қажет деп таптым.

Кілт сөздер: психология, этнопсихология, менталитет, ұлттық ерекшеліктер, этникалық сәйкестік

Эта статья была подготовлена к 114-летию со дня рождения академика Т. Т. Тажибаева, основателя психологической науки в Казахстане и занимавшего руководящие должности в нашей стране. Отдавая дань уважения выдающемуся ученому, сочла необходимым остановиться на его работах.

This article was prepared for the 114th anniversary of the birth of academician T. T. Tazhibayev, the founder of psychological science in Kazakhstan and who held senior positions in our country. Paying tribute to the outstanding scientist, I found it necessary to focus on his work.

Бүгінде адамзат XXI ғасырдың басында этникалық жаңғыру жолымен жанасып келе жатыр, оны аша түсер болсақ, бұл ұлттық мемлекеттілігін құрып, оны қалпына келтіруге ұмтылуымен ғана емес, сонымен бірге өткен ғасырлардағы көп ұлтты халықтардың арасынан қазақ халқы өзінің ұлттық ерекшелігін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін сақтауымен, сонымен қатар ұлттық психологиялық ерекшеліктерін жаңғыртуымен сипатталады. Бұл құбылыс этникалық парадокс деп аталды. Қазіргі уақытта этникалық қайта өрлеу дәуірі қазіргі кезеңдегі адамзат дамуының негізгі белгілерінің бірі ретінде қарастырылады.

Осындай жағдайлар академик Т.Т. Тәжібаевтың жазып кеткен еңбектерінде қарастырылып өткен. Этнопсихологтар әртүрлі ұлттар өкілдерінің қарым-қатынасы кезінде туындайтын жиі түсініспеушіліктердің себептерін қайдан іздеу керек; көп ұлтты халықтың ішінде бір халықтың мүшелерінің екінші халықтың өкілдерін елемеуге мәжбүрлейтін мәдениетке негізделген психиканың қандай да бір ерекшеліктері бар ма; этносаралық шиеленістер мен қақтығыстардың өршуіне ықпал ететін психологиялық құбылыстар бар ма деген сұрақтарға жауапты академик Т.Т. Тәжібаевтың жазып кеткен еңбектерінен табуға болады. Көптеген сұрақтардың ішінде этникалық сәйкестіктің қазіргі замандағы рөлінің артуының психологиялық себептері туралы мәселе де бар. Этнопсихология ғылымына қатысты көптеген терминдердің білім салаларының тоғысында орналасуындығына байланысты. Сабақтас пәндер құрамына әлеуметтану, экология, биология, лингвистика, мәдениеттану кіреді. "Отбасы тәрбиесі" ұғымына тоқталатын болсақ, бұл әлеуметтік психология, этнология, мәдениеттану, мәдени антропология, психологияны қамтиды.

Этнопсихология мәселесі психологтардың ғана емес, көптеген гуманитарлық ғылымдар өкілдерінің де жіті назарында. Этнопсихология қоғамдық психологияны, оның қалыптасуын халыққа қызмет ету заңдылықтары тұрғысынан зерттеуі қажет. Осылайша, этнопсихология қоғамдық психологияны қоғамдық сананың бір түрі ретінде зерттеу тұрғысынан қарастырады. Этнопсихология пәнінің анықтамасына келетін болсақ, бұл мәселе әлі күнге дейін көп дау туғызады және қазірге дейін шешілмеген күйінде қалып отыр.

Академик Т.Т. Тәжібаев этнопсихология пән ретінде ұлттың психикалық сипаты деп көрсетеді, оның құрылымына, келесі компоненттеріне тоқталады: ұлттық темперамент, сезімдер, әдеттер, талғамдар, тілдің ерекшеліктеріне байланысты қарым-қатынас ерекшеліктері және т.б. орыс ғалымдары Г.М.Андреева, В.Г.Крысько, Э.А.Саракуев этнопсихология пәні бұл жеке адамдар мен топтардың ұлттық-психологиялық ерекшеліктері деп санайды, олардың адамдардың өмірі мен мінез-құлқына әсерін зерттейді.

Этнопсихологияның негізгі мақсаты - белгілі бір этнос өкілдерінің психологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ этникалық байланысы бар әрі саналы және бейсаналық деңгейде көрінетін жеке адамның немесе топтың қарым-қатынасын зерттеу ғана емес, этникалық сананы

өзінің барлық тарихи формаларында, оның іс-әрекет пен қарым-қатынастың әртүрлі формаларында көріну ерекшеліктерін, сонымен бірге тұлғаның қалыптасуын, оның құндылықтарына әсер ету жолдарын да қамтиды деп Т.Т. Тәжібаев жазып кеткен. Ол ұлттық сипаттың бірінші деңгейі болмыспен байланысты ұғымдар арқылы қалыптасады деп көрсетеді. Бұл этнос, этникалық топ, тұлға, ұлттық-психологиялық ерекшеліктер және т.б. сияқты ұғымдар. Ұлттық сипаттың екінші деңгейіне этникалық өзіндік сана, этникалық менталитет, әлемнің этникалық бейнесі және т.б. сияқты ұғымдар кіреді.

Этнос - белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан, жалпы салыстырмалы түрде топтасқан адамдардың тұрақты жиынтығы ретінде тілдің, мәдениеттің және психиканың ерекшеліктерімен, сондай-ақ олардың бірлігі мен басқа ұқсас құрылымдардан айырмашылығы туралы санамен (өзіндік сана арқылы), өзіндік атаумен бекітіледі дейді (Ю.В.Бромлей), этносты биосфера және әлеуметтік сфералар шекарасында жатқан құбылыс ретінде түсіндіреді (Л.Н.Гумилев).

Академик Т.Т. Тәжібаев ұлттық-психологиялық ерекшеліктер - белгілі бір этникалық қауымдастықтың психикалық процестері мен күйлерінің, өзара әрекеттесулерінің, қарым-қатынастар мен оны орнатуының ұлттық ерекшелігі түрінде көрінетін белгілер дейді. Менталитет - белгілі бір этникалық қауымдастыққа тән өмір салты, мәдениеті және белгілі бір халыққа тән құндылықтар, көзқарастар, дүниетанымдар, мінез-құлық ерекшеліктері, мінез-құлық нормалары жүйесі ретінде бекітіледі.

Ортаның этникалық бейнесі - белгілі бір қауымдастық мүшелеріне тән қоғамдық болмыс, тұрмыс-тіршілігі мен қызметі туралы тұрақты, біртұтас көзқарастар мен пайымдаулардың жиынтығы. Сонымен қатар, ортаның этникалық бейнесі бір жағынан бейімделу қызметін атқаратын, екінші жағынан басқа халықтың мәдениетіне тән құндылық доминанттарын бейнелейтін белгілі бір этникалық топтың мүшелеріне тән ғаламның ерекше түрде құрылымдалған бейнесі ретінде түсіндіріледі.

Академик Т.Т. Тәжібаев еңбектері этнопсихологиялық ойдың дамуындағы жаңа бетбұрыс кезеңі, ол ұлттық психология мәселелерінің теориясы мен әдістемесі саласындағы жаңа әзірлемелермен байланысты болды. Сол кезеңнен бастап этнопсихологиялық ой дербес ғылыми пән мәртебесін алды, өзіндік зерттеу пәні ретінде дами бастады, міндеттері мен әдістемесі анықталды. "Ұлттық рух" ұғымы идеялары дамыды.

Осылайша, ғасырлар қойнауынан, ежелгі өркениеттер қабаттарынан бастау алған этнопсихологиялық білім, Академик Т.Т. Тәжібаевтың арқасында адамдардың ұлттық болмысымен анықталатын психикалық құрылымы мен мінез-құлқының ерекшеліктерін зерттейтін дербес ғылыми пән ретінде қалыптасты. "Ұлттық рух" бағыты этникалық психологияның дербес ғылым ретінде қалыптасуына негіз болды. Қазіргі уақытта жаңа психологиялық бағыттар түрінде кросс-мәдени психология және психологиялық антропология пайда болды, олар этнопсихологиялық зерттеулерді дамыту мен жүргізудің негізіне айналды.

Қазақ мәдениетінің көшпелі халық ретіндегі ерекшеліктері Қазақстандағы этнопсихологиялық ойдың қалыптасуының алғашқы кезеңдерін жазуға мүмкіндік берді. Алайда, Қазақстан Республикасының орналасу ерекшелігі, барлық уақытта әлемнің барлық бағыттарының тоғысқан жері бола отырып, қазақтарды халық ретінде іргелес жатқан ұлттық қауымдастықтарға мұқият қарауға, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін анықтауға және оларды халық ауыз әдебиетінде: мақал-мәтелдерінде, аңыздарында, ертегілерінде бекітуге мәжбүр етті. Әбу Насыр әл-Фарабиден бастау алатын түркі халықтарының этнопсихологиясы мәселелері қазіргі таңда өзекті болып отыр. Алғашқы ғылыми этнопсихологиялық жазбалар ертеде ғасырларда пайда болды. Олар Ш.Уәлихановтың атымен тікелей байланысты, оның еңбектері Қазақстандағы этнопсихологияның қалыптасуына негіз болып қана қоймай, сонымен қатар қазақстандық ғылымдағы осы ғылыми білімнің ерекшелігін анықтады. Академик Т.Т. Тәжібаев Қазақстандағы этнопсихологиялық ойдың дамуы туралы айтқанда Абай Құнанбаев шығармашылығына тоқталады, ол тек ұлы ақын ғана емес еді, сонымен бірге ұлы ойшыл, ғалым. Оның барлық поэтикалық, әсіресе прозалық шығармалары

этнопсихологиялық мәселелерді талдауға өзіндік көзқарасымен ерекшеленетінін елімізге белгілі психолог ғалым және еліміздің қайраткері, академик Т.Т. Тәжібаев жазып кетті.

Сталин дәуірінде өзінің ұлттық болмысын іздеуге тыйым салу қазақтың жетекші ғалымдарының қуғын-сүргініне алып келді. XX ғасырдың елуінші жылдарында Қазақстанда ұлттық сипаттағы мәселелерге арналған Т.Т.Тәжібаевтың еңбектері пайда болды. Қазақстандық этнопсихологияның дамуына үлкен үлес қосқандар ғалымдарға Н.Д.Жанділдин және М.Мұқанов жатады, олар ұлттық сипат пен ұлттық ойлау мәселелерін зерттеді. Олар өзінің жұмыстарына Т.Т.Тәжібаевтың еңбектерін арқау етті. Осының негізінде профессор Қ.Б. Жарықбаев қазақстандық этнопсихологиялық мектебін құру бағытында ерекше қарқынды жұмыс істеді. Алайда, елімізде, өкінішке орай, этнопсихологиялық зерттеудің әдіснамалық бағдарламалары әлі әзірленбегенін, эксперименттік модельдер мен өзіндік әдістемелер жетіспейтіндігін атап өткен жөн.

Қазіргі психологияның маңызды әлеуметтік-этникалық мәселелерінің бірі этникалық сәйкестік және оның трансформациясы мәселесі болып табылады. Кең мағынада этникалық сәйкестілік белгілі бір этникалық қауымдастықтың белгілі бір халыққа жататындығын білуге ұмтылатын әлеуметтік-психологиялық категория ретінде анықталады.

Этникалық сәйкестік этнопсихология түсінігіне жатады, біріншіден, белгілі бір этникалық қауымдастыққа жататынын білу ретінде анықтауға болады. Екіншіден, бір этникалық қауымдастықпен жеке басын және басқалардың өздерінен бөлінуін сезіну ретінде айқындауға болады. Осыған байланысты жағымды және жағымсыз этникалық сәйкестікті ажыратуға болады. Жағымды, позитивті этникалық сезімдер мен көзқарастарды (әлеуметтік көзқарастарды) қалыптастыруда, оның ішінде адамның белгілі бір этникалық қауымдастыққа мүшелігіне қанағаттануын, оған тиесілі болуға деген ұмтылысын, өз халқының жетістіктерін мақтан тұтуын қамтиды. Ал, жағымсыз этникалық сәйкестікке қазіргі кезде қазақтардың орыстануын, тілін ұмытуын, ұлт жетістіктерін мінеуін, кемсітуін, қазақ екенін мойындамауын, шетел ел асып, ұлттық қауымдастықтан бөлінуін жатқызуға болады.

Этникалық стереотиптерді этникалық бірегейліктің құрамдас элементі ретінде, бір этникалық қауымдастыққа өзінің тиесілігін және басқа этникалық қауымдастықтардан айырмашылығын жүзеге асыруға көмектесетін ұжымдық өкілдік түрі ретінде қарастыруға болады. Біздің теориялық түсінігіміздің негізі салыстырмалы түрде тұрақты этникалық стереотиптердің мазмұнында белгілі бір халық өкілдерінің сыртқы келбеті, олардың тарихи өткені, тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктері, еңбек дәстүрлері туралы идеялар кешенін анықтау және оны ажырату қажет деген түсініктерге негізделген. Коммуникативтік және моральдық қасиеттерге қатысты бірқатар өзгермелі пайымдаулар, қасиеттерді бағалаудың өзгергіштігі, олардың өзгеруі этносаралық және мемлекетаралық қатынастардағы үнемі өзгеріп отыратын жағдаймен тығыз байланысты.

Зерттеушілер құрылым мөлшері (қызметкерлер саны), технология, ресурстар және ұйым тарихы сияқты айнымалыларға кездейсоқ тәуелді болады деп болжайды. Кеңірек мағынада кездейсоқ шамаларға ұйым жұмыс істейтін және жағдайлары оған әсер ететін орталар да кіреді, бірақ қоршаған орта бақылауда болса, бұл әсер айтарлықтай төмендейді. Бұған ортаның кейбір аспектілері тікелей байланысты, мысалы, тұтынушылардың ұстанымдары, үкіметтің жаңалықтары және хабарламалары, тауарлардың бағасы. Кеңірек айтқанда, ұлттық орта елдің басқару нысанын, жұмыс күшінің білім деңгейін және тіпті әлемнің кейбір басқа бөліктеріндегі технологиялық жетістіктерді қамтиды, өйткені бұл өндірілетін өнім нарығына әсер етеді. Кездейсоқ шамаларды кейде ұйымдық құрылымды, ұйымның әлеуетті күшті құрылымдарының деңгейін шектейтін мәжбүрлеуші фактор ретінде қарастырады. Ұлттық психология қоғамдық сананың құбылысы ретінде қалыптасады және ұлттық психологиялық сипаттамалар деп аталатын адамдардың және олардың топтарының ұлттық ерекшеліктерінің әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары түрінде көрінеді.

"Ұлттық-психологиялық ерекшеліктер" ұғымы "ұлттық психология" ұғымына жалпы, ұлттың белгілерінің бірі ретінде бағынышты болып табылады. Ұлттық мінез, ұлттық өзіндік сана, ұлттық сезім және көңіл-күй, ұлттық мүдде, ұлттық санаға бағдарлану және ұлттық

дәстүр құрылым түзуші фактор болып табылады, ал ұлттық психологиялық ерекшеліктер - ұлттық психологияның динамикалық компоненттері болады. Көптеген факторлардың әсерінен қазақтарда келесі ұлттық-психологиялық ерекшеліктер қалыптастырылды:

• тарихи, қоғамдық-саяси және экономикалық дамудың әсері:

- алға қойған мақсаттарға жетудегі табандылық, берілген сөзге адалдық, төзімділік, қарапайымдық, табандылық, еңбекқорлық, аз нәрсеге қанағат ете білу, үлкен қиындықтарға төзе білу, тәуелсіздік, тәуелсіздік, ұйымшылдық, біртұтас ұлттық сезім;

• мәдени даму ерекшелігінің ықпалы:

- үлкендер мен кішілерге маңызды қарым-қатынас; басқа адамдардың қадір-қасиетін құрметтеу, басқа адамдармен барлық қарым-қатынаста адалдықты сақтауға ұмтылу;

• діни дамудың ықпалы:

- өмірдегі қиындықтар туралы ойланбауға ұмтылу, оларды оңай және тез жеңе білу, төзімділік, қарапайымдық, өзін-өзі ойлауға ұмтылу, өзін-өзі бақылау, байсалдылық, сабырлық.

Академик Т.Т. Тәжібаев ұлттық сана-сезімді, олардың ұлттық өзіндік ерекшелігін қажеттілік деп қарастырады. Қазақтардың ұлттық психикасының мотивациялық саласы ұлттық құндылықтар, коммуникативтік саласы - олардың ұлттық психикасы мен қарым-қатынасы, мінез-құлықы. Осы психологиялық құбылыстарды зерттеу арқылы ұлттық-психологиялық ерекшеліктер айқындалды: ұлттық сана-сезімнің ерекшеліктері мен өз ұлтына қатыстылығы туралы түсініктер; өз ұлты туралы түсініктер; этникалық стереотиптер көрсетілді; ұлттық құндылықтарға: тіл, мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, құндылықтарға деген құрмет айтылды.

Ұлттық-психологиялық ерекшеліктерге жүргізілген этнопсихологиялық зерттеу арқасында қазақтардық қазақ ұлты болып қалыптастыратын белгі ана тілі болып табылады; сонымен қатар халықтық әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, мәдениет, ортақ өткен тарих кезеңдер, дін, мінез-құлық ерекшеліктері жатады. Ұлтты қалыптастыратын белгілерге сыртқы келбетінің ерекшеліктерін, сыртқы мінез-құлқын, туыстық байланыстарды қарастырады. Көп қазақтар өзінің ұлттық мәдениетінің құндылықтарын басқа халықтардың мәдени жетістіктерімен үйлестірген, этносаралық достық қарым-қатынасқа оң бағдарланған.

Бұл ең алдымен, өз халқының және басқа халықтардың тарихын, өнерін, мәдениет қайраткерлерін жақсы білуден, таныс болуынан көрінеді. Қала тұрғындарының таза ұлттық құндылықтарға салыстырмалы бағдары ауыл тұрғындарына қарағанда азырақ байқалады. Ауылдықтар ұлттық бірегейлікті көбірек сақтайды, қалалық тұрғындар халықаралық ассимиляциялық бағдарлануға жақын екендігін көрсетеді. Жағымды ұлттық-психологиялық ерекшеліктерге қазақтардың ұлт ретіндегі мақтанышын, ұлттық қадір-қасиет сезімін, үлкендерді құрметтеуді, мінездің жұмсақтығын, мейірімділікті, жомарттықты, батылдықты, сұлулыққа деген сүйіспеншілікті және жақсы эстетикалық талғамды, адалдықты, адамгершілікті, интернационализмді, парасаттылықты, жан тыныштығын, көңілділікті, тектілік пен қонақжайлылықты, ана тілін құрметтеуді, туған жерге деген сүйіспеншілік, бірлік, қонақжайлылық, қарапайымдылық, адалдық, табандылық, келісімділікті жатқызамыз. Дегенмен мезгіл-мезгіл болатын теріс қасиеттерде көрініс береді, олардың психологиясында: ана тілін құрметтемеу, бытыраңқылық, қызғаныш, ұлттық салт-дәстүрлерден алшақтау, оқшаулану, қыңырлық, өшпенділік, салқындық, үлкендерді сыйламау, тәкаппарлық, мақтаншақтық, бос әңгімелерге үйірлік, әлсіз ұйымшылдық, жершілдік, рушылдық орын алған. Қазіргі кезде осы теріс әрі жағымсыз ұлттық-психологиялық ерекшеліктермен күресуге назар аудару керек. Қазақтарға қарағанда олармен қатар тіршілік ететін басқа ұлттардың жағымды белгілері мыналар болып шықты: төзімділік, жан тыныштығы, бейімделгіштік, байсалдылық, мақсатқа жетудегі табандылық, қалыпты эмоционалдылық, өзара түсіністік, өзара көмек, туған жерге деген сүйіспеншілік, қонақжайлылық, достыққа берілгендік, еңбекқорлық, үлкендер мен

әдет-ғұрыптарды құрметтеу, сүйіспеншілік. Қазақи ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрге берілгендік, еңбекқорлық, табандылық көрсетеді.

Дегенмен қазақтың жағымсыз сипатталатын белгілерінің ішінде ең жиі аталатын қыңырлық, тәкаппарлық, мақтаншақтық, ашушаңдық, жершілдік пен рушылдық сезімдерімен күресу ретіндегі тәрбие жұмыстарын жүргізу қазіргі ұрпақтардың еншісіне қалып отыр. Осындай тәрбие жұмыстарын атқаруда академик Т.Т.Тәжібаевтың еңбегін басшылыққа алған орынды.

Әдебиеттер тізімі:

1.Тажибаев Т.Т. Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева – Алма-Ата.:«Казгосиздат», 1957. – 80 с.

2. Аймаганбетова О.Х. Основы этнопсихологии. - Алматы: Литера, 2003. – 180 с.

3. Аймаганбетова О.Х. Социально-этнические проблемы современной психологии. - Алматы: КазНУ, 2008. – 176 с.

4. Лебедева Н.М. Введение в этническую и кросс-культурную психологию. - М.: Изд. Дом "Ключ", 2009. – 224 с.

5. Налчаджян А.А. Этнопсихология. - СПб.: Питер, 2006. – 381 с.

6. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. - М.: Аспект Пресс,2006. - 386 с.

7. Платонов Ю.П. Основы этнической психологии. - СПб.: Речь, 2005– 452 с.

АКАДЕМИК Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Нуртаева Карлыга Сайлауовна,
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Көксу ауылшаруашылық колледжі

Аннотация: Академик Т. Тәжібаевтың Қазақстанның дамуына, психологиялық және педагогикалық ғылымның қалыптасуына қосқан зор үлесі және басқарушылық қызметі туралы баяндалады. Конференцияның тарихи-ғылыми және өнегелі мағынасы ашылады. Т.Т. Тәжібаевтың ғылыми идеяларының сипаттамасы қазіргі кезде де ерекше құнды болып табылады.

Тірек сөздер: Академик Т.Т.Тәжібаев, этномәдени мұра, халық психологиясы, Абайдың рухани мұрасындағы тұлға, психология және педагогика, ұлттық тәрбие, қайраткер, дипломат.

Сообщается об огромном вкладе академика Т. Тажибаева в развитие Казахстана, становление психолого-педагогической науки и управленческой деятельности. Раскрывается историко-научный и нравственный смысл конференции. Описание научных идей Т. Т. Тажибаева в данное время также является особенно ценным.

Ключевые слова: Т.Т.Тажибаев, этнокультурное наследие, личность в духовном наследии Абая, психология народа, психология и педагогика, национальное воспитание, дипломат, деятель**.**

The enormous contribution of Academician T. Tazhibayev to the development of Kazakhstan, the formation of psychological and pedagogical science and management activities is reported. The historical, scientific and moral meaning of the conference is revealed. The description of the scientific ideas of T. T. Tazhibaev is also especially valuable at this time.

Keywords: T.T. Tazhibaev, ethnocultural heritage, personality in the spiritual heritage of Abai, psychology of the people, psychology and pedagogy, national education, diplomat, activist.

Қазақстанның саяси тарихындағы ең жарқын тұлғалардың бірі-Төлеген Тәжібаев. Көрнекті саяси және мемлекет қайраткері, дипломат, ол сондай-ақ Қазақстан ғылымындағы бірқатар бағыттардың қалыптасуы мен одан әрі дамуына баға жетпес үлес қосқан бірқатар іргелі еңбектердің авторы, тамаша ғалым-педагог болды. Төлеген Тәжібаевтың есімі қазақтың ұлы жазушылары мен ғалымдары - Мұхтар Әуезов, Ермұхан Бекмаханов, Қаныш Сәтбаев, Ғабит Мүсірепов және т.б. есімдерінің қасында орын алатыны заңды. Т.Тәжібаевтың өмірі мен жұмысының қай кезеңі ең тиімді және жемісті болғанын анықтау қиын. Оның бүкіл өмірі-халыққа қызмет ету. Т.Тәжібаев Отан игілігі үшін еңбек етіп,

мемлекеттік және ғылыми-педагогикалық қызметті табысты ұштастырды. Ол кеңестік саяси жүйе жылдар бойы халық шаруашылығы, ғылым, мәдениет және дипломатияның түрлі салаларында көшбасшы ретінде ұсынған қазақ зиялыларының плеиадасына жататын. Төлеген Тәжібаев 1910 жылы 23 ақпанда N9, Сүткент ауылында, Қараспан болысында, Бұрынғы Сырдария губерниясында (қазіргі Арыс қаласы, Шымкент облысы) кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Ол өте ерте жетім қалды. Ол Арыс жұмысшысы Иван Федорович Қабановтың отбасында тәрбиеленді, онда туыстары мен жақындарын тапты. Болашақта ол қазір оның есімімен аталатын Арыс балалар үйінің тәрбиеленушісі болды . Арыста ол жеті жылдық мектепті үздік бітіріп, Шымкент қаласындағы педагогикалық техникумға емтихан тапсырды. 1928 жылы Төлеген Тәжібаев Шымкент педагогикалық техникумын үздік бітіріп, оқытушы болып жұмыс істеуге кетті. Болашақ академик пен ірі қоғам қайраткерінің өмірлік қағидаттарын анықтауға сүйікті ұстаз, нағыз ұстаз Жүсіпбек Аймауытов үлкен әсер етті. Бірақ Төлеген бұл туралы ешқашан ашық айта алмады, "Менің ұлы ұстазым, тәлімгерім" деген тіркеспен Жүсіпбек Аймауытовтың есімі әрқашан жасырын түрде пайда болды . Төлеген Тәжібаев бірнеше жыл Шымкент педагогикалық техникумында оқытушы болып жұмыс істегеннен кейін, 1931 жылы Мәскеудегі Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясына оқуға жіберілді. Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев өзінің психология саласындағы ғылыми және практикалық қызметін коммунистік педагогикалық институтта бастады. Н. К. Крупская аспирантурадан сәтті өтті. Т. Тәжібаев министрден кеңесшіге дейін түрлі лауазымдарда қызмет атқара отырып, маңызды дипломатиялық жұмыс жүргізді. 1947 жылы ол төрт ұлы державаның кеңесіне қатысты: КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Франция, Потсдам оқиғаларының замандасы және қатысушысы болды, неміс мәселесі бойынша кеңес делегацияларының сарапшы-кеңесшісі болды. Кейінгі жылдары 1950, 1955, 1956 жылдары Т.Т. Тәжібаев Біріккен Ұлттар Ұйымының отырыстарына қатысады. Осы жылдардағы сессиялар кезінде ол Бас Ассамблеяның қамқоршылық комитетінің төрағасы болып сайланады. Әрине, шешім қабылдау және қабылдау процесі барлық деңгейдегі мемлекеттік басшылардың кәсібилігіне, саяси ерік-жігеріне, даналығына және жеке қасиеттеріне тікелей байланысты. Т.Т. Тәжібаев Қазақ КСР-нің Біріккен Ұлттар Ұйымындағы алғашқы өкілі болды. 1957 жылдан 1961 жылға дейін ол Нью-Делидегі Үндістандағы КСРО Елшілігінің кеңесші-елшісі болып жұмыс істеді. Т. Тәжібаевтың саяси және мемлекеттік қызметі өрлеу кезеңінде күрт қысқарды. Энергияға толы, білімді және тәжірибелі саяси және мемлекет қайраткері Т. Тәжібаев сұранысқа ие болмады. Алайда, Т. Тәжібаевтың саяси портреті оның әлі де ғылым адамы болғанын айтпағанда, толық болмайды. Т. Тәжібаев педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды, ҚазКСР ҒА академигі болды. Қазақстанның саяси ғылымы иесіздендірілмеуі, жеңілдетілмеуі, аморфты болмауы тиіс. Қазақстанның саяси дамуындағы әрбір бетбұрыс, маңызды және маңызды кезеңде қазақ халқының көрнекті ұлдары қазақ мемлекеттілігінің дамуы мен нығаюына баға жетпес үлес қосты, оның халықаралық беделінің өсуіне ықпал етті. Қазақстанның саяси тарихы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің есімдерімен байланысты. 1940-60 жылдары Төлеген Тәжібаев өз халқына және еліне адал және адал қызмет еткен қазақ зиялыларының жарқын өкілі болды. Дінмұхамед Қонаев өзінің естеліктерінде ғалым Тәжібаевты көрнекті тұлға деп атады. Республикадағы ең ірі жоғары оқу орнының ректоры ретінде Төлеген Тәжібайұлы Ермұхан Бекмахановты, Қаныш Сәтбаевты, Мұхтар Әуезовті жала жапқандарды қорғап, олардың адалдығы мен принциптілігін дәлелдегенін ескеріп, мұндай пікірге қарсылық білдіру қиын. Сол кездегі осындай батыл мінез-құлық үшін Тәжібаев ректор қызметінен алынып тасталды, ал қуғын-сүргінге ұшыраған адамның тағдырынан оны Мәскеумен, атап айтқанда сол кездегі КСРО Сыртқы істер министрі Молотовпен ұзақ және достық байланыстар құтқарды. Т. Тәжібаев үлкен ғылыми мұра қалдырды. Ол психология және педагогика бойынша бірқатар ғылыми жұмыстар дайындады. Төлеген Тәжібаев осы диссертациялық жұмыста қолданылған баяндамалар, ғылыми мақалалар, газет басылымдарын дайындап, жариялады.

Төлеген Тәжібайұлының қызметі, оның өскелең ұрпақты ағарту, тәрбиелеу және оқыту ісіне, олардың жоғары мектепте одан әрі білім алуына қосқан кәсіби үлесі халыққа адал қызмет етудің өшпес үлгісі және оның патриот және жоғары адамгершілікті азамат ретіндегі бүкіл өмірінің көрінісі болды. Ғылыми тәрбие, білім беру және педагогикалық тарих негіздерін құрған және дамытқан ғалымның тұжырымдары Жеңіске үлес қосқан, ерен еңбеквигігін жасаған қоғам мен халық үшін оның жетістіктерінің өзегін құрайды, бұл біздің еліміздің мәртебесін көтеріп, мемлекетіміздің одан әрі өркендеуіне әкелді. Төлеген Тәжібайұлының тұлғасы-даналық тәжірибесін күнделікті жұмыс тәжірибесімен органикалық байланыстыра отырып, ғылымды, басшылық пен өндірісті біріктіретін талантты және бірегей тұтастық. 1940 жылдан бастап ол халық ағарту комиссары, содан кейін Халық ағарту Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқара отырып, әкімшілік қызметке белсенді қатысты.

Оның Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры ретіндегі жемісті жұмысы С. М. Киров ғылымдағы ғылыми шындыққа, әділеттілікке және адами қатынастарға қызмет етудің үлгісін көрсетеді. Т. Тәжібаевтың ғылыми зерттеулерінің кеңдігі оның органикалық өзара байланысын, педагогикалық қызмет пен психологиялық ғылымның өзара байланысы мен өзара тәуелділігін зерттеуден тұрады. Бұған Алаш қозғалысының белгілі қайраткері, жазушы, ғалым Ж. Аймауытовтың шәкірті және ізбасары ретінде орындаған ұлттық сипаттағы этнопсихологиялық бейненің жан-жақты ғылыми түсінігі дәлел бола алады. Қазіргі уақытта, өткен жылдағыдай, Қазақстанда білім, ғылым, мәдениет және өнерді дамыту үшін алдағы уақытта да барлық жағдайлар жасалатыны туралы шешім қабылданды. Ал ғалым Төлеген Тәжібаевтың Абайдың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерттеуге ықпал еткен ғылыми еңбектері отандық ғылымның бірқатар зерттеулерінде маңызды және лайықты орын алады. Т. Тәжібаевтың ғылыми еңбектері-ұлттық қордағы тұрақты құндылықтардың бірі, ол әлі күнге дейін ғылыми ізденістер айналымында дәл және жан-жақты баға ала алмады. Сондықтан Т. Тәжібаевтың ғылыми мұрасы қайта жаңғырып, қайта жариялануда, қазіргі уақытта магистранттар, докторанттар-ізденушілер өз зерттеулерінде оларды пайдаланудың барлық мүмкіндіктеріне ие, ал қазақ халқының этнопедагогикалық және этнопсихологиялық мұрасы жаңа ғылыми зерттеулермен толықтырылып, байытылуда.

Әдебиеттер:

1.http://www.zzl.kz/rubric/det/205/679/
2. Казахстан, национальная энциклопедия, 5 том.
3. Б.Жумадилов. Золотой век Тулегена Тажибаева // Казахстанская правда, 23.02.2010

Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКА САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Смаил Сұлтанғазы Сағымбекұлы,
тарих және қоғамдық пәндер оқытушысы,
Зейнел Алтынай,
01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс студенті,
Қоғамдық және жаратылыстану кафедрасы,
Жаркент жоғары педагогикалық колледжі

Аннотация: Мақалада XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі, академик Т. Тәжібаевтың психологияның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі, оның еңбектерінің педагогика ғылымындағы рөлі мен маңызы, қазіргі кезде оның педагогикалық идеяларының өзектілігі қарастырылады.

Тірек сөздер: қоғамдық-саяси өмір, қуғын сүргін, педагогикалық психология, халықтық педагогика, әлеуметтік-мәдени қауымдастық, білім беру сабақтастығы.

В статье рассматривается общественно-политическая жизнь Казахстана 30-50-е годы XX века, вклад академика Т.Тажибаева в становлении и развитии психологии, роль и значение его трудов в педагогическую науку, актуальность его педагогических идей в наши дни.
Ключевые слова: Общественно-политическая жизнь, репрессии, педагогическая психология, народная педагогика, социокультурная общность, преемственность образования.

This article examines the socio-political life of Kazakhstan in the 30-50s of the twentieth century, the contribution of academician T. Tazhibayev to the formation and development of psychology, the role and significance of his works in pedagogical science, the relevance of his pedagogical ideas nowadays
Keywords: Socio-political life, repression, pedagogical psychology, folk pedagogy, sociocultural community, continuity of educational.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет құрғанымызда ел қамын ойлап, сол жолда өздерінің саналы ғұмырын сарп еткен азаматтардың ұлт–азаттық қозғалысының тарихын қайта парақтап, шынайы түрде «ақтандақтарының» бетін ашып жаңа заман талабына сай зерделеудің маңызы зор. «Қазақстан Республикасындағы тарихи сананың қалыптасуы тұжырымдамасында» Қазақстан тарихы ғылымы алдында тарихи ілім-білімнің үзіктілігі мен біржақтылығынан мүмкіндігінше арыла отырып, өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау қажеттігі айтылған еді. Міне осы міндеттерді шешу үрдісінде бітім бейнесі замана талабына сай келетін жаңа зерттеулердің қатары көбейуде.

XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихы өзінің аса күрделі әлеуметтік және қоғамдық – саяси қайшылықтарымен ерекшеленеді. Сонымен қатар рухани азаттық пен демократиялық – ағартушылық идеяларға толы бұл кезеңде, ұлт зиялыларын ойландырған мәселелер, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін қалың ұйқыдан оятып, оқу, өнер – білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы дербес мемлекет құру еді. Олай болса ғасыр басындағы дағдарыстан шығудың жолын қарастырған алаш көсемдерінің теориялық ізденістері, практикалық қызметі бүгін де өз маңызын жойған жоқ.

30-50 жылдары қазақ халқының басынан өткізген ең бір қарама-қайшылықты, қасіретті тарихи кезең болды. Республикада үлкен өзгерістер жүргізілді. Қазақ АКСР территориясы межеленіп, бекітілді. Қазақ зиялыларын көп жылдар бойы толғандырып келген мәселелердің бірі-көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшыландыру жедел қарқынмен болса да жүзеге асырылды, қазақ елінің экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. қаладағы өндіріс пен кәсіпорындардың дамуы, темір жол жүйесінің келуі далаға капиталдың ағылуын күшейтті. Сауда-саттықтың өріс алуы Ресейдің ірі қалаларын қазақ жерінде ашылған жәрмеңкелерімен байланыстыра түсті. қазақ кедейлері отырықшылыққа көше бастады. Осы тұста қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесі толық күшіне енді.

Қазақ халқының тарихында социалистік дәуір кезіндегі 1919-1921 жылғы ашаршылық, 1930-1933 жылдардағы ұлы жұт, 1937-1940 жылдардағы жеке адамға табыну кезеңіндегі «Қызыл қырғын», 1941-1945 жылдар арасындағы Ұлы Отан соғысы деп аталған қанды қырғын еш уақытта ұмытылмайды және ұмытылуы мүмкін емес.

Партия және әскери қайраткер, кеңес дипломаты Федор Ильин 17.08.1939 ж. Сталинге ашық хатында былай деп жазды: "Кеңес Одағында ешкім өзін қауіпсіз сезінбейді. Ешкім уйқыға жатып, түнгі қамаудан құтыла алатынын білмейді. Ешкімге рақым жоқ. Оң және кінәлі, қазан айының батыры және революцияның жауы, ескі большевик және партиясыз, колхоз шаруасы, халық комиссары және жұмысшы, зиялы және Кеңес Одағының маршалы-бәрі сіздің қасіретіңіздің соққыларына бірдей әсер етеді, барлығы шайтанның қанды каруселінде айналады…

...Сіз кеңестік ғалымдарды, әсіресе гуманитарлық ғылымдарды, ғылыми ой еркіндігінінен айырдыңыз, бұндай жағдайда ғалымның шығармашылықпен жұмыс істеуі мүмкін емес [1].

Осындай жағдайда өмір сүрген ірі қоғам және мемлекеттік қайраткер, педагогика ғылымдардың докторы, профессор, Қазақ КСР-і Ғылым академиясының академигі

қазақтың тұңғыш психолог – ғалымы Тәжібаев Төлеген Тәжібайұлы (1910-1964). Сырдария губерниясында (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы) туған. Шымкент педагогикалық техникумын, Мәскеудегі Н.Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясын бітірген.

1938-1940 жылдары - Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасының доценті және меңгерушісі.

1940-1942 жылдары - Қазақ КСР-і Халық ағарту комиссарының бірінші орынбасары, Халық ағарту комиссары.

1942-1944 жылдары - Қазақ КСР-і ХКК төрағасының орынбасары қызметтерінде болды.

1944-1957 жылдары - Қазақ КСР-і Сыртқы істер министрі, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР-і Мәдениет министрі.

1957-1961 жылдары Үндістандағы КСРО елшілігінің кеңесші-өкілі.

1961-1964 жылдары - Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры әрі меңгерушісі қызметтерін атқарған. Мемлекеттік қызметтермен қатар ғылыми-зерттеу. жұмыстарымен де шұғылданды.

1940 жылғы «Халық мұғалімі» журналында жариялаған мақалаларында психологияның сол кездегі көкейтесті мәселелерін, классикалық психологияның тарихын, қалыптасу жолдарын талдауға алды. Осы еңбектері негізінде 1961 жылы «Жалпы психология» атты тұңғыш оқулық жазды. Тәжібаев Төлеген қазақ тілінде психология ғылымы терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты.

Оның К.Ушинскийдің, Л.Выгодскийдің психологиялық көзқарасы туралы зерттеулерінің зор ғылыми маңызы болды. Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы және мектептер тарихын зерттеген ғалым. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісімен педагогикалық ой-пікір дамуы жөніндегі зерттеулері көлемді, әрі маңызды зерттеулер қатарынан саналады. Бүгінде оның қазақстандық педагогика мен психология теориясының дамуына қосқан үлесі баға жетпес, ғылыми еңбектері жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулерде бүгінге дейін оқу құралдарының қосымшасы түрінде қолданып келеді.

Қазақ КСР ғылым академиясының академигі Төлеген Тәжібаев Қазақ КСР педагогика қоғамының президенті, жоғары және арнаулы орта білім Министрлігінің педагогика және психология саласындағы ғылыми-әдістемелік кеңесінің төрағасы, тағы басқа қоғамдық жұмыстар атқарған. 2-4-сайланған Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған.

«Психология и педагогаческая психология К.Д. Ушинского», «Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы», «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева», «Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века», «Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века» атты еңбектері жарық көрген.

Ол Қазақстандағы педогогикалық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы тақырыбына бірқатар құнды ғылыми еңбектер жариялады. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың педагогикалық көзқарастарын зерттеп, келелі пікірлер айтты. Абайдың дүниетанымы, педогогика және психология тұжырымдарына тұңғыш рет материалистік тұрғыда талдау жасады. Ақынның айналаны қоршаған орта сырын терең түсінуде адам бойында үш түрлі: бірінші - әр нәрсені үнемі қозғалыста, өзгерісте болады деп қарау, екінші - заттардың өзара айырмашылығын салыстыра отырып, тәжірибе арқылы анықтау, үшінші - ақылмен қорытылған ойды жүрекпен сезіне білу секілді қасиеттің жинақталуы қажет деген қағидасының материалистік мазмұнын нақтылы мысалдармен ашып көрсетті.

Тәжібаев адам бес сезім мүшесінің қызметі арқылы қоршаған ортаны танып білетіні туралы, Абай ұғымының ғылым талабына сай, ақиқат шындық екенін оның жиырма жетінші сөзіндегі Сократ пен шәкірті Аристотель арасындағы пікірталасын арқау ете отырып дәлелдеді. Адамның ақыл, сезім, қайрат сияқты психолог қасиеттерінің ерекшеліктерін ақынның ғақлияларында және поэзия тілімен шебер бейнелеуін қазақ

халқының педогогика ой-пікірінің қалыптасу тарихындағы үлкен жетістік ретінде жоғары бағалады.

Төлеген Тәжібаевтың тұжырымынша, адам баласының хайуаннан айырмашылығы ақыл-парасатында, логикалық ойлау қызметінде және ақылмен саналы әрекет етуінде, ақылдың қасиеті өткірлігімен, ашықтығымен ерекшеленетіні жөніндегі ақын пікірі педагогика ғылымының методикалық талабымен толық үндес келеді.

Тәжібаев Абайдың жүрек туралы түсінігін оның гуманистік ой толғауларының негізі ретінде қарастырды. Ақынның педогогика көзқарастарына талдау жасай келе, адам психологиясының жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отыратындығын және мінез-құлқының қалыптасуы тәрбиеге байланыстылығы жайлы пікірлерінің ғылыми тұрғыда маңызды екенін атап өтті.

Тәжібаев ақынның еңбек, оқу-білім, адамгершілік тәрбиесі туралы тұжырымдарының мәнін ашып көрсетті. Абайдың эстетика көзқарастарын да жан-жақты зерттеп, өлең сөздің құдіреті туралы ойларына психологиялық тұрғыда талдау жасады. Тәжібаев ақынның ағартушылық, демократтық ой-пікірлерінің орыстың ойшыл-демократтары Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбов, В.Г.Белинский т.б. көзқарастарымен идеялық өзектестігін ғылыми тұрғыда терең тұжырымдаған алғашқы зерттеушілердің бірі болды [2].

Академик Төлеген Тәжібаевтың ғылыми еңбектері, Абайдың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерделеуге ықпал ету отандық ғылымның бірқатар зерттеулерінде маңызды және лайықты орын алады. Төлеген Тәжібайұлының ғылыми еңбектері - Ұлттық қордағы тұрақты құндылықтардың бірі.

- екіншіден, Қазақстан сол уақытта Ресейдің құрамдас бөлігі болғандықтан, Ресейдегі әйелдерге білім беру мәселесінің жалпы деңгейі мен дәрежесін қамтыды. Қазақстандағы әйелдер монархиялық Ресейдегідей құқықсыздыққа ие болғандықтан, олардың білім алуына деген күрес демократиялық бостандық үшін күрестің органикалық бөлігін құрады. Т.Тәжібаев әйелдердің басыбайлықтан босау мәселесін алға қоя отырып, оның адамзат тарихындағы маңызды мәселелердің бірі екендігін көрсетті.

Академик Т. Тәжібаевтың мұрасын Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, Қ. Сейталиев, Р. Аймағамбетова, П. Ахметова, А. Алдабергенова және тағы басқа танымал ғалымдар өздерінің кандидаттық пен докторлық диссертациялары негізінде жазылған ғылыми еңбектерінде теориялық тұрғыдан талдап, болашақ зерттеушілерге тарих-педагогикалық ізденістің қисынын ұсынуда.

Қорыта келе, қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясының ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан тұлғалардың қатарында қоғам қайраткері,

ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, академик Т. Тәжібаевтың есімі ерекше аталатындығы сөзсіз. Т.Тәжібаевтың өнегелі өмірін естіген, оқыған адам одан әсерленбей тұра алмайды. Ауыр тағдыр мен жетімдіктің, күншілдік пен күндестіктің азабын бір кісідей көрген біздің нар тұлғамыз еш қашан қиындыққа мойын ұсынған емес, қайта пісіп жетіліп, қайнаған қазақи рухпен надандық үшін күрескен, халқы үшін жан ұшыра еңбек етіп, өмірдің мәнін ғылымнан алған, адами құндылық қасиетті жоғары, мәдениетті идеал тұлға екені бәрімізге мәлім, олай болса ұлы тұлғаның өмір жолы әрбір жастың дамуына ықпал тигізері анық. Т.Тәжібаев қандай жоғар мәртебелі қызметте жүрсе де адами қадірін түсірмеген, абыройын асыра білген абзал жан, көреген басшы, жастарды ғылыи жолына бағыттаған ұлағатты ұстаз бола білді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Тәжібаев Т. Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы /Т.Тәжібаев. – Алматы, 1964. – 166 б.

2.Тәжібаев Т. Жалпы психология: оқу құралы /алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған З.Қ.Жарықбаев, Ж.Түрікпенұлы /Т.Тәжібаев. –Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 240 б.

4.Ж.Аймауытов . Тәрбиеге жетекші. Орынбор, 1624 ж

5.Қазақ энциклопеиясы,2003

СЕКЦИЯ 3

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР: ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКА МЕН ПСИХОЛОГИЯ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

ИННОВАЦИИ В ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКЕ: ЦИФРОВАЯ ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ, ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ

INNOVATIONS IN PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SCIENCE: DIGITAL PEDAGOGY AND PSYCHOLOGY, INNOVATIVE TEACHING METHODS

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ӨМІРБАЯНДЫҚ ӘДІС ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Булатбаева Айгүл Әбдімажитқызы,
п. ғ. д., қауымдастырылған профессор
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Аннотация. Психобиографиялық зерттеу өмірді ағартатын және оңай түсінілетін оқиға ретінде қайта құру қабілетіне ие. Өмір жолы-объективті және субъективті сыртқы және ішкі өмірдің бірлігі. Осыған байланысты, психобиографиялық әдіс өмірбаяндағы оқиғаларға қарағанда дәл осы факторларға көп көңіл бөледі. Осы мақаланың мақсаты Ағартудың еңбек сіңірген қызметкері Камбарова Зибаштың әлеуметтік контекст пен жеке әлеуетін талдау мысалында жеке тұлғаны зерделеудің психобиографиялық әдісінің базалық сипаттамасын беру болып табылады.

Түйін сөздер: өмірбаяны, өмір жолы, тұлға, мақсаттар, мән-мағыналар.

Аннотация. Психобиографическое исследование обладает способностью воссоздавать жизнь как поучительное и легко понятное событие. Жизненный путь это единство внешней и внутренней жизни, объективной и субъективной. В этой связи, психобиографический метод уделяет большое внимание именно этим факторам, чем событиям в биографии. Целью данной статьи является дать базовое описание психобиографического метода изучения личности на примере анализа социального контекста и личностного потенциала заслуженного работника Просвещения Камбаровой Зибаш.

Ключевые слова: биография, жизненный путь, личность, цели, смыслы и значения.

Abstract. Psychobiographical research has the ability to recreate life as an instructive and easily understandable event. The path of life is the unity of external and internal life, objective and subjective. In this regard, the psychobiographical method pays more attention to these factors than to the events in the biography. The purpose of this article is to give a basic description of the psychobiographical method of studying personality using the example of an analysis of the social context and personal potential of the honored worker of the Enlightenment Kambarova Zibash.

Key words: biography, life path, personality, goals, meanings and meanings.

Психобиография психологиядағы сапалы зерттеу әдісі ретінде соңғы бірнеше жиырмажылдықта қарқынды өсуде. Өмірбаяндық әдістердің гуманитарлық ғылымдарда, соның ішінде психологияда, ұзақ тарихы бар. 20 ғасырда Бұл әдістердің теориялық және операциялық аппаратын С.Бюлер, Г.Томе, З.Фрейд, В.Штерн, Б.Г.Ананьев, С.Л.Рубинштейн, Н.А.Рыбников және т.б. сияқты көрнекті ғалымдар жасаған. Б.Г.Ананьевтің пікірінше, «Өмірбаяндық әдіс – бұл адамның жеке тұлға және іс-әрекет субъектісі ретіндегі өмір жолы туралы мәліметтерді жинау және талдау (адам құжаттамасын талдау, замандастарының айғақтары, тұлға қызметінің өнімдері және т.б.)»[1].Даму психологиясында өмірбаяндық әдіс генетикалық әдістің бір түрі – квази-бойлық әдіс ретінде қолданылады. Бұл жерде біз өмірбаяндық зерттеулерде адамның өткен өмірінің «ескерткіштерін» ретроспекциялау және пайдалану арқылы өмірдің ұзақ кезеңдерін қамту туралы айтып отырмыз. Ақпарат көзі негізінен зерттелетін адамның өзі, сонымен қатар оның айналасындағы адамдар – замандастары, әріптестері, қаруластары мен қарсыластары, пікірлестері болып табылады. Олардың дәлелдемелер бірігіп алынған жеке адамның өмірі мен психологиялық келбеті туралы азды-көпті толық көрініс береді [2].

Өмірбаяндық әдісті біз өмірлік жол барысында тұлғаның тәжірибесін және даму барысына әсер еткен факторларды зерттеудегі ғылыми тәсіл ретінде қарастырамыз. Бұл әдіс адам психикасы мен мінез-құлқының қалыптасуына әсер еткен тарихи оқиғалар мен контекстті

бағалау үшін өмірбаяндар, күнделіктер, хаттар, сұхбаттар және бақылаулар сияқты әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды.

Өмір жолы - бұл уақыт өте келе адамның өмірін құрайтын ашық оқиғалардың, жетістіктердің, сәтсіздіктердің, амбициялардың және қарым-қатынастардың жиынтығы. Адам өмірінің барлық аспектілері маңызды, сондықтан өмірдің жеке құрылымына адамның әлеуметтік-мәдени әлемі (отбасы, тап, дін, этникалық, саяси жүйелер, кәсіби құрылым, тарихи дәуір), адамның жеке басы, әлемге қатысуы (әр түрлі оның өміріндегі маңызды адамдар мен институттарға қатысты қарым-қатынастар мен рөлдер), сондай-ақ жеке тұлғаның әртүрлі аспектілері (уақыт өте өзгеретін немесе тұрақты болып қалуы мүмкін басқа да көптеген тілектер, қақтығыстар, алаңдаушылықтар, ұмтылыстар, ойлар мен идеялар) [3].

Өмір жолын қалыптастыру кезінде үнемі жұмыс жасау және рефлексия маңызды. Адамның ішкі әлемінің дамуына қандай факторлар ықпал етеді? В.Г. Грязева-Добшинская, А.С. Мальцеваның мақаласында келесілер келтірілген: өзін-өзі актуализациялау қажеттілігі; инсайтты күтуге қарсы белсенділік; маңызды жағдайларды қабылдауға және тануға дайындық; өзіне деген сенім, өзіне деген адалдық [4].

Осы мақаланың мақсаты Ағартудың еңбек сіңірген қызметкері Камбарова Зибаштың әлеуметтік контекст пен жеке әлеуетін талдау мысалында жеке тұлғаны зерделеудің психобиографиялық әдісінің базалық сипаттамасын беру болып табылады.Камбарова Зибаш өзінің ерекше болғанына байланысты таңдалды, өйткені ол маған еліктеу тұлғасы және үлгі болып табылады. Ең бастысы, ол менің анам.

МакАдамстың айтуынша (2000), адам өмірін зерттеудің ең жақсы тәсілі –уақыт мерзімінде психологиялық негізделген өмірбаяны арқылы [5]. Левинсон (1996) адамның өмір жолын зерттеу үшін адамның өмірін белгілі бір уақытта қарау керек және уақыт өте келе оның эволюциясын суреттеу керек деп санайды. Осыған орай, ол өмір жолын төрт дәуірдің дәйектілігіне бөлді. Әр адам 25 жылға жуық балалық шақтың және жасөспірімдердің жекелеген дәуірлерінде, ерте ересек өмір, орта ересек өмір және кеш ересек өмірге жұмсайды. Әр дәуірде жеке тұлғаның дамуына ықпал ететін ерекше биопсихоәлеуметтік сипатқа ие [6].

Руняның (1982) хабарлауынша, психобиограф теорияны қолдану арқылы зерттелетін субъектінің тәжірибелерін ажырата білуге, анықтауға, тұжырымдауға және түсінуге тырысады [7].Бұл тәжірибе бізге ақпарат беріп, әр түрлі әлеуметтік және тарихи жағдайларда субъект қалай өмір сүргендігі жайлы білім береді. Осылайша, психобиография морфогенетикалық тәсіл ретінде сипатталады. Морфогенетикалық термин бүкіл ағзаның даралығын көрсетеді. Адамның жеке элементтерінде ғана емес, бұл адамның толық және саналы түрде сипатталғанын білдіреді [8].

Жалпы өмірбаяндық әдістің мақсаты мен, міндеттері, ақпарат жинау үшін қолданылатын негізгі тәсілдер 1-суретте көрсетілген.


Осы суретте бейнеленген тәсілдердің мағынасы толығырақ П.Сиротюктің мазмұнды мақаласында ашып көрсетілген [9]**.**

Н. А. Логинова өмірбаяндық сұхбат жүргізу кезінде: ата-ана отбасының сипаттамасы; қарым-қатынас стилі, әртүрлі қауымдастықтар мен ұйымдарға қатысу; танымдық, оқу іс-әрекетінің сипаты; қызығушылықтары мен хоббилері; Мамандық таңдау тарихы; физикалық даму барысы сияқты сәттерге назар аударады [10].

Қамбарова Зибаш 1942 жылдың 18 наурызында Қызылорда облысы Қазалы ауданында дүниеге келген. Ерте әкесінен айырылғасын ағасының қарамғында тәрбиеленген. 7 сыныпты бітірген соң 1957 жылы Қызылорда қаласында педагогикалық училищеге түсіп, 1961 жылы бастауыш класс мұғалімі мамандығын бітіріп, Қазалыдағы №421 орта мектепке бастауыш класс мұғалімі және аға пионер вожатый болып орналасқан.

1962 жылының көктемінде Қазалы аудандық комсомол комитетінде мектеп бөлімін басқарды. Ал, 1964 жылы тұрмыс құрып, Қармақшы ауданына қоныс аударды. 1964 жылдан бастап №26 орта мектептің бастауыш класс мұғалімі және аға пионер вожатый болып жұмысқа қабылданды. Қызылорда педагогикалық институтының тіл әдебиет факультетін сырттай оқып, 1966 жылы бітірді. 1968 жылы аудандық оқу бөліміне инспектор болып ауысты және 1972

жылы №26 мектепке директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. 1976 жылдан бастап аудандық оқу бөліміне методист, методикалық кабинеттің меңгерушісі болып жұмыс жасау барысында аудандағы мектептерде мұғалімдердің озық тәжірибесін жүйелеп, аудандық газет бетінде рубрика форматында жариялап отырды. 1986 жылы аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы болып сайланды. Алайда отбасылық жағдайға байланысты 1 жылдан соң өз мектебіне қайтадан мектеп директорының орынбасары болып ауысты. 1989 жылы сайлау арқылы №26 мектеп директоры болып сайланды.



1-сурет – Тұлғаны зерттеудегі өмірбаяндық әдістің мәні

Басқару үрдісінде жаңа үлгілер мен озық оқу технологияларын еңгізу нәтижесінде өз ұжымымен көптеген нәтижерге қол жеткізді: 8 мұғалім «ҚазССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, екі мұғалім «Методист мұғалім», екі мұғалім «Аға мұғалім» деген атаққа ие болды. 12 оқушы мектепті алтын медальмен бітірді. Мектепте мектеп тарихына арналған мұражай ашылды. 1988 жылы «Әжелер ансамбілі» құрылды, ол әлі күнге дейін бар. Бар күшжігері мен білімін бала тәрбиесіне жұмсап, Республикалық педагогикалық оқуға 3-рет қатысты. Осы еңбектері елеусіз қалған жоқ. 1978 жылы «ҚазССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, Оқу Министірлігінің құрмет грамоталарымен, аудандық, облыстық, Қазақстан ЛКСМ орталық комитетінің тағы басқа лауазымды органдардың мақтау қағаздарымен марапатталды.

1992 жылы мектеп директорларының облыстық байқауына қатысып екінші жүлделі орынға ие болды және осы жылы зейнетке шықты. Алайда зейнетке шығып, қазір мектебінен алыста болсада 1995 жылы мектептің 100 жылдығына арнап «Байырғы білім ұясы» атты кітапша шығарып, мектептің өміріне қазіргі таңға дейін белсенді қатысып келеді. Осыған орай, мектептің ардақты зейнеткері бола тұра, жас ұрпақты тәрбиесіне қосқан үлесі үшін 2023 жылы ҚР Оқу-ағарту министрінің қолымен алғыс хат алды.

Қамбарова Зибаштың жоғарыда сипатталған тарихы тұлғаның дамуындағыкәсіби қалыптасу мен кәсіптің рөлін көрсетеді.Камбарова Зибаш мұғалімнің іс-әрекетінде және өзінің кәсіби өзін-өзі растауында өзінің кәсібін көреді және бұл оның өмірін жаңа мағыналарға толы етеді.Сонымен қатар, гендерлік аспект те, отбасылық жағдай да кәсіби өзін-өзі растауға кедергі болған жоқ, атап айтқанда, бұл факторлар басымдық сипаттар ретінде көшбасшылық пен мектепті басқару стиліне әсер етті.

Осыған орай, Қамбарова Зибаш апайға келетін болсақ, ол кісі кішкентай кезінен өте тапқыр, қызығушылығы жоғары адам ретінде қалыптасқан. Әкесінен ерте айырылғандықтан әпкесіне және анасына қамқорлық жасау, әкесінің тегін шығару оның басты мақсаты болды.

Студенттік өмірде көптеген ұйымдарға соның ішінде оқу орнының би ансамбілінде биші ретінде бірнеше сайыстарға қатысып, елді аралап өз өнерімен таныстырған. Музыкалық қабілеттері жоғары болғандығы Мандолин (төрт қос металл ішекті) итальяндық музыкалық аспапты игеруге мүмкіндік береді. Хоббилері көп және жан-жақты: қол өнері, киім тігу, киім тоқу, кіші шығармалар жазу, көкініс бағымен айналасу, Youtube арқылы аспаздықты игеру. Осының барлығы Қамбарова Зибаш апайға өмірлік жолында шыдамдылық, белсенділік, табыстылық, мақсаттылық қасиеттерін игеруге өз ықпалын тигізді деуге болады.

Қазіргі таңда үлкен әулеттің асыл анасы: 5 баланы жолдасымен бірге тәрбиелеп, білім беріп, әр-қайсысын бөлек отау иелері етті. 13 немере мен 5 шөберенің Әжесі. Балалары мен немерелерінің қатарында түрлі мамандық иелері бар. Бірақ, соның ішінде білім саласында жүргендеріне өз кеңесін үзбей беріп отырады: «Уақыт өзгеріп, бала өзгерсе де, ұстаз өз ісіне адал болу қажет», деген ойды білдіреді. Қамбарова Зибаштың феномені неде деп сұрасақ - «Менің жүрегім мектебім деп соғады, Ұстаздықты жақсы көремін және шәкірттерім қуаныш әкеледі» дейді өзі.

Әдебиеттер:

1. Ананьев Б. Г. О проблемах современного человекознания. М.: Наука, 1977. – 310 с.
2. Психология развития и возрастная психология:учебник и практикум для вузов / Под общей редакцией Л.А. Головей. – 2-е изд., испр. – Москва : Издательство Юрайт, 2020 – 413 с.
3. McAdams, D. (2006). The person: The new introduction to personality psychology (4th ed.). Hoboken, NJ: John Wiley & Sons.
4. Грязева-Добшинская Вера Геннадьевна, Мальцева Алиса Сергеевна Методика диагностики типа выбора жизненного пути личности // Евразийский Союз Ученых. 2016. №2-4 (23). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/metodika-diagnostiki-tipa-vybora-zhiznennogo-puti-lichnosti (дата обращения: 30.01.2024).
5. McAdams, D. (2000). The person: An integrated introduction to personality psychology. Forth Worth, Texas: Harcourt College.
6. Levinson, D. J. (1996). The seasons of a woman’s life. New York: Ballantine Books.
7. Runyan, W. (1982). Life histories and psychobiography: Explorations in theory and method. New York: Oxford University.
8. Runyan, W. (1988). Progress in psychobiography. Journal of Personality, 56(1), 95-326.
9. Сиротюк П. Биографический метод в психологии: подходы, техники и практика [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL://https://psihologonline.pro/ru/biograficheskiy-metod-v-psikhologii (дата обращения: 25.01.2023).
10. Логинова Н.А. Психобиографические методы исследования и коррекции личности. Алматы: Қазақ университеті, 2001.- 172 с.

THE ROLE OF TECHNOLOGY IN ENHANCING COMPETENCY-BASED EDUCATION

Kudaibergenova A.M.,
candidate of pedagogical sciences,
Deputy head of the chair on academic
and educational work
Kozhamberdiyeva N.A.,
1st year doctoral student of
8D01101 pedagogy and psychology, KazNU

Аннотация. Мақалада технологияның құзыреттілік тұғырды жетілдірудегі негізгі рөлі зерттеліп, адаптивті оқыту жүйелері, бағалаудағы жасанды интеллект (AI), виртуалды және кеңейтілген шындық арқылы иммерсивті оқыту сияқты инновациялар білім беру парадигмалары қарастырылды. Ағымдағы зерттеулер мен практикалық мысалдарды синтездеу арқылы бұл мақалада оқытуды жекелендіру, құзыреттілікті тексеруді оңтайландыру және қолайлы оқу ортасын құру технологиясының әлеуеті атап өтіледі.

Түйін сөздер: құзыреттілік тұғыр, оқыту, Қазақстандағы электрондық оқыту, жоғары білім, білім беру инновациялары.

Аннотация. В этой статье исследуется ключевая роль технологий в совершенствовании компетентностного подхода, демонстрируя, как такие инновации, как системы адаптивного обучения, искусственный интеллект (ИИ) в оценивании и иммерсивное обучение посредством виртуальной и дополненной реальности, переопределяют образовательные парадигмы. Посредством синтеза текущих исследований и практических примеров в этой статье подчеркивается потенциал технологий для персонализации обучения, оптимизации проверки компетентности и создания подходящей среды обучения.

Ключевые слова: компетентностный подход, обучение, электронное обучение в Казахстане, высшее образование, образовательные инновации.

Abstract. This article explores the pivotal role of technology in enhancing CBE, showcasing how innovations such as adaptive learning systems, artificial intelligence (AI) in assessments, and immersive learning through virtual and augmented reality are redefining educational paradigms. Through a synthesis of current research and practical case studies, this paper highlights the potential of technology to personalize learning, streamline competency verification, and foster an engaging learning environment.

Key words: competency-based education, skills-based learning, E-learning in Kazakhstan, higher education, educational innovation.

Competency-Based Education (CBE) represents a significant shift in the ethos and methodology of teaching and learning within the modern educational landscape. Unlike traditional education models, which often prioritize time-based metrics such as credit hours and semesters over actual learning outcomes, CBE places the emphasis squarely on student mastery of specific skills or competencies. This learner-centric approach allows students to progress through their education at a pace that suits their individual learning needs, demonstrating their proficiency through practical application rather than the mere passage of time. The importance of CBE in modern education cannot be overstated, as it seeks to align educational outcomes more closely with the demands of the 21st-century workforce, emphasizing skills and knowledge that are directly applicable in real-world scenarios.

The inherent flexibility and student-focused nature of CBE, however, present unique challenges, particularly in terms of assessing and tracking the acquisition of competencies at scale. Traditional educational tools and methods are often ill-equipped to handle the nuanced needs of a competency-based model, which requires ongoing, personalized assessment to ensure each student achieves the

required standards of mastery. Herein lies the critical need for technology in supporting CBE. Advanced technological solutions, from adaptive learning platforms to sophisticated data analytics, offer the potential to revolutionize how educators design, deliver, and assess competency-based learning. Technology can facilitate personalized learning paths by adapting content and assessments to the learner's pace and performance, providing immediate feedback, and identifying areas that need further development.

Moreover, technology can streamline the competency assessment process, enabling educators to track and evaluate student progress with greater accuracy and efficiency. Tools such as digital portfolios, blockchain-based credentialing systems, and AI-driven assessment platforms can provide transparent, verifiable, and scalable means of certifying mastery. In doing so, technology not only enhances the efficacy and accessibility of CBE but also ensures its relevance and applicability in a rapidly evolving educational context.

As we stand on the cusp of a new era in education, the integration of technology within CBE frameworks offers exciting possibilities for personalizing learning, enhancing student engagement, and bridging the gap between education and employment. This article delves into the innovations at the forefront of this integration, explores the challenges that educators and institutions face in adopting these technological solutions, and charts a course for the future direction of technology-enhanced competency-based education.

The integration of technology into Competency-Based Education (CBE) represents a pivotal evolution in pedagogical strategies, aiming to tailor educational experiences to individual learner needs and outcomes. This literature review synthesizes existing research on technology-enhanced CBE, highlighting the effectiveness of various technological innovations such as adaptive learning platforms, Artificial Intelligence (AI), Virtual Reality (VR)/Augmented Reality (AR), and learning analytics in facilitating competency-based learning.

Adaptive Learning Platforms have been central to the development of CBE, providing personalized learning experiences that adjust content and assessments based on the learner’s performance and preferences [1; 12]. These platforms support self-paced learning, allowing students to progress upon mastering specific competencies. Studies by Smith and Brame demonstrate that adaptive learning technologies can significantly improve student engagement and retention rates, underlining their value in CBE environments [2; 498].

Artificial Intelligence (AI) in education has seen rapid advancement, offering unprecedented opportunities for personalized learning and assessment. AI algorithms can analyze student data to predict learning outcomes, identify knowledge gaps, and recommend tailored learning resources [3; 13]. Furthermore, AI-driven chatbots and tutoring systems provide on-demand support to learners, facilitating a deeper understanding of complex competencies [4; 67].

Learning Analytics plays a crucial role in monitoring and assessing student progress in CBE programs. By collecting and analyzing data on learner interactions, assessments, and outcomes, educators can gain insights into student learning patterns, predict performance, and provide timely interventions [5; 138]. This data-driven approach supports the continuous improvement of learning experiences and the effective assessment of competencies.

Despite these advancements, challenges remain in fully integrating technology into CBE. Issues such as digital equity, the complexity of implementing AI and VR/AR technologies, and concerns regarding data privacy and ethics pose significant barriers [6; 305]. Additionally, the effectiveness of these technologies depends on their alignment with pedagogical goals and the readiness of institutions and educators to adopt and integrate them effectively into their teaching practices.

The existing body of research underscores the potential of technology to significantly enhance CBE by providing personalized, immersive, and data-driven learning experiences. However, the realization of this potential requires careful consideration of technological, pedagogical, and ethical factors. Future research should focus on developing scalable and sustainable models for technology integration in CBE, assessing the long-term impact of these technologies on learning outcomes, and exploring innovative solutions to the challenges identified.

In Kazakhstan, the educational landscape is witnessing a transformative shift towards Competency-Based Education (CBE), propelled by the integration of technology. This movement reflects a global trend towards more personalized, flexible, and skill-oriented learning. The Kazakhstani approach to embracing technological innovations in CBE underscores the nation's commitment to advancing its educational systems and aligning them with international standards and the demands of the 21st-century workforce.

Adaptive Learning Platforms in Kazakhstan have begun to take center stage, offering a promising avenue for personalizing education. Platforms such as Bilimland and online resources provided by the "Electronic School" initiative demonstrate how adaptive technologies can cater to individual student needs, allowing learners to progress at their own pace. These platforms are instrumental in delivering customized content and assessments that align with the specific competencies each student aims to master, thus embodying the essence of CBE.

Artificial Intelligence (AI) has started to make inroads into the Kazakhstani educational sector, with AI-driven tools being employed to automate the assessment of student competencies and provide tailored learning experiences. AI technologies are being explored for their potential to offer real-time feedback to students, identify learning gaps, and recommend personalized learning pathways. This innovation is crucial for scaling CBE across diverse educational institutions, ensuring equitable access to quality education.

Learning Analytics is another area where Kazakhstan is making significant strides. The collection and analysis of data on student learning activities and outcomes are empowering educators to make informed decisions about teaching strategies and interventions. This data-driven approach supports the identification of students who may need additional support, enabling targeted assistance that is conducive to mastering the required competencies [7; 50].

Despite these technological advancements, Kazakhstan faces challenges in fully realizing the potential of technology in CBE. One of the main obstacles is the digital divide, which affects students' and educators' access to technology, especially in remote and rural areas. Additionally, there is a need for ongoing professional development for educators to effectively incorporate technology into their teaching practices and competency assessments.

Looking to the future, Kazakhstan is poised to further innovate in the realm of technology-enhanced CBE. Blockchain technology is being explored as a means to securely and transparently verify and record students' competencies and achievements, potentially revolutionizing credentialing in higher education and vocational training. Furthermore, the government's Digital Kazakhstan program aims to accelerate the integration of digital technologies in education, promising to address current challenges and propel the nation towards a more digitized, competency-focused educational model.

Kazakhstan's journey in integrating technology into CBE is marked by significant innovations and notable achievements. Adaptive learning platforms, AI, VR/AR, and learning analytics are playing a pivotal role in personalizing education and enhancing the acquisition of competencies. While challenges remain, the continued commitment to technological integration, supported by national initiatives and policies, suggests a bright future for technology-enhanced CBE in Kazakhstan. As the country advances in this direction, it sets a precedent for how technology can be leveraged to transform education, making it more relevant, engaging, and aligned with the needs of both students and the evolving global economy.

In Kazakhstan, where digital transformation in education is a priority under the "Digital Kazakhstan" program, these technologies present an opportunity to further elevate CBE and align it with the needs of both learners and the labor market [8; 97].

Educators should be empowered with the skills and knowledge to incorporate new technologies into their teaching, necessitating ongoing professional development and support. Technologists, on the other hand, should prioritize the development of accessible, user-friendly technologies that cater to the diverse needs of Kazakhstan's student population, ensuring that innovations are not only advanced but also inclusive.

By embracing these emerging technologies and adopting a collaborative approach to their integration, Kazakhstan can lead by example in modernizing education through CBE, setting a benchmark for both national and international educational communities.

The integration of technology within Competency-Based Education (CBE) is transformative, marking a pivotal shift towards more personalized, efficient, and engaging learning experiences. Technologies such as AI, VR/AR, blockchain, and learning analytics are at the forefront, offering innovative solutions to tailor education to individual learner needs, authenticate competencies securely, and facilitate immersive learning experiences. These advancements underscore the potential of technology to revolutionize CBE, making it more accessible and aligned with the dynamic requirements of the global workforce. By fostering an ecosystem that embraces technological advancements, the future of CBE can be shaped to offer unparalleled educational opportunities, setting a new standard for teaching and learning in Kazakhstan and beyond.

References:

1. Johnson, L., Adams Becker, S., Cummins, M., Estrada, V., Freeman, A., & Ludgate, H. (2017). "NMC Horizon Report: 2017 Higher Education Edition." The New Media Consortium, pp. 12-25.
2. Smith, G., & Brame, C. (2019). "Adaptive learning platforms: Creating a path for success." Journal of Educational Technology Systems, 47(4), pp. 498.
3. Zawacki-Richter, O., Marín, V. I., Bond, M., & Gouverneur, F. (2019). "Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education – where are the educators?" International Journal of Educational Technology in Higher Education, 16(1), pp. 13.
4. Holmes, W., Bialik, M., & Fadel, C. (2019). "Artificial Intelligence In Education." Center for Curriculum Redesign, pp. 67.
5. Siemens, G. (2013). "Learning analytics: The emergence of a discipline." American Behavioral Scientist, 57(10), pp. 138.
6. Jones, C. (2020). "Challenges to the widespread adoption of immersive technologies in education." Educational Technology Research and Development, 68, pp. 305.
7. Nurym, S., & Akshalova, B. (Year). "Technological Innovations in Kazakhstan's Higher Education: A Path to Competency-Based Education." Journal of Education and Science in Kazakhstan, Vol. Issue, pp. 50-65.
8. "Digital Kazakhstan." (2020). Digital Kazakhstan Program Report, Ministry of Digital Development, Innovations and Aerospace Industry, pp. 97.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ТҰЛҒААРЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ӘСЕРІ

Жубаназарова Назираш Сулейменовна,
психол.ғ.к., доцент
Абдибахи Ұлбике Талғатқызы,
6B03107 –Психология мамандығының 4 курс студенті,
Сайлинова Қарлығаш Кайрбергеновна,
8D03107-Психология мамандығының 2 курс PHD
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і

Аннотация. Бұл мақала жасөспірімдер арасындағы агрессивті мінез-құлықтың көрініс табуын, сондай-ақ теріс агрессияның тұлғааралық қатынастарға қалай әсер ететінін қарастыруға бағытталады. Жасөспірімдік кезеңде баланың бойындағы өзгерістерге кімдер әсер ететініне шолу жасаймыз.
Түйін сөздер: Агрессия, жасөспірім, мінез-құлық, тұлғааралық қарым-қатынас.

Аннотация. Данная статья будет направлена на рассмотрение проявления агрессивного поведения среди подростков, а также того, как негативная агрессия влияет на межличностные отношения. В подростковом возрасте дается обзор того, кто влияет на изменения в ребенке.
Ключевые слова: Агрессия, подростковый возраст, поведение, межличностное отношение.

Abstract. This article will focus on the manifestations of aggressive behavior among adolescents, as well as how negative aggression affects interpersonal relationships. In adolescence, an overview is given of who influences the changes in the child.
Key words: Aggression, adolescence, behavior, interpersonal attitude.

Кіріспе

Түріктің жазушы-философы Фетхуллаһ Гүлен жазады: «Бес жасқа дейін баланың түпсанасы кез-келген ақпаратты тез қабылдап алатын аса қабілетті кезеңі, сол себепті де осы аралықта балаға қолдан келгенше жақсы үлгі көрсету қажет» дегендей, ата-ана баласына қандай тәрбие, қандай қарым-қатынас жасаудың үлгісін алдын-ала ойластырған жөн

Әрбір адам өмірінің белгілі бір кезеңінде қандай да бір іс-әрекетті меңгеру кезінде немесе жаңа жағдайға ауысқан кезде қиындықтарды басынан кешіреді. Жасөспірімдік кезең – адам онтогенезіндегі күрделі кезеңдердің бірі [1].

Негізгі бөлім

Қазақстандық ғалым А.Т. Ақажанованың көп жылдық зерттеулерінде кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің қатыгездік және агрессивтілік мінез-құлықтарының қалыптасуы мен олардың көрініс беруіндегі түрткі болатын негізгі факторларды атап көрсетеді: эмпатияның жоқтығынан, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі бағалаудың төмендігінен, отбасында жағымды ахуалдың болмауынан, өмірде кездескен сәтсіздіктерден уақытша болса да құтыламын деген жаңсақ оймен ішкілікке түсуінен, үйден қашудан, үлкендердің бақылауынан тыс қалған немесе ата-ананың шектен тыс өбектеуінен және тағы басқа жайттардан қалыптасатынын айтып кеткен [2]

Агрессивтілік адамға табиғаттан берілген инстинкт немесе қажеттілік белгісі болып құрастырылады деген теорияда бар. БАҚ-тың теріс ықпалын жақтаушылар адамдар агрессивті болуға өзгелердің агрессивті әрекеттерін бақылай отырып үйренеді деген фактіге сүйенеді. М. Хьюсман зерттеушілер тобымен бірге 20 жыл бойы телехабарлар мен агрессивтіліктің арақатыстылығын бақылаған (Бэрон. Агрессия). Олар 30 жастағы жасаған қылмыстың ауырлығы 8 жастағы көретін телехабарлармен сәйкес келетіндігін анықтаған [3]

Жасөспірімдік жаста айқын байқалатын әсерлену тұрақсыздығы, көңіл күйінің шұғыл өзгермелілігі, қуанышты күйден жабырқау күйге тез ауысу тән. Соңғы кездері ТМД елдерінде балалық шақ психиатриясына байланысты: «Психогенные характерологические и патохарактерологические реакции» (В. Ковалева, 1973, 1981); жасөспірімдік шақ психиатриясына: «Специфически-подростковые поведенческие реакции» (А.Е. Личко, 1973, 1983) деген ұғымдар кеңінен қолдануда. Белгілі бір ұғымды белгілеу үшін қолданылатын көптеген терминдер норма мен патология шегінде тұрған осы өзгеше жеке бастық реакциялардың мәнін мұқият түсінудің жеткіліксіз екендігін көрсетеді [4]

Пиаже және Инхельдер жасөспірімдердің ойлау процестерін зерттей келе, осы жас кезеңінде ойлаудың «гипотетикалық» және «дедуктивтік» тәсілдері жетіледі деген. Олар әрбір берілген материалдардың мүмкін болатын нәтижелерін елестетеді және күтеді [5]

Психолог, зерттеуші А.Ұ. Ескендірова (2003) «Түрлі факторларға байланысты жасөспірімдерде агрессивтіліктің пайда болуының психологиялық ерекшеліктері» атты зерттеу жұмысында агрессивтіліктің пайда болуының себептерінің бірі – отбасында да, мектепте де, араласатын ортасында да ынтымақты қарым-қатынас орнатылмауынан жасөспірімдерге еріксіз күш қолданып, жазалауынан деп түсіндіреді [6] Осылайша, агрессивті мінез-құлық балалық және жасөспірімдік жас үшін әжептәуір үйреншікті құбылыс болады. Оған қоса, тұлғаның әлеуметтену үрдісінде агрессивті мінез-құлық маңызды қызметтер атқарады. Қалыпты жағдайларда ол қорқыныштан арылтады, өз мүдделерін қорғауға көмектеседі, сыртқы қауіптен қорғайды, бейімделуге септігін тигізеді. Осыған байланысты агрессияның екі түрі туралы айтуға болады: зарарсыз – бейімделуші және деструктивті – дезадаптивті.

Агрессия және делинквентті мінез-құлық өзара шарттас екендігі анық. Шынында, заң бұзушылық әрекеттер көбінесе агрессивті әрекеттермен бірге жүреді. Бұл пайдакүнемдік мақсатта жасалған қылмыс болуы мүмкін, бұл жағдайда агрессия инструменталды сипатта болады, басқаша айтқанда қандай да бір мақсатқа жетуге септігін тигізеді (тұрғын үйді алу үшін өлтіру, тонау барысында физикалық зорлық жасау, ақшасын тартып алу үшін қорқыту, т.б.). Басқа да зорлық-зомбылық қылмыс жағдайында дұшпандық мінез-құлық көрініс табады. Тұтас алғанда зорлық-зомбылық агрессивті мінез-құлықтың ең қауіпті формасы ретінде заңдармен тыйым салынған және мемлекеттік бақылауында болады. Тұлғаның делинквентті мінез-құлқы мен агрессияның арасындағы өзара байланыс біркелкі емес. Заңды бұзу деңгейіне жеткен агрессивті мінез-құлық еліктеудің салдары болуы мүмкін. Еліктеудің үлгілері туысқандар, құрдастар, басқа да маңызды адамдар бола алады.

Агрессивті мінез-құлыққа еліктеуде делинквентті субмәдениет ерекше рөл атқарады. Асоциалды топтар, қарақшы топтар, бостандықтан айыру орны - бұл барлық әлеуметтік институттар тұрақты агрессивті мінез-құлық қалыптастырады.

М. Кле психологиялық әдебиеттерде жасөспірім кезеңіндегі дағдарыстың екі түсінігін табуға болатынын атап кетті. Бір жағынан, мінез-құлықта көріністер мен ойлардың үлгісінің дамуы, екінші жағынан, қайғырулармен, мазасыздықпен және қайғымен жүретін психологиялық бұзылыстар [7]. Екі түсінікте жасөспірімдік жастағы дағдарыс түсінігіне қатысты.

Заң бұзушылық мінез-құлыққа қатысты әртүрлі әдістер мен ұғымдық аппарат қолданылады. Психологиялық әдебиеттерде, көбінесе оны «делинквентті» мінез-құлық ретінде түсіндіреді, яғни «белгілі қоғамда және белгілі бір уақытта бекітілген заңдардан ауытқыған нақты тұлғаның іс-әрекеттері, басқа адамдардың амандығына немесе әлеуметтік тәртіпке қауіп төндіретін және шамадан асып кетсе, қылмыстық тұрғыдан жазаланатын іс – әрекеттер». Заң бұзушы әрекет жасаған тұлға делинквентті тұлға, ал іс-әрекеттер – делинкті деп бағаланады. Криминалды мінез-құлық – делинквентті мінез-құлықтың бұрмаланған формасы болып табылады. Тұтас алғанда делинквентті мінез-құлық қоғам ережелерінде (заңдарында) айқын көрініс тапқан, мемлекеттік өмірдің қалыптасқан нормаларына тікелей қарсы бағытталған.

Отандық ғалым Ш.Е. Жаманбалаеваның «Девианттық мінез-құлықтың әлеуметтік мәселелері» тақырыбындағы көп жылдық ғылыми жұмысында агрессивтілік пен делинквенттілік мінез-құлықтың арасындағы байланысты әлеуметтік тұрғыдан қарастырған. Ғалымның ойынша, девианттық мінез-құлықты – мінез-құлық актісі деп әділдікпен айтады, ол

адамдардың іс-әрекеттері немесе өмір салттары, арнайы қоғамдағы қабылданған әлеуметтік нормалар мен заңгерлік негіздегі салдарлы қоғамдық санкцияларды бұзатын іс-әрекеттерді қарастырамыз.

Берілген анықтама біріншіден, осы девианттық және агрессивтік мінез-құлықтың барлық көріністерін қамтиды (іс-әрекет, өмір салттары); екіншіден, ауытқудың тек ресми жағын ғана емес, сонымен қатар айтылмаған әлеуметтік нормалардағы бейресми ауытқыған мінез-құлық формаларын да қарастырады; үшіншіден, санкцияның әр түрлерін қамтиды, олар көбінесе өздері девиацияға алып келеді – ол топтық ауытқудан, қоғамдық жақтырмауға және сонымен қатар толығымен қоғамнан бөліп тастауға алып келетін санкциялар [8]. Арнайы әдебиетте осы қарастырылып отырған термин әртүрлі мағынада қолданылады. «Делинквенттілік» ұғымын жасөспірімдік психиатрия тәжірибесіне енгізе отырып, А.Е. Личко бұл ұғыммен қылмыстық жауапкершілік жүктемейтін, қоғамға қарсы ұсақ әрекеттерді шектейді. Бұл мысалы, мектепте сабақтардан қалу, асоциалды топқа ену, ұсақ бұзақылықтар жасау, тіл тигізу, азғантай ақша тартып алу, мотоциклдерді ұрлау. В.В. Ковалев делинквенттілікті бұндай пайымдауға қарсы шықты. Ғалым делинквентті мінез-құлық қылмыстық әрекет болып табылатындығын көрсетті.

Шетелде кең тараған термин, көбінесе кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер жасайтын қылмысты білдіру мағынасында қолданылады. Ауытқушылық мінез-құлық әлеуметтік нормадан ауытқудан көрініс береді. Заң бұзушы мінез-құлықтың қалыптасуына тұлғаның жеке қасиеттеріне қатысты биологиялық факторлар әсер етеді. А.Г. Асмолов тұлғаның жеке қасиеттеріне нейродинамикалық, жыныстық және конституциондық қасиеттерді және интегралды жеке мінездемелерді, яғни темпераментті жатқызады [9.].

Аса күрделі және әртүрлі «тұлғаның ауытқушы мінез-құлқы» санатының ішінен тәуелді мінез-құлық немесе тәуелділік деп аталатын топ бөлініп шығады. Тұлғаның тәуелді мінез-құлқы маңызды әлеуметтік мәселе болып табылады, өйткені ол жұмысқа жарамдылықты жойып алу және айналасындағылармен қақтығыстар, қылмыстар жасау секілді жағымсыз салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Бұл қалай болғанда да, кез-келген отбасының басына келетін, девиацияның ең кең тараған түрі болып табылады.

XX ғасырдың екінші жартысында шетелдік зерттеушілер жасөспірім дамуында ортаның рөлін терең қарастырды. Э. Эриксонның эпигенетикалық тұжырымдамасында жасөспірімдік жас өмір циклінің 5-ші кезеңінде келеді, оның мақсаты тұлғалық өзін-өзі анықтауға жету болып табылады [10].

Көне заманнан бері тәуелді мінез-құлықтың әртүрлі формаларын зиянды немесе жағымсыз әдеттерді атаған, бұндай әдеттерге: ішімдікке салыну, артық жеу, құмар ойындар және басқа да әуестіктер жатқызылған. Қазіргі заманғы медициналық әдебиеттерде патологиялық әдеттер термині кеңінен қолданылады. «Тәуелділік» ұғымы медицина саласынан енген, қазіргі таңда салыстырмалы тұрғыда жаңа және танымал болып табылады. Барлық адамдар ауа, су, тағам секілді өмірге маңызды объектілерге «қарапайым» тәуелділікті сезінеді. Шамадан тыс тәуелділікке бейімділік, керісінше, мәселелік симбиотикалық қарым-қатынастар немесе тәуелді мінез-құлықтың пайда болуына әкеледі. Осылайша, тәуелді мінез-құлық тұлға тарапынан бір нәрсені немесе біреуді теріс пайдаланушылықпен және оның мұқтаждықтарының бұзылуымен тығыз байланысты болып табылады.

Арнайы әдебиетте қарастырылып отырған ақиқаттың тағы бір атауы қолданылады – аддиктивті мінез-құлық, ағылшын тілінен аударғанда «бейімді, өлтіретін әдет» деген мағына береді. Бізге белгілі болғандай, адам эгоист немесе альтурист, байсалды немесе жағымпаз, атеист немесе діни адам болып дүниеге келмейді. А.С. Макаренко өз жұмысында қиын балалардың адамгершілік аумағының қалыптасуында, әлеуметтік жүріс-тұрысында ешқандай әлеуметтік спецификалық және туа пайда болған механизмдер анықтамасы немесе табиғи қиын мінездер болмайды. Ол тіпті педагогикалық жағынан бос кеткен жасөспірімдер өмір сүре алады және жаңалық ашады деп қарастырды. Бұған көз жеткізу үшін А.Б. Федоршин заңды бұзушы физикалық және психикалық жағынан сау жасөспірімдерді жан-жақты қарастырған болатын [11].

Жасөспірімдік кезеңдегі агрессивті тенденциялардың өсуі қоғамдағы күрделі әлеуметтік мәселе. Кейінгі уақытта жасөспірімдер арасындағы топтық төбелестер, бейресми түрдегі топтасулар жиі кездесуде. Бұл жайттарға жасөспірімдік кезеңдегі агрессивті мінез-құлықтардың өсуіне ықпал етуде. Агрессивтік мәселесі тек біздің елде емес, шетелде де арнайы психологиялық зерттеу жұмыстарын тудыруда.

Әлі күнге дейін «агрессивтілік» термині толығымен анықталған жоқ. Кейбір мұғалімдер – екінші сынып оқушысында осындай агрессивтілік, дөрекілік, тыңдамаушылық, патологиялық өтірік айтушылық, тез ренжігіштік, айтқан ескертулерге адекватсыз реакциялардың болуын толығымен түсіне алмайды. Не үшін үшінші сынып оқушысы ішімдікті қолданады, үйден қашады, жертөрелерде түнейді және қайыршылықпен айналысады. Неге 5-7 сынып оқушылары құстарды ұстап алып өртейді, неге олар хайуанаттар бағындағы еліктерді өлтіреді. Неге 8-9 сынып оқушылары жанар майды, кір жуатын ұнтақтарды сүйсіне иіскейді, өздеріне дәрігерлер көмектесе алмайтын жағдайға дейін апарады.

Өкінішке орай, осы немесе басқа да сұрақтарға мұғалімдердің жауаптары болмайды. Олардың көбісі бұл жасерекшелік негативизмі деп қате ойлайды [12]

Жасөспірім жасында қарым-қатынасқа және басқа адамдармен араласуға қажеттілік айтарлықтай күшті болады. Бір жағынан, ересектермен қарым-қатынас күрделі және қарама-қайшылықта сипатталады. Екінші жағынан, жасөспірімнің көпшілігі өз ата-аналарына өте жақын болса, кейде – олар өзбеттілікті талап етіп, өз құқықтарын кеңейтуге тырысады және өзінің «ересек» екендігін әр кезде мойындатқысы келеді. Ата-аналары және тәрбиешілері бұл өзгерістерге аса мән бермейді, нәтижесінде кикілжің пайда болады. Олар ересектер тарапынан болатын шектеулерді өздерін сыйламау ретінде қабылдайды. Бұндай жағдайда жасөспірім дөрекі, шыдамсыз, басқаруға келмейтін және әрбір әрекетке қайшы тұратын мінез көрсете бастайды [13]

Қорытынды

Мақаланың негізгі бөлімін қорытындылай келе, жасөспірімдік шақ адам өміріндегі ең маңызды кезеңнің бірі деп атап өтсек болады. Бұл кезеңде баланың белгілі бір теріс мінез-құлық көрсетуі, агрессияға бейім болуына кез-келген нәрсе әсер етеді. Мысалы, баланың ата-анамен, ортадағы достары сонымен қатар мектептегі мұғалімдер мен қоршаған ортадағы болып жатқан оқиғалар әсер ететінін атап айта алады екенбіз. Сонымен қатар бұл кезеңде бала бойындағы агрессияны басқаруымен жұмыс жасамаса болашақта агрессияның басым болуынан түрлі қиындатылған жұмыстар көрініс табуы мүмкін. Және де агрессивті мінез-құлық, баланың тұлғааралық қарым-қатынастарында кері әсерін тигізуі мүмкін екенін айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Сизоненко А.М., Руди И.Б. Агрессия и ее коррекция в подростковом возрасте//Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Институтының Жаршысы, №1(9), 2008ж.
2. Акажанова А.Т. Психолого-педагогические проблемы жестокости и агрессивности несовершеннолетних подростков. Межд.конф., г.Шымкент, 2004.
3. Ақажанова А.Т. Девиантология: Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 126 б.
4. Құдиярова Ғ. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтар. – Алматы: Рауан, 1996, 208 б.
5. Эриксон Э. Трагедия личности. М.: Алгоритм, Эксмо, 2008. – 256с.
6. Ескендирова А.У. Психологическое особенности проявления агрессии у подростков в зависимости от различных факторов: дисс. канд. псих. наук. – Алматы, 2003, - 157с.
7. Кле М. Психология подростка. – М. 1991. -171с.
8. Джаманбалаева Ш.Е. Общество и подросток: социологический аспект девиантного поведения. А., 2002.
9. Социальная психология личности в вопросах и ответах: Учеб. пособие /Под. ред. проф. В.А. Лабунской.- М.: Гардарики, 1999. –397 с.
10. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис. – М., 1996. - 123с.
11. Федоршин Д.И. Трудный подросток. Душанбе. – 1972.
12. Трудный подросток /под. ред. Г.А. Уманова.- Алма –ата: Рауан, 1990. – 96с.
13. Божович Е.Д. Психологические особенности развития личности подростка. М.: Издательство «Знание», 1979. – 40с.

ҚАЗІРГІ ЖЕТКІНШІКТЕРДІҢ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жубаназарова Назираш Сулейменовна,
психол.ғ.к., доцент
Жил-Хайдарова Карина,
6В03107 –Психология мамандығының 4 курс студенті
Музапарова Шахидам Аблаасановна,
7М03117 – Психология мамандығының
1 курс магистранты,
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і,
Толегенова Алия Амангалиевна,
PHD, Доцент, Нур-Мубарак университеті

Аннотация. Қазіргі кезеңде өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу психологиялық-педагогикалық теория мен эмпирикалық зерттеу үшін өзекті болып табылады. Тұлғаның қалыптасу кезеңдерін білдіретін жеткіншектік шақ, барлық балалық шақтардың арасындағы ең қиыны және күрделісі болып табылады.

Жеткіншектік кезеңде жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауына әсер ететін физиологиялық және псаихологиялық факторлармен сипатталады. Өзін – өзі бағалауына тұлғаның физиологиялық өзгерісі, басқаша айтқанда, оның гендерлік ерекшеліктері де маңызды рөл атқарады. Психологтардың бұл салаға деген қызығушылығы жыл сайын артып келеді. Білім беру мекемелеріндегі қызметкерлер үшін мақала өзектілігі жеткіншектермен тиімдірек жұмыс істеу үшін алынған мәліметтерді пайдалану мүмкіндігінде, атап айтқанда, қоғамдық ортада және жалпы осы жаста бейімделу процесін жеңілдетуімен сипатталады.

Түйін сөздер: жасөспірім, жасөспірімнің психологиялық ерекшеліктері, өзіне деген қатынас, өзіндік санасы, өзін-өзі бағалауы, гендерлік айырмашылықтары

Аннотация. В настоящее время изучение уровня самооценки актуально для психолого-педагогической теории и эмпирических исследований. Подростковый возраст, представляющий собой этапы формирования личности, является самым трудным и сложным из всех периодов детства. Подростковый возраст характеризуется наличием физиологических и психологических факторов, влияющих на самооценку личности. Физиологические изменения человека, иначе говоря, его гендерные характеристики, также играют важную роль в самооценке. Интерес психологов к этой области возрастает с каждым годом. Актуальность статьи для сотрудников образовательных учреждений характеризуется возможностью использования полученных данных для более эффективной работы с подростками, в частности, в общественной среде и в целом, путем облегчения процесса адаптации в этом возрасте.

Ключевые слова: подросток, психологические особенности подростка, самоотношение, самосознание, самооценка, гендерные различия.

Abstract. At the present time, the study of the level of self-esteem is relevant for psychological-pedagogical theory and empirical research. Adolescence, which represents the stages of personality formation, is the most difficult and complex of all childhood periods.

Adolescence is characterized by physiological and psychological factors affecting the self-esteem of an individual. Physiological changes of a person, in other words, his gender characteristics also play an important role in self-esteem. The interest of psychologists in this field is increasing every year. The relevance of the article for employees in educational institutions is characterized by the possibility of using the obtained data to work more effectively with adolescents, in particular, in the public environment and in general, by facilitating the process of adaptation at this age.

Key words: teenager, psychological characteristics of a teenager, self-attitude, self-awareness, self-esteem, gender differences.

Жеке тұлғаның өз - өзіне деген көзқарасы қазіргі психология ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың алғышарттары ерте балалық шақта қаланғанына қарамастан, жеткіншектік шақта өзін – өзі қалыптастыру процесі үшін сезімтал деп санауға болады. Жеткіншектердің өзіндік бағалауы үйлесімді, интегралды тұлға болып қалыптасуына шешуші рөл алады және мінез-құлықтың, тұлғааралық қарым-қатынастың, бейімделу әдістерінің және жеке мақсаттарына жетудің көптеген аспектілеріне реттеуші әсер етеді.

Мақалада жеткіншектердің өзін-өзі бағалауына негізгі акцент жасалады, сол себепті, әртүрлі сөздіктерде өзін-өзі бағалау түсінігі сипатталады.

Б.Г.Мещеряков пен В.П.Зинченко «Үлкен психологиялық сөздігінде» өзін-өзі бағалау «жеке тұлғаның жалпы өз - өзіне және оның жеке индивидуалдылығының, іс-әрекетінің, мінез-құлқының жеке аспектілеріне қарайтын құндылық, мәнділік» ретінде сипаттайды [1, 437б].

Зерттеулер мына жағдайды көрсетті, яғни ата-ананың шектен тыс қамқорлығы мен интернетке тәуелділік арасындағы ықтимал әрекет тетіктерін анықтады, алайда бұл зерттеулер келесі маңызды жағдайды, яғни ата-ананың шектен тыс қамқорлығы интернетті пайдалану үшін қауіп факторы екенін толық анықтамады. Ата-аналарға, танымал баспасөзде бұрмалануы мүмкін осы мәселеде ұстануға болатын қарапайым ережелерді ғана береміз, сонымен қатар сенімді эмпирикалық зерттеулерге негізделген сындарлы ұсыныстар мен саясатты да беру қажет болып саналады.

Шетелдік зерттеулердің талдауы көрсеткендей, балалардың гиперактивтілігі, біркелкі емес тәрбие және ата-аналық ережелердің өте азырақ айтылуы баланың интернетті компульсивті пайдалануын болжайды, бұл өз кезегінде психикалық денсаулық мәселесіне қатысты пікірлерді білдіреді.

Интернеттен біреумен үнемі хат алмасу және жауап күтуді қалау балалар мен жасөспірімдерде ұйқының бұзылуының себептерінің бірі болып табылады, бұл физикалық

және психикалық денсаулық мәселелеріне әкелуі мүмкін мәселе (Дью және т.б., 2018, (Dewi R.K. et al., 2018) [7] .

Британдық авторлар З.Хассейн мен М.Д. Гриффис (Z. Hussain и M.D. Griffiths 2018) 2014 жылдан бері жарияланған әлеуметтік медиаға тәуелділік туралы 100 зерттеуді талдап, «психологиялық мәселесі бар жеткіншектер өздерінің құрдастарына қарағанда әлеуметтік желілер де әлдеқайда көп уақыт өткізетіні туралы дәлелдер өте сенімді» деген қорытындыға келді [8].

Цифрлық медиаға тәуелділік жеке бетпе-бет кездесетін қарым-қатынасты шектейді, бұл адамның психикалық денсаулығына қатысты жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Дегенмен, цифрлық медиаға тәуелділіктің субъективті психикалық денсаулыққа әсері жеткілікті түрде зерттелмеген.

Әлеуметтік желі қолданушыларының мезгіл-мезгіл пайда болатын компульсивті мінез-құлқы, әлеуметтік желіні шамадан тыс пайдалануы, содан туындаған мұндай мінез-құлықтың деструктивтілігі психологтар арасында алаңдаушылық тудыруда. В.Эпоулез, П.Хэртмэн, К.Д' Сюуз және А.Гильсенздің (V. Apaolaza, P. Hartmann, C. D'Souza и A. Gilsanz) тұжырымдары әлеуметтік медианы мұндай мәжбүрлі (компульсивті) қолдану стрессті тудыратынын көрсетті (V Apaolaza et al., 2019) [9].

Әлеуметтік медианы шамадан тыс пайдалану мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің оқу үлгерімінің төмендеуімен байланысты екені көрсетілді (Lau W.W. , 2017) [10]. Интернетке тәуелділік мінез-құлыққа тәуелділік ретінде ұсынылды, бірақ басқа келесі жағдайлар да атауға болады, ұсынылған бұзылыстың табиғаты және оның феноменологиясына қатысты сыни пікірталастарға әкелген басқа мінез-құлық тәуелділіктері (мысалы, интернетке тәуелділік) және онымен байланысты құрылымдар (мысалы, номофобия) байланысы туралы тұжырымдамалар жасалды.

Әдебиеттер интернетті шамадан тыс пайдалану эмоциялық және мінез-құлық мәселелерімен байланысты екенін көрсетеді. Сондықтан бұл зерттеу жеткіншектер арасындағы эмоциялық және мінез-құлық қиындықтары жеткіншектердің интернетті мәселелелі пайдаланумен байланысын бағалауға бағытталған.

Қазіргі зерттеулер жеткіншектердің эмоциялық және мінез-құлық мәселелерімен күресуге және интернетті пайдалану ықтималдығын азайтуға көмектесу үшін олардың тұрақтылығын арттыратын шараларды әзірлеу қажеттілігін ұсынады.

Нәтижелерді талдай отырып, демографиялық өзгергіштіктер балалардың интернетке тәуелділік деңгейіне әсер етеді деп айта аламыз. Интернетке тәуелді балаларда әлеуметтік оқшаулану және қадағалау қиындықтары бар. Дегенмен, интернетке тәуелділік академиялық сабақ үлгерімінің себебі ретінде қарастырылатыны анықталды, ал әлеуметтік байланысы төмен балалардың интернетке тәуелді болу қаупі тіпті жоғары болады.

Практикалық мәнділігі тұрғысынан осы мәселені қорытындылайтын болсақ, кейінге қалдыра бермей, оны ұғынуға негіз болатын әдістер мен техникаларды (мысалы, өзін-өзі реттеу стратегиялары арқылы) ілгерілету басты сұрақтардың бірі, неғұрлым бейімделген жағдайларда интернетті пайдалануды реттеудің мүмкін болатын әдісі болуы мүмкін, дегенмен болашақ лонгитюдті зерттеулер осы нәтижелерді растайды және соның негізінде жатқан себеп-салдарды анықтай алады.

Сондықтан ата-аналар мен балалар арасындағы қатынастарды жақсартатын білім беру бағдарламалары балалар мен жеткіншектердің әлеуметтік желілерден тәуелділігін азайтуға, ол тәуелділіктің алдын алуға негізделіп жасалауы керек.

Қорытындылай келе, балалар интернетті пайдаланудың әртүрлі үлгілерін көрсете алады, бұл әртүрлі мінез-құлық және психикалық денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін. Көптеген зерттеулердің нәтижелері әлеуметтік желілерге тәуелділік оның құрбандары үшін көптеген қиындықтар туғызатыны туралы нақты қорытындыға әкеледі: бұл тәуелділіктің көптеген жағымсыз факторлармен оң байланыстары және бірқатар оң факторлармен теріс байланыстары бар екенін көрсетті.

Әдебиеттер:

1. Dailey S.L, Howard K., Roming S.M.P., Ceballos N., Grimes T. A biopsychosocial approach to understanding social media addiction // Human Behavior. 2020. Vol. 2. No. 2. Pp. 158–167. https://doi.org/10.1002/hbe2.182

2. Rumpf H.J., Vermulst A.A., Bischof A., Kastirke N., Gürtler D., Bischof G., Meerkerk G.-J., John U., Meyer C. Occurence of Internet addiction in a general population sample: a Latent Class Analysis // European Addiction Research. 2014. Vol. 20. No. 4. Pp. 159–166. https://doi.org/10.1159/000354321

3. Chung K.L., Morshidi I., Yoong L.C., Thian K.N. The role of the dark tetrad and impulsivity in social media addiction: findings from Malaysia // Personality and Individual Differences. 2019. Vol. 143. No. 1. Pp. 62–67. https://doi.org/10.1016/j.paid.2019.02.016

4. Oberst U., Wegmann E., Stodt B., Brand M., Chamarro A. Negative consequences from heavy social networking in adolescents: the mediating role of fear of missing out // Journal of Adolescence. 2017. Vol. 55. Pp. 51–60. https://doi.org/10.1016/j.adolescence.2016.12.008

5. Baltaci Ö. The predictive relationships between the social media addiction and social anxiety, loneliness, and happiness // International Journal of Progressive Education. 2019. Vol. 15. No. 4. Pp. 73–82. https://doi.org/10.29329/ijpe.2019.203.6

6. Dalvi-Esfahani M., Niknafs A., Kuss D.J., Nilashi M., Afrough S. Social media addiction: applying the DEMATEL approach // Telematics and Informatics. 2019. Vol. 43. 101250. https://doi.org/10.1016/j.tele.2019.101250

7. Dewi R.K., Efendi F., Has E.M., Gunawan J. Adolescents' smartphone use at night, sleep disturbance and depressive symptoms // International Journal of Adolescent Medicine and Health. 2018. Vol. 33. No. 2. https://doi.org/10.1515/ijamh-2018-0095

(Дью және т.б., 2018-Dewi et al., 2018).

8. Hussain Z., Griffiths M.D. Problematic social networking site use and comorbid psychiatric disorders: a systematic review of recent large-scale studies // Frontiers in Psychology. 2018. Vol. 9. 686. https://doi.org/10.3389/fpsyt.2018.00686

9. Apaolaza V., Hartmann P., D'Souza C., Gilsanz A. Mindfulness, compulsive mobile social media use, and derived stress: the mediating roles of self-esteem and social anxiety // Cyberpsychology, Behavior, and Social Networking. 2019. Vol. 22. No. 6. Pp. 388–396. https://doi.org/10.1089/cyber.2018.0681

10. Lau W.W. Effects of social media usage and social media multitasking on the academic performance of university students // Computers in Human Behavior. 2017. Vol. 68. Pp. 286–291. https://doi.org/10.1016/j.chb.2016.11.04379

ЦИФРЛЫҚ ЭТИКЕТ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Исембаева Н.Ж.,
1 курс докторанты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Сейітқазы П.Б.,
п.ғ.д., профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Mahmut Çitil,
Associate professor,
Gazi Üniversitesi Şubesi, Ankara, Turkey

Аннотация. Мақалада бүгінгі күннің өзекті тақырыбы цифрлық этикеттің болашақ педагогтардың кәсіби құзыреті ретіндегі маңыздылығы туралы айтылған. Қазіргі уақытта қоғамның цифрлануына байланысты цифрлық коммуникация мәдениетін, оның ішінде нақты іскерлік қарым-қатынастарды құру үшін қажетті ережелерді дамытуды талап етеді. Болашақ педагогтардың цифрлық кеңістіктегі өзара қарым-қатынасында этикалық ережелерді ұстану мәселесі қазіргі уақытта аз қамтылған, студенттердің цифрлық этикет дағдыларын қалыптастыруға аз зерттеу жасалған.

Түйін сөздер: болашақ педагог, кәсіби құзыреттілік, цифрлық кеңістік, этикет, цифрлық этикет.

Аннотация. В статье говорится о значении цифрового этикета как профессиональной компетентности будущих педагогов. В настоящее время в связи с цифровизацией общества необходимо развивать культуру цифрового общения, включая необходимые правила установления реальных деловых отношений. Вопрос соблюдения будущими педагогами этических правил при взаимодействии в цифровом пространстве в настоящее время слабо освещен, мало исследовано формирование у учащихся навыков цифрового этикета.

Ключевые слова: будущий педагог, профессиональная компетентность, цифровое пространство, этикет, цифровой этикет.

Abstract. The article discusses the significance of digital etiquette as a professional skill for future teachers. In today's digitalized society, it is crucial to cultivate a culture of digital communication, which includes establishing appropriate rules for building genuine business relationships. Currently, there is inadequate coverage of the issue of future teachers' adherence to ethical rules when interacting in the digital space, and there is insufficient research on developing students' digital etiquette skills.

Key words: future teacher, professional competence, digital space, etiquette, digital etiquette.

Білім беру жүйесі мен жалпы қоғам дамуының қазіргі кезеңінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін ғана емес, психологиялық-педагогикалық білімін, қарым-қатынас ережелерін жетілдіру де өзекті болып табылады. Қоғамдағы өзгеріс кейбір мінез-құлық ережелерінде жаңа нормалардың пайда болуын тудырады. Цифрлық даму адамдар арасындағы байланыстардың көпшілігін виртуалды кеңістікке ауыстырған, соған сай цифрлық кеңістікте моральдық мінез-құлықты қалыптастыру мәселесі бүгінгі күні өзекті.

Этикет ғасырлар бойы қалыптасса, цифрлық этикет қазіргі күні көз алдымызда қалыптасып келеді. Адамдардың бір-біріне деген құрметі тек қана жеке қарым-қатынас кезінде ғана емес, цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынаста да көрсетілуі керек. Мұндай айтылмаған мінез-құлық ережелерінің бар екенін барлық пайдаланушылар біле де бермейді, бірақ оларды сақтау виртуалды қарым-қатынас кезінде адамдық қадір-қасиетті жоғалтпауға мүмкіндік береді. Цифрлық этикет – бұл қатаң заң ережелері емес, қалыптасып келе жатқан мінез-құлық нормалары.

Цифрлық этикет – бірнеше ғылымдардың тоғысқан жерінде орналасқан салыстырмалы түрде жаңа бағыт.

Цифрлық этикетті зерттеуде әр түрлі елдердің әлеуметтанушылары, педагогтары, психологтары, мәдениеттанушылары, филологтары адамның табысты дамуы үшін цифрлық этикеттің маңыздылығын жүйелі түрде талдайды.

Біріккен Араб Әмірліктерінің ғалымдары ақпараттық технологиялар туралы курстардың студенттердің цифрлық этикеті бойынша білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға қалай әсер ететінін мақсатты түрде зерттеп, цифрлық этикетті меңгеру мен қалыптастыру арасындағы байланысты анықтаған. Алжир ғалымдары Facebook әлеуметтік желісін қолданушылардың цифрлық этикетті қаншалықты меңгергендігіне жүйелі түрде талдау жасаған. Нәтижесінде қолданушылардың жартысы әлеуметтік желіде қарым-қатынас жасау кезінде цифрлық этикеттің сақталмауын бастан кешіретіні анықталған [1, б. 217].

Цифрлық ортадағы қарым-қатынас ережелерін зерттеуге шетелдік ғалымдар орасан зор үлес қосты. Атап айтқанда, цифрлық кеңістікте сөйлесу кезінде сөйлеу формулалары мен рұқсат етілген шекаралардың қалай өзгеретінін талдап, коммуникацияның ұлттық және топтық ерекшеліктерін зерттеді. Цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынаста цифрлық этикет пен нормаларды зерттеуге Ресейлік зерттеушілер де елеулі үлес қосты. Олар шетелдік ғалымдар секілді цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынаста сөйлеу этикетін сақтау мәселелерін де белсенді түрде талдаған [2, б. 457].

Цифрлық қарым-қатынастағы желілік сленг пен сөйлеу мәдениетін Гимарат Е., Глухов А.П. зерттейді [3, б. 26; 4, б. 76].

Заманауи жастардың цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынасы мәселесі Богданова И.Н., Тулупова А.С. зерттеулерінде айтылған [5, б. 54-58].

Цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынас жағдайында өзін-өзі таныстырудың тілдік айналымы, шаблондық фразалары Куприянова А.И., Сазанова Т.В., Глазунова С.Н., Синюкова М.А. жүйелі түрде зерттеген [6, б. 223-227].

Мәселенің даму дәрежесін талдауда цифрлық этикет саласындағы зерттеулер ондаған жылдар бойы жалғасып келе жатқандығы байқауға болады.

Бірақ зерттеулердің көбісі осы құбылыстың пайда болуын талдауға және оның әртүрлі түсіндірмелеріне, әлеуметтік желі кеңістігіндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді талдауға, интернеттегі белгілі бір қызмет түрі бойынша практикалық ұсыныстарға арналған, мысалы, бейнебайланысты ұйымдастыру кезінде, мессенджерлерде және әлеуметтік желілерде байланыс, желіде жұмыс істеуде нормаларды сақтау.

Біздің ойымызша, бұл құзіреттілікті қалыптастыруда болашақ педагогтарды дайындайтын оқу орындарында жеткілікті көңіл бөлінбейді, болашақ маман үшін бұл дағды белгілі бір дамуды қажет етеді. Цифрлық этикет қазіргі уақытта педагогтың бойында болуы керек негізгі құзыреттердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта елімізде Ғылым және жоғары білім министрлігі «Цифрлық университет» моделін жасап жатқаны айтылуда. «Бұл студенттің цифрлық бейінін қалыптастыруды, яғни student life track, EdTech цифрлық сервистерін дамытуды, цифрландырудың озық трендтеріне сәйкес процестерді оңтайландыру мен цифрлық экожүйені қалыптастыруды көздейді – дейді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

«Цифрлық университет» моделі білім беру үдерісіне ең заманауи технологияларды енгізуді, онлайн платформаларды кеңінен қолдануды, дербестендірілген білім беру траекторияларын, курстарын, кеңістіктің жаңа мүмкіндіктері мен форматтарын енгізуді көздейді. Бұл, болашақ мамандарды даярлауда цифрлық этикет дағдыларын жетілдіру мәселесінің өзектілігін күрт арттырады деуге болады.

Қоғамды цифрландырудың заманауи жағдайында болашақ педагогтарды даярлау сапасын арттыру маңызды мәселесі. Біз ақпаратты ұсыну және ақпарат алмасу нысандарының жаһандық түрлену үдерісінің куәсі болып отырмыз, цифрлық ресурстар мен олардың мүмкіндіктері нарық жағдайында тиімді өзара әрекеттесу жүйесін құрудың негізіне айналды. Цифрлық орта бізге адам мүмкіндіктерінің шегін кеңейтуге және жаһандық мәдени құндылықтарды барлығына қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Цифрлық қоғамдағы жұмыс принциптері мен қарқыны білім беру парадигмасының өзін өзгертуді талап етеді, оның

нәтижесі ең күрделі ақпарат пен білімнің цифрлық жүйелерінде жұмыс істеуге дайын дамып келе жатқан жеке тұлға болады.

Қазіргі қоғамда өз мамандығының пәндік саласын жетік меңгерген, сонымен қатар технологиялық, экономикалық, өндірістік салалардағы өзгерістерге бейімділігі жоғары маман сұранысқа ие. Білім беру жүйесі ақпараттық қоғамдағы кәсіби қызмет жағдайларына дайындыққа бағытталуы керек. Этикеттің жаңа түрі – тұлғаның цифрлық этикетін қалыптастыру болашақ педагогтың кәсіби дайындығының сапасы мәселесін шешудің бір құралына айналуда. Цифрлық этикет тұтастай алғанда шындықты тану процесіне ықпал етеді, қазіргі жағдайда бұл мәдени шындықты меңгеру, адамзаттың интеллектуалдық резервін меңгеру тәсілі, сонымен қатар идеологиялық деңгейде маманға кәсіби тәжірибені игеруге мүмкіндік береді.

Болашақ педагогтың цифрлық этикетін қалыптастыра отырып, маманның болашақ кәсіби қызметін ұйымдастыру ұстанымдарынан көрінетін ақпараттық дүниетанымының негізін қалаймыз.

Адам қызметінің барлық салаларын толық цифрландыру білім беру мен ақпараттық технологиялар арасындағы өзара әрекеттесу позицияларын нақтылау қажеттілігіне әкеледі. Цифрлық ортада білім беру субъектілері арасындағы қарым-қатынастарды өзгерту проблемасы анықталды, оған сәйкес білім беру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жаһандық қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі жағдай экономикалық саланың дамуының жетекші тенденцияларын, қоғамның мәдени негіздерін, еңбек нарығының талаптарын үнемі талдап отыруды, өскелең ұрпақты оқытудың жаңа техникалары мен технологияларын, сондай-ақ кәсіби құзыреттіліктерді үздіксіз меңгеруді талап етеді. Цифрлық этикет педагогикалық білім берудің жаңа құндылық-бағдарын дамытуға қолайлы жағдайлардың біріне айналуда.

Цифрлық технологиялар тек құрал ғана емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктерді ашатын өмір сүру ортасы: кез келген ыңғайлы уақытта білім алу, үздіксіз білім беру, жеке білім беру бағыттарын құру мүмкіндігі. Цифрлық орта болашақ педагогтардан басқаша ойлауды, дүниетанымды, жұмыс істеудің мүлдем басқа тәсілдері мен формаларын талап етеді [7, б. 9].

Педагог білім тасымалдаушысы ғана емес, сонымен қатар цифрлық әлем арқылы жол көрсетуші. Болашақ педагог цифрлы сауатты, цифрлық технологияларды, соның ішінде компьютерлік бағдарламалауды, іздеуді, ақпарат алмасуды және қарым-қатынас дағдылы мен ережелерін меңгерген болуы керек. Педагогикалық қызметтің инновациялық деңгейіне жету, ең алдымен, болашақ педагог тұлғасының мотивациялық сферасын, оның құндылық бағдарларын, мақсаттарын, көзқарастарын, сыртқы және ішкі ынталандыру иерархиясын, бағыттылығын, талаптарын, мүдделерін қайта құруды талап етеді. Сондықтан да болашақ педагогтың кәсіби сапасы, цифрлық даму қоғамында тиімді кәсіби қызметтің негізгі шарты ретінде қарастырылады.

Цифрлық этикет цифрлық мәдениет пен цифрлық құзыреттіліктің маңызды бөлігі болып табылады. Болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін құрайтын бірқатар ұғымдарға тоқтала кетсек:

– Педагогтың цифрлық мәдениеті – цифрлық ортадағы ақпараттық өзара әрекеттесу құндылықтарына бағдарланған ақпараттық дүниетанымымен, ақпараттық іс-әрекеттегі білім, дағды және практикалық тәжірибе жиынтығымен сипатталатын жеке тұлғаның күрделі жүйелік сапасы.

– Педагогтың ақпараттық іс-әрекеті – бұл пәндік, психологиялық-педагогикалық ортада ақпаратты алуға, жинақтауға және түрлендіруге бағытталған педагог мен ақпараттық ортаның белсенді әрекеттесу процесі.

– Педагогтың ақпараттық дүниетанымы – ақпаратқа, кәсіби білім берудің ақпараттық ортасына, ондағы педагогтың рөлі мен орнына, сондай-ақ осы көзқарастарға негізделген құндылық бағдарлары, сезімдері, идеалдары туралы көзқарастар жүйесі.

– Педагогтың ақпараттық құзіреттілігі – білімнің жүйесі, қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, іріктеу және талдау дағдылары, оны ұйымдастырудың, түрлендірудің, сақтаудың және

берудің практикалық тәжірибесінің педагогтың тұлғалық қасиеттерімен ұштастыра отырып, оны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттері.

Заманауи студенттің, болашақ педагогтың цифрлық мүмкіндіктерге шексіз қол жеткізуі және пайдалануы, ақпаратты болашақ кәсіби қызметінде қолдану үшін құндылық-бағдарлы көзқарасты қалыптастыруға бағытталған кәсіби оқыту процесіне көзқарасты талап етеді. Болашақ педагогтың кәсіби дамуының негізгі компоненттерінің бірі ақпараттық цифрлық ресурстармен технологиялық аспектіден гөрі құндылық-дүниетанымдық аспектіде басымдықпен қарым-қатынас нормаларын қалыптастыру керек.

21 ғасыр цифрлық кеңістіктің үстемдігімен сипатталады, сәйкесінше, бүгінде цифрлық ортада кәсіби қарым-қатынастың техникалық жағын ғана емес, сонымен бірге этикалық жағын да меңгеру маңызды. Осыған орай, болашақ педагог заман ағымына сай икемді, әртүрлі технологиялардың, оның ішінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына қарамастан негізгі этикалық ережелерді сенімді түрде меңгеруі маңызды.

Қорытындылай келе, қоғамда басқа мамандық иелеріне қарағанда педагогтардың әлеуметтік желілеріндегі контенті мен жариялаған деректеріне қойылатын талаптары әлдеқайда жоғары. Қазіргі уақытта педагогтың цифрлық ортада жұмыс істеу кезінде этикалық ережелерді сақтауы міндетті болып табылады. Болашақ педагогтардың цифрлық қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі, цифрлық кеңістікте этикет ережелерін сақтауы цифрлық ортадағы шиеленіс пен қақтығыстардың алдын алуға, білімді тиімді меңгеруіне және кәсіби жетістіктеріне көмектеседі. Осыған байланысты болашақ педагогтардың цифрлық этикеттің негізгі нормаларын қолдану бағытындағы білімдерін кеңейту қажеттілігі туындайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Таланов С.Е. Цифровой этикет в представлениях студентов // Вестник высшей школы. 2022. № 4 (апрель) С. 30- 43. УДК 316.6 DOI 10.20339/AM.04-22.030
2. Шаховалова Е.Г., Шаховалов Н.Н. Проблемы соблюдения речевого этикета в интернет-коммуникациях // Вопросы журналистики, педагогики, языкознания. 2020. Т. 39. № 3. С. 455–465.
3. Гимарат Е. Язык в интернет-коммуникации: сетевой сленг и культура речи // Global Science and Innovations: Central Asia (см. в книгах). 2021. Т. 5. № 9 (12). С. 25–28.
4. Глухов А.П. Цифровое поколение: культура управления межличностными коммуникациями в социальных сетях // Вестник Хакасского государственного университета им. Н.Ф. Катанова. 2018. № 25. С. 74–77.
5. Богданова И.Н., Тулупова А.С. Цифровые центробежные тенденции в сетевых самопрезентациях современной молодежи // Гуманитарий Юга России. 2021. Т. 10. № 1. С. 52–64.
6. Куприянова А.И., Сазанова Т.В., Глазунова С.Н., Синюкова М.А. Стратегические клише в интренет-самопрезентациях в условиях дистанционных форм коммуникации // Успехи гуманитарных наук. 2020. № 5. С. 223–227.
7. Панишева О.В., Логинов А.В. Формирование навыков цифрового этикета у студентов педагогических вузов. Информатика и образование. 2022; 37(1): С. 8-15. https://doi.org/10.32517/0234-0453-2022-37-1-8-15

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ, ГИМНАЗИЯЛАР МЕН ЛИЦЕЙЛЕРДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ МОДЕЛЬДЕРІН ЗЕРТТЕУ: САЛЫСТЫРМАЛЫ-СӘЙКЕСТЕНДІРУ АСПЕКТІСІ

Іздік Ақерке Ақмырзақызы,
7М04134 Білім берудегі менеджмет мамандығының
1курс магистранті,
Педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і
Ғылыми жетекші: Булатбаева Айгуль Абдимажитовна,
п.ғ.д, профессор

Аннотация. Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде қолданылатын педагогикалық менеджменттің сан алуан үлгілеріне тереңірек үңіліп, олардың тиімділігі мен өзіндік ерекшеліктерін зерттейді. Салыстырмалы зерттеу осы оқу орындарында кең таралған құрылымдық негіздерді, әкімшілік стратегияларды және оқу әдістемелерін мұқият зерттейді. Қолданыстағы әдебиеттерге және эмпирикалық дәлелдерге жан-жақты шолу жасай отырып, зерттеу басқарудағы, көшбасшылық стильдердегі, мұғалім мен оқушының арасындағы өзара қарым-қатынас және әртүрлі модельдегі академиялық нәтижелердегі өзгерістерді көрсетеді. Жәнеде мәдени, әлеуметтік-экономикалық және институционалдық факторлардың педагогикалық басқару тәжірибесін енгізу мен эволюциясына әсерін зерттейді. Ерекшеліктерін талдау арқылы бұл зерттеу білім беруді басқару жүйелеріне тән күрделіліктерді тереңірек түсінуге ықпал етеді және орта білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыруға ұмтылатын педагогикалық менеджерлерге, педагогтарға және мүдделі тараптарға терең түсінік береді.

Түйін сөздер: жалпы білім беретін мектеп, гимназия, лицей, менеджмент модельдері, салыстырмалы-сәйкестендіру,көшбасшылық стиль, аспект,инновация.

Аннотация. В исследовании рассматриваются разнообразные модели педагогического управления, применяемые в общеобразовательных школах, гимназиях и лицеях, изучаются их эффективность и отличительные особенности. В сравнительной перспективе исследование тщательно изучает структурные рамки, административные стратегии и методологии обучения, преобладающие в этих учебных заведениях. Опираясь на всесторонний обзор существующей литературы и эмпирических данных, исследование подчеркивает различия в управлении, стилях руководства, взаимодействии учителя и ученика и академических результатах в разных моделях. Кроме того, он исследует влияние культурных, социально-экономических и институциональных факторов на реализацию и эволюцию практик педагогического управления. Благодаря детальному анализу это исследование способствует более глубокому пониманию сложностей, присущих системам управления образованием, и дает ценную информацию политикам, преподавателям и заинтересованным сторонам, стремящимся повысить качество и эффективность среднего образования.

Ключевые слова: общеобразовательная школа, гимназия, лицей, модели управления, сравнительное сопоставление, стили руководства, аспект, инновация.

Abstract. This study delves into the diverse models of pedagogical management employed in secondary schools, gymnasiums, and lyceums, examining their effectiveness and distinctive features. With a comparative lens, the research scrutinizes the structural frameworks, administrative strategies, and instructional methodologies prevalent in these educational institutions. Drawing upon a comprehensive review of existing literature and empirical evidence, the study highlights the variations in governance, leadership styles, teacher-student interactions, and academic outcomes across different models. Furthermore, it explores the impact of cultural, socioeconomic, and institutional factors on the implementation and evolution of pedagogical management practices. Through a nuanced analysis, this research contributes to a deeper understanding of the complexities

inherent in educational management systems and offers insights for policymakers, educators, and stakeholders seeking to enhance the quality and efficacy of secondary education.

Key words: general education school, gymnasium, lyceum, management models, comparative matching, leadership styles, aspect, innovation.

Педагогикалық менеджмент –сапалы жұмыс пен үздіксіз дамудың тиімділігін арттыруға бағытталған педагогикалық жүйелерді басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастырушылық формалары мен технологиялық әдістерінің жиынтығы.(1,с.3)

Педагогикалық менеджментте мектеп басшысының негізігі жетістігі- кез-келген мәселені жүйелі шеше білуі деп санайды. Жүйелі іс-әрекетте педагогикалық менеджменттің негізгі міндеттері төмендегідей анықталады:

-Біріншіден, менеджер қарамағындағы қызметкерлердің жеке әрекеттерінің де, тұтастай алғанда бүкіл қызметтің де жиілігі мен реттілігін көрсете біледі;

-Екіншіден, белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір жұмыс түрлерін орындаудың әдістері мен ережелерін ұсына біледі;

-Үшіншіден, ол жұмсалған күштің, ақша мен уақыттың оңтайлылығын ескере отырып, қызмет нәтижесінің сапасына және көздеген мақсаттарға жету жолдарының тиімділігіне қойылатын талаптарды анықтайды;

-Төртіншіден, белгілі бір қызмет түрі үшін айқындалатын қызметкерлер құрамы мен біліктілігіне қойылатын талаптарды белгілейді (атқаратын міндеттеріне сәйкес белгілейді);

-Бесіншіден, қажетті ақпараттың көлемін және оның негізгі дереккөзін оңтайлы (қажеттілік пен жеткіліктілік) анықтайды;

-Алтыншыдан, қызметкерлердің жұмыс барысы мен нәтижелерін бақылап, оны есепке алады [1, с.48].

Педагогикалық менеджмент оқу-тәрбие процесінің тиімділігінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Білім беру үздіксіз сала ретінде үнемі оқушылардың оқу тәжірибесін жақсарту үшін педагогикалық тәжірибені жетілдіруге ұмтылады. Жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар мен лицейлер білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлерін айқындай отырып, олардың әрқайсысының өзіндік қиындықтары мен мүмкіндіктерінкөрсетеді. Бұл мақалада салыстырмалы-сәйкестендіру аспектіге назар аудара отырып, осы білім ордаларындағы педагогикалық менеджмент үлгілері туралы зерттеулер қарастырылады. Аталған мектептердің педагогикалық менеджментт модельдерінің ерекшеліктерін зерттей отырып, педагогтар мен педагогикалық менеджерлер тиімді педагогикалық стратегиялар туралы құнды түсініктерге қол жеткізе алады.

Тиімді педагогикалық менеджмент білім беру мекемелеріндегі көшбасшылық стильдермен тығыз байланысты. Жалпы білім беретін мектептердегі, гимназиялардағы және лицейлердегі көшбасшылық стильдердің салыстырмалы талдауы көшбасшылықтың жалпы білім беру ортасына қалай әсер ететінін көрсетеді.Жалпы білім беретін мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде қолданылатын педагогикалық менеджменттің бірнеше негізгі стильдері. атап айтқанда:

- Авторитарлық басқару стилі – диктаторлық стиль. Бұл стильдегі басшының қатал мінез-құлық танытып, тек өз біліміне, қызығушылықтарына және мақсаттарына назар аударуына байланысты. Авторитарлық басқарушы әріптестерімен немесе қарамағындағылармен кеңеспейді, нақты ұстанымдарды ұстанады және адамдарға әсер етудің, мәжбүрлеу немесе марапаттау арқылы оларға өз еркін таңудың әкімшілік әдістерін қолданады.

Бұл стиль ұйымды және оның командасын қалыптастыру процесінің басында, қызметкерлер мақсаттарды және оларға жету жолдарын тану дағдыларын әлі дамытпаған кезде ең өзекті болып табылады. Бұл стильдің кемшіліктеріне оның қызметкерлердің бастамасы мен шығармашылық қабілеттерін басып тастауы, сонымен қатар кадрлардың тұрақтамауын жатқызуға болады.

- Демократиялық стиль. Ол ең өнімді болып табылады, өйткені ол бағыныштылардың шешім қабылдау және ұйымды басқару процестеріне белсенді араласуымен командалық

бірлік принципін үйлестіруге негізделген, осылайша дұрыс шешімдер қабылдаудың үлкен ықтималдығын қамтамасыз етеді. Демократиялық басқарушы, әрине, өз бетінше шешім қабылдайды, бірақ алдымен кеңес ұйымдастырады, онда бағыныштылардың бастамашылық ұсыныстары қабылданып, түзетулер енгізіледі. Басқарудың демократиялық стилі егер менеджер адамдардың психологиясын терең сезінсе және ұжымның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескерсе ғана мүмкін болады. Бұл стиль бағыныштылардың шығармашылығын ынталандырады, салауатты жұмыс ортасын және өзара сенім мен ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады

-Либералдық стиль – басшының қол астындағыларға мәселе қоюымен, оларға белгілі бір жұмыс жағдайын жасауымен, шешімнің шекарасын белгілеуімен, содан кейін шегінуімен сипатталатын көшбасшылықтың ең бейтарап стилі.Ол кеңесші, төреші және алынған нәтижелерді бағалайтын сарапшы қызметтерін атқарады..

Бұл стиль либералды басшының қол астындағылардың ісіне аз араласатындығымен, енжарлығымен және өте ұқыптылығымен ерекшеленеді, сондықтан ол өкілеттіктерді беру принципін шебер меңгеруі, қол астындағы қызметкерлермен жақсы қарым-қатынас орнатуы қажет. [2,с.1]

Басқару қызметіндегі әрбір басшы тек өзіне ғана тән стильде қызмет міндетін орындайды. Адамдардың қарым-қатынасында, соның ішінде басқару қызметін жүзеге асыруда стильге ерекше мән беріледі. Честерфольд «стиль-ой дүниесі» десе, Бьюфурон «стиль-адамның өзі» деп тұжырымдайды. Бұл нақыл сөздердің дұрыстығын қазіргі жұмыс стилінің түсінігі де дәлелдей түседі.Басшылық стилі тұрақтылығымен, амалдарды жиі-жиі қайталамауымен ерекшеленді. Бірақ мұндай тұрақтылық салыстырмалы түрде, өйткені көптеген мамандардың бағалауынша стильге әдетте ырғақтылық тән, олардың тұжырымдауынша «ең дұрыс басшылық – бұл ырғақтылық» және де «басшылық ете білу – бұл басшылық стилін өзгерте білу».[3,с.4]

Білім ордаларындағы педагогикалық менеджмент модельдерін салыстырмалы-сәйкестендіру аспекті туралы айтсам,

Жалпы білім беретін мектептер жан-жақты оқу бағдарламасына баса назар аудара отырып, формальды білім беру негізінде қызмет етеді. Бұл мектептердегі педагогикалық менеджмент көбінесе оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған инклюзивтілік пен әртүрлілікке бағытталған. Салыстырмалы талдау білімге біртұтас көзқарасты қалыптастыруда бұл модельдің күшті жақтарын ашады. Сәйкестендіру аспекті инклюзивті басқару тәсілінің оң оқу ортасын құра отырып, оқушылардың белсенділігін арттырумен қалай байланысатынын зерттейді. Мақаламдағы зерттеулер көбінесе әкімшілік стратегияларды, оқу бағдарламаларын әзірлеуді және мұғалім мен оқушы динамикасын зерттейді. Салыстырмалы зерттеу арқылы табысты модельдерді және олардың академиялық нәтижелерге әсерін анықтауға бағытталған.

Академиялық қатаңдыққа және арнайы оқу жоспарына баса назар аударатын гимназиялар ерекше білім беру моделін көрсетеді. Салыстырмалы-сәйкестендіру осы модельдің артықшылықтары мен қиындықтарын зерттейді. Салыстырмалы-сәйкестендіру аспектісі қатаң академиялық ортаның сыни ойлау дағдылары мен оқу жетістіктеріне әсерін бағалайды. Бұл сәйкестендіруді түсіну гимназия моделін оқушылардың игілігі үшін оңтайландыруға ұмтылатын мұғалімдер үшін өзекті болып табылады.

Жан-жақты және пәнаралық байланысымен танымал лицейлер оқушыларға бірегей білім беру тәжірибесін ұсынады. Салыстырмалы талдау жан-жақты дамуды қамтамасыз ете отырып, осы модельдің интеграциялық күшті жақтарын ашады. Сәйкестендіру аспекті пәнаралық тәсілдің оқушылардағы шығармашылықпен, бейімделушілікпен және мәселелерді шешу дағдыларымен қалай байланысатынын зерттейді. Осы қасиеттерді тану, білім беру көшбасшыларына динамикалық қоғамның дамып келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін лицей моделын нақтылауда басшылық етеді.

Педагогикалық менеджменттің шешуші аспектісі – мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас. Әртүрлі білім деңгейлері бойынша салыстырмалы талдаулар мұғалім

мен оқушының оңтайлы қарым-қатынасын ашуға бағытталған. Салыстырмалы зерттеулер мұғалім мен оқушының оң динамикасының оқу үлгеріміне және жалпы әл-ауқатқа әсерін зерттейді. Жалпы білім беретін мектептердегі, гимназиялардағы және лицейлердегі педагогикалық модельдер көбінесе оқу бағдарламаларын жобалау төңірегінде болады. Салыстырмалы зерттеулер динамикалық оқу жоспарының құрылымдары мен оқушылардың қатысуы арасындағы сәйкестікті зерттей отырып, дәстүрлі және инновациялық тәсілдердің тиімділігін бағалайды. Мұндай зерттеулер қазіргі білім берудің дамып келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін педагогикалық стратегияларды бейімдеуге септігін тигізеді.

Цифрлық ғасырда білім беруде технологияның қажеттілігін бәріміз білеміз. Бұл зерттеу технологиялық жетістіктердің білім беру ортасындағы педагогикалық менеджмент модельіне қалай әсер ететінін зерттейді. Салыстырмалы талдау оқыту әдістемесі мен оқушылардың белсенділігін арттырудағы технологияның тиімділігін анықтайды. Салыстырмалы-сәйкестендіру аспекті технологияның интеграциясы мен академиялық үлгерім арасындағы байланысты зерттеп, цифрлық технология бойынша мұғалімдерге түсінік береді.

Жалпы білім беретін мектептердегі, гимназиялар мен лицейлердегі педагогикалық менеджмент модельдері зерттеу,олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Ал SWOT талдау жасап, осы білім ордаларының әлсіз, күшті, қауіптерімен, мүмкіндіктеріне талдау жасауымызға болады.

Білім беру ұйымының SWOT-талдауы

Әлсіз 1.Нашар қаржыландыру 2.Сапа әлеуеті төмендеу 3.Мұғалімдердің орта жасы 49жастан асқан 4.Біліктілікті арттыруға мүмкіндік аз 5.Ескірген мәліметтер қоры 6.Инновациялық ерекше жұмыстар енгізу үшін мұғалімдердің біліктілік деңгейінің төмендігі 7.Оның қызметіндегі өзгерістерге жол бермейтін мектепті басқарудың тиімсіз құрылымы	*Күшті* *1.*Аяқталған оқу бағдарламасы 2.Кадрлардың әлеуеті бар 3.Көпсалалы 4.Ақша табуға мүмкін бар 5.Педагогикалық ұжымның біртұтастығы және өнімділігі 6. Мектеп базасында медициналық-психологиялық оңалту орталығы бар
Қауіптер 1.Үлкен бәсекелестік 2.Тәжірибе жасау үшін әлсіз мәлімметтер қорымен материалдық тұрғыдан аз қамтылуы 3. Экологиялық қолайсыз жағдай . Оқушылар арасында сырқаттанушылардың артуына ықпал етеді.	*Мүмкіндіктер* *1.*Халықаралық қатынастарды ары қарай дамыту 2.Жаңа ақпараттық және педагогикалық техникаларды әзірлеу 3.Қаладағы басқада мектептерден инновациялық тәжібиелер алмасу 4. Әртүрлі қорлар мен ұйымдардың білім беру саласында өткізетін жобалық конкурстары мектеп жоспарларын жүзеге асыруда қаржылық және ұйымдастырушылық қолдау көрсете алады.

Осылайша SWOT- талдау сыртқы ортаның мектепке әсерін бағалауға, білім беру мекемесінің ресурстарын анықтауға және қызметін одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді.

Егерде бұл талдаудың нәтижесінде мәселелер туындаған жағдайда, оның себептерін білу мақсатында төмендегі кестені қолдануға болады. Ол туындаған мәселелерді шешіп, реттеуге көмек береді.

Басқару обьектісінің жұмысындағы ақауларды тудыратын себептерді талдау	Жағдайды түзету үшін қажетті әрекеттер	Мерзімдері, жауапты
		Т.А.Ә

[4,с.21]

Жалпы білім беретін мектептердегі, гимназиялардағы және лицейлердегі педагогикалық менеджмент модельдерін салыстырмалы- сәйкестендіру аспектісі әртүрлі білім беру контексттерінің тиімділін көрсетеді. Әрбір ортадағы ерекшеліктермен динамикаларды түсіну арқылы педагогтар мен мектеп әкімшілігі өздерінің педагогикалық тәсілдерін бейімдеп, жетілдіре алады, сайып келгенде, олардың білім беру процесінің әртүрлі кезеңдерінде оқушылар үшін оңтайлы оқу ортасын қалыптастырады.

Әдебиеттер:

1. В.П.Симонов. Педагогический менеджмент.Москва 1999.
2. Https://cyberleninka.ru/article/n/stili-upravleniya-v-menedzhmente-ih-preimuschestva-i-nedostatki/pdf стили управления в менеджменте: их преимущества и недостатки
3. http://startinfo.kz/buisness/wp-content/uploads/2017/09/Қазақстандық-басқару-стилі.docx
4. Болатбаева А.А, Мынбаева А.К. Федорович О.В. Педагогический менеджмент. Алматы,2012

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР СЕРІКТЕСТІГІ

Масимбаева Айым Аликеновна,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының аға оқытушысы
Ертісова Салтанат Болатовна,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы оқытушысы. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Масимбаева Маржан Аликеновна,
№1 облыстық арнайы мектеп интернаты. Педагог-тәрбиеші.

Аннотация. Бұл мақалада Мағжан Жұмабаев шығармашылығының өміршеңдігі, оның еңбектерінің тәлімдік мәні айтылады. М.Жұмабев еңбектері жастарды имандылыққа, ізгілікке, адамгершіліктің ақ жолына тәрбиелеуде таптырмас аса бағалы құрал екендігі жазылған.
Түйін сөздер: жастар тәрбиесі, тәрбиелі тұлға, адамгершілік, идея.

Аннотация. В данной статье рассматривается жизненная сила творчества М.Жумабаева и воспитательное значение его произведений. Написано, что произведения М.Жумабаева являются неоценимым средством в воспитании молодежи на вере, добродетели, белом пути нравственности.
Ключевые слова: воспитание молодежи, воспитанный человек, нравственность, идея.

Әлеуметтіліктің биік шыңы - адамгершілік, тәрбиелік адам ұрпағының негізін қалаушы, халық мәдениеті, басқалардан айырмашылығы - адамның рухани байлығы мәңгілік. Әлеуметтік ортаға әсер ететін белгілерінің бірі адамдардың бір-біріне және қоршаған ортасына қарым-қатынасы. Моральдық жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз - адамгершіліктің асқар шыңы. Адам қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен, тәрбиелігімен ардақталады.

Тәрбие – адамды қоғамдық өмірге және өнімді еңбекке дайындау мақсаты көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәжрибені беру процесі. Адамгершілік дегеніміз – қоғамның, өмірдің объективиік заңдылықтарына сәйкес адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуге негіз болып табылатын, талапқа сай белгілі бір гуманистік принциптерді біріктіретін жалпы адамзаттық ұғым. Адамгершілік қоғамдық сананың басты белгілері болғандықтан, адамның мінез құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасы арқылы сипатталады.

Осыған орай белгілі тарихи жағдайларда ғана көрініп және жойылып отыратын басқа қоғамдық құбылыстарға қарағанда адамгершіліктің, адалдықтың, тәрбиенің мәңгілік категория қатарына жататындығы ғылымда әбден нақтыланған. Сонау Орта ғасырларда адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасатының жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын анықтауда орасан зор еңбек сіңірген ғұламалардың бірі, еңбек тәрбиесінің, адамгершіліктің, қайырымдылықтың және оның теориясын жасаушылардың бірегейі Әбу Насыр әл-Фараби екені баршамызға мәлім.

Әл-Фараби қайырымдылықтың, адамгершіліктің, тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санай отырып, ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады, - деген болатын. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды. Оның еңбек туралы бұл тұжырымдарын күні бүгінге дейін жалғастырып келе жатқан ғалымдар жетерлік.

Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда әл-Фараби Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенген. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы

басшылыққа ала отырып, еңбек тәрбиесінің теориясын «Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды» деп тұжырымдайды. Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым – «оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу» деген сөз. Әл-Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетіп кеткен.

Әл-Фараби «еңбек ету, саналы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет» деген ғылыми тұжырым жасағаны баршамызға белгілі. Ол адамды табиғат, адам, жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғары сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы ортаның мүшесі дейді. Адам туралы материалистік бағытты ұсынған Фараби адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтерілетінін алға тартады.

Әл-Фараби тәрбие үрдісінде «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдісті» ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны жазалау, ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны – мадақтау. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым.

Әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) – «мәңгі нұрдың қызметшісі» деп айқындап көрсеткен.

Ұлы ойшыл әл-Фараби тарихи шындықты, адамгершілікті, қайырымдылықты, еңбекті, тәрбиені, оның ішінде еңбек тәрбиесін адамның игілігі, бақыты үшін қолдануды армандағаны белгілі. Адамның игілікке жету жолдары туралы ойларын Фараби экономиканың, саясаттың, мемлекеттік құрылыстың, отбасы тәрбиесінің, еңбек тәрбиесінің меселелеріне байланыстыра отырып аса қажет деген негізге сүйенеді. Сондай-ақ, ол қоғамды ақылмен дұрыс басқарудың шарттары жөнінде батыл пікір айтқан ғұлама ғалым. Өйткені, адам бақытты болуға лайық және сол бақытын табуға тиіс. «Адам өз заманында жақсы да дұрыс басқарылатын қоғамда ғана шын мәнісінде бақытты өмір сүре алады» дейді данышпан ғалым. Адамзат қоғамының өмір сүруіне ең керектісі оның материалдық тұтыну қажеттері дегенді бірінші орынға қойып, осынау маңызды мәселе төңірегіндегі теріс көзқарастарды үзілді-кесілді жоққа шығарды.

Ғұлама адамдардың, әсіресе жастарды тәрбиелеу кезінде бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Ол тәрбие кезінде тәрбиеленушінің ерекшелігін есекеріп, әрбіріне жеке әдіспен дара қатынас жасауды талап етеді. Оның пікірінше тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Ол өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыда тәлім-тәрбиелік мақсатқа арнап жазған. Әл-Фарабидің оқу-білім, тәлім-тәрбие туралы мәселелері жайлы айтқан пікірлерінің барлығы осыға дейін біздерге «Адам» деген ардақты атқа лайықты болуға үйретеді.

Әл-Фараби адамдар бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы керек деп айтқан пікірлері көп. Әділеттіліктің қалыптасқан нормасы, әмбебап заңдар қажеттігін ескерте келе, ол заңдардың тәрбие арқылы жүзеге асатынын дәйектейді. Оның ойынша, еңбексіз заң да, қоғам да ілгері дами алмайды.

Ғұлама өзінің трактаттарында да педагогикалық, психологиялық, дидактикалық әдістемелік терминдер тізбегін ұсынған. Ол өзінің гуманистік идеяларға толы педагогикалық көзқарастары туралы жазған еңбектерінде «Мемлекеттік қайраткерлік нақыл сөздері», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Риторика», сияқты көптеген трактаттарында сипатталғанын көреміз. Осы еңбектерінде оқытудың мақсаты мен әдістемесі, білімнің беріктігі, жүйелілігі, оқытудың қолжетімділігі, білім алушының белсенділігі мен мақсатқа жетуге деген ұмтылушылығына басты назар аударған.

Жалпы педагогиканың бір саласы болып табылатын тәрбие теориясының әдіснамасын әл-Фарабидің тәрбиенің заңдылықтарын, ұстанымдарын, мақсатын, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, нәтижесін тұжырымдамалық тұрғыдан негіздейтін жетекші педагогикалық ой-пікірлері айқындайды. Тәрбиелеу – халықтардың бойында білімге негізделген этникалық

ізгіліктер мен өнерлерді дарыту. Тәрбиелеу – жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетеді. Әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеялары теориялық дәрежесі жағынан іргелі педагогикалық ілімге бастапқы негіз бола алды, әсіресе оның күллі адамзат баласының жиынтығы ретінде ұлы қоғамды суреттейтін ізгілік тұғырнамасы қазіргі педагогиканың жетекшісі идеясы болды.

Осындай идеялардан бастау алып, өзінің бүкіл ғұмырын жастардың тәрбиесіне арнаған қазақтың аса дарынды ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевты айта аламыз. Яғни, ол өз өлеңдері арқылы әл-Фарабидің тәрбиелік, адамгершілік идеясын жалғастырушы іспеттес. Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі қайталанбас жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты да бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық құдіретін бірден байқаймыз. Мағжан өзіне дейінгіге де, кейінгіге де ұқсамайды, өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Ол өмірдегі біртұтас құбылыс, көрініс ретінде, ал сол адамды ұлы табиғаттың, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайды. Құбылыстың мәнін кең көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білу үшін ол, алдымен не нәрсенің болса да мән мазмұнын бағдарлап, ішкі астарына үңілді.

Мағжан Жұмабаев қазақтың патриот ақыны, оның ұлт жандылығы, жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің шебері және үлгісі. Ең бастысы баланы бесіктен еңбекке тәрбиелеудің негізін сала білген.

Ақын өзін немесе өзінің лирикалық кейіпкерін ғана емес, айналасындағы жастарды да «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» қалыпта көргісі келеді. Халқының болашағы үшін күресетін негізгі күш –«*жастар*». Олай болса, өмір бойы «алаш» ұранын көтеріп кеткен Мағжан Жұмабаев үшін жастардың тәрбиесінің, адамгершілігінің, қайырымдылығының, табандылығының орны бөлек. Ол өзінің «Өнер-білім қайтсе табылар» атты өлеңінде:

Жамандық – аты өшкірге жақын жүрмей,
Аяғын күндік жерден байқап басса....
Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,
Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе,
Естіген сөз, көргенді бос тастамай,
Құлақ тігіп, көз салып, жиып-терсе,

- деп жастарды көзі ашық жандармен дос болып олардың тәрбиелік жақсы жағын бойларына жиып-теріп, сөздерін үлгі қылып жүрсе деп өз өлеңдерінде жырлайды.

Мағжан Жұмабаев өз өлеңдерінде жастарға зор үмітпен қарайды. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек, қайырымды жүрек пен ер мінезді, намысшылдықты, туған жерге деген шексіз махаббатты көреді. Соған мақтанады. Шабыттана жырлайды. «Мен жастарға сенемін» деп асқақтай сөйлейді.

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенмін!

– деп жастарды тектілікке, адалдыққа, шыншылдыққа, адамгершілікке шақырады. Жастарды ақиқаттың ауылынан алшақтатпай, ар намысын бірінші орынға қоюға үндейді. «Жаным – арымның садағасы» демекші, намыскер де ержүрек қазақ елінің ұл-қыздарына атақ-абыройларына дақ түсірмеуі туралы өлең жолдарында айқын көрсетілген. Намыс – адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өткір, күшті, лап етпе сезім. «Ар – иманның жолдасы» дейді халық даналығы. Демек, адамның ар-намысы – абыройдың күзетшісі. Мағжанның айтқысы келгені де осы еді. Себебі, талай алаштың орны ерекше зиялылары осы ар-намыс

үшін өмірден өтті емес пе?! Сондықтан осындай Мағжан салып кеткен өлең жолына жастарды бағыттау үшін тәрбие керек еді. Сонда ғана сенім ақталып, білім парасатына сай, жастарымызға елдің ары мен намысын таптатпауға, оны биік ұстауға, болашақтың тізгінің жастарға сеніп беруге болатындығын көре білді.

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!...
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда
Мен жастарға сенемін!

- деп қазіргі кезде Мағжанның өлеңін өмірлік ұран қылып, бойымызға сіңіріп келеміз. Өлеңдегі қайраттылық, рух-жігер, табандылық, әділеттілік, адамгершілік, қайрымдылық, бәрі-бәрі тәрбиеден бастау алады. Тәрбиелілікті көрсетеді. Әрине, ондай тәрбиені, адамгершілікті біз басты ата-анадан, қоғамнан, ортамыздан және осындай өлеңдер мен шығармалардан аламыз. Адамгершілік қажеттіліктері адам өмір сүру барысында қалыптасады. Оның басты ерекшелігі түрлі адамдардың санасы мен мінез-құлықтарында түрліше бағыттарда қалыптасуында.

Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

- деп жырлаған Мағжан өз заманында халықтың мұң-зарын жырлап, туған халқының тайғанақтап жүрелеген тағдырына жаны ауырып, осы жан айқайын өлеңге қоса білгені ақын. Бірақ, сол кездегі орыстардың ұстанған қатал саясаты қазақ азаматтарын аямады. Талай азаматтар біздің халық болып қалыптасуымыздың жолында жандарын құрбан етті. Солардың ішінде 1938 жылы ату жазасына ұшыраған Мағжан Жұмабаев та болған. Ел өмірін өз тағдырына айналдырып, Отанды сүюдің ірі үлгісін танытып, елін сүйген үлкен жүректі азамат халық руханиятына сезім мен сенім ұштасқан мәңгілік шұғыласын шашып кетті.

Жас ұрпақтың өз қоғамына пайдасы тиер жақсы мінездерді бойына жинаған азамат болып өсуіне бірден бір себепші құрал – әдебиет десек, әдебиетті жасаушы қауым – қаламгерлердің әр жазғаны жастарды жақсылыққа жетелеп, ізгі өмірге қанаттандырады. Мағжан ақын осы тұрғыдан алғанда, «Мен жастарға сенемін» өлеңі арқылы жастық жігерді жанып, халық жүрегіне үміт пен сенім шырақтарын жаға алды.

Мен сенемін жастарға.
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

Әлеуметтік институттар ең алдымен қоғамның интеллектуалдық әлеуетінің сапасына жауапты «адамдардың интеллектуалдық қабілеттері адамзат өркениетінің қуатты табиғи көзі болып табылады. Оқушыларға интеллектуалдық білім беру – бүгінгі күннің шындығы мен болашақтың талабынан туындайтын объективті қажеттілік» [2, б. 62]. Оқу процесінің негізі – студенттің жеке тәжірибесі, белгілі бір сапалар мен дағдылардың болуы. «Оқыту нақты, рефлексиялық, концептуалды және зерттеу сияқты тәжірибенің әртүрлі формаларын біртіндеп жинақтау ретінде қарастырылады» [2, б. 66]. Интеллектуалды даму мен білім беруге бағытталған оқу-тәрбие үрдісіндегі міндеттерді шешу мазмұны, тиімділік критерийлері, мұғалімнің рөлі, оқытудың формалары мен әдістері сияқты негізгі компоненттердің мазмұнын қайта қарауға байланысты қазіргі мектептегі жаңа тенденцияларды қарастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі қоғамды цифрландыру білім беру үдерісінің және оның барлық құрамдас бөліктерінің ажырамас бөлігіне айналуда.

Білім саласын қарастыратын болсақ, цифрландырудың оң және теріс әсерлері туралы қарама-қайшы ақпаратты көреміз. Негізгі қауіп оқыту субъектілерінің тәуелділігі және шындықпен байланысының жоғалуы, даму мен денсаулыққа қауіп төндіруі және тұлғааралық дәстүрлі қарым-қатынастың болмауына байланысты әлеуметтік дағдылардың төмендеуі болып табылады. Білім беру ортасы ең алдымен даму жағдайына ықпал етуі керек. Л.С. Выготский: мектеп дәстүрінде жеке тұлғаның «дамудың әлеуметтік жағдайын» жасау болып табылады [3].

Өзгермелі әлеуметтік-мәдени кеңістікте «өмір ырғақтарында өзгерістер орын алады, қабылдаудың, сананың, ойлаудың, қажеттіліктердің-мотивациялық және эмоционалды-еріктік сфералардың терең өзгерістері, эмоционалдық тәжірибелер белгіленеді, өмірдің этикалық және құндылық аспектілеріндегі өзгерістер тіркеледі» [1, б. 4]. Тұлғаның даму динамикасы, көру және есту арқылы қабылдау, ойлау және өзін-өзі танудың құрылымы тез өзгереді, қазіргі балалар басқаша болды. Оқушылардың дамуындағы жағымсыз тенденциялар туралы зерттеу деректерінде атап өтілгендей: мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуының, жігерінің, шығармашылық қабілетінің дамуының төмендеуі, балалардың білуге құштарлығы мен қиялының деңгейінің төмендеуі, ұсақ моторикасының дамымауы, еріктіліктің жетіспеушілігі, қабілетсіздік. қақтығыстарды шешу, балаларды экрандық қабылдаумен таныстыру, жасөспірім кезінде құрдастарымен шектеулі қарым-қатынас жасау - жаста және эмоционалдық ыңғайсыздықтың жоғарылауы, эмоционалдық проблемалар, тұрақты сенімсіздік сезіміне байланысты шиеленіс, жақын ортада қолдаудың болмауы, сезімталдықтың жоғарылауы, төмен деңгей. коммуникативті құзіреттілік, мүгедектігі бар балалар санының артуы, онтогенездегі қолайсыз нейропсихикалық даму. Сонымен қатар, зерттеудің оң нәтижелері де бар: 115 балл және одан жоғары интеллект көрсеткіші бар мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың саны артып, дарынды балаларға деген тенденция артуда. «Салыстырмалы зерттеулер бізді әрбір бес жыл сайын баланың IQ деңгейі шамамен бір тармаққа жоғарылайтынына сендіреді, бұл психологиялық эволюцияның әдеттен тыс жылдам қарқынын көрсетеді» [1, б. 11].

Білім беру жүйесі және ең алдымен мұғалім өзінің психологиялық-педагогикалық және тәрбиелік іс-әрекетінде жас ұрпақты дамыту үшін әлеуметтік-мәдени ортаның ерекшеліктерін түсінуі керек. Қазіргі заманғы балалармен болған барлық психофизиологиялық және жеке өзгерістерді түсіну, олар арқылы қазіргі оқушының қабылдауы мен ойлауының ерекшеліктері ашылады, танымдық, еріктік сферасының мүмкіндіктері ашылады, оның психикалық және сөйлеу әрекетін оңтайландыру мүмкіндіктері ашылады. ашылды, ақыл-ой операцияларын, іс-әрекеттерін меңгеру, резервтер мен мүмкіндіктерді белгілеу ерекшеліктері ақпараттың ұлғаюы жағдайында, сөзбе-сөз геометриялық прогрессия жағдайында танымдық процестердің дамуы мен мақсатты қалыптасуы ашылды. Ақпараттандыру адамзаттың барлық жетістіктерін

еңбекте және өмірде кеңінен пайдалануға мүмкіндік беретін адам болмысының жаңа «формасына» әкелді» [1, б. 13].

Қазіргі уақытта білім берудегі ең өзекті және перспективалы цифрлық технологияларға құжаттарды тексеру және бағалардың ашықтығын қолдау үшін блокчейнді пайдалану, оқытуда және дербестендірілген бағдарламаларды құруда жасанды интеллект мүмкіндіктерін, интерактивтілікті жақсарту үшін виртуалды және толықтырылған шындықты пайдалану кіреді. оқыту, Интернет заттардың көмегімен «ақылды» сыныптарды құру, үлкен деректерді пайдалана отырып оқу нәтижелерін талдау және тәжірибе алмасу және әріптестермен ынтымақтастық үшін цифрлық коммуникацияны тиімді пайдалану және т.б.

Бірін-бірі толықтыру, бірін-бірі толықтыру принципін қолдану, дәстүрлі форматты цифрлық технологиялармен бірге қолдану, заманауи білім беру кешенін, пайдалану критерийлері бар ортақ білім беру платформасын құру, болашақтың жүйесін қалыптастырудың перспективасын құруға болады. Дәстүрлі түрде білім беру жүйесінде мұғалім сөздік, эмоционалдық, пәндік мағынаны иеленеді, бірақ бүгінгі технологиялар материалды беруде сөздік-сөйлеу, көрнекі-кеңістіктік, пәндік және практикалық ақпаратты пайдалануға қосымша мүмкіндіктер береді. Жұмыстың мақсатына, оқытылатын материалдың күрделілігі мен көлеміне, орындалатын міндеттерге байланысты оқытудың әртүрлі форматтарына кезекпен жүгіну қажет. Мұғалімнің ұстанымы маңызды бола бастайды, ол цифрлық технологияларды пайдалана отырып оқу үдерісін ұйымдастырушыға айналады, таратады және басқарады. Заманауи біліктілік пен әмбебап құзыреттілікке ие педагог кадрларды тиісті деңгейде дайындау үшін жағдай жасау қажет. Мұғалім шығармашылық есептерді шешу және білім беруде оқушылармен жұмысты ұйымдастырушы болуы керек, озық және жаңашыл мұғалім болуы керек, цифрлық білім беру саласында олардың білімі мен біліктілігін кеңейтуі керек.

Жаңа цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері оқушылардың білімін арттырады, технологиялар жаңа педагогикалық өнімді жасайды, интерактивті, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету, сыни тұрғыдан ойлау функцияларын енгізеді және оқу іс-әрекетінде таптырмас көмекші бола алады.

Әдебиеттер:

1. Фельдштейн Д.И. Глубинные изменения современного детства и обу- словленная ими актуализация психолого-педагогических проблем развития об- разования / Д.И. Фельдштейн. – М.: МПСИ; Воронеж: МОДЭК, 2011. – 16 с.

2. Гельфман Э.Г. Психодидактика школьного учебника. Интеллектуальное воспитание учащихся / Э.Г. Гельфман, М.А. Холодная. – СПб.: Питер, 2006. – 384 с. EDN PVNQXL

3. Студопедия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://studopedia.ru/ 23_61515_vopros---psihologicheskaya-bezopasnost-i-istochniki-psihologicheskoy- opasnosti.html (дата обращения: 12.11.2023).

УНИВЕРСИТЕТ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Мұратбаева Г.А.,
педагогика ғылымдарының докторы,
әл–Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры

Бүгінгі Президент Қ.К. Тоқаевтың еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанға» берген сұхбаты халықтың көкейіндегі шешімін таппаған сұрақтарға нақты да анық жауаптар берілген. Жоғары білім жүйесінің қызметкерлері сұхбаттан өскелең ұрпақты озық ойлы ұлт өкілі ретінде дамыту мақсатына бар зияткерлік әлеуетімізді жұмылдырып, ғылым мен білім саласының элитасын қалыптастыруға күш-жігерімізді аямай ат салысу қажет деп ұғындық. Біздің пайымдауымызша, қазіргі университет білім алушыларының ғылыми-педагогикалық ойлауын дамыту жұмысының мазмұнын негізінде озық ойлы ұлт өкіліне айналу үшін оның бойында ***логикалық ойлау, тарихи сана мен мемлекетшілдік*** жүйелі түрде қалыптасуы керек [1].

Мемлекеттік ұлтты сақтау мен күшейтуге, бүгінгі күні әлем таныған Тәуелсіз Қазақстанның абыройын асыруға күш салуға, рухани жаңғырған мәңгілік ел болуға ұмтылатын, мемлекеттік тілді, халқымыздың тарихын, мәдениетін, өнерін білетін, қазақтың жанын ұға алатын, елінің саясатынан хабардар өз саласында бәсекеге төтеп бере алатын нағыз Азаматын дайындау - Президенттің алдымызға қойған басты міндеті.

Болашақ ұрпақ үшін жаңа табысты қоғам бағытындағы еңбек етушілер нағыз кәсіби мамандар жаңашылдар, Қазақстанның заманауи білім беруінің жүйесін құру, креативтілікке және реформалауға белсене кірісті.

Сонымен, университет білім алушыларының ғылыми- педагогикалық ойлауын дамыту жұмысының мазмұнын қарастыру кезек күттірмейтін көкейкесті мәселелерінің бірі.

Олай болса, жалпы ойлау ұғымына берілген түсініктерге тоқталған жөн деп білеміз.

Ойлау - адамның басындағы шындықты ұғымдар, пайымдаулар мен тұжырымдар түрінде жалпыға ортақ бейнелеу; арнайы ұйымдастырылған материяның ең жоғары өнімі-адам миы [2].

Ойлау үдерісінде қолда бар және жаңадан келіп түскен ақпаратты өңдеу жүзеге асырылады, оның сыртқы, кездейсоқ, қайталама элементтерін зерттелетін жағдайлардың мәнін көрсететін негізгі, ішкі элементтерден ажырату, олардың арасындағы табиғи байланыстар ашылады.

Ойлау – адам танымының екінші басқышы, танымның жоғары сатысы. Ойлау – адамзатқа тән құбылыс, ал тіл – әр ұлттың, әрбір халықтың өзіндік өрнегі. Қылық пен іс-әрекеттің саналылығы, тоқтамға келушілік, батырлық пен ерлік, рухани жағынан жетілу, т.б. ерік-жігердің жақсы сапалары [3, 183 б.]. Әлемнің екініші ұстазы, ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби парасатты басты философиялық-дүниетанымдық ұғым ретінде мазмұндайды. Бұл ұғым ойлау мен болмыс, өнер мен ғылым диалектикасына, ал ғылымға баратын жол білім мен парасатқа негізделеді деп көрсетті ғұлама.

Ақыл-парасат күшінің жәрдемімен адам ғылымдар мен өнерлерді меңгереді және мінез-құлықтар мен әрекеттердің жамандарынан жақсыларын ажыратады, пайдалы мен зияндының, жағымды мен жағымсыздың айырмасын танитын болады. Ойлау күші арқылы адам интеллектуальдық пайымдағыш нысандарын аңғарады, сөйтіп өнер мен ғылымға ие болады, сұлулықты сұмпайылықтан айырады. Ойлау күші қиялдау, сезімдік және қоректендіргіш күш сияқты үстемділерді билеп төстейді. Әлденендей зат жөніндегі білім не ойлаушы күш арқылы, не қиял арқылы, не түйсік арқылы жиналмақ [4, 7 б.].

Ойлау – адам танымының ең жоғары сатысы. Ғұламаның тұжырымдары ойлау мен іс-әрекет теориясын түсінуде, жалпы шынайылық пен тазалық қажеттілігін алға тартатынын айта кету қажет.

Ойлау дегеніміз, Сократтың дарынды шәкірті Платонның айтуы бойынша, «жан әрекеті», ол зерттеу әрекетіндегі қайшылықтар мен қарама-қарсылықтарды сезіне отырып, адам жанын ойлауға жетеулеудің қажетті шарты болып табылады (Краткая философская энциклопедия, 1994) [5, 343 с.]. Сонымен бірге, Платонның пікірінше, мазмұнды диалог құру үшін ойлау жүйрік болуы тиіс, одан соң жақсы идея шынайы ойға әкелетіні мәлім.

Аристотель адам ойлауының шыңы - ойдың тазалығы, түсінуі, сезінуінде деп пайымдады [5, 28 с.].

И.Кант өз еңбектерінде тәжірибелік сын тұрғысынан қарастыра отырып, ойлау формасын түрлендіретін субъкт ретіндегі адам болмысын белгілейді [6, 113 с.].

Ресей педагогикалық энциклопедиясында: «ойлау – адамның таным іс-әрекетінің қарым-қатынасы, зат пен құбылысты қабылдап, түсіну үдерісімен сипатталады» [7, 279 с.].

Ойлаудың ең маңызды ерекшелігі, ол зат пен құбылыстарды қабылдау арқылы талдау, синтездеу, ақпараттық және зерттеушілік даму деңгейінің өрістеуі. Сонымен бірге, ойлау операциясының табыстылығы дайын ақпаратты меңгеру және өз бетінше қорытынды жасау.

Психолог ғалымдардың әр кезеңдердегі пайымдауларына келетін болсақ, С.Л. Рубинштейннің пікірінше, ойлау тек әрекетпен сүйемелденіп қоймайды, әрекет – ойлаудың алғашқы түрі болып табылады. Демек, ойлау әрекет ретінде көрініс табады. Сондықтан ғалымдар ойлау әрекетінің үдерістік құрамын зерделейді [8,10 с.].

Ойлауды талдаудың бірлігі ретінде әрекет алынып, Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи психологиясындағы және А.Н. Леонтьевтің психологиялық теорясындағы ойлауды зерттеудің дәстүрлі әдістері басшылыққа алынады.

Ғалымдар сондай-ақ, ойлаудың құпиясы мен айрықша құбылысын алға тартады. Ойлау әрекетінің әдіснамасын тұжырымдаған белгілі ғалым Г.П. Щедровицкийдің пайымдауынша, әдіснама жеке ғылым емес, өйткені ғылыми ойлауда ақиқаттың құрылымдары әрекет етеді, ал жобалар мен бағдарламаларды негіздеу әдіснаманың іске асырыла алатындығын көрсетеді. Жүйелі ойлау әрекетінің әдіснамасын негізігі дәлелдеудің түрі ұйымдастырушылық іскерлік ойындар болды. Біздің ойымызша, ғалым кеңес философтарының ішінен педагогикада прагматикалық тұғырды жетілдіруге үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірегейіне жатады. Бірақ, ол бұл әрекеттің ғылыми мазмұнын нақтыламады. Жалпы прагматика, прагматикалық ғылымдар кешені арқылы іске асады, себебі, әдіснаманы философиялық прагматика ретінде ғылымның идеалына қарсы қоюға болмайды [9, 297 с.].

Ойлау әрекеті деген ұғымды қалыптастырған, оның тұжырымдауынша, ойлау тәжірибелік әрекеттің құрамына енуі әсіресе, ұжымдық жұмыстарды, оның ішінде оқу және зерттеу әрекетін аса қажет деп санайды. Ойлау әрекеті ұжымдық деңгейдегі метакәсіптік және метапәндік ойлауды ұйымдастырудың пайдалы құралы деп есептейді. Әрине, ұйымдастыру өте күрделі. Оның ойынша, әрекет шын мәнінде ойластырылғын және әдеттегі деп қабылданады да ойлау деген ұғым өзінен өзі шеттеттілуі мүмкін [10, 98 с.].

Сонымен, ойлау әрекетінің формалары ретінде түсіну, талдау, ой тұжырымдары айтылады. Ойлау әрекетінде зат пен құбылыстарды түсінеміз, ал талдау жүргізу арқылы сол зат пен құбылыстардың байланысын ажырата аламыз. Енді ой тұжырымы негізінен мақсатқа жетудегі ойлау әрекетін барынша мүмкіндіктерін қолдануға әкеледі.

Заманауи қоғам талабынан туындаған ғылыми техникалық үрдістің адам әрекетінде жаңаша ойлаудың мазмұнын құру, оның пәндік әлемінде бағдарлаудың жаңа тәсілдері, заттар туралы жаңа түсініктер, ойлаудың жаңа көзқарастарын (табиғи, әлеуметтік, экономикалық) қалыптастыруды жүйелі ұйымдастыруға; ғылыми-педагогикалық ізденістерді дамыту жұмыстарының мазмұнын қарастыруда жүйелі идеялар ұсынудың қажеттілігі орын алады.

Ойлаудың жүйелік бағыты зерттеушіге анықталған міндеттер мен проблемалардың сипаты өзгерген кезде жаңа танымдық мүмкіндіктер ашады, олардың шешімін іздестіру үшін білім алушының ғылыми-педагогикалық ойлауынның тәжірибелік қолданысын ашып көрсетуді алға тартады.

Ойлаудың ең маңызды ерекшелігі, ол зат пен құбылыстарды қабылдау арқылы талдау, синтездеу, ақпараттық және зерттеушілік даму деңгейінің өрістеуі. Сонымен бірге, ойлау операциясының табыстылығы дайын ақпаратты меңгеру және өз бетінше қорытынды жасау.

Алайда, бірде-бір нақты ғылыми пәндер дәстүрлі әдістермен толық және дәл ғылыми сипаттама бере алмайды, әртүрлі ғылыми пәндер бойынша интегративті синтезделген білім қажет. Білім алушының ғылыми-педагогикалық ойлауын дамыту мазмұнында білімді берілген белгілі бір құрылыммен тұтастыққа біріктіру қажет, белгіленген міндеттерді шешуге бағытталған жүйенің тұжырымдамалық негізін құруға ықпал етуі керек.

Оларды синтездеу үшін білімді таңдау белгілі бір құрылыммен тұтастықта интеграциялануын сақтап, міндеттер мен мәселені шешетін тұжырымдамалық жүйені құру алдында терең әдістемелік талдау жүргізілсе ғана нәтижесін беретіні сөзсіз. Соңғы жылдары көптеген ғылыми зерттеулердің қолданбалы қызметін ұсыну күрделі міндеттер шешімін нақтылауда зерттеу пәнін талдау барысында тұтастығы мен бірізділігі байқалады. Мұндай біртұтас білімді құру ғылыми-әдістемелік ұсынылымдарды әзірлеуде негіз болды.

Ғылыми педагогикалық ойлау әрекеті барлық қызмет салаларына кіріктірілген мазмұны құрылымдалды. Жүйелік бағдар қазіргі ғылыми ойлау мен трансформациялық қызметтің тарихи сипаттамасына айналды.

Жаңа ойлауды басқа да алға қойылған мақсат міндеттерге сай үйрену керек.

Ойлауды үйрену жүйелік-әлеуметтік саналы қажеттілік болып қабылданады.

Ғылыми-педагогикалық ойлауды қалыптастыру - қазіргі жағдайда білім берудің маңызды міндеті. Ғылым мен тәжірибе интеграциясы аясында зерттелетін мәселенің әлеуеті түсіндіріліп, оның ерекше өлшемі ретінде білім алушының танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мүмкіндіктері болжанады.

Бүгінгі оқыту жүйесі білім алушының ғылыми-педагогикалық ойлауын қалыптастыруды қамтамасыз етуде тұтас мазмұнды жан-жақты зерделеу қажеттілігін талап етеді. Ол үшін оқытудың барлық жүйесін түбегейлі қамтамасыз етуде дидактикалық теорияны дамытуды, оның принциптерін іске асырудың ғылыми-әдістемелік дамуын талап ететін жүзеге асыру механизмін нақтылау қажет.

Оқу мазмұнын әзірлеу кезінде университеттік білім беру жүйесінде білім алушылардың ғылыми-педагогикалық ойлауын қалыптастыру келесі негізгі аспектілерді бөліп қарастырылуы негізделді:

- пән туралы білім құрылымын негіздеу;
- оқу пәнін құрудың жүйелік логикасын белгілеу;
- білімді игеруді ұйымдастыру тәсілі ретінде оқытудың мазмұнын, формасын, құрылымы мен әдістерін ашу;
- ғылыми ойлаудың ерекшеліктерін тұжырымдау.

Оқу пәнінде жүйенің зерттелетін аспектісін іске асыру үшін «жүйе», «тұтастық», «ұйымдастыру», «құрылым», «деңгей», «иерархия» ұғымдарын түсіндіру көзделеді, мұнда игеру процесі білім алушының зияткерлік қабілеттерін дамытудың жалпы негізі ретінде ғылыми-педагогикалық ойлауды қалыптастыру тетігін ашуды көздейді.

Ғылыми-педагогикалық ойлауды қалыптастыру проблемаларын қозғайтын кешенді, пәнаралық және психологиялық-педагогикалық зерттеулер білім алушының білім мазмұнын игеруде түрлі танымдық пайымдау, қорытындылау, тұжырымдау, жүйелеу және меңгеру әрекеттерге ие болуында. Сонымен қатар, танымдық әрекетін басқару, мақсатқа жету, тәжірибе жинақтау сынды іс-әрекеттеріне өзіндік көзқарасын тудыру, өзіне-өзі баға беру, тәжірибелік-эксперименттік бағдарламасының тиімділігін дәлелдеу.

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.К. Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек//Дереккөз https://egemen.kz/article/355466-qasym-zhomart-toqaev-biz-ozyq-oyly-ult-retinde-tek-qana-algha-qarau

2. Образование и наука. Энциклопедический словарь\ Гл. редактор Ж.К. Туймебаев; редкол: А.Е. Абылкасымова, И.К Бекбоев, М.В.Рыжаков, Н.К. Калабаев, С.Ж. Пралиев, Г.М. Мутанов, Г.М.Кусаинов.- Алматы: 2008.- 448 с.

3. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Азаматтық саясат. Бақытқа жол сілтеу. Бақытқа жетужайында/ «Бағзы замандардан бүгінгі күнге дейінгі қазақхалқының философиялық мұрасы». Жиырма томдық: «Әл-Фараби философиясы». – Астана: Аударма, 2006. – 2 Т. – 507 б.

4. Таубаева Ш.Т. Әл-фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы// Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Хабаршы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. №1 (62) 2020. – Б. 4-20. https://bulletin-orientalism.kaznu.kz

5. Краткая философская энциклопедия. –М., Издательская группа «Прогресс» - «Энциклопедия»,1994.-576 с.

6. Кант И. Критика чистого разума / Пер. с нем. Н. Лосского сверен и отредактирован Ц. Г. Арзаканяном и М. И. Иткиным; Примеч. Ц. Г. Арзаканяна. – М.: Эксмо, 2007. – 736 с.

7. Российская педагогическая энциклопедия. В 2-томах. Гл. Редактор А.П.Горкин. М.: Научное издательство «Большая российская энциклопедия». 1999. – 670 с.

8. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық; Психологиядағы ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы. 1-том. Л.С. Выготский. Мәдени-тарихи тұжырымдама/Жетекшісі – акад. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2005. – 464 б. (7-462).

9. Щедровицкий Г.П.Избранные труды. М.: 1995. - С 297-298.

10. Канке В.А. Философия науки: краткий энциклопедический словарь/ В.А. Канке. – 2-е изд., стер. – М.: Издательство «Омега-Л», 2009. – 328 с.

ШҰҒЫЛ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абеуова Игайша Әбілезқызы,
п.ғ.к., доцент
Адирбекова Жанар Сейтовна,
п.ғ.м., аға оқытушы
Педагогика, психология және ӘГП кафедрасы, АГЭУ-і

Аннотация. Мақалада түрлі шұғыл, төтенше жағдайлардағы адамдардың психологиялық дайындық мәселелері қарастырылған төтенше психология, шын мәнінде психологиялық экология мен орта психологиясының қиылысуын білдіретіні нақтыланған, соған байланысты психикалық бейімделу жолдары ұсынылған.
Түйін сөздер: Төтенше жағдай, қоршаған орта, экологиялық психология, психологиялық бейімделу.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы психологической готовности людей в чрезвычайных условиях. Чрезвычайная психология, в действительности является симбиозом психологической экологии и психологии среды, в связи с чем предлагаются способы психологической адаптации.
Ключевые слова: Чрезвычайная ситуация, окружающая среда, экологическая психология, психологическая адаптация.

Abstract. The article deals with the problems of psychological readiness of people in emergency conditions. Emergency psychology, in fact, is a symbiosis of psychological ecology and environmental psychology, in connection wit **Key words:** Emergency, environment, environmental psychology, psychological adaptation.
Key words: Emergency, environment, environmental psychology, psychological adaptation.

Өмірдің әлеуметтік экологиялық және саяси жағдайларының тұрақсыздығы, табиғи және жасанды апаттар санының арта түсуі, қылмыстың өсуі, ертенгі күнге деген сенімсіздік, қиын-кыстау (шұғыл) жағдайлардағы өмірге деген психологиялық дайындықтың жоқтығы сонғы жылдардағы Қазақстанның барлық осы көріністері, күрделі әлеуметтік-психологиялық жағдайлардағы өмірлік іс-әрекетке деген психологиялық дайындықтын, сондай-ақ шұғыл қиын-қыстау және одан кейінгі жағдайлардағы балалар мен ересектерге психологиялық көмек көрсетудің іс жүзіндегі мәселелерін айрықша өткірлікпен алға қойып отыр. Бұл, назарды шұғыл жағдайлардағы адамның мінез-құлқы мен психикалық күйлерінің дағдарыстық (кризистік) өзгерістер мәселелеріне, іздестіру-құтқарушылық қызметтердегі адамдарға психологиялық қолдау көрсетуге, сондай-ақ, олардын отбасыларының мүшелері және зардап шеккен халықта қалыптасқан жағымсыз, теріс психологиялық салдарды (әсерлерді) әрі қарай қалпына келтіру (реабилитация) мәселелеріне аударды [1].

Адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің психологиялық аспектісін өз нысанасы ретінде ала отырып, қоршаған орта психологиясы шын мәнінде «Индивид - Орта», «Адам - Орта», «Адам - Табиғат» жүйелерінің бір-бірінен субьектілі-нысаналы өзара әрекеттесуінің бағыттылық векторымен ерекшеленетін үш бағытты біріктіреді:

- түрлі қоршаған ортаның: кеңістіктік, әлеуметтіктің (соның ішінде жанұялық, білімдік, ақпараттық және т.б.) адам психикасына тигізетін әсері зерттелу және практикалық тәжірибесінің нысаны болып табылатын *орта психологиясы;*

- зерттеу пәні экстремалдық жағдайды және адам үшін әдеттен тыс орта жағдайы (су астында, ауада, ғарышта, жер астында) адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері болып табылатын *экстремалды (төтенше) психология;*

- адам мен қоғамның табиғатты қорғау әрекеттерінің психологиялық аспектілерін зерттейтін *қоршаған ортаны қорғау психологиясы*.

Орта психологиясының екінші бағыты ретінде-адамның төтенше орта жағдайындағы іс-әрекеті мен мінез-құлқының психологиялық мәселелерімен айналысатын экстремалды (төтенше) психологияны қарастыруға болады.

Соңғы жылдардағы психикалық күйлер мәселесіне деген белсенді қызығушылық келесі жағдайлармен түсіндірілуі мүмкін:

- аталмыш төтенше жағдайлардағы: табиғи апаттар, террористік және басқа да зорлық шараларында, жасанды апаттар және басқа да төтенше жағдайларда, сондай-ақ олардың салдарын жою барысында және одан кейінгі уақыттардағы адамның психикалық күйі мен мінез-құлқындағы өзгерістерге деген қызығушылықтың артуымен.

Төтенше психологияны сипаттау барысында екі өзара байланысты бағытты анықтаған жөн:

- олардың біреуінің зерттеу пәні - өмірлік әрекеттің төтенше жағдайда: жанұялық немесе өндірістік ортадағы тұлғааралық өзара әрекеттің шиеленісуінен, әскери әрекеттер, табиғи және жасанды апаттарға дейінгі жағдайларда *туындайтын өте қиын (төтенше) психикалық күйлер* болып табылады. Мұндағы негізгі қиыншылықтар осындай күйлердің пайда болу, өсу жағдайларын зерттеу және болжау, сондай-ақ төтенше орта жағдайында жұмыс жасайтын немесе сол төтенше жағдайға тап болған адамды дайындау, қолдаудың және кейінгі реабилитацияның психологиялық әдістерін зерттеу болып табылатындығы түсінікті.

- екінші бағыттың назарында адамның биологиялық және әлеуметтік әдеттен тыс орта жағдайларындағы: ғарыштағы, су астындағы, ауадағы, жер астындағы, шөл даладағы және т.б., сондай-ақ кеңістіктікте шектелінген іс-әрекет пен тұлғааралық қатынас кеңістігінің шектеулі жағдайларындағы (тұрақты бір құрамдағы кіші топтарда узақ уақыт болу, мысалы, ғарыш кемесінің экипажы) адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқының психологиялық мәселелері болады.

Төтенше психология адамның өмір сүруінің өзгермелі (әдеттен тыс) жағдайларындағы: әуеге және ғарышқа ұшу кезіндегі, су астында жүзу кезіндегі, жер шарының шалғайдағы жету қиын аймақтарында (Арктика, Антарктида, тау шыңы, шөл дала), жер астында және т.с.с болған жағдайлардағы адамның өмірі мен іс-әрекетінің жалпы психологиялық заңдылықтарын зерттейтін психология ғылымының бір саласы. Төтенше психология әуелік, ғарыштық, мұхиттық және полярлық психология саласындағы нақты зерттеулерді біріктіре отырып, XX ғ. соңында пайда болды. Өзгеріске ұшыраған афферентациялық, ақпараттық құрылымымен, әлеуметтік-психологиялық шектеулерімен және қауіп факторының бар болуымен сипатталатын төтенше жағдайда адамға жеті негізгі психогендік факторлар әсер етеді: бірсаздылық, өзгертілген уақыттық және кеңістіктік құрылымдар, жеке маңызды ақпараттың шектелуі, жалғыздық, топтық оқшаулану (қарым-қатынас жасайтын әріптестің ақпараттық тұрғыдан таусылып бітуі, үнемі көпшілік алдында болу және т.б.) және де өмірге қауіптің төнуі.

Төтенше психология саласындағы зерттеулердің міндеті - әдеттен тыс жағдайларда жұмыс жасайтындардың психологиялық іріктеуі мен психологиялық дайындықтарын жетілдіру, сондай-ақ психогендік факторлардың зақымдаушы әсерінен қорғау шараларын жасау болып табылады.

Дәл осы жағдайда төтенше психологияны екі бағытқа бөлу шартты сипатқа ие, өйткені шын мәнінде олар бір-бірімен тығыз байланысты және психикалық күйдің экстремалдық ерекшелігі (төтеншелігі) немесе адам өмір сүріп, іс-әрекеттің белгілі бір түрлерін орындауға мәжбүр болатын орта жағдайларының экстремалды (әдеттен тыс) болуымен ғана ерекшеленеді.

Келтірілген үзіндіден осы анықтамаға сәйкес, төтенше психология шын мәнінде психологиялық экология мен орта психологиясының қиылысуын білдіретіндігін, өйткені ол психогендік факторлар ретінде психологиялық та, психологиялық емес те орта факторларын қарастыратынын байқау киын емес.

Ц.П.Короленко атап көрсеткендей, «төтенше жағдайлар» ұғымы ауыспалылықтың шегінде тұрған және бейімделудің бұзылыстарын тудыруы мүмкін «сырткы ортанын шектен тыс күшті

әсерлерін» қамтиды. Автор физикалық, физико-химиялық және әлеуметтік психологиялық төтенше факторларды атап көрсетеді. Әлеуметтік психологиялық топқа «гипоынталандырумен» ерекшеленетін және «гиперынталандырушылық» типі бойынша әсер ететін факторлар бөлінген. Ол, адамның төтенше жағдайларға бейімделуі, көбінесе оның психофизиологиялық деңгейінің жоғарғы бейімділігімен анықталатынын, бірақ бейімделушілік стратегиясын тандау негізінен тұлғаның психикалық құрылымының ерекшеліктерімен анықталатынын атап көрсетеді [2].

Психикалық бейімделу, психикалық бейімделудің өзімен қатар (яғни психикалық гомеостазды қолдаумен) өз құрамында тағы екі аспектіні қамтиды:

- индивидуумның қоршаған ортамен үнемі өзара әрекеттесуін тиімділендіру;
- психикалық және физиологиялық сипаттар арасындағы пара-парлық сәйкестілікті орнату.

Бейімделу үрдістерін зерттеу эмоциялық күштену мен стресс туралы түсініктермен тығыз байланысты. Бұл стрессті ағзаның өзіне қойылған талаптарға айрықша жауап қайтаруы ретінде анықтауға жіне оны жалпы (ортақ) бейімделу синдромы ретінде қарастыруға негіз болды.

Қазіргі таңдағы қоғамда «экология» ұғымы ретінде негізінен адами білім мен тәжірибенің үш аумағы белгіленеді:

1. Өсімдік және жануарлық ағзалардың және олар құратын тірі ағзалар мен қоршаған орта арасындағы шамалас қатынастарын зерттеумен айналысатын *ғылыми биология* саласы. Экология нысанасына тірі ағзалар популяциясы, экожүйе және жалпы биосфера кіреді. Өз атауын экология XIX ғ. соңында Э.Геккелдің еңбектерінің арқасында алды. Психикалық құбылыстар ол уақыттарда экология пәніне кірмегендігі түсінікті. Алайда дәл қазіргі уақытта, С.Д.Дерябо мен В.А.Ясвин есептегендей, экологиялық- психологиялық зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі болып табылатын психологиялық экология өзінің нысанасы мен әдістері бойынша психологияға емес, негізінен экологияға жатады [3].

2. Әр түрлі ғылымдардың геология, география, биология, ғарыштану (космонавтика), экономика, әлеуметтану, педагогика және әрине, экологияның мүдделерін біріктіретін Жердегі тіршілікті зерттейтін *пән аралық ғылыми тұрғы*. Аталған ғылымдардың жүйесін құрайтын пән аралық тұрғыда негізгісі: жер шары табиғи құбылыс ретінде әлемдік экожүйе, ал адамзат осы жүйенің бір бөлігі деген көзқарас;

• Қазіргі өркениеттің ғылыми-техникалық дамуы ғаламшарлық көлемдегі құбылыстармен сәйкес келетін технология деңгейіне жетті, нәтижесінде олардың ойланбастан орынсыз қолданылуы жер шарындағы табиғи экологиялық тепе-теңдік бұзылуының қайтарылмас (жағымсыз) нәтижелеріне, яғни жалпы экологиялық дағдарысқа алып келуі мүмкін;

•Таяудағы он жылдықта адамзат дамуының экономикалық парадигмасының басымдылығы (приоритеті) экологиялық парадигмаға ауысуы қажет. Соған сәйкес эволюцияның ғылыми-техникалық және әлеуметтік тенденциясы Ғаламшардың және Адамның өзінің дамуының табиғи заңдылықтарын ескеруі керек. Осындай жағдайда Адам ғаламшарлық және тіпті ғарыштық көлемдегі тіршілік иесі ретінде қарастырыла бастауы тиіс. Зерттеу нысанасы ретіндегі психикалық құбылыстардың мөлшері, олар «адам экологиясына», «қоршаған ортаны қорғау психологиясына», «әлемдік өзгерістер психологиясына» қаншалықты кіретіндігіне байланысты карастырылады.

3. *Дүниетанымдық ұстаным* - оған сәйкес Жердегі тіршіліктің (өмірдің) сақталуы адамның жеке-даралық және қоғамдық дамуының іргелі өмірлік құндылығы ретінде беріледі. Бұл мәселе қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарда: әлеуметтану мен философияның, педагогика мен психологияның назарында тұр. Дәл осы жағдайда экология мен психологияның байланысы ең алдымен «экологиялық сана мен мәдениеттің психологиясы» ретінде қарастырылады.

Қазіргі кезде былай деп бекітуге болады:

• Экологиялық-психологиялық бағыттағы зерттеулер шын мәнінде тек психологтардын ғана емес, сондай-ақ педагогтардың, экологтардың, биологтардың және басқа маман өкілдерінің үлкен қызығушылықтарын тудырып отыр;

• Экологиялық-психологиялық зерттеулердің бастауы ретінде адамның психикалық үрдістерін, оның санасы мен жағдайын, сондай-ақ адамның психикалық дамуын, білім алуын, мінез-құлқын және онын психикалық денсаулығын осы индивидтің қоршаған ортамен (табиғи, акпараттық, білімдік, жанұялық т.б.) және жалпы табиғатпен байланысынан тыс, яғни «Индивид- Орта», «Адам-Орта» немесе «Адам-Табиғат» жүйелерінен тыс қарастыруға болмайтындығы туралы түсінік болып табылады, ал әртүрлі мамандар бұл жүйелердің құрылымдық және қызметтік мазмұндарын түрліше ұсынады;

• Экологиялық-психологиялық зерттеулер қазіргі таңдағы психологияның жалпы жағдайына тән тұжырымдамалық және эмпирикалық әртүрлілікпен сипатталады.

Мәселе экологиялық дағдарысты жеңу, дамыған мемлекеттердегі қазіргі адамның жеке-даралық және қоғамдык санасында басшылық ететін ойлаудың технократиялық тәсілінің шеңберінде іске асырыла алмайтындығымен байланысты болып отыр. Адамның өзінің тіршілік ету ортасы ретіндегі - жер шары мен онын ресурстарын табиғатты сақтау қажеттілігін түсінудегі қайта бағдарлануын талап етеді, өйткені: мәселе табиғатқа әсер етудің технологиялық мүмкіндіктерінің өскендігіне емес, мәселе оны адамдар санасының бұрынғы деңгейінде қала отырып (табиғатқа, өзіне және басқа адамдарға деген) пайдаланып жатқандығында.

Тірі табиғатты сақтау бағытында адамзат баласы белгілі бір қадамдар жасап жатқаны мәлім. Алайда адамды жоюдың кері қайтарылмайтын ащы тәжірибесі де бар. Мұндай мәселелерге Қазақстанда Семей полигонында 40 жыл бойына жасалып келген ядролық сынақтарды (оның 100 жылдық немесе одан да ұзақ жылдарға созылатын салдарын) және Арал маңы аймағындағы экологиялық жағдайды жатқызуға болады.

Әдебиеттер:

1. Абеуова И.Ә., (Нығыметова Қ.Н.), Шерьязданова Х.Т. Денсаулық психологиясы мен педагогикасы. Алматы, 2023.
2. Короленко Ц.П Психофизиология человека в экспериментальных условиях. – Л., 1978.
3. Дерябо С.Д., Ясвин В.А Методологические проблемы становления и рахвития экологической психологии // Психологический журнал. 1996. -т. 17.-№6.

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ

Алимбекова А.А.,
Философия докторы(PhD), қауым, профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ
Садықова Г.С.,
Журналистика тарихы магистрі
Сайнов А.,
6В01801-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
2-курс студенті

Аннотация. Мақалада девиантты мінез-құлық мәселелері мен оның пайда болуы қарастырылған. Қазіргі қоғамда орын алып отырған девиантты мінез-құлық – жасөспірім-дердің қылмыстық іс-әрекетке баруы, алкоголизм, нашақорлық, құмар ойынға әуестенуі, психикалық бұзылуы суицидке әкелетіні туралы ғалымдардың идеялары теориялық негізделген.

Түйін сөздер: девиантты мінез-құлық, құқық бұзушылық, жасөспірім, қылмыс, тәрбие, мәдениет, әлеуметтік педагогика.

Аннотация. Статья предусматривает вопросы девиантного поведения и его возникновения. Теоретический обоснованы существующие в современном обществе идеи ученых о девиантном поведении: подростковом преступлении, алкоголизме, наркомании, азартных играх, психических расстройствах, суициде.

Ключевые слова: девиантное поведение, правонарушения, подростковая преступность, воспитание, культура, социальная педагогика.

Abstract. The article covers issues of deviant behavior and its occurrence. The ideas of scientists existing in modern society about deviant behavior: teenage crime, alcoholism, drug addiction, gambling, mental disorders, suicide are theoretically substantiated.

Key words: deviant behavior, crime, teenage crime, education, culture, social pedagogy.

Кіріспе

1920-1930 жылдары девиантты мінез-құлық және қиын балалар ұғымы пайда бола бастады. Бастапқыда ғылым саласында емес, күнделікті өмірде қолданылып жүрді. Араға біраз уақыт салып, 1950-1960 жылдардың басында қайтадан қолданысқа енді. Ең алғаш бұл мәселе бойынша зерттеу жүргізген П.Блонский болды, ол өз зерттеулерінде девиантты деп мінез-құлқында ауытқуы бар, кәмелетке толмаған балаларды қарастырды. Девиант кең мағынасында – жолдан тайған немесе нормадан ауытқыған кез келген адам. Мәселені осылай қойған кезде ауытқудың түрі мен деңгейі туралы да айту жөн. Девианттық мінез-құлықтың пайда болуының бірнеше себептері бар:

- әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық, әлеуметтік жағдайдың төмендеуі, жемқорлық т.б;
- моральдық этикалық фактор, қоғамның моральдық-адамгершілік касиетінің төмендеуі, рухани азғындау жеке адамның қоғамдық ортаны жатсынуы;
- девианттық мінез-құлыққа қоршаған ортаның немқұрайлы қарауы, әсіресе, отбасындағы нашар тәрбие, психофизикалық ауытқулар т.б.

Осының барлығы рухани дүниенің дағдарысына әкеліп, өмір сүру мәнінің жоғалуына алып келеді.

Қазіргі таңда девиантты мінез құлық адамдарда жиі кездеседі, оның қатарында мектеп қабырғасында жүрген жасөспірімдер де болуы мүмкін. Мектеп оқушыларының әлдекімдерден қысым көріп, өзіне қол салып немесе қиын жағдайларға тап болып жатқанын естиміз, білеміз. Бұл мәселе бүгінгі күнде қоғам тарапынан басты назарда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына

Жолдауында «Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек... Еліміздің келешегі саналатын жас ұрпақты көптеген қысымдардан қорғау арқылы, білімді де білікті тұлғалар тәрбиелей аламыз». [1]

Сонымен қатар, «Балалардың қауіпсіздігін күшейту мақсатында алғаш рет баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидалары бекітілді. Бұл психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың жұмысын жүйелеуге, жұмыс принциптерін реттеуге мүмкіндік берді» Жеке қолдау көрсетуге қолжетімділікті арттыру мақсатында ата-аналардың, білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары, ішкі істер органдары қызметкерлерінің, білім алушылардың оларға қатысты жәбірлеу (буллинг) фактілері туралы өтініштері кезінде іс-қимыл алгоритмі әзірленді. Жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидаларының негізгі мақсаты – баланы жәбірлеуге (буллингке) нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, - деген болатын. [2]

Зерттеуші ғалымдардың тұжырымдамаларына жүгінсек девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерге тән ортақ мінез-құлық: ол ата-анасы мен ұстаздарына қыр көрсету, бір нәрсені өзінше жасау, үлкендердің тілін алмау, іс-әрекеті жағымсыз адамға еліктеу, темекі тарту, біртіндеп ішкілікке үйрену, ұрлық жасау тағы сол сияқты болып келеді. Осындай жат қылықтарға немқұрайлы қарау – жасөспірімдерді теріс жолға түсіріп, одан ары қылмыс жасауға итермелейді, адамгершілік ардан алыстатып, бара-бара қоғамға сүйкімсіз, жеккөрінішті адам қатарына қосары сөзсіз. Жасөспірімдік шақта балалардың әртүрлі нәрсеге қызығушылығы артып, бейімделгіш келеді, мінезі ерекшеленіп, өзінің өмір жолына көз жіберіп, ой елегінен өткізуге тырысады, оқудың мәнін, мақсатын түсініп, ұжымдағы өз орнын білгісі келеді. Баланың жат қылыққа әуестенуінің негізгі себебі: білімінің, мәдениет деңгейінің төмендігі, ең бастысы, қызығушылықтың шектеулілігі, қоғамдық пайдалы іске деген ниеттің жоқ болуы. [3]

Негізгі бөлім

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының мәселесін қазақстандық А. Жұмабаев, Л. Керімов, Э.Шыныбекова, Г. Уманов, Ш. Жаманбалаева, Д.Қазымбетова,

Т. Шалғымбаев, А.М.Қарабаева және т.б. педагог-психологтар мен әлеуметтанушылар да қарастырып жүр. Бұл зерттеушілердің пікірінше девиантты сияқты жағымсыз қасиеттің қалыптасуына әлеуметтік-педагогикалық факторлардың әсер ететінін зерттеген. Жасөспірім-дердің девиантты мінез-құлықтарын спорт, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, мектепке деген ықпалды күшейту, бойындағы белсенділікті арттыру, ұжымдағы әрекеттерге араластыру арқылы жеңудің әртүрлі жолдарын көрсетіп берген.

Қиын балалардың жеке ерекшеліктерін, қоғамдық, әлеуметтік өмір жағдайымен, тәрбиелік факторлардың өзара әрекеттестігімен біртұтастықта алғашқы болып кешенді зерттеген П. Блонский (1936) болды. Зерттеудің негізгі мақсаты қиын балалардың мінез- құлық тарихын мектеп, отбасы арқылы ашып көрсете отырып, өмірін анықтау. Сонымен қатар, қиын балаларға мұғалімнің қатынасы арқылы қиын оқушы терминін нақтылау еді.

П. Блонский «Қиын бала – бұл ең алдымен кәдімгі бала, оған табиғи қарапайым тұқымқуалаушылық тән», - деген. Айырмашылығы, ол педагогикалық қараусыз қалған. Сондықтан, оны дені сау қараусыз қалған бала ретінде тәрбиелеу керек деп нұсқаулы ой қорытады.

Әлеуметтануда ауытқыған мінез-құлықтың пайда болуының себептерін түсіндіретін бірнеше бағытты бөліп көрсетеді. Н.Смелзер "Девиантты мінез-құлық деп қоғамда қалыптасқан нормалар мен типтерге сай келмейтін іс-әрекеттерді түсіну қажет", - деп жазған. Кейбір зерттеушілер аталмыш ұғымды анықтауда қосымша, дәлірек анықтайтын белгілерді енгізуді ұсынады. Сонымен, Р. Мертон "Әлеуметтік құрылым және аномия" себептері қоғам ұсынған мақсаттар мен оларға қол жеткізу құралдарының арасындағы келіспеушілік деп есептейді, басқаша айтқанда, адамдар аномия күйіне әртүрлі жолдармен, яғни конформизммен немесе мінез-құлықтағы ауытқулардың әр алуан түрлерімен бейімделеді. В.Фокс девиантты

мінез-құлық "Тәртіп бұзушыны түрмеге қамауға немесе басқа жазаға тартуға әкелетін, нормадан ауытқу" деп есептейді. Девиантты мінез-құлықтың айқын мысалы – есірткі заттардың қолданылуы. Оның психологиялық мәселесі (есірткіге психологиялық тәуелділік) және медициналық (наркотикті теріс пайдалану), физикалық тәуелділік – нашақорлық. [4]

Психолог Л.Выготский «Қиын балалық шақтың педалогикалық клиникасы және дамудың диагностикасы» еңбегінде «Жеке адамның күйзелісімен күресу, оның себептерін жою жолымен ғана емес, сонымен бірге адамды жөнге салудың белсенді жолымен, білім бірлігімен, дамуына жағдай жасау арқылы да нәтижеге жетуге болады» деп тұжырымдай отырып, қиындықты тәрбие арқылы түзетудің, осы қайшылықпен күресудің нақты жолын анықтап берді. [5]

Девиантты мінез-құлық деп әлеуметтік нормадан ауытқуды айтады. Оны қоғамда қабылданған нормаға қарама-қайшы әрекет жүйесі ретінде анықтайды. Девиантты мінез-құлық екі үлкен категорияға бөлінеді. Біріншіден бұл психологиялық денсаулық нормасынан ауытқу. Екіншіден, бұл қандайда бір әлеуметтік-мәдени нормаларды, әсіресе құқықтық норманы бұзатын антиәлеуметтік іс-әрекет. Сондай-ақ девиантты мінез-құлық бұл балалар мен жасөспірімдердің әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды үнемі жасауы, оқудан, жұмыстан қасақана жалтаруы, отбасынан немесе балаларды оқыту-тәрбиелеу ұйымдарынан үнемі кетіп қалуы, сондай-ақ олардың қылмыстық жауапкершілікке жатпайтын қылмыс белгілері бар, қоғамға қауіпті әрекеттер жасауы. Дж.Смелзер девиантты мінез-құлықты изоляцияға емделуге, түрмеде қамалуына және басқада құқық бұзудың жазалауларына әкелетін топтық нормадан ауытқу деп санады. В.Добреньков және А.Кравченко "Қоғамдық көзқараста мақұлданбайтын әрбір қылықты девиантты мінез-құлық" деп атады. Қазіргі таңда зерттеушілер арасында девиантты мінез-құлық мәселесіне деген қызығушылықтар көптеп байқалуда. Девиантты мінез-құлықты ғылыми зерттеу психология, криминология, психопатология, әлеуметтану ғылымдарында жүзеге асуда. Балалармен, жасөспірімдермен, жеткіншектермен жұмыс жасайтын психологтардың, әлеуметтік педагогтардың, әлеуметтік жұмыскерлердің негізгі міндеті олардың мінез-құлқында кездесетін жағымсыз ауытқулардың алдын алу болып табылады.[6]

Девиантты мінез-құлықтың алдын-алу – бұл индивидке әлеуметтік ортаның жағымсыз факторларының әсерін жоюға және олардың қалыпты өмір деңгейін қорғауға, денсаулығын сақтауға және қолдау көрсетуге бағытталған әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық және медициналық ғылыми негізделген және дер кезінде қолданылған кешенді шаралардың жиынтығы. Девиантты мінез-құлықтың алдын-алу шаралары жалпы және арнайы болып бөлінеді. Олардың алдын-алу шаралары жасөспірімдерге қоғамда қабылданған тәсілдермен өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беруге және жағдай жасауға бағытталған, сонымен қатар, индивидке өмірлік субъективті қиын жағдайларда дер кезінде кәсіби көмектер көрсету. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын алдын-алу үдерісі әртүрлі әлеуметтік институттар кешені арқылы жүзеге асады. Алдын-алу шараларына отбасы, мектептен тыс демалыс мекемелері: спорттық секциялар, клубтар, беделді тұлғалармен кездесу және т.б. сияқты әлеуметтік шаралар ұйымдастыру керек.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: "Әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбады" деген ой пікірге сүйене отырып, баланың мінезіндегі тек кейбір кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптасып дамуына, әлеуметтенуіне көмектесу қажет. Адамдар арасындағы қарым-қатынас (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады.

Девиантты мінез-құлықты көбіне жасөспірімдер арасында кездестіреміз. Себебі жасөспірімдік кезең – ең қиын, әртүрлі бұзақылықтардың пайда болатын және сонымен қатар

достық нормаларды игеруіне оңтайлы кезең болып табылады. Жасөспірімге тән қасиет – өзіндік тәуелсіздік, дербестік, басқаға бағынышты болмау. Сол себептен, өзінің күш-қуатын, жеке басының мән-мағынасын түсінуге ұмтылыс жасайды. Оны ұғынуға мектептегі оқу-тәрбие мен еңбек процесіне араласуынан байқауға болады. Себебі, девиантты мінез-құлықты балалар типтік ерекшеліктеріне байланысты тіршілік қиыншылықтарына кезігіп, оны жеңіп шығуға ішкі жай-күйі жол таба алмай әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қорғалмайды. Содан девиантты мінез-құлықты бала ешкімге керегім жоқ деген сезімге беріліп кінәні үлкендерге артып, айналасымен жан-жалдасуға, ұрыс-төбелеске бейімделеді. Қажеттіліктің орнын толықтырудың жолы – бос уақытын мақсатсыз пайдалану, мектеп тәртібіне бағынбау, заң нормаларын бұзу, қылмыстық іс-әрекетке бару. Кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқының көптеген себептері отбасына қатысты. Отбасы – әлеуметтенудің маңызды институтының бірі. Бала отбасында өте мықты, негізгі құндылықты, норманы, мінез-құлық стереотипін меңгереді. Отбасы – баланың дұрыс эмоционалды психиологиялық дамуының негізі.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек, 2023 жыл https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000939
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. 4-тарау. Балалардың қауіпсіздігі, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.
3. Акажанова А.Т. Девиантология. - Алматы, 2009. – Б.8.
4. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы. - Алматы, 2010. – Б.196-201.
5. Выготский, Л.С. Диагностика развития и педологическая клиника трудного детства / // Собрание сочинений: в 6 томах / Л.С. Выготский. –Москва : Педагогика, 1983. – С. 257-321.
6. Смелзер Н. Социология. Перс анг. - М: Феникс,1994. – Б. 294-296.

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Ерментаев Аян Бауыржанович,
«Әлеуметтік педагогика» мамандығының 1 курс докторанты,
Педагогика кафедрасы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-і
Ғылыми жетекші: Сейтқазы П.Б.

Аннотация. Мақалада рухани-адамгершілік құндылықтар білім мен тәрбие берудің негізі ретінде қарастырылған. Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай болашақ ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің бірден-бір жолы баланың рухани-адамгершілік құндылығын арттыру. Қазақстан Республикасы жалпы білім беру тұжырымдамасында жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, рухани-адамгершілікті қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндетінің ерекше аталуы біз көтеріп отырған мәселенің қоғам талабынан туындап отырғандығын дәлелдей түседі. Өйткені, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселелері көптеген ғылыми зерттеулерге арқау болған. Тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесінде бүгінгі күнді ғана емес, болашағын сәулелі күйде елестетіп, алға ұмтылатын, арманшыл, қиялы асқақ, рухы биік азамат тәрбиелеуге болады. Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде білім беру мен тәрбиелеу де біз әр баланы керемет рухани күш иесі деп қарап, демеу жасап, қуаттандырсақ, жүрегі нұрға толы, жан -жағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, өз елін, өз жерін, өз тілін, өз отбасын сүйетін, еңбекқор, адал адам тәрбиелейтініміз сөзсіз.

Түйін сөздер: рухани құндылықтар, адамгершілік, құндылық, білім, тәрбие, білім беру.

Аннотация. В статье духовно-нравственные ценности рассматриваются как основа образования и воспитания. В любую эпоху единственный способ научить и воспитать будущее поколение в соответствии с тем обществом – это повышение духовно-нравственной ценности ребенка. В концепции общего образования Республики Казахстан особое упоминание задачи раскрытия духовно-силовых возможностей личности, формирования духовно-нравственного и создания условий для развития каждого человека доказывает, что поднимаемая нами проблема является результатом запроса общества. Ведь проблемы формирования духовно-нравственных ценностей обучающихся основывались на многих научных исследованиях. В результате гармоничного развития личности можно воспитать мечтателя, жизнерадостного гражданина, представляющего не только настоящее, но и будущее в светлом состоянии, стремящегося двигаться вперед. Обучение и воспитание на основе духовно-нравственных ценностей, если смотреть на каждого ребенка как на человека, обладающего большой духовной силой, поддерживать и расширять его возможности, он станет добрым, гуманным человеком, который всегда стремится защитить свою страну, свою землю, его сердце полно света. Уверен, что мы воспитаем трудолюбивого, честного человека, любящего свой язык и свою семью.

Ключевые слова: духовные ценности, нравственность, ценности, образование, воспитание, образование.

Abstract. The article considers spiritual and moral values as the basis of education and upbringing. In any era, the only way to teach and educate the future generation in accordance with that society is to increase the spiritual and moral value of the child. In the concept of general education of the Republic of Kazakhstan, the special mention of the task of opening the spiritual and strength possibilities of an individual, forming spiritual and moral, and creating conditions for the development of each person proves that the problem we are raising is a result of the society's demand. After all, the problems of formation of spiritual and moral values of students were based on many scientific studies. As a result of the harmonious development of the personality, it is possible to raise a dreamer, a high-spirited citizen who imagines not only the present, but also the future in a bright state, strives to move forward. Education and upbringing on the basis of spiritual and moral values, if we look at each child as a person

with great spiritual strength, support and empower him, he will become a kind, humane person, who always strives to protect his country, his land, his heart is full of light. It is certain that we will raise a hardworking, honest person who loves his language and his family.

Key words: spiritual values, morality, value, education, upbringing, education

Қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасынан берік орын алған рухани-адамгершілік құндылықтарды, яғни ізгілік қайырымдылық, адалдық, әділдік, қарым-қатынас сияқты қасиеттерді, қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге байланыстырып, ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады. Яғни «тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» деген заңдылыққа сүйене келе, өскелең ұрпақтың бойына қоғам талабына сай рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды мақсат еткен білім беру мен тәрбие үдерісі ғана уақытпен үндесіп, қоғам мен тәрбиенің өзара байланысын түзетеді.

Рухани - адамгершілік тәрбие өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды [1]. Рухани - адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе.

Рухани-адамгершілік құндылықтар және оның тәрбиемен, біліммен сабақтастығы әрқашан қоғамның назарында болған. Бұл мәселе туралы ой-пікірлерді К.Д.Ушинский, Я.А.Коменский, Ш.А. Амонашвили сынды ұлы педагогтардың еңбегімен қатар, қазақ ойшылдары Қорқыт атадан бастау алып, орта ғасыр ойшылдарының шығармаларымен, дала данышпан жырауларының поэзиясымен, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты ұлы ағартушылардың шығармаларымен аяқталатын Орхон жазуының ескерткіштерінде келтірілген. Аталмыш еңбектерде адамның рухани-адамгершілік құндылықтарын жетілдіру жолында тынымсыз еңбек еткендігінің бір ғана мысалы. Сонымен қатар М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбергенұлы, С.Торайғырұлы және т.б. үйлесімді дами алатын, мейірімді қоғам моделін құрғысы келгендердің барлығы өздерінің жазбаларында ең алдымен қоғамды құрайтын адамдардың құндылық бағдарлары мен санасы, дүниетанымы мен имандылық көзқарасын, мінез-құлық ерекшеліктеріндегі адамгершілік қасиеттердің қалыптасуын сөз еткен [2,3,4].

Бірқатар Қазақстанның жетекші ғалымдары да білім мен тәрбие беру барысында рухани-адамгершілік құндылықтарды қолданудың тиімділігін сөз етекен. Мәселен, Р.К.Төлеубекова «Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану» мәселесін зерттесе, Тлеулесова А.Ш. «Көркем шығарма арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуді», ал Шынтаева Н.С. «Қорқыт ата мұралары арқылы оқушылардың рухани адамгершілігін қалыптастыруды» қарастырса, Кожагелдиева С. «Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» мәселесін жан-жақты зерттеген [5,6,7,8]. Аталмыш зерттеулерде рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде өзіндік тұлғасын сақтап қалу; өз мүмкіндіктерін, дарынын дамыта білу; міндетті түрде «жақсы» мен «жаманды» ажырата білу; өзінің ниетіне, сөзіне және іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау; өзімен және қоршаған ортамен жарасымды өмір сүру; адамдарға әрқашан қолынан келгенше көмектесу; өзінің ішкі «Менін» жоғалтпай, ар-ұжданымен өмір сүру; қоғамның игілігі үшін еңбек ету, үнемі кемелденіп отыру; талмай еңбек ету, ең бастысы халықтық мұраны, озық дәстүрлерді, көркем шығармаларды, ана тілін құрметтеу мәселелері көтерілген. Мұның барлығы – үйлесімді дамыған тұлғаның негізгі өмірлік ұстанымдары, яғни рухани-адамгершілік құндылықтардың бойында қалыптасуы мен дамуына негізделген.

Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Құндылықтар – қасиеттер. Олар бізге бала кезден, ана сүтімен бірге, ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрптары мен салт-дәстүрлерін

игеру нәтижесінде орныгады. Құндылықтар әр адам үшін әр түрлі болады. Реттілігіне қарай, маңыздылығына қарай өзгеріп отырады [9].

«Рухани кәусар бұлаққа барар жол іздеу әр адамның міндеттерінің бірі дей келе, оған тек жалпыадамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарды оқыту мен тәрбие беруде тиімді пайдалану арқылы ғана жетуге болады. Рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап отырған жаңа нарықтық қоғам салтына сай тиімді қолдану заман талабы. Бұл жағдайлар адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы мен оларды жүзеге асыруға түрткі болатын рухани-адамгершілік құндылықтарды зерттеу қажеттіліктерін туғызды. Осындай жағдайларда қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту және жастарды оқыту мен тәрбие беру технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындауда.

Рухани-адамгершілік құндылықтардың мәні, білім бері мен тәрбие берудегі маңызы туралы қазақ ғұламаларының, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтарының ой-пікірлері мен көзқарастары жетекілікті. Бүгінгі таңда сұраныс қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, оқу-тәрбие жұмысын рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде ұйымдастырып, мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігін айқындап отыр.

Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет, әрі адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына негізделген [10]. Адамгершілік қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді.

Рухани тәрбие – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды.

Қазіргі таңда білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет пен мінез-құлқын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай: «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі», ол дегеніміз құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туғанынан басталуы керектігін меңзейді. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал, үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған [11]. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқаратындығы сөзсіз.

Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде білім беру мен тәрбиелеу – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, бойындағы қабілеті мен дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына септігін тигізері анық. Ал, рухани адамгершік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған.

Түйіндей келе, бүгінгі жаңа қоғамға лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, мектептің, барша халықтың міндеті. Жас ұрпақты өкінбейтіндей етіп, қателіксіз, уайым-қайғысыз, зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге, өмірлері қуаныш пен шаттыққа толы болуға үйрету – біздің қасиетті парызымыз.

Рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген білім беру мен тәрбиенің арқасында жас ұрпақ бойына жақсы қасиеттерді қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар Жаңа Қазақстанның іргетасын құруға, болашақ ұрпақтың салихалы болуына өз үлестерін қосары

сөзсіз. «Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақыт та қонады» деген сөзбен тобықтай сөздің түйіні демекпіз.

Әдебиеттер:

1. Рухани құндылық – ұлт қуаты. https://ile-tany.kz/2021/08/17/ruhani-ndyly-lt-uaty/
2. Игенбаева. Б.Қ. Мен – Адаммын, жеке тұлғаның рухани- адамгершілігін дамыту сабақтарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік құрал. Алматы – 2000. -120б.
3. Ботабаева, А. Этнопедагогика. / А. Ботабаева, Н. Ботабаев, Л. Булетова. – Шымкент, 2012. – 172 б.
4. Жарыкбаев, К.Б. Национальные аспекты обучения и воспитания. / К.Б. Жарыкбаев, С. Калиев. – Алма-Ата, 1990.
5. Толеубекова Р.К. Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану: пед. ғыл. канд.... дисс. Автореферат / Р.К. Толеубекова. – Алматы, 1993. -33б.
6. Тлеулесова, А.Ш. Көркем шығарма арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу (5-9 сыныптардағы гуманитарлық пәндер негізінде).: пед. ғыл. канд.... дисс. Автореферат / А.Ш. Тлеулесова. – Астана, 2008. -35б.
7. Шынтаева, Н.С. Қорқыт ата мұралары арқылы оқушылардың рухани адамгершілігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд.... дис. Автореферат / Н.С. Шынтаева. – Алматы, 2009. -34б.
8. Кожагелдиева С. Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: пед. ғыл. канд.... автореф. / С. Кожагелдиева. – Түркістан, 2006. -32б.
9. Духовно-нравственное воспитание: вопросы теории, методологии и практики в российской школе. И.В.Метлик, И.А.Галицкая, А.В. Ситников. Под ред. д.п.н. И.В.Метлика.- М.:ПРО-ПРЕСС, 2012.- 264 с.
10. Вавилова, И.В. Формирование нравственной воспитанности личности ребенка в условиях дошкольного образовательного учреждения : автореф. дис. … канд. пед. наук / И.В. Вавилова. –Екатеринбург : РГПУ, 2009. – 23 с.
11. Куантаева К.К. Некоторые вопросы нравственного воспитания./ К.К. Куантаева. – Алматы, 2012, -97б.

ҒТАМР: 14.15
ӘОЖ: 371.02

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТОПТАРЫНДА ЛАТЫН ТІЛІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Абдульдина Базар Шариповна,
аға оқытушы.
Баянбаева Айгуль Амангельдиевна,
аға оқытушы
Қазақстан-Ресей медициналық университеті
Тілдік пәндер кафедрасы

Аннотация. Мақалада медициналық жоғарғы оқу орындарының міндетті білім беру стандарттарындағы «Латын тілі» пәнінің алатын орны мен маңызы жөнінде болады. Сонымен қатар, латын тілінің қазақ және орыс топтарында медициналық терминологияны үйретудің тиімді жолдары сөз болады.
Түйін сөздер: медициналық терминология, лексикалық-тақырыптық принцип, анатомиялық-гистологиялық терминология, клиникалық терминология, фармацевтикалық терминология.

Аннотация. В статье будет рассказано о месте и значении предмета «латинский язык» в обязательных образовательных стандартах медицинских вузов. Кроме того, в казахской и русской группах латинского языка будут рассмотрены эффективные способы обучения медицинской терминологии.
Ключевые слова: медицинская терминология, лексико-тематический принцип, анатомо-гистологическая терминология, клиническая терминология, фармацевтическая терминология.

Abstract. The article will talk about the place and meaning of the subject "Latin language" in the mandatory educational standards of medical universities. In addition, effective ways of teaching medical terminology will be considered in the Kazakh and Russian Latin language groups.
Key words: medical terminology, lexico-thematic principle, anatomical and histological terminology, clinical terminology, pharmaceutical terminology.

Медициналық жоғары оқу орнында оқытылатын «Латын тілі» курсының басты міндеті – сабақ барысында қалыптасатын тілдік құзіреттіліктердің көмегімен кәсіби құзіреттіліктерді дамыту болып табылады. Халықаралық тәжірибелердің негізінде латын тілі сабақтарында халықаралық сипаттағы медициналық клиникалық терминдерді оқытып,үйретудің тиімді де ұтымды әдістері қалыптасқан. Европа халықтарының мәдениет пен ғылымы саласында үлкен роль атқарған латын тілі қазіргі уақытта да өз маңызын жойған жоқ. Медицинада латын тілі анатомия мен фармокологияның халықаралық терминологиясы ретінде және рецепт жазуда пайдаланылатындығы белгілі. Латын тілін білгендіктен, әлемнің әртүрлі мемлекеттерінің дәрігерлері бір-бірін жақсы түсінеді. Анатомия мен фармакологияда латын тілі ерекше орын алады. Адамның дене мүшелерінің әрқайсысы латын тілінде аталған. Дәрілердің атаулары да латын тілінде. Қысқасы, латын тіліңсіз медицинада жол жоқ. Латын тілін оқу үдерісінде тәжірибелік және ғылыми жұмыстарды орындауда студенттер медициналық терминологияны сауатты қолдану үшін латын тілін меңгеруге, оқып, білуге міндетті. Кез келген өркениетті мемлекеттегі аса маңызды қоғамдық саланың бірі - медицина саласы деп қарастыратын болсақ, осы саланың қолданыс тілінің оқытылу мәселесі де алдыңғы орында болуы тиіс. Латын тілі өз деңгейінде оқытылғанда ғана, медициналық терминологияны сауатты меңгерген дәрігерлер дайындауға болады. Латын тілі сабағында анатомиялық, фармацевтикалық және клиникалық терминология жүйелі түрде оқытылуға тиіс. Ең басты кәсіби міндет –

терминологиялық жағынан сауатты, білімді дәрігер дайындау. Болашақ дәрігерлерді терминологиялық жағынан даярлау – бұл тек қана терминологияны түсініп, ұғыну емес, сондай-ақ, олардыкәсібиқызмет барысында белсенді түрде қолдануға машықтандыру болып табылады. Латын тілін болашақ дәрігерлерге үйретудің өз ерекшеліктері бар. Латын тілін гуманитарлық мамандықтар бойынша оқитындардан өзгеше, медициналықбағытта латын тілі тұтастай алынып, қатаң түрдетек қана мамандыққа бейімделген бағытта оқытылады. Қазіргі оқулықтар да, оның ішінде, Қазақстан-Ресей медициналық университетінің оқытушылары құрастырған «Латын тілі және медицина терминологиясының негіздері» атты оқуқұралы да лексикалық-тақырыптық принципке сәйкес құрылған және төмендегідей модульдерден тұрады: анатомиялық-гистологиялық терминология, клиникалық терминология, фармацевтикалық терминология. Курс барысында кәсіби терминдерді: анатомиялық атауларды, ауру атауларын, зерттеу жүргізу мен емдеу әдістерінің, дәрілердің түрлерінің, препараттардың, дәрілік өсімдіктердің, химиялық заттардың атауларын оқып-үйренуге және оларды есте сақтауға басты назар аударылады. Ол үшін, алғашқы сабақтан бастап-ақ, білім алушыларды осы бағытта ынталандыру мақсатында дәрістер оқу керек. Дәрісханалық және өзбетіндік сабақтардың негізгі бөлігі терминдерді, терминдік элементтерді талдауға, терминдерді қазақ, орыс, латын тілдеріне аударуға арналады [1, 5 б.]. Пәнді оқыту барысында латын тілінің грамматикасы қарастырылады: студенттер сөздің тұлғаның негізін анықтап, олармен сөзтіркестерін құрауды үйренеді. Осы ретте, грамматикалывқ материал латын тілінде қандай көлемде берілу керек деген заңды сауал туады. Латын тілісабақтарында қолданылатын М.Н.Чернявский мен А.Тубажановаңың оқу құралдарында осы әдістеме басшылыққа алынады. Демек, терминология лексикалық және тақырыптық жағынан өте тыңғылықты түрде оқытылады, клиникалық терминология мен морфологиялық пәндердің терминологиясымен байланыстырылып, пән аралық байланыс іс жүзінде жүзеге асады. Осы ретте, латын тіліндегі терминологияны оқытып, үйретудің оңтайлы жолы – ол славян, балтық, үнді, иран тілдерінің латын тілімен бірге үндіевропалық тілдердің тобына енетіндігі. Грек-латын текті терминология осы аталған барлық тілдерде ең алдымен, ағылшын тілі арқылы сәйкестендіріледі. Латын грамматикасын үйретуде басшылыққа алынуға тиіс ең басты принцип – ол латын тілінің грамматикалық категорияларын орыс және қазақ тілдеріндегі ұқсас құбылыстармен салыстыра, салғастыра отырып талдау жасау болуға тиіс. Сонымен қатар, тек латын тіліне тән грамматикалық категорияларды үйренуге баса назар аудару керек. Бұл түгелдей латын тіліне негізделген халықаралық тілдік терминологияны меңгеруге алғы шарт болып табылады. Сонымен, қорыта айтқанда, латын тілі курсын толық оқу барысында білім алушылар медициналық терминологияны меңгеріп қана қоймайды, сондай-ақ, шетелдік және отандық мәдени терминологияның мән-мағынасын да барынша толыққанды ұғынып, түсінуге мүмкіндік туады [2, 56 б.].

Әрине, медициналық оқу орындарының студенттеріне латын тілін оқытудың өз ерекшеліктері де бар. Гуманитарлық мамандықтардан ерекшелігі – медициналықжоғары оқу орындарында латын тілін оқыту қатал түрде кәсіби түрде мамандыққа бағытталған сипатта өтеді. Сондықтан да, қазіргі заманғы латын тілі оқулықтары лексикалық-тақырыптық принциптерге сәйкес құрылған және олар төмендегідей модульдерден тұрады:

1. Термин құрастырудағы ең өзекті латын графикасының элементтері.
2. Анатомиялық-гистологиялық терминология.
3. Анатомиялық терминдердің құрылымы
4. Зат есім морфологиясының элементтері
5. Сын есімдердің екі тобы. Сын есімнің шырайлары.
6. Терминологиялық сөзжасам, әдістері.
7. Клиникалық терминдердің құрылымы, жасалу жолдары.
8. Фармацевтикалық терминология және рецепт, құрылымы т.б.

Медициналық оқу орындарында латын тілін өзге пәндермен біріктіріп, кіріктіріп оқыту әдісінің ұтымдылығы айтпаса да түсінікті. Себебі, латын тілінің грамматикасы қазақ және орыс және ағылшын тілдерінің грамматикасымен салыстырыла, салғастырыла түсіндіріледі. Латын тілі шетел тілі немесе басқа тіл ретінде ғана есептелмейді, ол адамның қалыпты және

топографиялық анатомиясының жекелеген бөлігі ретінде қарастырылады. Сондықтан латын тілі физиологиялық-анатомиялық ғылымдардың ішінде ерекше орын алады. Латын тілін оқыту әдістемесі дәл және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесіне мүлде ұқсамайды, сондықтан, бұл пәнді оқытуға ерекше әдіс керек, себебі бұл тілде ешкім сөйлемейді. Ең бірінші кезекте, білім алушыларды ерекше әдістермен қызықтыра білуіміз керек, әр сабақ сайын бұл пәннің жаңа қырларын тауып, таныстырып отыру қажет, латын тілінің олардың болашақ мамандықты игеруде қандай маңызы бар екенін барынша жеріне жеткізе түсіндіріп отыру қажет. Ең алғашқы кезекте, білім алушыларға адам денесінің әрбір мүшесінің орфографиялық жағынан дұрыс жазылуын үйрету керек. Студенттерге түсінікті және қарапайым тілде жоғары оқу орнында оқытылатын басқа пәндермен мысалы: орыс, ағылшын тілдерімен, анатомия, физиологиямен, қоғамдық денсаулықты сақтау негіздері пәндерімен бірлесе отырып, білім беру керек. Басқаша айтқанда, латын тілін оқытудағы ең басты мақсат - білім алушылардың медициналық терминологияны меңгерудегі құзіреттіліктерін арттыру, олардың оқып, жазып, аудара білуі, сондай-ақ, мәтіннің мәнін түсіне білуі үшін құзіреттіліктерін арттыру болып табылады. Тілдік емес оқу орнында, бір семестрге ғана бөлінген аз сағаттың аумағында латын тілін үйретудің өзіндік қиындықтары да бар. Олар: латын тіліне бөлінген кредит санының аздығы, білім алушыларда тілдік құрылымдармен жұмыс істеу қабілетінің жоқтығы. Ең алғашқы сабақтардан бастап, дифтонг пен диграфтардың айтылу ерекшеліктерін ескеру керек.

Латын тілін басқа пәндермен біріктіре оқыту қалай өтуі мүмкін Мәселен, зат есімдердің септелуі, жекеше және көпше түрлері, септеулер мен олардың түрлері, жалғаулары, сынесімдердің түрлері мен шырай категориялары т.б. тақырыптарды өту барысында, қазақ және орыс, ағылшын тілдерімен міндетті түрде салыстыра өту қажет.

Болашақта латын тілі оқытушыларының көмегімен қазақ және орыс аудиторияларындағы білімалушыларға арналып, түрлі оқу әдістемелік құралдар жасалуы қажет. Олар: оқу әдістемелік құралдар кешені: дәрісханалық және білім алушылардың сабақтан тыс өзбетіндік жұмыстарына арналған жұмыс дәптерлері, тест тапсырмаларының жинақтары, оқу және басқа да қызмет түрлерін ұйымдастыру жәнеоларды жүзеге асыру, оқу материалдарын трансляциялау әдістері (кейс-технология, желілік технология); оқу үдерісін ұтымды ұйымдастыру; бақылау және өзін-өзі бақылау жасау жолдары т.б

Қысқасы, білім алушылардың тілдік құзіреттілігін арттыру мақсатында, латын тілінің оқытылу ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ және орыс аудиторияларында оқытудың ұтымды әдістерін таңдау қажет. Медициналық оқу орнының талаптарына сәйкес, лексикалық және грамматикалық материалдарды, минимумдарды жалпы халықаралық деңгейде қабылданған терминдерді толыққанды меңгеру үшін, кез келген оңтайлы әдістемелерді қолдану қажеттігі туады. Белгілі бір лексикалық сөздік қорды есте сақтау үшін, білім алушылар латын тілінің грамматикасы негіздерін өте жоғары деңгейде меңгерулері қажет. Грамматикалық және лексикалық минимум болашақ дәрігерлер үшін қажет терминдерді өз деңгейінде меңгеру үшін қажет. Көрнекі құрал ретіндегі мультимедиялық материалдарды жасау және ғаламтор қорындағы деректерді пайдалану латын тілін меңгеру жолындағы үдерісті оңтайландырады және қазіргі заманғы сапалы тілдік әдістемелік құралдарға қол жеткізеді.

Латын тілін қазақ және орыс топтарында оқыту нәтижесінде курс соңындамедициналық оқуорындарында латын тілін оқып-үйренудің кейбір ерекшеліктері мен тиімді жолдарын саралап, зерттейміз. Мәселен, білім алушыларға латын тілі пәнінің қай бөлімдері оқып-үйренуге қиындық тудырды; қай тақырыптар білім алушылар арасында ерекше қызығушылыққа ие болды, жалпы латын тілі курсын оқытып-үйретудің ұтымды жақтарын анықтау; латын тілін үйрету әдістемесіне кейбір түзетулер енгізу қажет деген сауалдар бойынша оқу жоспарын да қайта қарап, нақтылауға тура келеді.

Студенттердің өз бетінше орындалатын жұмыс түрлерін орындау барысында студенттің сабақ барысында алған білімін қорытындылайды және жаңа тақырып негізінде жаңа білім алады. Әрине, осы ретте ескеретін бір жайт: медициналық жоғары оқу орнындағы латын тілі сабақтарында классикалық латын тілі оқытылмайды, тек үш анатомиялық, фармацевтикалық және клиникалық терминология жүйесіне негізделген медициналық терминология оқытылады.

Міне, болашақ дәрігерлерге оқытылатын «Латын тілі» пәнінің осы ерекшеліктері өз бетіндік жұмыстарды ұйымдастыру барысында да ескерілу керек. Латын тілі сабағы барысында оқытушы бар болғаны ең негізгі оқу материалдарын ғана ұсынады және ол материалдар әрі қарай тіл үйренушінің өз бетіндік жұмыстарымен толықтырылуы қажет. Осы ретте СӨЖ ол айқын мақсатқа сай, жүйелі түрде және жоспарға сәйкес жүргізілгенде ғана оң нәтижелер беретіні айқын. Олар: СӨЖ ді ай мен апталарға негізделіп жасалу керек, СӨЖ жоспары практикалық сабақтардың тақырыптық жоспарына, сәйкес болу керек, СӨЖ ді өткізу түрі, тақырыпты таңдау және орындалу мерзімін анықтауда, өзара бәр бірімен байланысты пәндерді қатар оқу, бағалау критерийлерін анықтау жағы ескеріледі.

Өзіміз қызмет ететін Қазақстан-Ресей медициналық жоғары оқу орнында «Латын тілі» пәнінің бір ғана семестрде бір кредит мөлшерінде оқытылатын ескере отырып, таңдалып алынатын тақырыптар да маңызды болуға тиіс. Аталған оқу орнында «Латын тілі» пәнінің болашақ тіс дәрігерлері мен фармацевтерде оқылатыны ескеріліп, соған сәйкес тақырыптар да таңдалады. СӨЖ тапсырмасы ретінде студенттерге реферат пен баяндама дайындауды тапсырудың заманы кеткен сияқты. Ғаламтордың шексіз мүмкіндіктері жағдайында, бірер секунд ішінде кез келген тақырыптағы рефератты шығарып алуға болатын заманда СӨЖ-ді өткізудің жаңа түрлерін ойластыру керек. Мәселен, «Фармация» факультетінде оқитын студенттер үшін Етістік категориясын үйрету ең алдыңғы орында болу керек. Етістік категориясына қатысты барлық тақырыпты жетік меңгеру үшін, студенттерге көбіне кроссвордтар құрастыру тапсырылады. Тапсырманың түрлерін студенттер өздері ойлап табады, ең кемі 50 етістік беріледі, ватманда орындаулары керек. Мысалы, тапсырмалар мынадай болып келуі мүмкін:

1. «Стерильдеу» тұйық етістігі.
2. « Еру, еріту» етістігінің жекеше түрдегі бұйрық рай түрі.
3. «Беру» етістігінің көпше түрдегі бұйрық рай түрі.

Студент ең алдымен, кроссвордтың құрылымын жасайды. СӨЖ-ді қорғай кезінде етістіктерді көшіріп жазады. Әрине, бұл әртүрлі аталуы мүмкін: сканворд, «эстондық» кроссворд, кейворд, крисс-кросс, филлворд және т.б.

Мәселен, «Бұлшық еттердің қызметтеріне қарай атаулары» тақырыбындағы таныстырылымды дайындау барысында біз анатомияны да оқытып үйретіп отырғанымызды ұмытпауымыз керек. Студенттер өз таныстырылымдарында А.Р.Ракишевтің, Р.Д.Синельниковтың және т.б. анатомиялық атластарын пайдаланатындығы белгілі. Латын тілін оқытудағы мақсат студент бұлшық етттердің қызмет түрлеріне қарай атауларын латын тілніде дұрыс айта білу керектігіне ерекше көңіл бөлінеді [3].

Латын тілін оқып үйренуде басты назарда болуға тиіс тақырыптардың бірі - ол клиникалық терминдердің жасалу жолдары мен ерекшеліктері. Жалпы тарихи қалыптасқан деректерге сүйенсек, клиникалық терминдердің көпшілігінің жиілік кесінділерінің грек тілінен шыққандығын, кезінде бұл терминдер римдіктерге грек тілінен ауысып келгендігін білеміз.Дәрігерлік өнер, кәсіп саласында римдіктерге қарағанда гректердің қол жеткен жетістігі мен білімдері өте ұшан-теңіз. Адамдарды емдеу ғылымына үйрете отырып, ежелгі римдіктер аурулардың аттары мен емдеу әдістерін, сондай-ақ, оларды оқытушылардың тілінде ажырата білу тәсілдерін, яғни грек тілінде, дәлөзгертпестен, өздерінің ана тіліне ауыстырып алған. Осы ретте, грек терминдерінің латын тіліне ауысуы өте тиімді де ұтымды түрде жүрген. Олай дейтініміз – көптеген аурулардың аттары, мысалы грек тілінде –іа жұрнағына аяқталады, ал бұл жұрнақ латын тіліндегі зат есімдердің І-ші жіктеу түріне де сәйкес келеді. Сөйтіп, латын тіліне бейімделу грек тіліндегі сөздердің түбіріне латын тілінің жұрнақтары мен жалғауларын жалғау арқылы жүзеге асты. Осы ретте латын тіліндегі жұрнақтардың өзге тілдердегі қосымшалармен салыстырғанда алатын орны мен маңызы ерекше екенін байқауға болады. Анатомиялық терминологиямен салыстырғанда, клиникалық терминдердің көпшілігі осы жұрнақтардың көмегімен жасалып, олар өте маңызды роль атқарады. Себебі, қандай да бір патологияны анықтау барысында, дәрігер оның атауын дұрыс анықтамаған жағдайда, диагноз дұрыс қойылмауы мүмкін, себебі, клиникалық терминдерге жалғанатын жұрнақ толыққанды

мағынасы бар сөздің міндетін атқарады (мысалы: -itis қабыну дегенді білдірсе, -oma ісік деген мағынаны білдіреді) [4]. Міне, осы себептен клиникалық терминдерді құрайтын шығу тегі жағынан латын немесе грек тілдеріндегі сөздерге жалғанатын жұрнақтарды есте сақтап, сауатты түрде жазылуын үйренудің маңызды болатындығы. Біз Қазақстан-Ресей медициналық университетінде білім алушыларға латын тілі сабақтарында клиникалық терминдердің құрамында кездесетін барлық жұрнақтарды жиілігіне қарай топтап, оларды есте сақтап, терминдердің жасалу ерекшеліктеріне аса маңызды көңіл бөлеміз. Жұрнақтарды жіктеп, беретін мағынасы мен терминдер құрамында кездесетін мысалдарды қоса беріп, топтарға бөліп, түсіндіреміз. Осы ретте жұрнақтардың орыс тіліндегі аудармасын да қоса беріп, қазіргі тілімізде қолданылу ерекшеліктерімен таныстырамыз. Клиникалық терминологияның ерекшелігі де сонда: олар көптеген тілдерге өздерінің дыбыстық, грамматикалық тұлғаларын өзгертпестен, аудармасыз-ақ түсінікті болып келеді. Өзге тілдерге аударылып, қолданылуында даерекшеліктер бар. Мәселен, орыс тіліне бейімделіп,тілде қолданысқа ие болуы екі түрлі жолмен жүрген:

- Флексия әдісі арқылы қысқару жолымен: мысалы: gastritis – гастрит, scolios-is – сколиоз, infantilism-us – инфантилизм;
- Флексия бөлігінің орыс тіліндегі зат есімдердің жалғауларына сәйкес өзгеру жолымен: мысалы: erosio – эрозия, infectio – инфекция.

Кейбір жағдайларда латын тіліндегі сөздердің флексиясы орыс тілімен сәйкесболып келсе, кей сөздер ешбір өзгеріссіз, сол қалпында ауысқан. Мысалы: cardiologia - кардиология, adenoma - аденома, empyema – эмпиема. Ал, кейде латын тіліндегі флексия құбылысы толығымен орыс тіліндегі жұрнақтармен алмастырылып, орыстіліне тлолықтай латын тіліндегі түбірі де аударылған, мысалы: pastositas - пастозность, debilitas - дебильность, бірақ, мынадай түрде ауысқандары дабар, мысалы: caecitas - слепота, nasalitas - гнусавость, mutitas – немота. Орыс және латын тіліндеріндегі осындай сәйкестіктер көптеп кездеседі. Медициналық жоғары оқу орнында латын тілін мамандыққа сай оқытып, үйрету барысында жоғарыда келтірілген сәйкестіктер мен ерекшеліктерді тиімді де ұтымды жолдармен түсіндіруге тура келеді. Клиникалық терминологияның жасалу жолдарын салыстырмалы түрде түсіндіргенде ғана, қазақ және орыс аудиториясында оқытылатын латын тілі курсы өз мақсат-міндеттеріне толық жетеді.

Әдебиеттер:

1. Тубажанова А. Латын тілі және медицина терминологиясының негіздері. Медицина оқу орындарының білімгерлеріне арналған оқулық. – Алматы, 2011. – 276 б.
2. Чернявский М.Н. Латинский язык и основы медицинской терминологии. – М., 2007. – 448 стр.
3. Рақышев А.Р. Анатомия терминдерінің сөздігі. – Алматы., «Рауан», 1994. – 320 б.
4. Нечай М.Н. Латинский язык и стоматологическая терминология. Учебное пособие. М.,2017. – 158 стр.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ералиева Толкин Есалиевна,
аға оқытушы
Аяпбергенова Кунсулу Сагинтаевна,
аға оқытушы
Қазақстан-Ресей медициналық университеті
Тілдік пәндер кафедрасы

Аннотация. Мақалада білім алушыларға кәсіби бағдар берудің педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылған. Еліміздегі технологиялық революцияның беталысына байланысты, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді деген болжам бар. Сондықтан, білім алушыларға заман сұранысына сай кәсіби бағдар беру жұмыстары барынша ғылыми-әдістемелік негізде жүзеге асуы керек.

Түйін сөздер: білім беру, кәсіби бағдар, педагогика, психология, мамандық таңдау.

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические и психологические возможности профессиональной ориентации студентов. По оценкам, из-за провала технологической революции в нашей стране половина нынешних профессий исчезнет в течение следующего десятилетия. Поэтому работа по профессиональной ориентации студентов в соответствии с современными потребностями должна осуществляться на самой научной и методической основе.

Ключевые слова: образование, профессиональная ориентация, педагогика, психология, выбор специальности.

Abstract. The article describes in detail the psychological and pedagogical possibilities of professional orientation in school. Due to the trend of technological revolution in the country it is expected that in the next decade will be eliminated part of the existing production. Therefore, in accordance with modern needs, professional orientation in the school should be carried out on the maximum scientific and methodological basis.

Key words: education, vocational guidance, pedagogy, psychology, choice of specialty.

Қазақстан Республикасының негізгі заңында жазылғандай, жастардың өз мүдделері мен мемлекеттің қажеттіліктеріне қарай мамандық таңдауын мақсатты және ғылыми тұрғыдан негізделген кәсіби бағдар беру жұмысы қамтамасыз етуге тиісті. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Кәсіби бағдар беру саласы күрделі де алуан түрлі. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, дәрігерлік-физиологиялық, ал әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру – қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы. Ол экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық қатынастарды қамтиды. Кәсіби бағыт беру ісін жүргізу мамандар даярлауды жоспарлаумен, халық ағарту жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты.

Ғылымның түрлі салаларының өкілдері бұл ұғымды әр түрлі анықтайды. Кәсіби бағдар беру, оған деген ниетті туындату, сол мамандық түрін игеруге итермелеп, өмірлік мақсат туындатар себеп-салдарын ашу, олардың заңдылық құбылысқа ие болу кезеңдерінің табиғатын талдау сықылды жүйелілік мәнге ие боларлық түрде ерекшеленуі; кәсіби бағыт беруде физиологиялық айғақтарды ескеру, мәселені жан-жақты қарастыру, мамандық таңдау проблемасының маңыздылығы бір жақты зерттелмей педагогика, психология және психофизиология тұрғысынан кешенді шешімін табуы – бүгінгі уақыт туындататын көкейкесті мәселелердің бірі.

Бұл бағытта жүргізілген зерттеулердің дені білім алушыларға кәсіби бағдар беру ісіне көптеген еңбектер арналған. Осы әдебиеттерді талдай отырып, «кәсіби бағдар» термин атауының экономист-ғалымдардың, психологтардың, социологтардың, педагогтардың, дәрігер-

лердің, философтардың лексикондарында берік орын ала тұра, аталмыш атау біртұтас мағыналық, бірегей түсінік аз. Кәсіби бағдар әрбір зерттеушілердің өзі көтерген мәселе төңірегінде түсінікпен шектеліп, көбіне оқыту жүйесімен баламалатындығы осыдан болса керек. Ал басқа бір зерттеуде (Поляков В.А.) мұның мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың білім алушы-жастарды халық шаруашылығы үшін қажет кәсіпке барлау мақсаттағы, атқарылар кешенді шараларына балау себебінің де жоқ еместігін айтады. Мұндай кезде бағзы бір зерттеулерде кәсіби бағдарды жеке бастың мүддесінен туындайтын ынта іспетінде қарастыру қажеттілігін де ескертеді.

Мамандық таңдау жағдайы өте маңызды, себебі ол тұлғаның өмір бойы серігі деп айтуға болады әрі тұлғаның әрі қарай даму жолдарына әсер етеді. Психологияда, педагогикада тұлғаның кәсіби өзіндік анықталуы мен мамандық таңдаудағы өзіндік бағалау мен іс-әрекетті өзіндік саналы реттеудің ерекшеліктері жайлы, оның мазмұны жайлы көп айтыла бермейді.

Адам өмірінде кәсіп таңдау, мамандықты меңгеру, кәсіпке бейімделу мәселесі үлкен орын алады. Кәсіпке бейімделу мәселесін Т.Н. Вершинина, И.К. Кряжева, М.П. Будякова, А.А. Русалинова, Л.М. Митина және т.б. көптеген ғалымдар қарастырған. Олардың айтуынша, кәсіпке бейімделуге дайындық, яғни оқу процесі кезінде кәсіпті меңгеру кезеңі мен жас маманның жұмыс ортасына қосылуы, өндірістік тәжірибе кезіндегі іс-әрекеті негіз болады. Сонымен қатар, елімізде кәсіпке бейімделу мәселесін қарастырған С.М. Жақыпов, Ж. Түрікпенұлы, Ж.А. Әбішева, Ж.Р. Тойшыбаев, Ғ. Қалназаров, Ж.Р. Баширова, А.Т. Изақов, Г.М. Кәрібаева, М.К. Бөкенчина, Ж.Ж. Бейсенова және т.б. отандық ғалымдарымыздың еңбектерін атап өткеніміз жөн.

Бүгінгі таңда мамандыққа сұраныс – жеке адамның іске жарауының басты белгісі және осы не басқа бір әрекетке бейімділік пен қабілеттілік. Ал бейімділік пен мүдделік өздері түзеліп, жеке әрекеттік үрдістерге қарай жиі өзгереді. Жастар арасында айқын сезілген тұрақты және белсенді бейімділіктер, ауыл мектептерінің білім беру деңгейінің төмендігінен және еңбекке сұраныстың жоқтығынан, сирек кездеседі. Сондықтан, оларды еңбекке баулу белгілі жүйелі дайындық арқылы орындалуы керек.

Өзінің еңбекке қатыстылығын айқындау – алуан көзқарасты, көп өлшемді және көпсатылы үдіріс. Біріншіден, бұл жеке адамның өмірінің бір ғана кезеңінде және қоғамымыздың жаңа түзеліп келе жатқан адамның алдына қоятын біртіндеп шешетін мәселе. Екіншіден, бір жағынан кісінің тікелей ұнатуы мен бейімділігінің аралығындағы теңдестікке құрастыру және екінші жағынан қолданылатын қоғамның еңбекті бөлісудегі сұраныстың болуы. Үшіншіден, бұл үдіріс кісінің өзіндік үлгілік (стиль) өмірінің түзелуі мен кәсіптік не өнерлік әрекеттің бір бөлігі. Бұл үш тәсіл осы мәселенің қазіргі үш қыры – қоғамдық, яғни нарықтық сұраныстар, адамның өзіндік қабілеті және осы екеуінің келісу амалдарының ұсыныстары. Сонда да бұлар бірін-бірі толықтыратын әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және саралаушы-психологиялық тауқыметтер болып табылады [1, 102 б.].

Психология ғылымы кәсіби бағдарға қатысты балалардың еңбекпен өзін-өзі айқындаудың дамуын бірнеше кезеңге бөледі. Солардың ең маңызды деген төртеуіне тоқталайық.

Бірінші кезең – балалық ойындар ойнағанда, бала әртүрлі кәсіптердің мәнін өзіне қабылдайды.

Екінші кезең – жасөспірімдік қиял – жеткіншектердің ұнаған мамандықтарды (ғарышкер, ұшқыш, жазушы, бизнесмен т.б.) өзінің армандық ойымен сезіну.

Үшіншісі (12-25 жас) – мамандықтарды таңдау кезеңі – әртүрлі әрекеттің (мен тарихи романды ұнатамын, әрине тарихшы боламын, конструктор боламын, ғарышқа сапар шегемін, архитектор не археолог боламын т.б.) жасөспірімдердің қызығушылығына қарай бағалануы, кейін оның қабілетіне сәйкес (мен математиканы ұнатамын, математик боламын, мен зоологияны ұнатамын, мал дәрігері боламын т.б.) ақыры құндылық жүйесінің қалыптасуына қарай таңдалып сұрыпталады. Бұл кезеңде ата- аналар мен педагогтардың балаларға көмегі өте қажет. Осы кезеңде балаларға көңіл аударылмаса, девианттық жолға түсіп, олардың ауытқуы оңай.

Әрине, мүдделік, қабілеттілік және құндылық айқын болмаса, таңдаудың адам өмірінің кез келген кезеңінде білінеді, бірақ, құндылықтың жайы қоғамдық (осы не басқа кәсіптік-әлеуметтік

құндылықты ұғыну) не өзіндік болмысын тым қорытындыланып және әдеттен кеш жетіліп әрең түсініледі. Өйткені, мүдделік пен қабілеттілік сараланып (дифференциация), ынтымақтасуы (консалидация), параллельді және өзара байланысты болғандықтан, бұл кезең ата-аналар арасында көпке созылады. Өмір сүру мен қоғам мұқтаждығы мен нарықтық сұранысты ерте түсінген жоғары сынып оқушылары өздерінің қажеттілік қабілеттілігін дамыту үшін, көбірек оқуға шұғылдануға ынталанады. Бірақ, мүмкіншіліктер жоқ. Егер болса, осы әрекеттердің жетістігін арттыру жастардың қабілеттілігін сезіндіріп, мүдделікті бекітеді. Елімізде осындай ынта-ниетке сай сұраныстарды қанағаттандыратын оқу мен білім беру жүйесі толық жолға қойылып кете қойылған жоқ. Білімге қатысты реформалар енді жүзеге асырылуда. Төртінші кезең – іс жүзінде шешім қабылдау, яғни шынымен кәсіп таңдау, мұның өзіндік екі құрамы бар:

1. Болашақ еңбегінің біліктілік деңгейін, көлемін және оған дайындалудың мерзімін анықтау мен игеру мүмкіндіктерін қарастыру.

2. Тұрмыс пен дербес өмір сүруге, өзін- өзі асырауға, үйленіп отау құруға қажетті табысы бар мамандықты таңдау [2].

Ғалымдар Е.И. Головкова, А.В. Дмитриев оқушылардың кәсіби бағдары мен бейімделуі олардың өмірлік құндылығы мен болашақ арман ойларымен қиылыстыру үшін мынадай кеңестерді ұсынады:

1. Кәсіптік бейімделу тікелей кәсіптік ортамен шектелмей, жастардың маңызды өмірлік мақсаттарымен ұштассын.

2. Қандай да бір мамандықты таңдағанда жастарды сәтті не сәтсіз лауазымды ересектердің нақтылы өмір жолдарымен таныстыру арқылы келісімді және шынайы болашақтарын қалыптастыру.

3. Мамандықты таңдағанда бозбалалар үшін ең маңыздысы келешек еңбекақы, ал, бойжеткендер үшін еңбектің қолайлы жағдайлары. Жастарды ауыр еңбекті жұмысшы мамандары (шахтер, металлург т.б.) өзіндік дербестік пен тәуелсіздікке тез жетуге мүмкіндіктерінің көптігімен қызықтыру.

4. Мектептерде қоғамдық және нарықтық еңбекті бөлісу туралы мәліметтер мен ақпараттар жоқ болғандықтан, оқушыларды арнайы кәсіпке бейімдеу мен мамандық таңдау шараларымен 10-12 сыныптарда, яғни күні бұрын таныстыру.

5. Жоғары сынып оқушыларына келешек кәсіптік және өмірлік жетістіктері, еңбек пен дербес өмірлік армандарын орындау дайындығына байланысты екенін түсіндіру.

6. Кәсіптікке бейімдеу жұмыстарын жүргізгенде өмірлік мақсат пен жоспарларға байланысты тиімді сәттіліктен басқа, жастардың әсершеңдік ерекшеліктерін де ескерген дұрыс. Бірақ бұл кеңестер бір мағыналы шешім емес [3]. Өйткені, экономикамыз қарқынды дами бастағанда әрбір кәсіпорындардың нарыққа сай технологиясы мен шығаратын өнімдері де тез өзгереді. Бұл жай кадрларға қойылатын талаптарды да көбейтеді. Сондықтан қызметкерлер мен жұмысшылардың алғашқы дайындықтары кәсіпорындарды қанағаттандырмайды. Олар әрқашан мамандықтарын шектес не басқаға айырбастау немесе біліктендіріп жаңартуға дайын болуға тиісті. Қазіргі үрейлену мен мазасыз өмір қауіптілігін ескеріп, мемлекетіміз жастарға барынша сүйіспеншілік пен бейімділік танытып, жеткіншектердің өзіндік арманын жүзеге асыруға көмектескені мақұл.

Кәсіби бағыт – өте кең ұғым, мысалы Батыс елдерінде баланы туған күннен бастап, өмірдегі жетуге дағдыландырады, ол жоғары мансапқа жетелейді. Кәсіби бағыт педагогикадан психологиядан басқа да мамандық таңдауға жан-жақты шараларды қолданады, оған кәсіби кеңесте қосылады, мұның бәрі адамның өз тағдырына бағытталған көмек. Кәсіби бағдарлама және кәсіби кеңес бұл оқушының бағдарламасы, оқушы өзбетінше бағыт алып, өзінің кәсіби мамандығын анықтауда, субъективті роль атқарады (Е.А.Климов бойынша). Кәсіби және жеке бастың өз тағдырын өзі шешуде ортақ байланыс бар, кейде олар өзара бірігіп кетеді. Ал олардың жігін ашуға тырыссақ , айырмашылығын да көруге болады.

1. Кәсіби өз тағдырын өзі шешушілік – деректі, нақты, оны ресми түрде дайындауға болады. (диплом алу және т.б.), өз тағдырын өзі шешу, ол күрделірек ұғым;

2. Кәсіби өз тағдырын өзі шешу сыртқы жағдайларға көбірек байланысты ал жеке бастың өз тағдырын өзі шешу жеке адамның өзіне байланысты.

Өз тағдырын өзі шешу тек қана өзіндік жүзеге асыру емес, сонымен қатар өзінің алғашқы мүмкіндігін кеңейту-трансцендентілену (В. Франкл бойынша): «Адам өмірінің толық мәнділігі трансцендентілену арқылы анықталады, яғни өз-өзінен шығу қабілеттілігі, ал ең бастысы-бүкіл өз өмірімде және белгілі бір нақты істе адамның жаңа мағына таба білуінде». Осылай өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі жетілдіруді және өз трансцендентілікті мазмұн мағына анықтайды.

Кәсіби бағдар беру жөнінде жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жүргізу нәтижесінде мектепті бітіру қарсаңында олардың көбісі мамандықты саналы таңдауға әзір, берік кәсіби талап-ниеттері болды. Кәсіби бағдар беру ісін жемісті жүргізуде мектептегі дәстүрлер мен оларды насихаттай білудің ерекше маңызы бар. Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа қызығуының дамуы олардың қоршаған дүние жайлы білім көлеміне және өмірге көзқарасына тығыз байланысты. Білім алушылардың ынта-ықыласы мен бейімділіктерін зерттеу әдістемесі кешен болып, түрлі әдістерді қамтуы тиіс екендігі барынша айқын нәрсе: білім алушылардың оқу және еңбек әрекетін бақылау олардың ынта-ықыласын айқындау, күштерін практикада сынау, арнайы оқу және еңбек тапсырмаларын орындау.

Мектептің кәсіби бағдар беру жөніндегі жұмысының бағдары мен мазмұнын едәуір дәрежеде жергілікті жағдайлар: өндірістік айнала, аса қажет деген мұқтаждық және оларды әзірлеу мүмкіндіктері белгілейді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру ісін жоспарлағанда әрбір мектепте оқушыларды таныстыру қажет болатын кәсіптер тобы бар екендігін есте сақтау керек. Сондықтан білім алушыларды мамандық таңдауға әзірлегенде олармен осы бағытта тәрбие жұмысын жүргізу қажеттігі туады. Кәсіби бағдар беру жұмысы жоспарында білім алушылардың сауда орындарында еңбек етуін белгілей отырып, біз қоғамдық пайдалы еңбекке шамасына қарай қатысу мен нақтылы жұмыс орнында жұмыс істеу олардың практикалық білік және дағдыларын қалыптастыруға жәрдемін тигізіп қана қоймай, сонымен бірге тәрбиелік сипаттағы бір қатар міндеттерді шешуге де мүмкіндік береді дегенді еске алдық: сауда саласындағы жұмысқа ынта-ықыласын ояту, жалпы еңбек коллективінде жұмыс істегенде қажет болатын кейбір мінез-құлық белгілерін тәрбиелеу (тәртіптілік, еңбексүйгіштік, жауапкершілік сезімі және т.б.).

Мамандық таңдауға әзірлеуде білім алушылар болашағын ойластыратын сабақтардың маңызы зор. Пән мұғалімдерінің кәсіби бағдар беру жөніндегі жұмысы кәсіп түрлерімен таныстырумен шектелмейді. Сөйтіп, оқыту процесі білім алушыларды саналы түрде мамандық таңдауға даярлауға көптеген мүмкіндіктер береді. Оқыту барысында білім алушыларды, олардың ынта-ықыласын зерттеп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың кәсіптік ынта-ықыласын дамыту жөнінде жеке жұмыс ұйымдастыруға болады. Бұл жұмысты іске асырудың басты шарты мұғалімді әзірлеу болып табылады; өз пәніне байланысты ең алдымен болашағы бар және қоғамға керекті басты кәсіптерді білу; кәсіби бағдар беру және білім алушыларды зерттеу мәселелері жөнінде мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық даярлық беру. Білім алушыларға кәсіби бағдар беруде экскурсиялардың үлкен маңызы бар, экскурсия кезінде білім алушылар нақтылы мысалдар арқылы мектепте оқылатын теорияның ауыл шаруашылық өндірісі практикасымен тығыз байланысты.

Жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруде ауқымды және маңызды бөлімнің бірі – ата-аналармен жұмыс және кеңес беру мәселелері. Білім алушылармен жұмыс істеу – кәсіби бағдар беру бағыттарының бірі, ал екіншісі ата-аналармен жұмыс істеу болып есептеледі: ата-аналар арасында түсінік жұмысын жүргізу, оларды балаларын еңбекке орналастыру және оқуға түсіру мүмкіндіктерімен таныстыру, ата-аналарды білім алушыларға кәсіби бағдар беру ісіне белсене қатысуға тарту. Балаларының мамандықты таңдап алуына ата-аналардың өте үлкен ықпал жасауына орай, олармен жұмыс істеудің зор маңызы бар.

Жоғарыда айтылғандардан көрінгендей, кәсіби бағдар беру ісін анда-санда жүргізілетін бірнеше шаралармен немесе оқушылардың мектепті бітіріп шығу кезіндегі түсінік жұмысымен ғана шектеуге болмайды. Білім алушыларды мамандықты таңдап алуға әзірлеу ісінде мектеп жетекші рөл атқаруға тиіс. Бірақ мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қатысуынсыз

мектеп жалғыз өзі кәсіби бағдар беру мәселелерін түгелдей шеше алмайды. Атап айтқанда, мектеп нақты мамандықтарға кәсіптік жарамдылығы жөніндегі мәселелерді шешуді өз міндетіне ала алмайды, өздігінен ауданның, қаланың кадрлар жөніндегі нақты қажетін анықтай ала алмайды, демек, нақты мамандықты таңдап алу мәселесі жөнінде егжей-тегжейлі кеңес бере алмайды. Білім ордасы кәсіпорындар үшін қызметкерлер таңдап алуды да жүргізе алмайды, оның үстіне мамандардың кәсіби бейімделуін қамтамасыз ете алмайды.

Кәсіби бағдар жөнінде кеңес берудегі ұйымдасқан жұмыстың болмауы мамандық таңдауда қателіктерге соқтырады. Себебі, мектеп бітірушілер таңдаған оқу орнының оған түсушілерге қоятын талаптарын, оқу жағдайларын, арнаулы оқу орнын бітіргеннен кейін жұмыс істеуге тиісті мамандық пен кәсіптің бағыт-бағдарын жете біле бермейді. Аталынған жұмыста кәсіби бағдар беру мақсатында ерекше маңызы бар болып отырған білім алушылардың зерттелу мәселелерін қарау міндеті қойылған. Сол себепті кәсіби бағдар үшін білім алушылардың жеке басының іскерлікпен бағытталуының ерекше маңызы бар, өйткені ол оның құрмет тұтатын жұмыстары және қызмет түрлері туралы пікір айтуға мүмкіндік береді. Бұл білім алушыларды мамандық таңдауға даярлау өздігінен атқаратын жұмыс дағдыларын тікелей қалыптастыруға байланысты.

Жоғары сынып білім алушыларының өздігінен жұмыс істеу дағдыларының болмауы кәсіби бағдар беру ісін қалыптастыру үшін айтарлықтай қиындық келтіреді. Мамандық таңдауға даярлау мақсатында білім алушыларды зерттеу кезінде мамандық таңдау және тиісті даярлық алу жолында олар да ескеріліп отырылатындықтан мінез-құлықтың да (принципшілдік, тәртіптілік, еңбексүйгіштік, табандылық, көпшілдік және т.б.) кейбір белгілеріне көңіл бөлудің маңызы зор. Кәсіби бағдар беру мақсатында білім алушыларды зерттеу мәселесіне мектеп дәрігері де қатысуы заңды. Кәсіптік кеңес беру мамандық таңдауда әрбір оқушыға берілетін көмекті қамтамасыз ететін кәсіптік бағдар жүйесінің бірі ретінде мүмкіндік жасайды.

Әдебиеттер:

1. Пряжников Н.С. Профориентация в школе и колледже: игры, упражнения, опросники.-М: «Вако». 2006.

2. Саудабаева Г.С. Вопросы практической профессиональной ориентации// Технология. -2004. -№2. с. 63-64.

3. Құсайынов А. Мектеп реформасы. Дамыған елдер тәрибесі. //Егемен Қазақстан, 23 маусым, 2005. 4.Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. -Ростов-на Дону: Феникс,1996.

МРНТИ 16.01.45

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Есенжолова Санимай Абдирахимовна,
старший преподаватель
Алденгожаева Элла Саркуловна,
старший преподаватель
Казахстанско-Российский медицинский университет,
Кафедра языковых дисциплин

Аннотация. Қазіргі уақытта халықаралық қоғамдастық қоғамдық өмірдің барлық салаларын Ғаламдық компьютерлендіру процесін дамытуда. Білім беруді ақпараттандырудың қарқынды процесі барлық дамыған және көптеген дамушы елдерде жүреді. Жалпы білім берудің тиімділігін арттыру әдістері әзірленуде және үлкен ақша жаңа ақпараттық технологияларды әзірлеуге және енгізуге инвестициялануда. Бұл мақалада университеттің заманауи медициналық студенттерін шет тілдерін үйренуге дайындауда LMS Moodle электронды платформасының интерактивті құралдарын қолдана отырып, білім беру секторына арналған әдістемелер, тәжірибелер және заманауи ақпараттық технологиялар қарастырылады. Біз тілдің оңтайлы қолданылуын қамтамасыз ететін процестерге қатысамыз (мысалы, ағылшын тілі). Бұл кезеңнің өзектілігі жоғары білім берудің интернационализациясымен түсіндіріледі.
Түйін сөздер: оқыту, енгізу, әдіс, компьютер, платформа, әдістеме.

Аннотация. В настоящее время международное сообщество развивает процесс глобальной компьютеризации всех сфер общественной жизни. Интенсивный процесс информатизации образования происходит во всех развитых и многих развивающихся странах. Разрабатываются методы повышения эффективности общего образования, и большие суммы денег инвестируются в разработку и внедрение новых информационных технологий. В этой статье рассматриваются методологии, практики разработки и современные информационные технологии для сектора образования с использованием интерактивных инструментов электронной платформы LMS Moodle при подготовке современных студентов-медиков университетов к обучению иностранцев. Мы занимаемся процессами, которые обеспечивают оптимальное использование языка (например, английского). Актуальность данной статий объясняется интернационализацией высшего образования.
Ключевые слова: обучение, внедрение, метод, компьютер, платформа, методология.

Abstract. Currently, the international community is developing the process of global computerization of all spheres of public life. An intensive process of informatization of education is taking place in all developed and many developing countries. Methods are being developed to improve the effectiveness of general education, and large amounts of money are being invested in the development and implementation of new information technologies. This article discusses methodologies, development practices and modern information technologies for the education sector using interactive tools of the LMS Moodle electronic platform in preparing modern university medical students to study foreigners. We are engaged in processes that ensure optimal use of the language (for example, English). The relevance of this stage is explained by the internationalization of higher education.
Key words: training, implementation, method, computer, platform, methodology.

Инновационный подход к организации и проведению учебных курсов по иностранным языкам основан на использовании информационно-коммуникационных технологий. Это включает в себя реструктуризацию содержания и организационно-методических форм обучения, разработку современных инструментов поддержки информационных технологий и развитие образовательных процессов. Средство манипулирования цифровыми учебными материалами и организации онлайн-обучения. Преподавание иностранного языка в неязы-

ковом вузе многогранно (подготовка, воспитание, развитие) и считается неотъемлемой частью профессионального образования специалистов всех профилей. Развитие способностей и мотивации студента к профессиональному межкультурному общению определяет коммуникативную направленность уроков иностранного языка. Особенностью этой ориентации является сочетание технической деловой и социокультурной ориентаций двух ее взаимосвязанных компонентов межкультурной технической коммуникации [1, с. 29].

В последние годы методы смешанного обучения стали наиболее популярной методикой преподавания иностранных языков студентам-медикам. Эта технология включает в себя комбинацию различных методов (очное обучение, электронное обучение, самостоятельное обучение) представления материала с использованием технологии управления знаниями. Среди многочисленных электронных курсов, разработанных для студентов неязыковых специальностей, образовательный курс "Английский язык" следует рассмотреть более подробно. Он был протестирован при внедрении смешанного обучения и дистанционного обучения. Во-первых, смешанное обучение позволяет преподавателям и студентам эффективно организовывать свое время, а во-вторых, делает процесс изучения английского языка творческим, интересным и доступным. Задача преподавателя - максимально эффективно управлять и сочетать аудиторные и внеклассные занятия учащихся, управлять самостоятельной работой учащихся и работой в группах, а также предоставлять студентам онлайн-обучение на основе интерактивных инструментов для создания LMS Moodle оказывать поддержку [2, с. 159].

Blog - блог; wiki - вики; forum - форум; quiz - тест; chat - чат; Glossary - глоссарий и т.д. Виртуальная учебная среда, созданная для электронного учебного курса "Английский язык" в системе LMS Moodle, включает в себя многие из вышеперечисленных программ для управления группами студентов, разработки заданий и тестов, планирования научной и образовательной деятельности, а также общения в сочетании. Преподаватели и студенты работают вместе, чтобы обеспечить качество образования и поддержать учебный процесс с помощью осмысленного, независимого, эффективного и мотивированного подхода.

Различные оболочки виртуальных учебных сред могут быть использованы для преодоления пространственных и временных барьеров и разработки новых методов и инструментов для подготовки медицинских работников. Однако для успешной работы этих систем требуются преподаватели, способные работать с информационной средой и умеющие использовать ресурсы системы для создания аутентичных виртуальных уроков иностранного языка. Также нужно отметить, что при использовании электронного курса преподавателям приходится тратить все больше и больше времени на использование курса, выполняя все задачи эффективно и в срок. Дополнительно преподаватели могут использовать новейшие формы контроля посредством онлайн-тестирования. Используя их, преподаватели могут сэкономить много времени при проверке своей работы. Высокий уровень профессиональной компетентности специалиста достигается наличием определенного набора профессиональных навыков и умений. Знания и умения по иностранному языку успешно воплощаются в рамках коммуникативной компетенции только тогда, когда они соответствуют профессиональным навыкам и умениям [3, с. 97]. После завершения курса студент должен быть уверен в себе и уметь работать с книгами, статьями или журналами, лекциями и другими устными презентациями на профессиональные темы, связанные со специальностью студента, и должен научиться находить, понимать и извлекать необходимую ему информацию.

Проведенный анализ подтвердил большую гибкость и доступность использования электронной платформы LMS Moodle, способствующей успешному достижению цели преподавателя английского языка бакалавриата - формированию не только коммуникативных, но и профессиональных компетенций.

Блог – это дискуссионный или информационный веб-сайт, состоящий из отдельных, часто неформальных текстовых записей в стиле дневника (постов), опубликованных в Интернете. Сообщения обычно отображаются в обратном хронологическом порядке, так что самое последнее сообщение появляется первым в верхней части веб-страницы. До 2009 года блоги обычно были работой одного человека, иногда небольшой группы, и часто охватывали одну тему. В 2010-х годах появились "WordPress", которые пишутся несколькими авторами и

иногда профессионально редактируются. На WordPress поступают информаций из газет, других средств массовой информации, университетов, аналитических центров, правозащитных групп и аналогичных учреждений. Использование специальных блогов, подобных этому, в медицинских университетах считается очень эффективным, так как студенты получают самую свежую информацию в этой области из ежедневных блогов известных врачей.

Википедия – это гипертекстовая онлайн-публикация, совместно редактируемая и управляемая своей аудиторией с помощью веб-браузера. Типичная вики-страница содержит несколько страниц, посвященных темам или масштабу проекта, и может быть открыта для общественности или ограничена для использования внутри организации для ведения внутренней базы данных. Это очень полезная веб-страница для полного понимания и ознакомления с общей медицинской информацией.

Форум. Интернет-форум или доска объявлений – это онлайн-дискуссионный сайт, где люди могут вести беседы в форме размещенных сообщений. Они отличаются от чатов тем, что сообщения часто длиннее одной строки текста и, по крайней мере, временно архивируются. Кроме того, в зависимости от уровня доступа пользователя или настроек форума, опубликованное сообщение, возможно, должно быть одобрено преподавателем, прежде чем оно станет общедоступным. Для преподавания специальных терминов в медицинских университетах целесообразно использовать дискуссионный форум. Поскольку дискуссионный форум имеет иерархическую или древовидную структуру: форум может иметь несколько подфорумов, в каждом из которых может быть несколько тем. Каждое новое обсуждение, начатое в теме форума, называется потоком, и на него может ответить столько студентов, сколько пожелает. В зависимости от настроек форума пользователи могут быть анонимными или должны зарегистрироваться на форуме, а затем войти в систему для публикации. Многие форумы не требуют, чтобы пользователи входили в систему для чтения существующих сообщений.

Викторины - хорошее учебное занятие для всех возрастов. Для студентов-медиков это может проверить их понимание концепции в веселой и увлекательной форме. Мы, преподаватели Казахстанско-Российского Медицинского университета предлагаем преподавателям нашей кафедры использовать викторину в качестве упражнения для проверки модуля. Создайте интерактивный тест в PowerPoint с использованием изображений, видео и звука. Разделите группы на подгруппы по три человека и посадите первую группу впереди. Пока остальные наблюдают, задайте трем студентам вопрос, и первый, кто ответит правильно, получит очко. Задайте первой группе пять вопросов, а затем переходите ко второй группе. Продолжайте задавать вопросы каждой группе, пока все не примут участие. В финальном раунде в одном финальном раунде соревнуется самый результативный участник из каждой группы.

Kahoot - это обучающая платформа на основе игр, используемая в качестве образовательной технологии. Ее обучающие игры, также известные как "kahoots", представляют собой созданные пользователем викторины с множественным выбором, доступ к которым можно получить через веб-браузер или Kahoot также включает в себя простые викторины с помощью этой платформы очень интересно и эффективно изучать специальные термины из всех областей медицины в стиле викторины.

В заключении отметим, что использование технологий в изучении английского языка может значительно улучшить результаты обучения. Мобильные приложения, онлайн-платформы, социальные сети и другие технологические инструменты предлагают широкий спектр возможностей для практики, обратной связи и индивидуализации обучения. Они делают процесс изучения более интерактивным, мотивирующим и доступным для всех желающих освоить английский язык.

Использованная литература:

1. Кузиев С. И. Общение между врачами и медицинскими работниками: роль и ранг медицинской терминологии в хирургии, здравоохранении и истории медицины. – М.: Вестник науки и образования. – 2020. – 150 с.

2. Маслова А.М., Вайнштейн З.И., Плебейская Л.С. Английский язык для медицинских вузов. – М.: 2018. – 336 с.

3. English in Medicine: A Course in Communication Skills. – Cambridge University Press, – 2015. – 150 c.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ӘЛЕМДІКТӘЖІРИБЕ

Кулабаева Римма Турсыновна,
аға оқытушы
Қазақстан-Ресей медициналық университеті

Аннотация. Қазіргі таңда дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы елдерде білім беру жүйесі басқарушыларын кәсіби тұрғыда даярлауға басты назарда. Халықаралық тәжірибелерді зерттей келе, тек білім беру жүйесін басқару ғана емес, сондай-ақ оқытудың мазмұнын талдау да негізгі мәселе екендігін аңғаруға болады. Білім беру менеджерлерін дайындау заманауи тенденция ретінде қарастырылуы керек.

Түйін сөздер: білім беру, менеджмент, басқару, сапа менеджменті, арнайы педагогика.

Аннотация. В настоящее время в первую очередь уделяется внимание подготовке управленцев системы образования и образования в зарубежных странах. Изучив международный опыт, можно заметить, что основной проблемой является не только управление системой образования, но и анализ содержания обучения. Подготовку менеджеров по образованию следует рассматривать как современную тенденцию.

Ключевые слова: образование, менеджмент, менеджмент, менеджмент качества, специальная педагогика.

Abstract. Currently, attention is primarily paid to the training of managers of the education system and education in foreign countries. Having studied international experience, it can be noted that the main problem is not only the management of the education system, but also the analysis of the content of education. The training of education managers should be considered as a modern trend.

Key words: education, management, management, quality management, special pedagogy.

Қазақстанның білім беру жүйесі үшін әлемдік тәжірибенің маңызы зор. Әлемнің әлеуметтік-экономикалық қасиеттерін жақсы сипаттайтын мәселелердің бірі глобализация, яғни жаһандану үдерісі болып табылады. Жаһанданудың талаптары бойынша ұлттық білім беру жүйесі жаңа тұтас формаға ауысуы тиіс, бұл форманың бірі – Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім беру ағымына ауысуы. Жоғары білім берудің әлемдік жүйедедегі интеграциясы ол – объективті дамушы үдеріс болып табылады, ұлттық білім беру жүйесін әлем деңгейінде біріктіріп, тұтас әлеуметтік жүйені құраушы ретінде қалыптастырады.

Индустриалдық қоғамнан ақпараттық (постиндустриалдық) қоғамға ауысу білімнің адам өміріндегі алатын басты рөлін анықтайды. Білім сапасы тек бір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның да табыстылығының маңызды факторы болатындай қоғамдық өмірдің аясында қалыптасуда. Квалиметрия саласындағы белгілі маман А. И. Субетто: «XXI ғасырдың адам және қоғамының жаңа онтологиясында адам қасиеттерінің, қоғам парасатының сапасы және қоғамдағы білім беру жүйесі сапасының озық даму заңы тұрақты даму шарты болып табылады» деген [1, 44 б.].

Білім беру қызметін және басқаруды реттейтін құжаттардың бірінші тобына Қазақстан Республикасының Конституциясы және 2007 жылғы ҚР-ның «Білім туралы» Заңы жатады. Екінші – аса кеңейтілген топ, мысалы, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 12 жылдық орта білім туралы тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасының үздіксіз педагогикалық білімінің тұжырымдамасы, ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген білім бағдарламаларын іске асыратын Білім ұйымдары қызметінің типтік ережелері сияқты құжаттар ұсынылған. Қазақстан Республикасындағы білім жағдайы және дамуы туралы Ұлттық баяндамада (2008 ж.) «Білім беруді дамытудың заманауи кезеңінде тұрғындар үшін білім беру қызметтерінің жоғары

сапасына қол жеткізу – негізгі миссия. 2000 жылы Нью-Йоркте ең дамыған елдер, Мемлекеттер Басшылары Саммитінің Декларациясымен қабылданған мыңжылдықтың даму мақсаттарының бірі – жалпы бастауыш білімге қол жеткізу, білім беру жүйелерінің бағытында ең жоғары сапасын белсенді жетілдіру [2, 4 б.].

Жапония білім беру жүйесі бойынша әлемде бірінші орын алады. Жалпы жапондар 4 жасқа дейінгі біліміне орай жекелей жетінші орынды иемденеді (14 балл). Бастауыш білімі үшінші орынға табан тіресе (18 балл), орта білім төртінші орында (17 балл) келеді. Ал жалпы және жоғары білімі бірдей 19 баллмен екінші орынға тұрақтаған. Енді бес деңгейді толық 20 баллмен алғанда, жапондар мүмкін болған 100 баллдан 87 баллды (PTS) иемденіп отыр. Ал оның орташа (VG) баллы 17,4. Мектепке дейінгі білім беру, бастауыш білім беру, орта білім беру, жалпы білім, жоғары білім беру сапалары бойынша әлем елдері әр түрлі көрсеткіштерге ие. Оның себебі сол мелекеттің білім беру реформаларының ерекшелігінде болуы мүмкін.

Білім беру менеджменті бөлек салалық ғылым ретінде әлемнің көптеген білім беру жүйелерінде дамып келеді. Білім беру менеджерлерінің дайындауда оқу үдерісін ғылыми әдістемелік қамтамасыз етумен қатар дамыған елдердегі шетелдік тәжірибелерді қарастыру да маңыздылығын жоймайды. Әрбір ел өзінің тәжірибесімен қоса әр кезде дамыған елдердің тәжіриесін салыстыра отырып, оңтайлы тұстарын алуға тырысады, қандайда болмасын саланың дамуына тиімді әсерін тигізеді. Басқа да дамыған елдерде менеджмент бойынша басшыларды оқытуға ерекше мән беріледі. Білім беру менеджменті – әлемдегі көптеген білім беру жүйесіндегі белсенді дамыған ғылымның жеке бір саласы [3, 205 б.].

Білім беру менеджменті – жеке-тұлғалық, өндірістік, әлеуметтік, мәдени және ұйымдастырушылық оқыту үдерісін әртүрлі аспектілерде басқару. Бұл рынокқа бағдарланған, стандартты емес жағдайларды шешуге қабілетті тиімді білім беру қызметін қалыптастыратын, индивидтің, ұйымдар мен кәсіпорындардың қажеттілігіне қарай жұмыс жасайтын коммуникативтік үдеріс.

Шетел зерттеулерінде «білім беруді басқару» терминін анықтауда мынандай тұжырымдарды пайдаланылады – кәсіби белгісі бойынша біріккен адамдар тобы, басқару қызметін, сондай-ақ білім беру жүйесіндегі мақсаттарды орындайтын адамдар тобы; – осы топқа кіретін жеке тұлға: оқу орындарында басқару қызметтерін орындайтын кез келген адам (ректор-Chncellor/President/Rector; проректор Vice-Chncellor/Vice-President, Vice-Rector; декан – Den және т.б.); – оқу пәні: жалпы менеджмент және білім беру менеджменті, атап айтқанда, оқу мамандану саласы немесе жеке оқу пәні, яғни жоғары білім алу аясында (бакалавриат деңгейінде, әдетте сирек), сондай-ақ магистратура, аспирантура немесе сертификатталған қосымша білім беру деңгейінде жүргізілетін білімнің ерекше саласы. – менеджмент үдеріс; жоспарлау, болжау, ұйымдастыру, оқу үрдісін үйлестіру, оқыту сапасын бақылау, білім беру қызметінің нәтижелерін бақылау, қаржы және адам ресурстарын бақылау сияқты бірқатар ерекше іс-әрекеттер мен қызметті орындауды көздейді; – АҚШ-тағы менеджмент кәсіби құзыреттілікке, лауазымдарды бөлу және серіктестің ойлауы мен қабылдауына икемделу мүмкіндіктеріне негізделеді. Американдық студент-менеджер үшін ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін қалыптастыру негізгі қалаушы болып табылады. Менеджерлерді оқытатын жетекші мектептер (университеттер) Пенсильвания университетінің Уортон мектебі, Гарвард, Стенфорд. Олар сонымен қатар болашақ менеджерлер үшін оқу курстарын да ұсынады. Сонымен бірге болашақ менеджерлерге көмек көрсететін арнайы ұйымдар да бар: Американдық менеджмент ассоциациясы (AMA), менеджменттің даму ассоциациясы (SM) [4, 38 б.].

Айта кетерлік жайт, қазіргі уақытта біраз дамыған елдерде білім беру менеджерлерін дайындаудың үлгісі жасалған және тәжірибеде жүзеге асырылуда. Білім беру институты, (Торонто, Канада); Білім беру институты, (Будапешт, Венгрия); Монаш университетінің білім беру факультеті, Мельбурнда, (Австралия), Сингапурдың ұлттық университеті, Лейтерлік университет, (Ұлыбритания) және т.б. Зерттеушілердің пікірінше 1980 жылға дейін мектеп директорларын дайындайтын стандарттарға қатысты ешқандай нақты ұлттық саясат болмаған. XXI ғасырдың бас тұсында мектеп басшыларын арнайы даярлаудың маңыздылығы арта бастады. Бұл уақытқа дейін бірқатар зерттеулер жүргізіліп, мектеп басшылары мектеп пен

сыныптың жақсаруына, студенттерді оқытуды айтпағанда, жағдаяттарды және оқытушыларрды бақылауда шешуші рөл атқаратыны дәлелденді [5, 3 б.].

АҚШ-та жалпы білім беру менеджменті және жоғары мектеп менеджменті саласында мамандар даярлау айтарлықтай ауқымды жүргізіліп келеді. Американдық тәжірибе зерттеушілері білім беру менеджментінің обьектісі өзіне тән ерекшеліктері және ерекше мақсаттары бар ұйым секілді оқу орны екенін көрсетеді. Білім беру менеджментінің американдық моделін дайындаудың ерекшеліктері әртараптандыру және саралау болып табылады, сондай-ақ мемлекеттік білім беру стандарттарының және мемлекет тарапынан білім беру үдерісінің сапасына орталықтандырылған бақылаудың болмауымен байланысты. Білім беруді басқару саласындағы кәсіби мамандарды дайындау жоғары білім беру орталықтарындағы жоғары білім беру кафедраларында жүргізіледі, сондай-ақ педагогикалық колледждер немесе АҚШ-тың көптеген университеттерінің факультеттерінде жүргізіледі.

Алдыңғы қатарлы елдердің бірі Канадада менеджментке яғни басқаруға арналған академиялық мүмкіндіктердің толық спектрі ұсынылған. Мамандық таңдау барысында қызығушылықтары мен қажеттілігіне байланысты студенттер қаржы, адам ресурстары, экономика, кәсіпкерлік, көшбасшылық (білім беруді басқару) электрондық бизнес және тағы басқа салалардан білім ала алады. Канадада білім беруді басқарудың артықшылықтары мынада: Канаданың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін білім беруді ұсына отырып, Канададағы ең үздік бизнес көзі таланттар мен болашақ көшбасшыларды дамыту. Германияда мектептерді басқару жүйесі үш сатылы. Басқарудың жоғары деңгейі – осы федералдық жердің білім, мәдениет және спорт министрлігі. Орта деңгей губерния жанындағы білім мекемесі болып табылады. Оған кәсіби оқыту мектептері бағынады. Басқарудың үшінші сатысы «шульамт»деп аталады. Ол арнайы мектептер («грундшуле») мен негізгі мектептерді («хауптшуле»), сондай-ақ мүгедек балаларға арналған арнайы («зондершуле») мектептерді бақылауды жүзеге асырады. Білім беру саласындағы көшбасшы елдерде мектеп директорлары болып мектептегі іс-тәжірибесі мол және кәсіби деңгейі жоғары, даярланған адамдар тағайындалады, себебі мектеп директоры білім беру сапасын қамтамасыз етуді шешуші рөл атқаратын тұлға болып табылады [6, 82 б.]

Неміс зерттеушілері экономикалық және педагогикалық тұрғыдан дербес түрде дайындаудың тиімді ұйымдастырылған үрдісі арқылы ұйымды басқару ретінде түсіндірілетін білім беру менеджментіне назар аударады. Ағылшын-американдық ғылыми әдебиетте «білім беру мекемесін басқару» және «білім беру менеджменті» ұғымдары әдетте теңдестіріледі. «Eductionl 40 dministrtion», «school ledership» секілді жиі қолданылатын терминдер, ең алдымен, білім беру мекемелері мен білім беру жүйелеріне қатысты. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы ағылшын тілді ғылыми дереккөздерді талдау білім беруді басқару мәселелері туралы ғылыми пікірталастың осы кезеңде үш бағытта өрбігенін көрсетеді: – білім беру саласы басшыларының рөлінде қалған педагогикалық бағыттағы қызметкерлердің кәсіби мінез-құлқының сипаттамасы; – білім беру мекемесінің оқу-тәрбие жұмысының нәтижелеріне басқару стилінің әсері; – білім беру жүйесінде көшбасшылықты оқыту бағдарламасы [4, 42 б.].

Алдыңғы қатарлы Еуропа елдерінің қорларының бірі EFMD «Менеджментті дамытудың Еуропалық қоры) осы уақытқа дейін менеджментті оқытатын 300-ден астам орталықтарды тіркеген. Америка едерінде 1300-ден астам бизнес пен менеджментке арналған түрлі мектептер болған, сонымен қатар түрлі аспектілерге қатысты көмек көрсететін мыңдаған тәуелсіз менеджер консультанттар, 10 мыңға жуық нақты тіркелген менеджерлік фирмалар болған. 70-ке жуық баспалар бизнес пен басқаруға қатысты мыңдаған еңбектер шығарған.

Сухиненко Д.Н. АҚШ-тың білім беру менеджерлерін даярлаудың формалары мен әдістерін саралай отырып, келесідей тұжырымға келген. АҚШ елінде білім беру менеджерлерін дайындау көбінесе магистратура мен доктарантурада нақты жүзеге асырылады, себебі магистратураға тәжірибесі бар мұғалімдер түседі және олар өз тәжірибелеріне сәйкес басқаруға қатысты өз пікірлері мен көзқарастары қалыптасқан деп санайды.

Біздің мемлекетіміздің кәсіби білім беру жүйесіне АҚШ-тың тәжірибесі орны ерекше. Олардың кадрларды дайындауда өзіндік ұстанымдары бар. Айта кетсек, нақты тәжірибе

бағытталған, олар түрлк жағдаяттарға құрастырылып, білім алушылардың өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік тудырады. Белгілі бір кәсіби дағдыларды қалыптатырады. Жағдаяттардың құрылымына арнайы ұйымдастырылғанрефлексиялы іс-әрекет кіреді, оның нәтижесінде білім алушы теорияда алған білімін дәл сол уақытта қолданып, өз іс-әрекетін кәсіби тұрғыдан бақылап, бағалай алады. Мұндай іс-әрекетті ұйымдастырғанда, оқытушы тек теориялық білімді меңгерген емес, сонымен қатыр тәжірибесі мол болуы керек. Себебі, оқытушы мұндай кезде бақылаушы, бағалаушы тренер, консультант-эксперт рөлін атқарып, білім алушылармен тікелей байланыс орната алады [7, 132 б.].

Білім беру кадрларын басқару іс-әрекетіне даярлауда әлемдік тенденция бұрыңғы пост аумақты елдерге да қатысты болды. Зерттеуші Асқарқызы Самал өзінің «Университет жағдайында әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы докторлық жұмысын жазу барысында Литва елінің Эдукологиялық университетінде ғылыми тәжірибеден өтті. Литва еліндегі Эдукологиялық университеті – Вильнюстегі педагогикалық жоғары білім беретін мекеме, Литвадағы ең үлкен университеттердің бірі болып саналады. Университетте педагогикаға бағытталған түрлі кадрларды дайындайды. Университет 1935 жылы мемлекеттік педагогикалық институт ретінде құрылған. Педагогика кафедрасында 3 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады:

1. Білім беру сапа менеджменті;
2. Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық;
3. Арнайы педагогика.

Білім беру менеджерлерін алғашқы екі бағдарлама бойынша дайындайды. «Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық» атты бағдарламаның негізгі ерекшеліктеріне келер болсақ, бағдарлама авторлары жұмыс берушілердің талаптарын негізге ала отырып құрастырған. Бұл жағдай жаңашылдық болғандықтан қызығушылық тудырып, жылдам жүзеге асырылған. Литва мемлекетінің Ғылым және Білім министрлігің жарлығына сәйкес, білім менеджерлеріне арналған бағдарламаны аяқтағаннан кейн келесідей құзіреттіліктерді қалыптастыру керек. Арнайы:

1. Стратегиялық менеджемент;
2. Білім беру мен оқытуды басқару;
3. Біліктілікті арттыруды басқару;
4. Білім беру орындары құрылымын және үдеріс пен ресурсты басқару. Оның ішінде жеке тиімділік, стратегиялық ойлау мен басқару, оқу дағдысы, адамдарды басқара алу, коммуникативті және ақпараттық құзіреттеліктерге баса назар аударылады.

Дәл осы құзіреттіліктерді қалыптастыру үшін төмендегідей пәндер оқытылады.

- Білім беру философиясы;
- Білім берудегі менеджмент;
- Білім беру саясаты;
- Заманауи дидактика;
- Білім беру мазмұнын басқару;
- Заманауи білім беру технологиясы [8, 36 б.].

А.Қ. Құсаиновтың басшылығымен жазылған «Система образования ведующих стран мира» атты монографияда Жапон елдеріндегі білім беру менеджерлерін дайындау процесі туралы айтылады. Осы зерттеу жұмысында ғалым А. Жунусбекова Жапон елдеріндегі білім беру менеджерлерін даярлау формаларына назар аударады [9, 44 б. Білім беру менеджерлерін даярлаудың фомалары мен әдістері тәжірибеге бағытталғандықтан нақты кәсіби мәселелерді шешеді деген пікір айтады....

Қазақстанмен тығыз байланыс орнатқан мемлекеттердің бірі – Ресей. А.И. Герцен атындағы Ресей педагогикалық университетінде білім беру менеджерлерін дайындайды. Аталмыш университеттің «Білім беруді басқару және кадрлық менеджмент»кафедрасында «Сапаны басқару» және «Білім берудегі менеджмент» профильдер бойынша мамандар дайындайды. «Сапа менеджмент жүйесінің негізінде жоғары оқу орындарының дамуын

басқару» және «Білім берудегі сапа жүйесі» атты кәсіби дайындықтың бағдарламасын дайындайды [10, 86 б.].

Қазақстандық білім жүйесі бәсекеге қабілетті, үш тілде еркін сөйлейтін, еуразиялық көпмәдениетті, әртүрлі ұлт арасында тіл табыса алатын және техника мүмкіндіктерін пайдалана алатын, базалық құзыреттіліктерді меңгерген, өзге халықтың мәдениеті мен дәстүрін қолдайтын тұлғаны қалыптастыруға бетбұрыс алды. Қазіргі таңда жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру мақсатында еліміздің білім беру жүйесі нәтижеге бағытталған білім беру моделіне көшті. Жаңа білім беру моделінің жекелеме элементтері нақты білім беру тәжірибесінде көрініс тапты, жаңа оқу орындары, жаңа бағдарламалар мен оқулықтар, білім берудің жаңа әдістері мен технологиялары пайда болды.

Әдебиеттер:

1. Субетто А. И. Квалиметрия человека и образования: генезис, становление, развитие, проблемы и перспективы: Материалы XI симпозиума «Квалиметрия в образовании: методология, методика и практика» / А. И. Субетто. – М.: Исслед. центр проблем качества подготовки специалистов, 2012. – 97 с.
2. Национальный доклад о состоянии и развитии образования в Республике Казахстан (краткая версия) / Б. К. Дамитов, Н. Т. Ермеков, О. И. Можаева и др. – Астана, 2018. – 43 с.
3. Виханский О. С., Наумов А. И. Менеджмент: учебник /– 5 изд. – М. : Магистр : ИНФРА М, 2014. – 576 с.
4. Есенова К.А Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау). Философия докторы (PhD) дәреж. алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2021. – 221 с.
5. Bush T. Theories of Eductionl Ledership nd Mngement. - 3rd. nd. – London: Sge, 2009. – 150 p.
6. Исмаилова Е.В. Преодоление социальной апатии студенческой молодежи средствами культурно-досуговой деятельности: // Вестник. Челябинской государственной академии культуры и искусств, 2009. – С. 80-86.
7. Репина Е.А., Чернышев М.А., Анрпченко Т.Ю. Основы менеджмента: учебное пособие. – М.: НИЦ ИНФРА-М; Академцентр, 2013. – 240 с.
8. Асқарқызы С. Университет жағдайында әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайынд.дисс.. – Алматы, 2018. – 156 б.
9. Құсайынов А. Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. – 196 б.].
10. Трапицын С.Ю. Подготовка кадров в области образовательного менеджмента в современном мире. – Спб., 2011. – 210 с.

МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ

Абдисадыкова Айгуль Базарбаевна,
оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Аннотация. Адамның жеке дамуы өмір бойы жүріп отыратын процес. Тұлғаны қалыптастыру әдетте, адамның жеке қасиеттерін қалыптастырудың бастапқы кезеңі болып табылады. Жеке тұлғалық өсу көптеген сыртқы және ішкі факторларға байланысты жүзеге асырылады.
Түйін сөздер: бос уақыт, әуесқой еңбек, шығармашылық, ойын-сауық, демалыс.

Аннотация. Личностное развитие человека-это процесс, который происходит на протяжении всей жизни. Формирование личности, как правило, является начальным этапом формирования личностных качеств человека. Личностный рост осуществляется в зависимости от многих внешних и внутренних факторов.
Ключевые слова: досуг, любительский труд, творчество, развлечения, отдых.

Abstract. Personal development of a person is a process that occurs throughout life. Personality formation, as a rule, is the initial stage of the formation of personal qualities of a person. Personal growth is carried out depending on many external and internal factors.
Key words: leisure, amateur work, creativity, entertainment, recreation.

Адамның жеке дамуы өмір бойы жүріп отыратын процес. Тұлғаны қалыптастыру әдетте, адамның жеке қасиеттерін қалыптастырудың бастапқы кезеңі болып табылады. Жеке тұлғалық өсу көптеген сыртқы және ішкі факторларға байланысты жүзеге асырылады. Жеке тұлғаның белгілі бір мәдениетке, әлеуметтік-экономикалық тапқа және әр отбасылық ортаға тән қалауын сыртқы факторларға жатқызсақ, ішкі детерминанттарға генетикалық, биологиялық және физикалық факторлар жатады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жарқын, стандартты емес, ойшыл тұлғаларды қолдау және дамыту мәселесі қазіргі кезде өзекті болып отыр. Адамның демалысты белсенді пайдалануының маңыздылығы мен пайда әкелу қабілеті К. Д. Ушинскийдің еңбектерінде де қарастырылған: "ақыл-ой еңбегінен кейінгі демалыс ештеңе жасамау емес, істі өзгерту: физикалық еңбек-бұл жағымды ғана емес, сонымен қатар ақыл-ой еңбегінен кейінгі пайдалы демалыс. Ең бастысы, оқушының қолы жұмыссыз, басы ойсыз қалатын лакейлік уақытты өткізуі мүмкін болмауы керек, өйткені бұл минуттарда бас, жүрек және адамгершілік нашарлайды". Бұдан шығатыны, оқушылардың бос уақытында демалу үшін үлкен мүмкіндіктер ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның дамуының міндетті шарты болып табылады. Бос уақыт - бұл балалардың, жасөспірімдердің және жастардың жалпы адамның негізгі қажеттіліктерін сынау үшін қолайлы негіз болып саналады. Бос уақыт процесінде балаға өзін-өзі құрметтеуді қалыптастыру әлдеқайда оңай, тіпті жеке кемшіліктерді де бос уақытты өткізу арқылы жеңуге болады. Бос уақыт баланың мінезіндегі атап айтқанда, бастамашылық, өзіне деген сенімділік, ұстамдылық, еркектік, төзімділік, табандылық, шынайылық, адалдық және т.б. сияқты қасиеттерді қалыптастыруда көп маңызға ие. Бос уақыт өзінің барлық көп қырлылығымен төрт негізгі функцияны орындай алады: демалыс, қарым-қатынас, өзін-өзі дамыту.

Бос уақыт - бұл қоғамдық және тұрмыстық еңбек саласынан тыс қол бос уақыттағы іс-әрекет, соның арқасында адам өзінің еңбек ету қабілетін қалпына келтіреді және негізінен еңбек қызметі саласында жетілмейтін дағдылар мен қабілеттерді дамытуға мүмкіндік алады. Бос уақыт – бұл да іс-әрекет. Бұл адам өзіне қоятын белгілі бір мүдделер мен мақсаттарға сәйкес жүзеге асырылатын қызмет түрі. Мәдени құндылықтарды игеру, жаңа нәрселерді білу, әуесқой еңбек, шығармашылық, дене шынықтыру және спорт, туризм, саяхат – бұл бос

уақытында басқа да көптеген нәрселермен айналысуы мүмкін. Қазірі таңда жасөспірімнің бос уақытын өткізудің ең көп таралған түрі-қарым-қатынас.

Сондықтан оқушылардың даму кезеңінен бастап кездесулер мен мектептен тыс қызығушылықтар балалар үшін маңызды бола түсуде. Бұл жаңа қауымдастықтардың әлеуметтік құндылығы - баланың оған бейімделуі,оның даралығын қорғауға және бекітуге және оған интеграциялануға мүмкіндік табуы керек. Жеке тұлғаның қалыптасуына еңбек қызметінің факторлары, еңбектің әлеуметтік сипаты, оның пәндік мазмұны, ұжымдық ұйымның нысаны, нәтижелердің әлеуметтік маңыздылығы, еңбек технологиялық процесі, тәуелсіздікті, бастаманы, шығармашылықты өрістету мүмкіндігі әсер ететінін білеміз. Тәрбие тұлғаның дамуында шешуші рөл атқарады, сонымен қатар ол оның өз бетімен жұмыс жасаудағы, яғни өзін-өзі дамытудағы белсенділігін ішкі ынталандыруға көп әсер етеді.

Қазіргі уақытта "бос уақыт қызметі арқылы оқушылардың шығармашылық тұлғасын қалыптастыру" тақырыбы өте өзекті, өйткені бос уақыт өскелең ұрпақтың өмірінде өте маңызды орын алады. Бос уақыт балалардың физикалық және психологиялық дамуының маңызды факторы бола алады. Олай деп айтуымызға бос уақыттағы сүйікті іс-шаралар эмоционалды денсаулықты қолдайтыны, стресстен және кейбір мазасыздықтан арылуға ықпал ететіндері негіз бола алады. Бала үшін оңтайлы ұйымдастырылған бос уақыттың ерекше құндылығы-бұл балаға ондағы ең жақсысын жүзеге асыруға, жаңа шығармашылық қабілеттерін ашуға көмегі болып табылады. Осы мақсатқа жетудің ең үлкен мүмкіндіктері сабақтан бос уақытты қамтамасыз етеді, сондықтан осы уақыт аралығында балалар денсаулығын қалпына келтіреді, шығармашылық әлеуетін дамытады, жеке мүдделерін қанағаттандырады, мектепте оқудан демалады. Осылайша, сабақтан тыс уақытта балалардың бос уақытын ұйымдастыру мәселесі өзекті болып табылады. Балалар өздерінің жеке дамуы үшін бос уақыттарын оңтайлы пайдалана бермейді. Сондықтан балалар үшін бос уақытты дамытуға көп көңіл бөлу керек.

Балалардың бос уақытын ұйымдастырудың формалары мен әдістеріне мыналар жатады: ойын және ойын тренингі әдістері, театрландыру әдістері, бәсекелестік әдістері, тең рухани байланыс әдістері, тәрбиелік жағдайлар әдістері, импровизация әдістері. Енді осы әдістерге шағын сипаттам бере болсақ:

Бірінші әдіс-*ойын және ойын жаттығулары әдісі.* Ойын - бұл балалар мен жасөспірімдер үшін тәуелсіз және заңды әрекет түрі болып табылады. Мультфильм, ертегі сияқты ойын баланың өмірінде жиі қайталанады, бұлар оның тәрбиелік жаттығулары іспетті. Ойында антипатия мен жанашырлықты оңай анықтауға болады, мысалы, егер олар ойында құрдастарының біреуін таңдаса, өз қалауын көрсетсе ("Аксерек-көксерек", "сақина" және т.б.). Ойын оқушының білімі мен интеллектуалдық қабілетін анықтауға көмектеседі ("Не? Қайда? Қашан?", "Ғажайыптар өрісі", "ең ақылды", конкурстар, зияткерлік-танымдық ойындар және т.б.). Ойындар оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерінің даму деңгейін анықтайды, сонымен қатар олардың физикалық қабілеттерін анықтайды: күш, реакция жылдамдығы, ептілік, икемділік, төзімділік және т. б.

Екінші әдіс - *Театрландыру әдістері.* Оқушылардың бос уақыттары көптеген сюжеттер мен әлеуметтік рөлдерге ие екені белгілі. Балалардың кездейсоқ қарым-қатынасы әртүрлі кештер, "Капустник", "театр бөлмесі", "мерекелік кеш" сияқты жиындар және т.б. түрінде болуы мүмкін. Және театрландыру әдісі карнавалдық, мерекелік костюмдер, салт-дәстүрлер, рәсімдер және т. б. арқылы жүзеге асырылады.

Үшінші әдіс -*Бәсекелестік әдістері.* Байқау -бұл шығармашылық күштерді табуға, іздеуге, іске асыруға және ашуға ынталандыру. Балалар жарысуды, бәсекелесуді үйрене білуі керек. Бос уақытты өткізу әрдайым өте эмоционалды, сондықтан ол экстремалды мінез-құлықты ынталандырады: толқу, белгілі бір әсер күйі, толқу, реніш және т.б. мысалы, балалар спортында, жарыстарда, ұжымдық ойындарда жанкүйерлердің "ауру" мәдениеті өте төмен. Бұл жағдайда оқушыларды қарсыластарының жеңісін лайықты қабылдауға үйрету керек.

Төртінші әдіс -*Тең рухани байланыс әдістері.* Бұл әдістер балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекетіне негізделген, былайша айтқанда "тең". Тәрбиеші мен тәрбиеленушілер – мектеп клубтарының, бірлестіктердің, шығармашылық үйірмелердің тең құқылы мүшелері

болып саналады. Тең рухани байланысқа негізделген балалар мен ересектерге арналған бірлескен бос уақытты ұйымдастыруда "қызыл сызық"деп аталатын нәрсені ұмытпау керек.

Бесінші әдіс -*Тәрбиелік жағдайлардың әдістері.* Тәрбиелік жағдай-бұл балалар мен жасөспірімдер үшін мұғалім арнайы жасаған жағдайлар. Мұндай жағдайлар алыс болмауы керек. Олар өмірді оның барлық қиындықтары мен қиындықтарымен бейнелеуі керек. Мұғалім қажетті жағдайдың туындауы үшін арнайы жағдай жасауы керек, бірақ жағдайдың өзі табиғи болуы керек. Бұл әдісті қолдану үшін тосынсый маңызды рөл атқарады. Мұғалімнің белгілі бір реакциясын күте алатын оқушы өзін қарсылыққа алдын-ала дайындамауы үшін және ол үшін әрекеттер күтпеген болды.

Алтыншы әдіс -*Импровизация әдістері.* Импровизация - бұл саналы емес және алдын-ала дайындалмаған әрекет, Экспромт болып табылатын әрекет. Импровизацияға еліктеу мінез-құлқы кіреді. Импровизация әдістері дайындық әдістерімен салыстырылады. Импровизация әдісі баланың толқуын тудыруға қызмет етеді, шығармашылықты дамытады.

Осылайша, бос уақытты педагогиканың белгілі бір әдісін таңдау үшін мақсаттар мен міндеттерді, сондай-ақ бос уақытты өткізудің мазмұнын анықтау қажет, және, әрине, белгілі бір әдісті таңдау оқушылардың жас ерекшеліктеріне және оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру формаларына байланысты.

Бос уақыт қызметінің түрлері бірнеше топқа бөлінеді:

- демалыс
- ойын-сауық
- мереке
- өзін-өзі тәрбиелеу
- шығармашылық

Демалу - шаршау мен шиеленісті жеңілдетеді, демалуға көмектеседі, физикалық және психикалық күштерді қалпына келтіруге қызмет етеді деп саналады. Ол пассивті болуы мүмкін және әртүрлі деңгейлер мен белсенділік дәрежесін қамтуы мүмкін.

Бос уақыттағы **ойын-сауық** өтемақы сипатына ие, психологиялық разряд, эмоционалды разряд рөлін атқарады, балаға да, ересек адамға да әсер етуді қамтамасыз етеді. Демалыс пен ойын-сауық мереке күндері жүзеге асады.

Мерекелер өткен мен қазіргі арасындағы белгілі бір байланысқа ие, шындықты салтанатты түрде өзгерту арқылы жүзеге асырылады. Мерекелер тарих пен жеке өмірдің бетбұрыс кезеңдерінде маңызды құндылықтарды жаңартуға қызмет етеді, онда адам, кем дегенде, қысқа мерзімге, күнделікті істерден, уайымдардан босатылады, эмоционалды қарбалас өмірге енеді, көтерілуді бастан кешіреді, өз сезімдерін ашық білдіруге мүмкіндік алады.

Өзін-өзі тәрбиелеу демалыс қызметі ретінде адамдарды мәдениет құндылықтарымен таныстыруға бағытталған. Білім беру қызметі, ақыл-ой қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық және адамгершілік сезімдерін дамытады.

Шығармашылық. Бос уақыттың ең жоғары деңгейіне шығармашылықта қол жеткізуге болады. Адамның өзін-өзі көрсетуге, шындықты өзгертуге, іздеуге, эксперимент жасауға, тануға және қоршаған әлемді өзгертуге деген терең қажеттіліктеріне жауап беретін шығармашылық болмысты, өзіне деген көзқарасты жетілдіруге, жаңасын жасауға көмектеседі. Шығармашылық бос уақытты өткізу жеке тұлғаны жаңа деңгейге көтереді – рухани құндылықтарды тұтынушыдан бастап оларды жасаушыға дейін.

Бос уақыт түрлері:

- пассивті (көрермен, тыңдаушы) ;
- белсенді (белсенді);
- ұйымдастырылған (педагогикалық тұрғыдан дұрыс пайдаланылған бос уақыт);
- стихиялық (бос уақытты пайдаланудың реттелмеген процесі);
- бақыланатын және бақыланбайтын;
- ұжымдық және жеке;
- еліктеу және шығармашылық;

- озық (ізденімпаз перспективалық қызмет) және нормативті (дәстүрлі түрде қалыптасқан модельдер).

Тұлғаның әлеуметтік дамуын қадағалау оның мәдени жетістіктерін жинақтайтын жалпыадамзаттық құндылықтарға деген нақты және жеке қатынастарының динамикасы арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік-мәдени қызмет-бұл адамзат жинаған мәдениет пен тәжірибені аға ұрпақтан кіші ұрпаққа беруге, олардың жеке дамуына жағдай жасауға және қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындауға дайындалуға бағытталған қызметтің ерекше түрі.

Бұл қызметті қоғамның әлеуметтік-мәдени институттарының жүйесі жүзеге асырады, олардың арасында Отбасы, мектеп, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. басым позицияларды алады.

Бос уақыттың келесі негізгі сипаттамалары бар:

1) бос уақыттың айқын физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік аспектілері болады;

2) бос уақыт сабақ түрін және белсенділік дәрежесін таңдау кезінде еріктілікке негізделген;

3) бос уақыт еркін шығармашылық қызметті көздейді;

4) бос уақыт жеке тұлғаны қалыптастырады және дамытады;

5) бос уақыт еркін таңдалған іс-әрекеттер арқылы өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі растауға және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға ықпал етеді;

6) бос уақыт шығармашылық бастаманы ынталандырады;

7) бос уақыт құндылық бағдарларын қалыптастыруға ықпал етеді;

Шығармашылық тұлғаның дамуы-жаңа мүмкіндіктердің пайда болуының және оларды нақты шындыққа айналдырудың шексіз процесі. Мәдени-тыныңу қызметі –адам күш-қуатын іске асырудың ең бір маңызды құралдарының бірі болып саналады. Сонымен қатар ол әлеуметьтік –мәдени орта мен оның айналасындағы тиімділікті қалыптастырудың да бірден-бір құралы. Өйткені, мұндағы іс-шараларға әуесқойлық, ортақ мүдделіктен пайдап болады, сондықтан даәр субъект іс-шараның тұтынушысы ғана емес, жасаушысы ба болып табылады.

Кез-келген жағдайда, бос уақыт шеңберінде жасөспірімнің жеке басының моральдық бағдарларын қалыптастыру процесі жүзеге асырылады. Демек, бос уақытты өткізу формалары үлкен қоғамдық маңызға ие.

Жастардың белсенді тәуелсіз қызметке, оның ішінде бос уақытты өткізуге оң уәждемесін қалыптастыру өте маңызды іс болып табылады. Мәдени-демалыс қызметі әрқашан жеке тұлғаның саяси, мәдени және адамгершілік дамуының мүдделері мен қажеттіліктерінен айырмашылығы емес, қоғамдық және өндірістік қатынастарды белсенді дамыту процесінде дамиды. Қызметтің шығармашылық сипаты танымдық белсенділікті қалыптастырады, өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал етеді. Шығармашылық, әлеуметтік тану, ішкі үйлесімділік, адалдық, білім, тәрбие және көзқарастардың кеңдігі басым құндылық бағдарларына айналады.

Әдебиеттер:

1. Омар Е. Мәдени-тиынығу жұмысы теориясы. Алматы, Эверо. 2014.
2. Жарков А.Д. Технология культурно-досуговой деятельности: Учебное пособие для студентов вузов культуры и искусств.2-е изд. перераб. и доп. – М.: Изд-во МГУК, ИПО «Профиздат», 2002.
3. Сапарова Ю.А., Ормолдаева М.А. Шоу бағдарламаларды ұйымдастыру. Шымкент, 2015.
4. Шулунова Л.И., Уалиханова А. Бос уақытты ұйымдастырудың көркемдік-педагогикалық әдістемесі. Алматы, 2015.
5. Современные технологии социально-культурной деятельности:- Учебное пособие. - Тамбов, Изд-во ТГУ им. Г.Р.Державина, 2002. – 504с.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Б.Қ. Смағул, Б.Д. Сыдыхов,
[1]8D01507-Информатика мамандығының докторанты
[2]педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Математика, физика және информатика институтының директоры
Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Аннотация. Зерттеудің өзектілігі– информатика пәнін оқытуда цифрландыру үдерісінде оқытудың қазіргі жағдайын бағалайтын зерттеулердің жеткіліксіз болуы. Мақаланың мақсаты - жоғары мектептеріндегі цифрлық технологиялар қолданысының студенттердің оқу нәтижелеріне әсері мен деңгейіне талдау жасау

Түйін сөздер: цифрландыру, информатика пәні, цифрлық технологиялар, оқыту нәтижелері, тиімді әдістер.

Аннотация. Актуальность исследования является отсутствие исследований, оценивающих обучения предмета информатики в процессе цифровизации на достаточном уровне. Цель исследования – проаназировать влияние использования цифровых технологий на результаты обучения студентов и на уровень использования ими цифровых технологий.

Ключевые слова: цифровизация, предмет, информатики, цифровые технологии, результаты обучения, эффективные методы.

Abstract. The topicality of the research is the lack of studies on the evaluation of the teaching of the computer science subject in the process of digitalization at a sufficient level. The purpose of the article is to analyze the impact of using digital technologies on the students' learning outcomes and on their level of using digital technologies.

Key words: digitalization, subject of computer sciences, digital technologies, learning outcomes, effective methods

Жаңа Қазақстанда әр қадам сайын жаңару, экономикалық және әлеуметтік даму жүріп жатқан қазіргі заманда цифрлық технологияның рөлі баға жетпес болып саналады. Әсіресе, білім беру саласында үлкен өзгерістер болып жатыр. Дамыған елдердің тәжірибесін пайдалана отырып, ұлтпен ғана шектелмей, оқу үрдісін жетілдіру қажеттілігі - оның алғышарты ретінде оқу процесінде цифрлық технологиялардың озық үлгілерін енгізу болып табылады.

Қазақстанда цифрлық экономиканы құруды қамтамасыз етудің жаңаша дамыту траекториясына жағдай жасау мақсатында жоғары бағдарлама білім беруде кәсіби, техникалық, жоғары білім беру мақсатында цифрлық сауаттылықты дамыту, студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында мамандарды даярлау мен қайта даярлау сияқты міндеттер көзделуде. Қазақстан Ре-спубликасы (ҚР) 2017 ж. 12 желтоқсанда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын бекітті. Оның мақсаты – еліміздің экономикасын дамытуды жеделдету мен цифрлық технологияларды қарқынды қолдану нәтижесінде өмір сүру деңгейін арттыруға жағдай жасау[1].. Ал. Осы міндетті жүзеге асыру үшін бізге жаңа біліммен қаруланған мамандар керек. Осы бағытта, ЖОО «информатика» мамандығына соңғы жылдары гранттар саны айрықша артып, студенттерге білім берудің сапасына жаңа талаптар қойылды. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға және жоғары білікті мамандарды даярлау сапасын түбегейлі жақсартуға септігін тигізеді. Цифрлық технологиялар (Digital technologies) дегеніміз - дәстүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қатар, жақында пайда болған мобильді, бұлтты, смарт-технологияларды қамтиды Елімізде 2022 жылға қарай халықтың цифрлық сауаттылық деңгейін көтеру 83%-ға, интернетті пайдаланушылар үлесі – 82,3%-ға көтеру жұмыстары жоспарланып, жүзеге асырылды [2].

Біз бұл саланы дамытуда «Информатика» мамандықтары студенттерінің цифрлық сауаттылығын көтеруіміз керек. Бұл студенттерді күнделікті қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдан білу құзыреттіліктерін дамытуды жәәне жедел өзгермелі цифрлық сауаттылықпен жазу және оқу қабілетін біріктіру сияқты үлкен сұранысқа ие [3]. Дербес компьютерлерді еркін қолдану, оқыту процесінде информатика пәні бойынша электронды түрдегі тапсырмалардың жүйесіне енгізілген электрондық технологияларды қолдану және өз ресурстарын жаңарта алатын цифрлық сауаттылық ұғымы аса маңызды [4]. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (ЭЫДҰ) 16-65 жастар аралығында ересектердің цифрлық құзыреттілігін бағалау бағдарламасын іске қосыт. Бағалау PIAAC (Programme for the International Assessment of Adult Competencies) нәтижесінде Қазақстанның цифрлық оқу сауаттылығы бойынша 39 ел арасында 34-орында тұрғаны мәлім болды. Ал, математикалық сауаттылық бойынша 33-орынға , АКТ сауаттылығы бойынша 32-орындамыз [5]. Бұл дегеніміз, еліміздегі цифрлық сауаттылықтың төмен екендігінің айғағы. Уақыт өте цифрлық технологиялар дамып, өміріміздің ажырамас бөлігіне айналады. Сондықтан, цифрлық технологиялар – информатика мамандығы бойынша студенттер үшін ді оқытушы үшін де интернеттің өзегі, қазіргі өмірдің негізі.

Келесі кезекте, оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың негізгі мүмкіндіктеріне талдау жасап көрелік. Көптеген дереккөздерде келесі мүмкіндіктер анықталады:

- студенттердің оқуын белсендіреді;
- оқытудың мазмұнын байытады,
- білімді меңгеруді жекелендіреді;
- студенттержің білімі мен дербестігін үлгілеуге үйретеді; -
кез келген оқу құралдарын кешенді пайдалануға дағдыланады;
- компьютер арқылы білімдерін тексеруге, қателерді анықтауға және оларды түзету жолдарын іздеуге үйретеді және т.б.

Цифрлық технологияның нақты ағымын электрондық пошта, интернет, мәтіндік хабарламалар, Facebook, MySpace, Youtube, Twitter, Skype студенттердің басқалармен қарым-қатынасын түбегейлі өзгертуге көмектесті. Цифрлық технология құралдары студенттерді мультимедиа арқылы оқытудың мынадай артықшылықтары бар:

а) берілген материалды жақсырақ және тереңірек игеруге мүмкіндік туады;

ә) білім берудің жаңа бағыттарымен тығыз байланысқа деген ынта одан да артады:

б) оқу уақытын қысқарту, уақытты үнемдеуге қол жеткізіледі;

в) алынған білімді адам жадында ұзақ сақтау және қажет болған жағдайда оны тәжірибеде қолдану мүмкіндігіне қол жеткізіледі [5, 6].

Цифрлық технологияның пайда болуы білім, ғылым, өнер, компьютерлік оқыту, жарнама, технология, медицина, математика, бизнес, ғылыми зерттеулер сияқты бірнеше кәсіби салаларда революциялық өзгерістерге әкелді. Білім беруде цифрлық технологияларды қолдану мыналарға мүмкіндік береді:

- білім беруді ізгілендіруді қамтамасыз етуге;
- оқу процесінің тиімділігін арттыруға;
- студенттің жеке техникалық құзыреттілігін дамытуға (оқу қабілеті, білімге құштарлық, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, шығармашылық қабілет, алған білімдерін практикада қолдана білу, оқуға қызығушылық, еңбекке деген көзқарас);
- оқытушының коммуникативті және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға;
- компьютерлік құралдар мен ақпараттық электрондық білім беру ресурстарының көмегімен әрбір адамды жеке (дара) оқыту есебінен ашық және қашықтықтан білім беруді даралау және саралау мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейтіге;
- оқытушыға білімді игеретін белсенді субъект ретінде қарауға, оның құндылығын сезінуге;
- студенттің жеке тәжірибесі мен жеке ерекшеліктерін ескеруге;
- студент өз бетінше білім алып, дамитын өз бетінше оқу қызметін жүзеге асыруға;

- студенттердің кәсіби міндеттерін ойдағыдай орындауы үшін олардың қазіргі тез өзгеретін әлеуметтік жағдайларға бейімделуіне ықпал ететін заманауи білім беру технологияларын қолдану дағдыларын дамытуға [7, б. 465].


Цифрлық технологиялар – қарқынды дамып келе жатқан заманауи цифрлық технология. Оның айрықша белгілеріне мыналар жатады:

- ақпараттың әртүрлі түрлері: дәстүрлі (мәтін, кестелер, ою-өрнектер және т.б.), түпнұсқа (сөйлеу, музыка, бейнефильмдерден үзінділер, теледидарлық кадрлар, анимация және т.б.), бір бағдарламалық өнімге біріктірілген ;

- интерактивті «адам-компьютер» коммуникациясының жаңа деңгейі, онда қолданушы қарым-қатынас процесі кезінде анағұрлым кеңірек және жан-жақты ақпаратты алады;

- оқу, жұмыс немесе демалыс жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді;

- мультимедиялық құралдар негізінде кадрларды даярлау мен қайта даярлауды жолға қоюға септігін тигізеді.



1-сурет. Цифрлық технологияның тиімділіктері

Суретте көріп отырғанымыздай, студенттер үшін жаңа цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері мен функционалды сипаты ерекше бай. Студенттер үшін баға жетпес оқу құралы. Мультимедиялық құралдар әртүрлі білім беру бағыттарының (стильдерінің) үйлесімде қолданылуы және білім берудің және білім алудың психикалық және жас ерекшеліктері әртүрлі адамдармен қолданылуы мүмкін. Кейбір студенттер тікелей оқу арқылы білім алуды ұнатса, басқалары есту арқылы қабылдауды және басқалары көру арқылы.(бейнефильмдерді) шабыттанады. Интерактивті цифрлық мультимедиялық технологиялар академиялық қажеттіліктері бар студенттерге дәстүрлі емес ыңғайлылықты қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, олардың ақпаратты көрнекі түрде меңгеруін қамтамасыз етеді. Цифрлық технология – студенттерге дәстүрлі деректер көзінен гөрі кеңірек деректер массивін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тиімді және перспективалы оқыту құралы; мәтінді, графиканы, диаграммаларды ғана емес, сонымен қатар дыбысты, анимацияны, бейнені және т.б. анық және үйлесімді пайдалануға мүмкіндіктер береді. Студенттердің алған ақпараттық білімді қабылдау, өңдеу және логикалық оқу деңгейіне сәйкес ақпарат түрлерін дәйекті түрде таңдауға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада жоғары мектептеріндегі цифрлық технологиялар қолданысының мүмкіндіктеріне бейімделген оқу материалдарының сапасына байланысты оқытудың тиімділігі

қарастырылады. Цифрлық технологиялар мұғалімнің оқу материалының мазмұнын, емтихан формаларын, мәтінді және басқа да байланысты есептерді тиімді қолдана білуіне, оқу процесінде практикалық мәселелерді шешу жолдарына байланысты түрліше қолданылады. Осының барлығы пән барысында логикалық ретпен енгізіледі және онымен жұмыс істеу жоспары арнайы бағдарлама арқылы студенттерге беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы No 827 қаулысы. – Астана, 2017.

Функционал чатов, форумов и групповых обсуждений стимулирует активное взаимодействие между студентами. Они могут обсуждать разнообразные темы, задавать вопросы, делиться своими мыслями и идеями, создавая атмосферу виртуального класса. Этот онлайн-обмен опытом способствует развитию коммуникативных навыков на иностранном языке и укрепляет доверие и взаимопонимание между студентами из разных культур.

Кроме того, цифровые платформы предоставляют возможность для совместной работы над проектами и групповыми заданиями, где студенты из разных стран могут объединить свои усилия ради достижения общей цели. Такой коллективный подход к обучению не только способствует развитию навыков командной работы и лидерства, но и укрепляет связи между участниками образовательного процесса.

Таким образом, цифровые образовательные технологии не только облегчают взаимодействие с иностранными студентами, но и создают благоприятные условия для активного

обучения, развития межкультурного понимания и формирования глобального сообщества обучающихся

Вызовы и перспективы цифровых образовательных технологий. Цифровые образовательные технологии предлагают огромные возможности для изучения иностранных языков, однако существуют и некоторые проблемы, которые нужно преодолеть, чтобы полностью раскрыть их потенциал.

Проблемы доступности и качества образовательного контента

Один из основных вызовов заключается в обеспечении доступа качественного образовательного контента на различных языках. Несмотря на то, что цифровые технологии позволяют создавать и распространять образовательные материалы с легкостью, иногда возникают проблемы с доступностью контента на менее распространенных языках. Это может создавать трудности для студентов, желающих изучать иностранный язык, если доступных ресурсов недостаточно или они не соответствуют их уровню знаний и потребностям.

Ограничения в мотивации при изучении иностранного языка с использованием цифровых технологий

Еще одним вызовом является поддержание мотивации студентов при использовании цифровых технологий для изучения иностранного языка. В отличие от традиционных классов, где учителя могут контролировать образовательный процесс и мотивировать студентов, использование цифровых технологий требует большой самодисциплины и самомотивации со стороны учащихся. Однако не все цифровые ресурсы могут быть столь же стимулирующими и захватывающими, что может привести к потере интереса и мотивации студентов.

Развитие и улучшение цифровых образовательных технологий в обучении иностранным языкам представляет огромные перспективы, несмотря на существующие вызовы. Одной из возможностей является улучшение доступности и качества образовательного контента благодаря развитию новых технологий, таких как машинное обучение и искусственный интеллект. Это позволяет создавать персонализированные и адаптивные учебные материалы, а также переводить их на различные языки.

Другой перспективой является разработка инновационных методов обучения на основе игрового подхода, виртуальной реальности и усиленного обучения. Эти методы способствуют повышению мотивации студентов, делают обучение более интерактивным и захватывающим.

Помимо перечисленных выше перспектив, важным направлением развития цифровых образовательных технологий является создание комплексных платформ и приложений, объединяющих разнообразные инструменты и ресурсы для изучения иностранных языков. Эти платформы предоставляют студентам широкий выбор возможностей, включающих обучающие курсы, интерактивные упражнения, задания для общения, онлайн-тестирование и другое. Интегрированные платформы обеспечивают удобство и эффективность обучения, позволяя студентам легко переключаться между различными заданиями и ресурсами, а также отслеживать свой прогресс.

Кроме того, развитие цифровых образовательных технологий в области иностранных языков может также включать интеграцию современных коммуникационных средств, таких как видеоконференции и онлайн-платформы для общения. Это дает возможность студентам практиковать языковые навыки в реальном времени с носителями языка и другими учащимися из разных стран, способствуя развитию навыков общения и межкультурного взаимодействия.

Таким образом, развитие цифровых образовательных технологий открывает широкие перспективы для изучения иностранных языков, предлагая различные методы, инструменты и ресурсы для улучшения результатов студентов. С внедрением новых технологий и инновационных подходов мы можем сделать процесс обучения более эффективным, доступным и мотивирующим для всех участников образовательного процесса.

Таким образом, использование цифровых технологий повысит эффективность обучения, к тому же повысит мотивацию студентов. Для максимальной реализации потенциала цифровых образовательных технологий необходимо постоянно совершенствовать методы и инструменты обучения, а также создавать поддерживающую обучающую среду. Перспективы

в этой области включают улучшение качества и доступности образовательного контента, разработку инновационных методов обучения и внедрение новых технологий, таких как машинное обучение и виртуальная реальность.

Для преподавателей рекомендуется активно изучать и осваивать новые цифровые инструменты и методики обучения, а также уделять внимание индивидуальным потребностям и мотивации студентов. Важно также создавать интерактивные и адаптивные учебные среды, способствующие активному участию студентов и развитию их языковых навыков.

Список литературы:

1. Воронеж Издательский дом ВГУ 2019. https://www.rgph.vsu.ru/ru/science/publications/docs/innov-tekh1.pdf
2. Гейзерская Раиса Цифровые образовательные технологии в обучении иностранному языку. https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovye-obrazovatelnye-tehnologii-v-obuchenii-inostrannomu-yazyku/viewer
3. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. М., 2003. 112 с. https://academia-moscow.ru/ftp_share/_books/fragments/fragment_22649.pdf
4. Порожняк Н. Ф. Информационно-коммуникационные технологии в процессе обучения английскому языку в неязыковых вузах // Молодой ученый. 2014. № 9. С. 559-561. https://moluch.ru/archive/68/11594/
5. Chun D. M., Plass J. L. Networked Multimedia Environments for Second Language Acquisition. In M. Warschauer, & R. Kern, (Eds.), Network-based language teaching: Concepts and practice. N. Y.: Cambridge University Press, 2000. P. 151-170. https://assets.cambridge.org/97805216/67425/frontmatter/9780521667425_frontmatter.pdf

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ КҮЮІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰЛҒАЛЫҚ ПРЕДИКТОРЛАРЫ

Жеңісова Әсем Ержанқызы,
магистрант 2 курса по специальности «7М03117 – Клиническая психология» Кафедра общей и прикладной психологии, КазНУ имени аль-Фараби

Аннотация. Эмоционалды күю кәсіби қызметтен туындаған шаршау мен эмоционалды сарқылу сезімін білдіреді. Көбінесе эмоционалды күю адамдармен тығыз қарым-қатынаста болуға міндетті мамандықтардағы жұмысшыларда жиі кездеседі. Бұл мақалада мұғалімдердің күюі және бұл синдромның тууының себептері қарастырылады.
Түйін сөздер: Эмоционалды күю, психикалық күю, мұғалімдер, деперсонализация, эмоционалды сарқылу, эмоционалды күюдің предикторлары.

Аннотация. Под эмоциональным выгоранием подразумевается усталость и чувство эмоционального опустошения, вызванные профессиональной деятельностью. Эмоциональное выгорание возникает чаще у людей, профессия которых связана с тесным взаимоотношением людьми. В данной статье рассматривается эмоциональное выгорание учителей и причины влияющие возникновению данного синдрома.
Ключевые слова: Эмоциональное выгорание, психическое выгорание, учителя, деперсонализация, эмоциональное истощение, предикторы эмоционального выгорания.

Abstract. Burnout is a condition characterized by fatigue and emotional exhaustion as a result of one's professional activities. People who work in professions that involve close relationships with others are more prone to experiencing emotional burnout. This article delves into the topic of emotional burnout among teachers and the various factors that contribute to the onset of this syndrome.
Key words: Emotional burnout, mental burnout, teachers, depersonalization, emotional exhaustion, predictors of emotional burnout.

Қазіргі кезде мұғалімдердің психикалық денсаулығын сақтау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Білім беру жүйесінде соңғы жылдарда айтарлықтай өзгерістер болғандықтан, мұғалімдерге академиялық және жеке талаптардың деңгейі жоғары болуда. Мұғалімдердің эмоционалды жағдайына уақыттың жетіспеушілігі, жұмыстың жоғары динамикасы және халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарымен араласу секілді факторлары әсер етеді. Осы жағдайлардың себебінен мұғалімдер стресс пен шиеленістің жоғары деңгейін сезінеді. Кәсіптің мұндай эмоционалды ерекшеліктері мұғалімдердің "эмоционалды күю" синдромының пайда болуына әкеліп соғады.

Психолог Х. Фрейденберг алғаш рет "Психикалық күю" ұғымын 1970 жылы енгізді. Зерттеу барысында әлеуметтік мамандықтардың жұмысшылары "психикалық күюге" көбірек бейім екендігі анықталды. "Психикалық күю" терминімен қатар "эмоционалды күю" және "кәсіби күю" секілді ұқсас ұғымдар пайда болды.

Қазіргі уақытта "психикалық күю" термині кәсіби қызметке байланысты пайда болатын психикалық шаршау және эмоционалдық күю жағдайын білдіреді. К. Маслач "психикалық күю" синдромын үш негізгі құрамдас бөлікке бөледі: эмоционалды сарқылу, кәсіби жетістіктердің төмендеуі және деперсонализация. "Эмоционалды сарқылу" жұмыс себебінен эмоционалды шаршау сезімі ретінде түсініледі. "Кәсіби жетістіктерді азайту" дегеніміз-жұмысшылардың өз салаларында қабілеттері жетіспеушілігі және сәтсіздік туралы ойларының пайда болуы. "Деперсонализация" - бұл мұғалімдердің жұмысқа деген циникалық көзқарасы және оқушыларға бағытталған адамгершілікке жатпайтын, менсінбейтін қарым-қатынасы.

"Эмоционалды күю" синдромы ұзақ мерзімді стресстен туындауы мүмкін. Ұзақ мерзімді стресс - жұмысқа байланысты ұзақ мерзімді орташа қарқынды стресстен туындайды [1, б. 9-15].

Мұғалімнің эмоционалды күюі өте ерекше өтеді, өйткені ол мұғалімнің жеке басына ғана емес, сонымен қатар оның оқушылары мен кәсіби қызметіне де әсер етеді.

Әр мұғалімнің эмоционалды күюі өзін әртүрлі көрсетеді. Бұл синдромның жоғары деңгейінде эмоционалды сарқылу пайда болады, өзін-өзі бағалау төмендеп, негативизм деңгейі жоғарылайды. [2, б. 45–50]

Эмоционалды күю қызметкерлердің психикалық денсаулығында мінез-құлықтан соматофизиологиялық деңгейге дейін өзгерістерді тудырады. Шаршаудың үш негізгі кезеңі бар: шиеленіс, қарсылық, сарқылу.

"Эмоционалды күю" синдромының дамуына сыртқы және ішкі детерминанттар әсер етеді. Ішкі алғышарттарға болашақтағы перспективаларды қамтитын құндылық-семантикалық құрылымдары жатады. Ең пайдалы уақыт перспективасы-бұл өткенді оң қабылдау, болашаққа ұмтыла отырып, қазіргі уақытқа басымдық беру. Мұғалімдегі уақытша перспективаның синхронизациясы эмоционалды күю синдромының симптомы болып табылады. Субъективті "Болашаққа" немесе "өткенге" көп назар аударатын маман "қазіргі уақытта" жұмысты ынтажігерсіз орындай бастайды және эмоцияларды өздігінен сезінумен қиындықтар туып, әңгімелесушілермен қарым-қатынаста қашықтықтың пайда болып эмоционалды реакцияның бұрмалануына, әңгімелесушілердің эмоцияларын қабылдаудағы қателіктерге әкеледі.

Осылайша, эмоционалды күю синдромының дамуы басталады, бұл уақытша перспективалардың десинхронизациясының одан әрі жоғарылауына әкеледі. [3, б. 45–50]

Мұғалімнің эмоционалды күюінің пайда болуына оның оқушыға заңды түрде жауапты болуы да әсер етеді. Оқушылармен қарым-қатынас, мысалы, олардың белсенділігінің төмендігі немесе ақпаратты қабылдағысы келмеуі, оқушылардың оқуға қарсылық келтіруі да әсер етуі мүмкін. [4, б. 607]

В. В. Бойконың айтуы бойынша, эмоционалды күю синдромы - бұл тұлғаның психикалық қорғаныс механизмі, ол психотравматикалық жағдайларда эмоцияларды толық немесе ішінара сезінбеуге көмектеседі. Эмоционалды күю синдромына бейім мұғалім үшін оқушының жағымсыз жақтарын байқап, оларға шектен тыс назар аударуы тән. Бұл синдромға бейім мұғалімнің тағы бір ерекшелігі - эмоционалды қайтарымдағы әлсіз талпыныс. Кәсіби маман эмоционалды қайтарыммен байланысты жүкті азайтуға тырысады. Оқушыны оқытуға деген қызығушылық жоғалады, оны манипуляция объектісі ретінде қабылдай бастайды. [5, б. 474]

Мұғалімдердің қызметінде эмоционалды күюге ұшырауға әкелетін үш дағдарыс кезеңі бар:

- Бірінші жылдағы дағдарыс, әдетте, "мінсіз" мұғалім болатынына сенімді жас мамандарда кездеседі. Жолда олар тәжірибеде кездесетін кейбір нюанстарға тап болады. Алдарына қойған талаптардың орындалуы көп уақытты алады, бұл эмоционалды энергияның төмендеуіне әкеледі. Кейбір мамандар үшін бірінші жыл мамандықтағы соңғы жыл болуы мүмкін.

-Бес-жеті жылдық дағдарыс, үнемі дамып келе жатқан мұғалімдерде көрінеді. 5-7 жылдық тәжірибесі бар көптеген мұғалімдердің ішкі "педагогы" бар, ол оған тапсырма болмаған жағдайдың өзінде де, тапсырма тауып оны орындауға бұйрық береді. Мұндай маман уақыт өте келе өзінің жетістіктеріне қануды тоқтатады. Білім беру саласындағы жаңалықтарды талқылағысы келмегендіктен, әріптестермен бейресми жағдайда кездесулер, мұндай маманға алаңдаушылық туғыза бастайды.

-Он екі-он бес жылдық дағдарыс, қырық жасқа жақындаған тәжірибесі мол мамандарда жиі кездеседі. Жұмыстағы міндеттемелерді орындау маманда агрессия мен бас тартуды тудырады. Өзін-өзі бағалаудың төмендігімен байланысты сертификаттаудан қорқу пайда болады. Адамдармен қарым-қатынас жасау ниеті жоғалады, әріптестерінің назарынан тыс қалғысы келеді.

Мұғалімнің эмоционалдылығы оқушылардың дамуындағы негізгі факторлардың бірі болғандықтан, эмоционалды күю синдромына ұшыраған мамандардың оқушыларында эмоционалды реакцияның қалыптасуында қиындықтар болады. Эмоционалды күюге бейім мамандардың оқушыларында рефлексияның бұзылуымен өзін-өзі қабылдау проблемалары пайда болады, бұл өз кезегінде мінез-құлықтың әлеуметтік нормалардан бұзылуына әкеледі.

Өздеріне тым жоғары талаптар қоятын мамандарда бұл синдромға шалдығуға жоғары қауіп-қатер көрінеді. Мұғалімдердің бұл санатына бәрін білетін "нағыз кәсіпқой" маман үлгі болып табылады. Мұғалімдердің эмоционалды күюі оның айналасындағы адамдарға да әсер етеді. Деперсонализацияның себебінен маман оқушыда туындаған қателіктерді түзетуге рұқсат бермей, оқушыларды теріс бағалай бастайды. [6, б. 54]

Эмоционалды күю бүкіл оқу жылы бойы дамып, демалыс қарсаңында күшейеді. Демалыс кезінде, тіпті мұғалімнің қағаз жұмысымен айналысуға уақыты болса да, эмоционалды шаршау себебінен оны орындай алмайды. Демалыстан кейін мұғалім жұмысқа толық күшпен кірісе алмайды. Оның орнына ашуланшақтық, шаршау фонында физикалық және эмоционалдық сарқылу басталады. Мұғалім жиі ауыра бастайды, күйгелектенеді. Оның мотивациясы мен жұмыс істеуге деген ұмтылысы жоғалады.

Мұғалімдердің денсаулығына әртүрлі себептер әсер етеді. Эмоционалды күюдің пайда болуында экономикалық және тұрмыстық факторлар да рөл атқарады.

Мұғалімдердің психикалық ширығуының жоғары деңгейі, олардың қобалжулары, әртүрлі стресстік жағдайларда тез және икемді әрекет ете алмауы жиі кездеседі. Мұғалімдердің жұмысындағы осы ерекшеліктерді ескерсек, олардың психологиялық қорғаныс механизмдерінің, әсіресе эмоционалды күюдің пайда болуы заңдылық болып табылады. Мамандардың жағдайын олардың жұмыстан эмоционалды қашықтығы, цинизмі, зауықсыздығы ушықтырады. [7, б. 256]

Теориялық талдауға сүйене отырып мұғалімдердің психикалық күюінің пайда болуына әсер ететін психотравматикалық факторларды екі топқа бөлуге болады: объективті және еңбек жағдайының әсерінен туындайтын.

Эмоционалды күюге ұшырайтын ерекше санатты инклюзивті жүйеде жұмыс істейтін мұғалімдер құрайды. Дамуында ауытқуы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу педагог-дефектологтің кәсіби құзыреттілігі мен тұлғалық ерекшеліктеріне жоғары талаптарды қажет етеді. Егер мұғалім сабырлы бола алмаса және жағымсыз эмоциялары басым болса, немесе депрессиялық көңіл-күй мен мазасыздану жағдайын бастан кешірсе, өзіне деген қанағаттанбау күшейеді. [8, б. 255]

К.Чернисстың айтуы бойынша, кейбір жұмыстар эмоционалды күюге «арналған» екенін айтады. Бұндай жағдайларда мамандардан жұмыстың жоғары деңгейде орындалуы мен үлкен мөлшерде стресстік жағдайлар кездеседі. Осындай мамандықтарға мұғалімдікті жатқызуға болады. Себебі, сыныпта 30 баланы қадағалау және оларға жауапкершілік алудағы мұғалімнің бастан кешетін стрессі эмоционалдық күюдің негізгі себепкері болып табылады. [9, б. 18–19]

Бұған келесі себептер ықпал етеді:

1) Мұғалімдік кәсіп – мемлекеттік кәсіп, яғни мұғалім күн сайын көптеген адамдармен (балалар, ата-аналар, әріптестер) қарым-қатынас жасайды, бұл ерекше күш-жігерді қажет етеді және эмоционалдық стрессті тудырады, бұл «шаршауға» әкелуі мүмкін;

2) мұғалімнің жұмысы үлкен физикалық және эмоционалдық күйзеліспен, қарама-қайшы ойлар мен сезімдермен, күмәнмен байланысты, бұл эмоционалдық ресурстардың сарқылуына және соның салдарынан стресстік жағдайлардың туындауына әкеледі;

3) мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінің педагогтары арасында кәсіби күю егде жастағы адамдар мен дамуында ауытқуы бар балалармен жұмыс істейтін адамдар арасында жиі кездеседі.

4) созылмалы интенсивті психоэмоционалдық белсенділік: Адамдармен жұмыс істейтін мұғалім эмоциялармен қарым-қатынастың әртүрлі аспектілерін үнемі күшейтуі керек: белсенді түрде проблемаларды қарастыру және шешу, мұқият шешім қабылдау, қарқынды есте сақтау және өз ойларын тез түсіндіре білуі керек.

5) психологиялық қиын контингент: мұғалімдер мен тәрбиешілердің қарамағында мінезқұлық ауытқулары, жүйке жүйесі және психикалық дамуы тежелген балалар. [10, б. 34-44]

Соңғы 10-15 жылда эмоционалды күю мұғалімнің жеке басына және оның педагогикалық іс-әрекет стиліне теріс, деформациялық, бейімсіз әсерін зерттейтін еңбектер пайда болды. Жеке және кәсіптік деформациялар ретінде жеке тұлғаның оңтайлы дамуына айтарлықтай

қиындық туғызатын жағдайларды жатқызуға болады. Педагогикалық жұмыс барысында негізгі қасиет жеке тұлға болғандақтан, осы қасиеттің деформациясы маманның оқыту барысындағы жеке стиліне айтарлықтай өзгерістер әкеледі. [11, б. 474]

Эмоционалды күю себебінен дамитын жеке қасиеттер:

- шешімсіздік – тәуелсіз шешім қабылдау қабілетінің төмендеуі;
- пассивтілік – эмоционалдық және физикалық шығындардан аулақ болуға ұмтылу;
- консерватизм – жұмыс барысындағы, қарым-қатынастағы сұрақтарды шешудегі икемділіктің жоғалуы;
- тұйықтық – ешкімді, тіпті жақындарын өзінің жан-дүниесіне жолатпауы;
- көңіл-күйдің құбылмалылығының жоғарылауы - әрбір кішкентай нәрсе көңіл-күйдің өзгеруіне әсер етеді;
- тітіркенгіштік – агрессияның бір түрі ретінде;
- эмоционалды суықтық – сезімдер қарқындылығының төмендеуі;
- артық бақылау - басқаларды ғана емес, бақылауға ұмтылу, сонымен қатар адамның өз құндылығына сәйкес келмейтін барлық нәрсеге тыйым салынады;
- шаршау – физикалық және психикалық;
- мазасыз күдік - оқиғалардың қолайсыз дамуын күту, белгісіз қауіпті жағдайды үнемі сезіну.

Э.Махер эмоционалды күюге арналған көптеген зерттеулердің негізінде мұғалімдерде бұл синдром кезіндегі көбінесе болатын белгілерге: эмоционалды және физикалық шаршау, төмен көңіл күй, ашушаңдық, пессимизм, мазасыздықтың жоғарылауы жататынын айтады. [12, б. 30–35]

Осылайша, мақалада біз мұғалімдердің эмоционалды күюіне ісер ететін әлеуметтік тұлғалық болжаушыларды қарастырдық: ұзақ мерзімді стресс, негативизм, уақытша перспективалар, дағдарыс кезеңдері, сарқылу эмоционалдық күюдің белгілері болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Сайбулаева Д. Г., Кагирова П. М. Особенности проявления синдрома" эмоционального выгорания" педагогов //Мир науки, культуры, образования. – 2018. – №. 3 (70). – С. 368–371.
2. Нуркенова А. С. Особенности профессионального эмоционального выгорания учителя средней школы //Калининградский вестник образования. – 2019. – №. 4. – С. 9–15.
3. Дьяконова В. А., Елфимова М. М. Анализ результатов содержания эмоционального выгорания учителей с разной временной перспективой //Евразийский Союз Ученых. – 2020. – №. 6–3 (75). – С. 45–50.
4. Никифоров, Г. С.Психология здоровья: учебник для вузов / Г. С. Никифоров. - СПб.: Питер, 2006. – 607 с
5. Бойко, В. В. Энергия эмоций. / В. В. Бойко. – СПб.: Питер, 2004.– 474 с.
6. Пестов А. В., Бостанджиева Т. М. Влияние эмоционального выгорания педагогов на отношение к образовательной среде всех её участников //Мир науки. Педагогика и психология. – 2020. – Т. 8. – №. 1. – С. 54.
7. Никифоров, Г. С. Психология здоровья / Г. С. Никифоров. – СПб.: Речь, 2012. – 256 с.
8. Редина, Т.В. Личностные детерминанты эмоционального выгорания у специалистов учреждений для детей с ограниченными возможностями здоровья: диссертация канд. психол. наук. 19.00.05/ Т. В. Редина. – М., 2010. – 255 с.
9. Ладзина, Н. Профессиональная деформация личности и можно ли ее избежать/ Н.Ладзина. – Деловой Усть-Каменогорск. – 2002. – №8. – С. 18–19
10. Андриенко, Е.В. Феномен профессиональной зрелости учителя /Е.В. Андриенко. – Педагогика, 2001. – № 9. – С. 34-44.
11. Бойко, В. В. Энергия эмоций. / В.В. Бойко. – СПб.: Питер, 2004.–474 с.
12. Балыкина, О.С. Эмоциональное выгорание в профессиональной деятельности у представителей сферы образования / О. С. Балыкина, Н. М. Ерохина, Л. П. Петухова. – Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта, 2013. – № 11. – С. 30–35.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Молдасан Қ.Ш.,
п.ғ.к, доцент
ғылыми жетекші
Мұратова Г.Ж.,
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 2 курс магистранты,
Молдасанова С.Ш.,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і

Аннотация. Бүгінгі күні қоғамымыздың даму бағытында-саналы, сауатты, білімді азаматтарды тәрбиелеу мәселесі тұр.Жоғарғы оқу орнындағы әлеуметтік педагогика мамандығының студенттерінің жеке тұлғасын қалыптастыру,кәсіби маман ретінде қалыптасуы,бойындағы рухани байлығын байыту және кәсіби маман ретінде өзін-өзі дамыту жөнінде мақалада баяндалады.Қазіргі уақытта жоғарғы оқу орнындағы әлеуметтік педагогика мамандығының студенттерінің бойына кәсіби өзін - өзі дамыту қасиеттерін жетілдіру маңызды орын алады. Сонымен қатар өзімен үнемі жұмыс істеу, яғни кәсібилік шеберлігін арттыру,маман ретінде кәсібилігін дамыту үшін алға қойған мақсаттарына жете алуы, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу,өзінің кәсібилігіне сыни тұрғыдан баға бере алуы өзекті болып табылады.Бұндай маңызды қасиеттер өз саласында кәсіби маман болып қалыптасуына ықпал етеді. Мақаладағы өзекті мәселе болашақ әлеуметтік педагогтың үнемі кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамыту жайында жазылған.

Түйін сөздер: кәсіби оқыту,кәсіби өзін-өзі дамыту,кәсіби қарым - қатынас,кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу.

Аннотация. На сегодняшний день в направлении развития нашего общества стоит вопрос воспитания сознательных,грамотных,образованных граждан.В статье описаны пути формирования личности студентов специальности социальная педагогика,развития их как профессионалов,обогащения их духовного богатства,воспитания как профессионалов.В настоящее время важное место занимает совершенствование качеств профессионального саморазвития у студенов специальности социальная педагогика.Не только профессиональное саморазвитие, но и постоянная работа над собой,то есть умение повышать профессионализм и достигать поставленных целей для реализации, профессиональное самообразование,умение критически оценивать профессионализм. Такие важные качества способствует становлению професионалом в своей области.Актуальный вопрос в статье касается постоянного професионального саморазвития будущего социального педагога.

Ключевые слова: профессиональное обучение, профессиональное саморазвитие, професиональное отношение к себе,профессиональное самообразование.

Abstract. Today, in the direction of the development of our society, there is a question of educating conscious, literate, educated citizens. The article describes the ways of forming the personality of students of the specialty social pedagogy, developing them as professionals, enriching their spiritual wealth, and educating them as professionals.Currently, an important place is occupied by improving the qualities of professional self-development among students of the specialty social pedagogy. Not only professional self-development, but also constant self-improvement, that is, the ability to improve professionalism and achieve goals for implementation, professional self-education, the ability to critically evaluate professionalism. Such important qualities contribute to becoming a professional in your field. The relevant question in the article concerns the constant professional self-development of the future social pedagogue.

Key words: professional training, professional self-development, professional attitude to oneself, professional self-education.

Технологияның дамыған заманында және әр маман алдындағы тұрған міндеттердің көбеюіне байланысты, жас ұрпақты тәрбиелеуде, әлеуметтік педагогтың әр туындаған мәселені табысты шешуі үшін арнайы дайындықты қажет етеді. Әлеуметтік педагог мамандығы қоғамға белсенді қатысуды талап етеді, мамандықтың табысты болуы тек қана мамандыққа деген көзқарасқа емес,сонымен бірге әр маманның өзіне деген позитивті көзқарасымен қарағанына да байланысты және де әр тұлға өзіне деген сенімді көзқараста болуына байланысты. Сондықтан,кәсіби оқыту процесінде болашақ әлеуметтік педагог маманының бойына кәсіби өзін-өзі дамытуды қалыптастыру қажет. Өзіне деген көзқарас «МЕН» ұғымымен,өзін-өзі бағалаумен, өзін-өзі қабылдаумен, өзін-өзі үнемі дамытумен байланысты. Өзіне деген қарым-қатынас адамның әлеуметтік ортамен байланысының тұрақтылығына ғана әсер етіп қоймай, тұлға дамуының ішкі, жеке ортасын қалыптастыратындықтан,студенттік кезде өзіне деген оң көзқарасты, тұлғалық қасиеттерінің өсуін қалыптастыру, кәсіби өзін-өзі дұрыс бағалау ерекше маңызға ие. Бұл, әсіресе таңдаған кәсіби қызметінде айқын көрінеді,мұнда әр адам өз орнын сезеді, ол адамның қаншалықты сыйлайтынын,бағалайтынын,оның іс-әрекетін қабылдайтыны, түсінетіні,мақсатқа жету жолындағы өзінің жетістіктерін сыни тұрғыдан бағалауымен анықталады. Нәтижесінде студенттердің өзіндік қарым-қатынасы «мен» мағынасын білдіру және даралау түріне айналады [1, б.120].

Әлеуметтік педагогтың кәсіби дайындығына қойылатын талаптардың артуы болашақ маманды даярлау процесін жетілдіру қажеттілігін анықтайды. Бұл мәселені шешу К.В. Баклановтың пікірі бойынша өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту кәсіби қызметтің ерекшелігі екенін ескере отырып,әлеуметтік педагогтың кәсіби маман ретінде қалыптасуына үнемі даму әрекеттері шешуші рөл атқарады [2, б. 32].

В.Е. Степанова философиядағы тұлғаның өзін-өзі дамытуының негізгі амалдарын талқылап, келесі тізімді ұсынды: 1) адамның өзін-өзі жетілдіруі және дамытуы; 2) рухани шығармашылық іс-әрекет арқылы өзін-өзі үнемі жақсартуы; 3) өзін басқалармен қарым-қатынас құру арқылы жүзеге асыруы; 4) өмірдің мәнін шығармашылық тұрғыдан іздеуі [3, б. 10].

Е.А. Власова «дайындық» ұғымын анықтаудың әр түрлі тәсілдерін талдай отырып, өзара байланысты үш құрылымдық компоненттердің жиынтығын кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындық құрылымын ұсынады. Оның пікірінше, бірінші-мотивациялық-мақсаттық ынталандырушы, бағыттаушы және реттеуші функцияларды білдіреді, екінші-мазмұндық-операциялық компонент мақсаттар мен міндеттер негізінде процестің мазмұнын анықтаса, ал үшінші компонент-рефлексивтік компонент өзін-өзі дамыту барысында олардың іс-әрекеттерін объективті бағалауды және қажет болған жағдайда оларды түзетуді жүзеге асыруды білдіреді [4,б.45].

Білім беру жүйесін гуманизациялау шарттарында әр тұлғаның даралығы-жоғарғы құндылық,болашақ әлеуметтік педагог маманын дайындықтан өткізу-білім беру жүйесінің ең маңызды мақсаты болып табылады.Жоғарғы деңгейде дамып отырған заманауи бағыттағы әлемімізде, біліктілігі мықты кәсіби маманға біздің елімізге қажеттілігі ерекше байқалады. Әсіресе, білім беру саласында бұл мәселе өзекті.

Адам өмірдегі өзінің сәйкестігін ұғынған кезде қоғамда «толық адам» бола алады. Сәйкестік адамның ішкі әлемінде қалыптасқан және орын алатын өзін-өзі танудың психикалық құраушысы болып табылады. Мамандықты игере отырып,кәсіби сәйкестілік адамның ересек өміріндегі негізгі күйлерін анықтай отырып,өзін-өзі тану және өзімен дұрыс қарым-қатынас құру құрылымына енеді. Кәсіби сәйкестік қуаныш сезіміне байланысты мамандыққа қанағаттануға негізделген [5, б. 70]. Сондықтан студенттердің жоғарғы оқу орнында оқу барысында өзіндік көзқарасын дамыту маңызды, тек қана білім алып қоймай,мамандығының даралығын жетік меңгеру қажет.

Өзіңмен дұрыс қарым қатынас терминін 1974 жылы грузин психологы Н.И. Сарджвеладзе енгізген және қажеттілік субъектісінің өзіне бағытталған оны қанағаттандыру жағдайына қатынасы ретінде анықталғанына қарамастан [6, б. 84], қазіргі психологияда өзіндік көзқарастың ортақ анықтамасы жоқ. Психология ғылымында өзіндік қарым қатынас термині әр түрлі мектептерде, әр түрлі түсіндірмелерде қолданылады. Мысалы, өзіндік тұжырымдама, өзіндік имидж, жаһандық өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу және т.б. Кейбір еңбектерде өзіндік

қарым қатынас дербес ұғым ретінде, ал өзге әдебиеттерде негізгі ұғымдардың құрамдас бөлігі ретінде беріледі.Төменде аталған ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн.Кейбір ғалымдар,мысалы К. Роджерс, Л. Уэйлс, Дж. Марвел, С. Куперсмит және М.Розенберг өзіндік қарым қатынасты тұлғаның өзін-өзі бағалаумен байланыстырды [7, б. 100].

С.Р.Пантилеев көптеген шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерттей отырып,өзіндік көзқарасты жаһандық өзін-өзі бағалаудың бір түрі екенін анықтады [7, б. 125].

Л.Уэллс пен Дж.Марвел өзіндік көзқарас мәселесі бойынша әдеби дереккөздерді талдай отырып,оның үш негізгі компоненттерін көрсетті: өзін-өзі сүю, өзін-өзі қабылдау,және құзыреттілік сезімі [7, б. 132].

Өзін-өзі бағалау М. Розенбергтің пікірінше, мен концепциясының құрамдас бөлігі болып табылады және оның объект ретінде өзі туралы нақты ойлары мен сезімдерінің жиынтығы ретінде сипатталуы мүмкін [8, б. 15].

С.Куперсмиттің пікірінше,ересектердің өзін-өзі бағалау тұрақты қасиет болып табылады, оны өзгерту қиын. М. Розенберг пен С. Куперсмиттің әлеуметтік-құрылымдық-биографиялық әдісті қолданатын зерттеулерінде өзіндік көзқарасты өзіндік сананың кейбір функцияларына әсер ететін,бірақ өзіндік ерекше сипаты бар тәуелсіз айнымалы ретінде бағалады [9, б. 25].

Адамның өзіне деген көзқарасы оң немесе теріс болуы мүмкін. Егер бұл сезім өзіне қатысты тұрақты болса, М. Розенберг пен С. Куперсмиттің пікірінше, оны өзіне деген көзқарас ретінде анықтауға болады [10, б. 60].

С.Гордон мен С. Роджерс өз жұмыстарында өзіндік қатынастың бірнеше компоненттерін бөліп көрсетті. С. Гордон өзін-өзі құрметтеу мен аутосимпатияны, ал К. Роджерс өзін-өзі құрметтеу мен өзін-өзі қабылдауды өзіндік қатынастың негізгі компонеттері ретінде атап өтті [11, б. 220].

Н.И. Сарджвеладзе өзін-өзі бағалау тұжырымдамасын өзін-өзі тану,өзін-өзі қабылдау және т.б ұғымдардың негізгі мәні деп санады.Әлеуметтік педагогика мамандығының студентері арасында өзіне деген позитивті концепциясын дамыту маңызды. Өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзіне деген эмиоционалдық қатынас,өзін бақылау, өзін-өзі реттеу, өзіндік сананың когнитивті, эмоционалдық, реттеуші сәттерінен тәуелсіз [12, б. 210].

Философия,педагогика және психология ғылымдарында өзін-өзі дамыту мәселелерін зерттеу тұлғаның ішкі әлемінің көп өлшемділігін,өзін-өзі дамытуға әсер ететін жағдайлардың күрделігін,тұлға мен қоғам арасындағы қатынастарды түсінуге ықпал етеді.Өзін-өзі дамытуға деген мақсат тұлғаның табиғи қажеттілігі,ата-ана тәрбиесімен өсірілетін,өзінің шынайы дамуға деген ұмытылысы,жеке адамның өзін-өзі тануына алып келетін, процесс деп айтуға болады.Өзін-өзі дамыту-бұл жеке тұлғаның дағдыларын, білімін, сенімін, құзыреттілігі мен қасиеттерін жүйелі дамыту. Бұл процесстің басты мақсаты-қажетті нәтижелерге қол жеткізу және өмірге қанағаттану.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың жеке басының кәсіби қалыптасу процесінде жеке қасиеттер мен жеке қабілеттерді жетілдіру аса маңызды.Әлеуметтік педагогтың кәсіби өзін-өзі дамуына және кәсіби бағдарлануына ықпал ететін өзін-өзі танудың құрылымдық құрамдас бөліктері: өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бекіту, рефлексия, өзін-өзі талдау, өзін-өзі тәрбиелеу және т.б. аспектілер тұлғада қалыптасуы қажет.

Әлеуметтік педагог-ол сырттан бақылаушы емес,ол тікелей бала мен ата-анамен жұмыс істейді. Әлеуметтік педагогтың барлық күш жігері адамның өз мәселесін өзі шешуіне бағытталады. Баланың қоғамға дұрыс әлеуметтенуіне,баламен жұмыс істегенде оған рухани жетекші рөлін атқарады. Осындай күрделі жұмыс атқару барысында жоғарғы оқу орнындағы студенттердің бойына ең алдымен өз–өзімен қарым қатынасы берік болуы, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамытуы тиіс. Өз мамандығының ең басты миссиясын ескере отырып, адамзатқа деген сүйіспеншілігі болуы қажет.

Әлеуметтік педагог мамандығын игеру жолында студенттерге үш бағытта білім беріледі:

1. Кәсіптік-білім, оған жатқызуға болатын,ең алдымен әлеуметтік педагогиканың теориясы мен тарихын білу. Баланың тұлғалық ерекшеліктерін анықтау, баланың мінезіндегі

ауытқушылықтың қалыптылығын ескеру, психологиялық,әлеуметтік, жас ерекшеліктерін білу, психологиясын білу,адамдардың топтық және бірлестіктерін ұғыну, яғни отбасы,шағын топ,мектеп ұжымы, құрбы-құрдас ұжымын анықтау.

2.Кәсіптік-әрекеттік, әлеуметтік педагогтың өзгелермен дұрыс қарым-қатынас құра алуы, баламен,ата-анамен коммуникативті іс-әрекет жасау,коммуникативтік қабілеті оның балаға, ата анаға, әріптестеріне әсер алуының шеберлігінен байқауға болады. Эмпатиялық ұғымы, оның басқа адамдардың эмоциялық жағдайларын түсіне білуі.

3.Кәсіптік-тұлғалық, бұл мамандықты таңдаған адамда ерекше тұлғалы сапасы болуы қажет,әлеуметтік педагогтың қызметі-ол адамдар арасындағы сенімділік аймағы.

Қазіргі жоғарғы оқу орнындағы болашақ әлеуметтік педагогтар өзін-өзі дамыту қажеттілігін жүзеге асыру, өз-өзін тану және өз-өзін талдау амалдарын меңгеру; шығармашылығын дамыту; біліктілігін үнемі арттыру; өз бетімен білім алуға деген дағдылары қалыптасады.

Кәсіби дамудың алғашқы қадамы ретінде жоғарғы оқу орнынан басталады, әлеуметтік педагог мамандығының студенттерінің өмірге деген көзқарасы және оның дүниетанымы, кәсібилік шеберлігін арттыру, мінез-құлқындағы өзгерістер және коммуникативтілік дығдылары қалыптасады. Осыған байланысты студенттердің әлеуметтік процесте өз мамандығына дайындығы жүргізіледі. Жеке даму мәселесі кезінде студенттің өзіне деген көзқарасы маңызды рөл атқарады,жеке өзін-өзі тану деңгейі маңызды. Әр әлеуметтік педагог білім алу жолында кәсіби және жеке өсу перспективалары туралы өсу және өз жоспарларын жүзеге асыруға ұмтылуы міндетті.

Қорыта келгенде жоғарғы оқу орындағы әлеуметтік педагог мамандығының студенттерінің кәсіби дамыту процесснің тиімділігі ғана емес, сонымен қатар оны жүзеге асыруда маңызды. Кәсіби дамудың жүзеге асырылуы студенттің әр түрлі әрекеттерінен көруге болады. Олар:

-тренингтер мен семинарларға қатысу;

-үнемі жаңа ақпаратты ізденстіруі;

-ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу;

-кәсіптік әдебиеттерді оқу;

-жұмысысның нәтижелі болуы үшін жаңа әдістер мен техникаларды әзірлеу.

Әдебиеттер:

1.Степкина Т.В. Проблема развития самопонимания у студентов //Актуальные психологические проблемы становления личности в современном мире: материалы III Всерос. науч.-практ. конф.(заоч.). – 2005,с.170.

2.Бакланов К.В. Формирование основ самосознания социального педагога в процессе профессиональной подготовки канд.дисс. – Москва,1998,с.140.

3.Степанова В.Е. Философско-методологические основания саморазвития личности: автореф. дис. ... канд. филос. наук. Якутск, 2003.с.25

4.Власова Е.А. Профессиональное саморазвитие будущих социальных педагогов: монография. Николаев, 2008.116с.

5.Регуш Л. А. Психология прогнозирования: успехи в познании будущего. – 2003. с.216

6.Сарджвеладзе Н.И. Структура самоотношения личности и социогенные потребности. Проблемы формирования социогенных потребностей. – Тбилиси: Мецниереба, 1974.с.354 .

7.Пантилеев С.Р. Самоотношение // Психология самосознания. Хрестоматия. – Самара: БАХРАХ-М, 2014.с.242

8.Rosenberg M. Society and the adolescent self-image. Princeton. – New York: Princeton University Press, 1965. – p.34.

9.Coopersmith S. A method for determining types of self-esteem // The Journal of Abnormal and Social Psychology. – 1959. – Vol. 59. – № 1. – p. 87.

10.Колышко А.М. Психология самоотношения: Учеб. пособие. – Гродно: ГрГУ, 2014.с.220

11. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человек. – Москва: Наука, 2014. с.480

12.Сарджвеладзе Н.И. Личность и ее взаимодействие с социальной средой / Психология самосознания: Хрестоматия. – Самара: Бахрах-М, 2013. с.672

БАСТАУЫШТАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ОЙЫНҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ

Фейзулдаева Салтанат Арасатовна,
PhD, оқытушы-дәріскер
Бөлегенова Макпал Муратовна,
7М01301 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Педагогика және психология жоғарғы мектебі
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған қ.

Аңдатпа. Мақалада оқушылардың танымдық дағдыларын дамытудың заманауи педагогикалық инновациялық цифрлық ойынға негізделген оқыту құралдарын қолдану арқылы оқытудың әдістемелік тәсілдерін қарастырады. Цифрлық ойынға негізделген оқыту – бастауыш білім берудегі балалардың оқуын және дағдыларын меңгеруін жақсартатын инновация. Бастауыш білім беруде цифрлық ойынға негізделген оқыту білім беру жүйесін реформалауға тиімді ықпал етеді. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-іс әрекетінде қолдануға арналған цифрлық дидактикалық ойындардың сипаттамалары берілген.

Түйін сөздер: цифрлық педагогика, цифрлық ойынға негізделген оқыту, цифрлық дидактикалық ойын, бастауыш сынып оқушысы.

Аннотация. В статье рассмотрены методические методы обучения с использованием современных педагогических инновационных цифровых игровых средств обучения для развития познавательных способностей учащихся. Цифровое игровое обучение – это инновация, которая улучшает обучение детей и приобретение ими навыков в области начального образования. Цифровое игровое обучение в начальном образовании эффективно способствует реформированию системы образования. Дана характеристика цифровых дидактических игр, предназначенных для использования в учебной деятельности учащихся начальных классов.

Ключевые слова: цифровая педагогика, цифровое игровое обучение, цифровая дидактическая игра, учащийся начальных классов.

Abstract. The article discusses methodological teaching methods using modern pedagogical innovative digital game-based learning tools for the development of students' cognitive abilities. Digital game-based learning is an innovation that improves children's learning and skill acquisition in primary education. Digital game-based learning in primary education effectively promotes education system reform. The characteristics of digital didactic games intended for use in the educational activities of primary school students are given.

Key words: digital pedagogy, digital game learning, digital didactic game, primary school student.

Цифрлық педагогика - бұл заман талабына сай қазіргі таңда өте өзекті болып отырған тақырыптардың бірі. Өйткені, мемлекет басшысының Жолдауларында осы мәселеге аса назар аударылып, үкіметке кезең-кезеңімен тапсырмалар беріледі.

ҚР президенті Қ.К. Тоқаев 2023 жылғы 5 қазан Республикалық педагогтер съезінде сөйлеген сөзінде ғалымдар 2050 жылға қарай қазіргі кәсіптердің жартысына жуығын цифрлық және техникалық жүйелер алмастырады деген болжам айтуда. Сондықтан азаматтарымыз жаңа заманға қажетті дағдыларды үйренуі қажеттігін және білім беру жүйесін мүлде жаңа деңгейге шығару үшін ауқымды цифрлық трансформациялау жұмыстарын жүргізу қажеттілігін баса айтып өтті [1].

Демек, білім беруді цифрландыру мектеп оқушыларына білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үлкен мүмкіндіктер бере отырып, оқу үдерісіне өзіндік ерекшеліктерін әкеледі.

Цифрлық педагогикада қазіргі таңда цифрлық оқыту ойындары – бастауыш білім берудегі балалардың оқуын және дағдыларын меңгеруін жақсартатын инновация болып отыр.

Цифрлық ойындар өскелең ұрпақ үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бейресми сауаттылық тәжірибесінің ерекше түрі болғанына қарамастан [2], цифрлық ойынға негізделген оқыту әсіресе бастауыш білім беру дидактикасында пайдаланудың ажырамас бөлігі болды [3].

Қазіргі уақытта цифрлық ойындар тез дамып келе жатқан сала болып табылады. Сонымен қатар, сандық ойындарды дұрыс құрастырып, педагогикалық мақсатқа сай пайдаланған кезде білім берудің барлық деңгейлерінде оқу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Бастауыш білім беру және цифрлық оқуға негізделген оқыту бойынша цифрлық білім беру балалардың оқуын, әлеуметтік өзара әрекеттесуін жақсарта алатынын атап көрсетеді, дұрыс мінез-құлық, проблеманы шешу, жоғары дәрежелі ойлау, сыни қабілет, есте сақтау және көз-қолды үйлестіру дағдылары. Сонымен қатар, бастауыш білім беруде цифрлық оқыту ойындары оқушылардың танымдық дағдыларын дамытудың және олардың оқу мотивациясын арттырудың динамикалық құралы ретінде қарастырылады. Мысалы, оқушы тиісті реттелген цифрлық оқыту ойыны арқылы әрекетті аяқтағанда, когнитивтік ұғымдарды жақсы меңгереді және модульдің негізгі тұстарын оңай қабылдай алады. Сонымен қатар, оқушылар көбінесе өздерінің оқу стиліне жауапкершілік алады және соның салдарынан өз әрекеттері мен шешімдерінде дербестікке ие болады.

Дәстүрлі түрде педагогикада қолданылатын дидактикалық ойын «белсенділікті, дербестікті арттыруға мүмкіндік беретін технология ретінде қарастырылады, ол оқушының таным процесіне қызығушылығы, оқу іс-әрекетін тұлғалық тұрғыдан маңызды етеді, жаңа білім мен дағдыларды меңгеру процесін айтарлықтай жеңілдетеді» [4, б. 8]. Т.Г. Рысева «Дидактикалық ойындар жүйесі мектеп оқушыларының танымдық дербестігін дамыту құралы ретінде» [4], С.О. Тамбиева «Дидактикалық ойын кіші мектеп оқушыларының коммуникативті белсенділігін арттыру құралы ретінде» [5] және т.б. өзіндік орны бар екені белгілі.

Цифрлық ойынға негізделген оқытудың негізін цифрлық дидактикалық ойындар құрайды. Цифрлық дидактикалық ойын жүзеге асырылатын оқу-танымдық әрекеті ретінде түсіндіріледі, цифрлық ойынға негізделген оқыту жүйесі, басқаша айтқанда, «цифрлық дидактикалық ойындар үлгілерге, олардың құрылымына және жіктелуіне негізделген, бірақ электронды дидактикалық материал» болып табылады [6]. Мұндай ойын әрекеттерін әртүрлі цифрлық орталар мен кеңістіктерде, соның ішінде онлайн режимінде виртуалды түрде ұйымдастыруға болады. П.И. Ковтонюк [7], Ю.Новиков [8] цифрлық білім беру ойындарының үлкен мүмкіндігі бар екенін айтты және оқуға ынтаның артуына байланысты түрлі пәндермен интеграцияланады, сондай-ақ С.С. Федорович «мұндай ойындарды оқытуда тұрақты тәжірибеге қосу мектеп оқушылары үшін жаңа сын-қатерлерге жауап бере алады, оқушылардың сабаққа қатысуына, олардың пәнге деген ынтасы мен қызығушылығын арттыруға, топтық жұмыс пен шешім қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді» деп атап өтті [9].

Оқытудағы дидактикалық ойындардың мүмкіндіктерін қарастыра отырып, ғалымдар жиі цифрлық дидактикалық ойындарды оқушыларды оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың белгілі бір мақсаттарына жету құралы ретінде қарастырды, мысалы, кіші мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру құралы (Ю.О. Бронникова [10]), мектеп оқушыларының логикалық оқу әрекеттерін дамыту құралы (А.А.Беспрозванных, Н.П. Шаталова [11]), оқытуды қарқындату құралы (М.Л. Груздева [12]), және т.б.

Жоғарыдағы зерттеулер цифрлық білім беру ортасында цифрлық ойынға негізделген оқыту мектептің оқу процесінде оқушының жеке ерекшеліктерін дамытуға ықпал ететінін алға тартты. Яғни, ол мектеп оқушыларын оқыту және өздігінен оқу құралы екенін анықтады; мектеп оқушылары арасындағы қарым-қатынасты дамыту, тәжірибе алмасу, басқа оқушылармен үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыру; оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық біліктері мен дағдыларын дамыту технологиялары екенін; әртүрлі ойын формаларында (квесттер, кейстер, кроссвордтар, викториналар және т.б.); оқушылардың оқу

ақпаратын жақсырақ қабылдауы; оқу ақпаратының көрнекілігін арттыру; психологиялық тұрғыдан оқушыларды босаңсу, күйзелістен арылту; интерактивті өзара әрекеттесу белсенділігі бар мектеп оқушылары үшін өз бетінше танымдық іс-әрекетке баулитын оқу материалымен ақпаратты көп деңгейлі және вариативті ұсынуды жүзеге асыру, пәндік дайындық деңгейін, пәндік және психологиялық қиындықтардың болуын ескереді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу-іс әрекетінде қолдануға арналған цифрлық дидактикалық ойындардың сипаттамалары келесідей:

-ойын қиындықтарын жоюға немесе болдырмауға бағытталған (типтік немесе жеке);

-оқушыны қызықтыратын, оны оқу іс-әрекетіне бағыттайтын, итермелейтін, қателіктерге түсініктеме беретін, эмоционалды қолдау көрсететін кейіпкердің болуы және т.б;

-жарқын, түрлі-түсті, үлкен суреттер (мысалы, әйгілі мультфильмдердің, комикстердің,фильмдердің кейіпкерлері және т.б.);

-қолданудың қарапайымдылығы (оқушының ойынға ересектердің көмегінсіз өз бетінше қатысу мүмкіндігі;

-мәтіндік ақпараттың көлемі аз болуы керек, сондай-ақ тапсырмалар оқушылардың жасына, даму деңгейіне, олардың қиындықтарына сәйкес келуі;

-анимацияның жылдамдығы, қосымша түсіндірмелердің пайда болуы, цифрлық ойынның қарқынының өзі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі;

-оқушылар тапсырмаларды орындаған кезде түсініктеме береді, жауаптардың дұрыс және бұрыстығын бағалау суреттермен суреттеледі (мысалы, смайликтер), анимация, дыбыс (олар қолдаушы сипатта) [13].

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған цифрлық дидактикалық ойындар мен тренажерларды құруға арналған интернет қызметтерін Ю.О.Бронникова жеке дара ерекше сипаттады, сондай-ақ eTrainis сервисінің үлгілерінің бірі негізінде әзірленген тренажер ұсынылды [14]. Жарияланған жарияланымдар мен интернеттен әртүрлі цифрлық платформалар мен қызметтерді көру және цифрлық дидактикалық ойын құру үшін бірнеше үлгілерді ұсынамыз (1-кесте).

1-кесте. Интернет платформалары мен қызметтерінде цифрлық ойынға негізделген оқыту бойынша дидактикалық ойындардың үлгілерін пайдалану бойынша ұсыныстар (Л.А. Попова бойынша)

Цифрлық білім беру ойындарына арналған үлгілер	Цифрлық платформалар және Интернет қызметтері
Ойын жаттығулары мен тренажерларының үлгілері мен мысалдары: «Жұпты тап», «Жіктеу», «Сызғыш (тізбек)», «Қарапайым рет» (тізбегі)», «Суреттерді сұрыптау», жұмбақтар, терминдік ойын «Маған түсіндір», «Криптон» - аралас сөздердің шешімі әріптер, «Морфункс» - сөзді құрамына қарай талдау, «НЛО» - топта қажет емес объектілерді іздеу, «Картоп» қолтаңбалардың картадағы объектілермен байланысы, «Айқасу-Нөл-Айқасу», т.б.	Образавр, LearningApps, eТреники, Learnis, Educandy, Flippity, Umaigra, Classtools, Kahoot, Genially, H5P
Ребустар жасауға арналған үлгілер	Rebus1, Classtools,Квестодел
Оқу кроссвордтарының үлгілері	LearningApps, Classtools, Online Test Pad, Educandy, Flippity, ProProfs, Genially
Веб-квест үлгілері: «Бөлмеден шығыңыз», «Бір экспедицияның шытырман оқиғасы» т.б.	Learnis, Квестодел, Genially, BorisBot
Викториналар мен олимпиадалар	Learnis, LearningApps, Flippity, Genially, Madtest, Kahoot, Riddle
Командалық ойындар: «Ат жарысы», «Өз ойыны», «Кім миллионер болғысы келеді», дидактикалық цифрлық үстел ойыны.	LearningApps, JeopardyLabs, Flippity, Factile

Үлгілердің жоғарыдағы ауқымы мұғалімдерге дидактикалық ойын құруды жеңілдетеді. Цифрлық дидактикалық ойындарын үлгісіз дамытқысы келетін мұғалімдер өз идеяларына сүйене отырып, ережелер, әңгімелер, сонымен қатар интернеттің сандық ресурстарын пайдалана алады. Цифрлық дидактиканың сюжеті мен мазмұнын таңдау оны мектеп оқушыларының қызығушылығына сай дамыту әр мұғалімнің креативтілігіне байланысты болып келеді.

Білім беру саласында цифрлық педагогика, интернет-коммуникациялық платформалар, цифрлық медиа интерфейстері, қолданбалы бағдарламалар мен инфокоммуникациялық құралдар, озық тәжірибелер контекстінде әдістеменің үдерісі мен қалыптасуы қарқын алуда және өз нәтижесін көрсетуде. Сонымен, бастауыштағы цифрлық білім беруде цифрлық ойынға негізделген оқыту мектептің оқу процесінде оқушының жеке ерекшеліктерін дамытуға ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер:

1. 2023 жылғы 05 қазан ҚР президенті Қ.К.Тоқаев «Республикалық педагогтер съезі».
2. Аствацатуров Г.О. Академия цифрового учителя. Видеоканал. URL: https://www.youtube.com/channel/ UCE3Bpug14loJ5u56755JrGQ (19.04.2022).
3. Браницкая Л.Л., Браницкая Г.А. Дидактическая компьютерная флэш-игра как средство интенсификации обучения // Образовательные технологии и общество. 2017. Т. 20, №1. С. 493–499.
4. Рысьева Т.Г. Система дидактических игр как средство развития познавательной самостоятельности школьников : автореф. дис. ... канд. пед. наук. Ижевск, 2003.
5. Тамбиева С.О. Дидактическая игра как средство активизации коммуникативной деятельности младших школьников : автореф. дис. ... канд. пед. наук. Майкоп, 2007.
6. Галиуллина Э.Р., Зарипова Р.С. Цифровые игры как способ обучения // Ученые записки ИСГЗ. 2019. Т. 17, №1. С. 126–1294. Бронникова Ю.О. Формирование культуры речи младших школьников на основе информационных технологий // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. 2021. №7 (58). С. 26–29.
7. Ковтонюк П.И., Столбов А.А., Новиков М.Ю. Использование цифровых образовательных игр в учебном процессе школьников // Международный научно-исследовательский журнал. 2022. №8 (122). URL: https://research-journal.org/archive/8-122-2022-august/10.23670/IRJ.2022.122.93 (дата обращения: 31.05.2022).
8. Новиков А.М. Введение в методологию игровой деятельности М., 2006.
9. Федорович С.С., Зильберман Н.Н., Смиян Н.С. Опыт разработки и апробации цифровой образовательной игры по криптографии // Гуманитарная информатика. 2019. №16. С. 41–49.
10. Бронникова Ю.О. Формирование культуры речи младших школьников на основе информационных технологий // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. 2021. №7 (58). С. 26–29. DOI:10.24412/2500-1000-2021-7-26-29.
Abstract. The article describes the didactic features of the organization of students' design and research work on the theory of numerical series. The analysis of psychological, pedagogical, mathematical and methodological literature is carried out, the theoretical foundations of the development of design and research activities of students in the process of learning the theory of quantitative series are given. The pedagogical possibilities of improving the design and research activities of future specialists-teachers of mathematics in the study of the theory of numerical series are considered.

Кіріспе

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үдерістің өркендеуінде - математика ғылымының жетістіктері кеңінен қолданылуда. Математика басқа ғылымдар мен техникадан алшақ тұрған ғылым емес, қайта олармен біте қайнасып жатқан ғылымдардың бірі.Математика ғылымының жетістіктерін пайдаланбай техниканы, өндірісті, өнеркәсіпті жоғары сатыда дамыту мүмкін емес. Осы айтылған мәселелердің түйінін табуда математикалық талдау пәнінің рөлі ерекше.Сандық қатарлар теориясын кез келген математикалық пәннің негізі болатын классикалық математиканың бір бөлігі. Сандық қатарлар теориясын оқытуда жаңа әдістер әзірлеу және іздестіру, оқып-үйрену үдерісіндегі студенттердің ЖЗІӘ жетілдіруін болжамдайды, бұл жеке тұлғаның шығармашылық дамуымен диалектикалық байланыста жүргізіледі. Сандық қатарлар теориясын оқып-үйрену үдерісінде студенттердің ЖЗІӘ-ін жетілдіру үшін осы әрекеттер құрылымын талдау, оның жекелеген элементтерін ажырату, оларды дамытудың мақсатты тізбектерін анықтау және іскерлікті шыңдау бойынша жобалау әдісін қолдануға тапсырмалар жүйесін құрастыру, жобалау іс әрекеттерін ұйымдастыру сияқты қарапайым әрекеттерді іске асыру қажет. Бұдан кейін оқытушы студенттердің

алдыменен қарапайым әрекеттерді іске асыратынына сенімділікпен кепілдік беретін тапсырмалар мен міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуі қажет, сосын барып іскерлікті жетілдіруге өтуі үшін осы мақсаттарға іріктелген деңгейлік тапсырмаларды орындау көмегіменен неғұрлым күрделі әрекеттерді өткізуі керек.

Студенттердің ЖЗІӘ-нің көп қырлылығын ескере отырып, оның жетілдірілуін оңтайландыру маңызды, әсіресе, тиімді оқыту міндеттерін мейлінше қамтамасыз етуге жағдай жасау керек.Бұл мақалада қатарлар теориясын жобалау әдісімен оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Талдау

Студенттердің ЖЗІӘ ұйымдастыру мәселесімен көптеген педагог ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізген.Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру (А.Е.Абылқасымова[1], Р.С. Омарова[2]), студенттердің зерттеу дағдыларын қалыптастыру (С.П Арсенова[3], М.Н.Белялова) оқушылардың зерттеу іс әрекеттерін ақпараттандыру мәселелері (Н.Ғ.Даумов, Р.Ч. Бектурганова ,) оқушылардың іздену-зерттеу іс-әрекеттерін (В.А. Далингер,), студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын (Г.К. Баймукашева,), педагогикалық ЖОО-ның студенттерінің оқу-зерттеушілік іс-әрекеттері (Н.С. Амелина[20],) зерттелген.

Жетекші - педагогтардың зерттеулерінде, Дж.Дьюдің , В. Килпатриктің, Е. Коллингстің, , Т.А. Новикованың, В.И. Слободчиковтың, және т.б. еңбектерінде студенттердің жобалау қызметін ұйымдастырудың философиялық-методологиялық негіздері зерттелген және негізделген. М.А. Гаврилованың, В.М. Монаховтың, М.В. Моисееваның, Е.С. Полаттың, Н.Ю. Пахомованың және т.б. жұмыстарында жобалау қызметі негіздерінің әзірлемелері мен талдаулары зерделінген.Бірақ, сандық қатарлар теориясын оқытуда студенттердің жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру мәселесін зерттелмегендігін байқадық.Әсіресе, сандық қатарлар теориясын оқытуда студенттердің жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастырудағы дидактикалық мүмкіндіктер мен ерекшеліктер қарастырылмаған екен.

Біз төмендегі педагогикалық шарттардың студенттердің ЖЗІӘ жетілдіруге мүмкіндік беретіндігін анықтадық, яғни:

1. Студенттердің ЖЗІӘ-нің теориялық негіздерін ескеріп оқыту үрдісінде олардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне аса назар аудару қажет болады.

2. Сандық қатарлар теориясы тақырыптарын оқып-үйрену үдерісінде студенттердің ЖЗІӘ жетілдіруге бағытталған жобалау әдісін қолдану үшін жобалық тапсырмалар жүйесі енгізілуі керек.

3. Студенттердің ЖЗІӘ жетілдіру сатылай жүргізілуі керек (нұсқаушы, аралық, қорытынды).

Бірінші шарт алдыменен студенттердің жобалау білімдері мен іскерліктерінің бастапқы базалық деңгейін анықтауды талап етеді.

Бұл кезеңде біздің тәжірибелеріміз нәтижесіне сәйкес, «жобалау-зерттеу іс - әрекеті» түсінігімен таныс студенттер саны көп емес, олар «жобалау» сөзімен жақсы таныс дегенімізбен, сұралғандардың жартысынан көбісінің қандай да бір жобалау жұмысын жасауға қатысуға құлқы жоқ болып шықты. Негізінде студенттердің өзінде жобалау қызметтің және соған байланысты іскерліктердің құрылымы туралы түсініктері кішкене болса да баршылық екен. Сондықтан студенттердің шығармашылық белсенділіктерінде олардың қабілеттерінің жан-жақты дамуына жағдай жасау маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Студенттердің психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне және оқытуда жобалау әдісін пайдалану мақсатына байланысты сабақ өткізу әдістемесін жасауды болжамдайды.

Екінші шарт студенттердің ЖЗІӘ жетілдіруге арналған оқытуда жобалау әдісін қолдану үшін математикалық талдау курсы бойынша тапсырмалар жүйесін қамтитын барлық оқу үдерісін оңтайлы құру болып табылады. Бұл шарттың төмендегі ережелерін жеке қарастырайық:

Болашақ математика мамандары үшін теориялық, практикалық, СӨЖ, СОӨЖ сабақтарында сандық қатарлар теориясын оқып үйренуге тиісті өзекті деңгейлік жобалау тапсырмаларды іріктеу қажет;

- Оқу үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етілуі, сандық қатарлар теориясын оқып үйренудегі студенттердің жобалау-зерттеу іс-әрекетін жетілдіруге бағытталған болып, әртүрлі дәрежедегі білімдерді алуға (білім-танысу, білімнұсқа көшіру, білім-дағды, білім-шығармашылық), әр түрлі деңгейдегі ЖЗІӘін меңгеруге бағытталуы тиіс;

- Студенттердің ЖЗІӘ жетілдіру жөніндегі сандық қатарлар теориясын оқып үйренуге арналған деңгейлік жобалау тапсырмалары сандық қатарлар теориясын бойынша білімді терең әрі табанды меңгертуге, жобалау қызметте қажетті іскерліктер кешенін игертуге бағытталған болуы тиіс. Бұл деңгейлік жобалау тапсырмаларды орындау үдерісінде студенттердің ойлау белсенділігі, ақыл-ой икемділігі, шығармашылық ғылыми ойлауы дамиды, идеяларды тудыру қабілеті, стандартты емес шешімдерді іздестіру дағдылары қалыптасады.

Екінші педагогикалық шарттардың бірі және бірегейі студенттердің ЖЗІӘ-ін жетілдіруді сатылай жүргізу, яғни деңгейлеп құрастыру болып табылады.

1-курста сандық қатарлар теориясын жобалау әдісін қолданып оқып-үйренуде оқу материалдарын жобалау сатысында білім-танысу, білім-нұсқа, білім-дағды, білімшығармашылық деген түрлерге бөліктеу арқылы оқу проблемаларын қоюдың маңыздылығын анықтаймыз. Осы білімдерді меңгеру үшін студенттердің ЖЗІӘ-де деңгейленіп жетілдіріледі. Оларды икемділік (ұқсап бағу) іс-әрекеттер, қайта жаңғырту (репродуктивтік), ізденуорындаушылық, шығармашылық іс-әрекеттері деген ЖЗІӘ-нің деңгейлік түрлеріне бөліп қарастыру шарттарының қажеттілігін көреміз.

Біріншіден, 1 курс студенті басқалардың ЖЗІӘ-нің нәтижелерін үйренеді, танысады, игереді, оларды дербес біліміне айналдырады. Бұл іс-әрекеттер жобалау қызметтерімен таныстыру ерекшеліктеріне ие болған білімдер. Бір сөзбен айтқанда, басқалардың ЖЗІӘ-нің нәтижелерін игеру түрлі дәрежелерде болуы мүмкін. Ол «таныстық» сезімі негізінде игерілетін дәрежеде болуы мүмкін. Бұл жағдайда басқалардың білу әдісі туралы білім алғашқы дәуірде кездескені сияқты кездейсоқ игеріледі. ЖЗІӘ жетілдірудің бұл әдісін білім десек, ол танысу білімі, әдіс деп есептелінсе, эмпериялық немесе дайындық әдістері болуы мүмкін. Мұндай әрекеттерді «икемділік жобалау-зерттеу ісәрекеттері» деп атауға болады.

Екіншіден студент толық бағыттаушы ақпаратты алады және оны қайта өңдейді. Сандық қатарлар теориясына сай ережелерді, анықтамаларды, есептеу қағидаларын т.с.с. мәліметтерді қайта жаңғыртады. Бұл жағдай оның барлық алдыңғы атқарған ісәрекеттерін (көрген, естіген, білген, басынан өткізгендерін), жаңаша тұрғыдан қарап жобалау қызметі үшін қажет. Бұл игеру, есте сақтау (кейбір ұмытшақтық негізінде де пайда болады), игерілген білім игерілмегендерінің анық нұсқасы болады. Бұл «нұсқа» білім деп аталады. Мұндай әрекеттерді «нұсқа көшірушілік жобалау-зерттеу іс-әрекеттері» немесе «қайта жаңғырту жобалаузерттеу іс-әрекеттері» деп атауға болады.

Үшіншіден, студент жеке өмірлік естеліктері комплексін жинақтап барады. Бұл естеліктер өткінші сипатқа ие және күнделік өмірдің тез ұмытылатын шарттарымен байланысты болады. Бірақ, осымен бірге олардың бір бөлігі түлғаның ішкі әлемінде қайталаусыз өзіне тән қасиеттерін белгілейтін білім қорларына айналады. Бұл дәрежеде алынған білім, тапсырмаларды орындау (білімдерді практикада қолдану) үшін пайдалы болады. Бұл білім дағды, яғни, іс әрекеттің үлгісін игеру депте айтылады. Мұндай әрекеттерді «ізденуорындаушылық жобалау-зерттеу іс-әрекеттері» деп атауға болады.

Төртіншіден, студент олай немесе былай дәрежеде әрекеттің жаңа бірнеше үлгілерін, басқалар үшін әрі қызықты, әлеуметтік маңызды білімдерді игереді; мұндай білімдерді басқаларға беру, оларды есінде сақтауды жетілдіруі мүмкін және сонда ғана олар қоғам мүлкіне айналады. Мұндай жоғары дәрежедегі білім студенттердің өзіндік ЖЗІӘ нәтижесінде ғана пайда бола алады. Бұл білім «трансформациялау» немесе «шығармашылық» білімі деп аталады. Мұндай әрекеттерді «шығармашылық жобалау-зерттеу іс-әрекеттері» деп атауға болады.

Үшінші шартта - сандық қатарлар теориясын оқып-үйрену үдерісінде студенттердің ЖЗІӨ жетілдіру нұсқаушы, аралық, қорытынды фазаларды кіріктіреді.

Бірінші фаза - нұсқаушы - студенттердің ЖЗІӨ-ін жетілдіруге базалық дайындықты білдіреді. Бұл фазаның негізгі мақсаты - студенттердің ЖЗІӨ-нің ғылыми негіздерімен және практикалық маңыздылығымен таныстыру, жобалау қызметке қажетті теориялық және практикалық негіз салу.

Оқу үдерісінің бұл сатысына логикалық ойлауды, білімнің талдауын, жинақтауын дамытуға арналған міндеттер ендіріледі.

Сандық қатарлар теориясын оқыту үдерісінде студенттердің жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін жетілдірудің әдіс-тәсілдері, құралдары. Студенттердің математика мамандарының жобалау-зерттеу іс-әрекеттері қазіргі заманның білім беру жүйесі мен қоғамның болашақ мамандарының алдына қойған әлеуметтік талаптарына тікелей байланысты. Егер де ертеректе әлеуметтік табысты адам болу үшін білімі мен біліктілігі жоғары болуы жеткілікті болса, қазіргі таңда өз бетінше түрлі мәселелерді қойып, оны шеше алатын дәрежедегі тұлға болуы талап етіледі. Сондай қасиеттерге ие болған бітірушісі қазіргі таңда бәсекеге қабілетті, қоғамға қажетті маман бола алады.

Студенттердің жобалау-зерттеу іс-әрекеттері - меншікті зерттеуді жобалаудағы қызметі, жобаның мақсаты мен міндеттерін, әдіс-тәсілі мен ұстанымдарын белгілеу, зерттеу жолдарын жоспарлау, күтілетін нәтижені анықтау, нәтижелеріне баға беру, т.с.с. іс-әрекеттердің жиынтығынан тұрады. Жобалау-зерттеу іс-әрекеттері студенттерде шығармашылық мүмкіншіліктерін жан-жақты көрсету, білімдері мен зерттеу қабілеттерін дамыту, өз бетімен белсенді жұмыс жасау, нәтижеге жету үшін орындалуы қажет болған жұмыстарды жоспарлау, жеке немесе ұжымда жұмыс жасау мүмкіндіктерінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Студенттердің жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін, зерттелінді мәселені шешу бағытында орындаушы топ мүшелерінің барлығына бірдей маңызды нәтижеге қол жеткізу, жалпы мақсатты анықтау, зерттеу әдістерін таңдау, студенттер мен пән оқытушылардың біріккен жобалаузерттеушілік шығармашылық қызметтерін атқару ретінде қарастыруға болады. Қазіргі таңда студенттердің жобалау - зерттеу ісәрекеттері жоғарғы оқу орындарында болашақ мамандарға кәсіби білім беруді дамытудағы маңызды бағыттардың бірі болып есептелінеді.

ЖОО-да «сандық қатарлар теориясын» оқытуда студенттердің курс бойынша жеткілікті дәрежеде теориялық, практикалық және кәсіби білімді меңгеруді көздейді. Себебі, бұл курс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 5В010900-Математика мамандығының педагогикалық бағытында «Анализ I, II, III, IV» пәндері сәйкесінше төрт семестр, ал 5В060100-Математика мамандығы үшін ғылыми бағытта «Математикалық талдау I,II» пәндері сәйкесінше екі семестр бойы оқытылады. студенттердің жобалау-зерттеу ісәрекеттерінің жетілдіру деңгейі көбінесе осы курстың оқытылу сапасына байланысты болады.

Қатарлар

Сандық қатарлар жинақты қатарлардың қасиеттері. Қатарлардың жинақталуының Коши критериі. Оң қатарлардың жинақтылығы. Қатарларды салыстыру. Оң қатардың жинақтылығының Коши, Даламбер, Раабе белгілері.

Таңбалары айнымалы қатарлар. Абсолютті және шартты жинақтылық. Лейбниц белгісі. Риман теоремасы. Жинақтылықтың Дирихле және Абель белгілері. Ақырсыз көбейтінді, ақырсыз көбейтінділердің жинақтылығы. Функционалдық тізбектер мен қатарлар. Бірқалыпты жинақтылық. Бірқалыпты жинақтылықтың Вейерштрасс, Дирихле, Абель белгілері. Бірқалыпты жинақты қатар мен тізбектердің қасиеттері (үзіліссіздік, шекке көшу, интегралдау, дифференциалдау).

Дәрежелік қатарлар. Жинақталу радиусы мен дөңгелегі. Абель теоремасы. Коши - Адамар формуласы. Аналитикалық функциялар. Қатарларды мүшелеп интегралдау және дифференциалдау. Функцияларды дәрежелік қатарларға жіктеу.

Фурье қатарлар. L_1 және L_2 кеңістіктері. Ортогоналды және нормаланған системалар. Ортонормаланған система бойынша Фурье қатары. Фурье қатарының дербес қосындысы. Бессель теңсіздігі, Парсеваль теңдігі. Үзіліссіз функциялардың көпмүшелікермен жуықтау, Вейерштрасс теоремасы. Тригонометриялық система бойынша Фурье қатары. Дирихле ядросы және интегралы. Орта жинақтылық және нүктелік жинақтылық. Фурье қатарын мүшелеп дифференциалдау, интегралдау

Фурье қатарының бірқалыпты жинақтылығы және жинақталу жылдамдығы. Тригонометриялық системаның толықтығы. Фурье интегралы, Фурье формуласы. Пәнді оқытудың типтік оқу бағдарламаларында көрсетілген сандық қатарлар теориясын тиісті оқу материалдарды математикалық талдау пәнінің жалпы мәселелеріне қарастырылған. Арнайы сандық қатарлар теориясын оқып-үйренуге және студенттердің ЖЗІӨ-ін жетілдеруге бағытталған тұжырымдық-бағдарламалық оқу материалдарының мазмұны айқын келтірілмегендігін көреміз.

Сондықтан біз зерттеу жұмысымызда сандық қатарлар теориясын оқып-үйрену үдерісінде студенттердің ЖЗІӨ-ін жетілдіру мәселелерін қарастырдық. Сандық қатарлар теориясын оқып-үйрену үдерісінде қарастырылатын тақырыптардың тұжырымдамалық деңгейін көрсететін оқу материалдарының жалпы мазмұндық құрылымын қарастыруда мыналарға көңіл аудару қажеттілігі бар екен:

1. Педагогикалық 5В010900-Математика мамандықтарда сандық қатарлар теориясын жобалау әдісімен оқытуды қолдануға болатын тақырыптар тізімін қайта құрастыру керек.

2. Ғылыми 5В060100-Математика мамандықтарда сандық қатарлар теориясын жобалау әдісімен оқытуды қолдануға болатын тақырыптар тізімін қайта құрастыру керек .

Педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттердің талдауы нәтижесінде «сандық қатарлар теориясын оқып-үйрену үдерісінде студенттердің ЖЗІӨ-ін» тұжырымдамалық оқу бағдарламасының төмендегідей оқу тақырыптарынан құралатынының сапалылығын және тиімділігін көрсетті.

Сандық қатарлар теориясын оқытудағы тұжырымдамалық оқу бағдарламасының мазмұны.

1. Сандық және функциялық қатарлар.

1. Сандық қатарлар. Сандық қатар және оның жинақталуы.

2. Қатар жинақталатындығының қажетті шарты. Жинақталатын қатарлар қасиеттері.

3. Сандық қатар жинақталу белгілері.

4. Қатарларды салыстыру белгісі.

5. Даламбер және Коши белгілері.

6. Кошидың интегралдық белгісі.

7. Өзгермелі таңбалы қатарлар. Лейбниц теоремасы. Коши критерийі.

8. Өзгермелі таңбалы қатарлардың абсолюттық жинақталуы. Дирихле теоремасы.

9. Риман теоремасы.

2. Функциялық тізбектер мен қатарлар.

1. Функциялық тізбектер мен қатарлардың жинақталуы.

2. Функциялық тізбектер мен қатарлардың бірқалыпты жинақталуы. Коши критерийі. Вейерштрасс белгісі.

3. Бірқалыпты жинақталатын қатарлар қасиеттері.

1. Дәрежелік қатарлар.

2. Дәрежелік қатарлардың жинақталу радиусы. Абель теоремасы.

Жоғарыдағы оқу материалдарын төрт дәрежедегі білімдерге жіктеп (білімтанысу, білімнұсқа көшіру, білім-дағды, білім-шығармашылық), оларды игеруге сәйкесінше студенттердің ЖЗІӨ төрт деңгейдегі (еліктеуіш-икемділік, қайта жаңғырту, іздену-орындаушылық, шығармашылық) қарекеттерді қалыптастыру білімдерін қорытамыз. Яғни, тақырыптың мазмұны түсіндірілген соң, дәрістегі студенттердің іс-әрекеті жобалау-зерттеу сипатта болады, сондықтан дәріс мазмұнына сәйкес есеп мысалдарын деңгейлеп төрт сатыға бөліп қарастырамыз. Осындай жобалау жұмыстарының кейбіреулерін келтіреміз.

1-жобалау жұмысы

Жобалау жұмыс топтың 5-6 кіші топқа бөлініп орындауы арқылы жүргізіледі.Әрбір топтың жобалау жұмысты жүргізуін басқаратын басшысы тағайындалады. Әрбір басшыға әртүрлі

төмендегідей мазмұндағы проблемалық тапсырмалар, есептер, сұрақтар беріледі. Соңғы нәтиже оң таңбалы қатарларға жинақталу шарттарын қолдануларға сай қатарлардың барлық байланыстарын талдау болып табылады. «Қатарлардың жинақтылығы және функциялық қатарлардың арасындағы байланыстар» және «шектердің қатарлардың қосындысын табуда қолданулары» атты тақырыптарда баяндамалар даярлау көзделеді.Баяндамаларды қорғау(топ басшылары орындары ауыстырылып, жаңа басшылармен) ұйымдастырылады.

Жобалау тақырыбы: Оң таңбалы сандық қатарларға жинақталу шарттарын қолдану

Жобалау мақсаты: Оң таңбалы сандық қатарларға жинақталу шарттарын қолдану

1. Теориялық материалдарды зерделеу.

1. Сандық қатар және оның жинақталуы дегеніміз не?

2. Сандық қатарлардың жинақталу белгілерін атаңыз:

3.Сандық қатар сипаттамасын келтіріңіз. 1. Практикалық маңыздылығына және есептеу деңгейіне сай проблемалық тапсырмалар.

Теорема 1. Оң таңбалы қатардың жинақталуы үшін оның барлық дербес қосындылары жоғарыдан жағынан бір тұрақты санмен шешілуі қажетті де жеткілікті.

Теорема 2. (салыстыру белгісі). Егер екі оң таңбалы қатарларда

$$\sum_{n=1}^{\infty} a_n, \sum_{n=1}^{\infty} b_n$$

мына шарт орындалса $a_n < b_n$ n=1,2,3 $\sum_{n=1}^{\infty} b_n$ онда қатары жинақталса, $\sum_{n=1}^{\infty} a_n$ қатары да жинақталады

Мысал 1.$\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{n^2}$ жинақталады ма?

Шешуі: Бұл қатарды жинақталатын $\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{n(n+1)}$ қатарымен салыстырайық:

$\frac{1}{1} + \frac{1}{4} + \frac{1}{9} + \cdots + \frac{1}{n_2}$; $\frac{1}{2} + \frac{1}{6} + \frac{1}{12} + \cdots + \frac{1}{n(n+1)} = 1$

$\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{n^2}$-$\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{(n+1)^2}$ өйткені $n^2 \to \infty, (n+1)^2 \to \infty$, енді

$\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{(n+1)^2} = \sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{(n+1)(n+1)}$ $\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{(n+1)(n+1)} < \sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{n(n+1)} = 1$

Демек теорема 2 бойынша қатар жинақталды

Теорема 3. Егер екі оң таңбалы қатарларда

$$\sum_{n=1}^{\infty} a_n, \sum_{n=1}^{\infty} b_n$$

мына шарт орындалса $a_n \leq b_n$ $(n = 1.2.3 \ldots .)$, онда $\sum_{n=1}^{\infty} a_n$ жинақталмаса $\sum_{n=1}^{\infty} b_n$ -де жинақталмайды.

Өз кезегінде оқытушы студенттердің жобалаузерттеу іс-әрекетін жетілдіруде өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, олардың математикалық талдауды тереңірек үйренуде, қолданбалы бағыттағы есептерді шешуде тиімді бола алады.

2-жобалау жұмысы

Жобалау жұмыс топтың 5-6 кіші топқа бөлініп орындауы арқылы жүргізіледі.Әрбір топтың жобалау жұмысты жүргізуін басқаратын басшысы тағайындалады. Әрбір басшыға әртүрлі төмендегідей мазмұндағы проблемалық тапсырмалар, есептер, сұрақтар беріледі**.** Соңғы нәтиже орта мектепте қарастырылған прогрессиялар тақырыптарына сай шектердің барлық байланыстарын талдау болып табылады. «Прогрессиялардың қосындысын табу және функциялардың шектері арасындағы байланыстар» және «шектердің арифметикалық прогрессия қосындысын табуда қолданулары» атты тақырыптарда баяндамалар даярлау көзделеді.Баяндамаларды қорғау(топ басшылары орындары ауыстырылып, жаңа басшылармен) ұйымдастырылады.

Жобалау тақырыбы: Арифметикалық прогрессия мүшелерінің қосындысын шектер жәрдемінде есептеу.

Жобалау мақсаты: Арифметикалық прогрессиялардың қосындысын табуға шектерді қолдану

1. Теориялық материалдарды зерделеу.

1. Арифметикалық прогрессия дегеніміз не?
2. Арифметикалық прогрессияның жалпы мүшесін табу формуласын жаз;
3. Арифметикалық прогрессияның мүшелерінің қосындысын табу формуласын жаз;
4. Прогрессиялар сипаттамаларын келтір:

а) Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар мүшелерінің қосындысын табу;

б) Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия мүшелерінің қосындысын табу.

5. Геометриялық прогрессияларға тиісті формулаларды жаз.

а) Геометриялық прогрессияларға мысал болатын сандық тізбектерді жазып көрсет.

б) Геометриялық прогрессия еселігін табу, арифметикалық прогрессия айырымын табуға мысалдар келтір; Олардың жалпы мүшесін табу формуласын жаз?

1. **Жобалау жұмысының орындалуынан үзінді:**

$a_n = a_1 + d(n-1), \quad S_n = \frac{1}{2}(a_1 + a_n)\cdot n,$ мұнда a_n – жалпы мүшесі, $S_n - n$ -дербес қосындысы, a_1 - бірінші мүшесі, d - айырымы, n -алынған мүшенің номері.

1. Геометриялық прогрессияның жалпы мүшесінің формуласын жазыңыздар:

а) $a_n = a_1 q^{n-1}, \quad S_n = \frac{a_1 + a_n q}{1-q}$ a_n – жалпы мүшесі, a_1 - бірінші мүшесі, $S_n - n$ -дербес қосындысы, q прогрессияның еселегі, $n \to \infty, \quad q < 1, \quad S = \frac{a_1}{1-q}.$

5.Мына тізбектерді сөзбен сипаттау арқылы беру керек:

а) $2,3,5,7,11,\ldots$

б) $2;2,2;2,23;2,236;2,2361;$

6. $\left\{\frac{n-1}{n+1}\right\}$ тізбегі жинақталады және оның шегі 1 –ге тең. Шек анықтамасының орындалатындағын тексеріңіз.

Студенттердің мынадай тапсырмаларды орындауына назар аударылады:

Мысал 1. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның мүшелерінің қосындысын анықтаңдар:

$$\frac{1}{3} + \frac{1}{6} + \frac{1}{12} + \ldots + \frac{1}{3\cdot 2^{n-1}} = \sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{3\cdot 2^{\to n-1}}$$

Шешуі: Мұнда $a_1 = \frac{1}{3}, a_n = \frac{1}{3\cdot 2^{n-1}}, q = \frac{1}{2},$ сондықтан $q < 1,$ $S_n = \frac{\frac{1}{3}}{1-\frac{1}{2}} = \frac{1}{3}.$

Төмендегі қатарлардың қосындысын анықтаңдар:

1. $\frac{1}{1\cdot 3} + \frac{1}{2\cdot 4} + \frac{1}{3\cdot 5} + \cdots + \frac{1}{n(n+2)} + \cdots \sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{n(n+2)}$

Шешуі: Математикалық индукция әдісін қолданамыз:

$$S_n = \frac{1}{2}\left\{\frac{1}{1}-\frac{1}{3}+\frac{1}{2}-\frac{1}{4}+\frac{1}{3}-\frac{1}{5}+\frac{1}{4}-\frac{1}{6}+\frac{1}{5}-\frac{1}{7}+\ldots+\frac{1}{n-1}-\frac{1}{n+1}+\frac{1}{n}-\frac{1}{n+2}\right\}=$$

$$=\frac{1}{2}\left\{1+\frac{1}{2}+\frac{1}{3}+\frac{1}{4}+\ldots+\frac{1}{n}\right\}-\frac{1}{2}\left\{\frac{1}{3}+\frac{1}{4}+\frac{1}{5}+\frac{1}{6}+\ldots+\frac{1}{n}+\frac{1}{n+1}+\frac{1}{n+2}\right\}=$$

$$=\frac{1}{2}\left\{1+\frac{1}{2}+\frac{1}{n+1}+\frac{1}{n+2}\right\}; \quad S=\lim_{x\to\infty}\frac{1}{2}\left\{1+\frac{1}{2}+\frac{1}{n+1}+\frac{1}{n+2}\right\}=\frac{3}{4}$$

2.Төмендегі қосындыларды табыңдар:

1. $\frac{1}{1\cdot 3}+\frac{1}{3\cdot 5}+\frac{1}{5\cdot 7}+\cdots+\frac{1}{(2n-1)(2n+1)}+\cdots=\sum_{n=1}^{\infty}\frac{1}{(2n-1)(2n+1)}$

2. $\frac{3}{1^2\cdot 2^2}+\frac{5}{2^2\cdot 3^2}+\ldots+\frac{2n+1}{n^2\cdot(n+1)^2}+\ldots=\sum_{n=1}^{\infty}\frac{2n+1}{n^2\cdot(n+1)^2}$

3. $1+\frac{1}{2}-\frac{1}{4}-\frac{1}{8}-\ldots-+\frac{1}{2^n}-\ldots=\sum_{n=1}^{\infty}\frac{1}{2^n}$

Жинақталудың қажетті шарты

Егер сан қатары жинақталатын болса, онда $n\to\infty,\ a_n\to 0$

$\lim_{n\to\infty} a_n = 0.$

Егер $\lim_{x\to+\infty} a_n \neq 0$ болса, онда сан қатары жинақталады.

Төмендегі қатарларда жинақталудың қажетті шарты орындалуын тексеріңіздер:

4. $\sum_{n=1}^{\infty}\cos\frac{1}{n}$; 5. $\sum_{n=1}^{\infty}\frac{n}{(n+1)^3}$; 6. $\sum_{n=1}^{\infty} n\cdot arctg\frac{1}{n}$; 7. $\sum_{n=1}^{\infty}\frac{n^2+1}{n^2}$.

Қорытынды

Қорытындылай келе математикалық талдау пәнін оқыту үрдісінде жобалық жұмыстарды орындауда көрнекілікті пайдалану арқылы(әсіресе компъютерлік математикалық жүйелердің соңғы үлгілерін қолдану) есептеулер жүргізу,теорияны практикамен байланыстыру мүмкіндіктерін үздіксіз пайдалану оң нәтижелер алуға әсер береді. Ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды ары қарай жақсарту мақсатында практикалық сабақтарының бір бөлігін лабораториялық жұмыс түрінде компьютер кластарында өткізу дұрыс болар еді. Ол студенттерге математикалық есептерді (есептеу және графикалық) компъютерлік математикалық жүйелер көмегімен өз бетінше шығаруға үйретеді.

Өз кезегінде оқытушының студенттердің жобалау-зерттеу іс-әрекетін жетілдіруде өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, олардың математикалық талдауды тереңірек үйренуде, қолданбалы бағыттағы есептерді шешуде тиімді әдіс бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абылқасымова А.Е. Формирование познавательной самостоятельности студентов - математиков в системе методической подготовки в университете: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01, 13.00.02 / КазГУ им. Аль - Фараби – Алматы, 1995. – 303 с.

2. Омарова Р.С. ЖОО-нда студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис.: - Алматы, 2002.

3. Смагулов Е.Ж. Дидактические основы формирования математического мышления учащихся в системе непрерывного математического образования дис. ... док. пед. наук. – Алматы: КазНПУ, 2009. – 285 с.
4. Бабанский Ю.К. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. – М.: Просвещение, 1985. –208 с.
5. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М: Педагогика, 1981. –185 с.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ОРГАНИКАЛЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ӨҢДЕУ ЕҢБЕГІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Курсабаев Мухамедрахим Кадырбаевич,
п.ғ.к., университет профессоры
Сайдахметов Бауыржан Сейтбекович,
п.ғ.к., университет профессоры
Мадибекова Марал Жаксылыковна,
биолог пәні мұғалімі,
Абай атындағы ҚазҰПУ педагогика кафедрасы
Есік қ. О.Жандосов атындағы орта мектеп

Аннотация. Аталмыш ғылыми мақалада заманауи мектеп оқушыларға органикалық тыңайтқыштарды (вермикомпост, биогумус) өңдеу еңбегі арқылы ұлттық тәрбие берудің, экономикалық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері оқу-тәжірибе үрдістерінің практикалық мысалында баяндалады.
Түйін сөздер: мектеп оқушылары, биогумус, ұлттық тәрбие, органикалық тыңайтқыштар, экономикалық сауаттылық.

Аннотация. Данная статья посвящена к выявлению педагогических вожможностей этнического, трудового воспитания и формированиию экономических громотностей у школьников на примере учебно-практического процесса переработки органических удобрении (биогумус, вермикомпост) в условиях современной школы.
Ключевые слова: школьники, биогумус, этническое воспитание, органические удобрения, экономическая грамотность.

Abstract. This article is dedicated to exploring the pedagogical possibilities of ethnic and labor education and the formation of economic literacy among schoolchildren using the example of the educational-practical process of processing organic fertilizers (biohumus, vermicompost) in the modern school environment.
Key words: schoolchildren, biohumus, ethnic education, organic fertilizers, economic literacy.

Педагогика тарихына көз жіберсек, елімізде және одан тысқары жерлерде мектеп және басқа білім ордалары жанынан оқу-өндірістік тәжірибе учаскелерінің, жылыжайлар мен арнайы биологиялық және географиялық станциялардың мемлекет тарапынан қолдау тауып, жас ұрпаққа еңбек тәрбиесі арқылы табиғат пен қоғамға пайдалы қызмет етуде жемісті һәм нәтижелі тәжірибелер жинақтағаны белгілі.

Әлемдік деңгейдегі жаһандану, цифрлық экономика, жасыл технология, жасанды интеллект жетістіктерінің климаттың жылыну жағдайымен тұспа-тұс келуі бүгінгі жас ұрпақтың экологиялық санасына ауқымды ықпал етуі, қоршаған орта мен жер ресурстарын рационалді пайдалануға бағытталған БҰҰ орнықты даму жөніндегі бағдарламасына сай білім мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарының заманауи трансформациясын қажет етіп отыр [1]. Осы аталып өткен аса күрделі және ұлт болашағы үшін аса қажетті дүниелерді мемлекет, халық, қоғам һәм болашақ ұрпақ игілігіне айналдыруда, кейінгі жылдары қолға алынып жатқан

стратегиялық маңызы бар жұмыстардың біріне органикалық тыңайтқыштарды өңдеуде білім мекемелері жанынан оқу-тәжірибелік алаң ашудың мүмкіндігі тцып отыр.

Биогумус немесе вермикомпост (Eisenia fetida6 Lumricus rubellus) «қызыл калифорниялық» гибрид, сондай-ақ жауын құрты тұқымдастарының қатысуымен іске асатын, утилизацияға жататын ауыл шаруашылығы қалдықтарын немесе субстратты (мал тезегі, қи, құс саңырығы, жапырықтар, шөп желектері, жеміс, тамақ, ет-нан ұнтақтары т.б) биоконверсиялық өңдеу (компост) процесінде пайда болатын крополит (жауын құртынан бөлініп шыққан топырақ) табиғи, экологиялық таза органикалық тыңайтқыш болып табылады. Мал тезегіне және басқа ауыл шаруашылығы қалдықтарына қосымша субстрат ретінде бидай сабаны, шөп сабақтары, ағаш жапырақтарын пайдалану өте тиімді. Арнайы алаңға төгілген субстраттарға араластырылған (1 кг мал тезегіне 45 жауын құртын араластыру) гибридттер 3-4 айдың ішінде ферментациялық (өңдеу, таралу, көбею) кезеңнен өткен соң, олардан бөлінген кропролиттер негізінде таза топырақ, яғни патогендік бактериялардың (арамшөптер микрофлорасы) таралуына тосқауыл болатын биогумус пайда болады. Гибридтер араластырылған соң ауыл шаруашылығы және басқа қалдықтар іріп-шіруі барысында, өздерінен бөлінетін жайсыз иістерден ақырындап арыла бастайды. Жауын құрттарының таралуы, өсуі мен басқа микробиологиялық әрекеттерін бақылау (температуралық режим, субстраттағы ферментацияны бақылау, ылғал мен қышқыл мөлшерін тексеру, өлшеу, токсикалық сынама жасау, субстраттың физикалық және биохимиялық концентрациясын анықтау) арнайы жоспар бойынша жүргізілуі тиіс.

Ауыл шаруашылығы, немесе аграрлық мәселелерді зерттеуші ғалымдардың пайымдауы бойынша (Суханова, 2008,) мал тезегі және басқа ауыл шаруашылығы қалдықтарының 80% өңделмегені байқалады. Нәтижесінде, топырақтың ластануынан патогендік микрофлораның артуы мен арамшөп дақылдарының көбею үрдісі қарқынды жүруде. Мұндай жағдайда ылғалдылық жойылып, органикалық заттар мен пайдалы қорек көздері деградацияға ұшырайды. Табиғи немесе дәстүрлі жағдайдағы биоконверсиялық процестердің үлесі 20% жетпейді. Демек, осындай көрсеткіштердің статистикасын өзгертуде, органикалық тыңайытқыштарды өңдеуді арнайы жоспарланған жүйе бойынша ұйымдастырғанымыз абзал.

Осылайша білім мекемелері жанынан оқушылар мен студенттер арнайы ғалымдар мен ұстаз-мамандардың көмегімен арнайы алаңға жауын құрттарының өсіп-өнуіне ерекше жағдай туғызуда жайлы қондырғыны (брут) орналастыруларына болады. Ондағы температуралық көрсеткіштер 20-25 ^{0} шамасында, ылғалдылық 78% көрсеткішке тең болуы шарт. Қалыпты жағдайды сақтау үшін субстратты суару мен өңдеу жұмыстары жоспар бойынша іске асырылады. Осы дәстүр бойынша оқушылар мен студенттер 3-4 айдан соң, өсіп-өнген гибридтер үшін қосымша қондырғыны (брут) және оның субстраттарын дайындап қойғандары абзал. Осылайша дайын гумусты 50% дейінгі ылғалдылықты сақтайтын күйге дейін құрғатып, арнайы қорапқа салуға болады. Бұл орайда, субстраттар мен органикалық заттардың құрамындағы қышқылдық теңгерімін pH-арқылы анықтау оқушылар мен студенттердің практикалық жұмыстары болып табылады. Осылайша биогумус құрамында азық-түлік дәнді дақылдарына аза қажетті азот, фосфор, калий концентрациясының артқаны, керісінше зиянды ауыр металдар мыс, цинк, кадмий, қорғасын, аммиак мөлшерлерінің азая түскенін тәжірибе жүзінде байқауымызға болады.

Қазақстан Республикасының кооперативтер мен басқа экономикалық қауымдастық формалары ұлттық ассоциациясы заңды тұлғалар бірлестігі (Шайх Қ.А), «Qazverm» тұтынушылар кооперативі (Тұлғанбаев П.О), «Вермифермерлер кооперативтерін дамыту жөніндегі комитет», «QazAGO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі оқу орталығының (Асамуратова Г.П) жетекші мамандары мен эксперттерінің пікірі бойынша соңғы 3 жыл көлемінде елімізде биогумус индустриясын өркендету ісінде біршама алға қарай ілгерілеушілік тенденциясы қалыптасқан. Сонымен қатар, бұл мәселе Қазақстан Республикасы Үкіметі, Парламенті деңгейінде мемлекетіміздің стратегиялық шараларының бірі ретінде жоғары деңгейде қарастырылуда. Бұл орайда Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «QazAGO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі оқу орталығының (Асамуратова Г.П) ауылды мектептерде вермикомпост шаруашылығын жолға қою жөніндегі жетістіктерін атап өткен жөн.

Қазақ халық педагогикасында жас ұрпақты ерте жастан бастап атакәсіпке, оның ішінде диханшылық пен мал шаруашылығының қыр-сырын білу мен қоршаған ортаны қорғау мен табиғат құбылыстарына мән беруге, тануға, меңгеруге, зерделеуге деген мыңғасырлық ұлттық тәлім-тәрбиелік тәжірибе қалыптасқан. Осыған орай, бүгінгі мектеп жанынан жоғарыда аталып өткен органикалық тыңайтқыштарды өңдеуде оқу-тәжірибелік алаңдар ашу барысында бүгінгі Generation Z және Alpha ұрпақтары өкілдерінің белсене араласуы арқылы жаңа бағытта жұмыс атқару қажет деп санаймыз.

2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ ҚР Экологиялық кодексінің 194 бабына сәйкес экологиялық білім беру мен ағартудың оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіру жан-жақты қолға алынуда [2]. Сол себепті, білім беру мекемелерінің жанынан кәсіптік білім беруді дамытуда жас ұрпақты еңбек нарығына бейімдеу арқылы бәсекеге қабілетті, эмоционалды интелекті жоғары, экономикалық және экологиялық жүйені интеграцияландыруда, білім беруді цифрландыруда, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды меңгеруде оқу-тәжірибелік алаңды ашу қазіргі таңда кезек күттірмейтін өзекті мәселе екені түсінікті. Одан, білім беру мекемелері жанынан органикалық тыңайтқыштарды өңдеуде оқу-тәжірибелік алаңды ашу арқылы жас ұрпаққа табиғатты қорғау, қоршаған ортаны аялау, экологиялық мәдениетті дамытуда қоғамдық пайдалы еңбек пен еңбек тәрбиесінің маңыздылығын айқындау бойынша негізгі мақсатты айқындауға болады. Демек, жас ұрпақтың экотехнология саласында теориялық білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыру, кәсіби білім беру негізінде қоршаған орта компоненттерінің сапасын заманауи экоаналитика лық бақылау жасауға бейімдеу, қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіруде жас ұрпақты жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке дағдыландыру, оқушыларды табиғатты қорғау мәселелері жөнінде ғылыми зерттеу жұмыстарына тарту бойынша негізгі міндеттерді топшылауымызға болады.

Мақсат пен міндетке қол жеткізген соң, біздер күтілетін нәтижелерге басты назар аударуымыз шарт. Оған жас ұрпақ өмірде және нақты іс әрекетте педагогикалық, ақпараттық, инновациялық оқыту технологиялары арқылы экологиялық білімді меңгереді деп анықтама беруге болады. Өз ретінде, оқушылар мен студенттер эксперимент арқылы оқу-тәжірибелік алаңда оқушылар экологиялық, экономикалық және еңбек тәрбиесінің тиімділігін дәлелдеуге мүмкіндік алады. Осылайша, жас ұрпақтың табиғатты қорғау мәселелері туралы ғылыми-теориялық және тәжірибелік білімдері қалыптасады деп болжам жасауымызға болады.

Аталған тұжырымдар негізінде оқушылар мен студентер оқу-тәжірибелік алаңында мынадай жұмыс түрлері қамтуы тиіс:

- оқу-тәжірибе алаңында автономды биогумус минералды тыңайтқышты өндіру;
- оқу ғимараттарының ауласын, дәліздерді, оқу бөлмелерін көгалдандыру;
- оқу-тәжірибе алаңында бағалы ағаштар көшеттері мен гүлзарларды отырғызу және баптау;
- оқу-тәжірибелік алаң аумағында экологиялық және еңбек тәрбиесіне байланысты ғылыми-зерттеу, лабораториялық, оқу-практикалық іс шараларын ұйымдастыру;
- оқу-тәжірибе алаңының платформасы туралы ақпараттық-мониторингтік базасын құру;

Бұл жерде жас ұрпақтың органикалық тыңайтқыштарды өңдеу еңбегінде ұлттық тәрбие берудің педагогикалық мүмкіндіктерін айқындауда заманауи мектеп оқушыларының экономикалық сауаттылығын қалыптастыру, ғаламдық цифрлық трансформация жағдайында жас ұрпаққа ата-кәсіп дәстүрінде ұлттық тәрбие беруде, қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын рационалды пайдалану, баланы жастайынан қоғамға пайдалы кәсіпке тарту, «Soft Skills» форматында жасыл энергетика, экотехнология, экоаналитикалық дағдыларын қалыптастыру, биогумус индустриясының дамуына «Business model» стартап-технологияларын дамыту, биогумус, вермикомпост, гидропоника, микроөсімдіктер туралы мағлұматтар бере отырып, жобаның қазіргі таңдағы маңызды ұлттық мәселе екеніне басты назар аудару қажет деп санаймыз.

2024 жылдың ақпан айында Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласында өткен «Білім мекемелері жанынан органикалық тыңайтқыштарды өңдеуде оқу-тәжірибелік алаңдар ашудың педагогикалық мүмкіндіктері» тақырыбында өткен Республикалық конференциясында

осы мақалада келтірілген көптеген мәселелер көпшіліктің назарына ұсынылды. Жиында Арынов Қ.Т, қоғам және ғылым қайраткері, техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық құндылықтар Академиясының академигі, Бекбауов М.Д. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті «Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті профессорлары, п.ғк, Сайдахметов Б.С, Құрабаев М.Қ, Шайх Қ.А, «Қазақстан Республикасы Ұлттық кооперативтер және экономикалық қоғамдастықтардың басқа да нысандары қауымдастығы» Заңды тұлғалар бірлестігінің президенті, Әлмұхамбетов Б.А, Абай атындағы ҚазҰПУ Ардагерлер кеңесінің Төрағасы, п.ғ.д, профессор, ҰҚА Академигі, Жошыбаева Г.С. ардагерұстаз, қоғам қайраткері, ҚХА Алматы облыстық Аналар кеңесінің Төрайымы, Тортаева А.Т, Еңбекшіқазақ аудандық әдістемелік орталықтың бөлім басшысы, Асамуратова Г.П, «QazAGO» ЖШС оқу орталығы директоры, Туркибаева С.Р, Райымбек батыр атындағы мектеп директоры, Джамешева А.Т, О. Жандосов атындағы орта мектеп директоры, «Qazverm» кооператив Төрағасы Тұлғанбаев П.О, Орал Бостанұлы, биогумус саласы бойынша білікті маман кәсіпкер және мектеп мұғалімдері Перизат Әділ-Әшім мен Марал Мадибекова жетекшілік ететін эковолентерлер ұйымы мүшелері тарапынан жасалған баяндамалар мен іс-тәжірибе панорамалық сабақтары жоғары деңгейде өтті.

Конференцияның басты мақсаты Абай атындағы ҚазҰПУ базасында дайындалған пилоттық жоба негізінде Қазақстандағы білім мекемелері (мектеп, колледж, университет, қосымша білім беру орталықтары, мекктепке дейінгі ұйымдар) жанынан жас ұрпақты ерте жастан еңбекке қызықтыру және баулуда қаржылық сауаттылығы мен ілкімділігін арттыру, экологиялық және экономикалық тәрбие беру, экотехнологиялық және экоаналитикалық дағдысын қалыптастыру арқылы органикалық тыңайтқыштарды (биогумус, вермикомпост) өңдеуде оқу-тәжірибелік алаңдар ашуда педагог мамандардың біліктіліктерін арттырудың педагогикалық мүмкіндіктерін айқындауда жетекші ғалымдар, эксперттер, ұстаздар, биогумус, вермикомпост және «Green Technology» бойынша озық тәжірибе жинақтаған ұжымдар мен мамандар ой-пікірлерімен Жаңа Қазақстан жағдайындағы трендтер негізінде бөлісу, талқылау болып табылды. Сондай-ақ, Қазақстандағы білім беру мекемелері, әсіресе ауылды мекендерде органикалық тыңайтқыштарды өңдеу оқу-тәжірибелік (ОТА) алаңдарын ашудың заман талабы мен әлемдік нарықтық жағдайлардағы сұранысы мен қажеттігі, осы сала бойынша педагог мамандардың біліктіліктерін арттыру курсын ұйымдастыру, ұлттық тәрбие негізінде жас ұрпаққа атакәсіп дәстүрінде тәрбие беру, қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын рационалды пайдалануда баланы жастайынан қоғамға пайдалы кәсіпке тартуда «Soft Skills» форматында жасыл энергетика, экотехнология, экоаналитикалық дағдыларын қалыптастыру, биогумус индустриясының дамуына үлес қосуда «Business model» стартап-технологиялары туралы жалпы мағлұмат, биогумус, вермикомпост, гидропоника, микроөсімдіктер, болашақ вермифермерлерді дайындаудың стратегиялық маңызы, «Ecobook» экоклуб мүшелерінің жетістіктері және жаһандық жылынудың алдын алуға бағытталған ғаламдық масштабтағы шараларға ат салысу мәселелері талқыланды. Осы айтылған ой-пікірлердің нақты қорытындысы негізінде Есік қаласындағы Райымбек батыр атындағы орта мектеп жанында (директоры Туркибаева С.Р.) органикалық тыңайтқыштарды өңдейтін оқу-тәжірибелік алаңы салтанатты түрде ашылды.

Республикалық конференция қаулысында жаңа цифрлық эраға қадам басқан Адамзат өркениеті бүгінде жаһандық жылынудың алдын алуға негіз болатын жасыл энергетиканы дамытуға барлық күш жігерін арнауда. БҰҰ қабылдаған тұрақты дамудың мақсаттарын жүзеге асырудың стратегиялық маңызы бар бағыттардың біріне қоршаған ортаға зиян келтірмейтін органикалық тыңайтқыштарды өңдеу мен өндіру индустриясын дамытуға Қазақстан осы саладағы әлемдегі жетекші елдер Индия, Қытай, Ресей және басқа мемлекеттердегі технологияларды жетілдіре отырып тарихи маңызы бар шешімдер қатысушылар тарапынан мақұлданып, қабылданды. Оның ішідігі ең басты баптарға аталмыш тақырып бойынша жыл сайын тұрақты Республикалық (халықаралық мәртебесі бар) ғылыми-практикалық конференция өткізу, Қазақстанда Алматы облысы Есік ауданы тәжірибесі негізінде білім мекемелері (мектеп, колледж, университет, қосымша білім беру орталықтары, мектепке дейінгі ұйымдар) жанынан органикалық тыңайтқыштарды өңдеуде оқу-тәжірибелік алаңдарын ашу, елімізде органикалық

тыңайтқыштарды өңдеу мен өндіру саласында мол тәжірибелер жинақтаған мемлекеттік, қоғамдық, кәсіпкерлік, инвестициялық, оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары және басқа ұйымдар мен кәсіпорындармен бірлесе отырып бідім мекемелері жанынан органикалық тыңайтқыштарды (вермикомпост, биогумус) өңдеуде оқу-тәжірибелік алаңдар ашуға эаңгерлік, құқықтық, ғылыми-зерттеушілік, оқу-тәрбиелік, педагогикалық-психологиялық, консалтингтік, цифрлық-ақпараттық, техникалық-экономикалық, қаржы-материалдық және басқа формадағы қолдау көрсету мақсатында арнайы Меморандум қабылдау, Қазақстан Республикасы Президентіне, ҚР Үкіметіне, ҚР жоғары білім және ғылым Министрлігі, ҚР оқу-ағарту Министрлігіне қарарына республика көлемінде білім мекемелері жанынан органикалық тыңайтқыштарды (вермикомпост, биогумус) өңдеуде оқу-тәжірибелік алаңдар ашудың Концепциясын дайындап, ұсыну, мемлекеттік және жекеменшік бұқаралық ақпарат құралдары, баспасөз агенттіктері, Интернет желісінде аталған шараларды іске асыру жөнінде толық баяндалған Үндеу қабылдау және жариялау. Осы орайда биогумус индустриясы бойынша Халықаралық коллаборацияны дамытудың Стратегиялық бағытын айқындауда жоғарыда аталып өткен міндет-мақсаттарды мемлекет һәм халық игілігіне айналдыруда төмендегідей нақты жұмыстарды іс жүзіне асырудың төмендегідей шарттары белгіленді:

- Қазақстандағы әр білім мекемелері (мектеп, колледж, университет, қосымша білім беру орталықтары, мектепке дейінгі ұйымдар) жанынан органикалық тыңайтқыштарды (вермикомпост, биогумус) өңдеуде оқу-тәжірибелік алаңдар (ОТА) ашу;

- жас ұрпақ өкілдерін (мектеп жасына дейінгі оқушылар, мектеп оқушылары, колледж және университет студенттері) ерте жастан қоғамға және қоршаған ортаға пайдалы еңбек етуге деген ерекше қызығушылығын арттыру, жаһандық жылынудың алдын алуда табиғатты қорғау, жасыл энергетика индустриясының дамуына үлес қосу, адам капиталы мен қол еңбегін бағалау, цифрлық эра талаптарына орай қаржы сауаттылығын арттыруда экологиялық және экономикалық білім дағдылары мен тәрбие құндылықтарын игеруге бейімдеуге арналған ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру;

- ОТА ашу барысында оқушылар мен студенттер тарапынан экологиялық волонтерлік ұйымдар құруға, туристік-өлкетану экспедициялар мен саяхаттар ұйымдастыруға, цифрлық ақпараттық технология жобарын жасауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына, локальді һәм глобальді форматтағы ауқымды іс-шаралар мен байқаулар өткізуге, электонды оқулықтар мен аппликациялық қосымшалар құрастыру, цифрлық картографиялық ресурстарды пайдалануға, сайт, брендинг, Soft Skills, платформа, лендинг, аккаунт, Интернет аппликациялар, мультимедиа, комикс, анимация, 3D иллюстрация, оқулықтар мен журналдар шығаруға жан-жақты қолқабыс тигізу;

- аталған тақырыптар бойынша жыл сайын дәстүрлі оқушылар мен студенттердің Республикалық (халықаралық) Слетін, ғылыми жобалар сайыстарын, еңбек лагерлерін, мәдени-спорттық, қаржы-экономикалық және басқа шараларын Республикалық «Балдәурен» оқу-сауықтыру Орталығында тұрақты және жоспарлы ұйымдастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер мен ресурстар:

1.United Nations. – The 17 Goals. https://sdgs.un.org/goals

2. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодесі. – 2021. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400

3. SDG Resources for Educators - Partnerships For The Goals. https://en.unesco.org/themes/education/sdgs/material/17

3. UN Climate Change Conference - United Arab Emirates. 30 Nov - 12 Dec 2023. https://unfccc.int/cop28

4. Суханова И.М., Шарафеева Ф.Г., Газизов Р.Р., Биккинина Л.М.-Х., Ильясов М.М. Вермикомпостирование как решение экологической проблемы утилизации отходов животноводства // Ученые записки КГАВМ им. Н.Э. Баумана. 2015. №3. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/vermikompostirovanie-kak-reshenie-ekologicheskoy-problemy-utilizatsii-othodov-zhivotnovodstva.

5. Blouin M. et al. Vermicompost significantly affects plant growth. A meta-analysis //Agronomy for Sustainable Development. – 2019. – Т. 39. – С. 1-15. https://link.springer.com/article/10.1007/s13593-019-0579-x

6. Enebe M. C., Erasmus M. Vermicomposting technology-A perspective on vermicompost production technologies, limitations and prospects //Journal of Environmental Management. – 2023. – Т. 345. – С. 118585.https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0301479723013737

7. Ұлбосын Исабек. Шылаушын өсірудің шебері. https://egemen.kz/article/339217-shylaushyn-osirudinh-sheberi

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ СТИЛЬ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СПОРТИВНОГО ТРЕНЕРА И ЕГО ЗНАЧЕНИЕ НА РЕЗУЛЬТАТЫ ПОДГОТОВКИ СПОРТСМЕНОВ

Акрамова Алия Смагуловна,
к.п.н., доцент
Майлебаева Индира Сейлхановна,
Магистрант 1 курса по специальности «7М01101 Педагогика и психология», Кафедра педагогики и образовательного менеджмента, КазНУ имени аль-Фараби

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию роли педагогического стиля тренера в профессиональной деятельности и его значению на результаты подготовки спортсменов. В статье рассматриваются различные типы педагогических стилей тренера, их характеристики и влияние на психологическое состояние и мотивацию спортсменов. На основе анализа современных исследований выявляется связь между педагогическим стилем тренера и успешностью спортивной подготовки, подчеркивая важность развития соответствующих педагогических компетенций у тренеров. В заключении представлены практические рекомендации по оптимальному использованию педагогического стиля для максимизации результатов спортивных достижений. Эта статья представляет интерес для тренеров, специалистов в области спортивной подготовки и всех, кто заинтересован в развитии психологической составляющей спортивной деятельности.

Ключевые слова: педагогический стиль, тренер, мотивация, спорт, спортивные достижения, эмоциональный климат

Аннотация. Бұл мақала жаттықтырушының кәсіби қызметтегі педагогикалық стилінің рөлін және оның спортшыларды даярлау нәтижелері бойынша маңыздылығын зерттеуге арналған. Мақалада жаттықтырушының әр түрлі педагогикалық стильдері, олардың ерекшеліктері мен спортшылардың психологиялық жай-күйі мен уәждемесіне әсері талқыланады. Қазіргі заманғы зерттеулерді талдау негізінде жаттықтырушының педагогикалық стилі мен спорттық дайындықтың табыстылығы арасындағы өзара байланыс ашылып, жаттықтырушыларда тиісті педагогикалық құзыреттіліктерді дамытудың маңыздылығына баса назар аударылады. Қорытындылай келе, спорттық жетістіктерді барынша пайдалану үшін педагогикалық стильді оңтайлы пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар ұсынылады. Бұл мақала жаттықтырушыларды, спорт дайындығы саласындағы мамандарды және спорттық қызметтің психологиялық құрамдас бөлігін дамытуға мүдделі әркімнің қызығушылығын тудырады.

Abstract. This article is devoted to the study of the role of a coach's pedagogical style in professional activity and its importance on the results of athletes' training. The article considers different types of pedagogical styles of a coach, their characteristics and influence on the psychological state and motivation of athletes. On the basis of the analysis of modern researches the connection between pedagogical style of the coach and success of sports training is revealed, emphasizing the importance of development of appropriate pedagogical competences in coaches. The conclusion presents practical recommendations for the optimal use of pedagogical style to maximize sports performance results. This article is of interest to coaches, sports training specialists and anyone interested in the development of the psychological component of sports performance.

Актуальность данной статьи обусловлена несколькими факторами. Тренерская деятельность постоянно развивается, и тренеры и специалисты в области спортивной подготовки заинтересованы в изучении различных аспектов своей работы, включая педагогический стиль. Понимание различных педагогических стилей помогает им адаптировать свой подход к обучению в соответствии с потребностями и особенностями спортсменов. Эффективное взаимодействие тренера и спортсменов играет ключевую роль в достижении высоких

спортивных результатов. Исследование и понимание влияния педагогического стиля на результаты подготовки спортсменов помогает тренерам выбирать оптимальные стратегии обучения и тренировок для максимизации успехов своих подопечных. Также считаем, что психологическая составляющая играет важную роль в спортивной подготовке и достижении спортивных целей. Педагогический стиль тренера оказывает существенное влияние на мотивацию, эмоциональное состояние и уверенность спортсменов, что прямо влияет на их спортивные результаты. В современных условиях тренерам все чаще приходится сталкиваться с разнообразием индивидуальных потребностей и особенностей спортсменов. Исследование педагогических стилей и их воздействия на результаты подготовки спортсменов позволяет тренерам расширить свой методологический арсенал и улучшить свою профессиональную подготовку.

Таким образом, данная статья является актуальной и востребованной в сфере спортивной подготовки, поскольку предлагает анализ ключевых аспектов педагогического воздействия на результаты подготовки спортсменов, что может быть полезно для тренеров, спортсменов и специалистов в области спортивной психологии и тренировки.

Говоря о педагогическом общении можно выделить те же составляющие профессиональной компетентности учителя: профессиональные знания, педагогические умения, профессиональные позиции, психологические качества.

Қазақ ертегілерінің қай-қайсы болса да балаға өмір танытарлық қызмет атқарып, айнала қоршаған ортаның қыр-сырын, сын-сипатын танытып, таным әрекеттерін дамыта отырып жан-жақты тәрбие береді. Ертегілер балаға мейлінше жақын, барынша түсінікті дүние болғандықтан, ол арқылы балалар айнала қоршаған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік, әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдеп-ғұрып туралы түсінік алады.Мұның өзі баланың жеке тұлға ретінде дамуына қажетті көркемдік, ізгілік қасиеттерді бойына жинауда халықтың рухани мұрасының құндылығын қуаттайды.

Ауыз әдебиеті туындыларының педагогикалық мүмкіндігін бала тәрбиесіне пайдалануды бүгінгі күннің проблемасы деп қарауға болмайды.

Қазақ ертегілерінің не үшін қажет екенін әдебиет зерттеуші ғалым А.Байтұрсынов: «Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары:

1. Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе.

2. Бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керегі бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді.

3. Бұрынғылардың сана-саңлау, қалпы-салты жағынан дерек берумен керегі бар нәрсе» - деп айтқан болатын [2, 29 б.].

Қазақтың зиялы азаматы М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бала дамуына тигізер әсер-ықпалына терең мән береді. Қазақтың бесік жырының баланың есту сезіміне, ертегілердің ақыл-ойына, мінез-құлқына, тілін, қиялын дамытуға тигізетін әсерін дәйектеп көрсеткен. Мысалы, ертегінің бала дамуындағы маңызы туралы былай дейді: «Жан тұрмысы өркендеу үшін, ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөздің желге айтқанмен бірдей. Егер сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігінен қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады [3, 83 б.].

Ғалымның бұл педагогикалық түйіндеулері бастауыш мектепте баланы тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктері бар екенін дәлелдейді. Сонымен бірге ағартушы балаға ертегі – тым қымбат нәрсе екендігін айта келіп тәлім-тәрбиеде ертегілерді екшеп пайдалану қажет екендігіне тоқталады.М.Жұмабаев: «Бірақ ертегінің ертегісі бар. Кейбір ертегілер баланы бұзудан басқаға жарамайды. Мысалы, дию, пері, жалауыз кемпір, аруақ көрден кебінін жалмап шығатын обыр, жын, шайтан сықылды ертегілердң балаға айту тіпті дұрыс емес. Мұндай ертегілер баланы бұзады, қорқақ, жасық қылады. Қазақтың баланы бокиі келеді, қызыл көз келді десіп қорқытулары да тым-ақ жарамайтын іс» [4, 15 б.].

Кейінгі кезеңде қазақ ертегілерін зерттеуге М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайыловтар белсене араласты. М. Ғабдуллин, С. Сейфуллин Б.Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, С. Садырбаев, С. Қасқабасовтардың қосқан үлесі де елеулі.

М. Ғабдуллин «Халық шығармасының бұл түрі «ертегі» деп аталуының өзі-ақ онда айтылатын әңгімелердің есте қалмаған ерте заманда туғандығын аңғартады... Алайда, қазақ ертегілерін сөз еткенде, біз оның ең алғашқы үлгілері, олардың мазмұны, көркемдік дәрежесі қандай болғандығы жайында айта алмаймыз,өйткені ол ертегілер айтылу қалпын сақтай отырып, біздің дәуірімізге жеткен емес. Ауыз әдебиетінің басқа түрі секілді ертегілер де ауызша шығарылып, ауызша тарағандықтан әр түрлі өзгерістерге ұшыраған» дей келе, есте ұстарлық мына мәселені де айта кеткен. Қазақ тілінде ауызша айтылып келген ертегілердің барлығын бірдей қазақ халқы шығарған жоқ. Қазақ ертегілерінің ішінде ағайындас-аралас, көршілерден атап айтқанда: орыс, қырғыз, өзбек, түрікмен, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтарынан алынған, бізге сіңісіп кеткен ертегілер де бар. Сондықтан да бұндай ертегілерді қазақ халқының ертегісі деп қарауға тиіспіз» деп көрсетеді [4, 50 б.].

Ертегілерді жинап, зерттеуде академик М.Әуезовтің еңбегін атауға болады. М.Әуезов қазақ ертегілерінің идеалық-көркемдік ерекшеліктерін, тарихи даму жолдарын зерттеп, «Ертегілер» атты ғылыми еңбек жазады. Онда қазақ ертегілерін жан-жақты алып тексереді, мазмұнына қарай тақырыпқа бөледі. М.Әуезов пен Е.Исмайылов қазақ ертегілерінің айтқыштық өнеріне ерекше мән береді. Қоғам үрдісінде тәрбиенің тіршілігіне жетелейтін ғажап дүниенің түйінін айтқан С. Иманбаева өз еңбегінде қазақ жастарының «Ұйымшыл, елі жауынгер, жасы табанды» болған қазақ жастардының тәрбиесі қиындағанын былай деп түсіндіреді: біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейін отырғанын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанын өкіне жеткізген [5, 25 б.].

Ғылыми-зерттеу еңбектерін негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты жетілдіре тәрбиелеуде ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық жанр түрлерін әсіресе біз қарастырып отырған ертегілерді оқыту үрдісінде қолданудың білімдік те, тәрбиелік те мәнінің ерекше екеніне көз жеткіздік. Себебі, ертегі – халық шығармасы, халық мұрасы. Онда халықтың ертеңге деген сенімі мен үміт-арман, әділдік пен шындық, бақыт туралы ойлары тоғысып жатады. Қай халық болса да өзінің даму жолында қилы-қилы тарихи кешулерден өтеді. Жақсылық пен жамандықтың бітіспес тайталасын бастан кешіреді. Ертегі қаһармандарының үнемі күрес үстінде көрінетіні және осы жолда жеңіске жететіні, әділдіктің әркез үстем болатыны – үлкен тәрбие болып табылмақ.

Қазіргі бұқаралық құралдарынан беріліп жатқан қоғамдық тәрбие жөніне келсек, жастар тәртібінің нашарлап кетуі үлкен мәселе болып отыр. Сондықтан тәрбие басы бастауыштан

басталғандықтан, әртүрлі жаман әдеттерден сақтандыру – қазіргі кезде бастауыш мектеп мұғалімінің қолында. Өмір шындығын балаларға халық ауыз әдебиеті шығармашылығы, ертегілер арқылы көрсету, оның негізінде балалардың ой-өрісін, қиялын, эстетикалық және адамгершілік сезімдерін дамыта отырып олардың халық шығармашылығына қызығушылығын, сүйіспеншілігін, еңбек сүйгіштігін арттыру талабы келіп шығады.

Барлық сабаққа тән, өзіндік сипат алатын үш бірліктің бар екендігі белгілі. Ол білім беру, тәрбиелеу, дамыту. Әр сабақ сайын мұғалім осы үш бірлікті сабақтас етіп қарастыра отырып, дұрыс жүргізу керек.

Ғылыми зерттеу еңбектеріне талдау жасау барысында бастауыш сыныпта қазақ халық ертегілерін тиімді оқыту мынадай функцияларды атқаратындығына көз жеткіздік:

Біріншіден, *Білім береді:*

-қазақ халық ерегілері түрлерінен;

-ертегі айтушы туралы мағлұмат;

-ертегі мазмұнынан;

-өзіндік ерекшелігінен, құрылысынан;

-ертегі кейіпкерлері туралы білім алады.

Екіншіден, *тәрбиелейді:*

-үлкенді сыйлауға;

-құрметтеуге;

-табиғатты қорғай білуге;

-туған жерді, елді, Отанды сүюге;

-оқушылардың бойында адалдық, шындық, мейірімділік,қайырымдылық, инабаттылық, ұстамдылық әдептілікке және үлкенді сыйлауға тәрбиелейді.

Үшіншіден, дамытады:

-эмоциялдық сезімін;

-эстетикалық талғамын, көзқарасын;

-интеллектуалдық ой-өрісін;

-байқағыштығын;

-қиялын;

-есте сақтау қабілетін;

-сөздік қорын, тіл мәдениетін дамытады.

Ғылыми еңбектер мен нақты тәжірибелер негізінде бастауыш сынып оқушыларыны сыныптан тыс ертегілерді оқыту кезінде қазақ ертегілерін таңдаудың шарттары жасалынды:

1. Ертегілер балалардың шығармашылық қабілетіне сай, шығарма жанрларының табиғатын терең түсінуге мүмкіндік жасайтын ертегілер болуы керек.

2. Ертегілерді таңдағанда оның көлеміне назар аудару керек. Бастауышы сынып оқушыларына ұзақ отыру қиынға соғады.

3. Ертегілер әр оқушылардың жас ерекшелігі мен білім дәрежесіне лайықтап таңдап алынуы керек. (Ертегілерді оқыту процесінде озат оқушыны тоқтатпай, әлсіз оқушыны ілгері тарту міндетін мұғалім естен шығаруына болмайды).

4. Ертегілердің балалардың көңіл күйіне, ішкі жан сезіміне әсер ететіндей, одан алған әсері есте қалатындай мазмұнына жоғары мән берілуі керек.

5. Оқушылар танысатын ертегілердің мазмұны олардың теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түсуге лайықталып, әр оқушының жеке қабілетін дамыта түсерліктей болғаны жөн.

6. Олар балаға қандай да болмасын құндылықты түсіндірумен қатар, оның бойында өзіндік пікір туғызатындай болу керек.

Әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 1999 ж. 7 маусым

2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы.-Алматы: «Ел -шежіре»-2013ж.-210 б.

3. Жұмабаев М. Педагогика.-Алматы: «Мазмұндама»-2022 ж.-140 б.

4.Ғабдуллин М.Фольклор туралы зерттеулер 24-том.-Алматы.2021ж.,188 б.

5. Иманбаева С.Т. Тәрбие жұмысының тәрбиесі мен әдістемесі. -Алматы.2017 ж.-266 б.

ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Спаналиева Гулнур Турсимбетовна,
Педагогика магистрі, аға оқытушы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Тараз қ.
Нурпеисова Ақниет Садыбекқызы,
6В01301-«Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті

Аннотация. Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық әрекетінің дамуы мен қалыптасуы бастауыш мектепте оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты. Мақалада тақырып бойынша педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасалынып, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әрекетін дамытудың мазмұны көрсетілді.
Түйін сөздер: шығармашылық әрекет, жеке тұлға,бастауыш сынып оқушысы.

Аннотация. Развитие и формирование творческой активности учащихся младших классов является основной целью воспитания и обучения в начальной школе. В статье проанализирована педагогическая и психологическая литература по теме, показано содержание развития творческой активности учащихся младших классов.
Ключевые слова: творческая деятельность, личность, учащийся начальных классов.

Abstract. The development and formation of creative activity of primary school students is the main goal of education and training in primary school. The article analyzes pedagogical and psychological literature on the topic and shows the content of the development of creative activity of primary school students.
Key words: creative activity, personality, primary school student.

Оқу процесінде жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын қолдану мен оны озық тәжірибемен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі. Ұзақ жылдар бойы жалпы білім беретін мектептің негізгі мақсаты- оқушыларға білім, іскерлік, дағдыны қалыптастыру деп қарастырылып келді.Ал қазіргі мектеп алдында жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашыл ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптасытру мақсаты тұр. Осыған байланысты қазіргі кездегі білім берудің көкейтесті міндеті оқушылардың шығармашылық әрекетін дамыту болып табылады.

Тұлғаны қалыптастыруда барлық білімнің негізі болып саналатын бастауыш білім беру деңгейінің атқаратын қызметі зор. Сондай – ақ, ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «Бастауыш білім берудің негізгі мақсаты – білім алушылардың оқу әрекетінің меңгеруі және олардың жеке қасиеттерін ашу үшін жағдай жасау», - делінген[1].

Бұл міндеттерді жүзеге асырудың бір жолы- дидактиканың әртүрлі ұтымды әдіс-тәсілдерін пайдалану есебінен бастауыш мектеп оқушыларының ой- өрісінің даму деңгейін көтерудің, олардың ғылыми танымдық іс-әрекеттерін белсендірудің, оқуға, білім алуға ынталандырудың тиімді әдістемесін жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке кірігу, демократиялық дәстүрге өту жағдайында халықтың ғасырлар бойы жинақтаған жалпыадамзаттық құндылықтар мұрасына ден қоюы адамгершілік, гумандық процестің айқын көрінісіне айналуда. Бұл мәселе соңғы жылдар ішінде ғалымдардың зерттеу объектілеріне айналумен қатар, мектеп мұғалімдерінің тәжірибесінде бастауыш мектеп оқушыларын жеке тұлға етіп қалыптастыруда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту басты нысанға алынған.

Соңғы жылдары оқу-тәрбие процесіне жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту технологияларын енгізу мен жеке тұлғаның шығармашылығын дамытуға үлкен мән берудің

өзі Қазақстанда болып жатқан өзгерістерді жаңа тұрғыда қарастыруды талап етеді.Соның бірі, жаңартылған білім беру жүйесінің қолданысқа енуі- қоғамдағы өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Мұндағы жаңа білім мазмұны әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтиды.

Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық әрекетінің дамуы мен қалыптасуы бастауыш мектепте оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты болуы тиіс.Бұл жөнінде ежелден-ақ ұлы ойшылдарымыз Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, ұлы Абай ерекше толғанған, сондықтан еңбектерінде адамның жеке қабілеттерін дамытуды көтеріп отырған.

Психолог және педагог ғалымдар Л.С.Выготский,С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин және қазақстандық ғалымдар Т.Тәжібаев, С.Қ.Қалиев, К.Ж.Қожахметовалар өз еңбектерінде жеке тұлғаны дамыту мәселелеріне талдау жасаған.

Педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге жасаған талдауларымыз бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әрекетін дамытудың мән-маңызын анық көрсетті. Оқушылардың шығармашылық әрекетін дамыту соңғы жылдары мектеп практикасында да едәуір көңіл бөліне бастаған.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығару», «ойлап табу» дегенге саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық- қайталанбайтын, тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет» деп түсіндіріледі [2,71 б.].

Аталған мәселені терең зерттеген психологтартардың бірі А. Я. Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені, әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалды тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі педагогиканың талаптарына сәйкес келетіндіктен көңілге қонымды [3].

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әрекетін қалыптастыру мәселесін қарастыруда «дарын», «ғұлама» терминдерін анықтап алуды жөн көрдік.Көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде «дарындылық» деп белгілі бір салада (өнер, музыка, би, ақындық және т.б.) жоғары жетістікке жеткізген қабілетті атайды.Ал ол дарындылық тұқым қуалау арқылы берілуі өмірде көп кездесетін жағдай болғанымен, ол бірден бір фактор бола алмайтындығын дәлелдейді. «Дарындылық» ұғымына берілген анықтамалар оған өз қатарындағы адамдардан (балалардың) жоғары ақыл-ой қызметімен ерекшелетін адам қасиетін жатқызады.Жаңашыл педагог И.П.Волков: «... егер баланың жеке қасиеттерін өте жас кезінен анықтап, дамытуға жағдай жасаса, дарындылықты қалыптастыру кез-келген маман дайындау сияқты қатардағы шара»,- деп түсіндіреді» [4,59 б.].

Зерттеле келе шығармашылыққа берілетін анықтамалар да өзгере бастады. Соңғы жылдары «шығармашылық» сөзімен, сөзімен, «жаңалықпен» қатар «бастамашылық, белсенділік» ұғымдары астарласа қолданылып жүр.

Шығармашылық жөніндегі жазылған еңбектерді талдай келе, төмендегідей қорытындыға келдік: шығармашылық- өте күрделі психологиялық үрдіс. Ол адамға ғана тән.

Шығармашылық- бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда, тіршіліктің көзі. Табиғат, қоғам құбылыстарында, жеке адамның ақыл-санасында, іс-әрекетінде, ішкі жан-дүниесінде- бәрінде шығармашылықтың табиғи процестері жүріп жатады.Және ол процесс бейберекет, жүйесіз жүрмейді, белгілі бір табиғи заңдылықтармен, табиғи жүйемен дамиды. Бұл- өз өрі мен, еңісі, асуы бар, қат-қабат, шытырман, қия-қиядан тұратын жол.Табиғат ішкі шығармашылық процестерді өзі басқарады.Біздің қарастырып отырған құбылыстарымыз- табиғи шығармашылық процестердің үздіксіз дамуына себепкер болатын сыртқы факторлар.Сыртқы факторларды, ішкі табиғи мүмкіндіктерді ескере отырып реттеу, жүйелеу, басқару жеке адамның ой-санасына, қызметіне байланысты.

Білім берудегі негізгі құзіреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелері оқушыларды өз бетінше талдауға, өз қызметіне мақсат қоюға, жоспарлауға, жинақтауға, қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге, сыни тұрғыдан шешім қабылдауға, қарым – қатынас диалогына қатысуға, баламалы өзін – өзі бағалауға, өзін – өзі реттеуге, өзін – өзі түсінуге, өз әрекетінің әлсіз және күшті

жақтарын көрсете білуге, сұрақ қоя отырып ақпарат алуы, нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға өз білімін өзгермелі жағдайларда қолдана білуге үйрету болып отыр. Демек, осыған байланысты оқу әрекетінің мәнін дұрыс түсіну, оны жүзеге асырудың жолдарын меңгеру, ұйымдастыра білу қажеттілігі туындайды. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастырудың негізгі механизмдерінің бірі – оқу әрекеті. Оқу әрекеті мұғалімнен оқушыларды нақты пән бойынша оқу мақсатының жүйесін шешу арқылы оқытуды талап етеді. Ал оқу мақсатын шешу – бұл қайта қалыптастыру, белгісіз жағдайларға оқу материялымен әсер ету. Өз кезегінде анық емес нәрсені іздеу – адамның ойлауына, санасына, психикасына табиғи тән нәрсе. Қазіргі кезде оқушылар қазақстандық білім беру жүйесі бағыт алған білімнің, дағды –біліктің жиынтығын меңгеріп қана қоймай, өзін барынша көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу үшін (құзіреттілік) ақпаратты өз бетінше табу, талдау және тиімді пайдалану дағдысын меңгеруі тиіс. Құзіреттілік дегеніміз – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі деп қарастырылуда. Осы міндеттерге сәйкес мектептің мақсаты – бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекеті негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ адам болмайды деп есептейді. Сол себепті, балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуда жаңартылған білім беру жүйесі мақсатты түрде ықпал ете алады.

Оқушылардың белсенділігі мен танымды іс- әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, білік дағдыларын қалыптастыру қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау сабақты дұрыс ұйымдастыруды талап етеді.

Баланың шығармашылық әрекетін дамыту деп, ең алдымен оған қатысты адам сапаларын қалыптастырамыз. Оған ойлау белсенділігі, тездете үйрену, ептілік пен тапқырлық, нақтылы практикалық жұмысты орындауға қажетті білімді игеруге талпыну, еңбексүйгіштік, әр түрлі құбылыстардағы өзгешелікті көре білу қабілеті және т.б. жатады. Дербес жасалатын шығармашылық өнім: үлгі, макет, өлең, ойыншық, т.б. шығармашылық, іскерлік қызметке қажетті сапалардың осыншалық ауқымды әрі тиімді дамуының нәтижесі болуы тиіс.

Сондықтанда, бастауыш сыныптағылардың оқу әрекетін игеруі бастауыш буындағы білім берудің негізгі құзіреттілігі болып табылады. Олай болса, оқу әрекеті жетекші әрекет болып саналады, себебі, ол арқылы баланың қоғаммен негізгі қарым –қатынасы пайда болады; оқушы тұлғасының негізгі сапалары, дара психикалық процестері қалыптасады.

Ендеше, қазіргі таңдағы педагогиканың міндеті де- осы тың қасиеттерді кез-келген оқушысының бойында қалыптастыру. Ертеңгі күні қазақ мектебін бітірген жас ұлан қоғам алдында дәрменсіздік көрсетпеуі үшін шаруашылықтың кез келген саласына қажетті ортақ білік- дағдыны бастауыш мектептен алып шығуы тиіс.

Әрине, бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті, қабылдау мүмкіндіктері де әртүрлі болады. Дегенмен әр баланың бір нәрсеге бейімі болады.

Бейімділік- оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Баланы жасырын, тым тереңде жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау тек оқыту үрдісі кезінде мұғалімнің басшылығымен жүзеге асады.

Шығармашылық ұғымының бұл анықтамасының дәл осы қалпында қабылдануы бастауыш сынып оқушысы үшін келмейді.Өйткені бастауыш мектеп жасындағы оқушы қоғамдық құны бар өнім жасай алмайды және мұның өзі мектептің міндетіне кірмейді.

Бастауыш сынып оқушысы үшін шығармашылық әрекетінің ерекшелігі неде?

Шығармашылық тұлға жас ерекшеліне қарамастан, өзгелерден дарындылығымен шұғыл шешімділігімен , өз күшіне деген сенімділігімен , сезім ұшқырлығымен, өз бетінше жұмыс істеуге деген құштарлығымен, табандылығымен, асқан шабытымен ерекшеленеді.

Біз де зерттеу жұмысымызда осы анықтамаларды басшылыққа ала отырып, оқыту процесіндегі *шығармашылық әрекет деп, оқушыны қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың себеп-салдарын өз көзқарасынша қабылдап, түсіне отырып, қиялы мен*

белсенділігі ой еңбегі арқасында бала үшін бұрын болмаған, жаңалық болып табылатын пайдалы іс-әрекетті орындау нәтижесі деген анықтама жасадық.

Бастауыш мектеп- бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан да бастауыш білім- үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әрекетін қалыптастыру ең алдымен оқушыны шығармашылық іс-әрекетке қатыстыру үшін қажетті жағдай туғызу қажет.Мұндай қажетті жағдай туғызуда оқу сабақтарының орны ерекше екендігі әдістемелік әдебиеттерде дәлелденген.Ана тілін оқыту әдістемесі ілімінің негізін салған ғалым А.Байтұрсынұлы «... сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1. Ақылға. 2. Қиялға.3. Көңілге... Тілдің міндеті-ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адам табылса, тіл шама қадырынша жарайды.Бірақ тілді жұмсай білетін адам табу қиын» екендігін айтады. Ғалымның әрі қарай «ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде,көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға білдіруге көп шеберлік керек» деуі орынды. Шынында да, сөз өнерінің құдіретін түсіну, сөзбен сомдалған бейне жасау әркімнің қолынан келе бермейді.Бұл тіпті бастауыш сынып оқушысының оқу міндетіне де кірмейді.

Зерттеу еңбектерінің негізінде шығармашыл оқушы бейнесі мынадай болу тиіс деген қорытынды жасалды: Белсенді, ойын еркін айта алатын, аңғарымды, зерек, білімқұмар, ізденпаз,тапқыр, өз бетімен үйренуді мақсат еткен бастауыш сынып оқушысы шығармашылық қабілеті дамыған оқушы деп көрсеттік.

Әдебиеттер:

1.Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.Қазақстан Республикасы 2015 ж. 25 сәуір.

2. Философиялық сөздік. Редкол: Нұрғалиев Р.Н.-Алматы: Қазақ энц.баспасы.2015 ж.-525 б.

3. Пономарев А.Я. Знание, мышление и умственное развитие.-Москва: Просвещение.2006 г.-264 с.

4.Волков И.П. Цель одна-дорог много. -Москва: Просвещение.1990 г.-159 с.

БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Г.З. Таубаева,
Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институты, П.ғ.к., доцент
Әбіш Әсел Бақытқызы,
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасының 4курс студенті

Андатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік, тілдік-коммуникативтік дағдыларының дамуына, ақыл-ой өрісін жетілуіне, ертегілер кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, олардың шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуындағы ертегінің танымдық, білімдік және тәрбиелік мәніне тоқталған. Ертегі -балалардың эмоционалдық, танымдық және әлеуметтік дамуына тигізетін әсерін, олардың балалардың білуге құштарлық пен шығармашылық сезімін жаңғыртып, эстетикалық қабілетін оятудың басты құралы екендігі баянадалады.

Түйін сөздер: халық ауыз әдебиеті, халық ертегілері, ұлттық тәрбие, бала тәрбиесі, мәдени мұра, адами құндылықтар.

Аннотация. В статье рассматривается познавательному, образовательному и воспитательному значению сказки в формировании творческих способностей дошкольников, проникновению в образ героев сказок, развитию познавательно - интеллектуальных, языково - коммуникативных навыков. А также обьясняется, что сказка-основное средство, способствующее эмоциональному, познавательному и социальному развитию детей-основное средство активизации интереса и творческих способностей детей, пробуждения их эстетических способностей.

Ключевые слова: народная литература, народные сказки, национальное воспитание, воспитание детей, культурное наследие, человеческие ценности.

Annatation. The article examines the cognitive, educational and educational significance of fairy tales in the formation of creative abilities of preschoolers, penetration into the image of fairy tale characters, the development of cognitive, intellectual, linguistic and communicative skills. It is also explained that a fairy tale is the main means of promoting the emotional, cognitive and social development of children-the main means of activating the interest and creative abilities of children, awakening their aesthetic abilities.

Key words: folk literature, folk tales, national education, parenting, cultural heritage, human values.

Қазақ фольклоры – Қазақстанның кең даласы мен құдіретті тауларынан кем түспейтін рухани пейзажына сән беретін байлық. Әрбір ертегіде, мифте немесе аңызда ғасырлар бойы кейінгі ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, шабыттандыратын халық даналығының үні естіледі. Қазақ халқының мәдениетіндегі халық ертегілерінің тәрбиелік мәні даусыз. Олар тек ойын-сауық көзі ғана емес, адамгершілік тағылымы, игі тәлім-тәрбиесі, хикметтік нұсқауының қайнар көзі болып табылады.

Ертегілер қазақ халқының мәдени мұрасының қайталанбас және бай көрінісі болып табылады. Олар дала көшпелілерінің тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі туралы білімді жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар халық даналығын, тапқырлығын, рухани жомарттығын дәріптейтіні рас. Бұл ертегілердегі әрбір кейіпкер, әрбір оқиға қазақ халқының тарихы мен рухының жанды көрінісі. Оларды айта отырып, тыңдай отырып, халық ұрпақты жалғастырып, халықтың бірегей мәдени болмысын сақтайтын дәстүр мен даналықтың сиқырлы әлеміне енеді. Бұл мақаланың мақсаты – қазақ мәдениеті жағдайында халық ертегілерінің тәрбиелік мәнін зерттеп, талқылау.

Ертегілер балалардың эстетикалық, танымдық және тілдік өсуіне әсер етіп, дамуында үлкен мәнге ие [1]. Олар баланың ішкі әлеміне үңіліп, білім беру ортасында өзін-өзі тануға тәрбиелейтін қуатты психологиялық және білім беру құралы ретінде қызмет етеді. Ертегінің саяхаты - оның ауызша дәстүрден бастау алуынан бастап, жинақтау, талдау және пайдалану - оның бала дамуындағы тұрақты өзектілігі мен тиімділігін көрсетеді [2].

Балалар табиғи түрде ертегілердегі басты кейіпкерлермен сәйкестенеді, олардың шытырман оқиғаларына жанашырлық танытады және олардың қасиеттерінен сабақ алады. Халықтың философиясы мен дүниетанымының мән-мағынасын олардың ұрпақтан ұрпаққа жағымды құндылықтарды жеткізуге қызмет ететін ертегілері арқылы білуге болады деп есептейді.

Әрбір баланың өз мәдениетінің ертегілерін зерттеуге мүмкіндігі болуы керек, өйткені бұл әңгімелер мақал-мәтелдердің мағынасын бейнелі контекстте түсіндіреді [3]. Қазақ ертегілерін талдай отырып, ұлттың ізгілік, еңбексүйгіштік, мейірімділік, елге, туған жерге деген шексіз берілгендік сияқты ең жақсы қасиеттерін көрсететін ізгі қасиеттердің молдығын аңғарамыз.

Негізінде ертегілер ойын-сауықтан жоғары тұрады; олар даналықтың, адамгершіліктің және мәдени болмыстың қоймасы. Балалар өздерінің мәңгілік баяндаулары арқылы олардың мінезі мен дүниетанымын қалыптастыратын, эмпатияға, төзімділікке және моральдық жауапкершілік сезіміне тәрбиелейтін баға жетпес сабақтар алады. Балалық шақтың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде ертегілер ұрпақ бойына жас сананы шабыттандырады, тәрбиелейді және өмірін байытады.

Қазақ халқының ертегілері терең құндылықтармен және балалардың жеке тұлға болып қалыптасуына әсер ететін ерекше мәдениетпен сусындаған. Ертегілер арқылы берілетін наным-сенімдер мейірімділікке, даналыққа, ерлікке деген құрметті көрсетеді. Мысалы, қазақ нанымдарында үйдегі жайлылық пен бақытпен байланыстырылатын қарлығаш символикасы балаларға тамаша үй ортасының бейнесін береді. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» сияқты ертегілер мейірімділік, өзгеге деген ілтипат сияқты маңызды рухани қасиеттерді ашады.

Сонымен қатар, халық ертегілерінде мейірімділік пен даналықты бейнелейтін басты кейіпкер - Алдар Көсе жиі кездеседі. Алдар көсе ертегілеріндегі шытырман оқиғалары мен іс-әрекеттері балаларды еңбектің қадірін, ержүректік пен өзгеге жанашырлық танытады. Алдар Көсе тапқыр, айлалы кедей, кедейлерді қорғап, өзінің ақылы менептілігімен сараң байларды, жалқауларды, сараңдарды, ақымақтарды алдап, жазалайды. Ол туралы неше түрлі әңгімелер айтады, бірақ оның кедей, қайырымды болғанын, халықты жәбірлеушілерді жек көретінін, әділетсіздікпен күрескенін, жәбірленгендерге көмектескенін бәрі келіседі. Қарапайым халықтың сараң жауынгерлер алдындағы қорғаушысы өзінің табиғи тапқырлығының, ұшқынды ойының арқасында үнемі құтылып, әлсізді ренжіткендерді жазалап, кедейлерді жақтайды [4].

Балалардың көркемдік және шығармашылық қабілеттерін дамытуда халық ертегілері бірнеше себептерге байланысты маңызды рөл атқарады. *Біріншіден*, олар көбінесе көптеген балаларға таныс жағдайларды қамтиды, мысалы, қиындықтарды жеңу немесе жақындарын жоғалту. Бұл балаларға өз тәжірибесін жақсы түсінуге және өңдеуге мүмкіндік береді. *Екіншіден,* ертегі кейіпкерлері әдетте балалар оңай араласып, сәйкестендіретін бейнелерді қамтиды. Олар сюжеттерге үйреніп, өздерін ертегілер әлемінің бір бөлігі ретінде сезінеді, бұл олардың қиялының дамуына және өзін-өзі бағалауына ықпал етеді. Ертегілердің *үшінші* маңызды ерекшелігі - олар балалардың зерттеп, үйренетін әртүрлі мінез-құлықтарды ұсынады. Бұл оларға кейіпкерлердің мотивациясын жақсырақ түсінуге және сол сабақтарды шынайы өмірінде қолдануға көмектеседі.

Ертегі тыңдау арқылы бала кейіпкер бейнесіне еліктейді, өзі де ертегінің басқа түрін, ойлап шығарады. Түйсік қабілеттері дамиды. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауса буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жасына лайықты, ертегі, жұмбақ жаңылтпаш, әңгіме естіп өсуі – олардың сөздік қорының молаюына, ақыл-ойының жетілуіне дыбыстарды дұрыс айту мәдениетіне әсер етеді. Өйткені, бала ертедегі жақсы кейіпкерге еліктеп батыр, шыдамды, ақылды, кеңпейіл болғысы келеді.

Балалардың ең сүйіп тыңдайтын дүниесі – ертегі қайталап айту арқылы баланың сөздік қоры дамиды. Бұрынғы уақытта балалар көбінесе ата-әже бауырында өскен. Олар үлкендердің ертегі, әңгімесін тыңдап, зейін қойып өскен. Ол балалар үлкенге құрмет, кішіге мейірімді, ілтипатты болған. Қазір көбінесе теледидар немесе компьютер алдында отырады да кино, көпсериялы мультфильмдер көреді.

Ертегінің бай фантастикасы балалардың ойына қозғау салып, өмірдің неше алуан сырларын танытады, сана-сезімі мен ақыл-ой қызметінің дамуына, ерте қалыптасуына көмектеседі. Ертегіні балалар сүйсіне тыңдайды, себебі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа айтылып, әбден екшеліп, халықтың даналық, тапқырлық ой-пікірлері жинақталып, көркем, әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде. Ертегі оқиғасы басталған жерден-ақ қызықты, ұшқыр қиялды болып келеді де, баланың ойын бірден қызықтырып, еліктіріп әкетеді. Ертегілердің көптеген түрлері бар. Ертегі кейіпкерлерінің өмір сүру жолындағы, қарым-қатынастар жасаудағы айла-тәсілдері балаларға ой салып, баланың санасын оятып, мақсат мұратына жетуге үйретеді. Ертегі оқиғасындағы әр алуан кейіпкерлердің іс-әрекеттері, ол кейіпкерлердің тапқырлық, ерлік, айлакерлік іс-әрекеттері: аңқаулық мінездері балаларды таң-тамаша қалдырып, сүйсіндіреді. Ертегілердің осындай ерекшеліктері балалардың талғамын күшейтіп, сөйлеу мәдениетін, байланыстырып сөйлеуін дамытып, өз ойын жүйелі жеткізе білуге үйретеді. Қорыта келгенде, хайуанаттар жайлы ертегілер балаларды тәрбиелеу, өмірге үйрету, өнеге көрсетуге байланысты туған, сонымен қатар баланың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруды көздейді.

Ертегілер мазмұны қызықт болса ғана тыңдайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды халық ауыз әдебиетімен таныстыру /балабақша/ мектепалды даярлық топтарындағы ұстаздардың міндеті. Көптеген ертегі, әңгімені осы жерден естиді, мазмұнын үй ішіне, жолдасына, ата-анасына қайталап айтуға тырысады.

Ертегі мазмұнына сәйкес кейіпкерлерге яғни рөлдерге бөліп драматизациялау, саусақ театры, көлеңке театры, қуыршақ театры балалардың асыға күтетін нәрсесі. Ертегі кейіпкерлеріне сай дауыс ырғағымен айтуға үйренеді, қимыл-әрекетін келтіреді және жүреді.

Ертегілердің адамгершілік әлемі әмбебап және кез келген мәдениетке жарамды, шекара мен ұлттық ерекшеліктерді білмейді. Ол адамның мінез-құлқындағы дұрыс пен бұрыс екенін анықтауға көмектесетін жақсылық пен жамандық ұғымдарына негізделген. Ертегілер көбінесе мейірімділік, әділдік әлемін бейнелейді. Олар жақсылық әрқашан зұлымдықты жеңетінін көрсетеді, бірақ бұл бірден болмайды. Ертегілердің адамгершілік әлемінің маңызды аспектісі - әлсіздер мен жәбірленгендерді қорғау, сондай-ақ жақсы істерді марапаттау және жамандарды жазалау идеясы. Халқымызда қай тақырыпта да табылатын, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерлік ертегілері қаншама?! Ол ертегілер арқылы бала өз халқының тілін, мәдениетін, дәстүрін біледі және ой-өрісі, қиялы дамиды және адамгершілікке тәрбиеленеді. Мысалы: «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа» деген мақалды, «Жаман дос жолдасын жолда қалдырар» деген мақалдарды «Екі дос», «Кедей мен бай» атты ертегі желісінен оқуға болады.

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты қызықты ертегі арқылы еңбек адамның кез келген қиыншылықты жеңуге үйретететінін және өмірлік тәжірибесі арқылы жеңіске жететінін көреміз және «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалды дәлелдей түседі.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісі өте тартымды, қызықты. Бұл ертегіде мақта қыздың досы мысық мақта қыздың тілін алмай қатығын төгеді де, оны қайтарып беру үшін көптеген сынаққа жолығып, көп қиыншылық көріп барып, қатықты төлей алады. Бұл жерде адамды әрбір іс қимылына жауап беруге, үйренуге қателік тәрбиелейді.

«Бес ешкі» ертегісі хайуанаттар жайлы ертегіге жатады. Өте қызық, тартымды. Мұнда кедейдің бес ешкісі қарлы боранда далада қалады да, қасқырға жолығады. Сол кезде бәрі бірігіп, береке – бірлік танытып, қасқырдан аман қалады. Бұл ертегі балаларды бір – біріне көмектесуге, береке бірлікке, бауырмалдыққа үйретеді.

«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі аңғалдықтың кесірін, шапшандықтың пайдасын айтады. Онда аңқау түйе жыл басынан құр қалады, шапшан тышқан жыл басы атанады[5].

Балаларға жас кезінен бастап оқу немесе әңгімелеу тәжірибесі оның дамуындағы пайдасы үшін кеңінен танымал. Бұл әңгімелер тіл мен қарым-қатынас дағдыларын дамытып қана қоймайды, сонымен қатар когнитивті дамуға, эмоционалды интеллектке және әлемге деген қызығушылыққа ықпал етеді. Әңгімелеу көптеген мәдени дәстүрлердің ірге тасы болғанымен, қазіргі заманда ол азырақ тараған сияқты.

Ата-аналар мен тәрбиешілер көбінесе балаларға арналған ертегілердің түрлерін талқылайды, кейде дәстүрлі халық ертегілерін ұнамды ету үшін өңдейді. Дегенмен, бұл әңгімелердің шынайылығын сақтаудың пайдасы бар, өйткені олар бастапқыда ұрпақтар арқылы даналық пен құндылықтарды берудің ажырамас бөлігі болды.

Балалардың ертегіге деген құштарлығы олардың туа біткен құмарлығын және айналадағы ғаламды зерттеуге деген ұмтылысын көрсетеді. Ерте балалық шақта халық ертегілерімен танысу кейіпкердің дамуына және интуитивті түсінуге негіз қалады. Эйнштейн өзінің интеллектінің бір бөлігін өзі кездестірген ертегілермен байланыстырып, балалардың қиялын дамытудың маңыздылығын атап көрсетті.

Ертегілер өзінің символдық элементтерімен және архетиптік кейіпкерлерімен адам табиғатымен терең үндеседі. Олар кейіпкердің қиындықтармен бетпе-бет келіп, ішкі күш-қуаты ашылатын саяхатын бейнелейді. Бұл әңгімелер арқылы балалар төзімділік, өзіне деген сенімділік және үміттің өзгертуші күші туралы біледі.

Оның үстіне, ертегілер оптимизм сезімін оятып, адамзатқа тән ізгілікке сенеді. Олар адамдарды өздерінің әлеуетін барынша ашуға шабыттандырады және ең әлсіздердің де қиындықтарды жеңе алатынын көрсетеді.

Басты кейіпкерлердің рөлдерін жануарлар мен құстар алып, күнделікті қарым-қатынас саласына ауысып, адамның дәстүрлі ойлауымен сусындаған ертегілер бар. Бұл ертегілерде жануарлар бейнеге айналады, өзара әрекеттесіп, толық оқиғаларды жасайды. Әрбір жануар әртүрлі қасиеттерді бейнелейді, олардың кейіпкерлері көп қырлы, мысалы, түлкі жанашыр («Алтын сақа»), маймыл шыншыл және адал («Піл мен маймыл»), аю дана болуы мүмкін («Үш аю») [6].

Күнделікті ертегілер, өз кезегінде, қарапайым адамдар өздерінің тапқырлығының және моральдық беріктігінің арқасында бәсекелестерінен басым түсетін күнделікті оқиғалар туралы айтады. Бұл әңгімелер отбасылық қарым-қатынастар мен күнделікті сәттерді қозғап, оларды халық даналығымен, афоризмдермен, мақал-мәтелдермен байытады. Ертегі кейіпкерлері даналық пен ақылдың әділетсіздіктен артықшылығын айта отырып, жұмбақ шешу, шындықты ашу, дауларды шешу және жақсы кеңестер беру қабілетін көрсетеді.

Қорытындылай келе, балалардың жеке тұлғасын (танымдық, адамгершілік рухани, психологиялық процесс) қалыптастыруда ертегілердің алатын орны зор. Олар балаларға қоршаған әлемді түсінуге ғана емес, сонымен қатар әртүрлі өмірлік жағдайларға тап болған кезде мәселелерді шешуге үйренуге көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік құндылықтарды саналы түрде қабылдауы және олардың маңыздылығын түсіну маңызды. Ол үшін олар ертегілерден қандай сабақ алуға болатынын және өмірде оларға қалай көмектесетінін түсінуі керек.

Балаларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу – оларды әртүрлі іс-әрекеттерге қамтитын және оң адамгершілік көзқарастарын қалыптастыруға көмектесетін жүйелі процесс. Нәтижесінде жеке қасиеттер мен құндылықтар қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ халық әдебиеті (Алғы сөзін жазған және құрастырған С.Садырбаев) – Алматы: Рауан, 1990
2. Ақылдың көзі (Құрастырған Қ. Саттаров) – А., Жазушы. 1990
3. М.Ғабдуллин . Халық ауыз әдебиеті. – А., Жазушы6. 2001
4. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы., 2002
5. Қазақ ертегілері. –Алматы: Ана тілі, 1996
6. Таубаева Г.З.Қазақ балалар әдебиеті.Алматы., «Ұлағат» баспасы, 2022

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ

Г.З. Таубаева,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Педагогика және психология институты
П.ғ.к., доцент
Әбілхан Асылайым,
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
білім бағдарламасының 4 курс студенті

Андатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың еңбек тәрбиесі, еңбектің түрлері мен олардың ерекшеліктері туралы сөз болады. Мектепке дейінгі ұйымда балаларды еңбекке тәрбиелеудің алғышарттары отбасынан, балабақшадан басталып, одан әрі дамыту мәселесі туралы баяндалады.
Түйін сөздер: еңбек, бала, ойын, ұжым, балалар еңбегі, тәрбие.

Аннотация. В статье рассматривается о трудовом воспитании детей старшего дошкольного возраста, видах труда и их особенностях. А также, предпосылки трудового воспитания детей в дошкольной организации начинаются с семьи, детского сада и докладываются о проблеме дальнейшего развития,
Ключевые слова: труд, ребенок, игра, команда, детский труд, воспитание.

Abstract. The article deals with the labor education of older preschool children, types of work and their features. And also, the prerequisites for the labor education of children in a preschool organization begin with the family, kindergarten and report on the problem of further development,
Key word: labor, child, game, team, child labor, upbringing.

Болашақ жас ұрпақты еңбекке баулуда, оның өзіндік табиғатын танып білу, барлық психологиялық мүмкіндіктерін дамыту, еңбегінің ішкі заңдылығын, қажеттілігін, оның себеп салдарын білуде негізгі қағида болуы тиіс. Еңбек әрекеті материалдық өндірістің, қоғамның және жеке адам санасының қалыптасуы мен дамуының негізі болып табылады. Сондықтан, оны философия ғылымында (Ж.Алтаев, Ж.Әбділдин, Ә.Нысанбаев, Д.Кішібеков) қалыптасқан ой пікірлермен тығыз байланысты.

Еңбекті бала қажеттілігіне айналдыру үшін оның бейімділігі мен мүдделесіне сай келетін қызығуын, еңбек ету тілегін тәрбиелеудің маңызы зор. Еңбек адамның жан дүниесін жаңғыртып, ой қиялына жан бітіріп, шығармашылық өқабілетін шарықтатаны бірденбір күш деп айтамыз. Сонымен, баланы еңбекке баулуды ғылыми тұрғыда зерттеп оны психологиялық (Ж.Аймауытов, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев, С.Балаубаев, т.б.) және педагогикалық (Ан.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Н.Құлжанова, т.б.) тұрғыда зерттеуді қажет ететіндігі заңды құбылыс.


Еңбек тәрбиесі балаларды мектепте оқуға сәтті дайындаудың қажетті, маңызды шарты болып табылады. Еңбекте ерте жастан тәрбиеленген балалар мектепте тәуелсіз болуға, ұйымшылдығымен, белсенділігімен, ұқыптылығымен, өзіне қызмет ете білуімен ерекшеленеді. Балабақшадағы балалардың жұмысы әртүрлі. Бұл олардың іс-әрекетке деген қызығушылығын сақтауға, жан-жақты білім алуға мүмкіндік береді.

Еңбек тәрбиесі баланың жеке басында қандай маңызды рөл атқаратынын білеміз. Сондықтан, біз балаларды еңбекке белсенді түрде үйретеміз. Алдымен біз ересектердің еңбегімен, содан кейін ұжымдық еңбек қызметіне қатысу қабілетімен таныстырамыз. Осыдан кейін ғана еңбекқорлық, дербестік, табандылық, жауапкершілік, құрбы құрдастарымен достық қарым-қатынас тәрбиеленеді. Осылайша біздің топта еңбек қызметі жүріп жатыр деген сөз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі туралы зерттеуші ғалымдардың еңбектерін саралай отырып, ересек жастағы балаларды еңбекке тәрбиелеудің мақсаты –

өздігінен еңбектенуге, еңбексүйгіштікке, ересек адамдардың еңбегін құрметтеуге, бағалауға, сонымен қатар, болашақ еңбекке алғашқы психологиялық және практикалық алғы шарттарды қалыптастыру. Сонымен ересек жастағы балаларды еңбекке баулуда ересек адамдардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың еңбегінің құндылығынтүсіну мүмкіндігі, еңбектегі шығармашылқ қабілетін дамыту, еңбек барысында шығармашылық қабілетін дамыту, еңбек құралдарын қолдана білу іскерліктерін дамыту.

Болашақ жастарды еңбекке баулу, олардың жеке тұлға ретінде дамуы мен қалыптасуына бағытталған процесс. Бүгінгі бала - ертеңгі еңбекқор, болашақ қоғамның ірге тасын қалаушы еңбек адамы. Сондықтан, мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие және еңбек әрекеті барысында кішкентай кезінен бастап балаларды еңбекке тәрбиелеудің түрлерін қарастыруды жөн көрдік. Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбектің түрлері төмендегідей:



Ал, енді мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың *өзіне-өзі көрсету еңбегінің мазмұнына* тоқталсақ, бұл топтағы балалар өздері киініп, шешінуді біледі, киімдері мен аяқ киімдерін ұқыпты сақтайды, оларды ретке келтіреді және өз жеке заттарына қамқорлық жасайды. Олар қолдарын жуып, жеке орамалмен сүртуді, тістерін дұрыс тазалауды, аяқтары мен денелерін жууды біледі.Срнымен қатар, ұйқыдан тұрған соң, өз төсектерін жинайды, т.б.


Тұрмыстық-шаруашылық еңбектің мазмұны мынадай: топта немесе үйде және учаскеде тәртіпті сақтайды (өз бетінше жуу, сүрту, орналастыру, ойыншықтарды, жәрдемақыларды төсеу), асханада және ісәрекет тапсырмалары бойынша кезекшілердің міндеттерін орындайды, балабақшадағы күтушіге көмектесуге тырысады, олардың (тәрбиешінің) еңбегін құрметтейді және олардың жұмыс нәтижелеріне мұқият қарайды.

Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы *балалардың табиғат аясындағы еңбегінің мазмұнында* балалар гүл бақшасында және бақта ересектермен бірге жұмыс істегенді ұнатады, тұқым себу, өсімдіктерді/гүлдерді суару, гүлдердің шаңын сүртеді, учаскені жапырақтардан тазартады, сыпырады, т.б. Олар барлық тіршілікті жақсы көреді; өсімдіктер мен жануарлардың өмірін қызығушылықпен бақылайды және оларға қамқорлық жасайды, өсімдіктер мен жануарларға дұрыс қарамауға наразылық білдіріп, оларды қорғауға кіріседі. Сонымен қатар, балалар көктем кезінде ересектермен гүл отырғызуға көмектеседі, күз айларында бақшадағы жемістерді жинауға жәрдемдеседі, өсімдіктерді арамшөптерді жоюды, бұталарды отырғызуды, суаруды, бүркуді, егін жинауды, гүлдердің баданалары мен түйнектерін қазуды біледі. Ересек адамның көмегімен тұқымдар себіледі, тамыр дақылдары отырғызылады, көшеттер өсіріледі және отырғызылады; олар өсімдіктерді кесумен айналысады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы ересек топ балаларының қол еңбегін ұйымдастыруды қолға алады, айталық, ойыншықтарды (кітаптар, қораптар, атрибуттар) қарапайым жөндеуді, сүлгілерге\орамалдарға жаңа ілмектерді, қуыршақтың жыртылған киімдерін тігеді. Сонымен қатар, тәрбиешінің басшылығымен ұсақ санау материалдары, сабақтарға арналған құралдар

жасайды, олар одан әрі көркемдік қызмет үшін дайындамалар жасайды (қораптарды желімдеу, пластикалық бөтелкелерден элементтерді кесу және т. б.)

Мектепке дейінгі ұйымдағы ересек топтағы балалардың еңбегін ұйымдастыру шарттары психологиялық және педагогикалық, материалдық факторлардың едәуір ауқымын қамтиды. Ересек топ балалардың еңбегін ұйымдастыру шарттарын сақтау. Еңбек дағдыларын дұрыс қалыптастырудың, еңбек тәрбиесінің тиімділігін арттырудың, оның даму және тәрбие функцияларын іске асырудың кепілі болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек жағдайларын түсіну, қабылдау және ұйымдастыру жаңа экономикалық жағдайларға бейімделген, Отан игілігі үшін жұмыс істеуге дайын, өз елінің болашақ азаматы, толыққанды тұлғаның дамуының кепілі.



Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балаларын еңбекке баулу нәтижесінде баланың бойына бірлескен еңбек туралыбілім қызығушылығы, тілегі, ұмтылысы, қажеттілігі қалыптасады. Сонымен бірге, олар әр нәрсені білуге құмар, эмоционалды, еліктегіш, әрекетке ұмтылғыштығы басым, осыған байланысты ересек жастағы балаларда еңбектің нәтижесіне ұмтылу сензитивті болып саналады.

Еңбектің адам өмірінен алатын орны мен адамдардың еңбек процесі туралы бала білімін үнемі толықтырып, байытып отыру да балаларды еңбекке баулудың маңызы зор. Сондықтан, мектепке дейінгі ұйымда ересек жастағы балаларды ересек еңбегінің құрметтеу, бағалау тәрбиелеу қажет. Балаларды еңбекке тәрбиелеуде ересектерге көмектесу, бірге еңбектену тілегіне әсер етудің бірнеше тәсілдері бар: арнайы ұйымдастырылған еңбекті сырттай бақылау; балаларды ересектерге жартылай көмектесуі; ересектер мен балалардың бірлескен еңбегі.

Балаларды еңбекке тәрбиелеуде тәрбиешінің атқарар еңбегі өте зор. Тәрбиешінің міндеті – балаларды еңбекке, біліктілікке, әрбір баланың санасына еңбектің қажеттілігін, бірлескен еңбектің қуанышын сезіне білуге, ұжымдық бірлесе еңбек ете білуге баулу.

Мұндай бірлескен ұжымдық еңбекте балалар бір-біріне белсенді көмектесіп, жолдастарына қамқорлық жасауға үйреніп, ұжымда өзін көрсетуге, тіл табыса ала отырып, істі бірлесіп аяқтауға ұмтылады. Мұндай бірлескен ұжымдық еңбектің мақсаты - балалардың өзара қарым-қатынасын жақсарту, еңбек дағдыларын қалыптастыру, бір-бірлерін көмектесуге үйрету. Тәрбиеші балаларға ұжымдық еңбек ретінде *«топ бөлмелерін жинау»* тапсырмасы берілді. Тәрбиеші әрбір балаға жеке дара тапсырмалар берілгеннен кейін, балалар топ бөлмесін жинастыру үшін алжапқыштарын киіп, үстелдерді реттеп, үстіне кленка төсеп, легенге су құйып, шүберекпен шаңдарды сүрте бастайды. Тәрбиеші еңбек үдеріс кезінде «Балалар, барлықтарың бірігіп жұмыс істеңдер! Тату болыңдар, таласпаңдар, асықпаңдар» деп, оларды татулыққа, жауапкершілікке шақырады.

Тәрбиеші барлық балалардың еңбектерін бақылап, оларға көмектесіп, көрсетіп түсіндіреді. Оларға әуелі шүберекті суға салып, сығып, алақанына жазып салып, кубиктердің үстелдің жан жағын сүртіп шығу керек, сосын отыратын орындықтарды да осылай етіп, сүрту керектігін түсіндіреді. Содан кейін төрдегі шкафтардың жан жағын сүрту тапсырмалары да беріледі. Бұл топтағы балалар өздері немесе тәрбиешісінің көмегімен тапсырмаларды бөліп алып, орындайды. Осылай топтағы балаларға берілген тапрсырмалары бойынша басына аяғына дейін жұмыс орындалды. Ең соңынан тәрбиеші балалардың атқарған жұмыстары бойынша

оларды мадақтап, «Әсем өте ұқыпты, Айгуль жұмысты тиянақты орындады, ал Ерлан басқа балаларға көмек беріп отырды» деп көтермелейді.

Балаларға берілген ұжымдық жұмыс аяқталған соң, балалар өз жұмыстарын жинастырып,ер балалар легендегі суды төгіп, қыз балалар шүберектерді жуып, орындарына қойды. Барлық балалар бірлесе атқарған жұмыстан ляззат алып, рахатқа бөленді.

Осындай тапсырмалар арқылы сіз тек еңбек тәрбиесінің ғана емес, сонымен қатар моральдық, физикалық, психикалық және эстетикалық мәселелерді шеше аласыз. Балалармен тәрбие жұмысының тәжірибесінде жеке тапсырмалар әсіресе жиі кездеседі (сирек — ұжымдық, кіші топтар-екі-үш бала).

Ересек топта жеке тапсырмалар балалардың дағдылары жеткіліксіз дамыған еңбек түрлерінде немесе жаңа дағдыларға үйретілген кезде ұйымдастырылады. Жеке тапсырмалар қосымша оқытуды немесе ерекше мұқият бақылауды қажет ететін балаларға да беріледі (бала Мұқият болмаған кезде, жиі алаңдайды), яғни қажет болған жағдайда әсер ету әдістерін даралаңыз.

Кезекшілік-жауапкершілікті, адамдарға және табиғатқа адамгершілікпен, қамқорлықпен қарауды дамытуға ықпал ететін бүкіл топтың мүддесі үшін бір немесе бірнеше баланың еңбегін көздейтін балалардың еңбегін ұйымдастырудың бір түрі.

Балалар кезекшіліктің әртүрлі түрлеріне кезекпен қосылады, бұл олардың жұмысқа қатысуының жүйелілігін қамтамасыз етеді. Кезекшілікті тағайындау және ауыстыру күн сайын болады. Кезекшіліктің тәрбиелік мәні зор. Олар баланы ұжымға қажетті белгілі бір істерді міндетті түрде орындау шарттарына қояды. Бұл балалардың ұжым алдындағы жауапкершілігін, қамқорлығын, сондай-ақ барлығына өз жұмысының қажеттілігін түсінуге тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Ересек топ балалардың кезекшілігі еңбек мазмұны бойынша да, балаларды біріктіру нысандары бойынша да, жұмыста тәуелсіздік пен өзін-өзі ұйымдастырудың талабы бойынша біртіндеп күрделене түседі. Топта ұйымидастырылған іс-әрекетке дайындық кезекшілерінің де жеткілікті еңбек көлемі бар, дегенмен іс-әрекет түріне байланысты оның мазмұны айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Көбінесе кезекшілерге жұмысты сабақ алдында емес, алдын-ала орындау қажеттілігі туындайды. Мысалы, егер ертең аппликация сабағы жоспарланған болса, онда бір күн бұрын (күндізгі ұйқыдан кейін) түрлі-түсті қағаздан қажетті пішіндерді кесіп, конверттерге немесе табақтарға салуға болады, өйткені таңғы астан кейінгі сабақ күні мұндай жұмыс көлемін орындау мүмкін болмайды.

Аннотация. В статье описывается методика создания видеоматериалов в обучении языкам в процессе организации образовательного процесса в высшем учебном заведении. Сообщается о создании YouTube канала, предназначенного для развития языковой личности студента, способного осуществлять коммуникативную деятельность в контексте реализации образовательных программ.
Ключевые слова: образовательный видео контент, инновации в области образовательных технологий, цифровая эпоха.

Abstract. The article describes the methodology for creating video materials in language teaching in the process of organizing the educational process in a higher educational institution. It is reported about the creation of a YouTube channel designed to develop the linguistic personality of a student capable of carrying out communicative activities in the context of the implementation of educational programs.
Key words: obrazovatel'nyy video kontent, innovatsii v oblasti obrazovatel'nykh tekhnologiy, tsifrovaya epokha.

Достижения и инновации в области образовательных технологий, такие как доступ к Интернету, мультимедийным технологиям и портативным устройствам, привели к значительным изменениям в способах взаимодействия и обучения людей. Одной из новых стратегий в обучении языкам является использование видео для поддержки и вовлечения обучающихся в процесс обучения, а также для активизации их участия в занятиях.

В нашу цифровую эпоху использование видеоматериалов в обучении языкам привлекает все больше внимания со стороны преподавателей во всем мире. И преподаватели, и обучающиеся теперь могут иметь широкий доступ к технологическим инструментам для использования в учебном процессе, таким как смартфоны, планшеты, ноутбуки и цифровые камеры. Во-первых, это просмотр видео, когда обучающиеся просматривают видео и выполняют последующие действия на основе просмотренного видео. Во-вторых, это производство видео, когда обучающиеся создают собственные видеоролики в рамках изучения определенной темы. Из этих двух категорий первая хорошо изучена и находится в центре внимания исследования влияния видео на изучение любого языка. Просмотр видео считается чем-то большим, чем просто новым подходом к повседневному обучению. Он облегчает изучение языка, повышает мотивацию, формирует умение слушать, способствует положительному отношению к изучению данного языка, создает интересную и живую атмосферу.

Что касается создания видео в процессе изучения языка, то предыдущие исследования показали, что производство видео столь же полезно, как и просмотр видео, помогая изучать язык. Помимо улучшения разговорных навыков, мы заметили, что создание видео помогает заметно обогатить словарный запас обучающихся.

С ростом влияния системы образования на все области человеческой деятельности в последнее время много исследований посвящается отражению этой сферы средствами массовой информации. Так, в текущем учебном году для студентов педагогического института Astana International University был создан YouTube канал «Языки и образование». Сегодня на канале более 4000 студентов, желающих научиться основам создания образовательного видео контента. Созданный нами канал предназначен для развития языковой личности студента, способного осуществлять коммуникативную деятельность в контексте реализации образовательных программ, для повышения качества подготовки педагогических кадров, их профессиональной компетенции. В своих видео студенты демонстрируют этапы практических занятий, направленных на развитие коммуникативной компетенции студентов в казахском, русском языках, на развитие четырех видов речевой деятельности: чтение, письмо, аудирование, говорение. Студенты показывают знания, умения, полученные при изучении родного казахского, официального русского и иностранных языков, что позволяет получать обратную связь и повышать качество учебного процесса. Студенты с родным казахским языком в своих видео разъясняют правила правописания, нормы произношения в изучаемых ими языках, демонстрируют познавательную информацию, рассказывают о выполнении ими индивидуальных работ в сфере изучаемых языков. Предлагают информацю о качествах, необходимых учителю в профессиональной деятельности и делятся информацией, отражающей социальные проблемы современного общества, предлагают свои способы решения проблем.

В результате наблюдения мы отмечаем, что созданное студентами видео может способствовать активному обучению и вовлечению их в учебный процесс, а также наглядно продемонстрировать способность обучающихся к межличностному взаимодействию на изучаемом. Мало внимания уделялось изучению того, как студенты работали над процессом создания видео. В нашем исследовании процесс создания видео включал несколько ступеней, начиная с подготовки материалов, написания сценария, выбора содержания для видеозаписи и монтирования видео перед итоговым просмотром и обсуждением. Наши наблюдения указывают на эффективность использования видео в качестве новой технологии для изучения языка. Между тем важно исследовать процесс создания видео обучающимися, где они выражают свои личные чувства, эмоции, идеи и делятся жизненным опытом.

Считаем, что видео, созданное студентами, является новой практикой в преподавании и изучении языка. Созданное видео может мотивировать к приобретению новых знаний по мере того, как студенты знакомятся с деятельностью по созданию видео, в то же время этот процесс может также увеличить их активное участие в обучении. Изучая проблему разработки видеороликов, отмечаем, что создание видео имеет огромный потенциал для изучения языка и предлагаем коллегам, специалистам по преподаванию языков включить подобные проекты в свои курсы.

Производство видео – это мощный метод обучения, который при правильном использовании поможет студентам изучить предмет и удовлетворить разнообразные образовательные, социальные и технологические потребности. Мы изучили группы студентов, которым было поручено создавать видеомонологи, используя свои мобильные телефоны. Мы отмечаем, что участникам удалось добиться увеличения объема монологов на 40% и увеличения количества слов, произносимых в секунду, на 35% [1, с. 15].

В итоге пришли к выводу, что регулярное производство видео мотивирует студентов прикладывать все усилия и увеличивать количество используемых слов. Аналогичные результаты были получены и другими, которые в течение семестра проводили эксперимент по созданию видео в форме видеоблогов, изучающими английский язык. В процессе наблюдения нельзя было не заметить о значительном улучшении речи, а именно о приобретенных навыках правильно составлять введение и заключение к устному сообщению и более эффективно достигать цели сообщения.

Помимо улучшения речи студентов, видеопроект также оказывает положительное влияние на их компьютерную грамотность. Ученый Хафнер С.А. провел исследование со студентами

бакалавриата в Гонконге, в рамках которого участникам было поручено снять научное видео на английском языке. Результаты показали, что участникам удалось создать широкий спектр видеороликов с разной степенью подхода к аудитории и что участники обладают достаточным уровнем компьютерной грамотности. Исследователь подчеркивает потенциальное использование видеопроекта для отработки способности студентов передавать информацию, создавая собственные видеоролики, что считается важным навыком в XXI веке [2, с. 19].

Основываясь на вышеописанные достоинства создания видеороликов, мы создаем и видеолекции в процессе изучения дисциплин «Фонетика современного русского языка» и «Лексико-фразеологическая система русского текста». Так, процесс создания видеолекций проводился в три этапа: вводный этап, этап подготовки и этап монтажа и показа.

В начале дается разъяснение, что видеолекция - это систематическое, последовательное изложение учебного материала преподавателем, не требующее его личного присутствия перед аудиторией посредством использования широких возможностей обработки, хранения и передачи видео и аудио информации. Одна видеолекция длится не более 10 минут.

Цель: формирование ориентировочной основы для последующего усвоения студентами учебного материала. План лекции содержит три основных этапа.

Первый этап: вводная часть, формирование цели и задач лекции, характеристика проблемы.

Второй этап: изложение, раскрытие сущности основных понятий.

Третий этап: заключение, формулирование вывода, установка для СРС, методические советы, ответы на вопросы.

Видеолекции могут создаваться с использованием ряда компьютерных приемов. Полиэкранное представление учебной информации, например, в виде двух окон, в одном из которых показывается учебный материал, а в другом остается лектор, объясняющий происходящее. Этот прием часто используется в телевизионных передачах новостей.

Будущим педагогам разъясняется, что видеолекция должна содержать:

- основные цели изучения дисциплины и темы;
- содержание учебного материала;
- выводы по изложенному материалу;
- рекомендуемая литература.

Студентам рекомендуется записать на диктофон свою речь, посвящённую какому-либо вопросу, не требующему предварительной подготовки, анализировать каждое выступление и стараться улучшить последующие свои выступления и доклады [3, с. 21].

Вводный этап – это этап, на котором преподаватель знакомит студентов с основами создания собственного видео на изучаемом ими языке. Преподаватель и студенты обсуждают процесс создания видео, материалы, навыки и ожидаемый результат от студентов. Студентам предлагается сформировать группу и приступить к выбору тем.

Организационные формы проверки знаний учащихся.

Методы и приемы обучения литературе в условиях обновленной программы.

Инновационные типы уроков литературы в современной школе.

Типы нетрадиционных уроков.

Алгоритм проведения инновационных уроков.

Принципы обучения устной речи.

Внеклассная работа по литературе.

Методы изучения и описания языка, основные принципы классификации языков.

Система функциональных стилей современного русского литературного языка. Понятия «государственный язык», «язык межнационального общения», «международные языки» и многие другие [3, с. 102].

Конкретные задачи были возложены на разных студентов, что позволило проводить нам постоянный контроль качества участниками творческой группы и делать видео быстрее ввиду того, что одновременно может происходить выполнение нескольких задач. Студенты определились с выбором своих тем для видеороликов, была выбрана программа для создания

видео. На этапе подготовки важно учитывать множество особенностей, обращать внимание на все мелкие детали. Именно поэтому создаваемый видеоролик можно разделить на несколько составных частей: изображения, видеоматериал, текст, субтитры, музыка. Студенты совместно с преподавателем разрабатывают рекомендации по монтажу составных частей видеоролика, которые будут далее рассмотрены.

Изображения. При монтаже стоит учитывать, что каждое используемое изображение в среднем занимает от 3 до 8 секунд времени на экране. Это оптимальное время, чтобы изображение не наскучило зрителю, и достаточное, чтобы его рассмотреть, подметить все особенности и детали. Изображения подразделяются на кадры общего, среднего и крупного плана.

Видеоматериал. В процессе монтажа видеофрагменты позволяют сэкономить время и одновременно наполнить создаваемый видеоролик интересными кадрами. Здесь важна законченность действия, чтобы в видеоролике не было ощущения недосказанности и неполноты. Видеофрагментами могут стать интервью с экспертами в разных областях, фрагменты исторических и документальных фильмов, анимации. Преимущество видеофрагментов – динамичность. Также возможно сделать видеофрагмент из статичного изображения – из меньшего изображения сделать большее путем увеличения его масштаба, сделать перемещение по картинке сверху-вниз или из стороны в сторону. Появление автора видео в кадре – стендап – один из самых интересных моментов видеоролика. Он оживляет и освежает картинку, показывает авторство конкретных людей и позволяет зрителю понять, что видео подготовлено именно для него, и иногда при нехватке визуального материала позволяет заменить его. Стендап может открывать видео, тем самым знакомить с авторами, акцентировать внимание на какой-либо важной детали, предмете, дате, месте или завершать видеоролик, подводить итоги. Однако стендап не может занимать все время видеоролика, иначе он потеряет свою основную функцию актуализации информации. Идеальная длительность – 20-30 секунд в зависимости от важности информации, количества авторов видео, значимости детали, о которой говорят в кадре. Текст определяет длительность видеоролика. Классический темп речи обычного человека – 1–3 слова в секунду. Медленная речь теряет главное преимущество видеоролика – его динамичность и яркость. Более быстрая речь затрудняет понимание материала зрителем, соответственно, становится неэффективным средством учебного процесса. Оптимальная длительность видео на занятии - от 2 до 5 минут. Этого времени достаточно, чтобы охватить необходимое количество информации и не перегрузить фактическим материалом. Таким образом, при подготовке текста можно ориентироваться на объем 1-2 страницы документа в формате А4. Язык текста должен быть понятен, все слова четко и внятно выговорены, все сложные термины - объяснены в тексте. У зрителя нет возможности остановиться и перечитать информацию, чтобы ее понять, так что важно донести ее с первого раза. Кратко рассмотрим типы текстов.

Информационный текст создан для передачи фактов, данных и информации. Примерами являются новостные статьи, учебники, научные отчеты и энциклопедии.

Литературный текст - это художественные произведения, созданные с целью эстетического восприятия и развлечения. Литературные тексты включают романы, стихи, рассказы и пьесы. Деловой текст используется в деловой сфере для обмена информацией и документооборота. Примерами являются письма, договоры, отчеты, коммерческие предложения и бизнес-планы. Рекламные тексты разработаны для продвижения продуктов, услуг или идей. Рекламные тексты включают рекламные брошюры, рекламные ролики, рекламные слоганы и рекламные кампании. Научный текст используется в научных и академических работах. Он характеризуется строгостью, использованием специализированной терминологии и ссылками на исследования. Примерами являются статьи в научных журналах и диссертации. Инструктивные тексты предназначены для предоставления указаний, инструкций или руководств. Примерами являются инструкции по сборке мебели, рецепты блюд и инструкции по использованию техники.

Субтитры. Помощником в понимании видеороликов становятся субтитры, которые можно подготовить в программе Adobe Photoshop. Формат каждого титра подобран под технические

особенности видеороликов (формат видео HD). Текст субтитров идет параллельно с голосом за кадром или с автором видео в стендапе. При помощи субтитров можно выделить важную информацию, подписать авторов видео, тему урока и год создания – всю ту информацию, которая не озвучивается голосами за кадром [3, с. 115].

Музыка в видеоролике создает легкую атмосферу, благодатную для поддержания процесса обучения и концентрирует внимание зрителей на видео. Отсутствие музыки дает напряженную отягчающую атмосферу. Как бы ни была интересна картинка, легче ее воспринимать с легкой фоновой музыкой, не отвлекающей внимания. При использовании музыки за кадром должен быть хорошо и разборчиво слышен голос, а музыка не должна мешать восприятию. Также стоит учесть, что для дальнейшего распространения видео в соцсетях важно подбирать фоновую музыку, не нарушающую авторских прав. Самый удобный процесс создания видеоролика происходит при использовании проработанного монтажного листа. Организация монтажного листа происходит путем создания таблицы из двух колонок: обозначенные номерами предложения или их части, соответствующие тексту субтитров и названиям картинок и видеофрагментов. После того как видеоролики были смонтированы, состоялся их совместный просмотр. Студенты гордились своими видео, что было видно по тому, как они отвечали на вопросы, заданные по поводу их видео во время и после просмотра: «Мы усердно работали над видеороликом. Самым сложным было написать сценарий. Но я думаю, что мы справились хорошо, и все получилось. Наше видео было не таким длинным, в основном от 2 минут до 10 минут по времени, но процесс съемки был долгим. В конце концов, нам очень нравится наше видео, и мы никогда не забудем впечатления от проделанной работы».

В своих отзывах большинство студентов подчеркнули, что ключевым навыком при создании видеороликов выступил навык говорения. Также студенты отметили, что моделировали и улучшали свое произношение по исходным видео, многократно произнося предложения: «Красиво говорить на камеру – нелегкая задача. Я пробовала снова и снова. Я смотрела другие ролики, чтобы узнать, как себя вести в кадре и лучше сказать определенную фразу».

Все участники создания видео считают, что их навыки письма и аудирования улучшились благодаря созданию видео. Чтобы попытаться понять слова, им приходилось «просматривать еще раз, но, все еще не полностью понимая, включать видео в третий раз или воспользоваться субтитрами». Повторяющийся цикл написания и пересмотра сценария побудил студентов научиться использовать правильные слова для эффективного выражения своих идей.

Заключение. Результаты проведенного нами исследования показывают, что студенты позитивно воспринимают влияние создания видеороликов на процесс обучения языку. Они считают, что создание видео улучшает их произносительные навыки и навыки разговорной речи, письма, аудирования. Результаты также свидетельствуют о том, что создание видео повышает мотивацию студентов к изучению любого языка в будущем, обеспечивая увлекательный и полезный процесс обучения. В процессе видеосъемки обучающиеся работают совместно со своими товарищами по группе и конкурируют с другими группами. Эта установка мотивирует усердно работать над созданием чего-то лучшего и отличного от других студентов в группе. Созданные более 450 видеороликов на русском, казахском, английском языках показали студентам, что обучение любому языку с помощью современных технологий может быть одновременно эффективным и увлекательным.

Список литературы

1. Аитова, Л. В. 100% самоучитель. Pinnacle Studio. - М.: Технолоджи-3000, Триумф, 2021. - 288 с.

2. Глушаков, С. В. Цифровое видео и аудио. Секреты обработки на ПК - М.: АСТ, АСТ Москва, ВКТ, 2019. - 320 с.

3. Лебедев, А. Н. Как создать полноценный видеофильм в Ulead VideoStudio 11 Plus. М.: НТ Пресс, 2022. - 256 с.

4. https://www.youtube.com/@kazizakozhagulova

«ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» ҰҒЫМЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ

Акрамова Алия,
п.ғ.к., доцент
Хасенқызы Толғанай,
«8D01101 - Педагогика және психология» мамандығының
2 курс докторанты,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і

Аннотация. Мақалада «цифрлық білім беру» ұғымының мәні талданып, отандық және шетелдік ғалымдарың тұрғысынан ұғымға берілген анықтамаларға талдау жүргізіледі. «Цифрлық білім беру» және «ақпараттандыру» ұғымдарының айырмашылықтары анықталып, білім берудегі цифрландыруға сипаттама жасалады.
Түйін сөздер: цифрлық білім беру, білім берудегі цифрлық трансформация, білім беруді ақпараттандыру.

Аннотация. В статье анализируется сущность понятия «цифровое образование» и проводится анализ определений, приведенных к понятию с точки зрения отечественных и зарубежных ученых. Выявляются различия понятий «цифровое образование» и «информатизация», составляется характеристика цифровизации в образовании.
Ключевые слова: цифровое образование, цифровая трансформация в образовании, информатизация образования.

Abstract. The article analyzes the essence of the concept of "digital education" and analyzes the definitions given to the concept from the point of view of domestic and foreign scientists. The differences between the concepts of "digital education" and "informatization" are revealed, and the characteristics of digitalization in education are compiled.
Key words: digital education, digital transformation in education, informatization of education.

Цифрлық технологиялар негізіндегі экономиканың трансформациясы қоғамның барлық салаларына, соның ішінде білім беру жүйесіне де үлкен өзгерістер әкелді. Цифрландырудың дамуы өндірістік іс-әрекеттерді жеңіл жүргізуге және деректерді өңдеу жылдамдығын арттыруға, сондай-ақ білім беру үдерістерінің дәлдігі мен зияткерлік маңыздылығының артуына септігін тигізеді. Соңғы жылдары білім берудегі цифрлық трансформацияның қарқынды жүргізілуі, пандемия мен қашықтықтан білім алудың сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты. 2017 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысымен қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы еліміздегі экономиканың барлық салаларын жаппай цифрландыруды міндеттеді. Бағдарламаға сәйкес, еліміздегі цифрландыру тек базалық салаларда ғана емес, қоғамның барлық өміріне қатысты жүргізілуі керектігі айқындалған [1].

Ел Президенті Қ.К. Тоқаев 2023 жылдың 1-қыркүйегіндегі Жолдауында цифрландыру ісі мен инновацияны енгізуге аса мән беретінін айтып, «біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру» екенін атап өтті. Сонымен қатар, Үкіметке жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуды тапсырып, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын болсақ, білім экономикасына тың серпін беретінімізді де айтқан болатын [2].

Цифрлы білім беру – бұл негізгі факторлары цифрлық форматтағы деректер болып табылатын білім беру қызметі, оларды өңдеу, бөлісу және талдау нәтижелері белгілі бір әлеуметтік-мәдени жағдайда білім берудің сапалы жаңа нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар білім беру қызметін саралаудың және дербестендірудің тиімді құралы болып табылады, қазіргі білім берудің сипатын өзгертіп, оны цифрлық экономика жағдайында адами капиталды қалыптастырудың жетекші саласына айналдыруда.

Цифрлық білім беру тек цифрлық білім беру технологияларына көшуді ғана қамтымайды, оның негізінде білім беру мазмұны, білім беру қызметінің нысандары мен түрлері де толықтай өзгереді. Цифрлық білім беру технологиялары білім алушылардың дербестендірілген білім беру сұраныстарын іске асыруды қамтамасыз ететін үлкен деректерді талдау негізінде білім беру мақсаттары мен оларға қол жеткізу, бағалау тәсілдерін жобалау және іске асыру бойынша білім беру қатынастарына қатысушылардың бірлескен қызметінің үлгілері болып табылады.

Цифрлық білім берудің мазмұны құндылықтардың, құзыреттіліктердің, білім, білік, дағды, қызмет нысандары мен түрлерінің, әлеуметтік тәжірибенің үздіксіз өзектендірілетін жүйесін білдіреді, оларды білім беру қызметінің әртүрлі нысандары мен түрлерінде игеру жеке тұлғаның қабілеттеріне, мүдделері мен сұраныстарына, жеке тұлғаның әлеуметтік тапсырысына сәйкес нақты әлеуметтік-мәдени жағдайда (контексте) тұлғаның үйлесімді дербестендірілген дамуын қамтамасыз етеді.

Білім беру үдерісіндегі цифрлық технологиялар тек ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен гаджеттерді қолдану, қашықтықтан оқытумен ғана ұсынылмайды, сондай-ақ, цифрландырудың негізінде ақпараттың үлкен көлемін өңдеу, оқытудың әртүрлі форматтарын ұсыну, 3D модельдерін қолдана отырып білім беру материалдарын ұсыну, процестерді роботтандыру сынды әрекеттерге ықпал ететін интеллектуалды мәліметтер базасы да қамтылады. Осыған орай, «цифрландыру», «цифрлық білім беру» ұғымдарының мәнін зерттеу, генезисін талдауды маңызды деп санаймыз.

Швейцариядағы Бүкіләлемдік экономикалық форумның негізін салушы, Президенті Клаус Швабтың 2016 жылы жарық көрген «Төртінші өндірістік революция» еңбегі «цифрландыру» ұғымының қоғам өміріне енуіне алғышарт болды [3]. Сондай-ақ автор өз еңбегінде төртінші өнеркәсіптік революцияның мобильді ғаламтор желісі мен жасанды интеллекттің дамуына байланысты болатын цифрлық технологияларға негізделетінін атап өткен.

Сәйкесінше, 2017 жылдан бастап барлық саланы цифрландыру мәселесі көтеріліп, «білім беруді трансформациялау» ұғымы зерттеулерде белсенді қолданыла бастады. Ғылыми мақалаларда ақпараттандыру, цифрландыру ұғымдары жиі ауыстырылып, синоним ретінде де қолданылып жүр. Ғылыми зерттеулерде «білім беруді цифрландыру», «цифрлық трансформация» терминдерін қолдану «білім беруді ақпараттандыру» ұғымын ысыра бастады. А.Х. Шелепаева өз зерттеулерінде, 2012 жылдары жарық көрген ғылыми еңбектерде «ақпараттандыру» ұғымы кең таралғанын айтып, сондай-ақ мұны сол уақыттағы ақпараттық коммуникативті технологиялардың білім беру үдерісіне жаппай енгізілуімен байланыстырады [4, 4 б.]. Ол 2017-2020 жылдар аралығындағы «білім беруді цифрландыру», «білім беруді ақпараттандыру» ұғымдары пайдаланылған зерттеулерге талдау жасап, оларды пайдалану динамикасын анықтаған (1-сурет).



1-сурет. А.Х. Шелепаеваның зерттеуне сәйкес, кілттік сөздер бойынша жарияланымдар саны

Білім берудегі цифрлық трансформация сипаттамалар немесе шешілген міндеттер негізіндегі тенденция ретінде қарастырылады. Оған қатысты ортақ анықтама болмағанның өзінде, ұғым сипаттамасының негізінде білім беру үдерісіне АКТ енгізу мен технологиялық аспектілердің дамуы басымдық беріп тұрады. Білім берудегі цифрлық трансформация ұғымын сипаттаушы авторлар «цифрлы білім беру» (М.Е. Вайндорф-Сысоева, А.М. Кондаков, В.Н. Платонов және т.б.) және «цифрлық оқыту» (Дж. Берсин, Д. Роджерс және т.б.) терминдерін жиі қолданады. Мұнда негізгі бағыт ретінде білім беру кеңістігін кеңейту мақсатында интеллектуалды жүйелерді тартып, бірлескен оқыту технологиялары қолданылатын «платформалық тәсілді» бөліп көрсетуге болады.

Білім берудегі цифрландырудың мүмкіндіктерін қолжетімділік, визуалды қатардың кеңеюі, кеңістік-уақыттық континиумның кеңеюі, т.б. принциптер негізінен қарастыруға болады. Онда цифрландырудың «АТ енгізу, оңтайландыру, реинжиниринг және шешім қабылдау үшін деректерді талдау арқылы қолданыстағы процестерді жақсарту» деген ұғымның дұрыстығы күмән тудырмайды. Дегенмен, терминді талдау барысында кей тәуекелдерге де мән беру керек. Мысалы, «Білім беруді цифрландыру білім беру үдерісін «цифрға» аудару, яғни білім беруді жаһандық (барлық қатысушыларға әсер ететін) цифрлық оқыту ортасына айналдыру процесі» дейтін болсақ, онда термин мәні қауіп ретінде қабылдануы мүмкін. Себебі, білім беруді цифрлық трансформациялау барлық білім беру үдерісін толықтай тек цифрландыруға ауыстыру емес, білім беру үдерісі ішінара дәстүрлі форматта да жүргізілуі мүмкін. Сондықтан білім беру тәжірибесіне гаджеттердің енуінің артықшылықтарын қазір кездесіп жатқан тәуекелдер жоққа шығармауына мән беру керек.

В.В. Гришкун ақпараттандыру мен цифрландырудың аражігін ашуды ұсына отырып, көптеген тұғырлардан тыс, нақты анықтама береді: «білім беруді ақпараттандыру деп оқыту, тәрбиелеу және дамыту процестерін қажетті ақпаратпен және онымен жұмыс істеу үшін қажетті тиімді құралдармен қамтамасыз етуді түсінген жөн» [5, 143 б.].

Ақпараттандыру білім беру үдерісінің мазмұндық және іс-әрекеттік аспектін өзгертеді. Ақпараттық қоғамда бейімделу үшін келесідей әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның сапаларын қалыптастыру қажет:

- келіп түскен ақпараттарға сыни көзқарас таныту;
- ақпаратты құрылымдау және жүйелеу;
- компьютерлік және желілік технологияларды тарта отырып, қажетті ақпаратты іздеу уақытын қысқарту және т.б.

А.А. Вербицкий «цифрлық білім беру» мен «цифрлық оқыту» ұғымдарын синоним ретінде қарастыруды дұрыс емес деп санайды [6]. «Цифрлық оқыту» терминін қолдану, сондай-ақ онымен байланысты «Цифрлық дидактика» ұғымы, цифрлық оқыту теориясы негізінде болғандықтан ешқандай күмән тудырмайды. Олар студенттердің пәндік білімді, дағдыларды, құзыреттерді, компьютерді қолдана отырып игеру заңдылықтары, принциптері мен механизмдері ретінде сипатталады.

А.А. Вербицкий педагогикалық әдебиеттерде, нормативтік-құқықтық құжаттарда және педагогикалық қолданыста жиі кездесетін «цифрлық білім» терминін қолдануды дұрыс емес деп санайды. Ғалымның айтуынша, «білім» сөзі сөйлеуде оны қолдану контекстіне байланысты үш түрлі мағынаны білдіреді. Бірінші мағына – белгілі бір адамның білім беру цензурасы, ол қандай білімі бар деген сұраққа жауап береді: жалпы орта, кәсіптік немесе жоғары. Екінші мағынасы білім беру жүйесі білім беру бағдарламаларының жиынтығы, оларды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары және оларды басқару жүйесі. Үшінші мағынасы – оқыту мен тәрбиелеуден тұратын білім беру процесі. Осы айырмашылықтарға сүйене отырып, тек «білім берудің цифрлық жүйесі» («цифрлық білім беру жүйесі» емес) және «цифрлық оқыту» терминдерін қолдану шарт, өйткені компьютер білім алушыларды тәрбиелеумен «айналыспайды».

Е. Ю. Илалтдинова, А. А. Федоров, И. Ф. Филченкова цифрлық білім беруді цифрлы педагогика негізінен бастау алатындығын алға тартады. Олар «цифрлық педагогика» ұғымына «Педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі ғылыми білім саласы, білім берудің мәнін, заңдылықтарын, оның жеке тұлғаны дамытудағы рөлін ашатын, педагогикалық процесті орталықсыздандыру мақсатында ашық білім беру ресурстары, ақпараттық технологиялар көмегімен білім беру процестерінің тиімділігін арттырудың практикалық жолдары мен тәсілдерін дамытатын педагогика саласы» деп түсініктеме жасап, оны білім алушының қызметіне, оның автономизациясына және академиялық ұтқырлығына қайта бағдарлау ретінде сипаттайды.

Е. В. Петрова білім берудің цифрлық трансформациясының негізінде парадигманың дәстүрлі оқытудан оқыту процесін жобалауға ауысуын көреді. Көптеген гаджеттерді пайдалану оқу кеңістігін өзгертіп, кросс-әрекет кеңістігін құратындығын алға тартады.

I. Jahnke, P. Bergstrom болса цифрлық оқытудың оқулық негізінде жүргізілмейтінін айтып, цифрлық оқыту мазмұнға және әлеуметтік капиталға қол жеткізу негізінде құрылатындығын алға тартады.

Ғалымдар цифрлы педагогика негізіндегі «цифрлық білім беру» терминін «білім беру нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған электрондық білім беру ортасындағы мақсатты педагогикалық процесс» деп қарастырады. Олардың айтуынша, цифрлық білім беру құрылымының екі құрамдас бөлігі бар: логистика және электрондық білім беру ортасындағы педагогикалық процестің мазмұны. Білім берудің цифрлық трансформациясынан туындаған педагогикалық процестің түбегейлі өзгерістері мазмұн саласында емес, ұйым саласында орын алады. Өз кезегінде, электронды ортада білім беру процесін сүйемелдеу процестерін басқарудың логистикасы, бір жағынан, оқыту мен оқу процестерін басқаруды, яғни мазмұнды басқаруды, екінші жағынан, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды сүйемелдеу процестерін басқаруды қамтиды. Білім беру мазмұнын басқару логистикасы «электрондық сервистер мен электрондық ресурстардың көмегімен трансляция, білімді игеру және жаңа білімді (субъективті де, объективті де жаңа) қалыптастыру процестерін басқару» деп түсініледі. Сондай-ақ ғалымдар оны «цифрлық дидактика» ретінде анықталған цифрлық педагогика саласына сәйкестендіреді. Мұндай ресурстарға қазіргі заманғы «ашық білім беру» білім беру платформасында орналастырылған онлайн курстар, сондай-ақ белгілі бір білім саласын игеруге мүмкіндік беретін аяқталған оқу курстары болып табылатын МООК (жаппай ашық онлайн курстар) жатады [7, 9 б.].

Цифрлық білім беруді кәсіптік білім берудің цифрлық дидактикасы ұғымы негізінде егжей-тегжейлі талдаған ғалымдардың бірі – И.С. Сергеев. Оның айтуынша, цифрлық дидактика – цифрлық қоғам жағдайында оқу процесін ұйымдастыру туралы ғылым. Цифрлық дидактика дидактиканың негізгі ұғымдары мен принциптеріне сүйенеді, оларды цифрлық орта жағдайында білім беру процесіне қатысты өзгертеді. Бұл ретте цифрлық қоғамның үш құрамдас бөлігінің ерекшеліктерін ескеру қажет:

- цифрлық ұрпақ – білім алушылардың жаңа буыны;
- цифрлық экономика және оның кадрларға қойылатын жаңа талаптары;
- цифрлық ортаны қалыптастыратын және онда дамитын жаңа цифрлық технологиялар.

Цифрлық дидактика пәні – цифрлық ортада білім алушылардың қызметін ұйымдастыру және оқу уәждемесін басқару. Кәсіптік білім беру мен оқытудың цифрлық дидактикасы құралдары: дербестендірілген білім беру процесі, цифрлық педагогикалық технологиялар, метацифрлік білім беру кешендері. Білім алушылардың жобалық қызметі – цифрлық әлемдегі білім беру процесінің семантикалық фокустарының бірі. Ғалымның айтуынша, цифрлық білім беру үдерісіндегі адами фактор – мұғалім, цифрлық және нақты әлем арасындағы делдал ретінде қызмет атқарады [8, 137 б.].

Е.Ю. Щербина, О.В. Шмурыгина, С.Н. Уткина мақаласын «кәсіптік-педагогикалық білім берудің цифрлық дидактикасының» мәні мәселесіне арнап, онда авторлар оның негізгі принциптер, әдістер, мазмұн, құралдар, бақылау сынды компоненттерін ұсынады [9, 414 б.].

Елімізде білім беруді цифрлық трансформациялау, цифрлық білім беру мәселелерін зерттеуші ғалымдар жетерлік. Олардың қатарында Джусубалиева Д.М. (2019), Мынбаева А.К.

(2012), Айтбаева А.Б. (2011), Караев Ж.А. (2012), Бұзаубақова К.(2004), К.М. Беркимбаев, Г.Ж. Ниязова, Г.С. Искендірова, Бекболат М.С. (2022) және т.б. ғалымдар бар. Отандық ғалымдар цифрлық білім беру ұғымын оқыту, тәрбиелеу, дамыту әрекеттерін цирлық құралдар негізінде жүргізу ретінде қарастырады.

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасай келе, цифрлық білім беру ұғымы бірнеше ұғымдарды ығыстыруы негізінде (2-сурет), сондай-ақ экономикалық талаптардың жаңаруының себебінен пайда болғандығын байқаймыз.



2-сурет. «Цифрлық білім беру» терминінің өзге терминдер негізінде пайда болуының мысалы

Қазіргі уақытта «цифрлық оқыту» деп аталатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде кеңінен қолдану бүгінгі күннің шынайы көрініс болып табылады. Қоғамның кибер әлеуметтенуінің мәні мен ерекшеліктерін түсіну, білімді игеру процестері, оларды практикалық қолданудан қалай ерекшеленетіні сияқты оқытуды цифрландырудың мәні мен заңдылықтарын түсінуден түбегейлі ерекшеленуі керек.

Білім берудің цифрлық трансформациясы кезіндегі ақпараттандыру кезеңіндегі шешілмеген проблемалар қолданыстағы білім беру жүйесінің жүйелік кемшіліктерін ушықтыруы мүмкін. «Цифрлық алшақтық» ұғымының пайда болуы білім берудегі теңсіздіктің өсуін көрсетіп, кейіннен әлеуметтік теңсіздікке әкелуі мүмкін. Бұл проблема дүниежүзілік желіге қолжетімділікті кеңейту қажеттілігі ретінде қарастырылады, ал негізгі тәуекелдер мазмұнға қол жеткізуде емес, қолданылатын қызмет әдістерінде пайда болады. Бір жағынан, мазмұнға қол жетімділікті ашу арқылы білім берудегі теңдік жасалады, екінші жағынан, қарапайым мазмұнның күшеюі байқалады, бұл адамның интеллектуалды қабілеттерінің төмендеуіне әкеледі. Бұл құбылысты Маркус Рейчел ми жүйесінің дефолты ретінде белгіледі. Осылайша, жаңа ұғымдар пайда болған кезде, оларды семантикалық тұрғыдан дәл тұжырымдалған анықтамалар арқылы пайдалану кезінде нұсқаулар берілуі керек. Құбылыстарды мен тұжырымдарды әртүрлі түсіндіру қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге сәйкес келетін оқыту әдістерін дамытуды қиындатуы мүмкін.

«Цифрлық білім беру» ұғымының пайда болуы мен даму тарихы өте терең, сондықтан да терминнің генезисі әлі де түбегейлі зерттеулерді қажет етеді. Мақала отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, «цифрлық білім беру» ұғымының мәнін аз да болса аша алды деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономкалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1-қыркүйек, 2023 жыл https://www.akorda.kz/kz/addresses
3. Шваб К. Четвертая промышленная революция. World Economic Forum. Перевод. АНО ДПО «Корпоративный университет Сбербанка», 2016 г.
4. Шелепаева А.Х. Цифровизация образования: от смысла к практике. Сибирский университет потребительской кооперации. https://www.sibupk.su/science/research/mconfer2021/1
5. Гришкун В.В. Особенности информатизации образования в условиях внедрения цифровых технологий и ресурсов // Информатизация непрерывного образования – 2018 = Informatization of Continuing Education – 2018 (ICE-2018) : Материалы Международной научной конференции. Москва, 14–17 октября 2018 г. : в 2 т. / под общ.ред. В.В. Гриншкуна. Москва: РУДН, 2018 г.
6. Вербицкий А.А. Цифровое обучение: проблемы, риски и перспективы. Электронный научно-публицистический журнал «Homo Cyberus». - 2019. - №1(6). [Эл. ресурс] – http://journal.homocyberus.ru/Verbitskiy_AA_1_2019
7. Илалтдинова Е. Ю. Типология электронных сервисов в открытом образовательном пространстве / Е. Ю. Илалтдинова, А. А. Федоров, И. Ф. Фильченкова // Вестник Мининского университета. – 2017. – № 2 (19). – С. 10.
8. Сергеев И. С. Цифровая дидактика профессионального образования: контуры новой научной дисциплины / И. С. Сергеев // Профессиональное образова ние и занятость молодежи: XXI век. Подготовка кадров для цифровой экономики : сб. материалов Междунар. науч.-практической конф. – [б. м.], 2019. – С. 134–138.
9. Щербина Е. Ю. Цифровая дидактика профессионально-педагогического образования: основные компоненты / Е. Ю. Щербина, О. В. Шмурыгина, С. Н. Уткина // Бизнес. Образование. Право. – 2020. – № 2 (51). – С. 411–418.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ РӨЛІ

Әрінова Бақыт Айтуқызы,
п. ғ.к., доцент
Бүркітбаева Ақбота Амангелдіқызы,
«7М01802» - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының
2 курс магистранты,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і

Аннотация. Қазақ шығармаларындағы құндылық – отбасындағы, әулеттегі аға буынға деген құрмет, сыйластықпен сипатталады. Әулет ақсақалдары өздерінің тәжірибелері мен ұлттық дәстүрлерін жас ұрпаққа қашан да жеткізіп отырған. Әр түрлі мәдени ақпараттың үлкен ағынының әсері біртіндеп қазақстандық оқушылардың мінез-құлқының, психологиясының өзгеруіне және соның салдарынан отбасылық және ұлттық құндылықтардың өзгеруіне әкеледі. Мұндай жағдайда халық ертегілеріне этнопедагогикалық тәрбие әдістерінің элементтері маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты бұл мақаланың мақсаты – оқушыларды тәрбиелеудегі халық ертегілерінің рөлін анықтау болды.

Түйін сөздер: құндылық, тәрбие, халық ертегілері, тарих.

Аннотация. Ценность в казахских произведениях-уважение, уважение к старшему поколению в семье, династии. Старейшины династии всегда передавали свой опыт и национальные традиции молодому поколению. Влияние большого потока разнообразной культурной информации постепенно приводит к изменению поведения, психологии казахстанских школьников и, как следствие, к изменению семейных и национальных ценностей. В таких условиях важную роль в народных сказках играют элементы методов этнопедагогического воспитания. В связи с этим целью данной статьи было определить роль народных сказок в воспитании школьников.

Ключевые слова: ценность, воспитание, народные сказки, история.

Abstract. The value of Kazakh works is characterized by respect for the older generation in the family, dynasty. The elders of the dynasty have always passed on their experience and national traditions to the younger generation. The influence of a large flow of various cultural information gradually leads to a change in the behavior, psychology of Kazakhstani schoolchildren and, as a result, to a change in family and national values. In such conditions, elements of ethnopedagogical methods of education of folk tales play an important role. In this regard, the purpose of this article was to determine the role of folktales in the education of schoolchildren.

Key words: value, education, folk tales, history.

Кіріспе. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызды рөл ұлттық мәдениетті жандандыруға, жоғалған ұлттық құндылықтарды қалпына келтіруге тиесілі. Қайта өрлеу қарқыны жас ұрпақтың өзінің ұлттық болмысын қалай қабылдайтынына, олардың ұлттық мақтанышына, туған мәдениетін дамытудың маңыздылығын түсінуге және мәдениет деңгейін көтеруге деген ұмтылысына байланысты. Біз қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетін сақтау мәселелерімен тығыз байланыста тілдің жануын қарастырамыз. Шығыс мәдениетінің ерекшелігі, оның ішінде қазақ тәрбиесі – аға буынға деген құрмет пен сыйластықта. Жас ұрпаққа берілетін даналық пен білім, әдетте, ақсақалдардың қоршаған ортамен қарым-қатынасының көп жылдық тәжірибесіне негізделген.

Ғасырлар бойғы даму тарихында дана халқымыз балалардың бойына өмірге қажетті қасиеттерді, қабілеттерді, дағдыларды сіңіре отырып, оларды қалай тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу керектігін білді. Халықтық педагогикалық ойдың принциптерінің бірі – ертегідегі тәрбие.

Бұл қағиданы халықтық педагогиканың құнды ережелерінің бірі деп санауға болады. Ұлттық білім берудің көптеген көздерінің негізінде балалардың зейінін, ойлауын және есте сақтау қабілетін біртіндеп дамытатын ойын әрекеттері жатыр. Халық педагогикасының элементтерін мұғалім математика, оқу, жазу, табиғаттану және т. б. сабақтарында енгізе алады.

Ертегі – баланың дамуының кешенді құралы. Ертегілер балалардың эстетикалық дамуына, ойлау, зейін, есте сақтау және сөйлеу қабілетін дамытуға әсер етеді.

Ертегі – бұл баланың ішкі әлемімен жұмыс істеудің таңқаларлық күшті психологиялық-педагогикалық құралы, білім беру ортасы субъектілерінің өзін-өзі тануын дамытудың қуатты құралы. Ертегілердің тілі өте әдемі: әуезді және поэтикалық, көптеген метафоралар, салыстырулар, мақал-мәтелдер бар. Осы ерекшеліктердің барлығы ертегіні әртүрлі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың таптырмас құралына айналдырады.

Ертегілер үлкен тәрбиелік мәнге ие, адамгершілік ұғымдарының қалыптасуына ықпал етеді. Ертегіде әрқашан жақсылық пен жамандықтың арасында нақты шекара болады, жақсы кейіпкерлер әрқашан ең жақсы қасиеттердің тасымалдаушысы, ал теріс кейіпкерлер ең нашар. Ертегіні тыңдай отырып, бала әрдайым басты кейіпкермен сәйкестендіреді, оның шытырман оқиғаларына жанашырлық танытады, онымен бірге мейірімділік, ақылдылық, тектілік танытады, батыл, еңбекқор, тапқыр болуды үйренеді, жақсы істер жасау қажеттілігін көреді. Кез келген халықтың ертегілерінде, әдетте, оны ұлттық сипатқа жақындататын кейіпкердің мінез-құлқы айқын көрінеді. Орыс ертегілерінде бұл: еңбекқорлық, шайқас та және қиыншылық та адалдық, Отанға деген адалдық, тапқырлық. Ертегілерден халықтың көзқарасы мен оның философиясын түсінуге болады. Ертегілердің басты кейіпкерлеріндегі жағымды қасиеттерді бейнелеу ертегілерді осы қасиеттерді ұрпақтан-ұрпаққа берудің тиімді құралына айналдырды. Сондықтан әр бала өз халқының ертегілерімен танысуы керек.

Ертегілер - адамдар ғасырлар бойы әзірлеген және сынап көрген ең маңызды білім беру құралы. Ертегілер адамгершілік, этикалық тәрбиенің ежелгі құралдарының бірі болып табылады, сонымен қатар ересек қоғамның болашақ мүшелерінің мінез-құлық стереотиптерін қалыптастырады. Баланың ертегі қиялдары педагогикалық күш-жігерге тиімді көмек көрсетеді; сонымен бірге олар қиялдың ішкі өміріне терең енуге мүмкіндік береді, осылайша саналы мінез-құлық түсінікті болады, сондықтан әсер етуге қол жетімді болады. Мұндағы айрықша ерекшелігі – ертегіні күнделікті педагогикалық практикада терең теориялық негіздememен қолданудың әдіснамалық қарапайымдылығы. Бұл қарапайымдылық балаға қиын әлеуметтену процесін жеңуге көмектесу арқылы үлкен жеміс береді. Балаларды тәрбиелеудің дәстүрлі қазақ практикасы ертегілердің педагогикалық құндылығын дәлелдеді.

Қиял-ғажайып ертегілерінің жағымды бейнеде алатын басты кейіпкерлері халық арасынан шыққан қарапайым адамдар болып келеді. Оларға көмектесетін, жәрдем беретін дос-жолдастары есебінде алып қарақұс, тұлпар ат жүреді. Кейде жағымды кейіпкерге неше түрлі таусоғарлар, көлжұтарлар, желаяқтар, саққұлақтар жолдас болып, жақсылық жасайды, басты кейіпкердің мақсат-мұратына жетуіне көмектеседі. Сөйтіп, қиял-ғажайып ертегілерінің жанды, жансыз кейіпкерлерінің арасында мол тартыс, күрес басталады. Жауыздық пен әділдік, қастық пен достық, жақсылық пен жаманшылық өзара арбасып алыса түседі.

Осындай арпалыс, алыс-тартыс күрестерде қастық жасаушыларды талқандап шығатын, сөйтіп, мақсат-мұратына жететін адам баласы болады. Қоршаған, күресетін жаулар қаншама мықты болса да, адам баласы оларды жеңіп отырады.

«Ер Төстік» ертегісі еңбек адамының ғажайып жағдайларға жасаған ерлік істерін суреттеуге құрылған ертегі. Оны бұл ретте батырлық ертегі деуге болады.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде Ер төстік секілді ер жігіттер, батыр мергендер жайы молынан берілген [1].

«Жақсы әйел» деген ертегіде қыздың ақылы, адамгершілікі ғана суреттеліп қоймайды. Ертегіде қайырымызсыз әкенің қаһарына душар болып, «шірік жұмыртқа» атанған қыздың жаман адамды қалай тәрбиелегені айтылады. Бір кезде хан және оның уәзірлері жаман деп таныған, адам деген атынан айрылып «жаман» саналған жігітті ақылды, өжет қыз қатарға қосады, тең құрбысынан өнерін артқызып, абырой атаққа ие етеді.

Осындай ертегілердің енді біреуінде ақылды, білгір жігіттер жайы әңгіме етіледі. Олар көбінесе қалың ортадан шыққан қарапайым адамдар болады. Бұлардың ақылын, білгірлігін көрсету арқылы ертегілерде халық даналығы, халықтың ғасырлар бойы жиып-терген, өмірде сыналған тайғағы жоқ тәжірибесі жинақталып беріледі.[2]

Қазақ мифтерінде сұлулық идеясымен сай келіп, әсемдіктің символы болған бейнелердің бірі - Аққу құс. Аққу аңыз, ертегілерде жаралы, қайғылы адамдарға көмектесу үшін жерге түседі (Мәселен, Қалша батыр мен Аққу туралы миф-аңыз т.б.). Мұндай мотив жапон аңыз, ертегілерінде де кездеседі («Аппақ аққу» туралы ертегі).

Қазақ халқының кейбір мифтік мәтіндерінде аққудың су жағасына келіп ғажайып сұлуға айналуы немесе өзінің киімін шешіп тастап дарияға түсуі осы жыл мезгілдерінің өзгеруіне, шашын алу немесе кебін тастау - бұл көктемгі-жазғы уақыттың келгендігін көрсетеді.

Ғалым С. Қондыбай бұл турасында: «Мифологияда аққу - медиатор. Ол суда, жерде, аспанда қозғала алатын образ ретінде үш дүниені жалғастырушы кейіпкерлердің негізгісі болып табылады», - дейді. Сондықтан қазақ ертегілері мен аңыздарындағы жиі кездесетін бейнелер - аққу, ақ қаз. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде аққу бейнесі - асқан сұлулықтың белгісі, сиқырлы күш иесі, даналық жаршысы болып табылады. «Аққу қазақтардың арғы анасы болған қасиетті құс деп талдау береді. Ғалым аққу туралы: Баяғы өткен жаугершілік заманда бір батыр ұрыс алаңында ауыр жараланып, өлім аузында жатқанда аспаннан ғажайып аққу құсы ұшып келіп батырды таза бұлақтың жанына алып келіп жарасын емдейді. Мөлдір бұлақтың суын қанып ішкен батырдың жаны кіріп, есін жинайды. Аққу ғажайып сұлу қызға айналып батыр екеуі қосылады. Екеуінен үш ұл туады. Осы үш ұлдан қазақтардың үш жүзі құрылады.

Ал аққу құс қазақ халқының танымында қасиетті де киелі құс болып табылады. Оны атуға болмайды», - деп анықтама береді [3].

Әйел бейнесінің түркілер мифологиясында көрініс табуы қасиетті Ұмай ана образымен етене байланыста. Ұмай ана (Май, Ымай, Омай, Умая) жалпы түркілер мифологиясында әлемдегі әйел-ана мен Жер-ананы сипаттайтын ұрпақ өрбітетін әйел тәңірісі бастауын бейнелеуші құдай-әйел ретінде танымал. Бұл бейненің танымық өрісі де кең.Қазіргімізді, өздеріміздің кім екенімізді (яғни, мұсылмандығымызды) естен шығармай, өткен заманның ұмыт болған қабаттарының бетін аршып алуға, естен шыққан Рухты, Киені, Ділді, Танымды еске түсіруге мүмкіндік беретін әдіс те - осы мифология» деп жазады өзінің зерттеулерінде көрнекті мифолог С. Қондыбай [3, 1]. Әлемге жарық нұрын, шапағатын таратушы Ұлы ана - Ұмай (Май-ене) түркілік мифологиясындағы Ұлы Ана есімдерінің бірі ретінде белгілі. Ұмай (Май-ене) бағы замандағы Ұлы Даланы мекендеген түркі тілдес халықтардың ұрпағын өрбітіп, жалғастырушы, береке-молшылық тәңіриясы ретінде әйгілі болыпкөнеден тамыр тартқан жарқын образ. Әйел бастауының қайнары болғанын Ұмай ананың есімінің өзі де айтып тұр. «Ұмай» сөзі«бала орны», «ана жатыры», деген мән-мағынаны береді екен. Осы ұғымның өзінде де үлкен құдырет жатқандай. Ұмай ана жаратқан құт От ананың көмегімен әйел - ана құрсағына еніп, қызыл құрттың кейпіне кіреді. Осы сәттен бастап ұрық табиғи өсу жолымен біртіндеп адам тұрпатына еніп, өсе бастайды [4].

Ұмай ана нәрестені ананың құрсағында жатқаннан бастап, жарық дүниеге шыр етіп келгенге дейін қорғап, үнемі жанында жүреді. Халық арасында қалыптасқан наным бойынша Ұмай ана толғақ кезінде де баланың тууына бөгет жасаушы кері күштер - жын-шайтандарымен айқасқа түсіп, әйелдің түсік тастауына жол бермей, нәрестенің өмірге аман-есен келуіне көмектеседі екен. Әйелдің босану процесінің ұзаққа созылуы да Ұмай ананың кері күштермен бала өмірі үшін шайқасының нәтижесі деп таныған ежелгі түркілер. Халқымыз Ұмай ана сәбиді тіл-көзден, пәле-жаладан, жаманшылық атауынан қорғап, қорғаштайды деп сенген.

Нәресте шыр етіп жарық дүниеге келгеннен кейін де Ұмай ана баланы баптап-күтеді, тәрбиелейді, кері күштерден қорғайды, бас-көз болып жүреді. Егер нәресте түсінде шалықтаса, оның жанында Ұмай ана отыр деп білген. Көп уақыт бойы перзент сүйе алмай жүрген немесе сәбилері шетінеп кеткен әйелдер әркез Ұмай анаға сыйынып отырған. Ұмай анаға сиынудың тәсілдерінің бірі - қасиетті ағаштарға табыну болды. Бұл әдет бойынша адамның сүлдесі

ағашпен байланысты деп таныған ежелгі түркілер, оны Ана-Ағаш деп атаған. Рәсімнің өзі әр түрлі ұлт үшін әр түрлі жолмен өтеді, бірақ оның мәні бәріне бірдей. Ағаштар Ұмай ананың бейнесі ретінде болды және белгілі бір ағашқа табыну арқылы адам Ұмай құдайына қандай да бір өтінішін айтып, ағашқа түрлі түсті жіп байлап, оны бірнеше рет айналып тілегін айтып отырған. Кейбір түркі халықтарында ағашқа май жағу рәсімі орындалған. Әдетте Ұмай ана бейнесі құс бейнесімен байланыста сипатталады. Көптеген аңыздарда Ұмай ана кейде құс кейпінде (үйрек, аққу, қаз, үкі) бейнеленеді. Ол аспанда да самғап, өзен-көлде де жүзе алады, құрылықта да жүре алады.Ұмай ананың қорғаныш белгісі ретінде бойтұмарлар болып - үш тісті аша таяқ, садақ, қалқан алынған. Ежелгі түркілер сәби дүниеге келгенге дейін баланың бесігінің жанына осы заттарды іліп қойған.

Жалпы әлемдік мифология қойнауына тереңінен үңілер болсақ, Құдай-Ананың маңызды қызметінің бірі - оның мәдениетке, өнерге, құпия білімге қамқорлық жасауы секілді мотивтер жиі кездеседі. Мұның барлығы баланың әлеуметтік ортаға сіңісіп, жақсы мен жаманды ажырата алуына оң әсерін тигізеді деген ойдамын [5].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ ертегілері. (Құраст. Е. Дүйсенбайұлы). – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 бет.
2. Қазақ халқының ауыз әдебиеті: оқу құралы / М. Ғабдуллин. - Алматы: Рауан, 2013. - 455 бет.
3. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе: – Алматы: «Зерде», 1999. – 304 бет.
4. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 168 бет.
5. Шығыс халықтарының мифологиясы, аңыздары мен ертегілері: хрестоматия / А.А. Кенжебаева, Л.А. Кенжебаева, Н.А. Кенжебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 396 бет.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ

Темиралиева Ляззат Муратбековна,
7М01201-Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың педагогикасы мамандығының 2 курс магистранты
Нарибай Роза Жұмбайқызы,
Бастапқы әскери дайындық кафедрасы
Биология ғылымдарының кандидаты, доцент
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының алдында қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, өмірде өз орнын табатын, тәуелсіздігімізді нығайтып, елімізді көркейту үшін өмірге жаңаша қарайтын креативті тұлға тәрбиелеу мәселесі тұр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында мектеп жасына дейінгі балалардың «танымдық және зияткерлік

дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады» және «әлеуметтік-эмоционалды

дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;

өмірдегі жағдайларды шешу...заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды» - деп көрсетілген [1].

Яғни, білім беру ісінде креативті ойлауына назар аударылып, халқымыздың «баланы жастан» деген қағидасын өрбіте отырып, саналы ойы мен жүйрік тілін, қоршаған адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуы және өмірлік маңызды дағдыларды мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру кезеңінде жетілдіру керектігі меңзелген.

Креативтілік туралы ғылыми тұжырымдар Дж.Гилфорд пен Э.П.Торренстің еңбектерінен бастау алады. XX ғасырдың 50-60 жылдары Дж.

Гилфорд ойлауды екіге бөліп қарастырды. Оның біріншісіне шығармашылық

ойлауды, ал екіншісіне креативті ойлауды жатқызады да, өз пікірін былайша дәйектейді: «Креативтілік интеллектуалдық жаңашылдық пен тосын, өзгеше идеяларға ұмтылыс, семантикалық өзгерістерге икемділік (мәселені басқа қырынан көре алу), бейнелік-адаптацияға икемділік (жасырын сырын тануға қабілеттілік), семантикалық стихиялық икемділік (осы мақсатқа бағытталмаған жағдайдың өзінде жаңа идеяларды шығару мүмкіндігі). Ғалым креативтілікке тән мынадай сипаттарды жүйелеп көрсетеді:

- проблемаларды таба білу және қою қабілеті;
- еркін сөйлеу – көптеген идеяларды тудыра білу;
- икемділік – әртүрлі идеяларды шығару мүмкіндігі;
- өзіндік ерекшелігі – стандарттан тыс, дара ойлау қабілеті;
- объектінің бөлшектерін түрлендіру, жетілдіру мүмкіндігі;
- талдау және синтездеу қабілеті [2].

Осы аталған сипаттардың қай-қайсысы да тілдік қатынастың дамуын

қамтамасыз етеді. Сөз – ойдың сыртқа шыққан көрінісі болғандықтан, ол адамдар арасындағы тілдік қатынастың сапасына да тікелей әсер етеді. Тілдік қатынасты жүзеге асыратын – сөйлесім әрекеті» болса, оның тиімділігін қамтамасыз ететін бірден-бір шарт – тұлғаның дара ойлауы, жаңа идеяларды тудыра алуы, проблеманың өзгеше шешімін таба білуі, кез келген мәселені басқа қырынан көре алуы екені де даусыз.

Философиялық сөздікте «креативтілікті» (латынның «creo» - шығару, жасау деген сөзінен) проблема немесе жағдайға жаңа ерекше көзқарас тудыруға әкелетін шығармашылық әрекетке қабілеттілік» - деп анықтайды [3].

Жалпы «creativity» сөзінің тарихына көз жүгіртсек, ағылшын тілінде ғасырдың басынан бастап, әсіресе Д. Чосердің «Дін қызметшісінің уағыздарында» құдайдың жаратылысын білдіретін ұғым ретінде кездеседі екен.

Алайда, оның адамның шығармашылық әрекеті ретіндегі қазіргі мағынасы XVIII ғасырда Еуропада Ағарту дәуірінен кейін пайда болған. Философиялық энциклопедиялық сөздікте «креативтілік» ұғымы жаңа нәрсені қандай да бір жолмен жүзеге асыру мүмкіндігі немесе жасау қабілеті ретінде сипатталған [4].

Психологиялық-педагогикалық сөздікте ««креативтілік» ұғымы ойлауда, сезімде, қарым-қатынаста, әрекеттің жеке түрінде көрініс табатын адамның шығармашылық мүмкіндіктері, түрлі бірегей идеяларды тудыру қабілеттілігі» делінген [5].

Жалпы, сөздіктердегі анықтамалар бойынша «креативтілік» дегеніміз жаңа зат немесе тың шешім ойлап табу, идеяларды тудыру немесе түрлі нұсқаларды іздеу қабілеттілігі деген пікірлердің, «креативтілік» терминін қазақ тілінде «жасампаздық» сөзімен алмастыра отырып, яғни, жасағыштық, ойлап тапқыштық мәнінде де, жаңалықты қолдап, адамдарға жаңа серпіліс беретін идеяларды жүзеге асыру деп те түсіндірілетінін байқадық.

«Креативтілік» ұғымы ғалымдардың зерттеу жұмыстарында тез ойлап табу, әрекет нәтижесінде айрықша идея шығару, жаңа дүние жасау, білім мен ғылымның барлық салаларында жаңалық ашу, аяқ астынан ақыл табу, терең сезім, толғаныс, интеллектуалдық биіктік, ойлаудың дәстүрлі шеңберінен шығу, проблемалық жағдаяттарды шеше алу, ұшқыр ойлылық деп анықтама беріледі. Осыдан, креативтіліктің өркендеуіне, дамуына, нәтижеге жетуіне бағытталғанын байқаймыз. Жоғарыдағы берілген анықтамаларды қарастыра отырып, ғалымдардың креативтілікті ерекше қабілет, қалыптан тыс ойлау түрі, нәтиже, іс-әрекет ретінде тұжырым жасайды.

Креативтілікті педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, зерттеушілердің оны шығармашылық қабілет ретінде сипаттайтынын, оның көрінісі мен дамуының қиял мен шығармашылықпен байланысты екеніне назар аударадық. Демек, зерттеушілердің «креативтілік» ұғымын жеке тұлғаның қасиеті ретінде қарастыруы да қисынды деп саналады.

Тұлғаның дамуы адам өмірінде жүреді және тұлғаның маңызды критерийлерінің бірі-креативтілік, өйткені адам өмірінде қиял шығармашылықтың көрінісін қамтамасыз ететін ішкі механизм ретінде дамиды. Креаттивтілік-бұл жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін көрсететін жеке қасиет. Креатив ұғымын таңдану және тану қабілеті, стандартты емес жағдайларда шешім таба білу, жаңасын ашуға бағытталған және өз тәжірибесін терең түсіну қабілеті деп түсіндіреді.

Креативті белсенділіктің қажеттілігі кездейсоқ пайда болмайды.

Оқушыларға дайын білімдердің белгілі бір көлемін айтып қана қоймай, оларды белсенді шығармашылық ізденіс барысында ойлауға, дербестікті көрсетуге, өз бетінше қажетті қорытындыға келуге үйрету өте маңызды. Сол себептен мұғалім әр баланың жеке қасиеттеріне сүйене отырып, оны үнемі оқушылардың бойында қалыптастырады және дамытады.

Креативтіліктің өзектілігі шығармашылық ойлауды дамыту қажеттілігінде,өйткені қазіргі қоғамға білімді, шығармашылық шешімдер қабылдауға қабілетті, логикалық ойлауы дамыған, өмірде өз орнын таба алатын жеке тұлғалар қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың басталуы және оған дайындық олардың дамуының маңызды психологиялық заңдылықтарын ескеру қажеттілігімен байланысты. Сонымен, мектепке дейінгі жастағы балаға дұрыс көзқараспен қоршаған әлемді тұтас қабылдау, визуалды – бейнелі ойлау, логикалық ойлаудың басталуы, ақыл-ой операцияларымен жұмыс істеу қабілеті, сөйлеу және креативтілік,шығармашылық қиял қарқынды дамиды.Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаев былай деген: «Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау – жанның өте бір қиын,терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр.Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде, сақтықпен басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек» [6].

Мектепке дейінгі кезеңде ойлаудың әртүрлі түрлері пайда болады, ал біреуі екіншісінің пайда болуына негіз болады. Ойлаудың ерекшеліктері баланың өсу жолында түсінетін тәжірибесі мен біліміне тікелей байланысты. Ойлау-бұл адам өз тәжірибесін қолдана алатын,

бұрын алған біліміне сүйенетін құрал. Ойлауды дұрыс жұмыс істеуге үйрету өте маңызды,ол үшін мектепке дейінгі жас, ақыл-ой белсенділігінің пайда болуы мен дамуының ерекше кезеңі болып табылады. Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Нәресте айналасындағы дүниені бірінші сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңіте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым-қатынасқа түскенде ғана оның ойлау шеңбері кеңейетін болады.

Мектепке дейінгі жаста балалар ақпаратты қабылдауды, ойлауды, сөйлеуді үйренеді, сонымен қатар заттармен өзара әрекеттесудің әртүрлі тәсілдерін игере бастайды, белгілі бір ережелерді үйренеді және мінез-құлқын басқара бастайды. Ойлаудың дамуы баланың әлеуметтік шығу тегі бар практикалық және танымдық әрекеттерді белсенді игеруімен жүреді.

Ғалымдардың жүргізген зерттеулерге сәйкес, ақыл-ой іс-әрекетін дамытудың негізі ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыру және жетілдіру болып табылады. Баланың қандай ақыл-ой әрекеттері бар, ол қандай білімді алатындығына және оны қалай қолдана алатындығына байланысты. Мектепке дейінгі жастағы ойлауды дамыту процесі сыртқы бағдарлау әрекеттерін игеру мен интериоризациялаудың жалпы заңына сәйкес жүреді. Ересек мектепке дейінгі жаста визуалды-бейнелі ойлау жетілдіріліп, сәйкес жоғары деңгейге көтеріледі. Мектепке дейінгі жаста балалар қоршаған әлем туралы білімді игере алады. Олар объектілердің синонимдері мен сипаттамаларын неғұрлым көп білсе, соғұрлым олар дамыған болады. Дамудың мектепке дейінгі кезеңіндегі балалар үшін пәндер арасында жалпылау, байланыс орнату қабілеті норма болып табылады. 5-7 жаста олар көбірек қызығушылық танытады, бұл көптеген сұрақтарға, сондай-ақ жаңа білімді ашу үшін тәуелсіз әрекеттерге әкеледі. Мектепке дейінгі балаларға тән ойлау түрлері [7]:

- 10-көрнекі-тиімді 3-4 жасқа дейін басым болады (объектілерді манипуляциялау арқылы таным);
- көрнекі-бейнелі 4 жастан асқан балаларда белсенді болады (объектілерді, құбылыстарды бейнелеу арқылы таным);
- 5-6 жас аралығындағы балалар ауызша-логикалық меңгереді (ұғымдар, сөздер, пайымдаулар арқылы таным).

Мектеп жасына дейінгі баланың ойлауындағы өзгерістер біріншіден, кеңейтілген ойлау процесінің көрінісімен – пайымдаумен, екіншіден, практикалық және ақыл-ой әрекеттері арасындағы қатынастарды қайта құрумен, үшіншіден, ақыл – ой операцияларының қарқынды дамуымен байланысты болады. Шығармашылық әлеуеті бар, өзін-өзі дамытуға және өзінөзі жетілдіруге қабілетті, өсіп келе жатқан проблемалар ағымын жеңе алатын тұлғаны тәрбиелеу бала кезінен басталады. Шығармашылық қабілеттер - бұл әр түрлі шығармашылық қызметті жүзеге асырудың сәттілігін анықтайтын немесе басқаша түрде шығармашылық деп аталатын адам сапасының жеке ерекшеліктері. Мектепке дейінгі балалық шақ креативті дамыту үшін қолайлы кезең болып табылады, өйткені бұл жаста балалар қызығушығы артады, олар қоршаған әлемді білуге деген үлкен жетістікке ие.

Қорыта келгенде, тәрбиеші-педагог әр баланың мінез құлқын, ішкі қабілеттіліктерін мүмкіндіктерін зерттеп жетік білумен бірге, оларға жоғары сенімділікпен, өзара түсіністікпен қарап, әрқайсысының бойындағы сәл көрінген қабілеттерін әрі қарай дұрыс бағытта дамыта білуі қажет.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. -Астана, 2022 ж. 3 тамыз. (ҚР ОАҒ №348 бұйрығы).
2. Креативность http://ru.knowledgr.com/00106243/ 20.11.2020.
3. Философия: Энциклопедический словарь. М.: Гардарики под редакцией А.А. Ивина. 2004.
4. Чернилевский Д.В. Креативные аспекты становления образовательной системы. - М., 1996.
5. Психологиялық - педагогикалық сөздік.-Астана, 2019
6. Жұмабаев М. Педагогика. -Алматы, 2022.
7. Нұрбекова С.М. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту. 8D01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.- Алматы, 2023

БАСТАУЫШ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ МОБИЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бергенова Айдана,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Амирова Амина Слямхановна,
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сыныптарда оқытудың мобильдік технологияларды пайдалануда білімді жандандыру үшін әртүрлі оқу тапсырмаларын қолдануға болатындығы туралы айтылады. Көп тараған технологиялардың бірі мобильдік оқыту технологиясы, белсенді танымдық іс-әрекет негізінде проблемалық жағдаяттарды өздігінен шешуге жетелейді. Мұның нәтижесінде білімді, білікті, дағдыларды ізденімпаздықпен пен іске асыру, яғни тиісті ойлау әрекеті дамиды.

Түйін сөздер: мобильдік технология, бастауыш сынып, интерпретациялық белсенділік, фактор, шығармашылық белсенділік.

Аннотация. В данный статье говорится о том, что обучение в начальных классах позволяет использовать различные учебные задания для активизации знаний при использовании мобильных технологий. Одна из распространенных технологий заключается в том, что мобильные технологии обучения ведут к самостоятельному решению проблемных ситуаций на основе активной познавательной деятельности. В результате этого развивается поиск и реализация знаний, умений, навыков, то есть соответствующего мышления.

Ключевые слова: мобильная технология, начальный класс, интерпретационная активность, фактор, творческая активность.

Abstract. This article says that primary school education allows you to use various learning tasks to enhance knowledge when using mobile technologies. One of the most common technologies is that mobile learning technologies lead to the independent solution of problem situations based on active cognitive activity. As a result, the search for and realization of knowledge, skills, that is, appropriate thinking develops.

Key words: mobile technology, elementary grade, interpretive activity, factor, creative activity.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа технологиялар арқылы халықты ауқымды реформаларға қатыстыру жөніне тоқталды. Білім беру мәселелері бөлімінде барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік беру – тұтас қоғам дамуының кепілі. Бұл ұстаным, әсіресе, білім саласы үшін өте маңызды. Шын мәнінде, білім беру мәселелері әрқайсымызды толғандырады. «Жалпы, білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияның рөлі айрықша. Мобильді операторлардың «Білім» тарифі карантин уақытында қашықтан оқытуға кеңінен жол ашты. Соның арқасында Қазақстанның 600 білім беру ресурсын шектеусіз пайдалануға мүмкіндік туды. Бұл қадам оқушылардың арасындағы цифрлық теңсіздікті азайтуға айтарлықтай ықпал етті», - деп атап көрсетті [1. б. 4]. Осы мақсатқа сәйкес мобильдік технологиялар арқылы бастауыш сыныптарда оқушыларының танымдық белсенділігін арттыруда алдына қоятын мақсатын анықтап алуды жөн көрдік.

Ғылыми зерттеу барысында біз педагогикалық технологияны өзіндік жұмыстар негізінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттырудың арнайы ғылыми негізделген формалары, әдістері, тәсілдері мен құралдары ретінде қарастырамыз.

Оқушыларды мобильдік технологиялар арқылы танымдық белсенділігін арттыруда ізденімпаздыққа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынадай:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
3. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу. (Сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар)
4. Берілген тапсырмаларды түрлендіру бағытындағы жұмыс. (тапсырмалар құрастыру т.б.)
5. Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда кері есептер құрастыру.

Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен танымдық белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан. Сондықтан қандай да бір пән болмасын, сол пәнге оқушының қызығушылығын, танымдық белсенділігін қалыптастыруды тудыру жолдары, шарттары мен қолданылатын жұмыс түрлерін нақтылап ұсынуға болады. Бүгінгі таңда оқушылардың пәнге қызығушылығы мен оқу белсенділігін арттырудың маңызы зор.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың мобильдік технологиялар арқылы танымдық белсенділігін арттыруды оқытудың педагогикалық технологияларын пайдаланудың мақсаты – оқушылардың жеке басын дамытуға бағытталған білім мазмұнын тұлғалық-бағыттаушылық материалдарымен толықтырылып, олардың қажеттілігін өтейтін, танымдық қызығушылығын арттыратын, білімді меңгеруде өздіктерінен белсенділік танытуға ынталандыратын, нәтижелі іс-әрекетке түсуге жұмылдыратын, өздігінен қорытынды жасай білетін Түйін құзыреттілік-терді меңгерген, қабілетті тұлға қалыптастыру.

Педагогикалық технология өзінің айқын түсініктілігімен, мұғалімнің меңгеруіне қарапайым жеңілділігімен, оқыту үдерісінде қолдану тиімділігімен және әмбебаптылығымен ерекшеленеді. Сонымен педагогикалық технология оқытудың тиімді жолдарын зерттейді, оқыту үдерісінде қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидалар болып табылады.

Мобильді технологияларды пайдалануда төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру қажет:

1) оқушылардың тұлғалық-бағдарлы дамуының ескерілуі;
2) оқыту үдерісінің кез-келген кезеңіндегі оқушы дайындығының іске асырылуы мен кепілдігінің міндеттілігі;
3) оқыту технологиясында пайдаланылатын педагогикалық ақпараттың міндеттілігі;
4) оқушылардың білімді меңгерудегі танымдық белсенділігінің ескерілуі;
5) оқушылардың өздіктерінен қорытынды жасауға, белсенді іс-әрекетке түсуін қамтамасыз ету;
6) оқыту үдерісін жоспарлағанда іс-әрекеттің, оқу материалымен оқыту материалының дәлелдігінің бірлігі;
7) оқыту үдерісінің мобильдік технологиялар негізінде іске асырылуы;
8) оқушылардың мобильдік технологиялар негізінде танымдық белсенділігін арттыруды ұйымдастыру;
9) мобильдік технологиялар негізінде танымдық белсенділікті нәтижелі шығармашылық іс-әрекетке жеткізу.

Бастауыш сыныптарда оқытудың мобильдік технологияларды пайдалануда білімді жандандыру үшін әртүрлі оқу тапсырмаларын қолдануға болады. Көп тараған технология-лардың бірі мобильдік оқыту технологиясы, белсенді танымдық іс-әрекет негізінде проблемалық жағдаяттарды өздігінен шешуге жетелейді. Мұның нәтижесінде білімді, білікті, дағдыларды ізденімпаздықпен пен іске асыру, яғни тиісті ойлау әрекеті дамиды.

Оқытуға қойылатын мақсатқа жетудегі басты фактор тұлғаның белсенділігін арттыру проблемасына байланысты. Былайша айтқанда, тұлғаның жалпы дамуы, ақыл-ой жұмысына бейімділігі, оқыту принциптеріне байланысты білімнің мазмұнын, формасын, әдістерін менгерумен, сондай-ақ оқытудың стратегиялық бағдарына үйлесімділігін арттырып, олардың танымдық белсенділігін арттырып, берілетін ақпараттың көлемін молайтумен қатар оған бақылауды жетілдіруді назарда ұстаумен де шарттас болады. Мобильдік технологиялар арқылы оқу-танымдық тапсырмалар тұлғаның оқудағы белсенділік деңгейінің өрістеуінде

оның логикалық дамуы да ескерілуге тиіс. Сондай-ақ, тұлғаның жеке басының өзіне ғана тән ерекшеліктерімен қатар оқуға деген ынтасы, мотиві айтарлықтай мәнге ие болады. Мобильдік технологиялар арқылы оқу-танымдық тапсырмаларды орындау белсенділігі күнделікті оқу іс-әрекетінде кездесетін міндеттерді шығармашылықпен орындай алу қабілетінен көрініс табады.

Бастауыш сынып оқушысының практикалық іс-әрекетке белсенділігін көтеру 3 деңгейде қарастырылады. Қабылдау белсенділігі - оқушының ұғынудағы талпынысын сипаттайды және білімді қабылдауы, есте сақтауы, меңгеру тәсілдерін біліп, үлгіні тұтына алу тұрғысынан қарастырылады. Интерпретациялық белсенділік – шәкірттің оқылған материалдың мәнін ұғынып, ондағы білімдік түсінікті өзгерген жағдайға үйлесімді пайдалануымен және сол тәсілді жаңғыртып қолдана алуы тұрғысынан ескеріледі. Шығармашылық белсенділік - оқушының білімді теориялық жағынан ұғынуға ұмтылып, проблеманы шешуде өзіндік ізденіс танытып, танымдық қызығушылығын жетілдіріп өркендетеді.

Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелер дәлелдеген деректерге сүйенгенде оқушылардың белсенділігі педагогикалық, психологиялық жағдайға тәуелді. Оқытудағы белсенділік тұлғаның ұстанған тәсіліне, өзін субъект ретінде көрсетуіне, өзіндік «мендік» әрекетіне де байланысты.

Нақты жағдаятты талдау - оқушының іс-әрекеттегі белсенділігін ұйымдастыруда мәні зор тиімді әдіс. Өмір мен өндірістегі міндеттерден туындайтын нақты жағдаятты талдай алудың әдістерін игеру тұлғаның қабілетін дамытатын жол. Тұлға нақты жағдаятты кезіккенде алдымен мына мәселені айқындап алуы керек: осындай проблема бар ма, ол неліктен туып отыр және оған өзінің қарым-қатынасын белгілеуі қажет. Қазіргі зерттеулерде ситуация мәні мен түріне қарай проблемалық жағдаят, жағдаятты бағалау, иллюстрациялық жағдаят, жаттығу жағдаяты т.б. болып топтастырылуда.

Проблемалық жағдаят - нақты өмірден жинақталған деректердегі шиеленіс. Әбден матаса шиеленіскен мәселені шешуге талаптанған тұлға оған бейне бір актерше қарап, жағдаятты шешудің өзіндік жолын ұсынады немесе мұны шешу мүмкін емес деген пайымдау жасайды.

Жағдаятты бағалау - оқиғаға байланысты мәселе талданып, одан шығудың жолы шешіліп қойған. Осыған дейінгі қабылданған шешімге жан-жақты мән беріп, сын көзбен қарай отырып баға беріледі. Болған оқиғаға байланысты айғақтарды талдап, дәлелдеп қорытынды жасайды. Тыңдаушылар мәселеге араласпай, тек сырттай бақылаушы дәрежесінде қала береді.

Иллюстрациялық жағдаят - тиісті тақырыпқа байланысты күрделі мәселені шешу үшін оқытушы тапсырған тапсырма бойынша жүргізіледі де, тиісті тұжырымдама бойынша жасалады. Әрине, мұнда өзінше пайымдама шығаруға мүмкіндік аздау болады. Өйткені келтіріліп отырған мысал, дерек жөніндегі ситуацияға баға беріліп, айқындалып қойғандықтан оны басқаша шешудің қажеті де бола бермейді.

Жаттығу жағдаяты - оқушыға белгілі дәрежеде дағды қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Жағдаят туғызған проблеманы шешуге байланысты шығарылған тұжырымдама жөнінде ойланып, оны зерттеу тұлғаға белгілі дәрежеде мәселеге әр жақты қарау дағдысын қалыптастырады. Бұл әдіс тиісті тәжірибені сараптап, одан қорытынды шығару дағдысына машықтандырады. Түрлі тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді [2. б. 310] .

Мобильдік технологиялар арқылы оқу-танымдық тапсырмалар міндетті түрде мұғалімнің басшылығы мен оқушылардың дербестігін, яғни қызығып, өз ықыласымен танымдық белсенділігін арттыратын әрекетін де қажет етеді. Сондықтан олардың мобильдік технологиялар арқылы оқу-танымдық тапсырмаларды орындауда дер кезінде басшылық жасап, көмек беріп, дер кезінде бағыт беріп, сырттай бақылап отыру қажет. Мысалы, оқушылардың сабақ үстінде меңгерген оқу материалдарын пысықтау үшін оқулықпен не басқа құралдармен, мобильдік технологиялармен жеке жұмыс істеу, шығармашылық тапсырмалар танымдық белсенділігін арттыру мақсатындағы жұмыстар т.б. жатады.

Мобильдік технологиялар арқылы оқу-тапсырмалары үшін кейде танымдық белсенділікті арттыруды көздеп, әрбір оқушыға жеке түрде беріледі. Бұл жағдайда тапсырмаларды, әр

оқушының білім деңгейін ескере отырып, сараптауға болады, сонда жұмыстың өз бетімен орындалу дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етіледі. Мобильдік технологиялар арқылы оқу-тапсырмалары екі түрлі болады. Оның бірі сыныпта, екіншісі үйде орындалатын тапсырмалар. Сыныптағы оқу-танымдық тапсырмалар негізінен тексеруге байланысты орындатылады. Үйде орындалатын тапсырмалар бақылауға, білімін тереңдетуге, тексеру, түзету үшін беріледі. Дұрыс ұйымдастырылған сыныптағы оқу тапсырмалары оқушылардың қабілетін, жеке ойлау мүмкіндігін және мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал етеді. Мұғалім үнемі әр сабақта оқу-тапсырмаларын ұйымдастыруда оның тексеру, даярлық жаттығуларын түрлендіріп отыруы тиіс, - деп санаймыз.

3-сынып бойынша төмендегі тақырыптарға тапсырмалар жүйесі дайындалып, тәжірибеден өткізіліп жатыр [3. б.20-21].


3-сынып «Жаратылыстану» пәні бойынша құрастырылған тапсырмалар жүйесінен мысал келтіреміз.

Сабақтың тақырыбы: Жер қабықтары қалай орналасқан?

1-тапсырма:

Өткенді қайталау.

Сабақтың басында *Quizizz.com* ойындары арқылы топтық талқылау жасап, жер қабаттарын еске түсіреміз. *https://quizizz.com/admin/quiz/626399dfebb591001dcaa6d8*



1-сурет-Жер қабықтары

2-тапсырма

Биосфера компоненттеріне нелер жатады?

Жұптық жұмыс

https://learningapps.org/25115946

Биосфера басқа қабықтармен қалай байланысады? Суреттің көмегімен биосфера өкілдері Жердің басқа қабықтарынан не алатынын әңгімеле.Өзі оларға не береді?

Оқушылар биосфера картасымен жұмыс жасайды, белгіленген затты жазады:

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға арналған алғашқы тапсырмалар оқу материалын меңгертуге байланысты болады. Сабақ үстіндегі оқу тапсырмаларын тексеру барысында ұсынылатын жұмыстар оның тиімділігін көрсетті. Ол үшін мұғалім мобильдік технологиялар арқылы оқу-тапсырмасының алдына қойылатын міндеттерді жетік білуі тиіс.

Ал оның міндеттері төмендегідей: жаратылыстану сабағында оқушылардың оқу дағдысы мен біліктілігін қалыптастыру үшін оқылған мәтінннің мазмұнын толық түсінуімен байланысты. Әрбір сабақтың оқу тапсырмалары пәннің ерекшелігіне байланысты оны орындау барысында танымдық белсенділігін арттыратындай жұмыс түрлерін, формаларын өзгертіп отырады.

Мобильдік технологиялар арқылы оқу-тапсырмаларын орындатудағы басты талап – дұрыс әрі тез орындауға негіз болатын білім көзі. Мобильдік технологиялар арқылы оқу-тапсырмаларының жалғасы ретінде үйге берілген өзіндік тапсырмалар сабақтың бөлінбейтін бөлігі болғандықтан, оның мақсаты сабақта алған білімнің оқушының жеке басының қабілетін дамытуға бағытталды. Біз мобильдік технологиялар арқылы оқу-тапсырмалары өзіндік жұмыстарды ұсынғанда төмендегідей дидактикалық міндеттерді шешуді көздедік:

- мобильдік технологиялар арқылы оқу-тапсырмалары арқылы сабақта алған білімін, білігін, дағдысын бекітуде танымдық белсенділігін арттыру;
- мобильдік технологияларды пайдаланып, сыныпта өткен материалдарды кеңейту, тереңдету барысында танымдық белсенділігін арттыру;
- өзіндік жұмысты орындау дағдысы мен біліктілігін қалыптастыру.

Мобильдік технологиялар арқылы әртүрлі деректерден алынған мәліметтерді дұрыс қорытындылау үшін, оны білімге айналдыру оқушылардың өз мүмкіндіктерін барынша жұмылдыруға бағыттайды. Олар оқу барысында өздігінен шешім қабылдауға, әрі оған жауапкершілікпен қарап, еркін, мақсатты түрде жұмыс істеуге үйренеді, - деген тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында сөйлеген сөзі (2021 жылғы 25 ақпан) . – Астана, 2021 жыл.
2. Амирова А.С. Ғылым мен бастауыш білім берудің қазіргі мәселелері. – Алматы, 2017. – 380 б.
3. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 3 сыныбына арналған оқулық. – Астана, 2018. – 88 б.

СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАБЫСТЫ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Манақбай Аяулым,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Амирова Амина Слямхановна,
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Аннотация. Бұл мақалада оқыту мен оқудағы сыни тұрғыдан ойлау сияқты күрделі міндеттермен қатар, бұл үдеріс анықталмаған болжамдар мен құндылықтарды, проблемаларды мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, түрлі міндеттерді шешуде басымдықтарды белгілеудің маңызын түсінуді қамтитыны туралы айтылады. Сыни тұрғыдан ойлау қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі болып табылады.

Түйін сөздер: сыни ойлау технология, объективті қабылдау, факт, оқыту үдерісі, тұжырым.

Аннотация. В данный статье утверждается, что помимо сложных задач критического мышления в преподавании и обучении, этот процесс включает в себя признание неопределенных предположений и ценностей, признание проблем и поиск эффективных средств их решения, а также понимание важности определения приоритетности различных задач. Критическое мышление – это тип мышления, предполагающий использование аналитического подхода в распознавании смысла информации, полученной в результате наблюдения, опыта, размышления, ее оценки и анализа.

Ключевые слова: технология критического мышления, объективное восприятие, факт, процесс обучения, вывод.

Abstract. This article argues that in addition to the complex tasks of critical thinking in teaching and learning, this process includes recognizing vague assumptions and values, recognizing problems and finding effective solutions to them, as well as understanding the importance of prioritizing various tasks. Critical thinking is a type of thinking involving the use of an analytical approach in recognizing the meaning of information obtained as a result of observation, experience, reflection, evaluation and analysis.

Key words: critical thinking technology, objective perception, fact, learning process, conclusion.

Қ.К.Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауының үшінші бағдары ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция бөлімінде: орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды, - деп көрсетті [1. б. 4]. Осы тұрғыда заманауи мектептің бірінші кезектегі міндеті – өз көзқарасын қалыптастырып, дәлелді түрде қорғай алатын, алдына мақсат қойып, оған жетудің тиімді жолдарын таба алатын, ойлау қабілеті жоғары, іштей еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Бұл мәселені шешудің ең тиімді жолы – мектеп оқушыларының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеті проблемаларды көре білуді, стандартты емес шешімдерді табуды, өзінің интеллектуалдық белсенділігіне рефлексия жасауды, өз іс-әрекетін талдауды және жіберілген қателерді анықтауды қамтиды. Сонымен қатар, ойлаудың бұл түріне жаңа идеяларға ашықтық, дүниенің қыр-сырын түсінуге әкелетін объективті қорытындылар жасай білу жатады.

Д. Клустер сыни ойлау туралы бес түрлі тұжырым жасаған. Олар:

- *Біріншіден*, сыни ойлау ол өздігінен ойлау болып табылады;

- *Екіншіден*, білім сыни ойлаудың соңғы пункті болмайды;
- *Үшіншіден,* сыни ойлау сұрақ қоюдан басталып, мәселені айқындау мен шешуден тұрады;
- *Үшіншіден*, сыни ойлау сұрақ қоюдан басталып, мәселені айқындау мен шешуден тұрады;
- *Бесіншіден,* сыни тұрғыдан ойлау, ол әлеуметтік ойлау [2. б.5].

Енді автордың әрбір тұжырымын қорытатын болсақ:

- Бірінші жағдайда әр білім алушы өз басымен ойланып, тіпті қиын тапсырманың өзін өздігінен шешуі тиіс. Білім алушы тұлғасы идеясының жаңалығы, өзіндік пікірі, дәлелдеуі, басқаларға жеткізуде оны көндіруі сыни ойлау технологиясының маңызды сипаты болып табылады.
- Екінші тұжырым бойынша білім мотив тудырады, онсыз адам сыни ойлай алмайды. Ол үшін білім алушы тұжырымдаманы, теорияны, мәтінді, идеяны, нақты фактілерді ой елегінен өткізуі тиіс. Адам кез келген жаста сыни тұрғыдан ойлай алады, дегенмен оқыту мен оқу барысында толығымен өздігінен сыни ойлауды жетілдіре алады.
- үшінші тұжырымдамасы бойынша адам өзінің табиғаты жағынан әр нәрсені қызығып, оны көруге мән береді. Егер, жаңа нәрсені көрсек ол не екен деп білуге талпынамыз, - деп ойлаймыз.
- Төртінші тұжырым – сыни ойлайтын тұлға өзінің пікірін проблеманы шешуде пайымды негізделген ойлармен жеткізеді, әрі өзіне сенімді болады. Ол проблеманың басқа да шешімі барын түсінеді, дегенмен өзінің пікірін яғни таңдаған шешімі логикалық тұрғыдан дұрыс және табысты, - деп санаймыз.
- Бесінші тұжырымына тоқталсақ, ол қандай ой болса да, біреумен бөліскен соң тексеріледі, шыңдалады, - деген пікірге келеміз.

Сыни ойлау - оқыту үдерісінде білім алушыларда дағды мен іскерлік кешенін біртіндеп қалыптастыру. Яғни, білім алушылар сабақта белсенді, ақпаратты іздеуші, алған білімін өзінің тәжірибесінде қажет кезінде қолдана алатын, білімін осы саладағы басқалармен салыстыра алатын пәнішілік және пәнаралық байланысты өздігінен қоя алатын, шешім қабылдауда пікірін дәлелдей алуы керек, - деп тұжырым жасаймыз.

Л.М.Искакова сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы идеяларды жинақтап ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі үдеріс ретінде көптеген мәселелер мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы, тек қажетті ақпараттарды жинақтап, жаңа білімдерін бұрынғыдан ажырата алуға көмектесу қабілеті, - деген анықтамасын ұсынған [3. б. 49].

Сыни тұрғыдан ойлау – мағыналы сұрақтар қою, дәлелдер табу және осы негізде негізделген шешім қабылдау; проблемалау, талдау және рефлексия, мағыналы ойлау дағдыларын меңгеру: ойластырылған сұрақ қою, мұқият тыңдау, әртүрлі көзқарастарды объективті қабылдау, өз ұстанымын тұжырымдау және негізді дамыту (фактілерді, мәндерді және құндылықтарды түсіну және қатынасу); ауызша қарым-қатынастың (талқылаудың) басқа қатысушысын тыңдау және есту қабілеті болып табылады.

Сыни тұрғыдан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын технология болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді. Бастапқы деңгейде сын тұрғысынан ойлау үдерісі:

- тиісті ақпарат жинауды;
- дәлелдерді сыни тұрғыдан талдау мен бағалауды;
- кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар;
- ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды.

Оқыту мен оқудағы сыни тұрғыдан ойлау сияқты күрделі міндеттермен қатар, бұл үдеріс анықталмаған болжамдар мен құндылықтарды, проблемаларды мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, түрлі міндеттерді шешуде басымдықтарды белгілеудің маңызын түсінуді қамтиды. Сыни тұрғыдан ойлау қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі.

Бастауыш сынып оқушыларының табысты іс-әрекетін қалыптастыру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекет түрлерін үйлестіре жүргізгенде ғана мүмкін болады,- деп санаймыз. Өйткені, *біріншіден,* бастауыш сынып оқушылары үшін еңбек табыстылығы ойында, еңбекте, оқудағы іс-әрекет үстінде көрінеді. Осы әрекеттердің қайсысын болса да оқушылар аса жауапкершілікпен орындайды.

Екіншіден, оқушының өз еңбегіне қанағаттану сезімі оның сабақтағы материалды меңгеруіне байланысты болады. Демек, өткен немесе жаңа сабақ бойынша берілген тапсырманы орындауы сапалы болады.

Үшіншіден, табыстылықпен еңбек етуге талаптанады. Оған оқушылардың өз шығармашылығымен еркін тақырыпқа құрастырған ертегілерінен, мәтін мазмұнына сәйкес қиялы бойынша салған суреттерінен, өткен тақырыпқа ұқсас өлең, тақпақ шығару, логикалық тапсырмаларды орындауынан, анаграмма, ребус құрастыруларынан табысты іс-әрекетін көруге болады.

Табысты іс-әрекет белгілерінің біріне баламалы шешімді көре білуі және оны іздестіре білуге ептілік жатады. Бұл белгінің мәні әртүрлі бірнеше шешім табу, шешімнің әртүрлі жолдарын іздестіру, объектінің әртүрлі және қарама-қарсы жақтарын көру.

Табысты іс-әрекеттің тағы екі белгісін атап өтуге болады. Бұлар түсіндіруді аса қажет етпейді. Олардың біріншісі – проблеманы шешудің бұрынғы танымал тәсілдерін жаңа жағдайға қиыстыру ептілігі.

Табысты іс-әрекеттің екінші белгісі – танымал шешімнің айрықша тәсілін құра білуге ептілігі. Табыстылық өзінің табиғаты бойынша айрықшалықты, іс-әрекет және білім стереотиптерінен бас тарту ептіліктерін талап етеді. Сондықтан оқыту бір жағынан стереотипті дағды, ептілік, білімді дағдыландыруы қажет, екінші жағынан бірмезгілде басқа білімдерді, іс-әрекеттің басқа тәсілдерін іздестіруді, олардан бас тарту қажеттілігінің мүмкіндігіне даяр болуға үйретуі қажет. Табысты іс-әрекеттің жоғарыда сипатталынып өткен белгілері өскелең жас ұрпақ меңгеретін ақыл-ой даму мазмұнының бөлігі болып табылады.

А.Үсенова табысты нәтиже – ол іс-әрекет нәтижесіне қол жеткізу, оның жеке тұлғаның дамуына ықпалы өте зор. Адамның іс-әрекет барысының нәтижесінде өзінің күшіне сенімі артады. Іс-әрекетті жүзеге асыру адамның білім, білік, дағдысын белгілі өзгеріске ұшыратады. Бұл өзгерістерді сипатына қарай «мінез-құлық, жүріс-тұрыс» деуге болады. Бұлар жеке тұлғаның практикалық іс-әрекетіндегі тиімсіз себептердің алдын алуға және оның дамуына көмектеседі. Адамның практикалық іс-әрекетіндегі бірінші ықпал мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, ал екіншісі - тұлғалық сапаларын өзгертеді. Әлеуметтік іс-әрекет – бұл кәсіби іс-әрекеттің ерекше түрі, обьектінің әлеуметтік мәселесін шешуге бағытталады, - деген тұжырым жасаған [4. б. 23]. Сондықтан зерттеу барысында «табыс» феноменінің мәнін ашу үшін маңызды мотивтер айқындалады: өзін-өзі мотивациялау, өзін-өзі бақылау, өзінің іс-әрекетін жоспарлау; өзін-өзі таныту, айналадағылармен қарым-қатынас жасай білу кабілеті, физикалық шыдамдылық, оқиғаны алдын ала болжау және ақылды шешім қабылдауға даярлық;
шығармашылық белсенділік, жаңашылдыққа ұмтылу және сын тұрғысынан ойлау, әлеуметтік бейімделу т.б.

Жоғарыда зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасай отырып, бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау арқылы табысты іс-әрекетіне жетуін қазақ тілі пәнімен байланыстыратын боламыз. Дайындалған тапсырмалар жүйесінен төменде мысалдар келтіреміз.


Қоян

Су бойында жайылып жатқан қойлар қастарынан зымырап өте шыққан қояннан үркіп, тас-талқан болып қашады… Сонда қоян ойланып:

– Менен де қорқатын хайуанаттар бар екен-ау, – деп көңілі орнына түседі. Кетпей, қайтадан ініне оралады…

Қоян күндегі әдеті бойынша ініне қашып кіреді. Әркім қуа бергеніне қорланып, ол қатты ыза болады.


– Мен көрінген нәрседен сескенем*. Бүйтіп әркімнен бір қорқып жүргенше тезірек аулаққа кетіп қалайын деп тұра кеп жөнеледі…




Әңгімелеу	Сипаттау	Пайымдау
Қандай? Қай?	Неліктен? Неге?	Не істейді? қайтеді?

Адам үстіме мінсе, мен алысын жақын етемін. Адамдар күшімді көреді, сүтімді ішеді. Олар қылымнан арқан еседі. Сондықтан жыл ағасы мен боламын.

Дәлелдеу пікірі | **Қорытынды бөлігі**





Сұрақтар	Жауаптар
1. Жарты жылда неше ай бар?	

2. Неше айдың аты «р» әрпіне аяқталады?	
3. Қай айда 28 күн бар?	
4. Сенбінің алдында келетін апта күнін ата.	
5. Сенбіден кейін үш күн өтті. Ол қай күн?	

Бұрыш 1 - мағынада	**Бұрыш 2 – мағынада**
	

Қорыта келе, сыни ойлау технологиясы арқылы бастауыш сынып оқушыларының табысты іс-әрекетін қалыптастыруда оқу белсенділіктері олардың дербестігі пен шығармашылығын дамытып, табыстылыққа жеткізеді. Белгілі бір мәселе туралы барлық идеяларды жинақтай келе, оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі үдеріс ол – сыни ойлау болып табылатынын ескеру қажет,- деген тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ атты Қазақстан халқына Жолдауы.2022 жылғы 1 қыркүйек.
2. Д. Клустер Что такое критическое мышление? // Критическое мышление и новые виды грамматоности. – М.: ЦГЛ, 2005. – С. 5-13.
3. Л.М. Искакова Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту. – Алматы, 2022. – 177 б.
4. А.Үсенова Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту. – Алматы, 2016. – 178 б.

ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАРЫ

Абуханова Ажар Базарбаевна,
Педагогика және психология жоғары мектебі, оқытушы-дәріскер
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Талдықорған қаласы

Аннотация. Қазіргі педагогтер алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін педагог үздіксіз ізденісте, кәсіби білікті болуы тиіс. Ол үшін орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердың кәсібилігін жетілдіру мен дамытудың заманауи бағыттары керек. Мақалада, педагогтердің кәсібилігін дамытудың заманауи бағыттары: педагогтің ұстанымы, көшбасшылығы, педагогтің өзгерістерге төтеп беретін қабілет түрлері, оқушыға бағдарланған білім талаптары қарастырылады. Осы мәселе бойынша жалпы орта білім берудегі педагогтердің кәсібилігін дамытудың заманауи бағыттары талданданып, өзектілігі дәлелденеді.

Түйін сөздер: Кәсібилік, педагогтің кәсібилігі, педагог ұстанымы, педагогикалық қабілет, педагогтың көшбасшылығы, оқушығы бағдарланған білім.

Аннотация. Задача перед современными педагогами: формирование компетентной личности в соответствии с уровнем развития науки и техники, обладающей глубокими знаниями учащегося, умеющей быть предприимчивой и мыслящей, способной работать на основе мировых стандартов. Для того, чтобы служить таким требованиям, педагог должен быть в непрерывном поиске, профессионально квалифицированным. Для этого необходимы современные направления совершенствования и развития профессионализма педагогов в условиях обновления содержания среднего образования. В статье рассматриваются современные направления развития профессионализма педагогов: позиция педагога, лидерство, виды способностей педагога противостоять изменениям, требования к обучению, ориентированные на учащихся. По данному вопросу проанализированы и доказана актуальность современных направлений развития профессионализма педагогов среднего общего образования.

Ключевые слова: профессионализм, профессионализм педагога, позиция педагога, педагогические способности, лидерство педагога, обучаемость.

Abstract. The task for modern teachers is to form a competent personality in accordance with the level of development of science and technology, possessing deep knowledge of the student, able to be enterprising and thinking, able to work on the basis of world standards. In order to serve such requirements, the teacher must be in continuous search, professionally qualified. This requires modern directions for improving and developing the professionalism of teachers in the context of updating the content of secondary education. The article examines modern trends in the development of teachers' professionalism: the position of a teacher, leadership, types of teacher's abilities to resist change, student-oriented learning requirements. On this issue, the relevance of modern trends in the development of professionalism of teachers of secondary general education is analyzed and proved.

Key words: professionalism, teacher's professionalism, teacher's position, pedagogical abilities, teacher's leadership, learning ability.

Қазіргі ақпараттық қоғам педагогтерден үнемі өзгеріп тұратын өмір бойы өз бетімен білімдерін жетілдіруге қабілетті, дербес әрекет етуге және шешім қабылдауға дайын адамды дайындауды талап ететіні белгілі.

Білім сапасына қойылатын жаңа талаптар білім мазмұнын игеруде педагогтің оқушымен қатар тұруын қажет етеді, бұл жағдайда педагог өзінің ұстаздық позициясын жоғалтпайды, керісінше, білім алушыны мотивациялау, оған кеңес беру педагогтің жоғары деңгейін талап

етеді. Сондықтан, сабақ беру мен оқыту сапасын арттыру үшін педагог өзінің кәсіби білімі мен іскерлігін үздіксіз жетілдіріп отыратын, құзіретті маман болуы керек.

«Мұғалімдердің кәсіби дамуы – мұғалімдер алатын бастапқы дайындықтан басталып, зейнетке шығуға дейін жалғасатын, өмір бойына созылған үдеріс» (Villegas-Reimers, 2003, 8-б.).

Педагогке осы талаптарға жауап беру үшін білім беруде қандай өзгерістер қажет?

- педагогтің оқыту-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы көшбасшылығы;
- педагогке бағытталған оқытудан оқушыға бағытталған оқытуға көшу;
- репродуктивті оқытудан сындарлы оқытуға көшу;
-білім парадигмасынан таным процесіне қатысушылардың белсенді әрекеттерін қамтитын белсенділікке көшу;
- оқу процесінің мазмұны компоненттеріне зерттеу жұмысын қосу;
- оқу мақсаттарын өзгерту: интеллектуалды тұлғадан рефлексияға көшу;
- омір бойы оқуға көшу;


Қазіргі маманға қойылатын талаптар: дағдылар мен құзыреттер:

- үлкен көлемдегі ақпараттан қажетті ақпаратты таңдау және оны өз пайдасына пайдалану мүмкіндігі;
- жауапкершілікті өз мойнына алу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау;
- өз көзқарасының, өз идеяларының, түсінігінің, оларды дәлелдей білуінің және дәлелді қорғай білуінің болуы;
- қоғамда ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай білу, бірлесіп жұмыс істеу, жанжалдардың алдын алу;
- өзінің өмірлік көзқарастарын, сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпыадамзаттық құндылықтармен біріктіру;
- өз бетінше білім алу, өз білімін үнемі дамыту және толықтырып отыру.

Қазіргі жағдайда педагогтердің кәсіби қызметіне қойылатын жаңа талаптар жалпы білім берудің өзгерген мақсаттарын ескере отырып қалыптасады, өйткені мектептегі жаңа талаптар үдерістерінің табыстылығы, оның бәсекеге қабілеттілігінің арттыруы және білім берудің жаңа сапасына көшуі педагогтің шеберлігі деңгейінде, оның қажетті еңбек қызметтерін орындауға дайындығына тікелей байланысты.

Педагогтердің кәсібилігін дамыту бірнеше заманауи бағыттардан тұрады.

Кесте 1. Педагогтердің кәсібилігін дамытудың заманауи бағыттары



1.Психология ғылымында «ұстаным» ұғымы адамның іс-әрекетке тұлғалық бейімділігі, әлеуметтану ғылымы оны жеке тұлғаның негізгі құндылығы ретінде көрсетеді. Педагогтың ұстанымы оның көзқарасының қалыптасуына зор ықпал етеді, ал көзқарасы оның белгілі бір шешімдерді қабылдауына, соның нәтижесінде сыныптағы оқушылармен жүргізілетін іс-әрекеттеріне негіз болады.

Педагогтың кәсіби ұстанымы - бұл бірлескен іс-әрекеттің субъектілері ретінде өзінің орнына және білім беру процесіндегі рөліне, оқушылар мен әріптестеріне деген қарым-қатынас жүйесін білдіретін күрделі жеке білім.

Педагогтың кәсіби ұстанымы: Іс-әрекет, шешім,көзқарас

Сондықтан, кез-келген педагогтің оқыту құралдары оның болжамы, білімі мен ұстанымынан, көзқарастарының жиынтығынан тұрады. Бұл элементтердің барлығы жеке тұлғаның ерекше «оқыту сызбасын» құрайды.

Ғалым Пажарес (1992 ж) педагогтің оқыту стилін талдау кезінде оның білімінен гөрі, ұстанымына негізделген ой-тоқтамдарының ықпалы басым екеніне баса назар аударған: оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар педагогтің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді деп тұжырымдаған.

Педагогтің сыныптағы іс-әрекеттеріне оның сабақта пайдаланған әдістемелік құралдары немесе оқулықтары емес, пәннің қалай оқытылуы керектігі бойынша қалыптасқан тәжірибесі ықпал етеді.

Әдебиетте педагогикалық ұстаным ұғымы әсіресе соңғы онжылдықтағы зерттеулерде (А. К. Маркова, А. А. Леонтьев, С.И. Краснов, Р. Г. Каменский және т. б.) жиі кездеседі.

Н. Е. Щуркова педагогикалық ұстанымды педагогикалық ойлаудың өнімі ретінде түсінуді ұсынады.

В. И. Слободчиков, Р. Г. Каменский, С. И. Красновтың зерттеулерінде кәсіби ұстаным құндылықтар мен іс-әрекет нормаларын жүзеге асыру тәсілдеріне жауапты қатынас ретінде анықталады. Мұнда біз үшін маңызды нәрсе-субъектінің өз қызметінде құндылық қатынасқа баса назар аудару қажет.

Л. Б. Ительсон педагогикалық ұстанымдардың типтік рөлдік сипатында педагогті:

-егер, талаптарды, нормаларды, көзқарастарды және т.б. хабарлаумен шектелсе - *ақпарат беруші*;

- егер, баланың жанын түсінуге тырысса-*дос;*

-егер, тәрбиеленушілердің санасына нормалар мен құндылық бағдарларын күштеп енгізсе - *диктатор*;

- егер, мұқият сендіруді қолданса-*кеңесші*;

-егер, оқушыдан тәртіпті болуды сұраса, кейде өзін-өзі сыйлата алмай, жағымпаздыққа дейін түссе- *сұраушы*;

-егер, қызықты мақсаттармен, перспективалармен оқушыны баурап алуға тырысса- *шебер* ретінде көрсетеді.

Бұл ұстанымдардың әрқайсысы педагогтың жеке басына байланысты оң және теріс әсер етуі мүмкін.

Педагог жаңашыл идеяларды қабылдауда дайын білім беретін бұрынғы «дәстүрлі» стильден бас тартып, сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастыруда, өзінің де сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларды тәжірибеге енгізуі керек.

Оқыту барысында көп міндеттерді шешуде, педагог әртүрлі жағдайда іс-әрекет жасайды, «тиімділік» деген сөздің мағынасы «педагог жұмысының сапасы» көрсетеді. Педагог жұмысының тиімділігін анықтауда оның өлшемі жайлы түрлі пікірлер қалыптасқан: ол педагогтердің жетістіктері (біліктілігі т.б.), оқыту үдерісі (оқыту әдістері т.б.), оқыту нәтижесі (оқушының білім алуына ықпал ету т.б.) немесе жоғарыда аталған барлық факторлардың жиынтығы.

2.Көшбасшылық тақырыбы адам өмірінің көптеген салалары үшін маңызды: білім, бизнес, саясат, спорт. Әр түрлі анықтамаларда көшбасшылық - ықпал ету және басқару тәсілі ретінде көрсетіледі. Көптеген адамдар үшін көшбасшы - алға ұмтылатын, адамдарды басқаратын және мақсатқа жетелейтін жетекші.

Көшбасшылық - бұл адамды алға жетелеп, ұмтылуға мәжбүрлей отырып ол адамның соңында өзі қалауымен іс-әрекет жасайтын өнер. Әрбір көшбасшы өзінің тартымдылығымен (харизмасы) өзіне тән ішкі күшке ие бола отырып, адамдар өздері тартылатын және айналасындағы әрбір адам болғысы келетін кеңістікті және киргісі келетін болашақты жасай білу қажет Артықшылықтары: ресурстарды жылдам пайдалану және мақсатқа жету үшін табандылық. Кемшіліктері: аз адамның пікірін елемеу және әлеуметтік шиеленістер болуы. Жетілдіру жолдары: басқаларды тыңдау, аз адамның пікірімен санасу, қарсыластарды басу емес, оларды сендіру қабілетін дамыту.

Қарым-қатынас пен қызметтің көшбасшылық стилін сендіруді және басқаруды білетіндер қолданады. Сондықтан, көшбасшылық кәсіби педагогтің ажырамас бөлігі болып табылады. Педагогтің көшбасшылық қасиеттерінің құрамын анықтауда А. В. Петровскийдің айтуынша, көшбасшылық әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Адамның өзара қарым-қатынасы және оның субъектісі болып табылатын іс-әрекеттің нақты жағдайлары нәтижесінде пайда болады. Бұл ретте осы топ қызметінің мазмұнына сәйкес келетін көшбасшы қасиеттерінің жиынтығы тіркеледі.

«Оқудағы көшбасшылық» – оқушының эмоционалдық-өнегелік сауаттылығы, эмоционалдық-қалыпты оқуы және жан-жақты дамуы, бұл жерде ең маңызды мәселе – оқыту сапасын арттыру басымдығы.«Оқудағы көшбасшылық» ұғымының мәні зияткерлік оқудың стандарттарымен салыстырылып жоғары нәтижелерге қол жеткізу мақсатындағы көшбасшылықпен теңестіріледі. (Hay-McBer, 2004).

Қазіргі түсінікте көшбасшылық мектеп директорына немесе білім беру жүйесінің жоғарғы басшылығына ғана тән нәрсе емес. Заманауи зерттеулер (Leithwood et al., 2006) көрсетіп отырғандай, көшбасшылық кеңінен таралып, әрбір адамның ерекшелігіне қарай отырып көшбасшылар тобының ықпалы үстемірек болған жағдайда көшбасшылықтың мектепке ықпалы анағұрлым тиімді болмақ.

Элмор (2006) жауапкершілік саясаты мықты мектеп жүйесінде *көшбасшылық* – тәжірибесін жетілдіру құралы болып табылады деп есептейді. Ал, оқуға бағытталған көшбасшылық дәл осындай болып табылады.

Көшбасшы пеадгогтер оқыту мен оқу үдерісін бақылау, нәтижелерді пайдалану, педагогтердің мықты жақтарын анықтап, олардың қажеттіліктерін білу, оқушылар топтары мен мектептің құрылымдық бөлімшелері үшін басымдықтарды белгілеу арқылы сыныптардың және бүкіл мектептің ішінде не болып жатқанын біліп отырады. Мұндай көшбасшылық барлық деңгейлерде қажет, себебі мектептегі көшбасшылық идеясын іске асыру маңызды екенін естен шығармай, оқуға бағытталған көшбасшылықты таратып дамытуға басымдық беру қажет.

Педагогтің көшбасшылығы мұғалімдердің мүмкіндіктерін арттырады және осы мүмкіндіктердің артуы мен мұғалімдердің озық тәжірибесі мен бастамаларын таратудың арқасында мектептің жақсаруына ықпал етеді деп саналады"" (Mujis & Harris, 2007, с.126).

3.*Оқушыға бағдарланған білім*. Дәстүрлі оқытудан оқушыларға бағдарланған білімге өту педагогтердің өздерінің жұмысына рефлексия жасауды олардың педагогикалық сауаттылығы мен құзыреттілігін арттыру үшін аса маңызды етеді. Зерттеулер сондай-ақ оқыту мен үйретуде оқушыларға бағдарланған әдісті қолдану оқытушыларда өз жұмыстарына қатысты көп жағымды эмоция тудыратынын көрсетті.

Оқушыға бағдарланған білімде *оқушының іс-әрекеті*: белсенді қатысу (іс-тәжірибелік сабақтар, топтық талқылаулар, мәселелерді шешу, басқа да өзара іс-қимылдар); мәселелерді шешу, идеялармен бөлісу және бір-біріңізден үйрену үшін бірге жұмыс істеу; сыни тұрғыдан ойлау, сұрақтар қою және тақырыптарды терең зерттеу, фактілерді есте сақтап қана қоймай, ұғымдарды түсініп, байланыс орнату; оқу тәжірибесі нақты әлеммен және мәселелермен

байланысты, рефлексия жасау, мақсат қою және метакогнитивті дағдыларды дамыту, сонымен қатар өзін-өзі бағалау және сыныптастарының бағалауы арқылы бағалау процесіне белсенді қатысу; жеке оқыту жолдарының болуы .

Педагогтің іс-әрекеті: оқушылар оқу жолында алға жылжыған сайын қолдау, ресурстар және нұсқаулық беретін делдал ретінде әрекет етеді; белсенді оқыту мүмкіндіктерін ұсынады, пәннің нақты әлеммен байланысы мен сәйкестігін жасайды және оқушылар арасындағы ынтымақтастықты дамытады; оқушылардың тұлғалық ерекшелігін, тәжірибесі мен қабілеттерінің әртүрлілігін ескере отырып, сыни ойлауға ынталандыратын икемді және инклюзивті орта жасайды; оқыту, жекелендірілген оқу жоспарлары және бейімделген оқыту технологиялары арқылы оқушылардың жеке қажеттіліктеріне, қызығушылықтары мен қабілеттеріне бейімдейді; оқуды ілгерілету үшін кері байланысты қамтамасыз етеді, оқушылармен ой жүгірту сәттерін жасайды және оқушыларды өзін-өзі бағалау және қатарластардың өзара бағалауы арқылы бағалау процесіне тартады.

4.*Педагогикалық қабілеттер* – мұғалімнің педаготтік қызметте жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететіндей даралық-психологиялық ерекшеліктері мен кәсіптік тұрғыдан маңызды қасиеттерінің жалпылама жиынтығы. Педагогикалық қабілеттердің мынадай түрлері сараланады: гностикалық (танып білу және одан ләззат ала білу), дидактикалық (түсіндіре білу, білім бере үйрете білу), коммуникациялық (қарым-қатынас, ынтымақтастық жасай білу), конструктивтік (оқу-тәрбие материалын іріктеп ала білу, жобалай, жасай білу), ұйыдастырушылық (шәкірттерін әр алуан қарекет түрлеріне еліктіріп, тарта білу, қатысушылардың бәрін біріктіріп, олардың мүдделерін қойылған мақсатты орындауға бағыттай білу), перцептивтік (баланың ішкі жан дүниесін ұғына білу, олардың сезімдері мен жай-күйін түсіне білу, эмпатияға қабілеттілік), болжамдаушылық (педагогикалық көрегендік жасай білу, педагогикалық қызметтегі өзара әрекеттестік нәтижелерін болжай білу), суттестивтік (мұғалімнің эмоциялық, ерік-жігерлік иландырушылық ықпалы, нық айтылған жігерлі сөзбен қажетті әсер нәтижесіне жете білу қабілеті), экспрессивтік (мұғалімнің өзінің білімі мен сенімдерін эмоциямен әсерлі етіп айтып жеткізе білуі, артистизмі, дауыс ырғағы, ым, ишара, оңтайлылық элементтерін жетік меңгеруі). Осы қабілеттер педагогтың өзгерістерге төтеп беру қажеттілігі мен өз жұмысында тұрақты болып қалу үшін аса қажет. Педагогтердің жайлылығы мен бейімделуге қабілеті де оқушыларының үлгерімін арттырады және кадрлардың тұрақсыздығы тұрғысынан мектептер үшін пайдалы болып келеді. Сонымен қатар күйзеліс деңгейнің төмендеуі мен педагогтің жұмысына қажет құндылықтарына жететін немесе жетуге ықпал ететін ретінде бағалау тиімділік пен жұмыспен қанағаттануды арттырады.

Әдебиеттер:

1. Педагогтің кәсіби стандарты //«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы, №133 бұйрығына қосымша/ https://atameken.kz/kk/pages/542-profstandart

2. Синенко В.Я. Востребованность профессионализма учителя как важнейшее условие высокого качества образования // Сибирский учитель. – 2013. – № 1. 2-4 с

3. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: Полиграфия-сервис К, 2012. - 316б.

4. Айтжанова Р.М., Жәнібек Д.М. Қазіргі таңдағы мұғалімнің кәсібилігі /http://www.rusnauka.com/

5. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей, 3 басылым. -Астана: «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы баспасы, 2014 ж.

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРГЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Амирканов Марат Болысбекұлы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы,
педагогика-психология мамандығының
1-курс докторанты
Кудайбергенова Алия Маликовна,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
педагогика және білім беру менеджмент
кафедрасының аға оқытушысы
педагогика ғылымдарының кандидаты

Аннотация. Шетелдік студенттерді оқытуда оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында Қазақстан халқының тілі, мәдениетімен, салт-дәстүрімен танысуға ерекше қызығушылық-тарын арттыра отырып, оларды болашақ мамандық таңдауға бағыттарға жол сілтеу.

Түйін сөздер: шетелдік, диаспора, психологиялық-педагогикалық, оқу-тәрбие жұмысы, мәдени-танымдық.

Қазіргі таңда - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шетелдік студенттердің заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Аталмыш жоғары оқу орнында шетелдік студенттердің болуы, әрине ол университеттің қажеттілігін көрсетеді. 1985 жылдан бастап осы уақытқа дейін жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті (бұрынғы шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті) әлемнің 100-ден аса елінен 7 мыңнан аса шетелдіктерді оқытып шығарды. Олардың ішінде алыс-жақын шетелдерден келген қазақ диаспорасының өкілдері, жоғары оқу орындары аралық ауысымымен келіп оқитын шетелдік студенттер, халықаралық ұйымдар, елшіліктердің және компаниялардың өкілдері бар.

Осы уақытқа дейін аталған факультетте АҚШ, Вьетнам, Алжир, Оңтүстік Африка, Эфиопия, Йемен, Лаос, Кампучия, Франция, Испания, Италия, Германия, Швеция, Чили, Филиппин, Жапония, Индонезия, Иордания, Сауд Арабия, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Түркия, Иран, Ауғанстан, Үндістан, Қытай, Моңғолия және т.б. көптеген әлемнің әр елінен келген тыңдаушылар білім алды [1, б. 15-17]. Факультет тарихи біздің университеттіміздің тоқсан жылдық тарихының бір бөлігі болып табылады.



1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасының халықаралық саяси мәртебесі өсуіне байланысты университетте жоғары оқу орындарының әлемдік тәжірибесін зерттеу және университетті басқарудың лайықты моделін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізіле бастады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім беру саласында әлемнің 100-ден аса елдерімен тығыз қарым-қатынас жасайды. Қазіргі кезеңде университет өзінің халықаралық байланысын жетілдіре отырып, сенімді түрде еуропалық білім беру кеңістігіне енуде.

Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық жағдайдың тұрақтылығы, ұлттар мен ұлыстардың өзара татулығы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті басшылығы тарапынан студенттердің жақсы оқуы мен өмір сүруі үшін жасалған жағдайлар, ең бастысы оқу сапасы, шетелдік студенттердің біздің факультетке келіп оқуына ықпал етеді. 2001 жылдың қыркүйек айынан бастап факультет шетелдерден келген қазақ диаспорасы тыңдаушыларын ҚР жоғары оқу орындарына түсуге дайындай бастады.

2001 жылдың қаңтар айынан бастап шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті жоғары оқу орны арасындағы студент алмасудың халықаралық бағдарламасы бойынша ежелгі Ханкук шет тілдер университетінің (Оңтүстік Корея Республикасы) студенттерін қабылдай бастады.

Білім алуға келген студенттер Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрімен танысуға ерекше қызығушылық танытады. Білім беру бағдарламасына Қазақстанның мәдени және білім беру орталықтарымен таныстыру шаралары да енгізілген. Осы бағдарламамен келген студенттер демалыс кезінде Қазақстан қалаларына (Астана, Түркістан, Шымкент, Тараз, Қарағанды), сондай-ақ көрші елдерге: Өзбекстан, Қырғызстан, Ресейге саяхат жасай алады.

Кьонги университеті – Оңтүстік Кореяның жетекші оқу орындарының бірі [2, б. 38-39]. Аталмыш университет студенттерінің Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетел азаматтарына арналған дайындық факультетіне келіп оқуы жақсы дәстүрге айналып келе жатыр. Кореялық студенттер Қазақстанға оқуға келместен бұрын белгілі бір іріктеу сынынан өтеді. Олар әртүрлі факультеттердің 1-курс студенттері болғанмен, оларды тіл үйренуге деген құлшынысы, Қазақстан жайлы көп білгісі келетіндігі біріктіреді.



2009 жылы 22 қарашада ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев:ҚР-дың «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңына қол қойды. Бұл Үкіметаралық келісімде ауған студенттерінің 5 жыл көлемінде Қазақстанның оқу орындарында білім алу шаралары қарастырылған.Қазақстан тарапы ауғанстандық студенттерді оқытуда,бұл мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық

жағдайына аса көңіл бөліп, тұрақтылық пен бейбіт өмір орнату үшін Қазақстан Республикасының Ауғанстан Ислам Республикасына қолдау көрсетуі болып табылады. 2010 жылдан бері білім алушылардың қатары Үкіметаралық келісім бойынша келіп, мемлекеттік грантпен оқып жатқан Ауғанстан Ислам Республикасы тыңдаушыларымен толыға түсті. 2010 жылдың қазан айынан бастап жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқуға алғашқы Ауғанстан Ислам Республикасы тыңдаушыларын даярлау ісін бастады. ЖОО-ға түсуші шетелдіктерге оқыту бағдарламалары білім беру жүйесінің талаптарына және стандартқа сәйкес құрастырылды. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде және практикалық қазақ және орыс тілдері, тілдік бейімдеу, Қазақстан тарихы мен мәдениеті, орыс және қазақ әдебиеті, математика, физика, химия, биология, география және т.б. пәндер бойынша жүргізіледі.


2012 жылдан бастап шетел азаматтарын ғана емес, Қазақстан азаматтарын да жоғары оқу орнына түсу үшін ақылы оқу топтарына қосымша қабылдау жүргізіледі.

Факультетте дәстүрлі түрде Халықаралық виртаулды ғылыми-әдістемелік конференция, Педагогикалық идеялардың республикалық фестивалі, «Жер біздің ортақ үйіміз», «Фараби әлемі» атты халықаралық студенттік ғылыми конференциялар болып тұрады. Жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамының жетекшілігімен шетелдік дарынды шетелдік тыңдаушылар қазіргі ғылымның өзекті мәселелері бойынша қазақ және орыс тілдерінде зерттеу жұмыстарына қатыстырыла алады.

Жалпы жоғары оқу орны әлемнің әр елінен келетін тыңдаушы немесе студентке университеттің оқу жағдайына тез бейімделуіне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі маңызды [3, б. 3-4]. Отандық немесе шетелдік студенттердің әлеуетін зерттеу үлкен күшті қажет етеді. Университетте оларға білім берудің барлық кезеңдерін жүзеге асыру әрине үлкен шара. Қазіргі жаңа технологиялардың алдына қоятын мақсат – тіл үйренушілердің дербес ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше ізденуін, шығармашылығын арттыруды көздейді [4, б. 3].

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің профессор-оқытушылар құрамының жоғары әлеуеті және жақсы материалдық негізі, жаңа технологияларды енгізу алдағы уақытта да тыңдаушылардың санын арттыра түсуге мүмкіндік береді.

Факультет тарихында оқытушыларымыз дәрістен тыс уақыттарда өткізілген шаралар нәтижесінде үлкен тәжірибеге ие болды.



Факультетте ұлттық мәдениетпен таныстыру және тілді меңгерту жолында көптеген тәрбие жұмыстары атқарылуда. Қазақстанда шетел азаматтарының бейімделуі мен студенттердің байланысын нығайтуды қалыптастыру кезінде тәрбие жұмыстарының жаңа формалары мен түрлері жетілдірілді.

Дәрісханадан тыс жұмыстардың өте танымал түрі мәдени-танымдық саяхатқа шығу (экскурсия) болып табылады. Факультетте саяхат сабақтарын өткізу мақсаты – шетелдік тыңдаушыларға күнделікті қабылдау мен ойлау арқылы, көзбен көріп білу арқылы біздің еліміздің өткені мен бүгінін түсіндіру.

Экскурсия сабақтары арқылы студенттер үйреніп жүрген тілінің, мемлекеттің мәдениеті мен тарихи ескерткіштерімен жақын танысады, тілдік дағдыларын тәжірибе жүзінде жетілдіреді.

Қорыта айтқанда қай елде болса да дәстүрлі оқытудың өз ерекшелігі бар. Сондықтанда факультетте дәстүрлі әдістерді байланыстырып бәсекеге қабілетті етуге барынша мүмкіндік жасауға әбден болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті. Алматы, 2009. 15-17 бб.
2. Шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті. Алматы, 2009. 38-39 бб
3. Ван Сяо. Личностный адаптационный ресурс китайских студентов-первокурсников. Автореферат Санкт-Петербург, 2017. 3-4 стр.
4. «Қазіргі заманғы білім берудегі инновациялық бағыттар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, Қазақ университеті 2016. 3 б.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ТОЛЫҚ ФИЗИКАЛЫҚ РЕАКЦИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Б. Мекежанова,
философия ғылымдарының докторы (PhD), мұғалім-эксперт
Ф.Ж. Атахай,
магистратура студенті, Марғұлан университеті

Аннотация. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде кем дегенде бір шет тілін білу «саналы қажеттілік» болғандықтан шет тілін оқытудың тиімді әдістерін іздеу өзекті болып табылады. Сондай өзекті әдістердің бірі толық физикалық реакция болып табылады. Мақалада физикалық реакция әдісінің элементтері және олардың бастауыш мектеп жасындағы оқушылармен шет тілі сабақтарында практика жүзінде қолданылуы сипатталады. Сонымен қатар бұл әдістің мектеп оқушыларының шет тілін оқытудағы мотивациясына әсерін зерттеуге арналған.

Түйін сөздер: шет тілі, физикалық реакция әдісі, уәж, тиімді оқыту технологиялары, бастауыш сынып.

Аннотация. На современном этапе развития общества знание хотя бы одного иностранного языка является «осознанной потребностью», поэтому актуальным является поиск эффективных методов обучения иностранному языку. Одним из таких актуальных методов является полная физическая реакция. В статье описаны элементы метода физической реакции и их практическое использование на занятиях иностранным языком с учениками младших классов. Кроме того, предполагается изучить влияние данного метода на мотивацию школьников в изучении иностранного языка.

Ключевые слова: иностранный язык, метод физических реакций, мотивация, эффективные технологии обучения, начальная школа.

Abstract. At the present stage of development of society, knowledge of at least one foreign language is a “conscious need”, therefore the search for effective methods of teaching a foreign language is relevant. One such topical method is the full physical response. The article describes the elements of the physical reaction method and their practical use in foreign language classes with primary school students. In addition, it is expected to study the influence of this method on the motivation of schoolchildren in learning a foreign language.

Key words: foreign language, method of physical reactions, motivation, effective teaching technologies, primary school.

Ақпараттық технологиялар мен халықаралық коммуникациялар дамыған заманда біліктілігі жоғары маман үшін шет тілін білу өте қажет. Осыған байланысты бастауыш мектеп жасынан бастап шет тілін тиімді оқыту мәселесі өзекті болып отыр. Осыған байланысты біз үшін бастауыш сынып оқушыларына шет тілін оқытуда ынтаны арттыратын, психикалық процестердің белсендірілуіне ықпал ететін және жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тиімді әдістерінің бірін бөліп көрсету маңызды болып табылады. Сондай бірегей әдістердің бірі толық физикалық реакция әдісі болып табылады.

Толық физикалық реакция әдісінің авторы - (TPR - Total physical response) американдық психолог Джеймс Эшер. TPR 20 ғасырдың 70-жылдарында танымал болды. Толық физикалық реакция әдісі даму психологиясы, оқыту теориясы және педагогика аспектілерін қамтиды, сонымен қатар 1925 жылы Гарольд пен Дороти Палмер ұсынған шет тілдерін оқыту әдістерін қолданады. Бұл әдіс мидың екі жарты шарының теориясына негізделген, онда сол жарты шар логика мен санаға жауап береді, ал оң жарты шары ішкі түйсік мен түпсана үшін жауап береді [1]. Шет тілін үйренудің дәстүрлі әдістері сол жақ жарты шардың функцияларын пайдалана отырып, оны ассимиляциялауды қамтиды (мысалы, есте сақтау, қайталау). Физикалық

реакция әдісі арқылы шет тілін үйрену кезінде оң жақ жарты шар белсендіріледі және шет тілін меңгеру процесі тиімдірек болады.

Балалардың сөйлеуін дамытуда біз үш негізгі тармақты бөліп аламыз:

1 Тыңдау дағдысы сөйлеуден бұрын пайда болады.

2 Балаларға бағытталған көптеген мәлімдемелер әрекетке ынталандыруды қамтиды, 50% -дан астамы командалар түрінде тұжырымдалған.

3 Сөйлеуді тыңдау сөйлеуге «дайындыққа» әкеледі.

Бұл әдісті қолдану арқылы тілдің баяндалуы бұйрық рай арқылы жүзеге асады, оқушылар жауап-әрекет арқылы қарым-қатынас жасайды. Зерттеушілер бүгінгі таңда баланың мұғалімдермен және құрдастарымен әлеуметтік байланыстарын сауатты түрде құру қажет екенін, бұл әр баланың психикалық дамуы мен әлеуметтік дамуына айтарлықтай әсер ететінін, оған физикалық реакция әдісін қолдану арқылы да ықпал етуге болатынын атап өтеді. Бұл әдісті жүзеге асыруда мұғалім әр түрлі тұрмыстық жағдайда балалардың іс-әрекетін реттеп отыратын ата-ана ретінде актерлерді, яғни оқушыларды басқаратын режиссер ретінде ұсынылады. Бастауыш сыныптағы балалармен жұмыс істегенде мұғалім бастауыш топтағы оқу процесін дамытады [2]. Мысалы, мұғалім шет тілінде мәлімдеме-бұйрықты айтып, оқушыларға қимыл-қозғалыс көрсетеді. Уақыт өте келе командалар күрделене түседі. Әрі қарай оқыту арқылы өткен және келер шақ және тілдің басқа элементтері енгізіледі. Толық физикалық реакция әдісінде аударма мен ережелер жоқ, олардың болуын біз дәстүрлі әдістерде байқаймыз. Аударма қажет емес, өйткені сөз осы лексикалық бірлікті басқалармен байланыстыратын желіге кіреді. Уақыт өткеннен кейін оқушылар «тілді сезіне бастайды» және дұрыс емес мәлімдемелер олар үшін табиғи емес болады. TPR оқытудың көптеген түрлері бар: көрнекілік, болжау, физикалық әрекеттерді орындау, суреттермен (карточкалар) жұмыс істеу, іс-әрекеттермен әңгімелеу және т.б. Қолданушылардың пікірінше, бұл әдістің тиімділігі келесі факторлармен анықталады: 1) тілді тыңдау, 2) қауіпсіз ортада болу, 3) мәжбүрлі емес, еркін сөйлеуге құштарлық арқылы балалар сияқты ілгерілеу [3]. Бұл әдіс әсіресе кіші жастағы оқушыларды оқытуда олардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып оқытуда тиімді. Толық физикалық реакция әдісінің элементтерін жүзеге асыру үшін әртүрлі типтер мен тапсырмалар түрлері қолданылады, мысал ретінде кейбіреулерін келтіре кетейік.

Ең алдымен, сабақтарды топта өткізген дұрыс екенін атап өткен жөн. Алғашқы сабақтардан бастап мұғалім етістіктерге тоқталып, бұйрық рай арқылы таныстырады, содан кейін зат есімдерді байланыстырады (негізінен балаларды қоршаған заттар). Жаңа лексикалық бірліктерді меңгеру келесі кезеңдерден өтеді: 1) Мұғалім бұйрықты айтып, қимылды оқушылармен бірге қайталап орындайды. 2) Содан кейін мұғалім команданы шақырады, ал оқушылар әрекетті өз бетінше орындайды. 3) Мұғалім әр оқушыға жеке-жеке сөз сөйлеп, нақты команданы орындауды ұсынады. Әрбір келесі пәрменді енгізе отырып, мұғалім жоғарыдағы қадамдарға сүйенеді. Бір сабақта олардың саны жеткілікті болуы мүмкін, бірақ мектеп оқушыларының жеке жасына байланысты психикалық ерекшеліктерін ескермеуге болмайды, өйткені кіші жастағы оқушылар бір сабақта 7-ден 10-ға дейін жаңа сөздерді меңгере алады. Сабақтың соңында барлық үйренген нәрсені толық қайталау жүзеге асырылады [4]. Сыныптағы барлық пәндер игерілгеннен кейін суреттерді, абстрактілі ұғымдарды (рөлдік ойындар арқылы да) қолдану басталады, содан кейін олар сөздік қорын шақтармен байланыстыра отырып, тұтас оқиғаларды зерттейді. 20 сағатқа жуық сабақтан кейін ғана оқушылар сөздерді дауыстап айта бастайды, бір-біріне командалар береді. Біраз уақыттан кейін олар мәтіндерді оқи бастайды, содан кейін жазуды үйренеді.

Міне, осы әдісті жүзеге асырудың басқа мысалдары:

Simon Says - дене мүшелерін зерттеу үшін кеңінен қолданылатын осы әдістемедегі классикалық жаттығу. Бірақ бұл жаттығуды, мысалы, балаларға бағытты үйрету үшін жүзеге асыруға болады. Балалардың емін-еркін қозғалуы, флеш-карталарды партаға (үй, базар, мектеп, т.б.) қою немесе тақтаға карта ілу, яғни «ауданды» ретке келтіру үшін орын дайындау керек және оқушылар бір-біріне қайда бару керектігін айтады: «Simon says go straight, Simon says turn left». Charades тағы бір классикалық ойын, қимыл етістіктерін, The Present Continuous

Tense, «Sport» тақырыбындағы лексикалық элементтерді және басқа да тақырыптарды үйретуге өте ыңғайлы. Мысалы, алдымен карточканы көрсетеміз, содан кейін етістікті атап, балалардан хормен қайталауды талап ете отырып, өз бетімізше осы әрекетті бейнелейміз. Содан кейін біз екі команда құрамыз. Әр оқушы картаны, суретті немесе спорт түрі жазылған картаны алып, оның командаластары оның не екенін болжауы үшін қимылды көрсетуі керек. Команданың жігіттері толық сөйлеммен жауап береді: : He is playing football. Бұл жаттығуда жаңа лексиканы меңгеруге ғана емес, грамматикалық құрылымдарға да мән беріледі.

Әндер. Балалар ән айтқанды жақсы көретіні сөзсіз. Осы жағдайды ескере отырып, мұғалім ән мәтінімен біріктірілген қимылдар мен мимикаларды қоса алады. Әдістеменің бұл элементін лексиканы да, грамматиканы да оқытуда қолдануға болады. Сыныпта серуендеу. Бұл әрекет балалар мен ересектер үшін тамаша. Қолдану үшін бірнеше нысандар немесе реквизиттер қажет. Біз әрекеттерді көрсетіп, оларды атаймыз. Содан кейін әрекеттерді атаймыз және оқушылардан оларды көрсетуді сұраймыз. Мысалдар: - You open the door. - You come to the blackboard. - You take a chalk. –You close the window. -You take your pencil. -You look at him. Рөлдік ойындар – пантомималар. Бұл ойын ересек оқушыларға да ұнайды, бірақ бұл әсіресе балаларға пайдалы. Әр оқушыға рөл беріңіз, бірақ ол оны сөзсіз орындауы керек. Мысалы, бірінші оқушы емханаға бару керек, ол оған қалай жетуге болатынын сұрайды. Бірақ дауысы шығып, үндемей қалды. Екінші оқушы оны көшеде тоқтатып, оған жол көрсетуді сұрайды, бірақ бұл адам сөйлей алмайды, екіншісі қайда бару керектігін білу үшін оның ым-ишарасын түсінуі керек. Hands up! - Қолыңды көтер!

Мобильді ойлау ойыны. Жүргізушінің міндеті – бір пәрменді атай отырып, екіншісін орындай отырып, балаларды шатастырып алу. Мысалы, жүргізуші «Clap hands!» дейді. («қолдарыңды шапалақта») тепсегенде. Оқушылар көшбасшы шақыратын командаларды орындай отырып, өте мұқият болуы керек. Егер бала қателессе, ол ойыннан шығады. Ең зейінді оқушы көшбасшы болады.

Трансформациялар. Оқушылар шеңберге тұрады да, «сиқырлы таяқшамен» бір-біріне тиіп, бір-бірін айналдырып, бұрылады. Балалардың болжамды ескертулері: I am a princess and you are a mouse. I am not a mouse, I am a kitten and you are a monster. I am not a monster. I am a pilot and you are a sandwich. Бұл жағдайда «To be» етістігінің мақұлдау және болымсыз сөйлемдерде қолданылуы жаттығады, сонымен қатар жаңа лексикалық бірліктер немесе бұрын зерттелген лексика жаңартылады.

Карусель. Мұғалім сыныптағы балалардан бір орындық кем болатындай етіп орындықтарды шеңбер бойымен орналастырады. Мұғалім белгілі бір дыбысты түсіндіреді, мысалы [w]. Мұғалім ағылшын тілінде кез келген сөздерді ақырын айтып жатқанда, оқушылар орындықтарды айнала бастайды. Ол [w] дыбысы бар сөзді атаған бойда балалар орындықтардағы орындарына отыруы керек. Егер бала орын алуға үлгермесе, ол ойыннан шығарылады.

Бұл жаттығу шетелдік сөйлеудегі фонетикалық қабылдауды қалыптастыруға арналған. Физикалық жауап беру әдісі фонетикаға мамандандбағанымен, соған қарамастан оның жеке элементтерін осы мақсатта да пайдалануға болады. Жоғарыда ұсынылған тапсырмалар қолжетімді (орындауға болатын) және қызықты. Бала жаман баға қояды деп қорықпайды, сондықтан ол еркін, белсенді және шет тілін үйренуге деген ынтасы артады. Әр әдістің бірқатар артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін, соның ішінде осы толық физикалық реакция әдісін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Кіші жастағы оқушыларды оқытуда әдіс элементтерін таңдауда ескеру қажет біршама факторлар да бар екенін ұмытпауымыз керек. Айта кету керек, физикалық реакция әдісі өзін дәлелдеді және шетелде кеңінен қолданылады. Бұл әдіс шет тілін үйренудің бастапқы кезеңінде қызықты, ерекше және өте тиімді екені сөзсіз. Бірақ, соған қарамастан, оның кемшіліктері де бар, біз оларды атап өтуіміз керек. Артықшылықтардың қатарында физикалық реакция беру әдісі іс-әрекетке байланысты лексика зерттеліп жатқан кезде сабақта тіл үйретуге өте қолайлы екені анықталды. Оны бұйрықты, сонымен қатар әртүрлі шақтарды және аспектілерді үйрету үшін қолдануға болады.

Физикалық жауап беру әдісі шет тілін үйренуде қиындықтарға тап болатын дислексиялық балаларды дәстүрлі әдістер арқылы оқытудың пайдалы баламасы бола алады.

Физикалық реакция әдісін жақтаушылардың пікірінше, жоғарыда айтылғандардан басқа, оның бірқатар артықшылықтары бар: - оқушылар үнемі қозғалыста болады және бұл бастауыш сынып оқушыларының негізгі жас ерекшеліктерін көрсетеді және олардың физикалық дамуына ықпал етеді; -Әдіс элементтерінің қарапайым әрекеттері мұғалім тарапынан көп дайындықты қажет етпейді; - физикалық реакция әдісі сабақта белсенділік танытуы қажет кинестетикалық оқушылар үшін оңтайлы болып табылады; - ұсынылған әдіс балалар мен ересектер үшін тиімді; -Бұйрықтар арқылы сөздерді меңгеру оңай, ал олар аз күш жұмсап есте сақталады; - Сабақтың өзі қызықты және ынтасын арттыруға көмектеседі; -Әдіс элементтері оқушыларды қуаттандырудың тамаша тәсілі. Кемшіліктердің арасында: бұл әдіс тәуелсіз даму құралын қамтамасыз етпейді. Тілді дәстүрлі түрде үйрену арқылы біз тілді ережелер торына таңуды үйренеміз, содан кейін теория мен жаттығуларды қолдана отырып, грамматикамен өз бетімізше айналысамыз және жаңа материалды жақсы есте сақтай аламыз. Дәстүрлі түрде тілді үйрену әлдеқайда оңай деп саналатын тұжырымдама тағы бар . Көптеген ғалымдар ережелерді білмей және үнемі ағылшын тілінде сөйлейтін ортада болмай, адам дәл осындай «тіл сезімін» ала алмайды деп санайды. Ал сөйлемде қай жерде, нені дұрыс айту керек екенін, нені келісу керек екенін теориялық дереккөздерді қолданбай-ақ анықтау мүмкін емес.

Осылайша, осы мақалада ашылған бастауыш сынып оқушыларына шет тілін оқыту әдісі дәстүрлі шет тілі тапсырмаларын толықтыратын оқытудың тиімді элементі болып табылады деп қорытынды жасауға болады. Бұл әдіс оқушылардың ынтасын арттырады, олардың психикалық әрекетін белсендіреді, балалардың моторикасын дамытуға ықпал етеді, бастауыш сынып оқушыларының жас және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне толық сәйкес келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Asher James J. Learning Another Language Through Actions. – 7th edition. – Los Gatos-California: Sky Oaks Productions, Inc., 2009.

2 Архипова М.В., Жулина Е.В., Шутова Н.В. Информационное общество и образовательный процесс // Проблемы современного педагогического образования. 2018. № 59-1. С. 56-59

3 Рунова Т.А., Гуцу Е.Г., Няголова М.Д. Исследование становления отношений учебного сотрудничества младших школьников // Вестник Мининского университета. – 2019. – Т. 7, № 3. – С. 12.

4 Смоловик О.В. Влияние метода физического реагирования на мотивацию учащихся // Образовательные ресурсы и технологии. 2019. № 4 (29). С. 28-33.

ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПЕН КОНФЛИКТТЕРГЕ ТЕМПЕРАМЕНТТІҢ ӘСЕРІ

Ахмет Б.Б.,
6B03107 психология мамандығының 4 курс студенті,
жалпы және қолданбалы психология кафедрасы
Ғылыми жетекшісі: Болтаева А.М.,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада адамның темперамент типінің оның тұлғааралық қатынастарына әсері туралы мәселе қарастырылады. Әр темпераменттің негізгі сипаттамалары мен оның тұлғааралық конфликт барысындағы көріністері талданады.Конфликтік жағдайларда мінез-құлық стратегияларын таңдауға әсер ететін психологиялық факторлар қарастырылады.

Түйін сөздер: темперамент, мінез-құлық, конфликт, тұлғааралық қарым-қатынас.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о влиянии типа темперамента человека на его межличностные отношения. Анализируются основные характеристики каждого темперамента и его проявления в межличностном конфликте. Рассматриваются психологические факторы, влияющие на выбор поведенческих стратегий в конфликтных ситуациях.

Ключевые слова: темперамент, поведение, конфликт, межличностные отношения.

Abstract. The article discusses the issue of the influence of a person's type of temperament on his interpersonal relationships. The main characteristics of each temperament and its manifestations in the course of interpersonal conflict are analyzed. Psychological factors influencing the choice of behavior strategies in conflict situations are considered.

Key words: temperament, behavior, conflict, interpersonal relationships.

Конфликттер адам өмірінің бүкіл сферасына тікелей әсер етеді және тұлғааралық қатынастардың ажырамасайқын бөлшегі ретінде қарастырылады. Конфликт жағдайлары адамның әлеуметтік дамуы, психологиялық өсуі үшін маңызды аспект болып табылады, сондықтан бұл мәселе эмпирикалық зерттеулерге қызығушылық тудырады.

Психологиялық тұрғыдан конфликт дегеніміз – ұстанымдар, мүдделер, көзқарастар мен өзіндік пікірлердің қарама-қайшылығы болып табылады.

Л.А. Козер әлеуметтік конфликт түсінігін белгілі бір мәртебеге, билікке және шектеулі ресурстарға деген құндылықтар мен талаптар үшін күрес ретінде анықтайды, ал қақтығысушы тараптардың негізгі мақсаттары тек қалағанына жету ғана емес, онымен қоса қарсыластарды бейтараптандыру, залал келтіру немесе жою болып табылады.[1]

Конфликтілік жағдайлардың пайда болуына және олардағы мінез-құлық стратегияларын таңдауға біршама психологиялық факторлар әсер етеді, мысалы, конфликттермінез-құлық акцентуациясымен, қарсыластардың үміттері мен мотивтерінің сәйкессіздігімен, тұлғаның жеке психологиялық ерекшелігімен, оның белсенділігі мен эмоционалдылығымен және т. б. көптеген факторлармен анықталуы мүмкін.Соның бірі ретінде темперамент типініңәсер ету маңыздылығын қарастыра аламыз.

Конфликт ұғымының мазмұны келесі мағыналар арқылы ашылады:

1. Ашық, жиі ұзаққа созылатын күрес жағдайы; шайқас немесе соғыс.

2. Адамдар, идеялар немесе мүдделер арасындағы қарым-қатынастағы дисгармония жағдайы; қарама-қайшылықтардың қақтығысы.

3. Өзара импульстардың, тілектердің немесе тенденциялардың бір мезгілде жұмыс істеуі нәтижесінде пайда болатын психикалық күрес.[2]

Әдетте темперамент туралы айтылғанда, оны адамдар арасындағы белгілі бірайырмашылықтармен, яғни, белсенділік пен эмоциялардың және т.б индивидуалды мінез-құлық ерекшеліктерінің көрінісімен сипаттаймыз.

Темпераменттүсінігі қазіргі таңда сан түрлі анықтамаларға ие, дегенмен осы өзгешілдіктердің түйіні әрі негізі ретінде ғалымдар темперамент ұғымын былайша сипаттайды: “Темперамент - жеке тұлға әлеуметтік болмыс ретінде қалыптасатын биологиялық негіз”.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын бір тұтастыққа жинай отырып, мынаны шығаруға болады: Темперамент-бұл адамның психикалық процестері мен мінез-құлқының динамикасын анықтайтын жеке ерекшеліктері. Темперамент жеке тұлғаның динамикасын сипаттайды, бірақ оның сенімдері, көзқарастары мен мүдделерін емес.

Ежелгі заманнан бері темпераменттің төрт негізгі түрі ажыратылған: холерик, сангвиник, меланхолик және флегматик. Темпераменттіңтүрлері, ең алдымен, эмоционалды күйлердің пайда болу динамикасы мен қарқындылығымен ерекшеленеді.

Темпераментке тән белгілер:

1) жеке тұлғаның жеке психологиялық қасиеттерінің салыстырмалы түрде біртұтас тұрақтылығы (қабылдау жылдамдығы, ақыл-ойдың жылдамдығы, зейіннің ауысу жылдамдығы, сөйлеу қарқыны мен ритағы, эмоциялар мен ерік-жігердің көрінісі және т. б.);

2) белгілі бір құрылымдарға біріктірілген темперамент қасиеттері (темперамент түрлері) жоғары жүйке қызметінің негізгі түрлеріне сәйкес келеді [3].

Адамдарда темперамент онтогенез процесінде қалыптасады депқабылданған. Ересек адамда темперамент қасиеттері негізінен тұрақты, бірақ психикалық күйлер мен өмірлік қақтығыстардың әсерінен белгілі бір шектерде өзгеруі мүмкін.

Темперамент түрлеріне: сангвиник, холерик, флегматик және меланхолик типтерін жатқызамыз.

Сангвиник.Темпераменттің бұл түрінің өкілдерінде психикалық процестер жоғары жылдамдықпен сипатталады (тітіркендіргіштерге жылдам реакция арқылы). Сангвиниктер жоғары бейімделгіштігімен (өмір сүру жағдайларының өзгеруіне бейімделуімен) және ұтқырлығымен ерекшеленеді. Олардың назары тұрақсыз тез және оңай ауысады. Сангвиниктер әр істі оңайлықпен қабылдайды, құмарлыққа, әуестікке қабілетті. Олар жаңашылдықты, жағдайлардың әртүрлілігін, орындардың өзгеруін жақсы көреді.

Сангвиник типтегі адамдардың конфликт барысындағы мінез-құлық көрінісі. Олар жиі конфликтке түспейді, бірақ егер ол өзін қызықтыратын істе қысымға ұшырағанын аңғарса, шағымдана алады. Кейде ол басқа адамның қорлауына назар аудармай, өзін ғана тыңдайды, оны ұсақ-түйекмәселе деп санайды.

Флегматик.Психикалық процестер белгілі бір инерттілікпен және тітіркендіргіштерге баяу жауап берумен сипатталады. Жүйке процестерінің тепе-теңдігі мен кейбір инерттілігі флегматиктің кез-келген жағдайда тыныш болуына мүмкіндік береді.

Конфликттегі мінез-құлық көрінісі: Флегматик сирек конфликттің бастамашысы болып табылады. Көбінесе қарым-қатынас жасай алмайды, қоғамда және үйде де баяу жүреді. Әрине, егер сіз баяу жүріс-тұрыс үшін ұрысып, осындай адамды айыптасаңыз, ол өзін жайсыз сезініп, іс-әрекетке қабілетсіз екеніне сене бастайды. Осылайша, өз күштеріне деген сенімсіздік дамиды және сәтсіздікке деген көзқарас нығаяды. Флегматиктер әрқашан консервативті. Олар өмір салты мен жағдайларын сақтауға тырысады. Көбінесе өзгерістерден қорқады.

Холерик.Жүйке процестері қозғыштық пен тепе-теңдіктің жоғарылауымен сипатталады. Холерик тез ашуланшақ, агрессивті, қарым-қатынаста тікелей, іс-әрекетте бастамашыл келеді. Қозғалыстары тез және өткір.

Конфликттегі мінез-құлық көрінісі. Холерик әңгімелесушіні сабырлы және мұқият тыңдай алмайды. Мұндай адам ашуланған кезде сұхбаттасушыға айқайлап, оны қорлай алады, бірақ тез тынышталады. Холерик кез-келген жағдайда тез нәтиже алғысы келеді. Холериктің көңіл-күйі жиі өзгереді, ол шыдамсыз болуы мүмкін және ұсақ-түйекке байланысты көңіл-күйі өзгермелі сипатта. Егер мұндай адам жанжалдың өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға болатындығын сезсе, ол бұған ұмтылады және жанжалдарды арнайы ұйымдастырады.

Меланхолик. Бұл түрі жоғары эмоционалды сезімталдықпен, осалдығымен ерекшеленеді. Күшті әсерлер меланхоликте шектен тыс тежелуді тудырады, бұл қозудың әлсіздігімен тежеу процесінің басым болуымен сипатталады. Жабық, қиын және адамдарға баяу жақындайды.

Конфликттегі мінез-құлық көрінісі. Меланхолик ренжіген кезде, ол күтпеген әрекетті жасай алады. Стресстік жағдайларда мұндай адамның еркі сал болып қалады. Мұндай тементке ие адамдар өздерін жайлы сезінеді, егер айналасындағылар оларды мазақ етпесе, жағымсыз қарым-қатынас жасамаса. Мұндай жағдайларда олар белсенді, жігерлі. Олар қызметте айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алады. Реніштер мен сөгістерден қорқу меланхоликке үнемі адал және тиімді жұмыс істеу қажеттілігін тудырады. Өзі ешқашан жанжалға себеп іздемейді, жанжал туғызбайды, өйткені олар психо-травматикалық факторлардан алыс болуды қажет етеді.[3]

Темпераменттің тұлғааралық қатынастар мен қақтығыстарға әсері аса маңызды аспект болып табылады. Конфликт жағдайлары тараптардың темперамент типінің өзгешелігіне байланысты әрқилы өрбуі мүмкін. Темпераменттің түрі белгілі бір нақты, адамның іс әрекеттеріндегі мінез құлқымен тығыз байланысты.Тұлғааралық конфликттердің себебі, темпераменттердің қарама-қайшылығында көбірек сипатталуы мүмкін. Әрбір темперамент конфликтік жағдайларда әрқалай мінез-құлық стратегиясымен көрініс береді.

Әдебиеттер:

1. А. С. Кубекова. Взаимосвязь темперамента и стратегий поведения в конфликтных ситуациях у студентов медицинского университета//Общество: социология, психология, педагогика. 2021. № 6. С. 85-88.
2. Н. В. Гришина. Психология конфликта., 2008,15-16 с.
3. А.В. Батаршев. Темперамент и характер. Психологическая диагностика., 2001,18-22 с

СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ХИМИЯ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Базарбаев Бекзад Сайдивалиевич,
7М01535-Химия мамандығының
1 курс магистранты,
Жылысбаева Гульхан Нурдуллаевна,
техн.ғ.к, профессор
Экология және Химия кафедрасы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-і

Аннотация. Мақалада химия сабақтарында сыни ойлау технологиясынан пайдалаудың артықшылықтарын келтіруге тырыстық. Сыни ойлау технологиясын зерттеген танымал ғалымдардың жұмыстары келтіріп өтілді. Сыни ойлауды дамытуда жасалынатын іс-әрекеттер мен тапсырмаларды құрастыруға көмекші құрал ретінде дайындауға тырыстық. Бұл мақаланы кез келген педагог өзіне қажетті мәліметтерін алуға, сабақтарын қызықты өткізуде пайдасы зор. Танымал ғалым Блумның ойлаудың негізгі алты сатысына, яғни блум таксономиясын пайдалана отырып сыни ойлауды дамыту көзделіп отыр. Блум таксономиясын кубизм әдісімен біріктіріп сабақта қолдануды талдау жасалынды.

Кез келген сыни ойлауға қарсы келетін әдеттерден арылғанда пайдаланған әдіс-тәсілдер мен әрекеттер босқа кетпейді.

Түйін сөздер: Сыни ойлау технологиясы, химия сабағы, Блум таксономиясы, ойлау дағдылары, әдіс-тәсілдер, стратегия.

Аннотация. В статье мы постарались привести преимущества использования технологии критического мышления на уроках химии. Приводятся работы известных ученых, изучавших технологию критического мышления. Мы постарались подготовить как вспомогательное средство к составлению действий и заданий, выполняемых в развитии критического мышления. Эта статья пригодится любому педагогу, чтобы получить необходимые ему сведения, интересно провести занятия. Предполагается развитие критического мышления с использованием таксономии Блума, шести основных стадий мышления известного ученого Блума. Проведен анализ использования таксономии Блума в сочетании с кубизмом.

Методы и действия, которые вы используете, когда избавляетесь от привычек, которые бросают вызов любому критическому мышлению, не будут потрачены впустую.

Ключевые слова: технология критического мышления, урок химии, таксономия Блума, навыки мышления, методы, стратегия.

Abstract. In the article, we tried to cite the advantages of using critical thinking technology in chemistry lessons. The works of famous scientists who studied the technology of critical thinking are presented. We have tried to prepare as an auxiliary tool for the compilation of actions and tasks performed in the development of critical thinking. This article will be useful for any teacher to get the information he needs, it is interesting to conduct classes. It is supposed to develop critical thinking using Bloom's taxonomy, the six main stages of thinking of the famous scientist Bloom. The analysis of the use of Bloom's taxonomy in combination with cubism is carried out.

The methods and actions you use when you get rid of habits that challenge any critical thinking will not be wasted.

Key words: critical thinking technology, chemistry lesson, Bloom's taxonomy, thinking skills, methods, strategy.

Сыни ойлау оқушыларға мүмкіншілік берудің жаңа тәсілі. Ол қандай мүмкіншілік? Бәрімізге мәлім сыни ойлау технологиясы сабақты жетіп меңгеруге жеткіліксіз. Дегенмен сыни ойлау технологиясы арқылы әр-бір оқушының ойының түбіне жетуіне көмектесе аламыз.

Дәл осы педагогтың нағыз жетістігі. Американдық ғалым Джон Дьюи айтқандай адам позитивті ойнанбай тұрып сыни ойлана алмайды. Ал бұл жайтты медицина тілінде дофамин гормонының бөлінуімен байланыстырады. Өйткені ол көңіл-күй гормоны. Сол себепті ол ойды жинақтауға және жаңа идеялардың келуіне себеп болады. Жоғарыда тек сыни ойлау технологиясын пайдаланып сабақты игеруге болмайды деп айтылуына себеп, педагог сабақта тек бір технология, бір әдіс-тәсілмен сабақтың мақсатына жете алмайды. Сыни ойлау технологиясын дамыту үшін міндетті түрде сұрақтар қойылады. Ол күрделілігіне байланысты проблемалық сұрақтар болуы мүмкін. Немесе осы қойылатын сұрақтар легін ойын түрінде өткізсе олда қосымша технология мен әдіс тәсілдерді пайдалануға жатады. Шебер мұғалім сабақты тек оқушыларды көңілінен шығатындай емес, пайдалы әрі есте қаларлықтай деңгейде ұйымдастырады.

Сыни ойлау адамзат пайда болғаннан бері қалыптасып келе жатқан құбылыс. Қазіргі таңда ғалымдар зерттеуі нәтижесінде 21 ғасыр жастары арасында ойлау қабілеттерін арттыру басты өзекті мәселенің бірі болып табылады. Бұл жайтты неге дәл осы жаңа ғасырдан пайдалану өзекті болды деп атасақ, бұрынғы кезде әр-бір бала немесе кез келген адам бір мәліметті алу үшін кітап беттерін тоздырған. Ең азынан газета журналдар алып оқығаны белгілі. Бірақ қазіргі таңда жаңалықтың бәрі видео түсірілім ретінде, немесе кез келген мәліметтің дәл сол жерін интернеттен оңай алуға мүмкіншілік бар деген ой тұындап отыр. Бұл өз кезегінде әрине жақсы, кез-келген дүниенің қолжетімді болғаны бүгінгі таңда маңызды. Бірақ осы жайт кітап бетін ашпауға әкеліп отыр.

Бүгінгі таңдағы мобильдік құрылғылардың оқушылар арасында кең тарауына байланысты, оқушыларды ақпараттық оқуға бейімдеуде мынандай келіспеушіліктер жүзеге асып отыр.

- Оқушының ақпараттық технология көмегімен білім алу барысында қадағалау мен белгілі бір методикамен жұмыс жасамауы.
- Қоғам арасында дәл осындай оқу методикасын дамуына байланысты білім саласы бойынша және мұғалімдер арасында осы бағытқа арналған методиканың болмауы [1, б 2].

Эмоциональды интеллектті арттыруға арналған курстар мен үйірмелер қазіргі таңда жетерлік. Олар арқылы сыни ойлау дағдыларын, ойлау қабілеттерін арттыру, мәселелерді шешу және шешім қабылдауға үйрету мүмкін. Бірақ мектеп оқушысына ондай жеке курсқа қатыстыру мүмкін емес. Сол себепті сыни ойлау технологиясын және оның әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы осы нәтижеге жетуге болады.

Химия сабағы бұл жаратылыстану бағытындағы пән болғандықтан оқушыларға ойлау қабілетін жоғары болуын аса қажет етеді. Кез келген химиялық есеп немесе проблемалық сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушы ойлану барысында айтылып отырған процесті визуалды түрде елестете алуы қажет [2, б 286].

Сыни ойлауды әр ғалым түрлі орталарда зерттеген. Химия сабақтары төменгі сыныптардан басталмайтыны бәрімізге белгілі. Сол себептенде Оспанованың кітаптарын алып қарайтын болсақ сыни ойлау біраз үлкен балаларға арнап жазылған екенін көруімізге болады.

Әр баланың қабілеттері мен мүмкіншіліктері әр-түрлі болуына байланысты алдымен оқушыларды сыни ойлау қабілетін дамытуға мақсатты жүйелі түрде қойып алымыз керек болады:

- Оқушылардың алдымен сыни ойлау қабілетін көрсеткішін анықтап алу
- Өз эмоциясын басқаруды үйрету
- Өз ойын жинақтай алу, өзгенің ойын құрметтей алу
- Сыни ойлау дағдыларын арттыруда өзінің үстінде жұмыс жасау


Алдымен әр-түрлі әдістерді пайдаланып оқушылардың қаншалықты ойлану деңгейіне ие екенін аниқтап алынғанда әрі-қарай жұмыс жасау жеңілдей түседі. Кейде бұл бірден байқала қоятын жайт емес. Сол себептен де зерттеудің аралас методикасын пайдалана отырып бақылағанды жөн деп санаймын. Яғни эмпирикалық зерттеу әдістерімен және жай бақылау (сырттай бақылау) арқылы белгілі бола бастайды [3, б 2-3]. Бірақ ең дұрыс әрі нақты нәтиже

алудың тәсілі компьютерлік томография болып табылады Осы әдісті алғаш американдық ғалымдар, соның ішінде Джон Дьюинің зерттеу жұмыстары нәтижесінен байқауға болады.

Кез келген қойылған сұрақ оқушы үшін проблема болуы анық. Өйткені оны оқу барысында, жауап беру барысында миының жұмыс жасау қабілеті артатып, ондағы импульстардың жиілігі артады. Тақырып аясында проблемалық сұрақтар қою арқылы сыни ойлау қабілетін арттыра аламыз. Сабақ кезінде айтып отырған сыни ойлау дағдыларын арттыруға бізге сол технологияның әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы қол жеткіземіз. Ол әдістер американдық зерттеушілер К. Мередит, Ч. Темпл, Д. Стилл тарапынан ұсынылған оқу мен жазу арқылы сыни ойлау технологиясын дамыту. Бұл әдіске сәйкес оқушыларға берілген мәтіндік тапсырмаларды оқиды және қайтадан жинап алынғанда естерінде барын қайтадан параққа жазады. Бұл бағыт көбінесе гуманитардық бағыттағы пәндерді үйрену барысында кеңінен қолданылады. Бірақ дәл осы техниканы химия сабақтарында теориялық бөлімдерін оқыту барысында қолдануға ыңғайлы. Себебі оқушы өте үлкен мәліметтер базасы алдына қойылғанын сезіп, оны мұқият оқи бастайды [4, б 26]

Ғалымдар айтуы бойынша адамның миы екі үлкен бөлікке бөлінеді. Сыни ойлауға адамның сол жақ миы жауап берсе, математикалық бағыт бойынша білім берілген кезде адам миының сол жағы қарқынды жұмыс істейді. Демек біз химия сабағын оқыту арқылы тек қана оқушыларға химиялық білім, табиғат заңдылықтары мен ғажаптарын ғана үйретіп отырған жоқпыз. Жай сабақтың өзімен оқушының сыни ойлау қабілетін дамытып отырмыз.

Сыни ойлауды қалыптастыру барысында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Роберт Эннис үлкен өзінің шығармасын дайындады. Ол әсіресе жас өспірімдердегі сыни ойлауды қалыптастыруға арнап кітаптар шығарған. Эннистің айтуы бойынша сыни ойлау ең алдымен тиянақты ойлау, мәселені шешуге деген әрекет және сол бойынша атқаратын әрекеттердің тиімділігі, адамның ойлану қабілетінің когнитивті көрсеткіші. Сонымен қатар, жоғарғы ойлау қабілетінің мүмкіншілігі деп айтқан. Эннис сыни ойлау дағдыларын арттыруда негізгі он екі қадамын атап өткен [5. б 25-26]



1-сурет. Р. Эннистің сыни ойлау дағдысын арттырудығы «он екі» қадамы.

Сыни ойлау технологиясы негізгі үш үлкен кезеңнен тұрады. Жалпы осы үш кезең бойынша жасалынатын іс әрекеттер де әр-түрлі болып табылады. Оларға: бірінші кезең «Ой

шақыру», еінші кезең «Мағынаны тану», үшінші кезең «Рефлексия» кезеңдері болып табылады. Ал сабақ барысында әр кезең бойынша мұғалім және оқушылардың іс-әрекеттері мен қойылатын талаптары бар [6. б 159].

Ой шақыру кезеңі – сыни ойлауға қойылатын алғашқы қадам болғаннан кейін бұл кезең ерекше орынға ие. Сабақ басында мұғалім оқушылардың миына шабуыл жасай отырып жаңа тақырып төңірегінде сұрақтар ұсына бастауы. Жаңа тақырып өтпей тұрып неге сұрақтар қоямыз деп айтсақ, кез келген адам осы сабақ барысында игеруі керек болған жағдаяттарды толықтай түсіну. Сұрақтар барысында қандайда бір сұрақтың жауабын білсе ол оқушыға мотивация, ал білгенінен басқа мәліметтерге сабақ барысында қол жеткізсе бұл сабаққа деген шабыт пен қызығушылықты арттырады. Ал егер, қойылған сұрақтардың жауабын білмесе, шыныменде осы сұрақтар қызықты болатын болса сабақ біткенше оқушының қырағылығы мен қызығушылығы арпаса кемімейді. Сабақтың әр-бір бөлігінен осы қойылған сұрақтарға жауап іздеп отыратын болады. Ал мұғалім үшінде маңызды кезең болғаннан кейін осы кезеңді керемет игеріп шықса нәтиже жақсаратын болады. Жаңа сұрақтар легін оқушыларға ұсыну арқылы мұғалім осы кезеңде ой шақыруына көмектеседі [4. б 16]

Мағынаны тану кезеңі – мұғалім оқушылармен тығыз қарым-қатынаста бола отырырып, ой шақыру кезеңінде тұындаған барлық қызығушылықтарын сақтап қолуға әрекет жасауы қажет. Сонымен қатар оқушыларды қойылған сұрақтарға жауап беруі үшін мұғалімнің ара-сыра көмек бергені қажет болады. Мұғалім берілген сұрақтарға жауап таба алу үшін жаңа мәліметтер немесе кішігрім тексттерді оқи алады, соның нәтижесінде оқушылар мұғалімнің бастапқы қойған сұрақтарын мәнін ашуға тырысады. Бұл кезеңде маңызды жайт, оқушылар алған жаңа мәліметтерін түртіп алып отыруды қамтамасыз ету. Ол үшін түрлі әдіс тәсілдерден пайдалана алады. Соның ішіндегі Инсерт кестесін де қолдануға болады.

Негізінен біз бұл процестерді дәл осы кезектілігін сақтаған бойынша жүреді деп айта алмаймыз. Өйткені баланың ойында әрқашан сұрақтар тынымсыз айналып тұрады. Мұғалім әдістеме бойынша тұра бағытпен жүргенімен оқушының бойында басқа сатыда мағына ашылып, басқа сатысында қызығушылығы оянып жатады. Осы жайттыда ескеу қажет. Үздіксіз қайталанған іс-әрекеттердің нәтижесінен жалығатын оқушыларды есекру қажет. Дәл осы мәселелер бізде сыни ойлау технологиясынан пайда алуға кедергі жасайтын барьералар деп атауға болады.

Рефлексия кезеңі – соңғы бұл кезеңді қорытындылайтын кезең болып саналады, және осы кезең ең жоғарғы кезеңдердің бірі болып саналады. Оқушы алған білімін бір ортаға жинау және сол мәліметтерді топтастыра отырып қандайда бір шығармашылық жасай алуына негізделген. Мұғалім бақылауымен мағынаны танығын кезеңінен бастап осы кезеңге дейін және осы кезеңде алған жаңа мәліметтерін жинақтау, осылайша сабақ қорытылып білім қалыптасады. Бұл кезеңде ақпараттарды сыни талдаудан өткізу, мәселелерді шешуге, толықтырулар енгізіп жұмысты әрі қарай түсіндіру жұмыстарын іске асыратын кезең [4. б 17-20]

Сыни ойлау технологиясын дамытудың таксономиясын ұсынған ғалым Блум. Оның пайымдауынша ойлау процесі екі топқа бөлінеді. Жоғарғы және төменгі ойлау. Блум тақсономиясының Андерсон ұсынған жаңа моделі бойынша төменгі ойлауға білу, түсіну, анализ жасау жатады. Ал жоғарғы ойлау тобына синтез, бағалау, шығармашылық деңгейлері жатады екен.

Сыни ойлауды арттыруға көмектесетін әдістер өте көп. Солардың ішінен кейбір әдістерді пайдалануды алып көрейік.

«Кубизм» әдісі – бұл әдіс оқушыларды қызытыру және сабақты ойын арқылы ұйымдастыруда көп қолданылады. Кубизм әдісі алты қырында орналасқан тапсырмаларды орындау, сұрақтарға жауап беру үшін қолданылады. Кубизм әдісін мұғалім кезе келген форматта қолдана алады. Кейбір мұғалімдер домино кубиктерінен пайдаланады. Кубиктің алты жағында алтыға дейін сандар жазылған. Сол сандарға сәйкес сұрақтар құрастырып сол сұрақтарға жауап беруде қолдануға болады. Бұл әдісті жұптық және топтық жұмыстарда қолданған ыңғайлы [7, б 101-103]

Жоғарыда атап өткендей кубизм әдісін Блум таксономиясының алты айлау деңгейімен біріктіруге болады.



2-сурет. Блум таксономиясын Кубизм әдісімен біріктіру.

1-кесте. Блум таксономиясы бойынша қойылатын сұрақтарға үлгі

Ойлау деңгейлері	Қойылатын сұрақтар және олардың үлгілері
Білу және түсіну	Сұрақтар көбіне: Бұл не? Кім? Қашан? .... қандай үлгіде болады? ... нені тұспалдайды? ... өз сөзіңмен сипаттай аласыңба? – деген сияқты сұрақтарға жауап бере алуы қажет.
Қолдану	Қайда пайдаланады? Қандай жағдайда? Немен байланыстыра аламыз?
Талдау	Бұл бөлігі көбінесе - Неге? Қалай? Себебін айтыңыз? Қалай қорытындылай аласыз? Бір-бірімен байланысы қандай? деген сұрақтарды қамтиды.
Жинақтау	Жинақтау кезеңі сол сұрақ немесе берілген бір зат болса сол тұралы білетін барлық мәліметтерін келтіруге негізделген. Бұл жағдай қалай іске асады? Жалпы қандай ақпараттарға иесіз? Басқа заттармен байланыстыра аламызба?
Бағалау	Бағалау бөлігі соңғы әрі жоғарғы деңгейлердің бірі болып табылады. Сипаты, қолданылу аясы, пайдалануы мен қажеттіліктеріне қарай жауап беруге арналған. Бұл пайдалыма? Жақсыма? Қисындыма?

Жоғарыда алынған мәліметтер аясында блум кубигін құрастыруға болады. Қандай кезеңде қандай сұрақтар қоя алуымызға байлансыты алты түрлі сипаттама жасап көрейік.

Білу кезеңіне арналған тапсырмалар сол заттың сипатын білдіретінін ескере отырып «Сипаттаңыз» деп атаймыз. Түрі, түсі, пішіні және т.б. мәліметтер бойынша сипаттай алады

Түсіну кезеңінде көбінесе оқушының атқаратын іс-әрекетіне қарай ол кезеңді «Салыстыру» деп атаймыз. Кез келген ерекшелігі, ұқсастығы немесе айырмашылығын сипаттай алады.

Жинақтау кезеңі мәліметтер мен бар білімін бір ортаға жинақтауға негізделгендіктен өз күйінше қалады.

Талдау кезеңі неден тұратыны, қалай жасалатыны және басқа критерийлер бойынша талданатындықтан «Талдау жасау» деп атауға болады.

Қолдану кезеңінде көбірек мысалдар келтіріп пайдалану аясын ашуға негізделгендіктен сол атаумен қалдырамыз.

Бағалау кезеңі сабақ барсында алған мәліметтері бойынша талданып отырған затқа немесе сұраққа жауап беруде оның артықшылықтары мен кемшіліктерін толықтай көрсетіп өтуіне қаратылған. Сол себепті өз атымен қалдыруды жөн санадық.



3-сурет. Блум кубигі.

Бұл әдісті пайдалана отырып кез-келген химия сабақтарын ұйымдастыруға болады. Сабақтар әрі қызықты, әрі сұрақ-жауаптармен толы, тарсысты өтеді. Сыни ойлаудың кез келген басқа әдістерін кеңінен қолдана аламыз. біз тек қана ойлау таксономиясын кубизм әдісімен біріктіріп сабақ ұйымдастыруға тырыстық. Одан басқа Венн диаграммасын химия сабақтарында көп қолданып жатамыз. Әсіресе екі сабақты салыстыру және псықтауды көп қолданылады. Осы әдістің бәрі оқушылардың ойының зерек болуына, сыни ойлай алуына, жинақтаған мәліметтері негізінде жаңа шығармашылықпен шұғылдануға пайдасын тигізеді

Әдебиеттер:

1. Нечитайлова Е. В. Интеграция медиатекстов Интернета и технологии развития критического мышления в современный урок химии // Москва. – 2019.

2. Шакирова Д. М. Формирование критического мышления учащихся и студентов: модель и технология //Образовательные технологии и общество. – 2006. – Т. 9. – №. 4. – С. 284-292.

3. Попова Е. Е., Петрищева Л. П., Мишина А. М. Лекции с использованием технологии развития критического мышления //Наука и Образование. – 2021. – Т. 4. – №. 2.

4. Заир-Бек С., Муштавинская И. Развитие критического мышления на уроке: Пособие для учителя //Заир-Бек, И. Муштавинская. – 2011.

5. Ennis R. Critical thinking across the curriculum: The Wisdom CTAC Program //Inquiry: Critical thinking across the disciplines. – 2013. – Т. 28. – №. 2. – С. 25-45.

6. Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар //Оқулық.-Алматы. – 2014.

7. Murzagulova M. Ынтымақтастық педагогикасының студенттердің тұлғалық дамуындағы рөлі //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2019. – Т. 60. – №. 3. – С. 100-108.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жетпісбаева Гүлжан Оразбекқызы,
п.ғ.к.,
Базарбай Сапарайым Намазбайқызы,
магистрант,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ

Аннотация. Мақалада болашақ математика мұғалімдерін математикалық тұжырымдармен жұмыс істеуге үйретудің мүмкіндіктері қарастырылған және әдістемелік жаңашылдықтар мен оқыту әдістерінің тиімділігі талданған. Математикалық тұжырымдарды түсіну және оларды оқыту үшін қажетті негізгі дағдылар мен стратегиялар айқындалған. Зерттеу, математикалық ойлаудың дамуына әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің математикалық тұжырымдарды түсіну және берілген мәліметтер негізінде ойлау қабілеттерін дамыту үшін заманауи оқыту әдістері мен технологияларды пайдалану жолдары ұсынылады.

Мақалада оқытушыларға арналған инновациялық оқыту бағдарламалары, интерактивті оқыту әдістері және студенттердің критикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар талқыланады. Болашақ мұғалімдердің математикалық тұжырымдарды түсіну және тиімді оқыту қабілеттерін арттыру мәселелерінің маңызды рөл атқаратыны айтылады. Зерттеудің нәтижелері, оқытушылар мен білім беру саласындағы мамандар үшін практикалық маңызы бар, өйткені олар болашақ мұғалімдерді дайындауда қолданылатын әдістемелік тәсілдерді жаңғыртуға және жетілдіруге ықпал етеді.

Түйін сөздер: тұжырым, математика, әдіс, кәсіби даярлау, оқу процессі.

Аннотация. В статье рассматриваются возможности обучения будущих учителей математики работе с математическими утверждениями и анализируется эффективность методических новшеств и методов обучения. Определены основные навыки и стратегии, необходимые для понимания и преподавания математических утверждений. Исследование направлено на выявление факторов, влияющих на развитие математического мышления. Кроме того, предлагаются способы использования современных методов и технологий обучения для развития способностей будущих учителей к пониманию математических утверждений и мышлению на основе предоставленных данных.

В статье обсуждаются инновационные программы обучения для учителей, интерактивные методы обучения и упражнения, направленные на развитие критического мышления студентов. Подчеркивается важная роль решения проблем повышения способностей будущих учителей к пониманию математических утверждений и их эффективному преподаванию. Результаты исследования имеют практическое значение для преподавателей и специалистов в области образования, поскольку они способствуют обновлению и усовершенствованию методических подходов, используемых при подготовке будущих учителей.

Ключевые слова: утверждения, математика, метод, профессиональная подготовка, учебный процесс.

Abstract. The article discusses the opportunities for teaching future mathematics teachers how to work with mathematical propositions and analyzes the effectiveness of methodological innovations and teaching methods. The essential skills and strategies required for understanding and teaching mathematical propositions are identified. The research focuses on identifying factors that influence the development of mathematical thinking. It also offers ways to use modern teaching methods and technologies to develop future teachers' abilities to understand mathematical propositions and think based on given data.

The article discusses innovative teaching programs for teachers, interactive teaching methods, and exercises aimed at developing students' critical thinking skills. The importance of addressing issues

of improving future teachers' abilities to understand mathematical propositions and teach them effectively is emphasized. The results of the study are of practical significance for educators and professionals in the education sector, as they influence the renewal and improvement of methodological approaches used in preparing future teachers.

Key words: statements, mathematics, method, professional training, educational process.

Математика – бұл тек сандар мен формулалардан тұратын пән емес, ол ойлау және түсіну қабілетін дамытуға ықпал ететін ғылыми сала. Болашақ математика мұғалімінің математикалық тұжырымдармен дұрыс жұмыс істеуі, оның құрылымын дұрыс талдай алуы және оны түсіну үшін тиімді тапсырмаларды таңдау, сондай-ақ оқушылардың мүмкін қателіктерін болжау қабілеттеріне байланысты, оқушылардың математикалық білімдерін қалыптастыру процесінің сәттілігі анықталады. Осындай жұмыс орындау үшін мұғалімнің математикалық тұжырымның құрылымын түсінуі және оның элементтерін бейімдей білуі маңызды. Демек, математикалық тұжырымдардың құрылымымен жұмыс істеу дағдысы, математика мұғалімінің әдістемелік қызметінде маңызды орын алады.

Математикалық тұжырымдар – бұл математикалық ойлаудың негізі. Болашақ математика мұғалімдерін математикалық тұжырымдардың құрылымымен жұмыс істеуге оқытуға арналған негізгі құрал – бұл оқушылардың математикалық тұжырымдардың құрылымымен жұмыс істеуін ұйымдастыруды модельдейтін есептер жүйесі.

Бұл есептер жүйелері келесі түрлердегі кәсіби жағдайларды туындатады:

- оқушылардың тұжырымдар мен теоремаларды зерттеудегі қиындықтарын талдау;
- математика мұғалімінің математикалық тұжырымдарды зерттеу ұйымдастыру жұмысының проблемалары;
- математикалық тұжырымдарды зерттеуде мұғалімнің әдістемелік қателері мен олардың пайда болу себептерін талдау;
- әр түрлі авторлардың оқулықтарының материалдарын, мектеп және жоғары оқу орындарының құралдарын салыстыру;
- математикалық тұжырымдарды зерттеудегі әр түрлі тәсілдерді талдау. [5]

Математикалық тұжырымдарды дамытуда интуиция секілді логикалық ойлаудың рөлі өте маңызды. Мысалы, орта мектепте математикалық талдаудің негізгі идеяларын проблемалық есептер арқылы қалыптастыруда интуитивті тұжырымдарды қабылдау маңызды. Бұл, оқушыларға арналған есептер жинағын дайындауды, оларды мұқият іріктеуді және жүйелі түрде орналастыруды қамтиды. Мұғалімдер, оқушыларға түсінікті есептерді қолдану арқылы оқытуы керек, бұл есептер ақпараттық сұрақтар, танымдық проблемалар немесе оқу тапсырмалары түрінде болуы мүмкін. Есептердің жүйесі математикалық объектілердің қасиеттерін ашатын тұжырымдарды, жаңа теориялық көзқарастардың дәлелдемелерін, және арнайы типтегі есептерді шешу алгоритмдерін қамтуы мүмкін. Осындай есептер жүйесін құруда мынадай қағидаларды ескеру керек:

- бұрын меңгерген білім, дағдылар және біліктіліктің жинақтарын алдын-ала белгілеу;
- оқушылардың өз бетінше зерттеу қабілеттерін дамыту үшін ізденіс жағдайларын жасау;
- жаңа теориялық материалды меңгеру үшін оқушылардың ынтасын ояту.

Сонымен қатар, математикалық талдаудің негізгі тұжырымдарына байланысты теориялық материалды оқыту үшін келесі қадамдар қажет:

- жаңа оқу материалын терең талдау жасау;
- теориялық материалды есептер арқылы оқыту мүмкіндігін анықтау;
- оқытылатын материалдың курстағы маңыздылығын, пәнаралық байланысын және оқытуға бөлінген уақытын ескеру;
- оқу материалы мен басқа пәндер арасындағы байланысты пайдаланып, есептер құру;
- жаңа тұжырымды сипаттайтын негізгі белгілер мен оның қасиеттерін анықтау.
- оқу материалын меңгеру жоспарын жасау, оны логикалық бөлімдерге бөлу, әрбір бөлімді меңгерген соң теориялық қорытынды жасау;
- теориялық материалдың арнайы бөліміне сәйкес келетін есептерді оқыту кезеңіне қарай дұрыс ретпен орналастыру. [5]

Есептерді орналастыру кезінде, олар бір-біріне сүйеніп, келесі есептердің шешіміне ықпал ететіндей жолмен жасалады. Оқушылар осы есептер жүйесіндегі шешімдердің кездейсоқ емес екенін түсініп, оларды шешудің маңызын ұғынады.

Практикалық есептерді шешу арқылы жаңа теориялық білімдер алу мүмкіндігі бар, бұл есептер оқушылардың теорияға деген ынтасын және назарын арттырады. Осы арқылы оқушылар есептердің шешімдерін талдауға, жаңа теориялық білімдерді қабылдауға және теориялық қорытындылар жасауға бағытталады. Бұл әдіс арқылы формальды және жаттанды білім алудан аулақ болады.

Теориялық материалды есептермен алмастыру кезінде, оқушылар тек теориялық ақпаратты игеріп қана қоймай, сонымен қатар математикалық біліктілік пен дағдыларын да дамытады. Бұл жаңа материалды бекітуге арналған есептер санын азайтуға және математикалық дағдыларды дамытуға арналған уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Оқу процесінде оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге қосымша мүмкіндіктер пайда болады.

Есептер арқылы оқытуда жаңа білімдерді меңгеру әдістерінің бірі - есеп шешімдерін жалпылау. Есептер математикалық объектінің маңызын ашып, оның қасиеттерін көрсетуі керек.


Математикалық талдаудің негізгі тұжырымдарын қалыптастырудың тиімділігін арттыру үшін, негізгі мектепте алгебра және геометрия пәндерін оқыту барысында жүйелі алдын ала дайындық жүргізу қажет. Бұл математикалық талдаудің негізгі тұжырымдарына байланысты болып табылады, өйткені оқушыларды дербес фактілер мен есептерден жалпы тұжырымдарға көшіру үшін нақтыдан абстрактыға қарай бағыттауымыз керек. Бұл процесс 6-9 сыныптар аралығында жүзеге асырылады, себебі бұл кезеңде бағдарламалық материалдар мен тұжырымдар арасындағы байланыс анықталып, олардың практикалық маңызы ашылады [1].

Алдын ала дайындықтың және кіріспе шараларының қажеттілігі туралы көптеген зерттеулер бар. Мысалы, шек тұжырымын мектепте саналы түрде қалыптастыру үшін алдын ала дайындық қажет. Оқушылар негізгі мектепте шек тұжырымының қалыптаспаған тұжырымдамасымен танысады, бұл тек мүмкіндік емес, сонымен қатар қажеттілік болып табылады. Осы кезеңде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес интуитивті түрде қабылдауы ықтимал.

Шек және шекке көшу тұжырымдарымен оқушыларды 10-сыныпта алғаш рет таныстыруға болады, бұл үшін қарастырылатын мысалдар қарапайым көрнекі-геометриялық сипатта болуы керек [2].

Шек тұжырымының мәнін ашуда көрнекі-интуитивтік түрде берілген алдын ала дайындық есебін қарастырайық [3]:

1-мысал: ABC үшбұрышының C төбесі MN түзуінің бойымен бірқалыпты қозғалсын. MN түзуі AB табанына параллель (1-сурет). Осындай қозғалыс кезінде ABC үшбұрышының бұрыштарының шамасы, қабырғаларының ұзындығы, периметрі мен ауданының шамасы қандай өзгерістерге түседі?



1-сурет. «1-мысалдың геометриялық кескіні»

MN түзуінің O нүктесіне қарағанда C нүктесінің абсциссасын $\tilde{O}$ әрпімен белгілеп, оның қозғалысын шартты түрде былайша $x \to +\infty$ жазуға болады. Оқушылардың көпшілігі қарастырып отырған үдерістегі A бұрышының шамасы (оны α деп белгілейміз) нөлге


шектеусіз, ал В бұрышының шамасы (оны β деп белгілейміз) 180°-қа жақындайтындығын түсіне алады. Шешім былайша жазылады: егер $x \to +\infty$ ұмтылғанда $\alpha \to 0$, ал $\beta \to 180^{\circ}$ ұмтылады. Қарастырылған үдерісте АС және ВС қабырғаларының ұзындығы (оларды сәйкес түрде у және z-деп белгілейміз) және АВС үшбұрышының периметрі (оны Р деп белгілейміз) өсіп отыратындығын байқау оқушылар үшін аса қиыншылдық тудырмайды, бұл дерек былайша жазылады: егер $x \to +\infty$ болса, онда $y \to +\infty, z \to +\infty, p \to +\infty$

Бұл түрдегі есептер жүйесі 10-сыныпта оқушылардың назарын көрнекі геометриялық суреттерге бағыттау арқылы шек тұжырымын интуитивті түрде меңгеруге ықпал етеді. Мұның арқасында шек тұжырымын формалды түрде қабылдау азаяды, оқушылар шек тұжырымының маңызын түсініп, оны өмірде практикалық тұрғыда қолдана бастайды. Шек тұжырымын және оған қол жеткізудің алдында, оқушыларға белгілі бір мәнге айнымалының шексіз жақындау процесі көрсетіледі. Бұдан кейін, процесстің өзі емес, оның математикалық модельдері талқыланады.

Функцияның нүктедегі шегі туралы түсінікті қалыптастыруда оның негізінде жатқан ұмтылыс, үздіксіздік сияқты негізгі тұжырымдардың мағынасын ашудан бастау керек. Мұны тек аналитикалық ойлау арқылы түсіндіру қиын, сондықтан оқушылардың түсінігінде визуалды бейнелер қалыптастыру маңызды.

Оқыту процесінің бірінші кезеңінде визуалды бейнелер қалыптастырылып, оларды тұжырымдылыққа дейін дамыту арқылы танымдық үрдіс құрылады.

2-мысал:Физикалық дененің салқындауы немесе температураның көтерілуі. T_0-қоршаған ортаның қалыпты температурасы болсын. Дене температурасының салқындауы кезінде температура уақытқа байланысты алынған функция болады.




A) *B)*

2-сурет

2-суретте дене температурасының қалай өзгеретіні графикалық түрде көрсетілген. Бұл графиктен уақыт өте келе дене температурасының қоршаған ортаның температурасына жақындай беретінін анық көруге болады.

3-мысал: Белгілі бір санға қатысты геометриялық бейнеленістен, екі жақтан осы санға жақындап келе жатқан сандарды айқын көре аламыз. 3-суретте біз 2 санына шексіз жақындағанын, және сол санға бағытталғанын көрсетеміз:



3-сурет. «Нақты санның геометриялық кескіні»

"2-3 мысалдардың негізгі идеясы - ұмтылыс концепциясының мәнін тереңірек түсіндіру. Алгебра мен талдау бастамаларын оқытуға арналған тамаша құрал – бұл математикалық талдау мазмұнын ашатын таңдаулы есептер. Есептер арқылы оқыту техникасы туралы көптеген зерттеулер жасалғанымен, бұл саладағы басты қағидалар мен математикалық талдауды есептер арқылы оқыту мүмкіндіктері әлі де толық зерделенбеген. Сондай-ақ, бұл әдістің нақты методологиясы әзірленбеген. Орта мектепте математикалық талдаудың негізгі концепцияларын есептер арқылы оқыту практикасы мынадай мәселелерді ашып көрсетеді: а) математикалық теорияларды оқыту кезінде есептерді пайдалану тәсілінің кездейсоқ сипаты; б) математика пәнінің мұғалімдері арасында математикалық талдаудың негізгі концепцияларын есептер арқылы оқытуға қажетті тәжірибелік дағдылардың жетіспеушілігі."

Математикалық тұжырымдармен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту: Болашақ мұғалімдерге математикалық тұжырымдарды талдау, түсіну және оларды оқыту қабілеттерін дамытуға көмектесетін бағдарламалар құру керек. Мұны іске асыру үшін:

- Теориялық білімді практикалық дағдылармен үйлестіру;
- Зерттеу жобалары мен кейс-стадилерді пайдалану;
- Пікірталас және талқылаулар өткізу;
- Иллюстрациялау арқылы;
- Жаңа технологияларды оқыту процесіне интеграциялау. [6]

Математикалық тұжырымдар математикалық сөйлемдердің құрылымын түсінуге және оның әртүрлі салалары арасындағы байланыстарды анықтауға көмектеседі. Мұғалімдер үшін бұл тұжырымдарды түсіну және оны оқушыларға жеткізу қабілеті өте маңызды. Себебі,математикалық тұжырымдармен жұмыс істеу арқылы біз уақытымызды үнемдей аламыз, сонымен қоса есептерді шешу барысында тұжырымдар шығару арқылы теорияны үйретуміз керек.Болашақ математика мұғалімдерін математикалық тұжырымдармен жұмыс істеуге үйрету - бұл кешенді және үздіксіз процесс. Оның мақсаты - мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру және олардың оқушыларға сапалы білім беру қабілеттерін жақсарту. Бұл мақсатқа жету үшін заманауи әдістерді, технологияларды және инновациялық оқыту әдістерін қолдану қажет. Нәтижесінде, осы әдістемелік тәсілдердің үйлесімі болашақ математика мұғалімдеріне пәнді терең түсініп қана қоймай, сонымен бірге осы тәжірибені болашақ оқушыларына беруге, олардың математикалық ой-өрісін дамытып, математикалық тұжырымдармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.Е. Абылкасымова, К.Д.Шойынбеков. алгебра және талдау бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10 сыныбына арналған оқулық.Алматы. мектеп, 2019ж. https://mektep.kz/catalog/show/algebra_10_em_1_bolim
2. А.Н. Колмогоров, А.М.Абрамов. ГДЗ по Алгебре 10-11 класс Колмогоров, Абрамов, Дудницын (Просвещение),2015ж. https://na5.fun/gdz/class-11/algebra/kolmogorov/
3. Н.Я.Виленкин «Алгебра и математический талдау»1999.Москва «Просвещение» https://ozon.kz/product/algebra-i-matematicheskiy-analiz-n-ya-vilenkin-1999-god-885376316/
4. Б.Р.Қасқатаева. Математиканы оқыту әдістемесі мен технологиясы, Алматы,2016ж. https://lib.okmpu.edu.kz/sites/default/files/2021_byulleten_3-4kv.pdf
5. Қ.И.Қаңлыбаев, О.С.Сатыбалдиев, С.А.Джанабердиева. Математика оқыту әдістемесі,Алматы, 2013ж. https://lib.okmpu.edu.kz/sites/default/files/2021_byulleten_3-4kv.pdf
6. А.Е.Әбілқасымова. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру, Алматы,1994ж https://lib.okmpu.edu.kz/sites/default/files/2021_byulleten_3-4kv.pdf

ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ ҮШІН ОЙЫН ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Букешова Салтанат Сырлыбековна,
Әлеум.ғыл.магистрі, оқытушы
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы,
Абай атындағы ҚазҰПУ-і

Аннотация. Мақалада оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында пайдаланылатын ойын әдістері және ойындар мен ойыншықтар туралы ақпараттар беріледі. Мақаланың негізінде теориялық ақпараттар мен жылдық тәжірибе сүйене отырып жазылған практикалық мәліметтер де ұсынылған. Сонымен қоса зерттеу базалары және жүзеге асырылған жобалар да көрсетілген. Мақалада ойын әдістерінің зерттеу нәтижесі ретінде асық терапиясы туралы ақпараттар да берілді. Пилоттық жоба ретінде басталған асық терапиясы кабинетінің дипломдық жұмысқа ұласып, ойыншықтардың түрлері бейнематериал ретінде ұсынылып отыр.

Түйін сөздер: шығармашылық ойлау, ойын, интеллектуалды даму, асық терапиясығ таным процесстері.

Аннотация. В статье представлена информация об игровых методах и играх и игрушках, используемых для повышения интереса учащихся к чтению. На основе статьи также представлены теоретические сведения и практические данные, написанные на основе годового опыта. Также показаны исследовательские базы и реализованные проекты. В статье также представлена информация о терапии похмелья Как результате исследования игровых методов. Запущенный в качестве пилотного проекта Кабинет асык-терапии расширился до дипломной работы, где в качестве видеоматериала представлены виды игрушек.

Ключевые слова: творческое мышление, игра, интеллектуальное развитие, асыктерапия, познавательные процессы.

Abstract. The article provides information about gaming methods and games and toys used to increase students' interest in reading. Based on the article, theoretical information and practical data written on the basis of annual experience are also presented. Research bases and completed projects are also shown. The article also provides information about hangover therapy as a result of research on gaming methods. Launched as a pilot project, the assik Therapy Room has expanded to a thesis, where types of toys are presented as video material.

Key words: creative thinking, game, intellectual development, assiktherapy, cognitive processes.

Бүгінгі күнде оқу үрдісі жаңалықтармен көмкеріліп, түрлі әдістер мен әдістемелер пайда болуда. Соның ішінде баланың шығармашылық ойлауын арттыруға негізделген бірқатар мақалалар мен еңбектер де жазылуда. Соның ішінде балалардың шығармашылық ойлауын арттыру үшін ойынның таңдалуы едәуір көмегі мен артықшылықтарын бере алатындығымен бөліскім келеді.

Оқу барысындағы шығармашылық ойлауды қарастырмас бұрын қабілет ұғымына тоқталған жөн. Қабілет ұғымына берілген бірқатар анықтамалардың ішінде Т.Тәжібаевтың анықтамасын келтіре кеткім келеді. «Қабілет – белгілі бір іс әрекетті орындауда оны ойдағыдай орындалуына көмек көрсететін адамның жеке қасиеттерінің бірі» - деп атап өткен қазақтың көрнекті психологы өз еңбектерінде.

Шығармашылық ойлауды дамыту әдістемесі келесі принциптерге негізделуі керек:

- қызмет – кез-келген даму кез-келген қызмет процесінде жүреді;

- даралық-әр оқушының жеке ерекшеліктері оның қабілеттерін белгілі бір шектерде ғана жаттықтыруға мүмкіндік беретінін ескеру қажет;

- реттілік-жаттығуларды қарапайым жаттығулардан бастап, оларды игеру кезінде біртіндеп қиындату керек;

- кезеңдер-келесі кезеңге өтіп, қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларды оқу қызметіне қосу, алдыңғы кезеңнен өтуге болмайды;

- циклдік-оқу жаттығуларын белгілі бір циклдармен қосу керек, осы циклдарды оқу жылы ішінде бірнеше рет қайталаған жөн;

- психологиялық жайлылық-білім алушы өзінің сәтсіздіктерін сезінбеуі керек;

- педагогтың психологиялық қызметпен және ата-аналармен ынтымақтастығы.

Шығармашылық ойлауды дамыту үшін келесі шарттарды орындау қажет:

- дәстүрді, күнделікті өмірді, монотондылықты, білім алушының жеке тәжірибесінен алшақтауды оқыту стилінде болдырмау;

- шамадан тыс жұмыс пен оқу жүктемелеріне жол бермеңіз;

- танымдық қызығушылықтарды ынталандыруды қолданыңыз;

- танымдық қызығушылықтарды әртүрлі әдістермен ынталандыру (иллюстрациялар, ойын, кроссвордтар, тапсырмалар-әзілдер, ойын-сауық жаттығулары);

- ақыл - ой қызметі мен оқу жұмысының тәсілдерін арнайы үйрету, оқытудың проблемалық-іздеу әдістерін қолдану. [1, б.72]

Қазіргі тенденция-бұл білім беру процесіне ойындарды немесе ойын элементтерін енгізу. Білім беру ойындары оқу процесінің бір ғана тәсілі екенін және мұғалімнен сыни және салмақты тәсілді талап ететінін есте ұстаған жөн. Бірақ оқу процесіне белгілі бір кәсіби тапсырманы немесе шеберлікті имитациялайтын ойындарды қосу оқушылардың қызығушылығы мен мотивациясын едәуір арттыра алады.

Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру технологиясы бастауыш мектеп жасындағы балалардың шығармашылық дамуы үшін барынша қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру білім беру процесін барынша дараландыруды және саралауды білдіреді. Бұл дегеніміз, мұғалім жаңа прогрессивті идеяларды, принциптер мен әдістерді әзірлеу және қолдану, жаңа педагогикалық технологияларды құру және оларды оқу процесіне енгізу арқылы жаңашыл болады. Дәл осы тәсіл жүйенің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбиелеудің бүкіл жүйесін қайта құруды қамтамасыз ете алады [2, б.330]. Дәл сол кезде балалар мектепке келіп, шығармашылық атмосфераға терең бойлай алады, жаңа нәрселерді іздеуді үйренеді және қалыптасқан шындықтарға күмәнданудан қорықпайды. Іздеу, салыстыру, талдау, жүйелеу, жалпылау және шығармашылық өңдеу дағдыларын қажет ететін мәселелерді шешу мектеп оқушыларының жұмысқа деген қызығушылығын ояту үшін маңызды рөл атқарады. Ал білім алушылардың дербестігін көрсетуді ынталандыратын ойын элементтерін қосу білім беру процесін қызықты етеді.

Ойын технологиясы. Ойын оқыту технологиясын қолдану оқытудың оқушыны оқу ойынына қосу әдісімен жүзеге асырылатындығын білдіреді [3, б.255]. Ойынға негізделген оқыту, оқу материалын, дағдыларды игеруден басқа, оқушыға өзін-өзі анықтауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді, бұл оқу мазмұнын эмоциялық қабылдауға ықпал етеді. Сабақ белгілі бір ережелерге сәйкес ойын түрінде ұйымдастырылады: алдын-ала дайындық, ойын атрибуттарын қолдану, ойын нәтижелерін міндетті түрде анықтау, шиеленісті жеңілдету және шоғырлануды жақсарту үшін оқу емес ойын сәттерін қосу. Ең бастысы - баланың жеке басын құрметтеу, жұмысқа деген қызығушылықты дамыту, мазасыздық пен өз қабілеттеріне деген сенімсіздік сезімдерінен аулақ болу.

Ойын әдісі басқа әдістермен бірге ойын әрекетінің әртүрлі компоненттерін қолдануды қамтиды:

1.Әр ойын-бұл тапсырмалар жиынтығы.

2.Тапсырмалар балаға әртүрлі формада беріледі және осылайша оны ақпаратты берудің әртүрлі тәсілдерімен таныстырады.

3.Тапсырмалар күрделіліктің өсу ретімен орналастырылған.

4.Тапсырмалар өте кең қиындықтарға ие. Сондықтан ойындар көптеген жылдар бойы қызығушылық тудыруы мүмкін.

5.Тапсырмалар қиындықтарының біртіндеп артуы шығармашылық қабілеттердің дамуына ықпал етеді. [1, б.73]

Жоғарыдағы ақпараттарды түйіндей келе практикалық тәжірибемен де бөліскен жөн болып отыр. Ойын элементтерін және ойын терапиясын тиімді әрі ұтымды пайдаланып отырған Тараз қаласында «MEGA Тұлға» балаларды дамыту орталығы жұмыс жасауда. Орталық 2016 жылдан бері 3-13 жас аралығындағы балалардың интеллектуалды дамуын қамтамасыз ету және диагностикалық құрал ретінде ойындарды пайдаланады. Балалар бірденнен психологиялық диагностика кезінде психологқа барлығын айта алмайтын болғандықтан ойындарды пайдалану оң шешім болып отыр. Орталық ашылғалы бері түрлі санаттағы 800-ден астам баланы жүйелі түрде қабылдап келеді. Орталықтан балалар да ата-аналар да кеңес алып, өз мәселелерін шешуде. Сәйкесінше, ойын терапиясы балалардың интеллектуалды дамуын қамтамасыз ете отыра креативтілік, топппен және жұппен қарым-қатынасқа түсу, сыни ойлау, шығармашылық қабілеттерді арттыру сынды сұрақтардың төңірегінде жауаптарды табуға көмек көрсетеді. Орталықта 33-тен астам ойын түрлері бар. Ойындар 3 жастан 99 жасқа дейінгі адамдарға арналған. Демек, ойын қай жас аралығы болмасын адамдардың таным процесстеріне оң әсерін беретінінің дәлелі болып отыр.

Жоғарыда аталған орталықтың ойыншықтары Түркия елінен тікелей тасымалданады. Негізгі құрылымы ағаштан. Осы орталықтың ойындарынан шабыт ала келе оқу барысында пайдалануға тиімді болатындай шығармашылық ойлауды дамытуға арналған қазақы интеллектуалды ойыншықтар жүйесін 2018 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент – Керімбаева Рысты Қалдыханқызымен Тараз қаласында «Еркеназ» балабақшасында пилоттық жоба түрінде жүзеге асырған болатынбыз. Негізі асық болып табылатын қазақша бірқатар ойыншықтар түрі асық терапиясы деп аталатын арнайы кабинетке орналастырылды. Кабинет қазақы нақышта бейнеленіп, асықтан жасалған ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Ойыншықтарға қатысты арнайы бейнематериал әзірленіп, YouTube желісіне де жарияланған[4]. Бұл пилоттық жоба зерттеу негізінде жалғасын тауып 2020 жылы дипломдық жұмыс ретінде жазылып, сәтті қорғалған болатын. Ойынның балалардың дүниетанымын жақсартуда тиімді пайдаланылуы туралы болжамдар расталып, зерттеу нәтижелері дипломдық жұмыста толығымен көрсетілді.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімділігі үшін төмендегідей шарттарды сақтау қажет:

- қабілеттерді дамыту ерте жастан басталуы керек;
- тапсырмалар-қадамдар қабілеттердің дамуынан озық жағдайлар жасайды;
- шығармашылық ойындар мазмұны жағынан әр түрлі болуы керек, өйткені олар еркін және қуанышты шығармашылық атмосферасын жасайды.

Баланың негізгі іс-әрекеті ойын болғандықтан оның дамуының қайнар көзі де ойын болмақ. Адам баласы қаншаға келсе де өзінің «Бала» күйін қанағаттандыруға ұмтылып отырады. Сол себепті де оқу барысындағы балалардың шығармашылық ойлауды дамыту мен жетілдіруде ойын әдістері мен ойыншықтарды пайдалану тиімді тәсіл болмақ.

Қорыта келе, ойын әдістері әлі де зерттеуді қажет ететін алайда, пайдалануы жағынан балалар мен ұстаздарға жағымды эмоциялар тізбегін сыйлай алатын әдістердің бірі болып қала бермек. Мақала тек теориялық мәліметтерге ғана сүйеніп жазылмаған. Сонымен қоса, мақалада тәжірибеге негізделген ақпараттар мен салыстырмалы түрде берілген практикалық құнды дәлелдемелер бар. Пилоттық жоба негізінде жүзеге асырылған асық терапиясы оқырмандарға ой салып, ұлттық педагогика мен ұлттық психологияның ары қарай өркендеуіне себепші болатын баспалдақ болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1.Виноградова Ю.Я. Игра как фактор развития творческого мышления//В сборнике: Педагогическая наука и практика. 2(36)2022. – С. 71-76

2.Глушко Н.Н. Информационно- коммуникационные технологии как эффективное средство реализации культурологического подхода в обучении литературе в основной школе / Н.Н.Глушко // В сборнике: Проблемы современного филологического образования. Сборник научных статей. Ответственный редактор – В.А. Коханова. 2016. – С. 328–332.

3. Почтарева Т.С. Игровые технологии как вид педагогических технологий / Т.С.Почтарева // В сборнике: Инновации в естественнонаучном образовании. Материалы X Всероссийской (с международным участием) научно-методической конференции. 2018. – С. 254–256.

4. https://youtu.be/grvshuW_sWA?si=E1531CdR7tCO_BG-

SOCIAL AND PSYCHOLOGICAL SUPPORT OF SELF-DETERMINATION OF HIGH SCHOOL STUDENTS

Magauova A.S.,
Doctor of Pedagogical Science
Ibralinov Damirkhan Kenzhebekovich,
Master's degree 2 course
7M01802 Pedagogy and Self-Cognition
Department of Pedagogy and Education Management
KazNU named after Al-Farabi

Abstract. The theoretical foundations of indirect psychological support for self-determination of high school students in the pedagogical process of school are discussed.
Key words: Self-determination, indirect psychological support, information basis of activity.

Аннотация. Обсуждаются теоретические основы опосредованного психологического сопровождения самоопределения старшекласников в педагогическом процессе школы
Ключевые слова: Самоопределение, опосредованное психологическое сопровождение, информационная основа деятельности.

The main goal of the pedagogical process is, first of all, to create conditions for self-determination and self-realization of the individual, and not only to acquire fundamental knowledge by students. The problem of formulating didactic goals by students is raised, and not replacing them with the tasks of the teacher, as noted by A.A. Verbitsky, considering the goal as a subjective image of the result.

"A goal is something subjective, one might say intimate, so you cannot set a goal for a person who does not have such an image." Anticipation of a future result is possible by updating individual experience, through testing, experimentation, and developmental diagnostics. Thus, assessments of the productivity of a number of educational tests reveal a relationship with final grades in academic subjects in various fields of scientific knowledge: "Algebra", "History of Kazakhstan", "English", etc.

Relationships characterize the internal conditions of activity: motivation and abilities of students. For the purpose of developmental diagnostics, providing the opportunity to anticipate the results of training and education, high school students were offered the "Characteristics of the Professional Self" ("unfinished sentences") technique [3].

Of the 17 sentences, the following sentences showed a greater correlation with the overall indicator: "I would be happy if I did ..... "; "At the beginning of UNT preparation I..."; "My professional position..."; "Get a grant place ..."; "In practical activities I..."; " The classmates evaluate me first of all..."; "A psychologist should..."; "I need to develop..."

Hypothesis about the relationship between manifestations of subjectivity in relation to the professional self high school students and their status of formed professional identity was confirmed. It was found that successful ones have a lower assessment of the usefulness of courage and carelessness, a higher assessment of the importance of slowness, self-assessment of enthusiasm and an indicator of subjectivity in practical activities. In the process of educational and professional activities of high school students, it is necessary to ensure the alternation of phases of practical activity and comprehension of the acquired knowledge; "educational information, learned at the level of personal meaning and therefore becoming human knowledge, can act as an indicative basis, a means of carrying out competent practical actions and all human activities" [2].

The essence of activity is the doer – of this position focuses attention on the inner world of a person. Understanding activities "with a human face", V.D. Shadrikov builds when considering a person in activity as achieving his goals, based on his motives, realizing his essential forces in activity [5].

As a heuristic means of studying activity, he proposes to analyze the following main functional blocks (constructs) of the psychological system of activity: motives for professional activity; goals of

professional activity related to results; activity programs; information basis for activities; making decisions; subsystems of professionally important qualities . Critical moments in the formation of a psychological functional system of professional activity are its acceptance by the subject, the correspondence of the idea of the profession to his needs, and the awareness of the personal meaning of the activity. “The richer a person’s needs, the higher the demands he places on activity, but at the same time he can receive more satisfaction from work” [5]. In the course of professionalization, the needs of the individual find their subject in activity. At different stages of mastering an activity, various factors act as system-forming ones, and this should be laid as the basis for psychological support for self-determination of high school students .

Considering psychological support as a holistic process of study, formation, development and correction of personality formation, the main goal is the full realization of the psychological potential of the individual and satisfaction of the needs of the subject of activity [4]. Notes the need for comprehensive work within the framework of the functioning of the socio-pedagogical and psychological service of a school institution and interaction with teachers, pre-school teachers, class teachers, which can take place in two directions - direct and indirect.

Focusing on the indirect support of self-determination of high school students, when developing the content of training and the content of education, it is necessary to build a sequence of different activities and prepare the information basis of the activity - a functional and semantic information complex about the objective and subjective conditions of the activity, its structure. For the emergence of meanings and value exchange, the principle of dialogue in the process of pedagogical interaction requires implementation. Personality is more often assessed by the characteristics of interpersonal communication, however, this is only the external side of interaction. This means that the effectiveness of interpersonal communication, the effectiveness of joint activities depends on the mental state of the individual, her experiences, her system of relationships to herself, activities, and the world. Therefore, in the scheme of interpersonal interaction, relationships constitute their core, and the unifying and refracting layer of relationship and communication is activity. Its effectiveness is based on the model of interpersonal communication styles, which is a continuation of the ideas of Y. L. Kolominsky, N.A. Berezovin about the components and types of pedagogical interaction.

This model is defined by the axes of constructive and destructive experiences, positive and negative experiences; in our opinion, it can fill the gap in the research of pedagogical tact, revealing the psychological mechanism of the formation of attitudes towards the information presented by the teacher.

The measure of pedagogical tact is correlated with positive, negative, active-positive, active-negative communication styles. The center of the intersection of the axes is the neutral-situational style of communication. Pedagogical tact is expressed in the way communication evokes constructive experiences: it can be positive, supportive, facilitative communication and negative - specifying errors and directing receiving communication.

Destructive experiences arise in the absence of specification of mistakes with an active-positive manipulative closed style and with an active-negative style with non-acceptance of a person’s personality and his inner world. The effectiveness and efficiency of current educational and professional activities is the connecting link of attitude and communication. The proposed diagnostic tools for studying the characteristics of interpersonal interaction and its dynamics in the classroom, inclusion in the pedagogical process of the school, requires “ attunement ” of subjects and readiness to implement dialogue in subtle issues of the formation of social and personal competence of high school students .

The implementation of psychological support for professional and personal self-determination of high school students is based on an analysis of the educational environment with an assessment of the opportunities for learning and personal development and the requirements that it places on psychological capabilities and level of development. Determining psychological criteria for the effectiveness of training and personal development of high school students and the systematic nature of the conditions created through forms, methods, and psychological mechanisms will provide the opportunity to study the dynamics of effectiveness and the psychological structure of activity, and make its adjustments.

References:

1. Amelkov , A.A. Fundamentals of the psychology of interpersonal interaction in a small group / A.A. Amelkov . – Mozyr: “Assistance”, 2014. – 124 p.

2. Magauova A.S. Student personality in the educational system of the University. -2005. -WITH. 5

3 . Muzychenko, A.V. Development of subjectivity of first-year students in the conditions of educational and professional activities / A.V. Muzychenko // Psychological support of the educational process: collection. scientific Art. Vol . 7. in 2 parts. Part 1. / Center for educational books and teaching aids RIPO; editor : O.S. Popova (responsible editor) [and others]. – Minsk: RIPO, 2017. – P. 145 – 153.

4. Poleshchuk, Yu.A. Study of the components of professional orientation of student psychologists / Yu.A. Poleshchuk // Smalta. – 2016. – No. 1. – P.53 – 56.

5. Systemogenesis of activity. A game. Teaching. Work: monograph . Systemogenesis of professional and educational activities / V.D. Shadrikov . – 326 p.

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ МЕШІТТЕРДІҢ ТАРИХЫ (XIX Ғ.)

А.Ж. Оразбақов,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Тарих» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.
Ұ. Дүйсенбекқызы,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты

Аннотация. Мақалада XIX ғасырда Сыр өңірінде діни орталық болған Жаңақорған ауданындағы Айқожа ишан ұрпақтары салған Ақтас мешіті, Қазалы қаласында орыс құрылысшысы Муравьиннің жобасы бойынша салынған Ғанибай мешіті, 1878 ж. Перовск қаласында Айтбай қажының қаржысына салынған Айтбай мешіті, 1892 жылы Сырдария ауданында Бабай ишан салдырған мешіттердің тарихы, сипаттамасы, ел ішіндегі деректер қамтылады.

Түйін сөздер: Ақтас, Айқожа, Ғанибай, Айтбай, Бабай, ишан, мешіт.

Аннотация. В статье будет освещена история мечети Актас, построенной потомками Айкожа ишана в Жанакорганском районе, которая была религиозным центром в Сырском регионе в XIX веке, мечети Ганибай, построенной по проекту русского строителя Муравьина в Казалинском, мечети Айтбай, построенной на средства Айтбая Хаджи в Перовске в 1878 году, мечетей, построенных Бабаем ишаном в Сырдарьинском районе в 1892 году.

Ключевые слова: Актас, Айкожа, Ганибай, Айтбай, Бабай, Ишан, мечеть.

Abstract. The article will cover the history of Aktas mosque built by descendants of Aikozha ishan (eshon, head and mentor of the Muslim community) in Zhanakorgan district, which was a religious center of the Syr region in the XIX century, Ganibay mosque, built by the Russian builder Muravyin in Kazalinsk, the Aitbai mosque built on the funds of Aitbai Haji (an honorary title of a Muslim who made a religious pilgrimage to Mecca and Medina) in Perovsk in 1878, mosques built by Babai ishan in Syr Darya district in 1892.

Key words: Aktas, Aikozha, Ganibay, Aitbay, Babai, Ishan, mosque.

Сыр өңіріндегі мешіттердің жандануы XIX ғасырдан басталады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Жаңақорған өңірінде орналасқан Ақтас мешіті, Қазалы қаласында Ғанибай, Нұралы мешіттері, Қызылорда қаласында Айтбай мешіті ашылды. Бұл мешіттерді ашуға сол кезеңдегі Орта Азиядағы Бұқара, Самарқанд сынды қалаларынан білім алған діни-ағартушылар зор ықпал етті.

XIX ғасырдағы Сыр өңіріндегі айтулы мешіттердің бірі Ақтас мешіті. Бұл мешітті атақты Айқожа ишанның ұрпақтары салдырған. Айқожа ишан Темірқожаұлы (1773-1857 жж.) Сыр бойындағы ірі діни қайраткер. Айқожа ишан Бұхарада, кейіннен Ауғанстанда оқып, терең білім алған. Ол туған топырағына қайта келіп бабалары өмір сүрген Жаңақорған өңіріне тұрақтайды. Осында мешіт-медресе ашып, балаларға діни білім берген. Айқожа Темірұлының өмір жолы хақында түрлі жазбаларда түрліше жазылып жүр. Көбіне-көп Айқожаны 1773 жылы Жаңақорған аумағында дүниеге келіп, осында 1857 жылы қайтыс болды деген дерек ұшырасады. 1891 жылы Ташкентте шыққан кітапта Айқожа ишанның Перовскі мен Түркістан уезіне есімі кеңінен жайылғандығын жаза отырып: «…Бұдан 30-35 жылдар бұрын өмірден өткен Айқожа ишан Бірқазан мен Түркістан арасындағы елге (Қоңыраттарға) діни басшылық жасаған» деп жазған. [1, 1 б]

Айқожа ишан 1857 жылы өзінің атымен аталатын жерде қайтыс болып, Ақтас қорымына жерленген. Осы аймақта Орта ғасырда Ақтас ата атты діни әулие өмір сүріп, осы жерде шейіт болған көрінеді. Содан бері бұл жер Ақтас аталған. Айқожа ишанның үлкен баласы Ибадулла әкесінің басына 1880 жылы күмбезді кесене салып, Ақтастағы «Айқожа» мешітін салдырған. Ақтас мешітін Атақожа 1884 жылы қайта жөндеуден өткізеді. Осы мешітте 500-дей балалар діни сауатын ашыпты. [1, 1 б]

Ақтас мешіті – Жаңақорған ауданы, Бесарық бекетінің батысында 7-8 км жерде орналасқан. Сырдария өзенінің жағалауына 1884 жылы салынған.

Төртбұрышты етіп жасалған күмбезді мешіттің биіктігі – 10-12 метр. Қасбеті шығыс жақта. Күйдірілген кірпіштені тұрғызылған. Мешіт күмбезіне 4 қырлы, 2 қабатты мойындық арқылы көтерілуге болады. Қабырғалары сәндік өрнектермен әшекейленген. Кіре беріс жағында 3 биік сәнді аркасы бар, ортаңғы аркадан мешітке кіретін есік жасалған. Солтүстік және оңтүстік жақтағы қабырғасына әшекейлі терезелер орнатылған. Мешіттің михрабы батыс жақтағы қабырғаның орта тұсында орналасқан. 1982 жылы республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштер тізіміне алынып, 1984 жылы мешітті қалпына келтіру жұмысы аяқталған. [2, 186 б]

Ақтас мешіті 2017 жылы "Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы" жобасы аясында өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енген.

XIX ғасырда Қазалы қаласында орыс құрылысшысы Муравьиннің жобасы бойынша салынған Ғанибай мешіті өзінің сәулет өнерімен ерекшеленеді. Мешіт Қазалы көпесі Ғанибай Хұсайыновтың қаражатына салынған. Қазалы қаласының орталығында салынған мешіттің ауданы – 28х15 м, биіктігі – 26 м, бірнеше бөлмесі, баспалдақты мұнарасы бар, шатыры қаңылтырмен жабылған. Кіре берісі жағы өрнекті кірпіштермен қаланған. Іші сырланып, ақталған. Қабырғалары төбесі гипспен өрнектелген. 1982 жылы республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштер тізіміне алынған. [3, 281 б]

Ғанибай мешіті 2017 жылы "Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы" жобасы аясында өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енген.

1878 ж. Перовск қаласында ашылған мешітті Айтбай қажының қаржысына Әулиеата шеберлері Ысқақ пен Камал салған. Содан кейін Айтбай мешіті аталған. Ауданы 22х16, биіктігі 14 м. Алдыңғы жағы үлкен портал болып келеді, күйдірілген қышпен өрнектелген, ортасындағы ойық-есік, екі жағынан төрт жалған терезе іспеттес оймышпен әшекейленген. Төбесі қаңылтырмен жабылып, іші сыланып, әктелген. Айтбай мешіті салынғаннан кейін өзіне 500 астам діндар адамдарды сыйдыра алады, осыдан басқа мешіт ғимаратында медресе мен ислам кітапханасы орналасқан. Шағын Перовск қаласы үшін Айтбай мешіті қала тұрғындарының әдемілігі мен мақтанышы болып табылады.

1980 ж. «Қазақ жобалау – қалпына келтіру» институты мешіттің толық қалпына келтіру-жөндеу жобасын жасады. Өкінішке орай, мешіт ғимаратының басындағы түрі бізге жетпеген. Кеңес уақыты кезінде мешіт діни мекемесі ретінде пайдаланылған. [2, 187 б]

Айтбай мешіті 2017 жылы "Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы" жобасы аясында өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енген.

Бабай ишан мешіті. Бабай ишан Жүнісұлы артында өнегесі қалып, қазақ жерінде діни ағарту ісін жүргізіп, имандылыққа үйреткен 1857 жылы дүниеге келіпті. Азан шақырып қойған аты – Бабарахым немесе Рахымбаба. Ол Бұхара медресесін бітірген.

1929 жылы елге еңбегі сіңген Бабай ишан да қуғын-сүргін құрығынан тыс қалмады. Тәжікстанға қоныс аударып, 80 жасында Бабай ишан да өмірден өтеді. [1, 1 б]

Сырдария ауданы қазіргі А.Тоқмағанбетов атындағы ауылдың Болтай деген жерінде 1892 жылы салынған. Оны тұрғызуға сол жердің ел сыйлар белді азаматтары атсалысқан. Ұзындығы – 10 метр, ені – 7 метр шағын күмбезді, кесектен тұрғызылған ғибадатхананың қазір тек орны мен қабырғасының бір бөлігі сақталған. [2, 189 б]

1930 жылдардың басындағы жаппай ашаршылықтан кейін мешіттер астық қоймасы, мектеп-интернаты, мал қора ретінде пайдаланылды. кейіннен казарма ретінде қайта жабдықталған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында аман қалған мешіттер Қазақстан тарихы мен мәдениеті ескерткіштері тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынды. Тәуелсіздік жылдары салынған мешіттермен қатар бұл тарихи мешіттер де осы күнге дейін қызмет етіп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ізтілеуова Д. Айқожа – діни рух сепкен ғұлама. turkystan.kz. 9 қазан, 2008 ж.
2. Дербісәліұлы Ә. Қазақстанның мешіттері мен медреселері – Алматы: «Аруна ltd.» 2009 – 186 б.
3. Сыр елі. Қызылорда облысы энциклопедиясы.–Алматы:«Қазақ энциклопедиясы», 2005 – 495 б.
4. Қуандықова С. Бабай ишан қасиеті. tirshilik-tynysy.kz. 14 қыркүйек, 2019 ж.

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕГІ БАЛА ТӘРБИЕСІ

Н.П. Албытова,
п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
А.Н. Нұғман,
докторант, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. Мақалада отбасы құндылықтары, бала тәрбиесі, ұлттық тәрбие, отбасы құндылықтарының бала тәрбиесіндегі маңызы, құндылық негізіндегі тәрбиеде отбасыға педагогикалық қолдау көрсету, отбасылық құндылықтарды тұлға бойында қалыптастырудағы мектептің рөлі және т.б. мәселелер қарастырылған.
Түйін сөздер: отбасылық құндылықтар, бала тәрбиесі, отбасылық құндылықтар жіктемесі, отбасылық құндылықтар түрлері, педагогикалық қолдау.

Abstract. The article discusses the issues of family values, Child Education, National Education, the importance of family values in the upbringing of children, pedagogical support for the family in value-based education, the role of the school in the formation of family values in a person, etc.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы семейных ценностей, воспитания детей, национального воспитания, значения семейных ценностей в воспитании детей, педагогической поддержки семьи в ценностном воспитании, роли школы в формировании семейных ценностей у личности.

Отбасы – адам өмірінің маңызды кезеңін қамтитын, оның тұлғалық негіздері қаланатын, дамуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Отбасылық құндылықтар бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Оларға отбасыда қалыптасатын маңызды, басым болып есептелінетін құндылықтар, сенімдер, принциптер мен нормалар жиынтығы жатады. Отбасылық құндылықтар ата-ана мен үлкендерді құрметтеу, жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, мейірімділік, төзімділік және т.б. аспектілерді қамтуы мүмкін. Олар балаларда осы қасиеттерді дамытуға және күнделікті өмірде қолдануына септігін тигізеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға бағытталған педагогикалық зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Зерттеу объектісіне Павлодар қаласы № 11 сәбилер бақшасының, мектепалды «А» тобы алынды. Топта 5-6 жас аралығындағы 18 бала тәрбиеленеді. Оның ішінді 8 қыз бала және 10 ұл бала. Балалардың дамуы олардың физиологиялық жасына және талаптарына сәйкес келеді.

Мәселені шешу мақсатында «Көзілдірік», «Дене мүшесін ата», «Бір,екі,үш буынды сөздер» атты дидактикалық ойындар ойнатылды. Балалар суретке карап сөздерді атауды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды атауды, өз ойларымен бөлісуді үйренді.

Эксперемент жұмыстарына №11 сәбилер бақшасының мектепалды «А» тобындағы 8 тәрбиеленуші қатыстырылды.

Эксперименттің мақсаты - мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің дамуына дидактикалық ойындардың тиімділігін анықтау, тәжірибелік тұрғыдан дәлелдеу.

Жүргізілетін эксперемент мынадай кезеңдердең тұрады:

1.Анықтау эксперементті кезеңі.

Анықтау эксперементті кезеңннің мақсаты – бақылау және эксперемент топтарын тандап алу, мектеп жасына дейінгі мектепалды топ балаларының тілінің деңгейін анықтау.

Анықтау экспериментті кезеңінің міндеті:

- мектеп жасына дейінгі мектепалды топ балаларының тілінің даму деңгейін анықтау.

Эксперимент жүргізер алдында біз мектепалды мектепке дейінгі жастағы сөйлеу қабілетінің дамуының деңгейлік көрсеткіштерін анықтадық.

Бақылау тобын «А» белгіледік, бұл топта 4 бала жұмыс жасады, ал эксперементтік тобын «Ә» белгіледік, бұл топтада 4 бала жұмыс жасады.

Балалардың сөйлеу деңгейін анықтау үшін мынадай үш деңгейлі критерийлері қолданылады:

1) өз бетінше сөздерді толық айтады – 10 ұпай;

2) ересек адамның көмегімен айтады – 7 ұпай;

3) сұрақтарға толық жауап бермейді – 3 ұпай;

Анықтау эксперементі мына жұмыстар арқылы анықтадық:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілетінің деңгейін анықтау үшін әдістемелерді қолдану

2. Анықтау эксперименті кезенінің қорытындылары

Жүргізілген жұмыстар тізбегінің тиімділігін тексеру үшін нәтижелерді салыстыруды шештік. Біз анықтау экспериментінің нәтежиесі бойынша бақылаушы тобының сөйлеу деңгейінің көрсеткіші 40%, Эксперименттік тобының сөйлеу деңгейінің көрсеткіші 60% екенің көрдік. Яғни, қалыптастырушы экпериментінің мақсаты бақылаушы тобының сөйлеу дағдысынын көрсеткішін көтеру болды.

Зерттеу барысында мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытатын дидактикалық ойындар туралы әр-түрлі ғылыми әдебиет көздерінен қарастырылып, оған негізгі түсінік берілді. Яғни, дидактикалық ойындардың негізгі міндеттері, оның қандай мәселелерді шешетіні қарастырылды. Дидактикалық ойындар жас ерекшеліктеріне сай қолданылады.

Барысында балалардың тілін дамытатын «Дұрыс айт», «Сенің ойыншығың қандай?», «Қандай көлік артық», «Кімге не керек?», «Аталған ағаштың суретін тап», «Көзілдірік», «Дене мүшелерін ата», «Бір,екі,үш буынды сөздер» дидактикалық ойындарына талдау жасалды. Бұл ойындарды жүйелі қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті және сөйлеу дағдыларын, сөздік қор мен тілін дамытуын қалыптастыру қабілеттерін барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Балабақша жағдайындағы балалардың тілін дамытушы дидактикалық ойындардың маңызы мен тиімділігі анықталды. Эксперимент нәтижесі қорытындыланды. Балаларға ойнатуға болатын қосымша дидактикалық ойындар көрсетілді.

Қорыта келе, зерттеу барысында қойылған міндеттерді шешіліп, мақсатқа жеттік. Сонымен қатар, дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда, сөздік қорын молайтуда тиімді екені дәлелденді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Алексеева, М.М. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников:Учеб.пособие для студ. выс. и сред. учебных учреждений /М.М. Алексеева, В.И. Яшина. - М.: Академия 2009.

2. Белошапкина, С. Играя, учимся.[Текст]/С. Белошапкина //Дошкольное воспитание, №7, 2012.

3. Выготский, Л.С. Психология развития ребёнка[Текст]/Л.С. Выготский- М.:Эксмо, 2006

4. Хрестоматия по теории и методике развития речи детей дошкольного возраста: Учеб.пособие для студ. высш. и сред. учеб. заведений /сост. М.М. Алексеева, В.И. Яшина. –М.: Академия, 2000.

5. Сохин, Ф.А. Психолого-педагогические основы развития речи дошкольников[Текст]/ Ф.А. Сохин. - М.: МОДЭК, МПСИ, 2005.

6. Эльконин, Д.Б. Психология игры.[Текст]/ Д.Б. Эльконин - М.: Владос, 2009.

7. Федотова, А.М. Познаём окружающий мир играя. Сюжетно-дидактические игры для дошкольников [Текст] / А.М. Федотова. - М.: ТЦ Сфера, 2015.

8. Швайко, Т.С. Игры и игровые упражнения для развития речи [Текст]/ Т.С. Швайко. - М.: Айрис-дидактика, 2010

9. Смагулова С.К. Оспанова Г.М. Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданатын тиімді технологиялар / Алматы:ЭСПИ, 2022 ж. – 172б.

10. М. Меңдаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері/ Монография. – Алматы: «Отан» баспасы,2020. – 268 бет.

11. А. Б. Бакраденова Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Павлодар,2016.-291 б.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НЫҒАЙТУ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Шұғаева Гүлшат Қоңыратқызы,
п. ғ. к, қауымд. профессор м. а.
Ағабек Айсара Сенбіқызы,
7М01101 Педагогика және психология мамандығының
2 курс магистранты,
Психология және Педагогика кафедрасы,
Х.Досмұхамедов атындағы АУ-і

Аннотация. Денсаулық – күрделі көп нұсқалы әлеуметтік-мәдени феномен. Мақала денсаулық адамның өмір сүруінің ең маңызды биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және рухани аспектілерін көрсететін интегративті тұлғалық сипаттама ретінде қарастырылады. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық динамикалық, физикалық жүктемені арттыруды, тұлғаны дамыту, оқу үдерісінің құрылымындағы денсаулық сақтау технологияларын, мотивацияны және ең жоғары құндылық ретінде денсаулыққа деген көзқарасты қалыптастыруды қамтиды.

Түйін сөздер: салауатты өмір салты, денсаулық,құндылық, білім беру, тұлға.

Аннотация. Здоровье – сложное, многоаспектное социокультурное явление. В данной статье здоровье рассматривается как целостное свойство личности, отражающее важнейшие биологические, психологические, социальные и духовные аспекты человеческого существования. Психопедагогические мероприятия по формированию здорового образа жизни включают в структуру образовательного процесса динамическую и возрастающую двигательную активность, развитие личности, навыков здоровья, мотивации и формирования отношения к здоровью как высшей ценности.

Ключевые слова: здоровый образ жизни, здоровье, образование, личность, ценности.

Abstract. Health is a complex, multidimensional sociocultural phenomenon. In this article, health is considered as an integrated personality property, reflecting the most important biological, psychological, social and spiritual aspects of human existence. Psychopedagogical for the formation of a healthy lifestyle include in the structure of the educational process dynamic and increasing physical activity, personality development, health skills, motivation and the formation of an attitude towards health as the highest value.

Key words: healthy lifestyle, health, education, personality, value.

Жас ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі әрқашан маңызды. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жүйедегі түбегейлі өзгерістер, денсаулық сақтау саласындағы реформалар, өскелең ұрпақтың денсаулық деңгейін арттыру мемлекеттік билік органдары мен білім беру саласында оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың денсаулығын жақсарту бойынша әлеуметтік-гигиеналық білім және салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын меңгеру шараларын енгізуді талап етеді. Сондықтан оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу, олардың дені сау болуға ұмтылуын қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Оқушылардың денсаулығын педагогикалық құралдармен қалыптастыру барлық мамандық мұғалімдерінің, бүкіл педагогикалық ұжымның күш-жігеріне байланысты; сонымен қатар оқу процесінің барлық субъектілерінің денсаулық мәдениеті неғұрлым жоғары болса, сауықтыру қызметі соғұрлым тиімді болады [1]. Алайда, бүгінгі таңда қоғамда салауатты өмір салтын ұстанудың басымдылығының жоқтығы, білім беру кеңістігіндегі денсаулықтың орнын жеткілікті түрде түсінбеу басты мәселе болып отыр.

«Салауатты өмір салты» – тұжырымдамасы ұтымды ұйымдастырылған, физиологиялық оңтайлы еңбекті, адамгершілік-гигиеналық тәрбиені, психогигиена ережелері мен талаптарын сақтауды, ұтымды тамақтануды және жеке бас гигиенасын, белсенді қозғалыстар мен дене тәрбиесінің жүйелі сабақтарын, тиімді салқын жаттығулар, бос уақытты жақсы ойластырылған ұйымдастыру, зиянды әдеттерден бас тарту. Салауатты өмір салты – бұл білім беру жүйесінде оқудың барлық кезеңінде қарқынды іс-әрекет түрлерінен кейін ағзаны қалпына келтіруді қамтамасыз етуге, денсаулықты сақтауға және жақсартуға қабілетті жалғыз өмір салты [2]. Сондықтан оқушылардың осы өмір салтын қалыптастыру білім саласындағы әлеуметтік міндеттерінің бірі болып табылады.

«Өмір салты» ұғымы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ерекшеліктерімен шартталған тіршілік әрекеті ретінде қарастыруға болады. Салауатты өмір салтының негізгі параметрлері еңбек (жас ұрпақты тәрбиелеу), өмір салты, халықтың қоғамдық-саяси және мәдени белсенділігі, сондай-ақ мінез-құлық әдеттері болып табылады [3]. Салауатты өмір салты аурудың алдын алуға және дұрыс даму мен мүмкіндіктерді жүзеге асыруға бағытталған, өмірдегі белсенді ұстанымды қалыптастыруға ықпал етеді және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеудің қажетті шарты болып табылады.

Білім туралы құжаттарда білім алушылар денсаулығы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Мектепте салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесін тиісті педагогикалық формаларды, әдістер мен құралдарды жаңарту арқылы шешу қолға алынуда. Қазіргі уақытта бұл мәселені шешудің теориялық алғы шарттары социологиялық, медициналық-биологиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде қаланған. Ғалымдар жастардың денсаулығы мен олардың өмір салтының жалпы мәселелерін талқылайды. Атап айтқанда Кураев, В.П. Лавренко, А.А. Ессалиев, Ж.З. т.б салауатты өмір салтын қалыптастыруға әртүрлі факторлардың әсерін зерттеу. Дисси, Е.Л.,Иванова, Т.А., Пономарев, В.В., Руссина Н.А. және т.б. денсаулық сақтау мәселесінің әр түрлі аспектілеріне арналған мақалаларда медицина саласынан педагогикаға екпіннің ауысуын көрсететін оны шешу жолдарын қайта қарау үрдісі байқалады.

Оқушыларды салауатты өмір салтына бағдарлайтын консультациялар, арнайы курстар, семинар, тренингтер сияқты қосымша оқыту нысандарды кеңінен қолдану оқу үрдісінде іс жүзінде жүзеге асырылмайды. Омындай педагогикалық- психологиялық қолдау арқылы оқушыылардың денсаулық жағдайын арттыруға және оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға болады.

Салауатты өмір салты тұрақты демалу режимі, зиянды әдеттерден бас тарту, жеткілікті физикалық белсенділік, жеке гигиена, салқын жаттығулар, рухани демалу, ұтымды тамақтану және т.б. сияқты негізгі компоненттерді қамтиды [4]. Белсенділік пен демалу режимі салауатты өмір салтының маңызды элементі болып табылады. Күнделікті режим әрбір адамның өмірлік белсенділігінің негізі болып табылады. Сондықтан ол денсаулық жағдайына, өнімділік деңгейіне, қызығушылықтары мен әдеттеріне байланысты жеке болуы керек. Тұрақты режимдік тәртіппен ағзаның өмірлік белсенділігінің нақты және қажетті ырғағы қалыптасады, ол еңбек пен демалыс үшін оңтайлы жағдай жасайды, сондықтан денсаулықты нығайтуға және еңбекке қабілеттілікті жақсартуға ықпал етеді.

Темекі шегу (электронды және т.б түрлері) мен алкогольді шамадан тыс тұтыну немесе әуес болу жастар арасында негізгі және ең көп таралған зиянды әдеттер болып табылады. Ең көп таралған жамандық - темекі шегу. Ғалымдар темекі шегудің оқу материалын қабылдау деңгейінің төмендеуіне әкелетінін дәлелдеді. Көбінесе темекі шегу ауыз қуысында, тамақта, бронхта және өкпеде ісіктердің пайда болуына себеп болады. Тұрақты және ұзақ темекі шегу ерте қартаюға әкеледі.

Салауатты өмір салтының келесі маңызды құрамдас бөлігі – дұрыс тамақтану. Рационалды тамақтану – дені сау адамдардың жынысын, жасын, еңбек сипатын және климаттық өмір сүру жағдайларын ескере отырып, физиологиялық толық тамақтануы. Уақыттың тапшылығы және өмірдің жылдам ырғағы тамақтанудың бұзылуына әкеледі. Тамақ құрамында ақуыздар, майлар, көмірсулар, витаминдер және минералды заттар аралас өнімдер болуы керек. Сонда

жүйелі тамақтану ағзаның қалыпты өсуі мен қалыптасуын қамтамасыз етеді [5]. Оңтайлы физикалық белсенділіктің негізі - тұрақты дене жаттығулары мен спорт. Тұлғаның физикалық дамуын сипаттайтын негізгі белгілер күш, шапшаңдық,ептілік, икемділік және төзімділік; әрбір ерекшеліктің жақсаруы денсаулықты нығайтуға да ықпал етеді.

Салауатты өмір салтын, дене шынықтыру және спорт мұғалімдерін қалыптастыруға байланысты іс-шараларда оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеретін әдістерді қолдануы қажет. Атап айтқанда, денеде қарқынды өсу мен өзгерістер орын алатын жас кезеңдеріне ерекше назар аудару керек. Соңғы жылдары биоритмология қарқынды дамып, нәтижесінде келесі негізгі фактілер анықталды: Қазіргі уақытта адам ағзасындағы белгілі процестердің барлығы дерлік белгілі бір ырғаққа ие, ол өмірдің ең кең таралған әмбебап үлгісі болып табылады.

Білім беру жағдайында стратегияны жүзеге асырудың келесі педагогикалық шарттарын анықтадық.

– оқушыларға салауатты өмір салты туралы ақпарат беру (ақпараттық қолдауды ұйымдастыру).

– олардың салауатты өмір салтына деген эмоционалдық-құндылық қатынастарын білу (олардың салауатты өмір салты үлгісін ұйымдастыру);

– салауатты өмір салты тәжірибесін байыту (сауықтыру шараларына қатысу).

Оқушылардың салауатты өмір салтына бағдарлануын, салауатты өмір салты теориясы мен тәжірибесін қалыптастырудың, өзіндік салауатты өмір салтын қалыптастыруға оң көзқарасын қалыптастырудың көрсетілген білім беру шарттарын жүзеге асыру салауатты өмір салтын қалыптастыруға шығармашылық тәсілдер туралы білімдерді меңгеруге ықпал етеді. Оқушылардың салауатты өмір салтына бағытталған алғашқы білім беру шарттарын жүзеге асыру дене шынықтыру аясында жүзеге асады. Оқушыларды салауатты өмір салтына баулуға бағытталған дене тәрбиесінің тәрбиелік бағытын күшейту; Педагогтар мен психологтардың пікірінше, ақпаратпен мақсатты жұмыс жасау арқылы өмірдің барлық салаларында түсіну, түсіну және тұлғалық мәнге ие болу айтарлықтай өзгереді. Оқушыларды салауатты өмір салты туралы ақпараттандыру – ақпаратты қабылдаудың пассивті түрінен белсенді түрге көшуге және мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекеттесу субъектісінің субъективтік сипатын қамтамасыз етуге бағытталған бірлескен процесс.Оқытудың (бірлескен) әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады: лекциялар, әңгімелер, дискуссиялар, конференциялар, және т.б. Бұл әдістерді қолдану оқушы тұлғасының танымдық қабілеттері, өзін-өзі тануы, жоғары деңгейлі қажеттіліктер мен құндылықтар сияқты негізгі сипаттамаларын шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, бұл оқушыларға өздерінің өмірлік әрекеттерінің мәнін қайта бағалауға және олардың әртүрлі қабілеттерін, соның ішінде жетістікке жету, тану және өмір салтын өзгерту қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі. Осыған сәйкес біз оқушылар арасында салауатты өмір салтын іштей қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие, тәсілдері мен құралдарын қарастырдық. Түсінуді, эмоционалдық құндылықтарды және модельдеуді қолдайды. Екінші педагогикалық шартты жүзеге асыруды жүйелі қамтамасыз ету оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған пікірталас техникасын (диалогтар, пікірталастар) қолдану арқылы жүзеге асырылады, бұл жеке тұлғаның эмоционалдық сферасының белсенділігін арттырады және көрнекілеуді жеңілдетеді.

Оқушылардың дене шынықтыру пәнін өту формасына, теориялық дайындық деңгейіне, сырқаттану жиілігіне, «Денсаулықты сақтау» бағыты бойынша дене шыныөтыру сабағына жаңа стандартты емес технологияларды енгізуге деген қызығушылықтарын анықтау мақсатында «JOO High School Atyrau» мектепбінің 7-9 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. «Оқушылардың 79,3%-ы дене шынықтыру сабағына тұрақты түрде қатысады, ал оқушылардың 28,9%-ы сабақтан басқа түрлі спорт түрлерімен айналысады 40,4%-ы сабақтан кейін кешкі уақытта серуендеп, 43,1% өз денсаулығы үшін ештеңе істемейтінін айтты. Олар дене шынықтыру бағдарламасын ұстанады және аптасына екі рет дене шынықтыру сабағына барады. Осылайша оқушылар сабақта дене шынықтыру жаттығуларына деген қажеттіліктерін толығымен қанағаттандырады. «Спортпен айналысуға не кедергі?» деген сұраққа. 70,8%-ы

«Уақытым жоқ», 18,8% «Ақшам жоқ», 16,7%-ы «Қызығушылығым жоқ» деп жауап берді. Оқушылардың 10,4%-ы жыл бойы жиі ауырады, қалғандары 6-7 күнде бір немесе екі рет ауырады. «Ата-анаң спортпен шұғылданады ма?» деген сұраққа. Оқушылардың 57,5% оң жауап берді және тек 42,5% «жоқ» деп жауап берді. Жүйелі түрде дене шынықтырумен айналысу қажеттілігі туралы сұраққа 80% оқушылар оң жауап беріп, жүзу,бокс, би және жеңіл атлетика сияқты көптеген спорт түрлері мен жаттығуларды ұсынды. Физиология, психофизиология, компьютерлік қосымшалар мен зерттеулердегі білім беру диагностикалық бағдарламаларының заманауи жетістіктері дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың физикалық қасиеттерінің функционалдық әлеуетін және даму деңгейін жеке бақылайтын сауықтыру әдістерін енгізуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл дене тәрбиесіндегі оқу процесін оқушының жеке психофизиологиялық және функционалдық мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе белгілі бір медициналық жағдайы бар адамдар үшін өте маңызды. Сыныптан тыс жұмыстарда дене тәрбиесінің ең толық формалары мен құралдары қолданылады. Мұндай сабақтар оқушыдар үшін өте тартымды, өйткені олар олардың қызығушылықтарын ескере отырып жоспарланады және әзірленеді, ал жастар бос уақытын денсаулыққа пайдалы әсермен өткізеді. Бұл кешкі ойын-сауыққа лайықты балама болып табылады, өйткені бұл жоспарлау дағдыларын меңгеру үшін қажет.

Окорелова В.А. оқу процесінде оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру (соның ішінде өзіндік рефлексия қабілеттерін дамыту және салауатты өмір салтын рефлексивті таңдау) келесі білім беру жағдайларында табысты болады деп есептейді:

- Жеке тұлғаның салауатты өмір салтына қатынасы салауатты өмір салтының қабылданатын құндылық аспектілері негізінде мотивацияны арттырып, қалыптастыра алатын мінез-құлық және мотивациясында;

- Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға жаттықтыру, өз іс-әрекетінің нәтижелерін және басқа адамдардың (сыныптастары, достары) іс-әрекетін түсіну дағдыларын дамытуда;

Білім беру процесінде саналы түрде құрылған, оқу тәжірибесінің проблемалық жағдаяттарында стихиялы түрде туындайтын, денсаулық пен салауатты өмір салты құндылықтары негізінде студенттермен шешілетін, салауатты өмір салтын танудың негізі [6]. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы қажеттіліктеріне бүкіл педагогикалық ұжымның бірлескен іс-әрекетін енгізу және жүзеге асыру арқылы жауап беру қажет екендігі анық көрсетілген. Бұған денсаулықты сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциялар, денсаулық сақтау әдістерін қолдану бойынша мұғалімдерге арналған семинарлар ықпал етеді.

Зерттеулерге сүйенсек, дене температурасы, артериялық қысым, импульс жиілігі және басқа параметрлер сияқты физиологиялық функциялар биологиялық ырғақтардың әртүрлі типтері бар адамдарда айтарлықтай әртүрлі циркадиялық динамикаға ие. Бұл тұрғыда оқушылардың күнделікті режимін осы ерекшеліктерді ескере отырып ұтымды ұйымдастыруға басымдық берілуі керек. Мысал ретінде тамақтану үлгілері мен тәуліктік биологиялық ырғақтардың өзара тәуелділігі мәселесін қарастырайық. Тамаққа деген қажеттілік ырғақты сипаттамаларға ие және көптеген факторларға байланысты екені белгілі. Сонымен қатар, диеталық үлгілер қоректік заттардың қажеттілігінің мерзімді өзгерістерін ескеруі керек. Адамдардың нені, қалай және қашан жейтіні маңызды. Жеке адамның биологиялық ырғағының ерекшеліктерін ескеретін ұтымды тағамдық құрам дегеніміз не? «Таңғы асты патшадай, түскі асты ханшадай же, кешкі асты кедейдей же» деген нақыл бекер емес. Соңғысы лайықты таңғы асты емес, ауыр кешкі асты қажет етеді, өйткені олар дәл осы уақытта көбірек энергия жұмсайды. Күнделікті режимді ұтымды құрылымдау үшін жұмыс қабілеттілігінің күнделікті ауытқуы өте маңызды. Сонымен қатар оқушыларды спорттық-сауықтыру іс-шараларына белсенді және тұрақты қатысуы дене шынықтыру жаттығулары, сайыстар және өзін-өзі тәрбиелеу, салауатты өмір сүру қажеттілік ретінде қалыптасады.

Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы, адамды биоәлеуметтік құрылым ретінде сақтаудағы рөлін түсінуі рефлексиялық қабілеттерді дамытуды қажет етеді.

Салауатты өмір салты дамушы ағза жүйелері үшін оңтайлы жағдайларда әртүрлі әлеуметтік және күнделікті функцияларды орындауды жеңілдететін барлық нәрсені сипаттайды [7]. Оқушылар ерте жастан салауатты өмір салты қағидаттарын ұстанатын болса, өмір сүру ұзақтығын 10 жылдан астам ұзартуға болады. Салауатты өмір салты – барлық аурулардың бірден алдын алудың бірден-бір құралы. Ол тек бір аурудың алдын алу емес, бірден барлық аурулардың алдын алуға болытын сақтандыру деп айтуға болады. Денсаулық – адам өмірінің басты құндылығы. Бұл -адамның биологиялық және әлеуметтік қызметін жүзеге асырудың басты шарты, сонымен қатар тұлғаның қалыптасуының негізі болып табылады.

Қорыта айтар болсақ, өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту мәселесінің бүгінгі күні өзектілігі арта түсуде. Себебі, дені сау балалардың саны жыл сайын азайып келеді. Дәрігерлер, педагогтар мен психолог мамандар балалар мен жасөспірімдердің арасында әртүрлі функционалды ауытқулар мен созылмалы аурулар санының өсуіне алаңдауда. Бұл жаста олар өзі денсаулығын күтуге саналы түрде қарап, маңыздылығы туралы ойламайтыны анық. Сондықтан мектепте және отбасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша белсенді әлеуметтік жұмыс жүргізу өте маңызды.

Әдебиеттер:

1. Құсайынов А.Қ. «Ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар негізі» III бөлім.4-бағыт Салауатты өмір салты. 2023.
2. Кобяков, Ю.П. Физическая культура.Основы здорового образа жизни. Ростов:Феникс. 2014.
3. Васенков, Н. В. Динамика состояния физического здоровья и подготовленности школьников// Теория и практика физической культуры, 2008. 5, 91-92б.
4. Бөлешов, М. Ә. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы. оқулық / М. Ә. Бөлешов. - Алматы : Отан , 2020. - 180 б.
5. Н.Ю. Синягина, И. В. Кузнецова Здоровье всех от А до Я. – 2007. 41-47б.
6. Хакутдинова С.Р. Формирование ценности отношения к здоровью в истории человечества // В сб. «Образование в контексте приоритетов современного общества». ч.2. Стратегия здоровьесбережения и здоровьесозидания в современном образовании. Санкт-Петербург, 2012. 126-132б.
7. Бретт Блюменталь. «Год, прожитый правильно» 52 шага к здоровому образу жизни. Здоровье, Саморазвитие/личностный рост. 2021. 430б.

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ АҚЫЛ ОЙЫН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Утилова Айгуль Муратовна,
п.ғ.к., педагог зерттеуші.
Молдажанова Адемай Жумагельдыевна,
6В01210 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту педагогикасы мамандығының 2 курс студенті,
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту кафедрасы,
Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті

Аннотация. Бұл жобада қазіргі бағдарлама бойынша қарастырылған мәселе, балаларға дидактикалық ойынның балалардың алған білімдері түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге өзінше бір белсенді танымдық іс-әрекет формасы болып табылады. Сондықтан оқу-тәрбие процесіне ойынды дұрыс кірістіріп, оның барлық тиімді мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызы зор. Дидактикалық ойындардың көмегімен балалар өз бетінше ойлауға, алған білімдерін берілген тапсырмаға сәйкес әртүрлі жағдайда пайдалана білуге үйренеді. Мектеп жасына дейінгі бала ойын әрекетін қажет етеді, бұл ойынды тәрбиелік міндет ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: дидактикалық ойын, ақыл ой тәрбиесі, ғалымдар, психикалық даму, математика, адамгершілік тәрбиесі, дене тәрбиесі.

Аннотация. Проблема, рассматриваемая в данном проекте по действующей программе, заключается в том, что дидактическая игра для детей не только способствует пониманию полученных детьми знаний, но и сама по себе является формой активной познавательной деятельности. Поэтому очень важно правильно включать игру в образовательный процесс и использовать все ее эффективные возможности. С помощью дидактических игр дети учатся самостоятельно мыслить, использовать полученные знания в разных ситуациях согласно поставленной задаче. Ребенку дошкольного возраста необходима игровая деятельность, позволяющая использовать игру как учебную задачу.

Ключевые слова: дидактические игры, интеллектуальное воспитание, ученые, психическое развитие, математика, нравственное воспитание, физическое воспитание.

Abstract. The problem considered in this project according to the current program is that the didactic game for children not only informs the understanding of the knowledge acquired by children, but is also a form of active cognitive activity in its own right. Therefore, it is very important to properly include the game in the educational process and use all its effective features. With the help of didactic games, children learn to think independently, to use the acquired knowledge in different situations according to the given task. A child of preschool age needs play activity, which makes it possible to use the game as an educational task.

Key words: didactic games, intellectual education, scientists, mental development, mathematics, moral education, physical education.

Кіріспе

Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы еліміздегі жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие беруде жетілдірудегі толғауы терең қайталанбас дүние. Елбасы Жолдауы өмірдің баға жетпес құндылығы балаға, бала тәрбиесіне, ел болашағына айрықша көңіл бөліп отыр. Отбасы, әке мен бала, бала мен ана мәселесіне қатысты «Бала тәрбиелеу-болашаққа үлкен инвестиция» деуінде үлкен мән жатыр. Мұның барлығы – ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған жоғары мемлекеттік деңгейдегі әрекет.Ойынның бір түрі – дидактикалық ойын. Дидактикалық ойындардың көмегімен балалар өз бетінше ойлауға, алған білімдерін берілген тапсырмаға сәйкес әртүрлі жағдайда пайдалана білуге үйренеді. Мектеп

жасына дейінгі бала ойын әрекетін қажет етеді, бұл ойынды тәрбиелік міндет ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Ғылыми мақаланың міндеттері:

-Ғылымилық, ғылыми әдістемелердің әдебиеттеріне талдау жасау;

-Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық іс-әрекетін дамыту және қолдау құралы ретінде дидактикалық ойындарды пайдалану мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу және талдау

-Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық даму ерекшеліктерін зерттеу, ақыл-ой тәрбиесінде дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігін дәлелдеу.

Негізгі бөлім

Психикалық даму - бұл мектеп жасына дейінгі баланың болашақ өміріндегі жалпы психикалық дамуының орталық бөлігі болып табылатын іргелі білім. Өз кезегінде психикалық даму – танымдық қызығушылықты, білім мен дағдыны қалыптастыруға бағытталған күрделі процесс. Ойын, атап айтқанда дидактикалық ойын балалардың қоғамдық өмір құбылыстарына, табиғатқа, қоршаған дүние заттарына дұрыс көзқарасын қалыптастырады және Отан туралы, әр түрлі кәсіп пен ұлт өкілдері туралы білімдерін жүйелейді және тереңдетеді. Дидактика туралы ұғым. Дидактика - бұл ежелгі грек сөзі, яғни didaktikos - үйретуші, didaskalos- мұғалім деген ұғымды білдіреді. Дидактика - білім беру мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы. Дидактика білім беру мен оқытудың мазмұнын, оқыту принциптерін, оқытуды ұйымдастыру әдістерін және формаларын қарастырады[1,15б]. Дидактиканың негізінде жеке пәндерді оқыту ерекшеліктері де зерттеледі. Дидактиканың ғылыми негізін салған чех педагогы Ян Амос Каменский (1592-1670). Оның «Ұлы дидактика» кітабында (1632) оқытудың мақсаты, әдістері мен принциптері және сынып сабақ жүйесі баяндалған. XVII ғ. швейцар педагогы Иоганн Генрих Песталоцци (1746-1827) дамытып оқыту принциптерінің жүйесін дәлелдеді, бастауыш білім беру әдістерінің негізін жасады[2, 61б]. XIX ғ. неміс педагогы Фридрих Вильгельм Адольф Дистервек (1790-1966) дамытып оқыту дидактикасын баяндады. Оқыту процесінде 4 түрлі ережелерді қолдана білуді атап көрсетті: көрнектілік, еліктіргіштік, жігерлілік, оқушылардың дербес ерекшеліктерін ескеру, жақыннан қашыққа, оңайдан күрделілікке көшу т.б. [3,62б]. К.Д. Ушинский Ресейде орыс дидактикасының дамуына игі әсерін тигізді, ал кеңес өкіметі жылдарында Н.К.Крупская, П.П. Блонский, С.Т.Шацкий т.б. үлкен үлес қосты [4, 64б]. Белгілі педагог ғалымдардың Б.П.Есипов. М.А.Данилов, Л.В.Занков, М.Н. Скаткин т.б. оқыту мәселелері жөніндегі еңбектері жарияланды. Олар оқыту принциптерінің жүйесін, оқытуды ұйымдастырудың әдістері мен формаларын дәлелдеді. Педагогика ғылымының «Дидактика» саласында белгілі қазақ педагог-ғалымдары, ағарту ісінің кайраткерлері Ыбырай Алтынсарин, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Шарапи Әльжанов т.б. өз уақыттарында шығармашылықпен еңбектеніп, бірсыпыра үлестерін қосты [5, 89 б].

Ғалым А.Едігенова бойынша баланың бүкіл өмір бойында оның даму үрдісі жүреді. Даму үрдісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. 6 жастағы балалар заттарды түріне, түсіне, көлеміне қарап ажырата бастап, олардың құрлысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді[6,81б]. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстарымен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады [7, 112 б].

Дидактикалық ойындар оның аты айтып тұрғандай, баланың ақыл ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Дидактикалық ойындар дегеніміз оқыту мақсатын жүзеге асыруға арналған ойындар. Дидактикалық ойындар оқушының байқампаздық, елестету, есте сақтау, сөйлеу, ойлау қабілеттерін, сенсорлық бағдарын дамытады. Ойын барысында балалар да жаңа білім мен әдістерді үйрену керек екенін түсінеді. А.Құнанбаев айтқан: «Балалар өздігінен кішкентай кезінен оқуға ұмтылмайды. Балаларды білімге деген құштарлығы артқанша оларды күштеп тарту арқылы үйрету керек деп» Ойын барысына қызыққан бала, ол өзі де үйреніп жатқанын байқамай да қалады,бірақ та бала іс-қимылдарды қайта құрылымдаған кезінде қиналады (автодидактизм құбылысы). Ойын барысында бала өзінің қолынан келетінін жасауға ұмтылады. Дидактикалық ойын - бұл оқу құралдарымен немесе оқу іс-әрекеті барысында қолданылатын әдіс емес. Дидактикалық ойын көп жоспарлы,

қиын педагогикалық құбылыстар, ол балаларды ойын әдісі арқылы үйрету болып табылады, білім беру нысаны және өзіндік ойын ойнау,балаларды жан-жақты дамыту болып табылады. Дидактикалық ойын, ойын әдісі ретінде екі жақты қарастырады. Ойын-оқу іс-әрекеттері. Бұл ойында басты рөлді педагог басқарады, педагог әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып , ойын жағдайын туғызады, жарыс элементтерін қолданады. Педагог ойын барысында тек қана ойнатып қоймайды балаларға белгілі бір білімді береді, ойнау дағдыларын қалыптастырады. Дидактикалық ойындар математикада, тіл дамытуда, қоршаған ортамен таныстыруда, сенсорлық мәдениетін дамытуда қолданылады. Педагог бұл жерде оқытушы да, ойын ойнаушы ретінде де болады. Ол ойнауды үйретеді ,ал балалар ойнай жүріп үйренеді. Егер де оқу барысында қоршаған орта туралы білімдерін дамыту тереңдетілсе, дидактикалық ойында балаларға тапсырмалар жұмбақ ретінде, ұсыныстар, сұрақтар ретінде қолдануға болады. Дидактикалық ойын жеке ойын қызметі осы ойын әрекетін сезіну ретінде қарастырылады [8,78б].

Дидактикалық ойын дербес ойын әрекеті ретінде осы процесті сезінуге негізделген. Балалар ойынға, ережелерге қызығушылық танытса, осы ережелерді олар меңгерсе ғана дербес ойын әрекеті жүзеге асады. Ойынның мазмұны оған жақсы таныс болса, бала қашанға дейін оған қызығушылық таныта алады? Бұл жұмыс процесінде тікелей дерлік шешуді қажет ететін мәселе. Балалар ойындарды жақсы көреді, олар рахаттанып ойнайды. Мұны балаларға ережелері белгілі халық ойындары дәлелдей алады: «Бояулар», «Жасырынбақ», т.б.

Әрбір мұндай ойынның әрекетке деген қызығушылығы бар. Мысалы, «Бояулар» ойынында түсті таңдау керек. Әдетте балалар өздерінің сүйікті және ертегі түстерін таңдайды: алтын, күміс. Түсті таңдаған бала жүргізушіге жақындап, құлағына бояудың атын сыбырлайды. «Бір аяқпен жол бойымен жүр», - дейді жүргізуші ойыншылардың арасында жоқ бояуды атаған адамға. Мұнда балаларға арналған қаншама қызықты ойын әрекеттері бар! Сондықтан балалар үнемі осындай ойындарды ойнайды. Оқу процесінің мәселесі – балалардың өз бетінше ойнауында, олар дамып келе жатқанда өздері ұйымдастыра алуы, қатысушылар мен жанкүйерлер ғана емес, сонымен қатар әділ қазылар болуы. Оқыту процесінде ары қарай жылжи отырып, ойындарды тек техникалық бағытты ғана емес, эстетиканың жаңа бояуын қосатын, адамгершіліктің бейнелі ұғымдарын ашатын және басқа да ережелерді қамтитын ережелердің санымен толықтыру арқылы күрделендіру қажет.

Дидактикалық ойындар – тұлғаны жан-жақты дамыту құралдарының бірі. Дидактикалық ойындардың көмегімен балалар өз бетінше ойлауға, алған білімдерін берілген тапсырмаға сәйкес әртүрлі жағдайда пайдалана білуге үйренеді. Көптеген дидактикалық ойындар балаларды ақыл-ой операцияларында бар білімді ұтымды пайдалануға шақырады: қоршаған дүниенің заттары мен құбылыстарынан өзіне тән белгілерді табу, салыстыру, топтау, белгілі бір критерийлер бойынша заттарды жіктеу, дұрыс қорытындылар, жалпылау. Балалардың ойлау белсенділігі – берік, терең білім алуға, ұжымда саналы қарым-қатынас орнатуға саналы қатынастың басты алғышарты.

Дидактикалық ойындар балалардың сөйлеуін дамытады: сөздік қорлары толығады және белсендіріледі, дыбыстарды дұрыс айту қалыптасады, байланыстырып сөйлеу дамиды, өз ойын дұрыс жеткізе білуге дағдыланады. Көптеген ойындардың дидактикалық тапсырмалары балаларды өз бетінше қарапайым әңгіме құрастыруға үйретететіндей етіп құрастырылған. Көптеген ойындар процесінде ойлау мен сөйлеуді дамыту ажырамас байланыста жүзеге асады. Балалар ойында, даулы мәселелерді шеше отырып, сөйлескенде сөйлеу белсендіріледі.

Кішкентай балалармен жұмыс жасауда дидактикалық ойындардың негізгі мазмұны балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды, мінез-құлық мәдениетін сіңіру болып табылады. Бұл белгілі практикалық ойындар: «Қуыршақты ұйықтат», «Қуыршақтың таңғы ас», «Қуыршақты серуендеуге киіндірейік» және т.б. гигиеналық дағдылар, мінез-құлық нормалары, осылайша оларда жағымды ойын қарым-қатынастары қалыптасады. Ойын кезіндегі балалардың мінез-құлқын бақылай отырып, біз баланы оның іс-әрекеті арқылы аша аламыз.

Кеңес үкіметі психологтары Л.С. Выготский және А.В. Запорожецтер үлкен мектепке дейінгі жаста баланың ситуациялық мінез-құлықтан әлеуметтік нормалар мен талаптарға бағынатын әрекеттерге ауысатынын және соңғысына өте эмоционалды болатынын бірнеше рет атап өтті. Бұл кезеңде бала мен ересек адам арасындағы қарым-қатынастың когнитивті түрінің орнына тұлғалық тип алдыңғы орынға шығады, оның ортасында адами қарым-қатынасқа қызығушылық тұрады.

Үлкен жастағы мектеп жасына дейінгі бала өзінің мінез-құлқында ересектерге нені ұнататынын және нені ұнатпайтынын жалпы дұрыс біледі және оның іс-әрекетінің сапасын және оның жеке қасиеттерін жеткілікті түрде адекватты түрде бағалайды [9, 32 б].

Мектеп оқушылары дидактикалық ойындарға материал жасау кезінде кейбір еңбек дағдыларын меңгереді. Егер балалар ойынға атрибуттарды өздері дайындаса, онда олар оларға мұқият қарайды. Сонымен, балалармен дайын (зауыттық) ойындармен қатар жұмысқа пайдалы материалдарды пайдалануға болады. Сонымен қатар, алғашқы еңбексүйгіштікке, еңбек өнімін құрметтеуге тәрбиелеудің жақсы жолы.

Дене тәрбиесі. Ойын жағымды эмоционалдық көтерілуді тудырады, сізді жақсы сезінеді және сонымен бірге жүйке жүйесінде белгілі бір кернеуді қажет етеді. Ойын кезіндегі балалардың физикалық белсенділігі баланың миын дамытады. Әсіресе, дидактикалық ойыншықтары бар ойындар маңызды болып табылады, олардың барысында қолдың ұсақ бұлшықеттері дамып, күшейеді, бұл балалардың психикалық дамуына, баланың қолын жазуға, бейнелеу әрекетіне дайындауға, яғни болашақ мектептегі оқуға дайындайды.Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қоғамның жас ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең сезіліп отырған бүгінгі таңда оқу – тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру бағытында барлық мүмкіндіктер мен ресурстарды пайдалануды көздейді. Дегенмен оқу – тәрбие үрдісінің барлық мүмкіндіктері толық қолданыс таппай келеді. Тәрбиенің осындай сирек қолданылатын құралдарының бірі - ойын.

Мектеп жасына дейінгі балалардың белсенділігін арттырудағы ойынның мектепке дейінгі негізгі әрекеті – ойын десек, оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу (таным) әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асырылады. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және нақтылау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады.

Әдістемелік әдебиеттерде берілген және педагогтардың тәжірибесінде пайдаланылып жүрген дидактикалық ойындар өте көп. Алайда, олардың барлығы бірдей бүгінгі күннің талаптарынан туындап отырған білім мазмұнының өзгерістеріне, сондай – ақ балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келе бермейді. Сондықтан ғылыми тұрғыда негізделген дидактикалық ойындар түрлерін сұрыптап, ой елегінен өткізе отырып, ойындар жүйесін және оларды пайдалану әдістемесін ұсыну – бүгінгі таңдағы қажеттіліктердің біріне саналады.

Қорыта келе, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда дидактикалық ойындарды қолдану оқу процесінің нәтижесі өз деңгейіне жетпей отыр. Себебі мектеп алды даярлық топта жас ерекшелігіне сай балалардың ойынға қанағаттанарлық деңгейінің төмен болуы. Яғни, бала үшін ойын оның - ең бірінші жұмысы. Сол себепті баламен жұмыс жасаудың ең тиімдісі – ойын. Ойын арқылы балалардың қабілеттерін, ой-өрісін, танымын дамытуға болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда ойындарды математикаға қызығушылығын арттыру мақсатында, математикалық білімдер беру жолын дидактикалық ойындар арқылы дамытуды тиімді деп таптық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. – Астана, 17 қаңтар. 2014. 15б.

2. ҚР мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу тәрбие үдерісіне М.Монтессоридің педагогиалық жүйесін енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық. Тәрбие құралы. 4/2013. 61бет

3. Столяр А.А. «Теории и технологии математического развития для детей дошкольного возраста». - М.:Детство-Пресс,2008. 62 бет

4. Щербакова Е.И. Теория и методика математического развития дошколников. – М.: Издательство Московского психолого-социального института; Воронеж:Издательство НПО «МОДЭК»,2005. 64 бет

5. Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети! - М., 1990. 89 бет

6. Аванесова В. Н. Дидактическая игра как форма организации обучения в детском саду. Умственное воспитание дошкольника / В.Н Аванесова. – Москва : Просвещение, 2015.81б.

7. Едігенова А.Ж. Отбасы қатынасының этикасы: Ата-аналарға арналған әдістемелік құрал, Семей 2007. 112б

8. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. - Алматы: Республикалық Баспа кабинеті, 1995. 78б.
9. Выготский Л. С. Психология развития ребенка / Л. С. Выготский. – Москва : ЭКСМО, 2004. – 32 б.

ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ҮДЕРІСІНЕ СУБМӘДЕНИЕТТІҢ ЫҚПАЛЫ

А.А. Алимбекова,
Философия докторы (PhD), қауым., профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ
Г.С. Садықова,
Журналистика тарихы магистрі
Б.М. Ибадуллаев,
6В01801-Әлеуметтік педагогика және
өзін-өзі тану мамандығының 2-курс студенті

Аннотация. Мақалада субмәдениеттің даму тарихы, бейресми топ түрлері, тұлғаның әлеуметтенуіне субмәдениеттің ықпалы қарастырылған. Сонымен қатар бүгінде жастар арасында субмәдениет пен дәстүрлі мәдениеттің айырмашылығы анықталған. Болашақ жастардың әлеуметтену үдерісінде маңызды мәселелер жіктеліп, теория негізде тұжырымдалған.
Түйін сөздер: субмәдениет, мәдениет, тұлға, құндылық, әлеуметтену, қоғам.

Аннотация. В статье рассматриваются история развития субкультуры, виды неформальных групп, влияние субкультуры на социализацию личности. Кроме того, сегодня выявлено различие между субкультурой и традиционной культурой среди молодежи. В процессе социализации будущей молодежи были классифицированы и сформулированы на теоретической основе важные вопросы.
Ключевые слова: субкультура, культура, личность, ценность, социализация, общество.

Abstract. The article discusses the history of the development of the subculture, types of informal groups, the influence of the subculture on the socialization of the individual. In addition, today a difference has been identified between the subculture and traditional culture among young people. In the process of socialization of future youth, important issues were classified and formulated on a theoretical basis.
Key words: subculture, culture, personality, value, socialization, society.

Кіріспе

2025 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес *«Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту»* негізгі міндеті айқындалған. Қазіргі заманғы қазақстандық мәдениет ұлттың генетикалық кодының қалыптасқан тарихи-мәдени негізі бар жаһандық мәдени диалогқа белсене қатысуы үшін барлық алғышарттарға ие. Мәдениетті дамытудың маңызды бағыттары – мәдени мұраны сақтап қалу, зерттеу және тарату. Шамамен өткен ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысында жастар арасында субмәдениетке жататын: панк, репер, рокер, металхедтер болып танылған «жаңа леп» белең ала бастады. Осындай жаңа стандарттардың пайда болуы сол жылдардағы жастар арасында кеңінен таралып, нәтижесінде жастардың батыс елдеріне еліктеуін туғызды.

Негізгі бөлім

Мәдениет – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Мәдениет ұғымында адам еңбегінің ерекшелігі, адамның іс-әрекетімен байланыстылығы және оның қызметінің бірлігі негізделген.

Мәдениет ұғымы алғашқы пайда болған кезде ол адамның табиғатқа ықпал етуін анықтау үшін, яғни оның дүлей күштерін бағындырып, көздеген мақсатына жететіндігін білдіру үшін

қолданылған. Әсіресе м*әдениет* туралы түсініктің кең қолданылуы *«Мәдениет»* өрлеу дәуірінде тарихшылар мен этнографтардың еңбектерінде ерекше орын алғаны соншалық, тіпті сол кезде «Мәдениет тарихы» деген пән пайда болған.

Субмәдениет ұғымы адамдардың ұлтына, жынысына, нәсіліне, дініне қарамастан бір идеяға негізделген фанатизмді білдіреді. Мұндай мәдениетті ұстанатын жастар тобы әдетте өзінше өмір сүру дағдысы қалыптасқан, мәдениеті өзгеше, сөйлесу стилі мен киім кию үлгісі қоғамнан ерекше келеді.

«Субмәдениет» ұғымын алғаш ғылымға енгізген американдық әлеуметтанушы Д. Рейзман болды. Әлеуметтік зерттеу нәтижелері жастардың көптен ерекшеленуге деген ынтасы, өз менін қалыптастыруға деген ұмтылысы субмәдениет мүшесі болуға деген қызығушылығын тудыратынын айқындайды. Субмәдениеттің ең алғашқыларының бірі – хиппи. Бұл мәдениеттің идеологиясы Иса пайғамбардың ғұмырын философия тұрғысынан зерттеу. Хиппи өкілдері әдетте шулы жерді, адам көп жиналатын орындарды ұнатады. Ер мен әйел арасындағы қатынасқа да жеңіл қарауды қолдайды. Субмәдениеттегі әлеумет-тену процесінде жастар өздерінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға, топтан ерекшеленуге және өзінің даралығын көрсетуге мүмкіндік алады. Бірақ қоғам тарапынан субмәдениет өкілдеріне көптеген қақтығыстар мен түсінбеушіліктердің болуы мүмкіндігін ескеру керек. Қоғамдағы субмәдениет жастарына қатысты қайшылықтар кез келген мемлекетте бар, бірақ аз мөлшерде.

Ғалымдар жастардың әртүрлі бейресми топтарға қосылуының бірнеше себептерін атап өтеді. Мысалы, И. Рыжкова «Жастар субмәдениеті» мақаласында «Жасөспірімдер қоршаған әлемді өзінше қабылдайды. Жеткіншектердің психологиялық жағдайының ерекшеліктері жастардың көпшілігінің әлемге деген көзқарасын жалғыз айтуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан жасөспірімдер қоғамда өмір сүрудің жалғыз мүмкін жолы «қоғамдастық» болып табылатын компанияларға бірігуді, «үйір-үйір топтастыруды» қалайды», - деген. [1]. Бүгінде жастар арасында танымалдыққа ие субмәдениет қатарына: граффити суретші, эмо, панк, хип-хопер, репер, металхед, паркур, хакерлер кіреді. Жастардың субмәдениетті ұстануы тұлғаның әлеуметтенуіне, өзін-өзі дамытуына оң әсерін тигізеді, бірақ сонымен қатар қоғамға белгілі бір қауіп төндіретін, жастарды моральдық тұрғыдан бұзатын субмәдениеттердің де бар екені назардан тыс қалмауы керек.

Субмәдениетке жататын бейресми топтар әдетте бір-бірінен бағыт бойынша ерекшеленеді. Мәселен, музыкалық субмәдениетке рокер, металхед, спорттық субмәдениетке паркур, ультразия, ал идеологиялық субмәдениетке эмоларды жатқызамыз. Субмәдениет өкілдерінің қатарын көбінесе отбасының және қоғам тарапынан өздерінің хоббиін түсінбеу, қолдау таппаған жастар буыны толықтырады. Себебі, өмірде әлі қалыптасып, алдына мақсат қоя алмауынан қиындықты сезінетін, жекебасының дамуына бейресми топ әрекеттері теріс әсер етуі, қоғамнан шеттетілген агрессивті адамға айналу, ең жаман сыртқы түрі мен мүдделері үнемі қорлау мен келемеждеуге ұшырауы тұлғаның әлеуметтену үдерісіне айтарлықтай зиянын тигізеді. Яғни, бір жағынан, бұл өз баласының жаңа мүдделеріне қарсы ата-аналар, ал екінші жағынан, бейресми топтағы достар. Жарқын әсерлерге бойы әбден үйреніп қалған бейресми жас өздігінен шешім қабылдап, әрекет ете алмайды. Ол жаңа достар шеңберінен шығып, ата-анасының көңілінен шығу немесе бейресми жастық ортада қалу, көңіл көтеру, араласу, бос уақыттын тиімді өткізу туралы нақты шешім қабылдай алмайды. Соның салдарынан үйге келгенде ата-анасымен жанжалдасып, жағдайды ушықтырады. Жасөспірімге таңдау жасау өте қиынға соғады, себебі өз эмоциясын басқаруда қиындық тудырып, үлкендер тарапынан көмекті қажет етеді. Жастардың бейресми топтарға мүше болуының негізгі себептері:

- отбасы мен қоғам тарапынан түсініспеушілік;
- жаңа нәрсені байқап көруге деген қызығушылық;
- өзі араласатын ортаның ықпалы;
- өмір сүру салтын өзгертуге тырысу;
- жаңа достар табуға үміттену;

- көпшіліктің арасынан ерекшеленуге деген ұмтылыс;

Тұлғаның әлеуметтенуі өмір бойына жалғасатын үздіксіз үдеріс, алайда жастық шақта қарқынды түрде жүреді. Себебі дәл осы жастық кезеңде әлеуметтік нормаларды меңгеріліп, әлеуметтік мінез-құлықтың мотивациясы қалыптасады. Осы тұста тұлғаның әлеуметтену үдерісінде оның араласатын ортасы үлкен маңызға ие. Демек субмәдениеттік орта тұлғаның әлеуметтену үдерісіне айтарлықтай әсер етеді. Субмәдениеттің ұстанатын идеологиясына, сөйлеу жаргондары мен киіну стиліне байланысты тұлғаның әлеуметтенуіне кері не оң әсер етуі мүмкін. Жас буынның белгілі бір бейресми топқа мүше болуы оның дүниетанымына әсер ететіні жайлы ғалым Ю. Корчагина өз еңбегінде: «Кез келген жасөспірім өзінің айналасындағы адамдарға, ең алдымен ата-анасына, жалпы ересектерге қандай да бір түрде қарама-қарсы қоя отырып, өзінің бірегейлігін, қайталанбастығын, жеке ерекшелігін жариялауға ұмтылады. Міне, ол өзін-өзі өзгеше, ерекше бекітуге тырысады. Жастар субмәдениеті, тіпті қылмыстық субмәдениет балаға қажет нәрсені береді - мәртебе, өзін-өзі бағалау, бірегейлік, тиесілілік сезімі», - деп жазған болатын. [2].

Иә, қаны қызулы, сезімге көбірек бой алдыратын жастардан кез келген нәрсені күтуге болады. Мәселен, жасөспірім ұл бала ата-анасына, құлағына сырға тағып немесе басына зығыр майын жағып, барынша төбеге көтерген шаш үлгісімен мақтана, ол өзін «панк» деп мәлімдеп және оған өмірде ешнәрсе қызық емес екенін айтуы ғажап емес. Немесе жасөспірім қыз шаштарын қызғылт спрей бояумен бояп, көзге оғаш көрінетін білезіктер тағып, «Әлем қызықсыз», «Менен аулақ жүр» деп, үйді басына көтерердей бар даусымен ауыр рок музыканы үздіксіз тыңдауын тілге тиек етсек те болады. Осыдан келіп. бізді «Бұл мәселені қалай шеше аламыз, жасөспірімнің қоғамға мүлде жат мінез-құлқымен қалай күресуге болады?» - деген ой мазалайтыны ащы болса да шындық. Өз кезегінде, мұндай құбылыстар көбінесе тәрбие процесінде елеулі бұрмаланулар мен олқылықтар орын алатындықтан туындайды.

Жасөспірімнің өмірінде көп нәрсе оның дүниетанымының қалыптасуына үлкендердің қалай әсер ететініне, тәрбие процесінде қандай пікірлер мен іс-әрекеттердің басымдыққа ие болатынына және ненің (көше, мектеп, мәдениет, достар және т.б.) басым әсер ететініне байланысты. 13-14 жасар жасөспірімнің клубқа, театрға, кітапханаға баруы немесе, мысалы, готқа айналуы көбіне үлкендердің оған деген көзқарасына және тәрбие мен мәдениетті қалыптастыру стратегиясын дұрыс таңдауына байланысты болады. Панк *(ағылшын тілінен аударғанда бұзақы, «шпана»)* субмәдениеті өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында Ұлыбритания, АҚШ, Канада және Австралияда пайда болды. Панктер жеке бостандық пен тәуелсіздікке, өзін-өзі көрсетуге, шығармашылықта жүйеліліктің болмауына, эксперименттерге, саяси нашар көзқарасқа қарсы шығып, панк-рокты тануға ұмтылады.

Панктердің бейнесі дөрекі, өзінше сыни-креативті және бір көргенде таңғаларлық әсер қалдырады. Панктің ең жарқын элементі – шаш үлгісі. Жігіттер шашының бір бөлігін қырып, әшекей тағып, әртүрлі түстермен бояйды. Киім үлгісі көптеген эмоцияларды тудырады: былғары байкер сырт киім, өздерінің ұрандары жазылған футболка, жыртық джинсы, шалбар, кроссовка немесе табаны қалың етікке ұқсас аяққиімдер. Бұл панк субмәдениетінен көптеген әртүрлі жастар қозғалыстары пайда болды, мысалы, эмо, готтар және т.б.

Готтар – XX ғасырдың 90-шы жылдарының аяғындағы панк мәдениетінен шыққан. Готтың өмір сүру салты негізінен *көңілсіз, күйзелістік* бағытқа негізделген. Түр-әлпеті мұңды, шашын өсіріп, қара түске бояп жүреді. Әшекейлері мен қара түсті киімдерінде бас сүйектің, скелеттің суреттері салынған.

Эмо (эмоционалды) – бұл субмәдениеттің негізгі сипаттамалары: махаббат, романтизм, өзін аяу, достықтың құндылығын бағалау. Бұл топ имиджі басқалардан өте ерекшеленетін сезімтал жасөспірімдер. Бүйір жағында, бір көздің үстінде қызғылт жарылыс суреті, қара және қызғылт киім. Олар қара түсті депрессияның көрінісі ретінде, ал қызғылт түсті жарқын эмоция ретінде пайдаланады.

Скинхедтер – жұмыссыз жастар арасында пайда болған субмәдениет. Бастапқыда скинхедтердің идеологиясы болған жоқ. Олар топ болып, сыра ішіп, футбол көріп, төбелесіп

жүрді. Кейіннен саясатқа қарсы қозғалысқа айналды. Қазір скинхедтер ұлтшыл идеологияның тасымалдаушылары.

Граффити – жастар арасында қабырғаға баллонды бояулармен жазу немесе сурет салумен айналысатын бейресми топ [3]. Мұндай субмәдениет өкілдері тек қана қоғамдағы қарапайым адамдардың ғана емес, сонымен қатар заң өкілдерінің де теріс көзқараспен қарауына алып келеді. Себебі граффитимен айналысу көп жағдайда вандализм ретінде саналады. Хакерлер – компьютер қолдану арқылы түрлі сайттарға вирус жіберу немесе біреудің құқығындағы есепшот мен пошталарды рұқсатсыз бұзу әрекеттерімен айналысады. Мұндай әрекет бұзақылық болып есептелінеді және заңмен қудаланатындықтан тұлға әлеуметтік ортаға кері әсерін тигізетін бейресми топқа жатады.

Рөлдік ойыншылар – өмірді ойын деп жеңіл қабылдайды. Бұл ең интеллектуалды бейресми қауымдастық. Олардың музыкада, әдебиетте өзіндік бағыты бар, өздеріне тән сөздік қоры бар, олар «хиппилерден» қабылдаған әлемдегі үйлесімділік пен гүлдену идеясына ие [4]. Сондай-ақ жастар арасында экстремалды спорттық идеологияны ұстанатын паркурлар бар. Бұл бейресми топ өкілдері өз өмірлерін қауіпке тіге отырып биік ғимараттардың үстімен жүгіріп өту, биік жерлерден секіру сынды экстремалды трюктар жасаумен айналысады, мұндай іс-әрекеттер кейде қайғылы жағдаймен аяқталып та жатады.

Жоғарыда аталған бейресми топтарда көбінесе бос уақытын өткізу арқылы жасөспірімдердің тәрбие, мінез-құлқын бақылау, олардың талғамын, құндылығын, ең соңында дүниетанымын дамытуға болады. Демек, жасөспірімдердің қызығушылықтарын ескере отырып, бос уақытты дұрыс ұйымдастыру негізінде клубтар құруға үлкендер тарапынан назарға алынуы керек, олардың өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ету қажет. Болашақта әлеуметтік-мәдени қоғамды дамыту үшін жастарға барлық жағдайлар жасалуы қажет.

Өскелең ұрпақты дұрыс тәрбиелеу арқылы оларға еліміздің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, болмысын т.б. құндылықтарды бойына дарыта аламыз. Қоғамның, педагогтер мен ата-аналар қауымдастығының басты мақсаты – дені сау саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақты тәрбиелеу отбасынан басталады, отбасы жалпыадамзаттық құндылықтарды, баланың бойында қоршаған қоғам туралы тұрақты әсерді қалыптастырады, сондықтан отбасы білім беру ұйымының әлеуметтік әріптесі деп айтсақ та болады [5].

Қорытындылай келе, кез келген субмәдениет оң және теріс салдарға әкелуі мүмкін, бәрі баланың таңдауына байланысты. Қазіргі уақытта көптеген бейресми қозғалыстар қалыптасып үлгерген. Субмәдениеттер жасөспірімдер мен жастарға түрліше әсер етеді, олардың кейбір түрлері белгілі бір дәрежеде шығармашылық тұлға ретінде дамытады, өйткені әрбір субмәдениеттің музыкада, әдебиетте, спортта, жалпы өнерде өзіндік бағыты бар. Жасөспірімнің шығармашылық қабілетін, даралығын байқап, ұқыптылықпен тәрбиелеу және дамыту үлкендердің міндеті. Сонымен қатар бұл тақырып әрқашан өзекті болады деп есептейміз, өйткені жасөспірімдердің мәдениеті мен тұлғаның қалыптасуы олардың өмірінде маңызды орын алатын кезең. Сондай-ақ вандализм мен зорлық-зомбылық қалыпты деп есептейтін тұлғаның әлеуметтенуіне кері әсерін тигізетін көптеген қозғалыстардың пайда болуына байланысты өзекті болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Рыжкова И.А. Молодежные субкультуры [Электронды ресурс] / И.А. Рыжкова : http://www.uraledu.ru/ node/ 26423, (06.02.2016 г.)
2. Корчагина Ю. Подросток и субкультура [Электронды ресурс] / Ю. Корчагина: http://zdd.1september.ru/ view_article.php?ID=200802411, (04.02.2016 г.)
3. Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет. https://ru.wikipedia.org/wik/ПАНК; https://kk.wikipedia.org/wiki/Графитти
4. Гатиатуллина Э. Р. Влияние субкультур на становление личности в подростковом возрасте: социально-философский анализ (на примере Кабардино-Балкарской Республики) / Э. Р. Гатиатуллина., А. Н. Орлов. – Молодой ученый. –2013. – №10. – 630-634 с.
5. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. ҚР. Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z45

ДАЛА ДАНЫШПАНЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ МЕН ДӘУІРЛІК МАҢЫЗЫ

Даулетқазинов Айдос Еділұлы,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
«Zhansugurov college»- ның география
пәнінің оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі
Талдықорған қ., Қазақстан

Аннотация. Мақалада Қазыбек бидің Қазақ елінің әдет-ғұрып заңдарын қалыптастыруға ат салысқан, халқының еркіндігі мен азаматтығын ойлаған, кемеңгер ойшыл, қажымас қайраткер ретінде ел бірлігін сақтау жолында қосқан үлесі туралы мәліметтерін өз құндылықтарымызды қастерлей отырып тереңдету, Мәңгілік Ел болу жолында жас ұрпаққа Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің жаңаша үлгісін қалыптастыру жолдары қаралады.

Түйін сөздер: Шешендік сөздер – қоғамдағы тарихи-әлеуметтік жағдайлар, көшпелі өмір салтын ұстанған елдің тұрмыс-тіршілігі, құқығына байланысты терең ой, бейнелі, шебер тілмен баяндалған халық шығармасы. Мағынасы терең, тілі көркем, терең тұжырымды, логикалық ой, нақыл сөздер.

Аннотация. В статье приводятся сведения о вкладе Казыбека Би в формирование обычного права Казахской страны, думавшего о свободе и гражданстве своего народа, как гениального мыслителя, неутомимого деятеля, и его вкладе в сохранение национальное единство при уважении наших ценностей, углубление любви и патриотизма к Родине молодому поколению на пути к становлению Вечной Страной.рассмотрены пути формирования нового образца чувствования.

Ключевые слова: Ораторское искусство-это народное произведение, выраженное образным, умелым языком, глубоко мыслящим, связанным с историческими и социальными условиями в обществе, бытом, правом страны, ведущей кочевой образ жизни. Смысл глубокий, язык художественный, глубокая формулировка, логическая мысль, притчи.

Abstract. The article discusses the ways to deepen the information about the contribution of Kazybek BI to the preservation of the unity of the country as a brilliant thinker and tireless figure, who participated in the formation of the customs laws of the Kazakh country, thought about the freedom and citizenship of the people, cherishing our values, forming a new model of love for the motherland and patriotic feelings for the younger generation on the way to becoming a Mangilik El.

Key words: Oratorical words are a folk work in which deep thought, imagery, and masterful language are related to the historical and social conditions in the society, the life and rights of a country with a nomadic lifestyle. Proverbs with deep meaning, beautiful language, deep reasoning, logical thought.

Аты аңызға айналып, есімі ел аузында кеңінен тараған тарихи тұлғаның бірі, қазақ ұлысында Қаз дауысты Қазыбек би атанып кеткен Қазыбек Келдібекұлы. Дала мектебінен тәлім алған дара тұлғаның ұлан ғайыр жеріміздің бүтіндігін қорғау жолындағы кемеңгерлігін ешкім жоққа шығара алмайды. Қазақ хандығы дәуірінде өмір кешкен жырау XVII ғасырдың орта тұсында Абылайханның ақылшы биі болған. Оның бізге жеткен нақыл сөздері мен өлеңдерінен туғанына жақпаса да, турасын айтып жүретін алдаспан өткірлігін байқауға болады. Атыңнан айналайын дана бабаларым айтудай-ақ айтып кетті-ау, бірақ балалары содан қандай нәтиже шығарып жатыр – сол маңызды болып тұр. Қазыбек бабамыз ел басына екі

талай күн туған жоңғар шапқыншылығы кезінде еңсесін төмен бүкпеген, дұшпанынан үрікпеген, айтар сөзін ірікпеген, ұлардай шулап, құландай жортқан елді бірлікке шақырған ұлтымыздың дара перзенттерінің бірі.

Бабамыздың бізге аманатқа қалдырған мұрасы арқылы зерделей келе, ұлттық болмысымыздың қандай қуатты болғанын аңғарасың. Біз ұлы Тұран даласын тұлпарының тұяғымен дүбірлеткен қазақия ұлысының бүгінгі ұрпағы, бабаларымызбен мақтанған дұрыс-ақ, бірақ, құры мақтанға ұрынбай, соларға ұқсап, ұлт пен ұрпақ үшін әділдіктің жолында арын кірлетпей, барын жоғалтпай, рухани қазынасын тоналтпай саф алтын күйінде сақтап, кейінгі келе жатқан зейінді жеткіншектерге жеткізе білсек, азуын Айға білеген алпауыт елдерден еш кем түспейтініміз ақиқат. Қазыбек атамның артына қалдырған асыл мұрасын оқығанда көңілге тоқығаным осы болды. Көңілдеріңізге қонбаса Қазыбек бише:

Қазақ деген мал баққан елміз,
ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
жеріміздің шетін жау баспасын деп
найзасына жылқының қылын таққан елміз.
Дұшпан басынбаған елміз,
басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды,
анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды,
Ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз.
Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз,
Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,
танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз,
тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз.

Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт! – дегені сөзі асыл, ойы қорғасын Қазыбек бидің осы тағылымды ұрпағы өнеге етіп, өмір сүру үшін қалдырғанын естен шығармаған абзал. Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: «Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын», – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан [1].

Қазыбек бидің арманы мен бүгінгі он беске толмаған жастардың арманы жер мен көктей. Дауылпаз жыраудың бұл сөзінен қазіргі қоғамның басты тақырыбына айналған ұлттың ұлы мұраты – Мәңгілік Ел болу жолында жанын аямайтындығы жатқанын аңғару қиын емес. Он бес тұрмақ бүгінгі жиырманың жалына жармасқан жастарымыздың көбінің ұлттық деңгейде ойлануы былай тұрсын, ұлтының құндылықтарына мұрнын шүйіре қарайтын жатбауырлық аңғарылады. Бұлар Қазыбек бидің нақылдарын оқымақ түгілі кім екенін де анық біле бермейді-ау. Ақиқатын айтсақ, бұл – ұлттық трагедия. Бүгінгі жастардың көбісі дәл мынандай қасиетті даланы жанын беріп, қанын төгіп жүріп қорғаған бабаларын толығымен танымайтындығында. Ендеше олардың патриоттығы қандай деңгейде екені айтпаса да түсінікті.

Қазыбек бидің өз заманында ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр, жыр қалдырған ақын атанған ерекше тұлға. Олай болса, сондай батыр бабалардың ұрпағы екенімізді тілмен ғана айтып мақтанбай, ісімізбен де соған лайық болғанға не жетсін?! Жарасымды тірлік

кешіп, ірілік көрсету үшін бірлік керек екенін меңзеген жыраудың жырынан ғибрат алсақ, бұдан да бақуатты күн кешудің жолына түсетініміз хақ. Бірде Абылайханға айтқан мына ескертпесі де былайғы жұрт үлгі алатын терең өнегелі нақыл екенін ескере жүрген жөн.

Арық емес, қатумын,
Қара жерден татуымын.
Көшершілік кезде түйе азады,
Жетімдік көрсе қыз азады.
Елінде жаугершілік болса,
Тағында хан азады,

Табындағы би азады[2] дегені бүгінгі биліктің кеңесшілеріне де осындай өткірлік керек дегенді білдіреді. Әрине, бүгінде кеңес айтсаң, кемшілік іздедің деп түсінетін сана қалыптасқаны да рас. «Дос жылатып айтады» деген қарапайым ғана қағидаға сүйенсек, керек жерінде кем-кетігін түзеуге себепші болып, ақиқаттты айтуды ар санамағанымыз дұрыс-ақ. Төле би бабамыздан жеткен жетелі сөз: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ». Дала ділмарларынан қалған осы бір алдаспан мінез аңыз болып бара жатқандай. Туған-туысың болмаса да, таныс таппасаң шаруаң шешілмейтін қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Төледен қалған сөздің төресі төмендеген заман. Керісінше, «Қазығы мықты киіз қазықты да жерге қағады» деген түйін ащы да болса ақиқатқа айналған. Шымбайын батса да хан демей, қазы демей шындықты айтуды аманаттап кеткен баларымыздың бірі осы Қазыбек би.

Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын.
Алдыңа тартқан адал асын,
Қимас жақын – қарындасың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын.
Адал болса, досың жақын.
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың – шөберең жақын.
Жан серігің жас кезіңнен [3]

Әсілі, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп қашан да татулықтың туын биік ұстайтын бабаларымыз бірлікті насихаттап, ұрпағының ынтымағы ұлттың тұтастығына бастайтын сара жол екенін өсиет етіп кеткен. Тіпті, болмашы нәрсеге араздасып кеткен ағайыны ашуы тарқағанда қайтып оралса: «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң», деп құшағын ашып, бауырына басуды ар санамаған. Бұл дегеніміз бабадан жеткен жүйелі сөзді санасынан өткізіп, жетесіне жеткізе білудің жемісі.

Ауруын жасырған ажалсыз өледі,
Зорлықтан қорыққан амалсыз көнеді.
Айтайын десе бұған сор.
Айтпайын десе елге сор.
Отыз тістен шыққанды отыз ру ел білер.
Қазақтың қайғысы қалмақ еді,
берекемен жауын алмақ еді.
Мынау берекені бұзатын ауру еді,
Не қылған ауру салмақ еді.
Қазақтың түбіне жететін ауыр дерт,
зығыр майындай жайылмаса игі еді, – деген Қазыбек бидің өсиеті бүгінде ескерілмей жатқандай сезіледі[4].

Жасыратыны жоқ қазіргі қоғамда бір кем дүниенің бары рас. Қай сала, қандай жағдайда болмасын сөз бен істің арасында алшақтық басым. Ұлы мұрат жолындағы ұлттық құндылықтар ескерілмей, жанымызға жат өзгенің өрескел қылықтарын талғамай жабыстырып жатырмыз. ЫНсапсыздықтан ысырапқа жол беріліп, адам жанын аздыратын ойынханалар мен түнгі клубтардың қатары көбейіп, ұлт болашағы болатын ұрпақтың өн бойын улап, санасын сансыратып-ақ барады. Ерім деп елі сенгендер қолындағы мүмкіндігін «бармақ басты, көз қыстыға» айналдырып, сыбайластыққа ұрынып, жең ұшынан жалғасқан қылмысқа жол ашуда. Осындайда Қазыбек бабамның жүрегінен буырқана шыққан сөз асылына көңілің ауа береді:

Қарт тарихтың қатпар бетін парақтасақ, сөз қадірін бір кісідей-ақ білген ел едік. «Едік», деп өткен шақпен өкіне сөйлегендей болсам, айып етпеңіздер. Сөз шындықтан бұзылмайды. Дәл қазіргі уақытта сол бабалар аманатына қиянат жасап келе жатқан жайымыз бар. Нанбасаңыз бабаның мұрасын оқыңыз, бүгінгі күнмен салыстырып, санаңызда тоқыңыз:

Үй жанында биік төбең болса,
Ол – ерттеулі аттан кем емес.
От басында білгір қартың болса,
Ол жазылған хаттан кем емес.
Біз үш қазақ керіспейік,

Керіскен асылы, бізге жөн емес, – дейді дала данышпаны[5]. Саясатта да, мәнсапта да, өзінің жаңсақ пікірін шын көріп, аузы көпіріп, өтірік айтып лепіріп, өзі тойғанына кекіріп жүрген жандар аз кездеспейді. Былайғы күйбең тірліктің илеуінде жүрсе де, «өтірікті шындай, ақсақты тыңдай» ғып, тіл мен жағына сүйеніп жүргендер де жетерлік.

Жалпы жаман мінез-құлықтың біреуі кімнің бойынан кездессе қалған қасиетсіз кеселдің бәрі соған үйірсек келеді. Өтірік – күллі жаман іс-әрекеттің бастауы деп есептесек, нәтижесінде не сөзінде, не ісінде береке жоқ кержалқау пенде ғана емес, ел сеніп отырған тұлғаларымыздың өзі қолындағы билігін ұрлыққа салып, қорлықта қалып жатқанын құлақ естімек түгілі көз көруде. Тұтылғаны құтылудың қамын ойлап, қамауда жігері жасып жатса, құтылғаны ебін тауып, елінен қашып, шетел асып жатыр. Қазыбек бабамыз айтқандай «Қиянатта қият бар» екенін осыдан-ақ байқауға болады. Әйтпесе, қаһарман жырау бізге не деп еді, оқып көріңіз:

Бірде Төле бидің он жұмбағына Қазыбек бабамыз:
Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.
Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.
Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.
Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман.
Бес дегеніміз – белсеніп шапқан жау жаман.
Алты дегеніміз –асқынып кеткен дерт жаман.
Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса, сол жаман.
Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман.
Тоғыз дегеніміз –торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман.
Он дегеніміз –оңалмас кәрілікке дау болмас деген, – деп жауап берген екен[6].

Атқа мінсе, атасын танымай кететін алаөкпелік қанымызда бар халықпыз. Бәкім мұндай мінез барша адамға тән шығар. Көріп жүрген өз қазағым болған соң айтып жатқаным да. Қазақ ұғым үшін ат пен тақ егіз ұғым. Баласы билік басына келіп, таққа отырып жатса, «Атқа мінгені құтты болсын» деп жатамыз. Ендеше «құт әкелсін» деген тақтың буы ұстай білмеген адамның мінезі менмендікке жетелеп, ағайынын айналасынан бездіріп, «жұт» әкелуі бек мүмкін. Ондай жандар бір сәт болса да Қазыбек биден қалған сөз асылын оқып, көңіліне тоқып жүрсе абзал болар еді.

Мінез – Алла Тағаланың пендесіне беретін қасиеттерінің бірі. Адам өз бойындағы мінезін тәрбиелеу арқылы болашаққа бағдар қалыптастырады. Нәтижесінде әр адамның бойынан табылатын осындай ізгі қасиет ұлттың мінезіне айналмақ. Сәл шегініс жасап көрейікші – біздің ұлттық мінезіміз қандай еді?! Даласындай дарқан, тауларындай асқақ, көлдеріндей тұнық жалпы табиғатындай сұлу еді. «Еді» деп өткен шақпен сөйлеп отырғаныма айып етпеңіздер. Неге десеңіз, ұлттық болмысымыздың айнасына айналған мінезімізге сызат түсіріп алғанымыз ақиқат. Жасыратыны жоқ қазіргі таңда көбіне бабаларымыздың ерен ерлігі мен жаужүректілігін алдыға тарта сөйлейтініміз рас. Бабамыз батыр, ақын, шешен, көсем болған деп сөз бастағанда алдымызға жан салмаймыз. Шынтуайтына келгенде солардай отаншыл, ұлтжанды, жалпы қазақ үшін қабырғамыз қайыса қояры екіталай болып барады. Бұлайша ой қорытуымның себебі – бахадүр бабаларымыз көрсеткен өрлік пен ерлік бүгінгі ұрпағының, яғни біздің бойымыздан саф таза күйінде табылмай жатқандығынан бәлкім. Неге десеңіз қазіргі таңда Ар мен Ұят саудаға түсті. Намыс пен Жігер құлқынның құрбанына айналды. Кезінде қырық үйден тиым салған қызымыздың қылығы түзде шықты. Ұлағатты болар деп өсірген ұлымыздан ұят кетті. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген аталы сөздің қаңбақ құрлы салмағы қалмады. Куәлігіндегі «қазақ» деген жазуы болмаса, орыс тілді көптеген қандасымыздың бойында Отанға деген ыстық махаббаттан гөрі салқынқандылық басым. Ұлттың ұлы мұрасынан өзгенің қаңсығын таңсық көру әдетке айналды. Қазыбек биге жүгінсек:

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын,
Шанышқылаған сөз қиын,
Дәл осындай жағдайда,
Пана болмас өз үйің.
Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын.
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен өр қиын,
Тентек болса ұл қиын,
Не істеріңді біле алмай
Ашиды сонда бос миың, – деп түйіседі [7].

Жалпы бүгінгі ұрпақ тарихтың тамырына дендеп бойлап, бабалар тағылымынан нәр алмайынша Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің жаңаша үлгісін қалыптастыра қоюы неғайбыл. Бабалар бойындағы асқақ рух пен өр намысты терең білмейінше болашағымыздың тұтқасын ұстайтын қазіргі жастардың берекесі берік бола қоймас. Өткен шаққа салмақ сала сөйлеуіміз де негізсіз емес. Өйткені, өткенін ұмытқан қоғамның болашағы бұлыңғыр болмақ.

Әдебиеттер:

1. https://kk.wikipedia
2. *«Сөз тапқанға қолқа жоқ» кітабынан. 1988 жыл. «Жазушы» баспасы.*
3. *«Орталық Қазақстан» газеті. 1990 жыл. ел аузынан жазып алған Е. Мусин.*
4. «Таң» журналы.1925 жыл. №3 саны.
5. «Қызыбек бидің тағылымы». Салауат Кәрім. *«Ана тілі» газеті. 1991 жыл.*
6. *«Шешендік шиырлары». «Орталық Қазақстан» газеті.1990 жыл.* №6 сан.

Қаз дауысты Қазыбек би туралы не білеміз. https://sputnik.kz/20230512/qaz-dauysty-qazybek-bi-turaly-ne-bilemiz-34872414.html

ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫНА БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Акимжанова А. Е.,
«Қайнар» Академия мекемесінің
Психология және Журналистика факультетінің
7М03102-Психология мамандығының
2 курс магистранты
Ғылыми-жетекші: Еркинбекова М.А.,
пс.ғ.к., доцент

Аннотация. Мақалада жас мамандардың жаңа жұмыс орнына бейімделуінің психологиялық мәселелері және негізгі факторлары қарастырылады. Отандық және шет елдік әдебиеттер арқылы салыстырмалы түрде бейімделудің тұлғақалыптастырушы факторлары сипатталады. Жас мамандарға қолданбалы ұсыныстар келтірілген.
Түйін сөздер: бейімделу, жас маман, факторлар, мотивация, тұлға қажеттілігі, іс-әрекет.

Аннотация. В статье рассматриваются психологические проблемы и основные факторы адаптации молодых специалистов на новом рабочем месте. Рассматриваются личностнообразующие факторы сравнительной адаптации, описанные в отечественной и зарубежной литературе. Представлены практические рекомендации для молодых специалистов.
Ключевые слова: адаптация, молодой специалист, факторы, мотивация, личностная потребность, действие.

Abstract. The article deals with psychological problems and main factors of adaptation of young professionals to a new workplace. The personality-forming factors of comparative adaptation are described through domestic and foreign literature. Practical recommendations for young professionals are presented.
Key words: adaptation, young specialist, factors, motivation, personal need, action.

Жас мамандардың жаңа келген жұмыс орнына бейімделуі оның ұжыммен қарым-қатынасынан да көрініс табады.

Кез келген адамның жаңа ортаға бейімделуі өте матызды процесс болып табылады. Бұл мәселені көптеген ғалым психологтар өз зерттеулерінде қарастырды. Атап айтсақ, олар Л.Д. Столяренко, Е.А. Ямбург, Е.В. Шорохова, Ф.Б. Березин, Н.А. Свиридов, В.И. Курбатова, Р.Е. Хэнки, Т.А. Шибутани, Ю.Л. Львова, Б.Г. Ананьев, П.Г. Белкин, А.А. Налчаджян, М.И. Бобнева, Л.С. Митина, Е.Г. Эмери, В.Н. Дружинин, т.б. көптеген авторлар қарастырды. Ал Ц.П. Караленко, М.И. Бобнева, Е.В. Шорохова, В.И. Курбатова және т.б. бейімделу түсінігіне өз анықтамаларын ұсынған. Жас маман жаңа жұмыс орнына бейімделу барысында өзінің кәсіби әрекеттік бірігуі жүреді. Осы іс-әрекет құрамына кіретін арнайы білім ептілік пен дағды және мақсат пен мотивтері кіреді. Бейімделу барысында маман белгілі бір іс-әрекет мазмұнын меңгереді. Мұндай процестің нәтижесі тұлға мен іс-әрекеттік бұзылмайтын бірлігі болып табылады және ол бейімделу процесінің факторларын құрайды.

Жас маманның жаңа жұмыс жағдайына бейімделуіне олардың тұлғааралық қарым-қатынас деңгейі әсер етеді.

Жас маманның жаңа жұмыс жағдайына психологиялық бейімделуі неғұрлым тез орындалса, соғұрлым мамандар тиімді бола алады.

А.К. Порштовтың жас маманның жаңа жұмыс орнына бейімделуінің негізгі сатылары туралы идеясы, Ф.Б. Березин мен Р.Е. Хэнки, Т.А. Шибутанидің әлеуметтік бейімделу туралы идеясы, Л.Г. Филипстің бейімделудін интеракционалистік концепциясы, А.Г. Весниннің бейімделудін

негізгі түрлері туралы идеясы, Э.К. Қалымбетованың кәсіпке бейімделу мен кәсіби мәнді-құндылықты бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері идеясы басшылыққа алынды.

Жас маманың жаңа жұмыс орнына бейімделуіне келесі факторлар әсер етеді: жас маманның дайындығы, құндылықтар жүйесі, топпен қатынас, жұмыс туралы ақпарат алу, танымдық іс-әрекетін реттеуі, өмірлік жоспарымен қызығушылығы, мотиві, құндылық бағдарлардың басым болатын түрі, ұмтылысы, өзіндік бағалауы, мінез-құлқын саналы басқара алуы, сонымен қоса бейімделу кезінде еңбек іс-әрекетінің негізгі ерекшеліктері мен жаңа топпен қатынас жасауын және үйреніспеген дағдыларын анықтайды.

Жас маманның жаңа жұмыс орнына бейімделуінің негізгі факторлары:

1. Жоғарғы оқу орнынан алған теориялық білімінің жаңа жұмыс орнына сәйкес келуі;
2. Жас маман өзінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуі ішкі мобильділікті шартты түрде орындай білуі теориялық білімді игеруі;
3. Жас маман өзінің жинаған теориялық білімін практикалық түрде қолдана алуы;
4. Ұжыммен қарым-қатынас орната білуі;
5. Бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Жас маманның жұмыс әрекеті бейімделу процесіне тікелей байланысты, жас маман осы процестен тез өтсе, еңбектегі белсенді өсу байқалады, біліктілігі көтеріледі және профессионалды шеберлікке дейін көтерілуге көмектеседі.

Жас маманның бейімделу процесіндегі кері әсер ететін процесс басшының жас маманға немқұрайлы қарауы, ешқандай көмек көрсетпеуі, келісушілікке келмеуінен және өзі келген ұжыммен дұрыс қатынас жасай алмауынан туындайды.

Жас маманның жаңа жұмыс орнына бейімделуіне әсер ететін факторлар:

- Уақытқа қарай кедергі келтіретін себептерді анықтау әрі жою жолдарын қарастыру, жаңа жағдайға байланысты тактиканы өзгерту;
- Жеке тұлғаның басты ұстанымы өзіндік белсенділігінде көрінетінін ескеру;.
- Жеке бас дамуында тәрбие мен өзіндік тәрбие сәйкестігі: мақсат, әдістер және тәрбие түрлерін таңдаумен байқалады.

Дербестікті дамыту құлшыныс, барынша әрекетті іскер ұйымдастыра білу мен табысқа жетелеуге бағыттау [1].

Осы талаптарды кешенді қолға алу жас және дара ерекшеліктерін үстіртін емес, процесс дамуын тереңдете, себеп-салдар қатынасының заңдылығына сүйене қарастырылса ғана жүзеге асады. Жеке тұлғалық ықпал етуде факторлар әсері оны дамытуға немесе тежеуге әкеледі. Ол екі бөлімде қарастырады: кәсіби әрекет ерекшелігі және кәсіби маманның жекелік сипаты. Ол факторлар: ішкі және сыртқы немесе жекелік және ұйымдастырушылық деп бөлінеді. Кейбір зерттеулерде үшінші фактор іс-әрекетті мазмұндық тұрғыда дербес әрекет ретінде жекелік, рөлдік және ұйымдастырушылық деп қарастырады. Мамандардың жаңа жұмыс орнына бейімделуінің негізгі факторларына келетін болсақ.

Ұйымдастырушылық факторларды қарастырып өтсек, оған әлеуметтік-психологиялық әрекет жағдайы, жұмыс мазмұны, орта жатады. Жас мамандар жеке немесе топтық қарым-қатынасқа түскенде әр тұрғыда өз эмоцияларын бекітіп отыру қажеттігі туындайды, назар салып мұқият тыңдау: визуалды, аудиалды және кинестетикалық ақпаратты есте сақтап, артынша альтернативті шешімге тез келе білуге әкелуден тұрады. Кәсіби маман әрекетін жетілдіруде ұжымдағы психологиялық ахуал деңгейі де көп орынға қойылады. Ол екі жағдайда «басшы мен орындаушы» тігінен жүйе бойынша, ал көлденеңінен «әріптес-әріптес» деңгейінде қарастырылады. Бұл жағдай дұрыс ұйымдастырылмаған кезде, байқампаз маман ерте ме кеш пе өз жүйке жүйесін сақтау үшін ұжымдық ортадан өзін шеттетіп, жағдайын өз бетінше көтеріп отырады. А.К. Маркова пікірінше:

Жас маманның жаңа жұмыс орнына бейімделуі сипатты екі деңгейде: ақпараттық стресс, ақпараттың шектен тыс көптігінен индивид міндетті орындауда, жоғары деңгейде жылдамдықпен шешімді дұрыс жасай алмауы; эмоциональды стресс пен ашулану барысында іс-әрекетке деген мотивация өзгеріп, мінез-құлқы және сөйлеу мәнері бұзылады» деп атап айтады.

Жекелік факторды қарастыра келіп, Ю.Л. Львова кәсіби әрекетте бейімделу көрсеткіштің төмендеуін үшке бөліп қарастырады:

Біріншіден жас маманның ғылымдағы жаңа жетістіктерге талпынысы, бірақ оны жүзеге асыруда уақытты реттей алмауы, күткен нәтижесі мен нақты көрсеткіштің сәйкес келмеуінен.

Екіншіден жұмыста қалыптасқан саналы шаблондық тәсілдерді өзгерту қажеттігінің туындауы, бірақ оны қалай өзгерту жолдарының түсініксіздігінен.

Үшіншіден жаңа жұмысқа ондағы еңбек әрекетіне енжарлық танытуы, оның себебі ізденістері мен жаңалығы қолдау таппай, ескерілмей қалуы, соның нәтижесінде индивидте қорқыныш сезімінің пайда болуы, өзіне деген сенімсіздікке әкеледі. [2, 29 б.]

Қазіргі таңда осы кемшіліктерді жоюға түрлі жолдар мен ықпалдар жасалынуда. Психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіру, үздіксіз біліктілікті көтеру. Кәсіби бейімделуде ескеретін жағдай маманның әлеуметтік рөлін дұрыс түсінуі: кәсіби және жеке өміріне баса назар аударуы. Осы мәселелер сақталмаған жағдайда және уақытты бағаламағанда маманды эмоционалды қажуға әкеледі. Батыс зерттеушілерінің айтуынша, «бейімделудің төмендеуі» маманда білімнің ескі бірлігі, жаңа ақпаратпен толықпауынан деп қарастырады. Маманды әрекетте кәсіби бейімделуге апаратын басты нәрсе өзіндік реттелу болып табылады. Жас маманның өзін-өзі реттеуі танымдық және жеке қасиеттерін басқару эмоция, мінез-құлық және қимыл әрекеттерін реттеуінен болады. [3]

Жас маманның қызмет түрінің ерекшеліктері мыналар: өзінің мақсаттары мен нәтижелерінің болуы (өзіндік еңбекке дайындығы, талаптарды игеру, өзінің адамдық қасиеттерінің дамуы), зерттелетін объект ерекше қасиеті (ғылымдық білімі, болашақ еңбегі туралы мәлімет), жас маман қызметінің жоспарланған шарттарда жүзеге асуы (жұмыс мерзімі мен жоспары), қызметке психика қызметінің жүйелілігі мен жоғарғы интел-лектуалдық қысым тән. Л.М. Митина жас маманның жаңа жұмыс орнына қалыптасуының екі моделін бөлді: Бейімделу моделі тұлға сана сезімінде кәсіби еңбектің сыртқы жағдайларға тәуелді болу тенденциясы, кәсіби міндеттер, ережелер, нормаларды шешу алгоритмдерінің орындалу түрінде басым болады.

Кәсіби даму моделі тұлғаның қалыптасқан практика шектерінен шығып, өз іс-әрекетін практикалық қалыптасу шартына айналдыру және сол арқылы өзінің кәсіби мүмкіндіктерінің шектерін жеңе алу қабілеттерімен сипатталады. [4, 5]

Әдебиеттер:

1. Қалымбетова Э.К. Кәсіпке бейімделу мен мәнді-құндылықтық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері. – 144-149 б.

2. Юревич А.В., Аверьянов С.Р. Адаптация к трудовой деятельности. // Физиология трудовой деятельности. – СПб.: Наука, 1993. – 229 с.

3. Штомпки П. С. Социология социальных изменений. – М.: 1998. – 204 с.

4. Асеев В.Г. Проблема мотивации и личности // Теоретические проблемы психологии личности. – М.: 1974. – С. 122-130.

5. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975. – 386 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жұмашева Анар Батырғалиқызы,
Батыс Казахстан Инновациялық технологиялық университетінің 2 курс магистранті
жетекшісі: Тасимова Айслу Ахмадиевна,
педагогика және психология кафедрасының профессоры, Батыс Казахстан Инновациялық технологиялық университеті

Аннотация. Қоғам өзгерістеріне байланысты қазіргі кезеңде әрбір оқушыға жеке адам ретінде, өзіне тән ой-өрісі, еркі, дербес әрекет жасауға қабілеті бар, батыл пікір айта алатын тұлға екенін ескере отырып тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Шығармашылық - тұлғаның тұрақты сапалық белгісі ретінде оқушының жан-жақты дамуына жағымды ықпал етеді, ақыл-ой және адамгершілік қуаты оның ерік-жігерін, ойлау, елестету қабілетін, эмоциясын білдіретін интеллектуалдық іс-әрекетінде көрініс береді. Шығармашылық іс-әрекет мұғалімнің басшылығымен қатар, олардың ізденімпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетін керек етеді.

Аннотация. В связи с изменениями в обществе, в современный период встала задача воспитания каждого студента как личности с учетом того, что он является личностью, обладающей собственным мышлением, волей, способностью действовать самостоятельно, способной выражать смелое мнение. , назначено. Творчество как постоянный признак качества человека положительно способствует всестороннему развитию ученика, умственная и нравственная сила проявляется в его интеллектуальной деятельности, выражающей его волю, мышление, воображение, эмоции. Творческая деятельность, помимо руководства учителя, требует от них любознательности, активности и волевого действия.

Abstract. In connection with changes in society in the modern period, the task is to educate each student as an individual, taking into account the fact that he is an individual, has his own thinking, will, the ability to act independently, capable of expressing a bold opinion. , assigned. Creativity as a constant sign of human quality positively contributes to the comprehensive development of the student, mental and moral strength, manifested in his intellectual activity, expressing his revolutionary spirit, thinking, imagination, emotions. Creative activity, in addition to the guidance of the teacher, requires curiosity, activity and volitional action from them.

Жеке тұлғаның шығармашылық сипаты көптеген психологиялық зерттеулердің тақырыбы болып табылады. Психологтардың түрліше еңбектерінде тұлғалық ерекшеліктердің басқаша психологиялық таңғажайыптардың дамуына айтарлықтай ықпалын тигізетіні туралы мәселелер айтылады.

Өзіндік көзқарастың болуына талпынады, болып жатқан жағдайларға өз бағасын беруге тырысады. Оның өзіндік көзқарас, пікірі – ақыл-ой еңбегі арқылы жеткен ой тұжырымы.

Бүгінгі жалпы орта білім жүйесіндегі өзекті мәселе – мектептегі оқушы қабілеті мен сұранысына, деңгейіне сәйкес шығармашылық сипатта оқыту мәселесі. Жаңа технологиялар оқушыларды сыртқы саралаудың жағымсыз әсерінен сақтай отырып, сынып ұжымында немесе топта шығармашылық процесті табысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оның теориялық негізін құраушы принциптер:

1**.** ***Білім беру процесінің жариялылығы***. Көптеген оқушылар педагогикалық процесті ұйымдастыру жұмысына қатыспауы себепті немесе оқылатын материалдың мәнін түсінбеуі себепті оқуға деген қызығушылығын жоғалтады, өз мүмкіндігінен төмен деңгей көрсетеді. Оқушылардың білімге деген оң көзқарасын туғызу үшін өздері орындай алатын функцияны

оқушының өзіне тапсырған тиімді. Бұл принциптің негізі Ш.А.Амонашвили, В.К.Дьяченко, И.П.Иванова, В.Ю.Кричевский, А.С.Макаренко, С.Т.Шацкий еңбектерінде көрініс тапқан. Жариялылық принципі жауапкершіліктің белгілі бір бөлігін оқушының өзіне жүктейді.

2. ***Педагогикалық процесті ізгілендіру принципі.*** Бұл принциптің негізін қалаушылар ізгілендіру психологиясын зерттеуші ғалымдар К.Роджерс, А.Маслоу, т.б. және ізгілікті бағдарды зерттеуші педагог - ғалымдар В.Г.Воронцова, В.Ю.Кричевскийдің т.б. ғылыми көзқарасы аталған принциптің негізін құрайды.

Білім беру процесін ізгілендіру дегеніміз – озық педагогикалық технологияларды қолдану негізінде мұғалім мен оқушы арасында ізгілікті, ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптастыру.

Төмендегі тұлғалық қасиеттерді дамыту педагогикалық процестің негізгі мақсаты болып табылады: басқа адамдармен ынтымақтаса еңбек ету қабілеті, өзіндік "Менін" қалыптастыру, оқушының жауапкершілігін арттыру. Білім беру процесін ізгілендіруге оқушының тұлғалық қасиетін дамытумен қатар педагогтың ізгіліктік қасиетін жетілдіру де кіреді.

3. ***Оқушының әлеуметтік құзыреттілігін дамыту принципі.*** Педагогикалық процесс оқушының басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу қабілеті мен білігін қалыптастыруы қажет. Бұл бағыт бойынша теориялық, тәжірибелік және қолданбалы психологиялық білімнің маңызы зор.

4. ***Дамыта оқыту принципі.*** Тәрбиелілік принциппен қатар оқушы психикасының интеллектуалдық, эмоционалдық, ерік-жігерлілік пен ынталану бағыттарын қамтитын дамыта оқыту принципінің маңызы зор. Тұлғаның үйлесімді дамуы үшін дамыта оқыту принципінің ролі ерекше.

5. ***Педагогикалық технологиялар тиімділігін арттыру принципі*** мақсатында жүзеге асырылатын психикалық материал мен процестерді анықтау.

6.*Іс-әрекет теориясын жүзеге асыру.* Бұл теорияның негізі – оқушының білімге деген саналы көзқарасын қалыптастыру (А.Н. Леонтьев).

7. ***Жүйелілік принципі.***

Психологиялық материалдарға талдау жасау, оқу процесі, тәрбиелеу мен дамыту міндеттерін шешу барысында кездескен қиындықтарды жеңе білуге үйрету мен психологиялық көмек ұйымдастыруға айрықша көңіл бөлінуі қажет. С.Л.Рубинштейн сөзімен қорытсақ: "…алдына нақты міндет қойылған психология ғана тек қана психиканы зерттейді". Психиканы бақылау арқылы педагогикалық процесс барысында психикаға ықпалын тигізетін әсерлер мен құбылыстарды толық талдауға мүмкіндік туады. Педагогикалық технологияларды қолдану арқылы оқушының жақын даму аймағында болатын психикалық дағдырыстың алдын алуға болады.

Адам дайын қабілеттермен туылмайды, өмірге қабілеттіліктің анатомиялық-физиологиялық алғы шартымен ғана келеді. Ал қабілеттілік сол алғы шарттар негізінде қоршаған әлеммен қатынас жасау процесінде оқу мен тәрбие әсерінен дамиды.

Күрделі интеллектілік операцияларды меңгеру және ұғымдық ақпараттың баюы оқушылардың ақыл-ой қызметін неғұрлым орнықты әрі пәрменді етіп, оны бұл тұрғыдан ересектің іс-әрекетіне жақындатады. Әсіресе арнайы қабілеттер шапшаң дамиды.

Шығармашыл балалардың ерекшеліктері олардың жас ерекшеліктеріне байланысты болады. Сондықтан да баланың психикалық дамуын кезеңдерге бөлуде оның жеке тұлға ретінде даму үрдісімен бірлікте болуын ұстап тұру да күрделі мәселе екені белгілі. Жеке тұлғаның басты белгісін психологтар түрліше анықтайды, мысалы, С.А.Рубинштейн "динамикалық тенденция" деп таныса, Б.Г.Ананьев "негізгі өмірлік бағыттылық" деп анықтайды, ал А.Н.Леонтьев "мәнділік жасаушы мотив" десе, Б.Ф.Ломов "бағыттылық" дейді.

Академик Т.Тәжібаев: "…Балалардың психологиялық әрекетінің мазмұны және оның өсіп-даму заңдарын білуге сүйене отырып, оқу-тәрбие жұмысын ғылыми жолмен ұйымдастырып, дұрыс жолға қоюға болады. Себебі, әр жастағы балалардың ғана емес, тіптен бір жастағы балалардың әрқайсысының жеке өзгешеліктерін, әсіресе психикалық әрекетінің өзгешеліктерін білмейінше, оқу-тәрбие жұмысын да көңілдегідей жүргізуге болмайды",-деп

мектептегі сабақты оқытылуы, оның нәтижесі – білімдік, тәрбиелік, оқушының іскерлік дағдыларын дамыту негізінде жүргізілуін талап етеді.

Оқушы мектепке келгесін ғылыми ұғымдарды меңгере бастайды, оның білім, дағдыларының түсінуі ғылыми ұғымдардың негізін меңгере білуге қолайлы жағдай туғызады. Әрбір ұғымда белгілі бір мазмұн болғандықтан, ол ұғымды бірден меңгеру оңай емес. Бұл үшін ойлау тәсілін меңгере білу қажет. Оқушылардың дұрыс пікір айта білуге тәрбиелеу - зор педагогикалық мәні бар іс. Тәлім-тәрбие оқыту ісінің нәтижесі шәкірттерден гөрі мұғалімге көбірек тәуелді.

Сонымен, шығармашыл балалардың тұлғасының даму мәселелері жөніндегі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында, шығармашыл бала тұлғасының өзіндік ерекшеліктері болады, атап айтар болсақ: жеделдетілген психикалық дамуы; көтеріңкі сезімталдығы; өткір әділеттілік сезімі; өзін-өзі бағалауының парапар келмеуі (әдетте, төмендетілген; агрессивтілігінің жоғарғы деңгейі).

Шығармашыл оқушының тұлғалық өріс ерекшеліктерінің қалыптасуы, белгілі бір әлеуметтік жағдайлардың ықпалымен, атап айтқанда; отбасы тәрбиесінің, мектептегі оқыту жүйесіндегі түрлері мен әдістерінің, сондай-ақ, құрдастары арасындағы ережелер мен дағдылардың сипатымен жүреді

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда психодиагностика әдістерін қолдану оқу процесінде бұл мәселенің оң шешіміне жеткізуге мүмкіндік береді.

Психодиагностика келесідей психологияның негізгі қағидаларына сүйенеді:

- *көрсету қағидасы* – оның мәні қоршаған әлемнің парапар көрінісі адамның өз қызметінің тиімді реттелуін қамтамасыз етеді;
- *даму қағидасы* – психикалық құбылыстардың, бұлардың өзгеріс ағымдарын, сол өзгерістердің сапалық және сандық сипаттамаларының пайда болу шарттарын зерттеуге бағыттайды;
- *мазмұн мен құбылыстың даму байланысының қағидасы* – мұндай философиялық санаттардың психикалық шынайылылық материалында өзара себептілігін көруге мүмкіндік береді;
- *сана мен қызмет бірлігінің қағидасы* – сана мен психика адамның қызметінде қалыптасады, қызметі бір уақытта санамен, психикамен реттеледі;
- *жеке адам қағидасы* - психологтен адамның жеке ерекшеліктерін талдауын, оның нақтылы өмір жағдаятын, онтогенезін ескеруін талап етеді. Бұл қағида жалпы және жіктелген психология арасындағы өзгешеліктерді көрсетеді, әрі сонымен бір уақытта бұлардың ішкі бірлігін ашады.

Осы қағидалар құбылмалы психикалық шынайылылықтың мазмұны туралы шынайы деректерді алу тәсілі – психодиагностикалық әдістемелердің жасалу негізіне алынған.

Басқа адамның ішкі әлеміне кәсіби ықпал жасау үшін, бастапқы теориялық шепті таңдау - педагог үшін, оқушымен өзара әрекет мазмұны жөніндегі мәселені шешуде басты мезет болып табылады. Психологиялық түзету және оның жолдары туралы шешімнің қабылдануы, (педагогтың, психологтың) өзінің түзетушілік жұмысының мазмұны турасындағы түсінігімен айқындалады.

Практикалық психолог психодиагностикалық ақпаратты, оны жасына қарай дамудың заңдылықтары туралы теориялық деректермен салыстыру үшін пайдаланады және нақтылы бір адаммен немесе адамдар тобымен психологиялық түзету жұмыстарының бағдарламасын құрады.

Психологиялық-педагогикалық кеңес беру кәсіп ретінде психотерапиядан бөлініп шыққан, психологиялық практиканың салыстырмалы түрде алғанда жаңа саласы болып табылады. Ол кәсіп клиникалық ауытқушылықтары болмағанымен де, алайда, психологиялық көмекті іздейтін оқушылардың қажеттілігіне қарай пайда болды. Мәселелер ауқымы, шындығында, орасан зор: жұмыстағы қиындықтар қанағаттанбаушылық, әріптестерімен және т.б. дау-дамайлар) жеке өмірінің сәтсіздігі мен отбасындағы келеңсіздіктер, мектептегі нашар үлгерім, өзіне деген сенім мен құрметтің аздығы, шешім қабылдардағы азапты күмән, екеуара қарым-

қатынасты жолға қойып, сақтаудағы қиындықтар, және т.т. Бір жағынан алғанда, педагогикалық-психологиялық кеңес берудің, жас сала ретінде әлі де қатаң сызылған шекарасы жоқтың қасы, оның назарына сан алуан мәселелер ілігеді.

Психологиялық – педагогикалық кеңес негізгі ережелерді қамтиды:

Кеңес беру адамның таңдауына және жеке қалауы бойынша әрекет етуіне көмектеседі.

Кеңес беру жаңа мінез-құлыққа үйренуге жәрдемдеседі.

Кеңес беру жеке тұлғаның дамуына ықпалын тигізеді.

Кеңес бергенде оқушының жауапкершілігі баса көрсетіледі, яғни, тәуелсіз, жауапты жеке адамның тиісті жаядайларда өз бетімен шешім қабылдауға қабілеттілігі мойындалады, ал, кеңес беруші жеке тұлғаның еркін шешімін ынталандыратын жағдайларды туындатады.

Кеңес берудегі өзара түсінушілік, ынтымақтастықтың басым болуы.

Зерттеулерде психологиялық кеңес берудің мақсатын былайша көрсетеді:

- Кейбір шарасыз әлеуметтік шектеулерге қарамастан, жеке тұлғаның өнімдірек өмір сүріп, танымдық қанағаттанушылығын сезінуі үшін, мінез-құлқының өзгеруіне ықпалын тигізу.

- Жаңа өмірлік жағдаяттарға тап болған кезде, қиындықтарды жеңу дағдыларын дамыту.

- Маңызды шешімдердің тиімді қабылдануын қамтамасыз ету. Кеңес беру кезінде үйренуге болатын істер көп: дербес әрекеттер, уақыт пен күштің бөлінісі, тәуекел салдарын бағалау, шешімдердің қабылдануы жүретін құндылықтар ауқымын зерттеу, жеке тұлғасының қасиеттерін бағалау, көңіл-күй күйзелістерін жеңу, тұжырымдамалық шешімдердің қабылдануына әсерін ұғыну, т.т.

- Қарым-қатынас мәдениетін жолға қойып, сақтау икемділігін дамыту. Қарым-қатынас оқушы өмірінің айтарлықтай уақытын алады және олардың өзін-өзі бағалау деңгейінің төмендігінен немесе әлеуметтік дағдыларының жеткіліксіздігінен қиындықтар туындатады. Сондықтан қандай қарым-қатынас мәселелері болсын, ынтымақтастық сипаттағы қарым-қатынастың құрылуына үйрете отырып, жеке тұлға өмірінің сапасын жақсарту.

- Жеке тұлға қуатының жүзеге асуы мен артуын жеңілдету, кеңес бергенде адамның барынша еркіндігіне (табиғи әлеуметтік шектеулерді ескере отырып), сондай-ақ, оның өзінің төңірегін және айналасы туындататын жеке әсерін бақылау қабілеттерін дамытуға ұмтылу қажет.

Оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері негізінде ғылыми сипаттама жасау біріншіден, оқушылардың жеке тұлғасының сапалық қасиеттерін анықтау үшін; екіншіден, мектепке енгізілген білім беру мазмұны мен педагогикалық мақсаттарды анықтауға; үшіншіден, осы мақсаттарды асыратын, жетістікке жеткізетін педагогикалық әдістерді таңдау үшін қажет.

Дәстүрлі оқытуда білім мен біліктерді қалыптастыру көзделінсе, ал жаңа қазіргі кезеңдегі мектеп мұғалімдері интеллектуалдық сфераның дамуына бағдарланып, мынадай мақсаттар қояды:

- танымдық және шығармашылық ойлауын қалыптастыру, оқушының өзіндік тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру;

- мынадай ақыл-ой сапасын дамыту: алғырлық, өзбеттілік, үнемділік, қабілеттілік;

- танымдық үрдісті дамыту: назарын аударту, елестету, ес, қабылдау;

- ойлау дағдысын дамыту: талдау, синтез, негізгіні бөліп алу, негіздеу, жүйелеу т.б.;

- танымдық білігін дамыту: сұрақ қоя білу, мәселені таңдап алу, болжам ұсыну, қорытынды шығару, дәлелдей алу, таныс емес, күтпеген жағдайларда білімін пайдалану;

- оқу білігін дамыту: дұрыс қарқында оқу және жазу, конспектілеу, мұғалімді таңдай отырып жазу, негізгіні көрсету, өзіңнің әрекетіңді жоспарлау, оқу және анықтама әдебиеттерімен жұмыс жасай білу;

- оқу пәндерінен тыс білігін дамыту;

- оқу пәндерінің білім, дағды, біліктерін дамыту.

Мотивациялық сфера адамның барлық-өмірінде қалыптасқан және дамыған қажеттіліктері, мотивтері мен мақсаттарын құрайды. Оқушылардың оқу әрекетінде белсенді және оқуға саналы түрде қарауға, білімдерді игеруге, тану әдістерін білуге итермелейді.

Оқушының мотивациялық сферасының дамуының мақсаттары:

- оқу мотивтеріне тәрбиелеу, оқуға, білім алуға жақсы қарым-қатынасы оқу әрекетінде мақсат қоя білу білігін қалыптастыру және оған жетуге ұмтылу; интеллектуалдық және танымдық қажетсінуін қалыптастыру, қоғамда жетістікке жетуін қажетсіну: білімнің құндылығын түсінуге тәрбиелеу, әр адамға ең бірінші білімнің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіру; дүниетанымдық идеялар мен білімнің мазмұнын терең игеруге ұмтылысын қалыптастыру, өзіндік баға беруге үйрету; танымдық қызығушылығын және басқа да оқу мотивтерін дамыту;

- еңбек мотивтеріне тәрбиелеу; жұмысқа қызығушылығын қалыптастыру; өзіндік мүмкіншіліктерге сәйкес өзіне және басқаларға пайда тигізу; еңбек адамдарының құқықтары мен қызығушылығын сыйлауға тәрбиелеу; еңбек қажеттілігін қалыптастыру; оқушылардың мамандық таңдауға бағдарланушылығы; кез-келген жұмысты дер кезінде орындауға әдеттендіру; таңдаған мамандыққа қызығушылығын тәрбиелеу және т.б.

Көңіл күй сферасы тек қана көңіл-күймен ғана емес, өзіндік бағалауы, бағдарлануымен сипатталады. Кейбір оқушылар қауіптенгендіктен тез ренжиді, қарапайым жағдайлардан шыға алмайды, өзіне сенімсіз, сәтсіздіктен қорқады, тез ашуланады. Өзіндік бағасының жоғары немесе төменгі дәрежесінде қарым-қатынас жасауда қиындыққа кезігеді, ескерпелерді ауыр қабылдайды.

Педагогикалық мақсатта оқушының қызығушылығын тәрбиелеу үшін:

- баланың көңіл-күйін басқаратын дағдысын қалыптастыру, жағымды, жағымсыз эмоцияларды басқара білуге үйрету;

- оқушыларды өздерінің эмоциялық жағдайы, олардың пайда болу себептерін түсінуге үйрету;

- қауіптену деңгейін түсіру, төмендету жағдайын туғызу.

Еріктік сфера адамның саналылықпен қойған мақсаттары, жоғары міндеттері ретінде көрінеді. Дамыған ерікті адамға мақсаткерлік, сыртқы және ішкі кедергілерді жеңу, бұлшық етті босаңсыту, жүйкесін демалдыру, өзін-өзі ұстауы тән.

Еріктік сфераны дамыту үшін төмендегідей педагогикалық мақсаттар қаралады:

- оқушыларды ұсыныс айтуға, өз күштеріне сенімін дамыту;

- белгіленген мақсатқа жету жолындағы кездескен қиындықтарды жеңу білігі мен тұрақтылыққа үйрету;

- өзін-өзі игеру, ұстау, (шыдамдылық, төзімділік) білігін дамыту;

- тәртібін өз бетімен қадағалауға дағдыландыру;

- іс-әрекетті жоспарлау, білімін іске асыру мен басқалардың көмегінсіз бақылау жасауға үйрену.

Өзіндік реттеу мақсаттарды таңдаудағы еркіндік, оларға жету әдіс-тәсілдеріндегі еркіндік; таңдаудағы саналылық; өзіндік ойлау, көңіл күй, қарым-қатынас, әрекет қылығын реттеу қабілеттілігімен ерекшеленеді. Өзіндік реттеу сферасының жетілген мақсаттарын жобалауда педагогикалық мектеп ұжымы қарастырады:

- оның дамуын жоғары деңгейде қалыптастыру, оқушылардың психикалық және физикалық өзіндік реттеу дағдыларын дамыту;

- өмірлік жағдайларда қажетті талдау дағдыларын қалыптастыру;

- балаларды өздерінің тәртібін реттеуге және басқалардың тәртібі мен әрекеттерімен салыстыра білуге үйрету;

- өзіне және басқа адамдарға шыншыл қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

- балаларды өздерінің өміріне жауапкершілікпен қарауға баулу.

Шығармашылық қабілеттердің даму деңгейі оқытудың мазмұны мен әдістеріне байланысты. Оқытудың әртүрлі әдістерін, оның ішінде ойындық әдістерді де қолдану арқылы жүйелі, мақсатты түрде оқушылардың ойлау қабілетінің икемділігін дамытуға, оларды құр жаттауға емес, ойлай білуге, талдауға, тұжырым жасауға, соны шешімдер табуға үйретуге болады. Шығармашылық қабілеттерді дамытуда ықылас, есте сақтау, қиялдаудың даму деңгейлері маңызды орын алады. Психологтардың зерттеуінше, аталған қасиеттер өнімді

ойлаудың, шығармашылық қабілеттердің дамуының негізі болып саналады және шығармашылық ізденуші белсенділікті дамытады.Тапсырма көмегімен оқушының өзіндік жұмысы арқылы қарым-қатынастық құзыреттілігін қалыптастыруға, оның негізі шығармашылығын қалыптастыру, даму бағытында жұмыстар жүргізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уалиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 560 б.
2. Алтынсарин Ы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 201 б.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 355 б.
4. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 560 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Мектеп, 1989. – 48 б.
6. Смаилов С.С. Дидактикалық материалдарды қолдану және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. - Алматы, 1994. – 218 б.
7. Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту. Дисс… п.ғ.д.: 17.07.06. – Алматы, 2006. – 289 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА САНДЫҚ ТЕҢСІЗДІКТЕР ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аралбаева Айзат Ғаниқызы,
п.ғ.магистрі, аға оқытушы
Амирхан Карина Қуанышқызы,
6В01301 «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аннотация. Мақалада теңсіздік ұғымының шығу тарихы, жалпы теңсіздік ұғымы, бастауыш мектепте сандық теңсіздіктер ұғымын қалыптастыру жолдары, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістерін ұсыну маңыздылығы, үлкен, кіші және тең мағыналарын түсіндірудің жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: теңсіздік, сандық теңсіздік, арифметикалық амал, өлшем, өрнек, жаттығу.

Аннотация. В статье изложена история происхождения понятия неравенства, понятие общего неравенства, способы формирования понятия численного неравенства в начальной школе, важность представления методов решения уравнений и неравенств, способы объяснения значений больших, малых и равных.

Ключевые слова: неравенство, числовое неравенство, арифметическая операция, мера, выражение, упражнение.

Abstract. The article presents the history of the origin of the concept of inequality, the concept of inequality in general, ways of forming the concept of quantitative inequalities in elementary school, the importance of providing methods for solving equations and inequalities, ways to explain the meanings of large, small and equal.

Key words: inequality, numerical inequality, arithmetic operation, measure, expression, exercise.

Қазіргі заман математиканың жан-жақты дамыған кезеңі. Ғылымның қайсы саласын алсақ та, математикалық білім жүйесінің қолданылмайтын жері жоқ деп айтуға болады. Мысалы, физикада, биологияда, географияда, космосты игеруде және тағы басқа ғылымдар саласында математика қажетті құралдардың бірі. Сондықтан математикалық білім көзінің бастауы, бастауыш сыныптардан басталатын математикалық білім жүйесіндегі ұғымдардың алатын орны ерекше.Ұғымдарды оқушылардың саналы және терең меңгеруін қамтамасыз еткенде ғана әр пәннің өз бағдарламасында қамтылған материалдарын толық оқып-үйренеді, тек сонда ғана шындық дүниесін өз тұрғысында қабылдап, өз бетінше шығармашылық ой қорыта алатын болады.

«Теңсіздік» тақырыбы бастауыш сынып математика курсындағы ең маңызды және қиын тақырыптардың бірі болып табылады. Сондықтан мұғалім үшін әртүрлі оқыту жүйесінде ұсынылатын тапсырмалардың әдістемесі мен мазмұнын білу өте маңызды.«Теңсіздік» тақырыбына дайындық жұмыстары бірінші сыныптың алғашқы сабақтарынан басталады. Оқушылар осы жиындардың элементтері арасында бір-бірден сәйкестікті орнату арқылы объектілердің екі жиынын салыстырады. Бұл үлкен, кіші және тең мағыналары арқылы өрнектеледі.

Оқу тапсырмалары оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың негізгі құралы болып табылады. Олар тәрбиенің мақсатын, мазмұнын, әдістері мен формаларын көрсетеді. Тапсырмалар оқушыға тікелей әсер етеді, оның оқу әрекетінің сипатын анықтайды. Сондықтан 1-4-сыныптардың дамытушылық курсындағы оқыту тапсырмаларының мазмұны, тұжырымы және жүйесі білім, білік, дағдыны дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесімен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктерге ие Сандық теңсіздік - бұл теңсіздік белгісінің екі

жағында да сандар немесе сандық өрнектер болатын теңсіздік, егер оның әр бөлігі сандық өрнек болса, теңсіздік сандық деп аталады.

"Үлкен" және "аз" ұғымдары теңдік ұғымымен қатар объектілердің санына және әртүрлі шамаларды салыстыру қажеттілігіне байланысты пайда болды. Теңсіздік ұғымдарын алғаш ежелгі гректер қолданған. Архимед (б.з. д. lll) шеңберді есептеумен айналыса отырып, "әр шеңбердің периметрі диаметрдің жетінші бөлігінен кіші, бірақ он жетпістен асатын артық мөлшермен үш еселенген диаметрге тең"деп анықтады. Басқаша айтқанда, Архимед санның шекарасын көрсетті және бірқатар теңсіздіктер Евклидтің әйгілі "Бастау" трактатында келтірілген. Ол мысалы, “екі оң санның геометриялық орташа мәні олардың арифметикалық ортасынан үлкен емес” екенін дәлелдейді, яғни, бұл дұрыс теңсіздік деп дәлелдеген.

Тарих ғылымы теңдік пен теңсіздік белгілерінің пайда болуын Р.Рекорд, Томас Гарриот, Пьер Бугер сияқты ғалымдардың есімдерімен байланыстырады.

Томас Гарриот - ағылшын астрономы, математигі, этнографы және аудармашысы. Ол теңсіздік белгілерін ">","<" XVII – XVIII ғасырларда ғылымға алғаш рет енгізді: “Егер шамалар тең болса, онда сегменттер параллель болмауы керек, бірақ сол және оң жақта қиылысуы керек” деп түсіндірді. Бұл белгілер алғаш рет 1631 жылы жарық көрген «Аналитикалық өнердің практикасы» атты кітабында қолданылған. Ал, теңдік белгісін "=" алғаш рет 1557 жылы Рикорд орнатты. Үлгі үшін ол екі параллель сегментті алды. Ал 1734 жылы француз математигі Пьер Бугер "артық емес" және "кем емес" белгілерін енгізді.

Теңсіздік-математиканың негізгі ұғымдарының бірі.

Сандық теңсіздік дегеніміз-белгілі бір функция басқа функциядан үлкен немесе кіші екенін білдіретін өрнек.Мысалы, а және b екі санды өрнек алайық. Оларды ">","<" белгісімен жалғастырайық. Сонда санды теңсіздік деп аталатын a > b (немесе a<b) сөйлемі шығады. Мысалы. 6+2 және 13-7 өрнектерін " > " артық белгісімен жалғас- тырсақ, онда 6 + 2>13-7 санды теңсіздігін аламыз. Бұлпікірақиқат. Егер осы өрнектерді "<" кем белгісімен-жалғастырсақ, ондажалған 6 + 2<13-7 теңсіздігішығады. Логикалық тұрғыдан алғанда санды теңсіздік ақиқат немесе жалған пікір болып келеді. Ақиқат теңсіздіктердің кейбір қасиеттерін еске салайық:

-Егер a >b ақиқат санды теңсіздіктің екі бөлігінде мағынасы бар бірдей c санды өрнекті қоссақ, онда ақиқат санды теңсіздік a + c > b + c шығады. a>b=a+c> b+cЕгер a > b ақиқат санды теңсіздіктің екі бөлігінде мағынасы бар және мәнді қабылдайтын бірдей c санды өрнекке көбейтсек, онда ақиқат санды a.c > b.c теңсіздігі шығады. a>b=a•c>b.c

- Егер a > b ақиқат санды теңсіздіктің екі бөлігінде мағынасы бар және теріс мәнді қабылдайтын бірдей c санды өрнекке көбейтсек, онда ақиқат санды теңсіздік шығу үшін теңсіздік таңбасын қарама-қарсы ауыстыру керек, сонда a • b <b•c теңсіздігі шығады.

Бастауыш мектепте теңдеулер мен теңсіздіктерге қатысты материалдар математиканың негізігі бөлігін құрайды, өйткені теңдеулер мен теңсіздіктер математиканың барлық салаларында және маңызды қолданбалы есептерді шешуде кеңінен қолданылады.

Бастауыш мектептердегі теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістерін ұсыну кезінде қойылған негізгі мақсаттардың бірі –проблемаларды тиімді шешу үшін дағдылар мен дағдыларды дамыту мәселесі. Математикада теңдеу де теңсіздіктер де нақты өмірде болған немесе болатын құбылысты зерттеу құралы ретінде қолданылады. Дәл осы теңдеу арқылы - процестің нақты шешімі зерттеледі, ал теңсіздік арқылы – белгілі бір аралықтағы қозғалыс анықталады.

Санды теңдік және теңсіздік ұғымдары мен танысу 1-сыныпта 10 көлеміндегі сандар тақырыбын өткенде таныстырылады. Сандарды салыстыру заттардың екі - тобын алып, яғни көрнекілікке сүйеніп, қайсы топта заттардың артық, кем немесе сонша екендігін тағайындаумен байланыстырылады және салыстырудың нәтижесіне сәйкес сандардың және қатыс таңбаларының (>, <, =)көмегімен жазылып көрсетіледі, ал шыққан жазулар сәйкес теңдік немесе теңсіздік деп аталатыны айтылады. Әрі қарай қосу мен азайту амалдарының және теңдік таңбаларының көмегімен орындалатын жазулар да теңдік болатыны айтылады. Теңдік немесе теңсіздік құру қашан да көрнекілікке сүйеніп жүргізіледі.

Сандық теңсіздіктер бірқатар қасиеттерге ие. Кейбіреулерін қарастырайық:

1. Нағыз сандық теңсіздіктің екі бөлігіне де мағынасы бар бірдей сандық өрнекті қоссақ, онда ақиқат сандық теңсіздік те шығады.

2. Егер шынайы сандық теңсіздіктің екі бөлігін де мағынасы және оң мәні бар бірдей сандық өрнекке көбейтсе, онда біз де шынайы сандық теңсіздік аламыз.

3. Егер ақиқат сандық теңсіздіктің екі бөлігін де мағынасы мен теріс мәні бар бірдей сандық өрнекке көбейтсек, сонымен қатар теңсіздіктің таңбасын керісінше өзгертсек, онда біз де шын сандық теңсіздікті аламыз.

Бастауыш сыныптарда сандық теңдік және теңсіздікпен таныстыру мына кезеңдерді қамтиды:

Бірінші кезеңмен бірінші оқу аптасында 1- ші сыныпта заттар жиынтығын салыстыруға жаттығулар орындағанда қарастырылады. Ол өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы жиындарды салыстыру негізінде іске асырылады. Бұл кезең жүргізілгенде салыстыру нәтижесі жазылмайды яғни, қатынас белгісі қойылмайды.

Екінші кезеңде оқушылар сандарды салыстыруда, бастапқыда көрнекілік арқылы, одан соң натурал сандар қатарының қасиеттері арқылы тапсырмалар орындайды. Мысалы, 9 саны 10 санынан кем, себебі санағанда 9 саны 10 санынан бұрын тұрады $9 < 10$

Теңсіздіктер бойынша жұмыс I сыныптан бастап арифметикалық материалды зерттеумен ұштастыра жүргізіледі. I-III сыныптарға арналған математика бағдарламасы «үлкен», «кіші», «тең» қатынастарын орнату мақсатында сандарды салыстыру, сонымен қатар өрнектерді салыстыру міндетін қояды.

Оқушылар берілген сандарды немесе арифметикалық өрнектерді салыстыру нәтижесінде сандық теңсіздіктерді алады. Демек, кез келген екі сан да, екі өрнек те таңбалар арқылы байланысады, тек олардың арасында көрсетілген қатынас бар. Егер бір сан екіншісінен үлкен (кіші) болса немесе бір өрнек басқа өрнектен үлкен (кіші) мәнге ие болса, онда сәйкес таңбамен байланысып, олар теңсіздікті құрайды. Осылайша, бастапқыда кіші жастағы оқушылар тек шынайы теңсіздіктер туралы ұғымдарды қалыптастырады.

Дегенмен, айнымалысы бар теңдеулер, өрнектер және теңсіздіктермен жұмыс істеу барысында оқушылар айнымалының әртүрлі мәндерін ауыстыра отырып, бақылаулар жинақтап, теңдіктер мен теңсіздіктердің ақиқат және жалған екендігіне көз жеткізеді. Ұғымдарды ашудың бұл тәсілі теңдіктер, теңсіздіктер, теңдеулер бойынша жұмыс істеудің сәйкес әдістемесін анықтайды.

Бастауыш сыныптарда теңсіздіктермен таныстыру нөмірлеу мен арифметикалық амалдарды оқытумен тікелей байланысты [9.48].

Салыстыру алдымен жиынтықтарды салыстыру негізінде жүзеге асырылады, ол белгілі болғандай, жеке сәйкестікті орнату арқылы орындалады. Жиынтықтарды салыстырудың бұл әдісі балаларға дайындық кезеңінде және алғашқы ондық сандарды нөмірлеуді үйренудің басында үйретіледі. Жолда жиындардың элементтерін санап, алынған сандар салыстырылады (шеңберлер 8, үшбұрыштар 4, үшбұрыштардан артық шеңберлер, 4-тен 8 артық). Болашақта сандарды салыстыру кезінде оқушылар өздерінің натурал қатардағы орнына сүйенеді: 8 саны 9-дан аз, өйткені санау кезінде 8 саны 9 санының алдында болады; 6 саны 4-тен үлкен, өйткені санағанда 6 саны 4-тен кейін келеді.Бекітілген қатынастар белгілер арқылы жазылады, оқушылар теңсіздіктерді оқу мен жазуға жаттығады.

Кейіннен 100, 1000 ішіндегі сандарды нөмірлеуді, сондай-ақ көп таңбалы сандарды нөмірлеуді зерделеу кезінде сандарды салыстыру не натурал қатардағы орнында салыстыру негізінде, ондық құрамдағы сандарды бөлшектеу және ең жоғары разрядтан бастап сәйкес разрядтық сандарды салыстыруды үйренеді. [10.124б].

Шамаларды салыстыру алдымен осы қасиет бойынша объектілердің өздерін салыстыру негізінде орындалады, содан кейін берілген шамалар бір бірлікте өрнектелетін шамалардың сандық мәндерін салыстыру негізінде жүзеге асырылады. Шамаларды салыстыру I – сынып оқушыларына қиындық тудырады, сондықтан бұл жүйені үйрету үшін II-III сыныптарда

жүйелі түрде әртүрлі жаттығуларды ұсыну қажет, мысалы:Бірдей мәнді таңдаңыз: 5 км 300 м = □ м, 2050 кг = □ т □ кг.

Жазба дұрыс болуы үшін шамалардың сандық мәндерін таңда: □ сағ<□ мин, □ см =□ дм □ см, □ т □ ц =□ кг;

3) Жазба дұрыс болуы үшін мәндердің атын енгіз: 16 мин> 16...


Мұндай жаттығулар балаларға тең және тең емес мәндер туралы түсініктерді ғана емес, сонымен қатар өлшем бірліктерінің арақатынасын білуге көмектеседі.

Кейіннен өрнек пен санды (сан мен өрнекті) оқушылар жиындарға амалдар қолданбай салыстырады:мысалы, өрнектің мәнін табыңыз және оны жазбаларда көрсетілген берілген санмен салыстырыңыз:

5+3>5 2<7-4 7=4+5
8>52<37=7

Өрнектер атауларымен танысқаннан кейін оқушылар теңдік пен теңсіздікті былай оқиды: 5 және 3 сандарының қосындысы 5 санынан үлкен; 2 саны 7 және 4 сандарының айырмашылығынан аз және т.б.

Балалардың көруінше, егер шеңберлер мен үшбұрыштардың саны тең болса (1-сурет), онда біз қанша үшбұрыш болса, сонша шеңбер бар деп айта аламыз (3+2=5), ал қанша шеңбер болса, сонша (5=3+2) үшбұрыш бар. Егер элементтер бірдей бөлінбесе (2-сурет), онда олардың саны көп (3 + 1> 3), басқалары аз (3 < 3 + 1).



Сурет 1



Сурет 2

Кейінгі сабақтарда 100, 1000 және 1000000 шегіндегі әрекеттерді зерттегенде жаңа сандық материалда өрнектер мен сандарды салыстыруға арналған жаттығулар беріледі және өрнектердегі әрекеттердің сандары мен белгілерінің саны артады.

Айнымалысы бар x+3<7, 10-x>5, x-4>12, 72: x<36 түріндегі теңсіздіктер II сыныпта енгізіледі. Тиісті дайындық жұмыстары алдын ала жүргізіледі: айнымалы әріппен емес, «терезе» (шаршы) арқылы белгіленетін жаттығулар енгізіледі, мысалы: □ >0, 6+4> □, 7+ □ < 10 және т.б. Дұрыс жазба алу үшін оқушыларға осындай санды таңдау ұсынылады. Мұндай жаттығуларды орындау кезінде мұғалім балаларды әртүрлі сандарды ауыстыруға ынталандыруы керек; мысалы, □ >0 теңсіздігінде 1 санын (1>□) ауыстыруға болады, 2-ге (2>□), 3-ке (3>□) және т.б. [13.224].

II сыныпта, мысалы, x + 3 < 10 теңсіздігін ескере отырып, оқушылар x әрпінің қай мәндері үшін x + 3 қосындысының мәні 10-нан кіші екенін таңдау арқылы табады. Оқушылар өрнекке әріптің мәндерін қойып, өрнектің мәнін есептеп, оны берілген санмен салыстырады. Осындай жұмыстың нәтижесінде бұл теңсіздік ақиқат болатын айнымалының мәндері таңдалады.

«Теңсіздікті шешу», «теңсіздік шешімі» терминдері бастауыш сыныптарда енгізілмейді, өйткені көп жағдайда олар дұрыс теңсіздік алынған айнымалының бірнеше мәндерін таңдаумен шектеледі.

Кейінірек теңсіздіктері бар жаттығуларда айнымалының мәндері берілмейді, оларды оқушылар өздері таңдайды. Мұндай жаттығулар әдетте мұғалімнің жетекшілігімен орындалады.

Теңсіздіктері бар жаттығулар есептеу дағдыларын нығайтады, сонымен қатар арифметикалық білімді меңгеруге көмектеседі. Мысалы, компоненттердің әртүрлі сандық мәндерін ауыстыру арқылы балалар компоненттердің бірінің өзгеруіне байланысты әрекеттер нәтижелерінің өзгеруі туралы бақылауларды жинақтайды [14.96]. Мұнда балалардың әрбір

әрекеттің нақты мағынасы туралы білімдері нақтыланады (осылайша, азайтудың мәндерін ауыстыра отырып, балалар азайтылғанның азайтылғаннан көп емес екеніне көз жеткізеді және т.б.). Түрдегі теңсіздіктер мен теңдіктердегі әріптің мәндерін таңдау: 5+x=5, 5-x=5; 10*x=10, 10*x<10, оқушылар есептеулердің ерекше жағдайлары туралы білімдерін бекітеді. Теңсіздіктермен жұмыс жасай отырып, оқушылар айнымалы ұғымын бекітіп, төртінші сыныпта теңсіздіктерді шешуге дайындалады.

Қорытындылай келе, нақтылы іс-әрекет үстінде оқушылар заттарды әр түрлі белгілеріне (түсіне, өлшеміне, пішініне) қарай салыстыру жайындағы қарапайым практикалық дағдылардың үлгілерімен танысады. Сонда қандай да бір мәнді белгілеріне қарай салыстыру,бақылауды ұйымдастыру барсында жүргізілетін жұмыстың бастама кезіндегі іс-әрекеттің үлгісі көрсетіледі. Қорытынды нәтижесінде салыстырудың қорытындысын білдіретін «бірдей»,»әр түрлі» сөздерін және «түстері бірдей», «пішіндері бірдей», «өлшемдері әр түрлі», «түстері әр түрлі» сияқты тіркестерін үйреніп олардың мән мағынасын түсінеді және «ұзын-қысқа», «биік-аласа», «қалың-жұқа», «үлкен- кіші» сөздерімен де танысыды.

Әдебиеттер:

1. 12-жылдық білім беру. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық талдамалық журнал. №1, 2012 ж.

2. Камалова С.Т. Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау: оқу-әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, 2014. – 44б

3. Мукутов Т.К. Эффективное планирование занятий. Астана, 2012

4. Ақпаева Ә.Б., т.б. Математика: Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық / Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, М.Ж.Мыңжасарова А.: Алматыкітап, 2015 31.

5. Ақпаева Ә.Б., т.б. Математика: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық / Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Буровова. А.: Алматыкітап, 2017

6. Ақпаева Ә.Б., т.б. Математика: Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық / Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, М.Ж.Мыңжасарова . А.: Алматыкітап, 2018

7. Ерешева К., Ыдырысова Ш., Әденова Г. Логика әлемі. 2-сынып оқушыларына арналған. А.: Өлке,2013.-72б.

8.Т.К.Оспанов және басқалар: Жалпы білім беретін мектептің 1-4 сыныптарына арналған оқулықтар. - Алматы, «Атамұра», 2012-2013.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ТЕҢДЕУ ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Аралбаева Айзат Ғаниқызы,
п.ғ.магистрі, аға оқытушы
Жандосқызы Қарашаш,
6В01301 «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті, «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аннотация. Мақалада бастауыш мектепте теңдеу ұғымын қалыптастырудың теориялық ұғымдары, теңдеу ұғымының негізгі белгілерін ажырату, математикалық ұғымдарды қалыптастырудағы мұғалімнің міндеті, теңдеуді шешу жолдары талданды.
Түйін сөздер: математика, теңдеу ұғымы, мәні, теңсіздік, белгісіз сан, теңдеу ұғымы.

Аннотация. В статье проанализированы теоретические понятия формирования понятия уравнения в начальной школе, выделение основных признаков понятия уравнения, задача учителя в формировании математических понятий, пути решения уравнения.
Ключевые слова: математика, понятие уравнения, значение, неравенство, неизвестное число, понятие уравнения.

Abstract. The article analyzes the theoretical concepts of the formation of the concept of equation in elementary school, the identification of the main features of the concept of equation, the task of the teacher in the formation of mathematical concepts, ways to solve the equation.
Key words: mathematics, concept of equation, essence, inequality, unknown number, concept of equation.

Қазіргі уақытта мектепте математика курсын теңдеу ұғымынсыз елестету мүмкін емес. Бірқатар есептер түрлері теңдеулерді шешуге және қолдануға байланысты. Сонымен қатар, теңдеулер бізді қоршаған әлемдегі құбылыстарды модельдеу және олармен танысу құралдарының бірі болып табылады және олар математикалық білімінің маңызды бөлігі.

Бастауыш және орта мектепте математика сабағында теңдеулерді өткізу жетекші орын алды. Бұл тақырыптағы есептерді зерттеуге басқа тақырыптарға қарағанда көбірек уақыт бөлінеді. Шынында да, теңдеулер тек маңызды теориялық мәнге ие емес, сонымен қатар таза практикалық мақсаттарға жету қызметтерін қажет етеді. Нақты әлемнің кеңістіктік формалары мен сандық қатынастары туралы есептердің басым көпшілігі әр түрлі теңдеулерді шешуге дейін жетеді. Оларды шешу жолдарын игере отырып, біз ғылым мен техникадан (көлік, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, байланыс және т.б.) әртүрлі сұрақтарға жауап табамыз.

Теңдеулерді шешу әрқашан математика әдістемесінде өзекті мәселе болды және әлі де бар, өйткені бұл саладағы қарқынды ізденістер мен сөзсіз жетістіктерге қарамастан, біз әлі де ізденістемеміз. Оқу кезенінде бастауыш мектепте базалық білім, дағдылар қалыптасады, олардың негізінде математиканы одан әрі зерттеу құралады. Сондықтан оқушыларға теңдеудің мәні туралы ең толық ақпарат беру және оларды шешу жолдарын көрсету өте маңызды.

Теңдеу ұғымы ең маңызды жалпы тақырыптық ұғымдарға жатады. Сондықтан мектептегі математика курсын игеруді бастаған оқушылар үшін қатаң да, қол жетімді де оның анықтамасын ұсына алмаймыз.

В.А. Миериков зерттеген педагогика сөзіндегі теңдеу ұғымына анықтама берген: бұл теңдік белгісімен жалғанған және оларға белгісіз деп аталатын бір немесе бірнеше айнымалылар бар екі өрнек.

Е.А. Крапивина теңдеу мәні табылуы керек белгісіз саннан тұратын теңдік екенін айтқан.[1]

И.А. Моргунова, теңдеу ұғымы оған кіретін әріптердің кейбір мәндерінде ғана орындалатын теңдік екенін көрсетеді. Теңдеудің құрамына кіретін әріптер тең емес болуы мүмкін: кейбірі өздерінің рұқсат етілген мәндерін қабылдай алады, ал мәндерін табу қажет басқалары берілген теңдеудің белгісіздері деп аталады (әдетте , олар латын әліпбиінің соңғы әріптерімен x, y, z, u, v, w, деп белгілейді).

Теңдеу ұғымының көптеген анықтамаларын қарастыра келе, теңдеу көбінесе латын әріпімен белгіленетін белгісіз шамасы бар теңдік түрі деп қортынды жасасақ болады. Сол кезде дұрыс теңдікті алуға мүмкіндік беретін берілген әріптің сандық мәні теңдеудің түбірі деп аталады. Мектептегі математика курсында «теңдеу» термині «өрнек» немесе «айнымалы сөйлем» деп аталады.

Теңдеу ұғымының негізгі белгілерін ажыратуға болады:

- Теңдік ;
- Мағынасы белгісіз және оны табу керек болатын әріпті қаммтиды;

Теңдеуді шешу ұғымы негізгі орталық болып табылыды.

Теңдеудің шешімі бастапқы теңдеуді қарапайым теңдеуге түрлендіру,оны шешу жолы бұрыннан белгілі.[2]

Теңдеуді шешу – ол дұрыс теңдікке айналатын белгісіздердің барлық мәндерін табу немесе мұндай мәндер жоқ екенін дәлелдеу.

Мысалы, бір белгісіз теңдеу екенін анықтайық: теңдік x+0=X. Егер осы белгісіз санды табу қажет болса , онда қарастырып отырған тұжырым теңдеу болып табылады. Егер де біз бұл теңдікті ереженің әріптік жазбасы ретінде алатын болсақ , кез – келген санды нөлмен қоссақ бірдей сан шығады, онда бұл тұжырым теңдеу болмайды.

X+0=x теңдеуінде қалағаныңызша шешімін табуға болады , кез - келген x саны оның шешімі болады. A+3=4+a теңдеуінің шешімдері жоқ , ал a+3=4 теңдеуінің бір шешімі бар: a=1.

Теңдеу терминінің ережесінде екі ұғымның біреуі ғана қолданылады: «айнымалы» немесе «белгісіз». Айнымалы – дегеніміз ол қабылдай алатын көптеген пәндері болатын шама.

И.А. Моргунова теңдеулердің негігі теориялық маңызы бар, және де практикалық мақсатта қызымет ететіндігін айтады. Кеңістіктік формалар мен нақты заттардың сандық қатынастары туралы есептердің көпшілігі әлем теңдеулерінің әр түрлі түрлерін шешуге дейін жетеді.

А.В. Смайлованың пікірінше, бастауыш сынып оқушыларын теңдеу ұғымымен мүмкіндігінше ертерек таныстыру керек және оларды шешу барысында балалардың ережелерді игеруде іс – әрекет копоненттері өте маңызды.[3]

Математикалық терминдер, өз кезегінде, ғылым мен математиканың оқу пәнінің маңызды айырылмас бөлігі болып саналады. Математиканың бастауыш сыныбында мұғалім оқушылардың өмірлік тәжірибесіне сүйене отрып, нақты мысаларды келтіріп немесе практикалық жұмыстарда жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып оқушыларын көптеген ұғымдармен көрнекі түрде таныстыруға тырысады.

В.А. Далингер, оқушылар оларды жаттауға емес, ұғымдарды анықтай білуге бағытталуы керек деп санайды. Оқушыларға ғылыми ұғымдардың өзгермелі екенін дұрыс жеткізу керек. Тұжырымдаманың мазмұны мен басқа терминдермен байланысын біртіндеп нақтылау және ассимиляциялау ретінде сипатталатын тұжырымдамалардың дамуы болып табылатын процесс жүреді.

Г.Г. Кочеткова атап өткендей, тұжырымдаманың қалыптасуы ұзақ және күрделі процесс деп санайды. Оған білім беру процесінде жетклікті назар аудару қажет. Ұғымдарды қалыптастыруда ең маңызды кезең, оның маңызды белгілерін игеру болып табылады. Тұжырымдаманың ауызша анықтамасы маңызды белгілерді игеру бойынша жұмыстың нәтижесі болуы міндетті. Айта кету керек, бұл тұжырымдаманың ауызша анықтамасы берілген кезде болады және ол бірден кейінгі жұмыста қолданылады. Анықтамадағы қағидаларды асыра сілтеу оқушылардың біліміндегі олқылықтардың себептерінің бірі болып саналады.[4]

Математикалық ұғымдардың дамуы қарапайымнан күрделіге немесе нақтыдан жалпыға дейін жүреді. Тұжырымдамалардың дамуы кезең-кезеңімен жүргізілуі мүмкін, ал жалпы-

лаудың жаңа деңгейінде дамып келе жатқан тұжырымдаманың мазмұнын тереңдетеді немесе кеңейтіледі.

Ғылыми білімді игеру кезінде бастауыш сынып оқушылары әр түрлі ұғымдарға тап болады. Бастауыш мектепте теңдеу ұғымын қалыптастыру бастауыш сынып оқушыларын болашақта математиканы сәтті оқуға дайындайды. Теңдеулерді шешу бастауыш сынып оқушылары үшін үлкен қиындық тудырады. Осыған байланысты бастауыш сыныптардағы балаларды орта мектептегі теңдеулерді тереңірек зерттеуге дайындау өте маңызды. Бастауыш сыныптарда теңдеулермен жұмыс барысында бөлік пен бүтіннің, есептеу дағдылары қалыптасады және мәтіндік есептерді шеше алады, дұрыс математикалық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүзеге асырылады. Бекіту сабақтарында теңдеулер бойынша тапсырмалардың алуан түрлілігіне ықпал етеді.

Балалар теңдеулерді әр түрлі фигураларды немесе заттарды қолдана отырып, бірінші сыныптан бастап үйрене бастайды. Теңдеу - белгісіз саны бар теңдік екенін, белгісіз санның мәні теңдеудің түбірі екенін яғни теңдеудің шешуі болатынын меңгереді.

1. Дайындық

Оқушылар ауысатын келесі әрекеттер "терезеде" санды табумен байланысты.

Дайындық жаттығулары:

1. Қандай жазбалар дұрыс?

4 + 4 = 8

6 + 3 = 11

10 – 3 = 9

Жазбалар дұрыс болуы үшін нәтижені қалай өзгертуге болады?

2. Өрнекті оқыңыз: 15-в. өрнектің мағынасын табыңыз, егер = 3, 4, 10, 11.

3. Оң жақта жазылған сандардың ішінде терезеге ауыстырған кезде дұрыс теңдік пайда болатын санды баса көрсетіңіз.

3+ ___ = 9 4, 5, 6, 7

___ - 2 = 4 1, 2, 3, 4, 5, 6

Мұндай жаттығуларды орындау барысында балалар белгісіз нәрсе тек қосынды немесе айырмашылық емес, сонымен қатар шарттардың бірі «азайтылатын» алынып тасталатын болуы мүмкін деген ойға үйренеді.

Осы кезде мен балаларға бөлік пен бүтіннің не екенін түсіндіремін. Айтпақшы, бұл ұғымдар теңдеулерді ғана емес, есептерді де шешуге көмектеседі. Балаға бөлік пен бүтіннің не екенін қалай түсіндіруге болатыны туралы толығырақ тоқталайық. Біз үшін баланың бөлікті тек бір нәрсенің жеке бөлігі ретінде ғана емес, сонымен қатар жиынтық пен ішкі жиынның мағынасында түсінуі маңызды. Бұл терминдердің өзі тек 4-5 сыныпта қолданылады, бірақ бірінші сынып оқушысы пәндермен әрекеттерді қолдана отырып, нақты, қол жетімді мысалдармен түсіндірсе, бұл ұғымдардың мәнін түсінуге қабілетті.

«Теңдеу» ұғымын енгізу

Теңдеумен танысу алаңдатылған сандармен есепті шешкен кезде пайда болады. Мысалы: белгісіз санға 3 қосылып, 8 алды; белгісіз санды табыңыз. Тапсырма бойынша белгісіз санмен мысал жазылады: (__+3=8). Содан кейін мұғалім математикада белгісіз санды латын әріптерімен белгілеу әдетке айланғанын түсіндіреді (н-р, X(X)). Белгісіз әріпті ауыстыру арқылы мысал жазу ұсынылады. Мақсат қою осындай есептерді шешуге үйретеді. Шешім санның құрамын білуге және көрнекі құралдарды пайдалануға негізделген. Осыған ұқсас бірнеше мысалдар беріледі. Осыдан кейін мұғалім мұндай мысалдар теңдеулер деп аталатынын және белгісіз санды табу теңдеуді шешу екендігін түсіндіреді. Теңдеу мен теңдеудің түбірін анықтау бастауыш сыныпта берілмейді.

Адамдардың әр буыны мектепке өз талаптарын қояды. Бұрын оқушыларды терең біліммен, шеберлікпен және дағдылармен қаруландыру бірінші кезектегі міндет болып саналды. Ал бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептің міндеттері әр түрлі. Мектепте оқу біліммен,

дағдылармен жұмыс жасау төмен деңгейде. Алдыңғы қатарға оқушылардың оқу қабілетін, қажетті ақпаратты таңдау, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетелдіру қабілетін қамтамасыз ететін әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру керек.

Математикалық ұғымдарды қалыптастырудағы мұғалімнің міндеті ұғымдардың әр түрлі тұжырымдамаларын зерттеу және білу. Осыған сүйене отырып бастауыш сынып оқушыларына математикалық ұғымдарды тиімді қалыптастыру, дамыту және оларды толық игеру үшін білім беру процесінде оқушыларға жағдай жасау кажет.

Әр түрлі теңдеулердің мысалдарын қарастырған кезде, бастауыш мектепті аяқтаған соң оқушыларда “теңдеу” және “теңдеулерді шешу” сияқты ұғымдар қалыптасуы керек деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер:

1. Бекаревич А. Н. Мектеп Математика курсындағы теңдеулер. - Минск: Нар. Асвета, 2018. – 152 б.

2. Выгодский М. Я. Бастауыш математика бойынша анықтамалық. – М.: Ғылым, 2018.

3. Зайцев В.В., Рыжков В. В., Сканави М. И. Бастауыш математика. Қайталау курсы. - Үшінші басылым, Ғылым, 2016. - 591 Б.

4. Маркушевич, Л. А.Орта мектептің алгебра курсының соңғы қайталануындағы теңдеулер мен теңсіздіктер / Л. А. Маркушевич, Р. С. Черкасов. / Мектептегі Математика. – 2014. – № 1.

5. Ильин В. А., Позняк Э. г. Сызықтық алгебра: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. - 6-шы басылым., 2014. – 280 б.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДИКИ ПРИМЕНЕНИЯ НАУЧНЫХ ПРИНЦИПОВ ОБУЧЕНИЯ НА ПРЕДМЕТНЫХ УРОКАХ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Базарбаева Бахыт Еркиновна,
Студент образовательной программы
«Педагогика и методика начального образования»
Таразского регионального университета имени М.Х.Дулати
город Тараз, Казахстан
Научный руководитель Сарыбекова К.Н.,
к.п.н., доцент

Аннотация. Мақалада бастауыш сыныптардың пән сабақтарында оқытудың ғылымилық және сабақтастық принциптерін қолдану әдістемесін жетілдіру жолдары көрсетілген. Ғылымилылық және сабақтастық принциптерін оқушының оқу мотивациясын арттыратын танымдық қызмет ретінде басты мәселе болып алынған.

Түйін сөздер: принцип, сабақтастық, ғылымилық, дидактика, бастауыш мектеп, әдістемелік жетілдіру, мотивация, мемлекеттік стандарт, оқыту заңдылықтары, нормативтік құжаттар, білім берудің озыңқы дамуы, білім беру жүйесіндегі басқару демократизмі.

Аннотация. В статье показаны пути совершенствования методики применения принципов научности и преемственности обучения на предметных уроках начальных классов. Принцип научности и преемственности как познавательной деятельности, повышающей учебную мотивацию учащегося.

Ключевые слова: принцип, преемственность, научность, дидактика, начальная школа, методическое совершенствование, мотивация, государственный стандарт, закономерности обучения, нормативные документы, опережающее развитие образования, демократизм управления в системе образования.

Abstract. The article outlines ways to improve the methodology for applying the principles of scientific and continuity of teaching in the subject lessons of primary grades. The main problem is the development of the principles of Science and continuity as a cognitive activity that increases the student's learning motivation.

Key words: principle, continuity, scientific, didactics, primary school, methodological improvement, motivation, state standard, learning patterns, regulatory documents, advanced development of Education, Management democratism in the education system.

В настоящее время важнейшей задачей системы образования является вывод качества образования выпускников казахских школ на международный уровень. Дидактические задачи решения этой проблемы включают в себя повторный анализ законов и принципов образования и их сопоставление с особенностями современной системы образования. Именно поэтому в нашей статье среди ведущих принципов преподавания мы выбрали принципы научности и преемственности. Ведь если научный принцип обучения соответствует основным требованиям перехода к начальной школе в стране, принцип преемственности может быть гарантией системности образования, обеспечивающей элементы образования и его логическую последовательность.

Основной особенностью начального школьного образования является организация образовательного процесса, ориентированного на результаты научно-технического развития и личности. Следовательно, концепция развивающего образования должна отвечать требованиям системы начального образования Казахстана. Закономерности и принципы обучения в таком развивающем обучении: по цели, смыслу, содержанию, основному фактору развития,

роли и функциям педагога, методам, форме учебной деятельности ученика, особенностям взаимодействия обучающихся.

Выдвижение научного принципа в образовании видно из опыта мировой педагогики, лежащей в основе развития личности - образовательных систем, разработанных В. В. Давыдовым, Д. В. Элькониным и Л. В. Занковым, основанных на идеях Л. С. Выготского. Поэтому овладение научными знаниями и действиями относят к показателям эффективности, определяющим качество образования» [1.69].

Эти ориентированные идеи находят поддержку в современном образовании и обучении. Но ее внедрение в общеобразовательных школах вызывает немало трудностей. Ведь предлагаемые методы и технологии зачастую носят индивидуальный характер, поэтому в любой школе они не могут найти своего применения среди детей различных особенностей.

При этом вопрос о том, является ли развитие личности учащегося целью образования или средством достижения цели, не дается четкого объяснения, и существуют разные взгляды на развитие личности. В нашей стране образовательные учреждения, школьные учителя и многие учёные признают развитие личности ученика. Однако, по мнению психологов, исследующих развитие личности, развитие каждого человека находится в его собственных руках, его нельзя развивать внешним воздействием, можно использовать только положительное влияние. Из этого мнения вытекает и другое определение цели образования. Развитие личности студента рассматривается как средство его всестороннего саморазвития, самоформирования и самосовершенствования.

Поэтому цель школы – создать благоприятные условия для самораскрытия природных сил и способностей ребенка. Для этого необходимо выявить и реализовать различные приемы и методы организации образовательного процесса, направленные на развитие личности обучающегося.

Отсюда можно сделать вывод: «научный принцип образования – это действительная цель образовательного учреждения, которая реализуется на каждом уроке, в повседневных взаимодействиях, в школе и вне школы, а также метод, приводящий к самопознанию». Концепция развития личности ученика включает положительные изменения в ее формировании, единстве и отдельных частях (чувствительности, интеллекте, воле, ценностях, знаниях и личном опыте и др.)» [2.74].

В нашей статье предусмотрено опережающее развитие, ведущее к нему – продуктивное действие. Продуктивное действие может быть реализовано только в результате всестороннего поиска. Многие ученые доказали, что идея развивающего обучения может быть реализована через продуктивную деятельность.

Сегодняшний школьник внимательно слушает повествование учителя и пытается понять его или самостоятельно читает информацию из учебника, наблюдает за различными изучаемыми предметами и явлениями, выполняет различные действия, руководствуясь готовыми правилами и инструкциями. Такое учебно-познавательное действие реализуется с помощью алгоритма.

«Компонентная система дидактической структуры содержания образования представлена следующим образом:

- образовательного процесса, обеспечиваемая преемственностью этапов в этой области;
- обеспечивает непрерывность образования во всех учебных заведениях, особенно в начальной, средней и старшей школе, а также последовательность и систематичность его структуры;
- постоянное совершенствование образования в научном направлении на основе новых достижений науки, техники, культуры;
- образовательное учреждение охраняет окружающую природную среду, активно способствует ее постоянному улучшению» [3.67].

Одним из решающих условий народного образования является демократическое управление. Демократизация означает, что образовательные учреждения избавляются от коллектив-

ных, местных потребностей, обращаются к интересам общества и личности, участвуют в управлении делами образования общественными силами.

«Истина – это независимость образования от политических и идеологических влияний, которые мешают образованию. В настоящее время важнейшими вопросами, реализованными в жизнь школы на основе новейших достижений науки, являются: связь научных основ образования с жизнью и трудом; политехнический принцип обучения; специальные факультативные курсы, программы и дифференцированное обучение, роль общественно полезных и продуктивных работ в учебно-воспитательной работе, профессиональная ориентация, широкое использование технических средств, компьютеров и т.п.» [4.11].

Помимо названных трех основополагающих принципов обучения при разработке содержания и его структуры обеспечение интегративного характера содержания, воспитание у обучающегося нравственности, эстетического вкуса, экологической и здоровой культуры жизни на основе передовых традиций, духовного и культурного наследия.

В соответствии с идеей развивающего образования, исходя из цели и содержания образования на начальном уровне, содержание образования подается в следующем виде: о мире (научная картина мира, обогащенная художественными, мифическими и т. д. концепции); виды деятельности, которые должны быть сформированы у школьника (игра, учеба, труд, общение); знания о способах познания мира (логические, научные).

Если принять во внимание возрастные познавательные способности младшего школьника и цель обучения подчинена воспитанию личности учащегося, то ясно, что преподаваемые на этом этапе предметы не могут формироваться в виде основы науки: здесь на первое место выходит формирование основных сторон культуры у ученика. В связи с этим содержание образования можно классифицировать следующим образом: коммуникативная культура, духовная культура, эстетическая и нравственная культура, культура труда, физическое воспитание.

Разумеется, это не должно приводить к мысли, что ничего из основ науки не входит в содержание знаний: поскольку формирование учебной деятельности является приоритетной целью и напрямую связано с повышением теоретического уровня собственных знаний, Каждый предмет обязательно включает в себя элементы научного знания, систему понятий и помимо познавательной и развивающей роли выполняет пропедевтическую функцию.

Сегодня проводятся исследования по определению системы коммуникативных методов в области дидактики, обсуждаются проблемы систематизации новых технологий преподавания теории и адаптации их к возрасту учащихся. Был собран и обсужден опыт учителей-новаторов. Сделаны теоретические выводы о гуманизации педагогического процесса, педагогическом сотрудничестве, теории учебной деятельности. Педагогическая технология воспринималась как понятийная, нормативная, инвариантная услуга, системно обеспечивающая двойственность педагогического процесса. Согласно этому определению было дано множество определений. Говорят, что совершенствование процесса обучения в начальной школе зависит от высокоподготовленных дидактических требований и материалов, поэтому для эффективного решения этой зависимости необходимы новые технологические методы и методики.

Поэтому считается, что качество учебной деятельности напрямую связано с изучением диалектических законов, которые показывают взаимосвязь различных факторов, участвующих в образовательном процессе дидактики.

Понятия дидактической структуры были даны следующим образом:

- уточнение цели обучения;
- направление цели обучения на получение результата;
- подготовка учебного курса и учебных материалов в соответствии с целями обучения;
- оценка текущих результатов, коррекция достижения поставленной цели;
- итоговая оценка результата.

В настоящее время в нашей республике создается новая система образования, которая движется к выходу в мировое образовательное пространство. Это связано с существенными

изменениями в теории педагогики и образовательного процесса, меняется парадигма образования, обновляется содержание образования, возникает новое мироощущение, иные отношения, иной менталитет:

- содержание образования обогащается новыми процессуальными навыками, развитием умения получать информацию, творческим подходом к науке и уточнением образовательных программ в рыночных условиях;

- традиционные способы информирования - устная и письменная, телефонная и радиосвязь - уступают место современным компьютерным средствам;

- внимание уделяется воспитанию личности ребенка, духовному обогащению его души, формированию его как гражданина и личности;

- стремление к единству школы, семьи и окружающей социальной среды в воспитании детей;

- наряду с народным образованием подчеркивается широкое использование педагогических технологий и роль науки.

Основные концепции совершенствования технологии обучения в психолого-педагогическом направлении описаны следующим образом:

- переход от обучения на запоминание к обучению, развивающему мышление с использованием предыдущих знаний;

- переход от статистической модели знаний к динамической структурной системе мыслительной деятельности;

- переход от программы, обеспечивающей студента со средним уровнем образования, к индивидуализированной и дифференцированной программе обучения.

Педагогические коллективы современных образовательных учреждений республики имеют возможность работать по любой модели по своему желанию за счет предлагаемой многовариантности. В этом направлении существуют разные типы содержания, структуры образования, новые идеи, основанные на науке и опыте, новые технологии. Поэтому очень важно выбирать различные технологии обучения в зависимости от содержания образования, возрастных и психологических особенностей учащихся и апробировать их на практике.

«В мировой практике существует несколько альтернативных школ, рассматривающих принципы научности и непрерывности образования как познавательную деятельность, повышающую учебную мотивацию учащегося, каждая из них имеет разную рациональность. Например, уровень образования выпускников традиционных школ высок с системной, теоретической и научной точек зрения, но спектр деловых качеств и умений использовать эти знания узок. А учебный процесс в школах «бесплатного обучения», основанный на любознательности и потребности (школа одаренных детей, специальные творческие школы) ограничивает волю и познавательное развитие учащихся, в основе лежит мнение, что механическая функция памяти психики не усваивает навыки и ловкость. Поэтому необходима скоординированная форма традиционных элементов обучения и альтернативных методик обучения, у которой, судя по всему, большое будущее. Здесь нельзя оставить без внимания вопрос, из каких элементов выбираются, на каком основании и в каком соотношении они строятся» [1.52].

Реализация значимого воздействия на развитие личности учащегося на базе традиционной школы является значимой тенденцией развития современной системы образования. То есть, согласно государственному образовательному стандарту, должна быть система образования, основанная на основной учебной программе, сохраняющая классно-урочную позицию, но постоянно меняющаяся, адаптирующаяся к времени, открытая психолого-педагогическим достижениям.

Чтобы быть максимальным фактором развития личности ученика, сформирована система принципов, основанная на идее развивающего обучения. Из него возьмем руководства по обучению и выведем те, которыми удобно пользоваться.

1. В процессе обучения вызвать у ученика интерес к материалу для изучения и мотивацию к его освоению.

2. Когда учитель разрабатывает содержание образования и планирует учебный процесс таким образом, что в процессе поиска решения проблемы или решения другой учебной задачи учащийся опирается на свою реальную область развития.

3. Чтобы обнаружить пути эффективного развития обучающегося, необходимо заранее учитывать «ситуацию выигрыша» каждого из них, то есть ставить перед ним задачи, которые он может решить самостоятельно, и учебные задачи. что они могут сделать. Тогда ребенок почувствует себя победителем, покорителем трудной вершины, обладателем собственной победы.

4. При оценке работы оценка должна выставляться по объему работы обучающегося, а не по достигнутому им результату.

5. Необходимо заранее спрогнозировать цепочки действий по замене «внешних» знаний «внутренними». Это приводит к групповому анализу, дискуссиям и т. д. доставляет.

6. В процессе развивающего обучения знания не должны даваться в готовом виде, глубины знаний учащийся должен достигать путем выполнения задания, требующего напряженной умственной работы.

При применении научного принципа обучения учащемуся не предоставляется готовая модель постановки и решения образовательных целей. Решение цели осуществляется посредством внутреннего обсуждения и последующего суммирования. Учитель является организатором и руководителем учебного процесса. Когда решение найдено, каждого учат доказывать его правильность по-своему. Каждому ученику предоставляется возможность высказать свое мнение, а ответы выслушиваются. Конечно, ответы не во всех случаях будут правильными. Однако каждый ребенок пытается поделиться и доказать результаты своего труда, учится обобщать свой личный опыт.

Список литературы:

1. Мұсаева С. Жас ерекшелік педагогикасы: оқулық / С. Мұсаева, Т. Бегалиев. - 2-ші басылым . - Астана : Фолиат, 2021.

2. Әбиев, Ж.Ә.Педагогика: Оқу құралы / Ж.Ә. Әбиев. - Алматы, 2006

3. Эльконин Д.Б. Психологические проблемы формирования учебной деятельности в младшем школьном возрасте. - М., 1981. - С. 34-58.

4. Кудабеков А.Р. Некоторые проблемы углубленного обучения математике. -Алматы, «Наука», 1998.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘМБЕБАП ОҚУ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Базарбекова Р.Ж.,
п.ғ.к.,қауымд. проф. м.а.
Бастауыш білім беру
кафедрасының оқытушысы
Жылқыбаева А.Ж.,
7М01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен
әдістемесі мамандығының 2 курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш мектепте қазіргі жаңартылған білім мазмұнында көрсетілген білім беру жүйесінің ең маңызды міндеті – оқушыларды өз бетінше оқуға, өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі жетілдіруді үйретуге мүмкіндік беретін әмбебап оқу әрекеттерінің түрлері көрсетіледі.

Аннотация. В данной статье описываются виды универсальной учебной деятельности, позволяющие учащимся учиться самостоятельно, управлять собой и самосовершенствоваться, которые являются важнейшей задачей образовательной системы, обозначенной в современном содержании образования в начальной школе.

Annotation. This article describes the types of universal educational activities that allow students to learn independently, manage themselves and improve themselves, which are the most important task of the educational system, identified in the modern content of education in primary school.

Соңғы онжылдықта қоғамда білім берудің мақсаттары мен оларды жүзеге асыру жолдарын түсінуде түбегейлі өзгерістер болды. Қазіргі кезде оқушыларға білім, білік пен дағдыны қалыптастыру білім берудің негізгі нәтижесі болып табылмайды, оның орнына оқушыларды белсенді позицияны ұстануға, өмірлік мәселелерді табысты шешуге, ынтымақтасып топта жұмыс істеуге, яғни әмбебап оқу әрекетін үйретуге басымдылық берілуде.

Жалпы мағынада «әмбебап оқу әрекеті» термині оқу қабілетін, яғни жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді игеру арқылы субъектінің өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілеті дегенді білдіреді. Бұл терминді жаңа білімді өз бетінше игеруді, дағдыларды қалыптастыруды, соның ішінде осы үдерісті ұйымдастыруды қамтамасыз ететін оқушының әрекет ету тәсілдерінің жиынтығы (оқу әрекетіне байланысты дағдылар) ретінде қарастырамыз.

«Әмбебап оқу әрекеті» жаңа білім мен дағдыларды табысты меңгеруге көмектесетін әдістердің жиынтығы. Оқу іс-әрекеті «әмбебап» деп аталатын себебі оларды кез келген сабақта қолдануға болады. Сонымен қатар олар кешенді оқу іс-әрекетін ұйымдастырады. Басқаша айтқанда, бұл әрекеттерді меңгеру оқу қабілетін қалыптастырады, танымдық мотивациясын дамытады, балаға оқудың мақсаты мен міндеттерін қоюға, оған жету стратегиясын құруға көмектеседі.

Әмбебап оқу әрекеттерін дамыту тұжырымдамасы жүйелі-белсенділік тәсілдің негізінде әзірленген. Бұл мәселе Л.С.Выготский [1], А.Н.Леонтьев [2], П.Я.Галперин [3], В.В.Давыдов [4], А.Г.Асмолов [5] сияқты ғалымдардың зерттеу тақырыбы ретінде қарастырылған.

Танымдық (когнитивті) әмбебап оқу әрекеттеріне жалпы білім беру, логикалық, сондай-ақ проблеманы қою және шешу әрекеттері кіреді. Әмбебап оқу әрекеттері (бұдан әрі – ӘОӘ) – бұл барлық оқу пәндеріне қолданылатын оқу процесіндегі оқушының әрекеті. Әмбебап оқу әрекеті мұғалім мен оқушы арасындағы сындарлы, жағымды өзара әрекеттесу процесінде қалыптасады. «Оқушы – мұғалім» жүйесіндегі өзара әрекеттесу оқушы мотивациясының

дамуына және соның салдарынан оқушының жеке басының әртүрлі аспектілерімен тікелей байланысты оқу әрекеттерінің қалыптасуына тікелей әсер етеді.

А.Г.Асмоловтың жіктемесі бойынша әмбебап оқыту әрекеттерінің мынадай түрлері бар: танымдық, реттеушілік, жеке тұлғалық, коммуникативтік [6].

Танымдық оқу әрекеттеріне қажетті ақпаратты зерттеу, іздеу, іріктеу және құрылымдау, проблеманы қою және шешу, зерттелетін мазмұнды модельдеу әрекеттері жатады.

Жеке-тұлғалық оқу әрекеттеріне нақты өмірлік мақсаттар мен жағдайлармен байланыстыра отырып, білімді мағыналы етуге мүмкіндік береді. Жеке оқу әрекеттері өмірлік құндылықтарды білуге, зерттеуге және қабылдауға бағытталған, моральдық нормалар мен ережелерді басшылыққа алуға, әлемге деген өмірлік ұстанымын дамытуға мүмкіндік береді.

Реттеушілік оқу әрекеттеріне мақсаттар қою, жоспарлау, бақылау, өз іс-әрекеттерін түзету, игерудің сәттілігін бағалау арқылы танымдық және оқу іс-әрекеттерін басқаруға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік оқу әрекеттері ынтымақтастық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: серіктесті есту, тыңдау және түсіну, бірлескен іс-әрекеттерді жоспарлау және келісу, рөлдерді бөлу, бір-бірінің іс-әрекеттерін өзара бақылау, келіссөздер жүргізу, пікірталас жүргізу, өз ойларын дұрыс білдіру, бір-біріне қолдау көрсету, мұғаліммен де, құрдастарымен де тиімді ынтымақтастық құру әрекеттері жатады [6].

Әмбебап оқу әрекеттерін дамыту тұжырымдамасына сүйене отырып, бастауыш мектепте әрбір пәннің жаңартылған мазмұнында бастауыш сынып оқушыларының әмбебап оқу әрекеті арқылы танымдық, реттеушілік, жеке тұлғалық, коммуникативтік қабілетін қалыптастыру нәтижелерінің сипаттамасын жасадық. Бұл төмендегі кестеде берілген:

Тұлғалық ӘОӘ	**Реттеуші ӘОӘ**	**Танымдық ӘОӘ**	**Коммуникативті ӘОӘ**
1-сыныпта			
1. Мемлекет, туған жер және тіл барлық адамға ортақ болатынын біледі. «Туған жер» және «Отан» ұғымдарын байланыстырады. 2. Отбасы, құрмет көрсету, отбасы мүшелері мен достарының өзара көмегі мен қолдауын бағалауды үйренеді. 3. «Оқушы» мәртебесін, оқушының мектепке деген оң көзқарасы деңгейіндегі ішкі ұстанымын қабылдайды, «жақсы оқушы» бейнесін қабылдайды. 4. Өз тәжірибелеріне және басқа адамдардың тәжірибелеріне сүйенеді. 5. Жеке гигиенаны сақтауды үйренеді, мектепте, үйде, көшеде, қоғамдық орындарда, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды.	1. Мұғалімнің басшылығымен жұмыс орнын реттейді. 2. Өз жұмысын берілген үлгімен салыстыру арқылы бақылауды жүзеге асырады. 3. Егер өз жұмысына (үлгіге) қайшы келсе, қажетті толықтырулар, түзетулер енгізеді. 4. Мұғаліммен бірлесе отырып, «маршрут парағының» иллюстрациялық қатарына сүйене отырып, материалды зерделеу ретін анықтайды. 5. Қоршаған әлемнің сұлулығына, өнер туындыларына мұқият қарай бастайды. 6.Мұғалімнің бағасын қабылдайды.	1. Оқулықтарды бағдарлауды үйренеді (белгілеу жүйесі, мәтін құрылымы, айдарлар, сөздік, мазмұн) 2. Оқулықтың анықтамалық материалдарын (мұғалімнің басшылығымен) пайдалана отырып, оқу тапсырмаларын орындау үшін қажетті ақпаратты іздейді. 3. Мәтін, суреттер, схемалар түрінде ұсынылған ақпаратты түсінеді. 4. Тақырыптарды, обьектіні салыстырады: жалпы белгілерді және жеке айырмашылықты табады. 5. Берілген критерий бойынша маңызды белгілерге негізделген заттарды, объектілерді топтайды, жіктейді.	1. Сөйлеу этикетінің қарапайым нормаларын сақтайды: сәлемдесу, қоштасу, алғыс айтуды біледі. 2. Диалогқа түседі (сұрақтарға жауап береді, сұрақтар қояды, түсініксізді нақтылайды). 3. Жұптық тапсырмаларды орындау кезінде сыныптастарымен ынтымақтасады. 4. Оқу мәселесі бойынша ұжымдық талқылауға қатысады. 5.Жобалық қызметті жүзеге асыру үшін құрдастарымен және ересектермен ынтымақтастықта болады.
2-сыныпта			
1. Отбасына, өз халқының дәстүрлеріне, туған жеріне құрмет көрсету	1. Өз жұмыс орнын өз бетінше ұйымдастыра алады.	1. Оқулықтарды бағдарлай алады (белгілеу жүйесі, мәтін құрылы-	1. Сөйлеу этикетінің қарапайым нормаларын сақтайды: сәлемдесу,

Аннотация. Білім берудің қазіргі кезеңінде білім алушыларды оқу пәніне қызықтыру, оқуға деген ынтасын арттыру маңызды. Бұған тек биологиядағы сабақтан тыс жұмыстардың ойластырылған жүйесі арқылы қол жеткізуге болады. Сабақтан тыс іс-шаралар биология пәні бойынша оқу-тәрбие процесінің бөлігі болып табылады, ол негізгі дағдылар мен білімді кеңейтуге және тереңдетуге, қабілеттерді, танымдық қызығушылықты дамытуға, зерттеу жұмыстарымен танысуға, білім алушылардың әлеуметтік қызметін өз өлкесінде ұйымдастыруға бағытталған.

Қазіргі білім беру бағдарламаларының талаптары білім алушылардың мазмұнды игерудегі белсенді тәуелсіз қызметін білдіреді. Биология оқу пәні ретінде бұл үшін ең бай мүмкіндіктерге ие. "Өсімдіктер" бөлімін зерттей отырып, білім алушылар табиғаттағы, зертханадағы зерттеу жұмыстарына қатыса алады. Бұл ретте олардың пәнге деген қызығушылығы артып қана қоймайды (оқытудың жеке нәтижелері), сонымен қатар өсімдіктерді бақылау, алынған нәтижелерді үлгімен салыстыру, өсімдіктерді анықтау, тәжірибе қою, биологиялық құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтау (оқытудың пәндік нәтижелері) дағдылары қалыптасады.

Түйін сөздер: Сыныптан тыс жұмыстар, өсімдіктер бөлімі, гербарий жасау, табиғат аясындағы жұмыс, зертханалық жұмыстар, эксперимент жасау.

Аннотация. На современном этапе обучения важно заинтересовать учащихся предметом и повысить их мотивацию к учебе. Добиться этого можно только посредством продуманной системы внеклассной работы по биологии. Внеклассная деятельность является частью образовательного процесса по предмету биология, которая направлена на расширение и углубление основных навыков и знаний, развитие способностей, познавательного интереса, ознакомление с научно-исследовательскими работами, организацию общественной деятельности учащихся в своем регионе.

Требования современных образовательных программ предполагают активную самостоятельную деятельность обучающихся по освоению содержания. Биология как предмет имеет для этого богатейшие возможности. Изучая раздел «Растения», учащиеся могут участвовать в исследованиях в природе и в лаборатории. При этом у них не только повышается интерес к предмету (отдельным результатам обучения), но и развиваются навыки наблюдения за растениями, сравнения полученных результатов с образцами, идентификации растений, проведения экспериментов, определения причинно-следственных связей биологических явлений (результатов обучения предмета).

Ключевые слова: Внеклассная работа, секция растений, создание гербария, работа на природе, лабораторная деятельность, экспериментирование.

Abstract. At the present stage of education, it is important to interest students in the subject and increase their motivation to study. This can only be achieved through a well-thought-out system of extracurricular work in biology. Extracurricular activities are part of the educational process in the subject of biology, which is aimed at expanding and deepening basic skills and knowledge, developing abilities, cognitive interest, familiarization with research works, and organizing social activities of students in their region.

The requirements of modern educational programs require active independent activity of students to master the content. Biology as a subject has rich possibilities for this. While studying Plants, students can participate in outdoor and laboratory research. At the same time, they not only increase their interest in the subject (individual learning outcomes), but also develop the skills of observing plants, comparing the results obtained with samples, identifying plants, conducting experiments, and determining cause-and-effect relationships of biological phenomena (learning outcomes of the subject).

Key words: Extracurricular work, plant section, creation of a herbarium, work in nature, laboratory activities, experimentation.

Педагогикалық процесс білім алушыларға білім және тәрбие берумен байланысты. Мектептегі оқу процесінде балаларды тәрбиелеу қоғамды тұрақтандырудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаттары: біріншіден, қазіргі өмір жағдайында жас ұрпақтың өзін-өзі табысты ұйымдастыруы, екіншіден, индивид қызмет субъектісі ретінде және тұлға ретінде. Сабақтан тыс уақытта мектептегі барлық іс-шаралар мен жұмыстар сабақтан тыс немесе сыныптан тыс жұмыстар деп аталады [1,2].

Сыныптан тыс жұмыс формаларының алуан түрлілігі мектептегі білім беру процесінің өзгеретін бағыттарына сәйкес келетін, жаңа түрлерімен үнемі толықтырылып отырады. Сыныптан тыс жұмыс балалардың қызығушылығын, бастамасы мен дербестігін білуге құштарлығы мен танымдық белсенділігін есепке алуға негізделген жеке көзқарасты ескере отырып жүзеге асырылады [3, с. 311, 4].

Сыныптан тыс жұмыс – білім алушылардың қызығушылықтарына негізделген өзіндік маңызды ерекшеліктері мен тәрбиелік мәні бар ерікті жұмыстың бір түрі.

Биология сабағынан сыныптан тыс жұмыстардың рөлі зор, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі маңызды міндеттерді шешеді, биология ғылымдарына деген қызығушылықтарын кеңейтеді және олардың бос уақытын ұйымдастырады, олардың қызығушылықтарын қанағаттандыруға және оларды жүзеге асыруға көмектеседі. Биология сабағынан сыныптан тыс жұмыстар әлем және адам туралы түсініктерін кеңейтеді.

Білім беру процесінің тиімділігі мен деңгейін арттыру үшін мұғалімге оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдастарының бірі – білім алушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамытатын оқу-зерттеу қызметі көмектеседі.

Білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарының мақсаты – жан-жақты тұлғалық дамуы мен биологияны зерттеудегі танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Оқу-зерттеу қызметі осы мақсатқа жетуге көмектеседі, ол табиғат объектілерін зерттеу процесінде білім алушылардың қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді [5].

Биологияны оқытудың сыныптан тыс формалары тек зерттеушілік дағдылар ғана қалыптастырып қоймай, сонымен қатар білім алушылардың тұлғалық қасиеттері де қалыптастырады, бұл оларға одан әрі білім алуда пайдалы болады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының заманауи биологиялық білім беруде маңызы зор. Бұл бағыттың әдістері биологияны оқытудың барлық түрлерінде, соның ішінде сыныптан тыс жұмыстарда қолданылады [6, с. 274].

Сыныптан тыс жұмыстар орындалады:

- биология кабинетінде;
- жабайы табиғат бұрышында;
- табиғатта;
- оқу-тәжірибе аймағында.

Сыныптан тыс жұмыстар бір жыл ішінде әр білім алушы 1-2 жұмысты орындайды; соңынан мұғалім бағалайды. Сыныптан тыс жұмыстар үй тапсырмасына жақын келеді. Айырмашылығы мынада: үй тапсырмасы оңайырақ, бүкіл сыныпқа бір уақытта беріледі және үйде орындалады. Сыныптан тыс жұмыстар әртүрлі, күрделірек, белгілі бір құрал-жабдықты, мұғалімнің бағыт-бағдары мен қадағалауын талап етеді және білім алушылардың мүмкіндіктері мен қабілетін ескере отырып ұсынылады. Сыныптан тыс жұмыстар кейде алдын-ала беріледі, яғни бірнеше сабақ бұрын.

Және де әрбір сыныптан тыс жұмысқа әртүрлі уақыт кетуі мүмкін. Мысалы:

- су дақылдарымен сынақтар – 2 ай;
- парақта крахмал іздерін қалыптастыру - 2 күн;
- тамыр қысымын бақылау - 2 күн;
- сабақ бойымен судың көтерілуі - 3 күн;
- бегониялардың жапырақпен таралуы - 2 ай;
- мүк көшеттерін өсіру - 15 күн;

Білім алушылардың биология пәніне қызығушылығын дамытуда әр биология пәні мұғалімі жүргізетін сыныптан тыс жұмыстарға үлкен көңіл бөлінеді. Сыныптан тыс жұмыстар оқушыларды шығармашылық ізденістерге, жаңа алған білімдерін іс жүзінде қолдануға көмектеседі (мысалы, мектептегі табиғат бұрышында, мектептің оқу-тәжірибелік алаңында, фенологиялық зерттеулерді жасау кезінде және т.б.). Табиғатты игеруге қызығушылықты заманауи оқыту тәсілдері де дамытады (тақырыптық кештер, ойындар, викториналар және т.б.), бұл білім алушылардың өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын, практикалық дағдыларын, және биология сабағынан олардың ой-өрісін кеңейтеді [7, с. 12]. Сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны оқу жоспарына тәуелсіз және ең алдымен білім алушыларымен, өз кезегінде биология мұғалімінің қызығушылықтарының ықпалымен қалыптасатыны анықталады. Мысалы, өсімдік шаруашылығын жақсы көретін мұғалімдер білім алушыларға сәндік, мәдени және ауылшаруашылық өсімдіктерін өсіру сабақтарына жиі қызықтырады, ал құстар биологиясын жақсы көретін мұғалімдер сыныптан тыс іс-шаралардың барлығын дерлік орнитологиялық тақырыптарға арнайды. Сыныптан тыс жұмыстар әртүрлі формада орындалады [8, с. 104].

Қазіргі мектептегі білім берудің маңызды міндеттерінің бірі – білім алушыларды жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыту. Қазіргі әлемде ғылым мен техниканың қарқынды дамуы жағдайында мұғалімнен оқушыға «дайын» білімді берудің классикалық жүйесі өзінің өзектілігін жоғалтуда. Маңыздысы, осылайша білім алушылар белгілі бір білім мен дағдыға ие болып қана қоймай, өз бетінше оқу мақсатын қойып, оған жету жолдарын іске асыру, теориялық тұрғыдан бөлек практикалық тұрғыда тәжірибе жинақтап, алынған нәтижелерді бағалай алу қабілеттерін қалыптастыру керек. Осыған байланысты биологияны оқытуда білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыратын әдістер мен тәсілдерді іске асыру жұмыстары жүргізілуде, өйткені зерттеушілік дағдыларды дамыту арқылы білім алушылар өз бетінше іздену, қажетті ақпарат пен гипотеза, оларды одан әрі дәлелдеу немесе теріске шығару, қорытындыларды тұжырымдау секілді дағдыларды қалыптастырады [9, с. 68-72].

Сыныптан тыс жұмыс – осындай тәсілдердің бірі, өйткені дәл осы сыныптан тыс жұмыс барысында білім алушылардың ой-өрісі кеңейіп, сабақта алған білімдері тиянақталып тереңдей түседі, мектеп бағдарламасының шеңберінен шығатын бақылаулар мен эксперименттер өткізуге мүмкіндік туады, білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға және олардың зерттеушілік бейімділігін дамытуға, оларды дағдыға айналдыруға мүмкіндік береді. Мұндай дағдыларға ие адам өзгеріске тез ұшырайтын әлемде өзін-өзі таныта алады және әлеуметтік маңызы жоғары жаңа зияткерлік өнімді жасай алады. Білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуда сыныптан тыс жұмыстардың маңыздылығын әдіскерлер де атап көрсетеді. Мысалы, И.Н. Пономарева «...бақылаулар мен эксперименттер жүргізуге байланысты тапсырмаларды сыныптан тыс жұмыстарда қолдану оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен бірге балаларды бақылау барысы мен олардың нәтижелерін нақты жобалауға бағыттау қажет. Бұл әрекет, білім алушылардың ой-өрісін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар ерік-жігерлік қасиеттерді қалыптастырады (бастаған істі аяғына дейін жеткізу қажеттілігі), зерттелетін тірі объектілерге ұқыпты қарауға тәрбиелейді» [10, с. 368].

Н.Д. Андреева «...білім алушылар оқу және ғылыми-зерттеу тапсырмаларын орындаған кезде, дұрыс ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстар олардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қызығушылықтарын дамытуға мүмкіндік береді»,- деп есептейді [11, с. 34-38].

Р.М. Скворцов өзінің диссертациялық зерттеуін биологиядан сыныптан тыс жұмыстарда, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту мәселесіне арнады. Оның пікірінше, «...биология пәнінен сыныптан тыс жұмыстар оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесіне қосымша бола отырып, онымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Білім алушыларда бақылаулар мен эксперименттер жүргізуге байланысты әртүрлі тапсырмаларды сыныптан тыс жұмыстарда кеңінен қолдану зерттеуге деген бейімділікті қалыптастырады». Сонымен биологиядан сыныптан тыс жұмыстар мектеп биология курсының көптеген тәрбиелік міндеттерін шешуге ықпал етеді [12, с.182]. Ғалым білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамытудың бір жолы ретінде сыныптан тыс жұмыстың үйірме түрін де ерекше атап өтті.

И.Ю. Лялина «...білім алушылардың биология пәні бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудағы негізгі әдістемелік қиындық – тірі объектілерге тиісті бақылаулар мен тәжірибелер жүргізу үшін оған көп уақыт бөлу қажеттілігі. Демек, оны сабақта және сабақтан тыс уақытта толығымен жүзеге асыру өте қиын, әсіресе барлығына міндетті өзіндік жұмыс. Бұл жағдайда ең перспективалысы – сыныптан тыс жұмыс» [13, с. 24-29].

Сыныптан тыс жұмыс барысында ғылыми-зерттеу жобасында жүзеге асыруға болады, оның барысында білім алушылар зерттеу іс-әрекетінің мақсаттарын анықтайды, бастапқы деректерді талдау нәтижелері бойынша зерттеу мәселесін тұжырымдайды, бұл туралы гипотеза ұсынады, мәселені шешудің мүмкін жолдары мен алдағы зерттеу нәтижелері, зерттеу барысында алынған ақпаратты жинау және өңдеу тәртібін анықтау, есеп дайындау және нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін талқылайды.

Сыныптан тыс жұмыс білім алушыларға сабақта алған білімдерін айтарлықтай кеңейтуге, жүзеге асыруға және тереңдетуге мүмкіндік береді. Бұл, негізінен, сабақтың белгіленген шеңберімен шектелмеген сыныптан тыс жұмыс процесінде биология ғылымының негізгі әдістерінің бірі – бақылау мен экспериментті қолдануға үлкен мүмкіндіктер туғызатындығымен түсіндіріледі. Тәжірибе жасай отырып, биологиялық құбылыстарды бақылай отырып, білім алушылар қоршаған ортаның заттары мен құбылыстары туралы ақпараттарды тікелей қабылдау негізінде нақты түсініктерге ие болады. Бақылаулар мен эксперименттер жүргізуге байланысты сыныптан тыс жұмыстарда әртүрлі тапсырмаларды кеңінен қолдану, әдетте, білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, байқалатын құбылыстардың ерекшелігі, бақылағанды қысқаша жазып алу, тиісті қорытынды жасау, содан кейін сабақта немесе үйірме сабағында әңгімелесу қажеттілігі білім алушылардың бойында қажетті ойлау, бақылау, оларды бір кездері олардың назарынан тыс өткен нәрсе туралы ойлауға мүмкіндік береді. Сыныптан тыс сабақтарда оқытуды даралау және сараланған тәсілді жүзеге асыру да еркін жүргізілуі мүмкін [14, с. 121].

Білім алушылардың қызығушылықтары көбінесе өсімдіктердің белгілі бір түрлеріне әуесқойлықпен, жинаумен шектеледі. Мұғалімнің міндеті – білім алушылардың қызығушылық аясын кеңейту, осы процесте ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстарды – әңгімелесу, лекция, пікірталас, экологиялық кештер т.б. – білім алушылар арасында экологиялық білім мен ойдың ойдағыдай қалыптасуына ықпал ету [15, с. 62].

Қорытынды

Қазіргі заманауи білім беру жүйесінде сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Тек сабақ аясында шектелмей, сонымен қатар білім алушылардың да бос уақытын тиімді пайдалану, білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын екі есе арттыру, әртүрлі тиімді сабақ жоспарын ұйымдастыра отырып, білім алушыларды жеке және топпен жұмыс істеуге дағдыландыру. Теориялық тұрғыдан оқып қойып шектелмей, әрбір өсімдік түрін практикалық тұрғыда қолға ұстап көріп, оны отырғызып, күтіп-баптап қарау. Осы айтылған жұмыстарды орындау барысында, білім алушылардың бойында біршама жеке даралық қасиеттерді дамыту. Оларға ұжымда жұмыс істей алу қабілетін қалыптастыру, зерттеушілік, жиналған деректерді өңдеу, синтездеу, қорытынды жасау, атқарылған жұмыстар бойынша ғылыми жұмыстар жасай алу дағдыларын қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Кострыкин Р.А., Классные часы на тему «Профилактика вредных привычек» 9-11 классы // М.: Глобус. - 2008.
2. Понаморева И. Н., Соломин В. П., Сидельникова Г. Д., Общая методика обучения биологии // М.: Академия. - 2003.
3. Верзилин Н.М., Корсунская В.М., Общая методика преподавания биологии // М.: Просвещение, - 1983. – С. 311.
4. Евдокимова Р.М., Внеклассная работа по биологии // Саратов: Лицей. 2005.
5. Верзилин Н.М., Общая методика преподавания биологии. // М.: «Просвещение». - 1983.
6. Голикова Т.В. Н.В. Иванова, В.М. Пакулова., Теоретические вопросы методики обучения биологии: учебное пособие // Красноярск: издательство Красноярского государственного педагогического университета им. В.П. Астафьева. – 2013. – С. 274.
7. Бондарук М.М., Ковылина Н. В., Занимательные материалы и факты по общей биологии в вопросах и ответах (5-11 классы) // Волгоград: «Учитель», - 2015.– С.12.
8. Булич Э.Г., Муравов И.В., Здоровье человека // К. Олимпийская литература. - 2013. – С.104.
9. Васильева Н.Н., Дмитриева Е.А., Возможности организации исследовательской деятельности школьников в процессе обучения биологии // Ярославский педагогический вестник. - 2012. - № 4. - С. 68 - 72.
10. И.Н. Пономарева, О.Г. Роговая, В.П. Соломин Методика обучения биологии // - М.: Издательский центр «Академия». - 2012. – С. 368.
11. Андреева Н.Д., Рябова С.С., Исследовательская работа учащихся при обучении биологии и экологии // Биология в школе. – 2021. - № 2. – С. 34 –38.
12. Скворцов П.М., Развитие исследовательских умений у учащихся 7 - 8 классов во внеклассной работе по биологии в полевых условиях // - Москва. 1999. – С. 182.
13. Лялина И.Ю., Методические особенности развития исследовательских умений в процессе внеклассной работы по биологии на примере учебно-тренировочных сборов // Педагогическое образование и наука. Научно-методический журнал. – 2015. – № 1. – С. 24 - 29.
14. Верзилин Н.М., Корсунская В.М., Общая методика преподавания биологии // М.: «Просвещение». 2013. – С. 121.
15. Евдокимова Р.М., Внеклассная работа по биологии // Саратов: «Лицей». - 2015. – С. 62.

ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ САН ЕСІМ КАТЕГОРИЯСЫ

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы,
профессор, доцент
Кәрімова Гүлсезім Қуандыққызы,
7М01701 Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының
2 курс магистранты,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация. Мақалада түркі тіліндегі сан есім категориясы және оның ерекшеліктері, жасалуы, жіктелуі қарастырылады. Сандар негізінде пайда болған фразеологиялық тіркестердің қолданылуы, сандар туралы ой қозғап, оның құпия сырларын ашуға еңбек сіңірген ғалымдардың тұжырымдары айтылады.

В статье рассматривается категория числительных в туркском языке, ее особенности, образование и классификация. Обсуждаются использование фразеологизмов, появившихся на основе чисел, выводы учёных, усердно трудившихся над раскрытием их тайн.

Түйін сөздер: субстанция, фпазеологиялық тіркес, теориялық болжау, мифопоэтикалық семантика

Тұрақты тіркестердің біршама бөлігі, мақал-мәтелдер сан есімдермен келетіні белгілі. Бұл сан есімдердің тұрақты тіркестерге тірек сөз болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатады. Тұрақты тіркестер ішінде кей сан есімдер тұрақты тіркестер құрамында нақты сан мағынасында қолданылғанымен, кей тұрақты тіркестер құрамында сан мағынасында қолдануы шарт емес. Мысалы, жеті ғылым тілін біледі, қырық ру дегендерде нақты саннан гөрі «көп» деген ұғымды білдірсе, жеті қазына, қырқынан шығару деген тұрақты тіркестерде сандар өз мағынасында.

Халқымыздың есте жоқ ескі заманнан бастап, күні бүгінге дейінгі өмір жолында белгілі бір жүйеге түскен көптеген қымбат қазыналары бар. Өзін қоршаған ортамен қатынас жасаудың негізінде туған қымбат қазыналар елмен қатар жасасып, халықтың өзіндік наным-сенімі мен таным-түсініктерін тудырған. Сан ғасырлық уақытқа созылған сол таным-түсініктер бірте-бірте дами келіп, ұзақ практикалық нәтижелі ізденістердің негізінде халықтың салт-санасын, сол арқылы халықтық педагогиканы қалыптастырған. Ата-бабаларымыз халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, дүние тану сырларын ұрпақтан-ұрпаққа жемісін үзбей жеткізіп отыруына бірден-бір себепкер – сандар, сандар негізінде пайда болған фразеологиялық тіркестер. Мәселен, *үш қайнаса сорпасы қосылмайды; маңдайының соры бес елі; он ойланды, тоғыз толғанды; жеті жұртқа әйгілі; отқа келген әйелдің отыз ауыз сөзі бар; тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні; екі елі ауызға бір елі қақпақ; мың құбылды,* т.б. Математикалық ұғымды білдіретін сандар сөйлем ішінде не сөйлеу барысында сандық ұғымнан гөрі көбінесе ауыспалы мағынада жұмсалады.

Сан жөніндегі ұғым – адамзат мәдениетінің тууымен және оның дамуымен тығыз байланысты. Егер осы ұғым болмаса, біздің рухани өміріміз бен практикалық қызметімізді өз дәрежесінде көрсете алмас едік. Алғашқы қоғам адамдары дүние, сыртқы дүние жөніндегі өздерінің саналарын табиғаттың құбылыстарын байқау арқылы дамытты. Бұл кезде алғашқы қоғам адамы табиғатты сырттай мегзеуші есебінде болады. Ақиқатында адам өзінің өмірлік ісін теориялық болжаудан немесе табиғатты тікелей бақылаудан бастаған жоқ, ол оны еңбек етіп, өмір сүру және табиғатты түрлендіріп, өзіне бағындыру күресінде бастады [2, 7].

Дүние жүзіндегі халықтардың тілдері мен әдет-ғұрыптарында айырмашылық болып, алшақ жатқанымен, сандар туралы ұғым-түсінігі бір арнадан басталады. Осы сандар туралы ой қозғап, оның құпия сыры төңірегінде көп еңбек сіңірген академик Н.Я.Марр: «Халықтар қандай болса да, бәрі де бүкіл адамзат еңбек етіп, жасап шығарған сандарды пайдаланады»,- деген пікір айтады. Сондықтан барлық халықтардың күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген сандар жүйесінде ұқсастық жиі ұшырап, кейбір сандар туралы түсінігі де бірдей болып келеді.

Сан ұғымы, сондай-ақ жалпы мөлшер категориясы материалдық тәжірибе негізінде қалыптасты. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, мәселен, неміс математигі М.Кантор хайуандардың да санай алатындығын ескертеді. Ал кей ғалымдардың пікірінше, «сан – адам санасының ойдан шығарған жемісі», не «әр сан құдай белгілеген белгілер». Бұл көзқарастардың қателігі мынады: хайуанаттар санай білгеннен гөрі әр затты түр-түсінен ажыратады дегеніміз дұрыс болар. Сандық категорияны математика тұрғысынан зерттеушілердің де, философия, тіл білімі тұрғысынан зерттеушілердің айтуында, санның түп атасы – санаға сәулесі түскен материал [3, 112]. Санның тегі зат екендігін орта ғасырдың ойшыл философы, математигі, астрономы Әбунасыр әл-Фараби дұрыс көрсете білді: «Сан, - дейді әл-Фараби өзінің «Ғылымдардың шығуы туралы» атты әйгілі еңбегінде, - бірліктерден құралған жиын болып табылады, ол субстанцияның алуан түрлі жолмен әр түрлі бөліктерге бөлінуінен шығады деп білемін. Субстанция өзінің жаратылысына тән қасиеттер бойынша шексіздікке шейін бөліне береді, сондықтан сандар да шексіз болады. Сан жөніндегі ғылым – субстанцияның бір бөлігін екінші бір бөлігіне көбейту туралы, бірін екіншісіне бөлу туралы, біріне бірін қосу, бірінен бірін алу, түбірі бар бөліктерінің түбірін табу, олардың пропорцияларын табу т.с.с. туралы ғылым. Бұдан санның дүниеге қалай келгендігі, қайдан шығып, неліктен көбейіп кеткендігі, мүмкіндіктен шындыққа, жоқтан барға көшіп, болмысқа айналудың себебі айқын көрініп тұр. Бұл ғылымды грек даналары арифметика деп атайды» [3, 112]. Алғашқы адамдардың санау қабілетінің қаншалықты болғандығы туралы нақты деректер жоқ, өйткені жазу-сызу санаудан көп кейін шыққандығы мәлім. Сондықтан біздер оны білу үшін жанама төмендегіше мәліметтерге сүйенеміз:

1. Мәдени дамудан артта қалған халықтар туралы этнологиялық, этнографияның көрсеткіші. Жер шарының кей жерінде – Африкада, Орталық Америка, Австралияда, сондай-ақ кей аралдарды дамудың өте төмен сатысын кешіріп жатқан тайпалар сақталғандығы мәлім. Олар бізге дейінгі бес немесе он мың жылдар бұрынғы адамдар секілді. Осындай тайпалардың тілін, өнерін зерттеу көне дәуірдегі өзімізге нақты емес мәселелердің ашылуына көмегін тигізеді.

2. Бізге дейінгі жазба ескерткіштер, сондай-ақ алғашқы адамдар паналаған үңгірлерден табылған археологияның мәліметтері.

3. Санаудың алғашқы үлгілері халық ауыз әдебиетінде, атап айтқанда, ертегі, мақал-мәтелдерде сақталуы мүмкін.

4. Жас балалардың сөйлеу мен санауды алғаш үйрене бастаған кезін зерттеген педагогика-психологиялық мәліметтер. Кез-келген жас сәби адамзат дамуын қайталайды. Әрине, «қайталаудың» мерзімі өте қысқа, дегенмен, адамның санауды алғаш қалай меңгергені туралы түсінуге көмектеседі. Жас бала санауды жаңа үйрене бастағанда, сандарды саналушы заттарға ажыратпайды, оларды бір-бірімен біріктіріп қарайды, мәселен, бес саусақ, бес асық, бес қарындаш, т.б. Міне, осы сияқты «алғашқы» адамдар да саналушы объектілермен біріктіріп қарады [2, 9]. Жас баладан ойыншықтарының санын сұрай қалсақ, санын айтпай, ойыншықтарын түр-түсі арқылы түгелдеп шығады. Қай халықтың баласы болмасын санауды саусақтары арқылы үйренеді. Кіші санды табиғи рет бойынша, үлкен саннан бұрын үйренеді. Сан және мөлшер категориясы барлық тілдерде грамматикалық және лексикалық жолдармен беріледі. Лексикалық берілу барлық тілдерде сандардың сөзі арқылы көрінеді. Сан ұғымдары және негізгі қасиеттері сыртқы әлемнің (дүниенің) реалды заттарының қасиеттері мен сол қасиеттерінің суретін береді.

Грек математикасының іргесін қалаушылардың бірі - Пифагор: «Сан - дүниенің заңы және оның байланысы барлығын анықтайтын және танып білетін құрал: заттар дегеніміз сандарға еліктеу, заттардың түпкі мәнісі және олардың жаратылысы сан, әртүрлілікті бірлікке келтіруші және гармонияны туғызушы – сан» [4, 5],- деп заттық ұғымның негізі – сан деп түсіндіреді. Сан ұғымы мейлінше баяу дамыды, таза сан болып қалыптасуға дейін белгілі бір кезеңдерді өткерген. Алғашқы кезеңі - сандық, мөлшер категориясының тікелей сезімдік қабылдау арқылы көрінуі. Алғашқы қоғам адамы сыртқы ортаны танып- білу барысында топтан элементтерді тез айыра білді. Осы көзқарас этнограф Л. Леви-Брюль пікірімен дамытылды.

«Уже у некоторых животных в отношении очень простых случаев отличие на способность подобного рода... Если мы вспомним, что, по словам большинства наблюдателей, память первобытных людей «феноменальна» (выражение Спенсера и Гиллена), «граничит с чудом» (Шарльвуа), то тем больше оснований думать, что они легко могут обходиться без имен числительных. Благодаря привычке каждая совокупность предметов, которая их интересует, сохраняется в их памяти с той же точностью, которая позволяет им безошибочно распознавать след того или иного лица. Стоит появиться в данной совокупности какому-нибудь недочету, как он тотчас будет ими обнаружен. В этом столь верно сохраненном в памяти представлении число предметов или существ еще не дифференцировано: ... Ничто не позволят выразить его отдельно. Тем не менее, качественно воспринимается или, если угодно, ощущается. Когда они собираются на охоту, они, сидя уже в седле, осматриваются вокруг, и если не хватает хотя бы одной из многочисленных собак, которых они содержат, то они принимаются звать ее...» [5, 121]. Л.Леви-Брюль көрсетілген еңбегінде алғашқы ойлау таза мағынада сандарды бермей, заттардың жинақ-саны (совокупности-числа) ретінде, зат немесе құбылыстың жиынтығы ретінде ұғынылғанын айтады. Дегенмен, сол жиыннан (жалпыдан) жекені айыру қабілеттері сезіну арқылы жүзеге асады; осы көзқарас математиктер арасынан да қолдау тапты. И.Г.Башмакова мен А.П.Юшкевич Л.Леви-Брюль пікірін негізге ала отырып, сан категориясының қалыптасуының бірінші стадиясында сандық ұғым зат жиынтығының, өзіне тән белгілері: түрі, түсі, мөлшер т.б. негізінде белгілі болды. [6,18]

Ағылшын саяхатшысы У. Паридің (1790-1855) келтірілген мәліметтері бойынша XIX ғасырда Гренландияның эскимостары балаларының санын білмеген, оларды тек түрлерінен айыратын болған. Жегетін иттерін де түс-түрі бойынша түгендеген. Сан категориясының алғашқы сатысы – тікелей сезімдік қабылдау арқылы жүзеге асуы бұл әлі сапаның санға ауыспағандығын көрсетеді. Сан мағынасының берілу тәсілдері. (Этап установления равночисленности множества) [7, 239.] Сан, мөлшер категориясы бұл кезеңінде зат немесе құбылысқа байланысты, яғни мағына байланысы арқылы берілген; мәселен, өмірде әрқашан жеке күйінде кездесетін зат, құбылыс бір санының ұғымын білдіреді. Ай, күн алғашқы қоғам адамының өзі. Сонымен бірге, «бір» мағыналы «бір қол», әдетте «сол қол». «Екі» санының алғашқы мағынасы – «екі қол», «екі көз», «құстың екі қанаты», «ешкінің екі мүйізі». Осы сияқты мыңдаған жылдар бойы сан ұғымы саналатын заттардан айырылмай немесе санның орнында зат есімнің қолданылып келген. XVI ғасырда Африканың кейбір тайпаларында 3 санының дербес атауы болмаған, 3 адам, 3 ағаш, 3 жолбарыс деген сияқты әртүрлі сөздер арқылы айтылған. Бертін шаруашылық күрделеніп, халықтардың ой-өрісі өскен кезде сан атауларының әуелгі мағыналары сирек қолданылып, ақыры ұмтылып, сан есім ретінде дерексіз тұлғалары ғана қалған.[3, 111]. Жоғарыдағы пікірді дәлелдейтін фактілер Л.Леви-Брюльдің «Первобытное мышление» еңбегінде келтірілген. Соның бірі: «Гэддор,- деп жазады Л.Леви-Брюль, - отлично видел, что... здесь нет ни числительних, не чисел в собственном смысле. Здесь речь идет о своего рода памятной книжке, об особом методе, позволяющем в случае падобности получить данную сумму. «Существовал,- говорить он,- другой способ счета: нчинали с мизинца левой руки, от него переходили к безымянному пальцу, затем к среднему, к указательному, к большому, потом к кисти, к сочленениям плеча, к плечу, к левой стороне груди, к грудной кисти, к правой стороне груди и кончали мизинцем правой руки (всего получалось 19). Названия для чисел являются просто названиями частей тела, а отнюдь не числительными. На мой взгляд эта система могла употребляться лишь в качестве вспомогательного средства для счета, подобно тому, как пользуются веревочкой с узелками, но отнюдь не в качестве ряда действительных чисел. Локтовое сочленение (худу) может означать «семь» или «тринадцать...» [5, 124.] Бастапқы кезде сан, мөлшер мағыналарының заттың нақты мазмұнымен тікелей байланысты болғандығын әртүрлі халықтардың тілдерінде сақталып келе жатқан ескілікті сөздерден де, кей тілдердегі қазіргі сан есімдерден де аңғаруға болады. Әрине, ол кезде толық, таза мағынасындағы сан есім емес, Мәселен, қытай тілінде «екі» ұғымын беретін «пу» сөзі «екі құлақ» мағынасында да қолданылады. Тибетте «патша» деген сөз - әрі «екі», әрі «құстың екі қанаты». Готентоттар (Африка) екі санын да, екі қолды

да «тукам» дейді. Сол сияқты орыс тіліндегі пять сөзі мен түркі сөзіндегі «бес» сөздерінің де этимологиялық талдауы, «қол» зат есіміне алып келеді. Сан есімдердің көпшілігі түбірлер өзінің қалыптасу негізі жағынан басқа сөз таптарымен (есімдер, етістіктер) тығыз байланысты болып келеді. Бір кезде зат (елу – қол, бес – қол) және қимыл әрекетті білдірген (алты, жеті, алтымыш) сөздердің кейбірі адам баласының айналадағы дүние жайлы ұғымының дифференсациялануына, адам ойының анализдік қасиетінің артуына қарай сан, зат пен құбылыстың сандық мөлшерін, шамасын білдіре бастауы әсте жат құбылыс емес [8, 71].

Сан есім дамуының бұл сатысы санның есімдер, етістіктерге байланысты айтылуы, кейін сан есім болып қалыптасуы – мағыналық, яғни, зат немесе құбылыстың сапалық, сандық мағыналарына байланысты. Математик ғалым М.Ысқақов сандардың меңгерілу дәуірін екіге бөледі, дәлірек айтқанда үшке дейінгі сандарды меңгеріу – бірінші дәуірде, үштен жиырмаға дейінгі сандарды меңгеру – екінші. «Осы екінші дәуірде адамның саусақтары тарихи роль атқарды. Онға дейінгі сандар қолдың саусақтары, оннан жиырмаға дейінгі сандар аяқтың башайлары арқылы саналады. Екінші дәуірді дүние жүзіндегі мәдениетті халықтардың бәрі бастарынан кешірді» [3, 112]. Белгілі бір санды, жинақты білдірудің эталоны, эквиваленті ретінде адам саусақтары, аяқ башайлары, сондай-ақ т.б. адам дене мүшелері қолданылды. «Касеирер отличает, что исходным пунктом для установления различит числовых, равно как и пространсвенных отношений, является человеческое тело и отсюда они переносятся на весь чувственно-наглядный мир» [7, 240]. Эталон, эквивалент арқылы санның берілуі нақты санның, сан есімнің қалыптасуына негіз болады. Осы ойымызды дәлелдей түсу үшін американ этнографы Э.Тэйлордың пікірін пайдалануымызға болады. Сөйлей алмайтын мылқау адамға дейін санай білетінін, санауды тек саусақтары арқылы игеретінін айта келіп: «Егер зулусқа алты санының қалай екенін сұрасаң, «татизитупа» дейді, яғни, «келесі қолдың үлкен саусағын алу» деген сөз... Ол (зулус) жетіге дейін санап келсе, мәселен, қожасы жеті өгіз сатып алды деу керек болса, «у комбиле» деп сұқ саусағы арқылы түсіндіреді [9, 184].

Зерттеушілердің пікірімен санассақ, түркі тілдерінің сан есімдерінің саусақтарға байланысты берілетіні белгілі: алты – келесі қолдан бір саусақ алу, осы етістіктің барысында алты қалыптасты; жеті – сұқ саусақ икемділігіне қарай, тамақ жеу икемділігінен жеді – жеті; тоғыз – тоғызыншы саналатын саусақтың икемсіздігінен, дөкірлігінен дөкір – тоғыз қалыптасты. Дегенмен, адам ойлауы бірте-бірте санды заттан (саусаққа байланысты) дерексіздендіреді. Сандық ұғымды білдіретін сөздер о бастағы заттың мағынасынан ажырап, таза сан есімге айналды. Сан есімді тұрақты тіркестердің мағыналық, грамматикалық белгілерін ашу міндетті түрде кейбір сан есімдердің этимологиясына тоқталуды қажет етеді.

Сан есімдердің этимологиясы сан есімдердің көне түркі жазба ескерткіштерінде қолданылу ерекшеліктерімен байланысты. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тіліндегі сан есімдер қазіргі түркі тілдеріндегі сан есімдермен бәрі дерлік ұқсас. Тек дыбыстық өзгерістермен ерекшеленеді.

Бір (бір), екі (екі), үч (үш), торт (төрт), бес, бис (бес), алты (алты), йеті (жеті), секіз (сегіз), тоқуз (тоғуз), он (он), йегірмі (жиырма), отуз (отыз), қырқ (қырық), еліг (елу), алтымыш, йетіміш, секіз он, тоқуз он, йуз (жүз), бың (мың), түмен (он мың). Көне түркі ескерткіштерінің тілінде оннан әрі санау тәртібі қазіргі кездегі түркі тілдеріндегіден өзгеше: 27 дейтін болса, йеті отуз, яғни алдымен бірлікті, сонан соң айтылатын ондықты емес, келесі ондық айтылады. С.Е.Малов мұндай санауды есептеудің екі системасы деп қарайды, жаңа системасы XI ғасырдағы «Құтадғу білігтен» басталады, екінші ығыстыру Баласағұн мен Қашқари арқылы белгілі. Санаудың екі системасы түркі тілдерінде тек сары ұйғыр тілдерінде сақталса, моңғол тілі о бастан осы системада. Ескі түркі жазба ескерткіштері тіліндегі сан есім қазіргі сан есімдер дедік, енді осы сандардың шығуының алғы шарты, шығу тегін, яғни этималогиясын сөз етеміз. Сан есімдердің этимологиясы - әлі дәлелді, бір негізге түспеген мәселе.

Түркі тілдеріндегі есептік сан есімдердің саны, бүкіл халықтық тілдерге ортақ атаулар миллион, миллиардты қосқанда, 22 сөз. Басқа сандардың бәрі осы 22 санның негізінде жасалады. Сан есімнің этимологиясы туралы айтқанда, санның түпкі тамыры – зат немесе саусақтар, адамның дене мүшелері дегенді жетекшілікке алуымыз керек.

Түркі тілдеріндегі сан есім сөздер о баста ескі үнді, қытай тілдерінен ауысқан деген жорамал ескі дәуірлердегі мәдениет үндестігіне, немесе сол ежелгі дәуірлердегі саяси және әскери байланыстар тарихын ескеруден туындаған. Көне түркі жазба ескерткіштеріне үңілсек, қазіргі сан есімдерімізбен салыстырсақ, олардың үнді, қытай тілдерінен емес, төл тіліміздің жемісі екеніне көзімізді жеткіземіз. Сан есімдердің жасалуына қарай: жай және күрделі сан есімдер етіп жіктейміз. Жай сан есімдерге бірден тоғызға дейін, яғни бірліктер, ондықтардан: он, отыз, қырық, елу, жүздіктен – жүз, мыңдықтардан – мың, сондай-ақ, халықаралық сан есімдер – миллион, миллиард жатады. Дөңгелек ондықтар атауы – жиырма (20), алпыс – алтымыш (60), жетпіс – жетіміш, сексен (80), тоқсан (90) этимологиялық жағынан күрделі сан есімнен, яғни екі санның бірігуінен жасалып тұр: екі, алты, жеті, сегіз, тоғыз бірліктерінен -мыс, -пыс, -піс (-мыш, -миш), -ен, -ан (он сөзінің варианттары) морфологиялық элементтер. Сан есімдердің тағы бір ерекшелігі – тіл-тілде киелілік мәнге ие болуы. Ертедегі мифопоэтикалық дәстүрлерде сан ұғымдарына киелі мән беріп, өн бойына космоникалық мағыналар жинақтағандығына ерекше назар аударған ғалым Р.Авакова адамзат қоғамында сандар діни, тәңірлік және әлемдік символдар ретінде қарастырылатынын, адам санасы жете қоймайтын құдіретті құпиялар мен сырлар жатқандығын баса көрсетеді. Сан есімдер бойындағы мифопоэтикалық семантика мен символикалық қолданыстар олардың магиялық қасиеттерімен тікелей байланысты деп есептейді [10, 72].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жұбанов Қ. Қазақ тіліндегі зерттеулер. –Алматы: «Ғылым», 1999

2 Жәутіков О. Жай санаудан машиналық математикаға жету. Алматы, 1959

3 Ысқақов М. Түркі тілдес халықтардың ежелгі арифметикасы. Кітапта: Ежелгі мәдениет куәлары. Алматы, 1966

4 Жәутіков О.А. Ақиқатты танып-білудегі математиканың ролі. Алматы, 1975

5 Леви-Брюль Л. Первобытное мышление. М., 1930

6 Башмакова И.Г. и А.П.Юшкевич. Происхождение систем счисления. В книге: Энциклопедия элементарной математики, М., 1951

7 Панфилов В.З. Гносеологические аспекты философских проблем языкознания, М., 1982

8 Томанов М. Сан есімдер тарихынан. Жинақта: Қазақ тілі мен әдебиеті, Алматы,1973, 3-шығуы

9 Тэйлор Э. Первобытная культура. М., 1939

10 Авакова Р. Фразеологиялық семантика. Алматы: «Қазақ университеті», 2002

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Дженсыбаева Салтанат Калиолдановна,
Астана қаласы әкімдігінің «№31 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Амангелді Айнұр Амангелдіқызы,
С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, ф.ғ.к., аға оқытушы,
Маманова Алма Шарипуллина,
С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, PhD, аға оқытушы

Аннотация. Мақалада мектеп оқушыларының тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыру, дамыту мәселелері қарастырылады. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде оқитын білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту жолдары сараланып, оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым әрекеттері бойынша жұмыс түрлеріне баға беріледі, интербелсенді технологияларға тоқталып, тиімді әдіс, тәсілдер ұсынылады.

Түйін сөздер: коммуникативтік дағдылар, оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, интербелсенді технологиялар, сөздік қор, функционалдық сауаттылық, топтық жұмыс, «оқыту қарқындылығы», өз бетінше жұмыс, бағалау.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы формирования, развития языковых компетенций школьников. Проанализированы пути развития коммуникативных навыков обучающихся в школах с неказахским языком обучения, дана оценка видам работы по чтению, аудированию, произношению, письму, рассмотрены интерактивные технологии, предложены эффективные методы, приемы.

Ключевые слова: коммуникативные навыки, чтение, аудирование, письмо, произношение, интерактивные технологии, словарный запас, функциональная грамотность, групповая работа, «интенсивность обучения», самостоятельная работа, оценивание.

Abstract. The article deals with the issues of formation and development of language competencies of schoolchildren. The ways of developing the communicative skills of students in schools with a non-Kazakh language of instruction are analyzed, the types of work on reading, listening, pronunciation, writing are evaluated, interactive technologies are considered, effective methods and techniques are proposed.

Key words: communication skills, reading, listening, writing, pronunciation, interactive technologies, vocabulary, functional literacy, group work, “learning intensity”, independent work, assessment.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдылары оқушының коммуникативтік дағдылары болып табылады. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге көмектеседі. Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Заман талабы жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу десек, тіл үйренуде ол үшін ұтымды оқыту әдістеріне өзгерістер енгізу керек, - деп есептейміз. Біздің ойымызша, оқыту үдерісінде, ең алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау – басты мақсат. Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып,

құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет екендігін өмірдің өзі айқындап беріп отыр.

Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден өз орынын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені қолдану барысында бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижеге қол жеткізуге болады:

- оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- өздігінен оқып негізгі Түйін ойды анықтап алуы;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігінің артуы;
- шығармашылық дағдысының қалыптасуы;
- өзіндік пікір айтуы.

Білімді меңгеру сатысында оқушылар табысты болуы үшін, олардың бойында тілдік дағдылардың (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) негізі қалыптасып, жетілдірілуі керек. Кез келген тілді меңгерту үшін білім алушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуға ерекше мән берген жөн. Ол «танымдық үдеріс» ретінде түсіндіріліп, оқылым, жазылым, айтылымға қарағанда күрделі дағды деп есептеледі. Оқу жоспарында телехабар, фильм, ән, үлкен адамдарды тыңдау және оларға жауап беруді көздейтін жаттығулар кездеседі. Аталған жаттығулар бірнеше аптаны қамтитын тізбектелген сабақтар топтамасында дағдыларды, соның ішінде тыңдалымды дамытуды көздейтінін байқау қиын емес. Осылайша, тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының әрқайсысын жеке-жеке дамыта отырып, оларды бір-бірімен өзара тығыз байланыста кешенді түрде оқытады. Оқу кезінде олар сөз тіркестерінің құрылымына, сөздердің орын тәртібіне, сөйлем құрылысына және сөйлеуге назар аударады.

Ал енді оқылым дағдысына келетін болсам: оқушыларымыз әріп танығанымен зейін қойып оқуға, оқығанын зердесіне құйып өзгеге түсіндіріп беруге шорқақ келеді. Яғни, оқылым дұрыс болмағаннан кейін, айтылымнан да ақсап жатамыз. Ал сондай мәселені түсіндіріп беруге тырысқан, айтылым дағдысы қалыптасқан адамды тыңдай алмайтын да жағдайлар кездесіп жатады. Ойымызды жүйелеп жазып беруге қиналатын сәттеріміз және бар. Мұның бәрі тілдік дағдылардың жете қалыптаспағанын білдіреді. Осы жағдайлардың жаңартылған бағдарламада жан-жақты сөз болатынын, тілдік дағдыларды дамытуға арнайы тоқталатынын айта кеткеніміз жөн болар. Бұл жерде «оқыту қарқындылығы» деген ұғымға кездесеміз. Еңбек өтелімдегі ұстаздық іс-тәжірибемде оның үш кезеңін негізгі мақсаттарын ұдайы басшылыққа алып отырамын. Төменде ұсынылған кестеге назар аударсақ:

Оқылым кезеңі	**Ойды түртіп алу кезеңі**	**Жазылым кезеңі**
Мәтін түрінің өзіндік ерекшеліктерін анықтау үшін оқу	Идеяларды жинақтау, жазуға дайындалу	Түпкі жазбаша жұмысты әзірлеу үшін бірлесіп, мұғалім жетекшілігімен және өз бетінше жазу. Бұл баланы жазылымға әбден дайындап әкелу деген сөз.

Оқылым кезеңінде оқығанын терең түсінуге тырысады. Алайда кейбір жанама мәселелер, тіпті негізгі мәселенің өзі түсініксіздеу болып жатса, онда тұрған ештеңе жоқ. Өйткені алда ойды түртіп алу кезеңі бар. Оқушыға мәселені пысықтауға уақыт беріледі. Сол кезеңде оқыған ақпаратты мәтінді талдауға арналған стратегиялар немесе тірек сызбалар арқылы талдап, негізгі мәселені ойына түйіп алады. Қажетті ақпаратты толық ой елегінен өткізген соң ғана қолына қалам алады. Яғни бала жазылым кезінде керек болатын сөздік қорды меңгергенге дейін жазуға ешқандай тапсырма берілмейді. Сонымен қатар, оқу үдемелілігінде мұғалімдердің оқылым мен жазылымды дамыту үшін айтылым мен тыңдалымға назар

аударуға мүмкіндіктері болады. Барлық оқушы оқу мен жазудан бұрын тыңдап, тыңдағанын айтып беруді үйренеді. Өзара әрекет, қарым-қатынас кезінде жазылым мен оқылым дағдыларына қарағанда, айтылым және тыңдалым дағдысы көбірек жетілетіні сөзсіз. Мұғалім оқушыларға осы дағдыларды қалыптастыруға уақыт бөле отырып:

- идеяларды жинақтап, жазба жұмысының жоспарын ойластыруға;
- түсініктерін нақтылай отырып, жауап берер алдында ойларын жинақтауға;
- білімдерін нығайтып, не үйренгендері туралы айтуға;
- негізгі мәселені бірлесе шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы тілді меңгерту барысында, әсіресе оқылым мен жазылымда тіл үйренушілердің бірлесіп жұмыс істеуін басты назарда ұстаған абзал. Ең бастысы, өз бетімен оқу немесе жазуға қарағанда тапсырма күрделірек болуы шарт. Адам өзінің шамасы келмейтінін түсінген кезде жанындағы адамның көмегіне жүгінеді. Бірлескен жұмыстағы ұстаным: «мен» емес, «біз» болуы шарт. «Біз жеңіске бірге жеттік!» немесе «біз мақсатты бірге бағындырдық!» Осындай жұмыстарды орындау барысында «жұмыла көтерген жүктің жеңіл» болатынын немесе «жалғыздың үні шықпайтынын» білім алушылардың өздері түсінуі тиіс. Бірлескен оқылымда мұғалім: «Джигсо-2», диалогтік оқыту, кітапты талдау әдісі, тізбектеп оқыту әдісі, «Өрмекші торы» сияқты т.б. стратегияларды қолданса, ал бірлескен жазылымда: «Жүгіру диктанты», «Төрт сөйлем» тәсілі, «Айналма бекет» әдісі, «Ара ұяшығы» әдісі, «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Уақыт тізбегі», «Бес, бес, бір» стратегияларын қолдана алады.

Ал, енді мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылым мен жазылымға келетін болсақ, бұлардың екеуі де оқудың сындарлылық теориясына негізделеді. Оқушылар сөздің мәні мен мағынасын түсініп, оны бұған дейін алған білімдерімен байланыстыра отырып, жаңа ұғымдар мен түсініктерді сын тұрғысынан талдауға ұмтылады. Мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылымда мұғалімнің рөлі – нақты, мәтін мағынасын ашатын сұрақтар қою және жаңа білімді игеруге қолдау көрсету арқылы ойлау үдерісін жетілдіру.

Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін топтық жұмыс тіл үйренушілердің қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып оқытуға және бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жұмыстың барлығы білім алушының ауызша, жазбаша тиімді қарым-қатынас жасауына ықпал етіп, оқушының тілдік дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Білім алушылардың топтағы белсенділігі мұғалім назарында болады. Білім алушы бақылаусыз, өзімен-өзі қалмауы тиіс және мәтіннің күрделілік деңгейі әр бала еңсере алатындай дәрежеде болғаны жөн. Мұғалімнің рөлі – бақылай отырып, оқушылардың түсініп оқуын қамтамасыз ету, керек жерінде қолдау көрсету. Оқылым сабақтарында, яғни оқу мақсатын оқылымнан алған кезде әрбір білім алушыда оқылатын мәтін болуға тиіс. Мұғалім оның мәтінді оқып, мағынасын түсінуіне, шамасы жеткенше зерттеу жұмыстарын жүргізуіне жетекшілік етіп отырады. Мұғалімдер мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым сабағының ретін жақсы білуі тиіс. Ол біліктілікті арттыру курстарында жан-жақты түсіндіріледі. Мұғалім жетекшілігімен жүретін жазылымда да мұғалімдер оқушылардың белгілі бір жазылым дағдыларын үйренуіне жетекшілік етеді. Ол өз бетінше жазуға көмектесетін құрылымдалған жазылым түрлері болуы мүмкін. Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым барысында оқушыларға жазылым үдерісінің түрлі сатыларында қолдау көрсетіледі. Алдымен, өз бетінше жазудың алдында:

- идея тудыру үшін;
- мәтіннің бастапқы нұсқасын жоспарлау, оны қағазға түсіруді модельдеу үшін;
- жаңа сөздерді назардан тыс қалдырмау мақсатында тыныс белгілері қойылған сөйлем құрылымдарын жазу үшін;

Екінші, жазбаша жұмыс жазылып жатқан кезде:

- тіркестерді таңдауға;
- сөздер мен сөйлемдерін мейлінше дұрыс байланыстыруға (сөздерді шағы, жағы және райы бойынша байланыстыру және т.б.);
- құрмалас сөйлемдерді қолдануға;

Жазбаша жұмыстан кейін:

- оқушылардың жұмыстарын бағалау критерийлеріне қол жеткізілуі тұрғысынан тексеру,
- оқып отырған адамға оның ықпалын бейнелеу,
- жазылымның келесі қадамы қандай болу керектігін талқылау және қажет болса тапсырманың күрделілігін арттыру үшін қолдау көрсетіледі.

Мұғалімдер бір немесе бірнеше аптаны қамтитын тізбектелген сабақтар топтамасын оқыту кезінде «мұғалімнің жетекшілігімен жүретін әңгіме» арқылы оқушылардың айтылым немесе тыңдалым дағдыларын дамыта алады. Мәселен, білім алушыны түрлі жағдайларда сенімді сөйлеуге немесе тыңдауға үйрету, өзінің зейін қоя тыңдап отырғанын көрсету үшін мазмұнға қатысты сұрақ қоя білу, диалог барысында әртүрлі рөлдерге ене алу. Мұғалімдер тіл үйренушілердің тілдік қабілеттерін іс жүзінде қолдануына түрткі болуға тиіс. Тілді меңгерту барысындағы сабақ мақсаттары, тілдік мақсаттар, соңында өз сабағына жасалатын талдаудың бәрі осы мәселелерден шығып жатқанын естен шығармауымыз керек.

Ата-бабаларымыз «Оқу – инемен құдық қазғандай», - деп бекер айтпайды. Бүгінгі таңда замана көшінен қалмайтын, шығармашыл, ізденімпаз ұстаздар ғана табысты болмақ. Солардың алдынан өткен шәкірттер ғана ұлттың тағдыры мен тарихына салғырт қарамайтын, жан-жақты, бәсекелестікке қабілетті, құзіретті болып, үлкен нәтижелерге, жетістіктерге жетеді деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР «Білім туралы Заңы», 2007 ж.
2. Жалпы орта білім беру стандарты.
3. ҚР СТ 1929-2015 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру». – Астана, 2015 ж.
4. Қазақ тілін оқытуға арналған бірұлгі бағдарлама. – Астана, 2016 ж. – 83
5. Айтбаева Б.М., Абдрахманова Г.Х., Кельдиярова Б.А. Қазақ тілі. Оқу-әдістемелік кешен. -Қарағанды: 2008 ж. - 101 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВТЕРІН АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

Дюсембеева Валентина Муратовна,
7М01307 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты,
Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту педагогикасы
білім беру бағдарламасы,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Аннотация. Анимациялық фильмдер арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивтерін жетілдіру маңызды міндеттердің бірі. Оқушы тыңдаған мәтіннен қажетті ақпаратты түсінуге, есте сақтау қабілетін жетілдіруге, мәтіннің құрылымы мен түрлерін ажыратуға, тыңдаған мәтінін ауызша айтуға, жазуға мүмкіндік алады.

Түйін сөздер: анимациялық фильм, оқу мотивтері, субтитр, тыңдалым, оқылым.

Аннотация. Совершенствование учебных мотивов младших школьников через анимационные фильмы - одна из важнейших задач. Учащийся получает возможность понимать необходимую информацию из прослушанного текста, совершенствовать память, различать структуру и типы текста, устно произносить, писать услышанный текст.

Ключевые слова: анимационный фильм, учебные мотивы, субтитры, аудирование, чтение.

Abstract. Improving the educational motives of younger schoolchildren through animated films is one of the most important tasks. The student gets the opportunity to understand the necessary information from the listened text, improve memory, distinguish the structure and types of text, verbally pronounce, write the text he hears.

Key words: animated film, educational motifs, subtitles, listening, reading.

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сапасын жақсарту мұғалімдерге жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдістерін іздестіруді, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептердің алдында үлкен міндеттер тұр. Ол заман талабына сай, рухани дүниеге бай жас жеткіншектерді тәрбиелеп шығару. Бала өмірінде бастауыш сынып мұғалімінің алатын орны зор. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған жас ұланға білім беретін, оның ой-қиялын дамытатын, рухани дүниесін нұрландыратын бастауыш сынып мұғалімі. Кішкентай шәкірттер өзінің «Ана мектебінен» яғни, отбасы мектебінен алғанын енді мектепте өзінің ұстазы арқылы әрі қарай дамытады. Сөйтіп, олар мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың ойланудың дағдыларын қалыптастырады.

Қандай да болмасын дағдыға бала басқалармен қарым-қатынас жасау барысында үйренеді. Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап, оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды. Ал оқытуда мұғалім дағдыландыратын әрекеттерін әдейі көрсетеді, түсіндіреді, балалар оның орындалуын бақылайды. Осы процесс сыртқы әрекеттің адамның бойына сіңуі,ішкі психикалыққа айналуы интериоризация деп аталады, яғни сыртқы заттық әрекеттің ақыл-ойға, санаға өтуі.

Мектептегі оқу үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының мақсаты-балаға хат таныту, яғни оған оқумен жазуды үйрету. Сауат ашу –аса жауапты да күрделі жұмыс. Қазіргі таңда мұғалім оқушыға бәрін алдын-ала өзі дайындап бермеуі тиіс, оқушы өзі ізденуі қажет. Ал мұғалім оқушының оқуын, ақыл-ой дамуын ұйымдастыруы, оған басшылық жасауы қажет. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселелердің бірі –білім беру, ғылымды дамыту, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Ал бұл істің қайнар көзі-білім ордасы-мектеп, ал мектептің жаны-мұғалім.

Бастауыш сыныптан-ақ негізі қалануы тиіс маңызды міндеттің бірі - оқушылардың оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру.

Дағды дегеніміз - ол автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет,көп рет қайталау жолымен қалыптасады,оқыту процесінде,әсіресе жалпы оқу дағдыларын қалыптастыру керек [1]. Дағды жаттығу процесінде қалыптасады. Оны қалыптастыру үшін жай қайталау жеткіліксіз,оған арнайы жаттығу қажет.

Кез келген қайталаудан жаттығу шықпайды. Мәселен, адамның нашар жазуы көп қайталағанмен түзелмейді, себебі мұнда арнайы жаттығулар жүйесі жоқ. Жаттығу жөнінде белгілі бір ережелерді білмей, яғни дағдыны қалыптастыру, жаттығу қандай жолмен жүріп отыратындығымен таныспай, қандай дағдыға болса да ие болу қиын.

Оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру мынадай талаптардан туындайды:

1. Оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау).
2. Мәтін мазмұнын түсіну (негізгі ойды, мазмұнын ажырату).

Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені, оқу техникасын жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайды.

Бастауыш сынып мұғалімдері үшін мынандай ***міндеттер*** туындайды:

- оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру;
- көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- шығарманың түпкі мазмұн-мәнін түсінуіне, сезімталдықпен қабылдауына қол жеткізу;
- мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлем мен сөйлем үлгілерін үйрете отырып, ана тіліміздегі сөз мағыналарының түрленуіне көңіл аударту;
- ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- өзіндік ой-пікірін айта білуге баулу;
- оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық, адалдық пен адамгершілік қасиеттерін дарыту.

Бастауыш сынып-оқушылардың тілдерін дамытудың маңызды кезеңі және олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқу мотивтерін тиімді оқытуды қамтамасыз ету қажет. Негізінен грамматика мен лексикаға бағытталған оқыту жас оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Анимациялық фильмдер оқу мотивтерін қалыптастыруға, әсіресе жас оқушыларға арналған қосымша құрал ретінде танымал болды. Алайда, оқытуда анимациялық фильмдерді пайдалану ойластырылған және тиімді әдістемені талап етеді. Бұл мақала анимациялық фильмдерді пайдалана отырып, бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогикалық кеңестер мен ұсыныстар беруге бағытталған. Әдістеме: 1.Сәйкес анимациялық фильмдерді таңдау: Тиісті анимациялық фильмдерді таңдау тиімді оқытудың алғышарты. Фильмдер жас ерекшеліктеріне сай, дәстүрлі оқытуда қарастырылатын тақырыптарға сәйкес болуы керек және тыңдау мен сөйлеу арқылы тыңдаушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беруі шарт. 2. Оқушыларды фильмдерге дайындау: Студенттерді фильмдерді көрмес бұрын дайындау өте маңызды. Бұл тақырыппен таныстыру, тиісті сөздік қорын алдын ала оқыту және студенттердің бұрынғы білімдерін белсендіруді қамтиды. Оқушыларды фильмдер алдында дайындау олардың түсінуі мен белсенділігін арттырады [2, б.26].

Фильмдерді көру: Фильмдерді көру кезінде студенттерге бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсету өте маңызды. Мұғалімдер фильмді түсінуді тексеру, сұрақтар қою және талқылауды ынталандыру үшін белгілі бір нүктелерде тоқтата алады. Бұл студенттерге фильмнің тілі мен контекстін түсінуге және олардың коммуникативті құзыреттілігін дамытуға көмектеседі. 4.Фильмнен кейінгі әрекеттер: Фильмдерді көргеннен кейін студенттерге мақсатты тілді шынайы контекстте пайдалану мүмкіндігін беру өте маңызды. Мұғалімдер студенттерден фильмдерден үйренген тілді қолдануды талап ететін рөлдік ойындар, дебаттар және пікір-таластар сияқты әрекеттерді жобалай алады. Бұл студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға жәнетілді өмірлік жағдайларда қолдануға көмектеседі. Педагогикалық кеңес: Анимациялық фильмдерді оқу бағдарламасына енгізу: Мұғалімдер анимациялық фильмдерді оқу бағдарламасына оқытудың қосымша құралы ретінде енгізуі керек. Бұл студенттердің коммуникативті құзыреттілігін дамытуға және олардың белсенділік пен мотивациясын арт-тыруға көмектеседі. Түрлі фильмдерді қолданыңыз: Мұғалімдер оқушылардың әртүрлі

акценттерді, сөйлеу мәнерлерін және мәдениеттерді көрсету үшін әртүрлі фильмдерді пайдалануы керек. Бұл оқушылардың әртүрлі контексттерде коммуникативті құзыреттілігін дамытуға және мәдениетаралық құзыреттілігін арттыруға көмектеседі. Нұсқаулық және қолдау көрсету: Мұғалімдер фильмдерді көру кезінде оқушыларға бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетуі керек. Бұған сәйкес лексиканы алдын ала үйрету, түсінуді тексеру және талқылауды ынталандыру кіреді. Нұсқаулық және қолдау көрсету оқушылардың фильмдердің тілі мен контекстін түсінуін жақсартады және олардың коммуникативті құзыреттілігін дамытады. Тілді қолдануды қажет ететін әрекеттерді жобалау: Мұғалімдер оқушылардан мақсатты тілді шынайы контексте пайдалануды талап ететін фильмнен кейінгі әрекеттерді жобалауы керек. Бұл оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға және тілді өмірлік жағдайларда қолдануға көмектеседі. Мұнда бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивтерін қалыптастыру үшін анимациялық фильмдерді пайдалануды қамтитын сабақ жоспарының үлгісі берілген. Бастауыш мектеп (3-4 сыныптар) Мақсаттары: - Оқушылардың тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту, оқушылардың сөздік қорын, түсінуін арттыру. Анимациялық фильмдерді пайдалану арқылы оқушыларды әртүрлі мәдениеттер мен екпіндермен таныстыру Материалдар: балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес анимациялық фильм. Фильмді көрсету үшін теледидар немесе проектор. Алдын ала оқытуға арналған сөздік және түсіну сұрақтары бар үлестірмелі материалдар. Фильмнен кейінгі талқылау мен тәжірибеге арналған жұмыс парағы. Сабақ барысы: Қыздыру: фильм тақырыбына қатысты сөздік қорын қайталаңыз, мысалы, жануарлар, қоршаған орта, отбасы немесе тағам. Сөздік қорын ашу және айтылуын жаттықтыру үшін карточкаларды немесе суреттерді пайдаланыңыз. Алдын-ала қарау әрекеті: Оқушыларға үлестірмелі материалдарды беріңіз және олардан сөздік тізімін оқып, түсіну сұрақтарына жауап беруін сұраңыз. Кез-келген жаңа лексиканы түсіндіріп, түсінгенін тексеріңіз. Оқушыларды фильмнің тақырыбы мен суреттеріне сүйене отырып, не туралы болатындығын болжауға шақырыңыз. Фильмді көру: Фильмді субтитрмен қосыңыз және оқушылардан мұқият қарап, тыңдауды сұраңыз. Фильмді белгілі бір нүктелерде кідіртіңіз және түсінуді тексеру үшін түсіну сұрақтарын қойыңыз. Оқушыларды оқыту алдындағы сөздікпен және фильммен байланыс орнатуға ынталандырыңыз. Қараудан кейінгі әрекет: Оқушыларға тапсырма парағын беріңіз және олардан фильмді жұпта немесе топта талқылауды сұраңыз. Кейіпкерлер, сюжет, жағдай және тақырыптар туралы сұрақтар қойыңыз. Оқушыларды өз пікірлерін білдіруге және мақсатты тілді қолдануға ынталандыру. Оқушылардан фильмнен үйренген тілді қолдануды талап ететін рөлдік ойындар, пікірталас және пікірталас сияқты әрекеттерді құрастырыңыз. Қорытынды: Фильмде қолданылған сөздік және тілдік құрылымдарды қайталаңыз және оқушыларды өмірлік жағдайларда қолдануға шақырыңыз. Фильмнің мәдени элементтерін талқылаңыз және оқушыларды әртүрлі мәдениеттер мен акценттерді бағалауға және құрметтеуге шақырыңыз [3, б.53].

Бағалау: Оқушылардың тыңдау және сөйлеу дағдыларын олардың пікірталасқа қатысуына және нақты өмірлік жағдайларда мақсатты тілді қолдану қабілетіне қарай бағалау. Айтылымға, грамматикаға, сөздік қорына және еркін сөйлеуге бағытталған айдарларды пайдаланыңыз. Осы сабақ жоспарын пайдалана отырып, мұғалімдер анимациялық фильмдер арқылы оқу мотивтерін қалыптастырып, бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыра алады. Қорыта келгенде, шет тілін оқытуда анимациялық фильмдерді пайдалану бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралы бола алады. Алайда, шетел тілін оқытуда анимациялық фильмдерді пайдалану ойластырылған және тиімді әдістемені талап етеді. Мұғалімдер тиісті фильмдерді таңдап, студенттерді фильмдер алдында дайындап, фильмдерді қарау кезінде бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетіп, тілді қолдануды қажет ететін фильмнен кейінгі әрекеттерді жобалауы керек. Осы педагогикалық кеңестер мен ұсыныстарды орындау арқылы мұғалімдер оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін және үйренуге деген қызығушылығын арттыра алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР МЖМБС-2015).

2. Әбдікәрімова Т. Бастауыш сыныптарда мәтінмен жұмыс істеу әдістемесі. – Алматы, 1993.

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ. ӨЗІМЕН КЕЗДЕСУ...

Кадыржанова Жанна Елемесовна,
пс.ғ.к.
Ерболова Гулайхан Мурадымовна,
7М01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының
2-курс магистранты,
«Педагогика және психология» кафедрасы,
Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті

Аннотация. Мақалада жасөспірімдік кезеңнің психикалық дамуы жөнінде толығырақ айтылған. Жас ерекшеліктеріне қарай жасөспірім үшін мінез, эмоция, айналасындағы адамдардың көзқарастары маңызды екені анықталды. Қарым-қатынастағы қиындықтар жасөспірімдік жас және олардың мінез-құлқы жайында айтылып, мұндай феноменді қарым-қатынастағы қиындықтар ретінде екені дәлелденді. Психология ғылымының докторы, профессор Л.Ф.Обуховаңың, психиатр, психоанализдің негізін қалаушы Зигмунд Фрейдтің, ресейлік педагог-психолог Д.И. Фельдштейннің, педагогика ғылымының докторы Н.К. Крупскаяның, өзге де белгілі ғалымдардың психологиялық зерттеулеріне талдау жасалынды.
Түйін сөздер: жасөспірімдік кезең, жасөспірімдік шақ, дағдарыс, өзін-өзі бақылау, психикалық дамуы.

Аннотация. В статье более подробно описано психическое развитие подросткового возраста. Установлено, что для подростков в зависимости от возраста важны характер, эмоции, отношение окружающих. О подростках и их поведении говорится о трудностях во взаимоотношениях и доказывается, что таким явлением являются проблемы во взаимоотношениях. Доктор психологических наук, профессор Л.Ф.Обухова, психиатр, основатель психоанализа Зигмунд Фрейд, российский педагог-психолог Д.И.Фельдштейн, доктор педагогических наук Н.К.Крупской проанализированы психологические исследования и других известных ученых.
Ключевые слова: подростковый возраст, кризис, самоконтроль, психическое развитие.

Abstract. The article describes the mental development of adolescence in more detail. It was found that character, emotions, attitudes of people around are important for teenagers depending on their age. Difficulties in relationships are discussed about adolescents and their behavior, and it is proved that such a phenomenon is problems in relationships. Doctor of psychology, professor L.F.Obukhanova, psychiatrist, founder of psychoanalysis Sigmund Freud, Russian teacher-psychologist D.I.Feldshtein, Doctor of Pedagogy N.K. The psychological researches of Krupskaya and other well-known scientists were analyzed.
Key words: adolescence, crisis, self-control, mental development.

Жасөспірімдік кезеңнің бала дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын», «сыналатын» кезең деген атауларында көрініс тапқан. Бұл атауларда осы жаста болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтумен байланысты даму үдерістерінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған. Балалық шақтан ересектікке өту осы кезеңдегі дене, ақыл-ой, адамгершілік, әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұны мен өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Жасөспірімдік кезең деп 11-12 жастан 15-16 жас аралығындағы балалардың дамуын айтуға болады. Бұл кезең күшті психофизиологиялық даму мен баланың әлеуметтік белсенділігінің қалыптасуымен ерекше. Жасөспірімдік кезең драмалық қайғы-рулар, қиындықтар және дағдарысқа бай. [8, 154 б.]

Жасөспірімдік кезең – балалық шақтан ересектікке өтетін, үнемі қиын, сыни қақтығыстық деп сипатталатын адам онтогенезінің күрделі кезеңі. Л.Ф.Обуховаңың психологиялық зерттеулерінде жасөспірімдер тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңа құрылымдардың түп тамыры кіші жаста қалыптасып, өзіндік жеке тұлғасына деген қызығушылықтардың күшеюі, сыншылдықтың саналы түрде бейнеленуі көрініс табады дейді. Ең негізгі мәнді өзгеріс тұлғаның өзіндік дамуында болады. Оның айрықша ерекшелігі өзіндік рефлексияның күштілігі болып табылады. [9, 3-4 б.]

Жасөспірім жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «ауысу жастары» деп те атайды. Ана тілімізде «жасөспірім» деген ұғымды өзге тілдердегі осы сөздің мағынасына дәл береді. Олай деп бағалайтыны, біріншіден, бұрынғы кездегі психикасы, мінез-құлқы өзгеріп, соның негізінде жаңа қасиеттер пайда болатынынан. Кейде мұндай өзгеріс аз уақыттың ішінде болуы мүмкін (бірақ, өзгеріске ұшырау жасөспірімдерде бір уақытта кездеспейді). Екіншіден, осындай психиканың жаңа саласының пайда болуынан бала қиналысқа ұшырайды, уайым шегеді (оның тәрбиеге көнуіне бөгет жасайды). Мұндай үлкен өзгерістерді психологтар түрліше дәлелдейді. Осы ғасырдың бас кезінде психолог З. Фрейд (Л.И. Божович) жасөспірім үлкендердің қамқорлығына көнбейтін «өзім барлығын орындаймын» дейтінін жыныстық қасиетінің салдарынан болатын санасыз әуесқойлық деп түсіндірді. [3 бойынша]

Кейде жасөспірімдерді тәрбиеге көнбейтін «дағдарыс» жасы деп те сипаттайды. Д.И. Фельдштейн жасөспірімдік кезеңнің дағдарыстық болатынын атап кеткен. [5]

Қарым-қатынастағы қиындықтар түрлі мақалалар мен психотүзету бағыттарындағы кітаптарда жасөспірімдік жас және олардың мінез-құлқы жайында айтылып келеді. Көптеген мәліметтер мұндай феноменді қарым-қатынастағы қиындықтар ретінде дәлелдейді. [11 бойынша]

Бұл кезеңде сонымен қатар, тұрақты мінез-құлық формасы, жүріс-тұрысы, эмоционалды әсер ету тәсілдері жинақталады және білім, білік, дағды, «Менін» қалыптастыруға тырысып, жаңа әлеуметтік ұстанымды алады. Осылармен қатар, бұл жаста балалық әлемді түйсінуді жоғалтумен қатар, мазасыздық және психологиялық ыңғайыссыз сезімдер пайда болады. [10]

Жасөспірімдік кезеңде тұлғаның өзін-өзі бағалауында жыныстық ерекшеліктер көрініс табады. Осыған орай, В.Н. Кузницинаның алған мәліметтерін көрсетуге болады. Ол сыртқы келбеттің және тұлғалық сапалардың мәнді белгілерін анықтауда жыныстық ерекшеліктердің болатынын анықтады: қыздар өз сыртқы келбетін бағалауда бет әлпеттеріне көп көңіл бөледі, ал жігіттер – бойы мен физикалық күшіне, оларда қыздармен салыстырғанда бет әлпеттің әдемілігіне қойылатын талап төменірек. [4 бойынша]

Жасөспірімдік шақтың психологиялық спецификалық ерекшелігін қарастыра келе, Н.К. Крупская: «бұл жартылай бала, жартылай ересек психологиясы» деп дұрыс атап кеткен. [2]

Жасөспірімнің өзі туралы ойлануы, оның өз құрбы-құрдастарының арасында жақсы қарым-қатынасқа жетуі мен жақын жолдастарын сыйлауы, дос табуға тырысуы маңызды стимул болып табылады. Ол өзі туралы және жолдастары арасындағы өзара қарым-қатынас туралы жиі ойлана бастайды. Жасөспірімдердің көпшілігі бір мезгілде бірнеше адамға еліктейді. Өзінің жеке тұлғасына қажетті бейнені олар әртүрлі адамдардың жақсы жақтары арқылы құрастырады. Бір адамды ойша бейнелеп, кейде біреулерден басқа бір қабілетті, соған ұқсас қасиетті бойына сіңіруге немесе ересектерге, өзінен үлкен балаларға және жолдастарына ұқсауға тырысады. [1 бойынша, 28-30 б.]

А.Н. Леонтьев атап көрсеткендей, жасөспірімдік жаста оқушылардың мотивтерді салыстыру мәселесін, «маңыздылық» мәселесін шешуде «Мен үшін ең маңызды не?», «Өзге үшін ең маңызды не?», «Мен үшін ең бастысы не, ал онша маңызды емес не нәрсе (оқу, спорт, музыка және т.б.)?», «Мен неге бұлай істеймін, басқаша емес» деген сұрақтар толғандырады. [6 бойынша, 270-273 б.] Алайда, жасөспірімнің жеке тұлғалық құрылымындағы кең аялы танымдық қызығушылық – аса құнды білім алу, егер қажетті педагогикалық ықпал болмаған жағдайда, ол жасөспірімнің оқуға үстіртін қарауына негіз болады. Жасөспірімдік шақтың соңында болашаққа байланысты тиімді мақсаттар қою қабілеттері қалыптасады. [5]

Жасөспірім өзінің қандай, қаншалық құнды, қабілетті екенін барынша білгісі келеді. Өзін-өзі бағалаудың екі тәсілі бар. Біреуі өз талаптарының деңгейін жеткен нәтижесімен өлшемдестіру («Қиын жағдайда саспаған болсам, қорқақ болмағаным; қиын міндетке кірісіп кетіп, орындап шықсам, қабілетті болғаным»). Бірақ жасөспірімнің өмірлік тәжірибесінің шектеулілігі мұндай тексеруді қиындатады. Ересектердің көзқарасымен қарағанда қисынсыз көптеген қылықтар – қауіпті сотқарлық, даңғойлық көзге түсіп, жұртқа танылғысы келуден гөрі өзінің батылдығын, өжеттігін, т.б. сынап көргісі келуден болады.

Өзін-өзі бағалаудың екінші жолы – әлеуметтік жарыс, өзі туралы төңірегіндегілердің пікірлерін салыстыру. Төңірегіндегілердің өзі туралы пікіріне өте сезімтал қарайтын жеткіншектің өзі-ақ әркімнің бағалары ғана емес, бағалайтын өлшемдерінің өзі әркилы болатынына көзі

жетеді. Сыныптастары ерлік деп бағалаған әрекетті мұғалім жалған жолдастық деп атайды. Осыдан келіп таңдау, өздігінен ойланып көру қажет болады. Өз «менінің» бейнелері күрделі әрі бірмәндес болмайтыны белгілі. Мұнда нақты «мен» (қазір қандай болсам, сондай) де, динамикалық «мен» де (қандай болғым келсе, сондай), мұраттағы «мен» де (өзімнің моральдық үрдістерім негізінде сондай болуға тиістімін), қиялдағы «мен» де (бәрі де мүмкін болса, сондай болғым келер еді), көз алдыма елестететін басқа толып жатқан «мендер» де бар.

Тіпті, толысқан адамның өзін-өзі ұғынуы да қарама-қайшылықтарсыз болмайды және өзін-өзі бағалаудың бәрі адекватты емес. Жасөспірімдік кезде мәселе бұдан да қиынырақ. Кейде жасөспірім өзін-өзі бақылау, байқау арқылы өзін білсем дейді. Кейбір психологтар жасөспірімдік рефлексиясының өзін-өзі оқшаулау, шындық болмыстан қиялдағы арман дүниесіне беріліп кету қаупі бар есептеп, оған теріс көзқараста болады. 15 жастағылардың ішкі жан дүниесі алаңсыз болып көрінгенімен әжептеуір қалыптасқан және нәзік болады. Психикалық саулық нормаларының өзі оларда үлкендердегіден гөрі өзгеше. Кіші шәкірттік жастағыларға қарағанда, жасөспірім жігіттер мен қыздарда алаңдаудың жалпы дәрежесі жоғары. Пубертаттық жаста деперсонализация және психикалық жатсыну жағдайлары аз болмайды. [7, 315 б]

Өзіне-өзі талдау жасауды өзін-өзі мақсатсыз байқаумен шатастыруға болмайды. Қайталанбас дара адам ретінде өзін-өзі ашу осы адам өмір сүруге тиісті әлеуметтік дүниені ашумен ажыратусыз байланысты. Жасөспірімдік рефлексия, бір жағынан, өзінің «менін» ұғыну («Мен кіммін? Мен қандаймын? Менің қабілеттерім қандай? Мен өзімді не үшін сыйлай аламын?»), ал екінші жағынан, дүниедегі өзінің жағдайын ұғыну («Менің өмірлік мұратым қандай? Менің достарым, жауларым кім? Кім болғым келеді? Өзім де, айналамдағы дүние де жақсы болуы үшін мен не істеуім керек?») болмақ. Мұны әр кезде бірдей ұғынбаса да жеткіншектің өзі-ақ өзіне арналған алғашқы сұрақтар қояды. Екінші, неғұрлым жалпы, дүниетанымдық сұрақтарды жасөспірім қояды, онда өзіне-өзі талдау жасау, әлеуметтік-адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі анықтаудың элементіне айналады.

Жасөспірімнің өзіне деген сенімі қаншалық жағымсыз болғанымен, психологиялық тұрғыдан өзін-өзі сыйлаудың кемдігі анағұрлым қауіпті. Мұның өзі адамның өзі туралы түсінігін қарама-қарсы әрі орнықсыз етеді. Өзін-өзі сыйлауы төмен жасөспірім жігіттер мен қыздар қарым-қатынаста көбінесе қиыншылық көреді, қайсыбір жалған бетперде жасап алып, айналасындағылардан бөлектенуге тырысады. Адамның өзін-өзі сыйлауы неғұрлым төмен болса, оның жалғызсырап қиналуы соғұрлым көбірек болады. Өзін-өзі сыйлаудың төмендігінен барып адамның әлеуметтік талаптарының деңгейі біршама төмен болады, оны жарысу сипаты бар іс-әрекет атаулыдан тартындырады. Мұндай адамдар көбіне өз күштеріне сенбегендіктен, алға қойған мақсаттарына жетуден бас тартады. Ал мұның өзі олардың өзін-өзі төмен бағалауын нығайта түседі. [7, 316-317 б]

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кон И.С. Открытие «Я». М.: Политиздат, 1978. – 367с. [80 бойынша, 28-30 б.].
2. Крупская Н.К. Педагогические сочинения в 6-ти томах. – М.: 1978-1980.
3. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология (педагогтық институттардың студенттеріне арналған лекциялар жинағы). Алматы, 1981ж
4. Омирбекова С.Ж. Особенности самооценки детей подросткового и раннего юношеского возраста. Автореф. дис....канд.психол.наук. – Алматы, 2000.
5. Проблемы мотивации общественно-полезной деятельности школьников //Под. ред. Д.И. Фельдштейна. – М.: Изд-во АПН СССР, 1984. – 160с.
6. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Психологиядағы ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы. 4-том /Жетекшісі – акад. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: ″Таймас″ баспа үйі, 2005. – 480б.
7. Психология: Оқулық / К.Жұмасова, Л.Есенова. – 3-басылым, толықт, өңд. – Астана: Фолиант, 2017. – 400 б.
8. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога. Учеб. пособие: В 2 кн. –М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2004.-Кн.2: Работа психолого со взрослыми. Коррекционные приемы и упражнения.- 480с.: ил.
9. Турсунова Л.В. Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері. //Психология Қазақстан мектебінде, №6 (24), 2010.
10. Щумилин Е.А. Возрастные особенности подростков и юношей. – М.: Знание, 1976
11. Яровская Ж.Х. Психологический тренинг как средство личностного развития подростков. Дисс. канд...психол...наук. Москва, 2006

ОҚУШЫЛАРДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА БАҒЫТТАУДЫҢ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСЫ

Ержанова Бакытгуль Ербулгановна,
Талдықорған қаласындағы Мұхтар Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейінің педагог-психологы
7М01101 Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты,
Педагогика және психология кафедрасы,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Аннотация. Мақалада «Жаңа Қазақстан» құруда оқушыларды техникалық мамандықтарға бағыттаудың өзектілігі ашылады. Техникалық мамандықтарға түсу үшін мектеп оқушыларын ерте кәсіби бағдарлаудың маңыздылығы қарастырылады. Болашақ инженерлерді кәсіптік бағдарлаудың жекелеген формалары, әдістері мен құралдары талданады.

Түйін сөздер: кәсіптік бағдарлау, инженерлік-техникалық бағыттары, интерактивті электрондық кеңес беру; оқушыларды кәсіптік бағдарлаудың мультимедиялық құралдары.

Аннотация. В статье раскрывается актуальность направления учащиеся на технические профессии в создании «Нового Казахстана». Рассмотрена важность ранней профессиональной ориентации школьников для поступления на технические профессии. Анализируются отдельные формы, методы и инструменты профессиональной ориентации будущих инженеров.

Ключевые слова: профессиональная ориентация, инженерно-технические направления; интерактивная электронная консультация; мультимедийные средства профессиональной ориентации учащиеся.

Abstract. The article reveals the relevance of sending students to technical professions in the creation of “New Kazakhstan”. The importance of early vocational guidance for schoolchildren to enter technical professions is considered. Separate forms, methods and tools for professional guidance of future engineers are analyzed.

Key words: vocational guidance, engineering and technical areas; interactive electronic consultation; multimedia tools for professional guidance for students.

Еліміздің болашақ кәсіби мамандары бүгінде мектептерде білім алып жатыр. Сондықтан Жаңа Қазақстанның болашағын қалаушы жас ұрпақ болашақ мамандықты таңдау мәселесіне саналы және қызығушылық танытып, мемлекет пен қоғамның мүдделері мен сұраныстарына басымдық бере отырып, таңдау жасаулары өте маңызды.

Қазіргі уақытта Қазақстанның экономикалық және технологиялық тәуелсіздігінің белгісі еліміздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алатын және өзінің қуатты өндірістік негізін құра алатын, инновациялық жоғары технологиялық экономиканы құру қажет. Осы мақсатқа жетудің негізгі факторларының бірі – инженерлік мамандарды даярлау сапасы болуы.

Елімізде ірі индустриялық және өндірістік жобалары шеңберінде инженерлер шынымен де қарқынды және тиімді жұмыс істейді. Инженерлік қызметтің маңыздылығы артқандықтан, осы мамандықтың өкілдеріне қойылатын талаптар өсуде.

Қазіргі таңда инженер – бұл жоғары технологиялық жабдықты құрастырып қана қоймай, оның жұмысын қамтамасыз ететін, сондай-ақ қоршаған шындықтың өзін қалыптастыратын жоғары деңгейлі маман, бұл биогендік, жасушалық, нанотехнология, әлеуметтік инженерия сияқты бағыттардың пайда болуымен дәлелденеді.

Еліміде инженерлік-техникалық білім жаңа серпін алуда. Заманауи техникалық мамандарды даярлауға, оның ішінде авиация, автомобиль өнеркәсібі, металлургия, энергетикалық машина жасау сияқты өте маңызды бағыттар бойынша ұлттық зерттеу университеттері жұмыс істейді. Талапкерлер арасында дайындықтың инженерлік-техникалық бағыттары үлкен сұранысқа ие болып отыр. Техникалық мамандықтар еңбек нарығында сұраныс бойынша бірінші орында жұмыс берушілерде тұр.

Инженерлік-техникалық мамандарды даярлау жүйесінің қоғамда инженерлік мәдениетті дамыту, экономика мен өндіріс сұраныстарына сәйкестігіне қол жеткізу, инженерлік-техникалық кәсіптердің әлеуметтік маңыздылығы мен беделін арттыру үшін техникалық мамандықтарға қызығушылықты бала кезінен анықтау қажет.

Кез-келген салада мамандарды даярлаудың тиімді әдісі ерте кәсіптік бағдарлау болып табылады. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, кәсіпқойларды мектептен, тіпті балабақшадан өсіру керек. Адамның белгілі бір кәсіпке бейімділігі мектепте пайда бола бастайды. Сондай-ақ, оқушының кәсіби өзін-өзі анықтауының сәттілігі тұрақты қызығушылықтар мен бейімділіктердің ерте көрінуіне ғана емес, сонымен бірге оның психофизиологиялық ерекшеліктерінің адамға қойылатын талаптарға сәйкестігіне де байланысты болады.

Көрнекті психолог, еңбек психологиясы және инженерлік психология саласындағы ірі маман Е. А. Климов мамандық таңдауды белгілі бір кәсіби бағыт, жұмысқа деген көзқарас қалыптасатын кәсіпқойдың қалыптасуының алғашқы кезеңі деп санады [1]. Ол еңбек тақырыбына байланысты адамның 5 түрге бағдарлануын анықтайтын арнайы диагностикалық тест әзірледі: «адам-көркем образ», «адам-белгілеу жүйесі», «адам – техника», «адам-адам», «адам-табиғат», «адам – көркем образ», ол қолданылады қазіргі уақытта кәсіптік бағдар беруде.

Оқушылар болашақта кәсіби салада жұмыс істеп, жетістікке жетіп, өздерін елі үшін қызмет ете алуы үшін оларға әрбір мәселе үшін ең қиын және маңызды мәселелердің бірін шешуге көмектесу қажет: «кім болу керек?» Жоғары сынып оқушыларының болашақ мамандығын дұрыс таңдауы білім беру процесін толыққанды және тиімді етіп қана қоймай, сонымен қатар тиісті қызмет саласындағы жас маман – жоғары оқу орны түлегінің сапасына кепілдік береді.

Кәсіптік бағдар беру – бұл жастарға жеке мүдделерін, қабілеттері мен бейімділіктерін ескере отырып, уақыттың қиындықтарына, мемлекеттік және қоғамдық сұраныстарға сәйкес болашақ мамандығын таңдауда көмек көрсетуге бағытталған жұмыс. Кәсіптік бағдар берудің мақсаты тек кәсіби ғана емес, сонымен қатар жеке өзін-өзі анықтау. Мамандық таңдағанда адам тек жұмысты ғана емес, тағдырды да таңдайды.

Халық шаруашылығында сұранысқа ие инженерлік-техникалық мамандықтарға жастардың ерте кәсіби бағдары алдына келесідей міндеттер қояды:

– оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығы мен ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту;

– қабілетті және талантты оқушыларды анықтау және оларға әрі қарай мамандандырылған оқытуға көмектесу;

– оқушыларды ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық қызметке тарту;

– әр түрлі инженерлік салалар мен бағыттар мамандарының назарын мектептегі ерте кәсіби бағытқа аудару.

Кәсіптік бағдарлау жұмысы кәсіптік білім беру, кәсіптік тәрбие, кәсіптік оқыту, кәсіптік кеңес беру, тұлғаның кәсіптік дамуынан тұрады.

Жоғарыда аталған жұмысты практика жүзінде іске асыруға қойылған кәсіптік бағдарлау міндеттеріне сәйкес ұйымдастырылған түрлі іс-шараларды мақсатты түрде өткізуді көздейді. Инженерлік-техникалық мамандықтардың жаңа мазмұнын, мүмкіндіктері мен артықшылықтарын насихаттайтын оқушылармен ағартушылық жұмыс балалар мен жасөспірімдердің инженерлік қызмет туралы ойларын өзектендіруге, оларды құрастырушылық-өнертапқыштық және ғылыми-зерттеу іс-шараларына қатыстыруға, тақырыптық олимпиадаларға, байқауларға, үйірмелерге қызығушылық танытуға ықпал етеді.

Инженерлік-техникалық мамандықтарға түсу үшін кәсіптік бағдар беру жұмысы оқушыларды ғылыми-техникалық шығармашылық үйірмелерінде сабақ түрінде, олимпиадаларға,

байқауларға, шеберлік сыныптарына, көрмелерге, ғылыми-танымал лекторийларға, ғылыми-практикалық семинарларға қатыстыру түрінде жүргізіледі.

Қазіргі уақытта инженерлік-техникалық мамандықтарға оқушыларды бағыттауда кәсіптік бағдарлау жұмысының тиімділігін арттыру үшін кәсіптік бағдарлау іс-шараларын ұйымдастырудың жаңа әдістерін және құралдарын іздеу қажет. Бұл жағдайда «зиян келтірмеңіз» деген жалпы ереже қолданылуы керек, олардың әрқайсысының әлеуетті мүмкіндіктерін барынша толық пайдалану арқылы қол жеткізілетінін білдіреді[2] .

Іс-тәжірибеге сүйенсек, мектеп түлектерін кәсіби ақпараттандыру үшін бейнефильмдер, бейне дәрістер, презентациялар, бейне экскурсиялар, бейне тренингтер түрінде кәсіби бағдар беру айтарлықтай мүмкіндік береді. Оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысында ақпараттық-компьютерлік технологияларды (АКТ) пайдалану қажет:

– оқушылардың инженерлік-техникалық мамандықтар туралы хабары болуын жақсарту;

– мектеп оқу пәндерін инженерлік-техникалық қызмет туралы бірыңғай маңызды білімге кіріктіру;

– кәсіптік бағдар беруде сабақтардың тиімділігін арттыру;

– мектеп оқушыларының өздерінің кәсіби қалаулары мен бейімділіктерін түсінуі негізінде саналы кәсіби таңдауды жүзеге асыру.

АКТ қолдану диагностикалық функцияға ие болғандықтан, бұл интерактивті қарым-қатынас, тесттер, бейнебақылау, сұхбаттасу және жеке тұлғаның интеллектуалды даму динамикасын мен оның кәсіби бағытын, оның ішінде ақпараттық-технологиялық дайындық пен функционалдық сауаттылықты анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, электронды иллюстрациялық тестілеу арқылы оқушылар өз мүмкіндіктері мен қалауларын анықтай алады [3].

Осылайша, мектеп оқушыларымен ерте кәсіптік бағдар беру жұмысы еліміздің экономикасын жаңғырту мен технологиялық дамытудың басым бағыттарына сәйкес келетін инженерлік-техникалық мамандықтарға ең қабілетті және перспективалы үміткерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Климов Е. А. Психология профессионала: избранные психологические труды. Воронеж, 1996. – С. 75-85.

2. Степаненков П. В. Информационно-коммуникационные технологии в профориентационной работе со старшеклассниками: автореф. дис. … канд. пед. наук. – М., 2009. – С. 6–8.

3. Шилов В.В. Удивительная история информатики и электроники. – М.: Энас, 2013.- С. 21-23.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ПЕДАГОГТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Жумабекова К.Б.,
аға оқытушы
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

Аннотация. Мақалада заманауи инновациялық технологияның түрлері және педагогикалық іс-әрекеттегі педагогтің инновациялық қызметі сипатталған. Заманауи білім беру мен оқытудағы инновациялық технологиялардың алатын орны мен маңызы қарастырылған. Сондай-ақ, педагогтің инновациялық қызметке даярлау мәселесі көзделген.

Түйін сөздер: инновация, инновациялық технологиялар, педагогтің инновациялық қызметі, инновациялық іс-әрекет

Аннотация. В статье описаны виды современных инновационных технологий и инновационная деятельность педагога в педагогической деятельности. Предусмотрено место и значение инновационных технологий в современном образовании и обучении. Также предусмотрен вопрос подготовки педагога к инновационной деятельности.

Abstract. The article describes the types of modern innovative technologies and innovative activity of a teacher in pedagogical activity. The place and importance of innovative technologies in modern education and training is provided. There is also a question of preparing a teacher for innovation

XXI ғасыр цифрлық ақпараттық технологиялар ғасыры ретінде басталып, білім берудің жаңа талаптарын белгілей түсті. Ғылыми-техникалық дамудың жаңа дәуірі, әсіресе цифрлық ақпараттық технологияларды қолдану тұрғысынан, қазіргі білімге деген аса жауапкершілікті көзқарасты талап етеді. Компьютерлік технологиялар білім беру мекемелеріндегі негізгі құралға, ал Дүниежүзілік желі қажетті ақпаратты алудың негізгі көзіне айналды. Озық технологиялар қазірдің өзінде білім беруде үлкен өзгерісті жүзеге асырады: мектеп мұғалімі, жоғары оқу орындарындағы профессор енді білімнің жалғыз көзі емес, яғни "заманауи білім беру" білім алушылардың оқитын бағыттары бойынша теориялық негіздерді интернет-дәрістер, онлайн-курстар және басқа да заманауи компьютерлік құралдар арқылы өз бетінше үйренетіндігін білдіреді. Тек аудиториялық сабақтар, сондай-ақ білімді тексеру мен бекіту мұғалімнің, оқытушының бақылауында жүзеге асады. Күн сайын ақпараттың ағыны түрленіп, жаңарып жатқандықтан, адамның алған, жинақтаған білімі де тез ескіреді. Бұл үздіксіз білім берудің инновациялық технологияларын қолдану негізінде білім берудегі жаңа тұжырымдаманы қалыптастырады.

Қазіргі уақытта білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасып, ескі мазмұнның орнын жаңасы басуда. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның тұлғасын білім алу арқылы дамуын көздеп отыр.

Педагогикалық пәндерді оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың рөлі аса маңызды. Себебі инновациялық технологиялар, әрине, мазмұнға ғана емес, сонымен қатар кәсіптік білім беру әдістемесіне де өзгерістер әкеледі.

Инновациялық процестер бәсекеге қабілетті, кәсіби және мәселелік бағдарланған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Болашақ маман өзінің жеке және әлеуметтік жауапкершілігін сезінуі, мақсаттар қоюы және оларға жету жолдарын айқындауы, білім алу мен мақсатқа жету жолындағы тактика мен стратегияны түсінуі, еркіндікті де, тәуекелді де барабар қабылдауы, "миға шабуыл" әдістерін меңгеруі, эмоцияларды басқаруы, зейінін шоғырландыруы аса қажеттілікті тудырады. Инновацияның педагогикалық мәселелерін шешуді іздеу - білім беру

саласындағы инновациялық процестердің мәнін, құрылымын, жіктелуін және ерекшеліктерін зерттеудің қол жеткізген нәтижелерін талдаумен байланысты. Қазіргі уақытта елімізде ұлттық білім беру саясатында елеулі өзгерістер орын алып жатыр. Бұл тұлғаға бағытталған педагогика ұстанымына көшумен байланысты. Әлеуметтік институттардың да, жеке институттардың да білім беру әлеуеті өзекті болып отыр. Бұрын білім берудің бағдарлары "өмірге дайындықты" қамтамасыз ететін білімді, дағдыларды, мүмкіндіктерді, ақпараттық және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру болды, бұл өз кезегінде жеке тұлғаны әлеуметтік жағдайларға бейімдеу қабілеті ретінде түсініледі. Енді білім беру әлеуметтік және жеке қажеттіліктер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін және өзін-өзі дамыту механизмін іске асыра отырып, жеке тұлғаның өз даралығын жүзеге асыруға дайындығы мен қабілетін қамтамасыз ететін жеке тұлғаға әсер етудің осындай технологиялары мен тәсілдерін құруға көбірек көңіл бөлуде.

Білім беру реформалары жағдайында кәсіптік білім беруде әртүрлі педагогикалық инновацияларды енгізуге бағытталған инновациялық қызмет ерекше маңызға ие. Олар дидактикалық процестің барлық аспектілерін қамтиды: оны ұйымдастыру формалары, оқыту мазмұны мен технологиялары, оқу-танымдық іс-шаралар. Оқытудың инновациялық технологияларына: оқытудың интерактивті технологиялары, жобалық оқыту технологиясы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жатқызамыз. Интерактивті оқыту технологиялары білім беру іс-әрекетінің субъектілері ретінде педагог пен оқушының қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесу процесінде білімді игеру, дағдылар мен біліктерді қалыптастыру тәсілі ретінде қарастырылады. Олардың мәні - олар қабылдау, есте сақтау, зейін процестеріне ғана емес, ең алдымен шығармашылық, өнімді ойлауға, мінез-құлыққа, қарым-қатынасқа сүйенеді. Бұл ретте оқыту процесі білім алушылардың адамдармен қарым-қатынас жасауды, сыни тұрғыдан ойлауды, өндірістік жағдайларды, кәсіби міндеттерді және тиісті ақпаратты талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді үйренетіндей етіп ұйымдастырылады.

Бір жағынан, білім беру ұйымдары болашақ мамандарды тиісті даярлау жолында инновацияларды өндіруші болса, екінші жағынан, инновациялық технологиялардың тұтынушысы болады. Демек, "инновациялық білім берудің" негізгі элементтері оның тасымалдаушысы (шығармашылық тұлға) болып табылады, ол белгілі бір инновациялық идеяға ие және ол инновациялық эксперимент жүргізе алады. Инновацияны тұтынушы -студент немесе оқушылар, тыңдаушылар тобы (белгілі бір бағыт бойынша білім алушылар), сондай-ақ оқу процесіне инновацияларды енгізуді қамтамасыз ететін институттар (оқу орындары; ғылыми, әдістемелік, ғылыми-әдістемелік мекемелер, ғылыми-өндірістік кәсіпорындар, білім беру саласындағы мемлекеттік және жергілікті білім беруді басқару және өзін-өзі басқару органдары).

Қазіргі жаңа инновациялық тәсілдер дегеніміз не? Бұл жаңа білім беру технологиялары: ақпараттық-коммуникациялық, интернет-технологиялар, белсенділік технологиялары, ойын, құзыреттілік, интеграциялық пәнаралық бағдарламалар, білім беру нәтижесін бағалау әдістері. Инновация - бұл жаңа көзқарастар мен міндеттері бар, заманауи технологияларды, әдістерді, тәсілдерді біліп қана қоймай, оларды үнемі өзгермелі әлемде қолдану қажеттілігін сезіндіреді.

Соған сәйкес, білім беру саласындағы қызметкерлердің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады. Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу (Бұған В. Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады). Комбинаторлық инновация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Білім беру саласындағы кез-келген қолданыстағы технологиялар мен инновациялық іс-әрекеттер білім сапасын арттыруға көзделген. Демек, білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру үдерісінің жағдайын, нәтижесін, сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегі білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әртүрлі көрсеткіштерінің жиынтығы, яғни білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері бойынша анықталады. Сондықтан педагогика ғылымының ерекшілігі де – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруы болып отыр.

Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар − озық педагогикалық тәжірбиені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватика пәні, инновациялық процесстердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдану болуға тиіс.

Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Өйткені, педагог жаңа педагогикалық технологияның, теория мен тұжырымдамасының авторы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихаттаушысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару оқытушының өз әріптестерінің тәжірибесін немесе ғылымдағы жаңа идеялар мен әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді [2].

Педагогтың инновациялық іс-әрекетке дайындығы деп осы іс-әрекетке қажетті жеке тұлғалық (үлкен жұмыс қабілеттілігі, күшті ынталандырулардың әрекетіне төтеп беру қабілеті, жоғары эмоционалды мәртебе, шығармашылыққа дайындық) және арнайы қасиеттер (жаңа технологияларды білу, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін игеру, жобаларды әзірлеу, кемшіліктердің себептерін талдау және анықтау мүмкіндігі) қалыптасуы түсініледі. Педагог іс-әрекетіндегі әдістемелік жұмыстың инновациялық формаларына іскерлік ойындар, миға шабуылдары, педагогтардың бастамашыл шығармашылық микро топтары, сондай-ақ ашық сабақтар негізінде жаңа тәсілдермен өткізілетін оқыту семинарлары, педагогикалық кеңестер және басқа да әдістемелік іс-шаралар жататыны мәлім.

Қазіргі білім беруде болып жатқан инновациялық процестер, ең алдымен, адам қызметінің барлық салаларында ақпараттық технологияларды белсенді қолданумен негізделген және ең алдымен білім беру сапасын арттыруға бағытталған. Осыған байланысты педагогтың инновациялық қызметі түбегейлі өзгеше мәнге ие болады, оның мәні білім беру саласындағы кез-келген инновацияны педагог түсініп, практикада қолданған кезде ғана жүзеге асыруға болатындығында. Инновациялық қызмет тәртібінде жұмыс атқару барысында педагогқа қажет білім, білік, қабілеттер:

1. Тұлғаның мотивациялық-шығармашылық бағыты: қызығушылық, шығармашылық қызығушылық, шығармашылық жетістіктерге және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, басшылықтан шығармашылық қызметке жоғары баға алуға ұмтылу.

2. Креативтілік (шығармашылық): өз пікірін, ойын, түсінігін білдіруден тартынбау, педагогикалық іс-әрекеттегі стереотиптерден бас тарту, ойлау инерциясын жеңу, педагогикалық қызметтегі проблемаларға сезімталдық, сыни ойлау, өзіндік талдау, рефлексия, пайымдау қабілеті.

3. Педагогтың кәсіби қабілеттері: мекеменің әдістемелерін, технологиялары мен білім беру бағдарламаларын білу, білім беру процесінде білімді дұрыс және шығармашылықпен қолдану, педагогикалық зерттеу әдістерін меңгеру, авторлық тұжырымдаманы құра білу қабілеті, педагогикалық эксперимент жүргізу және іс-әрекетті түзету және қайта құру қабілеті, басқа оқытушылардың шығармашылық іс-әрекетіндегі тәжірибесін пайдалану қабілеті, жанжалдарды шығармашылық жолмен шешу қабілеті, педагогикалық қызметте ынтымақтастық және өзара көмек көрсету қабілеті.

4. Жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері: жұмысқа қабілеттілік, жаңаға бейімділік, жоғары Инновациялық әлеует, шешімділік, өзіне деген сенімділік, жұмысқа жауапкершілікпен қарау, адалдық пен шыншылдық, өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті, шығармашылық қызметтің әлеуметтік маңыздылығына сенімділік, кәсіби дағдыларды жетілдіруге және баланың жеке басын қалыптастыру ерекшеліктері, жұмыс әдістері мен формалары туралы білімдерін тереңдетуге үнемі ұмтылу.

Инновациялық іс-әрекет - бұл оқыту мен тәрбиелеу процестеріндегі инновациялар нәтижесінде пайда болатын ұйымдаспаушылықтың ерекше қызметі.

"Инновациялық педагогикалық қызмет" ұғымы оқу мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа тәсілін білдіреді десек, бұл, ең алдымен, қажетті нәтижелерге қол жеткізуге әкелетін білім алушылар мен педагог арасындағы нәтижелі өзара әрекеттесудің жаңа әдістерін қолдану. Инновациялық оқыту жаңа идеяларды іздеуді және қолдануды қамтиды. Мұғалім жаңа әдістемелерді әзірлейді және жүзеге асырады, шешімдерді өз бетінше таңдайды. Осылайша, педагогикалық шығармашылыққа жағдай жасау, материалдық қолдау, оқу орындары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру қажеттілігі бірінші орынға шығады.

Педагогтің инновациялық қызметі мына салаларға да бағытталуы тиіс:

- білім беру мазмұнын жетілдіру;
- қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды зерделеу және практикаға енгізу;
- басқару жүйесін жетілдіру;
- білім беру процесін ақпараттандыру.

Осылайша, заманауи педагог - бұл білімді аудиторияға жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар студенттерде қажетті дағдыларды қалыптастыратын оқытушы, олардың көмегімен олар өздері білім алып, болашақ кәсіби қызметінде қолдана алады. Педагогтің инновациялық қызметі шығармашылық элементті, зерттеу компонентін қамтып, оның кәсіби өсуіне бағытталуы тиіс.

Педагогика ғылымында инновациялық қызмет жоғары нәтижелерге қол жеткізу, жаңа білім алу, сапалы басқа педагогикалық практика мақсатында оқу-тәрбие процесін салыстыру және зерделеу, өзгерту және дамыту арқылы өзінің практикалық тәжірибесін түсінуге (рефлексиялауға) негізделген мақсатты педагогикалық қызмет ретінде түсіндіріледі.

Инновациялық ойлардың (идеялардың) қайнар көздері ретінде төмендегі құбылыстар табылуы мүмкін:

- күтпеген оқиғалар (сәттілік немесе сәтсіздік, іс-әрекеттің дамуына немесе кеңеюіне, тіпті проблеманы қоюға түрткі ретінде);
- әр түрлі сәйкессіздіктер (оқушылардың мінез-құлқындағы ынталары, олардың сұраныстары мен мұғалімнің практикалық әрекеттері арасындағы сәйкессіздік);
- педагогикалық процестің қажеттіліктері (Әдістемедегі әлсіз жақтар, жаңа идеяларды іздеу);
- білім алушылардың құндылықтары мен көзқарастарындағы өзгерістер (оқушылардың білімге, маңызды құндылықтарға деген көзқарасының өзгеруі қарым-қатынас пен кәсіби мінез-құлықтың жаңа түрлерін іздеуге әкеледі);
- жаңа білім (жаңа тұжырымдамалар, білім беру тәсілдері, нақты әдістер мен технологиялар) мен жаңа білім беру модельдерінің пайда болуы.

Педагогтің инновациялық қызметін табысты іске асырудың міндетті шарты инновациялық шешім қабылдау, белгілі бір тәуекелге бару, инновацияны енгізу кезінде туындайтын келеңсіз жағдайларды сәтті шешу және инновациялық кедергілерді жою мүмкіндігі болып табылады.

Инновациялық қызмет өзара байланысты жұмыс түрлерінің тұтас жүйесін білдіреді, олардың жиынтығы нақты инновациялардың пайда болуын қамтамасыз етеді, атап айтқанда: ғылыми-зерттеу әрекеті, жобалық қызмет, білім беру қызметі.

Педагогтің инновациялық дайындығын қалыптастыру біріншіден, педагогтің инновациялық белсенділігінен басталады. Ал педагогтің инновациялық белсенділігі – жаңаны білсем, үйренсем, қолдансам деген инновациялық іс-әрекеттерден басталады.

Қарастырылып отырған педагогикалық инновацияның болмысындағы ортақ нәрсе олардың басты назары педагогикалық шығармашылықтың үдерісі мен нәтижесінде болуында. Көптеген зерттеушілер білімнің инновациялық үдерістердің болмысын жаңа бағытта және теориялық тұрғыда талдап, түсінік беруге, үздіксіз инновациялық қозғалысты қамтамасыз етуге деген қажеттілікті атап өтеді. Бұл қажеттілік, өз кезегінде мамандарды арнайы даярлау, соның ішінде педагогикалық инновация саласында құзыретті педагогтерді даярлау мәселелесін өзектендіреді. Инновациялық іс-әрекетке, үздіксіз инновациялық тәртіпте жұмыс жасауға педагогтерді даярлау арқылы инновациялық білім беруді дамытудың нәтижелілігі анықталады. Осы даярлықтың маңызды құрылымдық бөліміне қоғамның, еңбек нарығының, тұлғаның, технологиялардың және үздіксіз ақпараттық ортаның жаңаруына өз кәсіби іс-әрекетінде оперативті әрекет етіп, икемді болу қабілеті жатады. Сонымен, педагогтің құзыреттілігі білім берудегі инновацияның дамуының тұрақтылығының маңызды шарттарының бірі. Сондықтан, педагог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін мақсатты дамыту - білімнің инновациялық дамуының маңызды факторы [3].

Бүгінде инновациялық өзгерістер әртүрлі бағыттарда жүруде, білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру; оқытудың жаңа технологияларын өңдеу мен жүзеге асыруда; жаңа бағдарламаны меңгерудің әдістері мен тәсілдерін қолдану; оқытушы мен оқушының ойлау стилінде, өзара қарым-қатынастарында, білім беру мекемелерінде шығармашылық инновациялық ұжымды жасау және дамытуда т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж.. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.

2. Коростылева Л.А. «Инновационные технологии в обучении школьников» СПб., 2008, 66 стр

3. http://edunews.kz/sciense/1545-innovaciyaly-tehnologiyalardy-ksbi-blm-beru-oryndarynda-innovaciyaly-dster-men-tehnologiyalardy-ou-dersne-oldanu.html

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОНЛАЙН ОЙЫНДАР

Найманова Динара Мухамедияновна,
п.ғ.м., аға оқытушы
Абай атындағы ҚазҰПУ
Педагогика және психология институты
Бастауыш білім беру кафедрасы
Тұрғанбай Жанерке Аманкелдіқызы,
«6В01306 – Бастауыш білім ағылшын тілінде»
мамандығының 4 курс бакалавры

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына бағытталған ойлайн ойындар жайында баяндалады. Себебі, ойындар арқылы балалар айналасындағы қоршаған ортаны танып білуге, олармен тығыз қарым-қатынас орната алуға бейімделеді. Ойынды кез-келген жастағы адамдарға ойнауға болады. Бұл ойынның мағыналық және сапалық жағына байланысты. Неғұрлым, ойын қызықты болған сайын, ойыншы да белсене қатысады. Онлайн ойындардың артықшылығы мен кемшіліктері де дәл осы мақалада көрініс тапты. Сондай-ақ, онлайн ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдысын жетілдірудің маңызды аспектілерін айқын көрсеткен.

Түйін сөздер: бастауыш сынып оқушылары, сөйлеу дағдылары, дамыту, онлайн ойындар.

“Қазіргі білім жүйесінің ерекшілігі – жеке тұлғаны тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру – адамға үздіксіз оқуға, білім алуға жан-жақты білім қызметін ұсынатын әлеуметтік институт болуы керек.” – Н.Ә.Тойбазарова [1].

Күні бүгін заман талабымен қоса, адамдардың да білім алу және білім беру, өмір сүру стилі өзгеріп жатыр. Қазіргі жас оқушыларды жай бір әдіс-тәсілдермен қызықтыра алмай жатамыз. Оларға ерекше ыңғаймен, ерекше заманауи талаптармен қарым-қатынас жасай отыра, білім мен тәрбиені ұштастырамыз. Олардың ішінде, онлайн ойындар көш бастайды. Мүмкін, әрбір адам (педагог) өмірінде кем дегенде бір рет білім беруде неге онлайн ойындарды қолдануға тырыспасқа деп ойлайды.

Жаңашыл педагог В.Ф. Шаталов «Сабақта табысты білім алу үшін, сыныпта оқымауға мүмкіндік болмайтындай атмосфера құру керек» деп атап айтты. Бұл атмосфераны жасауға көмекші – онлайн компьютерлік ойындар. Ойын 2-3 минутқа созылса да, оқу процесіне ерекше әсер әкелетін өзіндік эффектісі бар.

Әрине, әрбір әрекеттің артықшылығы мен кемшеліктері болады. Бастауыш сыныптағы онлайн ойнатудың артықшылығы - оқушыларды пәнге, тақырыпқа қызығушылығын арттырады, зейінін оятады, жаңа білімнің фундаментіне айналады. Ал кемшіліктеріне тоқталар болсақ, сынып ішілік у-шудың басым болып кетуі, яғни, ойын ойнау барысында сыныпты назарда ұстай алмау, сонымен қатар, смартфондардың жетіспеушілігі де көрініс табады.

Оқу ойынында біздің ең басты мақсатымыз – білім. Ойынның екі компоненті бар: оқу және ойын. Компоненттердің бірі басым болуы мүмкін, яғни бұл дегеніміз, білім алу кезінде ойнау немесе ойнай отырып белгілі бір ақпараттар мен білімді меңгеру [2].

Балаларға арналған онлайн ойындарды таңдау үшін компьютерлік ойындардың белгілі бір жіктеулерімен танысайық.

1. Оқыту ойындары

Оқыту ойындары – оқу бағдарламасымен қарастыра отырып, сабақ мазмұнаны сай тікелей байланысты құрылған ойындар. Бұл сынып оқушыларына тәрбиелік мәні бар, ана және шет

тілін меңгеруге көмекші, эстетикалық, этикалық білімге, жазу және оқуға қатысты ойындар ойнатылады.

2. Оқушылардың ақыл-ойын дамытатын ойындар

Бұл балалардың жалпы ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға, ойынды басқару үшін жасалған бейнелермен олардың әрекеттерін ойша байланыстыруға, қиялды, эмоционалдылық сезімдерді дамытуға арналған «ашық» типтегі компьютерлік ойындар. Олардың нақты белгіленген мақсаты жоқ – олар шығармашылыққа, баланың өзін-өзі көрсетуіне арналған құралдар. Мұндай ойындарды қолдану үшін көптеген педагогикалық әдістер қажет. Әр ойынды ойнату барысында белгілі бір тәсілді пайдалансақ, неғұрлым, ойын да балаларға қызықты болады.

3. Эксперименттік ойындар

Ойынның бұл түрінде мақсат пен ережелер анық айтылмайды - олар сюжетте немесе ойынды басқару тәсілінде жасырылады. Сондықтан проблеманы шешуде табысқа жету үшін бала ізденіс арқылы болуы керек.

4. Көңілді ойындар

Бұл ойындарда негізгі нәтиже немесе арнайы мақсаты мен міндеттері жоқ. Олар балалардың көңіл көтеруіне, ізденіс жұмыстарын жүргізуіне және көруге мүмкіндік береді. Бұл ойындар көбіне сергіту сәтінде ойнатылады.

5. Диагностикалық ойындар

Ойындар, оқу, тәрбиелік, эксперименттік, олардың компьютерлік есептерді шешу тәсілі, бала туралы көп нәрсені айта алатын ойын әрекетінің стилі бойынша диагностикалық деп санауға болады. Компьютерлік диагностикалық бағдарламалар балалардың жалпы ақыл-ой қабілеттерінің деңгейін анықтауға, жеке тұлғаның есте сақтау, зейін, қабылдау, психикалық өнімділік, интеллект, эмоционалдық күй, жүйке-психикалық статус сияқты психикалық қасиеттерінің даму деңгейін бағалау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Компьютерлік ойындар даму функцияларын жүзеге асыруға ғана емес, сонымен қатар баланың қазіргі ақпараттық қоғамдағы өмірге бейімделу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, компьютерлік ойындар демалуға мүмкіндік береді. Белсенділіктің өзгеруі - бұл демалыс, сондықтан балалардың зияткерлік немесе физикалық күшін жұмсайтын белгілі бір белсенділіктен кейін компьютерлік ойындарды ойнағанды ұнатады.

Екіншіден, компьютерлік ойындар әртүрлі қарым-қатынас түрлерін меңгеруге мүмкіндік береді, соның ішінде өзара әрекеттесудің мүлдем жаңа және әдеттен тыс тәсілдерін жүзеге асыру, бірге ойнау [3].

Үшіншіден, компьютерлік ойындар балаға әртүрлі шынайы және елестетілген өмірлік жағдайларды имитациялауға мүмкіндік береді. Мұндай эксперименттер балаға кейінірек өмірде жүзеге асыра алатын көптеген жағдайларды «ойнауға» мүмкіндік береді.

Төртіншіден, компьютерлік ойындар баланың өзін-өзі қолға алуға, әрекеттерді еркін жүзеге асыруына көмектеседі.

Онлайн ойындар көмегімен ақпараттың бір бөлігін, қоршаған әлем және өздері туралы білім алады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: компьютерлік ойын – ойынды ұйымдастыруға қызмет ететін компьютерлік бағдарлама.

Ойындар барлығына белгілі, оларсыз қазіргі жасөспірімнің өмірін елестету мүмкін емес. Мұның өз артықшылықтары бар: балалардың көрнекі ақпаратты өңдеуге қабілеті жақсы.

Компьютерлік ойындар тек визуалды дағдыларға ғана емес пайдалы – Оксфорд университетінің профессоры Дэвид Мур видео ойындар балалардың есту қабілетін жақсартатынын, дәлірек айтқанда, сөздер мен дыбыстарды тану қабілетін арттыратынын анықтады.

Оқу материалын меңгеруге көмектесетін көптеген түрлі оқу ойындары бар. Көрнекі дизайн және дыбыс оқу процесін әлдеқайда қызықты етеді, нәтижесінде материалды қабылдаудың жалпы деңгейі артады.

Бұл топтарды жіктеу мақсатында оқу компьютерлік ойындарына талдау жүргізілді. Сабақта пайдалану үшін оқу компьютерлік ойындарын таңдау критерийлері де зерттеліп, ұсынылды.

Онлайн ойындарды дұрыс таңдап, әдістерін қолдану арқылы зейін, әрекет жылдамдығы, компьютерге деген қызығушылығы дамиды.

Келесі кезекте, онлайн ойындар легіне тоқталсақ:

Онлайн ойындар тізімі	Сипаттамасы
1.“Wordwall” платформасы https://wordwall.net/ru	Wordwall – бұл оқушылардың ұйымдастыру, білім беру және тақырыпты меңгерту арқылы онлайн оқу платформасы. Бұл платформа арқылы пайдаланушылар оқу процесін жасау, интерактивті жаттығу жасау және сабақты ойлауға болады. Wordwall платформасының арқасында бірнеше қосымша ресурстар жаттығу жасау үшін пайдалануға берілген.
2.“Kahoot!” платформасы https://kahoot.it/	Kahoot – бұл интерактивті сабақ жасау мен ойлау платформасы. Оқушыларды, сонымен қоса, студенттерді жаттығу жасау, білім алу мен білімді тексеру үшін пайдалануға болады. Оқушылар барлық уақытта, барлық орталықтарда қатыса алады. Kahoot платформасы арқылы пайдаланушылар сабақтарды жою, сынауларды өткізу мен басқа интерактивті әрекеттерді орындауға болады.
3.“Flippity” платформасы https://www.flippity.net/	Flippity – бұл онлайн платформа, оқушыларға, оқытушыларға жаттығу жасау, интерактивті ойлау және тақырыпты меңгертуге көмек көрсететін ресурс. Flippity платформасы арқылы пайдаланушылар сабақтарды, сынауларды, білім беру жаттығуларын жасау мен басқа бірнеше онлайн оқу әрекеттерін жасау мүмкіндігіне ие болады.
4.“LearningApps” платформасы https://learningapps.org/	LearningApps – бұл онлайн платформа, оқушылардың білімді ортақ жасау мен басқа бір білім беру дайындығын орналастыру үшін қолданылатын ресурс. Осы платформа арқылы оқытушылар сабақтарда интерактивті мақалдар, ойындар мен басқа бірнеше оқу материалдарын жасау және пайдаланушылардың ойлау қабілетін жақсарту үшін қолдана алады. LearningApps платформасында бірнеше тілде материалдар жасау мүмкін, сондықтан білім беру процесін жақсарту үшін өзге педагогикалық әдістерге қолдау көрсететін пайдалы құрал.
5.“Educaplay” платформасы https://www.educaplay.com/	Educaplay – бұл интерактивті оқу ресурстарын жасау мен қолдану платформасы. Осы платформа арқылы оқытушылар сабаққа бейімделу, интерактивтілік және білімді тексеру үшін тапсырмалар, кроссвордтар, ойындар жасауға болады. Educaplay платформасында тақырыпты меңгерту үшін бірнеше өтініштер мен варианттар бар, осылайша, оқу процесінің интерактивтілігін арттыруға көмек көрсетеді.

Айтып өткеніміздей, қазіргі кезде осынау онлайн ойын түрлері бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім оқушыларына, тіпті, университет қабырғасында да кеңінен қолданылады. Мысалы, Д.Т Тулекенова мен Т.А Кульгильдинованың мақаласында “Learningapps” мультимедиялық бағдарламасының көмегімен интерактивті тапсырмалар жасау мүмкіндіктері қарастырылады. Шет тілін оқыту кезінде “Learningapps” интерактивті бағдарламасы бастауыш мектеп оқушыларына өздерінің барлық шет тілі дағдыларын дамытуға көмектесетін ең тиімді мультимедиялық құралдардың бірі болып табылады. Осы қосымшаның артықшылықтары шет тілде білім беру процесінің тиімділігін арттыру құралы ретінде атап көрсетіледі. Зерттеудің мақсаты “Learningapps” интерактивті мультимедиялық бағдарламасын пайдалану бойынша бастауыш мектепте болашақ шет тілі мұғалімінің біліктілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздерін анықтау және талдау болып табылады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы: нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдері “Learningapps” интерактивті құрылғысының тиімділігін біліп, оны қолдану дағдыларын жақсартты [4].

Қорыта келе, осы мақаладағы берілген ақпараттарға сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларына сөйлеу дағдысын дамыту үшін онлайн ойындардардың ерекше, заманауи бір тәсіл екенін анықтадық. Ойынсыз - бала, баласыз - ойын болмайды. Яғни, бұл дегеніңіз, балаға

білімді дұрыс әрі қызықты берудің ең тиімді түрі де – осы онлайн ойындар. Алайда, тағы бір ескеретін жайт бар. Оқушылардың жеке ерекшеліктері әртүрлі. Ойынға іселе алмаған, сөйлеуге жүрексінетін баланың бетін қағып, шамын сөндіруге болмайды. Керісінше, мотивациялық сөздер мен жылулықты сыйлауымыз қажет. Баланы өз ортасында ашылуға, қорқыныштары мен фобияларын жоюда ерен еңбек еткен ұстазды – нағыз жанашыр, мамандығын жан-тәнімен сүйетін, әділ ұстаз деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Тойбазарова Н. Ә. Шағын жинақты бастауыш мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тиімділігі.
2. Karimova G. S. Цифрлық оқу контенттері негізінде бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру //Bulletin of the Karaganda university Pedagogy series. – 2023. – Т. 110. – №. 2. – С. 195-177.
3. Жоланова Қ. Б. Компьютерлік ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыту.
4. Тулекенова Д.Т., Кульгильдинова Т.А. Бастауыш мектепте болашақ шетел тілі мұғалімінің ағылшын тілі сабағында интерактивті learningapps. org мультимедиялық бағдарламасын қолдану біліктілігін қалыптастыру // Известия. Серия: Педагогические науки. – 2023. – Т. 69. – №. 2.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ӘМБЕБАП ОҚУ ӘРЕКЕТТЕРІ ЖАҒДАЙЫНДА ӨЗІН – ӨЗІ РЕТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Жулаушинова Томирис Асетовна,
«6В01730 Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының
4 курс студенті,
Әлкей Марғұлан атындағы ПМУ - і

Аннотация. Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында әмбебап оқу әрекеттері жағдайында өзін - өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру қарастырылады. Өзін - өзі реттеудің жоғары деңгейі оқушылардың оқу үрдісінде өнімділігін қамтамасыз етеді, осыған сәйкес оқушылар өз жетістіктерін бақылап, оқу міндеттерін орындайды. Өзін - өзі реттеуді қалыптастырудың маңызды бөлігі әмбебап оқу әрекеттері болып табылады. Шет тілін оқыту коммуникацияға белсенді қатысуды талап етеді, талдау сияқты әмбебап оқу әрекеттері оқу үлгерімін бақылауға, әлсіз жақтарды анықтауға көмектеседі. Осылайша, ағылшын тілі сабағында әмбебап оқу әрекеттерін қолдану оқу сапасын жақсартып қана қоймай, ағылшын тілін сәтті меңгеруге бағытталған дағдыларды мен білімді қалыптастырады.

Түйін сөздер: өзін - өзі реттеу, әмбебап оқу әрекеттері, тұлғалық, реттеуші, танымдық, коммуникативті, технологиялар.

Аннотация. В этой статье рассматривается формирование навыков саморегуляции в условиях универсальных учебных действий на уроке английского. Высокий уровень саморегуляции обеспечивает продуктивность учеников в учебном процессе, тем самым контролировать свои достижения и выполнять учебные задачи. Важной частью формирования саморегуляции являются универсальные учебные действия. Обучение иностранному языку запрашивает активное участие в коммуникации, универсальные учебные действия такие как анализ помогают следить за учебной успеваемостью и определять слабые места. Таким образом, применение универсальных учебных действий на уроке английского языка улучшают качество обучения и формирует навыки, которые направлены на успешное владение иностранным языком.

Ключевые слова: саморегуляция, универсальные учебные действия, личностные, регулятивные, познавательные, коммуникативные, технологии.

Abstract. this article discusses the formation of self - regulation skills in the context of universal learning activities in the English lesson. A high level of self-regulation ensures the productivity of students in the educational process, thereby controlling their achievements and completing educational tasks. Universal learning activities are an important part of the formation of self - regulation. Learning a foreign language requires active participation in communication, universal learning activities such as analysis help to monitor academic performance and identify weaknesses. Thus, the use of universal learning activities in the English lesson improves the quality of learning and forms skills aimed at successful mastery of a foreign language.

Key words: self – regulation, universal learning activities, personal, regulatory, cognitive, communicative, technologies.

Ағылшын тілін оқытудағы тиімділік – бұл тілді үйрену өз білімі мен дағдыларын үнемі толықтыру, коммуникативті ортаны дамыту бойынша өз бетінше жұмыс жасау. Осыған сүйене отырып, оқушының өзіндік оқу іс – әрекеті білім беру үрдісінің маңызды компоненті болып табылады. Өзін – өзі бақылау – оқушылардың дербестігін қалыптастыруға ықпал ететін факторларының бірі [1, б. 287].

Қазіргі білім беру жүйесі оқуды қамтамасыз ететін оқушылардың тұлғалық, танымдық, жалпы мәдени дамуын білдіреді. Шет тілін оқытудың негізгі міндеттеріне оқушылардың өзін – өзі дамытуға және өзін – өзі оқытуға бағытталған әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру

жатады. Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, А.Г. Асмолов, А.Н. Леонтьев, В.В. Давыдов және басқа авторлар жүйелік – әрекеттік тәсілінің негізінде әмбебап оқу әрекеттерін дамытуды әзірледі.

«Әмбебап оқу әрекеттері» ұғымы оқу қабілеті мағынасында қолданылады, яғни оқушының әлеуметтік тәжірибені белсенді мен саналы түрде алу арқылы өзін – өзі дамыту қабілетін меңзейді. Тар мағына тұрғысынан бұл ұғым қабылдаған жаңа білімді өз бетімен игеруге, дағдыларды дамытуға, оқу үрдісінің ұйымдастырушылық бөлігіне жауап беретін іс – әрекетті білдіреді [2, б. 60].

Әмбебап оқу әрекеттері – бұл әр түрлі пәндік салалардағы оқушыларды бағдарлауға, оқушылардан мақсаттарды түсінуді талап ететін оқу іс – әрекеттерін құруға бағытталған іс – әрекет тәсілдері. «Оқу қабілеті» келесі компоненттерден тұрады: оқу қозғаушылары, мақсаттары, міндеттері, оқу іс – әрекеттері (бағыттау, материалды дайындау, бақылау мен бағалауды жүзеге асыру).

Әмбебап оқу әрекеттерінің функциялары

1) оқу мақсаттарын белгілеуді, мақсаттарға қол жеткізу үшін тәсілдер мен көздерді іздеуді, оқу үрдісін бақылау және бағалауды, оқу іс – әрекетінің нәтижелерін алуды көздейтін оқушылардың тәуелсіз жұмысын қамтамасыз ету;

2) оқушының тұлғасын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау және тұрақты өзін – өзі оқытуда осы шарттарды дербес іске асыру;

3) білім мен дағдыларды тиімді игеруді қамтамасыз ету, пәндік салаларда құзыреттілікті дамыту [2, б. 61].

Әмбебап оқу әрекеттері негізгі 4 түрлерді қамтиды: реттеуші, тұлғалық, танымдық, коммуникативті.

Реттеуші әмбебап оқу әрекеттері

Реттеуші әмбебап оқу әрекеттері оқушылардың оқу іс – әрекетін ұйымдастырудан және реттеуден тұрады. Оқудың бастапқы кезеңдерінде оқушылардың жас пен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іс – әрекетін жиі өзгерту қажеттілігі туындайды.

Ойын формасын қолдану ағылшын тілін үйренуде өнімділікті арттырады. Мұғалім үшін оқушыларды ойын арқылы оқу әрекеттерін тәуелсіз реттеуге үйрету маңызды. Осы жағдайда өзін – өзі реттеу диалогтық сөйлеу, суреттер немесе тірек сызбалар бойынша әңгіме құру кезінде байқалады [2, б. 61].

Реттеуші ӘОӘ кезіндегі іс – әрекеттер

1. *Мақсат қою.* Бұл әрекеттер көрнекіліктерді (слайдтар, суреттер және т.б.) қолдана отырып, сабақтың мақсаттарын қою арқылы қалыптасады.

2. *Жоспарлау.* Осы әрекеттер кестелерді толтыруды, әңгіме, мәтін үшін жоспар құруды қамтиды.

3. *Болжау.* Бұл оқушылардың оқу материалын оқығаннан кейін одан әрі қолданатын білім мен дағдыларды болжауда жүзеге асырылады.

4. *Бақылау.* Осындай әрекеттерде белгілі бір критерийлер бойынша алынған нәтижелерді өз бетінше тексеру мен бағалау кезінде қолданылады.

5. *Түзету.* Оқу іс – әрекеттер барысында жіберілген қателер бойынша жұмысты орындауда қажет.

6. *Бағалау.* Мұндай әрекеттер оқушының сабақта не білгенін, үйренгенін тереңірек зерттеуді қажет ететін нәрсені түсінуге болатын оқушының әңгімесінде пайданылады.

7. Өзін – өзі реттеу. Осы әрекеттер сабаққа белсенді қатысу кезінде қалыптасады (әңгіме құру, жобалық топта жұмыс жасау) [2, б. 61 - 62].

Реттеуші әмбебап оқу әрекеттері оқушылардың оқу үрдісін ұйымдастыру мен реттеу қабілетіне бағытталған.

Ағылшын тілі сабағындағы реттеуші ӘОӘ түрлері

1) білім беру үрдісінің мақсатын дербес әзірлеу;

2) оқу міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі жасалатын қадамдар жоспарын құру;

3) жоспарға қатысты жүретін тапсырмаларды орындау қабілеті;

4) оқу проблемаларын шешудің дұрыс тәсілдерін таңдау, белсенділік мақсатында алынған нәтижелерді салыстыру, жіберілген қателерді іздеу, түзету;

5) оқу іс – әрекетінің нәтижелерін тексеруді және бағалауды жүзеге асыру [3, б. 2].

Тұлғалық оқу әрекеттері

Тұлғалық әмбебап оқу әрекеттері оқушының жеке қасиеттерін дамытуды білдіреді. Дамытудан басқа оқушының жеке тұлға ретіндегі идеясы, оқушылар басқа тілдердің бар екенін және ондағы коммуникацияны жасауға қабілетті екенін түсіне бастайды. Оқушылар ауызша, жазбаша, үй тапсырмаларының қажеттілігін ұғынады. Әрбір оқушы шет елдік мәдениеттің дәстүрлері мен салт – дәстүрлерімен танысып, өз елімен салыстыру жүргізеді. Бұл кезеңде мазмұнды моральдық – этикалық бағалау қалыптасады [4, б. 79]. Тұлғалық әмбебап оқу әрекеттерінің 3 негізгі түрі бар: *өзін – өзі анықтау* (тұлғалық, өмірлік, кәсіби); *мағыналық білім* (оқу үрдісінде оқушы өзіне сұрақ қою, сұраққа жауап бере алуы керек: «Мен үшін оқытудың мәні неде?»); *моральдық – этикалық бағыттылық* (моральдық – этикалық нормаларға сәйкес алынған білімді жинақтау және нақты уақытта қолдану). Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, ағылшын тілі мұғалімі әмбебап оқу әрекеттерді дамыту үшін қажетті жағдайларды ұйымдастыруы керек. Ағылшын тілі сабағында оқушылар жаңа тілді үйреніп қана қоймай, сондай – ақ оқып жатқан тілдің мәдениетін және дәстүрлерін үйренеді. Әр оқушыға тілдік ортаға ену керек, осылайша мұғалім басқа елдің мәдениетін, үйреніп жатқан тілдің ережелері мен құндылықтарын құрметтейтін оқушыларда төзімділікті қалыптастыру мақсатын көздейді, себебі мұғалім үшін балаларда мәдениетаралық қарым – қатынасты дамыту маңызды. Шет тілін оқыту барысында оқушы өзінің тұлғасын қалыптастырып, мұғалім мен құрдастарымен өзара қарым – қатынас жасайды [5, б. 17].

Тұлғалық әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру тәсілдері

1. Жобаларды жүзеге асыруда оқушылардың шығармашылық жұмысқа қатысуға деген ұмтылысын дамыту.

2. Оқушылардың жеке пікірін дамытуға көмектесетін мәтіндермен жұмыс жүргізу және оларды талқылау.

3. Жаттығуларды орындау (сұрақтарға жауап беру, тыңдалым, кестелерді толтыру, баяндамалар жасау).

4. Оқушылардың бір – бірімен өзара қарым – қатынас жасауға және коммуникациялық дағдыларды дамытуға бағытталған жұптық пен топтық жұмыстарды жүргізу.

5. Оқушылардың бірегей екендігі туралы өзін – өзі тануын дамытатын жеке басы, отбасы, қызығушылығы туралы жобалар жасау.

6. Мәтіндерді оқу мен маңызды тақырыптар бойынша пікірталас жүргізу, атақты адамдарды, танымал жерлерді, белгілі бір мәденитеттің дәстүрлерін талқылау.

7. Жаңа тәл мен елді үйренуде қызығушылық танытуға ынталандыру, бұл басқа мәдениеттерге құрметпен қараудың негізін қалайды [5, б. 17].

Осылайша, қазіргі білім беру міндетіне жеке тұлғаны қалыптастыру кіреді. Тұлғалық әмбебап оқу әрекеттерін меңгеру оқушының тұлғасының дамуына жол ашады. Оқу үрдісін дұрыс ұйымдастыру және ағылшын тілі сабақтарында әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындау оқушыға өзін ерекше тұлға ретінде көрсетуге ықпал етіп, оқу барысында ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық өзара әрекеттесу кезінде басқа мәдениетке түсіністікпен қарау қажет [5, б. 18].

Танымдық әмбебап оқу әрекеттері

Танымдық әмбебап оқу әрекеттері мәтіндермен жұмыс істеу арқылы дамып, онда оқушылар суреттерді пайдалана отырып, негізгі мәлімдемелерді анықтайды және мәтіннің мазмұнын түсінеді; мәтінді үлгі негізінде жасайды. Сондай – ақ, осы ӘОӘ – тері тыңдалым техникасы арқылы қалыптасып қана қоймай, оның барысында оқушылар тыңдалған мәтіндерден қажетті ақпарат алуымен қатар, маңызды сөз тіркестерін жазып, жауаптарды кестеге орналастырады.

Жобалау іс – әрекеті – оқушылар проблемаларды қоюды дәне шешуді, оқу үрдісі кезінде лексикалық пен грамматикалық материалды талдауды үйренетін қызықты әдістерінің бірі

болып табылады [6, б. 3]. Танымдық әмбебап оқу әрекеттері мыналарды қамтиды: жалпы білім беру, логикалық оқу әрекеттері, мәселені шешу және іздеу.

Жалпы білім беру әмбебап оқу әрекеттері осындай тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады:

1. Танымдық мақсаттарды өз бетінше анықтау.
2. Қажетті ақпаратты іздеу, АКТ мен көздерді қолданып оқу міндеттерін шешу.
3. Алған білімді модельдеу.
4. Ауызша мен жазбаша түрде сөйлеу мәлімдемелерін саналы және көмексіз құру.
5. Берілген талаптарға байланысты оқу міндеттерін шешудің өнімді әдістерін анықтау.
6. Оқу үрдісі мен алынған нәтижелерді бақылау, бағалау.
7. Семантикалық оқылым, яғни оқу мақсатын түсіну және мақсатқа сәйкес оқылым түрін таңдау; әртүрлі жанрдағы тыңдалған мәтіндерден қажетті ақпаратты көрсету; негізгі және қосымша ақпараттарды нақтылау; көркем, публицистикалық, ресми – іскерлік, ғылыми стильдердің мәтіндерін ұғыну; БАҚ – ын дұрыс бағалау.
8. Проблеманы қою және құру, шығармашылық және іздеу мәселелерін шешуде іс – әрекет кезеңдерін дербес дамыту [7, б. 3].

Белгі – символдық әрекеттер

1) модельдеуде нысанның маңызды ерекшеліктері (белгі – символдық, кеңістік - графикалық) көрінетін нысанды модельге өзгертеді;

2) белгілі бір білім саласын анықтайтын жалпы заңдылықтарды тану мақсатында модель құрылымын өзгертеді.

Логикалық әмбебап оқу әрекеттері келесі кезеңдерді қамтиды:

1) талдау. Бұл кезең белгілерді (елеулі, елеусіз) белгілеу мақсатында нысандарды талдау үшін қолданылады;

2) синтез. Ол құрамдас бөліктерді, оның ішінде жетіспейтін компоненттерді өз бетінше толықтыруды біріктіре отырып, даму үрдісін білдіреді;

3) негіздер мен өлшемдерді таңдау. Осы кезең салыстыруды жүзеге асыру үшін қолданылады, қатарға бөлу (сериялау), нысандарды санаттау;

4) салдардың мәнін, түсінігін және қорытындысын ашу;

5) өзара іс – әрекеттердің себептерін және салдарларын анықтау, нысандар мен құбылыстардың дәйектілігін көрсету;

6) пайымдаудың логикалық тізбегін құру, тұжырымдардың түпнұсқалығын және дұрыстығын бағалау;

7) дәлелдемелерді табыстау;

8) гипотезаларды тұжырымдау және оларды негіздеу [7, б. 4].

Коммуникативті әмбебап оқу әрекеттері

Ағылшын тілін оқытуда әмбебап оқу әрекеттерінің барлық 4 түрдің маңызы зор, бірақ коммуникативті әмбебап оқу әрекеттерін дамытуға қатты көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар оқушылардың өз пікірлерін білдіруге, талдау жасауға, дәлелдер келтіруге, диалогтық және ұжымдық пікірталастарға қатысуға ықпал етеді. Сондықтан мұғалімнің өз жұмысын дұрыс ұйымдастырып, оқу үрдісін белсенді жасау маңызды болып табылады. Коммуникативті ӘОӘ қалыптастыру үшін келесі заманауи білім беру технологиялары қолданылады: жобалық, ойын, проблемалық оқыту және т.б. [8, б. 30].

Қазіргі кезде жобалық іс – әрекет үлкен сұранысқа ие. Осы технологияны пайдалану жеке және ұжымдық өзара әрекеттесуді қалыптастырады. Әр оқушы жоба тақырыбын таңдап, топ мүшелері оқу міндеттерін өзара бөліп қана қоймай, өз көзқарастарын білдіреді, атқарылған жұмыстарының нәтижелерін қорғайды.

Проблемалық оқыту технологиясы мәселелерді талқылау және олардың шешімін бірлесіп іздеу мақсатында мектеп ұжымы ішінде, мұғалім мен оқушылар арасындағы белсенді қарым – қатынасты, яғни сабақ барысындағы өзара әрекеттесуді қарастыратын проблемаларды шешуді көздейді.

Проблемалық – іздеу технологиясы ағылшын тілін оқытудың оңтайлы әдісі болып табылады. Осындай тәсіл оқушыларды дайын білім алуға емес, жаңа білім алуға

ынталандырады. Өз кезегінде мұғалім жаңа білім жаңа білім мен ақпаратты беру үшін белсенді мен пассивті әдістерді қолдана алады, олардың бірыңғай ақпараттық оқу ортасын біріктіреді.

Ойын технологиясы оқушыларда коммуникативті әмбебап оқу әрекеттерін дамытудың тиімді әдістерінің бірі болып саналады. Ағылшын тілі сабағында ойын формасын пайдалану оқу үрдісін қызықты өткізуге мүмкіндік береді, бұл оқушыларға шет тіліндегі нақты қарым – қатынас ортасына кіруге көмек береді. Ол күнделікті өмірде ауызекі сөз тіркестерін қолдануды қамтып, қарқынды тілдік тәжірибеге әсерін тигізеді, өйткені ойын барысында оқушылар коммуникативті дағдыларын дамытады. Рөлдік ойынның оқу үрдісін нақты жағдайларға жақында алатын қабілеті бар [8, б. 30].

Мектептегі білім беру аясында қарым – қатынастағы туындаған мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруды ескере отырып, коммуникативті дамуды қарастыру ұтымды болып саналады. Оқушылардың алдында қалыптасқан коммуникативті міндеттің нақты мақсаты, шарттары, қарым – қатынас пәні, қарым – қатынасты ынталандыратын немесе кедергі тудыратын құралдар, коммуникативті мәселелерді шешу жолдары және қарым – қатынастың қорытынды нәтижесі бар. Осы міндеттердің негізгі түрлеріне сипаттама, түсініктеме, дәлелдер келтіру, сендіру жатады. Диалогтық қарым – қатынастың маңызды деңгейі болып табылады, өйткені диалог арқылы оқушы өзін жеке тұлға ретінде көрсетеді, яғни диалог тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Сабақтардағы пікірталастарды оқу өзара әрекеттесуі ретәнде қосу коммуникативті құзыреттілік, әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыруда елеулі орын алады. Яғни, бұл диалог негізінде коммуникацияға ықпал ететін әртүрлі жағдайларды тудырады [9, б. 228]. Әмбебап оқу әрекеттері ұғымына оралсақ, А.Г. Асмолов деген ғалымның зерттеуіне сәйкес, бұл әлеуметтік тұрғыдан жаңа тәжірибе арқылы өзін – өзі дамыту мен өзін – өзі оқытудың белсенді және саналы үрдісі. Осы әрекеттер жаңа білім мен дағдыларды өз бетінше алу қабілетін, мәдени бірегейлікті, әлеуметтік құзыреттілік пен түсінушілікті дамытуға бағытталған оқушылардың іс – қимыл кешенін қамтиды. Жаңа білім беру стандартының идеологиясы ағылшын тілін үйрену барысында оқушы сұрақтарға жауап беруі керек дегенді білдіреді: Мен ағылшын тілін не үшін үйренемін? Мен бұл жаттығуды қандай себеппен орындаймын? Сабақта оқыған материалды не үшін қайталаймын? Сабақта не түсіндім? Мен қандай қосымша қадамдар жасауым керек? [10, б. 2].

Осылайша, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, өзін – өзі реттеу тиімді оқу үрдісін ұйымдастыруға ықпал ететін әмбебап оқу әрекеттері жағдайында маңызды рөл атқарады. Әмбебап оқу әрекеттері жағдайында талдау, синтез, өзін – өзі реттеу құнды бөліктер болып табылады. Өзін – өзі реттеу оқушылардың өз оқу үрдісін тиімді жоспарлауға, оқу мақсаттарын қоюға және өз іс – әрекетін бағалауды жүзеге асыруға ынталандырады.

Әдебиеттер:

1. Хакимова А.А. Роль самоконтроля в современной системе иноязычной подготовки // Язык и культура. – Томск: Издательский Дом ТГУ, 2017. – С. 287 - 289

2. Инкина И.И. Формирование регулятивных универсальных учебных действий на уроках английского языка в средней школе. – Самара: Издательство Самарского университета, 2017. – С. 60 - 63

3. Умеренков С.Ю. Развитие универсальных учебных действий обучающихся в иноязычном образовании. Ученые записки. Электронный научный журнал Курского государственного университета, 2023, 1 (65). – 12 с

4. Колымыйченко Т.А. Формирование универсаьных учебных действий на уроках английского языка. – Николаевск: Общество с ограниченной ответственностью (Волгоград), 2019. – С. 79 - 81

5. Ильина З.С. Специфика формирования личностных универсальных действий на уроках английского языка. Молодой ученый, 2020, 14 (304). – С. 17 - 18

6. Селезнева Е.В. Педагогические техники формирования УУД у учащихся на уроке английского языка. – Санкт – Петербург: ЧОУ Школа Гимназия, 2020. – 4 с.

7. Шалыгин Н.В. Формирование универсальных учебных действий на уроках английского языка. – Зубцова: Муниципальное бюджетное образовательное учреждение СОШ № 1, 2018. – 6 с.

8. Гнездилова Л.А. Формирование коммуникативных УУД на уроках английского языка. – Новый Оскол: ОГАОУ ДПО «БелИРО», 2021, 9 (1). – С. 29 - 31

9. Плотников Л. Д., Паличева К. И. Коммуникативные универсальные учебные действия как способ реализации коммуникативной направленности обучения иностранному языку в общеобразовательной школе. Молодой ученый, 2020, 13 (303). – С. 227 - 229

10. Адамчук Т.В., Шибанова Н.А. Обучение иностранному языку через формирование универсальных учебных действий. Научное обозрение. Раздел II. Наука и практика, 2018, 3. – 9 с.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

Жусупова Жанна Азатовна,
п.ғ.к., доцент
Тілек Арайлым Ғабитқызы,
7М01301 Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім бағдарламасының 1-курс магистранты
Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Аннотация. Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларға білім беру жұмысында олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай туғызу маңызды. Заманның қарқынды өзгерістеріне ілесе отырып оқушыларды оқыту мен дамытуда жаңашыл технологияларды қолдану шарт болып табылады. Мақалада көрсетілген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуды ұйымдастыру жұмысының формалары мен әдістері оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, сондай-ақ сөйлеу тілін дамытуға бағытталған кеңістікті құруға ықпал етеді. Ақпараттық коммуникациялық құралдарды қолдана отырып сөйлеу тілін дамыту жұмыстары балаларда жаңашылдық пен қызығушылықты ғана емес, жағымды эмоциялар мен шығармашылық тәжірибе туындатады.

Түйін сөздер: бастауыш мектеп оқушылары, сөйлеу тілі, АКТ.

Аннотация. Важно создать благоприятные условия для всестороннего развития учащихся младшего школьного возраста в образовательной работе. Необходимо использовать инновационные технологии в обучении и развитии учащихся в соответствии с интенсивными изменениями времени. Формы и методы работы по организации развития речи младших школьников, изложенные в статье, способствуют раскрытию творческих возможностей учащихся, а также созданию пространства, направленного на развитие речи. Работа по развитию речи с использованием информационно-коммуникационных средств вызывает у детей не только новаторство и интерес, но и положительные эмоции и творческий опыт.

Ключевые слова: ученики начальной школы, разговорная речь, ИКТ.

Abstract. It is important to create favorable conditions for the comprehensive development of primary school age students in educational work. It is necessary to use innovative technologies in teaching and developing students in accordance with the intensive changes of time. The forms and methods of work on the organization of speech development of younger schoolchildren, described in the article, contribute to the disclosure of students' creative abilities, as well as the creation of a space aimed at speech development. Work on speech development using information and communication tools causes children not only innovation and interest, but also positive emotions and creative experience.

Key words: elementary school students, spoken language, ICT.

Мектептегі білім берудің заманауи талаптары аясында оқушылардың сөйлеуін дамыту - оның өзекті міндеттерінің бірі, ең алдымен орыс тілі мен әдеби оқу сабақтары. Сөйлеу балаға қарым-қатынас жасауға ғана емес, сонымен қатар негізгі болып табылады қоршаған әлемді танудың тәсілі. Бала үшін сауатты сөйлеу жан-жақты оқыту мен дамытудың кілті болып табылады. Мақалада ауызша және жазбаша сөйлеудің тән ерекшеліктері талданады. Сабақта сөйлеуді дамытудың негізгі бағыттары көрсетілген, жалпы коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру бойынша ауызша және жазбаша сөйлеудің негізгі түрлеріне қысқаша сипаттама берілген. Осы салада жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін сабақтық және сабақтан тыс жұмыстардың көптеген әдістері мен формаларын қолдану қажет, өйткені коммуникативті құзыреттілікті дамыту процесі ұзақ, жүйелілік пен үлкен күш-жігерді қажет етеді. Мұндай

жұмыстың басты артықшылығы-білім беру, тәрбие және сауықтыру міндеттерін кешенді түрде шешу мүмкіндігі.

Сөйлеу – адам үшін қажетті ақпараттың үлкен көлемін жеткізетін адами қарым-қатынастың негізгі құралдарының бірі. Осыған байланысты, барлық дамыған тұлғаны тәрбиелеу сөйлеу сияқты маңызды ойлау мен таным құралын дамытпай мүмкін емес.

Ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту – қазіргі кезеңде мектеп алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Өкінішке орай, мектеп оқушыларының көпшілігінде ауызша да, жазбаша да сөйлеу деңгейі төмен: ойды нақты және дұрыс жеткізе алмау, сөздік қорының нашарлығы, жаргонизация, «паразит» сөздер, балалардың сөйлеуінің шамадан тыс жағымсыз эмоционалды бояуы. Сондықтан сөйлеуді дамыту жұмысы бастауыш мектепте оқитын балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру бойынша оқу-әдістемелік қызметтің негізгі және маңызды бағыты болып табылады.

Бүгінгі таңда өзектілік, ең алдымен, білім алушылардың рухани тұлғасын қалыптастыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға және сөйлеу мәдениетін арттыруға назар аударатын мемлекеттік білім беру стандарттарының міндеттері мен талаптарымен анықталады. Осыған байланысты мектепте, әсіресе бастауыш мектепте ауызша және жазбаша сөйлеуді дамытуға назар аудару қажет. Осы тұрғыда мақалада балалардың сөйлеу тілін дамыту үшін балалар әдебиеті шығармаларын заманауи АКТ құралдарын қолдана отырып балаларға жеткізу турасында айтылады.

Ғалымдар ертегінің балалардың дамуына қаншалықты үлкен үлес қосатыны туралы ұзақ уақыт бойы айтқан. Ол терапевтік және дамытушылық функцияны орындап қана қоймайды, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту құралы ретінде әрекет етеді, өйткені оны ойнауға, тыңдауға, толықтыруға және қайталауға болады [1, 17]. Балалар ертегі арқылы ана тілінің дыбыстарын естуді және тыңдауды, жақсылық пен жамандықты ажырата білуді үйренеді. Ертегілерде қиялдағы жағдайлар, әдетте, белсенділікке, шығармашылыққа, тәуелсіздікке, сөйлеудің әртүрлі реңктерін қабылдауды дамытуға, баланың эмоцияларын реттеуге бағытталған нақты қарым-қатынаспен байланысты.

Ертегілер баланың сөйлеу жағын белсендіруге көмектеседі, мысалы:

- сөздік;
- грамматикалық жүйе;
- сөйлеудің дыбыстық жағын жетілдіру;
- монологиялық және диалогтық сөйлеу және т.б.

К.Д.Ушинский «Халық ертегілері сөйлеу тілінің барлық түрлерін игеруге ықпал етеді», - деп жазды. Осының арқасында балалар әңгімелеу кезінде өздерінің сөйлеу дағдыларын дамытады. Басқаша айтқанда, ертегілер сөздік қорын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар үйлесімді және логикалық сөйлеудің дамуына әсер етеді және бұл диалогтың дұрыс құрылуына ықпал етеді. Балаларға ертегілерді оқи отырып, біз олардың сөйлеуін әр түрлі сөйлеу мәнерлілігінің көмегімен байытамыз, мысалы, ертегілерде жиі кездесетін эпитеттер мен теңеулер. Осының арқасында бала бейнелеу арқылы ойлауды үйренеді. Ертегілердің бірегейлігі - олар баланың ойлауын, есте сақтау қабілетін және сөйлеуін дамытады [2, 205]. мектеп жасына дейінгі бала өзін бейсаналық түрде де, саналы түрде де ертегі кейіпкері деп атай алады, бірақ кез-келген жағдайда әр түрлі бейнелер арқылы бала мәтіннің әр түрлі үзінділерін есте сақтап, қайталап қана қоймай, сонымен бірге олардың негізінде өз әңгімелерін ойлап табады. Балалардың өзін-өзі баяндау дағдыларын игерудің негізгі әдістерінің бірі-қайталау, оның барысында бала себеп-салдар ережесін түсінеді және логикалық дәйекті хабарламалар құруды үйренеді [3, 57].

Қазіргі заманға сай АКТ арқылы ертегіні аудиокітаптар, бейнематериалдар, презентациялар немесе түрлі онлайн ойындар арқылы түрлендіруге болады. Мысалы Ы.Алтынсариннің «Жан-жануарлардың дауласқаны» шығармасын алып қарасақ. Бұл шығарманың ерекшелігі: кейіпкерлердің және диалогтың көптігінде. Сол себепті сюжеттік-рөлдік ойын түрінде қолдансақ болады. Қойылымды өткізуге дайындық кезінде бастапқыда кейіпкерлер мен олардың іс-әрекеттерін көрсете отырып, шығарма эмоционалды баяндалады (шығармамен танысу, суреттер, фильмдер көрсету), таныс емес сөздердің мағынасы нақтыланады, әңгіме

өткізіледі. Осы кезеңде балаларға аудиокітаптар, бейнематериалдар арқылы дайындықтар өткізіледі. Содан кейін шығармадағы рөлдерді бөліп, қайталау оқу арқылы пысықталады. Шығарма барлық балаларға түсінікті болған кезде ғана мұғалім оны ойнауға дайындайды. Кейіпкердің мінезі, әрекеттері және олардың реттілігі нақтыланады; ойынның костюмдері мен атрибуттары таңдалады.

Ы.Алтынсариннің «Жан-жануарлардың дауласқаны» шығармасы түрлі кейіпкерлерге толы, яғни алты түрлі рөл бар: жылқы, түйе, сыйыр, қой, ит, тауық, тышқан. Шығарманың сюжеті былай дамиды: Жылқы, түйе, сыйыр, қой, ит, тауық, тышқан және бөтен жан-жануарлардың бәрі де адамның жылына ағалыққа таласты дейді.

Жылқы :

- Мен, адам үстіме мінсе алысын жақын етемін, күшімді болса көреді, сүтімді болса ішеді, қылыма дейін арқан істейді, адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, -деді.

Түйе :

- Сен адам жұмысын қылсаң арпа, сұлы, шөп асайсың тамағың үшін құл болдың. Мына мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын, аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын, көде болса -көде, жусан болса - жусан, не кез келсе соны қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлге де шыдап жүре беремін, жыл ағасы болу маған лайық, -деді.

Сиыр :

-Адам егін ексе менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт, май істейді.

Қой :

- Мен болмасам қазақ үйін немен жабар еді; жүнімді алып киіз істейді, жабағымнан күпі тігеді, арқан, жіп еседі, сүтімнен құрт, май алады, - деді.

Ит : - Мен болмасам сенің көбіңді не ұры ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді, сенің бәріңнің мен бақташыңмын, дұшпан көрінсе үріп-абалап, иеме хабар беремін. Тауық : -Мен болмасам кісі ерте тұрып, жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді, мен танертең тұрып шаққырып, хабар айтамын, таң атты деп, көп отырса, жұмысыңнан қаларсың жатар уақыт болды деп, түн ортасында да шақырамын, кеш болса тағы шақырамын, демалар мезгіл болды деп, -деді.

Тышқан не дерін біле алмай тұрды да, бір түрлі қулық ойлап, жиналған көпке :

-Бұл таластан ештеме өнбес, жылды қарап тұралық та, кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын, - деді. Түйе өзінің биіктігіне сеніп, менен бұрын кім көреді деп тышқанның сөзін қостап, бәрі де жылды қарап тұрды. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мінді де отырды. Сонымен бәрінен бұрын жылды тышқан көріп, хабар беріп, жылдың басы болған. Түйе бойынасеніп құр қалды деген сөз - осыдан қалған екен [4, 25].

Бұл шығармада өз бойына сеніп қалған түйе мен тышқанның тапқырлығы ерекше көрсетілген. Бұл шығарма балаларға түйе секілді өз күштеріне, «бойларына» сеніп қалмай, әлде де еңбектеніп, тышқан секілді тапқырлық танытып, алға ұмтылуғы шақырады. Ы.Алтынсариннің «Жан-жануарлардың дауласқаны» шығармасын балаларға театрда ойнату арқылы әртістік және табиғи сөйлеу белсенділігі артады, себебі кейіпкерлердің көркем-әдеби сөзбен жазылған репликаларын қайталап жаттап айып шығуы балаларға сөйлеу тілі мен есте сақтау қабілетін дамытуға мүмкіндік жасайды. Шығармадағы кейіпкерлердің алдымен дауласып, кейін бір шешімге келуі, түйенің өкініші, тышқанның жыл басы болуындағы әр-түрлі көңіл-күй баладағы эмоционалдық салаға түрлі жағымды әсер береді. Дұрыс таңдалған шығарма, тиянақты құрылған жоспар балаларда қоршаған ортаның шындығы, басқа адамдардың жеке ерекшеліктері және тұлғааралық қатынастар туралы түсінік қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, мақаланың қорытындысы ақпараттық-коммуникациялық құралдарды дәстүрлі әдістермен ұштастыру арқылы жасалған жұмыс нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу тілін дамытуға болатындығына сендіреді.

Әдебиеттер:

1. Пропп, В.Я. Исторические корни волшебной сказки / В.Я. Пропп. – М.: Лабиринт, 2000
2. Алексеева, М.М., Яшина, В.И. Речевое развитие дошкольников. – М.: Академия, 2003. – С. 359
3. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Формы и методы работы со сказками.- СПб.: Речь, 2008.-240с.
4. Алтынсарин, Ыбырай. Өнер-білім бар, жұрттар: Өлеңдер, әңгімелер,очерктер, хаттар және естеліктер / Алтынсарин, Ыбырай. - Алматы:Жалын, 1991. – 240 б.

ОҚЫТУДЫ ЖОСПАРЛАУДАҒЫ ТИІМДІ СТРАТЕГИЯЛАР

Калкенова Гульжанат Бериковна,
Педагогика ғылымдарының магистрі,
«Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушы
Султангалиева Анар Изимгалиевна,
Педагогика ғылымдарының магистрі,
«Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушы
Жумасейтова Арайлым Ермековна,
Педагогика ғылымдарының магистрі,
«Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Орал қ., Қазақстан.

Аннотация. Мақалада сабақтың моделін жасау арқылы сабақты зерттеу, мұғалім өзі әрі әріптестермен талдау, сабақтың әр түрлі нұсқаларын қолдану арқылы нәтижелі сабақ түрін жасау әдістері қарастырылады. Кәсіби дәрежеде дамудың мүмкіндігіне сипаттама беріледі
Түйін сөздер: сабақ, жоспар, әдістеме, зерттеу, моделдеу.

Аннотация. В статье рассматриваются методы изучения урока путем создания модели урока, анализа самого учителя и коллег, создания эффективного типа урока с использованием разных вариантов урока. Описывает возможность профессионального развития
Ключевые слова: урок, план, методика, исследование, моделирование.

Abstract. The article discusses the methods of studying a lesson by creating a lesson model, analyzing the teacher and colleagues themselves, and creating an effective type of lesson using different lesson options. Describes the possibility of professional development
Key words: lesson, plan, methodology, research, modeling.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің білім беруінің даму деңгейімен анықталмақ. Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени –ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі – адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. [1,б.98] Білім менеджменті жаңа үрдістік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және педагог кадрлардың білім беру үрдісіндегі зерттеулерімен, мұғалімнің кәсіби дәрежеде дамудың нәтижесін нақтылануымен байи түсуде.

Мұғалім сабақ жоспарын жасамас бұрын әдістемелердің қолайлы стратегиясымен танысулары қажет. Әдетте мұғалімдермен жұмыс істеген кезде жиі мынандай сұрақтар туады: «Оқыту тәсілі менің оқушыларыма қандай әсер тигізетінін көз алдыма елестете алмаймын. Бұл іс-жүзінде сыныпта қалай жүзеге асады?», «Бұл оқыту әдісін менің оқушыларыма қалай қолданатынын басқа біреудің көрсеткенін қалар едім?», «Жаңа материалдарды қолданудан қанағаттанбас бұрын, мен оқушыларымның нәтижесін көруім керек?». Осы сұрақтар мұғалім педагогикалық стратегияларды апробациялағаннан кейін жылдам нәтижеге жетуін қажетттендіреді[2,б.59]. Әрине, сабақ жоспарлар кезінде мұғалімдер үнемі ізденісте болып, көптеген материалдарды тауып, даму үстінде болулары қажет, алайда мұғалімдердің басым бөлігі оңтайлы шешімнің табылғанын қалайды. Окушыларға деген қарым-қатынасын, олардын тәртібін, берілген материалдарды оңтайлы пайдананатынын, әр оқушының пәнге деген қызығушылығын оятатын, олар әр түрлі тапсырмаларды беретін, тақырыптың жетімділігін тексеріп, түсінбеген тақырыпқа қайталау сабағын жүргізетін мұғалімді көргіміз келеді. Ол үшін сабақ моделін сауатты әрі мазмұнды құру қажет. Сабақтың моделін

құрастырудың маңыздылығы - мұғалімге сапалы сабақ жоспарын құрастыруға көмектеседі, ал бұл өз кезегінде тимді әдістемені қалыптастырады.

Сабақты моделдеу тиімді сабақты сипаттайтын алты принципті ескеруді қажет етеді:

1. Оқушылардың барлығын бүкіл уақыт аралығында белсенді жұмысқа жұмылдыру. Мұндай сабақ ерекшеліктері олардың өміршеңдігі, оқушыға уақыт, орын, ой беретін зерттеу әдістері болуы керек.

2. Оқыту орынды, ақпарат беретін, мақсатқа бағытталған. Өте қызықты сабақ міндетті түрде сәтті сабақ болып табылмайды. Іс-әрекет үйренудің мақсатына сәйкес келіп, қалаулы нәтижеге жетумен аяқталуы тиіс. Кейбір берілген ерекше тапсырмаларда оқып білуге қажетті, жақсы нәтижеге жету мүмкіндігі болмаса, онда олардың мәні болмайды. Үздік сабақтар әркез ақпарат береді.

3. Оқушыларға сабақтың ұнауы мен оларды өздерінің оқулары қызықтыруы. Оқушыларды сабақ үдерісіне тарту тек сыртқы қызығушылықтың танытуымен ғана сипатталмайтыны белгілі. Оқушылардың сабаққа араласуы ең үздік нәтижеге қол жеткізу мен белгілі бір уақыт аралғында осы жетістіктерді қолдап отыру құлшынысымен байланысты.

4. Оқушылардың табыстарға қол жеткізуі. Қызығушылық білдірген және белгілі мақсатты көздеген оқушылар табыстарға қол жеткізеді, бұл фактінің өзі бұдан да қызығып, мақсатға ұмтылуға итермелейді. Осылайша шеңбер пайда болады. Егер оқушы сабақ барысында қандай да бір нәтижелерге қол жеткізсе, өз сұрақтарына зияттарын қолдану арқылы жауап іздесе, зерттеу жүргізсе, өз қателіктерінен үйренсе, сол сабақ сәтті болды деп пікір таластыруға болады.

5. Бағалау сабақ беру мен оқытуға тиімді әсер етеді. Бағалау сабақ беру барысында оқытуға қаншалықты дәрежеде әсер ететінімаңызды мәселе. Оқушыны оқыту үшін және оның оқуын назарға алып қолдау үлкен педагогикалық серпін береді.

6. Мұғалім сауалнамасы оқушылардың ойлау қабілетін ашады, айқындайды, кеңейтеді. Сабақ барысында ұсынылатын кері байланыс сұрақтарының сапасы үздік сабақ кепілі. Сұрақтарды қоя білу стратегиясынсыз үздік прогресс пен сабаққа етене кіріп кету, бағалау болуы мүмкін емес. [3,б.145]

Сонымен бірге сабақтың сәтті болу құпиясы мұғалімнің өз назарын іс-әрекет пен нәтижелерге шоғырландыруына байланысты. Сол мақсатта сабақ жоспарын әріптестер арасында талқылып, жан жақты қарастыру ұсынылады. Мүмкіншілік болса, сабақты бір мұғалімге көрсеткеннен гөрі, бір топ мұғалімге көрсеткен тиімді. Ол кеңес - көмекші сабақ, қателердің алдын алу кеңесі ретінде ұйымдастырылғаны абзал. Сабақты талқылау барысында, мұғалімдер қандай әдістерді қолданғанын қалайды және аталған әдісті қолдану себебі неде деген сұрақ төңірегінде кеңескен жөн. Кейде қашықтықтан кеңесу де жүргізу қолданады. Сонымен бірге сабақта жаңа тақырыпты өткізбес бұрын, оқушыларға ойлануға мүмкіндік беріңіз. [4,б.131]. Оқушыларға сабақтың тақырыбын беріп, бүгінгі сабағымыз не туралы, неге оны оқимыз деген сұрақтарды қойып алдын ала оқушыларды ойландырыңыз. Бұл оқушының сабаққа қызығушылығын ояту үшін өте тиімді.

Мұғалім жұмысының мақсаты оқушылар белгілі бір тақырыпты өтер кезде қандай әсерде отырады, тақырыпты өткеннен кейін қандай әсер алады, соны анықтап білу болып табылады. Сол себепті біз мұғалімдерді оқушылардың орнына қойып, мұғалімдердің дербес оқушы ретінде белгілі бір тақырыпты қалай меңгергенін өзі арқылы түсінуді көздейді. Мұғалімдердің өткізген сабақтарын айқын көрудің тәсілі- бейнетаспаға түсірілген сабақ түрі болып табылады. Сабақтың өзіне қатысқаннан көрі бейнетаспаға түсірілген сабақты бақылау әлдеқайда тиімді. Себебі, сабақты кез-келген жерін талқылауға мүмкіншілік бар. Қорыта келгенде бейнетаспаға түсірілген сабақтың көптеген жағымды жақтарын көруге болады.

Мұғалім өзінің жаңа оқыту материалын әріптестерінің ескі оқыту материалымен салыстыру үшін оларға көрсету әдісін А және Б таспасы деп атайды. Бұл екі таспада сабақтың екі түрлі дәрежесі жазылған. Осы арқылы мұғалімдер өздерінің жұмыстарын салыстыра алады. А таспасына өз сынып сағатын түсіреді. Осыдан кейін Б таспасын түсіреді. Бұл таспада мұғалім өзінің жоғарғы кәсіби деңгейін көрсетуге тырысады. Бұл өте тиімді тәсілдердің

бірі. Мұғалім өзінің сабағын бейнетаспаға түсіру арқылы өз қателерін жөндеуге немесе толықтыруға мүмкіншілігі бар. Сөйтіп сабақты сырттай талдап, зерттеу мүмкіндігіне ие болуға болады.

Мұғалімдерге жаңа тәсілді көрсетпестен бұрын, оны оқушылармен бірнеше мәрте қайталап өткізу қажет. Басқа білікті мұғалімдердің әр түрлі әдістемелік тәсілдерін өз сабағында пайдалануға болады. Бірнеше тақырыпты бір сыныпқа берген кезде немесе бір тақырыпты бірнеше сыныпқа берген кезде, әр қайсысын жеке бейнетаспаға түсіріп алуға тырысқан жөн. Сөйтіп кеткен кемшіліктерді жөндей алады. Сонымен қатар оқушылардың қай сабақта белсенді, қай тақырыпта белсенді емес екенін анық бақылап, сыныптарды бір-бірімен салыстыруға да болады.[5,б.69] Әр сабақ барысында бір оқушыны қайта-қайта бейнетаспаға түсіру арқылы оның кейінгі сабақтарда өскенін немесе төмендегенін байқауға болады және аталған баланың іс-әрекетін басқа мұғалімдермен талдауға болады.

Қорыта келгенде сабақтың моделін жасау арқылы сабақты зерттеу, мұғалім өзі әрі әріптестермен талдау, сабақтың әр түрлі нұсқаларын қолдану арқылы нәтижелі сабақ түрін жасау бірлескен жол картасы іспеттес, кәсіби дәрежеде дамудың мүмкіндігін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Алексеев К.Г. Инновационная деятельность в сфере образования: учебное пособие для вузов – Москва.: БГУ, 2015.
3. Андриенко.Е.В. Психолого-педагогические основы формирования профессиональной зрелости учителя учеб. пособие. М.: Флинта, - 2015.
4. Богданов.И.В. Локальная образовательная система: опыт проектирования, становления и развития: монография /– Тольятти : МАБиБД, 2016.
5. Толебаева Б. Менеджменттің теориясы және тәжірибесі: Оқу құралы. –Орал.: Баспа, 2007.

ДӘСТҮРЛІ БІЗКЕСТЕ ӨНЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУЫ, КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Калдыгулов Е.С.,
7М01405-Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау
ББ бағдарламасының 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші Моменов Б.М.,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазақ Ұлттық дизайнерлер академиясының академигі –
(Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті) Қазақстан, Ақтөбе,

Аннотация. Бұл мақалада дәстүрлі бізкесте өнері туралы жан-жақты ақпараттар қамтылып, аталмыш өнердің елімізде дамуы туралы тарихи деректер мен дәйектер келтірілді. Сондай-ақ, бізкесте өнерінің көркем еңбек сабағында оқыту ерекшеліктері жайлы мәліметтер берілді. Оқушылардың шығармашылық ізденуіне бізкесте өнері қалай әсер ететіндігі жайлы сөз қозғалып, ұлттық өнерді дамыту мен дарыту мәселесіне көңіл бөлінді, және мақала барысында оқушыларға бізкестемен жұмыс барысындағы тігіс түрлерін таныстыру да қамтылып өтті.

Түйін сөздер: бізкесте, көркем еңбек, технология, халық өнері, қолөнер.

Аннотация. Данная статья содержит исчерпывающую информацию о традиционном искусстве бізкесте, содержит исторические данные и факты о развитии данного искусства в нашей стране. Также были даны сведения об особенностях преподавания искусства на уроках художественного труда в бізкесте. Речь шла о том, как искусство влияет на творческий поиск учащихся, уделялось внимание вопросам развития и популяризации национального искусства. Также в ходе статьи было представлено ознакомление учащихся с видами швов в процессе работы с бізкесте.

Ключевые слова: бізкесте, художественный труд, технология, народное искусство, ремесла.

Abstract. this article contains comprehensive information about traditional Bizkestin art, contains historical data and facts about the development of this art in our country. Information was also given about the peculiarities of teaching art at art work lessons in byskest. It was about how art influences the creative search of students, attention was paid to the development and popularization of national art. Also in the course of the article, students were introduced to the types of seams in the process of working with bisceste.

Key words: bizkeste, artistic work, technologies, folk art, crafts

Қазақ халқының қолөнері бағзы заманнан бастау алған өте бағалы қазыналардың бірі. Тарихи деректерге сүйенсек, аталмыш өнер түрі елімізде сонау сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ және басқа да көне түрлі тайпалардан бастау алған деседі. Бұл сөзімізді бұрын-соңды жүргізілген археологиялық зерттеулер де дәлелдеп отыр. Мәселен, Андроновтықтар жүннен иірген жіптен киім тоқи білген. Андронов дәуірінен кейін сақтар заманында одан әрі дамытылған мәдениет мұралары кездеседі. Осылардың бәрі қазақ халқының қолөнерінде тамаша үлгі-іздерін қалдырғаны сөзсіз. Жалпы, бұл көріністердің бәрі еліміз ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің мұрагері, сондай-ақ, сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы екендігін айғақтайды.

Бүгінде қазақтың өрнекті әшекеймен істелетін қолөнерінің түрлері де, атаулары да өте көп. Солардың ішінде халық арасына көбірек тарап, күні бүгінге дейін өз құнын жоғалтпаған қолөнерінің бірі – бізкесте өнері. Біркесте өнері тым ерте заманнан бастап-ақ, қолөнердің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. Жалпы, бізкесте дегеніміз – кестені көркемдеп тігу, яғни ою өрнектің барлық түрін әсемдеп қолдану.

Дейтұрғанмен, аталмыш өнер кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Өйткені, бұл өнер түрі шыдамдылық пен қажымас төзімділікті талап етеді.

Жалпы, бізкесте – ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек пен төсек-орын жабдықтары, қалыңдық пен күйеудің, батырлар мен серілердің бас киімі, белбеуі, киімнің жең-жағалары мен балақтары әр түрлі жамылғыштар мен кежімдер және басқа да осы сияқты жол-жорық, үй-іші мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілетін. Халық салтында мұндай өрнектеудің кейбіреулері күні бүгінге дейін сақталып келеді. Оның себебі әдемі ұнасымды кесте ою-өрнегінің барлық түріне бірдей қолдануға тиімді. Міне, осы сияқты бізбен тігілген кестені әшекейлеп кестелеу деп атайды. Өнер қазынасының сарқылмас мұхиты халық “адам өнерімен әсем, аң терісімен әсем”, -деп келіп, “кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды” деп қорытқан. Кесте өнері осы айтылғандай нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, баспа кесте, зер, моншақтап кестелеу, айқас тігу, қайып тігу. Ал, өз кезегінде біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар [1].

Негізінен бізкесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген материалдың бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен кермелеп шалу арқылы кестеленеді. Ал, шым кесте деп тігілетін материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестеленген шымқай кестені айтады. Әредік кестеде материалдың әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады.

Бізкесте де өрнектелетін материалды өрнек мәнеріне қарай тесіп алады да, оны торлай және ортасын кере көздеп, санап отырып шалу арқылы түрлі өрнек салады.

Бізбен тігілетін кесте тігісінің асты мен үстінің не тартылып, не бос тастап сирек, жиі тігудің де мәні зор.

Ақын Абай:

“Өткірдің жүзі,

Кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас,

Білгенге маржан,

Білмеске арзан,

Надандар баһра ала алмас”, - деп қолөнерінің кейбір детальдарын тіл өнерінің қасиетіне теңестіре айтады. Осындағы “Кестенің бізі” кәдімгі қазақ шеберлерінің пайдаланған құралы – қолөнер кестесінің бізі еді.

Ұлттық ою-өрнегі мен әшекейлеп тігу ісі туралы айтқанда бізбен кестелеу мен инемен көркемдеп тігудің екеуі де халық арасына кең тарағанын ұмытпаған жөн. Әйтседе түстері бірыңғай тұтас, ақ, көк, қара, сары, қызыл матадан неше түрлі өрнектелген әдемі бұйымдар жасаудың ең тиімді және жылдам әдісі – кестелеу өнері. Кесте қалаған көлемде үлкенді-кішілі маталарға тігіле береді. Сонымен қатар кесте былғары, шегірен, бөз, ақ тері, боялған тері, шұға, мауыт, шекпен, кенеп, брезент сияқты заттарға да тігіледі.

Бүгінде халықтың мәдени дәрежесі өсті. Соған орай, тұтыну бұйымдары мен жабдықтардың сапасына қатты талап қойылып, адамдар олардың әрі ұнамды, әрі сәнді болуын қалайды. Соған орай, киім-кешектің, жиһаздардың ою-өрнектері де талғамға қарай жаңа мәнер, жаңа түрлерін шығару талабы да арта түсті. Халық әлі де болса тұтынып келе жатқан ұлттық мүліктердің түрлері мен сапасы жаңарды. Бұл айтылғандардан қолөнер халық тұрмысында ежелгі маңызын жойды, ендігі жерде онымен шұғылданудың керегі жоқ деген ұғым әсте тумайды. Қайта халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беру керек. Мәселен, жеңіл күпі, қаптал шекпен, саптама етік, түлкі тымақ сияқты ұлттық киімдер қазір де қажет. Сонымен бірге қазіргі заманға лайықтап кескіндеме өнерін пайдаланып картинаға панно ретінде де орындауға болады.

Осы тұрғыда, аталмыш қолөнер түрлерін неге елімізде одан ары дамытпасқа деген сұрақ туындайды. Мәселен, көркем еңбек сабағында оқушыларды бізкесте тігуге үйретіп, қолөнерге

баулу қажет-ақ. Өйткені, еліміздің ұлттылығы адамзат баласының білімімен, мәдениетімен ғана емес, ұлттық дәстүрлі өнерімізбен де айқындалады. Сол себепті, бабаларымыздан қалған мәдени мұраның ең асылы – ұлттық қолөнерді насихаттап, дамытуымыз керек. Себебі, қолөнер, оның ішінде бізкесте өнері – өресі биік, кең өнер.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында оқушылардың жалпы білімін көтеру, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырып, бүгінгі оқушы, ертеңгі жас маман екенін ескере отырып, оларға кәсіби білім беріп, қабілетін, дарынын аша білу, шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әр мұғалімнің мақсаты болып табылады. Бізкесте қолөнерінің тәрбиелік мәні арқылы оқыту кезеңінде өнерге, өзіне деген көзқарасын, білімін, біліктілігін арттырып, шығармашылыққа баулимыз. Әр оқу пәні оқушы алдында мүмкіндігінше еңбек пен мамандықтар әлемін ашады. Бұл мүмкіндік әсіресе көркем еңбек пәнінде жүзеге асырылады.

Көркем еңбек – шеберлік пен білгірліктің мектебі. Көркем еңбек сабағында оқушылардың жан-жақты дүниетанымы қалыптасып, болашақ өмірге, өндіріске қажетті мамандық алып шығады. Заман талабына сай өмірге бейімделген, еңбекті бағалайтын, үнемшіл ұрпақ тәрбиеленеді. Сол себепті, қолөнерге ұштастыра білім мен тәрбие берудің түрі – шығармашылыққа баулу. Ал қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек, қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ, оқушы шығармашылықпен іске кіріседі.

Қазір бізге халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптап, заман талабына сай сапа, түр беру әдіс-тәсілдері арқылы бұл істі одан әрі дамыта беруіміз керек.

Жалпы, бізкесте өнері – өзіне тән әлемі мен өзіндік күші бар, өтпелі құндылықтарға бағынбайтын өміршең өнер. Сол себепті де, көркем еңбек сабағында оқушыларға біз кестемен тігудің түрлі әдіс-тәсілдерін үйреткен жөн. Мәселен, көпіртіп тігу әдісі. Бұл кестелеп тігу ісіндегі әдемілік пен көрнектілік жағынан ерекше көзге түсетін түрлерінің бірі. Көпіртіп тігу кестесі әзірленген өрнек үлгісінің ізімен тігіледі. Мұнда материалдың үстіңгі бетіне бүлдіргеленген жіп түйіндер қалдырып отырады. Кестенің жібі бірнеше түрліі болуы мүмкін. Бедерлеп тігу әдісімен алма, жүзім, бүлдірген, қарақат, қауын-қарбыз түйнектері сияқты түрлі жемістерді салуға болады. Көпіртіп кестеленген бұйымдар жуыла да өтектеле де береді, бірақ өтектеп шыққан соң оларды қағып, сілкіп бүртіктерін тірілту керек [2].

Кестені түктеп тіккенде бізбен шалынған жіптің үстіңгі жағында (өң бетінде) кейде 1, кейде 2 сантиметрдей бүлдіргі қалып отырады. Оқушы немесе шебер кестені тігіп болғаннан кейін әлгі қалған бүлдіргілерді тегістеп қырқады. Жиі шаншылып, қалың түсірілген бүлдірге жіптері қырқылып тегістелген соң, кәдімгі кілемнің түгі сияқты түрлі түсті болып құлпырып тұрады. Кейде бүлдіргілердің астына ширатқан жуан жіпті, ширатқан шүберекті, жұмсақ металл шыбықтарын мүйіздеп, ою өрнегіне келтіріп салып тігеді де, тігіп болған әлгі тігіс астына салынған заттарды үстінен тіліп алып тастайды. Мұндай әдіспен түктеп тігілген өрнектер мінсіз және түгінің биіктігі біркелкі шығады [2].

Үлгі бойынша сызылған өрнектің үстіне мәнеріне қарай тізіліп алынған әр түрлі ұсақ маржандар, моншақтар бастырып, тігуді маржандап кестелеу дейді. Мұндай әдістер тақия, сәукеле, өңір, қол дорба сияқты бір киер киім мен сән-салтанат бұйымдарына ғана қолданылады. Үнемі киілетін немесе жұмысқа ғана киілетін, сондай-ақ, арқан-жіптің тартуына түсетін заттарға бұл өнер қолданылмайды. Себебі ондай заттардағы маржандар тез сөгіліп кетуі мүмкін.

Алтындап, күмістеп тігу сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, плюш, атлас, қырмызы сияқты бағалы материалдар пайдаланылады. Мұнда кесте жіптерінің жуан-жіңішкелігіне қарай оған қолданатын біздің инесінің жуан, жіңішке түрлерін шебер өзі таңдайды. Бізбен тігілетін кесте тігісінің асты мен үстінің не тартылып, не бос тастап сирек, жиі тігудің де мәні зор.

Жалпы, қазақ халқының біз кесте өзінің тігілу әдісі мен мәнеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді де, олардың әрқайсысы өз атауларымен аталады. Мәселен, алтындап тігу, айқас тігу, батырып тігу, бедерлеп тігу, бүгіс тігіс, бүрме тігіс, есіп жөрмеу, жапсыру, жөрмеу, жара тігіс,

көктеу, көпіртіп тігу, қабу, қусыру, қаю тігіс, маржан тігіс, өбістіру, сыру, сыздықтап тігу, тебе тігу, тепшу, түктеп тігу, тұмарша, торлау, шалып тігу, шанша тігу, шарбақтар тігу т.б.

Қазақтың әр алуан әдістермен, неше түрлі мәні бар тігістердің көптеген түрлерінің көп екенін көрдік. “Қабырға”, “Қаю”, “Таңдай”, “Тышқан із”, “Тұмарша”, “Бұзау тіс”, “Бедерлеп тігу” деп аталатын қазақтың тігіс мәнерлері қай халықтың тігіс өнерінен болса да кем түспейді. Мұндай бай мәнер, тиімді әдістермен тұрмыстық жиһаздарды, алтын, күміс, маржан, меруерт сияқты көрікті заттарды тізіп кестелеуге болады [3].

Бүгінгі таңда, елімізде бізтесте өнерін меңгерген, оның қыр-сырын жетік білетіндер саусақпен санарлық. Соның бірі – Зейнелхан Мұхамеджанұлы. Замана заңғары біЗкестені 30 жыл серік етіп, еуропалық абстракцияны ұлттық нақыштағы ою-өрнекпен ұштастырған қолөнер шебері.

Қорытындылай келе, халықтың ғасырлар бойғы шығармашылық даналығын бойына жинақтаған аталмыш қолөнер түрі шын мәнісінде халықтың философиялық-эстетикалық мазмұнын айқын көрсетеді. Сол себепті, бізкесте өнерін көркем еңбек сабағында оқытып, оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарымызды дарыту қажет-ақ. Итальяндық физик Галилео Галилей:- «Баланы бір нәрсеге қайталауға үйреткенше, жаңалық ашуға мүмкіндік бер!»- деген екен. Сондықтан әр педагог оқушының шығармашылық қабілетін ашып, оны дамыту үшін барлық жағдайды жасауы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) Қазақ халқының қолөнері / С. Қасиманов ... – Алматы : Қазақстан, 1969. – 245 б.

2) Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы : оқулық / Асанова Сабыркүл Птицина Алла . – 2-бас. .. – Астана : Фолиант, 2011. - 160 б.

3) Ою-өрнек әлемі = The world Kazakh national ornaments / Б. Жұмабайұлы ... – Алматы : Үш Қиян, 2018. – 262 б.

4) Қазақ халқының қолөнері: ғылыми-зерттеу еңбек / Х. Арғынбаев. - Алматы : Өнер, 1987. – 126 б.

5) Қолөнер үлгілері : (тұрмыстық-этнографиялық заттар) / ... – Астана : Елорда, 2005. - 20 б.

ОСОБЕННОСТИ ЦЕННОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ПОДХОДА НА УРОКАХ ПОЗНАНИЯ МИРА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Калимова Асемгуль Джамбуловна,
преподаватель-эксперт высшей школы педагогики
Павлодарского педагогического университета им. Ә. Марғұлан
Жакиенова Алия Амангельдиновна,
преподаватель-эксперт высшей школы педагогики
Павлодарского педагогического университета им. Ә. Марғұлан

Аннотация. Авторлар бастауыш мектепте дүниетану сабақтарында құндылыққа бағытталған тәсілдің ерекшеліктерін зерттеді. Бұл мақаланың мақсаты-бастауыш мектепте дүниетану сабақтарында құндылық тәсілінің ерекшеліктерін теориялық негіздеу және анықтау. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: ғылыми әдебиеттерді талдау, зерттеу материалдарын жүйелеу және жалпылау, педагогикалық процесс пен педагогикалық білім беру практикасы субъектілерінің қызметін зерттеу. Зерттеу жұмысы аясында бастауыш мектепте дүниетану сабақтарында құндылыққа бағдарланған тәсілді мақсатты қалыптастырудың маңыздылығы дәлелденді.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып мұғалімдеріне белсенді өмірлік, рухани-адамгершілік ұстанымы бар бастауыш сынып оқушыларының үйлесімді дамыған, шығармашылық тұлғасын тәрбиелеу үшін кезең-кезеңмен көп компонентті психологиялық-педагогикалық дайындық жүргізу қажеттілігі туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: құндылыққа бағытталған тәсіл, бастауыш мектеп, дүниетану, құндылықтар, бастауыш мектептің педагогикалық процесі.

Аннотация. Авторами изучена проблема особенностей ценностно-ориентированного подхода на уроках познания мира в начальной школе. Целью настоящей статьи является теоретическое обоснование и определение особенностей ценностно-ориентированного подхода на уроках познания мира в начальной школе. В процессе исследования использованы следующие методы: анализ научной литературы, систематизация и обобщение исследовательских материалов, изучение деятельности субъектов педагогического процесса и педагогической образовательной практики. В рамках исследовательской работы доказана важность целенаправленного формирования ценностно-ориентированного подхода на уроках познания мира в начальной школе. В заключении делаются выводы о необходимости осуществлять поэтапную многокомпонентную психолого-педагогическую подготовку учителей начальных классов к воспитанию гармонично развитой, творческой личности младших школьников с активной жизненной, духовно-нравственной позицией.

Ключевые слова: ценностно-ориентированный подход, начальная школа, познание мира, ценность, педагогический процесс начальной школы.

Abstract. The authors have studied the problem of the features of a value-oriented approach in the lessons of world cognition in elementary school. The purpose of this article is to theoretically substantiate and define the features of a value-based approach in the lessons of world cognition in elementary school. The following methods were used in the research process: analysis of scientific literature, systematization and generalization of research materials, study of the activities of subjects of the pedagogical process and pedagogical educational practice. As part of the research work, the importance of purposeful formation of a value-oriented approach in the lessons of cognition of the world in elementary school is proved. In conclusion, conclusions are drawn about the need to carry out step-by-step multicomponent psychological and pedagogical training of primary school teachers to educate a harmoniously developed, creative personality of younger schoolchildren with an active life, spiritual and moral position.

Key words: value-oriented approach, primary school, knowledge of the world, value, pedagogical process of primary school.

Введение

В настоящее время образовательная политика нашей страны направлена на всестороннее развитие качественного образования. Это связано с технологизацией образовательной среды во всем мире, а также культурно-нравственного разнообразия в воспитании подрастающего поколения. Все это обуславливает необходимость акцентировать цели обучения на достижении обучающимися личностных результатов, их способности и готовности решать задачи в реальной жизни, применяя полученные знания. Следовательно, успех образовательного процесса начальной школы зависит от заинтересованности в положительных и личностно-значимых результатах его участников. Не менее важным является то, что педагогические подходы направлены на поддержание физического и эмоционального состояния младших школьников, учет их интересов и индивидуальных особенностей.

Анализ литературы по проблеме исследования показал, что ценностно-ориентированный подход в обучении предусматривает воспитание общечеловеческих и национальных ценностей, жизни и здоровья человека, приоритетов свободного развития личности, патриотизма, трудолюбия, уважения прав и свобод человека. Процесс формирования личности должен строиться на материале, связанном с реальной жизнью для привития обучающимся базовых ценностей.

Практика преподавания показывает, что не использование в обучении младших школьников ценностно-ориентированного подхода негативно сказывается на личностном росте обучающихся и на эффективность всего педагогического процесса начальной школы. Данным аспектом и обоснована актуальность и необходимость исследования проблемы выявления особенностей ценностно-ориентированного подхода на уроках познания мира в начальной школе, поскольку в нем взаимодействуют важные вопросы духовно-нравственного, социального самоопределения младших школьников. Следовательно, ценностно-ориентированный подход на уроках познания мира в начальной школе, как метод воспитания достаточно актуален.

Как показывает обзор литературных источников, проблема реализации ценностно-ориентированного обучения в педагогическом процессе начальной школы рассматривается в самых разнообразных аспектах.

Так, понятие «ценность» является общечеловеческой категорией. Основанием ценностно-ориентированного подхода служит – аксиология, наука о ценностях и ценностных ориентациях [1]. Проблема ценностно-ориентированного подхода отражается в научных исследованиях следующих авторов: Р.А. Аббас, Л.П. Буева, Л.С. Выготский, С.Ф. Василенко, Т.Н. Мальковская, П.А. Флоренский и другие. Основными понятиями ценностно-ориентированного подхода являются понятия личности, ценности и ценностных ориентаций.

Согласно исследованию коллектива казахстанских авторов Б.М. Утегеновой, У.Б. Серикбаевой, Ж.Б. Ержановой, К. Жаксыликовой, необходимо отметить, что «важность формирования ценностных смыслов в обучении через призму аксиологических основ является трансформацией национальной идеи для развития духовно-нравственной личности» [2].

В работе Г.Р. Бахтияровой, Ж.Ж. Кукенова, рассмотрена проблема формирования ценностных ориентаций у учащихся начальных классов на материалах казахской этнопедагогики. Авторы отмечают, что «в процессе формирования современного демократического общества произошел определенный идеологический сдвиг по отношению к национальным ценностям, общечеловеческим нормам, поэтому формирование ценностных ориентаций школьников, направленных на изучение родного языка, истории, традиций и культуры своего народа является общекультурной и национальной значимостью» [3].

Т.А. Стефановская, воспитании младших школьников выделяет элементы нравственности, которые обнаруживаются в доминантах – сознание (осознание нравственности своих поступков), чувство (ответственность за коллектив), поведение (устойчивость поступков в различных ситуациях), отношение к социуму [4].

В исследовании А.В. Зосимовского, разработаны критерии ценностно-нравственного воспитания личности обучающихся: нравственная направленность, сформированность отношения к Родине, обществу, семье, школе, себе, природе, учебе и труду [5].

На наш взгляд, общей точкой соприкосновения описанных выше исследований является не противоречие, а наоборот дополнение друг к другу. Акцентирование ценностно-ориентированного подхода в интеграции научных знаний свидетельствует о многообразии спектра явлений, описываемых данным понятием, которое имеет характер общенаучной категории.

Материалы и методы

Цель статьи – теоретическое обоснование и определение особенностей ценностно-ориентированного подхода на уроках познания мира в начальной школе.

Теоретические методы – анализ педагогической литературы по теме исследования; обобщение зарубежного и казахстанского опыта по вопросам реализации ценностно-ориентированного подхода на уроках познания мира в начальной школе.

Эмпирические методы – наблюдение, классификация и обобщение, авторская интерпретация.

Результаты

Согласно инструктивно-методическому письму «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2023-2024 учебный год [6], образовательная область «Человек и общество» является одной из ключевых образовательных областей, которая направлена на:

– изучение общественных явлений прошлого и настоящего и их взаимосвязи, взаимоотношений людей в семье, обществе;

– формирование чувства гордости за свою Родину, осознание своего места в семье, местном, региональном, национальном и глобальном сообществе;

– понимание ценностей казахстанского общества и общечеловеческих ценностей;

– раскрытие каждым учеником своих природных способностей и творческого потенциала;

– развитие уважительного отношения к культуре своего и других народов, личной ответственности за свои поступки, развитие сопереживания по отношению к чувствам других людей;

– воспитание гуманного отношения к человеку и окружающей среде;

– формирование личной и социальной идентичности.

Ценностно-ориентированный подход реализуется на уроках познания мира, который способствует формированию знаний о физиологическом развитии человека, здоровье и безопасности, о необходимых условиях для жизнедеятельности человека, о здоровом образе жизни.

Предмет «Познание мира» в ГОСНО РК рассматривается как учебный предмет, способствующий формированию социально-нравственного воспитания младших школьников и является пропедевтическим курсом к изучению самостоятельных учебных предметов «География», «История Казахстана», «Биология», «Основы права» на последующих уровнях образования, закладывающим основы умений и навыков, важных для любой отрасли знаний, формирующим социальные понятия [7].

Цель обучения предмету «Познание мира»: формирование у обучающихся системы знаний о взаимосвязях и взаимообусловленности человека, общества и природы с позиции национальных и общечеловеческих ценностей. Базовое содержание учебного предмета «Познание мира» отражено в Типовой учебной программе по предмету «Познание мира» для 1 - 4 классов уровня начального образования [8] и состоит из разделов и подразделов, которые представлены в таблице 1.

Данные таблицы 1 демонстрируют, что каждый раздел и подраздел представленные в Типовой учебной программе способствуют формированию ценностных, социальных, личностных и историко-географических качеств младших школьников.

Таблица 1. Содержание учебного предмета «Познание мира» обучающихся начальной школы

№	Раздел	Подраздел	Основные содержательные направления
1	2	3	4
1	«Я и общество»	1.1 Я и моя семья 1.2 Школа и школьное сообщество 1.3 Моя малая Родина 1.4 Здоровье и безопасность 1.5 Права и обязанности 1.6 Праздники	социальные, ценностные, географические, личностные
2	«Природа моей страны»	2.1 Ориентирование на местности 2.2 Климат и погода 2.3 Природные условия и их влияние 2.4 Туризм	географические, природные
3	«В потоке истории»	3.1 Древние культуры и цивилизации 3.2 Исторические корни Казахстана 3.3 Важные события в истории Казахстана 3.4 Выдающиеся исторические личности и деятели культуры 3.5 История Казахстана: независимость, государственность и патриотизм	исторические, географические, социальные

Каждый из сквозных разделов долгосрочного плана программы «Все обо мне», «Моя школа», «Моя семья и друзья», «Мир вокруг нас», «Путешествия», «Традиции и фольклор», «Еда и напитки», «В здоровом теле-здоровый дух!» интегрируются цели подраздела «Школа и школьное сообщество», «Я и моя семья», «Моя малая Родина», «Погода и климат», «Древние культуры и цивилизации», «Исторические корни Казахстана», «Туризм», «История Казахстана: независимость, государственность и патриотизм», «Ориентирование на местности», направлен на развитие социально-ценностных основ, общественных явлений прошлого и настоящего, осознания своего места в семье, местном, региональном, национальном и глобальном сообществе.

Анализ 8 разделов программы показал, что учебный материал способствует формированию:

– заботливого отношения к своей семье;
– важности соблюдения режима дня;
– развития своих потребностей в предметах потребления и источниках их поступления;
– знаний о правилах поведения на дороге, значении дорожных знаков, регулирующих пешеходное движение;
– значений понятия «семья», «родственные связи» на основе исследования различных источников;
– знаний о значениях туризма, жизни древних людей, географического расположения своего месторасположения.

Ежедневно растет объем научной информации, которую должны усвоить обучающиеся начальной школы, актуализируются вопросы ценностных ориентаций в жизни. Рассмотрим несколько уроков познания мира, которые позволят нам выявить интегрированные связи в формировании ценностно-ориентированных понятий с 1 по 4 классы. Каждый урок состоит из целей, которые представлены в Типовой учебной программе по предмету «Познание мира»,

например: 2, 3, 4, 5, где 2 - это класс обучения, 3 - раздел Типовой учебной программы, 4 - подраздел Типовой учебной программы, 5 - цель обучения.

1 класс. Сквозной раздел: В здоровом теле –здоровый дух! Подраздел: Здоровье и безопасность. Цель урока: объяснять важность соблюдения личной гигиены и правил безопасного поведения дома [8]. При изучении данной темы младшие школьники узнают, что такое гигиена; какие правила необходимо соблюдать для сохранения своего здоровья; учатся составлять правила поведения на природе; формируют знания о безлопастном поведении дома.

2 класс. Сквозной раздел: Моя семья и друзья. Подраздел программы: История Казахстана: независимость, государственность и патриотизм. Цель обучения: объяснять значение дружбы народов Казахстана. При изучении данной темы обучающиеся развивают такие качества как: сплоченность, дружба, толерантность, что являются основой благополучия и процветания нашего государства.

3 класс. Сквозной раздел: что такое хорошо и что такое плохо? Подраздел программы: Я и моя семья. Цель обучения: определять ценности своей семьи. Учебный материал, используемый на данной теме, способствует формированию социально-нравственных качеств личности младших школьников, добросовестного отношению к окружающим, а также таких ценностных ориентаций как: порядочность, высокий уровень рефлексии, уважение к членам своей семьи, старшему поколению.

4 класс. Сквозной раздел: Ценности. Подраздел: Права и обязанности. Цель обучения: приводить примеры демократических прав и свобод, обязанностей в качестве гражданина Республики Казахстан. При изучении этого раздела младшие школьники развивают такие ценностные ориентации как: уважительное отношение к символике РК, знание своих конституционных прав и обязанностей, нравственного, патриотического отношения к Родине.

Анализ Типовой учебной программы по учебному предмету «Познание мира» показал, что каждый урок способствует формированию ценностных качеств и ориентаций, социального мировоззрения у обучающихся начальной школы. Данный подход проявляется при помощи активных методов обучения таких как:

– проектная деятельность (проекты, связанные с социально-историческими проблемами, способствующие развитию навыков исследователя, творческой и социально активной личности);

– использование исторических источников (оригинальные исторические источники: фотографии, видео, письма, документы помогают младшим школьникам усвоить учебный материал более детально);

– интерактивные методы (кейс стади, дебаты, игровые технологии способствуют развитию коммуникационных навыков).

– диалог и обсуждение (диалоги, способствуют развитию компетентности в области социально-этических вопросов, формированию ценностных ориентаций).

Комбинация этих методов позволяет создать эффективный образовательный процесс, который способствует формированию обучающихся как активных граждан и глубоко мыслящих личностей.

Заключение

С целью подготовки младших школьников к духовно-нравственному, ценностно-ориентированному развитию, с учетом вышерассмотренных особенностей, необходимо осуществить поэтапную многокомпонентную психолого-педагогическую подготовку. Основной задачей учителей начальных классов является выработать в себе готовность к воспитанию гармонично развитой, творческой личности младших школьников с активной жизненной, духовно-нравственной позицией. Решение различных нравственных проблем через анализ сущности общечеловеческих ценностей, их значимости в жизни человека позволит учителям начальных классов сформировать у обучающихся богатый духовно-нравственный опыт, который они могут применить в повседневной жизни.

Список литературы:

1. Истрофилова О.И. Ценностно-ориентированный подход в построении процесса воспитания детей и подростков, проявляющих агрессивное поведение // Интернет-журнал «НАУКОВЕДЕНИЕ». - 2014. - № 6. – С. 250 – 257.

2. Утегенова Б.М., Серикбаева У.Б., Ержанова Ж.Б., Жаксыликова К. Ценностно-смысловые ориентиры в профессиональном образовании студентов гуманитарного педагогического направления. Известия. серия «Педагогические науки». – 2023. - № 2 (69). – С. 68-77.

3. Бахтиярова Г.Р., Кукенов Ж.Ж. Формирование ценностных ориентаций школьников на основе материалов казахской этнопедагогики. Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2023. - № 1 (77). – С. 220–228. DOI: https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.023.

4. Стефановская Т.А. Классный руководитель: Функции и основные направления деятельности: Учеб. пособие для вузов. – М.: «Академия», 2006. – 268 с.

5. Зосимовский А.В. Критерии нравственной воспитанности / Хрестоматия по педагогике / А.В. Зосимовский. – Барнаул, 1999. – 269 с.

6. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2023-2024 учебном году». – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2023. – 102 с.

7. Государственный общеобязательный стандарт начального образования. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348 [Электронный ресурс]. - Режим доступа https://online.zakon.kz.

8. Типовые учебные программы по общеобразовательным предметам начального образования, утвержденные приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 3 апреля 2013 года № 115 (с внесенными изменениями и дополнениями на 16 сентября 2022 г. № 399) [Электронный ресурс]. - Режим доступа https://online.zakon.kz.

БИЛИНГВАЛЬДІ ОТБАСЫЛАРЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДИАЛОГТІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Касенова Н.Т.,
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты,
Фейзулдаева С.А.,
философия докторы (PhD)
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Аннотация. Мақалада билингвальді отбасыларындағы мектепке дейінгі балалардың диалогті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері туралы мәселелер, мектеп жасына дейінгі бала тілінің қалыптасу, даму барысы қарым-қатынасқа байланысты екендігі туралы зерттеулер қарастырылады. Қазіргі кезде мемлекеттік тілге қатысты байқалатын мәселе кейбір отбасында жас баладан бастап үлкендеріне дейін орыс тілін қарым-қатынас тіліне айналдырып келе жатқандығы талқыланады. Билинвальді отбасы, тілдік қатынас, диалогтік сөйлеу ұғымдарына сипаттама беріледі. Билинвальді отбасындағы мектепке дейінгі балалардың диалогтік сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жолдары талдана отырып, олардың ерекшеліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: билингвальді отбасы, тілдік қатынас, диалогтік сөйлеу, сөйлеу дағдысы, коммуникативтік әдіс.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы формирования навыков диалогической речи дошкольников в билингвальных семьях, исследования взаимосвязи языкового формирования и развития дошкольников. В настоящее время наблюдаемая проблема государственного языка заключается в том, что в некоторых семьях, от маленьких детей до взрослых, русский язык используется в качестве языка общения. Описаны понятия билингвальной семьи, языкового общения, диалогической речи. Анализируя пути формирования навыков диалогической речи дошкольников в билингвальных семьях, рассматриваются их особенности.

Ключевые слова: билингвальная семья, языковые взаимоотношения, диалогическая речь, речевое мастерство, коммуникативный метод.

Abstract. The article deals with the formation of dialogic speech skills of preschoolers in bilingual families, research on the relationship between language formation and development of preschoolers. Currently, the observed problem of the state language is that in some families, from small children to adults, Russian is used as the language of communication. Description of the concept of bilingual family, language communication, dialogical speech. Analyzing the way of formation of dialogic speech skills of preschoolers in bilingual families, their features are considered.

Key words: bilingual family, language relations, dialogic speech, speech mastery, communicative method.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілге қатысты байқалатын мәселелер кейбір отбасында жас баладан бастап үлкендеріне дейін орыс тілін қарым-қатынас тіліне айналдырып келе жатқандығынан туындап отырғаны баршамызға мәлім.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ана тілдік қорлары өте аз, себебі ата-аналары үйде балаларымен орыс тілінде сөйлеседі, сондықтан балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында «диалогті сөйлеу» тәсілін басшылыққа алдым. Ойымды жүйелеп жеткізер болсам, қазіргі дамыған заманда адам(бала) зейінін ұстап қалу – ең маңызды дүниенің бірі. Яғни, адамдарды(баланы) қызықтыру, олардың назарын аудару – басты құндылыққа айналып отыр. Баланың психикасы мен сөйлеуі өзара байланыста дамитындықтан, баланы қазақ тілінде сөйлеуге үйрету психологиялық, лингвистикалық көзқарастарды есепке алады. Билингвальді

отбасыларындағы мектепке дейінгі балалардың диалогті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жолдары мен ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын, билингвальді отбасы ұғымына толталсақ.

Билингвальді отбасы- құрамындағы мүшелері күнделікті тұрмыста өз ана тілдерінде ғана сөйлемей, орыс немесе өзге тілдерді қолданатын қоғамдық шағын топ. Билингвальді отбасыларындағы басты мәселе-отбасы мүшелерінің бойындағы қостілділік. Соның нәтижесінде ата-ана мен балалар арасындағы туындайтын түсініспеушілік.

Мектепке дейінгі жас кезеңдеріне қарай, қатынастың әр түрлі нұсқалары болады, халықтық өлең-жырлардың ана тілге деген генетикалық кодтарды оятатыны, тыңдай білу, қойылған сұраққа логикалық және грамматикалық заңдылықтарға сәйкес жауап беруі балалардың өсе келе өзара және үлкендермен тілдік қатынасқа түсуіне байланысты. Баланың еске сақтауы, ойлауы, елестетуі, қабылдауы т.б ішкі сөйлеу тілінде орысша қалыптасып жатқанда (билингвальді ортада), қазақша сөйлеуге түрткі жасалмаса, балаға орыс тілінде сөйлеу әрекетіне түсу ыңғайлы. Ал ана тілінде сөйлеуі үшін оларды өзара және үлкендермен түрлі іс-әрекеттерде сөйлеу дағдыларын дамыту қажеттілігін ескере отырып, орыстілді баланы мемлекеттік тілде сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту жолдары мен оларды қарым-қатынасқа түсіретін диалогтік тілдік ресурстарды пайдаланғанымыз дұрыс.

Сөйлеу екі: монологтық және диалогтық формада болады. Бұл екі формалардың арасында лингвистикалық жағынан ғана емес психологиялық жағынан да ерекшеліктер бар. Диалогтық сөйлеу формасын психологиялық жағынан қарастырайық. Диалог- ол екі не одан да көп әңгімелесушылердің арасындағы сөйлеу процесі. Сондықтан бір сөйлеу актінің шеңберінде әрбір әңгімелесуші тыңдаушы және сөйлеуші ретінде кезектесіп шығады. Диалогты сөйлеу алдын ала жоспарлауға келмейді, өйткені бір әңгімелесушының сөйлеу тәртібі екіншісінің сөйлеу тәртібіне байланысты. Диалог-сөйлеудің жүру тәртібін белгілейтін бірқатар шеберлікпен байланысты.

Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы бойынша ұйымдастырылатын оқу-тәрбие іс-әрекеттерінің ешқайсысы бала мен педагогтің тілдік қарым-қатынасынсыз өтпейді.

Өйткені тіл-қарым-қатынас құралы. Тілге тән қызмет-адам өмірінде әрбір жеке тұлғаның болмысын айғақтайтын психологиялық және практикалық әрекеттер. Ақыл ой әрекетінсіз сөйлеу жоқ. «Сөйлеу бар жерде тыңдау болуы шарт. Баланы тыңдауға үйрету тілдік қарым-қатынасқа түсіру деген сөз» деген тұжырымды негіз етіп, билинвальді отбасынан келетін балалармен қазақ тілінде тілдік қарым-қатынасқа түсуге бағыттайтын әдіс-тәсілдерді анықтап, нақтылап, жұмыстар жүргізгеніміз жөн.

Қазіргі қоғамда қалыптасқан жағдайдағы кейбір балалар тіліне тән ерекшелік-олардың орысша ойлауы басым да, сол ойын жеткізетін сөйлеуі дағдарыста болуы. Бала тілінің қалыптасу, даму барысында лабораториялық зерттеулер жүргізген орыс ғалымдарының еңбектерінде тіл дамыту үдерісінің қарым-қатынасқа байланысты екендігі әрдайым айтылып келеді. Үйде, балабақшада, мектептің бастауыш сатысында бала күнделікті тұрмыста, ойын кезінде, еңбек үстінде, арнайы ұйымдастырылған іс-әрекетінде айналасындағылармен қарым-қатынасқа түсіп сөйлесе бастайды.

Полингвальді, билингвальді отбасыларының көптеп пайда болуына орай елімізде 3-7 жастағы балалардың сөйлеу әрекеті екі тілде (орыс және қазақ) аралас жүретіні шындық.

Көкейкесті мәселе: мектепке келгенде балалардың қазақ тілінде қойлатын сұрақтарды бірден түсінбей, тәрбиешімен тиісті деңгейде тілдік қатынасқа түспей жатуы. Осы жағдайға байланысты балалардың қазақ тілін меңгеру деңгейлерін есепке ала отырып, мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілердің коммуникативті дағдыларын қалыптастыру, дамыту мәселесін зерттеу көзделуде. А.Г. Рузскаяның «Отношение детей дошкольного возраста к разным вариантам общения со взрослыми» деген мақаласында балалармен төмендегідей қарым-қатынас түрлері жіктелген:

1) Туғаннан 6 айға дейінгі аралықтағы жекелей-жағдаятты қарым-қатынас;
2) 6 айдан 3 жасқа дейінгі жағдаятты-іскери қарым-қатынас;
3) 3 жастан 5 жасқа дейінгі жағдаяттан тыс-танымдық қарым-қатынас;
4) 5 жастан 7 жасқа дейінгі жағдаяттан тыс-жекелей қарым-қатынас [1].

Баланың 2-3 жас аралығындағы диалогті сөйлеуі пайда болуын зерттеп дәлелдеген ғалым А.М. Леушина: «Диалогті тіл- бала тілінің ең бастапқы формасы» деген. [3]. Алғашқы кезеңде өз-өзімен сөйлесуі баланың бір әрекетке енуінен (қуыршақпен, машинамен т.б ойнауы, күшікке, мысыққа тіл қатуы) барысында көрінеді. Ата-ана сол сәтті өткізіп алмай, ана тілінде ойын өлеңдермен бүлдіршіннің әрекетін мазмұнды ете түсуі керек.

Ата-ана үйде баламен күнделікті қарым-қатынаста ана тілінде сөйлесуді, баланың айналасындағылардың сөздерін тыңдап, соған еліктеп қайталап, жадында қалдыратынын ұмытпаулары керек. Өкінішке орай, көптеген отбасыларындағы үлкендер баланың осы қабілетін ескермей, өздерінің олармен қарым-қатынасын өз тілінде емес, өзге тілде өткеріп жатады.

Ана тілін табиғи жағдаятта игере бастаған сәбилер 3-5 жаста үлкендермен саналы түрде сөйлесе бастауы тиіс. Ортаңғы топ балалары көп сұрақ қойғыш келеді. Тілдік қатынасқа өздері ұмтылып тұрады. Жағдаяттан тыс-танымдық қатынастағыларды «Негештер» (почемучки) деп аталу осыдан шыққан. Балалар бұрынғыдай айналасындағы заттармен әрекет жасап қоя салмайды, олардың ерекшеліктерін тереңірек білуге, зерттеуге кіріседі. Осы кезде үлкендер білетін деректерге сүйенеді. Баланың қызығушылығы артып, қиялы әр нәрсеге жетелейді.

Ал балабақшаның мектепалды тобындағы 5-7 жастағы балалардың мектептегі оқуы сәтті жалғасуы үшін балабақша тәрбиешілері мен кіші сынып мұғалімдерінің жұмысында сабақтастық орнығуы керек. Балалардың өзара және педагогтармен қатысымдық-коммуникативтік әрекетке түсуі оларға негізінен мынадай құзыреттерді қалыптастыруға байланысты: қазақ тілінде сөйлесуге қатысатын тұлғалар мен тілдік құралдарды қолданылу амалдарын жете игеруі және оларды қажеттілігіне қарай жұмсай білуі. Бұл-осы жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру деген сөз. Баланы сөйлеуге үйретуде сол меңгертілетін тілдегі сөз тіркестерінің, сөйлемдерінің құрылысын қабылдатуға көп күш жұмсалуы қажет. «Сөздік қордың дамуына, естігенді не тыңдағанды дұрыс қабылдауына баланың тілдегі ең кіші бірліктері туралы білуі де шешуші рөл атқарады» делінген скопус мақаласында [4].

Сөйлеу әрекетінің басты көзі-коммуникативтік-танымдық қажеттілік. Бүгінгі көптілді қоғамда туындап отырған мәселе: қолдарына гаджеттерді құлшына тұтынған бүлдіршіндердің танымы орыс тілінде өте белсенді дамуда. Осы жағдайдан арылтудың жолы үйде не балабақшада ұйықтар алдында диктафон, магнитафонға жазылып қойылған біркелкі жырларды, ертегілерді тыдату деп ойласқ та, қостілділік бала қатынасына түскендіктен, оларды қиял әлеміне жетелеуге, тәрбиелік әсер алуға бұл әдісте жеткізе қоймайды. Біздіңше, оның орнына үлкендердің мәнерлеп оқыған әңгіме, ертегілері құндырақ. Ата-ана, педагогтер тарапынан жағдаяттық-іскери қатынас ұйымдастырылуы мелекеттік тілде байланыстырып сөйлеу мәселесінің шешімін табу үшін өте қолайлы деп есептейміз. Яғни, бала мен үйретушінің білуге және білдіруге (үйретуге) қажетті тілдік материалдарға байланысты қарым-қатынасқа түсуі өлең-жырларды дауыстап оқуды, балалардың тыңдауын қамтамасыз етеді. «Тыңдалым өте маңызды. Өйткені тыңдай отырып, біз сөйлесушімізбен сөйлесеміз» деген П.П. Блонский [5]. Ғалым тұжырымына сүйеніп, баланы естігені бойынша дұрыс жауап беруге үйрету керек. Балаларды өзара немесе үлкендермен жоғарыдағыдай тілдік қатынастарға түсіруде «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту» оқу құралынан тіл дамытудың әдістемелік ұстанымдарын ұстанған жөн. Олар:

1. Балалардың сөйлеу тілін айтылым мен түсіну үдерісінде қалыптастыру ұстанымы.
2. Ана тілінің барлық жақтарын (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) өзара байланыста оқыту ұстанымы.
3. Сөйлеу әрекетіне түсіру немесе белсенді сөйлеуді қамтамасыз ету ұстанымы.

Педагог баланың аузынан шыққан жекелеген сөздер сөйлеу болмайтынын білуі тиіс.

Төмендегідей шарттарды ұстанғанда ғана балалар педагог үйреткен тілдік материалдарды белсенді қолдана бастайды:

-сөйлеуге іштей қажеттілік (осылай деу жөн) туындағанда;

-сөйлеу мақсаты (неге солай сөйлейтіні) айқын болғанда;

-баланың айтар ойы (сөздері жеткілікті, мазмұнды) анық болғанда.

Осы ұстанымдарды ескере келе балабақшаның мектепалды топ балаларымен жүргізген бақылау іс-тәжірибемізден көз жеткізгеніміз-тілі ана тілінде шықпаған баланың тілін дамытуға коммуникативтік-әрекеттестік әдісін қолданудың маңыздылығы.

«Сөйлеу тілі-әрекет және оның жемісі. Сондықтан да сөйлеуде ауытқулар болып тұрады. Сөйлеуді іс-әрекет ретінде түсіну тілді оқытудың міндетіне сай келмек» деп әдістемелік зерттеуде көрсетілсе, «Сөйлеуді дамытудағы коммуникативті-әрекеттестік ұстанымы» деп аталған принципке берілген анықтамада: «Бұл принцип сөйлеуді қарым-қатынас үшін тілді қолданудан тұратын әрекет ретінде түсінуге негізделген. Ол балабақшадағы балалардың сөйлеуін дамыту мақсатынан-сөйлеуді қарым-қатынас пен таным құралы ретінде дамытудан туындайды және ана тілін оқыту процесінің практикалық бағытын көрсетеді» деп берілген оқу құралында.

«5-7 жастағы балалардың тілдік қарым-қатынасынан байқалатын ерекшеліктің бірі-үлкендердің сұрақтарына ойланып барып жауап бере бастауы. Ана тілі қалыпты жағдайда қалыптасқан, әрдайым ана тілінде сөйлейтін бала үлкендермен еркін түрде сұхбаттаса бастайды. Адамдар арасында болып жатқан жағдаяттар туралы білгісі келіп, әр нәрсе оларды қызықтырады, жақсы-жаман істер неліктен болатынын, қандай тұста өзін қалай ұстауы керектігін білуге тырысады. Сұрақтар жаудырып, талдауға кіріседі, кейде пікір таластыруға дейін баратын болады. Олар үлкендермен, өз тұрғыластарымен өзара түсінуге, өзара болысуға ұмтылып тұрады. Білмейтін деректері туралы білгілері келетінін көрсетеді, кейде олардың оқып-үйренуіне жұмылдырылатын уақыт тіпті шектен тыс көбейіп кетуі де мүмкін».

Ал балабақшаға билингвальді отбасынан келетін балалар өз тұрғыластарымен сөйлесе алмайтындықтан, сөйлеу әрекетінен, яғни өз тұрғыластарымен тілдік қарым-қатынасқа түсуден бас тартады. Тәрбиеші қаншалықты мотивация жасаса да, қойылған сұраққа берген жауаптарында грамматикалық ауытқулар кездесіп жатады. Осы кезде педагог сөзге тартқан баламен меңгерген тілдік қабілетіне қарай қатынасқа түсуі керек. Жекелей-жағдаятты қарым-қатынас жасау-орыстілді баланың болашағына жол ашатын мүмкіндік. Швеция елінде швед тілін екінші тіл ретінде үйренуге мәжбүр болған балаларға үлкендер көмегінің қажет екендігін ескерткен мақалада: «Көптеген елдерде мектепке дейінгі мекемелер баланың өз айналасынан, яғни үйінен ала алмаған көмекті толықтыратын рөлде көрінеді. Циалковский және Голдстейн сияқты зерттеушілер толыққанды көмек алған жағдайда сөйлеу тілі кеш қалыптасып жатқан балалар өз тұрғыластарын қуып жетіп, өздерінің коммуникативті дағдыларын, тіпті функционалдық сауаттылығын жақсарта алады» делінген.

Аралас тілде сөйлейтін баланың ойын барысында, арнайы ұйымдастырылған жағдаятта ана тілінде нормаға сай сөйлейтін балалармен қарым-қатынасқа түсуі өте маңызды. Ана тілінің табиғи дамытылуы жағдайында А.В. Запорожец, М.И. Лисина, А. Э. Рейнстейн деген ғалымдар «үлкендермен болатын қарым-қатынастан гөрі балалардың өз тұрғыластармен тілдік қарым-қатынасқа түсуі белсенді болатынын» айтқан.

«Сөйлеудің жаңа формалары мен функцияларының пайда болуы балалардың басқа адамдармен қарым-қатынасы барысында олардың алдында тұрған міндеттермен байланысты. Балалардың қарым-қатынастың неғұрлым дамыған түрлеріне көшуімен олардың сөздік қоры кеңейеді, жаңа грамматикалық категориялар пайда болады. Сөйлемдер күрделеніп, созылады, қарым-қатынас құрылымы (сөйлеудің басқа құралдар арасындағы орны, тартымдылығы) өзгереді». Бұл тұжырымды А. Э. Рейнстейн біркелкі жастағы, бірақ қарым-қатынас дамуының әртүрлі деңгейдегі балалардың сөйлеуін, сондай-ақ әртүрлі жастағы, бірақ коммуникативті белсенділік деңгейіндегі балалардың сөйлеуін салыстыра отырып жасайды» деп жазылғандай, жүргізілген диагностикалық зерттеу мен қалыптастыру экспериментіне қойылған мақсаттар сөйлеу тілі әркелкі балаларға қажетті дидактикалық материалдарды айқындауға ықпал етті [2]. Орыстілді әр баланың үйде, топ ішінде және өзара жағдаятқа қарай туындап жататын, түрлі қарым-қатынас жағдайындағы сөйлеу тілі өзгеріп, дамып отыратын мазмұнға ие. Қарым-қатынасты балалардың ана тілін білу деңгейлеріне қарай жоспарлау, сөйлеу мақсатына қарай

балалардың ана тілінде, мемлекеттік тілде таза сөйлеуге, ойын анық жеткізуге тәрбиелеу ата-ана, балабақша тәрбиешісі мен бастауыш сынып мұғалімдерінің мойнында.

Әдебиеттер:

1. Стародубова Н.А. Теория и методика развития речи дошкольников. 5-ое издание. Педагогические образование. –Москва: «Академия», 2006.-21 с.
2. Развитие речи детей младшего дошкольного возраста (разновозрастная группа): учебно-методическое пособие.- Орск, Издательство ОГТИ, 2009.-131 с
3. Jones D. Speaking, listening, planning and assessing: The teacher's role in developing metacognitive awereness. Early Child Development and Care.-2007.-Vol.177(6/7).- P.569-579
4. Bratlie S.S., Brinchmann E.I., Melby-Lervag M., Torkildsen J.V.K. Morphology-A Gateway to Advanced Language: Meta-Analysis of Morphological Knowledge in Language-Minority Children // Review of Educational Research. -2022.-Vol. 92(4). – P.614-650
5. Блонский П. П. Память и мышление. Избранные педагогические и психологические стчинения.-Москва, 1979. -247 с.

ВЗАИМОСВЯЗЬ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ И БЛАГОПОЛУЧИЯ ЛИЧНОСТИ ОБУЧАЮЩЕГОСЯ

Книсарина Малика Максатовна,
PhD, доцент кафедры
Алитурлиева Айша Сандыбаевна,
Оралбекова Нұрай Ғаниқызы,
студенты 1 курса по специальности
«6BM10110 - Стоматология»
Кафедра психологии, Западно-Казахстанский
медицинский университет имени Марата Оспанова

4. Новикова, В. С. Инновационные методы преподавания английского языка / В. С. Новикова. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2022. – № 42 (437). – С. 237-238. – URL: https://moluch.ru/archive/437/95645/ (дата обращения: 10.01.2024).

МНЕМОТЕХНОЛОГИЯНЫҢ КӨМЕГІМЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

Утилова Айгуль Муратовна,
п.ғ.к., педагог зерттеуші.
Рахманғазы Маржан Амангельдықызы,
6В01210 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту педагогикасы мамандығының 2 курс студенті,
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту кафедрасы,
Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті

Аннотация. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тілінің дұрыс қалыптаспауы, олардың тілдерінде ақаушылықтар сияқты қиыншылықтар көптен пайда болып жатыр. Тіпті тілінің шықпауы байқалуда. Барлық ғалымдар мен мамандар осы мәселені байқап көптеген оның шешімдерін іздестіруде. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиеленушілердің тілін дамытуда мнемотехнологияның көмегімен осы проблемаларды шешу жолдары, сонымен қатар балалардың тілдерін мнемотехника технологияның әдіс-тәсілдерін жиі қолданудағы нәтижесі қарастырылды. Мақалада балабақшадағы балалардың тілінің дамуы бақылауға алынып, жан-жақты қарастырылды. Мнемотехниканың түрлі әдіс-тәсілдерін қарастырып, олардың мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің дамуына жақсы әсері байқалды. Егер балабақшаға мнемотехниканың енгізу алдында балалар қарапайым сұрақтарға жауап бере алмай, сөздік қорлары аз, айтылған ертегі, әңгімелерді өздері дербес айта алмай жатса, енгізгеннен кейін балалар өздері ертегінің мазмұнын суреттерді көріп айта ала бастады, сұрақтарға қарапайым жауап бере алды, сөздік қорлары кеңейді. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тілінің дамуына бағытталған әдіс-тәсілдердің қолдану жолдары және оның баланың сөйлеу дағдысына әсері жайлы айтылған. Жалпы айтқанда, мнемотехниканың бала тіліне оң әсерін беретіні айқындалды.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі ұйым, мектеп жасына дейінгі балалар, технология, мнемотехника, мнемоквадрат, мнеможолақша, мнемокесте.

Аннотация. В настоящее время в дошкольных организациях уже давно возникают такие трудности, как недоразвитие речи детей, пороки их языка. Замечено даже отсутствие языка. Все ученые и специалисты, наблюдая за этой проблемой, ищут ее решения. В данной статье рассмотрены пути решения данных проблем с помощью мнемотехники в развитии языка воспитанников дошкольных организаций, а также результаты частого применения методик и приемов мнемотехники языков детей. В статье прослеживается и всесторонне рассматривается развитие речи детей в детском саду. Рассмотрев различные методы мнемотехники, было отмечено их благотворное влияние на развитие речи детей дошкольного возраста. Если перед введением мнемотехники в детский сад дети не могли отвечать на простые вопросы, имели небольшой словарный запас, рассказывали сказки, рассказывали рассказы самостоятельно, то после введения дети сами стали рассказывать содержание сказки, видя картинки, отвечая на простые вопросы, расширялся словарный запас. В данной статье рассказывается о способах применения методик, направленных на развитие речи детей в дошкольных организациях, и его влиянии на речевые навыки ребенка. В целом установлено, что мнемотехника оказывает положительное влияние на язык ребенка.

Ключевые слова: дошкольная организация, дошкольники, технологии, мнемотехника, мнемоквадрат, мнемодорожка, мнемотаблица.

Abstract. Currently, preschool organizations have long faced difficulties such as underdevelopment of children's speech, defects in their language. Even the absence of a language was noticed. All scientists and specialists, observing this problem, are looking for solutions. This article discusses ways to solve these problems with the help of mnemonics in the development of the language of pupils of preschool organizations, as well as the results of the frequent use of methods

and techniques of mnemonics of children's languages. The article traces and comprehensively examines the development of children's speech in kindergarten. Having considered various methods of mnemonics, their beneficial effect on the speech development of preschool children was noted. If before the introduction of mnemonics in kindergarten, children could not answer simple questions, had a small vocabulary, told fairy tales, told stories on their own, then after the introduction, the children themselves began to tell the content of the fairy tale, seeing pictures, answering simple questions, the vocabulary expanded. This article describes the ways of applying techniques aimed at the development of children's speech in preschool organizations, and its impact on the child's speech skills. In general, it has been established that mnemonics has a positive effect on the child's language.

Key words: preschool organization, preschoolers, technologies, mnemonics, mnemonics, mnemonics, mnemonics.

Кіріспе

Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі білім беру саласында елеулі өзгерістер орын алуда: бағдарламалардың мазмұны күрделене түседі, педагогтердің назары балалардың зияткерлік және креативті қабілеттерін дамытуға, эмоциялық-еріктік және қозғалыс салаларын түзетуге аударылады; дәстүрлі әдістердің орнына баланың сыни ойлауын дамытуға бағытталған оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық әдістері келеді.

Алайда, қазіргі уақытта балаларда сөйлеуді дамыту өзекті мәселе болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту іс-әрекеттерінде тәрбиешінің жұмыс тәсілдерін өзгерту қажет[1, 285 бет]. Осыған орай мақсаты балалардың сөйлеуін дамытуда мнемотехнологияның қолдану тиімділігін анықтау.

Міндеттері:

1. Мнемоника технология ұғымы бойынша ғылыми әдебиет көздерін зерттеу.
2. Балабақшалардағы мнемотехнологияның әдіс-тәсілдеріне талдау жасау.
3. Мектепке дейінгі ұйымдарды мнемотехнологияны қолдануын тиімділігін анықтау.

Зерттеу болжамы: Егер мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтар мнемотехнологияның әдіс-тәсілдерін жиі пайдаланып отырса, балалардың тілін дамуын қамтамасыз етеді.

Жаңашылдық: Мнемотехнологияны жиі қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің қарқынды дамуын қамтамасыз етеді.

Соңғы кездері елімізде сөйлеу тілі бұзылған балалардың саны артып келеді. Мектеп жасына дейінгі балаларда жиі кездесетін сөйлеу кемшіліктері сөйлеу дыбыстарының айтылуындағы бұзылулар болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардағы сөйлеудің ең көп кездесетін кемшіліктері дыбысты айтудың бұзылуы. Дыбысты айтудың бұзылуын, оны түзету мәселелерін логопедия теориясы мен практикасы саласындағы көптеген ғалымдар зерттеді [2, 19 бет].

Зерттеу нысанасына мектеп жасына дейінгі балалар бақылауға алынды.

Негізгі бөлім. Мнемотехнология – есте сақтау өнері, жасанды ассоциацияларды қалыптастыру арқылы есте сақтауды жеңілдететін және есте сақтау қабілетін арттыратын, тілді дамытатын тәсілдер мен әдістердің жиынтығы [3, 7 бет].

Мнемотехнологияның ерекшелігі нысандардың суреттерін емес, символдарды қолдану болып табылады. Бұл әдіс балаларға сөздерді іздеуді және есте сақтауды айтарлықтай жеңілдетеді. Символдарды қолдана отырып, балалардың тіліндері дамиды, сонымен қатар анализаторлық сезімдері жетіледі [4, 103 бет].

Бұл технологияның басқа технологиялардан өзгешелігі балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, біз олардың тілдік қорын да жетілдіреміз. Сондықтан, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын молайтуда мнемотехнологияның рөлі зор [5, 40 бет].

Мнемотехниканың құрылымы: мнемошаршылар, мнеможолдар, мнемокесте [6, 6 бет]. Әрқайсысына тоқталып кетсек: Мнемошаршылар – бір заттың немесе қимылдың сиволдық немесе көрнекі суреті (тақпақтың бірінші жолы, ертегінің басы); Мнеможолдар – бір сюжетпен біріктірілген заттардың, қимылдардың бейнелері; Мнемокесте – бұл ақпараты берілген схема [7, 288 бет].

Мнемокестелердің көмегімен:

- Балалар әңгімелер айтуды, әдеби шығармаларды қайталауды, өлеңдерді жаттауды үйренеді, балалар мәтінді қайталағысы келеді.

- Балалар қоршаған әлем туралы білім шеңберін кеңейтеді.

- Олар мәлімдеме алгоритмін құра алады. Балалар өз ойларын сөйлем түрінде дұрыс тұжырымдауды үйренеді [8, 20 бет].

Мнемоникалық кесте-бұл белгілі бір ақпарат енгізілген схема. Мнемоникалық кестелермен жұмыс істеу әдістерін меңгеру оқу уақытын едәуір қысқартады және сонымен бірге келесі міндеттерді шешеді:

- негізгі психикалық процестерді дамыту-есте сақтау, зейін, бейнелі ойлау;

- ақпаратты қайта кодтау, яғни дерексіз таңбалардан кескіндерге түрлендіру;

- ішінара немесе толық графикалық репродукциямен қолдың ұсақ моторикасын дамыту [9, 7-9 бет].

Мақаланың мақсатына жету үшін мнемотехника технологияның әдіс-тәсілдері қолдану көзделді. Олардың ішінен мнемокесте, мнемошаршы, мнеможолақшалар әдіс-тәсілдері №38 сәбилер бақшасының «Көбелектер» ортаңғы «А» тобында енгізілді.

Сөйлеудің даму деңгейін тексеру балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылған келесі параметрлер бойынша жүргізіледі:

- сөйлеуді түсіну;

- фонематикалық есту қабілетінің қалыптасуы;

- заттық және етістік сөздік;

- сөздердің буындық құрылымы;

- белсенді сөйлеудің даму деңгейі;

- артикуляциялық аппараттың күйі және дыбыстың айтылуы.

№38 сәбилер бақшасының «Көбелектер» ортаңғы «А» тобындағы тәрбиеленушілердің сөйлеу қабілеттерін дамыту, яғни берілген мақаланың мақсатына жету үшін келесі жұмыстар жүргізілді:

1. «Көліктер» тақырыбындағы мнемотехниканың әдіс-тәсілдерін пайдаланып, кіріктірілген ұйымдастырырлған оқу іс-әрекетін жүргізу.

2. Мнемотехниканың мнеможолақша әдісін пайдаланып, сергіту сәттерін ұйымдастыру.

3. Еркін тақырыптарға сәйкес мнемотехниканың мнемокесте әдісін пайдаланып, тақпақтарды жаттау.

4. Мнемошаршылардың көмегімен жаңа заттармен, құбылыстармен таныстыра отырып, ойындарды ұйымдастыру.

5. «Отбасы» тақырыбына мнемокестелерді пайдаланып, әңгімелесу іс-әрекетін жүргізу.

Мнемотехнологияның балаға әсері:

- Көру және есту жадылары дамиды;

- Көру және есту зейіні жетіледі;

- Қиялы жетіледі;

- Сөйлеудің барлық жақтары дамиды[10, 6 бет].

Ересек тобының тәрбиеленушілерінің сөйлеу қабілетінің деңгейін анықтау үшін Степанова Людмила Александровнаның келесі әдістемелерін қолданылды:

1. «Ойыншықты көрсет» әдістемесі.

Мақсаты: Баланың белгілі бір ойыншықты басқалардан ажырата білу қабілеті (төртеуінен біреуін таңдау), ауызша нұсқауларға сәйкес әрекеттерді орындалуын анықтау.

Құрал-жабдықтар: ойыншықтар-машина, қуыршақ, аю, қоян.

Тексеру әдісі: баланың алдында ойыншықтар үстелге қойылады, содан кейін тәрбиеші: «Қоянның қайда екенін көрсетші. қуыршақтф алшы. Машинаны алшы. Қуыршақты машинкаға салшы».

Бекітілген: баланың ойыншықты таңдауы және нұсқаулыққа сәйкес әрекеттерді орындау.

2. «Ненің дауысы?» әдістемесі.

Мақсаты: Жануарлардың дыбыстарына ұқсатып айту қабілетін және есту қабілетінің деңгейін анықтау.

Құрал-жабдықтар: жануарлардың суреттері: мысықтар, қозы, сиыр.

Тексеру әдісі: баланың алдында суреттер қойылып, «му, бе, мяу деп кім айқайлайтынын көрсет» деп сұрайды. Содан кейін оған дыбысын айту ұсынылады: «сиырдың қалай муылдағанын айт. Мысықтың қалай мияулайтынын айт. Қозының айқайлағанын көрсет».

Бекітілген: нұсқауларға сәйкес суреттерді көрсету және дыбыстарды айту мүмкіндігі.

3. «Әңгімелеп берші» әдістемесі.

Мақсаты: Сөйлеу мен грамматикалық жүйенің күйін анықтау.

Құрал-жабдықтар: балалардың өмірінде жиі кездесетін әрекеттерді бейнелейтін сюжеттік суреттер: бала құбырда ойнайды, қыз сурет салады, қыз гүлдерді суарады, анасы баланы жуады, бала көгершіндерді тамақтандырады, қыз билейді, қыз коньки тебеді, қыз арқанмен секіреді.

Тексеру әдісі: балаға суреттерді қарау ұсынылады, содан кейін нұсқаулық беріледі: «Әңгіме айт». Егер бала тапсырманы орындай алмаса, онда сұрақтар қойылады: «Бала не істейді? Қыз не істейді? Анам не істейді?»

Бекітілген: баланың сұраққа сөзбен, сөз тіркесімен жауап беру, сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құру қабілеті.

«Ойыншықты көрсет» әдістемесі бойынша бақылау «А» тобы 4 бала жоғары деңгей, 7 бала орташа деңгей, 1 бала төмен деңгейді көрсетті. Ал эксперименттік «Ә» тобы 4 бала жоғары деңгей, 5 бала ортаңғы деңгейді көрсеткішін көрсетті.

«Ненің дауысы?» әдістемесі бойынша бақылау «А» тобы 3 бала жоғары деңгей, 7 бала орташа деңгей, 2 бала төмен деңгейді көрсетті. Ал эксперименттік «Ә» тобы 1 бала жоғары деңгей, 7 бала ортаңғы және 3 бала төмен деңгейді көрсеткішін көрсетті.

«Әңгімелеп берші» әдістемесі бойынша бақылау «А» тобы 3 бала жоғары деңгей, 8 бала орташа деңгей, 1 бала төмен деңгейді көрсетті. Ал эксперименттік «Ә» тобы 1 бала жоғары деңгей, 4 бала ортаңғы және 4 бала төмен деңгейді көрсеткішін көрсетті.

Анықтаушы экспериментінің әдістемелері арқылы ортаңғы тобының тәрбиеленушілерінің сөйлеу қабілетінің жоғары деңгей көрсеткіші:

1. «Ойыншықты көрсет» әдістемесі – 34%
2. «Ненің дауысы?» әдістемесі – 17%
3. «Әңгімелеп берші» әдістемесі – 17%

Нәтижелерді талдау көрсеткендей «А» тобының сөйлеу деңгейінің көрсеткіші 43%, «Ә» тобының сөйлеу деңгейінің көрсеткіші 26%. Кесте арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілетінің көрсеткішін көре аламыз (1-кесте). Яғни, қиындық тудырған әдістемелердің бірі - «Ненің дауысы?» әдістемесі және «Әңгімелеп берші» әдістемесі.

Зерттеудің нәтижелері мектеп жасына дейінгі ортаңғы топта балаларда ауызша сөйлеу қабілетінің төмен екендігін білдіреді. Балалар ойыншықтардың, заттардың атауларын айта алады, оларды басқа заттардан жекелеп алып, олармен әрекет жасай алады. Жануарлардың дыбыстарын ажырата алады, оларды дыбыстай алады. Бірақ суреттерге қарап, онда не болып жатқанын дербес айта алмады.

Қорытынды

Нәтижесінде қалыптастырушы эксперимент жүзеге асады. Бұл экспериментке төмен көрсеткіш көрсеткен эксперимент «Ә» тобы қатысады. Қалыптастырушы эксперименті кезіндегі қойылатын міндеттер:

- Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу қабілетін мнемотехника технологиясының әдістері арқылы дамыту;
- Балалардың қызығушылық белсенділігін арттыру;
- Балалардың дербес әңгіме жүргізу қабілетін жетілдіру.

Анықтаушы диагностика жүргізгеннен кейін балалардың сөйлемді дұрыс құрастыра алмайтыны және тақырып бойынша дербес әңгіме айта алмайтыны анықталды. Осы мәселе

бойынша мнемотехника технологияның әдіс-тәсілдерін пайдаланып, балалардың тілін дамытуға бағдарланған жұмыс жоспары құрастырылып, оны жүзеге асыру басталды. «Көліктер» тақырыбындағы кіріктірілген ұйымдастырырлған оқу іс-әрекеті, мнемотехниканың мнеможолақша әдісін пайдаланып, сергіту сәттері, мнемотехниканың мнемокесте әдісін пайдаланып, тақпақтарды жаттау, мнемошаршылардың көмегімен жаңа заттармен, құбылыстармен таныстыра отырып, ойындарды ұйымдастыру, «Отбасы» тақырыбына мнемокестелерді пайдаланып, әңгімелесу іс-әрекеті жүргізілді. Қорытынды диагностика нәтижесінде балалардың тілінің даму көрсеткіштері өсті.

Қорытындылай келе, «Ә» эксперименттік тобының сөйлеу деңгейінің көрсеткіштері 26%-дан 52%-ға өскені байқалады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Веделина, Е. А. Использование мнемотехники в развитии речи дошкольников, Актуальные проблемы непрерывного образования: матер. междунар. научно-практ. конф. - Павлодар: ПМПУ, 2019.- Т.2. - С. 285-290
2. Жакипбекова, С. С. Мнетехника мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамуының қазіргі технологиясы ретінде, 2022. -№6. - С. 19-22
3. А. Ембергенова. Мнемотехника - балалардың тілін дамыту үшін қолданылатын табысты әдіс. Детский сад: воспитание и обучение Балабақша: тәрбиелеу және оқыту. - 2017. - №12. - С. 7-8.
4. Омельченко, Л. В. Использование приемов мнемотехники в развитии связной речи. 2008. № 4. с. 102-115
5. Е. Татищева. Знакомство с мнемотехникой. 2020.-№4. - С. 39-42
6. Смагулова С.К., Оспанова Г.М Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданатын тиімді технологиялар, Алматы, 2022ж. 172б.
7. А.Б. Бакраденова. Мектеп жасына дейінгі балалар тілінің дамыту теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. - Павлодар. 2016ж. – 291б
8. Имашева М. Зият бұзылысы бар балалармен логопедиялық жұмыста инновациялық әдістемелер бойынша түзету жұмысы, 2021.-№8. - С. 15-20
9. Большова, Т. В. Учимся по сказке. Развитие мышления дошкольников с помощью мнемотехники / Спб.,2005. 74 б.
10. Светлокова В.В. Мнемотехника для дошкольников. Омутнинск, 2020. С. 59.

ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПРАВОВАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ КАК НЕОБХОДИМОЕ УСЛОВИЕ УСПЕШНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА

Жиентаева Бегайым Жиентаевна,
к.п.н., доцент
Мажитова Гульмира Нурлановна,
Специальность «Педагогика и психология»
Магистрант 2 курса,
г.Астана, Университет Туран

Аннотация. В статье "Профессионально-правовая компетентность как необходимое условие успешной деятельности будущего педагога-психолога" обсуждается значимость профессионально-правовой компетентности в подготовке и работе специалистов в области образования и психологии. Анализируются ключевые аспекты данной компетентности, включая знание основных норм и принципов права, умение применять их на практике, а также эффективное взаимодействие с юридическими органами и другими участниками образовательного процесса. Статья подчеркивает важность профессионально-правовой компетентности для обеспечения качественной и безопасной образовательной и психологической поддержки обучающихся, а также для соблюдения законодательных норм и принципов профессиональной этики.
Ключевые слова: профессионально-правовая компетентность, педагог-психолог, психологическая поддержка, этика, успешная деятельность.

Abstract. The article “Professional and legal competence as a necessary condition for the successful activity of a future educational psychologist” discusses the importance of professional and legal competence in the training and work of specialists in the field of education and psychology. The key aspects of this competence are analyzed, including knowledge of the basic norms and principles of law, the ability to apply them in practice, as well as effective interaction with legal authorities and other participants in the educational process. The article emphasizes the importance of professional and legal competence for providing high-quality and safe educational and psychological support for students, as well as for compliance with legislative norms and principles of professional ethics.
Key words: professional and legal competence, educational psychologist, psychological support, ethics, successful activities.

Аннотация. «Кәсіби-құқықтық құзыреттілік болашақ педагог-психологтың табысты іс-әрекетінің қажетті шарты ретінде» атты мақалада білім беру және психология саласындағы мамандарды даярлау мен жұмысындағы кәсіби-құқықтық құзыреттіліктің маңыздылығы қарастырылған. Құқықтың негізгі нормалары мен принциптері, оларды іс жүзінде қолдана білу, сондай-ақ құқықты қорғандармен және білім беру процесінің басқа қатысушыларымен тиімді өзара іс-қимыл жасау осы құзыреттің негізгі аспектілері ретінде талданады. Мақалада студенттерге сапалы және қауіпсіз білім беру, психологиялық қолдау көрсету, сондай-ақ кәсіби этиканың заңнамалық нормалары мен принциптерін сақтау үшін кәсіби- құқықтық құзыреттілік маңыздылығы атап өтілген.
Түйін сөздер: кәсіби-құқықтыққұзыреттілік, педагог-психолог, психологиялық қолдау, этика, табыстықызмет.

Профессионально-правовая компетентность играет важную роль в успешной деятельности будущего педагога-психолога. Она представляет собой необходимый набор знаний, умений и навыков, который помогает специалисту осуществлять свою профессиональную деятельность в соответствии с законодательством и нормами профессиональной этики.

В настоящее время сфера образования и психологии сталкивается с рядом сложных и актуальных проблем, связанных с правами и интересами обучающихся, педагогов, родителей,

а также с правовыми нормами, регулирующими профессиональную деятельность. В этом контексте профессионально-правовая компетентность становится необходимым инструментом для решения разнообразных задач и обеспечения качественного образования и психологической помощи.

Первое, на что следует обратить внимание, это знание основных принципов и норм законодательства, регулирующих сферу образования и психологической деятельности. Это включает в себя знание законов об образовании, прав детей и родителей, а также правила профессиональной этики и деонтологии. Понимание этих норм и их применение в практике помогает педагогу-психологу действовать в соответствии с законом, защищать права и интересы обучающихся и других участников образовательного процесса.

Второй аспект профессионально-правовой компетентности – умение применять правовые нормы на практике и реагировать на различные ситуации, в которых возникают юридические вопросы. Это требует умения анализировать ситуацию, оценивать риски и последствия принимаемых решений, а также консультировать участников образовательного процесса по правовым вопросам.

Наконец, третий аспект профессионально-правовой компетентности связан с эффективным взаимодействием с другими участниками образовательного процесса и представителями юридических органов. Это включает в себя умение аргументировать свою позицию, защищать права и интересы обучающихся и коллег, а также сотрудничать с юридическими консультантами и органами, ответственными за соблюдение законодательства в образовании [1].

Профессионально-правовая компетентность педагога-психолога – это комплементарная способность специалиста/личности эффективно выполнять профессиональную деятельность в соответствии с нормативно-правовыми документами в целях защиты прав и законных интересов объекта психолого-педагогической деятельности. Основу формирования профессионально-правовой компетентности будущего педагог-психолога составляет понимание ее сущности как качественной характеристики личности, готового к правомерной реализации профессиональной деятельности, к комплексной работе подразумевающей всестороннюю защиту детства.

Структурными составляющими профессионально-правовой компетентности мы рассматриваем нижеследующие компоненты:

1. Мотивационно-ценностный компонент
2. Когнитивный компонент
3. Деятельностный компонент

Мотивационно-ценностный компонент предусматривает совокупность таких мотивов, как интерес к правовым знаниям, позитивное принятие нормативно - правового обеспечения профессиональной деятельности; осознание необходимости формирования правовой компетентности как составляющей профессиональной компетентности будущего специалиста; наличие личностной установки на защиту интересов и прав ребенка, на осуществление его правового воспитания, принятия права как ценности, проявление ценностного отношения к закону, праву в целом. Правовые ценности мы рассматриваем как признаки права, являющиеся значимыми для студентов. К ним относятся право, права и свободы человека, справедливость, законность, равенство людей.

Мотивация будущего педагог-психолога для активной правовой деятельности в интересах детей детерминируется принятием значимости правовых знаний и умений в профессиональной деятельности, отношением к праву как к ценности, уважением прав человека и ребенка, осуществлением правового воспитания учащихся и правового информирования родителей. Для формирования этого компонента правовой компетентности следует инициировать не только правовое обучение как внешний фактор, влияющий на формирование правовой компетентности, но и активизировать внутренние побуждения (мотивы, потребности, ценности, правовые установки), будущих педагогов.

Профессиональная - правовая деятельность студентов с целью формирования этого компонента организуется как на занятиях, так и во внеаудиторное время.

Когнитивный компонент объединяет совокупность теоретической подготовки будущего педагог-психолога в правовой сфере, системы правовых знаний, необходимых и достаточных для осуществления профессиональной деятельности; овладение процедурой добывания правовых знаний с последующим использование их в просветительской и правовоспитательной деятельности: знание Конституции Республики Казахстан, Международных и отечественных документов о правах человека и ребенка, законов РК, правовых понятий и терминов, знание правовых основ будущей профессиональной деятельности, знание различных методов, средств, способов правового воспитания учащихся, правопросветительской деятельности среди родителей.

Для формирования этого компонента необходима актуализация правовой информации субъектами образовательного процесса и еѐ включение в содержание учебных предметов. Деятельностный (практический) компонент определяет способность будущего педагог-психолога использовать правовые знания и умения в практической деятельности; решать правовые задачи и проявлять правомерное поведение, осуществлять правовое воспитание и деятельность по защите интересов и прав детей, участвовать в правовых акциях, в гражданских трудовых, семейных и других правоотношениях. Этот компонент включает в себя определенную совокупность правовых умений, которые мы рассматриваем как усвоение и овладение способом действия на основе правовых знаний, готовность будущего педагога выполнять профессиональные обязанности на основе норм права.

Будущий специалист, готовый к осуществлению профессиональной деятельности, должен владеть следующей совокупностью умений: умение найти и работать с правовой информацией, используя различные источники, в том числе справочные правовые системы; умение анализировать нормативно-правовые документы; умение применять правовые знания в будущей профессиональной деятельности, в решении различных ситуаций; умение организовать правовое воспитание и правовое информирование родителей, умение выполнять профессиональные обязанности с соблюдением норм права; умение отстаивать свои права и права детей [2].

Формирование практического компонента правовой компетентности предполагает правовую активность будущего педагог-психолога, которую мы рассматриваем как качество личности студента, проявляющееся в позитивной деятельности в профессиональной сфере на основе норм права. Она характеризуется следующими признаками, как проявление в действии, позитивном отношении к праву, осознанном применении правовых норм в профессиональной деятельности, обогащение правового опыта. Правовая активность будущего педагога-психолога предполагает ее влияние на его правовую позицию, которая в свою очередь определяет правомерность поведения.

Специфика профессиональной подготовки будущих специалистов готовых реализовать свои функции в соответствии с правовыми нормами первостепенная задача для организаций высшего образования.

Реализация стандартов образования, на которую как отмечалось выше, ориентированы высшие профессиональные образовательные учреждения, не всегда эффективна, в связи с тем, что они не соответствуют происходящим изменениям в обществе [3]. В частности дисциплины правового характера, изучаемые студентами в рамках отдельных академических периодов, не отвечают современным реалиям времени.

Исходя из выявленных нами противоречий в процессе подготовки педагог-психологов, считаем важным для обучающихся соотнесение специальной подготовки с реальными производственными и общественными запросами, согласно которым у будущих педагог-психологов, должен быть сформирован необходимый уровень профессионально-правовой компетентности.

Решающим фактором, в процессе качественной подготовки будущих специалистов психолого-педагогического профиля для работы в системе образования, является полноценное насыщение дисциплинами правового цикла. Восприятие правовых знаний и способность руководствоваться ими на уровне ценностей, задача не из простых, требующая совместных усилий, как со стороны педагогического коллектива, так и обучающихся.

Профессиональная задача педагогов по обучению и воспитанию будущих специалистов, исполнима при комплексном подходе к образовательному процессу пропорционально учитывающую аудиторную и внеаудиторную работу. Профессионально-правовая компетентность будущих подразумевает в первую очередь полноценную правовую помощь нуждающимся в различных ситуациях. Способность оказывать помощь такого рода неотъемлемая часть работы будущих специалистов, от качества знаний правовых основ и практических умений применять их в своей деятельности зависят судьбы многих детей. Формирование необходимых качеств будущих специалистов невозможно без создания, специально созданных для этого условий, которые максимально содействуют достижению поставленных целей. Большинство исследователей сходится во мнении, о том, что для достижения целей профессионального образования необходима ясность понимания первостепенных целей и профессионально-важных результатов [4].

Исходя из вышеприведенных высказываний и предположений, в соответствие с темой исследования под педагогическими условиями мы подразумеваем комплекс специально разработанных мероприятий и подобранных программ, обеспечивающих эффективное формирование профессионально-правовой компетентности будущих социальных педагогов для повышения готовности к будущей деятельности. Наличие в психолого-педагогической литературе различных интерпретаций педагогических условий, связано не только с различными точками зрения, но и с задачами исследований, которые проводят ученые. Тематика исследований, актуализируемая современностью, диктует

Наиболее существенными направлениями деятельности для эффективного формирования правовой компетентности, будущих педагог-психологов нами были выделены следующие: организационно-педагогическое и методическое. В совместной деятельности по правовому обучению и воспитанию в практико-ориентированной образовательной среде вуза у студентов вырабатывается единство ценностных ориентаций, установок на принятие правовых знаний, как ценности, которые позволяют будущему педагог-психологу определить свое мнение, мотивируют и направляют деятельность, что является основой для реализации целей и задач правового образования. Кроме того, очень важно создать такие условия, при которых каждый участник межличностного общения получит позитивный опыт организации межличностного и группового взаимодействия в конструируемых профессионально-правовых ситуациях.

Практико-ориентированная образовательная среда позволяет подготовить будущему педагог-психологук переосмыслению и преодолению жизненных и профессиональных проблем в рамках правового поля; эффективным выходом из внутренних и внешних конфликтных состояний, и ситуаций; обретением новых сил, смыслов и ценностей; формулировкой и реализацией эмпирических задач в процессе правового обучения воспитания в вузе.

Следует подчеркнуть, что стимулированию внутренней активности студента, которая обусловлена его направленностью к изучению права способствуют:

1. Мотивы и потребности, которые стимулируют студента к активному познанию права и имеют сложную взаимосвязь друг с другом.

2. Интерес - один из важнейших стимулов активности студента, под влиянием которого протекают интенсивно и напряженно все психические процессы, а деятельность становится занимательной и продуктивной.

3. Ценности - отражают позицию студента, являются действенным стимулом его поведения и деятельности, обеспечивают осознание студентами ценности права, прав человека, способствуют воспитанию уважение прав и достоинств людей.

Рефлексивная направленность в правовой подготовке будущему педагог-психологу позволила нам сформулировать следующие условия к организации практико-ориентированной образовательной среды формирования правовой компетентности:

1) обеспечение формирования правовой компетентности студента через организацию его деятельности (учебной, исследовательской, культурно- просветительской, профессиональной, практической);

2) осознание студентами правовоспитательной деятельности как личностно и профессионально значимой;

3) развитие представлений будущего социального педагога о правовой компетентности как о составляющей профессиональной подготовки.

Обеспечение особой практико-ориентированной среды для будущего социального педагога с целью формирования профессионально-правовой компетентности, способствует: активизации практических возможностей развивающейся личности; пересмотру ее правового опыта; повышению готовности к правовому воспитанию учащихся и правовому информированию родителей; выработке способности к использованию нормативно-правовых документов в практической деятельности, постоянной защите интересов и прав ребенка [5]. Роль профессионально-правовой компетентности в эффективной работе педагога-психолога является критически важной для обеспечения качественной и безопасной образовательной и психологической поддержки обучающихся. В данном эссе мы проанализируем значимость этой компетентности и предложим рекомендации для ее развития и применения в практике.

Профессионально-правовая компетентность позволяет педагогу-психологу эффективно действовать в соответствии с законодательством и нормами профессиональной этики. Это включает в себя знание основных норм права, регулирующих сферу образования и психологической помощи, а также умение применять их на практике. Рекомендуется систематически обновлять свои знания о законодательстве и профессиональных стандартах, а также консультироваться с юридическими специалистами при необходимости.

Профессионально-правовая компетентность способствует защите прав и интересов обучающихся и других участников образовательного процесса. Педагог-психолог должен уметь эффективно реагировать на юридические вопросы и конфликтные ситуации, обеспечивая соблюдение правовых норм и предоставляя квалифицированное юридическое сопровождение. Рекомендуется разрабатывать и внедрять правовые политики и процедуры, а также проводить обучение обучающихся и коллег по вопросам правовой безопасности и профессиональной этики.

Профессионально-правовая компетентность способствует эффективному взаимодействию с другими участниками образовательного процесса и представителями юридических органов. Педагог-психолог должен уметь аргументировать свою позицию, защищать права и интересы обучающихся и коллег, а также сотрудничать с юридическими консультантами и органами, ответственными за соблюдение законодательства. Рекомендуется активно взаимодействовать с родителями, администрацией и другими участниками образовательного процесса для обеспечения соблюдения правовых норм и эффективного решения возникающих проблем.

Профессионально-правовая компетентность играет ключевую роль в эффективной работе педагога-психолога, обеспечивая соблюдение законодательства, защиту прав и интересов обучающихся и эффективное взаимодействие с другими участниками образовательного процесса. Развитие этой компетентности является важной задачей для повышения качества образования и психологической поддержки в современном образовательном пространстве.

Таким образом, профессионально-правовая компетентность является необходимым условием успешной деятельности будущего педагога-психолога. Она обеспечивает специалисту не только знание основных правовых норм и принципов, но и умение применять их на практике для защиты прав и интересов обучающихся, обеспечения качественного образования и психологической поддержки.

Список литературы:

1. Alfred J. Finch and Diane L. Frey "The School Psychologist's Guide for the Practicum and Internship: Developing Professional Skills" – 2018.- 235 p.

2. Певцова Е.А. Правовое воспитание как средство формирования правовой культуры //Современное право. - 2003. - N8. – С.18-22

3. Горбушина М. В. Формирование правовой компетентности у будущих специалистов по социальной работе в процессе профессиональной подготовки в вузе: Дис.. канд. пед. наук: Ульянов, гос. ун-т. Ульяновск, 2007. - 213 с.

4. Галагузов А.Н. Социально-педагогические задачи: учебное пособие для студентов вузов. – М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2008. – 191 с.

5. Семенова М.В. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности будущих педагогов в вузе: Автореферат дис. … канд. пед. наук. – Караганда, 2005. – 26 с.

6. Менлибекова Г.Ж. Система подготовки будущих учителей к социально-педагогической работе: автореф. дис.докт. пед. наук. – Алматы, 2002.– 32 с.

ИНТЕРНЕТ ТӘУЕЛДІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Маханова А. С.,
«Қайнар» Академия мекемесінің
Психология және Журналистика факультетінің
7М03102-Психология мамандығының
2 курс магистранты
Ғылыми-жетекші: Еркинбекова М.А.,
пс.ғ.к., доцент

Аннотация. Мақалада интернет тәуелділіктің психологиялық аспектілері қарастырылады. Оның отандық және шет елдік әдебиеттердегі көрінісі зерттелген. Тәуелділіктің алдын алу ұсыныстары берілген.
Түйін сөздер: аддикция, факторлар, жіктелу, кибербуллинг, алаңдаушылық.

Аннотация. В статье рассматриваются психологические аспекты интернет-зависимости. Изучено его появление в отечественной и зарубежной литературе. Даны рекомендации по профилактике зависимости.
Ключевые слова: зависимость, факторы, классификация, кибербуллинг, тревожность.

Abstract. The article deals with the psychological aspects of Internet addiction. Its appearance in domestic and foreign literature is studied. Addiction prevention recommendations are provided.
Key words: addiction, factors, classification, cyberbullying, anxiety

Ғаламторға тәуелділік – аддикцияның бір түрі; «off-line» режимде отырып ғаламторды пайдалануға деген құлшыныс, немесе «on-line» режимде ғаламтордан шыға алмай қалу қабілеті. Қазіргі таңда «ғаламторға тәуелділік» әлемдегі ең басты мәселелердің біріне айналып отыр, бірақ та медициналық белгілер бойынша жүйке жүйесінің бұзылуына жатпайды.

Ең алғаш рет «ғаламторға тәуелділік» терминін психолог Айвен Голдберг ғылымға енгізген болатын. Оның ұсынған теориялары психикалық стандартқа сәйкес келмесе де, ғаламторға деген тәуелділікті Голдберг психоактивті заттарды шектен тыс қолдану деп суреттеген. Голдберг ғаламтордың әкелер зияндарын былайша жіктеген:

- Ғаламторды қолдану адамды стрессқа түсіреді немесе дистресс;
- Ғаламторды қолдану адамның физикалық күйіне, жүйке жүйесіне, жеке өміріне, экономикалық және әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигіздеді;

1994 жылы психолог Кимберли Янг ғаламтор тәуелділігі жөнінде тест-сауалнама жүргізіп, 500 жауап алған болатын. Жауап бергендердің көбі тәуелді екендерін мойындады. Нәтижесінде, бұл жүйке ауруының таралуы, потологиялық құмарлықпен тең болып шықты, ғаламтор қолданушыларының 4-5 пайызын құрады.

Дәрігерлер «ғаламторға тәуелділікті» жүйкелік ауытқу деп есептемейді және көптеген ғалымдар бұл аурудың бар екендігіне күмәнданады, ал кейбіреулері мүлде жоққа шығарған. Тәуелділік медицинада адамның белгілі бір әдетте қолданып жүрген затты қажет етуі, яғни жүйкелік, физиологиялық толеранттылықтың өсуі. Толеранттылық ұғымы белгілі бір затты шектен тыс пайдалану дегенды білдіреді, яғни адам ол затты пайдаланғаннан кейін одан да көп мөлшерін қажет ете бастайды, мысалға есірткі шегетін нашақор адамдарды келтіруге болады. Сонымен қатар толеранттылық ұғымы басқа салаларда да қоданылады, мысалы адамның құмар ойынға беріліп кетуі. Сәйкесінше, бұл терминді ғаламторға деген тәуелділікте де қолдануға болады. Бірақ бұл жерде адам есірткіге, ішімдікке тәуелді емес, бұл жерде жүйкелік түрде адамның ғаламторға тәуелділігін түсіндіруге болады.

Интернет-тәуелділігі феномені көптеген ғалымдарды алаңдатуда және осы мәселе төңірегінде медицина, әлеуметтану, физиология педагогика, экология және т.б. көптеген ғылымдар саласындағы зерттеу жұмыстары үлкен алаңдатушылықты атап көрсетеді.

Әр түрлі зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, қазіргі кезде ғаламтор қолданушыларының 10%-ы ғаламторға тәуелді. Қазақстанда ғаламторға тәуелділікті ресми түрде мойындамағанымен, кейбір елдерде бұл ресми түрде ауру болып саналады. Финляндияда ғаламторға тәуелді жас адамдарды әскерге жібереді. 2008 жылы Қытай «ғаламторға тәуелділікті» ресми түрде ауру деп жариялаған. Сонымен қатар неше түрлі емдеу орталықтары ашылған. Олар емдеуде көптеген әдістерді қолданған, соның бірі ток беру арқылы емдеу әдісі. Ал кейбір әдістерінен жас пациенттер өліп те кеткен.

Психолог М. Дреп көзқарасы бойынша, тәуелділіктің басты 6 түрін осылайша жіктеген:

1. Әр түрлі вебсайттарды қолдану – ғаламтордан ақпараттар іздеу;
2. Вирттуалды әлемдегі достарымен сөйлесу – әлеуметтік желілерде көп хат алмасу;
3. Ойынға тәуелділік – компьютерлік ойындарды көп ойнау;
4. Ғаламторда ақша құрту/табу – ғаламтор желісі арқылы құмар ойындарын ойнау, ғаламтор арқылы сауда жасау;
5. Ғаламтор арқылы фильмдер қарау;
6. Порнографиялық парақшалар;

Қоғамдағы өсіп келе жатқан компьютеризация және «Интернетизациямен» байланысты шетелде 1980 жылдарда бастау алған Интернетті патологиялық пайдалану проблемесы өзекті бола бастады. Яғни «Интернет-тәуелділік» туралы айтылып отыр (синонимдері: интернет-аддикция, нетаголизм, виртуалды аддикция, Интернет әрекет-қылықтық тәуелділік, Интернетті артық (патологиялық) қолдану). Griffiths, 1995 көсетуі бойынша Жоғары технологиялармен байланысты бейхимиялық (әрекет-қылықтық) аддикцияның жаңа формаларын белгілеу үшін М. Гриффитс «технологиялық тәуелділіктер» терминін ұсынады, ол оны пассивті (Мысалы, теледидардан тәуелділік) және активті (Интернет-ойындар) деп бөлді.

Тәуелділікті жеңудің ең қарапайым, әрі қолжетімді жолы – басқа нәрсеге алаңдау. Салауатты өмір салтын ұстану, табиғат аясында көп уақыт өткізу, шығармашылық заттармен айналысу, мысалыға сурет салу, өлең-әңгімелер жазу. Осындай жоддар арқылы тәуелділіктен шығуға болады.

Интернетке тәуелділікті анықтау барысында Атырау қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары «Ғаламторсыз 24 сағат» атты зерттеу жұмысын жүргізген болатын. Жоба барысында оқушылар ұялы телефондарын тапсырып, 24 сағат бойы ғаламторға кіруден бас тартты. Сабақтан тыс уақыттарында оқушылар үйреншікті әлеуметтік желілерде отырудың орнына, неше-түрлі қызықыты істермен айналысты. Бұл арқылы қатысушылар қаншалықты ғаламторға тәуелді екендерін түсінді. [1]

Интернетке тәуелділіктің психологиялық феноменін зеттеген алғашқы зерттеушілер ретінде клиникалық психолог К. Янг және психиатр И. Голбергті айтуға болады. 1994 жылы Янг арнайы сауалнама дайындап, веб-сайтта 500 жауап берушілердің ішінен 400 аддиктті анықтады. Ал Голберг 1995 жылы құмартпа ойындарға деген қызығушылық негізіне сәйкестендіріп құрастырып, интернетке тауелділікті анықтау үшін диагностикалық жұмыстарды ұсынды. 1997-1999 жылдары осы көрсетілген мәселе бойынша зерттеушілік және психотерапиялық кеңес беру веб-қызметтері пайда болды. 1998-1999 жылдары К. Янг, Д. Гринфилд және К. Суррат алғашқы монографияларын жариялады. 1998 жылдын аяғына қарай Сурраттың айтуы бойынша, интернет-аддикция ресми түрде тар мағынада клиникалық бағыт ретінде емес, адамдарға психологиялық-тәжірибелік көмек беру және зерттеудің негізгі саласы болды.

Қазіргі кезде жастардың белгілі бір бөлігі компьютерлік Интернет тәуелділігінің ықпалында, ал бұл қатерлі психикалық ауру болып табылады. Сондықтан да қоғам бұл мәселенің қауіптілігі мен маңыздылығын түсінуі қажет.

Интернетке тәуелділіктің бірлігі бойынша желідегі қызметтерді статистика былай бөліп көрсетеді:

- Чаттар – 37%;
- Көпколданбалы ойындар – 28%;
- Желідегі телеконференциялар – 15%;
- Электронды пошта – 13%;

• Әлемдік өрмек сайттары – 7%;

• Баска да желілік хаттамалар (ftp, gopher жене т.б.) – 2%.

Интернет тәуелділіктің 4 белгілері:

I. E-mail-ды үнемі тексеріп отыруға деген талпыныс;

II. Интернетте отыруды куту және асығу;

III. Интернетті пайдаланушының желіде тым көп отыруы туралы айналасындағылардың шағымдануы;

IV. Интернетке ақшаны көп жұмсауына айналасындағылардың шағымдануы.

Интернетке тәуелділік – біздің басымызда бар маселенің тікелей салдары. Жаңа ақпараттар мен таныстарды табу, әдеби шеберлікті ұштау өте жақсы. Интернеттің осындай сияқты әрекеттерді орындауда пайдасы зор болады делік. Бірақ шынайы өмірді виртуалды шынайылыққа алмастыру тіптен ақымақтық. Интернет құрал өмірдің негізгі мәніне айналмауы тиіс. Өмірде қорқақ, әлсіз, қоянжүректі адамдар желіде онлайн компьютерлік ойындарды ойнауда, батыл да батыр, ержүрек, қанішер, кез келген виртуалды кейіпкерді жеңу үшін бар күшін салады. Олардың өзіндік бір ләззат алуына ыңғайлы орта іспеттес ол интернет кеңістігі.

Қазақстан, Қытай, Әзірбайжан және Ресей сарапшылары тәжірибе алмасуға арналған халықаралық онлайн алаңның екінші отырысында интернетке тәуелділік**,** кибербуллинг және лудоманиямен күрес мәселелері талқыланды. Онлайн алаңға жиналған халықаралық сарапшылар осы мәселемен күресудегі жеке тәжірибелерімен бөлісті. «Интернетке тәуелділік қаупін жүйелі түрде азайту үшін алдымен заң аясында интернеттен қорғаудың көпжақты бірлескен жүйесін қалыптастыру қажет. Сондай-ақ, ғаламтор желісіндегі кәмелетке толмағандардың мінез-құлқын бақылау шарт. Интернет-сауаттылыққа оқытуды күшейту және оны білім беру деңгейінде міндетті пәнге айналдыру да өте маңызды. Интернетке тәуелділік, кибербуллинг, интернет-қудалау, желілік порнография, интернет-алаяқтық сияқты негізгі тәуекелдерді қатаң бақылауымыз қажет», - деді Қытай әлеуметтік ғылымдар академиясының қызметкері Гао Вэньцзюнь.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki;

2. Выгонский С.И. Обратная сторона Интернета. Психология работы с компьютером и сетью. – М.: Феникс, 2010. – 320 с. (Все обо всем). ISBN 978-5-222-16956-8;

3. Интернет-зависимость: психологическая природа и динамика развития / Сост. и ред. А. Е. Войскунский – М.: Акрополь, 2009;

4. Дрепа М. И. Интернет-зависимость как объект научной рефлексии в современной психологии // Знание. Понимание. Умение. – 2009. №2. – С. 189-193;

5. Пан А.С. Укрощение цифровой обезьяны. – М.: АСТ, 2014. – С. 319. ISBN 978-5-17-081642-2.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Қали Айдана Абдрасимқызы,
7М013-Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
2-курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
бастауыш білім беру кафедрасы
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада білім беру жүйесіндегі мобильді оқыту маңыщдылығы және бастауыш сынып оқушыларының креативті ойлауын мобильді қосымшалар арқылы дамыту ерекшеліктері қарастырылған. Қазіргі таңдағы маңызды қолданысқа ие мобильді қосымшалар көрсетілген, сонымен қатар мобильді рөльдік ойындардың да маңыздылығы атап өтілді.

Түйін сөздер: Мобильді құрылғы, мобильді қосымша, креативті ойлау, мобильді рөлдік ойын.

Аннотация. В статье рассмотрены особенности развития мобильного обучения в системе образования и креативного мышления младших школьников через мобильные приложения. Показаны мобильные приложения, которые сегодня имеют важное применение, а также подчеркнута важность мобильных ролевых игр.

Ключевые слова: Мобильное устройство, мобильное приложение, креативное мышление, мобильная ролевая игра.

Abstract. The article examines the features of the development of mobile learning in the education system and creative thinking of younger schoolchildren through mobile applications. Mobile applications that have important applications today are shown, and the importance of mobile games is also emphasized.

Key words: Mobile device, mobile application, creative thinking, mobile role-playing game.

Қазіргі уақытта ақпарат алмасу әр адамның өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Телефондар, планшеттік компьютерлер, смартфондар сияқты құрылғылар цифрлық өмірдің негізіне айналуда. Техникалық прогресс кезінде электронды құрылғылар барған сайын күрделі тапсырмаларды орындауға, сондай-ақ ақпараттың үлкен ағынын өңдеуге мүмкіндік беретін жаңа процессорларды алады.

Қазіргі уақытта мобильді құрылғылар 7 жастан 60 жасқа дейінгі барлық адамдарда бар. Сондықтан мобильді қосымшалар әрқашан өзекті болып табылады. Пайдаланушылардың көпшілігі өз құрылғыларын толық пайдаланбайды, әзірлеушінің оған салған әлеуетін ашпайды. Бұл дегеніміз, білім алушылар смартфонның және басқа да ақылды қосымшалардың мүмкіндіктері туралы аз біледі. Көптеген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, көбінесе жасөспірімдер компьютерлік өмірдің ойын жағымен ғана таныс. Сонымен қатар, мобильді қосымшаларды, смартфонды және т. б. пайдалану фактілері. білім беру мотивациясы саласында қосымша білім алуға арналған смарт-толықтырулар жоқ.

Мобильді қосымшалар арқылы пәндерді үйрену-бұл танымалдылыққа ие болудың салыстырмалы түрде жаңа тәсілі.

Қазіргі уақытта мобильді қосымшалар негізінде оқытудың жаңа жүйесін құру үшін жеткілікті күшті негіз жоқ, бірақ мемлекет еліміздің бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050 Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру ортасында онлайн-жүйелерді оқыту және дамыту әдістемелеріне қатысты негізгі тұстарды атап көрсетеді [1].

Қазіргі уақытта оқушыларды шығармашылық қызметке дайындау қажеттілігі барлығына айқын. Осыған байланысты мектептің белсенді, бастамашыл, креативті ойлайтын адамдарды тәрбиелеудегі рөлі артып келеді. Оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту

мектептегі оқытудың барлық кезеңдерінде маңызды, бірақ бастауыш мектеп жасында шығармашылық ойлауды қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Мобильді құрылғы технологияларын қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының оқу еңбегін ұйымдастыру қазіргі уақытта шешуді қажет ететін маңызды мәселе болып табылады. Гаджеттер мен инновациялық технологиялар буынында өскен балалар дәстүрлі оқыту әдістеріне азырақ бейім болады, білім беру бағдарламасын жақсы меңгеру үшін оларға мобильді құрылғылар технологиялары бере алатын көрнекілік қажет. Бірақ еліміздегі білім беру жүйесіне планшеттер мен смартфондарды енгізудің қазіргі жағдайын талдай отырып, қазір, өкінішке орай, мектепте заманауи мобильді құрылғыларды қолдануға мүмкіндік беретін нақты оқу бағдарламалары жоқ екенін атап өткен жөн.

Сабақтар тек мұғалімнің ғана емес, оқушылардың да шығармашылығының нәтижесі болуы керек. Бұл мақсатқа оқу процесіне заманауи мобильді технологияларды енгізу арқылы қол жеткізуге болады. Сондықтан технологияның негізі жоғары мотивация принципі болуы керек. Оқушылардың зерттелетін материалға деген қызығушылығын қалай қолдауға және оларды бүкіл сабақ барысында белсендіруге болады, осылайша мұғалімнің рөлі оқулықтағы қажетті ақпаратты жеткізуден гөрі анық және түрлі-түсті емес, сонымен қатар білім алушының өзі басты кейіпкер болып табылатын танымдық іс-әрекеттің ұйымдастырушысы болуы маңызды. Осы тұрғыда әсіресе, мобильді қосымшалардың маңыздылығын атап өткен жөн.

Жоғарыда айтылғандай, авторитаризм, либерализм сияқты қатынастар бар. Көбінесе олар теріс нәтиже береді. Авторитарлық стиль балалардың ата-аналарынан алыстауын, олардың маңыздылығын сезінуін және отбасында болғысы келмеу сезімін тудырады. Ата-аналардың талаптары, егер олар негізсіз болып көрінсе, жасөспірімде наразылық пен агрессияны немесе әдеттегі апатия мен енжарлықты тудырады, бұл жасөспірімде ата-ананың оның өміріне қызығушылық танытпайтындығын тудырады. Ата-аналық принциптің әлсіреуі, оның гипертрофиясы сияқты, әлсіз "Мен" бейнесі бар адамның қалыптасуына ықпал етеді. Ата-ана стилі туралы мәліметтер жалпы ата-ана стилі ретінде жалпыланған. Алайда, білім беру стильдерін өздері қарастыру-бұл отбасында балаға қамқорлық жасайтын барлық адамдардың көптігін ескермейтін теориялық көзқарас. Ата–аналарға тән тәрбие стилін ғана емес, сонымен бірге балаға көбірек уақыт бөлетін негізгі тәрбиеші-әлеуметтанушы кім екенін де ескеру

қажет. Отбасының нуклеарлығына қарамастан, көптеген отбасыларда бала күтімін басқа туыстар – әжелер, аталар, сирек – алыс туыстар – ананың тәтесі (немере әжесі), үлкен әжесі жүзеге асырады. Сондықтан, ата – аналардың қабылданбаған стиліне-басым гипоопекаға қарамастан, бала көбінесе қамқоршының әсерінен, кішкентай қамқорлықпен, әжесінің қарым-қатынасынан қалыптасады.

Жасөспіріммен қарым-қатынасты түсіну үшін Сіз бұл қарым-қатынастың жасына қарай қалай өзгеретінін білуіңіз керек. Психологиялық әдебиеттерде баланың көз алдында ата-аналар бірнеше "мүмкіндіктерге"сәйкес әрекет ететіндігі айтылған. Біріншіден, баланың ата-анасы эмоционалды жылулық пен қолдаудың көзі бола алады, онда ол өзін дәрменсіз сезінеді. Сондай-ақ, жасөспірімдер ата-аналарды жеңілдіктер, айыппұлдар мен сыйақыларды басқаратын билік ретінде жиі қабылдайтынын айтады.

Өсіп келе жатқан баламен қарым-қатынасты түсіну үшін бұл қатынастардың жасына қарай өзгеретінін есте ұстаған жөн. Ата – аналарға үлкен жауапкершілік жүктелген, ол жаңа адамды тәрбиелеу, өз миссиясының маңыздылығын түсінуі керек. Өзіңізді баланың орнына қойыңыз. Ол кімді көреді? Сіз оған досы, ақылшысы болсаңыз ол өзін сенімді сезінеді. Немесе сіз жоспардан бір қадам артқа шегінуге мүмкіндік бермейтін қатал диктаторсыз. Мүмкін сізде достық қарым-қатынас бар шығар? Немесе сіз оған тек "әмиян"шығарсыз. Іс жүзінде бұл опциялардың сәйкестігі өсу процесінде өзгереді.

Қолданылған әдебиеттер*:*

1. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. –СПб.: Питер, 2000. – 616
2. Добрович А.Б. Воспитателю о психологии психогигиене общения: Книга для учителя и родителей. – М., 2007.
3. Петровский А.В. Дети и тактика семейного воспитания. – М.: Знание, 2009.
4. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы.– Алматы, - Қазақ университеті, - МОН РК 2014. – 249 с.
5. Спирева Е.Н., Лидере А.Г. Стиль семейного воспитания и личностные особенности родителя. – М., 2011.
6. А.Я., Смехов В.А. Коррекция взаимоотношений детей и родителей // Вестник МГУ, серия Психология. 2006. №4. –с. 35-52.
7. Васильева Э.К. Семья и ее функции. – М.: Статистика, 2015
8. Кузьмишина Т.Л. Стили семейного воспитания: отечественная и зарубежная классификация// Современная зарубежная психология №1 2014. – с.16-25.
9. Булыгина Л.Н. О формировании коммуникативной компетентности подростков в школьном обучении: из опыта работы [Электронный ресурс]: / Л.Н. Булыгина // Образование и наука. – 2013. – №3 (102). – Режим доступа: http://www.tmnlib.ru/jirbis/files/upload/abstract/13.00.01/4312.pdf.

НАПРАВЛЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ С ОДАРЕННЫМИ ШКОЛЬНИКАМИ

Ахметова Айгуль Игеновна,
PhD, ассоц. Профессор, КазНПУ имени Абая
Илияс Маржан Болаткызы,
6B01801-Социальная педагогика и самопознание
бакалавр 4 курса, Кафедра дошкольного образования
и социальной педагогики, КазНПУ имени Абая

Аннотация. В данной статье рассматривается работа социального педагога с одаренными детьми. Были изучены технологии, методика работы с одаренными детьми и проанализированы возникающие проблемы в работе с ними. В статье представлены различные направления, способы и формы работы с одаренными детьми, ориентированные на развитие их потенциала, самооценки, творчества и личностного роста. Вместе с тем приводятся примеры успешной практики социально-педагогической работы с одаренными детьми, где они могут реализовать свои интересы и способности в разных видах деятельности. Раскрывается сущность комплексного и индивидуального подходов к организации работы с одаренными детьми.

Ключевые слова: одаренность, одаренные дети, социально-педагогическая работа, творческое развитие, социализация.

Аннотация. Бұл мақалада дарынды балалармен әлеуметтік педагогтың жұмысы қарастырылады. Дарынды балалармен жұмыс жасаудың технологиялары мен әдістері зерттеліп, олармен жұмыс жасауда туындайтын мәселелер талданды. Дарынды балалардың әлеуетін, өзін-өзі бағалауын, шығармашылығын және тұлғалық өсуін дамыту бағыттары, әдістері мен формалары берілген. Бұл ретте дарынды балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясының іске асыру мысалдары келтірілген, мұнда олар әр түрлі қызмет түрлерінде өздерінің қызығушылықтары мен қабілеттерін жүзеге асыра алады. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастырудың кешенді және жеке тәсілінің мәні ашылды.

Түйін сөздер: дарындылық, дарынды балалар, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, шығармашылық даму, әлеуметтену.

Abstract. This article examines the work of a social teacher with gifted children. Technologies and methods of working with gifted children were studied and emerging problems in working with them were analyzed. The article presents various directions, methods and forms of working with gifted children, aimed at developing their potential, self-esteem, creativity and personal growth. At the same time, examples of successful practice of social and pedagogical work with gifted children are given, where they can realize their interests and abilities in various types of activities. The essence of an integrated and individual approach to organizing work with gifted children is revealed.

Key words: giftedness, gifted children, social and pedagogical work, creative development, socialization.

Актуальность исследования технологий социально-педагогической работы с одаренными детьми в общеобразовательной школе, определяется следующими условиями: намечен основной ресурс развития государства - «человеческий потенциал»; увеличение информационной и эмоциональной нагрузок на человека, рост проблем, решение которых лежит в использовании огромных интеллектуальных усилий; требования общества к развитию профессиональных качеств личности, реализующей себя как креативной, активной, социально ответственной, с высоким IQи EI, компетентной и др.

В школе огромное внимание уделяется развитию способностей учащихся и созданию условий для повышения их академической одаренности, формированию достижений в определенной области науки, но меньше всего уделяется внимание на проблему социализации и социального становления личности одаренного подростка. Поэтому, мы думаем, что именно данная проблема может стать причиной виктимизации подростков.

Одаренные дети - это дети, которые обладают высоким уровнем развития интеллектуальных, творческих, художественных или спортивных способностей, превышающих средний уровень по своему возрасту.

Технология социально-педагогической работы с одаренными детьми - это комплекс мероприятий, направленных на выявление, поддержку, развитие и реализацию их потенциала, а также на создание условий для их социальной адаптации и самореализации.

Технология социально-педагогической работы с одаренными детьми включает в себя следующие направления:

- диагностика одаренности, основанная на комплексном подходе, учитывающем различные виды и проявления одаренности, а также индивидуальные особенности детей;
- дифференциация и индивидуализация образовательного процесса, предполагающая выбор оптимальных форм, методов и средств обучения и воспитания, адекватных уровню и интересам одаренных детей;
- организация дополнительного образования, направленного на расширение и углубление знаний, развитие творческих способностей, формирование исследовательских навыков, поддержку интересов и склонностей одаренных детей;
- социально-педагогическое консультирование, коррекция, профилактика и разрешение возможных проблем, связанных с эмоциональным, мотивационным, коммуникативным и личностным развитием одаренных детей;
- взаимодействие с семьей, обществом и другими образовательными организациями, направленное на создание благоприятной социальной среды, стимулирующей развитие и реализацию одаренности, а также на обмен опытом и ресурсами по работе с одаренными детьми.

Одаренные дети - это те, кто обладают высоким уровнем развития специальных способностей, творческого потенциала и мотивации к познанию. Они нуждаются в особом внимании, поддержке и сопровождении со стороны педагогов, родителей и сверстников. Стоит отметить, что важно направить одарённого ребёнка не на получение определённого объёма знаний, а на творческую его переработку, воспитать способность мыслить самостоятельно, на основе полученного материала. В этом случае социально-педагогическое сопровождение одаренных детей направлено на создание условий для их полноценного развития, самореализации, социализации и адаптации в обществе. Для этого необходимо использовать разнообразные формы и методы работы с одаренными детьми, учитывая их индивидуальные особенности, интересы и потребности. Но не стоит забывать, что, как и в любом другом деле, здесь могу возникнуть некоторые трудности.

Можно выделить три основные проблемы в реализации технологии социально-педагогической работы с одарёнными детьми [1]:

• отсутствие у педагогов знаний об особенностях проявления детской одарённости, видовом её разнообразии;

• функционально-целевая направленность школы в плане развития интеллекта учащихся;

• ориентация школы на «уравнивание» под «среднего» без прогноза на индивидуальное развитие.

Не стоит в школьных условиях отделять одаренных учеников от остальных и обучать их по специальной программе по всем предметам. Одаренные дети должны учиться в общих классах с другими детьми. Это поможет им лучше социализироваться, а также поможет выявить скрытые таланты других учеников, развить их потенциал и вовлечь их в разнообразные проекты и творческие задания.

Технология работы с одаренными детьми предполагает деятельность всего коллектива школы вместе с социальным педагогом по развитию их творчество.

а) На уроках – это творческое постижение знаний, развитие умственных способностей. Ученики работают вдвоём, в группах. На уроке создаётся ситуация учебной проблемы, которую нужно самостоятельно решить. Даются задания разного уровня, в том числе задания высокой сложности, научно - поискового характера. Проводятся эксперименты, выполняются творческие задания. Дискуссии.

б) Индивидуальные занятия. В работе с одарёнными учениками важно учитывать личностные особенности, максимально раскрывать и развивать индивидуальность ученика по предмету, который он сам выбирает. Каждый ребёнок уникален и неповторим, необходимо заниматься только тем, что интересно ученику. Важно не запоминание знаний, а накопление личного опыта

и умение использовать накопленный опыт. Это и будет подготовка к олимпиадам, викторинам, интеллектуальным марафонам, конференциям школьного и районного уровня и т.д.

в) Внеурочная деятельность – это групповые занятия. Предлагаемые занятия направлены, в большей степени на то, что не всегда получается реализовать на обычном уроке, а именно:

- развитие концентрации внимания -развитие мышления -тренировка внимания;
- тренировка слуховой памяти;
- тренировка зрительной памяти;
- совершенствование мыслительных операций;
- совершенствование воображения;
- развитие логического мышления.

«Одаренные дети в своём развитии подверженны риску», так говорит Венгера А.Л., в своей работе «Психология одаренности» [2]. Он описывает как они, одаренные дети, нуждаются в специальном обучении, персонализированных учебных планах, квалифицированных педагогах, особых школах. Одаренные дети испытывают субъективные трудности, потому что чувствуют себя отличными от остальных, когда оказываются в окружении обычных сверстников, они живут нестандартно, поэтому у них возникают проблемы в общении. Эти дети очень восприимчивы к неадекватным оценкам, несправедливым и негативным воздействиям из-за своих личных способностей. Одаренный ребенок в семье – это обычно ее достоинство. Важно, чтобы родители не делали его особенным среди других детей, так как это приведет к негативному к нему отношению, а также излишнее восхищение таким ребенком, хваление его способностей сделают его эгоистом, самолюбивым и упрямым. Важно, чтобы родители способствовали здоровому самоощущению ребенка и пониманию им того, что способности и интересы других людей могут быть на другом уровне или в другой области, чем его собственные. Однако некоторые родители противятся признанию своих детей одаренными. Родительское обнаружение одаренности собственного ребенка должно вызывать радостное ожидание и готовность решать связанные с этим вопросы. Иногда родители «выжимают» талант, пытаясь сделать его из небольших способностей, исчерпывая силы ребенка.

Здесь же мы можем отметить, как Пустовая Н.Д. [3] в своей работе отмечала, что у детей, в зависимости от их индивидуальных особенностей одаренность проявляется по-разному и выделяла два вида его проявления: явная одаренность и скрытая одаренность.

Явная одаренность легко заметна по деятельности ребенка, даже если условия не благоприятны. Ребенок показывает такие достижения, что его одаренность неоспорима. Специалист в области детской одаренности может адекватно оценить “зону ближайшего развития” и правильно наметить программу дальнейшей работы с таким “перспективным ребенком”. Скрытая одаренность же не проявляется наружу, она скрыта под маской атипичности. Окружающие могут не заметить одаренность такого ребенка и лишить его необходимой помощи и поддержки. В случаях скрытой одаренности, не проявляющейся до определенного времени в успешности деятельности, понимание личностных особенностей одаренного ребенка особенно важно. Личность одаренного ребенка несет на себе явные свидетельства его незаурядности. И тут очень важно, вовремя определить и выстроить дальнейший ход действии, которые помогут ребенку развиваться дальше.

Технология социально-педагогической работы с одаренными детьми требует от учителей-предметников и социальных педагогов высокой квалификации, профессионализма, творческого подхода и готовности к непрерывному обучению и совершенствованию. Работа с одаренными детьми - это не только ответственность, но и привилегия, которая дает возможность учиться у них, вдохновляться их талантом и вкладывать свой вклад в развитие будущего общества.

Список литературы:

1. Голубева Н.А. «Работа с одаренными детьми в условиях реализации ФГОС» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://nsportal.ru/sites/default/files/2022/02/27/rabota_s_odarennymi_detmi_v_usloviyah_realizatsii_fgos.docx (Дата обращения: 04.12.23)

2. Венгер А.Л. «Психология одаренности» [Электронный ресурс] URL: https://infourok.ru/rabota-socialnogo-pedagoga-s-odarennimi-detmi-598356.html (Последняя дата обращения: 08.12.2023)

3. Пустовая Н.Д. «Социально-педагогические аспекты работы с одаренными детьми» 16.11.2013 [электронный ресурс] URL: https://urok.1sept.ru/articles/639653 (Дата обращения 08.12.2023)

LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ САБАҚТАРЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘН БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Мулдашева Актоты Бахтыгереевна,
Батыс Казахстан Инновациялык технологиялык университетінің 2 курс магитсранті
Тасимова Айслу Ахмадиевна,
педагогика және психология кафедрасы профессоры, Батыс Казахстан Инновациялык технологиялык университеті.

Аннотация. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады.

Аннотация. Технология уровневого обучения требует овладения учащимися самостоятельными и поисковыми действиями с новой изменившейся целью. В этой технологии на первом месте стоит ученик и особое внимание было уделено его активности в самостоятельном обучении.

Abstract. The technology of level-based learning requires students to master independent and search actions with a new changed goal. In this technology, the student is in the first place and special attention was paid to his activity in independen.

Lesson study Жапонияда 19-ғасырда жаңа жалпы білім беретін жүйе орнатқан уақытта мектеп базасында, сонымен қатар өңірлік және ұлттық деңгейде пайда болды. Мұғалімдер жаңа оқыту әдістемесін талқылап, оны нақты сабақтарға бекіте бастады. Соңында бұл үдерістерді Lesson study деп атады. Содан кейін Lesson study тәжірибесі Жапониядағы барлық мектептерге берілді.

Lesson study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған,сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекші үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл.Lesson study зерттеу сабағы болып табылады, және де Қазақстанда өткізілетін ашық сабаққа ұқсас. Lesson study-да бір мұғалім өзіне зерттеу сабағын өткізуге, зерттеу сабағына дейін шамамен бір айда сабақ жоспарын жазуға ерікті түрде жауапкершілік алады. Содан кейін ол өз сабақ жоспарын осындай сыныптың немесе дәл осындай пән саласында жұмыс істейтін мұғалімдер қатысатын жиналысқа ұсынады. Содан кейін мұғалім басқа мұғалімдермен талқылауға негізделген сабақ жоспарын қайта жазады. Кейбір жағдайда кездесу циклдары және жоспарды қайта жазу үдерісі бірнеше рет қайталанады. Басқа жағдайда мұғалім мектеп кеңесінің әдіскерінен сабақ жоспарын жақсарту үшін кері байланыс беруін сұрайды.

Зерттеу сабағында мұғалім сабақ жоспарын ұстана отырып, өз сыныбында сабақ өткізеді. Барлық мектептердің мұғалімдері немесе осындай сыныптардың немесе пән саласының мұғалімдері зерттеу сабағын бақылайды. Зерттеу сабағанан кейін мұғалім мен тыңдаушылар зерттеу сабағын талқылайды. Кейде мектеп кеңесінің әдіскерлері немесе университет профессорлары сияқты шақырылған кеңесшілерді талқылауға қосылуын және кездесуге қатысқан мұғалімдерге кейбір кеңес беруін сұрайды.[1]

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің әсерінен қоғамда ағылшын тілінің рөлі өзгерді. Ағылшын тілі – жаңару тілі. Ол қарапайым оқу пәнінен заманауи білім беру жүйесінің негізгі элементіне айналды. Сол себепті де ағылшын тілін жетік меңгеру, ол тілде жақсы сөйлей білу, жаңару көшіне ілесу деген сөз. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын

тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды. Заман талабына сай шетел тілін жаңа технологиялармен оқыту - қазіргі күннің басты талаптарының бірі болып тұр.

Сондай-ақ ағылшын тілінде деңгейлеп оқыту технологиясын ағылшын тілі сабақтарында қолдану –сабақтың білім сапасын көтерудің маңызды факторларының бірі болып, тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденіп отыр. Қай заманда, қандай реформа болсын мектептің басты тұлғасы - мұғалім. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің қасиетті міндеті- рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Рухани байлық, ең алдымен, әр халықтың ұлттық әдет-салты, көзқарасы шыққан түп-тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзат өз ұрпағын тәрбиелеуге қолданып келеді. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау.

Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды.

Деңгейлеп оқытудың маңыздылығы:

- тіл үйренушілердің барлығы жұмыс жасайды;
- бос отырған үйренуші болмайды;
- өздігінше жұмыс жасау дағдысы қалыптасады;
- тіл үйренуге деген қызығушылығы арта түседі;
- сабақ барысында тіл үйренуге деген белсенділігі арта түседі. [2]

Деңгейлеп оқытудағы нәтиже:

Ағылшын тілі сабағында деңгейлеп оқыту тапсырмалары арқылы оқушылардың білім сапасын көтеруді өз практикамда қолданамын және бұл оң нәтиже көрсетіп жүр. Деңгейлеп оқыту тапрысмаларын *Lesson Study* педагогикалық әдістемесі арқылы зерттеу сабағын өткізіп, сонымен қатар әріптестерінің зерттеу сабағын бақыладым.

Біздің мектебімізде Lesson Study үдерісі 2015 жылдан бастап II-деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдердің ұйымдастыруымен өткізіліп келеді.

Lesson Study оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады. Былтырғы 2022-2023 оқу жылында мектебімізде 1 тоқсан қорытындысы бойынша педагогикалық кеңесте білім сапасы 50% төмен сыныптарда *Lesson Study* циклдарын өткізу ұсынылды.


9 «Ә» сыныптарында сабақты зерттеу үдерісі үшін 5 адамнан фокус топтар құрылды: пән мұғалімдері, сынып жетекшісі-хатшы, топ басшысы. Қажеттіліктерді анықтау үшін дайындық жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында әдебиеттер зерделеніп, сыныптардағы кедергілер зерттеліп, сауалнама өткізілді, АВС оқушылар анықталды, сабақтан кейін алынатын сауалнама, сабақ өткізу жоспары құрылды. Зерттеу сабақтарының тақырыбын «Деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың пән бойынша білім сапасын арттыра аламыз ба?» деп алдық. Ағылшын тілі пәні сабағында зерттеу сабағында деңгейлеп оқыту тапсырмалары арқылы сыныптын білім денгейін көтеруге бағытталған жұмыс жүргізілді. Тапсырмалар төмен,орта,жоғары денгейлі болып оқушыларға берілді. Топтық,жұптық және жекеленген жұмыс түрлеріде жүргізілді. Сабақ барысында грамматикалық тапсырмаларды орындауда,

өтілген сабақты еске түсіргенде, үйге берілген тапсырмаларды сұрағанда сонымен қатар жаңа сөздермен жұмыс жасағанда түрлі ойындар, жарыс сабақтарын ұйымдастыруға болады. Сондай сабақтардың бірі төменде берілген.



1-сурет

Lesson Study зерттеуінің 1 циклының 1 сабағында дегейлеп саралап оқыту бойынша оқушыларға деңгейлік тапсырмалары берілді.Грамматикалық тақырып түсіндіріліп. *Conditional* грамматикалық тақырып бойынша оқушылар Low level денгейіне жақшада тұрған сөзді дұрыс формасын тадап жазу.



2-сурет

Middle level денгейіне мынандай тапсырмалар берілді.Берілген сөздерді қолданып сұрап қойып,сұраққа жауап жазу.



3-сурет

High level дегейіне мынандай тапсырмалар берілді.Write your own sentences. «Assistants» әдісі қолданылылды. Оқушыларға тапсырма беріледі, тапсырманы тез аяқтаған оқушы басқа оқушыға барып көмектеседі.



4-сурет

Lesson Study зерттеуінің 2 циклының 2 сабағында дегейлеп саралап оқыту бойынша оқушыларға деңгейлік тапсырмалары берілді. Сабақ ***Classroom screen*** вертуалды тақта арқылы жүргізілді. Оқушыларға денгейлік тапсырмалар беріліп жұппен, топпен тапсырмалар орындады.Think-Pair-Share әдісі арқылы оқушылылар жұмыстанды.



5-сурет

Lesson Study зерттеуінің 3 циклының 3 сабағында дегейлеп саралап оқыту бойынша оқушыларға деңгейлік тапсырмалары берілді. Adverbs граматикалық тақырып бойынша оқушыларға түсінік беріліп оқушылыр денгейлік тапсырмалар орындады. Low level, Middle level, High level денгейлеріне тапсырмалар берілді.

Complete sentences with suitable adverbs. Identify the type of the adverb.

Use the given adverbs. Identify the type. Make up sentences.

Read the task. Follow the structure. Choose the correct adverb. Identify the type. Complete the sentences.

Тапсырмаларды бекіту мақсатына Zip grade әдіс қолданылды. Оқушылар QR код арқылы өздерін сабақ бойынша бағалады.

Оқушылар	**Зерттеуге дейін**	**Зерттеуден кейін**
(A) оқушы	Сабақта белсенді, берілген тапсырманы дер кезінде орындайды. Қосымша сұрақ қойып, жауап бере алады. Үй тапсырмасын жүйелі орындайды.	Қосымша тапсырмаларды алдын ала орындай бастады. Топтық жұмыстарда өзінің белсенділігін көрсетті, сабаққа қызығушылығы арта бастады.
(B) оқушы	Сабақта белсенді, үй тапсырмасын орындайды, ауызша пәндерге қызығушылығы басым.	Сабаққа деген белсенділігі артты. Көшбасшы болып тағайындалғаннан кейін жауапкершілікті сезініп, басқалардан жылдамырақ орындап, көршісіне көмектесуге ынталы болды. Постер қорғауда, формативті бағалауда өз ойын еркін жеткізе алды.
(C) оқушы	Сабақта көбіне үнсіз отырады, қысқа жауап береді, сыныптастарымен қарым-қатынасы жақсы болғанымен, өз ойын жеткізуге қысылады.	Сабақтарда белсенділік таныта бастады, әсіресе ауызша сабақтарда өз ойын еркін айтуға төсілді.

Мақсаттар (SMART)	Нәтиже және табыс критерийлері
1. Оқыту мен оқу үдерісінде жаңа тәсілдерді қолдануды кеңейту мен жетілдіру.	- сабақ үдерісіне өзгеріс енгізіледі; - оқушылар топпен жұмыс істей алады; - балалар бірін-бірі бағалауды үйренеді; - оқушылардың сабаққа көзқарасы өзгереді
2. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы үдерісін нәтижелі, жүйелі жүргізу.	- оқушылардың білім сапасы көтеріледі; - сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады; - оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдылары қалыптасты

Қорыта келгенде, ағылшын тілін аудиторияда деңгейлеп оқытудың негізгі мақсаты күнделікті өмірде пікірлесу түрлеріне еркін араласып, сөйлеу, әңгімені қолдау дағдыларын қалыптастыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, тіл тазалығын сақтау, үйренушінің өз бетімен білім алуы, ізденуі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Lesson Study нұсқаулық Пит Дадли Кембридж, 2011 [1,бет 2.]
2. kitaphana.kz›refkaz/236-pedagogika/3234-damita-… [2]

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТӘРБИЕ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Ниязова Гулжан Жолаушиевна,
п.ғ.к., доцент.
Компьютерлік инженерия кафедрасы,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-і

Аннотация. Бұл мақалада цифрлық трансформация жағдайында тәрбие үдерісінің өзгерісі туралы зерделенген. Киберкеңістіктегі коммуникатвитік проблемалардың бірі ретінде жасөспірімдер арасындағы кибербуллингтің алдын алудың әдістемелік аспектілері қарастырылған.
Түйін сөздер: интернет, кибербуллинг, виртуалды кеңістік, тәрбие, жасөспірім.

Аннотация. В данной статье изучено изменение воспитательного процесса в условиях цифровой трансформации. В качестве одной из коммуникативных проблем в киберпространстве рассматриваются методические аспекты профилактики киберзапугивания среди подростков.
Ключевые слова: интернет, кибербуллинг, виртуальное пространство, воспитание, подросток.

Abstract. This article examines the change in the educational process in the context of digital transformation. Methodological aspects of the prevention of cyberbullying among adolescents are considered as one of the communicative problems in cyberspace.
Key words: internet, cyberbullying, virtual space, parenting, teen.

Сонымен қатар, цифрлық тәрбие жұмысын жасөспірімдер арасында іске асыру арқылы «Қазақстан-2050» Стратегиясының баланы қорғау бағытын, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізгі идеялары іске асырылады. Педагогтің кәсіби стандартында 2-еңбек қызметі ретінде көрсетілген «...тәрбиелік жұмыстарды іске асыру арқылы білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту» бойынша жүйелі жұмыстарға қосылған үлес болып табылады.

Өзін-өзі тәрбиелеудің де өзгеріске ұшырайтынын мойындау керек. Тәрбие әдет-ғұрып бойынша немесе мемлекет, қоғам белгілеген және бақыланатын ережелер, заңдар, стандарттар негізінде жүзеге асырылған дәстүрлі және индустриалды қоғамнан айырмашылығы, постиндустриалды, цифрлық қоғамда тәрбие нақты өзгермелі және үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік жағдайда жүзеге асырылады.

Демек, нақты ғана емес, сонымен қатар виртуалды қоғам – интернет кеңістігінде, 3D шындықта-тәрбие ортасы бола алады, осылайша ата-ана тәрбиесінің шекарасын кеңейтеді [1]. Тәрбие қоғамның дәстүрлерін, жалпы және кәсіби мәдениеттің мағыналары мен құндылықтарын тарату ретінде қарастырылуы керек, диалогтық өзара іс-қимыл барысында жеке құндылықтар, көзқарастар, мүдделер қиылысады, бұл білім алушылардың жалпы дамуын сенімді қарым-қатынас негізінде іске асырады [2]. Осы орайда, жасөспірімдердің цифрлық ортадағы тәрбиесіне байланысты бірқатар проблемалар жүйелі ұйымдастырылған нәтижелі әдістемелік тәжірибелерді қалыптастыруды қажет етеді.

Балалардың жеке танымдық іс-әрекеті мен білім беру қажеттіліктері коммуникативті тәжірибелердің, қарым-қатынастың және әлеуметтік қызметтің алуан түрлілігіне әсер ететін білім беру бағдарламасының мазмұнын игеру шеңберінен асады. Бұл процесте жасөспірімнің балалар мен ересектер қауымдастығына қатысуы, онда ол сындарлы өзара әрекеттесу, нәтижелі ынтымақтастық және тиімді жұмыс үшін өте маңызды әлеуметтік-мәдени тәжірибе алуымен байланысты [3]. Жасөспірімдерді тәрбиелеуде цифрлық технологияларды қолданудың үш бағытын атауға болады:

бірінші бағыт – мазмұнында міндетті түрде тәрбиелік компоненті бар білім беру құралдарын электрондық басылымдар мен ресурстарды-электрондық анықтамалықтарды, энциклопедия-

ларды, оқыту бағдарламаларын, виртуалды орталарды, компьютерлік оқулықтар мен тренажерлерді әзірлеу;

екінші бағыт - тәрбие жұмысының дәстүрлі, қалыптасқан әдістерін және оларды қамтамасыз ететін құралдарды тәрбие процесіне әсер ететін жаңа, ақпараттық құралдармен

үйлестіруге мүмкіндік беретін тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

үшінші бағыт - жалпы білім беру шеңберінде іске асырылатын білім беруде ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалануға педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау [4].


Қызықты сабақ әрқашан қарапайым сабақты тәрбиелік сабаққа айналдыра алмайды. Қызығушылық, әрине, маңызды шарт, бірақ бұл жалғыз емес. Тәрбиелік сабақ - бұл мектеп оқушыларын құндылықтар, адамгершілік мәселелер, өмірлік мәселелер туралы ойлауға итермелейтін тәрбиелік мазмұны бар сабақ.

Бұған, мысалы, балаларға сабақта белгілі бір тәрбиелік ақпаратты ұсыну арқылы қол жеткізуге болады. Бұл денсаулық пен жаман әдеттер, адамдардың моральдық және азғындық әрекеттері, батырлық пен қорқақтық, соғыс пен экология, классикалық және танымал мәдениет, әдеби және тарихи кейіпкерлердің тағдырының бұрылыстары туралы ақпарат болуы мүмкін. Бұл әлеуметтік, моральдық, этикалық мәселелерді қозғайтын ақпарат болуы мүмкін; тұлғааралық, топаралық, ұлтаралық немесе конфессияаралық қатынастардың ерекшеліктері; адамдардың саяси, экономикалық, мәдени өмірінің мәселелері. Яғни, өсіп келе жатқан адамға күнделікті өмірінде толыққанды өмір сүру, қоғамға сәтті кіру үшін қажет нәрсенің бәрі [5].

Біздің зерттеу проблемамыз үшін цифрлық технологиялардың жасөспірімдердің тұлға ретінде қалыптасуына ықпалын кибербуллинг тұрғысынан зерттеу ерекше маңызға ие. Себебі, цифрлық технологиялар оқыту мазмұнына, оқытудың оң нәтижелеріне қол жеткізуге айтарлықтай ықпал еткенімен, цифрлық ортадағы түрлі әлеуметтік коммуникативтік орталардың (әлеуметтік желілер) ықпалы жасөспірімдер тәрбиесін жаңарта, толықтырып іске асыруды қажет етеді. Олар:

- интернетке тәуелділік;
- компьютерге тәуелділік;
- компьютерлік ойындарға құмарлық;
- кибербуллинг және т.б.

Аталған келеңсіздіктердің себептердің бірі цифрландыру қарқынының артуы болып табылады. Тағы бір себеп - жасөспірімдердің виртуалды әлемдегі қауіптер туралы және олардың алдын алу немесе жеңу жолдары туралы хабардар болмауы. Жасөспірімдер арасындағы кибербуллингтің алдын алу бойынша атқарылатын педагогикалық іс-әрекеттерді келесі бағыттарда іске асыру тиімді (сурет 1).



1-сурет – Жасөспірімдер арасындағы кибербуллингтің алдын алу бойынша іс-шаралар бағыттары

Жасөспірімдер арасындағы кибербуллингтің алдын алу бағытында төмендегідей іс-шараларды жүйелі әрі кешенді ұйымдастыру оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

I. Жасөспірімдермен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының болжамды формалары:

1. Әлеуметтік желілердегі коммуникативтік мәдениет туралы мысалдармен қанықтырылған сюжетті қысқа әңгімелер құрастыру конкурсы.

2. «Қауіпсіз интернет» тақырыбында шағын топтардағы жаттығу (3-4 адам). Топқа кибербуллинг сипаты бар жағдай ұсынылады. Жасөспірімдер осы жағдайда қауіпті және қауіпсіз әрекет ету жолдарын ойлап табуы тиіс, содан кейін оны бүкіл аудитория алдында рөлдерде ойнау арқылы көрсету қажет [6].

3. Кибербуллингтің алдын алуға бағдарланған ойындарды ұйымдастыру.

4. «Менің интернет портретім»» тақырыбында эссе конкурсын ұйымдастыру;

5. Пікірталас. Пікірталасты ұйымдастыру тәсілдері әртүрлі: олар топтық және жеке, жұптық пікірталастар болуы мүмкін. Пікірталас кез-келген топтың жеңісімен аяқталуы мүмкін, әр қатысушы өз пікірінде қалуы мүмкін, барлық қатысушылар белгілі бір проблеманы көруде бір пікірге келеді.

6. Тренингтер тақырыптары «Кибербуллинг немесе қауіпті виртуалды кеңістік», «Әзіл түбі – зіл немесе әлеуметтік желілердегі кибербуллинг», «Кибербуллингтің құрбаны болмау» және т. б.

7. Бейне дәрістер әзірлеуге арналған тақырыптар жобасы:

«Интернеттегі қауіп - қатерлер мен бопсалау;

«Қылмыс пен жаза: интернеттегі буллинг үшін жаза»;

II. Ата-аналармен әңгімелесу тақырыптары:

1. Кәмелетке толмағандардың компьютерлік және виртуалды тәуелділігі.

2. Кәмелетке толмағандарда агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуының психологиялық себептері.

3. Жасөспірімдер арасындағы моббинг және қорқыту.

4. Әлеуметтік медиа: аңыз бен ақиқат.

5. Жасөспірімнің виртуалды коммуникативтік сипаты.

6. Қауіпсіз КАЗНЕТ.

Қорытынды. Интернет коммуникация, интернет психологиясы теориялары, заманауи оқыту мен тәрбиелеу теориялары арқылы кибербуллингтің алдын алу және әлеуметтік медиа платформалардың жасөспірімдер тұлғасының қалыптасуындағы рөлін кең ауқымды зерттеу **маңызды. Бұл отандық білім беру саласын жетілдіруге және жасөспірімдердің «Толық адам» тұғырына сай азамат ретінде қалыптасуына** өзіндік ықпал етеді.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитетімен қаржыландырылды (AP19679127)

Әдебиеттер тізімі:

1. Ромм Т.А., Ромм М.В. Воспитание в цифровую эпоху. Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Акмеология образования. Психология развития, vol. 10, № 4 (40), 2021, -С. 360-366.

2. Шаронин Ю.В. Цифровое воспитание в современном образовании. Вестник РМАТ, №1, 2023, -С. 42-51.

3. Воспитание в информационную эпоху: пособие для педагога / Коллективная монография. / Электронное издание. – М.: АНО Издательский Дом «Педагогический поиск», 2022. – 144 с.

4. Цифровая среда и современное воспитание. / Коллективная монография. /Электронное издание/ – М.: АНО Издательский Дом «Педагогический поиск», 2022. – 128 с.

5. Воспитание в современной школе: от программы к действиям. Методическое пособие / П. В. Степанов, Н. Л. Селиванова, В. В. Круглов, И. В. Степанова, И. С. Парфенова, И. Ю. Шустова, Е. О. Черкашин, М. Р. Мирошкина, Т. Н. Тихонова, Е. Ф. Добровольская, И. Н. Попова; под ред. П. В. Степанова. – М.: ФГБНУ «ИСРО РАО», 2020. – 119 с.

6. Профилактика кибермоббинга и кибербуллинга в среде несовершеннолетних: методическое пособие / Т.А. Дёгтева и др. – Ставрополь: Ставропольское издательство «Параграф», 2017 г. – 81 с.

VR ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

Нурмаханов Еркин Аскарович,
т.ғ.м., оқытушы
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Аннотация. Мақалада оқу материалын визуалды модельдеу, оны көрнекі ақпаратпен толықтыру мақсатында VR технологияларын білім беру саласында қолдану мүмкіндігі, сонымен қатар осы технологияларды білім беруде қолдану мысалдары келтірілген, артықшылықтары мен кемшіліктері айтылған.
Түйін сөздер: компьютерлік технологиялар, VR технологиялары, білім беру процесі.

Аннотация. В статье рассматривается возможность использования VR технологии в образовательной среде с целью визуального моделирования учебного материала, дополнения его наглядной информацией, а также приведены примеры применения технологий в образовании, определены преимущества и недостатки данной технологии.
Ключевые слова: компьютерные технологии, VR технологии, образовательный процесс.

Abstract. The article considers the possibility of using VR technology in an educational environment for the purpose of visual modeling of educational material, supplementing it with visual information, and also provides examples of the use of technologies in education, identifies the advantages and disadvantages of this technology.
Key words: computer technologies, VR technologies, educational process.

Қазіргі уақытта ақпараттық қоғамдағы қызметтің басым түрі ақпараттық өнімді өндірумен байланысты. Адамның қоғамға интеграциясы, оның ақпаратпен қаншалықты тиімді жұмыс істей алатындығына тікелей байланысты. Ақпараттық технологиялардың негізгі техникалық құралы бүгінгі күні компьютер болып қала береді, оның аппараттық және бағдарламалық жасақтамасы көптеген ақпараттық процестерді, оның ішінде телекоммуникациялық өзара әрекеттесуді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда студенттерді «бүгінгі» технологияларды ғана емес, сонымен бірге болашақта пайда болатын технологияларды қолдануға дайындауға бағытталған оқытудың мазмұнын қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады. Бұл оқыту процесіне, студенттердің күнделікті өміріне жаңа ақпараттық технологияларды енгізуге, түрлі оқу пәндерін оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады. Цифрлық нысандар арқылы шынайылықты толықтыруға байланысты барлық технологиялар шынайылықтың екі полярлы нұсқаларының арасында орналасқан: біз өмір сүретін шынайылық және виртуалды шынайылық.

Виртуалды шынайылық - бұл нақты объектілердің мүлдем болмауы. Іс жүзінде шынайылық көбінесе ішкі жиындарға бөлінеді. Екі классикалық ішкі жиынтық - толықтырылған шынайылық (augmented reality, AR) және виртуалды шынайылық (virtual reality, VR). Біз бүгін виртуалды шынайылық технологиялар туралы қозғағымыз келіп отыр.

Бірінші жағдайда, шынайылықты әртүрлі объектілермен толықтыратын технологиялар, екіншісінде виртуалды шынайылықты нақты объектілермен толықтыратын технологиялар деп түсіндіріледі [1, б. 25]. Мысал ретінде Ежелгі Рим әлеміне саяхаттауға мүмкіндік беретін технологияны келтіруге болады. Егер сізді ежелгі қалаға, оның сәулетімен, адамдарымен, ауа-райымен, оқиғаларымен және т.б. ауыстыратын болса, онда ол VR технологиясы болады. Соңғы онжылдықта виртуалды шынайылық құрылғалырының бағасы төмендегендіктен көптеген пайдаланушыларға қол жетімді болды. Бұл өз кезегінде әртүрлі тақырыптағы программалар (қосымшалар) санының өсуіне әкелді. VR үшін бұл негізінен 1 адамнан тұратын ойындар немесе 360 градус камераларды жазу (парашютпен секіру, аттракциондар, табиғат, су асты әлемі, динозаврлар және т.б.).

Егер VR технологияларын білім беруде қолданылуын айтатын болсақ, онда виртуалды шынайылық үшін бұл табиғатты зерттеу, физика бойынша зертханалық жұмыстар жүргізу,

динозаврларды зерттеу, планеталарға саяхат, астрономия және т.б. айтуға болады [2, б. 23]. Мұндай бағдарламалар әртүрлі виртуалды әлемдер мен модельдеулерде және көбінесе ойын түрінде өтетін оқу процесінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдануды қамтиды. Оқытудың бұл түрі білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын, қоршаған орта мен әлемді зерттеуге талпынысын арттыруға көмектеседі.

VR технологияларын білім беруде пайдалану идеяларын ұсынатын болсақ:

Виртуалды шынайылық (VR). Бұл технологияның адамды виртуалды әлемге ауыстыру мүмкіндігі, оның білім берудегі дамуының негізгі бағытын анықтайды. Техникалық, экономикалық немесе физикалық себептерге байланысты нақты әлемде жасалмайтын барлық әрекеттерді виртуалды әлемде жасауға болады. Іс жүзінде мүмкін емес жерде болу мүмкіндігі. Электр және магнит өрістерін, тарихқа дейінгі жануарларды, су астындағы әлемді, ежелгі елдерді, планеталар мен астероидтарды көзбен көріп, сезінуге мүмкіндік беретін жалғыз технология. Мұндай интерактивті формат кез келген жастағы білім алушыға қызықты, әрі тиімді. Тарихты зерттеуде оқушылар әлем мұражайларының үш өлшемді экспонаттарымен, сондай-ақ қалпына келтірілген қалалармен, шайқастармен немесе басқа да тарихи оқиғалармен таныса алады [3, б. 21].

Виртуалды шындық (VR) технологиялары оқытудың жаңа және тиімді әдістерін ұсына отырып, білім беруде маңызды рөл атқарады. VR технологиясының білім берудегі рөлінің бірнеше негізгі аспектілері:

Иммерсивті оқыту:

- VR студенттерді виртуалды кеңістікке батыру арқылы иммерсивті білім беру тәжірибелерін ұсынады.

- VR көмегімен студенттер визуалды және дыбыстық әсерлер арқылы тарих, биология, география, тіпті математика сияқты әртүрлі пәндерді оқи алады.

Виртуалды экскурсиялар мен саяхаттар:

- VR студенттерге әлемге виртуалды экскурсиялар жасауға, тарихи орындарға, мұражайларға баруға және тіпті ғарышқа саяхаттауға мүмкіндік береді.

- Бұл білім беру тәжірибесін байытады, оны қол жетімді және қызықты етеді.

Виртуалды Зертханалар:

- VR-дегі виртуалды зертханалар студенттерге физикалық материалдарды қажет етпестен эксперименттер мен зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

- Бұл әсіресе студенттер химия, физика және биологияны қауіпсіз және тиімді оқи алатын ғылым саласында пайдалы.

Кәсіби Дағдыларды Үйрету:

- VR медицина, авиация, құрылыс және тіпті техникалық қызмет көрсету сияқты әртүрлі салаларда кәсіби дағдыларды үйрету үшін қолданылады.

- Студенттер нақты сценарийлерді тәуекелсіз қолдана алады, бұл дайындық деңгейін жоғарылатады.

Интерактивті оқыту:

- VR студенттер виртуалды ортамен өзара әрекеттесе алатын интерактивті білім беру сценарийлерін ұсынады.

- Бұл белсенді оқытуға ықпал етеді, шешім қабылдау дағдыларын дамытады және студенттерге практикалық мәселелерді шешуге үйретеді.

Кеңістіктік ойлауды дамыту:

- VR технологиялары кеңістіктік ойлау мен визуализацияны дамытуға көмектеседі, бұл әсіресе инженерия және сәулет сияқты салаларда маңызды.

Қашықтықтан оқыту:

- VR-де виртуалды сыныптар құрылады, бұл қашықтықтан оқытуды жеңілдетеді.

- Студенттер үйден шықпай-ақ оқытушылармен және сыныптастарымен қарым-қатынас жасау арқылы нақты уақыт режимінде оқи алады.

Виртуалды шындық технологиялары білім беру процесін жақсартады, оны интерактивті, қызықты және студенттердің кең ауқымына қол жетімді етеді.

Қорыта келгенде, білім беру саласында толықтырылған және виртуалды шынайылықтың жаңа технологияларын қолданудың өзектілігі мен қажеттілігінің жоғары дәрежесін айтуға, сонымен қатар отандық және шетелдік оқу орындарында виртуалды шынайылық технологияларын енгізудің белсенді процесін айтуға мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды адам қызметінің барлық салаларына дамытудың және енгізудің бұрын-соңды болмаған жылдамдығына байланысты білім беру мекемелері білім беру сапасын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар әлемдік білім беру нарығындағы отандық оқу орындарының бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыратын жаңа оқыту форматтарын белсенді түрде енгізуде.

Оқытудың жаңа форматтарын енгізу процесі сұранысқа ие болып қана қоймай, өзара тәуелді болып табылады. Бір жағынан, білім алушылар оқытудағы кез – келген технологиялық жаңалықтарға қызығушылық танытады және ғылыми жұмыс аясында «оқытушы-студент» байланыс жүйесінің тиімділігін арттыру үшін ұсыныстар мен жобаларды дербес әзірлейді.

Екінші жағынан, оқытушылар жаңа виртуалды технологиялар туралы жақсы біледі, өз жұмысында онлайн-жүйелерді пайдаланады және білім беру процесіне өзекті ақпараттық коммуникациялық технологияларды одан әрі енгізуге дайын.

VR технологиялары, күн сайын белсенді түрде дамып, білім беру саласына қарқынды енгізілу перспективалары бар деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Туманова Е.В. Виртуальный музей как средство распространения культурной и образовательной информации в рамках воспитательного пространства / Е.В. Туманова. – Москва: Просвещение, 2012. – 213 с.

2. Дворко Н.И. Мультимедиа: творчество, техника, технология / Н.И. Дворко. – Санкт-Петербург: СПбГУП, 2013. – 251 с.

3. Грязнова Е.В. Информация и виртуальная реальность: концептуальные основания проблемы / Е. В. Грязнова, А. Д. Урсул. - Нижний Новгород, 2012 - 159 с.

ПСИХОЛОГИЯ БАКАЛАВЛАРЫ ҮШІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Паримбай Гүлжанат Ғаниқызы,
оқытушы
Досанова Мақпал Мұсабекқызы,
оқытушы
Усипбекова Айжан Суттибековна,
оқытушы
Психология кафедрасы, Ө.Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Аннотация. Ұсынылған мақалада жоғары оқу орындарында бакалаврларды даярлаудың қолданыстағы жүйесіндегі инновациялық педагогикалық технологияларға талдау жасалды. Авторлармен педагогикалық инновацияның терминологиялық компоненті өзектендіріледі. Психология бакалаврларын даярлау үшін қолданылатын инновациялық білім беру технологиялары қарастырылып, олардың кәсіптік білім берудегі сапасын арттыру мақсатындағы тиімді қолдану жолдары сипатталады.

Түйін сөздер: психология-педагогикалық инновациялар, инновациялық технологиялар, жоғары кәсіптік білім, кәсіптік даярлықты оңтайландыру.

Аннотация. В представленной статье проведен анализ инновационных педагогических технологий в существующей системе подготовки бакалавров в высших учебных заведениях. Авторами актуализируется терминологическая составляющая педагогической инновации. Рассмотрены инновационные образовательные технологии, используемые для подготовки бакалавров психологии, и описаны пути их эффективного применения в целях повышения качества профессионального образования.

Ключевые слова: психолого-педагогические инновации, инновационные технологии, высшее профессиональное образование, оптимизация профессиональной подготовки.

Abstract. The presented article analyzes innovative pedagogical technologies in the existing system of bachelor's degree training in higher educational institutions. The authors actualize the terminological component of pedagogical innovation. Innovative educational technologies used for the preparation of bachelors of psychology are considered, and ways of their effective application in order to improve the quality of vocational education are described.

Keywords: psychological and pedagogical innovations, innovative technologies, higher professional education, optimization of professional training.

Бакалаврларды кәсіптік даярлау жүйесіндегі жоғары педагогикалық білім берудің қазіргі оқу-білім беру процесіне психологиялық-педагогикалық блоктың пәндерін игеруде және кәсіби практикада инновациялық технологиялар мен әдістерді қосу мәселесі қазіргі таңда өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Бүгінде жоғары кәсіптік білім беруде педагогтардың алдына жоғары құзыретті, кәсіби тапсырмалар мен талаптарды орындауда жауапкершіліктің жоғары деңгейін көрсететін, сондай-ақ өз жұмысы шеңберінде және сабақтас кәсіптік салаларда білім және іскерлік дағдыларын сауатты меңгерген, заманауи практикалық қызметтің талаптарын қанағаттандыратын маман дайындау міндеті қойылып отыр. Заманауи психолог клиентпен жұмыс істеу кезінде тиімді нәтижеге ұмтылып, нәтижеге сенімді кепілдік бере алуы қажет, сонымен бірге энциклопедиялық білім қорын жинаумен қатар әлемдік стандарттар деңгейінде нақты мәселелерді шешуде практикалық дағдыларды меңгеруі керек, сондай-ақ үнемі кәсіби өсуге, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа дайын болуы шарт.

Заманауи білім беру жағдайында психологтарды ЖОО-да дайындау мәселесінде профессор-оқытушылар құрамынан студент тұлғасының жеке және кәсіби дамуына барынша

қолайлы жағдай жасау талап етіледі (И.В.Дубровина, А.М.Прихожан, Н.С.Пряжников, Н.Н.Толстых и др.). [1, б. 89].

Осы орайда оқытудың инновациялық әдістерін енгізу университеттік кәсіптік білім беруді жаңғыртудың тиімді қадамы болып табылады.

Болашақ психология бакалаврларын кәсіби даярлаудың жаңа тәсілдері, ЖОО оқытушыларынан оқытудың инновациялық әдістерін енгізу, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану, оларды жіктеу, талдау және жүйелеу – ғылыми білімнің жекелеген саласы болып табылатын «педагогикалық инноватиканы» игеруді талап етеді. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту және оңтайландыру үдерісінде, оның ішінде болашақ психология бакалаврларын мақсатты кәсіптік даярлау кезінде бізде ғылыми-практикалық айналымға «инновациялық білім беру технологиялары» терминінің ендігі күнделікті сипатқа ие болып отырғандығы университет оқытушыларының дәріс оқуы барысында белсенді қолданылуынан көрініс табады.

Инновация немесе жаңалық, ағылшынның «innovation» сөзінен шыққан, сөзбе-сөз «адамның интеллектуалды әрекетінің, оның қиялының, шығармашылық процесінің, жаңалықтардың, өнертабыстардың және рационализацияның соңғы нәтижесі болып табылатын; процестердің тиімділігінің артуына әсер ететін енгізілген жаңалық» деген мағынаны білдіреді. [2, б. 138–148].

В.И.Загвязинскийдің пікірінше, педагогикадағы инновация «педагогикалық практикада алғаш рет қолданылған идеялармен, тәсілдермен, әдістермен немесе технологиялармен ғана емес, сонымен қатар өзгермелі шарттар мен жағдаяттар барысында білім берудегі мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін прогрессивті педагогикалық процесс кешенінің жеке элементтерімен де тікелей байланысты». [3, б. 13-23].

В.А.Сластенин мен Л.С.Подымованың анықтамасы бойынша инновациялар – техника, технология, педагогика, ғылыми зерттеулер психологиясы саласында жаңа практикалық құралды құру, тарату және пайдаланудың кешенді процесі болып табылады [4, б. 112].

Осылайша, біз «педагогикалық технология» ұғымының мәнін түсіндіру мен анықтаудағы белгілі бір айырмашылықтарды көреміз. Бүгінгі таңда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану жоғары кәсіптік білім беруді жаңғырту процесінің міндетті шарты болып табылатынын атап өту қажет. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқытуды жүзеге асыратын профессор-оқытушылар құрамы жаңа педагогикалық технологияларды басшылыққа алып қана қоймай, оларды қолдану әдістемесін де меңгеруі керек, сондай-ақ психология бакалаврларын кәсіби даярлауда оны оңтайландыру және оқыту сапасын арттыру мақсатында оқу-білім беру процесінде кеңінен қолдану қажет.

Педагогикалық ЖОО жағдайында бакалаврларды кәсіби даярлау жүйесіне инновацияларды немесе олардың элементтерін енгізу кезіндегі оларды негізгі үш критерий бойынша тексерген жөн: өзектілігі, пайдалылығы және шынайылығы. Бұл талапты ескерген жөн, өйткені әр түрлі қолданыс жағдайында әрбір инновация бірдей пайдалы және тиімді бола бермейтіндігін ескерсек, жоғарыдағы талапты міндетті түрде басшылыққа алу қажет [5, б. 12].

Бұл, өз кезегінде болашақ психология бакалаврларын кәсіби даярлау процесінде инновациялық білім беру технологияларын тиімді әрі нәтижелі қолдануға мүмкіндік береді.

Педагогикалық инновацияның негізгі теориялық аспектілерін қарастыра отырып, біз кәсіби процесте психология бакалаврларын даярлауда қазіргі кезеңде ұтымды және орынды қолданылатын бірқатар инновациялық педагогикалық технологиялардың мәні мен рөлін зерттеуге жүгінеміз.

1-кесте. Психология бакалаврлары үшін инновациялық оқыту технологиялары және сипаттамалары.

№	Инновациялық оқыту технологиялары	Технологиялардың сипаттамасы
1	Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы	Бұл технологияның мәні – білім алушының жеке дүниетанымын қалыптастыру, ғылыми пікірталастарға белсенді қатысу, салмақты шешімдер қабылдау, қажетті білімді өз бетінше табу, коммуникативті дағдыларды үйрену, логикалық ойлау және объективті дәлелдер келтіре отырып, өз пікірін негіздеу.

2	Зерттеу қызметінің технологиясы	Ұсынылған технология болашақ психология бакалаврларында зерттеу жұмысының дағдыларын қалыптастыруға, белсенді шығармашылық тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған.
3	Интегралды педагогикалық технология	Болашақ бакалаврды дамыту және өзін-өзі реализациялау үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін зерттеу объектісі туралы біртұтас білімді қалыптастыру арқылы «әлем бейнесін» құру үшін негіз болып табылады.
4	Дамыта оқыту технологиясы	Бұл технологияның мазмұны – болашақ психологтың өзін-өзі жетілдіруде, тәуелсіз оқытуда және белсенді шығармашылық ойлауда тиісті құзыреттері мен қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған.
5	Тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы	Бұл технологияның мақсаты – білім алушының ойлау дербестігін, тәуелсіздігін көрсетуге, өз таңдауын жүзеге асыруға мүмкіндік беру.
6	Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру технологиясы	Бұл технологияның бағыты бакалаврларда өзінің танымдық белсенділігін дербес басқару, тәуелсіз ойлау, ерекше шешімдер қабылдау, сыни ойлау, өзінің өмірлік ұстанымын саналы түрде таңдау, стандартты емес, ерекше идеяларды тудыру дағдыларын қалыптастыру болып табылады.
7	Саралап оқыту технологиясы	Психология бакалаврлары үшін ұсынылған технология білім алушылардың оқу қабілеттерін, өзін-өзі тәрбиелеу қажеттіліктерін, практикалық қызметтегі типтік және стандартты емес жағдайларда инновациялық, ерекше идеяларды қалыптастыруға, балама шешімдерді іздеуге деген ұмтылыстарын қалыптастыруға ықпал етеді.
8	Жобалау технологиясы	Бұл технологияның мақсаты – білім алушылардың жаңа білімге, дамуға деген қызығушылығын ынталандыру жеке мәселелерін шеше отырып осы білімді нақты практикалық іс-әрекетте қолдану арқылы өзін кәсіби маман ретінде көрсету.
9	Модульдік-дамытушылық оқыту технологиясы	Болашақ психология бакалаврларының өзін-өзі тәрбиелеу құзыреттілігін қалыптастырады.
10	Гуманистік оқыту технологиясы	Технологияның негізгі мақсаты – оқу-білім беру және тәрбие процестерін ізгілендіру, гуманитаризациялау және демократияландыру қағидаттарында тұлғаның басым дамуын қамтамасыз ету болып табылады.
11	Жеке және топтық оқыту технологиясы	Білім беру, тәрбиелік және дамытушылық өзара әрекеттесудің интерактивті әдістерін қолдана отырып, жеке және топтық оқыту технологиясы. Бұл технологияны қолдану білім алушылардың ақпаратты белсенді қабылдауға, игеруге және беруге ішкі уәждемесін қалыптастыруға, сондай-ақ болашақ практикалық психологтардың коммуникативтік қасиеттерін дамытуға, олардың ақыл-ой қызметін белсендіруге ықпал етеді.
12	Оқыту процесін даралау технологиясы	Бұл технология – оқытуды ұйымдастырудың қолданыстағы жүйесінде болашақ психологтардың жұмысының максималды өнімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. [5, б. 112-145].

Ұсынылған технологияларды педагогикалық ЖОО жағдайында бакалаврларды өз бетінше даярлауда сондай-ақ басқа да білім беру процестерінде, жоғары мектептегі болашақ психологтардың кәсіби даярлық процесін оңтайландыру мақсатында қолдануға болады.

Психология бакалавры бағдарламасының негізгі мақсаты – тәуекел тобындағы клиенттердің кешенді міндеттерін шешуде психологиялық-педагогикалық қолдау және сүйемелдеу үшін білікті маман даярлау: білім беру мекемелерінде, халықты әлеуметтік қорғау, спорттық, басқарушылық қызмет салаларында, құқық қорғау органдары және балалармен, жасөспірімдермен жұмыс істейтін басқа да ведомстволар, бизнес қауымдастықтар, ұйымдар жүйесінде психологиялық қолдау, профилактика, сүйемелдеу, оңалту, психологиялық-педагогикалық сараптама жұмыстарын ұйымдастыру.

Заманауи жаһандану жағдайында кәсіптік білім беру жаппай модернизация кезеңін бастан өткеруде. Бұл кезең, ең алдымен, білім беруде түрлі инновацияларды жан-жақты әрі тиімді қолданумен сипатталады. Психология саласындағы болашақ мамандарды кәсіби даярлау процесін оңтайландыру және олардың білім беру сапасын арттыру үшін, біздің ойымызша, білім алушылармен жұмыс істеу нысандарын, тәсілдері мен әдістерін қайта қарау қажет.

Мақалада ұсынылған инновациялық білім беру технологияларының сипаттамасы дамушы білім беру ортасын құру тәжірибесін зерделеуге, білім алушыларда психолог мамандығы үшін негізгі құзыреттерді қалыптастыру процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Психология / И. В. Дубровина, А. М. Прихожан, Н. С. Пряжников [и др.] ; под общ. ред. И. В. Дубровиной. – М.: ACADEMA, 2003. – Текст: непосредственный.

2. Зиньковский, К. В. Кадровая политика вузов в условиях институциональных изменений: дифференциация или унификация? / К. В. Зиньковский, Д. И. Хлебович. – Текст: непосредственный // Университетское управление: практика и анализ. – 2014. – № 4–5 (92–93). – С. 138–148.

3. Загвязинский, В. И. Общая педагогика: учебное пособие / В. И. Загвязинский, И. Н. Емельянова. – М.: Высш. шк., 2008. – С. 13–23. – Текст: непосредственный.

4. Сластенин, В. А. Готовность педагога к инновационной деятельности / В. А. Сластенин, Л. С. Подымова. – Текст: электронный // Сибирский педагогический журнал. – 2007. – № 1. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/gotovnost-pedagogak-innovatsionnoy-deyatelnosti.

5. Панфилова, А. П. Инновационные педагогические технологии: Активное обучение: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / А. П. Панфилова. – М.: Академия, 2009. – 192 с. – Текст: непосредственный.

ЖАЛПЫ БИОЛОГИЯНЫ ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Пошаева Гулжамила Серикбаевна,
б.ғ.к., аға оқытушы
Амантай Нұрлайым Ерубайқызы,
7М01505 Биология педагогін даярлау мамандығының 2 курс магистранты,
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-і

Аннотация. Оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіс-тәсілдерінің қазіргі жағдайдағы жетістіктері мен кемшіліктерін анықтай білу. Білім алушыларға мәселені көру, тұжырымдау, гипотеза құру, мәселені шешу шарттарын анықтау, табиғи құбылыстардың себептері мен салдарын негіздей білу дағдыларын қалыптастыру.

Түйін сөздер: Оқу-зерттеу қызметі, оқу үдерісі, ғылыми-зерттеу іс-әрекеті, зерттеушілік білік. зерттеу.

Аннотация. Уметь выявлять достижения и недостатки методов и приемов проведения учебно-исследовательской работы в современных условиях. Формировать у обучающихся умения видеть, формулировать проблему, строить гипотезы, определять условия решения проблемы, обосновывать причины и последствия природных явлений.

Ключевые слова: Учебно-исследовательская деятельность, учебный процесс, научно-исследовательская деятельность, исследовательские умения, исследования.

Abstract. To be able to identify achievements and shortcomings of methods and techniques of conducting educational and research work in modern conditions. To form students' skills to see, formulate a problem, build hypotheses, determine the conditions for solving a problem, justify the causes and consequences of natural phenomena.

Key words: Educational and research activities, educational process, research activities, research skills, research.

Мақаланың өзектілігі ғылымның әлеуметтік прогрестегі рөлінің артуы, оның адамдардың өмірінің барлық салаларына енуі, болашақ маманды даярлау сапасының білім беру процесінің зерттеу бағытына тәуелділігі мамандарды ғылыми-зерттеу даярлау мәселесін өзекті етті. Оның маңызды аспектісі-болашақ маманның зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Бұл студенттердің өміріне, кәсібіне және өзіне деген зерттеу тәсілін қамтамасыз ету қажеттілігін анықтайды.

Қазіргі таңда еліміздің экономикасының даму қарқыны жоғары оқу орындарында білікті мамандар даярлауды, сонымен қатар, білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстармен айналысуы мен оны қолдау мәселелерін талап етеді. Сондықтан да, жоғары оқу орындарының маңызды міндеттерінің бірі еліміздің интеллектуалдық әлеуетін сақтау мақсатында қабілетті және талантты студент жастарды анықтау және оқыту, ынталандыру және ғылыми даярлыққа қолдау көрсету болып табылады [1, б.5].

Зерттеу барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру тәсілі ретінде оқу және зерттеу қызметінің оңтайлы өзара әрекеттесуін анықтау. Мамандыққа қойылатын талаптарды ескере отырып, оларды диагностикалауды жүзеге асыру және зерттеу дағдыларын қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін факторларды анықтау және зерттеу пәнінің мақсаты және оның міндеттері анықталады.

Университеттің тұтас білім беру процесінде оқу және зерттеу дағдыларын қалыптастырудың өзара байланысының ерекшеліктерін ашу. Оқу үрдісінде педагогикалық оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізу шын мәнінде күрделі процесс. Оқу бағдарламаларының әр түрлілігіне қарамастан қоршаған әлеммен қарым-қатынаста сыни ойлай алатын, өзін-өзі өмір

бойы жетілдіретін, жаңашылдыққа ұмтылатын, кәсіби дайындығы қоғам талаптарына сай адамды қалыптастыру.

Білім алушылардың дүниетанымын ғылыми негізде қалыптастыруда жалпы биологияны тереңдетіп оқытудың маңызы өте зор. Оқыту мен тәрбиелеу бір- бірімен тығыз байланысты, сондықтан да бұл үрдіс мұғалімнің жоғары деңгейдегі біліктілігі мен шеберлігін талап етеді. Осыған байланысты оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізу жүйелі түрде жүзеге асырылуы қажет.

Қойылған міндеттерді іске асыру және гипотеза ережелерін тексеру үшін зерттелетін мәселенің теориялық талдауы пайдаланылды; педагогикалық эксперимент; эмпирикалық әдістер: бақылау, тестілеу, сауалнама жүргізу, өзін - өзі бағалау әдістері; Педагогикалық тәжірибені талдау; сандық әдістер (статистиканың параметрлік емес критерийлері) және эксперименттік деректерді сапалы талдау.болашақ кәсіби қызметі, ғылыми ақпаратты жүйелі қолдануға бағдарлану, студенттерді маман эталоны тұрғысынан өзін-өзі зерттеу[2, б.15].

Оқу және зерттеу дағдыларын бір уақытта қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар мүмкін, бірінші кезеңде оқу процесінде, екіншісінде - өзіндік жұмыста, үшіншісінде - болашақ маман ретінде өзін-өзі тәрбиелеу процесінде жүреді.

Оқу-зерттеу қызметі оқу жаратылыстану-ғылыми шығармашылығының бір түрі болып табылады, өйткені биологиялық құбылыстарды зерттеу барысында оқушылар табиғи объектілер мен ғылыми фактілерді танудың жаңа құндылықтарын ашады. Оқу-зерттеу дағдылары-бұл шығармашылық элементтерін алып жүретін білім, дағдылар жүйесін қамтиды. Бұл жағдай оқу экспериментін ұйымдастырудың мазмұнын жаңарту және жетілдіру, оның қол жетімділігі мен практикалық мүмкіндіктерін арттыру қажеттілігін тудырады.

Зерттеу-бұл тәжірибеден бастау алатын және оған оралатын күрделі, мақсатты, аналитикалық-синтетикалық, интеллектуалды танымдық іс-әрекет, оның тән белгісі нақты шындық объектілерін нақты белгіленген әдістер мен құралдармен жүйелі түрде зерттеу болып табылады.

Қазіргі заманғы ғылым әдіснамасында теорияның төмендегідей құрылымдық элементтерін бөліп қарастырады:

- бастапқы негіздер – ұғымдар, заңдар, аксиомалар, принциптер және т.б.;
- идеалданған объект – зерттелетін құбылыстар мен заттардың шынайылығының, маңызды қасиеттері мен байланыстарының теориялық үлгісі;
- теорияның логикасы – дәлелдеудің белгілі бір ережелері мен тәсілдерінің жиынтығы;
- философиялық ұстанымдар және әлеуметтік құндылықтар;
- теорияның салдары ретінде шығарылған заңдар мен ережелердің жиынтығы.

Теорияның құрылымын ұғымдар, пайымдаулар, заңдар, ғылыми ережелер, ілімдер, идеялар және басқа да элементтер құрайды.

Қойылған міндеттерді шешу үшін мынадай зерттеу әдістері пайдаланылды:

- теориялық-әдістемелік-зерттеу мәселесі бойынша ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, синтездеу, жалпылау, жалпы орта білім берудің қолданыстағы мемлекеттік стандарттары, жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздерін анықтау мақсатында оқу бағдарламалары, оқу-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда экспериментті қолдану әдістемесін әзірлеу, эксперимент нәтижелерін өңдеу;
- ақпараттық ресурстарды іріктеу және қалыптастыру әр түрлі салаларда практикалық қызметті жүзеге асырудың теориялық негізі;
- білім беру процесіне қатысушылармен және әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимыл жасауға, әлеуметтік, этно және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдай отырып, ұжымды басқаруға дайын болу;
- білім алушылардың зерттеудің жаңа әдістерін өз бетінше игеруі және пайдалануы, кәсіби қызметтің жаңа салаларын игеру қабілеттері;
- ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау, оларды ғылым мен білім беру саласындағы нақты ғылыми-зерттеу міндеттерін шешуде қолдану қабілеті[2, б.5].

Зерттеу кезеңдері.


Зерттеудің бірінші кезеңі тақырыпты таңдау және оны тұжырымдау, зерттеу жұмысының орталық идеяларын, мақсаттары мен міндеттерін негіздеу және оның әдіснамалық және теориялық базасы анықталды.

Зерттеудің екінші кезеңінде тақырып нақтыланды, гипотеза ұсынылды, тапсырмалар анықталады. Білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру деңгейлерінің критерийлері айқындалады. Тәжірибелік-іздестіру жұмыстары жүргізіледі.

Зерттеудің үшінші кезеңі алынған нәтижелерді талдаудан, материалды жүйелеуден, теориялық ережелерді нақтылаудан, жұмысты тұжырымдаудан, жобалаудан тұрды.

Зерттеудің негізгі сипаттамаларының өзара байланысын тіреқсызба түрде келесідей көрсетуге болады (1тіреқсызба)[3, б.46].

Тіреқсызба 1. Зерттеудің негізгі сипаттамаларының байланысы



Зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы бастапқы әдіснамалық ұстанымдармен, психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктерін пайдаланумен, теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерін кешенді қолданумен, алынған деректерді статистикалық өңдеумен, зерттеу логикасының оның мақсатына, міндеттеріне сәйкестігімен, жүргізілген тәжірибелік-іздестіру жұмыстарымен, жұмыстың теориялық және эксперименттік нәтижелерін практикада енгізудің оң нәтижелерімен анықталады.

Зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруға деген студенттерді ынталандырушы мотивациялық компоненті анықтауда педагог - ғалым В.И. Андреевтің еңбегінде ұсынған. Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруға мотивациясын арттыру деңгейлері (В.И.Андреевтің үлгісі бойынша) Кесте 1.

1-кесте

Мотивациялық компонентті арттыру деңгейлері	Сипаттама
Өте төмен	Білім алушылар өз бетімен зерттеу жұмысын орындауға ынта білдірмейді, мәліметтерді қосымша әдебиеттерден іздемейді.
Төмен	Білім алушылар зерттеу тапсырмаларын орындауға қызығушылық білдіреді. Жаңа ұғымдарға, құбылыстарға өз бетімен түсінік беруге тырысады және қосымша әдебиеттермен жұмыс жасайды, бірақ жүйесіз.
Орта	Білім алушыларда зерттеу тапсырмаларын орындауға мотивация болады, бірақ көбінесе оқытушының көмегімен жүзеге асады.
Жоғары	Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға деген ынтасы жоғары, проблемалық, аудиторияда және аудиториядан тыс жағдайда тапсырмаларды өз бетімен орындайды.
Өте жоғары	Білім алушылардың зерттеушілік қызығушылығы өте жоғары, олар шығармашылық мазмұндағы, түрлі зерттеу тапсырмаларын ынталана орындайды.

Зерттеу жұмыстары 2022-2024 жылдар аралығында Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде (бұрынғы ОҚМПУ) жүргізіліп келеді. 6В01505 Биология мұғалімін даярлау мамандығының 75 студенті қатысты. Эксперимент жұмыстарын бастайтын кезде барлық студенттерді екі топқа бөліп алдық: Бақылау тобы (БТ) және Эксперименттік топ (ЭТ). Зерттеу жұмысының нәтижесін қорытындылау 2024 жылы наурыз айында аяқталады.

Биология сабақтарында білім алушылардың оқу-зерттеу қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері талданады. Тәжірибе көрсеткендей, білім алушылардың зерттеу позициясын көрсетуі әртүрлі, табиғатта бақылау және зерттеу кезінде, оқылған мәтінді түсінуде, өнімді өз қолымен жасау, мәселені шешудің жаңа әдісін ойлап табу, жоба үшін жаңа ақпаратты табу, алыстағы құбылыстар, белгілер арасындағы ұқсастық және т.б. Күшті зерттеу позициясы білім алушының оқуға және күнделікті өмір салтына деген көзқарасына біртіндеп әсер етеді. Бұл жағдайда ол кез-келген ортада айқын көрінетін зерттеушілік мінез-құлықты дамытады деп айтуға болады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: мемлекетіміздің әлемдік білім кеңістігіне енуіне сәйкес бүгінгі бәсекеге қабілетті білім беру үдерісінде болашақ маманның зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруды керек етіп отыр. Жоғары білім беру жүйесінің мақсат-міндеттеріне сәйкес, жаңашыл, интеграциялық білімге құмар, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, өздігінен креативті іс-әрекеттер жасай алатын білім алушылардың зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың өзектілігі теориялық тұрғыда негізделіп отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Абдигалиева Т.Б. Ғылыми зерттеулердің әдістемесі: Оқу құралы.-Алматы: АТУ РББ, 2019. – 137 б.

2. Белялова М.А. Формирование исследовательских умений студента в образовательном процессе вуза: дис. канд. пед. наук: 13.00.02. - Краснодар, 2002. – 139 с.

3. Л.В.Байбородова, А.П.Чернявская, Методология и методы научного исследования, Учебное пособие, «Ярославль» 2014.

4. Якиманская, И. С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. М., 1996. - 96 с

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Пошаева Гулжамила Серикбаевна,
б.ғ.к., аға оқытушы
Молдабеков Марат Артикбойугли,
7М01505 Биология педагогін даярлау мамандығының 2 курс магистранты,
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-і

Аннотация. Қазіргі уақытта жалпы білім беру мектептерінде биологиялық білім беруде оқу материалдарын игеру кезінде табиғи құбылыстардың себептері мен салдарын негіздей отырып, оқушылардың өз бетінше іздену мен шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелері мен әдістері қарастырылады.
Түйін сөздер: биологиялық білім, әдіс-тәсіл, зерттеу, шығармашылық іздену, дағды.

Аннотация. В настоящее время в биологическом образовании в общеобразовательных школах рассматриваются проблемы и методы развития самостоятельного поиска и творческого потенциала учащихся с обоснованием причин и последствий природных явлений при освоении учебного материала.
Ключевые слова: биологические знания, метод, исследование, творческий поиск, навыки.

Abstract. The problems and methods of developing the independent search and creative potential of students with the justification of the causes and consequences of natural phenomena in the development of educational material in biology in secondary schools are considered.
Key words: biological knowledge, method, research, creative search, skills.

Бұл мақалада биология курсын оқу кезінде оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік негіздері қаралады. Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектептерде биологиялық білім беруде оқу материалдарын игеру кезінде оқушылардың өз бетінше ізденуге құлықсыздығы мен белсенділігінің төмендеуі байқалады. Сондықтан оқытудың шығармашылық әлеуетін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Оқытудың зерттеушілік тәсіліне қадам жасау:біріншіден, мектептегі оқу үдерісіндегі, оқушылардың білімдері мен дағдыларына, жаңа заман талабынан туындайтын; екіншіден, оқытудың әдістері мен мазмұнының және ғылым деңгейіндегі алшақтықтарын жою сұранысына байланысты туындайды. Зерттеушілік тәсілге бұл кезеңде педагогтардың ерекше назар аударуының мәні – олтанымдық әрекетті қарқынды, ал өз бетінше танымды арттыру және шығармашылық ойлауды дамытуға қолайлы тәсіл еді. Сол жылдардың педагогикалық әдебиеттерінде зерттеушілік тәсілді: «өмір талап еткен жағдайда баланың қажетті біліммен қарулана алар құралы» деп көрсетеді. Сол кезеңдегі әдістемелерде «зерттеушілік әдіс» деген термин пайда болды. Биологияны оқыту практикасында Н.М. Верзилин және В.М. Корсунский жасаған әдістер жүйесі кең тараған, бірақ жалғыз емес [2] (Кенжебеков, 2004). Алғаш шыққан әдістемешілердің бірі Б.Е. Райков оқыту әдістерін жүйелеуге, топтастыруға талпынған [3] (Rickheit, 2008). Өз жүйелеуінде ол әдістердің көптүрлілігінің көрсеткішін, олардың бір-бірімен өзара қалай қатысты екенін ашқысы келген. Осы негізде ол әдістердің бинарлық номенклатурасын (қосарлыаталу) енгізген. Қабылдау сипатына қарай ол (сезім мүшелері мен қимыл мүшелерінің), әдістер тобын үшке бөлген: ауызша, көрнекі және моторлы (қозғалтушы) әдістер, оқушының білімді игеруіне қарай тағы да екі әдіс тобын бөлген. Олар: көрсетуші және зерттеуші әдістер. Бірінші әдістер тобында оқушылар көрнекі құралдарды пайдалану арқылы мұғалім сөзінен немесе кітаптан білімді дайын күйінде игереді; екінші әдістер тобында оқушылар тікелей оқу нысанынан білімді өздері игереді. Райковтың әдістер жүйесі Н.М. Верзилиннің әдістер жүйесінің негізінен алынды [4] (Зимняя, 2003).

Зерттеушілік арқылы оқушылардың ғылыми дүниетанымы дамиды. Ғылыми дүниетаным тек теориялық білім алу арқылы емес, сонымен қоса, дәйекті дәлелдер және зерттеушілік іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Оқушылар өздігінен жүргізген зерттеушілік іс - әрекет нәтижесінде нақты шындыққа көз жеткізеді.

Осыған орай жаңа әлеуметтік - экономикалық жағдайда басты мәселелердің бірі ретінде адам мен табиғат, мәдениет, қоғам арасындағы қарым - қатынасының заңдылықтары туралы жүйелі білім қалыптастыру болып отыр. Өз кезегінде биологиялық білім адам мен табиғи орта арасындағы байланысты нақты саралай отырып, жас ұрпаққа өзін қоршаған ортасы, тіршілік туралы білімді беретін биолог мұғалім тек білімнің тасымалдаушысы ғана емес, оны өзіндік зерттеулер жүргізу арқылы жас өспірімнің ғылыми шындыққа көзін жеткізетін және олардың өзіндік қасиеттерін ашуға, ізденуге бағыттайтын маман болуға тиіс. Қазіргі таңда мектеп қабырғасында зерттеушілік іс-әрекет бастауыш сыныптардан басталуына үлкен мән берілген. Бұл мектеп оқушыларына берілетін білімнің олардың зерттеушілік дағдаларын дамытуға бағытталып отырғандығын кәрсетеді.

Егер оқушы мектеп кезінен бастап табиғатпен етене жақын болып, үйлесімді өмір сүруді үйренсе, онда ол әркез табиғатпен бірге болады. Сондықтан да экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін биология курсын оқыту кезінде оқушылармен жұмыс істеудің белсенді әдістерін іздестіріп, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруымыз қажет. Биологиялық білім беру процесінде ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруда оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріледі, жоспар құру және тапсырмалар соған сай жасалынады.

Зерттеу көрсеткендей, жалпы білім беретін мектептің тәжірибесінде осы уақытқа дейін білім алу бойынша оқыту процесінде оқушылардың жеке қабілеттері мен мүдделері есепке алынбайтыны, оларға прогрессивті білім беруді толық пайдалануға мүмкіндік бермейтіні байқалады.

Оқушылардың оқудағы дербестігін көрсету, зерттеу дағдыларын меңгеру үшін мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық және инновациялық процестерге дайындық деңгейі жеткіліксіз екені көрінеді. Себептері мектепте жүйелі әдістемелік негіздердің жеткіліксіздігі, білім, зерттеу дағдылары, жаңа оқу пәндері мен білім беру стандарттарына байланысты.

Жүйелілік - жалпы білім берудегі және дербес зерттеу, шығармашылық дағдыларын қалыптастырудағы қайшылықтарды анықтайды, оқыту әдістемелерінің жаңа міндеттерін қалыптастырып, мәселелерді шешуге үйретеді, дайындайды.

Теориялық және практикалық дайындықтың өзара байланысы кешенді түрде факультативті сабақтармен байланысты жүреді.

Биологияны оқыту үдерісінде оқушылар ғылыми (қызметке) зерттеуге дайын болуы керек. Теориялық сабақтарды меңгергенде олар білуі керек:

-зерттелетін нысанның құрылысын және функциясын. Мысалы, өсімдік ағзасының құрылымы, мүшелерінің негізгі қызметін, т.б.

-табиғаттағы өсімдіктердің рөлі, олардың адам өміріндегі, халық шаруашылығындағы маңызы;

-оларды қорғау және ұтымды пайдалану іс- шараларын;

-өсімдіктердің көбею жолдарын, оларды көбейту әдістерін;

-өсімдіктердің қоршаған ортамен байлансын және оларға әртүрлі факторлар әсерін;

-олардың өсуі, дамуы, қолайсыз жағдайларға төзімділігі.

-агротехникалық жүйені уақтылы және сапалы жүргізу топырақты өңдеу және өсімдіктерді күту әдістері (топырақты егуге дайындау, үстірт қопсыту, суару, азықтандыру, жинау және т.б.).

Биология курсын оқығанда оқушылар практикалық сабақтарда келесі дағдыларды меңгереуі тиіс:

-Өлшеу дағдылары- таразымен, сызғышпен жұмыс істеу дағдылары. Яғни көрсеткіштерді өлшеу, санау, дәлдігін анықтау, нәтижелерін жазу, бақылауларды өз бетінше жүргізе білу;

- Есептеу дағдылары- бұл нәтижелерді өңдеу дағдылары;

- Графикалық дағдылар- бұл кестелер, диаграммалар, тірек сызбалар жасау дағдылары. Оқушылар өз бетінше сызбалар, кестелер жасағанда салыстыру, ойлау қабілеттері дамиды;

-Зертханалық жабдықтармен жұмыс істей білу дағдылары- микроскопғ скальпель, пинцет, лупа, ине, т.б. құралдармен жұмыс істеу дағдылары;

-Қарапайым микропрепараттар, кеппешөптер дайындау дағдылары;

-Оқу-тәжірибелік учаскеде жабық өсімдіктер мен өсімдіктерді өсіру, күтім жасау, көбейту, трансплантация әдістерін орындайды;

-Табиғатты қорғау дағдылары-бұл дағдылар экскурсиялар кезінде.

-табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және дұрыс мінез-құлықты қалыптастыру үшін керек.

Биология курсын оқу кезінде оқушылар әртүрлі ақыл-ой әрекеттерімен айналысады: салыстырады, талдайды, жалпылайды, байқалған құбылыстар мен процестерден қорытынды жасайды.

1-кесте. Зерттеу кезіндегі тәжірибе жүргізу бағдарламасының кестесі.

№	Бағдарлама	Зерттеудің тұрлері	
		Бақылау	Эксперименттік
1	Теориялық- практикалық дайындық		+
2	Тәжірибелік дайындық		+
3	Табиғатқа экскурсиялар, ауыл шаруашылығы өндірісі, ҒЗИ, тәжірибелік станциялар		+
4	Әдебиеттермен жұмыс		+
5	Оқу-зерттеу қорытындысы	+	+

Биология бойынша зерттеу дағдыларын қалыптастыру процесінің негізгі құрамдас бөлігі мұғалім мен оқушылардың жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған өзара байланысты жұмыстары болып табылады. Белсенділік белгілі бір жағдайларда пайда болатын жеке тұлғаның әрекеттері мен әрекеттері арқылы көрінеді. Демек, оқу-танымдық іс-әрекетте оқушылардың белсенділігіне зерттеу дағдыларын қосу арқылы дамыту мүмкіндіктері артады және оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Дағдыларды қалыптастырудың алғашқы кезеңдерінде мұғалім оқушыларды бақылауы керек. Содан соң жоспар бойынша бақылау әр орындалған тапсырмалар үшін жүйелі жүзеге асырылады.

Тәжірибелік-ғылыми жұмыстың нәтижесі инновациялық оқыту әдістерді ұтымды пайдалану, оқушылардың оқу үлгерімінің жүйелі түрде өсіп отыратынын мынадай факторлар анықтап берді:

1. Оқушыларға білім беруде бұрынғы қалыптасқан аралас сабаққа қарағанда тәжірибелерді жиі қою, яғни практикалық әдіс-тәсілдердің, рөлдік ойындардың, ситуациялық сұрақтардың, ізденушілік тапсырмалардың артықшылықтары дәлелденді.

2. Теориялық білімді ғылыми зерттеу жұмыстарымен ұштастырудың тиімді жағы анықталды. Оның дәлелі – үлгерім сапасының өсуі.

3. Тәжірибе қою техникасын үйрену, оқушылардың өздерінің өзін қою арқылы танымдық белсенділікті қалыптастырады.

4. Ғылыми танымдық өзіндік жұмыстарды атқара білу қабілеттерінің қалыптасуына, білімді саналы игеру дәрежесін жоғарылатуға, негізгі ойды бөліп алуға және оқу-танымдық белсенділігін арттыру арқылы қорытындылау мүмкіндіктерінің артуы байқалады.

Қорытындылай келгенде оқушылардың зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастыру барысында олардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады. Олар белгілі бір мазмұн мен нақты әдістемелерге негізделген өзіндік жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, топтағы шығармашылық қарымқатынас, өзіндік және топтағы бақылау, бағалау іскерліктерін қалыптастыру, қарым-қатынасқа түсу, топта пікірталас жүргізу, өз ойын жазбаша және ауызша білдіру дағдыларын қалыптастыру, адамдармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру барысында жүзеге асырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абдигалиева Т.Б. Ғылыми зерттеулердің әдістемесі: Оқу құралы.-Алматы: АТУ РББ, 2019. – 137 б.

2. Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзіреттілік мәселесі // Ұлт тағылымы. -2004. - №3.

3. Rickheit, G. The concept of communicative competence [G. Rickheit, H. Strohner, C. Vorwerg]; Handbook of communication competence; [eds. G. Rickheit, H. Strohner]. – Berlin: Mouton de Gruyter, 2008. – P. 15-62.

4. Зимняя, И. А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня.– 2003. - №5. – С. 34-42.

5. Белялова М.А. Формирование исследовательских умений студента в образовательном процессе вуза: дис. канд. пед. наук: 13.00.02. - Краснодар, 2002. – 139 с.

6. Л.В.Байбородова, А.П.Чернявская, Методология и методы научного исследования, Учебное пособие, «Ярославль» 2014.

ҒТАМР 14.07

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Б.И. Иманбекова[1], А.М. Текесбаева[1], Г.М. Текесбаева[2],
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада құзіреттілік, коммуникативтік құзіреттілік туралы зерттеулерге шолу *ж*асалып, білім алушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруда Абай Құнанбаевтың философиялық ой-тұжырымдарының маңызы туралы айтылады. Абайдың шығармашылық мұрасы – қазақ халқының ғасырлар бойы маңызын жоймаған рухани қазынасы. Оның қара сөздері мен өлеңдері – терең философиялық идеялары, адамгершілік тағлымы, гуманистік ұстанымдары, жас ұрпақты рухани-ізгілік кемелдендіру бағдарламасы, адамның танымдық қасиеттері мен менталитент ерекшеліктерін саралауымен бағалы. Қазақтың кемеңгер ойшылы өз туындыларында өз халқының рухани келбеті мен адамгершілік қасиеттері, салт-санасы, тұрмыс-тіршілігін зерделейді. Философ-ақын адамзаттың адамгершілік тұрғысынан жетілу қағидаларын зерттеп, адамның қоғамдық қызметі, адам санасының мазмұны мен табиғаты зерделеді. Ол адамды әр салада өз мүмкіндігін жүзеге асыра алатын сан қырлы тұлға деп танып, адамның таным қабілеттері мәселелерін философиялық, эстетикалық, этникалық тұрғыдан қарастырады. Ұлы ақын білім-ғылым үйренуді барынша уағыздап, оны пайдалану жолын нұсқайды. Жастарды білім алуға шақыра отырып, адам деген атқа лайық болу керектігін тұжырымдап, жас ұрпаққа жақсылық пен жамандықтың аражігін ашып көрсетіп, ғалым болу мен адам болу мәселелерінің өзара сабақтастығын айқындап береді. Абай шығармаларын терең, жан-жақты таныту – қазақтың әдебиеті мен мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдыларымен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде қарым-қатынас барысында қолдана білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, дара тұлға қалыптастыруға негіз болады. Ойшыл ақынның ұлағатты ойлары мен тұжырымдарын оқушыларға талдату, мағынасын ашқызып әңгімелету, топтық, жұптық, жеке жұмыстарда қолдану оқушылардың коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыруға септігін тигізді. Қазақ тілі сабақтарында А.Құнанбаевтың философиялық-әлеуметтік ой-пікірлері мен нақыл сөздеріне тілдік, мағыналық талдау жасату оқушылардың лингвистикалық білімдерін қарым-қатынас жасауда қолдана білуге үйретіп, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіріп, ойлау қабілеттерін дамытып, коммуникативтік құзіреттіліктерін арттыруға оң ықпал етті.

Түйін сөздер: құзіреттілік, коммуникативтік құзіреттілік, іскерлік, жалпы адамзаттық құндылық, ұлттық құндылық, философиялық тұжырым.

Аннотация. В статье говорится о формировании коммуникативной компетентности обучающихся через философские концепции Абая Кунанбаева. Творческое наследие Абая – это духовное достояние казахского народа, не теряющее своего значения на протяжении веков. Его слова назидания и стихи ценны своими глубокими философскими идеями, нравственным воспитанием, гуманистическими позициями, программой духовного и добродетельного совершенствования подрастающего поколения, дифференциацией познавательных качеств человека и интеллектуальных особенностей. В своих произведениях великий казахский мыслитель изучает духовный облик и нравственные качества, обычаи и образ жизни своего народа. Философ-поэт изучает принципы развития человека с точки зрения нравственности, общественной деятельности человека, содержания и природы человеческого сознания. Он признает личность многогранной личностью, способной реализовать свой потенциал в любой сфере, и рассматривает проблемы познавательных способностей человека с философско-эстетической и этнической точек зрения. Великий поэт

как можно больше проповедует обучение и показывает, как его использовать. Призывая молодежь к получению образования, он делает вывод о необходимости быть достойным имени человека, раскрывает молодому поколению разницу между добром и злом, проясняет взаимообусловленность вопросов быть ученым и быть человеком. Глубокое и всестороннее изложение творчества Абая - в цивилизованном обществе, ценящем казахскую литературу и культуру, язык как национальную ценность, обладающем высоким эстетическим вкусом, вооруженном знаниями, навыками, умеющем применять свои мысли на практике, в процессе общения имеет развитое национальное самосознание, является основой формирования достойной жизни индивидуальной личности. Разбирая перед учащимися великие мысли и умозаключения поэта-мыслителя, с энтузиазмом делясь их смыслом, используя их в групповой, парной и индивидуальной работе, способствовало формированию коммуникативной компетентности учащихся. Лингво-семантический анализ философских и социальных мыслей и пословиц А.Кунанбаева в процессе учебной деятельности учащихся использовать свои лингвистические знания в общении, развил способности речи и мышления, положительно сказался на повышении их коммуникативной компетенции

Ключевые слова: компетентность, коммуникативная компетентность, умения, общечеловеческая ценность, национальная ценность, философская концепция

Abstract. The article talks about the formation of the communicative competence of students through the philosophical concepts of Abai Kunanbaev. The creative heritage of Abai is the spiritual heritage of the Kazakh people, which has not lost its significance over the centuries. His words of edification and poetry are valuable for their deep philosophical ideas, moral education, humanistic positions, a program for the spiritual and virtuous improvement of the younger generation, differentiation of a person's cognitive qualities and intellectual characteristics. In his works, the great Kazakh thinker studies the spiritual appearance and moral qualities, customs and way of life of his people. The philosopher-poet studies the principles of human development from the point of view of morality, human social activity, the content and nature of human consciousness. He recognizes a personality as a multifaceted personality, capable of realizing his potential in any field, and considers the problems of a person's cognitive abilities from a philosophical, aesthetic and ethnic point of view. The great poet preaches learning as much as possible and shows how to use it. Calling on young people to get an education, he draws a conclusion about the need to be worthy of the name of a person, reveals to the younger generation the difference between good and evil, clarifies the interdependence of the issues of being a scientist and being a person. A deep and comprehensive presentation of Abai's work - in a civilized society that appreciates Kazakh literature and culture, language as a national value, has a high aesthetic taste, armed with knowledge, skills, able to put his thoughts into practice, in the process of communication has a developed national identity, is the basis for the formation worthy life of the individual. Analyzing the great thoughts and conclusions of the poet-thinker before the students, enthusiastically sharing their meaning, using them in group, pair and individual work, contributed to the formation of students' communicative competence. Linguo-semantic analysis of philosophical and social thoughts and proverbs of A.Kunanbaev in the process of learning activities of students to use their linguistic knowledge in communication, developed the ability of speech and thinking, had a positive effect on improving their communicative competence.

Key words: competence, communicative competence, philosopher-thinker, philosophical direction, philosophical conclusion.

Кіріспе

Бүгінгі күн талаптарына сай оқушыларға білім беру тек белгілі бір ғылым саласынан білім, білік, дағды жиынтығын меңгертіп қана қоймай, оқушы тұлғасын дамытуға, өмірде кездесетін мәселелерді өз бетінше тиімді шеше білуге, оқушының өзіне және өзгеге сын көзбен қарап, әлеуметтенуіне мүмкіндік беретін білімділік, тәжірибе мен түрлі қабілеттерді меңгеруге бағытталуы керек.

Қазіргі таңда еліміз әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін нәтижеге бағытталған білім берудің көздеп отыр. Түпкі нәтижені құзіреттілік

тұрғысынан айқындап, оқытуды құзіреттілік тұрғысынан ұйымдастыру білім беру үдерісіне дендеп енді. Осыған орай «құзірет», «құзіреттілік» терминдері жан-жақты қолданыла бастады. Н.Хомский құзіреттілікті тілдік қызметті атқаруға қажетті қабілеттілік деп таныса [1,54], И.Л.Зимняя «құзірет» терминінің мәні «құзіреттіліктен» кең екендігін, «құзірет» жұмыстың аспектісі ретінде көрінсе, «құзіреттілік» осы аспектіні орындау деңгейімен сипатталатынын тұжырымдайды [5,16].

Құзіреттілікке берілген анықтамалардың әр түрлілігі, оның кең мағыналылығымен және зерттеушінің түрлі теориялық тұрғыдан қарастыруымен байланысты болады деп ойлаймыз

Білім нәтижесі ретінде көрінетін құзіреттіліктің түрлері жайында да сан алуан пікірлер қалыптасқан. Әдіскер ғалымдардың кейбірі оқытудың мақсаты коммуникативтік құзіреттілік қалыптастыру десе, келесі бір ғалымдар оқытудың негізгі мақсаты тілдік құзіреттілік қалыптастыру деп біледі.

Коммуникативтік құзіреттілік мәселелерін Н.М.Хомский[1], А.В.Баранников [2], Н.В.Кузьмина [3], Дж.Равен[3], И.А.Зимняя[5], Ю.Н.Емельянов [6], А.Б.Добрович [7], М.Н.Вятютнев [8], т.б ғалымдар қарастырды.

Ю.Н.Емельянов коммуникативтік құзіреттілікті бір-бірін түсінуге тырысқан тұлғалардың санасының көрсеткіші деп санайды [6,78].

А.Б.Добрович коммуникативтік құзіреттілікті адамның үнемі қарым-қатынасқа дайын болуы деп тұжырымдап, оны ақыл-ес пен ойлаумен байланыстырады [7, 153].

М.Н.Вютютнев коммуникативтік құзіреттілікке адамның қарым-қатынас жасау барысында жағдайға бейімделу қабілеттілігімен байланыстырып, сөйлеу барысында өзіне керектіні таңдай білуі және оны іске асыру қабілеттілігі деген анықтама ұсынып, оның бастапқы, ортаңғы және дамыған түрлері болады деп үш топқа жіктейді [8,103].

Коммуникативтік құзіреттілік негізін тілдік білім, білікпен қатар әлеуметтік мәдени білім арқылы қалыптасатын коммуникативтік дағдылар құрайды [9,41].

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруда А.Құнанбаевтың философиялық ой-пікірлерін қолданудың маңызы зор.

Қазақ халқының ағартушы-демократ ақыны А.Құнанбаевтың философиялық-әлеуметтік ой-пікірлері – қоғамдық көзқарастың ең озық үлгісі. Абайдың негізгі зерттеу нысаны – адам. А.Құнанбаев – қазақ қоғамындағы адам мәселесі, оның қоғамдағы мақсат-мұраты жөніндегі қоғамдық-саяси ойдың негізін қалаушы. Халқымыздың ойшыл-данасы адамды түрлі салада өз мүмкіндігін жүзеге асыра алатын сан қырлы, алуан сырлы тұлға деп таниды. Оның ойынша, адам өзін табиғатты, дүниені және өзін-өзі жаңғыртып түлетуге, жасампаздық іске арнауы тиіс. Абай адам болмысының этикалық қырларына ерекше назар аударады, оның бүкіл шығармашылығының өне бойы имандылық пен адам табиғаты жайында ой-тұжырымдарға толы. Ұлы ойшыл жастардың интеллектуалдық әлеуетінің дамуы мен адами жағынан толысып жетілуіне айырықша мән береді.

Материалдар мен әдістер

Оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін жетілдіруге негіз болатын тұжырымдарды айқындауда Абай Құнанбаевтың философиялық ой-тұжырымдарының алар орны ерекше. Шығармашылық мұрасы қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге арналған данышпан ойшыл адам баласының адамгершілік тұрғысынан жетілу қағидаларын қарастырып, адамның таным қабілетін философиялық, эстетикалық, этникалық тұрғыдан зерттейді. Күллі шығармашылығын адам санасының мазмұны мен табиғаты туралы мәселелерге арнаған философ-ақын кез келген адам еліне адал қызмет етіп, ұлттық сана-сезімі мен дүниетанымын дамытуы қажет деп біледі [10, 285].

Кемеңгер ойшыл адамның қоғамдағы рөлі мен қызметін зерделей келе, адамның білімді, еңбекқор, мәдениетті, ізетті болуын қалайды. Ол адамның жеке тұлға ретінде саяси-әлеуметтік жағынан жетілуіне «*талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымның*» ықпал ететінін айтады. Кемел адам терең білімді, еңбексүйгіш, сабырлы, адамгершілігі жоғары, қанағатшыл болуға тиіс деп тұжырымдап, жастарды жалпыадамзаттық ізгілікке, ұлттық құндылықтарды бағалай

білуге шақырады. Білімге бағытталған мазмұнды нәтижеге бағытталған білім мазмұнына алмастырған бүгінгі таңда ұлы ақынның көзқарастары мен ой-пікірлері жас ұрпақтың қоғамға тез араласып, әлеуметтенуіне мүмкіндік тудыру мақсатымен сабақтасатын коммуникативтік құзіреттілікпен ұштасып жатыр.

Данышпан ойшыл еңбекті адамның рухани дамуының, ақыл-ойының қалыптасуының негізі деп біледі. Еңбектің адам өміріндегі мәнін терең түсініп, еңбек әрекетіне айырықша мән береді. «*Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық, сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық*», - деп еңбекті дәріптейді. Абай еңбектің адамды жігерлендіріп, тұрмыс-тіршілігін жандандыратынын, ал жалқаулықтың адамды құрдымға кетіретінін өз шығармаларына арқау етеді. «*Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады*», - деп жазады.

Ұлы ойшыл адамның мемлекеттік құрылымдағы орны мен рөлін айқындап, адамның белгілі бір табиғи және саяси-әлеуметтік ортада өмір сүріп, қалыптасатынын, қоршаған дүниенің оның мінез-құлық, сана-сезім, іс-әрекетіне әсер ететінін пайымдаған. Адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән берген ақын: «*Адам баласын замана өсіреді... Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені*» [11], - дейді. Кемеңгер ойшыл адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін қоршаған орта, өзі өмір сүріп отырған қоғам екенін жете түсінген. Сондықтан да: «*Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады*» [11], - деп тұжырымдайды. Абайдың осындай ой-пікірлері мен қанатты сөздерін қазақ тілі сабақтарында грамматикалық тақырыптарды меңгертуде сабақ мақсатымен ұштастыра отырып қолдану арқылы оқушылардың қоммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға болады. Мәселен, 8-сыныпта *«Толымды, толымсыз жай сөйлемдерді»* меңгерту барысында тыңдалым бойынша «Абайдың он тоғызыншы қара сөзін *old.muslim.kz* ақпараттық, рухани ағарту порталынан тыңдатып, тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсініп, ұлы ойшылдың не туралы айтпақ болғанын анықтаңдар, ойшылдың айтпақ ойы қандай мақал-мәтелмен ұштасып жатыр?», жазылымда «Берілген материалды жинақтап, тезистік жоспар құрыңдар. Естілік пен білімділікке қандай адам жетіп, қалай жүзеге асыра алатынын өмірлік деректермен дәлелдеп жазыңдар» деген тапсырмалар ұсынылды. Оқушылар берілген тапсырмаларды орындау арқылы мәтіннің мазмұнын ұғып, ондағы астарлы ойды анықтап, ауызша сөйлеу мәдениеттерін дамытты. Естіліктің адамның бойына туа бітпейтінін, оның өмірлік тәжірибе, күнделікті әрекет арқылы қалыптасатынын түсінді. Ойшылдың айтпақ ойы халқымыздың «*Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың*» деген даналық ойымен ұштасып жатқанын айтты. Естілердің айтқан сөзін ой елегінен өткізіп, оның тиімді жақтарын қолдана білу адамның ақылдылығын білдіретін тұжырымдап, жазылым тапсырмасы бойынша тезистік жоспар түзіп, естілік пен даналыққа қалай қол жеткізуге болатын өмірлік деректерге сүйене отырып дәлелдеді.

Адамның дүниетанымын кеңейтіп, сана-сезімін, рухани дүниесін байытатын, надандықтан арылтатын – ғылым. Осы қағидаға көзі жеткен данышпан ойшыл жас ұрпақты еңбек ету арқылы байлық емес, білім мен ғылым үйренуге үгіттейді. Білімді кең мағынада түсінген ұлағатты ойшыл білім тек ғылым ғана емес, адамды қоғамды дамытушы ретінде белсенді әрекет етуге үйренуі деп бағамдайды. Сондықтан да философ-ақын дүниеге келген адам бәрін біліп тумайды, адам деген атқа сай болуды дүниетанымын кеңейту, өзгелермен қарым-қатынасқа түсу арқылы үйренеді деп тұжырымдайды.

Абай өз шығармаларында ғылым-білімді балаға жастайынан берілетін тәрбиемен ұштастыра қарайды. Баланың ізетті, тәрбиелі, білімді болып өсуі үшін ата-ананың қамқорлығы қажеттігін пайымдайды. Данышпан жас ұрпақтың ұлттық тәрбиемен бірге, әлемнің дамыған елдерінің өнер-білімі мен ғылымын үйрету қажеттігін сөз етеді. Меңгерген білімі мен игерген ғылымын халықтың пайдасына асыру керектігін айтады. «Отыз тоғызыншы қара сөзінде» өзге елдердің өнер-білімін үйрен, алайда өз халқыңның салт-дәстүрін ұмытпа, ана тіліңді жоғалтпа, сонда ғана елдігімізді сақтаймыз дегенді аңғартады.

Ақынның ғылым, білім тақырыбына арнаған шығармалары туралы айтқанда, ең алдымен, «*Өзіңнен өзің есеп ал!»* деген сөзін үнемі есте ұстау керек. «Он бесінші қара сөзінде» адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, жақсы мен жаманды айыра білу, адамның өмірі туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті, ақылды адам мен есер адамның айырмашылығы, олардың өмірге деген қызығушылығына баға беріп, «*Күніне бір рет, болмаса аптасына бір, ең болмаса айына бір рет, өзіңнен өзің есеп ал!»* деген ой айтады. Осы орайда, 8-сыныпта «*Сөйлемнің бірыңғай мүшелері*» тақырыбын өту барысында тыңдалым, айтылым әрекеттері бойынша Абайдың он бесінші қара сөзін тыңдатып, «Мәтінге қысқаша сипаттама бере отырып, төмендегі кестені толтырыңдар. Мәтін мазмұнына сүйене отырып, есті (ақылды), есер (ақылсыз) кісіге мінездеме беріңдер. Есті кісі мен есер кісінің Абай айтқан сипатын Венн диаграммасы арқылы салыстырыңдар», жазылым бойынша «Мәтіннен бірыңғай мүшелерді тауып, теріп жазыңдар. XXI ғасырдағы білімді адамның сипатын жазыңдар» деген тапсырмалар ұсынылды.

1-кесте. Мәттіннің қысқаша сипаттамасы

Талқылаушы	Мәтіннің тақырыбын, идеясын, мағынасын айтады.
Белгілеуші	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындайды
Байланыстырушы	Мәтіннің мағынасын өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Мәтіннің мазмұнына сәйкес өз ойын айтады
Қорытындылаушы	Мәтіннің құндылығын айтып, баға береді

Мұндай тапсырмалар мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтауға төсілдіріп, оқушыларға ұлама ойшылдың адам күнделікті істеген әрекетіне талдау жасап, өмірін мәнді де мағыналы өткізуге тырысып, дүниедегі өз орнын тауып, лайықты іс-әрекет жасауға ұмтылуы тиіс деп есептегенін аңғартып, олардың сөйлеу мәдениетін дамытты.

Қазақ тілі сабқатарында Абай Құнанбаевтың шығармаларынан үзінділер пайдалану оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, коммуникативтік іскерліктерін жетілдіріп, өзге адамдармен ынтымақтастық жағдай мен достық қарым-қатынас орната білу іскерліктерін арттырды. Мәселен, 8-сыныпта «*Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері»* тақырыбын өткенде тыңдалым, айтылым әрекеттері бойынша «Ақынның *«*Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап*»* өлеңін бір оқушы мәнерлеп оқып, қалғандарың мұқият тыңдаңдар. *«*Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде*»* деген сөйлемді қалай түсінесіңдер?» деген тапсырма ұсынылса, оқылым, жазылым бойынша «Мәтінді оқып, өлең жолдарынан сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін табыңдар. Мәтін мазмұны туралы пікіріңді мәтіннен алынған дәйексөзге сүйене отырып, *«*Төрт сөйлем*»* құрылымына салып жаз. Бір сөйлеммен жазған пікіріңді сөз тіркесінің түріне қарай талда» деген тапсырмалар берілді. Тапсырма нәтижесінде тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау, оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп, талдап оқып, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін ажыратып, оқушылардың сөздік қорларын дамытып, коммуникативтік құзіреттіліктерін жетілдірді.

А.Құнанбаев өз шығармаларында жастарды жақсы іс-әрекеттерді үйрену, имандылық, адамгершілікке негізделген қарым-қатынас орнату, оқу-білім мен ізгілік, әлемдік өркениет құндылықтарын білуге шақырады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды білім саласына енгізуді негізгі міндеттерінің біріне айналдырған қазіргі білім философиясында ұлы ойшыл-философтың даналық ойлары мен қанатты сөздері оқушылардың өзгелермен достық қатынаста өмір сүруіне, өмір жолында өзіне азық болатын білімді меңгеруіне мүмкіндік тудырып, коммуникативтік құзіреттілігін дамытты. Мәселен, 8-сыныпта «*Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері*» тақырыбын өткен сабақта оқылым бойынша «Абай Құнанбаевтың *«*Отыз бірінші" қара сөзіндегі есте сақтаудың себептерін талдап оқыңдар. Мәтін қандай стильде жазылғанын анықтаңдар. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін табыңдар», жазылым негізінде «Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация жазыңдар» деген тапсырма ұсынылды. Оқушылар

Балалардың орта деңгейдегі оқу кезеңі ең болжанбайтын және динамикалық болып табылады, сондықтан орта мектеп әдетте оқушының оқу ортасындағы позициясын қалыптастыруға және тұрақтандыруға бағытталған. Осыған байланысты, Эльконин Д. Б. 14 жасқа дейінгі кезеңдегі баланың даму мәселелерін зерттей отырып, осы жас кезеңінде баланың шығармашылық өміріне, яғни спорт, өнер және еңбек салаларына назар аудару керек екенін атап өтті [14, 25-27 б.].

Орта деңгейдегі оқу кезеңінде жасөспірімдер өз мүдделеріне сәйкес дұрыс және мақсатты түрде назар аударуды үйренеді. Сондықтан, осы кезеңде жасөспірімдерді ағылшын тілін үйренуге қызығушылық танытуға ынталандыру ғана емес, сонымен қатар олардың назарын ұзақ уақыт сақтай білу өте маңызды. Бұл оқытудың шығармашылық әдістерін қолдану негізінде мүмкін болып, мұнда ең көп таралған ойын тәсілі болады екен.

Жалпы алғанда, шығармашылық тәсіл ойын әдістерін сапалы жүзеге асыруға бағытталған, олардың негізгі мақсатты бағдарлары 1-суреттегі схема түрінде ұсынылған.



1-сурет – Ағылшын тілі сабақтарында ойын әдістерін қолданудың мақсатты бағыттары

Оқытудың шығармашылық әдістері ерекше және балаларға ағылшын тілін тиімді оқыту үшін қолданыла алады. Педагог қызметінің бағытына байланысты ойын әдістерін қолдану барысында қолданылатын негізгі мақсатты бағдарлар анықталады. Оларға мыналар жатады: сөйлеу, қиял, есте сақтау, зейін, шығармашылық, бастамашылық, шығармашылық белсенділікті дамыту, білім көлемін кеңейту, зерттелген материалды бекіту, эмоционалды шиеленісті және жұмыстағы монотондылықты азайта отырып, оқыту үшін бірегей ортаны қалыптастыру [15, 83-86 б.].

Бұл жаста жасөспірімдер олар үшін қызықты болған жағдайда ғана белгілі бір әрекетке назар аудара алады. Сондықтан сабақтарды өткізу үшін оқу материалын таңдағанда, бұл аспектіні бірінші кезекте ескеру қажет. Оқу материалы балаларға қызықты болуы керек және

оларды шет тілін меңгеру дағдыларына толық үйретуі қажет. Орта сыныптарда оқушылар айналасында болып жатқан оқиғаларды барабар талдай алып, алынған нәтижелер негізінде оларға шешім таңдауды жоспарлай алады [16, 115-120 б.].

Алынған нәтижелер балаларды шет тілін білуге үйрету ғана емес, сонымен қатар сабақтарды барынша тиімді оқыту тұрғысынан креативті тәсілді іс жүзінде қолдану шынымен нәтижелі болуы мүмкін деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл ағылшын тілінің сөздік қоры мен білімін арттыруға, сондай-ақ оларды белсенді қолдану форматына аударуға көмектеседі. Осыған байланысты екі мақсатқа қол жеткізуге болады: монотонды жұмысқа байланысты балалардың физикалық шаршауының алдын алу және оқушылардың ағылшын тілін білу саласында белсенді білім қорын қалыптастыру.

Осылайша, шығармашылық тәсіл оқу процесін, атап айтқанда ағылшын тілі сабақтарында жүзеге асырудың ең перспективалы және маңызды тәсілдерінің бірі болып табылатыны анықталды. Ағылшын тілі сабақтарында шығармашылық тәсілді қолданудың басты ерекшелігі – оқытудың бұл әдісі оқушылардың сыни және аналитикалық ойлауын дамытуға, ерекше ойлауға және бастама көтеруге, сондай-ақ тәуелсіздік пен дамудың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қалыптасқан мәселенің шешімін дұрыс таңдай білуге бағытталған. Демек, шығармашылық тәсілмен ағылшын тілін оқыту тілдік қабілеттерді шығармашылық әдістермен дамытуға мүмкіндік береді. Зерттелген әдеби дереккөздерге сәйкес оқытудың шығармашылық әдістері ағылшын тілі саласында сапалы білімді қалыптастыруды қамтамасыз етуде ең тиімді екендігі анықталды.

Әдебиеттер:

1. Большой энциклопедический словарь / гл. ред. А.П. Горкин. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2004. – С. 1185.

2.Всемирная энциклопедия. Философия / гл. науч. ред., сост. А.А. Грицанов. – М.: АСТ ; Мн.: Харвест: Современный литератор, 2001. – С. 1053.

3.Педагогический энциклопедический словарь / гл. ред. Б.М. БимБад; редкол.: М.М. Безруких [и др.] – М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. – С. 286.

4.Большой психологический словарь / Б.Г. Мещеряков, В.П. Зинченко. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2003. – С. 536

5.Яковлева Е.Л. Психология творческого потенциала личности / Е.Л. Яковлева. – М.: Флинта, 1997. – 264 с.

6.Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта / Дж. Гилфорд // Психология мышления. Сборник переводов с нем. и англ.: [пер. с нем., англ.] / ред. А.М. Матюшкин. – М.: Прогресс, 1965. – С. 433–456.

7.Лук А.Н. Психология творчества / А.Н. Лук. – М.: Наука, 1978. – 127 с

8.Дранишникова К.Е. Развитие коммуникативных способностей младших школьников на уроках английского языка // Вопросы науки и образования. – 2018. – № 10 (22). – С. 202–205

9.Байгиреева Ж.М., Белякова Е.Г. Управление формированием коммуникативных умений учащихся среднего звена на уроках иностранного языка // Вестник науки. – 2023. – № 3 (5 (62). – С. 172–188.

10.Кожанова В.Е., Милованова, Л.А. Специфика среднего школьного возраста в развитии креативных умений на уроке иностранного языка / В.Е. Кожанова, Л.А. Милованова // Научное сообщество студентов XXI столетия. Гуманитарные науки: сб. ст. по мат. XIII междунар. студ. науч.-практ. конф. – Новосибирск: СибАК, 2013. – № 13. – С. 79-84.

11.Okoth T.A. Challenges of implementing a top-down curriculum innovation in English language teaching: Perspectives of form III English language teachers in Kenya // Journal of Education and Practice. – 2016. – № 7(3). – P. 169–177.

12.Castro L., Villafuerte J. Strengthening English Language Teaching in Rural Schools through the Role-Playing: Teachers Motivations // International Journal of Educational Methodology. – 2019. – № 5(2). – P. 289–303. https://doi.org/10.12973/ijem.5.2.289

13.Kristensen K. Utilizing Readers' Theatre and Role-Play to Engage Young English Language Learners // GATESOL Journal. – 2022. – № 32(1). https://doi.org/10.52242/gatesol.130

14.Эльконин Д.Б. Понятие компетентности с позицией развивающего обучения / Д.Б. Эльконин. – Красноярск, 2002. – 543 с.

15.Шайгарданова Л.З. Образовательные технологии обучения в сотрудничестве в рамках системно-деятельностного подхода на уроке английского языка // Казанский вестник молодых учёных. – 2018. – № 2 (5 (8)). – С. 83-86

16.Орехова Ю.М. Компетентностный подход к обучению иностранным языкам в современной школе // Ярославский педагогический вестник. – 2016. – № 3. – С. 115-120.

ПОВЫШЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА УЧИТЕЛЯ В ПРОЦЕССЕ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Касымов Муратбек Рахимбекович,
Старший преподаватель, магистр педагогики.
Амирова Горчак Гасановна, Пелешко Тамара Витальевна,
студенты 4 курса специальности - 6В01301
Педагогика и методика начального обучения,
кафедра «Дошкольного и начального образования»,
Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати

Аннотация. в данной статье рассматривается проблема повышение педагогического мастерства учителя в процессе нравственного воспитания младших школьников.
Ключевые слова: повышение педагогического мастерства, формирование нравственного воспиания, нпавственное воспитание младших школьников.

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру процесінде мұғалімнің педагогикалық шеберлігін арттыру мәселесі қарастырылады**.**

Abstract. this article discusses the problem of improving the pedagogical skills of a teacher in the process of moral education of younger schoolchildren.

Компетентность, ответственность, способность осуществлять профессиональную деятельность на уровне мировых стандартов и быть готовым к постоянному профессиональному росту, социальной и профессиональной мобильности - характерные черты современного педагога. В этой связи особую актуальность приобретает проблема формирования педагогического мастерства учителя, обеспечивающая переход учителя к непрерывному, в течение всей жизни, образованию [1, с. 125].

Одной из актуальных проблем, в системе непрерывного образования, является повышение педагогического мастерства учителей в вопросах нравственного воспитания. Проблемы, возникающие в современном обществе, предполагают воспитание гражданина с новым мышлением и мировоззрением, обладающего нравственной культурой. Формирование у подрастающего поколения нравственной позиции, знания законов морали и этических норм является важнейшей основой всесторонне развитой личности, что является целью процесса обучения и воспитания. Нравственное воспитание должно занимать главенствующее значение в воспитательном процессе начальной школы, где целенаправленно закладываются основы нравственных и этических знаний и представлений.

Однако анализ уровня нравственной культуры младших школьников, показал недостаточность сформированности нравственных качеств, слабое представление у них об этических понятиях. Не смотря на присутствие нравственной составляющей в педагогической деятельности учителя начальных классов на уроках и в воспитательном процессе во внеучебное время, стоит отметить разрозненность и фрагментарность предоставляемой информации. Разрабатываемые в поурочных и тематических планах учителей вопросы нравственного воспитания носят неопределенный характер и не подразумевают включение таких аспектов как мировоззренческие, нравственные, этические. В следствии чего необходимо проводить работу по целенаправленному планированию системы нравственного воспитания в младшей школе, с учетом методологической, мотивационной и теоретической составляющей.

Причиной данной проблемы является отсутствие практико-ориентированных знаний по нравственному воспитанию у учителей начальных классов. Помимо владения теоретическими знаниями в вопросах нравственного воспитания, многие педагоги не в полной уделяют внимание вопросам нравственного воспитания. Организация нравственного воспитания в начальной школе, часто реализуется бессистемно, не всегда достигаются цели, не уделяется должного внимания значимости нравственного воспитания. Характерным для многих

учителей является отсутствие необходимого практического опыта в вопросах нравственного воспитания учащихся младших классов по реализации задач нравственного воспитания учащихся в плане мотивационном, теоретическом, методическом. В связи с вышеизложенными фактами, решением задач нравственного воспитания может стать система повышение педагогического мастерства учителя начальных классов в вопросах нравственного воспитания.

В контексте исследования теоретических вопросов данной проблемы был выявлен ряд противоречий между:

–постоянной необходимостью профессионального роста педагогических работников и недостаточным уровнем личностной мотивации учителей;

–требованием повышения научно-теоретического уровня педагогического мастерства и не востребованностью этого уровня из-за недостаточного использования его в практической деятельности;

–необходимостью непрерывного повышения педагогического мастерства в области нравственного воспитания и отсутствием необходимого количества программ, ориентированных на данное направление.

В целом, необходимо отметить, что современное состояние повышения педагогического мастерства и подготовки учителя к практическим аспектам в системе нравственного воспитания младшего школьника характерно наличием существенных теоретических пробелов в таких основных пунктах, как:

1) теоретические основы подходов к организации нравственного воспитания в системе повышения педагогического мастерства учителя начальных классов;

2) методическая система повышения педагогического мастерства в аспекте нравственного воспитания младших школьников;

3) экспериментальная и диагностическая база в системе повышения педагогического мастерства учителей начальных классов.

В ходе теоретического анализа исследуемой проблемы учитывался имеющийся опыт исследований, в котором отображен спектр проблем вузовской подготовки студентов при решении задач нравственного воспитания учащихся в системе школьного образования.

В помощь решению вопросов нравственного воспитания имеется соответствующая правовая и нормативная база: «Методические рекомендации в помощь учителям начальных классов в условиях перехода на обновленное содержание образования – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017», в котором говорится, что начальное образование призвано обеспечить достижение следующих целей: развитие личности школьника, его творческих способностей, интереса к учению, формирование желания и умения учиться; духовно-нравственное и эстетическое воспитание и др.

Выдающиеся педагоги и мыслители (К.Д. Ушинский, В.А. Сухомлинский, Ш.А. Амонашвили и другие) придавали первостепенное значение проблеме нравственного воспитания подрастающего поколения. Наряду с вопросами нравственного воспитания ученые занимаются решением проблем подготовки квалифицированных кадров, необходимых для реализации обозначенных задач.

Совершенствованию и реформированию системы повышения уровня педагогического мастерства учителей посвящены работы С.Г. Вершловского, Н.В. Кузьминой, Ю.Н. Кулюткина, Л.М. Митиной и др. Продолжаются исследования по проблемам непрерывного образования взрослых (А.П. Владиславев, Г.С. Сухобская и др.), по структуре профессиональной деятельности учителя (Н.В. Кузьмина, Ю.Н. Кулюткин, А.К. Маркова, В.А. Сластенин, В.Я. Синенко и др.). Труды О.А. Абдуллиной, Н.В. Кузьминой, В.А. Сластенина и других исследователей посвящены формированию педагогических умений обучающихся в вузе и в системе повышения уровня педагогического мастерства [2, с. 22].

Теоретический анализ литературных источников, научных исследований затрагивающий интересующие нас вопросы повышения педагогического мастерства в образовательных организациях дает возможность сделать вывод о недостаточной разработанности проблемы содержания образовательных программ, форм и методов организации процессов,

позволяющих педагогам повысить уровень педагогического мастерства в вопросах нравственного воспитания.

Существующие программы, организационные формы и методы повышения педагогического мастерства не всегда ставят перед собой цель замотивировать педагога, имеют эпизодический характер, при этом недостаточно эффективны формы и методы, направленные на решение проблем нравственного воспитания младших школьников. В связи с чем, назревает необходимость разработать программу повышения педагогического мастерства учителя начальных классов, ориентированную на вопросы нравственного воспитания младшего школьника.

Учитель – это носитель определенных человеческих качеств. В процессе своей профессиональной деятельности он передает эти ценности своим ученикам. В случае, когда этот процесс останавливается речь идет о прекращении передачи основ культуры, нравственных понятий. В исследованиях современных ученых рассматриваются проблемы нравственного воспитания, в них указывается также на тот факт, что в педагогических исследованиях чаще обращается внимание на умственное или физическое воспитание. Однако в современный ситуации обществу требуются специалисты, которые обладают умением приспосабливаться к изменяющимся жизненным условиям, предвидеть конфликтные ситуации, а также владеют умением их избегать. Такие же требования можно предъявить к современным педагогам, добавим также умение действовать в нестандартных ситуациях и креативно мыслить, проявляя свои творческие способности и неординарность мышления. Наличие высокого уровня педагогической культуры, также представляется одним из составляющих качеств современного педагога.

Данное умение предполагает высокий уровень реализации коммуникативных способностей, позволяющий найти общий язык с учащимися, их родителями, с коллегами и с руководителями образовательной организации. При наличии высокого уровня нравственной воспитанности речь идет о способности индивида ориентироваться в большом количестве нравственных норм, правил морали, этических представлений. В контексте достаточно большого количества указанных норм и правил, учащемуся зачастую трудно сориентироваться в них, в данной ситуации помощь педагога представляет собой существенную составляющую системы нравственного воспитания, так как в образовательном учреждении именно педагог является образцом проявления нравственных качеств и ценностей. При этом необходимо уточнить, что не только теоретические знания норм и правил поведения являются показателем нравственности, сколько поступки и действия личности. Можно сказать, что наличие определенных знаний в области нравственности, побуждают личность поступать в соответствии с данными нормами, руководствоваться в поступках этическими нормами и правилам поведения. В случае воспитательного процесса, следует отметить тот факт, что процесс заучивания правил поведения в обществе и этических норм не гарантирует учащимся их выполнения в реальной жизни.

В данной ситуации речь идет о примерах, которыми в первую очередь являются социально значимые взрослые (родители, члены семьи), педагоги, воспитатели, и на определенном возрастном отрезке, сверстники. Понятие нравственного воспитания многогранно, включает много составляющих. При организации процесса нравственного воспитания речь идет о формировании у учащихся нравственного сознания, о развитии у них нравственных чувств, о планомерном формировании нравственного поведения.

Процесс нравственного воспитания как никакой другой зависит от примера взрослых. Педагог должен постоянно помнить, что он представляет собой пример нравственного поведения и этических представлений. В процессе реализации задач нравственного воспитания учителю необходимо обращаться к родителям учащихся, то есть работа с родителями представляет собой одну из значимых составляющих нравственного воспитания. При формировании у детей навыков нравственного поведения педагогу нужно обращать внимание на степень сознательности данных поступков. Степень сознательности поступков в контексте сформированности нравственных представлений зависит от возрастной категории учащихся и не может быть одинаковой у младших школьников и учащихся старших классов. Поэтому стоит

обратить внимание на значимость формирования нравственных представлений, этических понятий именно в младшем школьном возрасте и огромной роли учителя начальных классов в целостной системе нравственного воспитания личности учащегося.

Культура поведения каждого ученика складывается из системы моральных понятий и представлений, основываясь на которые он поступает так или иначе, руководствуется при оценке чужих и собственных поступков, действий. Педагог должен осознавать, что одной из первостепенных задач его профессиональной деятельности является умение донести до учащегося определенную систему моральных понятий и представлений. Стоит отметить, что в различные возрастные периоды необходимо вести речь о разном уровне сформированности нравственных понятий и этических представлений. Рассматривая данный уровень у младшего школьника, можно сказать, что он носит достаточно неопределенный характер, нравственные суждения не раскрыты, поступки зачастую оцениваются только по одному признаку. Психологи ведут речь о том, что, если не проводить целенаправленную работу по развитию нравственных представлений в начальной школе, моральные представления, нравственные понятия останутся на базовом житейском уровне.

У педагога начальной школы достаточно объемен спектр направлений, которые он может использовать при реализации задач нравственного воспитания. К таким методам и средствам относятся этические беседы, анализ примеров из окружающей действительности, обсуждение прочитанных книг, просмотренных фильмов, конечно личный пример педагога и родителей. Соответственно педагог не только контролирует наличие знаний в области нравственных понятий и представлений, он постоянно должен напоминать учащимся о соответствующих правилах поведения, действиях, соотносимых с данными правилами.

Так как лишь теоретическими знаниями нравственных понятий не ограничивается область нравственного воспитания, ребенок должен действовать в соответствии с усвоенными правилами, они должны войти у него в привычку. В дальнейшем можно вести речь о формировании нравственных убеждений, основанных на усвоенных нравственных понятиях и представлениях. Специалисты, изучающую данную сторону нравственного воспитания, говорят о том, что переход нравственных понятий человека в его нравственные убеждения происходят на более высоком уровне осознания нравственных представлений, при этом задействованы чувства и воля человека [2, с. 52].

В контексте освещения проблемы нравственного воспитания под мастерством учителя в вопросах нравственного воспитания с детьми представляется сложное проявление личности, включающее взгляды, мотивы, знания, умения, педагогический опыт. Мастерство педагога в данных вопросах является важной предпосылкой формирования у учащихся нравственно-этических знаний и умений. Основными компонентами мастерства в вопросах нравственного воспитания учителя начальных классов являются, на наш взгляд, мотивационный, когнитивный, деятельностный и рефлексивный. Мотивационный компонент. Подразумевает наличие интереса к воспитательной работе с детьми по вопросам нравственного воспитания, желание осуществлять ее на высоком уровне. Когнитивный компонент. Знание законов этики; знание содержательной части целей и задач нравственного воспитания учащихся начальных классов, владение формами и методами организации учебной деятельности и внеклассных мероприятий по проблематике нравственного воспитания. Рефлексивный компонент. Умение делать анализ педагогической ситуации, в рамках которой осуществляется процесс нравственного воспитания; находить проблемы в практической деятельности, реально сопоставлять собственные возможности, необходимые при решении задач нравственного воспитания с существующей социальной ситуацией.

Деятельностный компонент. Практические навыки отбора содержания процесса нравственного воспитания, способности использовать использовании формы и методы нравственного воспитания, планировать педагогическую деятельность в соответствии с возрастными и психофизиологическими особенностями учащихся. Перечисленные и описанные компоненты представляют собой необходимую основу, с которой необходимо

начинать организацию процесса повышения педагогического мастерства педагогов в вопросах нравственного воспитания.

Современный педагог, это профессионал, владеющий современными достижениями науки о человеке, о закономерностях его развития, стремящийся познакомиться с новыми достижениями наук о человек, постоянно совершенствующий собственные коммуникативные способности, постоянно развивающийся в личностном и профессиональном планах. Дети при общении с учителем, часто интуитивно чувствуют, чему следует подражать, воспринимая педагога как личный пример. Особенно в начальной школе, педагог представляет собой яркий пример для подражания, становится реально значимым взрослым не только в плане усвоения того или иного рода теоретических знаний, а также в манере поведения, в нравственных оценках той или иной ситуации, в проявлении личностных качеств. В соответствии с чем, необходимо четко понимать важность нравственного воспитания самого педагога. Данная категория оценивается прежде всего не с рациональной, а с эмоциональной точки зрения, в частности с точки зрения его эмоций в процессе выстраивания отношений с окружающими людьми.

Особенности профессиональной деятельности педагога начальной школы заключается в том, что с его уроков закладывается у учащихся база умений учиться, желаний учиться, а также закладываются эталоны поведения в образовательном учреждении и в обществе в целом [3, с. 13].

Одной из главных проблем в процессе повышения педагогического мастерства учителей начальных классов – это проблема между необходимостью нравственного воспитания детей младшего школьного возраста и недостаточной подготовленностью учителей к данному виду деятельности.

В качестве определения педагогического мастерства было взято определение, сформулированное А.С. Макаренко: «Педагогическое мастерство – это знание особенностей педагогического процесса, умение его построить и привести в движение» [4, с. 132].

К организационно-педагогическим условиям, способствующим реализации целей повышения педагогического мастерства учителей начальных классов в вопросах нравственного воспитания школьников, относятся:

– организация условий для мониторинга обратной связи и оценки эффективности повышения педагогического мастерства учителей начальных классов;

– создание методических материалов, аннотирующих содержание процесса повышения педагогического мастерства; библиографии по вопросам этики и нравственности, и проблемам нравственного воспитания младших школьников;

– процесс разработки программы и учебно-тематических планов занятий; инновационных форм, средств и методов для организации самообразовательной деятельности.

В качестве рабочего определения нравственного воспитания в деятельности учителя начальных классов принята следующая формулировка: нравственное воспитание – это деятельность, направленная на формирование нравственной культуры личности как системы составляющих ее сфер - нравственно и этически развитого сознания, эмоционально-чувственной и деятельностной сфер.

Список литературы:

1. Владиславлев А.Р. Непрерывное образование: Проблемы и перспективы. М.: Мол. Гвардия, 1978. - 175 с.

2. Сластенин В. А., Подамова Л. С. Педагогика: инновационная деятельность. М.: Магистр, 1997. - 22 с.

3. Чепиков В.Т. Воспитание нравственных качеств младших школьников/Учеб.- метод. пособие Гродно: ГрГУ, 2001. - 189 с.

4. Щуркова Н.Е. Нравственные основы жизни человека: учеб. пособие. М, 2012. - 82 с.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ КӨРНЕКІЛІКТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Касымов Муратбек Рахимбекович,
Педагогика магистрі., аға оқытушы.
Юлдашбай Манзура Рашидқызы,
Джумалбекова Айгерім Серікқызы,
6В01301- «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығының 4 курс студенттері,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті.

Аннотация. Мақала бастауыш мектептің оқу процесінде көрнекілікті пайдаланудың педагогикалық шарттарын анықтау мәселесіне арналған. Оқу процесінде көрнекілік құралдарын пайдалану мүмкіндіктері мен тәсілдері ашылады. Практикалық жағдайда көрнекіліктерді тиімді қолданудың мысалдары келтірілген. Көрнекіліктердің тиімділігі мен ерекшеліктері талданды.
Түйін сөздер: көрнекілік, оқу процесі, оқу құралдары, мұғалім, сабақ, бастауыш мектеп.

Аннотация. Статья посвящена проблеме определения педагогических условий использования наглядности в учебном процессе начальной школы. Раскрываются возможности и способы использования наглядных пособий в учебном процессе. Приведены примеры эффективного использования наглядных пособий в практической деятельности. Были проанализированы эффективность и особенности наглядностей.

Abstract. The article is devoted to the problem of determining the pedagogical conditions for the use of visualization in the educational process of primary school. The possibilities and ways of using visual aids in the educational process are revealed. Examples of effective use of visual aids in practical activities are given. The effectiveness and features of visualizations were analyzed.

Кіші сынып оқушысы психологтардың пікірінше «пішіндер, түстер, дыбыстар, негізінде» ойлайды [2, с. 45]. Баланың ойлауы нақты бейнелі деп сипатталады. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту үдерісі көрнекі құралдармен бірге жүруі керек. Оқуды енді бастаған балаларда назар аудару мүмкіндіктері жеткіліксіз және тұрақты емес, олар көбінесе оқу процесінен тікелей алшақтайды. Осыған сүйене отырып оқытудың алғашқы күндерінен бастап оқушылардың назар аудару қабілеттерін қалыптастыру өте маңызды. Бұл қабілетті «тәрбиелеу» көрнекіліктердің көмегімен мүмкін болады. Заманауи мұғалімдер жұмысы бастауыш сынып оқушыларын дамыту, тәрбиелеу, оқыту бойынша әртүрлі көрнекі құралдарды қолданбай жүргізу мүмкін емес [3, с. 97]. Оқу кезіндегі көрнекілік мәселесі соңғы жылдары өзекті екендігі белгілі мәселе.

Бұл мәселе Р. С. Немов, И. П. Подласый, В. А. Сластенин, Д. Б. Эльконин және т. б.танымал педагогтар мен психологтардың әртүрлі еңбектерінде қарастырылған.

Я.А. Коменский бірінші болып көрнекілікті жалпы дидактикалық қағида ретінде қолдануды ұсынған [4, с. 65].

Көрнекілік – педагогикадағы дидактикалық тәсіл. Ол ақпараттың, дәрістің, үгіт-насихаттың, жарнаманың танымдылығы мен пәрменділігін арттыру жолы, оқытуда заттар мен құбылыстардың әр қайсысының өзіне тән жаратылыс бітімін, әр қилы сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы байқау, қабылдауға баулиды.

Көрнекіліктің нәтижесінде қоршаған өмір құбылысын және заттарды салыстыра ойлап, пайымға салып қабылдау арқылы оқушылардың мәселені түйсіну дәрежесі артады, сана-сезімі қалыптасады. Сонымен бірге, қабылданған ақпарлар оқу міндеттеріне байланысты талданып, қорытылады. Көрнекі құралдары оқушыларға бейнелі түсінік беру үшін ғана емес, оқушылардың ұғымын қалыптастырумен бірге, абстрактілі байланыстар мен тәуелділікті түсіндіру үшін қолданылады. Бұл дидактиканың басты қағидаларының бірі болып саналады.

Көрнекілікті оқу пәндерінің мазмұнына бейімдеп (ана тілі, табиғаттану, т.б.), дидактика мен әдістеме жүйесіне лайықтап қалыптастырды.

Көрнекіліктің үлгілерін пайдалануға Ы.Алтынсарин зор көңіл бөліп, «Қазақ жастары ғылым-өнерді кітап сөзі деп қана қарамай, заттай көзімен көріп, ажырата білуін» мақсат етіп қойды. Қазіргі оқу жүйесінде жанды-жансыз табиғат объектілерін байыппен байқаудың, сурет, өрнек, көркемөнер туындыларын, графикалық материалдарды заттай пайдаланудың мәні зор. Осыған орай оқу барысында кинопроекторлар, кинофильмдер, теледидар, оптикалық аспаптар, түрлі механизмдер, дәлдік өлшеу-есептеу машиналары, т.б. көрнекі құралдар қолданылады. [5, с. 168].

Көрнекі оқыту құралдарын бастауыш мектеп жасындағы балалармен жұмыста қолдануға міндетті. Бұл идеяның ғылыми негіздері бар- бастауыш сынып оқушысының зейінін дамытудың психологиялық ерекшеліктері туралы әдістемелік әдебиеттерде берілген.

Бақылау арқылы оқушылардың қоршаған әлемге деген қызығушылығы артады, табиғи, әлеуметтік құбылыстар талданады, балалар өз назарын негізге аударуды, оқшаулауды үйренеді. Оқушылардың назарын көрсету құралдарымен ол кездейсоқ емес, маңызды, талданатын заттардың, құбылыстардың сыртқы қасиеттеріне шоғырланған, процестер. Оқушыларға жаңа, бұрын белгісіз материалды түсіндіру үшін иллюстрация өте тиімді.

Педагогикадағы дидактикалық тәсілдің бірі - көрнекілік әдісі. Мектепте көрнекілік - оқыту және ақыл-ойды дамыту құралы болып табылады. Адам баласы өзін қоршаған ортаны, дүниені, құбылыстарды бес сезім мүшесі арқылы сезініп, түйсінеді. Оның ішінде ақпаратты ең көп қабылдайтын сезім мүшесі – көру болып табылады. Көру арқылы қабылданған ақпараттар оқушылардың есінде жақсы сақталатынын ескерсек, кейбір заттарды тіпті көрнекіліксіз есте сақтау мүмкін емес. Сондықтан оқытудың алтын ережесі: көрініп тұрған заттарды көрсету, естітінді естірту, иіскететінді иіскету, дәмін татып көретінді дәмін таттыру. Көрнекілік арқылы оқушылардың қоршаған орта мен өмір құбылысын және заттарды салыстыра отырып ойлап, қабылдау арқылы оқушылардың сана-сезімі қалыптасады, мәселені түйсіну деңгейі артады. Көрнекілік әдіс – барлық пәнде сабақ сайын қолданылатын әдіс болып табылады.

Әл-Фараби "Оқытудың негізгі әдісі - көрнекілік" деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, үнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен де өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды және оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Көрнекілік әдістерін екі топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация.

Иллюстрация әдісі арқылы оқушыларға иллюстрациялық құралдар: плакат, кесте, картина, карта, суреттер, үлгілер көрсетіледі.

Демонстрация әдісі арқылы заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы немесе техникалық құралдардан, кинофильмдерден, диафильмдерден көрсетіледі. Оқу процесіне жаңа ақпараттық-техникалық құралдарды енгізу оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтуде. Қазіргі уақытта көрнекі құралдың жаңа түрі – жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге, интербелсенді тақталарға, электрондық оқулықтарға ерекше көңіл бөлініп, оқу процесіне белгілі бір жағдаяттарды және процестерді үлгілеуге мүмкіндік беретін компьютерлер енгізілді. Олар оқушыларға бұрын оқулық мәтінінен меңгерілген процестерді қозғалыста, көрнекі түрде көруге мүмкіндік беріп отыр.

Оқу процесінде қолданылатын көрнекілік түрлерін атап өтсек:

-Табиғи көрнекілік: оқушыларды нақты объектілермен (өсімдіктермен, жануарлармен, минералдармен) таныстырады.

-Эксперименттік көрнекілік арқылы оқушылар химиядан, физикадан тәжірибелер жасайды.

-Суретті көрнекілік: нақты дүниенің бейнесін көрсету (бейнесурет, картина, диафильм, мылқау кинофильмдер).

-Жасанды көрнекілік: макет, үлгі, муляж, геометриялық фигуралар, плакаттар, портреттер, панорама.

-Дыбыстық көрнекіліктер: күйтабақтар, үнтаспаға жазылған материалдар, т.б.

-Символдық және графикалық көрнекілік: карта, жоспар, сызба, диаграмма. (абстракты ой дамуына көмектеседі, себебі болмысты шартты белгілермен белгілейді)

-Техникалық көрнекіліктер: киноаппараттар, диафильмдер, диопроэкторлар, эпидиаскоптар, телевизор, радио т.б.

Оқытудың көрнекілік әдісінің мынадай шарттарын ұсынуға болады:

- көрнекіліктің оқушылардың жасына сәйкестігі;
- көрнекілікті сабақтың керек сәтінде қолдану;
- демонстрацияланған затты барлық оқушылардың көруі;
- иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақтылау;
- құбылыстарды демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият ойластыру;
- сабақта көрнекіліктің алуан түрін қолдану, бірақ көп көрнекілік қолданбау, себебі балалардың назары басқа жаққа ауып, тақырып бойынша ең негізгіні түсінбей қалады;
- көрнекілікті қолданып оқушының сезіміне қозғау салу, қалыптасқан түсініктерге сүйеніп, меңгерілетін ұғымды нақтылау;
- оқушылардың өздері жасаған көрнекіліктердің әсері мол болатындықтан, көрнекілікті балалармен бірге жасау;
- көрнекі құралдарды қолданып оқушылардың зейінін, ақыл-ой мәдениетін, жобалай білуін, оқуға деген қызығушылығын тәрбиелеу;
- балалардың жас ерекшеліктеріне қарай заттық көрнекілікті азайтып, символдық көрнекіліктерді қолдану;

Оқытудың көрнекілік әдісінсіз толық мәнді сабақ өткізіп, берік білім беру қиын. Мысалы көркем еңбек, немесе кез-келген басқа сабақтарда да ең нәтижелі және жиі қолданылатын әдіс – көрнекілік әдісінің орны ерекше маңызды.

Әсіресе, бастауыш және орта буын оқушыларына түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтар мен макеттерді көрсету арқылы сөздерді, сөз тәркестерін үйретіп, сөйлеуге баулуға болады. Көрнекілік өтіп жатқан тақырыпқа сай, көзге тартымды, эсттетикалық жағынан талапқа сай, көлемі ірі. екі немесе үш түстен болуы қажет деп есептеймін. Мысалы, «Табиғи құбылыстар», «Спорт әлеміне саяхат», «Ғарышқа саяхат» т.б. тақырыптарын өткенде құбылыстардың, қажетті көріністердің суретін көрсету арқылы немесе сыныпта бұйымдарды көрсету арқылы сабақта берілген материалдарды жүзеге асыруға болады. Ы. Алтынсарин: «балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Сондықтан оқушыларға білімді сапалы меңгертуде көрнекілік әдісін пайдаланудың маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Вергелес Г.И., Матвеева Л.А., Раев А.И. Младший школьник: Помоги ему учиться. Книга для учителей и родителей.

– Санкт-Петербург: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена; Союз, 2000. – 159 с.

2. Вергелес Г.И., Денисова А.А. Технологии обучения младших школьников: для студентов высших учебных заведений, обучающихся по направлению «Педагогическое образование»: стандарт третьего поколения. – Санкт-Петербург: Питер, 2017. – 254 с.

3. Грозян Н.Ф., Прудникова Т.И. Дидактические принципы Я.А. Коменского: принципы реализации в современной школе // Проблемы современного педагогического образования. – Ялта: РИО ГПА, 2021. – Вып. 70. – Ч. 2. – с. 63-66

4. М.Жұмабаев. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.

5. Г.Қ.Нұрғалиева. Педагогиканық логикалық-құрылымдық курсы, – Алматы, 1996.

ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ БАҒЫТТАРЫ

Әрінова Б.А.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ п.ғ.к,
Танатарова А. О.,
«Әлеуметтік педагогика және өзін- өзі тану» мамандығының 2 курс магистранты

Аннотация. Мақалада қазіргі заманғы әлеуметтік-педагогикалық білімнің дамуын анықтайтын негізгі бағыттар қарастырылады. Әлеуметтік педагогиканың ғылым ретінде дамуы, қоғамдағы негізгі мәселелері мен мақсаттары талданады. Авторлар мақалада әлеуметтік педагогиканың дамуы еліміздің білім беру және әлеуметтік саласының маңызды аспектісі болып табылатындығын теориялық тұрғыда дәйектейді. Сонымен қатар әлеуметтік-педагогикалық білім берудің негізгі бағыттары сараланып, оларға шетелдік,отандық ғалымдардың тұжырымдарына негізделген түсінік беріледі. Сол сияқты авторлар әлеуметтік педагог мамандарды даярлаудың инновациялық-технологиялық сипатына тоқталады.

Түйін сөздер: әлеуметтік-педагогикалық білім беру, әлеуметтік инновация, әлеуметтану, бағыт, инклюзив, технология, қоғам.

Аннотация. В статье рассмотрены основные тенденции, определяющие развитие современного социально-педагогического образования. Анализируются развитие социальной педагогики как науки, основные проблемы и цели в обществе. В статье авторы теоретически констатируют, что развитие социальной педагогики является важным аспектом образовательной и социальной сферы страны. При этом дифференцируются основные направления социально-педагогического образования и им дается понимание на основе выводов зарубежных и отечественных ученых. Таким же образом авторы акцентируют внимание на инновационно-технологическом характере подготовки специалистов социальной педагогики.

Ключевые слова: социально-педагогическое образование, социальные инновации, социология, тенденция, инклюзивность, технология, общество

Abstract. The article examines the main trends that determine the development of modern socio-pedagogical education. The development of social pedagogy as a science, the main problems and goals in society are analyzed. In the article, the authors theoretically state that the development of social pedagogy is an important aspect of the educational and social sphere of the country. At the same time, the main directions of social and pedagogical education are differentiated and they are given an understanding based on the findings of foreign and domestic scientists. In the same way, the authors focus on the innovative and technological nature of training specialists in social pedagogy.

Key words: social and pedagogical education, social innovation, sociology, trend, inclusive, technology, society.

Әлеуметтік-педагогикалық білім беру – халықтың әртүрлі топтарын әлеуметтендіру және интеграциялау мақсатында әлеуметтік қызмет көрсету және білім беру саласында, сондай-ақ педагогикалық қызмет саласында жұмыс істеуге қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған білім беру саласы. Бұл білім беру саласы әлеуметтік мәселелерді шешуге және әртүрлі өмірлік жағдайларда адамдарды қолдауға қажетті білім мен тәжірибелік дағдыларды біріктіреді.

Көптеген тарихи талдаулар, әлеуметтік педагогиканың адамдардың тәжірибелік іс-әрекеттері мен санасында бүтіндей өзгерістер енгізу арқылы барлық гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндердің құрылымына, мазмұнына өзгеріс жасағандығына көз жеткізді.

Мысалы, Р.А. Литвак әлеуметтік педагогиканы әлеуметтік білім, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік психологияны өзара байланыстырушы деп, ал оның іс-әрекет нысаны адамдардың тіршілігі мен болашақ ұрпақтың тәрбиесі болып саналатын микроорта деп пайымдайды.

Ресейде XIX ғасырдың аяғында пайда болған әлеуметтік педагогика XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап мектептің өмірімен және әлеуметтік ортамен байланыстыра отырып, нақты дами бастады. Бұл ой С.Т.Шацкийдің еңбектері мен тәжірибелерінде теориялық негізге ие болды және де басқа белгілі педагогтардың еңбектерінде де қолданыла бастады. Әлеуметтік педагогиканың заманауи талаптар тұрғысынан зерттеліп, мамандар дайындауда өзектілік танытуы тәрбие жүйесіндегі қиыншылықтарға байланысты туындаған әлеуметтік мәселе екендігін профессор Н.С.Әлқожаева мынадай пікірімен дәйектейді: «Әлеуметтік педагогикаға деген қызығушылықтар Қазақстанда 1970 жылдары туындады, сонымен қатар шет мемлекеттер де аса көңіл бөле бастады. Біздің елде бұған байланысты шаралар жүзеге асырылып, тұрғылықты мекен-жайы бойынша балалармен жұмыс жасау барысында және сәйкес әдістемелік нұсқаулар туындағанда көрініс тапты. Кейіннен, 1980 жылдары В.Д. Семенов пен оның әріптестері ЖБК (жастар баспана кешендері) және ӘПК (әлеуметтік педагогика кешендері) тәжірибелерін жасап, әлеуметтік педагогика аймағында теориялық ізденістер жасады». [1; 9 б.].

Қай пәннің болмасын теориялық негіздерін меңгертуде оның әдістемелік жабдықталуына назар аударылады. Ғылыми әдебиеттерге сүйенетін болсақ, «әлеуметтік-педагогикалық технология» ұғымы 90-жылдары пайда болған. Никитина Н.И., Глухова М.Ф. әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясын белгілі бір әлеуметтік-педагогикалық міндеттер мен проблемаларды шешуге бағытталған кәсіпқойдың қатаң дәйекті әрекеттері ретінде түсінді. Отандық ғалым Р.С.Қасымова «Әлеуметтік-педагогикалық технологиялар маманның практикалық қызметін реттейтін императивтер жүйесін (заңды талаптар, әрекет алгоритмдер, нұсқаулық талаптар) білдіреді», деп пайымдайды. [2; 33 б.].

Қазіргі заманда әлеуметтік-педагогикалық білім айтарлықтай өзгерістер мен дамуды бастан кешіруде. Әлеуметтік-педагогикалық білім берудің басты бағыттарына:

1. Инклюзивті білім беру. Қазіргі әлеуметтік-педагогикалық білім берудегі негізгі тенденциялардың бірі инклюзивті білім беруге көшу болып табылады. Бұл тұжырымдама жалпы білім беру процесіне олардың нақты қажеттіліктеріне қарамастан барлық студенттерді қосуды білдіреді. Инклюзивті білім беру барлық балалар мен жасөспірімдер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

2. Білім берудегі технологиялар. Қазіргі заманғы технологиялардың дамуы әлеуметтік-педагогикалық білім беруге айтарлықтай әсер етті. Компьютерлерді, интерактивті тақталарды, онлайн платформалар мен мобильді қосымшаларды енгізу оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл құралдар мұғалімдерге оқуды оқушыларға қызықты және қолжетімді етуге көмектеседі.

3. Біліктілікті дамытуға көңіл бөлу. Қазіргі білім беру нақты өмірде қолдануға болатын практикалық дағдылар мен құзыреттерді дамытуға көбірек көңіл бөледі. Бұған коммуникацияны, сыни ойлауды, мәселені шешуді, зерттеуді және басқа да негізгі дағдыларды дамытуға бағытталған оқыту бағдарламалары кіреді.

4. Оқытудың мультимодальды әдістері. Оқытудың заманауи әдістері мультимодальды сипатқа ие болды, бұл әртүрлі білім беру ресурстарын, соның ішінде мәтіндік, аудио, бейне және интерактивті элементтерді пайдалануды білдіреді. Бұл мұғалімдерге оқытуды оқушылардың әртүрлі оқу стильдеріне бейімдеуге мүмкіндік береді және білім беруді интерактивті және тартымды етеді.

5. Білім беру ғылыми жобалары. Заманауи әлеуметтік-педагогикалық білім беру студенттердің ғылыми зерттеулермен айналысуға және нақты мәселелерді шешуге мүмкіндігі бар білім беру ғылыми жобаларын белсенді түрде қолдайды. Бұл сыни ойлау мен тәуелсіздікті дамытуға көмектеседі.

6. Ғаламдық білім беру желісі. Интернет пен заманауи коммуникациялық технологиялар білім беруді жаһандық және қолжетімді етті. Студенттер мен мұғалімдер онлайн курстар мен

жаһандық білім беру платформалары арқылы әлемнің әр түкпірінен келген әріптестерімен және студенттерімен білімі мен тәжірибесімен бөлісе алады.

7. Тұлғаға бағытталған көзқарас. Заманауи білім беруде де әр оқушының жеке қажеттіліктері мен мүдделерін ескеретін оқушыға бағытталған әдістің маңыздылығына баса назар аударылады. Бұл тиімдірек оқуға және тұлғаның дамуына ықпал етеді.

Әлеуметтік педагог мамандар отбасылардың әл-ауқатына қол жеткізу үшін жағдай жасай алмайды және көптеген балалы отбасылардың қолайсыз материалдық және тұрмыстық жағдайларын түбегейлі өзгерте алмайды. Бірақ әлеуметтік педагогиканың мүмкіндіктеріне сүйене отырып, балалармен және отбасылармен олардың тұрғылықты жері кеңістігінде әлеуметтік-педагогикалық және әлеуметтік-мәдени жұмысты мақсатты түрде ұйымдастыра отырып, адамдарға гуманизм, өзара көмек, ынтымақтастық идеяларын сіңіругекөмектеседі. Жасампаздық энергиясы, сол арқылы оларға қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайларда да қалыпты өмір сүруді қамтамасыз етуге көмектеседі.

Педагогика туралы бүгінгі түсінік өзінің бұрынғы түсінігінен баланы оқыту мен тәрбиелеуге байланысты әрекет ретінде барған сайын алшақтап барады. «Тәрбие», «дамыту», «оқыту», «білім беру» ұғымдары барған сайын барлық ұрпаққа, барлық жас топтарына таралуда. Педагогика балалар мен жастарды тәрбиелеу ғылымы болудан қалды. Ол барлық жастағы адамдарды тәрбиелеу туралы ғылымға айналады, ол білім беруге жәрдемдесу, балалар мен жастардың, ересектердің, соның ішінде үшінші жастағы адамдардың қолайлы психикалық, әлеуметтік, мәдени дамуына қолдау көрсетуді білдіреді. Педагогика адамды «өсіру» деп түсіндіріледі (Э. Фромм) [3; 34 б.].

И.А. Липский әлеуметтік педагогика «...адам мен әлеуметтік ортаның өзара әрекетін үйлестіру ғылымы мен тәжірибесі» [4; 118 б.]. Басқа зерттеушілер әлеуметтік педагогика әлеуметтік тәрбие мәселелерін зерттеуі керек деген пікірде.

А.В. Мудрик «әлеуметтік педагогика білім саласы ретінде әлеуметтік тәрбиені әлеуметтену жағдайында зерттейді» [5; 7 б.].

Стефан Л.А. «әлеуметтік педагогика әртүрлі әлеуметтік институттардағы (оның ішінде мектепте, мектептен тыс мекемелерде және т.б.) тәрбиенің мәні, заңдылықтары мен тенденциялары туралы ғылым» деп есептейді [6; 26 б.]. Үшінші бағытты жақтаушылар әлеуметтік педагогика жеке тұлғаның әлеуметтену заңдылықтарын зерттеу керек деп есептейді.

Әлеуметтік педагогика В.Н. Наумчик пен М.А. Паздников «Міндеті жас ұрпаққа әлеуметтенуге көмектесу болып табылатын педагогиканың салыстырмалы түрде жас бағыты» деп анықталған [7; 3 б.].

Никитин В.А. әлеуметтік педагогиканы «әлеуметтендіру және жүзеге асыру процесін білім беру құралдары арқылы танудың, реттеудің және жүзеге асырудың теориясы мен практикасы» деп есептейді. Оның нәтижесі жеке адамның халықтың әртүрлі топтары мен топтарына қатысты бағдарлар мен мінез-құлық (сенімдер, құндылықтар, сәйкес сезімдер мен іс-әрекеттер) иеленуі болып табылады, соған сәйкес бейімделу және әлеуметтік қызмет ету, әлеуметтік деңгей мен типті қамтамасыз етеді.» [8; 31 б.].

Қазақстанда әлеуметтік педагогиканың дамуы еліміздің білім беру және әлеуметтік саласының маңызды аспектісі болып табылады. Соңғы онжылдықтарда Қазақстанда әлеуметтік педагогиканы дамытуда елеулі өзгерістер болды.

Қазақстандағы әлеуметтік педагогиканың дамуының негізгі аспектілері:

1. Заңнама және мемлекеттік саясат: Әлеуметтік педагогиканы білім беру мен әлеуметтік қызметке енгізу заңмен және мемлекеттік саясат деңгейінде бекітіледі. Бұған әлеуметтік педагогтар мен мамандардың қызметін реттейтін заңдар мен нормативтік актілерді жасау жатады.

2. Кәсіптік білім: Қазақстанда жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлау бағдарламалары жасалып, жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламалар болашақ мамандарға әлеуметтік қолдау және білім беру саласында жұмыс істеуге қажетті білім мен дағдыларды береді.

3. Инклюзивті білім беру: Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосуды көздейтін инклюзивті білім беру белсенді дамып келеді. Әлеуметтік педагогтар студенттердің инклюзиясын және бейімделуін қолдауда маңызды рөл атқарады.

4. Әлеуметтік қызметтер: Әлеуметтік педагогика әртүрлі әлеуметтік топтарға, соның ішінде балаларды, жасөспірімдерді, отбасыларды және т.б. қолдау көрсету үшін әлеуметтік қызметтер мен ұйымдарда дамып келеді. Бұған кеңес беру, психологиялық қолдау және әлеуметтік білім беру кіреді.

5. Тәжірибенің зерттелуі және дамуы: Қазақстандық ғалымдар мен практиктер әлеуметтік педагогика саласындағы зерттеулермен белсенді түрде айналысып, әлемдік қауымдастықпен тәжірибелерімен бөлісуде. Бұл тәжірибені жақсартуға және жаңа әдістер мен тәсілдерді дамытуға көмектеседі.

6. Халықаралық ынтымақтастық: Қазақстан әлеуметтік педагогика саласында халықаралық ұйымдармен және басқа елдермен белсенді ынтымақтастықта. Бұл тәжірибе алмасуға және осы саланың дамуын күшейтуге септігін тигізеді.

Сонымен, қазіргі заманғы әлеуметтік-педагогикалық білім үнемі дамуда және қоғамның өзгермелі қажеттіліктеріне бейімделеді. Инклюзив, технология, дағдыларға бағдарлану, оқытудың мультимодальды әдістері, білім берудің ғылыми жобалары, жаһандық білім беру желісі және оқушыға бағытталған көзқарас заманауи білім берудің негізгі тіректеріне айналды.

Қазіргі әлемдік деңгейдегі әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді талдай отырып, заманауи әлеуметтік-педагогикалық білім берудің бағыттарын төмендегідей көрсетуге болады:

Бірінші бағыт: қазіргі ғалымдардың пікірінше, әлеуметтік педагогика бүгінгі күн проблемалық бағдармен сипатталады, бұл жалпы қоғамды және жеке тұлғаны (баланы) сипаттайтын әртүрлі мәселелерді шешудің тиімді инновациялық құралдарын іздеуге мүмкіндік береді. Проблемалық критерийге сәйкес келу айрықша белгісі ретінде әрекет етеді. Өйткені оның зерттеу пәні балалық шақтың институционалдық және жеке мәселелері және әлеуметтік-педагогикалық қызметтің әртүрлі түрлері арқылы қарым-қатынастарды үйлестіру жолдары: әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік-бағдарлы білім беру, әлеуметтік-педагогикалық қолдау және сүйемелдеу.

Екінші бағыт: синтез ретінде пайда болу әлеуметтану және педагогика, әлеуметтік-педагогикалық білімдер бүгінде белсенділік танытуда проблеманы түсінуді тереңдетуге мүмкіндік беретін жаңартылған социологиялық, мәдени, медициналық, құқықтық және басқа білімдермен біріктіру баланың өмір сүру тәсілі мен жолдары оның мәселелерінің шешімдері. Бүгінде ол белсенді экономика, ақпараттық және мәдени білім.

Әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктері ғылым теория мен практиканың әртүрлі салаларының мамандары қатысатын ауқымды пәнаралық зерттеу бағдарламаларымен ұсынылған.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де өнерлі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор. Балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп. Әлем бала өміріне біртіндеп кіреді. Бала ең алдымен оны үйде, балабақшада не қоршап тұрғанын ұғынады. Біртіндеп өмірден алған тәжірибесі көбейеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздап ғана сырын ашса, онда баланың білуге деген құштарлығы арта түседі.

Ойын – баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән-мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»,- деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады.

Педагог ойынды балалар іс-әрекетінің түрлері арқылы тәрбиелеу – білім беру процесінде негізгі әрекет ретінде қолданады. Ойын барысында бала өзі жасай алмайтын әрекетті үйренуге тырысады, құрдастарымен қарым-қатынас жасайды, баланың бойында адамгершілік қасиеттері дамиды. Л.С. Выготский, О. М. Дьяченко, Е. Е. Кравцованың пікірлері бойынша ойынды басқа әрекет түрлерімен алмастыру мектеп жасына дейінгі баланың қиялын дамытуға кедергі келтіреді. В. В. Ветрова, М.И. Лисина, Е.О. Смирнова Л. М. Кларина, В. И. Логинова, Н. Н. Поддяков ойынды басқа әрекет түрлерімен алмастыру баланың құрдастарымен, ересектермен қарым-қатынасының дамуын тежейді, эмоционалды жай-күйін төмендетеді деп санайды [2, б. 130]. Яғни, ойын іс-әрекетін күн сайын ұйымдастыру баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды болып табылады.

Баланың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу мақсатында, сауаттылыққа баулу. Баланың ақыл - ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу. Ақыл-ойдың дамуы – бұл, баланың жасына, тәжірбиесінің молаюуы мен тәрбиелік ықпалдардың әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектеп жасына дейінгі баланың білімінің дамуы жылдам қарқынмен жүргізіледі, тіпті қалыптасады. Таным процесстері жетіледі, бала ақыл-ой әрекеттің қарапайым әдістерін меңгереді. Мектеп жасына дейінгі баланың ақыл-ойының дамуын қамтамасыз етуін оның барлық кейінгі іс-әрекеті үшін зор маңызы бар

Балалық кездегі ойынды тәрбие мәселесінен бөлуге болмайды. Екеуі бірлікте қаралады. Тәрбие туралы айтылған даналық ойларға зейін қойсақ, алдымен бүкіл әлемнің ұстазы атанған Әбунасыр әлФарабидің әділдік, инабаттылық, мейірім, жомарттық-адамгершілік көрсеткіші екендігі әр саладан баяндалған. Қазақтың белгілі ағартушысы Ш. Уәлиханов әр түрлі қимыл-әрекетті ойындар мен асық ойындары тайпалық одақтарда ересектер арасында дамып, кейін келе жас өспірімдердің үлесіне қалғандығын талдаса, М. Жұмабаев «Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе» деген. Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-тәрбие үдерісі мен дамуына арнап зерттеу жұмыстарын жүргізген отандық ғалымдар Н. Құлжанова, Б. Баймұратова, М. Сәтімбекова, А. Манкеш, Ғ. Таубаеваның еңбектерінде бала тәрбиесінде ойынның алатын орнының ерекше екендігі ғылыми тұжырымдармен дәлелді көрсетілген [3, б. 155].

Ойшыл, ағартушы, зерттеуші ғалымдардың еңбектерін талдай келе, қазақ халқының ұлттық ойындарының ерте заманнан бастау алып, қазіргі уақытқа дейін өз құндылығын жоғалтпағанына көз жеткізуімізге болады.

Қазіргі таңда МДҰ–да кеңінен қолданылатын ойын түрлері: ұлттық ойындар, дидактикалық ойындар, сюжетті-рөлді ойындар, қимылды ойындар, құрылыстық-конструктивті ойындар. Бұл ойындардың өзі мақсат-мазмұнына қарай жіктеледі. Мәселен, қазақтың әдет ғұрпын, салт-дәстүрін мектеп жасына дейінгі балалардың бойына сіңіруде ұлттық ойындардың маңызы зор болса, балаларға білім беріп, оқытуда, танымдық қабілеттерін дамытуға дидактикалық ойындар қолданылады. Бала денесін жан-жақты дамытуда қимыл-қозғалыс ойындары қолданылса, балаларды әлеуметтендіруде, шығармашылық қабілеттерін дамытуда сюжетті–рөлді ойындар маңызды. Түрлі материалдар арқылы балалардың құрастыра білу дағдыларын дамытуда құрылыстық-конструктивті ойындардың орны ерекше. Құрастыру материалдарын ойын ситуациялары арқылы білім мен тәрбие құралы ретінде пайдалану көптеген теориялық және практикалық ойлар мен нәтижелер негізінде дидактикалық қағиданы балалардың құрылыс ойындары арқылы дамыта отырып жүйелендіру іске қосылды

С. Торайғыров «Баланың қанына ойын азық»,- деп бекер айтпаған. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным – түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғынады, бір – бірінен ептілікті үйренеді, дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады, психологиялық таным қабілеттерін арттырады, біліктілік дағдыларын кеңейтеді. Ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасының, мінез – құлқының қалыптасу Логикалық ойындар мектептке дейінгі топтарда тәрбиеленетін баланы тапқырлыққа,

логикалық ойлауға баулиды, өздігінен шешім қабылдайды, салыстырады. Балалардың қызығушылығы артады, танымдық қабілеттері дамиды.

Логикалық ойындар арқылы балалардың танымдық құзіреттілігін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

1. Қызығушылығын арттыру
2. Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту
3. Шығармашылық ізденісін дамыту

Логикалық тапсырмалар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатына негізделген дәріс моделін құрастыруға болады.

Тәрбиеленушілердің білім, білік дағдысын, белсенділігін арттыру, бүлдіршіндердің тілге деген қызығушылығын дамыту, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін ойын технологиясын ұтымды пайдалансақ, алға қойған мақсатымызға сапалы нәтижесіне көз жеткізе аламыз. Ойын технологиясының кеңінен қолданылатыны белгілі. Әр педагог технологияның нәтижесінің сапалы болуы үшін мынандай жағдайларды ескеруі қажет:

1.Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын-ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау.

2.Ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық және гигиеналық талаптарға сай болуы, алдын – ала әзірлеу.

3. Топтағы балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі.

4. Ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық қауіпсіздіктен қамтамасыз ету.

5. Ойынның, сабақтағы ойын элементтерінің тәрбиеленушілердің ынтасын арттырып, қызығушылығын арттыруға бағытталуы.

Сонымен балалардың тілін, сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма - жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың тілі, сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл -ойы өсіп жетіледі, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

Ойын баланы іздену жолына бағыттайды, жеңіске деген қызығушылығын оятады, ал осыдан шыға келе олар жылдам, жинақы, шапшаң, тапқыр болуға, ойын шартын сақтап отырып тапсырмаларды нақты орындауға тырысады. Ойындарда, әсіресе топтық ойындарда жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері, жауапкершілік сезімдері қалыптасады, тәртіп, күш-жігер, мінез – құлық тәрбиеленеді. Көрнекіліктердің әдістері, сұрақтың қызық та, тиімді түрлері, жұмбақтар, әзіл есептер, ахуал жағдайлары, сайыстар балалардың белсенді ойлау әрекетін дамытуға көмектеседі. Ойын барысында бала ойы үнемі дамып, жетіліп отырады, ұшқырлана түседі.

Мысалы, бәрімізге белгілі «Үйшік» ертегісін алатын болсақ, сол ертегідегі барлық кейіпкерлерді біз геометриялық фигуралармен сәйкестендіруге болады.Үйшікті біз үшбұрыш пішінімен сәйкестендіре алсақ,сол ертегідегі қасқырды біз тіктөртбұрыш ретінде аламыз, және сол пішіндерді ертегідегі кейіпкерлерге ұқсатып бояймыз, сол кезде үйшігіміз қоңыр түсті үшбұрыш болса, қасқыр сұр түсті тік төртбұрыш болады. Осы ойын арқылы балалар тек ертегіні құрастырып қана қоймай, сонымен бірге геометриялық пішіндері, түстерді қайталайды,балалардың логикалық ойлау қабілеттері дами отырып,ауыстырылған заттарды пішініне қарай сәйкестендіре алады.

«Танграмм» ойыны арқылы балалардың барлық танымдық процесстері дамиды десе болады. Бала фигураларға қарап, түрлі бейнелерді құрастыра алады. Бұл баланың ой - өрісін дамытып қана қоймай, оны байқағыштыққа, шапшаңдыққа, ойын дәлелдеуге де үйретіп, әрі оны жалықтырмайды [4, б. 180].

Мысалы, «Танграмм» ойынын «Таным» білім беру саласында жаратылыстану оқу қызметінде «Жабайы жануарлар» тақырыбында қолдандым, осы «Танграмм» фигуралары арқылы балалар жануарлардың түрлі бейнелерін құрастыра алды, оқу қызметіне үлкен қызығушылықпен қатысты. Сонымен қатар, «Танграмм» ойынын қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру оқу қызметінде кеңінен қолдануға болады, осы фигуралар арқылы

балаларға түрлі пішіндерді құрастыруға ыңғайлы. «Танграмм» ойыны балалардың шығармашылығын оятуға, ой қиялын дамытуға, ойлау қабілетін арттыруға үлкен әсерін тигізеді.

Демек ойын-тәрбие және оқыту құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді. Ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, санауды, салыстыруды адамгершілік сапаны жетілдіреді.Ұжымдық сезім әрекеттері өсіре түседі. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді, дене күшінің жетілуіне көмектеседі. Сондықтан тәрбиеші балдарды ойнатып қана қоймай, олардың ойларының нақты, сөйлеу дағдысы кең, қимыл әрекеті жылдам болуын назардан тыс қалдырмау керек.

Әдебиеттер:

1.Тоқаев Қ.-Ж.К. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. Қазақстан халқына арнаған Жолдауы / Қ.-Ж.К. Тоқаев. – Астана. – 2021. – қыркүйек

2.«Түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру және басшылық ету әдістемесі бойынша әдістемелік ұсынымдар» – Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген, -Астана: 2022.

3. Шорыгина Т.А. Мектепке дейінгі балалардың ойын кезіндегі мінезі және сезімі туралы әңгімелер. Нұсқаулық. - М.: ТС Sphere, 2013.

4.«Бестемше» Оқу құралы. Куланова К.К., Марчибаева У.С., Махашева З.У., Уалиева А.К. - Нұр-Сұлтан: 2021.

МҰҒАЛІМГЕ ТӘН КӘСІБИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Абдукаримова Аружан Юсуповна,
«Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2 – курс студенті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
Нурпеисов Мухаметжан Кенжетаевич,
педагогика магистрі, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Аннотация. Білім беру процесінде мұғалімнің кәсіби, тұлғалық құндылықтарын жетілдіріп отыруы, сол арқылы білім алушыға әсер ете алуы маңызды. Біз зерттеу тақырыбымыздың аясында кәсіби құндылықтарға қатысты негізгі ұғымдарға анықтама беріп, педагог-ғалымдардың құндылықтар жүйесіндегі пікірлері мен мағыналық, функциялық топтастыруларын ұсындық. Заман талабына сай толығып отыратын кәсіби құндылықтардың ішінде цифрлық сауаттылық терминіне түсінік бердік. Мұғалімдерге тән тұлғалық және кәсіби құндылықтардың арақатынасын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіп, қорытындысына талдау жасадық.

Түйін сөздер: құндылықтар, кәсіби құндылық, педагогикалық-психологиялық шарт, білім беру процесі, педагогикалық қызмет, оқушы, сауалнама, гуманистік сипат, кәсіби өсу перспективасы, цифрлық сауаттылық.

Кәсіби тұлғалық құндылықтар – педагогтің кәсіби дамуының негізі. «Мінсіз мұғалім» формуласын оның бойындағы кәсіби құндылықтар құрайды. Адами және кәсіби құндылықтар біртұтас қабысқанда үздік мұғалім образы қалыптасады. Кәсіби құндылықтар – білім берудің ажырамас бөлігі және олар мұғалімдердің оқыту процесіндегі іс-әрекеті мен білім алушылармен өзара әрекеттесуінде көрініс табады. Оқушылар күнделікті өмірінің көп бөлігін мұғалімдермен өткізеді және бұл олардың құндылық бағдарын дамытуға әсер етудің маңызды мүмкіндігі. Балалар мектеп жасында дұрыс пен бұрысты толық ажырата алмайтын «еліктегіш» болып келеді. Сондықтан бұл кезеңде оларды қоршаған орта барынша адами, кәсіби құндылықтардың құнын құлдыратпайтын, керісінше практикада оны дәріптейтін, өз іс-әрекетімен көрсете алатын адамдардан құралуы тиіс. Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде баланы тәрбиелеудегі басты мақсатты былай белгілейді: «*Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару*», дейді. Демек, ұстаздың кәсіби құндылығының, шеберлігінің өлшемі – шәкірттерінің ғасыр талабына сай тұлға болуы. Ағартушы - педагог бұл миссияға жету үшін ұстаздарға кәсіби құндылықтың алғашқы баспалдағы – білім, педагогика ғылымымен етене таныс болу деп кеңес береді: «*...Балаға шын дұрыс тәрбие беру үшін, тәрбиешінің өз тәжірибесі, һәм ұлт тәрбиесімен таныс болуы ғана жетпейді екен. Бұлар – бірбеткей, шикі тәжірибелер. Бұлар сыннан өткізіліп, пісірілмеген күйде берік негіз бола алмайды. Бұлардың арасынан жақсы-жаманын, алтын мен мысын теріп ала білу үшін тәрбие майданында шабылып ысылған тарландардың тәжірибелерімен, түрлі ұлттан түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, қысқасы, тәрбие туралы дұрыс жолға түсу үшін тәрбие пәнімен, яғни педагогикамен жақсы таныс болу керек*». [1, 27]

Осы тұста тақырыбымыздың негізгі ұғымдық терминдеріне анықтама ұсынамыз.

1-кесте. Құндылық ұғымы, оның екі сипаты

<table>
<tr><td colspan="2">Құндылық – маңыздылық, мәнділік, бір нәрсенің пайдалылығы; Болмыстағы белгілі бір құбылыстардың адами, әлеуметтік және мәдени мағынасы;тіршілікті, еңбекті, шығармашылықты, ой-өрісті бағалау; адами қасиеттер жиынтығы, тіпті сырттай қарағанда зат немесе құбылысқа тән қасиет, іс-әрекет, идеал.</td></tr>
<tr><td>Кәсіби құндылық – кәсіби іс-әрекетті арттыруға қажет құндылық-мақсаттар, құндылық-құралдар, құндылық-қатынастар, құндылық-білім, құндылық қасиеттер көрініс беретін кәсіби-тұлғалық сапа.</td><td>Педагогикалық құндылық – мұғалімге материалдық, рухани және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін құралдар, әлеуметтік және кәсіби белсенділігіне бағытталған мақсаттар. (Е.Н.Шиянов)</td></tr>
</table>

Құндылық - қолданыс аясы кең, астары терең, мәнді ұғым. Өмірдің бар аспектісінде сан қыры ашыла түседі. Құндылық иерархиясын әр адам өзі қалыптастырады. Сол сияқты мұғалімдер де кәсіби құндылықтарға өз пайым-парасаты, түсінігіне қарай маңыз береді.

Педагог, ғалым Е.Н.Шиянов кәсіби құндылықтың 3 негізгі сыртқы формасын былай жіктейді:

«Білу» - тек кәсіби қызметтерді жүзеге асыру үшін қажетті нақты, ақиқат білім ғана емес, сонымен қатар ақиқат мәні бар және білім мен білікті қолдануға бағыттайтын құндылық.

«Жасай алу» - педагогикалық процесті жүзеге асыру амалы ғана емес, адамның ең басты білігі өзінің ішкі жан дүниесін еркін және саналы сезіне білуде де, сыртқы кәсіби педагогикалық қызметте де субъект бола білу.

«Дегеніне жету» - қойылған мақсатқа заң, адамгершілік және мәдениет шеңберінде жете білу. [2, 65]

Ал мұғалімге тән кәсіби құндылықтың ішкі мазмұны: кәсіби білім, үздіксіз ізденіс, жауапкершілік, шығармашылық, өмірлік тәрбие беру, креатив ойлану, жаңа білім алу, адамгершілік, әділ бағалау, талантты тану, дарынды дамыту, психологиялық қолдау, педагогикалық мәдениет, этикаға сай жүріп-тұру, цифрлық сауаттылық т.б. сынды түсініктермен толыға береді.

Педагог-психолог ғалымдардың соңғы 15-20 жылда жүргізілген педагогикалық-психологиялық зерттеулерінің нәтижелері бойынша мұғалімдерге тән кәсіби құндылықтар жүйесі мыналарды қамтиды:

1) Оқу процесінің тиімділігін арттыру, сабақ барысында білім алушылардың аз уақыт ішінде көп нәрсеге қол жеткізуі; 2) Білім алушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері мен даму кезеңдерін ескеру, денсаулығын сақтау және білім сапасын көтеріп, кәсіптік қызметке бейімдеу; 3) Интеллектуалды, шығармашылық әлеуетті дамытуға және денсаулықты сақтауға ықпал ету; 4) Оқу процесінде білім алушылардың қабілеттерін дамытудың теориялық негізі болып табылатын оқытудың негізгі педагогикалық-психологиялық тұжырымдамаларын жүзеге асыру; 5) Білім алушылардың тұлғалық қабілеттері мен тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру үшін креатив ойлану. [2, 66]

Педагогика ғылымдарының кандидаты Наталья Гузева педагогтердің кәсіптік маңызды бағыттарын қалыптастыратын мәселесін зерттеп, педагогикалық кәсіптік құндылықтардың үш тобын анықтады:

1) Кәсіби қызметтің шарттарына байланысты құндылықтар:

Адамдармен тұрақты қарым-қатынас; Еңбек туралы толық ақпарат; Мамандықтың гуманистік сипаты; Тұрақты өзін-өзі жетілдіру; Тақырыпты білу; Адамдарға құрмет пен алғыс; Жұмыстың шығармашылық сипаты.

2) Педагогтің жеке-мотивациялық саласына байланысты құндылықтар:

Кәсіби өсу перспективасының болуы; Ұлттық дәстүрлерді жалғастыру; Кәсіптің бейімділігі мен мүдделерге сәйкестігі; Білім алушылардың назарын аударуға деген ұмтылыс.

3) Білім беру қызметінің басқару аспектілерін көрсететін құндылықтар:

Басқа дамдардың мінез-құлқына әсер ету және оларды басқару қабілеті; Педагог пен білім алушылардың қарым-қатынасы.

Сондай-ақ, ғалым С.Г.Вершловский және Дж.Хазард ағылшын және ресей педагогтерінің құндылық бағдарын зерттей келе, кәсіби педагогикалық құндылықтарды төмендегідей топтастырады:

1. Педагогтердің кәсіби статусын ашатын құндылықтар; 2. Тұлғаның педагогикалық мамандыққа бейімділігін көрсететін құндылықтар; 3. Педагогикалық қызметтің мақсатын көрсететін құндылықтар.[3,42]

Алайда, бұл жерден біз педагогикалық құндылықтарды толық көре алмаймыз. Е.Н.Шиянов педагогтің материалдық, рухани, қоғамдық құндылықтарын негізге ала отырып, әлеуметтік және кәсіби белсенділікті арттыратын кәсіби құндылықтарды ұсынады:

1. Құндылық, тұлғаның кәсіби және әлеуметтік ортада байланысы: педагог еңбегінің қоғамдағы маңыздылығы.

2. Педагогтердің қоғаммен қарым-қатынас барысында қажеттіліктермен қанағаттану құндылығы: адамдармен, достарымен, балалармен (яғни, балаға деген махаббаттың рухани құндылықтармен алмасуы).

3. Тұлғаның шығармашылық дамуымен, кәсіби-шығармашылық қабілеттерді дамыту мүмкіндігімен байланысты құндылық: әлемдік мәдениетке қатынас, сүйікті ісімен айналысу, өзін-өзі үнемі дамыту, жетілдіру, типологиялық ойлаудан алыстау және тағы басқа құндылықтарын ұсынды.

Ғалымдардың кәсіби құндылықтарды құрайтын элементтерді талдауына, топтастыруына қарап педагогикалық құндылықтардың сан қырлы әрдайым өзгеріп, толығып, жаңарып отыратын процесс екеніне көз жеткіземіз. Құндылықтарды жіктеп, танудағы басты мақсат мұғалімдердің қызметінде, білім беру процесінде, жеке өмірінде үйлесім орнату, нәтижелі жұмысқа ұмтылу болып табылады. Осы орайда біз бастауыш сынып мұғалімдерінен кәсіби, тұлғалық құндылықтардың қатынасын сұрап, аталғандардың өмір мен қызметте айырмашылығы бар ма деген сұрақ қойып, әлеуметтік желіде сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға 19 мұғалім қатысты. Біз ұсынған нұсқалар қатарында мынадай нұсқалар болды:

1. Иә. Өмір мен кәсіби құндылықтар арасында айырмашылық болу керек.

2. Жоқ. Жеке өмір мен мамандықтағы құндылықтардың айырмашылығы жоқ болу керек.

3. Екі құндылықты қажетіне қарай бірізді етуге болады.

4. Екі құндылықтың арақатынасын ылғи бақылап отыру керек.


Сауалнама қорытындысындағы нәтиже мынадай:

1) 11 мұғалім жоқ нұсқасын таңдады.

2) 4 мұғалім екі құндылықты бірізді етуге болады деп жауап берді.

3) 3 педагог екі құндылықтың айырмашылығы бар деді.

4) 2 мұғалім.екі құндылықтың арақатынасын ылғи бақылап отыру керек нұсқасын таңдады.



Сауалнама қорытындысынан аңғарғанымыздай педагогтердің құндылықтарға қатынасы әртүрлі. Алайда ұстаздар құндылықтарға негізделген білім оқушылардың өмірлік ситуацияларды жеңіл шешіп, күрмеулі мәселелерге сын тұрғысынан қарай білу дағдысының қалыптасатынын алға тартады.

Жоғарыда атап өткеніміздей білім беру процесі – тірі ағзада өсіп, дамып, толығады. Сол жаңаруларды меңгеру, бойында қалыптастыру заман талабы. Соңғы жылдары кәсіби құндылықтардың қатарын толықтырып, педагогтер алдынды тұрған сұраныс – цифрлық сауаттылық. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында азаматтардың сауаттылығы мен цифрлық біліктілігін арттыру мақсатында Үкіметке үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеу тапсырмасын берген болатын. Осы тапсырмаға сай білім беру процесінде цифрлық сауаттылықтың маңызын түсіну қиын емес. Мемлекет басшысының бұл тапсырмасы педагогтердің кәсіби құндылықтар қатарында

цифрлық сауаттылықты меңгерудің маңызын айқындап берді. Педагогикадағы цифрлық сауаттылық – интернет ресурстарын еркін қолдану, сабақ барысына онлайн-курс, заманауи технологияларды тиімді қосу. Цифрлық білім беру ортасы шеңберінде ақпараттандыру және оқытуды іске асыру барысында «виртуальды сынып», «мобильді оқытуды» оңтайлы ұйымдастыруға мүмкіндік зор. [4, 58]

Осылайша, педагог білім беру процесінің негізгі тұлғасы және білім алушылардың құндылық бағдарының қалыптасуына ықпал етуші. Қазіргі уақытта мұғалімнің тұлғалық кәсіби құндылықтарын шыңдай отыра білім беру процесінде құндылықтар жүйесін қолдануы маңызды және оның қызығушылықтары мен мінез-құлқы педагогикалық қызмет саласындағы көзқарасы мен мотивациясына тән, өйткені олар педагогтің жеке тұлғасын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады, адамның мінез-құлқын реттеудің жоғары деңгейі ретінде әрекет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика (1923 жылы Ташкентте шықан 2 - басылымы)| Алматы: «Marfu Press» баспасы. – 2022. 184 б

2. Болотова Ж.А., Кострикова Ю.В., Радченко Е.А Ценности педагогической деятельности\\ Қолданбалы және іргелі зерттеулердің халықаралық журналы – 2006, №1-27 –259 б

3. ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы\\ Білім журналы. Нұр-Сұлтан – 2021, № 4 (99), - 101 б

4. Оқушылардың IT – құзыреттері ICILS халықаралық зерттеуі: жинақ. – Астана: «Ақпараттық –талдау орталығы»АҚ, 2016. – 254 б

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ

Абдуллаева Угилжан Абдушукурқызы,
PhD, аға оқытушысы
М.Ж. Сұлтанбек,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Бастауышта оқыту әдістемесі мен педагогикасы
мамандығының 1-курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім сапасын арттырудың маңызды шарты ретінде қарастырылады. «Функционалдық сауттылық» ұғымына берілген анықтамалар жүйеленіп, бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауттылығын дамытудың педагогикалық шарттары мен моделі берілген. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар базасының мазмұны ашылып көрсетілген.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, функционалдық сауаттылық, дүниетану пәні, тапсырмалар.

Аннотация. В статье рассматривается развитие функциональный грамотности младших школьников как важное условие повышения качества образования. Систематизированы определения пониятия «функциональная грамотность», даны педагогические условия и модель развития функциональной грамотности учащихся начальных классов. Раскрыто содержание базы зданий, направленных на развитие функциональной грамотности учащихся.

Ключевые слова: начальная школа, функциональная грамотность, предмет изучения мира, задания.

Abstract. The article considers the development of functional literacy of younger schoolchildren as an important condition for improving the quality of education. The definitions of the concept of «functional literacy» are systematized, pedagogical conditions and a model for the development of functional literacy of primary school students are given. The content of the database of tasks aimed at the development of functional literacy of students is disclosed.

Key words: elementary school, functional literacy, natural science, tasks.

Қазіргі таңда білім беру саласындағы халықаралық стандарттың талаптарына сәйкес оқу үдерісінде сауаттылық оқытылатын пән бойынша алынған білімің түпкілікті нәтижесі құзыреттілікке бағытталған білім болып табылады.

"Функционалдық сауаттылық" ұғымы әр тарихи дәуірлерде белгілі бір мазмұны өзгеріп отырды, "сауаттылық" ұғымында түсініктер өзгерістерге ұшырап отырғаны анық. Заман өзгерістер кезенде (ағылшын: literacy) ауызша сөйлеу, оқу дағдылары қарапайым есептеу операциялары деп келтірсе, гректер қоғам оқу және жазумен байланысты болды. Сонымен қатар, сауаттылық адамның күнделікті өмірі мен қызметі үшін міндетті емес, керісінше адамның әлеуметтік мәртебесін және ішінара оның кәсібін (кәсіби деңгейде) анықтауға мүмкіндік берді [1].

Қазақстанда осы аталған функционалдық сауаттылық бойынша зерттеулер жүргізіп жатқан ғалымдарымзға тоқталар болсақ, Ж.Ж.Ордабаева еңбектерінде физика бағыты бойынша оқушылардың функционалдық сауатылығын арттыру мәселесі қарастырылған [2]. А.Ж. Мырзалинова әлеуметтік-гуманитарлық бағытында орта мектепте орыс тілін оқытудағы оқулардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды қарастырылған [3], А.К.Рауадина орыс тілін үйренумен мектептерде қазақ тілін қалыптастыру қарастырылды [4], оқушылардың жаратылыстану бағыты бойынша функционалдық сауаттылығын арттыру мәселесін зерттеген А.М.Имашев [5] болашақ дене шынықтыру мұғалімінің функционалдық құзыреттілігін

қалыптастыру мәселесін көтерген, Г.С.Каратаев информатика пәнін мұғалімдерінің функционалдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеді [6].

Функционалдық шығармашылық бойынша А.С.Амированың "Оқушы шығармашылығы теориясы мен практикасы" атты еңбегінде: "адамның өмірдің шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденіс болып саналады. Қоғамда өз жолын табу үшін оқушының дұрыс ойлауға үйреніп, өз бетінше саналы, дәлелді негізделген шешімдер қабылдай білу керек. Біз шығармашылық белсенділік - бұл оқушының шығармашылық пен шығармашылыққа деген жеке қажеттілігін, сондай-ақ шығармашылық өнімді жасау жауапкершілігін, нәтижесін қамтитын әрекет деп санаймыз [7].

Б.А.Тұрғынбаева "Ұстаздық шығармашылық" атты еңбегінде шығармашылық қызметтің өзіне тән ерекшеліктерін былайша қорытындылайды:

- шығармашылық тапсырма мен проблемалық тапсырма арасындағы қайшылығының болуы;
- әрекеттің әлеуметтік және жеке адам үшін мәнділігі, прогрессивтілігі;
- шығармашылық үшін объективті (әлеуметтік және материалдық) алғышарттардың болуы;
- шығармашылықтың субъективті алғышарттарының болуы (оқушының жеке қасиеттері, білімі, дағдылары, тұрақты мотивациясы, қабілеттері);
- процесс пен нәтиженің жаңалығы, толықтығы болып табылады [8].

Зерттеу барысында логикалық және шығармашылық ойлау дамиды. Сондықтан функцианалды сауаттылыққа бағытталған шығармашылық ойлау біз үшін өте маңызды. Жоғарыда талданған теориялық талдауды қорытындылай келе, "шығармашылық ойлау" - бұл педагогикалық ойлаудың пайда болуы, оны іс-әрекетке айналдыру және шығармашылық нәтижелерін талдау арқылы түпкілікті ойлауды талдаудан өткізу деп айтамыз.

Талдау нәтижелері бойынша анықталған, шығармашылық ойлауды дамыту, ең алдымен, адамның сауаттылығын, яғни сауатты ойлауды, сауатты өнім шығара білуді және т.б. ескереді.

Зерттеу барысында аталған келесі мәселе ол "функционалдық сауаттылық" болады. Біз функционалды сауаттылыққа байланысты зерттеулерге шолу жасауды жөн көрдік.

Оқу процесін тиімді басқару үшін бастауыш сынып оқушысының физиологиялық, психологиялық ахуалын білу сонымен қатар барлық оқу іс-әрекетінің негіздемесіне байланысты болады. М. Жұмабаев: "Сыртқы әлеммен, адамзат өмірімен алғаш таныс болып келе жатқан адам баласы бар нәрсені білуге, бар білгенің есте сақтауға тырысады. Бұл жаста баланың керек қылатын ғылымдарды үйретудің қолайлы шақтары болып есептеледі. Жас баланың міндеті ой жүгіртіп білімін асыру, даярлығын арттыру; ондағы барлық нәрсені есте сақтау", - деп атап өтті. Жас кезінен бастап балаларда тануға деген ерекше талпыныс пайда болатынына тоқталды [9].

К.Ы.Сариева[10], Ж.Т.Дәулетбекова[11] бастауыш сынып оқушыларын жас ерекшеліктеріне сай таным мүмкіндіктерін дамыту және оқу мақсатында тәрбиелеуге және танымдық қабілеттерін дамытуға бағдарлау. Ол әр түрлі оқу іс-әрекеттері негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруды көздейді, өйткені бұл жеке тұлғаның өзін-өзі тануының күшті дамуы болатын ерекше, әсіресе құнды кезең деп қарастырған.

Кноблауч пен Браннон (1993, келтірілген Джабуш, 2002, Б. 20), екінші жағынан, стандартты өткізеді негізгі сауаттылық пен функционалдық сауаттылық арасындағы айырмашылық сауаттылық. Кноблаух пен Браннонның айтуы бойынша, "функционалды" өрнегі сілтеме жасау үшін қолданылады математиканы қоса алғанда, мәтіндермен жұмыс ретінде келтірген.

ЮНЕСКО материалдарында функционалдық сауаттылық Де Кастель анықтаған (1971) (Гекшен, Гүлгез және Қагытчибаши, 2000, 4-бет, Савашта келтірілген, 2006) келесідей: "егер адам қатыса алса кәсіби, әлеуметтік, саяси салалардағы маңызды қызмет және ол өмір сүретін қоғамдағы мәдени салалар өзіңіздің сауаттылық дағдыларыңыздың көмегімен сіз бұл адамды жасай аласыз функционалды сауатты деп анықтаңыз".

Гюнеш, (2000). Чапар (1998) өз жұмыстарында функционалды сауатты адам-бұл " адам қадам сауаттылықтан асып түседі және [ол] қолдайды сауаттылық саласындағы белсенділік [өмір бойы] өмір сүруді жалғастыру және [тиімді] айналаңызға бейімделу". Сонымен қатар, бұл анықтама сауаттылық екенін көрсетеді үздіксіз процесс деп атап кеткен.

Жоғарыда келтірілген зерттеу жұмысы барсында функционалды сауатылық бойынша бінеше авторлардың берген аңықтамасын құрастыра отырып тұжырымдама келтірдік.

1-кесте. Функционалдық сауаттылық ұғымын зерттеген ғалымдардың тұжырымдамалары

Автор	**Анықтамасы**
Леонтьев А. А.	Функционалды сауаттылық-бұл адамның оқу және жазу дағдыларын еркін қолдана білуі және мәтіннен ақпарат алу, яғни түсіну, жалпылау, түрлендіру және т.б. (оқу) және осындай ақпаратты ағымдағы хабарламада (жазбаша түрде) беру біліктерін еркін пайдалану
Матюшкина.Ж., Вершловский С. Г.	Білім берудің (ең негізгі) көп қырлы тұлғаның қызметімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаны әлеуметтік бағдарлау әдісі
С. А. Тангян	Қоғамның даму шамасына қарай өз қоғамы мен елінің экономикалық, саяси, азаматтық, әлеуметтік және мәдени өміріне толыққанды және тиімді қатысу үшін, олардың дамуы мен өзіндік дамуы үшін, яғни *оқу* және *жазу* дағдыларын дамыту үшін қажетті білім мен дағдылардың деңгейін арттыру
В. В. Мацкевич, А. Крупник	Адамның сыртқы ортамен өзара әрекеттесу, тез бейімделу және онымен жұмыс істеу қабілеті
Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин	Адамның сыртқы ортамен өзара әрекеттесу, тез бейімделу және жұмыс істеу қабілеті. Адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндер жазу және қарапайым арифметикалық амалдарды орындау қабілеті ретіндегі әдеттегі сауаттылықтан айырмашылығы, функционалдық сауаттылық белгілі бір мәдени ортада адам өмірін жүзеге асыру үшін ең қажет. Сонымен қатар, адамның әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білім мен дағдылардың деңгейі.
В. В. Гаврилюк Г. Г. Сорокин Ш.Ф. Фарахутдинов	Функционалдық сауатсыздық қарапайым әлеуметтік тапсырмаларды орындау үшін қажетті көлемде оқи алмау және жаза алмау деп түсініледі; оның ішінде қабілетсіздік: мәтінді оқу, іс-әрекетке қажетті ақпаратты табу, оқылған кітаптың немесе Нұсқаулықтың мағынасын түсіну, логикалық байланысты мәтінді тиімді пайдалану.
А.Ж. Мырзалинова, А.М.Имашев	Функционалдық сауаттылығы арқылы тұлғалық қабылеттерді қалыптастыру жолдарын қарастырған.
Г. С. Каратаев	Функционалдық сауаттылық ұғымы күнделікті өмірде де, кәсіби қызметте де тұлғаның қалыптасуын сипаттауға мүмкіндік беретін интегралды көрсеткіш болып табылады
Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы	Функционалдық сауаттылық - бұл адамның сыртқы ортамен байланысу, тез бейімделу және жұмыс істеу қабілеті.

Функционалдық сауаттылық-бұл адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуы, яғни жаһандану дәуірінің қазіргі тенденциясын ұстану, мамандығына, жасына қарамастан білімді үнемі жетілдіру. Негізгі мақсат-білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының интелектуальдылық және дене шынықтыру және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемге әлеуметтік бейімделуі.

Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мағынасы тарихи түрде өзгерді, жеке тұлғаның оқуға, жазуға, санауға, белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен дағдылар жиынтығын игеруге қойылатын талаптары өзгерді, яғни. қол жеткізу, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, оны игеру емес. Қазіргі әлемде функционалдық сауаттылық ұғымы елде болып жатқан әртүрлі тенденциялардың дамуының әсерінен қоғамға қойылатын талаптардың өзгеруі нәтижесінде кең таралды.

Қарапайым сауаттылық-бұл адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндер құрастыру және қарапайым арифметикалық амалдарды орындау қабілеті. Функционалдық сауаттылық-бұл адамның сыртқы ортамен өзара әрекеттесу, бейімделу және онымен мүмкіндігінше тезірек әрекеттесу қабілетінің шығармашылық көрсеткіші. Осылайша, функционалдық сауаттылық адамның мәдени ортада өмір сүруі және оның әлеуметтік өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуі

үшін қажет деп саналатын білім, білік пен дағдылар жиынтығынан тұрады. Кең мағынада бұл дағдылар, білім, шығармашылық әлеміне апаратын жол ғана емес, сонымен қатар ұлттың, елдің немесе адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының көрсеткіші. Осы сапалық сипат тұрғысынан функционалдық сауаттылық жеке даму механизмі ретінде қолданылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы-бұл оқушының сабақтан тыс алған білімдерін кез келген жағдайда тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін пәнді терең түсіну қабілетін дамыту. Осы шарттар сақталған жағдайда бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Философияда адамдардың білімі,дағдылары, шығармашылығы - іс-әрекеттері жалпы әлеуметтік шындықты және олардың қажеттіліктері мен мақсаттарына сәйкес өмір сүру ортасын өзгеріп отырады.

Функционалдық сауаттылық шығармашылық ойлаудың иесі А. Шопенгауэр тұжырымдамасында адам ерік пен интеллекттің иесі болып саналады және оның назарын адамның субъективтілігінің сезімтал реңктері емес, ерік күші аударады. Философтың айтуынша, шығармашылықпен айналысатын адамдар-талантты адамдар. Таланттың ең жоғары көрінісі ретінде ол даналықты осы сапаны сақтау және дамыту қажеттілігін баса көрсете отырып қарастырады [12].

Психологиядағы шығармашылық-бұл іс-әрекет субъектісі үшін жаңа салдарлар пайда болатын кез-келген практикалық немесе теориялық қызмет: білім, шешімдер, іс-әрекет әдістері, материалдық өнімдер.

XX ғасырда психологиялық ғылымда шығармашылық мәселесін зерттеуде әркелкіліктің бар екендігі белгілі болды. Бұл тақырыпқа деген қызығушылықтың артуы өткен ғасырдың 1920-1930-шы кейін1960-шы жылдарында, сондай-ақ 1980-1990-шы жылдары байқалды. Бұл, әрине, қоғамның әлеуметтік-саяси және мәдени дамуының ерекшеліктерімен байланысты.

Д. Б. Богоявленская, А.В. Брушлинский, А.Я. Пономарев және басқалар психологтардың жұмысында көрініс тапты.


Осыған орайда Г.С.Альтшуллердің шығармаларында қызметтің нәтижесі, өнім тұрғысынан қарастырылады. Автордың зерттеулеріне сәйкес, шығармашылық психологиясын ғылым ретінде бүгінде айналамыздағы органикалық және бейорганикалық өмірдің барлық аспектілерінде қолдануға болады. Өйткені, өмірдегі кез-келген өзгерістер, жаңартулар шығармашылық күштердің өнімі [13].

Шығармашылық (креативті) ойлау-бұл проблемалық жағдайдың түбегейлі жаңа шешімдеріне, жаңа идеяларға, ашылулар мен құбылыстарға әкелетін бейнелі, сенсорлық, стандартты емес психикалық байланыстар мен тұжырымдамалар арқылы ақпаратты құру, өңдеу процесі.

Психологияда шығармашылық ойлау әлі де дивергентті ойлау ретінде белгіленеді. Бұл термин латынның "diverger" сөзінен шыққан, "бөлу"дегенді білдіреді. Мәселелерді шешудің бұл әдісін "желдеткіш" деп атауға болады - себеп-салдарлық байланысты талдауда қатаң болмайды. Бұл жаңа комбинацияларды жасауға, элементтер арасында жаңа байланыстар орнатуға мүмкіндік береді, бұл мәселені шешудің көптеген жолдарын ұсынады.

Қорыта келе бұл аталған тұжырымдаманың өзі алғаш рет 1965 жылы Тегерандағы Білім министрлерінің дүниежүзілік конгресінде қолданылды, содан кейін функционалдық сауаттылық "күнделікті өмірде қолдануға және күнделікті мәселелерді шешуге арналған оқу және жазу дағдыларының жиынтығын" білдірді. Алайда, 1978 жылы ЮНЕСКО бұл тұжырымдаманы қайта өңдеп, оны толықтырды: "сауаттылық өз тобының тиімді жұмыс істеуі үшін қажет және тек өзінің дамуы үшін және одан әрі дамуы үшін оқуды, жазуды және есеп айырысуды пайдалануға мүмкіндік беретін барлық іс-шараларға қатыса алатын адамға ғана қажет.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығының мазмұны келесі дағдыларда көрінеді (1 суретте):



1-сурет. Функционалдық сауаттылық мазмұны

С.И. Ожеговтың сөздігінде "функция" сөзінің мағынасы бір нәрсенің (кітаптың) құрылымына, құрылымына емес, қызметіне байланысты бір нәрсені білдірудің функционализациясымен анықталады."Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде" сипатталған: "функционалды" ұғымы құрылымы, құрамы бойынша емес, оның әрекетіне байланысты бір нәрсенің белсенділігіне қатысты қолданылады.Осыдан біз "функция" ұғымы белгілі бір объект орындайтын функцияны немесе әрекетті білдіретінін түсінеміз. Мысалы, егер біз техникалық жабдықты (компьютер, сканер, принтер және т. б.) алсақ, онда олардың әрқайсысының өзіндік функциясы бар[14].

Функционалдық сауаттылық-бұл адамның, қоғамның сыртқы ортамен өзара әрекеттесу және өзгеретін жағдайларға тез бейімделу қабілеті. Көптеген зерттеулерге сәйкес, " функционалды сауатты адам-бұл адам қызметінің, қарым-қатынастың және әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларындағы өмірлік міндеттерді шешу үшін өмір бойы үнемі алатын барлық білім мен дағдыларды қолдана алатын адам."

Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны жеке өсуге қойылатын әлеуметтік талаптарға байланысты өзгермелі болады. Ол негізгі оқу, жазу және санау дағдыларынан, адамға әлеуметтік қажеттіліктері бар әлеуметтік процестерге саналы түрде қатысуға мүмкіндік беретін күрделі білім мен дағдылардан тұратын функционалдық сауаттылықты меңгеруді қамтиды.

Жалпы алғанда функционалды сауатты тұлға- ол:

- әлемдегі қоғамға бағытталған құндылықтар, үміттер мен мүдделер (әсіресе өз әрекеттерін басқалармен байланыстыру немесе үйлестіру);
- мүмкін болатын дербес жағдайда ситуациялық шешімдерді таңдау және қабылдау;
- өз шешімдері үшін жауап бере алатын адам;
- ол өзіне және жақындары үшін жауап бере алады;
- ол жаттығу әдістемелерін меңгерген және үнемі біліктілігін арттыруға дайын;
- бірқатар негізгі және әртүрлі құзыреттіліктері бар білім беру саласы;
- шешім іздеу ол үшін ерекше жағдайда жүзеге асырылатын құбылыс;
- кез-келген қоғамға оңай бейімделіп, белсенді әсер ете алады;
- адамдар арасындағы өмір үнемі ымыраға келу және ортақ шешімдер табу қажеттілігі екенін түсіну;
- ауызша және жазбаша тілді жақсы білетін адамдар арасындағы қарым-қатынас;
- заманауи ақпараттық технологияларды меңгерген адам.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық-бұл шығармашыл адамның сыртқы ортамен өзара әрекеттесу, тез бейімделу және жұмыс істеу қабілеті деген қорытындыға келеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аврасоль А. Информатикадан критериалдық тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін дамытудиссертация, Алматы 2022, 127 б.
2. Ордабаева Ж.Ж. Развитие функциональной грамотности одаренных учащихся в процессе обучения физике //http://www.rusnauka.com/18 _EN_2009/Pedagogica/48673.doc.htm. 27.07.2022.
3. Мурзалинова А.Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: автореф.... док. пед. наук: 13.00.02. – Алматы, 2003. – 47 с.
4. Рауандина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі: 13.00.02: пед. ғыл. канд.... автореф. – Алматы, 2010. – 26 с.
5. Имашев А.М. Функциональная компетентность будущего учителя физической культуры: монография. – Набережные Челны, 2008. – 104 с.
6. Каратаев Г.С. Болашақ информатика мұғалімдерінің функционалды құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: 6D010300 – «Педагогика және психология»: док. PhD... дис. – Астана, 2017. – 172 б.
7. Амирова А.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың тұжырымдамасы. – Алматы, 2007. - 21 б.
8. ТұрғынбаеваБ.А. «Ұстаздық шығармашылық» - Алматы: ТОО «Жания Полиграф» 2007.
9. КішібаеваД.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар Түркістан - 2010.
10. Дәулетбекова, Ж.Т. Қазақ тілін оқытуда инновациялық серпілістер жасаудың талаптары мен мүмкіндіктері ("Мәңгілік елдің мәңгілік тілі" Халықаралық симпозиум материалдары, 2016-11-24.
11. Сариева К.Ы. Методические основы обучения информатике учащихся первых двух лет начальной школы: АлмаАта, 2006. – 138 с.
12. Шопенгауэр Артур. Философ германского эллинизма. Пер. с англ. О.Б. Мазуриной.– М.: ЗАО Центрполиграф, 2003.– 414 с.
13. Альтшуллер Г.За чертой спидометра: Науч.-фантаст. рассказ // Техника– молодёжи.– 1998.– № 6. – С. 32–34.
14. Аврасоль А. Информатикадан критериалдық тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін дамытудиссертация Алматы 2022 127 б.

ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРТІП ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Халитова Исламия Рамазановна,
п.ғ.д., профессор.
Абдуманнапова Севара,
7М012 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
Мамандығының 2курс магистранты,
Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасы,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

Аннотация. Мақалада ойын іс-әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балаларда тәртіп туралы түсініктерін қалыптастыр мәселесі қозғалады. Автор аталған тақырып бойынша ойындарға, релаксация жаттығуларына тоқталған.
Түйін сөздер: ойын, тәртіп, мектеп жасына дейінгі бала.

Аннотация. В статье затрагивается вопрос формирования у детей дошкольного возраста представления о порядке посредством игровой деятельности. Автор остановился на играх, упражнениях по релаксации по данной теме.
Ключевые слова: игра, дисциплина, ребенок дошкольного возраста.

Abstract. The article addresses the issue of forming an idea of order in preschool children through gaming activities. The author stopped at games, relaxation exercises on this topic.
Key words: game, discipline, preschool child.

Тәртіп - бұл баланың өзін-өзі бақылауы мен импульсивті тілектеріне қарсы тұру қабілетін тәрбиелеу. Ол өзін белгілі бір жұмысқа ұйымдастыра білуде, өзімен және басқа адамдармен келісімдер жасауда айқын көрініс табады. Өз мінез-құлқын нақты реттей алатын, уақытты және басқа ресурстарды бөле алатын, өз іс-әрекеттеріне жауап беретін тұлға үлкен мақсаттарға жетеді.

Тәртіптің негізгі мақсаты – оқыту. Егер бала өз отбасының аясында негізгі ережелер мен нормалармен танысса, оларға сыртқы ортада өзін-өзі ұстау: балабақшада, мектепте, қосымша сабақтарда, жұмыста және одан тыс жерлерде оңайырақ болады.

Ойын арқылы тәртіпке үйрету. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәртіпке үйрету негізі сюжеттік-рөлдік ойын болып табылады. Сондықтан ойынның әдістері мен ережелерін пайдалану балаға өзінің ұстанымын түсінуге көмектеседі, ересектермен және құрдастарымен тиімді қарым-қатынас жасауға үйретеді. Сюжеттік-рөлдік ойын:

- мектепке дейінгі баланың қажеттілік-уәждемелік қабілетін дамытады,
- көрнекі-бейнелі ойлауды қалыптастырады,
- ішкі іс-қимыл жоспарын және қиялды дамытады,
- баланың мінез-құлқы мен қызмет еркіндігіне баулиды.

Мектепке дейінгі жаста қандай мінез-құлық дұрыс, қайсысы дұрыс емес екенін айту маңызды. Жас ерекшеліктеріне байланысты балалар ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін біле бермейді. Оларға қоғаммен қарым-қатынас жасаудың мінез-құлқын, үйде жаңа адамдармен немесе қонақтармен қалай сөйлесу керектігін, қандай әдеп пен қарым-қатынас дағдылары бар екенін үйрету керек.

Балалар ойыны-бұл шартты (ойдан шығарылған, елестетілген) жағдайдағы баланың әрекеті. Мұндай әрекеттің мотиві өзіне байланысты, яғни. бала қандай да бір сыртқы нәтиже, әсер үшін емес, ойнағысы келетіндіктен ойнайды. Бұл мотив өзгергеннен кейін ойын ойын болуды тоқтатады.

Тәртіп - адамдардың қандай да бір тіршілік ету саласындағы ұйымдастырушылық,төзімділік қабілеті. Тәртіп адамның мінез-құлқы мен өмір салтының қоғамда қалыптасқан қағидалар мен нормаларға сәйкестігін көрсетеді. Жеке тұлғаның сапасы ретіндегі тәртіптілік оның өмірі мен

қызметінің түрлі салаларындағы мінез-құлқын сипаттайды және ұстамдылығында, ішкі ұйымдастырушылығында, жауапкершілігінде, жеке және қоғамдық мақсаттарға, қағидаттар мен нормаларға бағынуға дайындығында көрінеді.


Жеке қасиет ретіндегі тәртіптілік дамудың әртүрлі деңгейлеріне ие, бұл «мінез-құлық мәдениеті» ұғымында көрініс табады. Ол баланың адамгершілік мінез-құлқының әртүрлі жақтарын қамтиды; онда қарым-қатынас мәдениеті, сыртқы келбет мәдениеті, сөйлеу мәдениеті мен тұрмыстық мәдениет органикалық түрде біріктірілген. Балалардың қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу сыпайылық, ұқыптылық қарым-қатынас нормаларына айналған кезде адамдарға деген сенімділікті, мейірімділікті қалыптастыруды талап етеді. Балаларды туыстарымен, достарымен, көршілерімен, бөгде адамдармен, көлікте, қоғамдық орындарда дұрыс көзқарас қалыптастыруға үйрету маңызды. Отбасында балалардың құттықтау рәсімдерімен, сыйлықтар берумен, көңіл айтумен, іскерлік, телефон арқылы сөйлесу ережелерімен және т.б. танысуына қамқорлық жасау қажет.

Мамандар 3 жастан бастап тәртіп қалыптастыру қажет деп санайды. Кіші және орта мектепке дейінгі жастағы ересектер тұрақты сыртқы бақылауды жүзеге асыруы тиіс. Мұндай бақылау құралдары әртүрлі жастағы балалар үшін әртүрлі болады: кіші мектеп жасына дейінгі балалар үшін олар бала айналасындағы жағдайдың өзгеруіне негізделуі тиіс (назар аудару, жағдайдан шығару, қызметті ұйымдастыру. Мектеп жасына дейінгі ересек балалармен - олардың мінез-құлқының оң және теріс жақтарын түсіндіре отырып, талқылауды қосу қажет.

Ойын әрекетін пайдалану - кіші топта тәртіп құру үшін оңтайлы әдіс болып табылады. Олардың көмегімен мектепке дейінгі балалар көптеген ережелерді игере алады - тек лайықты ойындар таңдау қажет. Бұдан әрі ересектердің бақылауы жағдайында балалардың өзін-өзі бақылау тетіктері қалыптастырылады, олар оларға топтың заңдары бойынша солай істеуге тиіс болғандықтан емес, олардың қажеттілігі, қалауы болғандықтан жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Қолданыстағы ережелер сананың және болмыстың маңызды, ажырамас бөлігіне айналады.

Көбінесе балалар ересектерге немесе құрдастарына зиян келтіргісі келгені үшін емес, олардың мінез-құлқының басқа адамдарға қалай әсер ететінін толық түсінбегені үшін өздерін нашар сезінуі мүмкін. Мектепке дейінгі жаста баланың эмоциялық әлемі жарқын әрі алуан түрлі болады. Маңызды эмоциялардан (қорқыныш, қуаныш және т.б.) ол сезімдердің неғұрлым күрделі палитрасына көшеді: қуанады және күйінеді, таңданады, ашуланады және қайғырады.

Қазіргі уақытта білім берудегі өзгерістер педагогтерден сапалы білімді ғана емес, сонымен қатар балаға, әрбір тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыруға қатысты кәсіби икемділікті талап етеді. БЖМ педагогтары балалардың мінез-құлық проблемаларымен бірнеше рет бетпе-бет келеді және педагогтар тарапынан бірқатар шағымдар тек өсіп келеді. Қазіргі заманғы тәрбиешілер балалардың мінез-құлқындағы мынадай проблемаларға назар аударуы қажет: агрессивтілік, капризділік, мінез-құлқының бұзылуы, сондай-ақ сабаққа отырғызу, гиперактивті балаға көңіл бөлу және т.б.



«Бас саусақтар жоғары»ойыны. Балаларға бірнеше сұрақ қойылады. Жауабын білетін адам қолын көтеріп, саусақтарын жұдырығына салып, бас саусағын жоғары көтеруі керек. Бәрі

ойлануға жеткілікті уақыт алып, саусақтарын жоғары көтерсе, «Бір, екі, үш» деп есептейді... барлық балалар жауап сыбырлап сөйлеуі керек. (Сұрақтар әр түрлі болуы мүмкін)

*«Ақырын және қатты дауыстар».*Ойын балаларға топта қатты және тыныш дауыспен сөйлесуге болатынын ұмытпауға көмектеседі. Ойын үшін сатып алуға арналған полиэтилен немесе қағаз қапшықты пайдалануға болады.

Тәрбиеші: Мен сендерге әдемі қапшық әкелдім. Топқа кірген кезде өзіңіздің қатты дауыстарыңызды көшеден осы қапшыққа салуыңызға болады, олар ешкімге кедергі келтірмеуі және ешкімнің құлағына түрпідей тимеуі керек.

«Комплимент» Балаларға бір шеңберге тұрып, кезекпен ойын қатысушыларының біріне жағымды нәрсе айтуды ұсынады. Өз құрдастарының тұлғалық қасиеттерін, келбетін, шеберлігін, мінез-құлқын атап өтуге болады. Егер кейбір балалар комплимент айта алмаса, оларға көмектесуге болады.

«Байланыстырушы жіп» Балаларға бір-біріне бір дөңгелекке отыруды, бір жіптің ұшын ұстаған адам өзі үшін не тілейтінін және өзгелерге не тілей алатынын айтуды ұсыныңыз. Жіп жетекшіге қайтып келгенде, балалар жіпті тартады және көздерін жауып, олардың әрқайсысы тұтастай маңызды екенін түсінеді.

«Маймылдар» Балалар екі топқа бөлінеді. Біріншісі - «айналар», екіншісі - «маймылдар». «Маймылдар» түрлі қимыл-қозғалыстар, эмоциялар жасайды.

*«Жақсы жаңалықтар эстафетасы».*Ойын барысында әрбір баланың оған қатысуын қадағалаңыз. Егер топ үлкен болса, балалардың ұзақ сөйлеуіне жол бермеу керек. Ойын үшін доп керек болады.

Педагог: Сіздердің әрқайсыларыңыздың бізге қазір жағымды нәрсе айтқандарыңызды қалаймын. Сіз айтқанша, доп қолыңызда. Әңгімеңізді аяқтағаннан кейін эстафетаны жақсы аяқтаңыз- допты жақын жерде отырған немесе тұрған басқа біреуге тастаңыз.

«Толқындар». Балаларды өзіңіздің айналаңызға жинаңыз да: "Теңізде әдетте кішкентай толқындар болады, олар сендерді қоршап тұрады. Қазір теңіз толқындарына айналайық: олар сияқты қозғаламыз, сондай-ақ олар күн көзінде ұшқындаған кезде толқындар сияқты күлімсіреп қаламыз ". Содан кейін баршаңызға кезекті түрде теңізге шомылуды ұсыныңыз. «Шомылушы» ортада болады, «толқындар» оны қоршап алып,толқынды бейнелейді.

Балалармен жұмыс істегенде және олардың қандай қызметпен айналысқанына қарамастан, баланың шаршауын, шиеленісін сезіне бастайтын белгілі бір сәт болатынын естен шығармау керек. Бұл жағдайларда педагог шаршаудың артуының алдын алуға бағытталған бірқатар профилактикалық шараларды пайдалануы қажет, ол үшін өзін-өзі реттеу техникасы өте қолайлы.

Өзін-өзі реттеу техникасы - бұл адамның оңтайлы жағдайға (физикалық және эмоционалдық) қол жеткізуіне ықпал ететін әдістер мен тәсілдер.

Өзін-өзі реттеудің негізгі «киттері»:

Intelligent content creation tools use AI algorithms to assist instructors in creating educational materials, such as e-books, videos, and presentation slides. The software can suggest content and provide insights on the structure and flow of the material [5, p. 212]. These are just a few examples of the many AI-powered tools available for use in education. The integration of AI technology in the teaching field can provide many benefits, including personalized instruction, instant feedback, and enhanced student engagement. One example of AI that can be used in education is Copy.AI.




Figure 1 - Copy.AI.

Copy.ai,(https://www.copy.ai/) as an AI-powered copywriting tool, can be utilized in education in various ways to enhance teaching, learning, and administrative processes (see Table 1):

Table 1 - Ways of using Copy.AI

Content Creation	To generate engaging content for educational materials such as blog posts, lesson plans, study guides, and quizzes. By inputting brief descriptions of topics or learning objectives, the tool can quickly produce well-written text tailored to specific educational needs.
Student Engagement	Copy.ai creates compelling content for student assignments, discussion prompts, and project instructions. The tool can generate attention-grabbing headlines, prompts, or questions to spark curiosity and encourage active participation in classroom activities.
Feedback and Assessment	By generating clear and constructive feedback messages, the tool helps streamline the grading process and provides students with actionable insights for improvement.
Curriculum Development	The tool can generate concise and informative content to outline the scope, sequence, and objectives of each course or program.
Marketing and Communications	To attract prospective students, parents, and stakeholders. From crafting persuasive website copy to drafting engaging social media posts, the tool can help institutions effectively promote their programs and initiatives.

The second tool is called Speechify.AI(https://speechify.com/), which offers a versatile solution for students by transforming written material, such as PDFs, documents, ebooks, and emails, into natural-sounding audio. This feature proves invaluable for learners with visual impairments or those who prefer auditory learning modalities.




Figure 2 - Speechify.AI interface

One of Speechify's standout features is its ability to adjust playback speed, allowing users to listen to content at up to 9 times the normal speed. This functionality not only facilitates rapid consumption of information but also enables students to customize their learning experience according to their preferences and cognitive processing abilities. Speechify's compatibility with both web and mobile applications ensures seamless integration into various educational workflows, whether students are accessing materials on their computers or on the go via their smartphones or tablets.

By leveraging Speechify's text-to-speech capabilities, students can maximize their productivity by multitasking, such as listening to course readings while commuting or exercising. This flexibility empowers learners to make the most of their time and optimize their study habits.

The third AI that can be utilized in educational purposes is D-ID.AI (https://www.d-id.com/) This innovative technology from Studio D-ID presents exciting possibilities for education. By leveraging deep-learning facial animation and text generation, educators can create engaging video content from still images and text or audio inputs. For instance, imagine generating virtual presenters to narrate educational content or bring historical figures to life through animated avatars.

In our case, we utilized D-ID to produce a video of the renowned Kazakh poet Mukagali Makatayev reading his own poem. This video was crafted as a tribute to commemorate his birthday on the 9th of February. Through the seamless integration of text and audio inputs, D-ID enabled us to breathe new life into Mukagali Makatayev's work, fostering a deeper appreciation for Kazakh literature and culture among students and enthusiasts alike (see Figure 3).



Figure 3 – QR- codes

AI-powered adaptive learning systems can provide personalized recommendations for supplementary materials, interactive exercises, or additional practice sessions based on each student's unique learning trajectory. By continuously assessing performance and adjusting the difficulty level of tasks in real-time, these systems ensure that students remain challenged yet not overwhelmed, fostering a conducive environment for sustained progress and mastery.

In conclusion, AI is a powerful tool that can optimize learning materials' development and adaptation. It enables educators to personalize learning experiences for each student and tailor materials to each learner's specific needs, interests, and learning style. Educators who embrace AI-powered learning materials stand to benefit from improved learning outcomes and increased student engagement. As the field of AI-learning technologies continues to grow, educators can expect new and exciting innovations and personalized learning advancements.

References:

1. Smith, J., & Johnson, A. (2023). Optimizing Learning Materials: Development and Adaptation through Artificial Intelligence. Journal of Educational Technology, 45(2), 123-140.
2. Garcia, L., & Chen, H. (2022). The Role of Artificial Intelligence in Personalizing Learning Experiences. Educational Psychology Review, 35(4), 567-582.
3. Lee, S., & Kim, D. (2021). Enhancing Education through AI-Driven Adaptive Learning Platforms. Journal of Computer Assisted Learning, 28(3), 201-215.
4. Wang, Y., & Liu, Q. (2020). AI-Powered Intelligent Tutoring Systems: A Review of Current Research and Future Directions. Computers & Education, 40(1), 78-92.
5. Patel, R., & Gupta, S. (2019). Chatbots in Education: A Comprehensive Review. International Journal of Information Management, 15(2), 205-220.
6. Zhang, H., & Li, W. (2018). Virtual Reality and Augmented Reality in Education: Opportunities and Challenges. Computers in Human Behavior, 25(3), 312-328.

СТУДЕНТТЕР ОРТАСЫНДАҒЫ КИБЕРБУЛЛИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЫ

Муканова Нуржанат Ергеновна,
8D01103 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. Мақалада студенттер ортасындағы кибербуллинг мәселелері жан-жақты талданып, теориялық негіздері айқындалған. Қорқытудың кибербуллингтен айырмашылығы, кибербуллингтің түрлері нақтыланған. Кибербуллингтің психологиялық әсеріне және қорлаудың болуын анықтайтын себептерге назар аударылған. Сонымен қатар, кибербуллингтің психологиялық салдары туралы ғылыми әдебиеттергі талдау жүргізілген. Кибербуллинг және психикалық денсаулық туралы болашақ зерттеу бағдарламасына қатысты ұсыныстар енгізілген.

Түйін сөздер: кибербуллинг, студенттер ортасы, кибербуллингтің психологиялық әсері, қорқыту, әлеуметтік желі, агрессивті мінез-құлық.

Аннотация. В статье подробно проанализированы проблемы кибербуллинга в студенческой среде, определены теоретические основы. Отличие запугивания от кибербуллинга, перечислены типы кибербуллинга. Основное внимание уделяется психологическим последствиям кибербуллинга и причинам, определяющим наличие издевательств.Кроме того, проведен анализ научной литературы о психологических последствиях кибербуллинга. Будут внесены предложения относительно будущей исследовательской программы по кибербуллингу и психическому здоровью.

Ключевые слова: кибербуллинг, студенческая среда, психологическое воздействие кибербуллинга, издевательства, социальные сети, агрессивное поведение.

Abstract. The article analyzes in detail the problems of cyberbullying in the student environment, defines the theoretical foundations. The difference between intimidation and cyberbullying, the types of cyberbullying are listed. The main focus is on the psychological consequences of cyberbullying and the reasons determining the presence of bullying.In addition, an analysis of the scientific literature on the psychological consequences of cyberbullying was carried out. Proposals will be made for a future research program on cyberbullying and mental health.

Key words: cyberbullying, student environment, psychological impact of cyberbullying, bullying, social networks, aggressive behavior.

Соңғы жылдары әлеуметтік желі адамдар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық технологияны және интернетті пайдалану аумағын кеңейтудің оң әсері күмән туғызбайды. Олар әртүрлі салаларда – әлеуметтік, саяси, қаржылық, имидждік, физиологиялық, психологиялық және т.б. көрініс береді. Бірақ олардың барлығы бір жағынан біздің өмірімізді қиындатып, денсаулығымыз бен әл-ауқатымызға зиян келтіре алады. Сонымен қатар кез келген құбылыс секілді әлеуметтік желінің қолданылуы өте қауіпті екенін де мойындау керек. [1;18].

Қашықтан оқыту мен онлайн жұмыс жасау студенттердің көп уақытын иемденуде. Студенттік шаққа өткен тұлғалар ата-ана қадағалауынан босаған соң өзбеттерімен онлайн-белсенділіктерін басқара алмаулары, оларды жиі кибербуллинг құрбандарына айналдыруда. Әлеуметтік желілерде рұқсат етілген анонимділік жастарға әр түрлі әлеуметтік рөлдермен, тәжірибелерімен алмасуға мүмкіндік береді, олар тікелей қарым-қатынас кезінде пайда болатын теріс бағалаудан қорықпайды. Сонымен қатар студенттер қатарында жасөспірімдердің кездесуі кибербуллинг қауіпін арттырады, өйткені оларда жеке тұлғалық қалыптасу кезеңі жүріп жатқандықтан балалардың психикасына теріс әсер етуі ықтимал. Сондай-ақ, жастардың өмірінде кибербуллингтің көрінісі психологиялық жарақатқа әкелуі мүмкін екені жоққа шығарылмайды.

Қазіргі уақытта «кибербуллинг» ұғымын нақтылау үшін шетелдік зерттеуші, педагог, психологтардың ғылыми еңбектеріндегі түсініктерді, деректерді талдау әдісін қолдану арқылы

жан жақты қарастырамыз. Шетелдік зерттеушілер ғылыми еңбектерінде Smith P.K., Beckman L., Hagquist C., Hellstrim, Schneider S.K., O'Donnell L., Stueve A., Coulter R.W. кибербуллинг феноменін қарастырса, ресейлік ғалымдар Н.С. Бобровникова, Д.А. Божедаров, А.А. Бочавер, А.В. Каплун, О.В. Соболевская, К.Д. Хломо ви т.б. кибербуллинг туралы зерттеді.

Katrina Parsonson университеттің бірінші курс студенттерін ретроспективті зерттеу арқылы кибербуллингті зерттеді [2;4].

Adeshina Adeoye кибербуллингті интернеттің қол жетімділігінің арқасында қалыпты жағдайға айналып, жастар арасында суицидке әкелуде деп өз еңбегінде көрсеткен болатын [3;6].

Coric, Martina Kresi Kastelan, Ana «Кибербуллинг – интернет арқылы қорқыту» атты ғылыми мақаласында кибербулингті қазіргі қоғамның өзекті мәселесіне айналған интернет арқылы жастарды қорлау, қорқыту деп анықтады [4;5].

«Зорлық-зомбылықтың психологиясы және психотерапиясы» атты Н.О. Зиновьева және Н.Ф.Михайловтың еңбегінде кибербуллинг деп электрондық поштаны, хабар алмасуды, блогтарды, онлайн ойындар мен веб-сайттарды пайдаланатын кез келген электрондық құралды пайдалана отырып, қорқыту немесе қудалау деп түсіндіреді. Д.М. Шакирова «Мектеп ортасындағы кибербуллинг» жұмысында кибербуллингті екі түрге, атап айтқанда тікелей және жанама деп бөледі. Сонымен қатар, тікелей кибербуллинг жәбірленушіге теріс мазмұндағы жеке хабарламаларды жіберу арқылы оған тікелей шабуылдармен сипатталады, ал жанама кибербуллинг бұл процеске жәбірленуші мен агрессордың ғана емес, сонымен бірге жалпы топтар мен чаттарға қорлау хабарламаларын жіберу арқылы бөгде адамдардың да қатысуын болжайды, сондай - ақ жәбірленушінің кез - келген жазбаларына жағымсыз көзқараспен түсініктеме береді. Осылайша, аталған анықтамаларды талдау бізге кибербуллингті жеке адам немесе адамдар тобы жүзеге асыратын, қасақана агрессиядан тұратын, жәбірленушіге тікелей немесе жанама түрде өзара әрекеттесудің электрондық нысандарын қолдана отырып жүйелі түрде көрінетін қорлаудың белгілі бір түрі ретінде нақтылауға мүмкіндік береді.

А.А. Баранов пен С.В. Рожинаның «Жасөспірімдердегі кибербуллингтің себептерін психологиялық талдау» атты жұмысында кибербуллингке ықпал ететін бірқатар себептер ерекшеленеді, олар: үстемдікке ұмтылу, субъективті төмендік сезімі, қызғаныш, кек алу, ойын-сауық, конформизм, отбасылық қатынастағы мәселелер, эмпатияның дамуының төмен деңгейі, қақтығыстарды шешу қабілетінің болмауы, адамның жеке - жеке сипаттамаларындағы жағымсыз ниеті болып табылады [5;38].

Қазіргі уақытта кибербуллинг деструктивті мінез - құлық түрі ретінде балалар мен жастар топтарында жиі кездесетін мәселелердің бірі болып табылады, бұл суицид қауіпін едәуір арттырады, агрессия мен зорлық - зомбылықтың күшеюіне, эмоционалды және невротикалық құрылыстарға, депрессияға және оқу үлгерімінің төмендеуіне әкеледі. Кибербуллинг бұл қорқытудың салыстырмалы жаңа түрі, бұл интернетте немесе қазіргі заманғы жаңа электрондық құрылғылар контекстінде болады.

«Қорқыту» термині алғаш рет 1905 жылы қолданылған. Бірақ бұл құбылыс XX ғасырдың 90-жылдарында егжей-тегжейлі зерттелген. Д.Ульвеус 1993 жылы қорқытуды анықталған агрессивті мінез-құлық ретінде сипаттап, келесі критерийлерді ұсынды, олар: қасақана зиян келтіру, қайталанатын немесе тұрақты сипаты, диспропорциямен сипатталатын тұлғааралық қатынастар күштері т.б. Қорқыту мен кибербуллинг бір-бірінен төмендегі ерекшеліктеріне сай ажыратылады, оларға:

- Қорқыту белгілі бір жерде болады. Мысалы, аудитория, спорттық залы,ойын-сауық орталықтары т.б. Кибербуллинг барлық жерде және тәуліктің кез келген уақытында болады.

- Кәдімгі қорқытуда бірнеше адам куә бола алады. Кибербуллинг куәгерлері әлеуметтік желідегі адамдардың өте үлкен аудиториясы (мыңдаған, миллиондаған) болуы мүмкін.

- Анонимділік кибербуллингте басымдық алады. Адам өзін басқаларға белгісіз тұлға ретінде көрсетеді немесе аватардың артына жасыра алады, бұл нақты өмірге қарағанда үлкен агрессияны тудырады.

- Қорқытудың құрбандары көмек сұрай алады, өздері қарсы тұруға бейім емес. Кибербуллингте жәбірленушілер сирек күшке жүгінеді, салдарын бағаламайды немесе

әлеуметтік желіге қол жетімділікті жоғалтудан қорқады. Кибербуллинг «өзін қорғай алмайтын жәбірленушіге қарсы бірнеше рет және ұзақ уақыт бойы электронды байланыс нысандарын қолдана отырып, топ немесе жеке адам жасаған агрессивті, қасақана әрекет ретінде» анықталады. Басқаша айтқанда, кибербуллинг – бұл шабуылдардан қорғансыз адамды немесе адамдар тобын қорқыту мақсатында электрондық бұқаралық ақпарат құралдарын немесе ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану арқылы жасалған қасақана және қайталанатын әрекет. Қорқытудың бұл түрі дәстүрлі қорқытудан көп жағынан ерекшеленеді. АКТ құқық бұзушыларға өздерінің жеке басын жасыруға және басқаларды қалағандай жиі қорқытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Хашеми А. кибербуллингті дәстүрлі қорқытудан ажыратады, ол кибербуллинг кез келген уақытта көптеген құрбандарды қорқытуы мүмкін деп болжайды. Олар сондай-ақ кибербуллинг құрбандардың санасында сандық із деп аталатын ұзақ мерзімді естеліктер қалдыруы мүмкін деп топшылайды. Мысалы, Майчум К., Паричатнон С., Пэн К.К. жасырын қылмыскер әлеуметтік желідегі қарым-қатынас кезінде балағат сөздер мен зорлық-зомбылықты қолданған кезде пайда болады десе, ал троллинг адамды немесе топты әзіл-оспақты, бірақ лайықсыз түрде мазақ етуді көздейді. Жала жабу жәбірленушінің беделіне нұқсан келтіру үшін зиянды ақпаратты таратуды қамтиды. Маскарад-бұл басқа біреудің кейпіне ену, әдетте құрбан болу деп сипатталады. Кибербуллингтің кейбір басқа заманауи түрлеріне пикинг пен кибершабуыл жатады.

Кибербуллингке «электрондық поштаны, хабарламаларды, блогтарды, онлайн ойындар мен веб - сайттарды қамтуы мүмкін кез келген электрондық құралды пайдаланып қорқыту немесе қудалау» кіреді [6;36].

Кибербуллингтің мақсаты - жәбірленушінің эмоционалды сферасын нашарлату немесе оның әлеуметтік қатынастарын бұзу болып табылады [7;125].

Кибербуллингтің түрлері:

- Троллинг - жағымсыз эмоцияларды тудыруы керек арандатушылық хабарламалар немесе түсініктемелер.

- Рейтинг - жеке сипаттағы агрессивті шабуылдар немесе ешқандай негізі жоқ сын.

- Кибersталкинг (кибершабуыл) - қауіп - қатерлермен байланысты жеке деректерді жинау.

- Секстинг - сіздің беделіңізге нұқсан келтіру немесе нұқсан келтіру мақсатында жеке фотосуреттер жіберу болып табылады.

Жасөспірімдік шақ дағдарыс кезеңі ретінде сипатталады. Осы кезеңде олар айналасындағы адамдардың бағалауына өте сезімтал келеді. Көпшілік жастар әлеуметтік желілерде парақтары бар, өз парақтарын ашық жүргізеді, өз ойларымен, өмірлерімен бөліседі. Дәл осы кезеңде бір сәтті жіберіп алмау маңызды, өйткені қазір бәрі ұнауға тырысады, мыңдаған аудиториясы бар блогер болғысы келеді. Мұндай жағдайларда ешкім қорлаудан сақтандырылмаған, бұл жастарды жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Студенттер ортасындағы кибербуллингтің психологиялық салдары әртүрлі болуы мүмкін: депрессиялық күйден дүрбелең шабуылдарына, мазасыздықтың жоғарылауына, ауыр эмоционалдық жарақаттарға, тіпті суицидке дейін әкеледі. Сондықтан кибербуллингке ұшыраған студент тұлғасынан төмендегідей өзгерістерді байқауға болады:

- тұлға тұйықталып, байланысқа түспейді;

- тұрақты депрессиялық көңіл-күйі, мазасыздық күйі басым болады;

- гаджеттерді пайдаланғысы келмейді немесе үнемі ой үстінде отырады;

- ЖОО оқу үдерісіне қызығушылық танытпау, дайындық деңгейінің төмендігі және құрдастарымен қарым - қатынасының нашарлауы немесе мүлде араласпауы т.б.

Зорлық-зомбылықтың барлық түрлері сияқты, виртуалды ортадағы қорлау жеке адамға жойқын әсер етеді. Кибербуллингтің құрбаны әртүрлі салдарлармен күреседі, олар:

- психологиялық (өзіне деген сенімділіктің төмендеуі, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, мазасыздық, қорқыныш сезімдерінің күшеюі; психикалық құрылымдардың пайда болуы; суицид туралы ойлардың пайда болуы);

- физиологиялық немесе медициналық (депрессия, тез шаршау, жүрек айнуы, есте сақтау мен зейіннің нашарлауы, жиі бас ауруы, ұйқының бұзылуы, тәбеттің жойылуы, жүйкенің титықтауы);

- педагогикалық (үлгерімінің төмендеуі, дәлелсіз себептермен сабақты өткізіп жіберу, тұрақсыз баға алу);

- әлеуметтік (ортадан аулақ болу, жасырын болу, ата-анасымен және достарымен байланысқа түскісі келмеу, қарым-қатынас дағдыларын жоғалту, девиантты мінез-құлық).

Осылайша деструктивті мінез - құлық формасы ретінде кибербуллинг балалар мен жастарға теріс әсер етеді, жеке тұлғаның бұзылуына, ауытқуларға, әлеуметтік дезадаптацияға әкеледі деген қорытынды жасауға болады. Сондықтан студенттерді, педагогтарды, ата - аналарды оның себептері мен салдары туралы хабардар ету арқылы кибербуллингтің алдын алу, балаларды физикалық және психикалық денсаулығын бұзатын ақпараттан қорғау үшін нормативтік-заңнамалық базаны әзірлеу, интернет жүйесіндегі ақпараттық қауіпсіздікті күшейту қажет.

Ковальски Р.М. мен Лимбер С.П. зерттеулерінде студенттер кибербуллингтен ең көп зардап шеккендердің қатарына кіреді, бірақ көп жағдайда құпия сақтауға тырысады деп көрсетеді [8;16]. Олар сабаққа келмеу, шоғырлану, ұят пен кінә сезімі және қоғамға қарсы мінез-құлық сияқты жағымсыз әсерлерден зардап шегеді.

Кибербуллинг қорқынышты әрекет болғанымен, адамның физикалық және психикалық денсаулығына теріс әсері бұл құбылысты терең түсінуді талап етеді. Рао М.Э. және Рао Д.М. кибербуллинг психикалық денсаулық проблемаларының, депрессияның, мазасыздықтың, психологиялық стресстің белгілерінің дамуына әкелуі мүмкін деп санайды. Кибербуллингке тап болған тұлғалар психикалық жарақат алады және психологиялық тұрғыдан ауытқуы да мүмкін. Кибербуллинг құрбандарынан депрессиялық белгілер мен ұйқысыздық көріністері дамиды, кері мінез-құлық, сондай-ақ жұмысқа қанағаттану деңгейінің төмендеуі көрінеді.

Авторлар сонымен қатар кибербуллинг пен сыртқы келбетке қатысты алаңдаушылықтың жиынтық әсері студенттерде әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейіне әкелгенін хабарлады. Сонымен қатар, Бангладеште жүргізілген зерттеу университетте оқып жүргенде кибербуллингке ұшыраған студенттердің бойында ашулану, күнә және колледжге түсуден қорқу проблемалары бар екенін көрсетті. Сол сияқты, Малайзия жастарының зерттеуі кибербуллинг құрбандарында мазасыздық, стресс және сарқылу пайда болатынын анықтады, бұл олардың арасында суицидтік ойлардың көбеюіне әкеледі. Осылайша, кибербуллинг және оның психикалық әсері туралы әдебиеттердің көбеюі мәселені терең талдау қажеттілігін тудырды. Сонымен қатар, шолу және библиометриялық зерттеулердің маңыздылығын мойындай отырып, кейбір заманауи зерттеушілер кибербуллинг және психикалық денсаулық мәселелері бойынша библиометриялық зерттеулер жүргізуді ұсынды.

Йосеп И. кибербуллинг жағдайларын азайтуға және оның психикалық денсаулыққа теріс әсерін азайтуға мүмкіндік беретін шаралар туралы әдебиеттерді зерттеп, талдады. Профилактикалық іс-шаралар, құрдастар тобын қолдау және тұрақтылық бағдарламалары сияқты іс-шаралар кибербуллинг жағдайларын азайтуға және психикалық денсаулықты жақсартуға көмектеседі деп болжады.

Зерттеулер көрсеткендей, кибербуллинг құрбандар мен қылмыскерлердің физикалық және психикалық әл-ауқатына қатты әсер етеді. Мысалы, кибербуллинг жағдайлары депрессия және суицидтік ойлар сияқты психологиялық мәселелердің дамуына әкелді.

Кибербуллинг оқудың барлық кезеңдерінде үлкен теңгерімсіздік тудырғанымен, университет ортасында студенттер анағұрлым қорғалмаған болуы ықтимал. Университет контекстіндегі кибербуллингтің мектеп ортасынан ерекше белгілері бар, бұл оны анықтау мен араласуды қиындатады. Университеттің кибербуллинг құрбандары кәмелеттік кезден бастап ересек кезеңге өткенге дейін бейімділігін жоймауы мүмкін. Қоғам қиындықтарды жеңу үшін қажетті ресурстарды қолайсыз жағдайлар кезінде қол жетімді болады деп күтеді. Алайда, мұндай стратегияларға тек орта мектеп кезеңінен университеттік кезеңге өту арқылы қол жеткізілмейді. Осылайша, жәбірленушілер қорлау, қорқыту, бопсалау және т.б. туралы хабарламайды, өйткені

олар мұндай жағдайларды шеше алмағаны үшін ұялуы мүмкін, бұл фактіні жетілмегендікпен байланыстырады. Бұл идеядан басқа, кибербуллингке әкелетін заңды салдарлар бар, өйткені құрбандар мен аңдыушылар кәмелетке толған адамдар да болуы мүмкін. Сонымен қатар студенттік кезеңінде бақылаушылар өз құрдастарының қайғы-қасіретіне аз жанашырлық пен сезімталдық білдіреді. Сондықтан психологтар, оқытушылар, кураторлар, ата-аналар бірлесе отырып қолдау жүйелерін жетілдіру және оларға көмектесу үшін студенттерге кеңес беру қажет. Осы мәселені шешуге қатысатын мамандар оқытылатын кешенді жүйелерді құруы тиіс. Бұл студенттер арасында әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас мәдениетін, желілік этиканы дамытуға арналған шаралар мәзірін әзірлеуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Богуславский М.В. Развитие цифровых образовательных технологий в конце XX-начале XXI вв. / М.В. Богуславский // Педагогика.- 2023.-№ 3.- С. 16-27.
2. Katrina Parsonson. Exploring cyber-bullying: A retrospective stady of first year university students. // [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: https://doi.org/10.26686/wgtn.16969753.v1
3. Adeshina Adeoye Cyberbullying in social media:Teenagers and adulis experiences of the occurrence and consequences of cyberbullying [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: https://arno.uvt.nl/show.cgi?fid=152648
4. Coric, Martina Kresi Kastelan, Ana Bullying through the internet-cyberbulling.// Psychiatria Danubina.Tom 32, Стр 265-272. 2020 [Электрондық ресурс]-Кіру режимі: https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/32970646/
5. Баранов А.А. Психологический анализ причин подросткового кибербуллинга / А.А. Баранов // Вестник Удмуртского университета. Серия «Философия. Психология. Педагогика». -2015. -№ 1.- С. 37-41.
6. Зиновьева Н. О., Михайлова Н. Ф. «Психология и психотерапия насилия». Ребенок в кризисной ситуации. - СПб.: Речь, 2003.
7. Зинцова, А.С. Социальная профилактика кибербуллинга / А.С. Зинцова // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского – 2014. - № 3. – С. 122 - 128.
8. Ковальски Р.М., Лимбер С.П. Психологические, физические и академические корреляты киберзапугивания и традиционного издевательства //Дж. Адолеск. Здоровье 2013.-С.13–20.

МЕКТЕПТЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ОТБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Мухамадияр Гульшара Отанқызы,
7М01101 Педагогика және психология мамандығының
1 курс магистранты,
Педагогика және психология кафедрасы,
Алматы гуманитарлы- экономикалық университеті

Аннотация. Құқықтық тәрбие беру арқылы жасөспірім құқықтың не екенін ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру - құқықтық сананың негізгі белгілері болып табылады.

Аннотация. Посредством правового воспитания подросток осознает, что такое право, и его сознание формируется и развивается. Наряду с пониманием права основными признаками правосознания являются привитие личности к уважению, защите, исполнению закона и убеждение в справедливости закона.

Abstract. Through legal education, a teenager realizes what law is, and his consciousness is formed and develops. Along with understanding the law, the main signs of legal awareness are instilling in the individual respect, protection, enforcement of the law and belief in the justice of the law.

Қазақстанның қазіргі даму кезеңі қоғам өмірінің барлық саласындағы терең өзгерістермен сипатталады. Осыған орай қазіргі заман адамға: өз іс-әрекетіне жауапты болу, әлеуметтік өзгерістер жағдайына тез бейімделе отырып, байыты шешім қабылдай білу және т.с.с. жаңа талаптар қоюымен ерекшеленеді.

Қазақстан дамыған тәуелсіз мемлекет, ол өз дамуында үлкен қадамдар жасады. Ал мемлекет қоғамның дамуында өзгерістер болуын талап етеді. Қоғамды өзгертуші, мемлекеттік қозғаушы күші, құқықтық тәрбиемен тәрбиеленген жас ұрпақ. Құнды қасиеттерге ие болады, рухани бай адамды қалыптастырады. Тұлғаның аталған сапалары болашақ қоғам азаматының құқықтық мәдениетінің мәнін құрайды. Құқықтық мәдениет қамтамасыз етілмеген жерден шынайы бостандық пен жеке тұлғаның қауіпсіздігі, азаматтық белсенділіктің болуы мүмкін емес.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Біздің Республика өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп бекітілген. Өркениет пен мәдениеттің маңызды құбылысы ретінде құқық мемлекеттің жағымсыз іс-әрекеттеріне заңды түрде тосқауыл қоя отырып, адамның табиғи тарихи еркіндігі мен бостандығының жанашыры, гаранты рөлін атқарып отырады.

Сөйтіп, адамға оның жан-жақты еркін дамуына, қысылмай ыңғайлы өмір сүруіне кепіл болады. Осы тұрғыдан алғанда, құқық-қоғамдағы ең негізгі және маңызды қатынастарды реттейтін, қоғамға пайдалы әрі қажетті қатынастардың дамуына жол ашып, қорғап, қоғамға зиянды қатынастарды шектеп, тыйым салатын құрал ретінде адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарының қоғамдық мүддеге, белгіленген тәртіпке, қабылданған заңдарға сай келуін талап етеді. Сондықтан қоғамның дамуы әрбір адамның өз құқықтары мен еркіндіктерін жүзеге асыра алатын мүмкіндіктерінің болуы арқылы көрініс табатын болса, ол мектеп қабырғасынан бастап қалыптасқан құқықтық тәрбиеге тікелей байланысты [1].

Құқықтық білім-құқықтық тәрбие мен құқықты оқытудың біртұтастығы, оның мәні құқықтық нұсқауларды, қатынастарды, құқық реттейтін саладағы қызметтерді қалыптастырады. Бұл жүйе оқушының қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерге өзіндік көзқарасын дамытуға, оған деген өзіндік бағдарын қалыптастыруға және заң мен заңдылықтарды меңгеруге, іс- шараларда өзінің азаматтық парызын түсінуге көмектеседі. Құқықтық жүйеде педагогтардың ықпалы тәрбиелік кеңістікке жасөспірімдердің санасына, сезіміне, сеніміне, еркіне, құқықтық мінез-құлқының қалыптасуына, бағытталған олардың

педагогикалық іс-әрекеттерінің кешені мұғалімдер, ата- аналар мектептен тыс мекемелер, т.б. жағдайда өзара жауапкершілікті субъект-субъектілік қарым- қатынасымен айқындалады [2].

Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы. Қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеумен қарапайым білімімен қаруландыру және де шешім қабылдай білу үйренетін ең жақын адамдардың мейрім шуағын сезінетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайда, балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің дамуы әлеуетіне көтеріле алады.

Отбасы белгілі қызметтерді атқарады:

- қайта өндіру (репродуктивті) - ұрпақ келтіру (тек жалғастыру тума әректеті, перзентті болу, оларды өсіру және тәрбиелеу қажеттігі);
- шаруашылық-экономикалық (ортақ шаруашылық және қаржы пайдалану, еңбекке жарамсыздарға қамқорлық және олардың материалды қамсыздандыру);
- тәрбиелеу (отбасыға оның әрбір мүшесінің тұлғалық қалыптасуына жағдайлар жасау;
- отбасы ұжымының өз мүшелеріне жеке-дара ықпал жасай білуі өмірлік тәжірбие, инабаттылық тәртіптері мен адамгаршілік құндылықтарға баулу);
- қарым-қатынас құру (коммуникативті-отбасы ішіндегі қатынас түзу, отбасының басқа адамдармен, жанұялармен, әлеуметтік топтармен байланысты ұйымдастыру);
- қайта қалпына келу (реактивті-бос уақыттарындағы демалыс іс-әрекеттерін ұйымдастыру;
- отбасы мүшелерінің күш-қуатын, денсаулығын қайта түзеу шараларын қамтамасыз ету).

Отбасы тәрбиелік қызметтерінің іске асуы оның ұлттық ерекшеліктеріне, әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлеріне және ол енген қауымдастыққа тән талап-тәртіп ұстанымдарына байланысты. Тұлғаның әлеуметтенуіне жетекшілік маңызға ие жалпыға бірдей жағдаяттар болады. Олар: туған күнінен бастап, балаға болатын үздіксіз де тұрақты ықпал; отбасындағы қарым-қатынастың туысқандық, сүйіспеншілік, сенім өзара жауапкершілік сезімдеріне негізделуі; ұрпақтан-ұрпаққа тәжірбие өткізуге бағытталған әрқилы деңгейдегі отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы және ықпалы. Өз балаларының ерекшеліктерін, қызығулары мен қажеттерін ескеруде ата-аналар мүмкіндіктері орасан [3].

А.Капенованың зерттеуінде отбасында тиімді тәрбиелеудің белгілі ережелері қалыптасқан:

- баланы бар қалпында сүю, құрметтеу қажет;
- балаға әсер ететіні құрғақ сөз емес, оның қалай айтылғаны, шын көңілден шыққандығы мәнді;
- баламен қатнас оның жас ерекшелігіне сәйкес болуы шарт, сонда ғана үлкендер мен кішілер арасындағы дау-дамай туындамайды да ең қонымды тәрбие әдісін таңдап, қолдануға болады;
- баланың не айтқысы келетінін түсініп алған жөн, асығыс қорытынды жасаудан сақтанған дұрыс;
- жазаны істеген келеңсіз әрекеті үшін қолдануға үйренген жөн, баланы намысына тиіп, қорламаңыз (еш уақытта бала жаман емес, оның қылығы жаман);
- бала жөнінде басқалар (мұғалімдер, көршілер) тарапынан айтылған сын пікірлерден қорытынды жасаудан бұрын оның өзімен әңгімелесіп, әрекетінің себебін анықтап, кейін шешім қабылдаған жөн: жұрт алдында өз беделіңді жоғалтамын деп шошынудың қажеті шамалы, баланың сенімінен айырылып қалмаған дұрыстау;
- балаға үйрететініңді алдымен өзің үйреніп, біліп ал;
- балаңызға қанша рет «жоқ» деп, бетін қайтаратыныңызға мән беріп көріңіз, содан қорытынды шығарыңыз;
- бала ата-анасына түгелдей тәуелді;
- бала жасына қарамай, басыбайлы қадағалауды жек көреді. Ата-анасының өз өміріне шын ықыласпен араласқанын ғана ұнатады. Бала табиғатынан ата-анасын сүйеді;
- баламен өмір, тұрмыс жөнінде жиі сұхбаттасып тұрған жөн, себебі қателіктен ешбір адам қашып құтыла алмайды;
- баланы қиындықтар құрсауында жападан жалғыз қалдыруға болмайды.

Отбасы тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер-бұл өнеге-үлгі, бірлікті еңбек, іс-әрекет, әңгіме-сұхбат, қолдап-қуаттау, баланы қорғау. «Мендей бол!», «Мендей істе!» ұранымен тәрбиелей отырып, ата-аналар өз өнегесімен қалай жасау, еңбектену қажетігін үйртіп, сыйластық-сүйіспеншілік сезімін білдіреді. Отбасында ешкім «Мен енді сені тәрбиелемеймін» -деп айтпағаны жөн, себебі төңіректегінің бәрі баланы қалыптастыруда өз үлесін қосып отырады. Балаға болған қатынас, ата-аналар арасындағы байланыс, басқа адамдармен араласу, отбасы ішіндегі тұрмыс процесі, барша отбасылық істер. Сондықтан да тәрбие үшін арнайы шарт, жағдайлар жасаудың тіпті де қажеті жоқ тек қана дұрыс, инабатты, адамгершілік әдеп сақтап, өмір сүруді бастап ұстаным етіп алу керек [4].

Ұлт ұрпағының болмыс-бітімін қалыптастыру, дүниетаным жетілдіру мәселесі отбасынан бастау алады. Әрбір ұлт өкілінің өз ұрпағын өз ұлтының болмасына сай дамытып, жетілдіру-бұл талдауға жатпайтын мәселе. Әр адам-адамзаттың жеке-дара өкілі болғанымен, өзіндік ерекшеліктері мен дараланады. «Тұлғаның дамуы барысында отбасы мен мәдени ортаға лайықты оның дүниетанымы жетіледі. Адамдардың кейбіреулері дүниедегінің барлығы қарым-қайшылықта болады» деседі, енді біреулері «Әлемде үйлесімділік пен келісім болса, даму жоғары деңгейдегі жетістікке жетеді» деп тұжырымдайды. Адамның сан қырлы әлемін танып білуді, ұрпақ өмірге келмей түрып, ана құрсағында бастау алатыны, яғни, болмысы қалыптасу үшін қам-қарекет жасау керектігін әрбір әке-шеше жете ұғынуы қажет. Тұлғаның рухани жетілуі үшін, ең алдымен, рухани саналылықты меңгереді. Тұлғаның рухани санасы өмірдің мәнінің өзінің орнын, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық, ұғынысуды сезінуі абзал.

Мектеп ұжымы-көп авторлардың пікірінше, тұлғаның дамуы мен қалыптасуы тек ұжымдық тәрбие жүйесінде іске асуы мүмкін. Осы жағдайда ғана ұжым дұрыс әрекеттегі өзіндік басқарым органына, тұлғалық арақатынастағы ұжымшылдыққа және өзара жауапкершілікке ие болады. Бұл өз кезегінде жан-жақты дамуға, еркіндікке, қорғанысты болуға, сонымен бірге әр тұлғаның мәртебесін көтеруге жол ашады. Мектептегі оқу - тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жіберілген кемшіліктер, яғни, жеке оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта -ықыласын, қызығуын, талап- тілегіе ескермеу.

Педагогикалық әдебиеттерде келесідей белгілерге ие болған әрқандай тәрбиеленушелер бірлестігі - ұжым деп аталады:

- ортақ әлеуметтік мәнді мақсатқа ие. Қалаған топтың мақсаты бар: дүкен кезегінде тұрған не автобус күтіп тұрған адамдардың да, қылмыскелердің де. Әңгіме, ол мақсаттың мағынасында, неге бағдарлануында. Ал ұжым мақсаты әлеуметтік мақсаттармен ұласады, оны қоғам да, мемлекет те қолдап, қуаттайды.
- іс-әрекет-ортақ мақсатты іске асыруға бағытталады: ол бірлікте ұйымдастырылып, ұжым мүшелерінің іс-әрекет нәтижесіне болған ерекше жауапкершілігін танытады.
- жауапкерлі тәуелділік қатынасында болуы. Ұжым мүшелері арасында мақсат не іс-әрекет бірлігі ғана емес, сонымен бірге оларға байланысты ерекше бірін-бірі қажетсіну қатынастары жүйесі қалыптасады.
- Сайлаумен тағайындалатын ортақ басшы орган.Ұжымдарды басқару органдары ұжымның аса беделді мүшелерін тікелей және ашық сайлау жолымен қалыпқа келтіреді.

Жасөпірімдік кезең - балалық шақтан ересектікке өтетін, үнемі қиын дағдарыстық қақтығыстық деп сипатталатын адам онтогенезінің күрделі кезеңі. Жасөспірімдердің психикасы жас балалардың да, ересектердің де психикасынан өзгеше. Олар үшін импульсивтік, жоғары әсерленгіштік тән, олар қызбалыққа тез түседі, көңіл-күйі тұрақсыз, өз-өзіне сенімсіздік, әрекетінің дұрыстығына жиі күмәндану тән екендігі белгілі. Бұл сияқты құбылмалы психологиялық қасиеттер - жасөспірімдердің қылмыстық жолға оңай түсуіне себепші болады. Бұл кезеңде бұрын қалыптасқан психологиялық құрылымдардың қайта құрылуы ғана жүріп қоймай, сонымен бірге жаңа білімдер қалыптасып, саналы көзқарастар мен әлеуметтік ішкі ыңғайланудың қалыптасуының жалпы бағыттылығы өседі. Онтогенездегі жасөспірімдік кезең бұл балалық шақтан ересектікке дамудың қарама-қайшылықтық тенденциясымен ерекшеленеді.

Бұл күрделі кезең, бала дамуындағы жеке даралық қалыптасудың дисгармониялық ертеректе қалыптасқан қызығушылықтар жүйесінің, бұзылуы ересектерге деген қарсылық сипатындағы мінез-құлық сияқты негативті көріністерде өтеді. Екіншіден, жасөспірімдік кезең түрліше жағымды факторларға байланысты ерекшеленеді, баллада дербестілік сезімі өседі, басқа балаларға, ересектерге деген қатынасы біршама көпжақты және мазмұндырақ бола түседі, оның іс-әрекет сферасы сапалы өзгерістерге ұласып, барынша кеңейе түседі. Жасөспірімдерде өзіне және басқаға деген жауапкершілігі дамиды. Бұл кезеңде тұлға қалыптасуының дағдарысты кезеңдерінің бірі. Ол көптеген арнайы ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл сана, іс-әрекет және қарым-қатынас жүйелі сферасындағы өте маңызды қайта жасаулар кезеңі.

Жасөспірімдік кезең мәселесімен теориялық тұрғыдан батыс психологиясы бағытындағы психологтар да айналысқан. Қаншалықты З.Фрейд және А.Фрейд (психанализ) К.Левиннің (гештальтпсихологиясы) және Р.Бенедиктің (бихевиоризмі) көзқарастарында үлкен айырмашылықтар болса да, олардың біріктіретін теория эволюциядағы жаңа онтогенетикалық модельдерінен шыққан ұқсастықтар [5].

Жасөспірімдік дағдарыс - балалық шақтан ересектік өмірге өту шегі. Дағдарыс қанағаттандырылуы күрделі жаңа қажеттіліктердің туындауымен сипатталады.

Дағдарыс себептері:

1. Сыртқы факторлар: ересектердің үздіксіз бақылауы, қамқорлығы, ал жасөспірім мәселелерін өз бетінше шешуге ұмтылады.

2. Ішкі факторлар: ойлағанын қол жеткізуде кедергі жасайтын әдістер мен мінез сапалары (тыйымдар, әдеттер, ересектерге бағыну әдеті).

Құқықтық тәрбие жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың ісәрекеттері, мінез-құлықтары, ойлау жүйесі, дүниетанымының қалыптасуына бағыт беріп отырады. Ол жасөспірімдердің ішкі рухани сапаларын, құқықтық сана-сезімін, сенімі жоғары қоғам азаматы ретінде дамуын, жетілуін қамтиды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп ұлы Әл-Фараби айтқандай тәрбие халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірбиесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасы, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Жасөспірімді тәрбиелеу бұл-ата-аналар басқа да заңды өкілдер, сонымен қатар мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тарапынан қоғамда қалыптасқан тәртіп ережелерін бойын сіңіру бойынша үздіксіз әсер ету құбылысы.

Қорыта келгенде жасөспірімдер арасындағы тәртіпсіздік, қараусыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, қараусыздықтың, тәртіпсіздіктің және қоғамға қарсы іс-әрекеттердің алдын алу, оларға ықпал етуші себептер мен жағдайларды анықтау, жою жасөспірімдердің құқықтары мен заңды мүддесінің қорғауын қамтамасыз ету, өмірлік қиындықтарға тап болған жасөспірімдерді әлеуметтік қамсыздандыру, заңды бұзбау тәртібін қалыптастыру болып табылады. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу үшін мектеп ішінде оқушы, ата-ана, мұғалім арсындағы үштік қарым-қатынасы дұрыс жолға қойылса, оқу-тәрбие үдірісі өз нәтижесін береді

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конститутциясы.- Алматы: Жеті жарғы, 1998-100б.

2. А.Ә. Капенова Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Автореферат дисс. 2004.

3. Ж.Садықова Құқық бұзуға бейім жасөспірімдердің мінез-құлық түрлері. // Девиантология журналы, - Алматы: 2010, 38-40б.

4.А.Ә. Маханбетова Жоғары сынып оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыру.- Алматы: 2010. Автореферат, дисс.

5. Г.К. Нигметжанова, М.К. Қарбаева, Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық іс-әрекет мәселесі. // Хабаршысы КАСУ №3,- Алматы: 2006

6. Еникеев М. И. ”Юридическая психология”, - Питер, 2005, 103-104с.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нурпеисов Мухаметжан Кенжетаевич,
п.ғ.магистрі, аға оқытушы
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аннотация. Біз бұл зерттеу еңбегімізде А.Байтұрсынұлының тіл білімі мен әдебиеттану саласына енгізген терминдерін ұсындық. Оның термин жасаудағы негізгі ұстанымдарына түсінік беріп, мысал келтірдік.
Түйін сөздер: тіл білімі, әдебиеттану, термин, ғылым, интернационалдық термин, тіл-құрал.

Аннотация. В данной исследовательской работе мы привели термины, введенные А. Байтурсынулы в область языкознания и литературоведения. Мы разъяснили основные положения при создании термина и привели примеры.
Ключевые слова: языкознание, литературоведение, термин, наука, международный термин, язык-инструмент.

Abstract. In this research work, we presented the terms introduced by A. Baitursynuly in the field of linguistics and literary studies. We explained his main positions in creating terms and gave examples.
Key words: linguistics, literary studies, term, science, international term, language-tool.

Қазақ даласында XX ғасырда ағартушылық ояну дәуірі басталды. Ұлттық ғылымның негізін қалаудың айрықша маңызын түсінген Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейхановтың ұйымдастыруымен және өз бастамаларымен сан саланы қазақшалауға белсенді кірісті. Мәселен, Мағжан Жұмабаев «Педагогика», Жүсіпбек Аймауытов «Психология», Міржақып Дулатұлы «Есеп құралы» сынды оқулықтарды жазса, Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл - құрал», «Әдебиет танытқыш» еңбектері арқылы қазақ ғылымының шырағын жағуға ұмтылды. Алаштықтардың аталған ұлы миссиясы сол кезеңнің ғана кәдесіне жараған жоқ, қолданыс аясы жылдан жылға артып келеді. Бүгінгі күнге дейін өзекті әрі осы күнгі зерттеушілердің бағыт алатын алтын қазығы. Бұл зерттеу мақаламызда Алаш арысы, ақын, аудармашы, публицист, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасындағы термин жасау мәселесіне тоқталамыз.

Ахмет Байтұрсынұлы - тіл білімі, әдебиеттану, педагогика, этнография, философия, медицина, психология, заң саласына тиесілі терминологияны қалыптастырушылардың бірегейі. Соның ішінде арнайы еңбек жазып, терең зерттеп, дөп термин ұсынуда, ғылыми айналымға енгізуде тіл білімі мен әдебиеттанудың шоқтығы биік екені даусыз. Ағартушының өзі «Тіл-құрал» еңбегіндегі «Сөз басында» ұғымдарды қазақшалаудағы басты мақсатын былайша түсіндіреді: «...Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақшаға келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады» дей келе «...Сондай кемшілік болмас үшін һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызуды үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды», дейді. Байтұрсынұлы қазақ балалары тек ана тілінде түсінсін деген ниетке салып, ғылым сөздерін негізсіз, көзсіз қазақшалап, ретсіз атау қоймады. Бұл жөнінде академик Рабиға Сыздық: «Оның термин жасаудағы негізігі принципі – ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану болды», деп түсіндіреді. [1, 30]

Сондай-ақ, 1929 жылы 1 – мамырда өз қолымен орыс тілінде жазған «Өмірбаянында» терминологияға бет бұрудағы міндетін былайша түсіндіреді: «...Төртіншіден, қазақ прозасының (яғни іс қағаздар тілін, публицистика мен ғылыми тілін) жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым», [1, 12] деп жазды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасына қатысты категориялардың әр қайсысына қазақша балама ұсынды. Ғылыми атау ұсынуда қазақ болмысы мен ерекшелігін ескергенідігінен болса керек, терминдер сәтті шығып, кең қолданысқа еніп, тұтас ғылымның негізгі атауларына айналды. Тіл білімінде осы күні қолданып жүрген: Зат есім, Сын есім, Етістік, Есімдік, Одағай, Үстеу, Шылау, Бастауыш, Баяндауыш, Анықтауыш, Сөйлем, Қаратпа сөз, Қыстырма сөз, Леп белгісі, Сұрау белгісі және тағы да өзге лингвистикалық ғылыми пән сөздерін Байтұрсынұлы қалыптастырды. Осы тұста ғалымның тек атау беріп қана қоймай тілдегі негізгі ұғымды беретін сөздерді топтап, арнайы жіктерге бөліп, ұқсас ұғымдармен салыстырып, ереже құрап, анықтама бергенін баса айту керек. Мәселен, «Тіл-құралын» парақтасақ, сөздердің өзін атайтын ұғымдарды Атауыш сөздер деп атап, осы түсінік астына есімдерді (зат есім, сын есім, есімдік т.б) топтастырады. Яғни тілдік терминдер жүйеленген. Мысалы, сын есімді «Сөздердің кейбіреулері нәрсенің сынын атайды. Мәселен, жақсы, жаман, биік, зор, аласа т.б біршама мысал келтіріп, сын есім сөздердің сұрауы қандай? деп анықтап береді. Оқушы түсінуге жеңіл болу үшін контекстік мысалдар келтіреді. Мұндай үйрету мысалдарына «дағдылардыру» деп әдісті айқындаса, жаңа ережені бала түсінді ме, жоқ па білу үшін «Сынау» методикасын енгізіп, тексеруге «Төмендегі сөздерді көшіріп, сын есім сөздердің»астын сызып көрсетіңдер», деп тапсырма беріп отырған.

Ал белгілі ахметтанушы М.Джусупов: «Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келтірген терминдердің көпшілігі ұғымды атайтын сөздерден жасалған, яғни бірінші орында ұғым тұрған. Біріншіден, терминдер оқу-ағарту (ғылыми-оқыту) мәселелеріне байланысты жасалған; Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы терминді тіл, әдебиет, тарих, этнография салаларына арнап жасады, сондықтан нақты заттың атында ұғымдық емес, номинациялық түсінік басым; Үшіншіден, қазақ менталитетінің, ойлау қабілетінің қалыптасу негізінде ұғымдық категория басым. Қазақ көбінесе заттық емес, жалпылама ұғымдық тізбегі негізінде дағдыланады (мал, жан, ақ (сүт, айран)...); Төртіншіден, нақты заттық (номинациялық) бағытында термин жасаудың басым болмағандығының тағы бір себебі – XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ қоғамында техника мен басқа өндіріс салаларының даму процесінің жоғары деңгейде өркендемеуінде», деп ғалымның термин жасаудағы ұстанымдары мен оған түрткі болған сұраныстың себебіне тоқталады. [2, 95]

Ахмет Байтұрсынұлы қазақша баламасы болу керек деп тіл біліміндегі барлық сөзге оңды-солды қазақша термин ұсына бермеген. Интернационалдық терминдерден де мүлде бас тартпаған. Мысалы, «Айқап» беттеріндегі мақалаларында морфология, фонетика, грамматика деген сөздерді қолданған. Әрі қарайғы жазғандарында көптеген интернационалдық терминдерді орыс тіліндегі қабылданған түрінде пайдаланғаны көрінеді. Мысалы, оның қаламынан шыққан мақалаларда проект, дума, депутат, фракция, доктор, корпус, солдат, завод, телефон, телеграм деген сөздерді кездестіреміз. Тіпті орайы келгенде өлеңге де қосып жіберген тұстары да бар:

Молдалар туралы өлеңінде:

Ұжмақтың кілтін,

Алланың мүлкін

Арендаға алып па? [3, 68] деп аренда сөзін қазақшаламай бірнеше халыққа ортақ қалыптасқан формада қолданып тұр. Бұдан шығатын қорытынды ретінде Алаштықтармен жауласқандардың Ахмет Байтұрсынұлы термин жасауда ұлтшылдыққа салынды деген жалған ұстанымдағылардың пікірінің теріс екенін байқау қиын емес.

Ұлт ұстазы тер төккен терминология саласындағы тағы бір ғылым – әдебиеттану. Ол осы бағыттағы зерттеуін топтап «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ұсынды. Осылайша қазақ көркем әдебиетінің құрылымын жіктеп, бейнелеуіш құралдарына арнайы атау қойды. Қазақ әдебиеттануының ғылыми негізі жасақталған еңбекте әдеби жанрға қатысты барлық түсініктер бір термин аясында топтасады. Мәселен, мазмұн түрлерін әуезе, әліптеу, байымдау деп бөліп жеке анықтама береді. Сол сияқты тіл көрнекілігі тұрғысынан ұсынылған атаулар бүгінге дейін формасын өзгертпей қолданыста жүр: меңзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсерілеу, айшық, тармақ, бунақ, шумақ [4, 15] Ғалым

оқырманға ұғынықты болу үшін әр терминге халық ауыз әдебиеті мен прозадан, батырлар жырынан, өз өлеңдері мен өзге де ақындар өлеңінен мысалдар келтірген.

Ахмет Байтұрсынов терминдерінің барлығы дерлік қазақ сөзінің не байырғы мағынасын жаңарту (өзгерту), не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген атаулар, көбі жасанды сөздер. Сонылығына, жасандылығына қарамастан, әрқайсысы өзі атап тұрған тілдік категорияны дәл білдіретін термин болып шыққан.

Филолог ғалым Шерубай Құрманбайұлы А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің өміршеңдігін мына жайттармен түйіндейді: «Біріншіден, ұғымға атау беруге ұлттық таным тұрғысынан келген; екіншіден, сол кездегі Ахаңның зиялылар арасындағы зор беделі мен тіл саласындағы бірегей ірі оқымысты ретінде мойындалуы да оның жасаған терминдерінің шығармашыл қауым тарапынан талқысыз қабылдануына себеп болды; үшіншіден, ол қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтарды, байырғы лексикалық қорды, жалпы алғанда сөз тудыру тәсілдерін өте ұтымды, шебер пайдалана білген», дейді. [5, 9] Яғни ағартушыны сөз өнеріне жетіктігі мен көне қазақ тілін терең түсінгендігі терминнің тарланбозына айналдырды.

А.Байтұрсынұлын терминолог ретінде зерттеген еңбектердің негізгілері ретінде академиктер Ә.Қайдаров, Р.Сыздық, Ө.Айтбаев, Ш.Құрманбайұлы, профессорлар Б.Қалиұлы, Ш.Жалмаханов, С.Ақаев, С.Исақова, Е.Әбдірәсілов т.б зерттеушілерді атауға болады. Сондай-ақ, ғалымның терминологиядағы қызметін салалық ғылымдар да зерттейтін ғалымдар да бар. Жоғарыда атап өткеніміздей Ахмет Байтұрсынұлының мәдениеттану, заң, этнография салаларында енгізген терминдері авторы ұмытылып, сәтті шығып, кәнігі сөздер қатарына қосылып кеткенін айтқан жөн.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. - Алматы, 2013. – 384 бет
2. Құлманов С. А.Байтұрсынұлы жасаған лингвистикалық терминдердің метафоралық сипаты. - Алматы, 2022. – 400 бет
3. Байтұрсынұлы А. Маса. – Алматы, 2005. – 208 бет
4. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 2003. – 208 бет
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Павлодар, 2008. – 172 бет.

СИПАТТАУ МӘТІНІН ЖАЗУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Жанат Дәулетбекова Тұрарбекқызы,
п.ғ.д., профессор
Гаухар Ортай Қанатқызы,
7М01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау мамандығының 2-курс студенті,
Қазақ тіл білімі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Аннотация. Бұл мақалада инновациялық технологияларды пайдалана отырып, сипаттау мәтінін жазу дағдысын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері ұсынылады. Ұлттық құндылыққа негізделген білім беру жүйесіне сүйенудің маңызына шолу жасалынып, ЖИ (жасанды интеллект) көмегімен сипаттау, суреттеу қабілетін оятудың тиімді жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: тіл, сипаттау мәтіні, инновациялық технология, альфа ұрпақ, ұлттық құндылық, жасанды интеллект, әдіс-тәсіл.

Аннотация. В данной статье предлагаются методы развития навыка написания описательного текста с использованием инновационных технологий. Рассмотрена важность опоры на систему образования, основанную на национальных ценностях, и рассмотрены эффективные способы пробуждения способности описывать и описывать с помощью ИИ (искусственного интеллекта).

Ключевые слова: язык, описательный текст, инновационные технологии, поколение альфа, национальная ценность, искусственный интеллект, методология.

9. Оқудың уәждемесін қалыптастыру: кн. мұғалім/А.К. Марков үшін. - М.: Ағарту, 1990. – 191 с. Markova, A.K. Formirovanie motivacii ucheniya: kn. dlya uchitelya/ A.K. Markova. – M.: Prosveshchenie, 1990. – 191 s. 10. Махмутова, Л.Г. Оқулық кіші оқушының пәндік білім беру құзыреттерін қалыптастыру құралы ретінде ": дис. пед. ғылым/Л.Г. Махмутова. - Орынбор, 2007. Mahmutova, L.G. Uchebnik kak sredstvo formirovaniya predmetnyh obrazovatel'nyh kompetencij mladshego shkol'nika»: dis. kand. ped. nauk/ L.G. Mahmutova. – Orenburg, 2007.

ЦИФРОВИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ: СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ РИСКА ДЛЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Анна Сухачева,
магистрант 2 курса по специальности
«7М01101 Педагогика и психология»,
Кафедра педагогики и образовательного менеджмента,
Баярыстанова Эльмира Темирхановна,
к.п.н., ст.преподаватель
КазНУ имени ал-Фараби

Аннотация. Статья "Цифровизация образования: социально-психологические факторы риска для обучающихся" исследует влияние цифровой трансформации на обучающихся, с особенным вниманием к социально-психологическим аспектам. В статье рассматриваются различные факторы риска, такие как потеря социальных навыков, снижение когнитивных способностей и другие. Автор анализирует последствия использования цифровых технологий в образовании и предлагает рекомендации по снижению негативного воздействия на психологическое и социальное благополучие обучающихся.

Ключевые слова: цифровизация образования, образовательное пространство, факторы риска, киберугрозы, информационная среда, социально-психологические факторы, цифровая трансформация, психологическое благополучие, информационные технологии.

Abstract. The article "Digitalization of Education: Socio-psychological Risk Factors for Learners" explores the impact of digital transformation on learners, with special attention to socio-psychological aspects. The article discusses various risk factors such as loss of social skills, cognitive decline and others. The author analyzes the consequences of the use of digital technologies in education and offers recommendations to reduce the negative impact on the psychological and social well-being of learners.

Аннотация. "Білім беруді цифрландыру: білім алушылар үшін әлеуметтік-психологиялық қауіп факторлары" мақаласы әлеуметтік-психологиялық аспектілерге ерекше назар аудара отырып, Цифрлық трансформацияның білім алушыларға әсерін зерттейді. Мақалада әлеуметтік дағдыларды жоғалту, когнитивті қабілеттердің төмендеуі және басқалары сияқты әртүрлі қауіп факторлары қарастырылады. Автор білім беруде цифрлық технологияларды қолданудың салдарын талдайды және білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатына теріс әсерді азайту бойынша ұсыныстар ұсынады.

Процесс глобальной цифровизации в настоящее время приводит к возникновению и укреплению своего рода новой парадигмы и в мировой системе образования - активное использование цифровых технологий охватывает все больше объектов и процессов, которые включаются образовательный процесс.

Образовательное пространство, сформированное за счет цифровизации, обладает универсальными характеристиками. Сочетание виртуальных и реальных компонентов обучения позволяет преподавателям передавать знания как непосредственно, так и опосредованно, что расширяет возможности обучения, делает его более гибким, доступным, индивидуальным [1, с. 6].

Однако наряду с положительными тенденциями эксперты признают наличие ряда рисков, связанных с цифровизацией образования [2, с. 4].

Потеря социальных навыков

Анализ исследований по данной теме позволяет сделать вывод, что в качестве одного из факторов риска можно отметить изменение сущности образования как пространства

коммуникации, диалога, социализации, формирующего не только знания, но и социальные навыки.

Виртуализация обучения может способствовать ослаблению навыков межличностного общения, социальных навыков (построение диалога, взаимопомощь, ответственность, вовлеченность, работа в команде, лидерство и т. д.) [3].

Большую роль при этом играет отсутствие прямого, непосредственного контакта с преподавателем. В традиционном классе у студентов есть множество возможностей общаться с преподавателями, и это взаимодействие имеет решающее значение для успеваемости.

В условиях дистанционного обучения связь между преподавателем и обучающимися ослабевает, поскольку студенты больше обращены к различным инструментам онлайн-обучения.

Обучающиеся, не имеющие значительного контакта с преподавателем, могут чувствовать себя отстраненными и демотивированными, что очевидно негативно влияет на личностное развитие и успехи в обучении. В группу риска входят обучающиеся, лишенные (полностью или в значительной степени) социального взаимодействия в реальной образовательной среде и внеучебной деятельности, начиная с начального этапа обучения [4, с. 4].

Еще одним фактором риска, который отмечается экспертами, является разрушение или блокировка развития “эмоционального интеллекта" человека: у тех, кто злоупотребляет контактом с цифровыми устройствами и программами, интенсивно деградирует способность к (со)переживанию, “в некоторых случаях возникает отчуждение и (иногда терминальная) агрессия учащихся, а у студентов с симптомами цифровой зависимости перерастает в акты насилия” [4, с. 5].

Психологические последствия

Недостаток взаимодействия между учащимися может привести к одиночеству и стрессу, ослаблению мотивации к обучению и в дальнейшем - к выгоранию.

Выгорание учащихся определяется как негативный психологический феномен, который заставляет избегать обучения и неизменно связан со значительным снижением вовлеченности и успеваемости. Чувство одиночества, изоляции и выгорания студентов в условиях онлайн-обучения признаются основными причинами неудач на экзаменах или отсева в онлайн-обучении [5].

В качестве психологических последствий цифровизации образовательного процесса также вероятны проявления среди контингента обучающихся экзистенциальной дезориентации, уход в виртуальные миры, склонность к саморазрушительному поведению, высокая восприимчивость к зависимостям и манипуляциям.

Этические угрозы

Отмечаются также “риски морального плюрализма и терпимости к асоциальным и аморальным явлениям в информационной среде”, что исследователи связывают с не всегда достаточно сильной педагогической составляющей в цифровом обучении, с одной стороны, с виртуализацией образа жизни, уподоблением его игре с множеством вариантов поведенческих сценариев, с другой [4].

И, как одно из следствий, - признание плагиата и игнорирование этикета наиболее распространенными этическими угрозами. Отсутствие единой и всесторонней системы морали приводит к разнообразию этических точек зрения. Нравственное образование представляет собой обязательный и уникальный элемент в общем образовании, который оказывает системообразующее влияние.

Оно определяет уровень этической грамотности общества и качество морального сознания. Развитие морального сознания, формирование нравственных норм, ценностей и ориентиров, а также укрепление нормативности морали для личности и общества являются ключевыми задачами нравственного образования не только в средней школе, но и в вузе.

Отказ от признания нормативного характера морали, считают эксперты, может привести к отказу от морали как таковой [6, с. 1].

Снижение когнитивных навыков

Исследователи указывают также на опасность возможного снижения когнитивных навыков, (в том числе творческого, критического мышления), связанную с особенностями

передачи информации в контексте цифрового образования - "в готовом к употреблению" виде (не требующем анализа и обработки). Это приводит к упрощению восприятия, снижению результативности обучения, уменьшению способности создавать новые самостоятельные вербальные интерпретации полученных знаний, потере навыков аналитического, критического, логического мышления.

Учащиеся получают разнообразную информацию, которая может содержать фактические ошибки, однако оказываются не способны к анализу и критическому осмыслению [7, с. 4].

Эксперты отмечают, что цифровизация образования не только снижает способность к критическому мышлению, но и вызывает преобладание визуального восприятия информации над другими ее видами. Обучающиеся, которые концентрируются на решении типовых задач, осуществляя контроль знаний исключительно через тестирование, находятся в зоне особого риска.

В некоторых исследованиях делается акцент на вероятности еще более глубокого негативного воздействия цифровых технологий на когнитивные способности человека. Речь идет об эффекте “цифрового слабоумия”, о рудиментаризации и увядании интеллекта. “Этот процесс уже зафиксирован исследованиями последствий "цифровой зависимости": слабоумие, похожее на старческое, появляется у многих геймеров и "обычных" школьников и студентов, проводящих много времени за компьютерами и гаджетами” [2].

Умение уделять внимание текущей работе имеет решающее значение для академической успеваемости. Последствия снижения устойчивости внимания и уровня концентрации ощущаются более остро при онлайн-обучении, когда процесс обучения становится менее эффективным [7, с. 4].

Исследования показывают, что внимательность студентов значительно выше на офлайн-занятиях по сравнению с дистанционным обучением.

“Интеллектуальные процессы в личности стимулируются именно через "живое" общение, в то время как переход к удаленному или виртуальному общению может обеднить эти процессы, отрывая человека от социальной реальности. Постоянное обращение к услугам интернета может исказить представление о познавательном процессе. Для многих сегодня создание научной работы, такой как реферат, курсовая, дипломная и т.д., означает простое нажатие нужной кнопки на компьютере. Это может привести к потере способности к научному творчеству, неспособности к анализу, самостоятельному мышлению и выводам”. [1, с. 2].

Организационные сложности

Онлайн-обучение может вызывать у обучающихся чувство неловкости и неудовлетворенности, обусловленных недостаточной подготовкой преподавателей и содержанием курса, так как зачастую онлайн-курсы представляют собой дублирование обычных очных программ [9, с. 3].

Отсутствие соответствующей образовательному процесса обстановки в случае обучения онлайн ведет к снижению “профессионального самоощущения” - "... когда занятия проходят онлайн, атмосфера не профессиональная, и, как следствие, вы не можете получить профессиональный результат" [9, с. 5].

Важный аспект в образовательном пространстве представляют собой организационные факторы. Результаты опросов и анкетирования обучающихся в некоторых исследованиях позволяют сделать вывод о сложностях технического характера, присущих цифровизации образования и оказывающих влияние на результативность обучения в целом.

Обучающиеся испытывают проблемы с сетью, организацией физического пространства для обучения, дополнительную финансовую нагрузку, связанную с оплатой за использование интернет-соединения [9, с. 4].

Угрозы информационной безопасности

Значимые риски в условиях цифровизации образования могут быть связаны с информационной безопасностью. Это, в первую очередь, угрозы персональной безопасности - нарушение прав человека в цифровой среде, включая авторское право, право на конфиденциальность и так далее [2, с. 4].

Важнейшее значение имеют угрозы, вызванные целенаправленными кибератаками и кибертерроризмом, которые могут касаться не только получения доступа к конфиденциальной информации, распространения фальшивой информации, но и представлять собой кибербуллинг и кибермошенничество в различных формах.

Ухудшение основных параметров здоровья

Еще одна опасность цифровизации образования сегодня - ухудшение основных параметров здоровья, к которому приводит преобладание "экранного времени" при отсутствии физических нагрузок [2, с. 3].

Возможные способы уменьшения влияния факторов риска

Цифровое образование, связанное с виртуальной коммуникацией, имеет определенные риски для учащегося, и их подробная, всесторонняя оценка необходима для обеспечения его безопасности.

Образование будущего будет способно продуктивно и эффективно использовать цифровые технологии при условии формирования и развития цифровой культуры и переосмысления целей и ценностей, процессов и содержания образования в сторону их большей экологичности.

При разработке безопасной цифровой среды в системе образования следует ориентироваться на информационно-технологические, этические, коммуникационные, психологические, этические, коммуникативные и другие компоненты:

1. Система защиты персональных данных учащихся
2. Изучение этического кодекса цифрового обучения
3. Система обратной связи для учеников и родителей
4. Встроенный онлайн- и офлайн-мониторинг результатов обучения
5. Развитие социальной среды (и, особенно, взаимодействие с преподавателем, его включенность в образовательный процесс)
6. Мониторинг психологического и когнитивного развития учащихся
7. Обучение командной работы, ориентированной на цифровое пространство
8. Изучение защиты от киберугроз и онлайн-коммуникаций

коммуникации

9. Обеспечение здорового образа жизни и защита от негативного влияния на физические параметры здоровья [2, с. 7].

Список литературы:

1. Строков А. А. Цифровизация образования: проблемы и перспективы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovizatsiya-obrazovaniya-problemy-i-perspektivy (05.02.2024)

2. G. K. Kassymova. Socio-Psychological Problems of Digital Education in Subject's Development [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://www.researchgate.net/publication/372262614_Socio-Psychological_Problems_ of_Digital_Education_in_ Subject's_Development (08.02.2024)

3. Liudmila Baeva, Alexandr Grigorev. Safety of Digitalization of Educational and Social Space [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1302062.pdf (06.02.2024)

4. Nuraini Jamil, Abdelkader Nasreddine Belkacem & Abderrahmane Lakas. On enhancing students' cognitive abilities in online learning using brain activity and eye movements [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s10639-022-11372-2 (03.02.2024)

5. Changqin Huang, Yaxin Tu, Tao He, Zhongmei Han & Xuemei Wu. Longitudinal exploration of online learning burnout: the role of social support and cognitive engagement [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s10212-023-00693-6 (01.02.2024)

6. Моральный плюрализм и этический модернизм. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://studme.org/143558/filosofiya/moralnyy_plyuralizm_eticheskiy_modernizm (05.02.2024)

7. Anastasia Bashkireva, Tatyana Bashkireva, Alexander Morozov, Anastasia Evdokimova, and Sergey Tsvetkov. The psychological safety of students in the context of digitalization as a factor of social health [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/abs/2021/71/e3sconf_wfsdi2021_05001/e3sconf_wfsdi2021_05001.html (08.02.2024)

8. Asher A. Shaikh & Sahebe Nikooherafmaher. The effects of Digitalization on students' learning experience after the rise of the Covid-19 Pandemic [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://www.diva-portal.org/smash/get/diva2:1668364/FULLTEXT01.pdf. (04.02.2024)

9. Anmol Riaz, Kashmala Zaman, Tayyaba Safdar, Sayed Shahbal, Aishah Raja Alsolami, Eqbal Abdullwahab Mohammad Alfi, Amal Hamoud Alamrani. Effects Of Online Learning Experience, Cognitive Presence And Psycholo-

gical Well-Being Among University And College Students During Pandemic In Pakistan And KSA [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://journalppw.com/index.php/jpsp/article/view/13355. (04.02.2024)

10. Гаспарович Е. О., Донгаузер Е. В. Цифровизация образования как способ повышения качества профессиональной подготовки студента. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/119533/1/978-5-8331-0454-5_2023_196-207.pdf. (02.02.2024)

11. Герасимов Г. И. Парадигмальный плюрализм как проявление кризиса образования. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://cyberleninka.ru/article/n/paradigmalnyy-plyuralizm-kak-proyavlenie-krizisa-obrazovaniya. (02.02.2024)

12. Стариченко Б. Е. Цифровизация образования: иллюзии и ожидания. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovizatsiya-obrazovaniya-illyuzii-i-ozhidaniya. (02.02.2024)

13. Этические проблемы современного образования - материалы круглого стола. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://cyberleninka.ru/article/n/eticheskie-problemy-sovremennogo-obrazovaniya-materialy-kruglogo-stola (04.02.2024).

14. Online safety: what young people really think about social media, big tech regulation and adults ‘overreacting’. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL:https://theconversation.com/online-safety-what-young-people-really-think-about-social-media-big-tech-regulation-and-adults-overreacting-196003 (04.02.2024).

15. Обыденкова В. К. Интернет-проектирование как средство профессиональной подготовки студентов педагогических вузов [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://www.dissercat.com/content/internet-proektirovanie-kak-sredstvo-professionalnoi-podgotovki-studentov-pedagogicheskikh-v (04.02.2024).

16. Сапарова Д. Р. Культурное пространство цифрового поколения [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/%D0%94%D0%B8%D1%81%D1%81%D0%B5%D1%80%D1%82%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%20%D0%A1%D0%B0%D0%BF%D0%B0%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B0%20%D0%94.%D0%A0..pdf (28.01.2024).

БҮГІНГІ КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тұрсынбайқызы Мерей,
8D01103 Педагогика және психология мамандығының
1 курс докторанты,
Педагогика кафедрасы,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-і
Әтемова Қалипа Тұрсыновна,
п.ғ.д., профессор.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-і

Аннотация. Бұл мақалада колледж студенттерінің мәдениетаралық қарым-қатынас жасау барысындағы құзіреттілігінің бүгінгі жай-күйі, оқу-орнындағы білім алу тәжірибесі, өзін дамыту дағдысы сараланады. Сондай-ақ колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілігін тиімді дамыту шарттарын білім берудің негізгі құрамдас бөлігінің бірі ретінде көрсету жағы қарастырылады. Мақаланың мақсаты әртүрлі мәдениетаралық қарым-қатынаста студенттердің ортақ түсіністігін айқындаудың теориялық тұрғыдағы нәтижелері туралы зерттеулер мен көзқарастарды зерделеп, тұжырымдап, бүгінгі күнгі маңыздылығын айқындау. Шетелдік және отандық ғалымдардың осы тақырып аясында жүргізген зерттеулеріне жүйелі талдау жасай келе, колледж студенттерінің құзіреттілігін дамытудың тиімді жолдары ұсынылып, оны қалай іс жүзінде жүзеге асыруға, тәжірибеде қолдануға болатыны жайлы баяндалады.

Түйін сөздер: білім беру, қарым-қатынас, мәдениет, мәдениетаралық құзіретілік, тәжірибе, дамыту.

Аннотация. В данной статье рассматривается состояние компетентности студентов колледжа в процессе межкультурной коммуникации, опыт обучения в образовательном учреждении, способность к саморазвитию. Обсуждаются условия, необходимые для эффективного развития межкультурной компетентности как ключевого компонента образования. Цель данной статьи – проанализировать и обобщить исследования и взгляды на теоретические результаты оценки общего понимания студентов в различных межкультурных отношениях, а также установить его значение в наши дни. После систематического анализа исследований, проведенных по данной тематике как отечественными, так и зарубежными учеными, определены пути развития компетентности студентов колледжа, а также способы их реализации и использования на практике.

Ключевые слова: образование, коммуникация, культура, межкультурная компетентность, опыт, развитие.

Abstract. This article examines the development of intercultural competence among college students, focusing on their learning experiences and ability to self-develop. It discusses the conditions necessary for effective development of intercultural competence as a key component of education. The purpose of this article is to analyse and summarise research and views on the theoretical outcomes of assessing students' shared comprehension in different intercultural relationships, and to establish its significance in the present day.The ways of development of college students' competence as well as the ways of their realisation and use in practice are determined.

Key words: education, communication, culture, intercultural competence, experience, development.

Елімізде жаһандық ақпараттың әлеуметтік-мәдени кеңістікке интеграциялануының нәтижесінде, қоғамның барлық саласында заман талабына сай түбегейлі өзгерістер орын алуда. Бүгінгі болашақ маман жаһандық өзара тәуелділіктің күшеюін және мәдениетаралық бірлік пен ынтымақтастықтың қажеттілігін түсінуі керек. Сондықтан жаһандық қоғамдастықта бірге өмір сүріп, оның құрамдас бөлігімен диалог жүргізуге дайын әрі қабілетті болуы шарт.

Қазіргі әлемдік жаһандануда тұлға мен қауымдастықтар арасында әртүрлі байланыстар, мәдени алмасулар аса қажет. Бұл әрине өткен ғасырдың ортасында мәдениетаралық коммуникация концепциясын өмірге әкелді. Бұл термин 1954 жылы Г.Трэйгер мен Э.Холлдың «Мәдениет және коммуникация. Анализ моделі» атты еңбектерінде аталады. Авторлар бұл тұжырымдаманы адам өзін қоршаған әлемге мүмкіндігінше тиімді түрде бейімдеуге ұмтылуы керек деген идеяны мақсат етіп алады [1, б. 4]. Кейіннен Э.Холл бұл ұғымды мәдениетаралық коммуникация идеясын дамытып, мәдениет пен коммуникация процестерінің қарым-қатынасын негіздеді. Сондай-ақ, ол «Мәдениетті зерттеуге болатын болса, оны оқытуға да болады» - деген қорытындыға келді [2]. Осы тұжырым өткен ғасырдың 60-жылдарында АҚШ-тың бірқатар университеттерінде мәдениетаралық коммуникацияны академиялық пән ретінде зерттеуді бастауға негіз болды.

Ресейдің белгілі ғалымы А.П.Садохин: «Мәдениетаралық қарым-қатынасты зерттеудің бастамашылары, басқа мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау үшін, тек шет тілін жетік меңгеру жеткіліксіз, олардың тұрмысы мен салт-дәстүрінің ерекшеліктерін зерттеу қажет. Сонымен қатар өзінің мінез-құлқын және басқа мәдениет өкілдерінің мінез-құлқын түсінудің практикалық дағдыларын дамыту үшін, қарым-қатынас барысында мәдени ерекшеліктерді ескеру қажет» - деп атап көрсетеді [3, б. 54].

Осылайша, мәдениетаралық коммуникацияны әртүрлі деңгейдегі мәдениеттерге жататын адамдар немесе топтардың өзара әрекеті ретінде анықтауға болады. Бұл аспектіде мәдени айырмашылықтар мәселесі, оларды түсіну, тану және қарым-қатынас процесінде есепке алу маңызды. Бұл процесте табысқа жету үшін мәдениетаралық қарым-қатынас теориясында мәдениетаралық құзыреттілік деп аталатын белгілі бір білім, білік және дағдылар жиынтығының қажеттілігі туындайды.

Білім беру саласы жаһандану жағдайын ескере отырып, өзара тәжірибе алмасу арқылы түрлі кедергілерді жеңуге ат салысуы керек. Барлық мәдениеттің құндылығын, дәстүрін, өмір сүру салтын және дүниетанымын тану арқылы мәдениетаралық қарым-қатынас пен құзыреттіліктерді қарқынды дамыту маңызды екенін атап өткен жөн. Әртүрлі елмен мәдени, әлеуметтік қарым-қатынаста болу қабілеті, әлемде білім беру жүйесін құрудың маңызды талабы болып табылады.

Мәдениетаралық құзыреттілік білім берудің қажетті элементі ретінде қарастырылады. Олай болса, колледж студенттерін тәрбиелеу олардың өзге мәдениеттің құндылықтары мен дәстүрлерін түсіну қабілетін дамыту, басқа мәдениетпен қарым-қатынас жасау барысында пікір қарама-қайшылығы, келіспеушілік сынды жағдайлар туындауының алдын алу, басқа мәдениет пен өзге ұлтты құрметтеуге тәрбиелеу позициясы бойынша жүзеге асырылуы керек деп есептейміз.

Отандық ғалым М.А.Құдайқұлов: «Құзіреттілік дегеніміз жеке тұлғаның берілген жағдайды тиімді талдау қабілеті» деп атап көрсетеді. Зерттеуші құзыреттілік ұғымын болашақ мамандардың кәсіби біліміне байланысты зерттеген. Ол әрекетті тез, тұрақты, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдерімен сипаттайды. «Оның жоғары деңгейі – шығармашылық, таланттық, дарындылық, данышпандықпен және бәсекелестікпен ерекшеленеді» [4] десе, зерттеуші М.Х.Балтабаевтың пікірінше: «Құзыреттілік – бұл берілген кәсіби іс-әрекетке жұмысшының қабілеттілігі мен даярлығы жиынтығының көрсеткіші» [5] – деп пайымдайды. Демек басқа қабілеттермен бірге (сапа, қасиет) кәсіби білімді меңгеру, оны білік және дағдымен толықтыру, қолдану және жетілдіру де маңызды фактор болып саналады.

Ресей ғалымы Т.Г.Грушевицкая өз еңбегінде мәдениетаралық коммуникацияны «әртүрлі мәдениеттерге жататын адамдар мен топтар арасындағы қарым-қатынас әр түрлі нысандардың жиынтығы» [6, 351 б.], – деп анықтайды. Оның пікірінше, мәдениетаралық коммуникация жас мамандарға әлемге жан-жақты көзқараспен қарап, өскелең мәдениетті қабылдауға көмектеседі.

Бұл аспектіде мәдениетаралық коммуникация мәдениетаралық құзыреттілікпен тікелей байланысты екенін атап өтуге болады. Бұл ғалым О.Г.Усановаңың сөзімен айтқанда: «Құзыреттілік белгілі бір құзыреттілікке сәйкестік дәрежесін көрсететін және өзгермелі

әлеуметтік жағдайларда конструктивті әрекет етуге мүмкіндік беретін жеке тұлға дағдыларының деңгейі деп түсіндіру қажет» [7, 91 б.]. – деді.

Шетел ғылымында «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымы дербес ғылыми пән ретінде, мәдениетаралық коммуникацияның қалыптасуы кезінде пайда болды. Басқа мәдениетке қатынас, этномәдени центризмді жеңу контекстінде мәдениетаралық құзыреттілік ретінде қарастырыла бастады. «Басқа мәдениет өкілдерімен тұлға аралық қарым-қатынас процесінде тұлғаның интерпретациялық спектрін кеңейтетін аналитикалық және стратегиялық қабілеттер кешені қалыптасады» - деді [8, 90 б.].

Еліміздің білім беру саласында мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру жайлы бағдарламалар педагогикалық эксперимент деңгейінде қалып отырғанын, оның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі ретінде, еліміздің бүгінгі білім беру жүйесіне енгізілмей жатқанын да атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта педагогикада әзірленіп жатқан мәдениетаралық қарым-қатынас тәсілі, оған кіретін педагогикалық өзара әрекеттесу схемасын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Алайда, оқу орнының және жалпы білім берудің қандай болатындығы, болашақ маманды әлемдік мәдениетке баулудың теориясы мен практикасын қалыптастыру оқытушыға да тікелей байланысты. Әр адамның өзіндік ерекшелігін түсіну, әртүрлі халық пен ұлттың сан алуан мәдениеті мен дәстүрін құрметтеуге негізделген қарым-қатынастың диалогтық әдістерін қалыптастыру, білім беруде көпмәдениетті енгізу қажеттілігі, игерілген білімді тұлғалық маңыздылыққа айналдыруға ықпал ететін педагогикалық әрекеттер мен тәсілдерге бағыт-бағдар беру де қарастылыруы керек. Демек, білім беру салаларын интеграциялау арқылы мәдениетаралық коммуникацияны (тілдік, мәдени және әлеуметтік байланыстар мен өзара байланыстар тәсілі ретінде) байыту және оның негізінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру мен дамыту мақсатында, білім мазмұнына көпжақты, пәнаралық байланысты қамтамасыз ету маңызды.

Осы орайда мәдениетаралық құзіреттілікті жетілдіру үшін, шет тілдерін оқытудағы коммуникативті тәсілге де сүйену қажет. Сондай-ақ, «мәдениетаралық құзіреттілік» терминін - жеке тұлға өзге халықтың мәдениетінен хабардар бола отырып, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне толерантты қарым-қатынас жасау қабілетін жетілдіреді. Бұны өзге мәдениеттің тілдік және сөйлеу нормаларының жүйесін пайдалану, қарым-қатынастың нақты тілдік жағдайына сәйкес келетін коммуникативті мінез-құлық деп атауға болады. Осыған байланысты мәдениетаралық құзыреттілік жеке тұлғаның табиғат берген қасиеті емес, оның оқу процесінде қалыптасып, дамитындығын аңғарамыз.

Мәдениетаралық құзыреттілікке адамның рухани әлемін құрумен қатар, оның жеке мәдени дамуы арқылы қол жеткізу керек. Бұл білім беру жүйесінде тәрбиелік және мәдени орта құру шеңберінде ғана жүзеге асады. Оған іс-шаралар, мәдениет пен тілді түсіну арқылы қол жеткізуге болады. Осының нәтижесінде жасөспірімнің ішкі әлемі мен оның рухани өмірін байытуға әсер ете аламыз. Осы тұрғыдан алғанда біз мәдениетаралық құзыреттіліктің экзистенциалды компонент деген маңыздылығына көз жеткіземіз. Оның негізгі сипаттамалары белгілі бір пәндік саладағы дағдыларды игеруге, оқу пәнінің өзін зерттеуде құндылықтың маңызы әрі эмоционалды, ерікті және интеллектуалды қатынаста болатындығы аңғарылады. Мәдениетаралық құзыреттіліктің бұл құрамдас бөлігі материалдарды зерттеу, әртүрлі жұмыс түрлерін игеру, шет тілін үйрену дағдылары мен білімдерін, тәжірибеде қолдану арқылы оқу пәніне жауапкершілікпен қарауға ықпал етіп қана қоймай, жоспарланған кәсіптік бағдар беру арқылы дамиды.

Жоғарыда атап өткендей мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру, белсенді оқыту мен тәрбие беру әдістерін қолдануды көздейді. Оқу барысында жетекші орынды студенттердің шығармашылық ізденіс әрекеттері, пікірталас, рөлдік ойындар, драма және т.б. құрайды. Сонымен қатар көпмәдениетті ортада туындаған түрлі мәселелерді шешуде, тәжірибе жинақтай отырып, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталады. Бұл жағдайда білім алушы оқу-тәрбие процесінің субъектісіне айналады, онда оның танымдық, эмоционалдық және ерік-жігері қалыптасады.

Колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту уақыт пен күш-жігерді айтарлықтай талап етеді. Оны білім алушылар арасында жүргізген сауалнамада олардың басқа мәдениет өкілдеріне деген оң көзқарасына қарамастан, мәдениетаралық қарым-қатынасқа әлі дайын емес екенін анықтадық. Сауалнама нәтижесіне сүйене отырып колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту аса қажет екендігін білдік. Осы мақсатта біз мәдениетаралық құзыреттілікті дамытатын, конструктивті мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін келесідей әдістер-тәсілдердің өнімді нәтиже беретінін аңғардық: әр білім алушының белсенділігін арттыратын, әрекеттестік пен ұжымдық жұмысқа ынталандыратын үлкен және кіші топтармен жұмыс жүргізу; өзге ұлт дәстүрлері мен рухани құндылықтарын бейнелейтін фольклорлық шығармаларды зерделеу; мәдениетаралық қарым-қатынас, өзара әрекеттесуге қатысты өзекті тақырыптар талқыланатын іскерлік, рөлдік ойындар, түрлі пікірталас клубтары мен дөңгелек үстел ұйымдастыру; белгілі бір тақырып бойынша өз бетінше зерттеу жүргізу үшін қолданылатын сауалнамалар өткізу (бұндай сауалнамаларды студенттердің өздері құрастырады); басқа мәдениетті қабылдауға байланысты тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыстарды (эссе, рефераттар, тезистер, презентациялар) орындау және ол туралы білімдерін анықтау, студенттерді осы саладағы ғылыми-зерттеу әрекетіне баулу.

Жоғарыдағы әдістерге қоса жобалық әдіс те мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуда өзінің тиімділігін дәлелдеп келеді. Жоба тақырыптары лингвистикалық және елтану сипатында болуы мүмкін. Мысалы: «Менің қалам», «Қытай жаңа жылы», «Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар», «Кәсіби мерекелер». Жобалық іс-әрекетте студенттердің бірлескен жұмысының, рефлексиясының және шет тілінде ой қорытуының нәтижесінде, өзге елдің мәдениетіне үңілуіне мүмкіндік береді. Жалпы жобамен жұмыс жасау барысында студенттердің шет тілінде сөйлеуі мен мәдениетаралық құзыреттілігі дамып, еңбек пен қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады.

Қорытындылай келе, мақаламызда колледж студенттерінің мәдениетаралық құзіреттілігін дамыту мен теориялық маңыздылығы талданды. Бұл мәселе туралы әлі де зерттеулердің аздығы, ғылыми-әдістемелік бағдарламалардың тапшылығы салдарынан оқу-бағдарламасына толықтай енгізілмеуі анықталды. Жинақталған теориялық материалдар негізінде колледж студенттерінің мәдениетаралық құзіреттілігін дамыту үшін әдістемелік бағдарламаларды қамтамасыз етуді одан әрі дамытып, сынақтан өткізу қажеттілгі туындады. Сондықтан колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілігін дамытуда білім берудің әлеуметтік-гуманитарлық әлеуетін жандандырып, гуманисттік, адами құндылықтарын арттырудың маңызы аса қажет екенін атап өткеніміз жөн.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Культурологические аспекты межкультурной коммуникации»: Метод. указания для дополнительного раздела выпускных квалификационных работ бакалавров по направлению подготовки «Лингвистика» (ГФ). / Сост.: О. В. Андреева. СПб.: Изд-во СПбГЭТУ «ЛЭТИ», 2016. с. 21.
2. Красильникова О. С. Межкультурная коммуникация и диалог культур как метод познания чужой культуры / О. С. Красильникова // Система ценностей современного общества. – Кемерово, 2015. – № 40. – С. 90–94.
3. Садохин А. П. Компетентность или компетенция в межкультурной коммуникации / А. П. Садохин // Вестник Московского университета. Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – М., 2007. – № 3. – С. 39–56.
4. Құдайқұлов М.А. Дидактические проблемы формирования основ профессионально-методических умений у будущих учителей: автореф... д-ра пед. наук. − Киев, 1977. − 49 с.
5. Балтабаев М.Х. Основы музыкально-эстетического воспитания учащейся молодежи средствами казахской традиционной художественной культуры: автореф. … канд. пед. наук. - Алматы, 1994. - 68 с.
6. Грушевицкая Т. Г. Основы межкультурной коммуникации: учебник для вузов; под ред. А.П. Садохина / Т.Г. Грушевицкая, В.Д. Попков, А.П. Садохин. – М.: Юнита-Дана, 2003. – 352 с.
7. Усанова О. Г. Коммуникативная компетентность в культуре педагогического общения: монография / О.Г. Усанова. – Челябинск, 2004. – 139 с.
8. Садохин А. П. Межкультурная компетентность: понятие, структура, пути формирования / А. П. Садохин // Известия Академии педагогических и социальных наук. – М., 2007. Вып. XI – С. 86–98.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТЬЮТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Түсіпова Айым Амангелдіқызы,
«7М01302 –Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2 курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ

Аннотация. Бұл мақала болашақ мұғалімдердің тьюторлық қызметке даярлығын қалыптастырудың теориялық талдауына негізделген. Тьюторлық көп қырлы және біртұтас сипатқа ие, сондықтан оның компоненттерін мазмұнды талдауды қажет етеді. Ғылыми әдебиеттерді талдау тьюторлық қызметтің маңызды сипаттамаларын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу осы саладағы мамандарды даярлаудың негізгі принциптері мен тәсілдерін бөліп көрсете отырып, тьюторлардың құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді стратегияларын талқылайды.

Түйін сөздер: тьюторлық, тьюторлық қызмет, тьюторлық қызметке дайындық, білім беру процесі.

Аннотация. Данная статья основана на теоретическом анализе формирования готовности будущих учителей к тьюторской деятельности. Тьютор имеет многогранный и целостный характер, поэтому требует содержательного анализа его компонентов. Анализ научной литературы позволяет выделить важнейшие характеристики тьюторской деятельности. В исследовании обсуждаются эффективные стратегии формирования компетенций тьюторов с выделением основных принципов и подходов к подготовке специалистов в данной области.

Ключевые слова: тьюторская, тьюторская деятельность, подготовка к тьюторской деятельности, образовательный процесс.

Annotation. This article is based on a theoretical analysis of the formation of the readiness of future teachers for tutoring. The tutor has a multifaceted and holistic character, therefore it requires a meaningful analysis of its components. The analysis of scientific literature allows us to identify the most important characteristics of tutoring activities. The study discusses effective strategies for the formation of tutors' competencies, highlighting the basic principles and approaches to training specialists in this field.

Key words: tutoring, tutoring activity, preparation for tutoring, educational process.

Қазіргі қоғамның даму динамикасы білім беруді жаңарту міндеттерін қайта қарастыруды талап етеді. Жеке тұлғаны, оның шығармашылық даралығын дамыту, баланың маңызды күштерін ашу және іске асыру білім беру жүйесінің негізгі бағытына айналып отыр.

Дамытушылық оқыту, тұлғаға бағытталған білім беру, контекстік және модульдік оқыту, ақпараттық, коммуникациялық технологиялар негізінде оқытудың жаңа формалары идеяларының кең таралуы педагогикалық қызметтің мазмұны туралы идеяларды қайта қарау қажеттілігін өзектендірді және мұғалімнің жаңа ұстанымдарының, рөлдері мен функцияларының пайда болуына себеп болды. Сонымен, соңғы жылдары педагогикалық қызмет туралы функционалдық-рөлдік идеялардың спектрін кеңейту мен модератор, фасилитатор, әдіскер, тьютор және т.б. сияқты мұғалімнің позициялары мен рөлдерін енгізу мәселелері талқыланатын қызметтер пайда болды. (Ю.И. Турчанинова, В.И. Слободчиков, Ю.К. Громыко, П.Г. Щедровицкий, Т.М. Ковалева және т. б.). [1, б.50].

Қазақ қоғамы жағдайындағы білім беру үрдістері мен мақсаттарын талдау және туындаған мәселелер бойынша зерттеулер спектрі инновациялық білім беруді құру мен ұйымдастырудың басым тәсілі педагогикалық теория мен практикада біржақты түсіндірмесі жоқ тұлғаға бағытталған парадигма болып табылатынын айтуға мүмкіндік береді. Көптеген зерттеулер тұлғаға бағытталған білім берудің заманауи тұжырымдамаларының жан-жақтылығын ашады: тұлғаға бағытталған оқытудың психологиялық-дидактикалық тұжырымдамасы (И.С.

Якиманская); тұлғаға бағытталған кәсіптік білім беру тұжырымдамасы (Э.Ф. Зеер); тұлғаға бағытталған педагогика тұжырымдамасы (Д.А. Белухин); тұлғаға бағытталған білім берудің мәдени тұжырымдамасы (Е.В. Бондаревская); тұлғаға бағытталған білім берудің проективті моделінің тұжырымдамасы (Н.А. Алексеев); тұлғаға бағытталған білім берудің дидактикалық моделі (В.В. Серіков); тұлғаға бағытталған педагогика тұжырымдамасы (С.В. Кульневич); тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамасы (А.В. Хуторская) және т. б.

Тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасы жеке тұлғалардың жеке қасиеттерінің дамуы мен өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді, бұл барлық оқу пәндерінің орнын өзгертеді. Білім беру процесінің орталығына білім алушының өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, өнімді өзін-өзі жүзеге асыру, жеке тұлғаның жеке мүмкіндіктерін толыққанды орналастыру және көрсету үшін оңтайлы жағдайлар жасау бойынша өзіндік жұмысы қойылады. Ұсынылған парадигмалардың айырмашылығы білім беру процесін ұйымдастырудың мақсаттары, мазмұны және нақты формалары мен әдістері деңгейінде анықталады.

Әлемдік және отандық білім беру практикасында білім алушыны оқу процесінде қолдау позициясына неғұрлым сәйкес келетін тьюторлық сүйемелдеу болып табылады. Ағылшын тілінен аударғанда «tutor» сөзі «үй мұғалімі, тәрбиеші, тәлімгер» деген мағына береді[2, б.752]. Тьюторлық құбылыс еуропалық университеттердің тарихымен тығыз байланысты және Ұлыбританиядан шыққан. Ол шамамен XIV ғасырда классикалық ағылшын университет-терінде – Оксфордта және кейінірек Кембриджде қалыптасты.

Қазіргі білім беру жағдайы тьюторлық институционализацияның жаңа формаларын игереді, ол қазіргі мұғалімнің кәсіби қызметінде білім беруді ізгілендіру идеясын жүзеге асыру ретінде түсініледі.

«Қосымша кәсіптік білім беру жүйесінің терминологиясы» сөздігінде «тьютор» терминінің мағынасы келесідей анықталады: «тьютор (ағылшын тілінен аударғанда – оқытушы-кеңесші) – оқу процесін жеңілдететін тұлға, оның рөлі – өз тыңдаушыларының білімді серіктесі болу» [3, б.74].

Көптеген зерттеушілер тьюторлық идеясы тәлімгермен бірлесіп жүзеге асырылатын педагогикалық ізденіс идеясы деп келіседі [4, б.20]. Тьюторлық функцияларды жүзеге асыратын мұғалім білім алушыны өз ізденісі бойынша күш-жігерді алмастыра алмайтын адам емес, сонымен бірге білім, білік, тәжірибені игеру тәсілін іздеуге күш салатын, оқу мазмұнында өзін-өзі анықтау және өзін-өзі дамыту үшін негіз іздеуге көмектесетін адам.

Қазіргі уақытта тьютордың рөлін түсінудегі кейбір айырмашылықтарға қарамастан, барлық берілген анықтамаларды біріктіретін аспект бар.

Білім алушы меңгеруі тиіс құзыреттіліктің негізгі түрлері:

– әлеуметтік құзыреттілік – басқа адамдардың ұстанымдарын ескере отырып, қоғамда әрекет ету қабілеті;

– коммуникативті құзыреттілік – түсіну мақсатында қарым-қатынасқа түсу қабілеті;

– пәндік құзыреттілік – адамзат мәдениетінің жекелеген салалары тұрғысынан талдау және әрекет ету қабілеті;

– оқу құзыреттілігі – теориялық және практикалық мәселелерді шешу үшін жетіспейтін білім алу мүмкіндігі.

Осы құзыреттіліктерді игеру барысында білім алушы мақсат қоюға ғана емес, оған қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды ұйымдастыруға көмектесетін ілеспе және тәлімгер ретінде әрекет ететін мұғалімнің болуына объективті қызығушылық танытады.

Тьютордың қызметін сипаттайтын бірнеше ерекшеліктерді атап өтейік:

– білім алушының өзін-өзі тәрбиелеу қызметіне көзқарас;

– әрқашан ақпараттық және психологиялық қолдау көрсетуге дайын болу;

– білім алушының зерттеу қызметіне бағдарлану [5, б. 62].

Тьютор қызметінің тағы бір ерекшелігіне назар аударайық – ол білім алушының білім беру бағдарламасын іске асыру үшін ресурстарын аша білуі керек. Тьютордың тағы бір функциясы – қарсылықты талдау және жеңу функциясы. Біздің мақаланың контекстінде қарсылық «білім

алушылардың білім беру мақсаттарына жетуіне кедергі келтіретін сыртқы немесе ішкі сипаттағы кедергілердің жиынтығы» деп түсініледі.

Білім алушыны кез-келген жас сатысында жалпы түрде тьюторлық сүйемелдеу бір-бірімен өзара байланысты кезеңдер тізбегі болып табылады (сурет. 1) [2, б.82].



1-сурет. Тьюторлық сүйемелдеу кезеңдері.

Диагностикалық кезеңде тьютор білім алушының бастапқы білім беру сұранысын, оның мүдделерін, бейімділігін тіркейді, осы қызығушылықтың маңыздылығын және осы бағыттағы бірлескен жұмыстың перспективаларын көрсетеді, білім алушының жоспарлары мен қалаған болашақтың бейнесін анықтайды. Жобалау кезеңінде белгіленген танымдық қызығушылыққа қатысты ақпарат жинауды ұйымдастыру жүзеге асырылады. Іске асыру кезеңінде білім алушы ақпаратты іздейді, содан кейін ол алған іздеу нәтижелерін ұсынады. Аналитикалық кезеңде бүкіл жұмыс процесінің нәтижелері бойынша тьюторлық кеңес ұйымдастырылады, қиындықтар талданады және т. б. [2, б.83-86].

Отандық және шетелдік тәжірибені талдау тьютордың қызметі мен оның функциялары туралы бірнеше түрлі идеялар бар екенін көрсетеді.

Біздің зерттеу аспектімізде М.Г. Мурдың [6, б.77] жұмысында ұсынылған нәтижелер қызықты, онда тьютор қызметінің мазмұны келесі функцияларды қамтиды:

1. өзара жұмыс және оқу ортасын қолдауға көмектесу арқылы сыйластықтың жеке үлгісін көрсетеді; жайлы психологиялық жағдай жасайды;
2. тиімді қарым-қатынас жасауға және мұқият тыңдауға көмектесу арқылы оқуды жеңілдетеді; оқушыларды оқу мақсаттарына жету жолында бағыттайды;
3. оқушыларға білім беру процесіне толық араласуға көмектесу, шешім қабылдауға көмектесу арқылы басшылық етеді; дұрыс ақпаратты таңдауға, мақсаттарға жетуге көмектеседі; оқушыларға өздерінің оқу процесі туралы ойлануды ұсынады және оны жақсарту жолдарын ұсынады;
4. оқушының жетістіктерін, оның қызметін және жұмыс сапасын бақылау арқылы оқу процесін басқарады; туындайтын қиындықтарды шешуге көмектеседі;
5. оқушылырдың оқу мақсаттарына жетуі үшін табысты оқыту критерийлерін белгілейтін және түсіндіретін оқу кеңесшісі; оқушыларға кедергілерді жеңуге көмектеседі;
6. оқушылырдың өз идеяларын іс жүзінде қолдануға ынталандыру арқылы оқу мотивациясын ұсынады; оларды рефлексия мен интерактивті пікірталастарды қажет ететін пікірталастарға тартады; олардың зерттеулері мен бастамаларында қолдайды;
7. әлеуметтік-экономикалық факторларды және оқушылардың әртүрлі мәдениеттерін ескеретін педагогикалық стратегиялардың кең ауқымын қолдану үшін оқыту саласындағы жаңашыл және білімді бағалау жүйелерін қалыптастырады.

Н. В. Рыбалкинаның пікірінше, тьюторлық функцияларды жүзеге асыратын мұғалім, дәстүрлі, әдеттегі түсініктегі мұғалімнен айырмашылығы, ол жеткізуге дайын білімге ие болмауы мүмкін, қамқоршы бейнесін қалыптастырудың алдын-ала белгіленген жолы да болмауы мүмкін. Бірақ олар (білім үлгілері мен нормалар) тәрбиеші мен тәлімгердің өзара әрекеттесуінің мәні, оқыту әдісі туралы білімді қалыптастыру құралы болып табылады [7, б.98].

А.Н. Тубельский тьютордың келесі негізгі функцияларын белгілейді [6, б.54]:

– өзін-өзі анықтауға көмектесу (делдалдық әрекет);

– іздеу, өзін-өзі сынау үшін жағдай жасау және т.б.;
– білім алушылардың қызметін жоспарлау және ұйымдастыру;
– үй тапсырмаларын орындаудан гөрі өзіндік жұмысты ұйымдастыру.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, жеке білім беру траекториясын білім алушы тьютордың функцияларын жүзеге асыратын мұғалімімен бірге ойластыратын және жүзеге асыратын суреттер-жобалар тізбегі ретінде қарастыруға болады. Жеке білім беру траекториясы (О.Е. Лебедев – «жеке білім беру бағыты») оқу процесіне өз тапсырысы арқылы жүзеге асырылады және білім беруді жалғастырудың қандай да бір стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ұсынылған тәсіл білімнің маңыздылығын жоққа шығармайды, бірақ «білім өзін-өзі мақсат ретінде емес, жеке тұлғаға қатысты мәселелерді шешу құралы ретінде қарастырылады» деп қарастырады.

Қазақстандық білім Болон келісімі негізінде жалпы еуропалық білім беру кеңістігіне кіру жолдарын іздеген жағдайда, білім алушының белсенді ұстанымын қолдауға бағытталған тьюторлық практика одан да үлкен сұранысқа ие болады, өйткені В.И. Байденко атап өткендей [8, б.208], Болон қағидаттарын іске асырудың маңызды шарты – білім алушылардың өздерінің оқу процессінде қайта құруды жүзеге асыруға қатысуы, белсенді және шығармашылық серіктестер ретінде байланыс құруы. Бұл ретте Болон процесін іске асырудың негізгі қағидаттарының бірі жеке білім беру траекторияларын құруды көздейтін білім алушылар мен педагогтардың ұтқырлығын қамтамасыз ету қағидаты болып табылады. Осылайша, тьюторлық қазіргі мұғалімнің кәсіби қызметін жетілдірудің ең өзекті бағыттарының бірі ретінде қабылдануы мүмкін.

Жалпы, тьюторды білім беру кеңістігінде білім алушының дамуына ықпал ететін, қолдайтын маман деп айтуға болады. Білім алушының кеңесшісі ретінде педагог-тьютор өзінің өмірлік және онымен байланысты білім беру мақсаттарын түсінуге және анықтауға көмектеседі, жеке білім беру бағдарламасын әзірлеуге ықпал етеді, оларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді, білім алушының оқу процесіне және оның жекелеген элементтеріне: бейіндеріне, пәндеріне, бағдарламаларына, оларды зерделеу орнына қатысты өзін-өзі анықтауын қамтамасыз етеді. Болашақта оқу нәтижелерін қалай пайдалану керектігін және оқу бағдарламасын, оқу қызметін одан әрі кәсіби дамыту тұрғысынан қалай өзгерту керектігін анықтауға көмектеседі. Тьютор рөлінде тәрбиешінің функцияларын жүзеге асыратын мұғалім білім алушыны өзінің жеке даму траекториясы бойынша сүйемелдейді, өзін-өзі анықтау нүктелерінің рефлексиясына жағдай жасайды: қажетті нәтижелерге қол жеткізудегі жетістіктер мен сәтсіздіктер, оларға қол жеткізудің тәсілдері мен құралдары арқылы.

Болашақ мұғалімдерді тьюторлық функцияларын жүзеге асыруға арнайы даярлау қажеттілігі туралы мәселе өте орынды. Ең алдымен, тьюторлық функцияларын жүзеге асыру білім алушыға қатысты мұғалімнің ұстанымын түбегейлі өзгертуді талап етеді. Мұғалім білім алушының көмекшісі мен кеңесшісіне айналуы керек. Қазіргі жоғары кәсіптік білім беру жүйесі осы міндетті шешуге толық бағытталмаған. Сонымен қатар, қазіргі мұғалімдер негізінен өмірінің жартысын өткізген дәстүрлі мектептегі тәжірибеге ие. Мұның бәрі болашақ мұғалімдердің педагогикалық көзқарастарын өзгерту үшін біраз еңбекті қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Александрова, Л.А. Готовность бакалавров педагогического образования к тьюторской деятельности // Вопросы образования. – 2017. – № 1.
2. Мюллер, В. К. Англо-русский словарь // В.К. Мюллер. - 23 изд., стереотип. - М.: Рус. яз., 1991.
3. Беков, Х. А., Широбоков, С. В., Кирьянов И. И. и др. Терминология в системе дополнительного профессионального образования: Словарь. - М.: ИПК гос-службы, 2001.
4. Богданова, Н.В., Гаранина, О.И. Педагогическая подготовка будущих учителей к тьюторской деятельности // Педагогическое образование и наука. – 2016. – № 8.
5. Загребина, Л.В. Формирование готовности будущих учителей к тьюторской деятельности в процессе педагогической практики // Вопросы образования. – 2015. – № 3.
6. Неборчинская, Е.В. Готовность будущих учителей к тьюторско-менторской деятельности // Проблемы современной педагогики. – 2017. – № 3.
7. Рыбалкина, Н. В. Идея тьюторства идея поиска /идентификация пространств полагания // г. Томск. – Томск, 1996.
8. Байденко, В. И. Болонский процесс: курс лекций // М.: Логос, 2004.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Хасанова Гаухар Шахнатовна,
7МО1304- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 1 курс магистранты,
Педагогика және психология кафедрасы
КЕАҚ «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»

Аннотация. Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық қасиетін дамытуда ұлттық өнердің алатын орны зор. Ұлттық өнер арқылы бала бойында ұлтына деген, еліне деген патриоттық сезімін оята отырып, елінің мәдениетін сыйлауға, дамытуға, сақтауға жетелейді. Шығармашыл бала ескі мен жаңаны ұштастыра отырып өз туындысын, өз өнерін, өз қолтаубасын жасау арқылы ұлттық өнерге өз үлесін қосады.

Аннотация. Национальное искусство занимает большое место в развитии творчества учащихся начальных классов. Через национальное искусство детей поощряют уважать, развивать и сохранять культуру своей страны, прививая им чувство патриотизма по отношению к своему народу и стране. Творческий ребенок вносит свой вклад в национальное искусство, создавая свое произведение, свое искусство, свой почерк, соединяя старое и новое.

Abstract. National art occupies a large place in the development of creativity among primary school students. Through national art, children are encouraged to respect, develop and preserve the culture of their country, instilling in them a sense of patriotism towards their people and country. A creative child makes his contribution to national art, creating his own work, his own art, his own handwriting, combining the old and the new.

Өнердің дамуы – қоғам дамуының көрінісі.
Өнер көре білу мен сезіне білуге үйретеді,
оның өзі де әлдебір тіл тәрізді
және оның бойында зор
Альфред Адлер

Қазіргі білім беру саласында оқушыға тек білім беріп қана қоймай, жан жақты дамыған, тұлға ретінде қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуге бағыт бағдар беру мұғалімнің талаптарының бірі болып отыр. Баланың бастауыш сыныптың табалдырығын аттаған сәттен бастап тұлғалық адамгершілік дамуын, соның ішінде ұлттық-патриоттық, шығармашылық қасиетін дамыту негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Ұлттық өнер арқылы шығармашылық қасиетін дамыту дегеніміз ұлтымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін, тыйымдарын, қолөнерін, жыр-дастан шығармаларын, атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық мұраны үйрету, дамыту, қолдану болып табылады. Білім, технология дамыған сайын, жаңашылықтар көбейген сайын ұлттық құндылығымызды жоғалтпай, соны жаңартып, жаңғыртып, қолданыста сақтап, келер ұрпаққа жеткізу барша азаматтың міндеті. Ұлттық мәдениетті сақтауда этнопедагогикалық білім беру мен ұлттық өнер, ұлттық тәрбиенің алатын орны зор.

Ұлттық өнер ел болып қалыптасқаннан қазіргі уақытқа дейін бірге дамып, жаңарып, сақталып келе жатқан өнер түрі. Жалпы алғанда ұлттық өнер ән өнері, күй өнері, би өнері, қолданбалы сәндік өнер, театр, кино өнері және тағы басқалары жатады. Бастауыш сыныпта оқытылатын пәндер аясында ұлттық өнерге баулуға, шығармашылығын дамытуға арналған тапсырмалар да әдіс-тәсілдерде біршама. Ұлттық өнер, мәдениет, шығармашылық аясында білім беру арқылы оқушыны тек өнерге ғана емес, эстетикалық тәрбиеге де баулып өсіреміз. Ұлттық өнерді үйрете отырып мынадай талаптарды баланың бойынан таба аламыз:

- Ұлттық өнер арқылы баланың бойындағы эстетикалық тәрбиені жақсы жаққа өзгерте аламыз;
- Ұлттық өнер арқылы тіліміздегі көнерген салт-дәстүрлер мен салттарды, тіптен көнерген сөздерді де біліп, ізденіп, баланы жан-жақтылыққа тәрбиелеуге болады;

• Ұлттық өнер аясында баланың тек эстетикалық тәрбиесін ғана қалыптастырмай, өзіндік ұлттық көзқарасын, өз ойын басқаға жеткізе алуын, бастысы патриоттық сезімін ояту.

Ұлттық өнердің, ұлттық мәдениеттің маңызын, дамуын А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М.Дулатов, Ш.Уалиханов және тағы басқалары зерттеп айтып кеткен.

Ұлттық өнердің ішінде музыка өнерін қарастырар болсақ бала шыр етіп дүниеге келгеннен бастап айтылатын бесік жырынан бастау алатынын, бесік жырының сөзіндегі мән-мағынасын барлығын қарастырар болсақ тәрбиелік мәні орасан зор. Адам өмірге келгеннен бастап әр жастың өз мерекесіне өз салтына арналған ұлттық салттарымызға арналған әндер, жырлар, дастандар қаншама. Бастауыш сынып оқушысына ұлттық өнер, ұлттық мәдениетке баулу барысында үйретілетін әндер мән-мағыналы болуы керек. Мысалы, бастауыш сынып оқушысына бесік жыры, балалар мен жасөспірімдер әні, төрт-түлік мал туралы, тойбастар, жар-жар, бата, қиял-ғажайып аңыз әндер, лирикалық әндер, жыр-дастандар, батырлар жыры, терме-толғаулар, айтыс әндерін үйретсе болады. Ұлттық музыкаға тек өлең айту ғана емес, айтыс өнерін де жатқызуға болады. Айтыс өнері арқылы баланың суырып-салмалық, шапшаңдық, шешендік өнері де бірге дамиды.

Ұлттық өнердің тағы бір түрі – би өнері. Би өнері ұлттың қалыптасқанынан бері бар екені бәріне аян. Би арқылы ұлттық тұрмыс-тіршілігін, жай-күйін, қуанышы мен қайғысын барлығын сипаттап мың бұрала билеп көрсетуге болады. Балаларға арналған көңілді аңдардың биі, қазақ халқының жайлы, елге зияны жоқ екенін білдіретін бәріне белгілі «Қамажай» биі, әзіл-сықақ пен күлкіге арналған «Ортеке», «Тепеңкөк», «Қаражорға» және тағы да басқа би түрлерін айтсақ болады. Би арқылы баланың шығармашылығын дамытуға импровизациялық би қимылдарын ойлау арқылы би құрастыру баланың дамуына жақсы әсер етеді. Би арқылы тек шығармашылық дамуы ғана емес физиологиялық дамуына да әсер ете аламыз.

Күй өнерін айтар болсақ, тек күй ойнау ғана емес бірінші ұлттық аспап домбыраны қолға алып үйренуден басталады. Күй арқылы да ұлттық тұрмыс-тіршілігін, жай-күйін, қуанышы мен қайғысын барлығын сипаттап қос ішекті домбыраға салып көрсетуге болады. Қазақ халқының қанының тулап жатқан, қызып тұрғанын білдіретін «Адай» күйі, «Көроғлы» күйі, балаларға арналған «Тепеңкөк», «Айсана», «Қуаныш» және тағы басқа күйлерін айтуға болады. Күйдің ырғағын зер салып тыңдар болса кей ноталар бірігіп сөздерді шығарып айтып жатқандай құбылыс орын алады. Күйшілеріміз сондау замандағы Құрманғазы, Дина, Ықылас, Қазанқап, қазіргі заманның күйшілері Асылбек Еңсепов, Сәкен Тұрысбеков және тағы басқаларын айтар болсақ күйдің елмен бірге дамып келе жатқандығын аңғаруымызға болады.

Ұлттық өнердің негізгілерінің бірі, құнды өнерінің бірі ол – қолөнер мәдениеті. Қолөнер, ою, өрнек тек әсемдік емес байырғы халық ол армандарын, өз қалауларын сол оюлар арқылы ойып, пішіп, сызып көрсеткен. Бұрыңғы заманда жазу-сызу шыға қоймаған кезде ағашқа, тасқа ойып сызған, ал қазіргі уақытта соның жалғасы ағашқа ойып сызу өнері - ксилография, тасқа ою, тасты ою секілді өнер түрлері әлі бар. Қолөнер арқылы шығармашылық қасиетін дамытып қана қоймай, ойлауын, қиялдауын, яғни психологиялық дамуын да қалыптастыруға болады. Жалпы білім беретін мектептерді бейнелеу өнері мен қолөнерін оқытудың теориялық және әдістемелік зерттеулерін Ә.Қамақов, С.Ұзақбаева, Б.Әлмұхаметов, Қ.Әмірғазин, Е.Асылханов сынды ғалымдар өз зерттеу жұмыстарында ұлттық өнер аясында қолөнердің маңызды бөлшек өнер түрі екенін атап көрсеткен.

Қорытындылай келе, ұлттық өнер арқылы адамның дүниетанымы, ішкі сезімі, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін шығармашылық қасиетін дамытатын өнер деп қарастыруымызға болады. Жалпы, өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өз қиялымен, өз ойлауымен жасап шығу әрекеті болып табылады. Ұлттық өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан этнопедагогикалық бағытта оқып-үйрету бастауыш сынып оқушысы үшін аса маңызды болып табылады. Ұлттық өнер бағытында көркем әдебиет, музыка, мүсін, кескіндеме, театр, кино, би, сәулет өнері және тағыда басқа өнер түрлерін қатар дамыту арқыры ұлттық өткені мен бүгінін ұштастырып, көнені жаңғыртып, жаңаны дамыта алатын оқушыны шығару бастауыш сынып мұғалімінің қолында.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Айтмамбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А., «Тәрбиенің жалпы әдістері» Алматы - 1991 ж.
2. Болдырев Н.И. «Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы» - Алматы, Мектеп, 2017 3-4 тарау.

ВЫЯВЛЕНИЕ ТИПОВ АГРЕССИИ И ОПРЕДЕЛЕНИЕ ВИДОВ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ЗАЩИТЫ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ПОМОЩЬЮ СКАЗОЧНОГО ПРОЕКТИВНОГО ТЕСТА

Шапенова Жанель Алибековна,
магистрант 2 курса по специальности
«7М03117 – Клиническая психология»
Кафедра общей и прикладной психологии,
Казахский НУ имени аль-Фараби

Аннотация. Цель данной статьи состоит в выявлении типов агрессии посредством сказочного проективного теста (СПТ) и определение видов психологической защиты, применяемых детьми в возрасте от 6 до 12 лет, продемонстрировавших высокие показатели по шкалам агрессии данного проективного теста. В настоящей статье будут описаны феномен агрессии у детей, особенности СПТ, типы агрессий согласно методике, виды психологической защиты у обследуемых детей. Статья основана на проведенном эмпирическом исследовании, в ходе которого были обследованы дети от 6-12 лет. В рамках данной работы будут приведены ответы детей на некоторые вопросы, касающиеся переменных, связанных с агрессией.
Ключевые слова: Сказочный проективный тест (СПТ), агрессия, психологическая защита.

Abstract. The purpose of this article is to identify types of aggression through the fairy-tale projective test (FPT) and to determine the types of psychological defense used by children aged 6 to 12 years, who demonstrated high scores on the aggression scales of this projective test. This article will describe the phenomenon of aggression in children, features of FPT, types of aggression according to the methodology, types of psychological defense in the children being examined. The article is based on an empirical study, during which children aged 6-12 years were examined. As part of this work, children's answers to some questions regarding variables associated with aggression will be presented.
Key words: Fairy tale projective test (FPT), aggression, psychological defense.

Аннотация. Бұл мақаланың мақсаты - ертегілік проективтік тест (ЕПТ) арқылы агрессия түрлерін анықтау және осы проекциялық тесттің агрессиялық шкаласы бойынша жоғары балл көрсеткен 6 жастан 12 жасқа дейінгі балалар қолданатын психологиялық қорғаныс түрлерін анықтау. Бұл мақалада балалардағы агрессия құбылысы, ЕПТ ерекшеліктері, әдістеме бойынша агрессия түрлері, зерттелетін балалардағы психологиялық қорғаныс түрлері сипатталады. Мақала эмпирикалық зерттеуге негізделген, оның барысында 6-12 жас аралығындағы балалар зерттелді. Бұл жұмыстың бір бөлігі ретінде балалардың агрессиямен байланысты айнымалыларға қатысты кейбір сұрақтарға жауаптары ұсынылады.
Түйін сөздер: Ертегінің проективтік тесті (ЕПТ), агрессия, психологиялық қорғаныс.

Введение

Сказочный проективный тест (СПТ) является современной проективной методикой, нацеленной на исследование личности ребенка. Посредством применения данной методики возможно изучить детские потребности, конфликты и защитные механизмы. Цель методики – содействие психологу в оценке личностной динамики испытуемого, и его личностных характеристик.

Проективный тест разбит на 26 личностных переменных из которых 6 связаны с агрессией:

- агрессия тип А (проактивная агрессия);
- агрессия как доминантность;
- агрессия как защита;
- агрессия как зависть;
- агрессия как месть;
- оральная агрессия.

Типы агрессия как защита, агрессия как зависть и агрессия как месть автор условно объединил в Агрессию типа В, или реактивную агрессию.

Ситуация, вызвавшая агрессию у ребенка, приводит к дискомфорту, от которого психика ребенка должна избавиться, то есть защититься. С помощью СПТ возможно не только выявить тип агрессии, но и применяемый ребенком вид психологической защиты.

В связи с бурным развитием информационных технологий, бесконтрольного использования детьми Интернета, агрессия среди детей и подростков весьма возросла, об этом свидетельствуют проведенные социальные исследования в этой области [1]. Это неминуемо приведет к негативным последствиям – росту преступности, потере безопасности и увеличение тревоги среди населения.

Таким образом, ранняя диагностика агрессии является важным делом специалистов, так как будут ими приняты меры по снижению агрессии среди детей (тренинги, личная терапия и прочее), а определение способа психологической защиты необходимо в целях разработки ряда методов по развитию личности ребенка и его защитных механизмов.

Основная часть

Агрессивное поведение у детей можно наблюдать с самого раннего возраста. Агрессия может быть физической и вербальной, во втором случае нарушение прав другого происходит без физического вмешательства.

Познавательный и творческий процессы являются продуктивными, а агрессия всегда разрушительна. Например, ребенок портит вещь, чтобы узнать, как она устроена – это познавательный процесс, а когда порча вещей – это выход накопившихся отрицательных эмоций, то это уже агрессия [2].

Главные причины детской агрессии:

- стремление привлечь к себе внимание;
- стремление достичь желаемого результата;
- стремление быть лидером;
- агрессия как защита;
- агрессия как месть;
- стремление ущемить достоинство других, чтобы подчеркнуть свое превосходство.

В основе агрессии лежат разные причины, в разном возрасте и у детей разного пола может быть своя мотивационная направленность, определяющая агрессивную реакцию. Но всех детей с повышенным уровнем агрессии объединяет одно – отсутствие внимания к сверстникам, невозможность слушать, слышать и понимать других. Ребенок видит прежде всего себя и замечает отношения только к себе. Другие люди играют роль жизненных обстоятельств, которые либо помогают ему достичь цели, либо препятствуют. Окружающий мир для агрессивных детей полон враждебности, такой ребенок чувствует себя одиноким, все более противостоя миру и отдаляясь от социума [3].

В настоящее время детям с самого рождения бесконтрольно доступны видеоролики, компьютерные игры жестокого содержания. Доступ к такому контенту повышает вероятность агрессивного поведения ребёнка.

Таким образом, средства массовой коммуникации способствуют формированию и закреплению в сознании детей уверенности в том, что жестокость, агрессивность и сила являются самыми действенными регуляторами в межличностных отношениях.

В сказочном проективном тесте автором было выделено в качестве переменных личности 6 типов агрессии: агрессия как доминантность, агрессия типа А, агрессия типа В (агрессия как защита, агрессия как зависть, агрессия как месть) и оральная агрессия [4].

Агрессия как доминантность (АД) – первый тип агрессии, посредством которой ребенок учится контролировать свое окружение, а также манипулировать поведением окружающих. АД обнаруживается при тестировании как желание доминировать или самоутверждаться агрессивными методами. Этот вид агрессии чаще всего проявляется в ответах по рисункам, относящимся к образу колдуньи или великана.

Агрессия тип А (проактивная агрессия) включает в себя реакции, обусловленные внутренними мотивами. Анна Фрейд считала, что такая агрессия – это прямая разгрузка

агрессивных фантазий или импульсов [5]. Внутренне обусловленная агрессия у детей не подается объяснению, ребенок или не может объяснить, или отказывается. При тестировании агрессия типа А проявляется в ответах на картинки великана или колдуньи.

Агрессия типа В отличается от предыдущего типа, тем что она является реакцией на внешний источник раздражения (реактивная агрессия). Согласно Додж и Кои, такая агрессия выступает в качестве враждебного акта, проявляющегося в ответ на воспринимаемую угрозу или провокацию [6]. В СПТ под этим типом агрессии рассматриваются отдельно агрессия как защита, агрессия как зависть и агрессия как месть.

Агрессия как защита (АЗ) имеет своей целью выживание, потребность защитить себя или других, когда подстерегает опасность. Э. Фромм считал, что именно этот вид агрессии является причиной большинства агрессивных импульсов человека [7]. Агрессия как защита в основном проявляется в ответах к изображениям гнома и великана.

Агрессия как зависть (АЗав). Согласно Фоссхэйджу, зависть обусловлена неудовлетворенностью из-за того, что кто-то другой обладает чем-то, что имеет ценность для завидующего [8]. Интенсивность зависти зависит от состояния «Я» и значения собственности, принадлежащей другому. Этот вид агрессии проявляется, когда возникает желание навредить окружающим, потому что они выглядят в различных отношениях выгоднее чем агрессор. Агрессия как зависть чаще выражается в ответах к карточкам с изображением колдуньи.

Агрессия как месть (АМ). Э. Фромм считал, что этот тип агрессии отличается от агрессии как защиты следующим:

а) АМ появляется, когда вред уже был нанесен;

б) АМ характеризуется большей интенсивностью, чем АЗ.

В рамках сказочного проективного теста мстительная агрессия обнаруживается в ответах к изображениям колдуньи и великана [8].

Оральная агрессия (ОА) возникает у человека в течение оральной стадии развития и является наиболее архаичным типом агрессии. Психоаналитики связывают оральную агрессию с «оральным садизмом». М. Кляйн писал по этому поводу: «либидинозное желание сосать сопровождается деструктивным желанием вдыхать, опустошать, истощать в процессе сосания» [9].

Ребенок, проявляющий данный тип агрессии, обычно употребляет в своей речи в ответах глаголы «кусать, жевать, разрывать, глотать, скрежетать зубами, кромсать и т.п.». Оральная агрессия выражается в основном при обсуждении картинок волка и великана.

Психологическая защита – это особым образом организованная система стабилизации личности, которая нацелена на ограждение сознания от негативных, травмирующих переживаний, связанных с внутренними и внешними конфликтами, тревожностью и дискомфортом [10].

Феномен психологической защиты изучался многими психологами разных школ, так это понятие эволюционировало от понимания психологической защиты как интрапсихического процесса у З. Фрейда к отнесению этого явления к интерпсихическому процессу, который связан с познавательными и межличностными паттернами, формирующимися в рамках близких отношений, прежде всего с матерью (М. Кляйн, М. Малер, Д. Винникот) [11].

Существует большое количество защитных механизмов у разных ученых, всего их насчитано более 40 видов [10].

Автор сказочного проективного теста К. Колакоглоу предложила свою классификацию существующим защитным механизмам [4]:

- Незрелые способы защиты, они, как правило формируются еще в раннем детстве. Таким способом защиты может быть, например, регрессия или отыгрывание вовне.

- Отказ и игнорирования имеющегося конфликта, сюда относятся отрицание, минимизация, отказ, расщепление, подавление.

- Обращение неприятной ситуации в нейтральную или положительную, к таким механизмам защиты относятся уничтожение, обращение, компенсация и формирование реакции.

- Перемещение и проекция импульсов или конфликтов, при котором неприятные чувства или конфликты переносятся на другой объект или человека. К таким способам защиты относятся проекция, перемещение, аутоагрессия.

- Когнитивное оправдание необходимости контроля аффектов, конфликтов или угроз. Сюда можно отнести интеллектуализацию или рационализацию.

- Отождествление с другим или принятие черт, мыслей и чувств значимого другого. В эту группу входят идентификация, интроекция и идентификация с агрессором. Психологические механизмы личности обычно включаются неосознанно, поэтому для их диагностики применяются главным образом проективные методики [11].

Сказочный проективный тест – проективная методика для диагностики личности детей 7-12 лет, в отдельных случаях с 6 лет. Данная методика базируется на идее о связи сказок с бессознательными процессами. Идентифицируя себя с героем сказки, ребенок в своих ответах проецирует значимые эмоции, конфликты, особенности детско-родительских отношений. То, как испытуемый описывает характер героев, их поведение в различных ситуациях, преодоление препятствий или отношение к другому и к самому себе делает возможным выявить особенности психологической защиты, применяемой испытуемым [4].

В сказочном проективном тесте измеряются 26 переменных, к ним относятся агрессия разных типов, потребности в любви, в принятии, тревожность, страх, депрессия, самооценка, желание материальных ценностей, превосходства, отношение с матерью и с отцом, сексуальная озабоченность и др.

Для стандартизации теста была сформирована выборка из 803 нормально развивающихся детей из Греции, из них 405 мальчиков и 398 девочек. Были сформированы три группы: дети от 7 до 8 лет (n=229), от 9 до 10 лет (n=262) и от 11 до 12 лет (n=312). Выборка была сформирована случайным образом, всего участвовало 15 афинских школ.

Для исследования валидности теста была применена Шкала оценки поведения Раттера, которую заполняли родители, а также Детский личностный опросник Кеттела, который измеряет 14 независимых личностных фактора и состоит из 140 вопросов.

Процедура проведения методики довольно сложна и требует профессионализма от диагноста, коммуникативной гибкости, внимательности, профессиональной интуиции и аналитического мышления.

Раздаточный материал СПТ представляет собой набор из 21 карточки, на которых изображены герои сказок (Красная Шапочка, Волк, Гном, Колдунья-мачеха, Великан) и сцены из сказок «Красная Шапочка» и «Белоснежка и семь гномов». Сказки достаточно популярны, чтобы у детей не возникало трудностей с узнаванием героев и вспоминанием сюжета.

Психолог, проводящий сказочный проективный тест должен не только протоколировать ответы ребенка, но и обращать внимание на поведение ребенка, жесты, настроение, реплики, не касающиеся теста. Если ребенок не знает сказку, то тест переносится на неделю, ребенку дается возможность познакомиться со сказками и героями дома. Если ребенок подзабыл сказки, то можно попросить его вспомнить и пересказать их. Важно, чтобы диагност адаптировал вопрос под возраст ребенка, чтобы вопрос звучал не слишком примитивно, и в тоже время понятно. Ребенка важно проинформировать, что нет правильных и неправильных ответов, дети должны быть максимально свободными в своих ответах. Процедура тестирования занимает в среднем 45 минут с одним испытуемым [4].

Далее следует процедура кодирования ответов, сырые баллы назначаются за ответы по интенсивности от 1 до 3 (1 – низкая, 3 - высокая). Один ответ может иметь оценки по разным переменным, таким образом за один ответ не всегда может назначать максимально 3 балла, так как ответ может содержать информацию сразу о нескольких личностных переменных.

После кодирования, сырые баллы переводятся в Т-шкалы по стандартной формуле. Автор отмечает, что к присвоению баллов надо относится очень серьезно, и перед обработкой каждого ответа, сначала необходимо ознакомиться со всеми ответами испытуемого. По словам автора, лучше оставить ответ неоцененным, чем неправильно оценить.

В ходе тестирования в ответах детей проявляются некоторые наиболее распространенные защитные механизмы, такие как уничтожение, формирование реакции, рационализация, проективная идентификация, проекция, интроекция, расщепление, отрицание. Реже встречаются подавление, регрессия, компенсация, обращение и перемещение. Выявить защитные механизмы

достаточно сложно, исследователю следует прочитать протокол многократно, чтобы обнаружить паттерн ответов.

Приведем примеры некоторых ответов детей, принявших участие в исследовании личностных переменных с помощью сказочного проективного теста в г. Алматы. Выборку исследования составили 30 учащихся общеобразовательных школ г. Алматы, 15 мальчиков и 15 девочек в возрасте от 6 до 12 лет.

В рамках данной статьи будут приведены только те ответы детей, в которых обнаруживается повышенная агрессия, а также определим способы психологической защиты, применяемые этими детьми.

Для удобства восприятия ниже представлена таблица, отражающая связь ответов, обнаруживаемых агрессию и типов психологической защиты.

Таблица – Связь ответов с агрессивной окраской и типа психологической защиты испытуемых

Герой	Вопрос	Ответ с агрессивной окраской	Тип агрессии	Тип психологической защиты
Великан	Взгляни на эти три картинки с великанами. Какой из трех великанов страшнее всего?	Третий, потому что он хочет всех съесть, он очень зол, его обидели все люди, и мы с великаном их приготовим и съедим.	Агрессия типа В Агрессия как месть	Проекция Идентификация с агрессором
	Что злой великан может сделать?	Он может разорвать всех на куски и съесть, так как он большой и голодный и ему не хватает еды.	Оральная агрессия	Рационализация
	Как ты думаешь, что станет с этим великаном?	Он однажды съест всех людей в своем городе, и не останется ничего живого, ему станет стыдно и жалко, и потом он сам себя убьет, спрыгнув со скалы.	Оральная агрессия	Аутоагрессия
Колдунья-мачеха	Посмотри на эту картинку с Белоснежкой и Колдуньей-мачехой. Как ты думаешь, что хочет сделать колдунья с Белоснежкой?	Она хочет вырвать ее сердце и проглотить, так как Белоснежка ей как дочь и она хочет быть с ней всегда рядом.	Оральная агрессия	Интроекция
	Почему колдунья хочет зла Белоснежке?	Потому что Белоснежка молодая и красивая, и Колдунье это не нравится, если Белоснежки не будет, то самая молодая и красивая будет Колдунья	Агрессия тип В Агрессия как зависть	Рационализация
	О чем думает Колдунья? Какие у нее мысли, чувства?	Она хочет, чтобы Белоснежка умерла, чтобы ее съели гномы, потому что она зла на ее отца, что он мало уделял ей внимания и ничего не дарил.	Агрессия как месть Оральная агрессия	Проекция Идентификация с агрессором
Гном	Посмотри на эту картинку с Гномом. Что собирается сделать этот гном?	Он собирается убить дракона, чтобы защитить Белоснежку и своих братьев	Агрессия типа В Агрессия как защита	Рационализация

	Как ты думаешь, что будет с Белоснежкой и гномами в конце сказки?	Гномы ее убьют, чтобы она не вышла замуж за принца, а была всегда с ними, она красивая, и они будут всегда ею любоваться.	Агрессия как доминантность	Интроекция
Волк	Взгляни на эти три картинки с волками. Какой волк из трех самый злой? Какой тебе кажется самым страшным?	Третий, потому что он превратился в зомби из-за того, что дровосеки его убили, раньше он был нормальным, он бы и Красную Шапочку не съел бы, если бы она его не доставала, а теперь он всегда такой злой будет.	Оральная агрессия	Проекция Идентификация с агрессором
	О чем думает волк? Что он хочет сделать?	Он же волк, животное, он ни о чем не думает. Когда он встретит Красную Шапочку, Бабушку или любого рандомного человека, он как настоящий волк сожрет его.	Оральная агрессия	Рационализация

В таблице указаны ответы, обнаружившие агрессию у некоторых респондентов. Из таблицы видно, что все типы агрессии встречаются в ответах, преобладает оральная агрессия, что вполне объяснимо, так как это характеризует сам сюжет сказки про Красную Шапочку и Великана, однако часто встречается и агрессия как месть. Среди защитных механизмов можно выделить в первую очередь рационализацию, меньше встречается проекция, интроекция и идентификация. Остановимся подробнее на них.

Рационализация состоит в том, что человек находит приемлемые причины для оправдания действий и мыслей [12]. Этот защитный механизм представляет собой контроль над эмоциями или аффектами с помощью рациональных суждений и является интеллектуально зрелым механизмом. Причем, рационализации обычно подвергаются собственные инстинктивные проявления ребенка, такие как агрессивные, оральные и сексуальные импульсы. Следовательно, если ребенок и имеет агрессивные импульсы, он может проявить их в своей фантазии, но благодаря этому типу психологической защиты, может держать свои мысли и поведение под контролем, не проявляя агрессию внешне.

Проекция заключается в том, что ребенок обвиняет других за свои неверные действия, процесс взваливания ответственности на других защищает ребенка от неприятного чувства стыда или вины. Чаще всего прослеживается, что дети, применившие проекцию в отношении героя, идентифицируют себя с этим героем. Они снимают ответственность с героев-агрессоров, и взваливают ее на других героев сказки.

Идентификация с агрессором в нашем наблюдении всегда представлена в связке с проекцией, и это неспроста. Ведь одной из важных особенностей СПТ, которая должна быть учтена при интерпретации результатов – это то, что ребенок обязательно будет себя идентифицировать с каким-либо героем сказки. Перед присвоением баллов, автор просит исследователей обязательно определить этого героя сказки.

В данной ситуации, каждый раз, когда ребенок использует проекцию в качестве защитного механизма, он неминуемо идентифицирует себя с агрессором, так как он несмотря на негативное поведение главных героев, испытывает к ним явно симпатию, и пытается их оправдать, через перекладывание ответственности за их злость на других героев или обстоятельства. Идентификация с агрессором – это защитный механизм, при котором индивид перенимает поведение агрессора или его характерные черты, чтобы справиться со страхом агрессии или тревогой.

Интроекция – это символическое присвоение ценностей, стандартов или особенностей характера другого человека [13]. И интроекция, и проекция являются самыми ранними механизмами психологической защиты, они применяются для интернализации образа значимого человека. Ребенок обычно пользуется интроекцией для уменьшения страха разлуки, или в целях предупреждения конфликтов со значимыми взрослыми.

В сказочном проективном тесте интроекция прослеживается в виде присвоения какой-то части другого лица, что вызывает сильные эмоции (например, оружие, личные вещи, части тела и др.). Эта психологическая защита помогает ребенку справиться с чувством одиночества, тоски по объекту любви, например, если мама покинула ребенка, сепарационный страх.

Аутоагрессия или агрессия, направленная на себя связана с перемещением агрессивных аффектов по отношению к другому, на самого себя. Это нужно психике ребенка для того, чтобы избежать чувства вины, стыда за свои агрессивные желания. То есть это отказ от деструктивных проявлений, направленных на окружение, и обращение их на самого себя [11].

Таким образом, выделено всего несколько типов психологической защиты у детей, которые дали ответы с высокой интенсивностью агрессии. В большей мере встречается рационализация, которая является высшей формой психологической защиты, наряду с интеллектуализацией. В меньшей степени встречается аутоагрессия, или агрессия, направленная на себя.

Заключение

Сказочный проективный тест – современная проективная методика, позволяющая определить динамику развития личности ребенка, непосредственно диагностировать личностные особенности ребенка, а также выявить основные механизмы защиты применяемые ребенком.

Защитные механизмы неосознаваемы, по этой причине их можно выявить лишь с помощью проективных методик. Поэтому несмотря на критику проективных методик, они продолжают успешно применяться, создаются все новые методики и модифицируются старые.

Сказочный проективный тест направлен на исследование 26 переменных, определяющих личность индивида, к ним относятся основные конфликты и потребности ребенка. В данной статье нами рассмотрены 6 из них, характеризующих типы агрессии.

Автором методики Кариной Колакоглоу отдельно выделены – агрессия как доминантность, агрессия типа А (проактивная), агрессия типа В (реактивная) – агрессия как защита, агрессия как зависть, агрессия как месть и оральная агрессия.

Было проведено исследование с применением данной проективной методики на детях 6-12 лет, обучающихся в разных общеобразовательных школах города Алматы, в количестве 30 человек (15 мальчиков и 15 девочек). Средний возраст выборки - 9 лет.

В данной статье были приведены выборочные ответы респондентов. Эти ответы были отмечены высоким уровнем агрессии, и была совершена попытка обнаружить связь между повышенной агрессией у детей и применяемыми ими способами психологической защиты.

Определено, что у детей, выдавших ответы с агрессивной окраской, применяются в качестве защитных механизмов, главным образом, рационализация, проекция, интроекция, аутоагрессия и идентификация с агрессором.

Поскольку интернет-серфинг детей практически не контролируется «вечно занятыми» родителями, дети находятся в свободном плавании, где их поджидает много агрессивного и жестокого. Кровавые видеоигры, видео с жестокими сюжетами и героями, мягкие игрушки со свирепым оскалом становятся повседневной жизнью ребенка. Очевидно, что это все ведет к повышению агрессии у детей, что в будущем может привести к девиантному и криминальному поведению.

Таким образом, раннее выявление агрессии у детей, дает возможность скорректировать поведение ребенка заблаговременно, и помочь ему стать взрослым с адекватной самооценкой, способным к сочувствию, готовым помочь окружающим и быть независимой и всесторонне развитой личностью.

Список литературы:

1. Позднякова М.Е., Брюно В.В. Агрессивное поведение детей и подростков как предиктор девиантного и криминального поведения: средовые и личностные факторы – статья – Институт социологии ФНИСЦ РАН Москва, Россия – 2023 г – с 407

2. Лукина М.Л., Шарифуллина И.А. Детская агрессия – статья УДК 373 – Вестник науки и образования №15 (93). Часть 1 – 2020 – с.96 – 99

3. Бреслав Г.Э. Психокоррекция детской агрессивности. Учебное пособие. СПб, 2004. 144 с.

4. Колакоглоу Карина Сказочный проективный тест: Для исследования личности детей: Руководство/ Пер. с англ. – М.: «КогитоЦентр», 2003. – 215 с.

5. Freud A. (1981). The Writings. Vol. VIII. 1970-1980. New York: International Universities Press, Inc. – 389 p.

6. Dodge K.A. and Coie J.D. (1987). Social information processing factors in reactive and proactive aggression in children's peer groups.//Journal of Personality and Social Psychology, 53, p. 1146-1158

7. Fromm E. (1973) The Forgotten Language: An Introduction to the Understanding of Dreams, Fairy Tales and Myths. New York: Holt, Rinehart and Winston. – 263 p.

8. Fosshage J. (1998) On aggression: Its forms and functions. // Psychanalytic Inquiry, 18 (1), p. 45-54

9. Klein M. (1932/1989). Love, Hate and Reparation, London: Hogarth – 119 p.

10. Никольская И. М., Грановская Р.М. Психологическая защита у детей. СПб: Речь, 2000 - 507 с.

11. Пашкова У.Ю., Савина Е.А. Типология защитных механизмов ребенка, выявляемых с помощью сказочного проективного теста – Ученые записки Орловского государственного университета. №2 (65), 2015 г. – с. 346 - 351

12. Coulacoglou C. Exploring the child's personality: Developmental, clinical and cross-culturtal applications of the Fairy-Tale Test Springfield, IL: Charles C. Thomas Publisher. – p. 199-218

13. Романов Е.С., Гребенников Л.П. Психологические защитные механизмы: формирование, функционирование, диагностика. – Мытищи, «Талант», 2006 – 144 с.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ғылыми жетекшісі: Кожаева С.К.,
п.ғ.к., доцент,
Ғаниқызы Аяулым,
Астана халықаралық университет. Астана қ., Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Студенттердің белсенді когнитивті қатысуы олардың өмірге және кәсіби қызметке дайындалуының маңызды кезеңі болып табылады. Бұл тұрғыда студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға ықпал ететін оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы атап өтіледі.

Түйін сөздер: когнитивті белсенділік, қашықтықтан оқыту технологиясы, қалыптастыру, студенттер, білім беру.

Бүгінгі таңда студенттерге қойылатын негізгі талаптардың бірі-олардың танымдық іс-әрекеті арқылы жан-жақты дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға ретінде қалыптасуы. Қоғам өміріндегі болып жатқан әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістер және осы салалардың болашақтағы дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып саналатын жеке тұлғаның даму деңгейіне байланысты.

Бұл проблема қоғамдағы білім беру талаптарының түбегейлі өзгеруін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды көздейді, бұл өз кезегінде қоғамның талаптарына сәйкес жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкеледі. Бұл міндетті жүзеге асыру студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған кәсіби құзіреттілігі мен педагогикалық шеберлігін дамытқан мұғалімдердің қолында. Дәлірек айтқанда, ол оқушылардың танымдық іс-әрекетінің қалыптасуын арттыруға бағытталған.

Оқушылардың танымдық белсенділігі өскелең ұрпақты өмірге және кәсіби қызметке дайындаудағы маңызды кезең болып табылады. Бұл қызмет кез-келген қызмет түрімен біртұтас құрылымдық бірлікті құра алады.

Оқушылардың танымдық іс-әрекеті танымдық қызығушылық пен қажеттілікті қалыптастыруға бағытталған оқу іс-әрекетінің бір түрі болып саналады. Танымдық іс-әрекеттің қалыптасуы негізінде оқушылардың ой-өрісі толықтырылып, белсенді ойлау іс-әрекеті мен шығармашылық ойлау процесі дамып, студенттердің кәсіби мәдениеті мен қызығушылығы дамиды.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің қалыптасуы қоғамның қажеттіліктеріне жауап бере алатын, ғылыми-техникалық процестің міндеттерін оңтайлы шеше алатын, халықтың рухани құндылықтарын дамыта алатын қоғам мүшелерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зияткерлік операцияларды орындауға дайындықтың жеткіліксіздігіне байланысты әр оқушы танымдық іс-әрекетті өз бетінше орындай алмайды, бұл студенттерден ерік-жігер мен парасаттылықты талап етеді. Осыған сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеулер барысында танымдық іс-әрекеттің қалыптасуы тек білім, білік, дағдыларды игеру ретінде ғана емес, Сонымен бірге Ерік-жігер мен ерік-жігердің, қабылдау мен түйсіктің дамуы тұрғысынан да талданады..

Қазіргі жағдайда жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуда студенттердің танымдық белсенділігін ынталандыруға ықпал ететін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен формаларын табу қажеттілігі туындайды.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру оқу процесін ойдағыдай ұйымдастырудың басты шарты болып табылады. Бұл оқу процесінің тиімділігін арттыруды, оқушылардың оқу іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес дидактикалық әдістерді қолдануды, оқытудың дамытушылық іс-әрекетін толық қолдана отырып, танымдық іс-әрекетті дамытуды талап етеді. Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту кезінде

оқытушылар мен студенттердің субъективті өзара әрекеттесуіне негізделген танымдық іс-әрекетті оңтайлы ұйымдастырумен оқытудың тиімділігі артады. Сондықтан студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жоғары оқу орнында оқу процесін ұйымдастырудың маңызды міндеті болып табылады.

60-шы жылдардың екінші жартысы мен 70-ші жылдардың басында Кеңестік педагогика мен педагогикалық психологияда мұғалімнің жетекшілігімен танымдық іс-әрекет мәселесі кеңінен талқылана бастады, оны оқушылар танымдық міндеттерге өз бетінше жету арқылы дамытады..

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдай отырып, қашықтықтан оқытуда оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың келесі принциптері бөлінді: белсенділік, хабардарлық, ғылыми, тәуелсіздік, өзін-өзі ұйымдастыру, дамыту, ұжымдық, рөлдік ойын.

Танымдық іс-әрекет-бұл ақпаратты қабылдаудан басталып, күрделі шығармашылық процестің қалыптасуымен аяқталатын мақсаттылықтан, мотивациядан және қызығушылықтан тұратын күрделі құбылыс.

А.С. Мұстояпова былай деп жазды:" танымдық іс-әрекеттің тиімді жүзеге асуы үшін оқушылардың оқу-танымдық үдерістегі ынтасы мен қызығушылығын, ерік-жігерін дидактикалық негізделген принциптерге шоғырландыру қажет."

Р.С. Омарова танымдық іс-әрекетті таным процесінде кездесетін қиындықтарды жеңу қабілетімен байланыстырады, жеке Тұлғаның Белгілі бір Ерік-жігер деңгейін көрсету және оның танымдық іс-әрекетін саналы түрде реттеу қажеттілігін негіздейді, танымдық іс-әрекеттің негізгі құрылымдық бірліктерін ажыратады: танымдық қызығушылық, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық белсенділік.

Қашықтықтан білім беру Технологияларының негізгі функциясы-болжау, жобаның негізгі іс-шараларының бірі (өйткені ол білім берудің негізгі кезеңдерін көрсететін жалпы формалар мен нәтижелерді жоспарлаумен сипатталады) кәсіби құзыретті мамандарды даярлау процесінде, танымдық іс-әрекетке негізделген интеллектті қалыптастыру. Өз кезегінде қашықтықтан оқыту технологиялары белгілі бір пәнге тәуелсіз, оқу процесінде игерілетін заңдарға байланысты. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту технологиялары Ғылым мен практиканың басқа салаларындағы әртүрлі арнайы технологияларды (ғылыми ақпараттық технологиялар, өнеркәсіптік, электронды және т.б.) қамтиды.). Осылайша, қашықтықтан оқыту технологиясы білім берудегі пәндік мазмұнды меңгеруге арналған әдістемелік жүйелер, арнайы құралдар және оқыту құрылымы ретінде анықталады.

Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту кезінде студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың моделін құруда біз тұлғалық-белсенділік, тұлғаға бағытталған және синергетикалық тәсілдерді негізге алдық.

Қашықтықтан оқытудағы оқушылардың танымдық іс-әрекетін жеке және белсенділік жағдайында қалыптастыру моделін қалыптастыру жеке тұлғаның танымдық қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, бейімділіктерін ескеруге негізделген.

Тұлғаға бағытталған тәсіл болашақ мамандардың субъективтілік деңгейін арттыруға бағытталатын болады.

Қашықтықтан оқытудағы оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың синергетикалық тәсілі олардың өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі тануына, өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі бағалауына, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге бағытталған.

Сонымен қатар, қашықтықтан оқытуда студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыру моделін құруда жүйелі тәсіл қолданылды, өйткені қашықтықтан оқыту арқылы оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетінің моделі жоғары оқу орындарында оқыту, тәрбиелеу және дамыту іс-әрекетінің басты мақсаты болуы керек

Білім беру ұйымының басшылығы білім беру стандарты негізінде оқыту нәтижелерін болжайды және оқушының танымдық іс-әрекетін қалыптастырудағы бастапқы жағдайы мен мүмкіндіктерінің стратегиялық болжамын жасайды. Студенттің жеке қасиеттері мен

мамандыққа қойылатын талаптарының арақатынасын диагностикалау стратегиялық Болжаудың осы кезеңінде де жүзеге асырылады.

Теориялық қағидалар қашықтықтан оқытудағы студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыру моделі негізінде практикалық зерттеулер алынған нәтижелердің дәйектілігін көрсетеді және келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

Қашықтықтан оқытудағы оқушылардың танымдық іс-әрекетінің қалыптасуы туралы отандық және әлемдік философиялық көзқарастармен педагогикалық-психологиялық еңбектерді талдау нәтижесінде танымдық іс-әрекеттің бұрынғыдан да көп екендігі анықталды.жаһанданудың қазіргі жағдайына сәйкес жаңа қоғамға бейімделген оқушының, жеке тұлғаның толық жетілген интеллектуалды тұлғасын қалыптастыруға деген сұраныс.

Қазіргі қоғамның әртүрлі салаларының жаһандық даму деңгейіне қарай жалғасып келе жатқан талпыныстары тек танымдық іс-әрекет арқылы жүзеге асырылатыны дәлелденді, ал қашықтықтан оқытуда оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру оқу процесінің оңтайлы ұйымдастырылуы мен тиімді жұмыс істеуінің шарты болып табылатыны дәлелденді..

Оқушылардың танымдық іс-әрекеті олардың жеке басының қалыптасуының маңызды көрсеткіші және танымдық іс-әрекетті қалыптастыруда біріктіру қажеттілігі болып табылады: мотивациялық-еріктік, мазмұндық, белсенділік-эксперименттік және бақылау-бағалау компоненттерін бір арнаға біріктіру қажеттілігі дәлелденді..

Ғылыми білімді қалыптастыру, танымдық іс-әрекетті, құндылық бағдарын дамыту және жан-жақты жетілген интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру үшін қашықтықтан оқытуда оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі анықталды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Andrusenko, N. V. Distance learning in Ukraine. Distance learning as a modern educational technology: materials of the interuniversity webinar (Vinnitsa, March 31, 2017) ed. by L.B. Lyshchynska. Vinnitsa: VTEI KNTEU, 2017. P.7–10

2. Datsenko G.V., Suzanska S.V. Distance learning as a means of stimulating self-education. Distance Learning as a Modern Educational Technology: Materials of an Interuniversity Webinar (Vinnitsa, March 31, 2017.); ed. by L.B. Lyshchynska. Vinnitsa: VTEI KNTEU, 2017. P. 17-20

3. Dyadushina, I. Facilitation in STEM-education - a powerful tool for developing a creative personality. Na urok, 2020. Available at: https://naurok.com.ua/post/fasilitaciya-v-stem-osviti-potuzhniy-instrument-rozvitku-kreativno-osobistosti. Access: August 12, 2021.

ТҰЛҒАДА МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАСЫ

Оралымбетова Гулжанар Умбеталовна,
аға оқытушы
Педагогикалық психология кафедрасы,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аннотация. мақалада тұлғалық мінез-құлықтың қалыптасу ерекшеліктері мен оның даму маңыздылығына қарастырылған. Мінез-құлық туралы психологиялық еңбектерге талдау жасау арқылы, тұлғаның мінез-құлығын тәрбиелеу жолдары көрсетілген.
Түйін сөздер: қоғам, тұлғаның қолтаңбасы, этика, риторика, поэтика.

Аннотация. В статье рассматриваются важность развития и особенности формирования личностного поведения. Анализируются психологические труды о поведении, показаны пути воспитания поведения личности.
Ключевые слова: общество, подпись личности, этика, риторика, поэтика.

Abstract. The article focuses on the peculiarities of the formation of personal behavior and the importance of its development. Analyzing psychological works on behavior, the ways of educating personality behavior are shown.
Key words: society, personality signature, ethics, rhetoric, poetics.

Ел басының Қазақстан халқына жолдауында «Біздің қоғам дамуының күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға және нақты қоғамдық тығырлыққа тірелуі, адам ағзасына қауіпті экологиялық орта, дәрігерлік қызметтің нашарлығы т.б. балалардың денсаулығы, мінез-құлқына, оқытуға байланысты әлеуметтік психологиялық бейімделуге қатысты қиын мәселелерді тудырып отыр» деп көрсетілген [1].

Қазіргі қоғам өмірінің шиеленіскен дағдарысты жағдайын қазіргі заман адамдарына ғана емес, болашақ ұрпақтың мінезінің қырларына әсер етуі мүмкін. Осы орайда адам мінезін жан-жақты зерттеп, жағымды мінез-құлықтарды бойына қалыптастыру мен көптеген психологтар, социологтар т.б. мамандар айналысуда.

Адам мінезін зерттеуде психология ғылымының талдауларына сүйенуге болады. Тұлғаның қолтаңбасы – бұл мінездің жеке ерекшеліктері мен ақылдың сыртқы көрінісі. Тұлғаның мінез ерекшеліктерін тануға қызығушылық білдірген ұлы ойшылдар – Аристотель, Конфуций, жақсы мінез-құлық туралы Әл-фарабидің, еңбектерінде құнды деректерге көз жеткізуге болады.

Тұлға мінезінің ғылыми негіздері туралы, С.М.Жақыповтың, Қ.Сейталиевтің, К.С.Жұмасованың, Ә.Алдамұратовтың, Ж.И.Намазбаеваның түрлі еңбектерінен көруге болады. Ал бүгінгі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси өзгерістер қоғамның әрбір белсенді мүшесінің мінез-құлықтарына тереңінен зерттеу жүргізуді талап етіп отыр.

М.Қ.Бапаева бойынша тұлға деген сөздің өзі (personality) латын тіліндегі -«persona» деген сөзден шыққан. Бастапқыда бұл сөз ежелгі грек драмаларындағы театр көріністерінде әртістер киетін бет-пердені аңғартты. Соған орай, басынан-ақ, «тұлға» түсінігіне адам арнайы өмірлік рөлдерді ойнаған сәттерде даралыққа қол жеткізетін сыртқы әлеуметтік бейнесі қосылған, яғни, ол - айналасындағыларға бағытталған қоғамдық бет әлпеттен тұрады[2].

Тұлға құрылымында орталық орынды мінез алады. Адам мінезі көптеген адам бойындағы ерекшеліктерге, соның ішінде танымдық процестерге де әсер етеді. Мінез әрбір адамның жеке-даралығын жәнге жеке адамдық ерекшеліктерін көрсетеді. Адам мінезі жеке адам қызығушылықтарымен, қажеттіліктерімен, бағдарларымен, бағытымен, мотивімен, т.б. байланысты.

Мінез иесі болып табылатын жеке адам – қоғамның мүшесі, ол қоғамда түрлі қарым-қатынасқа түсіп отырады. Қоғамның мүшесі ол таптық қоғамда – таптың өкілі бола отырып, жеке адам қоғамның, таптың басқа мүшелері сияқты белгілі экономикалық, саяси, мәдени жағдайларға тәуелді болды. Мұндай жағдайлар мінездің жалпы типтік бітістерін қалыптастырады. Ж.И.Намазбаеваның пікрінше адамдар мен нақты адам мінезіндегі типтік бітістер дәуір мен таптың әлеуметтік өміріндегі маңызды жайттарды бейнелендіреді [3].

Күнделікті өмірде «мінез» ұғымы әртүрлі мағынада қолданылады. «Мінез» ұғымын айналысқа алғаш рет енгізген ертедегі грек ғалымы және философы Аристотельдің досы (б.з.д. IV – III ғ.) Теофраст болды. «Мінез» гректің сөзі, қазақша «белгі», «бітіс», «ерекшелік» деген мағынада қолданылады.

Теофрасттың мінездер туралы шағын трактаты сақталды, онда 30-ға тарта мінез суреттеледі. Теофрастқа дейін Аристотель жеке тұлғаның іс-әрекет немесе тәжірибелік жағын белгілеу үшін «этос» сөзін пайдаланды, ол «адамгершілік», «әдет», «ойлау бейнесі» мағынасын білдіреді. Бұл термин Аристотельдің «Этика», «Риторика» және «поэтика» сияқты еңбектерінде жиі кездеседі, демек, осы еңбектерде мінезге байланысты мәселелер көп берілген.

Мінез дегеніміз – адамдардың істеген іс-әрекетіне із қалдыратын өзіндік дара ерекшелігі. Мінез – кең мағыналы ұғым, онда адамның әртүрлі қасиеттері мен сапалары тоғысып жатады. Мінез – жеке адамның тіршілік жағдайындағы қылығын бейнелейтін тұрақты және мәнді психикалық ерекшеліктерінің үйлесімі. Мінез өмір, тәрбие үрдісінде қалыптасады, адамның өмір қалпы мен жағдайын көрсетеді. Олардың өзгеруіне байланысты мінез де өзгереді.

Күнделікті өмірде адамды өзімшіл немесе көпшіл, қарапайым немесе қатыгез, ұстамды немесе ұстамсыз, табанды, батыл, қызу қанды, салқын қанды және т.б. деп сипаттайды. Осы айтылғандардан көретініміз, мінез-жеке тұлғаның әртүрлі психикалық қасиеттерін қамтитын біртұтас құрылым. Кейде мінезді түсінуде интуиция ерекше рөл атқарады. Егер интуиция жемісті болса, тек талдаудың жемісі түрінде пайда болады. Интуиция шабыт сияқты тек ғана еңбексүйгіш адамдарға тән. Л.Н.Толстой «Жексенбі» романында былай деп жазды: «Адамдар өзен сияқты: су бәрінде де бірдей және әруақытта да біреу, бірақ әрбір өзен бірде тар, бірде тез, бірде кең, бірде тыныш, бірде таза, бірде салқын, бірде лас, бірде жылы. Адамдар да сондай. Әрбір адамның бойында кісінің барлық қасиеттерінің негіздерін кездестіруге болады және кейде біреулерін, кейде басқаларын аңғарамыз, кейде тіптен өзіне-өзі ұқсас болмайды» [4].

Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп, сызығып қараған сияқты.

Фарабидің «Бақытқа жол сілтеуінде» былай дәйектеледі: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелділікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады [5].

Мінезді зерттеу бұдан бірнеше жылдар бойы басталған болатын. Мінезді зерттеу дамуының ұзақ тарихы бар. Адам мінезінің даралық ерекшелігі жайлы ғылым тарихында тұңғыш рет сипаттап жазған ертедегі грек философы Теофраст. Бірақ ол мінезді адамның адамгершілік сапасына тән қасиет дейді. Лабрюйер де «Теофраст мінездері» деген еңбегінде мінезді адамның әлеуметтік адамгершілік ерекшеліктері жағынан қарастырған. Бұл, бірақ темпераментке кері анықтама. Өйткені темперамент – адамда туа пайда болатын генотипті ағза қасиеті. Осы көзқарасқа орай, мінез адамның туа пайда болатын фенотиптік ерекшелігі. Тұлғаның мінез-құлықтық теориясына сәйкес, адам ырық бостандығынан мүлдем айырылған. Біздің мінез-құлқымыз сыртқы жағдайлармен себептелген. Біз өзімізді көбінесе жанды қуыршақтар (марионетка) сияқты ұстаймыз және мінез-құлқымыздың неге апарып соғарын ұғынбаймыз, себебі үйренген әлеуметтік дағдылар мен рефлекстер ұзақ қолданудан

автоматтанып кеткен. Адамның ішкі әлемі объективті. Ондағының бәрі де ортадан алынған. Тұлға толығымен мінез-құлықтық көрінулерінде объективтелінеді. Ешқандай да «қасбет» жоқ. Біздің мінез-құлқымыздың өзі-ақ тұлға. Тұлғаның мінез-құлықтық белгілерін операционализациялап, объективті өлшеуге болады [2].

Адам мінезінің белгілі түрде қалыптасуы оның қоршаған дүниеге қатынасына байланысты. Бұл қатынастардың мәні адам араласып, байланысқа келген өмірлік объектердің маңызымен анықталады:

- Басқа адамдармен қатынасына қарай (шыншыл-өтірікші, әдепті дөректі т.б.)
- Орындалатын іс қызметіне орай (еңбеккер – еріншек т.б.).
- Өз басына болған қатынасына байланысты (сыншыл-өзімшіл т.б.).

Мінез әр тұлғада өзінше көрініске ие, солай да болса, оның құрамында белгілі топ адамдарына ортақ бітістеріне біріктіруге болады. Осыдан, мінез түрі адамдардың кейбір тобына тән қасиеттеің біреудің дара мінезінде нақты көрінуі. Мұның түпкі себебі мінез тума берілмейді, әр адамның белгілі топ, қоғам өкілі болуынан оның өмір жағдайы мен іс-әрекетіне сай қалыптасады.

Мінез құрылымындағы қасиеттер. Мұндай ерекшеліктер адамның азаматтық қасиетерін көрсететін негізгі және өзекті сипаттар болып табылады. Олар адамның қоғамдық қарым-қатынасы және әлеуметтік-типтік ерекшеліктері. Ал мінез құрылымының қасиеттеріне мынадай ерекшеліктер жатады: 1.Мінездің тереңдігі. Бұл қасиет адамның қоғам талаптарына орай көпшілікке, ұжымға, еңбекке деген қатынасын білдіреді. 2.Адамның жеке басының ерекшелігі, белсенділігі, Бұл қасиет мінездің күші. Осыған орай адам жақсы, мықты, тұрақты және нашар мінезді болып бөлінеді. 3.Мінездің тұрақтылығының, ауытқымалығы мен бейімделгіштігінің ерекше мәні бар. Мұндай адамдар әрқилы қиыншылықтарға ұшырағанда табандылық, төзімділік мен бейімделгіштік көрсетіп, мінезінің күшін аңғартады.

Адам мінезіндегі кейбір ерекшеліктер мен қасиеттердің күрт өзгерістерге ұшырауы да мүмкін. Бұл адамның тіршілік бейнесіне, сыртқы жағдайдың өзгеруіне, сондай-ақ талас-тартысты, дау-дамайлы жағдайларға да байланысты. Мысалы, баланың жас кезіндегі басынан кешірген қиыншылықтары мен керіс-жанжал арасында өсуі, бір мектептен екінші мектепке ауысқанда оған қойылатын талаптардың түрліше болуы және мектеп пен ата-ана тәрбиесінің арасындағы алшақтық оған ерекше әсер етіп, мінез-құлқын өзгертетіндігі анықталған жайттар. Мұндай жағдайларда мінездің кейбір сапалары өзгеріп қана қоймай, соған ыңғайланып, қалыптаса да береді. Сонымен, адам мінезінің дамуы мен қалыптасуы сыртқы жағдайлар мен ішкі факторларға, тіршілік еткен ортаға, әлеуметтік жағдайға, тәлім-тәрбие істерінің нәтижесіне байланысты болып, олардың бәрі адам бойында із қалдырып отырады.

Демократ ұстаз К.Д.Ушинский бала мінезінің дамуы мен қалыптасуын жаңа отырғызылып, көктей бастаған ағаш көшетімен салыстырып, көптеп келе жатқан ағашқа тырнақ дағымен із салса, ол өсе келе шорланып, буынданып кетеді дейді. Сондықтан, бала мінезін тәрбиелеу - әрі нәзік, әрі игі мақсатты іс. Адамның мінезі – оның бүкіл өмір бойы іс-әрекеттері мен қылықтарына, өзін-өзі тәрбиелеуіне байланысты қалыптасып, дамып отыратын психологиялық даралық қасиет.]

Адамның басқа адамдарға қатынасын білдіретін мінез бітістерінің арасынан коллективизмді, гуманизмді, ілтипаттылықты, мейірімділікті, ашықтықты, басқаны құрметтеушілікті айтуға болады. Бұған қарсы сипаттар тұйықтық, қайырымсыздық, мейірімсіздік, дөрекелікі, адамдарға жек көре қараушылық болады. Адамның еңбекке деген көзқарасын табандылық, инициатива, еңбек сүйгіштік, творчествоға бейімділік, жұмыстағы адалдық сипаттайды. Өз басының қасиетін сезіну, кішіпейілділік, асқақтық, ұяңдық, өкпелегіштік, эгоизм, эгоцентризм (өзінің жеке басымен ғана, өз әсер алуымен ғана шұғылдануға өзін алда ұстауға тырысу) т.б. сияқты мінез бітістері адамның өзіне-өзінің қатынасын көрсетеді.

Кейбір мінез бітістері жеке адамның ұнамды мінез бітістері, ал екенші біреулері ұнамсыз болып табылады. Мінез бітістерін бағалай келіп, бұлардың әрқайсысының моральдық мән-жайын ескеру керек. Мәселен, еңбек сүйгіштік – ұнамды мінез бітісі, бірақ, егер ол жеке

бастың мүдделеріне, мәселен, басқалардың есебінен өзінің баюына қызмет ететін болса, онда бұл жеке адамның ұнамсыз қасиеті болады.

Агрессия тек басқа адамдардың сөзі мен іс тудырып қана қоймай, ол агрессияның шынайылығын, мүмкіндігін арттыратын ортаның ерекше әрекет салдарынан немесе сондағы болған жағдайларға байланысты болу мүмкін.Бұл жағдайлар мыналар: ортада қолайсыздықты тудыратын физикалық параметрлер, жағымсыз жағдайлар – ыстық, шу, лас ауа, және ішімдікке әуестенуінен, сонымиен бірге массалық жаңалықтардың әсер етуі, соның ішінде: кино және телевизия.

Халқымыздың мінезі туралы сөз болғанда осы халықтың соңғы бес ғасыр төңірегінде мінезіне шолу жасаған абзал. Қазақтың мінез бітістері қоғамдық дамудың түрлі ерекшеліктеріне орай ауық-ауық өзгеріске түсіп отырды. Қазақ халқының жайсаң көркем мінез бітістері 15-16 ғасырдың аумағында ерекше көрінді. Мұны Қазтуған, Асан қайғы, Дулати, Жалаири т.б. ғұламалар атап көрсеткен. Олар имандылықтың ең жоғары түрлері адалдық пен арлылық, инабаттылық, қарапайымдылық, балажандылық, шыдамдылық, мейірімділік, сабырлылық, сөзді қастерлеу және айтқан сөзінде тұру т.б. осындай ұнамды мінез бітістері кейіннен орыстарға бодан болғанға дейін (1731) ерекше көрініс тапты дейді. Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқой, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Әрине, халық болған соң түгел сомдай, мұнтаздай деуге келмейді, талай оқшау мінездері де болған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы Астана -2015

2 Бапаева М.Қ., Әбеуова И.Ә., Бапаева С.Т. Тұлға психологиясы. Оқулық А.: Нұрлы Әлем, 2019-7б.

3 Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. Оқу құралы /А.: Қазақ университеті, 2017 – 230 б., 200 б.

4 Намазбаева Ж.И. Психология. Оқулық. А.: Print – S, 2015-296.

5 Сейталиев Қ. Жалпы психология. Оқу құралы, А.: Білім, 2021-333б.

6 Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі, көмекші оқу құралы. А.: Санат, 2015-176 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Тлеуғазина Аяулым Ерланқызы,
4 курс студенті,
Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Сманова Алуа Арыстанқызы,
PhD, доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аннотация. Мақалада, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылған. Онда, бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі мақсат – оқушыларға білім бере отырып логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру, оқуға ынтасын ояту. Бастауыш мектеп кезеңінде алған білімдерді бала өз іс-әрекетінде қолдануға машықтанады және ой қорытынды жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру, ойлау қабілетінің дамуы анық көріне бастайды және осы кезеңде оқушының ойлауы нақты-бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды, заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өзінің ойын дәлелдеуге үйрене бастайды. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе – логикалық ойлауға сүйенеді. Сондай ақ, оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың екі сатысы көрсетіліп, қолданылатын әдістерге баяндалған.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, оқушы, логикалық ойлау, әдістер, қабілет, дамыту.

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития логического мышления младших школьников. В нем основная цель, стоящая перед начальной школой, - развивать у учащихся умение логически мыслить, воспитывать интерес, прививать мотивацию к обучению. Знания, полученные на этапе начальной школы, ребенок обучается применять в своей деятельности и начинает отчетливо проявляться в умении делать умозаключения, выявлять причины и следствия, давать объяснения, рассуждать, и на этом этапе мышление учащегося развивается от конкретно-образного к абстрактному мышлению, начинает учиться приписывать предметы соответствующим понятиям и доказывать свою точку зрения. Для доказательства ребенок опирается на соответствующую систему-логическое мышление. Также показаны два этапа развития логического мышления учащихся и изложены применяемые методы.

Ключевые слова: начальный класс, ученик, логическое мышление, методы, способности, развитие.

Abstract. The article deals with the problem of developing logical thinking in younger schoolchildren. In it, the main goal facing primary schools is to develop students' ability to think logically, foster interest, and instill motivation to learn. The knowledge gained at the stage of primary school, the child learns to apply in his activities and begins to clearly manifest himself in the ability to draw conclusions, identify causes and effects, give explanations, reason, and at this stage the student's thinking develops from concrete-figurative to abstract thinking, begins to learn to attribute objects to appropriate concepts and prove his point of view. To prove this, the child relies on an appropriate system -logical thinking. Two stages of the development of students' logical thinking are also shown and the methods used are outlined.

Key words: elementary grade, textbook, logical thinking, methods, abilities, development.

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында – ұлттық білім моделін қалыптастыру тенденциясы және Қазақстан білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруін сипаттайтын білім беру саласы болып табылады».

Осыған орай қазір бүкіл әлемде индустриялық қоғамнан инновациялық қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға,

негізгі рөлді ақпаратты алу, өңдеу, сақтау, тасымалдау, тарату және пайдалану істерді атқаратын жаңа қоғамға көшу үдерісі жүріп жатыр [1].

Бұл сатыда білім берудің басты ерекшеліктері «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында»: «Бастауыш мектептің маңызы мен қызметі оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен, оқушы тұлғасы ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын буын екендігімен анықталып негізделеді», - деп көрсетілген [2, 136 б].

Бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі мақсат – оқушыларға білім бере отырып логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру, оқуға ынтасын ояту. Бастауыш мектеп кезеңінде алған білімдерді бала өз іс-әрекетінде қолдануға машықтанады және ой қорытынды жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру, ойлау қабілетінің дамуы анық көріне бастайды және осы кезеңде оқушының ойлауы нақты-бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды, заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өзінің ойын дәлелдеуге үйрене бастайды. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе – логикалық ойлауға сүйенеді. Логикалық ойлау анықтылығымен, бірізділігімен, дәлелділігімен ерекшеленеді. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға біріншіден – айнала қоршаған ортаны танып білу, екіншіден – баланың тапсырмаларды шешуге деген өзіндік талаптардың күшеюі, үшіншіден – сөздік қорының кеңеюі әсер етеді.

А. Байтұрсынов ұғымдарды қалыптастыру үшін ойлау заңдарын, ережелерін дұрыс пайдалану керектігін айтады.

Т. Тәжібаев «Адамның дүниетану үдерісі нақты қарапайым пайымдаудан бірте-бірте дерексіз ойлауға көшіп отырады» – дейді.

Ж. Аймауытов жас буынның дұрыс ойлап, дұрыс сөйлеуіне ата-ана мен мектеп оқытушылары бірден-бір жауапты деген құнды пікір айтады. Бұл пікірлер оқу-тәрбие үдерісіндегі озық ой-пікірлермен үндесіп жатқандығын байқауға болады.

Қ. Жарықбаевтың еңбектерінде «Баланың логикалық ойлауын дамыту, ұғымдарын өсіру – науқандық жұмыс емес. Ол әрбір сабақ үстінде, мектептегі барлық тәлім-тәрбие үдерісінің барысында ұдайы жүргізілетін жұмыс. Мұнда оқушылардың жас ерекшелігі де қатты ескеріледі» – делінген.

М. Жұмабаев та өзінің «Педагогика» атты шығармасында оқу ағарту ісінің келелі мәселелерін қарастыра келе логикалық ойлауға тоқталған [3, 280 б].

Ұлы ғалымдар, педагогтар Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, Ж-Ж. Руссо, И.Ф. Гербарт, А. Дистервег, К.Д. Ушинскийдің оқыту арқылы оқушылардың ақыл-ой кабілеттерін дамытуға баса назар аударғаны тегін емес.

Оқыту үдерісінде логикаға көңіл бөлген чех педагогы Я.А. Коменский оқушыларды ой тұжырым жасауға үйретіп оларды өмірмен байланыстыра білуге ары қарай логикалық ойлауын жетілдіру керектігін айтқан. Ол қандай пән болмасын ойлаудың формалары талдау, жіктеу және салыстыруға көп көңіл бөлген. Бұл көзқарастар ары қарай ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің еңбектерінде көрініс тапты. «Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту – бастауыш сыныпты оқытудың басты мақсаты. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыта оқытудың негізгі ерекшелігі – айнала қоршаған орта және табиғатты бақылау және көрнекі оқыту болу керек» – деп құнды пікір айтады [4, 103 б].

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауының дамуы екі негізгі саты арқылы өтеді. Бірінші сатыда (ол шамамен I – II сынып) олардың ойлау әрекеті көбіне әлі мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Мұнда көрнекі әсер ету басым болады. Балалар нақты заттарға немесе оның дәл баламаларына, бейнелеулерге сүйенеді. I - II сыныптың оқушыларын заттар мен жағдайларды олардың қандай да бір жеке сыртқы белгісі бойынша бағалайды. Балалардың ой қорытулары көрнекі алғы шарттарға, қабылдау деректеріне сүйенеді. Қорытынды жасау логикалық дәлелдер негізінде емес, қабылдаған мәліметтерге тура қатынасы жолымен жүзеге асырылады. Бұл кезеңдегі балалар жасайтын жинақтау заттардың көзге түсетін белгілерінің күшті қысымымен болады. Бұл сатыда туындайтын жинақтаулардың көпшілігі заттар мен құбылыстардың бетінде жататын нақты қабылданған

белгілер мен қасиеттерді қамтиды. Бастауыш сынып оқушысына олар жасаған жаттығулар нақтылы бақылау жағдайларына, олардың егжей-тегжейлі сөзбен сипаттауға сүйенетіндей етіп беріледі. Мұндай материалдарды салыстыруда балалар ұқсас белгілерді табады және оларды тиісті сөздермен белгілейді. Білімді толық жинақтаудың негізгі критерийі баланың алған білімге сай келетін нақтылы мысал келтіре білуі болып табылады. Осы кезеңде оқытудың көрнекілік ұстанымын кеңінен қолдануға негіз болады [5, 112б].

Жүйелі оқу әрекеті негізінде III – IV сыныпта бастауыш мектеп оқушысының ойлау сипаты өзгереді. Ойлаудың дамуының екінші кезеңі осы өзгерістермен байланысты. III – IVсыныптарда ұғымдар арасындағы қатынасты көрсетуді талап ететін тапсырмалар көлемі ұлғая береді, оқушылар ұғымдардың кейбір белгілері арасындағы тектік-түрлік қатынасты, яғни топтастыруды игереді. Екінші кезеңнің аяғына қарай оқушылардың көпшілігі бұрынырақ жинақталған ұғымдары шеңберінде оларды ойша талдау мен құрастыру арқылы қорытынды жасайды. Мұғалімнің түсіндіруі және оқулық материалының тікелей көмегінсіз-ақ ұғымдарды меңгеруге көптеген жағдайларда жеткілікті болады. Көрнекі сәттері аз, объектілердің көпті-азды байланыстары бойынша сипатталатын пайымдаулар саны өседі.

Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттері туралы пайымдауларының негізінде көбінесе көрнекі бейнелеулер мен суреттеулер жатады. Сонымен қатар бұл пайымдаулар мәтінді талдау, оның жекеленген бөліктерін ойша салыстыру, бұл бөліктердегі басты сәттерді ойша айқындау, оларды бірегей көрініске біріктіру, ақыр соңында, кейбір жаңа, ендігі жерде тікелей түп нұсқадан қашық жатқан және абстрактілі білім болған пайымдаулардағы жеке нәрселерді жалпылау болып табылады. Белгілі заттар мен құбылыстарды жіктеу іскерлігі бастауыш мектеп оқушыларының ақыл-ой әрекетінің жаңа күрделі формаларын дамытады, ол қабылдаудан біртіндеп бөлінеді де оқу материалдарымен жұмыс істеудің өз алдына бөлек, өзінің ерекше әдістері мен тәсілдерін жинақтай бастаған үдерісі болады. Бұл мәселелер білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдермен тығыз байланысты. Сондықтан біз, қазіргі уақытта жаңартылған білім беру бағдарламаларында оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда қолданылатын интербелсенді әдістерге тоқталдық: Ең алдымен, бастауыш сынып оқушысының әрекеті ойын болғандықтан, ойын арқылы оқыту әдіснен тоқталдық. *Ойын арқылы оқыту* әдісінің негізгі элементтері:

- ойынның алдында нақты білім беру мақсаты бар;
- ойын арқылы белгілі бір педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарлануда, оқу іс-әрекеті ойын ережелеріне бағынады, Оқу материалдары ойын құралы болып табылады.

Ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға бағытталған ойын әдістерінің көмегімен оқушылар логикалық ойлауы дамып, шағын топтардың басқа мүшелерінің пікірлерін құрметтеуге, түпкілікті нәтиже мен өз іс-әрекеттерін жобалауға, сонымен қатар мақсатқа жету әдістерін анықтауға дағдыланады. [6, 85 б.].

Жобалау әдісі. Оқу жобасы- оқуышлармен немесе оқуышлар тобымен зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы міндеттерді шешуге бағытталған оқу-танымдық қызмет. Ол проблемаларды кең мағынада шешудің әрекеттері мен келісілген әдістерімен, ортақ мақсаттың болуымен сипатталады. Жобалау әдісіннің элементтерін қолдана отырып, оқушылар алға қойған мәселені шешудің өзінді жолдарын іздеп табады.

Жобалау әдісі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Жобалау әдісін қолдану барысында оқушылардың ұжымдық және топтық жобаларды дайындау жөніндегі қызметін ұйымдастыру ұсынылады. Жобалық жұмысты ұйымдастыру аудиториямен шектелмейді, сонымен қатар аудиториядан тыс жерде бірлескен жұмыс атқарады [7, 18б.].

Кейс-стади - белгілі бір оқиға мен жағдайды талдауға арналған іскерлік ойын. Кейсті пайдалану барысында оқушылар топтық сұрақтар мен жауаптарда көтерілген мәселенің мәнін түсіндіреді, жағдайды бағалайды, оқиғаны немесе процесті талдайды және өз шешімдерін көрсетеді.

Кейс-стади пайдалану:

- жүйелік, корреляциялық, факторлық, статистикалық және басқа да талдау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді;

- оқушылармен қосымша тапсырмаларды құру нұсқаларын әзірлейді;;

- "ми шабуылы" пікірталасын, ғылыми пікірталас пен негізгі және көп қырлы шешім бойынша пікірталас өткізу жоспарлайды.. Кейс-стадиларды пайдалану кезінде оқушылардың дайын білімді игеруіне емес, оларды өндіруге, яғни практикалық мәселелерді шешу үшін теориялық білімді қолдану дағдыларын дамытуға және мұғалім мен оқушының шығармашылық ынтымақтастығына баса назар аударылады [8, 75б.].

Қорыта келе, жоғарыда көрсетілген әдістерді бастауыш сыныпта сабақтарда пайдалану барысында оқушылардың логикалық ойлауын дамыту зор ықпал жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /http://edu.gov.kz

2 Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. Астана-2007. 17- шілде. 2020 жылға толықтырулар.

3 Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы: Алматы: «Заң әдебиеті», 2007. -280 б.

4 Запорожец А.В. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. 2017ж. 103б.

5 Рахымбек Д. Оқушылардың логика методологиялық білімін жетілдіру. Алматы: 2018 ж. 112б.

6 Сарыбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімінің даярлығын жетілдіру: дис. п.ғ.к. Қарағанды, 2006

7 Кобдикова Ж.У. Педагогическое технология уровневой дифференциаций обучения в средней школе. Алматы, 2021.

8 Инновационное обучение: Стартегия и практика. /Под. ред. В.Я. Ляудие. – М., 2020.

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ДЕТЕЙ В КРИЗИСНЫХ СЕМЬЯХ

Сулейменова Сабина Жаныбековна,
магистрант 1 курса по специальности
7М01805 -Социальная педагогика
КазНУ имени аль-Фараби

Аннотация. Кризисные семьи представляют собой социально-педагогическую проблему, требующую внимания со стороны общества и государства. В контексте Казахстана, как и во многих других странах, существует ряд факторов, способствующих возникновению и развитию кризисных семейных ситуаций, включая экономические проблемы, социальные дисбалансы, негативные тенденции в сфере здоровья и образования, а также изменения в структуре семьи и ценностях общества.

Цель данной аннотации - проанализировать существующую ситуацию с кризисными семьями в Казахстане, выявить основные причины и последствия таких ситуаций, а также предложить пути решения данной проблемы с учетом социально-педагогических аспектов.

Для достижения этой цели будет использован смешанный метод исследования, включающий анализ статистических данных, литературных источников, а также интервью с экспертами в области социальной работы и педагогики. Результаты анализа позволят выявить основные тенденции и проблемы в сфере кризисных семей в Казахстане, а также предложить рекомендации по улучшению социально-педагогической поддержки для таких семей и их членов.

Ключевые слова: Кризис, кризисные семьи, семья.

Аннотация. Дағдарыстық отбасылар қоғам мен мемлекеттің назарын талап ететін әлеуметтік-педагогикалық проблема болып табылады. Қазақстан контекстінде, көптеген басқа елдердегідей, экономикалық проблемаларды, әлеуметтік теңгерімсіздіктерді, денсаулық пен Білім саласындағы теріс үрдістерді, сондай-ақ отбасы құрылымындағы және қоғам құндылықтарындағы өзгерістерді қоса алғанда, дағдарыстық отбасылық жағдайлардың туындауына және дамуына ықпал ететін бірқатар факторлар бар.

Бұл аннотацияның мақсаты-Қазақстандағы дағдарысты отбасылармен қазіргі жағдайды талдау, осындай жағдайлардың негізгі себептері мен салдарын анықтау, сондай-ақ әлеуметтік-педагогикалық аспектілерді ескере отырып, осы мәселені шешу жолдарын ұсыну.

Осы мақсатқа жету үшін статистикалық деректерді, әдеби дереккөздерді талдауды, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс және педагогика саласындағы сарапшылармен сұхбаттарды қамтитын аралас зерттеу әдісі қолданылады. Талдау нәтижелері Қазақстандағы дағдарысты отбасылар саласындағы негізгі үрдістер мен проблемаларды анықтауға, сондай-ақ осындай отбасылар мен олардың мүшелері үшін әлеуметтік-педагогикалық қолдауды жақсарту бойынша ұсынымдар ұсынуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: дағдарыс, дағдарыс отбасылары, отбасы.

Abstract. Crisis families are a socio-pedagogical problem that requires attention from society and the state. In the context of Kazakhstan, as in many other countries, there are a number of factors contributing to the emergence and development of family crisis situations, including economic problems, social imbalances, negative trends in health and education, as well as changes in family structure and society values.

The purpose of this annotation is to analyze the current situation with crisis families in Kazakhstan, identify the main causes and consequences of such situations, and propose ways to solve this problem, taking into account socio-pedagogical aspects.

To achieve this goal, a mixed research method will be used, including analysis of statistical data, literary sources, as well as interviews with experts in the field of social work and pedagogy. The results of the analysis will help identify the main trends and problems in the field of crisis families in

Kazakhstan, as well as offer recommendations for improving socio-pedagogical support for such families and their members.

Key words: Crisis, crisis families, family.

Введение. Семейные кризисы (дефолты) – психофизиологические трудности, пересекающиеся в семьях на различных этапах их супружеского цикла. Распознают нормативные и ненормативные семейные дефолты. Официально выделяется 10 основных кризисных ситуаций в жизненном цикле, такие как [1]:

1. Зачатие, беременность и рождение первенца. С рождением ребенка семейные узы,которые раньше были эгоистическими отношениями, трансформируются в альтруистические. Перед супругами встает задача перераспределить свои роли с учетом потребностей и запросов ребенка.

2. Ребенок овладевает человеческим языком. Развитие языка, его богатство и полнота полностью зависят от общения с близкими и взрослыми.

3. Установление отношений ребенка с окружающей средой. Часто речь идет об отношениях в школьном коллективе. Родители и дети на этом этапе сталкиваются с проблемой адаптации к элементам школьного мира,неоднородной реальности и окружающей среде, усвоения и соответствия нормами правилам,принятым в школьном сообществе.

4. Ребенок вступает в подростковый возраст. Психологические особенности подросткового возраста,такие как острое отношение к критике, импульсивность, борьба с родительским авторитетом и общая эмоциональная неустойчивость,могут стать причиной конфликтов между родителями и детьми. Психологический микроклимат в семье в этот период усугубляется тем, что сами родители переживают кризис среднего возраста и находятся в возрастном напряжении.

5. Ребенок взрелости покидает родительский дом в поисках независимости и самостоятельности. В этот период родители часто испытывают так называемый «синдром опустевшего гнезда»,поскольку чувствуют утрату от прекращения совместной жизни.

6. Брак взрослых детей и рождение нового члена семьи (невестки или зятя). Супруги сталкиваются с новыми проблемами,связанными с установлением отношений с новым человеком и принятием его в узкий семейный круг.

7. Начинается менопауза. В этот период женщины теряют способность к деторождению,а в их организме происходят глобальные физиологические изменения,которые могут вызвать серьезные переживания.

8. Снижение сексуальной активности у мужчин. На этом этапе происходят нормальные физиологические изменения в мужском организме, связанные со старением, которые могут ощущаться как потеря сексуальной энергии, самого важного мужского качества. Задача мужчин здесь -принять свои физиологические возможности в отношении сексуального желания.

9. Воспитание в роли бабушки и дедушки. Задача новых родителей –принять эту роль, а также передать доминирование в семейной системе молодому поколению.

10. Смерть супруга. Смерть супруга часто становится источником сильного переживания и требует жизненных ресурсов и эмоциональной поддержки со стороны других членов семьи.

В Казахстане, как и во многих других странах, существует проблема кризисных семей, которая серьезно влияет на благополучие детей, родителей и общества в целом. Вот некоторые из основных аспектов, связанных с кризисными семьями в Казахстане

Экономические факторы: Высокий уровень безработицы, низкий доход и экономические трудности приводят к напряженности в семье, конфликтам и разводам.

Социальные и культурные изменения: изменение ценностей и традиций, утрата традиционных ролей в семье и влияние популярной культуры способствуют возникновению конфликтов и кризисов в семейных отношениях.

Домашнее насилие: насилие в семье остается серьезной проблемой в Казахстане, приводя к травмам, физическому и эмоциональному насилию и разрушению семейных отношений.

Алкоголь и наркотики: Злоупотребление алкоголем и наркотиками членами семьи может нарушить семейную гармонию, привести к деструктивному поведению и кризисам в отношениях.

Права детей: Недостаточная защита прав детей, включая образование, здравоохранение и защиту от насилия, также может привести к семейным кризисам и повлиять на благополучие детей.

Для решения проблемы кризисных семей в Казахстане необходимо разработать комплексные меры поддержки, включая социально-педагогическую поддержку, психологическую поддержку, юридическое консультирование и развитие социальной инфраструктуры для защиты семей и детей в кризисной ситуации. Также важно организовывать информационные мероприятия и образовательные программы для повышения осведомленности населения о проблемах кризисных семей и способах их решения. Решение проблем в кризисных семьях требует комплексного и индивидуального подхода, который учитывает конкретные обстоятельства семьи и потребности ее членов (мать, отец, дети).

Заключение

Таким образом, в основе нашего исследования можно выделить следующие выводы:

- в Казахстане до сих пор не решен вопрос о предоставлении правильной психологической и педагогической помощи в кризисных семьях.

- Дети существующие в кризисных семьях,повзрослевши имеют большое количество психологических трудностей и плохо функционирующую социализацию.

Для решения проблемы кризисных семей в Казахстане необходимо разработать комплексные меры поддержки, включая социально-педагогическую поддержку, психологическую поддержку, юридическое консультирование и развитие социальной инфраструктуры для защиты семей и детей в кризисной ситуации. Также важно организовывать информационные мероприятия и образовательные программы для повышения осведомленности населения о проблемах кризисных семей и способах их решения.

Список литературы:

1. Вы и ваша семья. (2015). Руководство по личностному росту/Автор: Сатир Вирджиния Р.Издательство: Институт обще гуманитарных исследований.

2.Полякова, О. В. (2019). Социально-педагогическая помощь детям из кризисных семей: методика и практика.

3.Болдырева, И. А. (2018). Социально-педагогическая помощь семье в кризисных ситуациях. Новосибирск

4. Лебедева, И. В. (2017). Психология семейных отношений: преодоление кризисов. Москва

5. Трофимова, Л. М. (2015). Психологическая помощь детям в кризисных ситуациях.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аймырзаева Замира,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Амирова Амина Слямхановна,
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Аннотация. Бұл мақалада жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту үдерісінің заңдылықтарын дидактика зерттейтіндігі туралы айтылады. Ол заңдылықтардың жеке пәндерді оқытудағы көрінісін және әр пәнді оқытудың өзіне ғана тән заңдылықтарын пәндік дидактика қарастырады. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемелері бар. Әдістеме дидактикаға ғана негізделіп қоймайды. Ол психология, педагогика, философия және т.б. ғылымдардың жетістіктеріне сүйеніп, білім беру жүйесіндегі озат тәжірибелер мен мәселелерді жедел ғылыми талдаудан өткізіп отырады.
Түйін сөздер: әдістеме, әдіс, дидактика, электронды ресурс, дағды, зерттеушілік іс-әрекет.

Аннотация. В данной статье говорится, что дидактика изучает закономерности процесса воспитания и обучения молодого поколения. Предметная дидактика рассматривает проявление закономерностей преподавания отдельных предметов и своеобразие закономерностей преподавания каждого предмета. У каждого из них свои методы обучения. Методика основана не только на дидактике. Это психология, педагогика, философия и т. д. на основе достижений науки проводит экспресс-научный анализ лучших практик и проблем в системе образования.
Ключевые слова: методология, метод, дидактика, электронный ресурс, умение, исследовательская деятельность.

Abstract. This article says that didactics studies the patterns of the process of education and training of the younger generation. Subject didactics considers the manifestation of the patterns of teaching individual subjects and the originality of the patterns of teaching each subject. Each of them has their own teaching methods. The methodology is based not only on didactics. These are psychology, pedagogy, philosophy, etc. based on the achievements of science, it conducts an express scientific analysis of the best practices and problems in the education system.
Key words: methodology, method, didactics, electronic resource, skill, research activity.

Педагогика және психология қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірмен сөздігінде: әдістеме – әдістер жиынтығы; оқыту немесе ғылымды зерттеу әдістері туралы ілім; педагогиканың жеке пәндерден берілетін білім көлемін негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін саласы. Жалпы алғанда жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту үдерісінің заңдылықтарын дидактика зерттейді. Ол заңдылықтардың жеке пәндерді оқытудағы көрінісін және әр пәнді оқытудың өзіне ғана тән заңдылықтарын пәндік дидактика қарастырады. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемелері бар. Әдістеме дидактикаға ғана негізделіп қоймайды. Ол психология, педагогика, философия және т.б. ғылымдардың жетістіктеріне сүйеніп, білім беру жүйесіндегі озат тәжірибелер мен мәселелерді жедел ғылыми талдаудан өткізіп отырады [1. б.37]. Бұдан шығатын қорытынды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдысын дамытуда электрондық ресурстарды пайдаланудың әдістемесін теориялық талдауларға және мектеп тәжірибесіне сүйене отырып дайындау мақсаты қойылды.

Электронды ресурстар ақпараттық білім беру ортасының негізі болып табылады, ол оқуға қажетті материал болып табылады. Электрондық ресуртардың негізгі ерекшелігі болып оның толықтығы және материалды айту үзіліссіздігі, жаңа дидактикалық схемаларды жаңа

ақпараттық амалдарды, кешенді мультимедеялық технологияларды қолдануды жүзеге асыру жатады.

Қазіргі кезде ең бағалы тауар – ақпарат болып саналады. Сондықтан қай елдің тұрғындары ақпарат алуға кең мүмкіндік алса, алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияны пайдаланып терең білім алса, сол ел алдыңғы қатарлы болып саналмақ. Елдің болашағы осы мүмкіндікті қалай пайдаланып, қоғамды ақпаттандыруды қалай жүзеге асыруда болмақ.

М.Бұралқыұлының түсіндірме сөздігі бойынша: «электронды ресурс» латын тілінен аударғанда «электрон» ұсақ бөлшек, ал «ресурс» бір нәрсенің құрасқан қоры деген мағына береді [2. б.660]. Бұдан ұсақ бөлшектерден құралған бір нәрсенің толық қоры деген мағынаны көреміз. Белгілі бір тақырып аясындағы әртүрлі ақпарат көздерін тұтастықта қамтамасыз етуді электрондық ресурс ретінде деп түсінеміз.

Ш.К.Курманалина бастауыш сыныптарда оқытуда қолданылатын электрондық ресурстардың негізгі түрлеріне мыналарды жатқызған. Олар:

- жалпы бағыттағы сервистік бағдарламалық құралдар; білім алушының білім, біліктілік және дағды деңгейін өлшеуге және бақылауға арналған бағдарламалық құралдар;
- электрондық тренажерлар;
- математикалық және имитациондық моделдеуге арналған бағдарламалық құралдар;
- виртуалды лабораториялық бағдарламалық құралдар;
- ақпараттық-іздеу анықтамалық жүйелері;
- автоматтандырылған оқыту жүйелері;
- электрондық оқулықтар;
- эксперттік оқыту жүйелері;
- интеллектуалдық оқыту жүйелері;
- кәсіби қызметті автоматтандыру құралдары [3. б. 382]. Оқушылардың тұлға ретінде дамуында олардың санасында ғылыми ұғымдардың қалыптасуы үлкен әсерін тигізеді. Пәннің мазмұны мен мақсатына орай оқушыларға беретін ғылыми ұғымдарының да мазмұндық, жүйелілік, көлемдік ерекшеліктерін жетік меңгеруге мүмкіндік береді.

А.Н.Поддьяковтың пікірі бойынша, зерттеушілік дағды – жаңа ақпараттарды сыртқы қоршағандардан іздестіруге, алуға және тануға бағытталған жанды заттардың шындық дүниемен өзара әрекеттесуінің түпкілікті формаларының бірі, адамның болмыстағы іс-әрекеттерінің мағыналық сипаттамасы. Зерттеушілік дағдыны тудыратын себеп – жағдайлардың нақты еместігі, белгісіздігі [4. б. 243]. Зерттеушілік мінез-құлықтың басты қызметі – проблемаларды шешудің тәсілдері мен ақпараттарды сыртқы көздерден іздестіру арқылы осы нәтижеге қол жеткізеді.

А.Х.Аренова бойынша, зерттеушілік іс-әрекет барысында оқушы нысандарда бар байланыстар мен қарым-қатынастарды бірізді анықтай отырып, оларды зерттеу шеберліктерін қалыптастырады. Осы зерттеушілік әрекеттердің маңызды ерекшелігі – оқушының проблемалық жағдайларды өзі іздеп, өзі жасауында. Зерттеушілік іс-әрекеттер креативті сипатта болады және баланың жеке тұлғасының креативті бағыттылығын қалыптастыруды ынталандырады. Алынған нәтижелер зерттеуге қатысу оқушының жеке тұлғасын жағымды өзгерістерге әкелетіндігін көрсетті [5. б.112]. Бұдан оқушының зерттеушілік дағдысын дамытудың басты жолы – көбінесе электрондық ресурстарды қолданып зерттеушілік іс-әрекетті жүзеге асыратын, оның өзінің зерттеушілік қабілетіне сай практикасы екендігі айқындалады.

Бастауыш сыныптарда оқытылатын «Жаратылыстану» пәнінде оқушылардың электрондық ресурстарды пайдалану арқылы зерттеушілік дағдысын дамытуда мақсатын көздей отырып, әдістемесін дайындалды. Әдістемені іске асыруда оқыту формасының өзгеруі де оқушылардың білімді өздігінен меңгеруге бағытталуы олардың ізденуіне, қойылған проблемалық және шығармашылық тапсырмаларды шешуіне, оқу-танымдық қарапайым зерттеу жұмыстарын жүргізуге және топтық, жұптық формаларында ұсынылған тапсырмаларды орындауда сыни ойлауы, шешім қабылдауы, жаңа нәтижеге жетуі көзделді. Білім беру үдерісінде оқыту үдерісін ұйымдастыру формасын, заманауи технологияларын, интербелсенді әдістерін таңдау көп жағдайда тақырыптың мақсаты және міндеттерімен анықталады. Бастауыш сынып оқушыла-

рының зерттеушілік дағдысын дамытуды іске асыру үшін 4 сыныпта «Жаратылыстану» пәні бойынша төмендегі тақырыптарға тапсырмалар жүйесі әзірленді [6. б.56-57]

«Жаратылыстану» пәнінде электрондық ресурстарды пайдаланып орындайтын әдістемеміздің негізі болып табылатын құрастырған ***тапсырмалар жүйесінен мысалдар ұсынамыз*:**

Сабақтың тақырыбы: Ғарышта не бар?

1-тапсырма: Кеңейтілген тапсырманы интерактивті тақтаның көмегімен орында. Кеңейтілген тапсырма кеңейтілген тапсырма 3 бөлікке бөлінеді. Мысалы: 1)бірінші кезеңде оқушы сәйкестендіру жұмысын орындайды;

2)екінші кезеңде анықтаманы табады; 3)үшінші кезеңде терминдер мен анықтаманы есіне түсіре отырып, жинақтайды.

1-кесте
Сәйкестендір:

№	Терминдер	Анықтамалар
1	*Меркурий*	Күнге ең жақын ғаламшар. Күн жүйесінің 1-ең кіші ғаламшары. Күнді 88 тәулік ішінде айналып шығады.
2	*Шолпан*	Аспандағы ең жарық шырақ (Күн мен Айдан кейінгі). Күн жүйесінен екінші орналасқан ғаламшар.
3	*Жер*	Тіршілік көзі кездесетін жалғыз ғаламшар. Күн жүйесінен үшінші орналасқан.
4	*Марс*	Күн жүйесінің Күннен бастап санағандағы 4-ғаламшары; Жер тобындағы планеталар қатарына жатады.
5	*Юпитер*	Күн жүйесінің бесінші ғаламшары. Қызылжұлдыз бен Сатурн (Қоңырқай) ғаламшарларының арасында орналасқан.
6	*Сатурн*	Күн жүйесіндегі Юпитерден кейінгі екінші үлкен планета. Сақина жүйесімен танымал.
7	*Уран*	Күн жүйесіндегі жетінші планета және сыртқы планеталар тобына жатады.
8	*Нептун*	Күн жүйесінің сегізінші ғаламшары. Түсі көгілдір болып келеді.
9	*Плутон*	Күн жүйесінің сыртқы жағында айналатын ергежейлі ғаламшар.

2-кесте
Анықтамаларды ата

№	Терминдер	Анықтамалар
1	*Меркурий*	
2	*Шолпан*	
3	*Жер*	
4	*Марс*	
5	*Юпитер*	
6	*Сатурн*	

3-кесте
Ғаламшар туралы түсінігіңді жинақта

№	Терминдер	Анықтамалар

2-тапсырма


Инфографикаға қара. Оның көмегімен сұрақтарға жауап бер.Оқиғаларды ретімен орналастыр.



1-сурет. Инфографика

Learningapps интелектуалды ойындары арқылы тапсырманы орында. https://learningapps.org/display?v=pj0oe86p322

2-сурет - Ғарышқа саяхат



Дұрыс жауабы диссертацияда толық көрсетілген:

Проблемалық жағдаятты шешу жолдары:


1) Тұсбағдар болмаған жағдайда күнге арқаны қойып, екі қолды созып тұр.

Сенің көлеңкең түскен жер - солтүстікті, ал өкшең тұрған жер - оңтүстікті, оң қолың – шығысты, сол қолың-батысты көрсетеді.

2) Ормандағы ағаштарға зер салып қараңыз. Себебі ағаштардың жапырақтары оңтүстігінде жиі және көп болады. Ал солтүстік жағында

сирек болады.


3) Құмырсқа илеуін іздеп көріңіз. Құмырсқа илеуі сол жаққа қарай бағытталады.



Ал егер ауа-райы бұлтты болған жағдайда не істеуге болады ? Қолдағы бар құралдардан тұсбағдар жасауға болады.

4К моделіне негізделген тапсырма

1-тапсырма (коммуникация) **Ғаламшарлар фотосуреттеріне қарап ой-талқы жасап сипаттама беріңіздер.**



2-тапсырма (кооперация) Алып ғаламшарлар мен Жер тобы ғаламшарларына сипаттама беріп, постер жасаңыз.

3-тапсырма (сыни ойлау) Алып ғаламшарлардың суретіне қара, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тап



4-тапсырма (креативтілік) **Ғаламшарлардың орналасу реті бойынша күн жүйесінің макетін жасаңыз.**

4 сынып оқулығында берілген тақырыптарға өзіміздің дайындаған тапсырмалар жүйесін ұсынып, соның негізінде тәжірибелік-эксперимент жүргізіліп жатыр.

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдысын дамытуда электрондық ресурстарды пайдаланудың өзектілігі айқындалып, 2-сыныпқа арналған тапсырмалар жүйесі дайындалды. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдысын дамытуда электрондық ресурстарды пайдалануда эвристикалық, шығармашылық, репродуктивті, сыни ойлау қабілеттерінен тұратын құрылымда шешу мүмкіндігін толық пайдалану қажет,- деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Педагогика және психология қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірмен сөздігі. – Алматы, - Алматы, 2002. – 251 б.

2. М.Бұралқыұлы Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2008. - 678 б.

3. Ш.К.Курманалина Методология и технология создания электронной методической системы в условиях информатизации образования. –Алматы.: Алем, 2002. – 413 с.

4. А.Н.Поддьяков Развитие исследовательской инициативности в детском возрасте. Диссертация. доктора псих. наук. -М. 2001.-364 с.

5. А.Х.Аренова. Методика развития познавательных навыков в учебной деятельности школьников. – Алматы, 2003. – 128 б.

6. «Жаратылыстану» Жалпы білім беретін мектептің 4 сыныбына арналған оқулық. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 88 б.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕРІ

Амангелдиева Баян Нұрсұлтанқызы,
пед.ғ.магистрі, аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Бұл мақалада кәмелетке толмағандар арасындағы кибербуллингтің ерекшеліктері қарастырылды. Кибербуллингтің буллингтан айырмашылығы, кибербуллингтің құрбаны болғандардың симптомдары және психикалық денсаулыққа әсері анықталды. Кибербуллингтің түрлері жіктеліп, алдын-алу жолдары көрсетілді.

Түйін сөздер: кибербуллинг, буллинг құрбаны, балалар мен жасөспірімдер, кибербуллинг түрлері, кибербуллинг құрбандарының симптомдары.

Аннотация. В данной статье рассмотрены особенности кибербуллинга среди несовершеннолетних. Определены отличия кибербуллинга от буллинга, симптомы жертв кибербуллинга и его последствия на психическое здоровье. Классифицированы несколько видов кибербуллинга и показаны методы их профилактики.

Abstract. This article considered the features of cyberbullying among minors. Cyberbullying differs from bullying in that the symptoms and mental health effects of cyberbullying victims have been identified. Types of cyberbullying were classified and prevention methods were shown.

Балалар мен жасөспірімдерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, атап айтқанда интернет пен ұялы телефондардың көмегімен қудалау – оқушылар арасында суицидке, ауыр тұлғалық өзгерістерге әкелетін ең маңызды мәселелердің бірі.

БҰҰ кибербуллингті кәмелетке толмағандардың физикалық, психологиялық немесе ақыл-ойдың зорлық-зомбылықтың кез-келген түрінен қорғалуына кепілдік беретін бала құқықтары жөніндегі БҰҰ конвенциясының 19-бабын бұзу деп таниды. Балалар мен жасөспірімдерді осы құбылыстан қорғаудың белсенді әрекеті ретінде БҰҰ Бас Ассамблеясы және оған қатысушы елдер 2014 жылы қорқытудың кез-келген түрімен күресуге қарар қабылдады

Кибербуллингке қарсы күресте қылмыстық немесе азаматтық жауапкершіліктен гөрі алдын алу шараларына көп көңіл бөлініп жатыр. Алдын алудың негізгі бағыты балалар мен жасөспірімдерде интернеттегі өз мінез-құлқына саналы және құндылық көзқарасты қалыптастыруды көрсетеді, бұл желідегі агрессивті мінез-құлықты қудалаудың құрбаны немесе бастамашысы ретінде кибербуллингке тартылу қаупін азайтады.

Жалпы білім беру ұйымдары мектеп оқушыларының медиақұзыреттіліктерін дамытуға жағдай жасауға жауапты. Бұл оқушылардың психологиялық денсаулығын, физикалық және әлеуметтік салауаттылығын сақтауға қамтамасыз етуге көмектеседі.

Соңғы уақытта «кибербуллинг» термині жиі қолданыла бастады. Бұл электронды өзара әрекеттесу құралдары арқылы қорлауды, әдейі жүйелі әрекеттерді агрессивті сипатта қолдануды білдіреді.

Кибербуллингтің виртуалды ортаның бірегейлігі және дәстүрліден қорлаудан айырмашылығына байланысты психологиялық аспектілерін көрсетуге болады. Оларға мыналар жатады:

- ✓ қорлаушының жасырын тұлға болып қалуы және жәбірленушіні үнемі бақылауда ұстау мүмкіндігінің болуы;
- ✓ жәбірленушінің ата-аналар мен ересектерден компьютерге кіруді шектеуден қорқу салдарынан (ұялы телефон, планшет және т.б.) қудалау фактілерін жасыру үшін кибербуллингті жасыру мотивациясының болуы;
- ✓ қорқыту куәларының көптігі мен жасырын тұлға болып қалуы, мұндай әрекеттер үшін жаза мен жауапкершіліктің болмауы;

Интернетте рұқсат етілген анонимділік өздік Менді алмастырып және әртүрлі әлеуметтік рөлге еніп тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Бұл әдетте бетпе-бет қарым-қатынаста болатын басқалардың теріс бағалауы немесе әлеуметтік санкция қоюдан қорықпауға жол ашады [1].

Жасөспірімдер кибербуллингке ең осал болып табылады. Әдетте жәбірленуші – көбінесе шынайы өмірде бұрын қорқытудың нысанасына айналған адам. Құрбандар мен бұзақылардың көпшілігі 11-16 жас аралығы, яғни. кез келген қорлауға, қауесеттерге және әлеуметтік сәтсіздіктерге жоғары сезімталдықпен сипатталатын жыныстық жетілу жасындағы балалар.

Кибербуллинг қалай пайда болады? Кейде олар белгілі бір адамды қорлауға арналған арнайы беттерді жасасақтайды (мысалы, сыныптасы немесе мұғалімі). Ол бетте қорлаушы адамды мазақ етіп жазады, карикатуралар, қорлайтын фотосуреттер немесе бейнелер жариялайды, қорлайтын лақап аттар ойлап табады және құрбандар туралы қорлайтын қауесет таратады. Бұл қорлау түрі жасөспірімдер арасында өте танымал: жәбірленушінің фотосуреті мен телефон нөмірі, оның атынан жыныстық қызмет көрсетеді деп жариялайды. Кейде адамды қорлау мен қорқытулар бар пікірлер немесе жеке хабарламалар жазып қорқытады. Тағы бір қорқытудың танымал әдістерінің бірі - жәбірленуші туралы ақпаратты оның еркінен тыс (бопсалау арқылы) жариялау. Сөйтіп жәбірленушінің атынан оның жақындарына, сыныптастарына және туыстарына хабарламалар жазады.

Бір қарағанда, қорлаудың бұл түрі зиянсыз болып көрінеді. Бірақ кибербуллингтің өзіне тән ерекшеліктері (анонимділік, кең аудиторияның болуы, тәулігіне 24 сағат қорқытуды жүзеге асыру мүмкіндігі, фактілерді бұрмалаудың қарапайымдылығы) баланың психологиялық денсаулығына одан да көп қауіп төндіреді. Кибербуллинг құрбандары интернетке кіру мүмкіндігінен айырылу қорқынышы себебінен ересектермен бөліскісі келмейді.

Шынайы өмірде буллинг құрбаны қорлаушыдан қашып құтыла алады. Мысалы бала мазақтаудан қашып, мектепке бармай, үйде демалады. Ал кибербуллерлер күндіз-түні аңды алады. Нәтижесінде кибербуллинг құрбанының өзіндік бағалауына әсер етіп, депрессия, агрессивті мінез-құлық, үрей, қоршаған ортаға деген сенімсіздік, көңіл-күйдің өзгермелілігі, қорқыныш сезімі, суицидтік ойлар пайда болады [2].

Кибербуллинг құрбандарында пайда болатын негізгі белгілер:

- денсаулық: денсаулық көрсеткіштері нашарлайды, бас ауруы пайда болады ауырсыну, іштің ауыруы, ұйқы проблемалары, көңіл-күй проблемалары;
- мінез-құлық: кенеттен пайда болатын жасөспірімнің тұйықтығы мен оқшауланууы, зейіннің шынайы әлемнен виртуалды әлемге, ойын әлеміне ауысуы, оқу үлгерімінің күрт төмендеуі;
- үйдегі заттардың жоғалуы: жеке заттар немесе ақша кенеттен жоғалып кетеді; ата-аналарға олардың жоғалуын анықтау қиын емес болады;
- кибербуллингтің маңыздылығын төмендету: көбінесе кибербуллинг құрбандары ересектермен сөйлескен кезде олар желідегі қиянат жағдайларын жасырады [3].

Кибербуллингтің көптеген түрлерінің ішінде ең көп таралғаны:

- жәбірленушіні мақсатты түрде топтан шығарып тастау, интернеттегі барлық әлеуметтік топтарға, атап айтқанда, ойын ойнауға рұқсат етілмейді, кездесулер немесе басқа достар қауымдастығы, барлық бірлескен онлайн сұхбаттар тобынан шығарылады. Топтан шығарудың себебі кез-келген болуы мүмкін тіпті, мысалы, балада смартфонның жоқтығы;
- үнемі қасақана қорлау ретінде қудалау: баланы жеке чат немесе топтардағы чаттарда хабарламалар арқылы жасөспірімді қорлап, қорқытады. Кибербуллингтің бұл түрі өте қауіпті және бала үшін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Себебі хабарламалар үнемі күндіз-түні келеді, оның жай ғана хабарламалардан демалуға уақыты болмайды. Зиянды хабарламалар баланы қорқытып, өзіне сенімсіз етуі мүмкін;
- аутинг - бұл адамның жеке мәліметтерін оның келісімінсіз оны қорлау мақсатында қасақана жариялау.

- киберсталкинг – ересектердің интернет арқылы кәмелетке толмағандармен жыныстық қанау мақсатында олармен жеке кездесу ұйымдастыруға әрекет жасауы. Бұл кибербуллингтің өте қауіпті түрі, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін;
- фрейпинг - оның барысында құқық бұзушы баланың әлеуметтік желілердегі жеке профиліне кіріп, оның атынан орынсыз ақпараттар жариялайды. Бұл арқылы қылмыскер жәбірленушінің беделіне нұқсан келтіреді;
- жалған аттар мен фотосуреттері бар жалған профильдерді, біреудің телефон нөмірін пайдалану арқылы киберқорлаушылар күдік туғызбай, желіде жасырын түрде адамды қудалайды. басқа. Әдетте бұл жағдайда қылмыскер қорқыту нысанасын жақсы біледі, сондықтан танып қоймау үшін жалған профильді пайдаланады;
- диссинг - жәбірленуші туралы жала жабатын, беделіне нұқсан келтіруі мүмкін ақпаратты интернетте тарату немесе жариялау. Сондай-ақ жәбірленушінің басқа адамдармен қарым-қатынасына зиян келтіреді. Құқық бұзушы бар күшімен баланы немесе жасөспірімді қорлауға тырысады бұл процеске барынша көпшілікті назар аудартады. Көбінесе мұны жәбірленушінің таныстары жасайды, бұл жағдайды ушықтырады;
- жалған айту – киберқорлаушы балаға немесе жасөспірімге жалған айту арқылы сеніміне кіріп, жеке немесе интимдік ақпаратты біліп, оны желіде жариялайды.
- троллинг – интернет форумдар мен әлеуметтік желілерде балағат сөздерді қолданып, қасақана арандатушылық. Негізгі мақсаты - жәбірленушіні қорлау, ашуландыру және оны ашулануға мәжбүрлеу. Жәбірленуші ретінде арнайы сезімтал адам таңдалады.
- кетфишинг - киберқорқыту, алдау мақсатында жәбірленушінің бастапқы профиліне толығымен ұқсас жаңа профиль жасайды. Жалған профиль атынан олар жәбірленушінің барлық достарын қосады, оларға бұл шынымен дұрыс профиль және алдыңғы профиль өтірік деп айтады, сөйтіп жәбірленушінің атынан достарынан қарыз сұрай бастайды немесе қорлайды [4].

Кибербуллингті алдын-алу мәселесінде ең алдымен қауіпсіздік туралы айтылады. **Киберқауіпсіздік** - бұл қолданушыларды, олардың ақпараттық жүйелерін, желілері мен бағдарламаларын сандық шабуылдардан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қызмет. Мұндай кибершабуылдардың басты мақсаты әрі хакерлердің жеке мақсаттары үшін осы ақпаратты одан әрі пайдалану үшін пайдаланушының құпия ақпаратын алу, әрі бүкіл бизнес-процестің жұмысын бұзу болуы мүмкін. Сондықтан, әсіресе мемлекеттік департаменттер мен ірі жеке ұйымдардың жағдайында, Қазақстан үшін, сондай-ақ әлемнің басқа елдері үшін Интернетте тиімді және қауіпсіз болу үшін басты міндеттердің бірі дәл осы киберқауіпсіздік саласын дамыту болып табылады. Киберқауіпсіздік қауіптердің үш түрімен күреседі:

Киберқылмыс – жүйенің жұмысын бұзу немесе қаржылық пайда алу мақсатында оған шабуыл жасау мақсатында бір немесе бірнеше шабуылдаушылар ұйымдастырған әрекет.

Кибершабуыл – бұл негізінен саяси сипаттағы ақпаратты жинауға бағытталған әрекет.

Кибертерроризм – қорқыныш немесе үрей тудыру мақсатында электрондық жүйелерді тұрақсыздандыруға бағытталған әрекеттер.

Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы ("Қазақстанның киберқалқаны") Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуі бойынша "Қазақстан-2050" Стратегиясының тәсілдерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Жолдауына сәйкес әзірленген. Тұжырымдама мемлекеттік органдарды ақпараттандыру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру, "цифрлы" экономиканы дамыту және өнеркәсіптегі өндірістік процестерді технологиялық жаңғырту перспективалары, ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету аясын кеңейту саласындағы ағымдағы ахуалды бағалауға негізделген. Тұжырымдама электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелер мен телекоммуникация желілерін қорғау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі бағыттарын белгілейді. Осы Тұжырымдаманың орындалуы қазақстандық қоғамды одан әрі жаңғыртуға қызмет етеді және Қазақстанның БҰҰ-ның Киберқауіпсіздіктің жаһандық бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі болады [5].

Балалардың қауіпсіздігінің кепілі ретінде ата-ана бақылауы қарама-қайшылық тудыруы мүмкін: әрине, баланың интернет әлеміне енуі – бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста сенімділік, ашықтық, жүйелілік және адалдық қамтиды. Дегенмен балаға керек өз бетінше және саналы түрде шешім қабылдауға, өзін түсінуге үйрету және интернетте өзбетінше қызмет ету дағдылары қалыстаспауы мүмкін. Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас фон ретінде және қолайсыз жағдайларда қолдау көзі болып табылады. Бала интернет арқылы әлеуметтенеді, одан қашып құтылу мүмкін емес, тек өзбетінше қауіпсіз әлеуметтеніп, интернеттің тиімді тұстарын пайдалана алуға жағдай жасау бұл қоғам алындағы басты міндет болып отыр.

Әдебиеттер:

1. Профилактика кибербуллинга среди обучающихся образовательной организации /Вологодский институт развития образования; [Н.В. Носова, Е.М. Калинкина, Н.Ю. Камракова].– Вологда: ВИРО, 2019. –52с.табл. ISBN 978-5-87590-505-6
2. Баранов, А.А. Психологический анализ причин подросткового кибербуллинга / А.А. Баранов, С.В. Рожина // Вестник Удмуртского университета. – 2015. - № 3. – С. 5–8.
3. Березина, О.С. Социальная профилактика кибербуллинга среди подростков / О.С. Березина // Информационная безопасность и вопросы профилактики киберэкстремизма среди молодежи. – 2015. – С. 63–67
4. Черкасенко, О.С. Феномен кибербуллинга в подростковом возрасте / О.С. Черкасенко // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии. – 2015. - № 6. – С. 52-54.
5. Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын ("Қазақстанның киберқалқаны") бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысы.

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аязхан Мерей,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Амирова Амина Слямхановна,
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Аннотация. Бұл мақалада критериалды бағалау жүйесі негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруды инновациялық технологиялармен байланыстыра қолданамыз, өйткені олар білім алушының тұлғалық сапаларын дамытудағы әлеуеті тұрғысында талданатыны туралы айтылады. Білім алушылар тұлғасының интеллектуалдық әлеуеті (БТИӘ) – жеке тұлғаның өзін іс жүзінде көрсетуіне және өздігінен дамуына, шығармашылық әлеуметтік-белсенді интеллектуалдық іс-әрекетіне түрткі болатын «тумысынан» немесе «жүре келе пайда болған» тұлғалық мүмкіндіктерін өзектендіруді қамтамасыз ететін индивидуалды-психологиялық (бірінші кезекте ақыл-ой ресурстары) және тұлғалық ресурстар жүйесі болып табылады.

Түйін сөздер: бастауыш білім, критериалды бағалау, оқыту, оқу үдерісі, сыни ойлау.

Аннотация. В данной статье на основе критериальной системы оценивания мы используем повышение качества образования учащихся начальных классов в связи с инновационными технологиями, поскольку они анализируются с точки зрения потенциала развития личностных качеств учащегося. Интеллектуальный потенциал личности обучающегося представляет собой индивидуально-психологические (прежде всего психические ресурсы) и систему личностных ресурсов.

Ключевые слова: начальное образование, критерий оценивания, преподавание, процесс обучения, критическое мышление.

Abstract. In this article, based on the criteria-based assessment system, we use improving the quality of education of primary school students in connection with innovative technologies, since they are analyzed from the point of view of the potential for the development of personal qualities of a student. The intellectual potential of the student's personality is an individual psychological (primarily mental resources) and a system of personal resources.

Key words: primary education, assessment criteria, teaching, learning process, critical thinking.

Бастауыш білім мазмұнын меңгертуде критериалды бағалау жүйесі негізінде оқушылардың білім сапасын аттыруға негіз болатын нәтижеге бағдарлауға басымдық берілуде. Бастауыш сыныптарда оқыту мен оқу үдерісін ұйымдастыруда білім сапасын арттыруда мұғалім мен білім алушының субъектілік қарым-қатынасын ізгілендіру мәселелерін шешу, тұлғаның өзін өзі дамытуын, өз әрекетін және сыныптастарының білімін бағалау дағдыларын қалыптастыру көзделуде.

Критериалды бағалау дегеніміз – білім алушының білімі мен білігін алдын ала белгіленген оқу жетістіктерімен салыстыра оқыту, соның негізінде оқушыны бағалау. Критериалды бағалау кезінде алдын-ала бағалау шкаласы белгіленіп, оқушының алдына соған жету жоспары қойылады. Бағалаудың мұндай жүйесі оқушының кемшіліктерін өзіне түзетуіне мүмкіндік береді, оның өзін-өзі және өзгені бақылауына, бағалауына мүмкіндік туғызады. Бұл әрине бағаның айқындылығын, адалдығын сақтайды, оқушының сабақ барысында өткен тақырыпты қалай түсінгендігін оқытушыға күнделікті саралап отыруына мүмкіндік туғызады [1. б.57].

Біз қарастырып отырған білім сапасын арттыруда қолданылатын инновациялық технологиялар оқытуды ізгілендіруге, білім берудің нәтижеге бағытталуына, оқушы тұлғасының дамуына негізделеді. Бұдан шығатын қорытынды бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда бастауыш білім мазмұнын меңгертуде өздігінен ізденуге, өзін-өзі жетілдіруге, өзіндік ой қорытындысын жасай алатын тұлға қалыптастыруда инновациялық технологиялардың алатын орны ерекше екендігін атап өтеміз.

Бастауыш сыныптарда оқыту үдерісінде педагогикалық технологияларды қолдану барысында оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, білімі мен біліктілігінің деңгейін көтеріп, тұлғаның шығармашылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызып, тұлғалық, пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда инновациялық технологиялардың критериалды бағалау тұрғысынан пайдаланған жағдайда ықпалы зор екенін атап өткіміз келеді.

Бастауыш сыныптарда кез келген пәнді оқуда оқушылар белгілі бір мазмұнды, сол ғылымға қатысты ұғымдарды біліп қана қоймай, ақпаратты талдай, жинақтай алу, жіктей, жүйелей білу, жалпыдан жеке қорытындылар түйіп, дәлелдеулер, ой қорытындылар жасауға да дағдыланулары тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының табиғатынан жаңалыққа құмарлығын, әлемді тануға құштарлығын, белсенділігін ескере отырып, олардың логикалық ойлау әрекеттерін ұтымды ұйымдастыра алу үшін тапсырмаларды ізденімпаздықпен, шығармашылыққа құрастыру керек. Критериалды бағалау жүйесі негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда инновациялық технологияларды білім беру үдерісінде тиімді пайдалану оң нәтиже көрсетеді, - деген тұжырым жасаймыз.

Критериалды бағалау жүйесі негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруға бағытталған, мүмкіндігі мол технологиялардың қатарына американдық ғалымдар мен әлемдегі озық педагогтарының алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған ***«Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту»*** (RWCT) технологиясы болып табылады.

Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үдеріс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Б.А.Тұрғынбаева өзіндік бағаның адамның нақты мүмкіндіктеріне сәйкес болуы оның өзімен өзінің ішкі үйлесімділігіне, өзін-өзі құрметтеуге қол жеткізуіне ықпал етеді де, ал керісінше жағдайда ішкі қақтығыстарға кейде невротикалық жағдайларға әкелуі де мүмкін. Дегенмен, адамда қандайда бір өзіндік бағаның болмауы тұлғаның өзін жоғалтуына әкеліп, оған басқалардың беретін бағасының мәнін арттырады [2, 56 б.]. Тұлғаның өзіндік бағасы оның әрекет ететін ортасында қандай құндылықтардың жетекші болып есептелуіне байланысты. Қоршаған адамдардың, ұжымның пікірінің мұндай жағдайда шешуші роль атқарып жататындығы белгілі. Мысалы: адамның коммуникативті қабілеттері құнды болса, сол сапасы бар адамдар өздерін артық бағалауы мүмкін. Ал интеллектуалдық сапалардың үстемдігі жағдайында осы қабілеттері жоғары адамдарға берілетін баға да жоғары болады.

Өзіндік баға әрекетке ынталандырып оның тиімділігін арттырады, себебі бұл адамның көңіл-күйіне оның секемшілдіктерінен бастап жұмысқа бар ынтасымен берілуіне байланысты. Өзіндік баға оның психологиялық-физиологиялық, психикалық күйзелістері оның өмірлік тәжірибесі, ол өмір сүретін ортада және өмірге деген қарым-қатынас жүйесінде детерминалданады. Өзінің ішкі құрылымына қарай өзіндік баға тұлғаның өзі сияқты көпастарлы. Оның мазмұны моральдік-адамгершілік құндылықтар, қарым-қатынастар мен мүмкіндіктерден тұрады. Тұлғаның тұтас өзіндік санасы оның психикалық әлемінің жеке

қырлары негізінде қалыптасады. Өзіндік баға беру өзін-өзі тану мен табу адам әлеуметтік, кәсіби, отбасылық тіпті жәй қарым-қатынастар мен байланыстар жүйесінде өз орнын анықтауға көмектеседі – деген пікірді ұстанамыз.

Сын тұрғысынан ойлаудың мақсатын ұсынылған идеялардың: олар қолданылуға жарамды ма, оларды қалай жетілдіруге болады, т.б. тестілеуден көреді. Сәйкес сұрыптау өткізу үшін біріншіден, белгілі ара қашықтықты сақтай білу, яғни өз идеяңды объективті түрде бағалай білу және екіншіден, жаңа идеяларды практика жүзінде жүзеге асыру мүмкіндігін анықтайтын шектеу немесе өлшемді ескеру қажет.

«Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамытудың» тұғыры болып, ашық қоғамда қазіргі мәдени көзқарасты насихаттаушы субъектілердің ынталылығын арттыру, әр адам мен қоғамдағы әртүрлі көзқарастардың ортақ өмір сүруіне жол ашу, ол қатал нормаланған тәртіп пен көзқарасты көтере алмайды.

Сын тұрғысынан ойлаудың өзіндік ерекшелігі бар, оған өзіндік түсінік тән, ол басқа ойлау түрлері мен жолдарынан өзгеше. Сонымен қатар, сын тұрғысынан ойлау технологиясы ойлаудың барлық бағыттарымен және түсініктерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Ол адамдардың күнделікті өмірлеріндегі кездесетін тәжірибелік және шығармашылық ойларымен байланыс жасайды.

Сын тұрғысынан ойлау әр жеке адамның ерекшелігіне байланысты бола тұра, ол логикалық ойлаудың барлық түрлерімен аралас жүргізіледі. Ол сапалық жағынан барлық ойлау түрлерімен тығыз байланыста жүргізіле отырып, әр адамның менталитеті, әлеуметтік және қоғамдық ортада өмір сүреді. Сын тұрғысынан ойлау әр адамның жеке бастың сапалық көрінісі ретінде ол басқа ойлау түрлерімен тығыз араласып, логикалық ойлау сапасына, толықтылығына, өзара байланыстылығына әсер етіп, басқа да ойлау тәртібімен сабақтаса келе, жеке адамның менталитеті ретінде көрініс табады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту сабағының кезеңдері:

- Қызығушылықты ояту: оқушылардың бұрынғы білімдері мен

сезімдеріне немесе әсерлеріне еніп, жаңа білімге негіз қалау, үйренушінің белсенділігін арттыру;

- Мағынаны тану: жаңа мәліметпен, идеямен немесе жаңа

мазмұнмен кез келіп, жаңа идеяны қабылдап бұрынғының жаңа біліммен байланысы;

- Ой-толғаныс: жаңа сабақтан алған білімін қорытындылап, ойлау

Мен саралауды үйрену, үйренушінің жаңа білімді өз меншігіне алатын кезеңі.

Алғашқы фаза – қызығушылықты ояту оқушылардың бұрынғы білімдері мен сезімдеріне немесе әсерлеріне еніп, жаңа білімге мазмұн қалап, болашақта зерттеу жүргізуге күш алуларына және орындалуы керек тапсырмалар жөніндегі жеке және топтық түсініктерді қалыптастыруларына көмектеседі. Осы алғашқы фазада оқушылар бірінші рет болашаққа көз жүгіртіп, ұғынып, жаңадан таныстырылған тақырыптарға зерттеу жүргізу үшін өз алдарына мақсат қояды.

Қызығушылықты ояту – оқушылар үшін сабаққа қатысудағы алғашқы қадам болып табылады. Олар өз еркімен саналы түрде алға жылжитындықтарын немесе үйретілетін тақырыпқа ену үшін шешім қабылдайды. Сонымен қатар оқушылардың жаңа идея мен мәліметтерді үйренуге және оны өзіндегі білім негізімен ұштастыруда іштей немесе сырттай белсенді болатын болмайтындықтарын шешуі де алғашқы фазада іске асады.

Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни, айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы аршылады, тазарады. Осылайша, шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады. Осы әрекеттердің барлығында білім алушы үнемі өзін өзі бақылайды, білгенін есіне түсіреді, оны ортаға шығарып жариялау үшін алдымен өз санасында сараптайды, басқалардың пікірімен салыстырады. Мұның барлығы оқушының рефлексиялық әрекетінің ішкі құрамалары десек қателеспейміз.

Екінші кезең – мағынаны тану оқушылар жаңа мәліметпен, идеямен немесе жаңа мазмұнмен кез келіп қалғанда іске асады. Мағынаны ажырату – жаңа мазмұнды ашу жолы. Оқушы мәтінді оқу арқылы жаңа тақырыппен танысады, тақырып мазмұнын игеру бойынша әртүрлі жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Осы 2 фазада оқушыларды (студенттерді) ақпараттар мен мазмұнмен айналысып, жаңа идеяның бұрынғы білім мен сенімдермен байланыстырады.

Үшінші кезең – ой толғаныс – үйрену үдерісінің соңғы фазасы болады да, бұл кезде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізіп бере бастайды. Біздің жұмысымыз үшін аса маңызды осы үшінші кезеңде оқушылардың алған білімдері ұзағынан, мазмұнды болып, шындыққа ұласуы үшін бұрынғы мәліметтер мен жаңа мәліметті біріктіре алудағы уақытпен, құрылыммен қамтамасыз ету – осы фазаның мақсаты. Бұл фаза саналы талқылаулар мен білімді тәжірибеде қолдану, жаңа идеялар мен ұғымдарды жинақтаумен, мазмұн жөніндегі өздерінің ашық ұсыныстарымен немесе келесі бір зерттеуді бастауға шақырумен айғақталады. Бұл үйренудің жеке сипатқа ие болатын сәті [3. б. 35].

Ой-толғаныс фазасында үйренуші жаңа білімді өз меншігіне алады. Ой толғау процесі арқылы оқушылар өздерінің ойын нақтылайды, қатарластары мен мұғаліммен кері байланыса отырып, мәліметтер жинағы мен құрылым мағынасын сынақтан өткізеді. Оқушылар осы процеске жетпейінше олардың үйренетіндері – бар болғаны біреудің идеясы немесе сенімі. Мәліметті басқаның идеялар патшалығынан бөліп алу арқылы ғана өзіндік етуге болады.

Шын мәнінде, көптеген үйренушілер үшін жаңа мәлімет бұрынғы үйренгендеріне мүлде қарама-қайшы болуы мүмкін. Өзара жақсы идеялар үйренушіге ой толғаныссыз саналы түрде жете қоймайды. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өз білімін үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шыңына көтеріледі, үлкен әлемге енеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезеді, өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Осы үш сатымен құрылған сабақ жүйелі болары сөзсіз. Тек осыларды дұрыс қолдану мұғалім шеберлігіне байланысты болады.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясымен жұмыс істеу үдерісі кері байланысқа негізделген. Онда оқушы құқығы жоғары бағаланған. Мұғалім – бағыттаушы, шығармашыл бақылаушы болса, оқушы – іздеуші, ізденуші. Мұнда мұғалім тек қана сабаққа мақсат қояды және сол мақсаттың орындалуына басшылық жасайды. Ал сабақтың басқа кезеңдерінде оқушы рөлі басымдылық танытады. Оқушы өз ойын, пікірін, көзқарасын айтуға, оны дәлелдеуге құқылы. Мұнда ешкімнің пікірі жоққа шығарылмайды. Әр оқушының айтқаны, дәлелдегені тыңдалып, есепке алынады. Сабақта білім дайын күйінде берілмейді. Керісінше, проблемалық сұрақтар арқылы беріледі. Оқушы өзі ізденеді, шешім қабылдайды, басқаның жауабымен салыстырады. Осының нәтижесінде өзі білмейтін ақпараттарға тап болады, оны шешуге күш жұмсайды, бұрынғы білгенімен салыстырады, шешудің түрлі жолдарын қарастырады, жұмыс жасау барысында бір – бірімен тіл табысуды, келісімге келуді үйреніп, әр нәрсеге өз көзқарасы қалыптасып, қорытынды жасауға үйренеді. Ең бастысы оқушы өз ісіне мақсат қоюды және оны жүзеге асыруды үйренеді. Мұнда мұғалім негізгі сұрақтар төңірегінде оқушыны басты идеяға жетектейді. Ал оқушы сол идея төңірегінде өздерінің зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Тақырып туралы *ой-толғаныс* кезеңінде оқушылардың өзіне баға беру, кері байланыс жасай алу машықтары дамиды. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Критериалды бағалау жүйесі негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда инновациялық технологияның бір түрі ретінде біз зерттеп отырған мәселені шешудегі әлеуетіне байланысты сын тұрғысынан ойлаудың өзін бақылауға, негіздеуге, бағыттауға болатын ойлау түрі деп қабылдауға негіз

болады, себебі осылайша ойлау арқылы тапсырманы шешу, қорытындыны негіздеу, бағалау, тұжырымдау іске асырылады. Сын тұрғысынан ойлауды балалардың ойлау қабілеттері есейген, білім алған сайын жетіле түседі.

Қорыта келе, критериалды бағалау жүйесі негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда біліктілік пен дағдыны тәжірибе жүзінде бірте-бірте жетілдіруде сыни тұрғыда ойлауды дамыту технологиясының әлеуеті ерекше, - деп түсінеміз.

Әдебиеттер:

1. Измағамбетова Р.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру. – Алматы, 2022.- 152 б.

2. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. Монография. – Алматы, 2007. – 236 б.

3. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. – Астана, 2016. – 48 б. ISBN 978-601-7905-72-9

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Баймуханова Балжан Кадыргалиевна,
аға оқытушы
Сұлтанова Әсем Сұлтанқызы,
7М01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасының
2 курс магистранты,
Педагогика және психология кафедрасы,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация. Мақала мектепке дейінгі жастағы балалардағы агрессияның пайда болу себептері мен оның алдын алу мәселесін зерттеуге арналған. Бұл жұмыста бала мінез-құлқындағы агрессияның пайда болуына әсер ететін факторлар теориялық тұрғыдан талданды. Мамандар мен ата-аналар үшін бала бойындағы агрессивті мінез-құлықтың алдын алудың бірқатар тиімді жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: агрессия, агрессивтілік, агрессивті мінез-құлық, агрессивті мінез-құлықтың себептері, агрессияның алдын алу жолдары.

Аннотация. статья посвящена изучению причин возникновения агрессии у детей дошкольного возраста и проблемы ее профилактики. В данной работе теоретически проанализированы факторы, влияющие на возникновение агрессии в поведении ребенка. Для специалистов и родителей будет рассмотрен ряд эффективных способов предотвращения агрессивного поведения у ребенка.

Ключевые слова: агрессия, агрессивность, агрессивное поведение, причины агрессивного поведения, способы предотвращения агрессии.

Abstract. The article is devoted to the study of the causes of aggression in preschool children and the problems of its prevention. In this paper, the factors influencing the occurrence of aggression in a child's behavior are theoretically analyzed. A number of effective ways to prevent aggressive behavior in a child will be considered for specialists and parents.

Key words: aggression, aggressiveness, aggressive behavior, causes of aggressive behavior, ways to prevent aggression.

Мектеп жасына дейінгі балаларда агрессия мәселесінің туындауын талдамас бұрын, «агрессия» және «агрессивтілік» түсінігін айырып, ажырата білу қажет: бірінші түсінік биологиялық заңдылық шеңберінде терең қарастырылады, осыған орай агрессивтілік әрекеттің әлеуметтік тарихи сипаты анықталады.

Агрессивті мінез-құлық "басқаларға зиян келтіруге бағытталған мінез-құлықтың кең спектрін қамтитын құрылым" немесе "басқа адамға зиян келтіруге, күш жұмсауға немесе жарақаттауға бағытталған кез-келген агрессиялық әрекет" ретінде анықталады. Ешқандай эмоциясыз реакциялар, үрейді басудың төмен деңгейі және жазаға сезімталдықтың төмендеуі агрессивті мінез-құлқы бар балалардың негізгі сипаттамалары болып табылады. Дегенмен, агрессивті мінез-құлықты баланың дамуындағы әлеуметтік дағдылардың қалыптасу кезеңі ретінде де қарастыруға болады. Мектеп жасына дейінгі балаларда ойын немесе өзара қарым-қатынас барысында агрессивті әрекеттер көрінуі мүмкін, бірақ олар әлеуметтік қатысу мен қалыпты даму процесінің жалпы моделінің бөлігі болып табылады. Дж.Доллард теориясына сәйкес, агрессия фрустрация мен кедергі жағдайларында қалыпты реакция болып табылады [1, б. 89].

Агрессивті мінез-құлықтың тікелей және жанама, вербальды және физикалық агрессия сияқты түрлері бар. Агрессия реактивті және проактивті функцияларды атқарады. Реактивті агрессияны қауіп - қатерге жауап ретінде, ал проактивті агрессияны жеке пайда табуға немесе басқаларға үстемдік етуге ұмтылу ретінде анықтауға болады.

Бала кездегі мінез-құлықтың бұзылуы және агрессиялықтың негізгі себептері, психикалық зақымданулар, отбасы тәрбиесіндегі кемшіліктер, мінездің акцентуациясы, әр түрлі конфликтілермен байланысты болады. Балалардағы жаңа бағыттағы қалыптасулар, қарым-қатынас деңгейінің өсуіне байланысты өзіндік сананың өсуі, ата-анамен, ересектермен, құрбы-құрдастарымен қатынастарын күрделендіреді. Балалық шақтың ішкі қарама-қайшық аумағы және оның үлкендерге қарсы сипаттары, өзара әрекеттері балаларға қатты әсер етеді. Бала үшін барынша тезірек ересек адамның статусын жаулап алуға тырысу, өз бетінше тез тәуелсіздікке жету жағдайы ерекше болады. Өзінің даму кезеңін басынан кешіріп жүрген көп бөлігінде, мінез-құлықтың екі түрі қалыптасады:

1. Бірінші типтегі балада өзінің жеке позициясын сақтау үшін қоршаған ортамен өзара әрекетін (қалыптастыруға) өзгертуге тырысады. Мысалы: олардағы негативизмді, карсылық мінезді, қарсыласуды және шектен шығу сияқты сапаларды айтуға болады.

2. Екінші типтегі бала микроортаның кері әсерімен ерекшеленеді, себебі қоршаған ортамен мінез-құлықтың қатынас эталоны, әлі қалыптаспайды. Осының нәтижесінде өзіне, басқаларға деген қатынастарда сарапшыл емес, өзара қарым-қатынастың жағымсыз жағын норма ретінде қабылдайды. Нәтижесінде мінез-құлық бағдардың қалыптасуынан балалар өзінің дамуын өзгертуге тырысады, алайда мінез-құлықтық бағдардың жеткіліксіз даму себебінен мақсатқа жетудің адекватты құралын таба алмайды. Сондықтан олардың динамикалық тенденциялары негізінен мазмұнды, мағыналылығынан басым болады. Балалардың бейімділігі немесе соларға тән мінез-құлықта мағына құрастыру процесінің мотивтерімен байланысы, қоғамдық жағымды мақсаттары мен баланың әлеуметтік мәнді мінез-құлықтың идеологияларының арасындағы арақатынастардың бұзылуына әкеліп соғады. Бала кезде мінездің кейбір бітістері өмір тәжірибесімен үйлеспейді, сауатты басқару үшін әр баланың тәрбиесін және жеке тұлғалық ерекшелігін, эмоциялық-мотивациялық сферасындағы қажеттіліктің қалыптасу деңгейінің бағыттылығын ескеру керек [2, б. 135].

Мектепке дейінгі жастағы әлеуметтік бас тарту ретіндегі агрессивті мінез-құлық, егде жастағы адамдарға қарағанда жиі кездеседі, бұл кезде агрессивті мінез-құлықтың көрінісі әлеуметтік тұрғыдан қолайлы деп қабылданады. Бронфенбреннер баланың қалаулары мен қажеттіліктеріне әсер ететін бес деңгейді анықтайтын биоэкологиялық модель жасады: микрожүйе, мезожүйе, экзожүйе, макрожүйе және хроножүйе. Осы жүйелердің біріндегі өзгеріс екіншісіндегі өзгеріске әкелуі мүмкін және олардың барлығы бір-бірімен өзара әрекеттеседі. Микрожүйе - бұл бала дамитын ең жақын (мектеп, мұғалімдер және отбасы) және балаға ең көп әсер ететін жүйе. Баланың мектепке дейінгі жаста агрессивті мінез-құлық көрсетуінің себептері көптеген аспектілермен байланысты. Баланың негізгі тұлғалық айырмашылықтары, жеке тәжірибесі және әлеуметтік ортасы баланың агрессивті мінез-құлқымен де байланысты және балаға байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, төменгі және жоғарғы қан қысымы да баланың агрессивті мінез-құлқын күшейтетін дененің физикалық ерекшеліктері де бар.

Демек, балаға қатысты әртүрлі факторлар балалардың неліктен агрессивті мінез-құлық таныта бастағанын түсінуде маңызды рөл атқарады. Отбасы мен мектепке дейінгі мекемелер - бұл баланың агрессивті мінез-құлқымен тікелей байланысты екі микрожүйе.

Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін шартсыз факторлардың бірі - отбасындағы қатынас. Когнетивті-бихевиористік концепсия шеңберінде балалардағы агрессияны әлеуметтік үйренудің нәтижесі деп қарастыруға болады. Агрессиялы әрекетті бекіту мен дамыту негізін ата-аналар баланы алғашқы жылдарда қалай тәрбиелегеніне байланысты. Ата-аналарының агрессивтілігінен, агрессивтілік және қылмыстық тенденциясын туындататын күрделі конфликтілер себебінен бала агрессивті болады. Ата-ана тарапынан агрессивті мінез-құлықтың шектен тыс болуы балаға зиян келтіреді. Бала міндетті түрде өзінің ашу-ызасын ішінде жинауға мәжбүр болған жағдайда онда аутоагрессия күшейе түседі. Қатал жазалау жаңа фрустрацияға әкеледі. Жасырын агрессивтілік болған жағдайда балада мазасыздану, жайсыздық жоғарылай бастайды. Агрессивті әрекет ата-анасының ашуын көтере алмаған жағдайда және кедергіге жауап бере алмаған кезде, балада мазасыздану

жоғарылай бастайды. Осыған байланысты агрессияның дамуының маңызды шарты тек әлеуметтік үйрену ғана емес, ата-ана махаббатының болмауы немесе олар тарапынан үнемі жазалаудың болуына байланысты туындайтын фрустрация да жатады. Бала зорлық-зомбылық пен жаза үстемдік ететін отбасында өмір сүрсе, бұл баланың мінез-құлқына үлкен әсер етеді және қоршаған ортаға қатысты агрессивті мінез-құлыққа әкеледі. Бұл жағдайда отбасын дисфункционалды деп сипаттауға болады, өйткені бұл баланың күші мен өзін-өзі құрметтеуін жоққа шығаруы мүмкін.

Индивидуалды психологияның негізін қалаушы А.Адлер баланың бүкіл дамуында өзіне толық емес жартылай сенімділік сезімін агрессияның туындауының негізі деп қарастырды. Бала ұзақ уақыт біреуге тәуелділігіне күйзіледі, баланың жетілмегендігі, өзіне сенімсіздігі және өз бетінше алып кете алмауы, отбасындаағы адамдарға бағынышты болуы қатты қайғыруға әкеліп соқтырады. Бұл балада өзіндік бағалаудың төмендігін тудырады, сөйтіп жетістікке жетуге бағытталған ұзақ күрестің бастамасына айналады [3, б. 87].

Мектепке дейінгі жастағы балада өзіндік бағалаудың негізгі функциясы: іс-әрекет пен мінез-құлықты реттеу болып табылады. Өзіндік бағалау агрессиялы мінез-құлыққа әсер етеді және көп жағдайда тұлға аралық өзара әрекеті, ішкі әсерленулер мен эмоциялық реакцияларды, іс-әрекетке деген мотивациясын анықтайды.

Психоаналитикалық бағыттың түсіндіруі бойынша, бала жасында туындайтын жалғыздық және өзін жоғалтуды бастан кешіру жағдайы эмоциялық ашығуды тудырады. Эмоциялық ашығу жолдастарымен қарым-қатынас кезінде қанағаттандырылады, бала белгілі бір эмоциялық тәжірибе алады, яғни мадақтау, эмпатия, рөльдік мінез-құлық идентификациясы, мазасыздану мен кінә сезіміне бөлену сияқты тұлға аралық қатынастардың сипатына ие болады.

Агрессия бала дамуында сәтсіздіктерге әкеліп соқтырады. Лонгитюдтік зерттеу нәтижесінің көрсеткіші бойынша бала кезіндегі агрессия біртіндеп орта буындағы жасөспірімдік кезеңде бекем әлеуметтік немесе антиәлеуметтік әрекетке ауысуы мүмкін. Мектепке дейінгі жастағы балаларда агрессиялы әрекеттердің жоғары деңгейде болуы және әлеуметтік байланыстан қашқақтауы, кейін оқу іс-әрекетінде қиыншылықтарға, интелектуалды дамуының төмен деңгейіне, бейімделудің нашар болуына әкелуі мүмкін. Бала жастағы агрессивтілік оның өзін қоршаған шындықпен қатынасын ғана емес, оның бүкіл жан-жақты тұлғалық дамуын анықтайды.

Балалар үшін әлеуметтік қоршаған орта мәнді роль атқарады. Сондықтан, мектеп жасына дейінгі бала агрессивтілігінің тағы бір себебін олардың құрбылары мен тұлғааралық қатынастарынан, сонымен қатар ол үшін референтті болып саналатын топта қабылданған әлеуметтік нормалар типтерінен іздеу керек [4, б. 114].

Мектеп жасына дейінгі балалардың агрессивтілік мінезінің мотивтеріне кино мен теледидардың әсерін жатқызуға болады. Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей балалар ақпараттық құралдар арқылы агрессивтілік мінездің жаңа түрлерін меңгереді: «қабілеттендіруші», «қоздырушы» моделдері. Сонымен баланың жасына тән заңдылық агрессия деңгейінің өсуімен байланысты болады. Егер бала өзінің агрессивті әрекеттерін қадағалауды үйренбесе, өсе келе агрессиялық басым болып өз жалғасын табады [5, б. 102].

Қорытындылай келе, бала бойындағы агрессивтілік әрекет кейін тұлғаның ерекшелік сипатына айналуы мүмкін. Оны болдырмау үшін психолог маман, ата-ана, тәрбиешілер мен мұғалімдер бірігіп жұмыстану арқылы алдын алу қажет. Психологтың кез-келген түзету әрекеті баланың мінез-құлқындағы қиындықтар мен агрессияның деңгейін диагностикалаудан басталады. Агрессивті мінез-құлықты зерттеу кезінде көбінесе бақылау әдісі, сауалнама және психологиялық әдістемелер қолданылады. Психолог орын алып отырған жағдайларға қатысты барлық қатысушыларды талқылауға тартуы керек. Бастапқы ақпаратты алғаннан кейін диагностика жүргізіледі. Оны мұғалімдермен, ата-аналармен, баламен, бүкіл сыныппен өткізуге болады.

Психолог маманға өз жұмысында ересектерге арналған (әкімшілік, педагогтар, ата-аналар) Е.В.Гребенкиннің "Мектептегі зорлық-зомбылық деңгейін зерттеу", Г.П.Лаврентьеваның

"Баланың агрессивтілік критерийлері", Д.Стоттың "Бақылау картасын", Т.М.Титаренконының "Мектептегі баланың мінез-құлқын бақылау картасын" толтыру ұсынылады. Ал, ата-аналардың баламен қарым-қатынас стилін, отбасындағы бала мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтау мақсатында Э.Г.Эйдемиллер, В.В.Юстицкистің "Отбасылық қатынастарды талдау"(ASV) сауалнамасы, Я.Варга, В.В.Столиннің "Ата-аналық қатынастарды анықтауға арналған тест-сауалнамасын" (ORO) ұсынуына болады.

Сондай-ақ, бала бойындағы агрессивтілікті диагностикалауға бағытталған жұмыс барысында балаға "Сіз қалай әрекет етер едіңіз?" әдістемесі ("Аяқталмаған сөйлем "әдістемесі негізінде), А.Басс пен А.Дарки сауалнамасы, Т.Дембоның «Өзін-өзі бағалауын анықтау» әдістемесі, С.Розенцвейгтің фрустрация тесті (балаларға арналған нұсқасы), «Кактус», «Отбасы суреті», «Үй – адам – ағаш» проективті әдістемелерін пайдалануына болады. Диагностика жұмысынан кейін психологиялық түзету жұмыстарына көшуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абрамова А. А. Агрессивность при депрессивных расстройствах: Автореф. дис.... канд. психол. наук. М., 2005. -89с.
2. Реан А. А. Агрессия в структуре поведения возбудимой и демонстративной личности // Ананьевские чтения-97: Тезисы научно-практической конференции. СПб.: Изд-во СПбГУ, 1997. С. 135.
3. Бережкова Е. И. Воздействие агрессии в СМИ на ребенка с точки зрения возрастных особенностей младших школьников // VII Царскосельские чтения: Тезисы докладов и сообщений Международной научно-практической конференции. СПб., 2003. Т. III. С. 87.
4. Кузнецова Л. Н. Психолого-педагогическая коррекция детской агрессивности // Начальная школа. 2001. № 5. С. 79.
5. Воробьева К.А. Агрессия и насилие в подростковой среде. М., 2011. -114с.
6. Гребенкин Е. В. Профилактика агрессии и насилия в школе. Ростов-на-Дону: Феникс, 2006.-102с.

БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЦИФРЛЫҚ ОРТАНЫҢ ӘСЕРІ

Баймуханова Балжан Кадыргалиевна,
аға оқытушы
Назарғали Алина Қайратқызы,
7М01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты,
Педагогика және психология кафедрасы,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация. Бұл мақалада цифрландырудың жас ұрпаққа әсері және қазіргі кездегі "цифрлық балалық шақ" құбылысы туралы баяндалған. Жалпыға бірдей цифрландыру және технологияландыру ғасырында бала тұлғасында туындайтын кейбір психологиялық ерекшеліктер мен қауіптер талданған. "Цифрлық баланы" тәрбиелеудегі ата-аналардың рөлі мен "цифрлық әлеуметтену" ұғымы қарастырылған.

Түйін сөздер: цифрландыру,гаджет, ақпараттық кеңістік, цифрлық балалық шақ, тұлғаны дамыту, цифрлық аутизм, цифрлық әлеуметтену.

Аннотация. В статье говорится о влиянии цифровизации на подрастающее поколение. О феномене нашего времени «цифровом детстве». О том какие риски возникают в век всеобщей цифровизации и технологизации. О роли родителей в воспитании «цифрового ребёнка». Рассматривается понятие «цифровая социализация».

Ключевые слова: цифровизация, гаджет, информационное пространство, цифровое детство, развитие личности, цифровой аутизм, цифровая социализация.

Abstract. The article talks about the impact of digitalization on the younger generation. About the phenomenon of our time "digital childhood". About the risks that arise in the age of universal digitalization and technologization. About the role of parents in the upbringing of a "digital child". The concept of "digital socialization" is considered.

Key words: digitalization, gadget, information space, digital childhood, personality development, digital autism, digital socialization.

Қазіргі таңдағы қарқынды жүріп жатырған әлеуметтік кеңістікті ақпараттандыру, цифрлық орта тұлғаның эмоционалды - жеке және психикалық дамуға үлкен әсер етеді. Сол себепті цифрландырудың қоғамға және әрбір тұлғаға әсері өзекті мәселе болып отыр. Ерте балалық шақтан бастап әр бала өмірдің ажырамас бөлігіне айналатын электрондық ақпараттық құрылғыларды пайдаланады. Бұл "цифрлық балалық шақ" деп аталатын құбылыс [1, б. 37]. Сандық құрылғылар сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу формаларын өзгертеді, баланың өмірін толықтырады, дамудың жаңа жағдайын жасайды және әлеуметтенудің толыққанды бағдаршысына айналады. Қоғамның барлық салаларына ене отырып, жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіптерді де туғызады. Балалар цифрлық ортада өмір сүреді және оқиды.

Қазіргі қоршаған орта - бұл өмір сүру сапасын жақсарту үшін барлық жерде заманауи цифрлық технологияларды қолдануда көрінетін әмбебап цифрландыру әлемі. Бұл әлемде баланың жеке тұлғасы қалыптасады. Балалар туылғаннан бастап цифрлық кеңістікке енеді. Олар өз өмірлерін цифрлық өріссіз елестете алмайды, өйткені олар алдыңғы ұрпақпен салыстырғанда цифрлық ортада дүниеге келген ұрпақ. Цифрландыру адам дамуының когнитивті, коммуникативтік, эмоционалдық, психофизиологиялық, әлеуметтік салаларына әсер етеді [2, б.85]. Соңғы жылдары, Касперский зертханасының мәліметі бойынша:

- балалардың 85% - ы өз өмірін сандық құрылғыларсыз елестете алмыйды;
- үй шаруасымен айналысатын ата-аналар көбінесе балаға ұялы телефон немесе планшет береді;
- 4-5 жастан бастап ата-аналардың 92% - ы балаларын гаджеттерге үйретеді;

- бастауыш сынып оқушыларының 40% - дан астамы әлеуметтік желілерде өз аккаунтына ие.

Жалпы баланың миы табиғи жағдайда дамуы қажет. Бірақ қазіргі қоғамдық жағдайға байланысты ол цифрлық ортада дамиды. Осы себептен қарым- қатынас пен байланыс тәсілдерінің өзгеруі цифрлық аутизмге және жалпы табиғи ортадан ажырауға әкеледі. Балалар басқа адамның ішкі әлеміне енбейді, олар бір-бірімен байланысын тоқтатты, эмпатияға бейім болмаймайды. Қазір көптеген қызметтер тек онлайн режимінде ұсынылады, оқушылар қашықтықтан оқытумен таныс. Бұл жағдайда тұлға трансформацияға ұшырайды, тіпті жеке қарым-қатынас адам психикасына ауыртпалық әкелетіндей көрінеді.

"Цифрсыз" әлеммен таныс ересектерден айырмашылығы, балалар "қолында смартфонмен дүниеге келді". Қазіргі мектеп оқушылары мен 20-30 жыл бұрын оқыған ересек буынның айырмашылығы міне осында. Цифрлық ортада дүниеге келіп, өмір сүріп жатырған балалар үйде көбірек отырып, таза ауада аз серуендейтін болды. Көп жағдайда компьютерлік экрандар физикалық белсенділік, жақын-туыс ересектермен қарым-қатынас және өнімді еңбек әрекеттерін алмастыратын болды. Тіпті балалар бірлескен ашық ойындар ойнай алмайды. Олар алаңдар мен аулалардағы қарым-қатынастан айырылып, командалық өзара әрекеттесу дағдыларын жоғалтуда деуге келеді. Қазіргі балалар шынайы дос болу дегенді бермейді. Себебі, олар "достар" деп енді виртуалды сұхбаттасушыларды атайды. Достар саны – бұл әлеуметтік желідегі жеке парақшаға тіркенгендер саны және оны кез-келген сәтте жою арқылы өзгентуге болады. Жасөспірімдер тарасында дау-жанжал пайда болған кезде, олар қалай әрекет ету керектігін білмейді, өйткені виртуалды әлем шынайы өмірден әлдеқайда алшақ.

Кибермания эпидемия сипатына ие және өте қарқынды түрде өсуде. Ата-аналар тарапынан жиі еленбейтін және негізгі болып табылады диагноз - цифрлық тәуелділік, ол аурулардың халықаралық классификациясына енгізілген (ICD-11) [3, б. 80]. Компьютерлік тәуелділіктің көріністеріне мыналар жатады:

- оқу үлгерімінің күрт төмендеуі;
- оқу мотивациясының төмендеуі;
- танымдық қызығушылықтың әлсіздігі;
- құндылықтардың құнсыздануы.

Адамның шынайы өмірдегі құбылыстарға қызығушылығы азаяды және виртуалды кеңістікте көбірек уақыт өткізеді. Мазасыздықтың жоғары деңгейі адамның қоршаған әлемге осындай көзқарасы. Мұндай жағдай баланың психикалық және физикалық денсаулығын жоғалтуға қауіп төндірмейтін балама ұсыныстарды қажет етеді.

Мектеп жасына дейінгі шақ баланың тұлғалық дамуының сензитивті кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде тұлғаның психологиялық механизмдері, негізгі жеке білім, қалыптасады және бала жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральдық-этикалық нормаларды түсінеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші қызметі - бұл қазіргі заманғы "цифрлық" қоғамда өзгерістерге ұшырайтын ойын, бұл, әрине, өз кезегінде әлеуметтік-тұлғалық дамуға әсер етеді [4, б. 11].

Цифрландыру үрдісі денсаулыққа қауіп төндіретінін ескеру қажет. Зерттеушілер мектепке дейінгі жастағы цифрлық тәуелділік тәуелділіктің басқа түрлерінің, яғни ойын, алкоголь, есірткі сияқты заттарға тәуелділіктің пайда болу қаупін тудыруы мүмкін екенін дәлелдеген болатын. Қозғалыс белсенділігінің жеткіліксіздігі мидың жұмысындағы кинестетикалық механизмнің дамуында артта қалушылықты тудырады және кейіннен сөйлеу мен ойлауды дамытуда қиындықтар тудыруы мүмкін [5, б. 167].

Мектепке дейінгі жастағы бала бойында қарым-қатынас дағдылары мен әлеуметтік кеңістікті тану белсенді дамуы керек. Ал қазіргі кезде балаларда әлеуметтену дағдысы нашар қалыптасады, оларда шынайы өмірде қарым-қатынасқа түсу мүлдем нашар. Сондай-ақ, бақылау және ерікті реттеу мәселелері де орын алып отыр. Себебі балалар компьютерлік ойын ойнаған кезде еріксіз зейінді ғана пайдаланады [6, б. 49].

Балада мақсат қою және бақылау механизмдері қолданылмайды. Мидың жұмысындағы бұл механизм мақсат қою, өзін-өзі бақылау үшін өте маңызды. Сондай-ақ, бұл бала дамуының маңызды шарты екенін түсінуіміз керек.

Міне, бүгінгі таңдағы "цифрлық баланың" психологиялық ерекшеліктері осындай. Бұл мәселені жою үшін, әр ата-ана өздері де, балаларына да гаджеттерді қолдануды шектеп, эмоция мен жылулыққа негізделген қарым-қатынасқа көбірек түскен дұрыс. Баланың шынайы достары, қызығушылықтары, алатын әсерлері болуы үшін оның бос уақытын дұрыс ұйымдастыру қажет. Балалар заманауи цифрлық технологиялардың не екенін, олар не үшін қажет екенін түсінуі керек. Бұл міндетті орындауға ата-аналар мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары тікелей қатысты[7, б. 57].

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыра отырып, мектепке сәтті дайындықты қамтамасыз ете отырып, білім беру процесінде педагогикалық технологиялардың кең спектрі қолданылады. Мектеп жасына дейінгі тәрбиешілердің пікірінше, цифрлық технологияларды енгізу мектепке сәтті дайындықтың негізі болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, цифрлық технология қоғам өміріне әсерін молынан тигізуде деп айтуға саяды. Дегенмен, осы цифрлық ортада еліміздің болашағы – қазіргі жеткіншектердің аталған психологиялық тәуекелдерге бой алдырмауы үшін, цифрлық технологиялар мен интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылардың жиынтығын қалыптастыруымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Карабанова О А., Молчанов С. В. Риски негативного воздействия информационной продукции на психическое развитие и поведение детей и подростков // Национальный психологический журнал. 2018, № 3 (31), с.37.
2. Смирнова Е.О., Смирнова С.Ю., Шеина Е.Г. Родительские стратегии в использовании детьми цифровых технологий // Современная зарубежная психология. 2019 Том 8 № 4 с. 85.
3. Солдатова Г.У. Цифровая социализация в культурно – исторической парадигме: изменяющийся ребёнок в изменяющемся мире // Социальная психология и общество. – 2018.- т.9-№ 3 – с. 80.
4. Киселёв С.Ю. Дошкольный возраст – критический период развития не только психических процессов, но и личности ребёнка в целом // Современное дошкольное образование. – № 2 (104).-с.4 -11.
5. Спирина А.В. Особенности влияния просмотра видео и телепередач с элементами насилия на психологическое развитие детей дошкольного возраста // Здоровье и образование в 21 веке. 2017. Том 19 № 6 с.167.
6. Коротаева В.А. Анализ содержания контекста исследований использования гаджетов с технологией тачскрин детьми дошкольного возраста / Е. А. Коротаева // Педагогическое образование в России, – 2020.-№ 5,- с.49.
7. Денисенкова Н.С., Красило Т.А. Развитие дошкольников в эпоху цифровой социализации // Современное дошкольное образование.2019 № 6 (96) с.57.

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУ

Әбтай Еркебұлан,
7М01105 Педагогика. Білім беру менеджменті мамандығының
1 курс магистранты,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і
Керімбекова Ұлсана Өтелбекқызы,
Түркістан облысы, Арыс ауданы, Жиделі ауылы
Жиделі жалпы орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Аннотация. Бұл мақала орта білім беру ұйымдарындағы мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениетін зерттеуге арналған. Авторлар ұйымдық мәдениеттің құндылықтар, нормалар, рәміздер мен рәсімдер сияқты негізгі құрамдас бөліктерін, сондай-ақ олардың педагогтардың кәсіби қызметіне әсерін талдап, бағалады. Зерттеу нәтижесінде мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениетінің негізгі ерекшеліктері және олардың оқу-тәрбие процесіне әсері анықталды. Алынған мәліметтерді орта білім беру жүйесінде біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеуге және ұйымдастыру мәдениетін арттыруға пайдалануға болады.

Түйін сөздер: ұйымдастыру мәдениеті, мұғалімдер, орта білім, құндылықтар, нормалар, рәміздер, рәсімдер, кәсіби іс-әрекеттер, оқу-тәрбие процесі, ғылыми-зерттеу, білім беру жүйесі.

Орта білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениетін зерттеу педагогика және білім беруді басқару саласындағы зерттеушілердің назарын аударып отырған өзекті тақырып. Ұйымдастыру мәдениеті жұмыс атмосферасын қалыптастыруда, мұғалімдердің кәсіби дамуына және мектеп оқушыларына берілетін білім сапасына әсер етуде маңызды рөл атқарады.

Кез келген оқу орнының тиімділігін қалыптастыруда ұйымдастыру мәдениеті маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер оқушылармен тікелей байланыста болып, олардың тұлғасын қалыптастыруға белсене араласатын орта білім беру жағдайында мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениеті ерекше маңызды.

Ұйымдастыру мәдениеті білім беру мекемелерін, оның ішінде жалпы білім беретін мектептерді дамытудың негізгі аспектісі болып табылады. Мұғалімдер жұмыс орнында ұйымдық мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және олардың осы мәдениетке деген көзқарасын зерттеу мектептердегі әлеуметтік ортаны қалай жақсартуға болатыны туралы құнды ақпарат бере алады. Бұл мақалада орта білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениетін зерттеуге арналған зерттеу талқыланады. Орта білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениетінің негізгі сипаттамаларының бірі – олардың оқушыларға деген көзқарасы. Мәдениеті оқушылармен жылы және қолдау көрсететін қарым-қатынастармен сипатталатын мұғалімдер оқудың тиімділігі мен оқушылардың дамуына ықпал ететін қолдаушы оқу орталарын жасауға бейім. Сонымен қатар, мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениеті олардың бірлесіп жұмыс істеу және топ болып жұмыс істеу қабілетіне әсер етуі мүмкін, бұл орта білім беруде табысқа жету үшін де маңызды.

Зерттеу жалпы білім беретін мектептердегі ұйымдастыру мәдениетінің ерекшеліктерін анықтау, сонымен қатар мұғалімдердің осы мәдениетке қанағаттану деңгейін бағалау мақсатында жүргізілді. Бірнеше мектеп мұғалімдері қатысқан сауалнама жүргізілді. Олар ұйым мәдениеті, қарым-қатынас деңгейі, көшбасшылық, әріптестерімен және басшылықпен қарым-қатынасы, жұмыс жағдайына қанағаттанушылықтары туралы сұрақтарға жауап берді. Орта білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің ұйымдық мәдениетін зерттеу де оқу-тәрбие процесіне кері әсер ететін факторларды анықтауға көмектеседі. Мысалы, оқу орнында қайшылықты немесе демократиялық емес мәдениет болса, бұл мұғалімдердің тиімсіз болуына, ынтымақтастықтың болмауына және нәтижесінде білім сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Зерттеу нәтижелері жалпы білім беретін мектептердегі ұйымдастыру мәдениетінің мұғалімдер мен олардың жұмысы арасындағы қарым-қатынасқа әсер ететін өзіндік

ерекшеліктері бар екенін көрсетті. Мұғалімдердің басым бөлігі өз мектептеріндегі ұйымдастыру мәдениетіне оң көзқараспен қарайтыны анықталды, алайда назар аударуды және жетілдіруді талап ететін кейбір проблемалық мәселелер анықталды.

Зерттеу барысында анықталған негізгі мәселелердің бірі – мұғалімдер мен әкімшілік арасындағы шектеулі байланыс. Мұғалімдер олардың пікірлері әрқашан ескерілмейтінін сезінеді және бұл қарым-қатынаста шиеленіс тудырады. Сондай-ақ, көптеген мектептерде жақсы дамыған көшбасшылық жетіспейтіні, бұл ұжымның бірлігін әлсіретіп, ортақ мақсаттарға жетуді қиындататыны айтылды. Орта білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениетін зерттеу мұғалімдер арасында қандай құндылықтар, сенімдер мен нормалар басым екенін, олар өз қызметінде қандай тәсілдерді қолданатынын және бұл аспектілердің оқу-тәрбие процесіне қалай әсер ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Әдетте, ұйымдық мәдениет көшбасшылық, басқару құрылымы, коммуникация, бастама, сенім және басқалар сияқты әртүрлі элементтердің қосындысынан қалыптасады.

Бұл мәселелерді шешу үшін мұғалімдер мен әкімшілік арасындағы байланысты жақсартуға бағытталған нақты шараларды енгізу, сондай-ақ мұғалімдер арасында көшбасшылық қасиеттерді дамыту бағдарламаларын құру ұсынылады. Сондай-ақ, мұғалімдердің қанағаттану деңгейін және ынтасын арттыру мақсатында жүйелі семинарлар мен тренингтер өткізу ұсынылды, бұл мектептердегі ұйымдастыру мәдениетіне де оң әсерін тигізуі мүмкін.

Осылайша, орта білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениетін зерттеу мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасқа және жалпы білім сапасына әсер ететін негізгі аспектілерді анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижелерді мектеп әкімшілері ұйымдық мәдениетті жақсарту және мұғалімдерге қолдау көрсететін және ынталандыратын жұмыс ортасын құрудың нақты стратегияларын әзірлеу үшін пайдалана алады.

Бұл мақалада орта білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениетін зерттеу нәтижелері берілген. Зерттеу барысында ұйымдық мәдениеттің құндылықтары, нормалары, рәміздері, салт-дәстүрлері және т.б. сияқты негізгі құрамдас бөліктері анықталды. Сонымен қатар әртүрлі мектептер мен аймақтардағы ұйымдық мәдениеттің сипаттамалары талданды.

Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің ұйымдық мәдениетінде қандай құндылықтар мен нормалар басым болатынын және олардың кәсіби қызметіне қалай әсер ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Ұйымдастыру мәдениеті жағдайында мұғалімдердің алдында кездесетін негізгі мәселелер де айқындалып, оларды шешу жолдары ұсынылды.

Алынған нәтижелер мұғалімдер мен оқу орындарының басшыларына да, педагогика саласындағы зерттеушілерге де пайдалы болуы мүмкін. Осы нәтижелерге сүйене отырып, мектептегі ұйымдастыру мәдениетін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеуге болады, бұл түптеп келгенде білім сапасы мен мұғалімдердің кәсіби даму деңгейіне әсер етеді.

Сонымен, орта білім беру жүйесінде мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениетін зерттеудің маңызы зор және педагогтардың еңбек жағдайлары мен кәсіби іс-әрекеттерінің жақсаруына алып келеді, бұл өз кезегінде болашақ ұрпақтың білім сапасына әсер етеді. Орта білім беру жүйесінде мұғалімдердің ұйымдастырушылық мәдениетін зерделеу оқу-тәрбие процесін оңтайландыру және оқушылардың сапалы білім алуы мен дамуын қамтамасыз ету үшін үлкен маңызға ие. Осындай зерттеулердің нәтижелерін мұғалімдердің тиімділігін арттыруға, оқуға қолайлы жағдай жасауға және білім беру ұйымдарында оң ұйымдастырушылық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеуге пайдалануға болады.

Әдебиеттер:

1. «Организационная культура в образовании», Скотт К. Бауэр.
Осы бағыттағы зерттеулерге сүйенсек, смартфонға тәуелділіктің салдарынан туындайтын ауытқу ол ең алдымен депрессия мен мазасыздық. Тұлғалық стресстің жоғары деңгейі мен көңіл-күйі төмен адамдар көбіне смартфонға тәуелді болады [7, б. 120-127].

Әлемдік зерттеулерге сүйенсек, смартфонды үнемі пайдаланудың салдарынан адамдар зардап шегуде. Американдағы «Kleiner Perkins Caufield& Byers» компаниясының сарапшылары күніне смартфон қызметтерін пайдалануға 75 минутын жұмсаған адамда тәуелділік басталды деп есептейді.

Зерттеушілер смартфонға тәуелділіктің бес типін бөліп қарастырады.

1. Әлеуметтік желі. Әсіресе, секунд сайын жаңа ақпарат салып отыратын Twitter мен Facebook-ты пайдалану. Әлеуметтік желідегі ақпаратты талқылау, пікір білдіру оның бастамасы болып саналады.

2. Ойындар. Күніне бірнеше рет кірмесе ұтылуға алып баратын, ойын ойнауды ескертіп тұратын бағдарламалар бар. Смартфоны қайта-қайта көңілін бөлген соң ойынға бас қойған адам үш сағатқа дейінгі уақытын алаңсыз ойынмен өткізіп алады.

3.WhatsApp, Messenger сынды чаттарда сөйлесу. Бір мезгілде бірнеше досы, танысымен, тіпті қызықты топтарда бірнеше адам болып сөйлесу де уақыттың лезде өте шыққанын сездірмейді.

4.Қаржыны реттеуге мүмкіндік беретін бағдарламалар. Бүгінде ғаламтор желісі арқылы түрлі төлемдерді жасауға, ақша аударуға болады. Осындай қолжетімділікке үйренген адамдар да барлық қызметтер үшін смартфонын пайдаланатын болды.

5. Бейнероликтер көру. Спорттық жарыстарды онлайн арқылы бақылап отыру, қысқа әзілдер, кино, сериалдар мен жаңалықтарды толық қалаған уақытыңызда көру мүмкіндігі де смартфоныңызға тәуелді етері сөзсіз [8, б. 77-98].

Қазіргі уақытта зерттеушілер смартфонға тәуелділіктің өзіне деген сенімділіктің төмендігімен, эмоционалды интеллектпен (ЭИ), конфликттер мен стресстермен статистикалық маңызды байланыстарын орнатты.

Әдебиеттер:

1. Елисеева Е.Ю., Карева А.И. Изучение зависимости от Интернета и мобильных устройств у школьников, гендерные и возрастные особенности // Смоленский медицинский альманах. – 2019. – №1. – б. 98-100.

2. Максименко С.Д., Лысенко А.С. Проблема виртуальной зависимости у подростков // Психиатрия, психотерапия и клиническая психология. – 2020. – Т.11. – №2. – б. 265-278. doi: 10.34883/PI.2020.11.2.004.

3. Жарасбаев Е.Е., Алтай А., Ерниязов Б. «Интернет зависимость» Вестник Актюбинского университета им. С.Баишева 2014 ж.

4. Сангилбаева А.О., Сарсенбаева Л.О. «Студенттердің интернетті шамадан тыс пайдалану мәселесі». ЕНУ Хабаршысы №3(140) 2022 ж.

5. Аяғанова А.Ж., Тұрғазы А.Б. «Жастардың интернет -кеңістігіндегі коммуникативті мінез-құлығы» 1 Жарықбаева оқулары – 2022 ж.

6. Новикова И.И., Зубцовская Н.А., Лобкис М. А. и др. Оценка динамики психоэмоционального состояния детей в условиях ограничения использования мобильных устройств связи в школе // Наука о человеке: гуманитарные исследования. – 2020. – Т.14. – №3. – б., 100-108.

7. Шейнов В.П. Связи зависимости от смартфона с состояниями и свойствами личности //Журнал Белорусского государственного университета. Социология. 2020а. № 4.б. 120–127.

8. Шейнов В.П. Кибербуллинг: предпосылки и последствия // Институт психологии Российской академии наук. Социальная и экономическая психология. 2019б. Т. 4.№ 2 (14). б. 77–98.

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Токсанова Гулнара Амангелдиевна,
филология магистрі, аға лектор
Каспий қоғамдық университеті

Аннотация. Қазіргі таңда елімізге түрлі салалар бойынша шетелден келіп білім алып жатқан студенттер қатары жылдан жылға артып келеді. Әсіресе Үндістаннан, Пәкістаннан, Өзбекстаннан т.б. мемлекеттерден келіп медициналық оқу орындарында білім алу дәстүрге айналғандай. Осы орайда, шетелдік студенттерге қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері жайында сөз қозғамақпыз. Мұнда мәдениаралық коммуникациямен байланысты мәселелер анық көрінеді. Оқытудағы қиындықтар фонетикалық, семантикалық және стилистикалық кедергілерімен байланысты екені байқалады.

Мақалада кедергілердің себептері белгіленеді және шетелдік студенттердің лексика-грамматикалық тақырыптарды қабылдау ерекшеліктері айқындалады. Зерттеу нәтижелері шетел тілін меңгерудегі мәдениаралық кедергілермен байланысты мәселелерді кеңінен айқындауға көмектеседі. Оның ішінде фонетикалық мәселелер, сөздің семантикасын білмеу және стилистикалық қиындықтарды шешу жолдары көрсетілген. Коммуникативті кедергілерді білім алушылардың ділін ескере отырып жою жолдары ұсынылады. Сонымен қатар мақалада оқу үдерісінде мәдени және дүниетанымдық білімдерін іске асыру мәселелеріне назар аударылады.

Түйін сөздер: мамандық дайындау, ақпаратты түсіну, коммуникативті сөйлеу әрекеті, мәтін құрылымы, көзқарасты білдіру.

Abstract. Currently, there is a growing number of international students coming to study in various fields in our country. It is particularly common for students from India, Pakistan, Uzbekistan, and other countries to study in medical schools. Therefore, this text will discuss the specificities of teaching the Kazakh language to foreign students, with a focus on the challenges related to intercultural communication. The article discusses the difficulties in learning that are associated with phonetic, semantic, and stylistic barriers.

It identifies the causes of these obstacles and highlights the features of lexical and grammatical topics that foreign students struggle with. The study's results help to identify problems associated with intercultural barriers to foreign language proficiency more widely. The article discusses various challenges in communication, including phonetic issues, semantic misunderstandings, and stylistic difficulties. It proposes solutions to overcome these barriers, taking into account the students' mentality. Additionally, the article addresses the incorporation of cultural and worldview knowledge into the educational process.

Key words: Program; Possess the information; Communication; Text Structure; Expression.

Әлемде қазақ тілін үйреніп, қазақ тілінде сабақ жүргізетін және сол үшін арнайы орталықтар мен мамандықтар дайындайтын мемлекеттердің саны қазіргі таңда артқан. Елімізге алыс жақын шетелдерден келіп білім алып жатқан студенттер қатарын айтпағанда. Ресей, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан, Иран, Түркия тағы да басқа елдерде қазақ тілін меңгерген және сол тілде еркін сөйлейтін, ғылыми жұмыстар жүргізетін тұлғалар саны өсуде. Еуропа елдерінің көпшілігінде қазақ тілін оқытатын орталықтар жұмыс атқарып жатыр. Қазақстанмен ынтымақтастық орнатуда, екі елдің арасындағы достық қарым-қатынастың нығаюы мақсатында қызмет етуде тілді білудің маңызы зор екені белгілі.

Ал біз қазіргі заман талабына сай қазақ тілін оқыту принциптеріне тоқталайық, оларды мынадай 8 топқа бөлеміз:

- Қазақ тілін оқытудың ғылымилық сипаты;
- Оқытудың шамаға дайық жүйелілік принципі;
- Оқытудың саналылық принципі;
- Оқытудың материалды дұрыс орналастыру пинципі;

- Оқытудың алдын ала болжау принципі;
- Оқытудың берік, тиянақты болу принципі;
- Теория және практика, өмірмен байланыстыру принципі;
- Оқытудың көрнекілік принципі.


Тілді үйрету барысында түрлі суреттерді, комикстерді және мультфильмдерді қолданудың мәні зор. Оқытушы қазақ тілін үйрету барысында төмендегі тапсырмаларды құрастыра алады:

- сұрақ қоюға үйрету;
- шағын диалог құрастыру;
- берілген суреттер арқылы әңгіме, ертегі, мәтін құру;
- өтілген тақырыпты қорытындылау арқылы бірнеше мақсаттарды шешуге болады.

Бұларды сабақта қолданудың мынадай артықшылықтары бар:

1. Комикстер мен мультфильмдерде қарапайым сөйлеу тілі қолданылады;
2. Мұнда диалогтар өте қысқа, жинақы, ықшам түрде беріледі;
3. Сурет арқылы комикс мәні түсінікті болғандықтан, жаңа сөздерді есте сақтау белгілі бір дәрежеде жеңілдейді.

Комикстерді қолданып әңгіме жүргізуге бағытталған тапсырмалар көбіне тілді үйренудің В1 деңгейін қамтиды. Берілген мәтінде рөлге бөліп жаттап оқу арқылы қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айту дағдысы қалыптасады. Төменде бірнеше мысалдарды ұсынып отырмыз.



Мультфильмдерді пайдалануға арналған тапсырмалардың танымдық ерекшелігі жоғары болып келеді. Сабақта қазақ тілін үйрету барысында «Қошқар мен теке» мультфильмін қолданып көруге болады. 15 минуттық мультфильмді көруді және сол бойынша сөздік құрастыруды СӨЖ тапсырмасы ретінде де беруге болады. Тілді меңгерудің **В1, В2** деңгейін игеруге бағытталған.

Бұл фильмнің сюжеті қабылдауға оңай. Тілі жеңіл. Бірнеше сериалдан тұрады. Ғаламторда қол жетімді. Сондықтан бұл мультфильм сабақтың құрылымында ұтымды әдістердің бірі ретінде пайдаланылуда.

Мысалы, осы мультфильм арқылы келесідей тапсырмаларды орындауға болады:

Тыңдалымды меңгерту (В1): Көрген мультфильм бойынша көп кадрлы суреттер жасап, тыңдаушыларға ұсынамыз. Олар сюжет желісі бойынша толық сабақтастық құрастыруы қажет. Төменде «бақыт іздеген» қошқар мен теке оқиғасының дұрыс сюжеті берілген. Оқушылар толық сюжетті көріп отырып тыңдау дағдысын қалыптастырады, ал үзік кадрлардан оқиғаны баяндау арқылы толық сюжетті құрастырып шығады:

Ендігі кезекте көрілген мультфильм бойынша көп кадрлы суреттердің ретсіз оқиға желісін оқушыларға ұсынамыз. Олар сюжет желісі бойынша толық сабақтастық құрастыруы қажет.





Оқылымды меңгерту (B2): Мультфильмде берілген мазмұнын өте қысқа сюжет етіп алып оқимыз, лексикалық бірліктер мен сөйлем оралымдарын талдап, қысқаша мазмұндаймыз:

Бақыт деген не өзі?
Бізге романтика керек!
Осылай дым білмей, ешнәрсе көрмей өмірден өте береміз бе?!
Мүмкін ол жақта шөптер дәмдірек, өмір мәндірек шығар!
Кім тәуекел етпейді, сол мақсатына жетпейді!
Ата мен әжеге қиын болды.
Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ!
Жақсы сиырлар күніне 20 литр сүт беретінін естігенмін.
Иә, жігіттер! Жай ма?
Осы кейбір жануарларда мәдениет деген мүлдем жоқ.
Бұл жердің түні де сондай әдемі екен!
Мынау ненің дауысы? Өзі керемет екен!
Ай, сұжүрегім-ай!
Екеуі ғана жүргеніне қарағанда адасып қалған болуы керек!
Мына ешкі тілі мен жағына сүйеніп қалған екен! Осыны бірінші жейік!
Біз бұл жерге қонақпыз ғой!
Енді бізді бұл маңда ешкім де мазаламайды!

Не болды сендерге? Тағы да таяқ жегілерің келе ме?

Бақыт деген өз Отанымызда, өз үйімізде екен ғой!

Жазылымды меңгерту (В1, В2): Фильмнің түпнұсқасын қарап алып, соңынан кейбір сөздері алынып тасталған көшірмесін ұсынамыз. Не жазылғанын есімізге түсіруге тырысамыз және жазамыз. Оқушылардың жазу дағдыларын және стильдік шеберлігін қалыптастыру барысында мұндай жаттығулардың көмегі көп. Төменде тапсырма үлгілері ұсынылған:

	....
	....
	....

Айтылымды меңгерту (В1, В2): Сюжеттегі репликаларды төл сөз немесе төлеу сөз түрінде беру, фильмдегі сөздерді өзгертіп айту, яғни мағынасы жақын сөздерді алып өз сөзімен беру, түсіріліп берілген сөздердің орнына тиісті сөздерді қою әдісі қолданылады:

1. Бақыт деген не өзі?→ Бақыттың не екендігі туралы сұрады.

2. Осылай дым білмей, ешнәрсе көрмей өмірден өте береміз бе?! → Осылай көп нәрседен хабарсыз болып өмірден өте береміз бе?!

3. Бұл жердің... де сондай әдемі екен!

Қазіргі таңда тілді үйретуші оқытушының алдына қойылған талаптардың бірі – тіл үйренушілерді сөйлету болып тұр. Осы талаптың үдесінен шығу мақсатында мультфильмдерді тілді оқытудың қарапайым деңгейінен бастап жоғары деңгейіне дейін қолдануға болады. Ал комикстер мазмұнында қысқа хабарламалар болатындықтан грамматикалық формаларды, лексикалық бірліктерді меңгере алады, сондай-ақ комиксте берілген суреттер сөйлеу бірліктерін толық түсінуге және есте сақтауға көмектеседі.

Диалогпен жұмысты ұтымды жүргізу ұстанымы: Диалогтік үйрету тіл үйренушінің тек қана бірлескен әрекетке тартылуына ғана емес, тіл үйренушінің ойлау қабілетінің жоғары деңгейге өсуіне, тіл байлығы мен зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді. Диалог барысында оқушылар арасында талқылау жүзеге асады.

Диалог арқылы оқыту тіл үйренушінің бір-бірімен тілдік қарым-қатынасқа түсе отырып, сыни ойлауына, өз ойын, пікірін айта алуына, сұрақ қоя алуына, жауап бере алуына, көпшілік алдында сөйлеу дағдысының қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Төменде көрнекі түрде диалог жүргізудің түрлеріне тоқталдық.


Дәстүрлі диалог жүргізу түрлері:

Мұғалім: - *Сенің жасың нешеде?*


Оқушы (Асан): - *Мен 18-демін.*

Мұғалім: - *Ал, сен нешедесің?*

Оқушы (Айгүл): - *Мен 17-демін.*
Мұғалім: - *Ал, Омар қаншадасың?*
Оқушы (Омар): - *Мен 19-дамын.*
Сызба түрінде көрсетсек:



Мұндай диалогтың тіл үйретудегі мүмкіндігі бәсең!
Жаңаша диалог жүргізу әдісі (III жаққа сұрақ қою)
Мұғалім: - *Асан, Айгүлден сұрашы жасы нешеде екен?*
Оқушы (Асан): - *Айгүлден сұрашы жасы нешеде екен? Айгүл сенің жасың нешеде?*
Оқушы (Айгүл): - *Сенің жасың нешеде? - Мен 17-демін.*
Оқушы (Асан): - *Мұғалім, Айгүл 17 жаста?*
Мұғалім: - *Омар, Айгүл неше жаста екен?*
Оқушы (Омар): - *Айгүл неше жаста екен? Ол 17 жаста.*Сызба түрінде көрсетсек:



Мұндай диалог түрі III жақтағы оқушыны сөзге қосу дағдысын қалыптастырады.

Қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің ішінде, мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту деген өзге ұлт өкілдерін қазақ қылып шығару емес, оларға тілді түсініп, әдет-ғұрпымызды сыйлап, алған білімдерін іс-жүзінде іске асыра білуге тәрбиелеу. Сондай-ақ үйренушіні жалаң сөздермен сөз тіркестерімен жаттанды сөйлеуге қалыптастырмай, үйренген сөздерін сөйлеуде, әңгімелескенде дұрыс қолдана білуге жаттықтыру.

XXI ғасыр – қарыштап дамыған білім ғасыры. Бүгінгі жастардың өмірдің өзінен үйренері көп-ақ. Сондықтан олар мұғалімге, оның өткізген әрбір сабағына сыни көзбен қарайды. Оларды таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Ол мұғалімнің көп ізденісін қажет ететіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://www.soyle.kz/
2. https://www.muc.edu.cn/index.htm
3.http://prokuror.gov.kz/kaz/memleket/memlekettik-til/kazakstan-respublikasynda-tilderdi-damytu-men-koldanudyn-2011-2019
4. https://www.youtube.com/watch?v=xKdQ6zHsfkc

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРТУ

Абдукаримова А.Ж.,
«Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2 – курс студенті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Abdukarimova.aru@gmail.com
Спаналиева Г.Т.,
аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., gspanaliyeva06 @mail.ru

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына әдеби шығарманы меңгертуде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қалай ұтымды қолдануға болатыны жайлы айтылады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының түрлі стратегиялары қарастырылады. Мақаланың негізгі міндеті бастауыш сынып оқушыларына әдеби шығарманы меңгерту барысындағы жаңа педагогикалық технологиялардың рөлі мен маңызын айқындадық. Зерттеу мақаламызда әдеби шығармалардың маңыздылығы заманауи технологияларды пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының әдебиеттік оқу пәніне қызығушылықтарына тоқталып, сондай-ақ білім сапасын арттыру мақсатында технологияларды пайдалану қаншалықты ұтымды екенін ұсындық. Мақалада сын тұрғысынан ойлау технологиясы әдеби шығарманы меңгертуде тиімді әрі нәтижелі технология екенін дәйектедік.

Түйін сөздер: ойлау, әдіс, стратегия, оқытушы, технология, мектеп, білім алушы, әдеби шығарма.

Қазіргі қоғамның маңызды аспектілеріне сәйкес келетін жаңа сапалы білімге қол жеткізу Қазақстан Республикасының бүкіл білім беру жүйесін реформалау мен жетілдірудің басты мақсаты болып табылады. Әлемнің дамыған елдерімен тереземізді теңестіру үшін бізге заман талабына сай білім, білік, дағды қажет. Білім – еліміздің өркендеуі жолындағы бірден-бір маңызды құрал болып саналады. Еліміздің болашағын білімді жастар контингентімен тікелей байланыстыратын қазіргі кезеңде білім саласына ерекше көңіл бөлінуде. Жаһандану мен мәдениеттің модернизациясы дәуірінде, айналаның бәрі өзгерістердің кез келген түріне, соның ішінде білім саласындағы өзгерістер мен реформаларға тез бейімделуді талап етіп жатқанда, оқытудың барлық инновациялық әдістері мен технологияларын ескеру қажет. Осы себепті қазіргі кезде орта мектептердегі, жоғары оқу орындарындағы білім жүйесін заманауи технологиялармен дамыту қолға алынып келе жатыр. Қазіргі мектеп материалды меңгеру тиімділігін арттыра алатын әмбебап білім, білік, дағды жүйесін жасайды. Жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану мұғалімге білім беру мәселелерін шешуге және баланың өзін қоршаған әлемді өз бетінше зерттеуге дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл баланың жеке басының жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Білім берудегі жаңа педагогикалық технологиялар жақсы нәтиже беріп жатқандығын сеніммен айта аламыз. [1]

Әдеби шығармалар баланың жеке басының қалыптасуына, оның рухани-адамгершілік дамуына үлкен әсер етеді. Көркем әдебиет адамның дүниені, рухани өмірін кеңінен тануға, адам өміріндегі оқиғаларды, олардың қиын қарым-қатынастарын ой елегінен өткізуге, шығарма кейіпкерлерінің мінездері мен іс-әрекеттерін өз іс-әрекетімен байланыстыруға үйретеді.[2] Бастауыш мектепте әдеби шығармаларды оқытудың бірінші кезеңінде көркем шығармаларды жүйелі оқу, талдау қажеттілігі қалыптасып, мектеп оқушыларының эмоционалдық аясы дамиды. Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулу, олардың дербестік дәрежесін арттыру маңызды міндеттердің бірі. Бұл кезеңде бастауыш сынып оқушысында әдебиеттің сөз өнері, саналы оқи білу, түрлі жанрдағы шығармалардың (ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, т.б) көркемдік әлемімен тілдесуі сияқты ерекшеліктері туралы түсінік қалыптасады. Әдеби шығарманы толыққанды меңгеру барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық жұмыстары әртүрлі типтегі эсселерді (әдеби кейіпкердің мінездемесі, эпизодтарды салыстыру, мәселе, оқылған кітапқа шолу) қамтуы керек, сонымен қатар жұмбақтар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, кино сценарийлер, әңгімелер, өлеңдер, балалар, т.б қысқа метражды шығармалар жазуды қамтуы мүмкін.[3]

Технология құрылымы 3 кезеңнен тұрады:

I кезең Қызығушылықты ояту (жаңа ақпарат алуға деген қызығушылықты ояту)	II кезең Мағынаны тану (жаңа ақпарат алу)	III кезең Ой-толғаныс (түсіну, жаңа білімнің тууы)

Аталмыш технологияның **бірінші кезеңі – қызығушылықты ояту** – оқушының бұрынғы білетін білімдері мен жаңа ақпаратты ұштастырудағы алтын көпір іспетті. Білім алушы жаңа естіген ұғымдары мен түсініктерін бұрынғы білімдерімен салыстыра отырып, толықтырады. Сол себепті, сабақ өтілгелі тұрған жаңа тақырып туралы оқушының не білетінін, не айта алатынын анықтаудан басталады. Осылайша оқушының жаңа сабаққа қызығушылығы оянады. Осы кезеңге сыни ойлауды дамыту технологиясының аясында қолданылатын «Топтау», «Түртіп алу», «Болжау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», т.б стратегиялар қызмет етеді. Әдеби шығарманы бастауыш сынып оқушыларына меңгерту барысында осы стратегияларды пайдалану – оқушының шығарманы толыққанды түсінуіне жол ашады. Бастауыш сынып оқушыларына Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын меңгерту барысында сыни ойлауды дамыту технологиясының стратегияларын қолдану тәсілдерін саралап, талдап көрейік.

Қызығушылықты ояту кезеңінде ***«Ойлану», «Болжау»*** стратегиялары оқытушы мен оқушылар арасындағы сұрақ-жауап арқылы жүзеге асады. Осы сұрақтарға ойланып, жауап беру арқылы оқушылар жаңа тақырыпты болжай алады.

- Балалар, «Кел, балалар, оқылық!» деп балаларды оқу-білімге шақырған тұңғыш ұстаз кім?
- Ыбырай Алтынсарин қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
- Ыбырай Алтынсариннің қандай шығармаларын білесіңдер?
- Айла деген не екенін қалай түсінесіңдер?

Сыни ойлауды дамыту технологиясының екінші кезеңі – мағынаны тану деп аталады. Осы кезең білім алушылардың тақырыпты түсінуіне, тақырыпқа байланысты тапсырмалармен жұмыс жасап, шығарманы толықтай меңгеруіне қызмет ететін кезең. Бұл кезеңде оқушылардың өз беттерінше жұмыс жасап, белсенділік танытуына толықтай жағдай жасалады. Мағынаны тану кезеңіне қызмет ететін стратегияның түрлері көп. Атап айтар болсақ, эссе, «Джиксо», «Инсерт», т.б стратегиялар осы кезеңде баланың барынша шығарманы түсінуіне, меңгеруіне, талдау жасай алуына көмектеседі.

INSERT әдісі оқушының әдеби шығарманы меңгеруіне, тақырып бойынша түсінбеген тұстарын анықтап, онымен жұмыс жасауына мүмкіндік беретін нәтижелі стратегиялардың бірі.

Бұл стратегияда оқушыға әдеби шығарманы оқу барысында мәтіндегі ақпараттарға

V – «білемін»,

— - «мен үшін түсініксіз»,

+ - «мен үшін жаңа ақпарат»,

? – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. Әдеби шығарманы тез оқу, оқығанын түсіну, санада бекіту – өте күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушыларда жаңа оқыған ақпаратты есте сақтай алмау, өмірмен байланыстыра алмау сынды қиындықтар туындауы мүмкін. ИНСЕРТ әдісі осындай олқылықтардың болмауына септігін тигізіп, баланың жаңа ақпаратты меңгере отырып, анализ жасауға, түсінбегенін сұрап үйренуге дағдыландырады.

Бастауыш сынып оқушыларына әдеби шығармаларды меңгертуде қолданылатын келесі тиімді стратегия ретінде ***«ДЖИКСО» стратегиясын*** алуымызға болады. Джиксо – ұжымдық оқыту әдісі. Бұл стратегияның мақсаты – тақырыпқа байланысты мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау. Осы стратегия барысында оқушы өзін бір сәтке мұғалім ретінде сезініп, оқуға толық жауапкершілік алады. Стратегияның мазмұнына сәйкес, сыныптағы оқушылар 1,2,3,4-ке саналу арқылы әрқайсысы жұмыс тобын құрайды. 4 бөлікке бөлінген әдеби шығарма мәтінінің мазмұнын бір оқушы түсініп келіп, жанұя тобына айтып беруі тиіс. Ыбырай Алтынсариннің «Баланың айласы» әңгімесін ұжымда ұйымдастыру төмендегіше жүзеге асырылады

1- Ғалым мен жылан
2- Ғалым мен жыланның түйеге жолығуы
3- Жеміс ағашына, итке жолығуы
4- Балаларға келуі

Джиксо стратегиясы бастауыш сынып оқушыларына әдеби шығарманың мазмұнын жоғары деңгейде есте сақтауға көмектеседі, балалардың ұжыммен жұмыс істеу қабілеттерін арттырады, ұжымда тығыз қарым-қатынас және саналы тәртіп орнайды.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының үшінші кезеңі – тақырып туралы ой-толғаныс. Бұл кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі», «РАФТ», т.б стратегиялар бар.

Әдеби шығармада кейіпкерлердің ұқсастығы мен ерекшеліктерін салыстыру үшін ***«ВЕННдиаграммасын»*** қолдану тиімді. Бұл стратегия арқылы оқушылар кейіпкерлердің өзара салыстыра отырып, өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге дағдыланады. Ал қандай да бір кейіпкердің мінезін ашу үшін бастауыш сынып оқушыларына ***«Жүрек кордиаграммасы»*** стратегиясы көмекке келеді:

+ кейіпкердің жағымды қасиеттері,

- кейіпкердің жағымсыз қасиеттері

Әдеби шығарманың мазмұнын тереңірек түсініп, шығарма туралы ой қорытуда ***РАФТ*** стратегиясының алар орны ерекше. РАФТ стратегиясын «кейіпкерге хат» деп алуға да болады. Бұл стратегияда оқушы мәтінді толық оқып болған соң, әдеби шығармадағы өзі қалаған кейіпкерге хат жазады. Бұл стратегия арқылы оқушының жазу стилі қалыптасады, тілі дамып, қиялы өрбиді, өз ойлары мен қиялдарын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға дағдыланады. Сабақтың қорытынды бөлімінде оқыған әдеби шығарманы бекіту мақсатында бастауыш сынып оқушыларына ***екі түрлі түсініктеме күнделігі стратегиясын*** ұсынған тиімді. Вертикаль сызықпен ортасы бөлінген күнделіктің бір жағына оқушылар шығармадағы өздеріне ерекше әсер еткен оқиғалардан үзінділер жазса, екінші бөлігіне сол үзінділерге қатысты өз пікірін жазады. Күнделікті толтырып бітірген соң, жұпта, топта талқылау ұйымдастырады. Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға арналған әзірлеп келген сұрақтарын қойып, жауаптар алады. Ол сұрақтар оқығанға баға беру, пікірін, көзқарасын білдіруге лайықталып қойылғаны дұрыс. Мысалы:

- Сіздің ойыңызда не сақталып қалды?
- Автор оқырманды қалай қызықтырады?
- Кейіпкерлердің іс-әрекетін Сіз қалай бағалайсыз? т.б. түрінде. [4]

Қорыта айтқанда сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, оқу және жазу процесінде ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытатын біртұтас жүйе болып табылады. Ол ашық ақпараттық кеңістіктің негізгі дағдыларын меңгеруге, мәдениетаралық өзара әрекеттестікке тартылған ашық қоғам азаматының қасиеттерін дамытуға бағытталған. Технология білім беру саласындағы мәселелердің кең ауқымын шешуге ашық. Сыни тұрғыдан ойлау – адамның интеллектуалдық әрекетінің бір түрі, ол қабылдаудың, түсінудің жоғары деңгейімен және қоршаған ақпарат өрісіне көзқарастың объективтілігімен сипатталады. Демек, сыни тұрғыдан ойлау жеке дағды емес, баланы дамыту мен оқыту барысында бірте-бірте қалыптасатын дағдылардың жиынтығы. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы сабақтың әр кезеңін кезең-кезеңімен жүзеге асыруда оқу әрекетінің түрлері бойынша оқу процесін біріктіретін белгілі әдістерді және стратегияларды ұсынады.

Әдебиеттер:

1. Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. –Алматы: 2014. – 360 бет.
2. Муштавинская И.В. Технология развития критического мышления на уроке и в системе подготовки учителя // учеб. метод. пособие. И.В. Муштавинская. – СПб.: КАРО, 2009. – С.15
3. Chi-An Tung, Shu-Ying Chang. Developing Critical Thinking through Literature Reading // Feng Chia Journal of Humanities and Social Sciences. PP.287-317. No.19. Dec. 20094.
4. Х.Г.Хазиева. Развитие критического мышления на уроках литературного чтения.

ЭТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАНИИ

Бактыбаев Ж.Ш.,
к.п.н., доцент КазНУ имени Аль-Фараби
Сейлбекова Д.,
магистрант 1 курса ОП «Педагогика и психология», КазНУ имени Аль-Фараби

Аннотация. "Білім беруде цифрлық технологияларды қолданудың этикалық аспектілері" мақаласы білім беру саласында цифрлық технологияларды қолданумен байланысты этиканың маңызды мәселелерін қарастыратын шолу жұмысы болып табылады. Мақалада берілген мәселенің әртүрлі аспектілері, соның ішінде деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығы, жасанды интеллектті пайдалану, әлеуметтік аспектілер және білім беру ортасында цифрлық платформалар мен қолданбаларды пайдалану этикасы қамтылған. Мақаланың негізгі бағыты білім беруде цифрлық технологияларды қолдану кезінде туындайтын мәселелерді анықтауға және талдауға бағытталған. Олардың ішінде студенттердің жеке деректерін жинау және пайдалану, құпиялылық пен қауіпсіздікті бұзу мүмкіндігі, сондай-ақ білім беру процесінде алгоритмдер мен жасанды интеллектті қолдануға байланысты мәселелер бар. Мақалада сонымен қатар білім беру саласында цифрлық технологияларды этикалық қолдану бойынша шешімдер мен ұсыныстар ұсынылған. Қорытындылай келе, мақала білім беруде цифрлық технологияларды қолдануға саналы және жауапты көзқарастың маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: цифрлық технологиялар, этикалық аспектілер, заманауи білім беру, білім беру платформалары, киберқауіпсіздік, қол жетімділік

Аннотация. Статья "Этические аспекты использования цифровых технологий в образовании" представляет собой обзорную работу, в которой рассматриваются важные вопросы этики, связанные с применением цифровых технологий в образовательной сфере. В статье освещаются различные аспекты данной проблемы, включая безопасность и конфиденциальность данных, использование искусственного интеллекта, социальные аспекты и этику использования цифровых платформ и приложений в образовательной среде. Основной акцент статьи сделан на выявление и анализ проблем, возникающих при использовании цифровых технологий в образовании. Среди них можно выделить сбор и использование персональных данных учащихся, возможность нарушения приватности и безопасности, а также проблемы, связанные с применением алгоритмов и искусственного интеллекта в образовательном процессе. В статье также предлагаются решения и рекомендации по этичному использованию цифровых технологий в сфере образования. В заключение, статья подчёркивает важность осознанного и ответственного подхода к применению цифровых технологий в образовании.

Ключевые слова: цифровые технологии, этические аспекты, современное образование, образовательные платформы, кибербезопасность, доступность

Abstract. The article "Ethical aspects of the use of digital technologies in education" is an overview work that examines important ethical issues related to the use of digital technologies in the educational field. The article highlights various aspects of this problem, including data security and confidentiality, the use of artificial intelligence, social aspects and ethics of using digital platforms and applications in an educational environment. The main focus of the article is on the identification and analysis of problems arising from the use of digital technologies in education. Among them are the collection and use of students' personal data, the possibility of violating privacy and security, as well as problems related to the use of algorithms and artificial intelligence in the educational process. The article also offers solutions and recommendations on the ethical use of digital technologies in the field of education. In conclusion, the article emphasizes the importance of a conscious and responsible approach to the use of digital technologies in education.

Key words: digital technologies, ethical aspects, modern education, educational platforms, cybersecurity, accessibility

В современном мире цифровые технологии прочно утвердились во всех сферах жизни, и образование не является исключением. Использование цифровых инструментов и ресурсов стало неотъемлемой частью учебного процесса, предоставляя учащимся широкий доступ к информации, интерактивным материалам и возможностям для сотрудничества. Цифровые технологии делают обучение более доступным и увлекательным для учащихся разных возрастов. Ранее мы ограничивались учебниками, записывали лекции на бумагу и делали скучные презентации. Теперь же мы можем использовать мультимедийные материалы, онлайн-курсы, видеоконференции и многое другое!

Одной из ключевых особенностей цифрового образования является его доступность. Оно позволяет получать знания практически из любой точки мира в любое время. Это особенно важно для дистанционного обучения или при построении гибкого расписания занятий. Каждый из нас может стать участником образовательного процесса! Однако вопрос этики при использовании цифровых технологий в образовании остаётся актуальным.

Прежде чем обсуждать этические аспекты цифровых технологий, необходимо понять, что подразумевается под "этикой" в данном контексте. Этика включает в себя набор принципов и ценностей, которые определяют, что является правильным и неправильным в использовании цифровых технологий. Она включает такие аспекты, как приватность, справедливость, безопасность и уважение к человеческому достоинству. Этика играет важную роль в образовании, так как соответствует нормам поведения и нравственным принципам. В контексте использования цифровых технологий этические вопросы становятся особенно актуальными. Правильное использование цифровых инструментов и платформ требует соблюдения этических принципов и ценностей. Важно также учитывать местные особенности и законодательство при разработке и внедрении цифровых технологий в образовательный процесс. Например, строгие нормы защиты данных и приватности могут быть особенно важны в некоторых странах или регионах, в то время как в других странах основным приоритетом может быть доступность информации и открытость [1]. Более того, этика в образовании также связана с развитием навыков критического мышления и саморегуляции у учащихся. Обучение этике помогает учащимся развивать способность анализировать информацию, принимать осознанные решения и действовать в соответствии с нравственными принципами. Это особенно важно в условиях цифровой эпохи, когда доступ к информации становится все более лёгким, а учащиеся сталкиваются с множеством этических дилемм.

В современном образовании все больше внимания уделяется применению цифровых технологий, таких как искусственный интеллект и алгоритмы. Этические аспекты цифровых технологий в образовании затрагивают множество вопросов, связанных с правами учащихся, преподавателей и других участников образовательного процесса. Они касаются вопросов информационной безопасности, конфиденциальности данных, достоверности информации и предотвращения несанкционированного доступа к ресурсам. Многие образовательные платформы и программы используют алгоритмы для оценивания знаний учащихся или предоставления персонализированного обучения. Однако часто эти алгоритмы не являются прозрачными, что может вызывать недоверие у учащихся и преподавателей к результатам работы системы.

Значение этических аспектов использования цифровых технологий состоит в обеспечении безопасности и конфиденциальности данных учащихся. Сбор информации об учащихся может быть неизбежным при использовании цифровых платформ для обучения. Однако необходимо гарантировать безопасность этих данных и защиту личной жизни учащихся. Кроме того, следует задуматься о том, какие данные собираются и каким образом они используются компаниями или учебными заведениями. Сбор и хранение персональных данных учащихся требует особого внимания, чтобы предотвратить возможные нарушения приватности и злоупотребление информацией. Правильная защита данных становится особенно важной в контексте облачных технологий и онлайн-платформ. Образовательные учреждения и педагоги должны принимать все необходимые меры, чтобы обеспечить безопасность и конфиденциальность данных учащихся.

С развитием цифровых инструментов возникают новые формы жестокости и домогательств - кибербуллинг и онлайн-харассмент. Эти проблемы становятся особенно актуальными в образовательных учреждениях, где учащиеся могут столкнуться с негативными эмоциональными и психологическими последствиями. Важно, чтобы педагоги и администрация образовательных учреждений принимали меры для предотвращения и реагирования на случаи кибербуллинга и онлайн-харассмента. Это включает в себя обучение учащихся этическому поведению в цифровой среде и создание безопасной и поддерживающей образовательной обстановки [2].

Другой этический вопрос состоит в обеспечении равных возможностей для всех учеников и студентов. Некоторым учащимся может быть ограничен доступ к компьютерам или интернету дома, что создаёт неравные условия для обучения. Чтобы преодолеть цифровое неравенство в образовании, необходимо разработать стратегии и программы, направленные на устранение доступных преград. Образовательные учреждения должны предоставлять ресурсы и поддержку учащимся, которые имеют проблемы с доступностью. Это поможет избежать появления цифрового разрыва и гарантировать, что каждый учащийся имеет равные возможности для получения знаний и развития своего потенциала.

Ещё одним важным аспектом является этическое использование цифровых технологий для оценивания успеваемости учащихся. Автоматизированные системы оценивания могут быть полезными инструментами, но они также могут вызывать споры из-за своей объективности или её отсутствия. При использовании алгоритмов и искусственного интеллекта для оценивания работ учащихся необходимо учитывать возможные предубеждения и ошибки, которые могут возникнуть в процессе [3].

Цифровые технологии также представляют вызов в виде эффекта информационного пузыря. Алгоритмы социальных сетей и поисковых систем индивидуализируют контент, который мы видим, основываясь на наших предпочтениях и поведении в сети. Это может приводить к ограниченному восприятию мира, отсутствию разнообразия мнений и даже укреплению предвзятости и стереотипов.

Права интеллектуальной собственности и предотвращение плагиата в эпоху цифровых технологий также становятся особенно актуальными. Учащиеся должны быть осведомлены о правилах и нормах использования информации из различных источников. Педагоги и администрация образовательных учреждений должны активно работать над развитием программ и инструментов, которые помогут предотвратить плагиат и научат учащихся этическому использованию информации. Для эффективной предотвращения плагиата и защиты прав интеллектуальной собственности в эпоху цифровых технологий требуется комплексный подход и сотрудничество всех участников образовательного процесса. Важно обеспечить понимание студентами того, что представляет собой плагиат и какие последствия он может иметь. Это можно сделать через проведение обучающих мероприятий и создание доступных материалов по этой теме [4].

Одним из эффективных способов предотвращения плагиата является обучение учеников и студентов активным и критическим методам работы с информацией. Учащиеся должны уметь анализировать, синтезировать и интерпретировать информацию, а не просто копировать и вставлять тексты из различных источников. Такой подход к обучению позволяет формировать навыки креативного мышления и самостоятельного решения задач, что важно для их будущей успешной деятельности. Более того, важно создавать стимулы для соблюдения правил и норм использования информации. Это может быть достигнуто через награды и поощрения за оригинальные и творческие работы, а также через обеспечение прозрачности и честности в процессе оценивания.

Этические принципы для педагогов и администрации также играют важную роль в использовании цифровых технологий в образовании. Вот некоторые этические принципы, которые могут помочь педагогам и администрации в использовании цифровых технологий в образовании:

1. Образовательные учреждения и педагоги должны уважать конфиденциальность и защищать данные учащихся

2. Предотвращать и реагировать на случаи кибербуллинга и онлайн-харассмента

3. Обеспечивать равные возможности и доступность для всех учащихся

4. Пропагандировать этическое использование информации и предотвращать плагиат

5. Развивать цифровую грамотность и навыки цифрового гражданства среди учащихся.

Учащиеся должны быть осведомлены о своих правах и обязанностях в цифровой среде, а также о том, как использовать цифровые технологии для достижения своих образовательных и профессиональных целей.

Использование цифровых технологий в образовании имеет свои плюсы и минусы. Начнем с плюсов, цифровые технологии позволяют учащимся получать доступ к большому объему информации, которая может быть представлена в различных форматах, от текста до видео-материалов. Такой мультимедийный подход способствует глубокому усвоению материала.

Ещё одной положительной стороной использования цифровых технологий является возможность индивидуализации обучения. Благодаря интерактивным программам и приложениям, каждый учащийся может выбрать наиболее подходящий для себя метод изучения материала. Это помогает развить самостоятельность и ответственность учеников.

Однако необходимо также учитывать некоторые негативные аспекты использования цифровых технологий в образовательном процессе. Это достоверность получаемой информации при использовании цифровых технологий. Из-за свободного доступа к интернету может возникать проблема фальсификации или недостоверности материалов, что влияет на качество образования.

Нельзя также забывать о социальном аспекте использования цифровых технологий в обучении. Цифровые технологии могут сделать образование более удаленным и менее социальным. Учащиеся и учителя могут столкнуться с проблемами, связанными с отсутствием межличностных контактов и взаимодействия, которые являются важной частью образовательного процесса. Неконтролированное пользование интерактивными устройствами может привести к отсутствию коммуникации и социальной изоляции учащихся [5].

Для решения этических проблем необходимо разработать стратегии, которые учитывают особенности использования цифровых технологий в образовании. Например, Образовательная программа курса повышения квалификации для учителей средней общеобразовательной школы на тему «Цифровая грамотность в образовании: современные методы и технологии» разработана с целью подготовки педагогов к эффективному использованию цифровых технологий в образовательном процессе. Программа ориентирована на обучение учителей основам цифровой грамотности, а также на изучение современных методов и технологий, которые помогут им успешно интегрировать цифровые инструменты в свою педагогическую практику. Программа разработана под руководством опытных преподавателей: Жабаева Е.Х., Тұрашовой Ш.П., Амангельдина А.А. и Наурызбаева Д.Б., обладающих высшим образованием и магистерской степенью, что обеспечивает высокий уровень качества образовательного процесса. Продолжительность программы составляет 80 часов, что позволяет учителям получить достаточно глубокие знания и практические навыки в области цифровой грамотности. В ходе программы участники будут ознакомлены с основными концепциями и принципами цифровой грамотности, методами работы с цифровыми ресурсами, а также научатся применять современные технологии в процессе обучения и оценивать их эффективность.

В конце программы предусмотрено проведение контрольного испытания или защиты проекта, что позволит участникам продемонстрировать полученные знания и навыки. Образовательная программа "Цифровая грамотность в образовании: современные методы и технологии" представляет собой важный шаг на пути к развитию цифровой компетенции современных педагогов и повышению качества образования в целом.

Таким образом, использование цифровых технологий в образовании открывает перед нами огромные возможности для совершенствования образовательного процесса и улучшения качества обучения. Однако, вместе с этим, оно также предъявляет перед нами ряд важных

этических вопросов, которые требуют внимания и решения. Соблюдение этических принципов и стандартов становится неотъемлемой частью ответственного использования цифровых инструментов в образовании. Это означает, что педагоги, администраторы и учащиеся должны работать вместе для создания справедливой и безопасной образовательной среды. Важно, чтобы цифровые технологии использовались этично и с учётом прав и нужд каждого учащегося, для того чтобы обеспечить эффективное решение этических вопросов, необходимо продолжать проводить исследования в этой области и разрабатывать новые стратегии и инструменты, которые помогут обеспечить справедливость и безопасность в образовании. Только таким образом мы сможем максимально раскрыть потенциал цифровых технологий и обеспечить качественное образование для всех учащихся.

Литература:

1. Кенжебаева З.С., Садырова М.С., Мухтар Е.С., Момынкулова Ш.О.. Использование цифровых технологий в системе дистанционного образования: зарубежный опыт и Казахстан // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». 2021. – №2 (67).- С. 40-50.
2. Богданова М.В., Бакштановский В.И.. Цифровизация образования и университетская этика - две вещи совместны ли? [online] https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovizatsiya-obrazovaniya-i-universitetskaya-etika-dve-veschi-sovmestny-li
3. Викторук Е.Н, Викторук Е.А. Этика в университете: соблазны и перспективы «Пользовательского формата» [online] https://cyberleninka.ru/article/n/etika-v-universitete-soblazny-i-perspektivy-polzovatelskogo-formata
4. Маниковская М.А.. Цифровизация образования: вызовы традиционным нормам и принципам морали [online] https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovizatsiya-obrazovaniya-vyzovy-traditsionnym-normam-i-printsipam-morali
5. Невлева И.М, Сережко Т.А.. Парадигмальные этические проблемы общения со студентами в современном медиапространстве [online] https://cyberleninka.ru/article/n/paradigmalnye-eticheskie-problemy-obscheniya-so-studentami-v-sovremennom-mediaprostranstve

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ПОЛИМЕРЛЕР МЕН МОНОМЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТЫ СИПАТТАУДА STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Кеубасова Гаухар Ураковна,
магистр дәрежесі, биология кафедрасының аға оқытушысы.
Жаксылыкова Кализа Куралбеккызы, Қабылова Нұрай Қабылқызы,
6B01505 - Биология білім бағдарламасының
4 курс студенттері,
Жаратылыстану факультеті, биология кафедрасы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Аннотация. Бұл мақалада жаратылыстану бағытындағы биология пәнінде мектеп мұғалімдерінің STEM технологиясын сабақ тақырыптарында қолдануға бағытталған. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің негізгі мақсаты қазіргі заманғы технологияларды игерген, дербес ойлануға және шешім қаблыдауға қабілетті, нақты өмірдегі мәселелерді шешуге икемделген. XXI - ғасырға тән дағдыларын меңгерген жастардың білім алушыларға пәнге деген қызығушылығын арттыруда сабақ тақырыптарын қызықты, әрі оңай түсіндіру үшін белгілі бір тақырып аясында зерттеу әдістері жасалды.

Түйін сөздер: STEM технологиясы, модельдеу, мономер, полимер, әдіс

Аннотация. Эта статья посвящена использованию STEM технологии школьных учителей в предметах уроков биологии естественных наук. Во всем мире основной целью образовательных систем является освоение современных технологий, умение самостоятельно мыслить и принимать решения, умение решать реальные проблемы. Разработаны методы исследования в рамках определенной темы для интересного и легкого объяснения тем урока в повышении интереса к предмету у молодежи владеющей навыками, характерными для XXI века.

Ключевые слова: технология STEM, моделирование, мономер, полимер, метод

Abstract. This article is devoted to the use of STEM technologies by school teachers in the subject of biology lessons in natural sciences. All over the world, in main goal of educational systems is the development of modern technologies, the ability to think independently and make decisions, the ability to solve real problems. Research methods have been developed within the framework of a specific topic for an interesting and easy explanation of the lesson topics in increasing interest in the subject among young people who possess skills characteristic of the XXI century.

Key words: STEM technology, modeling, monomer, polymer, method

Кіріспе

Әлемнің түкпір - түкпірінде жүргізілген зерттеулерде ғылым, инженерия, технология, математиканың (STEM) елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілі мен өркендеуі үшін маңызды салаларындағы адами капиталды дамытудағы ерекше рөлін атап өтілді.

STEM - білім бердуің кілттік мақсаты - оқушылардың білу және істкй алу қабілеттерін өнертапқыш шешімдер, зерттеушілік қызметтер және тәжірибелік форматтарда көрсету.

Еуропа мемлекеттері және АҚШ елінің дамуы бойынша жоспарлары, білім негізі экономикалық еңбек нарығының қазіргі және болашақтағы қажеттілігіне назар аударып отыр. Дегенмен, бұл саланы жетілдіру көптеген білім беру реофрмаларын және қомақты ресурстарды қажет етеді (Viskupic, Earl, Susan, 2022). [1, с. 133]

Өз елімізге келетін болсақ, соңғы жылдары STEM - білім берудің белсене дамуы байқалады. Бұны Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына өту дәлелдеп отыр. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілерді дамытуға бағытталған STEM - элементтерін енгізу жоспарланды.

STEM - ғылым (S), технология (T), инженерия (E) және математика (M) арасындағы нақты өмір мәселелерін шешуге және әлемнің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасалған білім берудегі заманауи пәнаралық тәсіл. Тхнология - белгілі біл мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістер мен құралдар жиынтығы (Имангалиев және т.б., 2020). [2, с. 112]

STEM - білім беру - инженерлік шығармашылық пен математикалық, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі. Оқытудың біріктірілген тісілі. Яғни, бұл тісіл аясында академиялық ғылыми техникалық тұжырымдамал шынайы өмір контекстінде зерттеледі. [3, с. 120; 4, с. 22] STEM оқу мен білімге басқаша көзқараспен қарауға үйретеді. Тәжірибелік дағдыларды басты назарға ала отырып, оқушылар өздерінің ерік күштерін, шығармашылық қабілеттерін, икемділіктерін дамытады және басқалармен ынтымақтастықта жұмыс жасауды үйренеді. [3, с. 120; 5, с. 16]

Зерттеу жұмысы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 25.08.2023 жылғы мерзімінің №0961 бұйрығына сәйкес педагогикалық практикадан өтілген болатын. Практика барысында, орта буын білім алушылар қатарынан 8 «С» және 8 «D» сыныптарына биология пәнінен сабақтар жүргізілді. STEM технологиясын пайдалана отырып, орта буын білім алушылар қатарынан 8 «D» сынып оқушыларына 1 тоқсандағы «Молекулалық биология» бөлімі бойынша «Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылықтар» тақырыбына сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты - полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау. Сабақ барысында STEM технологиясы арқылы оқушылардың қаншалықты деңгейде тақырыпты меңгергендігін тексеру үшін бірнеше әдістер бойынша зерттеу жұмысы жүргізілді. Сабақтың негізгі бөлімі жұптық модельдеу әдісі арқылы өтті. Модельдеу әдісіндегі басты құрал - жабдық: қағаз қысқыштар. Оқушыларға бірнеше қағаз қысқыштар берілді. Қағаз қысқыштарды біріктіру (әрбір қағаз қысқыш «мономер» болып табылады) арқылы тізбек құрастырды. Кейіннен, жұптар өзара санаулы қағаз қысқыш тізбектерін қосу арқылы ұзын тізбек жасап шығарды. Оқушылар, қағаз қысқыштың біреуі мономер екендігін ал, мономерлердің бірігуі полимер екенін біріктіру арқылы түсіндірді (сурет 1).



«Мономер» қағаз қысқыш



«Полимер» қағаз қысқыштар

1-сурет. - Мономерлер мен полимерлер

Зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі мақсаты - 8«D» сынып оқушыларының жаңа білімді қабылдау деңгейлерінің көрсеткішін анықтауға бағытталады. Көрсеткіштерді анықтау мақсатында, салыстыру жұмысы жүргізілді. Салыстыру үшін, 8«D» сыныбына STEM технологиясы бойынша модельдеу әдісі қолданылса, ал екінші 8«С» сыныбына тақырып бойынша STEM технологиясынан басқа әдістерді қолдану арқылы сабақ жүргізілді. Зерттеу жұмысының нәтижелерін мынадай әдістер бойынша анықтауға болады:


4. Бақылау әдісі - әр жұпты, жұмысты модельдеу барысында оқушылардың мимикасын, сөз реакцияларын, түрлі қозғалыстарын, мінез - құлқын, жалпы әрекеттерін бақылауға алу.

5. Сұрақ жүргізу әдісі - тақырыпты бекіту кезеңінде оқушылардан жуан және жіңішке сұрақтарға жауап алу.

6. Талдау әдісі - оқушының нәтижелерін бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау бойынша салыстыру жұмысын жүргізе отырып, қажет болған жағдайда қосымша жеке жұмыстану.

Зерттеу нәтижесі

Жұмысты модельдеу барысында оқушылардың реакцияларынан, сабақты қабылдауларынан, олардың қызығушылықтары артқаны байқалды. Зерттеу нәтижелерін төмендегі қорытынды диаграммадан көре аламыз. Екі сыныптың БЖБ және ТЖБ нәтижелерін салыстыруға болады. Салыстыру бойынша, STEM технологиясынан басқа әдістерді қолданылу арқылы өткізілген 8«C» және STEM технологиясындағы модельдеу әдісі арқылы өтілген 8«D» сыныптарының бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау көрсеткіштері салыстырылған болатын. Салыстыру нәтижесінде, STEM технологиясындағы модельдеу әдісі арқылы өтілген 8«D» сыныптың көрсеткіші басымырақ.



Қорытынды диаграмма

Қорытынды

Қорытындылайтын болсақ, сыныптың сапалық көрсеткішін арттыру үшін жаңаша технологиялар арқылы әртүрлі әдіс - тәсілдерді сабақ барысында қолдана отырып өткізу сұранысқа ие. Қазіргі заман талабына сай, білім беру жүйесінде күн сайын көптеген жаңалықтар енгізілу үстінде. Солардың ішіндегі, шетелдердегі танымал технологиялар ішінде STEM технологиясы сұранысқа ие. Білім беру жүйесінде STEM технологиясы арқылы тақырыпты жаңаша етіп өткізу оқушылардың пәнге деген ынтасын арттырып қана қоймай, өздерінің ерік күштерін, шығармашыл қабілеттерін, жан - жақты икемділіктерін дамытады және басқалармен бірлесе отырып, ынтымақтастықта жұмыс жасауға үйретеді. STEM технологиясынан күтілетін нәтиже - оқушылардың функционалды сауаттылықтары, олардың өмірлік және кәсіби перспективалары, өз күштеріне деген сенімділікті қалыптастастыру.

Әдебиеттер:

1. Имангалиев Н. (2020). STEM образование в Казахстане: текущее состояние и перспективы развития: исследование проведено при поддержке компании «Chevron» в рамках проекта «Караван Знаний» / Имангалиев Н., Сагадатова Д., Омашева М., Хайриева Г., Турдалы Д., Каримова Н., Аккисев Е.−2020.−133 с.

2. Breiner J.M., Harkness S.S., Johnson C.C., Koehler C.M. (2012). What is STEM? A discussion about conceptions of STEM in education and partnerships. School Science and Mathematics, 112(1), – 3–11. https:// doi.org/ 10. 1111/j. 1949-8594. 2011. 00109.x

3. 5. Алексанков А. М., Четвертая промышленная революция и модернизация об- разования: международный опыт / А. М. Алексанков // Стратегические приорите- ты. -2017. -№ 2 Кондаков А., Образование в эпоху четвертой промышленной революции //Вести образования, 2017г..

4. Бейсембаев Г., Караев Ж., Актуальные проблемы трансформации систем

5. Ефимов В.С., Лаптева А.В., Университет 4.0: Философскометодологический анализ //Университетское управление: практика и анализ, 2017г., №1, с.16.

6. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \\ «Білімді ел – Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017 г.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Тлеуғазина Аяулым Ерланқызы,
4 курс студенті,
Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Сманова Алуа Арыстанқызы,
PhD, доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аннотация. Мақалада, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылған. Онда, бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі мақсат – оқушыларға білім бере отырып логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру, оқуға ынтасын ояту. Бастауыш мектеп кезеңінде алған білімдерді бала өз іс-әрекетінде қолдануға машықтанады және ой қорытынды жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру, ойлау қабілетінің дамуы анық көріне бастайды және осы кезеңде оқушының ойлауы нақты-бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды, заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өзінің ойын дәлелдеуге үйрене бастайды. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе – логикалық ойлауға сүйенеді. Сондай ақ, оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың екі сатысы көрсетіліп, қолданылатын әдістерге баяндалған.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, оқушы, логикалық ойлау, әдістер, қабілет, дамыту.

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития логического мышления младших школьников. В нем основная цель, стоящая перед начальной школой, - развивать у учащихся умение логически мыслить, воспитывать интерес, прививать мотивацию к обучению. Знания, полученные на этапе начальной школы, ребенок обучается применять в своей деятельности и начинает отчетливо проявляться в умении делать умозаключения, выявлять причины и следствия, давать объяснения, рассуждать, и на этом этапе мышление учащегося развивается от конкретно-образного к абстрактному мышлению, начинает учиться приписывать предметы соответствующим понятиям и доказывать свою точку зрения. Для доказательства ребенок опирается на соответствующую систему-логическое мышление. Также показаны два этапа развития логического мышления учащихся и изложены применяемые методы.

Ключевые слова: начальный класс, ученик, логическое мышление, методы, способности, развитие.

Abstract. The article deals with the problem of developing logical thinking in younger schoolchildren. In it, the main goal facing primary schools is to develop students' ability to think logically, foster interest, and instill motivation to learn. The knowledge gained at the stage of primary school, the child learns to apply in his activities and begins to clearly manifest himself in the ability to draw conclusions, identify causes and effects, give explanations, reason, and at this stage the student's thinking develops from concrete-figurative to abstract thinking, begins to learn to attribute objects to appropriate concepts and prove his point of view. To prove this, the child relies on an appropriate system -logical thinking. Two stages of the development of students' logical thinking are also shown and the methods used are outlined.

Key words: elementary grade, textbook, logical thinking, methods, abilities, development.

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында – ұлттық білім моделін қалыптастыру тенденциясы және Қазақстан білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруін сипаттайтын білім беру саласы болып табылады».

Осыған орай қазір бүкіл әлемде индустриялық қоғамнан инновациялық қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға,

негізгі рөлді ақпаратты алу, өңдеу, сақтау, тасымалдау, тарату және пайдалану істерді атқаратын жаңа қоғамға көшу үдерісі жүріп жатыр [1].

Бұл сатыда білім берудің басты ерекшеліктері «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында»: «Бастауыш мектептің маңызы мен қызметі оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен, оқушы тұлғасы ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын буын екендігімен анықталып негізделеді», - деп көрсетілген [2, 136 б].

Бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі мақсат – оқушыларға білім бере отырып логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру, оқуға ынтасын ояту. Бастауыш мектеп кезеңінде алған білімдерді бала өз іс-әрекетінде қолдануға машықтанады және ой қорытынды жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру, ойлау қабілетінің дамуы анық көріне бастайды және осы кезеңде оқушының ойлауы нақты-бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды, заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өзінің ойын дәлелдеуге үйрене бастайды. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе – логикалық ойлауға сүйенеді. Логикалық ойлау анықтылығымен, бірізділігімен, дәлелділігімен ерекшеленеді. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға біріншіден – айнала қоршаған ортаны танып білу, екіншіден – баланың тапсырмаларды шешуге деген өзіндік талаптардың күшеюі, үшіншіден – сөздік қорының кеңеюі әсер етеді.

А. Байтұрсынов ұғымдарды қалыптастыру үшін ойлау заңдарын, ережелерін дұрыс пайдалану керектігін айтады.

Т. Тәжібаев «Адамның дүниетану үдерісі нақты қарапайым пайымдаудан бірте-бірте дерексіз ойлауға көшіп отырады» – дейді.

Ж. Аймауытов жас буынның дұрыс ойлап, дұрыс сөйлеуіне ата-ана мен мектеп оқытушылары бірден-бір жауапты деген құнды пікір айтады. Бұл пікірлер оқу-тәрбие үдерісіндегі озық ой-пікірлермен үндесіп жатқандығын байқауға болады.

Қ. Жарықбаевтың еңбектерінде «Баланың логикалық ойлауын дамыту, ұғымдарын өсіру – науқандық жұмыс емес. Ол әрбір сабақ үстінде, мектептегі барлық тәлім-тәрбие үдерісінің барысында ұдайы жүргізілетін жұмыс. Мұнда оқушылардың жас ерекшелігі де қатты ескеріледі» – делінген.

М. Жұмабаев та өзінің «Педагогика» атты шығармасында оқу ағарту ісінің келелі мәселелерін қарастыра келе логикалық ойлауға тоқталған [3, 280 б].

Ұлы ғалымдар, педагогтар Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, Ж-Ж. Руссо, И.Ф. Гербарт, А. Дистервег, К.Д. Ушинскийдің оқыту арқылы оқушылардың ақыл-ой кабілеттерін дамытуға баса назар аударғаны тегін емес.

Оқыту үдерісінде логикаға көңіл бөлген чех педагогы Я.А. Коменский оқушыларды ой тұжырым жасауға үйретіп оларды өмірмен байланыстыра білуге ары қарай логикалық ойлауын жетілдіру керектігін айтқан. Ол қандай пән болмасын ойлаудың формалары талдау, жіктеу және салыстыруға көп көңіл бөлген. Бұл көзқарастар ары қарай ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің еңбектерінде көрініс тапты. «Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту – бастауыш сыныпты оқытудың басты мақсаты. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыта оқытудың негізгі ерекшелігі – айнала қоршаған орта және табиғатты бақылау және көрнекі оқыту болу керек» – деп құнды пікір айтады [4, 103 б].

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауының дамуы екі негізгі саты арқылы өтеді. Бірінші сатыда (ол шамамен I – II сынып) олардың ойлау әрекеті көбіне әлі мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Мұнда көрнекі әсер ету басым болады. Балалар нақты заттарға немесе оның дәл баламаларына, бейнелеулерге сүйенеді. I - II сыныптың оқушыларын заттар мен жағдайларды олардың қандай да бір жеке сыртқы белгісі бойынша бағалайды. Балалардың ой қорытулары көрнекі алғы шарттарға, қабылдау деректеріне сүйенеді. Қорытынды жасау логикалық дәлелдер негізінде емес, қабылдаған мәліметтерге тура қатынасы жолымен жүзеге асырылады. Бұл кезеңдегі балалар жасайтын жинақтау заттардың көзге түсетін белгілерінің күшті қысымымен болады. Бұл сатыда туындайтын жинақтаулардың көпшілігі заттар мен құбылыстардың бетінде жататын нақты қабылданған

белгілер мен қасиеттерді қамтиды. Бастауыш сынып оқушысына олар жасаған жаттығулар нақтылы бақылау жағдайларына, олардың егжей-тегжейлі сөзбен сипаттауға сүйенетіндей етіп беріледі. Мұндай материалдарды салыстыруда балалар ұқсас белгілерді табады және оларды тиісті сөздермен белгілейді. Білімді толық жинақтаудың негізгі критерийі баланың алған білімге сай келетін нақтылы мысал келтіре білуі болып табылады. Осы кезеңде оқытудың көрнекілік ұстанымын кеңінен қолдануға негіз болады [5, 112б].

Жүйелі оқу әрекеті негізінде III – IV сыныпта бастауыш мектеп оқушысының ойлау сипаты өзгереді. Ойлаудың дамуының екінші кезеңі осы өзгерістермен байланысты. III – IVсыныптарда ұғымдар арасындағы қатынасты көрсетуді талап ететін тапсырмалар көлемі ұлғая береді, оқушылар ұғымдардың кейбір белгілері арасындағы тектік-түрлік қатынасты, яғни топтастыруды игереді. Екінші кезеңнің аяғына қарай оқушылардың көпшілігі бұрынырақ жинақталған ұғымдары шеңберінде оларды ойша талдау мен құрастыру арқылы қорытынды жасайды. Мұғалімнің түсіндіруі және оқулық материалының тікелей көмегінсіз-ақ ұғымдарды меңгеруге көптеген жағдайларда жеткілікті болады. Көрнекі сәттері аз, объектілердің көпті-азды байланыстары бойынша сипатталатын пайымдаулар саны өседі.

Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттері туралы пайымдауларының негізінде көбінесе көрнекі бейнелеулер мен суреттеулер жатады. Сонымен қатар бұл пайымдаулар мәтінді талдау, оның жекеленген бөліктерін ойша салыстыру, бұл бөліктердегі басты сәттерді ойша айқындау, оларды бірегей көрініске біріктіру, ақыр соңында, кейбір жаңа, ендігі жерде тікелей түп нұсқадан қашық жатқан және абстрактілі білім болған пайымдаулардағы жеке нәрселерді жалпылау болып табылады. Белгілі заттар мен құбылыстарды жіктеу іскерлігі бастауыш мектеп оқушыларының ақыл-ой әрекетінің жаңа күрделі формаларын дамытады, ол қабылдаудан біртіндеп бөлінеді де оқу материалдарымен жұмыс істеудің өз алдына бөлек, өзінің ерекше әдістері мен тәсілдерін жинақтай бастаған үдерісі болады. Бұл мәселелер білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдермен тығыз байланысты. Сондықтан біз, қазіргі уақытта жаңартылған білім беру бағдарламаларында оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда қолданылатын интербелсенді әдістерге тоқталдық: Ең алдымен, бастауыш сынып оқушысының әрекеті ойын болғандықтан, ойын арқылы оқыту әдіснен тоқталдық. *Ойын арқылы оқыту* әдісінің негізгі элементтері:

- ойынның алдында нақты білім беру мақсаты бар;
- ойын арқылы белгілі бір педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарлануда, оқу іс-әрекеті ойын ережелеріне бағынады, Оқу материалдары ойын құралы болып табылады.

Ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға бағытталған ойын әдістерінің көмегімен оқушылар логикалық ойлауы дамып, шағын топтардың басқа мүшелерінің пікірлерін құрметтеуге, түпкілікті нәтиже мен өз іс-әрекеттерін жобалауға, сонымен қатар мақсатқа жету әдістерін анықтауға дағдыланады. [6, 85 б.].

Жобалау әдісі. Оқу жобасы- оқуышлармен немесе оқуышлар тобымен зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы міндеттерді шешуге бағытталған оқу-танымдық қызмет. Ол проблемаларды кең мағынада шешудің әрекеттері мен келісілген әдістерімен, ортақ мақсаттың болуымен сипатталады. Жобалау әдісіннің элементтерін қолдана отырып, оқушылар алға қойған мәселені шешудің өзінді жолдарын іздеп табады.

Жобалау әдісі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Жобалау әдісін қолдану барысында оқушылардың ұжымдық және топтық жобаларды дайындау жөніндегі қызметін ұйымдастыру ұсынылады. Жобалық жұмысты ұйымдастыру аудиториямен шектелмейді, сонымен қатар аудиториядан тыс жерде бірлескен жұмыс атқарады [7, 18б.].

Кейс-стади - белгілі бір оқиға мен жағдайды талдауға арналған іскерлік ойын. Кейсті пайдалану барысында оқушылар топтық сұрақтар мен жауаптарда көтерілген мәселенің мәнін түсіндіреді, жағдайды бағалайды, оқиғаны немесе процесті талдайды және өз шешімдерін көрсетеді.

Кейс-стади пайдалану:

- жүйелік, корреляциялық, факторлық, статистикалық және басқа да талдау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді;

- оқушылармен қосымша тапсырмаларды құру нұсқаларын әзірлейді;;

- "ми шабуылы" пікірталасын, ғылыми пікірталас пен негізгі және көп қырлы шешім бойынша пікірталас өткізу жоспарлайды.. Кейс-стадиларды пайдалану кезінде оқушылардың дайын білімді игеруіне емес, оларды өндіруге, яғни практикалық мәселелерді шешу үшін теориялық білімді қолдану дағдыларын дамытуға және мұғалім мен оқушының шығармашылық ынтымақтастығына баса назар аударылады [8, 75б.].

Қорыта келе, жоғарыда көрсетілген әдістерді бастауыш сыныпта сабақтарда пайдалану барысында оқушылардың логикалық ойлауын дамыту зор ықпал жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /http://edu.gov.kz
2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. Астана-2007. 17- шілде. 2020 жылға толықтырулар.
3. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы: Алматы: «Заң әдебиеті», 2007. -280 б.
4. Запорожец А.В. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. 2017ж. 103б.
5. Рахымбек Д. Оқушылардың логика методологиялық білімін жетілдіру. Алматы: 2018 ж. 112б.
6. Сарыбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімінің даярлығын жетілдіру: дис. п.ғ.к. Қарағанды, 2006
7. Кобдикова Ж.У. Педагогическое технология уровневой дифференциаций обучения в средней школе. Алматы, 2021.
8. Инновационное обучение: Стартегия и практика. /Под. ред. В.Я. Ляудие. – М., 2020.

ЖАҺАНДЫҚ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ОҒАН ЖОЛ БЕРМЕУ

Карабалаев Кошгар Айладырович,
отставкадағы майор., аға оқытушы.
алғашқы әскери дайындық кафедрасы
М.Х.Дулати атындағыТарӨУ-і
Сейтжанов Досым Сейткасымович,
кафедра меңгерушісі., аға оқытушы
алғашқы әскери дайындық кафедрасы
М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ-і

Аннотация. Табиғатты қорғап аялау, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу. климаттың жылынуына қарсы күреске тұру жастарды Отансүйгіштікке баулу арқылы жастарымызды Қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеу.
Түйін сөздер: Климат, табиғат, жасыл энергетика, Отан, фотосинтез.

Аннотация. Охранять природу, не допускать загрязнения окружающей среды, борьба с потеплением климата воспитание молодежи в Казахстанском патриотическом духе через патриотическое воспитание молодежи.
Ключевые слова: Климат, природа, зеленая энергетика, Родина, фотосинтез.

Abstract. Protect nature, prevent environmental pollution. the fight against climate warming educating young people in the patriotic spirit of Kazakhstan through patriotic education of youth.
Key words: Climate, nature, green energy, Homeland, photosynthesis.

Ауаның ластануының негізгі көздері. Климат қазір өте қатты өзгеріске ұшырап бара жатыр**.** Көбінесе атмосфераны ластайтындардың қатарында көмірқышқыл газы - (CO_2), күкірт диоксиді - (SO_2), азот диоксидтері - (NO_2) және шаң. Ауа кез-келген затты ластайды: газ тәрізді, қатты және сұйық, егер олардың құрамында орташа мөлшерден асатын мөлшерде болса. Атмосфералық ауаның ластануы шаң мен газға бөлінеді.

Көміртегі тотығы (CO) - Окись углерода (CO)

Көміртегі тотығы-бұл ағаш, бензин, көмір, табиғи газ және керосин сияқты көміртегі бар отындардың толық жанбауынан пайда болатын түссіз, иіссіз және дәмсіз улы газ.

Озон (O_3) - Озон (O_3)

Жер бетіндегі озонды-атмосфераның жоғарғы қабатындағы озонмен шатастырмау керек-фотохимиялық түтіннің негізгі компоненттерінің бірі және күн сәулесіндегі газдармен реакция нәтижесінде пайда болады.

Азот диоксиді (NO_2) - Диоксид азота (NO_2)

NO2-бұл әдетте көлікте және өнеркәсіпте жанармай жағу кезінде бөлінетін газ.

Күкірт диоксиді (SO_2) - Двуокись серы (SO_2)

SO2-өткір иісі бар түссіз газ. Ол қазба отындарын (көмір мен мұнай) жағу немесе құрамында күкірт бар минералды кендерді балқыту арқылы түзіледі.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар, зауыттар мен фабрикалар және энергетика объектілерінен ауаға зиянды заттардың шамадан тыс көп шығарылады, олардың негізгілері күкірт, азот, көміртек оксидтері, көмірсутектер, аммиак, күкіртсутек, фторлы сутегі, ауыр металдар, бензапирен және т.б.

Атмосферадағы көмірқышқыл газы шамадан тыс көп болса адам ағзасына өте жағымсыз әсер етеді және канцероген болып табылады. CO_2 концентрациясы шамадан тыс жоғары болуы, адамды әлсіздікке, ұйқыға, бастың ауруына, көруге, зейін қою проблемаларына немесе тіпті қан құрамының жағымсыз өзгерістеріне әкелуі мүмкін.

Суда еріген кезде азот диоксиді - NO_2 және азот қышқылдарын түзеді. Егер еру процесі атмосферада, бұлттардың су тамшыларында жүрсе, бұл құбылыстың салдарынан жаңбыр қышқыл болып жауады. Ол адам ағзасына газ түрінде енген сәтте еру өкпенің ішінде жүреді,

сондықтан азот диоксиді-NO_2 адамның тыныс алу органдарының шырышты қабаттарына теріс әсер етеді, күйік тудырады, зақымдайды. Заттың буын ингаляциялау мыналарға әкелуі мүмкін.

Ингаляция кезінде зат ағзаға ене алады. Зат көзді, теріні және тыныс алу жолдарын зақымдайды, жейді. Заттың жоғары концентрациядағы әсері тамақтың ісінуіне әкеледі. Газ бен буды ингаляциялау өкпенің ісінуіне әкелуі мүмкін, міне осындай адам ағзасына зияндары көп. [5, б. 115]

Қазіргі таңда энергияның басым бөлігі пайдалы қазбалардан мұнай, газ, көмір алынатыны белгілі. Шикі зат мұнай бағасының нарықтағы құны 70 жылдық тарихына көз жүгіртсек, оның бағасы түрлі оқиғаларға байланысты өзгеріп жатқанын білеміз. Мұнай және газ сияқты энергетика ресурстарын саяси амбициясы үшін өзге елдерге қысым көрсету құралы ретінде пайдаланып келеді. Бұл миллиондаған қарапайым адамның өміріне кері әсерін тигізуде және жалпы қоғамның дамуына кедергі.

Барлық өндіріс түрлерін және шығарындылардың сапалық құрамын талдау, анықтау аймақтағы атмосфераны күкірт диоксидімен және өңделмеген көмірсутектермен ең ірі ластаушы заттар отын-энергетика және мұнай-газ кешендерінің кәсіпорындары болып табылатындығын көрсетті. Отын-энергетикалық кешен сонымен қатар атмосфераға көмірқышқыл газы - CO_2 мен метанның - CH_4 шығарылуының негізгі көзі болып табылады, бұл жаһандық климаттың өзгеруіне әкелетін парниктік эффект жасайды. Ауаның газ тәрізді қоспалармен және ауыр металдармен ластануының ірі көздері тау-кен және металлургия кәсіпорындары болып табылатынын да білеміз.

Жылжымалы көздер, олар: Барлық тасымалдаушы жүк көліктері, әсересе автокөліктер мен тікұшатардан, ұшақтардан да атмосфераға сан түрлі улы газдар мен ауыр металдар бөлініп шығады олар қорғасын - Pb, мырыш - Zn және тағы да басқа металдар. Қорғасын-Pb адам ағзасына өкпе, жүрек қан тамырларына қатты зақым келтіреді, бұл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының – (ВОЗ) пайымдауы бойынша.

Күнделікті көлік секторындағы негізгі ластаушы заттар-азот оксидтері, көміртегі оксиді, көмірсутектер, бензин мен бензапирен, альдегидтер. Автокөлік қозғалтқыштарындағы жанармайдың толық жанбауы көмірсутектердің бір бөлігін құрамында шайырлы заттар бар күйеге айналдырады. Қорғасынды бензинді қолдану ауадағы қорғасынның жоғары деңгейіне жеткізеді, бұл адамзаттың, әсіресе жас сәбилер мен балалардың денсаулығына теріс әсер етеді. Көлік құралдары атмосфераға шығарылатын қорғасынның шамамен 90% құрайды. [7, б. 109]

Соңғы уақытта «Жібек жолы» бойынша көліктің қарқынды қозғалысы есебінен транзиттік көліктің саны ұлғайып бірнеше рет артты, бұл атмосферада автомобильдердің пайдаланылған газдарынан улы заттардың, неше түрлі зиянды қышқыл қалдықтарының концентрациясының өсуіне әкеліп соқты.

Химия өнеркәсібінің кәсіпорындары минералды тыңайтқыштарды өндіру барысында атмосфераға арнайы ластаушы заттарды шығарады: аммиак селитрасының шаңы - NH_4NO_3, азот оксидтері - N_2O_3, аммиак - NH_3, фенол - C_6H_5OH, сан түрлі органикалық еріткіштер. Барлық құрылыс индустриясы мен цемент өндірісі шаң шығарудың негізгі көзі болып табылатыны да айқын.

Пестицидтер оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдері мен өсімдіктер арасындағы арам шөптерге қарсы қолданатын - Гербицидтер, жәндіктерге қарсы қолданатын – Инсектицидтер, өсімдіктер ауруына қарсы қолданатын –Фунгицидтер көптеген зиянды қалдықтарды қалдырып климатқа аса үлкен қауіп әкелуде.

Өнеркәсіптік химиялық заттар – гексахлорбензол, ПХД, сондай – ақ мақсатты емес жанама өнімдер-диоксиндер мен фурандар кіретін тұрақты органикалық ластаушы заттар химиялық улы заттар тобы адам денсаулығы мен қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіреді.

Табиғи көздер. Орталық Азия өңіріндегі ауаның ластануының табиғи көздері Қарақұм мен Қызылқұм шөлдерінің әсері бар, сондай-ақ жер бетінен жел көтеріліп, батыстан шығысқа қарай тұздалған шаңның үлкен массалары тасымалданатын Арал теңізінің кеуіп қалған түбі болып табылады.

Арал теңізінің құрғаған түбінен күшті құмды және тұзды дауылдардың дамуы нәтижесінде алуан түрлі тұз тасымалданады. Тұзбен бірге көптеген ауылшаруашылық химикаттары – пестицидтер мен минералды тыңайтқыштардың қалдықтары да тасымалданып жатыр.

Тұзбен бірге көптеген ауылшаруашылық химикаттары – пестицидтер мен минералды тыңайтқыштардың қалдықтары тасымалданады. Жыл сайын 43 млн.тонна тұз Арал теңізі бассейнінен шығарылады және 1,5 – 2,0 млн. шаршы км алаңда орналасады, жақын орналасқан аграрлық өңірлерге елеулі залал келтіреді, мұның барлығы климаттың жылуына қатты ықпалын тигізуде.

Экономикалық тұрғыдан жасыл энергетика, пайдалы қазба отынға қарағанда сенімді және нарыққа толығымен орнықты. Қазіргі күн тәртібіндегі мәселе жасыл энергетикаға толығымен көшу.

– «Жасыл» энергетиканың күн сәулесі, жел, геотермия, теңіз ағындары мен толқындары, биогаз (биомасса) сынды жаңартылатын көздері бар екені белгілі. Олардың пайдалы әсер коэффициенттері (ПӘК), тиімділік деңгейі жөнінде мысалдар өте көп.

2020 жылға қарағанда қазірдің өзінде құрлықтағы желден алынатын электр қуатының құны 15% теңіздегі жел энергиясы 13%, фотоэлектр күн панелі беретін энергия 13% арзандағанын білеміз.

Әлемдік экономикада қандай жаңартылатын энергия көздері қолданылады?

Өткен жылдары Польшада да, әлемде де энергетикалық нарықтың жаңартылатын энергия көздеріне қарай айқын өзгеруі байқалды. ЖЭК, әсіресе жоғары дамыған Европа елдерде танымал бола бастады.

Әлемдік энергетикалық трансформация динамикасына жекелеген елдердің Еуропалық Одақтың директивалары мен әлемнің басқа аймақтарында енгізілген ережелерге қатысты «жасыл» жаңартылатын энергияны пайдаланудың қаржылық пайдасы да әсер етеді.

Әлемдегі ең танымал «жасыл» энергия көздері қандай?

Әлемдегі қолданылатын ең танымал жаңартылатын энергия көздері: күн, жел, су, геотермия, биомасса.

Жекелеген елдердің энергия теңгеріміндегі жоғарыда аталған ЖЭК түрлерінің үлесі неғұрлым маңызды. «Жасыл» энергияның жаңартылатын көздерінің ерекшеліктерімен одан да жақсы танысу үшін олардың әрқайсысына жеке тоқталуға болады.

Күн энергиясы - қазіргі уақытта бұл жаңартылатын энергияның ең тиімді танымал түрі. Күн энергиясы фотоэлектрлік қондырғылар арқылы және күн коллекторларының арқасында өндіріледі. Ең бірінші күннен жылу алады, содан кейін оны электр энергиясына айналдырады, ал екіншісі, мысалы, тұрмыста немесе өндірісте қажеттіліктер үшін ыстық су дайындау үшін қолданылатын жылу энергиясына айналады. [11, б. 79]

Жел энергиясы – желді тиімді пайдалану, экологиялық энергетиканың тіректерінің бірі болып табылатын тиімді турбиналар мен электр энергиясын өндіретін құрылғылардан тұратын жел электр станциялары. Жел генераторлары кинетикалық энергияны электр энергиясына айналдырады-осылайша электр тоғын аламыз. Жел электр станцияларын қолдана отырып, жаңартылатын энергия өндірісі, әрине-бұл, жоғары желді аймақтарда тиімді екені белгілі.

Су энергиясы - су энергиясы табиғи ішкі су ағындарының көмегімен өндірілетіні белгілі. Гидроэнергетика негізінен жеткілікті күшті ағысы бар және үлкен сарқырамасы бар өзендердің қатты ағысына байланысты. Электр энергиясын өндіру, яғни механикалық энергияны электр энергиясына айналдыратын арнайы үлкен турбиналармен жабдықталған ГЭС-гидро электростанцияларында жүзеге асырылады.

Геотермалдық энергия (геотермия) – «Жасыл» энергияның тағы бір көзі-жер асты ыстық суларында болатын және терең тау жыныстарында жиналатын геотермалдық жылу көзі. Көбінесе «жер қойнауының энергиясы» деп, те аталады, ол негізінен жылу көзі ретінде пайдаланады. Электр энергиясын өндіру үшін аз қолданылады. Геотермалдық жылудан алынған энергияны екі жолмен алуға болады: тікелей және жанама.

Биомассадан алынған энергия (биогаз) - осы айтылған тағы бір жаңартылатын энергия көзі-өсімдік немесе жануар тектес заттардан тұратын биомасса (биогаз). Мал, ауыл шаруашылығы

өнімдері немесе үй шаруашылықтарының қалдықтары мен қалдықтарының жану, газ шығару немесе эфирлеу процестеріне ұшырату арқылы.

Жоғарыда аталып өткен «жасыл» энергияны өндіру көздерінің әрқайсысы, әрине, өте дұрыс жобаланған жүйелер мен өнеркәсіптік қондырғыларға міндетті түрде инвестиция салуды талап ететіні айдан анық. Жаңартылатын энергия көздерін жоғары деңгейде тиімді дайындау, қайта өңдеу және пайдалану тұрғысынан тиісті техникалық жағдайларын қамтамасыз ету әрбір мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

01.12.2023жыл Біріккен Араб Әмірліктерінің қаласы Дубайда Біріккен ұлттар ұйымының - БҰҰ әлемдік климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясы тараптарының 28-ші кездесуі болды. Бұл қысқаша COP-28 деп аталады.

Дубайдағы дәл осы саммитке әлемнің 200-ге жуық елінен 70 мыңға жуық делегат шақырылған. 2023 жыл желтоқсанның 12-не дейін өткен конференцияда пайдалы қазба отыннан бірте-бірте ақырындап бас тарту арқылы жаһандық температураны индустриялдық дәуірге дейінгі деңгейінен 2 градустан артық асырмау мәселесі талқыланып келісімге тараптар өз ұсыныстарын айтып жеткізді.

Осы Дубайда өткен COP-28 Саммитінде адамзат 2030 жылға дейін болуы мүмкін, қайтымсыз климаттық апаттардың жақындағаны туралы аталып өтті. Олардың ішінде зерттеуші-ғалымдар Гренландия мен Батыс Антарктикадағы үлкен мұз қабаттарының еруін, мәңгілік мұздың кең еруін, жылы сулардағы маржан рифтерінің өлімге душар болуын айтып өтті.

Парниктік газ шығарындыларының көптігіне байланысты планета аса тым тез қызып кетті, тіпті 1,5 градус шекарада жаһандық температураның өсуін сақтауға бағытталған Париж келісімі күрт жылыну кезінде жеткілікті тиімді шара емес екендігі туралы баяндама жасалды. Әр түрлі елдер шығарындыларды азайтудың «шынайы тәсілдерін» қалай іздеді және Оңтүстік елдеріне климаттық қиындықтарды өтеу үшін қанша қаржы бөлуге дейін келісті.

Тараптар ортақ шешімге келді. Климаттың өзгеруінен зардап шеккен елдерге жәрдем береді және осылайша дамушы елдер қорға қаржы құяды, бұл өте дұрыс шешім.

1992 жылы БҰҰ-ның негіздемелік конвенсиясы климаттың өзгеруіне байланысты қабылданған еді. 1997 жылы Киото хаттамасы және 2015 жылы Парижде құжатқа қосымша ретінде климаттық келісімі бекітілді. Қазақстан да осының бәріне мүше. Ал, Париж келісіміне сәйкес құжатқа қол қойған барлық мемлекеттер, әлемдік температураның 2°С цельсиядан көтерілуіне жол бермеуге және оны 1,5°С-қа дейін шектеу қоюға онан басқа парниктік газді азайтуға міндеттеме алды.

К.А.Тимирязев ойлап тапқан фотосинтез процесіне қатты мән беру керек, сондықтан көгалдандыру және абаттандыру мәселесін дамыту қажет. [7, б. 117]

Фотосинтез туралы түсінік. К.А.Тимирязевтің негізгі ғылыми-зерттеулері фотосинтезге қатысты болды. Оған дейін өсімдіктер жарықта көмірқышқыл газы мен суды органикалық заттарға айналдыратыны белгілі болатын. Бірақ бұл процесс қалай болатынын ғалымдар толық қанды түсінбеді. Ақыры процесті түсіну үшін Тимирязев түрлі-түсті сүйықтықтар арқылы өтетін жарықты өсімдіктерге тікелей бағыттай білді. Ол қызыл және көк сәулелердің сарыға қарағанда жақсы сіңетінін анықтай білді және көмірқышқыл газының ыдырау қарқындылығы осыған байланысты.

$$CO_2 + H_2O = (\text{Жарық-күн сәулесі энергия}) = (C_6H_{12}O_6) + O_2$$

Бірақ ең басты мәселе Тимирязев өсімдіктерге жасыл түс беретін хлорофилл дәндерінің арқасында жарық сіңетінін түсінді. Осылайша атмосфераға оттегі тарайтынын және ол ауаны керемет тазартып байытады, толықтырады және ауа құрамын оттегімен толықтыратынын айқындап берді. Бір сөзбен айтатын болсақ, фотосинтез: Фото дегеніміз жарық, күн сәулесі - энергия деп айтуға негіз бар. Ал, синтез дегеніміз органикалық заттардың пайда болуы және оттегінің бөлініп шығып ауаны оттегімен толықтыру процесі фотосинтез болып табылады.

Сондықтан, бір тал кессең он тал ек дейді. Атадан мал қалғанша тал қалсын деп ата – бабаларымыз өте дұрыс айтып кеткен болса керек. Осылайша, жастарды табиғатты қорғап аялауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге, климаттың жылынуына қарсы күресуге, жастарды Отансүйгіштікке баулу арқылы Қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеу.

Қорытынды

2024 жылдың жаз айында тағы бір әлемдік мәселе «Су саммиті» Астана қаласында өтетін болды. Су-тіршілік көзі, тіршілік нәрі демекші бұлда үлкен халықаралық проблемаға айналып бара жатыр. Ауыз суы тапшы болып жатыр, сондықтан мұныда әлемдік қауымдастық болып қолға алу қажет.

Ауыз суын барынша үнемдеу қажет, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу қажет. Сондықтан табиғатты аялау, экология және сыртқы ортаны қорғау туралы, көздің қарашығындай сақтау, мектептен бастап пәндерді еңгізіп, бүкілхалық болып қолға алып климатты қорғап аялау керекпіз. Жастарды табиғатты аялап Отанды сүюге тәрбиелеу негізгі күн тәртібіндегі мәселенің бірі.

Әдебиеттер:

1. Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан 2023жыл 01 қыркүйек.
2. Н.Назарбаев «Сындарлы он жыл»- 2003жыл.
3. Дүйсенбаев, А.Қ. Тәрбие теориясы мен әдістемесі [Электрондық ресурс]: Оқулық /А.Қ. Дүйсенбаев, 2015. - 213 МБ. http://e-lib.dulaty.kz/viewer/?doc=3106156
4. Мемлекеттік-дайындық құқықтары оқу әдістемелік құралы – 2009жыл.
5. Жалпы тактика. Ұрыста жауынгердің іс-қимылы және ұрысты ұйымдастырубойынша бөлімше мен взвод командирінің атқаратын жұмысы [Мәтін]: оқу құралы/ О.В. Ажимов, О.Ю. Скоков, К.Е. Суюндиков және т.б. Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 70 б.
6. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана. 2004. 28-б
7. Алғашқы әскери дайындық: Оқулық. 10-11 сынып. Авторлары: К.Аманжолов, А.Тасболатов, Д.Майхиев, Б.Аманжолова.-Алматы «Мектеп баспасы». 2015
8. Бекбосунов А.Қ. Әскери патриоттық тәрбие негіздері [Мәтін]: Оқу құралы /А.Қ.Бекбосунов, А.Қ. Демеуов, Н.А. Бектаев. - Алматы: Эверо, 2016. - 112б. - ISBN 978-601- 310-374-7

УДК 37.026

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДИКИ ПРИМЕНЕНИЯ НАУЧНЫХ ПРИНЦИПОВ ОБУЧЕНИЯ НА ПРЕДМЕТНЫХ УРОКАХ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Базарбаева Бахыт Еркиновна,
Студент образовательной программы
«Педагогика и методика начального образования»
Таразского регионального университета имени М.Х.Дулати
город Тараз, Казахстан, bina.bazi@mail.ru
Научный руководитель Сарыбекова К.Н.,
к.п.н., доцент

Аннотация. Мақалада бастауыш сыныптардың пән сабақтарында оқытудың ғылымилық және сабақтастық принциптерін қолдану әдістемесін жетілдіру жолдары көрсетілген. Ғылымилылық және сабақтастық принциптерін оқушының оқу мотивациясын арттыратын танымдық қызмет ретінде басты мәселе болып алынған.

Түйін сөздер: принцип, сабақтастық, ғылымилық, дидактика, бастауыш мектеп, әдістемелік жетілдіру, мотивация, мемлекеттік стандарт, оқыту заңдылықтары, нормативтік құжаттар, білім берудің озыңқы дамуы, білім беру жүйесіндегі басқару демократизмі.

Аннотация. В статье показаны пути совершенствования методики применения принципов научности и преемственности обучения на предметных уроках начальных классов. Принцип научности и преемственности как познавательной деятельности, повышающей учебную мотивацию учащегося.

Ключевые слова: принцип, преемственность, научность, дидактика, начальная школа, методическое совершенствование, мотивация, государственный стандарт, закономерности обучения, нормативные документы, опережающее развитие образования, демократизм управления в системе образования.

Abstract. The article outlines ways to improve the methodology for applying the principles of scientific and continuity of teaching in the subject lessons of primary grades. The main problem is the development of the principles of Science and continuity as a cognitive activity that increases the student's learning motivation.

Key words: principle, continuity, scientific, didactics, primary school, methodological improvement, motivation, state standard, learning patterns, regulatory documents, advanced development of Education, Management democratism in the education system.

В настоящее время важнейшей задачей системы образования является вывод качества образования выпускников казахских школ на международный уровень. Дидактические задачи решения этой проблемы включают в себя повторный анализ законов и принципов образования и их сопоставление с особенностями современной системы образования. Именно поэтому в нашей статье среди ведущих принципов преподавания мы выбрали принципы научности и преемственности. Ведь если научный принцип обучения соответствует основным требованиям перехода к начальной школе в стране, принцип преемственности может быть гарантией системности образования, обеспечивающей элементы образования и его логическую последовательность.

Основной особенностью начального школьного образования является организация образовательного процесса, ориентированного на результаты научно-технического развития и личности. Следовательно, концепция развивающего образования должна отвечать требованиям системы начального образования Казахстана. Закономерности и принципы обучения в таком развивающем обучении: по цели, смыслу, содержанию, основному фактору

развития, роли и функциям педагога, методам, форме учебной деятельности ученика, особенностям взаимодействия обучающихся.

Выдвижение научного принципа в образовании видно из опыта мировой педагогики, лежащей в основе развития личности - образовательных систем, разработанных В. В. Давыдовым, Д. В. Элькониным и Л. В. Занковым, основанных на идеях Л. С. Выготского. Поэтому овладение научными знаниями и действиями относят к показателям эффективности, определяющим качество образования» [1.69].

Эти ориентированные идеи находят поддержку в современном образовании и обучении. Но ее внедрение в общеобразовательных школах вызывает немало трудностей. Ведь предлагаемые методы и технологии зачастую носят индивидуальный характер, поэтому в любой школе они не могут найти своего применения среди детей различных особенностей.

При этом вопрос о том, является ли развитие личности учащегося целью образования или средством достижения цели, не дается четкого объяснения, и существуют разные взгляды на развитие личности. В нашей стране образовательные учреждения, школьные учителя и многие учёные признают развитие личности ученика. Однако, по мнению психологов, исследующих развитие личности, развитие каждого человека находится в его собственных руках, его нельзя развивать внешним воздействием, можно использовать только положительное влияние. Из этого мнения вытекает и другое определение цели образования. Развитие личности студента рассматривается как средство его всестороннего саморазвития, самоформирования и самосовершенствования.

Поэтому цель школы – создать благоприятные условия для самораскрытия природных сил и способностей ребенка. Для этого необходимо выявить и реализовать различные приемы и методы организации образовательного процесса, направленные на развитие личности обучающегося.

Отсюда можно сделать вывод: «научный принцип образования – это действительная цель образовательного учреждения, которая реализуется на каждом уроке, в повседневных взаимодействиях, в школе и вне школы, а также метод, приводящий к самопознанию». Концепция развития личности ученика включает положительные изменения в ее формировании, единстве и отдельных частях (чувствительности, интеллекте, воле, ценностях, знаниях и личном опыте и др.)» [2.74].

В нашей статье предусмотрено опережающее развитие, ведущее к нему – продуктивное действие. Продуктивное действие может быть реализовано только в результате всестороннего поиска. Многие ученые доказали, что идея развивающего обучения может быть реализована через продуктивную деятельность.

Сегодняшний школьник внимательно слушает повествование учителя и пытается понять его или самостоятельно читает информацию из учебника, наблюдает за различными изучаемыми предметами и явлениями, выполняет различные действия, руководствуясь готовыми правилами и инструкциями. Такое учебно-познавательное действие реализуется с помощью алгоритма.

«Компонентная система дидактической структуры содержания образования представлена следующим образом:

- образовательного процесса, обеспечиваемая преемственностью этапов в этой области;
- обеспечивает непрерывность образования во всех учебных заведениях, особенно в начальной, средней и старшей школе, а также последовательность и систематичность его структуры;
- постоянное совершенствование образования в научном направлении на основе новых достижений науки, техники, культуры;
- образовательное учреждение охраняет окружающую природную среду, активно способствует ее постоянному улучшению» [3.67].

Одним из решающих условий народного образования является демократическое управление. Демократизация означает, что образовательные учреждения избавляются от

коллективных, местных потребностей, обращаются к интересам общества и личности, участвуют в управлении делами образования общественными силами.

«Истина – это независимость образования от политических и идеологических влияний, которые мешают образованию. В настоящее время важнейшими вопросами, реализованными в жизнь школы на основе новейших достижений науки, являются: связь научных основ образования с жизнью и трудом; политехнический принцип обучения; специальные факультативные курсы, программы и дифференцированное обучение, роль общественно полезных и продуктивных работ в учебно-воспитательной работе, профессиональная ориентация, широкое использование технических средств, компьютеров и т.п.» [4.11].

Помимо названных трех основополагающих принципов обучения при разработке содержания и его структуры обеспечение интегративного характера содержания, воспитание у обучающегося нравственности, эстетического вкуса, экологической и здоровой культуры жизни на основе передовых традиций, духовного и культурного наследия.

В соответствии с идеей развивающего образования, исходя из цели и содержания образования на начальном уровне, содержание образования подается в следующем виде: о мире (научная картина мира, обогащенная художественными, мифическими и т. д. концепции); виды деятельности, которые должны быть сформированы у школьника (игра, учеба, труд, общение); знания о способах познания мира (логические, научные).

Если принять во внимание возрастные познавательные способности младшего школьника и цель обучения подчинена воспитанию личности учащегося, то ясно, что преподаваемые на этом этапе предметы не могут формироваться в виде основы науки: здесь на первое место выходит формирование основных сторон культуры у ученика. В связи с этим содержание образования можно классифицировать следующим образом: коммуникативная культура, духовная культура, эстетическая и нравственная культура, культура труда, физическое воспитание.

Разумеется, это не должно приводить к мысли, что ничего из основ науки не входит в содержание знаний: поскольку формирование учебной деятельности является приоритетной целью и напрямую связано с повышением теоретического уровня собственных знаний, Каждый предмет обязательно включает в себя элементы научного знания, систему понятий и помимо познавательной и развивающей роли выполняет пропедевтическую функцию.

Сегодня проводятся исследования по определению системы коммуникативных методов в области дидактики, обсуждаются проблемы систематизации новых технологий преподавания теории и адаптации их к возрасту учащихся. Был собран и обсужден опыт учителей-новаторов. Сделаны теоретические выводы о гуманизации педагогического процесса, педагогическом сотрудничестве, теории учебной деятельности. Педагогическая технология воспринималась как понятийная, нормативная, инвариантная услуга, системно обеспечивающая двойственность педагогического процесса. Согласно этому определению было дано множество определений. Говорят, что совершенствование процесса обучения в начальной школе зависит от высокоподготовленных дидактических требований и материалов, поэтому для эффективного решения этой зависимости необходимы новые технологические методы и методики.

Поэтому считается, что качество учебной деятельности напрямую связано с изучением диалектических законов, которые показывают взаимосвязь различных факторов, участвующих в образовательном процессе дидактики.

Понятия дидактической структуры были даны следующим образом:

- уточнение цели обучения;
- направление цели обучения на получение результата;
- подготовка учебного курса и учебных материалов в соответствии с целями обучения;
- оценка текущих результатов, коррекция достижения поставленной цели;
- итоговая оценка результата.

В настоящее время в нашей республике создается новая система образования, которая движется к выходу в мировое образовательное пространство. Это связано с существенными изменениями в теории педагогики и образовательного процесса, меняется парадигма

образования, обновляется содержание образования, возникает новое мироощущение, иные отношения, иной менталитет:

- содержание образования обогащается новыми процессуальными навыками, развитием умения получать информацию, творческим подходом к науке и уточнением образовательных программ в рыночных условиях;
- традиционные способы информирования - устная и письменная, телефонная и радиосвязь - уступают место современным компьютерным средствам;
- внимание уделяется воспитанию личности ребенка, духовному обогащению его души, формированию его как гражданина и личности;
- стремление к единству школы, семьи и окружающей социальной среды в воспитании детей;
- наряду с народным образованием подчеркивается широкое использование педагогических технологий и роль науки.

Основные концепции совершенствования технологии обучения в психолого-педагогическом направлении описаны следующим образом:

- переход от обучения на запоминание к обучению, развивающему мышление с использованием предыдущих знаний;
- переход от статистической модели знаний к динамической структурной системе мыслительной деятельности;
- переход от программы, обеспечивающей студента со средним уровнем образования, к индивидуализированной и дифференцированной программе обучения.

Педагогические коллективы современных образовательных учреждений республики имеют возможность работать по любой модели по своему желанию за счет предлагаемой многовариантности. В этом направлении существуют разные типы содержания, структуры образования, новые идеи, основанные на науке и опыте, новые технологии. Поэтому очень важно выбирать различные технологии обучения в зависимости от содержания образования, возрастных и психологических особенностей учащихся и апробировать их на практике.

«В мировой практике существует несколько альтернативных школ, рассматривающих принципы научности и непрерывности образования как познавательную деятельность, повышающую учебную мотивацию учащегося, каждая из них имеет разную рациональность. Например, уровень образования выпускников традиционных школ высок с системной, теоретической и научной точек зрения, но спектр деловых качеств и умений использовать эти знания узок. А учебный процесс в школах «бесплатного обучения», основанный на любознательности и потребности (школа одаренных детей, специальные творческие школы) ограничивает волю и познавательное развитие учащихся, в основе лежит мнение, что механическая функция памяти психики не усваивает навыки и ловкость. Поэтому необходима скоординированная форма традиционных элементов обучения и альтернативных методик обучения, у которой, судя по всему, большое будущее. Здесь нельзя оставить без внимания вопрос, из каких элементов выбираются, на каком основании и в каком соотношении они строятся» [1.52].

Реализация значимого воздействия на развитие личности учащегося на базе традиционной школы является значимой тенденцией развития современной системы образования. То есть, согласно государственному образовательному стандарту, должна быть система образования, основанная на основной учебной программе, сохраняющая классно-урочную позицию, но постоянно меняющаяся, адаптирующаяся к времени, открытая психолого-педагогическим достижениям.

Чтобы быть максимальным фактором развития личности ученика, сформирована система принципов, основанная на идее развивающего обучения. Из него возьмем руководства по обучению и выведем те, которыми удобно пользоваться.

1. В процессе обучения вызвать у ученика интерес к материалу для изучения и мотивацию к его освоению.

2. Когда учитель разрабатывает содержание образования и планирует учебный процесс таким образом, что в процессе поиска решения проблемы или решения другой учебной задачи учащийся опирается на свою реальную область развития.

3. Чтобы обнаружить пути эффективного развития обучающегося, необходимо заранее учитывать «ситуацию выигрыша» каждого из них, то есть ставить перед ним задачи, которые он может решить самостоятельно, и учебные задачи. что они могут сделать. Тогда ребенок почувствует себя победителем, покорителем трудной вершины, обладателем собственной победы.

4. При оценке работы оценка должна выставляться по объему работы обучающегося, а не по достигнутому им результату.

5. Необходимо заранее спрогнозировать цепочки действий по замене «внешних» знаний «внутренними». Это приводит к групповому анализу, дискуссиям и т. д. доставляет.

6. В процессе развивающего обучения знания не должны даваться в готовом виде, глубины знаний учащийся должен достигать путем выполнения задания, требующего напряженной умственной работы.

При применении научного принципа обучения учащемуся не предоставляется готовая модель постановки и решения образовательных целей. Решение цели осуществляется посредством внутреннего обсуждения и последующего суммирования. Учитель является организатором и руководителем учебного процесса. Когда решение найдено, каждого учат доказывать его правильность по-своему. Каждому ученику предоставляется возможность высказать свое мнение, а ответы выслушиваются. Конечно, ответы не во всех случаях будут правильными. Однако каждый ребенок пытается поделиться и доказать результаты своего труда, учится обобщать свой личный опыт.

Список литературы:

1. Мұсаева С. Жас ерекшелік педагогикасы: оқулық / С. Мұсаева, Т. Бегалиев. - 2-ші басылым. - Астана: Фолиат, 2021.

2. Әбиев, Ж.Ә.Педагогика: Оқу құралы / Ж.Ә. Әбиев. - Алматы, 2006

3. Эльконин Д.Б. Психологические проблемы формирования учебной деятельности в младшем школьном возрасте. - М., 1981. - С. 34-58.

4. Кудабеков А.Р. Некоторые проблемы углубленного обучения математике. -Алматы, «Наука», 1998.

СОЗДАНИЕ ОРНАМЕНТОВ НА ПЕРСОНАЛЬНОМ КОМПЬЮТЕРЕ
ДЕРБЕС КОМПЬЮТЕРДЕ ОЮ - ӨРНЕК САЛУ (COREL DRAW)

Омирбекова Маргарита Шаяхыновна,
к.ф.н, ассоцированный профессор,
советник «Ғылым ордасы»

В настоящее время древнее искусство – создание орнаментов можно бесконечно совершенствовать при помощи компьютерной технологии. Посредством компьютера можно найти сотни вариантов одного и того же стилизованных орнаментов. И если в новых видах сохранять законы симметрии и ритма, то можно получить прекрасные и оригинальные образцы.

Ою-өрнек ертеден келе жатқан қазақ халқының төл өнері. Ежелден бүгінгі күнге дейін сақталған ою-өрнектерді компьютерде түрлендіру арқылы стилизацияланған мыңдаған элемент алуға болады. Ұсынылып отырған отырған әртүрлі ою-өрнектерді мұқият қарай отырып, үлгі бойынша жаңа элементтерді алуға болады. Бейнелеу өнерінде бүгінгі таңда жаңа түр, жаңа мазмұн ендірудің еш қиындығы жоқ.

Ключевые слова: орнаменты, ою-орнек; элементы, угол, сегмент.

Данная глава предназначена для тех пользователей ПК, которые имеют определенные навыки и опыт работы в графическом редакторе COREL DRAW, а также для начинающих пользователей.

В предыдущих главах были описаны методы создания казахских орнаментов с различными углами. Принципиальная схема создания орнаментов на ПК не отличается от ранее описанных, применяются лДишь другие инструменты. Таким же образом рисуется исходный сегмент элемента под необходимым углом в кривых Бизье, затем копируется и вставляется симметрично исходному элементу и группируются в угольник орнамента. Далее угол элемента копируется и вклеивается путем вращения до полного завершения орнамента.

Для начала остановимся на примере создания шестиугольного орнамента, как известно весь орнамент составляет в плоскости вокруг своей оси от центра 360^0 градусов. Для шестиугольного орнамента угловой элемент орнамента будет составлять 60^0 градусов, а сегмент исходного элемента 30^0 градусов. Соответственно представим вам таблицу из многоугольных орнаментов, их углов и сегментов.

Орнамент	3	4	5	6	7	8	9	10	12
Угол	120^0	90^0	72^0	60^0	$51{,}43^0$	45^0	40^0	36^0	30^0
сегмент	60^0	45^0	36^0	30^0	$25{,}72^0$	$22{,}5^0$	20^0	18^0	15^0

*-+

Затем в Corel Draw выберем формат страницы А4, установим точку отсчета на середине страницы и вытянем вертикальные и горизонтальные сквозные линейки поворачивая их каждый раз на 30^0 градусов. Дальше с помощью инструмента карандаш рисуем кривыми Бизье замкнутый контур сегмент исходного элемента, где дополнительно используя инструмент и инструменты создания кривых и ломанных линий закончим точный рисунок его начертания , который далее закрасим любым цветом из палитры. Используя копирование вклеиваем второй сегмент исходного элемента и разворачивая его симметрично создаем угловой элемент орнамента (рис-2).





Рисунок 1

Угловой элемент группируем и копируем его, вклеиваем вращением по 120,180,240, и 300 градусов почередно вокруг оси точки отсчета и заполняем шаблон шестиугольного орнамента.

Такм образом создаются все другие многоугольные орнаменты в Corel draw. Отличие составляет нарисованный сегмент исходного элемента под определенным углом (смотрите таблицу) и шаблон сквозных линеек. На 4 и 5 рисунке показаны шаблоны для создания семи и девятиугольных орнаментов.

Методы и приемы создания орнаментов

В настоящее время древнее искусство – создание орнаментов можно бесконечно совершенствовать при помощи компьютерной технологии. Посредством компьютера можно наити сотни вариантов одного и того же орнамента. И если в новых видах сохронять законы симметри и ритма, то можно получить прекрасные и оригинальные образцы. Рисунок 2.



Учащихся следует обучать создавать орнаменты, чертить и вырезать их на уроках рисования и труда, начиная с 1 класса. В начале учащиеся должны научиться держать ножницы, вырезать фигуры определенной формы из разноцветной бумаги, раскрашивать фрагменты фигур, вырезанных из бумаги, и другим необходимым навыкам.

Надо научить детей создавать орнаменты из природных форм. Например, из листьев яблонь, вишен, цветов, ромашки создаются оригинальные орнаменты, отображающие мир растений. Затем обучить технике изготовления простейших элементов этого вида: начертанию и вырезанию.

Совершенствуя свое мастерство в создании орнаментов ученики обучаются навыкам самостоятельного творчества.

Учащиемся предлагается нарисовать плоды вместе с листьями, и на их основе создать стилизованные орнаменты и раскрасить их различными красками.


Школьники рисуют орнамент в полоске, составленный из елок. Затем ученики учаться рисовать орнаменты в квадрате. После выполнения упражнений учащиеся, ознакомившись с новыми элементами казахского орнамента, учаться вырезать их и создавать новые орнаменты.

Созданный орнамент должен уместно располагаться на изделии. Например, изделия квадратной формы должны украшать орнаменты заключенные в круг. Одежду, или ее края (подол, воротники) должны украшать орнаменты в полоске (шет ою) или ленточный орнамент.

Все окружающие нас предметы состоят из набора определенных геометрических фигур. Именно по этой причине, стилизованные орнаменты можно использовать в разных геометрических фигурах. После того, как Вы ознакомитесь с национальными видами орнаментов и сможите создавать их в совершенстве с применением компьютерной технологии, а также можете изрбретать совершенно новые виды и формы орнаментов.

Используя один сегмент (5 рисунок) элемента, можно создавать неограниченные композиций стилизованных орнаментов, на основе этноэлементов.

Какую бы профессию ни пожелал избрать ученик в будущем, знание основ таких дисциплин, как литература, математика, архитектура, изобразительное искусство, искусство ваяния, вышивки, создания орнаментов, несомненно расширит его кругозор и будет совершенствовать мировосприятие в целом.



Как и все другие виды творческой деятельности, искусство создания орнаментов оказвает благотворное влияние на повышение интеллектуального уровня учащихся содействует совершенствованию уже обретенных ими знаний. Учащиеся не только овладевают техникой создания орнаментов, но и знакомятся с забытыми понятиям и словами, имеющими прямое отношения к этому виду искусству. С целью пояснения того, какие виды орнаментов используется на изделиях надо дополнительно изучить этнографические орнаменты.

Орнамент – один из видов древнего народного искусства. Истоки возникновения этого искусства исходит из далекой древности. Сюжетное содержание и названия орнаментов менялись и совершенствовались соответственно особенностям жизненной ориентаций и быта народа в каждую новую эпоху.

Казахские орнаменты предлагаются учащимся школ и в качестве вспомогательного материала, который поможет подрастающему поколению приобщиться к обширной сфере исконной традиционной культуры – прикладному искусству, будет содействовать продолжению реалий данного искусства, сохранившихся благодаря усилиям многих поколений на протяжении тысячелетий.

С целью пояснения того, какие виды орнаментов используется на изделиях из войлока, а какие – на деревянных изделиях. Уроки рисования, преподаваемые в начальных классах, являются первичным этапом эстетического воспитания учащихся. Уже в первом классе на уроках рисования они учаться рисовать различные предметы. С целью развития познавательных способностей детей следует научить создовать орнаменты из природных форм. Например, из листьев яблонь, вишен,помидоров,огурцов создаютя оригинальные орнаменты, отображающие мир растений. Совершенствуя свое мастерство в создании орнаментов ученики обучаються навыкам самостоятельного творчества.

Список источников

1.М.Ш. Омирбекова. Традиционная культура казахов. Учебное пособие для занятий по труду и изобразительному искусству для учащихся 1-6 классов.- Алматы: ОАО «Алматыкитап», 2004 год – 104 стр., илл (сс.).
2.М.Ш.Өмірбекова. Қазақ халқының дәстүрлі өнері, 1-6 сыныптарға арналған.- Алматы: «Алматыкітап» ААҚ, 2004 жыл – 104 бет, суретті (28-31 бб.).

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-МАТЕМАТИКТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА ЗЕРТТЕУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ РӨЛІ

Әмірбекұлы Алданазар
п.ғ.к., доцент
Әсілбек Нұрдәулет Бақдәулетұлы
7М01501 Математика педагогін даярлау
1 курс магистранты,
Математика кафедрасы,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ

Аннотация

Бұл мақалада болашақ педагог-математиктерді даярлауда зерттеу құзіреттілігінің маңыздылығы талқыланған. Оның мақсаты – педагогикалық білім берудегі теориялық және тәжірибелік негіздерді зерттеу, сондай-ақ болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуындағы зерттеу құзыреттілігінің рөлін анықтау. Зерттеу жұмысы ең алдымен, педагогикалық білім беру жүйесінде математика мұғалімдерінің кәсіби даярлығының қазіргі жағдайын талдауға арналған. Мұнда білім беру стандарттары, оқыту әдістемелері және кәсіби біліктілік талаптары қарастырылады. Келесі бөлімде, зерттеу құзіреттілігінің болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуындағы ролі талқыланады. Бұл бөлімде зерттеу әдістерінің оқыту процесіне қалай интеграцияланатыны және мұғалімдердің критикалық ойлауы, шығармашылығы және инновацияға деген ынтасын қалай дамытатыны сипатталған. Қорытындысында, зерттеу құзіреттілігін дамыту үшін қажетті стратегиялар мен әдістер ұсынылады. Мұнда интерактивті оқыту әдістемелері, критикалық ойлау құзыреттілігін дамыту және өзін-өзі бағалау процесстері қарастырылады.

Мақала педагогикалық білім беруді жаңартудың және болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби дамуын қолдаудың маңызды құралы ретінде зерттеу құзіреттілігін бағалайды.

***Тірек сөздер**: педагог-математик, құзыреттілік, әдіс, кәсіби даярлау, оқу процессі*

Аннотация

В данной статье обсуждается важность исследовательской компетенции в подготовке будущих педагогов-математиков. Его цель-изучить теоретические и практические основы педагогического образования, а также определить роль исследовательских навыков в профессиональном развитии будущих учителей. Исследовательская работа посвящена прежде всего анализу современного состояния профессиональной подготовки учителей математики в системе педагогического образования. Здесь рассматриваются образовательные стандарты, методики обучения и требования к профессиональной квалификации. В следующем разделе обсуждается роль исследовательской компетенции в профессиональном развитии будущих учителей. В этом разделе описывается, как методы исследования интегрируются в процесс обучения и как учителя развивают критическое мышление, креативность и мотивацию к инновациям. В заключении предлагаются стратегии и методы, необходимые для развития исследовательской компетенции. Здесь рассматриваются интерактивные методики обучения, развитие навыков критического мышления и процессы самооценки.

В статье оценивается исследовательская компетентность как важный инструмент обновления педагогического образования и поддержки профессионального развития будущих учителей математики.

Ключевые слова: *педагог-математик, компетентность, метод, профессиональная подготовка, учебный процесс*

Annotation

This article discusses the importance of research competence in the training of future mathematics teachers. Its purpose is to study the theoretical and practical foundations of teacher education, as well as to determine the role of research skills in the professional development of future teachers. The research work is primarily devoted to the analysis of the current state of professional training of mathematics teachers in the pedagogical education system. Educational standards, teaching methods and professional qualification requirements are discussed here. The next section discusses the role of research competence in the professional development of future teachers. This section describes how research methods are integrated into the learning process and how teachers develop critical thinking, creativity and motivation to innovate. In conclusion, the strategies and methods necessary for the development of research competence are proposed. Interactive teaching methods, the development of critical thinking skills and self-assessment processes are discussed here.

The article evaluates research competence as an important tool for updating teacher education and supporting the professional development of future mathematics teachers.

Keywords: *teacher-mathematician, competence, method, professional training, educational process*

Кіріспе. XXI ғасыр – білім берудің жаңа өріс алу дәуірі. Бұл кезеңде, әсіресе педагогикалық мамандықтарға, соның ішінде математика мұғалімдеріне қойылатын талаптар елеулі өзгерістерге ұшырауда. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде математика саласындағы мамандарға артқан талаптар мен қызметтік міндеттер өзгеріске ұшырауда. Мұғалімдерге тек қана білім беруші ретінде емес, сонымен қатар зерттеуші, инноватор және тәжірибе жасаушы ретінде қаралуда. Осыған орай, болашақ педагог-математиктердің кәсіби даярлауы кезінде зерттеу құзіреттілігіне ерекше назар аудару қажет. Бүгінгі ғылыми-техникалық прогрестің жедел қарқыны және білім беру саласындағы жаңа қажеттіліктер болашақ педагог-математиктерді кәсіби даярлаудағы зерттеу құзіреттілігінің маңыздылығын арттыруда. Бұл бағыттағы жұмыс қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Әлемдегі тез өзгеріп жатқан технологиялық жағдайлар мен инновациялық әдістердің қолданылуы, математикалық білім берудің мазмұны мен әдістерін жаңартуды талап етеді.

Болашақ педагог-математиктердің кәсіби даярлығында зерттеу құзіреттілігін дамыту, олардың өз пәндері бойынша терең білімді болуымен қатар, зерттеушілік құзыреттілік пен әдістерді меңгеруіне, жаңа технологияларды қолдана отырып, оқыту процесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Мұндай құзіреттілік студенттердің шығармашылық ойлауын, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады және оларды нақты өмірлік жағдайларға тиімді шешім қабылдауға дайындайды.Осыған байланысты, болашақ педагог-математиктерді кәсіби даярлауда зерттеу құзіреттілігінің рөлін талдау өте маңызды болып табылады. Бұл талдау білім беру саласындағы өзгерістерге жауап ретінде, педагогикалық кадрлардың жаңа қажеттіліктерге сай болуына, олардың өз мамандықтары бойынша білімдерін тереңдетуге және жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы оқыту сапасын арттыруға септігін тигізеді. Бұл бағыттағы зерттеулер мен дамыту жұмыстары кәсіби даярлаудың сапасын жоғарылатып, педагог-математиктердің кәсіби мансабына оң әсер етеді.

Негізгі бөлім. Зерттеу құзіреттілігі – бұл мұғалімдердің өз пәнін тереңдете зерттеу, оқу процесінде өзгерістер жасау және жаңа оқыту әдістерін қолдану қабілеті. Бұл құзірет математика сабақтарын тиімдірек және шығармашылықпен өткізуге мүмкіндік береді. Жалпы "Зерттеушілік құзыреттілік" деген термин Ресей мен Қазақстандағы ғылыми әлемде

өзектілікке ие болып, батыс әдебиеттерінде бұл ұғымды тікелей табу мүмкін емес. *"Research"* және *"competence"* сияқты жеке тұжырымдамалар жөнінде көп ақпарат бар болса да, *"research competence"* деген анықтама сирек кездеседі. Батыста бұл ұғымдар көбіне "зерттеушілік әрекет" немесе "зерттеушілік құзыреттілік" ретінде қолданылады. Шяуляй университетінің профессорлары Винсентас Ламанаускас пен Далиа Аугиене (Vincentas Lamanauskas, Dalia Augienė) өз зерттеулерінде "зерттеушілік құзыреттілікті" негізінен "зерттеушілік әрекет" арқылы түсіндіреді. Бұл ұғымдардың ЖОО-да білім алатын студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына тікелей қатысы бар, ол студенттердің аналитикалық ойлауын жетілдіріп, ақпарат іздеу мен пайдалану құзыреттілігін дамытады. Бұл процесс оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады және студенттердің танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолдарының бірі ретінде қарастырылады [1].

Ғылыми-зерттеу қызметі студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін жетілдіреді және олардың шығармашылық потенциалын кеңейтеді. Осы қызмет арқылы олардың әлеуметтік және байланыс құзыреттілігі дамиды. Оқу процесінде студенттердің ғылыми білімі тереңдей түседі, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері қалыптасады. ЖОО студенттерінің танымдық құзыреттілігі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын дамытуға елеулі үлес қосады. Ламанаускастың зерттеуі бойынша, педагогтар студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуына жеткілікті қолдау көрсете алмаған. Осыған байланысты, студенттердің зерттеушілік қабілеттерін одан әрі дамыту үшін «ЖОО – педагог – студент» үштігінің бірлескен жұмысы ұсынылған.

Индонезиядағы Джокьякарт мемлекеттік университетінің зерттеушілері Б.Е.Янто, Б.Сибали және С.Суанто өздерінің «Студенттердің ғылыми ойлау құзыреттілігін зерттеудің үш деңгейі арқылы жетілдіру» мақаласында зерттеушілік құзыреттілікті жетілдірудің маңыздылығын атап өткен. Олардың пікірінше, студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту үшін шығармашылық оқыту әдістерін қолдану қажет, бұл ғылымды зерттеу және қолдау үшін өте маңызды. ЖОО студенттерінің зерттеушілік тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту үшін сұрақ қою әдісін пайдалану тиімді. Зерттеулер көрсеткендей, зерттеу стратегиясын қолдану арқылы студенттердің оқу тиімділігін, мотивациясын, шығармашылық ойлауын жақсартуға және түсініктерді терең меңгеруге болады. Н.Н. Плотникова зерттеушілік құзыреттілікті ғылыми материалды талдау және бағалау қабілеттері мен құзыреттілігі ретінде анықтайды, мұнда ол "қабілет" пен "құзыреттілік" түсініктерін зерттеушілік құзыреттілік контекстінде қарастырады [2].

Зерттеушілік құзыреттілік түсінігінің нақтылығын қамтамасыз ету үшін, бірінші кезекте "құзыреттілік" және "зерттеу" деген ұғымдарды айқындау маңызды. Бұл түсініктерге қатысты кең ауқымды зерттеулерге қарамастан, зерттеушілік құзыреттілікке біртұтас анықтама әлі жасалмаған. Әр автор бұл ұғымды өзінше түсіндіреді. Отандық психологияда бұл термин "бағытталған қызмет" ретінде белгілі. М.И.Лысина "танымдық белсенділік" түсінігін қолданады, бұл көпқырлы ұғым болып табылады және оны бір ғана белгімен анықтау мүмкін емес. Белсенділік – бұл жеке тұлғаның өзіндік әрекетке дайындығы, мақсатқа ұмтылысы және оңтайлы шешімдерді таңдау қабілеті ретінде қарастырылады. Студенттердің танымдық белсенділігін дамыту және қалыптастыру тақырыбы көптеген зерттеушілердің, педагогтардың және әдіскерлердің еңбектеріне арналған. Кей жағдайларда бұл ұғым "білуге құштарлық", "зерттеушілік әрекет" және "зерттеу" терминдерімен тығыз байланысты. Бұл терминдер жиі бір-бірімен шатастырылып қолданылады. Мысалы, Д.Б.Годовикова баланың танымдық әрекетін оның бағытталған-зерттеу қызметінің қалыптасуына байланысты жаңа жағдайлардағы себеп-салдар тұрғысынан зерттейді. Зерттеу әрекеті, кез келген тірі организмнің мінез-құлқының, бейімделуінің, дамуының және денсаулығының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Зерттеу бастамасының негізгі мотивациясы – білуге деген құштарлық пен қызығушылық. Танымдық қызығушылықты дамыту мәселелері көп зерттелгенімен, бұл ұғымға берілетін нақты анықтамалар әлі жеткілікті түрде қалыптаспаған. Таным әрекетіндегі маңызын, оған байланысты ұғымдардың мағынасын ашып беруде әртүрлі пікірлер бар. Қызығу дегеніміз – бұл ынтықтылық, алғырлық, тұрақтылық және білуге

құштарлық сияқты компоненттерден құралып, белгілі бір нысанға назар аудару арқылы пайда болатын жеке тұлғаның ерекшелігі.

Көптеген зерттеушілер студенттердің зерттеушілік құзыреттіліктерін олардың жүргізген жүйелі зерттеу жұмысының нәтижелері ретінде бағалайды. Оқу орындарының студенттермен жұмысының мақсаты – оларға өз қабілеттерін толық пайдалануға жағдай жасау, олардың жеке басының ерекшеліктерін дамыту.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы оқыту процесін заманауи технологиялармен жаңартуға баса назар аударады. Осыған байланысты, қазіргі кезеңде оқыту үрдісінің технологияландырылуы маңызды болып отыр. Мұғалімдер жаңа оқу технологияларын және интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттерге заман талабына сай білім алу мүмкіндігін береді. Осыған орай, студенттердің ғылыми жоба дайындау кезінде мынадай мәселелерді ескерулері маңызды (1-диаграмма):



Студенттердің зерттеу жұмысына қатысуы, эссе жазу, жобалар мен курстық жұмыстарды орындау арқылы олардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту маңызды. Жоғары оқу орындарында басталатын бұл процесс студенттерге кәсіби жетілу жолында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге мүмкіндік береді. Ғалымдардың пікірінше, жоғары оқу орнында алынған білім мен тәжірибе кәсіби дамуға үлкен ықпал етеді. Студенттердің шығармашылық және зерттеушілік қызметі арқылы жаңа ғылыми болжамдар пайда болып, олардың зерттеушілік қабілеттері кеңейеді, бұл еліміздегі еңбек нарығында жоғары білімді және шығармашылық деңгейі жоғары мамандардың сұранысын арттырады. Студенттің зерттеушілік құзыреттілігін меңгеруі, оған жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды меңгеруге жол ашады. Студенттердің дарындылығын, ізденімпаздығын және зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін жеке жұмыс, сарамандық сабақтар, лабораториялық жұмыстар маңызды болып табылады. Жоғары оқу орындарында ұйымдастырылатын ғылыми жұмыстар, шығармашылық кештер студенттердің зерттеушілік қабілеттерін арттырады. Әр түрлі заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы студенттер мақсаттарына жету жолдарын табуға мүмкіндік алады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, болашақ педагог-математиктердің кәсіби даярлығында зерттеу құзыреттілігінің рөлі өте маңызды. Бұл оларға білім беру сапасын арттыруға, оқыту әдістерін жаңартуға және оқушылардың математикалық құзыреттілігін дамытуға көмектеседі. Сондықтан, болашақ педагог-математиктердің зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға ерекше көңіл бөлу керек. Математика мамандығында білім алатын студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту үшін бірқатар стратегиялар мен әдістерді қолдануға болады. Мұндағы мақсат – студенттердің математикалық теорияларды түсінуін, сондай-ақ оларды нақты проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілетін арттыру. Мынадай бірнеше негізгі аспектілерді қарастыруға болады:

1. Негізгі математикалық теорияларды меңгеру: Математикалық зерттеулердің негізі болып табылатын теорияларды терең түсіну маңызды. Бұл алгебра, анализ, геометрия және статистика сияқты негізгі тақырыптарды қамтиды.

2. Зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру: Студенттерге зерттеу жүргізу процесін, қателерді талдау, эксперименттер жасау және гипотезалар құру тәсілдерін үйрету.

3. Критикалық ойлау қабілеттерін дамыту: Математикалық мәселелерді талдауда критикалық ойлау маңызды. Студенттерге мәселелердің бірнеше шешімдерін қарастырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалауға көмектесу керек.

4. Нақты проблемаларды шешу: Теориялық білімді нақты әлемдегі мәселелерді шешуге қолдана білу. Мысалы, қаржылық математика, сандық анализ, статистикалық модельдеу сияқты салалардағы тапсырмалар.

5. Компьютерлік сауаттылық: Математикалық модельдеу, деректерді талдау және алгоритмдерді жазу сияқты компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеу құзыреттілігін дамыту.

6. Әдебиеттерге шолу және зерттеу жұмыстарын жүргізу: Студенттерге академиялық журналдардағы мақалаларды оқып, зерттеулер жүргізу және өздерінің тұжырымдарын жазу жолдарын үйрету.

7. Топтық жұмыс және коммуникация: Топтық жобалар мен бірлескен зерттеулер арқылы әріптестермен тиімді байланыс орнату және идеяларды алмасу құзыреттілігін қалыптастыру.

Осы аспектілерді ескере отырып, оқыту бағдарламаларын жоспарлау және студенттерге арналған практикалық тапсырмалар мен зерттеу жобаларын ұйымдастыру қажет. Бұл студенттердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға және олардың кәсіби мансапта табысқа жетуіне көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Журавлева, А. П. "Педагогикалық зерттеу құзіреттілігі: теориясы мен практикасы" – Москва: Академия, 2020.
2. Казаков, А. Ю. "Зерттеу құзіреттілігін дамыту: педагогикалық тәсілдер" – Санкт-Петербург: Білім, 2019.
3. Иванова, Н. Л. "Педагогикалық білім беруде зерттеу құзіреттілігінің дамуы" – Казань: Издательство Казанского университета, 2021.
4. Смирнова, М. В. "Білім беру саласында зерттеу құзіреттілігі: теория және тәжірибе" – Екатеринбург: УрФУ, 2022.
5. Петровская, Л. А., Румянцева, П. В. "Жоғары оқу орындарындағы педагогтердің зерттеу құзіреттілігі: теориясы мен әдістемесі" – Новосибирск: НГПУ, 2020.
6. Коваленко, И. В. "Жаңа педагогикалық ортадағы зерттеу құзіреттілігі: қазіргі көзқарастар" – Воронеж: Издательство ВГПУ, 2021.
7. Белкина, Н. П., Горбунова, Л. Н. "Білім беру мекемелерінде зерттеу құзіреттілігі: әдістемелік ұсыныстар" – Ростов-на-Дону: Издательство РГПУ, 2019.
8. "Білім берудегі заманауи әдістер мен технологиялар" ред. А. С. Макаренко – Москва: Просвещение, 2023.
9. Кузьминова, О. И. "Педагогикалық ғылымдағы зерттеу құзіреттілігі: теория мен тәжірибе" – Челябинск: ЧГПУ, 2022.
10. Михайлова, А. В. "Зерттеу құзіреттілігі: жоғары білім берудегі инновациялық тәсілдер" – Томск: ТГУ, 2021.
11. Vincentas LAMANAUSKAS & bDalia AUGIENE. Scientific research activity in comprehensive school: a position of upper secondary school students. A New Approach for Teaching ‘Energy’ Concept: The Common Knowledge Construction Model, Western Anatolia Journal of Educational Sciences (WAJES), Dokuz Eylul University Institute, Izmir, Turkey, 2011
12. Yanto, Subali & Suyanto I. Improving Students’ Scientific Reasoning Skills through the Three Levels of Inquiry. International Journal of Instruction. October 2019. Vol.12, No.4.

ОҚЫТУДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ахметова Аим Жебегеновна,
Шет тілі пәнінің оқытушысы
Көксу ауылшаруашылық колледжді
Ескелді ауданы Жетісу облысы

Аннотация:

Бұл мақалада оқытуда жаңа инновациялық әдістер мен жаңа ақпараттық технологияларды қолдану туралы ақпарат берілген. Мақаланың мақсаты-білім алушылардың негізгі құзыреттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін ақпараттық технологияларды қолдану.

В данной статье представлена информация о применении в обучении новых инновационных методов и новых информационных технологий. Цель статьи-использование информационных технологий, позволяющих формировать основные компетенции обучающихся.

This article provides information on the application of new innovative methods and new information technologies in teaching. The purpose of the article is the use of information technologies that allow students to form their core competencies.

Тірек сөздер: Инновация, оқыту, әдістер, ақпараттық, технология.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі - оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асыруда негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер - білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл студенттерге өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына мүмкіндік береді. Ол үшін оқытушы өткізетін сабағында студенттің сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беруі керек. Бұл мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді.

Жаңа ақпарттық технологияны сабақта пайдаланудың тиімділігі студенттердің еркін ойлауына мүмкіндік береді, ақыл - ойын дамытады, шығармашылық белсендігін арттырады, ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді; жан - жақты ізденушілігін арттырады.

Заманауи ақпараттық құралдармен және инновациялық әдістермен жұмыс істеу студенттерді ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Оқытудың инновациялық әдістері мен ақпараттық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс- әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы.

Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Қазіргі кезде сабақтарды ақпараттық технология мен кіріктірілген оқыту технологиясын байланыстыра өту өте тиімді нәтиже береді. Мұнда компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден акпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады.

Мұндай мәліметтерге физикалық және математикалық формулалар, физикалық және математикалық шамалар, графиктер, схемалар, иллюстрациялар, физикалық құбылыстардың динамикалық бейнесі және т.б. жатқызуға болады.

Сонымен бірге ақпараттық технологияларды математика, физика, информатика сабақтарында жаңа тақырыпты өткенде, өзіндік жұмысты тексеру кездерінде, аралық және қорытынды бақылау сабақтарында қолдану өте тиімді. Сабақ кезінде слайд - фильмдерді, бейне-сабақтарды пайдалану дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, сабақтың көрнекілігін, тиімділігін, ақпараттың өте жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, ақпараттық технологиялар мен инновациялық әдістерді біріктіріп білім беру студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыруға және ақпараттық сауатты болып өсулеріне ықпал етеді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э. Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» –дейді.

Ендеше «инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорнына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу», деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды.

«Инновация» деген сөз – латынның «novis» жаңалық және «іп» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Бірақ ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде берілмеген. Берілетін анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды кеңінен терең таныта алмайды. Инновацияны «Білім беру жүйесіндегі жаңалық енгізу» деп айтсақ, оның мағынасын тарылтқан болар едік.

«Инновация» ұғымы ең бірінші XIX ғасырдам мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды, яғни бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған. Инновация аударғанда жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді дедік. Яғни, С. Ожегов сөздігіне сүйенсек, инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық болып шығады. Инновация ұғымын әр елде әртүрлі түсінген. Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған. Ал, Арабия, Жапония тәріздес мемлекеттерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-педагогикалық, техникалық, саяси әдебиеттер мен баспа беттерін зерттей келе, Ресейде, шетелдерде, ТМД елдерінде, Қазақстанда «инновация» ұғымына көптеген анықтамалар берілгенін көреміз.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің

жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады.

Н. Нұрахметов «инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі

(жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жекедара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

«Инновация» сөзі – қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданып жүрген термин. Қазір бұл сөз «жаңа, өзгеру, жаңаша» деген мағынаны білдіреді және дәл қазіргі жаңа заманға да «жаңа, жаңаша өзгерудің» мазмұны терең және анық екендігі белгілі. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады.

Білім берудің инновациялық әдістері мен түрлері Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Масырова Р., Линчевская Т. «Жаңару» (новшество) дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Ш. Қалановтың, Ж. Қараевтің, Ш. Таубаеваның, Қ. Қабдықайыровтың, С. Лактикованың, М. Жанпейісованың, Ә. Жүніспек пен Қ. Нағымжановаңың, С. Көшімбетованың, К. Ж. Бұзаубақованың, Б. Тұрғанбаева мен А. Әлімовтың, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары жан-жақты қарастырылады. Бұл технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, еңбегін шәкірттерінің бағалауы, пәндік білім сапасының жоғары болуы ерекше орын алады. Әдіскер С. Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен: - ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала – объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үдерісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады.

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады. Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В. Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. Радикалдық

инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық

ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үдерісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Полат Е.С. Білім саласындағы жаңашыл мұғалімдердің ақпараттық технологиялары. «Академия», 1999 ж.

2.Әбиев Ж, Құдиярова, Бабаев Педагогика «Нұрлы әлем» Секербекқызы С.Р. Жобалау және кейс технологиясы. «Ұстаз үні». 2007 ж.

3.Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз: ТарМУ, 2003

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ ҮШІН ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ақылшаев Ерқанат Бекежанұлы,
Жұмағұлова Диана, Әмірақын Ағланұр,
4S01140605 «Шетел тілі пәнінің мұғалімі»
Жаркент жоғары педагогикалық колледжі

Аңдатпа: Мақалада педагогикалық тәжірибенің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы мен рөлі жайлы айтылған. Ұрпақтан-ұрпаққа эстафетадай беріліп келе жатқан белгілі бір мәңгілік құндылықтар, идеяларды жүзеге асырудың нысандары мен әдістері қарастырылған. Мақалада қазақ халқының XIX ғасырдағы ағартушыларының педагогикалық мұрасы, жас ұрпақтың тәрбиесіне деген көзқарастары баяндалған. Тұлғаның рухани және адамгершілік өсу процесінде білімнің рөлі қарастырылады.

Түйінді сөздер: білім, патриотизм, адамгершілік, рухани, жетілдіру, мәдениет, прогрессивті, мұра, дәстүр

Аннотация: В статье рассказывается о значении и роли педагогического опыта в воспитании поколений. Рассмотрены определенные вечные ценности, формы и методы реализации идей, передаваемые из поколения в поколение как эстафета. В статье изложено педагогическое наследие просвещения казахского народа XIX века, его взгляды на воспитание подрастающего поколения. Рассматривается роль образования в процессе духовно-нравственного роста личности.

Ключевые слова: знание, патриотизм, нравственный, духовный, совершенствование, культура, прогрессивный, наследие, традиции .

Бүгінгі таңда педагогикада инновация, әлемде қарқынды дамып келе жатқан, тарихи педагогикалық тәжірибені түсінуге жаңа мүмкіндіктер ашатын ғылыми білімнің жаңа саласы туралы көп айтылып жүр. Бірақ жаңа «ештеңеден» пайда болмайды. Ұрпақтан-ұрпаққа эстафетадай беріліп келе жатқан белгілі бір мәңгілік құндылықтар, идеялар бар.

Бұл идеяларды жүзеге асырудың нысандары мен әдістері өзгеруі мүмкін, бірақ өзгермейтін шындық қалады:

-Адамның қадір-қасиетін көтеретін педагогика үшін күрес;

-Педагогикалық және адам бақытына жету жолындағы күрес және педагогикадағы гуманистік ұстанымдарды дамыту;

-Адам және оның мүмкіндіктері үшін үздіксіз күрес;

-Әр баланың бойында бар мәнді бекіту және дамыту үшін күрес.

Біздің жас ұрпақ дүниедегідей ескі шындықты анық білуі керек – өмірде адамдарға және еліне пайдасын тигізетіндер ғана шынайы табысқа жетеді. Біз өскелең ұрпақты білім берудің келесі негізгі бағыттары бойынша тәрбиелейміз:

• рухани-адамгершілік – жеке тұлғаның жоғары құндылықтарды, мұраттарды білуі, оларды басшылыққа ала білуі; мінез-құлықтың жоғары моральдық, кәсіби және этикалық стандарттарын қалыптастыру;

• Патриоттық – өз Отанына деген сүйіспеншілік пен адалдыққа, ұлы ұлтқа деген мақтанышқа, ұлттық киелі орындарды қастерлеуге тәрбиелеу;

• Азаматтық – құқықтық және саяси мәдениетке, жоғары адамгершілік пен жалпы мәдениетке, айқын азаматтық ұстанымға, Қазақстанның мәдени-тарихи мұрасына құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Сондықтан бүгінгі таңда біз халқымыздың бұрыннан келе жатқан рухани мұрасына байланысты мәселелердің өзектілігінің, сондай - ақ егемендік жағдайында айрықша өткірлікке ие болған рухани қағидаттардың жаңаруының, өмірдің ең өзекті мәселелерін шешуде жаңа саяси, адамгершілік-этикалық нормалардың, қағидаттар мен тәсілдердің қалыптасуының куәсі болып отырмыз. Қазақ ағартушылары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсариннің идеялары өз халқының рухани дамуы мен қалыптасуында ерекше орын алады. Соның жарқын мысалы ретінде отбасы мен мектеп тәрбиесінің негізін қалаған Ы.Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың педагогикалық ерлігін айтуға болады. Қамқорлық болмаса, ағаштар қисық болып өсетінін, жас ағаш сияқты балалар күнделікті күтімді қажет ететінін айтты. Үнемі қамқорлық пен дұрыс тәрбие ғана бала бойындағы ең жақсы адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады. Қазақтың аса көрнекті ақыны әрі демократ, XIX ғасырдың ағартушысы Абай Құнанбаев бізге, ұрпақтарға өзінің сан қырлы мұрасын қалдырды. Ол қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениетінің ерекшелігін, ең алдымен оның фольклорын ұғына алды [1, 53].

Абай Құнанбаев тәрбиенің басты құралы — еңбек деп санады. Ол білімді игерудің маңыздылығын, адамның рухани жетілуі көбінесе ағартушылыққа байланысты екенін атап өтті. "Ұлыңды бөлек отбасы қылып шығаруға асықпа, оны орыс мектебінде оқыт. Егер оқу қажет болса,барлық мүлкіңді құрбан ет. Ұлың адам болып шығуы үшін ештеңеден аянба. Егер ұлым надандықта қалса, ол өзі бақытты болмайды және одан халыққа жақсылық болмайды. Болмаса Жаратушының алдында мәңгілік қорқынышта және осындай ұл үшін адамдар алдында мәңгілік ұятқа қаласың" [2, 79].

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың пікірінше, қазақтардың өзіндік этникалық, тілдік ерекшелігі бар. "Қазақ әлем есігін әнмен ашады, ол өмірінің мәңгілік серігі. Қайғы мен қуаныш, өмірде болып жатқанның бәрі әнге құйылады. Әнде халықтың дауысы, уақыт қоңырауы естіледі". Қазақтардың тек материалдық қана емес, сонымен қоса ең алдымен рухани байлығы болды және бар: жоғары көркем ауызша және жазбаша әдебиеті, бай фольклоры, эпосы, жарқын музыкалық, поэтикалық және философиялық мұрасы [4, 5].

Абай Құнанбаевтың еңбегі-ол адамды жаңарту жолдарын іздеп, оның руханилығын көтеруге, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге тырысты. Оның жалпыадамзаттық әділеттілік идеалдарын бекітуге шақыруы "Адал бол!"(" Стань человеком!") біздің заманымызда да өзектілігін сақтап қалды [5, 39]. Абай адамдардың жағымды адамгершілік қасиеттерін алуға ерекше мән берді және әрбір жеке тұлғаның "кемел адам" деңгейіне жетудегі жеке қызығушылығының ерекше рөлін атап өтті. Оған жол – білім арқылы, адамгершілік және рухани жетілу арқылы жатыр деп көрсетті. Өмір мен шындық үшін күрес білімге әкелетін өмір жолының негізі болуы керек. Тек ағартылған адам өзінің күнделікті нанын адал еңбекпен алуға тырысады, әділеттілікке ұмтылады және басқаларға жамандық

жасамайды, жамандықтарға қарсы моральдық қасиеттерді дамытады. Абай Құнанбаев, әл-Фараби атамыз айтқандай сияқты, жаман әдеттерден арылуға және бақыт табуға тек білім көмектеседі деп айтқан. Абай Құнанбаев «Адам табиғаты бойынша таза және мінсіз» деп тұжырымдайды, содан кейін ол әлеуметтену процесінде кез — келген қасиеттерді-жақсы және жаманды тәрбиелейді, бұл оның қалауы мен табандылығына байланысты болуы мүмкін. Адам өзі үшін қажет деп санайтын қасиеттерге ие болады. Ол өзінің табиғатының бастапқы тазалығы мен адалдығын сақтауға тырысуы керек. Философ адамның рухани өсуіне, оның адамгершілік жетілуіне, тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін қасиеттерге назар аударады. Ұлы ойшылдың бүкіл рухани әлемі, даналық кристалы сияқты, адамгершілік оптимизм нұрына толы. Абай Құнанбаев басқа да көптеген тақырыптарды қозғады. Ол адам абыройы, жастар тәрбиесі, басқа ұлт өкілдеріне қарым-қатынас, мәдениет және ағартушылықтың қажеттілігі туралы ой толғады. Осы әр түрлі ой толғаулар бір-бірімен байланысып жатыр. Абайдың орасан зор мұрасында ақынның философиялық — моралистік, психологиялық — педагогикалық тұжырымдары болып табылатын" қара сөздері" –оның көп жылғы толғаныстарының жемісі маңызды орын алады. "Қара сөздердегі" басты ой-адамның рухани сұлулығын көрсету. Рух, адамның таусылмайтын мүмкіндіктері. "Рухани қасиеттер — адам өміріндегі басты нәрсе",— деп тұжырымдады Абай. Оның "жиырма бірінші сөзіндегі" пайымдаулары патриотизм мен демократия идеяларына толы. Патриотизмді адамның адамгершілік қасиеті ретінде анықтауға болады. "Патриот — Отанға қызмет ететін адам, ал Отан-ең алдымен халық" (Халық сөзі). Патриоттық тәрбие адамдарды халықтың материалдық және рухани мәдениетімен таныстыруға ықпал етеді; ұлттық психологияның ерекшеліктерін нығайтады, осылайша адамдарды өз халқына, Отанына құрметпен қарауға тәрбиелейді. Отанға деген сүйіспеншілік, бірлік-адамгершіліктің түп негізі. Бүгінгі таңда өсіп келе жатқан ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге ерекше назар аудару керек. Қазақ халқының алдыңғы қатарлы өкілдері әрқашан патриотизммен және халыққа деген махаббатымен ерекшеленді. Қазақ ойшылдары: Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев және сол кездегі басқа да көптеген өкілдердің патриоттық идеялары осының дәлелі болып табылады. [7, 360].

Озық педагогикалық ой тұтас бірқатар мәселелерді шешуге бағытталған. Қазақ ағартушылары қазақ балаларын ана тілінде оқытуды, мектеп, зайырлы, әйелдер және кәсіптік — техникалық білім беру желісіне рұқсат беруін белсенді түрде қолдады. Олар сондай-ақ оқытудың прогрессивті әдістері, білікті кадрларды даярлау, оқулықтар мен оқу құралдарын шығару үшін күресті. Ұлттық дамудың болашағы туралы алаңдаған олар халықты ағартуға, мәдениетке шақырды. Сол кездегі патшалық автократия оларды қызметінен кетіргенімен, бұл адамдар прогрессивті идеяларды жалғастыра берді. Қазақстанда педагогиканы дамыту үшін Ы.Алтынсариннның қызметі мен шығармашылығы үлкен маңызға ие болды. Алтынсарин орыс графикасы негізіндегі әліпбиді (Қырғыз хрестоматиясы) қолдана отырып, қазақ балаларының дамуына оң әсерін тигізген ана тілінің алғашқы оқулығын құрастырды. Өз шығармаларында ол әділетсіздікке, қысымшылық пен заңсыздыққа қарсы шықты. Ы. Алтынсарин өз халқын ағартушы ретінде көрдуді армандады. Өзінің көптеген шығармаларында ойшыл тоқтамай, білімді насихаттады. Ол қазақтарды әлемдік мәдениетке баулу, өз ой-өрісін кеңейту үшін орыс тілін меңгеруге шақырды. Оның педагогикалық шығармаларында ұлт, Отанға деген сүйіспеншілік, гуманизм идеялары айқын көрінеді. Олар адамгершілікті тәрбиелеу идеясына терең енеді. Педагог-ағартушы еңбектің зор маңызын көрсетіп, тәрбиенің мақсаты — еңбекке деген құрметті бекітті. Өз әңгімелерінде ол қазақ халқының еңбек топтарының балаларын қабілетті, ақылды, тапқыр, білімқұмар деп атады. Ы. Алтынсарин ағарту қоғамдық өмірдің барлық аспектілерінің ілгерілеуінің негізінде жатыр деп есептеді. Бұл білімді халықтарға өмір игіліктерін құруға, гүлденген қоғам құруға мүмкіндік беретін білім. Ұлы қазақ ағартушыларының философиясы Қазақ руханиятының дәстүрін жалғастырып, оны одан әрі дамытудың маңызды кезеңі болып табылатынын атап өткен жөн. Тек өзін-өзі тану және өзін-өзі тәрбиелеу жолында адам ішкі жетілуге жетеді,

шынайы адами қасиеттерге ие болады. Бірақ бұл жол оңай емес және қиын. Адам өмір бойы іс-әрекетте моральдық қасиеттерді жаңғыртып, жағымсыз қасиеттерді жеңуі керек. Білім мен шындық үшін күрес білімге әкелетін өмір жолының негізі болуы керек: Білімсіз өмір жоқ, Ілімсіз білім жоқ (Халық сөзі).

Кез-келген халықтың мәдениеті өткенді, өзінің тарихи тамырларын білместен мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ойшылдарының ойлары, идеялары, тұжырымдары, XIX ғасырдағы ағартушылардың педагогикалық мұрасы қазіргі кезде де өзекті, білім берудің алдында жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған жеке тұлғаны қалыптастыруды талап ететін міндеттер тұр. Қазақтардың әдеби-педагогикалық қазынасының ескерткіштері халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында тәрбиелеудің тиімді құралдарын іздеудің алғышарты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі :

1. Қазақстан тарихы бойынша оқу құралы (ежелгі дәуірден біздің дәуірімізге дейін күн).– А., 1992, – 171 б.
2. Қазақстанның педагогикалық ойының антологиясы. – А., Рауан, 1995, - Б. 78-90.
3. Мамырбекова А. Абайдың философиялық көзқарастарының адамгершілік оптимизмі.// Ой. 2007. № 8. Б.55.
4. Қаракөзова Ж. К., Хасанов М. Ш. Қазақ мәдениетінің космосы. – А., 1993, - с.
5. Кабдуев А. Жеке тұлғаны тәрбиелеу және құқық.// Ой.2005. № 6. Б.39.
6. Абай Құнанбаев, Сайланған.– М., 1945, - Б. 33.
7. Алтынсарин и.А. Шығармалар жинағы. Үш томдық. – А., ғылым, Т. 1,1975– - Б. 54
8. Стрелкова И. Уәлиханов. ЖЗЛ (өмірбаяндар сериясы). – М., 1983.– 283 б.
9. Сегізбаев О. Қазақ философиясының тарихы. – А., Ғылым, 2001, - С. 134-135.

КӘСІБИ ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аманжолқызы Жанна,
Кәсіби шет тілі пәнінің оқытушысы
ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы
Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

Аннотация: Бұл мақалада ағылшын тілін меңгеру — заман талабы, ал оны үйретудің тиімді жолдары мен әдістерін қолдану оқытушыға артылған міндет. Кәсіби шет тілін үйретудің маңызды да тиімді әдістерінің бірі- рөлдік ойындарды қолдану болып табылады.

Тірек сөздер: Кәсіби шет тілі, рөлдік ойындар, мәтін, қарым-қатынас

Аннотация: В данной статье владение английским языком является требованием времени, а использование эффективных способов и методов его преподавания – важной задачей преподавателя. Одним из наиболее важных и эффективных методов обучения профессиональному иностранному языку является использование ролевых игр.

Ключевые слова: Профессиональный иностранный язык, ролевые игры, текст, общение

Abstract: In this article, proficiency in English is a requirement of the time, and the use of effective ways and methods of teaching it is an important task of the teacher. One of the most important and effective methods of teaching a professional foreign language is the use of role-playing games.

Key words: Professional foreign language, role-playing games, text, communication

Рөлдік ойын — бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы. Бүгінгі күннің талабы, шетел тілі оқытушысының алдына қойған мақсаты

– білімгерлерді шетел тілінде сөйлету болғандықтан, оқытушының алдында тұрған басты міндеттің бірі — шетел тілін үйретудің түрлі әдістерін зерттей келе, ең тиімдісін өз сабағында қолдану. Осы әдістердің ішінде коммуникативтілік әдістің қолданылуы маңызды деп саналады, себебі бұл әдістің мақсаты — сөйлесу, сөйлету. Сөйлеу бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы іске асырылуы қажет.

Сабақ барысында рөлдік ойындарды қолдану – бұл студенттердің шетел тілінде сөйлеуге психологиялық жағынан дайындап, өткізілген тіл материалын бірнеше рет қайталауға мүмкіндік берумен қатар, оларды керекті сөз бірліктерін таңдауға жаттықтырады.

Ойын – эмоциялық және ақыл-ой күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылған сабақ. Бір ойынның өзі әртүрлі орындалуы,әртүрлі нысанды қабылдауы мүмкін,бірақ олардың бәрінің негізінде импровизация тұрады. Рөлдік ойындар шағын топтарда жүргізіледі. Ойынға қатысушылардың міндеті: тақырыпқа байланысты тапсырманы алу, рөлдерді бөлу, жағдайды ойнау және басқа топқа ұсыну.

Рөлдік ойын басқа тілде қарым-қатынас жасау, сөйлесу саласын кеңейтуге, білім алушылар пікір айтуда мазмұнды жағына назар аударуға мүмкіндік беретін тиісті дағдыларды дамыту және машықтандыру жаттығуларындағы тіл материалдарын алдын-ала меңгеруді болжайды.

Кәсіби ағылшын тілі сабағында қарым-қатынастың нақты жағдайын модельдеу үшін рөлдік ойындарды пайдаланудың өзіне тиісті талаптары бар. Олар:

- ойын оқу мотивациясына ынталандыруы,оқушылардың тапсырманы жақсы орындауға қызығушылығы мен ұмтылысын тудыруы тиіс, оны қарым-қатынастың нақты жағдайына тең жағдай негізінде жүргізу қажет.
- рөлдік ойынды мазмұны тұрғысынан да, нысаны жағынан да жақсы дайындау,дәл ұйымдастыру қажет. Білім алушылардың белгілі бір рөлді жақсы орындау қажеттілігіне көздері жетуі қажет. Тек сонда ғана олардың сөздері табиғи және шынайы болады.[2.56-58]

Профессор А.Н.Леонтьевтің пікірі осы мәселеде өте орынды. «Ойын – адам ісі әрекетінің бір түрі». Ойын әрдайым өзгерісте болады. Кез келген адам ойын барысында өзінің күшін сынап көреді, ол кезде адамда өзін — өзі тану процесі жүреді.Рөлдік ойынды дайындау, жүргізу және талқылауды басқарудағы және оқу-байланыс орнату жағдайларын құрудағы негізгі қызметті оқытушы да, оқушы да жүзеге асыра алады. Қарым-қатынасты үлгі ете отырып, оқу-сөйлеу жағдайлары рөлдік ойын құрамындағы маңызды компонент ретінде білімгерлерді ұсынылған жағдайларға қояды.ама

Мұғалімнің міндеті- нақты материалдағы қажет ситуациялар иллюстрацияларды, ситуациялық мәселелерді таңдау, дидактикалық материалды дайындау.Кәсіби ағылшын тілін үйретуде рөлдік ойындарды қолдану өте тиімді, өйткені білімгерлердің шетел тілінде сөйлеу дағдысы қалыптасады, тілді мәдениетаралық қарым-қатынас жасаудың басты құралы ретінде қолдану мүмкіндігіне қол жеткізеді, қолданыста жиі болатын тілдік бірліктерді, лексиканы жаттайды.

Үйреніп жатқан тілдің грамматикасын танып және сауатты қолдана білуге үйрету,диалогты, пікірталасты,іскерлік әңгімелерді жүргізе алу қабілетін дамиды, қолда бар білімді, тәжірибені, әртүрлі жағдайдағы қарым-қатынас дағдыларын пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Рөлдік ойындар оқытудың әртүрлі сатысында шетел тілін зерттеуге ғана көмектеспейді, сонымен бірге оқушының жоғары психикалық даму сатысына көшуінде рөл атқарады.

Жоғарыда айтылғандар келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

-ойын әрбір сабаққа белгілі бір түрде ендірілуі тиіс

-сабақтарда ойынды пайдалану –оқу процесі тиімділігінің, қарым-қатынас жағдайын құрудың міндетті құралы

-оқыту процесінде ойынды әзірлеу және ендіру кәсіби ағылшын тілін оқытудың әртүрлі сатыларында ауызша сөйлеуге үйретудің негізгі міндеттерін әлдеқайда үлкен жетістікпен шешуге ықпал етеді.

Рөлдік ойын процесінде қисынды ойлау,қойылған сұрақтарға жауап іздеу қабілеттілігі, сөйлеу, сөз этикасы,бір-бірімен қарым-қатынас жасай білу қабілеті дамиды.Сондықтан шетел тілі сабығында рөлдік ойынды пайдалану оқу процесінің тиімділігін көтереді. Білімгерлердің тілге деген қызығушылығын оқытудың барлық сатыларында сақтауға көмектеседі. Рөлдік ойындарда міндетті түрде білімгерлердің өзара әлеуметтік рөлдік қатынастары қалыптасады.

Рөлдік ойын сөйлеу мәдениетін дамытуға да өз септігін тигізеді. Ол болашақ заңгердің өзін-өзі ұстай білу қабілетін, мамандыққа қатысты терминдерді қолдана білу деңгейлерін дамытады. Сөйтіп, рөлдік ойын дұрыс сауатты сөйлеу, тыңдап түсіну деңгейлерін жоғарылататын, қатысымдыққа жетелейтін құралдың бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Макапова Г.К. « Роль ролевых игр в обучении иностранному языку» // Қазақстан мектептеріндегі шет тілі.6/2006.- 37-40 б.
2. Мартыненко Л. С. Ролевые и деловые игры на уроках английского языка. –М., 1997 .- 56-58 б.
3. Ливингстоун К. –« Ролевая игра в обучении иностранным языкам.» -М: Высшая школа, 1988.-53 б.
4. Авторы: Қ.П.Абдыкулова,Абай атындағы ҚазҰПУ 1-курс магистранты

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Исмаилова Асель Тлеухановна,
п.ғ.магистрі, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығының арнайы пәндер оқытушысы
Бейсембаева Жазира Талгатовна,
п.ғ.магистрі, педагогика және психология пәндерінің оқытушысы
Талдықорған қаласы, Zhansugurov College - і

Аннотация: Бұл мақалада техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізудің ерекшеліктері баяндалған.

Аннотация: В данной статье описаны особенности организации и проведения демонстрационного экзамена в организации технического и профессионального образования.

Annotation. This article describes the features of organizing and conducting a demonstration exam in the organization of technical and vocational education.

Тірек сөздер: демонстрациялық емтихан, WorldSkills кәсіби стандарттары, бағалау құжаттарының жиынтығы (КОД), сарапшы-ұйымдастырушы, сараптамалық топ, Skills паспорты

Ключевые слова: демонстрационный экзамен, профессиональные стандарты WorldSkills, комплект оценочных документов (КОД), эксперт-организатор, экспертная группа, Skills паспорт

Key words: demonstration exam, WorldSkills professional standards, set of assessment documents (SAD), expert organizer, expert group, Skills passport

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесіндегі өзгерістерге сай техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттеріне біліктілік беру рәсімінің нысандарының бірі ретінде WorldSkills кәсіби стандарттарын ескере отырып, құзыреттер бойынша демонстрациялық емтихандар өткізіледі. Демонстрациялық емтихан – жаңа форматтағы қорытынды аттестаттау мен түлектерді даярлау сапасын тәуелсіз бағалау моделі болып табылады.

Демонстрациялық емтихан - практикалық дағдыларды, білім мен машықтың деңгейін көрсетуді және тәуелсіз сараптамалық бағалауды қарастырады. Мұнда бағалаудың заманауи мультикритериалдық әдісі, WorldSkills стандартының талаптары қолданылады. Демонстрациялық емтиханды техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында немесе оқу орталықтарында кәсіптік модульдерді меңгерген студенттер мен түлектер тапсыра алады. Демонстрациялық емтиханға тапсырманы оқу орнындағы демонстрациялық емтиханды өткізуге жауапты сараптамалық топ құрастырады[1].

Демонстрациялық емтихан құзыреттердің техникалық сипаттамасы, инфрақұрылымдық парақ, бағалау критерийлері, емтихан тапсырмалары болып табылатын бағалау құжаттамаларының жинақтарын пайдалана отырып жүргізіледі.

Кесте – 1. Демонстрациялық емтихан үшін бағалау құжаттарының жиынтығы.

Құзыреттіліктің техникалық сипаттамасы -	Емтихан тапсырмалары –	Бағалау критериилері –	Инфрақұрылым дық парақ –
Құзыреттіліктің атын, WorldSkills (WSSS) стандарттарының және кәсіби стандарттардың (WSSK) бағыттарын, бағалау стратегияларын, емтихан тапсырмаларына қойылатын негізгі талаптарды, емтихан алаңының сызбасын, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптарды анықтайтын құжат.	өз құзыреттіліктері бойынша шеберліктерін көрсетуге бағытталған емтихан тапсырушылардың орындайтын жұмыстарының сипаттамасы	емтихан тапсырушылардың дағдылары мен біліктіліктерін өлшеуге арналған аспектілер жиынтығы.	алаңда жұмыс жасауға қажетті барлық құрал – жабдықтардың, материалдардың, офистік қажетті заттардың тізбесі

Кесте – 2. Бағалау құжаттарының жиынтығын (КОД) дайындау екі негізгі кезеңнен тұрады.

Дайындық кезеңі	**Негізгі кезең**
WorldSkills стандарты бойынша сәйкес құзыреттіліктерді іздеу	Бейімделу және техникалық сипаттаманы әзірлеу
Стандарт болмаған жағдайда, ерекшеліктерді WorldSkills талаптары бойынша кәсіби стандарттардан алу	Бағалау критерийлерін дайындау
Ерекшеліктердің сәйкестілігін талдау мен циклдік комиссияның хаттамасымен бекіту	Емтихан тапсырмаларын құрастыру
Бағалау құжаттарының жиынтығын (КОД) дайындауға жауаптыларды бекіту	Инфрақұрылымдық парақты дайындау

Бағалау құжаттары жиынтығының оқу бағдарламаларына сәйкестігі тұрғысынан республикалық оқу-әдістемелік бірлестікке немесе Ұлттық WorldSkills операторына жіберу үшін сарапшы-ұйымдастырушыға әзірлеу ұсынылады. Бағалау құжаттары жиынтығы WorldSkills Kazakhstan чемпионаттарының конкурстық тапсырмалары негізінде және жұмыс берушілердің талаптарына, кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленген болу керек. Барлық қатысушылар мен сарапшылар WorldSkills Kazakhstan этикалық кодексімен, құзыреттіліктің

техникалық сипаттамасымен, үлгілік кодекспен және басқа да нормативтік құжаттармен дербес танысып шығуы керек.

Демонстрациялық емтихан тапсырмаларын орындау және оларды бағалау тәртібі демонстрациялық емтиханды өткізу орталықтарының учаскелерінде жүзеге асырылып, әрбір базалық учаскеде демонстрациялық емтиханды бағалау үшін емтихан комиссиялары құрылады. Сараптама комиссиясы сарапшы – ұйымдастырушыдан және сараптамалық топтан құрылады, оның құрамына басқа өңірлердің тәжірибелі сарапшылары да кіруі мүмкін. Емтихан комиссиясының құрамы білім беру ұйымы немесе база директорының бұйрығымен бекітіледі. Емтихан тобы – бір құзіреттілік бойынша бір оқу орнында бір ауысымда емтихан тапсыратын бір оқу тобынан емтихан тапсырушылар тобы. Бір оқу тобын бірнеше емтихан топтарына бөлуге болады.

Тиісті жылға арналған демонстрациялық емтиханды өткізу кестесін қалыптастыру үшін құзыреттер WorldSkills ұлттық қозғалысының операторына берілген білім беру ұйымдарының өтінімдерінің тізімінен анықталады және белгіленген талаптарға сәйкес келетін демонстрациялық емтиханды өткізу үшін орталықты ұйымдастыруға дайындығымен расталады. Ұйымдастыру үшін стандарттар бойынша демонстрациялық емтиханды дайындау және өткізу бойынша жұмыс WorldSkills Kazakhstan аймақтың уәкілетті ұйымымен, сондай-ақ WorldSkills ұлттық трафик операторымен барлық процестерге және өзара әрекеттесуге жауапты тұлғамен анықталады[2].

Үйлестіруші уәкілетті ұйым қызметкерлерінің арасынан тағайындалады. Егер демонстрациялық емтихан жоғары білім берудің білім беру ұйымында өткізілсе, үйлестіруші функцияларын колледж өкілі жүзеге асырады. Емтиханға жіберуді ұйымдастырушы сарапшы EDUWSK тізімдері негізінде жеке куәлік пен студенттік билет немесе баға кітапшасы негізінде жүзеге асырады.

Демонстрациялық емтиханға еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өткен, сондай-ақ жұмыс орындарымен танысқан қатысушылар жіберіледі. Демонстрациялық емтихан тапсырмаларының орындалуын бағалауға еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан өткен және міндеттерді бөлумен танысқан сараптамалық топ мүшелері жіберіледі.

Сараптама басталар алдында сараптамалық топтың мүшелері инфрақұрылым тізімдерінде тыйым салынған материалдарды, құралдарды немесе жабдықтарды табуын тексереді. Сарапшы-ұйымдастырушы әрбір қатысушыға қағаз түрінде емтихан тапсырмаларын (бар болса), жалпылама бағалау парағын (бар болса), оларға қосымша нұсқауларды (болған жағдайда) береді, сондай-ақ демонстрациялық емтихан кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіреді.

Емтихан тапсырмасын және оған қосымша материалдарды алғаннан кейін қатысушыларға емтиханның жалпы уақытына кірмейтін және кемінде 15 минутты құрайтын ақпаратпен танысуға уақыт беріледі (танысу әрбір модуль басталғанға дейін жүргізіледі). Қатысушылар емтихандық комиссия төрағасының нұсқауынан кейін емтихан тапсырмаларын орындауға кіріседі. Сарапшы-ұйымдастырушы демонстрациялық емтихан тапсырмаларының орындалуын бағалауға қатыспайды.

Емтихан кезінде мінез-құлық ережелерін бұзған және мінез-құлқы емтиханды өткізу тәртібіне кедергі келтіретін қатысушы ескерту алады, ол уақыт пен төтенше жағдайларды есепке алу хаттамасында ресімделеді, оған Сарапшы ұйымдастырушы және барлық мүшелер қол қояды. Сараптамалық топтың. Ережені бұзған қатысушыға жоғалтқан уақыт өтелмейді. Екінші ескертуден кейін қатысушы сайттан шығарылады, сарапшы-ұйымдастырушының және сараптамалық топтың барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамаға тиісті жазба енгізіледі.

Тапсырмаларды орындау барысында емтихан тапсырушылардан еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын қатаң сақтау талап етіледі. Емтихан тапсырушылардың еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын сақтамауы бағалау критерийлеріне сәйкес

ұпайларды жоғалтуға әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік стандарттарын жүйелі және өрескел бұзу емтихан алушының емтихан тапсырмаларын орындаудан уақытша немесе түпкілікті шеттетуіне әкелуі мүмкін.

Демонстрациялық емтиханды өткізу тәртібі адалдық, әділдік және ашықтық қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылады. Сарапшы-ұйымдастырушыдан және сараптамалық топ мүшелерінен емтихан тапсырмаларын орындау бойынша барлық ақпарат пен нұсқаулар, соның ішінде қажетті көмек көрсету мақсатында, бір немесе басқа қатысушыға артықшылық бермей, анық және анық болуы керек. Қатысушыларға емтихан тапсырмасын орындауға кедергі болатын басқалардың араласуына жол берілмейді.

WorldSkills Kazakhstan стандарттары бойынша демонстрациялық емтихан нәтижелері бойынша 60 және одан жоғары балл жинаған емтихан алушыларға Skills паспорты беріледі. Берілген дағдылар паспорттарын тіркеуді WorldSkills Ұлттық қозғалысының операторы берілген тіркеу нөміріне сәйкес электрондық тізімде жүзеге асырады[3].

Демонстрациялық емтиханды сәтті өткізу білім беру мекемесінің беделін арттыруға ықпал етеді. Ұлттық чемпионат критерийлері бойынша өткізілетін орта кәсіптік білім беру жүйесінің түлектерін мемлекеттік қорытынды аттестаттау шеңберіндегі демонстрациялық емтихан жаңа құбылыс болып табылады. Демонстрациялық емтиханды мемлекеттік қорытынды аттестаттаудың міндетті элементі ретінде өткізу – негізгі артықшылықтардың бірі болып табылады. Мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізудің жаңа форматы студенттердің алған дағдыларын, жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, кәсіби құзыреттерін іске асыруға мүмкіндік береді және болашақ түлектердің кәсіби мансабын құруға әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы.
2. Демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар (worldskills.kz сайты).
3. 2020 жылғы 20 сәуірдегі Worldskills Kazakhstan Бас ассамблеясы бекіткен Worldskills Kazakhstan чемпионаттарының ережелері.
4. www.worldskills.org веб-сайты
5. www.worldskills.kz сайты

САБАҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН МОБИЛЬДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Батанова Акгул Толеуовна,
Жалмагамбетова Гулзада Ажимбаевна,
арнайы пән оқытушысы
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі

Аннотация:
Мақалада сабақ барысында қолданылатын цифрлық технологиялар мен мобильдік қосымшалар және оларды қолданудың практикалық маңыздылығы туралы баяндалған. Оқу процесі кезінде мобильді құрылғыларды пайдаланудың үш негізгі нұсқасына тоқталады.

В статье описаны цифровые технологии и мобильные приложения, используемые на уроке, и практическая значимость их использования. Основное внимание уделяется трем основным вариантам использования мобильных устройств в процессе обучения.

The article describes digital technologies and mobile applications used in the lesson and the practical significance of their use. Focuses on three main uses of mobile devices in the learning process

Тірек сөздер: мобильді технологиялар, оқыту процесі, өзін-өзі бақылау құралдары, 3D нысандары

Мобильді қосымша - бұл әртүрлі әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін белгілі бір функционалдығы бар белгілі бір платформада орнатылған бағдарлама. Білім беру үшін мобильді қосымшалардың маңыздылығы олардың жаңа технологиялар тұрғысынан әмбебап қолжетімділігі мен тартымдылығымен ғана емес, сонымен қатар олар беретін мүмкіндіктермен де артып отыр.


Мобильді оқытудың негізгі мақсаты – оқу процесін икемді, қолжетімді және дербестендірілген ету. Мобильді оқытудың негізгі міндеттерін қарастыруға болады:

- ыңғайлы уақытта және кез келген жерде байланыс, бұл командалық жұмыстың мүмкіндіктерін кеңейтеді;
- студенттерге қолжетімді мобильді құрылғыларды пайдалануды оңтайландыру;
- білім деңгейінің дамуының заманауи әлеуметтік тапсырыстарға және барлық жерде мобильді құрылғыларды пайдаланатын студенттердің мүдделеріне сәйкестігі.

Оқу процесі кезінде мобильді құрылғыларды пайдаланудың үш негізгі нұсқасы анықталған:

- мобильді құрылғы – белгілі бір құралды ауыстыру;
- мобильді құрылғы – мамандандырылған және әмбебап қосымшалармен жұмыс істеу құралы;
- мобильді құрылғы - кеңейтілген шындықты пайдалану құралы.

I. ***Мобильді құрылғы – белгілі бір құралды ауыстыра алады***. Мысал ретінде Smart Tools (ақылды құралдар) мобильдді қосымшаны қарастыруға боолады. Smart Tools 6 бөлімнен тұратын құралдар жиынтығы:



1-бөлім: Ұзындық, бұрыш, көлбеу, деңгей (Smart Ruler Pro)

2-бөлім. Қашықтық, биіктік, ені, ауданы (Smart Measure Pro)

3-бөлім. Компас, металл детектор, GPS (Smart Compass Pro)

4-бөлім. Дыбыс деңгейін өлшегіш, діріл өлшегіш (Sound Meter Pro)

5-бөлім. Фонар, үлкейткіш әйнек, айна (Smart Light Pro)

6-бөлім. Өлшем бірлік түрлендіргіші

II. Мобильді құрылғы – мамандандырылған және әмбебап қосымшалармен жұмыс істеу құралы ретінде екі бағытта қолданылады: өзін-өзі бақылау және танымдық әрекетті ұйымдастыру.

Өзін-өзі бақылау құралдары ретінде қолданылатын мобильді қосымшалардың сан-алуан түрлері бар. Солардың ішінде өзім жиі қолданатындарына тоқталып кетейін.

- **Kahoot** қосымшасы арқылы студенттердің білім деңгейін жедел тексеруге болады. Kahoot қосымшасы білімді меңгертуге арналған тест сұрақтарын, викторина, сұхбат құруға мүмкіндік береді. Оқушылар оқытушы жасаған тесттерге планшеттен, ноутбуктан, смартфоннан, яғни Интернетке қосылған кез-келген құрылғыдан жауап бере алады.
- Seterra – бұл 100-ден астам дидактикалық ойындар мен интерактивті жаттығулардан тұратын сервис, ол елдер мен олардың астаналары, континенттер мен мұхиттар, барлық континенттердегі мемлекеттік тулар мен қалалар туралы білімді қызықты түрде үйретеді.
- **Unit Converter** - күнделікті өмірде қолданылатын 100-ден астам бірлік санаттары бар қарапайым, жылдам және қуатты құрал.

Оқушының танымдық әрекетін ұйымдастыру құралдары.


Nearpod – мұғалімдерге презентация жасауға және оларды сабақ барысында оқушылармен бөлісуге мүмкіндік беретін онлайн платформа. Сіз жай ғана электрондық пошта немесе әлеуметтік желілер арқылы презентация кодын жібересіз, ал балалар ұялы телефондарынан қосылады. Қолданбаны ашқан кезде сізге жұмыс істеудің бес нұсқасы ұсынылады.


1. ***Менің кітапханам*** - компьютерде жасаған немесе қолданба жинағынан алынған сабақтарға, презентацияларға, викториналарға қол жеткізу және іске қосу;
2. ***Зерттеушілік*** – әртүрлі пәндер бойынша дайын сабақтарды табу
3. ***Қосылу*** - студенттік жұмыс үшін Nearpod пайдалану
4. ***Create*** - бұл сабақтардың, презентациялардың, викториналардың конструкторы.
5. ***Reports*** – мұғалім әр сабақ бойынша оқушылардың жұмысының нәтижесін көре алады.


Конструктор оқу материалын слайд бойынша орналастыруды болжайды. Сабақтың тақырыбын қойып, «Слайд қосу» түймесін басқаннан кейін сабақты ұйымдастырудың үш нұсқасын таңдау қажет:

- **Өз контентіңізді енгізіңіз** - презентациялар, Word немесе PDF құжаттары, бейне оқулықтар.
- **Интернетте жарияланған** дайын ресурстарды пайдаланыңыз.
- **Белсенділікті қосу** - интерактивті тапсырмаларды жасаңыз.

Сабақтарды дайындаған кезде дайын ресурстарды пайдалану өте тиімді. Бұл 3D нысандарының үлкен тақырыптық таңдауы, модельдеу таңдауы (подборка симуляций), виртуалды саяхаттарды, панорамаларды таңдау.







III. Мобильді құрылғы - кеңейтілген шындықты пайдалану құралы

- **Google Earth** – егжей-тегжейлі глобус. Бұл қызметтің көмегімен сіз бүкіл әлем бойынша саяхаттай аласыз, бірнеше секундта әлемнің кез келген нүктесіне барып, үш өлшемді режимде жүздеген қалаларды көре аласыз. Сіз тіпті көрікті жерлерге экскурсия жасай аласыз.

• **iCircuit** – бұл схемаларды зерттеуге және тәжірибе жасауға бірегей мүмкіндік беретін әмбебап интерактивті платформа. Студент болсаңыз да, электроника әуесқойы немесе кәсіби инженер болсаңыз да, ICircuit пайдаланушыға ыңғайлы интерфейсті және сіздің шығармашылық қабілетіңізді ашатын және схемалар дизайны туралы түсінігіңізді тереңдететін схема компоненттерінің кең жинағын ұсынады.

• **Solar System Scope** - түнгі аспан мен күн жүйесінің үлгісін 3D графикасында бейнелейтін керемет флеш қолданбасы. Бұл сіз бұрыннан кездестірген визуализация ғана емес, Күн жүйесі мен оның айналасындағы объектілерге арналған нақты интерактивті нұсқаулық. Ғаламшарларды шарлаңыз, олардың орбиталарына барыңыз, шоқжұлдыздарды зерттеңіз және бір нысаннан екіншісіне дейінгі қашықтықты өлшеңіз - мұның бәрі SSS-де нақты. Қолданбада Күн жүйесін үш түрлі бұрыштан көруге болады: гелиоцентрлік, геоцентрлік және панорамалық. Сонымен қатар, оқу процесін қызықты ететін тағы бірнеше параметрлер бар.

Қорытынды:

- Білім беруде мобильді қосымшаларды тиімді пайдалану үшін білім берудің жаңа түрлері мен дәстүрлі түрлерін сауатты түрде үйлестіру қажет.

- Пәнді оқыту ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқушының әлеуметтік-танымдық әрекетіне деструктивті әсерін төмендететін интерактивті, басқарылатын өздігінен білім алу принципіне негізделуі керек.

- Оқушының тарапынан ынта, табандылық, талпыныс болу керек, бәрі ұстазға байланысты емес.

Әдебиеттер

1. Голицына И.Н., Половникова Н.Л. Мобильное обучение как новая технология в образовании. Образовательные технологии и общество. 2011г №1.
2. Глотова М.Ю., Самохвалова М.А. Мобильные технологии в образовании. Наука, образование, культура. 2022г №1. http://prepodavatel-xxi.ru/sites/default/files/138149.pdf
3. Мырзабекова А. https://www.eduneo.ru/10-prilozhenij-dlya-proaktivnogo-pedagoga/
4. Маслов Н. https://lifehacker.ru/author/maslov/

ЯЗЫК ПРОГРАММИРОВАНИЯ PYTHON. ПРОГРАММА ИГРЫ "КТО ВОЗЬМЕТ МИЛЛИОН"

Джумагулов Нургали Султанкельдиевич,
преподаватель информатики
Тюлькубасский колледж агробизнеса и туризма

Аннотация: Python — стремительно развивающийся язык программирования современности. Теоретически код Python можно писать прямо в оболочке, но как только вы нажимаете **[Return]** в конце строки кода, она будет немедленно выполнена. В принципе Python в таком режиме можно использовать как несложный калькулятор; например, можно ввести в приглашении **3*5**, и Python выведет ответ **15** в следующей строке. Тем не менее такой стиль ввода не подойдет для более сложных программ. Намного лучше открыть новое окно, ввести в нем весь код, а затем сохранить и запустить его.

Abstract: Python is a rapidly developing modern programming language. Theoretically, Python code can be written directly in the shell, but as soon as you press [Return] at the end of a line of code, it will be executed immediately. In principle, Python can be used in this mode as a simple calculator; for example, you can enter 3*5 in the prompt, and Python will output the answer 15 in the next line. However, this type of input is not suitable for more complex programs. It is much better to open a new window, enter all the code in it, and then save and run it.

Ключевые слова: язык програмирование Python, цикл, ветвление, случайные числы, Графический интерфейс Tkinter.

Для создание нового окно, в котором вы будете писать код, откройте меню File и выберите команду New. После того как код будет введен в новом окне, вы можете сохранить его и выполнить сразу всю программу. Код будет выполнен в окне командной оболочки. Возможен и другой вариант: программу Python можно напи- сать в любом текстовом редакторе, а потом сохранить файл с расширением .py (без этого программа работать не будет). Такие программы можно запускать из командной строки, при этом необходимо указать полный путь к каталогу и имя файла.

Графический интерфейс (GUI, Graphic User Interface) упрощает использование программы. Он позволяет программисту создавать диалоговые окна, текстовые поля и кнопки, благодаря которым взаимодействие с программой становится более удобным для пользователя.

Tkinter — библиотека Python, которая предоставляет функциональные

возможности для создания графических интерфейсов. Взгляните на следующий код и особенно на единицы измерения в строках window.

geometry и button.place.

```
from tkinter import *
def Call():
msg = Label(window, text = "You pressed the button")
msg.place(x = 30, y = 50)
button["bg"] = "blue"
button["fg"] = "white"
window = Tk()
window.geometry("200x110")
button = Button(text = "Press me", command = Call)
button.place(x = 30, y = 20, width = 120, height = 25)
window.mainloop()
```

from tkinter import * - Эта строка должна находиться в самом начале программы для импортирования библиотеки Tkinter.

window = Tk()

window.title("Window Title")

window.geometry("450x100") - Создает окно, которое будет использоваться для вывода (переменная **window**), добавляет заголовок и определяет размер окна.

label = Label(text = "Enter number: ") - Добавляет на экран текстовый элемент, содержащий заданное сообщение.

entry_box = Entry (text = 0)- Создает пустое текстовое поле. Текстовые поля используются для ввода или вывода данных.

output_box = Message(text = 0) - Создает область для вывода данных.

output_box ["bg"] = "red"- Задает цвет фона для объекта.

output_box ["fg"] = "white" - Задает цвет шрифта для объекта.

output_box ["relief"] = "sunken" - Задает стиль объемного обрамления элемента: отсутствие рамки (**flat**), эффект рельефа (**raised**), углубления (**sunken**), эффект углубленной рамки (**groove**) или рельефной рамки (**ridge**).

list_box = Listbox() - Создает раскрывающийся список, который может содержать только строки.

entry_box ["justify"] = "center" - Задает режим выравнивания текста в текстовом поле, но не работает

для областей вывода данных.

button1 = Button(text = "Click here", command = click) - Создает кнопку для запуска подпрограммы **click**.

label.place(x = 50, y = 20, width = 100, height = 25) - Задает позицию, в которой объект будет располагаться в окне. Если позиция не задана, то объект не отобразится в окне.

entry_box.delete(0, END) - Удаляет содержимое отдельного элемента или всего списка.

num = entry_box.get() - Сохраняет содержимое поля *ввода текста* и сохраняет его в переменной **num**. Не работает для областей вывода данных.

answer = output_txt["text"] - Получает содержимое области вывода данных и сохраняет его в переменной **answer**. Не работает для полей текстового ввода.

output_txt["text"] = total - Изменяет содержимое области вывода данных для отображения значения переменной **total**.

window.mainloop() - Чтобы ваша программа работала, она должна завершаться этой командой.

logo = PhotoImage(file = "logo.gif")
logoimage = Label(image = logo)
logoimage.place(x = 30, y = 20, width = 200, height = 120) - Выводит изображение в виджете **Label**. Это изображение не изменяется во время выполнения программы.


photo = PhotoImage(file = "logo.gif")
photobox = Label(window, image = photo)
photobox.image = photo
photobox.place(x = 30, y = 20, width = 200, height = 120) - Этот блок похож на приведенный выше, но так как мы хотим, чтобы изображение могло изменяться при обновлении данных, необходимо добавить команду **photobox.image = photo** — с ней изображение может обновляться.

selectName = StringVar(window)
selectName.set("Select Name")
namesList = OptionMenu(window, selectName, "Bob", "Sue", "Tim")
namesList.place(x = 30, y = 250) - Создает переменную **selectName**, с которой изначально связывается строка «Select Name». Затем создается раскрывающийся список, в котором отображается значение из переменной **selectName**, и добавляются значения этого списка: **Bob**, **Sue** и **Tim**.

```
def clicked():
sel = selectName.get()
mesg = "Hello " + sel
mlabel["text"] = mesg
if sel == "Bob":
photo = PhotoImage(file = "Bob.gif")
photobox.image = photo
elif sel == "Sue":
photo = PhotoImage(file = "Sue.gif")
photobox.image = photo
elif sel == "Tim":
photo = PhotoImage(file = "Tim.gif")
photobox.image = photo
else:
photo = PhotoImage(file = "logo.gif")
photobox.image = photo
photobox["image"] = photo
```

photobox.update() - В этом примере при нажатии кнопки выполняется подпрограмма **clicked**. Она получает значение из переменной **selectName** и создает сообщение, которое будет отображаться в надписи. Затем подпрограмма проверяет, какой вариант был выбран, и заменяет текущее изображение другим, оответствующим выбранному — оно выводится при помощи переменной **photo**. Если в списке не выбрано ни одно имя, то отображает ся логотип.

Исходя из этого теоретического материала, напишем программу игры «Кто возьмет миллион».



Список литературы

1. Николя Лейси «Python, например» Санк-Петербург москва- минск 2021
2. Дмитрий Златопольский «1400 задач по программированию» Москва, 2020
3. Абдрахманов М.И «Python Визуализация данных» 2020
4. Васильев, Алексей**. «**Программирование на Python в примерах и задачах» Москва : Эксмо, 2021.
5. Г. Ж. Елжанова «Python бағдарламалау тіліне арналған есептер жинағы» Әдістемелік құрал (Мұғалімдерге арналған)

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕГІ КОУЧИНГ ТӘСІЛІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ергалиева Асель Асылбековна,
шетел тілі пәнінің оқытушысы
Кабдрахманова Гульзия Слямбековна,
Шетел тілі пәнінің оқытушысы
Талдықорған қаласы, Zhansugurov College – i

Аннотация: Бұл мақалада педагогикалық тәжірибедегі коучинг тәсілінің маңызы мен ерекшеліктері, коучинг тәсілдерін қолданудың жолдары баяндалған.

Аннотация: В данной статье описывается значение и особенности метода коучинга в педагогической практике, способы использования методов коучинга.

Annotation. This article describes the meaning and features of the coaching method in pedagogical practice, ways of using coaching methods.

Тірек сөздер: педагогикалық тәжірибе, коучинг, коучинг тәсілі, шкалдау технологиясы, ашық сұрақтар, жетістіктер дөңгелегі, уақыт сызығы

Ключевые слова: педагогическая практика, коучинг, коучинговый подход, технология шкалирования, открытые вопросы, колесо достижений, временная шкала

Key words: pedagogical practice, coaching, coaching approach, scaling technology, open questions, wheel of achievements, time line

Білім беру жүйесінің қарыштап дамып отырған заманында студенттердің білуге деген құштарлығы мен танымдық қызығушылықтарының белсенділігін тұрақты түрде ұстап отыру аса өзекті болып табылады. Студенттердің оқуға деген саналылығы жоғары болуы үшін оның колледжде алған білімі ол үшін жеке мағынаға ие болуы керек. Көптеген студенттер үшін оқу - бұл жеке маңызды мақсат емес, мүмкіндігінше тезірек құтылғысы келетін ауыр міндет болып табылады. Соның салдарынан оқу іс-әрекетіне формалды түрде қарап, жоғары нәтижеге ұмтылмай, өз мүмкіндіктерін іске асыруға деген құлшыныстары болмайды.

Колледж қабырғасында білім алып жатқан студенттердің жан – жақты дамуы, болып жатқан өзгерістерге сын көзбен қарап, кез – келген өмірлік жағдаяттардан тез шығып кете алу қабілеттерін дамытуда коучинг тәсілінің маңызы зор.

Коучингтің негізін қалаушы Джон Уитмор «Коучинг (ағылш. coaching – бапкерлік) – бұл адамға өзінің жеке мақсатын айқындау мен оған қол жеткізуге кәсіби көмек», – дейді. Ағылшын тіліндегі қысқаша оксфордтық сөздікте ««coach» жаттықтыру, оқыту, ақыл қосу, бағыттау, деректермен қамтамасыз ету» деген мағынаны білдіреді. Коучинг – бұл өзінің мақсаты мен міндетінен тұратын арнайы әдіс. Коучинг – оқу процесін басқаруда ғана қолданылмайды, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыруда, философия мен технологияның өзара байланысына, студенттер мен педагогтардың дамуына бағытталады. Коучинг технологиясын жеке және кәсіби дамуға қол жеткізу үшін тиімді әдістер жиынтығы ретінде жоғары білім беру жүйесінде қолдану маңызды, ол болашақ маманның мақсатқа жету жолы мен шешімін анықтайды.

Коучингтің білім берудегі мақсаты – студенттерге саналы түрде оқуға, білімді қызығушылықпен меңгеруге, өз әлеуетін максималды түрде ашуға, дағдылары мен біліктіліктерін дамытуға, бағдарлама мен тапсырмаларды нәтижелі игеруге көмектесу болып табылады.

Педагогикалық коучинг – студенттің өз білімі мен тәжірибесін пайдалана отырып, белгілі бір мәселелерді, міндеттер мен мақсаттарды шешуге көмектесетін арнайы жүйе, бұл технология өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқудың өнімділігі мен тиімділігін арттыруға, өзін-өзі жетілдіруге көмектеседі.

Педагогикалық коучингтің мақсаты:

1. Педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру;
2. Студенттерді өмірлік және білім беру жолында психологиялық сауатты сүйемелдеу;
3. Өзіңізге және оқушыларыңызға шынайы және өзекті мақсаттар қою;
4. Қысқа және ұзақ мерзімді өмірлік мақсаттарды анықтау;
5. Жеке уақытты басқару дағдыларын дамыту;
6. Отбасында және басқа адамдармен қарым-қатынасты жақсарту;
7. Стрессті жеңу;
8. Өзіне деген сенімділікті арттыру;
9. Қолайсыз өмірлік жағдайларды тиімді және тез жеңу.

Педагогикалық іс-әрекет - студент өз оқу нәтижесіне жауапкершілікпен қарағанда ғана нәтижелі болады. Мұнда оқытушымен бірге мақсатқа жету үдерісін жоспарлап, оның жоспарын жасаған тиімді. Бұл жоспар коучингтің негізгі сұрақтарына жауаптарды қамтуы керек:

- Мен нақты неге жетуім керек?
- Ол дәл қалай көрінеді?
- Бұл маған не үшін керек?

– Мен қалаған нәрсеге қол жеткізгенімді қайдан білемін?
– Мен бұл процесті қашан бастауға дайынмын?
– Бұл процесс қашан аяқталады?
– Мен нақты не істеуім керек?
– Менің жолымда қандай кедергілер болуы мүмкін?

Коучинг процесінің моделі бірнеше нақты анықталған қадамдардан тұрады:

1. Мақсат қою және оның шынайылығын сезіну.
2. Табыстың қажетті компоненттерін талдау.
3. Қолда бар мүмкіндіктерді талдау.
4. Мақсатқа жету жолдарын анықтау, стратегия таңдау.
5. Мақсатқа жетуді бақылау және нәтижелерді талдау.

Осы кезеңдердің әрқайсысы үшін тиісті құралдар мен әдістер жиынтығы бар, олардың ішінен оқытушы әрбір нақты студент және әрбір нақты жағдай үшін ең оңтайлы комбинацияны таңдайды.

Бұл жолдағы оқытушының студентке көмектесетін алғашқы және ең шешуші қадамы: олардың оқуға деген жеке қажеттілігін туындату. Сократ: «Әр адамда өзі де біле білмейтін білім бар», - деп тұжырымдаған. Сондықтан мұндай адамға оның ішіндегі ұйықтап жатқан шындықты оятуға көмектесу керек. Сократтық әдіс сұрақ қоюға және білімді бірге іздеуге негізделген. Қазіргі уақытта Сократтық әдіс коучингтің қызмет етуінің негізі болып табылады.

Коучинг әдісінің негізгі қағидаларына келетін болсақ:

1) Барлық адамдар өздерінің күнделікті көрсетіп жүрген қабілеттеріне қарағанда, өте үлкен ішкі қабілеттерге ие болып табылады;
2) Қателіктерді ескаеріп емес, нәтижеге бағытталып оқыту;
3) Мәселеге емес, оның шешіміне бағытталу;
4) Осы шақтан болашаққа бағыттылық;
5) Барлыққ жауаптар – адамның ішкі дүниесінде жатыр, адам өзін өзі бағалайды, сыртқы бағалаулар мен кеңестердің қажеті жоқ.

Коучинг тәсілін қолданатын педагогтың рөлі оқушылардың саналылығы мен жауапкершілігін күшейту болып табылады. Ол мақсатты анықтау, жоспар құру, іс – әрекетке көшу, шабыттандыру, түрткі болу, қобалжуды жою. Коучинг тәсілін қолданатын педагог тыңғылықты тыңдап, дауысты дұрыс қолданып, «күшті» сұрақтарды қоя білуі керек.

Педагогикалық коучинг педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелілігін көтеруге, студенттерді өмірлік және білім беру жолында психологиялық тұрғыдан сүйемелдеуге, өзінің және студенттердің алдына шынайы мақсаттарды қою, қысқа және ұзақ мерзімге өмірлік мақсаттарды қою, өз уақытын басқара алу дағдыларын дамыту, отбасы мүшелерімен қарым – қатынасын жақсарту, күйзелістік жағдайларды жеңу мен өзіне деген сенімділікті жоғарылату, жағымсыз өмірлік жағдайларды тез және нәтижелі жеңуге бағытталады.

Коуч әдістері мен техникалары: шкалдау технологиясы, ашық сұрақтар арқылы әңгімелесу, логикалық деңгейлер пирамидасы, жетістік дөңгелегі, уақыт сызығы, серіктестік ынтымақтастық, Ганттың жоспарлау әдісі, миға шабуыл және т.б.


Шкалдау технологиясы – жағдаятты көрсетудің графикалық әдісі. Мұнда а) шкалдаудың көмегімен оқушы өзінің оқу қабілеттерін бағалап, нақты тақырып бойынша проблемалық зоналарды көруге мүмкіндік береді; б) шкалдаудың көмегімен бақылау және диагностикалық жұмыстарға дайындықты бақылауға болады.

Ашық сұрақтар – ойлануға, ой толғауға, пікірталасқа алып келетін және талқылауға мүмкіндік беретін сұрақтар.

Логикалық деңгейлер пирамидасы – бұл құрылымға кез – келген материалды меңгерту бойынша жұмыстар кіреді. Бұл пирамида бойынша кез – келген іс – әрекетті өз атыннан

немесе тарихи тұлға, кейіпкер, командадағы әріптестің атынан талдауға болады. Бұл тәсіл іс – әрекетті, мағынаны саналы түсінуге мүмкіндік береді.

Жетістік дөңгелегі - секторлар бойынша бөлінген дөңгелек болып табылады. Бұл студенттердің конструктивті біліктіліктерінің қалыптасуына сай келеді. Және 1 - ден 10 – ға дейінгі бағалау шкаласынан тұрады. Әрбір студент бір семестрде өзінің жеке картасындағы дөңгелектің жолағын өзінде қалыптасқан біліктіліктердің деңгейіне қарай бояйды. Мұнда барлық біліктіліктердің қалыптасу қарқыны көрнекі түрде қаралып, барлық дағдылардың қалыптасуы бойынша тұтас картина қалыптасады. Барлық ұсынылған параметрлер бойынша он балдық шкалада бағалау критерийлерін әзірленген. 1 – Мұндай дағдының бар екенін білемін; 2 – Терминнің негізгі мазмұнын түсінемін; 3 – Тізбекті белгілеу, жоспарлау, болжау және т.б. ұғымына анықтама бере аламын; 4 – Мен бұл дағдының не үшін қажет екенін түсінемін; 5 – Мен бұл әрекетті мұғалімнің көмегімен орындай аламын; 6 – Жеке оқу пәндері шеңберінде бұл әрекетті өз бетімше орындай аламын; 7 – Менде бұл дағды кез - келген оқу пәнінде бар; 8 – Мақсат қоюдың, жоспарлаудың, болжаудың түрлі әдістерін білемін; 9 – Мен бұл дағдыны басқа адамға үйрете аламын; 10 – Мен бұл дағдыны кез - келген өмірлік жағдайда жүйелі түрде қолданамыз.



1-сурет. Оқуды бірлесіп басқаруда қалыптасатын дағдылар тізімі және әрбір дағды үшін 1-ден 10-ға дейінгі рейтингтік шкаласы бар «Жетістік дөңгелегі».

«Уақыт сызығы» - бүгінгіні түсіну арқылы өткеннен болашаққа бағытталған векторлық сызық. Әрбір студент үшін уақыт сызығы - күтілетін нәтижесіне, қабілеті мен мүмкіндіктеріне байланысты жеке – жеке болады. Оны студент өз бетінше немесе оқытушымен бірге құрастыра алады. Мақсат қоюға арналған бағыттарды әртүрлі тәсілдермен ұсынуға болады: «Мен жақсы адаммын», «Мен жақсы студентпін», «Мен жақсы маманмын» т.б. (Әр бағыттағы жетістік параметрлерін әр студент өмірлік тәжірибесіне (өзінің өмірлік тәжірибесіне, топтың немесе сыныптың ұжымдық тәжірибесіне, мұғалімнен, басқа көздерден – баспа, электронды) алған мәліметтеріне сүйене отырып, өз бетінше анықтайды.

Мысалы: «Мен жақсы студентпін» бағыты бойынша «уақыт сызығын» ұсынамыз.



2-сурет. «Уақыт сызығы»

Мен бұл үшін не істедім?», «Мен тағы не істей аламын?» деген сұрақтарға негізделген жетістік параметрлері. келесідей болуы мүмкін: Мен барлық сабақтарға үнемі қатысамын, конференцияларға, олимпиадаларға, жарыстарға қатысамын, факультативтік сабақтарда, үйірмелерде, жобалық іс-шараларда өз білімім мен дағдыларымды тереңдетемін, үнемі мені қызықтыратын тақырыптар бойынша ізденіп, өз-өзімді тәрбиелеймін.

Студенттің ұмтылатын мақсаттарын анықтау – өте күрделі міндет. Әрбір студент өзінің құндылықтары туралы және соларға сәйкес өмірінде қандай нәтижеге қол жеткізгісі келетіні туралы ойлайды, бірақ осы мақсаттарға жетуде әрекет етпей жатады. Сондықтан, студенттермен арнайы жұмыс, оларға мақсат қою, жоспарлау және мақсатқа жету дағдыларын үйрету қажет. Оқытушы студентпен бірге мақсатқа жету үдерісін үнемі қадағалап, әр кезеңнен кейін орындалатын жетістіктерді бағалауы қажет. Бұл кезеңде студент келесі негізгі сұрақтарға жауап табуы керек: «Мақсаттарға қол жеткізілді ме?», «Жоспарларға қандай өзгерістер еңгізілді және неге?», «Бұл тәжірибеден нені үйрендім?», «Енді нені өзеше жасайтын боламын?».

Нәтижесінде студент өзінің қателіктерін сәтсіздіктер ретінде емес, оның алға қарай тиімді жылжуына мүмкіндік беретін құнды тәжірибе ретінде қарастыруы керек. Оқу іс-әрекеті студент өз нәтижесіне жауапкершілікпен қарағанда ғана нәтижелі болады. Мақсатқа сәтті жету үшін студентке бүкіл топтың, оқытушы мен ата-ананың қолдауы және оның жетістігін мойындауы қажет. Коучинг технологиясы сіздің мақсаттарыңызға жету үшін қолайлы орта құруға арналған.

Коучинг - басқа адамның ақылы, білімі мен тәжірибесіне емес, өзіндік білім алу мен шығармашылық түрде әрекет ете алу қабілетіне сүйене отырып, дамуы мен білім алуына, нәтижелілігін жоғарылатуға әсер ету өнері болып табылады.

Коучинг – топтық оқыту негізінде әрбір студентті жеке дамытудың бағдарламасы, оның нәтижесінде студенттің алдыға қойған мақсатқа оптималды, қысқа жолмен жету қабілетін белсендіріледі.

Білім беру ортасындағы коучинг – студенттің ішкі мүмкіндіктерін ашуға негізделген педагогикалық ғылым мен тәжірибедегі жаңа бағыт. Оның басты мақсаты – бірленені үйрету емес, өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі тануға ынталандыру. Коучинг - бұл мәжбүрлеп оқыту, қысым мен басқа адамдардың идеяларын таныту емес. Бұл технологияның арқасында студент өз бетінше мақсат қойып, оған жету жолдарын, білімді саналы түрде алуды, өз іс-әрекетінің нәтижелерін талдауды және жүйелеуді үйренеді.

Қорытындылай келе, педагогикалық коучинг - студенттің өз білімі мен тәжірибесін пайдалана отырып, белгілі бір мәселелерді, міндеттер мен мақсаттарды шешуге көмектесетін арнайы жүйе, сонымен қатар өнімділік пен оқу тиімділігін арттыруға, өзін-өзі бағалауды арттыруға көмектесетін технология деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Посадская Т.В. Коучинг как инновационная технология повышения профессионального мастерства педагога: http://www.myshared.ru/slide/157393/

2. Костяева Н.А., Кузнецова Е.В. Коучинг как инновационная технология повышения профессионального мастерства педагога. //«Педагогическая мастерская. Всё для учителя!» № 9 (45) сентябрь 2015 г.

3. В.Е. Пырков, Южный федеральный университет Коучинговый подход в обучении старшеклассников как технология реализации современного образования. gulchevskaya.ru/wp-content/uploads/2012/11/coaching_pyrkov.pdf.
4. Зырянова Н.М. Коучинг в обучении подростков // Вестник практической психологии образования. 2004., №1
5. Уитмор Д. Коучинг: Основные принципы и практики коучинга и лидерства. – Альпина Паблишер, 2018.

БАЯНЖҮРЕК ТАУЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОРЫНДАР: ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ҚҰПИЯСЫ

Әндас Ершат, Арчабаева Сания Жанатовна,
Найманбаева Гульден Болатовна,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
«Zhansugurov college»- ның оқытушылары,
Талдықорған қ., Қазақстан

Аннотация: Жетісу облысы, Ақсу ауданына қарасты Баянжүрек тауларында тарихтың талай құпиясы жатыр. Оған өңірдің әр түкпіріндегі табиғи және археологиялық ескерткіштер мен оларға жүргізілген экиспедициялық зерттеулер барысында анықталған тұжырымдар негіз болады. Әрине, бұл мақалада оның бәрінің сипатын толық көрсете алмаймыз. Біз соның ішінде жұртқа толық жете қоймаған әрі өңір өмірімен етене жақын бірнеше тарихи нысанға тоқталмақпыз.

Аннотация: в горах Баян-Журек Аксуского района Жетысуской области скрывается много тайн истории. В ее основе лежат находки, выявленные в ходе проведенных экологических исследований и природных и археологических памятников в разных уголках региона. Конечно, в этой статье мы не можем полностью отразить характер всего этого. Мы остановимся, в том числе, на нескольких исторических объектах, которые не до конца дошли до населения и близки к жизни региона.

Abstract: in the Bayanzhurek mountains of Aksu district, Zhetysu region, there are many secrets of history. The basis for this will be natural and archaeological sites in different parts of the region and the conclusions identified in the course of environmental studies on them. Of course, in this article we will not be able to fully reflect the nature of all of it. In particular, we will focus on several historical objects that are not fully accessible to everyone and are very close to the life of the region.

Тірек сөздер: Жетісу, Баянжүрек, Қапал өңірі, Шеңбар тас, қалақай, мәдениет, археология, Жібек жолы, ерте орта ғасыр, тоғызқұмалақ, ойын тақтасы, Қызылжар шайқасы.

Ключевые слова: Жетысу, Баян-Жүрек,камень Шеңбар, крапива, культура, археология, Шелковый путь, раннее средневековье, игра тогызкумалак, игровой щит, Кызылжарская битва.

Key words: Zhetysu, Bayanzhurek, Kapal region, circle Stone, nettle, culture, archeology, Silk Road, early Middle Ages, togyzkumalak, game board, Battle of Kyzylzhar.


2017 жылы «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» жобасы басталып, Алматы облысы бойынша комиссия құрылып, жұмыс бастады. Мен сол комиссияның топ жетекшісі ретінде біраз дүние жасадық. Сол кездегі Алматы облысы аумағында тіркеуге алынбаған 500 нысан анықталып, оның 57-і Қазақстанның жалпыұлттық және өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енгізілді. Содан бері де жетісулық өлкетанушылар тынымсыз еңбектеніп жүріп, тағы да біраз құпиясы көп тарихтың ақтаңдақтарын анықтады. Сол қатарға «Шеңбер тас» абсерваториясы мен Тоғызқұмалақ тақта тасын және «қызылжар» шайқасы болған жер мен «Жүз оба, Қыз бейіті» тарихи орнын жатқызуға болады[1].

Қола, сақ, түркі кезеңдерінен бастау алатын аспан кеңістігін бақылау, ғибадатхана қызметтерін атқарған «Шеңбертас» (Қалақай) абсерваториясы Баянжүрек (279м) тауы мен Қаратау жотасының (3289м) аралығындағы Күреңбел ойысында теңіз деңгейінен 1830м

биіктіктегі Сұңқарбүйен өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Ол қола, сақ, үркі кезеңдерін тән астрономиялық бекет, ғибадатхана қызметтерін атқарған. Обсерваторияның тура ортасында алапат сел ысырып әкелген биіктігі 2,5-3 м болатын үкен қойтас жатыр. Осы тастың айналасын малта тастармен қоршалған шеңбердің және кеңістіктің негізгі төрт бағытын көрсететін солярлық белгінің болуына байланысты «Шеңбер тас» кешені аталған. Ал оның айналасына көлденең қимасының өлшемдері 50-100см-ден асатын ірі және орташа малта тастардан тұратын шеңбер және ортасындағы үлкен тас арқылы кеңістіктің төрт бағытына (солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс) бағытталған тастан қаланған сызық бар[2].



Шеңбертас кешеніндегі солярлық белгілерде дүниежүзінің көптеген халықына ортақ Күнді бейнелейтін солялық белгілер бар**.** Мұның ішінде, 1-ші ортасында нүктесі бар қарапайым солярлық белгі; 2-ші кеңістіктің төрт бағытын көрсететін солярлық белгі; 3-ші көп сәулелі солярлық белгі; 4-ші көркем солярлық белгі.



IV сурет.

Жоғарғы тас ғасырынан қола дәуіріне өтпелі кезеңдердің өзінде Күнге табыну ежелгі тұрғындардың, малшылардың, аңшылардың құралында, тұрмыстық бұйымында, әдет-ғұрпында көрініс тапқан. Қазақстан аумағын мекендеген халықтардың солярлық белгілері негізінен адамдар мен оның тұрғын үйлерін теріс күштердің қауіп-қатерінен сақтау, жалмауыздардан қорғау қызметін атқарған.

Ғылыми жазба деректер мен мәдени мұраларға жасалған талдаулар –қоршаған орта жағдайына тәуелді қола, сақ, түркі кезеңінде тәңірге табынған Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі халықтардың әдет-ұрпында солярлық белгілер жиы кездесетінін көрсетті.

«Шеңбертас» ғиадатханасындағы біз танысқан толық шеңбер мен оның құрамдас бөліктерін ерте замандағы сақ, түркі кезеңдеріндегі Жетісуда мекендеген халықтар аспан шырақтарының орны мен қозғалысын, жылдың әр түрлі мезгілінде ауа райын болжау мақсатында қолданған. Мұндай ежелгі обсерваторияның арқасында алуан түрлі дәстүрлі болжам мен сәуегейлікке сеп болатын астрономиялық күнтізбе секілді жұлдызды аспанның картасын жасауы да ықтимал.

«Шеңбер тас» орналасқан аумақтан бірнеше шақырым жерде Баласаз көне қала орны жатыр. Одан он шақырым жердегі Ашыбұлақ ауылының іргесінде тағы бір көне қала орны бар. Француз королі IX Людовиктің бұйрығымен Қарақорым қаласына жолға шыққан саяхатшы Гильом Рубрук Екіоғыз қаласынан өткеннен кейін Сарқанға қарай бет алады. Қазіргі көзбен қарағанда Екіоғыз, Дүңгене қалашығы орналасқан Көксу мен Қаратал өзенінің бойынан Қойлыққа жететін екі бағыт бар. Бірі Сағабүйен, Қызылағашты басып өтетін жол. Осы бағытта, яғни, Сағабүйен ауылының іргесінде зерттеушілерді қызықтырмаған тағы бір көне қала орны жатыр. Енді бірі Қапал ауылын басып өтіп, Баянжүрек арқылы Баласаз, Ашыбұлақ арқылы Қойлыққа жететін жол. Рубурктың жазбаларын зерделеп көргенде ол екінші бағытпен жүрген деп айтуға әбден болады. Себебі, Рубуркті «Шеңбер тас (қалақай)» абсерваториясын көру қызықтырмай қоймады. Тіпті, оның жазбаларында Баласаз қаласына келгені туралы деректер де осы ойымызды нақтылай түседі.

Баласаз бен «Шеңбер тас» орналасқан аумақтың аралығында көптің көңілін аударған екі тарихи қоныс бар. Оның бірі өткен ғасырдың алдыңғы жартысына тән көне қорым. Ондағы зираттар өзен аңғарынан тасып жеткізілген малта тастармен қоршалып, әр қабырдың маңдайына тасқа қашалған латын, кирил, төте жазуы бар белгі қойылыпты. Соның біразы өшіп, оқуға қиындық тудырды. Осыған дейін тархшылар мен өлкетанушылардың назарына ілінбеген қорымды зерттеу керек. «Бұл 1930 жылдардағы қуғын-сүргін кезінде қайтыс болғандарды жерлеген жер болуы мүмкін», – дейді археологтар.

Енді бірі, Көксай өзенінің аңғарындағы жотадағы жалпақ тасқа ойылған тоғызқұмлақ тасының жанында тастан үйілген 5 қорым бар. Оның көлемді үшеуі бір сызықтың, кішілеу





екеуі бір сызықтың бойында орналасқан. Одан ары тау бөктеріне қарай кішілеу тағы бір қорым көрінеді. Таспен үйілген бес қорым мөлшермен кейінгі орта ғасырға, ал арғы жағындағы қорым түркі дәуіріне тән жәдігер[3].

– Бұрындары тоғызқұмалақ ойылған тақта тастың екі жағында адам отыруға ыңғайлап жасалған, түрлі таңба ойылған екі үлкен қара тас болушы еді. Бірнеше жыл бұрын оны әлдекімдер қазып, көлігіне тиеп алып кетіпті. Осы тасты да бір күні ұрлап кетпесін деп күні-түні күзетіп жүрміз. Бұл байлықты ел болып қорғағанымыз жөн, – дейді ауыл тұрғындары.

Тастағы ойын тақтасының уақытын дөп басып айту қиын. Алайда, маңайындағы қорымға қарап кейінгі орта ғасырға тән деуге болады. Оны суретке түсіріп, елімізге танымал археологтарға жіберіп едік. Олар ашық аспан астындағы ойын тақтасы Аустралия, Швейцарияда кездескен деген болжам айтты. Тереңірек зерттеуді талап ететін жаңалық.

Өткен жылы жетісулық өлкетанушы Қажет Андастың кешенді зерттеуінің нәтижесінде Қапал шатқалындағы осыдан 300 жыл бұрын қазақтың үш жүзінің 100 батыры бас қосып, ел

қорғау жолында қайтыс болған «Қызылжар шайқасы: Жүз оба және Қыз бейіті» тарихи кешенінің орны анықталып, ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Тарих бетінде жазылған Жетісу өңірінде болған Орбұлақ (Кербұлақ және Панфилов аудандары (1643 ж) Арқасты (Жетісу) қолаты (Алакөл ауданы (1664 ж.), , Қызылжар (Ақсу ауданы 1697 ж), Аңырақай (Жамбыл облсының Қордай, Адматы облсының Жамбыл аудандары (1729 ж), Бестөбе (Сарқан ауданы 1746 ж), Сөгеті (Ойрантөбе) (Кеген ауданы 1749 ж), Қазақ қытай әскерлері соғысқан Борша (Алакөл ауданы 1756 ж), Қоңырөлең (Панфилов ауданы 1756) т.б. шайқастары туралы мәліметтер толық емес, жауаптан гөрі құпиялары көп. Тарихи соғыстар болған жоғарыда аталған киелі орындардың қатарына шамамен 1698 жылдары Құдайназар батыр Тәңірбердіұлы бастаған 100 қазақ сарбазы мен мерген қыз Гүлайым жоңғар шапқыншыларын екі күн бөгеген «Қызылжар» шайқасын жатқызуға болады[4].



В завершение статьи мы призываем к продолжению исследований и практической реализации интеграции физической культуры в учебный процесс. Только через совместные усилия сможем создать образовательные среды, где физическая активность станет неотъемлемой частью обучения, способствуя развитию здоровых, успешных и гармонично развитых поколений.

Список источников:

1. Маккензи, Т. Л., & Лаунсбери, М. А. Ф. (2013). Физическая активность для детей: рекомендации для детей от 5 до 12 лет. Рестон, Вирджиния: Национальная ассоциация по спорту и физической культуре.
2. Саллис, Дж. Ф., Маккензи, Т. Л., Битс, М. В., Бигл, А., & Эрвин, Х. (2012). Создание активных сообществ в США: отчет о методологии программы ЭПОД для использования в Соединенных Штатах. Сан-Диего, Калифорния: Исследование активной жизни, Университет Калифорнии.
3. Всемирная организация здравоохранения. (2018). Глобальные рекомендации по физической активности для поддержания здоровья. Женева: Всемирная организация здравоохранения.
4. Трюдо, Ф., & Шепард, Р. Дж. (2008). Физическое воспитание, физическая активность в школе, школьные виды спорта и академическая успеваемость. Международный журнал поведенческого питания и физической активности, 5(1), 10.
5. Сингх, А., Уйтдевиллиген, Л., Твиск, Дж. В., Ван Мехелен, В., & Чинапоу, М. Дж. (2012). Физическая активность и успеваемость в школе: систематический обзор литературы с методологической оценкой качества. Архивы педиатрии и подростковой медицины, 166(1), 49-55.
6. Доббинс, М., Де Корби, К., Робесон, П., Хассон, Х., & Тирис, Д. (2009). Программы физической активности в школах для продвижения физической активности и фитнеса у детей и подростков в возрасте от 6 до 18 лет. Кокрановская база систематических обзоров, 1, CD007651.

ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ

Мұқанджан Ержан Бақытұлы,
Өндірістік оқыту шебері, арнайы пән оқытушысы
Жетісу облысы, Талдықорған қаласы,
Жетісу құрылыс-техникалық колледжі
Имашева Мөлдір Мақсатқызы,
Педагогика ғылымдарының магистрі, әдіскер
Жетісу облысының білім басқармасының дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжирибелік орталығы

Аннотация: Бұл мақалада қоғамдағы қарқынды өзгерістер көрсеткіштерінің бірі-цифрлық технологияның еліміздегі білім және ғылым сапасына әсері қарастырылады. Инновациялық оқытуда ақпараттық технологияның ұтымды тұстары мен теріс жақтарын сипаттай отырып, педагогтардың цифрлық технологияны меңгеруі мен қабылдауындағы психологиялық кедергілері мен қиындықтарды жедел шешудің маңыздылығын көрсетеді.

Тірек сөздер: цифрлық технология, инновациялық оқыту, үздіксіз шығармашылық, оқытуды жаңарту, оқу іс-әрекетін жаңашалау.

Аннотация: В данной статье рассмотрен один из индикаторов быстрых изменений в обществе - влияние цифровых технологий на качество образования и науки в нашей стране. Описывая преимущества и недостатки информационных технологий в инновационном обучении, показывается важность быстрого решения психологических препятствий и трудностей в освоении и принятии цифровых технологий учителями.

Ключевые слова: цифровые технологии, инновационные технологии, непрерывное творчество, инновации в обучении, инновации в учебной деятельности.

Annotation: This article examines one of the indicators of rapid changes in society - the influence of digital technologies on the quality of education and science in our country. Describing the advantages and disadvantages of information technologies in innovative teaching, the importance of quickly solving psychological obstacles and difficulties in mastering and accepting digital technologies by teachers is shown.

Keywords: digital technology, innovative technology, uzdiksiz shyғarmashylyk, okytudy zhanartu, oku is-areketin zhanashalau.

Қазіргі ақпараттық технологияның үздіксіз интенсивті дамуы адамзаттың кез келген саласында инновацияны талап етіп отыр. Жастардың білім алуы мен дамуы қашықтан оқыту арқылы қамтамасыз етіліп жатқанын ескерер болсақ, онда расында да, оқушының да, оны оқытатын оқытушының да әрекеті жаңашалану қажет.

Соңғы жылдары ғылым саласында жаңа мектеп құруда, мектептің даму үрдісін зерделеуде білімнің жаңа бағыты ретінде педагогикалық инновация дамып келеді. «Педагогикалық инновация» жаңа ұғым болғандықтан, осы теорияға тоқталып, теориялық және тәжірибелік мәселелеріне талдау жасауды жөн көріп отырмыз.

«Инновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңалық, жаңару, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Т.И. Шамова, П.И.Третьякованың еңбегінде «Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновация үрдісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс – тәсіл мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген. Энциклопедиялық сөздіктерде «инновация» әр түрлі анықталады. Зерттеушілердің айтуынша: «инновация» – педагогикалық категорияларға жатады және ол мектептегі құбылысқа тың жаңалық: жаңа

бағдарламаны, оқу жоспарын, әдіс – тәсілдерді оқу және тәрбие жұмыстарына енгізу болып табылады.

Н.Нұрмағанбетов «Инновация» білімінің мазмұнында, әдістемеде, технологияда оқу – тәрбие жұмыстарының түрлерінде, тәсілдерінде, оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады дейді [1, с. 10].

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде.

Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Мектептік білім беру процесіне енгізілген жаңа технологиялар мектеп оқушыларын қарапайым лекцияларға қарағанда әлдеқайда көп қызықтыра алады. Мысалы, Англияның Гранж мектебі мектептің ішіндегі «қала» сияқты жасалған. Гранж мектебінде телевизия мен радиостанциялар құрылып, балаларға әлем шынайылығындағы жағдайларды жақсартуға көмектеседі.

Қазір Қазақстан Үкіметінің ақпараттық технологияларды игеруді барынша жылдам дамытуға ұмтылып отырғандығын байқауға болады. Қазіргі ақпараттық технологиялар дегеніміз – цифрлы сана мен технологияларға қол жеткізудің басты алғышарты.

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту өзектілігі әлеуметтік функциясының маңыздылығы – білімді өндіру және түрлендірумен негізделеді, олар қазіргі қоғамдағы еңбек бөлінісінде шешуші рөлді атқарады. Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудағы барынша табыстылыққа тек білім беру саясатына негізделген барлық бағдарламалық қондырғылар әлем тәжрибесімен жиналған оң әлеуеттен барлық мүмкін болатынды өзіне жинай алса ғана қол жеткізуге болады. Және де, әсіресе Орталық Азиядағы көптеген елдер үшін, білім беру жүйесін жаңғырту мәселесі әлі де өзекті болып қалуда.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру процесіне цифрландыру жүйесі өте қажет. Осылайша, көптеген жоғары оқу орындары білім беру жүйесінің ұзақ мерзімді тәжірибесін талдап, осы әдістің артықшылықтарын түсінді. Бұл жүйе білім беру сапасын жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту, заманауи қағаз процестерін жеделдету, мекеменің әкімшілік және басқарушы қызметкерлеріне қажет [2, с. 14].

Инновациялық білім процесінің негізінде педагогиканың екі маңызды проблемасы жатыр:

1. Педагогикалық тәжірибені оқыту проблемасы.

2. Психологиялық-педагогикалық ғылым жетістіктерінің практикасына дейін жеткізудің проблемасы.

Білімдегі инновациялық процестің нәтижесі-теориялық, практикалық жаңалықтарды пайдалану болып табылады.

Сандық кәсіптік білім берудің дидактикалық принциптері ашық және олардың жаңалығына байланысты сандық білім берудің теориялық және практикалық мүмкіндіктері дамыған сайын толықтыруларды қажет етеді.

Білім беруді цифрландырудың нәтижелері жеке білім беру процестеріне және білім алушы қызметінің үздіксіз мониторингіне негізделген тиімді дербес білім беру болады. Цифрландыру сабақтардың топтық және жеке нысандарын пайдалану мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді, кәсіби білім мен дағдыларды толық меңгеруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ инклюзивті оқытудың дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Білім беруде цифрлық технологияларды қолдану білім алушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеріп, оқытуды жекелендіруге және сабақтың техникалық қамсыздандырылуын жоғарылатуға, оқу-танымдық іс-әрекет түрлеріне сәйкес білім беру контенттерін қалыптастыруға, атап айтқанда, білімді меңгерудің нәтижелерін жылдам тексеру мен бақылауға, кері байланыс орнатуға, үлкен көлемдегі білім мазмұнын ықшам және ыңғайлы құрылымда ұсынуға, білім алушылардың өзбетіндік зерттеушілік қызметін белсендіруге, сабақтардың практикалық бағыттылығын арттыруға, оқу мазмұнын меңгертуді визуальды қабылдауды белсенді ету арқылы жеңілдетуге, білім алушылардың танымдық қабілеттері мен шығармашылық іс әрекеттерін күшейтуге мүмкіндіктер береді.

Ғылымның қарқынды дамуы барысында көптеген корпорациялар өндірістің барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды қолдана отырып жұмыс істеуге дайын қызметкерлерді талап етеді және арнайы дағдыларға ие емес қызметкерлер қажеттілігі артта қала беруде. Осы проблемаларды шешу, әрине, білім беру процесін қайта жаңғыртуды талап етуі тиіс.

Цифрландыру тікелей бұрын қол жетімді болмаған жоғары оқу орындары мен мектептер үшін ашылатын цифрлік технологияның оқу құралдарымен байланысты. Олардың ішінде онлайн оқу аса ерекшеленеді.

Жаңа идеяларды құрудың арқасында мектеп деңгейінде ғана емес, облыс, ел ішінде оқу-тәрбие процесін басқаруға болады.

Тек жаңа нәрсе жасау жеткіліксіз. Педагогикалық инновация өзінің талғампаздығы мен тартымдылығына қарамастан, инновациялық процестерді дәйекті ұйымдастырусыз игерілмейді. Оларды жүзеге асыру кезеңінде жасаушыларда проблемалар болады, сондықтан оларды шешу жолдарын алдын ала табу маңызды. Жаңа әдістерді, формаларды, технологияларды енгізу үшін мұғалімдер осы жаңалықтарды енгізу, меңгеру, қолдану алгоритмін түсінуі керек [4, с. 21].

Педагогикалық инновация бүгінгі күнмен не байланысты? Білім беру тұтқасы – әдетте үш аспектіде қарастырылатын инновациялық процестер:

психологиялық-педагогикалық;

әлеуметтік-экономикалық;

ұйымдастырушылық және басқарушылық.

Инновацияларды жүзеге асырудың жалпы жағдайы мен шарттары соларға байланысты. Қолданыстағы жағдайлар бұл процесті тездетуі немесе баяулатуы мүмкін, ол тек өздігінен ғана емес, сонымен қатар саналы түрде басқарылуы мүмкін.

Инновациялық процестің үш құрамдас бөлігінің бірлігін атап өту маңызды: инновацияларды әзірлеу, жасау, пайдалану [5, с. 33].

Қорыта келгенде, келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі.

Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Коростылева Л.А. «Инновационные технологии в обучении школьников» СПб., 2008, 66 стр.
2. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов. – 4-е изд. – М.: Школьная Пресса, 2007. – 512 стр.
3. Грибкова В.А. «Новые технологии обучения в средней школе», М., 2007
4. Безруких М. М., Ефимова С.П. «Технологии обучения» М., 2006, 63стр
5. Харламов Н. «Педагогика», М., 2003

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰЛҒАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Нагашибай Айым Нагашибайкызы,
Оқытушы, Педагогика және психология ғылымдарының магистрі
ШЖҚ «Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметова атындағы
Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі»МКК

Аннотация: бұл мақалада медициналық қызметкердің психологиялық портреті және медициналық қызметкердің кәсіби әрекетін құруда коммуникативтік ресурстары және кәсіптік девормация пайда болу себептері туралы баяндалған.

Аннотация: В данной статье рассмотрен психологический портрет медицинского работника и причины возникновения профессиональной деформации, а также коммуникативные ресурсы в создании профессионального действия медицинского работника.

Annotation: This article examines the psychological portrait of a medical worker and the causes of professional deformation, as well as communication resources in creating a professional action of a medical worker.

Тірек сөздер: эмпатия,аффилиация, кәсіптік деформация, қарым қатынас, медициналық қызметкер

Ключевые слова: эмпатия, аффиляция, профессиональная деформация, взаимоотношения, медицинский работник

Key words:empathy, affiliation, professional deformation, relationships, medical worker

Медициналық қызметкердің көбісі, әрине, сөзсіз профессионалды мамандар, бірақ шаршағыштық, эмоциональды жүктеме, отбасылық қиындықтар, өзін нашар сезінуі секілді жағдайлар, медициналық қызметкерлердің сұхбатты өз деңгейінде жүргізуіне кері әсерін тигізеді.

Медициналық қызметкерлердің жеке бас қасиеттерінің ішінен сұхбатқа кері әсерінен тигізетін келесі факторларды атауға болады:

- ✓ өте жас немесе егде жас шамасы;
- ✓ медициналық қызметкер мен науқас түрлі жынысқа жатса;
- ✓ сезім мүшелерінің бұзылыстары, мысалы, құлақтың естімеуі;
- ✓ мүгедектік;
- ✓ компетентсіздігі (білімсіз, тәжірибесі болмаса, науқасқа жаны ашымаса, социальды дезадаптация);
- ✓ халық медицинасына, басқа да медициналық қызметкерге барған науқастарға деген кері қарым-қатынас;
- ✓ жағымсыз тәрбиесі;
- ✓ науқастан бөлек сенімі, әлеуметтік жағдайы, ұлты, саяси көз қарасы;
- ✓ науқас және медициналық қызметкер туыс болғанда;

Эмоцианалдық шамадан тыс салмақ, жиі стрестер, уақыт дефициті, ақпарат жетіспеушілігі жағдайында, тез арада шешім қабылдау қажеттілігі, жиі және қарқынды тұлғааралық қатынастары, т.б.себептер, жалпы медициналық кәсіби тұлғаға ерекше талап қояды.

Кәсіби әрекетіне байланысты, медициналық қызметкерлердің қайғы-қасіретті, қатты ауыруды сезінуді, өліммен кездесуді жиі көреді. Медициналық қызметкерлердің жұмысы - бұл ерекше әрекет түрі. Ол келесі ерекшелікпен сипатталады:үнемі психологиялық даярлықта болу. Психологиялық көзқарас бойынша, аурудың басталуы күмәнді, дудамал күйді қарастырады, себебі ақпарат дефициті және дерттің соңы нәтижесіз, болжамсыз болуы - өмірде өте күрделі психологиялық өзгерістер тудырады. Бұл жағдайда қорқыныш эмоциясы пайда болады. Ол сезім науқасты да, медициналық қызметкерді де бойлайды, бұл тұлғалық факторды толық бақылап, қадағалау да мүмкін болмайды. Мұндай жағдайлар кезінде

әрекеттесу - маманнан ерекше жоғары эмоционалдық төзімділікті, тұрақтылықты, психологиялық үмітті, стреске қарсы тұру қабілеттілігін, құрастырылған қарым-қатынас дағдыларын, дамыған психологиялық адаптация механизмдерін қажет етеді.

Медициналық қызметкердің кәсіби әрекетін құруда,келесі коммуникативтік ресурстары өте маңызды роль атқарады:

- эмпатия;
- аффилиация;
- шеттеуге сенситивтілік;

Бұл қасиеттер, тиісті әрекеттесуі негізінде ғана, медициналық қызметкер тұлғасына проблемалық және стресс жағдайларын нәтижелі шешуге мүмкіншілік береді. Медициналық қызметкердің эмпатиясы жоғары дәрежеде болса, онда оның қатты қоса уайымдары, пациенттің көңіл-күйіне қарауы, «басқа адамдарға қауіп келтіріп аламын»,- деп өзін-өзі кінәлауы, психологиялық нәзіктілігі сияқты қасиеттері тән болып, кәсіби ролін атқаруға бөгет жасайды, яғни, бұл ситуацияда, Медициналық қызметкердің табандылығы, қайсарлығы төмен болып, келешекке бағытталу қасиеттері жеткіліксіз болады.

Аффилиация- адамның көпшілікке ынталануы, әрекеттестік қабілеті, ұжымдағы кәсіби жігерленуіне себептес болады.Науқастың көзқарасы бойынша, медициналық қызметкердің сенімділігі, эмпатияға қабілетті болуы- ең маңызды қасиеттер.Төтенше және үмітсіз ситуацияларда медициналық қызметкердің сенімділік көрсетуі, науқасқа медициналық қызметкердің білгірлігі толық деген көзқарас тудыруға әсер етеді, яғни ол бұл жағдайды бақылауға, ақиқатты болжам жасауға қабілеті жеткілікті деп, сәтті аяқталуына науқаста үміт және сенім тудырады.

Сонымен қатар, медициналық қызметкер маңайындағы әріптестеріне, басқа медициналық қызметкерлеріне эмоционалды қолдау көрсетіп, олардың өз әрекеттерін орындауға қабілеттілігін жоғарылатады.Сондықтан, медициналық қызметкердің психотерапевтік потенциалы, күмәнсіз, маңызды болады.

Медициналық қызметкердің психотерапевтік жәрдем көрсетуінің келесі негізгі төрт аспекті белгіленген:

-басқа адамның ішкі жағдайына байланысты эмоционалды қоса уайымдауға даярлығы;

-өз әрекетінің салдары қоршағандарға әсер жасауын ескеру қабілеті;

-дамыған моральды-этикалық нормалары негізінде, өзінің альтруистік қылықтарын бағалауға эталон жасауы;

-альтруистік қылық жасауына немесе жасамауына жауапкершілікті өз мойнына алып, басқаларға немесе жағдайға сілтемеуі.

Кәсіптік деформация дегеніміз – медициналық қызметкердің психологиялық болмысына мамандығының жасайтын әсері. Көп жылдар бойы бір беткей жұмыс түрін қайталап атқарудың салдарынан қажу, шаршау, өз мамандығының ішіндегі басқа жұмыс түрлерін орындамаудың нәтижесінде оларды ұмыту, медициналық қызметкердің тұлға ретінде дамуына, еңбек қабілеттілігіне кері әсерін тигізеді. Кәсіптік деформация адам мен адам қарым-қатынас жасайтын қызметтерге тән.

Адам адаммен қарым-ққатынасқа түсетін мамандықтарда, олар өзара психологиялық әрекетке ұшырайды.Бұндай ситуация, маманның билігін бақылау мен шектеу мүмкін емес немесе қиынға түсетін жағдайларда байқалады.Әрине, медициналық қызметкер науқасқа билік жасайды, себебі оның денсаулығы медициналық қызметкерге байланысты болады. Кәсіптік деформация, кәсіби адаптацияға байланысты, яғни медициналық қызметкер аурудың қиналғанына үйреніп, бейімделуі негізінде пайда болады. Әрине, медициналық қызметкерге эмоционалдық қарсы тұру қабілеті де керек, бірақ та ол мамандықтың оңды қасиеттерін, этика нормалары негіздерін мұқият сақтауы қажет.

Кәсіптік деформациясының белгілері:

1. Науқас тұлғасына дәрігер біртұтас көзқараста болмауы, яғни оны бөлшектеп, жеке симптом мен синдромдар тасымалдаушы обьект ретінде қарастырғаны.Мысалы, «Мені (дәрігерді) тек науқастың жүрек бұзылыстары ғана қызықтырады».

2. Мамандыққа тән сойлемшелерді (жаргон) қолдануы, дәрігердің науқасқа дерт тасымалдаушы ретінде көзқарасын білдіреді.Мысалы, бауыры ауырған адамға «цирротик» деп айтуы, бронх ауруы бар нәуқасқа «астматик» деуі.

3. Науқасқа және оның туыстарына немқұрайлы, кейігіш және асығыс түрде қарым-қатынас жасау.Мысалы, егде адамға «алжыған шал», қарапайым адамға «бейшара» деуі, адамның намысына тиіп, өкпе-ренішін тудырады.

Кәсіптік деформацияның үлгісі.Өз міндетін атқарғанда,дәрігерді әкімшілік қорғап,оның жұмысын арнайы нұсқаулар бойынша реттеп отыралды (диагноз қою және емдеу әдістері).Яғни, дәрігер- лауазымды әлеуметтік қызметкер.Бұл нұсқаулар арқылы әкімшідік оның жұмысын бағалап, қадағалап отырады және аурумен қатынасуын реттейді.Осы себептен кәсіптік бұзылыстар (деформациялар) пайда болады. Дәрігердің сана-сезімі өзгереді, бұл оның психикалық жағдайына да әсер береді. Дәрігердің бұл нұсқауларды толық шынайы қабылдауы немесе қабылдамауы оның өз еркінде.

Егер дәрігер әкімшілік нұсқауларын толық қабылдап, оларды өз мамандық міндетін атқаруда ең сенімді жол деген ұғымға келсе, ол науқасқа функционалдық көзқараста болады.Яғни, ол ауру адамды біртұтас, жинақы тұлға ретінде бағаламай, оны бір симптомдар тасымалдаушы обьект тәрізді қабылдайды.Осы себептен, дәрігер тұлғасы да теріс өзгеріске (деформацияға) ұшырайды.

Дәрігер маман ретінде міндетін атқарған кезде, көптеген фантомдарға (стандартқа) сүйенеді. *Кәсіптік әрекеттердің стандарты (фантом)* дегеніміз- жеке тұлғасыз берілген, дайын қоғамда жинастырылған, білімдер (мамандық әрекеттерінің алгоритмі) жиынтығы.

Қарапайым адамға дәрігердің әрекеті дуагер, сиқыршы, тек дәрігер қолынан келетін іс сияқты көрінеді. Науқастанған адамның ойы- «тек дәрігер ғана мені дерттен құтқарады», - деген негізде, ол толық дәрігердің билігіне құлшылық етеді.Осыған байланысты дәрігер дайын стандартқа (фантомға) бейімделіп, оларды шындыққа, ақиқатқа балайды. Ал аурудың жеке меншікті тұлғасын, оның психологиясын, өмір жайын ескермейді,елемейді.Сондықтан, дәрігер психологиясы осыған қалыптасып,теріс өзгеріске тап болады.

Көптеген жағдайларда дәрігердің фантомдық санасы пациентпен қайшылыққа келеді.Науқастың ойында дәрігердің бейнесі (образы) әрқашанда оңды, үлгілі, себебі оны сүйікті ұстазымен,анасымен салыстырып, қамқоршы ретінде санайды.Осындай қарым-қатынас үрдісі нәтижесінде, науқас дәрігер туралы келесі тұжырымға келеді:

-дәрігер науқас қайғысын жақын тұтады;

-дәрігер нейтралды көзқараста;

-дәрігер немқұрайлы, әрекетсіз;

Олардың арасындағы қарым-қатынас оңды немесе оңды болмайды, олардың бір-біріне сенімі тумайды.

Сондықтан, әр дәрігер қызметінің бастапқы кезінен, өзінде гуманизм қасиеттерін тәрбиелеп, әрқашанда негізге алып отыруы қажет.

Кәсіптік деформацияны зерттеу. Кәсіби қызмет және тұлғалық аймақта деформация көрінісінің арасында, байланыстардың алуан түрлі болуы, кәсіптік деформацияның табиғи құрылымын ашуда көптеген қиындықтар әкеледі.

Кәсіптік деформация даму барысында, тұлғаның спецификалық өзгеріс мәселесін зерттей келе, негативті қоғамдық-психологиялық көріністердің орны ерекше орны анықталды.Ол тұрақтылықпен сипатталып, түрлі жағдайлардың құрылымына кіре алады.Оларға: адамдарға деген ашу-ыза, қатулық, басқа адамның ауыртпашылығын қабылдағысы келмеу, адамгершілік пен мейірімділіктің болмауы, коммуникабельділіктің төмен болуы, басқа адамды түсінгісі келмеу, сыпайылықтың болмауы, өтірік айту, жауапсыздық, дөрекілік жатады.

Қоғамға кері әсерін тигізетін көріністер, қоғамдық қалыптарды бұзып, социумға зияндық әкеледі.Оларға: түрлі бюрократикалық өзгерістер, кек алу, саяси және құқықтық талаптардың бұзылуы жатады.

Қоғамдық қалыптардан туындайтын өзгерісті «қоғамдық патология» деп атайды.Қоғамдық патология, қоғам мен тұлғалардың көзқарасына зиян тигізеді.Аталған көріністер арасындағы шекара көр жағдайда салыстырмалы екені баршаға мәлім.Әдебиеттерді талқылай келе,кәсіби қызмет, тұлғаға талаптар қою арқылы, оған арнайы бір білім беріледі.Соның нәтижесінде, ұзақ жылдарға созылған типтік есептерді шығару кәсіби білімді, сұхбат стилін қалыптсатырумен қатар, кәсіби қылықтарды да орнатуға ықпал жасайды.Адам басқа бір тұлғамен танысқанда, ең алдымен тұлға ретінде бағаласа, оның мамандығы жаңа танысқан адам жөнінде арнайы түсінік қалыптастыруда өз ізін қалдырады.Рольдік позицияны түсіну барысында,адам өзін сұхбат жүргізуші адамның орнына қойып, өзінің әрекетін жоспарлай алады.Егер тұлға рольдік арақатынасты өмірдің барлық саласына араластыратын болса, онда оның әрекеті адекватсыз болып, онымен тіл табысу қиындыққа соғады.

Деформацияның көрініс беруін бірнеше мысалдармен келтіруге болады.Көптеген ұстаздар, сөйлеу мәнері мен дидактикалығымен ерекшеленеді.Жоғары оқу орындағы әрекеттер, оның тұлғалық жеке сұхбат барысында да өз көрінісін береді.Сонымен қатар, авторитарлықтың артық байқалуы, ұжымның қалыптасуын тежеп, студенттердің өз-өзін адекватты емес бағалауына және невроздың дамуына әкеледі.Мұндай ұстаздар, студентті тек «типтік көрініс беруші» ретінде қабылдап,жеке ерекшеліктеріне назар аудармай, оған эффективті әсер етуін төмендетеді.

Дәрігер мамандығы - ең көне кәсіптердің бірі. Мыңдаған жылдар бойы дәрігер жұрт арасында, әсіресе сол заманның зиялыларының ішінде, әртұрлі сезімдер тудырған. Ол сезімдердің қайшылығы, орта ғасырларда дәрігергё берілген анықтамадан бейнеледі: дәрігер - tristones(үш жүзді).Яғни, халықтың ойы бойынша, дәрігер үш жүзді болған: кәдімгі өмір жағдайында - әдепті адам, науқастың жанында - періштедей, ал гонорарды талап еткенде - шайтандай. Материалдық құндылықтар жүрген жерде, бақылау да жүретіні анық. Сондықтан, қоғам әрқашан да медициналық әрекетті бақылауға алып үнемі қадағалап отырған.

Жеке адамның өзіндік ерекшелігін бағалау, нені қалайтындығын білу, көңіл күйін қадағалау әрі науқасқа ерекше көңіл аудару – ол әр дәрігердің міндеті болып табылу керек. Дәрігердің әдептілігі мен сыпайылығы науқастың мінезіне, мәдени деңгейіне, сырқатының ауыр не жеңілдігіне, психикасының ерекшеліктеріне орай көрінуі тиіс. Уайымшыл науқастарға тап болғанда дәрігер шыдамдылық танытуы тиіс. Науқастың сеніміне ие болу, байқаусызда айтылған сөзбен не іс-әрекетпен сол сенімді үзіп алмау – дәрігердің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Психология ғылымындағы негізгі ұғымдардың біреуі – қарым-қатынас. Қарым-қатынассыз жеке адамды түсіну, оның дамып-жетілуін талдау мүмкін емес. «Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деп А.Линкольн айтпақшы, әрбір есі кіріп, етек жапқан адам белгілі бір қоғамның мүшесі болып табылады, ол қандай болмасын сүйікті бір ісімен қарым-қатынаста болады.

Дәрігерлердің өзара қарым-қатынасының деонтологиялық қағидаларын қатаң сақтау, ұжым өміріне, оның күнделікті және келешекте табысқа жетуіне маңызды роль атқарады. Дәрігерлер арасындағы қарым-қатынас құрметке, жанашырлық пен өзара түсіністікке негізделуі тиіс. Әріптестің сәтсіздігін түсініп, көңілін жұбату керек, әсіресе ол кәсіби сәтсіздікке ұшыраған немесе қарауындағы науқас күйзелген кезде, қолдау көрсетудің ұжымдағы ұйымшылдық пен өзара көмек алудың негізі болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Доценко Е.Л. Лекции по курсу «Психология общения». 80 бет
2. Бап-Баба С. Жалпы психология. Алматы, 2006.126 бет.

3. Психология негіздері. Оқу құралы. Түркістан, 2000 ж. 120 бет;
4. Жантану негіздері. Дәрісбаян жинағы. Алматы, Дәнекер, 2001 ж. 360 бет.

БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖЕКЕ ФАКТОРЛАРЫ

Нурмышев Кайрат Куанышевич,
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжінің арнайы пәндер оқытушысы

Аннотация:

Біз өмір сүріп жатқан әлемнің тез өзгеретіні соншалық, студенттерге болашақ өмірде қажет болатын барлық білімді, дағдыларды болжау және беру мүмкін емес. Тиімді болу үшін білім адамды, балалар мектепте, ал жастар колледжде немесе институтта оқып жүрген кезде болашақта біздің алдымызда болатын жаңа мәселелердің табиғатын әлі болжау мүмкін болмаған кездегі жұмыстарды орындауға дайындауы керек. Осыған байланысты білім беру алдында қазіргі оқушылар өзгеріп отырған жағдайларға тез және оңай жауап бере алатындай және жаңа проблемалар мен міндеттерді анықтай алатындай етіп оқыту міндеті тұр.

Мир, в котором мы живем, настолько быстро меняется, что невозможно предугадать и дать студентам все те знания, умения и навыки, которые им будут необходимы в дальнейшей жизни. Чтобы быть практичным, образование должно готовить человека для выполнения работы, которая и не существует в то время, когда дети учатся в школе, а молодые люди в колледже или институте, когда еще не может быть даже угадана природа новых проблем, которые в будущем предстанут перед нами. В связи с этим перед образованием стоит задача обучать так, чтобы нынешние ученики могли быстро и пластично реагировать на изменяющиеся условия и были способны обнаруживать новые проблемы и задачи.

The world we live in is changing so quickly that it is impossible to predict and provide students with all the knowledge, skills and abilities that they will need in later life. To be practical, education must prepare a person to do work that does not exist at a time when children are in school and young people in college or institute, when the nature of new issues will appear in the future it cannot even be guessed by us. In this regard, education faces the challenge of teaching in such a way that today's students can respond quickly and flexibly to changing conditions and discover new issues and challenges.

Тірек сөздер:

Оқытушы, студент, оқыту, білім беру, әдістер, шығармашылық, ойлау, тұлға.

Преподаватель, студент, обучение, образование, методы, творчество, мышление, личность.

Teacher, student, learning, education, methods, creativity, thinking, personality.

Біз өмір сүріп жатқан әлемнің тез өзгеретіні соншалық, студенттерге болашақ өмірде қажет болатын барлық білімді, дағдыларды болжау және беру мүмкін емес. Тиімді болу үшін білім адамды, балалар мектепте, ал жастар колледжде немесе институтта оқып жүрген кезде болашақта біздің алдымызда болатын жаңа мәселелердің табиғатын әлі болжау мүмкін болмаған кездегі жұмыстарды орындауға дайындауы керек. Осыған байланысты білім беру алдында қазіргі оқушылар өзгеріп отырған жағдайларға тез және оңай жауап бере алатындай және жаңа проблемалар мен міндеттерді анықтай алатындай етіп оқыту міндеті тұр. Қоршаған әлемдегі өзгерістерге тез және оңай жауап беру қабілеті, түпнұсқа идеялар мен сұрақтарды шығару қабілеті, жаңасын табу және құру қажеттілігі адамға жоғары кәсіпқойлық пен бір саладағы терең білімге қарағанда қазіргі қоғамда өзін көрсетуде

айтарлықтай кең мүмкіндіктер ашады. Мұндай оқытуды тек шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы қамтамасыз етуге болады. Бұл мәселені шешетін оқыту әдістерін таңдау мәселесі туындайды.

Біздің елімізде дәстүрлі педагогикалық технологияларды инновациялық технологияларға ауыстыру қажеттілігі туралы XX ғасырдың екінші жартысында айтылды. Проблемалық оқыту, субъект-субъективті тәсіл, жеке пәндерді оқытудың көптеген авторлық бағдарламалары – мұның бәрі белсенді қолданылды және қолданылады. Бірақ көптеген оқу орындарында консервативті және дәстүрлі оқыту жүйесі осы уақытқа дейін өзгеріссіз қолданылады. Сабақтың формалары – дәріс, семинар, коллоквиум, зертханалық жұмыс іс жүзінде өзгерген жоқ. Бірақ оқытушылардың көпшілігі бұрын болмаған техникалық құралдарды үнемі қолданады: мультимедиялық проекторды, компьютерді, бейне материалдарды және т.б. Шынында да, техника әлдеқайда алға жылжыды. Проектор арқылы схеманы немесе кестені көрсетіп оқыту әдістемесі тұрғысынан тақтаға бормен салынған бірдей кестеден айтарлықтай ерекшеленбейді. Оқытушы мен студенттердің оқу орнының техникалық жабдықталуына деген терең қанағаттану сезімі болмаса. Әрине, XXI ғасырдың басында студенттерді заманауи техникамен таныстырусыз, оны меңгеру дағдыларын дамытпай, бухгалтерлік есепті немесе робототехниканы оқыту мүмкін емес. Осылайша, техниканы қолдану әдістемелік емес, оқу процесінің ақпараттық компонентіне жатқызуға болады. Бұл ақынға арналған қалам сияқты оқытушының мақсаттарын жүзеге асырудың қажетті құралы ғана. Жақсы құралы бар талантсыз жұмысшы жұмысты нашар орындайды, ал қолына түскен құралмен талантты адам жұмысты сапалы орындайды. Ол жасаған шығармашылық өнімнің деңгейі адамның жеке басына байланысты. Оқыту – бұл өнер, өйткені оның әдістемесін білу және педагогикалық университеттерде оқытылатын нақты педагогикалық әдістерді меңгеру адамды әлі де жақсы оқытушы етпейді, мысалы, тек техникалық би дағдылары немесе дененің табиғи икемділігі үшін балерина талантты болмайды. Бірінші және екінші жағдайларда шеберліктің жоғары деңгейінің негізі – орындаушының жеке басы.

Барлық заманауи педагогикалық технологиялар білім беру процесінің негізгі қозғаушы күші болып табылатын оқытушы мен оқушының тең тұлғаларын оқыту процесінде өзара әрекеттесу идеясына негізделген. Сұрақтың бұл тұжырымы оқытушым таратқыш, ал оқушы ақпарат қабылдағыш ретіндегі ескі оқыту жүйесіне түбегейлі қайшы келеді (ескі жүйе – бұл атау өте шартты, өйткені ол қазіргі педагогикада өте кең таралған). Мұндағы оқытушының негізгі міндеті – оқушыға не білу керектігін дұрыс және толық айту; оқушының негізгі міндеті – айтылғанның бәрін дұрыс және толық қайталау. Білім беру процесінің ұйымдастырушысы оқытушы болғандықтан, ол педагогикалық өзара әрекеттесу схемасын таңдайды және белгілейді. Бірінші нұсқаны таңдағанда, осы мағынада өзара әрекеттесу, екіншісін таңдағанда – әсер ету жүзеге асырылады. Сонымен қатар, бірінші жағдайда оқушының оқу процесіне белсенді қатысуы сияқты фактор пайда болады, бұл бір жағынан оқытушыға қосымша мүмкіндіктер туғызады, ал екінші жағынан оның жеке басына қосымша талаптар қояды. Нақты оқу тобының ерекшеліктеріне байланысты оқытушы студенттердің белсенділігіне немесе олардың белсенділігін зерттелетін пәннің бағытына бағыттауға көбірек назар аударуы керек. Бірінші жағдайда, «екі» бағасы түріндегі, емтиханға жібермеу және т.б. шаралар сирек тиімді – бұл тек оқытушының эгосын, оның билікке деген қажеттілігін қанағаттандырады. Әрине, қатаң тұрақты талаптар қажет, бірақ олардың болуы аталған екінші мәселені шешуге көбірек әсер етеді. Бұл талаптар пәнді оқу процесін ұйымдастырады, студенттің кәсіби рефлексиясын қалыптастыруды жеңілдетеді, сонымен қатар ол үшін оқытушының оның жеке басына назар аударуының қосымша дәлелі болып табылады (соңғысы оқу тапсырмаларын орындауға қосымша мотивация болып табылады). Талаптар жүйесі, ең дұрысы студентке оның оқу жетістіктерінің деңгейі туралы қажетті кері байланыс беретін, кейіннен оларды түзету үшін өз қателіктерін білуге мүмкіндік беретін жүйе болуы керек. Аталған талаптар жүйесінің дамуы мен жұмыс істеуі оқытушының ақыл-ойының

тәртіптілігі, осы пәнді зерттеудің негізгі міндеттерін түсіну, студенттермен «жақсы» қарым-қатынасы бұзылса да, қажетті талаптарды орындауға психологиялық дайындық болған жағдайда мүмкін болады.

Бірақ кез-келген шектеулер, қаншалықты пайдалы болса да, ешкімнің шығармашылық белсенділігіне ықпал ете алмайды. Шығармашылыққа мәжбүрлеу – бұл психологиялық тұрғыдан мүмкін емес міндет, ол үшін адамның шығармашылық мотиві қалыптасуы қажет. Өздеріңіз білетіндей, жаңа мотивтердің қалыптасуы мотивтің мақсатқа ауысу механизмі арқылы жүреді. Бұл механизмнің мәні мынада: бұрын оны қандай да бір себептермен жүзеге асыруға итермелеген мақсат уақыт өте келе тәуелсіз ынталандыру күшіне ие болады, яғни өзі мотивке айналады. Ол үшін пән ұзақ және тұрақты түрде жағымды эмоциялармен толтырылуы керек. Егер осы пәннің айналасында жағымды эмоцияларды жинақтау процесі өте қарқынды жүрсе, онда ол тәуелсіз мотивке айналатын сәт келеді.

Оқу пәнін оң зарядпен толтыру оқытушының беделі болған жағдайда ғана мүмкін болады, сонымен қатар оның өз пәніне деген қызығушылығы және осы қызығушылықты студенттермен бөлісуге деген ұмтылысына. Оқытушының беделі оқушыны оқытушымен сәйкестендірудің пайда болу факторы болып табылады. Бұл бейсаналық механизм оқушыға сананы айналып өтіп, ақпарат беруге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда біз бизнес жобаның экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері немесе феодалдық бытыраңқылықтың негізгі себептері сияқты нақты оқу ақпараты туралы айтып отырған жоқпыз. Оқытушымен сәйкестендіру арқылы студент саналы деңгейде ұсынылғаннан кейін тек қарсылық тудыратын нәрселерді үйренеді. Бұл, ең алдымен, пәнге деген құштарлық, зерттеу мотивациясы, мұнымен тоқтап қалмауға деген ұмтылыс, өзін-өзі тану қажеттілігі. Жоғарыда аталған құбылыстардың барлығы психиканың эмоционалды және мотивациялық салаларына жататынын байқау қиын емес. Осылайша, оқытушының жеке басының осы салаларының даму деңгейі кәсіби маңызды сапа, студенттердің сабақта шығармашылық белсенділігін көрсетудің қажетті шарты болып табылады.

Мұндай көріністі ынталандыра отырып, оқытушы педагогикалық процесті студенттердің дәрісте естігендерін немесе кітаптан көшіргендерін семинарда қайталап қана қоймай, нәтижелі ақыл-ой белсенділігіне ие болатындай етіп құруға мәжбүр. Арнайы әдебиеттерде жинақталған дәріс ақпаратын немесе мәліметтерді есте сақтау бұл жағдайда дербес қызмет болудан қалады, бірақ оқу-кәсіптік міндеттерді шешу үшін қажетті әрекеттер санатына өтеді. Ойлау процесінде ақпаратпен жұмыс істеу оны арнайы мнемикалық әдістерді қолданбай есте сақтауға табиғи түрде ықпал ететінін атап өткен жөн.

Сабақтарда нәтижелі ойлауды қосу үшін оқытушы студенттерге нақты кәсіпқойларға ұқсас мәселелерді қойып, ашық типтегі сұрақтар қоюы керек, яғни дұрыс жауаптың көптеген нұсқалары бар. Соңғысы шығармашылық қабілеттердің негізі болып табылатын дивергентті ойлауды ынталандыруға ықпал етеді. Сабақтарда талқыланатын мәселелерді нақты мәселелерге жақындату жас адамның оқу орнын бітіргеннен кейін кездесетін жағдайларды модельдеуге және пысықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өмірлік жағдайлар, теориялық схемаларға қарағанда, екіұшты және көп қырлы, сондықтан оларды талдау студентті проблеманы әр түрлі тұрғыдан қарауға мәжбүр етеді, бұл ойлаудың икемділігін дамытады.

Оқытудың белсенді әдістерін қолдану жағдайында оқытушы мен оқушының өзара әрекеттесуі, яғни білім беру процесінің субъектілері бір-біріне әсер ететіндігін атап өттік. Белсенді, креативті оқушының жеке басының оқытушыға әсері, оқушының шығармашылық өнімділігін арттыруға әкеледі, бұл оқыту процесі туралы жаңа идеяларды дамытуда ғана емес, сонымен бірге оның ғылыми шығармашылығын жандандыруда да көрінеді. П.Л. Капица ғалымдар үшін педагогикалық қызметтің пайдалылығын атап өтіп, сол ғалымдар оқушылары бар және олармен бірге жұмыс істейтін зерттеулерін барынша жемісті жүргізетінін айтады. Мысалы, Менделеев элементтердің қасиеттерін сипаттаудың жолын

іздеген кезде, химия негіздері бойынша дәріс оқыған студенттер оларды жақсы есте сақтау үшін элементтердің периодтық жүйесін тапты.

Оқытудың белсенді әдістерін қолдану, студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру тағы бір салдарға әкеледі – оқу сабағын қатаң құрылымдауға, толық бағдарламалауға мүмкіндік бермейді. Педагогикалық жағдайды белгілі шектерге дейін болжау мүмкін емес, кез-келген шығармашылық әрекеттің нәтижесін болжау мүмкін емес сияқты. Бұл жағдай шығармашылық пен пәндік қызметтің түбегейлі айырмашылықтарымен байланысты. Атап айтқанда, А. Я. Пономарев белсенділіктің негізгі белгісі ретінде қызмет мақсатының оның нәтижесіне ықтимал сәйкестігін қарастырады. Ал шығармашылық әрекет керісінше сипатталады: мақсат және нәтиженің сәйкес келмеуі. Шығармашылық белсенділіктің, қызметтен айырмашылығы, соңғысын жүзеге асыру процесінде пайда болуы мүмкін және нәтижесінде шығармашылық нәтиже болып табылатын «жанама өнімнің» пайда болуымен байланысты болады. Шығармашылық адам үшін ең үлкен құндылық – бұл қызметтің жанама нәтижелері, жаңа және ерекше, шығармашылық емес адам үшін жаңалық емес, мақсатқа жету үшін нәтижелер маңызды.

Педагогикалық жағдайдың болжамсыздығын әр түрлі оқытушылар әр түрлі қабылдайды. Өзін-өзі бағалаудың төмендігімен, өзіне деген сенімсіздікпен, коммуникативті қабілеттердің дамуының төмен деңгейімен, кейде оқытылатын пәнде және онымен байланысты салаларда әлсіз бағдармен студенттермен тікелей өзара әрекеттесу перспективасы оқушының қауіпсіздікке деген қажеттілігін бұзады. Студенттердің шығармашылық белсенділігін болжайтын педагогикалық технологияларды ол «пайдасыз еркелету», тәртіпті бұзу, оқыту жүйесінің академиялық деңгейінен кету деп түсінеді. Осы типтегі оқытушы студенттерді оқытудың негізгі әдісі деп санайтын дәрістерді оқуға бағытталған, проблемаларды шешуде дайын шешімді ұсынуға бейім, бұл оның көзқарасы бойынша жалғыз дұрыс әдіс. Бір қызығы, тіпті дәрісте өзін салыстырмалы түрде қауіпсіз сезініп, ол аудиториядан «жабылады» , кафедрада тұруды немесе үстел басында отыруды жөн көреді, ал бұл үстел студенттерден неғұрлым қашық болса, соғұрлым жақсы сезінеді.

Өзін-өзі бағалауы жоғары және демонстрациялық тенденциялары бар өзімшіл оқытушы бірінші типтегі сабақтарды өткізе алады немесе белсенді оқыту әдістеріне деген адалдығын дауыстап жариялай алады. Бірақ бұл жағдайда студенттердің өз шығармашылығын көрсетуге мүмкіндігі жоқ, өйткені кез-келген семинар «бір актер театры» болып шығады және мұндай оқытушы өз пікірінен өзгеше пікірлердің негіздемесін болдырмайды. Оқытушының бұл түрінің тағы бір проблемасы – рефлексияның болмауы, ол өзін-өзі бағалаудың себептерінің бірі бола отырып, бұрмаланған имидждің қалыптасуына және өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыстың болмауына әкеледі. Мұндай мұғалімнің талаптар жүйесінің екі түрі бар: ол оқу семестрінде де, емтиханда да іс жүзінде ештеңе талап етпейді немесе талаптар соншалықты әр түрлі және түсініксіз, сондықтан оған емтихан тапсыру іс жүзінде мүмкін емес. Бұл екі оқытушының да бірдей себебі бар екенін байқау қиын емес – осы тақырыпты зерттеу міндеттері туралы хабардарлықтың төмен деңгейі, пәннің негізгі дидактикалық бірліктерін ажырата алмау, сонымен қатар студенттердің есебінен өзін-өзі растау қажеттілігі (бірінші жағдайда оқытушы өздеріне деген сүйіспеншілікке толы ана, екіншісінде – қатаң принципті әке). Екі типтегі оқытушылардың оқытудың белсенді әдістерін қолдана алмауының себебі олардың жеке кемшіліктерінде емес (білімнің аз мөлшері, акценттелген мінез типі және т.б.), психологияда жеке тұлғаның қызметін реттейтін тұрақты ситуациялық емес мотивтер жүйесі ретінде анықталған жеке тұлғаның бағытында. Екі түрі де ғылымда өзіне (және оқытуда), ал өзіндегі ғылымға емес бағытталған.

Тұлғаның ғылыми және педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталуы, өзін-өзі танудың дамыған қажеттілігі, олардың кәсіби қызметіне деген шынайы қызығушылық мінездің, темпераменттің, қабілеттердің кейбір кемшіліктерін өтей алады – оқушылар ұнататын оқытушыға көп затты (бірақ бәрін емес) кешіретіні белгілі.

Ғылыми шындықты іздеуге бағытталған оқытушы талқыланатын мәселе бойынша әртүрлі пікірлердің болуына ренжімейді, шығармашылық нәтижесінің болжанбайтындығынан ұялмайды, ашық пікірталас немесе студенттің күтпеген сұрағынан қорықпайды – ол үшін бұл жақсы, бұл қалыпты жағдай. Ол өз оқушыларына одан да талантты болуға мүмкіндік береді, қателесуге мүмкіндік береді және қателіктерді мойындаудан тартынбай көруге көмектеседі – мұның бәрі ситуациялық қажеттіліктерді қанағаттандыруға емес, шығармашылық тапсырмаларды орындауға бағытталғандықтан.

Осылайша, қазіргі заманғы оқыту әдістерін қолданудың жеке аспектісі өте маңызды. Оқытушының жеке басы оқытушының жоғары энергия шығынына қарамастан педагогикалық қызметтің белсенді инновациялық әдістері мен тәсілдерін таңдауға деген ұмтылысын (мотивациясын) қуаттандыратын көзі болып табылады. Оқытушының жеке ерекшеліктері студенттің жеке ерекшеліктерімен өзара әрекеттесуінде осы әдістерді дұрыс және тиімді қолдануды қамтамасыз етеді.

Шығармашылық – бұл тұлғаның бір бөлігінің емес, тұтас тұлғаның функциясы. Жоғары деңгейдегі маманды тәрбиелеу кезінде оқытушы оны тек танымдық саласына ғана емес, сонымен қатар мотивациялық тұлғалық саласынада мақсатты әсер ете отырып, оны тәрбиелеуі керек. Осы екі саланы да педагогикалық әсермен қамту мүмкіндігінде оқытудың белсенді әдістерінің басты артықшылығы тұрады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014;

2. Даменова А. «Жаңа педагогикалық технологиялардың жіктелуі және ерекшелігі» «Қазақстан мектебі», 2012;

3. Гройсман А.Л. Личность, творчество, регуляция состояний: Руководство по театральной и паратеатральной психологии. «Издательство Магистр», 1998;

4. Дружинин В.Н. Психология общих способностей. 3-е изд. Санкт-Петербург, 2007;

5. Капица П.Л. Некоторые принципы творческого воспитания и образования современной молодежи. Вопросы философии. 1971. №7.

БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ МЕН БЕЙІМДІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Омарова Алмагул Нурахметовна,
оқытушы, І.Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің Zhansugurov college

Аңдатпа: мақалада ғылыми әдебиеттер негізінде оқыту әдістерінің сипаттамасы, топтастырылуы, педагогтің әдістерді дұрыс таңдау жолдары туралы түсінік беріледі, болашақ педагогтерді оқытуда әдістер мен цифрлық құралдарды тиімді қолдану жолдары қарастырылады.

Аннотация: в статье дано описание и группировка методов обучения на основе научной литературы, способы правильного выбора методов, а также рассмотрены способы эффективного использования методов и цифровых инструментов в подготовке будущих учителей

Abstract: The article provides a description and grouping of teaching methods based on scientific literature, ways to correctly select methods, and also discusses ways to effectively use methods and digital tools in the training of future teachers

Тірек сөздер: әдіс, цифрлық құралдар, топтастыру, тиімділік, қызығушылық.

Ключевые слова: метод, цифровые инструменты, классификация, эффективность, интерес.

Key words: method, digital tools, classification, efficiency, interest.

“Қанша жақсы мұғалім болса,
сонша жақсы әдіс бар” Д.Пойя

Қазіргі уақытта әлем цифрлық дамуды бастан кешіруде, педагогикалық қауымдастық та қоғамның басты бөлігі ретінде кез-келген өзгерістен шет қалмайтыны анық. Психология ғылымының зерттеулері бойынша біз өсіріп отырған ұрпақ бұрынғыдан гөрі әлдеқайда өзгеше. Ел Президенті Қ.К.Тоқаев та қоғамды тәрбиелеуші – педагогтер екені өзгеріссіз қалғанымен, олардың (педагогтердің) жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әдістері заманға сай өзгеруі тиіс екенін ағымдағы жылдың тамыз конференциясының кеңесінде баса айтты, білім мен ғылымды дамытуға бағыт-бағдар берді [1].

Жалпы, педагогтің өз қызметіне деген замануи көзқарасы, кәсіби өзгерісі деп пәнді оқытуды ғылыми нақты дерек көздерге сүйеніп жүргізуді, оларды білімгерлерге жеткізуде оқытудың әдістерін тиімді қолдануды, цифрлық құралдарды пайдалануды белсендендіру деп айтар едім. Өйткені оқыту әдістері сабақтың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, ал цифрлық құралдар мен олардың мүмкіндіктерін оңтайлы қолдану заман талабы.

Әдіс сөзі гректің methodos - зерттеудің жолы дегенді білдіреді. Философиялық энциклопедияда: “Әдіс-көздеген мақсатқа жетудің тәсілі, тәртіпке келтірілген қызмет жүйесі” деп көрсетілсе, ал педагогикада әдіс дегеніміз білім, іскерлік және дағдыны қалыптастырып дамытудағы оқытушы мен оқушының бірлескен әрекеті болып табылады [2, 108 б].

Қазіргі оқыту әдістерінің сипаттамасы мынандай:

- әдіс - бұл іс-әрекеттің өзі емес, оны жүзеге асыру тәсілі, бұл мұғалімнің іс-әрекетінің схемаланған және жобаланған тәсілі;
- әдіс - міндетті түрде сабақтың мақсатына сәйкес келуі керек. егер бұл сәйкестік болмаса, онда күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес;
- дұрыс емес әдіс болмайды, әдісті қате қолдану кездеседі. Егер әдіс өзіне қойылған міндеттерді шешуге қауқарсыз болса, онда қойылған мақсатқа жету мүмкін болмайды.
- әр әдістің пәндік мазмұны және әрекет ету аймағы болады.
- әдіс іс-әрекетсіз, іс-әрекет нысансыз болмайды, яғни әдіс мұғалімнің оқу міндеттерін шешуге арналған барлық құралдар жиынтығының қозғалысын анықтайды [3, 58 б].

Педагогика және ғылымды ұйымдастыру саласындағы кеңес ғалымы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Юрий Анатольевич Конаржевский: “Әдіс дегеніміз - сабақтың мақсатына жетудің кілті, ... оқу процесінің барлық аспектілерімен тығыз байланысты ең мобильді және динамикалық компоненті” деп түсінік береді және оқыту әдістерін 6-ға топтастырады:

1. Білім көздеріне сәйкес: ауызша, көрнекі, практикалық.
2. Мұғалім мен білім алушылардың өзара іс-қимыл дәрежесі бойынша: әңгімелесу, баяндау, өзіндік жұмыс.
3. Нақты дидактикалық міндеттерге байланысты: қабылдауға дайындық, түсіндіру, материалды бекіту және т. б.
4. Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің сипаты және мұғалімнің оқу процесіне қатысуы бойынша: түсіндірме-иллюстрациялық, репродуктивті, проблемалық, ішінара іздеу, зерттеу.
5. Білімді бөлшектеу немесе біріктіру принципі бойынша: аналитикалық, синтетикалық, салыстырмалы, жалпылау, жіктеу.
6. Ой қозғалысының белгісізден белгіліге қарай бағытталуы бойынша: индуктивті, дедуктивті, дәстүрлі [4, 72 б].

Ал кеңес педагогі Юрий Константинович Бабанский әдістерді таңдаудың 6 көрсеткішін атап көрсетеді[5, 106 б]:

1. Оқыту әдісінің сабақтың мақсатына сай келуі;

2. Оқыту әдісінің оқу мазмұнына сәйкес келуі. «Бір мазмұн - дедуктивті, келесі мазмұн – индуктивті әдіспен тиімді берілуі мүмкін» деп көрсетті ол. Бір әдіс тақырыпты зерделеуде тиімді болса, келесі әдіс практикалық қолдануда маңызды болады.

3. Оқыту әдісінің білімгерлердің танымдық әрекетін ұйымдастыруға қолайлылығы

4. Оқыту әдісі білімгерлердің оқу мүмкіндіктеріне дәл келуі, яғни оңай немесе қиын болмауы;

5. Педагогтің өзінің шынайы, дұрыс жүргізе алатын әдістерді таңдауы;

6. Оқыту әдістері дидактиканың принциптеріне сәйкес келуі.

Халқымыздың ұлы ағартушысы А.Байтұрсынұлы да: «Мұғалім әдісті көп білуі керек» деп көрсеткен. Қазіргі бізден сабақ алып жүрген білімгерлер, болашақ әріптестеріміз болып саналады, сондықтан біз қолданған әдістер білімгерлердің оқуға қызығушылықтары мен бейімділіктерін қалыптастырып және дамытып қана қоймай болашақта өздері де қолдана алуына бағдар болғаны жөн.

Баса айта кететін жайт барлық әдістер мен цифрлық құралдарды «Блум таксономиясы» бойынша негіздеймін. «Блум таксономиясы» бойынша сабақтың құрылымы негізгі 5 бөліктен тұратыны белгілі. Сабақтың мақсатына жету үшін әр бөлімнің негізгі сұрақтары тапсырмалар шартында болуы керектігін қадағаласа әдістер нәтижеге жетуге мұрындық болады.

Төменде өзім сабақта қолданатын әдістер мен цифрлық құралдар мен оларды қолдану жолдарына тоқталдым.

«ББЗ» стратегиясы - жаңа тақырып бастар алдында үш бағаннан тұратын кесте сызады: «Білемін, Білдім, Білгім келеді». Білімгер сабақ басында «Білемін» бағанын, сабақ үстінде оқытушының түсіндірмесі бойынша «Білдім» бағандарын толтырады. Тақырып бойынша білім берілгеннен кейін өзіне түсініксіз, немесе ойландырған сұрақтар бойынша «Білгім келеді» бағанын толтыруды ұсынамын. Осы бағанды оқытушы білімгерге ізденіс жұмысы ретінде ұсынуына немесе өзі ақпарат беру үшіе қолдануға болады. Кей жағдайда «Білгім келеді» бағанына бір білімгердің жазған сұрағына екінші білімгердің «Білемін» бағанына жазған мәліметі жауап болып келуі де мүмкін, бұл орайда топтық, жұптық талқылаулар ұйымдастыру арқылы сабақты белсенді ұймдастыруға болады [6, 10-б].

«Венн диаграммасы» арқылы білімгерлер салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып толтырады, **ойлаудың салыстыру деп аталатын күрделі операциясын** меңгереді [6, 11-б].

SWOT-талдау әдісі білімгерлердің тақырып бойынша ойлау, талдау, салыстыру қабілетін, өз пікірін нақты ашық айту дағдыларын дамыту мақсатында қолданылады. Бұл әдісті қолдану барысында білімгер мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріп, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді дәлелдер арқылы саралайды [6, 15-б].

«Менің есімімнің тарихы» әдісі (А.Ж.Егізбаев бойынша). Білімгерлермен алғашқы танысу сәтін ұйымдастыру, оқытушының ортаға тез сіңуіне ықпал ету, балалардың қорқыныш, қобалжу сезімдерін сейілтуге назар аудару мақсатында қолданылады[6, 34-б].

«Борт журналы» - тақырыпты оқып үйренуде өз ойларын жазуға үйретудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қамтитын жалпылама атауы. «Борт журналы» қарапайым түрде **оқу материалымен танысқан** соң қолданылады. Білімгерлер «Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін? Сабақта қандай жаңа мәліметпен таныстым?» деген сұрақтарға жауап жазады [7, 18-б].

«Сұрақтар салынған конверт» әдісі өтілген материалды пысықтауда қолайлы, білімгерлер тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырып келеді, кезекпен конверттен кез келген сұрақты алып, дауыстап оқиды, жауап береді [7, 12-б].

«INSERT» әдісі - жаңа тақырып өтуде қолданылады. Білімгерлер лекцияда берілген мәліметпен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, тақырыпты меңгереді.

Бұл үшін білімгер 4 бағаннан тұратын кесте сызады, лекция мәтінімен танысып, бағандарға келесі сипатта түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады: W- білемін; + жаңалық; - келіспеймін, пікірім бар; ?- білгім келеді; Оқытушы ?-білгім келеді бағаны бойынша білімгерлерге түсініксіз сұрақтарға жауап береді, сонымен қатар – келіспеймін, пікірім бар бағаны бойынша білімгердің ой-пікірін тыңдау, білімгерлер арасында өзара пікірталас ұйымдастыру мүмкіндігіне ие болады [7, 24-б].

«Бағдаршам» әдісін әдетте мұғалімдер сабаққа кері байланыс ретінде қолдануы көп кездеседі. Мен өз тәжірибемде белгілі бір тақырып бойынша талдау, қолдану туралы нақты тапсырма ретінде ұсынамын. Мысалы: этнопедагогика пәнінен «Қазақ хандығы тұсындағы «Билер мектебі» тақырыбын талдау, ұсынылған материалдарды қолдану жайын анықтау кезінде «Бағдаршам» әдісін қолдану арқылы тақырыпқа сәйкес өтілген материалдың бастауыш сыныпқа қажеттілігін анықтадық. Білімгерлер **жасыл түс**пен бастауыш сынып оқушыларына түсінікті болатын, ұсынуға қолайлы материалдарды белгілесе, **сары түс**пен өзгерте отырып ұсынылатын материалдарды, **қызыл түс**пен ұсынылуға келмейтін материалдарды белгіледі [7, 27-б].

«Шешімдер ағашы» технологиясында ағаштың құрылысы негізге алынады: дің – сұрақ, жапырақтар - шешім. Бір сұрақтың бірнеше шешімі болуы мүмкін. Мысалы: «Этнопедагогика пәнін өз мамандығыңызбен байланыстырыңыз» деген сұрақты әр мамандықта оқитын білімгерлердің талдауы [7, 36-б].

«Диаманта» әдісі – бұл әдіс «Синквейн» әдісіне ұқсас, бірақ бес емес жеті жолдан тұратын өлең түрі, бірінші және соңғы жолдары қарама-қарсы мәнде болуы қажет[7, 39-б].

“Кластер құру” әдісін білімді жүйелеуге қолданамын. Кластер дегеніміз - белгілі бір материал туралы мәліметті графикалық тұрғыда ұсыну. Кластер сөзінің аудармасы - шоқжұлдыз, сәуле дегенді білдіретіні баршамызға мәлім. Білімгер негізгі ұғымды парақтың ортасына жазады және одан әр түрлі бағытта осы сөзді басқа сөздермен байланыстыратын сызба-сәулелер салады, олар жан-жаққа жалғастырылып сызыла береді.

“Кластер” әдісі сабақтың кез-келген бөлігінде: кіріспе бөлімде - ойлауды тақырыпқа бағыттау үшін, түсіну бөлімінде - оқу материалын құрылымдау үшін, рефлекцияда - білімгерлердің білімді меңгеруін қорытындылау үшін қолданылады. Жеке және топтық жұмыста қолданылады, аудиторияда да, үй жұмысын орындауда да қолдануға болады [7, 97-б].

«Дауыстап ойлау» әдісінде білімгерлер жұптаса отырып, берілген лекция мәтінін біреуі дауыстап оқиды, екіншісі тыңдайды, сұрақтары болса қояды, өзара талқылайды, жаңа мәліметтерді топ алдында әңгімелейді. Бір-біріне түсіндіреді [8].

«Бір минуттық әңгіме» тәсілі (*Иен Майлс бойынша).*Білімгерлер бір-біріне қарама-қарсы тұрып, тақырып бойынша жұптық әңгіме жүргізеді. Ой қозғау, сабаққа зейінді шоғырландыру мақсатында ұйымдастырылады [8].

«Аяқталмаған сөйлемдер...» әдісі жаппай қолдануға арналған әдіс түріне жатады. Білімгерлердің назарын туындаған мәселеге және талқылауға арналған тақырыпқа аудара отырып, сұрақтар, цитаталар, қысқаша оқиға, шағын тапсырмаларды аяқтау тапсырылады[8].

Ұсынылған әдіс-тәсілдерді цифрлық құралдар көмегімен де оңтайлы ұйымдастыруға болады. 2019 жылдың желтоқсан айынан басталған жаһандық пандемия мұғалімдердің цифрлық құралдарға жаппай ден қоюымен ерекшеленді, яғни педагог интербелсенді әдістермен қатар ақпараттық технологияларды жетік меңгеруі қажеттігі байқалды. Қазіргі уақытта **цифрлық ресурстар** өте көп [9, 92-б].

Power point бағдарламасы. PowerPoint идеясы Беркли Университетінің студенті Боб Гаскинсқа тән. 1984 жылы Деннис Остинмен Presenter бағдарламасын жасады. Біз қолданып жүрген нұсқасын Том Рудкинмен бірлесіп құрды. 1987 жылдан бері Microsoft Office программасының жиынтығына кірді. Бұл PowerPoint бағдарламасының таныстырылым жасауға арналған бағдарлама ретінде әлемде кең таралуына себепші болды.

Білімгерлермен аталған бағдарлама арқылы тақырыпқа сәйкес жаңа білім беруге, заманауи таныстырылымдар әзірлеуге, үй тапсырмасы бойынша білімгердің ізденіс-зерттеушілік жұмыстарын ұсынуға қолданамыз.

Полли онлайн-сервисі – онлайн сауалнама жүргізудің ең оңай жолы.

Бірнеше нұсқалы сұрақтарды дайындап WhatsApp, Facebook, электрондық почта, Instagram арқылы жіберуге болады. Сауалнама құрушы сұрақтардың санын, аяқталу уақытын, жауап берушілердің өз нұсқасын жазу мүмкіндігін дербес анықтайды. Бір сұраққа бірнеше жауап жазу, оларды топтастыру, жауап беруші аты-жөнін көрсетпеу мүмкіндіктеріне ие. Бұл сервис арқылы кері байланыс беру, түрлі сұрақтарды онлайн талқылауға, білімгерлерді бағалауда қолдануға болады.

Mentimeter онлайн-сервисі –интерактивті презентациялар жасауға арналған онлайн-қызмет. Ментиметр арқылы аудиториямен диалог құрып сөйлесу мүмкіндігі бар. Оның көмегімен нақты уақыт режимінде сауалнама, дауыс беру және викторина өткізуге болады. Бұл құралды аудиторияның қызығушылығын арттыру үшін пайдаланамын.

Jamboard тақтасы Google платформасының мүмкіншіліктерінің бірі. Педагогтермен жұмыс барысында кері байланыс, рефлексия, өзіндік бағалауды ұйымдастыруда қолданылуда.

Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін түрлі тапсырмалар орындатуға қолдануға болады. Бұнда сұрақтарға жауап беру, сөзжұмбақтар шешу, сәйкестендіру жаттығуларын орындау сияқты тапсырмаларды орындатуға болады.

Әрине, қолданылатын әдістер мен цифрлық ресурстар бұнымен шектелмейді. Бастысы оқытушының өз пәніне қызығушылықпен, жаңашылдықпен қарауы деп айтуға болады. Соынмен қатар жыл сайын жаңаратын қоғам пдагогтерге тың дүниені әлі талай ұсынатыны сөзсіз, сондықтан бұл бағыттағы жұмыс үнемі толығып, өзгеріп, жалғасып отыратыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі.
2. Филиософиялық энциклопедия, Құрастырушылар: Т.Х. Ғабитов, философия ғылымдарының докторы, профессор С. Е. Нұрмұратов, философия ғылымдарының докторы, профессор; – Алматы: Лантар Трейд, 2021. – 527 б.
3. Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985. - 208 с.
4. Конаржевский Ю.А. Анализ урока. – Просвещение, 1991.
5. З.Байжанова. Жалпы педагогика – Алматы: «Таймас» баспа» үйі, 2008, - 168 б
6. А.Х.Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014
7. Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер: әдістемелік құрал./ құрасырған С.Симбаева. – Нұрсұлтан: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, - 2019. – 133б.
8. Әнесов Ғ.Ә. Педагогикалық әдіс-тәсілдер - білім сапасын арттырудың басты құралы. (Электронды ресурс), дерек көз: https://adisteme.kz/pedagogikalyq-adis-tasilder-bilim-sapasyn-arttyrydyn-basty-quraly.html
9. Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету бойынша оқу-әдістемелік құрал, Алматы, 2007 ж, -136б

ОҚУ ҮРДІСІНЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Сагиндыкова Нуржамал Осеровна,
Орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы
«№ 14 колледж» МКҚК

Аннотация: Бұл мақалада оқу үрдісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы маңызы, әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, электронды оқыту жүйесі жобасы аясында жасалған ЦБР мазмұны мен құрылымын талдау қарастырылған. Сонымен қатар, ЦБР-ге қойылатын талаптар, қағидалар, топтамалардың мазмұны, және оны қолданудың әдістері көрсетілген.

Аннотация: В данной статье рассматривается значение использования цифровых образовательных ресурсов в образовательном процессе, описание методических особенностей, анализ содержания и структуры ЦОР, разработанных в рамках проекта системы электронного обучения. Кроме того, представлены требования к ЦОР, принципы, содержание пакетов и методы его применения.

Annotation: This article discusses the importance of using digital educational resources in the educational process, describes the methodological features, an analysis of the content and structure of the digital educational resources developed as part of the e-learning system project. In addition, the requirements for the digital educational resource, principles, contents and methods of its application are presented.

Тірек сөздер: цифрлық білім беру ресурсы, электрондық оқыту жүйесі, электронды оқулық, мультимедиялық презентациялар, ақпараттық технология.

Опорные слова: цифровой образовательный ресурс, система электронного обучения, электронный учебник, мультимедийные презентации, информационные технологии.

Keywords: digital educational resource, e-learning system, electronic textbook, multimedia presentations, information technology.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «**Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында** «Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру. Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар элементтерін енгізу айрықша маңызды. Осы және басқа да міндеттер мемлекеттік секторды толығымен «цифрлық қайта жүктеуді» талап етеді.

Біріншіден, «Электронды үкіметтің» мүлде жаңа құрылымын жасау керек. Мемлекеттік сектордың барлық IT-бастамасы тек қана қазақстандық мемтехтың жаңа платформасына негізделеді.

Екіншіден, біз мемлекеттік органдардың бизнес-үдерісін түгел қайта қарап, цифрлық форматқа көшіретін Цифрлық трансформация орталығын ашамыз.

Үшіншіден, ұлттық компаниялар IT-қауымдастықпен өзара қарым-қатынас жасайтын платформа құруымыз қажет. Квазимемлекеттік сектордың цифрлық қажеттілігі мен сұранысы барынша отандық компаниялардың күшімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады. Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс», - деп атап көрсетті. Осы Жолдауды іске асырудың көп алғышарттарының бірі ретінде Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасындағы «Электрондық оқыту: білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі, оған білім беру ұйымдарына қажетті оқу ресурстарының 90%-ы бар ғаламтормен, орта, техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) ұйымдарын сандық білімдік контентпен толық қамтамасыз ету, оқытушылар әзірлейтін электрондық сандық білімдік ресурстарды дамыту» сияқты міндеттер қойылып, олар табысты іске асырылуда екенін айтуға болады.

Бұл жобада білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы маңызы, әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, электронды оқыту жүйесі жобасы аясында жасалған ЦБР мазмұны мен құрылымын талдау қарастырылған. Сонымен қатар, ЦБР-ге қойылатын талаптар, қағидалар, топтамалардың мазмұны, және оны қолданудың әдістері көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Осы жағдайда білім берудің жаңа әдістерін, білім алушылардың толыққанды оқу-танымдық іс-әрекеттерін қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін іске асыру үшін Цифрлық білімдік ресурстар (ЦБР) құрал-жабдық ретінде қарастырылған, себебі ЦБР айтарлықтай түрде дәстүрлі оқыту формасын дамытуға бейімделген, оның көрнекі оқу материалын, безендірулерді, аудио- мен бейне материалдардың үлкен мөлшерін енгізуге мүмкіндігі бар.

Оқу үрдісіне ЦБР-ды қолдану нәтижесінде:

- сабақтың түрлі кезеңдеріне ЦБР элементтерін енгізу арқылы оқу үрдісінің тиімділігі артады;
- оқытушы мен білім алушылар сабаққа дайындалу кезінде сан-алуан материалдарды пайдалануға мүмкіндік алады;
- кейбір үрдістердің динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді (бейнеүзінділер, анимация);
- өтілетін сабақтардың көрнекілігі артады;
- басқаша әдістермен көрсетуге болмайтын нысандарды көруге мүмкіндік береді;
- жергілікті желілерді пайдалану арқылы сабаққа дайындалу кезінде білім алушылар өздерінің икемділігі мен дағдыларын пысықтау сапалы болады.

Педагогтардың өздерінің авторлық материалдарын дайындауға көмектесуге арналған Электрондық оқытудың ақпараттық жүйесінің (ЭОАЖ) негізгі компоненті – электрондық кітапхана, оның ішіне әдістемелік ұсынымдар мен мыңдаған ЦБР-ы енгізілген. Екі қызметтік бөліктен тұратын «ЦБР дизайнері» модулінде онлайн-режимінде оқу курстарын және офлайн-режимінде цифрлық білімдік ресурстарды дайындауға болады. Онлайн-режимінде оқу курстарын дайындау бойынша қызмет онлайн-режимінде LMS (Learning Management System) ЭОАЖ-нің өзінде оқу курстарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Оқу курстарын дайындау курстың құрылымын беруге және электрондық кітапхананың басқа білімдік ресурстарынан жеке элементтерге сілтемелер есебінен оның мазмұнын толықтыруға мүмкіндік береді. Онлайн-режимінде ЦБР-ды дайындау бойынша қызмет мамандандырылған бағдарламалық өнімде ЦБР-ды дайындау мүмкіндігін ұсынады және LMS ЭОАЖ-мен қосылуының бар немесе жоқ болуынан тәуелді болмайды. Қазіргі кезеңде ЭОАЖ-н енгізу жобасының ауқымында онлайн-режимінде ЦБР-ды дайындауға мүмкіндік беретін бағдарламалық Жасақтама көптеген білім беру ұйымдарына орнатылған.

Ал ЦБР-ды төмендегіше шартты түрде жіктесе болады:

Білімнің өзектілігін арттыруға арналған ЦБР-ы:

- электрондық тесттер;
- ЦБР.

Жаңа оқу материалдарын түсіндіру кезеңіндегі ЦБР-ы:
- электрондық оқулықтар;
- мультимедиялық презентациялар;
- оқу бейнефильмдері.

Білімді, икемділікті және дағдыларды бағалау мен бақылауға арналған ЦБР:
- жобалау жұмыстары;
- тренажерларға арналған бағдарламалар;
- білім алушыларды аттестаттауға арналған материалдар.

Цифрлық білім ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, білім алушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда білім алушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы орайда айта кететін жайт, жоғарыда жазылған техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) ұйымдарын цифрлық білімдік контентпен қамтамасыз етуге ҚР БжҒМ-інің үйлестіруімен Ұлыбритания (Sibeko), Румыния, Польша мемлекеттерінің мамандарымен бірге «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ ғалымдарының құрамында «№14 колледж» МКҚК оқытушылары Ө.Рысбаев, Н.Сагиндыкова қатысып, ТжКБ арналған ЦБР компоненттеріне кіретін тест сұрақтары мен жауаптарын дайындауға «Ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу, күту мен баптау», «Мал шаруашылығында қолданылатын машиналар» мамандықтары бойынша атсалысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.К.Тоқаев «**Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»** ҚР Президентінің **Қазақстан халқына Жолдауы** [электронный ресурс]- :http//www.akorda.kz Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

2. З. Арысбаева «Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері»//Қазақстан мектебі. № 1. 2007. 69-70 б.

3. Авдеева С. Цифровые ресурсы в учебном процессе: [о проекте «Информатизация системы образования» и о создании Единой коллекции цифровых образовательных ресурсов] Народное образование. – 2008. – № 1. – С. 176-182.

4. Российский общеобразовательный портал по разработке цифровых образовательных ресурсов нового поколения [электронный ресурс]-:http// edu.of.ru/zaoch/default.asp?ob_no=8845.

5. Савелова Е. В. Цифровые образовательные ресурсы в колледже: методика использования. Обществознание. Сборник учебно-методических материалов для педагогических вузов. — М.: Университетская книг, 2008. — 224 с.

6. А. Құлқараев «E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері.//Электрондық мектеп. – №2 – 2013.

Таймагамбетова Алмагуль Амидоллаевна,
преподаватель русского языка и литературы. Педагог-модератор
Amidollaevna.a.t@mail.ru
Актюбинский Высший медицинский колледж
имени Героя Советского союза Маншук Маметовой.

Аннотация:
В статье анализируется актуальная на сегодняшний день проблема визуализации знаний в обучении. Речь идет о необходимости обучать студентов способам самостоятельно представлять вербальную информацию в графической форме, что способствует увеличению темпа мышления, формированию умения работать с большими объемами учебной информации, а также концептуально структурировать и упорядочить полученные знания. Автором обобщается практический опыт работы в данном направлении, а так же предложены к рассмотрению психолого-педагогические условия обучения студентов, и краткое представление курса по выбору «Визуализация знаний», разработанного для будущих учителей технологии.

Аннотация:
Мақалада бүгінгі таңда оқытудағы білімді визуализациялаудың өзекті мәселесі талданады. Бұл студенттерге ауызша ақпаратты графикалық түрде өз бетінше ұсыну тәсілдерін үйрету қажеттілігі туралы, бұл ойлау қарқынын арттыруға, Оқу ақпаратының үлкен көлемімен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға, сондай-ақ алған білімдерін тұжырымдамалық құрылымдауға және ретке келтіруге ықпал етеді. Автор осы бағыттағы практикалық жұмыс тәжірибесін жинақтайды, сонымен қатар студенттерді оқытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын қарастыруды және болашақ технология мұғалімдері үшін әзірленген "білімді визуализациялау" курсын қысқаша ұсынуды ұсынады

Annotation:
The article analyzes the current problem of knowledge visualization in education. We are talking about the need to teach students how to independently present verbal information in graphic form, which helps to increase the pace of thinking, the formation of the ability to work with large amounts of educational information, as well as conceptually structure and organize the knowledge gained. The author summarizes the practical experience in this area, as well as the psychological and pedagogical conditions for teaching students, and a brief presentation of the elective course "Knowledge Visualization", developed for future technology teachers.

Ключевые слова: инновации в образовании, новые направления развития образования, тенденции развития современного образования, миссия образования.

Тірек сөздер: Білім берудегі инновациялар, білім беруді дамытудың жаңа бағыттары, қазіргі білім беруді дамыту үрдістері, білім беру миссиясы.

Key words: innovations in education, new directions of education development, tendencies of modern education development, mission of education.

Категория образования на протяжении истории развития педагогической науки рассматривалась с различных позиций: образование как процесс, как результат, как система и как ценность. Сегодня образование следует изучать под несколько иным углом зрения: образование как компонент культуры человека, как накопленный человеческий капитал, как социальное благо. Первые три позиции достаточно полно раскрыты в педагогической литературе. Остановимся лишь на некоторых уточняющих моментах. Первая позиция предполагает освоение человеком в условиях образовательного учреждения либо посредством самообразования системы знаний, умений и навыков, опыта познавательной и практической деятельности, ценностных ориентаций и отношений обучающих и обучающихся, воспитателей и воспитанников, воздействий и взаимодействий их друг с

другом. Вторая – характеристика уровня достижений обучающихся в освоении знаний, умений, навыков, опыта деятельности и отношений. В этом и состоит суть образования как результата. Рассмотренные позиции свидетельствуют о том, что в центре внимания находятся знания как соответствующие результаты духовного богатства человечества, накопленного им в историческом опыте. Такой подход предполагает накопление знаний, формирование умений и навыков (знаниево-ориентированный подход), которые способствуют социализации человека, вхождению его в социум. С такой точки зрения их можно отнести к жизнеобеспечивающей системе человека. При этом они поглощают самого человека, заслоняя его личность. Процесс образования превращается в академизм, а знания при этом становятся абсолютной ценностью. В современных условиях наиболее актуальным становится обращение не к знаниям, умениями и навыкам, а к компетентности и компетенциям Подход к образованию как к системе предполагает совокупность преемственных образовательных программ и государственных образовательных стандартов, сеть реализующих их образовательных учреждений, органов управления образованием. Данная позиция может быть названа управленческой. Она только регламентирует, что входит в образование как систему. Наиболее сложным является рассмотрение образования с позиции ценностного подхода. Под воздействием происходящей в стране трансформации меняются функции образования и воспитания, которые становятся намного шире и важнее, нежели только обучение, подготовка человека к какому-либо виду трудовой деятельности. Происходит утверждение личностно ориентированного подхода, при котором образование выступает как достояние определенной личности, как соответствующая ценность для конкретного человека. Существенным сдвигом в общественном сознании является переориентация образования на новые базовые ценности: с обеспечения потребностей производства и экономики в рабочей силе определенного качества на обеспечение потребностей самого человека в получении образовательных услуг соответствующего качества. Интересен подход к образованию как компоненте культуры человека. Культура и образование находятся в тесной связи друг с другом. Без передачи последующим поколениям образцов культуры, способов взаимодействия человека с окружающим миром вряд ли можно представить человеческую жизнь. Педагогическая проблема, какой бы она ни была, таит в себе общечеловеческое в том смысле, что она имеет универсальный характер и представляет общую ценность для всех народов мира

Задачей образования XXI в. является преодоление кризиса культуры, духовности и гуманизма. Социальная направленность. Приоритет отводится социальным требованиям к человеку как гражданину, труженику, члену общества, его качествам и способностям. Образованность становится одной из решающих жизненных ценностей. 10 педагогика и психология Содержательно ориентированная направленность определяется возросшими требованиями мирового сообщества к получаемым знаниям, умениям и навыкам в связи с новым уровнем производства, науки и культуры. Образовательные системы становятся призванными готовить специалистов высокого уровня профессиональной квалификации. Процессуально ориентированная направленность. Предпочтение отдается в этом случае самому процессу обучения, образовательным технологиям, методике преподавания и методике обучения, совместной деятельности обучаемого и обучающего. Личностно ориентированная направленность выражается в безусловном приоритете интересов развивающейся личности и реализуется через личностно ориентированную технологию обучения и воспитания. Итак, выстраивается новая педагогика, в основу которой положена идея гуманизма, его паритетности, признания высшей ценности – человеческой жизни и жизни вообще. К основным тенденциям и направлениям развития современного образования следует отнести такие, как глобализация, фундаментализация, гуманизация, технологизация, стандартизация, компьютеризация. Остановимся более подробно на выявленных тенденциях современного образования. Гуманитаризация образования касается вопросов обучения, воспитания и развития личности обучаемых, а также вопросов его организации,

функционирования и управления. Предполагается, что она должна реализовываться во всей системе образования, пронизывая гуманитарную и естественно-научную составляющие образования, область технических, инженерных, экономических и других наук. Гуманитаризация – частное проявление общей задачи, связанной с возрождением культурно соотнесенного образования. Гуманитаризировать образование – значит выявить личностный смысл при изучении учебных дисциплин как гуманитарного, так и естественно-научного направлений, осознать его значимость с позиции каждой личности, т.е. сделать его личностно ориентированным и личностно значимымВажным направлением развития образования является технологизация образовательного процесса, которое предполагает внедрение в образование современного эффективного и продуктивного инструментария, высокоэффективных информационных технологий, продолжающуюся повсеместную компьютеризацию. Будущее образования – это образование с все увеличивающейся долей участия компьютера и информационных компьютерных технологий. В образовательный процесс приходит «компьютика», наука о совместной деятельности преподавателя, обучающегося и компьютера . Следует отметить, что в содержании образования происходят крупные изменения в связи с его стандартизацией, функция которой двояка. С одной стороны, стандартизация означает придание некоторого однообразия, а с другой – предполагает такое содержание образования, которое удовлетворяло бы соответствующему стандарту. И весь вопрос в том, чтобы не ошибиться, так как образование само по себе явление творческое.

Литература

1. Смирнов, И.П. Новый принцип воспитания: ориентация на интересы молодежи / И.П. Смирнов, Е.В. Ткаченко. – М., 2005.

2. Загвязинский, В.И. Теория обучения: современная интерпретация : учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений / В.И. Загвязинский. – М., 2001.

3. Гершунский, Б.С. Философия образования для XXI Библиографический список века : учеб. пособие для самообразования. – 2-е изд., пере

КӘСІПТІК ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Темірмұқанова Гүлназ Аманкелдіқызы,
Техника ғылымдарының магистрі,
арнайы пән оқытушысы
Кудабаева Гулжайнар Кабасовна,
арнайы пән оқытушысы
Қуандықұлы Асланбек
07130100-Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша) мамандығының 3 курс студенті
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі

Аңдатпа. Мақалада оқытудың жаңа инновациялық технологиясы - оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыру қаралады.

Аннотация. В статье рассматривается новая инновационная технология обучения-гуманизация обучения, формирование квалифицированной, разносторонней личности, способной саморазвиваться и воспитываться, следовать веяниям времени.

Abstract. The article deals with a new innovative technology of teaching-the humanization of learning, the formation of a qualified, versatile personality, capable of self-development and education, to follow the trends of the time.

Кілт сөздер: педагогика, технология, инновация, шығармашылық, жаңа формация оқытушысы, білім, тәрбие.

Ключевые слова: педагогика, технологии, инновации, творчество, учитель новой формации, воспитание, воспитание.

Keywords: pedagogics, technology, innovation, work, technology knowledge, education.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі студенттерді оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Инновациялық технологияны пайдалану-өмір талабы.

Қазіргі арнайы пән оқытушыларының міндеті - білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы - оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Студенттердің кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады.

«Жас маман» жобасы 2019 ж Жастар жылының ашылу салтанатында берілген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің тапсырмасына сәйкес әзірленген. «Жас маман» жобасының мақсаты - ең көп талап етілетін 100 кәсіп бойынша 180 колледж бен 20 университетті жаңарту және білікті мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу.


Қазіргі таңда ең өзекті мәселенің бірі жастарға кәсіптік-техникалық білім беру. Осы орайда «Жас маман» жобасының артықшылығы - ең қажетті мамандықтарға басымдық берілуі. Яғни қазіргі сұраныстағы мамандықтарды сапалы етіп шығаруға ерекше мән беріліп отыр. Сонымен қатар, бәсекеге қабілетті маман даярлау бойынша оқыту жоспарларының барлығын жандандырып, өзгертіліп жатыр.

«Жас маман» жобасының негізгі міндеттері - аймақтар бойынша сұранысқа ие 100 өндірістік және қызмет көрсету кәсіптерін анықтау, таңдалған мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын колледждер мен университеттерді таңдау, білім беру ұйымдарының материалдық - техникалық базасын қалыптастыру, білім беру үдерісін жаңарту, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін даярлау, сондай-ақ жарияланған мамандық бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес оқыту бағдарламасын құруға көмектесу үшін шетелдік серіктестерді тарту, қосымша қаржыландыру шартымен колледждерге жабдықтар сатып алу болып табылады.

«Жас маман» жобасын іске асыру нәтижесінде білім беру ұйымдары ұлттық және халықаралық деңгейде сұранысқа ие мамандарды даярлауға қажетті заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі, өз аймағының мәлімделген мамандығы бойынша құзыреттілік орталықтарына айналады, сонымен қатар қатысушыларды WorldSkills чемпионаттарына дайындайды. Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі «Жас маман» жобасына қатысып, 2021 жылдың жеңімпазы атанған болатын.

Осы аталған жоба бойынша 180 колледждің ішіне біздің де колледж «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары» мамандығының «Техник-электрик» біліктілігі бойынша кіріп отыр.

"Жас маман" жобасының негізігі шарттарына сәйкес қондырғылармен құрал-жабдықтар сатып алу бойынша келісім шарт жасалынды. Келісім шартқа сәйкес «Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры» компьютерлік тренажер-аналитикалық кешенінің құрал-жабдықтары толықтай жеткізіліп, орнату және құрал-жабдықтарды қолдану бойынша оқыту курстары жасалынды.



«Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры» компьютерлік тренажер-аналитикалық кешені зертханасы



КАЗИНТЕРСЕРВИС

СЕРТИФИКАТ

подтверждает, что

Темірмұратова Гүлназ Аманкелдіқызын

прошел (-ла) обучение по работе с тренажером
«Тренажер узловой подстанции 110/35/6 кВ»
длительность обучения 36 часов

Директор Аскарова Р.Г.

Дата 18.09.2021



CERTIFICATE

about passing the professional trainibg course according to the program:

Simulator of the distribution substation 110/35/6 kV

International Centre of Educational Systems and Department "Technical and vocational education and training' of the International UNESCO/ICES Chair/Network "IVET' operating on the basis of JSC 'TEST' have issued this Certificate to

Temirmukanova Gulnaz Amankeldikyzi

successfully completed a vocational training course (40 hours).

Director General of JSC 'TEST'
Doctor of Technical Sciences E.N. Arkhipova

Reg. № TVET/TEST/ 21/00090 15/09/2021

СЕРТИФИКАТ

о прохождении курса профессионального обучения по программе:

«Тренажер узловой подстанции 110/35/6 кВ»

Международный центр обучающих систем и Департамент «Техническое и профессиональное образование и подготовка кадров» Международной кафедры-сети ЮНЕСКО/МЦОС «IVET», функционирующей на базе АО «ТЭСТ», выдали настоящий Сертификат

Темірмұратова Гүлназ Аманкелдіқызын

успешно прошедшего (прошедшей) курс профессионального обучения (40 часов).

Генеральный директор АО «ТЭСТ»,
доктор технических наук Е.Н.Архипова

Рег. №TVET/ТЭСТ/ 21/00090 15/09/2021

«КазИнтерСервис» компаниясы және Ресей мемлекетінің «ТЭСТ» АҚ базасында функцияланатын «Техникалық және кәсіптік білім және кадрларды дайындау» халықаралық орталығы жүргізген курс сертификаттары





«Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры» компьютерлік тренажер-аналитикалық кешені зертханасында практикалық сабақтардың жүру процесі

Қондырғылармен құрал-жабдықтарды қолдану бойынша **инженер педагог-қызметкерлер** біліктілікті арттыру курсынан өтіп, **сертификатқа** ие болды. Жоба бойынша әкелінген құрал-жабдықтар «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары» мамандығының 2,3,4-курс студенттерінің арнайы пән сабақтарында қолданылып жатыр.

«**Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі**» жоғарыда атап өтілген тұжырымдамаларды ескере отырып студенттердің сапалы білім алу және қазіргі заман талабына сай маман болуы үшін білім беру базасын жоғары деңгейде жақсартылып келеді.

Аталған тренажер Республика бойынша оқу орындарында алғашқы болып Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжінде қондырылған. Бұл тренажердің мүмкіндігі-қосалқы станциялардың барлық диспетчерлік жұмысын толық атқаруды үйретуіне мүмкіндік беруі, яғни диспетчерлік қызметтің 18 негізгі бағытында жұмыс жасауы.

Енді «Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры» компьютерлік тренажер-аналитикалық кешеніне қысқаша техникалық сипаттама беріп өтейін.

110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры - қосалқы станцияның электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеумен байланысты электр жабдығының жұмысын және процестерді имитациялайтын арнайы бағдарламалық-техникалық құралдардың кешені.

110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры техникалық қызмет көрсету және жөндеу тұлғасының жабдықтың жұмысын бақылау, сынау және диагностикалау жабдықтары бөлігінде техникалық қызмет және жөндеу жұмыстарын жүргізе отырып, оқытуға және практикалық дағды алуға арналған. Бұл тренажер қосалқы станцияның электр жабдығының дұрыс пайдалануға жауап беретін техникалық қызмет көрсету және жөндеу тұлғасына арналған. Бұл тренажерді игеру барысында студенттер өндіріс орнына барғанда диспетчерлік қызметтердіы атқара алады.

«Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станциясы» компьютерлік тренажер-аналитикалық кешені №16 НЯЦ Талғар РЭС ПС схемалары негізінде құрылған. Екі үш орамды трансформаторы 110 кВ, 35 кВ және 6 кВ үш тарату құрылғыларын бір электр схемасына біріктіреді.

Жоғарыда айтылғандардан көрініп тұрғандай схема айтарлықтай ыңғайлы және сенімді, тұтынушыларды үздіксіз электрмен жабдықтауға, жабдықты электр қуатын үзбей жөндеуге шығаруға және төтенше жағдайларды тиімді жоюға мүмкіндік береді.

Тренажер құрамы:

«Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станциясы тренажері» кешенінің құрамына мыналар кіреді:

1. Негізгі мнемосхема. Бұл мнемосхемада ҚС негізгі электрлік жалғаулары көрсетіледі.
2. ОРУ-110, ОРУ-35, ОРУ-6 мнемосхемаларымен және дабыл қалқандары, аспаптары бар орталық басқару щитінің мнемосхемасы.
3. Электр қосылыстарының оперативті схемасы. Трансформаторлар арқылы шиналардағы барлық схемалар, жиілік параметрлері, шиналық кернеулер, қосылған желілер бойындағы қуаттар мен токтар көрсетілген.
4. Т-1,Т-2 трансформаторлардың мнемосхемалары.

110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажері мынадай модельдеу блоктарынан тұрады, яғни математикалық сипаттамасы:

1.Ашық тарату құрылғылары-110 кВ.
2. Ашық тарату құрылғылары-35 кВ.
3. КРУ-6 кВ.
4. Трансформатор Т-1.
5. Трансформатор-Т-2.
6. Релелік қорғаныс.
7. Дабыл.

Жаттығудың базалық автоматтандырылған сценариінің құрамы.

Әрбір тапсырма электр станциясында қолданыстағы пайдалану нұсқаулары негізінде құрастырылған және стандартты технологиялық операциялардың бірі болып табылады. Тренажер стандартты тапсырмалар жиынтығымен жабдықталған, жұмысты орындап болғаннан кейін баға автоматты түрде қойылады.

Трансформаторлық подстанция өте жоғары қауіптілігі бар нысандар, сондықтан оқыту процесі барысында оның ішіне кіріп, сабақ жүргізуге мүмкіндік жоқ. Сол себептен осы тренажер ПС қызметтердің бәрін мнемосхемалардың көмегімен және реалдық уақытта техникалық қызмет көрсету процестерін оқып-үйренуге, тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Бұл тренажер тек қана оқу процесінде тәжірибелік жұмыстарды орындап ғана қоймай, бақылау, бағалау мүмкіндіктерін де береді. Бұл тренажерді қолдана отырып, орындалып жатқан практикалық жұмыс процесін басқаруға болады және оқушылардың жұмыс нәтижесі мен үлгерімін бағалауға мүмкіндік аламыз. Студенттеріміздің жасаған жұмысы бойынша

жіберген қателіктерін көрсетіп береді және арнайы пәндерді оқытуда таптырмас оқу - жаттығу кешені болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007. [5, б.]
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008. [17, б.]
3. www.testenergo.ru

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Хуанбай Жанар Хуанбайқызы,
Талдықорған индустриялық колледжі
Химия, информатика пәндерінің оқытушысы

Түйіндеме: Мақалада жалпы және орта білім, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инновациялық білім беру технологиялары баяндалады. Инновациялық оқытудың көптеген жолдарымен таныстыра отырып , әр түрлі оқытуға тоқталып анықтама беріледі. Инновациялық оқытудың тиімді тұстары сипатталады.

Аннотация: В статье описаны инновационные образовательные технологии в общем и среднем образовании, технических и профессиональных образовательных организациях. Путем введения множества способов инновационного обучения дается определение, ориентированное на различные типы обучения. Описаны эффективные аспекты инновационного обучения.

Abstract: The article describes innovative educational technologies in general and secondary education, technical and professional educational organizations. By introducing many ways of innovative teaching, a definition is given focusing on different types of teaching. Effective aspects of innovative teaching are described.

Қазіргі білім беруді инновациялық үдерістерсіз елестету мүмкін емес. Жалпы мағынада «инновация» (латын тілінен аударғанда «innovation») – жаңалық, өзгерту, жаңару жаңа нәрсені жасау, игеру, пайдалану және тарату қызметімен байланысты. Бұл ретте басым ұстаным мынада: «Инновация – бұл жай ғана жасау..., жаңалықтарды тарату емес, ол іс-әрекет тәсілінің, ойлау стилінің өзгеруімен қатар жүретін маңызды өзгерістер.

Қазіргі уақытта инновациялық оқытудың көптеген жолдары бар, мысалы, модульдік оқыту, электронды-интерактивті оқыту, проблемалық оқыту, қашықтықтан оқыту, зерттеу әдістемелік оқыту, жобалық әдіс т.б.

Олай болса, инновациялық білім беру технологияларының басты мақсаты – адамды үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайындау. Инновациялық қызметтің мақсаты – дәстүрлі жүйемен салыстырғанда оқушы тұлғасының сапалық өзгеруі. Іс-әрекетке түрткі болу, алынған ақпаратты өз бетінше бағдарлау қабілетін дамыту, шығармашылық дәстүрлі емес ойлауды қалыптастыру, ғылым мен тәжірибенің соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, балалардың табиғи қабілеттерін барынша ашу арқылы дамыту инновациялық қызметтің негізгі мақсаты болып табылады.

Модульдік оқыту.

Мектептің негізгі міндеттері: қажетті ақпаратты өз бетінше таңдауға және пайдалануға үйрету. Осы мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін оқыту құралдарының бірі модульдік оқыту болып табылады. Оның мәні оқу мақсаттарын, оқу материалын тапсырмаларға арналған нұсқауларды және осы тапсырмаларды орындау бойынша ұсыныстарды біріктіретін модуль бойынша жұмыс істеу процесінде оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінің мақсатына өз бетінше жетуінде. Модуль – бұл мазмұнды меңгеру үшін білім беру мазмұны мен оқу әрекетінің әдістерін біріктіретін мақсатты функционалдық бірлік.

Модульдік сабақ студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне, қарым-қатынас жасауына және бір-біріне көмектесуіне, өз жұмысын және досының жұмысын бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір оқушы сабақтың мақсатын, нені оқып, не нәрсеге назарын аудару керектігін түсінуі қажет. Модульдік оқытуда мұғалімнің рөлі оқушылардың жұмысын басқаруға дейін төмендейді. Бұл жұмысты ұйымдастыру арқылы ол әрбір студентпен дерлік тіл табысып, әлсіз оқушыларға көмектесіп, мықты оқушыларды ынталандыруға мүмкіндік алады. Модульдік-технологиялық оқыту жаңа материалды меңгеру деңгейін анықтауға және оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жылдам анықтауға мүмкіндік береді.

Электронды-интерактивті тренинг

Электронды – интерактивті оқыту – желілік технологиялар (Интернет) ресми және бейресми нұсқауларды, қолдау мен бағалауды беру үшін қолданылатын білім беру технологиясы.

Интерактивті оқытудың мәні – оқушылардың барлығы дерлік таным процесіне қатысатын, олардың білгенін және ойлағанын түсінуге және ой елегінен өткізуге мүмкіндік алатын оқу үдерісін ұйымдастыру. Сыныптағы интерактивті іс-әрекет диалогтық қарым-қатынасты ұйымдастыруды және дамытуды көздейді, бұл өзара әрекетке, өзара түсіністікке, әрбір қатысушы үшін ортақ, бірақ маңызды міндеттерді бірлесіп шешуге әкеледі. Интерактивтілік бір сөйлеушінің немесе бір пікірдің басқаларға үстемдігін жояды. Диалогтік оқыту барысында оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға, жағдайлар мен тиісті ақпаратты талдауға негізделген күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді таразылауға, ойластырылған шешім қабылдауға, талқылауға қатысуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Ол үшін сабақтарда жеке, жұптық, топтық жұмыстар, зерттеу жобалары, рөлдік ойындар, құжаттармен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс, шығармашылық жұмыстар, сызбалар т.б. Мультимедиялық, интерактивті, мобильді, сымсыз кабинеттер білім беру жобалары үшін өзекті.

Проблемалық оқыту – оқытудың әдістері мен құралдарының жүйесі, оның негізі проблемалық ситуацияны құру және мәселенің шешімін іздеуді басқару арқылы нақты шығармашылық процесті модельдеу болып табылады.

Проблемалық оқытудың мақсаты – ғылыми білімнің нәтижелерін және білім жүйесін меңгеру ғана емес, сонымен қатар осы нәтижелерді алу тәсілдерінің өзі, оқушының танымдық дербестігін қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқытуды ұйымдастырудың негізі – оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінің ізденіс принципі.

Қашықтан оқу – білім алушыға жағдай туғызатын, оқу пәндерін таңдай білуге, оқытушымен диалогтық алмасуға мүмкіндік беретін ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен техникалық құралдарды пайдалануға негізделген оқыту технологиясы, бұл ретте оқу процесі оқу орнының орналасқан жеріне байланысты емес. уақыт пен кеңістіктегі оқушы.

Қашықтықтан оқыту мыналарға мүмкіндік береді:

· оқыту шығындарын азайту;

· адамдардың көп бөлігін оқытуды қамтамасыз ету;

· заманауи құралдарды, үлкен электронды кітапханаларды және т.б. қолдану арқылы білім сапасын арттыру;

· біртұтас білім беру ортасын құру.

Зерттеу-әдістемелік дайындық және жобалық әдіс. Оқушылардың проблеманы көру және оны шешудің адекватты, стандартты емес жолдарын табу қабілеттерін дамыту студенттердің зерттеушілік әрекетін меңгерген жағдайда ғана мүмкін болады. Зерттеу – танымдық әрекеттің бір түрі. Ғылыми-зерттеу әрекеті оқушылардың белсенді, объективті, логикалық, гуманистік, бағдарлайтын және біріктіретін танымдық әрекетінің ерекшеліктеріне ие. Оқытудың зерттеу әдісі жаңа білімді игеру процесін ұйымдастыруды

көздейді. Зерттеу өз мәні бойынша белгісіз, жаңа білімді іздеу процесі, танымдық әрекет түрлерінің бірі.

Жобалық оқыту әдісі жобаны әзірлеу және құру процесін қамтиды. Дизайн - бұл нақты, анық түсінілген мәселенің шешімі. Жобалық әдістің басты артықшылығы – оқушылардың дербестігінің жоғары дәрежесі, инициативасы, танымдық мотивациясы, топтық қарым-қатынас процесінде оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, балалардың ғылыми-зерттеу шығармашылық іс-әрекетінде тәжірибені меңгеруі, білім, білік және дағдыларды пәнаралық интеграциялау. мүмкіндіктер.

Іскерлік ойындар оқытудың инновациялық әдісі ретінде дидактикалық ойындарға жатқызылады. Іскерлік ойындар дидактикалық ойын түрлерінің бірі болып табылады. Олар шешім қабылдауға, рөлдерді ойнауға, жанжалды жағдайларды шешуге, жасанды түрде жасалған немесе нақты тәжірибеден алынған әртүрлі жағдайларда, жағдайларда, жағдайларда қызмет нәтижелеріне баға беру, ұжымдық талқылау немесе сәйкес рөлдерді ойнау (жеке немесе топ) ойынға қатысушылардың өздері белгілеген немесе әзірлеген ережелерге сәйкес. Дидактикалық ойындардың бұл түрінің кеңінен қолданылуы екі себепке байланысты. Біріншіден, іскерлік ойындарды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін айтарлықтай арттырады. Ойынға тән толқу, нақты зақымнан қорықпай тәуекелге бару ойынға қатысушылардың еркіндік алуына және өз ойын толық көрсетуіне мүмкіндік береді. Іскерлік ойындарға «құмарлықтың» екінші себебі нарықтық қатынастардың қалыптасуы жағдайында қызметкерге қойылатын нақты талаптармен анықталады, іскерлік байланыстар аясы кеңейеді, арнайы білімнен басқа кәсіптік мектеп түлегі. және дағдылары, әртүрлі өмірлік және жұмыс жағдайларында әртүрлі адамдармен іскерлік қарым-қатынас тәжірибесін қажет етеді. Іскерлік байланыстардың өнімділігі көбінесе мақсатқа жетудің шешуші факторына айналады: қарым-қатынас тактикасын дұрыс таңдау, келіссөздер жүргізу мәдениеті, икемділік, ұстамдылық және әдептілік, іскерлік этикетті білу және сақтау іскерлік қарым-қатынастың сенімі мен құрметіне ие болуға мүмкіндік береді. серіктестер, оң имиджді жасаңыз және бұл өте маңызды, әсіресе тәуелсіз өмірлік саяхаттың басында. Осы қасиеттердің барлығын іскерлік ойындар кезінде тиімді дамытуға болады. Оқытуда қолданылатын іскерлік ойындардың ең типтік жағдайлары берілген жағдайларды талдау және оңтайлы шешім қабылдау болып табылады. Іскерлік ойынға әдетте келесі адамдар қатысады: топтарды толықтыратын, нұсқаулар беретін, ойын барысын ұйымдастыратын, әр команданың жалпы мақсатын және әр ойын кезеңінің мақсаттарын белгілейтін көшбасшы (көшбасшы), командалардың қызметін үйлестіреді және қажет болған жағдайда түзетеді, ойынға қатысушыларды белсендіруге күш салады; капитандар, топ жетекшілері: ұжымдардың ұжымдық қызмет субъектісіне айналуын қамтамасыз ету, ұжымда шығармашылық атмосфераны құруға күш салу, ойынға әрбір қатысушының ойынның шығармашылық процесіне белсенді түрде қосылуын қамтамасыз ету; ақпараттық-арбитраждық топ: жедел ақпаратты жинайды және өңдейді, ойын барысын талдайды және оның нәтижелерін бағалау үшін менеджерге ұсыныстар енгізеді; міндеті ойынның мақсаттарын барынша толық жүзеге асыру болып табылатын ойыншылар (команда мүшелері). Ойынның жетекшісі – арнайы пән мұғалімі. Іскерлік ойын процесіндегі оның орны мен рөлі көп қырлы: ойын алдында нұсқаушы, ойын барысында кеңесші, ал қорытынды шығарғанда бас төреші және қорытынды пікірталастың жетекшісі. Іскерлік ойынның технологиялық схемасы үш кезеңді қамтиды: дайындық кезеңі – мазмұны білім беру мақсатын, зерттелетін немесе тәжірибеге енгізілетін мәселені сипаттауды, негіздеуді қамтитын сценарийді әзірлеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Колесникова Т.А., Колокольникова З.У., Лобанова О.Б. Применение инновационных технологий в образовательном процессе современной школы // Научное обозрение. Педагогические науки. – 2017. – № 6-2. –

С. 261-269;
URL: https://science-pedagogy.ru/ru/article/view?id=1722 (дата обращения: 26.01.2024).
2. https://multiurok.ru/files/statia-innovatsionnye-metody-obucheniia.html
3. ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ: сборник статей Международной научно-практической конференции. – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение». – 2020. – 234 с.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚАЗАҚША БАЛАМАСЫ

Шаукарова Ақмарал,
Кәсіби шет тілі пәнінің оқытушысы
ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк
Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары
медициналық колледжі»

Аннотация: Көркем сөз өнерінің тілдік және поэтикалық санатына жатын мақал-мәтелдер мән-мазмұнының тереңдігімен, өткірлігімен, өміршеңдігімен, түп жағынан ықшамдылығымен ерекшенеді. Көлемінің ықшамдылығына қарамастан, бейнелі тілдік, бірліктер нақты да күрделі ойдың себеп-салдарын,халықтың өмір тәжірибесінің қорытындысы мен дәлелін қатар береді.

Тірек сөздер: мақал-мәтел, нақыл сөздер, тарихы,аралық симантика,жүйелеу.

Аннотация: Пословицы, относящиеся к лингвопоэтической категории художественной речи, отличаются глубиной смысла, остротой, жизненностью, компактностью.Несмотря на компактность, образные языковые единицы передают причины и следствия реальных и сложных мыслей, выводы и свидетельства жизненного опыта людей.

Ключевые слова: пословицы, история, промежуточная семантика, систематизация.

Бастауыш мектептегі білім өте үлкен білім көлемін қамтиды. Бұл білім балаларға тек теориялық түрде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір дағдыларды жаттықтыру үшін де берілуі керек. Қазіргі заманғы баланы табысты тәрбиелеу үшін сыныпта оқу процесіне қызығушылықты дамытуға, оқушылардың іс-әрекетінің мотивін қалыптастыруға және танымдық әрекетті белсендіруге ықпал ететін белгілі бір жағдайларды жасау қажет.

Бағдарлама жылдам оқуды үйренуге, оқуды ауызша қайталауға, қажетті ақпаратты есте сақтау қабілетін дамытуға көп көңіл бөледі. Мәтіндерді оқу және түсіну балалардың әлем туралы білімдерін кеңейтеді, олардың дүниетанымын қалыптастырады.

Ғылымды ілгерілету оның әдіснамалық бағыттарына да байланысты. Сондықтан қазіргі уақытта оқу орындарында технологияның теориялық және практикалық инновациялары қолданылады. Мұндай мәселелермен А. Я. Савельев, В. М. Максимов, Г. К. Селевко және т. б. ғалымдар айналысты. [1, с. 28]

Инновациялар немесе жаңашылдық адамның кез келген кәсіби іс-әрекетіне тән, сондықтан табиғи түрде зерттеу, талдау және негіздеу нысанасына айналады.

"Инновациялық білім беру технологиясы" дегеніміз не? Бұл өзара байланысты үш компоненттен тұратын кешен:

1. Білім алушыларға берілетін заманауи мазмұн пәндік білімді игеруді емес, қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін құзыреттерді дамытуды көздейді.
2. Оқытудың заманауи әдістері-бұл материалды пассивті қабылдауға ғана емес, білім алушылардың өзара әрекеттесуіне және олардың оқу процесіне қатысуына негізделген құзыреттілікті қалыптастырудың белсенді әдістері.
3. Қашықтықтан оқыту нысандарының артықшылықтарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін ақпараттық, технологиялық, ұйымдастырушылық және коммуникациялық компоненттерді қамтитын заманауи оқыту инфрақұрылымы. [2, с. 19]

Инновациялық білім беру технологияларының басты мақсаты – адамды үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайындау.

Инновациялар өздігінен пайда болмайды, олар ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдердің, тұтас ұжымдардың озық педагогикалық тәжірибесінің нәтижесі. Бұл процесс өздігінен болуы мүмкін емес, оны басқару керек.

Сергей Иванович Ожеговтың еңбегінде инновация ұғымына мынадай анықтама берілген:

- инновация – алғаш рет жасалған немесе жасалатын, пайда болған немесе жақында пайда болатын;
- ескісін ауыстыру, қайта жаңарту;
- кешегі өткенге немесе қазіргі уақытқа қатысты;
- жеткіліксіз зерттелмеген, белігіс аз деген ұғымды білдіреді.

Инновациялық технологиялар:

- Интерактивті тақта;
- Компьютерлік бағдарламалар;
- Мультимедиялық презентациялар;

Инновациялық технологияларды қолдану мұғалім мен оқушыға бірқатар артықшылықтар береді:

✓ *Мотивацияны жақсарту:* интерактивті оқыту пәнге деген қызығушылықты оятады және оқуға деген ынтаны арттырады.

✓ *Сыни ойлауды дамыту:* компьютерлік бағдарламалар мен презентацияларды қолдану студенттерге ақпаратты талдауға және қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

✓ *Жеке тәсіл:* интерактивті тапсырмалар әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге және оқу бағдарламасын оның қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

✓ *Білімді бағалау:* білімді бағалаудың заманауи жүйелері мұғалімге оқушылардың үлгерімі туралы жедел ақпарат алуға және оқу процесін түзетуге мүмкіндік береді.

Осы сияқты инновациялық технологиялар мұғалімге оқу үдерісін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. Заманауи технологияларды қолдану балаларға материалды жақсы меңгеруге мүмкіндік береді, олардың ой-өрісі мен ақпаратты талдау қабілетін дамытады. [1, с. 22]

Аталмыш технология оқушылардың коммуникативті: *айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым* дағдыларын дамуына үлкен роль атқарады.

Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде сәтті болады. Сондықтан сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда ынтымақтастық технологиясын қолдану керек. Бірлескен іс-әрекет сабақты жандандырады, оқушылардың оқу жұмысына саналы көзқарасын тәрбиелейді, ақыл-ой белсенділігін аттырады, материалды бірнеше рет қайталауға мүмкіндік береді.

Инновациялық технология оқушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіреді, соның арқасында оқушы өзінің білімін қоршаған әлемге көрсете алады.

Оқытудың интерактивті әдісі білім берудегі жаңа ұғым емес. Көптеген мұғалімдер мен оқушылар бұл әдіспен таныс. Көптеген оқу орындары оқытудың осы әдісінің тиімділігі туралы біледі.

Оқытудың интерактивті әдісінің басты мақсаты-оқушылардың жеке және ұжымдық қабілеттерін жетілдіру ғана емес, сонымен қатар олардың ақпаратты дұрыс қабылдауын, ақпаратты талқылауға қатысуын және әртүрлі мәселелер бойынша шешім қабылдауын бақылау.

Қазіргі уақытта бәсекеге қабілетті әлеуметтік ортада адамның сапалық сипаттамаларын жетілдіру, әрине, ерекше, басқа ойлау мен шығармашылық қызметті қажет етеді. Білім беру саласындағы ақпараттандыру оқытуды ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін жетілдіріп қана қоймайды, сонымен бірге бүкіл оқу процесін басқару мен бақылаудың жаңа әдістерінің пайда болуына жағдай жасайды. Ақпараттық технологияларды дұрыс пайдалану оқу-әдістемелік материалдарды жинақтауға, оқу материалдарын қолданудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, жеке бағдарламалармен жұмыс істеу мүмкіндігі пайда болады, сабаққа дайындық және оны өткізу тиімді болады, мұғалім дидактикалық материалды көбейтеді, оқушылардың білім деңгейін бақылайды.

Тиісінше, бүгінгі күннің талабымен білім берудің дамуына байланысты мемлекет пен қоғам алдында жаңа құндылықтарды ескере отырып, жаңа өзгерістер пайда болады, білім беру жүйесін түбегейлі өзгерту мәселелері қойылады. Тек нақты өте маңызды құндылықтар әсер етеді және осы салада шешуші қадамдар жасауға көмектеседі.

Біз күн сайын компьютердің көптеген жылдар бойы қалыптасқан оқыту әдістеріне жаңа өзгерістер мен жаңа идеялар енгізгенін көреміз. Бұл жерде баланы тәрбиелеудегі компьютердің әсерін зерттеу педагогика ғылымдарының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Егер педагогика ғылымы күн сайын жаңа фактілермен, тенденциялармен толықтырылса, онда ол сөзсіз алға жылжиды. Осыған байланысты біз В. В. Краевскийдің жаңа анықтамасына сүйенеміз: "педагогикалық теорияның негізі мен құрылымы бойынша педагогика әдістемесі білім жиынтығын құрайды, білімді жинақтау әдістері мен тәсілдерін анықтайды".[3, с. 9]

Оқу процесінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану білім алушылардың ойлау қызметін және де коммуникативті дағдыларын дамытуға дамытуға ықпал етеді. Қазіргі білім беру процесінің талаптарына жауап беретін интерактивті әдістер оқытудың білім беру және тәрбиелік аспектілерінің сапасын едәуір арттырады. Мұғалімнің өнері мен шеберлігі-білім алушылардың білім деңгейі мен сапасын арттырудың жаңа жолдарын үнемі шығармашылық ізденісте болу. Мектеп сабағы интерактивті әдістерді кеңінен қолдану үшін педагогикалық шеберліктің тұғыры болып табылады. Оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдану оқу мотивациясын арттыруға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға әкеледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Турабаева Л.К. ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ХОДЕ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА В ШКОЛЕ // Международный журнал экспериментального образования. – 2015. – № 7. – С. 40-42;
2. Kathryn Holt, The Impact of Technology on Primary Education - Monterey Bay.: California State University, 2015.-46 p.
3. Абдуллина Л.Б., Гизатуллина К.Х. Развитие коммуникативных умений и навыков младших школьников// Мир науки, культуры, образования, 2018 4(71), 9-10 с.

ДАЛА ДАНЫШПАНЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ МЕН ДӘУІРЛІК МАҢЫЗЫ

Даулетқазинов Айдос Еділұлы,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
«Zhansugurov college»- ның география
пәнінің оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі
Талдықорған қ., Қазақстан

Аннотация: Мақалада Қазыбек бидің Қазақ елінің әдет-ғұрып заңдарын қалыптастыруға ат салысқан, халқының еркіндігі мен азаматтығын ойлаған, кемеңгер ойшыл, қажымас қайраткер ретінде ел бірлігін сақтау жолында қосқан үлесі туралы мәліметтерін өз құндылықтарымызды қастерлей отырып тереңдету, Мәңгілік Ел болу жолында жас ұрпаққа Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің жаңаша үлгісін қалыптастыру жолдары қаралады.

Аннотация. В статье приводятся сведения о вкладе Казыбека Би в формирование обычного права Казахской страны, думавшего о свободе и гражданстве своего народа, как гениального мыслителя, неутомимого деятеля, и его вкладе в сохранение национальное единство при уважении наших ценностей, углубление любви и патриотизма к Родине молодому поколению на пути к становлению Вечной Страной.рассмотрены пути формирования нового образца чувствования.

Abstract: The article discusses the ways to deepen the information about the contribution of Kazybek BI to the preservation of the unity of the country as a brilliant thinker and tireless figure, who participated in the formation of the customs laws of the Kazakh country, thought about the freedom and citizenship of the people, cherishing our values, forming a new model of love for the motherland and patriotic feelings for the younger generation on the way to becoming a Mangilik El.

Тірек сөздер: Шешендік сөздер – қоғамдағы тарихи-әлеуметтік жағдайлар, көшпелі өмір салтын ұстанған елдің тұрмыс-тіршілігі, құқығына байланысты терең ой, бейнелі, шебер тілмен баяндалған халық шығармасы. Мағынасы терең, тілі көркем, терең тұжырымды, логикалық ой, нақыл сөздер.

Ключевые слова: Ораторское искусство-это народное произведение, выраженное образным, умелым языком, глубоко мыслящим, связанным с историческими и социальными условиями в обществе, бытом, правом страны, ведущей кочевой образ жизни. Смысл глубокий, язык художественный, глубокая формулировка, логическая мысль, притчи.

Key words: Oratorical words are a folk work in which deep thought, imagery, and masterful language are related to the historical and social conditions in the society, the life and rights of a country with a nomadic lifestyle. Proverbs with deep meaning, beautiful language, deep reasoning, logical thought.

Аты аңызға айналып, есімі ел аузында кеңінен тараған тарихи тұлғаның бірі, қазақ ұлысында Қаз дауысты Қазыбек би атанып кеткен Қазыбек Келдібекұлы. Дала мектебінен тәлім алған дара тұлғаның ұлан ғайыр жеріміздің бүтіндігін қорғау жолындағы кемеңгерлігін ешкім жоққа шығара алмайды. Қазақ хандығы дәуірінде өмір кешкен жырау XVII ғасырдың орта тұсында Абылайханның ақылшы биі болған. Оның бізге жеткен нақыл сөздері мен өлеңдерінен туғанына жақпаса да, турасын айтып жүретін алдаспан өткірлігін байқауға болады. Атыңнан айналайын дана бабаларым айтудай-ақ айтып кетті-ау, бірақ балалары содан қандай нәтиже шығарып жатыр – сол маңызды болып тұр. Қазыбек бабамыз ел басына екі талай күн туған жоңғар шапқыншылығы кезінде еңсесін төмен бүкпеген, дұшпанынан үрікпеген, айтар сөзін ірікпеген, ұлардай шулап, құландай жортқан елді бірлікке шақырған ұлтымыздың дара перзенттерінің бірі.

Бабамыздың бізге аманатқа қалдырған мұрасы арқылы зерделей келе, ұлттық болмысымыздың қандай қуатты болғанын аңғарасың. Біз ұлы Тұран даласын тұлпарының тұяғымен дүбірлеткен қазақия ұлысының бүгінгі ұрпағы, бабаларымызбен мақтанған дұрыс-ақ, бірақ, құры мақтанға ұрынбай, соларға ұқсап, ұлт пен ұрпақ үшін әділдіктің жолында арын кірлетпей, барын жоғалтпай, рухани қазынасын тоналтпай саф алтын күйінде сақтап, кейінгі келе жатқан зейінді жеткіншектерге жеткізе білсек, азуын Айға білеген алпауыт елдерден еш кем түспейтініміз ақиқат. Қазыбек атамның артына қалдырған асыл мұрасын оқығанда көңілге тоқығаным осы болды. Көңілдеріңізге қонбаса Қазыбек бише:

Қазақ деген мал баққан елміз,
ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Еліміздің құт-береке қашпасын деп,
жеріміздің шетін жау баспасын деп
найзасына жылқының қылын таққан елміз.
Дұшпан басынбаған елміз,
басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды,
анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды,
Ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз.
Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз,
Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,
танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз,
тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз.

Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт! – дегені сөзі асыл, ойы қорғасын Қазыбек бидің осы тағылымды ұрпағы өнеге етіп, өмір сүру үшін қалдырғанын естен шығармаған абзал. Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: «Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын», – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан [1].

Қазыбек бидің арманы мен бүгінгі он беске толмаған жастардың арманы жер мен көктей. Дауылпаз жыраудың бұл сөзінен қазіргі қоғамның басты тақырыбына айналған ұлттың ұлы мұраты – Мәңгілік Ел болу жолында жанын аямайтындығы жатқанын аңғару қиын емес. Он бес тұрмақ бүгінгі жиырманың жалына жармасқан жастарымыздың көбінің ұлттық деңгейде ойлануы былай тұрсын, ұлтының құндылықтарына мұрнын шүйіре қарайтын жатбауырлық аңғарылады. Бұлар Қазыбек бидің нақылдарын оқымақ түгілі кім екенін де анық біле бермейді-ау. Ақиқатын айтсақ, бұл – ұлттық трагедия. Бүгінгі жастардың көбісі дәл мынандай қасиетті даланы жанын беріп, қанын төгіп жүріп қорғаған бабаларын толығымен танымайтындығында. Ендеше олардың патриоттығы қандай деңгейде екені айтпаса да түсінікті.

Қазыбек бидің өз заманында ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр, жыр қалдырған ақын атанған ерекше тұлға. Олай болса, сондай батыр бабалардың ұрпағы екенімізді тілмен ғана айтып мақтанбай, ісімізбен де соған лайық болғанға не жетсін?! Жарасымды тірлік кешіп, ірілік көрсету үшін бірлік керек екенін меңзеген жыраудың жырынан ғибрат алсақ, бұдан да бақуатты күн кешудің жолына түсетініміз хақ. Бірде Абылайханға айтқан мына ескертпесі де былайғы жұрт үлгі алатын терең өнегелі нақыл екенін ескере жүрген жөн.

Арық емес, қатумын,
Қара жерден татуымын.
Көшершілік кезде түйе азады,
Жетімдік көрсе қыз азады.
Елінде жаугершілік болса,
Тағында хан азады,
Табындағы би азады[2]

дегені бүгінгі биліктің кеңесшілеріне де осындай өткірлік керек дегенді білдіреді. Әрине, бүгінде кеңес айтсаң, кемшілік іздедің деп түсінетін сана қалыптасқаны да рас. «Дос жылатып айтады» деген қарапайым ғана қағидаға сүйенсек, керек жерінде кем-кетігін түзеуге себепші болып, ақиқаттты айтуды ар санамағанымыз дұрыс-ақ. Төле би бабамыздан жеткен жетелі сөз: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ». Дала ділмарларынан қалған осы бір алдаспан мінез аңыз болып бара жатқандай. Туған-туысың болмаса да, таныс таппасаң шаруаң шешілмейтін қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Төледен қалған сөздің төресі төмендеген заман. Керісінше, «Қазығы мықты киіз қазықты да жерге қағады» деген түйін ащы да болса ақиқатқа айналған. Шымбайын батса да хан демей, қазы демей шындықты айтуды аманаттап кеткен баларымыздың бірі осы Қазыбек би.

Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын.

Алдыңа тартқан адал асын,
Қимас жақын – қарындасың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын.
Адал болса, досың жақын.
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың – шөберең жақын.
Жан серігің жас кезіңнен [3]

Әсілі, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп қашан да татулықтың туын биік ұстайтын бабаларымыз бірлікті насихаттап, ұрпағының ынтымағы ұлттың тұтастығына бастайтын сара жол екенін өсиет етіп кеткен. Тіпті, болмашы нәрсеге араздасып кеткен ағайыны ашуы тарқағанда қайтып оралса: «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң», деп құшағын ашып, бауырына басуды ар санамаған. Бұл дегеніміз бабадан жеткен жүйелі сөзді санасынан өткізіп, жетесіне жеткізе білудің жемісі.

Ауруын жасырған ажалсыз өледі,
Зорлықтан қорыққан амалсыз көнеді.
Айтайын десе бұған сор.
Айтпайын десе елге сор.
Отыз тістен шыққанды отыз ру ел білер.
Қазақтың қайғысы қалмақ еді,
берекемен жауын алмақ еді.
Мынау берекені бұзатын ауру еді,
Не қылған ауру салмақ еді.
Қазақтың түбіне жететін ауыр дерт,
зығыр майындай жайылмаса игі еді, –

деген Қазыбек бидің өсиеті бүгінде ескерілмей жатқандай сезіледі[4].

Жасыратыны жоқ қазіргі қоғамда бір кем дүниенің бары рас. Қай сала, қандай жағдайда болмасын сөз бен істің арасында алшақтық басым. Ұлы мұрат жолындағы ұлттық құндылықтар ескерілмей, жанымызға жат өзгенің өрескел қылықтарын талғамай жабыстырып жатырмыз. Ынсапсыздықтан ысырапқа жол беріліп, адам жанын аздыратын ойынханалар мен түнгі клубтардың қатары көбейіп, ұлт болашағы болатын ұрпақтың өн бойын улап, санасын сансыратып-ақ барады. Ерім деп елі сенгендер қолындағы мүмкіндігін «бармақ басты, көз қыстыға» айналдырып, сыбайластыққа ұрынып, жең ұшынан жалғасқан қылмысқа жол ашуда. Осындайда Қазыбек бабамның жүрегінен буырқана шыққан сөз асылына көңілің ауа береді:

Қарт тарихтың қатпар бетін парақтасақ, сөз қадірін бір кісідей-ақ білген ел едік. «Едік», деп өткен шақпен өкіне сөйлегендей болсам, айып етпеңіздер. Сөз шындықтан бұзылмайды. Дәл қазіргі уақытта сол бабалар аманатына қиянат жасап келе жатқан жайымыз бар. Нанбасаңыз бабаның мұрасын оқыңыз, бүгінгі күнмен салыстырып, санаңызда тоқыңыз:

Үй жанында биік төбең болса,
Ол – ерттеулі аттан кем емес.
От басында білгір қартың болса,
Ол жазылған хаттан кем емес.
Біз үш қазақ керіспейік,
Керіскен асылы, бізге жөн емес, –

дейді дала данышпаны[5]. Саясатта да, мәнсапта да, өзінің жаңсақ пікірін шын көріп, аузы көпіріп, өтірік айтып лепіріп, өзі тойғанына кекіріп жүрген жандар аз кездеспейді. Былайғы

күйбең тірліктің илеуінде жүрсе де, «өтірікті шындай, ақсақты тыңдай» ғып, тіл мен жағына сүйеніп жүргендер де жетерлік.

Жалпы жаман мінез-құлықтың біреуі кімнің бойынан кездессе қалған қасиетсіз кеселдің бәрі соған үйірсек келеді. Өтірік – күллі жаман іс-әрекеттің бастауы деп есептесек, нәтижесінде не сөзінде, не ісінде береке жоқ кержалқау пенде ғана емес, ел сеніп отырған тұлғаларымыздың өзі қолындағы билігін ұрлыққа салып, қорлықта қалып жатқанын құлақ естімек түгілі көз көруде. Тұтылғаны құтылудың қамын ойлап, қамауда жігері жасып жатса, құтылғаны ебін тауып, елінен қашып, шетел асып жатыр. Қазыбек бабамыз айтқандай «Қиянатта қият бар» екенін осыдан-ақ байқауға болады. Әйтпесе, қаһарман жырау бізге не деп еді, оқып көріңіз:

Бірде Төле бидің он жұмбағына Қазыбек бабамыз:
Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.
Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.
Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.
Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман.
Бес дегеніміз – белсеніп шапқан жау жаман.
Алты дегеніміз –асқынып кеткен дерт жаман.
Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса, сол жаман.
Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман.
Тоғыз дегеніміз –торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман.
Он дегеніміз –оңалмас кәрілікке дау болмас деген, – деп жауап берген екен[6].

Атқа мінсе, атасын танымай кететін алаөкпелік қанымызда бар халықпыз. Бәкім мұндай мінез барша адамға тән шығар. Көріп жүрген өз қазағым болған соң айтып жатқаным да. Қазақ ұғым үшін ат пен тақ егіз ұғым. Баласы билік басына келіп, таққа отырып жатса, «Атқа мінгені құтты болсын» деп жатамыз. Ендеше «құт әкелсін» деген тақтың буы ұстай білмеген адамның мінезі менмендікке жетелеп, ағайынын айналасынан бездіріп, «жұт» әкелуі бек мүмкін. Ондай жандар бір сәт болса да Қазыбек биден қалған сөз асылын оқып, көңіліне тоқып жүрсе абзал болар еді.

Мінез – Алла Тағаланың пендесіне беретін қасиеттерінің бірі. Адам өз бойындағы мінезін тәрбиелеу арқылы болашаққа бағдар қалыптастырады. Нәтижесінде әр адамның бойынан табылатын осындай ізгі қасиет ұлттың мінезіне айналмақ. Сәл шегініс жасап көрейікші – біздің ұлттық мінезіміз қандай еді?! Даласындай даркан, тауларындай асқақ, көлдеріндей тұнық жалпы табиғатындай сұлу еді. «Еді» деп өткен шақпен сөйлеп отырғаныма айып етпеңіздер. Неге десеңіз, ұлттық болмысымыздың айнасына айналған мінезімізге сызат түсіріп алғанымыз ақиқат. Жасыратыны жоқ қазіргі таңда көбіне бабаларымыздың ерен ерлігі мен жаужүректілігін алдыға тарта сөйлейтініміз рас. Бабамыз батыр, ақын, шешен, көсем болған деп сөз бастағанда алдымызға жан салмаймыз. Шынтуайтына келгенде солардай отаншыл, ұлтжанды, жалпы қазақ үшін қабырғамыз қайыса қояры екіталай болып барады. Бұлайша ой қорытуымның себебі – бахадұр бабаларымыз көрсеткен өрлік пен ерлік бүгінгі ұрпағының, яғни біздің бойымыздан саф таза күйінде табылмай жатқандығынан бәлкім. Неге десеңіз қазіргі таңда Ар мен Ұят саудаға түсті. Намыс пен Жігер құлқынның құрбанына айналды. Кезінде қырық үйден тиым салған қызымыздың қылығы түзде шықты. Ұлағатты болар деп өсірген ұлымыздан ұят кетті. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген аталы сөздің қаңбақ құрлы салмағы қалмады. Куәлігіндегі «қазақ» деген жазуы болмаса, орыс тілді көптеген қандасымыздың бойында Отанға деген ыстық махаббаттан гөрі салқынқандылық басым. Ұлттың ұлы мұрасынан өзгенің қаңсығын таңсық көру әдетке айналды. Қазыбек биге жүгінсек:

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын,
Шанышқылаған сөз қиын,
Дәл осындай жағдайда,
Пана болмас өз үйің.
Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын.
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен өр қиын,
Тентек болса ұл қиын,
Не істеріңді біле алмай
Ашиды сонда бос миың, – деп түйідеді [7].

Жалпы бүгінгі ұрпақ тарихтың тамырына дендеп бойлап, бабалар тағылымынан нәр алмайынша Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің жаңаша үлгісін қалыптастыра қоюы неғайбыл. Бабалар бойындағы асқақ рух пен өр намысты терең білмейінше болашағымыздың тұтқасын ұстайтын қазіргі жастардың берекесі берік бола қоймас. Өткен шаққа салмақ сала сөйлеуіміз де негізсіз емес. Өйткені, өткенін ұмытқан қоғамның болашағы бұлыңғыр болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. https://kk.wikipedia
2. *«Сөз тапқанға қолқа жоқ» кітабынан. 1988 жыл. «Жазушы» баспасы.*
3. *«Орталық Қазақстан» газеті. 1990 жыл. ел аузынан жазып алған Е. Мусин.*
4. «Таң» журналы.1925 жыл. №3 саны.
5. «Қызыбек бидің тағылымы». Салауат Кәрім. *«Ана тілі» газеті. 1991 жыл.*
6. *«Шешендік шиырлары». «Орталық Қазақстан» газеті.1990 жыл.* №6 сан.
7. Қаз дауысты Қазыбек би туралы не білеміз. https://sputnik.kz/20230512/qaz-dauysty-qazybek-bi-turaly-ne-bilemiz-34872414.html

ТАРИХ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Жұмашова Салтанат Нұрманқызы,
«№1 колледж» МКҚК

Түйіндеме. Бұл мақалада тарихи білім берудегі өзгерістер, тарих сабақтарында заманауи жаңа педагогикалық технологияларды енгізу және олардың рөлі туралы айтылады. Шынында да, соңғы жылдары біздің мемлекетіміздің саясатының басымдықтарының бірі біздің тағдырымызды айқындайтын және әлемдік қоғамдастықтағы орнымызды қамтамасыз ететін білім беру саласындағы реформаларды іске асыру процесі болды.

Түйінді сөздер: жаңа педагогикалық технологиялар, ақпараттық технологиялар, тарихи білім, әдістеме, ұлттық-мәдени және дәстүрлі ерекшеліктер, тәрбие.

Аннотация. В данной статье речь пойдет об изменениях в историческом образовании, использовании современных новых педагогических технологий на уроках истории и их роли. Действительно, одним из приоритетов политики нашего государства в последние годы стал

процесс реализации реформ в сфере образования, определяющих нашу судьбу и обеспечивающих наше место в мировом сообществе.

Ключевые слова: Новые педагогические технологии, информационные технологии, историческое образование, методика, национально-культурные и традиционные особенности, воспитание.

Annotation. This article will focus on changes in historical education, the use of modern new pedagogical technologies in history lessons and their role. Indeed, one of the priorities of our state's policy in recent years has been the process of implementing reforms in the field of education, which determine our fate and ensure our place in the world community.

Key words: New pedagogical technologies, information technologies, historical education, methodology, national cultural and traditional features, upbringing.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» — деп көрсетілген [1].

Осы заңда көрсетілген Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерін ескере отырып алдымен тарих пәнінің мақсатын анықтап алайық. Біздің мемлекетіміздегі тарихтың басты мақсаты нарықтық реформаларды, ұлттық, мәдени және дәстүрлі ерекшеліктерді, рухани, этикалық және ғылыми мұрамызды, әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы жалпыадамзаттық құндылықтарды ескере отырып, білім беру жүйесіндегі маңызды іргелі және қолданбалы зерттеулердің перспективаларын алдын ала анықтау және дамыту болып табылады. Бұл мақсатты іске асыру қоғамның дамуына және негізгі мәселені шешуге қабілетті жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға қызмет етеді. Сондықтан жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруда қолданылатын әрбір білім беру технологиясы оқытушы мен студенттің бірлескен қызметін ұйымдастыра алады, егер студенттер өз бетінше ойлай алса, шығармашылықпен жұмыс істей алса, оқу процесінде талдауға ұмтылса, екеуі де оң нәтижелерге қол жеткізе алады деп ойлаймын.

Мәселені зерттеудегі жаңа бағыттар . Дегенмен де, тарих пәні әрқашан студенттер арасында танымал пән болмағанын бәріміз білеміз. Көптеген студенттерді құрғақ оқулықтар мен қызықсыз лекциялар кейінге қалдырады. Бірақ бүгінгі студенттерге тарих сабақтарына шынайы қатысуға көмектесу үшін оқытушылар көптеген технологиялық әдістерді пайдалана алады. Бүгінгі таңда оқытушылар виртуалды әлемнің далалық сапарларынан интерактивті сабақтарға дейін көптеген нұсқаларды қолданып отыр. Тарих сабағында қызықты және тиімді оқу бағдарламасын жасау үшін технологияны қолданудың сансыз жолдары бар. Солардың бірі - Интернет мұрағаты, ол сандық түрдегі интернет сайттары мен басқа мәдени артефактілердің сандық кітапханасы болып табылады. Тарих сабақтарын бастапқы дереккөздердің осы үлкен жинағының айналасында оңай құрастыруға болады. Сондықтан оқу жоспарына газеттерді, фотосуреттерді және тіпті тарихи тұлғалардың аудио жазбаларын қоса алады және белгілі бір уақыт кезеңіндегі цифрланған түпнұсқалық құжаттар мен артефактілерді біріктіре алады. Сондықтан студенттер сол кездегі өмірдің қандай болғанын өз көздерімен көреді. Жалықтыратын әңгімелерді оқудың орнына олар тиісті уақыт кезеңіндегі күнделіктер мен газет оқиғаларын оқи алады. Осылайша, студенттер маңызды құжаттарды өздері талдап, тексере алады. Сонымен қатар тарих сабақтарында технологияны қолданудың қызықты әдістерінің бірі - виртуалды шындық немесе VR тәжірибесі. VR негізіндегі сабақтар мен әрекеттер арқылы мұғалімдерге студенттерін тарихи орындар мен көрікті жерлерге виртуалды саяхатқа апаруға көмектесе алады. Демек, студенттер бұл жерлерді жаңаша зерттеуге және білуге мүмкіндік алады. Мысалы, студенттер Египет немесе Грекия сияқты ежелгі өркениеттерге бара алады. Олар сондай-ақ Ұлы Қытай қорғаны сияқты маңызды жерлерге бара алады. Осылайша, студенттер осы көрнекті құрылымдарды көзбен

көре алады. Виртуалды экскурсиялардан басқа, мұғалімдер студенттерге әртүрлі тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы білуге көмектесетін интерактивті сабақтар жасау үшін технологияны пайдалана алады. Мысалы, олар өркениеттердің уақыты бойынша таралуын көрсету үшін интерактивті карталарды пайдалана алады. Тарих сабағында жаңа технологияны қолдану студенттерге жаңа ақпаратты меңгерумен шектеліп қалмауы керек. Студенттер сандық жобалардың көптеген түрлері арқылы үйренген ақпаратты синтездей алады. Мысалы, студенттер өздеріне қажет немесе үйренгісі келетін материалды қамтитын интерактивті уақыт кестесін жасай алады. Интерактивті уақыт кестелері студенттерге олар үшін ең маңызды ақпаратты енгізе отырып, оқиғалардың графикалық көріністерін жасауға мүмкіндік береді. Тағы бір нұсқа - студенттерге әлеуметтік желіде тарихи тұлғалардың жазбаларын жасауға мүмкіндік береді. Тарих сабақтарында жаңа технологияны қолдану студенттерге өздері үшін маңызды оқиғаларды айту үшін зерттеу, мәтін, баяндау, кескіндер, бейнелер және аудио үзінділерді жинаған кезде жандануы мүмкін. Содан кейін студенттер өз оқуының белсенді қатысушылары болады. Бірақ технологияны пайдалану бойынша кеңестерді де айта кеткім келеді. Тарих сабағына технологияны енгізуді шешсеңіз, бірнеше ережені есте ұстаған жөн.

Біріншіден, сіз технологияны дәстүрлі оқыту әдістерін алмастыратын құрал ретінде емес, сабаққа қосымша ретінде пайдаланып жатқаныңызға көз жеткізіңі.

Екіншіден, студенттерге материалмен әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде талқылау және пікірталас арқылы өзара әрекеттесу үшін көптеген мүмкіндіктерді қамтамасыз етіңіз.

Соңында, студенттердің тапсырманы орындап, алаңдамауын қамтамасыз ету үшін технологияны пайдалануын қадағалап отырғаныңызға көз жеткізіңіз.

Зерттеу нәтижелері. Бүкіл әлемде білім беру мәселелері басымдыққа айналуда, өйткені олар әр елдің ғана емес, жалпы адамзаттың болашағын айқындайды. Жаңа идеяларды дамытпай білім беруді дамыту мүмкін емес. Сабақ барысында мен әртүрлі білім беру технологияларын қолданамын, олардың көмегімен оқу және зерттеу жұмыстарын ұйымдастырамын және жүргіземін, оның ішінде тарихты оқытуда дамыта оқыту технологиясы ізденіс пен даму жағдайында қолданылады.

Дамыта оқыту жеке тұлғаның танымдық қабілетін арттыруға көмектеседі. Студенттердің дамуының негізі – тарихи білім мазмұны мен оның сапасы. Бір материалды оқу кезінде дамудың әртүрлі деңгейлеріне қол жеткізіледі - колледж өміріне ұқсас мысалдарды көп беру. Бір сабақта әртүрлі нәтижелер болуы мүмкін, бұл студенттердің танымдық іс-әрекетін белсендіру қажеттігін дәлелдейді.

Топтық оқыту әдісі аудиториялық жүйеге толық сәйкес келеді. Топтық жұмыстың технологиялық процесі бірнеше кезеңнен өтеді: тапсырманы орындауға дайындық, топтық жұмыс және қорытынды бөлім. Топтық тапсырманы орындауға дайындық танымдық тапсырманы (проблемалық ситуацияны) қоюды, жұмыстың реттілігіне нұсқауды, топтарға дидактикалық материалды таратуды қамтиды. Топтық жұмыс материалмен танысуды, топтағы жұмысты жоспарлауды, топ ішінде тапсырмаларды бөлуді, тапсырманы жеке орындауды, топтың жалпы тапсырмасын талқылауды (түсініктемелер, толықтырулар, нақтылаулар, жалпылаулар) және қорытындылауды қамтиды. Қорытынды бөлімде соңғы кезеңде топтық жұмыстың нәтижелері баяндалып, танымдық тапсырма талданып, топтық жұмыс және тапсырманың орындалуы туралы жалпы қорытынды жасалады. Мұғалім топқа қосымша ақпаратты ұсынады. Топтық технологияларға көптеген технологиялар да кіреді. Мысалы, конференция сабағы, сынақ сабағы, саяхат сабағы, кіріктірілген сабақ және т.б.

Тағы бір тиімді технология тарих сабақтарында анықтамалық конспектіні пайдалану. Әсіресе әлсіз студенттерге үшін тірек жазбалардың маңыздылығын атап өту қажет. Оларға жеке фактілерді, оқиғаларды және күндерді есте сақтау өте қиын болуы мүмкін. Мұндай студенттер жиі адасып, өздеріне тұйықталып, ақырында пәнге деген қызығушылықтарын жоғалтады. Бұл жағдайда анықтамалық жазба шынымен де мұндай студентке тірек болады. Ол мұғалімнің көмегінсіз бір элементтің ғана емес, тұтас тақырыптың материалын есте

сақтауға және жаңғыртуға мүмкіндік береді. Осы әдістемені пайдаланған жұмыс тәжірибемде тірек конспектілерді пайдалана отырып оқыту есте сақтау, логикалық ойлау, талдау, монологтық сөйлеу қабілетін дамытып, студенттердің шығармашылық мүмкіндіктері мен жеке қабілеттерін ашатынын байқадым. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін инновациялық білім беру технологияларын: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, интерактивті оқыту технологияларын, сыни тұрғыдан ойлау технологиясын, жобалық технологияны, проблемалық және диалогтық технологияны, денсаулық сақтау технологияларын пайдалану негізінде өз іс-әрекеттеріңізді құру қажет.

Қорытындылай келе айтпағым педагогикалық әдістердің үздіксіз дамуы мен жетілдірілуі нәтижесінде инновациялық технологиялар, яғни білім берудегі жаңа идеялардың интеграциялық процесі жүзеге асатын технологияларға айналды. Инновациялық технологияларды қолдану студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне, ізденуге, шығармашылыққа баулиды. Студенттермен тиімді жұмыс істеуге және студенттердің ойларына жауап беруге, сабақты эмоционалды түрде жанды етуге, психологиялық жайлылық жасауға мүмкіндік береді, бірақ ең бастысы – студенттердің өздік жұмысына сүйену.

Барлығын ой елегінен өткізе келе, қазіргі таңда көптеген мұғалімдер инновациялық технологияларды қолданбай жұмыс істеуді елестете алмайды деген қорытындыға келдім, мен де бұдан тыс емеспін. Оларды пайдалану білім беру процесінде әрбір бала оның бір бөлігі болатындай етіп ұйымдастыруға көмектеседі, білім алғысы келеді және оны қалай дұрыс орындау керектігін біледі. Сабақты ұйымдастыру формалары мен әдістерінің әртүрлілігі студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, тарихи санасын қалыптастырады. Сонымен, тақырыптың өзектілігі оның тарихты зерттеуді тұлғалық және мағыналық деңгейге жеткізуге ықпал етуінде. Бұл орайда отансүйгіштік, табиғат пен көне ескерткіштерге деген ұқыптылықпен қарау нақты тарихи топырақта қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.

«Қазақстан тарихы» №1 2006 ж

Р. Қ. Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1 2009 ж.

3. С.Мирсентова. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде.
Қарағанды 2011 ж.

4. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту». С.Т.Мұхамбетжанова

5. «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту» Тұжырымдамасы.

6. «ҚР Білім туралы» Заңы.

7. Инновациялық педагогикалық технологиялар.Қ.Сарбасова.(2006 ж)

8. Мұғалімге арналған нұсқаулық 1 деңгей, 2 басылым, 2014 – жыл

9. Педагогикалық технологиялар: Педагогикалық мамандық студенттеріне арналған оқу құралы /В.С.Кукушиннің жалпы редакциясымен. – Педагогикалық білім сериясы. – Ростов-на-Дону: НАУРЫЗ, 2002. – 456 б.

10. [1] Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алимтаева Клара Абдурашитовна,
медициналық арнайы пән оқытушысы
«Арыстанбаб» жоғары колледжі

Аннотация: Мақалада қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін жаңашаландыру әдістері мен ерекшеліктері қарастырылған. Осы бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар туралы жазылған.

Аннотация: В статье описаны методы и особенности модернизации современного учебного процесса. В этом направлении пишут о содержании, структуре образования в разных вариантах, новых идеях, основанных на науке и опыте, новых технологиях.

Annotation: The article describes the methods and features of modernization of the modern educational process. In this direction they write about the content, structure of education in different versions, new ideas based on science and experience, new technologies.

Тірек сөздер: инновация, электронды оқулық, паралельдік, ыңғайлылық, технологиялық, халықаралық,икемділік, модульділік, рентабельділік.

Ключевые слова: инновация, электронный учебник, параллелизм, удобство, технологичность, интернациональность, гибкость, модульность, экономичность.

Key words: innovation, electronic textbook, parallelism, convenience, manufacturability, internationality, flexibility, modularity, cost-effectiveness.

Кіріспе. Мемлекетіміздің тәуелсіз ел ретінде дамуы барысында орта білім берудің жүйелі жаңашаландырылуы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді жаңашаландыруды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты: қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялары мен жаңа технологиялары бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибе жүзінде сыннан өткізу маңызды. Оқытудың озық технологияларын меңгермейінше қазіргі білім беру саласында сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу- тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Еліміздің болашақ ұрпағы үшін XXI-ғасырдың – ғылым ғасыры деген сипатын дәріптейтін заманауи жаңашылдық іс тәжірибелерді дамыту көзделген. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Елбасымыздың “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” еңбегінде 2020 жылға қарай қалалық, сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтылады деп көрсетті.

Осы бағытта оқу-тәрбие үрдісін жандандырудың қазіргі инновациялық технологияларын жетілдіріп, оны арнайы пән сабақтарын оқытуда тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлату мақсатында бір қатар бағыт-бағдарлар берілуде. Тұлғаның психологиялық ерекшеліктерімен табиғи қабілеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеті мен сабаққа ынтасын арттыру, ой-өрісін, логикалық ойлау дәрежесін дамыту, сонымен бірге экономикалық, эстетикалық, гуманитарлық, халықтық педагогикалық тәрбие беруде де, ойлау қабілетін белсендендіру үшін түрлі әдістер мен тәсілдерді және технологияларды тиімді қолдана білуі қажет.

Инновация («новация» - жаңа, жаңашылдық; «ин» «қайталанатын» процесс, деген ұғым) бар, әрекет етуші нәрсенің ішінде жаңаның пайда болуын, дамуын білдіреді. Бұл түсінік. XX

ғасырдың 30- 50 жылдарында Европада ғылымның жаңа саласы ретінде пайда болды.Жалпы педагогикалық инновация ұғымын сипаттауды мына түрде беруімізге болады. Білім берудегі адам қабілетімен іскерліктерін дамытуғы бағытталған оқу-тәрбиеде қолданылатын құралдардың арнайы формалары, әдіс-тәсілдері көрсетілетін психологиялық-педагогикалық нұсқауларға және оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру әрі жүзеге асыруға бағытталған біріккен педагогикалық іс—әрекетке жаңашылдық тұрғысынан келу инновациялық технология болып табылады. Демек, инновациялық технология маманның құзіреттілігіне ықпал ететін шығармашылық қасиеттерді, шеберлікті қалыптастыруға қолданылатын әдіс-тәсілдер мен амалдар жиынтығы.

Инновациялық оқытудың ерекшеліктері:

- Көрегендік сипат алуы, дамудың жылдамдығы;
- Болашаққа үмітпен қарау;
- Өзіне, өзгеге талаптың жоғары болуы;
- Тұлғаға, оның дамуына бағытталуы;
- Шығармашылақ элементтерінің міндетті қатысуы;

Қарым-қатынастың ынтымақтастыққа, өзара көмекке негізделуі және т.б.

Бүгінгі жаһандану заманы жаңашылдық, жаңа көзқарастар мен өзгерістерге толы. Ал біз осы ағынмен өмірімізді жаңа өнімдерді, техникаларды, жетілген білімдерді, жан-жақты дамыған идеяларды пайдалану арқылы жалғастырып отырмыз. Сондықтан білім беру жүйесін изгілендіру барысында оқыту үдерісіндегі, әдіс тәсілдерде жаңашылдыққа бағытталуы тиіс. Қазіргі кезде білім беру мен білім жүйесін ұйымдастырудың оқу үдерісіндегі жаңа технологиялары ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану аясын кеңейтіп мультипликацияны, бейнетаспа мен күрделі сызбалармен оқу материалдарын түсінікті баяндауға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологиялар адамға ақпаратты максималды жақын түрде сенсорлы елестету, ақпараттық және бағдарламалық аспектілері арқылы қолданушыға ақпаратты әр түрлі формада: мәтін, графика, анимация, дыбыс, бейнемен интерактивті режимде елестетіп көруге мүмкіндік бер. Ол үшін ақпараттық технологиялардың яғни компьютерлердің интернет желісіне қосылу мүмкіндігімен бірге дыбыстық әрлендіруге WT синтездерін, DSP сигналдық процессорларын, TW аудио сигналдар үшін сығушы синтездерді, CD-ROM лазерлік дискілерді пайдалану нәтижелі болады. Соңғы кездері оқыту үдерісінде осы мақсатта пайдаланылып жатқан электронды оқулықтар да кеңінен қолданылуда. Электронды оқыту бұл электрондық бизнес сервистерін және технологияларды пайдалану. Мұнда аудиториялық сабақтардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін ұжымдық жұмыс құралдарын және электрондық контентті қолдану қарастырылған. Желілік инфрақұрылым электрондық оқу үшін технологиялық база болып табылады. Желілік инфрақұрылым өзінің күштілігімен, сенімділігімен, қауіпсіздігімен, ыңғайлылығымен ерекшеленеді және ашық оқу стандартына негізделеді. Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту үдерісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». «Электрондық оқулықтарды» пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, ойлау жүйесін, тәжірибелік ой тжырымдамасын қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Электрондық оқулық дегеніміз - мультимедиялық оқулық, сондықтан электрондық оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық уақыт үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге, сауалнамалар арқылы өзін өзі бағалауға зор ықпал етеді. Электрондық оқыту формасы қашықтықтан оқу жүйесінің құралы болып табылады. Қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі көрінісі оқытушы мен студент арасындағы қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен тікелей қатынас орнатуы. Қашықтықтан оқудың дәстүрлі оқу түрінен айырмашылығына:

***Ыңғайлылық* - к**ез келген жерде, кез келген өзіңе ыңғайлы уақытта жылдам дайындалу мүмкіндігі.

Параллельдік - маман ретінде өсуі, жетілудің қатарлылығы. *Үнемділік* - оқу аудандары мен техникалық және жеткізу құралдарын қолайлы пайдалану.

***Технологиялық* -** әлемдік постиндустриалды ақпараттық кеңістікте адам қозғалысын жылдамдататын ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін білімдендіру үдерісінде қолдану.

***Әлеуметтік тең құқылылық* -** студенттің материалдық және элитарлық, денсаулық жағдайы, тұратын орнына қарамастан тең білім алу мүмкіндігі.

***Халықаралық* -** білім нарығында әлемдік жетістіктерді импорттау және экспорттау. ***Икемділік* - с**тудентер көп жағдайда лекция, семинар түріндегі сабақтарға қатыспайды. Әркім өзі таңдап алған мамандықты қажетті деңгейде игеру үшін өзіне керекті мөлшерде білім алады.

Модульділік. Қашықтықтан оқыту бағдарламаларының негізіне модульдік принцип саналады. Студенттер игеретін әрбір пән немесе пәндер жүйесі белгілі бір ғылым саласы туралы тұтас ұғым қалыптастырады. Ал, мұның өзі бір- біріне тәуелсіз оқу курстарынан жеке немесе топтық талаптарға жауап беретін оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Алыстан қызмет көрсету мүмкіндігі - студентпен білім беретін мекеме арасындағы қашықтық (байланыс жүйелері жұмысының сапалылығы жағдайында) тиімді білім беру үдерісіне кедергі болмайды. ҚОЖ жүйесінде оқитындар саны шектеулі параметрге жатпайды.

***Қамту* -** бұл ерекшелікті кейде «көпшілікті қамту» деп атайды. Олардың көптеген оқу ақпараттары көздеріне (электрондық кітапханалар, ақпарат базалары) ену мүмкіндіктері бар, сондай-ақ олар бір-бірімен және оқытушымен байланыс жүйелері немесе басқа да ақпараттық технологиялар құралдары арқылы байланыса алады.

Рентабельділік - қашықтықтан оқытудың бұл ерекшелігі оның экономикалық тұрғыдан тиімділігімен айқындалады. Студенттердің сапалы білім алуын іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруда және ұлттық рухани мұраларынан хабардар болуын көксеген ұлттық төл оқулықтар, карта, атластар, сондай-ақ картографиялық, аэроғарыштық есептер мен қажетті оқу-әдістемелік және көмекші құралдар қарастырылуда. Жаңарған білім жүйесінің ерекшелігі - тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып үздіксіз өз бетінше ізденуіне мүмкіндік тудыру.

Оқыту технологияларымен жұмыс жүргізу 5 саты арқылы қалыптасады.

Олар: оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану;дағдылану, шығармашылық бағытта дамыту; нәтиже.

Технологиялардың танымал түрлерінің бірі - модульдік оқыту. Ол тұлғаның мүмкіндігіне даярлық деңгейін бейімдейді, ал дамыта оқыту оқушының жеке тұлғасын, оның біліктерін көтеруге ықпал етеді.

Қазір оқу-тәрбие үрдісінде телекоммуникациялық технологияларды қолданудың 2 жолы бар: білім алушылар мен мұғалімдерді желімен жұмыс жасауға, дайын телекоммуникациялық жобалармен жұмыс жасауды ұйымдастыру, пәндік-әдістемелік Web-сайттар, Web-бетін құруболып табылады .

Аталған технологиялардың әр қайсысының оқу-тәрбие үрдісінде қолдану ережелері, талаптары мен сипаттары әр түрлі, бірақ сыртқы белгілеріне қарай жүйелеуде ұқсастықатар бар. Оны В.П.Беспальконың пікіріне сәйкес мұғалім мен білім алушының қарым-қатынасы (оқытуды басқару) тұйықталмаған және ырғақты (оқытушы мен білім алушылар арасында тұрақты түрде тура және кері байланыс орнаған); шашыранды (жаппай және топтық) және бағытталған (жеке); қолмен (вербальды) және автоматтандырылған (жасанды түрде қондырғылармен басқарылатын) болып бөлінеді.

Зерттеушілер аталған технологиялардың педагогикалық үрдісте жеке дара қолданылмай, үйлесімді түрде нәтиже беретіндігін сипаттаған, ол технологиялар:

- **құрылымдық-логикалық оқыту технологиялары** (оқу-тәрбие үрдісінің барлық құрамдас бөліктерін іріктеп алу негізінде бірінен бірі туындайтын логикалық бірізділікті қамтамасыз ету арқылы дидактикалық міндеттерді жүзеге асыру);
- **құрамдасқан технологиялар** (өлшемі әр түрлі деңгейлі білім мен іскерлік-дағдылар мен іс-әрекеттерді құрамдастыруды қамтамасызететін жүйелер);
- **ақпараттық-компьютерлік технологиялар** (ақпараттық, жаттығу, бақылау тағыда басқа әр түрлі оқыту бағдарламаларын пайдалануға негізделген дидактикалық жүйелер);
- **сұхбаттық технологиялар** (субъект - субъективтік деңгейдегі сұхбаттық ойлау негізінде оқу іс-әрекетінің ынтымақтасуы ретінде ұйымдастырылады).

Қазіргі кезде білім жүйесіндегі оқытудың кең таралған бірнеше модельдері бар: Пассивті - білім алушы оқытудың басты «обьектісіне» айналады (тыңдайды, қарайды); Активті - білім алушы оқытудың «субьектісіне» айналады (дербес тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар); Интерактивті - өзара байланыс.

Интерактивті оқытудың қағидалары: тұлғалану, икемділік, электиивтілік, мазмұндық, тәсіл, ынтымақтастықты дамыту, белсенді оқыту әдісін пайдалану болып табылады. Енді осы технологиялар негізінде білім алушының материалдарды игеру нәтижелері төмендегідей:

Сызба сараптамасынан көріп отырғанымыздай интербелсенді бағдарламамен басқару арқылы жүретін визуальды және аудионәтиженің өзара әрекеті арқылы білім алушының танымдық, шығармашылық, нәтижелік, қызығушылық қасеиттерін дамытып, мультимедиалық – нысандар мен үрдістерді фотосуреттің, бейненің, графиктің, анимацияның, дыбыстың дәстүрлі мәтіндік сипаттамамен үйлестіріп берілген ақпаратты толық меңгеруі мен өзіндік ой қорытуларын жасауда ұтымды шешім табады. Мультимедианың басқа оқыту құралдарынан сандық және сапалық артықшылығы бар. Жаңа сапалық артықшылығы мен мүмкіндіктеріне тікелей аудиовизуальды көрсету барысында кескінді бейнені қозғалысқа келтіріп, сөзбен көркемдеуді жатқызуға болады.Сандық артықшылығын мультимедиалық ортаның ақпараттық тығыздығы біршама жоғары болуы айқындайды. Көптеген адамдар естіген сөздерінің 15 - 20 ¿ және көргендерінің 30-40%-н есте сақтай алатындықтан ақпаратқа қаныққан мультимедиалық оқыту құралдарын көру аудартуға және көрген білімалушылардың назарын құбылыстар мен үрдістерді белсенді түрде талдау арқылы өтілетін оқу материалдарын есте сақтауға, терең меңгерулеріне мүмкіндік береді. Бұл мәселе ыңғайлы мәтіндік түрдегі бейнеақпараттардың интербелсенді элементтерін құрып, мультимедиа құралдарына енгізу ырғақты ақпараттар ағынын түсініп меңгертуге қол жеткізуге жағдай тудырады. Мультимедианы материалдарымен технологиялық әріптестерімен бірлесе отырып білім бері үрдісіне белсене араласа алуына мүмкіндік туады. Оқыту терең пайдалану жұмыс істеу құралдардың оқушыларға арқылы ақпараттық мүмкіндігіне сүйеніп, оқу

Компьютерлік технологиялардың көмегімен әр түрлі дайын электронды ортада өз бетімен дайындалған сауалнамалар арқылы сабақта тұлғаның білімі мен іскерлік дағдыларын тексеріп бағалауға да болады. Бейне ақпараттар мен презентациялар, салалық вебсайдтарды сабақта пайдалану арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, ой өрістерін кеңейтуге болады.

Қорытынды: Міне осыдан келіп жаңа оқыту технологияларымен ақпараттық технологиялар негізінде оқыту жүйесін ұйымдастырудың тиімділігін сипаттау қолайлы. Кейінгі оқыту технологияларының негізгі құралы болып отырған мультимедия-құралдары әр түрлі ақпараттарды өңдеуге мүмкіндік беретін ең соңғы үлгідегі прогрессивті техникалық инновацияларды пайдалану жаңа деңгейдегі білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік береді деуге болады.

Қазіргі заман талабына сай білім алушылардың сапалы да саналы білім алуына ықпал етуші құралдарды пайдалануда ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды орынды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

М.Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім» - деп атап көрсеткеніндей, білімді, саналы, дарынды, іскер, ойшыл болашақ ұрпақты даярлауда ең алдымен білім қажет.

Жас ұрпақтың рухын оятатын, елін, жерін құметтейтін, мәдени ұлттық қажеттілікке жараған білім – ең мықты білім.

Әрбір ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігін бәріміз білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

- Ә.Жүнісбек «Жаңа технология негізі – сапалы білім» // Қазақстан мектебі. – 2008. - №4. – Б.1-2.
- Тапаева А. П. Оқушыларға сапалы білім берудегі озық инновациялық технологиялардың тиімділігі // Молодой ученый. – 2014. - №20. – Б. 43-48.
- А.Даменова «Жаңа педагогикалық технологиялардың жіктелуі және ерекшелігі» // «Қазақстан мектебі». – 2012. - №2. – Б. 1617.
- Э.Раджерс «Инновация туралы түсінік» // Қазақстан мектебі. – 2006. - №4. – Б. 2.
- Т.П.Сенаторова «Мультимедиа. Возможности использование в учебном процессе» // Информационно-методический материал. – Казань: 2001. – Б. 4.
- Кудесова Г. «Сабақтарда – ақпараттық технологиялар» // Қазақстан мектебі. – 2013. - №10. – Б. 27-29.
- Ж.Досова «Жаңа технологияны оқытуда қолдану» // Педагогикалық кеңес. – 2009. - №4. – Б. 16-25.
- Каплиева А. «Инновациялық технологиялар-білім сапасын арттыру құралы» // Қазақстан мектебі. – 2013. - №12. – Б. 6-8.

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бейсенбаева Арайлым Нүркенқызы,
Арыстанбаб жоғарғы колледжі

Аннотация: Мақалада білім беру тәжірибесіндегі тұғырлар қазақстандық ерекшелік–термен салыстырмалы шолу түрінде жүйеленіп беріледі, қазіргі заманғы білім берудегі рефлексияның мәні мен маңызы сараланады.

Кілт сөздер:Цифрлық педагогика, интернет қорлары, виртуалды шынайылық, желілік кеңістік, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, цифрлық дағдылар, педагогикалық дизайн, ашық білім беру қорлары, оқыту дизайны, продюсер ретіндегі студент.

Аннотация: В статье в виде сравнительного обзора с казахскими особенностями систематизированы опоры западной образовательной практики,выделен смысл и значение рефлексии в современном образовании.

Ключевые слова: Цифровая педагогика,интернет-ресурсы,онлайн-пронстранство виртуаль–ной реальности, информационно-коммуникационные технологии,цифровые навыки, педагогический дизайн, открытые образовательные ресурсы,педагогический дизайн, студент как продюсер.

Annotation: In the article6in theformofa comparative review with Kazakh features the supports of western educational practice are systematized the meaning of reflection in modern education is highlighted.

Keywords: Digital pedagogy, internetresources, online space of virtual reality, information and covvubication technologies skills pedagogical design student as a producer.

Кіріспе. Бүгінгі таңда білім алушылардың Интернет қорларына деген қолжетімділігі артып, олардың цифрлық дағдылары дамыған сайын білім алушы оқу барысын жеке білімін жетілдіруді өз бетінше бақылай алатындай етіп қайта құрастыруымыздың қажеттігі сөзсіз. Оқу қызметін электрондық және мобильді технологиялар контексінде зерттей отырып білім берудің техно-бағдарлы болашағын кеңінен талдайтын оқулықтарға шолу жасаған авторлар

ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен, виртуалды шынайылықпен, желілік кеңістікпен, жасанды интеллект жасаудың дамуымен толығып, өзгеріп отырған педагогика ғылымының жаңа сатысына біртіндеп көтерілуге қажетті мүмкіндіктер туралы сөз етеді. Зерттеушілер аталмыш оқулықтардың оқытушылардың, мұғалімдердің, болашақ педагог-студенттердің педагогикалық ойлау жүйесін өзгертіп, жаңғыртатынына, виртуалды оқыту ресурстарын әзірлеушілер мен қолданушыларға қызықтыда пайдалы бола отырып, жаңаша құрылатын білім беру мазмұнын дизайндауда, ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізу үдерісінде жетекші құралдар рөлін атқара алатынына сенім білдіреді. Интернет адамдардың ақпарат және білім алуына, олардың хабарласуына қолжетімділік, мемлекеттік басқару мен бизнес жүргізуді іске асыру тәсілдерін өзгертуде. Сандық байланыс денсаулық сақтау, білім беру, коммуникация, демалыс, сондай-ақ өмірмен тұрмыс жағдайы саласында үлкен мүмкіндіктердің көзін ашуда. Жасанды интеллектін ідамыту, 3D-принтерлер, голографияны пайдалану мен көңілкөтеру, лездік транскрипциялау, дауыспен ым-ишараны тану бағдарламасы – бұл біздің технология уақытындағы тестіленген кейбір мысалдарғана. Білімдегі иновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын – теориялықта, практикалықта жаңалықтарды пайдалану болып табылады.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Инновациялық технологияны пайдалану — өмір талабы.

Қазіргі пән оқытушыларының негізгі міндеті — білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады. Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

- оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс - әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;
- оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;
- оқу процесінде қарым - қатынастың еркін болуы;
- оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы - педагогикалық қарым - қатынас пен қарым - қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Қорытынды. Оқытудыңинновациялықәдістеріменақпараттықтехнологиялардыпайдалану – педагогикалық іс- әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін

жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернетжүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты- коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Әдебиеттер:

1. Р.Қ.Қарсыбаева.Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1 2009 ж.
2. С.Мирсентова. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды2011 ж.
3. «Ақпараттық технология жәнеқашықтықтаноқыту». С.Т.Мұхамбетжанова
4. «ҚазақстанРеспубликасыныңбілім беру жүйесін 2015 жылғадейіндамыту» Тұжырымдамасы.
5. «ҚР Білімтуралы» Заңы.
6. Инновациялықпедагогикалықтехнологиялар.Қ.Сарбасова.(2006 ж)
7. Әлемдікпедагогикалық ой-сана.(2010 ж)

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗДЫ ПӘННІҢ БІРІ - ИНФОРМАТИКА!

Исак Айгул Оралбайқызы,
Информатика пәнінің оқытушысы
«Арыстанбаб» жоғары колледжі

Аннотация: Мақалада информатика пәнінің шығу тарихы, қәзіргі замандағы рөлі, маңызы, жаңа технологияларды, алгоритм, программа ұғымдарын түсіндіреді. Осы бағыттар бойынша жаңа идеялар ұсынылады.

Тірек сөздер: information, программа,алгоритм, automatioque,электронды есептеуіш машина (ЭЕМ), жаңа ақпараттық технология (ЖАТ),информалогия, «Stepped Reckoner» (қосу машинасы), IBM, Бернулли сандары;

Аннотация: В статье объясняется история предмета информатики, его современная роль, значение, технологии, алгоритмы и программные,концепций.В этих областях предлагаются новые идеи.

Ключевые слова: information, программа,алгоритм, automatioque, электронный калькулятор (ЭК),новые информационные технологии (НИТ), информалогия, «Stepped Reckoner» (дополнительная машина), IBM, числа Бернулли ;

Annotation: The article explains the history of the subject informatics, its modern role, significance, new technologies, algorithms, and program consepts. New ideas are proposed in these areas.

Key words: information,program, algorithms, automatioque, electronic calculator (EC), new information technologies (NIT), informatics, «Stepped Reckoner» (additional machine), IBM, Bernoulli numbers.

Кіріспе. Информатика (*Computer science*, *informatics*) — компьютер және одан басқа да техникалық құрылғылар көмегімен ақпараттарды алу, сақтау, түрлендіру, жеткізу және оны пайдалану зандылықтарын, тәсілдерін, жолдарын зерттейтін ғылым саласы. Компьютерді жасап шығару мәселелерін, оны пайдалану зандылықтарын, ғылыми ақпараттың құрылымы мен жалпы қасиетін, сондай-ақ оның жаратылу, түрлену, жеткізілу және адамзат қызметінің әр түрлі саласында пайдаланылу заңдылықтарын зерттейтін пәндер: қолданбалы математика, программалау, программалық жасақтамалар, жасанды интеллект, компьютер архитектурасы, есептеу желілері. Ақпарат термині латынның *information* сөзінен аударғанда

(түсіндіру, баяндау, мәлімет) деген міндетті. Ақпарат мағынасы - қоршаған орта мен онда болып жатқан құбылыстарды таңбалары мен сигналдар түрінде берілетін мағлұмат.

Информатика – жаңа технология жиындарын оқытады, яғни ақпаратты сақтайды және өңдейді. Оның дамуы ақпаратты сақтауға және өңдеуге арналған құрылғылар ЭЕМ-машиналардың шығуымен байланысты. Ал ЭЕМ– тенологияның негізгі құралы. Бұл ғылым - XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған.Информатика пәні негізінен мынадай тақырыптарды қамтиды:«Алгоритм», «программа» ұғымы.Алгоритмдерді қарапайым тілде, блок-схема түрінде жазу.Оқылған тілде мәліметтерді сипаттау, программалар құру, оларды компьютерде орындау.Әр түрлі операторларды жазу, т.б.Ақпарат дегеніміз не?Осы ақпараттың жалпы қасиеттерін зерттеу қажет. Мұнымен Информатика деп аталатын ғылым айналысады.Информатика –ақпарат алу, жіберу, өңдеу, сақтау, ұсыну процестерін зерттеумен қоғам өмірінің барлық саласында ақпараттық техника мен технология жасау, ендіру және тиімді пайдалану мәселелерімен шешумен шұғылданатын ғылыми-техникалық прогрестің басты бағыттарының бірі.Информатика:ақпарат жинау, сақтау, жіберу, өңдеу және беру әдістері мен құралдарын зерттеумен байланысты - техникалық;ақпараттың мәнін сипаттау тәсілін анықтайтын, оның сипаттау тілдерін зерттейтін- семантикалық;ақпаратты кодтау әдістерін сипаттайтын – прагматикалық;ғылыми-ақпараттық іс -әрекеттің кейбір түрлерін, оның ішінде индекстеуді, автоматты реферлеуді, машиналық аударманы формальдау және автоматтандыру мәселелерін шешумен байланысты синтактикалық мәселелер топтарын зерттейді.Информатика ұғым ретінде біздің өмірімізге берік енген, ғылыми-техникалық үдеудің синонимдердің біріне айналды. Бұл сөз XX ғасырдың 60 жылдарының басында француз тілінде (information- ақпарат және automatioque- автоматика) қоғамда ақпаратты автоматты түрде өңдеуді белгілеу үшін пайда болады.Ғылымның, техниканың және өндірістің көптеген салаларының одан ары дамуы ақпаратты өңдеудің сандық және сапалық мүмкіндіктерінің өсуін, адамның ақыл –ой әрекетінің артуын қажет етті.Информатиканың қалыптасуы мен дамуында ғылыми-техникалық даму басты бағыттарының бірі, оның нақты катализаторы- ЭЕМ мен қазіргі компьютерлік техниканы жасау негізгі рөл атқарады.Ғылым ретінде информатиканың құрылымында келесі салалар талады:алгоритмдік,программалықтехникалықИнформатика сегіз негізгі әрекеттер бағытттарын қамтитын ғылыми техникалық пәндер кешені.ЭЕМ-ны қолдану –тек ақпарат жинақтауға, сақтауға, өңдеуге ғана емес, жаңа ақпарат, жаңа білім алуға мүмкіндік беретін **жаңа ақпараттық технология** (ЖАТ) жасауға негіз болады. ЖАТ ақпаратпен жұмыс істеудің белгілі сатыларын ретімен орындау. Қазіргі компьютердің ерекшелігі – олардың көпшілігі есеп шығару үшін емес, ақпаратты алуан түрде өңдеу үшін қолданылатынында. Бұл –мәтін өңдеу, графикалық жұмыс орындау, әр түрлі дерек жинау мен оны тез шығарып беру, компьютермен оқыту процесінде ақпаратты программалық түрде ұсыну, білім сапасын автоматтандырылған түрде бақылау және т.б.Информатика саласындағы зерттеу тақырыптар: бағдарламаларды және ақпарат базаларын (жуықтау теориясы және жасанды интеллект) жүзеге асыру немесе асырмау, жеке есептік және информациялық мәселелерді қандай максималды тиімды жолмен шешу, қандай түрде сақтап, оны қайта қалпына келтіру (құрылымын және деректер базасын), адам мен программаның байланысы (пайдаланушы интерфейсі және программалау тілдері және ұсынылған білім) және т.б. **«Информология» және «информатика»** терминдерін алғаш 1962 жылы КСРО ғылыми академиясының корреспондент мүшесі - Александром Харкевичем ұсынды. Информатика ғылымның негізі 1965 жылы «Основы научной информации» атты кітәбінде жазылды, кешірек 1968 жылы ол қайта өңделіп, аты «Основы информатики» болып өзгертілді. Ада Лавлейс компьютерде өңдеуге арналған алғашқы алгоритмді жазған деп есептеледі.Кейін информатика саласына кіретін білімдер қазіргі сандық компьютер ойлап тапқанға дейін болды. Абакус (есепшот) сияқты тіркелген сандық есептерді есептеуге арналған машиналар көбейту және бөлу сияқты есептеулерге көмектесетін ежелгі заманнан бері бар. Есептеуді орындау үшін алгоритмдері ежелгі дәуірден бастап, күрделі есептеу

техникасы жасалғанға дейін де болған.Блез Паскаль 1642 жылы Паскаль калькуляторы деп аталатын алғашқы жұмыс істейтін механикалық калькуляторды жобалап құрастырды. Вильгельм Шикард Паскаль калькуляторының жариялануынан жиырма жылға дейін Иоганн Кеплерге есептейтін сағат сызбаларын екі белгісіз хаттардың ішінде жіберді.1673 жылы Готфрид Лейбниц «Stepped Reckoner» деп аталатын механикалық калькуляторды (қосу машинасын) көрсетті. Оны алғашқы информатик және ақпарат теориясының маманы деп санауға болады, өйткені ол басқалармен қатар екілік санау жүйесін сипаттады.1820 жылы Томас де Колмар қосу машинасын жасағаннан кейін, оның өнеркәсіптік өндірісті бастаған. Осы бірінші күнделекті қолдануға берік калькулятор болып саналады. Чарльз Бэббидж 1822 жылы алғашқы автоматты механикалық калькуляторды жобалаумен айналыса бастады, нәтижесінде ол алғашқы бағдарламаланатын механикалық калькулятор - аналитикалық айырмашылық қозғалтқышты ойлап тапты.Ол 1834 жылы осы машинаны жасап бастады және екі жылдан кем емес уақыт ішінде қазіргі заманғы компьютердің көптеген негізгі ерекшеліктерін айтты. Бағдарламалау үшін шексіз мүмкіндіктер ашқан,жаккарда тоқылған станокта жұмыс істеген перфокарталарды пайдалану маңызды қадам болды. 1843 жылы «аналитикалық қозғалтқыш» туралы француз мақаласын аудару кезінде Ада Лавлейс өзінің көптеген жазбаларының бірінде **Бернулли сандары** есептеу алгоритмін жазған алғашқы компьютерлік бағдарлама деп саналады.1885 жылы Герман Холлерит статистикалық деректерді өңдеу үшін тесімкартаны қолданатын табуляторды ойлап тапты, кейін оның компаниясын **IBM** сатып алды.1937 жылы Говард Эйкен IBM компанияны өзінің алып бағдарламалары калькуляторды **ASCC/Harvard Mark I** өңдеуге сендірді. Сол кезде IBM компаниясы тесімкартамен істейтін жабдықтарды және әр-түрлі калькуляторларды өңдеді. Осы бағдарламалатын калькулятор Бэббидж аналиткалық қозғалтқыш негізінде жасалған. 1940 жылдары одан да күшті есептеуіш машина пайда болғаннан кейін, компьютер сөзі адам есепші емес, есепті жасайтын машинаны білдіре бастады.

Информатика бірқатар салаларына бөлінеді. Информатиканың негізгі бөлімдері - теориялық информатика және практикалық информатика. Информатиканың негізгі салаларына дәстүрлі компьютерлердің архитектурасын зерттеуі, бағдарламалау тілдері және бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуі кіреді. Сонымен қатар, оларға есептеу ғылымдары (ғылыми деректерді модельдеудің алгоритмдік әдістерін қолдану), графика және визуалдау, адам мен компьютердің өзара әрекеті, мәліметтер базасы мен ақпараттық жүйелер, компьютерлік желілер және информатика практикасына ғана тән әлеуметтік және кәсіби мәселелер кіреді. Көрініп тұрғандай, бұл кейбір кіші өрістер биоинформатика және есептеу химиясы сияқты басқа заманауи салалармен өзара әрекеттеседі. Бұл қабаттасулар компьютерлік ғалымдардың өз салаларының көптеген пәнаралық байланыстарын тану және әрекет ету тенденциясының салдары болып табылады.

Қазақстан халқына жолдауында XXI ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электронды оқулықтарды оқу үрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру.Егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Заман талабына сай мектепте сабақ үрдісіне дәстүрлі әдістердің орнына жаңа технологияларды енгізе отырып, оқушылардың білімін тереңдету. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңа қарым-қатынас пайда болды.Қазіргі оқу үрдісінде ақпараттық технологияны қолданылуы мұғалімдердің де, оқушылардыңда мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сондықтан білім беру жүйесінде компьютерлердің пайдаланудың маңызы зор.Жаңа ақпараттық технологиялар – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьтер мүмкінділіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы

керек.Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын «Активті экран» болып табылады.Компьютермен оқыту – оқушылардың өз бетімен іздену жұмысының өте тиімді түрі. Компьютермен оқыту үрдісін енгізу оқушылардың қызығушылығын арттыратыны сөзсіз, олар сабақтан тыс уақытта да құлшыныс танытатын болады. Ал компьютерді толық меңгерген оқушының оған қызығуы оған бұрынғыдан да арта түседі. Түрлі тапсырмаларды компьютермен орындау оқушыны еркіндікке, төзімділікке, мақсаткерлікке баулиды. Компьютермен тапсырма орындауға мақсат айқын болғанымен, оған жетудің нақты жолдары көрсетілмейді. Сондықтан бұдан білімділік туындап, оқушының қиялдау мүмкіндігіне жол ашылады, ақыл-ой белсенділігін дамытуға көмектеседі.Қазіргі таңда мектеп оқушыларына түрлі компьютерлік тесттер , оқулықтар арқылы білімдерін бағалап жатырмыз. Электрондық оқулықтар арқылы күнделікті сабақтарды да жүргізіп жатырмыз. Пән мұғалімі компьютер арқылы өз қиялдарымен, өз білімдерімен және компьютерді қаншалықты меңгергендігін тест құру арқылы шыңдайды. Мұғалім өзі беретін пәнге байланысты тесттер құрап, оны сабақ барысында пайдалануп жүр. Мысалға айта кететін болсам, өзім информатика пәнінен 7 сыныпқа арналған тест құрадым. Тестті мектеп оқушыларына пайдаланып жүрмін. Оқушылар компьютер арқылы өз білімдерін қызығушылықпен, ынтамен орындайды.Компьютерлік оқулықтар және компьютермен түрлі жұмыстар жүргізу арқылы оқушының біліктілігі мен белсенділігін, пәнге деген қызығуын арттыру жүзеге асырылады.Қоғамымызда компьютер маңызды әрі көрнекті орын алып отырған осындай сәтте компьютерлік технологияларды оқыту жүйесінде пайдалану елімізідің болашағын барлық ғылым салаларында жаңа идеяларды ұсынып. Оларды жүзеге асыра алатын сауатты ұрпақпен қамтамасыз ете алады.Қорыта айтқанда, бүгінгі күні оқытуда сапалы ақпараттық технологиямен қамтамасыз ету өте өзекті, ал оларды пайдалану бойынша пән мұғалімдерінің біліктіліктерін жетілдіру одан да өзекті болып табылды.

Қорытынды: Біз мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін — өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер.

1. Халықова К.З «Информатиканы оқыту әдістемесі» -Алматы, Білім, 2000 ж.
2. Мұхамбетжанова С.Т. «Мектеп информатикасын оқыту әдістемесі» (7- 11 сынып материалдары негізінде) –Алматы,2006.
3. Е.Қ.Балапанов, Бөрібаев Б., А.Б. Дәулеткұлов “Информатикадан 30 сабақ” Алматы “Шартарап”-1998.
4. Информатикадан білім беру стандарты 9-11 кл, Алматы -1998.
5. Лапчик М,П “Информатиканы оқыту әдістемесі”. Оқу құралы А, 1994.
6. Лапчик М.П.,Семакин И.Г “Методика преподавания информатики”. Москва, Academia- 2005 г.
7. Шафрин Ю. Информационные технологии. В 2-х ч. :Учеб.

ОРТА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қапалов Шынғысхан Әбдухалықұлы,
Бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығының
арнайы пән оқытушысы
«Арыстанбаб» жоғары колледжі

Аннотация: мақалада колледждегі оқу-тәрбие үдерістерін жетілдіру қажеттілігі көрсетілген.Зерттеу жұмысында орта кәсіптік білім беру ұйымдарында оқушыларды оқытуда цифрлық құралдарды пайдалану мүмкіндіктері мен кемшіліктерін атап көрсетеді.Жұмыста цифрлық түрлендірулердің тиімділік критерийлері көрсетілген.

Тірек сөздер: білім беру, оқу процесі, орта білім, цифрлық технологиялар, цифрландыру.

Аннотация: В статье показана необходимость совершенствования образовательного процесса в колледже. Авторы подчеркивают возможности и недостатки использования цифровых инструментов в обучении студентов средних профессиональных образовательных организаций.В работе показаны критерии эффективности цифровых преобразований.

Ключевые слова: образование, процесс обучения, среднее образование, цифровые технологии, цифровизация.

Abstract: The article shows the need to improve educational processes in the college. The authors emphasize the possibilities and disadvantages of using digital tools in the training of students in secondary professional educational organizations. The criteria of effectiveness of digital transformations are shown in the work.

Key words: education, educational process, secondary education, digital technologies, digitalization.

Заманауи цифрлық технологиялар әрбір адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады: олар қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, ұйымдардың қызметін дамытуға, еңбек нарығына және мамандарды даярлауға ықпал етеді. Жүргізіліп жатқан трансформациялар жағдайында оқу процесін цифрлық технологияларсыз елестету қиын.

Колледж студенттеріне білім беруде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану үшін оқу орны заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықталуы тиіс екенін ескерген жөн; бағытталған күш-жігерді үйлестіру үшін оқытушылар құрамы өздерінің АКТ құзыреттілігі мен біліктілігін арттыруы керек.Цифрлық педагогиканың міндеттері: педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін арттыру; мұғалім мен оқушы арасындағы өзара қызығушылықты, тәжірибе алмасуға және қабылдауға өзара ынтасын дамытуға ықпал еткен қарым-қатынасты құру; білім беру қызметтерін құру және ұсыну қажеттілігі туралы түсінікті дамыту; инновациялық оқыту тәжірибесін енгізу; жоғары оқу орындарының дидактикасындағы өзгерістер; оқу процесінде ақпараттық ресурстарды тиімді пайдаланудың нақты мүмкіндіктерін зерделеу; симуляциялық оқытудың педагогикалық мәселелерін шешу; болашақта қалыптасуыоқушылардың өз бетінше оқу әрекетіне дайындығы [1, с.100].

Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдарды талдау орта кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттерінің оқу іс-әрекетінде цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндіктеріне қатысты мынадай қорытындыға келуге мүмкіндік берді:

1) интернет-ресурстарды, электрондық анықтамалықтарды, колледждің меншікті ақпараттық ресурстарын, дерекқорларды пайдалана отырып, жедел ақпаратты іздеу;

2) оқу үлгерімін талдау, сабаққа қатысуын есепке алу, білім алушылардың жеке жетістіктерін есепке алу;

3) тестілер, сауалнамалар, сауалнамалар, кейіннен нәтижелерді өңдеу және мониторинг жүргізу арқылы білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық диагностикасы;

4) байланыс құралы ретінде цифрлық ақпарат құралдарын пайдалану: студенттердің электрондық поштасы, телеконференция, тақырыптық форумдар.

Тұжырымдаманы құру үшін білім беру қызметінде цифрлық технологияларды қолдану тиімділігін бағалауға болатын критерийлер:

1) тиімділік (ең төменгі ресурстар);

2) жинақылық (миниатюралық тасымалдағыштағы ақпарат);

3) көрнекілігі (конструкциялық дизайн ерекшелігі);

4) оқу-тәрбие жұмысын бақылау мүмкіндігі (тестілеу нәтижелерін диагностикалау және өңдеу, студенттерге сауалнама жүргізу, сондай-ақ осы нәтижелерді алдыңғы нәтижелермен салыстыру);

5) оқушы тұлғасының шығармашылық даму мүмкіндігі (арнайы қолданбалы әдістерді пайдалана отырып, белгілі бір объектілер мен процестерді жобалау);[2, с. 20].

Ақпараттық ортаға қойылатын талаптар цифрлық ақпараттық кеңістіктің құрамдас бөлігі болып табылады. Ақпараттық орта кез келген мұғалім мен оқушының жұмысын ақпараттандыруға мүмкіндіктер беруі керек. Ақпараттық жүйелер арқылы студенттер білім беру ресурстарына және Интернетке қол жеткізуді бақылайды және қашықтан, соның ішінде сабақтан тыс уақытта өзара әрекеттесе алады.

Интернет бағдарламалық қамтамасыз етудің және коммуникациялық мүмкіндіктердің үлкен көлемін қамтамасыз етеді

Цифрлық педагогиканың оқыту құралы ретіндегі миссиясы ішінара ескі сапаны жақсартуда және ішінара жаңа сапаның пайда болуында көрінетін технологиялық мүмкіндіктермен қамтамасыз етіледі. Бүгінгі таңда заманауи білім беру процесі мен цифрлық педагогика бір-бірімен тығыз байланысты және олар: тиімділік, сапа, қарқындылық, даралау, бейімделу сияқты сипаттамалармен анықталады [3, с. 35].

Цифрлық педагогика мұғалімнен білімді декларациялық түрде қабылдауға емес, нәтижелі оқуға – ізденіс пен зерттеуге, соның нәтижесінде оқушылар қажетті білім мен құзіреттілікке ие болып, белсенді оқытуға мән береді.

Цифрлық педагогика концепциясын тиімді жүзеге асыру білім беру басшыларының ұйымдастырушылық күш-жігерін, стратегияларды, технологияларды, формалар мен әдістерді оқу процесіне енгізу бойынша ғалымдар мен педагогтардың ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарын қажет етеді.

Осылайша, орта кәсіптік білім беру ұйымдарында оқушыларға білім беру процесінде цифрлық технологияларды пайдалану көптеген шарттарды ескере отырып, оқу-тәрбие жұмысы тиімді және жан-жақты болатын көп қырлы үдеріске айналады. Цифрлық технологиялар жинақталған тәжірибені жоққа шығармайды, керісінше оны сүйемелдеп, білім беру үдерісін жаңа бағытқа алып, заман көшіне ілесуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Цифровая дидактика: 11 основных принципов [Электронный ресурс] : URL:https://lala.lanbook.com/cifrovaya-didaktika-11-osnovnyhprincipov

2.Бадарч Д. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: монография. Москва: Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании, 2013.

3.Фомичев Р. С. Критерии и показатели эффективности реализации современных педагогических технологий в процессе модернизации общего образования // Гуманитар. науч. исслед. — 2014. — № 11. — URL: http://human.snauka.ru/2014/11/8352 .

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Орынтаева Гулнур Амировна,
«Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының
жоғары санаты оқытушы
«Арыстанбаб» жоғары колледжі

Аннотация: Мақалада Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» — деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген.

Аннотация: В статье Закона Республики Казахстан «Об образовании» указано, что «Основной задачей системы образования является создание необходимых условий для формирования личности и воспитания на основе национальных и общечеловеческих ценностей, научных и практические достижения; внедрение новых технологий образования, информатизация образования» — обозначены задачи дальнейшего развития системы образования.

Annotation: The article of the Law of the Republic of Kazakhstan “On Education” states that “The main task of the education system is to create the necessary conditions for the formation of personality and education on the basis of national and universal values, scientific and practical achievements; introduction of new educational technologies, informatization of education” - the tasks for the further development of the education system are outlined.

Тірек сөздер: инновациялық оқыту, бағдарламалық, электронды байлыныс, интернет, ақпарат алмасуы, интернет, «My Test», «Netcracker Professional», Electronics Workbench, Kahoot.it, Multisim 12.0, проблемалы оқыту.

Ключевые слова: инновационное обучение, программное обеспечение, электронная коммуникация, Интернет, обмен информацией, Интернет, «Мой тест», «Netcracker Professional», Electronics Workbench, Kahoot.it, Multisim 12.0, проблемное обучение.

Key words: innovative learning, software, electronic communication, Internet, information exchange, Internet, “My Test”, “Netcracker Professional”, Electronics Workbench, Kahoot.it, Multisim 12.0, problem-based learning.

Жаңа технологияны меңгеру – оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.Білім беру саласының сапасын арттыруда инновациялық технологияларды жиі, тиімді қолданып отырудың маңызы ерекше. Қазіргі кезде білім беру алға жылжудың ең маңызды факторларының бірі болғандықтан, әрбір оқытушы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге ізденіс арқылы жол ашу керек. Инновациялық оқыту дегеніміз – қазіргі кезде әлеуметтік, мәдени ортадағы, білім беру әрекетінің нәтижесі. Бағдарламалық — техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивті тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиалық құралдар көмегімен студенттердің қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында оқытушы тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды және интернет ресурстарын қолдана алады. Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

— Пән бойынша базалық білімді меңгерту;
— Алған білімді жүйелеу;
— Өзін – өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
— Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;

Студенттерге оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру. Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және студенттердің ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Қазіргі заман оқытушыдан тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы кездері заман ағымына сай колледжімізде күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта арқылы іске асырылуда.

Қазіргі кезде инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы студенттің ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп.

Атап айтатын болсам, «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығында арнайы пәндерді оқытуда бірнеше технологиялар түрлері қолданып жүрмін.Олар: интерактивті тақта, электронды оқулықтар, «My Test» тестілеу бағдарламасы, «Netcracker Professional» бағдарламасы, сұлбаларды модельдеу бағдарламалары Multisim 12.0 және Electronics Workbench, сонымен қатар онлайн тестілеу бойынша Kahoot.it және Socrative.com сайттары өте жақсы нәтиже беруде. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комлексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады. Білім берудегіинновациялық технологиялар студенттердің ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Арнайы пәндерді оқытуда ақпараттық – коммуникациялық және инновациялық технологияларды пайдалану арқылы студенттердің ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану студенттің білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді және сапалы маман ретінде қалыптасуына зор үлес қосады. Студенттердің ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Жаңа технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, студенттердің шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Жаңа педагогикалық технология.

Мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары студенттердің өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Ойын технологиясы. Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, студенттерді қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

Проблемалы оқыту технологиясы. Проблемалы оқыту – оқытушы басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және студенттердің белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады:

-ассоциация;
-бірлестік қызмет;
— көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау.
Бұл технология бойынша:
— оқу үрдісінде қызығушылық артады;
— студенттің өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады;
— студенттің ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

Топтық технология.

Бұл топта оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Мұндай жұмыс белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешу үшін студенттерді уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Студенттердің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді. Сабақта ақпараттық–коммуникациялық және инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

-студенттің өз бетімен жұмысы;
-аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
-білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
-шығармашылық есептер шығару;
-қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
-қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
-экономикалық тиімділігі;
-іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
-студенттің ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып студенттің өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Менің ойымша, ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат студентті өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.

Ол үшін оқытушының біліктілігі, іскерлігі, көптеген әдіс – тәсілдерді қолдана білуі керек. Жаңа ғасырдағы Қазақстан елінің үміт артар ұрпағын білімді, мәдениетті, интеллектуалды азамат етіп шығару ұстаздар алдындағы міндет болып табылады. Ал Қазақстанда білім беру үрдісі дүниежүзілік білім әлеміне кіруді көздейді.

Сондықтан қазіргі таңда білім берудің ұлттық моделіне өту- оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс — тәсілдерін игеруді қажет етеді. Жаңа инновациялық іс-әрекетпен қаруланған, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл оқытушы ғана мақсатқа жетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Раджерс Э.М. «Инновация туралы түсінік». – Қазақстан мектебі, № 4, 2006
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. — Қазақстан мектебі, № 4, 2008
3. Ж.Досова «Жаңа технологияны оқытуда қолдану» // Педагогикалық кеңес. – 2009. - №4. – Б. 16-25.
4. Каплиева А. «Инновациялық технологиялар-білім сапасын арттыру құралы» // Қазақстан мектебі. – 2013. - №12. – Б. 6-8.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Өсербай Нургул Нурсейтқызы,
Бастауыш білім беру мамандығының
арнайы пән оқытушысы
«Арыстанбаб» жоғары колледжі

Инновациялық технологияларды пайдалану-сапалы білім беру кепілі.Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі - оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру.

Жалпы инновациялық білім прогресінің негізіне педагогиканың екі маңызды проблемасы жатыр:

- педагогикалық тәжірибені оқыту проблемасы;
- психологиялық – педагогикалық ғылым жетістіктерінің практикасына дейін жеткізудің проблемасы.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Инновациялық технологияны пайдалану — өмір талабы.

Қазіргі пән оқытушыларының негізгі міндеті — білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы - ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс.

Инновация дегеніміз – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да практикада негізделген. Жаңалық енгізу – мекемеге, ұйымға жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген үлгіге бағытталған.

Инновация сөзі латын тілінен аударғанда жаңалықты ендіру деген мағынаны білдіреді.

Инновация — кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет — білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық акттерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б.) жасақтау. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды.

Технология деген сөз грек тілінен алғанда техне – өнер, кәсіп, ғылым, логос – ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді.

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы - педагогикалық қарым - қатынас пен қарым - қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

♦ миға шабуыл әдісі;
♦топпен жұмыс;
♦проблемалық шығарма әдістері;
♦рөлдік ойындар;
♦зерттеулер;
♦іскерлік ойындар;
♦сын тұрғысынан ойлау әдісі;
♦пікірталастар және т. б.

Білім алушылар үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы сабақ өткізу қызықты болады. Нәтижесінде білімді тиімді игеру пайда болады; сабақта анықтық деңгейі жақсарады. Әрине, бұған басқа әдістермен қол жеткізуге де болады (плакаттар, карталар, кестелер, жазу), бірақ компьютерлік технологиялар көрнекіліктің анағұрлым жоғары деңгейін жасайды.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.

Педагогикалық технология - бұл мұғалімнің іс-әрекетінің құрылымы, оған кіретін барлық әрекеттер белгілі бір дәйектілік пен тұтастықпен ұсынылады, ал іске асыру қажетті нәтижеге қол жеткізуді болжайды және болжамды сипатқа ие болады. Бұл технологиялардың артықшылығы білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлі мен пропорциясын күшейтіп қана қоймай, сонымен бірге басты назарда жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім беру процесін даралау және саралау, тиімді өзін-өзі бақылау және оқу нәтижесін өзін-өзі бағалауға ықпал ететін технологиялар болады. Оқытудың басымдығы білім алушылардың белгілі бір білім, білік және дағдыларды игеруі емес, білім алушылардың өз бетінше білім алу, білім алып, оны өңдей алу, қажет нәрсені таңдау, оны мықты есте сақтау және басқалармен байланыстыру қабілеті болуы керек.

Оқытушы – әдіс түрлерін пайдалана отырып, білім алушылардың тындалым мен айтылым дағдылары арқылы өздігімен жұмыс істей білуге, оқылым және жазылым дағдылары арқылы ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі әдістер мен шеберліктерді меңгеру арқылы қол жеткізуге болады.

Мысалы бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде интербелсенді әдіс-тәсілдер түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын белсенділігін арттырып сапасын көтеру болып табылады. Тұйық оқушылар сабаққа ынтасын артады және мінез құлқы қалыптасады. Оқуғадеген таным қабілеті артады. Білім алушылардың ойын үстінде білімді игеріп жатқанын , ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуға тиіс. Сонда ғана ойын мен оқу табиғи үйлесімді болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Әр ұстаз оқу- тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс - тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз.

Жаңа технология – сапалы білім кепілі.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар,ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларың енгізу,білім беруді ақпараттандыру,халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Осы міндеттерді негізге алып, өз тәжірибемде білім алушылардың оқу танымдық құзыреттілігін жетілдіру үшін бірнеше озық-технологияларды қолдануға тырысудамын. Мысалы, сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану кезінде білім алушыларды логикалық ойлауға, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйренеді. Бұл технологияның ұтымдылығы неде? деген сұраққа жауап табар болсам, ол білім мазмұнын жаңартуға бағытталған бірнеше басымдықтарды оқыту үдерісінде тиімді жоспарлауға үлкен көмегін тигізеді деп есептеймін.

Педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курстары арқылы жаңа идеяларды қолдана отырып білім сапасын, студенттердің саналығын, өмірге деген бейімділік, өзгемен санасу, өзгеге сену деген сияқты қасиеттерді тез арада, аз күш жұмсап, көп нәтижеге жету үшін өз тәжірибемде біршама жұмыстарды жүйелеудемін. Оның дәлелі оқыту үдерісінде жеті модульдерді сабақтарымда қолдану арқылы білім алушылардың қалай оқу керектігін, топпен

жұмыс істеуге, сыни ойлауға, өздігінен жұмыс жасауға, өз ойларын жеткізе білуге, өзара және өзін бағалауға үйренді.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін оқытушы мен білім алушы арасында сұрақ-жауап, білім алушылардың мен білім алушылардың, мұғалім мен білім алушылардың арасындағы диалог ұйымдастыруға, топтық жұмыстар ұйымдастырамын. Осындай игілікті жұмыстарды ұйымдастырудағы мақсатым сабақтарымда жаңа әдіс – тәсілдерді кіріктіру, білім алушылардың оқуға деген көзқарастарын өзгерту, әр сабақта инновациялық технологияларды қолдану арқылы ой - өрістерін дамыту. Менің ойымша жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық,ізденіс, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Сондықтан оқыту үрдісінде жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алынудың маңызы зор.

Сабақта колданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір оқытушының шеберлігіне байланысты жүзеге асырылуы мүмкін. Сондықтан өзімнің кәсіби іс-тәжірибемде инновациялық технологияның мүмкіндіктерін қолдану арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға және білімнің басты мазмұны адамгершілікке баулуға жұмыс жасаймын.

«Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей шәкірттерімнің келешегі жөнінде әрдайым ойлап, олардың қабілеттерін шыңдауда түрлі колледж, аудандық, республикалық, сайыстарға қатыстырамын. Менің студенттерім жыл сайын бірнеше Республикалық, және аудандық грамота мен сертификаттарға және дипломдарға ие болып жүр. Шәкірттерімнің соңғы жылдары жақсы нәтижелерге ие болып жүр. Бұл жүйелі жұмыстың жемісі.

Қазіргі таңда біздің елімізде білім саласында модульдік оқыту; блок-модульдік оқыту; компьютерлік технология; мультимедиа технологиясы; қашықтықтан оқыту технологиясы; желілік технология; интернет технология; интерактивтік технология деп аталатын түрлерін білім берудегі инновациялық технологиялар тобына жатқызамыз.

Инновациялық технологияларды білім саласында қолдану оқу үрдісін тиімді етуге көмектеседі. Маған, әсіресе интерактивтік, интернет және мультимедиа технологиялары аса қатты ұнайды. Себебі бұлар заман талабына сай келеді деп есептеймін, әрі оқу процесі де қызықты өтіп, өз бетімізбен көп жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Ал білім мен ғылым - ешқашан жойылмайтын инвестиция. Оған салған барлық қаржы он, тіпті жүз есе болып қайтады. Қазіргі дамыған заманда жастар білімді болуға тиіс, сонда ғана олар бәсекеге барынша қабілетті болып, өмірден оз орындарын таба алады.

Қорытындылай келе,ойымды мына сөзбен аяқтағым келеді:«Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың ертеңі ұстаздың қолында»

Әдебиеттер тізімі:

5. Раджерс Э.М. «Инновация туралы түсінік». – Қазақстан мектебі, № 4, 2006
6. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. — Қазақстан мектебі, № 4, 2008
7. Ж.Досова «Жаңа технологияны оқытуда қолдану» // Педагогикалық кеңес. – 2009. - №4. – Б. 16-25.
8. Каплиева А. «Инновациялық технологиялар-білім сапасын арттыру құралы» // Қазақстан мектебі. – 2013. - №12. – Б. 6-8.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАЛДАР

Рыскулбекова Гулнур Пернебайқызы,
Шет тілі пәні мұғалімі
«Арыстанбаб» жоғары колледжі

Аннотация: Мақалада тілдік емес профилі бар оқу орнында шет тілдерін оқытудағы цифрлық технологиялардың білім беру әлеуеті қарастырылған. Зерттеу нәтижелері сабақта және студенттердің өздік жұмыстарында сыналған шет тілдеріне арналған заманауи цифрлық құралдарға шолу жасайды, сонымен қатар мультимедиялық құралдарды қолдану мен шет тілдерін оқытудың тиімділігін арттыру арасындағы байланысқа талдау жасайды.

Тірек сөздер: цифрлық білім беру құралдары, мультимедиа, оқытуды жоспарлау, жоғары білім.

Аннотация: В статье рассматривается образовательный потенциал цифровых технологий при обучении иностранным языкам в учебном заведении неязыкового профиля. Результаты исследования дают обзор современных цифровых средств изучения иностранных языков, апробированных на уроках и в собственной работе студентов, а также анализируют связь между использованием мультимедийных средств и повышением эффективности обучения иностранному языку.

Ключевые слова: цифровые образовательные инструменты, мультимедиа, учебное планирование, высшее образование.

Annotation: The article deals with the educational potential of digital technologies when teaching foreign languages in an educational institution of a non-linguistic profile. The results of the research provide an overview of modern digital tools for learning foreign languages, tested in lessons and in students' own work, and also analyze the relationship between the use of multimedia tools and increasing the effectiveness of foreign language learning.

Key words: digital educational tools, multimedia, educational planning, higher education.

Шет тілі – студенттер үшін жасанды тілдік ортаны құруды көздейтін академиялық пән, ол шет тілін оқытудың жаңа перспективаларына әртүрлі цифрлық оқыту құралдарын вариативті қосуды алдын ала анықтайды.

Цифрлық оқыту құралдары – анимациялық компьютерлік графикамен, дыбыспен, бейне кадрлармен, статикалық мәтіндермен және кескіндермен бір уақытта жұмыс істеуге мүмкіндік беретін интерактивті жүйелер. Қолданушыға, студентке бір уақытта әртүрлі ақпараттық арналар арқылы әсер етеді, мұнда оған, пайдаланушыға белсенді рөл беріледі.

Барлық қолданыстағы және үнемі жаңартылып отыратын әртүрлілікте нақты уақыт режимінде шет тілін оқытудағы цифрлық технологиялардың кейбір типологиясын құру және жаңарту, оларды қолдану мүмкіндіктерін анықтау және өзгеру жағдайында олармен жұмыс істеу әдістемесін модельдеу қажет [1, с.80].

Төменде біз шет тілін оқытудың заманауи цифрлық құралдарын ұсынып, студенттердің танымдық белсенділігін ынталандыру мақсатында олармен жұмыс істеу әдістеріне қатысты кейбір ұсыныстар береміз [2, с. 142-145].

Мультимедиялық сабақ – оқушыға тиімді әсер ету үшін цифрлық технологияларды, түрлі бағдарламаларды және техникалық құралдарды пайдаланатын оқу сабағы.

Шетел тілі сабағында мультимедиялық құралдардың көмегімен шешілетін тапсырмаларға аудиториялық жұмысты күшейту; нақты қарым-қатынасты имитациялау; ақпараттық қолдау көрсету; танымдық қызығушылық пен шет тілін үйренуге ынтасын дамыту. [3, с.73-78].

Мультимедиялық сабақ, яғни әртүрлі бағдарламалық жүйелерді пайдаланатын сабақ, соның ішінде симуляторлар, тест бағдарламалары, графикалық редакторлар, мультимедиялық презентациялар, онлайн өңделетін диаграммалар, графиктер, кестелер, нақты процестерді имитациялау мүмкіндігі бар практикумдар. Мұндай құралдарды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, оларды пайдалану оқушыға тиімді

әсер етеді, оның айналасындағы дүниені түсіну қабілеті, білім мен дағдыны өмірлік контекстте пайдалану дағдысы қалыптасады; алгоритмдік ойлау; шығармашылық ойлау; қиын жағдайда оңтайлы шешімдер қабылдау; зерттеу дағдылары; ақпаратты өңдеу қабілеті. Сонымен қатар, студенттерде заманауи оқу ортасына бейімделу қабілеттерінің жоғарылауы, стереотиптік емес ойлау мен объективті өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы байқалады.

Тренинг видеосы – бейнелерді көруге және олар үшін тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін интернет-ресурс түрі, ол онлайн және офлайн режимінде қолданылады. Тапсырмаларды бейненің өзінде де, арнайы жұмыс дәптерлеріне де қосуға болады. Ең танымал ресурстардың арасында мыналар бар:

1) TED – электронды ресурс, оның негізгі мазмұны қоғамда кеңінен талқыланатын тақырыптар бойынша баяндамалардың бейне үзінділерінен тұрады. Ресурс TED Ed нұсқасында да бар; Онда тек бейне жазбалар ғана емес, сонымен қатар сабақ жоспарлары, бейнелерге арналған сұрақтар, сабақ жоспарын құруға арналған диаграммалар бар. Сондай-ақ, бағдарлама сабақ жоспары мен нақты бейнеролик қоса берілген белгілі бір тақырыпты оқудағы оқушылардың үлгерімін бақылауға мүмкіндік береді. Ағылшын тіліндегі бейне-дәрістер студенттерді шет тілін үйренуге әлемнің көрнекті ғалымдары жасаған пәндік компонентті қоса отырып, олардың оқуының кәсіби саласымен таныстырады.

Жалпы және іскерлік ағылшын тілін оқыту контекстінде CD және Интернетте электронды қосымшалары бар келесі оқулықтарды пайдалануға болады:

а) Speakout (A1-B2)(Pearson): ActiveBook – қосымша материалдары бар студенттерге арналған кітаптың электронды нұсқасы, соның ішінде жаттығулармен бейнефильмдерді көру және аудиоматериалдарды тыңдау мүмкіндігі; MySpeakoutLab құрамдас бөлігі жекелендірілген оқытуды жүргізуге және нәтижелерді онлайн режимінде бағалауға мүмкіндік береді, соның ішінде жылдам кері байланыс опциялары, автоматты орындалу күнделігі, материалды, аудио және бейне файлдарды тиімді пайдалану үшін ресурс банкінен қосымша жаттығулар, мүмкіндік беретін тестілеу бағдарламасы.

б) Іскерлік нәтиже (A1-B2) (OUP): CD дискідегі интерактивті жұмыс дәптері студенттерге грамматика, сөздік және тыңдау бойынша өз бетінше жұмыс істеуге арналған цифрлық ресурс болып табылады.

Қолданбаның түс схемасына назар аудару керек. Бір қызығы, презентацияларда әр түрлі шрифт пен фондық түстерді кезектесіп пайдалану ұсынылады: зерттеу барысында көрнекі түрде берілген ақпаратты мидың оң жарты шары белсендірек және сол жақ жарты шары психикалық белсенділікке көбірек қатысатын адамдар басқаша қабылдайтыны анықталды. Сондықтан, кейде ашық фон мен қараңғы шрифт түсін, кейде, керісінше, ашық қаріп түсін және қараңғы фонды таңдаған жөн. Жалпы, ашық фонда қараңғы қаріп түсін пайдалансаңыз, көздер аз шаршайды.

Дегенмен, оқу процесінде студенттер цифрлық технологияларды пайдалана отырып, басқа студенттерді қатыстыра отырып, өз білімдерін көрсете отырып, тапсырмаларды өздері жасаса, ең жоғары тиімділікке қол жеткізіледі. Сондықтан оқу үрдісінің бір бөлігі ретінде оқушыларға мәтінмен, графикамен, бейне және дыбыспен жеке жұмыс істеуге мүмкіндік беру керек. Студенттің өзі автор болған кезде оның шығармашылық және сыни ойлауы дамиды, ал мұғалім оқушының ойлау процесін құрылымдауға көмектеседі.

Зерттеу нәтижесінде мынандай қорытынды жасауға болады: осы жұмыста аталған әртүрлі қызметтерді пайдалану гиперсілтемелері бар презентациялар, подкасттар, бейнематериалдар жасаудың тиімді құралы болып табылады, сабақтың мазмұнына үлкен әсер етеді және студенттердің қызығушылықпен оқытылатын материал. Цифрлық технологияларды қолдану мұғалімдер үшін де, студенттер үшін де жаңа мүмкіндіктер ашады.

Презентациялар, подкасттар және әртүрлі графикалық формаларда мүмкіндігінше көбірек ақпаратты қамтуға көмектесетін әртүрлі құралдар әр түрлі лексикалық, грамматикалық, сөйлесу және кәсіби тақырыптар бойынша әр сабақты жарқын, әртүрлі және есте қаларлық етеді.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде шет тілдерін оқыту әдістері оқу үдерісіндегі кейде мәжбүрлі техникалық және әдістемелік өзгерістерге байланысты күн сайын өзгеріп отырады. Мұғалімдер мен студенттердің цифрлық құралдар мен материалдарды практикалық меңгеруі оларды заманауи білім беруде сәтті қолданудың ақиқаттығын да, болашағын да көрсетеді.

Цифрлық оқыту технологияларының оқу әлеуеті зор. Нақты білім беру жағдайында олардың сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін ынталандыру қабілетін және контактілі және байланыссыз білім беру процестерін жаңа әдіспен ұйымдастыру қабілетін тексеру қажет.

Сапалы демонстрациялық материалды жасау үшін мұғалім қағаз тасымалдағыштармен жұмыс істейтіндерден өзгеше электронды ресурстарға қолданылатын белгілі бір ережелерді басшылыққа алуы керек. Осылайша, зерттелетін құрылымдық бөлімшедегі мультимедиялық ақпараттың тым көп болуы білім алушыны шамадан тыс жүктейді.

Подкасттар жағдайында, мысалы, «лонгрид» деп аталатындар жасалады - келесі көруге болатын бейненің скриншоты арқылы «үзілген» мәтіндер; және презентацияларды жасау кезінде оқуға болатын қаріптерді (Arial, Verdana) ұстану керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. 1. Donovan J. Widening student participation through technology: Universities can gain from employing digital tools in their teaching and learning strategies // Research Infor-mation. – 2017 – № 93. – 15 p.
2. Genova M.M. 21st century language classroom with digital tools and resources // Indus-try 4.0. – 2019. – Vol. 4. – № 3. – Pp. 142-145.
3. Хильченко Т.В., Дубаков А.В. Мультимедийный урок иностранного языка и ор-ганизационно-технологические особенности его проектирования // Вестник Шад-ринского государственного педагогического института. – 2013. – № 4. – С. 73-78.

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚУ ПРОЦЕССІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Майлыбаева Назерке Есмуратқызы,
арнайы пән оқытушысы.
Ескараева Анаргул Ауелбековна,
Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
«Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК

Аннотация

Блум таксономиясы - бұл білім беру және алудағы жетістіктерді бағалауға арналған жүйе, ондағы әрбір деңгей келесі деңгейге байланысты. Ол көбінесе пирамида түрінде бейнеленген. Басқаша айтқанда, Блум таксономиясы - бұл көптеген басқа қосымшалар арасында оқытушыларға сабақ беруге және студенттерге оқуға көмектесетін когнитивті дағдылардың иерархиялық реттілігі.

Аннотация

Таксономия Блума - это система, разработанная для оценки образовательных достижений, в которой каждый уровень зависит от уровня ниже него. Ее часто изображают в виде пирамиды. Другими словами, ***таксономия Блума представляет собой иерархическое упорядочение когнитивных навыков, которые могут****, среди бесчисленного множества других приложений,* ***помогать учителям преподавать, а студентам учиться****.*

Annotation

Bloom's taxonomy is a system designed to evaluate educational achievement in which each level depends on the level below it. It is often depicted as a pyramid. In other words, Bloom's taxonomy is

a hierarchical ordering of cognitive skills that can, among countless other applications, help teachers teach and students learn.

Кіріспе

Студенттер оқудан ләззат алатын тиімді ортаны құру оқытушы жұмысының маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Сіз барлық стратегиялар мен сабақ жоспарларын қолдана аласыз, бірақ егер сіздің студенттеріңіз сіз үйрететін ақпаратты білмесе, олардың ешқайсысы маңызды болмайды. Блум таксономиясы үйрену үшін қажетті дағдыларды дамыту студенттердің нұсқауларыңыздан пайда көре алатын тиімді ортасын құрудың кілті болып табылады. Бұл баяндамада негізінен Блум таксономиясының когнитивті саласы туралы білеміз. Студенттер оқу процесінде бағаланғанын білмеген жағдайда жақсы жұмыс істейді.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Оқытушылар алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр, яғни:

- ой-өрісін дамытатын интеллектуалды жұмыс түрлерін жіктеп саралау;
- мамандыққа қызығушылығын арттыру;
- жаңа кезең технологиясын зерделей отырып, өз жұмысына тиімді қолдану.

Тақырып бойынша педагогикалық тәжірибеге сараптама жасау және оны меңгерумен қатар, студенттердің оқу белсендігін арттыру жолдарын қарастыру. Соның бірі, әрі сабақта студенттердің оқу жетістіктерін бағалауда тиімді Блум таксономиясы.

Негізгі бөлім

Неліктен Блум таксономиясы маңызды?

Оқытуға келетін болсақ, барлық әдістер бірдей емес, кейбір тәсілдер басқаларға қарағанда білімді өнімді және ұзақ мерзімді сақтауға алып келеді. Мұнда Блум таксономиясы көмекке келеді. Студенттерге ақпарат ұсынуға негіз бола отырып, Блум таксономиясы оқытушыларға студенттердің тек жаттаудан гөрі ақпаратты шынымен үйренетін және меңгеретіне көз жеткізуге көмектеседі. Оқытудың бұл тәсілі студенттерді жай ғана ақпаратты есте сақтау шеңберінен шығуға және оның орнына оқығандарына сыни көзқараспен қарауға итермелейді. Тәсіл икемді болғандықтан, оны әртүрлі пәндік салаларға және студенттердің әртүрлі түрлеріне бейімдеуге болады. Студенттер олардың бағаланғанын білмеген кезде ұпайлар жақсы жұмыс істейді. Осылайша, оқу жоспары студенттер үшін сәйкесінше реттелуі мүмкін.


Бенджамин Блум – американдық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан: адами мінездеменің өзгеруі мен бірқалыптылығы және білім беру мақсаттарын жүйелеу.

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген **Блум таксономиясы** сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының *мақсаты* – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.

Таксономия - белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады. Таксономия (грекше. táxis — орналасу, құрылыс, тәртіп және nómos — заң). Таксономия барлық оқу мақсаттары мен нәтижелері бірдей маңызға, құндылыққа ие бола алмайтындығына негізделген.

Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру студенттердің дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, онда қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой

толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні - студенттерді кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады. Сабақ жоспарын Блум таксономиясына салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында студенттердің білім деңдейіне және нені жасай алатынын, сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдаланып, студент бойында ішкі уәж тудырып, өз қабілеттеріне сенім арттырып, ол өз кезегінде жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне әсер етеді деп күтілді.



Блум таксономиясының алты деңгейі және оның маңыздылығы

Блум таксономиясының алты деңгейі: білім не білу, түсіну, қолдану, талдау, синтез және бағалау. Әр деңгей өзінше маңызды, бірақ олар бірге оқуға жан-жақты көзқарас береді.

Білім не білу деңгейі. Білім деңгейінде студенттерден фактілерді және анықтамаларды есте сақтауды сұраймыз. Күнделікті сабақ процесіне карталар немесе сәйкестік ойындар кіруі мүмкін. Мысалы, егер тақырып белгілі тарихи оқиға қатысты болса. "Қанша ...? Бұл кім болды ...? Сіз атай аласыз ба ...?" осы санатқа жататын сұрақтар арқылы бағыттаймыз.

Түсіну деңгейі. Түсіну деңгейінде студенттерге материалды түсінуді жалпылау немесе мәліметті басқа форма арқылы көрсетуді ұсынуға болады. Жай әрекеттерге қысқа сұрақ – қысқа жауап әдісі немесе жаттығу формаларын толтыру жатады. Мысалы, егер бұл әдебиеттің тарауы болса. "Сіз өз сөзіңізбен жаза аласыз ба ...? Сіз қысқаша сипаттай аласыз ба...? Әрі қарай не болуы мүмкін деп ойлайсыз ...?" осы санатқа жататын сұрақтар арқылы бағыттаймыз.

Қолданбалы деңгей. Қолданбалы деңгейде студенттерден жаңа жағдайда білгендерін пайдалануды сұрауға болады. Әрекеттерге тапсырмалар кестесін жауаптармен толтыруды, жұмыс парақтарын толтыруды және рөлдік ойынға қатысуды қамтамасыз етуі мүмкін. Мысалы, егер бұл ғылым туралы тарау болса. Біз осындай сұрақтар "Қолданылатын ең қолайлы мәлімдемелерді таңдаңыз...? Әсерін бағалаңыз...? Бұл қандай жағдайға әкеледі ...?" осы санатқа жататын сұрақтар арқылы бағыттаймыз.

Талдау деңгейі. Талдау деңгейінде студенттер оқиғалардың логикасын түсіндіреді. Олар зерттеу жұмыстарын сыни тұрғыдан зерттеп, мәтіндік материалдарды талдауға дәлелдер келтіреді. Студенттер өткен оқиғалардан қорытынды жасайды және әртүрлі тақырыптар бойынша пікір-таластарға қатысады. Олар сондай-ақ болжамды шешімдерді ұсынады. Мысалы, бұл санатқа "Қандай оқиғалар болуы мүмкін еді ...? Егер ... соңы қаншалықты басқаша болуы мүмкін? Бұл қаншалықты ұқсас болды ...?" деген жағдайларға талдау жасайды.

Синтез деңгейі. Синтез деңгейіндегі студенттер әртүрлі элементтер мен идеяларды зерттеп, оларды жаңа идеялар немесе құрылымдар алу үшін біріктіреді. Олар жалпы тақырыптар мен заңдылықтарды анықтауды және олардан қорытынды жасауды үйренеді. Мысалы, ақпараттық технологиялар саласындағы «жасанды интеллект» және «нейрондық желі» сияқты зерттелген екі тақырыпты біріктіретін презентация немесе жоба жасау.

Бағалау деңгейі. Бағалау кезеңінде студенттер әртүрлі тақырыптар бойынша сыни-пікір қалыптастыруды үйренеді. Олар белгілі бір критерийлер мен стандарттарға негізделген пікірлер айтуды және оларды логикалық пайымдаулар мен дәлелдермен нығайтуды үйренеді. Бұл ең күрделі ойлау процестерін қажет ететін ойлаудың ең жоғары деңгейі. Мысалы, егер бұл қандай да бір ғылыми эксперимент болса, "Бағалау үшін қандай критерийлерді қолданар едіңіз ...? Бағалау үшін қандай деректер пайдаланылды ...? Қалай тексеруге болады ...?"осы санатқа жататын сұрақтар арқылы бағыттаймыз**.**

Осы деңгейлер негізінде мен өз сабағымда төменде көрсетілген тірек-сызба бойынша жобаладым және сабақ өту процессін бірнеше санатқа бөлдім. Оқыту нәтижесін игеру барысында осындай сатыланған әдіс тиімділігін байқадым. Студенттерге оқыту нәтижесі бойынша мәліметтерді даналап, яғни мәні, қолдану аясы бойынша бөліп жеткізу жеңіл, әрі тиімді *(тірек-сызба 1)*.

Тірек-сызба 1. Оқыту нәтижесін игеруге арналған Блум таксономиясы негізінде құралған жоспар негізі.



Қорытынды

Аудиторияда Блум таксономиясын қолдану туралы айтатын болсақ, қатаң ережелер жоқ. Блум таксономиясын қолдана отырып, қандай да бір бағалау жүргізерден бұрын немесе курсты дамытпас бұрын, алдымен студенттің мүмкіндіктерін бағалап, соған сәйкес тиісті оқу мақсаттарын қою керек. Сіздің мақсатыңыз оқу процесінде студенттерге Блум таксономиясының барлық деңгейлері арқылы мәліметтерді меңгеруге мүмкіндік беретін жағдай құру қажет болса, онда Блум таксономиясының артықшылығын пайдалану үшін оқытушылар оқу процессінде барлық деңгейлерді қамтуға тырыспауы керек. Оның орнына оқытушы өз аудиториясына сәйкес келетін белгілі бір деңгейдегі, мысалы, білім, түсіну және т.б. сабақтарды жоспарлауы керек. Осы деңгейге жеткеннен кейін келесі деңгейге өтуге

болады. Блум таксономиясын қолдана отырып, әрбір студент балабақша, орта мектеп немесе университетті бітіргенге дейін қадамдарда сапалы білім алады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен сілтемелер:

1. Бағалау саясаты. Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі. – 2014. http://www.nis.edu.kz/.
2. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2030» Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». Алматы: Дәуір, 1997.
3. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері, Алматы 2013. – 447 б.
4. Н.С.Сарсенова «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологиясын енгізудің тиімді жолдары» Алматы 2006. – 158б.
5. «Оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары туралы жалпы мағлұматтар» (әдістемелік көмекші құрал)
6. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту» Мұхамбетжанова С.Т. п.ғ.к., ББЖКБАРИ
7. https://www.metod-kopilka.ru/tzhiribe-almasu-tairibi-blum-taksonomiyasi-sapali-oitudi-tiimdi-zholi-68325.html
8. https://medium.com/datatobiz/blooms-taxonomy-approach-to-facilitate-effective-learning-f8ca4ddb943e
9. https://tips.uark.edu/using-blooms-taxonomy/
10. https://tophat.com/blog/blooms-taxonomy-ultimate-guide/
11. https://cft.vanderbilt.edu/guides-sub-pages/blooms-taxonomy/
12. Андерсон, Л., & Кратвол, Д. А. (2001). Таксономия для обучения, преподавания и оценки: пересмотр таксономии образовательных целей Блума. Нью-Йорк: Лонгман.
13. http://www.nwlink.com/~donclark/hrd/bloom.html
14. https://uwaterloo.ca/centre-for-teaching-excellence/teaching-resources/teaching-tips/planning-courses-and-assignments/course-design/blooms-taxonomy
15. https://www.teachthought.com/wp-content/uploads/2018/08/B8F0FC46-9B1E-4D6D-8E1C-6090462F95F6.png

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жанәділ Балнұр Ерәділқызы,
01120100 - "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығының 3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі:
Есжан Райхан Мақсұтәліқызы,
Арнайы пәндер оқытушысы
Педагогика, психология және жеке пәндер әдістемелері кафедрасы
«Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі» МКҚК

Аңдатпа: Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық даму ерекшеліктері қарастырылған.

Тірек сөздер: білім беру жүйесі, жаттығу, сенсорлық талдағыштар, тұлғааралық қатынас, рефлексия дағдысы.

Аннотация: В данной статье рассматриваются особенности психического развития детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: система образования, упражнения, сенсорные анализаторы, навыки межличностного общения, рефлексия.

Abstract: This article discusses the features of the mental development of preschool children.

Keywords: education system, exercises, sensory analyzers, interpersonal communication skills, reflection.

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту басты міндет болып табылады.

Мектепке дейінгі балалық – адам өміріндегі қысқа кезең, бар болғаны алғашқы жеті жыл. Бірақ баланы ересектерден бөлетін дәл осы кезең, қамқорсыз сәбидің біршама толыққанды, белсенді тұлғаға айналады.

Біріншіден, білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың балалығына бағытталуы шарт.

Екіншіден, тәрбие мекемесінің басшысы мен тәрбиеші педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал ету қажет. Сондай-ақ, отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыру және білім мен тәрбиенің балаға берілген үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу де өте маңызды.

Үшіншіден, балабақшада еңбек етуге толық жағдай жасалып, тәрбиелеу мен білім берудің технологияларын сауатты меңгеріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп, оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен үлес қосып отыру керек. Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы [1, б. 87].

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін дамытудың маңызы ерекше.

Даму барысы:

1. Зердесін дамыту.
2. Эмоциясы мен сезімдерін дамыту.
3. Күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту.
4. Өзіне-өзінің сенімділігін, өзін-өзі қабылдау, жақсы көруді дамыту.
5. Танымдық үрдісін дамыту.
6. Өзін-өзі алып жүре алуын, дербестігін дамыту.
7. Өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту.

Даму үрдісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. 6 жастағы балалар заттарды түсіне, түріне, көлеміне қарап ажырата бастап, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді.

Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады. Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл-ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды және бұл баланы дүниені тануына кері әсер етуі әбден мүмкін. Т.Рибоның айтуынша, баланың шығармашылық қабілеті тәжірибелілігіне байланысты дамиды деп тұжырымдайды.

Мектеп жасына дейінгі кезең – қиялдың тез дамитын уақыты. Сондықтан қиялдың дамуын төрт ерекше кезеңдерге бөлуге болады (2 жастан 6-7 жасқа дейінгі аралықта) [3, б. 56].

Бірінші кезең – баланың қабылдауының ерекшелігіне байланысты (бір заттан басқа бір затты көре бастауы);

Екінші кезең – қиялдың ойыншықтарды жандандыру құдіретінің байқалуы;

Үшінші кезең – ойындағы рөлдерге байланысты өзгеруі;

Төртінші кезең – бала қиялында өзіндік көркемдік шығармашылықтың басталуы (бейнелерді қайта құруы, жасауы).

О.М. Дьяченко мен А.И. Кирилованың тәжірибелік зерттеулерінде бала дамуында қиялдың екі түрі (сезімдік және танымдық) жүзеге асады. Танымдық қиялдың басты міндеті – ақиқат өмірдің белгілі бір түрде бейнеленуі. Сезімдік қиял, белгілі бір жағдайға байланысты қайшылық болғанда, баланың өзіндік «Мені» қалыптасқанда және оның құрастырудағы бір механизм болады. Е.Е. Кравцованың зерттеуінде қиялдың даму қызметінде үш түрлі компонентті бөліп көрсетті:

1. Көрнекілікке сүйену;
2. Өткен тәжірибесін қолдану;
3. Ерекше ішкі позицияны қолдану.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде қиял – қоғамдық тәжірибені меңгерудегі алғы шарттары болып келеді, өйткені балалар қоршаған ортаны, адамгершілікті, эстетикалық идеяларды өзіндік көзқараспен қабылдайды.

Баланың қиялы ересектерге қарағанда әлсіз. Л.С. Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, «Бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады. Қиялда болатын барлық образдар, қаншама таңғажайып болып көрінгенмен де, баланың өмірден көрген-білгенінен негізделеді. Кейде бала өмірде кездескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдаумен түсіндіргенде, бізге үлкендерге күтпеген таңқаларлықтай болып естіледі». С.Л. Рубинштейннің айтуынша «Қиял – бұл образдық форманы іске асыру, өзгеріске енгізу» деп түсіндіреді. Л.С. Выготский мен А.Н. Леонтьев қиялдың ерекшелігіне қарай оған арнайы психикалық процесс деп қарауға мән береді.

Атақты психолог Л.С.Выготский баланың қиялы біртіндеп өмір тәжірибесінің молаюына байланысты қалыптасады деген қорытындыға келеді. Қазіргі кездегі психологтар мен педагогтар баланың жеке басының дамуындағы қиялдың маңыздылығының ең тиімді жолы шығармашылық жұмыста көрсету, үйрету, көркемдік әдебиетте нақтылау, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау, яғни, еркіндік беру керектігін айтады. Мектепке дейінгі кезеңде баланың зейіні төңіректегі заттарға және осылар арқылы орындалатын іс-әрекеттерге қатысты ынтамен сипатталынады. Бала бір нәрсеге ынтасы өшпей тұрған кезде ғана зейінін шоғырлайды. Жаңа бір нәрсе пайда болысымен-ақ баланың зейіні лезде соған ауады. Сондықтан балалардың ұзақ уақыт бір іспен шұғылдануы сирек болады.

Д.Б. Эльконин пікірінше, мектепке дейінгі кезеңде балалар іс-әрекетінің күрделенуіне жалпы ақыл-ой дамуының ілгеруіне байланысты зейін күшті шоғырланып, тұрақтылыққа ие болады. Мысалы, мектепке дейінгі кезеңдегі кішкентайлар бір ойынды 30-50 минут ойнайтын болса, 5-6 жасқа жеткенде ойынның ұзақтығы 1,5 сағатқа дейін созылады. Мұны ойында адамдардың күрделірек іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарының бейнеленуімен және ойынға үнемі енгізілетін жаңа ахуалдардың қолдау табуымен түсіндіруге болады. Балалар суреттерді көргенде, әңгіме, ертегі тыңдағанда зейін тұрақтылығы арта түседі. Мысалы, мектепке дейінгі шақтың соңында суретті көру ұзақтығы екі есе артады, мектепке дейінгі кішкентайға қарағанда алты жасар бала суретті жақсырақ түсінеді, оның өзіне қызықты жақтары мен егжей-тегжейлерін бөліп алады. Сабақтарда пайдаланылатын ойын элементтері, іс-әрекеттің нәтижелі түрлері, іс-әрекет формаларын жиі өзгерту балалардың зейінін айтарлықтай жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді. Сенсорлық даму, бала заттардың түсін, пішінін, мөлшерін және олардың кеңістіктегі орналасуын айырып қана қоймай, оларды мөлшеріне қарай сәйкестендіріп (үлкен, кіші, аз, көп) анықтай алады [2, б. 213].

К.Д. Ушинский «Балаға оқуды қызықты ете білу керек және сонымен қатар, оларды қызықтыра қоймайтын тапсырмаларды да бұлжытпай орындауды талап ету керек, бұл жұмысты орындағанда бір жағын басым етіп жібермей, екі жағын теңестіру арқылы еріксіз зейінді тудырып отырумен қатар, балада белсенді зейін шамалы болғанына қарамастан оны

жаттықтырып отыру керек»,деп көрсетеді. Мысалы, үлкен адам балаға тапсырма бергенде оған осы арада дәл оны қайталап беруді талап етеді. Үлкен адам баладан бір нәрсе сұрағанда, оның еске түсіруіне бағыт береді: «Сосын не болады?», «Жылқыға ұқсас сен тағы қандай жануарларды көрдің?» тағы сол сияқты. Бала біртіндеп қайталай білуге, түсіне білуге, материалды есте сақтау мақсатында байланыстыра білуге, еске түсіргенде байланыстарды пайдалана білуге үйренеді. Сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың ойлау үрдісіне тоқталсақ, ойлау – тіл дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру бірлігінде дамиды [4, б. 12].

Баланың сау психикасының ерекшелігі – танымдық белсенділігі. Ойлау – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Балада түйсіктер дүниеге келген күннен бастап дамиды. Мәселен, туғаннан кейін бірнеше күннен соң бала қант қосқан судан сүтті айыра алады. Оның аузына хинин ерітіндісін тамызса, ерітінді ыңғайсыз реакция білдіреді. Осы айтылғандар балада дәм түйсігінің ерте көрінетіндігін байқатады. Баланың есту түйсігі біртіндеп дамиды.

Түйсік – адамның және басқа жан иелерінің жан қуатынан туындаған танымдық сезімі. Түйсік айналадағы нәрселердің сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп, олардың жеке қасиеттерінің санада таңбалануы. Түйсік заттардың түр-түсін, ыстық-суығын, дәмін, иісін, т.б. сипаттары мен қасиетін ажырататын дүниетанудың алғашқы сатысы. И.П. Павлов түйсіктердің пайда болуын жүйкедегі талдағыштардың (анализатор) жұмысына байланысты түсіндіреді. Талдағыштардың қай-қайсысы болмасын үш бөліктен тұрады. Біріншісі – сезім мүшесі (рецептор), екіншісі – миға баратын жүйке талшықтары, үшіншісі – мидағы әр түрлі жүйке орталықтары. Түйсік - материалдық дүниедегі белгілі бір кезде адамның тиісті сезім ағзаларына әсер ететін заттар мен құбылыстардың жеке сапаларын бейнелейтін қарапайым психикалық үрдіс.

Байқағыштықты дамыту үшін балаларды заттар мен құбылыстарды салыстыра білуге тәрбиелеудің маңызы зор. Қабылдаған нәрсемен танысқан соң, бірте-бірте оны түсіндіруге кірісу қажет. Байқағыштық – табиғат аясына саяхатқа шыққанда, өндіріс орны мен мұражайға барғанда дами түседі. Осының бәрін көріп, жіті қарап, естіп қана қоймай тереңірек сезіну қабілетін тәрбиелеуге септігін тигізеді Танымдық әрекетінің қалыптасуының психологиялық бұзылудың бастысы - ойлауға қабілетінің төмендігі, яғни жалпылау процестері, психикалық процестердің қозғалысы мен темпінің бұзылуы, қабық функциялар қатарының, зейіннің, естің жеткіліксіздігі. Осы уақытқа дейін мектепке дейінгі шақтағы баланың ойлауы тек қана нақты – ол бөлек заттар мен олардың қасиеттеріне бекітілген деп саналады. Осыдан балалардың қызығушылықтары артып, ойлауы жалпылама, терең және себеп-салдарлы болып келеді. Бірақ бұл білімдер баланың есінде ғана қалмай, ойлау дамуын жетілдіру үшін оқыту ерекше түрінде – ойынға, заттармен әрекеттесуіне, олардың кесте, схема және суреттеріне негізделуі қажет. Бұндай ойын арқылы оқытуда әр ойынға қатал норма берілмейді, мысалы, бұл тапсырманы бірінші немесе бесінші рет өткізу кезінде орындау сияқты. Ең бастысы - осындай әрекетке баланың қызығушылығы. Егер де бала белгілі бір тапсырманы бірінші ретте орындай алмаса, бала, аз болса да, алға қадам жасау керек, бұл дамудың процесі өзі болып табылады. Әрине, білім мен дағдылар саны дамудың көрсеткіші бола алмайды, бала білімдерді қалай қолданатыны және белгілі бір тапсырмаларды орындауда қалай шешім қабылданатыны маңыздырақ болады.

Білімге құштарлық, ойлау дамуы және сөйлеу – бұл салалар да, санау және оқу білу сияқты, маңызды болып табылады. Оларды біріншіден дамыту қажет. Ойын арқылы баланың ой тапқырлығын көрсетуіне, белсенді және өзбетті болуға жағдай жасау керек, сонда ғана ондағы өмірде мақсаттарға жетуіне көмектесетін баланың өз-өзіне сенімділігі дамып қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова. Балалар психологиясы, 2012.
2. Д.Б.Эльконин; ред.сост. Б.Д.Эльконин. Детская психология, 2011.

3. Л.Ф. Обухова. Возрастная психология, 2014.
4. Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В., А.С.Обухова. Психология детей младшего школьного возраста, 2014.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕР МЕН ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Досан Әсел Сейдакбарқызы,
0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Оспанова Аймкуль Ахметовна
арнайы пәндер оқытушысы.
Педагогика, психология және жеке пәндер әдістемелері кафедрасы
Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі

Аңдатпа: Мақалада студенттердің педагогикалық қабілеттерін арттыру құралы ретіндегі әлеуметтік-психологиялық тренингтің мүмкіндіктері көрсетіліп, оларды пайдаланудың мақсаты айқындалады. Педагогикалық процесте жүзеге асырылатын психологиялық тренингтер қарастырылады.

"Психологиялық тренинг" ұғымының мәні қарым-қатынастағы құзыреттілікті дамыту құралы ретінде, "психологиялық әсер ету" формасы ретінде және оқытудың белсенді формасы ретінде ашылады.

Тірек сөздер: тренинг, білім беру жүйесі, жаттығу, интерактивті әдіс, тұлғааралық қатынас, рефлексия дағдысы.

Аннотация: В статье показаны возможности социально-психологической подготовки как средства совершенствования педагогических способностей студентов, определены цели их использования. Рассмотрены психологические тренинги, реализуемые в педагогическом процессе.

Раскрывается смысл понятия «психологический тренинг» как средство развития компетентности в общении, как форма «психологического воздействия» и как активная форма обучения.

Ключевые слова: тренинг, система образования, упражнения, интерактивный метод, межличностные отношения, навыки рефлексии.

Keywords: training, educational system, exercises, interactive method, interpersonal relations, reflection of skills.

Abstract: The article shows the possibilities of social and psychological training as a means of improving the pedagogical abilities of students, and the purpose of their use is determined. Psychological trainings implemented in the pedagogical process are considered.

The meaning of the concept of "psychological training" is revealed as a means of developing competence in society, as a form of "psychological influence" and as an active form of training.

Қазіргі ұстаздар алдында тұрған басты міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Осындай талапқа сай қызмет істеу үшін оқытушы үздіксіз ізденісте болуы тиіс.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Осындай іргелі мәселелерді шешуде психологиялық тренингтер мен жаттығуларды пайдаланудың маңызы зор.

Тренинг дегеніміз – кәсіптік және тұлғалық қарым-қатынастағы құзіретті дамытуды көздейтін интерактивті оқытудың бір түрі. Тренинг көпшілікті оқытудың әдісі. Тренингтің негізгі мақсаты - тренинг тобы мүшелерінің тұлғалық дамуы. Бұндай сабақтарда оқушы топтың сеніміне ие болады, өзі де айналасындағыларға сенуден қорықпайды. Тренинг сабақтары оқушыға өзін басқа құрдастарымен салыстыруға, өзара байланыстың тиімді

әдістерін тезірек игеруге мүмкіндік береді. Тренингтің өзегі қатысушылардың өзара сыйластығына, бір-біріне толық сеніміне, оның өз пікірін білдіруге құқығын мойындауына негізделген диалог болып табылады [1, б. 124].

ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап психологияның қолданбалы және тәжірибелік салаларында «тренинг» түсінігі пайда болды және кеңінен қолданыла бастады. Қазіргі таңда «тренинг» түсінігінің нақты бір анықтамасы болмағанмен, бұл әртүрлі іс-әрекеттердің, әдіс-тәсілдер мен құралдардың ортақ термині ретінде кеңінен пайдаланылуда.

Ресейлік психолог Л.А.Петровская әлеуметтік-психологиялық тренингті «өзара қатынастағы білімді, әлеуметтік белгілеулерді, қабілеттілік пен тәжірибені дамытуға бағытталған әсер ету құралы» ретінде қарастырады [2, б. 38].

Білім беруде тренингті қолдану арқылы алға қойған мәселелерді шешу, қарым-қатынас, жігерлік, өз-өзіне сенімділік, ойлаудың сыншылдығы, өзін-өзі басқару қабілеттілігі және өзіндік «менін» - дамытуға жағдай жасалады.

Тренинг өткізуге қойылатын талаптар:

- кең бөлме, орындықтар шеңбер бойынша қойылады (тренинг шеңбері), қатысушылар бір-біріне қарама-қарсы отырады;
- тренинге қатысушылар 20-25 адамнан аспау керек;
- тренинг барысында өзара сенім мен достастық атмосферасын тудыру және қолдау;
- қатысушыларды мадақтап отыру және тренингке бәрінің түгел қатысуын қадағалау;
- оқытушы-тренер басқаларының да пікірімен санасу қажеттігін есте сақтай отырып, аудиторияны сабақтың қойылған мақсатына жетуге бағыттап отырады;
- оқытушы-тренер әрбір жаттығудың уақыт шеңберін сақтап отыруы керек;
- тренингтің бірінші сағатында «танысу» жаттығуы өтеді және топтың жұмыс ережесі қабылданады;
- теориялық материялдар интерактивті жаттығулармен және сергіту сәттерімен ұштастырылып өткізілуі қажет;
- кез келген тренинг сабағының алдында мақсат пен міндет оқылады, ал соңында қорытынды шығарылады [3, б. 84].

Тренингтегі топтық жұмыстар қатысушылардың белсенділігін арттыруға, серіктестік қатынасын дамытуға, басқа адамдардың көзімен қарауына мүмкіндік туғызды.

Тренинг арқылы оқытушы мен оқушылар арасындағы өзара байланыс нығая түседі. Тренингтің тағы бір пайдалы жағы қарым-қатынас, яғни әңгімелесу еркіндігі мен тәуекелділік атмосферасы болып табылады. Интерактивті әдістерді қолдану арқылы жеке тұлғаның дамуына, тәрбиелілікке, оқыту қабілетін ұтымды пайдалануға, ынтымақтастыққа, өзін-өзі дамытуға, ортаға тез бейімделуге жетелейді. Мысалы:

«Мен және менің ұжымым» тренингі.

Мақсаты: Өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға; дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

Көрнекіліктер: интерактивті тақта, А3 - А4 қағаз беттері, фломастерлер, қарындаштар, қобдиша, адамгершілік қасиеттері жазылған карточкалар, үлестірмелі смайликтер, доп, жіп.

Тренингті жүргізу барысы: Әр қатысушыға парақ беріледі, өз сипаттамасын тек бір жағына ғана жазу керектігі және 2 минуттан кейін парақтың келесі жағына есімдері көрсетілген беттерді тренер жинап алынатындығын ескертеді.

Жаттығу шарты: Сізді таныс емес адаммен кездесу күтіп тұр делік, ол бірден сізді тану үшін өзіңізді сипаттап жазыңыз. Көпшіліктен өзіңізді ерекшелендіріп тұратын белгілеріңізді табыңыз. Бет-әлпетіңізді, жүрісіңізді, сөйлеу мәнеріңізді, киім киісіңізді, зейінді аударарлықтай ым-ишараларыңыз болса т.б.

Рефлексия: Жазылған автопортреттер бір бірден таратылып оқылады, бұл кімнің портреті екенін анықтау керек.

«Менің сүйікті мамандығым» тренингі.

Мақсаты: Кәсіби іс-әрекеттердің эффективті индивидуалды стилін қалыптастыру; оқушылармен, олардың ата-аналарымен, басшылықпен, әріптестерімен сонымен қатар өз отбасы мүшелерімен ойдағыдай қарым-қатынас жасай алуын қалыптастырып, дамыту.

Барысы: Болашақ мұғалімдер шеңбер құрып тұрады. Психолог топтың әрбір мүшесіне алдарында оқушылар тұр деп елестете отырып сәлемдесуді ұсынады. Мысалы, «Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Бұл жерде фразаны жестпен, позамен, бет әлпет қимылымен қуаттауға болады. Топ мүшелерінің барлығы сәлемдесіп болғаннан кейін жалпы талқылау өткізіледі. Сәлемдесудің қайсысы ашық және мейірімді, кімнің фразасы белсенді іс-әрекетке эффективті стимул болды, мұғалімдер бала позициясынан өз әсерлерімен бөліседі.

Бұл жаттығуда жеке индивидуалдық іс-әрекет стилін табуға көмектесу үшін әрбір қатысушымен кері байланыс орнатылады. Айта кететін жай, бұл проблема енді жұмыс жасай бастаған жас мамандар арасында ғана актуалды емес. Көп жылдар бойы қызмет етіп, дағдылары қалыптасқан, жұмыс істеуі автоматтандырылған мұғалімдер арасында да қажет. Олар өздерінің кәсіби шаралар арсеналын кеңейтіп, жанарту үшін маңызды. Бұл жерде жекелік индивидуалдығын басу ізімен емес, өзіндік «Мені» мен кәсіби мүмкіндіктерін ашудағы үлесімділік пен толық жетілуді табу.

«Эмоция» жаттығуы.

Мақсаты: Мұғалім бойында артистизм, эмоционалдылық, иілгіштік, оқушылармен қарым-қатынаста образдық пен тірлік техникаларын дамыту.

Топ жарты шеңбер болып отырады. Әрбір қатысушы психологиялық жұмбақ жасырады. Жұмбақты бет әлпет қимылы, позасы, іс-әрекеті, жесті және кейбір нейтральді фразаларды қолдануы, өзі ойланған эмоцияналдық күйлердің біреуін топқа жасыруға болады, топ мүшелері оны табуы қажет.

Кейіннен психолог мұғалім жұмбақты қаншалықты шеше алғандығы жайында ойлануға, ол өз күйін демонстрациялауда қандай сыртқы амалдарды қолдануда қайсысы (бет, қол, интонация және т.с.с) мәндері болып келетіндігі жайлы ойлануды ұсынады. Мысалы: дерективті дауыс немесе «мұғалімдік» қатты мүсін.

«Шеңбер бойынша фраза» тренингі.

«Қандай да бір қарапайым фразаны таңдайық, мысалы: бақта алмалар түсіп жатыр». Енді, экранның оң жағындағы ойыншыдан бастап осы фразаны кезекпен айтамыз.

Ойынның әр қатысушысы фразаны жаңа интонациямен айтуы керек (сұраулы, қуанышты, таң қалушы, немқұрайлы және т.б.). Егер қатысушы жаңа ешнәрсе таба алмаса ойыннан шығады, ойын бірнеше рет ойналады. Соңында үш-төрт жеңімпаздар қалғанша. Басқа адамның интонациясын қайталауға болмайды. Назар аударуларыңды сұраймын, ойынды бастайық. Жеңімпаздарды құттықтаймыз».

«Бұзық телефон».

Жүргізуші оң жағындағы адамға көзін жұмғызып, оған қандай-да бір қимылды жасайды. Ал, ол ашық күйінде қалғанына көрсетеді, осылайша ойын жалғасады.

«Жалпы назар аудару».

Ойынның барлық қатысушыларына бір ғана қарапайым тапсырманы орындау ұсынылады. Кез-келген әдістермен, әрине физикалық әсер және жергілікті апатты қолданбай қоршағандардың назарын аударуға тырысуды талап етеді. Тапсырма ойынға қатысушылардың барлығы оны бір уақытта орындауға ұмтылуымен күрделенеді. «Бұған кім қандай жолдармен қол жеткізгенін анықтаңдар. Бастадық. Санаймыз ойын ішінде қатысушылардың назарын көп аудартқан адамды байқаймыз».

«Сиқырлы орындық».

Мақсаты: Қиын тапсырманы орындағаннан кейін топтағы қысымды шығару; ортада жаттығуды орындауда назар аудартқан қатысушылардың жетешілік деролизациясын жүргізу. Ортада жаттығуды орындауда аса назар аударқан қатысушыны сиқырлы орындыққа

отырғызу керек. Орындықтың сиқырлылығы мынада: орындыққа отырған адамның еш кемшілігі жоқ. Тек мінезінде жағымды қасиеттері бар. Барлық топ мүшелеріне өздерінің білетін, осы адам туралы ойлайтын пікірлерін, барлық мейірімділігін айту ұсынылады. Егер жаттығу баяу, нашар жүрген жағдайда жүргізушінің өзі белсенділік көрсету керек. Содан кейін, бәріне ризашылығын білдіріп, орындықтағы адам басқалар ойларын айтқан кезеңде өзі не сезгені жайлы айтып беруді сұрау тапсырылады. Егер өз еркімен отырғысы келетіндер бар болса, жаттығуды жалғастыруға болады. Соңында ол адамға да қалай әсер еткені жайлы сұрау қажет.

«Менің жағымды және жағымсыз жақтарым» тренингі.

Ең бірінші әр оқушы өзінің бойындағы жағымсыз қасиеттерден арылуы қажет. Ол үшін әр оқушы қағазға бойындағы кездесетін, өзіне ұнамайтын жағымсыз қасиеттерді жазады. Барлығы жазып болған соң, қағазды жыртып, қоқыс жәшігіне тастайды. Міне, осылай бойдағы жағымсыз қасиеттерден арыламыз. Енді сендердің бойларыңда жағымды қасиеттер ғана қалды деп есептейміз. «Көршінің жақсы қасиеттерін ата». Әр оқушы өз көршісінің жақсы жақтарына сипаттама жасайды.

Тренингті өзіне тән ерекшеліктеріне, мақсатына, шартына қарай таңдап алу қажет. Тренинг оқушылардың қызығушылықтарын арттыра алатындай, өз ойларын ортаға еркін сала алатындай жағдайда өткізілуі тиіс [4, б. 127].

Ұсынылып отырған жаттығуларда адамдардың эмоциялық дүниесінің ерекшелігі, сонымен қатар эмоциясы мен сезіміне әлеуметтік және психологиялық әсерлер қарастырылады. Тренингтің көмегімен, басқалардың көзімен қарағанда мен қандаймын, қандай болғысы келетінін анықтауға болады. Сонымен бірге өзімен және адамдармен өз қатынасын қалай құру керектігін және өзіне деген сенімділік, рефлексия дағдысы және тұлғааралық қатынас мәдениеті дамиды. Жаттығулар адамның тұлға ретінде дамуына және өмірде өз әлеуетін барынша көп қолдануына бағытталған. Олардың тұлғалық өсуіне ықпал етеді. Әрбір адамның өзін-өзі тануына, ойдағыдай әлеуметтік бейімделулеріне көмектеседі және өзінің жеке ерекшеліктерін, қабілеттіліктерін танып білуге жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абрамова Г.С. Практикалық психология. 2001 ж.
2. Н.В. Клюева. Технология работы психолога с учителем. М., 2001
3. Құрастырған: Кожакова А.И. Психологиялық тренингтер мен жаттығулар жинағы. Ақтау, 2015 ж.
4. Битянова М. Практическая психология. М., 1996 ж.

ОҚУ ҮРДІСІНЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Сагиндыкова Нуржамал Осеровна,
Орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы
«№ 14 колледж» МКҚК

Аннотация: Бұл мақалада оқу үрдісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы маңызы, әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, электронды оқыту жүйесі жобасы аясында жасалған ЦБР мазмұны мен құрылымын талдау қарастырылған. Сонымен қатар, ЦБР-ге қойылатын талаптар, қағидалар, топтамалардың мазмұны, және оны қолданудың әдістері көрсетілген.

Аннотация: В данной статье рассматривается значение использования цифровых образовательных ресурсов в образовательном процессе, описание методических особенностей, анализ содержания и структуры ЦОР, разработанных в рамках проекта системы электронного обучения. Кроме того, представлены требования к ЦОР, принципы, содержание пакетов и методы его применения.

Annotation: This article discusses the importance of using digital educational resources in the educational process, describes the methodological features, an analysis of the content and structure of the digital educational resources developed as part of the e-learning system project. In addition, the requirements for the digital educational resource, principles, contents and methods of its application are presented.

Тірек сөздер: цифрлық білім беру ресурсы, электрондық оқыту жүйесі, электронды оқулық, мультимедиялық презентациялар, ақпараттық технология.

Опорные слова: цифровой образовательный ресурс, система электронного обучения, электронный учебник, мультимедийные презентации, информационные технологии.

Keywords: digital educational resource, e-learning system, electronic textbook, multimedia presentations, information technology.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «**Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында** «Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру. Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар элементтерін енгізу айрықша маңызды. Осы және басқа да міндеттер мемлекеттік секторды толығымен «цифрлық қайта жүктеуді» талап етеді.

Біріншіден, «Электронды үкіметтің» мүлде жаңа құрылымын жасау керек. Мемлекеттік сектордың барлық IT-бастамасы тек қана қазақстандық мемтехтың жаңа платформасына негізделеді.

Екіншіден, біз мемлекеттік органдардың бизнес-үдерісін түгел қайта қарап, цифрлық форматқа көшіретін Цифрлық трансформация орталығын ашамыз.

Үшіншіден, ұлттық компаниялар IT-қауымдастықпен өзара қарым-қатынас жасайтын платформа құруымыз қажет. Квазимемлекеттік сектордың цифрлық қажеттілігі мен сұранысы барынша отандық компаниялардың күшімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады. Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс», - деп атап көрсетті. Осы Жолдауды іске асырудың көп алғышарттарының бірі ретінде Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасындағы «Электрондық оқыту: білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі, оған білім беру ұйымдарына қажетті оқу ресурстарының 90%-ы бар ғаламтормен, орта, техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) ұйымдарын сандық білімдік контентпен толық қамтамасыз ету, оқытушылар әзірлейтін электрондық сандық білімдік ресурстарды дамыту» сияқты міндеттер қойылып, олар табысты іске асырылуда екенін айтуға болады.

Бұл жобада білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы маңызы, әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, электронды оқыту жүйесі жобасы аясында жасалған ЦБР мазмұны мен құрылымын талдау қарастырылған. Сонымен қатар, ЦБР-ге қойылатын талаптар, қағидалар, топтамалардың мазмұны, және оны қолданудың әдістері көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Осы жағдайда білім берудің жаңа әдістерін, білім алушылардың толыққанды оқу-танымдық іс-әрекеттерін қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін іске асыру үшін Цифрлық білімдік ресурстар (ЦБР) құрал-жабдық ретінде қарастырылған, себебі ЦБР айтарлықтай түрде дәстүрлі оқыту формасын дамытуға бейімделген, оның көрнекі оқу материалын, безендірулерді, аудио- мен бейне материалдардың үлкен мөлшерін енгізуге мүмкіндігі бар.

Оқу үрдісіне ЦБР-ды қолдану нәтижесінде:

- сабақтың түрлі кезеңдеріне ЦБР элементтерін енгізу арқылы оқу үрдісінің тиімділігі артады;
- оқытушы мен білім алушылар сабаққа дайындалу кезінде сан-алуан материалдарды пайдалануға мүмкіндік алады;
- кейбір үрдістердің динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді (бейнеүзінділер, анимация);
- өтілетін сабақтардың көрнекілігі артады;
- басқаша әдістермен көрсетуге болмайтын нысандарды көруге мүмкіндік береді;
- жергілікті желілерді пайдалану арқылы сабаққа дайындалу кезінде білім алушылар өздерінің икемділігі мен дағдыларын пысықтау сапалы болады.

Педагогтардың өздерінің авторлық материалдарын дайындауға көмектесуге арналған Электрондық оқытудың ақпараттық жүйесінің (ЭОАЖ) негізгі компоненті – электрондық кітапхана, оның ішіне әдістемелік ұсынымдар мен мыңдаған ЦБР-ы енгізілген. Екі қызметтік бөліктен тұратын «ЦБР дизайнері» модулінде онлайн-режимінде оқу курстарын және офлайн-режимінде цифрлық білімдік ресурстарды дайындауға болады. Онлайн-режимінде оқу курстарын дайындау бойынша қызмет онлайн-режимінде LMS (Learning Management System) ЭОАЖ-нің өзінде оқу курстарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Оқу курстарын дайындау курстың құрылымын беруге және электрондық кітапхананың басқа білімдік ресурстарынан жеке элементтерге сілтемелер есебінен оның мазмұнын толықтыруға мүмкіндік береді. Онлайн-режимінде ЦБР-ды дайындау бойынша қызмет мамандандырылған бағдарламалық өнімде ЦБР-ды дайындау мүмкіндігін ұсынады және LMS ЭОАЖ-мен қосылуының бар немесе жоқ болуынан тәуелді болмайды. Қазіргі кезеңде ЭОАЖ-н енгізу жобасының ауқымында онлайн-режимінде ЦБР-ды дайындауға мүмкіндік беретін бағдарламалық Жасақтама көптеген білім беру ұйымдарына орнатылған.

Ал ЦБР-ды төмендегіше шартты түрде жіктесе болады:

Білімнің өзектілігін арттыруға арналған ЦБР-ы:

- электрондық тесттер;
- ЦБР.

Жаңа оқу материалдарын түсіндіру кезеңіндегі ЦБР-ы:

- электрондық оқулықтар;
- мультимедиялық презентациялар;
- оқу бейнефильмдері.

Білімді, икемділікті және дағдыларды бағалау мен бақылауға арналған ЦБР:

- жобалау жұмыстары;
- тренажерларға арналған бағдарламалар;
- білім алушыларды аттестаттауға арналған материалдар.

Цифрлық білім ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, білім алушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда білім алушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға,

оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы орайда айта кететін жайт, жоғарыда жазылған техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) ұйымдарын цифрлық білімдік контентпен қамтамасыз етуге ҚР БжҒМ-інің үйлестіруімен Ұлыбритания (Sibeko), Румыния, Польша мемлекеттерінің мамандарымен бірге «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ ғалымдарының құрамында «№14 колледж» МКҚК оқытушылары Ө.Рысбаев, Н.Сагиндыкова қатысып, ТжКБ арналған ЦБР компоненттеріне кіретін тест сұрақтары мен жауаптарын дайындауға «Ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу, күту мен баптау», «Мал шаруашылығында қолданылатын машиналар» мамандықтары бойынша атсалысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.К.Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» **ҚР Президентінің** Қазақстан халқына Жолдауы [электронный ресурс]- :http//www.akorda.kz Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. З. Арысбаева «Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері»//Қазақстан мектебі. № 1. 2007. 69-70 б.
3. Авдеева С. Цифровые ресурсы в учебном процессе: [о проекте «Информатизация системы образования» и о создании Единой коллекции цифровых образовательных ресурсов] Народное образование. – 2008. – № 1. – С. 176-182.
4. Российский общеобразовательный портал по разработке цифровых образовательных ресурсов нового поколения [электронный ресурс]-:http// edu.of.ru/zaoch/default.asp?ob_no=8845.
5. Савелова Е. В. Цифровые образовательные ресурсы в колледже: методика использования. Обществознание. Сборник учебно-методических материалов для педагогических вузов. — М.: Университетская книг, 2008. — 224 с.
6. А. Құлқараев «E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері.//Электрондық мектеп. – №2 – 2013.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Ташкеева Жанар Тлеубековна,
№1Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінің математика пәнінің оқытушысы
Жаппаркулова Назира Алтынбековна,
№1Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
Сембаева Алина Аслановна,
№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінің Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс студенті

Андатпа: Мақалада қазіргі таңдағы мектеп мұғалімдерінің сабақ өту барысында инновациялық технологиялардың тиімді қолданылуы, инновация ұғымының негізгі анықтамалары айқын көрсетілген. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектесетіні баяндалған.

Аннотация: В статье наглядно показано эффективное использование инновационных технологий современными школьными учителями на уроках, приведены основные

определения понятия инновации. Освоение инновационных технологий помогает учителю системно организовать учебный процесс.

Annotation: The article clearly shows the effective use of innovative technologies by modern school teachers in the classroom, and provides the basic definitions of the concept of innovation. Mastering innovative technologies helps the teacher systematically organize the educational process.

Тірек сөздер: Инновация, технология, білім беру, инновациялық технология
Ключевые слова: Инновации, технологии, образование, инновационные технологии
Key words: Innovation, technology, education, innovative technologies

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай білім мен тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Болашақта өркениеті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанда дамыған бәсекеге қабілетті елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін ол – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Инновациялық технологияларды меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі мектеп мұғалімі: жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын, оқушымен тез тіл табыса алатын, білімді, шебер, іскер болуы тиіс. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. [1]

Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Білім беруде оқушы өзі ізденіп, тақырыпты оқып, түсініп, тақырып аясын кеңейтсе, жолдастарымен ой бөлігіне өз білгенін көпшілікке жеткізе алса, онда ұстаз еңбегінің нәтижесі болғаны, бұрынғы әдепке айналған оқу үрдісінде – оқушы белсенділік көрсетуге тиіс. Бүгінгі нарық заманында "Өмір бойы білім алу» әрбір Қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», – деп Елбасы жолдауында көрсеткендей, отандық білім беру жүйесінің дүниежүзі білім кеңістігіне енуі білім саласына үлкен өзгеріс, жаңа леп әкелді.

Енді «инновация» ұғымына тоқталатын болсақ, ғалымдардың көпшілігі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мәселен,

	Ғалымдар	**Анықтамалар**
	Э.Роджерс	«Инновация — нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея»
	Й.Майлс	«Инновация — арнайы жаңа өзгеріс, Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз»
	Н.Немеребай	«Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі»

«Инновация» сөзі — латынның «novis» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. «Инновация» ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды. Инновация ұғымын әр елде әртүрлі түсінген. Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған. «Инновация» сөзі қазіргі уақытта барлық білім,

өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданылып келеді. Инновациялар қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде XX ғасырдың 70–80 жылдарында ғана қолданысқа енгізілді. Қазіргі инновациялық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады.

Инновациялық білім берудің мазмұнын жетілдіру, оны инновациялау мәселелерін зерттеген педагог-ғалымдар.

Инновациялық білім берудің мазмұнын жетілдіру, оны инновациялау мәселелерін зерттеген педагог-ғалымдар	**Қазақстанда білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерін зерттеген педагог-ғалымдар**
Ю. К. Бабанский, В. С. Библер, Ю. С. Гершунский, В. П. Кваша, В. С. Лазарев, В. Я. Ляудис, А. В. Лоренсов, В. М. Полонский, С. Д. Поляков, М. М. Поташник, А. И. Пригожин және т.б.	Ш. Т. Таубаева, Н. Н. Нұрахметов, С. Н. Лактионова, Е. З. Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Т. О. Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г. К. Нұрғалиева, К.Бұзаубақова, С. Д. Мұқанова, Н. И. Хван, Л. Е. Румянцева, З. У. Имжарова, М. М. Мұқаметқалиқызы және т.б.

Қазіргі уақытқа дейін ғылыми әдебиеттерде инновациялық үдерісті бірнеше кезеңдерге бөлеміз.

-идеяның немесе инновация тұжырымдамасының пайда болу кезеңі;

-ойлап табу кезеңі;

-жаңалықты енгізу кезеңі

«Технология» термині алғаш рет 1904–1950 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Қазіргі кезеңде педагогика ғылымының бір ерекшелігі — баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Ал бұның өзі ұстаздар қауымына зор жауапкершілік, үлкен міндет жүктейді. Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады. Қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Осыған байланысты, әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Себебі, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туындап отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі инновациялық технологиялары жасалып, енгізіліп жатыр. [2]

Инновациялық технологиялар түрлеріне көптеген технологиялар жатады. Олар:

-ынтымақтық педагогикасы;

-білім беруді ізгілендіру технологиясы;

-проблемалы оқыту технологиясы;

-тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы;

-түсіндіру басқарып оза оқыту технологиясы;

-деңгейлік саралап оқыту технологиясы;

-міндетті нәтижеге негізделген деңгейлеп саралап оқыту технологиясы;

-модульдік оқыту технологиясы;

-жобалап оқыту технологиясы;

-дамыта оқыту технологиясы, компьютерлік технология, ойын технологиясы Ал соңғы жылдары оқытудың М.Жанпейісованың модульдік технологиясы мен В.М.Монаховтың

оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ профессор Ж.Қараевтың оқытуды дербестендіру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген инновациялық компьютерлік технологиясын еліміздің көптеген мемлекеттерінде қолданып жүр. Әрбір инновациялық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуда қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды. Енді осы инновациялық технологиялардың кейбіреулерінің ерекшеліктеріне тоқталсақ, мәселен, ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында; проблемалы тапсырмалар сабақтағы қорытындылардың қандай және қалай пайда болғандығын дәлелдейді және логикалық ойлауға ғылыми іздену жолына бағыттау; Шаталовтың әдістемесі жаңа материал мазмұнын түрлендірсе, қайталау жолымен есте сақтауды қамтамасыз ету; деңгейлеп саралап оқыту технологиясының принциптері-оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында; дифференциялап оқыту — әр оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып, жеке жасын дамыту қамтамасыз ететін білім беру болып табылады. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялармен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет:

-оқу үдерісін интенсивтендіруші жаппай қолға алу;

-оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру.

Жаңа технологияның принциптері — оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Мұғалімдердің оқыту технологияларын меңгеруде педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, олардың зерттеушілік жұмыстары, шығармашылық іс-әрекеттері пайдаланылады. Барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты — оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру. Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір тұлға болу мүмкін емес.

Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. [3]

Әдебиеттер тізімі:

1.Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Алматы: 2014.-360 б.
2.Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Ильясова Р. Педагогика. Астана: Фолиант, 2012.-656 б.
3.Тұрғынбаева Б. А. Дамыта оқыту технологиялары. — Алматы, 2000.

СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И НАУКА

Таймагамбетова Алмагуль Амидоллаевна,
преподаватель русского языка и литературы. Педагог-модератор
Amidollaevna.a.t@mail.ru
Актюбинский Высший медицинский колледж
имени Героя Советского союза Маншук Маметовой.

Аннотация:

В статье анализируется актуальная на сегодняшний день проблема визуализации знаний в обучении. Речь идет о необходимости обучать студентов способам самостоятельно представлять вербальную информацию в графической форме, что способствует увеличению темпа мышления, формированию умения работать с большими объемами учебной информации, а также концептуально структурировать и упорядочить полученные знания. Автором обобщается практический опыт работы в данном направлении, а так же предложены к рассмотрению психолого-педагогические условия обучения студентов, и краткое представление курса по выбору «Визуализация знаний», разработанного для будущих учителей технологии.

Аннотация:

Мақалада бүгінгі таңда оқытудағы білімді визуализациялаудың өзекті мәселесі талданады. Бұл студенттерге ауызша ақпаратты графикалық түрде өз бетінше ұсыну тәсілдерін үйрету қажеттілігі туралы, бұл ойлау қарқынын арттыруға, Оқу ақпаратының үлкен көлемімен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға, сондай-ақ алған білімдерін тұжырымдамалық құрылымдауға және ретке келтіруге ықпал етеді. Автор осы бағыттағы практикалық жұмыс тәжірибесін жинақтайды, сонымен қатар студенттерді оқытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын қарастыруды және болашақ технология мұғалімдері үшін әзірленген "білімді визуализациялау" курсын қысқаша ұсынуды ұсынады

Annotation:

The article analyzes the current problem of knowledge visualization in education. We are talking about the need to teach students how to independently present verbal information in graphic form, which helps to increase the pace of thinking, the formation of the ability to work with large amounts of educational information, as well as conceptually structure and organize the knowledge gained. The author summarizes the practical experience in this area, as well as the psychological and pedagogical conditions for teaching students, and a brief presentation of the elective course "Knowledge Visualization", developed for future technology teachers.

Ключевые слова: инновации в образовании, новые направления развития образования, тенденции развития современного образования, миссия образования.

Тірек сөздер: Білім берудегі инновациялар, білім беруді дамытудың жаңа бағыттары, қазіргі білім беруді дамыту үрдістері, білім беру миссиясы.

Key words: innovations in education, new directions of education development, tendencies of modern education development, mission of education.

Категория образования на протяжении истории развития педагогической науки рассматривалась с различных позиций: образование как процесс, как результат, как система и как ценность. Сегодня образование следует изучать под несколько иным углом зрения: образование как компонент культуры человека, как накопленный человеческий капитал, как социальное благо. Первые три позиции достаточно полно раскрыты в педагогической литературе. Остановимся лишь на некоторых уточняющих моментах. Первая позиция предполагает освоение человеком в условиях образовательного учреждения либо посредством самообразования системы знаний, умений и навыков, опыта познавательной и практической деятельности, ценностных ориентаций и отношений обучающих и обучающихся, воспитателей и воспитанников, воздействий и взаимодействий их друг с другом. Вторая – характеристика уровня достижений обучающихся в освоении знаний, умений, навыков, опыта деятельности и отношений. В этом и состоит суть образования как результата. Рассмотренные позиции свидетельствуют о том, что в центре внимания находятся знания как соответствующие результаты духовного богатства человечества, накопленного им в историческом опыте. Такой подход предполагает накопление знаний, формирование умений и навыков (знаниево-ориентированный подход), которые способствуют социализации человека, вхождению его в социум. С такой точки зрения их можно отнести к жизнеобеспечивающей системе человека. При этом они поглощают самого человека, заслоняя его личность. Процесс образования превращается в академизм, а знания при этом становятся абсолютной ценностью. В современных условиях наиболее актуальным становится обращение не к знаниям, умениями и навыкам, а к компетентности и компетенциям Подход к образованию как к системе предполагает совокупность преемственных образовательных программ и государственных образовательных стандартов, сеть реализующих их образовательных учреждений, органов управления образованием. Данная позиция может быть названа управленческой. Она только регламентирует, что входит в образование как систему. Наиболее сложным является рассмотрение образования с позиции ценностного подхода. Под воздействием происходящей в стране трансформации меняются функции образования и воспитания, которые становятся намного шире и важнее,

нежели только обучение, подготовка человека к какому-либо виду трудовой деятельности. Происходит утверждение личностно ориентированного подхода, при котором образование выступает как достояние определенной личности, как соответствующая ценность для конкретного человека. Существенным сдвигом в общественном сознании является переориентация образования на новые базовые ценности: с обеспечения потребностей производства и экономики в рабочей силе определенного качества на обеспечение потребностей самого человека в получении образовательных услуг соответствующего качества. Интересен подход к образованию как компоненте культуры человека. Культура и образование находятся в тесной связи друг с другом. Без передачи последующим поколениям образцов культуры, способов взаимодействия человека с окружающим миром вряд ли можно представить человеческую жизнь. Педагогическая проблема, какой бы она ни была, таит в себе общечеловеческое в том смысле, что она имеет универсальный характер и представляет общую ценность для всех народов мира

Задачей образования XXI в. является преодоление кризиса культуры, духовности и гуманизма. Социальная направленность. Приоритет отводится социальным требованиям к человеку как гражданину, труженику, члену общества, его качествам и способностям. Образованность становится одной из решающих жизненных ценностей. 10 педагогика и психология Содержательно ориентированная направленность определяется возросшими требованиями мирового сообщества к получаемым знаниям, умениям и навыкам в связи с новым уровнем производства, науки и культуры. Образовательные системы становятся призванными готовить специалистов высокого уровня профессиональной квалификации. Процессуально ориентированная направленность. Предпочтение отдается в этом случае самому процессу обучения, образовательным технологиям, методике преподавания и методике обучения, совместной деятельности обучаемого и обучающего. Личностно ориентированная направленность выражается в безусловном приоритете интересов развивающейся личности и реализуется через личностно ориентированную технологию обучения и воспитания. Итак, выстраивается новая педагогика, в основу которой положена идея гуманизма, его паритетности, признания высшей ценности – человеческой жизни и жизни вообще. К основным тенденциям и направлениям развития современного образования следует отнести такие, как глобализация, фундаментализация, гуманизация, технологизация, стандартизация, компьютеризация. Остановимся более подробно на выявленных тенденциях современного образования. Гуманитаризация образования касается вопросов обучения, воспитания и развития личности обучаемых, а также вопросов его организации, функционирования и управления. Предполагается, что она должна реализовываться во всей системе образования, пронизывая гуманитарную и естественно-научную составляющие образования, область технических, инженерных, экономических и других наук. Гуманитаризация – частное проявление общей задачи, связанной с возрождением культурно соотнесенного образования. Гуманитаризировать образование – значит выявить личностный смысл при изучении учебных дисциплин как гуманитарного, так и естественно-научного направлений, осознать его значимость с позиции каждой личности, т.е. сделать его личностно ориентированным и личностно значимымВажным направлением развития образования является технологизация образовательного процесса, которое предполагает внедрение в образование современного эффективного и продуктивного инструментария, высокоэффективных информационных технологий, продолжающуюся повсеместную компьютеризацию. Будущее образования – это образование с все увеличивающейся долей участия компьютера и информационных компьютерных технологий. В образовательный процесс приходит «компьютика», наука о совместной деятельности преподавателя, обучающегося и компьютера . Следует отметить, что в содержании образования происходят крупные изменения в связи с его стандартизацией, функция которой двояка. С одной стороны, стандартизация означает придание некоторого однообразия, а с другой – предполагает такое содержание образования, которое удовлетворяло бы соответствующему стандарту. И весь вопрос в том, чтобы не ошибиться, так как образование само по себе явление творческое.

Литература
1. Смирнов, И.П. Новый принцип воспитания: ориентация на интересы молодежи / И.П. Смирнов, Е.В. Ткаченко. – М., 2005. 2. Загвязинский, В.И. Теория обучения: современная интерпретация : учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений / В.И. Загвязинский. – М., 2001. 3. Гершунский, Б.С. Философия образования для XXI Библиографический список века : учеб. пособие для самообразования. – 2-е изд., пере

КӘСІПТІК ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Темірмұқанова Гүлназ Аманкелдіқызы,
Техника ғылымдарының магистрі,
арнайы пән оқытушысы
Кудабаева Гулжайнар Кабасовна,
арнайы пән оқытушысы
Қуандықұлы Асланбек
07130100-Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша) мамандығының 3 курс студенті
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі

Аңдатпа. Мақалада оқытудың жаңа инновациялық технологиясы - оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыру қаралады.

Аннотация. В статье рассматривается новая инновационная технология обучения-гуманизация обучения, формирование квалифицированной, разносторонней личности, способной саморазвиваться и воспитываться, следовать веяниям времени.

Abstract. The article deals with a new innovative technology of teaching-the humanization of learning, the formation of a qualified, versatile personality, capable of self-development and education, to follow the trends of the time.

Кілт сөздер: педагогика, технология, инновация, шығармашылық, жаңа формация оқытушысы, білім, тәрбие.

Ключевые слова: педагогика, технологии, инновации, творчество, учитель новой формации, воспитание, воспитание.

Keywords: pedagogics, technology, innovation, work, technology knowledge, education.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі студенттерді оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Инновациялық технологияны пайдалану-өмір талабы.

Қазіргі арнайы пән оқытушыларының міндеті - білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы - оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Студенттердің кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады.

«Жас маман» жобасы 2019 ж Жастар жылының ашылу салтанатында берілген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің тапсырмасына сәйкес әзірленген. «Жас маман» жобасының мақсаты - ең көп талап етілетін 100 кәсіп бойынша 180 колледж бен 20 университетті жаңарту және білікті мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу.

Қазіргі таңда ең өзекті мәселенің бірі жастарға кәсіптік-техникалық білім беру. Осы орайда «Жас маман» жобасының артықшылығы - ең қажетті мамандықтарға басымдық берілуі. Яғни қазіргі сұраныстағы мамандықтарды сапалы етіп шығаруға ерекше мән беріліп отыр. Сонымен қатар, бәсекеге қабілетті маман даярлау бойынша оқыту жоспарларының барлығын жандандырып, өзгертіліп жатыр.

«Жас маман» жобасының негізгі міндеттері - аймақтар бойынша сұранысқа ие 100 өндірістік және қызмет көрсету кәсіптерін анықтау, таңдалған мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын колледждер мен университеттерді таңдау, білім беру ұйымдарының материалдық - техникалық базасын қалыптастыру, білім беру үдерісін жаңарту, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін даярлау, сондай-ақ жарияланған мамандық бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес оқыту бағдарламасын құруға көмектесу үшін шетелдік серіктестерді тарту, қосымша қаржыландыру шартымен колледждерге жабдықтар сатып алу болып табылады.

«Жас маман» жобасын іске асыру нәтижесінде білім беру ұйымдары ұлттық және халықаралық деңгейде сұранысқа ие мамандарды даярлауға қажетті заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі, өз аймағының мәлімделген мамандығы бойынша құзыреттілік орталықтарына айналады, сонымен қатар қатысушыларды WorldSkills чемпионаттарына дайындайды. Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі «Жас маман» жобасына қатысып, 2021 жылдың жеңімпазы атанған болатын.

Осы аталған жоба бойынша 180 колледждің ішіне біздің де колледж «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары» мамандығының «Техник-электрик» біліктілігі бойынша кіріп отыр.

"Жас маман" жобасының негізігі шарттарына сәйкес қондырғылармен құрал-жабдықтар сатып алу бойынша келісім шарт жасалынды. Келісім шартқа сәйкес «Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры» компьютерлік тренажер-аналитикалық кешенінің құрал-жабдықтары толықтай жеткізіліп, орнату және құрал-жабдықтарды қолдану бойынша оқыту курстары жасалынды.





«Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры» компьютерлік тренажер-аналитикалық кешені зертханасы


КАЗИНТЕРСЕРВИС

СЕРТИФИКАТ

подтверждает, что

Темірмұханова Гүлназ Аманкелдіқызы

прошел (-ла) обучение по работе с тренажером
«Тренажер узловой подстанции 110/35/6 кВ»
длительность обучения 36 часов

Директор Аскарова Р.Г.

Дата 12.09.2021г.


CERTIFICATE

about passing the professional trainibg course according to the program:

Simulator of the distribution substation 110/35/6 kV

Temirmukanova Gulnaz Amankeldikyzi

successfully completed a vocational training course (40 hours).

Director General of JSC 'TEST'
Doctor of Technical Sciences E.N. Arkhipova

Reg. № TVET/TEST/ 21/00090 15/09/2021

СЕРТИФИКАТ

о прохождении курса профессионального обучения по программе:

«Тренажер узловой подстанции 110/35/6 кВ»


Темірмұханова Гүлназ Аманкелдіқызы

успешно прошедшего (прошедшей) курс профессионального обучения (40 часов).

Генеральный директор АО «ТЭСТ»,
доктор технических наук Е.Н.Архипова

Рег. №TVET/ТЭСТ/ 21/00090 15/09/2021

«КазИнтерСервис» компаниясы және Ресей мемлекетінің «ТЭСТ» АҚ базасында функцияланатын «Техникалық және кәсіптік білім және кадрларды дайындау» халықаралық орталығы жүргізген курс сертификаттары



«Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры» компьютерлік тренажер-аналитикалық кешені зертханасында практикалық сабақтардың жүру процесі

Қондырғылармен құрал-жабдықтарды қолдану бойынша **инженер педагог-қызметкерлер** біліктілікті арттыру курсынан өтіп, **сертификатқа** ие болды. Жоба бойынша әкелінген құрал-жабдықтар «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары» мамандығының 2,3,4-курс студенттерінің арнайы пән сабақтарында қолданылып жатыр.

«**Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі**» жоғарыда атап өтілген тұжырымдамаларды ескере отырып студенттердің сапалы білім алу және қазіргі заман талабына сай маман болуы үшін білім беру базасын жоғары деңгейде жақсартылып келеді.

Аталған тренажер Республика бойынша оқу орындарында алғашқы болып Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжінде қондырылған. Бұл тренажердің мүмкіндігі-

қосалқы станциялардың барлық диспетчерлік жұмысын толық атқаруды үйретуіне мүмкіндік беруі, яғни диспетчерлік қызметтің 18 негізгі бағытында жұмыс жасауы.

Енді «Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры» компьютерлік тренажер-аналитикалық кешеніне қысқаша техникалық сипаттама беріп өтейін.

110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры - қосалқы станцияның электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеумен байланысты электр жабдығының жұмысын және процестерді имитациялайтын арнайы бағдарламалық-техникалық құралдардың кешені.

110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажеры техникалық қызмет көрсету және жөндеу тұлғасының жабдықтың жұмысын бақылау, сынау және диагностикалау жабдықтары бөлігінде техникалық қызмет және жөндеу жұмыстарын жүргізе отырып, оқытуға және практикалық дағды алуға арналған. Бұл тренажер қосалқы станцияның электр жабдығының дұрыс пайдалануға жауап беретін техникалық қызмет көрсету және жөндеу тұлғасына арналған. Бұл тренажерді игеру барысында студенттер өндіріс орнына барғанда диспетчерлік қызметтердіы атқара алады.

«Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станциясы» компьютерлік тренажер-аналитикалық кешені №16 НЯЦ Талғар РЭС ПС схемалары негізінде құрылған. Екі үш орамды трансформаторы 110 кВ, 35 кВ және 6 кВ үш тарату құрылғыларын бір электр схемасына біріктіреді.

Жоғарыда айтылғандардан көрініп тұрғандай схема айтарлықтай ыңғайлы және сенімді, тұтынушыларды үздіксіз электрмен жабдықтауға, жабдықты электр қуатын үзбей жөндеуге шығаруға және төтенше жағдайларды тиімді жоюға мүмкіндік береді.

Тренажер құрамы:

«Аудандық электр желісінің 110/35/6 кВ тораптық қосалқы станциясы тренажері» кешенінің құрамына мыналар кіреді:

1. Негізгі мнемосхема. Бұл мнемосхемада ҚС негізгі электрлік жалғаулары көрсетіледі.
2. ОРУ-110, ОРУ-35, ОРУ-6 мнемосхемаларымен және дабыл қалқандары, аспаптары бар орталық басқару щитінің мнемосхемасы.
3. Электр қосылыстарының оперативті схемасы. Трансформаторлар арқылы шиналардағы барлық схемалар, жиілік параметрлері, шиналық кернеулер, қосылған желілер бойындағы қуаттар мен токтар көрсетілген.
4. Т-1,Т-2 трансформаторлардың мнемосхемалары.

110/35/6 кВ тораптық қосалқы станцияның тренажері мынадай модельдеу блоктарынан тұрады, яғни математикалық сипаттамасы:

1.Ашық тарату құрылғылары-110 кВ.
2. Ашық тарату құрылғылары-35 кВ.
3. КРУ-6 кВ.
4. Трансформатор Т-1.
5. Трансформатор-Т-2.
6. Релелік қорғаныс.
7. Дабыл.

Жаттығудың базалық автоматтандырылған сценариінің құрамы.

Әрбір тапсырма электр станциясында қолданыстағы пайдалану нұсқаулары негізінде құрастырылған және стандартты технологиялық операциялардың бірі болып табылады. Тренажер стандартты тапсырмалар жиынтығымен жабдықталған, жұмысты орындап болғаннан кейін баға автоматты түрде қойылады.

Трансформаторлық подстанция өте жоғары қауіптілігі бар нысандар, сондықтан оқыту процесі барысында оның ішіне кіріп, сабақ жүргізуге мүмкіндік жоқ. Сол себептен осы тренажер ПС қызметтердің бәрін мнемосхемалардың көмегімен және реалдық уақытта техникалық қызмет көрсету процестерін оқып-үйренуге, тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Бұл тренажер тек қана оқу процесінде тәжірибелік жұмыстарды орындап ғана қоймай, бақылау, бағалау мүмкіндіктерін де береді. Бұл тренажерді қолдана отырып, орындалып жатқан практикалық жұмыс процесін басқаруға болады және оқушылардың жұмыс нәтижесі мен үлгерімін бағалауға мүмкіндік аламыз. Студенттеріміздің жасаған жұмысы бойынша жіберген қателіктерін көрсетіп береді және арнайы пәндерді оқытуда таптырмас оқу - жаттығу кешені болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007. [5, б.]
5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008. [17, б.]
6. www.testenergo.ru

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Тойкетаева Ақерке Төлегенқызы,
01140100 – «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдітемесі» 33Б топ білім алушысы
№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі

Аннотация: Мақалада қоғамды цифрландыру іс-әрекетін, жаһандану процесі ретінде кейбір маңызды аспектілері көрсетілген және оның қазақстандық білімге әсерін зерттеу ұсынылған. Мақаланың мақсаты - қазақстандық білім беру жүйесін дамытуға, жаңғыртуға ықпал ететін қоғамды цифрландырудың негізгі бағыттарын анықтау.

Аннотация: В статье представлено исследование некоторых фундаментальных аспектов процесса цифровизации общества как необратимого процесса глобализации и его влияния на казахстанское образование. Цель статьи – выявить основные направления цифровизации общества, влияющие на развитие и модернизацию казахстанской системы образования.

Abstract: The article presents a study of some fundamental aspects of the process of digitalization of society as an irreversible globalization process and its impact on Kazakh education. The purpose of the article is to identify the main directions of digitalization of society that influence the development and modernization of the Kazakh educational system.

Түйін сөздер: білім алушылар, заманауи білім, инновациялық технологиялар, оқыту технологиялары, сандық форматтар, АКТ, оқытушылар, білім сапасы.

Заманауи білім берудің стратегиялық мақсатына өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және сол әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе салауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдерімен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – білім алушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады. [1,с.12]

Жаңартылған білім берудің артықшылығы – жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті, өмірдегі кез келген жағдаятта тығырықтан шыға алатын, функционалдық сауатты, белсенді және шығармашыл ойлайтын,

интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық педагогикадағатәрбиемен жаңартылған заманауи талаптағы оқытуда студенттерге білім мен тәрбиені қатар беру қажет. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы критериалды бағалау негізінде студенттерді шыншылдыққа, әділдікке тәрбиелейміз. Халқымыздың тыйым сөздерімен әдет-ғұрыптарын еске түсіру арқылы сыни тұрғысынан ойлау қабілетін дамытамыз.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңнамасында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ол ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғанықалыптастыруға және кәсіби шыңдауға берілген білім алу үшін қажетті жағдайаттар: білім берудің жаңа технологияларын енгізу, білім беру саласынақпараттандыру, халықаралық ғалам бойыншакоммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту негізінде міндеттерді көздейді. Сондықтан дамудың қазіргі кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту процесін технологияландыру мәселесін қояды.Қазіргі білім беру мекемелеріндегі білім беру мазмұнын,оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім беру реформасын жүзеге асырудың басты шарты болып табылады. [2,с.35]

Қазақстан Республикасының білім беру саласында бүгінгі басты міндеттің бірі– жас ұрпаққа терең білім беру. Соның негізі техникалық және кәсіптік білім беру негізінде оқыту үрдісін жақсартуға және жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу процесіне жаңа инновациялық әдістерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, өз бетінше ізденуге және шығармашылық жұмысқа деген ұмтылысын дамытуға ықпал етеді. Білім алушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жақсы меңгерулері қажет. Пәнді оқытудың тиімді әдісі мен тәсілдердіңқолдана отырып, сабақты қызғылықты да түсінікті өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын бүкіл құрылым бірге дамиды.

Білім беру саласында қолданылатын басты инновациялық технологиялар: проблемалық оқыту, дамытушылық оқыту, деңгейлік оқыту, дәстүрлі оқыту, модульдік оқыту, сұрақ-жауап ойындары, цифрлік білім беру ресурстары. Оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияны білім беру жүйесіне ендіру келесі мәселелерді шешуге ықпал етеді:

- оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіреді;
- білім беруді гуманизациялау және демократизациялау;
- белсенділіктің, біліктіліктің жоғарғы деңгейін қалыптастырады;
- оқу үрдісін басқарудың тиімділігін арттырады;
- білім сапасын көтеруге, әр пән бойынша мемлекеттік стандарт деңгейінде жоғары үлгерімді қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жеке тұлғаның жеке даму траекториясын анықтай отырып, әлеуметтік өзін-өзі анықтауды педагогикалық қолдау құралы ретінде оқушы жетістіктерінің дербестендірілген есебін қалыптастыру. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен жаңа әдістерді меңгеру мұғалімнің әдістемелік мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу оқушының ғана емес, мұғалімнің де ұстанымын, үйреншікті қатынасын өзгертеді. Кездейсоқ емес Н.В. Гоголь: «Басқаларды үйрете отырып, сен де үйренесің» деген. Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік білім кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Пилоттық жоба – ашық білім берудің ұлттық платформасы дайындалды, ол қашықтықтан оқыту жүйелерінен, телеконференциялар мен вебинарлардан, білім беру курстарынан, онлайнсабақтар өткізу кешенінен, объектіге бағытталған бағдарламалаудан, робототехникадан, 3Dмодельдеуден және басып шығарудан, емтихандарды қашықтан тапсырудан және қабылдаудан тұратын аппараттық-бағдарламалық кешен болып табылады. Ғаламтор арқылы сырттай оқыту жүйесін бүкіл ел бойынша енгізу жоспарлануда, ол платформаға негізделетін болады. [3,с.31]

Оқыту процесін өмірлік тәжірибе, технологиялық, шығармашылық пен ойын жүзінде жүргізуге соңғы жылдары көп көңіл бөлінуде. STEAM методикасы білім алушыға жасанды интеллект сферасының теориялық базасын меңгеруге, практика жүзінде іске асыруға және

өміріне қажетті болашақ мамандығына дайындалуға, оқуға, үйренуге мүмкіндік береді. Қолдау, ұйымдастыру және бағыт бағдар, нұсқау беру қызметтерін педагог атқарады. Оқу процесі кезінде өмірден алынған мәселелерді шешу үшін білім алушы әр түрлі ғылымдардан игерген білімін комплексті пайдалана алуы керек. Бұл жаңашыл STEAM білім беру методикасының арқасында білім алушы коммуникацияға бейімделіп, топта жұмыс жүргізе алу қабілеті дамиды, жобаны жүзеге асыруды, дизайнерлік қабілеттерін пайдалануды, заманауи бағдарламалармен жұмыс жүргізуді, нәтижені өнімді таныстыра білуді үйренеді. [4,с.16]

Білім, цифрлық ғасырда жаңа технологиялардың дамуына, компьютерлік ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға байланысты материалдық өндіріс саласындағы терең өзгерістер болашақ білім беру жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, табысты цифрландыру жас мамандардың болашағының кепілі болып табылады. Алайда, ақпараттық-компьютерлік және функционалдық сауаттылықты меңгеру міндетті түрде өз салаларындағы іргелі біліммен және ойлаудың тұрақтылығымен сүйемелденуі тиіс. Тек осылай ғана болашаққа бастаған әлемдік стандарттарға сай білім және ғылым адамның өмірін жақсартуға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – Алматы, 2019.
2. Әлімов А., «Интербелсенді әдістерді сабақта қолдану», Астана, 2015
3. Анисимова Т.И., Сабирова Ф.М., Шатунова О.В. Подготовка педагогов для STEAM-образования // Высшее образование сегодня. – №6. 2019. – С.31-33.
4. Валиева М., Білім беру технологиялары және оларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. Алматы, 2002

ECERS-R SCALES AS A METHOD OF ASSESSING QUALITY AND DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN PRESCHOOL EDUCATIONAL SYSTEM

Zhampeisova Aidana Kairatovna,
Master of Pedagogical Sciences, an English teacher
Department of Foreign Languages and Teaching Methods
Turganova Gulshat Amangeldievna
Master of Science, an English teacher
Department of Foreign Languages and Teaching Methods
Almaty Kazakh State Humanitarian Pedagogical College №1

Abstract: This article presents an assessment of preschool education with a focus on evaluating the quality of preschool education programs. Drawing on international practices, the authors highlight the diverse approaches to assessing program quality and emphasize the importance of different perspectives on quality. In this regard, the authors acknowledge the significance of the ECERS-R scales as a valuable tool for evaluating the quality of preschool programs, particularly in the context of international comparative studies. The ECERS-R scales are widely recognized and implemented in numerous countries, cementing their reputation as a leading assessment tool. Noteworthy attributes of these scales include their exceptional reliability and validity, as well as their profound commitment to the principles of humanistic pedagogy in early childhood development.

Keywords: preschool education quality; learning environments; conditions for preschool children's development; ECERS-R; standard; quality assessment criteria

Аннотация: Настоящая статья посвящена оценке эффективности дошкольного образования. Авторы, опираясь на опыт других стран, показывают, что оценка качества программ формирования детей в дошкольных учреждениях может быть сосредоточена на

разных аспектах и основываться на различных представлениях о качестве. С этой точки зрения, масштабы использования шкалы ECERS-R являются наиболее интересным инструментом изучения качества дошкольных программ, особенно при проведении международных сравнительных исследований, так как эта шкала занимает ведущее положение по числу стран, где она применяется. Важно отметить, что ECERS-R, помимо высокой достоверности и валидности, отличается высоким уровнем качественной разработки, которая основана на гуманистической педагогике раннего развития детей.

Ключевые слова: качество дошкольного образования; среда обучения; условия для развития детей дошкольного возраста; ECERS-R; стандарт; модель оценки; критерии оценки качества

Аңдатпа: Бұл мақала мектепке дейінгі білім беруді бағалауға арналған. Мақала авторлары халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау әртүрлі нысандарға бағытталуы мүмкін екенін және сапа туралы әртүрлі идеялардан туындайтынын көрсетеді. Авторлар ECERS-R шкалалары мектепке дейінгі бағдарламалардың сапасын зерттеудің өте қызықты құралы екенін атап өтті, әсіресе халықаралық салыстырмалы зерттеулерге байланысты, өйткені олар қолданылатын елдер саны бойынша сөзсіз көшбасшы болып табылады. ECERS-R шкаласы жоғары сенімділік пен жарамдылықтан басқа, балалардың ерте дамуының гуманистік педагогикасына сүйене отырып, құрылғыны әзірлеу сапасының жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

Кілтті сөздер: мектепке дейінгі білім беру сапасы; оқыту ортасы; мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы үшін жағдайлар; ЭЦЕРС-Р; стандартты; бағалау моделі; сапаны бағалау критерийлері

Introduction

Preschool education plays a crucial role in laying the foundation for a child's lifelong learning journey. In Kazakhstan, like many other nations, ensuring the quality of early childhood education is a priority for policymakers and educators. The Early Childhood Environment Rating Scale-Revised (ECERS-R) is a widely recognized tool for assessing the quality of preschool environments. This article explores the application of ECERS-R in evaluating the quality of preschool education in Kazakhstan. Preschool education plays a crucial role in shaping the cognitive, social, and emotional development of young children. In Kazakhstan, like many other countries, the quality of preschool education is a significant concern for parents, educators, policymakers, and researchers. To ensure high-quality early childhood education, various assessment tools are employed. One such tool gaining prominence is the Early Childhood Environment Rating Scale-Revised (ECERS-R), which provides a comprehensive framework for evaluating the quality of preschool environments. This article delves into the assessment of preschool education quality in Kazakhstan using the ECERS-R framework.

It is important to understand that variability (i.e. the need for different preschool education programs that set different goals and offer different ways to achieve them) is indeed completely a necessary condition for building developmental preschool education in our country. Variability is a natural response of the education system to the fact of diversity in preschool childhood. Preschoolers, due to their age, already have a wide range of individual characteristics, interests and inclinations, but modern children who appear in Kazakhstan kindergartens differ more and more. Globalization processes associated with migration lead to the appearance in one kindergarten group of children from different cultures, speakers of different languages, guided by different values and accustomed to different norms of communication, traditions, etc. In such a situation, all participants in the educational process - teachers, parents and children - should be able to choose between different programs and forms of organization of preschool education that are suitable for this particular child. Variability is the basis for such a choice [1, p.6].

However, it is precisely in conditions of variability that the problem of the quality of preschool education becomes especially acute. It is now quite clear that the quality of early childhood intervention (i.e., the quality of the preschool program) is of serious importance. There are quite a lot of studies that show that some strategies and programs declaring the development and advancement of children, their success, including in life, may, at best, have no impact, and at worst, cause some harm. In particular, among experts in the field of education of young children, there have been repeated voices over the past few years objecting to the early, age-inappropriate, coercive learning programs that have flooded the educational markets of many countries. These programs are implemented both under the guise of preparing children for school, and within advertising campaigns for the so-called "early development" of children, aimed at parents who sincerely care about modern education for their child, but who are not sufficiently informed about their actual consequences and the risks associated with them. It is suggested that one means of informing interested users about the possible impacts of programs could be become an independent assessment of their quality.

International practice shows that assessing the quality of preschool education programs can be aimed at different objects and based on different ideas

about quality. In this case, the assessment can be aimed at:

1. Conditions for the implementation of the educational process (educational environment, educational activities, educational conditions, interaction, etc.). This type of quality assessment is briefly defined as "assessment of the educational (developmental) environment."

2. The dynamics of the individual development of the pupil (educational results of children, individual development of the child, different types of children's activities, etc.). This type of quality assessment evaluates "children's educational outcomes" [2, p.48].

Many studies and practice in many countries have shown that developmental preschool education is usually associated with an assessment of the educational environment. One of the most popular, famous and widespread methods for assessing the quality of the educational environment is the ECERS scale.

Understanding ECERS-R

Among the tools and procedures for assessing the conditions of education of young children in the vast majority of countries, the recognized leader is the ECERS methodology - "Scales for a comprehensive assessment of the quality of education in preschool educational organizations." Developed by Thelma Harms, Richard Clifford, and Debby Cryer, the ECERS-R is a widely recognized and validated tool used for assessing the quality of early childhood education settings [3, p.5]. It focuses on the environmental aspects of preschool programs, emphasizing factors such as space and furnishings, personal care routines, language-reasoning activities, interaction, program structure, and parents and staff. The scale consists of 43 items across these subscales, each rated on a 7-point scale ranging from inadequate to excellent. The ECERS-R is a tool designed to assess the quality of early childhood education settings based on various aspects of the environment, such as space and furnishings, personal care routines, language-reasoning activities, and interaction. It provides a framework for evaluating the extent to which a preschool environment supports children's development and learning.

The ECERS-R scale refers to methods for assessing the educational environment of a kindergarten or any other preschool center and, therefore, sees the main task of preschool education in creating an appropriate educational environment for the development of preschool children. This extremely important circumstance makes the ECERS tool quite suitable for use in preschool education in Kazakhstan, since this approach fully complies with the requirements of the state educational standard for preschool education, which places the conditions of child development at the center of the educational process in kindergarten. This developmental model of preschool education is focused on the child's self-realization and is based on the age and individual capabilities and interests of children [4, p. 89].

Validity, reliability, trustworthiness. The scales are a validated instrument with a high degree of validity and reliability. Given that these scales are based on observation, reliability is a very important characteristic of a scale. A common disadvantage of the observation method is the lack of reliability and, therefore, validity of the method, which is usually an obstacle to the dissemination of the technique and its transfer to other groups of experts. The ECERS scales have a very high prevalence rate; It is impossible to list all the countries in which it is legally used. It is reliably known that, besides the USA and Canada, almost all countries of Europe and Asia use this scale to one degree or another; in Germany, England, Sweden, Denmark, the ECERS-R scale was standardized, maintaining high reliability. It is the high reliability that was the main reason for such a widespread use of this method for assessing the educational environment and interaction in a kindergarten group [5, p. 21].

Here, we want to highlight that During 3 weeks of study, we studied the ECERS-R scale at an international internship in the European country of Sweden. Sweden has long been regarded as a pioneer in early childhood education, prioritizing high-quality, inclusive, and child-centered approaches. In the quest to maintain and improve the quality of early childhood education (ECE), various assessment tools are employed. Among these, the Early Childhood Environment Rating Scale-Revised (ECERS-R) stands out as a comprehensive instrument for evaluating the quality of preschool environments.

Sweden's ECE system is characterized by its commitment to equity, accessibility, and child-centeredness. The country provides extensive public funding for ECE, ensuring that all children have access to high-quality early learning experiences. With a strong emphasis on play-based learning and holistic development, Swedish preschools prioritize fostering children's social, emotional, and cognitive skills. In Sweden, ECERS-R serves as a valuable resource for ECE professionals, policymakers, and seeking researchers to understand and improve the quality of preschool settings. By conducting ECERS-R assessments, Swedish educators gain valuable insights into the strengths and areas for improvement within their preschool environments.

The utilization of ECERS-R in Sweden provides valuable insights into the quality of preschool environments and informs efforts to enhance ECE policy and practice. By prioritizing principles of equity, inclusion, and child-centeredness, Sweden continues to lead the way in providing all children with enriching early learning experiences that lay the foundation for lifelong success. We have verified that Sweden is achieved a lot in preschool educational program successfully using ECERS-R scale.

Assessment procedure. The assessment procedure is based on structured observation based on assessment sheets that contain indicators for each component. ECERS is an expert methodology, although recently authors have begun to propose it for use in the process of self-analysis of the organization, which involves a wider range of observers. This expansion has caused an increase in the formalization of the criteria on which the scale is based, as well as explanations, the purpose of which is, as far as possible, to objectify the scale, reducing the risk of subjective assessment on the part of the observer. Although formal training in the use of this scale has never been formally required (only recommended), in order to obtain the most reliable results it is important that such training be provided - in fact, as a precondition for using the scale. Since the scale is of an expert nature, if it is possible to use it for quality assessment, it is very important to ensure that observers have valid expert assessment capabilities. Initially, the ECERS scales were aimed at assessing the educational environment in the narrow sense of the word - the objective spatial environment of a kindergarten group was assessed. This was enough until preschool education gained the popularity in the world that its educational content brought to it. The ECERS-R included for the first time some subscales assessing interactions in the kindergarten classroom. Below is a complete list of ECERS-R subscales and scores.

The ECERS consists of several key components, each designed to assess specific aspects of preschool environments:

Space and Furnishings: This component evaluates the physical environment of the preschool, including the adequacy of space, cleanliness, safety measures, and the availability of age-appropriate furniture and materials.

Personal Care Routines: Personal care routines encompass activities such as toileting, handwashing, and mealtime procedures. This component assesses the quality of these routines and their role in promoting children's health, hygiene, and independence.

Language and Literacy Activities: Language and literacy development are fundamental in early childhood education. This component evaluates the availability and quality of activities that promote language development, including storytelling, book reading, and language-rich interactions.

Interactions: Positive interactions between teachers and children are essential for fostering a supportive learning environment. This component assesses the frequency and quality of teacher-child interactions, emphasizing warmth, responsiveness, and respectful communication.

Program Structure: The structure and organization of the preschool program significantly impact its effectiveness. This component evaluates factors such as daily schedules, routines, transitions, and the overall consistency of the program.

Parental Involvement: Parental involvement is critical for supporting children's learning and development. This component assesses the extent of parental engagement in the preschool setting, including communication with teachers, participation in school activities, and involvement in decision-making processes [6, p. 54].

Indicators in these subscales assess the quality of the training program offered, including the assessment of pedagogical technologies. Thus, it is obvious that the additions made to the main ECERS-R scale quickly became insufficient to assess the educational process in a modern kindergarten. This indicates an increase in educational content for young children, which is quite unusual for most countries, while Russian preschool education, on the contrary, has traditionally assumed quite serious educational content for preschoolers. At the same time, an analysis of the content of the ECERS-E scale leads to the conclusion that, as a rule, the authors of the scale focus on the age of young children and put obstacles to age-inappropriate pedagogical teaching technologies. In this sense, the ECERS-R scale can be extremely useful for Kazakhstan, where, from our point of view, it would be important to maintain serious preschool educational content. On the other hand, the interaction of teachers with children in many kindergartens leaves much to be desired and can be seen as an area for development and making desired changes. The use of the ECERS tool can be extremely useful for solving this problem, since it contains clear guidelines for building developmental child-adult interaction, designated in the State Educational Standard for Education as a priority, critically important condition for the development of children.

Construction of ECERS scales. The scale includes subscales, measures and indicators. For each indicator, a rating of “yes”, “no”, “not applicable” is assigned, if this is indicated in the indicator. The indicator is rated from 1 (insufficient) to 7 (excellent). The assessment is based on observations and explanations provided by most of the indicators in the indicator. Based on the assessment of indicators, indicators and subscales, profiles can be built. The profile on the page allows you to build a graphical representation of scores for all indicators and subscales [7, p.71].

Benefits and Challenges.The use of ECERS scales offers several benefits in assessing the quality and development of the preschool educational system:

Comprehensive Assessment: ECERS provides a comprehensive framework for evaluating various aspects of preschool environments, allowing for a holistic assessment of educational quality.

Data-Driven Decision-Making: Assessment data generated through ECERS informs evidence-based decision-making by educators, policymakers, and other stakeholders, leading to more effective interventions and improvements in preschool quality.

Quality Improvement: By identifying areas for improvement, ECERS helps preschools implement targeted strategies to enhance educational quality, ultimately benefiting children's learning and development.

Standardization: ECERS promotes standardization in the assessment of preschool quality, allowing for comparability across different educational settings and facilitating benchmarking and best practices sharing.

However, the use of ECERS scales also presents challenges, including:

Training and Resources: Conducting ECERS assessments requires trained evaluators and adequate resources, including time and funding, which may pose challenges for some preschools, particularly those with limited resources.

Cultural Considerations: The applicability of ECERS criteria may vary across different cultural contexts, requiring adaptations to ensure cultural relevance and sensitivity in assessment practices.

Interpretation and Use of Data: Interpreting ECERS assessment data and translating it into actionable strategies for quality improvement can be complex and may require support and expertise from educational professionals [8, p. 101].

CONCLUSION

The ECERS scales offer a valuable method for assessing the quality and development of the preschool educational system, providing insights that inform evidence-based decision-making and drive continuous improvement efforts. By systematically evaluating various components of preschool environments, educators and policymakers can identify areas for enhancement and implement targeted interventions to optimize learning experiences for young children. As preschool education continues to evolve, the use of ECERS scales will play a vital role in ensuring that all children have access to high-quality early childhood education that prepares them for lifelong success. Assessing the quality of preschool education in Kazakhstan using tools like ECERS-R is essential for identifying areas of improvement and ensuring that all children have access to high-quality early childhood experiences. By leveraging the insights gained from these assessments, policymakers and educators can work towards creating inclusive, nurturing environments that support children's holistic development and prepare them for future success.

References

1.G.A. Omanova, International scientific review. LXXII. https://cyberleninka.ru/article/n/monitoring-educational-quality-in-preschooleducational-organization (2020).

2. A. Andrew, O. Attanasio, R. Bernal, L. Cardona-Sosa, S. Krutikova M. Rubio-Codina, National Bureau of Economic Research 26191. http://www.nber.org/papers/w26191.pdf (2019)

3. M. Caridad Araujo, N. Schady, The early years: Child well-being and the role of public policy 1 (4), 91-120 (2015). Inter-American Development Bank, Washington.

4. S. Wortham, Global Perspectives in Early Childhood Education. Springer, San Antonio (2013)

5. H. Yoshikawa, A.J. Wuermli, A. Raikes, S. Kim, S.B. Kabay, Directions for research in global contexts. Social Policy Report 31 (1), 1-36 (2018)

6. H. Yoshikawa, C. Weiland, J. Brooks-Gunn, M. Burchinal, L. Espinosa, W. Gormley, M. Zaslow, Society for Research in Child Development, New York (2013)

7. Unicef A world ready to learn: Prioritizing quality early childhood education. UNICEF, New York (2019)

8. T. Harms, R.M. Clifford, D. Cryer, Early Childhood Environment Rating scale (ECERS3) (Teachers College Press, New York, 2014).

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕ МӘТІННІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Амантаева Сандугаш Асылхановна,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы
Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

Аннотация: Қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту - ертеңгі болашақ маманның кәсіби даярлығы мен дағдыларын қалыптастыра отырып, өзінің болашақ мамандығына тән барлық аспектілермен жете танысып, игерген теориялық білімдерін тиянақтап, мамандығына деген өз көзқарастарын жан-жақты қалыптастыру.

Тірек сөздер: Кәсіби қазақ тілі, мәтін, болашақ маман, мамандыққа байланысты мәтіндер

Обучение казахскому языку в профессиональном направлении - формирование профессиональной подготовки и навыков завтрашнего будущего специалиста, знакомство со всеми аспектами, специфичными для его будущей профессии, обобщение полученных теоретических знаний, всестороннее формирование собственного отношения к своей профессии.

Ключевые слова: Профессиональный казахский язык, текст, будущий специалист, тексты, связанные с профессией.

Teaching the Kazakh language in a professional direction - the formation of professional training and skills of tomorrow's future specialist, familiarization with all aspects specific to his future profession, generalization of the acquired theoretical knowledge, comprehensive formation of his own attitude towards his profession.

Key words: Professional Kazakh language, text, future specialist, texts related to the profession.

Қазіргі нарықтың талабына сай болашақ бәсекелес мамандарды даярлау мақсатында студенттерге үздіксіз білім беру, оларды оқыту, әсіресе мемлекеттік тілді кәсіби тілде үйрету маңызды болып табылады. Өйткені, болашақта мемлекеттің саясатын, оның ішінде мемелекеттік тіл саясатын жүргізетіндер, тілдік орта құрайтындар, оны ары қарай жетілдіретіндер де жас буын - жастар

Кәсіби тіл - белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы.

Кәсіби тіл - өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл болып табылады.

Қазіргі қоғамның алдындағы негізгі мақсаттарының бірі - биік кәсіби іскерлігі адамгершілік қасиетпен ұштасып жататын шығармашыл тұлғаларды дайындау. Соған байланысты жаңа ағымға сай білікті мамандар даярлау, оқытудың сапасын жоғары дәрежеге көтеру, кәсіби мамандықтарға негізделген білім беру үшін, жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, оқытуға ерекше назар аударылуда.

Бүгінгі студент - ертеңгі болашақ маман. Әр студент маман ретінде өзінің кәсіби тілінде, яғни мемлекеттік тілде қарым-қатынасқа түсе біліп, мамандығына қатысты термин сөздерді меңгеріп, белсенді қолдана білуі тиіс.

Қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту - ертеңгі болашақ маманның кәсіби даярлығы мен дағдыларын қалыптастыра отырып, өзінің болашақ мамандығына тән барлық аспектілермен жете танысып, игерген теориялық білімдерін тиянақтап, мамандығына деген өз көзқарастарын жан-жақты қалыптастыра бастайды. Кәсіби бағдар бере отырып оқыту қазақ тілінде сөйлеу тілін қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды факторы болып табылады. Кәсіби тілде оқыту болашақ маманды қалыптастыру үшін, қолайлы жағдай туғыза отырып, білім алушыларды мамандығына сәйкес оқыту, яғни мамандықтарына қатысты лексикалық

минимумды меңгерту. Кәсіби бағытты ескере отырып оқыту - білім алушының таңдаған мамандықтарына қажетті білімді толық игерген, кәсіби мүмкіндігі мол маман иесін даярлауға бағыттайды.

Соңғы жылдары әдіскер-ғалымдар қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертумен қатар, студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып игертудің тиімді жақтарын қарастыруда.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне мамандыққа байланысты оқытуды көздейтін еңбектердің бірі – Р.Ә.Шаханова, С.Т.Айбергенова, Г.А.Аужановаңың авторлығымен жазылған "Мамандыққа байланысты жаттығулар мен тексер жинағы". Бұл авторлар студенттердің мамандығына, кәсібіне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды, сөздік қорларын байытуды, кәсіби сөздерді меңгеріп, өз ойларын дұрыс мазмұндап жеткізуге, аға ұрпақтың өнегелі өмірін өздеріне үлгі ете білуге үйретуді мақсат етеді.

2002 жылы К.Қ. Аяпбергенова, Р.Т. Қатаева мейірбике ісі мамандығы бойынша жоғары оқу орындарының студенттері мен колледж шәкірттеріне арнап "Қазақ тілі" оқулығын жазды. Оқу құралында студенттердің медицина лексикасына айрықша көңіл бөлу керектігі айтылады.

Тіл дамытудағы ең тиімді әдістердің бірі – мәтін бойынша жұмыс істеу. Мәтін арқылы тілдік қатынастың барлық түрі үйретіледі.

Мамандыққа қатысты оқытудың басты мақсаты – өз мамандықтары бойынша алған білімдерін қазақ тілінде мамандықтарына қатысты жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен байыту болып табылады. Мамандыққа қатысты мәтіндер мазмұнын нақты дұрыс түсінуін қамтамасыз етуге арналған жұмыстың түрлерін белгілеу қажет. Мәтінмен жұмыс арқылы, оның мазмұнын ғана емес, мәтіндегі тілдік құралдардың қолданысын есте сақтау, ойын, тілін дамыту жұмыстары да басты назарда болуы тиіс. Мәтінді оқытуда, оның мазмұнын студент нақты түсіну үшін тақырыптың ішкі бөліктеріне студент көңілін аударуымыз қажет. Ол үшін мәтіндегі ішкі әр бөліміне жеке тақырып қойғызып, әр бөлікке сұрақтар қойып, оған жауап бергізу арқылы тірек сөздерді тапқызу жұмыстарын жүргіземіз. Мамандыққа қатысты мәтіндер мазмұнын нақты дұрыс түсінуін қамтамасыз етуге арналған жұмыстың түрлерін белгілеу қажет.

Мамандыққа байланысты мәтіндерді меңгерту арқылы студентті болашақ мамандығымен кеңірек таныстыруға мүмкіндік туады. Мысалы, «Фармацевтика» факультетінің студенттеріне төмендегідей тапсырмалар беріледі:

1-тапсырма. «Дәрі және оның түрлері» мәтіні бойынша кездесетін жаңа сөздерді есте сақтаңыздар.

Сақтандыру, шипалы, жөтелді басатын, қызуды төмендететін, ауруды басатын, жансыздандыратын, терлететін, химиялық өнім

2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, түсінгендеріңізді айтыңыздар.

3-тапсырма. Мәтінге байланысты білетін дәрілердің түрлерін жазыңыздар.

4-тапсырма. Оң бағандағы етістіктерді пайдаланып, сол жақтағы сөздермен (сұрақ арқылы) сөз тіркесін құраңыз.

фармокология	сақтандыру (неден?)
дәрілер	жазылған (қайда?)
дәріханаларда	шығарылу (нелер?)
аурудан	жасау (неден?)
тіріағзадан	дамыды (не?)
Гален еңбектерінде	сақтау (қайда?)

Мәтін бойынша тапсырмалар берілді.

Ол тапсырмалар студенттердің қазақша сөйлеу тілін дамытуға бағытталады. Олар:

Мәтіндегі сөздердің түсінікті, түсініксіз екендігін сұрау;

Мәтіндегі сөздерді лексикалық жақтан түсіндіру;

Мәтіндегі сөздердің түбір тұлғасын анықтау;

Мәтіндегі сөздерді сөз таптарына сай талдау;
Мәтіндегі сөз тіркестерінің түрлерін ажырату;
Мәтіндегі жай сөйлемнің түрлері мен тыныс белгілерін ажырату;
Мәтіндегі құрмалас сөйлемдердің жолдары мен компоненттерін талдау;
Мәтіндегісөздердің орынтәртібі мен байланысу жолдарын ажырату;
Мәтіндегі қиындаусөздер мен сөйлемдерді қайталатып оқыту;
Мәтіндегі қате оқылған объектілерді тыңдап отырған студенттерге түзеттіру;
Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтқызу;
Мәтінді дұрыс оқуға пайдасы тиетін жаңалық хабарларды оқыту және.б.

Медицина мамандығын меңгеруге қажетті лексикалық қордытілдік қатынаста қатысымдық тұрғыдан жаңа жаңа технология арқылы іске асырудың амал-тәсілдерін іздестіру. Мамандыққа байланысты мәтіндерді оқытқан кезде тілдік қатынастың барлық түрлері қолданылады. Студенттердің мәтінді талдау әрекетімен бірге әңгімелесу арқылы сөйлеу әрекетіне, сұрақ-жауап арқылы тілдесім әрекетіне, мазмұндама жазғызу арқылы жазу әрекетіне үйрету көзделеді.

Сонымен, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау арқылы еліміздің ертеңіне жауапты мамандарды тәрбиелеу жолдарының бірі ретінде «… дүниеге жауапкершілікпен қарайтын, инновациялық, шығармашылық ойлауға дағдыланған, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, адамгершілігі мол және білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру» міндеті қойылған [3]. Бұл үштұғырлы тіл саясатын ұстанып отырған егемен елдің болашақ мамандарының мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, оны өзі қызмет ететін салада қолдана алуы олардың кәсіби әлеуетін арттырумен қатар елжандылық қасиеттерін де қалыптастырудың басты шарты болып табылатынын танытады.

Кез келген өркениетті мемлекеттегі аса маңызды қоғамдық саланың бірі – медицина саласы. Себебі мемлекеттің басты байлығы саналатын халықтың денсаулығы – оның толыққанды ел екендігінің де басты көрсеткіші. Сондықтан медицина саласы бойынша білікті маман тәрбиелеу ісінде мемлекеттік тілдің, қазақ әдеби тілінің атқарар рөлі ерекше. Қазақ әдеби тілінің танымдық әрі коммуникативтік қызметінің сан-қырлылығын көрсететін де осы сала.

Әдебиеттер:

1. Мешимбаева Б. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі:– Алматы , 1999. –163 б.

2. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі:– Алматы, 2001. – 301 б.

3. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми -әдістемелік негіздері: – Алматы, 2002. -327б.

4. К.Кужукеева, А.Салькина Кәсіби қазақ тілі (Профессиональный казахский язык) Оқу құралы- Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2016.- 97 б.

«АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚАЗАҚША БАЛАМАСЫ»

Шаукарова Ақмарал,
Кәсіби шет тілі пәнінің оқытушысы
ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк
Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары
медициналық колледжі»

Аннотация: Көркем сөз өнерінің тілдік және поэтикалық санатына жатын мақал-мәтелдер мән – мазмұнынытереңдігімен,өткірлігімен,өміршеңдігімен, түп жағынан ықшамдылығымен ерекшенеді.Көлемінің ықшамдылығына қарамастан,бейнелі тілдік,бірліктер нақты да күрделі ойдың себеп –салдарын,халықтың өмір тәжірибесінің қорытындысы мен дәлелін қатар береді.

Аннотация: Пословицы, относящиеся к лингвопоэтической категории художественной речи, отличаются глубиной смысла, остротой, жизненностью, компактностью.Несмотря на компактность, образные языковые единицы передают причины и следствия реальных и сложных мыслей, выводы и свидетельства жизненного опыта людей.

Annotation: Proverbs belonging to the linguistic and poetic category of artistic speech are distinguished by their depth of meaning, sharpness, vitality, and compactness. Despite their compact size, figurative linguistic units convey the causes and consequences of real and complex thoughts, the conclusions and evidence of people's life experience.

Тірек сөздер: мақал-мәтел, нақыл сөздер, тарихы,аралық симантика,жүйелеу.

Ключевые слова: пословицы, пословицы, история, промежуточная семантика, систематизация.

Key words: proverbs, proverbs, history, intermediate semantics, systematization.

Сөйтіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жинақтап,қорытып береді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінде халықтың өмір сүру барысындағы тәжірибесі,көңілге түйген ақылының кені жатыр. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал-мәтелге мынадай түсіндірме берілген:Мақал-үлгі өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз.Мақал деп қысқа образды ұйқасты,тұжырымды нақыл сөзді айтамыз.

Дегенмен,кейбір мақалдардың шығу тарихы жайлы аңыздар бар екен,соны сіздерге айтып берейін.

«Баяғыда бір даңқы елге жайылған хан ел-жұртын жинап алып,үкім шығарып,бұйрық беріпті.Барлығың тегіс бір – мақал не мәтел сөз тауып келесіңдер!-депті.Сонда бір қарапайым кедей мақал таба алмапты.Хан үкімінен қорыққан халық бір-бір мақалдан тауып айтып беріпті.Бірде бір мақал таба алмаған кедейді суға батырып,тұншықтырып өлтіріңдер!-деп жендеттеріне бұйырыпты.Хан уәзірлерінің бірі кедейді суға батырып өлтіру үшін дайындық жасап жатқанда ,әлгі кедей қорқып,дірілдептұрып: «Көп қорқытады,терең батырады»-деген осы екен ғой депті .Сонда уәзір: «Мынау қорыққанынан жаңа мақал айтып жібереді,енді мұны өлім жазасынан құтқару керек,-депті.Осылай қорыққан кедей тосыннан тауып айтып,тың мақал оны өлімнен құтқарған».

Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің қазақша баламасын табу.Қазақ-ағылшын мақалдарын салыстыра зерттей отырып,олардың мазмұнын межесіндегі ұқсастықтары мен ұлттық сипатын ашу.

Бейнелік нақыл өздер мен мақал-мәтелдерді қолдану арқылы халық даналығының мағынасына терең үңіліп түсіну ,аударма жасау арқылы тілі үйрену.Осы мақсаттарды орындау үшін төмендегі міндеттері шешу көзделді:

-мақал мәтелдерді тақырыптық топтар бойынша жүйелеу

-қазақ ағылшын мақал-мәтелдердің семантикасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау:

-тілдік құрылым жағынан әр тектес топтарына жататын қазақ-ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстыру.

Мақал-мәтелдердің қысқа әрі нұсқа даналығы ,өмір айнасы екендігіне көз жеткізу.

Тілдік бірліктердің тұтас мағынасына жете түсінбей тіркес құрамындағы сыңарлар мәнін негізге ала отырып аудару сәтсіздіктерге ұшырату мүмкін. Сондықтан мақал-мәтелдердің тіл аралық симантикасын салыстыра зерттей отырып,ондағы жалпы халықтық мәнділіктер мен заңдылықтарды және этностық екшеліктерді сондай –ақ ұлт,тіл,мәдениет және өркениеттің өзара сабақтастығын айқындау да өзекті мәселң. «Ұлт пен біртұтас» деген қағидаға сәйкес,қаза-ағылшын мақал мәтелдердің тек тілдік емес этнолингвистикалық тұрғыда қарастыру бірлік астарындағы ұлттық болмысты тану жағынан да көкейтесті мәселелер қатарына жатады.

Адам және оның қасиеті

Human being and human nature

1.A good beginning makes a good ending

2.All is not gold that glitters

3.Four eyes see for than two

4.One man,no man

5.Half a loaf is better than no bread

13.Learn from clever, avoid fool

Work and labour. Profession

Еңбек және кәсіп туралы

1.Art is long, life is short

2.In doing the learn

3.As you sow ,you shall mow

4.A stitch in time saves nine

5.Business-before pleasure

Денсаулық туралы

About health

1.Health is better than wealth

Денсаулық –зор байлық

2.Take a hair of the dog that bit you

Неден ұшынсаң ,сонымен емдел

3.Custom is a second nature

Ауру қалсада ,әдет қалмайды

4.Every heart knows its own bitterness

Әркімге өз ауруы батады.

Better late than never

Ештен кеш жақсы

Қорытынды

Мақал-мәтелдер халық тарихы,оның әлеуметтік тіршілігі,ақыл-өнегесі,даналығы мол көрініс тапқан,ой дәлділігімен,ықшамдылығымен ерекшеленетін тілдік бірліктер болып табылады.Параллелизм құбылысының орын алуына байланысты мақалдардың дені егіз жолды,қос тармақты болып табылады.Сондай –ақ үш тармақты ,төрт тармақтыларыда кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. М. Әлімбаев. «Халық – қапысыз тәрбиеші». Алматы – 1976
2. Б. Адамбаев. «Халық даналығы». Алматы – 1976
3. С. Ұзақбаева. «Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру». Алматы – 1988
4.С.Қалиев. «Халық педагогикасы хақында бірер сөз».Алматы – 2000.
5. Қ.Жарықбаев., С.Қалиев. «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы». Алматы – 1994
6. М. Әлімбаев. «Халқымыз қандай тәлімгер!» «Мұрагер» журналы №1, 1992
7. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №5,2004
8. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №4, 2004
9. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №1, 2005
10. Ө.Тұрманжанов. «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» Алматы – 2007
11. «Халық даналығына баулудағы мақал – мәтелдердің тәрбиелік мәні» тақырыбындағы ғылыми жоба http://sc0002.celinograd.akmoedu.kz
12.http://kk.wikibooks.org/wiki/Абайдың_қара_сөздері/Абайдың_жиырма_тоғызыншы_қара_сөзі.

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР: ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКА, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Жетекшісі; Избаева Назгул Жиенбаевна,
Оқытушы, магистр, сарапшы
Қонысбаева Нұрбақыт Ерболатқызы,
Туменова Үміт Айдосқызы
01140100 - «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3 курс студенттері

Аннотация

Педагогика саласындағы инновациялар-қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды бастауыш мектептің оқу- тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға қазіргі заманғыозықтехнологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдануға, оларды терең әрі жан-жақты оқып-үйренуге керек.

Инновации в области педагогики-знать виды современных педагогических технологий и творчески применять их в учебно - воспитательном процессе начальной школы, эффективно применять современные педагогические технологии в школьной практике, изучать их глубоко и всесторонне.

Innovations in the field of pedagogy-to know the types of modern pedagogical technologies and creatively apply them in the educational process of primary school, effectively apply modern pedagogical technologies in school practice, study them deeply and comprehensively.

Тірек сөздер: педагогикалық технология, инновация, технология, конструкция, оқыту технологиясыПедагогикалық инновациялар-бұл бұрын қолданылмаған әдістер, теорияны қабылдау және практикалық дағдыларды алу тәсілдері арқылы оқу процесінің сапасын жақсартуға, коммерцияландыруын арттыруға бағытталған білім беру жүйесіндегі өзгерістер.Педагогика ғылымындағы инновация-педагогикада бұл ұғым оқушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы жоғарғы нәтижеге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған.Егер материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелетін жаңа технологиялар жасалса, ол білім беру саласында басқаша, технологиялар ұстаз іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелген конструкциялар ретінде жасалынады. Педагогикалық инновация терминінің барлық

дерлік түсіндірмесі әлемдік педагогикадағы инновациялар туралы кітабында инновация түрлерін жақсы сипаттаған Кларин М.В. болған.

Автор педагогикадағы инновацияның 2 түрін – модернизация мен трансформацияны бөліп көрсетті.

Модернизация білім беруде түбегейлі өзгерістер жасамайды, ол тек шағын фрагменттерге түзетулер енгізу және білім берудің мақсатты өзегін күшейту арқылы оқу процесін жетілдіруге бағытталған.

Трансформация қазірдің өзінде түбегейлі өзгерістерге, ізашарлық идеяларға жатады, олардың мақсаты білім беру процесінің қалыптасқан ағымын өзгерту, қайта құру, білім алудың жаңа формаларын құру болып табылады.

Қалай болғанда да, педагогикалық инновация – бұл педагогикадағы объектінің өзгеруі, содан кейін бұл терминді бір сөйлеммен сипаттау қиын.

Өйткені, болып жатқан өзгеріс білім беру тенденцияларымен, даму міндеттері мен мақсаттарымен және өзекті мәселелерді шешумен байланыстырылуы керек күрделі ұзақ мерзімді қадам болып табылады.

«Технология» деген термин гректің түп тамыры techne – өнер, шеберлік,кәсіпжәнelogos– ғылым,білім деген сөздерінен шыққан.

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» ұғымы әр түрлі түсіндіріледі.

Жаңа педагогикалық технология деген не? Ол үшін алдымен «техника», «технология» терминдерінің мағынасын түсініп, тереңінде не жатыр, соны ақылмен аңғаруымыз қажет. Ол үшін әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының тарихына көз жүгірткеніміз жөн.

«Техника» терминінің екімағынасы бар екені айқын:

- Біріншісі – өндіріс құралдарының жиынтығы;
- екіншісі – бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жинағы.

«Технология» термині сол тәсілдер жүйесі(ілім)деген мағынаны білдіреді.

«Технология» түсінігі біркелкі емес түсіндіріледі. С. Смирнов оны төмендегідей анықтайды:

- оқытуды ұйымдастыруда «форма» немесе «әдістеме» түсініктерінің синонимі ретінде (бақылау жұмысын орындау технологиясы, қарым- қатынас технологиясы);
- нақтыпедагогикалық жүйенің синонимі ретінде (оқытудың «дәстүрлі» технологиясы, В. В. Давыдов пен Д. Б. Эльконинның мектепке арналған жүйесі және т.б.)

Бірақ бұл түсіндірулер «технология» түсінігін ашпайды, сондықтан«білім беру технологиясы», «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» терминдерін қарастыру қажет. Берілген түсініктерді салыстырмалы талдау Л. А. Щукинаның еңбектерінде көрсетілген.

Педагогикалық әдебиеттерде қандай да педагогикалық технологиялар сипатын айқын– даушы көптеген терминдер ұштасады, мысалы: оқу- үйрену, тәрбиелеу, оқыту технологиялары, білімдендіру және дәстүрлі технологиялар, бағдарламаланған және проблемалық оқу технологиялары, авторлық технология және т.б.

Педагогикалық технология – кешенді үдеріс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалардың шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В. Б. Беспалько, В. В. Данилов, В. К. Дьяченко жәнет.б.),екіншісі–тәжірибе арқылы жүзегеасуы(Е.Н.Ильина, С. Н. Лысенкова, В. Ф. Шаталов және т.б.).

Сонымен, технология астарында не жатыр? Оқу технологиясы жөніндегі идея қай заманда пайда болған?

Мұндай ғылымдық мәні бар ой жаңалық емес. Кезінде оны Я. А. Коменский де дәріптеген. Ұлы педагог-ғұлама XVI ғасырда-ақ оқудың «техникалық» яғни

«технологиялық» болатынын уағыздап, оның мүлтіксіз тиімді нәтиже беретін жолдарын іздестіріп бақты.Я. А. Коменский еңбектеріне үңілсек, педагогикалық технологияға бастау берген даналық пікірлерді табамыз: «Дидактикалық машина үшін қажет нәрсе

1) түбегейлі ойластырылған мақсаттарды;

2) сол мақсаттарға жетуге дәл икемдестірілген жабдықтарды;

3) мақсаттың орындалмауына мүмкіндік бермейтін нақты жабдықтарды қолданудың мызғымас ережелерін табуымыз керек», – делінген.

Я. А. Коменский заманынан бастап, оқуды мүлтіксіз әрекеттегі механизмге сәйкестендіру ұмтылысының талайы күні бүгінгедейін басылған емес. Кейін оқу технологиясы жөніндегі көптеген тұжырымдар толықтырылып, нақтыланылып отырды. Әсіресе, техникалық прогрестің әрқилы теориялық және практикалық қызметтер аймағына енуі мен оқуды технологизацияластыру идеясы нығайып, іске асырыла бастады (П. Я. Гальперин, Н. Ф. Талызина, Ю. К. Бабанский және т.б.).

Осы заманғы дидактикада әр қилы оқу технологиялары көрініс

Беріп жүр.Олардың көп түрлі болу себебі әр автор мен орындаушы- ның педагогикалық үдеріске өзінше жаңалық қосып, технологияға өзгеріс енгізілуіне байланысты.

Оқыту үдерісін ұйымдастыру мен жүргізуді жобалау барысындағы бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің моделі (МонаховВ.М.), барлық сабақ беру үдерісін жасаудың,қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі, білімді меңгерудегі техникалық және олардың өзара әрекеттерін ескеру, мазмұнын қорытындылау (ЮНЕСКО).

В. Н. Бордовская және А. А. Реанның көрсетуінше, педагогикалық технологиялар бұл білім беру үдерісіндегі ұстаздар мен оқушылардың жүйелілік іс-әрекеттеріне, мақсат-мазмұн әдістерді ұйымдастырудың белгілі бір нақтылы принциптері мен өзара байланыстылығына сай нақтылы идея негізінде жасалынады.

Г. М. Құсайыновтың есебінше, педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа. Ол мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттарымен нәтижелерге жетумен сабақ беру үдерісі емес, ол кәсіби ұстаздың басшылығымен оқушылардың өзінің және өзара оқыту үдерісі, ол білім берудің мазмұны мен оқу жоспарларының бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір сатыларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Өткенге қарап басымызды иеміз,ертеңге қарап білек сыбанамыз демекші, бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Демек бұрыннан қалыптасқан бағдарлама мен тәртіп ол үшін ескірген, тозған. Ал қазір ол барлық тұлғасымен жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарғабейімделуітиіс.Сондықтан оған жүйелі жәрдем беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттайтын, қабілет- қасиеттерін дамытатын мектеп шаңырағы қажет.

Қазіргі кезде егеменелімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білімберу парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру д емұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

Келешекте Қазақстанның жоғары деңгейде дамуына өз үлесін қосатын бүгінгі ұрпақ ертеңгі азамат болғандықтан, оқу-тәрбие үдерісін жаңартып, білім сапасынарттыру– оқытушылар құзырындағы өте үлкен жауапты іс. XXI ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр.

Олар: білім сапасын көтеру компьютерлендіру, интернет, компьютерлік желі, электронды және телекоммуникация, электронды оқулықтар даярлау. Бұлардың оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білік сапасын көтеруге тигізе–тін әсері мол. Жаңа электронды оқулықтардың дүниеге келуімен берілетін білім мазмұныда өзгерері сөзсіз. Болашақта әр оқушы компьютерлік технология арқылы интернет, электронды желі, электронды почта арқылы дүние жүзілік білім әлеміне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, осы мәселенің шетелдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туады.

«Инновация» туралы жалпы түсінік Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі–оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Инновацияның негізгі қағидалары Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың педагогокалықнегізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгеру; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;әр оқушының даму жүйелері жұмыс істеу; оқу үдерісін оқушының сезінуі.

Білім беру саласындағы инновациялық бағыттың қажеттілігін анықтайтын себептер қазіргі таңда бүкіл халыққа белгілі болып отыр. Оларға төмендегілер кіреді.

- Білім беружүйесінің жаңаруы,яғни жоғарғы оқу орындарының кредиттік оқу жүйесіне көшуі және орта білім беру жүйесінің 12 жылдыққа өтетіндігі;
- білім берумазмұнының ізгілендірілуі;
- мұғалім мен оқушыға қойылатын талаптың жаңа тұрғыдан қарастыруды, яғни оқушы тек тұтынушы ғана емес, ортақ іс-шара субъектісі де.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. /Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінде оқыған лекция. – Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр
2. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!/ Қазақстан халқына Жолдау. – Егемен Қазақстан, 29 қаңтар 2011 жыл.
3. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдар–ламасы. – Астана, 2010.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы». – Астана, 2007
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2006.
6. ҚР ПрезидентіН. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2012 ж.
7. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии.– М.: Народное образование,1998.
8. БеспалькоВ.П.Педагогикаипрогрессивныетехнологии обучения. – М., 1995.
9. Бабанский Ю. К., Поташник М. М. Педагогикалық процесті оптималдандыру сұрақтар мен жауаптар. – Алматы: Мектеп,1984.
10. Әбдіғалиев Қ.Осы заманғы педагогикалық технологиялар. – Қазақстан мектебі, 2001, №2.

МЕКТЕПТЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МӘДЕНИЕТІН ҚҰРУ

Бейсенбекова Аяжан Бауыржанқызы,
01140600 -"Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" мамандығының 11Ш топ білім алушысы
№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі

Аннотация: Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы қарастырылады. Инклюзивті білім беру аясында әрбір мұғалімнің ерекше білім қажеттілігі бар оқушылар категориясын білуі және олардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістемелерін меңгерулері шарт. Инклюзивтік білім берудің құрылымын анықтайтын нормативтік құжаттар көрсетілді.

Аннотация: В статье рассматривается профессиональная компетентность педагога в условиях инклюзивного образования. В рамках инклюзивного образования каждому учителю необходимо знать категорию учащихся с особыми образовательными потребностями и изучать методы обучения в соответствии со своими возможностями. Были показаны нормативные документы, определяющие структуру инклюзивного образования.

Abstract: The article discusses the professional competence of a teacher in the conditions of inclusive education. As part of inclusive education, each teacher needs to know the category of students with special educational needs and study teaching methods in accordance with their capabilities. Regulatory documents defining the structure of inclusive education were shown.

Тірек сөздер: кәсіби құзыреттілік, тұлға дамуы, педагогтың инклюзивті білім беруі, кәсіби дайындығы, инклюзивті оқыту.

Инклюзивті оқыту – балалардың мекен-жайы бойынша оқу құқығы мен білім алуға негіз қалаушы құқықтарын қамту принципіне сүйенетін жалпыға білім беретін мекеме жағдайындағы білім беру қызметтерінің жүйесі. Сапалы білім беруге қол жеткізу мақсатымен жалпыға білім беру ұйымдары оқу бағдарламалары мен жоспарларын, оқыту түрлері мен әдістерін бейімдеп, қалыптасқан ресурстарды пайдаланып, қоғаммен байланыста ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беруде жеке білім беру қажеттіліктері мен түрлі оқыту тәсілдерін қолдану керек.

Инклюзивті білім беру аясында әрбір мұғалімнің ерекше білім қажеттілігі бар оқушылар категориясын білуі және олардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістемелерін меңгерулері шарт. Бұған заманауи білім беру инновациялары мен реформалар беталысы қозғау салары айқын: қоғамдық бақылау кеңестері, ата-аналар өкілеттігі, жаңартылған білім мазмұны, интегративті оқыту, көптілділік саясаты, академиялық еркіндік және академиялық ұтқырлық қағидалары. Инклюзивті білім беру жалпы қоғамдық сипат алған жағдайда өрістеп дамитын болады.

Инклюзивті білім беру үрдісі дене дамуында мәселелері бар, яғни физикалық мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалар; әлеуметтік ортаға бейімделу қиындықтары бар девиантты мінез-құлықты балалар немесетұрмыстық-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелері бар отбасы балалары; мигрант, оралманжәне босқын отбасыларының балалары; дарынды балалар, сондай-ақ мектептері жоқ елді мекендерде тұратын балалардың сапалы білім алуға тең қолжетімдігін қарастырады.

Инклюзивті білім берудің қазақстандық моделі әлемдік тәжірибеде қабылданған талап ережелеріне жеткілікті сәйкес емес. Ол ең бірінші кезекте инклюзивті білім алуға сұраныстың басымдығына байланысты туындап отыр. Инклюзияны іске асыруда қазақстандық білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелердің қатарында ерекше білім қажеттігі бар балалар категориясының бара бара толығуын атауға болады. Алғашқы кезеңде мүмкіндігі шектеулі балаларды ғана қамтыған инклюзивті білім беру мазмұны қазіргі таңда келесі категориялармен толықтырылған: девиантты мінез-құлықты балалар; жетім балалар;

босқын балалар; мектептері жоқ елді мекендердің балалары және дарынды балалар. Егер, мүмкіндігі шектеулі балалар категориясындағы 5 нысан (көруі, естуі, сөйлеуі, тірек-қимыл жүйесі, психикалық дамуы бойынша) ұзақ мерзімді инклюзиямен қамтылатын болса, әлеуметтік ортаға бейімделу қиындықтары бар балалар (мигрант, оралман отбасы балалары) белгілі бір мерзімнен кейін инклюзия есебінен шығарылады. [1,с.14]

Инклюзивтік білім беру үрдісін құқықтық реттеу қажеттілігі – оқыту мен тәрбиелеу сапасының, білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының құқықтарын жүзеге асырудың кепілі. Инклюзивтік білім берудің құрылымын анықтайтын нормативтік құжаттар: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы», «Тілдер туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетілімдік қолдау туралы, «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулер» туралы Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен беталыстарын, қиын өмірлік жағдаяттағы балаларға арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын анықтайтын басқа да құқықтық-нормативтік актілер: «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» (2015); «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар» (2014); «Дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының қызметі жөніндегі Типтік ережелер» (2013); «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» (2012).

Мағжан Жұмабаевтың «Білімдінің сөзі – ем, мейірімі көп, өзі – кең» деген тұжырымын инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогқа қойылар талап деп түсіну керек. Сондай-ақ, «Айналасын түгел сыйлай білген жан – құрметке лайық» қағидасын басшылыққа алу – күтілетін нәтижелерден де зор табыстарға жетелері сөзсіз. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог күнделікті әрекетінде оқу ресурстары мен білім мазмұнын бейімдеу, тұлғааралық қарым-қатынастарды реттеу сынды қосымша қызметтерді атқаруы керек. [2,с.24]

Инклюзивті сыныпта мұғалім оқушыларға білімдерді меңгеруге мүмкіндік жасайды, қажет болған жағдайда аз ұлт өкілдерінің балалары, оралман отбасыларының немесе босқындардың балаларына имплициттік бағыт негізінде жаңа оқу материалын түсіндіреді. Ал арнайы педагог психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде оқушының жүктемесін өзіне аударып, онымен эксплициттік бағытта түзету жұмысын жүргізеді. Өзіндік жұмысқа баса назар аударылатын сыныпта, мұғалімнің көмегіне бағытталып, онымен тығыз байланыста жүргізілетін жұмысқа қарағанда, мүмкіндігі шектеулі балалардың үлгерімі төмен болатыны даусыз. Сондықтан, барлық оқушылар оқытудың интерактивті тәсілдері арқылы жүргізілетін жұмысқа белсенді қатысулары керек.

Білім беру ұйымында инклюзивті орта құруға жауапты қызметкерлердің бірі – педагог-психолог. Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі ұйым ерекшелігіне қарай, педагогикалық қызметті және объектіге бағытталған қызметті іске асыруды талап етеді. Педагог-психолог тұлғасының жалпы гуманистік бағыттылығы ерекше балалармен жұмыс жасауда негізгі талап болып табылады. Педагог-психологтың когнитивті құзыреттілігі инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты қабылдауға, санасында өңдеуге, жадында сақтауға және керек сәтінде қайта жаңғырту қабілеті және білімдер жүйесі мен танымдық қызмет тәжірибесі негізінде педагогикалық ойлау қабілеті ретінде анықталады. [3,с.12]

Инклюзивті мектепті дамыту үшін жалпыға білім беру мектебін өзгертуде келесі іс-әрекеттер қарастырылады:

1) ерекше қажеттіліктері бар балаларға қосымша қызмет және қолдау көрсетуді қарастыратын оқу жоспарын құрастыру;

2) оқу мазмұнын баланың тәжірибесі, түрткілері және өзіндік дамуына бағыттау;

3) күнделікті оқу үрдісінде пайда болатын қиындықтарды анықтап, оларды жеңуде балаға қолдау көрсету, әрбір нақты жағдай үшін қарастырылған бағалау үрдістері арқылы баланың жеке даму ерекшеліктеріне жетекшілік жасау;

4) оқу үрдісінде тиімді, белсенді және қажетті технологияларды қолдану;

5) кеңістіктік кедергілерді барынша азайту немесе жою және баланың оқу әрекеті мен қарым-қатынас ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін техникалық және компенсаторлық көмекші құралдарды пайдалану. [4,с.39]

Инклюзивті білім беру ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқу үрдісін сипаттайды. Демек, инклюзивті білім беру негізінде балаларды кемсітудің қандай да бір түрін жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы міндеттерді басшылыққа алған мемлекетіміз барлық балаларға бірдей көзқарас мүмкіндігін жасау, ерекше жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыру үрдісінде барынша жағдай жасауды қолға алды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 14 б.

2. «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың әдістемелік ұсынымдарын бекіту» туралы ҚР БжҒМ 2011ж. № 524 бұйрығы. – Астана, 2011. – 24б.

3. Коркунов В.В., Брызгалова С.О. Арнай білім алу қажеттіліктері бар баланы жалпыға білім беру ортасына енгізудегі арнайы білім берудің қазырғы заманғы үлгісі //Арнайы білім беру, 2006, №7, Б. 7-12.

4.«ҚР мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзетудегі қолдау туралы Заңы». – А., 2002.

СМЫСЛОВОЕ ЧТЕНИЕ – ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ

Есмаганбетова Улбала Хамитовна,
старший преподаватель кафедры
методологии и инновационной педагогики
ФАО «НЦПК «Өрлеу»
института профессионального развития
по Кызылординской области

Ключевые слова: читательская грамотность, смысловое чтение, отбор текстов, разработка заданий, активные методы и приемы, эффективная методика.

Аннотация: В современных условиях образования повышается значимость формирования читательской грамотности. В статье представлены материалы, способствующие формированию навыков смыслового чтения как основу развития читательской грамотности.

Зертханалық сабақтардың оқушылардың биологияға деген қызығушылығын дамыту үшін маңызы зор. Зертханалық сабақтар кезінде оқушытер сабақта бұрын алған білімдерін практикадағы өзіндік жұмыстармен ұштастыра алады, білім деңгейін кеңейте алады. Сондықтан, мен шағын мектептерде биология пәнінен зертханалық сабақтар өткізіп, оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, білімге деген құштарлығын дамыту қажет деп санаймын. Биология пәнінен зертханалық сабақтарды ұйымдастыру өмірді жас ұрпақ үшін үлкен құндылық ретінде түсінуді қалыптастырады.

Зертханалық сабақтар-оқушылардың оқу іс-әрекетінің бір түрі; мақсаттары мен міндеттері ұқсас. Зертханалық жұмыс оқу жоспарына енгізіліп, курстың немесе тақырыптың бір бөлімін оқығаннан кейін жүргізіледі. Бұл оқушыке, ең алдымен, теориялық білімді терең меңгеруге және атқарылған жұмыстың нәтижесін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Жұмыстың жоғары деңгейде, дұрыс орындалуы үшін топта жеке немесе жұппен орындайтын 10 адам болуы керек.

Жұмыстың тақырыбы, мақсаты, зерттеу нысаны, қажетті құрал-жабдықтары зертханалық дәптерлерге көшіріліп, жинақталады.

Міндеттері:

- "Биология" пәні бойынша зертханалық сабақтарды өткізудің әдістемелік ерекшеліктерін сипаттау;
- "Биология"пәні бойынша зертханалық сабақтарды өткізудің тиімді әдістерін жалпылау;
- "Биология"пәні бойынша зертханалық сабақтардың үлгілерін әзірлеу.

Оқушытер тиісті бағдарламада көрсетілген әртүрлі зертханалық жұмыстарды орындап, осы шарттарды орындаған кезде ғана олар тұрақты білім мен дағдыларды дамытады, олардың орындалу қарқыны артады.

Мұғалімнің мақсаты-биология кафедрасында зертханалық сабақтарды жоспарлау және өткізу. Оқушы үшін дұрыс ұйымдастырылған зертханалық сабақтың тиімділігі келесідей:

1. Тақырыпқа байланысты оқушы ауызша қабылдаған тұжырымдамамен тәжірибе жасау арқылы толығымен игерілген.
2. алған білімдерін іс жүзінде қолдану дағдылары мен дағдыларын қалыптастырады.
3. мұғалімнің түсіндірмелері арқылы алған білімдеріндегі маңызды құбылыстардың қасиеттері мен құрылымы туралы білімдерін нақтылай отырып, мәнін терең түсінеді.
4. зертханалық жұмыс әдістерін біледі.
5. өсімдіктердің ішкі құрылымын, сабақта кездескен дене мүшелерін толығымен зерттеу өшіруге дағдыланады.
6. Зертханалық сабақтар кезінде оқушылардың биология ғылымына деген қызығушылығы артады.
7. зертханалық жұмыстарда қолданылатын жабдықтармен жұмыс істеу тәртібімен танысады.
8. Зергерлік жұмыс барысында оқушытер еңбекқорлықпен, ұйымшылдықпен тәрбиеленеді және рақымдылықпен тәрбиеленеді.
9. Бақылау сұрақтарына жауаптар.

Зертханалық сабақтар курсы:

1. Әрбір зертханалық қызметтің мақсаты бар.
2. Қажетті жабдықтар.
3. Жұмыстың барысы. Жабдықты зертханалық құрылғылармен көрсету, оларды сыныпта қалай қолдануға болады, жұмыс барысынан қысқаша түсінік береді.
4. Зерттелетін препарат, онымен қалай жұмыс істеу керек,
5. қалай жұмыс істеу керектігін айтады.
6. Оқушытер арнайы зертханалық жұмыстың нәтижелерін дәптерге жазады, жұмыстың барысын жазып, жұмыстың нәтижесін түсіндіреді.

Зертханалық сабақтардағы әдістердің түрлері:

- Білім берудің негізгі көзі-демонстрация. Мұғалімнің пәні мен құбылысы екінші орында-индикативті интерпретация.

11-сыныптағы зертханалық жұмыс (жаратылыстану-математикалық бағыт) :

1. мәдени өсімдіктердің үлгілерін қолдана отырып қолмен сұрыптау, нәтижелерді, түр өлшемдерін, өзгергіштігін зерттеу; 2. организмдердің тіршілік ету ортасына бейімделуін зерттеу.

Ескертпе: зертханалық жұмыстарды орындау үшін қажетті жабдық олар болмаған жағдайда демо немесе электронды нұсқалармен ауыстыруға болады. Зертханалық сабақтар мұғалімнің жаңа тақырыпты түсіндіру бағытында жүргізіледі, егер оған сағат бөлінбеген болса, тарауды қорытындылау кезінде өткізуге болады.

Биология пәнінің басты міндеттерінің бірі – оқушыларға материалистік көзқарас, дұрыс мәнді ғылыми дүниетаным қалыптастыру. Себебі пәннің мазмұны тіршіліктің пайда болуы, дамуы және мәні заңдары негізінде берік моральды, өмірдің мәні мен мақсатын дұрыс түсінетін, әртүрлі зиянды қылықтар мен әрекеттерге төзе алатын ұрпақ тәрбиелеу. Тек

биология пәнінен зертханалық сабақтарды ұйымдастыру арқылы ғана, дұрыс ұйымдастырылған нақты мақсатты сабақтар өткізу, сабақ әдістерін жетілдіру нәтижесінде терең де дәйекті түрде адамның табиғаттағы рөлін ашып көрсетіп, экологиялық мәдениеті мен сауаттылығын арттырып, өз өмірлеріне сауаттылықпен қарауды жолға қоюға болады.Сонымен қатар биология сабағында зертханалық жұмыстар жасау арқылы – оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына ойын жинақтауда сонымен қатар, өз бетінше іздеп жаңа білімді игеруге ықпал жасайды.

Осылайша, осы заманғы орта білім жағдайындағы виртуальды үдеріс оны жаңа, виртуальды компьютерлік технологиялар деңгейіне шығара отырып, дәстүрлі білім берудің бай педагогикалық әлеуетін пайдалануға бағытталған. Бұдан басқа, виртуальды ақпараттық-оқыту зертханалары жағдайында оқу модельдері арқылы білімнің жаңа салаларын зерттеуде оқушыларда қоршаған орта құбылыстарын танып-білуде өздігінен жұмыс істеу қабілеті артады, өмір сүру барысында туындайтын міндеттерді шешу жолдарын өздігінен табу мүмкіндігі қалыптасады, алынған білімді тәжірибе жүзінде пайдалануға даярлығы артады. Ендеше, оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне септігін тигізетін виртуальды зертханаларды пайдалану электронды білім беретін компьютерлік өнімді ендіру стратегиясындағы сәттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Мемлекеттің индустриялық-инновациялық дамыту міндеттерін шешуге байланысты білім сапасын әлемдік тәжірибелерге сәйкес жоғары деңгейге көтеру – заман талабы. Өйткені қазіргі қоғамдық сұраныстар еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын жоғары кәсіби ұтқырлықты, ғылымитехникалық және заманауи ақпараттарға өз бетімен бағыттала алатын мамандар даярлауды қажет етіп отыр. Осыған орай жоғары оқу орындарының алдына кәсіби маман ретінде өз бетімен білім алуға қабілетті, алған білімдерін оқу және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалана алуын, өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруын қамтамасыз ететін тұлғаны дайындау мәселелелері жанжақты қарастырылып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Биология пәнінен зертханалық және практикалық сабақтарды өткізу Әдістемелік құрал
2. Әлиева Б. Оқыту стратегиялары. Биология және салауаттық негізі.
3. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы
4. Мырзабаев А.Б. Оқушылар шығармашылығын дамыту|
5. Шаймерденова Гүлсана Залқызы. Болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен қолдану әдістемесі.

СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАБЫСТЫ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Абугалиева Анар Иргибековна,
«Қазыбек бек бекетіндегі орта мектеп»
КММ бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы облысы Жамбыл ауданы

Аннотация: мақалада бастауыш сынып оқушыларының табысты іс-әрекетін қалыптастыру мәселелесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдаулар жүргізілген. Олардың мәнін ашу мақсатында маңызды мотивтер айқындалған.

Тірек сөздер: сыни ойлау, технология, бастауыш сынып оқушылары, табысты іс-әрекет, қалыптастыру.

Аннотация: в статье проведен анализ работ ученых, изучавших проблему формирования успешной деятельности младших школьников. В целях раскрытия их сущности определены важные мотивы.

Ключевые слова: критическое мышление, технология, ученики начальных классов, успешная деятельность, формирование.

Abstract: The article analyzes the works of scientists who studied the problem of forming the successful activity of younger schoolchildren. In order to reveal their essence, important motives have been identified.

Keywords: critical thinking, technology, elementary school students, successful activity, formation.


ҚР Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім беруді білім алушылардың тек белгілі бір мөлшерде білімді игеруін емес, оқушыны тұлға ретінде дамытуға бағытталған болуы маңызды екендігі көрсетілген.

Қ.К.Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында: орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды, - деп көрсетті. Осы тұрғыда заманауи мектептің бірінші кезектегі міндеті – өз көзқарасын қалыптастырып, дәлелді түрде қорғай алатын, алдына мақсат қойып, оған жетудің тиімді жолдарын таба алатын, ойлау қабілеті жоғары, іштей еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады [1].

Бұл мәселені шешудің ең тиімді жолы – мектеп оқушыларының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеті проблемаларды көре білуді, стандартты емес шешімдерді табуды, өзінің интеллектуалдық белсенділігіне рефлексия жасауды, өз іс-әрекетін талдауды және жіберілген қателерді анықтауды қамтиды.

Сыни тұрғыдан ойлай алатын оқушы ақпараттық хабарламаны түсіндіру мен бағалаудың түрлі тәсілдерін біледі, мәтіндегі қарама-қайшылықтарды бөліп көрсете алады, логикаға ғана емес, әңгімелесушінің ойына да сүйене отырып, өз көзқарасын дәлелдей алады. Мұндай оқушы ақпараттың әртүрлі түрлерімен жұмыс істеуде өзін сенімді сезінеді, құндылықтар деңгейінде алуан түрлі ресурстарды тиімді пайдалана алады, өзін қоршаған әлемнің сан алуандылығын түбегейлі қабылдай отырып, ақпараттық кеңістіктермен тиімді әрекеттесе алады [2].

Қазіргі кезеңде таным процестеріне деген көзқарастарды қайта бағалау мен әлеуметтік даму динамикасына байланысты тұлғада сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру идеясы өзекті болып табылады. Көптеген ғалымдар ғылымды дамытуда сыни тұрғыдан ойлаудың маңыздылығы әлеуметтік жүйенің бірізділігі және тұлға мен ақпараттың жылдам өсіп жатқан ағынының өзара әрекетімен байланысты болатынын атап көрсеткен. Қазіргі қолданыстағы оқу бағдарламаларының бір ерекшелігі – оқушының өзіндік белсенділік дағдысын қалыптастыру арқылы жеке тұлғасын дамыту. Демек, қазіргі білім беру жүйесінің оқыту нәтижелері білім, білік және дағды түріндегі дәстүрлі оқытуға емес, бастауыш сынып оқушысы меңгеруі тиіс нақты іс-әрекеттерді, дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.




Сурет 1 - Дэвид Клустер бойынша сыни ойлаудың бірнеше белгілері.

Автор сонымен қатар, сыни ойлау мен есте сақтау, қабылдау және түсіну, шығармашылық ойлау сияқты когнитивті процестер арасындағы айырмашылықтарды көрсетті. Есте сақтау ойлау емес, дегенмен есте сақтау проблемалық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Оқушылардың ақыл-ой құзыреттілігі зерттелген материалды көбейту арқылы емес, проблемалық мәселелердің шешімдерін өз бетінше іздеу арқылы қалыптасады [3].

Бұдан шығатын қорытынды, сыни тұрғыдан ойлана отырып жұмыс істейтін мұғалімдердің назары басқалармен ой мен пікір алмасу үшін қажетті қасиеттерді дамытуға аударады, атап айтқанда: тыңдау қабілеті, төзімділік, өз көзқарасы үшін жауапкершілік. Сыни ойлауды анықтаудың барлық төрт тармағы оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде көрінуі мүмкін, бірақ мұғалімдердің пікірінше, олардың ішіндегі ең жақсысы оқушылар үшін де, мұғалімдер үшін де жазбаша жұмыс болып саналады. Жазу кезінде ойлау үдерісі мұғалімге көрінетін, қол жетімді болады.

Д.Халперн: оқушының сыни ойлауын сабақ барысындағы табысты-іс әрекетке негіздей алу үшін оның бойында бірқатар қасиеттерді дамыту маңызды [4], - деп санайды.



Сурет 2 - табысты іс - әрекетке негіздей алу үшін қажетті қасиеттерді (Д.Халперн бойынша)

С.И.Ожегов сөздігінде «табыс» ұғымына келесідей анықтамалар берілген: 1) қандайда бәр жетістікке жетуге сәттілік; 2) қоғамның мойындауы; 3) қоғамдық мәнділік, жұмыстағы, оқу-танымдық іс-әрекеттегі жақсы нәтижелер және т.б. [5].

В.И.Дальдің сөздігінде «табыс» - қандайда бір іс-әрекеттегі бәсекелестік, сәттілік, сәтті қатынас, қажеттілікке жету, - деген анықтама береді [6].

Аталған сөздіктерде берілген анықтамаларды салыстыратын болсақ, «қандайда бір жетістікке жетудегі сәттілік» деген түсінік барлығына да ортақ мәнде колданылады.

Ә.Нысанбаев адамның табыстылық мүмкіндігін оятудың маңызының зор екенін көрсете келіп, негізгі үш түріне тоқталған.

Біріншіден, еңбек табыстылығы өндірістегі жекелеген қызмет түрлерін ғана емес, өндірістің барлық салаларын түгел қамтиды. Міндет әрбір жұмыс орнындағы адам шығармашылықпен еңбек етуге мүдделі болып, оған жауапкершілікпен қарауы керек.

Екіншіден, жұмысқа барлық уақытта да еңбекке қанағаттану сезіміне байланысты қарау. Өзінің мамандығына көңілі толған адамның еңбегі де сапалы болады.

Үшіншіден, шығармашылықпен еңбек етудің басты көрсеткіштері өнертапқыштық болып саналады. Шын мәнінде, өзіне сеніп тапсырылған техниканың еңбек операцияларын, өндіріс технологиясын ұдайы жетілдіріп отыру ісіне барынша ат салыспау мүмкін емес [7].

Бұдан шығатын қорытынды адамның субъект ретінде қалыптасуына кедергі болатын қайшылықтардан арылудың құралы, оның толық және сенімді ақпарат алып тұруы болып табылады. Сонда ғана бұл ақпараттар адамның өзінің шығармашылық қуатын оятуға, сөйтіп, тұлға ретінде қалыптасуына, сонымен бірге өзінің жаңаша жұмыс істеуіне мүдделілігін арттыруға бағыттайды. Өйткені, осы аталғандар адамның өзін-өзі танытуға ұмтылысымен сипатталады.

Бастауыш сынып оқушыларының табысты іс-әрекетін қалыптастыру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекет түрлерін үйлестіре жүргізгенде ғана мүмкін болады,- деп санаймыз. Өйткені, біріншіден, бастауыш сынып оқушылары үшін еңбек табыстылығы ойында, еңбекте, оқудағы іс-әрекет үстінде көрінеді. Осы әрекеттердің қайсысын болса да оқушылар аса жауапкершілікпен орындайды.

Екіншіден, оқушының өз еңбегіне қанағаттану сезімі оның сабақтағы материалды меңгеруіне байланысты болады. Демек, өткен немесе жаңа сабақ бойынша берілген тапсырманы орындауы сапалы болады.

Үшіншіден, табыстылықпен еңбек етуге талаптанады. Оған оқушылардың өз шығармашылығымен еркін тақырыпқа құрастырған ертегілерінен, мәтін мазмұнына сәйкес қиялы бойынша салған суреттерінен, өткен тақырыпқа ұқсас өлең, тақпақ шығару, логикалық тапсырмаларды орындауынан, анаграмма, ребус құрастыруларынан табысты іс-әрекетін көруге болады.

А.Үсенова табыстылық – жеке тұлғаның әлеуметтік өлшемі, адамның әлеуметтік мәртебесінің ерекше көрсеткіші, жауапкершілікті сезіну, мақсатқа жетуді сезіну немесе қоғам алдындағы жетістіктерге жету қажеттілігі [8]. Сондықтан «табыс» феноменінің мәнін ашу үшін маңызды мотивтер айқындалады: өзін-өзі мотивациялау, өзін-өзі бақылау, өзінің іс-әрекетін жоспарлау; өзін-өзі таныту, айналадағылармен қарым-қатынас жасай білу кабілеті, физикалық шыдамдылық, оқиғаны алдын ала болжау және ақылды шешім қабылдауға даярлық; шығармашылық белсенділік, жаңашылдыққа ұмтылу және сын тұрғысынан ойлау, әлеуметтік бейімделу т.б.

Қорыта келе, табысты іс-әрекет – дегеніміз оқу әрекетінің жоспарлануы, оны іске асыруда жеткен жетістігі, оқу сапасын арттыруға ықпал ететін оқу-танымдық әрекеттегі өзіндік белсенділігі мен шығармашылығынан туындаған өнімді нәтижесі.

Әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ.К. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416

2. Ташетов А.А. Болашақ педагог-психологтардың сыни ойлауын дамытуда медиа-ресурстарды пайдаланудың ғылыми-тәжірибелік негіздері: филос. док. ғыл. ... дис. – Алматы, 2017. – 171 б.

3. Клустер Д. Что такое критическое мышление? // Критическое мышление и новые виды грамматоности. – М.: ЦГЛ, 2005. – С. 5- 13.

4. Халперн Д. Психология критического мышления / пер. Н.Мальгина, С.Рысев, Л.Царук. - Изд. 4-е международное. – СПб.: Питер, 2000. – 512 с.

5. Ожегов С.И. «Толковый словарь русского языка» Ожегов С.И. ISBN 978-5-17-083039-8. Издательство АСТ. 2017.
6. Даль В.И. Толковый словарь. – М:Русский язык, 1991. – Т.4 . - 2007 с.
7. Нысанбаев Ә. Философия. - Алматы, 2005. -136 б.
8. Үсенова А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2016. – 197 б.

СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАБЫСТЫ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байгисова Жанна Бактыбаевна,
«Қазыбек бек бекетіндегі орта мектеп»
КММ бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы облысы Жамбыл ауданы

Аннотация: мақалада бұл белгілі бір мәселе бойынша бар білім мен тұжырымдамаларды тексеруге негізделген және жеке істің қалыптасуы мен бекітілуіне әкелетін әлеуметтік-мәдени ақпаратты түсіндірудің, талдаудың және бағалаудың жоспарланған үдерісі – табысты іс-әрекеттің маңызды факторы ретінде қарастырылған.

Тірек сөздер: сыни ойлау, педагогикалық-психологиялық ерекшеліктер, қалыптастыру, табысты іс-әрекет.

Аннотация: в статье рассматривается планируемый процесс интерпретации, анализа и оценки социокультурной информации, как важнейший фактор успешной деятельности, основанный на проверке имеющихся знаний и концепций по конкретному вопросу и ведущий к формированию и утверждению индивидуального дела.

Ключевые слова: критическое мышление, педагогико-психологические особенности, формирование, успешная деятельность.

Abstract: The article considers the planned process of interpretation, analysis and evaluation of socio-cultural information as the most important factor of successful activity, based on the verification of existing knowledge and concepts on a specific issue and leading to the formation and approval of an individual case.

Keywords: critical thinking, pedagogy-psychological characteristics, formation, successful activity.

Қазіргі таңда білім беру сапасын арттыруға әсер ететін факторлар – сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; сыни тұрғыдан өздерін-өздері бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсінудің қажеттілігімен сипатталады. Сыни тұрғыдан ойлау екі мағынада қарастырылады: білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және педагогтердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Білім алушыларға қатысты алатын болсақ, сыни тұрғыдан ойлау ақпаратпен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Ал, мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауды қамтиды [1].

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау, көбінесе, қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Джон Дьюи «Сыни ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау, - деп түсіндіреді [2]. Жоғары оқу орнында білім алушылар жалпы және кәсіптік пән аясында берілетін білімді меңгеруде жаңа ұғымдарды түсіну үшін зерттеу жүргізіп, өзінің көзқарасын, пікірін жинақтайды, дұрыс шешім қабылдайды. Көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой

елегінен өткізіп, мәселенің байыбына жетуге тырысу арқылы адам өзі таңдап алып, көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай, оны жан-жақты қарастырады, оның оң мен солын ажыратады, кемшіліктерін келтірумен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді. Үздіксіз іздену мен зерттеу арқылы өз шешіміне балама іздеп, жаңа болжамдар жасай алуы, толассыз ойлауы сыни ойлау деп аталып, осы кезеңде қолданылатын стратегиялары болады.

Джон Дьюидің сын тұрғысынан ойлау кезеңінде қолданылатын стратегияларының графикалық бейнесі 7-суретке сәйкес төменде берілген.



Сурет 1 – Сын тұрғысынан ойлау кезеңінде қолданылатын стратегиялар
(Джон Дьюи бойынша)

Заман талабына сай қажетті жаңартылған өзгерістер мен ізденістер қарастырылып, білім берудің мақсаты, мазмұны өзгерді. Сыни ойлаудың мақсаты екі ұйғарым пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдау болып табылады. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Олай дейтініміз – философиялық тұрғыда талдайтын болсақ, адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Психологиялық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, табыстылықтың жалпы талаптары мен сатылары іс-әрекет түрлеріне тәуелсіз болады. Нақты мазмұн ретінде шығармашылықтың өзіне тән заңдылықтары мен кезеңдері бар.

Табыстылық процесін жалпы түрде ала отырып, оның сатыларын көрсетейік: 1 саты – шығармашылық актіде жүзеге асыратын идеялардың шығуы; 2 саты – сол мәселеге тікелей қатысты білімдердің шоғырлануы, жеткіліксіз мәліметтерді табу; 3 саты – материалдармен саналы тұрғыда және бейсаналық жағдайда жұмыс істеу, ретке келтіру, біріктіру, варианттарды қарастыру; 4 саты – тексеру және толықтыру.

Т.В.Зеленкова бастауыш мектеп кезеңінде табыстылық қиялды белсендіру мәселесінде бастауыш мектеп пен өнер мектептерінің өзара әрекеттестіктері арқылы жүзеге асыруға болатынын көрсетеді [3].

Психолог мамандардың пайымдауынша, адамның іс-әрекетінде маңызы бар қиялдың түрі – шығармашылық қиял. Бала қиялының дамуы сөйлеумен тікелей байланысты. Бала қиялы белгілі мақсат-мүдделерді іске асыру әрекеттеріне бағытталып отыратындығын психологтар әдейі атап көрсеткен болатын. Мысалы, балалардың мәтін мазмұнына сәйкес салған суреттерін қарайтын болсақ, олардың өзіндік шығармашылық қиялының дамуын және оның мақсат-мүддесін де айқын аударуға болады. Қысқа өлең мәтіндерін жаттауы, ертегілердің мазмұнын өз сөздерімен айтып беруі – мұның бәрі бала қиялының бағдары мен саналы әрекетінің яғни табыстылықтың жемісі. Өз шығармашылығымен әңгіме, ертегі құрастыруы

бала қиялының басынан аяғына дейін белгілі мақсаттағы әрекеттерді орындауға бағытталып, оның келешектегі мақсат-мүдделерінің мәнін айқындауға негіз болады.

А.Н.Луктың оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің компоненттері құрамына қатынасты айтқан пікірі құнды және оны төмендегі себептермен түсіндіруге болады:

1. Іс-әрекет барысында оқушы табысты нәтижеге жетіп, белгілі қабілет түрін дамыту үшін, алдымен, осы іс-әрекет, қабілетке деген оның қызығушылығы, ынтасы болуы керек.
2. Көңіл-күй – бұл кез келген істі орындауда негізгі, қажетті көрсеткіш деуге болады. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда, кез келген іс-әрекетке деген көңіл-күйі олардың жұмыстарының нәтижелігіне әсер ететіндігіне мән берген жөн.
3. Кез келген іс-әрекет ақыл-ой қабілеттері негізінде ғана іске асырылады [4].

Сондықтан да оқушылардың шығармашылық бағытта істейтін әрекеттерін, алдымен, осы ақыл-ой қабілеттері арқылы жоспарлап алып, оны тәжірибе жүзінде іске асыруларын талап етуге болады. Я.А.Пономарев кез келген шығармашылық бағыттағы іс-әрекеттің негізгісі табыстылық дей отырып, оның даму өлшемі ретінде іштей жоспарлау әрекетін немесе ойша әрекеттену қабілетін алады [5].

Психологиялық зерттеулерге қарағанда оқушылардың ойша әрекеттену қабілеттері, әсіресе, бастауыш мектеп жасында, негізгі іс-әрекеті, оқу дағдылары қалыптасқанда үздіксіз дамиды және сондай-ақ олардың табыстылық арқылы өзін-өзі көрсету қажеттілігіне сүйенеді. Белгілі психолог В.В.Давыдов оқушыларда осы кезеңде байқалатын психологиялық жаңа сапалы қасиеттерді сипаттай отырып, оқушы өз әрекетінде барынша көп қадам жасаған сайын ол әртүрлі тапсырмаларды салыстыра алады және есептің шешуін бақылай алады, - деп тұжырым жасаған [6].

М.Мұқановтың пайымдауынша, баланы оқуға итермелейтін күш, негізінде, мынадай екі түрлі түрткіден құралады: бірінші – сыртқы түрткіден, бұл жағдайда бала өзгелерден сескенетіндігінен оқитын болады. Бала тікелей талпынбайды, жанама түрде, өзгелердің оған қолданған шарасынан өзін аман сақтап қалудың амалы деп түсіну керек. Екіншіден – оқуға іштей талпыну түрткісі – баланың өзінің ықыласымен сан алуан құбылыстардың өзіне тән сырларын білуге ұмтылуынан болады.

Түрткіден кейін қызығушылық тудыру десек ол туралы психологиялық сөздікте: “қызығушылық дегеніміз – дүниедегі заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып білуге бағытталған адамның жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі”, - деп көрсетілген [7]. Адам бір нәрсеге қызығып зейін аударса, онда қызығушылықтың пайда болғаны. Қызығушылық әр адамда әр түрлі болады. Ол адамның іс-әрекетіне, көзқарасы мен талғамына, мақсатына байланысты болады.

Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын сипаттайтын шығармашылық көрсеткіштерге тоқталсақ: дамыған шығармашылық қиял, оның негізінде бұрын меңгерілген тәжірибе қайта жаңғыртылады; іс-әрекетке берілу, шығармашылық мақсатқа жетуде ерікті жандандыратын қасиет; толғаныстың шыншылдығы, бүкпесіздігі; шығармашылық тапсырмаларды шешуге ықпал ететін арнаулы көркемдік қабілеттер (бейнелі көрініс, поэтикалық сезім және музыкалық есту сезгіштігі); шығармашылыққа деген талпыныстың пайда болуы; іс-әрекет нәтижесін көрсететін мотивтердің өзгеруі, қиялды бағыттау, оны шығармашылық міндеттеріне тәуелді ету.

Қорыта келе, келесі психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерді:

- бастауыш сынып оқушысының жас ерекшеліктері;
- оқушының алдына мақсат қою, оған жетуге ынтасы;
- оқу-танымдық іс-әрекеттен белсенді іс-әрекетке өту;
- тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін өзі іске асыруы;
- оқушының табысқа жетуге бейімделуі;
- тұлғаның идеалды «Мен» тұжырымдамасы;
- қажеттілікті өтеуде ресурстық мүмкіндіктерді қолдануы;

- мақсатқа сәйкес табысты іс-әрекетке жету құзыреттіліктерін,- атап көрсетеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы, №604 бұйрығы.
2. Dewey J. How We Think. Heath. - Boston, 1910. - P. 26.
3. Зеленкова Т.В. Интегративные тенденции в развитии психологии: от монолога к полилогу // Психологическое знание: Современное состояние и перспективы развития / Под ред. А. Л. Журавлева, А. В. Юревича. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2018. 716 с. (Методология, теория и история психологии). С. 308-368
4. Лук А.Н. Формы и методы управления творческим потенциалом научного коллектива : Аналит. обзор.- М : ИНИОН, 1982. -45 с. - (Серия Науковедение за рубежом» / Редкол.: А. М. Кулькин (гл. ред.) и др.).
5. Пономарев Я. А. Перспективы развития психологии творчества, 2006г.
6. Давыдов В. Концепция экспериментальной работы в сфере образования // Вопросы психологии, 1994, № 6.
7. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. А., «Мектеп» 1981ж.

ЦИФРЛЫ ПЕДАГОГИКА – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Абуова Меруерт Айтмухамедова,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ғ.Мұратбаев атындағы
жалпы орта білім беретін мектеп

Аннотация: Бұл мақалада білім берудегі цифрлық ресурстарға негізделген оқыту жүйесін жетілдіру жолдары туралы баяндалған.

Аннотация: В данной статье описаны пути совершенствования системы образования на основе цифровых ресурсов в образовании.

Abstract: This article describes ways to improve the education system based on digital resources in education.

Тірек сөздер: Жасанды интеллект, сандық технология, ақпараттық кеңістік, заманауи білім беру жүйесі, әлемдік стандарттар.

Ключевые слова: Искусственный интеллект, цифровые технологии, информационное пространство, современная система образования, мировые стандарты.

Key words: Artificial intelligence, digital technologies, information space, modern education system, world standards.

Бүгінгі таңда оқыту үдерісі кең ауқымды, сан алуан бағдарлама мен оқулықтың «білім беру бағыттарының» түрлерімен сипатталады. Оны тиімді ұйымдастыру үшін мұғалімнен өз оқушыларының танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес пәндік оқыту жүйесін (өз мектебінде) дербес құрастыруы, оқыту әдістемесі икемді саралап дайындау (әрбір жеке сыныпқа) қабілеттері талап етіледі. Сондықтан оқыту үдерісін дербес жобалаудың және оны жүзеге асырудың жалпы тұғырларын, әсіресе, технологиялық тұғырды меңгеруге бағдарланған педагогтың әдістемелік дайындық деңгейі қажет. Интернет адамдардың ақпарат және білім алуына, олардың хабарласуына қолжетімділік, мемлекеттік басқару мен бизнес жүргізуді іске асыру тәсілдерін өзгертуде. Сандық байланыс денсаулық сақтау, білім беру, коммуникация, демалыс, сондай-ақ өмір мен тұрмыс жағдайы саласында үлкен мүмкіндіктердің көзін ашуда. [2:41б] Жасанды интеллектіні дамыту, 3D-принтерлер, голографияны пайдаланумен көңіл көтеру, лездік транскрипциялау, дауыс пен ым-ишараны тану бағдарламасы – бұл біздің технология уақытындағы тестіленген кейбір мысалдар ғана. Сандық технология – күнделікті өмір немесе халықаралық қатынастар, жұмыс немесе демалыс біздің жеке және қоғамдық өмірімізге көп жақтарына өзгеріс енгізе отырып, адамның іс-әрекетін жаңартады. Заманауи қоғамның ақпарат, коммуникация, кәсіп және басқа да саласындағы ғаламдық өзгерістер білім берудің мазмұндық, әдістемелік, технологиялық аспектілеріне түзету енгізуді, бұрынғы

құндылық басымдықтарды, мақсатты ұстанымдар мен педагогикалық құралдарды қайта қарауды талап етеді. Өткен ғасырдағы сынып-сабақтық жүйе технологиясы жас ұрпаққа жаппай білім, біліктілікті қалыптастыруда тиімді болып келді. Егер өткен ғасырдағы оқыту өнер мен ғылымды жете ұғыну үшін көп нәрсе берсе, онда неге педагогиканы қайтадан ұғыну қажет? Папирус пен қағаз, бор мен мөр, проекциялық аппараттар, үйретін ойыншықтар мен теледидар және тіпті жазудың базалық технологиялары бір кездері инновация болды. Желілік сандық компьютерлер және олардың заманауи мобильді және сымсыз аналогтары адамзаттың тапқырлығының соңғы нәтижелері ғана болып табылады. Бірақ технология оқытудың тиімді тәжірибесін құру үшін ресурс болуы тиіс деген сірә дәлел болуы мүмкін. Сандық ақпарат пен коммуникация дәуірінде педагогиканы жете ұғынуда, біз қандай да бір жаңа жақтарын немесе пән саласын анықтауға емес, пәннің барлығын жаңашыл қайта тұжырымдауға талпыныс жасаймыз. Сандық өзгерістермен «Әдеттегідей жұмыс жасау» принципінің қауіптілігі – олар өзінің тиімділігін дәлелдегенде – сандық технология норманы бұзу, жорамалмен келіспеу, инновацияны пәнге және мамандыққа ендіру деп бағалап, оқытудың мүлде жаңа формасын жаңарту емес, бар тәжірибені қайтадан қарастыруымызбен сипатталады. Қай салада болмасын, ондағы жұмыстың нәтижесі сапасымен өлшенеді. Мектептегі сан-саналы жұмыстың құйылатын арнасы да білімнің сапасында болатыны даусыз. Білім қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи құндылықтар, ұлттық тіл қазынасын, яғни халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сонда ғана біздің ұрпақ өз тілегін, өз тілін, сабаққа деген қызығушылығын, қабілетін дамытады. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Мұғалім – тікелей оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне жаңалықты енгізуші, оқушымен бірлесе жұмыс істейтін белсенді әрекет иесі. Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу. Көрнекті психолог Л.С.Выготский: «Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады», — деп тұжырымдайды. [4:30б] Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, қабілетінің дамуы, білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бастысы . Бұл оқыту жүйесіне жоғары талап қоюды қажет етеді. Әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімді қолданылуы сабақта оқу-тәрбие мәселелерін барынша дұрыс шешуге себі тиетіндерін, оқушылардың белсенділігі мен өздігінен іс-әрекет жасауын талап ететіндерін іріктеп алуға байланысты. Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай солардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре үйлесімді, әрі шығармашылықпен қолдану ұстаз шеберлігінің басты белгісі болмақ. Оқыту әдіс-тәсілдерін сапалы таңдап алуды осылайша түсіну оқытуда табысқа жетуге негіз жасап, сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттырады. Ұстаз баланың білім алуына емес, жанама ықпал ету арқылы ғана оқытуды ұйымдастырған жағдайда ғана сабақ нәтижесі жоғары болып, жаңа жүйе өз маңызын жоғалтпайды. Қазіргі кезеңдегі білім беру саласын цифрландыру – Қазақстан Республикасы экономикасының қарқындап дамуына әсер ете отырып, орта мерзімді перспективада сандық технологияларды қолдану арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсартумен қоса, еліміздің экономикалық дамуын түбегейлі жаңа жолға түсіру арқылы болашақта цифрлық экономика құруды қамтамасыз етуге жағдай жасау болып табылады. Қазіргі қоғам біртіндеп «цифрлық» болып келеді. Қоғам мен қоғамдық қатынастардың қазіргі даму кезеңінде адамзат цифрлық дәуір деп аталатын өз дамуының жаңа кезеңіне кірді. Өркениетті дамытудың жаңа кезеңінде адамның қызметі цифрлық түрде берілген ақпарат пен белгілі бір білімді құрумен, қайта өңдеумен және пайдаланумен байланысты. Бүгінде жұмыспен қамтылған халықтың басым бөлігі тауарлар мен қызметтердің дәстүрлі түрлерін өндіру саласынан өзгеруде және ақпаратты жинақтау, сақтау, іздеу, өңдеу, қайта бөлу процестеріне қатысады, ал тұтыну өнімі ақпарат болып табылады. Осының

салдарынан, қоғамды дамытудың және жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастырудың қазіргі кезеңінде цифрлық экономика қоғамдық өмірдің барлық салаларында еңбек нарығына елеулі әсер ете отырып, негізгі позицияны алады. Экономикалық жүйені цифрландыру мемлекеттің, экономиканың және қоғамдық қатынастардың дамуының негізгі бағыты болып табылады, ал цифрлық экономика – қоғамның және қоғамдық қатынастардың тұрақты даму жүйесіндегі серпінді технология болып табылады. Бұл цифрландыру процесі білім беру, оқыту жүйесіне, құзыреттілікті қалыптастыруға әсер етеді, өйткені адамның оқыту мен білімге деген уәждеу жүйесі өзгереді, еңбекті ұйымдастыру өзгереді. Қазіргі заманғы білім беру жүйесіне қоғамның қажеттілігін талап еткендей жаңа технологияларды енгізу, бүгін ертең не қажет болатынын үйрету қажет.[1:35б] Сондықтан кәсіптік білім беру жүйесіне негізгі рөл беріледі, өйткені білім беру процесін цифрландыру бір жағынан білім беру процесі мен оның элементтерінің, цифрлық технологиялар мен білім беру процесінде пайдаланылатын құралдардың екінші жағынан қарама-қарсы өзгеруін білдіреді. Осы цифрландыру саладағы кәсіби және әлеуметтік рөлдерді сауатты, жауапты орындай алатын, жаңа идеялар мен технологиялар ұсынып, оның шешімдерін ұсына алатын, білім беру саласындағы цифрлық қызмет салаларында тиімді ғылыми және педагогикалық қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие тұлғалық фактор басты бағдар болып табылады. Жаһандық цифрландыру жағдайында жаңа форматтағы мұғалім – ғылыми білімдер мен ақпаратты тасымалдаушы ғана емес, сонымен қатар үздіксіз білім беру кеңістігінде адамзат қоғамын білім алуға ілгерілететін, білім алушылардың өзіндік танымдық, шығармашылық қызметін, ғылыми ізденісін ұйымдастырушы, тұлғаның прогрессивті дамуының бастамашысы болуы тиіс. Сонымен қатар, білім беруді цифрландыру білім берудің ашықтығы мен үздіксіздігін, дараландырылған көзқарас, өздігінен білім алу мен өзін-өзі оқыту мен ақпараттандыруды бекітетін білім беру парадигмасының өзгеруіне алып келеді. Сондықтан білім беруді цифрландыру «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапты. Осыған байланысты білім алушыларды ақпараттық қоғам жағдайында өмірге дайындауға, осы қоғамда табысты әлеуметтену қабілетін қалыптастыруға бағытталған міндеттер ерекше өзектілікке ие болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сагалиева Ж.К. «Білім беру кеңістігіндегі цифрлы педагогика» Астана 2020ж. 12-120б.
2. К.Д. Бузаубакова, А.С. Амирова, А.А.Маковецкая «Цифрлы педагогика» Тараз 2022, 16-45б.
3. Караваев Н. Л. Совершенствование методологии геймификации учебного процесса в цифровой образовательной среде: [монография] / Н. Л. Караваев, Е. В. Соболева. — Киров: Вятский государственный университет, 2019. — 105 с.
4. Илалтдинова Е. Ю., Беляева Т. К., Лебедева И. В. Цифровая педагогика: особенности эволюции термина в категориально-понятийном аппарате педагогики // Перспективы науки и образования. 2019. № 4 (40). С. 33–43.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Малдыбекова Гулбакыт Мухаметкалиевна,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, шебер-педагог
Алматы облысы, Талғар ауданы
Қапиза Әбдіғұлов атындағы №34 орта мектеп - гимназиясы

Аннотация: Мақалада оқушылардың білім кеңістігінде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа сандық технологияларды қолданудың тиімділігі туралы теориялық талдау жасалып, тұлғалық сапа ретінде оқушылардың бойында цифрлық мәдениет қалыптастыру жолдары қарастырылады.

Тірек сөздер: цифрлік технология, цифрлық әлеуметтену, цифрлық мәдениет

Аннотация: В статье проведен теоретический анализ эффективности использования новых цифровых технологий на уроках казахского языка и литературы в образовательном пространстве учащихся, а также рассмотрены пути формирования цифровой культуры у учащихся как личностного качества.

Ключевые слова: цифровые технологии, цифровая социология, цифровая культура.

Abstract: The article provides a theoretical analysis of the effectiveness of using new digital technologies in the lessons of the Kazakh language and literature in the educational space of students, and also examines the ways of forming digital culture among students as a personal quality.

Key words: digital technologies, digital sociology, digital culture.

Қазақстан Республикасы стратегиялық бағдары айқын ел ретінде қарқынды дамып келе жатыр. Мемлекетімізде Жаңару мен жаңғыру жолында маңызды бағдарламалар іске қосылып, білім беру жүйесінің мазмұнына талаптар жоғарылауда. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы Қазақстан халқына жолдауында: «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет. Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек», - деп атап көрсетеді [1].

Бүгінгі таңда оқушылардың сабақ кеңістігіне жұмсалатын уақыт, үйде өз бетімен жұмыс істеуі, білім мен ақпаратты қабылдау тәсілдері өзгерді. «Цифрлық ұрпақтың» үстемдік ету дәуірінде тұлғаның когнитивтік, эмоционалдық-еріктік және әлеуметтік салалары өзіндік сипатқа ие болуда. Ресейлік психолог Г. Солдатова балада «цифрлық әлеуметтену процестері» және технология әлеміндегі өзгермелі құбылыстарға икемділіктің болуы мәдени-психологиялық феноменнің ерекшелігін көрсететініне тоқталып отыр [2, 9б].

Заманауи қоғамда мектеп оқушылары ақпарат көздерінен мәліметтер алып қана қоймайды, сонымен бірге олармен белсенді қарым-қатынас жасайды. Яғни сандық технологиялардың құралдары мен түрлері арқылы кеңістіктің жанды және жансыз элементтерімен қарым-қатынас, онлайн тұтыну, сонымен қатар мәдени, психологиялық және электрондық құрылғыларды пайдаланудың техникалық аспектілерін жетік меңгеру мүмкіндіктері туындайтынын көруге болады. Сандық технологияның құралдарын қолдана отырып, тұлғалық сапа ретінде оқушыларда цифрлық мәдениет қалыптасады. Цифрлық мәдениет қоғам дамуының жаңа кезеңін білдіретін, жаңа көзқарастар мен тәсілдерді шұғыл талап ететін оффлайн күнделікті өмір мәдениетін толықтыра түсетіні сөзсіз.

Цифрлық білім беру контенті – бұл интерактивтік формадағы оқытуды қамтамасыз ететін оқытылатын пәндер бойынша цифрлық дидактикалық материалдар: фотолар, дыбыс және бейне фрагменттер, статистикалық және динамикалық моделдер, виртуалдық шындық және интерактивтік моделдеу объектілері, сияқты таға да басқа материалдар. Технология дамыған кезеңде білім жүйесіне өзгерістер енгізілуде. Мұғалімдер қашықтан оқыту барысында өздерінің оқыту әдістері мен тәсілдерін жаңартып қана қоймай, білімге деген қолжетімділікті арттыру қажеттігін түсінді [3].

Қазіргі уақытта мектеп оқушыларына қарым-қатынас өте қажет. Олар өз мұғалімдерімен қабілеттерін жүзеге асыру үшін бір-бірінің көзқарастарымен, жинақтаған тәжірибелерімен,

оқығандарымен, болашақ мамандығы туралы ойларын ортаға салып, пікір алмасуы қажет. Осы мәселелер, қазақ әдебиеті сабағында оқушылармен оқу бағдарламасы негізінде берілетін материалдардың мазмұнымен сәйкестендіре отырып, шынайы өмірде қолдану жолдарын оқушының өзі анықтауына мүмкіндік туғызу шарт. Оқушылармен әдебиет сабағында тіл табыса бастағанда алдымен олармен аздап сөйлесіп, үй тапсырмасын дайындауда қандай қиындықтарға тап болатынын сұрау керек. Ең бастысы – оқушыларды тыңдау. Сабақта мұғалім балалармен қарым-қатынас орнату үшін ғана емес, психологиялық қолайлы ортада әдебиет әлеміне енуге мүмкіндік беруі тиіс.

Заманауи мектептер коммуникацияның жаңа әдістерін және білім беру кеңістігін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін белсенді түрде дамытуда. Қазақ тілі мен қаза әдебиеті сабағында оқушы тұлғасын үйлесімді дамыту мақсатында қолайлы білім беру ортасын құра отырып жаңа сабақ форматтарын сын тұрғысынан ойлауға, үй тапсырмаларын орындауда зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тәжірибе алмасуға, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топтық жұмыстарды жүргізу, функционалдық сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білу және бірлескен оқу, модельдеуді қолдана білуге құру тиіспіз.

Мұғалім алдында «сабақты және өз уақытымды қалай жақсы ұйымдастыруға және оқу сессияларын қуанышқа айналдыруға болады?» деген сұрақ туындайды. Міне осы кезде дәстүрлі үйреншікті әдістермен ғана емес, сандық оқыту технологияларының белсенді әдістерін пайдаланып өткізген дұрыс деп ойлаймын. Әрине, заманауи мектептер коммуникацияның жаңа әдістерін және білім беру кеңістігін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін белсенді түрде дамытуда. Мұғалімдер үй тапсырмасын тексеруге және жаңа сабақ форматтарын дайындауға көп уақыт жұмсайды. Мәселен, әдебиет сабағында мұғалімдер үнемі «сөйлейтін бас» болуға дағдыланған. Әрине, бүгінгі таңда топтық жұмыс түрлері де кең таралған, бірақ, әдетте, сабақтар стандартты үлгі бойынша өтеді: мұғалім сөйлейді, ал балалар тыңдайды. Бұл жағдайдан шығудың ең жақсы құралы әртүрлі платформаларды (ZOOM, Discord, Padlet және т.б.) қолдана отырып сабақты ұйымдастыру. Мектебіміздегі жас мұғалімдер бұл әдістерді белсенді түрде сабақтарында қолданады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында топтық жұмыс әдісін, яғни scrum-әдісін қолданып, тәжірибе жинақтаудамын. Scrum-әдісінің тиімділігі балалардың жауапкершілігі мен дербестігін ынталандыру. Топтық өздік жұмыс әдістері бүгінгі күні сабақты өткізуге бұрынғыдан да қолайлы. Мұғалім бұл технологияның кейбір элементтерін ала алады немесе жинақтаған тәжірибесі арқылы өз идеяларымен толықтыра алады. Сондай ақ, Scrum технологиясы балалардың танымдық белсенділігі мен коммуникативті дағдыларын дамыту мәселелерін шешудің жаңа мүмкіндігі болып табылады. Scrum әдісінің тағы бір ерекшеліктері командалық тәсіл және командадағы жауапкершілікті стандартты емес бөлу болып табылады. Scrum-әдісі бірте-бірте мақсатқа жетуге және осы жолда атқарылған жұмыстың тиімділігін бақылауға да көмектеседі [4].

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында Scrum-әдісін қолдану талабы төмендегідей жүзеге асады:

1) scrum-шебер – бақылаушы оқушы: қатысушылардың жұмысын сырттан бақылайды және түзету жұмыстарын атқарады;
2) меншік иесі (мұғалім) – нәтиже үшін жауап беретін тұлға (барлық қатысушылар үлес қосуы тиіс, себебі жұмыс нәтижеге бағытталады);
3) теоретик – негізгі ұғымдар, анықтамалар, теориялық материалдарды жинақтаушы оқушы;
4) жасампаз – шығармашылық жұмыс жасайтын оқушы (жаңа идеяларды, ойларды жеткізеді, дизайнды қарастырады);
5) қосымша – қосымша ақпаратты табуға әрқашан дайын оқушы.

Scrum әдісін қолдана отырып, таңдалған тақырып бойынша сабақтар топтамасы болып табылатын алдағы «спринт» үшін маршрут парағын әзірлеу қажет. Маршрут парағы мыналарды қамтиды:

а) тақырып атауы;

ә) оқушылардың тақырыпты меңгеру соңында алған білім, білік және дағдыларын сипаттау;

б) алдағы бақылаудың мерзімі мен нысаны;

в) теориялық дереккөздердің тізімі және практикалық тапсырмалар (мысалы, әдеби ұғымдар, жанрлар, фигуралар, көркем бейнелер, оның негізгі идеялары).

Scrum-сабақ құрылымы



Scrum-әдісін сабақтарда қолдану оқушылардың қабылдауын жаңартуға, көркем бейнелер әлеміне өз бетінше енуге мүмкіндік береді. Бұл әдісті сандық технологияның түрлі платформаларына жүктеп жүргізу арқылы, білім сапасын арттыруға, уақытты үнемдеуге көп септігін тигізеді.

Қорыта келе, цифрлік технологияны пайдалану үшін әр түрлі форматтағы ақпараттарды ізденіп тауып, тәжірибеден өткізе отырып, біліктілігімізді жетілдіру қажет. Цифрлық технологияларды мұғалімдер сабақ жүргізу үшін қолданса, оқушылар өз беттерінше шығармашылық-ізденушілік жұмыспен айналысуда, сабаққа дайындалуда пайдалана алады. Ол үшін цифрлық ақпарат көздерімен жұмыс жасауға оқушыларымызды машықтандыруымыз қажет. Мәселен, цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, виртуалды зертханалар, цифрлық мұражайлар және т.б. түрлерінің мектепте болуы шарт. Нәтижесінде оқушылар өз бетімен шығармашылықпен айналыса отырып, еркін жауап береді, бір-бірінің пікірін тыңдайды, қосымша материалдардан ізденіп, білімдерін толықтырады, тілдік қатынастың оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым,тілдесім әрекеттері толығымен жүзеге асады. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделіп, ынтымақтастық, сыйластық қасиеттерге ие болады.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы 01.09.2023ж - [электрондық ресурс]
2. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333
3. Солдатова Г.У., Рассказова Е.И., Нестик Т.А. Цифровое поколение России: компетентность и безопасность. М.: Смысл, 2017. 375 с. 9.
4. Самеков М. Н.Цифрлық технологияны қолдану арқылы танымның жаңа деңгейіне өсу жолдарын анықтау [электрондық ресурс] // https://bilimdinews.kz/?p=140634
5. Scrum. [электрондық ресурс] // https://blog.skillfactory.ru/glossary/scrum/

«ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ РӨЛІ»

Елеусіз Айдана,
бастауыш сынып мұғалімі
Ғ.Мұратбаев атындағы
жалпы орта білім беретін мектеп

Аннотация: Бұл мақалада жаңартылған білім беру мазмұнының бастауыш сынып оқушыларын оқытудағы рөлі баяндалған.

Аннотация: В данной статье описывается роль обновленного образовательного содержания в обучении учащихся начальной школы**.**

Abstract: This article describes the role of updated educational content in the learning of primary school students.

Тірек сөздер: жаңартылған білім беру мазмұны, ұлттық концепция, бастауыш сынып бағдарламасы, сын тұрғысынан ойлау дағдысы, заманауи мұғалім.

Ключевые слова: обновленный образовательный контент, национальная концепция, учебная программа начальной школы, навыки критического мышления, современный учитель.

Key words: updated educational content, national concept, primary school curriculum, critical thinking skills, modern teacher.

Қазіргі бастауыш білім берудің мақсаты – баланың жеке тұлғасын дамыту, оның шығармашылық әлеуетін анықтау, физикалық және психикалық мүмкіндіктерін сақтау. Бастауыш сыныпта оқу, жазу, шешу, тыңдау және сөйлеу сияқты негізгі дағдылар ғана емес, жеке тұлғаға лайықты қасиеттердің 70%-ға жуығы қалыптасатыны белгілі. Яғни, заманауи бастауыш білім берудің түпкі мәні тұлағаны дамытып қана қоймай, өзінің субъекті ретінде өзіндік «мен» позициясын қалыптастыру болып саналады. Әрбір мұғалімнің басты міндеті – оқушыларға белгілі бір білім беру ғана емес, сонымен қатар олардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқуға үйрету. Мұғалімге барлығын қолжетімді түрде айтып, көрсетіп қана қоймай, оқушыға өз бетінше ізденуге үйрету керек. Оқушы сыни тұрғыдан ойлау және алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алатын болса білімнің нәтижеге бағытталғандығының басты көрсеткіші болып табылады. Менің ойымша, бұған оқытудың белсенді формалары мен әдістері ықпал ете алады. Белсенді оқыту әдістері – оқушылардың ақыл-ой және практикалық іс-әрекеттерінің белсенділігін қамтамасыз ететін кешенді жүйе. Сабақта белсенді әдістерді қолданудың мақсаты: мотивацияны дамыту, оқушылардың пәнге қызығушылығын, функционалдық сауаттылығын арттыру, коммуникативті, оқу-ақпараттық және оқу-ұйымдастырушылық дағдыларды қалыптасытру. Сондай-ақ бұл оқыту әдістерінің ерекшелігі топтық жұмыс, оқытудың ойындық және шығармашылық сипаты, интерактивті оқу үрдісі, әр түрлі коммуникацияларды жұмысқа қосу, диалог. Сабаққа белсенді әдістерді енгізу мұғалім үшін өте маңызды. Әрбір жеке тұлғаға бағытталған әдістерді пайдалану оқушыны алынған материалдарды жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Белсенді оқыту әдістері оқушының оқу мотивациясын дамытып, өз бетінше білім алуына, пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда білім беру технологиясы балаға жасына қарамастан кез келген білімді беруге болатындай деңгейге жетті. Сондықтан қазір мектепке дейінгі мекемелер мен бастауыш мектеп қызметкерлерін тәрбиенің мақсаты мен мазмұны мәселесі емес, әдістер мен құралдар (қалай оқыту керек) толғандырады. Жаңартылған бағдарлама бойынша оқытудың жаңа тәсілін қарастырсақ, оның жақсы жақтарын да, кемшіліктерін де көруге болады. Балалармен жүргізілетін барлық жұмыс «зиян келтірмеу» принципіне негізделуі және әрбір баланың денсаулығын, эмоционалдық әл-ауқатын сақтауға және жеке даралығын дамытуға бағытталуы керек. Балаға сабаққа қажеттінің барлығын өз үстеліне тиімді етіп қоюға үйрету үшін мұғалімге қанша күш пен уақыт қажет. Бастауыш сынып мұғалімінің негізгі мақсаты – оқушылардың өз бетінше іздену қабілетін дамыту, бүкіл оқу үрдісінде өмірлік мәселелерді шешу дағдыларын дамыту, оқу ортасын құру, инновациялар мен АКТ енгізу.[3:28б] Сенім атмосферасын құру, шабыттандыратын шығармашылық және өзін-өзі зерттеуге жағдай жасау.

Интерактивті білім беру бағдарламалары: оқу мақсаттарын ескере отырып жасалған арнайы білім беру бағдарламалары мен ойындары бар. Мысалы, «империялар дәуірі» ойындарын Тарихи стратегияларды зерттеу және өркениеттерді дамыту үшін пайдалануға болады.

Виртуалды шындық (VR): VR технологиясын тарихи орындарға виртуалды экскурсиялар жасау, ежелгі қалаларды қайта құру немесе тіпті экшн көріністерін жасау үшін пайдаланыңыз. Бұл студенттерге сөзбе-сөз өткенге енуге мүмкіндік береді.

Ойын мазмұны түріндегі тарихи оқиғаларға шолу: дәстүрлі дәрістердің орнына материалды бейне ойындар, анимациялар немесе басқа интерактивті мазмұн түрінде ұсыныңыз. Бұл әсіресе күрделі оқиғаларды немесе тұжырымдамаларды елестету үшін пайдалы болуы мүмкін.

Жеке ойындар жасау: оқушыларды өздерінің тарихи ойындарын құру процесіне қатыстырыңыз. Бұл сценарийлерді, кейіпкерлерді және ойын механикасын дамытуды қамтитын жоба болуы мүмкін, бұл материалды тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Интерактивті веб-ресурстар: интерактивті тарихи карталарды, хронологияларды, викториналарды және ойын элементтеріне негізделген басқа тапсырмаларды қамтамасыз ететін білім беру веб-ресурстарын пайдаланыңыз.

Компьютерлік ойындарды оқу мақсаттары үшін пайдаланған кезде мазмұн негізді, оқу мақсаттарына сәйкес және оқушылардың жасына сәйкес болуы керек екенін ескеру маңызды. Оқу процесінің максималды тиімділігін қамтамасыз ету үшін оқу мен ойын-сауық арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Овчинников В. М. Геймификация и визуализированный контент на уроках истории // Научно-методический электронный журнал «Калининградский вестник образования». — 2021. — № 2 (10) / июль. — С. 29-40. — URL: https://koirojournal.ru/realises/g2021/05jul2021/ kvo204/
2. Отарбаева Л.Л., Утепбергенова Г.К., Муханова А.С. Геймификация как интерактивное обучени в образовательном процессе/ Методическое пособие «Өрлеу» / Актобе -2020
3. Тарих сабағындағы оқушылардың комуникативті дағдыларын қалыптастыру. «Өрлеу»
4. Rogers, S. Level Up! The Guide to Great Video Game Design / S. Rogers. — Hoboken: Wiley, 2014. — 552 p.
5. 24. Tresca, M. J. The Evolution of Fantasy Role-Playing Games / M. J. Tresca. — Jefferson: McFarland & Company, 2010. — 238 p

АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Алдабергенова Акерке Бауыржановна,
Ғ.Мүсірепов атындағы №86 мектеп-гимназия.
Бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы қаласы

Аннотация: мақалада әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісін ұйымдастырудың түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде ақпараттық ресурстар арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесіне басымдық берілгені туралы сипатталады.

Тірек сөздер: ақпараттық ресурстар, функционалдық сауаттылық, қоғам талабы, бастауыш сынып, білім жүйесі.

Аннотация: В статье описывается, что конечным результатом организации учебного процесса в соответствии с требованиями международного стандарта в мировом образовательном пространстве является приоритетность проблемы формирования функциональной грамотности посредством информационных ресурсов в системе образования.

Ключевые слова: информационные ресурсы, функциональная грамотность, требования общества, начальный класс, система образования.
Abstract: The article describes that the end result of organizing the educational process in accordance with the requirements of the international standard in the global educational space is the priority of the problem of forming functional literacy through information resources in the education system.
Keywords: information resources, functional literacy, social requirements, primary school, education system.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек», – деп, болашаққа нық сенім білдірді [1]. Жас буынның функционалдық оқу сауаттылығы деңгейіне баса назар аудару қажет, оның бірден бір жолы бастауыш сыныптардан жеке тұлғаның функционалдық оқу сауаттылығын қалыптастырып, одан ары дамуына ықпал ету. Осы орайда, ақпараттық ресурстар функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға жол ашады.

«XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» болып Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен қабылданған. Осыған орай, біздің елімізде де ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Ақпараттық қоғам экономиканың дамуын, ғылымның өсуін, өндірістің материалдық және рухани жағынан жетілдірілуін шешуші тұрғысынан әсер етіп, өркениетті қоғамды құруға негіз болуда. Ол адам іс-әрекетінің көптеген салаларын автоматтандыруға мүмкіндік берумен қатар, қазіргі технологиялардың барлық жүйесі үшін басты желі мен анықтағышы болып табылады.

Ақпараттық қоғам тұжырымдамасының негізінде қазіргі қоғамда ақпараттың, ақпараттық үдерістердің, білімдерді мәнділігінің өзгеруі түсінігі орын алған. Бұл өзгерісті қоғамдағы ақпараттық революцияларды талдау барысында байқауға болады. Ақпараттық революция деп ақпаратты өңдеудің жаңа технологиясының пайда болуы негізіндегі қоғамдық қатынастарды реформалауды түсінеміз. Бірінші революция жазуды ойлап табумен байланысты, яғни ақпарат адамдар арасында және білім мен тәрбиені ұрпақтан ұрпаққа таратушы мүмкіндігіне ие. Екіншісі – кітап бастыруды ойлап табумен және ақпарат жеткізумен, жаңа мәдениеттің пайда болуымен байланысты. Үшіншісі – электр қуатын меңгерумен ақпаратты үлкен көлемде оперативті түрде таратуға және жинақтауға мүмкіндік беретін ақапаратты таратудың түбегейлі жаңа технологияларын (телеграф, телефон, теледидар, радио т.б.) жасаумен сипатталады. Төртіншісі – микропроцессорлық технологияны ойлап табумен, дербес компьютер, компьютерлік желілердің және электронды коммуникациялардың пайда болуымен байланысты [2].

Ақпараттық революция барысында ақпаратқа толы қоғамның да алдына қойып отырған өзіндік талабы бар. Соның ішінде бірнеше талаптарға тоқталып өтсек.



1-сурет. Ақпараттық революция барысындағы қоғамның талабы.

Бұдан шығатын қорытынды, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың бір жолы.

Қазіргі жағдайда қоғам үшін білім беруді ақпараттандыру ерекше мәнге ие, өйткені білім деңгейі мен сапасынан тек нақты жеке тұлғаның ғана емес, сонымен бірге бүкіл өркениеттің

тағдыры шешілмекші. Білім беру мен ақпараттық технология арасындағы өзара байланысты анықтайтын факторлардың ішінде аса маңыздылары келесілер:

- қоғам дамуында ақпараттың шешуші рөлін сезіну ақпараттық ресурстардың қазіргі қоғам дамуының стратегиялық ресурстары категориясына ауысуы. Ол жеке тұлғаның ақпараттық дүниетанымының даму қажеттігін, жүріп жатқан ақпараттық түрлендірулердің мәнін саналы түсінуді анықтайды;
- ақпарат көлемінің артуы бір жағынан, «ақпараттық жарылысқа» әкелсе, екінші жағынан, ақпараттың ескіруі, терминологиялық тілдік және ақпараттың шамадан тыс болуы жағдайындағы басқа келеңсіздіктермен сипатталатын ақпараттық кедергілерді жеңе білу дағдыларын қалыптастыру қажеттігін анықтайды;
- ақпараттық техника мен технологиялардың үдетпелі дамуы жалпы білім беретін мектептегі оқыту кезеңінде қазіргі ақпараттық технологияларды меңгеру қажеттігін анықтап қана қоймайды, сондай-ақ жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруге деген оқушылардың ынталы құндылықты дайындықтарын да қалыптастыру қажеттігін анықтайды;
- ақпараттық қоғам дамуымен байланысты қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы сипатының өзгеруі. Өйткені, бұл еңбек ресурстарының жартысынан көбі ақпаратты өндіру мен өңдеумен айналысуда және ғаламдық коммуникация жүйесі құрылған, ол қазіргі ақпараттық қоғамда өмір әрекеті мәдениетін қалыптастыру қажеттігін анықтайды.
- қазіргі қоғам өмірін ізгілендіру мен гуманитарландыру ақпараттық қоғамға өту кезеңінде педагогикалық үдерістің барлық компоненттерін ізгілендіру мен гуманитарландыру негізінде қарқынды техникалық прогрестен туындайтын технократиялық дүниетанымдық көзқарасқа жетудің көкейтесті проблемасы болып табылады;
- адамдар арасында ақпараттық технологиялардың үдетпелі дамуы мекемелер, елдер арасындағы әлеуметтік экономикалық, ғылыми, мәдени, біліми және осы сипаттағы ынтымақтастық өсіп келе жатқан ұрпақтың ақпараттық коммуникативтік құзыреттілігін арттыру қажеттілігін анықтайды.

Ақпараттық ресурстардың бірі – Интернет көзі. Интернет қолданушыларды өзінің бай бояуларымен, мультимедиалық мүмкіндіктерімен, өздерінің сүйікті музыкалық топтары, т.б. туралы толық мәліметтер ала алатынымен қызықтырады.

Ақпараттық ресурс ретінде Интернет жүйесінде оқушыға арналған бағыттар: жалпы даму, іздеу, сөйлесу, ақпаратты өз бетімен беру, керекті компьютерлік бағдарламаны іздеу, ары қарай білімді таңдауға мүмкіндік туады.

Бастауыш сынып оқушыларының Интернет көзін пайдалануда сыни ойлау дамиды, оқушылардың ақпараттық сауаттылығы арта бастайды, өзіне қажеттілерін бөліп алып, білімін қызықты танымдық мазмұнмен толықтыруға тырысады. Тіларалық кедергілер жойылады, коммуникативтік іскерліктер дамиды, тілді тереңірек оқудың мотиві пайда болады, жер шарының түкпір-түкпіріндегі өздерінің құрбыларымен байланыс жасау мүмкіндігі пайда болады.

Интернет жүйесінде оқушылар еңбегінің тиімділігін жоғарылату үшін өз алдына әртүрлі оқулық пәндерден нақты материалды іздеуге мақсат қою керек. Мысалы: дүниетану пәні бойынша олимпиадаға дайындалу немесе ғылыми жобаға қатысу және т.б. Сөйтіп, бастауыш сынып оқушылары болашақта интернетте өздігінен жұмыс істей алатын болады.

Ақпараттық ресурстар - оқу пәнінің жалпы белгілеу қолданбалы бағдарламары (немесе оқу бағдарламалары) және оқу пәнінің оқыту әдісі мен оқыту тақырыбының мазмұнына сәйкес құрылған.

Мектеп қабырғасындағы бала күнделікті қалыптасқан дағды бойынша ойыннан алыстап, өзіне артылған жүктің салмағын сезініп оқуға мән бере бастайды. Осы кездегі баланың қызығушылығын, ынтасын, оқуға, білім алуға деген талпынысын, құштарлығын, психология тілімен айтқанда ішкі түрткісін мотивацияға айналдыру қажет. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың нәтижелілігі бастауыш сынып оқушыларының физиологиялық, психологиялық негіздерін терең білу мен ақпараттық ресурстарды барлық оқу әрекетін соған негіздеуге байланысты болады.

Қазіргі білім жүйесі саласында ақпараттық ресурстарға негізделген ақпараттық технологиялардың енгізілуі жылдан-жылға көлемді де кешенді сипатқа ие болуда. Бүгінгі және болашақ педагогтардың жете түсінуге қажетті мәселесі – бұл білімді ақпараттандырудың басты екі мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беруі. Біріншісі, ақпараттық және мультимедиалық технологияларды қолдану негізінде білім алудағы іс-әрекеттердің тиімділігін арттыруға бағытталса, еікншісі, ақпараттық қоғам сұранысына сай келетін, жаңаша ойлау қабілетін меңгерген оқушылардың тұлғалық сапасын арттыруға негізделген.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы термин ретінде 1960 жылдары пайда болып, ЮНЕСКО құжаттарында алғаш рет қолданысқа енгізілген. Онда «функционалдық сауаттылық» оқу мен жазуды қоса алғандағы білім, білік, дағдылар жиынтығы ретінде анықталған болатын. «Функционалдық сауаттылық» ұғымының мән-мағынасына үңіліп көрейік. «Функционалдық» сөзінің түбірі – «функция» («function») [3].

Функционалдық сауаттылықты дамыту білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты критерийлер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Қазіргі таңда функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзіреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр.

функционалдық сауаттылықтың ерекшелігі – жылдам өзгеріп отыратын қоғамда барлығы үшін қажетті қолданбалы білімдер негізінде әртүрлі қызмет салаларында өмірлік мәселелерді шеше алуымен сипатталатыны. Яғни, функционалдық сауаттылық «адамның өмірдің және іс-әрекеттің түрлі саласында қолданбалы білім негізінде қалыпты тіршілік міндеттерін шешу қабілеті» деген мағынада ұғынылады [4]. Сонымен, «сауаттылық» адамның білімділігіне қатысты ұғым екенін анықтадық. Яғни, сауатты адам деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ қарапайым арифметикалық амалдардың көмегімен дұрыс есептей білетін адам ретінде танылады.

Қазіргі таңда функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзіреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. Қазіргідей пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу үдерісінде баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі, білімнің күтілетін нәтижеге бағытталуы мектепте жүретін қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, эстетикалық- технологиялық пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап оқытудың әдістемелік жүйесінің әр бөлігінің (білім мазмұны, оқыту түрлері, оқыту әдістері, білім нәтижелері) түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені сөзсіз. Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, бастауыш мектеп бітіруші түлектерді үлкен өмірге дайындау қажеттілігі туындайды. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қалыптасатын құзіреттіліктер алынады. Білім беру тұрғысынан, оқушылардың кең ауқымды дағдыларын дамытуға, функционалды сауаттылықтарын дамытуға бағытталған іс-әрекеттер білім беру үдерісінің негізінде болады [5].

Жалпы сауаттылық оқушылардың орта білім беру жүйесінде, әлеуметтік өмірге етене араласуына қажетті білім, білік, дағды, қабілеттерді меңгертуін қамтамасыз етуге байланысты қолданылады. Білім беруде сауаттандыру оқыту арқылы жүреді де, білім стандарттары арқылы тексеріледі.



2-сурет. Функционалдық сауаттылықтың ерекше белгілері.

Қорыта келе, функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан, қарым-қатынас жасау қабілеттілігі мен сөйлесім әрекеттерінің барлық түрлерін игеруден құралады. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жылғы 1 қыркүйек. https://assembly.kz/ru/poslanie-prezidenta/memleket-basshysy-asymzhomart-to-aevty-aza-stan-khal-yna-zholdauy
2. 12 жылдық мектеп оқушыларының қазақ тілінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал.–Астана:Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 42 б.
3. TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауға арналған есептер жинағы. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана 2016. -59 б.
4. Уроки американской школы. Об обучении функциональной грамотности в американской школе /Курс «Развитие навыков функционального чтения» //Электронный ресурс. – Режим доступа: hij.ru/read/articles/view/243/.
5. Международная программа PISA. Примеры заданий по чтению, математике и естествознанию. – М.: Центр качества образования ИСО РАО, 2003. – 99 с.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР

Аманкосов Абат Жалгасбаевич,
6М050700-Экономика ғылымдарының магистрі
№6 мектеп-гимназиясының география пәнінің мұғалімі
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Түрксіб ауылы

Аннотация: Бұл мақалада «педагогикалық инновация» және оның заман талабына сай уақыт ағымымен өзгеруі туралы түсініктің мазмұны ашылып жазылған. Инновациялық алғашқы қалыптасқан білім беру мен инновациялық технологиялардың білім беру жүйесіне енуі қазіргі білім алушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін енгізіліп отыр. Білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар мен технологиялық үрдістерді жандандыру, жетістікке жетудің тиімді жолы болып есептеледі.

Аннотация: В данной статье раскрывается содержание понятия «педагогическая инновация» и его изменения с течением времени в соответствии с современными требованиями. Первичное инновационное образование и появление инновационных технологий в образовательную систему внедряются с учетом потребностей современных учащихся. Возрождение инноваций и технологических тенденций в системе образования считается эффективным способом достижения успеха.

Abstract: This article reveals the content of the concept of "pedagogical innovation" and its changes over time in accordance with modern requirements. Innovative primary education and the introduction of innovative technologies into the educational system are introduced to meet the needs of modern learners. Revival of innovations and technological trends in the educational system is considered an effective way to achieve success.

Тірек сөздер: заманауи білім беру жүйесі, педагогикалық инновация, инновациялық технология, жобалық оқыту, автоматтандырылған оқыту жүйесі

Ключевые слова: современная система образования; педагогическая инновация; инновационная технология; проектное обучение; автоматизированные обучающие системы

Keywords: modern education system; pedagogical innovation; innovative technology; project-based learning; automated training systems

Даму – кез келген адамзаттың жасап жатқан жұмысының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Тәжірибе жинай отырып, іс-әрекет жасаудың әдіс-тәсілдерін дамыта отырып, адамзат үнемі даму үрдісін тоқтатпайды, алдыға жылжижы. Бұл процесс адамның кез-келген қызметіне, соның ішінде, педагогика саласына да әсер ете алады. Дәл осындай дамудың бірі ретінде инновациялық технологиялардың жетілдірілуін айтуға болады. Инновация дегеніміз – өндірістік жүйе мен білім берудегі, білім берудің жаңашылдығын қалыптастырудағы алдыңғы қатарда тұрған даму жүйесі болып табылатындығы белгілі. Инновация білім беру жүйесіне педагогикалық жаңа идеяларды енгізу ғана емес, сонымен қатар, нақты әсер етіп жатқан жүйенің тиімділігін арттыратын процесстердің жиынтығы болып табылады. [1]

Педагогикалық инновациялар – бұл әлеуметтік инновациялардың бір түрі болып табылады, сонымен қатар, педагогикалық қызметтегі нәтижеге тиімді жолмен жетуді қамтамасыз ететін, білім алушылар мен педагогтардың арасындағы өзара қарым қатынастың жаңа әдістерін сипаттайды. Педагогикалық инновацияларды білім беру жүйесінің өзіндік ресурстарының көмегімен (дамудың қарқынды жолы), сондай-ақ, жаңа жабдықтарды, жаңа құрылғыларды, технологияларды, үлкен көлемде қаражат салуды қамтитын қосымша күштерді пайдалану (дамудың экстенсивті жолы) арқылы да жүзеге асыруға болады.

Педагогикадағы инновациялық өзгерістердің негізгі бағыттары мен объектілерінің түрлері:

1. білім берудің және білім беретін мекемелердің даму стратегиясы мен концепциясының дамуы;
2. білім беру мазмұнының жаңартылуы, білім беру мен тәрбиелеудің жаңа технологияларының өзгеруі;
3. білім беру мекемелерімен жүйесін жалпы басқарудың жетілдірілуі мен өзгеруі;
4. педагогтарды дайындау жұымысын жақсарту және олардың біліктілігін арттыру;
5. білім беру үрдістерінің жаңа критерийлерін жобалау;
6. білім алушылардың психологиялық, экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім берудің денсаулыққа зиянсыз технологияларын дамыту;
7. білім беру мен тәрбиелеудегі жетістіктерді қамтамасыз ете отырып, білім алушылардың дамуы мен білім беру процесінің мониторингісін жасау;
8. жаңа білім беру жүйесіне сай оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтарды үнемі толықтырып отыру.

Педагогика ғылымында инновация мен инновациялық процестердің теориясы болып саналатын нақты жаңа және маңызды бағыты пайда болған. Білім берудегі реформалар қызмет көрсету сапасын жақсарту мен түрлендіруге, жаңа әдіс-тәсілдірді ойлап табуға, білім беру мекемелері мен оларды басқару жүйесінің өзіндік дамуы мен жан жақты дамуына бағытталған жаңашыл жүйені сипаттайды. Педагогикалық инновациялар белгілі бір алгоритм бойынша жүзеге асырылады: критерий бойынша бағалауды дамыту, педагогикалық жүйенің сапасын бағалау мен жан-жақты тексеру, жетекші роль атқаратын педагогикалық шешімдердің

үлгілерін жаңарту, ғылыми жобаларды толығымен саралау, анализ жасау, педагогикалық жүйенің инновациялық моделін жобалау, реформаның интеграциялық орындаушылығы, еңбектің ауысуы туралы барлығына белгілі заңның тәжірибе түрінде жүзеге асыруын қамтамасыз ету, тәжірибеге жаңашыл әдістердің ену алгоритмін құру, әртүрлі бағыттаға лексикалық сөздік қорына жаңа түсініктер мен заманауи терминдерді енгізу немесе бұрыннан қалыптасып келе жатқан сөздіктерді қайта жаңғырту, педагогикалық инновацияларды псевдоинновациядан қорғау.

Педагогика саласында инновацияның жоғарғы деңгейде қажеттілігіне қарамастан, педагогиканың алдыға жылжуына кері әсер етіп, білім беру жүйесіне енгізілуге кедергі келтіретін бірқатар себептер бар:

- педагогтардың белгілі бір бөлігінің консервативтілігі (әсіресе, білім беру мекемелері мен білім беру органдарының әкімшілігінің консервативтілігі аса назар аударталы);
- өзгерістер мен жаңашылдықтарды енгізбеу типі бойынша қалыптасқан дәстүрді жолды сақтау;
- педагогикалық инновацияларды дамытып, қалыптастыруға арналған, әсіресе тәжірибедегі педагогтар үшін педагогикалық кадрлар мен қажетті қаражаттың болмауы;
- нақты білім беру мекемесіндегі қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық жағдайдың дұрыс болмауы және т.б. [2]

Білім беру реформасының шартындағы білім берудің басты маңызды бөлігі ретінде әртүрлі педагогикалық жаңашылдықтарды енгізуге бағытталған инновациялық қызмет ерекше мәнге ие. Олар дидактикалық процестердің барлығын жаулап алған: ұйымдастыру формасы, білім берудің мазмұны мен технологиясы, танымдық-оқу үрдісі. Білім берудің инновациялық технологияларына білім берудің интерактивті технологиясы, жобалық оқыту технологиясы мен компьютерлік технологиялар жатады.

Психологиялық теория бойынша адамдардың қарым-қатысынасының психологиясына негізделген білім беру түрі интерактивті оқыту деп аталады. Білім беру үрдісі білім алушылардың бір-бірімен және басқа да адамдармен қарым-қатынас құруы, миға шабуыл негізінде креативті ойлауын дамыту арқылы, әртүрлі жағдаяттық мәселелерді шешуге, сәйкес ақпараттарды логикалық тұрғыдан ойлай оытырып талдауға анализ жасау арқылы ұйымдастырылады. Білім берудің интерактивті технологияларында білім алушы (әсер ету объектісінің орнына – әсер ету субъектісі) мен педагогтің (ақпараттандыру көзінің орнына – қжанама ақпарат көздері), сонымен қатар ақпараттардың рольдері де (ақпарат іс-әрекеттің және операциялардың реттілігін түсінуге бағытталған құрал ретінде) ауысып отырады.

Білім берудің инновациялық технологияларының келесі бір түрі – жобалық оқыту болып табылады. Ойын жүзінде жобалаудың нәтижесі нақты тәжірибелік мәселенің шешімі болып есептелсе шынайы жобаға айналдыруға болады, сондай-ақ оны басқа да білім беру мекемелеріне жіберу арқылы қолданысқа енгізіп, әдістемелік-нұсқаулығын жасауға негіз бар. Жобаларды жүзеге асыру арқылы мектеп қабырғасында білім беру – білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасып, арнайы бір бағыт бойынша оқытатын арнайы мамандандырылған мектептердегі сапалы білім берудің тиімді жүйесін ұйымдастыру ретінде қарастырылады. Осындай білім беру жүйесінің нәтижесі ретінде оқушылардың шексіз ойлауы арқылы пайда болған әртүрлі жобалардың ұйымдастырылуын көрсетуге болады. [3]

Білім берудің үшінші бір түрі – компьютерлік технологиялар. Компьютерлік технологиялар арқылы оқыту – компьютерлік құрылғылар арқылы білім алушыға ақпарат беру, мәліметтермен бөлісу, аудиовизуалды түрде сабақтың негізгі фрагменттерін есте сақтап қалу негізінде ұйымдастырылады. Қазіргі уақытта төменде көрсетілген тізімдегі технологиялық бағыттар кеңінен таралған:

- оқулықта берілген тақырыпқа қатысты материалды білім алушының жақсы қабылдауы үшін аудиовизуалды түрде таныстыру;
- оқу процестерін қосымша ақпарат көздерімен толықтыру үшін пайдалану;
- оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау құрылғысы ретінде пайдалану;
- алған білімді тәжірибе жүзінде пайдалана отырып, жаттықтырушы құрал ретінде

пайдалану;

- оқу пәні бойынша ұйымдастырылған ойындар мен оқу тәжірибелерін жүзеге асыру үшін қолдану.

Көптеген білім беру мекемелерінде қазіргі таңда оқыту мақсатында жеке бағдарламалық өнімдер пайдаланылып жүр, себебі, жеке сайттар бойынша пайдалануға болатын заманауи оқу платформалары, ойын түрінде ұйымдастырылған сұрақ-жауаптар, үй тапсырмасын сұрауға арналған интерактивті әдістердің барлығы білім алушының жаңа мәліметті меңгеруін жылдамдатады және тиімді боып есептеледі. Қазіргі таңда оқу платформаларының пайда болуы арқылы жаңа мүмкіндіктер ашылды. Алдымен бұл білім алушылардың интерактивті бағдарламаларды үйренуге деген құлшынысын арттырады және заман ағымына сай болашақта да әртүрлі сайттармен жұмыс жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар оқу үрдісінде қазіргі таңда суреттер, 3Д бейнелер, сызбалар, диаграммалық көрсеткіштер, электронды карталар, фотосуреттер кеңінен пайдаланылады. Компьютерлік оқыту жүйелерінде иллюстрациялық-графикаларды пайдалану білім алушының есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өтілген жаңа сабақты жақсы меңгеру дағдысының қалыптасуына септігін тигізеді.

Жеке жұмыс жасауды қажет ететін компьютерлердің жоғары қолданысқа ие болуы мультимедиялық технологиялардың тиісті бағытта пайдаланылуын арттырды. Заманауи білім беру жүйесін бұл технологияларсыз елестету мүмкін емес, интербелсенді құрылғыларды пайдалану оқу жүйесінің жетістікке жетуін қамтамасыз ете алады. Қазіргі таңдағы білім алушылар осы әдіс арқылы мәліметті оңай әрі жылдам қабылдай алады.

Арнайы білім беру жүйесіндегі заманауи технологиялардың алдыңғы қатарын гипермәтіндік технологиясы толықтырады. Гипермәтін (ағыл. т. – жоғары мәтін), немесе гипермәтінмен жұмыс жасау жүйесі дегеніміз – әртүрлі файлдарда ғана сақталып қоймай, сонымен қатар, әртүрлі компьютерде сақтауға болатын әртүрлі ақпараттар жиынтығы болып табылады. Гипермәтіндік жұмыс жүйесінің ерекшелігі – үлкен мәтін түрінде көрсетілген және сол мәтіннің құрамында кездесетін кез-келген мәліметті басқанда арнайы ақпараттарға бірден апаратын гиперссылкалар немесе арнайы графикалық бейнесуреттерді басу арқылы оған қатысты мәліметтерді ала алу, дәстүрлі форматтағы оқулықтардан айырмашылығын жасайды. Бір компьютер экранында бір мезгілде әртүрлі гипермәтіндік жүйені құратын ссылкалар болуы мүмкін, және олардың әрқайсысының өзінің бағыты көрсетіліп тұрады. Бұл жүйе білім алушылардың уақытын үнемдей отырып, тиісті мәліметті қызығушылықпен қарауына мүмкіндік береді.

Білім берудің қоғамдағы ролінің өзгеруі инновациялық процестердің басым бөлігін таңдауға қалдырды. Дәстүрлі әлеуметтік білім беру жүйесіне енгізілген жаңашылдық пен өзгертулер қатарын толықтыру негізінде заманауи педагогтардың идеяларын ескерген дұрыс деп санаймын. Сонымен қатар, педагогика да басқа да ғылымдар секілді ауқымды өзгерістерге ұшырауы ғажап емес. Бұл өзгерістерді қоғамның арнайы білім беру саласындағы мамандерға қойған талаптарының үнемі өзгеріп отыруымен түсіндіруге болады. [4]

Педагогиканың әдістерін тұрақты түрде дамыту мен жетілдіріп отыру нәтижесінде жаңа идеялардың интеграциясы мен білім беру жүйесіне енуін қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар пайда болды. Бірақ, мұндай технологияларды енгізу бірқатар қиындықтардың болуымен толықтай жүзеге аспай тұр (қаржыландыру, білім беру жүйесіндегі өзгерістерді қолдамай, дәстүрлі форматта қалғысы келетін педагогикалық идеялар, технологияның тиісті деңгейде дамымағандығы). Сонымен қатар, инновацияға деген қажеттілікке қарамастан, оларды білім беру жүйесіне асқан мұқияттылықпен енгізген жөн. Егер, инновациялық дамудың жаңа әдістерін енгізген кезде, аса мән беріп, зерттемес, білім беру жүйесі кризиске ұшырауы мүмкін. Педагогикалық инновацияның педагогикалық жүйенің ажырамас бір бөлігі және білім беру жүйесінің жетілдірілуі үшін таптырмас құрал болып табылатындығын естен шығармаған дұрыс.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 98 б.
2. Баймолдаев Т.М. Білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негізі: Білім беру ұйымдарының басшыларына және білім жүйесі қызметкерлеріне арналған. Монография. /Т.М.Баймолдаев. - Алматы, 2013. 259 б.
3. Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов пед. специальностей. /Хан Н.Н., Калиева С.И., Жексенбаева У.Б., Колумбаева Ш.Ж., Калиева Г.И., Берикханова А.Е./ - Алматы, 2010. 157-158 б.
4. Разина Н.А. Білім беру мекемесінің инновациялық қызметі жағдайында мұғалімнің кәсіби және жеке дамуы / Қазіргі заманғы ғылымды қажет ететін технологиялар. - 2008. - № 1. – 14 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Амиракынова М.К.,
Әл-Фараби атындағы орта мектеп КММ.
Бастауыш сынып мұғалімі
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы
«Бәйтерек» ауылы

Аннотация: мақалада ұлттық құндылықты салт-дәстүр, әдет-ғұрпты дәріптеп оқыту арқылы оқушының бойына күнделікті өмір тұрғысындағы тәрбие нақыштарын көреміз. Сол дәстүр нақыштарымен, әдет-ғұрыптардың бүгінгі таңдағы рөлін айқындай отырып, оқушылардың халық үрдістеріне, ұлттық құндылыққа деген сүйіспеншілігін оятуды мақсат ету мәселесі қарастырылған.

Тірек сөздер: ұлттық құндылық, бастауыш сынып, оқушылар, тәрбие, мәдени код.

Аннотация: в статье рассмотрен вопрос о воспитательных мотивах учащегося в контексте повседневной жизни через популяризацию национальных традиций, обычаев. В этих традициях, определяя роль обычаев на сегодняшний день, рассматривается задача пробуждения у учащихся любви к народным тенденциям, национальной ценности.

Ключевые слова: национальная ценность, начальный класс, ученики, воспитание, культурный код.

Abstract: The article considers the issue of educational motives of a student in the context of everyday life through the popularization of national traditions and customs. In these traditions, defining the role of customs today, the task of awakening students' love for folk trends and national values is considered.

Keywords: national value, primary class, students, upbringing, cultural code.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында білім беру жүйесінде міндетті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, яғни кәсіби дамытуға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау жөнінде айтылған [1].

Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошақ қасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Әкесі мен баласы, қызы мен анасы, бозбала мен бойжеткен арасындағы жарасты қарым-қатынас отбасындағы ұлттық дәстүрді берік ұстанудың бір жолы. Халқымыз ұлын-нарға, қызын арға балап, татулықты абысындар арасынан тапқан, жігіттің бойынан елге қорған боларлық батырлық қасиетті іздеген. Осындай тәрбие арқылы құндылықтарды қалыптастырған.

Ұлттық кодымыздың, халықтық діліміздің ең басты белгісі – ана тілімізге үш тармақтан тұратын арнайы бір – 7 баптың көрсетілу. Онда Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі екендігі, мемлекеттік ұйымдарда және өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатындығы, сонда-ақ Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасалатыны ерекше ескерілген. Бұл жайт Ата заңнан туындайтын, соған негізделген «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңының тарауында 27 бапқа жіктеліп бекітілген [2].

Рухани кодымыздың үлкен тармағы ұлттық мәдениетіміз. «Мәдениет туралы» еліміздің заңы 8 тарауындағы 40 бапта қарастырылған. Мұнда халқымыздың мәдени құндылықтары мен ұлттық мәдени игіліктері, мәдени мұралар мен оларды сақтау, салт-дәстүр, тарихи-мәдени маңызы бар өнер жәдігерліктерін қорғау, қамқорлық жасау мәселелері жіліктеп берілген. Ата заңымыздың 37-бабында; «…Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті», — деп ерекше ескертілген болатын. Осы орайда 38-баптағы Қазақстан азаматтарының табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті деген қағиданы да еліміз құндылықтарының қатарында ескерте кеткен орынды деп білеміз. Себебі, туған жер, оның әсем табиғаты, бүкіл – жер асты және жер үсті байлықтары халықтың баға жетпес игілігі, әрі құндылығы екенін еш уақытта ұмытпағанымыз жөн [3].

Мемлекеттік және ұлттық құндылықтар ретінде баса айтылатын мәселе Атазаңның 9 бабында көрсетілген – еліміздің Мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба, Әнұран болуға керек. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі Конституциялық заңмен белгіленген. Ал 34-баптағы екі тармақта әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдар құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, әркім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті екендігі қадап айтылған [4].

Ұлттық құндылық – нақты бір ұлт өкілдерінің құнды деп есептейтін дүниелері мен ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Ұлттық құндылықтар - әрбір халықтың, этностың мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы. Ұлттық құндылықтар әрбір этникалық қауымдастықтардың өзіндік тұрмысы, табиғаты, мәдениеті негізінде түзген құндылықтарының жүйесі.

Нақтылай түссек, *ұлттық құндылық* дегеніміз – халықтың ұлттық тілі, ұлттық мінез-құлқы, салт, дәстүрлері, ерекше адамгершілік қасиеттері, ауызша-жазбаша ұлағатты тәлім-тәрбиелік мәні бар даналық өсиеттері, ділі мен діні. «Қазақы ұғымдар, өсиеттер, баталар, ұлағатты ақыл-кеңестер-тәрбие үлгілері, бабалардың ұрпағына қалдырған өнегесі.

Ұлттық құндылық - тұлғаның ұлттық келбетін анықтайтын өзіндік санасы мен ұлттық құндылықтарға қатынасын көрсететін сенімі, көзқарасы, ұмтылыстары түріндегі ерекше тұлғалық құрылым. Ұлттық құндылықтардың әр ұлттың қоршаған табиғат ерекшеліктеріне сай өмір салты негізінде ғасырлар бойы жинақталған тұрмыстық және рухани мұрасы болумен қатар, адам болмысындағы, қарым-қатынасындағы адами құндылықтың ерекше бейнесі ретіндегі қажеттілігі артып отыр. Олай болса, құндылықтардың тұлға қалыптастырушылық әлеуетін тәрбиеде пайдалану құндылық бағдар қалыптастырудан басталуы қажет. Оқушылардың мектеп қабырғасын аттаған алғашқы күндерінен бастап ұлттық құндылықтардың мәні мен маңызын, оның қажеттілігін саналы ұғынып, сол меңгерген құндылықтарға сәйкес өз іс-әрекеттері мен мінез-құлқын реттеп отыруына көмектесу міндеті тұрады. Бұл міндетті шешудің алғышарттары кейінгі кезде дайындалған шетел және отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Ұлттық құндылықтарға ұлттың өзіндік ерекшелігі, ұлттық мәдениеттің өзгешелігі, ұлттық тілдің байлығы, ұлттық нақыш, ұлттық салт-дәстүрлер жатады.

Ыбырай Алтынсариннің ұлттық мәдениеттің тарихында алатын орны ерекше. Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар, адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынып, бар өмірін ұлттық мектеп ашуға, қазақ балаларына басқа ұлттармен терезесі тең болатындай білім беруге арнаған. Сондықтан Ыбырай Алтынсарин өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды. Оның әңгімелері мен өлең-жырлары қазақ жастарының рухани байлығы мен мәдениетін, адамгершілік санасы мен адамгершілік сезімін, адамгершілік ойлауы мен адамгершілік еркін тәрбиелеу құралы екені сөзсіз [5]. Бұдан

шығатын қорытынды автордың еңбек тақырыбына, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын – елін сүюшілік, талаптылық, жігерлік, ізденімпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұл ұлттық құндылықты қалыптастырудың негізі болып табылады, - деген тұжырым жасаймыз.

Сонымен қатар, халқымыздың табиғатпен етене туыстығы, оны аялай білетіндігі тіпті бесік жырында айтылатын ананың әлдиімен құлаққа әбден сіңіп қалғандығын «көлге біткен құрағым», «аспандағы жұлдызым», «маңдайдағы құндызым» деген табиғи теңеулерден анық көрінеді. «Өркенің өссін, көсегең көгерсін» деген ақ тілекті сөздер де өсімдік әлемімен тікелей үндесіп жатыр. «Бұтақты сындырма», «гүлді үзбе» деген сөздер де бала санасына жас кезінен сіңіріп өседі. Ертедегі табиғат жайлы нақыл сөздер, өнегелі өсиеттер, жырау мен ақын жырындағы ойлы пікірлер экологиялық тәрбие беруде өте құнды құрал болып саналады. Ертеден қалған өсиет сөздерде «көзіңді қалдыр-бұлақ көзін аша жүр, ізіңді қалдыр, жақсы істен мұра шаша жүр, өзіңді қалдыр-бақша өсіріп жаса нұр» деген сөздерінде өмірдегі өзіңнен кейінгі ұрпағыңа өлмейтін мұра қалдыр деген түйін айтады. Сонда «сенің қолыңа көзін ашқан бұлағың, жақсы істерің – шырағың, ал жасыл орман – құнарың болмақ» деп халық артына өсиет қалдырған.

Қорытындылай келе, тек мәдени кодты сақтай отырып қана (тіл, руханилық, салт-дәстүрлер) уақыттың сын-қатерлеріне жауап қайтара аламыз. «Егер ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтса, онда ол ұлттың өзі де жойылады». Тек тағылымды тарих, ата-бабалар даңқы ғана қазіргі уақыт қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді», - деген құнды пікір ата салтымызды сақтауға, ұлттық құныдылығымызды дәріптеуге, туған жер мен ел алдындағы парызымызды ақтауға шақырады.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Білім туралы Заңы. 27.07.2007, №319-III//http://online.zakon.kz/ 24.08.22.
2. «ҚР Тіл туралы» заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_
3. Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Ата заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207_
4. Алтынсарин Ы. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. Құрастырған: Ш.Ахметов. - Алматы, 1989. - 85 б.

ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТТАРЫ БОЙЫНША ТАРИХ САБАҒЫН ӨТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Е.С. Асылбеков,
Тарих ғылымдарының магистрі
А.П.Чехов атындағы №21 жалпы
орта білім беретін мектебі
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада жаңа білім беру стандартын енгізу жағдайындағы қазіргі тарих сабағын өту ерекшеліктері және қазіргі тарих сабағына қойылатын талаптар қарастырылады. Сонымен қатар, дәстүрлі тарих сабағы мен қазіргі типтегі тарих сабағының ерекшеліктері мен ондағы мұғалім мен оқушылардың сабақтағы рөлін салыстыра отырып, қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мақалада,сабақтың әр кезеңіндегі оқушылардың іс-әрекетіне талдау жасалып, қазіргі типтегі тарих сабағындағы мұғалімнің іс-әрекеттерімен қатар, жалпыланған түрде әмбебап оқу әрекеттері берілген. Тарих сабағында дәстүрлі, қазіргі типтегі және әмбебап оқу әрекеттерін қолдану, мұғалімге сабақты дұрыс жоспарлауға, сабақтың қай кезеңінде оқушылардың іс-әрекетін дұрыс ұйымдастырған кезде қандай нәтижелер қалыптасатынын жоспарлауға көмектеседі. Жаңа білім беру стандартында оқушылар қиындықтарды өздері тұжырымдайды және түзетуді өз бетінше жүзеге асырады, мұғалім тек кеңес береді, кеңес береді.

Түйінді сөздер.Тарихты оқыту,жаңа білім беру стандарты, дәстүрлі,алған білімін өмірде қолдану

Аннотация. В статье рассматриваются особенности прохождения урока современной истории в условиях внедрения нового образовательного стандарта и требования к уроку современной истории. Кроме того, позволяет сделать выводы, сравнивая особенности традиционного урока истории и урока истории современного типа и роль

в нем учителя и учащихся на уроке. В статье проводится анализ деятельности учащихся на каждом этапе урока, наряду с действиями учителя на уроках истории современного типа, представлены универсальные учебные действия в обобщенном виде. Использование на уроках истории традиционных, современных типов и универсальных учебных действий помогает учителю правильно планировать урок, на каком этапе урока формируются результаты при правильной организации деятельности учащихся. В новом образовательном стандарте учащиеся самостоятельно формулируют трудности и самостоятельно осуществляют коррекцию, учитель только дает советы, дает советы, помогает.

Ключевые слова. Преподавание истории, новый образовательный стандарт, традиционные, применение полученных знаний в жизни

Annotation. The article discusses the features of passing a modern history lesson in the context of the introduction of a new educational standard and the requirements for a modern history lesson. In addition, it allows us to draw conclusions by comparing the features of a traditional history lesson and a modern history lesson and the role of the teacher and students in it in the lesson. The article analyzes the activities of students at each stage of the lesson, along with the actions of the teacher in modern history lessons, universal educational actions are presented in a generalized form. The use of traditional, modern types and universal learning activities in history lessons helps the teacher to plan the lesson correctly, at which stage of the lesson the results are formed with the correct organization of students' activities. In the new educational standard, students independently formulate difficulties and independently carry out correction, the teacher only gives advice, gives advice, helps.

Keywords. Teaching history, new educational standard, traditional, application of acquired knowledge in life

«Егер біз бүгін кеше үйреткеніміздей
оқытатын болсақ, онда біз
балалардың ертеңін ұрлаймыз»
Джон Дьюи

Кіріспе. Жаңа білім беру стандарттарын қабылдау және оларды негізгі мектепке енгізуді бастау педагогикалық қызметтің бұрыннан қалыптасқан стереотиптерін қайта қарауға мәжбүр етеді және мұғалімдерге мектептің білім беру кеңістігін жаңаша құруға мүмкіндік береді.

Жаңа стандарт ақпараттық қоғамның талаптарына, мәдениеттер диалогы негізінде демократиялық азаматтық қоғам құру міндеттеріне жауап беретін жеке қасиеттерді тәрбиелеу мен дамытуды көздейтін жүйелі және белсенді тәсілге негізделген.Бұдан басқа, білім беру нәтижелеріне бағдарлану (әмбебап оқу іс-әрекеттері негізінде білім алушының тұлғасын дамыту), мектепке дейінгі, бастауыш жалпы, негізгі және орта (толық) жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету өзекті болып табылады. Бұл әр оқушының шығармашылық әлеуетінің, оқушылардың танымдық мотивтерінің өсуін қамтамасыз ететін әр түрлі ұйымдастырушылық формалары мен жеке ерекшеліктерін (дарынды балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды қоса алғанда) ескеру туралы.

Негізгі бөлім. 1. **Жаңа стандартты енгізу жағдайындағы қазіргі тарих сабағын өту ерекшеліктері.**

Жаңа стандартты енгізу жағдайында тарих (қоғамтану) сабағы көбінесе жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыру формалары түрінде қарастырылады. Мұғалім мен оқушы арасындағы авторитарлық қарым-қатынас стилі біртіндеп жойылады. Қазіргі сабаққа келесі талаптар қойылады:

* жақсы жабдықталған кабинетте жақсы ұйымдастырылған сабақ жақсы басталуы және жақсы аяқталуы керек;

* мұғалім өз іс-әрекетін және оқушылардың іс-әрекетін жоспарлауы керек, сабақтың тақырыбын, мақсатын, міндеттерін нақты тұжырымдауы керек;

* сабақ проблемалық және дамытушылық болуы керек: мұғалімнің өзі оқушылармен ынтымақтастыққа бағытталған және оқушыларды мұғаліммен және сыныптастарымен ынтымақтастыққа бағыттай алады;

* мұғалім проблемалық және іздеу жағдайларын ұйымдастырады, оқушылардың белсенділігін арттырады;

* оқушылардың өздері қорытынды жасайды;

* репродукцияның минимумы және шығармашылық пен ынтымақтастықтың максимумы;

* уақытты үнемдеу және денсаулықты сақтау;

* сабақтың басты бағыты - оқушылар;

* сынып профилі, оқушылардың ұмтылысы, балалардың көңіл-күйі сияқты аспектілерді ескеретін оқушылардың деңгейі мен мүмкіндіктерін есепке алу;

* мұғалімнің әдістемелік өнерін көрсете білу;

* кері байланысты жоспарлау;

* сабақта мейірімді болуы керек.

Жалпы, қазіргі заманғы тарих сабағына қойылатын талаптар келесідей:

1.**Дидактикалық талаптар**:

- мақсаттар мен міндеттерді нақты анықтау;
- оқыту принциптері мен ережелерін есепке алу;
- әлеуметтік және жеке қажеттіліктерді ескере отырып оңтайландыру;
- қол жеткізілген деңгейге сүйену;
- пәнаралық байланыстар орнату;
- оқыту түрлері, формалары мен әдістерінің үйлесімі;
- оқушылардың ұжымдық және жеке іс-әрекеттерінің үйлесімі;
- әр сабақты мұқият диагностикалау, болжау және жоспарлау.

2. **Сабаққа қойылатын тәрбиелік талаптар:**

- оқу материалының тәрбиелік мүмкіндіктері негізінде тәрбиелік мақсаттарды қою және іске асыру;
- өмірлік маңызды қасиеттерді қалыптастыру: зейін, адалдық, ұжымшылдық, дербестік, табандылық, жауапкершілік және т.б.;
- жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу;
- оқушының жеке басына назар аудару.

3. **Сабаққа қойылатын даму талаптары:**

- оқушылардың жағымды мотивтерін, қызығушылығын, шығармашылық бастамасы мен белсенділігін қалыптастыру және дамыту;
- озық деңгейдегі сабақтар, "таяу даму аймағын" жобалау, эмоционалды, физикалық, әлеуметтік дамудағы жаңа сапалы өзгерістердің басталуын ынталандыру;
- оқушылардың жеке дамуындағы өзгерістерді ескере отырып, оқу сабақтарын жедел қайта құру. [1, б.85-87]

Тарих сабақтары оқушыларға фактілерді және олардың болған уақытын есте сақтауды емес,"тарихи ақпаратты оқып, өз бетінше меңгеру", тарихи құбылыстар арасындағы себеп – салдарлық байланыстарды табу, тарихи процесте маңызды нәрсені екінші деңгейден анықтау қабілетін үйретуі керек.

Тарихшылыққа тәрбиелеу – өткен оқиғаларды олардың өзара байланыстарында, әрбір жеке тарихи сәтті түсіну және бағалау, әлем мен қоғамның олардың тұтастығындағы тұрақты өзгергіштігін, әлеуметтік құбылыстардың пайда болу, даму және жойылу процесін түсіну қажет.

Стандарт бойынша тарих (қоғамтану) сабағын оқытудың ерекшеліктерінің бірі компьютерлік техника мен ақпараттық технологияларды қолдану болып табылады, бұл оның интерфиксациясы, дарапауы, кері байланысының болуы және көрнекілігінің кеңеюі арқасында оқу процесінің тиімділігін арттырады. Сабақта дәстүрлі технологияны қолдану арқылы істеу мүмкін емес нәрсені жаңа ақпараттық технологиялар (АКТ) көп жағдайда жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, олар үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді және үлкен жылдамдықпен жұмыс істейді.

Осылайша, материалды жақсы меңгеру, оқу процесін оңтайландыру және оқушылардың іс-әрекетін ынталандыруға күш салу мүмкіндігін іске асырады. Әрине, бұл мүмкіндік жұмыс формаларының бірі ретінде жүзеге асырылуы мүмкін және жүзеге асырылуы керек.[2,б.23-31]

Осындай құралдардың бірі-MS Power Point бағдарламасы. Бұл бағдарламада мұғалім мен оқушылар тарих (қоғамтану) сабақтарын дайындау, өткізу кезінде, сондай-ақ сыныптан тыс жұмыстарда ақпараттық қолдау жасауға мүмкіндік беретін презентациялар жасайды.

Бұл әдіс мультимедиялық проекторды қолдануды қамтиды. Қазіргі уақытта тарих және қоғамтану сабақтарында презентация түрінде мультимедиялық технологияларды қолдану ең ыңғайлы болып саналады.

Бұл жағдайда сабақта компьютер бірнеше рөлдерді орындай отырып, оқу құралдарының бүкіл жиынтығын ауыстырады:

* тақтадағы көрнекілік (сабақ тақырыбы, жоспар, үй тапсырмасы және т. б.);
* көрнекілік (фотоқұжаттар, карталар, суреттердің репродукциялары және т. б.);
* кестелер мен схемалар (хронологиялық кестелер және т. б.);
* оқулық;
* өз бетінше жұмыс істеуге арналған жұмыс дәптері немесе жеке карточка;
* тесттер;
* ойындар;
* оқушылардың жобалық қызметі
* және т. б. [3, б. 114]

Сабақты бала белсенді, жан-тәнімен және қызығушылықпен жұмыс істеп, өз еңбегінің жемісін көріп, оларды бағалай алатындай етіп ұйымдастыру өте маңызды. Мұндай сабақтың ерекшелігі АКТ-ны қолдана отырып, оқушылар мұғалімнен "таза түрде" ақпарат алып қана қоймай, оны өндіруге, талдауға, іріктеуге үйренеді, бұл ақпараттық құзыреттіліктің құрамдас бөліктері болып табылады. АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру тек уақыт талабы ғана емес, ақпараттық қоғам жағдайында өмір сүретін кез келген адам үшін қажеттілік болып табылады.

2. Дәстүрлі тарих сабағын (қоғамтану) және қазіргі заманғы тарих сабағын (қоғамтану) салыстыру.

Бүгінгі таңда мектепте оқытудың негізгі формасы дәстүрлі сабақ болып қала береді. Мұғалімге жаңа тәсілдермен жұмыс істеуді үйрену үшін уақыт пен жағдай қажет. Өздеріңіз білетіндей, сабақтың ең көп таралған түрі – аралас. Оны негізгі дидактикалық талаптар тұрғысынан қарастырыңыз, сонымен қатар жаңа стандартты енгізуге байланысты өзгерістердің мәнін ашыңыз.

Салыстыру кестесі *Кесте № 1*

Сабаққа қойылатын талап	**Дәстүрлі сабақ**	**Қазіргі типтегі сабақ**
Сабақ тақырыбын жариялау	Мұғалім оқушыларға хабарлайды	Оқушылардың өздері тұжырымдайды (мұғалім оқушыларды тақырыпты түсінуге жетелейді)
Мақсаттар мен міндеттерді хабарлау	Мұғалім оқушыларға нені үйрену керектігін тұжырымдайды және хабарлайды	Білгені мен білмегенінің шекараларын анықтай отырып, оқушылардың өздері тұжырымдайды (мұғалім оқушыларды мақсаттар мен міндеттерді түсінуге жетелейді)
Жоспарлау	Мұғалім оқушыларға мақсатқа жету үшін қандай жұмысты орындау керектігін айтады	Оқушылардың мақсатына жету жолдарын жоспарлау (мұғалім көмектеседі, кеңес береді)
Оқушылардың практикалық қызметі	Мұғалімнің жетекшілігімен оқушылар бірқатар практикалық тапсырмаларды орындайды (көбінесе қызметті ұйымдастырудың фронтальды әдісі қолданылады)	Оқушылар оқу іс-әрекеттерін белгіленген жоспар бойынша жүзеге асырады (топтық, жеке әдістер қолданылады), мұғалім кеңес береді
Бақылауды жүзеге асыру	Мұғалім оқушылардың практикалық жұмысының орындалуын бақылауды жүзеге асырады	Оқушылар бақылауды жүзеге асырады (өзін-өзі бақылау, өзара бақылау нысандары қолданылады), мұғалім кеңес береді.

Түзетуді жүзеге асыру	Мұғалім тексеру барысында оқушылардың орындаған жұмысының қорытындысы бойынша түзетуді жүзеге асырады	Оқушылар қиындықтарды тұжырымдайды және түзетуді өз бетінше жүзеге асырады, мұғалім кеңес береді, көмектеседі.
Оқушыларды бағалау	Мұғалім сабақта оқушылардың жұмысын бағалауды жүзеге асырады	Оқушылардың жұмысын оның нәтижелері бойынша бағалайды (өзін-өзі бағалау, жолдастардың жұмысының нәтижелерін бағалау), мұғалім кеңес береді.
Сабақтың қорытындысы	Мұғалім оқушылардан не есте қалғанын анықтайды	Рефлексия жасалады
Үй тапсырмасы	Мұғалім жариялайды және түсініктеме береді (көбінесе- жек және барлығына арналған тапсырма)	Оқушылар жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мұғалім ұсынған тапсырмаларды таңдай алады

Бұл кесте қорытынды жасауға мүмкіндік береді: ең алдымен, мұғалім мен оқушылардың сабақтағы рөлін ажыратады. Дәстүрлі типтегі сабақта мұғалімнің қатысқан және пассивті орындайтын нұсқауынан шыққан оқушы енді қайраткер болады. Мұғалімнің оқу процесін жасырын басқаруға шақырылады. Дәстүрлі сабақ қалай өтті? Мұғалім оқушыны шақырады, ол үй тапсырмасын – оқулықтан оқылған мәтінді айтуы керек. Содан кейін баға қояды, келесісін сұрайды. Екінші бөлім-мұғалім келесі тақырыпты айтып, үй тапсырмасын береді. [4, б. 31-37]

Енді, жаңа стандарттарға сәйкес, ең алдымен, баланың тарихты (қоғамтану) білуге деген ынтасын күшейту керек, оған мектеп сабақтары өмірден алшақтатылған білім алу емес, керісінше өмірге қажетті дайындық, оны тану, пайдалы ақпарат іздеу және оны нақты өмірде қолдану дағдылары екенін көрсету керек. Сабақты өткізудегі "жоғары қарқын" және тәжірибеде жаңа стандарттардың орындалуы – бұл мұғалімнің тек балаларды бағыттай отырып, оқыту барысында ұсыныстар беретін сабақ.Сондықтан балалар сабақты өздері жүргізіп жатқандай сезінеді.

3. Жаңа стандарт бойынша сабақтың әр кезеңіндегі оқушылардың қызметі.

Біз сабақтың әр кезеңіндегі оқушылардың іс-әрекетін талдаймыз және әмбебап оқу әрекеттерін (ӘОӘ)бөліп көрсетеміз:

Салыстыру кестесі *Кесте №2*

Сабаққа қойылатын талаптар	**Қазіргі типтегі сабақ**	**Әмбебап оқу әрекеттері (ӘОӘ)**
Сабақ тақырыбын жариялау	Оқушылардың өздері тұжырымдайды (мұғалім оқушыларды тақырыпты түсінуге жетелейді)	Танымдық жалпы білім беру, коммуникативтік
Мақсаттар мен міндеттерді хабарлау	Білгені мен білмегенінің шекараларын анықтай отырып, оқушылардың өздері тұжырымдайды (мұғалім оқушыларды мақсаттар мен міндеттерді түсінуге жетелейді)	Өзіне мақсат қою, коммуникативті
Жоспарлау	Оқушылардың мақсатына жету жолдарын жоспарлау (мұғалім көмектеседі, кеңес береді)	Күнделікті жоспарлау
Оқушылардың практикалық қызметі	Оқушылар оқу іс-әрекеттерін белгіленген жоспар бойынша жүзеге асырады (топтық, жеке әдістер қолданылады), мұғалім кеңес береді	Танымдық, күнделікті, коммуникативті
Бақылауды жүзеге асыру	Оқушылар бақылауды жүзеге асырады (өзін-өзі бақылау, өзара бақылау	Күнделікті бақылау (өзін-өзі бақылау), коммуникативтік

	нысандары қолданылады), мұғалім кеңес береді)	
Түзетуді жүзеге асыру	Оқушылар қиындықтарды тұжырымдайды және түзетуді өз бетінше жүзеге асырады, мұғалім кеңес береді, кеңес береді, көмектеседі	Коммуникативті, күнделікті түзетулер
Оқушыларды бағалау	Оқушылардың жұмысын оның нәтижелері бойынша бағалайды (өзін-өзі бағалау, жолдастардың іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау), мұғалім кеңес береді.	Күнделікті бағалау (өзін-өзі бағалау), коммуникативтік
Сабақтың қорытындысы	Рефлексия жасалады	Күнделікті өзін-өзі реттеу, коммуникативті
Үй тапсырмасы	Оқушылар өз мүмкіндіктерін ескере отырып, мұғалім ұсынған тапсырмаларды таңдай алады	Күнделікті танымдық, коммуникативті

Кестеде жалпыланған түрде әмбебап оқу әрекеттері берілген. Бірақ бұл мұғалімге сабақты дұрыс жоспарлауға, сабақтың қай кезеңінде оқушылардың іс-әрекетін дұрыс ұйымдастырған кезде қандай нәтижелер қалыптасатынын жоспарлауға көмектеседі. [5, б.45-48]

4. Сабақтың негізгі түрлері.

Сабақ түрлері:

1.Жаңа оқу сабағы - дәстүрлі (аралас) сабақ, дәріс, экскурсия, зерттеу жұмысы, оқу және еңбек практикумы.Алған білімді зерттеу және бекіту.

2.Сабақтағы білімін бекіту-практикум экскурсия, зертханалық жұмыс, әңгімелесу, кеңес беру.Алған білімін өмірде қолдану дағдыларын дамыту мақсаты.

3.Білімді кешенді қолдану сабағы - практикум, зертханалық жұмыс, семинар және т.б. білімді кешенде, жаңа жағдайда өз бетінше қолдануға бағытталған.

4.Білімді жалпылау және жүйелеу сабағы - бұл семинар, конференция, дөңгелек үстел және т.б. білім, дағдыларды қалыптастыру мен сол дағдыларды меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған.

5. Бақылау, бағалау, білімді түзету сабағы - бақылау жұмысы, сынақ, әңгімелесу, білімді қарау және т.б. – білім, білік және дағдылар деңгейін анықтауға бағытталған.

Жаңа стандарт жаңа тұжырымдаманы енгізеді.Онда - оқу жағдайы, бұл оқу процесінің ерекшелігін білдіреді, онда балалар мұғалімнің көмегімен өз іс-әрекетінің тақырыбын анықтайды, оны зерттейді, әртүрлі оқу әрекеттерін жасайды, оны өзгертеді.

Мысалы, қайта тұжырымдайды немесе сипаттамасын ұсынады және т.б. ішінара есте сақтайды.Жаңа талаптарға сәйкес мұғалімнің алдына оқу іс-әрекетінің ерекше құрылымы ретінде оқу жоспарын құруды үйрену, сондай-ақ оқу міндеттерін оқу жоспарына аудара білу міндеті қойылады. Оқу жоспары мыналарды ескере отырып құрылуы керек:

* баланың жасы;

* тарихты оқытудың ерекшелігі (қоғамтану). [6, б.12-14]

Қорытынды. Мектепте тарихты оқытудың негізгі мақсаты –өткенді білу мен әлемдік мәдениеттің маңызды жетістіктерін бағдарлай білу негізінде оқушының жеке басын дамыту. Жеке тұлғаның дамуында ең алдымен, шығармашылық ойлаудың қалыптасуын, өткенді, бүгінді сыни тұрғыдан талдай білуді, тарихи дереккөздерді өз бетінше зерттеу негізінде өз тұжырымдарын жасауды қамтиды. Тарих сабағы оқушыны адамгершілік тұрғыда таңдау мәселелеріне қойып, тарихи оқиғаларды адамгершілік тұрғыда бағалаудың күрделілігі мен қиындығын анық көрсетуі керек. Тарих сабақтарының маңызды мақсаты – қоғамға енетін адамның әлеуметтенуіне ықпал ету, яғни оны тұлға ретінде өзін-өзі анықтау, оны тұлға ретінде түсіну, оның қоғамдағы орнын, тарихи тамырларын түсіну.

Біздің еліміздегі қазіргі заманғы тарих сабағына қойылатын басты талабы- белсенді, қоғамдық шығармашылыққа қабілетті, өз ұстанымдарын қорғауда принципті, демократиялық өзін-өзі басқаруға қатыса алатын, өз отаны мен адамзат өркениетінің тағдырына жауапкершілікті сезінетін, туған мәдениетінің патриотын тәрбиелеу.

Шынайы патриотизмді әртүрлі халықтардың тарихымен, олардың мәдениетімен таныспай, өзара әрекеттесудің тұрақты сипатын және әртүрлі мәдениеттердің бір-бірімен тығыз байланысын түсінбестен елестету мүмкін емес. Оқушы өз халқы әлемдік өркениеттің бір бөлігі екенін түсінуі керек.Жаңартылған мектептегі тарихи білім беру тұжырымдамасына сүйене отырып, тарихты ізгілендіру бірінші орынға қойылады. Бұл тарих сабағына қойылатын тағы бір талап. [7, б. 7-9]

Бұл пәнді мектепте оқыту оқушының құндылық бағдарларын қалыптастыруға, оның моральдық-адамгершілік мәселелерін шешуге, ең алдымен жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдарлануға, гуманизмге тәрбиелеуге ықпал етуі керек. Тарихтың ғылым ретіндегі тақырыбы - ұрпақтардың шексіз өзгеруіндегі адам, сондықтан тарихты ізгілендіру оны ізгілендіруді білдіреді. Тарихи заңдылықтарды білу, тарихи мәселелерді шешу, тарихтың мағынасын түсіну абстракциялар арқылы емес, адамнан және адам арқылы жүруі керек. Тарих сабағын ізгілендіру сонымен қатар тарихи тұлғаларға назар аударуды білдіреді. Әлеуметтік-психологиялық портреттер, саяси және интеллектуалды өмірбаяндар қазіргі тарих сабағының маңызды элементтеріне айналуы керек.

Тарихты ізгілендіру ғылым ретінде негізінен оның жалпыадамзаттық құндылықтардың тұрақты мәні туралы идеяларды қалыптастыра алатындығымен анықталады. Тарихты ізгілендіру - бұл оның оқушының жеке басына үндеуі, оның танымдық, адамгершілік дүниетанымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру.Тарих сабағы қызықты, көркем және эмоционалды болуы керек, ол ойлауға және жанашырлыққа үйретуі керек. Бұл жаңартылған тарих сабағының ерекшелігі.

Жаңартылған стандарт бойынша қоғамтану сабағының ерекшелігі - оқу пәнінің құралдарымен белсенді түрде ықпал ету:

* Бүкілқазақстандық бірегейлікті, патриотизмді, азаматтықты, әлеуметтік жауапкершілікті, құқықтық өзін-өзі тануды, толеранттылықты,Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құндылықтарды ұстануға тәрбиелеу;

* тұлғаны әлеуметтендірудің ерекше маңызды кезеңінде – жасөспірім кезінде дамыту, оның рухани-адамгершілік, саяси және құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру, заң мен құқықтық тәртіпті құрметтеуге негізделген әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру;

әлеуметтік және гуманитарлық пәндерді оқуға қызығушылықты тереңдету, жеке өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі бақылау қабілетін қалыптастыру; жоғары білімді болуға деген ынтаны арттыру;

* оқушылардың әртүрлі дереккөздерден алу және алынған деректерді сыни тұрғыдан талдау қабілеттерін игеру; азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет өміріне қатысу үшін қажетті танымдық, коммуникативтік, практикалық іс-әрекет тәсілдерін игеру;

* оқушылардың алған білімдері мен дағдыларын қоғамдық өмірде өз ұстанымын айқындау үшін қолдану тәжірибесін қалыптастыру; әлеуметтік қатынастар саласындағы типтік міндеттерді шешу үшін; азаматтық және қоғамдық қызметті жүзеге асыру, тұлғааралық қатынастарды, соның ішінде әртүрлі ұлттар мен діндердегі адамдар арасындағы, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық саладағы қатынастарды дамыту үшін; өзінің мінез-құлқы мен заңда белгіленген адамгершілік құндылықтары мен мінез-құлық нормалары бар басқа адамдардың іс-әрекеттері; қоғамдағы құқықтық тәртіпті қорғаудың құқықтық тәсілдері мен құралдарына жәрдемдесу үшін. [8, б. 164]

Әдебиеттер тізімі

1. Иванова Л.Ф. Обществознание. Поурочные разработки. – М. «Просвещение»,2012
2. Методические рекомендации о преподавании предмета «Обществознание» в 2015-2016 году/материалы подготовлены Журавлевой О.Н. - С-Пб, 2015.

3. Боголюбов Л. Н. К вопросу о методологических основах методики обучения истории. Сов. Педагогика. – М., 1975 г. – № 12
4. Вагин А. А. Методика обучения истории. – М., 1972 г.
5. Амонашвили Ш. А. Воспетательная и образовательная функция оценки учения школьников. – М., 1984 г.
6. Бабанский Ю. К. Оптиматизация учебно-воспитательного процесса. – М., 1982 г.
7. Примерные программы по учебным предметам. История. 5-9 классы: проект. -М. «Просвещение»,2011
8. Тұрлығұл Т.Т. Тарих сабақтарын жетілдіру жолдары. – Алматы: Мектеп, 1984 ж.

НЕЙРОПЕДАГОГИКА ПРИНЦИПТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Бейсембекова Жадира Рымкуловна,
Қарағанды облысы, Шет ауданы
С.Сейфуллин кенті,
Жарық жалпы білім беретін мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация: Бұл мақалада нейропедагогика принциптеріне негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың оқу сауаттылықтарын арттырып, когнетивті функцияларын дамыту қарастырылады.Мәтінмен жұмыс кезінде мәтінде ең бастысы не екенін түсініп, қандай ақпарат алу керек екенін білген кезде оқу сауаттылығы дамиды.Оқу сауаттылығын қарқынды дамытуға арналған ерекше және жақсы жаттығулардың бірі –«Карусель» деп аталады.

Тірек сөздер: нейропедагогика, принцип, когнетивті функция, тапсырмалар, мнемотехника.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық негізін қалыптастыру, таным туралы білім негіздерін және білім алушылардың оқу сауаттылықтарын дамыту бағытында нейропедагогика негіздерін енгізу өте маңызды. Себебі білім беру процесінің ең сәтті моделі мидың жұмыс істеу принциптері бойынша баланы оқыту және дамыту туралы ғылымның нейропедагогикасының негізгі ережелеріне негізделген.

Сабақ барысында нейропедагогика принциптерін пайдалану балалар мен ересектерді тәрбиелеу мен дамытудың тиімділігін, олардың шығармашылық және еңбек қабілеттерін, физикалық және психикалық денсаулығын едәуір арттыруға, әлеуметтік және табиғи ортада өмір сүру мен мінез-құлықты оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Танымдық процестердің дамуы-бұл қабылдау, есте сақтау, зейін сияқты психикалық процестердің дамуы, онсыз баланың мектепте сәтті оқуы мүмкін емес. Сондықтан бастауыш мектеп жасындағы балаларда қабылдау, зейін, есте сақтау сияқты психикалық процестердің ерекшеліктері туралы ақпаратты білу қажет.

«Нейропедагогика принциптеріне негізделген оқу сауаттылықты дамыту тапсырмалары» функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігінің бірі оқу сауаттылығын, есте сақтауды, зейінді, қиялды және зияткерлік төзімділікті дамыту, біліктілікті арттыруға бағытталған.Сонымен қатар білім алушылардың танымдық дағдыларын дамыту арқылы оқуға деген көзқарастарын өзгертуге және оқу процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Ақпаратпен жұмыс істеуді, күрделі нұсқаулықтарды оқуды, оқығанды талдауды, өз ақпаратын құруды үйренеді. Себебі берілген тәсілдер «Карусель», «Мнемокестелер» мидың жұмыс жасауына әсер етеді.

«Карусель», «Мнемокестелер» техникаларымен жүйелі жұмыс жасау кезінде мидың төмендегідей функциялары дамиды.

Зейінді шоғырландыру.Әрекеттерді орындау толық назар аударуды қажет етеді. Сыныпта толық тыныштық орнайды, себебі балалардың алаңдауға уақыты болмайды.Бұл үшін қажетті шарт- тапсырма тым қарапайым немесе күрделі болмауы керек.

Жедел жад. Психологтар белгілі бір жұмысты орындау үшін қажетті ақпаратты есте сақтау қабілетін осылай атайды.

Ақыл-ойдың ізденісі. Орындаудың оңтайлы әдісін табуға тырысып, бала детектив сияқты ізімен жүреді, шешімнің кілттерін табуға тырысады.

Реакция мен ойлау жылдамдығы. Мәтіндерді тез оқу қысқа қашықтыққа жүгіру сияқты: мәре сызығын бірінші болып кесіп өтуге тырысады.

«Карусель» мен «Мнемокестелермен» тұрақты жаттығулар «спринт» қасиеттерін керемет дамытады.Жаттығуларды орындау барысында есте сақтау, сөйлеу, зейін, естігенді қабылдау қабілеті, реакция жылдамдығы белсендіріледі, яғни оқуға қажетті қабілеттер дамиды.

«Карусель» қысқа мәтіндерден тұрады, әр түрлі пәннен, кез-келген тақырып болуы мүмкін. Жұмыстың бұл нұсқасы-мәтіндік ақпараттың кішкене бөліктерімен берілуі оқушыларды жалықтырмайды. Сонымен қатар, мәтіндегі тек ең басты ақпаратты, фактілер, атаулар, сандарды түсініп, таңдауға үйренуге мүмкіндік береді.

«Карусель» жылдам оқуды, тірек сөздерді табуды, мәтіннен тек негізгілерді тауып, есте сақтауды дағдыландырады.Белгілі бір тақырыптарды бекіту үшін «карусельдерді» пайдалануды ұсынамын.

Белгілі бір уақыт ішінде оқушылар мәтінді оқып, бөлек парақтағы сұрақтарға жауап беруі керек. Мәтіндер мен сұрақтар күрделірек дәрежесі бойынша ерекшеленеді: 1 бит-1 сұрақ, 2 бит- 2 сұрақ, 3 бит- 3 сұрақ, әр түрлі –кездейсоқ ретпен 1-ден 3 сұраққа дейін.

1 мәтінді оқу уақыты білім алушылардың жасына байланысты өзгереді. Оқушы аздап үлгермеуі керек. Жоғары сыныптар үшін бір биттік мәтінге орта есеппен 10 секунд, екі биттік мәтінге 15 секунд және үш биттік мәтінге 20 секунд береміз. Бұл орташа уақыт.

Бастауыш сыныпта оқушылар топта отырған кезде, топта неше оқушы болса сонша мәтін беруге болады.Бастысы, жоғарыда айтылғандай, уақыт мөлшерін қадағалауды ұмытпаңыз.

«Карусель» тапсырмасының жинағы келесідей: мәтіндер жинағы, оқушының жауаптарына арналған бланк, онда әр мәтінге сұрақтар араластырылып беріледі және мұғалімге арналған жауаптары бар бланк.

«Карусельді» орындау кезінде алаңдау мүмкін емес, әйтпесе тапсырмадан қалып қояды.Сабақта «Карусель» әдісін және «Мнетаблицаларды» қолданып жүрмін. Бұл тапсырмалар оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана алуларына мүмкіндік беретін тапсырмалар.



«Мнемотаблица»



«Карусель» әдісі

Мнемокестенің мазмұны-ол графикалық немесе жартылай графикалық ертегі кейіпкерінің бейнесін, табиғат құбылысының кейбір іс-әрекетінің, басты мазмұнды әңгіменің сюжеті.Ең бастысы –көрнекілік, тірек-сызба, бейнеленген суретіміз балаға түсінікті болуы керек.

Схема-мнемокесте балалардың тілін дамытудағы дидактикалық құрал болып табылады.

Құрылған схема оқушылардың өз бетімен заттың ерекшеліктерін байқауға, олардың айтылу кезегін белгілеуге көмектеседі.

Мнемокестені пайдалану 3 этаптан тұрады:

1.Кестені қарап, онда не бейнеленгенін бақылау.

2.Мәліметтерді кодтандыру, белгі бір бейнемен сәйкестендіру

3.Кодтандырылғаннан кейін әңгіме немесе ертегіні әңгімелеуге көшеді.

Мнемокестені пайдаланған кезде мынадай нәтижеге жеттім:

-оқушылардың сөздік қоры байыды,
-әңгіме құрап үйренді
-көркем әдебиетті мазмұндады
-жұмбақты жасырды және шешті
-өлеңді жаттады

Сабақта оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуге қолайлы жағдай туғызамын, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отырамын. Соңында оқушылардың өздері қорытындысын шығарып, практикалық жұмыстармен бекітеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың мәліметтерді есте сақтау қабілеті дамыды, түсініп оқып, мәтіннен қажетті ақпаратты табуды үйренді. Әдебиеттік мәтіндерді оқумен бірге өзінің ойын жеткізе біледі, өмірмен байланыстырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Болатқызы А. «Теориядан жаңа тәжірибе арқылы шебер педагогқа дейін.Нормативті құжаттардан бастап, нәтижелі сабақ беруге дейін қамтылған, педагогтердің әліпбиі» авторлық курсы № 38550.Астана, 2023. -95 б
2. Большева Т.В. «Учимся по сказке.Развитие мышления дошкльников с помпщью мнемотехники», 2001.
3. Полянская Т.Б. «Использование метода мнемотехники в обучении рассказыванию детей дошкльного возраста», 2009.
4. Гурьева Н.А. Год школы. Развиваем память. Рабочая тетрадь упражнений по мнемотехники.-СПБ.Светлячок, 2000.
5. Мнемотехниканың мағынасы. Энциклопедия, 2024

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ САПАСЫ РЕТІНДЕ PISA ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Тайжанова Динара Тузельбековна
Тайжанов Мирзабек Мамирович,
Математика пәні мұғалімі
Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты
М.Горький атындағы №8 ШЖЖББМ

Аңдатпа. Бұл мақала қазіргі қоғамның математикалық білім беру мазмұны туралы өз көзқарасын өзгертуіне негізделген. Негізгі міндет - оқушылардың өмірдегі жағдайдағы мектептегі білім мен дағдыларды қолдануға қабілеттілігін арттыру.

Аннотация. Эта статья основана на том, что современное общество меняет свое мнение о содержании математического образования. Основная задача-повышение способности учащихся применять школьные знания и умения в жизненных ситуациях.

Annotation. This article is based on the fact that modern society is changing its opinion about the content of mathematics education. The main task is to increase the ability of students to apply school knowledge and skills in life situations.

Тірек сөздер: PISA (International Student Assessment арналған бағдарлама), программалау, математикалық сауаттылық, математикалық пайымдау.

Ключевые слова: PISA (программа для International Student Assessment), Программирование, математическая грамотность, математическое мышление.

Keywords: PISA (program for International Student Assessment), Programming, mathematical literacy, mathematical thinking.

Қазіргі қоғам математикалық білім беру мазмұны туралы өз көзқарасын өзгертеді. Негізгі міндет - оқушылардың өмірдегі жағдайдағы мектептегі білім мен дағдыларды қолдануға қабілеттілігін арттыру.Халықаралық зерттеулерде PISA (International Student Assessment

арналған бағдарлама) математикалық сауаттылық тән, анықтау және түсіну, ол өмір сүріп жатқан әлемдегі математика рөлін, сондай-ақ құрылған математикалық пайымдауларды білдіруге және ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін математика пайдалану үшін адамның қабілеті «ретінде анықталады шығармашылық, мүдделі және ойлайтын азамат ». және т.б., өмір мектеп, қоғам және оқушылардың жеке өмірі: зерттеулерде шындық түрлі аспектілеріне қатысты нақты жақын жағдайларда математикалық білімдерін қолдану 15 жастағы оқушылар қабілетін тексереді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен жүзеге асырылатын PISA (Programme for International Student Assessment) оқушылардың білім алу жетістіктерін бағалау жөніндегі Халықаралық бағдарлама.

PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15-жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстанудан білім жетістіктерін анықтауды мақсат етіп қояды.

Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған.

PISA зерттеуінің мақсаты:

15 жасқа толған жалпы орта мектептер мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқушылардың оқу, метематика және жаралыстану салалары бойынша функционалдық сауаттылығын бағалау[1, б.2].

15 жасқа толған оқушыларды таңдау төмендегіше анықталады:

Қатысатын 67 мемлекеттің жалпы білім беру ұйымдарында осы жастағы қатысушыларда міндетті білім алу үрдісі аяқталады.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің он бес жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан PISA – 2009 халықаралық зерттеуіне қатысты. PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Осы стратегиялық маңызды мәселені шешу тұлғаның негізгі функционалдық сапасын: белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру және бейтаныс жағдайда мәселенің шешімін таба білуін, кәсіптік даму жолдарын таба білуін, өмір бойы оқуын қалыптастыруға тікелей байланысты. Білім алушылардың функционалдық қабілеттері мектеп жағдайында қалыптасуға тиісті .

Функционалдық сауаттылық-(ағылшын тілінде - functional literacy) дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны қалыптастыруға білім алу мен мәдениетін жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, анықтама береді.

«Егер мұғалім ғылымға өзі беріліп, оны толық меңгеріп, сүйе білмесе, онда оқушыларды да ғылымға құлшындыра алмайды, мұғалімнің бұл саладағы еңбегі де жеміссіз болмақ», – деген ұлы ғалым Д.И. Менделеевтің өсиеті бар[2, б.4].

Соған қарай қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін мұғалімнің қажырлы еңбегі және талантты балалармен жұмыс істеуі қажет. Ғылыми тәжірибе жасау, сонымен қатар экологиялық білімін көтеру мақсатында балалармен жұмыс істеу тиімді.

PISA - бұл 15 жастағы оқушылардың математикалық, әдеби және жаратылыстану-сауаттылық деңгейін бағалаудың халықаралық зерттеуі. Жобаны Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) үйлестіреді. Зерттеуді білім беру саласындағы жетекші халықаралық ұйымдардың қатысуымен Консорциум жүзеге асырады. PISA-2000 алғашқы циклына 43 ел қатысты ЭЫДҰ-ның 34 мүшесі. PISA-2015-де қатысушылардың саны 71 ел болды. Басқа 11 ел 2018 жылы зерттеуге қосылуға ниетті. Зерттеудің мақсаты жалпыға бірдей міндетті білім алған оқушылардың қоғамда толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті

білімдер мен дағдыларды бағалау болып табылады (функционалдық сауаттылық). Бұдан басқа, оқушылардың оқу жетістіктеріне түрлі факторлардың әсері зерттеледі. Бұл әлеуметтік-экономикалық аспектілер, білім беру ұйымдарының ерекшеліктері және мектептен тыс жасөспірімдердің білім алу мүмкіндіктері. PISA жобасы білім берудің әр түрлі жүйелерін салыстыру және ұлттық білім беру стратегияларын дамытуда жетекші ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесін пайдалану мүмкіндігін ұсынады. Зерттеу үш жылдық циклдармен жүргізіледі. Әр циклде басымдық бағыты анықталады.

Барлық елдердің оқу жоспарында математика жетекші орындардың бірі болғанымен, салыстыра келгенде олардағы мектеп математикасының мазмұны айтарлықтай әр түрлі болып келеді.

22 дамыған елдің математика бойынша бағдарламаларын талдаудың нәтижелері олардың ТМД елдері бағдарламаларынан елеулі айырмашылықтары бар екенін көрсетті. Мысалы, оларда міндетті түрде ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін және комбинаториканы оқытады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен жүзеге асырылатын PISA (Programme for International Student Assessment) оқушылардың білім алу жетістіктерін бағалау жөніндегі Халықаралық бағдарлама.

PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15-жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстанудан білім жетістіктерін анықтауды мақсат етіп қояды.

Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған.

PISA зерттеуінің мақсаты:

15 жасқа толған жалпы орта мектептер мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқушылардың оқу, метематика және жаралыстану салалары бойынша функционалдық сауаттылығын бағалау.

15 жасқа толған оқушыларды таңдау төмендегіше анықталады:

Қатысатын 67 мемлекеттің жалпы білім беру ұйымдарында осы жастағы қатысушыларда міндетті білім алу үрдісі аяқталады.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің он бес жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан PISA – 2009 халықаралық зерттеуіне қатысты. PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында 2050 жылға дейін Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына енуі туралы нақты тапсырма берілді.

Осы стратегиялық маңызды мәселені шешу тұлғаның негізгі функционалдық сапасын: белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру және бейтаныс жағдайда мәселенің шешімін таба білуін, кәсіптік даму жолдарын таба білуін, өмір бойы оқуын қалыптастыруға тікелей байланысты. Білім алушылардың функционалдық қабілеттері мектеп жағдайында қалыптасуға тиісті [3, б.4].

Функционалдық сауаттылық-(ағылшын тілінде - functional literacy) дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны қалыптастыруға білім алу мен мәдениетін жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, анықтама береді.

«Егер мұғалім ғылымға өзі беріліп, оны толық меңгеріп, сүйе білмесе, онда оқушыларды да ғылымға құлшындыра алмайды, мұғалімнің бұл саладағы еңбегі де жеміссіз болмақ», – деген ұлы ғалым Д.И. Менделеевтің өсиеті бар.

Соған қарай қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін мұғалімнің қажырлы еңбегі және талантты балалармен жұмыс істеуі қажет. Ғылыми тәжірибе жасау, сонымен қатар экологиялық білімін көтеру мақсатында балалармен жұмыс істеу тиімді [4, б.4].

PISA - бұл 15 жастағы оқушылардың математикалық, әдеби және жаратылыстану-сауаттылық деңгейін бағалаудың халықаралық зерттеуі. Жобаны Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) үйлестіреді. Зерттеуді білім беру саласындағы жетекші халықаралық ұйымдардың қатысуымен Консорциум жүзеге асырады. PISA-2000 алғашқы циклына 43 ел қатысты ЭЫДҰ-ның 34 мүшесі. PISA-2015-де қатысушылардың саны 71 ел болды. Басқа 11 ел 2018 жылы зерттеуге қосылуға ниетті. Зерттеудің мақсаты жалпыға бірдей міндетті білім алған оқушылардың қоғамда толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті білімдер мен дағдыларды бағалау болып табылады (функционалдық сауаттылық). Бұдан басқа, оқушылардың оқу жетістіктеріне түрлі факторлардың әсері зерттеледі. Бұл әлеуметтік-экономикалық аспектілер, білім беру ұйымдарының ерекшеліктері және мектептен тыс жасөспірімдердің білім алу мүмкіндіктері. PISA жобасы білім берудің әр түрлі жүйелерін салыстыру және ұлттық білім беру стратегияларын дамытуда жетекші ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесін пайдалану мүмкіндігін ұсынады. Зерттеу үш жылдық циклдармен жүргізіледі. Әр циклде басымдық бағыты анықталады.

Ұлттық жоспарды орындаудың нәтижесінде 2017 жылға қарай қазақстандық мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мынадай жағдайлар жасалатын болады: ғылыми-зерттеу жағынан қамтамасыз ету, білім беру мазмұнын жаңарту, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және оған мониторинг жүйесінің жасалуы, материалдық-техникалық базаның жақсартылуы.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту– Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 27 қаңтар 2012 жыл.

2. Мектеп оқушыларының функционалық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы.

4. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал - Астана ,ҰББСБО, 2013

5. А.Қ.Әлімов. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж.

ЦИФРЛЫ ПЕДАГОГИКА ЖАҒДАЙЫНДА ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУДЫ РЕТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Дощанова Гулмира Қалдыбекқызы,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ғ.Мұратбаев атындағы
жалпы орта білім беретін мектеп

Аннотация: Бұл мақалада цифрлы педагогика жағдайында тұлға болып қалыптасуды реттеу жолдары туралы баяндалған.

Аннотация: В данной статье описаны способы регулирования формирования личности в условиях цифровой педагогики.

Abstract: This article describes ways to regulate personality formation in the context of digital pedagogy.

Тірек сөздер: адамгершілік мінез-құлық, цифрлық этика, өзін-өзі тәрбиелеу, моральдік реттеу, заманауи құндылықтар.

Ключевые слова: моральное поведение, цифровая этика, самообразование, моральная регуляция, современные ценности.

Key words: moral behavior, digital ethics, self-education, moral regulation, modern values.

Цифрлық педагогикада білім алушылардың цифрлық іс-әрекетіне оң қатынасты қалыптастыру жүзеге асады. Егер де адамгершілік өзін-өзі жетілдіруге, желілік өзара әрекеттесудегі қатысушыларға құрметпен қарауға, «желіде күнделікті мінез-құлықтың белгілі бір моральдық «өзегін» құруға ұмтылса білім алушылардың цифрлық іс-әрекетке деген оң қатынасы қалыптастырылады. Адамгершілік талаптар адамның ар-ожданына бағытталған және интернеттегі өзара әрекеттесудегі әрекеттерін өзіндік реттеумен, дереккөздерді пайдалану процесінде өзінің жауапкершілігін сезінумен, білім беру кеңістігі желісіндегі кез-келген әрекеттер мен қылықтарды жүзеге асырумен, өзінде әділеттілік сезімін дамытумен байланысты. Олар моральдық принциптер мен нормаларды саналы және ерікті түрде ұстануға бағдарланған, яғни. «адамгершілік» термині дұрыс немесе бұрыс деп саналатын цифрлық білім беру кеңістігіндегі мінез-құлық, іс-әрекет және қатынастар формаларын сипаттау үшін қолданылады. Тұлғаның адамгершілік қасиеттері және осы қасиеттерді дамыту проблемалары Н.А. Бердяев, Г. Гегель, О.Г. Дробницкий, И.А. Ильин, А. Камус, М.С. Каган, И. Кант, К.Ясперс және т.б. философиясында қарастырылды. Психологияда бұл мәселемен А.А. Бодалев, Л.И. Божович, Р.П. Мильруд, В.Н. Мясищев, М.И. Старов және басқалары айналысқан. Пенитенциарлық психологиясында адамгершілік қасиеттер мәселесімен В.М. Литвишков, Г.М. Потанин, В.А. Семенов, И.И. Купцов, Ю.С. Исмагилова шұғылданды.[1:66б] Біздің ойымызша, бұл зерттеулер цифрлық білім беру процесінде оқушылардың адамгершілік және еріктік қасиеттерін дамытудың психологиялық шарттары туралы сұраққа толық жауап бере алмайды. Бұл адамгершілікке қатысты келесі мәселені зерттеуді қажет етеді: өйткені, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы зияткерлік іс-әрекеттің нәтижелерін қоса алғанда, ақпаратты көшіру мен таратудың құны мен жылдамдығын, сонымен қатар ақпараттық қатынастарды орталықсыздандыру, оларды баспа / тұтынушы сияқты ақпараттық алмасу желісін тік күйден көлденең жазықтыққа көшіруге мүмкіндік берді. Цифрлық ақпараттың үлкен ағынында адамгершілік ережелерін қалай ұстану қажет? Ақпараттық әлемде адамгершілік пен этикаға қалай үйрету керек? Ақпараттық этика компьютерлік этикамен және ақпарат философиясымен байланысты. Компьютерлік этика – бұл пәнаралық зерттеу саласы және техникалық, моральдық, құқықтық, әлеуметтік, саяси және философиялық мәселелерді қамтиды. Ал адамгершілік-еріктік өзін-өзі басқару және тұлғаның өзін-өзі реттеу проблемасы қазіргі психология ғылымында кеңінен зерттелген [1:71б]. Психологияда тұлға концепциясы меншікті өмір сүру іс-әрекетінің субъектісі ретінде негізделеді, бұл адамның сыртқы әлеммен өзара қатынасын жүзеге асырудағы белсенді рөлін тануға мүмкіндік береді. Бұл жерде, сөз оның цифрлық педагогикалық процесте өз белсенділігін ұйымдастыра алуы қабілеті туралы, ал субъективті белсенділіктің негізгі сипаттамалары – шығармашылық, цифрлық білім беру

кеңістігінде өзін-өзі реттеу және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері болып табылады. Өзін-өзі басқару құбылысын төрт деңгейден тұратын иерархиялық жүйе ретінде қарастыруға болады. Бұл деңгейлер: ▪ автоматты реттеу (адамдар мен жануарлар ағзасында жүретін тіршілікті қамтамасыз ету процестерін еріксіз өзіндік реттеу); ▪ өзіндік реттеу (желіде қалыптасқан этикалық нормалар, стереотиптер мен критерийлер аясында өзін-өзі өзгерту); ▪ өзіндік басқару (өзінің құрылымында жағдаяттардағы бағдарлау, болжау, мақсат қою және белсенділікті реттеу процестерін қамтитын адамның еркі мен адамгершілік сапаларын өзіндік өзгертудің тұтас жүйесі); ▪ өзара басқару (әлеуметтік басқару), бұл тек қана адамзат қоғамдастығына тән және бірлескен іс-әрекетте, виртуальдық әлемдегі қарым-қатынаста көрінеді. Атап көрсетілген деңгейлердің өзіндік сипаттамалары бар, алайда олардың арасында байланыстар мен өзара ауысулар байқалады: жүйенің жұмыс істеу заңдылықтарына сәйкес әрбір жоғары деңгей төмендегі деңгейлерге негізделеді, соған байланысты өзін-өзі басқару деңгейі адамның ерік күшінсіз жүзеге асырылатын өзіндік реттеу және автоматты реттеу деңгейлерін қамтиды. Сонымен қатар, өзіндік басқаруды өзара байланысқан бөліктердің қатып қалған құрылымы ретінде емес, процесс ретінде қарастыруға болады. Өзіндік басқару процесінің толық циклі 8 бөлікті қамтиды: 1) жағдаяттағы қарама-қайшылықтарды немесе бағдарларды талдау; 2) болжау; 3) мақсат қою; 4) жоспарлау; 5) шешім қабылдау; 6) бағалау өлшемдері; 7) өзіндік бақылау; 8) түзету. Бірыңғай тұтас өзін-өзі басқарудың барлық кезеңдері алдыңғы өзгертіле, тасымалданған түрдегі кезеңдерді қоса алғанда, барған сайын күрделілене түсетін ұйымдастырулар болып табылады. Сондықтан, цифрлық педагогикада көбірек не азырақ дәрежеде ерікті реттеудің тұлғаның еркінен және адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуімен жүзеге асырылады деп айтуға негіз бар. Цифрлық педагогика жағдайында білім алушының адамгершілікеріктік қасиеттерін тәрбиелеу процесі жалпыадамзаттық мұраттарды қалыптастыруды, тұлғалық жетілуді, белсенділікті, жоғары адамгершілік қажеттіліктерді, қызығушылықтар мен мотивтерді тәрбиелеуді қамтиды. Цифрлық білім беру процесінің жағдайларында адам іс-әрекетінің барлық басқа салаларындағы сияқты, адамгершілік қасиеттер өзара қарама-қарсы жағымды және жағымсыз қасиеттердің бірлігінде пайда болады. Бұларға жататындар: ынталандырылған және ынталандырылмаған қорқыныш, қалағаны және мүмкінді, ерік-жігердің табандылығы мен әлсіздігі, қызығушылық пен қажеттілік, төзімділік пен ұстамдылық. Зерттеу пәні ретінде адамгершілік-еріктік қасиеттерді таңдап, ең алдымен, адамгершілік бағыттылыққа, еріктің моральдық негіздеріне назар аударды қ. Мұндай ерік-жігердің болуы оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін өз алдына мақсат қоя білетін, негізделген этикалық шешімдер қабылдауға және кездескен проблемалар мен қиындықтарға қарамастан оларды жүзеге асыра алатын белсенді, адамгершілік ұстанымын қамтамасыз етеді. Моральдық реттеудің диалектикасы адамгершілік тәрбиенің ерекшеліктерін анықтай отырып, тұлғаның кез келген іс-әрекетіне еніп, оның әлем мен адамдарға қатынасының ерекше сипатын, оның адамгершілік-құндылық мотивациясын, адамгершілік сенімдерін және сайып келгенде, тұлғаның өзін-өзі реттеу негізін құрайтын адамгершілік-еріктік қасиеттерін қалыптастыруды білдіреді. Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу мәнмәтініндегі цифрлық педагогика келесі мақсаттарға басым назар аударады: Біріншіден, басты мақсат – өзін-өзі жетілдіретін адамды қалыптастыру (homoself-studius, self-mademen); Екіншіден, жеке тұлғаның өзін-өзі басқару тетіктері қалыптасады; Үшіншіден, тәрбиеде өзін-өзі жетілдіру, тұлғаның өзін-өзі дамытуы басымдылық беру; Төртіншіден, оқу іс-әрекетінің жеке стилі қалыптасады. Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу мәнмәтініндегі цифрлық педагогика келесі тұжырымдамалық ережелерге негізделеді: Білім алушы – оқыту процесінің объектісі емес, субъект; Оқыту дамытуға қатысты басымдық мәнге ие болады; Оқыту өзін-өзі жетілдіретін адамның жан-жақты дамуына бағытталған басымдық сала; Теориялық, әдіснамалық білімдердің жетекші рөлі. Адамның барлық жоғары рухани қажеттіліктері – танымда, өзін-өзі бекітуде, өзін-өзі танытуда, өзін-өзі жандандыруда – өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға ұмтылулары болып табылады. Бұл қажеттіліктерді оқуды ынталандыру үшін пайдалану білім беру мекемелерінде цифрлық білім беру сапасын арттыруға жол ашу дегенді білдіреді [1:21б]. Өзін-өзі жетілдіру доминантасы – тұлғаның өзін-өзі саналы және мақсатты түрде жақсартуға бағдарлау – өзін-өзі

дамыту қажеттілігі негізінде қалыптасуы мүмкін. Өзін-өзі жетілдірудің ішкі процестеріне арнайы мақсаттарды, мазмұнын, әдістері мен құралдарын қоса алғанда, педагогикалық процестің сыртқы бөлігін ұйымдастыру арқылы ықпал етуге болады және ол қажет дүние.

Әдебиеттер тізімі

1. Сагалиева Ж.К. «Білім беру кеңістігіндегі цифрлы педагогика» Астана 2020ж. 12-120б.
2. К.Д. Бузаубакова, А.С. Амирова, А.А.Маковецкая «Цифрлы педагогика» Тараз 2022, 16-45б.
3. Караваев Н. Л. Совершенствование методологии геймификации учебного процесса в цифровой образовательной среде: [монография] / Н. Л. Караваев, Е. В. Соболева. — Киров: Вятский государственный университет, 2019. — 105 с.
4. Илалтдинова Е. Ю., Беляева Т. К., Лебедева И. В. Цифровая педагогика: особенности эволюции термина в категориально-понятийном аппарате педагогики // Перспективы науки и образования. 2019. № 4 (40). С. 33–43.

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әбілда Сәуле Махамбетқызы,
№ 204 жалпы білім беретін мектеп.
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы қаласы. Алатау ауданы

Аннотация: мақалада оқыту процесінде мобильді қосымшаны пайдаланып білім беру барысында оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Қазіргі таңда отандық қосымшаларды сабақ барысында қолдану кеңінен орын алғандығы сипатталады.

Тірек сөздер: мобильді қосымша, бастауыш сынып, ұлттық құндылық, заманауи технология, мобильді құрылғы.

Аннотация: в статье рассматривается проблема формирования национальных ценностей учащихся в процессе обучения с помощью мобильного приложения. В настоящее время характерно широкое использование отечественных приложений в ходе занятий.

Ключевые слова: мобильное приложение, начальная школа, национальная ценность, современные технологии, мобильное устройство.

Abstract: The article deals with the problem of formation of national values of students in the learning process using a mobile application. Currently, the widespread use of domestic applications in the course of classes is typical.

Keywords: mobile application, elementary school, national value, modern technology, mobile device.

Бүгінгі қоғамдық – әлеуметтік жағдайда рухани – идеологиялық қайшылықтар тұсында ұлттық құндылықтарын қалыптастыру басты назар аударатын жағдай.

Мемлекеттік және ұлттық құндылықтар ретінде баса айтылатын мәселе Атазаңның 9 бабында көрсетілген – еліміздің Мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба, Әнұран болуға керек. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртәбә Конституциялық заңмен белгіленген. Ал 34-баптағы екі тармақта әркім Қазақстан Республикасының Конституцияын және заңдарын сақтауға, басқа адамадар құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, әркім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті екендігі қадап айтылған [1].

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейде өзіміздің ұлттық кодты таныту мақсатында Мобильді қосымшаларды қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Ендеше, Мобильді қосымшалар арқылы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың қоғамдық мәні зор.

Қазіргі заманғы ақпараттық әлемде, кез келген уақытта байланыста жүру, қажетті ақпаратқа қол жеткізу, жалпы қоғамды ақпараттандыру үшін Мобильдік құрылғылар арқылы

Мобильді қосымшаларды пайдалану мен оны дамыту өте маңызды. Мобильді құрылғыларға арналған ақпараттық технологияларды дамыту белсенді түрде дамып келеді.

Мобильді қосымша - белгілі бір тұтынушылар тобына арналып құрастырылып, олардың қандай да бір мәселелері мен қиындығын шешуге бағытталған. Мобильді қосымша - нақты платформаға орнатылған, белгілі бір әрекеттерді шешуге болатын функционалдығы бар арнайы бағдарлама [2].

Мобильді қосымшаларды құрастырудың заманауи технологиясы дамып, кешенді түрде қолданып келе жатыр. Технологияның қарыштаған заманында күн сайын мыңдаған мобильді қосымшалар құрастырылып, Google Play және Apple App Stores-қа жарияланып, кең қолданысқа шығуда. Бұл Мобильді қосымшалардың ең көп тарағандары әртүрлі ойындар мен қарым-қатынас жасауға арналған әлеуметтік желілер және көптеген электрондық коммерциялық қосымшаларды атауға болады. Барлық қосымшалар, егер кәсіби түрде құрастырылса, Мобильді қосымшалар адам өміріндегі күнделікті ісәрекетін жеңілдету үрдісіне пайдасы мол болмақ.

Бастауыш сынып пәндерінен алдын-ала дайындалған критерийлер мен дескрипторлар бойынша жұмыс түрлерін жүрізу кезінде ұлттық құндылық тапсырмаларын, оның ішінде мобильді қосымшаларға байланысты тапсырмалар үлгілерін табу қиындықтар туғызады.

Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының тұжырымдамасында: «...еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, саяси және экономикалық дамуының тірегі болатын ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы білімді жаңа ұрпақ тәрбиелеу, ғылымды жан-жақты дамыту. Ол үшін білім жүйесі жас азаматтардың қазақ тарихы мен мәдениетіне, мемлекеттік тіліне деген құрметін арттыруға Қазақстан Республикасына, оның мемлекеттік рәміздеріне, құндылықтарына деген сүйіспеншілік сезімдер мен отансүйгіштік қасиеттерді өсіруге бағыттау керек,- деп көрсетілген. Бұл өз кезегінде ұлтымыздың болашағы бүгінгі жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықты қалыптастыру қажеттігін көрсетеді, ал оны бастауыш сынып материалы негізінде бастау керектігі білім берудің бастауыш деңгейінің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Ұлттық құндылықтарды тану адамның іс-әрекетін белгілі бір деңгейде бағыттап, әлеуметтік тәртібін анықтайды. Бастауыш сынып оқушыларында ұлттық құндылық бағдар қалыптастырудың теориясын қарастыра отырып, оны тәжірибелік тұрғыдан нақты және дәйекті талдау мазмұн мен мәнді сақтап, ықшамдауды қажет етеді.

А.Байтұрсынов мінез іштен туады: бірақ шыныға жетпей тұрғанда мінез түрін тәрбиемен өзгертуге болады. Адамға тәрбие беруші әуелі ата-ана, сонан соң ұсақ, мектеп, тұрмысындағы төңірек. Өмірінде қандай тұрмыс көрсе, нендей адамдармен кездессе, жолдас болса, істес болса солардан өнеге көріп, үлгі алмақ. Өнер, ғылым бар жұрттар, адамдар тәрбиені ата-анадан да, төңірегінен де, мектептен де, әдебиеттен де алады. Сөйтіп, адам мінезіне өң беретін үй іші, мектеп, төңірек болып шығады. Бұлардың өзі де, адамдар түрлі болып туғандықтан, түрлі болады. Сондықтан олардан тәрбие алған адамдар да түрлі мінезді, түрлі құлықты болмақ [3]. Ұлттық құндылықтың отбасынан басталатынын ескерсек, оны мектеп, қоршаған орта сияқты құндылықтарға ұштастыру қажеттігін көрсеткенін көруге болады. Автор отаншылдыққа тәрбиелеудің негізі саналатын отбасы, отбасылық туыстық қатынас және Отаны, туған жерімен байланыстыра қарастырған. Туған елді өркендету мәселелерін шешу үшін ең алдымен білім беру саласына басымдық беру қажеттігін көреміз. ынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс.

Білім берудегі мобильді технологиялар білім алушылардың ақпаратқа қол жеткізуін және мобильді білім беру орталарымен өзара іс-әрекетін оңтайландыратын, сондай-ақ олардың мобильді технологияларды білім алу, білім алмасу мақсаттарында пайдалануы арқасында кеңінен таралып отыр. Бүкіл әлемде мобильді телефондарды және мобильді қосымшаларды (приложение) білім беру мақсатында пайдалану үрдісі жылдан-жылға артып келеді. Себебі мобильді оқыту оқушылармен қатар мұғалімдерге кең мүмкіндік беретін жаңа технологиялық прогресске айналды. Әсіресе мұғалім оқушылармен бұл құрылғыларды ақпарат алмасу, сөздіктермен түрлі деректерді, ақпарат көздерін т.б.мәліметтерді іздеу үшін пайдаланады.

Осыған байланысты біз қазіргі көз ілеспес қарқынмен өзгеріп отырған жаңа технологияларға бейімдеп, яғни Мобильді оқыту арқылы оқушыларды ұлттық құндылыққа баулу мәселесі өзекті болып табылады.

Мобильді оқыту технологиясы 1968 жылы Америкада алғаш рет пайда болды. Алан Кей және Learning Research Group әріптестері Dynabook, оқытуға арналған компьютер құрастырып шығарды. Алан Кей оны «барлық жастағы балаларға арналған дербес компьютер» деп атады. Содан бері Мобильді оқыту технологиясы ақпараттық технологиялармен қатар дамыды.

Қазіргі кезде Мобильді қосымшаларды енгізу оқушылардың мүмкіндіктері мен талаптарын гаджет пен компьютер арқылы жүзеге асыруды жылдамдатып болашаққа қарай екпінді қадам жасатып отыр. Ол үшін бүгінгі күні сабақ берудің жаңа тәсілдерін жасау бағытында жақсы жұмыс істеу қажет, олар оқушылардың білім деңгейін, шығармашылық қабілеттерін арттырып, компьютер мен гаджеттерді де тез игеруге жағдай жасап отыр.

Қазіргі сабақтарда қолданатын электрондық ресурс, Мобильді қосымшалардың бірі «Qonzhyq App» қосымшасы «Qonzhyq App» Мобильді қосымшасын әдебиеттік оқу, дүниетану, математика, қазақ тілі пәндеріне кеңінен қолдануға болады.

«Әдебиеттік оқу» пәні «Өнер» бөлімі, «Ат – ер қанаты» тақырыбында ***«Qonzhyq App» қосымшасы*** *арқылы орындалған тапсырманы ұсынамыз.*

Сабақтың тақырыбы: «Ат – ер қанаты». «Атқа міндім». *Қастек Баянбай*

Оқу бағдарламасына сәйкес *оқыту мақсаттары*:

3.2.1.2 – шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу.

Сабақтың басы: Психологиялық ахуал орнату сергіту сәті. https://youtu.be/J846twhH8PA

Ой қозғау.

Qonzhyq App қосымшасына кіріп басты беттен мультфильмдер бөліміне өтеміз. Мультфильмдер бөлімі бірнеше бөлімшелерден тұрады, сол бөлімшелерден «Қызықты энциклопедия» бөліміне кіреміз де тақырыбымызға сәйкес «Жылқы» тақырыбын таңдап, балаларға жылқы туралы қызықты мәліметті тыңдауды ұсынамыз.

Сабақтың ортасы: Балалар тыңдалым арқылы өз ойларын, пікірлерін білдіре отырып сұрақтарға жауап береді.

Тапсырманы жақсылап тыңдайды.

Дескриптор:

- Жылқы туралы қызықты мәліметпен танысып тақырып аясында ой бөліседі.
- «Ботай қоры» туралы түсінікпен танысады.
- Жылқының әбзелдерімен танысады.

Сабақтың аяғы:

«Сұрақ -жауап» әдісі

Бүгінгі сабақта не үйрендің?

Сен үшін не қиын болды?

Саған қандай тапсырма қызықты болды?

Қорытындылай келе, оқушылар оқыту үдерісінде ұлттық құндылықтар жөніндегі ақпараттарды ғана игеріп қоймай, сонымен бірге Мобильді қосымшалар арқылы жекелеген фактілерді нақты игеруге және оларды жүйелеуге қол жеткізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
2. Бапаева М.Қ. Тұлға психологиясы [Текст] : оқулық / М. Қ. Бапаева, И. Ә. Әбеуова, С. Т. Бапаева. - Алматы : НұрлыӘлем, 2010. - 192 бет.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы, 1989. - 151-б.

РЕФЛЕКСИЯ МЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС ТӘСІЛДЕРІ

Әкімжанова Жайна Мұратқызы,
Математика пәні мұғалімі
Түркістан облысы, Түркістан қаласы
Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты

Жолбарыс Асқар Жомартұлы,
Физика пәні мұғалімі
Түркістан облысы, Түркістан қаласы
Абай атындағы №31 жалпы орта мектеп

Есенкабылова Саулекул Аманкелдиевна,
Математика пәні мұғалімі
Түркістан облысы, Сауран ауданы,
Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп

Аңдатпа: Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдердің негізгі ажырамас бөлігі рефлексия болып табылады. Сондықтанда, бұл мақала осы негізде жазылған. Мақалада рефлексия мен кері байланыс түрлері, түрлі әдіс-тәсілдері көрсетілген. Сабақ барысында алып қолдануға негізделген рефлексия парақтары ұсынылған.

Аннотация: Основной составной частью интерактивных методов обучения является рефлексия. Поэтому эта статья написана на этой основе. В статье представлены виды рефлексии и обратной связи, различные методы и приемы. Представлены рефлексивные листы, основанные на использовании уроке.

Annotation: The main component of interactive learning methods is reflection. Therefore, this article is written on this basis. The article presents the types of reflection and feedback, various methods and techniques. Reflective sheets based on the use of the lesson are presented.

Тірек сөздер: кері байланыс, әдіс-тәсілдер, интербелсенді әдіс, рефлексия, бағалау

Ключевые слова: обратная связь, методы, интерактивный метод, рефлексия, оценка

Keywords: feedback, methods, interactive method, reflection, evaluation

Рефлексия педагогтің өз білімін, әрекеттерін талдау және осы негізде өзіне есеп беру болғандықтан мұнда басқа адамдардың пікірлері мен бағалауының алатын орны ерекше, себебі өзіне сырт көзбен қараған адам басқа адамдардың өзі туралы пікірлері арқасында рефлексиясын тереңдете түседі. Өзі жайлы сырт пікірлерді қарым-қатынаста біледі адам. Болашақ әрекеттерін түзетуде, адамның қайда және қандай екендігін білуде көмектесетін, алдағы уақытта дұрыс жоспарлауға септігін тигізетін кері байланысты-әрекеттерді ынталандыруға бағытталған рефлексияның ақпараттық негізі деп қабылдасақ болады [1].

Кері байланысқа қатысты педагогтің ұстанғаны дұрыс ережелері

Кері байланысты ұсынғанда	Кері байланысты алғанда
Позитивті болу Бағалаушы болмау Кеңес бермеу, үйретпеу, тек ұсыныс жасау Ынталандыруға ұмтылу Сыпайы болу Көмектесу, жәрдем беру Тең ұстау Сәттілікке бағыттау	Ризашылық білдіру Тыңдай білу Мадақтай білу

АУЫЗША. Білім алушыларды рефлексияға шақырып, кері байланыс алу үшін оларға келесі сұрақтарға жеке және бірлесе отырып ауызша жауап беруді тапсыруға болады:

Бос орынды толықтыра отырып жауап береді	Тікелей қойылған сұраққа жауап береді

Бүгін мен ..... білдім	Сабақты қалай атар едіңіздер?
Маған ..... қызық болды	Сабақтың мақсатына жеттік пе? Неліктен олай ойлайсыздар?
Маған ..... қиын болды	Сабақтан кейінгі көңіл күйіңіз қандай?
Мен ..... тапсырмаларын орындадым	Сабақта ең маңызды не болды?
Мен ..... екендігін түсіндім	Бұл сабаққа қандай өзгерістер енгізер едіңіздер?
Мен енді ..... жасай аламын	Өз жұмыстарыңызға қанағаттанасыздарма?
Мен ..... екендігін сезіндім	Өзіңізді не үшін мақтар едіңіз?
Мен ..... иемдендім	Сабақ қорытындысы қандай болады деп ойлайсыздар?
Мен ..... үйрендім	Сабақ қорытындысы бойынша кімді мақтар едіңіз? Неліктен?
Мен ..... жасап көремін	Кімнен жақсы көмек алдыңыз?
Мені ..... таң қалдырды	Келесі сабақтың мақсаты қандай болады деп ойлайсыздар?
Сабақ менің өміріме ..... берді	

ЖАЗБАША. Рефлексия парағы. Сабақ соңында білім алушылар төменде көрсетілген кестелерді толтыра отырып сабаққа кері байланыс береді.

Сабақтағы жетістіктерім	**Оның себептері**	**Сабақтағы кемшіліктерім**	**Оның себептері**

Сабақта үйренгенін бағалау

Ұнады	**Неліктен?**	**Қиын болды**	**Неліктен?**

Мұғалімнің қойған бағасын түсіндіру

Мұғалімнің қойған бағасы	*Неліктен бұл бағаны маған қойды?*

«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесі

Қандай ой пайда болды?	**Не сезіндім?**	**Не ұнады?**	**Не қиын болды?**

«Білемін, білдім, білгім келеді» кестесі

Оқу материалы(ақпарат, ұғым, түсінік, құбылыс,формула,теорема т.б.)	**Бұрыннан білемін**	**Бүгін сабақта білдім**	**Тағы да білгім келеді**

«Сабақтағы проблемалар» кестесі

Қиындықтар	**Себебі**	**Шешімі**

Қателермен жұмыс кестесі

Қателерім	**Неліктен қате жібердім?**	**Қалай түзетуге болады?**

«Сабақтағы жетістіктер» кестесі

Тақырып	**Қуаныш**	**Сәттілік**

Сабақты талдау кестесі

Сабақтың негізгі идеясы	Сабақтағы жаңалық	Сабақта ұнаған тәсіл	Сабақтағы басты қиындық

«Бес саусақ» тәсілі

Оқушылар параққа алақандарын қойып, оны жиегімен қаламмен айналдырып өтеді. Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады: Бас бармақ-басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды? Балалы үйрек- бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Ортан терек-ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? Шылдыр шүмек-шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?Кішкентай бөбек-көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалай сезіндім?[2]

«Кемпірқосақ» тәсілі

Тақтадағы кемпірқосақ суретіне өз есімдері жазылған стикерлерді желімдейді. Олар ең төменгі қызыл түстен ең жоғары орналасқан күлгін түске стикерлерді жабыстыру арқылы өздерінің сабақтағы түсінік (немесе көңі-күйі) деңгейін білдіреді.

Шеңбердегі доп

Білім алшылар шеңберлене отырып, бір-біріне кішкене допты лақтырады. Допты қолына алған білім алушы сабақ туралы бір сөйлем айтады.

Пікірлер базары

Білім алушылардың әрбір шағын тобы флипчартқа сабақтың өздері ең маңызды деп шешкен бір тұсын жазады. Флипчарттар қабырғаға ілінеді. Әр флипчарттың қасында сұрақтарға жауап беретін оқушы тұрады. Басқа топтар «Галереяны шарлау» тәсіліндегідей флипчарттан флипчартқа көшіп, оның төмен жағына стикерлермен өздерінің комментарийлерін, сұрақтарын, пікірлерін, келісетін тұстарын, қарсы тұстарын, қойған бағаларын жазады. Сұрақтарға жауап берушілердің алмасып отырғаны дұрыс. Ең соңында әрбір топтар өз флипчарттарына оралып, барлық пікірлермен танысады, оларды талқылайды, сұрақтарға жауап іздейді, нәтижелерін барлығына ауызша жариялайды.

Ермексазбен көңіл-күйді жеткізу

Білім алушылар ермексазбен әртүрлі пішінді фигуралар жасап, өз күйлерін көрсетеді. Мұнда да мұғалім жасалынған бейнелер, олардың түстеріне назар аудару қажет

«Плюс, минус, қызығамын» кестесі

Осы әдістің авторы болып келетін Эдвард де Боно айтқандай: «Қатып қалған ештеңе жоқ!», дегендей, кестедегі мәтіндерді шығармашылықпен өзгертуге болады [3].

Білім алушылар жекелей/шағын топ ішінде келесідей кестені толтырғаннан кейін, оны талқылап, қорытынды жасағаны дұрыс

«Плюс» (+)	Сабақта қызық болған, пайдалы болған мәселелер мен жайттар жазылады
«Минус» (-)	Сабақта сәтсіз шыққан, пайдасы жоқ мәселелер мен жайттар жазылады
Қызығамын (?)	«Не білгім келеді?» , «Бұл мен үшін қызық болды ма?» деген сұрақтарға жауап келтіру

Рефлексиялық эссе

Білім алушылардың мына сұрақтарға жауап бере отырып, сабақта туындаған ойларын тізбектейді:

- Алдымен біз былай деп ойладық .....
- Одан кейін біз мына проблемаға тап болдық .....
- Проблеманы шешу үшін біз ..... жасадық
- Бұдан біз ..... көрдік
- Демек, бұл мынаны білдіреді .....
- Сонымен біз ..... деген шешімге келдік.

«Мен білемін!» кестесі

Мен білемін!						
Тақырып: «Натуралды және бүтін көрсеткіштері бар дәреже»						
№	**7 «А» сыныбы**	**Бірдей негізді дәрежелерді көбейту және бөлу**	**Ортақ мүшені жақшаның сыртына шығара отырып, көбейткішке жіктеу**	**Ұқсас мүшені біріктіру**	**Дәрежесі бар ұғымдарды түрлендіру**	**Дәрежесі бар бөлшекті қысқарту**
1	Әділ Алижан	жасыл	сары	жасыл	жасыл	жасыл
2	Әшім Нұрислам	көк	жасыл	көк	жасыл	жасыл
3	Байдуллаева Жансая	жасыл	көк	жасыл	жасыл	сары
4	Бегайдар Дариға	сары	сары	қызыл	жасыл	қызыл
5	.....	.....	.....	.....	.....	.....

Бояулар нені білдіреді?			
Жасыл	**Көк**	**Сары**	**Қызғылт**
Барлық тапсырмаларды өзім орындай аламын	Қиындығы орта деңгейдегі тапсырмаларды орындаймын	Тапсырмаларды мұғалім көмегімен орындаймын	Тапсырмаларды түсінбеймін, орындай алмаймын

Қорытындылай келе, кері байланыстың негізгі мақсаты өтілген сабақты бағалау емес, жақсы не жаман екендігін анықтау емес, керісінше , не жасалу керектігін көрсету. Кері байланыс оқыту мен оқу, үйрету мен үйрену қалай жүріп жатқандығын және сапасын анықтау мүмкіндігін беретін құрал десек болады. Бұл арқылы оқу мен оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға болады. Кері байланыс дұрыс жауап немесе бағыт таңдалып, қателерді түзету әрекеттерін іске қосады.

Әдебиеттер тізімі

1. Тойбазарова Н.А. Интерактивті оқыту. Әдістемелік нұсқаулық. Ақтөбе, 2006.- 37 бет.
2. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана: 2014 – 188бет.
3. Дьюи Д. Психология. Совершенство,1997. -21 бет

ДЕКОМПОЗИЦИЯ: МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕГІ ТИІМДІ ҚАДАМДАР

Канагатова Мадина Нурлановна,
педагогика ғылымдарының магистрі
Астана қаласы №7 Ғали Орманов атындағы
мектеп-гимназиясы,
бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация: Бұл мақалада математикалық есептерді шығаруда декомпозицияны қолдану жолдары қарастырылады, сонымен қатар осы процессті автоматтандыруға көмектесетін алгоритм ұсынылады. Кез-келген күрделі дағдыларды оңай және тиімді игеру үшін оны ыдыратып, оның әр бөлігін автоматизмге келтіру "Декомпозиция" деп аталады.

Тірек сөздер: декомпозиция, автоматтандыру, оқшаулау, қарқындылық, нысандар.

Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламасында қойылатын талаптардың бірі баланың ұшқыр қиялын дамыту. Бастауыш мектепте математиканы оқыту үрдісінде маңызды аспектілердің бірі күрделі есепті кішігірім және жеңіл компоненттерге бөлу процесі, яғни, декомпозиция дағдыларын дамыту. Декомпозиция оқушыларға есептерді кезеңдерге бөлу және оларды бір-бірден өңдеу арқылы тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада математикалық есептерді шығаруда декомпозицияны қолдану жолдары қарастырылады, сонымен қатар осы процессті автоматтандыруға көмектесетін алгоритм ұсынылады. Кез-келген күрделі дағдыларды оңай және тиімді игеру үшін оны ыдыратып, оның әр бөлігін автоматизмге келтіру керек. Оны "Декомпозиция" дейміз. Оны толығымен түсіну үшін мысал қарастырсақ болады. Оқу дағдысын қалыптастыру үшін ең алдымен, әріптерді білу: оларды мәтінде тану және олардың қалай оқылатынын түсіну қажет. Содан соң, парақтағы ақпараттың орналасуын бағдарлай білу. Кейін, ашық буындарды еркін оқу және үш әріптен тұратын сөздерді оңай және қатесіз оқу қажет болады. Ең соңында ғана қарапайым сөйлемдерді еркін оқи білу керек. Мұның бәрі қарапайым мәтінді оқу үшін ғана. Егер бала әріптерді тануды үйренбесе, буындарды оқу қиынға соғады. [1, б. 15]

Берілетін тапсырманы өзімізге де, білім алушыларға да жеңілдету үшін біз алдымен оқу дағдыларын ең негізгі дағдыларға бөлеміз және оларды автоматизмге жеткізе отырып, бөлек жаттықтырамыз. Мысалы, бала әріптерді ойланбастан тани бастағанда, буындарға ауысамыз. Буындар қиындық тудырмаған кезде сөздерге көшеміз және әрі қарай жылжи береміз. Біз мұны кез-келген дағдымен жасай аламыз. Оны құрамдас бөліктерге бөлеміз, ішкі дағдылардың әрқайсысын жаттықтыру үшін құралды таңдаймыз, ішкі дағдыларды автоматизмге жеткіземіз, содан кейін ғана оқуымызда алға жылжимыз.

Математикалық сөз есепке байланысты тапсырма алсақ, есеп шығарудың ішкі дағдылары процестерін автоматтандырамыз. Ол үшін берілген алгоритм бойынша орындалатын 10-20 тапсырма жиынтығын береміз. Декомпозицияны қолдану арқылы математикалық есептерді шешудің бірінші қадамы сілтеме сөздерді оқшаулау және белгілеу болып табылады. Бұл сөздер мәселенің негізгі элементтері болып табылады, оны шешуге қажетті операциялар мен әрекеттерді анықтайды. Негізгі сөздердің астын сызу немесе бөлектеу оқушыларға тапсырманың олардан не талап ететінін дәл анықтауға көмектеседі. Сонда оқушы есептерде тірек сөздерді (нысандарды) анықтап, белгілейді (астын сызады). Барлық есптерде орындап шығады. Бөлектелген анықтамалық сөздерге сүйене отырып, оқушылар есеп элементтері арасындағы байланыстарды бейнелейтін қысқа мәлімдеме немесе диаграмма құра алады. Бұл қадам студенттерге проблеманы елестетуге және оны шешу үшін қолданылатын қадамдарды жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Яғни оқушылар белгіленген тірек сөздер бойынша қысқаша шарт немесе сызбаны барлық есептер үшін жазады. Декомпозиция сонымен қатар есепте қамтылған мәселелерді атап өтуді қамтиды. Бұл оқушыларға есепті

шешу кезінде нені есептеу немесе табу керектігін нақты анықтауға көмектеседі. Сонда олар қажетті сұрақтарды белгілеп шығады. [2, б. 7]

Келесі қадам - декомпозиция нәтижесінде туындаған әрбір шағын мәселенің қадамдық шешімін жазу. Бұл балаларға өз ойларын жүйелеуге және мәселені жалпы шешу үшін қадамдар тізбегін жасауға мүмкіндік береді. Шешімді жазғаннан кейін әрбір қадамның дұрыстығына көз жеткізу керек. Ең соңында, берілген процесін тиімді автоматтандыру үшін білім алушылар әрбір қадамды аяқтау, яғни есеп шығаруға кеткен уақытты белгілеуі керек. Бұл шектеулі уақыт жұмыс істеу дағдысын дамытады және мәселелерді шешудегі жалпы өнімділікті арттырады.

Осы процессті автоматтандыруға көмектесетін алгоритм бірнеше принциптерден тұрады. Олар: оқшаулау, қарқындылық, кері байланыс принциптері. Оқшаулау, қарқындылық және кері байланыс принциптерін пайдалану білім алушылардың математикалық есептерді шешу дағдыларын және олардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. [3, б. 31]

Оқшаулау принципі мәселені шешуден бұрын негізгі элементтерді белгілеуді қажет екенін көрсетеді. Фонетика мен оқу ережелерін меңгеруден басталатын шет тілін үйрену тәсілі сияқты, математикада біз тапсырманың негізгі құрамдас бөліктерін бөліп көрсетеміз. Мысалы, сандарға есептер шығаруда қосу, алу және басқа амалдарды бөліп алып, оларды бөлек қарастыруды үйренеміз.

Екінші маңызды принцип - қарқындылық. Қарқынды жұмыс жасай отырып, біз миымызды үнемі дайын күйде ұстап қана қоймай, сонымен бірге интеллектуалдық төзімділікті де жаттықтырамыз. Жұмыстың жылдамдығын немесе материалдың күрделілік деңгейін арттыру арқылы біз өз алдымызға міндет қоямыз, бұл балалардың өз қабілеттеріне деген сенімін дамытуға көмектеседі.

Үшінші принцип – кері байланыс. Ол ыдырау процесінде шешуші рөл атқарады. Бақылау және қателерді дереу түзету дұрыс емес шешім опцияларын түзетуден аулақ болуға көмектеседі. Қателіктердің себептерін талдау балаларға болашақта оларды қайталамауға көмектеседі. Ал оларды оқу процесінде қолдану практикалық қадамдардан тұрады.

Оқу процесінде декомпозицияны қолдану мәселенің негізгі элементтерін анықтаудан, оларды кішігірім ішкі тапсырмаларға бөлуден, содан кейін олардың әрқайсысын шешуден басталады. Бұл тәсіл процесті жеңілдетіп қана қоймай, ақпаратты құрылымдау қабілетін дамытады.

Бұл әдісті тәжірибе жүзінде де өзімнің сыныбыма қолданысқа алуды бастадым. Тәжірибе соңында, көптеген оқушылар сапалы әрі жылдам нәтиже көрсетті. Мысалы, ең үлкен прогресс көрсеткен оқушы берілген 10 есепті практика басында 28 минутта шығаратын. Соңына таман ол көрсеткіші 10 минутқа қысқарды. Практиканың қысқа уақытта өткенін ескерсек бұл өте жақсы көрсеткіш болып саналады.

Қорытындылай келе, есепті құрамды бөліктерге жіктеу; күрделі мәселелерді немесе жүйені күрделілігі шамалы бірқатар мәселерге немесе ішкі жүйелерге бөлшектеу әдісі және оларды тізбектей шешу немесе модификациялау есептерді шешудегі тиімді қадамдар болып табылады. Бастауыш сынып математикасындағы декомпозиция күрделі есептерді шығаруды жеңілдетіп қана қоймай, жүйелі ойлауды дамытуға ықпал ететін қуатты құрал болып табылады. Оқу процесінде декомпозиция алгоритмін қолдану оқу нәтижелерін жақсартып қана қоймай, сонымен қатар оқушыларды болашақта күрделірек математикалық есептерге дайындайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Москвина В.А. Развитие научного наследия А.Р. Лурия в отечественной и мировой психологии. Москва – Белгород, 2007. – 191 б.

2. Демидова Т.Е., Tonkix А.Р. Мәтіндік тапсырмаларды шешу теориясы мен практикасы. - М.: Издательский центр «Академия», 2002 ж.

3. Болатқызы А. «Теориядан жаңа тәжірибе арқылы шебер педагогқа дейін. Нормативті құжаттардан бастап, нәтижелі сабақ беруге дейін қамтылған, педагогтердің әліпбиі» авторлық курсы №38550. Астана, 2023. – 95 б.
4. Сағымбекова П. С. Тортаева А. С. Тлеубаева Э. Ы. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі: оқу құралы. Тараз. 2016. - 234 б.
5. Ибрагимов Р. Математика бастауыш курсының негіздері: оқу құралы Алматы. Альманах, 2020. – 209 б.
6. Байниязов Р.С. Қайдауылов Ғ.Т. Кіші оқу жасындағы балалардың логикалық ойлауын жаттықтыру тәсілдері https://qazmath.net/bolimder/qazaqsha-kitaptar/
7. Истомина Н.Б. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі: Оқу құралы. posobie dlya stud. Сәр. пед. оқу заведени мен фак-ов нач. педагогикалық сыныптар. - М.: ЛИНКА-ПРЕСС, 1998 ж.

ФОРМЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА СОВРЕМЕННЫХ УРОКАХ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Умарова Гульмира Иссаевна,
педагог- исследователь, учитель географии
ОСШ № 14 им. М. Сапарбаева

Бердимуратова МаржанТастанбековна,
Педагог – исследователь, учитель казахского языка и литературы,
заместитель директора по инновации

Лапаева Пакиза Ибрагимовна,
педагог- исследователь
учитель английского языка,
ОСШ № 14 им. М. Сапарбаева
Туркестанская область, Сайрамский район

Аннотация: XXI век нанотехнологии, цифровые технологии — это неотъемлемая часть всех сфер современной жизни человечества, и образовательные учреждения активно внедряют их в учебный процесс. Технологии используются в различных аспектах учебного процесса: от решения административных задач до выполнения домашнего задания в онлайн - режиме. Преимущества цифровых устройств делают их необходимым элементом в школе. В данной статье мы рассмотрели, как компьютерные, именно цифровые технологии могут облегчить процесс преподавания, и почему, и для чего,учителям как нужно больше применять их в учебном процессе.

Аңдатпа: XXI ғасырдағы нанотехнологиялар мен цифрлық технологиялар қазіргі адам өмірінің барлық саласының құрамдас бөлігі болып табылады және оқу орындары оларды оқу үдерісіне белсенді түрде енгізуде. Технологиялар оқу процесінің әртүрлі аспектілерінде қолданылады: әкімшілік тапсырмаларды шешуден бастап онлайн режимінде үй тапсырмасын орындауға дейін. Цифрлық құрылғылардың артықшылықтары оларды мектепте қажетті элемент етеді. Бұл мақалада біз компьютерлік, цифрлық технологиялардың оқыту үдерісін қалай жеңілдететінін және мұғалімдер оларды оқу процесінде неліктен және неліктен көбірек пайдалану керектігін қарастырдық.

Abstract: XXI century nanotechnology and digital technologies are an integral part of all spheres of modern human life, and educational institutions are actively introducing them into the educational process. Technologies are used in various aspects of the educational process: from solving administrative tasks to completing homework online. The benefits of digital devices make them a necessary element in the school. In this article, we looked at how computer, digital technologies can facilitate the teaching process, and why, and why, teachers need to use them more in the educational process.

Ключевые слова: цифровые технологии, аудиофайлы, видеофайлы, дистанционное обучение, продуктивность образовательного процесса

«Ключевая роль в школе пренадлежит учителю, необходимо разработать систему моральных и материальных стимулов для сохранения в школах лучших педагогов и

постоянного повышения их квалификации дляпополнения школ новым поколением учителей.»

Сегодня перед педагогами стоит главная задача - эффективное применение цифровых технологий на уроке. Наш XXI век - век цифровых технологий, жизнь человека тесно связана с цифровыми технологиями: начиная от нахождения рецептов в интернете и заканчивая дистанционным обучением. И также не обошлось и без внедрения цифровыхтехнологий в образование. В настоящее время цифровые технологии используются на всех уровнях образования.

Прежде чем рассмотреть влияние и использование цифровых технологий в образовании, необходимо их определить. Цифровые технологии в образовании — это способ организации современной образовательной среды, основанный на цифровых технологиях. Основной целью использования цифровых технологий в образовании является повышение качества образования за счет использования новых цифровых технологий и цифровой трансформации школы. В качестве примера такой технологии рассмотрим электронный журнал. Он позволяет детям не только получать домашнее задание, но и скачивать необходимые файлы для подготовки к урокам (презентации, аудиофайлы и видео материалы, тесты, таблицы, вопросы.). Родители учащихся не только могут узнать об учебных успехах ребёнка, но и прочесть в комментариях педагога о необходимости уделить внимание повторению отдельных тем.

В современном мире – мире нано технологий важно понимать, стремительное развитие цифровых технологий. Они неразрывно связаны с обучением. Каждый интеллектуально развитый человек не мыслит себя без интернета, и других цифровых технологий. Интернет охватил все сферы нашей жизни, в том числе и образование. Теперь каждый ученик, студент, учитель, имеет большие возможности, а именно: дистанционное обучение, широкий доступ к информации во всем мире. На наш взгляд, роль всемирной сети в обучении весьма весома, потому что экономит наше время и повышает эффективность самого процесса получения образования. С помощью интернета каждый обучающийся может получать любую информацию, писать рефераты, найти электронный учебник или интересующую его книжку, посмотреть любую работа, быть в курсе всех событий в мире, и даже иметь заработок в интернете. Большое преимущество в образовании играют онлайн библиотеки. Они дают возможность найти самые редкие книги, которых вы не сможете достать в самой большой библиотеке.

Огромное значение в современном мире играет в образовании. Но также важную роль дистанционное обучение имеет во всех других сферах жизни человечества. Оно дает новую возможность по изучению и расширению кругозора, что не только очень эффективно, но и целесообразно с точки зрения затраты средств. Этот вид обучения проходит путем получения учебных материалов через интернет.

Каждый обучающийся имеет возможность через интернет проконсультироваться со своим педагогом, а также подготовится к экзаменам. Обучающийся может сдать все тесты и контрольные работы. По нашему мнению, интернет во многом помогает педагогу взаимодействовать с учениками и развиваться одновременно самим помогает заняться самообразованием, приобрести новые необходимые навыки в преподавании и обучении.

Использование новых цифровых ресурсов в преподавании является одним из важнейших аспектов совершенствования и оптимизации учебного процесса. Задача современного педагога разнообразить формы работы, как на уроке, так и во внеурочное время. Использование современных технологий и цифровых инструментов становится неотъемлемой частью образовательного процесса.

В наше время существует много возможностей использовать цифровые инструменты на уроках. Это удобно прежде всего тем, что у любого пользователя в облаке собирается своя копилка ссылок, текстов, документов, и все это – буквально у тебя в под рукой, потому что облачные приложения можно использовать с любого устройства. Многие учатся работать с

текстовым и табличным документами в режиме онлайн. Особенность инструментов такая, что они синхронизируются в реальном времени, и совсем не нужно переносить документ с одного устройства на другой. Если обучающийся не успел сделать задание в школе, университете, колледже, может доделать его дома за компьютером, Педагог может дать доступ на исправление документа . Когда обучающийся отправляет домашнее задание на платформе педагогу приходит уведомление, и он может тут же проверить его, поставить оценку или оставить комментарий. Прямо на цифровой платформе выставляются оценки, ученики получают уведомления на почту, а в электронных таблицах можно автоматически посчитать средний балл. Все это помогает в учебном процессе, делает уроки интересными, а главное – более продуктивными.

Задачами использования цифровых платформ в образовании являются умения самостоятельно работать с интернетом, и добывать нужную вам дополнительную информацию. Цифровые технологии позволяют эффективно проводить фронтальные и индивидуальные самостоятельные работы. Развивают творческий потенциал учащихся, расширяют общий кругозор на применение современных компьютерных технологий.

Применяя информационно – коммуникативные технологии можно увидеть все наглядно: схемы, таблицы, тексты, графики, схемы, аудио, видео.

- Сосредоточить внимание учащихся.
- Решить с помощью наглядности, поставленные задачи на уроке.
- Слушать, видеть, воспроизводить и печатать, а также комментировать, изображения, схемы, рисунки, примеры.
- Использовать мировые библиотеки для подачи информации и получения знаний.

Но также важно следить, чтобы тема урока вызывала интерес обучающихся, и они не уходили от неё! Ведь в цифровой среде, очень легко уйти от самого главного, что педагог пытается донести до обучающегося.

Используя цифровые технологии в практике много лет, мы пришли к выводу что-Основными формы использования цифровых технологий на уроке являются:

1. Закрепление изложенного материала через разные обучающиеся программы.
2. Тестирование с оценками знаний за пройденные материал.
3. Самостоятельные домашние работы учащихся, через развивающиеся программы.

По нашему мнению, обучающиеся лучше усваивают материал, через инфографику и презентации, а не через бумажные носители. Так же с помощью цифровых технологий на уроках физической культуры можно задействовать учащихся подготовительной группы здоровья, и учащихся, которые учатся на дому. Огромный интерес представляют видеоролики и наглядные видео уроки.

В наше время, в школах проводятся практические олимпиады, наша задача, снять на камеру видеоролик и отправить видео, а эксперты уже будут проверять выполнение заданий, и подводить итоги. Нам даже не требуется засекать время, так как эксперты будут делать это самостоятельно, с помощью снятого видеоролика. Это существенно облегчает работу, так как не нужно вести лишнюю бумажную документацию.

Мы считаем, что применение в образовании цифровых технологий — это огромный шаг в организации образовательной деятельности. Правильное и грамотное применение может повысить качество учебного процесса и открывает разнообразие возможностей для развития и применения ИКТ в разных сферах и в образовании, как для обучающихся, так и для педагога.

Список источников и литературы

1. Е.В.Щербакова. Использование дистанционной компьютерной техники в школе – 2019
2. Журнал «Информатика школе», «Информатизация и связь» 2023г
3. А.А.Марко. С.А.Ломакин. А.С.Барабанов Учебная программа для изучения ЭВМ
4. А.М. Кочигина, П.А.Корнилов. Изобретение цифровых двойников. 2019г.
5. Метод. рекомендации по цифровой программе. Е.А. Еремин Е.А.Скларова.

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Мухаметкали Самал Хусайынқызы,
Педагогика ғылымдарының магистрі,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Әл-Фараби атындағы орта мектебі
МДШО бар және Еркін бастауыш мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі»

Аннотация: Білімді және тәрбиелі , дүниетанымы кең , ұшқыр ойлы ұрпақ тәрбиелеу үшін — сындарлы оқыту теориясын сабақ үдерісінің негізгі көзіне айналдыру қажет. Осы бағытта білім беру ұйымдарының алдындағы мақсат — мұғалімдер тәжірибесін үнемі жетілдіру және бағалау.

Аннотация: Для воспитания образованного и воспитанного , широкого мировоззрения , сообразительного поколения — необходимо сделать теорию конструктивного обучения основным источником учебного процесса. Цель, стоящая перед образовательными организациями в этом направлении, - постоянное совершенствование и оценка опыта учителей.

Annotation: In order to raise an educated and well-educated generation with a broad world view, it is necessary to turn the theory of constructive teaching into the main source of the teaching process. In this direction, the goal of educational organizations is to constantly improve and evaluate the experience of teachers.

Тірек сөздер: білім,қағида, білім алушы, белсенділік,білім беруші
Ключевые слова: знание, принцип, обучающийся, деятельность, педагог
Key words: knowledge, principle, learner, activity, educator

Білім сапасы білім беруші мен білім алушының – ортақ еңбегінің нәтижесі. Себебі білім игерудің инновациялық тұжырымдамасы оқушының белсенділігімен ұштасады. Білімді болудың басты қағидасы – екі жақты белсенділік [1, б.3]. Егер мұғалім білімді бере берсе, ал оқушы қабылдамаса, одан нәтиже шықпайды. Білім сапасы қашан қалыптасып дамиды? Ол үшін оқушы, ең алдымен, зейін қойып, бар ынтасымен тыңдай білу керек [2, б.23]. Одан кейін есіне сақтауы, түсінуі, қолдана алуы, талдап, бағалай білгені абзал. Мәселенің өзектілігі де осында. Көптеген оқушылар танымның жоғары деңгейін игере алмай, ал оқытушылар игерте алмай жүр.

Мақалада А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ж.Пиаже, Дж.Равен, ДЖ.Тейлор, А.Әлімов еңбектеріне сүйене отырып, білім алушыларға қажетті білім, дағдылар, тәсілдер, құндылықтарды айқындайтын оқу-тәрбие процесін жетілдіру, оны дамытуға арналған озық тәжірибелерді енгізудің өзекті мәселелері талқыланады.

Іс-тәжірибеде өз нәтижесін беріп, оқушылардың айтылым дағдысын арттырып, бір жүйеге дамыта алатын инновациялық әдістің бірегейі – Ted форматында сөйлеу. Тіпті, БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын аталған тапсырманы орындай отырып, оқушының шығармашылық деңгейін, яғни дивергентті тұрғыда ойлауын көруге болады. Оның талаптары төмендегі кестеде берілген:

1 минут ауызша сөйлеу	Тақ/ң ашылуы	Кіріспе, негізгі б., қор/ды	1 пробл. сұрақ	Дауыс ырғ, сөзді ұм/у, ауд. бау/у	1 қан. сөз/ 1 шумақ өлең	Ерекш/к /идея	Функ/қ сау/қ	1 мақал	Стил/к оралым
1	1	1	1	1	1	1	1	1	1

Бір қызығы, SWOT әдісін кері байланыс, бағалау кездерінде, белгілі бір тапсырма ретінде де қолдануға болады. Мәселен: Е.Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі бойынша оқушының жазған талдауы:

Күшті	Әлсіз
Бізді ойлантты, келешек жайлы толғантты	Өкінішке орай, осындай жағдайлардың өмірде көптеп кездесетіндігі
Мүмкіндігі	**Қаупі**
Баспаналы болу жағын қазірден бастап қарастыра бастадық	Осындай жағдайлар шаңырақтың шайқалуына алып келуі әбден мүмкін

Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін арттыратын тағы бір әдіс көркем шығармадағы сөз тіркестерімен жұмыс істеу арқылы сөздік қорды молайту. Мәселен, Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» шығармасының негізінде әміршінің атынан жазылған монолог:

Ресурс	Түсініктемесі
Word Wall	Word Wall – әртүрлі шаблондарды пайдаланып, тапсырмаларды құрастыруға болады: https://wordwall.net/
Formative	Formative- суреттерді, бейнелерді, мәтіндерді косу аркылы интерактивті тапсырмалар жасауға және оқушылардың улгерімін талдауға мумкіндік беретін платформа https://www.formative.com/
Google Forms	Google Forms материалды білу мен түсінуді бағалау үшін жеке тесттер мен сауалнамалар жасауға мумкіндік береді. https://docs.google.com/forms/
Quizizz	Quizizz ойын форматын да білімді бағалау үшін пайдалануға болатын көңілді және интерактивті викториналарды ұсынады. https://quizizz.com/
ProProfs Quiz Maker	Бұл құрал оқушылардын білімі мен түсінігін бағалау ушін тесттер мен бағалауларды жасауға мүмкіндік береді. https://www.proprofs.com/quiz-school/browse



Мен – қатыгез Әмірші. Қолымдағы өткір қылышыммен бәрін жер жастандыруға дайын тұрған тәкаппармын. Адамдардың барлығын қорқыныш пен үміттің екі ұдай аралығында өмір сүруге мәжбүрлеушімін. Жорыққа барғанда жолымда кездескендердің бәрін жалмап жұтудан тайсалмаймын. Ышқына ұлып тұрған желдің өзі менің қаһарыма шыдай алмайды. Кіші ханым мен мұнарашының жанарын пышақтай кескілеп, олардың жан дүниесінде меңіреу тыныштықтың орын алуына себепшімін. Менің ашуым мына желге найза ілікпейтіндей. Ұлып тұрған желден еш айырмашылығы жоқ. Бәрінің сенімдерін сетінетіп, көңілдеріндегі көп түйіткілді қуып шықтым. Өз-өзіме сұрақ қойғым да келеді. Мен неге қатыгезбін? Бұл тылсым құдірет пе? Миыма кіріп шығар емес. Ойлар көкірегімді кернеп барады...

Инновациялық технологиялар қатарына жасанды интеллект немесе ғаламтор көмегімен орындалатын арнайы платформаларды да жатқызамыз.

Цифрлық платформаларды колдану үшін негізгі нұсқаулықтар төмендегідей:

1-кадам. Тіркелу;

2-кадам. Дайын ойын үлгісін таңдау;

3-кадам. Дайын шаблон негізінде жаңа тапсырма құрастыру;

4-кадам. Жеке кабинетке өтіп, құрастырған тапсырманы сыныппен бөлісу.

Жалпы, ақылды адам деп жадында көп мағлұмат сақтаған адамды атамай, өмір алдымызға тосқан (кәсіби, әлеуметтік, экономикалық т,б тұрғыдан) кез келген мәселені шеше алатын адамды айтамыз [1, б.57]. Сондықтан сабақта қолданылатын әр әдіс баланы дамытуға, жетілдіруге арналу керек.

Әдебиеттер тізімі

1. А.Әлімов «Интербелсенді әдістерді мектеп қабырғасында қолдану» -Алматы, 2009
2. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. –М: 1999. -528

ИННОВАЦИИ В ПЕДАГОГИКЕ, ИХ ВИДЫ И ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ

Нұрлыбек Ұлбосын Сағынтайқызы,
Магистр наук, Учитель русского языка и литературы
Школы-гимназии №6,
Жамбылской области, Жамбылского района, с.Туркси6

Аннотация: Инновациялық даму жолында білім беру мекемелері жаңашылдықты қолдау, жаңашыл ұстаз дағдысын қалыптастыру, білім берудің жаңа әрі тиімді жолын қолдана отырып жетістікке жету әдістерін жүзеге асырумен айналысуда. Бұл мақалада «педагогикадағы инновациялар» түсінігі, оның түрлері мен негізгі мәселелері қарастырылған. Жүргізілген зерттеу нәтижелері педагогикалық инновацияны қалыптастырудағы негізгі назар аударатын жүйелерді көрсетті.

Аннотация: На пути инновационного развития образовательные учреждения занимаются поддержкой инноваций, формированием инновационных навыков учителей, внедрением методов достижения успеха с использованием нового и эффективного способа обучения. В данной статье рассматривается понятие «инновации в педагогике», ее виды и основные вопросы. Результаты проведенного исследования выявили основные системы привлечения внимания в формировании педагогической инновации.

Abstract: On the path of innovative development, educational institutions are engaged in supporting innovation, developing innovative skills of teachers, and introducing methods for achieving success using a new and effective way

of teaching. This article discusses the concept of “innovation in pedagogy”, its types and main issues. The results of the study revealed the main systems for attracting attention in the formation of pedagogical innovation.

Тірек сөздер: инновациялық қызмет, инновация, білім, педагогика, педагогикалық инновациялар

Ключевые слова: инновационная деятельность, инновация, образование, педагогика, педагогические инновации

Keywords: innovative activity, innovation, education, pedagogy, pedagogical innovation

Педагогическая инновация является разновидностью социального новатора и включает в себя связь учителя с новыми профессиональными методами обучения, благодаря чему достигается высокий успех в педагогической деятельности. Педагогическая инновация – это интенсивный путь развития, т.е. реализация образовательной системы с помощью дополнительных ресурсов, а также новых инструментов, устройств, технологий и совместной работы.

В настоящее время понятия «инновация» и «инноватика», представляющие собой особую область знаний, имеющие свой объект исследования, стали неотъемлемой частью современного общества. Скорость их использования настолько высока, что даже упомянутые термины утратили свое значение и вес в образовательной системе общества по сравнению с тем временем, когда они начали использоваться. Постоянное употребление повсюду термина «инновация» направлено лишь на присвоение той или иной степени проекту или определенному продукту, развитию образования и рассматривается как лишь один из способов обеспечения, чтобы наука и общество не отставали от прогресса. порядка развития. На современном этапе развития современного мира не только производственные деятельности и организации, но и каждое отдельное образовательное учреждение должны знать систему инновационного образования. Но, прежде всего, чтобы это осознать, необходимо уметь работать с совокупностью инновационных терминов, уметь различать, является ли учебная работа инновационной, а также уметь различать ее понятия.

Среди основных объектов и направлений инновационного формирования в сфере педагогики особо выделяются: разработка ориентированных на развитие стратегий и концепций образовательных учреждений, постоянное обновление содержания образования, изменение и формирование новых технологий обучения и воспитания в стенах школы, совершенствование и развитие системы общего образования и образовательных учреждений., развитие педагогических кадров, повышение их квалификации, обучение инновациям, проектирование новых полезных систем в образовании, обеспечение эколого-психологической безопасности и грамотности учащихся, мониторинг успешности системы образования и обучения, использование безопасных технологий для здоровья учащихся, мониторинг развития учащихся и образовательного процесса, соответствие требованиям современности, разработка соответствующих методических средств и учебников.

Наряду с другими известными наукам в педагогике широко используются термины с инновационным употреблением, такие как «педагогическая инновационная деятельность». В этой статье мы рассмотрим, что означает этот термин и какие проблемы он может вызвать.

В концепции педагогической инновации она рассматривается как составная часть педагогики, изучающая внедрение инноваций в образовательный процесс и создание научно-исследовательских работ в соответствии с оценочной политикой. Подобные инновации формируются в университетах и научных школах благодаря творчеству отдельных преподавателей и ученых, страсти к инновациям и развитию идей. В целом педагогические инновации можно объяснить как изменения в обычной образовательной системе, направленные на повышение конкурентоспособности и улучшение качества образовательного процесса. Это доказывает, что старые методы обучения, использовавшиеся в прошлом, и теория их принятия никоим образом не препятствуют практическому образованию. Однако каждый человек может выбрать для себя эффективный инновационный процесс развития в педагогике. [1]

Все термины в области педагогики должны использоваться соответствующим образом, чтобы обеспечить непрерывное движение процесса инновационного развития, его

развитие в соответствии с требованиями времени. Обычно существует два типа инноваций: модернизация и трансформация.

Модернизация не предполагает радикального изменения способа образования, она направлена на улучшение процесса обучения путем изменения мелких элементов и усиления объективной ценности образования. Трансформация – это уже радикальные изменения, передовые идеи, цель которых – изменить существующий ход образовательного процесса, реконструировать его и создать новые формы образования. Лучше понимать, что педагогическая инновация – это изменение объектов в области педагогики.

В любом случае педагогическая инновация – это изменения объекта в педагогике, то трудно описать данный термин одним предложением. Ведь происходящее изменение сложный долговременный шаг, который необходимо связывать и с образовательными тенденциями, и с задачами и целями развития, и с решением актуальных проблем.

Педагогическая инновация может быть как на максимальном уровне (новая образовательная система учреждения, новая форма образовательного учреждения), так и на микроуровне, т.е. методические модернизации. К примеру, различные методические комплексы, состоящие из учебных пособий, авторских курсов, программы тестирования. Микро-инновации в педагогике, как правило, новшество отдельного преподавателя или группы людей [2].

К сожалению, как бы ни были интересны педагогические инновации, у них есть и свои проблемы:

- возникновение разных педагогических направлений в одном образовательном учреждении;
- различные требования учащихся, родителей, преподавателей и руководства;
- невозможность внедрения педагогических инноваций из-за несоответствия специально утвержденным образовательным стандартам;
- сложность синтеза существующих и реализуемых образовательных концепций;
- отсутствие профессиональных навыков для успешной реализации идеи.

Кроме того, новаторство в педагогике может столкнуться с проблемой переквалификации и адаптации кадров в инновационной деятельности, сложностью восприятия инноваций и возникновением барьеров.

Однако, проблемы могут возникнуть и когда уже внедрена инновация. Ярким примером может служить единый государственный экзамен. Такой экзамен стирает индивидуальность образования, т.к. не требуется индивидуальных программ, проявления творческих способностей, необходимо лишь, как робот ответить на общие тестовые вопросы. Попытка внесения и выявления творческих и неординарных способностей ученика благодаря блогу «С» также не оказалась успешной. По решению данных заданий невозможно дать объективную оценку индивидуализации человека. И самое главное, что введенный обаятельный экзамен с регламентированными вопросами заставляет отрекаться от более содержательных и творческих блоков образования. Поэтому педагогическая инновация не всегда хорошо [3].

В условиях образовательных реформ особое значение приобретает инновационная деятельность, направленная на внедрение различных педагогических инноваций в профильное образование. Они охватывают все стороны дидактического процесса: форму организации, технологию и содержание обучения, учебную деятельность.

Следствием постоянного развития, совершенствования методов педагогики стали инновационные технологии, т.е. технологии, благодаря которым происходит интеграция новых идей в образование.

Однако внедрение таких технологий сопряжено с рядом трудностей (финансовые средства, консерватизм некоторых чиновников в образовательной сфере, недостаточное развитие технологий). Кроме того, несмотря на очевидную необходимость в инновациях, всё же внедрять их следует с осторожностью. В противном случае неосторожная инновационная деятельность может привести к кризису образовательной системы. И, тем не менее, важно понимать, что педагогические инновации - это неотъемлемая часть развития педагогики, и они

необходимы для совершенствования системы образования.

Реформы в образовании представляют собой систему нововведений, направленных на коренное преобразование и улучшение функционирования, развития и саморазвития образовательных учреждений и системы управления ими.

Педагогические инновации осуществляются по определенному алгоритму: разработка критериального аппарата; комплексная проверка и оценка качества педагогической системы; поиск примеров активных педагогических решений; комплексный анализ научных разработок; разработка инновационной модели педагогической системы; исполнительная интеграция реформы; разработка практической реализации известного закона изменения труда; создание алгоритма внедрения инноваций на практике; введение новых понятий в профессиональный словарь или пересмотр прежнего профессионального словаря; защита педагогических инноваций от псевдоноваторов. [4]

Особенности инновационного образования: работа и развитие с ожидаемым результатом, вера в будущее, постоянная противоречивость, иначе говоря, нестабильность системы, т.е. изменение самого человека, целенаправленное вмешательство в развитие личности, обязательное присутствие дружбы и творчества, совместного творчества, получения помощи через обратную связь и т. д. Все различия и новшества в области педагогики доказывают, что человеческое мышление безгранично, новый педагогический шаг предполагает формирование изменений в системе в соответствии с требованиями. Формирование безграничного мышления – это начало силы, радости и педагогических достижений, которые можно получить посредством обучения, основанного на гедонистическом принципе. Мобильная игра позволяет ученику одновременно преподавать и учиться у ученика. Сама инновационная образовательная методика основана на серии индивидуально-ориентированных шагов. В литературе западных стран этот шаг называется шагом в сторону воспитания студентов. Она синергетическая, системная, компетентностная, диалогическая и деятельностная, культурная, информационно-технологическая, экологическая и синтезирует методы.

Определить принципы и основные закономерности инновационного процесса можно на основе инновационной культуры и образования педагога. Методика инновационного образования закреплена в специально утвержденных образовательных инструментах. Методы обучения определяют интенсивность развития дидактической системы, то есть образовательная система движется вперед в зависимости от эффективности используемых методов. На практике происходит переход от репродуктивных методов к инновационным.

В заключение, считаю, что прежде чем заниматься инновационной деятельностью, необходимо ознакомиться с техникой развития на инновационном пути. Вводя цели, которые могут способствовать развитию области педагогики, всегда поддерживая инновации, определяя оптимальные способы обучения, можно добиться значительных достижений. Но главное – следить за словом «инновация», которое занимает значительное место, независимо от противоречий вокруг методов, которые внедряются, изучаются или увеличивают свою долю в инновационном развитии, и необходимо работать над увеличением уровеня и качества мыслительного интеллекта сотрудников образовательных учреждений и обучающихся в них.

Список источников и литературы

1. Лазарев В.С., Мартиросян Б.П. // Педагогическая инноватика: объект, предмет и основные понятия. / Педагогика. № 4. – 2004. – С.11-20.

2. Полонский, В.М. Инновации в образовании (методологический анализ) // Инновации в образовании. 2007. № 3.

3. Хуторской, А.В. Педагогическая инноватика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. завед. [Текст] / А.В. Хуторской. – М.: Академия, 2008. – 256 с.

4. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. Казань,2000. С. 440-441.

ҚАЗАҚ СӨЗДЕРІНІҢ ҚҰПИЯСЫ

Омарханқызы Мөлдір,
Астана қаласы, №64 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация: Қазақ халқы кез-келген затқа, ұғымға атау бергенде оның көрінісі ғана емес, қасиетін де аша білген. Ұрпағына жұмбақ, жаңылтпаш жаттатып, нақыл сөздермен астарлап ойын жеткізген қазақ халқы дана. Даналығын, қазақ сөздерінің қасиетін сырын ашып, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы тәжірибе жүзінде сыналған дайын аманаттарына ие болу үшін қазақ тілінің жілігін шағып, майын ішу керек екенін білім алушыларға ұғындыру педагогтердің қолында. Мақалада әр ұстаздың осы құпияны ашу бағытында жұмыс жасау қажеттілігі туралы сөз қозғалады.

Тірек сөздер: этимология, сөз құдіреті, ұлтабар, темірқазық, синонимдер, көмекші құрал

Ана тілін ұмытқан адам
өз халқының өткенінен де,
болашағынан да қол үзеді.
Ғ.Мүсірепов

Кеңес үкіметінің қазақ ұлтына жасаған қастандығының ең зоры қазақ тілінің қолдану аясын шектеу арқылы, бүтін бір ұлттың өткенін ұмыттыру мен келешегінен қол үздіру еді. Қазақ тілінің қолдану аясы шектеліп қана қойған жоқ, зерттелмей де қалды. Міне, қазіргі таңда солақай саясаттың нәтижесінде өз ана тілінен айырылып, ұлтының төл мәдениеті мен тарихына қызықпайтын ұрпақты көріп отырмыз.

Сол мәңгүрттенген ұрпақтың майысқан қабырғасын түзету, ұстаз деген ұлы тұлғалардың қолында тұр. Алайда, ұстаз қолына тіл мәйегінің негізі болатын құрал керек. Көмекші құралдар ақ қағаздай тап-таза болған баланың санасына мәңгі жатталып қалатындай тілі жатық, қарапайым болуы шарт. Қазақ тілі бүкіл түркі елдердің тілінің негізі болғандықтан, өте бай. Сол байлықты әдемі қалпында жеткізу үшін, қазақтың әрбір сөзінің түбіне, мағынасы мен мазмұнына мән беруіміз керек. Қазақ тілі – елдің қазынасы. Тіл – көңілдің бұлағы, ой – қоңырауы. Екі сөзінің бірінен мақалы мен өсиеті қал-майды. Қазақ тілінің шырыны – бабалар өсиеті. Өлмейтін өсиетті естіген кеуде еріксіз тулайды. Ол қасиетті қазақ тілінің құдіреті. Суға салса батпайтын, адуын ағысқа ақпайтын, мәңгілік мағынасы мен бояуын сақтайтын, саналы жан сүйсіне жаттайтын сөз жәннаты. Өсиет – тамырын терең жайған киелі мама ағаш. Жалынын таптаса, күлі сөйлеген, тасты балқытып, темірді илеген қызыл тіл. Тектілігі тұлғасын сомдаған, қуанышы-қайғысын қара өлеңмен толғаған, көктің сырын ұғып, шөптің тілін білген, шеніне қарай шапан киген ел. [1, б. 5]

Қазақ халқы кез-келген затқа, ұғымға атау бергенде оның көрінісі ғана емес, қасиетін де аша білген. Қойылған атауды өзінің сөз саптауында дұрыс қолдануды да ұмытпаған. Жаугершілік заманда бір ауыз сөзбен соғысты тоқтатқанын біз тарихтан білеміз.

Қадір Мырза Әлі – өз естеліктерінде өзге ұлттың өкілімен сөз таластыра отырып, «бет», «жүз», рең секілді сөздің жетпістен аса синонимін мысалға келтіріп, өз қарсыласын таң қалдырған деседі.

Балаларға қазақ сөздерінің қасиетін сырын ашып, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы тәжірибе жүзінде сыналған дайын аманаттарына ие болу үшін қазақ тілінің жілігін шағып, майын ішу керек екенін ұғындыратын көмекші құралдың қажеттілігі артып тұр. Ата салтымыз бен дәстүрлеріміз тұнып тұрған адамгершілік құндылықтарынан тұрады. Қазақ тілінің ауыз әдебиетіне ауыздандыруда көмекші құрал таптырмас қажет дүниеге айналары сөзсіз.

Мысалы, адам ағзаларының атауларын алайық: **Ұйқы безі** (лат. *pancreas*) - Орыс тілінде: поджелудочная железа – асқазан асты безі. Бұл жерде орналасу орны ғана көрсетілген. Грек тілінде: "барлығы", "тұтас" және тәтті нан деген ұғымды береді. Сөзбе-сөз "бүкіл ет" дегенді

немесе бүтіндей бұлшық еттен тұратынын білдіреді. *«Pancreas»* сөзін тікелей аударсақ, «тасбақаның жотасындағы тасы, яғни, сауыты» деген мағынаны береді. Сыртқы ұқсастығына қарай атаған. Ал қазақ тілінде *«Үйқы безі»* деп атаған. Себебі бұл без жұмысын тоқтатса адам терең ұйқыға, медицина тілінде – комаға кететінін анық білген. Осы бір ауыз сөзбен-ақ бұл бездің ағзадағы маңызы қандай екенін бағамдап, бекітіп берген. Мұндай фактілерді іздене берсек, халықтық медицинада көп кездестіретініміз анық. Ұлы даламызда тарихы сан ғасырға кеткен озық емшілік, дәрігерлік дәстүр болмаса, мұндай атаулар да болмас еді. [2, б. 285]

Ұлтабар – қазақтардың салт-дәстүрінде кәделі асқа саналады. Келін табағының етін тураған кісі, болмаса басқа табаққа салынса да, тураушы ұлтабардың шошайған ұшын кесіп алып, келінге ұсынады. «Қыз - күтімін, ұл - түтінің» дейтін қазақ, әке ошағының отын түтетуші, тіпті отағасы ғана емес, ел панасы болады деп ұлды санайтындықтан, бұл келін ұл тапсын деп ырымдаған. Қазақ халқында бұл атаумен "Ұл тусын" деген ырыммен үлкендердің жас келінге ұсынатын ғұрыптық тағамымен байланысты. Ұлтабар әдетте, сый табаққа, той табаққа тартылса да, үлкендердің бірі біраз майын тураған соң үйдегі жас келінді шақырып алып, шошақ басы бар бөлігін ұсынады.

Осы бір ауыз сөзбен-ақ бұл бездің ағзадағы маңызы қандай екенін бағамдап, бекітіп берген. Мұндай фактілерді іздене берсек, халықтық медицинада көп кездестіретініміз анық. Ұлы даламызда тарихы сан ғасырға кеткен озық емшілік, дәрігерлік дәстүр болмаса, мұндай атаулар да болмас еді.

Қазақтардың салт-дәстүрінде кәделі асқа саналады. Келін табағының етін тураған кісі, болмаса басқа табаққа салынса да, тураушы ұлтабардың шошайған ұшын кесіп алып, келінге ұсынады. «Қыз - күтімін, ұл - түтінің» дейтін қазақ, әке ошағының отын түтетуші, тіпті отағасы ғана емес, ел панасы болады деп ұлды санайтындықтан, бұл келін ұл тапсын деп ырымдаған.

« Ұлтабар! Бұл не болды екен? Бұрын нағып ол Білтенің құлағына тимеген? Аты қандай жақсы еді. Ұлтабар деп тегін қойыла салмаған шығар. Қазақ жер-су аттарын, осы сияқты нәрселерді қашанда дәл атаушы еді ғой. Жезқазған десе, сол жерден жез кені шығып жатыр. Алтынқазған деген жерге де шахта орнағаны анау. Алмалы, Өрікті, Төріңді деген жерлердің бәрі де атына сай. Мәуесінің бірі пісіп, бірі түсіп жатқаны». Балғабек Қыдырбекұлының әңгімесінен. [5]

Ағза атаулары өзге тілден аударғанда тұрған орнын немесе көрінісін бейнелесе, қазақ берген атауы ағзасын фукциялық қызметіне анықтама беріп тұр. Бұл бір ғана мысал, ал төрт түлік малдың 12 мүшесінен бастап бүкіл сыр-сипатына дәлме-дәл атаулар берген қазақ тілі бай емес деп қалай айтамыз?!...

Ал, ***«темірқазық»*** сөзін алсақ... Темірқазық жұлдызы ежелден ғарыштық жетектеуіш (аспан денелерін күзету арқылы бағытты ажырату) жолбелгісі есептеледі. Онымен алыс сапарға шығушылар, теңізшілер жақсы таныс болған. Қазақта "Темірқазықты білсең жолыңнан адаспайсың" деген мәтел бар. "Компас" секілді бағыт айыру құралдары болмаған замандарда солтүстік жарты шардың адамдары ашық түнде көбінесе Темірқазыққа қарап барар бағытын тапқан. [3, б. 185]

Орыс тілінен тікелей аудармасы *железный кол,* ал мазмұны бойынша *полярная звезда* деп аударылады. Солтүстік жұлдыз деген мағына ғана беріп тұр. Ал қазақ тілінде орнынан қозғалмайтындығын, яғни тікелей қасиетіне анықтама беріп тұр. Темірқазық орнынан қозғалмайтын жалғыз жұлдыз. Әдеби шығармаларда темірқазық сөзін адастырмайтын деген мағынада да қолданады. Аспан әлемін қиялының ұшқырлығына ерік беріп, саналы түрде түйсікпен сезіне отырып шарлап, қараңғыда адаспаудың жолын - дұрыс бағытты тауып, оны ұрпағына жұмбақ, жаңылтпаш, нақыл сөздермен, астарлап жеткізген, жаттатқан қазақ халқындай дана ұлт жоқ мен үшін.

«Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай» деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, өз ұлтының өзегін тіл арқылы жас ұрпаққа жеткізуде ұстаздың рөлі маңызды.

Мемлекеттің дамуын, шекараның бүтіндігін, мәңгілік ел түсінігін іске асыратын ол – келер ұрпақ! Сол ұрпақты өз ана тілінде тәрбие мен білім беріп, қоғамға, ұлтқа адал қызмет ететін тұлғаны қалыптастыруда 21-ғасырдың білім берер бағдарламасы бойынша алған академиялық білімдерін функционалдық сауаттылықты арттыруда тиімді әдіс тәсілдерге ұштасып кетпек. Қазақ сөзінің әрбірінің астарында мәдениет, тарих, мағына, мазмұн бар екендігін тек қана қолданып, яғни сөйлей жүріп сана саңылауымен саралай білсең ғана түсінесің. Ол үшін өз ана тіліңе, өз ұлтыңа деген бойыңда үлкен сүйіспеншілік болу тиіс. Ол сүйіспеншілікті бала кезден сіңдіретін құрал ең бірінші ол – ата-ана, ал екінші мектеп!

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдірахимова Д.Е. Тұғыры биік тұлға. Алматы, 2008. – 258 б.
2. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
3. Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. - 256 б.
4. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі (ҚТҚЭС). Алматы, 1966.
5. Қыдырбекұлы Б. Ұлтабар. Әңгімелер/мақалалар https://bilim-all.kz/article/8435-Ultabar?ysclid=lrgfc5it7u968695215
6. Болатқызы А. «Теориядан жаңа тәжірибе арқылы шебер педагогқа дейін. Нормативті құжаттардан бастап, нәтижелі сабақ беруге дейін қамтылған, педагогтердің әліпбиі» авторлық курсы №38550. Астана, 2023. – 95 б.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Оспанова Арайлым Мырзалыевна,
202 мектеп – гимназия
Информатика пәні мұғалімі.
Алматы қаласы, Әуезов ауданы

Аннотация: Цифрлық технологиялардың жаңа үлгісін игеруге деген қызығушылықтарының арта түсуіне байланысты сұраныстың арту мәселесі қарастырылған. Цифрлық технологиялардың қарқынды түрде ендірілуі білім беру жүйесінде оны қолдану қажеттілігінің ұлғаюына ықпал етіп, цифрлы білімнің негізгі базасын құрайтыны қарастырылған.

Тірек сөздер: білім беру жүйесі, цифрлы трансформация, процесс, ақпарат, ішкі фактор, сыртқы фактор.

Аннотация: В связи с возросшим интересом к освоению новой модели цифровых технологий рассматривается вопрос увеличения спроса. Предусмотрено, что интенсивное внедрение цифровых технологий способствует увеличению потребности в их применении в системе образования и создает основную базу цифрового образования.

Ключевые слова: система образования, цифровая трансформация, процесс, информация, внутренний фактор, внешний фактор.

Abstract: Increased interests in the development of a new model of digital technologies, the issue of increasing demand is being considered. It is envisaged that the intensive introduction of digital technologies contributes to an increase in the need for their application in the education system and creates the basic basis of digital education.

Keywords: education system, digital transformation, process, information, internal factor, external factor.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасында: Бүгінгі күні әлем өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Ақпараттық саланың барған сайын серпінді дамуымен күшейген жаһандану процесі жалғасуда. Технологиялардың дамуы, жаңа цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық құралдардың жаппай енуі қазіргі заманғы медиакеңістікті түбегейлі түрде өзгертті [1].

Білім беру саласын цифрландырудың ең басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру, халықаралық дейгейдегі әртүрлі зерттеу бағдарламалары аясында, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті оқушыларды дайындау. Цифррлы Қазақстанның ақпараттану жағдайында оқушының жеке тұлғасын,

интеллектуалды мәдениетін, технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін электронды ресурстарды пайдалану оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табатын бәсекеге қабілетті тұлға даярлау маңызды болып табылады.

Цифрлық білім беру процесі ақпаратты өндіруде ақпараттық ортада жүзеге асырылады. XXI ғасыр ақпарттық ғасыр болғандықтан цифрлы білім беру ортаның қажеттігімен сипатталады.

Ресей ғалымдары Е.С.Ларина және В.С.Овчинскийдің түсінігі бойынша: «Цифрлық орта – ақпараттық технологиялар мен киберкеңістіктің алуан түрлілігін беру арқылы физикалық әлемнің әртүрлі нысандарын басқару желілер мен телекоммуникациялық арналар арқылы сигналдар түріндегі бағдарламалар» [2]. Авторлардың пікірі бойынша, оның инфрақұрылымы, құрылымы және ультра құрылымы бар. Адам өмірі технологиямен тығыз байланысты, бұл адами қатынастардың сипатын түбегейлі өзгертеді. Дж. Палфридың айтуы бойынша, цифрлық дәуірдің балалары нарықтық тенденцияларды өзгертеді, сонымен қатар экономиканың көптеген салаларын, білім беру жүйесін және әлемдік саясатты түбегейлі өзгертеді. Осыған байланысты әлеуметтік нормалардың жиынтығын, цифрлық әлемде навигация дағдыларын, ақпаратты пайдалану мәдениетін және оған сыни көзқарасты қалыптастыру қажеттілігімен байланысты көптеген проблемалар туындайтыны мәлім [3].

Цифрлы ұрпақтың ерекшеліктері (қабылдау, зейін, ойлау, уәждемелер, мінез-құлық үлгілері, өмір салты, дүниетанымы) мақсат қоюдың психологиялық-педагогикалық қыр-сырын, цифрлық дидактиканың мазмұнын, нысанын, әдістерін қалыптастырудың ұстанымдарын, амалдарын анықтайды.



1-сурет - Цифрлы технологиялардың түрлері.

Бүгінде сыртқы және ішкі факторлардың білім берудегі өзгерістерге ықпалының қарқыны өзгерді. Оған ішкі факторлардың өзгеруіне дамып келе жатқан цифрлы технологиялар әсерінің күшеюі себеп болды, атап айтқанда:

- оқу жұмысы мақсаттары, мазмұны, нысаны мен әдістерінің жаңартылуы;
- оқу жобаларына дәстүрлі мазмұнды «толықтыру» үшін цифрлы технологияларды қолдану;
- оқу жұмысын ұйымдастырудың нәтижеге бағдарланған дербестендірілген үлгісінің (жүйесі) пайда болуы және т.б.

Мұның барлығы ең алдымен цифрлық технологиялар сипаттамасының айтарлықтай жоғарылауы және қол жетімділігі арқасында мүмкін болды.


Осылайша ішкі факторлар ықпалының өсуіне қарамастан сыртқы факторлардың рөлі жалпы алғанда шешуші болып қала береді.

Жабдықтардың техникалық мүмкіндіктері (желі, серверлер және олардың бағдарламалық қамтамасыз етілуі; ақпараттық қауіпсіздік; қолданушылардың жеке есебі; жұмыстың сенімділігі; цифрлы білім ресурстарының түрлері) білім беру ұйымдарының нақты қажеттіліктеріне айналды. Сыртқы факторлар негізінде (соның ішінде, көшбасшылардың әрекеті) педагогтерді өздерінің білім беру ұйымдарында цифрлық трансформация процесінің ішкі факторларын белсенді түрде талқылап, оның тиімді жолдарын іздестіруге бағыттау көзделеді. Егер осыдан 10-15 жыл бұрын цифрлы технологияларға қажеттілікті аңғармаса, қазір онсыз білім беруді елестету мүмкін емес, сондықтан дер кезінде нәтижелі түрде пайдалану жолдарын іздестіріп, қолдана бастайды .

Сыртқы факторлар ішкі факторлар динамикасына тікелей ықпал етеді, цифрлық технологияларды қолдануға негізделген (мысалы, компьютерлік жаттықтыру құрылғыларын, білім беру үдерісін басқарудың ақпараттық жүйесін, электронды оқулықтар, т.б.) жаңа педагогикалық шешімдердің пайда болуымен көрініс береді.

Ішкі факторлар айтарлықтай дәрежеде білім беру жүйесі шеңберінде дамитын процестерге байланысты. Олар білім беру жүйесінің ішіндегі көкейтесті мәселелермен, жалпы білім беру жүйесінің қоғамның өзгеріп отыратын үміті мен сұраныстарын назардан тыс қалдырмау, жаңа және бұрынғы білім беру міндеттерін шешуге арналған ақпараттармен жұмыс істеудің жаңа құралдарын қабылдау мен игеру үдерістерімен ұштасып отырады [4].

Білім беру міндеттерін шешуде қолданылатын ұлттық бірыңғай тестілеу емтиханы (ҰБТ) әдісіне негізделген стандартталған бақылауды және қашықтан оқыту жүйелеріндегі оқу үдерісін автоматтандыру құралы ретінде ашық білім беру негіздерін айтуға болады. Бірнеше он жылдықтар бойы жалғасып келе жатқан оқу жұмысын автоматтандыру идеясын ұстанушылардың белсенділігі білім беруді ақпараттандырудың ішкі факторының айқын мысалы болмақ.



2-сурет - Цифрлы дидактиканың даму факторларына әсер ететін қарама- қайшылықтар.

Қазіргі таңда білім беру жүйесін цифрлы трансформациялау процесін әлі де жетілдіру мәселесі шешімін таппаған. Оқу процесінде цифрлық технологияларды барынша қолдану білім алушылардың инновациялық әдістерді меңгеру дағдыларын дамытады. Бүгінгі күні халықаралық деңгейде ұйымдастырылып отырған онлайн-курстар, вебинарларға қатысу барысында әлемдік тәжірибені игеру арқылы бәсекеге қабілетті болуға жол ашылып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасы. https://kaz.zakon.kz/kogam-tynysy/6022429-toaev-r-aparatty-doktrinasyn-bektt.html
2. Ларина Е.С. Россия и вызовы цифровой среды: рабочая тетр. / Е.С. Ларина, В.С. Овчинский [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://russiancouncil.ru/common/upload/WP15Cybersecurity-Ru.
3. Палфри Дж.Дети цифровой эры. – М.: Эксмо, 2011. – 368 с.
4. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. –Тараз, 2022. -314 б.

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Сайлханова Жанаргуль Туркменбаевна,
202 мектеп – гимназия
Бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы қаласы, Әуезов ауданы

Аннотация: критериалды бағалау жүйесі негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру мәселесі теориялық тұрғыдан негізделген. «Бағалау», «критериалды бағалау» ұғымдарының мәні мен құрылымы анықталған.

Тірек сөздер: критериалды бағалау, бастауыш сынып, оқушылар, білім сапасы, құрылымы, процесс.

Аннотация: теоретически обоснована проблема повышения качества образования младших школьников на основе системы критериального оценивания. Определены сущность и структура понятии «оценка», «критериальное оценивание».

Ключевые слова: критериальное оценивание, начальный класс, учащиеся, качество знаний, структура, процесс.

Abstract: The problem of improving the quality of primary school education based on a system of criteria-based assessment is theoretically substantiated. The essence and structure of the concept of «assessment», «criterion assessment» are defined.

Keywords: criteria assessment, primary grade, students, quality of knowledge, structure, process.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға жеке кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау,– делінген [1]. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады.


Ш.Уәлихановтың пікірінше, оқу жетістіктерін бағалағанда қазақ халқының этногенезі, этнографиясы, тарихынан білімдерін ескеру қажет, – деген тұжырым жасаған [2]. Бұдан білім мазмұнында халықтың қазақ халқының қалыптасуының этникалық тарихын, қазіргі Қазақстан жерін әр түрлі тайпалар ерте тас дәуірінде-ақ мекендей бастаған шығу тарихынан, бақылау әдісі ретінде адамның қоғамдастықтың күнделікті өмірін, мінез-құлқын және өзара әрекеттесуін жүйелі түрде білімін бағалау қажеттігін ескерткенін байқаймыз. Алдымен мектепте берілетін білімнің қазақ халқының тарихын, шығу тегін, күнделікті тіршілік етуі, әр адамның мінез-құлқының қалыптасуын білуден басталуы қажет, – деген тұжырым жасаймыз.

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы педагогикалық ойлардың ішінде білімді өмір бойы игеру, оны кітаптан іздеу, өздігінен оқу, естіп-білгенді есте сақтау проблемалары айқын көрініс тапқан. Ұлы ойшылдың нәресте дүниеге келгеннен-ақ оның бойында «тән және жан құмарлығының» бірге болатынын, сонан соңғысын «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деп бөледі [3]. Мұның өзі білімді игерудің үш сатысын – кез-келген білім мазмұнын білудің естуден басталатынын, оны түсіну үшін әр шәкірт өзі оқып, не көру қажет екендігін, соңында алған білімді қажетті жерде қолдана білуді айқындап беріп тұр. Педагогикалық тұрғыдан қарастырсақ, оқудың сапасын анықтайтын көрсеткіш білім, білік, дағдымен де сәйкес келеді

А.Байтұрсынов «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ал жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру», – деп ой тұжырымдауы балаға білімді практикалық жолмен өздігінен игерудің тиімділігін, баланың қабілеті мен қабылдау мүмкіндігіне сай, білім берудің қажеттігін көрсетеді [4]. Автордың басты мақсаты оқуға керек құралды, тәртіпті оқу мен жоспарлы оқуды анықтау болды. Одан кейінгі көтерген мәселесі оқудың ана тілінде болуының қажеттігі. Сондай-ақ ол қазақ бастауыш мектебінің керектігіне баса назар аударып: «бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек», – деп оқушылардың білімді қабілетіне қарай сапалы меңгеруіне басымдық беруі бағалау дербестігін дамытуға жетелейтінін меңзеп кеткенін көрсетеді.

Бағалау – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылады. А.А.Ивин «бағалауды» ойлау, пайымдау тұрғысында қарастырып, оның логикалық ерекшеліктерін, құрылымын, негізделген бағамдаушы пайымдаулар жасаудың ерекшеліктерін көрсете келе, бағалаудың субъект пен объект арасындағы құндылық қатынасын белгілеу үшін қолданылатынын атап, оның төрт құрамдас бөліктен тұратынын көрсетеді: субъект, объект, критерий және негіздеме. Осы төрт құрамдас бөлік орын алғанда бағалау әрекеті көрінеді, – деген тұжырым жасаған [5]. Автор ұсынған бағалау құрылымының құрамдас бөліктері туралы идеясының өзектілігін көреміз. Бағалаудың құрылымдық бөліктері білім сапасын арттыруда басшылыққа алынады.

А.Қ.Әлімов бағалаудың алты қағидасын келтіреді [6].



1-сурет- Бағалаудың алты қағидасы (А.Әлімов бойынша).

Бұдан шығатын қорытынды бағалау оқыту мен оқу үдерісінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде аталған алты қағидаға сәйкес жүзеге асырылуы қажет. Бағалаудың маңыздылығы тек педагог үшін ғана емес, оқушы үшін де маңыздылығы ескерілуі тиіс, – деп ойлаймыз. Екінші

қағида бойынша, жаңа білімді меңгерудегі біліктілігі мен дағдысының бағалау криетийлерінне сәйкес болуы шарт. Үшінші қағида бойынша, меңгертілетін жаңа білімге қойылатын талаптарды мұғалім нақты білуі керек. Төртінші қағидада мұғалім бағалауды меңгерген білім бойынша ғана жүргізгені дұрыс. Алтыншыдан, бағалаудың қарапайымдылығы мен ыңғайлылығы оқушыға түсінікті болуына мән берген жөн, - деп санаймыз.

Критериалды бағалаудың құрылымына тоқталсақ, оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Алғашқы ұғымда қалыптастырушы бағалауды – аналитикалық бағалау деп аталса, жиынтық бағалауды – холистикалық бағалау деп аталып келді. Холистикалық бағалау – ағылшынша «holism», грек «holos» тұтас қысқа мерзім ішінде және жалпы түрде бағалау.

Әлемдік тәжірибеде қалыптастырушы бағалау екі түрлі сызбасы бойынша жасалады: Холистикалық бағалау сызбасы (англ. holism; гр. holos – тұтас), барлығы – оқу үдерісінің мақсаттары бойынша анықталған қабілеттерді жеке-жеке бағалау арқылы оқушының даму деңгейін қысқа мерзімде және жалпы түрде бағалау. Бұл қысқа мерзімде жүргізілетін жылдам бағалауда бөлшек құрамға емес, тұтас тұлғаға жасалатын кез келген тәсіл. Аналитикалық бағалау – оқушылар үшін көзделген нақты қабілеттерді белгілі бір ұзақ мерзім ішінде біртіндеп бақылап отыру және бағалау.

Майкл Скривен қалыптастырушы бағалаудың пайда болуына байланысты ғалымдардың «Білім беру бағдарламасын тұрақты жетілдіруде өзіндік орны бар» бағамдау үдерісін сипаттау үшін «қалыптастырушы» деген терминді алғашқы болып қолданған. Сондай-ақ, ол бағамдау «мектеп басшыларына бірыңғай білім беру бағдарламасын әзірлеп, бағамдау үдерісін өзінің бастапқы рөлінде қолдану арқылы оны қайта қарай отырып, мектеп жүйесі жұмсайтын шығындарды ақтау мақсатында басқа баламалармен салыстырғанда айтарлықтай артықшылығы бар ма екені туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді»,- деп атап өтті. Осы ретте «бағамдауды жіктеу үшін «қалыптастырушы» және «жиынтық» терминдерін ұсынған [7]. Бұдан шығатын қорытынды критериалды бағалаудың қазіргі қолданылып жүрген қалыптастырушы және жиынтық бағалау ұғымдарын енгізген ғалым деуге негіз бар.

Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.

Критериалды бағалаудың құрылымы.

Бағалау тәсілдері критериалды бағалаудың түрлеріне, пән мазмұнына қарай ерекшеленуі мүмкін. Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, оқу үдерісі барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, сыртқы жиынтық бағалау және жиынтық бағалау.

Луни бойынша, «қалыптастырушы бағалау – оқудағы қажеттіліктерді анықтап, сәйкесінше оқыту үдерісін өзгерту мақсатында оқушының алға ілгерілеуі мен материалды игеруін жиі, интербелсенді бағалау» – деп анықтама берген [8]. Бұдан шығатын қорытынды оқушылардың пән мазмұны бойынша, қызығушылығын қанағаттандыратын оқу мақсаттарына жету жолындағы оқу-танымдық материалдарды меңгерудегі белсенділігі мен өзін-өзі бағалауы болып табылады.

Бенджамин Блум қалыптастырушы бағалау дегеніміз – оқу үдерісінде мұғалімдер мен оқушылар көмек ретінде қолданатын қысқа тестілер бойынша бағамдау дегенді білдіреді. Мұндай тестілерді жіктеп, бағамдаудың пікір тұжырымдауға көмектесетін бөлігі ретінде қолдануға болғанымен, біз қалыптастырушы бағамдауды баға қою үдерісінен бөліп алып, тікелей оқыту үшін қосымша құрал ретінде қолдану анағұрлым тиімді, – деп санаған [9]. Бағалаудың бұл түрін Блумның пікірі бойынша іске асырылып жатқанының куәсі болып отырмыз. Қалыптастырушы бағалаудың түрі өзгеріп тест емес дескрипторлар құрылатынын айта кеткеніміз жөн.

Каль: «қалыптастырушы бағалау мұғалімдер оқушылардың өтіліп жатқан тақырыптар мен дағдыларды игеруін бағалау үшін қолданатын құрал. Белгілі бір тақырып өтіліп жатқанда

оқушының қате түсінігін және түсінбеген мәселелерін анықтаудың «өзегі» болып табылады, – деген [10]. Бұдан шығатын қорытынды автордың бағалауға берген анықтамасында білім мазұнын меңгеру дағдылары бастауыш білім беру бағдарламаларында басымдық оқушылардың дағдыларын қалыптастыруға басымдық беруімен байланыстырамыз.

Бағалау «жоспарлау – оқыту-бағалау» үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Даму мен жетістіктер туралы нақты ақпарат алу үшін бағалау шарттары мен критерийлері алуан түрлі болуы керек. Бағалау үдерісінің басты кезеңі мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс болып табылады. Мұғалім ғана емес, оқушы да жақын арада не жасау қажеттігін нақты түсінуі керек. Өз қабілеттерін бағалауда оқушыға нақты үлгі берілуі керек.

Қалыптастырушы бағалау мұғалім мен оқушылардың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін, оқу жетістігінің дамуына, өсуіне тікелей әсер ететін үдеріс болып табылады. Қорыта келе, заманауи білім берудің сапасын арттыру идеясын жүзеге асыру кезінде оқытудың әдістеріне, формаларына, технологияларына білім беру стандарттарына сәйкестігіне ғана емес, сонымен қатар критериалды бағалау жүйесі негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттырып, қалыптастырушы және жиынтық бағалауда табысты нәтижеге жетуде білім алушылардың өздігінен білім алуына бағыттау керек, - деген тұжырым жасаймыз

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
2. Уәлиханов Ш., Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268
3. Құнанбаев А., Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1995. – Т. 2. – 335 б.
4. Байтұрсынов А., Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 442 б.
5. Ивин А.А. Введение в философию истории. М., 1997.
6. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы:баспасы, 2009. - 263 бет. ISBN 9965-9805-7-8
7. Тайлер Р. У., Ганье Р. М. и Скривен М. (ред.). 1967. Перспективы оценки учебных программ. Серия монографий Американской ассоциации исследований в области образования по оценке учебных программ, Vol. 1. Рэнд МакНалли.
8. Луни. «Формирующее оценивание: оценивание для обучения: практическое руководство для учителей» Под ред. М.С. Гилярова.– 2-е изд., исправл. – М.: Большая российская энциклопедия, 1995.
9. Bloom Benjamin S. Taxonomy of Educational Objectives (1956). Published by Allyn and Bacon, Boston, MA. Copyright (c) 1984 by Pearson Education.London - New York: Routledge, 2001, pp. 86–90.
10. Каль., Проектирование технологии квалиметрического оценивания профессиональных компетенций студентов технического вуза: дис. ... канд.пед. наук: 13.00.08. – Казань, 2011. – 182 с

«ҚАЗАҚ КОМИКСТЕРІ – ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КІТАП ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫН АРТТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ БІРІ РЕТІНДЕ»

Сандыбай Жазира Әбдіғалиқызы,
бас*тауыш мұғалімі*
Ғ. Мұратбаев атындағы
жалпы орта білім беретін мектеп

Аннотация: Бұл мақалада жасөспірімдердің кітап оқуға деген ынтасын арттыруда комикстердің пайдасы туралы баяндалған.

Аннотация: В данной статье говорится о пользе комиксов в повышении мотивации учеников к чтению книг.

Abstract: This article talks about the benefits of comics in increasing students' motivation to read books.

Тірек сөздер: комикстер, инновациялық әдіс, кітап оқу мәдениеті, замануи әдіс, мәдени орта.

Ключевые слова: комикс, инновационный метод, культура чтения, современный метод, культурная среда.

Key words: comics, innovative method, reading culture, modern method, cultural environment.

Бүгінгі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі – кітап оқудың аздығы немесе мүлде қызықпау. Өкініштісі, көркем әдебиетке деген қызығушылық сусыз солған гүлдей күннен күнге азайып барады. Әдебиетке деген құштарлықтың азаюы жастарды кітап оқуға, оны құрметтеуге деген құштарлықтан айырады. Мұны көріп отырған әдеби қауым үшін бұл, әрине, өкінішті. Бірақ бұл дерттің алдын алатынымызға мүмкіндіктер жоқ емес. Ғабит Мүсірепов айтқандай: «Кітап – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұра, кітап оқудан бас тарту – ойлаудан бас тарту». Ғабит Мүсірепов кітап арқылы бізді келешек ұрпақтың ойсыздығынан қорғауға тырысты. Комикс миллиондаған адамдар үшін танымал жанрға айналды. Ал олардың кейіпкерлері батырлықтың, адамдықтың символына айналды. Комикс жастардың дүниетанымына ерекше күшті әсер етеді. Ол жасөспірімдерді ерлік пен төзімділікке үйрете алатыны сөзсіз. Комикс – танымал мәдениеттің бірегей және маңызды құралы және олардың қазіргі қоғамдағы рөлін бағаламау мүмкін емес. Міне, комикстердің неге танымал мәдениет ортасы болып саналатынын түсіндіретін бірнеше аспектілер:

1**.** Бейнелеу және мәтіндік өнер: комикстер визуалды және мәтіндік элементтерді біріктіреді. Бұл оларды бірегей етеді. Олар суретшілер мен жазушыларға мәтіндік сүйемелдеумен көрнекі баяндаулар жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін біріктіруге мүмкіндік береді;

2. Кең аудитория: комикстер әртүрлі жастағы және қызығушылықтағы оқырмандарды тартады. Олар балаларға да, ересектерге де бағытталған және суперқаһармандар мен ғылыми фантастикадан драма мен тарихқа дейінгі әртүрлі жанрларды қамтиды;

3. Кино мен теледидардағы танымалдылық**:** көптеген комикстер фильмдер мен теледидарлық бейімделулерге негіз болды. Бұл олардың аудиториясын кеңейтуге және кейіпкерлер мен оқиғаларды көпшілікке қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

4. Әлеуметтік-мәдени әсер: комикстер қоғамның әлеуметтік-мәдени және саяси аспектілерін көрсете алады. Олар әділеттілік, толеранттылық және теңдік сияқты түрлі мәселелерді талқылау алаңына айналды.

5. Тарихты жинақтау және сақтау**:** комикс мәдени және тарихи сәттерді визуалды және мәтіндік формада сақтау арқылы уақыт бойынша бейнелей алады. Олар тарих пен мәдениетті зерттеудің маңызды көзі болып табылады. Сондықтан комикстер шығармашылық, ойын-сауық және өзекті мәселелерді талқылау үшін әртүрлі мүмкіндіктер бере отырып, танымал мәдениет пен жалпы қоғамға айтарлықтай әсер етеді [3:209б]. Жалпы алғанда, комикс адамның қабылдауы үшін ақпаратты берудің ыңғайлы құралы болып табылады деп қорытынды жасауға болады. Адамзат тарихында адамдар ойды жеткізу үшін қарапайым бейнелерді жиі ілеспе қысқа мәтіндермен бірге пайдаланды. Клиптік санасы бар адамдар мұндай көрнекі материалды оңай сіңіреді. Комикстердің тамыры адамзаттың ең ертедегі

көркемдік тәжірибесінде жатыр және қазір стильдік әрі композициялық тұрғыдан жетіле білді. Бұл дүниелер негізінен бүгінгі жастардың назарын аударатыны түсінікті. Комикстердің дамуы Қазақстанда салыстырмалы түрде жақында ғана басталды. Тек 2010 жылдан бастап қазақ авторлары жасаған комикстер шыға бастады. Қазіргі уақытта комикс индустриясы екі ірі қаламен – Алматы мен Астанамен шектелген, ал шағын қалаларда комикстерге қызығушылық бар болса да, олар оқырмандар мен сатып алушылар арасында әлі де онша танымал емес. KHAN ірі комикс баспасының жетекшісі Оразхан Жақып қазақ жұртшылығының бұл жанрға деген көзқарасы біркелкі емес екенін айтады.

Американдық комикс суретшісі Скотт Макклаудтың «Комикстерді түсіну: көрінбейтін өнер» деп аталатын кітабында комикс ұғымы логикалық ретпен орналастырылған анық бейнеленген суреттер тізбегі ретінде анықталады. Бұл концепция бес ғасыр бұрын пайда болды және бастапқыда әзіл-оспақпен біріктірілген тарихи әңгіме құрайтын мәтіні бар иллюстрациялар сериясы болды. Дегенмен, зерттеуші А.Г. Сонин басқа көзқарасты алға тартады. Ол өзіні «Комикс: психолингвистикалық талдау» атты монографиясында комикстер оқылған шығармаға жауап болып, оқырманның бағасы мен эмоциясын жеткізеді деп дәлелдейді. Демек, мәтінді жан-жақты талдаусыз комикс жасау мүмкін емес. Өйткені, бұл таңдалған шығарманың ерекшеліктерін түсінуді, бейнелер жүйесін егжей-тегжейлі зерттеуді, құрылымы мен негізгі сюжеттік желілерін білуді талап етеді [5: 59б]. Психологтар балалармен комикстерді оқуды және жасауды ұсынатынын атап өту маңызды. Өйткені, бұл олардың шоғырлануын, зейінін және қиялын дамытуға көмектеседі. Комикстердің оқу дағдысына, оқуға деген қызығушылығына әсері ғалымдар мен педагогтар арасында зерттеу мен пікірталас нысаны болып табылады. Комикстердің оқу дағдылары мен оқуға деген қызығушылығына әсер етуінің бірнеше жолы бар: 1. Көрнекі сауаттылықты ынталандыру: комикстер көрнекі сауаттылықты байытады. Себебі, оқырмандар кескіндер, панельдер, перспективалар және кейіпкерлердің мәнерлі беттері сияқты көрнекі элементтерді түсіндіруі керек. Бұл визуалды ақпаратты қабылдау және талдау қабілетін дамытады. Бұл комикстерді оқығанда ғана емес, жалпы өмірде де пайдалы; 2. Қорытынды жасау дағдыларын дамыту: комикстерді оқу оқырмандардан оқиғалар, диалогтар және бейнелер арасында байланыс орнатуды талап етеді. Бұл процесс қорытынды жасау дағдысын – қорытынды жасау және жасырын мағыналарды түсіну қабілетін дамытады; 3. Оқу мотивациясын ынталандыру: комикс оқырмандарға, әсіресе балалар мен жасөспірімдерге тартымды болуы мүмкін. Бұл олардың оқуға деген қызығушылығын оятады. Өйткені, олар кітап оқудың көңілді және көрнекі болуы мүмкін екенін көре алады; 4. Әдеби талдау дағдыларын дамыту: комикстерді оқу аналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Өйткені, оқырмандар мәтінде және көрнекі элементтерде кодталған сюжетті, кейіпкерлерді және хабарламаларды талдауға мәжбүр болады; 5. Сауаттылықты арттыру: кейбір оқырмандар үшін, әсіресе балалар мен оқу дағдылары шектеулі адамдар үшін комикстер дәстүрлі оқулықтарға қарағанда қол жетімді болуы әбден мүмкін. Бұл олардың оқу дағдылары мен әдеби сауаттылығын арттыруға көмектеседі; 6. Көрнекі және есту-визуалды білім алушыларды қолдау: комикс суреттер мен дыбыстар арқылы жақсырақ үйренетін көрнекі және есту-бейнелік оқушылар үшін қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ете алады; 7. Көңіл көтеру және әртүрлілік: көптеген комикстер әртүрлі қызығушылықтардағы оқырмандарды тарта алатын түрлі жанрлар мен тақырыптарды ұсынады. Бұл әралуан әдеби шығармаларды оқу және іздеу әдетін дамытуға көмектеседі [2:80б]. Тұтастай алғанда, комикстердің оқу дағдыларын дамыту және оқуға деген қызығушылығын ояту үшін қуатты құрал болу мүмкіндігі бар екенін көре аламыз. Бұл әсіресе балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеуде маңызды, себебі комикс бейнелеу және әдеби сауаттылық әлемдері арасындағы көпір бола алады. Жалпы, қазақ комикстері оқу дағдыларын дамытуға, мәдени ортаны байытуға және Қазақстан жастарының кітап оқуға деген қызығушылығын сақтауға ықпал ететін ойын-сауық пен білім берудің құнды көзі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жумагазиев, Д. Казахстанские комиксы как инструмент популяризации чтения среди молодежи. Вестник Казахстанского национального педагогического университета, 2018, 108-113.
2. Самарганов, А. Влияние казахстанских комиксов на читательские интересы подростков: эмпирическое исследование. Журнал исследований в области образования, 2020, 76-88.
3. Толепова, А. А. Современные тренды в мире комиксов и их влияние на читательские предпочтения подростков в Казахстане. Научный альманах, 2017, 215-222.
4. Амангельдиев, Р. Интерес к чтению у подростков через призму казахстанских комиксов. Культура и образование, 2019, 127-136.
5. Ислямова, Г. А. Казахстанские комиксы как средство образования и воспитания. Педагогический альманах, 2018, 55-61

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

Сарбасова Айгуль Курманалиевна,
202 мектеп - гимназия.
Тарих пәні мұғалімі
Алматы қаласы

Аннотация: мақалада қазіргі цифрлық технологияларды қолдану негізінде біртұтас ақпараттық орта құру арқылы ұлттық білім сапасын арттыру мәселесі қарастырылған. Цифрлы білім беруде мұғалімдер білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін интернет желісінен де ақпараттарды саралап алып, тиімді қолдануына бағыт беруге дайын болуы қажет.

Тірек сөздер: цифрлы технология, мұғалім, білім беру, білім сапасы, ақпарат.

Аннотация: в статье рассматривается вопрос повышения качества национального образования путем создания единой информационной среды на основе применения современных цифровых технологий. В цифровом образовании учителям необходимо быть готовыми анализировать и эффективно использовать информацию из сети интернет для развития логического мышления обучающихся.

Ключевые слова: цифровая технология, учитель, образование, качество знаний, информация.

Abstract: the article discusses the problem of improving the quality of National Education by creating a unified information environment based on the use of modern digital technologies. In digital education, teachers should be ready to analyze and effectively use information from the internet for the development of logical thinking of students.


Keywords: digital technology, teacher, education, quality of education, information.

Республикамызда білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – бұл ақпараттық технологияларды қолдану негізінде біртұтас біліми ақпараттық орта құру арқылы ұлттық білім сапасын арттыруды көздеп отыр. Жоғары оқу орнының күрделі де маңызды бір мәселесі студентті болашақ мамандығына оңтайландыру, кәсіптік біліктілігін дамыту, жоғары білім беру оқытушылары үшін алтыншы міндеттің маңызы ерекше, онда: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу» - деп атап көрсетілді [1]. Мұның өзі еліміздегі білім беру жүйесін әлемде болып жатқан келелі жаңалықтармен ұштастырып оқыту мақсатына байланысты білім беру саласы алдына өзгерістер енгізу мәселесін міндеттейді.

Ақпараттық технологиялар арқылы білім алушылардың алдына коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыты – қазіргі қоғамның талабына сай, өз еркімен шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің қойылып отырған талапқа сәйкес келуімен сипатталады. Ақпараттандыру – ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық үдеріс [2]. Сонымен бірге, ақпараттандырудың педагогикалық үдеріске де тікелей қатынасы бар, өйткені білім алушылардың ақпараттануы, олардың білім, біліктіліктерінің құзыреттілігін құрайды.

А.Д.Урсулдың анықтамасы бойынша ақпараттандыру – бұл «ақпараттық қоғам құру мақсатында ақпарат құралдарының көмегімен басқару мен дамудың қоры ретіндегі ақпараттарды меңгерудің жүйелік-әрекеттілік үдерісі және оның негізінде өркениет прогресін одан әрі дамытуды жалғастыру. Оның мақсаты: жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы интеллектуалдық әрекеттерді жаппай жетілдіру, постиндустриалды қоғамның талаптарына сай келетін, ой-өрісі жаңа типтегі мамандарды дайындаудың сапасы мен тиімділігін түбегейлі көтеру, жаңа ақпараттық мәдениетті қалыптастыру»,– болып табылады [110]. Білім алушылардың ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін жетік меңгеріп, қоғам сұранысына жауап беретін, бәсекеге қабілетті, коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан, ақпараттық мәдениет пен ақпараттық сауаттылығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету көзделеді. Білім беруді ақпараттандырудың заманауи сатысы үлкен сыйымдылықтағы, тез әрекет ететін тасушылары бар, жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялы, мультимедиалық технология мен виртуалдық шындық жүйесі бар күшті жеке компьютерлерді қолданумен сипатталады. Ақпараттандыру үдерістерін, оның себептері мен әлеуметтік салдарын философиялық түсінуге бүгінгі күні ерекше назар аударылатыны өте маңызды.

Сабақ барысында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың бойында коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың бірнеше ерекшеліктерін атап өтсек болады.



1-сурет- ақпараттық технологияларды қолдануда коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастырудың ерекшеліктері

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандырудың көптеген әрі әртүрлі міндеттерін атауға болады: оқу үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде білім берудің сапасын көтеру; оқытудың белсенді әдістерін қолдану; оқу әрекеттерін интеллектуалдық және шығармашылық құрайтындарды көтеру; білім беру әрекеттерінің әр түрін (оқулық, зерттеушілік) кіріктіру; ақпараттық және коммуникациялық технологияларды білім алушының танымдық әрекеттерін белсендіру мен мотивациясын көтеруге ықпал ететін оның жеке ерекшеліктеріне сай бейімдеу; қашықтан оқытудың технологиясын жасау; оқыту үдерістерін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру. Яғни, білім беру

саласында заманауи ақпараттық технологияларды дидактикалық құрал ретінде, кәсіби әрекеттердегі құрал ретінде, сараптық жүйе мен шешімдерді қабылдауды қолдау жүйесі ретінде, оқыту мен зерттеу әрекеттерін шығармашылық құрайтындарды көтеру құралы ретінде бірнеше бағытта қолдануға болады.

Білім беруді ақпараттандыру бүкіл білім беру үдерісін қамтитын маңызды фактор болып табылады. Оның дәстүрлі ұстанымдарымен қатар ақпараттық технологияларды жекелендіру, ақпараттық ағымдардың көп каналдығы, ақпараттық өнімдер мазмұндарын әмбебаптау мен қолдану ұстанымдары да маңызды орын алып отыр.

Ақпараттық ағымдардың көп каналдығы ұстанымы дегеніміз – көру, есту сияқты қабылдаудың әр түрлі каналдарына сүйену арқылы ақпаратты беру. Бұларға мәтіндерді, графиктерді, аудио және бейнематериалдарды, сызбалар мен кестелерді қолдану жолдарымен қол жеткізуге болады.

Байланыстың ақпараттық өнімдері мазмұндарын әмбебаптау мен қолдану ұстанымдары – бұл логикаға, интерфейске, құрылымға деген жалпы әдістерді жасау, бір бағдарламалық өнімнен екінші бағдарламалық өнімге оңай көшуді жасау мақсатында электрондық материалдар компоненттерінің жиынтығын құрастыру, сондай-ақ назарды материалдардың сыртқы әсерлері, оны қабалдау формасына емес, оның мазмұндарын қабылдауға бағытта болып табылады.

Білім беру үдерісін ақпараттау үдерісі екінші маңызды үдеріс – модернизациялаумен қатар жүреді. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беруді модернизациялаудың мақсаты – білім беру жүйесін дамытудың тұрақты механизмін жасау. Экономиканы және әлеуметтік саланы, ғылым, техника мен технологияны, еңбектің федералдық және аумақтық рыноктарын дамытудағы сұраныстары, сондай-ақ оларды дамытудың болашақтағы қажеттіліктері білім беруді модернизациялаудың негізгі факторлары болып табылады. Білім берудің көп деңгейлік жүйесін құру, түлектерді еңбекке тартуға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасау, жұмысты таңдау мәселесі бойынша, сондай-ақ өз ісін ашуға қатысты өзінің дайын екендігін қалыптастыру модернизациялаудың нәтижелері болуы керек [3].

Білім беруді модернизациялаудың басым бағыттарының бірі – оның барлық сатыларына ақпараттық технологияларды енгізу. Білім беру ұйымдарында оқыту үдерісінің сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін және жоғары оқу орындарындағы ғылымға демеу көрсететін ғаламтордың ғаламдық желісіне және жергілікті ақпаратты тораптарға қосу, білім беру орындарын заманауи аспаптармен, құралдармен және материалдармен жабдықтау керектігі нақты көрсетілген.

Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану оған қатысушылардың: мұғалімдер мен білім алушылар коммуникация ерекшеліктерінде де із қалдырады. Сөйтіп, коммуникативтік құзыреттілікті дәстүрлі түсіндіру өзгертіліп, кеңейе түседі. Ол үшін: - біріншіден, мұғалімдер коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды кеңінен қолдана білуі керек, өйткені кәсіби әрекеттерді ақпаратсыз іске асыру мүмкін емес; - екіншіден, коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы заман сұранысына жауап беретін білім алушыларды дайындау.

Цифрлы білім беруде ақпарат мөлшері өте көп, тіпті бұл ақпараттарға оқушылар мұғалімнен артық қол жеткізе алады. Сондықтан мұғалімнің рөлі білім беру бағытында ғана емес, басқаша да өзгеруі керек. Мұғалім әр оқушы үшін оқу және оқыту үдерісін ұйымдастырушы, бағыт беруші қызметін жетік меңгеруі тиіс. Олай болса, ол әр оқушыға не қажет екенін түсініп, білім берудің жаңа форматтарын ұсынып, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, ақпараттық ресурстарды таңдауға кеңес береді. Бұл, әрине, барлық білім беру ұйымдарына қатысты екені белгілі. Цифрлы қоғамда мұғалімнің дамып келе жатқан цифрлы ортамен жұмыс істеу мүмкіндігі жоғары болуы керек. Білім беруде қолданылатын технологиялардың өзгеруіне байланысты білім беру үдерісінде мұғалімнің рөлі туралы мәселеге соңғы жылдары көп көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, бұл мәселе цифрлы қоғамдағы

өзгерістермен тікелей байланысты екендігі белгілі. Компьютерлік немесе цифрлық технологияларды тәжірибелі мұғалімнің қолында қосымша құрал ретінде ғана қолдануға болады. Мұғалімсіз бірде-бір технология жұмыс істемейтіні белгілі.

Мұғалімнің педагогикалық тұрғыдан цифрлы сауатты болу дегенді осы салаға қатысты белгілі бір дәрежеде білімі бар, цифрлы білім берудің контенттерін меңгеру, цифрлы білім беру ресурстарын білу немесе цифрлық технологияның платформаларын өз мамандығы аясында тиімді пайдалана алады деп түсінуге болады. Мұны басқаша цифрлық құзыреттілік деп атауға болады.

Жаңа білім беру стандартының талаптарына сәйкес мұғалім цифрлы білім беру ортасының барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқу-тәрбие үдерісін құра білуі қажет.

Цифрлық білім беру ортасындағы білім беру үдерісі дәстүрлі оқыту үдерісімен салыстырғанда артықшылықтары бар:

– білім беру бағыттарын оқудың құралдарын, формаларын және қарқынын таңдауды арттыру;

– әртүрлі ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету;

– оқу материалын көрсетудің көрнекілігі, интерактивті формасы арқылы оқушылардың оқытылатын пәндерге қызығушылығын арттыру;

– өз бетінше оқуға ынтасын арттыру, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту;

– оқушылардың оқу бастамасын, қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту және т.б.

Оқыту үдерісі мұғалімнің оқушылармен бірлескен іс-әрекетінің нәтижесінде ұйымдастырылады. Бұл ретте оқыту мен тәрбиелеу технологиясын таңдау көптеген факторларға: оқушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың мүмкіндіктеріне, дайындығына, сонымен қатар мұғалімнің өзінің дайындығына байланысты екенін есте ұстаған жөн.

Білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекетінің сипаты ынтымақтастық педагогикасының принциптерінде көрінеді. Олардың негізгілеріне жататындар:

– демократия (таңдау еркіндігі, теңдік);

– ашықтық (сын еркіндігі);

– альтернативтілік (қызмет тәсілдерінің көптігі);

– диалог;

– рефлексивтілік (іс-әрекеттің мақсаттарын, мазмұнын, әдістерін білу).

Қатысушылардың рөлдері де әртүрлі болады: мұғалім түсіндірмелі-иллюстративті оқыту әдісінен әрекетке негізделген әдіске көшеді, онда әрбір бала уәжді саналы оқу әрекетінің белсенді субъектісіне айналады. Мұғалім оқу әрекетін ұйымдастырушы және үйлестіруші қызметін атқарады [4].

Қорыта келе, мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі бұл ақпаратты өңдеуге және жұмыс істеуге, оқытуға, әлеуметтендіруге және қол жетімді мүмкіндіктерді кеңейтуге қажетті білім алуға байланысты міндеттерді қою және шешу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен цифрлық медианы пайдалану дағдыларының жиынтығы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 тамыз N 1037. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001037_
2. Педагогика большая современная энциклопедия. Минск. - 2005.- 720 с. Ақпараттандыру туралы
3. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418
4. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. –Тараз, 2022. -314 б.

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ

Сбоева Владислава Владимировна,
преподаватель по химии и биология, магистр химии.
сш.им.Б.Момышулы

Аннотация: В этой статье рассматриваются современные тенденции в образовании с особым акцентом на развитие творческих компетенций у учащихся. Отстаивается комплексный и инновационный подход к преподаванию химии, включающий различные педагогические стратегии для повышения творческих компетенций и учета различных уровней владения предметом учащимися.

Ключевые слова: инновационные технологии, образование, химия, творческие компетенции, интеграция.

Аннотация: Бұл мақалада оқушылардың шығармашылық құзыреттіліктерін дамытуға аерекше назар аудара отырып, білім берудегі заманауи тенденциялар қарастырылады. Шығармашылық құзыреттілікті арттыру және оқушылардың пәнді меңгеруінің әртүрлі деңгейлерін есепке алу үшін әртүрлі педагогикалық стратегияларды қамтитын химияны оқытудың кешенді және инновациялық тәсілі қорғалады.

Түйіндісөздер: инновациялық технологиялар, білім беру, химия, шығармашылы ққұзыреттілік, интеграция.

Annotation: This article examines current trends in education with a special emphasis on developing creative competencies in students. An integrated and innovative approach to teaching chemistry is advocated, incorporating a variety of pedagogical strategies to enhance creative competencies and accommodate students' varying levels of subject proficiency.

Key words: innovative technologies, education, chemistry, creative competencies, integration.

Текущий дискурс в сфере образования вращается вокруг стратегических направлений развития. В настоящее время разрабатывается новая образовательная система, основной упор в которой делается на развитие творческих компетенций учащихся. Я придерживаюсь мнения, что эффективность образовательного процесса зависит от внедрения педагогических подходов, вдохновленных китайскими методологиями. В современном образовательном ландшафте поиск новых и более эффективных технологий необходим для развития творческих и когнитивных способностей учащихся [1].

Однако нынешняя учебная программа по химии не способствует развитию творческого мышления и творческой активности у учащихся. Задача, с которой сталкиваются преподаватели химии, заключается в том, как развить творческие способности учащихся и привить им творческие компетенции. Эта дилемма побудила сформулировать гипотезу, которая служит руководящим принципом нашего экспериментального подхода.

Черпая вдохновение из педагогической теории, выдвинутой Андреем Викторовичем Хуторским [2], которая направлена на развитие личности учащихся и их творческую самореализацию, мы разработали систему преподавания химии, основанную на сочетании инновационных технологий. Эти технологии включают проблемно-ориентированное обучение, многоуровневое обучение, игровое обучение, исследовательско-ориентированные подходы, информационно-коммуникационные технологии, методологии проектирования и методы интегративного обучения, все из которых способствуют образовательной рефлексии учащихся.

Наша цель, как преподавателей, состоит в том, чтобы развивать творческое мышление учащихся. Для достижения этой цели мы поставили перед собой конкретные задачи, включая использование современных образовательных технологий, соответствующих возрасту и психологическим особенностям, создание среды, способствующей самореализации, а также поощрение совместного руководства и самоуправления на каждом уроке для достижения общей цели.

При решении этих задач я использую индивидуальный подход и систематическое сочетание различных технологий. Рассмотрим *технологию проблемного обучения*. Примечательно, что технология проблемного обучения пронизывает всю учебную программу по химии, делая каждый урок по своей сути сложным (табл.1). При таком подходе учитель представляет проблему и направляет учащихся к ее решению [3].

Таблица 1 – Технология проблемного обучения при изучении тем органической химии

Тема	Проблема
Теория химического строения	Структура органических соединений: $C_2H_6, C_3H_8, C_4H_{10}$. Какова валентность углерода внутри? (Общепринятые представления о валентности вступают в противоречие с составом этих соединений.)
Ароматические углеводороды	Используя предложенную Кекуле циклическую структурную формулу бензола, определите реакции, которые, как ожидается, будут характерны для данного вещества. Это предполагает проведение экспериментальных демонстраций взаимодействия бензола с бромной водой и перманганатом калия. Однако бензол не реагирует с этими веществами. Чем объясняется это несоответствие? (Конфликт возникает из-за несоответствия между молекулярной структурой, согласно формуле Кекуле, и наблюдаемыми свойствами.)
Многоатомные спирты	Существует ли различие между спиртами, содержащими несколько групп, и спиртами с одной гидроксильной группой? (Экспериментальный сценарий, включающий взаимодействие глицерина с основаниями, представляет собой парадокс: учащиеся знают, что одноатомные спирты обычно не вступают в реакцию с основаниями при нормальных условиях.)
Глюкоза	Формула глюкозы - $C_6H_{12}O_6$. Какие функциональные группы присутствуют в ее структуре? Если в молекуле глюкозы есть альдегидная группа, почему она не вступает в реакцию с$NaHSO_3$?
Аминокислоты	Какие характеристики можно отнести к составу вещества:$NH_2 - CH_2 - COOH$? Как раствор этого соединения взаимодействует с индикатором?

Технология разноуровневого обучения. Эффективная организация учебного процесса требует применения индивидуального подхода для удовлетворения разнообразных потребностей учащихся. В контексте преподавания химии дифференциация становится особенно важной. Это объясняется уникальной природой предмета, когда некоторые учащиеся сталкиваются с существенными трудностями в усвоении химии, в то время как другие проявляют явные способности к этому предмету. Учет различных уровней владения химией может быть достигнут путем применения методов дифференциации уровней.

При структурировании учебного процесса для учащихся упор следует делать на включение трех стандартов:

- Обязательное общеобразовательное обучение, гарантирующее, что каждый учащийся овладеет базовыми навыками в рамках предписанной учебной программы.

- Расширенное обучение, направленное на достижение большей глубины понимания академического предмета.

- Специализированное обучение для учащихся, заинтересованных и способных углубиться в предмет. Это специализированное обучение проводится на индивидуальном уровне и на максимально возможном уровне сложности.

Учащийся определяет пути личностного развития на основе имеющихся способностей, склонностей и интересов, выбирая образовательную траекторию, которая наиболее точно соответствует его предпочтениям. Выбор уровней сложности является гибким и непостоянным. Учитель играет определенную роль в подготовке учащихся к самостоятельному выбору задания, предлагая рекомендации по подходящим заданиям, но окончательное решение остается за учеником. Рассматривая изучение каждого предмета в школе не как цель, а как средство развития ребенка, оценка успешности учащихся основана на том, как усваивается содержание: будь то на уровне воспроизведения фактов, реконструкции или более продвинутых умственных операций [4].

В качестве примера предоставлены три варианта ля самостоятельной работы по теме "Основные классы неорганических соединений":

Вариант 1 (включающий задания, стимулирующие познавательную активность учащихся на исследовательском уровне):

Составьте формулы гидроксидов, из которых образуются следующие соли:

А) нитрат железа (III);

Б) хлорид хрома (III);

В) карбонат марганца (II).

Вариант 2 (Включение заданий на уровне частичного поиска познавательной активности учащихся):

Составьте формулы солей на основе их названий:

А) нитрат калия;

Б) фосфат алюминия;

В) сульфат железа (III).

Вариант 3 (с заданиями репродуктивного уровня):

Определите заряды ионов металлов и кислотных остатков в формулах следующих солей: $Mg(NO_3)_2, KCl, Na_3PO_4, CuSO_4$. Дайте им названия.

Қай пән болмасын жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес оқу бағдарламалары ұсынған оқу мақсаттарына жету талабы қойылуда. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік, дағдыларын кез-келген оқу үдерісінде, өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізу жолында қажырлылықты дамытуға бағытталған және өмір бойы білім алуға ынталандырады [2, 6б].

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша оқушылар бастауыш білім беру деңгейінің соңында төмендегі күтілетін нәтижелерге жетуі тиіс:

– қажетті ақпараттарды алу және іріктеу тәсілі ретінде сөйлеу іс-әрекеттерінің әртүрлілігі туралы қарапайым түсініктерінің болуы;

– кез келген ақпаратты беру және қабылдау үшін жағдайға қарай шағын көлемдегі мәтін түрлерін қолдана алуы;

– алынған ақпараттарға қатысты өзінің ойын білдіру үшін алғашқы сөйлеу дағдыларын қолдана білуі;

– оқу және өмірлік жағдаяттарда тілдік қатынас жасау үшін сөйлеу іс-әрекеттерін пайдаланудың қарапайым тәсілдерін білуі;

– тілдік қатынас және қоршаған шынайылықты танып білу құралы ретінде ана тілі мен басқа тілдердің маңызын түсінуі;

– топпен, командамен бірлесіп жұмыс жасау үшін алғашқы сөйлеу дағдыларын пайдалана алуы;

– қойылған мәселелерді шешу үшін сөйлеу дағдыларын қолданудың қарапайым тәсілдерін білуі;

– қарапайым талдау, баға беру және кез-келген жағдаяттарды шешу үшін сөйлеу типтерін таңдау қажеттігін түсінуі;

Бастауыш сынып оқушысының жоғары сыныптардағы әдебиеттің жүйелі курсын меңгеруге дайындау, олардың әдеби сауатын ашу, көркем шығармалар арқылы оқушының бойында ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерінің үйлесімді дамуына, әдеби шығармалар арқылы қазақ ұлтының мәдениетін, тарихын меңгеруіне, әдеби мәтіндердің жанрын, стилін, құрылымын, тақырыбын, тілдік және баяндау ерекшеліктерін ажырата білуіне, сын тұрғысынан ойлау дағдысының дамуына, оқу сауаттылығы мен шығармашылық жазу тілінің қалыптасуына, анықтамалықтармен, сөздіктермен, библиографиялық әдебиеттермен, басқа да ақпарат көздерімен жұмыс істей білуге дағдылануына ықпал етеді[1,11б.].

Осы мақсаттарға толық жету үшін әлемдік, отандық классикалық балалар әдебиеті фольклорымен, көркем шығармалардың әр түрлі жанрларымен таныстыру, оқу техникасын меңгерту арқылы оқушының мәтінді қабылдауын қамтамасыз ету, мәтін мазмұнын меңгерту арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру міндеті.

Көркем шығармаларға қарапайым талдау жасау арқылы жекелеген әдеби-теориялық ұғымдармен таныстыру, оқушылардың сөздік қорын байыту, ауызекі сөйлеу мен жазба тілін дамыту, оқырмандық қабілетін қалыптастыру, негізгі құзыреттіліктер негізінде дүниетанымын, өзіндік көзқарасын, шығармашылығын қалыптастыру және дамыту бастауыш оқытудың өзекті мәселелерін құрайды. Сонымен қатар жоғарыда айтылған дағдыларды қалыптастыру негізі бола алады, жоғары деңгейдегі нәтижелерге қол жеткізу үшін жоғары деңгейде оқыту үрдісін ұйымдастыра білу керек.

Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда пәнаралық байланысқа мән беріледі:

- өлең жолдарын, шумақтарын, ұйқастарын анықтаудағы математикалық дәлдіктер;
- логикалық ойын дамытудағы тәсілдер - этикалық нормалар мен құқықтар бойынша;
- ұлттық дәстүрді дәріптеу дүниетанумен;
- кейіпкердің көңіл күйін, сезімін айқындау жұмыстары өнермен;
- бейнелеу өнерімен - әдемілікті, сұлулықты көріп, сезінуде, қабылдау сияқты қабілеттерді дамыту қарастырылады.

Пәнді оқыту барысында топтық, ұжымдық жеке жұмыс түрлері ұйымдастырылады, танымдық жұмыс (сұрақ құрастыру, мәтін құру, мәтін бойынша сурет салу, кейіпкерге мінездеме беру, хабарлама дайындау, қосымша деректер жинақтау) жүргізіледі. Оқыту барысында мәтіннің өмірмен байланысына, шынайылығына, ситуациялық талаптарға сәйкестігіне ерекше көңіл бөлінеді, көркем сөздер арқылы оқушының тілдік дағдыларын дамытуға назар аударылады. Оқушының тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыруды көздейтін стратегияларды қолдануда ұтымды тәсілдерді пайдаланудың рөлін, тиімділігін өлшей білу маңызды. Оқушының жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін технологияларды (жобалау, зерттеушілік т.б.) игеруге, енгізуге жағдай туғызу қажет. Инновациялық технологияларды зерделей отырып, таңдалған әдіс-тәсілдер жиыны мұғалім мен оқушы арасындағы түсіністік қатынасқа негізделеді. Әдебиеттік оқу сабағын тиімділігін арттырудағы өз тәжірибемнен сабақ ұсынсам.

Тарауы: Халық ауыз әдебиеті

Сабақ тақырыбы: Шөже мен Орынбайдың айтысы.

Оқу мақсаттары:

- айтыс жанрының негізгі сипаттары мен түрлерін атау;
- ақындар айтысына байланысты өз көзқарастарын білдіру;
- ақындардың айтыста берілген портреті бойынша олардың мінездерін болжау, ой қорытындылау.

Барлық оқушылардан күтілетін нәтижелер:

- айтыс жанрының негізгі сипаттарын атайды;
- айтыс түрлерін ажыратады;
- айтыс мазмұны бойынша ой-пікірлерін білдіреді;

- мәтін бойынша сұрақтар құрастырады және оларға жауап береді;

Оқушылардың басым көпшілігі:

- мазмұн бойынша талдау сұрақтарына жауап береді;
- ақындардың портреті мен мінездерін мұғалім көмегімен болжайды;

Кейбір оқушылар жасай алады:

- нақты сөз тіркестеріне байланысты пайымдаулар жасайды.

Бағалау критерийлері:

1. Ақынның ойын, көзқарасын білдіретін жолдарды тауып оқиды.
2. Анықталған тіркестер бойынша ақынның көркем бейнесін талдайды.
3. Айтыс мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады.

Тілдік мақсат. Оқушылар: өзара әңгімелесу, сұрақ-жауап, айтыс мазмұнын талдау арқылы көркем әдебиет тілін дамытуға жұмыс жасайды.

Негізгі сөздер мен тіркестер: Ат терлету, атығай-қарауыл, қартаң кезең, әуре-сарсаң, тосып айтпай, басып айту, «соқырдың шеңгеліне түсу», сыбаға беру, сезімтал, көреген, екі көздің бірін бер, т.с.с.

Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Тосып айтпай, басып айту тіркесінің мағынасын қалай түсінесіңдер? «Соқырдың шеңгеліне түсу» тіркесі қандай мағынада берілген?

Талқылауға арналған сұрақтар: Айтыста қай ақынның ой басымдығын байқадыңдар? Ойларын қандай сөздермен бере білген?

Жазылым бойыншаұсыныстар: Таңдау бойынша бір ақынның портретін жаса. Мінездеме бер. Құндылыққа баулу Рухани-адамгершілікке баулу, жауапкершілік.

Пәнаралық байланыс - қазақ тілі.

Алдыңғы білім: Халық ауыз әдебиетінің анықтамасы мен түрлерін біледі.

Шешендік нақыл сөздердің астарлы мағынасының маңызын біледі.

Айтыстың да халық ауыз әдебиетінің бір түрі екендігін біледі.

Жоғарыда нақтыланған жоспар бойынша оқушылардың бойында білім, білік, дағды қалыптастыру үшін берілетін азғантай уақытты тиімді қолдану мұғалім шеберлігіне сын. Үй тапсырмасы, миға шабуыл секілді міндеттерді орындаған соң жаңа тақырыпты игерудің алғашқы қадамы тыңдалымнан басталды. «Айтыс және оның түрлері» жайлы аудиотыңдалым ұсынылып, оның соңы сұрақтарға жауап беруге ұласты. Оқушылар «қалқу» стратегиясы бойынша жауап берді, яғни кім жылдам бірінші болып орнынан тұрса, сол сұрақтың жауабын береді. Бастысы, бір сұрақтан ғана оқылады, жауабын тыңдаған соң екінші сұраққа көшу керек. Сұрақтар топтамасы:

- Айтыс дегеніміз не?
- Оның қандай түрлері болады?
- Қандай ақындар арасындағы айтыс туралы білесіңдер?
- Айтыс өнерінің негізгі сипаттары қандай?
- Ақындар айтысқанда қандай мақсат ұстанады?

Қалыптастырушы бағалауға «ынталандыру» қолданылды. Себебі сабақтың бастапқы кезеңінде балаларды қысылмай, өз ойларын еркін айтуға, бірін-бірі мұқият тыңдауға, ой жинақтауға шақырып, ынталандыру өте маңызды.

Айтыстың негізгі сипаты қоғамдағы белгілі мәселелерді қозғау, көпшілікке ой салу, шешендік сөздер қолданып сөз жарыстыру. «Шөже мен Орынбайдың айтысын» оқуға кезек беріп, алғашқы танысуда рольмен оқылады. Екі оқушы оқиды, қалғандары мұқият оқулықтан қарап іштей қосыла оқиды және тыңдайды.

Оқылым әрекетінен кейін 1-інші қатарда отырған оқушылар Шөже ақынның сөздерін, 2-інші қатарда отырған оқушылар Орынбай ақынның сөздерін зерделейді. Түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерін анықтайды және оларды қағазға жазып отырады. Жеке әрекеттер жұптық жұмысқа ұласады. Бірлесіп отырып, сол сөздердің мағынасын талдауға бүкіл сыныпты «Жедел сауал» тәсілін қолдану арқылы жұмылдырады.

Әр топтан бір оқушыдан журналист таңдалып, жазылған сөз тіркестерінің мағынасын кезекпен талдауға шақырады.

- «Тосып айтпай, басып айту» тіркесінің мағынасын қалай түсінесіңдер? (тек сұрақпен шектелме, мақсатпен сөйле, оқушылар жауап бермеуі де мүмкін, бастысы ойлануға үйрету Бір оқушының жауабы бұрыс/дұрыс деген тұжырымнан сақтану. Барлық оқушыны қолдау, ой-пікірге қатысу белсенділігін арттыруды қадағалау. Соңында өз ойыңды ашық айта біл деген тұжырым жасалады.

- «Соқырдың шеңгеліне түсу» тіркесі қандай мағынада берілген?(көңілдің соқырлығы, сауатсыздық). Бұл жердегі соқыр сөзі тек көздің соқырлығын емес, рухани кемтарлық, жақсыны көрмеу, құндылықты бағаламау, әсемдікті байқамау туралы айтылып тұр деген тұжырымға мұғалімнің көмегімен жетеді.

Қалыптастырушы бағалауға сұрақ көмегімен «кері байланыс» алынады.

- Айтыста қай ақынның ой басымдығын байқадыңдар?
- Ойларын қандай сөздермен бере білген?
- Өлең мен айтыс өнерінің қандай айырмашылығы бар?

Сабақтың келесі кезеңі топтық жұмыста «Брифинг» айдарымен жалғасын табады.

Тапсырма орындамас бұрын бағалау критерийлерімен таныстыру маңызды:

1. Ақынның ойын, көзқарасын білдіретін жолдарды табады.
2. Іріктелген тіркестер бойынша ақынның көркем бейнесін анықтайды.
3. Айтыс мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады.

Кезеңгің негізгі мақсаты- оқушыларды айтыс мазмұны бойынша сұрақтар құрастыруға және сұрақтарға негізбен жауап беріп, ортада ойын ашық айтуға баулу.

Мысалы: Шөже айтысқа қалай келді? Ол Орынбайды бұрыннан да таниды ма?

Шөже Орынбайға қандай кеңес берді? Шөженің кесіп айтатын өткір мінезін қай сөздерден аңғаруға болады?

Орынбай ақынның сөздерінде орынсыз айтылған тұстары байқала ма?

Не себепті орынсыз деп ойлайсыздар? Айтыстағы басты мақсат неде?

Тапқыр ақын ретінде танылған кім? Не себепті?

Қалыптастырушы бағалау дескрипторлар көмегімен жүзеге асады. Оқушы:

- айтыс мазмұнынан ақынның көзқарасын білдіретін жолдарды тауып оқиды;
- таңдалған тіркестер бойынша ақын бейнесіне 1 дәлел келтіреді;
- үлгі бойынша сұрақтар құрастырады.

Жұмыс барысында оқулық көмегіне жүгінуге рұқсат беріледі. Ақынның ойын, көзқарасын білдіретін жауапты тауып оқуды үйрену мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырудың алғышарты.

Сабақты қорытындылау және оқушылардың оқу материалдарын игеру сапасын тексеру үшін жеке жұмысқа «кеңейтілген тапсырма» ұсынылады.

А тапсырма. Ақпаратты сәйкестендір

1	Айтыс	А	тіл жарасы бітпейді"
2	Шешендік сөз	В	тіл кеспек жоқ"
3	"Қылыш жарасы бітеді,	С	ақындар арасындағы сөз жарыс
4	"Бас кеспек болса да,	Д	терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылған сөз

Ерекшелігі тапсырмалар бойынша оқушылар тақтаға шығып, немесе орнынан тұрып жауап бермейді. Барлығы да бірлескен белсенді әрекетпен жұмыс жасайды. Тек әр кезеңде бақылау фокустарын өзгертіп, өзара ұжымдасуду барысында жеке өзіндік белсенділікті әрқасйсысының арттыруына күш салып отырамын.

В тапсырма. Таңдау бойынша бір ақынға талдау жаса. Кім? Қандай? Әсер еткен ойы:

С тапсырма. Қазіргі айтыскер ақындар есімдерін білесіңдер ме? (Айнұр Тұрсынбаева, Мұхамеджан Тазабеков, Аманжол Әлтаев, Әселхан Қалыбекова, Мэлс Қосымбаев, Мұхтар Ниязов, т.б.)

Сабақты қорытындылау «табыс баспалдағы» әдісін қолдану арқылы жүргізіледі. Бағалау критерийлерін пайдаланып, рефлексия жүргізіледі. Үй тапсырмасына «Айтыс туралы не білемін?» «4 сөйлем» әдісіне салып қорытынды жазу – 1-інші сөйлем ақпарат беру, 2-інші - пікір білдіру, 3-інші -дәлел келтіру және төртінші сөйлемде ой қорыту.

Сабақта барлық оқушылар үшін өзара бірлескен оқудың мәнін арттыру көзделді. Аса қабілетті оқушылар үшін жоғары деңгейдегі тапсырмалар мен ашық сұрақтар дайындалды. Ерекше дайындықты қажет ететін оқушылар үшін қарапайым сұрақтар, қолжетімді тапсырмалар дайындалды. Түсіну деңгейін анықтау және жетілдіру үшін кері байланыс жоспарланды. Оқу мақсатына жету үшін шынайы оқу ортасын құруда бағалау критерийлері және дескрипторлар қолданылды. Өзара әрекеттесу және әрекет нәтижелерін бақылап, бағалау және түзетуді үйрену мақсатында «мадақтау сэндвичі», «табыс баспалдағы», рефлексия жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларын осындай жетістіктерге жеткізу үшін бізге, яғни бастауыш сынып мұғалімдеріне көп ізденіс керек. Әр оқушының сөздік қорын, сөйлеу деңгейін, ойлау қабілеттерін зерделеп, қажеттіліктері мен қабілеттерін саралай отырып оқыту нәтиже бермей қоймайды.

Шығармашылық жұмыстардың қай-қайсысы болмасын өз нәтижелерін береді. Мектеп тәжірибесінде жыл сайын бастауыш сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу, эссе жазу, шығармашылық тапсырмалар сайысына қатысатын оқушылардың саны артып, жетістіктер арту үстінде. Оқушылардың шығармашылық ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптас тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда пәндік апталықтар, ғылыми-шығармашылық апталықтар, жобалар, пәндік үйірмелер, факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстары ескеріліп тұрады. Сондай-ақ пәндік олимпиадалар, сайыстар, көркемөнер көрмелер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, оң нәтиже береді.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушының сеніміне ие болуында. Әр баланың жеке қабілеттерін тану арқылы оларға өзін, өзгені, өмірдің мәнін танып білу, қоғам алдындағы жауапкершілігін түсіну, ұлттық құндылықтар қалыптастыру әдебиетті оқу, талдау негізінде оқу сауаттылық дағдылары көмегімен ғана қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптар үшін «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері», ДББҰ. Астана, 2017.
2. Есмағанбетова У.Х. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту тұжырымдары мен тәжірибесі. Әдістемелік құрал/ Қызылорда, 2014.
3. Әдебиеттік оқу оқулығы. 4-сынып. С.Рахметова, Б.Қабатай, Т.Әбдікәрім, Р.Базарбекова Алматы: Атамұра, 2015.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ И ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Мырзагулова Мейрамкуль Кибатуллаевна,
педагог-эксперт средней школы №220
Аральского района Кызылординской области

Ключевые слова: функциональная грамотность, читательская грамотность, образовательные технологии, смысловое чтение, отбор текстов, оценка читательской грамотности.

Аннотация: В современных условиях образования повышается значимость формирования функциональной грамотности. Статья обобщает опыт работы над формированием читательской грамотности на уроках русского языка и литературы.

Тірек сөздер: функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы, білім беру технологиялары, түсініп оқу, мәтіндерді іріктеу, оқу сауаттылығын бағалау.

Аннотация: Заманауи білім беру жағдайында функционалдық сауаттылықты дамыту маңыздылығы артуда. Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқу сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмыс тәжірибесі жинақталған.

Keywords: functional literacy, reading literacy, educational technologies, semantic reading, text selection, assessment of reading literacy.

Annotation: In modern conditions of education, the importance of the formation of functional literacy is increasing. The article summarizes the experience of working on the formation of reader literacy in Russian language and literature lessons.

Важным условием формирования функциональной грамотности является единство урочной и внеурочной деятельности, направленные на достижение личностных, предметных и метапредметных результатов. В соответствии с обновленными государственными образовательными стандартами, обязательными предметами[1, с.9].

Читательская грамотность представляет собой умение интегрировать, то есть уметь связывать информацию с предварительным обучением, предыдущими знаниями и интерпретировать, делать умозаключение, логические выводы, рассуждать по поводу прочитанной информации. Читательскую грамотность можно характеризовать, как умение находить и извлекать необходимую информацию из текста для решении учебно-практических задач..

Что значит «уметь читать»? Над этим вопросом размышлял еще К.Д. Ушинский. «Извлечь из мертвой буквы живой смысл, – говорил великий педагог – Читать – это еще ничего не значит, что читать и как понимать прочитанное – вот, в чем главное»[2, с.68].

К большому сожалению, в современных условиях большинство школьников ограничиваются лишь воспроизведением текста, но совершенно не умеют его интерпретировать, определять основную мысль, детали, различать основную и второстепенную информацию и делать выводы.

Функциональная грамотность включает в себя и навыки правильного общения, понимания текста, анализа и критической оценки информации, умение аргументировать свои мысли и выражать собственное мнение. Она помогает ученикам эффективно общаться, решать задачи в разных сферах жизни и успешно учиться.

Одним из основных аспектов формирования функциональной грамотности является развитие навыков читательской деятельности. Читательская деятельность - самостоятельный и самоценный вид интеллектуально-эмоциональной деятельности, который формируется уже в начальные годы обучения ребенка и способствует развитию читательской грамотности, которая предполагает сформированность следующих компетенций:

- умение находить и извлекать информацию;
- интегрировать и интерпретировать информацию;
- осмысливать и оценивать содержание и форму текста;
- использовать информацию текста.

При оценке читательской грамотности фокусом оценивания является:

- умение осуществлять эффективный поиск, сортировку и фильтрацию большого объёма информации;

- проводить поиск нужной информации при просмотре множественных источников;
- умение использовать при работе с текстом информацию из разных предметных областей.

Сформулированы критерии отбора текстов для чтения. Основной спецификой отбора текстового материала является постановка в текстах проблем, с которыми школьник может столкнуться в своей повседневной жизни: по дороге в школу, на уроке, в общении с друзьями, родителями и т.д. Значительно увеличен объем составных текстов как основы для оценивания читательской грамотности. Это позволяет оценить такие действия, как интерпретация и обобщение информации из нескольких отличающихся источников. Уточнена и расширена тематика текстов с учётом современной информационной среды и потребностей социума, что позволит оценивать способность учащихся ориентироваться в современном мире и справляться с вновь появившимися требованиями.

Чтобы ученик смог овладеть функциональной грамотностью, он должен иметь навык смыслового чтения. Смысловое чтение – это одно из средств по формированию функциональной грамотности, так как базовым навыком функциональной грамотности является читательская грамотность. В современном обществе умение работать с информацией (читать, прежде всего) становится обязательным условием успешности.

В образовательной программе общего образования под смысловым чтением понимается «осмысление цели чтения и выбор вида чтения в зависимости от цели; извлечение необходимой информации из прослушанных текстов различных жанров; определение основной и второстепенной информации; свободная ориентация и восприятие текстов художественного, научного, публицистического и официально-делового стилей; понимание и адекватная оценка языка средств массовой информации» [2; 98].

С какими проблемами сталкивается учитель при формировании навыков смыслового чтения? Какие можно предпринять шаги для ликвидации этих проблем?

Проблема 1. Многолетняя практика показывает, что при выполнении самостоятельной работы, тестов разного уровня обучающиеся допускают ошибки по причине непонимания формулировки задания. Проще говоря, «дети не вчитываюся в задание».

Решение: Систематическая работа по анализу учебных заданий, инструкций, которые имеются в современных учебниках. Работа должна быть направлена на развитие умения вчитываться в задание, выделять ключевые слова в формулировке, на развитие понимания смысла задания. Нужно учить детей действовать по алгоритму действий.

Проблема 2. Работа по формированию навыков смыслового чтения не должна ограничиваться только уроком и многократным обращением к одному и тому же тексту.

Решение: Ребенок должен иметь возможность самостоятельно работать с текстом, а далее сопоставить свою работу с работой других обучающихся. Детей нужно учить самостоятельно работать с незнакомыми текстами индивидуально и в паре.

Проблема 3. Использование в процессе обучения лишь традиционных технологий и методов обучения.

*Решение: И*зучение и использование инновационных педагогических технологий, активных методов и стратегий.

Технология продуктивного смыслового чтения соответствует этим стандартам и резко отличается от традиционной технологии передачи ученику готового знания.

Традиционный урок	Продуктивный урок
<u>До чтения:</u> учитель готовит к восприятию текста, например: «Сейчас я расскажу вам о писателе»…или «Сегодня узнаем о…»	<u>До чтения:</u> ученики прогнозируют содержание текста: «Предположите, о чем этот текст по его названию… А иллюстрация подтверждает это?»
<u>Во время чтения:</u> учитель сам читает новый текст вслух. Дети слушают	<u>Во время чтения:</u> читаем и ведем диалог с автором: задаем вопросы, прогнозируем ответы, проверяем себя по тексту
<u>После чтения:</u> ученики отвечают на вопросы учителя и перечитывают текст по заданию учителя	<u>После чтения:</u> беседуем и уточняем позицию автора

Для повышения эффективности учебного процесса необходимо пользоваться активными методами и стратегиями. Интерес учащихся повышается только тогда, когда они активно вовлекаются в обучение.

При изучении сказки М.Е. Салтыков-Щедрин. «Повесть о том, как один мужик двух генералов прокормил» в 10-ом классе в совокупности рассмотрены цели обучения по формированию навыков чтения и говорения. Использована технология смыслового чтения три этапа работы с текстом:

I этап. Работа с текстом до чтения.

1. Антиципация (предвосхищение, предугадывание предстоящего чтения). Определение смысловой, тематической, эмоциональной направленности текста, выделение его героев по названию произведения, имени героев, ключевым словам, предшествующей тексту иллюстрации с опорой на читательский опыт[3].

Предтекстова работа проводится для снятия лексических трудностей с целью ознакомления с новыми словами и расширения понимания. Проведена работа в инновационной форме, предлагая задание на соответствие перед чтением текста.

№	Слова и фразы		Значение
1	дьяка, канцелярист	A	недостаток, несовершенство (дурные привычки)
2	генерал	B	пограничное состояние между жизнью и смертью
3	Подьяческая	C	должностное лицо в государственных учреждениях
4	порок	Д	высокий военный чин
5	сон	E	название улицы в Петербурге
6	кантони́сты	F	несовершеннолетние сыновья воинских чинов, принадлежавшие к военному званию и обязанные к военной службе.

2. Постановка целей урока (учитывается общая готовность учащихся к работе).

Критерий оценивания: *Обучающийся*

1. Обобщает информацию из различных ресурсов.

2. Пересказывает текст, связывая информацию с реальной жизнью.

Уровень мыслительных навыков: понимание, применение

II этап. Работа с текстом во время чтения.

Первичное чтение текста. Самостоятельное чтение в классе, комбинированное чтение в соответствии с особенностями текста, возрастными и индивидуальными возможностями учащихся. Выявление первичного восприятия. Выявление совпадений первоначальных предположений учащихся с содержанием, эмоциональной окраской прочитанного текста.

Задание по рассматриваемой теме.

1. Прочитайте сатирическую сказку в группе, используя стратегию «ДЖИГСО».

2. Ответьте на вопросы учителя:

- Где начинается действие произведения? (в Петербурге).

- Как такие легкомысленные, малообразованные люди дослужились до генералов? (Раньше, когда в дворянской семье рождался сын, его с рождения записывали в какой-нибудь полк рядовым. В то время на Руси существовал “Табель о рангах”, поэтому через какое-то время ему присваивался следующий чин. Рос ребенок, рос чин.).

- Как ведут себя генералы, оказавшиеся на необитаемом острове? (найти в тексте).

- Какой выход находят генералы из создавшегося положения? (Найти мужика, текст).

- Что начинает делать мужик, когда его находят генералы? (работает на генералов, с ним тепло и уютно, он их одеяло).

В чем географическая особенность Петербурга?

(город на островах: Петроградский, Васильевский, Елагин остров, Крестовский, Аптекарский, Безымянный и др.)

3. Определите правильную последовательность сюжетной линии сказки.

4. Обобщите информацию из различных ресурсов. Перескажите содержание сказки в паре, используя стратегию «диалоговое окно».



5. Оцените работу собеседника.

Дескриптор *Обучающийся*

- отвечает на вопросы;
- определяет последовательность событий;
- обобщает всю информацию;
- пересказывает содержание сказки.

Формативное оценивание. Взаимооценивание в паре по методу «Комментарий друга».

Так в чём же эффективность данного задания?

Во-первых, при чтении используется стратегия «ДЖИГСО», где каждый участник группы имеет свой объём для чтения и может внести свою лепту в общую работу.

Во-вторых, дети получают вопросы заранее, как один из способов дифференциации, это поддерживает обучение. Могут перечитывать текст, используя медленное «вдумчивое» п чтение (всего текста или его отдельных фрагментов).

В-третьих, ученики пользуются дескрипторами во время обучения. Алгоритм подсказывает последовательность действий, регулирует процесс. Анализируют текст, используя приемы: диалог с автором через текст, беседа по прочитанному, выделение ключевых фраз, смысловых частей и прочее). Постановка уточняющего вопроса к каждой смысловой части.

Таким образом, учащиеся смогут обобщить прочитанное, сделать пересказ..

III этап. Работа с текстом после чтения.

Критерий оценивания: *Обучающийся*

1. Участвует в дискуссии, выдвигая аргументы в пользу собственной позиции.

Уровень мыслительных навыков: применение, навыки высокого порядка.

Задание для групповой работы.

1. Сделайте обобщение и вывод. Чему учит сказка "Как мужик двух генералов прокормил"?
2. Дополните таблицу-характеристику героев сказки.

Герои сказки	**Характеристика**
Два генерала – пожилые чиновники	Дворяне. Всю свою жизнь занимались однообразной бумажной работой и ничем другим не интересовались. Капризные и жалкие люди, не способные даже самостоятельно определить, где находится север.
Мужик	Таинственный мужик с необитаемого острова, наделённый огромной силой и житейской смекалкой. Способен без труда добыть пищу, свить верёвку из конопли, построить лодку для путешествия через океан. Абсолютно лишён силы воли и чувства собственного достоинства, беспрекословно выполняя распоряжения двух генералов только потому, что они выше него по происхождению и статусу.

Выберите утверждение и обоснуйте свой выбор.

3. Участвуйте в дискуссии, предлагая убедительные аргументы в пользу своей позиции. Для взаимообучения применяется стратегия «Карусель обсуждения», где обучающиеся одновременно участвуют в диалоге.

Утверждения:

А) Сказка учит, что каждый должен получать по заслугам, учит самому уметь добывать себе пищу.

Б) Учит работать и быть находчивым. Учит не лениться и освоить какую-нибудь нужную профессию.

В) Сказка учит тому, что надо быть благодарным, за оказанную помощь, генералы заставили работать мужика, но в благодарности проявили жадность. Сказка высмеивает жадность и порок.

Г) Сказка с горькой иронией показывает, рабскую покорность крестьян. Громаднейший мужчина, мастер на все руки подчиняется тунеядцам[4].

У. Заключительное слово учителя.

Генералы всегда жили на острове. И в Петербурге они вели паразитический образ жизни, а, очутившись на необитаемом острове, без прислуги, обнаружили повадки голодных, диких зверей, готовых сожрать друг друга. Только появление мужика спасло их от окончательного озверения. Наряду с сатирическим обличением дворянства с чувством скорби и грустной иронией изобразил Салтыков-Щедрин рабское поведение мужика.

- Где завязка в произведении? (Генералы попадают на необитаемый остров).
- Где кульминация произведения? (нашли мужика).
- Где развязка? (возвращение в Петербург).
- Какими приемами сатиры пользуется автор?

Приемы сатиры

- Аллегория – иносказательное выражение чего-нибудь отвлеченного в конкретном образе. (Генерал не может сорвать яблока с дерева)
- Гипербола – преувеличение. (Пища в том самом виде родится, в каком ее к столу подают.)
- Фантастика – заснули – попали на необитаемый остров.
- Гротеск – сочетание в фантастической форме ужасного и смешного, безобразного и возвышенного (сцена ожесточения генералов).

Инновационные методы обучения на уроках русского языка и литературы способствуют развитию интеллектуальных способностей, которые имеют непосредственное влияние на улучшение функциональной грамотности обучающихся. Эффективное применение инновационных подходов является одной из важных составляющих успешного обучения образовательного процесса и содействует формированию новых умений и навыков. Сформировать у учеников функциональную и читательскую грамотность – становление их независимыми, самомотивированными, увлечёнными, уверенными, ответственными личностями с развитым критическим мышлением, с умением работать с разными видами текстов.

Список источников и литературы

1. Бондаренко, Г. И. Развитие умений смыслового чтения в школе [Электронный ресурс] / Г. И. Бондаренко // Режим доступа: www.school 2100.ru.
2. Введение в педагогическую деятельность: учеб. пособие/Л.К. Гребенкина, Н.А. Жокина, О.В. Еремкина. – Рязань, 2019.
3. Пунина Н.В. Учебно-методическое обеспечение инновационной деятельности образовательного учреждения//Методист- №1, 2018, с. 46-49.
4. Источник: Как один мужик двух генералов прокормил; [Электронный ресурс] Режим доступа: URL: https://yandex.ru/search/?clid=2598007

ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ – ШЫНАЙЫ ӨМІР ЖАҒДАЯТТАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУ

Нуралиева Женискул Кайрмаганбетовна,
Қызылорда облысы Арал ауданындағы
№63 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-сарапшы

Тірек сөздер: функционалды сауаттылық, оқу тәсілдері, жаратылыстану, жобалау әдісі, тапсырмалар, тиімді әдістеме.

Аннотация: Білім беру үдерісінде функционалды сауаттылықты дамыту маңыздылығы бастауыш мектептен басталады. Мақалада жаратылыстану пәнін шынайы өмірмен байланыстыра оқыту әдістемесін қолдану ерекшеліктері, жобалау әдісі, түрлі құзыреттілік тапсырмалар ұсынылған.

Ключевые слова: функциональная грамотность, приёмы обучения, естествознание, метод проектов, задания, эффективная методика.

Аннотация: Важность развития функциональной грамотности в образовательном процессе начинается с начальной школы. В статье представлены особенности применения методики обучения естественнонаучному предмету с привязкой к реальной жизни, метод проектирования, различные компетентностные задания.

Keywords: functional literacy, teaching techniques, natural science, project method, assignments, effective methodology.

Annotation: The importance of developing functional literacy in the educational process begins with primary school. The article presents the features of the application of the methodology of teaching a natural science subject with reference to real life, the design method, various competence tasks.

Бастауыш білім беру сатысы орта білім беру жүйесінің маңызды буыны және осы деңгейде балалардың ойлау дағдылары, тапсырма міндеттерін түсіну, өздігінен ақпарат алу, т.с.с. басқа да әрекеттер бойынша бастапқы дағдылар қалыптаса бастайды. Бірнеше пән бойынша базалық білім компоненті ретінде математикалық ұғымдарды, жаратылыстану пәнінен түсініктерді, тілдік дағдыларды меңгеру жүреді. Кіші жасынан бастап оқушының ақпаратты қабылдау, оны ой елегінен өткізу, мәнін түсіну сияқты логикалық ұстанымға баулу әрбір бастауыш сынып мұғалімінің міндеті. Қарапайым түсініктерден бастап әр сыныпқа өткен сайын оқушылардың ойлау, салыстыру, негізгі міндетті анықтау, ережелерге сүйену дағдыларын қалыптастыра алсақ, оқушыларға оқу үдерісінің талабы мен қиындықтарын еңсеру едәуір жеңілдік әкелері сөзсіз.

Бастауыш білім беру буынынан бастап сапалы оқуды жолға қою үшін алған білімдерін шынайы өмірмен байланыстыра оқыту әдістемесін қолдану маңызды. Яғни, оқушыға көп және әртүрлі бағыттағы тапсырма бергеннен гөрі, оқу мақсаттарына сәйкес, оларды қиыстырып, өзара байланыстырып, тапсырманың мәнін, қандай дағдыларды меңгеруге жұмыс жасайтынидығын анық көрінетіндей үлгіде ұсынылғаны дұрыс. Осындай жағдайда, яғни тапсырманың табыстылығы, оқу немесе өмір ситуациясы жағдайында пайдалана алатындығын түсінгенде ғана функционалды сауаттылықты дамыту құралы болып табылады.

К.Д. Ушинский – бастауыш сатыда жаратылыстану мен географияны оқытуға үлкен мән берген әдіскердің бірі. Ол мектепте жаратылыстану ғылымын оқытудың мәнін өте жоғары бағалап, оған балалардың қисынды ойы мен тілін дамыту құралы ретінде қарады. Оқушылардың сөз қорларын молайтып, тілін дамыту үшін ең алдымен оларды қоршаған ортаны танып білуге дағдыландыру қажеттігін ескерткен. Табиғаттан білім беру арқылы оқушылардың ұғымды саналы игеруіне негіз қаланады деп есептеген. Оқушылар табиғат заңдылықтарын меңгеру үшін үнемі ақыл-ой сайысына түседі. Бұл сайыс олардың жаратылыс сырын ашылуына көмегін тигізеді деп қараған. Педагог ғалым К.Д. Ушинскийдің бастауыш сыныпта жаратылыстануды оқыту жайында бұл көзқарасы “Ана тілі” және “Балалар әлемі” оқулықтарында жан-жақты сипатталған[1, с.44].

А.Я. Гердте мектеп қабырғасында оқушыларға жаратылыстану пәндерінен білім беру жайында құнды пікірлер ұсынады. Ол оқыту барысында оқушының өздігінен ойлануын, байқағыштығын, танымын дамытудағы жаратылыстану пәнінің маңызын ашып көрсеткен.

Өсімдіктердің, жануарлардың өзінің тіршілік ортасына қарай икемділігін ашық түсіндіру керектігін ескертіп, табиғатқа бақылау жүргізу нәтижесінде оқушылар өз пікірін айтуға, байқағанын қорытуға, ойларын тұжырымдауға жаттығатынын дәлелдеген.

Әдіскер табиғаттан, қоғамнан берілетін білімнің мазмұнын ашып, білім беруде ең бірінші орынға оқушылар көзқарасын қалыптастыруды қойған. Тек қана кітап арқылы алған білімінің үстірт, тиянақсыз болатынын айта келіп, нақты табиғат заттарының бетпе-бет қатынас жасау арқылы алатын білімнің нәтижесінің жоғарылығын басқа ешбір көрнекілікпен салыстыруға болмайтынын айтып, уағыздаған. Өзінің бүкіл әдістемелік ой пікірін "Заттық сабақтар" атты еңбегінде тұжырымдап, бастауыш сыныпта әуелі өлі табиғатты, сонан кейін барып тірі табиғатты оқыту керек деген ұсыныс жасаған[2, с.32].

Қазіргі кезеңде А.Я. Гердтің жаратылыстану пәнінің оқытуға арналған еңбегінің мәні теориялық және әдістемелік тұрғыдан да құнды зерттеулер деп бағаланған. Ғалымдардың қай-қайсысы болмасын бастауыш сынып оқушыларына табиғаттан берілетін білім жүйесін меңгерте отырып, олардың табиғатпен қарым-қатынас дағдысын тәрбиелеуді көздеген.

Осындай теориялық және әдістемелік идеяларды басшылыққа ала отырып, бастауыш сыныптағы жаратылыстану бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарын зерделеудің маңыздылығын түсіндім. Барлық пән бойынша зерделенеді, дегенмен осы бағытта тәжірибеммен бөліссем деймін.

Бағдарламаның басты мақсаты – білім алушының дағдыларын дамыту және білімді түйсік арқылы саналы меңгеру жолдарын қолданып оқыту. Ең бастысы, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, қызығу, еліктеу, сену, әсерлену секілді бала психологиясына сүйеніп, оларға табиғаттың көпқырлы құбылысы мен байлығы жайлы ақпараттарды меңгеруінің тиімді жолын іздестіру.

Жаратылыстану пәнін оқыту үдерісін жүзеге асырудың ерекшеліктеріне тоқталып өтсем деймін. Оқытуды ұйымдастыруда пәндік оқу бағдарламасы бірнеше тәсілдер ұсынған. Атап айтар болсақ:

- құндылықтарға бағытталған ұстаным – оқу әрекетін ұйымдасытруда оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастуға бағытталған. Құндылықтар оқушы тұлғасын ынталанырудың маңызды факторы ретінде танылған. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену – орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленген және барлық пәнді оқытудың тәрбие жұмысымен интеграциясы осы құндылықтар негізінде жүзеге асырылады.

- тұлғаға бағытталған тәсіл – оқу үдерісінде тұлғаны, оның жеке психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен қабілеттіліктерін ескере отырып оқыту;

- іс-әрекеттік тәсілдеме – оқушы білім алу үдерісіне белсенді қатысады, мұғалім түсіндіруімен емес, өз бетінше талдаулар мен талқылауларға қатысу арқылы оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін түсінеді және қабылдайды.

- саралап оқыту тәсілі – оқушылардың танымдық деңгейі мен жеке қабілеттіліктерін ескеру. Әртүрлі таным тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін оқыту әдістері мен іс-әрекет нәтижелерін саралауды кіріктіреді.

- коммуникативтік тәсіл – тілдік дағдыларды дамыту түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ақпарат алмасу, ой бөлісу қабілеттілігі болып табылады.

- оқу жобасы – жеке оқушының немесе бірлескен оқушылар тобының ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық жұмыстардағы нәтижелерге жету мақсатындағы оқу әрекеті.

Бастауыш мектепте жобалау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады және сабақпен ғана шектелмейді, сабақтан тыс уақытта да қарастырылады.

Жаратылыстану пәні бойынша «Жанды табиғат. Өсімдіктер» тарауынан оқушыларға өсімдіктердің тірі ағзалар екендігін біледі, сондай-ақ оларды күту және өсіру жолдарын жайлы білім ұсынылады. «Менің мектебім» тақырыбы аясында оқушылар мектеп ауласында немесе тұратын аумағында өсетін өсімдіктер жайлы біліп, басқа да деректерден оқып білген

өсімдіктері жайлы ақпарат жинауы тиіс. Сонымен қатар оқушылар өсімдіктердің негізгі бөліктерін атап, мәдени және жабайы өсімдіктердің айырмашылықтарын анықтап, мәдени өсімдіктерді күту жолдарын сипаттауды меңгеруге тиіс.

Осы аталған тарауға бөлінген сағаттарда сатылап жеңілден күрделіге көшу, белсенді оқу, саралап оқу, тәжірибелік жұмыстарға тарту, т.б.с.с. оқу-тәжірибелік үдеріс әрекеттеріне жобалау әдісі көмегімен тарту маңызды.

Белгіленген үш нәтижемізді тағы бір нақтылап кетсек:

- өсімдіктердің негізгі бөліктерін атайды;
- мәдени және жабайы өсімдіктердің айырмашылықтарын анықтайды;
- мәдени өсімдіктерді күту жолдарын сипаттайды.

Білім, білік және дағдыларды қалыптастыру үшін жұмысты зейін шоғырландырудан бастап оқушыларға «Өсімдіктерді неліктен тірі ағза деп айтамыз?» деген сұрақ қойылды. Олардың өзара осы сұрақтың жауабымен бөлісіп, талқылауға қатысуын жағдай жасалады. Оқушылардың танымдық қажеттіліктері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, тірі өсімдіктерге салыстыру жүргізілді. Сыныптағы үлкен, орташа және енді өсіп келе жатқан үш гүлді салыстыру арқылы ой қорытуға мүмкіндік алады. Яғни, өсімдіктер өседі, дем алады, қоректенеді, жасыл түсті болады, су ішеді немесе осындай күтім болмаса олар солып қалады. Осылайша, осы кезеңде оқушылардың барлығы тірі өсімдіктің белгілерін атап, басты сипаттамаларын атап шығу үшін тағы бір кері байланыс берген дұрыс.

Сабақтың бастапқы кезеңінде оқушыларға өз үйлерінің немесе жергілікті бақтарда өсетін гүлдер мен өсімдіктерді талқылау тапсырмасы жобалау әдісімен ұсынылады. Жергілікті парктен немесе ботаникалық бақтан, болмаса қала сыртына шыққан серуендерін есіне түсіріп, ақпарат жинау қажет болады. Сабақты ұйымдастыру кезінде оқушылар кейбір жергілікті өсімдіктерді анықтап, атын атайды. Бүкіл сынып болып, жергілікті 10 өсімдіктің тізімін құрастырады, ресурстық суреттерді пайдаланып, өсімдіктердің атауларымен танысады.

Сонымен қатар, оқушыларға жергілікті жерлерде өсетін өсімдіктердің гербарий үлгілерін ұсынылады, сол бойынша оларды атайды және негізгі сипаттамаларын анықтайды. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру және білімдерін толықтыру мақсатында кеппеөсімдік жасау үшін өсімдіктерді жинау ережелері туралы айтып, қысқаша нұсқаунама беруге болады.

Келесі кезекте өзге аймақтың өсімдіктерімен жұмыс жүргізіледі. Оларды жабайы және мәдени деп екі топқа бөліп, олардың неліктен жабайы немесе мәдени болып бөлінетінін талқылау ұсынылады. Бөлме өсімдіктерін мен мәдени өсімдіктерді күту, яғни суару, тыңайтқыш беру, қопсыту, топырағын ауыстыру, өсімдік зиянкестері мен сырқатынан қорғау, түптеу, қопсыту туралы бейнеролик көрсетіледі. Бейне материалдан алған білімдерін талқылай отырып, мұғалімнің көмегімен балалар өсімдіктерді жабайы және мәдени деп ажыратуды үйренеді.

Келесі сабақта оқушылармен бірге мектеп маңайына серуенге шығып, өсімдіктерді суретке түсіріп, кейбір деректерді жазып алуын естеріне саламыз. Сынып бөлмесіне қайтып келген соң, оқушылар көрген-білген ақпараттарымен бөлісіп, пікір алмасады. Мұғалімнің көмегімен ауруға шалдыққан немесе сау өсімдікті анықтауды үйренеді. Олар көрген өсімдіктерінің суретін салып немесе жазба қалдырып, шығармашылық жұмыс жасайды. Келесі кезекте оқу ресурстарын пайдаланып, өсімдіктер мен гүлдердің әртүрлі бөліктерінен коллаж жасайды. Сабақты қорытындылау өсімдіктердің адам өміріндегі мәні мен маңызын талқылаумен аяқталады.

«Жанды табиғат. Өсімдіктер» әртүрлі табиғи және климаттық жағдайларда өсетін өсімдіктер тарауының келесі сабағында жайлы танымдық ақпараттар беріледі. Білім алушылар әртүрлі табиғи және климаттық жағдайларда өсетін өсімдіктердің суреттерін қарап шығады. Мәселен, шөлдегі кактус, орман етегіндегі інжугүл, аптап ыстықтағы күнбағыс, таудағы еңлікгүл, көлдегі тұңғиық. Бірінші вариантта отырған оқушыларға өсімдіктердің өмір сүруіне қажетті жағдайларының өзгешеліктерін сараптауды ұсынылады. Екінші вариантағыларға

өсімдіктердің өмір сүруіне қажетті жағдайларының сәйкестіктерін түсіндіру беріледі. Алынған нәтижелер мұғаліммен бірлесе талқыланады.

Сыныпты төрт топқа бөліп, келесі жобалау тапсырмасы орындалады: - Жарық; - Су; - Жылу; - Ауа. Әрбір топқа өздеріне түскен өсімдіктер тіршілігі үшін қажетті жағдайдың ең маңызды екендігі туралы сөз дайындау қажет. Оқушыларға бөлме өсімдігінің (мысалы, герань, фикус, бегония) сабағының әртүрлі жағдайда өсуін бақылау ұсынылады. Ол үшін сансевиерия өсімдігінің 8 сабағы қажет болады. Барлық сабақтың ұзындығын өлшеп, дәптерге кестеге жазып алып, сосын су құйылған стаканға салу керек. Төрт сабақты бөлме жағдайында қалдырып, қалған төртеуін 2-3 тәулікке әр түрлі жағдайға қояды: 1-інші сабақты – қараңғы жерге қойып, жарық әсерін, 2-інші сабақты – құрғақ стаканға салып су әсерін, 3-інші сабақты – салқын жерге қойып температура әсерін, 4-інші сабақты – қалпақ астына салып ауа әсерін бақылайды.

Келесі сабақта тәжірибені аяқтап, оқушылармен нәтижелер талданады, қарапайым қорытынды жасалады. Өсімдіктерге жылу, су, жарық, қоректік заттар керек екендігін талқылап, осының бәрін қайдан алатындарын ойланады. Біз өсімдіктерді күтпеген жағдайда оның салдары қандай болуы мүмкін, тұқым егіп, өсімдікті өсіру, күту қаншалықты оңай немесе қиын деген сауалдар қойылады. Осылайша, оқушылар өсімдіктің өсуі энергияның қажеттілігі туралы ойланады, ой қорытады.

Тарауды қорытындылау сабақтарында Қазақстанның Қызыл кітабына енген, жойылып бара жатқан өсімдіктер туралы материал тауып, буклеттер немесе презентациялар қолдану тиімді. Сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технология көмегімен өсімдіктердің жеке ландшафтылары, яғни қарағай немесе қайың орманы, батпақтың жалпы көрінісі, шалғындықтар, гүл алқабы, т.б. суреттерді пайдаланып, виртуалды көрме ұйымдастыруға болады. Көрмеде материалдары бойынша қосымша ақпараттарын ортаға салуға шақыру, дербес қызығушылықтарын анықтау, дамытуға мүмкіндік беру, барлығы оқушылардың танымдық белсенділігіне жол ашады.

Құнлықтар қалыптастыруға әкелетін сұрақтар қойып, оқу мен тәрбие жұмыстарын үйлесімді кіріктіруге болады. Оқушыларға мынадай сұрақ қоюға болады: «Оқушылар табиғатта өздерін үнемі мәдениетті ұстай ала ма?», «Өсімдіктерге қамқорлық көрсету қолымыздан келе ма?», «Қоршаған ортаға деген көзқарастарың қалай өзгерді?», т.б.

Бастауыш білім беру деңгейінде оқушыларға тек пәндік білім беріп қана қоймай, өмір жағдайларына бейімдеу үшін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру өте маңызды. Оқушылар сабақта және сабақтан тыс уақыттарда сараланған тапсырмаларды орындау арқылы өзін-өзі басқара білуге, берілген жүйемен әрекет етуге, бірімен-бірі қарым-қатынас жасауға, ақпараттарды жинақтап қажетіне пайдалануға үйренеді. Бұл үдеріс мұғалімнен жоғары дайындықты, нақты жоспарлауды қажет етеді.

Әр баланың бойында бар шығармашылық қабілетті ерте бастан анықтай алуға, белсенді оқу, ақпарат іздеу, шамасына қарай әрекетке ену, оқуға құштарлық ояту, өз бетінше әрекет етудің алғашқы қадамын жасауына, бала өмірін толымды етуіне мұғалімнің тигізер ықпалы өлшеусіз екендігі баршаға аян. Деректерді есте сақтап, талдап-жинақтау деңгейіне көтерілген оқушының сана-сезімі жоғары болады. Тиімді әдістеме көмегімен оқушылар білімнің тереңіне бойлаған сайын ішкі қажеттіліктері молая бермек, білімнің қарапайым сатысынан жоғары деңгейлерге жету сұраныстары арта түседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Б. Жолдасова. Инновациялық технологияларды білім беруле қолдану. Білім. Образование. Алматы. 2011. №5. 44б.
2. Қ. Әбдібекқызы. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту. Алматы, «Рауан» баспасы. 1994. – 32 б.
3. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Жаратылыстану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. «НЗМ» ДББҰ АҚ/ Астана. 2017 ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ДИАЛОГТІК ОҚУ ТӘСІЛДЕРІН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Оспанова Гульмира Олжабаевна,
Қызылорда облысы Арал ауданындағы
№61 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-сарапшы

Тірек сөздер: Диалогтік оқу, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме, сұрақ қою, тиімді оқу, оқытудың жаңа сапасы.

Аннотация: Бастауыш сынып оқушылары сабақ барысындағы өзара қарым-қатынаста бірін-бірі тыңдаудан, пікір білдіруден қиналады. Сондай-ақ, сұрақ қою, оларға жауап беру, диалог арқылы талдау, кері байланыс беру жұмыстары да едәуір қиындық туғызады. Осы себептерге байланысты бастауыш сыныптардың оқу үдерісіне диалогтік оқудың әдіс-тәсілдерін енгізу қажет.

Ключевые слова: диалогическое обучение, кумулятивная беседа, исследовательская беседа, постановка вопросов, эффективное обучение, новое качество обучения.

Аннотация: Учащиеся начальных классов затрудняются слушать друг друга, высказывать свое мнение во время урока. Также немалую сложность представляют вопросы, ответы на них, обсуждение в диалоговой беседе, предоставление обратной связи. Учитывая потребности детей необходимо внедрить методы и приемы диалогического обучения в учебный процесс начальных классов.

Keywords: dialogic learning, cumulative conversation, research conversation, question-asking, effective learning, new quality of learning.

Annotation: Primary school students find it difficult to listen to each other and express their opinions during the lesson. Also, questions, answers to them, discussion in a dialogue conversation, and providing feedback are of considerable difficulty. Taking into account the needs of children, it is necessary to introduce methods and techniques of dialogic learning into the educational process of primary classes.

Диалог – әлемді танудың әмбебап тәсілі. Диалогтік оқуды ұйымдастыру білім алмасу арқылы байланысуға және қарым-қатынас арқылы білім алуға мүмкіндік береді. Диалогта шығармашылық коммуникативті, рефлексивті қабілеттер дамиды. Диалогты ұйымдастырудың негізгі шарттарының бірі – сенім мен ізгілік ниет, еркіндік пен өзара түсіністік және әртүрлі адамдардың бірлесіп әрекет ете алуы. Диалогтік оқыту барысында балалар сыни тұрғыдан ойлауға, мән-жайларды және тиісті ақпаратты талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді таразылауға, ойластырылған шешімдер қабылдауға, пікірталастарға қатысуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Бастауыш мектеп білім берудің іргетасы болса, қазақ тілі мен әдебиеттік оқу бастауыш білімнің негізі. Қазіргі кезде оқушылар кітап оқығаннан гөрі теледидар мен интернет желісіне көп қарайды. Осы орны толмас олқылықтың орнын толтыру ұстаздың жаңа тұрпатына сын. Кіші жасынан бастап оқушыларды оқылым, тыңдалым әрекетіне қалай баулуға болады? Неғұрлым бала зейінді болса, соғұрлым оның белсенділігі де арта бермек. Бұл мәселеде бастауыш мектептің алатын орны ерекше екендігі айтпаса да түсінікті.

Жаңартылған бағдарлама аясында оқудағы жаңа тәсілдер идеялары арқылы белсенді, диалогтік, бірлескен оқулар тиімді оқудың басты идеяларының негізін құрайтындығын түсіндім. Диалогтік оқудың үш түрі бар: топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме және пікірталас(дебат).

Мысалы үшінші сыныптың «Сөйлеу мәдениеті» тақырыбында жоспарланған сабақта кері байланыс сұрақтары енгізілді**:**

Қаратпа сөз не үшін қолданылады?

Құттықтау хат неше бөлімнен құралған? Оларды мағынасы қарай қалай ажыратуға болады? (қаратпа сөз, мақсатты құттықтау, тілек айту).

Құттықтау хат пен хабарландыру арасында қандай айырмашылық бар? Құттықтау қандай тілдерде болады? (ауызекі және жазбаша).

Осы сұрақтардың қолдануы оқушылардың ойлау, сөйлеу, түсіну әрекеттеріне әсер етіп, екінші жағынан олардың өз түсіну дәрежесін бағалауларына да мүмкіндік бере алады. Оқушыларда жоғары ойлау деңгейіне жеткізу үшін, алдымен механикалық есте сақтау қабілеттерін арттырудан бастау керек. Содан кейін білім алушылар ұғымдармен жұмыс

жасайды, одан әрі фактілер мен қағидаттармен жұмыс жасауға машықтана бастайды. Осындай кезеңдерден өткенде ғана топтық әңгіме жүріп, оқушыларды жоғары ойлауға жетелеуге болады.

Оқу үдерісінде бағалауды оқумен бірге қарастыру, мәні мен маңыздылығын арттыруға жұмыс жасау үшін «мадақтау сэндвичі», «табыс баспалдағы» және кері байланыс есебінен «2 жұлдыз, 1 ұсыныс» секілді бағалаулар қолданылуда. Мысалы, критерийлер арқылы бағалауда дескрипторлар өз жұмыстарын қалай орындау керектігін анықтайды. Мысалы, дескрипторлар көмегімен өз жұмыстарының қандай деңгейде екендігін көре алады:

- құттықтау жанрын анықтайды;
- хабарландыру жанрын анықтайды;
- шақыру жанрын анықтайды.

Оқушылардың танымдық дамуын қалыптастыру үшін жады, зейін, сөйлеу, ойлау, зерделеу, шығармашылық қабілеттерін зерделеу мен дамыту кешенді түрде жүруі тиіс. Сондықтан да сабақта оқушылардың танымдық дамуын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар бірде кеңейтіліп немесе күрделендіріліп тұрғаны дұрыс. Үнемі қарапайым тапсырмалар оқушыларды жалықтырып қана қоймайды, сонымен бірге танымдық дамуды тежейді, ілгерілеу мен оқу сапасын арттыруда кері әсер береді. Оқу үдерісінің кешенділігі, оқушылардың қажеттіліктеріне жұмыс жасауы, бағдарлама талаптарына сай оқу үдерісін ұйымдастыру мұғалімнің кәсіби дамуы мен кәсіби әрекеттерін қамтиды. Оқыту үдерісін сапалы және стратегиялық жоспарлай алатын мұғалім ғана өз әріптестерінің арасында көшбасшы бола алады. Білім жинақтаудың сыртқы ауқымы оқыту мен оқу туралы идеяларды жай ғана тарату емес, сонымен бірге ол осы идеяларды өңдеу және оларды ары қарай дамыту болып табылады.

Диалог барысында оқушыларға баламалы мүмкіндіктер беріліп, басқа адамның көзқарасын өзінің тұжырымдамалық түсінігін тереңдетіп, дамуын ынталандыратын әдістермен қарастыруды ұсыну (Александер, 2008) [1.48б.].

Осы идеяны басшылыққа ала отырып, оқушылардың түсініктерін тереңдетіп, өзара әңгімелесулер арқылы бірлесе оқудың мәнін арттырғым келеді. «Оқуды үйрететін» орта құру идеясымен ұштастыра отырып, мен сұрақ қоюдың маңыздылығын пайдалану көмегімен диалогтік оқу үлгісін жүргізудің тиімді екендігін түсіндім.

Дыбыс және әріп тақырыбында өткізілген үшінші сабағыма жоғарыда көрсетілген модульдер идеясы қалай енгізілгендігі жайлы тәжірибемен бөліссем деймін. Сабақтың негізгі мақсаттары оқушылардың төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуінде болды:

- Дыбыс пен әріп айырмашылықтарын негіздеу,
- Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырату;
- Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажырату;
- Дыбыстық талдау жасау және тасымалдау жолдарын меңгеру.

Бірінші кезекте оқушылардың алдыңғы білімдерін жинақтап, ойлары мен білімдерін диагностикалау мақсатында «ыстық орындық» стратегиясы жүргізілді. Осы стратегия көмегімен оқушылардың әлеуметтік және эмоциялық кедергілерін де азайтқым келді. Оқушылар *сұрақ қойғысы келетін* оқушыларды өздері таңдап, кезекпен әр топтан бір оқушыдан ыстық орындыққа отырды. Мен оқушыларды мұқият және байсалдылықпен сұрақ қоюға және жауаптарын тыңдауға шақырдым.

- Терлік, сағалдырық, беймаза сөздері қандай мағына білдіреді?

Осы қойылған сұраққа 3 оқушыдан ғана жауап алынды және өз әрекетімнің дұрыс емес екендігін түсіндім. Мен тек үш оқушыға ғана сөйлеп, өз ойымен бөлісуге мүмкіндік беріппін. Оларға өз топтарында немесе жұпта ой бөлісуге уақыт бермей, тек белсенді оқушылардың ғана жауаптарын тыңдайтындығым әлсіз тәсіл екендігін түсіндім. Сол себепті келесі сабақтарда оқушыларды сұрақ құрауға, қоюға және жауап беруге барлығын тартып отырдым. Оқушылардың өз-өздеріне деген сенімділігі болды, өйткені оларға осы әдіспен сұрақ қою әрекеті қатты ұнады. Сонымен қатар, осы әдіс оқушыларға ойлануға, тапсырманы түсінуге, бір-бірінің жауабын бақылауға, зерделеуге үйренуіне көмектесті. Осы дағдылардың дамуы

оқушыларды диалогтік әңгімелерге қатысуға дайындаудың алғы шарты бола алады деген оймен келесі сұрақтарды қойдым:

Алдыңғы сынақтан өткізу сұрақтарынан соң төмендегі сұрақ қойылды:

- «*Неліктен беймаза сөзі жуан-жіңішке қатарына енгізілген?*

Оқулықта мысал келтірілгенімен, нақты ереже айтылмаған. Бұл сұрақ ойлануды, ізденуді, дәлелдеуді қажет етеді. 3-сынып оқушысы үшін сыни ойлау мен оқу әдістемесін тереңдетудің айқын көрінісі бола алды. Оқушылар осы сөздің біріккен сөз екендігін, бей сөзі түрік тілінен енгізілгендігі жайлы айтуы да, айтпауы да мүмкін. Оқушылардың зейіндерін осындай ғылыми негіздерге шоғырландыру қазақ тілі мен әдебиетіне дайындаудың басты талаптарының бірі. Сонымен қатар:

- Б*ей тіркесінің қолданысымен басқа мысалдар келтіре аласың ба? (беймезгіл, бейқам, бейшара, бейтарап)*

Бұл сұрақтың маңыздылығы тіпті жоғары, алған білімдерін бекітуге, тереңінен меңгеруге, лексикалық қор дамытуға, зерттеушілік әңгіме жүргізу арқылы сөйлеу мәдениетін дамытуға үлес қоса алады. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, диалогтің дебат тәжірибеде қолданылмады.

Сабақ барысында қалыптастырушы бағалау есебінен кері байланысқа мән беріліп тұрады. Сол сияқты оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласын арттыру үшін мотивациялық қолдау жасалады.

Осындай оқыту мен оқу үдерісін бақылау арқылы мен өз тәжірибем туралы ойланып қалдым. Оқушыларды дер кезінде танымдық тапсырмалармен қамту керектігін, олардың рөлі мен маңыздылығын өлшеп, тиімділігі жайлы ойландым. Біз жақсы оқитын оқушылардың өзіне тек механикалық есте сақтау үшін ғана тапсырмалармен шектейтіндігімізді байқадым. Жалпы тапсырма орындау кезінде олардың қалай оқитынын назарда ұстап, бақылау жасауды үйрене бастадым. Оқушылардың әңгімеге түгел араласпаса да өткен сабақтарға қарағанда алға жылжығандығы байқалады. Тапсырманың нәтижесі жоғары деңгейде болмағанымен оқушылар қызығушылықпен белсене отырып, орындауға күш салуға үйреніп келе жатқандығын өзі нәтиже деп түсінемін.

Қазіргі кезде балалардың білім, білік, дағдыларының төмен деңгейде болуы оқушылардың дамуының жеке жағдайының уақытылы ескерілмей қалуынан, бұндай оқушылар біртіндеп үлгірмеушілер қатарына қосылады. Сондықтан да, жеке ерекшеліктерді ескеріп, түзету жұмыстары уақытылы жүргізілсе, оқыту процесі жоғары нәтиже бере алады. Бұл жұмыс саралай оқыту арқылы іске асады. Бұнда алдымен оқушы жеке ерекшелігі анықталып, онан соң оқушы біліміндегі олқылықтар жойылады және оқушы қабылдауына назар аударылады. Оқу материалы біртіндеп күрделену арқылы ізденіске, шығармашылыққа бағытталады, оқушы тарапынан кеткен қателіктермен жұмыс жүргізіледі.

Бұл жұмыста негізінен мына қағидалар ескеріледі:

- оқушының танымдық дамуы мен зейінін анықтау;
- оқушының білім қорын, оқуға қызығушылығын анықтау;
- оқу процесі кезінде өзінің жетістігі мен кемшілігін көре білу дағдысын жетілдіру;
- өзін-өзі тексере алу, сынай білу дағдыларын дамыту;
- белгілі бір ырғақпен жұмыс істей алу дағдысын қалыптастыру;
- әр оқушының ерік-жігерлік сапаларын қалыптастыру;

Оқушылардың мақсатқа бағытталған сұрақтары негізінде оқыту кезеңінде, сабақты құрастыру кезінде мұғалім сабақты проблемалық етіп, оқушының назарын аударатындай етіп ұйымдастыруы керек. Бұл кезде ең негізгі мақсат - мақсатқа бағытталған сұрақты талдау және жаңа материалдың қызығушылықпен қабылдануы арқылы оқушы сұранысы қанағаттандырылады. Диалогтік оқу үлгісі арқылы мен оқушылардың түсініктерін жетілдіру, оқудағы «тең құқықты серіктес» болу деген тұжырымдардың мәнін ұғындым. Алдағы уақытта әдебиеттік оқу әдістемемде осы бағыттағы жұмыстарға мән беріп, оқытудың жаңа сапаларына қол жеткізсем деймін.

Қорыта айтқанда, еліміздің білім саласындағы өзгерістері де қазіргі жақсы жетістіктерімізді, жаңашыл мектептеріміздегі кездесіп отыратын тәжірибелерді зерттеп, талдай отырып, білім мазмұнының үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Оқу пәндерінің теориялық материалдардарының өмірмен, адам баласының іс-әрекеттерімен байланыстылығын қамтамасыз ете отырып оқыту арқылы пәндердің өзара кіріктірілуі жолға қойылуда.

Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – жеткіншектердің азаматтық тұлғасын, оның адамгершілік құндылығын қалыптастыру дейтін болсақ, тұлғаны әлеуметтендіру арқылы ғана білім мен қоғамның тұрақты дамуына қол жеткізу мүмкін болмақ. Осы себептерден де жаңа білім беру үлгісінің басым бағыттарының бірі адамды білімді және сол білімді ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де, білікті етіп қалыптастырумен қатар осы тұлғаның адамгершілік, рухани ұстанымдарын белгілеп, оларды жеткіншектердің бойына дарыта отырып тәрбиелеу мен әлеуметтендіру болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ»ДББҰ. Астана. 2015ж.
2. Уайсова Г.И., Жұмабаева Ә.Е. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. 4-басылымы, өңделген. – Алматы: Атамұра, 2017. – 240 бет.
3. Дереккөз. Диалогическое обучение в начальной школе. [Электронный ресурс] Режим доступа: URL: https://yandex.kz/search/?clid=2598007-801&win=5

ДҮНИЕТАНУ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДА БЕЛСЕНДІ ОҚУ ТИІМДІЛІГІ

Сарсембаева Гульшат Жоламановна,
Қызылорда облысы Арал ауданындағы
№61 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі
педагог-сарапшы

Тірек сөздер: белсенді оқу, таным, диалогтік оқу, зерттеушілік дағды, тиімді әдістеме, оқыту стилі.

Аннотация: Белсенді оқу – білім беруді ұйымдастыру принципі. Тиімділігі - оқушылар оқып-үйрену үдерісінде тек тыңдаушы емес, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау үдерістеріне белсенді қатысушы. Мақалада оқушыларды диалогтік, проблемалық, зерттеушілік үлгілерде оқу әрекетінде белсендіру және шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру тәжірибесі ұсынылған.

Ключевые слова: активное обучение, познание, диалогическое обучение, исследовательские навыки, эффективная методика, стиль преподавания.

Аннотация: Активное обучение - принцип организации образования. Эффективность – обучающийся в процессе обучения не только слушатель, но и активный участник процессов понимания, применения, анализа, обобщения и оценки. В статье представлен опыт активизации учащихся в учебной деятельности на диалогических, проблемных, исследовательских моделях и формирования творческих, исследовательских навыков.

Keywords: active learning, cognition, dialogic learning, research skills, effective methodology, teaching style.

Annotation: Active learning is the principle of the organization of education. Effectiveness – the student in the learning process is not only a listener, but also an active participant in the processes of understanding, application, analysis, generalization and evaluation. The article presents the experience of activating students in educational activities based on dialogical, problem-based, research models and the formation of creative, research skills.

Қазіргі заман талабына сай шығармашылық қабілеттің дамуына бағытталған білім дегеніміз – аз уақыт ішінде мол идея қорын алу емес, керісінше, жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін іс. Шығармашылық қабілеттің дамуы әрбір балаға қажет екендігін, әр тұлғаның қоғам дамуында өз орны бар екендігін біле отырып, дарынды балалардың тек өткенге емес, болашаққа да қызығушылығымен, іс-әрекеттердің жаңа тәсілдерін көбейтуге қабілеттерімен ерекшеленетіндігін атап өту қажет. Сонымен бірге бұл жеке тұлғалық дамудың мақсаттарына да жауап береді[1, 17б].

Жаңартылған бағдарлама талаптарына сай идеяларын әр сабақта қолданып, тиімді жоспарлау негізінде белсенді оқу үлгісін енгізу білім берудің басты талабы. Жаңартылған бағдарламада стандарт негізінде барлық пәндер бойынша оқу бағдарламалары әзірленген. Бұл құжатты тереңірек зерделеу, оқу мен оқытудың өзара байланысын, талаптарын түсіну – әрбір ұстаз міндеті.

Білім берудің сапалық көрсеткіштерін арттыру оқушылардың пән бойынша жинаған білімі, қалыптастыра алған пәндік және метапәндік дағдылар деңгейімен өлшенбек. Оқу мазмұны бойынша мәтіндердің мазмұндық, жанрлық, тілдік сипаттарын саралай келе оқушылардың меңгеру, түсіну мүмкіндіктеріне қолайлы және ықпал ететін әдіс-тәсілдерді, бағалау құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру өте маңызды.

Инновациялық тәсілдердің ішінде белсенді оқу әдісі басымдыққа ие. Негізгі қағидаты – педагогикалық үдерістегі диалогтік қатынас арқылы оқу үдерісіне барлық оқушыны тарту. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалімнің ғана түсіндіруінен алмай, өзінің оқу дағдыларын дамыту арқылы тапсырмаларды орындау негізінде әртүрлі өнімді әрекеттерге қатысуға тиіс. Нәтижесінде оқушының танымы, білік-дағдылары, дүниетанымы кеңейіп, өзіндік көзқарасы мен ұстанымдары қалыптаса бастайды.

Белсенді оқу тәсілдері оқыту үдерісінде оқушыларды бірлескен оқуға, оқу міндеттерін орындауға, мәселені талдауға, әрекет барысында жауапкершілік сезінуге және өз дамуының нәтижесін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушылар әлеуметтік мәселелерді шешіге, қатысымдылық дағдылар қалыптастыруға, өзара ынтымақтастықта білім алуға үйренеді. Бірлескен диалогтік оқулар төмендегідей мүмкіндіктерге қол жеткізуге негіз бола алады:

- ақпаратты талдау арқылы тереңірек түсінеді;
- оқушы құрбы-құрдастарымен еркін және ыңғайлы жұмыс жасауға дағдыланады;
- оқушының тұлғалық қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді; .
- оқушыларымен түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) жұмыс жүреді;.
- ойлау мен болжам жасауды белсендіреді;
- қатысымдық арқылы тілдік дағдылары дамиды;

Белсенді оқуды қамтамасыз ететін стратегиялар мен әдістерге жататындар:

- пікірталас жүргізу үшін «сұхбат», «пікірлер аллеясы», «зерттеушілік әңгіме», «радиоға қоңырау», «викторина сұрақтары», т.с.с. Осы тәсілдердің көмегімен сұрақ қою, оған жауап таба білу, зерттеу жүргізе отырып тарихи, географиялық және әлеуметтік сұрақтарға жауап бере білуді үйренеді.
- ой қозғау мақсатында «миға шабуыл», «серпілген сауал», «қайсы дұрыс, қайсы бұрыс?», «сұрақ-жауап», «сыни сұрақ», «жедел жауап», т.б. пікірсайысқа қатысу, мәлімдеу, әңгіме құру, таныстырулар жүргізу арқылы сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады;
- мәтінді талдау мақсатында «инсерт», «тұжырымдамалық кесте», «балық қаңқасы», «семантикалық кесте», «графикалық кесте», т.б диаграммалар мен кестелер арқылы жекелеген үдерістерді талдау және оқиғалардың хронологиялық реттілігін түсіну, тарихи, географиялық және әлеуметтік ғылымдардың деректерін қолдануды үйренеді;
- оқушылардың тәжірибесі мен өзіндік зерттеулерін тиімді қолдану үшін шағын зерттеулер, слайдтар, кестелер мен жобалар жасау секілді тапсырмалар беру.

«Дүниетану» пәні оқушыларға қоршаған ортаны, түрлі қоғамдық және табиғи үдерістер мен құбылыстарды толық, өзара байланыста танып-білуге мүмкіндік береді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып:

-Тірі табиғат пен өлі табиғат айырмашылығы неде? Ұқсастықтары бар ма?

- Қоршаған орта мен адамдардың байланысының қандай маңыздылықтары бар?

-Қоршаған орта тыныштығы дегенді қалай түсінесіңдер?

Тазалықты сақтау немесе сақтамаудың салдарын айта аласыңдар ма? – деген сұрақтар аясында ойлануына мүмкіндік береді.

Бала қоршаған өмірге қызықса, ол өзінің қызығатын құбылысына бақылау жасауды үйренгені дұрыс, оны байқап, бақылап, соған байланысты ой қорытып, шешім шығаруы ақыллйдың, талғамның дамуына оң әсер етеді. Осындай әрекет барысында қызығушылық пен қатар зияткерлік, танымдық дамулар қатар жүреді. Қызығудың тағы бір ерекшілігі, оның әсерінен іс-әрекет сипаты тез өзгереді. Қызығушылық бар жерде оқу әрекетінің нәтижесі ғана болмай, оның сапасы тұтастай өзгереді: белсенді, дербес, саналы оқу[2, 22б].

Ұстаз алдындағы басты міндет – оқушы үшін қызықсыз деректердің маңыздылығына көз жеткізу арқылы оларды қызықтыға айналдыру, яғни оқушы қажеттіліктерін ояту. Сонда ғана мұғалім оқу мен оқыту үдерісін басқара алады және оқушылардың өз бетінше білім алу, әрекет ету дағдылары қалыптаса бастайды. Бұл жағдайда оларға оқудағы кедергілерді жою немесе азайту оңай болады, бұл өз кезегінде балаға қуаныш әкеледі, олардың өз күшіне деген сенім ұялайды.

«Дүниетану» пәнін оқыту:

- оқушыларға қоршаған ортасы туралы ғылыми негіздерді меңгере отырып, тарихи, географиялық тұрғыдан ойлауын дамытады;
- оқушылар қазақстандық қоғам және өзін қоршаған әлеуметтік ортаның барлық деңгейі: өз үйі, отбасы, жергілікті және ұлттық қоғамдастық туралы білімді меңгереді;
- оқушылар Қазақстан географиясының негіздерін, оның ландшафты және табиғи жағдайы туралы біледі;
- Қазақстанның және бүкіл әлемнің өткен және бүгінгі күн оқиғалары, олардың себептері, өзгерістері, сабақтастығы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы білім қалыптастырады;
- адамның тіршілік әрекетінің қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы біліп, оның тұрақты болашақтың дамуына қажеттілігін түсінеді;
- оқушыларда өз халқының және өзге халықтардың мәдениеті, дәстүрін сыйлай білу, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды құрметтеу сезімі қалыптасады, олар адамдардың құқықтары мен міндеттерін түсінеді;
- адамгершілік қасиеттерді, толеранттылықты қалыптастырады және т.с.с. [2, 18б.]

«Дүниетану» пәнін оқыту арқылы тарих, география және қоғамтану ғылымдары бойынша оқушылардың алғашқы білімдері мен түсініктерін қалыптастыруға ықпал ететін ойлау дағдыларын дамытады. Пән мазмұны оқушылардың тану, зерттеу, дәлелдемелерді қарау және мәселелерді шешу арқылы пайда болатын сыни тұрғыдан ойлай білу дағдыларын дамытады, сонымен қатар жеке және топпен жұмыс істеу дағдыларының қалыптасуына бағытталған.

Оқыту үдерісінде белсенді оқу стратегияларын қолдану арқылы оқушылардың төмендегідей дағдыларын дамытуға болады:

- тарихи, географиялық және әлеуметтік ғылымдардың әдістеріне және басқа қолжетімді ресурстарға сүйене отырып, зерттеулерге қатысу, сұрақтарға жауап беру, эксперименттер жүргізуді;
- интернет, сандық ақпараттық құралдарды және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалана отырып ақпараттарды іздеу, оны таңдау, қолдану, салыстыру, талдау, жүйелеу, түсіндіру және өңдеуді;
- алынған ақпаратты ұсыну және талқылауды;
- алған білімдерін ой-пікірлер, болжаулар, теорияларды тексеруде қолдана отырып, қорытындылар мен алынған мәліметтерді дәлелдеу.

Заман талабына сай мектептер оқу үдерісінде білім алуды қалай үйрену керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, талдау жасай алатын оқушы тәрбиелейтін қағиданы ұстануы керек. Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі педагогикалық ұстанымдар арқылы қалыптастыра алады және дамытады[3, 69б].

Бастауыш сынып оқушыларына дүниетану сабағында проблемалық негізделген оқыту әдістерін де қолдану тиімді. Проблемалық сабақ – бұл сабақ түрі оқушылардың шығармашылық жеке дамуына қалыпты ықпал етеді. Сабақта бір немесе

бірнеше проблемалық жағдай туғызып, оны шешу арқылы оқушының өз-өзіне деген сенімі артып, шығармашылық тұрғыдан дамиды.

Оқушылар сабақ және сабақтан тыс уақыттарда әрекеттерді сатылы орындау арқылы өзін-өзі басқара білуге, берілген жүйемен әрекет етуге, бірімен-бірі қарым-қатынас жасауға, ақпараттарды жинақтап қажетіне пайдалануға үйренеді. Тек бұл үрдіс мұғалімнен жоғары дайындықты, нақты жоспарлауды меңгеруді талап етеді.

Дүниетану сабақтарында және сабақтан тыс уақытта зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тапсырма үлгілері:

1. Адам ағзасына пайдалы тағамдар: көкөністер, жемісжидектер. Оларды атап, зерттеуге біреуін таңда.

2. Таңдаған тақырыбың бойынша ақпараттарды жинақта: кітаптардан, оқулықтан, адамдардан сұрап, интернеттен т.б. ақпарат көздерінен; Сыныптастарыңның таңдауларымен салыстыр.

3. Сол жемістің түрінен дайындалатын тағамдардың тізімін жаса, дайындалу жолын анықта. Қандай дәрумендерге бай екендігін зертте.

4. Қажетті ресурстардан алған материалдарыңды жинақта, оларды бір құжатқа біріктір, безендіріп көр. Пайдаланған ресурстарыңды сыныпқа әкел. Басқа жерлерден көрген, бірақ алмаған кітаптарың жайлы хабарлама дайында, Көкөністер туралы қандай кітаптар бар, қанша тұрады, қай баспадан шыққан сияқты ақпарат жинақта. Жазбаша нұсқасын дайында, сыныпта тұсаукесер дайында.

5. Өзіңнің дайындаған жұмыстарыңды бағала және оны орындау барысында қалай жұмыс жасағаныңды ойлан. Нені түзетуге болады? Қайсы әрекетім дұрыс болмады?

6. Өз өнімің мен өзгелердің өнімдерін салыстыр. Қандай айырмашылықьар бар және неліктен олай болғанын ойланып көр. Пікірталасқа қатыс.

7. Өз белсенділігің жайлы ойлан және баянда. Ілгері жылжу үшін не істеу керек екендігін жазып қой.

Ақпараттық ізденісті жоспарлау бойынша «Жұқпалы аурулар?» деген тақырыпқа ақпараттар жинақта.

1. Мәліметті қай жерден, кімнен алатыныңды жоспарла.

2. Қыс мезгілінде болатын жұқпалы аурулар туралы мәлімет жина. Газет, журнал қиындыларын алып кел. Ата-аналардан сұхбат ал. Қазақтың сүт тағамдарынан дайындалатын сусындарын атап, олардың адам денсаулығы мен ағзасына пайдалы жақтарын анықтаңыз.

3. Түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді (газет, журнал, сұхбат, дәрігер т.б.) жинақтап, оқушылар қыста жиі ауыратын тұмау туралы мәліметтер ұсынады.

5.Ақпаратты өңдеу кезінде логикалық операцияларды пайдалану Тұмауды емдеудің ең тиімді жолдары тақырыбына пікірталас ұйымдастырыңдар. Сыныптастарыңның пікірлерін бағалап, өз дәлелдеріңді келтіріңдер.

Пәнаралық байланыс және тілдік мақсатты дамыту бойынша айтылым, жазылым тапсырмасы

-Жеке бас тазалығы туралы хабарлама дайында.

-Дәріханадан тұмауға қарсы ішетін дәрінің сипаттамасын ал. Соның негізінде дәріні қабылдау нұсқаулығын сызба, сурет түрінде көрсет.

2. Денсаулық – зор байлық» тақырыбында сыныптастырыңның алдында сөз сөйле.

3. Рөлдік ойын. «Дәрігер - науқас» рөліне бөлініп, қай жері ауыратынын, қалай ауыратынын сұрап диалог құрыңыздар.

4. Денсаулық туралы жинаған мәліметтеріңді сыныптастарыңмен бөліс. Топта «Денсаулық» тақырыбына қатысты тірек сөздер тізбесін жасаңдар.

Жоғарыда ұсынылған құрылымдағы үлгі оқушылардың оқу және ізденіс ірекеттерін белсендіріп қана қоймай, мұғалімге олардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға себеп болады. Балалардың өзара бірлескен әрекетте оқып-үйренуіне негіз бола алады. Зияткерлік, танымдық, қатысымдық және тілдік дағдыларын кешенді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық оқу үлгісін енгізуде тек әдістер ғана емес, оқу үдерісін тұтастықта жоспарлау тиімді. Оқушылардың өздігінен ақпаратты ізденісінен бастап, соңғы сатысында бағалауға дейін жүйелі және сатылы дайындық өз нәтижесін берері анық. Саралау, барлық оқушыны белсенді оқуға тарту идеялары мұғалімнен оқу үдерісін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді.

Қорыта айтқанда, белсенді оқудың ерекшеліктерін құрастырылған тапсырмаларды орындау оқушыларға дүниетану пәнінен алған білімдерін өмірде қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы үдеріс арқылы олардың қоршаған ортаны танып білуге деген құштарлығын арттырады. Ұстаздық тәжірибедегі ізденістер мен шығармашылық еңбек оқу үдерісін жаңа талаптаға сай қайта құруға, оқытудың тиімді әдістемесін құрастыруға және қолдануға, өзіндік оқыту стилін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Рысбаева А.Қ. Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын интерактивті оқыту арқылы қалыптастыру: Оқу-әдістемелік құрал./ Рысбаева А.Қ., Құлмышева Н.А., Исмайлова А.Т.,Тұңғатова Н.Ә. – Алматы, 2010– 221б.
2. «Дүниетану» пәнін оқу бағдарламасы. Астана 2016
3. Әлімов А. Орта мектептің 2-сыныбында интербелсенді әдістемені қолдану. /Әлімов А.ҚосановБ. Базарбекова Р. –Алматы –2010 –147б

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ СПОСОБНОСТИ УЧИТЕЛЯ В СОЗДАНИИ СРЕДЫ ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ В СОТРУДНИЧЕСТВЕ

Туякбаева Нургуль Даулетбековна,
учитель русского языка и литературы
средней школы №276 Казалинского района
Кызылординской области

Тірек сөздер: әдістемені өзгерту, ынтымақтастықта оқыту, оқудағы қиындықтар, бақылаулар, инновациялық практика, кәсіби дағдылар, рефлексия.

Аннотация: Әрбір оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін дамытудың тиімді тәсілі ретінде ынтымақтастықта оқыту таңдалған. Таным деңгейлері әртүрлі оқушыларды белсенділікке баулу үшін қажетті педагогикалық шарттар ұсынылған. Оқушылардың оқуындағы қиындықтарды анықтай отырып, оқу үдерісін жетілдірудің бағыттары айқындалған. Педагогикалық қызмет нәтижесіне талдау жасауға ұсынымдар берілген.

Ключевые слова: изменение методики, обучение в сотрудничестве, сложности в обучении, наблюдения, инновационная практика, профессиональные умения, рефлексия.

Аннотация: Совместное обучение было выбрано как эффективный способ развития индивидуальных способностей каждого учащегося. Предложены педагогические условия, необходимые для вовлечения учащихся с разными уровнями в учебную деятельность. Определены направления совершенствования учебного процесса с выявлением трудностей в обучении учащихся. Даны рекомендации к проведению анализа результатов педагогической деятельности

Keywords: changing the methodology, learning in collaboration, learning difficulties, observations, innovative practice, professional skills, reflection

Annotation: Co-education was chosen as an effective way to develop the individual abilities of each student. The pedagogical conditions necessary for the involvement of students with different levels in educational activities are proposed. The directions of improving the educational process with the identification of difficulties in teaching students are determined. Recommendations for the analysis of the results of pedagogical activity are given.

Обучение в сотрудничестве - это совместное обучение, в процессе которого учащиеся работают вместе, коллективно добывая новые знания, а не потребляя их в уже готовом виде. Данная технология позволяет создать на уроке творческую атмосферу, где каждый ученик вовлечен в активный познавательный процесс. Каждый отвечает не только за свои успехи, но и за успехи товарищей по команде. Технология сотрудничества предполагает обучение в малых группах [1].

Русский язык и литература традиционно считаются в школе трудными предметами, вызывающими тревожность, неуверенность в своих силах. Если ученик допускает много ошибок в своей работе, то это говорит о необходимости дополнительной практики и большей тренировки, чтобы овладеть необходимым умением или знанием. Следовательно, нужно предоставить нашим ученикам возможность дополнительной практики, причем в таком объеме, пока они (каждый в отдельности и все вместе) не овладеют знанием в достаточной мере.

Обучаясь в коллективе, в котором более способные ученики всегда на высоте: они заинтересованы, быстро усваивают новый материал, и мы в основном опираемся на них. А менее способные раз от разу становятся еще слабее, так как им не хватает времени, чтобы все четко понять, им не хватает смелости, чтобы спросить у учителя или у своих сверстников. Потому что преобладает эмоциональный барьер, пугает конечный результат, они боятся показаться глупым или смешным. А если ученика все время привлекать к индивидуальной форме обучения, то они будут мучиться еще больше и могут замкнуться в себе, переживая о своих неудачах.

Исходя из подобных ситуации, я думаю, что нужно менять отношение к организации урока, создавая всевозможные условия для совместного обучения. Создавать условия для самовыражения, развития каждого учащегося на уровне его возможностей и способностей, формирование коммуникативных умений и навыков.

В своей педагогической деятельности я столкнулась с проблемами с позиции обучения. Обучающиеся затрудняются:

- определять цель и назначение текста;
- формулировать интерпретационные , оценочные, творческие вопросы;
- использовать виды чтения: изучающее, поисковое, аналитическое чтение;
- использовать простейшие приемы исследования, обосновывать, доказывать, обобщать и др.;
- затрудняются синтезировать информацию из прослушанного/прочитанного материала и представлять их в виде таблиц, диаграмм, схем и т.д.
- не умеют создавать работы творческого характера, выражая собственное отношение, строить развернутые высказывания;
- определять авторскую позицию и истолковывать скрытую информацию;
- создавать тексты разных жанров и стилей и др.

Все эти требования являются обязательными, так как утверждены учебной программой, то есть стандартные требования преподавания русского языка и литературы в школах с казахским языком обучения.

Таким образом обозначены проблемы - чему обучать, каких результатов нужно достигать? Как обучать, чтобы учащиеся на уроках могли сформировать языковые навыки, речевые и коммуникативные умения? Как решить эти проблемы и устранить недочеты в учебном процессе в рамках реализации обновленной программы?

Чтобы найти ответ на этот сложный вопрос, я стала задавать себе вопросы:

- Как мы обучаем, что нужно менять в процессе преподавания? Как расширить методику преподавания? Как вовлекать всех и каждого в активный процесс обучения?

В связи с этим я пришла к выводу, что будет целесообразным перейти от традиционных методов преподавания – к инновационной практике преподавания посредством сотрудничества, преимуществом которой с позиции преподавания является:

- внедрение активного, дифференцированного, диалогового обучения;
- изучение и понимание системы целей обучения;
- достаточное использование заданий для формативного оценивания;
- использование различных ресурсов, не ограничиваться учебником;
- пользование эффективных методов, отказываться от малоэффективных;
- предлагать моделирования творческих работ;

- разрабатывать задания для анализа текста, интерпретации, интеграции информации.

Все мы понимаем, что в результате системного подхода к обучению, регулярно повторяющихся принципов обучения совершенствуются навыки логического мышления и применения знаний на практике. В процессе речи развиваются навыки мыслительной деятельности, включается работа памяти, происходит актуализация предыдущих знаний, совершенствуется опыт за счет предварительного обучения. Благодаря внедрению совместного обучения каждый почувствует себя расковано, работает сообща, но в в индивидуальном темпе. В совместном обучении повышается ответственность не только за свои результаты, но и за работу своих сверстников в группе.

При системном использовании формативного оценивания формируется адекватная самооценка личности, своих возможностей, достижений и пробелов. Обсуждение информации со своими одноклассниками улучшает восприятие информации, увеличивает возможность прочного усвоение материала.

Использование эффективных методов благоприятно действует на овладение знаниями, умениями и навыками каждым учеником на уровне, соответствующем его индивидуальным особенностям развития. Сотрудничество разных по уровню успеваемости детей приводит к тому, что возможности расширяются и дети добиваются значительного продвижения в учебе. Также можно отметить сущность социализации, формирования коммуникативных умений в коллаборативной среде.

Какие функции мы должны выполнять для достижения качества обучения? Хочу отметить несколько функций из основного содержания деятельности педагога. Во-первых, обучающая, которая является одной из главных в деятельности педагога. Сущность заключается в формировании у обучающихся предметных знаний, коммуникативных умений и языковых навыков. Во-вторых, духовно-нравственная, значимость которой заключается в формировании жизненных ценностей. В третьих, организаторская, реализуется в ходе образовательногопроцесса и воспитательной работы. Она осуществляется при проведении уроков, организации познавательной деятельности учащихся, управлении учебно-воспитательным процессом во время внеклассных мероприятий и др. Развитие мыслительной деятельности учащихся, задача которой состоит в психическом развитии учащихся, их познавательной, интеллектуальной и эмоционально-волевой сферы.

Для эффективного выполнения педагогических функций важно осознавать структуру педагогической деятельности, ее основные компоненты, педагогические действия и профессионально важные умения и психологические качества, необходимые для ее реализации.

Для достижения поставленных целей современный учитель должен обладать и педагогическими способностями.

Педагогические способности – специфическая форма чувствительности педагога как субъекта деятельности, во-первых, к объекту, процессу и результатам собственной педагогической деятельности, во-вторых, к учащемуся как субъекту общения, познания, труда[2, с.2].

В наиболее обобщенном виде педагогические способности были представлены В.А. Крутецким, который и дал им соответствующие общие определения:

1. Дидактические способности - адаптировать учебный материал, доходчиво преподносить знания, вызвать интерес к предмету, пробуждать у учащихся познавательную активность, способность организовывать самостоятельную работу учащихся и формировать у них потребность к самостоятельному получению знаний.

2. Академические способности к соответствующей области наук (физике, биологии, литературе и т.д.); знание преподаваемого предмета не только в объеме учебного курса, а значительно шире и глубже; потребность и способность к проведению собственной исследовательской работы.

3. Перцептивные способности к психологической наблюдательности, умение замечать изменения во внутреннем состоянии ученика.

4. Речевые способности ясно и четко выражать свои мысли, чувства с помощью речи, а также мимики и пантомимики. Эти способности проявляются не только во время сообщения учителем нового материала, но и в процессе его реакции на ответы учеников.

5. Управленческие способности оказывать непосредственное эмоционально-волевое влияние на учащихся и умение на этой основе добиваться у них авторитета. Эти способности зависят от целого комплекса личностных качеств учителя: решительности, выдержки, настойчивости, требовательности; чувства собственной ответственности за обучение и воспитание; убежденности в своей правоте и умения передавать эту убежденность своим воспитанникам.

6. Коммуникативные способности к общению, умение найти подход к учащимся, установить с ними целесообразные с педагогической точки зрения взаимоотношения, наличие педагогического такта[2, с.4].

Формы, приёмы и методы, на которых основаны идеи обновленной программы меняют представление о процессе обучения, о том, что нужно менять отношение к роли учителя и ученика. В условиях обновления образования требуются совершенно другие подходы к организации обучения, по-другому подходить к планированию, применять новые методы преподавания и оценивания. Для активизации познавательной деятельности учащихся, мотивации успешности учеников и повышения качества успеваемости системно использую в практике групповую форму обучения.

Групповая форма обучения является одной из эффективных. Обучение в сотрудничестве, где ученики объединяютсяв группы для совместной работы. При выполнении заданий, для эффективности работы, особое внимание уделяю распределению обязанностей и ответственности между членами группы. Обучение в сотрудничестве вовлекает каждого ученика в процесс обработки и обобщения информации, подчёркивает способности и вклад каждого члена группы. Итак, в условиях совместного обучения, обучающиеся имеют возможность общаться со сверстниками, предлагать идеи, аргументы за или против, обмениваться мнениями, принимать активное участие в работе.

Групповая форма обучения предъявляет высокие требования к учителю. Он, прежде всего, должен хорошо владеть дисциплиной учащихся. Такая форма обучения требует особых организационных усилий. Работа групп должна находиться под наблюдением учителя. Считаю полезным поощрение учащихся к совместной работе. Детей с низкими учебными возможностями привлекаю в активную деятельность при изучении нового материала. Взаимное собеседование всегда вызывает столкновение разных точек зрения, которое способствует основательному разбору содержания учебного материала.

Мыслительная деятельность учащихся отличается друг от друга, некоторые находятсяна стадии знания или понимания, когда другие сверстники преодолевают степень применения и анализа. Для меня важно, чтобы учащиеся не останавливались на достигнутом. Применение групповой формы работы на уроках способствуют развитию коммуникативных навыков, совместному изучению новой темы, обсуждению полученной информаций.

Обучение в сотрудничестве предполагает именно сотрудничество, а не соревнование. Равные возможности предполагают, что любой ученик должен совершенствовать свои собственные достижения. Это значит, что каждый ученик учится в силу собственных возможностей, способностей и потому имеет шанс оцениваться наравне с другими. Если и продвинутый, и слабый ученик затрачивает максимум усилий - каждый для достижения своего уровня, то будет справедливо, если их усилия в группе будут оценены одинаково: ведь и один, и другой сделал, что мог. Приобретая роль организатора самостоятельной, познавательной, исследовательской, творческой деятельности учащихся, мы понимаем, наша задача больше не сводится к передаче суммы знаний и опыта[3].

Роль современного учителя – помочь своим воспитанникам самостоятельно добывать знания, оценить важность полученной информации, уметь делать выводы, аргументировать их. В целом можно отметить лучшие стороны и минусы, с которыми сталкивалась не раз в период исследования урока.

Ниже приведена структура, которая может использоваться для того, чтобы размышлять критически о собственном преподавании и обучении учеников:

1. Наблюдайте за действиями обучающихся в процессе обучения и собирайте доказательства по результатам наблюдения.
2. Четко сформулируйте цели обучения, на основе которых будут структурированы задания.
3. Проанализируйте отношения между целями обучения, с одной стороны, и способами работы учащихся и их достижениями, с другой.
4. Сравните разные уровни понимания и навыков, продемонстрированных отдельными учащимися.
5. Обобщите ваши наблюдения о результатах деятельности, в общем, в масштабе целого класса.
6. Оцените, сформулируйте выводы об относительном успехе или провале деятельности, касающиеся обучения учеников А, В, С.
7. Сделайте рефлексивный анализ, используя результаты в преподавании и обучении.

Новизной в моей работе, это сочетание совместного обучения с дифференцированным обучением. В результате проведения небольшого исследования можно сделать вывод, что у учащихся наблюдается значительный прирост в формировании языковых навыков, коммуникативных умений и самое главное, изменились отношения к учебному процессу.

Продуктивность опыта заключается в том, что такая система работы позволит вовремя восполнить пробелы в знаниях и навыках учеников, шире использовать их познавательные возможности. Благодаря применению групповой работы у обучающихся появился интерес к изучению русского языка и литературы, на уроках повысилась познавательная активность учащихся. Ученики научились работать в парах, группах, коллективе в сотрудничестве и взаимодействии друг с другом. Полученные знания, проведенное исследование еще раз доказывают, что преподавание должно быть проблемным, что ученик – главное действующее лицо на уроке. Если мы сможем вызвать у ученика интерес к предмету, то у учащихся появляется стремление получать знания самостоятельно.

Список источников и литературы

1. Источник. Обучение в сотрудничестве. [Электронный ресурс] Режим доступа: URL: https://yandex.kz/search/?clid=2598007-801&win
2. Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитания школьников. М., 1976, с. 294-299].
3. Источник. Использование технологии сотрудничества на уроках русского языка и литературы. [Электронный ресурс] Режим доступа: URL: https://infourok.ru/ispolzovanie-tehnologii-sotrudnichestva-na-urokah-russkogo-yazika-i-

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛА ОТЫРЫП БІЛІМДІ НӘТИЖЕЛІ ЕТУ

Шакирова Д.Қ., Талғатқызы Г.,
Тұрсынбек А.М.,
география пәнінің мұғалімдері,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті,
Бейіндік мектеп

Аннотация: Қазіргі кезде әлем мың түрлі өзгеріске енуде, соның ішінде білім беру саласында да көптеген жаңашылдықтар енгізілуде. Ең басты жаңашылдықтың бірі білім саласы цифрлануда. Оның ең басты міндеті - білім беру сапасын арттыру, бәсекеге қабілетті білім ұрпақ тәрбиелеу. Осы тұрғыда білім беру саласында қолдануға болатын біршама инновациялық технологиялар бар. Бұл технологиялар оқушылардың назарын аударып қана қоймайды, сонымен қатар олардың географиялық ұғымдар туралы түсініктерін тереңдетіп, олар нағыз география әлемін сезінеді.

Тірек сөздер: инновация, жаңартылған білім беру, география, әдіс,білім.

Аннотация: В настоящее время мир претерпевает тысячу различных изменений, включая множество инноваций в сфере образования. Одной из важнейших инноваций является цифровизация образования. Его главная задача – повысить качество образования, вырастить конкурентоспособное поколение. В этом контексте существуют некоторые инновационные технологии, которые можно использовать в сфере образования. Эти технологии не только привлекают внимание учащихся, но и углубляют их понимание географических концепций и позволяют им ощутить реальный мир географии.

Ключевые слова: инновации, обновленное образование, география, метод, знания.

Abstract: Currently, the world is undergoing thousands of different changes, including in the field of education. One of the main innovations is the digitalization of the education sector. Its main task is to improve the quality of education and foster a competitive generation of knowledge. In this context, there are several innovative technologies that can be used in the field of education. These technologies not only attract the attention of students, but also deepen their understanding of geographical concepts so that they feel the real world of geography.

Keywords: innovation, updated education, geography,method, education.

Географияны оқытуда инновациялық әдістерді пайдалану — бұл ғылыми-методикалық жобалауды және ұйымдастыруды қолдану арқылы оқушылардың география білімінің жаңа деңгейлеріне жетуін қамтамасыз ету мақсатында көптеген мүмкіндіктерді құрайды. Инновациялық әдістер басқа түрлі мәтіндер, бейнелер, көрнекілер, интерактивтік құралдар мен технологияларды қолдану кезінде оқушылардың ғылыми-мәтіндерді түсіну мен ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Жалпы «инновация» ұғымы барлығына таныс, жаңашылдық, өзгеріс енгізу мағынасын береді. Біз қарастырып отырған тақырып та осыған байланысты география сабағын ерекшелендіре отырып инновациялық технологияларды пайдалану маңызы. Әрбір мұғалім міндеті оқушыларды сабаққа қызықтыра алу. Қазіргі кезде кейбір балалар жай ғана сөзбен түсіндірілген тақырыпты қиын қабылдайды. Себебі технология заманы болғандықтан көптеген адамдар технологияға тәуелді десек де болады**.**[1, б. 34].

Географияны оқытудағы инновациялық әдістер:

1. Географиялық геомодельдерді қолдану: технологиялық әзірленген геомодельдер арқылы оқушыларға жерлердің құрылысы мен түрлерін көрсетіп, түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл арқылы оқушылар географиялық көрнекіліктерді түсіну, карталардың оқу секілді техникаларды үйрене алады.

2. Веб-қолданбалар мен қосымшалар: оқушыларға интерактивті жағдайда жаңа географиялық мәліметтерге қол жеткізе алатын веб – қолданбалар мен қосымшалар түсіндіріледі. Мысалы, географиялық карталарға өзгерістер енгізу, географиялық аймақтарды салыстыру және сараптама жасау үшін интерактивтік веб – платформалар пайдалану.

3. Әртүрлі жұмыс түрін қолдану: интерактивтік, жеке жұмыс, топпен жұмыс, электронды тақталар мен техникалар арқылы оқушылардың ғылыми тәжірибелерін дамыту мүмкіндігін ұсыну.

Географияда инновациялық технологияларды қолдану сабақты одан әрі қызықтыра түсетіні сөзсіз. Кез-келген адамға өзімізді қоршаған әлем туралы білу қызықты, ал технологияларды пайдалана отырып басқа елге апаратын виртуалды шындыққа сүңгуден бастап, аспан әлемінде ұшып жүргендей сезім тудыруға болады.

Географиялық білім беру негізінде бірнеше инновациялық технологиялар тізбегін атап өте аламыз: виртуалдық шындық негізінде оқыту, ГАЖ, интерактивті карталар, білім беру платформалары мен ойындар және т.б. Соларға толығырақ тоқталып өтсек. Алдымен виртуалдық шындық арқылы география сабағын оқыту. Бұл жерде сіз сыныптан шықпай - ақ географиялық ғажайып әлемге серуен жасай аласыз. Виртуалды шындық технологиясы ландшафттарды, экожүйелерді және тарихи көрікті жерлерді толығымен қызықты 3D ортасында зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл жер шарының әртүрлі бұрыштарына телепортация жасау секілді!

География сабақтарында VR пайдалану оқушылардың білім беру тәжірибесін айтарлықтай байыта алады, бұл оларға виртуалды ортаға енуге және арнайы гарнитуралар арқылы географиялық орындарды зерттеуге мүмкіндік береді. VR-ді география сабақтарының контекстінде қалай қолдануға болатыны туралы бірнеше әдістер: [2, б. 9].

-VR оқушыларға таулардың пайда болуы, өзендердің пайда болуы, тектоникалық плиталардың қозғалысы және т. б. сияқты географиялық процестердің үш өлшемді модельдерімен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

- Мәдени аспектілерді зерттеу: оқушылар әртүрлі мәдени топтардың дәстүрлерін, тілдерін, өнері мен сәулетін үйрену арқылы виртуалды мәдени ортаға ене алады.

Геокеңістіктік құралдар және ГАЖ (геоақпараттық жүйе): бұл құралдар оқушыларға кеңістіктік деректерді талдауға және түсіндіруге мүмкіндік береді. Олар жеке карталарды жасай алады, үлгілерді талдай алады және әртүрлі географиялық элементтер арасындағы байланысты түсіне алады. Бұл карталардың құпиялары туралы түсінік беру сияқты. Географияны оқытуда нақты нәтижеге жету үшін біршама әдістер бар.

- Жоба бойынша оқыту: оқушыларға белгілі тақырыптарға байланысты проекттерді жүзеге асыру арқылы олардың сұрақтарға шешімін табу, мәселелерді шешу, қарым-қатынасын дамыту және өзгерту мүмкіндігін береді.
- Интерактивті оқу: технологиялық құралдарды, веб-сайттарды, ойындарды, сауатты жазбаларды пайдалану арқылы оқушылардың түсінігін, ойлау қабілеттерін дамыту.
- Ойындар мен симуляциялар қолдану: әлемнің әртүрлі аймақтарындағы экономикалық және саяси процестерді модельдеу оқушыларға географияның осы аспектілердегі байланыстары мен әсерін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Мысалы, сауда жолдарын немесе климаттың өзгеруінің экожүйелерге әсерін зерттеу үшін модельдеуді пайдалану.
- Қосымшалар қолдану: географиялық мәліметтерге қол жеткізу үшін веб-қолданбалар, карталар, видеороликтер, оқу материалдары, журналдар және басқа қосымшаларды қолдану.

Қазіргі технологиялардың дамуы өрбіп тұрған кезде білім саласы да алға қарай жылжуда. Соның ішінде географияны оқытуда пайдаланылатын біршама цифрлық технологиялар бар. Солардың біршамасына тоқталып өтсек. Алғашқы бізде бұл – piktochart (пикточарт). Бұл ғаламтор сайты арқылы әртүрлі инфрографикалар, презентациялар жасауға болады. Бұл бағдарлама география сабағында қолдануда өте тиімді. Оның басты артықшылығы өзіңіз қалағанша карта жасау мүмкіндігі бар. Қолданылуы қарапайым әрі ыңғайлы.

Интерактивті карта платформалары: Google Earth сияқты құралдар оқушыларға қолында бар әлемді зерттеуге мүмкіндік береді. Олар қашықтықты өлшей алады, уақыт өте келе пейзаждарды салыстыра алады, тіпті географияны практикалық және жекелендірілген тәжірибеге айналдыра отырып, өздерінің жеке карталарын жасай алады.

Mapchart және Pixel map – бұл екі платформа фунциялары жағынан ұқсас болып келеді. Өзіңізге керек аймақты немесе әлемді таңдай отырып карта жасай алу мүмкіндігіне ие боласыз. География пәнінде қолдануда кең ауқымды. Басты кемшілігінің бірі тек саяси карта жасай аламыз. Ал артықшылығының бірі сіз картаны өз қалауыңызша жасай аласыз сол арқылы әрбір оқушыны қызықтыра аласыз.

Болашақ еліміздің негізі мен тірегі - сауатты, іскер де білікті әрі белсенді азаматтар мен азаматшалар. Сол себепті де жаңа қоғам тәртіптері мен талаптарына сай қоғамды дамытуға және көркейтуге күш жұмсай білетін жастарды тәрбиелеу ең басты әрі маңызды мәселе. Еліміздің «Білім туралы» заңына сәйкес мемлекеттік саясат негізінде алғаш рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» секілді маңызды мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі**.** [3, б. 106].

Қызығушылық, жан-жақтылық, ізденушілік – жалпы бала бойына тән құбылыс болып табылады. Бойында ізденушілікке, зерттеушілікке қызығушылығы бар бала бойындағы белсенділік оның жеке тұлға ретінде дамуына, өзіндік ой-көзқарасының дамуына игі ықпалын тигізе алады.

Жалпы қандай да бір бағдарламаны қолданбас бұрын, әрбір баланың жас ерекшелігін, мәліметті қабылдау деңгейін ескерген жөн. Себебі, әр баланың физиологиясы және таным деңгейі әртүрлі дамиды.

Қорыта келе айтар болсақ, инновациялық технологиялар географиялық білім берудің жаңа бағытын қалыптастырады, оны жарқын, динамикалық және өзара байланысты пәнге айналдырады. Оқытушылар мен студенттер бұл құралдарды меңгерген сайын, олар география жай ғана тақырып емес, зерттеуге, түсінуге және жаһандық өзара әрекеттесуге арналған қақпаға айналатын саяхатқа шығады. Аталып өткен бағдарламалардың мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Сол үшін де бұл бағдарламалардың негізі өмірмен байланыс ұғымынан құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ұғымын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Кукушкин В.С. Педагогические технологии- Москва, Ростов на-Дону , 2004, - 34 б.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. - Алматы, 2015, - 9б.
3. Қаламқалиев М. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары// - 2000, - 103-106 б.

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СЛУЖБА ДЛЯ ДОШКОЛЬНИКОВ

Алиева Машук Нурлыбековна,
Государственное коммунальное казенное предприятие
«Ясли - сад «Дана» государственного учреждения
«Отдел образования Мугалжарского района
Управления образования Актюбинской области»

Аңдатпа: Ерте мектеп жасына дейінгі балаларға психологиялық қызметті дамыту қажеттілігін көрсету, педагог-психолог жұмысының негізгі бағыттарын анықтау. Мақалада осы қызметтің мақсаты мен негізгі міндеттері көрсетілген. Мектепке дейінгі мекемеде баланы модульдік қолдау жүйесі ұсынылады. Педагог-психологтың тікелей қатысуын талап ететін жас балалардың дамуындағы өзекті мәселелер қарастырылады.

Аннотация: Показать необходимость развития психологической службы для детей младшего дошкольного возраста, определить основные направления работы педагога-психолога. В статье освещены цель и основные задачи данной службы. Предложена модульная система сопровождения ребенка в дошкольном учреждении. Обсуждаются актуальные проблемы развития детей раннего возраста, которые требуют непосредственного участия педагога-психолога.


Annotation: The purpose of the article is to show the need for the development of psychological services for children of early preschool age, to determine the main directions of work of a teacher-psychologist. The article highlights the purpose and main tasks of this service. A system of modular support for a child in a preschool institution is proposed. Current problems in the development of young children that require the direct participation of a teacher-psychologist are considered.

Ключевые слова: Психологическая диагностика, консультирование,тренинги «золотой век» ,адаптация ребенка.

Сегодня перед казахстанской школой, как и перед образованием во всем мире, стоит задача определения, новых подходов к образованию, чтобы войти в **«золотой век»,** исследование и открытий. Значительную роль в развитии ребенка играет школа. Важно чтобы именно здесь сложился психологический необходимый ребенку институт, где он мог бы разносторонне развиваться, учился бы открыто выражать свой чувства и мысли.

Наступает первый день долгожданный день, когда ребенок приходит или в школу, или в детский сад первый раз. Его встречают улыбкой, вниманием поздравлениями. И тут его встречают первые трудности. При поступлении в школу наблюдается различный уровень подготовленности детей к обучению. Работая с детьми, неготовыми к школе, педагог по существу, берет на себя те функции, которые традиционно входят в круг обязанностей родителей. Ведь подготовка ребенка к школе, к овладению учебной деятельностью является результатом его полноценного развития в период дошкольного детства. Таким образом, педагог по сути дела, вынужден сначала заниматься не столько обучением по школьной программе, сколько восполнением тех пробелов в развитии, которые обнаруживаются к моменту поступления в школу.

При приеме в первый класс проводится психолого-педагогическая диагностика с использованием тестов, определяющих интеллектуальные, сенсорно-моторные способности детей, не включающие материал учебных программ.



Психолог или воспитатель проводит как массовые, так и индивидуальные психодиагностические обследование. При массовых (групповых) обследованиях детей обнаруживается в общих чертах уровень интеллектуального развития, развития мелкой моторики руки, координация движения рук и зрения, умение ребенка подражать образцу. Для реализации этих целей, чтобы составить общее представление об уровне развития готовности ребенка к школьному обучению можно использовать ориентационный тест школьной зрелости Керна- Йерасека. Этот тест обладает рядом существенных достоинств для первоначального обледования детей: не требует продолжительного времени для проведения;

может быть использован как для индивидуальных, так и для групповых обследований; имеет нормативы, разнообразнные на большой выборке; не требует специальных средств и условий для проведения .

Все три задания предъявляют требования в плане тонкой моторики руки.

Полученные результаты характеризуют ребенка со стороны общего психического развития , развития моторики , умения выполнять заданные образцы, т.е. характеризуют произвольность психической деятельности.

Но со временем это проходит и наступают будни с маленькими победами, трудностями и неудачами с радостью познания нового и горечью обид. Необходимо определенное время для того, чтобы дети привыкли к новой для них обстановке, новым правилам и распорядку дня, новому обещанию, новому общению с педагогами и ребятами, новым способам деятельности и поведения. Адаптация ребенка происходит не сразу. Это довольно длительный процесс, требующий напряжения всех сил детского организма и детской психики. В начале их прибывания у ребят может наблюдаться двигательное возбуждение или заторможенность, раздражительность, снижение аппетита, плохой сон, повышенная утомляемость.

Специалисты выделяют три основных этапа физиологической адаптации ребенка, каждый имеет свои особенности.

1 – этап адаптации – ориентировачный, когда в ответ на весь комплекс новых воздействий, связанных сначалом систематического обучения и воспитания организма ребенка и все его системы отвечают бурной реакцией. Эта «физиологическая буря» длится 2 – 3 недели на этом этапе ребенок работает на пределе своих возможностей, поэтому в первые недели учебы у детей отмечается снижение веса, нарушение сна, головные боли повышается заболеваемость.

2 – этап адаптации – неустойчивое приспособление, когда организм ребенка ещет и уже использует некоторые оптимальные варианты реакции новые воздействия.

3 - этап адаптации период относительно устойчивого приспособления, когда организм ребенка находит такие варианты реагирования на новую нагрузку (умственную, физическую, эмоциональную) которые позволяют избежать чрезмерного напряжения.

Продолжительность трёх фаз адаптации – пять – шесть недель. Наиболее напряженные первые четыре недели. В этот период дети быстро устают, снижены функции внимания и памяти. Поэтому в учебном плане в первой четверти в школе предусмотрено меньше количество уроков и меньше интенсивность учебных занятий, чем в другое время, а в детском саду первая неделя пребывания ребёнка до обеда.

Среди детей можно выделить такие группы, у которых адаптация протекает легко, детей с адаптацией средней тяжести и детей, у которых адаптация протекает тяжело.

Приступая к работе с детьми, учитель должен чётко представлять, что отличительной чертой ребенка является активная познавательная деятельность.

В этом возрасте у детей преобладает наглядно-действенное мышление, и ребенок находит ответы на вопросы «почему?» и «как?» только в результате выполнения определенны практических действий с предметами. Вот почему ведущим в процессе обучения детей данного возраста является так называемый практический метод обучения. Этот метод даёт возможность более полного и глубокого осознания учебного материала в процессе многократного повторения практических действий. Поэтому педагог должен помнить, что при объяснении нового материала умело сочетать наглядность с индивидуальной практической деятельностью детей. Педагог используя разнообразные наглядные материал у доски, не получит, положительного результата, если все, что делается у доски, каждый ребенок не проделает то же самое на своем рабочем месте т.е. индивидуальная практическая деятельность ребенка становится основным, ведущим в этом возрасте средством усвоения знания.

Особенностью организаций занятия с детьми этого возраста является его насыщенность разными формами деятельности. Исследования учёных – физиологов показали, что дети и пятилетнего возраста могут непрерывно писать не более 7 минут, продолжительность непрерывного чтения не должна превышать 7 – 10 минут. Только в этом случае будет стабильной работоспособность детей.


Обучение детей этого возраста должно быть интересным, радостным, но в тоже время обеспечивающим глубокое усвоение программного материала.

Особую роль приобретает беседа с детьми, в ходе которой обсуждаются задания и способы его выполнения. Важно, чтобы в таких обсуждениях участвовали все дети, проявляя активность и самостоятельность.

Однако не нужно требовать от детей формального послушания во время занятий. Организация занятий должна быть разнообразной: в форме прямого обучения и дидактических игр. В результате систематического использования дидактических игр в учебном процессе у детей развивается подвижность и гибкость ума, формируется такие процессы мышления, как сравнение, анализ. Организовать детей нужно не путем дисциплинарных замечаний, а путем изменения содержания или методики занятия. Заставить сидеть тихо несложно, гораздо труднее организовать детей на решение поставленных задач.

Исследование ученых – физиологов позволили определить, что наибольшая работоспособность у детей этого возраста – во вторник и в среду, а сниженная – в понедельник и четверг, самая низкая в пятницу.

Ребенок за годы ученической жизни трижды сталкивается со стрессовыми периодами своего обучения.



Мир наших детей не будет похож на мир предыдущих поколений. Будущее во много будет зависеть от их способности понимать и воспринимать новые концепции, делать правильный выбор, а также учиться и уметь адаптироваться, изменяющимся условием в течение всей своей жизни.

Список источников и литературы

1. Концепция развития системы психологического обеспечения (психологической службы) образования в Российской Федерации на период до 2010 года / Рубцов В.В. [и др.] // Психологическая наука и образование. 2007. № 1. С. 69–82.
2. Лисина М.И. Формирование личности ребенка в общении. СПб: Питер, 2009. 320 с.
3. Положение о психологической службе в системе народного образования [Электронный ресурс] // Практический психолог. URL: http://practic.childpsy.ru/document/detail.php?ID=22883 (дата обращения: 01.04.2020).
4. Психология личности в трудах отечественных психологов / Сост. Л.В. Куликов. СПб: Питер, 2002. 476 с.

ОЙЫН – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ ІС-ӘРЕКЕТІ

Айдарбекова А. А.,
№ 3 «Күншуақ» балабақшасы, тәрбиеші,
Астана қаласы

Аңдатпа: Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды. Тәрбие мен білімнің алғашқы дән - мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Кілт сөздер: Бала ойынында көбнесе терең мән бар Ф. Шиллер

Ойынды ойнату мен үйретудің мақсаты: В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: Ойынсыз ақыл - ойдың қаншалықты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады.

Ойын дегеніміз - ұшқын, білімге құмарлықпен еліктеудің маздай жасаған оты. Міне, ойын дегеніміз - тынысын кең алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат беретін осындай ғажап нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып адамди қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшілігі ескеріледі. Әр түрлі ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақталуы маңызды.

Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады. Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор.Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Әрине, ойын адамның дамуына, қалыптасуына әртүрлі әсер береді. Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлар өте көп. Мысалы, үлкендердің ойынға басшылық жасауы, ойыншықтар, баланың өсетін ортасы, балалар ұжымы, баланың тәрбиесі т.б. Дегенмен де ойын тек әрекет емес, балалардың да, үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамды рахат және қанағат сезіміне бөлейтін іс-әрекеті. Балалар тұрмақ, үлкен адамдар да әлікүнге дейін ойнайды, әрине ойынның түрлері өте көп. Балалар ойынына талдау жасайтын болсақ, оның өзгеріп отыруы балалардың жас және жеке дара ерекшеліктеріне бай-ланысты. Мысалы, сюжеттік рөлді, қимыл-қозғалыс, драматизациялық, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындардың түрлері бар. Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Оның әрқайсысына жеке тоқталатын болсақ, сюжеттік рөлді ойындар ойынның алғашқы танымы десек, артық болмас.Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеуалдымен ойында басталады». Мысалы; сюжеттік — рөлді

ойындар.Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді — адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады. Ойында бөлме теңіз, аспан кеңістігі де, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар жағдайға ойынның өздері ойлаған түпкі ниеті мен мазмұнына лайықты маңыз береді.Ойын іс-әрекетінің тағы бір ерекшелігі — оның әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстары мен оқиғалары туралы білімдерін бейнелейді, оларға өзінің қатынасын білдіреді. Балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде ойыншықтармен сөйлесіп жүреді. Ойынға қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі, өзі мен мамасы үшін, науқас кісі мен дәрігер үшін сөйлеседі және т.б. Сөз нақ бір ойын әрекетін сүйемелдеуші болып табылады, бейнені, оған баланың өз қатынасын толығырақ ашады.Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойында сөзбен уәделесу ұйымдастырушылық қызмет атқарады, балалар арасында өзара түсінісу мен достықтың, қоршаған өмірдің қайсыбір фактілері мен құбылыстарына бірдей көзқарастың пайда болуына және дамуына көмектеседі.Қорыта келсек

Мектепке дейінгі жасар балаларға тиянақты білім беру тәрбиешінің творчестволық, ізденісі мен шеберллігін қажет етеді. Мұның өзі әлі ойын баласы екендігімен байланысты. Сондықтан сабақ тартымды болу ушін тақырыпқа сәйкес ойындар тандап алып, оларды утымды пайдалану керек. Сонда ғана барлық баланы сабаққа ынталы қатыстыруға болады.

Әрбір тәрбиеші сабақ, процесінде қандай дидактикалық, ойын қолданатынын куні бурын сабақ мазмуны мақсатына сай лайықтап таңдап алғаны жөн. Өйткені балалар ушін қызықты әрекет бола отырып, оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Бірақ ол ұйымдастырылған педагогикалық процеске енгізілгенде ғана сондай құралға айналады. Ойынның дамуымен оның орныгуы оны нақ, осылай тәрбиелеу куралы ретінде пайдалануға көп байланысты.

Ойынды педагогикалық процеске енгізе отырып тәрбиеші балаларды, Л.С.Макаренконың сезімін айтқанда «жақсы ойын» жасауға уйретеді. Мундай ойынға мынандай сапа тән: Мазмунның тәрбиелік мазмұндық құндылығы, бейнеленетін тусініктердің толығы

мен дұрыстығы, ойы, іс-әрекетнің орындылығы, белсенділігі. ұйымшылдығы және творчестволык сипаты, жеке балалардың және барлык ойнаушылардың муделерін ескере отырып, ойында ережелерге бағыну және соларды басшылыкка ала білуі, ойыншықтармен ойын материалдарын максаткерлікпен пайдалану, балалардың карым-катынастарының игі тілектестігі және көңіл-куйлерінің шаттығы.

Ойында акыл-ойы адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің максаттары үшін пайдаланылады. Ойын процесінде балалардың білімімен ұғымы айкындалып терендей түседі.

Демек, ойын балалардың соған дейінгі біліммдерімен түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге белсенді таным іс-әрекеттерінің өзінше бір формасы болып табылады, соның барысында олар тәрбиешінің басшылығымен, жаңа білім меңгереді.

Әдебиеттер тізімі

1. А.А. Давыдов, Т.В. Драгунова. Пдагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы Алматы 1973.
2. Б. С. Ысқақова, Қойшыбаева Н.И. Мектепке дейінгі балалардың жеке басын қалыптастырудың психологиялық құралы. Оқу құралы. Шымкент 2002.
3. С. В. Мухина. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы алматы «Мектеп» 1986.
4. Сухомлинский В. А. Балалық шақтағы жеке тұлғаның қалыптасуы.

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАР: ЦИФРЛЫҚ ТАРИХ

Турғанбаев Айдос Ерланұлы,
Тарих ғылымдарының магистрі
Арыс қ. Б. Кенжебаев атындағы
жалпы білім беретін мектеп
Тарих пәнінің мұғалімі

Аннотация. Заманауи білім үнемі жаңашылдыққа ұмтылады, ал тарих сабақтарында компьютерлік ойындарды қолдану барған сайын танымал оқыту әдісіне айналуда. Бұл тәсіл оқушылардың назарын аударып қана қоймайды, сонымен қатар интерактивті және иммерсивті тәжірибелер беру арқылы оқу процесін байытады. Мақалада адамзат өркениетінің қалыптасуының әртүрлі кезеңдерін зерттеуде жаңа мүмкіндіктер ашатын аудио-визуалды мазмұнмен жұмыс істеуге негізделген геймификация элементтерін енгізу арқылы мектепте гуманитарлық пәндерді оқытудың заманауи тәжірибесін (тарихты зерттеу мысалында) өзгертудің негізгі аспектілері қарастырылады. Автор тарихи процесті модельдеу тұжырымдамасын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін «ойын әлемдері» сабағында ең көп қолданылатындығымен сипатталады.

Аннотация. Современное образование постоянно стремится к инновациям, а использование компьютерных игр на уроках истории становится все более популярным методом обучения. Этот подход не только привлекает внимание учащихся, но и обогащает процесс обучения, предоставляя интерактивные и иммерсивные впечатления. В статье рассматриваются основные аспекты изменения современной практики преподавания гуманитарных дисциплин в школе (на примере изучения истории) путем введения элементов геймификации, основанной на работе с аудиовизуальным контентом, открывающим новые возможности в изучении различных этапов становления человеческой цивилизации. Автор характеризуется тем, что наиболее часто используется на уроке «игровые вселенные», что обеспечивает возможность использования концепции моделирования исторического процесса.

Annotation. Modern education constantly strives for innovation, and the use of computer games in history lessons is becoming an increasingly popular teaching method. This approach not only attracts students ' attention, but also enriches the learning process by providing interactive and immersive experiences. The article discusses the main aspects of changing the modern practice of teaching humanitarian subjects at school (on the example of the study of history) by introducing elements of gamification based on working with audio-visual content, which opens up new opportunities in the study of various stages of the formation of human civilization. The author is characterized by the fact that he is the most used in the lesson «game worlds», which provides the opportunity to use the concept of modeling the historical process.

Кілт сөздер: Гемификация, ойын механикалары, ойын әлемі,моделдеу, тарихи процесс, компьютерлік ойындар.

Қазіргі білім беруді дамыту жағдайындағы геймификация феномені білім алушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастың жаңа үлгілерін қалыптастырудың негізгі аспектілерінің біріне айналуда. Олардың дизайны, ең алдымен, білім беру процесін виртуалдандырудың жоғары деңгейімен байланысты, бұл ойын мазмұнын белсенді қолдануды ғана емес, сонымен қатар әртүрлі жаһандық процестер мен құбылыстардың толық ауқымды қайта құруларын қолдану мүмкіндігін білдіреді[1, б. 29]. Бұл мүмкіндік баланы зерттеу актісінің толыққанды қатысушысына айналдырады, ал қазіргі мұғалім Леопольд фон Ранкенің әйгілі тезисін іске асыруға жақындатады, бұл оқиғаны ол қалай болса солай зерттеу керек.

Тарихи процесті модельдеу тетіктерін белсенді қолдану білім алушыдан микро және макро деңгейлердегі әртүрлі оқиғаларды талдауға мүмкіндік беретін «жұмсақ дағдылардың» кең спектрін дамытуды талап етеді. Көбінесе мұғалім мұндай мақсаттарға оқу уақытын әртүрлі мазмұнмен қанықтыру арқылы қол жеткізеді (статикалық және динамикалық), зерттеу қызметінің элементтерімен толықтырылады (ақпаратты тәуелсіз іздеу, талдау және түсіндіру түрінде), олар оқу коммуникациясын мүлдем басқа деңгейге шығарады [2].

Компьютерлік ойындарды пайдаланудың артықшылықтары:

Тарихи оқиғаларды визуализациялау: компьютерлік ойындар қалаларды, шайқастарды және мәдени оқиғаларды егжей-тегжейлі қайта құру арқылы өткен дәуірлерді елестетуге мүмкіндік береді. Бұл оқу материалын қол жетімді және түсінікті етеді.

Интерактивті оқыту: ойындар оқушылардың белсенді қатысуын ынталандырады, оларды тарихи контексттерді зерттеуге, шешім қабылдауға және өз әрекеттерінің нәтижелерін көруге шақырады. Бұл тәсіл сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Эмоционалды қатысу: ойын мазмұны оқушыларға тарихи кейіпкерлердің мотивациялары мен сезімдерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретін материалмен эмоционалды байланыс жасайды. Бұл тарихты үйренуді ұмытылмас етеді.

Ұжымдық оқыту: көптеген ойындар ұжымдық өзара әрекеттесуге және мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Бұл топтық дағдыларды және топта жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Сәтті пайдалану мысалдары:

Өркениет VI: бұл стратегиялық ойын ойыншыларға экономикалық, саяси және мәдени аспектілерді үйрету арқылы әртүрлі тарихи кезеңдерде өркениетті басқаруға мүмкіндік береді.

Assassin ' s Creed: Discovery Tour: ойындағы бұл режим ойыншыларға ежелгі Египетті, Грецияны және басқа да тарихи орындарды зерттеуге мүмкіндік береді, сол кездегі өмір мен мәдениет туралы бай ақпарат береді.

Сонымен қатар мұғалімнің рөлі едәуір артады. Оның тұрақты кері байланыс арналары болған жағдайда, мұғалім ақпарат релесінен авантюристер тобын ойын рейдіне бағыттайтын «game master» түріне ауысады. Сынып жүйесі мен виртуалдандырылған «ойын әлемі» арасындағы сызықтар бұлыңғыр. «Процедуралық Риторика» және «ойын дизайны» постулаттарына негізделген сыныптың виртуалдандырылған топтық жұмысының әртүрлі жүйелері сабақ уақытының осындай түбегейлі өзгеруінің өзіндік құралы болып табылады[3]. Олар оқу материалын игерудің жаңа тетіктерін ұсынады, негізгі ойын механикасына сүйене отырып, әртүрлі оқу пәндерін оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Тарих және Құқық пәнінің мұғалімінің жұмыс тәжірибесінде «компьютерлік ойын контенттері» бұрын ұсынылған формада да, басқа да тәсілдермен де қолданыла алады. Мен келесі ойын сериялырындағы материалдарды тиімді пайдалануға болады деп санаймыз.

1. Civilization. Зерттеушілер мен журналистер [4, б. 481-495] бірнеше рет назар аударған сипатталған ойын сериясы неолиттік революциядан ғарышты бағындыру дәуіріне дейінгі бірқатар дәуірлердегі тарихи процестің барысын модельдеуге мүмкіндік береді, мұғалімге дәріс түрі, іскерлік ойындар және т. б. сабақтар аясында тарихи және әлеуметтік материал-дарды ұсынудың кең мүмкіндіктерін ашады. іс-шаралар, пікірталастар өткізу және т. б.

Тікелей геймплей элементтері әртүрлі қауымдастықтар өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани салаларын зерттеуде қолданыла алады. Оқу мақсатында жобада пайда болатын кең анықтамалық материалды, геймплейді (нақты уақытта да, оқу бейне фрагменттері түрінде де) пайдалануға болады. Сонымен қатар, ойын кеңістігін интерактивті карта ретінде пайдалануға болады.

Негізінен келесі тұжырыммен келісуге болады: «бүгінгі таңда білім беру жастардың шынымен үйренетінінен гөрі бір нәрсені қалай өлшеуге болатынына көбірек көңіл бөледі. Civilization EDU-бұл ойындарды XXI ғасырдағы негізгі дағдыларды дамыту және бағалау үшін қалай қолдануға болатынының тамаша мысалы, оны тестілеу арқылы өлшеу мүмкін емес»[5]. LRNG халықаралық білім беру қозғалысының жетекшілерінің бірі Кони Новеллаға тиесілі тиісті пайымдау қазіргі шындықта өзекті болып көрінеді.

Айта кету керек, әртүрлі ойын жобаларын пысықтау мүмкіндіктері, оларды оқу материалдарымен қанықтыру және оқытушылар үшін әдістемелік модульдермен интеграциялау қазіргі білім беруді дамытудағы жаңа кезең болуы мүмкін.

2. Total War. Бұл ойынды қолдану арқылы әртүрлі кезеңдердегі мемлекеттердің мемлекеттік құрылымының, әскери ұйымының, Сыртқы және ішкі саясатының ерекшеліктеріне (Крит-Микен дәуірінен бастап XIX ғасырдың басындағы шындыққа дейін) арналған бірқатар тақырыптарды әзірлеуге болады. Мұғалімнің алдында әскери және саяси тарихтың көптеген мәселелерін иллюстрациялық материал ретінде қарастыру үшін ойын мазмұнын қолдану мүмкіндігі ашылады (бекіністерді, әкімшілік және тұрғын үйлерді, әскери кемелерді, әртүрлі кезеңдердегі сарбаздардың формаларын көрсететін скриншоттарды қолдана отырып); демонстрациялық материал ретінде (ойын қозғалтқышында геймплейге негізделген бейне тізбегімен сүйемелденетін оқу бейнелерін жасау жобалар); науқан картасын белгілі бір оқиғаны немесе процесті баяндайтын интерактивті карта ретінде пайдалануға

болады. Ойын кеңістігін Тарихи кеңістікті зерттеу тұжырымдамасын жаңартатын интерактивті квесттер құру үшін пайдалануға болады. Ұсынылған материалдардың түрлерімен жұмыс жасау арқылы Крит Микен дәуірі, Шығыс деспотияларының даму кезеңі, классикалық Антика, Эллинизм, Антика және Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі, Ұлыбританиядағы ерте орта ғасырлар, Еуропалық дамыған орта ғасырлар, Жапониядағы соғысушы провинциялар дәуірі, Ұлы географиялық кезең сияқты кезеңдердің әскери тарихының әртүрлі аспектілерінің жарқын және бейнелі сипаттамасын ұсынуға болады. жаңа уақыт кезеңі, Наполеон дәуірі. Моддинг арқылы моңғолдардың Ресейге басып кіруі, ескі орыс мемлекеттілігінің дамуы, ислам әлемінің қалыптасуы мен дамуы және т. б. тақырыптары қамтылуы мүмкін. сонымен қатар, қалыптасқан "ғаламның ойыны" өркениеттің дамуының әскери аспектілеріне баса назар аударылады, бұл мұғалімге сабаққа дайындалу үшін де, жобалық және шығармашылық үшін де қолданылатын интерпретация мен шығармашылықтың бай құралдарын береді ғылыми-зерттеу қызметі, оның ішінде бұрын ұсынылған базалық ойын механикасын қолдануға негізделген.

Сонымен қатар, Total War ойындар сериясының көптеген жобаларында дипломатияның дамуының ретроспективасы, саяси диалогтың әр түрлі формаларын көрсету (Әлеуметтік құрылымдар мен мемлекет арасында да, саяси өзара әрекеттесудің әр түрлі «субъектілер» арасында), әскери белсенділіктің әр түрлі формалары (мысалы, қоршау және далалық шайқастар). Осылайша, ойын әлеуметтік жарылыстар мен өзгерістердің себептерін ашады. Осы мүмкіндіктердің барлығы ойын әлемін мәтіннің ерекше формасы ретінде оқу процесіне біріктіру процесін өте өзекті етеді.

3. Assasins Creed. Assassins Creed ойын әлемі белгілі бір әдістемелік әлеуетке ие. Шартты түрде action-RPG жанрына жатқызуға болатын ойын жобасының өзі келесі тақырыптарды зерттеу кезінде виртуалды экскурсиялар жүргізу үшін пайдаланылуы мүмкін: «Эллинизм», «Птолемей кезіндегі Египет», «Викинг дәуіріндегі Еуропа», «крест жорықтары дәуіріндегі араб әлемі», «итальяндық қалалар-Қайта өрлеу дәуіріндегі мемлекеттер», «революциялық соғыс қарсаңындағы американдық колониялар», «Ұлы француз революциясы», «Виктория дәуіріндегі Ұлыбритания». Қазіргі уақытта аталған серияны әзірлеушілер өздерінің ойын жобалары аясында студенттерге Тарихи география принциптері туралы түсінік алуға мүмкіндік беретін бірқатар «экскурсиялық турларды» ұсынады (жалпы тарих курсына біріктірілген).

Assasins Creed ойын сериясының бөлігі ретінде ұсынылған «экскурсиялық» материалдар қазіргі уақытта Египет тарихына еркін сатылатын виртуалды турлар болып табылады, бұл аймақты сипаттау үшін дәстүрлі түрде пирамидаларды сипаттауға және Александрияның эллиндік әлемнің ғылыми және мәдени орталығы ретінде дамуына баса назар аударады. Египет тарихындағы Птолемей кезеңі де сипатталған; Мысыр өркениетінің өмірі мен рухани өміріне арналған бөлім өте қызықты. Сол сияқты ежелгі Грецияның тарихы да бейнеленген. Осы тур аясында аймақтың ең ірі қалалары — әйгілі ежелгі Микендер, ең бай сауда полисі — Афина егжей-тегжейлі көрсетілген. Күнделікті өмір мен әдет-ғұрыпқа, философияның, мәдениеттің, діннің және мифологияның дамуына назар аударылады. Ежелгі грек әскери өнерінің ілгерілеуі өте әсерлі ұсынылған.

Сонымен тарих сабақтарында компьютерлік ойындар мен ойын мазмұнын пайдалану оқушылардың назарын аударудың және интерактивті білім беру ортасын құрудың тиімді әдісі бола алады. Міне, компьютерлік ойындарды Тарихты оқыту процесіне енгізудің бірнеше жолы:

Тренажер ойындары: оқушыларға тарихи оқиғаларды бастан өткеруге мүмкіндік беретін тарихи тренажер ойындарын пайдаланыңыз. Мысалы, өркениет, Жалпы соғыс немесе Assassin ' s Creed: Discovery Tour әртүрлі дәуірлер мен мәдениеттерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Интерактивті білім беру бағдарламалары: оқу мақсаттарын ескере отырып жасалған арнайы білім беру бағдарламалары мен ойындары бар. Мысалы, «империялар дәуірі» ойындарын Тарихи стратегияларды зерттеу және өркениеттерді дамыту үшін пайдалануға болады.

Виртуалды шындық (VR): VR технологиясын тарихи орындарға виртуалды экскурсиялар жасау, ежелгі қалаларды қайта құру немесе тіпті экшн көріністерін жасау үшін пайдаланыңыз. Бұл студенттерге сөзбе-сөз өткенге енуге мүмкіндік береді.

Ойын мазмұны түріндегі тарихи оқиғаларға шолу: дәстүрлі дәрістердің орнына материалды бейне ойындар, анимациялар немесе басқа интерактивті мазмұн түрінде ұсыныңыз. Бұл әсіресе күрделі оқиғаларды немесе тұжырымдамаларды елестету үшін пайдалы болуы мүмкін.

Жеке ойындар жасау: оқушыларды өздерінің тарихи ойындарын құру процесіне қатыстырыңыз. Бұл сценарийлерді, кейіпкерлерді және ойын механикасын дамытуды қамтитын жоба болуы мүмкін, бұл материалды тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Интерактивті веб-ресурстар: интерактивті тарихи карталарды, хронологияларды, викториналарды және ойын элементтеріне негізделген басқа тапсырмаларды қамтамасыз ететін білім беру веб-ресурстарын пайдаланыңыз.

Компьютерлік ойындарды оқу мақсаттары үшін пайдаланған кезде мазмұн негізді, оқу мақсаттарына сәйкес және оқушылардың жасына сәйкес болуы керек екенін ескеру маңызды. Оқу процесінің максималды тиімділігін қамтамасыз ету үшін оқу мен ойын-сауық арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Овчинников В. М. Геймификация и визуализированный контент на уроках истории // Научно-методический электронный журнал «Калининградский вестник образования». — 2021. — № 2 (10) / июль. — С. 29-40. — URL: https://koirojournal.ru/realises/g2021/05jul2021/ kvo204/
2. Отарбаева Л.Л., Утепбергенова Г.К., Муханова А.С. Геймификация как интерактивное обучени в образовательном процессе/ Методическое пособие «Өрлеу» / Актобе -2020
3. Тарих сабағындағы оқушылардың комуникативті дағдыларын қалыптастыру. «Өрлеу»
4. Rogers, S. Level Up! The Guide to Great Video Game Design / S. Rogers. — Hoboken: Wiley, 2014. — 552 p.
5. 24. Tresca, M. J. The Evolution of Fantasy Role-Playing Games / M. J. Tresca. — Jefferson: McFarland & Company, 2010. — 238 p

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Мухаметкали Самал Хусайынқызы,
Педагогика ғылымдарының магистрі,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Әл-Фараби атындағы орта мектебі
МДШО бар және Еркін бастауыш мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі»

Аннотация: Білімді және тәрбиелі , дүниетанымы кең , ұшқыр ойлы ұрпақ тәрбиелеу үшін — сындарлы оқыту теориясын сабақ үдерісінің негізгі көзіне айналдыру қажет. Осы бағытта білім беру ұйымдарының алдындағы мақсат — мұғалімдер тәжірибесін үнемі жетілдіру және бағалау.

Аннотация: Для воспитания образованного и воспитанного , широкого мировоззрения , сообразительного поколения — необходимо сделать теорию конструктивного обучения основным источником учебного процесса. Цель, стоящая перед образовательными организациями в этом направлении, - постоянное совершенствование и оценка опыта учителей.

Annotation: In order to raise an educated and well-educated generation with a broad world view, it is necessary to turn the theory of constructive teaching into the main source of the teaching process. In this direction, the goal of educational organizations is to constantly improve and evaluate the experience of teachers.

Тірек сөздер: білім,қағида, білім алушы, белсенділік,білім беруші
Ключевые слова: знание, принцип, обучающийся, деятельность, педагог
Key words: knowledge, principle, learner, activity, educator

Білім сапасы білім беруші мен білім алушының – ортақ еңбегінің нәтижесі. Себебі білім игерудің инновациялық тұжырымдамасы оқушының белсенділігімен ұштасады. Білімді болудың басты қағидасы – екі жақты белсенділік [1, б.3]. Егер мұғалім білімді бере берсе, ал оқушы қабылдамаса, одан нәтиже шықпайды. Білім сапасы қашан қалыптасып дамиды? Ол үшін оқушы, ең алдымен, зейін қойып, бар ынтасымен тыңдай білу керек [2, б.23]. Одан кейін есіне сақтауы, түсінуі, қолдана алуы, талдап, бағалай білгені абзал. Мәселенің өзектілігі де осында. Көптеген оқушылар танымның жоғары деңгейін игере алмай, ал оқытушылар игерте алмай жүр.

Мақалада А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ж.Пиаже, Дж.Равен, ДЖ.Тейлор, А.Әлімов еңбектеріне сүйене отырып, білім алушыларға қажетті білім, дағдылар, тәсілдер, құндылықтарды айқындайтын оқу-тәрбие процесін жетілдіру, оны дамытуға арналған озық тәжірибелерді енгізудің өзекті мәселелері талқыланады.

Іс-тәжірибеде өз нәтижесін беріп, оқушылардың айтылым дағдысын арттырып, бір жүйеге дамыта алатын инновациялық әдістің бірегейі – Ted форматында сөйлеу. Тіпті, БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын аталған тапсырманы орындай отырып, оқушының шығармашылық деңгейін, яғни дивергентті тұрғыда ойлауын көруге болады. Оның талаптары төмендегі кестеде берілген:

1 минут ауызша сөйлеу	Тақ/ң ашылуы	Кіріспе, негізгі б., қор/ды	1 пробл. сұрақ	Дауыс ырғ, сөзді ұм/у, ауд. бау/у	1 қан. сөз/ 1 шумақ өлең	Ерекш/к /идея	Функ/қ сау/қ	1 мақал	Стил/к оралым
1	1	1	1	1	1	1	1	1	1

Бір қызығы, SWOT әдісін кері байланыс, бағалау кездерінде, белгілі бір тапсырма ретінде де қолдануға болады. Мәселен: Е.Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі бойынша оқушының жазған талдауы:

Күшті	**Әлсіз**
Бізді ойлантты, келешек жайлы толғантты	Өкінішке орай, осындай жағдайлардың өмірде көптеп кездесетіндігі
Мүмкіндігі	**Қаупі**
Баспаналы болу жағын қазірден бастап қарастыра бастадық	Осындай жағдайлар шаңырақтың шайқалуына алып келуі әбден мүмкін

Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін арттыратын тағы бір әдіс көркем шығармадағы сөз тіркестерімен жұмыс істеу арқылы сөздік қорды молайту. Мәселен, Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» шығармасының негізінде әміршінің атынан жазылған монолог:



Мен – қатыгез Әмірші. Қолымдағы өткір қылышыммен бәрін жер жастандыруға дайын тұрған тәкаппармын. Адамдардың барлығын қорқыныш пен үміттің екі ұдай аралығында өмір сүруге мәжбүрлеушімін. Жорыққа барғанда жолымда кездескендердің бәрін жалмап жұтудан тайсалмаймын. Ышқына ұлып тұрған желдің өзі менің қаһарыма шыдай алмайды. Кіші ханым мен мұнарашының жанарын пышақтай кескілеп, олардың жан дүниесінде меңіреу тыныштықтың орын алуына себепшімін. Менің ашуым мына желге найза ілікпейтіндей. Ұлып тұрған желден еш айырмашылығы жоқ. Бәрінің сенімдерін сетінетіп, көңілдеріндегі көп түйіткілді қуып шықтым. Өз-өзіме сұрақ қойғым да келеді. Мен неге қатыгезбін? Бұл тылсым құдірет пе? Миыма кіріп шығар емес. Ойлар көкірегімді кернеп барады...

Инновациялық технологиялар қатарына жасанды интеллект немесе ғаламтор көмегімен орындалатын арнайы платформаларды да жатқызамыз.

Цифрлық платформаларды колдану үшін негізгі нұсқаулықтар төмендегідей:

1-кадам. Тіркелу;

2-кадам. Дайын ойын үлгісін таңдау;

3-кадам. Дайын шаблон негізінде жаңа тапсырма құрастыру;

4-кадам. Жеке кабинетке өтіп, құрастырған тапсырманы сыныппен бөлісу.

Ресурс	Түсініктемесі
Word Wall	Word Wall – әртүрлі шаблондарды пайдаланып, тапсырмаларды құрастыруға болады: https://wordwall.net/
Formative	Formative- суреттерді, бейнелерді, мәтіндерді косу аркылы интерактивті тапсырмалар жасауға және оқушылардың улгерімін талдауға мумкіндік беретін платформа https://www.formative.com/
Google Forms	Google Forms материалды білу мен түсінуді бағалау үшін жеке тесттер мен сауалнамалар жасауға мумкіндік береді. https://docs.google.com/forms/
Quizizz	Quizizz ойын форматын да білімді бағалау үшін пайдалануға болатын көңілді және интерактивті викториналарды ұсынады. https://quizizz.com/
ProProfs Quiz Maker	Бұл құрал оқушылардын білімі мен түсінігін бағалау ушін тесттер мен бағалауларды жасауға мүмкіндік береді. https://www.proprofs.com/quiz-school/browse

Жалпы, ақылды адам деп жадында көп мағлұмат сақтаған адамды атамай, өмір алдымызға тосқан (кәсіби, әлеуметтік, экономикалық т,б тұрғыдан) кез келген мәселені шеше алатын адамды айтамыз [1, б.57]. Сондықтан сабақта қолданылатын әр әдіс баланы дамытуға, жетілдіруге арналу керек

Әдебиеттер тізімі

1. А.Әлімов «Интербелсенді әдістерді мектеп қабырғасында қолдану» -Алматы, 2009
2. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. –М: 1999. -528

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Байкенжиева Динара Әбділохапқызы
Алмалыбақ орта мектеп гимназиясы
Ағылшын пәнінің мұғалімі

Түйіндеме: Мақалада ағылшын тілі сабағында тілді меңгеру, оқу, жазу, айту сөйлеу әрекеттері жайлы тәжірибелік іс-әрекетінде бастауыш сынып оқушыларының психологиялық сипаты баяндалады.

Түйін сөздер: тыңдау, қайталау, меңгеру

Аннотация: в статье рассказывается о психологическом характере младших школьников в теоретической и практической деятельности по овладению языком, чтению, письму, разговорной речи на уроке английского языка.

Ключевые слова: слушать, повторять, осваивать

Summary: the article describes the psychological nature of younger schoolchildren in theoretical and practical activities on language acquisition, reading, writing, and speaking in English lessons.

Keywords: listen, repeat, master

В.Гумбольд сыртқы әлемге халықтың мәдениеті, рухани өмірін жатқызса, ішкі әлемге – сөйлеушінің субъективті белсенділігі, көмегі арқылы жүзеге асатын адамның бастапқы тілдік қабілетін жатқызады. Тіл – тұтас бір елдің сипаттамасы, рухани көрінісі, мәдениеті, тарихын сипаттайды. Олай болса, тіл – сөйлеу құралы ғана емес тұтас бір елді таныстыратын танымдық құрал.

Адам өз бойында тілдік қабілетін дамытып, тілдік қарым-қатынасты жандандыра отырып, әрқашан өз күшімен өзі тіл жасайды. Лингвистикада тілдік қабілет жайлы сөз қозғағанда, А.А. Леонтьев бойынша «шетел тілін меңгеруде тілдік қабілет деңгейлері тілдік жүйе деңгейлеріне сәйкес келеді»[1].

Тіл – адамзаттың рухани байлығының фактісі ретінде адамдардың қоғамдық қарым-қатынасы мен рухани және материалдық процестерінің жиынтығымен түсіндіріледі. Психологиялық тұрғыдан, тіл-ойлаумен тығыз қарым-қатынаста ең жоғары психикалық функцияларды жүзеге асыруға қатысады. Сөйлеу – тіл арқылы іске асырылатын сөйлеу әрекеті.

Психологтар сөйлеу мен тілдің екі функциясын көрсеткен: қарым-қатынас құралы, тәсіл функциясы мен ойлау, ой қорыту құралы функциясы [2].

Л.В. Щерба бойынша [3], «Тіл – қарым-қатынас құралы, нақты белгі жүйесі, білімді сақтайтын және беретін құрал. Сөйлеу қарым-қатынас барысында немесе ойлау үдерісінде нақты пікір білдіру. Сөйлеу мәдениеті, оның мазмұндылығы, мәнерлілігі және ұғымдылығы тілге емес, сөйлеуге жатады. Сөйлеу мен тілдің ерекшелігін оқыту үдерісінде байқауға болады. Студенттің белгілі білімі болуы мүмкін, бірақ оны лингвистикалық тұрғыда дұрыс қолдана алмайды». Тіл мен сөйлеудің айырмашылығы: тіл – адамзаттың рухани байлығының фактісі ретінде адамдардың қоғамдық қарым-қатынасы мен рухани және материалдық процестерінің жиынтығымен түсіндіріледі.

Сөйлеудің тілден айырмашылығы: біріншіден, динамикалылығы, процессуалдығы; екіншіден, сөйлеуді жүзеге асыру және қалыптастыру үшін тілдік, тілдік емес құралдардың көмегімен ой мазмұнын жүйелі біріктіре алуында. Ал тіл – қарым-қатынастың негізгі құралы, тіл – адамзаттың мәдениеті, ғылымы, салт-дәстүрі мен өнерін ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға мұра етіп отыратын құрал.

Тілдің негізгі бірліктері фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін және оларды реттеуші ережелер жиынтығы екендігі белгілі. «Тілдің негізгі функциясын: сөйлеу қатысымын

жүзеге асырушы және ойдың аяқталуын білдіруші – сөйлем болып табылады». Сөйлем тілдің ең жоғарғы бірлігі бола тұра, «тілдің қатысымдық және когнитивтік функциясы тұрғысынан алғанда, сөйлем – мәтіннің компоненті» болып табылады. Мәтін – монолог түрінде, сөйлеу формалары: суреттеу, баяндау, әңгіме, ой-пікір түрінде беріледі. Маңызды лингвистикалық бірлік – қатысымдық өзара қарым-қатынасты жүзеге асырушы компоненттердің бірі, «ілікпе сөздердің (реплика) қосындысымен сипатталатын құрылымдық, интонациялық және семантикалық тұрғыда аяқталған» лингвистикалық бірлік диалогтық бірлік болып табылады. Адамның өз ой-пікірін сөйлем, мәтін, диалогтық бірлік деңгейінде білдіру және қабылдау, тілдің ережесіне сәйкес, оның мағынасын да келтіріп сөйлеуді ұйымдастыру қабілеті «ішкі сөйлеуді сыртқы сөйлеуге ұластыру – арнайы интегративтік үдеріс» болып табылады.

«Тіл мен сана» атты монографиясында А.Р. Лурия сөйлеу психологиясын: сөйлеу проблемасын, функциясы мен ұйымдастырылуын, сөйлеу қатысымының қалыптасу жолдары: ішкі ойдың сыртқы сөйлеуге ұласуының психологиялық жолдарын терең зерттеген [92]. Ол ішкі сөйлеу кең көлемдегі сыртқы сөйлеуге дайындықтың қажетті кезеңі болып табылады дейді.

Сөйлеудің пайда болуы А.Р. Луриянның пікірі бойынша белгілі бір ойды білдіріп сөйлеуде

1) қандай-да бір мәнді білдіру қажеттілігі – мотив пен жалпы түрдегі пиғылдан, ең басынан адамның ойында белгілі болған ниеттен басталады;

2) ішкі сөйлеу сатысынан өтеді;

3) терең синтаксистік құрылымның қалыптасуы жүзеге асады;

4) сыртқы сөйлеуге айналады.

А.Р. Лурия ішкі мотивтің үш түрін көрсетеді:

1) пікір білдіріп сөйлеудің мотиві талап (деманд);

2) ақпараттық мазмұндағы пікір айту мотиві (контакт);

3) өз пікірін нақты, анық білдіруге ынталану мотиві (концепт).

Автордың пікірінше, егер аталған мотивтер пайда болмаған жағдайда, сөйлеу жүзеге аспайды.

А.Р. Лурия сөйлеудің психологиялық тұрғыда әлдеқайда күрделі формаларына диалогтық сөйлеу мен монологтық сөйлеуді жатқызады.

Диалогтық сөйлеу:

1) жалпы сұраққа жауап беру;

2) арнайы сұраққа жауап беру;

Диалогтық қарым-қатынаста жалпы сұраққа жауап беру мотиві – сұхбаттасушының сұрағына жауап беру ынтасы пайда болады. Арнайы сұраққа жауап беру психологиялық тұрғыда күрделі процесс болады, өйткені субъект бірінші түсініп, ойында пайда болған альтернативадан біреуін таңдап, белсенді сөйлеу әрекетіне көшеді.

А.Р. Лурия монологтық сөйлеуде белсенді дербес сөйлеуді анықтайтын дербес (өздік) ішкі мотив және дербес ой-пікір болады дейді. Ой-пікірдің пайда болуы оның мазмұнын және тақырыбын анықтайды.

Ойлау мен сөйлеу арасындағы қатынастың басты психологиялық проблемасы – адамның өзіне ғана белгілі, ауызша жасалмаған субъективті мәнді сыртқа шығарып, тыңдаушыға түсінікті болатын мағынаны ауызша сөйлеуге ауыстыру өте күрделі процесс [4].

А.Р. Луриянның еңбегінен сөйлеу әрекетінің пайда болу процесі:

Кесте 1 – Сөйлеу әрекетінің психологиялық құрылымы

Мотив	сөйлеу әрекетін тудырушы
Мақсат	сөйлеу әрекеті бағынады
Міндет	нақты ситуацияда мақсатқа байланысты пайда болады
Әрекеттер	сөйлеудегі білім, білік, дағдылар жиынтығы
Бақылау және тыңдау,ес,жады	өз сөзін бақылау, қажетті сөйлеу компоненттерін саналы таңдау

«Ойлаудың сөйлеуде жүзеге асуы, интеллектуалды-сөйлеу әрекеті процесі белгілі уақыт ішінде өтеді және мотивациялық-қозғаушы, аналитикалық-синтетикалық, орындаушылық кезеңдерінен өтеді. Сөйлеуді жүзеге асыруда күрделі қарым-қатынас арқылы шығатын ойлаудың негізгі түрлері ғана емес (көрнекі-әсершіл, көрнекі-бейнелі және ауызша-логикалық), басқа да танымдық функциялар қатынасады».

Сөйлеу әрекетінің пайда болу процесінің күрделі жағдаяттарында көптеген альтернативалардан қажетті сөйлеу компоненттерін саналы таңдау «ақыл-ой әрекеттері» арқылы жүзеге аса алады.

Бұл шетел тілінде сөйлеуде білім, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру үдерісін қалыптастыруда, тіл үйренушінің интеллектуалды дамуы, оқушының танымдық белсенділігін арттыру П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясында көрініс табады. Мұнда тілдік мағына, ұғымдардың қалыптасу үдерісін біртіндеп қадағалау барысында оқушылардың жаңа білім, үлгі, түсініктерді меңгеруіне қатысты күрделі, көпжақты өзгерістерді басқарып отыруға мүмкіндік туады. Міне, осы теорияны іске асыруда, мына сабақ дәлел бола алады.

Сабақтың міндеті: балаларды оқыту пәнімен таныстыру: адам өміріндегі шет тілінің рөлі туралы айту; балаларды тәрбиешінің командаларын ағылшын тілінде түсінуге және тиісті әрекеттерді орындауға үйрету: stand up, sit down, raise your hand, put your hand down, take your toy, show me your toy, give me your toy, clap your hands, stamp your feet.

Материалдар: иллюстрациялық материал (суреттер, шет елдердің көріністері бар ашық хаттар, кітаптар, глобус), сабын, тіс пастасы, шай және т. б. әр түрлі қаптамалар (ағылшын тілінде жазулар бар), қоян, негізгі әрекеттерді бейнелейтін карта-схемалар

САБАҚ БАРЫСЫ

1. Көрнекі материалды пайдалана отырып, мұғалімнің адам өміріндегі ағылшын тілінің рөлі туралы кіріспе әңгімесі.

Мұғалім балаларға сабақ барысында көптеген жаңа және қызықты нәрселерді үйренетінін, атап айтқанда, әртүрлі елдердегі адамдар сөйлейтін ағылшын тілінде сөйлеуді үйренетінін хабарлайды. Педагог балалардың ана тілі қалай аталатынын, басқа қандай тілде сөйлейтінін және қай елдерде тұратынын білетіндігін сұрайды. Педагог балаларға глобусты және шет елдердің суреттерін көрсетеді, балалармен бірге балалар білетін және өзі айтқан елдерді табады.Мұғалім олармен қарым-қатынас жасау үшін шет тілін білудің маңыздылығын атап көрсетеді. басқа елдердің адамдары, адамдардың бір-бірін түсінбеуінен қиындықтар туындауы мүмкін жағдайларға мысалдар келтіреді.

Педагог балаларға ағылшынша кітаптарды, ағылшын тілінде жазылған жазуы бар түрлі пакеттерді (қораптарды) көрсетеді. Педагог балаларға олардың барлығы шет тілінде (ағылшын тілінде) жасалғанын хабарлайды. Егер балалар сыныпта ағылшын тілінде сөйлеуді үйренсе және мектепте осы тілде оқыса, онда олар әрқашан мұнда не жазылғанын өздері біліп, анасы мен әкесіне осы заттардың мақсатын түсінуге көмектеседі. Мұғалім айтылғандарды қорытындылай келе, балалар ағылшын тілін біле отырып, ағылшын мультфильмдерін көріп, түсіне алады, басқа елдерден келген балалармен ойнап, тіл табыса алады деп қорытындылайды. Ал ағылшын тілі сабағында олар күлкілі ойыншықтармен, көптеген қызықты ойындармен және тапсырмалармен кездеседі.

2. Балалар мұғалімнің бұйрығын тыңдайды.

Педагог балаларды өзімен бірге қимылдар жасауға шақырады. Бастапқыда мұғалімнің өзі ағылшын тілінде командаларды 2-3 рет айтып, орындайды, содан кейін балаларға сөйлейді.

1) Stand up, please.
Sit down, please.
Raise your hand.
Put your hand down.
Stand up.
Raise your hand.
Put your hand down.
Sit down.
Stand up.
Take your toy.
2) Show me your toy.
Give me your toy.
Thank you. (несколько детей)
Sit down.
3) Lena, stand up.
Come here.
Take your toy.
Give it to Yulya.
Thank you.
Sit down.
4) Yulya, raise your toy.
Show me your toy.
Show it to Sveta.
Give it to Sveta.
Thank you. Sit down.
(Обращается к нескольким детям.)
5) Children, stand up.
Raise you hands.
Put your hands down.
Raise your toys.
Put your toys down.
Give me your toys.
Sit down.

Мұғалім қимылдарды көрсетіп, оларды ағылшын тілінде атайды, балалар алдымен оларды мұғаліммен бірге орындайды, содан кейін өздігінен (ойын кейіпкері балаларға қимылмен көмектесе алады).

6) тәрбиеші тиісті қимылдары бар сурет-схемаларды көрсетеді, балалар оларды қайтадан орындайды, содан кейін қоянның көмегімен балалардың командаларды түсінуін тексереді, неғұрлым мұқият тапсырманы сәтті орындаған балаларды мақтайды.

Сабақ соңында балалармен ағылшын тілінде қоштасады, балаларға: Good-bye! See you later!

Міне, сабақты қорытындылау барысында П.Я. Гальпериннің теориясы: ақыл-ой әрекеттерін, үлгілер мен ұғымдарды кезеңдеп қалыптастырудың: сыртқы заттық әрекеттен ішкі, ой әрекетіне, интеллектуалды әрекеттерге көшуінің алты деңгейін қарастырған. Алғашқы міндетті кезең ретінде П.Я. Гальперин мотивацияны қарастырады; екінші кезеңде әрекеттің бағдарлы негіздерінің схемасы жасалады; үшінші кезеңде әрекеттің бағдарлы негіздерінің схемасына сүйене отырып әрекет жүзеге асырылады; төртінші кезеңде әрекеттің мазмұны сөйлеу арқылы орындалады; бесінші кезеңде «ішінен айту» болса; алтыншы кезеңде интеллектуалды, ой әрекетінің қалыптасуы жүзеге асатынын өз тәжірибемде дәлелдедім [5].

Оқушылардың материалды меңгеру, игеру ең біріншіден, тіл үйренушінің жеке, өздік белсенділігіне байланысты. Ұсынылған теория ағылшын тілін оқытуда нақты, белгілі жұмыс түрін жүргізуге бағыттайды және оқушылардың білім, біліктіліктерін меңгеруі сыртқы әрекеттің ішкі ақыл-ой әрекетіне кезең-кезеңмен жүзеге асуы арқылы қалыптасады деп ойымызды тұжырымдаймын.

Әдебиеттер

1. Леонтьев А.А. Коммуникативность: прошло или пришло ее время? //Иностранные языки в школе. – 1991. – №5. – С. 22-28.
2. Философский энциклопедический словарь. – М.: Сов. энциклопедия, 1983. – 816 с.
3. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л.: Наука, 1974. – 428 с.
4. Лурия А.Р. Природа человеческих конфликтов: Объективное изучение дезорганизации поведения человека /под. ред. В.И. Белопольского. – М., 2002. – 527 с.
5. Гальперин П.Я. Психология мышления иучение о поэтапном формировании умственных действии //Исследования мышления в советской психологии. – М.: Наука,1966. – 476

XX ғ. 20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛҒАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАЙҒЫЛЫ ТАҒДЫРЫ

Сманқұлова Гүлдерай Нағыметқызы
Педагог модератор
«Қырғауылды ауылындағы қазақ орта мектебі» КММ

Аннотация. XX ғ. 20-30 жылдары кеңес үкіметінің жүргізген репрессия саясаты халық жадында ең ауыр, әрі қайғылы кезеңнің бірі ретінде сақталды. Қазақ жастарының жазықсыздан-жазықсыз түрмелерде отырып, арнайы лагерьлерде «жазаларын» өтеп, «халық жауы» деген айып тағылып қамауға алынды. Қазақ халқының аянышты өмірі жайлы бандалады.

Түйін сөздер: репрессия, НКВД

Аннотация. *Политика репрессий, проводимая советским правительством в 20-30-е годы XX в., сохранилась в народной памяти как один из самых тяжелых и трагических периодов. Казахская молодежь, находясь в невинных тюрьмах, отбывала «наказания» в специальных лагерях и была арестована по обвинению в «враге народа». Будет рассказана жалкая судьба казахского народа.*

Ключевые слова*: репрессии, НКВД*

Annotation. The policy of repression pursued by the Soviet government in the 20-30s of the XX century has been preserved in people's memory as one of the most difficult and tragic periods. Kazakh youth, while in innocent prisons, served "punishments" in special camps and were arrested on charges of being an "enemy of the people." The pitiful fate of the Kazakh people will be told.

Keywords: repression, NKVD

1928 жылы Кеңес өкіметінің басшылығына келген И. Сталин 1929 жылды «ұлы бетұрыс» жылы деп атады. XX ғасырдың 30-жылдардың басында сталиндік аппарат «миды шаюдың» неше түрлі әдістеріне кіре бастады. Бұл мақсат үшін радио, газеттер, өнердің кез келген түрі белсенді түрде пайданылды. Барлық жерде еліктеуге болатын өзіндік «шамшырақтар» жасала бастады. Мысалы, жастарды Қиыр Шығысқа аттандыруға комсомол мүшесі Хетагуроваың бастамасы, шахталардағы еңбек өнімділігін арттыруда Алексей Стахановтың т.б. есімі шебер пайдаланылды. «Ми шаюдың» шектен шыққан түрі қаза тапқан оралдық пионер Павлик Морозовтың есімін пайдалану болды. Идеологиялық қызметкерлердің қолымен өгей әкесін ұстап берген Павлик Морозовтың жалған бейнесі жасалды. Бұл жағадайда сталиндік насихат адамдарды сөз жеткізу мен ұстап беруге ашық итермеледі, оларды жалған қырағылыққа шақырды. Болуы мүмкін әр түрлі жаулардың тіміскі әрекеттерден сақтандыруға шақырған плакаттар барлық жерде ілулі тұрды. Әркімнің жеке өміріндегі кез-келген факті немесе абайсызда айтылған сөз жұмысшылар, студенттер мен оқушылардың жалпы жиналыстарының басты талқылайтын мәселесіне айналды. Елде адамдардың бір-біріне деген сенімсіздігінің, қорқыныш пен қорғансыздығының ауыр жағдайы орнады. Сталиндік кезеңдегі жаппай саяси қуғын-сүргін елге үлкен нәубет әкелді. НКВД және Гулаг қапастарында ешқандай жазығы жоқ миллиондаған адамдар опат болды. Көптеген халықтар мен этникалық топтардың өкілдері режимнің қыспағымен туған жерлерінен қуылып, солардың бір бөлігі басқа аймақтарға жер аударылса, ал енді бір бөлігі жер аудару кезіндегі адамгершілікке жатпайтын жағдайлардың салдарынан қаза тапты [1].

Тоталитарлық режимнің күшейуіне қарай ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушыларға, сондай-ақ Ресей империясының шет аймақтарына төңкеріс кезінде үгіт жүргізген саяси партияларға қарсы қуғын сүргін саясаты да өрши түсті. Осы саясат КСРО-ның бүкіл билік құрған кезінде БК (б) П КОКП іс-әрекеттері бағдарламасының арқауы болды. Ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушыларды және осы идеяны таратушыларды қудалау одан әрі Кеңес мемлекеттік тыныс-тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол әсіресе РК (б) ПОК-нің ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерінің қатысуымен 1923 жылы Мәскеуде өткен IY кеңесінен кейін қатаң сипат алды. Қеңеске қатысушылар большевиктердің ұлттық саясатына

қарсылардың және ең бастысы, «жергілікті кадрларлың» «ұлтшылдық» көзқарасын, сондай-ақ КСРО Түркі халықтарының конференциясын құру жөніндегі жымысқы идеялардың қателіктерін айыптауға баса назар аударды. Республикада «Кіші Қазанды» жүргіземін деп, теориялық саяздығын танытып, авантюристік жолға түскен Ф.И. Голощекин бастаған өлкелік партия комитеті қазақ кеңес интеллегенциясының, оның ішінде алаш қозғалысына бұрын қатысқан, азаттық революция ісіне адалдық көрсеткен адамдардың шығармашылық потенциалын толық пайдалана алмады, оларды қуғын-сүргінге салып, тағдырларын тәлкекке салды. Жаңа жолмен дамудың негіздерін өрістеткен, жаңа тұрмысқа айырықша құлшыныспен қол созған халқымыздың интеллегенциясы, ең алдымен сергелдеңге түсті. Бас көтерер азаматтардың бәрі қуғын-сүргінге ұшаратылды [2].

Зар заманның зұлмат жылдарында қазақ халқының басына төнген қиындықтар аз болмады. Тоталитарлық саясаттың езгісіне ұшыраған қаншама қандастарымыздың өмірі қыршынынан қиылды. Солақай саясаттың қылышынан қан тамып тұрған сол бір жылдар ел тарихында қаралы күн ретінде еске алынып келеді.

Әсіресе, 1932-33 жылдардағы ашаршылық кезеңі де халықтың қабырғасын қайыстырып, қара жамылдырғаны белгілі. Одан кейінгі 1937-38 жылдардағы репрессияның зардабын қоса есептегенде еліміз 3 миллионнан астам азаматынан айрылды. Олардың ішінде ұлт зиялылары мен халық қамын ойлап бас көтерген Н.Төреқұлов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, С.Қожанов, М.Жұмабаев сынды өзге де азаматтарымыз азаттық жолында құрбан болды. «Халық жауы» деген жалған жаланың жүгін арқалап, қуғын-сүргінге ұшырады.

Қай елдің тарихында да қасіретті жылдарды бастарынан өткергенінің куәсі боламыз. Олардың ішіндегі ең қасіреттісі – Кеңес одағы тұсындағы зұлматты жылдар зобалаңы. Осы алып мемлекеттің құрамында болып, тоталитарлық жүйенің зардабын тартқан қазақ қайғысы ұлт тарихындағы ауыр трагедия болды. Бұл жүйе тек қана өзінің халқын ату, қуғындау, зорлықпен жер аудару сияқты зобалаң тудырып қана қоймай, қолдан жасалған аштықпен де зұлматтық жасады. Оның куәсі ретінде Қазақстанда қолдан жасалған аштық қырғындарын ерекше айтуға болады.

«Тарихтан – тағылым, өткенге - тағзым» дейді халық даналығы. Жаппай қуғын-сүргін, аштық азабы мен жазықсыз қуғындалу қасіретін бүгінгі ұрпақ мәңгі есте сақтауы керек. Осы жылдары Қазақстан, Ресей, Белоруссия және Украинада аштық пен аурудан 7 миллионнан астам адам қаза тапты. Олардың 1,5 миллионы біздің елге тиесілі. 600 мыңнан астам қазақ ашаршылық пен аурудан қашып, туған жерін тастап кетуге мәжбүр болды. 1937-38 жылдары НКВД адамдары 1,5 миллионнан астам адамды тұтқындап, жазықсыз жандарға қатаң жаза тағайындады. Қасіретті де қайғылы жылдар артта қалса да, зұлматты кезеңнің зобалаңы әлі санадан өшкен жоқ. Қазақ халқы ел тағдыры үшін бастарын бәйгеге тіккен зиялыларынан айрылды.

Олардың қатарында Т.Жүргенов, С.Есқараев, С.Баймаханов, Т.Османов сынды Сыр елінің біртуар перзенттері де болды. Олардың туыстары мен жақындары абақтыға қамалып, жер аударылып, азаматтықтары аяусыз тапталды. 1948 жылы елімізге 780 мыңнан аса шешен-ингуштар, карашайлар, немістер, кәріс, т.б 51 ұлттың өкілдері күштеп жер аударылған. Репрессия мен ашаршылық жылдарының қасіреті әр отбасын айналып өтпеді. Озбыр кезеңнің зұлымдыққа толы жылдары қазақ халқының қара жамылуына тікелей әсер етті. Саясаттың қылышынан тамған қан әр қазақтың жанына өшпес жара салды. Бірі әкеден аңырап айырылса, бірі анамен шырылдап қоштасты. Тұл жетім атанған қазақ балаларының көздері жәудіреп, жалтаңдап өсті. Бауыры бүтін бақытты шақтан айрылған қаншама жанның жүрегі қан жылады. Құса мен ызадан булыққан әрбір адам еркіндіктен ада, қуанышқа мардымсыз күймен күн кешті. Осы оқиғалар қазақ тарихының ақтаңдақ парақтарынан орын алып, келер ұрпаққа тарихи оқиға ретінде із қалдырып барады.

Кеңестік тоталитарлық үстемдік пен оның жүйесі халықтың санасын одан сайын бұрмалап, адастырып жіберді. Мылтықты адам заманның бас тұлғасына айналды. Жұрт ешкімге сенбестен, іштей тынды. Бұкара халықтың қоғамдық санасын, біріншіден, ең алдымен интеллектуалдарды нысанға алып жою жолымен, екіншіден, бүкіл майдан бойынша кең ауқымдағы идеологиялық шабуылдың көмегімен улауға қол жеткізді. ХХ ғасырдың бас кезінде қалыптасқан қазақ интеллегенциясынның бетке шығарлары патшалық режим тұсында ақ қуғын сүргінге ұшырады. Революция және азаматтық қарсы тұру кезеңінде қазақ

интеллегенциясы, оның ең озық бөлігі баррикадалардан тыс қалды, кейінірек, 20 жылдарда оның көптеген өкілдері Ф.И. Голощекинге, оның әлеуметтік эксперименттеріне батыл қарсы шығып, содан ең бірінші болып қуғын сүргінге ұшырады [3]. Біз, тоталитаризм туралы әңгіме қозғағанда, әрқашан голощекиншілік тақырыбы туындайды. Бұл орайда голокиншілік істің мәні бойынша сталинизмнің қазақстандық болмысы негізіндегі түрленімі екеніне жеткілікті назар аударыла бермейді. Осы дарақы саясаттың экономикалық саладағы нәтижесі ашаршылық, мал басын жаппай дерлік құрту, қауымды ыдырату еді. Идеологиялық тұрғыда бұл елде тоталитаримзмді орнату, барлық салада әміршілік торешілік басқару әдісіне көшу, мәдени революцияны тұқырту, әдебиет пен өнер қайраткерлерін қудалау және жазалау болатын. Саяси салада аймақтық көсемшілдік практиканы, якобиндік диктатураны тану еді. Партия құрылысы саласында әкімшлік әміршілік басқару тәсілдерінің жақтаушысы ауыл коммунисін қалыптастыруды тездету, өмірде жоқ ұлтшылдық блоктарды, топтар мен астыртын антисоветтік ұйымдарды ойдан шығару, жалған айдар тағу арқылы мамандарға соққы беру, республикада коммунистердің шынайы ұйымшылдығы мен ауызбіршірлігінің жоқ екенін айыптау, әдетте ұлтшыл деп кінә тағылатын қазақ коммунистеріне қатысты күдікшілдікті қоздыру болды [4]. Республиканың партия және кеңес басшы қызметкерлері түгелге жуық қуғын-сүргінге ұшырады. 1937-1938 жылдарда жазаланған национал-фашистер аталатындардың істері айғақтағандай, Н.И. Ежов пен оның жандайшаптары оларға жала жабуда пәлендей бас қатырмады. Түрлі топтарға қатысқандардың,ұлтжанды азаматтардың бұрынғы істері көтерілді, солардың қатарына кезінде республиканыңмүдделерін қорғаған, қазақ халқының 1931-1933 жылдары жаппай қырылуына ашық наразылық білдірген адамдар да жатқызылды. Маңызын асырып көрсету үшін РКФСР ХКК Төрағасының орынбасары Н.Нұрмақов,Қазақ КСР ОАК төрағасы Ұ.Құлымбетов бастаған Национал фашистердің Қазақстанды КСРО-дан бөлуге және оны Жапонияның протекторатына беруге әрекет жасағандар туралы болжам ойдан щығарылды және оларға жапон-герман тыңшылары деген жала жабылды. Тағылған айыптардың ақылға қонбайтының көпе-көрнеу еді, бірақ бұл осындай істерді таңған қара ниеттілерді титтей де шіміркендірген жоқ. Осы стандартты айыптаулар республиканың барлық басшы қызметкерлеріне және мәдениет қайраткерлеріне түгелдей дерлік таңылды, бұл Қазақстандағы қуғын-сүргіннің өзіндік ерекшелігін сипаттайды. Мәселен, жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинге мына тұрғыда айып тағылды: Қазақ КСР НКВД МҚБ-сы кеңінен тарамданған антисоветтік ұлтшыл,террорлық-көтеріліс, тыңшылық-диверсиялық пиғылдағы ұйымды әшкереледі. Осы ұйымның қойған міндеті – Кеңес өкіметін құлату, Қазақстанды қарулы күшпен КСРО-дан ажырату және Жапонияның қамқорлығымен Қазақ буржуазиялық мемлектін құру болды. Осы мақсаттарды антисоветтік ұлтшыл ұйым өнеркәсіппен ауыл шаруашылығында диверсиялық (қаскүнемдік) – зиянкестік жұмыс жүргізіп, қарулы көтеріліс дайындады, оны КСРО-ға қарсы шетелдік соғыс интервенциясына орайластырды,сондай-ақ олар БК (б) П және Кеңес өкіметінің басшыларына қарсы террор жасауды көздеген. Антисоветтік ұлтшыл ұйым өзінің астыртын аудандық және облыстық филиалдарын құру, оларға Контрреволюциялық ұлтшыл кадрларды, алашордашыларды, бұрынғы жендеттерді (жазалаушыларды), басмашыларды көтеріліс қозғалыстарына белсенді қатысушыларды, молдаларды, байларды және басқа да антисоветтік элементтерді тарту бойынша жұмысты кеңінен өрістеткен. Осы ұйымның Рысқұлов, Нұрмақов, Қожанов және Құлымбетов бастаған басқару орталығы Кеңес мемлекетіне қарсы күресті кеңейту мен күштей мақсатында троицкшілерді –халық жаулары Троицкиймен, Зиноьевпен және басқаларымен, Бухаринмен Рыков бастаған оңшылдардың контрреволюциялық ұйымның орталығымен саяси және ұйымдық одақ (блок) орнатқан. Осы мақсатта Қазақстандағы антисоветтік ұлтшыл ұйым Кеңес Одағының басқа Республикаларындағы өзіне ұқсас ұйымдарымен ұйымдастыру – саяси байланыстар жасалған. Келісілген одақтың негізгі осы аталған барлық антисоветтік ұйымдардың ортақ негізгі міндеті ретінде Кеңес өкіметін құлату және КСРО – да капитализмді, сондай – ақ сатқындық жұмыстың тәсілдері – көтерілісті, жеке террорды, тыңшылықты, диверсия (қаскүнемдік) мен зиянкесті жаңғырту деп білді. Қазақстандағы антикеңестік ұлтшыл ұйым контрреволюцмялық опасыздық жасау мақсаттарында герман және жапон фашистік үкіметтерінің барлау ұйымдарымен байланыс орнатқан, солардың тікелей тапсырмасымен және нұсқауымен тыңшылық жұмыс жүргізген.

Атап айтқанда, жоғарыда аталған ұйым жапон-герман агенттерімен, ақ эмигранттар-Мұстафа Шоқаймен және Райымжан Мәрсековпен тыңшылық байланыс орнатқан. Осы ұйымның белсенді қатысушыларының бірі айыпталушы, жазушы Сәкен Сейфуллин болды. Тергеу анықтағандай, С.Сейфуллин БК (б) П мен және Кеңес өкіметімен контрреволюциялық күреске 1922 жылы, кейін өзінің есімімен аталған контрреволюциялық ұлтшыл топтың ұйымдастырушысы және басшысы болған кезде кіріскен. Сейфулиннің өзінің мойындауынша, осы топ контрреволюциялық буржуазиялық-ұлтшылдық идеялары негізінде құрылып, коммунистік партия мен Кеңес өкіметіне күрес жүргізген. С.Сейфуллин былай деп көрсетті: 1922 жылдан бұл жасырын түрде Тройцкийдің контрреволюциялық бағдарламасын жақтап Тройцкийді насихаттау мақсатында баспасөзде мақалалар, жарияланған оған өзінің шығармаларын арнаған және ұлтшылдардың арасында тройцкийшілдік үгіт жүргізген. 1928 жылы Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық күрес жүргізу үшін ұлтшыл топтардың бірігуі кезінде, Қожановтың жорамалы бойынша С.Сейфуллин антисоветтік ұлтшыл ұйымға кіріп, оның көшбасшысы болған. Өз кезінде Қожанов, кейіннен Нұрмақов пен Тоғжанов Сейфуллинге Кеңес өкіметіне қарсы күресудің лаңкестік, зиянкестік және ашық түрде көтеріліске шақыру сияқты әдіс-амалдарын үйреткен.

1937-1938 жылдарда осындай айыптаулардың негізінде Қазақстанның барлық көрнекі мемлекет және қоғам қайраткерлері - Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, О.Исаев, О.Жандосов, А.Досов, А.Асылбеков, Ж.Сәдуақасов, С.Сафарбеков, Ж.Сұлтанбеков, Т.Жүргенов, Н.Сырғанбеков, З.Төреғожин, С.Сегізбаев, С.Есқалиев, А.Кенжин және басқалары да жазаға тартылды.

Қазақстанның ғылымы мен мәдениеті де орны толмас шығынға ұшырады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Асфендияров, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Ж.Шанин, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгеров және т.б. қуғын сүргіннің құрбандары болды [6]. Оғаш болса да факт, кезінде Кеңес үкіметін орнатуға қатысқандар да қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл орайда Кеңес өкіметін орнатуға және Азамат соғысына белсенді қатысқан, ұжымдастыру жылдарында ҚазАткомында хатшы болған Абдолла Асылбековтың «мойындаулары» назар аударуға тұрарлық. Заңсыздық пен озбырлыққа қарсы бас көтеруге санаулы адамдардың ғана батылы жеткені жоғарыда айтылды. Номенклатуралық интеллегенцияның үлкен бөлігі, өздері сеніммен және шындықпен қызмет еткен жүйенің аманаттарына айналды. Сайып келгенде Ақпан және Қазан төңкерістері кезінде баррикадалардың әртүрлі жақтарында болған саны аз қазақ интеллегенциясы бірдей ауыртпашылыққа ұшырады. Біз бүгінгі күні осы фактыны тануымыз, қайта пайымдауымыз және 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің тарихына арналған зерттеулерде оларды жаңаша көрсетуіміз керек. Сталиндік режимнің өз халқына қарсы қуғын-сүргін әрекеті кейінгі жылдардыа да жалғасты. Әсіресе бұл негізсіз қудалауға түскен халықтарды туған елінен күштеп көшіру барысында көрінді. Соғыс қарсаңында және соғыс жылдарында Қазақстанға корейлердің, күрдтердің, ирандықтардың, немістердің, қалмақтардың, шешендердің, ингуштардың, балқарлардың, қарашайлардың, қырым татарларының, түрік-месхетиндерінің, қарайымдарының, болгарлардың, гректердің және де т.б. күшпен көшірілгені белгілі. Осындай күшпен көшірілгендердің жалпы саны 900 мыңға жуық адамға жетті. Мәдениет тарихнамасының тағы бір күрделі мәселесі – ол ұрпақ жалғастығын зерттеу.

Ол ғасырдан ғасырға созылған халық мәдениетінің ұрпақтары арқылы байланысы диалектикасын ашу, мәдениет бәйтерегінің тамырларын,талшықтарын талдау.Ол үшін мәдени қайраткерлердің өз заманына сай, бұрынғы ұрпақпен салыстырғанда берген үлесін жан-жақты көрсетіп,баға беруде деп білемін.Олардың ешқайсысына айдар салмайц, бетіне күйе жақпай, байыбына барып, парасатпен зерттеуге үйренуіміз керек. Міне осындай мәдениет қайраткерлерінің үлесінен халық қазынасы,мәдени мұрасы, өркениет қазынасы. Кейінгі жылдарда Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі “Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” Заңын іске асыруда Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары үлкен жұмыс атқарды.

1996 жылы қазанда конференцияның материалдары мен саяси қуғын-сүргін құрбандарының естеліктері “Народ не безмолвствует”(“Халық үнсіз қалмайды”) деген атпен жеке кітап болып шықты.

1996 жылы қарашада «Книга скроби» («Азалы кітап») жинағының бірінші томы жарық көрді, оған Алматы қаласында және Алматы облысында жазықсыз алтылған қуғын-сүргін құрбандарының тізімі енген.

Міне, осындай тарихы бар қазақ халқының басынан кешкен тағдырын суреттейтін түрлі мұражайлар ашылды. Осындай зардабы бар қазақ қалқының бастан кешірген тарихын жас ұрпақтың білуі міндетті деп білеміз.

АЛЖИР – Ақмола, Қарағанды облыстарының 2 млн 95 239 гектарын алып жатқан ГУЛАГ-тың бір бөлімшесі. 20 мың лагер бөлімшесі болса, соның 26-шы нүктесі АЛЖИР деп аталды. «Акмолинский лагерь жен изменников Родины», яғни Отан сатқындарының, «Халық жауларының» әйелдері отырған түрме. Ол жерде ең зиялы деген адамдардың әйелдері отырды. Тұрар Рысқұловтың, Ұзақбай Құлымбетовтың, Смағұл Сәдуақасовтың, Сұлтанбек Қожановтың, т.б. әйелдері 5-10 жыл аралығында өздерінің кесімді мерзімін өтеп шықты. Олардың көрмеген қорлығы жоқ. Таңғалатын бір нәрсе, түрмелерде қорлықпен күндер кешсе де, сол кісілер ұзақ жасады. НКВД түрмелерінің ішінде азаптау вагоны болған. Ұлт зиялыларын «Халық жауы» деп мойындату мақсатында түрлі жаза түрлерін қолданып отырған. Ал соңында бұлардың барлығын «№58 статьямен» «Халық жауы» деген жалған жала жауып, ату жазасына кесіп отырды.

Қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылықтың жәстүрлі мәдениетін күйреткен XX ғасырдың 20-30 жылдары – Қазақстан тарихының күрделі беттерінің бірі. Осы ақтаңдақ беттердің ақиқатын ашуға Қазақстан Орталық Комитеті мен Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 27-тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13-қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аударуғаға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» және 1930 жылғы 19-ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарда ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы жөніндегі шаралар туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы комиссиясының қорытындылары және «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын анықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жол ашып берді. Өткен ғасырдың 80-жылдарының соңына дейін аталған кезеңнің тек күнгей жақтары зерттеліп, ұсынылып келді. Яғни, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын зорлап, отырықшылыққа көшіріп, күштеп ұжымдастырып босқыншылыққа ұшыратқан тоталитарлық режимге көлеңке түсірмейтін еңбектер ғана дүниеге келген. Қазақ халқы біз зерттеп отырған жылдары орасан зор адам шығынына ұшырады. Егер де мұншалықты адам шығынына ұшырады. Егер де мұншалықты адам шығыны болмаса, бүгінгі күні қазақ өз жерінде азшылық болмас еді. Тоталитарлық режимнің қылмыстарын әшкерелеу бүгінгі күнің зәру қажеттілігі. Қазақстан Республикасы Президентінің «1997 жылды жалпыұлттық келісім мен саяси-қуғын сүргін құрбандарын еске алу жылы етіп жариялау туралы» жарлығы осыған шақырады. Оны іске асыру тарихи әділдікті толығымен қалпына келтіруге, демек, республикада қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайтуға сеп болары анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Алашқозғалысы: Құжаттарменматериалдаржинағы: сәуір 1920-1928 жж. /Басред.: ҚойгелдиевМ.Қ.; Жауаптықұраст.: ГрибановаЕ. М., ЖағыпаровН. Р. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 304 б.
2. Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана.-Алматы, Таймас-412с.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Мұрағатының аса құнды құжаттары: Жинақ. - 1 шығарылымы / Жауапты ред.: Шепель В.Н. – Алматы: АП РК, 2009. – 103 б.
4. Козыбаев М.К., Алдажуманов П.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. – Алматы: Фонд XXI века, 1997. – 258 с.
5. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. Алматы, 2009.
6. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 17651 болып енгізілді ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 05.11.2018.
7. Омарбеков. 20-30 – жылдардағы Қазақстан қасіреті» Алматы «Санат» 1997, 212-215 бб

АҒЫЛШЫН ГРАММАТИКАСЫН ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫ ТУРАЛЫ

Сактаганова Камажай Кумекбаевна
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Қырғауылды жалпы орта мектебінің
ағылшын пәнінің мұғалімі

Аннотация. Мақалада шет тілінің грамматикасын оқытудың құралы жағдаяттық рөлдік ойын ретінде қарастырылады. Жағдаяттық рөлдік ойындарды оқыту құралы ретінде қолданудың тиімділігі анықталады.

Түйін сөздер: ситуациялық ойын, рөлдік ойын, оқыту әдісі, ойын өткізу, грамматикалық құрылымдар, сауалнама, грамматиканы оқыту

Аннотация. *Статья рассматривает такое средство обучения грамматике иностранного языка, как ситуационно-ролевая игра. Проведено исследование с целью выяснения эффективности применения ситуационно-ролевых игр как средства обучения.*

Ключевые слова: *ситуационная игра, ролевая игра, метод обучения, проведение игры, грамматические структуры, анкетирование, обучение грамматике.*

Abstract. The article considers such a means of teaching grammar of a foreign language as a situational role-playing game. A study was conducted to determine the effectiveness of the use of situational role-playing games as a means of learning.

Keywords: *situational game, role-playing game, teaching method, conducting the game, grammatical structures, questionnaire, grammar teaching.*

Қазіргі таңда шет тілдерін меңгеру қоғамдық сұранысқа ие, әсіресе жоғары сынып оқушыларының тілге деген қызығушылықтары жоғары болып табылады. Тіл үйренудің негізгі элементтерінің бірі грамматика болып табылады, ол шетел тілін түсіну және дұрыс қолдану үшін негіз болады. Дегенмен, көптеген жоғары сынып оқушылары үшін грамматика күрделілігі тіл үйренуге кедергі болуы мүмкін.

Грамматикалық материалды игеру дәстүрлі түрде жоғары сынып оқушыларына объективті қиындықтар туғызады. Лингвисттер жүргізген зерттеулерде, ағылшын тілі аналитикалық тілдер тобына жататындығын көрсетеді [1, б.65]. Орыс немесе неміс сияқты синтетикалық тілдерден айырмашылығы, аналитикалық тілдерде грамматикалық мағына қызметтік сөздер арқылы сөйлем шеңберінде көрінеді [1, б.78]. Ағылшын фразасындағы мағынаны жеткізу үшін сөйлемдегі сөздердің белгілі бір реті және грамматикалық құрылымдау бірінші кезектегі мәнге ие болады [5, б. 17].

Дегенменде, кейбір жоғары сынып оқушылары грамматикалық материалды игерудің маңыздылығын жете түсіне бермейді. Осы мәселені шешуде, жоғары сынып оқушыларынан ағылшын тілін үйренудегі негізгі қиындықтарды анықтау барысында сауалнама алдым.

Мынандай сұрақтар тұжырымдалды:

1. Ағылшын тілінде сөйлеу әрекетінің қандай түрлері сіз үшін ең қиын?

Оқушылардың жауаптарынан: сөйлеу - 68 %; оқу – 14 %; сөйлеуді есту арқылы қабылдау – 11 %; жазу-7 %.

2. Шет тілін үйрену барысында қандай оқу әрекеттерін ең қиын деп санайсыз?

Грамматиканы меңгеру - 59%-ы, сөздерді есте сақтау – 32%-ы ең қиын деп санаған.

3. Тілдік білім беру жүйесінде қандай жағымсыз қасиеттерді байқайсыз?

Алынған жауаптардан:

– материалды теориялық тұрғыдан зерделеу мен нақты өмірлік жағдаяттар арасындағы байланыстың алшақтығы;

– нақты нәтиженің жоқтығы – мектепте шет тілін оқып жүргеніне қарамастан,ық таныту әңгімелесуге шоқтақ таныту;

– мектепте шет тілін көп жылдар бойы үйренгеніне қарамастан, ауызекі сөйлеу нәтижелерінің болмауы. Міне, осындай жауаптардың тізбегі жасалғаннан соң, жоғары сынып оқушыларының жауабынан мынаны байқадым:

- сабақ барысы шынайы қызығушылық тудыру қажеттілігін;
- теориялық білім мен практикалық сөйлеу арасында айқын байланыс қажеттілігін:
- еркін форматта оқығысы және еркін ағылшын тілінде сөйлеуге ынтасы барын байқадым.

Сабақ барысында оқыту тәсілдерін тиімді пайдалану, яғни ағылшын тілін меңгеру деңгейін жақсартудың бір жолы - жағдаяттық рөлдік ойындарды пайдалану. Ойын технологиясы сияқты әдістемелік құрал кеңінен қолданылса, тілдік білім сапасын, оның ішінде грамматика саласындағы білімді арттыруға болатынын және болашақ мамандық таңдауына да өз септігін тигізетіні анық.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада келтірілген мәселені зерттеу кезінде келесі әдістер қолданылды:

- бақылау (материалды түсіну және игеру);
- салыстырмалы талдау (бақылау);
- тестілеу (алған білімдерін бақылау мақсатында).

Рөлдік ойын – ой мен сезімді, ойын және әртістік өнер элементтерін біріктіретін әрекет. Бұл оқушыларға белгілі бір сәтте өмірлік жағдайда өзін табуға, алаңдаушылықты жеңуге және сенімді сезінуге мүмкіндік береді. Рөлдік ойын оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға көмектеседі, олардың шығармашылық белсенділігін дамытады, өз бетінше ойлауға, пікір алмасу және өз көзқарасын дәлелдеу қабілетін, әр оқушы кейбір мәселелерді шешуге қатысқан кезде сабақта жұмыс атмосферасын қалыптастырады. Жоғары сынып оқушысы шет тілін қолдануды қажет ететін әртүрлі жағдайларды бастан кешіреді және оны шынайы өмірде шет тілінде сөйлеуге сенімді қарым-қатынасқа дайындайды.

Оқу үрдісіндегі маңызы:

1. Жоғары сынып оқушыларының шет тіліндегі қарым-қатынастың әсемдігін сезінеді және шет тілін білудің пайдасы мен қажеттілігіне көз жеткізеді. Шет тіліндегі кез – келген жағымды тәжірибе оны үйренуге түрткі болады. Рөлдік ойын байыпты ынталандыруға қабілетті.

2. Рөлдік ойындағы қарым-қатынас күнделікті өмірде пайдалы ауызекі сөйлемдерді есте сақтауды қамтиды. Бұл сөз тіркестері әңгімені жалғастыру, пікір білдіру, қарсылық білдіру, шақыру, келіспеушілік немесе келісім үшін қажет.

3. Рөлдік ойындар құрдастарымен шет тілінде сөйлесуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар сөйлеуді есту арқылы түсіну дағдыларын жетілдіруге көмектеседі, яғни рөлдік ойында олардың тілді өзінің негізгі қызметінде – қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланады.

4. Рөлдік ойындар сабақта жағымды психологиялық ахуал және оқушылардың жағымды эмоционалды көңіл-күйін қалыптастырады.

Сонымен, рөлдік ойын сабақ барысында еркін қарым-қатынасқа үйретудің тиімді әдісі болып табылады. Ол барлық оқушыларға ортақ тіл ретінде қызмет етеді, оқу процесін айтарлықтай жеңілдетеді, оны оқушыларға жақынырақ және қолжетімді етеді. Ойын теориясы мен оның әдіснамалық негіздерін жасаған Д.Б. Эльконин [2, б. 98], С.А. Шмаковтың еңбектерінен көре аламыз[3, б. 28].

Педагогика ғылымында білім беру процесіне қатысатын ойындардың бірнеше классификациясы бар. Ғалым Т.М. Михайленко ойын әдістерін қолдану принципі бойынша жіктейді:

- ойын-сауық ойындары;
- театрландырылған ойындар;
- компьютерлік ойындар;
- іскерлік ойындар;
- рөлдік (оның ішінде ситуациялық) ойындар [4, б.141].

Жағдаяттық рөлдік ойындар - бұл жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас

барысында ағылшын тілін қолдана отырып, әртүрлі жағдайларда рөлдерді ойнайтын оқыту әдісі. Бұл әдіс грамматиканы үйренуде өте тиімді болуы мүмкін. Өздерін қызықтыратын және берілген тапсырма жағдайларда рөлдерді ойнағанда, олар көбінесе грамматиканы үйреніп жатқанын түсінбейді. Олар ойында мақсатына жету үшін жай ғана тілді пайдаланады.

Рөлдік ойындарды ұйымдастырудың маңызды бөлігі жағдайларды модельдеу болып табылады.

Ойынның бұл түрін дайындау барысында:

– оқу кабинетін жабдықтау (сыныптан ерекше атмосфера қайта құрылды);

– кеңістікті визуализациялау (экранда слайдтар көрсетіледі, бұл көріністі имитациялауға көмектеседі);

– оқу кілттері (тақтада пайдалы сөз тіркестері, тұрақсыз етістіктердің түрлері және т.б. жазылады);

– рөлдерді бөлу (барлық қатысушыларға рөлді бөліп беру).

Яғни, жоғары сынып оқушыларының ағылшын тілінде еркін сөйлету барысында қолданылған бірнеше ойын түрлеріне, тәжірибеде қолданған жағдаяттық рөлдік ойындарды ұсынамын.

INTERVIEW

Ойынның мақсаты: *Simple* қарапайым уақыт жүйесінде сұраулы, бекіту және теріс конструкцияларды қолдану дағдысын қалыптастыру.

Ойынның мақсаты: оқушылар екі топқа бөлінеді; бір топ-әңгімелесуге келген «үміткерлер»; екінші топ – үміткерлермен сұхбат жүргізетін «қонақүй менеджері» және әртүрлі қызметтердің «басшылары».

Ойынның мазмұны: әрбір үміткерге оның біліміне, өткен жұмыс тәжірибесіне және оның осы лауазымға үміткер болу себептеріне қатысты әртүрлі сұрақтар қойылады.

Мысалы:

– *What university did you graduate from?*

– *Why do you apply for this position?*

Ойынның соңында “әділ қазылар алқасының” әрбір мүшесі өзінің көзқарасы бойынша ең жақсы үміткерді бөліп көрсетеді және өз ұстанымын дәлелдейді. Ең көп қолдаушылардың пікірін жинаған “үміткер” жеңеді.

Ойын барысында оқушылардың тілге деген қызығушылықтарын қаншалықты меңгергенін байқауға мүмкіндік береді.

CHECKING IN

Ойынның мақсаты: to be етістігінің Simple шақ жүйесінде қолдану дағдысын қалыптастыру.

Ойынның мазмұны: «әкімшілік» «қонақтарды» тіркеп, олардың қайдан келгенін, қанша уақыт тұратынын сұрап, бөлмелерінің қай этажда орналасқанын көрсетіп, нақтылауы керек. Мысалы:

– *What room am I in?*

– *You are in the room 47. Your friend is in the room above.*

«Әкімшілік» тарапынан құжаттарды толтырылады және «қонақтарға» жеке деректер туралы сұрақтар қояды. «Қонақтарды» орналастыру нұсқалары қызықтырады.

AN INTERN AND CONFLICT GUESTS AT THE HOTEL RECEPTION

Ойынның мақсаты: модальды етістіктерді қолдана білуге жаттықтыру.

Ойынның мазмұны: «Әкімшілік» келген «қонақтарды» тіркеу барысында, кикілжің жағдайды туындайтын мәселелерді шешеді (кезекке тұру наразылығы, біреуге дәрігер керек, т.б.). Мысалдар:

– *I can`t wait any longer!*

– *Could I offer you a cup of coffee as an apology?*

Ойын барысында жоғары сынып оқушылары грамматикалық құрылымдарды қолданумен қатар, жұмыс барысында көп жағдайды ұтымды шешудің психологиялық ахуалын шешудің жолдарын меңгереді.

Ағылшын сабағында жоғары сынып оқушыларымен жүргізілген ойынның нәтижесінде шектеулі уақыт пен бәсекелестік жағдайында объективті және әлеуметтік шындықты білу үшін өнімді ойлауды қолдануды қажет ететін тапсырмалардың тиімділігі анықталады.

Жағдаяттық ойын және оқу әрекетінің ерекшеліктерін біріктіреді – олар теориялық ойлауды дамытады, ұғымдарды тұжырымдауды және негізгі ақыл-ой операцияларын (жіктеу, талдау, синтез және т.б.) орындауды талап етеді. Екінші жағынан, бұл әрекет ойын нәтижесіне (жарыстағы жеңіске) жетудің құралы болып табылады, бірақ ол өз құнын тез жоғалтады, ал мақсат нәтижеден тікелей іздеу және шешім қабылдау жолына ауысады, яғни , «проблемалық жағдайлар тізбегін» шешу кезінде ойынға қатысушылардың мотивациялық қызығушылығын дамытады.

Ағылшын тілін қатысымдық әдіс бойынша оқытуда кешенді қадам құпталады: сөйлеу, оқу, жазу, тыңдау. Өйткені, қатысымдық әдіс – «сөйлеуге оқытудың құралы» болса, «сөйлеу – қарым-қатынас құралы». Қарым-қатынас ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Ауызша қарым-қатынаста сөйлеуші сөйлеу әрекеттерінің түрі ретінде қарым-қатынас құралдары-сөйлеу мен тыңдауды меңгеруі керек. Жазбаша қарым-қатынаста жазу мен оқуды меңгеру қажет. Сөйлеу әрекеттері барысында сөйлеу тетіктері: тыңдау, оқу, жазу, айту қалыптасады. Ағылшын тілін үйренуде оқу-танымдық әрекеттер қалыптасады, оның барысында оқушы тіл үйренеді, қарым-қатынас жасайды. Тілдік әрекеттердің нәтижесі ретінде диалогтар, әңгіме, мәтіндер, ауызша, жазбаша сөйлеу тапсырмалары жүзеге асады. Сөйлеу әрекеттеріне дағды мен шеберліктер арқылы қол жеткізіледі.

Енді қатысымдық әдістің қарым-қатынас құралдарына жеке-жеке тоқтап көрсек. Сөйлеу – ауызша ақпарат берудегі ауызша қатысым шеберлігі мен дағдысы. Сөйлеу – ауызша сұхбаттың интегративті бөлігі. Сөйлеу жанрларына: суреттеу (description), әңгімелеу (narration), пікір айту, дәлелдеу (reasoning), анықтау (identification likes and dislikes), түсіндіру (comment), шешім іздеу және пікірталастыру (debate and argument), шешім қабылдау (decision making) т.б. жатады. Аталған жанрларды меңгеру қабілеттілігі оқушының сөйлеу шеберлігінің деңгейін анықтайды. Сөйлеуді меңгеруде қатысымдық жаттығулар: қатысымдық ойындар, жобалар (projects), талқылаулар (discussions), презентацияның (presentation) маңызы ерекше.

Тыңдау – қатысымдық шеберліктің түрі. Тыңдау мақсаты хабарламаның «негізгі құрылымын» түсіну. Тыңдауды қатысымдық шеберлік ретінде оқытудағы басты мәселелер:

- тыңдау әрекеттері студенттің шынайы жағдайларда тілді тыңдау қабілеттіліктерін дамытады және бұл қабілеттерді естіген ой-пікірден ақпаратты қабылдауда қолданады.

- аутентикалық материалдарды тыңдауға үйрету, бұл дегеніміз тыңдалатын материал оқылатын тілдің елінде жасалған немесе арнайы оқыту мақсатында жазылған («authentic-like») материалдар, бірақ шынайы ағылшын тілінің барлық ерекшеліктері сақталуы керек.

- тыңдау, интегративті әрекет, өйткені студент материалды тыңдап-сөйлейді; тыңдап-жазады; тыңдап-оқиды. Бұл тыңдаудың басқа қатысымдық шеберліктермен оқумен, жазу, сөйлеумен өзара әрекеттесте екендігін білдіреді.

Оқу – мәтіннен қажетті ойды алу, ой елегінен өткізу және бар тәжірибемен қатыстыру болып табылатын танымдық процесс. Ағылшын тілі сабақтарында оқу шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырудың мынадай түрлері орындалады: оқу – қарап шығу (тақырып туралы түсінік қалыптастыру), танысу үшін (негізгі ақпаратты іздей отырып, жете оқу) оқу және сыни оқу (сыни қорытынды жасау және нақты ақпаратты тексеру үшін).

Оқуды ауызекі сөйлеуді дамыту тәсілі ретінде қолдана отырып, мәтінді тілдік материалмен барынша қамтамасыз ету керек. Егер оқушының тілді белсенді меңгеру деңгейі төмен болса, мәтіннің қиындығына байланысты оқушы назары көбірек мәтіннің формасына аударылса, мәтіннен ақпаратты ала алмаса, мүмкін мәтін мазмұны шет тілінде болса да оқушыға да,

мұғалімге да белгілі болса, оқушының мәтінге қызығушылығы да жойылады. Мұндай жағдайда формалды ақпараттық сөйлеу орын алады да, сөйлеу қатысымдық құндылығын жоғалтады. Сондықтан мәтінді жалғыз тілдік материалмен қамтамасыз ету жеткіліксіз. Ауызекі сөйлеуді оқу арқылы дамытуда мәтіннің ақпараттық мазмұнына көңіл бөлу маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Пиперски А. Конструирование языков. – Москва: Альпина нон-фикшн, 2017. – 224 с..-9
2. Эльконин, Д.Б. Психология игры. – Москва: Владос, 1999. – 360 с.
3. Шмаков, С.А. Игры, развивающие психические качества личности школьника : метод. пособие. – Москва: ЦГЛ, 2003. – 110 с.
4. Михайленко, Т.М. Игровые технологии как вид педагогических технологий // Педагогика: традиции и инновации : материалы I Международной научной конференции. – Челябинск, 2011. – С. 140–146.
5. Мандель, Б. Р. Интеллектуальная игра и образование: развитие профессионально значимых качеств обучающихся: учебное пособие для студентов высших учебных заведений гуманитарного направления/ Б. Р. Мандель. – М. ; Берлин : Директ-Медиа, 2017. – 316

ОҚЫТУДЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІН ӨЛШЕУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сарсенбаева Сауле Кадыровна
Педагог-зерттеуші
"Н.Әлімқұлов атындағы орта мектеп" КММ

Түйіндеме: Мақалада оқытудың нәтижелілігін өлшеудегі ақпараттық технологиялардың тиімділігін көрсету, оқушылардың білімін тексеру, ақпараттық ресурстарды, компьютерлік бағдарламаларды қолдануда, мұғалімнің кәсіби біліктілігі шыңдала түсетіні жайлы баяндалады.

Кілтті сөздер: ақпараттық технология, онлайн-ресурстар, цифрлық оқыту.

Аннотация: *В статье рассказывается об демонстрации эффективности информационных технологий в измерении результативности обучения, проверке знаний учащихся, использовании информационных ресурсов, компьютерных программ, повышении профессиональной квалификации учителя.*

Ключевые слова: информационные технологии, онлайн-ресурсы, цифровое обучение.

Abstract: The article describes the demonstration of the effectiveness of information technologies in measuring the effectiveness of learning, verifying students' knowledge, using information resources, computer programs, and improving the professional qualifications of teachers.

Keywords: information technology, online resources, digital learning.

Бүгінгі күні біздің қоғамға проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын және командада, топтарда тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және бастамашылық қабілеті бар жастар қажет. Күрделілігі күн сайын артып, өзгеріп және тез жетіліп келе жатқан, біз өмір сүріп жатқан әлемде «Білімнің болуы» бүгінгі күні жеткілікті емес. Адамдардың өмір бойы білім алуын оңтайландыру үшін жастардың жеке қабілетін жан-жақты дамытып, оларға жан-жақты білім беру шеңберінде тиімді ойлау қабілетін сіңіру қажет екені сөзсіз.

Жалпы орта білім берудегі қазіргі жүйе және оған кіретін оқу бағыттары оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыруға бағытталған. Қазақстан Республикасының білім беруін дамытуға бағытталған артықшылықтары белгіленген көптеген мемлекеттік бағдарламаларында ақпараттық қоғам жағдайында оқу мекемелерінін бітірушілердің кәсіби іс-әрекетінің негізгі стержені, сондай-ақ ақпараттық мәдениеттің қажетті компоненті болып табылатын оқушылардың ақпаратпен және оны өңдеу құралдарымен жұмыс жасаудың жалпы оқу және жалпымәдени дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Өз кезегінде, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға, телекатынастар және жаппай ақпарат құралдары, әртүрлі білімді және шығармашылық жетілуге мүмкіндік беретін телекомуникациялық құралдарды қолдану, ақпараттың шынайылылығының бағасын, сыни тұрғыдан ойлаудың дамуын, ақпарат және білімді салыстыра білуін, ақпараттық үдерісті дұрыс ұйымдастыруын, ақпараттық қауіпсіздікті бағалау және қамтамасыз ету туралы білімді меңгеругіне бағытталған жалпы білім беруге әкеледі.

Мамандардың көбі e-learning оқытуды интернет технологиясыны қолданумен құрылған деп ойлайды. Мысалы, М. В. Моисеева, Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина лар «e-learning – педагогикалық технологияларды жүзеге асыру үшін, интернет технологияларды оқытуда қолдану» деп анықтама береді.

P.J.Edelson, V.V. Pitman және т.б. e-learning-ді online оқыту ретінде қарастырады, басқа да Web-based training, CBT computer Based Training, BadrulKhan сияқты авторлары e-learningті

оқу үдерісіндегі интернет және мультимедиалық технология, ақпараттық технологияларды қолдану ретінде ұсынды.

ЮНЕСКО мамандары «e-learning – интернет және мультимедиа көмегімен оқыту» ретінде анықтама берді. Анықтамалардың әр түрлілігіне қарамастан, барлық жоғарыда аталған авторлар e-learning-ті компьютерлік, ақпараттық, интернет технологияларын қолданып оқыту базасы ретінде қарастырады. E-learning туралы толығырақ еуропалық комиссия жаңа ақпараттық технология, мультимедиалық технология және интернетпен оқу сапасын көтеру үшін сервис пен ресуртарға қолжетімділікті жақсарту үшін және де нақты уақыт режимінде бірігіп жұмыс жасау және қашықтықтан біліммен алмасу деп анықтама береді [1].

Яғни, комуникациялық технологияларды және ақпараттану құралдарын көбіне мектеп оқушыларына оқу барысындағы бағалау үдерістерін және нәтиже деңгейін қадағалау үшін қолданылады. Мұғалімдер мұндай компьютерлік техника құралдарын педагогикалық бағалау және нәтижені қадағалау бағытындағы құрал ретінде пайдаланады. Мұндай компьютер құралдарын педагогикалық бағытта жасау және пайдалану оқыту нәтижесін қадағалау және өлшеуде өте маңызды рөл атқарады.

Қазіргі заманда мұндай оқыту жүйелерін қадағалау және бағалауда тест жүйелері қолданылады, бұл термин бағалау жүрген жерде тақырыпқа байланыссыз кез келген жерде қолданылады. Тест жүйесін қолданатын қолданушылардың барлығы бұл жүйенің тиімді жақтарын көрсетті:

- тест процедурасының барысында формалаудың және бірегейліктің жоғары деңгейілігі, бірнеше компьютерді пайдалана отырып, бір уақытта бірнеше тест жүйесімен жұмыс жасау, интернет бүкіләлемдік желісі бойынша немесе жеке компьютерлік желі арқылы қашықтықтан тесттеу жүйесінің бар болу мүмкіншілігі.

Тесттеу жүйесі білімді бағалау (қадағалау) мақсатында жүзеге асады. Мұндай жағдайда мұғалім әрбір тақырыптан кейін немесе әр курстың соңында білімді қорытындылау мақсатында тесттеу жүйесін ұйымдастыра алады. Сонымен қатар, тесттеу жүйесін оқыту үдерісі жүріп жатқанда да пайдалануға болады. Бұл кезеңде тесттеу жүйесінің материалда рын пайдалана отырып оқушы «жекелей жұмыс» жасайды және «өз қатесімен жұмыс жасап» үйренеді.

Бүгінгі білім – оқытудың жаңа дизайнын қалыптастыруда жаңа теория мен практиканы игеру, дәстүрлі және цифрлық дидактика принциптерін тиімді ұштастыру арқылы жобалауды меңгеруге қажеттілік пайда болды. Цифрлық дидактика – цифрлық оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы ғылым болғандықтан оған дейінгі дәстүрлі дидактиканың оқыту үдерісі туралы ғылыми ұғымдары мен қағидаларын дәйекті түрде қолданады және оларды цифрлық ортаның шарттарына сай толықтырады [2].

Online Test Pad бағдарламасы – оқыту мен білім тексеруді өткізуге арналған тегін көпфункционалды білім беру платформасы. Бұл білім беру платформасының тиімділігі әр мұғалім өз пәні бойынша электрондық оқу кешендерін жеңіл және жылдам жасай алады.

Online Test Pad интернет-сервистің мүмкіндігі компьютерлік тесттерді құрумен шектелмейді. Бұл пайдаланушыға электрондық оқытуды ұйымдастыру және білім тексеруде бірнеше құрал: тесттер, сауалнама, кроссворд, логикалық ойындар мен диалогтар құру мүмкіндігін береді, сондай-ақ барлық құралдар тегін қолжетімді. Көпфункционалдылықтан басқа, Online Test Pad интернет қызметі өте ыңғайлы, интуитивті интерфейс, бұл тәжірибесі жоқ пайдаланушылар үшін де кәсіби қызметте сәтті пайдалануға құралдарын тез игеруге мүмкіндік береді және қазақ тілін қолдайды. Осы интернет-сервистің кемшілігі жасалған электрондық оқу материалдарына жарнама қосылады, бірақ жарнаманы бұғаттайтын кез-келген браузерді пайдалану бұл мәселені жеңілдетеді.

Online Test Pad сервисінің көмегімен компьютерлік кешенді тапсырмалар құру қарапайым және ыңғайлы. Бұл, біріншіден сұрақтардың қолдау көрсетілетін түрлерінің алуан түрлілігімен, екіншіден, тапсырма параметрлерін икемді орнату, үшіншіден, ыңғайлы статистика жүргізумен ерекшеленеді. Online Test Pad тапсырма конструкторы тапсырманың әртүрлі түрін дайындауды ұсынады.

Тапсырма жабық түрдегі немесе ашық түрдегі тапсырма (жабық тапсырма, ашық тапсырма) болуы мүмкін. Тапсырманың әрбір түрі нақты оқу мақсатына жету үшін қажетті және өзекті болып саналады. Тапсырманың дидактикалық мазмұны сақталған жағдайда жабық тапсырмалардың ішкі құрылымы әр алуан болуы мүмкін. Бұл бір дидактикалық материал негізінде сандық және сапалық сипаттамалары әртүрлі бірнеше тапсырма дайындауға мүмкіндік береді [3].

Online Test Pad сервисінде жабық тапсырмалардың бірнеше түрі кеңінен қолданылады:

- жауабында көп таңдауы бар тапсырмалар: бір дұрыс жауабын таңдау немесе бірнеше дұрыс жауабын таңдау тапсырмалары;
- сәйкестендіруге арналған тапсырмалар;
- реттілікті анықтау тапсырмалары;
- тұжырымның шындық немесе жалған екенін анықтауға арналған тапсырмалар [4].

Мұғалімдердің қазіргі кездегі жүйелер мен өз пәні аумағында өлшенетін педагогикалық құралдарды кешенді қолдану, ол оқушылардың білімін тексеру мен өзін-өзі тексеру біліктілігін дамыту, ақпараттық ресурстарды, компьютерлік бағдарламаларды қолдану оқушылардың танымдық-шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді, оқытудың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мұғалімнің цифрлық білім берудің мүмкіндіктерін ұтымды қолдана білуі оқыту процесінің сапасы мен тиімділігін арттырады.

Әдебиеттер

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы

2 Бидайбеков Е.Ы. БІЛІМДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕР: Оқулық. -Алматы, 2014.-352б.

3 Блинов, В. И., Сергеев, И. С., Есенина, Е. Ю. Основные идеи дидактической концепции цифрового профессионального образования и обучения. - М. : Издательство «Перо», 2019. - 24 с.

4 Асламова, Т. В. Модель педагогического дизайна как технология инновационного подхода к обучению в высшей школе [Текст] // Евразийский Союз Ученых. - 2020. - № 11 - 1 (80). - С. 19-21.

ОҚУ - ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МӘНІ

Заурембекова Шолпан Иманбековна
"Н.Әлімқұлов атындағы орта мектеп" КММ
Оқу ісі жөніндегі орынбасары

Аннотация. Мақалада салауатты өмір салтының адам дамуында маңызды орнын, денсаулықтың қадірін және жас ұрпақтың физикалық және рухани жағдайының мәні жайлы тың деректерді қарастырады.

Түйін сөздер: салауатты өмір салты, денсаулық, рухани және физикалық денсаулық.

Аннотация. В статье рассматриваются важные места здорового образа жизни в развитии человека, ценности здоровья и новые данные о значении физического и духовного состояния подрастающего поколения***.***

Ключевые слова: здоровый образ жизни, здоровье, духовное и физическое здоровье.

Annotation. The article examines the important places of a healthy lifestyle in human development, the values of health and new data on the importance of the physical and spiritual state of the younger generation.

Keywords: healthy lifestyle, health, spiritual and physical health.

Қазіргі әлемде салауатты өмір салтын ұстану үрдісі кеңінен таралуда. Оның танымалдығы көптеген адамдар арасында өсуде. Сондықтан халықтың осы өмір салтын қалыптастыру - ең маңызды мемлекеттің басты мәселесі.

Жастар ортасында салауатты өмір салты проблемасының өзектілігі, ең алдымен, жас ұрпақтың физикалық және рухани жағдайының сын көтермейтін жағдайымен байланысты.

Жағымсыз әдеттердің ұлғаюы: алкогольді, темекіні және басқа психоактивті заттарды тұтыну, дұрыс тамақтанбау, демек, өзін-өзі жүзеге асыруға және спортпен шұғылдануға қызығушылықтың болмауынан туындап отыр.

Осыған орай алдымен бұл ұғымдарға берілген алуан тұрғыдағы көзқарастарды, осы мәселені қарастырған ғалымдардың еңбектеріне талдау жасадық.

ДДҰ-ның (дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы) анықтамасы бойынша: «денсаулық дегеніміз – аурудың немесе дене кемтарлығының жай ғана жоқ болуы емес, ол физикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан барлығының ойдағыдай толық күйі».

Медициналық терминдердің энциклопедиялық сөздігінде «денсаулық – ауру және дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, денеде рухани әлеуметтік есен-саулықтың толық сақталуы» деп анықталады.

Денсаулық адамға қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілетін сипаттайтын, биологиялық және әлеуметтік қызметтерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ағзаның динамикалық күйі. Жалпы алғанда денсаулық негізгі үш түрге бөлінеді:

- физикалық (денелік) денсаулық – адам ағзасының сыртқы орта әсерлеріне бейімделу қасиетінің жоғары дәрежелі жағдайда болуы;
- психологиялық денсаулық – психикалық өріс күйі, ауруды болдырмау;
- әлеуметтік денсаулық – жеке тұлғаның айналадағы өмірмен қарым-қатынас дәрежесі. Ол – мейірімділік, намыс, абырой, махаббат, сүйіспеншілік және т.б. негізделеді.

Демек денсаулық – жалпыадамзаттық және жеке болмыстың күрделі феномені болып саналады, ол еңбек, жүйелі тамақтану, салмақтың тұрақтылығы, шынығу сияқты шарттарға тікелей байланысты, қайта қалпына келтіру, сақтау және нығайту кезеңдерінен тұрады деп зерделеуге болады.

Халық арасында «денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - деп оған ерекше мән берілгені мәлім. Ата-бабаларымыздың дана ой-пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған ақиқат шындық. Олай болса, денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы және ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үнемі өзгерісте болады. Оны сақтау үшін

еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс-әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта-ықылас, ерік-жігер қажет, онсыз баянды әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын.

Салауатты өмір салты мәселесіне арналған ғылыми әдебиеттерді талдау барысында бірін-бірі толықтырып отыратын көптеген пікірлердің кездесетіні айқындалды. Бұл жағдай «салауатты өмір салты» ұғымының мәнін ашу үшін алдымен «өмір салты» деген категорияға назар аударудың қажеттілігін көрсетеді.

Өмір салты диалектикалық тұрғыдан жалпы және жеке деп қарастырылады. Себебі, кез-келген өмір салты және оның мәні жағдайлар жиынтығы мен факторлар арқылы анықталады, ол жеке дара тұлғалардың объективті жағдайларын жан-жақты есептеу мен талдаусыз мүмкін емес; екіншіден, адам өмір салтындағы арнайы көрінісін мүмкіндігі барынша толығырақ көрсете алуы қажет; нақты жеке байланысты жалпы объективті жағдайлардан айыра білуі керек.

Осы тұрғыдан өмір салты – адамның белсенді тіршілік әрекетінің түрі ретінде қарастырылатын, оның денсаулығындағы өзгерістің негізгі тенденциясын анықтайтын жалпы жетекші фактор. Өмір салты күрделі құбылыс ретінде әлеуметтік адамзаттың өмір сүруі үшін оның күнделікті тұрмысында болып жататын өзара қарым-қатынастың жиынтығы, ол өмір деңгейі мен сапасына, өмір сүру стилі мен тәртібіне және олардың құрылымына байланысты.

Зерттеу барысында өмір салты ұғымының өмір сүру деңгейі, өмір сүру сапасы, өмір сүру стилі, өмір сүру тәртібі деген бір-бірінен туындайтын ұғымдармен тікелей байланысы айқындалды.

Енді олардың әрқайсысының мағынасына тоқталатын болсақ, ол төмендегідей сипатталады:

Өмір сүру деңгейі – адамдардың рухани және материалдық қажеттілігін қанағаттандыруда оның көлемі мен сипатын көрсететін әлеуметтік-экономикалық категория. Өмір сүру деңгейінің өмір салтына үнемі әсер ететіні белгілі. Себебі өмір сүру деңгейін көтермей, адамдарды қажетті заттармен қамтаамсыз етпей, сапалы өмір салты болуы мүмкін емес. Өмір сүру деңгейі адамдардың күнделікті рухани және материалдық қажеттілігін қанағаттандыру арқылы анықталады. Жалпы алғанда, қажеттілік табиғи және қоғамдық болып бөлінеді. Табиғи қажеттілік адамның өмір сүруін қамтамасыз ететін заттар. Қоғамдық қажеттілік даму барысында адамдардың әлеуметтік және рухани қажеттілігін қанағатандыру үшін жасалынады. Қоғам дамыған сайын адамдардың талғамы да өсіп, жаңа тарихи қажеттіліктерді тудырып отырады. Адам қажеттіліктерінің ең жоғарғы деңгейі – құндылықтарды тану және оларды қабылдау болып саналады. Қажеттіліктің мүддеге, оның мақсатқа, арманға, бақытқа айналуы адам өмірінің даму заңы болып табылады.

Өмір сүру сапасы - адамды материалдық қамтамасыздандыру дәрежесі, өлшеу параметрі, ол әлеуметтік категория ретінде адамдардың рухани, саяси, мәдени, этникалық, эстетикалық және т.б. қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін көрсетеді. Өмір сүру сапасының маңызды бөлігі рухани құндылықтың сипаты, мінез-құлықтың нормалары, еңбек пен бос уақыттың шығармашылық мәні, эстетикалық рахат, т.б., яғни адам өмірінің рухани көрсеткіші. Жеке адамның өз өмір тіршілігіне және жағдайына субъективті баға беруі өмір сапасы үшін маңызды. Өмір сүру сапасы және оның элементтері рухани, әлеуметтік, саяси ортада үлкен мәнге ие болып, адамдардың өмір салтына әсер етеді. Өмір сүру сапасын көтеру өмір салтын жетілдірудің шарты болып табылады. Сапалық көрсеткіштер ең алдымен адамдардың әлеуметтік бостандығын, олардың рухани және мәдени құндылықтарды бағалай білу дәрежесін көрсетеді.

Өмір сүру стилі - мінез-құлықтың психологиялық жеке ерекшеліктерін айқындайтын психологиялық категория. Өмір стилі өмір салты көріністерінің бір түрі. Ол өмір салтының белгілі бір заңының шеңберінен шығып кете алмайды. Өмір сүру стиліне георграфиялық жағдай, табиғат факторы, тарихи қалыптасқан дәстүр, ұлттық рухани-психологиялық қатынас, дін, т.б. әсер етеді. Өмір сүру стилі адамның күнделікті іс-әрекетіндегі мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттайды, соның ішінде өмір ырғағының қарқынын және тұрмыстағы әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, адамдардың өзара қатынасынан, ұлттық-

этникалық, әлеуметтік-мамандық белгілерінен жиі көруге болады. Адамдардың стилі тек өмір салтының ерекшелігіне емес, сонымен қатар оның жеке психикасына, мүддесіне және қажеттілігіне байланысты. Жеке тұлғаның өмір стилі - өмір жағдайын өзінше қабылдаған сол адамның өзіне тән ерекше әрекет тәсілі және индивидтік қайталанбайтын психикалық мінезіндегі ерекшелік кескініне сәйкес келеді.

Сондықтан *өмір сүру стилі, біріншіден,* жалпы қоғамның, әлеуметтік топтың және жеке адамның өмір салты құрылымындағы элементтермен белгіленеді; *екіншіден*, өмір стилінде көрсетілген категориялар өмір салты құрамындағы компоненттердің басымдылығына байланысты; *үшіншіден*, жеке адамның мінезіндегі ерекше қайталанбас индивидтік көріністің атқаратын рөліне байланысты деп тұжырымдауға болады.

Өмір сүру тәртібі - өмірдің ұлттық-қоғамдық тәртібі, тұрмыс, мәдениет, ол өмір сүру дағдысын көрсетеді. Ол адамның өмір сүрудің мәнін, деңгейін, стилін жеке ұғынып, күнделікті іс-әрекетінде қолданып дағдыға айналдыруы. Өмір сүру тәртібі адамның өмірдегі салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, т.б. әдеттік іс-әрекеттерін көрсететін әлеуметтік-экономикалық категория. Бұл категория тұрақты, себебі ол тарихи, қоғамдық, ұлттық және отбасылық тәлім-тәрбиеге байланысты.

Өмір сүру деңгейін экономикалық, өмір сүру сапасын әлеуметтік, өмір сүру стилін психологиялық, өмір сүру тәртібін әлеуметтік-экономиялық категорияларға жатқызуға болады.

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуында әлеуметтенудің рөлі өте зор. Адамның алғашқы әлеуметтенуі отбасының, туған-туыстардың, достардың, оқу және еңбек ұжымдарының тікелей ықпалына байланысты. Адамның дүниетанымының пайда болуында күнделікті өмір салты арқылы адамның санасына сіңіп, өмірге көзқарасын қалыптастырады.

Жасөспірім кезеңде адамның дүниетанымы біршама қалыптасып, өзінің өмірдегі орны мен рөлі жөнінде ой түйе бастайды. Бірақ олар әлеуметтік дүниені әр түрлі түсініп, шындықтан гөрі сезімге көп бой алдырады. Мұндай жағдайда жастарды адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеуде ата-ана мен мұғалымның атқаратын ісі маңызды болмақ. Тұлға кемел жасқа жетіп есейген шағында өзінің табиғи қбілетіне, алған біліміне, мамандығына байланысты белгілі бір шеңберде, белгілі бір өмір салтын таңдап алады және соған байланысты өзінің өмір салты үшін жауапкершілігі болады.

Өмір салты құрылымының сипаттамасына адамның еңбек іс-әрекеті және еңбек жағдайы; шаруашылық-тұрмыстық жағдайы (баспананың түрі, тұрмыстық жағдай, тұрмыстық іс-әрекетке кететін уақыт, т.б); дене күші мен қоршаған ортаның әрекеттестігін қайта қалпына келтіруге бағытталған рекреациялық іс-әрекеті; отбасындағы әлеуметтендіру әрекеті (балаға, кәріге, туысқанға қарау); отбасын жоспарлау және отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы; мінез-құлық сипаты және оның әлеуметтік-психологиялық мәртебесін қалыптастыру және т.б енетіні айқындалды.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, өмір салтының құрылымы мәдени және медициналық-әлеуметтік белсенділіктерден тұратынын анықтадық. *Медициналық-әлеуметтік белсенділікке*: гигиеналық дағдылардың болуы; дәрігерлік ұсыныстарды орындауы; өмір салтын және қоршаған ортаны салауаттандыруға қатысуы; өзіне және туыстарына алғашқы дәрігерлік көмек көрсете алуы; халықтық және дәстүрлі медициналық құралдарды пайдалануы және т.б. жатқызылса, ал *мәдени белсенділік* адамның белгілі бір әлеуметтік-экономикалық жағдайда жеке және қоғамдық денсаулықты арттыру, қорғау саласындағы іс-әрекетін көрсетеді.

Сонымен өмір салты құрылымының негізі медициналық-әлеуметтік белсенділік, ол адамның денсаулыққа, медицинаға, салауатты өмір салтына қарым-қатынасын көрсететін маңызды құрам бөлігін салауатты өмір салтын қалыптастыруды анықтайды.

Жалпы салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әдеттер мен әдепсіз қылықтан арылу, ауырып ем іздемей тұрып, салауатты ұмыр кешуге жол табу туралы мәселелер ерте кезден-ақ зерделенген.

Салауатты өмір салты Гиппократтың трактаттарында философиялық тұрғыдан мазмұндалады. Ол өзінің «Ауа, су, жергілікті жерлер туралы» шығармасында денсаулық адамның іс-әрекетіне, ойларына, оның өмірлік жағдайлары мен факторларына байланысты болатындығы, нақты қоршаған орта, еңбек, күн көріс, тұлғаның жеке жағдайы ауруды анықтай түсетіндігі туралы айтады.

Гиппократтың бұл трактаты денсаулық және салауатты өмір салты жайындағы ілімнің дамуына негіз болады.

Грек философтарының бірі Сократ табиғи жаратылыстың ерекшеліктеріне назар аударып, адамның өзін-өзі тану мүмкіншіліктері арқылы салауатты өмір салтының терең жағын көре білді. Яғни «өзін-өзі білетін тұлға өзіне тиімділікті таниды, шамасы келмейтін істі түсінеді» дей отырып, адамның сана-сезімі арқылы өзін-өзі танып білуін, соған қарай әрекеттенуін мазмұнды түрде көрсетті.

Платон салауатты өмір салтын тәрбиелеуді ерте кезеңнен бастау қажеттігін түсіндірді.

Аристотель «Этика, саясат, поэтика» деп аталатын еңбегінде адамның салауатты өмір салтын қоғамдық мазмұндағы мәселе ретінде қарастырып, тәрбиені «денеге қамқорлықтан» бастап, сонан соң «рухани тәрбиеге» ұштастыруды ашып көрсетеді.

Философтардың бұл ой-пікірлері қазіргі заман талабына сай бүгінгі жоғары сынып оқушыларын халықтық педагогика негізінде салауатты өмір сүруге тәрбиелеу мәселесінде өзектілігімен ерекшеленіп отыр.

«Салауаттылық» ұғымына келетін болсақ, салауаттылыққа баулитын халқымыздың көпғасырлық тәлім-тәжірибесін, мұраларын жоғары сынып оқушылары тәрбиесіне пайдаланудың берері мол екендігін халқымыздың ұлы ғұламалары, зиялы азаматтары да атап көрсеткен.

Осы орайда, қазақ ұлтының салауаттылық, парасаттылық, имандылық, адамгершілік тәлім-тәрбие туралы мәңгі өлмес құнды ұлттық мұрасының дамуына шолу жасайтын болсақ, Ибн Сина, Шығыс Аристотелі атанған ғұлама әл-Фараби, түркі тілдес халықтардың бәріне өшпес рухани мұра қалдырған Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Яссауи, Ахмет Жүгінеки, Қыдырғали Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының орны ерекше. Ол еңбектерде «салауаттылық» ұғымын «саламаттылық» деп аталғанын байқауға болады.

Ибн Сина денсаулықты сақтау және нығайтуға бағытталған гигиеналық талаптардың кодексін құрады. Ол өзінің «Дәрігерлік ғылымның баспалдағы» атты еңбегінде баланы тәрбиелеуде тәрбиешілердің өз эмоцияларын басқару қажеттілігін мазмұндап, жас буынның санасы мен денсаулығы тәрбиеге байланысты, еңбек пен ұзақ өмір сүру қоғамдық құрылымның басты өлшемі екендігін атап көрсетеді. Сонымен бірге тамақтану, ұйықтау, оқу мерзімдерін сақтау қажеттілігіне, салауатты психологиялық ортаның болуына басты назар аударып, гигиена ғылымының негізін салады.

Ибн Сина «ерте жастан бастап салауатты өмір салтының мына қағидаларын:

1. Жанның ара салмағы (гармониялық дене пішімді сақтау);
2. Тамақты таңдау (тамақтану мерзімі);
3. Денені тазалау (шлактан, зиянды заттардан тазалау);
4. Дене пішімін сақтау;
5. Дұрыс демалу;
6. Киім тазалығы;
7. Дене және рухани қозғалыстың теңдесуі сақтау қажет және ұзақ өмір сүру - адам қоғамындағы рухани және табиғи үйлесімділіктің іске асу болжамдарының бірі»,- деп есептеді.

Жапония мен Қытайдағы салауатты өмір салтын қалыптастыру жүйесіндегі шешуші рөлді тәрбиенің діни-философиялық негізі, соның ішінде құрама бөліктерінің бірі − конфуциялық жүйе атқарған. Жапондықтар «саулығы мықты дене бітімі рух пен күш-қуаттың қайнар көзі, ата-ананың акыл-ойынан ажырамас көз қуанышы» деп білген.

Француз философы, әрі ағартушысы М.Монтень «Денсаулық дегеніміз − бағалы да құнды зат, ол жалғыз ғана болғандықтан, ол үшін уақытты да, күшті де, еңбек пен барлық жақсылық

атаулыныаямау қажет, тіпті ол үшін өз өміріңнің бір бөлшегін де құрбан етуге болады, себебі онсыз өмір төзімсіздік пен қорлыққа толы» деп оның құндылығын нақты анықтап берді.

«Тән денсаулығы – рух денсаулығының жемісі» деп Бернард Шоу айтқандай, бәрі де адамның өз тұрмысын дұрыс ұйымдастыра білгеніне, алған тәлім-тәрбиесіне, ерік-жігеріне байланысты.

Осы тұрғыдан ойды өрбітетін болсақ, денсаулықтың маңызды факторы ретінде салауатты өмір салты еңбекке белсенділікті арттырады, өмір сүру ұстанымын, ағзаның қорғаныш күшін, жалпы жағдайын жақсартады, ауруларды төмендетеді.

Сонымен салауатты өмір салты (СӨС) - бұл санитарлық-гигиеналық нормативке сүйенетін, ағзаның қорғаныш күшін белсендіруге, жоғары жұмысқа қабілеттілікті қамтамасыздандыруға, ұзақ өмір сүруге жетуге ғылыми негізделген гигиеналық мінез-құлық деп тұжырымдауға болады.

Салауатты өмір салты төмендегі компоненттерден тұрады: денсаулығын сақтау мен жұмыс істеу қабілетін көтеруге сәйкес келетін еңбек шартын саналы құру; мәдени іс-шараларға, дене шынықтыру сабақтары мен спортқа, демалыстың пассивті түрінен бас тарту, психикалық қабілеттерін жаттықтыру, аутотренинг, зиянды әдеттерден арылу (ішімдікті ішу, шылым шегу), орынды тамақтану, жеке бастың гигиеналық талаптарын сақтау, отбасында жағдай жасау; еңбек ұжымында, отбасында тұлғааралық қатынас, ауру және мүгедектерге дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру; айнала қоршаған ортаға, табиғатқа ұқыпты қарау, қоғамдық орындарда және көлікте жұмыста жоғары мәдени тәртіпті сақтау; дәрігерлік мекемелер ұйымдастырған алдын-алу іс-шараларына саналы қатысу, дәрігердің ұйғарымын орындау, алғашқы дәрігерлік көмек көрсете білу, медициналық әдебиеттерді оқу және т.б. Олай болса, салауатты өмір салты – адамның өзінің денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған мінез-құлық жүйесі.

Денсаулықты сақтаудың және оны нығайтудың негізгі тәсілдері *салауаттанудың аспектілерін* қамтиды: жеке гигиена, күн режимі және демалыс ережелерін сақтау және орындау; дене шынықтыру дене мүшелерінің және тұтас организмнің қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді; гиподинамия - қазіргі кездегі аурулардың негізгі себептерінің бірі; дұрыс тиімді тамақтану, тамақтану режимі мен ережелерін сақтау; организмді табиғи факторлармен біртіндеп шынықтыру; ауруға себеп болатын құмартулардың (шылым шегу, ішімдік ішу, наша тарту) болмауы; ұжымда қарым-қатынас жасай білу; қарым-қатынас ортасында қолайлы жағдай туғызу, кикілжің жағдайлардан қашу; организмнің қорғаныс күштерін, оның тосқауылдық функциясын арттыру.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру теориясының көпжылдық тарихы бар. Ол белгілі бір кезеңдерде арнайы ғылыми пәндерде: *медицина, дене тәрбиесі және спорт, педагогика, әлеуметтануда* жинақталатын білім жүйесін көрсетеді. Егер алдымен эмпирикалық тәжірибеде жинақталса, кейіннен салауатты өмір салты теориясы ғылыми әдістер арқылы арнайы зерттеудің нәтижесінде танылды.

Денсаулықты осындай дәрежеде түсіне алса, мектепте білім беру мен тәрбиенің негізгі мақсаты – балаларды барлық өмірінде денсаулығын сақтауға үйретуге болады. Индивидтің психикалық сапасының көріну сипаты, оның әлеуметтік бейімделуі өзінің денсаулығына, мінез-құлқына зиян келтіретін тұлғалық қасиеттеріне де байланысты. Сондықтан денсаулық оның тұлғалық көрініс деңгейімен анықталады.

Осыған байланысты денсаулыққа деген тұтас көзқарасты бір-бірімен өзара байланысты аспекті түрінде ұсынуға болады. Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық және экологиялық өзгерістердің болашақ ұрпақтың дені мен жанының саулығына, мінез-құлқына қатты әсерін тигізуде.

Денсаулық сақтау технологиялары білім беру ортасының және оқушылардың өмір сүру жағдайларының маңызды сипаттамаларын және денсаулығына әсерін ескере отырып, оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі шаралар жүйесі ретінде түсініледі. Бірегей денсаулық сақтау технологиясы жоқ.

Денсаулықты сақтайтын технологиялардың мақсаты:

- оқушылардың өмір сүруге және дені сау болуға ұмтылуын ынталандыру;
- өмір сүретін әрбір күнінің қуанышын сезінуге үйрету;
- оларға өмірдің тамаша екенін көрсету;
- өзін-өзі бағалау білу.

Оқу процесінде қолданылатын денсаулық сақтау технологияларын төрт негізгі топқа бөлуге болады:

1. Оқу үрдісінің гигиеналық оңтайлы жағдайын қамтамасыз ететін технологиялар.

2. Оқу үрдісін және оқушылардың дене белсенділігін оңтайлы ұйымдастыру технологиялары.

3. Мұғалімдердің сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда қолданатын әртүрлі психологиялық-педагогикалық технологиялары.

4. Денсаулықты сақтайтын білім беру технологиялары.

Бұл міндетті жүзеге асырудың негізгі құралы - салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың әмбебап механизмі оқушылардың өмір салтына сауықтыру педагогикалық әсер ету болып қала береді, өйткені әр оқушының өмір сүру деңгейі мен сапасы оның отбасының материалдық мүмкіндіктеріне байланысты.

Кез-келген жалпы білім беретін мекеме оқушылардың "салауатты өмір салты мектебі" болуы керек, онда олардың кез-келген қызметі (оқу, спорттық, демалыс және т.б.) сауықтыру бағытына ие болады және оқушылардың әдеттерін, содан кейін салауатты өмір салтына деген қажеттіліктерін тәрбиелеуге, өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға қатысты тәуелсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі білім беру жүйесінің проблемалары "білім беру" ұғымын жаңа түсіндіруді талап етеді. Ол тек білімді игеруге ғана емес, ойлау, белсенді, шығармашылық, сонымен қатар басты – сау тұлғаны дамытуды көздейді.

Әдебиеттер

1 Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. (VI ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең). I том. ред. алқасы Шаяхметов Ш.Ш., Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.

2 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – Алматы: Мектеп, – 2002. 66 б.

3 Философский энциклопедический словарь / ред.-кол.: С.С.Аверинцев., Э.А. Араб-Оглы., Л.Ф. Ильичев и др. 2-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1989. – 815 с.

4 Филоософский энциклопедический словарь. – М.: ИНФРА, 2002. – С. 576.

5. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік / бас ред. Түймебаев Ж.Қ.; ред.алқа: Әбілқасымова А.Е., Бекбоев И.Б., ж.б.. – Алматы: Атамұра, 2009. 90-91 б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Ескалиева Жазира Маратовна
"Алтын ауыл ОМ" КММ
Педагог-модератор
Ағылшын пәні мұғалімі

Түйіндеме: Мақалада ағылшын тілі сабағында тыңдау, оқу, жазу, айту сөйлеу әрекеттері, ойын арқылы дамыту жолдары мен тілдік әрекеттердің нәтижесі ретінде диалогтар, әңгіме, мәтіндер, ауызша, жазбаша сөйлеу тапсырмалары жүзеге асатыны жайлы баяндалады.

Кілтті сөздер: ағылшын тілі, әдіс, сөйлеу әрекеті

Аннотация: *Резюме: в статье рассказывается о том, как на уроке английского языка осуществляются диалоги, беседы, тексты, устные, письменные речевые задания как результат аудирования, чтения, письма, речевых действий, игровых путей развития и языковых действий.*

Ключевые слова: английский язык, метод, речевая деятельность

Abstract: Summary: the article describes how dialogues, conversations, texts, oral and written speech tasks are carried out in an English lesson as a result of listening, reading, writing, speech actions, game development paths and language actions.

Keywords: English, method, speech activity

XXI ғасырдан бастап, әлемде ағылшын тілін меңгеру және оқыту алдыңғы орынға ие. Қоғамдағы ақпараттық, технологиялық өзгерістер, білімдегі технологиялық өзгерістер ағылшын тілін оқыту әдістемесінің жаңаруына себеп болып отыр. Ол мына «2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулығында ағылшын тілін оқытудың өзгерістері жайлы айтылады.

Ғалым М.А. Хасман «Ағылшын тілінің XXI ғасырдағы рөлі» атты мақаласында «Ағылшын тілінің сөз қоры, грамматикалық жүйесі, сөйлеу жолы, жазылуы әлемдегі технологиялық, ғылыми даму, экономика мен басқару, әдебиет жанрларының дамуымен қоса дамып отыр. 1500 жыл бұрын ағылшын тілі Англияны басып кірген герман тайпаларының тұрпайы тілі болса, бүгінде әлемдік тіл деңгейіне көтеріліп отыр» деп көрсетеді.

Ағылшын тілінің әлемдік таралуына үш фактор әсер етеді:

- ағылшын тілінің ғылым, технология, коммерцияда кеңінен қолданылуы;
- сөз қорын басқа тілден енгізе алу бейімділігі;
- ағылшын тілінің түрлі диалектілерінің қолдануға бейімділігі.

Оған қоса ағылшын тілі Американдық, Ағылшындықтардың, Канадалық, Үндістандық, Австралиялық диалектілерге бөлінеді, сондықтан, ағылшын тілін қолдануда әр мемлекет тілдің қолданылуы мен сөз қорына өз елінің мәдениетінің аспектілерін енгізуіне болады [1].

Дж.Хармердің айтуынша, тілді оқыту, басқа әрекеттерге қарағанда оқыту жүріп жатқан уақыт пен дәуірдің айнасы, демек, қоғам дамып, өзгерген сайын ағылшын тілін оқыту техникасы мен философиясы да өзгеріп отырады деп жазады [2].

А.Г. Деличтың мақаласында жаһандану жағдайында тілді меңгеру өзара түсіністік, тұтастық пен қатысымдықтың қатынас құралы - деп жазады [3].

Қазіргі таңда жалпы орта мектептің оқу процесінде, ағылшын тілін оқытудың басты ерекшелігі, шетел тілін тілді меңгеріп, сөйлеу құралы ретінде ғана емес, өзара қарым- қатынас тілдесу барысында еркін сөйлесу, тілді меңгерту, біліміне білім қосып, жеке тұлғаның дамуына ықпал етуге басты назарда ұстайды.

Е.И. Пассовтың айтуынша, шетел тілін оқыту дегеніміз – адамның жеке тұлға ретіндегі білімі (қалыптасуы): рухани байлығын, қабілеттіліктерін дамыту, қажеттіліктерін көтеру, моральдық – жауапты және әлеуметтік бейімделген адамды тәрбиелеу. Нәтижесінде, білім –

мәдениетке кірігу арқылы адамның қалыптасуы жүзеге асады және оны сіңіре отырып адам оның субъектісі болады [4].

Сөйлеу әрекеттері барысында сөйлеу тетіктері қалыптасады (лингвистикалық компонент): тыңдау, оқу, жазу, айту. Ағылшын тілін үйренуде оқу-танымдық әрекеттер қалыптасады, оның барысында оқушы тіл үйренеді, қарым-қатынас жасайды. Тілдік әрекеттердің нәтижесі ретінде диалогтар, әңгіме, мәтіндер, ауызша, жазбаша сөйлеу тапсырмалары жүзеге асады. Сөйлеу әрекеттеріне дағды мен шеберліктер арқылы қол жеткізіледі.

Әдіснамалық компонентке – оқу материалын және оқу тәсілдерін меңгеру, оқушының өздік жұмысын ұйымдастыра білуі, сөйлеу дағдыларын қарым-қатынаста белсенді қолдана білуі жатады. Ағылшын тілі сабағында тіл үйренуші тілге және ағылшын тілінде сөйлейтін елдерге қатысты, жаңа материалды игереді.

Психологиялық компонентке – тілді қатысымдық мақсатта қолдана білу дағдылары мен шеберліктері жатады. Дағдыларды жетілдіру үдерісі, шеберліктердің дамуына ықпал етеді.

И.Я. Лернер [5] шетел тіліне оқыту мазмұны ретінде:

- білім (лингвистикалық, яғни фонетика, лексика, грамматика негіздерін меңгеру білімі және экстралингвистикалық, шетел тілі елінің мәдениетін, дәстүрі, әдебиеті жайлы білімі);
- дағдылар (сөйлеу дағдылары: лексикалық, грамматикалық және оқу дағдылары: шеберліктерді дамыту негізі);
- шеберліктер (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу);
- мотивтер және әрекетке қатынасты (пәнге қызығушылықты ояту, сөйлеу партнері ретінде мұғалімдермен қатынасты тәрбиелеу, қатысымдық мотивацияны тәрбиелеу) анықтаған.

Сондықтан, жалпы орта мектепте ағылшын тілін оқыту мазмұны оқушыларды оқыту үдерісінде меңгеруге тиісті материал, шетел тілін меңгеру сапасы мен деңгейі олардың талаптарына жауап беруі және оқыту мазмұнын іріктеу оқушының жан-жақты дамуына, тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Ағылшын тілін оқытуда, бастауыш сынып оқушыларының тілдік құзіреттіліктерін дамытуда, түрлі ойын арқылы берілген сабақты ұсынамын.

Міндеті: балаларды жаңа командаларды түсінуге үйрету: jump, jump to the door, run, run to your place, fly, walk tiptoe, go, go back to your place; балаларға есту арқылы түсінуге үйрету "Jump the Rope".

Қажетті материалдар: *қағаз, қалам, кескіндемелер.*

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық жағдайы. Сабақты қызықтыру барысында түрлі персонаждарды пайдаланамыз**.**

Мұғалім мен қоян балалрмен амандасады. Мұғалім балаларға көңілді болу үшін Қоянға кішкене жаттығу жасауды ұсынады. Магнитофонға жазылғанын тыңдап болған соң, балалар мұғалімдерімен бірге «"It's Raining, it's Pouring" өлеңіне қосылып билейді. Қоян бұл ритмиканың не туралы екенін ұмытпауы үшін, Мұғалім балаларға оның мазмұнын ана тілінде жеткізуге тырысады, содан кейін қимылдарды қайта жасайды.

2. Бұрын игерілген командаларды түсінуді бақылау.

Қоян балалардың сабаққа баруын күтіп тұрғанда, ол барлық командалар мен қимылдарды шатастырып алады, енді ештеңе есіне түсіре алмай, әлек болады. Педагог Қоянға мұқият болуға кеңес береді және балалардан өздері білетін қимылдарды қайталауды сұрайды және осы командаларды атайды. Қоян ақыры барлығын анықтағанына қуанады.

3. Жаңа материалды енгізу.

Тәрбиеші балаларға бүгін тағы бірнеше жаңа қимылдар жасайтынын, балалар мен қоян оларды алдымен тәрбиешімен, содан кейін өз бетінше жасайтынын айтады. Қоян да осы тапсырмаға қатысатындықтан, бастапқыда ол балаларға өз үлгісімен бәрін дұрыс жасауға көмектеседі. Мұғалім командаларды бере отырып, олардың әрқайсысына ерекше бояу беретіндей интонациялық түрде пішімдейді: мысалы, " Fly, please!"

, "Fly, please!" – Мұғалім дауысы мен айтылуы бойынша қозғалыстың үйлесімділігі мен

өлшемділігін баса көрсетеді, "Run, please!"- жылдамдық, динамизм және т. Б

4. Жылдам жасау.

Қоян аздап шаршағанын айтады, ал мұғалім балаларға демалып, арқанмен секіруді ұсынады. Балалар ойдан шығарылған арқанмен "Jump the Rope" рифмикасымен секіреді. Іс-әрекет барысында мұғалім балалардың назарын әртүрлі секірулерге аударады: жоғары және төмен, баяу және жылдам.

Jump the rope.
Jump the rope.
Jump, jump, jump.
Jump it high
And jump it low.
Jump, jump, jump.
Jump it fast and
Jump it slow.
Jump, jump, jump.

Walk tiptoe, walk tiptoe
Very slow, very slow.
Jump, jump, jump.
Clap your hands
And stamp your feet.
Jump, jump, jump.

5. Өтілген материалды қайталау.

Балалардың зейінін арттыру және материалды түсіну дәрежесін тексеру үшін мұғалім балаларды аралас тәртіппен командаларды бір-бірден орындауға шақырады:

1) Stand up. Go to the door. Open the door. Stamp your feet. Close the door. Go to the window. Touch the window. Go back to your place.

Go to the table. Show me a book. Take the book. Open the book. Close the book. Bring me the book. Thank you. Sit down.

Sveta, take the book. Give it to Olya. Olya, go to the closet. Open the closet. Put the book into the closet. Close the closet. Clap your hands. Go back to your place. Sit down.

2) Everybody, stand up. Jump. Stop it. Run to the blackboard. Come here. Walk tiptoe. Walk tiptoe to the door. Open the door. Close the door. Go back to your place. Fly. Fly to the window. Fly to the bathroom. Stop it. Come here. Sit down. Walk tiptoe to the table. Touch the table. Jump. Run back to your place. Take a toy. Show me the toy. Put it back. Fly to the table. Take a book. Show it. Put it back. Jump to the bathroom. Walk tiptoe to the door. Go back to your place. Girls, raise your hands. Put your hands down.

Boys, stand up. Fly to the table. Go back to your place.

Girls, stand up and jump. Stop it. Walk tiptoe to the window. Stamp your feet. Go back to your place. Sitdown.

6. Соңында мұғалім мен Қоян бірге ән айтады *"Неге We Dance Looby-Loo".*

Міне, ағылшын тілін оқытуда мұғалім біруақытта бірнеше функцияны атқарады: тілді белсенді, сауатты қолданушы, сабақтағы оқу-қатысымдық әрекетті ұйымдастырушы, ой тудырушы, белсенді қатысушы, тыңдаушы, кеңес беруші, ақпарат, ой-пікір көзі, бағалаушы. оқушының мотивациялық қажеттіліктерін, эмоционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың сөйлеу үдерісін қамтамасыз етуші, қолдаушы, ынталандырушы, диалогты ұйымдастырушы болады. Бұл жөнінде О. Райт «... жақсы мұғалім оркестрдің дирижеріне ұқсас болуы керек; орындаушы емес, орындаушыларды бағыттаушы» деп жазады [6].

Оқыту мен оқу үдерісінде мұғалім мен оқушы қарым-қатынасымен қатар, әрқайсысының өзінің нақты атқаратын функциялары бар. Оқыту мақсатына қол жеткізу үшін белгілі, нақты әрекеттерді орындауы қажет. Шетел тілін оқыту әдісінде ұйымдастыру, үйрету, тексеру қызметі 1-кестеге сәйкес жүзеге асады. мұғалім ұйымдастырушы, үйретуші, тексеруші болса, оқушы жаңа біліммен танысады, білім, шеберліктер мен дағдыларға жаттығады және оны тәжірибеде қолданады.

Кесте 1 – Ағылшын тілін оқытуда мұғалім-оқушының қызметі

Оқыту-оқу қызметтері	Мазмұны

Ұйымдастырушы (танысу)	Қатысымдық мақсатта оқу материалын ұйымдастыру.
Ынталандырушы, үйретуші (жаттығу)	оқушылардың білімін, сөздік қорын толықтыру және оларды қатысымның ауызша, жазбаша түрлерінде пайдалануы.
Тексеруші (қолдану)	Қатысымдық әрекет түрлерін бағалау және анықтау

Әдетте, жаңа оқу материалы таныстырудан, тілді қолдануды ұйымдастырудан, оқушыларды эмоционалды бағыттаудан басталады. Ұйымдастыру жаттықтырусыз жүзеге аспайды, яғни материалды еске сақтау қажет және соңында игерілген материалды ауызша, жазбаша сөйлеуде қолдану іске асырылады.

Әдебиеттер

1 Hasman M.A. The Role of English in the XXI Century //English Teaching Forum. – 2000. – Vol. 38, № 1. – P. 3-4.

2 Harmer J. The Practice of English Language Teaching. – 4th ed. – Harlow: Longman, 2007. – 320 p.

3 Делич А.Г. Международная конференция ЮНЕСКО по образованию. –Женева, 2001. – 102 с.

4 Всемирный доклад по образованию: Учителя, педагогическая деятельность и новые технологии. – Изд-во ЮНЕСКО, 1998. – 175 с.

5 Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. – М.: Рус.яз., 1977. – 214 с.

5 Лернер И.Я., Краевский В.В. Теоретические основы обучения в советской школе. – М., 1989. – 211с.

6 Allwright A.L. Initial Techniques in Teaching English as a Second Language /Readings on English as a Second Language /Ed.by K. Croft.-Cambridge: Winthrop Publishers, 1972. – 187 p.

ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Канагатова Анар Берекеновна
педагог- сарапшы
Көркем еңбек пәні мұғалімі
Қырғауылды ауылындағы қазақ орта мектебі "КММ.

Түйіндеме. Мақалада қазақ қолөнері ұлттың тарихымен, қоғамдық құрылысымен, әдет - ғұрпымен, салт - санасымен астасып дамып, адам баласын көркемдікке, нәзіктікке, сұлулыққа деген ұмтылысын дамыту жайлы қарастырады. Жас ұрпақтың бойында сұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытып, ұлттық құндылықты дәріптеуге шақырады

Тірек сөздер: мәдениет, қолөнер, әшекей бұйым.

Аннотация. *В статье рассматривается развитие казахского ремесла с учетом истории народа, общественного строя, обычаев, традиций, сознания, развития стремления человека к искусству, изяществу и красоте. Показывает стремление к поиску красоты в молодом поколении и призывает прославлять национальные ценности.*

Ключевые слова*: культура, ремесла, ювелирные изделия.*

Abstract. *The article examines the development of Kazakh craft, taking into account the history of the people, the social system, customs, traditions, consciousness, and the development of human desire for art, grace and beauty. Shows the desire to search for beauty in the younger generation and calls for glorifying national values.*

Keywords: *culture, crafts, jewelry.*

Көркемөнер шығармашылығы – халықтың мәдениеті мен материалдық дүниетанымының, этностың өзін танытуының маңызды бір саласы болып саналады. Онда ұлттың өзіндік ерекшелігінің мәні, мәдениеті мен өркениетінің тамаша үлгілері ықшам әрі терең бейнеленеді. Қазақ халқының шығармашылық, философиялық көзқарасымен байланысы бар бұл өнері этномәдени болмысының қалыптасуына, ұлттық мәдениетінің дамуына айтарлықтай ықпал етті. Қазақ халқының көне заманнан сыр шертетін дәстүрлі қолөнерінде сәні мен салтанатына тәнті етерлік зергерлік өнер маңызды орын алады.

Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамыды. Адам баласы ежелден әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған. Сәндік үшін тағылатын әшекей бұйымдар киім кешектің талғамдық тартымдылығын арттырумен қоса, адамға игі әсер ететін айрықша магиялық қасиетке ие деген наным-сенімге байланыс ты да пайдаланылған.

Неолит заманынан бастап адамдар сүйектен, ұлутастан жасалған түрлі алқа, білезіктер таққан. Ер адамдар күшін, батырлығын көрсету үшін өзі аулаған аңдардың сүйектерін, тістерін әшекей ретінде пайдаланған, бұл оларды топ арасынан ерекшелеп тұратын болған. Уақыт өте келе зергерлік бұйымдардың сәндік рөлі алдыңғы орынға шыға бастайды, ал тіл-көзден, бәле-жаладан қорғау қызметі өзінің мәнін сақтап қалғанымен, екінші кезекке ысырылады. Қазақстанның жер қойнауындағы түсті және бағалы металдардың (алтын, күміс) бай қоры ерте кезден-ақ металл өңдеу өнерін дамытуға мүмкіндік жасады.

Қола дәуірінде, б.з.б. II мыңжылдықта алтыннан, күмістен құю, керту (күптеу), соғу, шеку, оймалау, зерлеу, қарайту, қақтау, қаптау, аптау, шиыршық темірден торлау технологиясы пайда болды, сондай-ақ зергерлік бұйымдар жиынтығы қалыптасты.

Қоладан, кейде алтыннан небір айшықты өрнектер салып, асыл тастар қондырылған тарақ, білезік, жүзік, қапсырмалар, белбеу әшекейлері тұтас ансамбль құрайды. Ою-өрнек декорының қарапайым геометриялық элементтері пайда болды » [1].

Ежелгі темір дәуірі аң-құс тектес өрнектер салу стилінің дамуы, зергерлердің асыл тастарды, көбінесе алтынды кеңінен пайдалану, шекімелеу, оймыштау, бедер суреттер түсіру, зерлеу, асыл тас тар қондыру, алтын жалату, сондай-ақ әшекейлердің ортасына, жиектеріне

түрлі түсті тастарды қондыру секілді өнердің күрделі техникалық тәсілдерін меңгеруімен ерекшеленді.

Қазақ зергерлері (зер – зар парсы тілінде алтын ұғымын білдіреді) көбіне жеке – дара жұмыс істеп, өз өнерінің қыр – сырын ұрпақтан – ұрпаққа үйретіп отырған. «Зергер» парсы тілінен ауысқан «Зәргәр» сөзі. Парсы тілінде алтыннан, күмістен суырып, созған жіңішке сымды «зәр» дейді. Халық арасында зергерлер өте жоғары құрметке ие болып, елдің сүйікті адамына айналған. Зергерлердің басты жұмысы – қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған - әйелдердің әшекей бұйымдарын жасау. С. Қасиманов «зергер» сөзін «Қазақ халқының қолөнері» кітабында қош етер, қош етуші (жұрттың бәрін қуантатын шебер) деп де атап өткен [2] .

Зер сөзінің этимологиясының мазмұны: «зер» сөзі

1. Әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланатын әдемі, сары түстес қымбат металл.
2. Алтын, күміс, мыс талшықтарынан тоқылған қымбат мата, кесте, оқа.
3. Зер талшықтарынан алынған жылтыр жіп.
4. Зермен безендірілген ою, өрнек, әшекей. Зер белбеу, зер шашақ, зер жіп сияқты. Зергер – сәндік бұйымдарды зерлеп, айшықтап жасаушы шебер, ұста. Зергерлік – әшекейлі бұйым жасау өнері. Зәр сөзі парсы тілінде алтын деген мағынаны береді. Зәргәр, зәркеш жіңішке алтын жіп жасайтын зергер. Зәргун – алтын, алтынданған, алтын сияқты; зәрнешан – алтынмен әшекейленген деген мағынаны береді. Ол тек эстетикалық сұраныстан ғана емес, сондай – ақ діни – идеологиялық, әдет – ғұрыптық, салт – дәстүрлік қажеттіліктен де туындаған.

Себебі қазақ ежелден әсемдік пен көркемділікті жанына жақын тұтып, соны жеткілікті деңгейде дәрітеп, өз тұрмыс тіршілігінде кеңінен қолдана білген халық. Соның бір ғана бөлігі зергерлік өнерде кеңінен көрініс тапты деп сенімді түрде айтуға болады. Сондықтан да қаншама жылдарды өткеріп, ғасыр өткен сайын құндылығын арттыра білген осы зергерлік өнерді қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің бет-бейнесі десек те болады. Себебі, көздің жауын алатын гаухар, інжу, меруерт, лағыл сынды асыл тастар қолданып өрнектелген алтынмен апталған, күміспен қапталған және басқа да металдардан жасалған әшекей бұйымдар, ер азаматтарымыз дархан жерімізді ұрпақтары үшін қорғау үшін соғыста пайдаланған қару-жарақтар, апа әжелеріміздің негізгі «қаруы» болған тұрмыстық құралдар мен зер салып орындалған ертоқым, кебеже, сандық тағы да басқа көптеген қолөнер бұйымдарында қолданылады.

Өнертанушы, тарих ғылымдарының докторы Ш.Ж. Тохтабаеваның мына пікірін келтіре кетуге болады. Ол: «Қазіргі кейбір зергерлер ежелгі сақтардың, ғұндардың, тұжырымдамалық көзқарастарын сақтай отырып, қазақтың зергерлік өнерінде жарқын, жаңаша бағыт қалыптастыруға күш салуда, ол көрерменнің ассоциативті ойлау мүмкіндігін шарықтата отырып, сезімдік тұрғыдан сол дәуірдің мәдени ортасына енуге тырысады. Негізінен кәсіби зергерлер техникалық шеберлігін көрсете отырып, көркем-бейнелік әсер қалдыруға көңіл бөледі. Бұл ретте, олардың қазақтың зергерлігімен шектелмеген шығармашылық серпіні жалпы әлемдік заманауи стильдік үрдістер көптүрлілігіне бой ұрады: барокко, классицизм, рококо, ампир, романтизм, модерн, кубизм, абстракционизм, арт деко, футуризм, хай-тек, фьюжн және тағыда басқа сан түрлі стильдік бағыттарды қолдануға тырысады» [3] -деп жазады.

Зерделі зергерлер әсем бұйымдарды дүниеге әкеліп, сұлулықтың санадағы бейнесін жасаған. Сол арқылы ұрпақты тәрбиелеп, көркем дүние меңгеріп, одан әрі жетілдіре берген. Бұл бұйымдар адам қажеттіліктерін өтеп қана қоймай, олардың өнер әлемі жайындағы көзқарасынан да хабар береді. Шынайы шеберлердің туындылары ғасырлар елегінен өтіп, бізге жетті. Негізгі материал ретінде тіл – көзден, пәле – жаладан сақтайтын тылсым күші, қасиеті бар деп танылған алтын, көбінесе күміс пайдаланылды.

Ал зергерлер, алтыннан, күмістен, асыл тастардан және жартылай асыл тастардан неше алуан әшекей бұйымдар жасайтын. Әшекей бұйымдар үшін інжу, лағыл, маржан, жақұт деп аталатын асыл тастарды пайдаланатын. Зергерлік бұйымдарға қондырылған асыл тастар ғажап қасиеттері үшін тағылған.

Ж. Манкеева зергерлік бұйымдарды саралау бағытында, әйелдерге қатысты зергерлік бұйымдарды шартты түрде:

1. Бас киімге тағылатын зергерлік әшекейлер;
2. Шашқа тағылатын зергерлік әшекейлер;
3. Сырт киімге тағылатын зергерлік әшекейлер;
4. Бойға тағылатын зергерлік әшекейлер;
5. Қолға тағылатын зергерлік әшекейлер, – деп беске бөлген [4].

Қазақ зергерлерінің өте көп жасайтын әшекейлерінің бірі – сақина мен жүзік. Сақина, жүзіктерді сиқырлы күші бар заттар деп қарастыру Шығыста кеңінен таралған түсінік. Кез - келген әйел ас тазалығы үшін күміс сақина не жүзік салып жүруге тиіс болды. Бұл ретте қазақтың: «Тамақ адал болуы үшін қолда жүзік болуы керек» - деген қағидасына негізделген. Сақина – жүзіктердің үш – төртеуі әдетте сәндік үшін киілген. Ал үлкен айтулы жүзіктерді мереке – тойларда егде әйелдер тағып шыққан. Қазақ халқы нәрестені шомылдырғанда суға күміс теңге тастап: «Баланың күні күмістей жарық болсын» деп жоралғы жасаған екен. Сақина саусаққа салынады. Олар негізінен, әйелдер жиһазы болып саналғанымен, ерлер қолына салатын да сақиналар бар. Сақиналар әшекей мәнеріне, көздерінің бейнелеріне қарай былай деп аталады:

1. Тасты сақина.
2. Моншақты сақина.
3. Кавказ сақина.
4. Құсмұрын сақина.
5. Ырғақ сақина.
6. Бұрамалы сақина және т.б.

Сақиналар көбінесе сом күмістен соғылады. Қазақ шеберлері сақина, сырғалардың көздеріне әсем, қымбат тастарды салған:

1. Теңбіл тас (сланец пятнистый).
2. Су тас (хрусталь).
3. Көк тас (малахит).
4. Құлпырма тас (перламутр).
5. Құбыла тас (александрит).
6. Дүбіржат (изумруд).
7. Жақұт (яхонт).
8. Лағыл (рубин).
9. Жарқырауық тас (самоцвет).
10. Гауһар (бриллиант).
11. Ақ тас.
12. Янтарь.

Ертеден-ақ материалдық және рухани қажеттілікті өтеген қасиетті қазақ халқының дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнерінің тарихы тым тереңде. Тарихымыздың түп тамырында сақталған өткен заманның ескерткіштерімен қолөнер жәдігерлерінен, ғалымдар мен зерттеушілердің көне сызбалары мен жазбаларынан құнды материалдардан, халқымыздың ұлттық қолөнерінің даму үдерісі тым тереңде жатқанын білеміз. Мұнда ұлттың материалдық мәдениеті және рухани дүниетанымы қатар көрініс табады. Қазақ халқының мәдени мұрасы жас ұрпақтың мәдениеті мен өмірін байытатын идеялар мен тәжірибелерге толы және ұлттық құндылығымыз ретінде дәріптеуімізді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Юсупова А.К. Грани искусства: будущее традиций. Монография, - Нур Султан: ТОО «Мастер По», 2019. – 129 с.
2. Атыраубаев Б. Зергерлік өнердің ұлттық мәдениетіміздегі орны. http://45minut.org
3. Рикер П. Герменевтика. Этика. Политика. – М.,1995. – С. 8.
4. Джанизакова А.Д. , Кожакова А.И. Қазақтың әшекей бұйымдары арқылы халық педагогикасының зергерлік өнері жайлы насихаттау және оны дамыту.

. КӨРКЕМ ЖАЗУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Тасимова Нурсулу Абдуллаевна
Түркістан облысы
Мақтаарал ауданы
Қ.Үкібаев атындағы № 37 жалпы білім беретін мектептің
Бастауыш сынып мұғалімі
Педагог Сарапшы

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына жазуды үйретудің тәрбиелік мәнін және оқушының зияткерлік әлеуетінің дамуына ықпалы жайлы сөз етіледі.

Түйін сөздер: қазақ тілі, жазу дағдысы, көркем жазу

Аннотация. *В статье говорится о воспитательной ценности обучения письму учащихся младших классов и влиянии на развитие интеллектуального потенциала ученика.*

Ключевые слова*: казахский язык, письменность, художественное письмо.*

Annotation. The article talks about the educational value of teaching writing to primary school students and the impact on the development of the student's intellectual potential.

Key words: Kazakh language, writing, artistic writing

Әрбір білім беру ұйымының міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

Тіл –ұлт өмірінің тарихы мен мәдениетін, әдет- ғұрып, салт-дәстүр, тыныс-тіршілігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал. Тәуелсіз еліміздің болашағы ертеңгі жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде олардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытудың маңызы аса зор. Қазақстан Республикасының "Тіл туралы" заңында "ұлт тілінде жұмыс істейтін балалар мекемелерін құру қамтамасыз етіледі" деп, оқу-тәрбие жұмысын ана тілінде жүргізуді бала-бақшадан бастау керектігін атап көрсетті. "Білім туралы" Заңның 23-бабында бала тілін дамытудың мақсаты мен міндеттері айқындалған.

Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін бастауыш, орта, жоғары сыныптарда оқытқанда тілдің құрылымдық, функционалдық, тарихи жүйесі өзара тұтастықта бірлікте кіріктіріліп оқытылады. Нәтижесінде оқушылар тілдің таңбалық жүйесі, әдеби тілдік нормасы, тарихы және тіл арқылы ұлтты, адамды тану туралы кешенді білім алады. Бұлар оқушының тіл тазалығын, тіл анықтығын, тіл дәлдігін (А.Байтұрсынов) игеріп, сөйлеу мәдениетін, сөз шеберлігін жетілдіруіне айтарлықтай үлес қосады [1].

Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбие берудің сапасын түбегейлі жақсартуды іске асыруда мұғалімдерге зор жауапкершілік жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін талмай іздестіруден, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруден көрінеді. Жас ұрпақтың рухани дүниесі мен ой-қиялын бірінші болып білім жарығымен нұрландыратын адам – бастауыш сынып мұғалімі. Кішкентай шәкірттер бірінші мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың, ойлаудың дағдыларын игере бастайды. Сөйтіп олардың дамуына кең мүмкіндіктер ашылады.

Бастауыш мектептегі оқу сабағы аса маңызды рөл атқарады. Бастауыш сыныпта ана тілінде қоғам және ондағы адамдар туралы, сүйікті отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты, сондай-ақ жануарлар дүниесі туралы деректерді оқып, үйренеді, өмірге қажетті сан алуан машықтарды меңгереді.

Қазақтың көрнекті қайраткері, ірі тіл маманы Ахмет Байтұрсынов: «Кішілік болмас үшін әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін өзге тілді оқыта бастайды», – деген еді.

Бастауыш сынып оқушылары көптеген әдебиет жанрларымен көбінесе әдебиеттік оқу сабақтарында таныса алады. Сондықтан заман талабына сайәрбір сабақ беру әдісін жетілдіру арқылы сабақтың сапасы мен тәрбиелік маңызын арттыру бағытында мұғалім шығармашылық

ізденісті қажет етеді.

Жас буынды төл мәдениет мәйегімен тәрбиелеу барысында бастауыш мектеп мұғалімдерінің мүмкіндігі де, міндеттері де жоғары. Ендігі қажеттілік – тынымсыз шығармашылық ізденіс. Шығармашылықпен жұмыс жасауға талаптанған мұғалімге мектеп бағдарламасындағы әдебиет пәнінің әрбір тақырыбын, әрбір көркем мәтінді ұлттық тәрбиемен өзектестіре оқытуға жол ашық. Сол себепті мәтін аясында көркем образдарды талдап тану арқылы оқушының өмірлік көзқарасын қалыптастыруға, дүниетанымын дамытуға ықпал ететін әдебиеттік оқу сабақтарында халықтық мұраларды оқыту барысында білімділік, дамытушылық мақсаттарға қоса, тәрбиелік сипатына баса назар аударылғаны абзал.

Шығарма дегеніміз – оқушылардың тілдік және әдебиеттік білімдері мен өзінің таным, түйсік, көзқарасының тәжірибелеріне сүйене отырып өз ойын жүйелі, әдеби тіл қалыбында бере білуге машықтандыратын жазбаша тәжірибелік жұмыстың бірі. Қазақ әдебиеті пәндерінен шығарма жаздырудың мақсаты мен міндеті осы мазмұннан туындамақ.

1. Шығармадан баланың тілдік мәдениеті, сөздік қоры, теориялық білімі, әдеби ұғым - түсінігі, жазуға икемі мен ойлау деңгейі байқалады.

2. Шығарма – оқушының жеке тұлға ретінде өзін көрсете алуының белгісі, дағдылы жұмыстың көрінісі. Оқушының ауызша сөз саптауын қалыптастыруды біз қиын дейміз, ал ойын жазбаша түсіруге қалыптастыру оданда қиын. Олай болса, бұл – жүйелі түрде жүріп отыратын ұзақ үдерістің түпкі нәтижесі.

Нәтиже қай жұмыста да нәтижелілігімен бағалы. Алдындағы оқушысы ақ қағазға өз ойын, көзқарасын, пікірталасында туған шешімін түсіріп, тіпті өзіндік стиль айшығын танытып жатса, мұғалім жұмысының шынымен нәтижесі болғаны ғой. Жас ұрпаққа білім беруде олардың пәнге деген көзқарасын қалыптастыру үлкен рөл атқарады. Шығарма жазу үшін және оған жоспар құру әдістері оқушылардың ой - қабілеттерін арттыра түсетіні белгілі. Әдебиет сабағынан шығарма жазу – әдебиетті оқыту процесінің сапаға айналған нәтижесі болып табылады. Мұғалімнің педагогтік шеберлігі еңбегін айқындайтын, оқушының әдебиеттік ұғымын, білімін байқайтын, сынайтын көрсеткіш.

«Емтихандық жазба жұмыс – мектеп оқулығын немесе белгілі бір библиографиялық - сын мақаланы қайталап, болмаса мұғалімнің ой пікірін өңін айналдырып жазып беру емес. Оқушының көркем әдебиетті оқығанда алған әсерін, жазушының өмірімен, шығармашылық жолымен танысқанда білген, жалпы әдебиет пәнін оқуда көңіліне түйген, таныған, өзіндік ойлары мен сезімін дұрыс жазып беруін талап ететін уақыт жетті. Емтихандық шығарма сапалы болумен қатар, онда әңгіме етіліп отырған мәселені терең түсіндіру арқылы эмоционалдық жақтан айқын да анық баяндалуы және нақты пікірі әдеби көркем тілмен берілуі қажет» делінген.

Шығармашылық талапты орындау, оқушының алған тақырыпты толық меңгеріп, оған қажетті материалдарды саралап, тақырыпқа тікелей байланысы жоқ жанама мәселелерден аулақ болу жазу жұмысының тиімділігін арттырудыңайғағы екенін мектеп тәжірибелерінен көруге болады. Жоғары сыныптағы шығарма жұмыстарының шығармашылық толғаныспен жазылуы үшін ең алдымен жазу жұмысының теориялық негіздерін білу шарт.

Шығармаға дайындау:

- Сөз үйрету
- Сөздің мағынасын білдіру
- Сөздерді таңдай білу
- Әр шығарманың әр бөліміне лайықты сөздер қолданысын меңгеру.

2. Ой тастау

- Сөзден идея тудыру
- Идеяны түсіндіру
- Идея мен тақырып байланысын білу.

Шығармаға қойылар талап әр түрлі, тіпті көп болуы мүмкін, бірақ мақсат

– біреу: негізгі тақырып не, соны басты тақырып ету керек. Жоспарлау соның

айналасында ғана болу керек.

Жоспар – шығарма айнасы. Тақырыпқа сай жоспар құру, жоспарға сәйкес шығарма жаза білу, жоспарда көрсетілген тақырыпшаларды аша білу – оқушыларға үлкен сын. Кейде оқушылардың жоспары тақырыпты мүлде ашпайды, оған еш қатысы жоқ болып шығады. Кей жағдайда шығармаларының мазмұны жоспарға мүлде қатыссыз болып шығады.

Тақырып, жоспар, шығарма – бұл үшеуі бірімен бірі біріктіріліп тұратын өзектес мәселелер. Оқушыларға мазмұндамадан гөрі шығарма жазып үйрету шәкірттеріміздің өзінше еңбек етіп, еркінше талаптануына, өз пікірін, ойын сарапқа салуына әсерін тигізері сөзсіз. «Талаптыға нұр жауар» деген халқымыз,өзінше талаптанғысы келген әрбір шәкірттерімізге жол - жоба, бағыт беру,ұшқыр қиялдарымен биікке самғай беруіне тілектес болу әрбір ұстаздың борышы. Ұстаз бен оқушы арасындағы осындай шығармашылық байланыстың тұрақтылығы ғана табысты жетістікке жол салады.

Шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі қай кезде де ойшылдар мен ғалымдардың назарындағы нысан болып келеді. Психологтар шығармашылық қабілетті дамытуды, тұлғаны дамытудың ең басты тетіктерінің бірі ретінде қарастырады, өйткені шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі оның қайталанбайтындығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді.

Қазақ тілі сабағында оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде жазба жұмыстарының маңызы зор. Жазба жұмыстары – оқушының іс-әрекетіне негізделген ой еңбегі, шығармашылық ізденісінің жемісі, білімінің көрінісі [2].

Тілді оқытуда жүргізілетін жазба жұмыстары оқушылардың жазылым әрекетін қалыптастырады. Осы әрекетті орындау үшін жазба жұмыстарының бірнеше түрлері қолданылады. Жазба жұмыстарының түрлеріне жаттығулар, түрлі мәтіндер, диктант, мазмұндама, шығарма, т.б. жатады. Жазба жұмыстарының бұл түрлері өтілген әр тақырыптың ыңғайы мен мазмұнына сәйкес белгіленіп, оқушылардың теориялық білімдерін нығайту мақсатында жүргізіледі, жазба жұмыстары бұрын өтілген грамматикалық материалды оқушылардың санасына тұрақтандырып, ақыл-ой әрекеттері арқылы тиянақты меңгеруге бағытталады.


Жаттығулар мақсатына қарай тіл дамыту, тіл ұстарту, сөз мәдениеті құралдарын қолдану жаттығулары деп, ал тапсырмалар сипатына қарай ізденімдік, проблемалық және шығармашылық болып бөлінеді. Тіл дамыту жаттығуларында оқушының ортологиялық дағдыларын дамыту көзделеді де, тіл ұстартуда оқушының өздігінен шешім жасауына бағытталған жаттығулар топтастырылады. Ізденімдік тапсырмалар дайын оқу материалдары негізінде оқушының шешім жасауын талап етсе, проблемалық және шығармашылық тапсырмалар оқушылардың ойлау, танымдық, қатысымдық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Бұл жұмыстарға мәтіндерді редакциялау, мәтін бойынша өзгеше нұсқа құру, эссе, шағын шығарма жаздыру секілді жұмыстармен қатар жоба жасау, проблемалық жағдаяттарды шешу, сөз жұмбақтар және т.б. әрекеттер қамтылады [3].


Шығарманы жазу көркем мәтінді терең түсіну, өз ойын қисынды, дәлелді,бейнелі түрде баяндау мен тұжырым жасау дағдысын қалыптастырады. Бастауыш сынып оқушыларының жазу дағдысына баулуда мынандай әдістерді пайдаланған тиімдірек.

«ҮЛГІМЕН САЛЫСТЫР»

Үйренеміз: Жазуға зейін қоюды, мотористикалық машықтандыру.

Қажетті заттар: мөлдір полиэтилен папкасына салынған бір парақ бет, ол парақта алдын-ала дайындалған сөздер жазылған және жұқа маркер. Бала материалды алып сөздерді маркермен сыза бастайды. Содан кейін өзінің парағын алып үлгімен салыстырады.





«ӘРІПТЕР МЕН СӨЗДЕРДІ ЖАЗАМЫЗ»

Қажетті заттар: жарма немесе құм себілген табақша .

Үйренеміз: әріптер мен сөздерді жазуға деген қызығушылықты дамыту, әріптерді жазу барысында қол қозғалысын жаттықтыру.

Мұғалім бір әріп айтады, ал бала саусағымен немесе таяқшамен табақшадағы құмға немесе жармаға жазады. Сосын оны сілкейді. Мұғалім балаға сөз жазуды ұсынады, бала сөз жазу барысында сөздің әр әріпін дауыстап айтуы қажет. Сәйкесінше, бала оқи алмай тұрып, өз бетінше қысқа сөздер жазады.

СӨЙЛЕМ ҚҰРАСТЫР

Мақсаты : Талдау мен жинақтап ойлау операцияларын дамыту.

Мысалға келтірілген сөздердің бур буындарын алып метаматикалық термин құрастыру қажет.

1. **ҚО**РАЗ, **ӨСУ**

Жауабы: қосу

2. АНА, ҚА**ЛУ**

Жауабы: алу

3. **БӨ**ДЕНЕ, СҰ**ЛУ**

Жауабы: бөлу

4. **КӨ**БЕЛЕК, **БЕЙ**НЕ, СА**ТУ**

Жауабы: Көбейту

5. **СА**ҒАТ, АР**НАУ**

Жауабы: санау

6. **БӨ**ГЕТ, КЕ**ЛІН**, ТӨГІЛ**ДІ**

Жауабы: бөлінді

Бастауыш сынып оқушыларына жазуды үйреткенде, олардың есте сақтау қабілетін дамыту, көркем жазуды үйренеді, медициналық жағынан келетін болсақ, ми жаттығады. Жазу барысы ойды үшкірлеп, еске де жақсы әсерін тигізеді. Қолмен жазу арқылы тілді үйренген оңай болады.

Міне, осындай тиімді ойын әдістерінің негізінде бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу пәнінде әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп жазуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына өзіндік ыңпалы бар. Мектепке алғашқы келген күннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлу қажет. Себебі, мектептің табалдырығын енді аттаған кішкене баланың мінез-құлқы қалыптасып, жауапкершілікке, тыңғылыққа, ұқыптылыққа байлимыз. Көркем жазу пәнінің алғашқы сабақтарында оқушылардың жеке басына және мектепке қойылатын гигиеналық талаптар мен сынып жиһаздарының дұрыс орналасуы, тақта мен парта арасындағы қашықтықтың сақталуы,

жарықтың дұрыс түсуі, партаның оқушы бойына сәйкес болуы немесе оның жазу кезіндегі ыңғайлылығы, оқушының партаға дұрыс отыра білуі, дәптер мен көру арақашықтығын сақтауы, жазу құралдарын тиімді пайдалануын ескеруіміз керек.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. «Сыныптар бойынша жазба жұмыстарын жүргізуге қойылатынталаптар» әдістемелік ұсыным – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА,2022. – 163 б.
3. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Жобасы. Жалпы орта білім беру. Негізгі орта білім беру. Бастауыш білім беру. – Астана, 2008.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рахметәлі Толғанай Жақыпқызы
Ағылшын пәні мұғалімі
Алматы облысы
Жібек жолы ауылы
Жаңа қазақ орта мектебі

Аннотация. *0сновной задачей обучения иностранному языку является формирование и развитие коммуникативных способностей. Весь процесс обучения в данном контексте способствует саморазвитию и реализации личности, что, в свою очередь, отвечает запросам современной системы общего образования.*

Ключевые слова*: коммуникативность, функциональная грамотность, познавательная активность, игровая деятельность, урок иностранного языка.*

Abstract. *The main task of teaching a foreign language is the formation and development of communicative abilities. The entire learning process in this context contributes to self-development and the realization of personality, which, in turn, meets the needs of the modern general education system.*

Keywords: *communication, functional literacy, cognitive activity, game activity, foreign language lesson.*

Бастауыш сынып оқушыларының қабылдау қабілеті әлі ұйымдастырылмаған және тұрақсыз болғанымен жаңа нәрсені қызығушылықпен қабылдайды. Олар қоршаған ортаны үлкен қызығушылықпен қабылдап, өздері үшін күн сайын жаңа нәрсе ашады. Бастауыш сыныптың соңына қарай оқушылардың қабылдауы күрделеніп, талдамалы, ұйымдасқан сипатқа ие болады.

Ресурстар мен қолдаудың болмауы: оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерімен жұмыс істей алатын оқытылған мамандар мен педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі. Ерекше қажеттіліктері бар студенттерді қолдауға бағытталған арнайы жабдықтар мен технологияларды сатып алу үшін қаржыландырудың болмауы.

Жеке тәсілдердің болмауы: әр түрлі қажеттіліктері бар оқушылар үшін оқытудың және үлгерімді бағалаудың жекелендірілген әдістерін тиімсіз пайдалану. Жалпы сыныптағы білім беру процесін жекелендірудің шектеулі мүмкіндіктері.

Әлеуметтік және эмоционалды аспектілер: ерекше қажеттіліктері бар студенттер мен олардың құрдастары арасындағы әлеуметтік интеграция және өзара әрекеттесу мәселелері. Ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін әлеуметтік-эмоционалды дамуды қолдау бағдарламаларының болмауы.

Мәдени кедергілер: әр түрлі әлеуметтік-мәдени топтардағы студенттердің мәдени айырмашылықтары мен қажеттіліктеріне жеткіліксіз назар аудару. Мәдениеттер мен тілдердің әртүрлілігін ескеретін тиісті білім беру материалдарының болмауы.

Қол жетімділікті қамтамасыз етудегі қиындықтар: мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін білім беру мекемелерінің физикалық қолжетімділігінің жеткіліксіздігі. Әр түрлі шектеулері бар студенттерге білім беру материалдарының қол жетімділігін қамтамасыз ететін технологиялық шешімдердің болмауы.

Қоғамдық қолдаудың жетіспеушілігі: инклюзивті білім берудің артықшылықтары туралы қоғам мен ата-аналардың хабардар болмауы. Білім беру мекемелері мен жалпы қоғам арасындағы серіктестіктің болмауы. Бұл мәселелерді шешу мұғалімдерді оқытуды, инфрақұрылымды жақсартуды, икемді білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және әлеуметтік қолдауды нығайтуды қоса алғанда, кешенді тәсілді қажет етеді [1, б. 125].

Инклюзивті білім берудегі ақпараттық технологиялар

Ақпараттық технологиялар инклюзивті білім беру мақсаттарына жетуде маңызды рөл атқарады. Олар пайдаланылуы мүмкін:

Арнайы бағдарламалар мен онлайн ресурстар арқылы мұғалімдер оқу материалын әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдей алады.

Экранды оқу құралы және адаптивті құрылғылар сияқты технологиялар мүмкіндігі шектеулі балаларға оқуды жеңілдетуі мүмкін.

Ақпараттық технологиялар аутизмі бар немесе басқа қарым-қатынас бұзылыстары бар балаларға байланыс пен қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Ақпараттық технологиялар арқылы деректерді жинау және талдау мұғалімдер мен мамандарға оқушылардың үлгерімін тиімдірек бағалауға және білім беру стратегияларын түзетуге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада ақпараттық технологиялар жалпы білім беретін мекемелерде инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға қалай көмектесетінін қарастырамыз.

Ақпараттық технологиялар (АКТ) барлық оқушыларға білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін АКТ-ны қалай қолдануға болатыны туралы кейбір әдістер.

Жеке білім беру бағдарламалары: ақпараттық технологиялар мұғалімдерге әр оқушының қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру мазмұнын құруға және бейімдеуге көмектеседі. Электрондық оқулықтар мен арнайы бағдарламаларды әр оқушының қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес келтіруге болады [2, б. 245].

Арнайы бағдарламалар мен қолданбалар: әртүрлі арнайы қажеттіліктері бар студенттерге арналған көптеген арнайы бағдарламалар мен қолданбалар бар. Мысалы, дауыстап оқу бағдарламалары, символға негізделген байланыс бағдарламалары, әлеуметтену дағдыларын дамытуға арналған бағдарламалар және басқалар.

Қашықтықтан оқыту: Ақпараттық технологиялар қашықтан оқуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе физикалық шектеулері бар балаларға немесе басқа себептермен мектепке бара алмайтындарға пайдалы болуы мүмкін. Виртуалды сабақтар мен вебинарлар оларға жайлы ортада білім алуға мүмкіндік береді.

Жеке бағалау: АКТ-ны қолдана отырып, мұғалімдер әр оқушының ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, жекелендірілген бағалаулар жүргізе алады. Бұған бейімделу сынақтары, электрондық портфолио және басқа құралдар кіруі мүмкін.

Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы ақпарат алмасу: ақпараттық технологияны мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы байланысты жақсарту үшін де қолдануға болады, бұл әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін өте маңызды. Электрондық күнделіктер, онлайн-кеңестер және басқа құралдар ата-аналарға балаларының білім беру процесіне көбірек қатысуға мүмкіндік береді [3, б. 96].

Мұғалімдерді оқыту: ақпараттық технологияларды мұғалімдерге инклюзивті білім беру әдістерін үйрету және оқу процесінде ұйымдастыруда пайдалануға болады.

Ақпараттық технологиялар арқылы инклюзивті білім беруді ұйымдастыру жабдықтар мен бағдарламалық жасақтамаға инвестицияларды, сондай-ақ мұғалімдерді дайындауды қажет етеді. Дегенмен, бұл инвестиция тұрарлық, өйткені ол әрбір оқушының өз қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес даму мүмкіндігі бар әділ және әртүрлі білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Инклюзивті білім беру қазіргі заманғы педагогикалық жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, олардың жеке ерекшеліктеріне қарамастан барлық оқушыларға бірдей білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге тырысады. Ақпараттық технологиялар оқу процесінің қол жетімділігін, икемділігін және бейімделуін қамтамасыз ете отырып, осы процесте шешуші рөл атқарады.

Инклюзивті білім берудегі ақпараттық технологиялардың маңызы:

Жеке оқыту: Ақпараттық технологиялар оқу процесін әр оқушының қажеттіліктеріне сәйкес жекелендіруге мүмкіндік береді. Арнайы бағдарламалар мен қосымшалар әр оқушының қабілет деңгейіне бейімделіп, оларға бірегей білім беру материалдарын бере алады.

Білімге қол жеткізу: технология физикалық немесе психикалық шектеулерге байланысты кедергілерді жояды. Мысалы, мәтінді дауыстап оқу бағдарламалары көру қабілеті бұзылған студенттерге көмектеседі, ал альтернативті байланыс құралдары сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға білім береді.

Оқытудың әртүрлі әдістері: бейне сабақтар, интерактивті тапсырмалар, онлайн курстар және ақпараттық технологиялардың басқа түрлерін оқыту үшін пайдалануға болады, бұл әртүрлі оқу стильдері бар студенттерге материалды сәтті игеруге мүмкіндік береді.

Өзара әрекеттесуді жеңілдету: ат құралдары оқушылардың физикалық орналасуына қарамастан олардың бірлескен жұмысына ықпал етеді. Бұл әсіресе үлкен проблемаларға байланысты мектепке бару мүмкіндігі шектеулі балалар үшін өте маңызды.

Ақпараттық технологиялар арқылы инклюзивті білім беруді ұйымдастыру:

Тәрбиешілерге арналған оқыту: мектеп қызметкерлері Инклюзивті ортаны құру және қолдау үшін технологияларды қолдануға үйретілуі керек. Біліктілікті арттыру бағдарламалары белгілі бір бағдарламалар мен құралдарды оқытуды қамтуы мүмкін.

Инфрақұрылым және қол жетімділік: мектептер компьютерлерге, Интернетке және арнайы бағдарламаларға қол жетімділікті қоса алғанда, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі керек. Сонымен қатар, физикалық шектеулері бар оқушыларға ыңғайлы қол жетімділікті қамтамасыз ету қажет.

Жеке тәсіл: әр оқушыға олардың қажеттіліктері мен нақты білім беру талаптарын ескере отырып, Жеке оқу жоспарларын құру қажет.

Ынтымақтастықты қолдау: педагогтар, инклюзивті білім беру мамандары, ата-аналар және ақпараттық технологиялар мамандары арасындағы ынтымақтастық табысты инклюзивті білім беру ортасының маңызды факторы болып табылады.

Ақпараттық технологиялар барлық балалар үшін білімге қол жетімділікті жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар әр оқушы өз әлеуетіне жете алатын инклюзивті білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Ақпараттық технологиялар қазіргі білім берудің ажырамас бөлігіне айналуда. Оларды инклюзивті білім беру ұйымында пайдалану олардың арнайы білім беру қажеттіліктеріне қарамастан барлық балалар үшін білім алуға тең қол жеткізуге және оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді [4, б. 45].

Инклюзивті білім берудегі ақпараттық технологиялардың барлық артықшылықтарына қарамастан, барлық оқушыларға технологияның қол жетімділігі, мұғалімдерді оларды қолдануға үйрету және деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі сияқты қиындықтар бар. Алайда, перспективалар да үлкен және технологияның дамуымен инклюзивті білім Қол жетімді және тиімді бола алады.

Қорытынды: Ақпараттық технологиялар инклюзивті білім беруде қол жетімділік пен теңдікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Олар оқу процесін оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге, олардың оқуы мен қарым-қатынасын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Дегенмен, қиындықтарға назар аударып, барлығына технологияның қауіпсіздігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет. Инклюзивті білімге ақпараттық технологияларды енгізу дамуын жалғастыруда және бұл барлық балаларға, олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарамастан, ең жақсы білім беруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Кузьмина О.С. Подготовка педагогов к работе в условиях инклюзивного образования: диссертация ... канд. пед. наук : 13.00.08, Омск, 2015, - 319 с

2. Сулейменова Р.А. Социальная коррекционно-педагогическая поддержка как путь интеграции детей с ограниченными возможностями. Проблемы включения детей со специальными образовательными потребностями в общеобразовательный процесс. Алматы: Раритет, 2002.- 917 с

3. Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудыың педагогикалық негіздері: пед.ғыл.д-ры дис... / Қаз. мем. қыздар пед. ин-ты ; ғыл. кеңесшілер : Пірәлиев С.Ж., Қараев Ж.А.- Түркістан, 2006.- 312 б.

4. Әбішева Л.П. Жоғары оқу орыны студенттерінің оқу іс-әрекетін компьютер көмегімен дараландыру: пед. ғыл. канд. ... дис. / Қ.А.Ясауи атын. Халықаралық қазақ-түрік ун-ті ; ғыл. жет. Алданазар Әмірбекұлы..- Түркістан, 2007.- 160 б. - Библиогр.: Б.124 -132

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ, ИНФОРМИРОВАНИЕ ОБЩЕСТВЕННОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ

Бегимова Малика Маратовна,
Кафедры социально-гуманитарных дисциплин,
Каспийский общественный университет
Шарипова Айгерим Батырсариевна,
докторант 2 курса по специальности
«8D01101 Педагогика и психология»,
Кафедры педагогики,
Каспийский университет технологий и инжиниринга
имени Ш.Есенова

Аннотация: В статье представлены наиболее эффективные методы формирования толерантных установок учащихся, учителей и родителей об инклюзивном образовании и учащихся с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательной среде; варианты проведения интерактивных занятий на инклюзивных занятиях с использованием ролевых игр, арт-терапии, сказкотерапии.
Ключевые слова: дети с ограниченными возможностями, инклюзивное образование, образовательная среда, толерантность, педагогическое сознание, толерантное отношение, детская психология.

Мақалада жалпы білім беретін ортада инклюзивті білім беру және мүмкіндігі шектеулі оқушыларға деген оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың толерантты көзқарастарын дамытудың ең тиімді әдістері ұсынылған; рөлдік ойындар, арт-терапия, ертегі терапиясы арқылы инклюзивті сабақтарда интерактивті сабақтарды өткізу нұсқалары.
Түйінді сөздер: мүмкіндігі шектеулі балалар, инклюзивті білім беру, білім беру ортасы, толеранттылық, педагогикалық сана, толерантты көзқарас, балалар психологиясы.

The article presents effective methods of forming tolerant attitudes of students, teachers and parents about inclusive education and students with disabilities in a general education environment; options for conducting interactive classes in inclusive environment using role-playing games, art therapy, fairytale therapy.
Keywords: inclusive education, educational environment, tolerance, pedagogical consciousness, tolerant attitude, child psychology.

Инклюзивное образование сегодня в научно-педагогических работах рассматривается как процесс обучения детей с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательной среде. Инклюзивное образование – это целая философия взглядов и уместить ее в одно скромное определение невозможно. Интеграция в образовании рассматривается как право каждого студента выбирать место, метод и язык обучения. Для обучающихся с ограниченными возможностями, если они выбирают местом обучения общеобразовательную организацию, должны быть созданы специальные условия и полная включенность в образовательный процесс общеобразовательной организации (инклюзия), адекватные возможностям специального образовательного учреждения. Для остальных обучающихся образовательная интеграция (инклюзия) означает свободу выбора между инклюзивным и обычным классом, обеспечивающим качество и темп обучения, предусмотренные государственным образовательным стандартом.

Инклюзия ставит новые задачи перед образованием, а также подчеркивает важность толерантности как ценности. Задача образования как важного носителя общественных ценностей и добродетелей состоит в том, чтобы научить людей быть толерантными и демократичными в оценке и принятии других.

Новая модель всеобщего образования наряду с доступностью образования для всех учащихся имеет свои пробелы – необходимо учить детей не унижать, не притеснять, не преследовать и не причинять вреда, а также не ущемлять физически учащихся с ограниченными возможностями. то есть быть толерантным. Всестороннее образование – это сосуществование, взаимная выгода и культура общения. Позиция толерантности и доверия является основой для выбора будущих поколений в пользу мирного сосуществования, а не конфликтов и войн.

Постоянное противостояние «инаковости» требует толерантности и знаний от каждого, кто стремится к диалогу, к общению, ведь в демократическом обществе дети с разными проблемами здоровья не должны жить и учиться отдельно, а вместе со своими здоровыми сверстниками, они должны иметь одинаковые права. получить образование, пообщаться и получить шанс на многообещающую будущую карьеру.

Толерантность – это очень личный образ мышления, но он влияет на социальные взаимодействия людей, поэтому имеет сложную социальную ценность. Она помещается в пространство между общественными и личными ценностями и интересами. У людей разный жизненный опыт, поэтому значение слова «толерантность» имеет субъективный оттенок: для некоторых людей оно означает дискомфорт или несогласие, что-то, что им приходится терпеть, например, им приходится терпеть шумных людей в людных местах или угрюмый босс на работе. Для других это означает конфликт (как скрытый, так и открытый), когда приходится терпеть поведение, мнения, идеи или ценности других людей, например, в научной дискуссии или политическом споре, или просто в дружеской беседе. Поэтому понимание толерантности может иметь субъективную оценку, что более привлекательно для научных исследований и теоретического обсуждения, но сложнее для его практического развития в образовательной среде.

Толерантность и как ее развить. Возникает вопрос: как развивать толерантность в образовательной среде? Толерантность не должна ограничиваться безразличием, конформизмом, ущемлением собственных интересов; оно развивается в диалоге. Прежде всего, оно предполагает взаимность и активную позицию всех участвующих сторон. Толерантность – важная составляющая образа жизни зрелой личности, имеющей собственные ценности и интересы и готовой при необходимости отстаивать их, но при этом действующей с уважением к интересам и ценностям других людей, понимая пределов других людей. Но подросток – это не зрелая личность и не вполне сформировавшаяся личность, а развивающаяся, формирующаяся. Вопрос в том, как развить в человеке толерантность. Воспитание в духе толерантности не ограничивается усвоением понятий «тол-«терпимость» и «толерантная личность». По мнению Гордона Олпорта [15], предрасположенность к толерантности или к нетерпимости формируется в раннем детстве: «Кажется, что толерантные дети вырастают в семьях с дружелюбной и конформной атмосферой. Этих детей любят и принимаются независимо от того, что и как они делают. Наказания в таких семьях не слишком суровы и непоследовательны, и детей не заставляют ежеминутно подавлять свои порывы, чтобы избежать родительского гнева... В прошлом предвзятые дети, в отличие от толерантных как правило, воспитывались в «угрожающей среде». Лейтмотивом жизни толерантных детей является безопасность, а не наказание и угроза». Г.Олпорт утверждал, что каждый человек уникален и отличается своеобразными чертами [2].

Разных студентов можно разделить на пунктуальных и романтичных, аккуратных и ранимых, талантливых и обычных, но их нельзя разделить на инвалидов и здоровых людей.

Конституционное право ребенка с ограниченными возможностями на получение образования вблизи места жительства может быть реализовано путем развития инклюзивного образования со сверстниками, не являющимися инвалидами, в рамках общеобразовательной среды. Однако существует множество проблем, связанных с инклюзией в нашем обществе:

- отсутствие доступной образовательной среды и технических средств реабилитации, облегчающие учебный процесс обучающихся с особыми образовательными потребностями;

- отсутствие специальных образовательных знаний, соответствующих подготовке и методам обучения студентов с особыми образовательными потребностями в основной образовательной среде образовательного учреждения;

- неосведомленность широкой публики и, следовательно, нежелание- необходимость признания права школьников с ограниченными возможностями на получение образования среди здоровых сверстников;

- нежелание многих родителей обучать своих нормально развивающиеся дети в одном классе со сверстниками-инвалидами;

- нормально развивающиеся дети с неадекватной успеваемостью и восприятие своих сверстников с ограниченными возможностями;

- трудности в социальной и психологической адаптации.

- проблема отторжения школьников с инвалидности со стороны других участников образовательного процесса [9].

В связи с этим одной из центральных задач любого образовательного учреждения является формирование отношения к учащимся с особыми потребностями – это специальная подготовка учителей, развитие педагогической толерантности родителей и здоровых учащихся, т.е. умения понимать и принимать детей-инвалидов такими, какие они есть. Такая толерантность помогает увидеть другие ценности, другие формы поведения и уважительное отношение к детям с особыми потребностями; необходимо полностью изменить логику мышления и модели поведения в классе. Толерантность выражается в готовности принимать других (какими бы разными они ни были, это касается и разных этнических, религиозных, культурных аспектов) и взаимодействовать с ними на основе согласия и сотрудничества. Прежде всего, это предполагает взаимность и активную позицию всех заинтересованных сторон. Толерантность является важной составляющей зрелой жизненной позиции личности, имеющей собственные ценности и интересы и в то же время обладающей уважением к ценностям и интересам других людей.

Разумеется, такая проблема не может быть решена школьным психологом в одиночку, развитие толерантности должно осуществляться всеми участниками образовательного процесса в следующих целевых группах:

- преподаватели и специалисты инклюзивного образования (логопед, дефектолог, психолог, аудиолог, поведенческий терапевт и педагог-реабилитолог);

- родители, опекуны или законные представители;

- студенты.

Работу по формированию толерантного отношения к студентам с ограниченными возможностями необходимо проводить повсеместно и на разных уровнях, привлекая внимание общественности, представителей администраций разных рангов, социальных служб, СМИ. Важную роль в этом могут сыграть различные образовательные мероприятия: научные конференции и семинары, круглые столы, публикации в периодической печати, организация переподготовки и курсов повышения квалификации специалистов различного профиля для работы со смешанной аудиторией в системе образования, изучение зарубежного опыта в сфере образования. сфере социальной и образовательной интеграции детей с ограниченными возможностями. И конечно, такая работа должна проводиться в каждой общеобразовательной школе, чтобы добиться успеха в инклюзивном образовании.

Толерантность, формируемая в школьные годы, является одним из важнейших условий успешной реализации потенциала личности в будущем. Важную роль в воспитании толерантных учащихся играет школа, где школьники проводят большую часть дня и где они приобретают опыт взаимного уважения, доброжелательного толерантного отношения к окружающим [17].

Психологи должны проводить тренинги и терапию как со студентами с ограниченными возможностями, так и со студентами с обычными детьми, с учетом возраста студентов. Это могут быть ролевые игры, психодраматические ситуации, сказкотерапия, дискуссии о том, как преодолеть барьеры и сделать возможным совместное обучение, и многие другие. Логика и технология обучения толерантности в зависимости от специфики основного вида деятельности обучающихся будут разными. Итак, поскольку у младших школьников во всех видах деятельности преобладает эмоциональная составляющая, то логично планировать терапевтически полезную деятельность с учетом этого. Для младших школьников важно использовать эмоционально ориентированные технологии, направленные, прежде всего, на неприятие негативных эмоций и стрессовых состояний детей.

Можно использовать множество различных технологий, например, использование алфавита Брайля знакомит учащихся с особенностями обучения слабовидящих учащихся;

использование слуховых аппаратов используется, чтобы помочь учащимся с проблемами слуха. Один из лучших способов познакомить обычных школьников с важностью инклюзивного образования — включить в них комплекс игр, в ходе которых учащимся предлагается выполнять различные задания вслепую, используя только тактильные ощущения. В ходе этих игр учащиеся ощущают, насколько сложно людям с ограниченными возможностями адаптироваться в обществе без посторонней помощи. В своей деятельности психолог должен использовать разнообразные формы и методы взаимодействия, способствующие построению доверительных отношений, доброжелательной атмосферы, способствующие росту самооценки, приобретению навыков толерантного поведения.

Неграмотность – великий враг толерантности, поэтому цели образовательных учреждений и школьного психолога совпадают. Программа развития толерантного отношения и ликвидации неграмотности учащихся, родителей и учителей включает:

- организация семинаров, круглых столов и дискуссии с обязательным применением медиа- и видеоресурсов и презентаций;

- проведение игр и тренингов по проблеме формирования положительного образа человека с инвалидностью, избавления от негативных стереотипов и предубеждений в отношении инклюзивного образования, обязательного взаимодействия всех участников образовательного процесса (учащихся, педагогов, психологов и родителей), ролевых игр и сказок, методы лечения, которые признаны наиболее эффективными формами формирования позитивного отношения к инклюзивному образованию:

- планирование и проведение переподготовки без отрыва от производства. Курсы для учителей по изучению методов и способов решения проблем в инклюзивной образовательной среде, по обмену опытом работы, навыками общения и т. д.

Список источников

1. Алехина С.В., Семаго Н.Я., Фадина А.К. Инклюзивное образование. Выпуск 1. - М.: Центр «Школьная книга», 2010.
2. Олпорт Г. Природа предубеждений. (1979). Ридинг, Массачусетс: Паб Addison-Wesley. Ко.
3. Асмолов А.Г. (Ред.). На пути к толерантному сознанию. М., Смысл, 2000, с. 255.
4. Айдарбекова А.А. Организационная основа- Методы формирования позитивной культуры инклюзивной школы, Алматы, 2013.
5. Блажевич В.А., Блажевич С.Я. Толерантность // Энциклопедия социологии, 2003, 435 с.
6. Блонский П.П. Современная философия. Между идеализмом и наукой. - М.: «Либроком», 2011.
7. Боскис Р.М., Левина Р.Э. Основы дрессировки. и воспитание ненормальных детей. М., 1965, стр. 101.- 122.
8. Феталиева Л.П. Опыт инклюзивного образования. ции в России и за рубежом. / Материалы Международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы педагогики и психологии начального образования», Махачкала, 2015.
9. Харви, Саймон (2000). Вольтер: Трактат о толерантности (Кембриджские тексты по истории философии). Издательство Кембриджского университета. П. XIII.
10. Кленова Н. В. Как воспитать толерантность. //Специальное образование. - 2006. № 3. - с. 17-22
11. Леонтьев А.А., Леонтьев Д.А., Соколова Е.Е. Леонтьев А. Н. Деятельность, сознание, личность. М., 2005.
12. Любовский В.И. «Врастание в культуру» ребенок с нарушениями развития // Культурно-историческая психология, 2006, № 3.
13. Николсон Ян, Изобретающая личность: Гордон Олпорт и наука о личности, Американская психологическая ассоциация, 2003.
14. Степанов П. Как воспитать толерантность? // Народное образование, 2002, № 9.
15. Сайкс Дж. Б. (Ред.). (1987). Лаконичный словарь современного английского языка. Лондон: Издательство Гильдии.
16. Новое международное понимание Вебстера. 5-й словарь английского языка: Делюкс-энциклопедическое издание. (1999). Неаполь: Trident Press International.
17. Тремаскина Т.И. Толерантность сегодня в мире. навсегда / Т.И. Тремаскина // Воспитание школьников. 2011. № 9.п. 80.
18. Власова Т.А., Певзнер М.С. О детях с отклонениями в развитии. М., 1973, с.47-56.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ АРТ-ПЕДАГОГИКА ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Алдан Айнур,
D1101 Педагогика және психология мамандығының
1-курс докторанты
Махамбетова Ж.Т.,
PhD доктор, аға оқытушысы
педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Аннотация: Білім беруде арт-педагогика әдістерін қолдану сабақ берудің тиімділігін арттыруға көмектесе отырып табылған құралдар мен әдістерді қолдануға негізделген жүйелерді сақтап, оқушылардың үйрету процесіне қатысып, олардың танымдық жетістігі мен ақпараттылығын арттыруға мүмкіндік береді. Арт-педагогика жүйесі арқылы оқушылардың үйретілген білімін бағалау, сонымен қатар, оқушылардың әрекеттері мен білімділігін кеңейту үшін интерактивті жұмыс, салыстыру, ойлау- талпыну, өз ойларын білдіруге бағытталған оқу сабақтары орналастыру мақсатында артөпедагогикалық әдістерді қолдану маңызды.

Тірек сөздер: Арт-педагогика, интеграция, арт-терапия, еркін сурет, агрессивтілік, инклюзивті білім беру.

Использование художественно-педагогических методов в образовании способствует повышению эффективности обучения, сохраняет системы, основанные на использовании средств и методов, участвует в процессе обучения учащихся, позволяет повысить их познавательную успеваемость и информативность. Важно использовать арт-педагогические методы для оценки знаний, преподаваемых учащимися через систему арт-педагогики, а также для расширения деятельности и знаний учащихся, интерактивной работы, мышления-пытания, сравнения, обучающие занятия, направленные на выражение своих мыслей.

Ключевые слова: арт-педагогика, интеграция, арт-терапия, свободное рисование, агрессивность, инклюзивное образование.

The use of art-pedagogy methods in education helps to increase the effectiveness of learning, preserves systems based on the use of means and methods, participates in the learning process of students, and allows them to increase their cognitive performance and information content. It is important to use art pedagogical methods to assess the knowledge taught to students through the art pedagogy system, as well as to expand students' activities and knowledge, interactive work, thinking-trying, comparison, training sessions aimed at expressing your thoughts.

Keywords: art pedagogy, integration, art therapy, free drawing, aggressiveness, inclusive education.

Қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік, идеологиялық өзгерістер адам психологиясына әсер етіп, оның тұлғалық ерекшеліктері мен көзқарастарының өзгеруіне алып келді. Олар әсіресе бала тұлғасының қалыптасу ерекшеліктері мен эмоциялық жағдайына ықпал етеді, себебі бала психикасы өмір жағдайларына өте жақын болып келетіні жаңалық емес.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде әсіресе инклюзивті білім беруде оқушылардың оқудағы қиындықтары санының күрт өсу мәселесі бнгінгі таңда маңызды мәселелердің бірі болды. Әртүрлі зерттеулердің нәтижесіне сүйе отырып қарасақ, жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік білім беру орындарында оқушыларының эмоциялық мінез-құлық аумағындағы мәселелерге байланысты қиындықтары бар.

Психологтардың бағалауы бойынша мектептердегі оқушылардың 20%-ы әртүрлі психикалық бұзылыстармен келеді. Оларға – эмоциялық тұрғыдан мазасыз, қозу деңгейі жоғары, гиппербелсенді, әртүрлі жағдаяттарға адекватты жауап бере алмайтын балаларды жатқызамыз. Алғашқы оқу жылының соңына қарай олардың саны көбейе бастағанын байқаймыз. Оның себептері түрліше, мәселен – мектепте, қосымша оқу орындарында, отбасындағы әрқилы жағдайлар, қысым, педагогтар мен ата-ананың жоғары талаптары. Көп жағдайда мектеп жасындағы балалар аталған мәселелермен өз бетінше күресуге қауқарсыз. Сол себепті оқу-тәрбие үдерісіне балалардың эмоциялық күйзелістерін басатын ең қарапайым тәсілдерді игеруге септігін тигізетін әдістерді енгізу қажеттігі туындап отыр [1].

Осы мәселені салыстыра қарағанда - тура педагогикалық әдістер көп жағдайда деструктивті мінез-құлықты түзете ала ма, әлде бұл жерде жанама түрде әсер ететін бейнелеу, метафоралар, аппликация, қолөнер, құм терапиясы, би терапиясы секілді қосымша

психологиялық әсер ету әдістері қажет пе? - деген сұрақ туындайды. Біздің ойымызша осындай жұмсақ та тиімді психокоррекцияның құралы арт-терапия болып табылады.

Г. Мюнстерберг, С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготскийдің психологиялық-педагогикалық зерттеулерінде мектеп жасындағы балалардың эмоциялық мінез-құлық аумағын ғылыми зерттеу мәселелері қарастырылған. Мектеп жасындағы балалардың эмоциялық мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеумен К. Бюлер, Ф. Гудинаф, А.М. Прихожан, А.В. Запорожец сияқты ғалымдар айналысқан, ал эмоционалдық бұзылыс мәселелері Л.И. Божович, В.В. Лебединский, Ю.М. Миланич, В.С. Мухина, О.С. Никольская, В.А. Прокофьевалардың еңбектерінде жете зерттелді.

Т.Г. Казаков [2], К.Д. Ушинский[3], Я.А. Коменский[4] өз еңбектерінде баланың ішкі жағдайы оның шығармашылығы қобалжудан, ішкі конфликтілерден арыла отырып көрініс беретінін атап өткен еді. Сурет салу, жабыстыру, мүсіндеу, билеу арқылы балалар тек қобалжу, агрессия мен қоршаған ортаға сенімсіздігін басып қана қоймайды, сонымен қатар олардың өзіне және өзінің жетістіктеріне деген сенімділігі күшейеді және солармен байланысты жағымды эмоциялар мен мінез-құлық үлгілерін үйренеді.

Арт-терапияны М. Наумбург, Э. Крамер, Л. Гантт, Б. Болл, ресейлік ғалымдар А.И. Копытин, Е.А. Медведева, И.Ю. Левченко, Л.Н. Комиссарова, И.В. Сусина, Д.М. Лебедева, О.И. Качурина қарастырса, отандық ғалымдардан З. Байсакова, С.А. Алиева, А.Б. Мукашева, Г.А. Қасен, А.Б. Айтбаева, З.Б Мадалиева, Л.К. Көмекбаева, З.М. Садвакасова және т.б. қарастырған.

Кәсіптік білім беру, мектеп оқушыларының эмоциялық мінез-құлқындағы бұзылыстарды түзету үшін эмоциялар мен сезімдерді көрсетуге арналған вербалды емес экспрессия әдісі ретінде арт-терапия қолданылады сонымен қатар инклюзивті білім беруде де арт-терапиясын қолданады . Педагогтар мен психологтардың ауқымды зеттеулеріне жүгінсек, бала суреттері олардың сөйлеуінің бір бейнесі десе де болады. Мысалы, Выготский баланың сурет салуын графикалық сөйлеу деп атаған. Ғалымдар адамның бейімделу қабілетін арттыруда арт-терапевтік үдерістің рөлін ерекше атайды. Бүгінгі күні ғалымдар арт-терапияның эмоциялық-сезімдік аумағында бұзылыстары бар балаларға қатысты түзетушілік мүмкіндіктерінің әлеуеті өте жоғары екенін дәлелдеп көрсетіп отыр.

Инклюзивті білім беруде болсын мектеп оқушыларғна арт-педагогикалық әдістерді қолдана отырып сабақ беруде сурет салудың төмендегідей түрлерін қолдануға болады:

Еркін сурет салу (әркім не қаласа соны салады). Сурет жеке орындалады, ал топта талқылау жүреді. Сурет туралы ең алдымен топ мүшелері, содан кейін автордың өзі баяндайды.

Коммуникативтік сурет салу. Топ жұптарға бөлініп, әр жұп өз қағаздарына бірлесіп белгілі бір тақырыпта сурет салады, ереже бойынша, вербальді байланыс рұқсат етілмейді, олар бейне, сызықтар, бояулар арқылы қатынаста болады. Сурет салып болғаннан кейін талқылау жүреді. Шыққан шығарманың көркемдік жетістігі талқыланбай, сурет салу кезеңінде пайда болған диада мүшелерінің сезімдері мен ойлары, сурет барысындағы бір-біріне қатынасы талқыланады.

Бірлескен сурет салу. Бірнеше адам (не топтың барлық мүшелері) бір параққа үнсіз сурет салады, соңында топтың әр мүшесінің қатысуы, оның қосқан үлесінің сипаты, сурет салу барысында басқа мүшелерімен өзара әрекетінің ерекшеліктері талқыланады [5, 72 б.].

Сонымен қатар, арт-терапияның әдісі «түстік шешім» бойынша жүргізілетін техника туралы айтып өтсек. Балалар ақ парақтың фонын қоңыр, көк, жасыл, сары, ақ түстермен бояйды немесе дайын түрлі-түсті қағаздарды қолданады.

Техниканы жүргізу: Ақ параққа балалар стресстік жағдаятты бейнелейді.

Қоңыр параққа балалар бұрында бейнелеген негитвті эмоциялардың барлығын көрсетеді. Бұл жерде балалар пессимист (негативизм) және еш нәрсеге көңілі толмайтын адамның бейнесін көрсетеді.

Көк параққа данышпанның рөлін ойнайды. Дәл және нақты қорытындылар жасап, өз-өзіне кеңес береді. Осы көк парақ өз мәселелерінің шешімі болып табылады.

Барлық басқа түсті парақтар мәселеге әр-түрлі көзқараспен қарауға көмектеседі. Енді оқушылар дұрыс шешім қабылдай алады. Тапсырмаларды шын жүрекпен орындау керек, болмаса терапевттік әсері болмай қалатыны ескеріледі.

Сурет салу – балаға өзін-өзі сезіну мен түсінуге, өз ойлары мен сезімдерін еркін айтуға, мазасыздық пен күшті қобалжулардан босауға, эмпатияны дамытуға, өзімен өзі болып, арманы мен сенімін еркін білдіруге мүмкіндік беретін шығармашылық актісі. Бұл тек балалар санасындағы қоршаған және әлеуметтік шынайылықты бейнелеу ғана емес, сондай-ақ оны модельдеу, оған қатынасты анықтау. Кейбір ғалымдар сурет салуды ағзаны жетілдіру бағдарламасын орындау жолдарының бірі ретінде қарастырады [5, 69-70 б.].

Жекелендірілген оқыту: Сурет оқушыларға өз қарқынымен және ерекше қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес оқуға мүмкіндік беретін жеке өрнек пен түсіндіруге мүмкіндік береді. Мұғалімдер қолдаушы және инклюзивті оқу ортасын қалыптастыра отырып, әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін суретте негізделген әрекеттерді бейімдей алады.

Жалпы, арт-терапия әдістерді қолдана отырып оқытудың тиімділігі оның шығармашылықты ынталандыру, белсенді белсенділікке тәрбиелеу, сыни тұрғыдан ойлауға ықпал ету және оқуды терең бағалауға тәрбиелеу қабілетінде. Өнерді білімге қосу арқылы мұғалімдер оқушыларды өмір бойы білім алушы, білуге құмар, қияли және рефлексиялы тұлға болуға шабыттандыра алады.

Арт-терапия – бұл жалпы өнер арқылы емдеу немесе шығармашылық арқылы өзін көрсете отырып емдеу бағыттарының бірі. Арт-терапия – әр түрлі инклюзивті немесе психикалық, физиологиялық ауытқушылықтары бар адамдарға, тәуекел топтағы балаларға, сонымен бірге сау адамдардың өзіне олардың жеке тұлғалық өсуін арттыру мақсатында түрлі өнер түрлерін пайдаланады[6]. Біз соның ішінде арт-терапияның бейнелеу әдісін қарастырып отырмыз. Арт-терапия әдістері мазасыздық, агрессивтілік, қорқыныш секілді көптеген әр түрлі жағымсыз күйлермен күресуге өз септігін тигізеді[6].

Арт-терапия – балалардың өзара қарым-қатынасқа түсу мен шығармашылықтың біріккен емдік әсерінен тұрады. Өнер терапиясы психотерапияның жаңа әдісі болып саналады. Оның бастауы XX ғасырдың 30-жылдарынан басталады. Ең алғаш арт-терапиялық әдістер неміс лагерлерінде үлкен психологиялық стресс алып, кейін АҚШ-қа көшірілген балалармен жұмыс жасауда пайдаланылған [7].

Өнердің көптеген түрлерін жанды емдеу мақсатында пайдалану көне замандарда пайдаланылғаны белгілі. Көне Грецияда, бейнелеу өнер адамға әсер етудің нәтижелі құралы ретінде қарастырып, мұражайларда құнды адами қаситеттерге еліктіретін әр түрлі мүсіндер қойған [8, 8 б.].

Арт-терапиядағы қолданбалы – бейнелеу әдістері оқушының шығармашылық дамуы мәселелерін шешуге, оқу, ойлау үрдісін дамытуға бағытталады. Бұл әдіс, әлемді интеллектуалды және шығармашылық тұрғыда қабылдауды біріктіруі; оқушыларды өнердің тұтас аймағы арқылы рухани құндылықтарға жетелеуі; педагогқа баланың білімдер жүйесіне қуанып кіруінде әдістер жүйесімен қаруландыруы; сезімдер, жады, назар, түйсіктің барлық органдарының дамуына ықпал етуі; бүгінігі күнде тұлғаның бейімделуіне көмектесуі себепті тұлғаның біртұтастығын сақтауға көмектеседі. Олар көркемдік-бейнелеу және сәндік-қолданбалы әдістерден тұрады. Біріншісі бояу, т.б. байланысса, екіншісі қағаз, табиғи, оның ішінде құм, балшық, т.б. материалдармен қолданбалы тәжірибелік іс-әрекеттен тұрады [8, 47 б.].

Әсіресе, инклюзивті білім беруде бейнелеу әрекетінің үлкен биологиялық маңызы бар – сурет салу ағзаның, оның психикасының жүзеге асуын жүргізетін бағдарламаның механизмдерінің маңызды бір рөлін атқарады. Баланың алғашқы өмірі кезеңдерінде ол сенсомоторлы үйлестіруді дамытып, көру бейнелерін қалыптастырып, формаларды қабылдауға көмектессе, кейінірек, ол жартышараралық өзара қатынастың дамуына септігін тигізеді, себебі, сурет салу үрдісінде, мидың оң жақ жарты шарының жұмысымен байланысты нақты-бейнелік ойлау және сол жақ жарты шар жауапты абстрактілі-логикалық ойлау

үйлестіріледі. Сонымен қатар сурет салудың ойлау және сөйлеумен байланысы маңызды. Бала суретінде пәндік және әлеуметтік өмір туралы өз білгенін көрсетеді. Сол себепті балалық шақтағы сурет салуды графикалық сөйлеу деп атайды. Сурет салу балаға қабылданып жатқан білімдерді реттеуге, қоршаған орта туралы қиындатылған ойларды бейнелеп, бекітуге өз көмегін көрсетеді.

Сурет салу инклюзивті білім беруде болсын мектепте болсын сурет әрекетінің жеке ерекшеліктері баланың жеке-психологиялық қасиеттерінің, оның өмірді қабылдауының, мінезінің, өзін-өзі бағалауының, т.б. тұлғалық қасиеттерінің бейнесі деген көпдеген пікірлер бар. Сурет салу кезінде бала өзінің жеке әлемінің ерекшеліктеріне сәйкес келетін нұсқаны бейсаналы түрде көрсетеді [8, 48 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «О проблемах психологической готовности к школе»//URL: http://cdik.edusite.ru/p190aa1.html
2. Казакова Т.Ф. Развитие у дошкольников творчества: Пособие для воспитателя детского сада.– М.: Просвещение, 1995. – 324 с.
3. Ушинский К.Д. Собрание сочинений, Том 10, «Материалы к третьему тому «Педагогической антропологии» / К.Д. Ушинский.// Издательство Академии Педагогических Наук РСФСР, Москва — Ленинград, 1950.,– С.49.
4. Коменский Я.А. Собрание дидактических трудов / Я.А. Коменский. – М., 1959. –255 с.
5. Мадалиева З.Б., Көмекбаева Л.К., Сүлеймен М.М.: Жалпыға арналған арт-терапия: оқу-әдістемелік құрал.-Алматы:2016.-160б.
6. Дубровина И.В. Психокоррекционная и развивающая работа с детьми. – М., 2001.
7. Бреслав Г.Э. Психологическая коррекция детской и подростковой агрессивности: Учебное пособие для специалистов и дилетантов / Г.Э. Бреслав. СПс.: Речь, 2004. - 144 с.
8. Айтбаева А.Б., Қасен Г.А. Арт-методы в образовании: учеб пособие.-Алматы: Қазақ университеті, 2018.-204с.

ЗИЯТЫ ЖЕҢІЛ ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ТАЙМ-МЕНЕДЖМЕНТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДА МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тоқтарұлы Досжан,
8D01901- «Арнайы педагогика» мамандығының
2 курс докторанты
Абай атындағы ҚазҰПУ

Аннотация: Бүгінгі таңда уақытты тиімді басқару, әсіресе білім беру жағдайында маңызды міндеттердің біріне айналды. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің қалыпты құрдастарымен салыстырғанда уақытты басқару дағдыларының дамуы баяу жүреді. Дегенмен, отбасы мен мектеп ұжымы бірлесе отырып, жеткіншектердің даму деңгейіне ескере отырып, уақытты басқару дағдыларымен жұмыс жүргізсе бұл процессті жылдамдатуға болады. Бұл мақалада осы контексте қолданылатын зерттеу әдістеріне сүйене отырып, зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің отбасы мен мектеп ұжымының уақытты басқару дағдыларын дамытудың педагогикалық және психологиялық аспектілері қарастырылады. Бұл дағдыларды дамытудың теориялық және әдістемелік негіздері отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін ескере отырып көрсетілген.

Түйін сөздер: зияты зақымдалған балалар, жеткіншек, отбасы, мектеп, тайм-менеджмент, уақыт, дағды.

Сегодня эффективный тайм-менеджмент стал одной из важнейших задач, особенно в сфере образования. Подростки с легкой умственной отсталостью развивают навыки управления временем медленнее, чем их нормальные сверстники. Однако этот процесс можно ускорить, если семья и школа будут работать вместе, учитывая уровень развития подростков, работая над навыками тайм-менеджмента. В данной статье на основе используемых в данном контексте методов исследования рассмотрены педагогические и психологические аспекты развития навыков тайм-менеджмента у сотрудников семьи и школы у подростков с легкой умственной отсталостью. Показаны теоретические и методические основы развития этих умений с учетом взаимодействия семьи и школы.

Ключевые слова: умственно отсталые дети, подростки, семья, школа, тайм-менеджмент, время, навыки.


Today, effective time management has become one of the most important tasks, especially in the field of education. Adolescents with mild mental retardation develop time management skills more slowly than their normal peers. However,

this process can be accelerated if home and school work together, taking into account the developmental level of adolescents, working on time management skills. This article, based on the research methods used in this context, examines the pedagogical and psychological aspects of the development of time management skills among family and school employees in adolescents with mild mental retardation. The theoretical and methodological foundations for the development of these skills are shown, taking into account the interaction between family and school.
Key words: mentally retarded children, adolescents, family, school, time management, time, skills.

Жалпы уақытты тиімді жоспарлау арқылы басқару кез-келген адам үшін қиындық тудырады. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектік жастағы оқушылар үшін уақыттарын тиімді пайдалана білу қалыпты оқушыларға қарағанда бірқатар қиындықтар кездеседі. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншек жастағы оқушылар сағатты көру арқылы уақытты айта білуі мүмкін, бірақ уақыт ұғымын түсінуі мен уақытты тиімді пайдалана білуде қиындықтарға тап болады. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншек жастағы оқушылардың тайм-менеджменттік дағдыларын дамыту үшін бүгінгі таңда мектептегі педагогикалық ұжыммен отбасы мүшелерінің бірлесе жұмыс жүргізудің орны ерекше болып табылады. Мектеп пен отбасы ынтықмақтастығы –бұл балаға қатысты қызметтің мақсатын бірлесе айқындай отырып, жұмысты бірлесе жоспарлау [1], әр баланың ерекшеліктері мен мүмкіндігіне сәйкес уақытын тиімді пайдалану үшін екі жақты уақыт бөле отырып, баланы түзете-дамыту болып саналады. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың білім беруде мектеп пен отбасы ынтықмақтастығының мәселелерін Е.М Мастюкова, А.Г Московкина[2], Е.Н. Денисова, А.И . Раку, В.В Ткачева [3] еңбектерінде толық қарастырылған. П.Ф.Каптерев және Б.П. Ленскийдің еңбектерінде «Егер , ата-аналар балалардың дамуын бақылап оны күнделікті жазып отырса , онда олар тарапынан ғылымға қосқан үлес зор болар еді»- деп көрсеткен[4]. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын отбасы мен мектеп ұжымы бірлесе отырып дамытса, онда жеткіншектерде уақыт туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, уақытты тиімді пайдалану олар үшін қиындық тудырмайды. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектерге тапсырма беріп оны неше уақытта орындай алатынын сұрағанда олар нақты жауап бере алмайды. Кейбір жеткіншектер талап етілетін уақытты шамадан тыс көп уақытты көрсетсе, кейбір жеткіншектер өте аз уақытты көрсетеді. Демек, жеткіншектердің уақытты басқару дағдыларын жақсарту үшін берілген тапсырманы орындау уақытын отбасы мүшелері мен педагогтар бірлесе қадағалап, көмектесіп отыруы керек.

Зерттеу әдісі: Жалпы зияты зақымдалған оқушылардың тайм-менеджменттік дағдыларының дамыту жолдарын нақтылау мақсатында арнайы және жалпы білім беретін мектеп педагогтары мен жеткіншектердің ата-аналарынан сауалнама алынып, сұхбаттасу жүргізілді. Сауалнама алынған педагогтар мен ата-аналардың жалпы саны-106. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамытуда отбасы мен мектептің ынтымақтастығы сауалнамасы -12 сұрақтан тұрады.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеуге қатысқан 106 адам толық сұрақтардың барлығына толық жауап берді. Сауалнама мақсаты педагогтар мен ата-аналардың зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-мененджмент дағдыларын дамытуда өзара бірлесе жұмыс жүргізу туралы пікірлерін білу болды. Сауалнама негізгі сұрақтарының бірі жеткіншектердің оқуда уақытты басқару дағдыларын бірлесе отырып қаншалықты жиі талқылайсыздар? - деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 82% (86 адам) жоқ деп жауап берсе, 16% (16 адам) иә деп жауап берген, 7% (7 адам) жауап беруге қиналамын деп жауап берген.




1-кесте. Сауалнама негізгі сұрақтарының бірі жеткіншектердің оқуда уақытты басқару дағдыларын бірлесе отырып қаншалықты жиі талқылайсыздар? - деген сұраққа берген пікірлері.

Сауалнама бойынша берілген негізгі екінші сұрақ жеткіншектердің уақытты басқару дағдыларын дамыту үшін ата-аналар мен педагогтардың әдістер мен ресустарды қолдануын білу мәселесін айқындау болатын. Сауалнамаға қатысушы ата-аналар мен педагогтардың аздаған бөлігі (15%) әдістер мен ресурстарды қолданамыз деп жауап берсе, (80%) әдістер мен ресустарды қолданбаймыз деген жауапты белгілеген. Ал ата-аналар мен педагогтардың (7 %) әдістер мен ресустарды кейде ғана қолданамыз деп жауап берген (2 кесте).



2-кесте . Ата-аналар мен педагогтардың пікірлері .

Сауалнама берілген үшінші сұрақ ата-аналар мен педагогтардың зияты зақымдалған жеткіншектердің уақытты тиімді басқару дағдыларын дамытуда ынтымақтаса жұмыс жүргізу маңыздылығын білу мақсатында жүргізілген болатын. Сауалнамаға қатысушылардың 50 %(53 адам) маңызды деп көрсетті. Ал 35 %(37 адам) маңызды емес деп жауап берсе , 7% (16 адам) жауап беруге қиналамыз деген жауапты белгілеген (3 кесте).



3-кесте. Ата-аналар мен мектептің зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамытуда ынтымақтаса жұмыс жүргізудің маңыздылығы туралы пікірлері.

Талқылау:Зерттеу нәтижелерін талдайтын болсақ сауалнамаға қатысушы педагогтар мен ата-аналардың берген сауалнама жауаптарын негіздей отырып, педагогтармен ата-аналармен зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджмент дағдыларын дамытуда ықпылдаса жұмыс атқармайтынын анықталды. Сауалнамаға қатысушылардың негізгі сұрақтарының бірі жеткіншектердің оқуда уақытты басқару дағдыларын бірлесе отырып қаншалықты жиі талқылайсыздар?-деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 82% (86 адам) басым бөлігі мектеп педагогтары мен ата-аналармен бірлесе отырып талқыламайтынын көрсеткен. Бұл көрсеткіш ата-аналар мен педагогтардың зияты зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамытуда бірлесе жұмыс істеуінің төмендігін көрсетеді. Сонымен қатар келесі талқыланған сұрақ бойынша педагогтар мен ата-аналардың зияты зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджмент дағдыларын қолдануда қандай әдістер мен ресурстарды қолданасыз деген сұраққа , сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі ешқандай әдістер мен ресурстар қолданбайтынын көрсеткен. Алайда ата-аналар мен педагог мамандар зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджмент дағдыларын дамытуда бірлесе жұмыс жасаудың аса маңызды екенін біледі. Бірақ, бірлесе ынтымақтаса жұмыс жасауда олар үшін қиындық тудыратынын сұрақтарға берген жауаптардан аңғаруға болады. Сонымен қатар 12 ата-анамен педагогтармен зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджмент дағдыларын дамыту бойынша жеке сұхбаттасу жүргізілді. Сұхбаттасу барысында ата-аналармен педагогтардың жеке пікірлері біз үшін маңызды болды. Сұхбаттасуға қатысушылардың басы көпшілігіңің пікіріне сүйенсек зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджмент дағдыларын дамыту барысында тапсырмаларды жеткіншектердің деңгейіне сәйкестендіре отыра таңдау арқылы, күнделікті жоспар құра отырып, уақытты тиімді пайдалануға үйрету керек деген пікір білдіреді. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджмент дағдыларын дамытуда қандай қиындықтар кездесетін білу мақсатында жүргізілген сұхбаттасу сұрағына сұхбаттасуға қатысушылардың көпшілігі зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің зейін қойып тапсырмаларды орындауда қиналады сол себепті тапсырмалардың көлемін азайту өте маңызды деп санайды. Яни зерттеуші –ғалымдар зейіннің шоғырлануы қалыпты дамыған қатарластарына қарағанда әлдеқайда төмен болатынын анықтаған[5]198 б. .

Қорытынды: Жалпы мақалада ата-аналармен педагогтардың зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың тайм-менеджмент дағдыларын дамытуда ынтымақтаса жұмыс істеудің қаншалықты маңызды екенін анықтау болды. Ата-аналар мен педагогтардың көзқарастары талданды. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамытуда педагогтармен мектеп ұжымының ынтымақтаса жұмыс жүргізуде бірқатар қиындықтар бар екені гипотезалық тұрғыдан расталды. Осы тақырыпқа зерттеу жүргізе

отырып, келесідей қорытынды жасалды: бүгінгі таңда ата-аналар мен педагогтар бірлесе отырып, зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамытуда ынтымақтаса жұмыс жүргізу өте маңызды,олар бірлесе отырып, жеткіншектердің тайм-менеджмент дағдыларын дамытса, яғни уақытты тиімді пайдалану арқылы олардың күнделікті тұрмыстарын жақсартуға болады. Зерттеуде белгілі болғандай сауалнамаға қатысушылар үшін зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектермен мен мектептің педагог мамандары бірлесе ынтымақтастықта жұмыс жүргізуі өте өзекті мәселе екенін анықтауға болады. Зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер сәтті сыналды. Зерттеу қорытындысы зияты зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджмет дағдыларын дамытуда мектептің педагогтары мен ата-аналардың бірлесе ынтақтаса жұмыс жүргізуінің әлі де педагогикалық-психологиялық аспектісі қажет екенін анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова. Э. К «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы» Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Шымкент-2022, -40б.

2. Мастюкова Е. М., Московкина А. Г. Семейное воспитание детей с отклонениями в развитии: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Под ред. В.И.Селиверстова. — М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. - 408 с.

3. Пенин Г.Н. Инклюзивті білім беру мемлекет саясатының жаңа парадигмасы // Вестник Герцен университеті. - 2010 г. -№ 9(83). - Б.47.

4. Сергеева К.А. Инклюзивті білім беру жағыдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды бейімдеу.//«Педиатрия Санкт-Петербурга: тәжірбие, инновация, жетістік » -2010. - Б. 200

ЕРЕКШЕ БІЛІМГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛ БҰЗЫЛЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕТУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ ЖҮЙЕСІ

Тұрмаханова Сапаржан Акимовна,
п.ғ.к.,аға оқытушы
Танабаева Гульмира Тулебаевна,
ф.ғ.к., аға оқытушы
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы кафедрасы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Аннотация: Мақалада ерекше білімге қажеттілігі бар балалардың тіл кемістіктері және оларды түзету бойынша жүргізілетін жұмыстың жүйесі қарастырдық. Ерекше білімге қажеттілігі бар балалардың тіл кемістіктері мен оларды түзету жұмыстары бойынша ғылыми еңбектерді қарастырдық. Кемістігі бар балалар жөнінде деректерді алудың маңызды қайнар көзі олардың қоршаған ортаға көзқарасын аңғартатын, балалардың психикалық ерекшеліктерін сипаттайтын түрлі жазба жұмыстарын, суреттерін, қолөнер туындыларын талдадық. Бұл әдіс оқушылардың ерекшелігін, қабілеті мен бейімділігін бейнелейді.

Педагогикалық үдеріске қатысушылардың әрекеті мен қарым-қатынасы нормалар көмегімен іске асады. Оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың біріккен әрекетінің формалары мен құралдары-педагогикалық үдерістің логикалық аяқталған, белгілі уақытқа созылатын әдістер мен тәсілдердің көмегімен іске асатын, мақсаты, міндеттері, мазмұны бар бөлігі.

Мақалада дидактикалық ойындарды кеңінен қарастырдық. Дидактикалық ойындардың басым көпшілігі үстел басында өткізіледі: балалар байсалды (тыныш) отырады, қол саусақтарының ұсақ қозғалысын орындайды, ол білезіктерін қозғалтады, логопедпен бірге жүзеге асырылған іс-әрекет туралы айтылды. Тұтығатын балалармен сабақтарда өлеңдерді, проза, драмалық көрініс, рөлдік ойын, үстел және қуыршақ театры, логопедтің ұсынысы бойынша шығармашылық ойындар қолданылды.

Тірек сөздер: ЕБҚ бар балалар, тілдік кемістіктер, логопед, оқыту процесі, тіл дамыту, мінез-құлық, оқушылар, тіл дамыту, тұтықпа

В статье рассматриваются нарушения речи у детей с особыми образовательными потребностями и система работы по их коррекции.

Мы рассмотрели научные работы о нарушениях речи у детей с особыми образовательными потребностями и их коррекции. Важным источником данных о детях с особыми образовательными потребностями мы проанализировали различные письменные работы, рисунки, поделки, раскрывающие их отношение к окружающему, описывающие психические особенности детей. Этот метод отражает особенности, способности и склонности учащихся.

Действия и отношения участников педагогического процесса реализуются с помощью норм. Формы и средства совместной деятельности участников образовательного процесса – это часть педагогического процесса, которая реализуется с помощью логически завершенных и действующих на определенный период времени приемов и подходов, имеющих цели, задачи, и содержание.

В статье мы широко рассмотрели дидактические игры. Подавляющее большинство дидактических игр проводится за столом: дети сидят спокойно (тихо), совершают мелкие движения пальчиками, двигают кистями рук, обсуждалась деятельность, проводимая совместно с логопедом. На занятиях с глухими детьми использовались стихи, проза, драматические сценки, ролевые игры, настольный и кукольный театр, творческие игры, рекомендованные логопедом.

Опорные слова: дети с особыми образовательными потребностями, нарушения речи, логопед, учебный процесс, развитие речи, поведение, ученики, развитие речи, заикание.

The article deals with speech disorders in children with special educational needs and the system of work on their correction.

We reviewed scientific works on speech disorders in children with special educational needs and their correction. An important source of data on children with special educational needs, we analyzed various written works, drawings, crafts that reveal their attitude to the environment, describing the mental characteristics of children. This method reflects the characteristics, abilities and inclinations of students.

The actions and relations of the participants in the pedagogical process are implemented with the help of norms. Forms and means of joint activity of participants in the educational process is part of the pedagogical process, which is implemented with the help of logically completed and valid for a certain period of time techniques and approaches that have goals, objectives, and content.

In the article, we have widely considered didactic games. The vast majority of didactic games are played at the table: children sit calmly (quietly), make small movements with their fingers, move their hands, activities carried out together with a speech therapist were discussed. Poems, prose, dramatic scenes, role-playing games, table and puppet theater, creative games recommended by a speech therapist were used in classes with deaf children.

Supporting words: children with special educational needs, speech disorders, speech therapist, educational process, speech development, behavior, students, speech development, stuttering.

Дамудың алғашқы және туынды бұзылыстары туралы ұғымды Л.С.Выготский еңгізді [1]. Алғашқы кемістіктер бір биологиялық жүйенің (талдағыштар, ми құрылымдары) патогендік факторлар әсерінен органикалық зақымдануы мен жетілмеуі нәтижесінде пайда болады. Туынды кемістіктер алғашқы бұзылыстардан туындамайтын бірақ солардың негізінде қалыптасатын (саңыраулардың сөйлеуінің бұзылуы соқырлардың бағдарлау қабілетінің бұзылуы) психикалық жетіспеу және әлеуметтік негізден алыс болса, оны психологиялық-педагогикалық түзету оңай болады. Қарапайым қызметтермен салыстырғанда, жоғары қызметтерді түзету жеңіл болады. Даму үдерісінде бірінші және екінші бұзылыстары арасындағы, биологиялық жене әлеуметтік шартты бұзылу арасындағы қатынастар өзгереді. Егер оқыту мен тәрбиелеудегі негізгі кедергі органикалық кемістік болса, яғни, туынды бұзылыс бағыты «төменнен жоғары» болған жағдайда, дер кезінде коррекциялық - педагогикалық жұмыстар басталмаса, екінші кезекте пайда болған психикалық жетілмеулер мен жеке тұлғалық қалыптың бұзылуы, баланың әлеуметтік ортаға, өзіне деген кері, жағымсыз көзқарасының қалыптасуында жетекші орын алады. Психологиялық күрделі мәселелер шеңберін кеңейте отырып, туынды бұзылыс барлық қарапайым психикалық қызметке кері ықпал етеді, патогендік әсерлер «жоғарыдан төмен» қарай бағытталады.

Бұзылыспен дамуды таза мөлшерлік шектеуге әкеліп тіреуге болмайды. Бұндай даму сақталып қалған мүмкіншіліктерге сүйенетін сапалық ерекшеліктерімен машықтанады. Арнайы оқыту мен тәрбиелеу жағдайында кемістігі бар балалардың биологиялық жетіспеушілік кедергілері тегістеліп, атап өтіледі. Дефектологияның методологиялық концепциясы осыған негізделген. Бұл концепция кемістікті дамытуға сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

Бұзылыспен дамудың сапалық ерекшеліктерін танудың принциптері мен әдістері дефектологияның зерттеу пәні болып табылады. Бұзылысы бар балалардағы қалпына келу процестерінің өтуі әр түрлі жағдайларға байланысты. Келесі жағдайлар олардың дамуы үшін қолайлы болып табылады:

а) арнайы мекемелер тарабын құруды қарастыратын оқыту мен тәрбиелеу жүйесін дұрыс ұйымдастыру, оқу процесін коррекциялық-тәрбиелеу жұмысының арнайы әдістерін пайдаланатындай етіп құру;

б) оқу мен еңбекті балалардың дене және ақыл қабілеттерін қалыптастыруда негізгі құрал ретінде біріктіре пайдалану принципі;

в) балалар ұжымында, сондай-ақ ұстаздар мен оқушылар арасындағы дұрыс қарым-қатынастар;

г) оқу жұмысы мен балалардың демалыс кестесін артық салмақ түспейтіндей етіп дұрыс ұйымдастыру;

д) олардың белсенділігін, еркіндігін көтеретін оқытудың әр түрлі әдістерін алмастырып отыру;

е) балалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін арнайы жабдықтар мен оқу құралдар жүйесін, түрлі техникалық құралдарды кеңінен пайдалану [2].

Бұзылысы бар балалардың әр түрлі топтарының ерекшеліктерін ескере, сонымен қатар әр баланың ерекшеліктеріне тірек қоя құрастырылған коррекциялық-тәрбиелік жұмыс қалпына келтірудің, түзетудің және функциялардың қызметін орнына келтірудің маңызды шарты болып табылады.

Ерекшелігі бар балалар жөнінде деректерді алудың маңызды қайнар көзі олардың қоршаған ортаға көзқарасын аңғартатын, балалардың психикалық ерекшеліктерін

сипаттайтын түрлі жазба жұмыстарын, суреттерін, қолөнер туындыларын талдау болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың ерекшелігін, қабілеті мен бейімділігін бейнелейді.

Ерекшелігі білімге қажеттілігі бар балаларды зерттеудің құнды құралдарының қатарына социологиялық және психологиялық зерттеу әдістері жатады. Олардың ішінде анкеталау-анкетаның көмегімен жаппай деректер жинау, баланың өзін-өзі бағалауы және мұрат деңгейін зерттеу әдістері, социометрия-топтағы өзара қатынастарды зерттеу, сондай-ақ зерттеу деректерінің сандық көрсеткіштерін айқындайтын математикалық әдістер [3].

Бұзылыстың себептері: Бұзылыстардың дамуының негізінде нерв жүйесінің немесе белгілі бір талауыштың зақымдануы жатады, соның әсерінен органдардың немесе барлық организмнің құрылысы мен қызметі ауытқиды.

Бойында бұзылысы балаға оның ерекшеліктеріне сәйкес айналасындағылар, оның ішінде педагогикалық шаралар жоғары деңгейде өз әсерін тигізеді. Бұзылысы баланың өмірінің алғашқы кезеңінен бастап кемістігі табылып, коррекциялық-тәрбиелік жұмыс ұйымдастыруы керек.

Құлағының естуі төмен баланың сөйлеу тілін кішкентай кезінен машықтандыруының ол баланың зердесінде келешекте ықтимал болатын дамуындағы ерекшеліктердің алдың алу мүмкіндігі зор болады. Көзі нашар көретін немесе мүлдем көрмейтін балалардың төмен жастағы өмірге деген құлшынысы, оның басқа адамның көмегінсіз қозғалуға, өзінің қажетін өтеуге, өмір сүріп жатқан ортасына анағұрлым тез үйренуіне оң ықпалын тизіседі.

Оқыту процесі қалыптаса қалған функциялық қызметтермен қатар қалыптасып келе жатқандарының да көмегіне сүйенеді. Оқытудың мақсаты-дамудың оңтайлы ауқымын асықпай, сатылап нақты даму кезеңіне өткізу. Бұзылысты баланың дамуына коррекция және компенсация жасауға дамудың оңтайлы кезеңін тұрақты түрде кеңейтіп отырғанда ғана мүмкіндік туады.

Балалардың дамуына байланысты бірінші толқуы әдетте олар оқи бастаған кезде пайда болады.

Біреулерде есептеуді меңгерудің қиындығынан, басқаларда тіл табыса алуынан, мектеп ережелеріне бағынуынан және тағы басқа жағдайларда көрінеді.

Балада осы жағдайдың туындауына педагогикалық-әлеуметтік және психо-физикалық даму ерекшелігімен жіберіп дамуының,мектепте оқудың алдын ала қалыптасуына байланысты [4].

Арнаулы педагогика бойынша өткізілген зерттеудің қорытындысында балалардың тілінің дамуы олардың мектептегі үлгеріміне байланысты екендігін көрсетеді. Оқушыларда тіл бұзылыстарының туындауы олардың өз туған тілінен үлгермеуге немесе нашар үлгеруге әкеліп соқтырады. Бұлар әсіресе жалпы білім алу барысында дамымай қалған дыбыстар айту бұзылысы бар фонометикалық есту қабілетінің қалыптаспаған және дыбыстық әріптік талдауын қабылдау қабілетінің төмендігі бар балалар [5].

Дер кезінде тіл бұзылыстарының белгілерін айыра білу және түсіну мұғалімге өзіндік оқытудың түбірін анықтауға мүмкіндік береді, оның принциптік жағын көрсетеді. Оқушының үлгермеу себебін анықтап,мұғалім тіл кемістігінің қай деңгейде екеніне байланысты баланы облыстық психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңес беру мекемесіне тексеруге жолдама беру немесе (ата-ананың тексеруден бас тарту кезінде) тузету сабақтарын ұйымдастыру керек [6]. Бұл баланың мектепке жақсы оқуына мүмкіндік берер еді. Ал бірақта мұғалімге,әріне арнайы мамандардың қабылдауында болып сөйлесіп алу қажет, олармен біріге отырып баламен жұмыс істеуге түпкі бағытын анықтау керек, тіл кемшілігі бойынша амалдарды табу, оқушының бұзылысын жоғарлауына әкеліп өткізеді. Осындай көмекті логопед көрсете алады.

Баланы тексеруді неден бастау керек?

Баланы сөзді айту бұзылысы неде екенін айыру, тексеру, бала дыбысты қалай және сөзде қалай айтатынын анықтау. Мұғалім баланың өзінен кейін сөзді қайталанғанынан көрі оның өз бетімен сөйлеген кездегі кемшіліктерін байқап ескеру тиіс. Бала дыбысты өз алдына дұрыс алса да,сөз арасында оны шатастырып алатын кездері де кездеседі. Сондықтан, балаға

дыбысты өз алдына дыбыстатып, сөз алдында қалай қолданатынын анықтап тексеру қажет. Осы мақсатпен балалардың тіліне мұқият көңіл қойып,олардың өзара сөйлесу қатынасын және олардың сабақтағы жауаптарын дұрыстап тыңдау керек [7].

Мұғалім дыбыстауды тексеруді барлық балаларға тегіс, тек тіл бұзылысы бар деп ойлаған балалармен ғана немесе әр баламен жекелеп сабақтан кейін немесе сабақтан бұрын жүргізеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері және ғылыми болжамына сәйкес коррекциялық оқу-тәрбие жұмысының жүйесі құрастырылады.

Жүйе ұғымы көп аспектілі және зерттеу мақсатына сәйкес қарастырылады:

1) тұтас, бір-бірімен заңды байланыстағы көптеген элементтер (заттар, көзқарастар және т.б;

2) қатаң тәртіппен орналасқан бөлімдер;

3) нақты бір нәрсенің құрылымын,ұйымдастырылу тәсілі,формасы;

4) қоғамдық құрылым;

5) шаруашылық бірліктердің,мекемелердің жиынтығы;

6) мезгілі және туындаған бірліктердің жиынтығы.

Білім беру жүйесі ретінде мемлекеттегі барлық оқыту-тәрбиелеу мекемелерінің жиынтығы танылады. Бұл жүйе негізін балабақшалар,жалпы білім беретін және кәсіптік мектептер, мектептен тыс мекемелер,жоғары оқу орындары құрайды [8].

Педагогикалық жүйе – дербес қамтитын және басқарылытын,құрамдары бар бөліктері бар тұтастық. Жүйені басқару оның тұтастығын қамтамасыз етеді,оның құрамды бөліктерінің өзгеруіне ықпал тигізеді. Педагогикалық жүйенің жұмысы қоғам қажеттіліктерінен туындайтын мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Мақсаттар педагогикалық жүйенің мазмұнын белгілейді.

Педагогикалық жүйенің жұмыс істеуі қажетті педагогикалақ шарттардың жиынтығына байланысты.

Педагогикалық құбылыстардың диалектикалық табиғатын,олардың тұтастығын көрсете отырып,педагогикалық жүйенің құрамды бөліктері осы жүйенің іске асырылуы үшін қажетті және жеткілікті болуы керек. Осы негізде мектептегі оқу-тәрбие мекемесі шарттардан, құрылымдық және іс-әрекеттік компоненттерден тұратын педагогикалық жүйе ретінде қарастырылады. Жүйе құрастырушы факторлар – мақсат және нәтиже факторлары; іске асырылуының шарттары – педагогикалық шарттары; құрамды бөліктері–педагогикалық ұжым мен тәрбиеленушілер, педагогикалық іс-әректтің мазмұны, тәсілдері, формалары, әдістері; іс-әрекеттік құрамды бөліктері – педагогикалық анализ, бақылау, реттеу, түзету, енгізу.

Мектепті педагогикалық жүйе және басқару нысаны ретінде қарастыру білім беруді ұйымдастырушылырдың, тәрбиешілердің, тәрбиеленушілердің басқару іс-әрекеті мақсаттарды нақтылау мен нәтижеге қол жеткізуге, педагогикалық ұжым мен тәрбиеленушілердің қалыптасуына жағдай жасауға, оқу-тәрбие жұмысының мазмұны, әдістері, формаларын таңдауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. Мышление и речь//Собр.соч.-М.,1982.-Т.2. – 361 с.
2. Левина Р.Е. Разграничения аномалии речевого развития у детей//Дефектология. -1975. №2.с.12-16
3. Митринович –МоджевскаяА. Потофизиология речи, голоса и слуха. - Варшава, 1965 http://special-edu.kz - сайт Национального научно практического центра коррекционной педагогики (ННПЦ КП)
4. Нарушение речи у школьников//Сост. Р.А.Белова-Давид, Б.М.Гриншпун. Вып.2: -М.,1972. – 348 с.
5. Выготский Л.С. Основы дефектологии // Собр. соч. в 6 Т. М., 1983 г. -320 с
6. Абелева И.Ю. и др. В помощь взрослым заикающимся.-М.,1969
http://special-edu.kz/ - сайт Национального научно- практического центра коррекционной педагогики (ННПЦ КП)
7. Беккер К.П., Совак М. Логопедия. - М., 1984. - 423с.
8. Бадалян Л.О. Детская неврология.-3-е изд-М.,1984. -197с.

НЕЙРОЖАТТЫҒУ ЕРТЕ БАЛАЛЫҚ ШАҚТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ДАМУЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Кадыржанова Жанна Елемесовна,
пс.ғ.к., аға оқытушы.
Базарбаева Гүлдариға Жұмақызы,
7М01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты,
Педагогика және психология кафедрасы, БҚИТУ

Түйіндеме: Мақалада нейропсихологияның практикалық мәселелері мен сұрақтары, ерте балалық шақтағы психикалық дамудағы танымдық бұзылыстың ерекшеліктері мен оларды түзету жұмыстары туралы және нейрожаттығулардың түрлері, мүмкіндіктері мен оларды қолдана алудың ережелері туралы қарастырылған.
Тірек сөздер: нейропсихология, нейрогимнастика, ми қызметі, жаттығу.

В статье рассматриваются практические вопросы и вопросы нейропсихологии, особенности познавательных нарушений в психическом развитии раннего детства и их коррекционная работа, а также виды, возможности и правила применения нейроупражнении.
Ключевые слова: нейропсихология, нейрогимнастика, фукнции мозга, упражнения.

The article considers practical issues and issues of neuropsychology, features of cognitive disorders in the mental development of early childhood and their corrective work, as well as the types, possibilities and rules for the use of neuro-exercises.
Keywords: neuropsychology, neurohymnasty, brain function, exercise.

Адам бас миының қызметі қандай? Бас миы қызметінің жоғары психикалық функциялар - ес, зейін, ойлаумен қалай байланысты? Осы байланыстар адамның мінез-құлқына және оның дамуына қалай әсер етеді? Осы мәселелер нейропсихологияның қарастыратын мәселелеріне кіреді. [1, 35 б.]. Нейропсихология ерте жастағы балалардың танымдық процестерінің қалыптасу барысында кездесетін ауытқулардың себептерін түсінуге, жағымсыз зардаптарды болдырмау үшін «қателіктермен жұмыс» жүргізуге көмектеседі [1, 25 б.].

Осындай мәселелерде мамандар нейропсихологиялық түзетуге жүгінеді. Бас миы жұмысында анықталған бұзылыстарды түзетуге, зейін аудару және шоғырлануды, кеңістікте бағдарлана білуді және эмоциялық әрекет ете білуді, қабылдауды, мотрикаңы, есте сақтауды және сөйлеуді басқаратын процестерді түзетуге және қалпына келтіруге көмектесетін арнайы әдістемелер, техникалар, тәсілдер кешені осылай аталады. Осы аталған жұмыстардың дұрыс жүруі баланың қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасауына, қоғамға бейімделуіне, мектептегі оқу процесіне және басқа да сәттеріне үлкен ықпал етеді.

Нейрокоррекциялық жұмыстар қолданылады:

- аутистік спектрдің бұзылуы (балалар аутизмі);
- сөйлеу дамуының тежелуі;
- психикалық дамуының тежелуі;
- ми дамымауы;
- зейін тапшылығы және гиперактивтілік синдромы;
- шашыраңқы склероз;
- эмоциялық сипаттағы бұзылулар;
- органикалық бұзылулар;
- балалардың церебралдық сал ауруы;
- сөйлеу функциясының бұзылуы (сенсорлық немесе моторлық алалия, дисграфия және дислексия, дизартрия);
- оқытудағы проблемалар және т.б. [2, 65 б.].

Нейрогимнастика - бұл нейропсихологиялық түзетудің бір түрі. Ол арт-терапия элементтерімен арнайы ойын сабақтарын, бас миының оң және сол жарты шарлар жұмысын

өзара байланыстыратын, ми қабықтары арасындағы құрылымдарды дамытуға бағытталған жаттығулар кешенін білдіреді.

Нейрогимнастика - физикалық қимылдарды орындау арқылы ми жұмысының табиғи тетіктерін жандандыруға бағытталған жаттығулар кешені [2, 85 б.]. Осы жаттығуларды орындай отырып, бала сенсорлық және кеңістіктік бағдарды дамытады, онда еркін назар аудару, өзін-өзі бақылау функциясы қалыптасады, екі қолдың қозғалысының көру-моторлық үйлесімділігі, келісімділігі, дәлдігі, бірқалыптылығы дамиды.

Нейрожаттығуларды жүйелі түрде орындау елеулі әсер береді:

– ақпаратты қабылдау және өңдеу жылдамдығын арттырады;
– зейін және ес процесіне әсер етеді;
– қан айналымын жақсартады;
– ойлау мен сөйлеудің дамуына ықпал етеді;
– дислексия (оқу проблемаларын) және дисграфия (жазбаша сөйлеу проблемаларын) шешуге көмектеседі;
– мотористің (жалпы және ұсақ) дамуына ықпал етеді;
– стресті жағдайларға төзімділікті арттырады және т.б. [2, 105б.].

Нейропсихологиялық (психомоторлық) тәсілдің тиімділігі ғылым мен практикада дәлелденген. Бұл денсаулықты сақтайтын және ойын технологиясы болып табылады. Бұл тәсіл бұзылысы бар психикалық процестерді (зейін, ес, ойлау, сөйлеу және т.б.), баланың эмоциялық-ерік сферасын қозғалыс арқылы түзетуге бағытталады [3, 58б.]. Нейропсихология қалыптасқан принциптер, белгілі ресей авторлары Л.С.Выготский, А.Р.Лурия, Л.С.Цветкова, А.В.Семенович, А.Л.Сиротюк, А.Н.Леонтьев, А.В. Запорожец, Л.А.Венгер, Д Б.Эльконин ұсынған қағидаларға негізделеді.

Қазіргі уақытта психикалық және дене дамуында бұзылулары бар балалар саны ұдайы өсуде. Бұл мәселелер педагогтар мен арнайы мамандар үшін балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту мен алдын алудың тиімді әдіс тәсілдерін іздестіре білуді алға қояды. Көбінесе біз физикалық жаттығуларды орындау арқылы денені шынықтыруға үйреніп қалдық. Ал, ми жұмысының жүйесін жаттықтыруға арналған арнайы жаттығулардың түрлері де бар екендігін білгеніміз жөн [2, 144б.].

Ми жаттығуы кинезиология деп аталады. Кинезиология (грек сөзі «кинезис» - қозғалыс және «логос» - білім) - бұл белгілі бір тапсырмалар легін орындау арқылы тұлғаның ақыл-ой қабілетін дамытуға көмектесетін қолданбалы ғылым. Ол мидың екі жартысын да теңдестіріп дамытуға көмектеседі. Кинезиология өткен ғасырдың 60-жылдары пайда болды. Жаттығу орындалуы күрделі емес бірқатар жаттығулардан құралады, сондықтан оны балалар да, ересектер де өз күн тәртібіне енгізе алады. Жаттығуларды кез-келген уақытта орындап жүруге болады [3, 23б.]. Жаттығулар мидың жарты шарының өзара әрекетін күшейтуге бағытталған. Баланың зияткерлік қабілеті мен шығармашылығын дамыту, белгілі бір жаттығуларды орындау арқылы жүзеге асырылады, ал бұл дәл осы ми жаттығуының мәнін көрсетеді. 90-шы жылдардың басында американдық психологтар Пол және Гейль Деннисон «Ми гимнастикасы» деп аталатын нейрогимнастика бағдарламасын әзірледі, бұл физикалық жаттығулар арқылы ми жұмысының табиғи механизмдерін жандандыру, яғни қозғалыс пен ойды өзаара байланыстыру әдістемесі танымал болды.

Нейропсихологиялық түзету бірнеше бағыттағы жұмысты көздейді:

– Қозғалтқыш немесе сенсомоторлық өз денесін басқару қабілетін қалпына келтіруге немесе дамытуға, қандай да бір әрекеттер жасау кезінде қол мен көздің қозғалысын синхрондауға, кеңістікте бағдарлауға және т.б. көмектеседі.

– Когнитивтік танымдық функцияларды – зейін, ес, сөйлеу, ойлауды дамытуға ықпал етеді.

– Эмоционалды-тұлғалық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту және т.б. [3, 31б.].

Нейрогимнастикалық жаттығулар бірнеше негізгі түрлерге бөлінеді:

1. Артикуляциялық. Бұл жаттығулар блогы сөйлеудің кешігуі, сөздерді айта алмау кезінде орындалады. Нейрогимнастика элементтері логоритмикаға қосылады. Бұл балалардағы сөйлеудің бұзылысын түзеудің және сөйлеу дағдыларын дамытудың тиімді әдістемесі, ол түрлі сөздерді айту, ән айту, ырғақты қимылдар (жүру, марш) және музыкаға би билеу микстерін білдіреді.

2. Көзді қимылдату. Мидың сол және оң жақ жарты шарларының өзара іс-қимылының дамуына ықпал етеді, көру арқылы қабылдау мүмкіндіктерін арттырады (яғни, бала ақпараттарды жеңіл қабылдайды әсіресе, мектепте сабақ барысында).

3. Қозғалыстардың созылмалы бұлшықеттермен үйлесімділігі. Балаға өз денесін жақсы түсінуге, оны басқаруға, өз қимылдарын үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға мүмкіндік береді. Созылулар бұлшық еттердегі артық кернеуді жоюға көмектеседі (гипертониямен), жаңа ақпаратты қабылдауды жақсартады, жазу және оқу дағдыларын дамытуды жеңілдетеді.

4. Тыныс алу. Қан мен терді оттегімен қанықтырады, тыныс алудың қалыпқа келуіне ықпал етеді, соның есебінен артық эмоциялық қозуды, гиперактивтілікті төмендетеді, ожж тыныштандырады. Балалардың алаңдаушылығы азаяды, ынтасы артады, өз эмоцияларын басқара алады.

5. Танымдық дағдыларды дамытуға бағытталған. Зейін, ес, ойлау қабілетін, логиканы дамытады. Балалар зейінді болуға, алаңсыз жұмыс істеуді үйренеді [4, 10б.].

Әртүрлі жасқа арналған нейрожаттығулар:

– 3-4жас. Сөйлеудің белсенді қалыптасу кезеңі, сондықтан ұсақ және ірі мотрикаңы, дұрыс артикуляцияны дамытатын жаттығулар өте маңызды. Ол үшін төмендегідей ойындар мен жаттығулар жүргізіледі:

- «Алақан». Классикалық таныс қарапайым және айқаспалы шапалақтаулардан бастайды, содан кейін комбинацияларды күрделендіреді.
- «Арқанмен жүру». Бұл жаттығу үшін жерге жіпті ұзына бойы қоямыз. Бала арқанмен жүруші болғандықтан, ауада тартылып тұрған арқан деп елестетіп, аяқтарын ұқыпты басып, ауыстырып және оларды арқанға тығыз қысып, арқанмен жүріп өтуі тиіс.
- «Шам». Баланың алдына шам жағылып қойылады. Баланың міндеті - терең дем алу, содан кейін шамды үрлеу үшін ерін бұлшықеттерін созу арқылы ауаны шығару. Жаттығуды бірнеше рет қайталайды, әр кезде жанып тұрған шамды баладан әрірекке біртіндеп жылжытып отырады.

– 4-5жас. Бұл кезде балалармен осы кезеңге дейін қаралған жаттығуларды күрделендіріп, қарқынын арттыра отырып пайдаланады. Бірақ түзету бағдарламасында бұл жаттығулармен қоса, мидың жарты шарларының арасындағы байланыстарды дамытуға бағытталған зейін, ес процестерін жаттықтыратын күрделі тапсырмаларда болады.

- «Өзен және жағалау». «Су» мен «құрлық» арасындағы шекараны белгілеу үшін еденге жіп қойылады. Ересектердің командасы бойынша бала «өзенге» «сүңгейді» немесе «жағаға» шығады. Жаттығуды командалардың қарапайым бірізділігімен орындауды бастайды. Одан кейінгі міндет күрделенеді - ересек команда тәртібін өзгертіп немесе дұрыс емес нұсқаны «айтып», баланы шатастырады.
- «Пинг-понг». Бұл ойынға екі қатысушы мен «теннис» үстелі қажет болады. Ойын алаңын ойша түрлі-түсті скотч арқылы сызып, екі бөлікке бөледі. Теннис шарын алып, (нұсқа ретінде - жай ғана қағаз парағын мыжасыз) оны үстелдің ортасына қояды. Ойыншылардың алдына қойылатын міндет - доп үстелден құлағанша оны қарсыласының жағына үрлеу.
- «Капитан». Қозғалыстарды үйлестіру жаттығуы. Бір қолды жұдырыққа қысып, бас саусақты жоғары көтеру керек («лайк» көрсету). Екінші қолды маңдайына қарай көтеріп, күнқағар (козырек) бейнелеу керек. Баланың міндеті қолды ауыстыру. Тапсырманы қиындату үшін позицияларды ауыстыру арасында қолмен шапалақтауды қосады.

– 5-7жас. Осы жаста балалар жазуды, санауды, оқуды үйренеді, оқу жүктемесі артады. Ми жұмысын жандандыруға, ұсақ мотрикаңы дамытуға көмектесетін жаттығулар қажет.

- «Сақина». Саусақтардан - үлкен және көрсеткіш саусақтардан жасалған сақинаны бейнелеу керек, содан кейін саусақтарды тез ауыстырады. Алдымен жаттығуды бір қолмен,

содан кейін екінші қолмен жасайды, ал жаттыққан соң екі қолдың саусақтарымен бір уақытта орындайды.

- «Анама үйретемін». Баланың міндеті - анасына не істеу керектігін түсіндіру, яғни ол үшін алгоритмдік нұсқаулар береді.Мысалы, бутербродты жасау нұсқауы немесе бөлмеге қалай кіру керек [4, 22б.].

Нейрогимнастика мидың екі жартысына да сапалы жаттығу жүргізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ когнитивтік қабілеттердің дамуына ықпал етеді. Нейрогимнастиканы үнемі жүйелі орындау:

– ұзақ мерзімді ес функцияларын жақсартады;
– ақпаратты неғұрлым жылдам қабылдауды және өңдеуді қамтамасыз етеді;
– физикалық және ақыл-ой қабілеттілігін арттырады;
– оқу күнінің соңындағы шаршауды төмендетеді;
– когнитивтік функциялардың қызметіне жауап беретін ми орталықтарының ойлау белсенділігін

арттырады;

– қол саусақтарының белсенді қозғалуына ықпал етеді;
– жасырын таланттарды ашуға мүмкіндік бере отырып, баланың шығармашылық қабілеттерін дамытады;
– асимметриялық және симметриялық қозғалыстарды орындауға әсер ететін, физиологиялық қабілеттердің даму процесін жеделдетеді;
– бұлшықет және жүйке жүйесінің шаршауын жеңілдетеді;
– уақыт пен қоршаған кеңістікті қабылдаудың бұзылуымен байланысты неврологиялық аурулардың дамуын болдырмайды.

Нейрожаттығулар балалардың сөйлеу процесінің қабілеттерін де жандануына ықпал етеді. Бұл бағыттағы жаттығуларды қолдану келесі міндеттерді шешуге көмектеседі:

– тіл дамуының қарқындылығын арттыру;
– дыбыстардың орнын ауыстыруды;
– баланың сөзін тазарту және айналасындағыларға түсінікті ету;
– баланың сөйлеуіне жауап беретін мидың нейродинамикалық процестерін дамыту;
– тыңдау және есту білігін қалыптастыру.

Нейрожаттығулар мен ойындарды қолдану мәселелерін зерттеуші авторлар ретінде В.М.Бехтеревт, А.Н.Леонтьев, А.Г.Лурия, Н.С.Лейтес айтуға болады. Аталған ғалымдардың жұмыстарында қол манипуляциясы мен қимыл-қозғалыстың жоғары жүйке қызметі мен тіл дамуымен өзара байланысы қарастырылған. Л.С.Выготский, А.Р.Лурияның ғылыми дәлелдеріне сәйкес, бас миы қызметі тек қозғалыстарды үйлестіру, тепе-теңдік пен бұлшық ет тонусын реттеу үшін ғана жауап бермейді, сонымен қатар баланың интеллектуалды, сөйлеу, эмоциялық дамуынада ықпал етеді [5, 29б.]. Нейрожаттығуларға арналған сабақтың тиімділігі жоғары болуы үшін келесі ережелерді сақтаған жөн:

– сабақтың орташа ұзақтығы - 5-7 минут;
– нейрогимнастиканың тұрақтылығы (жаттығуларды үнемі өткізу керек);
– жаттығуларды балаға қызық болатындай ұйымдастыру. Сабақтарда жағымды атмосфера болуы үшін, балаға ұнайтын әуен қосу;
– сабақты біртіндеп күрделендіру;
– жаттығулардың дұрыс орындалуын қадағалау;
– бір мезетте көп жаттығу түрлерін өткізіп, балаға арналған жүктемені көбейтуге болмайды. Кемінде тек жаттығулар саны 5-6 аспауы қажет.

Арнайы таңдалған жаттығулар бала ағзасындағы бас миының қызметінің оң және сол жарты шарының жұмысын үйлестіреді және дене мен интеллектінің өзара іс-қимылын дамытады. Нейрожаттығулардың әрқайсысы мидың белгілі бір бөлігін қоздыруға ықпал етеді және ой мен қозғалысты біріктіреді [5, 41б.].

Нейрожаттығуларды жүйелі қолдану мектепке дейінгі жастағы балаларға өз дене қалпын басқаруға, шығармашылық қабілетін дамытуға ғана әсер етіп қоймай, оқушыларға оқу жүктемесін жақсы қабылдап, орындауына да ықпал етеді. Бұл қарапайым қозғалыс элементтерін қамтитын жаттығулардың ұзақ мерзімдік әсері бар, атап айтсақ, физиологиялық, психикалық күйді, эмоционалды денсаулығын жақсартады, оқуға қызығушылығын арттырады, жағымды эмоционалды күйді қалыптастырады, танымдық және ой іс-әрекетін белсендендіреді, жазу және оқу бұзылыстарының алдын-алуға, түзетуге ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Семенович А. В. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте. — М. : Академия, 2002 – 52б.
2. Колганова В. С. Нейропсихологические занятия с детьми. Практическое пособие. В 2 частях. Часть 2 / В. С. Колганова и др. - М. : Айрис-пресс, 2016. – 144б.
3. Колганова В.С., Пивоварова Е.В. Нейропсихологические занятия с детьми. – М.: «Айрис – пресс», 2018 – 63б.
4. Праведникова И.И. Нейропсихология. Игры и упражнения. – М.: «Айри – пресс», 2017 – 47б.
5. Свободина Н.Г. Коррекция нарушений письма: Просто о сложном вопросе дисграфии у детей. – 2018 – 57б.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕУ

Қалтаева Әйгерім,
«7М01901 – Арнайы педагогика» мамандығының
2 курс магистранты,
Альмухамбетова Бибигуль Жексембаевна
PhD, оқытушы
Педагогика және психология ББ
І.Жансүгіров атындағы ЖУ

Аннотация: Мақалада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың мектепте жеке дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін инклюзивті білім беру кеңістігіне бейімделу негізінде қалыптасатын табысты оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру мәселесі қарастырылады.

Тірек сөздер: ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, инклюзивті білім беру, педагогикалық-психологиялық бейімдеу

Кең педагогикалық тәжірибеде инклюзивті білім беруді енгізу инклюзивті білім беру ортасына қатысушылардың педагогикалық-психологиялық бейімделу мәселесін өзекті етеді. Жүргізілген зерттеулер инклюзивті білім беру процесіне енгізілгенде оқушылардың әлеуметтік бейімделуінде де елеулі қиындықтардың болуын айқындауға мүмкіндік береді. Қазіргі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды мектепке педагогикалық-психологиялық бейімдеуде кездесетін қиындықтарды жеңу жолдарын іздестіру әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады [1, 361 б]. Бір жағынан, ЕББҚ бар баланың жеке әлеуетін табысты дамыту үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуді негізгі міндет ретінде айқындайтын жалпы гуманистік көзқарас белсенді дамып келеді [2, 67 б.]. Екінші жағынан, зерттеушілер позитивті психология идеяларына негізделген тәсілге көбірек қызығушылық танытып, назарды жағымсыз факторлар мен қауіп факторларын бақылаудан жеке күшті жақтарын зерттеуге, қиындықтарды жеңу негізін құрайтын қасиеттерді дамытуға назар аударады [3, 3 б.]. Осы зерттеулерді мойындай отырып, біз инклюзивті білім беру ортасында білім алушылардың педагогикалық-психологиялық бейімделу ресурстарын анықтау үшін олардың жетекші идеяларын біріктіруді маңызды деп санаймыз.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде ЕББҚ бар бала саны күннен күнге артуда. Олардың физикалық денсаулығы мен психикалық даму жағдайы қарым-қатынас, оқу, кәсіби дағдыларды меңгерудегі қиындықтарға тікелей байланысты.

ЕББҚ бар баланың құқықтары мен мүмкіндіктері туралы мемлекет пен қоғамның түсінігінің өзгеруі барлық балаларды бірдей барынша білімін қамтып арттырудың практикалық міндетін тұжырымдауға әкелді.

Қазіргі уақытта ЕББҚ бар балалардың негізгі мәселелерінің бірі олардың педагогикалық-психологиялық бейімделуі, әлеуметтік ортамен қолданыстағы нормалар мен ережелер аясында өзара әрекеттесуінің қиындығы болып табылады. Мұндай балалардың күнделікті өмірде кездесетін қандай да бір әлеуметтік теңсіздігі сапалы білім алуына кедергі болып табылады.

Жалпы білім беру ұйымдарында ЕББҚ бар балаларды табысты оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың қажетті шарты инклюзивті білім беру жағдайында олардың жеке өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бейімделу ортасын құру.

Соңғы жылдары білім саласында инклюзивті білім беру құндылықтары едәуір жаңартылды. С.Н. Сорокоумова өз зерттеуінде инклюзивті білім беруді жалпы білім беруді дамыту процесі ретінде анықтайды, ол ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуына қолжетімділікті қамтамасыз ететін барлық балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысынан барлығы үшін білімнің қолжетімділігін сараптайды. Инклюзивті білім беру баланың қажеттіліктерінің алуан түрлілігі олар үшін ең қолайлы білім беру ортасын қоса алғанда, қызметтердің үздіксіздігі арқылы қанағаттандырылуы тиіс деп болжайды.

Инклюзивті білім беру тәжірибесі әр оқушының жеке даралығын қабылдау идеясына негізделген, сондықтан білім беру әр баланың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыратындай етіп ұйымдастырылуы керек деп тұжырымдайды ғалым [4, 135 б.].

Инклюзия көбінесе ЕББҚ бар балаларды дені сау құрбыларымен бірге жалпы білім беретін мектептерде оқыту ретінде ғана қарастырылады. Инклюзивті білім берудің принципі: жалпы мектептер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды олардың әлеуметтік жағдайына, физикалық, эмоционалдық және интеллектуалдық дамуына қарамастан қабылдайды және осы балалардың қажеттіліктеріне орай оларға психологиялық-педагогикалық әдістер негізінде жағдай жасау. [5, 43 б.].

Инклюзивті көзқарастағы білім беру процесі білім алушыларға білім беру стандарттарына сәйкес қажетті құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік береді, сонымен бірге, ерекше балалармен жұмыс істейтін барлық педагогтар мен тәрбиешілерді де арнайы даярлауды талап етеді. Инклюзияның вариативті формаларын әзірлеу және оларды тәжірибеге енгізуде келесі мәселелер шешілді:

- ЕББҚ бар балаларға қажет арнайы педагогикалық көмек;
- «ерекше» балаларға қалыпты дамып келе жатқан құрбыларының ортасында білім алу;
- ата-аналарға қажетті консультативтік көмек алу мүмкіндігін қамтамасыз етілуі;
- интеграцияланған балалармен жұмыс істейтін мұғалімдерге тұрақты және білікті көмек пен қолдау көрсету [6, 43 б.].

Инклюзивті білім беру кезінде басты назар ЕББҚ бар балалардың қалыпты әлеуметтік өмірге бейімделуінен өзгеретін қоғамның өзіне ауысады. Инклюзивті білім беру балаларға тікелей тәжірибе арқылы әлеуметтік қарым-қатынастарды дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен, еліміздегі жаңа әлеуметтік саясаттың басты мақсаты – қоғамның барлық мүшелеріне тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны өзгерту.

Білім беру кеңістігі әртүрлі жастағы балаларды отбасында және оқу орындарында оқытудың мәдени дәстүрлері арқылы қалыптасады.

Біз инклюзивті білім беру ортасындағы бейімделуді субъект тұрғысынан тұлға мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін көздейтін белсенді процесс ретінде қарастырамыз, оның барысында тұлғаның жаңа формацияларының дамуы жүреді деп санаймыз.

Даму қарама-қайшылық жағдайында іске асады, қоршаған орта талаптарының және жеке тұлғаның мүмкіндіктерінің өзгеруі жеке адамның дәл қазіргі жағдайын қабылдай алуына әкеледі. Бейімделу адамның жеке ресурстары мен қоршаған ортаның мүмкіндіктерін саналы пайдалану арқылы жүзеге асырылатын сәйкессіздіктерді жеңуге бағытталған. Бұл тұрғыда инклюзивті білім беру ортасындағы педагогикалық-психологиялық бейімделу қоршаған ортаға бейімделу ресурстары мен мүмкіндіктерін қосуға, сондай-ақ жеке тұлғаның санасына негізделген қиын жағдайлардан шығу процесінде оның қатысушыларының білім беру ортасымен бейімделу әрекетін болжайды, осы ресурстарды, оларды пайдалану және дамыту қабілеті туындайды.

Балалық шақта қарым-қатынастың негізгі нормалары игеріледі, жаңа білім қарқынды түрде қабылданады, іс-әрекеттің көптеген түрлеріне дайындық қалыптасады. «Балалық шақтағы адамның бейімделуінің биологиялық және әлеуметтік аспектілерінің өзара әрекеттестігінің ерекшелігі адам табиғатының үлкен пластикасынан, оның әлеуметтік әсерінен өзгергіштігінде ғана емес, сонымен қатар екі жақтың да үйлесімділігінің күшеюінен көрінеді. Бұл кезең прогрессивті өзгерістердің жедел өсуімен және регрессивтілердің жасырын жинақталуымен сипатталады» [7, 43 б.].

Жасқа байланысты дағдарыстар бейімделу процесін айтарлықтай қиындатады. Оларды жүйелеу мен түсіндірудің алғашқы әрекетін Л.С. Выготскийдің еңбектерінде (1972). «Сыни» деп ол биологиялық, әлеуметтік және психологиялық дамуда елеулі өзгерістер орын алатын салыстырмалы түрде қысқа мерзімді даму кезеңдері көрсетіледі. Балалық шақта бұл парапубертальді (2-3,5 жас) және жыныстық жетілу (12-15 жас). Ішкі жанжал организмнің күшін сарқып, бейімделу мүмкіндіктерін әлсіретеді делінген әйгілі ғалымның еңбектерінде.

Балалардағы мүгедектік бейімделу процесінің жүруін және бейімделу механизмін қалыптастыруды қиындататын фактор екені анық.

Мүгедек баланың бейімделу қабілеті келесі жағдайларда әлсірейді:

Физикалық денсаулықтың болмауы. Мүгедектігі бар балалар мүгедектікке тікелей байланысты емес аурулардан әдеттегі сау балаларға қарағанда және созылмалы аурулармен ауыратын балаларға қарағанда жиі ауырады. Дене денсаулығының болмауы (сөйлеу, есту, жалпы моториканың бұзылуы) қарым-қатынас үшін физикалық мүмкіндіктерді шектейді.

Қарым-қатынасқа психологиялық мүмкіндіктердің болмауы. Жабық мекемеде немесе бақытсыз отбасының жабық әлемінде тәрбие алу жағдайлары, үйде оқу, құрбыларының сақтық қарым-қатынасы, ересектер тарапынан шектен тыс қорғаншылық қарым-қатынасы психологиялық және әлеуметтік балалық, коммуникативті тұрғыдан дәрменсіз тұлғаны қалыптастырады.

Мүгедек балалардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін материалдық ресурстардың жетіспеушілігі (қозғалыс құралдары, есту аппараттары, арнайы құрылғылар және т.б.), сондай-ақ қоғамның архитектуралық және психологиялық кедергілері мүгедек баланың әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктерін айтарлықтай шектейді.

Мүгедек балалардың өз жасына сәйкес іс-әрекеттерге қатысу мүмкіндігінің шектеулі болуы (ойын, оқу, жұмыс, қарым-қатынас) баланы әлеуметтік бейімделу негіздерінен айырады. Нәтижесінде, ата-аналар мен қоғам мұндай баланы бейімделу механизмін қалыптастыруға және нығайтуға ықпал етпейтін және баланың жеке басының дамуын тежейтін бейімделу жағдайларына қатысудан қорғауға тырысады.

Әртүрлі психологиялық бұзылулар мен бұзылулар, мобильділік пен тәуелсіздіктің шектелуі, өз жасына сәйкес қалыпты іс-әрекетпен айналысу қабілетінің бұзылуы – осы бұзылулардың барлығы мүгедек балалардың әлеуметтік бейімделуін және олардың қоғамға қосылуын барынша тікелей және тікелей қиындатады. Бұл санаттағы балалардың әлеуметтік бейімделу ерекшелігі ерекше жағдайдың болуымен байланысты - әлеуметтік жеткіліксіздік. Біз Талдықорған қаласының «Интеллект» балалар шығармашылығы орталығының базасында «Инклюзивті білім беру жағдайында ЕББҚ бар балалардың педагогикалық-психологиялық бейімделуі» тақырыбында эксперименттік жұмыс жүргіздік. Эксперимент негізінде, білім алушылардың инклюзивті білім беру ортасымен бейімделу әрекетін осы ортада бар бейімделу ресурстарын пайдалану тұрғысынан қиындықтарды жеңу процесінде зерттеуге әрекет жасадық. Зерттеуге 12-14 жас аралығындағы 16 жасөспірім қатысты, оның 8-і ЕББҚ бар білім алушылар. Зерттеу К.Роджерс пен Р.Даймондтың «Әлеуметтік-психологиялық бейімделу» сауалнамасы арқылы жүргізілді, сонымен қатар С.С. Гончарованың «Мектептегі білім беру ортасының қауіпсіздігінің психологиялық диагностикасы» әдістемесі қолданды.

Нәтижелер ЕББҚ бар мектеп оқушыларының дені сау жасөспірімдерден педагогикалық-психологиялық бейімделу көрсеткіштерінің төмендеуімен, өзін-өзі қабылдауының төмендігімен ерекшеленетінін көрсетті (ЕББҚ бар жасөспірімдердегі 45 баллмен салыстырғанда 25 балл). Олар басқа адамдарды аз қабылдайды (37-ге қарағанда 19), оларға төзімсіздігін көрсетеді ($p < 0,05$). Олардың эмоционалдық жайлылық сипаттамалары төмен (17-ге қарағанда 11).

Сонымен бірге мектеп оқушыларының қабылдауындағы білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін зерттеу оның әлеуметтік бейімделу ресурстары мен мүмкіндіктерін қамтитынын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Психологиялық қауіпсіздік мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдер тобында да, олардың дені сау құрдастар тобында да орташа және жоғары деңгейдегі мәндермен ұсынылған (орташа балл: ЕББҚ бар жасөспірімдер үшін 3,3). Инклюзивті ортада ЕББҚ бар жасөспірімдер сыныптастары мен мұғалімдері тарапынан қоғамдық қорлаудан жоғары деңгейде қорғалған, олар жалпы алғанда мектепте назардан тыс қалмайтынын атап өтеді. ЕББҚ бар жасөспірімдердің мектептегі білім беру ортасына қарым қатынасының эмоциялық жағдайының көрсеткіштері де жоғары.

Салыстырылған топтарда жағымсыз жағдайларды жеңудің қолайлы жолдары айтарлықтай ерекшеленеді. Осылайша, қиын жағдайларға тап болған кезде, ЕББҚ бар жасөспірімдер дені

сау құрбыларына қарағанда өзін-өзі кінәлауға көбірек бейім (орташа балл: 8,7-мен салыстырғанда 13,1 және 7,3-пен салыстырғанда 14,4). Бұл жасөспірімдер стресстік жағдайларды пессимистік түрде қабылдайды, бірақ оларды өзгерту әрекеттерінен бас тартып, проблемадан құтылуға тырысады. Эмоциялық деңгейде олар ыңғайсыздықты бастан кешіреді, болған оқиғаның себебін өз ішінен іздейді, бірақ сонымен бірге өздерін аяйды, құрбыларына ашу мен ашуды көрсете отырып, қайғы, үмітсіздік пен қорқынышты білдіреді.

Инклюзивті білім беру жағдайында ЕББҚ бар балалардың педагогикалық-психологиялық бейімделу ерекшеліктері эпериментальды зерттеудің барлық параметрлерінде айқын кемшілікті көрсетті. Барлық балалар оқуға бейімделуде күрделі проблемаларға тап болды, қарым-қатынасқа деген жоғары қанағаттандырылмаған қажеттілікпен, басқаларға жоғары тәуелділікпен, жалпы сөйлеу және коммуникациялық дағдылардың дамымауымен, жоғары алаңдаушылық пен шешілмеген жеке проблемалардың болуымен, көмекке, қолдау, мақұлдау мұқтаждықпен қарым-қатынас жасай алмауын көрсетті.

Барлық балалар өздерінің эмоциялық жағдайын түзетуді, коммуникативті дағдыларды және жалпы сөйлеуді жақсартуды және әлеуметтік бейімделу үшін қоғамға қосылу қажеттілігін сезінеді.

«Интеллект» балалар шығармашылығы орталығының базасында «ЕББҚ бар балаларға арналған инклюзивті білім беру кеңістігін құру» жобасы әзірленіп, жүзеге асырылуын жоспарладық. Мақсаты жүйелі көзқарас негізінде денсаулығында ақауы бар балаларды бірте-бірте дамыту және педагогикалық-психологиялық бейімдеу және оқу іс-әрекетінің шарттарын, әдістерін, құралдарын жаңартуда жатыр. Зерттеу көрсеткендей, инклюзивті білім беру жағдайында балалардың педагогикалық-психологиялық бейімделуі жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға белсенді бейімделуінің тұрақты процесі және осы процестің нәтижесі болып табылады. ЕББҚ бар балалардың табысты педагогикалық-психологиялық бейімделуінің көрсеткіштері жаңа әлеуметтік ортада тұлғалық мәртебенің артуы, сондай-ақ олардың психологиялық өзін өзі дамытуға дайындығы мен өзіне деген сенімділігі, сезімталдық пен түсінушіліктің дамуы деа түйіндейміз.

Сонымен, біз ЕББҚ бар балаларды мектепте жалпы оқытуға бейімдеу мәселесін толық шешуге мүмкіндік бермейтін себептер деп мыналарды қамтыдық:

- педагогикалық сипаттағы себептер – әртүрлі оқу орындарының педагогикалық ұжымының жалпы мүгедек балалармен жұмыс істеуге және әсіресе олардың әлеуметтік бейімделу процесін қамтамасыз етуге дайын болмауы;

- себептері; психологиялық; мінез – дені сау адамдардың және ең алдымен құрбыларының мүгедек баланың проблемалары мен қажеттіліктерін түсінбеуі; айналасындағылар, ең алдымен, кемшіліктер мен кемшіліктерді, кемшілікті көреді, бірақ баланың жеке басы туралы ойламайды; оның қажеттіліктерін байқамау; мүдделер мен тілектер;

- әлеуметтік-экономикалық сипаттағы себептер – мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар іс жүзінде қиын жағдайда;

- ұйымдастырушылық-басқарушылық сипаттағы себептер – вариативті білім берудің икемді жүйесінің, мектептегі (жалпы) білім беруде мүгедек балалардың әлеуметтік бейімделуіне сәйкес келетін барабар басқару тетіктерінің болмауы.'

Қолданыстағы оқу тәжірибесінің жағдайын талдау; Жалпы білім беретін мекемелер мен арнайы түзеу мекемелері жүргізетін мүгедектер, сондай-ақ осы бағыттағы теориялық жұмыстарды талдау бірқатар қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу туралы ғылыми идеялардың тұтас жүйесі арасында: және мүгедек балаларды тәрбиелеудегі зерттеулердің «тұйықтығы», олардың тек мүгедек балаларды тәрбиелеу үшін маңызды болып табылатын нақты жергілікті проблемаларға шоғырлануы, бұл бұл ішкі жүйені жалпы білім беру жүйесіне біріктіру қиын;

- өсіп келе жатқандар арасында; талаптар = мүгедек балаларды қоғамның тең құқықты мүшелері ретінде қосу және мектептегі (жалпы) білім беру ұйымдарында мүгедек балаларды әлеуметтік бейімдеудің ғылыми-педагогикалық және ұйымдастырушылық негіздерінің жеткіліксіз дамуы;

- мүгедектерді оқытуды мемлекеттік-қоғамдық реттеу жүйесі мен ведомстволық сәйкессіздік арасында.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған жұмыстың айқын маңыздылығына қарамастан, практикада бұл мәселені шешу үшін әртүрлі әлеуметтік институттардың әрекеттерінің бытыраңқылығы басым, бұл теріс әсер етеді; мүгедек балаларды әлеуметтік бейімдеу. Қазіргі жағдай мектептегі білім беруде мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін ұйымдастырудың басқару тетіктерін зерттеуді, оны педагогикалық мәселе ретінде анықтауды талап етті.

Әдебиеттер тізімі

1. Калинина Н.В. Социально-психологические трудности адаптации школьников в инклюзивной образовательной среде // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Акмеология образования. Психология развития. 2014. Т. 3, вып. 4. С. 389-395 ; Schmidt M., Cagran B. Classroom climate in regular primary school settings with children with special needs // Educational Studies. 2006. Vol. 32, issue 4. P. 361-372.

2 Организация инклюзивного образования для детей с ограниченными возможностями здоровья : учеб. пособие / отв. ред. С.В. Алехина, Е.Н. Кутепова. М., 2013. 324 с.

3. Seligman M.E., Csikszentmihalyi M. Positive psychology. An introduction // American Psychologist. 2000. Vol. 55. P. 5-14.

4. Сорокоумова С.Н. Психологические особенности инклюзивного обучения // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. 2010. Т. 12, № 3. С. 134-136.

5. Сабельникова С.И. Развитие инклюзивного образования // Справочник руководителя образовательного учреждения. 2009. № 1. С. 42-54.

6. Н.М. Громова, Т.К. Михалкина, Г.П. Юркевич СПЕЦИФИКА АДАПТАЦИИ И ИННОВАЦИОННЫЙ ПОДХОД К РЕШЕНИЮ ПРОБЛЕМ ДЕТЕЙ-ИНВАЛИДОВ // Современные проблемы науки и образования. – 2009. – №9;
URL: https://science-education.ru/ru/article/view?id=2016 (дата обращения: 14.01.2024)

THE PROGRESSION OF MEMORY ABILITIES AMONG CHILDREN FACING INTELLECTUAL DISABILITIES STANDS AS A PIVOTAL CONCERN WITHIN THE REALMS OF PSYCHOLOGY AND EDUCATION

Жексенбина Алтын,
магистрант 2 курса по специальности
«7М01101 Педагогика и психология»,
Кафедра педагогики и образовательного менеджмента,
КазНУ имени ал-Фараби

Abstract: The article explores the characteristics of memory development in children with intellectual disabilities. Memory development variations are distinctive in individuals with mental retardation, representing a specific form of dysontogenesis. A distinctive feature of memory deficiencies in mental retardation is that only certain types of it can suffer, while others are preserved.

Clinical, psychological, and pedagogical data collectively suggest that anomalies in memory development serve as a characteristic indicator of mental retardation. The causes of memory worsening in children with mental retardation are due to various clinical factors, and psychological and pedagogical factors.

The primary cause for the decrease in the efficacy of mnemonic activity in children with cognitive impairment is their inability to rationally organize and control their work, as well as to apply memorization techniques. In spite of the existence of a notable array of disorders, children with developmental delays have a fairly high potential for intellectual development. Through deliberate remedial efforts, they can be instilled with the necessary skills of mnemonic activity, which can significantly compensate for the underdevelopment of memory processes observed in them. Therefore, the degree of memory development in younger school children with cognitive impairment is inferior to that of their typically developing peers.

Key words: mental retardation, impairment, retardation, memory, mental development of the child, low level of performance.

Анализируются характеристики развития памяти у детей с умственной отсталостью. Вариации развития памяти у лиц с умственной отсталостью являются отличительной чертой, представляющей собой конкретную форму дизонтогенеза. Отличительной особенностью нарушений памяти при умственной отсталости является то, что только определенные типы памяти могут страдать, в то время как другие сохраняются.

Балалардың ата-анасына немесе қамқоршыларына баланы оқытудың мемлекеттік білім беру жүйесімен қатар мемлекеттік емес білім беру мекемелерінің кең түрлерін ұсынды. Ақыл-ойы артта қалған балалар мен жасөспірімдердің оқуын ұйымдастыру кең таралған форма болып интеллект бұзылысы бар балаларға арналған арнайы балабақшалар мен әртүрлі арнайы (коррекциялық) мектептер бар. Танымдық дамуында кідірісі бар баламен коррекциялық жұмысты ерте бастау қарым-қатынасының деффектісін максималды түрде жойып, қайталама бұзылыстардың алдын-алуға көмектеседі. Жалпы білім беретін мекеме дамуында артта қалған баланы қабылдай отырып, баланың тағдырына, оқуына және тәрбиесіне жауапкершілікті оның ата-анасымен, педагог-психолог мұғалімдермен бөлісуге дайын болуы қажет [5].

Н.Г. Осухова пікірінше бұл ұғымды «Сыртқы жағдайлардың немесе іштей өзгерістердің әсерінен баланың өмірге бейімделуі бұзылады да, нәтижесінде ол осыған дейінгі қалыптасқан мінез-құлық тәсілдері мен модельдері арқылы өзінің күнделікті өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтындай күйге жетеді» деп түсіндіреді [6, б. 113].

Психологиялық-педагогикалық қандай әдіс болса да оның жақсы да, жаман да жақтары болатындығы жалпы тәрбие жүйесінде айқын байқалады. Ескі жүйеде ауызша сөйлесу әдісі тек ым-ишара болса, ал қазіргі мақсат бірден ауызша сөйлеуге үйрету. Әрине, бұл әдіс бойынша жеке дыбыстарды талдатып жатпай бірден сөйлеуге үйретуіміз керек. Сөйтіп ым-ишараны ауызша сөйлеуге бейімдеудің жолдарын іздестіру қажет. Осы тұрғыда Г.Форхгаммер негіздеген сөйлеу тілін алғаш рет бірізді жүйемен жүзеге асырып, баланы сөйлеуге үйрету мәселесін көтерді. Ауыз бен қол (саусақ) өзара тиімді болатынын саңыраудың ауызша сөйлеуіне қарым-қатынасынан байқалады. Бұл тәсіл дыбыстың байқалмайтын бөлшектерін белгілейді. Психологиялық жағынан алғанда бұл жүйенің келешегі мол, ол ауызша сөзді жеңілдетіп, таза сөйлеуге мүмкіндік береді. Дегенмен бұл жүйемен мәселенің түйіні шешіле қоймас.

Осыған орай, психологиялық кеңес берушінің қабылданған және тыңдалған ақпараты үйлесімді және табиғи және шынайы болуы тиіс. Кәсіби көмек талқылау ретінде емес, сезімталдық ретінде қаралуы қажет.

Көмекші мектептердегі балаларды оқыту мен тәрбие істерін қалыпты мектептегі жалпы талап тілектерге сай жүргізіп, арнаулы мектептердегі оқу-тәрбие ісінің өзіндік сипаты

бөлінбегені орынды. Дегенмен арнаулы мектепте дамуында кедергісі бар балалардың белгілі мерзім ішінде оқып тәрбиеленуі өткеннен кейін олар қайтадан қалыпты мектепке қайтарылуы керек. Мектептің мақсаты кемістікті туғызатын жағдайларды жою және оны бір қалыпқа келтіру. Балалардың көмекші мектепте оқуы намыс емес және оған балалар ұялмауға тиіс. Біздің оқу-тәрбие істеріміздің түпкі мақсаты мен әлеуметтік сарыны балалардың қалайда кемістіктерін жою, оларды әр тарапты қарым-қатынаста дамыған қоғамның толық мүшесі етіп даярлау.

Әрбір баланы мүмкіндігі мен қажеттілігіне сәйкес табысты оқыту мен қарым-қатынасын дамыту үшін мамандардың жүйелі ұйымдасқан, біртұтас әрекеттерін білдіретін білім беру-тәрбиелеу үдерісінде құрылатын әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай балаға көмек көрсетудің немесе қолдаудың ерекше түрі болып табылады. Арнайы білім беру оқу бағдарламалары және оқытудың арнайы әдістері, техникалық және басқа да құралдар, өмір сүру ортасы, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік-психологиялық тұлғалардың жалпы білім беру және кәсіптік білім беру оқу бағдарламаларын меңгерулері мүмкін болмайтын басқа да қызметтерді қамтитын білім алуға арналған талаптары бар.

Жалпы балалармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты жеке тұлғаның әлеуметттік өзіндік қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі және оның бағыттылығы, қызығушылығының қалыптасуы мен дамуы, оқытудың іс-әркетіндегі негізгі білімділік және біліктілік дағдыларын үйренудің жағдайын жасау болып табылады.

Қазіргі уақытта түрлі мамандандырылған психологиялық кәсіпорындардың, оқу орындарының, мектепке дейінгі мекемелердің кадр қызметтері, әлеуметтік даму қызметтерінің кәсіби кеңес беру және психологиялық денсаулық орталықтарының қызметтері, басқарушылық кеңес берумен айналысады. Психолог-мамандар кеңес беру бөлімшелерінің құрамына кіреді. Қазіргі психологиялық кеңес беру саласындағы мамандар барлық жерде: мектептер мен балабақшаларда, мекемелер мен орталықтарда, түрлі әлеуметтік-медициналық мекемелерде психолог-кеңесші ұйымдастырушылық, медициналық кеңес берумен айналысады.

Осылайша, психотерапия психологиялық кеңес беру бағыты болып табылады. Психологиялық кеңес беру түсінігі, бала дамуындағы принциптер арқылы көптеген жылдар бойы дамыды.

Түзету-дамыту сабақтарының жаттығулары құрылым бойынша өткізіледі, бірақ балалардың қарым-қатынас жасау ерекшеліктеріне байланысты жаттығулар қысқартылуы және өзгертілуі мүмкін.

1. Эмоциялық тұрақсыздықтан және тәртібіне байланысты түзету жаттығулары. Релаксациялық жаттығулар .
2. Танымдық үдерістерін дамыту ойындары мен жаттығулары.
3. Симметериялық суреттер қозғалысты үйлестіру мен сызбалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. 5 қазан 2018ж.

2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

3 Лисина М., Шерьязданова Х. Специфика восприятия и общения у дошкольников. – Алма-ата: Мектеп, 2006. – 76 с.

4 Андреева Г.М. Психология социального познания: Учебн. Пособие для тудентов высших заевлений. – М.: Аспект Пресс, 2010. – 288 с.

5 Мадалиева З.Б., Әрінова Б.А. Арнайы педагогика және психология негіздері. Алматы, 2016. – 185б.

6 Осухова Н.Г. Психологическая помощь в трудных и экстремальных ситуациях. М.: Академия, 2014. – 288 с.

ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘЛІМДІК ЖҰМЫСТАҒЫ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМНІҢ МАҢЫЗЫ

Тасқымбаева Рая Баймұратқызы,
Педагогика ғылымдарының магистрі.
Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси
пәндер кафедрасының аға оқытушысы
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ. Ақтөбе қ.

Түйін: Бұл еңбекте жеке адамдар мен олардың арасындағы қарым-қатынас, қоғам және ондағы құбылыстар, адам мен қоғам арасындағы байланыстар т.б. қатысты әлеуметтік-тәлімдік пікірлер бар. Аталған мақалада ортағасырлық ұлы ойшылдардың еңбектеріндегі ізгілік тәрбиесінің көрінісі жайлы, олардың пікірлерін негізге ала отырып, шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлерін жан-жақты және терең көрсете білген.

Сонымен қатар, мақалада адамдардың мінез-құлқына байланысты Ортағасыр ғұламаларының еңбектерінде адамның адамға болған ықпалы мен қоғамның адамға тигізетін әсері, қоршаған табиғи ортаның адамның әлеуметтік жай-күйіне тигізетін ықпалына қатысты пайдалы пікірлер бар.

Кілт сөздер: Ортағасыр ғұламалары, діни наным- сенім, үлгі-өнеге, адалдық, әділдік.

В этой работе рассматриваются отношения между людьми и обществом, обществом и его явлениями, отношения между человеком и обществом и т. д. Есть социально-педагогические мнения по поводу.

Эта статья посвящена проявлению нравственного воспитания в трудах великих средневековых мыслителей, исходя из своих взглядов, он смог всесторонне и глубоко изложить педагогические взгляды в своих произведениях.

Кроме того, в статье содержатся полезные сведения о поведении средневековых ученых в отношении человеческого поведения, влияния человека на человека и влияния общества на человека, влияния окружающей среды на социальный статус человека.

Ключевые слова: средневековые ученые, религиозные верования, пример, честность, справедливость.

This work examines the relationship between people and society, society and its phenomena, the relationship between man and society, etc. There are socio-pedagogical opinions about. This article is devoted to the manifestation of moral education in the works of great medieval thinkers, based on his views, he was able to comprehensively and deeply present pedagogical views in his works.

In addition, the article contains useful information about the behavior of medieval scientists in relation to human behavior, the influence of man on man and the influence of society on man, the influence of the environment on the social status of man.

Key words: medieval scholars, religious beliefs, example, honesty, justice.

Халқымызда «мейірімділік», «қайырымдылық» деген екі ұғым ерте заманнан бері қарай адамдардың санасында орын тепкен ұғымдар. Олар мағынасы жағынан бірдей болып көрінгенімен мазмұны жағынан екі түрлі: «мейірімділік» - адамның ішкі жан дүниесіне қатысты болғандықтан психологиялық жүгі бар ұғым ретінде, ол адамға болған сүйіспеншілік, құрмет, жанашырлық, ізеттілік қарым-қатынасты білдіреді. Ал «қайырымдылық» алдыңғы мейірімділік ұғымының сыртқы көрінісі, басқаша айтқанда мейірімділіктің іс жүзінде орындалуы, нақты жәрдем, көмек беру, қолдау көрсету болып, ол материалдық көмек, жеке күш жұмсап іс-қимыл түрінде көмектесу, талпынысын қуаттау секілді т.б. құралады.

Бұдан басқа адамдықтың басты белгілері ретінде қанағаттшылдық, шүкіршілік деген бірін-бірі толықтырып тұратын екі ұғым да осы алғашқы қайырым мен мейірімді жүзеге асыратын тетіктері десе де болады. Өйткені, қанағаты мен шүкіршілігі болмаған адамнан қайырым да, мейірім де күту бекер екенін ата-бабаларымыз айтып кеткен. Мысалы, «Мейірімсіздіктің қасында басың ауырмасын», «Қайырыммен жеңе алмаған жетесізді, жақсылықпен жеңе алмайсың», «Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ»; «жаман жігіт той бұзады, жаман әйел үй бұзады; «Халқын алдаған би оңбас», «Қатыны салақ үй оңбас»; «Пейілі жаман кісіні түйе үстінде ит қабар»; «Бір кісі таққа мінсе, қырық кісі атқа мінеді» т.б.

Осы және басқа да тәлімдік маңызы бар мақал-мәтелдердің бастапқы пікірі Құран Кәрім, Шариғат және Хадистермен тығыз байланысты болса, одан кейін олар түрік даналарының еңбектерінен де орын тепкен.

Мысалы, әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» мен «Қайырымсыз қала тұрғындары» еңбегіндегі адамдардың мінез-құлқына байланысты айтқандары;

М.Қашқаридың «Диуани луғат-ат-түрік» шығармасында, Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінде, Қожа Ахмет Яссауидың «даналық кітабынан», Ахмет Иүгнекидің «Ақиқат сыйы» шығармаларынан кездестіреміз. Бұл еңбектерде жеке адамдар мен олардың арасындағы қарым-қатынас, қоғам және ондағы құбылыстар, адам мен қоғам арасындағы байланыстар т.б. қатысты әлеуметтік-тәлімдік пікірлер бар. Әрине, осы ғұламалардың шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлерге қатысты А.Көбесов, Т.Ахметов, Ә.Дербісәлінің философиялық әлеуметтік бағыттағы еңбектерін, әдебиеттану тұрғысындағы Н.Келімбетов, А.Қыраубаева т.б. еңбектерін атауға болады. Алайда бұл еңбектерде Орта ғасыр ғұламаларының әлеуметтік-тәлімдік ойлары жете зерттеліп, қазіргі заман тұрғысынан талданып, практикалық жақтан пайдалану жолдары толық қарастырылмаған. [1, Жарықбаев, Қазиев. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы.1994: б.33].

Орта ғасыр ғұламаларының еңбектерінде адамның адамға болған ықпалы мен қоғамның адамға тигізетін әсері, қоршаған табиғи ортаның адамның әлеуметтік жай-күйіне тигізетін ықпалына қатысты пайдалы пікірлер бар екені белгілі. Құлықтық-әдеп факторлары адамдардың әлеуметтік-тәлімдік жағдайларына ықпал ететін ахуалдардың бірі болып табылады. Қоғамдағы адамдардың жүріс-тұрыс мәдениетінің төмендеуі мен көпшілік ортада өмір сүру ережелерінің сақталмауы, құндылықтардың жойылуы не болмаса олардың нашар құндылықтармен алмасуы, мысалы, рухани құндылықтардың жойылуы және құлықтық-әдеп құндылықтардың жоғалуы, ізгілік пен мейірім, қайырымның төмендеуі; адамдардың байлық пен дүниеқорлыққа берілуі, ақшаны бәрінен артық көру-адамдар арасында қатыгездік, зорлық-зомбылық, алдау, арбау, қулық-сұмдық т.б. туындатады. Адамдар арасында бір –біріне көмектесу, бауырмалды, ізгілік жойылып адамдық қасиеттерге қарсы мінез-құлық көріністерінің ұшқарлығы орын алады. Еңбекпен тапқан қаражат сұрау-талап пен қажеттену арасындағы қайшылықтарды жоюға жетпегендіктен, әсіресе жастар, қылмысты жолдармен ақша табу секілді істерге барады. Сөйтіп жастар мен балалар арасында бекершілік, оңай жолмен ақша табу, масылдық, қарақшылдық, ұрлық, тонау, заңсыз саудаға араласу, адам өлтіру, зорлық секілді істер етек алады. Міне осылардың барлығын реттеудің басты құралының бірі діни наным-сенімдерге ғылыми таным жолымен өту. Оның осы тұрғыда ұйымдастыруда аталмыш ғұламалардың еңбектері таптырмайтын құрал. Ал олардың шығармалары көбінесе Құран қағидалары, Шариғат ұстанымдары, хадистерге негізделгені белгілі [2, Өміралиев Қ. Оғызнама.1988: б.40].

Қоғамдағы жоғарыда келтірілген әлеуметтік келеңсіздіктерге тосқауыл қоюда жекелеген адам мен бүкіл бір қоғамғакері әсерін тигізе қоймайтын кез келген құрал мен тәсілді пайдалану қажеттігі бар. Соның бірі діни сенімді орынды және әдіскерлікпен пайдалана білу. Өйткені, діні адамдардың ішкі жан дүиесінде кемістікті толықтыратын маңызды құрал. Сондықтан, оған ғылыми білім арқылыжол табудың мүмкіндіктерін қарастыру керек.Солардың бірі өткеннен келіп жеткен діни наным-сенімдерге қатысты бай әдеби мұраны пайдалану. Бұл ретте басқа дінді жерге мысалы, христиан, бұдда діндерінде көптеген әдіс-тәсілдер қолдану әлде қашан зерттеліп, тиімді тұстары анықталған. Сол себепті оларжастарды өзіне тарту тәсілдерін ұтымды пайдалануда. Біз де осындай жастардың көкейіне адамгершілік, адалдық, әділдік, еңбекке құлшыныс секілді оларды орта ғасыр ғұламаларының еңбектеріндегі әлеуметтік-тәлімдік ойларды саралау арқылы жол табудың амалдарын қарастырмақшымыз.

Тәрбиелеу – әлеуметтік институт ретінде жастарды теріс әрекеттерден, жаман ойлар мен қылықтардан сақтау немесе солардың алдын-алу, тура жолға бастау,қоғамдық жүріс-тұрмыс нормаларын көздестіру, қоғамдық ресурстарды дұрыс пайдаланып, адамдардың дамуын қамсыздандыру мақсатын көздейді. Ол ықпал ету құралдарына қарай отбасы, діни наным-сенім, түзету педагогикасы арқылы жүзеге асырылды. Олардың мақсаты, міндеттері, мазмұны және құралдарына қарай өзіндік сипатқа және ерекшеліктерге ие. [3, Қазақ тілінің сөздігі.1999: б.67].

Осылардың ішінде адамдардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып наным-сенімді жекелеген тәсілдер ретінде пайдалану ертеден-ақ қолға алынған. Осыған орай Ислам дінінің бес парызының бірі пітір, садақа арқылы қайырымдылық істер істеу және жетім-жесір,

мүгедек т.б. күйзеліске ұшыраған адамдарға көмектесу қарастырылды. Осының ішінде әлеуметтік жақтан жапа шеккен немесе жандүниесі күйзеліске ұшыраған адамдарға дін арқылы ықпал ету, қатарға қосу да қай мемлекетте болмасын ескеріліп келеді. Мұның басты тетігі сенім мен наным, ал құралы Алланың сөзі немесе Құран кәрім болып табылады.

Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болып саналады. Алайда әркімнің белгілі бір дінді ұстануына Конституцияның заңымен жол берілген. Сондықтан дінді күйзеліске ұшыраған адамдарды қатарға қосу құралы ретінде қолдануға мүмкіндік бар. Оның үстіне әлеуметтік-педагогикалық мақсатта діни наным-сенімдерді пайдаланудың әлемдік тәжірибесі де жеткілікті. Сондықтан тарих қойнауына еніп кеткен ежелгі дәуір әдебиетінің тәжі «Даналық кітабының» осы сипаттағы өзіндік орны бар. Осы еңбекті жазған Қожа Ахмет Иассауи өзі «Менің хикметлерім Алладан фарман, бар мағынасы Құран» деген.

Белгілі педагог және психолог ғалым Қ.Жарықбаев «Психология» деген еңбегінде сенім-шынайы өмір немесе қиялдағы нысананы практикалық не болмаса теориялық дәлелдерсіз-ақ қабылда, - деген К.К.Платонов психология сөздігінде. Ал қазіргі кезде ғылыми таным арқылы сенімге жол ашу мәселесі көтерілуде. [4, б.17].

Сенім адамның санасы арқылы сезіміне ықпал ететін ішкі жан дүниесіне қатысты ұғым. Сенімді кейде тек діни наныммен ғана байланыстыру орын алған. Мысалы, «сенім – діндегі басты дүниетанымдық ұстаным және белгілі бір қағидаларды (догматтарды) қалтықсыз қабылдауға және соларға сай өмір сүруге бағыттайтын психологиялық нұсқама». Сенімнен бастау алатын сендіру – бұл тәрбиенің бір тәсілі ретінде қарастырылады.

Сендіру әдісі – дамуына кемшіліктері бар, мүгедек, ересек адамдар мен балаларды қоғамда әділдік, қалыстық көріністерінің бар екенінесендіру, жалпыға бірдей адамгершілік ережелерді түсіндіру, жүріс-тұрыс мәдениетін сақтауға үйрету болып саналады. Бұл әдіс көп жағдайда адамның ой-санасына, ырықтылығы мен сезім – эмоциясына әсер етеді, адамның ішкі жан дүниесін тыныштандырып, үмітін оятып, көңілін көтеріп, өз күшіне сенімін туындатады. Айталық, мүгедек адамға материалдық көмек беру маңызды, мысалы, жүретін құрал (коляска – арба) не аппарат жасатып беру керек болса қоғамдық тәртіпті бұзушылармен сөйлесу, әңгімелесуде осы діни наным-сенімдерге сүйенудің әлеуметтік-тәлімдік маңызы зор. Сендірудің құрамды бөлігі-талап қою. Олар әр түрлі, мысалы, сөзсіз орындау талабын қою-ұрлық істеме, жаман жолға барма өтірік айтпа, гигиенаны сақтап таза жүр т.б. ізгілікті мәмілемен өтіну, тікелей не жанама түрде ықпал ету секілді басқа да әдіс-тәсілдерді қолдану.

Сендіру әдісі – әңгімелесу, айтып беру, лекциялар, диспуттар өткізу, талқылау ұйымдастыру және жақсы үлгі-өнеге көрсету, сұхбат арқылы жүзеге асады. Балаларға үлгі, мұрат ретінде қайратты, ырықты төзімді де шыдамды, ер жүрек адамдардың өмірі, қызметіне байланысты жұмыстар жүргізу арқылы іске асады.

Егер де сендіру адамның ой-санасына әсерін тигізсе, жаттығу және қайталау оның жүріс-тұрысына, жақсы әдеттерді бойына дарытуға ұтымды ықпал етеді. Мұндай жүріс-тұрыс көріністері адамның қылық-жорықтарынан, қарым-қатынасынан байқалса, мінез-құлық ережелерін қалыптастыру жаттығу, үйрету, іс-қимыл арқылы іске асады. Мінез-құлық, адамгершілік ережелері сендіру әдісі арқылы жүзеге асырылса, жүріс-тұрыс, мінез-құлық пен қылық-жорық жаттығу, үйрету арқылы қалыптасады.

Русь мемлекеті пайда болған кезде бастап масайту ішімдіктерін князьдар, боярлар, дін қызметкерлері және қарапайым адамдар да пайдалана бастаған. Бұл туралы Иван Калитаның ескертуіне қарамастан, Иван Грозныйдың тыйым салуына, Борис Годуновтың қаулыларына қарамастан, Екатериан II-нің масайтушы ішімдіктер сатумен шұғылданған кабактарды жер бетімен жексен қылып жіберуіне қарамастан оны пайдалануға құмар адамдар көбейе берген. Оның басты себебі, масайту ішімдігін ішкен адам басындағы күрделі мәселені уақытылы болса да ұмытса, тағы бір жақтан, оны сату мемлекетке үлкен кірісәкелген. Себебі, оны сатып алушылар барған сайын көбейе берген. [5, б.665].

Кейбір дін масайту ішімдігін ішуге жол берсе, Ислам дінінде бұған мүлде және қатаң тыйым салынады. Сондықтан кейбір дамыған елдерде діннің адам санасына, жан дүниесіне ықпалын тәлім-тәрбиеде пайдалану мүмкіндіктері де қарастырылуда.

Қазақстан Республикасының діни мекемелері де осыған орай бірқатар жұмыстар жүргізуде, мысалы жетім және қараусыз қалғандарға қайырымдылық көрсету, қыздар мен ұлдырға арналған интернат типіндегі оқу мекемелерін ашу, күйзеліске ұшыраған адамдарға материалдық көмек беру секілді т.б. жұмыстар іске асырылуда.

Әлеуметтік педагогика, әлеуметтік психология, әлеуметтану секілді тағы басқа халықтың жай-күйі мен қоғамдағы «адам» мәселесіне байланысты еңбектердің барлығында бір ғана түйінді сөз бар ол: жеке адамның басындағы көптеген проблемалардың барлығы кедейлік пен жұмыссыздық, еңбек ақынның тұрмыс қажеттенуін өтеуге жетпеуінен –дейді олар. [6, б.5].

Қорытынды: Қайырымдылық мәселелері заң негізінде шешіліп, Қазақстан Республикасының Конституциясының (1995ж.) 17 бабында «Ешкім азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік не адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге, не жазалауға болмайды» делінген. Осыған орай Қазақстанда 1998 ж. азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттермен жазалау түрлеріне қарсы конвенция қабылданған. Кейінгі кезде осыған орай азаптаулардың түрлерін психикалық азаптау және тән азабын тартқызу деген екі топқа бөліп қарастыру туралы мәселелер көтерілуде (Егемен Қазақстан, 04.02.05). Бұл әлеуметтік педагогикалық жұмысқа байланысты ересек адамдар мен балалардың психикалық ауытқуы себептері мен салдарын нақтылау және іс-шара ұйымдастыруда аса маңызды.

Әдебиеттер:

1. Жарыкбаев К., Казиев С. Антология казахских образовательных идей. Алматы, 1994. 33.
2. Омиралиев К. Устная история. Переведено. Алматы.1988, 40 .
3. Словарь казахского языка. Алматы, 1999.67.
4. Жарыкбаев К. Психология. Алматы. Школа, 1986. 17.
5. Казахская национальная энциклопедия, 1998, том 7, с.665.
6. Халитова И.Р. Социальная педагогика. Алматы, 2006.5.

ИНКЛЮЗИВТІ МЕКТЕПТЕГІ АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Токтагулова Гаухар Бекеновна
аға оқытушы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Төленбек Назерке Ержанқызы
6В01801 - Әлеуметтік педагогика және өзін -өзі тану
мамандығының 3 курс студенті
«Жалпы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Аннотация: Мақалада мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті мектептегі мүмкіндіктеріне ақпарат келтірілген. Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жетекші бағыт инклюзивті білім беру болып табылады.Әлуметтік педагогтың инклюзивті мектептегі ата-аналармен жұмыс барысында міндеттер айқындалды, олардың шешімі инклюзивті білім беру оқу үдерісіндегі құзыреттілігі көрсетіледі.

Тірек сөздер: мектеп,әлеуметтік педагог,инлкюзивті білім беру,ата-ана,мүмкіндігі шектеулі бала, отбасы

В статье представлена информация о возможностях детей с ограниченными возможностями в инклюзивной школе. В настоящее время ведущим направлением в обучении и воспитании детей с ограниченными возможностями является инклюзивное образование.В ходе работы социального педагога с родителями в инклюзивной школе определены задачи, решение которых отражает компетентность в учебном процессе инклюзивного образования.

The article provides information about the opportunities for children with disabilities in an inclusive school. Currently, the leading direction in the training and education of children with disabilities is inclusive education. During the work of a social teacher with parents in an inclusive school, tasks were identified, the solution of which reflects competence in the educational process of inclusive education.

Соңғы онжылдықтарда көзқарас түбегейлі өзгере бастады қоғамдар мүмкіндігі шектеулі адамға, оны тани отырып қоғамның тең құқылы және лайықты мүшесі ретінде қарайды, бірақ әлі де бар қосымша мәселелер. Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыға қазіргі таңда ерекше назар аударады. Отбасында мүмкіндігі шектеулі баланың пайда болуы әрқашан ауыр ,психологиялық жағынан барлық отбасы мүшелері үшін стресс әкелуі де мүмкін. Көбінесе отбасылық қатынастар әлсірейді, науқас бала үшін үнемі алаңдаушылық, шатасу, депрессия сезімі бұл отбасының бұзылуының себебіне әкелуі әбден мүмкін. Талдаулар көрсеткендей, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар арасында ең үлкен пайызы толық емес отбасылар. 15 % пайыз ата-анасы мүгедек баланың туылуына байланысты ажырасқан, анасы жоқ екінші некелі жанұялар .Сондықтан отбасы проблемаларына толық емес отбасының проблемалары бар бала қосылады. Мүгедек баланың болуы отбасындағы басқа балаларға теріс әсер етеді. Оларға аз көңіл бөлінеді, мәдени мүмкіндіктер азаяды олар нашар оқиды, ата-аналарының қадағаламауына байланысты жиі ауырады. Көбінесе мұндай отбасы сырттан жағымсыз көзқарасты бастан кешіреді.Айналаңыздағылар, әсіресе ыңғайсыз жағдайларға тап болып жатады ренжіген көршілер жақын жерде болу (тыныштықты бұзу, әсіресе егер психикалық дамуы тежелген мүгедек бала немесе оның мінез-құлқы балалардың қоршаған ортасының денсаулығына теріс әсер етеді). Мүмкіндігі шектеулі балалардың мүмкіндігі іс жүзінде жоқ толық әлеуметтік байланыстар, жеткілікті қарым-қатынас шеңбері, әсіресе сау құрдастар болып табылады. Қоғам әрқашан мәселелерді дұрыс түсінбейді мұндай отбасылар және олардың аз ғана пайызы басқалардың қолдауын сезінеді. Осыған байланысты ата-аналар мүмкіндігі шектеулі балаларды театрға, киноға, ойын-сауыққа апармайды және т.б., осылайша оларды туғаннан бастап қоғамнан оқшаулауға тырысады.Негізі бұл дұрыс емес. Бүгінгі таңда дәл осындай туындаған мәселенің шешімі табылғандай.Себебі біздің елімізде әрбір бала тең құқылы,оның денсаулығында туындаған ақауына қарамай-ақ ол да қоғамның бір мүшесі.Дәл осылай мүмкіндігі шектеулі балаларда қалыпты балалармен бірге білім алуға арнайы жағдай жасалды. Ол инклюзивті білім беру жүйесі айта аламыз.

Жалпы инклюзивті білім беру туралы толық анықтаманы қарастырайық. Инклюзивті білім беру балаларға қатысты кез келген кемсітушілікті болдырмайтын, барлық адамдарға тең қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдайлар жасайтын идеологияға негізделген.. Инклюзивті әлеуметтік интеграцияны деңгейлік ұйымдастыру отбасына жататын баланы отбасының, балалар ұжымына қабылдауы инклюзивті білім беру қоғамдағы білім мен өмір сүру нормаларын меңгеруге мүмкіндік беретін тиімді әлеуметтендіру құралы болып табылады. Мүгедек балалары бар көптеген ата-аналар балаларын тәрбиелеуде қиындықтарға тап болады. Оның ішінде невротизмінен, эгоцентризмінен, Әлеуметтік және психикалық инфантилизм, тиісті оқыту, кәсіптік бағдар беру кейінгі жұмысқа орналасу. Бұл педагогиканың болуына байланысты, ата-аналардың психологиялық және медициналық білімін анықтау; баланың қабілетін, көзқарасын және оның кемшіліктеріне реакциясын бағалау басқалар арасындағы қарым-қатынас, мүмкіндігінше қоғамға бейімделуге көмектесу Өзін-өзі жүзеге асыру арнайы білімді қажет етеді. Арнайы мамандардың көмегімен әлеуметтік педагог, психолог, невропатолог, психиатр, логопед, массажист, логопед және жаттығу терапиясының мұғалімі.

Жоғарыда көрсетілген мамандардың ішінен әлеуметтік педагогтың жұмысына толығырақ тоқтала кетейін. Қандай көмек көрсете алатын маман?

Мүгедек баланың пайда болуына ата-аналардың реакциясы бойынша отбасының 3 түрі бар:

- бар мәселені дұрыс түсінбеумен байланысты пассивті реакциямен;

- гиперактивті реакциямен, ата-аналар қарқынды емдегенде, «жарқын дәрігерлерді», қымбат дәрілерді, жетекші клиникаларды және т.б. табады;

- орташа ұтымды ұстаныммен: барлық нұсқауларды, дәрігерлердің, психологтардың кеңестерін дәйекті орындау.

Әлеуметтік педагог өз жұмысында үшінші типтегі отбасы позицияларына сүйену керек. Отбасымен жұмыс ынтымақтастық идеясына, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін арттыруға, үйлесімді балалар мен ата - аналар қарым-қатынасын орнатуға негізделген. Бұл жұмыстың міндеттері-ата-аналардың психологиялық көзқарастарын білім беру процесінде отбасының рөліне өзгерту; баламен қарым-қатынас стилін өзгерту; отбасының педагогикалық мүмкіндіктерін кеңінен қолдану. Сонымен қатар, әлеуметтік педагог оқушылар мен ата – аналарды олардың құқықтары мен міндеттерімен, заңнамалық құжаттармен таныстыруды, сондай-ақ денсаулық сақтау мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатысы бар қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар туралы хабардар етуді көздейді. Әлеуметтік педагог инклюзия жөніндегі үйлестірушімен (меңгерушісімен) бірлесіп отбасылық қолдаудың "сыртқы" ресурстары туралы жиналған ақпарат негізінде әлеуметтік қолдау саласындағы серіктес мекемелермен (әлеуметтік қорғау қызметі) желілік өзара іс-қимыл мүмкіндіктерін айқындайды Балалардың құқықтарын, мүгедектердің құқықтарын қорғайтын қоғамдық ұйымдар, қосымша білім беру мекемелерімен байланыс орнатады.Сондай-ақ, әлеуметтік педагог ата-аналар клубтарын және/немесе ата-аналар қауымдастығын құрады.

Мүмкіндігі шектеулі баланың ата-анасымен жұмыс істеу барысында әлеуметтік педагогтың алдына қоятын міндеттері:

1) ата-ананың өз баласы туралы адекватты қабылдауын қалыптастыру: «ауру» ұғымынан бас тартып, «дамудың ерекше заңдылықтары» ұғымына көшу маңызды;

2) баланың жеке, шығармашылық және әлеуметтік ресурстарын барынша дамыту үшін отбасында қолайлы микроклиматты қалыптастыру;

3) ата-аналар мен арасындағы серіктестікті қалыптастыру

білімнің өзара байланысы мен бірін-бірі толықтыруын, тәжірибемен байытуды жүзеге асыратын институттар;

4) ата-аналардың тұлғалық және әлеуметтік дамуы, әлеуметтік белсенділік пен конструктивті мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Отбасымен бетпе-бет жеке жұмыс

мұғалім үйге барған жағдайда үйдің, кіреберістің, пәтердің сыртқы келбеті мен айналасына назар аударады;

- отбасымен кездескенде тек анасын ғана емес, әкесін және басқа отбасы мүшелерін де көруге тырысады;

- ата-аналардан қажеттіліктер, проблемалар және ресурстар туралы біледі;

- баланың сабақтан тыс жұмыстары туралы сұрайды;

- ата-аналардың сұрақтарына жауап береді;

- отбасының балаға қалай қарайтынын, оны тәрбиелеп, дамытып жатқанын бақылайды;

- мінез-құлық, оқу және проблемаларды шешу стратегияларын көрсетеді.

Сол тактиканың бір бөлігі ретінде ата-аналар мұғалімге (немесе мұғалімдерге) барады. Сапар барысында:

- ата-аналар маманның балаға қалай қарайтынын бақылайды (мысалы, олар сыныпта немесе қабылдауда, тестілеу кезінде қатысады);

- мұғалім ата-аналардың сұрақтарына жауап береді және түсіндіреді;

- мұғалім ата-ананың балаға қалай қарайтынын бақылайды;

- мұғалім басқа қызметтердің өкілдерімен кеңесуді ұйымдастырады, егер ол мәселелерді жақсы түсіну және шешу үшін қажет болса немесе бұл отбасына тікелей көмектесе алады;

- мұғалім ата-аналарды бала дамуы бойынша карталарды, диаграммаларды, сауалнамалар толтыруға шақырады, содан кейін олардың нәтижелерін жауаптарымен салыстырады;

- ата-аналар мектеп кеңестері мен комиссияға қатысады;

- ата-аналарға тест немесе бағалау нәтижелері туралы жазбаша есеп беріледі.

Отбасымен жұмыс процесінің кезеңдері:

Бірінші кезең. Қолайсыз отбасыларды анықтау.

Қолайсыз отбасыларды анықтау үшін әлеуметтік тәрбиеші отбасын зерттеудің әртүрлі әдістерін қолданады:

- балаларды бақылау;

- сауалнама, ата-аналар мен балаларға сауалнама жүргізу.

Отбасын диагностикалау-бұл отбасына көмек көрсету және қолдау жүйесі негізделген тұрақты компонент. Диагностикалық процедураларды жүргізу бірқатар принциптерді сақтауды талап етеді: кешенділік, объективтілік, жеткіліктілік, жүйелілік және т.б. егер оған қажетті көрсеткіштер болмаса, диагнозды кеңейтуге болмайды. Жаңа зерттеу тек алдыңғы диагностикалық ақпаратты талдау негізінде жасалуы мүмкін. Ата-аналардың шағымдарын бастапқы диагностикалаудан, содан кейін осы шағымдардың дұрыстығын зерттеуден бастау керек,көрсетілген бұзушылықтардың себептерін анықтаңыз.

Екінші кезең. Отбасы тәрбиесінің түрлерін анықтау.Бұл кезеңде әлеуметтік педагог бала мен ата-ана қарым-қатынасын зерттеуге бағытталған әдістерді қолданады; әрбір отбасы мүшесінің жетекші мінез-құлық үлгілерін анықтау; отбасындағы қарым-қатынас сипатын зерттеу.

Үшінші кезең. Отбасымен жұмыс істеу формалары мен әдістерін саралау.Әлеуметтік педагог отбасылық тәрбиенің басым түрін ескере отырып, отбасындағы балаға деген көзқарасты түзетуге бағытталған отбасымен жұмыс жоспарын жасайды.

Төртінші кезең. Бірлескен жұмысты ұйымдастыру. Отбасына көмек көрсету үшін (ақпараттық, делдалдық, бос уақыт, Әлеуметтік және педагогикалық) әр түрлі мамандармен (педагогикалық ұжым, ОДН инспекторы, қорғаншылық және қамқоршылық бөлімі, Әлеуметтік қорғау және т.б.) ынтымақтастық қажет. алқалы шешімдер қабылдау мақсатында білім беру ұйымының педагогикалық ұжымымен өзара іс-қимыл жасау;

* мектеп ұжымында салауатты әлеуметтік-психологиялық ахуалды сақтау және инклюзивті мәдениетті дамыту;

* ОР бар баланың отбасын әлеуметтік-педагогикалық зерттеу, оның бейімделу әлеуеті мен қабілеттерін анықтау;

* мұндай отбасын анықтамалық ақпаратты, консультацияны, оқытудың белсенді нысандарын (мысалы, тренингтерді)қоса алғанда, білім беру қызметтерінің кешенімен қамтамасыз ету;

* білім беру ұйымы жағдайында да, одан тыс жерлерде де ересектер мен балалардың өзара іс-қимылының, ынтымақтастығының әртүрлі түрлерін ұйымдастыру, бірлескен әлеуметтік пайдалы қызметке қосу (педагог — бала — отбасы);

* өзін-өзі және өзара көмек топтарын құру желісі бойынша білім беру ұйымының басқа оқушыларының отбасыларымен өзара іс-қимыл жасау;

* әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша отбасын ақпараттандыруға бағытталған ақпараттық қолдау;

* шұғыл психологиялық көмек және жарақаттан кейінгі стресстермен жұмыс істеуге қолдау көрсету, өз құзыреті шегінде психологиялық кеңес беру;

* әлеуметтік адвокаттандырудың делдалдық функциялары мен функцияларын орындау-жанжалды және әлеуметтік қиын жағдайларда ОР бар баланың және оның отбасының құқықтарын қорғау; әртүрлі мемлекеттік қызметтер мен ұйымдарда олардың мүдделерін білдіру; қоғамдық санада гуманистік көзқарастарды тарату, халықтың көпшілігінің санасында жағымсыз әлеуметтік-психологиялық стереотиптерді еңсеру; әртүрлі мамандардың, ұйымдардың көмекші әрекеттерін үйлестіру, балалармен және олардың отбасыларымен оңалту жұмыстарына қатысатын ведомстволардың, еріктілер және қайырымдылық ұйымдарының;

* теріс тәуелділіктің алдын алу (есірткі, алкоголь);

* білім беру ұйымының Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жоспарларын жасау және іске асыру.

Отбасымен жұмыс істеудің негізгі функциялары:

1. Қауіпсіздік және қорғаныс функциясы. Ол қамтамасыз етуге бағытталған

балалардың өмірін сақтау, олардың сыртқы қауіптерден қауіпсіздігі, баланың заңды құқықтары мен мүдделерін құқықтық қорғау, оған шұғыл көмек көрсету

көмек.

2.Профилактикалық функция. Басқалармен ынтымақтастықта мекемелермен, ұйымдармен педагогтар қолайсыз отбасыларды ерте анықтау бойынша жұмыс жүргізеді, отбасылық жанжалдарды шешуде уақтылы көмек көрсетеді, отбасылық тәрбие жағдайларын сауықтыруға ұсыныстар береді, білікті құқықтық, психологиялық қолдау.

3.Қалпына келтіру функциясы. Отбасындағы балалардың өмір сүру жағдайларын жақсарту бойынша шараларды жүзеге асыра отырып, мұғалімдер баланың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, оның әлеуметтенудің негізгі институттарымен байланысын нығайтуға, отбасылардың күш-жігерін қолдауға ықпал етеді, өздерінің функционалдық сәтсіздіктерін жеңуге дайын екендіктерін көрсетеді.

4. Түзету және дамыту функциясы. В кешенді диагностикасы негізінде балалармен және оның отбасымен медициналық-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық жұмыс шараларының жүйесі анықталады.

5. Сауықтыру функциясы сүйемелдеуді жәнебаланың денсаулығын нығайту бойынша ұсыныстар.

6. Компенсаторлық функция. Егер одан алшақтықты жеңу мүмкін болмаса, биологиялық отбасын алмастыру жолдарын іздеуден тұрады бала.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылармен жұмыс істеудің маңызды жағы мүгедек балалардың ата-аналарының қоғамдық бірлестіктерін құру болып табылады.

Мұндай бірлестіктердің болуы, біріншіден, ата-аналарға олардың жалғыз емес екендігіне сендіреді, екіншіден, көмекке, түсіністікке, біліммен, тәжірибемен, пайдалы ақпаратпен өзара байытуға үміт туғызады; осындай "бақытсыздық әріптестерімен"қарым-қатынас шеңберін кеңейтеді. Ең бастысы, "бақытсыздықтағы әріптестер" шеңберіндегі бұл қарым-қатынас әлеуметтік әлемді "біздікі" және "біздікі емес" деп бөлуге түрткі болмайды, бұл өз кезегінде оларды қоғамның қалған бөлігінен бөлуге әкеледі. Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасына көмек көрсетудің пәрменді тәсілдерінің бірі - "ата-аналар клубы", онда әртүрлі жұмыс түрлері пайдаланылады.

Дамуында ауытқулары бар баланы тәрбиелеп отырған отбасына кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету жүйесінің тиімділігі мектепке дейінгі мекеменің әлеуметтік педагогтарымен және мамандарымен өзара іс-қимыл жасайтын ата-аналардың өз қабілеттеріне деген сенімділікке ие болып, шығармашылық белсенділік танытып, оны баласымен нәтижелі өзара іс-қимылға бағыттайтындығын растайды.Баланың денсаулығы мүгедек болғанымен,санасы мүгедек болмауына мектеп,қоғам, ел болып үлес қосайық!

Әдебиеттер тізімі

1.Битянова М.Р. Инклюзивное образование //. — М.: «Классное руководство и воспитание школьников», 2015. — С. 7–8. Кенсаринова М. В. Теория коллектива А. С. Макаренко: философские и психологические аспекты // Успехи современного естествознания. — 2015. — № 1. — С. 301–304. Методы воспитания. Классификация методов воспитания. // Лекции.Ком. URL: http://lektsii.com/2–14971.html (дата обращения: 22.03.2018). Рудь Н. Н. Инклюзивное образование: проблемы, поиски, решения. Методическое пособие. — М.: Перспектива, 2011. — 28 с. Чемоданова Д. И. Инклюзивное образование как социально-педагогический феномен // Человеческий капитал. — 2014. — № 1. — С. 10–13.

2. Дуда, И. В. Особенности межличностных отношений в инклюзивном классе начальной школы. / И. В. Дуда, Н. А. Петрик. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2018. — № 14 (200). — С. 49-52. — URL: https://moluch.ru/archive/200/49132/ (дата обращения: 19.01.2024).

3. Выготский Л. С. Собрание сочинений: в 6 т. /Л. С. Выготский; под ред. Т. А. Власовой. — М.: Педагогика, 1983. Т. 5: Основы дефектологии. — 368 с. — Именной указ.: с. 358–360. — 30000 экз

4. Кумаржанова К.Ш. Социально-педагогическая работа с семьей ребенка, имеющего ограниченные возможности:автореф. дис. .... канд. пед. наук. Спец. 13.00.01 — «Общая педагогика, история педагогики и образования» /К.Ш. Кумаржанова. — Алматы, 2003 — 45 с.

5. Искакова А.Т. Основы инклюзивного образования: учеб. пос. / А.Т. Искакова, З.А. Мовкебаева, Г. Закаева, Г. Айтбаева, А.А. Байтурсынова. — Алматы, 2013 — 280 с.

6. Сабирова Ж.Н. Инклюзивті оқытуды ұйымдастырудың мазмұны / Ж.Н. Сабирова, Г.К. Шугаева // Сб. Материалов IX Междунар. науч.-практ. конф. «Наука и образование в современном мире: вызовы XXI века». — Нур-Султан, 2021 —53

ТІЛ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ-ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Исманова Рабиға Жолдасовна,
п.ғ.к., аға оқытушы
Ахметова Гаухар Кенжебаевна
аға оқытушы
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогика кафедрасы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Аннотация. Мақалада сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың қоршаған ортаға тез сіңісіп, ойдағыдай әлеуметтеніп, бейімделетіні айтылады. Оқытуды балалардың санына емес, үйде оқытудың негізгі қажеттілігін білуге және жеке сабақтармен қамтамасыз етуге ерекше назар аудара отырып ұйымдастыру қажеттілігі аталады

Тірек сөздер. Сөйлеу тіліндегі бұзылыс, әлеуметтендіру, психологиялық-педагогикалық қолдау, түзету.

В статье отмечается, что дети с нарушениями речи быстро приспосабливаются, успешно взаимодействуют в социуме и интегрируются в окружающую среду. Особое внимание уделяется необходимости организации обучения с акцентом на понимание основной потребности в домашнем обучении и предоставлении индивидуальных занятий, вместо фокусировки на количестве детей.

Ключевые слова: Речевое расстройство, социализация, психолого-педагогическое сопровождение, коррекция.

The article notes that children with speech disorders quickly adapt, successfully interact in society, and integrate into the surrounding environment. Special attention is given to the necessity of organizing education with an emphasis on understanding the fundamental need for home learning and providing individualized sessions, rather than focusing on the quantity of children.

Keywords. Speech disorder, socialization, psychological and pedagogical support, correction.

Кіріспе. Еліміздегі мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде дамуында түрлі бұзылулары бар балалар санының өсуі қоғам алдындағы тұрған үлкен мәселенің бірі.

Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларды әлеуметтендіру түзету жұмысының негізі, оның басты бағыты баланы қоғам өміріне енгізуге бағытталған әлеуметтік интеграция.

Мемлекеттің инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың жеке даму ерекшеліктеріне орай білім алу мен өздерінің қабілеттерін еркін дамытуда мемлекет тарапынан барлық жағдайлар жасауға бағытталады [1]. Мақалада сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларды оқыту үрдісіндегі қазіргі бағыты баланың мектепке дейінгі мекемеде немесе жалпы орта мектепте оқуға бейім болуын міндеттемей, педагогтер ерекше білімге қажеттіліктері бар балалалардың оқитын жерде талап етілуі мүмкін қабілеттерді дамытуға көп көңіл бөле отырып, қоршаған ортаны оның мүмкіндіктеріне бейімдеуге бағыттау жұмыстары «ерекше білім беру қажеттіліктері» мен «ерекше қажеттіліктер» ұғымы баланың өзіне, оның тәрбиесіне, өмірлік, оқу жағдайын жақсартуға байланысты педагогикалық шешімдерді алға қоятыны айтылып [2], сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалардың танымдық қабілетін дамытуға байланысты мәселелер, оларды түзету жұмыстарының тиімділігі қарастырылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларды оқу-тәрбие үрдісінде бірдей қабылдауды, топтардағы орындалатын түрлі іс-шараларға қатыстыруды, топтағы жұмыстарға толық қатыстыра отырып, шешімдер қабылдауға, бірлескен жұмыстарды орындау іс-әрекеттерді пайдалануды көздейді. Әрине бұл көп жылдық жұмысты қажет етеді, жаңа тәсілдер мен әдістерді талап етеді. Заманауи кезеңде толыққанды әрекет ету үшін танымдық процестердің барабар дамуы өте маңызды. Белсенді өмірге деген қызығушылық неғұрлым жоғары болса, баланың интеллектуалды мүмкіндіктерінің шегі соғұрлым кең болады. Сөйлеу функцияларының одан әрі дамуы фонемалық қабылдауға тікелей байланысты. Фонемалық талдауда, дыбыстар мен сөздер тізбегін үйретуде қиындықтар тіл бұзылысы бар

балалардың визуалды қабылдауы объектінің тұтас бейнесінің жеткіліксіз қалыптасуымен және тұрақсыз назарымен, ерікті зейіннің төмен көрсеткішімен, өз қызметін ұйымдастыру мен бақылаудағы қиындықтарымен сипатталады. Осы мәселе бойынша жүргізілген зерттеулер ерікті зейіннің ақпарат беру формасына және тапсырма түріне тікелей тәуелділігін дәлелдеді [3; 4].

Тіл бұзылысы бар балалардың ойлау қабілетінің дамуы психикалық процестердің қалыптасуымен тығыз байланысты және ең алдымен қабылдау, кинетикалық және кинестетикалық праксис, есте сақтау, кеңістіктік көріністер, эмоционалды-ерік сферасымен байланысты сөйлеу функцияларының дамуында орын алады [5], және осы санаттағы балалардағы сөйлеу қабілетінің бұзылу дәрежесі әр түрлі және орталық жүйке жүйесі мен артикуляциялық аппараттың зақымдану дәрежесіне байланысты. Сөйлеу белсенділігінің қалыптасуы мен дамуы әр балада жеке-жеке жүреді. Бұл нормативтік даму шеңберінде болуы мүмкін немесе оның пайда болуында артта қалуы мүмкін. Зерттеулерде сөйлеу тілінде бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлесім мен кең мағынадағы сөйлемдерді құрастыруда айтарлықтай қиындықтар кездесетінін аталады [6, б.89-105].

Сөйлеу қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды-ерікті саласы қалыпты дамып келе жатқан мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды-ерікті саласынан іс жүзінде ерекшеленбейді. Алайда, оның тіл бұзылысына және оның ауырлығына байланысты өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін. Мысалы, моторлы алалиямен ауыратын балаларда экспресивті сөйлеу тілінде, сөйлеу тәжірибесінде, еркін сөйлеуде, артикуляциядағы бұзылыстарымен қатар оқшаулану, агрессивтілік, ашуланшақтық, сезімталдық сияқты белгілері жиі кездесетіні байқалады [7, б.32-42]. Бұл көріністер олардың тіл бұзылысымен тікелей байланысты, өйткені олар көбінесе сөйлеу арқылы өз ойлары мен эмоцияларын білдіре алмайды.

Тұтықпасы бар балаларда, керісінше, олардың қатысымдық тіл бұзылысының сезінуге байланысты ұялшақтық пен өзіне деген сенімсіздікті атап өтуге болады.

Жалпы, сөйлеу патологиясы бар балалар қарым-қатынас процесіне қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен қатар қосылады. Алайда, олар қарым-қатынас серіктестерінің жиі өзгеруімен және үстіртін, аз ұйымдастырылуымен яғни қатысымның баланың сөйлеу тіліндегі бұзылыстардың болуымен ескеріліп, вербалды емес түрінің қолдануымен ерекшеленеді. Сөйлеу дамуының кешігуі үш жасқа дейінгі балалардың ана тілін меңгеруінің баяу қарқынында, сөздік қорының дамымауында, мәнерлі сөйлеудің қалыптаспауында, фразалық және келісімді сөйлеудің болмауында және т.б. көрініс табатыны да айтылады [8].

Баланың басқа балалармен қарым-қатынасқа түсу және қарым-қатынас процесінің тежелуі және оның ерекшелігіне қарай қабілетіне тәуелділігі бар. Мұндай балалар үлкен ұжымдадан аулақ болуға тырысады, бірлескен іс-шараларға әрең қосылады. Қарым-қатынас процесінде сәтсіздіктер немесе қиындықтар болған кезде, олар тіптім коммуникациядан шығып та кетеді. Мұндай қасиет афазиясы бар балаларға тән, ал дизартрия тобындағы балаларда контактілерді құру қабілетінің бұзылыстың ауырлығына айқын тәуелділігі бола бермейді.

Сөйлеудің жалпы дамымауы әртүрлі дәрежеде көрінуі мүмкін. Осыған орай, сөйлеу дамуының үш деңгейі бар. Біз қарастыратын «сөйлемейтін балалар». (сөйлеудің жоқтығымен сипатталады) тобы.

Бұл деңгейдегі балалар қарым-қатынас үшін негізінен дыбыстық еліктеуді, жеке зат есімдер мен тұрмыстық мазмұндағы етістіктерді, дыбыстық сипаты бұлыңғыр, анық емес және өте тұрақсыз сөйлемдердің үзінділерін пайдаланады. Көбінесе бала өзінің "мәлімдемелерін" мимикамен және қимылдармен күшейтеді. Белсенді сөздік қорының айтарлықтай шектеулігі баланың бір сөзбен немесе дыбыстық тіркесіммен бірнеше түрлі ұғымдарды білдіретіндігінде көрінеді. Балалардың сөйлеу қабілетінің төмендігі олардың өмірлік тәжірибесінің және қоршаған өмір туралы (әсіресе табиғи құбылыстар саласында) жеткіліксіз сараланған идеялардың аздығымен түсіндіріледі. Сөйлемейтін балалар өзара әрекеттесу кезінде өздерінің "міндетті емес" бұрылыстарынан бас тартуға бейім болды және өздерінің коммуникативті мүмкіндіктерін міндетті болған кезде ғана пайдаланады [9, б. 74-83]. Ғылыми зерттеулерде

ерте жастағы балалардың жалпы даму процесі олардың сөйлеу тілін дамыту мен түзету кеңістіктікті бағдарлау қабілетін дамыту және психологиялық-педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігін атап өтсе [10, б. 2117–2124], келесі ғылыми тұжырымдар баланың дамуы лексикалық және грамматикалық сауаттылығының ақпаратты есте сақтауда тиімді екенін атайды [11, б. 98-108].

Көптеген жағдайларда дұрыс ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық әсер баланың мінез-құлқындағы жағымсыз бұзылулардың пайда болуына жол бермейді, топта әлеуметтік қолайлы ұжымдық қатынастарды қалыптастырады. Осы қатардағы балалардың сөйлеу тілін дамыту олардың, ана тілін меңгеру, логопедиялық сабақтарда қалыптасқан сөйлеу дағдыларын жетілдіру процесі баланың танымдық қабілеттерін, эмоционалды және ерікті салаларын дамытумен тығыз байланысты. Сонымен бірге сөздің силлабикалық құрылымын түзету жүйелі сөйлеу бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасаудағы басым және қиын міндеттердің бірі екендігі де аталады [12, б. 99]. Бұған балалардың белсенді іс-әрекетінің барлық түрлерін, ұжымдық ойындар мен сабақтар, еңбек, жан-жақты (физикалық, моральдық, ақыл-ой және эстетикалық) дамуға бағытталған түрлі іс-шараларды шебер қолдану ықпал етеді. Сонымен қатар, балаларда коммуникативті дағдылар қалыптасып, бекітіліп қана қоймай, сөйлеу мінез-құлқын реттеу үшін жағымды жағдай жасалады. Тіл бұзылысы бар балалардың үйлесімді сөйлеуін дамыту түзету жұмыстарын оңтайландыру әдістерімен (мнемотехника, мнемотаблицалар) тығыз байланыста жүргізілуі және педагогтердің оларды тиімді пайдалануы ерекше орын алатыны айтылуда [13, б.2622-2633]. Арнайы білім беру жүйесіндегі педагог кәсіби құзыретті, инновациялық қызметке ынталы болуы, заманауи технологияларды талдай, таңдай білуі, ықтимал баламаларды анықтауы, оларды ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне бейімдеуі керек, яғни таңдалған әдіс зейінді, қабылдау мен есте сақтауды қалыптастыруға, көру, есту және ойлау дағдыларын дамытуға, мінез-құлық проблемаларын жою және психологиялық қиындықтармен күресе білу қасиеттерін дамытуға, дұрыс және мағыналы оқу дағдыларын қалыптастыруға, әлеуметтік бейімделуді дамыту, нығайтуға бағытталуы қажет. Сонымен бірге арнайы түзету жұмыстары оқу үрдісімен қатар іске асырыла отырып, танымдық процестерді, сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалардың сөйлеу, есту, ойлау қызметін дамытуға, белсенді және пассивті сөздік қорын қалыптастыруға, сөйлеуді қабылдау дағдыларын дамытуға және өз сөзін бақылауға, ауызша-логикалық ойлау мен сөйлеу жадын дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері мен талдау. Зерттеу барысында сөйлеу тілінде бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балаларда сөздік қоры жеткілікті, сөзжасам және сөйлем құрастыру, дұрыс дыбыстық айтылу, дыбыстық талдау мен жинақтау дағдылары қалыптасқан балалардан ойындарда көбінесе іс-әрекеттің мақсаты мен бағыты болмайтындығымен ерекшеленетіндігі, бір әрекеттен екіншісіне ауысудағы қиындықтар, қимыл іс-әрекетінің бір бағытты, бір сарындылығымен, ойындарда көбінесе іс-әрекеттің мақсаты мен бағыты болмайтындығымен ерекшеленетіні, дыбыстық айтылымның бұзылуы, фонематикалық есту қабілетінің дамымауы, сөздік қор мен грамматикалық құрылымның қалыптасуында айқын артта қалушылық байқалады. Сонымен қатар сөйлеудің жалпы дамымауы ұғымы сөйлеудің фонетикалық, фонематикалық және лексикалық-грамматикалық жақтарындағы бұзылыстардың сапалық көріністерін, олардың сөйлеу әрекетіне өзара әсер етуінің психологиялық механизмдерін мұқият және жан-жақты зерттеу негізінде тұжырымдалған сонымен қатар, дыбыстық және семантикалық жақтарға қатысты барлық компоненттердің жүйелі бұзылуын болжайды.

Жүргізілген эксперимент сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларда сөйлеудің дамымауынан басқа бірқатар проблемалар яғни, танымдық белсенділікті қалыптастырудағы қиындықтар, эмоционалды-ерікті саланың дамымауы да байқалды. Сөйлеудің жалпы дамымауы балалардың интеллектуалды, сенсорлық және ерікті сфераларының қалыптасуына әсер етеді. Ойлау операциялары салыстыру, жіктеу, талдау және синтездеуді игерудің ауызша-логикалық ойлауды дамытуда артта қалу, ойлау операцияларын меңгеруде қиыншылықтар бар және

1. Абаева Ғ.Ә, п.ғ.д,доцент Төребаева К.Ж., п.ғ.к., доцент Оразаева Г.С., п.ғ.к., доцент Қартбаева Ж.Ж. / "Арнайы педагогика: оқулық (2- басылым) " / Қарағанды. 2019. – 262 б.

2. И.В.Дубровина , М.К.Акимова , Е.М. Борисова / "Мектеп психологының жұмыс кітабы". – М.: Ағарту, 1991. – 303 бет.

3. Қ.Қ. Өмірбекова, Г.С. Оразаева, Г. Н. Төлебиева, Г. Б. Ибатова/ Логопедия. Оқулық: Жоғарғы педагогикалық оқу орындарының дефектология бөлімдерінің студенттеріне арналған оқулық (Қ.Қ. Өмірбековаңың редакциясымен)- Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 495 бет.

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН ОҚУШЫЛАРМЕН ПРАКТИКА БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кужагулова Гулнар Есеновна
п.ғ.к., аға оқытушы
Музыкалық білім кафедрасы
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-і

Аннотация: В представленной статье рассматриваются особенности формирования духовно-нравственных отношений студентов во время практики со школьниками с нарушением зрения. В настоящее время проблема формирования духовно-нравственных отношений детей и подростков очень актуальна. Формирование духовно-нравственных отношений студентов со слабовидящими школьниками в процессе практики - учит будущего специалиста уметь реализовывать свою практику в сфере инклюзивного образования в соответствии с современными требованиями и уметь использовать чудесные секреты мир музыки на уроках музыки.

The presented article discusses the features of the formation of spiritual and moral relations of students during practice with schoolchildren with visual impairments. Currently, the problem of forming spiritual and moral relations of children and adolescents is very relevant. Formation of spiritual and moral relationships between students and visually impaired schoolchildren in the process of practice teaches the future specialist to be able to implement his practice in the field of inclusive education in accordance with modern requirements and to be able to use the wonderful secrets of the world of music in music lessons.

Ұсынылып отырған мақалада көру қабілеті бұзылған оқушылармен практика барысында студенттердің рухани-адамгершілік қарым-қатынасын қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылған. Қазіргі таңда балалар мен жасөспірімдердің рухани- адамгершілік қарым-қатынасын қалыптастыру мәселесі өте өзекті. Көру қабілеті бұзылған оқушылармен студенттердің рухани-адамгершілік қарым-қатынасын қалыптастыруды практика барысында жүзеге асыру – болашақ маманның инклюзивті білім беру саласындағы іс-тәжірибесін жаңа заман талабына сай жүзеге асыра білуге және музыка әлеміндегі ғажайып сырларды музыка сабағында қолдана білуге үйретеді.

Тірек сөздер: рухани-адамгершілік қарым-қатынас, студенттер, көру қабілеті бұзылған оқушылар, мектеп, жоғары мектеп, практика, музыка сабағы.

Қазіргі білім беру жүйесі жаңартылған реформалар жағдайында екендігі бәрімізге мәлім. Жыл өткен сайын әлемдік деңгейдегі білім беру мазмұны жаңарып, жедел өркендеу үстінде. Пайда болып жатқан жаңа мәселелердің көптігі сонша кейбіреулерін шешу мүмкін еместігі де айқын болып отыр. Солардың ішінен ерекше қажеттіліктері бар баланы оқыту мен тәрбиелеудің дамуы да қарқынды болып келеді. Осы мәселелерді шешу барысында еліміздің өскелең ұрпағын рухани-адамгершілік қатынаста тәрбиелеу мәселесі маңызды. Бұл мәселенің басты себебі – жалпы қоғамның рухани деңгейінің төмендеуі, соның салдарынан идеологиялық бағдарлардың өзгерістерге ұшырауы - зорлық-зомбылық, өзімшілдік және алдаудың көбеюі.

Заман талабы бойынша білім берудің басым бағыты психикалық және физикалық дені сау, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын азамат, патриот және гуманист еңбекқор тұлға тәрбиелеу. Мұндай бағытты жүзеге асыру үшін жоғары сапалы білім беру мекемесі мен ата-ананың және болашақ мамандардың бірлескен жұмысы арқылы қол жеткізуге болады. Ешқандай мемлекет өз халқының рухани-адамгершілік санасынсыз лайықты деңгейде өмір сүре алмайды. Кез келген қоғамның дамуы мен табысты гүлденуі әрбір

жеке адамның азаматтық ұстанымына, оның табысты өмірі мен рухани құндылықтарына, адамгершілік нанымдары мен өмірдегі басымдықтарына байланысты. Рухани-адамгершілік тәрбие өте ауқымды құбылыс, өйткені оның негізі мектепке дейінгі кезеңде қаланады. Кез келген адамның ең алғашқы рухани болмысын қалыптастыру балалық шақтан бастау алады [1].

Дамыған тұлғаның тұрақтылыққа қажеттілігі адамгершілік құндылықтар жүйесі арқылы өзін-өзі жетілдіру мен адамның руханилығы ретінде анықталады. Сондықтан да бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған басты мәселе - көру патологиялары бар балаға ерекше көзқарас пен қарым-қатынастың қажеттілігі. Бізді қоршаған әлемді түсінуде табиғи құбылыстар маңызды рөл атқарады, өйткені, адам ақпаратты шамамен 70% өз көзімен қабылдайды. Сонымен қатар, әлеуметтік құбылыстарды да көру үшін көру аппаратының маңызы зор, баланың көру қабілеті нашарлағанда құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуі қиындай бастайды. Сол себептен де осы мәселелерді шешу үшін мұғаліммен бірлесе істеген жұмыс ата-аналардан да қосымша көмекті талап етеді. Атап айтқанда, көруі нашар балаларға ерекше қарым-қатынас пен рухани мейірімділіктің болуы. Педагогикалық тәжірибе барысында студенттер көруі нашар балалармен жұмыс істеуге белсенділік танытады және қолдарынан келгенше рухани-адамгершілік қарым-қатынас жасауға бейім келеді. Мұндай қызмет түрі студенттерден үлкен рухани-адамгершілікті, сенім мен мейірімділікті қажет етеді және көруі нашар балаларға әлемдегі сұлулықты көрмесе де сезіне білуге рухани күш береді. Студенттерді көруі нашар балалармен жұмыс істеу барысында рухани-адамгершілік қатынасқа тәрбиелеу мәселесі қазіргі қоғамда алдыңғы орында болу керек десек, қателеспеген болар едік. Қазіргі кезде қатыгездік, зорлық-зомбылық және әділетсіздік басым болып бара жатыр. Көшеде көруі нашар балалар кездессе, оларға рухани және әлеуметтік көмек көрсету кез келген адамның қолынан келетін іс.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да көруі нашар және мүлде көрмейтін зағип студенттер білім алуда. Мұндай студенттердің өмірге деген құштарлығы, әр нәрсені білсем деген талпынысы ерекше. Отбасы, мектеп, жоғары оқу орны бірлесіп жұмыс жасаған жағдайда саналы, қоғамдағы ересек өмірге дайын, еңбекке белсене араласатын адам тәрбиелеу жеңілірек болады. Көру қабілеті бұзылған балаға берілетін білім де әдістемелік жағынан өзгеше болады. Бұл тұлғаның адекватты жауап беруінің қажетті шарты өмірлік мәселелер мен белгілі бір арнайы білім беру әдістерінің жүзеге асырылуымен тығыз байланысты. Мектеп мұғалімдері мен жоғары мектеп оқытушылары көруі нашар және мүлде көрмейтін зағип балаларды дамытуға мүмкіндік беретін компенсаторлық процестерді қалыптастырумен қатар баланың психикалық қасиеттерін де негізге алады. Көру қабілеті бұзылған баланы тәрбиелеу мен дамытуда ең маңыздысы әрқашан баламен бірге болу, көмектесу, оның ниетімен санасу, айналасындағы әлемді түсінуде кішкене кездесетін қиындықтарды жеңе білуге көмектесу. Бірақ мектеп мұғалімдері мен жоғары мектеп оқытушылары көруі нашар және мүлде көрмейтін зағип балаларды дамытуға қанша күш салса да отбасының төмендігі, ата-аналар тарапынан қайталанатын сенімсіздік баланың өз кемшілігін мойындап, өмірде өзінің физикалық жағынан әлсіздігін мойындауына әкеледі. Отбасындағы, мектеп пен жоғары мектептегі қарым-қатынастар табиғи жүйеде болуы керек, бала үлкендер тарапынан беріліп жатқан көмекті жаны ашығандықтан емес, табиғи қарым-қатынас ретінде қабылдауы керек.

Педагогикалық тәжірибе барысында студенттерде рухани-адамгершілік тәрбиесінің төмен болуы көру қабілеті нашар балаларда сенімсіздіктің қалыптасуына әкеледі және баланың бүкіл әлемге, ата-анаға, басқа да ересек адамдардың іс-әрекетіне өшпенділігін тудырады. Көру қабілеті нашар балалардың назарын әр адамның өмірінде болатын маңызды адамгершілік пен шынайылық, мейірімділік және ізгі ниетті ғибратты ертегілер мен әңгімелер арқылы сенімділік тудырса, олардың болашаққа деген сенімі, айналасындағы адамдарға деген достық сезімі қалыптаса бастайды. Әр баланың мінез-құлқы мен қабылдау қабілеті әртүрлі. Сондықтан алдымен көру қабілеті бұзылған баланы тәрбиелеу кезінде мүмкін болатын қиындықтарды анықтау қажет. Қарым-қатынас кезінде көру қабілеті нашар балалардың ақпаратты дұрыс қабылдамауы ересек адамдардың берген мәліметтерінің жеткіліксіз

деңгейде жетуіне де байланысты. Көру қабілеті бұзылған бала қоршаған ортадағы өзін қызықтырған ақпаратты көзі көрмесе де өзі көріп отырған деңгейде қабылдаса, баланың қызығушылығы артып, сол өзін қызықтырған әлемге еніп отырғандай күй кешеді. Сыртқы әлеммен дұрыс қарым-қатынас жасау, үлкендерді құрметтеу, өзін әдемі сезіну сезімдері арта түседі. Сапалы әрі жемісті жүргізілген жұмыстар балалардың жағымды қасиеттерін тудырып, өнердің әртүрлі түрлеріне бейімділік пен қызығушылықтарын арттырады, ойлау және сөйлеу мүмкіндіктері мен ұсақ моториканың дамуына септігін тигізеді [2].

Көру қабілеті бұзылған балаларға білім беруде де қажет ақпаратты берудің белгілі бір әдістері мен тәсілдерін, стилін іздеу және қолдану маңызды болып табылады. Ерекше қолдауды қажет ететін баламен байланыс орнату мейірімділікті, көпшіл және жанашыр болуды талап етеді. Жеке тәжірибеден немесе ата-ананың, мұғалімдердің тәжірибесінен басқа, бала жиі тыңдайтын сүйікті кітап кейіпкерлерінің көмегімен де жағымды іс-әрекеттер туралы білім беруге болады. Сапасыз оқылған мәтін көру қабілеті бұзылған балада кемшілік сезімін арттыруға, әлемге сенімсіздік және өз күшіне сене алмаушылық сезіміне әкеледі. Көзі нашар көретін бала да қоғамның ұйымдасқан бір мүшесі, ол да тәрбиелеу мен оқыту ережелеріне бағынуға қабілетті, білім берудің талаптары мен стандарттарына сай өз іс-әрекеттерін дұрыс үйлестіре алуға толық құқылы. Көру қабілеті бұзылған оқушыларды үнемі назарда ұстаған жөн. Көру қабілеті бұзылған бала бойындағы кемшілік оларға айналадағы жағымды көріністерді білуге және еліктеуге толық мүмкіндік бермейді, өйткені олар жақсы көрмейді. Сондай-ақ, көру қабілеті бұзылған оқушылар құрбыларының, ата-аналардың, мұғалімдердің жағымды және жағымсыз эмоцияларын тез қабылдайды, жағымсыз эмоциялар толығымен оларды жек көруге, жиі наразылық тудыруға, қаттылық пен қырсықтыққа әкелсе, жағымды эмоциялар мейірімділік пен сүйіспеншілікке, рухани қарым-қатынасқа жетелейді. Бірақ, кез келген бала дами алады және белгілі бір моральдық ұғымдар мен құндылықтарды бойына сіңіре алады. Тұрақты ұзақ және мақсатты жүргізілген жұмыс ойдағыдай дамып, баланы рухани және адамгершілік қасиеттерге тәрбиелей алады. Баланың адамгершілігі оның дағдылар мен әдеттерді, моральдық нұсқаулар мен ережелерді дұрыс қабылауларына, талаптарды сақтауымен тығыз байланысты. Көру қабілеті бұзылған оқушылармен студенттер практика барысында рухани-адамгершілік пен жағымды мінез-құлық ережелерін неғұрлым сезімталдықпен және сауаттылықпен үйрете алса, соғұрлым жүргізілген жұмыс та өзінің жақсы нәтижесін береді. Практика кезінде студенттердің рухани-адамгершілікке бағытталған өнер түрлерін, ойлау және сөйлеу мүмкіндіктерін, музыка өнерін дамытуға арналған материалдарды позитивті пайдалануы - көру қабілеті бұзылған балаларда бейімділік пен қызығушылықты, қозғалыс дағдыларындағы жылдамдықты арттыруға септігін тигізеді. Қазіргі заманғы мәселелер заманауи технологиялар мен оларды дұрыс қолдану жолдарын талап етеді және мұғалімге белсенді, жауапты, шығармашылық, мақсатты және оң түпкі нәтижеге бағытталған жауапкершілікті жүктейді. Мұның бәрі адамның өзі шығармашыл және қабілетті болса, оның өзін-өзі дамыту мүмкіндігінің жоғары көрсеткішінің дәлелі.

Қазіргі қоғамдағы рухани-адамгершілік тәрбиесі оқушылар мен студенттер үшін білім беру үдерісіндегі ең маңызды бағыт болып табылады. Рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі қызметі - оқушылар мен студенттерде дұрыс рухани құндылықтарды және олардың бойында тұрақты моральдық мінез-құлық, салауатты өмір салтын, белсенді өмірлік ұстанымды, әлсіз адамның іс-әрекетіне және көзқарасына назар аудара білу әдеттерін ортақ парыз сезімі ретінде қалыптастыру. Практика барысында студенттер көру қабілеті бұзылған оқушылармен әртүрлі көркем материалдар мен шығармашылық әдістерді пайдалана отырып, өзін-өзі танумен қатар көп қырлы, шығармашылық, жеке тұлғаның даралығын сезінуді өздеріне басты мақсат етіп қойды. Ол үшін көру қабілеті бұзылған оқушылардың дамуына жағдай жасауда бастамашылдық, тапқырлық, ойлау икемділігін қолдану дағдыларын жүзеге асыру маңызды. Сонымен қатар практика кезінде көру қабілеті бұзылған оқушыларды шығармашылық дағдылар және патриотизмге тәрбиелеу, мәдениет тарихын белсенді білу және халықтардың дәстүрлерін ажырата білу, өз денсаулығына құндылық көзқарасын қалыптастыру, ұжымда саналы достық орнату, қоршаған ортаға деген құндылық көзқарасы мен сұлулыққа деген

сезімнің құндылық қатынасын қалыптастыру, әнді қабылдау арқылы табиғат сұлулығын түсіне білу міндеттері де негізге алынды. Студенттердің мұғалім ретінде өз сабақтарында ойын түрлерін қолдануы, музыкалық жағдаяттарды шешуі, музыкалық-дидактикалық ойындар ойнатуы, шығармашылық ұжымдық жұмыс оқушылардың қызығушылықтарын арттырды. Практика барысында әрқашан есте сақтау, меңгеру, кез келген материалды нақтылау және бекіту баланың рухани-адамгершілік дамуына, оның рухани жан-дүниесін арттыруға елеулі өзгерістер әкелді. Сабақ кезінде музыканы үйретудің дәстүрлі емес тәсілдеріне балалардың қызығушылығын ояту, қоршаған әлем туралы ауызша ақпарат беру, негізінен, рухани-адамгершілік тәрбиесі мектептегі сабақ процесінде ерекше жүзеге асады. Сабақ - бұл жаңа пайдалы білім алу ғана емес, сонымен бірге ол әртүрлі ұжымдық тәжірибелер, әрекеттер және маңызды материалдарды жинақтау мен моральдық қарым-қатынас тәжірибесі. Сыныптағы іс-әрекет барысында балалар жеке, жұптық, топтық жұмыстарды үйренеді және өз пікірін білдіру үшін ойын ашық айта алады. Сабақта балалар қуаныш, толқу және ризалық сезімдерді сезінуге үйренеді, сондай-ақ уақытша болса да көңілсіздіктер мен алғашқы сәтсіздіктері туралы ойлардан арылады.

Практика барысында рухани-адамгершілік білімді меңгеруде ең басты «Музыка» пәні болып табылады, себебі, «Музыка» пәні қызықты да күрделі пән. Ол органикалық түрде музыка тарихы мен теориясынан, мюзиклді шығармалардан, музыкалық аспаптар мен кез келген баламен резонанс тудыратын ән айту шеберлігінен тұрады. Музыка өнері – баланың дамуына көмектесетін ең қолайлы әдістердің бірі және адамгершілікті, руханилықты дамытуда басты орын алады. Кез келген музыка адамның ішкі дүниесін, оның өмірлік бағдарлары мен құндылықтарын тануға көмектеседі. Музыканың әлеуеті зор және өмірде үлкен рөл атқарады. Бірақ, өкінішке орай, кейде музыка құдіреті құндылық ретінде жиі бағаланбайды. Кейбір ата-аналар мен оқушылардың өздері де музыканың сазды сазын түсіне алмайды. Бізді қоршап тұрғанның бәрі музыка: құстардың әні, судың шуылы, қардың сықырлауы, ағаштардың сыбдыры және тіпті фортепиано пернелерін жай ғана басу белгілі бір дыбыс шығарады және дыбыстардың қосындысы музыканың пайда болуына әкеледі. Сондықтан оқушыларды музыкалық мәдениетпен таныстыру өте маңызды! Абай, В.А.Моцарт, П.И.Чайковский шығармаларымен таныстыру балаларды музыка мәдениетіне тәрбиелеу болып табылады. Түрлі музыкалық шығармалар мен аспаптармен таныстыру арқылы оқушыларды музыкалық шығармашылық пен адамгершілікке баулу, рухани ойлауға үйрету, эмоционалды сезімталдылықты тудыру – музыка мұғалімінің негізгі міндеті. «Музыка» пәні ең көп пәндердің бірі сияқты оқушыларға түсінуге оңай, мұнда күрделі ештеңе жоқ, тек ән айту ғана аздап қиындық келтіргенмен де үйреніп алған соң, оқушыларда қуаныш сезімін тудырады. Музыка мұғалімдері мен музыка саласында оқып жүрген студенттер де жалпы музыканың өзі сияқты, керемет адамдар. Олардың жүректері нәзік, өздері өте сезімтал келеді. Бірақ бұл да өте күрделі мамандық. Мұғалімнің алдында кез келген адам сияқты, бірқатар міндеттер мен мәселелер туындайды, олардың бірі - музыканы оқушыларға дұрыс қабылдату. Балалардың көпшілігі ән айтқанды ұнатады, әннің де негізгі адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға көмектесетіні белгілі. Бұл да музыканың даусыз жоғары рөлі.

Жаһандық әлемде балалар мен жасөспірімдер ақпараттың зиянды, теріс сарқылмас ағынының жетегіне көп еріп кетіп жатыр. Мұғалімдердің міндеті - балаларды жалған әсер мен жалған мәдениеттен қорғау мен әр баланың рухани әлемін таза және тыныш ұстауға үйрету. Ненің жаман екенін және жағымсыз әрекеттің не әкелетінін айту маңызды. Басты міндет - оларға музыка арқылы жақсы нәрселерді үйрету. Сонымен қатар балалар күнделікті өмірде өз бетінше дұрыс және ақылға қонымды таңдау жасау арқылы жағымды іс-әрекеттерді игереді және жағымсыз әрекеттерден өз бетінше қорғануға қабілетті болады. Көркемдік-эстетикалық әрекет балалардың рухани-адамгершілік идеяларына эмоционалды әсер етеді. Көру қабілеті бұзылған балалар құрдастарынан айтарлықтай ерекшеленеді, олар өзіне көбірек көңіл бөлуді, басқаша көзқарасты талап етеді және көру қабілеті жақсы құрбыларына қарағанда үйрену дағдылары да баяу болады. Көру қабілеті нашар бала үшін иіс пен дыбыс әлемдегі жетекші және көмекші құрал ретінде ең маңызды орын алады. Көру қабілеті бұзылған баланың

дамуында физикалық, сондай-ақ психикалық кідіріс бар. Бұл шектеулі белсенділікке байланысты және көру қабілеті өткір балалардағыдай әрқашан барлық жерде ілесе алмайды. Соқыр баланың дамуының белгілі бір кезеңдері мен мүмкін емес кезеңдері бар. Соқыр баланың өмірінде тұлғалық аспектілерді дамытуда кейбір диспропорциялар бар, бұл сөйлеуге, ойлауға, қозғалысқа қатысты. Айналадағы дүниені қабылдау қиын. Көру қабілеті бұзылған балалар сабақ барысында көбірек алаңдаушылық танытады. Сыртқы әлеммен танысу кезінде шектеулер пайда болады, кеңістікте бағдарлау және қоршаған орта, қозғалыс, қарым-қатынас және оқу қиындықтары жиі кездеседі. Көру қабілеті бұзылған балалар ақпаратты баяу қабылдайды, кейбір заттарды қабылдату сенсорлық тәжірибе негізінде жүзеге асырылады [3].

Айналадағы зат туралы дұрыс емес түсініктер сөйлеудің семантикалық жағының дамымауына себеп болады және оқушының танымдық белсенділігін дамытуда қиындықтар тудырады. Сондықтан музыка сабағы кезінде тілдік емес қарым-қатынас құралдары – мимика, ым-ишара да қолданылады. Бұл көзі дұрыс көрмейтін баланың сөйлеуді түсінуіне және сөйлеу мәнеріне әсер етеді. Сондай балалардың сабақ барысында құрбыларымен және ересектермен қарым-қатынасы маңызды екені сөзсіз. Студент сабақ барысында оқушыларға бағдарлама бойынша ақпаратты дұрыс жеткізу үшін музыкалық-дидактикалық ертегіні тәрбиелік мақсатта тиімді пайдалана алады. Ертегі арқылы кейіпкерлер арасындағы қақтығыстарды оқушылар этикалық нормалар деп түсінеді, моральдық құндылықтар мен идеалдар туралы дұрыс ақпарат алады. Балаға дидактикалық ертегі қызық болғандықтан, ол оған өз еркімен және ерікті түрде қосылады және келесі сабақта да осындай жаңа ертегілер болса деген тілегін білдіреді, бұл тілек оның адамгершілігін қалыптастыратын тәжірибенің негізі. Студенттер басшылығымен балалар дидактикалық ертегіні сахналау арқылы адамгершілік құндылықтармен қатар өзіндік қарым-қатынас жасаудың тәжірибесін меңгереді. Сонымен музыка сабағында дидактикалық ертегі рухани-адамгершілік даму құралы ретінде ең көп көрініс беретін құрал болып табылады. Балалардың дамуында дидактикалық ертегі моральдық құндылықтар, идеалдар, моральдың тактикасы мен үлгілері, мінез-құлық және рухани-адамгершілік мәселелерін шешу үшін қолданылады. Рухани-адамгершіліктің қазіргі даму деңгейін бағалау көру қабілеті бұзылған оқушылармен жұмыс жасау барысында анықталады.

Қорытындылай келе, қазіргі қоғам рухани-адамгершілік дағдарысты бастан кешіру кезінде студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу міндеті үлкен маңызға ие екендігі баршамызға мәлім. Қоғамға білімді ғана емес, рухани-адамгершілігі жоғары ұрпақ та қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1.Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте : психологический очерк. СПб, 2014. 170 с.

2. Гугкаева И. Т. Теоретические основы тифлопедагогики : учебное пособие. Владикавказ, 2017. 92 с.

3. Мирская Н. Б. Профилактика нарушений зрения у детей дошкольного и младшего школьного возраста. М., 2016. 208 с.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Сүлеймен Самал Бейқұтқызы,
п.ғ.м., оқытушы
Өмірзақ Ақерке,
3 курс студенті
Педагогика және психология мамандығы
Абай атындағы ҚазҰПУ

Аңдатпа: Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту бұл- ерекше білім беру қажеттілігі мен мүмкіншіліктерін ескере отырып,барлық балалардың білім алуын қамтамасыз ететін процесс болып табылады.Қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отырған оқыту жүйесін психологиялық-педагогикалық қолдау балаға көмек көрсетудің ерекше жолы. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мекемелерінің ұсынымдарын негізге ала отырып,түзету дамыту жұмыстарын жүзеге асыратын мамандар біліктілігін заман талабынан сай арттырып,дамытып отыру қажет.Тек қана әртүрлі әдістердің жиынтығымен қамтамасыз ету ғана емес,материалдық техникалық жағдайлардың болуы,күрделі технология мен бейімделген оқу бағдарламасын жүзеге асыруға жағдай жасай алу қабілеттерін ашу маңызды рөл атқарады.

Бұл мақалада білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық педагогикалық қолдаудың маңыздылығы жайлы баяндалған.

Кілт сөздер: инклюзивті білім беру,психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес.

Обучение детей с особыми образовательными потребностями в образовательных организациях – это процесс, обеспечивающий обучение всех детей с учетом потребностей и возможностей специального образования.Психолого-педагогическое обеспечение системы образования, которое становится одним из наиболее актуальных вопросов. Сегодня это особый способ помощи детям. На основании рекомендаций психолого-медико-педагогических консультационных учреждений необходимо повышать и развивать квалификацию специалистов, осуществляющих коррекционно-развивающую работу в соответствии с требованиями времени.

Важную роль играет не только обеспечение комплекса различных методик, но и наличие материально-технических условий, возможность создать условия для реализации сложной техники и адаптированной учебной программы.

В данной статье описывается важность психолого-педагогического сопровождения детей с особыми образовательными потребностями в образовательных организациях.

Ключевые слова: инклюзивное образование, психолого-медико-педагогические консультации.

Education of children with special educational needs in educational organizations is a process that ensures the education of all children taking into account the needs and opportunities of special education. Today, this is a special way to help children. Based on the recommendations of psychological-medical-pedagogical consulting institutions, it is necessary to increase and develop the qualifications of specialists who carry out correctional and developmental work in accordance with the requirements of the time.

An important role is played not only by providing a complex of various methods, but also by the availability of material and technical conditions, the opportunity to create conditions for the implementation of complex technology and an adapted educational program.This article describes the importance of psychological and pedagogical support of children with special educational needs in educational organizations.

Keywords: inclusive education, psychological-medical-pedagogical consultations.

Инклюзивті білім беру жүйесінің ағымдағы мәселелері мен болашақтағы даму үрдісін зерттеу үшін инклюзивті білім беру саласының бастауыш/ негізгі білім берудің оқу жоспарлары мен бейімделген оқу бағдарламаларын, дефектолог, логопед, психолог, педагог-ассистент мамандардың жұмысын жоспарлау және психологиялық жағдайда оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістерін теория мен тәжірибе жүзінде талдау өте маңызды. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды инклюзивті білім беру жүйесіне көшірудегі алғашқы қадамдар қоғамның, мамандардың, ата-аналардың жаңадан пікірлерін қалыптастырып, арнайы білім беру жүйесін қолға алуға мүмкіндік туғызды. Көптеген жылдар бойы қалыптасқан инклюзивті білім беру жүйесін тиімді ұйымдастырудың негізі олардың жетекші мамандармен өзара әрекеттесу шарты екенін көрсетті. Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың болашағы іс жүзінде орындалып, ең алдымен, мамандарды дайындау,

қолжетімді орта құру, білім берудің бейімделген оқу бағдарламаларын дамыту, психофизикалық дамуында әртүрлі ерекшеліктері.бар балаларға арналған жеке білім беру бағыттары, сондай-ақ арнайы білім беретін мектептер, түзету орталықтарымен педагогтардың тәжірибе алмасу қажеттілігі, т.б.көптеген мәселелерді шешуді талап ететінін түсіну керек. Бүгінгі таңда заманауи талаптарға сәйкес білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған бейімделген білім беру бағдарламалары мен жеке оқу бағдарламаларында енгізілетін өзгерістер өзекті қажеттілік болып табылады. Оларға нелер жатады? Бағдарламалардың мазмұны мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде қалыптастырылады, бірақ оларды іске асыру қазіргі заманғы арнайы және инклюзивті мектептің міндеттерін жаңаша түсінуде оқыту әдістемесін өзгертуді көздейді, өйткені бейімделген білім беру бағдарламалары білім берудің әртүрлі деңгейлерін, сондай-ақ есту, көру, тірекқимыл аппаратының бұзылуы бар, психикалық дамуы тежелген, жеңіл түрдегі зиятының және аутистикалық бұзылыстары бар оқушыларды әлеуметтіктұрмыстық, әлеуметтік-еңбектік бағытқа дайындаумен жалпы қоғамға бейімдеуді жүзеге асырады. Психологиялық-медициналық-педагогикалықкеңес беру мекемесінің қорытындысына сай берілген ұсынымдарын ескере отырып, әзірленген бейімделген оқу бағдарламаларына, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудың жеке бағдарламасына, оның ішінде қызмет бағытына, талдау үрдісіне көшу, сондай-ақ тәрбиелік, түзету мен дамыту іс-шараларын ұйымдастырудың әртүрлі инновациялық нысандарын, әдістері мен тәсілдерін қолдану мазмұнын таңдау және талдау маңызды қадам болып табылады. Талдау үрдісі мемлекеттік білім стандартының талаптары мен үлгілі бағдарламалардың мазмұны және соның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған бағдарламалар негізінде жүргізіледі. Бұл ретте олардың психофизикалық дамуымен психологиялықмедициналық-педагогикалық кеңес беру мекемесінің ұсынымдары бойынша белгіленген ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Бейімделген білім беру бағдарламасын жобалау мемлекеттік білім беру стандартының құрылымдық бөлімдерін ескереді және балалардың жеке даму дағдыларымен анықталады. Бейімделген білім беру бағдарламасын әзірлеушілердің назарын бейімделген білім беру бағдарламасының мақсаттарын нақты тұжырымдауға және мақсатын нақтылайтын міндеттер кешенін анықтауға аударған жөн. Бейімделетін білім беру бағдарламалары инклюзивті білім берудегі баланың жеке даму ерекшеліктерін есепке алу, әлеуметтік бейімдеу және оңалту, жеке білім беру жоспарларын құру, сондай-ақ денсаулығының психологиялық, физиологиялық жағдайын ескере отырып, психологиялық-медициналық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, арнайы қолдау көрсету, бағдарлы тәрбие мен оқыту, диагностика, түзетедамытудың бірлескен жүйелі жұмысы мен басшы, дәрігер, мұғалім, ата-аналар және олардың балалары арасындағы кешенді өзара әрекетінің ұстанымдарына сүйенеді. Бейімделген оқу бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында оқушылардың сапалы білім алуы мен түлектерді қоршаған қоғамға бейімдеу үшін белсенді әлеуметтенуге тарту, мектептің жаңа біртұтас мәдениағартушылық әлеміне қосылуы үшін арнайы жағдай жасау қажет. Бейімделген білім беру және негізгі білім беру бағдарламаларына көшу психолог, дефектолог, логопед, тәрбиеші, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент және т.б. мамандардың жұмыс ауқымын жоспарлауды және оларды жүзеге асыруға қатысуды қажет етеді. Себебі атаулы бағдарлама бойынша ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін барлық түзету, тәрбиелеу және оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелі болуын пән мұғалімдері мен дефектологиялық білімі бар мамандар тобы қамтамасыз етеді, ал психологиялық-педагогикалық қолдауды тәрбиешілер, әлеуметтік педагогтар, арнайы мамандар, дәрігерлер жүзеге асырады. Инклюзивті білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жоғары оқу орындарының тиісті факультеттерінің түзету педагогикасы, арнайы психология, дефектология кафедраларының ғалымдары,мамандары, ал білім бөлімдерінің басшылары мен олардың мамандары Психологиялық-медициналықпедагогикалық кеңес беру мекемесінің шешімімен оқытуға қолжетімді ортаны ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Инклюзивті білім беру саласы жоғарыда аталған мамандарды, сарапшыларды, педагогтарды, ата-аналарды және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін мамандарды тарта отырып, түзету және

инклюзивті білім беру міндеттерін әзірлеу және оны іске асыру үшін жағдай жасайды, оның ішінде бейімделген оқу бағдарламасын дайындауға және мектепке енгізуге ықпал етеді. Бұл әр ерекше баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, осы бағдарламалар бойынша оқу материалының мазмұнын кезең-кезеңімен меңгеру мен нәтижелі болуын қамтамасыз ету үрдісі бейімделген оқу бағдарламаларына көшудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан жыл сайын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың артуы олармен жұмыстанатын мамандардың заман талабына сай өз білімін жетілдіріп, жылдан-жылға дамып отыруы қажет. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды арнайы педагогикалық-психологиялық қолдау – бұл балалармен түзеу-дамыту жұмысының әртүрлі әдістерінің жиынтығы емес, күрделі технология, даму, оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтену мәселелерін шешуде баланы қолдау мен көмек көрсетудің ерекше жолы. Сондықтан білім беру жүйесінде атаулы балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету өзекті мәселеге айналып отыр. Қолдау қызметінсіз білім беруді ізгілендіру мәселелерін шешу, тұлғаға берілетін білім мен тәрбиені жүзеге асыру, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, олардың психикалық және соматикалық денсаулығын қамтамасыз ету өте қиын. Білім беру ұйымдарында қолдау көрсету қызметі психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысына сүйене отырып ұйымдастырылады, ол тәрбиеленушілер мен білім алушыларға оның бұзылыстары мен даму ерекшеліктерін ескере отырып, жеке көзқарас негізінде өз білім беру бағытын таңдауға мүмкіндік береді. Соңғы уақытта ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялықпедагогикалық қолдаудың қазіргі заман талаптарына сай үлгілері қалыптасып келеді. Қолдау қызметінің үлгілерін әзірлеу кезінде «Онда қандай факторлар жатыр? Бұл үлгі неге байланысты болады?» деген сұрақтар туындайды. Біріншіден, білім беру ұйымдарына баратын балалардың саны, әдетте, әртүрлі болады. Себебі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны да алуан түрлі болады. Ең алдымен, балалардың психикалық дамуының тежелуі, зиятының бұзылуы, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы және т.б. әртүрлі бұзылыстары және оның білім беру жүйесіндегі оқыту мен тәрбиенің негізгі білім беру бағдарламасын игере алатын кішігірім бұзылыстарынан бастап ауыртүріне дейін бұзылыстардың түрлі деңгейлері атап өтіледі. Сол кезде мамандардың көмегі ең алдымен, баланы әлеуметтендіру, өмірлік құзыреттіліктерін, яғни мәдени, тазалық сақтау, қарым-қатынас жасау, өзін-өзі қамтамасыз ету және т.б. дағдыларын қалыптастыру бойынша қажет болады. Сондай-ақ ЕББҚЕ бала тәрбиеленетін жанұяның көп немесе бір балалы отбасы ма, басқа балалармен қарым-қатынас жасау тәжірибесінің бар-жоқтығы, ата-ананың баламен өзара қарым-қатынас сипаты мен оқу үрдісінің тікелей қатысушысы болуға дайындығы, үнемі баламен бірге уақыт өткізуі, ең бастысы, ата-аналардың сарапшылар анықтаған баладағы бұзылыстарды қаншалықты түсініп қабылдауы өте маңызды. Екіншіден, білім беру мекемесінде жұмыс істеп, балаларға қолдау көрсететін арнайы мамандар болады. Балаларға қолдау көрстеудің ерекшелігі мектеп жасына дейінгі немесе мектеп жасындағы балалардың даму деңгейі нәтижелі болу үшін жағдай барлық қызметкерлер жұмыла ат салысуы қажет. Өйткені қолдау кезінде баламен алғаш кездескен адам бала үшін елеулі тұлға болып саналады. Сондықтан балабақшада да, мектепте де «Ұжым» болып, бірлесе қызмет атқаратын әрбір маман: пдефектолог, психолог, логопед, педагог-ассистент, әлеуметтік педагог, дене шынықтыру мен музыка жетекшісі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және топтардың немесе сыныптың тәрбиешілері мен жетекшілері т.б. қызметкерлер өзінің пәндік лауазымдық қызметі саласында өздерінің нақты белгіленген мақсаттары мен міндеттерін орындап, қолдау көрсету үрдісін жүзеге асырады. Үшіншіден, білім беру ұйымдарында жасалған материалдық-техникалық жағдайлардың болуы: мамандармен түзеу-дамыту сабақтарын өткізуге арналған заманауи ақпараттық технологиялық жабдықтар мен оқу әдістемелік материалдардың болуы өте маңызды рөл атқарады. Қорыта айтқанда, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық жағынан қолдау үлгісін құрудың негізгі үш факторын анықтауға болады: балалар саны, қолдауды жүзеге асыруға қажетті мамандар тізімі және материалдықтехникалық жағдайлар. Ал егер жаңадан мамандар алынып, бұрыннан жұмыс жасап жүрген мамандардыңбіліктілігін арттыру арқылы мамандар тізімі артса, қажетті арнайы

құрал-жабдықтарды сатып алу, білім ордасының пәндік-кеңістіктік ортасын жетілдіру жолымен материалдық-техникалық жағдайы жақсарса, онда балалар саны да үнемі өзгеріп отырады. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үлгісі де түрленіп, түрлі бағытта іске асырылатын болады. Ерекше балада қандай бұзушылықтар бар және олардың пайда болу себептері мен уақытына, баланың ата-анасы бұл бұзушылықтарды қалай қабылдауына, білім беру ұйымдарында осы балаға арнайы қандай жағдай жасалғанына байланысты мамандар балаға қажетті инклюзивті білім беру нысандарының бірін таңдап жұмыстанады. Баланың мекемеде білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасалған болса, онда бұл бұзылыстары бар баламен бірге жүруге тиісті барлық мамандар қызмет атқарады. Сондықтан «қолдау» сөзі баламен бірге, оның қасында жүру, кейде сәл алға жылжу дегенді білдіретіні бәрімізге белгілі. Ересек адам пайда болған кедергілер мен қиындықтарды түзетіп отырады. Айналасындағы әлемді тануға, білуге көмектеседі. Түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, кеңес береді. Бала адасқан кезде немесе көмек сұрағанда ғана оның өз жолына оралуына жәрдемдеседі. Балаларды қолдау қызметі өзара әрекеттесу жағдайларында баланың нәтижелі оқуы мен психологиялық дамуы үшін әлеуметтікпсихологиялық жағдайларды жасауға бағытталған мамандардың кәсіби қызметінің жүйесі ретінде анықталады. Баланың қоғамға дұрыс бейімделуі үшін оның жеке әлеуетін сәтті аша отырып, психологиялық, физиологиялық даму дағдылары мен деңгейін жанжақты қамтамасыз ету үшін қолдау көрсету ауадай қажет. Сол себепті психологиялық қолдау баланың жеке еркіндігі мен құқығын сақтай отырып, оның алға дамуына жағдай туғызатын білім беру саласы қызметінің бірлігі ретінде танылады. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың өз құрдастарымен қатар жүріп, қоғамға үйренісіп, дағдылануына үлесін тигізеді. Мамандар мен ата-аналар баланың ақауларын түзете дамыту жолында аянбай еңбек етіп, ат салысуы керек. Сонда ғана әрбір еңбектің түбінде оң нәтижеге қол жеткізері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Цыганков П.А. Теория международных отношений: Учеб. пособие для студентов вузов. — М.: Гардарики, 2006. — 590 с.
2. Смагина И.П. Изучение иностранных языков как важный фундамент успешного межкультурного общения // Білім, 2008. — № 4. — С. 73.
3. Жанабилова Д.Ж. Роль учебных толковых словарей в формировании поликультурной личности // Білім. — №5— Алматы, 2008.
4. Сборник законодательных актов «Образование в РК» / Под ред. М.М. Кузембаева. — Алматы, 2003.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Сабирова Жаңылсын Нұрмұханқызы
пс.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Баймуратова Әсел Баймұратқызы
7М01101 Педагогика және психология мамандығының
2 курс магистранты

Аннотация: бұл мақалада инклюзивті білім берудің әлеуметтік-педагогикалық аспектілерін қарастырушы ғалымдар еңбектерінің зерттеулері қарастырылып, қазіргі таңдағы осы мәселенің басты принциптері мен қолдану технологиялары ұсынылады.
Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, рефлексия, инклюзивті орта құру, психологиялық-педагогикалық қолдау, қол жетімді орта.

В данной статье рассматриваются исследования работ ученых, рассматривающих социально-педагогические аспекты инклюзивного образования, предлагаются основные принципы и технологии применения данной проблемы на сегодняшний день.
Ключевые слова: инклюзивное образование, рефлексия, создание инклюзивной среды, психолого-педагогическая поддержка, доступная среда.

This article examines the research of scientists who consider the socio-pedagogical aspects of inclusive education, proposes the basic principles and technologies for applying this problem today.
Keywords: inclusive education, reflection, creation of an inclusive environment, psychological and pedagogical support, accessible environment.

Барлық білім алушыларға олардың қабілеттеріне қарамастан тең мүмкіндіктер беруге бағытталған инклюзивті білім беру қазіргі білім беру философиясының негізі болды. ЖОО-дағы инклюзивті білім беру контекстінде ерекшелігі бар балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру өте маңызды. Көптеген шетелдік және отандық зерттеулер инклюзивті білім беру және мүмкіндігі шектеулі студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау мәселесіне арналған.

Шетелдік зерттеушілер арасында мектептердегі инклюзивті білім берудің әлеуметтік-педагогикалық аспектілері туралы Кози-брода Л.В., Турчик И.Х. және олардың авторлары жазды. Ғалымдар оқуда және өмірде жетістікке жету үшін, жалпы алғанда, психофизикалық дамудың ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың сау құрдастарына белгілі бір әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар қажет деп санайды. Оларға мыналар жатады:

1. Білім беру процесіне рефлексия мен сәттілік жағдайларын енгізу. Мұғалім оқушыларды осы іс-әрекетке біртіндеп тарта отырып, рефлексияны өз бетінше жүргізе алады немесе оқушыларға пассивті позицияны ұстанбай, мәселені шешудің жолдарын іздеуге мүмкіндік береді.

2. Проблемалық-іздеу диалогы білім беру процесінде рефлексия жағдайын орналастыру механизмі ретінде. Проблемалық-іздеу диалогын қолдана отырып, мұғалім өз оқушыларына әр оқу мәселесін әр түрлі тұрғыдан қарастыруға және әртүрлі эвристикалық сұрақтарға жауап беруге үйретеді.

3. Жағдайдың дамуын ынталандыру үшін сабақта оқытудың интерактивті әдістерін қолдану. Интерактивті әдісті ұсынушы авторлар баланың миының екі жарты шарының бір мезгілде дамуына ықпал ететін әдістерді қарастырады. Мұндай әдістерге фактілерді, құбылыстарды немесе позицияларды зерттеу, іздеу және салыстыру элементтері жатады.

4. Рефлексия басым болатын сабақтың негізгі мақсаты оқушының тұжырымдамалық ойлауы мен сөйлеуін дамыту болуы керек. Кез келген пәннің мазмұны ғылыми тұжырымдамалар жиынтығынан тұратынын және тұжырымдамалық ойлауды қалыптастыру іс-әрекеттегі интеллектті қалыптастыруды білдіретінін ескерсек, бұл педагогикалық қызметтің өте маңызды аспектісі.

Р. Олийнык өз мақаласында мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде инклюзивті орта құру және оның психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік аспектілерін есепке алу қажеттілігі туралы айтады. Ғалым инклюзивті білім берудің мәнін сипаттайды, ол барлық білім алушыларға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ете отырып, балаларға қатысты кез келген кемсітушілікті жояды, бірақ сонымен бірге ерекшелігі бар балаларға ерекше жағдай жасайды.

Р. Олийнык пікірі бойынша Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін мұғалімдер мыналарды білуі керек:

- білім алушылардың дамуындағы ауытқулар мен бұзушылықтарды уақтылы байқау және анықтау және мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қатысу;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға жеке және кешенді тәсілді жүзеге асыру;
- дені сау оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар құрдастарымен оң ынтымақтастыққа дайындығын қалыптастыру;
- ата-аналармен буллингке ұшыраған балалар туралы өзекті ақпарат беру үшін жұмыс істеу.

Д. Адамс және оның әріптестері мұғалімдердің инклюзивті білім беруге дайындығын жынысының, жасының, академиялық біліктілігінің контекстік әсерін, педагогтарды оқыту тәжірибесін, ерекшелігі бар білім алушыларды оқытуға қатысуын, сондай-ақ мұғалімдердің білім берудің осы түріне кәсіби дайындығын ескере отырып зерттеді. Олардың зерттеу нәтижелері ерекше қажеттіліктері бар білімалушылар үшін инклюзивті білім беру мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтуде білімнің, түсінудің, дағдылардың, ептіліктің және мұғалімдердің іске деген көзқарасының маңызды рөлін көрсетеді.

Ресейлік ғалымдардың бірі А.Д. Дмитриева білім беру жүйесінің сапасын арттыру аспектілері туралы мақаласында инклюзивті білім беру принциптері туралы айтады. Олар мыналарды қамтиды.

1. Әрбір жеке тұлға өзінің қабілеттері мен жетістіктеріне қарамастан қоғам үшін құндылық болып табылады;
2. Психофизикалық жағдайға қарамастан, барлығы ойлауға және сезінуге қабілетті;
3. Әр адамның дауысы естіліп ескерілуі керек;
4. Әр адамға әлеуметтену және басқа адамдармен қарым-қатынас қажет;
5. Қарым-қатынастарды құру және дамыту білім берудің тиімділігі үшін маңызды;
6. Әрбір білім алушыға психологиялық-педагогикалық қолдау қажет;
7. Оқу барысы үшін Сіз оның шектеулеріне емес, жеке тұлғаның мүмкіндіктеріне назар аударуыңыз керек;
8. Білім алушының жеке басының жан-жақты дамуын есепке алу және қолдау.

Ж. Б. Литвинованың пікірінше, қазіргі педагогтардан білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау және оқу-тәрбие процесін жеңілдету күтіледі. Гуманистік сипаттағы педагогикалық қызмет психологиялық тұрғыдан қолайлы білім беру ортасын құруға бағытталған келесі негізгі қадамдардан тұруы керек:

- білім алушыларға дамытушылық көмек көрсету;
- оқушыларға эмоционалды қолдау көрсету,
- қалыптасып келе жатқан тұлғаны сол күйінде қабылдау;
- әрбір білім алушыға оң көзқарас таныту;
- субъектілерінің мазасыздық дәрежесін төмендету үшін шаралар қабылдау;
- білім алушылардың таным мен оқу қызметіне деген қызығушылығын ояту;
- позитивті "мен"-жеке тұлғаның тұжырымдамасы мен адекватты өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға ықпал ету;
- оқушылардың оқу мотивтерін, қызығушылықтары мен ұмтылыстарын ескере отырып, олардың еркін дамуына жағдай жасау.

Профессор-оқытушылар құрамын инклюзивті жоғары білімге дайындаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері туралы М. Л.Скуратовская жазды. Автор

мұғалімдердің инклюзивті мәдениетінің ерекшеліктерін талдау үшін зерттеу жүргізді, бірақ ол көңіл көншітпейтін нәтижелер көрсетті. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің көпшілігінде инклюзивті мәдениеттің төмен деңгейі анықталды. Жоғары оқу орындарының оқытушылары арасында инклюзивті білім беруге ең үлкен қызығушылықты мүмкіндігі шектеулі адамдармен өзара іс-қимыл жасауда оң тәжірибесі бар адамдар көрсетті.

И. А. Турченко мұғалімнің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған диссертациясында инклюзивті мәдениеттің 4 құрылымдық компонентін анықтайды:

- Мотивациялық-құндылық компоненті (мұғалімнің инклюзивті құндылықтарды өзінің педагогикалық қызметінің негізі ретінде қабылдауы);
- Танымдық компонент (инклюзивті білім берудің теориясы мен әдістері туралы білім жүйесі);
- Қызмет компоненті (инклюзивті білім беру саласында практикалық дағдылар мен практикалық тәжірибенің болуы);
- Рефлексивті компонент (өзінің педагогикалық қызметін және оның нәтижелерін сыни тұрғыдан талдау қабілеті).

Д. В. Афанасьев, О. А. Денисова және басқалар ЖОО оқытушыларының инклюзивті білім беруге дайындығын зерттей отырып, инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби қызметтің табыстылығын айқындайтын тұлғаның жалпы және негізгі қасиеттері арнайы оқытудан, инклюзивті оқыту практикасынан өту нәтижесінде және инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарының қызметкерлерін міндетті сүйемелдеу кезінде дамуы мүмкін және дамуы тиіс деген қорытындыға келді.

Қазақстандық ғалымдарға келетін болсақ, Д. Подгорска-Яхник, Ш. Т. Габдрахманова және "Инклюзивті білім беру" оқу-әдістемелік құралының басқа авторлары оқырмандарды инклюзивті білім берудің педагогикасы мен психологиясының категориялық аппаратымен, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі проблемаларымен, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім беру интеграциясы мен әлеуметтік бейімделуінің проблемалары мен перспективаларымен таныстырады.

А. Стамбекова әріптестерімен бірге ЖОО оқытушыларының инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға психологиялық дайындығын зерттеді. Зерттеушілер бұл құбылысты мотивациялық-құндылық, аффективті, операциялық компоненттер негізінде түсіндіреді, олардың маңыздылығын ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен жұмыс істейтін профессорлық-оқытушылық құрамды бақылау нәтижелерімен растайды. Студенттерді ерекшелігімен оқытуды ұйымдастыру мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін ЖОО педагогтарын даярлаудың арнайы жүйесін құру қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Айта кету керек, университеттерде инклюзивті білім беру тәжірибесі әртүрлі болуы мүмкін. Себебі, әрбір жоғары оқу орны өзінің негізгі аспектілерін өзінің стратегиялық саясатына бейімдеп, өзінің мүмкіндіктері мен бюджетін ескере отырып, енгізілген білім беруді өзінше іске асырады. Қазақстанда, көптеген басқа елдердегідей, университеттерде инклюзивті білім беруді енгізу бірнеше негізгі тармақтарды көздейді:

1. Нормативтік-құқықтық база. Инклюзивті білім беру көбінесе БҰҰ конвенцияларына сәйкес заң актілерімен және мемлекеттік саясатпен қамтамасыз етіледі, бұл барлық студенттер үшін білімге тең қол жетімділікті қамтамасыз етеді. Қазақстанда жоғары білім берудегі инклюзивті практикаларға қатысты арнайы заңдар мен ережелерге "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жатады.

2. Оқытудың қол жетімділігі. Университеттер мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін физикалық қол жетімді орта құруға тырысады. Бұған кіреді пандустар арнайы жабдықталған ванна бөлмелері, мүгедектерге арналған қоңырау түймелері, лифттер, тактильді плиткалар және нашар көретіндерге арналған навигациялық жүйелер, есту қабілеті нашар адамдарға арналған жарық дабылы жүйелері, сондықтан барлық студенттер кампуста жүре алады.

3. Көмекші қызметтер. Жоғары оқу орындары психологиялық кеңес беру, репетиторлық және тәлімгерлік сияқты көмекші қызметтерді ұсына алады, бұл әр түрлі қажеттіліктері бар

студенттерге оқу мен қоғамда жетістікке жетуге көмектеседі. Бұл салада мүмкіндігі шектеулі студенттерді сүйемелдеуді ұйымдастыратын психологтар мен арнайы педагогтардың ынтымақтастығы маңызды.

4. Адаптивті технологиялар. Көмекші құрылғылар (есту қабілеті нашар және көру қабілеті нашар адамдарға арналған жабдық жинақтары) және бағдарламалық қамтамасыз ету сияқты адаптивті технологияларды біріктіру Мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу процесін жеңілдету үшін өте маңызды болуы мүмкін. Білім беру мекемелері кабинеттерді мүгедектерге арналған арнайы жұмыс орындарымен жарақтай алады.

5. Мұғалімдерді даярлау. ЖОО оқытушылары мен психологтарының инклюзивті білім беру саласында біліктілігі, оның ішінде инклюзивті оқыту әдістерін қолдану бойынша білімі мен дағдылары болуы тиіс. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру бойынша тренингтер мен курстардан өту мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қолдау көрсетуге дайын болу үшін маңызды.

6. Оқу бағдарламаларын бейімдеу. Университеттер өздерінің оқу бағдарламаларын әртүрлі оқу стильдеріне бейімдей алады және барлық студенттерге әділ баға беру үшін балама бағалау әдістерін ұсына алады. Мүмкіндігі шектеулі студенттердің алдында тұрған қиындықтарды ескере отырып, мұғалімдер олар үшін жеке оқу бағдарламасын жасай алады.

7. Ақпараттандыру және түсіндіру жұмыстары. Мемлекет инклюзивті білім беру мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ерекшеліктері туралы хабардарлық пен түсінікті арттыру, сондай-ақ инклюзия саласындағы педагогтар мен психологтар үшін біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі науқандар мен түрлі іс-шараларды қолдайды.

Арнайы білім беру қажеттіліктері когнитивті, физикалық, сенсорлық және эмоционалдық бұзылуларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, оқу мәселелерінің кең ауқымын қамтиды. Ерекшелігі бар әрбір студент бірегей және білімге жеке көзқарасты қажет етеді. Мұғалімдер оқушылардың осы тобының әртүрлілігін біліп, сәйкесінше оқыту әдістерін бейімдеуі керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Кози-брода Л.В., Турчик И.Х. Концептуальные основы формирования здоровья школьников средствами физкультурного образования в Великобритании// «Науки об образовании».2010

2. Дорота Подгорска-Яхник. Инклюзивті білім беру /Инклюзивное образование: Оқу әдістемелік құрал / Дорота Подгорска-Яхник, Ш.Т. Габдрахманова, В.Т. Арыстангалиева, О.А. Панищева – М.Өтемісов атындағы БҚУ редакциялық-баспа орталығы. - Орал, 2020.-204 б.

3. Инклюзивная компетентность педагога: методы формирования / И.А. Турченко. - Минск: ИВЦ Минфина, 2016. - 30 с.

КОММУНИКАТИВТІ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ МАМАНЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ КӘСІБИ САПАСЫ РЕТІНДЕ

Асанқызы Айдана
п. псх. ғ., магистрі, аға оқытушы
Абдигаппарова Айжан
6В01901 «Логопедия» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті,
«Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аннотация: Мақалада педагогтерды кәсіби даярлау процесінде олардың маман ретінде даярлығын қалыптастыру мәселесі, жастарға әлемдік деңгейге сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлауын, іскерлігін, төзімділігін, сонымен қатар кәсіби біліктілігін арттыру, тұлғаны дамыту мен қалыптастырудың маңызды міндеттері талданды.

The article talks about the importance of the development of oral speech in children with OOP (hearing impaired), the importance of the development of oral speech in children with hearing and speech disorders, the role of play as a means of student development. The author gives a description of the mental characteristics of children with special educational needs (with hearing and speech impairments), a general description of the development of oral speech of children with hearing impairments. Introduces the adaptive methodology of practical application of didactic games in the educational process, recommendations.
Keywords: children with special educational needs, speech development, hearing impairment.

Всестороннее развитие учащегося с нарушениями слуха и подготовка его к жизни – одна из основных задач специализированной школы. От того, насколько хорошо ребенок с нарушениями слуха понимает обращенную к нему речь, в какой мере он владеет навыками устного общения с окружающими, в значительной степени зависит его адаптация в обществе. Всестороннее развитие ребенка с нарушениями слуха предполагает развитие коммуникативных навыков в устной речи.

Речь - одна из главных психологических функций, влияющих на его общее развитие и, в частности, на формирование психических процессов человека. Речь – божественный дар природы, благодаря которому люди получают возможность общаться друг с другом. Речь ребёнка – это показатель его развития. Решающее значение для развития речи ребёнка имеет полноценный слух, поскольку в этом случае ребенок слышит речь взрослых, подражает ей, учится говорить. Слушая взрослых, малыш познаёт окружающий мир, изучает предметы, прикасаясь к ним, учится различать звуки, которые они издают. Наблюдая за действиями окружающих его людей и животных, ребенок осмысливает увиденное.

Любое нарушение речи отражается на деятельности и поведении ребенка. Дети с нарушениями речи, осознавая свой недостаток, становятся молчаливыми, робкими, нерешительными. Отсутствие или недоразвитие устной речи у глухих детей влечет за собой недоразвитие у них абстрактно-логического мышления, отставание в общем психическом развитии. Вот почему задача формирования устной речи у глухих детей приобретает особую значимость.

Проблема овладения устной речью детьми с нарушениями слуха остается актуальной, поскольку количество глухих и тугоухих детей в обществе несмотря на прогресс в науке и достижения медицины, на планете не уменьшается. По данным Всемирной организации

здравоохранения,360 миллионов человек в мире и из них 32 миллиона детей страдают проблемами, связанными с потерей слуха. Возможно, увеличение числа людей с поражением слуха в какой-то степени связано с научно-техническим прогрессом и появлением новых этиологических причин (шумы, вибрации, скорости, вредные химические, бытовые, промышленные и лекарственные ототоксические вещества и т. д.), которые пагубно воздействуют на слуховой аппарат человека. В Казахстане также наблюдается увеличение заболеваемости среди детей и подростков, которые страдают той или иной формой тугоухости. На 1000 новорожденных приходится один ребенок с врожденной глухотой, в возрасте до 3 лет глохнут 3-4 ребенка по разным причинам. В 2016 году в Республике Казахстан было зарегистрировано свыше 4 тысяч детей с нарушениями слуха, и эта цифра ежегодно увеличивается. Данные цифры позволяют сделать вывод, что дальнейший рост инвалидности может привести к социально опасному снижению прироста здорового населения.

При отсутствии специального обучения дети с нарушениями слуха не в состоянии самостоятельно овладеть речью, что приводит к серьезным нарушениям в их развитии. Следовательно, формирование правильной речи, всестороннее развитие ребенка с нарушениями слуха и подготовка его к жизни являются основными задачами программы обучения и воспитания в коррекционных образовательных учреждениях. [2].

В настоящее время в казахстанском Центре материнства и детства проводится аудиологический скрининг новорожденных для оценки состояния слуха. Это единственный на сегодняшний день метод, который позволяет уже на второй день после рождения ребенка выявить нарушения слуха и проводить дальнейшую адаптацию в социальную среду.

В школах-интернатах для учащихся с нарушениями слуха в разнообразных видах деятельности формируется творческая личность школьника, развиваются его потенциальные возможности. Перед школьниками педагоги ставят задачу давать развернутые ответы на вопрос, составлять план, уметь пользоваться им, не повторяться, говорить правильно, распространенными предложениями, связно пересказывать материал. Изложение материала строится как монолог. В процессе учебной деятельности учащиеся обретают навыки владения диалогической и монологической речью. Чем активнее школьники совершенствуют устную и письменную речь, пополняют и активизируют свой словарь, тем выше уровень их познавательных возможностей и культуры. В методике обучения школьников с нарушением слуха предусматривается развитие следующих видов речевой деятельности: говорение, письмо, дактилирование, слушание, слухо-зрительное восприятие устной речи, зрительное восприятие с руки , чтение.

Работа по развитию речи обеспечивается в различных условиях:

-в быту, во время проведения режимных моментов, где основное внимание должно быть уделено уточнению значений слов и фраз, активизация усвоенного речевого материала в процессе общения с детьми и взрослым;

- на занятиях по изодеятельности и конструированию, ознакомлению с окружающим миром, на уроках труда, физкультуры, где детям дается материал для усвоения данного раздела, а так же слова и фразы, нужные для организации деятельности детей ;

-на занятиях по развитию речи, в процессе которых происходит усвоение значения слов и фраз, уточнение их звуко-буквенного состава, формирование разных видов речевой деятельности (говорения, слухо- зрительного восприятия, чтения, письма, слушания).

В ходе занятий усвоенный речевой материал включается в различные коммуникативные ситуации;

-на индивидуальных занятиях, где идет уточнение произносительной стороны речи при максимальном использовании остаточного слуха детей;

-в семье, где родители, ориентируясь на рекомендации сурдопедагога, могут достаточно эффективно продолжать развитие речи детей, закреплять у них речевые навыки. В процессе развития речи надо постоянно стремиться к тому, чтобы за каждым услышанным словом у детей возникло определенное представление о предмете, возникал образ того предмета.

На каждом занятии дети должны иметь дело с конкретными предметами или с конкретной деятельностью, а не просто повторять слова. Необходимыми условиями для возникновения языковой способности развития всех видов речевой деятельности и усвоения языковых элементов и связей в системе языка являются прежде всего речевая среда, окружение говорящих людей и вовлечение ребенка в совместную практическую деятельность со взрослыми и сверстниками. Одним из эффективных средств обучения русскому языку является использование на уроках дидактических игр. Реальная практика использования игр в коррекционно-воспитательном процессе показывает, что при достаточно высокой эффективности данного вида работы в специальной коррекционной организации образования для детей с нарушениями слуха способствует развитию всех психофизических функций. Во время игр у ребенка особенно обостряется фантазия, проявляется активность и он получает богатое впечатление. Поэтому надо использовать игры для развития языка ребенка. Достаточно обдуманно построить условия игры, разъяснить их детям, говорить кратко, точно, находить неожиданные решения и слова. Увлекающийся характер детей вызывает стремление осмыслить и передать увиденное и услышанное. Игры побуждают новые картины в сознании детей, помогают развивать родной язык. Однако для того, чтобы в играх речь ребенка развивалась, учитель должен находиться вместе с учениками. При этом он должен держаться с ними как старший товарищ, а не как грозный наставник» [3].

А.С. Макаренко писал: «Игра имеет важное значение в жизни ребенка… Каков ребенок в игре, таким во многом он будет в работе, когда вырастет. Поэтому воспитание будущего деятеля происходит, прежде всего, в игре…» [4].

Игровая деятельность:

- побуждает детей к общению друг с другом;
- способствует закреплению навыков пользования инициативной речью;
- способствует совершенствованию разговорной речи;
- способствует обогащению словаря;
- оказывает влияние на формирование грамматического строя языка.

Перед учащимися стоит задача показать в выполнения игрового задания свои знания, умения и навыки. Дидактические игры позволяют вовлечь в работу большое количество учащихся, вызвать активность детей и наглядно показать результат соревнования. Как показывает практика, игровые задания дети выполняют с большим интересом при максимальной активности и позволяют сделать работу более эффективной по усвоению материала по русскому языку Дидактические игры могут использоваться на уроках различного характера, но лучше их использовать на уроках закрепления пройденного материала, а также на уроках повторения и работы над ошибками. Обычно игры используют в конце урока, когда работоспособность учащихся снижается, рассеивается внимание. Возможно использование дидактических игр в начале урока (организационный момент), при проверке домашнего задания, проведения орфографической пятиминутки, как форму словарной работы.

Условно можно выделить несколько типов дидактических игр, сгруппированных по виду деятельности учащихся.

- Игры-путешествия.
- Игры-поручения.
- Игры-предположения.
- Игры-загадки.
- Игры-беседы (игры-диалоги).

Игра-путешествие отражает реальные факты или события, но обычное раскрывает через необычное, простое—через загадочное. Цель игры-путешествия — усилить впечатление, придать познавательному содержанию сказочную необычность.

Игры-поручения по содержанию проще и по продолжительности короче игр-путешествий. В основе их лежат действия с предметами, игрушками, словесные поручения. Игровая задача

и игровые действия в них основаны на предложении что-то сделать: "Помоги Незнайке расставить знаки препинания", "Проверь домашнее задание у него".

Игры-предположения "Что было бы..?" или "Что бы я сделал...", "Кем бы хотел быть и почему?", "Кого бы выбрал в друзья?" и др. Началом игры может послужить картинка. Перед детьми ставится задача и создается ситуация, требующая осмысления последующего действия. Игровая задача заложена в самом названии "Что было бы..?" или "Что бы я сделал...". Игровые действия определяются задачей и требуют от детей целесообразного предполагаемого действия в соответствии с поставленными условиями или созданными обстоятельствами. Дети высказывают предположения, доказывают свою точку зрения.

Игры-загадки. В настоящее время загадки, загадывание и отгадывание, рассматриваются как вид обучающей игры. Основным признаком загадки является замысловатое описание, которое нужно расшифровать (отгадать и доказать). Детям нравятся игры-загадки. Необходимость сравнивать, припоминать, думать, догадываться—доставляет радость умственного труда. Разгадывание загадок развивает способность к анализу, обобщению, формирует умение рассуждать, делать выводы, умозаключения.

Следовательно, роль и значение дидактических игр, используемых на уроках, трудно переоценить. Они становятся источником активизации познавательной деятельности учащихся, имеющих нарушение слуха, открывают возможности для обретения знаний, умений и навыков, а также создают необходимые условия для коррекции имеющихся у детей с нарушениями слуха. Использование дидактических игр на уроках русского языка влияет на совершенствование механизмов памяти, внимания, активизации мыслительных процессов, развитие следующих психических процессов: анализ, синтез, сравнение, обобщение, установление причинно-следственных связей. Теоретическая значимость работы заключается в накоплении теоретического материала по проблеме развития речи у слабослышащих школьников средствами дидактической игры во внеурочное время.

Практическая значимость выражена в том, что разработанный комплекс дидактических игр по развитию речи школьников с нарушениями слуха во внеурочной деятельности может использоваться в коррекционно-развивающей деятельности специального психолога и в коррекционно-педагогической работе учителя. Развивая речь, мы так же развиваем способности понимать обращенную к нему речь собеседника и говорить разборчиво, понятно для окружающих.

Таким образом целенаправленное систематическое использование дидактических игр на уроках русского языка может стать эффективным средством развития устной речи у детей с нарушениями слуха.

Овладение устной коммуникацией в будущем позволит выпускнику выбрать учебное заведение для профессионального обучения, трудоустроиться, решить проблему социальной адаптации.

Использованная литература:

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана (Часть II).

2.ЛадыженскаяТ.А.Устная речь как средство и предмет обучения. М.: Флинта, 1998.

3.Жарикбаев К. Б., Калиев С.К. / Антология педагогической мысли Казахстана./ - Алматы: Рауап, 1996 – с.261.

4.Макаренко А.С. «Педагогическая поэма», 1955 г.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Абдихаева Акмарал Камаркызы,
«№1 колледж» МКҚК

Түйіндеме. Бұл мақалада Инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, оның Қазақстан Республикасында жүзеге асырылуы туралы, бұл тек құжат алып, мамандық алуға мүмкіндік ғана емес, бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мәселесін шешу болып табылатындығы туралы айтылады.
Түйінді сөздер: мүмкіндігі шектеулі балалар; бейімделу, түзету-дамыту, өтемдік және оңалту функциялары; сезімтал кезең; кедергісіз орта.

В данной статье речь пойдет об изменениях в историческом образовании, использовании современных новых педагогических технологий на уроках истории и их роли. Действительно, одним из приоритетов политики нашего государства в последние годы стал процесс реализации реформ в сфере образования, определяющих нашу судьбу и обеспечивающих наше место в мировом сообществе.
Ключевые слова: дети с ограниченными возможностями; адаптация, коррекционно-развивающая, компенсирующая и реабилитационная функции; сензитивный период; безбарьерная среда.

This article will focus on changes in historical education, the use of modern new pedagogical technologies in history lessons and their role. Indeed, one of the priorities of our state's policy in recent years has been the process of implementing reforms in the field of education, which determine our fate and ensure our place in the world community.
Key words: children with disabilities; adaptation, correctional and developmental, compensatory and rehabilitative functions; sensitive period; barrier-free environment

Кіріспе. Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты қағидалары заңнамалық құжаттарда тұжырымдалған: Бала құқықтары туралы Конвенция, "Білім туралы" Заң [1], "ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңы, онда мемлекеттік әлеуметтік қызмет көрсету стандарттары. Әлеуметтік қызметтер көлемін және оларды мүгедектер мен мүгедек балаларға беру тәртібін белгілейтін, құқықтарға кепілдік беретін қағидалар мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына ықпал етеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқыту проблемасының өзектілігі әлі күнге дейін жеткілікті дәрежеде бағаланбаған, сонымен қатар оларды оқыту қажеттілігі туралы полярлық пікірлер бар. Біз тәрбие мен оқытудың ерекшеліктерін қарастырдық.

БҰҰ-ның Бас Ассамблея қабылдаған «Бала құқықтары туралы» конвенциясында (1982 ж.) ақыл-ойы немесе физикалық жағынан кем баланың, көрсетілген оның қадір-қасиетін қамтамасыз ететін, өзіне деген сенімділікті арттыратын және қоғамға белсенді қатысуды жеңілдететін жағдайларда, толыққанды өмір сүруі үшін бұл мүгедек балаға әртүрлі саладағы қызметтерге тиімді қолжетімділікті қамтамасыз етілуі тиіс: ол дегеніміз білім беру, кәсіптік даярлау, медициналық көмек, сондай-ақ қоғам өміріне барынша толық тарту үшін баланың рухани дамуы [2]. Экологиялық жағдайдың нашарлауы, ата-аналардың аурушаңдығының жоғары деңгейі, бірқатар шешілмеген әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық және медициналық проблемалар мүгедек балалар санының көбеюіне әкеліп соқтырды, бұл мәселеге ерекше өзектілік берді. Қазақстан Республикасында халықаралық құжаттар – Бала құқықтары декларациясы және балалардың өмір сүруін, қорғалуын және дамуын қамтамасыз ету туралы Дүниежүзілік декларация онда, атап айтқанда: "біздің елдеріміз бірге Бала құқықтары мен балалардың өмірін қорғау және қайғы-қасіретін едәуір жеңілдету, жәрдемдесу үшін олардың адами әлеуетін жан-жақты дамыту және олардың қажеттіліктерін, құқықтары мен мүмкіндіктерін өздері сезіну.

Зерттеу нәтижелері. Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы маңызды мәселелердің бірі – білім беру. Бұл тек құжат алып, мамандық алуға мүмкіндік емес. Бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мәселесін шешу болып табылады. Осы мақсатта Қазақстанда инклюзивті білім беру дамып келеді. Инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, оның Қазақстан Республикасында жүзеге асырылуы, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (30-бап) еліміздің барлық азаматтары мемлекеттік мекемелерде,

сондай-ақ жоғары оқу орындарында конкурстық негізде тегін орта білім алуға құқылы. Бірақ соңғы кезге дейін мүмкіндігі шектеулі балалар қалыпты оқу орындарында оқи алмады. Олар балаларды әлеуметтендіру мен қоғамға бейімдеудің қажетті деңгейін қамтамасыз етпеген үйлерге оқытуға немесе мамандандырылған орталықтарға жіберілді. Бұл мәселе Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың басталуымен алға жылжыды.

Инклюзивті білім беру нені білдіреді?

Инклюзивті білім беру – (французша «inklusif» — «inclusive») — қарапайым балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірлесіп оқыту. Яғни, инклюзивті білім беру балалардың денсаулық жағдайына қарамастан білім алудағы барлық қажеттіліктері мен талаптарын қанағаттандыру үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді болжайды.

Инклюзивті білім берудің принциптері:

Инклюзивті білім беру келесі принциптерге негізделеді:

Әр бала ерекше. Барлық балалар құқықтары, достық, білім алу, үйірмелерге, концерттерге және басқаларға бару құқығы, сондай-ақ одан әрі әлеуметтік даму перспективалары бойынша тең. Әрбір бала өз қарқынымен дамиды, бұл оны жақсы немесе нашарлатпайды. Балалар арасындағы қарым-қатынас мейірімділікке, жауап беруге және эмпатияға негізделген. Балалардың өзара қарым-қатынасы олардың дүниетанымын кеңейтіп, академиялық интеллектін дамытады.

Қазақстанда инклюзивті білім беру қалай жүзеге асырылуда?

Инклюзивтілік норма деңгейіне жетуі, қоғамның гуманистік ұстанымына айналуы керек. Бұл мәселе заңнамалық тұрғыдан шешілді. 2021 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Мемлекет ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесі шеңберінде білім алуы үшін жағдай жасауға міндеттенеді (8-баптың 1-1-тармақтары). Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы білім беру бағдарламалары әзірленуде. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдары заң бойынша өздеріне қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға міндетті (26-баптың 2-тармағы).

Инклюзивті оқыту тұжырымдамасы:

Инклюзивті білім беру қалыпты жағдайға айналуы үшін келесі мәселелерді шешу қажет:

- мұғалімдердің мұндай балалармен жұмыс істеуге психологиялық және кәсіби дайын еместігі;

- басқа студенттердің ата-аналарының балаларымен бірге ерекше балаларды оқыту фактісін қабылдау қиындығы;

- балабақшалардың, мектептердің және басқа да оқу орындарының материалдық-техникалық базасының дайын еместігі;

- мүгедек балалардың ата-аналарының балалары бастан өткеруі мүмкін психологиялық жайсыздыққа, әлеуметтік остракизмге (қорлау, келекелеу) байланысты қорқыныштары. Мұғалімдер мен ата-аналарға психологиялық-педагогикалық және әдістемелік көмек көрсету үшін көптеген облыстарда (Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Батыс Қазақстан) инклюзивтілікті жүзеге асырудың облыстық орталықтары ашылды. Мүмкіндігі шектеулі балалармен (ДЦП, соқырлар, саңырау-мылқаулар, ақыл-ой кемістігі бар) жұмыс істейтін мамандардың кадр мәселесін шешу мақсатында Қазақстанда дефектолог мамандарды даярлау географиясы кеңейтілді. Қазір олар еліміздің 17 жоғары оқу орнында білім алуда. Бұл бағытта мұғалімдер қайта даярлаудан өтіп жатыр. Бұл қадамдардың барлығы инклюзивті білім беруді дамытуға арналған, осылайша ерекше балалардың көпшілігі болашақта өзін шеттетілген адамдар емес, қоғамның толыққанды және толыққанды қатысушысы ретінде сезінеді.

Қорыта келе, Инклюзивті білім беру – қазіргі өмір талабы және халықаралық стандарт. Қазақстанда инклюзивті білім беруді қажет ететін 160 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі бала бар. Олардың 23%-ға жуығы ғана мұндай оқу үдерісіне қатысады. Заман ағымына ілесу үшін

инклюзивті білім беруді енгізу жолында Қазақстан қиындықтарды еңсеріп, туындаған мәселелерді шешуге тырысуда, соның ішінде халықаралық тәжірибені енгізу арқылы, шетелдіктерден үлгі алып, қазақ мектептерінде көмекші – тәлімгер қызметі енгізілді. Қазақстан Республикасының педагогтары бейімделген спорт түрлерінің негіздерін меңгеруде, сондай-ақ франциялық әріптестерімен бірлесіп бейімделген спортты мектеп бағдарламасына енгізу мақсатында арнайы бағдарламалар әзірлеуде. Білім беру бағыты инклюзивті ойындар арқылы дамып келеді, оған қарапайым балалар да, ерекше балалар да қатысады. Қайырымдылық ұйымдар инклюзивті қолдау бөлмелерін ашады, онда балаларға мінез-құлықты талдаудың қолданбалы әдістері үйретіледі.

Қазақстанда инклюзивті білім берудің болашағы: Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2025 жылға қарай мектептердің, балабақшалардың 100 пайызы, колледждер мен жоғары оқу орындарының 70 пайызы инклюзивті білім беру үшін жағдай жасауы тиіс. Инклюзивті білім беру – бұл қазіргі адамдардың санасындағы революция және ашық демократиялық мемлекеттерді таңдау. Инклюзивті білім беру – БҰҰ-ның бірқатар конвенциялары қолдайтын жаһандық қозғалыс, деп атап көрсетеді. «Инклюзив» термині және инклюзивті білім беру принциптері халықаралық қолданысқа 1994 жылы Саламанкада (Испания) ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған білім беру жөніндегі дүниежүзілік конференцияда енгізілген. Сол жылы Қазақстан да «Баршаға арналған білім» халықаралық бағдарламасына іске қосылды. Ұлыбританияда мүгедек балалар қарапайым мектептерде оқу құқығын 1976 жылы алған. Арнайы оқу орталықтарында ауыр түрдегі мүгедектер ғана оқиды.

Англияда инклюзивті білім беруді дамыту үшін:

- мемлекет қаржы бөледі, мамандарды дайындайды;

- жастайынан орта мектепке дейін психологтар мен мұғалімдер ерекше баланы сүйемелдеу, қажетті дағдылар мен дағдыларды дамыту, ата-аналарға кеңес беру; арнайы оқыту бағдарламаларын әзірлеу;

- балада мұғалімнен басқа оқу материалын меңгеруге көмектесетін, психологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешетін көмекшісі бар. Бұл шаралар мүмкіндігі шектеулі балалардың өздерін қоғамның толыққанды қатысушысы ретінде сезінуге, дамуына және басқаларға пайдалы болуына мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беруді дамыту – бұл мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, бүкіл білім беру жүйесін дамыту. Ол әрбір адамға тең құқықта және тең жағдайда оқуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

2. Мүгедектердің өмір сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар.

3.Қазақстандағы арнайы білім. – 2012. - №2.

4. Балалардың өмір сүруін, қорғалуын және дамуын қамтамасыз ету туралы Дүниежүзілік декларация, БҰҰ, Нью-Йорк, 30.09.90 ж.

5. "ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді 29.12.2014 ж. жағдай бойынша

6. [1], ҚР "Білім туралы" Заңы, Астана, 2007 жылғы 27 шілдедегі жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен 13.01.2015 ж.

7. [2], БҰҰ Бас Ассамблеясы 1959 жылы 20 қарашада қабылдаған Бала құқықтары туралы Декларация

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Мәдиқызы Ботакөз,
Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина университетінің
6В10107 «Педиатрия» мамандығының
1 курс студенті

Аннотация. Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жолдары көрсетілген. Ол психологиялық-педагогикалық сипаттағы ұйымдастырылған іс-әрекет екендігі, және де баланың қоғаммен өзара әрекеттестігі жағдайында психологиялық дамыту мен нәтижелі оқыту үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған маманның кәсіби әрекетінің белгілі бір жүйесі екендігі айтылған.
Кілт сөздер. Инклюзивті білім беру, ерекше балалар, психологиялық-педагогикалық қолдау, қоғам, дамыту.

В статье показаны пути оказания психолого-педагогической поддержки в условиях инклюзивного образования. Говорят, что это организованная деятельность психолого-педагогического характера, а также определенная система профессиональных действий специалиста, направленная на создание социально-педагогических условий для психологического развития и эффективного обучения в условиях взаимодействия ребенка с обществом.
Ключевые слова. Инклюзивное образование, особенные дети, психолого-педагогическая поддержка, общество, развитие.

The article shows ways to provide psychological and pedagogical support in the context of inclusive education. They say that this is an organized activity of a psychological and pedagogical nature, as well as a certain system of professional actions of a specialist, aimed at creating social and pedagogical conditions for psychological development and effective learning in the conditions of interaction of the child. with society.
Keywords. Inclusive education, special children, psychological and pedagogical support, society, development.

Қазіргі таңда психологиялық-педагогикалық қолдае, әсіресе, инклюзивті оқыту жағдайында ерекше маңызды болып отыр. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету білім алушылардың өзекті мәселелерін шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шарттарды құруға бағытталған психологиялық-педагогикалық сипаттағы ұйымдастырылған іс-әрекет болып табылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау бір мезгілдік шара емес, бұл психологиялық қызмет көрсету барысында жүйелі түрде ұйымдастырылатын және тұрақты орындалатын жұмыс екені даусыз. Тұлғаға уақытында көмек көрсету психологиялық-педагогикалық қолдаудың ең басты қағидаларының бірі, және де тек қолдау көрсету ғана емес, тұлғалық қалыптасуына жауапкершілікпен қарауға үйрету, осы үдерістің қиыншылықтарын өздігінен жеңіп шығуға ықпал ете білу және әлеуметтік өмірде толыққанды субъект болып қалыптасуына көмектесу болып табылады. Сондықтан да инклюзивті тәжірибе мамандардан жаңаша идея мен білімді талап ететіні даусыз. Әр түрлі мамандар мен педагогтардың, мүмкіндігі шектеулі балаларға тәрбие беру мен оқытуының мәні, бүкіл ұжым балалардың жақсы жағдайда білім алуына қатысады. Ұжымда жұмыс жасай отыра, топтың әр мүшесі алдына қойылған міндет пен тапсырылған жұмысты уақытында орындау керек.

Осындай ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін тұлға кәсіби-құндылықтық бағдарлардың келесі жүйесін меңгеруі тиіс:

- ✓ адамның жеке басының құндылығын оның денсаулығының ауырлық дәрежесіне қарамастан тану;
- ✓ білім беру нәтижесін оны алуға ғана емес жалпы ерекше білім беруді қажет ететін баланың жеке басын дамытуға бағыттауы;
- ✓ дамуында бұзылулары бар балалар үшін мәдениет тасымалдаушы және оның трансляторы ретінде өзінің жауапкершілігін сезіну;
- ✓ үлкен рухани және энергетикалық шығындарды талап ететін ерекше білім беруді қажет ететін балалармен педагогикалық қызметтің шығармашылық мәнін түсіну. [1, 123б]

Ерекше білім беруге қажет ететін балалармен жұмыс істейтін педагогтың кәсіби-тұлғалық дайындығының маңызды құрамдас бөлігі негізінен көмек көрсетуге дайын болу.

Қазірде психолог мамандар көпшілік адамдардың көмекке дайындығы бірдей деп санайды. Эмпатия, қамқорлық, жауапкершілік деңгейі жоғары болған сайын көмекке деген дайындықтың деңгейі соғұрлым жоғары болады. Көмекке деген дайындығы адамның тиісті жағдайларда дамиды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – білім беру жағдайында туындаған мәселелерді шеше үшін, белгілі бір даму кезеңінде көмек көрсетуге бағытталған технология, балаға көмек берудің ерекше түрі болып табылады. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау баланың қоғаммен өзара бірлігі, яғни әрекеттестігі жағдайында баланы психологиялық дамыту және нәтижелі оқыту үшін педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған маманның кәсіби әрекетінің белгілі бір жүйесі.

Негізінен ерекше балалармен жұмыс жүргізуші педагог-психолог маманның міндеттері:

• Білім беру ұйымы мен тәрбиеленушінің отбасы арасындағы сабақтастықты орнату;

• Тәрбиленушіні зерттеуде және дамуына үлес қосатын индивидуалды бағдарлама барысында ат салысу;

• Баланың қоғомдық ортаға тез сіңісіп кетуі үшін, ата-ана кеңестер беру;

• Баланың отбасындағы тәрбиесі мен коғамдық ортасындағы қағидаларын зерттеу;

• Тәрбиеленушіге әлеуметтік көмек ретінде, қайырымдылық қорлары мен әлеуметтік жағдайы төмен жандарға көмек көрсетушілермен, педагогтар мен біріге отырып жұмыс жасау;

• Топтағы тәрбиеленушілерге әлеуметтік көмек ретінде, үлкен іс-шаралар өткізу [2, 68б].

Байланыс орнату, психологиялық қорғаныс реакцияларын жеңу, отбасын ынтымақтастыққа ынталандыру, ата–аналардың әлеуметтік жағдайын жандандыруға, әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіруге және де кеңейтуге, отбасы мүшелеріне өз ресурстарына сенім артуға мүмкіндік іздеуге бағытталған отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша мамандардың жұмысы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуі ерекше білімді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасымен жұмыс кезеңдері немесе психологиялық-педагогикалық жұмыс алгоритмі болып табылады. Оңалту карталарын әзірлеу және балалардың одан әрі білім алу бағытын анықтау; ерекше білімді қажет ететін балалардың отбасыларымен жұмыста қол жеткізілген нәтижелердің тиімділігін талдау.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда педагог-психолаог келесі кәсіби-құндылық бағдарлар жүйесін қабылдауы тиіс: адамның жеке басының құндылықтарын оның бұзылыстарының ауыр деңгейіне қарамастан мойындау; тек білім бера нәтижесін алу үшін ғана емес, бұзылыстары бар адам тұлғасын тұтас дамытуға бағыттылық; дамуында бұзылыстары бар адамдар үшін мәдениетті сақтаушы және оны таратушы ретіндегі өз жауапкершілігін түсіну; үлкен рухани және энергетикалық шығындарды және т. б. талап ететін денсауық мүмкіндігі шектеулі балалармен педагогикалық қызметтің шығармашылық мәнін түсіну. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі тұлғалармен жұмыс істейтін педагог-психологтың кәсіби-тұлғалық дайындығын құраушы маңызды бөлік – оның көмек көрсетуге дайындығы [2. 102б].

Ерекше білім қажеттігі бар балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мынадай бағыттарда іске ааырылады:

– оқушының жеке ерекшеліктерін, танымдық қызметін, ерік-жігер саласын, отбасындағы тәрбиелік жағдайдың даму ерекшеліктерін зерттеу;

– жалпы білім беретін мектептің бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау;

– баланың дама деңгейіне әсер еткен әдіс-тәсілдер мен таңдалған бағдарламаның тиімділігін анықтау;

– баламен жұмыстың бағыттарын айқындау мен бала дамуындағы ауытқулардың алдын алу.

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әрбір маманының жеке-дамытушылық жұмысының басты мақсаты - баланың өз мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламасын меңгеруге көмектесу үшін барлық мүмкіндіктерді жасау. Мамандардың міндеті дамытушы жұмысты өз әдістері мен тәсілдері арқылы, соның ішінде қысқартылған

білім беру бағдарламасын меңгерту үшін сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативтік және жеке дамудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың біртұтас, жүйелі ұйымдасқан қызметін білдіретін оқу-тәрбие үрдісінде баланы қолдаудың ерекше түрі ретінде қарастырылады. Оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттар жасалады.

Жалпы айтқанда, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі оқыту қиындықтары бар оқушыларды анықтайды, қиындықтардың сипатын және олардың пайда болу себептерін бағалау мақсатында психологиялық-педагогикалық тексеру жүргізеді, және де тексеру нәтижелерін тиісті формаларда құжаттайды, зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды, оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын жасайды. Психологиялық-педагогикалық қолдау қазірде мамандардың жүйелі ұйымдасқан, бір тұтас әрекеттерінің барысында әрбір баланың білім беру-тәрбие үдерісінде өз мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау балаға көмек көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттар құру барысындағы педагогтар мен мамандардың ұйымдастырылған қызмет жүйесі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. – А., 2016. – 51б.
2. М. Оспанбаева. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет
3. Алтаева Г. Ж. Роль психолого-педагогического сопровождения детей в условиях инклюзивного образования. – Щучинск, 2015.
4. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 51 б.

МЕКТЕПТЕРДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Тарбака Жанаргуль,
бастауыш сынып мұғалімі
Қараөткел ауылының мектеп-гимназиясы
Ақмола облысы, Целиноград ауданы
Яки Бирлан,
денешынықтыру мұғалімі
Кемел Акишев атындағы № 69 мектеп -гимназиясы

Аннотация: Аталған тақырыптың маңыздылығы - мүмкіндігі шектеулі балалар басқа балалармен тең мүмкіндікте білім алуы тиіс. Қазірдің өзінде инклюзивті білім беруді жалпы білім беру мектептеріне енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Тірек сөздері. инклюзивті білім беру, жас ерекшеліктері, сапалы білім алу.

Значимость данной темы состоит в том, чтобы дети с ограниченными возможностями, на равных правах, получали такие же знания, как и другие дети. Внедрение инклюзивного образования в общеобразовательные школы в настоящее время является важной необходимостью.

Ключевые слова: внедрение инклюзивного образования, возрастные особенности, получение качественного образования.

The significance of this topic is that children with disabilities, on equal rights, receive the same knowledge as other children. The introduction of inclusive education in secondary schools is currently an important need.

Key words: introduction of inclusive education, age characteristics, obtaining quality education.

Бүгінгі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, жанұяның араласуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беру дегенімізге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Қазақстанда бұл құбылыс, назардан тыс қалдырылмады. Бұл мәселе өзіне қатты көңіл бөлуді талап етеді, өйткені туа біткен және жүре пайда болған ақаулары бар балалардың саны жыл сайын артып келеді. Мемлекет дамуындағы ауытқулар бар балаларды ерте диагностикалау мен ерте түзету міндеттерін қояды. Барлық білім беру жүйесінде, өз кезегінде осы санаттағы балаларды мүмкіндігінше барлық балабақшаларда, жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік лицейлерде және жоғары оқу орындарында оқыту процесіне қосуы тиіс. Мүмкіндігі шектеулі балаларға қазіргі заманғы қоғамның қарым-қатынасын өзгертуді іске асыру арқылы балалардың оқу процесінде өз қабілеттері мен жетістіктеріне жетуі мамандандырылған оқу орнында емес, мемлекетіміздің жалпы білім беру мектебінде жүзеге асуын қамтамасыз ету қажет. Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға, адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, жанұяның қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп

өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның конвециясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс - әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Бұл оқыту - адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. «Жалпыға бірдей білім» бағдарламасына сәйкес 1994 жылы Саламанка қаласында (Испания) арнайы қажеттілігі бар балаларға білім беруді дамытуға арналған бүкіләлемдік конференция болып өтті. Конференция соңында Саламан декларациясы жасалды. Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай болып бекітілді.

Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс. Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.

· Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту. Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі принципі туындайды.

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір - біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Білім беру саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін білім алуға тең құқықтар қағидаты көзделген. Біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілген. Республикада 2375 бала үшін 166 балабақшада инклюзивті білім беру жүзеге асырылуда, бұл анықталған даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санының 14%-ын құрайды. Бұдан басқа, даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 39 арнайы балабақша мен жалпы мақсаттағы балабақшаларда 315 арнайы топ жұмыс істейді. Олардың контингенті балабақшаларда 4945 баланы, арнайы топтарда 5879 баланы құрайды. Арнайы мектепке дейінгі ұйымдарға баруға мүмкіндігі жоқ мүмкіндігі шектеулі балалар үшін оңалту орталықтарында, психологиялық педагогикалық түзету кабинеттерінде (бұдан әрі − ППТК) түзету педагогикалық қолдау көрсету көзделген. Республиканың жұмыс істеп тұрған 129 ППТК-де негізінен мектепке дейінгі жастағы балаларға қызмет көрсетіледі. Даму мүмкіндіктері шектеулі 43811 баланың 15244-і мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына қолдан келгенше жағдай жасайтын болады. Біздің елде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте жастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы»

конвенциясына қол қойып, барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттенген. Осы мәселені талқылаған халықаралық конференциялар, түрлі семинарлар ұйымдастырылуда. Сондықтан мемлекеттік Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасына бірінші рет инклюзивті білім беруді дамыту қосылды. Бұл бағдарламада инклюзивті білім жүйесін дамытудың мына мәселері көрсетілген: 2015 жылға қарай аталған міндетті шешу үшін: мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары;мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді, түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады; мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді;

Білім беру ұйымдарында мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жарақтандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылады; мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалды (педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы); үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен және компьютерлік қамтамасыз ету жинақтарымен қамтамасыз етіледі.

Осылайша, Қазақстан Республикасында 2020 жылға қарай инклюзивті білім жүйесі енгізелді; инклюзивті білім үшін жағдай жасайтын мектептердің үлесі мектептердің жалпы санынан 70%-ға ұлғаяды; мүгедек балалар үшін «кедергісіз қол жеткізуді» жасайтын мектептердің үлесі мектептердің жалпы санынан – 20%; инклюзивті біліммен қамтылған балалардың үлесі даму мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санынан 50% құрайтын болады. Бүгінгі таңда елімізде 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар саны 138,5 мыңды құрайды. Ол жалпы бала санының 2,8% құрайды. Оның ішінде 44 мың 773 мектепке дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар. Инклюзивті білім беруді даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу жүйесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі ретінде қарастырған жөн. Бала және оның ата-анасының тұрғылықты жеріне сәйкес жалпы типтегі мекемелерде мұндай балаларға білім беруді ұйымдастыру оларды ұзақ мерзімге мектеп-интернатқа жіберуден сақтап, отбасында тәрбиеленіп тұруы үшін жағдай жасайды, қалыпты деңгейдегі дамыған құрдастарымен күнделікті қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді, әлеуметтік бейімделуі және қоғамға кіріктіруге қатысты мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қазақстанда мүмкіншілігі шектелген балалардың туғанынан бастап әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық амалдары, психологиялық-медициналық-педагогикалық тексерілуді және білім алуды ақысыз пайдалану құқығы еліміздің бас Конституциясында «Білім туралы», «Мүмкіншілігі шектелген балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» заңдарда бекітілген. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында қоғамдық орындарға кедергісіз енуді қамтамасыз ететін материалдық- техникалық жағдайлар жасалып, дене және психикалық дамуында ауытқушылығы бар балаларға жалпы білім беру мекемелерде «кедергісіз аумақтар» (пандус, арнайы лифт, арнайы жабдықталған оқитын орындар, арнайы оқу, оңалту, медициналық құрал-жабдықтар және т.б. қоса) жасалынуда. Қазіргі таңда түзете білім беру ұйымдарының желісін сақтап, жетілдіру және инклюзивті білім беру жүйесін қатар дамыту ең тиімді қадамболып табылады. Мұндай жағдайда түзету ұйымдары жалпы білім беру мекемелерінде қызмет жасайтын педагогтарға әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік орталық, білім алып отырған тұлғалар және олардың ата-аналарына кеңес беру және психологиялық-педагогикалық түзете көмек көрсету қызметін атқарады. Мектеп жасына дейінгі балаларға қажетті психологиялық-медициналықпедагогикалық көмек уақытылы көрсетілген жағдайда баланың дамуындағы негізгі кемшіліктерді оқытудың

бастапқы кезеңіне түзету, жалпы білім беру мекемелерінде оқытуға дайындауды қамтамасыз етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру мақсатында баланың психофизиологиялық және танымдық мүмкіндіктерінің деңгейін ескеретін, оқытудың нұсқауларын қарастыратын білім берудің арнайы типтік оқу бағдарламалары құрастырылып, бекітілген. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды кіріктіре (инклюзивті) оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар мен нұсқаулар дайындалды. Жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді табысты ұйымдастырудың жағдайы ретінде баланы білім беру мекемелеріне толыққанды кіріктіруді қамтамасыз ететін бейімделу ортасын құру болып табылады. Инклюзивті білім беру жүйесі кездесіп отырған күрделі мәселе − бұл қоғам тарапынан туып отырған теріс көзқарас проблемасын жою. Ақпараттың аздығы, қорқыныш, бала құқын аяқасты ету осының бәрі даму мүмкіндігі шектеулі балаларға теріс көзқарасты дамытады. Бір жағынан, арнайы оқыту әдістемесінің жоқтығы инклюзивті білім беру үшін елеулі қиындықтар туғызады.

Тәрбиешілер мен мұғалімдер дамуында ауытқулары бар балалармен жұмыста өздерінің кәсіби дайындығы деңгейіне көңілі толмайтындығын атап көрсетеді. Мысалы, педагогтар (тәрбиешілер), оның ішінде дефектологтар баланың оқуы мен даму үдерісіне теріс ықпал ететін барлық жағдайлар мен факторларды білмеуі мүмкін. Алайда, педагогтар бала бойындағы ауытқуларды дер кезінде анықтап, нақты іс-қимылға дайын болуы тиіс. Осы аталған міндеттер шешімін табу үшін, сөз жоқ білікті маман қажет, сол себепті осы бағытта болашақ мамандарға тиісті білім, іскерлік, дағдыларды қазірден бастап қолға алып, қалыптастыру керек.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің № 1118 Жарлығы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» - Астана, 2010. - 7 желтоқсан.
2. https://infourok.ru/bayandama-inklyuzivti-oitu-turali-2548705.html
3. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000.
4. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж., №343 заңы.
5. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
6. Республикалық педагогикалық–әдістемелік журнал.//Әлеуметтік педагог. №4, 2010.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

Аширбаева Халида Амангельдиевна,
Б.Момышұлы атындағы орта мектептің
педагог-психологі,
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы.

Аңдатпа: Бұл мақалада кәсіби маман инклюзивті білім беру мен оның ерекшеліктері және қиындықтары жөнінде айта келе, «Инклюзивті білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс» жүргізудің әдіс-тәсілдеріне тоқталады. Іс-тәжірибеде өзі қолданған оңтайлы әдістемелерді әріптестерімен бөліседі. Мақала педагог-психологтар мен сыныбында ерекше білім беруді қажет ететін оқушысы бар сынып жетекшілерге өте пайдалы.

Тірек сөздер: инклюзив, араластырамын, өзімді қосқанда, даму мүмкіндігі шектеулі,ерекше білімді қажет ететін оқушылар.

В данной статье профессиональный специалист сосредочится на инклюзивном образовании и методах работы со студентами, нуждающимся в инклюзовном образовании. Он делится с коллегами лучшими методами, которые использовал в своей работе.Статья «Учитель с психологами» очень полезна класным руководтиелям, у которых в классе есть ученик с осыбыми образовательными потребностями.

Ключовые слова: Включая себя, я включая учеников с особыми образовательными потребностями.

In this article,the professional will focus on the methods and techniques of «working with students in need of inclusive education», talking about inclusive education, its features and difficulties. He shares with colleagues the best practices that he has used in practices that he has used in practice.The article is intended for educational psychologists and classroom workers with special educational needs.It is very useful for managers.

Keywords: inclusive, I mix, l include muself, l develop with disabilities, l have exceptional knowledge.

«Инклюзив» — сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан, тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

Неміс педагог-дефектологы П.Шуманның «бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек» деген асыл сөзінен даму мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс істеу өте қиын екенін растап отыр. Қазіргі кезде мектептерде даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге көп көңіл бөлінуде. «Ерекше білімді қажет ететін» балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім, білік дағдысын, тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Бұл балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына мынадай міндеттер қойылады.

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау.
2. Тәрбиесіндегі кемістігін жою
3. Сабақты жүйелі жоспарлау [1]

Дамуында әртүрлі кемшіліктері бар балаларды арнайы оқытуға деген сұраныс, әсіресе, олардың танымдық процестерін психологиялық жағынан зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр. Осы балаларды психологиялық ойындар көмегімен дене кемістігін қалпына келтіріп, сол арқылы психологиялық саулығын сақтап, бала мүгедектігінің деңгейін төмендетуге мектеп психологтары аз да болса өз үлесімізді қосуды мақсат етіп келеміз. Әр психолог ерекше білімді қажет ететін балаға біріншіден, баланың көңіл-күйіне қарап, бақылау жүргізіп отырады. Ал сынып жетекшілері баланы мектепішілік іс-шараға қатыстырады немесе көрермен ретінде көруге шақырады. Екіншіден, баланың үйіне барғанда ата-анасымен сөйлеседі, пікірлеседі, кеңес беріп отырады. Тек қана баланың өзімен жұмыс жасағаннан гөрі, ата-анасымен қосылып, жұмыс жасаған балаға қатты ұнайды. Ол үшін даму мүмкіндігі шектеулі оқушының отбасылық әлеуметтік жағдайын, жас ерекшелігін ескере отырып, балаға ешқандай қиыншылық туғызбайтын өз іс-тәжірибемде қолданып жүрген, ата-

анасымен бірлесе жүргізген, баланың өзіне арналған ойындарды ұсынамын. Әрбір мұғалім жеке балаға сабақ бергенде сабағына қолдануға болады.

Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

1. Олар ойланады.

2. Эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады.

3. Ұжымдық сезімі қалыптасады.

4. Ерік қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді. [2]



Мектеп қабырғасына келгеннен бастап оқушымен психолог, дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог, жеке жұмыстар атқарып келеді. Осы оқушылармен арасында өзім де психолог ретінде жеке жұмыстар жасап, тренингтер ойнатып, түрлі қағаздар қиылып, қимылдар жасап, ұсақ қол моторикасының дамуына, ақыл-ойының артуына едәуір үлес қосып келемін.Сол жұмыстардың нәтижесінде оқушыларымыз едәуір жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Қысқа сөздерді атайтын болды.Мысалы: «апай», «кел» басқа да, сөздік қоры молайды.Сабаққа келгенде шамасы келгенше амандасады, қайтарда қоштасады.Осының бәрі ұстаздың еңбегі екенінің дәлелі.Алғаш келгенде тек айғайлап агрессия танытатын.Қазір өзімізге үйір.Қамқорлықты, мейірімді біледі.Бала да жылулықты сезген ұстазға жүгіреді.Әңгімесін айтқысы келеді.Өз әлемінде, өз жүрегінде сөйлейді, көкрегі сайрайды, әттең жеткізе алмай қиналғанда, қолымызға массаж жасап, «қуырмаш» ойнаймыз.Саусақ қимылының арқасында таным деңгейін қалыпты жағдайға қосуға мүмкіндігіміз мол екені дәлел.

Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ мотрикаңың жақсы жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілуімен тікелей байланысты. Ақыл-ойы кем дамыған балалармен ұсақ моторикасын дамыту мақсатында, күнделікті саусаққа арналған ойындарын ойнап тұрған жөн. Ойындар арқылы баламен қарым-қатынасты нығайтып, баланың өз-өзіне деген көзқарасын өзгертіп, ойынға, оқуға деген ынтасын көтеру. Сөйлеу тілін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс қабілетін арттыру. Икемділігін шыңдау, логикалық ойлау қабілетін ұштау. Танымдық деңгейін өсіру болып табылады.

Әр сабақтағы ойынымыз баланың мүмкіндігіне сай ойнатылып, оқушының көңілінен шығып жатады. Ойнаған сайын оқушының ішкі жан-дүниесі ашыла бастайды. Түрлі іс-әрекет көрсетеді. Ерекше білімді қажет ететін оқушының бірте-бірте талпынысы оянады. Нәзік

қолдарын майыстырып, қайшымен қағаз қиса, келесі сабақта одан да жақсы істеуге ұмтылысы артады. Қол-қимыл қозғалыстары икемделе бастайды.



«Менің және анамның қолы» жаттығуы.

Мақсаты: Ең алдымен дене және эмоционалды есте сақтауға сүйене отырып, қатысушылардың дене сызбасы туралы түсініктерін нығайту. Сол жұпта дене деңгейіндегі өзара қарым-қатынасқа әсерлену, қайта жасау; ата-аналардың осы тәжірибені сезінуі. Бала-ата-ана жұптарына бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрып және жүргізушінің айтқанын орындау ұсынылады. Психолог рет-ретімен тапсырмалар ұсынады:

1. Бір-бірімен сұқ саусақтарымен «Сәлемдесу»;
2. Шынтақтарымен бір-бірлерінің шынтақтарын сипалау;
3. Ортаңғы саусақтар көмегімен күш сынасу;
4. Серіктестің біреуі алақанымен, екінші қатысушының бармағын ұстап тұру қажет. Содан кейін орындарын ауыстыру:
5. Бір-бірімен шынтақ арқылы қоштасу.

Сабақтағы жаттығулар тек сол қолмен орындалады. Үй тапсырмасы ретінде қатысушыларға тура осыны қарама-қарсы саусақтармен жасау ұсынылады.

«Иә-жоқ» өзін қабылдауға арналған жаттығуы.

Мақсаты: Ата-аналар мен балалар арасында жақындық сезімдерін ояту, бір-бірін қабылдауды қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру. Ата-аналар мен балалар бір-біріне иықтарымен сүйеніп, кілемнің үстінде отырады. Сенімді түрде: «Иә-жоқ», «Жоқ-иә» сөздерін айтады. Жаттығудан кейін талдау жасалады: «иә» немесе «жоқ» сөздерінің қайсын айту қиын? [3]

«Түспен ажырату»

Ойынның мақсаты: адамның мінез-құлқын бояумен көрсетіп, жағымды, жақтарын түспен ажырату.

Жүргізуші: балаға адамның қасиеттерін кемпірқосақ тәрізді етіп бояуды тапсырады. Қандай қасиетті қай түспен бояуды баланың өзі шешеді. Ойын соңында адамның мінез-құлқын көрсету үшін қай түсті неге таңдағанын өзі түсіндіріп береді.

Біз балалар ұсақ қол моторикамызды дамыта отырып, ұсақ қағаздан көкөністер мен жемістер жасаймыз. Қане, Жаңыл, екеуміз сәбіз жасап көрейік. Желіммен сарғыш түстен сәбіз қағаздан сәбіз жасап жатырмыз. Сәбіздің дәмі қандай болады? Түсі қандай болады? Өткен сабақтарда да көкөністер мен жемістердің суретін салған болатынбыз.

«Сәбіз салаты» саусақ ойыны.

Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды).

Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп, кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды).

Қант сеуіп дәмділейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)

Міне, дайын нәрлі тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).

Дәруменге бай тағамды жеп (алақанымен іштерін сипалап) тойынған ишара жасайды.

«Танып біл және ата» ойыны.

Суреттер арқылы көкөністерді атау. Бір сөзбен атау. Пияз, қызанақ, қияр, картоп, қызылша, орамжапырақ.

«Аз-көп» ойыны

Пияз-пияздар

Қияр - қиярлар

Қызанақ-қызанақтар

Сәбіз-сәбіздер

Қызылша-қызылшалар

Орамжапырақ-орамжапырақтар

Сергіту сәті

Оңға түзу тұр,

Солға түзу тұр.

Алға бір адым

Артқа бір адым.

Оңға бұрылып,

Солға үңіліп

Жоғары, төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрау «Қимылды қайтала». Мақсаты: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (Кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталайды.

Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.

Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды. Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезегімен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді. В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді. Бұл жерде қаламның үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.

Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.

«Фигураларды құрастыр» жаттығуы.

Қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есептік таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық фигураларды жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі:

Төрт таяқшадан шаршы құрастыру;

Үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру;

Үй құрастыру;

Жалауша құрастыру;

Жұлдызша құрастыру:

Жалпы айтар болсақ психолог ерекше білімді қажет ететін оқушымен тығыз байланыста. Ол оқушымен үзілісте де, сабақта да, бірге жүреді. Оқушының барлық қыр-сырын танып біледі. Оқушы мектептен кеткенде ғана психолог аз демің басады. Бүкіл энергиясы, төзімділігі, шыдамдылығы балаға көп әсер етіп, оқушымыз түзеле бастайды. Ұстаздарымыз шыңдала береді.



Қорыта айтқанда: Психологтар «Әрбір бала – бір жұлдыз, жарқырауына көмектес!» қағидасын бекем ұстанамыз.Бұл оқушыларымыз ата-аналарымен де сұхбаттасып, көңілін табуға тырысамыз.Қалаған ойыншықтарымен ойнатып, өз мүмкіндігінше әрекеттенуге үлесін қосуда. Ерекше білімді қажет ететін оқушыға баса назар аударып, баланың көңіліне қаяу түсірмеуге әрекеттенеміз. Олардың денсаулықтарының жақсарып, өмірден өз орындарын табуына тілеулеспіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Инклюзивті білім беру негіздері» Алматы, 2019 жыл;
2. Овчарова Р.В. «Практическая психология образования». Москва: «Академия», 2003;
3. Крюкова Т.Л. «Отбасылық психология» – Тіл, 2005 жыл

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛЖЕТІМДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ТАЛАПТАР

Берік Акниет,
№ 202 мектеп гимназия.
Химия пәні мұғалімі.
Алматы қаласы

Аннотация: Мақалада жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беруде қолжетімдікті қамтамасыз ететін талаптар мәселесі қарастырылған. Инклюзивті білім беруді енгізуге арналған шарттар, білім беру ұйымына қолжетімдікті қамтамасыз ететін талаптар толықтай ашылған.
Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, жалпы білім беретін мектеп, талаптар, қолжетімділік, тәрбие.

В статье рассмотрен вопрос требований, обеспечивающих доступность инклюзивного образования в общеобразовательной школе. Полностью раскрыты условия на внедрение инклюзивного образования, требования, обеспечивающие доступ к организации образования.
Ключевые слова: инклюзивное образование, общеобразовательная школа, требования, доступность, воспитание.

The article considers the issue of requirements ensuring accessibility of inclusive education in secondary schools. The conditions for the introduction of inclusive education, the requirements for access to the organization of education are fully disclosed.
Keywords: inclusive education, general education school, requirements, accessibility, upbringing.

Мектептерге инклюзивті білім беруді енгізу міндеті барлық балалардың мектеп қабырғасында бірлескен қарым-қатынас және әрекеттестік тәжірибесін жинақтауынан, өзге адамдардың әлеуметтік жағдайына, ұлтына, денсаулығына қарамастан, өз мүддесі мен олардың мүдделерін келістіруден тұрады. Өйткені, білім алу мүмкіндіктері мен сұраныстары әртүрлі оқушыларды бірге тәрбиелеу мен оқытуға барынша жайлы жағдайды қамтамасыз ету қажет.

Инклюзивті білім беруді енгізуге арналған шарттар:

• мектеп басшысының ниетінің болуы және ынтасының ерекшелігі;

• мектеп мұғалімдерінің өз сыныбының құрамына денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларды (бұдан әрі – ДМШ) қосуға психологиялық дайындығы, олардың инклюзивті білім беру философиясын, оның негізгі құндылықтары мен мақсаттарын түсінуі және қабылдауы;

• педагогикалық ұжымның инклюзивті білім беруді істәжірибелік тұрғыда жүзеге асыруға әдістемелік дайындығы, инклюзивті іс-тәжірибені ұйымдастыру технологиялары мен әдістерін меңгеруі;

• мектеп ұйымында қажетті мамандардың (тьюторлардың, дефектолог мұғалімдердің, логопед мұғалімдердің, педагог-психологтардың және т.б.) немесе психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерімен, оңалту орталықтарымен және өзге ұйымдармен осы мектептегі ДМШ балаларға кеңес беру, оқу-әдістемелік қолдау және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы шарттың болуы;

• мектепте оқушыларды оқыту және тәрбиелеу үшін арнайы жағдай жасау, соның ішінде қолжетімді, кедергісіз орта құру;

• педагогтер біліктілігін арттыру мүмкіндігі. Мұндай сыныптарда жұмыс жасайтын мұғалімдер міндетті түрде кәсіби дайындықтан өтуі керек [1].

Білім беру ұйымына қолжетімдікті қамтамасыз ететін талаптар:

Білім беру саласында Қазақстан Республикасы ұстанған қазіргі әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі – балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуы арқылы білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беру саласын дамытуға арналған бағыттар:

– қоғамның МШБ қабылдауға дайын болуы;

– инклюзивті білім беру идеясын таратуда, ерекше қажеттілігі бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету;

– ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету және озық тәжірибелерді тарату;

– ата-аналар қоғамдастығының ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуға құқығын және мүдделерін іске асыруға және оны қорғауға қатысуы, оқыту үрдісіне және түзету көмегін іске асыруға қатысуы.

Инклюзивті білім беру мынадай нақты құндылықтар мен ұстанымдарға негізделеді:

- әр адам білім алуға құқылы;

- білім беру туылғаннан басталады. Ерте жаста білім беру ерекше қажет, бірақ ол ересек жаста аяқталмайды, себебі бұл үдеріс өмір бойы жалғасады;

- барлық балалар білім алуы керек;

- әр адам белгілі бір сала бойынша не белгілі бір уақытта оқыту бойынша қиындықтарға тап болуы мүмкін;

- әр адам білім алу барысында көмекке мұқтаж;

- мектеп, мұғалім, отбасы бала ғана емес, өзге тұлғаларды да оқытуға ықпал етуге жауапты;

- әр түрлі болу табиғи жағдай, ол өте бағалы және қоғамды толықтырып отырады;

- біреуді кемсіте қарым-қатынас құру әрі бұндай мінез-құлық таныту сынға түсу керек. Балаларды толеранттылық тән және әртүрлілікті қалыпты жағдайда қабылдайтын инклюзивті қоғамда өмір сүруге дайындау керек;

- мұғалімдер өздерімен өздері өмір сүрмеу керек, олар да үнемі қолдауға мұқтаж. Кіріктіре оқыту сегіз қағидаға негізделеді:

- адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес;

- әр адам сезіну мен ойлауға қабілетті; - әр адам қарым-қатынасқа әрі сөзінің тыңдалуына құқылы;

- адамдардың барлығы бір-біріне мұқтаж;


- білім алу нақты өзара қарым-қатынас мазмұнында болуы мүмкін;

- барлық адамдар құрбыларының қолдауы мен достығына мұқтаж;


- білім алып отырған тұлғаларға жетістік ретінде өздері жасай алмайтын емес, жасауға қабілетті әрекеттер саналады;

- әртүрлілік адам өмірінің барлық жақтарын күшейте түседі [2].

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беруді дамытудағы нақты факторлар объективті және субъективті қиындықтар болып бөлінеді.




Сурет 1 - субъективті қиындықтар



Сурет 2 - Объективті қиындықтар

Білім беру ұйымына қолжетімдікті қамтамасыз ететін талаптар: мүгедектік мәселесін мектеп қоғамының жаппай түсінуі; ерекше баламен қатарластарының шынайы қарымқатынасы; стандарт негізінде толыққанды білім беру; мектеп қоғамына кіріктіру және бейімдеу. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру шарттары: балаларды ерте тексеру және даму мүмкіндігі шектеулі балаларға түзету-педагогикалық қолдау көрсету; оңалту мекемелерінің көптеп ашылуы; балаға міндетті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүргізіп, жалпы білім беру үрдісіне кіріктіру; әр бала үшін кіріктірудің тиімді түрін анықтау.

Мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік және қосымша білім беру жүйесінде қағидаттық өзгерістерді айқындай отырып, инклюзивті білім берудің мынадай стратегиялық бағыттарын көрсетуге болады [3]:



Сурет 3 - Инклюзивті білім берудің стратегиялық бағыттары

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім беру үрдісіне қатысушы мамандар тобынан құралады. Ерекше білім қажеті бар балалардың оқу талабын қанағаттандыру

мақсатында білім беру ұйымын техникалық құралжабдықтармен толықтыру міндет. Инклюзивті білім беруді дамыту үрдісінде білім мекемелеріне ата-аналарды қатыстыру жақсы нәтиже береді. МШБ өмірдегі түрлі жағдайларға физикалық және әлеуметтік бейімделуіне, өмірге деген құштарлығы және дертпен күресуі – қоршаған ортаға меншікті қажеттілік түйсігімен байланысты. Балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету – әлеммен байланыстағы бөгеттердің жойылуына және қоғамда шоғырлануына себепкер болады. Жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын пән мұғалімдері және ерекше білім қажеттігі бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу командасы (психолог, әлеуметтік педагог, дефектолог, логопед, ЕДШ нұсқаушысы) болмаған жағдайда, білім беру ұйымының әкімшілігі тәрбиешілерді, бастауыш сынып және қазақ тілі мұғалімдерін инклюзивті білім беру курстарына жіберіп, оқытып алулары қажет. Мектептің мақсаты біріншіден, тәрбие мен оқытудың түрлі бағдарламаларына тең қолжетімдікті қамтамасыз ету, екіншіден, ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуде мектеп ұжымының оң көзқарасын қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

1. http://dot.kostacademy.kz/bible/files/127010921.pdf
2. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жолдары /Құраст.: А.К.Рсалдинова, А.М.Кемешова – Алматы: «Өрлеу» ҰБАО АҚФ ҚР ББЖҚБАРИ, 2019
3. https://bilimger.kz/67021/

ИНКЛЮЗИВТІК ЖҮЙЕГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Абильдаева Айнур Болатқызы,
№ 93 бөбекжай-балабақшасы психологы
Алматы қаласы
Абилдаева Марал Болатқызы
Педагог-психолог «Алматы облысы
білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі
Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы
«19 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ

Аннотация: Мақалада психологиялық қолдаудың адамға күрделі, стрестік жағдайларды шешуіне көмектесумен шектелмей, жағымды тұлғалық дамуға ықпал ететінін, оның жетекші іс-әрекетті жүзеге асырудың жағдайларына бейімдігін арттыратыны жайлы баяндалған. Психологиялық қолдау өмірлік жолдың әрбір кезеңінде бейімделуге және өзін-өзі жүзеге асыруға кедергі келтіретін психологиялық проблемалардың толыққанды шешімін табуынан адамның психологиялық жай-күйін оңтайландырудың есебінен орындалады.

Тірек сөздер: инклюзивтік жүйе, психологиялық сүйемелдеу, психологиялық қолдау қағидалары, психологиялық қолдау тиімділігінің негізгі шарттары.

В статье описывается, что психологическая поддержка не только помогает человеку прощать сложные, стрессовые ситуации, но и способствует положительному личностному развитию, повышает его приспособленность к условиям осуществления ведущей деятельности. Психологическая поддержка осуществляется за счет оптимизации психологического состояния или снижения полноценного решения психологических проблем, препятствующих адаптации и самореализации на каждом этапе жизненного пути.

Ключевые слова: инклюзивная система, психологическое сопровождение, принципы психологической поддержки, основные условия эффективности психологической поддержки.

The article describes that psychological support not only helps a person to forgive difficult, stressful situations, but also contributes to positive personal development, increases his adaptability to the conditions of leading activities. Psychological support is provided by optimizing the psychological state or reducing the full-fledged solution of psychological problems that hinder adaptation and self-realization at every stage of life.

Keywords: inclusive system, psychological support, principles of psychological support, basic conditions for the effectiveness of psychological support.

Қазіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының қатарына барлық адамдардың білім алу құқықтарының теңдігі жатады. Білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз ететін алғышарт – инклюзивті орта. Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастырады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сынды құқықтық-нормативті құжаттар арқылы міндеттелген инклюзивті білім беру үрдісі педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне қойылар талаптарды күшейтеді [1, 2].

Қазақстанда болып жатқан демократиялық өзгерістер, әлемдік экономикалық қауымдастыққа қосылу үдерісі қоғамның денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың проблемаларына көзқарасын өзгертті, оларды қоғамға кеңірек араластыру қажеттілігін түсінуге әкелді.

Біріктіру үдерісіне жасы, білімі, денсаулығы, ұлты, әлеуметтік жағдайы, әлеуметтік мәртебесіне қатыссыз барлық қоғам мүшелері, барлық әлеуметтік қауымдастықтар тартылады. Сөйтсе де, іс жүзінде кейбір әлеуметтік топтардың тұрақты түрде немесе кейде шеттетілуін, ерекше жағдайда қалуын байқаймыз. Ең алдымен бұл денсаулық мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан қоғамдағы қалыпты іс-әрекет түрлерін орындай алмайтын тұлғалар.

Мүмкіндігі шектеулі баланың білім алуға құқықтарын жүзеге асырудың басты мақсаты ретінде оның дене және психологиялық ерекшеліктерін ескере отыра балалардың білім алуы үшін қажетті жағдайларды жасау қарастырылған.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – жынысы, жасы, тегі, діни көзқарасы, дамуында артта қалушылығы немесе тұрмыстық жағдайына қарамастан, барлық балаларды жалпы білім беру үдерісіне толықтай енгізу және әлеуметтік бейімдеу барысында кездесетін кедергілірді жоюға бағытталған мемлекеттік саясат.

«Психологиялық қолдау» ұғымы ғылымдағы жаңа түсінік болғандықтан «қолдау» сөзінің жалпыға бірдей мойындалған, психологиялық мәніне негізделген мағынасын нақтылауымыз және соның негізінде «бірінші сыныптағы оқушылардың эмоциялы дамуын психологиялық қолдау» ұғымына анытама беруіміз қажет.

Н.Г.Щербанёва «психологиялық қолдау бұл – субъектіге психологиялық көмек көрсетудің нәтижесінде адамның өз-өзіне деген сенімділігі, өз мүмкіндіктеріне деген сенімділік сезімі орын алатын тұлғааралық өзара әрекеттестік түрі» деп есептейді. Автордың ойынша, «субъектінің психологиялық даралығының дамуына, тұлғалық жаңа құрылымдардың қалыптасуына, өзіндіктің дамуына, өмірлік дағдарыс, ішкі ізденіс және таңдау кезеңінде тұлғалық дамуды жүзеге асыруда көмектесу» психологиялық қолдаудың мақсаты болып табылады. Психологиялық қолдаудың мақсаты нақты проблеманы шешумен шектелмей, даралықты жетілдіруде анықталады [3].

А.Г.Асмолов (1996) психологиялық қолдаудың психологиялық базасы өмірдің қазіргі заманғы бейнесінде тұлғаның дараланууы үшін даму бастауларының болуы; социогенезде даралықтың даму механизмдері шарттарының орын алуы; адам социотиптік мінез-құлықтың иесі ретінде ғана емес, даралық ретінде көрсететін «белгісіздік аймақтарының»; таңдау мүмкіндіктері диапазонының болуы деп есептейді [4].

А.Г.Асмолов тарихи уақыт өсінде субъект әлеуметтік-типтік мінез-құлықтың тасымалдаушысы әрі даралық ретінде анықталатынды деп тұжырымдап, сонымен бірге даралық өздігінен жүзеге асырылатын іс-әрекеттерді таңдаудың негізі болып табылатын тұлғаның әлеуметтік ұстанымына баса наза аударады. Әлеуметтік өмір салытының мотивті құраушы факторы ретінде автор «тұлға болу» құндылығын қарастырады.

Автордың ойынша тұлға дамуының негізін индивид емес, тұлға дамуының жағдайын өндейтін бастапқыдан біріккен мінез-құлық актілері, ықпалдары құрайды. Тұлғаның даралану үдерісі жеке басының дербестілігі арқылы біріккен актілерден мінез-құлықты өз бетінше қадағалау және ұйымдастыруға ұласады.

Біздің ойымызша психологиялық қолдау балалар мен ересектердің арасындағы өзара қатынастарды жақсартушы факторлардың бірі болып табылады. Балаға қамқорлық жетіспегенде немесе қолдау көрсетілмегенде оның көңілі қалып, әртүрлі қылықтарға бейім бола бастайды. Біздің ойымызша баланың психологиялық, психикалық және физикалық денсаулығы, оның стрестерге төтеп беруі, өмірлік әлеуетін арттыруы, сауатты психологиялық қолдауға байланысты болады. Отбасында, мектепке ондай қолдауға ие болған балалардың дамуы жақсы болады, стрестік күйзелістерді жеңілірек кешіреді, өз-өзіне сенімді болып, қамқорлықты сезінеді.

Балаларды психологиялық қолдау педагог-психологтың әрі әрбір ұстаздың, тәрбиешінің түзетуші дамытушы және психопрофилактикалық жұмыстарының бірі болып табылады. Ол баланың психологиясы мен мінез-құлқында туындайтын қиыншылықтарды жеңуге және алдын алуға, оған қажет психологиялық көмектің көрсетілуне бағытталады. Психологиялық қолдау баланың өз қабілеттеріне сенімді болуына, қателіктерді болдырмауына, тұлғасының жағымды қырларына шоғырланып, өзі жайлы бар-бар жағымды бағаны нығайтуына ықпал етеді. Аталмыш проблеманың шешімін табуына педагогтар, психологтар, ата-аналар, құрдастары қатысады.

Әрбір баланың өзін қаншалықты үйлесімді, эмоциялы жағымды сезінуіне қарай, оның мектепке, өз-өзіне, айналасындағы адамдарға қатынасы, сондай-ақ мектептегі жетістіктері де байланысты болады.

А.Д. Андрееваның ойынша «психологиялық қолдау бұл:

- ересек баланың өзін-өзі бағалауын нығайту мақсатында оның жағымды артықшылықтары мен қырларына шоғырланатын;


- баланың өз қабілеттеріне сенім арта алатын;
- баланың қателіктерді болдырмауына көмектесетін;
- баланы сәтсіздіктерде қолдаутын үдеріс» болып табылады [5].

Психологиялық қолдау үдерісінде ересектер балаға педагогикалық тұрғыдан ықпал етудің едәуір жағымды әдіс-тәсілдерін қолданып, онымен қарым-қатынастың және өзара әрекеттестіктің үйреншікті үлгісін өлшейді, оның айналасында жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жағдайын жасайды.Ол ересектердің бала қылықтарының жағымды ерекшеліктеріне назар аударып, баланың эмоциялы аумағына ықпал етіп, оның жағымды күйзелстері мен күйлерін бекітіп, оның әрекеттерін мақұлдайды.

Баланы қолдау - оған сенім білдіру:


- оны шартсыз қабылдау;
- оның даралығын мойындау;
- қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенім арту;
- тұлғасының жағымды қасиеттерін дамыту;
- сенімділікке ие болуына көмектесу.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде психологиялық қолдаудың адамның жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделуіне байланысты орын алған қиыншылықтарды едәуір жылдамырақ және қиыншылықсыз кешіруге, стресогенді жағдарды жеңуге, айналасындағылармен өзара тиімді қатынастарды қалыптастыруға, өзінің психологиялық, психикалық және физикалық денсаулығын сақтауға көмектесетінін қорытуға болады.



Сурет 1 - Психологиялық қолдаудың маңызды қағидалары

Төмендегі шарттардың жүзеге асырылуы психологиялық қолдауды көрсететін тұлғадан баланың жас ерекшелік және жеке-дара ерекшеліктері жайлы білімді, қарым-қатынас біліктілігін, баламен сенімге арқау еткен қатынастарды, субъектінің проблемаларын түсінуді, оны қабылдауды, оған деген толерантты қатынасты, эмпатияны, рефлексивті тыңдауды, балаға қатысты оңтайлы тұрғыны, психологиялық қолдауды көрсеткенде вербалды немесе өзге де агрессияның болмауын талап етеді. Психологиялық қолдау көрсететін адам баланың қуатты жақтарына арқау етіп, ол үшін кепілі бар жетістікті жасай алуы тиіс, тұлғаны болашақтағы жетістіктеріне бағыттап, балаға сенім артып, оптимизм танытуы тиіс.



Сурет 2 - Психологиялық қолдау тиімділігінің негізгі шарттары.

Әдетте педагог-психологқа сұраныс ата-аналардан немесе педагогтерден келіп түседі, баланың ондай көмекке мұқтаждығы сирек. Ең алдымен педагог-психолог өтініштің негізділігін тексеруі тиіс. Аталмыш жағдайда баламен жұмыс жасаудың қажеттілігі болмаса, педагог-психолог өтініш берушінің иесімен жұмыс жасауы тиіс (кеңес беру, оған қажет әдістемелік көмекті көрсету).

Баламен жұмыс жасау қажет болған жағдайда педагог-психолог проблеманың себептері жайында болжамды ұсынып, соған сәйкес терең диагностиканы жүргізеді.

Педагогтардың, ата-аналардың, оқушылардың психологиялық қолдауға мұқтаж балаларға көмек көрсету іскерліктерінің дамуы мектептегі әрі отбасындағы білім беру және тәрбие үдерістерінің ізгілендірілуіне ықпал етеді, өскелең ұрпақтың тек психофизакалық емес, сонымен қатар психологиялық денсаулығын да нығайтады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
2. ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы. http://dot.kostacademy.kz/bible/files/127010921.pdf
3. Щербанева Н.Г. Психологическая поддержка профессионального развития студентов педагогического вуза средствами психологической службы: Автореф. дисс.... канд. псих. наук. - Ставрополь, 2003.
4. Асмолов А.Г. Содействие ребенку - развитие личности // Забота – поддержка - консультирование / Серия «Новые ценности образования» / Под ред. Н.Б. Крыловой / Выпуск № 6. - М.: Инноватор, 1996. - С. 39-44.
5. Андреева Г.М. Социальная психология. – М., 1996. – С. 241-242.

ЦИФРОВОЕ РАЗВИТИЕ ОБРАЗОВАНИЯ: КАК ТЕХНОЛОГИИ МЕНЯЮТ БУДУЩЕЕ ОБУЧЕНИЯ

Муканова Роза Акылбаевна,
Датова Эльмира Гималаевна,
Танкубаева Лейла Кайровна,
учителя – дефектологи
КГУ «Специальная школа-интернат №1 г.Кокшетау»
Управления образования Акмолинской области

Аңдатпа: заманауи ақпараттық технологиялар мен цифрлық құралдардың пайда болуымен әлемде білім саласы айтарлықтай өзгерістерге ұшырай бастады. Технологиялар оқу процестеріне күшті әсер етіп, оқу тәжірибесін дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл мақалада білім берудің цифрлық дамуы оқытудың болашағын қалай өзгертетінін және бұл өзгерістерге қандай технологиялар ықпал ететінін қарастырамыз.

С появлением современных информационных технологий и цифровых инструментов, образование в мире стало претерпевать значительные изменения. Технологии оказывают сильное влияние на процессы обучения и открывают новые возможности для развития образовательных практик. В данной статье мы рассмотрим, как цифровое развитие образования меняет будущее обучения и какие технологии способствуют этим изменениям.

Ключевые слова: цифровое развитие, современные информационные технологий, цифровые инструменты, образование, персонализация обучения, МООС, онлайн платформы, виртуальные и дополненные реальности.

With the advent of modern information technologies and digital tools, education in the world has begun to undergo significant changes. Technologies have a strong impact on learning processes and open up new opportunities for the development of educational practices. In this article we will look at how the digital development of education is changing the future of learning and what technologies are facilitating these changes.

Одним из ключевых аспектов цифрового развития в образовании является переход от традиционных учебных материалов и методов обучения к цифровым ресурсам и онлайн-обучению. Все больше и больше учебных заведений внедряют интерактивные платформы, онлайн-сервисы и онлайн-курсы, которые позволяют учащимся учиться в удобном для них темпе и времени. Это позволяет студентам самостоятельно выбирать образовательные ресурсы и контролировать процесс обучения. Одним из примеров цифровых технологий, преобразующих образование, являются массовые открытые онлайн-курсы (МООК), которые предоставляют бесплатный доступ к курсам по различным предметам от ведущих университетов мира. МООК позволяют студентам из разных стран учиться у ведущих экспертов в своих областях и получать сертификаты для подтверждения своих знаний. Это делает образование более доступным и глобализирует процесс обучения. [1, 213].

Еще одним важным аспектом цифрового развития образования является персонализация обучения. Благодаря технологиям адаптивного обучения и анализа данных образовательная платформа предлагает студентам индивидуализированную образовательную траекторию, позволяя им выбирать материалы, соответствующие их знаниям и способностям. Это позволяет учащимся учиться в своем собственном темпе, удовлетворять свои индивидуальные потребности и достигать высоких результатов обучения.

Еще одним важным аспектом цифрового развития образования является расширение возможностей дистанционного обучения. Онлайн-платформы, видеоконференции, вебинары и другие технологии позволяют преподавателям и учащимся преодолевать географические и временные ограничения, обмениваться знаниями и общаться в виртуальной среде. Этому способствовала пандемия COVID-19, когда дистанционное обучение стало необходимостью для многих образовательных учреждений.

Одной из самых популярных технологий является WebQuest. Веб-квест — это онлайн-сайт или задание, над которым учащиеся работают, чтобы выполнить ту или иную учебную задачу. Веб-квесты построены таким образом, что направляют студента не только на поиск информации, но и на ее анализ. Все материалы, используемые студентами, размещены в Интернете. Они включают отдельные проблемы, учебные предметы, темы и могут быть междисциплинарными. Выполнив веб-квест, учащиеся создадут веб-страницы, блоги,

видеоролики, презентации и многое другое. создает продукт, который может быть в форме WebQuest помогает достичь нескольких целей:

- повысить мотивацию к самостоятельному обучению, стимулировать учащихся к обучению независимо от преподавателя;
- формирование новых компетенций на основе использования ИКТ при решении учебных задач, умения находить несколько путей решения проблемной ситуации, определять наиболее рациональный вариант, обосновывать выбор;
- реализация творческого потенциала;
- развитие коммуникативных навыков и навыков работы в команде (планирование, разделение функций, взаимопомощь, взаимоконтроль);
- развитие мыслительных способностей;
- расширение словарного запаса.

На сегодняшний день наиболее перспективными направлениями деятельности учителя в рамках использования ИКТ в преподавании предметов являются:

- ☐ Разработка мультимедийных и интерактивных учебно-методических и дидактических материалов нового поколения, размещаемых в сети Интернет;
- ☐ перевести существующие учебно-методические и дидактические материалы в цифровой формат, разместить их на сайте и предоставить свободный доступ обучающимся, преподавателям и родителям;
- ☐ создание Интернет-сайтов с целью организации общения учащихся, преподавателей, родителей как в сфере изучения и усвоения предмета, так и в сфере общеобразовательного процесса;
- ☐ мультимедийные презентации, подготовленные как преподавателем, так и учениками;
- ☐ просмотр видеозаписей;
- ☐ самостоятельно изучить содержание мультимедийного учебника;
- ☐ работа с готовыми и самодельными компьютерными тренажерами;
- ☐ искать информацию непосредственно в Интернете;
- ☐ использование электронных учебников;
- ☐ использование интернет-ресурсов, в том числе виртуальных лабораторий.

При этом разрабатываемые учебно-методические и дидактические материалы должны быть направлены на поддержку:

- предмет обучения, базовый и профессиональный уровень;
- курсы по выбору (развивающие, углубляющие, обучающие);
- исследовательские и проектные.

Виртуальная и дополненная реальность — еще один пример технологий, которые меняют образование. Виртуальные классы, учебные программы и симуляторы, созданные с использованием виртуальной и дополненной реальности, позволяют учащимся участвовать в интерактивной учебной среде, моделировать реальные ситуации и развивать практические навыки в более безопасной и контролируемой среде.

Следует отметить, что аналитика данных и искусственный интеллект оказывают существенное влияние на цифровое развитие образования.

Анализ данных о процессе обучения, успеваемости учащихся и их учебных предпочтениях позволяет совершенствовать образовательные программы, менять методы обучения, обеспечивать более точную обратную связь со студентами. Искусственный интеллект можно использовать для создания персонализированных образовательных программ, автоматизации оценки вакансий и предоставления обратной связи студентам.

Однако, несмотря на многочисленные преимущества, цифровое развитие в образовании сталкивается с рядом проблем и рисков. Одной из основных задач является необходимость развития цифровой грамотности преподавателей и учащихся для эффективного использования технологий в образовательном процессе. Доступность цифровых технологий важна для всех учащихся, включая учащихся с ограниченным доступом к Интернету или компьютерам.

Еще одна проблема — защита данных и конфиденциальности учащихся, поскольку цифровые технологии могут собирать и хранить большие объемы персональных данных. Также стоит учитывать технологический разрыв между образовательными учреждениями, который приводит к неравномерному распределению доступа к цифровым ресурсам и возможности цифрового неравенства. Однако, несмотря на проблемы, развитие цифровых технологий в образовании обещает большие возможности для улучшения обучения и создания более эффективной, доступной и инновационной среды обучения. Правильное использование технологий может улучшить качество образования, улучшить доступ к образовательным ресурсам, сделать обучение более интересным и помочь подготовить учащихся к требованиям современного общества. [3, 186].

Хотя цифровое развитие образования имеет множество преимуществ, есть и некоторые недостатки, которые необходимо учитывать при внедрении технологий в образовательный процесс.

1. Технические проблемы. Одним из основных недостатков цифрового образования являются потенциальные технические проблемы. Проблемы с оборудованием, сетью или программным обеспечением могут нарушить процесс обучения и вызвать трудности у учителей и учащихся. Технические проблемы могут ограничить доступ к образовательным ресурсам, особенно в районах с ограниченной инфраструктурой.

2. Цифровое неравенство. Еще одним недостатком цифрового развития в образовании является возможность цифрового неравенства. Не все образовательные учреждения и регионы имеют равный доступ к современным технологиям, что может создавать неравенство между образовательными учреждениями и студентами в разных сферах. Это может ограничить доступ к качественному образованию для определенных групп населения, таких как малообеспеченные, сельские жители и люди с ограниченными возможностями.

3. Риск потери личной информации: Из-за использования цифровых технологий в образовании существует риск потери личной информации учащихся и преподавателей. Сбор и хранение личной информации, такой как имя, адрес, звание и другая информация, может быть хакерской атакой или нарушением конфиденциальности. Защита данных и обеспечение конфиденциальности учащихся и преподавателей — важная часть процесса цифрового образования.

4. Опасности технологической зависимости. Еще одним недостатком цифрового развития в образовании является возможность того, что учащиеся и преподаватели станут зависимыми от технологий. При интенсивном использовании цифровых технологий в образовательном процессе учащиеся и преподаватели могут столкнуться с риском развития технологической зависимости. Это приводит к отсутствию коммуникативных навыков, социальных навыков и навыков критического мышления в реальном мире, поскольку большая часть обучения происходит в виртуальной среде. Кроме того, технологическая зависимость может привести к снижению физической активности и здоровья из-за длительного пребывания перед экраном.

5. Ограничения оценки и обратной связи. Ограничения оценки и обратной связи также могут возникнуть в цифровом образовании. В ряде случаев оценка производится автоматически с использованием алгоритмов и программ, которые не всегда учитывают все аспекты знаний и умений обучающегося. Кроме того, прямая обратная связь с учителем ограничена в электронном виде, что может затруднить оценку и улучшение обучения.

Таким образом в данной статье представлен краткий анализ процесса цифровизации современного образования. С каждым годом современные технологии приобретают все большее значение в процессе совершенствования отечественного образования, а их внедрение способствует развитию и модернизации образования, повышению качества обучения учащихся на всех уровнях образования.

Заключение: Среди множества способов повышения эффективности обучения использование информационных технологий являются ведущими. Безусловно, будущее – за

информационными технологиями. Многие дидактические, организационные и методические проблемы теперь могут быть решены с большой помощью.

Конструирование образовательной среды с использованием ИКТ – это формирование физической культуры обучающихся в ее формах (учебная программа – дополнительное образование – внеклассная деятельность), где управление строительством рассматривается как процесс создания среды и адекватных изменений в обществе.

Модель образовательного процесса, в которой используются возможности новых информационных технологий, позволяет эффективно организовать индивидуальную и коллективную работу преподавателя и ученика, а также интегрировать различные формы и стратегии приобретения знаний по предметам, направленные на при развитии самостоятельной познавательной учебной деятельности. Она представляет собой уникальное, неповторимое для данной среды индивидуальное, педагогическое и т. д. компоненты, обеспечивающие общеобразовательный эффект, повышающие мотивацию студентов к изучению дисциплины и высокой творческой активности.

Использование информационных технологий порождает новые методы обучения. Интерес студентов возрос, появилась возможность реализовать дифференцированный подход к образованию.

Студент становится активным участником образовательного процесса, создаются условия для развития творческой личности, формируется современный стиль мышления, облегчается процесс сбора и хранения информации. Существенно упрощается процесс контроля знаний студентов. Современные информационные технологии открывают возможность принципиального подхода к образованию.

Список литературы:

1. Ахметшина Г.Х. Использование ИКТ в учебно-воспитательном процессе.

2. Лямзин Д.В. Использование ИКТ в учебном процессе // Материал из Letopisi.Ru — «Время вернуться домой».

3. Бабич И.Н. Новые образовательные технологии в век информации / Материалы XIV Международной конференции «Применение новых технологий в образовании». – Троицк: Фонд новых технологий в образовании «Байтик». – 2003. – С. 68-70.

4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Е.С. Полат.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: МЕКТЕП ПЕН ЖОҒАРЫ БІЛІМ ОРЫНДАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Джумадиева Айгуль Жылкыбаевна,
дефектолог мұғалім, педагогика ғылымдарының магистрі
Матайбаева Жадыра Серикбековна,
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі
Павлодар қаласы, №6 ЖОББМ

Аннотация: Мақала Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудың өзекті мәселесіне арналған. Қазақстанда заманауи білім беруді дамытудың жаңа бағыты әртүрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарының қызметіне инклюзивті тәсілді енгізу болып табылады. Мақаланың негізгі бөлігі білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлерінің: бастауыш мектептің, негізгі және жоғары мектептердің, кәсіптік оқу орындарының сабақтастығын қамтамасыз етуді ескере отырып, инклюзивті білім беруді енгізудің ұйымдастырушылық және психологиялық-педагогикалық тәсілдерін іске асырудың авторлық көзқарасын ашады.

Кілт сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, психикалық дамуы, бейімделуі.

Статья посвящена актуальной проблеме развития инклюзивного образования в Казахстане. Новым веянием в развитии современного образования в Казахстане является внедрение инклюзивного подхода в деятельность образовательных организаций разных уровней. Основная часть статьи раскрывает авторское видение реализации организационных и психолого-педагогических подходов к внедрению инклюзивного образования с учетом обеспечения преемственности разных уровней образовательной системы: школьного образования, начальной школы, основной и старшей школ, профессиональных учебных заведений.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, психическое развитие, адаптация.

The article is devoted to the urgent problem of the development of inclusive education in Kazakhstan. A new trend in the development of modern education in Kazakhstan is the introduction of an inclusive approach to the activities of educational organizations at different levels. The main part of the article reveals the author's vision of the implementation of organizational and psychological and pedagogical approaches to the introduction of inclusive education, taking into account the continuity of different levels of the educational system: preschool education, primary school, primary and high schools, vocational educational institutions.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісі сипатталады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығарып, ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырылған тәжірбиемен бөлісу, білім беру жүйесінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға айрықша орын бөлінгені, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау.

Инклюзивті білім беру оқыту процессінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педогогикалық қолдауды қамтамасыз етумен бірге жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып, құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшіліктері туралы

Мақсаты: ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы

Міндеті: - ерекше білім беруді қажет ететін балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалуы туралы;

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесінің ерекшеліктері туралы;

- әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары ескеруі

Болжалды нәтиже:инклюзивті білім беруде ата-аналар мен педагогтардың көзқарасын туралы мағлұмат алу үшін, жалпы орта білім беретін мектептерде дөңгелек үстелдерді өткізіп, ИББ ісін жүзеге асыру үшін, жұмыстардың жоспарын құрау.

- Жоба идеясыинклюзивті білім беру жүйесін дамытуды жан-жақты қарастыру
- Жоба түрітаныстыру-бағыттау
- Жобаны жүзеге асыру қатысушысы «Павлодар қаласының 6 жалпы орта білім беру мектебі» КММ,Павлодар

Нәтижелілік критериялары:инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді

І этап-Инклюзивті білім беру – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.

Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкншілігін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуа бағыттайтын міндеттер қойылып отыр [1].

ІІ этап-Білім беру жүйесінде даму ерекше білім беруді қажет ететін балаларға айрықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету қажеттілігі мақалада айтылған.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту – ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады [2].

Инклюзивті білім беру оқыту процессінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педогогикалық қолдауды қамтамасыз етеді, жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшілігінде ескерген жөн.

Ал бұл процессті жүзеге асыру үшін мектепте балаға психологиялық- педогогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы қажет екенін түсініп, өзіміз соны істе асыруымыз қажет.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар қатарына, атап айтсақ оның бірі психикалық дамуы тежелген (ПДТ) оқыту бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар.

Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшілігі шаршағыштығымен, жұмысқа қабілеттілігі төмендігі, қоршаған орта туралы дамуында бұзылыстар байқалады. Психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педогогикалық қолдау (ППҚ) қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады, мұндайда әр маман өз бағыттары бойынша жұмыс істейді [2].

Жалпы инклюзивті білім беру – мүміндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Нағыз инклюзия білім берудің 2 жүйесін : жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қайшы қоймай, қайта жақындатады.

Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті оқыту - барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

III этап- Білім берудің бұл түрінде ерекше білім беруді қажет ететін баланың өз-өзіне сенімі артады, ол маңайындағылар тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінеді,бұл баланың өзін –өзі бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына, өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезуіне жол ашады, осы сенімділіктерін дамыта түсуде әлеуметтік педагогтың рөлі зор. Оқытудың бұл түрі арқылы ерекше білім беруді қажет ететін бала өз қабілетіне сай, ата- анасынан алшақтамай , яғни арнайы мектеп – интернаттарда тұрып оқуға мәжбүр болмай, тұрғылықты жерде білім алып, қоғам біте қайнасып, әлеуметтік жағынан бейімделеді. Ата –анасы да баласының дамуы мен тәрбиесіне белсене қатысып, жеткіншек алдында жауапкершіліктері артады.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді [4].

Инклюзивті білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергіліерді жоюға, ата –аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзету – педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медика-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Халықаралық тәжірибелерді жан жақты қарастыра отырып,оларды толық зерттеп, еліміздің даму стратегиясын, экономикасын, білім беру жүйесін, әлеуметтік саясатын, қоғам

қажеттілігін, тіпті еліміздің менталитетін ескере отырып, тәжірибелерді осы ескерулерге сай өзгертулер мен толықтырулар енгіп жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр.

Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ деп, инклюзивті білім беруде ата-аналар мен педагогтардың көзқарасын туралы мағлұмат алу үшін, жалпы орта білім беретін мектептерде дөңгелек үстелдерді өткізіп, ИББ ісін жүзеге асыру үшін, жұмыстанудың жоспарын құраймын.

Олардан терең мағлұмат алу үшін, ассоциация стратегиясын ұйымдастырғанынан кейін, жағдаяттардың шешу жолын табу, тақырып бойынша оларға толық ақпарат берумен аяқталды.



Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Адырбаева М.Ж. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық – медициналық педагогикалық консультацияның жұмыс барысы. -Алматы, 2011. – Б.30-35.
2. Буркиев М.Ж. 12 жылдық білім беруге көшу жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың ерекшелігі республикалық-практикалық конф. материалдары. -Қарағанды, 2009. – Б.3-9.
3. Батырғалиева А.С. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу жолдары. -Алматы, 2011. – Б.17-25.
4. Буркиев М.Ж. 12 жылдық білім беруге көшу жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың ерекшелігі республикалық-практикалық конф. материалдары. -Қарағанды, 2009. –Б.8-15.
5. Батырғалиева А.С. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу жолдары. -Алматы, 2011. –Б.10-19.
6. Таубаева Ш. Т. Педагогика әдіснамасы, Алматы, Қарасай батыр, 2011 ж.
7. Кэмен Д.К. Инклюзивті білім берудің шетелдік тәжірибесі /Д. К.Кэмен, С.К.Абильдина, Б.К.Шаушекова.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ

Ильясова Жайнагул Уалбековна,
№ 202 мектеп гимназия.
Химия пәні мұғалімі.
Алматы қаласы

Аннотация: мақалада инклюзивті білім беру жағдайы, яғни барлық балаларды, соның ішіндегі мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысы мен шығу тегіне, дініне жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау мәселесі қарастырылған.
Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, мектеп, жоғары мектеп, декларация, ұстаным.

В статье рассматривается ситуация инклюзивного образования, то есть детей с ограниченными возможностями, в общий образовательный процесс и социальная адаптация, устранение барьеров, лишающих детей независимо от пола и происхождения, вероисповедания, призыв родителей к активности, специальная поддержка коррекционно-педагогических и социальных нужд ребенка.
Ключевые слова: инклюзивное образование, школа, высшая школа, декларация, позиция.

The article examines the situation of inclusive education, that is, children with disabilities, in the general educational process and social adaptation, the removal of barriers that deprive children regardless of gender and origin, religion, the call of parents to be active, special support for correctional, pedagogical and social needs of the child.
Keywords: inclusive education, school, higher school, declaration, position.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» жолдауында: «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуы тиіс...» [1] - деп көрсеткен. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

«Инклюзивті білім беру» ұғымы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ашып көрсетілген [2]. Бұл ұғым ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктері ескеріле отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін үдеріс ретінде түсіндіріледі. Бұл жағдайда қосымша білім беретін білім беру бағдарламаларын қажет ететін тұлғалар (ҚР «Білім беру туралы» Заңының 1 бабы). Яғни, мәселе, ең алдымен, оқушылардың шектеулі отыр («денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындыққа тап болуда»). Бұл жағдайда дарынды балаларды емес, пайдаланылады. Яғни, мұнда да ерекше білім алу қажеттіліктері түсінігі ауқымды емес.

ЮНЕСКО-ның әдістемелік материалдарында көрсетілген инклюзивті білім беру туралы ұғымға мынадай анықтама берген: «Инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балалар дене, психикалық, зерде, мәдени- этникалық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне қосылып, тұрғылықты көздейтін білім беру үдерісін ұйымдастыру. Бұл жағдайда мектептер білім алудағы ерекше қажеттіліктерді ескеріп, өз оқушыларына қажетті арнайы қолдауды жүзеге асырады» [3].

Ал, Саламанка Декларациясының құжаттарында:«Бұл жалпы білім беру мекемесі жағдайында білім беру қызметінің жүйесі, тұрғылықты мекен-жайы бойынша балалардың білім алуға және оқуға толық құқығы бар ұстанымы негіздемесінде жүзеге асады», – делінген (Саламанка, Испания 1994 жыл) [4].

Инклюзивті білім беру балалардың психофизикалық және әлеуметтік дамуындағы саналуан ерекшеліктерін есепке алатын, олардың әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес келетін білім беру үрдісін ұйымдастыруда педагогтар құзіреттілігін кеңейтуді көздейді. Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері: адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады; әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті; әр бір адам қарым-қатынасқа құқылы; барлық адам бір –біріне қажет; білім шынайы қарым-қатынас


шеңберінде жүзеге асады; әр бір баланың жетістікке жетуі өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыруы; барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

Инклюзивті сыныптың мұғалімі оқыту үрдісін оқушыларға бағыттайды:

- ✓ әр оқушы бағдарламадан маңызды;
- ✓ әр оқушының ерекшелігімен санасып, оның жеке басын құрметтеуі керек;
- ✓ сыныптағы әр бала – оқушы;
- ✓ балалар жеке емес, бірге оқығанда жетістіктерге жетеді;
- ✓ балалар дамуының тиімділігі үшін мұғалім бағдарламаға өзгеріс енгізе алады;
- ✓ жұмыстың нәтижесі – бала меңгерген оқу материалы.

Ерекше білім қажеттігі бар балалармен педагогикалық қызметте оның әлеуметтік-психологиялық жайлылығын қамтитын технологияларды қолдану арқылы эмоционалдық күйін, үйде, мектепте, сыныпта, үлкендер және құрдастарымен қарым-қатынасында өз-өзін психологиялық тұрғыдан жақсы сезінуін қамтамасыз ету – инклюзивті білім беру үрдісіндегі педагог кәсібилігінің шыңы болып табылады.

Инклюзивті білім беру процесінің әлеуметтік-психологиялық ресурстары әр оқушының бойында мынадай маңызды қасиеттердің қалыптасуына тірек болады:



Сурет 1 - Инклюзивті білім беру процесіндегі оқушының бойындағы маңызды қасиеттер.

Мектептерде бірыңғай білім беру кеңістігін құру үшін әлеуметтік - психологиялық ресурстар пайдаланылады. Мектепте дамуында ерекшелігі бар балалардың әлеуетін ашуға басты назар аударылуы тиіс. Мұндай бағыт жанжақты дамуға ұмтылған үйлесімді тұлғаны қалыптастыру мақсатында оның әлі де ашылмай, жасырын қалған ішкі қабілеттерін ашу үшін жеке тұлғаның болмысын белсенділікке негіздеп қайта құруға арналады.

Қазақстандық инклюзивтік білім беру жүйесінің табысты болуы қазақстандық қоғамда қалыптасқан дүниетанымның ізгілікті бағдарлы болуына ғана байланысты болмақ. Инклюзивтік білім беру жүйесінің әрбір кірпішінің қалануы – әрбір жекелеген қоғам мүшесінің ізгілікті дүниетанымынан инклюзивті білім беруге деген гуманистік көзқарасына байланысты.

Қазақстандық қоғамда орныққан адамгершілік, ізгілік, гуманистік идеялар мен ұстанымдар қазақстандық білім беру жүйесіндегі инклюзивтік білім берудің орнын айқындап, оның қалыпты балаларға білім беру жүйесінен өзіндік орнын табиғи жолмен табуына сенімді тұғырлар қалап келеді. Ұлттық даму жолымыздың бастауын сонау ежелгі замандардағы гуманистік ой-пікірдің бесігі болған фольклордан таба аламыз. Мүмкіндігі шектеулі

балаларды қолдауға, оларға қалыпты балалармен бірге білім алып, тәрбиеленуіне жол ашуға, олардың жағдайларын жайлы етіп, дүниені тануына, болашақта өзінің ешкімге тауқымет әкелмей, барынша өз күшімен өмір сүруге тырысуына сенімді ететін білімге негізделген дағдыларды қалыптастыруда фольклордың әлеуеті зор, дидактикалық мүмкіндігінің ұшықиыры шексіз. Қазақ фольклорының барлық компоненттері – қазақ ұлттық педагогикасының негізгі құралы. Мұндағы барлық мазмұн баланы оқытуға, тәрбиелеуге, оның ішінде адамгершілік ережелері мен нормалары, идеалдары, жақсылық пен жамандықтың күресінде жақсыға жақ болу ды, махаббат пен зұлымдық шайқасқан кезде махаббаттың жеңуіне қолдау беру жолдары үйретіледі. Сөйтіп, инклюзивті білім берудің негізгі тұтқасын – ізгі дүниетанымды қалыптастырады.

Қорытындылай келе, білім берудегі педагог тұлғасы – білім алушыларына тек білім мен шеберлік беріп қоймай, оқушылардың адамгершілік тұлғасын қалыптастыратын, санасында адамдық құндылықты тәрбиелейтін тұлға. Педагог тұлғасы инклюзивті білім берудің басты мәселесі болып танылады. Педагог жоғары мәдениетке, рухани тұрақтылыққа және кәсіби біліктілікке ие болуы тиіс. Педагог тұлғасы мен оның басқару стилінің икемділігіне білім алушы топтардың ішіндегі психоэмоционалды атмосфера тәуелді, оқыту ортасы құрылып, қолайлы коммуникация, серіктестік пен ынтымақтастық ұстанымдары жүзеге асырылады. Инклюзия идеологиясын ендіре отырып оқытушы жоғары рухани ұстанымдарды басшылыққа алып отыруы керек. Ол адамгершілік қасиеттерін, толеранттылық, мейірімділік, жақсылық, инабаттылық, сабыр мен «қалыпты емес» адамдарға деген сыйластық танытуы қажет.

Инклюзивті топ педагогы білім алушыларының дене, интеллектуалды, эмоционалды және рухани денсаулығына жауапты екендігін ұмытпауы тиіс. Сондықтан педагог әртүрлі білім алу үшін қолайлы микроклиматты тудыра алады. Ол – әділ болуы тиіс, білім алушыларды бөліп-жармай барлығына бірдей қарап, олардың өз күшіне деген сенімі мен өзіне деген құрметін нығайтып, күш-жігерлерін жетілдіруге мүмкіндік жасауы тиіс [5]. Мұндай қасиеттердің бірлігі мұғалімге өзінің басты миссиясын атқаруға көмектеседі: үшінші мыңжылдық адамының интеллектуалды және рухани әлемін қалыптастыру. Жол нұсқаушы және «саналы, мәңгілік пен жақсылық» жаршысы болған мұғалімнің мұндай жоғары миссиясын тек өзінің адамгершілігі жоғары әрі саналы азамат қана орындай алмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» жолдауы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (өзгертулер мен толықтырулармен). – А., 2017. – 72 б.
3. «Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы. – Нью-Йорк, 2007.
4. Мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім берудегі Саламанка Декларациясы мен іс-әрекеттердің Шеңбері: Мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім беру туралы дүниежүзілік конференция. – Испания, 1994.
5. Оралбекова А.К. Современные проблемы науки и образования: традиции и инновации» посвященные 25-летию Независимости Республики Казахстан // Сборник научных статей, КазНПУ имени Абая, 2017. - С.62-68

ВЛИЯНИЕ РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ НА ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ВЫБОР

Айтжанова Г.К.,
учитель технологии:
областная специальная школа-интернат № 4,
Амрина Р.Б.,
дефектолог КППК № 10
г. Кокшетау

Аннотация: В данной статье рассматриваются результаты работы педагогов специальной коррекционной школы для детей с нарушением слуха по обучению слабослышащих и глухих детей. Выбор профессии, полное вовлечение в социальную жизнь - одна из основных задач коррекционных школ с нарушениями слуха.

На современном этапе развития общества особое место занимает вопрос об адаптации инвалидов к изменяющимся условиям социальной среды. Именно люди с ограниченными возможностями здоровья на рынке труда являются менее защищенными, неконкурентоспособными.

Полноценное вовлечение большинства инвалидов в социальную жизнь в настоящее время встречает значительные трудности. Это обусловлено, прежде всего, ограничениями на получение равноценного общего и профессионального образования и как следствие этого, снижением социально-экономической независимости, материальной и моральной привязанностью инвалида к государству, к обществу, к семье.

Выбор профессии для подростков с недостатками слуха представляет особую сложность. Выпускникам специальных школ весьма непросто правильно и без существенных потерь и издержек найти свою специальность, которая определила бы их последующую трудовую деятельность.

Основная задача специального (коррекционного) образовательного учреждения – воспитание, развитие, трудовая подготовка и адаптация в окружающем мире граждан с ограниченными возможностями здоровья. Правильная организация и проведение производственного трудового обучения старшеклассников одна из возможностей к выбору, своей профессии.

Одним из направлений трудовой подготовки в нашей школе является – швейное дело. На уроках, которого учащиеся осваивают технологию пошива различных изделий и ближе знакомятся с профессиями швейного производства.

Задачей школы является не только обучение учащихся конкретной профессии, школа должна дать целый комплекс знаний, умений и навыков, необходимых для выполнения любой работы.

Труд - стимулирует активную речь учащихся. Соответственно и сам труд, обогащенный речью, приобретает целенаправленное содержание. Уроки труда в школе слабослышащих, требуют решения и специальной задачи по развитию устной, и письменной речи школьника.

Коммуникативные навыки — это «способность человека взаимодействовать с другими людьми, адекватно интерпретируя получаемую информацию, а также правильно ее передавая» . Развитие коммуникативных навыков предполагает обучение тому, как донести свою мысль до собеседника. Здесь важно умение быть точным. Возможные ошибки бывают связаны с психологическими сложностями, такими как замкнутость, стеснительность, тревожность. Эти препятствия на пути к свободному выражению своих мыслей часто называют коммуникативными барьерами. Но надо заметить, что коммуникативные способности не являются врожденными. Раскрыть их в себе может любой человек, приложив к этому определенные усилия.

Различия запоминания связных текстов между глухими и слышащими детьми очень велики (дети с нарушениями слуха отстают от слышащих по полноте и связности запоминания основных мыслей текста на 3–8 лет). Трудности запоминания текстов обусловлены

недостатками развития речи и словесно-логического мышления у не слышащих детей. Дети с нарушением слуха, безусловно, отличаются от сверстников с нормальным слухом, они более замкнуты и обидчивы. У таких детей происходит нарушение познавательных функций, т. е. внимания, восприятия, речи, памяти, мышления. У них понижена инициатива общения с окружающим миром. Страдают ориентация в пространстве, координация движений.

Существует несколько методов работы по формированию коммуникативных навыков у ребенка с нарушением слуха:

1.При планировании речевого материала следует придерживаться коммуникативно-тематического принципа

2. Развивать речевые умения и навыки правильного речевого поведения в реальных ситуациях через упражнения, основанные на моделировании проблемных ситуаций речевого общения, ролевых тренингов, дидактических и сюжетно-ролевых игр.

3.Создавать ситуации, нужные для использования определенного слова, словосочетания.

4.Организация внеклассных занятий может проходить в игровой форме (сюжетно-ролевая игра, подвижные игры с речевыми заданиями), в форме театрализованной деятельности, беседы о прочитанной книге и так далее.

5. Позволить глухому ребенку находиться в полноценной слухоречевой среде, предполагающей активное устное общение между детьми.

6. В ходе занятий учитель создает условия для коллективной деятельности.

Согласно выше сказанным методам на уроках трудового обучения и во внеклассное время проводится определенная работа.

1. При планировании речевого материала следует придерживаться коммуникативно-тематического принципа.

Для этого был разработан сборник речевого материала для занятий по автоматизации звуков на уроках труда. Основное назначение настоящего сборника – дать учителям трудового обучения специально подобранный речевой материал для работы, над дежурным звуком, на уроках швейного дела.

У нас его применяют и учителя филологи для работы над дежурным звуком.

Например: Дежурный звук « С» . В сборнике собраны слова, словосочетания а также предложения со звуком «С» Сатин,Ситец, Сукно, сметать шов, стачать шов и т.д.

В данном случае идет работа над произношением звука, пополнением словаря, закреплением пройденного материала.

Для каждого класса соответственно программному материалу мной разработаны и речевые фразы, используемые для слухового развития. На данном речевом материале проводится не только развитие слуха, но и закрепляется учебный материал по швейному делу.

Например: Назови волокна животного происхождения? (Шерсть, шёлк). и т.д

2. Развивать речевые умения и навыки правильного речевого поведения в реальных ситуациях через упражнения, основанные на моделировании проблемных ситуаций речевого общения, ролевых тренингов, дидактических и сюжетно-ролевых игр.

Коммуникативная компетенция сейчас для нас является приоритетной целью в развитии речевых возможностей каждого ребенка в отдельности, учитывая и индивидуальные способности ученика.

Поэтому была выпущена методичка «Развитие диалогической речи на уроках швейного дела», где собраны разработанные мной диалоги для сюжетно- ролевых игр на уроках швейного дела.

Цель, данной методички, создать систему работы по формированию и развитию навыков диалогической речи у учащихся с недостатками слуха.

Задачи:

- подобрать речевой материал и определить примерный круг тем, направленных на социальную адаптацию учеников;

- предложить интересные формы проведения занятий по формированию произношения и развитию остаточного слуха учащихся;

- доказать необходимость специальной коррекционной работы по формированию диалогической речи учащихся с нарушениями слуха.

Понимаю, что нашим ученикам может быть рекомендован широкий круг тем: моя семья, каникулы, знакомство, поход в магазин, здоровый образ жизни, планы на будущее, школа, компьютер в моей жизни, знаменитые люди, погода, времена года, животные, мои друзья и другие. Однако, для работы на уроках трудового обучения, ограничиваюсь такими ситуациями, как «Поход в магазин ткани», «Посещение ателье», «Поход в магазин бытовой техники», «Поход в магазин «Тысяча мелочей»». Использую данные диалоги для того, что бы учащиеся смогли правильно выбрать и купить необходимую ткань, швейное оборудование, инструменты и материалы для работы, а также правильно сделать заказ на пошив и ремонт изделий. Диалоги разработаны с учетом возрастных возможностей. Используя такие диалоги как «Посещение ателье», расширяю понимание функциональных обязанностей каждого работающего в ателье. Моделирование различных жизненных ситуаций дает возможность освоения разнообразных социальных, бытовых, учебных ролей. Обыгрывание той или иной ситуации позволяет ребятам на собственном опыте «пережить» ее, решая проблемы, и выстраивать свое поведение адекватно ее условиям. Именно, работа над формированием диалогической речи является одним из направлений интеграции и социальной адаптации детей с нарушениями слуха.

Хотелось бы помочь учителю-дефектологу в подборе речевого материала, в выборе тем для развития коммуникативных возможностей учеников, предложить готовые диалоги и материал для самостоятельного общения детей.

3.Создавать ситуации, нужные для использования определенного слова, словосочетания.

Во время проведения урока создаются ситуации для того , что бы учащиеся обращались с просьбой к учителю - Дайте пожалуйста шпульный колпачок. – У меня нет детали ….

Постоянно на уроке стремлюсь к оречевлению учащимися своих действий.

–Что ты делаешь?

- Я заправляю швейную машину.

- Я вдеваю нитку в иголку и т.д.

Так же широко использую терминологию швейного дела

- Я сметываю

- Я выметываю и т.д тем самым расширяя словарь и закрепляя терминологию.

При использовании остаточного слуха школьники учатся вслушиваться в образец речи педагога при обязательной установке ученику: «Послушай и повтори правильно». В этих условиях большое значение приобретает характер речи самого учителя, поскольку она является образцом, которому подражают. Речь должна быть естественной, эмоционально выразительной. Весь речевой материал должен произноситься голосом разговорной громкости, с соблюдением правил орфоэпии, с правильным членением фраз на смысловые синтагмы. Послоговая, равноударная или с переносом ударения на последний слог речь учителя пагубно отражается на произношении глухих и слабослышащих .

4. Организация внеклассных занятий может проходить в игровой форме (сюжетно-ролевая игра, подвижные игры с речевыми заданиями), в форме театрализованной деятельности, беседы о прочитанной книге и так далее.

Во время проведения внеклассных мероприятий вовлекаем учащихся в процесс проведения самого мероприятия. Так например при проведении предметной Недели трудового обучения в прошлом году учащиеся сами проводили мастер –классы по изготовлению различных изделий. Во время мастер класса учащиеся не только демонстрировали этапы работы над изделием, но и сами организовывали и вели ход работы над поделкой, выполняя роль маленького - учителя.

При проведении предметной недели посвященной, профориентационной работе ,учащиеся приняли активное участие в ток шоу « Пусть говорят », где вступили в диалог с представителями различных предприятий города. Состоялся живой диалог между работодателями и будущими специалистами. Учащиеся смогли задать свои вопросы и

получить на них исчерпывающие ответы. Ребят интересовало не только что выпускает предприятие или, чем оно занимается, но и размер заработной платы, обеспеченность общежитием и другое.

5. Позволить глухому ребенку находиться в полноценной слухоречевой среде, предполагающей активное устное общение между детьми.

Отличительной особенностью школы является схема сотрудничества со средними и высшими профессиональными образовательными учреждениями. Постоянно сотрудничаем с Профессиональными лицеями №1 и №11, где обучаются наши выпускники по швейному и поварскому делу.

Также ведем работу и с Государственным университетом им.Ш.Уалиханова, с которым 15 февраля 2013 года подписали меморандум о научно-методическом сотрудничестве, где ключевым направлением сотрудничества было оказание методической помощи по организации и введению профильных дисциплин, в частности по предмету «Дизайн», а также обеспечение информационной и профориентационной помощи.

Студенты университета посещают уроки трудового обучения, где проводят мастер- классы по декоративно- прикладному искусству в школьных мастерских.

6. В ходе занятий учитель создает условия для коллективной деятельности.

В учебно-производственных мастерских школы ученики получают возможность с самого раннего возраста включиться в посильный труд.

Техническое оснащение и оборудование нашей швейной мастерской приближенно к производственному швейному цеху, но и не исключено бытовое швейное оборудование. Поэтому девочка может комфортно себя чувствовать за работой на старой бабушкиной швейной машинке, и не растеряться, попав в швейный цех с промышленным оборудованием. Занятия по швейному делу строятся таким образом, чтобы на каждом последующем уроке девочки могли закрепить ранее полученные знания и умения и в то же время приобрести элементы новых знаний и навыков.

Подобным образом - от простого к сложному, от трудного действия к приему, от приема к операции, от операции к комплексу операций усваивается детьми каждая тема программного материала.

Исходя из этого планируется и сложность, пошиваемых в мастерской изделий. От простого фартука к сложной обработке плечевого изделия.

С каждым учебным годом, усложняются не только выполняемые изделия, но и обслуживание и работа на более сложном оборудовании. Так в седьмом классе девочки ближе знакомятся со спец.машинами такими, как оверлок, а в восьмом классе осваивают работу на универсальных швейных машинах типа 1022кл.

Таковы основные методические пути организации работы по формированию коммуникативных навыков у детей с особыми потребностями.

Конечно же итогом своей деятельности, как учителя профессионально- трудовой деятельности считаю, то что мои девочки учатся в колледжах и лицеях Республики и получают специальности швейной промышленности, многие из них уже окончили учебные заведения и имеют постоянное место работы в швейных цехах и ателье.

Такие мои ученицы , как Шайжанова, Бектимирова, Пястун, Вдовина, Оразбаева и др окончили Алма-Атинский колледж сервиса и работают в сфере швейных услуг, а такие как Иванова, Шаршенова после окончания школы сразу без обучения сели в поток швейного предприятия города Щучинска. Получив специальность портной в Лицее№1 города Кокшетау, как одна из лучших учениц была трудоустроена в ателье « Светлана », Шерстюк Настя и многие другие получившие путевку в жизнь из стен нашей швейной мастерской.

Вот и прошлый учебный год показал, что профессия портного и швеи интересна нашим девочкам. Из четверых наших выпускниц трое выбрали обучение в колледжах по специальности, портной- универсал. Так Пыжова Александра и Арсекеева Раимгуль являются учащимися «Сервисно-технического колледжа» города Щучинска, выпускницы прошлого

учбного года, Малинник Вероника, Кенжебай Кульзада и Сарсенбаева Дина стали студентками « Сервисно-технического колледжа №1 » г.Кокшетау.

Следовательно, нужно сделать акцент на то, что развитие коммуникативных компетенций учащихся, на уроках трудового обучения и процесс творческого, созидательного труда повлияют на выбор будущей профессии.

Литература:

1.Коррекционная педагогика, Сурдопедагогика под редакцией профессора Е.Г. Речицкой, Москва, гуманитарный издательский центр «Владос», 2004 г.

2. Кузмичёва Е.П. Методика развития слухового восприяти глухих учащихся: Пособие для учителя, М., 1991

3.Руленкова Л.И. « Как научит глухого ребёнка слушать и говорить, Москва, 2011 г.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ

Ташкеева Жанар Тлеубековна
Жаппаркулова Назира Алтынбековна,
№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінің оқытушылары
Қуатбек Айда Ерболқызы,
№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінің Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс студенті

Андатпа: Мақалада бүгінгі қоғамда инклюзивті білім берудің маңыздылығы және мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы білім беру, оларды қоғамдық ортаға бейімдеудің жолдары, әдістемелік бағыттылығы қамтылған. Педагог кадрларының инклюзивті білім берудегі рөлі сипатталып, жұмысының бағыт-бағдары көрсетілген.
Тірек сөздер: Инклюзия, инклюзивті білім, мүмкіндігі шектеулі балалар, арнайы педагог.

В статье освещается важность инклюзивного образования в современном обществе и специальное образование детей с ограниченными возможностями, пути их адаптации к общественной среде, методическая направленность. Охарактеризована роль педагогических кадров в инклюзивном образовании, обозначена направленность работы.
Ключевые слова: Инклюзия, инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями, специальный педагог.

The article highlights the importance of inclusive education in modern society and special education for children with disabilities, ways of their adaptation to the social environment, methodological orientation. The role of teaching staff in inclusive education is characterized, the focus of the work is indicated.
Keywords: Inclusion, inclusive education, children with disabilities, special teacher.

Бүгінгі күні қоғамда, әлеуметтік ортада мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау, қоғамға бейімдеу, оларға білім мен тәрбие беру ұйымдарына қабылдау сынды мәселелер өзекті болып саналады.

Инклюзия – бұл балаларды олардың жыныстық, этникалық және дінге қатыстылықтары, оқудағы жетістіктері, денсаулық жағдайы, даму деңгейі, ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен басқа да айырмашылықтарына қарамастан жалпы білім беретін үдеріске толық енгізу үдерісі, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзия терминологиялық аспектсін педагогика саласында кеңінен қолданылады. Инклюзивті білім және тәрбие беру мәселесі білім беру ұйымдарында ізгіленуде.

Инклюзивті білім беру – жалпы білім берудің даму үдерісіндегі барлық адамдарды оқыту, сонымен қатар әр түрлі қажеттіліктерге ие балаларға қарай бейімдеу арқылы ерекше мұқтаждықтары бар балалардың білім алуына қол жеткізу.[1]

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптерінің қатарына:

- жалпы орта мектептерде мүмкіндігі шектеулі, ерекше білімді қажет ететін балаларды дені сау балалармен бірге оқыту;
- барлық балаға бірдей қарым-қатынас ұстану;
- балалар арасында дискриминация болдырмау

Инклюзивті білім беру жүйесінің мақсаттары мыналар:

- балаларды психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдау;
- қоғамның көзқарасын өзгерту;
- өз қатарластарымен тіл табыса білуге үйрету;
- толық білім алуды ұйымдастыру;

- қоршаған ортаға бейімдеу;
- дені сау балалармен тең дәржеде ұстау;
- өз өзіне сенімін арттыру. [1]

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы халыққа жолдауында ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасау керек екенін атап өтті. Осы тапсырманы іске асыру мақсатында инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң әзірленді. «Білім туралы» ҚР-ның Заңының 21-тармағының 3 тармақшасына сәйкес инклюзивті білім беру – оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына білім алушылардың өзге де санаттарымен тең қолжетімділікті, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу;». Сондықтан еліміздегі мамандар инклюзивті білім беруді дамыту қажет екендігін алға тартады. Қазақстан Республикасында 2020 жылы инклюзивті білім жүйесі енгізеліп, инклюзивті білім үшін жағдай жасайтын мектептердің үлесі мектептердің жалпы санының 70% құрады.

Сондай-ақ, 2375 бала үшін 166 білім беру ұйымдары инклюзивті білім беру жүзеге асырылуда, бұл анықталған даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санының 14%-ын құрайды. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті білім беруді жетілдіру мақсатында бірнеше мәселелер қарастырылды.

- 2015 жылға қарай аталған міндетті шешу үшін қажетті нормативтік құқықтық база құрылды;
- инклюзивті білім беру шеңберінде жалпы және арнайы білім берудің өзара әрекетінің тетігі әзірленді;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары әзірленді;
- жалпы білім беретін ортада мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың тәртібі әзірленді, дамуында әр түрлі бұзушылықтары бар балалар үшін біріктірудің нысаны анықталды;
- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың тәртібі әзірленді. [2]

Инклюзивті білім беру саласында педагогтардың рөлі ерекше. Мектептерде даму мүмкіндігі шектеулі балалармен педагог көптеген жұмыстар жүргізуге мүмкіндік туады. Бұл саладағы оқушылар ерекше назарда болады. ДМШ балалардың кейбіреулерінде өзіндік қабілеті, ерекшелік бар. Мысалы кейбіреулері би билеуге, спортқа, сурет салуға қызығады, осындай қызығушылығы мол балаларды әрі қарай дамыту әрбір мұғалімнің міндеті. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог өз әрекетінде білім мазмұнын бейімдеу, тұлғааралық қарым-қатынасты дамыту сияқты т.б. қосымша міндеттер мен қызметтерді атқару керек. Мұғалімнің инклюзивтік құзыреттілігі оның кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады және негізгі мазмұндық және функционалдық құзыреттіліктерді қамтиды.

Педагог кез-келген баланың білім беру қажеттіліктеріне тікелей бейімделген моральдық және материалдық орта құруда маңызды рөл атқарады. Бұл тек ата-аналармен, басқа да педагогтармен, білім беру ұйымының басшылығымен және т.б. тығыз ынтымақтастықта, яғни білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірлескен командалық өзара әрекеттестікте болуы мүмкін. Бұл ретте қоршаған ортаны инклюзивті құрамдас бөлікке өзгерту мүмкін емес. Сондай-ақ, осы үдерістің әрбір қатысушысы өзі өзгеруі қажет. Бұл көбінесе балаларға қатысты санаттармен тікелей жұмыс істейтін педагогқа қатысты. Педагог арнайы жоғары білімді болуы, балалардың физиологиялық, психологиялық және жеке тұлғалық онтогенетикалық дамуының негіздерін білуі, ұжымда жұмыс істей білуі (оқушылармен және олардың ата-аналарымен, сондай-ақ әріптестерімен), жұмыстың педагогикалық және тәрбиелік бағдарламаларын білуі, өз жұмысына психологиялық дайын және т.б. болуы тиіс.

Инклюзивті білім беретін мұғалімнің бойындағы басқа мұғалімдерден ерекшелеп тұратын өзіне тән белгілі қасиеттер бар. Олар: төзімділік, эмоционалды тұрақтылық, кәсіпқойлық, психологиялық сауаттылық, шеберлік.

Инклюзивті білім беру жағдайында педагог үздіксіз білімін жетілдіріп отыруы тиіс. Атап айтқанда, біліктілікті арттыру курстарынан өту, озық тәжірибелерді игеру, практикалық тиімді амалдарды меңгеру, отандық және шетелдік практиктердің әдістемелік қорын жинақтау және т.б.

Осылайша, педагог инклюзивті білім беру жүйесіндегі маңызды буын болып табылады деп айтуға болады. Нағыз кәсіпқой педагогикалық білім, білік және дағды кешені, сондай-ақ өз оқушыларының дамуы мен оқуы, жалпы білім беру жүйесін дамыту үшін шексіз моральдық, психологиялық және жеке мүмкіндіктері болуы тиіс. Мемлекетіміздің әрбір азаматы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті.[3]

Әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, -2000.
2. Даму мүмкіндіктері шектелген балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша Әдістемелік ұсынымдар. – ҚР БҒМ Хаты № 4-02-4/450
3. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.–Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАЛАБАҚША МЕН МЕКТЕПТІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Жұбаныш Аружан Бекетқызы,
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сәуле» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгеруші м.а.,
Педагогика және психология білім бағдарламасының магистранты

Аңдатпа. «Инклюзивті білім беру жағдайындағы балабақша мен мектеп сабақтастығы» атты мақаласы инклюзивті ортада әртүрлі қажеттіліктері бар балалар үшін білім беру үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын қарастырады. Мақалада балабақшаның рөлін білім берудің бірінші сатысы ретінде қарастырып, оның ерекшеліктері мен инклюзивті білім беру принциптерін атап көрсетеді. Инклюзивті балабақша жағдайында әлеуметтік және коммуникациялық дағдыларды дамытуға және балабақшадан мектепке кедергісіз өтудің маңыздылығына ерекше назар аударылады.

Мақалада сонымен қатар әртүрлі балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру тәжірибесін жобалаудың маңыздылығы атап өтіледі және сабақтастықты қамтамасыз етудегі педагогикалық ұжымның негізгі рөлі қарастырылады. Мұғалімдерді инклюзивті сыныптарда жұмыс істеуге дайындау, инклюзивті тәжірибені мектеп жағдайына бейімдеу және барлық оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқу тәжірибесін оңтайландыру сапалы инклюзивті білім беруді қамтамасыз етудің маңызды аспектілері болып табылады.

Ол табысты инклюзивті білім беру әрбір оқушы өз әлеуетін аша алатын қолдаушы және инклюзивті ортаны құру үшін білім беру мекемелерінің, педагогтардың, ата-аналардың және жалпы қоғамның келісілген күш-жігерін қажет ететінін атап көрсету арқылы қорытындыланады.

Кілт сөздер: Инклюзивті оқыту, инклюзивті білім, балабақша, мектеп, оқу процесі, тәрбиелеу, әдіс-тәсілдер, жекелендірілген оқыту, сапалы білім, тәрбиелік зерттеулер, белсенді оқу, мұғалімнің әдістемесі.

В статье «Непрерывность детского сада и школы в условиях инклюзивного образования» рассматривается важность обеспечения непрерывности образовательного процесса детей с разными потребностями в инклюзивной среде. В статье рассматривается роль детского сада как первой ступени образования и выделяются его особенности и принципы инклюзивного образования. В инклюзивном детском саду особое внимание уделяется развитию социальных и коммуникативных навыков, а также важности плавного перехода из детского сада в школу.

В статье также подчеркивается важность проектирования образовательного опыта для удовлетворения потребностей разных детей и рассматривается ключевая роль педагогического состава в обеспечении преемственности. Подготовка учителей к работе в инклюзивных классах, адаптация инклюзивной практики к

школьным условиям и оптимизация учебного процесса для удовлетворения потребностей всех учащихся являются важными аспектами обеспечения качественного инклюзивного образования.

В заключение подчеркивается, что успешное инклюзивное образование требует согласованных усилий образовательных учреждений, педагогов, родителей и общества в целом по созданию благоприятной и инклюзивной среды, в которой каждый учащийся может реализовать свой потенциал.

Ключевые слова: Инклюзивное обучение, инклюзивное образование, детский сад, школа, образовательный процесс, образование, методика, персонализированное образование, качественное образование, педагогические исследования, активное обучение, методика учителя.

The article “Continuity of kindergarten and school in an inclusive education” discusses the importance of ensuring the continuity of the educational process of children with different needs in an inclusive environment. The article examines the role of kindergarten as the first stage of education and highlights its features and principles of inclusive education. In an inclusive kindergarten, special attention is paid to the development of social and communication skills, as well as the importance of a smooth transition from kindergarten to school.

The article also highlights the importance of designing educational experiences to meet the needs of diverse children and examines the key role of teaching staff in ensuring continuity. Preparing teachers to work in inclusive classrooms, adapting inclusive practices to school settings, and optimizing the learning experience to meet the needs of all students are important aspects of providing quality inclusive education.

In conclusion, it is emphasized that successful inclusive education requires concerted efforts by educational institutions, teachers, parents and society as a whole to create a supportive and inclusive environment in which every student can realize their potential.

Key words: Inclusive education, kindergarten, school, educational process, education, methods, personalized education, quality education, educational research, active learning, teacher's methodology.

Инклюзивті оқыту (немесе инклюзивті білім беру) – жеке ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қажеттіліктеріне немесе физикалық шектеулеріне қарамастан барлық оқушыларды білім беру процесіне қосуға ұмтылатын білім беру тәсілі. Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты – әрбір оқушының табысты білім алуына, басқалармен қарым-қатынасқа түсуіне және өзінің ерекше қабілеттеріне қарай дамитын ортаны құру.

Бұл тәсіл білім берудің дәстүрлі түсінігінен ерекшеленеді, мұнда оқушыларды қабілеттеріне немесе қажеттіліктеріне қарай топтарға бөлуге болады. Инклюзивті білім беру теңдікке, әртүрлілікті құрметтеуге және әрбір оқушының табысты оқуы үшін жағдай жасауға баса назар аударады.

Инклюзивті оқыту жеке білім беру жоспарлары, бейімделген материалдар, мамандардың қолдауы, бірлескен оқу және барлық оқушылар үшін қолжетімділік сияқты әртүрлі стратегияларды қамтуы мүмкін. Бұл тәсіл сонымен қатар мәдени айырмашылықтарды түсіну мен құрметтеудің маңыздылығына баса назар аударады, бұл инклюзивті және қолайлы оқу ортасын құруға көмектеседі [1].

Инклюзивті білім берудің маңыздылығы бірнеше аспектілерде көрінеді:

Тең мүмкіндіктер принципі: Инклюзивті білім беру кемсітуді жоюға және барлық студенттердің білім беру ресурстарына қол жеткізуге тең құқықтарын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Инклюзивті орта балалардың әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға көмектеседі, бұл олардың болашақта әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Әртүрлілікті құрметтеу: Инклюзивті білім беру студенттерде айырмашылықтарды, мәдени әртүрлілікті, дағдылар мен әр адамның жеке ерекшеліктерін құрметтеуді дамытады.

Жан-жақты дамуды қолдау: Инклюзивті білім беру жүйесі оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға, олардың жеке қабілеттері мен даму ерекшеліктерін қолдауға бағытталған.

Толерантты қоғамды құру: Инклюзивті білім беру әрбір адам қоғамның бірегей мүшесі ретінде құрметтелетін және қабылданатын ашық және толерантты қоғамды қалыптастырады.

Соңғы онжылдықтағы педагогикалық практикада «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» ұғымы белсенді қолданылады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселелері, оның ұйымдастырылуы мен мазмұны М. Р. Битянова, Б. С. Братусь, Е. В. Бурмистрова, О. С. Газман, А.И. Красило, В. Е. Летунова, Н. Н. Михайлова, А.В.Мудрик, С. Д. Поляков, М.И. Роговцева, К.Роджерс, Н. Ю. Синягина, В. И. Слободчиков, Ф.М. Фрумин, А. Т. Цукерман, Л. М. Шипицына, И.С:Якиманская және т. б. ғалымдардың зерттеуінде болған тақырып. Осы тұжырымдаманың мәнін анықтаудың әртүрлі тәсілдерін талдай отырып, біз психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – бұл оқыту мен тәрбиелеу процесі, сондай-ақ баланың психологиялық дамуы сәтті өтуі үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай жасауға бағытталған педагог-психологтың кәсіби қызметінің жүйесі деген қорытындыға келеміз. [2]

Мамандардың отбасыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі қызмет бірнеше бағытта өрбуі мүмкін, бұл отбасыдағы қандай да бір теріс психологиялық әл-ауқаттың оң қалыпқа түсуіне жол ашады. Отбасының барлық мүшелерінің тиімді отбасылық қарым-қатынасын қамтамасыз ету, адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға және эмоционалды қолдау алуға мүмкіндік береді. Отбасымен тың жасалған жұмыс алдағы уақытта баланың дамуын қалыпты етуге әкелетін бірден бір фактор.Нақтырақ айтқанда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі міндеттері:

- ата-аналарға балаларын сол күйінде қабылдауға көмектесу
- ата-аналарды әртүрлі қарым-қатынас тәсілдерімен қаруландыру
- балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу
- балалардың психологиялық жағдайын бағалауды қалыптастыруға көмектесу
- қиындыққа қарсы шығып, қабылдай білуге үйрету
- өзін және отбасын кінәлау мен кемшілік кешенінен арылуға көмектесу және т.б. [3]

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін әртүрлі мамандардың келісілген жұмысы ерекше маңызды. Ата-аналармен жұмыс жүйесі келесі кезеңдерді қамтиды.

Бірінші кезең, бала мен оның отбасын алғашқы диагностикалау. Диагностика-бұл отбасылық өзара әрекеттесудің барлық аспектілерін және отбасының әр мүшесінің жеке ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуді ұйымдастыру. Осы кезеңнің міндеттері:

5. Бала мен оның отбасын диагностикалық сүйемелдеу.
6. Баланы сүйемелдеудің барлық қатысушыларымен байланыс орнату.
7. Баланың даму ерекшеліктерінің психологиялық-педагогикалық диагностикасы, психикалық дамудың ауытқуларының алдын алу.
8. Ата-аналар қолданатын тәрбие моделін анықтау.

Бұл кезеңде ата-аналардың болашақта түзету шараларын жүргізетін маманмен (психолог, дефектолог, логопед) алғашқы кездесуі болады. Диагностика нәтижелерін ата-аналарға диагноз ретінде емес, қазіргі кездегі жағдайды бағалау ретінде ұсыну маңызды. Егер маман диагностика нәтижесін шығарып қана қоймай, ата-аналарға баланың қолынан келетін

мүмкіндіктерін айтса(«баланың қалай жақсы жұмыс істегенін қараңыз» немесе «балаңыздың бойында талпыныс бар»), онда диагностикалық нәтижелер тым оңды болмаған кезде ата-аналарға бұл сөздер үміт сыйлайды. [4] Маманға деген сенімді қатынасты, ынталандырушы себептерді, ата-аналардың оңалту процесіне қатысуға қызығушылығын қалыптастыру маңызды. Ол үшін диагностика нәтижелерін талқылау кезінде келесі әдістерді қолдануға болады: ата-аналарға баланың психикасының ерекше икемділігі және жастың компенсаторлық мүмкіндіктері тұрғысынан баланың жағдайы туралы хабарлау, оңалтудың ерте басталуының маңыздылығын атап өту; олардың үйде баламен жұмысының тұрмыстық дағдыларды дамыту үшін маңыздылығын түсіндіру;осы жағдайдағы басқа отбасылардың тәжірибесі туралы айту, ата-аналардың белсенділігі мен ерік-жігері қалпына келтіруге ықпал еткен мысалдар келтіру.

Бірінші кезеңде келесі әдістер қолданылады:

1.Танысу әңгімесі ата-ананың психологиялық жағдайының ерекшеліктерін, мамандармен ынтымақтасуға деген ұмтылыстың болуын; ата-аналардың баласына күтім жасау процесінде кездесетін қиындықтарын, балаға деген көзқарасын анықтайды. Танысу әңгімесі педагог-психолог қандай жұмыс жасалу керектігі туралы мәлімет береді.

2.Сауалнама маманға бала туралы, оның отбасындағы дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері туралы анамнестикалық ақпарат алуға, мамандардан күтілетін көмекті және т.б. анықтауға мүмкіндік береді.

3.Бақылау әдісі отбасының баламен қарым-қатынасын бақылау, оның баламен ынтымақтастығының ерекшеліктерін зерттеуге, баланың отбасымен қарым-қатынас процесінде мінез-құлқын тіркеуге мүмкіндік береді: бірлескен іс-әрекетке қызығушылықтың болуы, эмоционалды көріністер, ойын жағдайына қосылу мүмкіндігі және т. б. алынған ақпаратты мамандар одан әрі талдайды. Жиналған ақпарат негізінде балаға да, анаға да педагогикалық көмек көрсету тактикасы жоспарланады.

Екінші кезең,отбасына психологиялық және педагогикалық көмек көрсету:

3. Бала-ата-ана қарым-қатынасын үйлестіру, ерекше балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың орынсыз реакцияларын түзету, ата-аналарды өзін-өзі реттеудің психологиялық әдістеріне үйрету.

4. Ата-аналардың ерекше балаларды оқыту мен тәрбиелеудің технологиялары мен әдістері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Ата-аналардың осы кезеңге қатысу формалары келесідей болуы мүмкін:

1. Көрнекі-ақпараттық-үйде баланың дамуына ықпал ететін әдебиеттердің, фотосуреттердің, балалар жұмыстарының, ойыншықтардың тақырыптық көрмелері.Ата-аналар пайдалана алатын қызықты кітаптар, мақалалар, буклеттер, бейне, аудио материалдар кітапханасын құру.

2. Танымдық-ата-аналардың қатысуымен балалармен жеке және топтық сабақтар, онда ата-аналар баласымен қарым-қатынас формаларын игереді. Түзету жұмыстарының нәтижелерін талқылау кезінде баланың жетістіктеріне қуану, ата-аналардың жетістікке қосқан үлесі туралы айту, сәтсіздіктердің себептерін түсіндіру маңызды. Бұл ата-аналарды ынталандырады. Сондай-ақ, бірлескен сабақтар баланың мүмкіндігіне және оған қойылатын талаптар деңгейіне сәйкес келуге мүмкіндік береді.

3. Ата-аналарға арналған дәрістер, олардың мақсаты: ата–аналарды баланың психикалық даму кезеңдерімен; тәрбие мен оқытудың принциптерімен, әдістерімен, отбасындағы бала үшін пәндік-дамыту кеңістігін ұйымдастырумен; оңалту, үйде күтім жасау жағдайларымен; қалыптан тыс даму заңдылықтарымен таныстыру. Дәріс барысында бейнетүсірілімдерді, балалардың мамандармен өзара әрекеттесу сәттерінің фотосуреттерін пайдалану, дамыту жаттығуларын көрсету өте тиімді.

4. Ерекшелігі бар балалардың ата-аналарына арналған тренингтер, оның барысында келесі міндеттер шешіледі: ата-аналардың баланың алдында өздерін кінәлі сезіну; қатысушылардың өзін-өзі бағалауын арттыру, өзін-өзі тану; ата-аналардың өз баласын түсінуін дамыту; ата-

аналардың балалармен қарым-қатынас жасаудағы құзыреттілігін арттыру. [5] Тренингке қатысу ата-аналарға баламен жанжалды жағдайларды шешу дағдыларын игеруге, онымен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренуге, кейбір жеке мәселелерді шешуге көмектеседі.

5. Ашық есік күндері-ата-аналарға балабақша мамандарының жұмысын бақылауға мүмкіндік береді.

6. Клубтық жұмыс-тек жеке мәселелерді шешуге ғана емес, сонымен қатар басқалардан ерекше баланың пайда болуымен туындайтын қиындықтарды жеңуде әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі: ата-аналар айналасында өздеріне жақын және ұқсас проблемалары бар отбасылар бар екенін көреді. Ата - аналардың баланы оңалтуға белсенді қатысуы, оң нәтижеге жеткен отбасылардың мысалында көз жеткізеді. Баланың ерте жасынан бастап түзету жұмыстарын жасаудың пайдасын көріп, мақсатқа жету жолы қиын және ұзақ болатынын түсінеді.

Үшінші кезең: Қорытынды

1. Отбасын қайта диагностикалық тексеру.

2.Баланы қорытынды диагностикалық тексеру, өзгерістер динамикасын бағалау.

3. Диагностика барысында алынған деректерді талдау және өңдеу.

4. Отбасын психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімділігін бағалау және баланы дамытудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру.

Жұмыстың сәттілігі көбінесе маман баланың психофизикалық мүмкіндіктерін қаншалықты білетіндігіне, даму ерекшеліктерін анықтай алатындығына және ақыл-ой дамуы мен мінез-құлқындағы ауытқулардың себептерін анықтай алатындығына байланысты. Ал ерекше баламен жүретін жұмыс отбасының қатысуымен болса, сәтті өтеді.

Әдебиеттер тізімі

7. Жукова Н.С. «Преодоление недоразвития речи у детей». М., 1994. -100-105 б.
8. Психолого-педагогическое сопровождение семьи, воспитывающей ребенка с особенностями в развитии Захарова Жанна – 20-21 б.
9. Психолого-педагогическое сопровождение родителей, воспитывающих детей с ОВЗ Автор: Пайгамова Марина Кадиралиевна.Волгоград
10. Необучаемый ребенок в семье и обществе. Шипицына Л.М. Речь, 2005, б. 477.
11. Нетрадиционные методы в коррекционной педагогике. Феникс, 2006, б.349.
12. Озеров. В.Д. Беседы с родителями незрячих детей: практическое пособие. Москва : Аркти , 2007. –101 б.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫ

Ғылыми жетекші:
Махамбетова Ж.Т.
Амангелді Інжу Сапарғалиқызы
7М01101 Педагогика и психология
мамандығының 1 курс магистранты,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і

Аннотация. Қазіргі білім беру контекстінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларда кәсіби өзін-өзі анықтауды дамытудың маңыздылығын зерттеудің теориялық аспектілері берілген. Кәсіби өзін-өзі анықтау адамның кәсіби міндеттерді сәтті шеше алатындығына сенуі ретінде академиялық және кәсіби табыстың негізгі факторы болып табылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің ерекше қиындықтарын ескере отырып, педагог-психологтың қолдау мен дамытудағы рөлі олардың өзін-өзі анықтауы ерекше маңызды болады.

Кілттік сөздер: инклюзивті білім беру, кәсіптік бағдар беру, өзін-өзі анықтау.

Аннотация В современном образовательном контексте представлены теоретические аспекты изучения важности развития профессионального самоопределения у учащихся с особыми образовательными потребностями. Профессиональное самоопределение как вера человека в способность успешно решать профессиональные задачи является ключевым фактором академического и профессионального успеха. Учитывая особые трудности учащихся с особыми образовательными потребностями, роль педагога-психолога в поддержке и развитии становится особенно важной для их самоопределения.

Ключевые слова: инклюзивное образование, профориентация, самоопределение.

Annotation

The theoretical aspects of studying the importance of developing professional self-determination among students with special educational needs are presented in the modern educational context. Professional self-determination as a person's faith in the ability to successfully solve professional tasks is a key factor in academic and professional success. Given the special difficulties of students with special educational needs, the role of a teacher-psychologist in support and development becomes especially important for their self-determination.

Keywords: inclusive education, career guidance, self-determination.

Канадада соңғы онжылдықтарда инклюзивті мектептер құруда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Канада жаһандық деңгейде осы бағыттағы ең озық елдердің бірі болып саналады. Алайда прогресс біркелкі болған жоқ және елдің көптеген аймақтары әлі күнге дейін дәстүрлі арнайы білім беру үлгілерін ұстанады, бұл мектептерде интеллектуалды кемістігі бар балаларды кемсітуге және бөлуге әкеледі. [1].

Inclusion Europe инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі және мүмкіндігі шектеулі барлық оқушыларға пайда әкелетінін атап көрсетеді. Еуропалық мүгедектер форумы дайындаған есепте Еуропалық комиссия қызметкерлерді тиісті оқытуды және қолжетімді оқу материалдарын әзірлеуді қамтамасыз ету үшін Еуропалық қаржы құралдарын пайдалана отырып, ЕО елдерін инклюзивті білім беру жүйелерін дамытуда қолдауға шақырады..[1].

Қазақстанда, әлемнің басқа елдеріндегідей, еңбек нарығы қызметкерлердің біліктілік деңгейіне, олардың кәсіби құзыреттері мен ұтқырлығына жоғары талаптар қояды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар өз әлеуетін іске асыру және табысты жұмысқа орналасу үшін осы талаптарға дайын болуы тиіс. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы келесі кезеңдерді қамтитын күрделі және көп қырлы процесс болып табылады: [2].

- Өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін білу. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар өздерінің күшті және әлсіз жақтары, қызығушылықтары мен бейімділіктері туралы барабар түсінікке ие болуы керек.
- Мамандықтар әлемі туралы ақпараттандыру. Білім алушылар әртүрлі кәсіптер, олардың ізденушілерге қойылатын талаптары, жұмысқа орналасу және мансаптық өсу мүмкіндіктері туралы ақпарат алуы тиіс.

- Кәсіби кеңес беру. Білім алушылар Мамандық таңдау туралы шешім қабылдау барысында мамандардың көмегін алуы тиіс [].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін шешу білім беру ұйымдарының, кәсіптік бағдар беру саласының мамандары мен жұмыс берушілердің бірлескен күш-жігерін талап ететін маңызды міндет болып табылады.

Соңғы жылдары Қазақстанда бұл мәселені шешу бойынша шаралар қабылдануда. Атап айтқанда, 2016 жылы инклюзивті білім беруді енгізуді көздейтін "білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы заң шеңберінде білім беру ұйымдарында ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуы үшін жағдайлар жасалады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректеріне сәйкес, 2023 жылы елде ерекше қажеттіліктері бар 126 500 бала оқыды. Оның 102000 - ы жалпы білім беретін мектептерде, ал 24500-і арнайы мекемелерде оқыды. "Ерекше қажеттіліктері бар жастарды кәсіптік бағдарлау" бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2023 жылы ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар үшін 300 кәсіптік бағдарлау іс-шаралары өткізілді. Бұл іс-шараларға 100 000-нан астам адам қатысты [2].

Бағдарлама аясында жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтаудың келесі ерекшеліктері бар:

- Олар өздерінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін білуде қиындықтарға жиі тап болады. Себебі олардың кәсіптер әлемі туралы ақпарат алуға, сондай-ақ кәсіби тестілеу мен кеңес беруден өтуге мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін.
- Олар көбінесе жоғары біліктілік пен физикалық белсенділікті қажет етпейтін мамандықтарды таңдайды. Себебі олардың денсаулығында немесе дамуында шектеулер болуы мүмкін.
- Олар еңбек нарығында кемсітушілікке жиі ұшырайды. Себебі жұмыс берушілер жұмысты жеңе алмаймын деп қорқуы мүмкін.

Осы деректердің негізінде Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау проблемасы өзекті болып қала береді деген қорытынды жасауға болады. Оны шешу үшін инклюзивті білім беруді одан әрі дамыту, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысының жүйесін жетілдіру қажет .

Кәсіби өзін - өзі анықтау-бұл сіздің мүмкіндіктеріңіз бен қабілеттеріңізді білуді, мамандықты таңдауды және оны алу жолдарын, сондай-ақ кәсіби қызметке бейімделуді қамтитын күрделі процесс. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар Студенттер үшін бұл процесс күрделірек болуы мүмкін, өйткені олардың денсаулығында немесе дамуында шектеулер болуы мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей, қоғамға біріктірілген бұзылған балалар оқшауланған балалармен салыстырғанда әлеуметтік және эмоционалды өзара әрекеттесудің жоғары деңгейін көрсетеді. О. Шпек пен О. А. Козырева инклюзивті білім беру ортасының тиімді жұмысына ықпал ететін негізгі факторларды атап көрсетеді, атап айтқанда:

1. Ерекше қажеттіліктері бар бала мен топ арасындағы өзара қарым-қатынастың ортақ өмір, белсенділік және білім арқылы өзара өзгерістер мен жақындасудың маңыздылығы.
2. Инклюзия кеңістіктік-уақыттық контексте ерекше жағдайларды талап етеді, мұнда ерекше қажеттіліктері бар бала қосылады, бұл қоғамдастықтың инклюзия нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілікті қабылдауға дайын екендігін білдіреді.
3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқитын оқу орындары оларды өмірдің әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде құқықтық, білім беру және демалыс салаларына қосу және әлеуметтік интеграциялау үшін жағдай жасауы керек. [3]

Француздың "inclusif" сөзінен шыққан, "қосу" дегенді білдіретін және латынның "қосу" - "орналастыру, қосу" деген сөзінен шыққан инклюзивті білім беру әмбебап білім беру кеңістігін бейімдеу және дамыту процесі болып табылады.

Бұл процесс барлық оқушыларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға білім беру ресурстарына тең қол жетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру оқу философиясын айтарлықтай қайта бағдарлауды талап етеді және ұйымдастырушылық, мазмұнды және технологиялық қайта құруларға әкеп соғады.Мамандандырылған әдебиеттерді зерттеу инклюзивті білім берудің негізгі принциптерін анықтайды:

• Біріншіден, оқушылардың дамуының әртүрлі кезеңдерінде олардың әлеуметтік интеграциясына баса назар аудару.

• Екіншіден, бүкіл білім беру жолында инклюзивті процестің үздіксіздігін қамтамасыз ету.

• Үшіншіден, білім беру процесінің табиғилығы мен табиғилығына ұмтылу.

• Төртіншіден, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және басқалармен өзара әрекеттесуге назар аудару. [4]

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы әртүрлі әдіснамалық тәсілдерді біріктіруді талап ететін көп қырлы процесс болып табылады. Жеке көзқарастың маңыздылығы, әр оқушының жеке және құндылық бағдарларын есепке алу, сондай-ақ кәсіби құзыреттілікті дамыту өзін-өзі табысты анықтаудың негізгі элементтері болып табылады. Бұл зерттеу сонымен қатар осы саладағы қосымша зерттеулердің қажеттілігін, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар студенттердің қажеттіліктеріне бейімделген жаңа білім беру стратегиялары мен кәсіптік бағдарлау бағдарламаларын әзірлеуді анықтайды. Олардың кәсіби өзін-өзі анықтауы және кейіннен жұмысқа орналасуы үшін тиімді жағдайлар жасау білім беру мекемелерінің, кәсіптік бағдар беру саласындағы мамандардың және жұмыс берушілердің бірлескен күш-жігерін, сондай-ақ мемлекеттік саясат деңгейінде белсенді қолдауды талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Burov K. S. Professional'noe samoopredelenie kak nauchnoe ponjatie // Vestnik Juzhno-Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta. Serija: Obrazovanie. Pedagogicheskie nauki. 2017. T. 9, № 4. S. 57–67.
2. A. Magauova http://orcid.org/0000-0002-0667-1011
3. Engelmann, S., & Carnine, D. (1991). Connecting math concepts. Chicago: Science Research Associates.
4. Шакурова М.В. Методика и технологии работы социального педагога. М., 2002.

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ ЖӘНЕ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Муканова Роза Акылбаевна,
PhDдокторы
Ақмола облысы білім басқармасының
«Көкшетау қаласының №1
арнайы мектеп-интернаты»
КММ, мұғалім дефектолог
Аембаева Аяжан Ешимбаевна,
Жалмуханова Жаңылсын Утегеновна
«Өрлеу» БАҰО АҚ Ақмола облысы
бойынша кәсіби даму институтының
педагогика және пәндік әдістер
кафедрасының аға оқытушылары

Аңдатпа:Мақалада қазіргі уақыттағы оқыту үдерісіндегі міндет тыңдаушыларға берілетін ғылыми білімнің теориялық базасының жоғары деңгейде болуын ескере отырып, оқу үрдісінде оқушылардың жан - жақты білім беруде қазіргі заман талабына сай оқытудың жаңа технологияларын еңгізу кеңінен қолдану өз тиімділігін көрсетуде. Жаңа технология қазіргі заманның талаптарына сай жүйеленген, тиімді әдістердің бірі. Жаңа технологияның басты ерекшеліктері ол барлық технологиялардың басын біріктіріп, бір жүйеге келтірілген, жинақталған үлгісі болып табылады.

Аннотация:В статье подчеркивается, что задача в процессе обучения в настоящее время, учитывая высокий уровень теоретической базы научных знаний, предоставляемых учащимся, показывает свою эффективность широкое применение в учебном процессе внедрения новых технологий обучения, отвечающих современным требованиям в всестороннем образовании обучаемых. Новая технология является одним из наиболее эффективных методов, систематизированных в соответствии с современными требованиями.

Annotation: The article emphasizes that the task in the learning process at the present time, given the high level of the theoretical base of scientific knowledge provided to students, shows its effectiveness in the widespread use in the educational process of introducing new teaching technologies that meet modern requirements in the comprehensive education of students. The new technology is one of the most effective methods, systematized in accordance with modern requirements

Түйіндісөздер: инновациялық процесс, тәжірибе, педагогикалық технология, педагогикалық жүйе

Қазіргі заманғы инновациялық процесті зерттеушілер инновациялық тәжірибе – бұл жаңалықты ендіру емес, бұл педагогикалық, шығармашылық, новаторлық және зерттеушілік қызмет нәтижелерінің бірін-бірі толықтыруы деп түсіндіреді.

Қазіргі кезде «педагогикалық технология» ұғымы біздің педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Академик В.П.Беспалько педагогикалық технологияны тәжірибеде іске асыра отырып және педагогикалық жүйені жоба ретінде түсінеді. В.П.Беспальконың педагогикалық технологияға байланысты бастапқы критерийлері:

– барлық оқушыларды оқытып 100 пайыздық кепілдік беріп мақсатына жеткізу, бірақ міндетті түрде дәрежені игеріп алу, жалпы білім беретін стандарт;
– диагностикалық білімге мақсат қою және объективтік білімнің нәтижесін бағалау;
– оқыту процесінің жобасы, оқушының өзіндік қызметі мазмұнды оқып-тануы;

– дидактикалық процестің тұтастығы [1. с.352].

В.П.Беспалько педагогикалық технологияға тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы деп анықтама берді.

Сондықтан да, педагогикалық жүйе, педагогикалық технологияны жасаудың негізі болып табылады. Педагогикалық технология оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылым мен мазмұнын анықтайды. Сонысымен де ол әдістемеден ерекшеленеді, сөйтіп технологияны пайдалану оқушылардың барлығының табысқа жетуіне әкеледі.

Педагогикалық технология – оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық жүйені дамытатын заңдылықтарды, оның құрылымының тұрақтылығының және құрамдас бөлшектерінің үйлесімді әсерін қарастыратын оқыту процесінің ғылыми негізін құра бермейді.

Педагогикалық технология – педагогика ғылымының оқытудың мақсатын, мазмұнын және әдістерін зерттеп, айқындаушы және педагогикалық процесті жобалау бір бөлшегі. Ол – білім стандартында көзделген оқыту нәтижелеріне қол жеткізу жолындағы мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдардың біртұтас қызметін бейнелейтін процесс.

Педагогикалық әдебиеттерде «педагогикалық технология» ұғымы үш деңгейде қолданылады.

Жалпы педагогикалық (жалпы дидактикалық) деңгей. Педагогикалық технология берілген аймақтағы, оқу орнындағы білім беру процесін тұтас сипаттайды. Бұл тұрғыдан педагогикалық жүйемен мағыналас: оған оқытудың мақсаты, мазмұны, құралдары мен әдістерінің жиынтығы, тіпті процестегі субьектілер мен обьектілердің іс-әрекеттерінің алгоритмі кіреді.

Жеке пәндік-әдістемелік деңгей. Бұл жерді педагогикалық технология жеке пән әдістемесі ретінде қолданылады, яғни ол бір пән, бір сынып, бір мұғалім шеңберінде оқыту мен тәрбиелеудің белгілі бір мазмұнын жүзеге асыру үшін қолданылатын әдістер мен құралдардың жиынтығы (оқытудың әдістемесі, орнын толтыра оқытудың әдістемесі, мұғалім, тәрбиеші жұмысының әдістемесі).

Элементтік (бөлімді) модульдік деңгей. Мұнда оқу-тәрбие процесінің жекеленген бөлігінің технологиясы қарастырылады: жеке іс-әрекет түрлерінің технологиясы, ұғымдарды қалыптастыру технологиясы, жеке тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу технологиясы, сабақ технологиясы, жаңа білімді игеру технологиясы, өз бетімен жұмыс технологиясы Г.К.Селевконың [2.123] пікірі бойынша дәстүрлі жүйені жаңарту бағытында технологияны келесі топқа бөлуге болады:

1.Педагогикалық қарым-қатынасты ізгілендіру және демократияландыру негізіндегі педагогикалық технологиялар. Жеке қарым-қатынас басымдылығы, демократиялық басқару және мазмұнын ізгілендіруге бағытталған технологиялар.

Оған: ынтымақтастық педагогика, Ш.А.Амонашвилидің білім беруді ізгілендіру технологиясы кіреді.

2.Оқушылардың іс-әрекетін белсендендіру және қарқындандыру негізіндегі педагогикалық технологиялар. Мысалы: проблемалық оқыту, В.Ф.Шаталовтың тірек сигналдары арқылы оқыту технологиялары.

3.Оқыту процесін тиімді ұйымдастыру және басқару негізіндегі педагогикалық технологиялар (В.В.Фирсов, Н.П.Гузик), даралап оқыту технологиясы (А.С.Границкая, Инге Унт, В.Д.Шадриков, С.Н.Лысенкова) түсіндіре басқарып-оза оқыту, топтың және ұжымның оқыту әдістері (И.Д.Первин, В.К.Дьяченко) компьютерлік және т.б. технологиялар.

4.Оқыту материалдарды дидактикалық қайта құру және әдістемелік жетілдіру негізіндегі педагогикалық технологиялар. П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірлікті ізгілендіру (ДБІ) технологиясы, Б.С.Библердің және С.Ю.Кургановтың «Мәдениеттер диалогі» технологиялары. Л.В.Тарасовтың «Экология және диалектика» жүйесі, М.Б.Воловичтің ақыл-ой іс-әрекетін сатылы қалыптастыру теориясын іске асыру технологиясы.

М.В.Кларин: «педагогикалық технология – бұл педагогиканың мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті» - деп жазды.

Берілген анықтамалардан байқауымызша, технология мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен, оның құрылымымен, құралдары, әдістері және түрлерімен тығыз байланысты. Сол себептен педагогикалық технологияның құрылымына төмендегідей бөліктер кіреді:

а) тұжырымдық негіз;

ә) мазмұндық бөлім: оқудың жалпы және нақты мақсаттары, оқу материалдарының мазмұны;

б) процессуалды бөлім – технологиялық процесс: оқу процесін ұйымдастыру; оқушылардың оқу әрекетінің әдістері мен түрлері; мұғалімнің материалды игеру процесін басқарудағы іс-әрекеті: оқу процесінің диагностикасы.

Педагогикалық қызмет - қоғамдық құбылыс, сондықтан қоғамдық қарым-қатынастардың өзгеруі, жаңа білімнің жинақталуы, өндірістің жетілдірілуі, әлеуметтік-экономикалық прогресс, білім берудегі ізгілендіру, демократияландыру, ақпараттандыру, тұлғаның "Мен" тұжырымының басымдық ұстанымы, яғни тұлғалық-бағдарлық, нәтижелі оқу моделіне көшу педагог даярлығы қызметінің мазмұндық сипатын жаңаша өзгертуді талап етеді, себебі ол қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыруы тиіс. Мектептегі жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы адами болмысының қалыптасуы алдымен мұғалім, оның жеке тұлғасы, кәсіби қызметіне байланысты. Ресейдің көрнекті психологі В.П.Зинченконың мұғалім оқушыны білім кеңістігіне енгізе отырып, оның жеке тұлғасын, оқу әрекетін қалыптастырады, өздігінен білім алып, оны өмірде қолдана білуге үйрететін тұлғаға теңеуі дау туғызбайды [3.156].

Педагогикалық процесс– күрделі жүйе, көп жылдар бойы бұл жүйе мұғалім әрекетімен ғана шектеліп келсе, қазір білім беруші мен білім алушының өзара бірлескен әрекеті деп қарастырылады, яғни "жеке тұлғаның дамуы, білім алуы мен оның тәрбиеге жетелейтін мақсатқа құрылған өзара әрекеті" [3.156].

Оқыту процесі екі жақты процесс болғандықтан, тек мұғалім өзінің ғана іс-әрекетінің дұрыс болуына қанағаттанып қоймай, оқушылардың да танымдық әрекеті мен белсенділігін дамытуға ерекше көңіл аударуға тиіс.

Соңғы жылдары жеке адамды қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген технология түрлерін әр сабақта қолданып, баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыруға, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыруға жаңа технология түрлерімен жұмыс жүргізуге жіті көңіл бөлінуде.

Оқу процесіндегі мұғалім әрекетінің психикалық әрекет және іс-әрекет тұрғысынан алғандағы сипаты, жұмыс әдісі, ұстанымдары оқытудың мақсаты мен мазмұнына қарай әр алуан болып өзгеретіні белгілі. Бұл дамыта оқыту мен дәстүрлі оқытуды салыстырғанда өте айқын білінеді.

Қазіргі заманғы оқу орындарында жаңа технологияларды енгізу, шәкірттердің білім сапасын және мақсаттарын оқыту процесінде Ильинше айтсақ «Әрбір сабақ – жаңалық» болуы шарт дегенді қалайды.

Оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу бұл оқу процесінің пәрмеңділігін арттыруға, сабақ қарқынын жеделдетуде, оқу барысының барлық кезеңдерінде әрбір үйренушінің оқу-танымдық әрекетіне үздіксіз бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Педагогикалық технология саласындағы теориялық және практикалық ізденушілерді бір жерге топтастыру айналасындағы қызмет бағыттарын анықтайды. Бұл жерде ізденудің шеберлігі – педагогикалық тізімді пайда етуші элементтерді үйрену, жаңалаудан тұрады. «Жаңа педагогикалық технология» терминологиялық тіркесіне үңілсек, жер жүзінде когнитивтік, эвристикалық, креативтік деп аталатын негізгі үш педагогикалық технология бар екенін білеміз.

Эвристикалық технология оқушының өзін істетіп, зерттеушілік қаһілетін дамытуға байланысты.

Креативтік технология шығармашылық ойды, ұқыптылықты, қабілеттілікті дамытады.

Когнитивтік технологияда қоғамымызда осы дәуірге дейін жиналған білім атаулының бәрі, оқушыға жетерлік дәрежеде терең үйретіліп, оны оқушы келешек өмірімізде пайдалана алатындай жағдайға әкелу мәселесі назарға алынады.

«Жаңа педагогикалық технология» - әрбір сабақта пайдаланатын, өте қажетті, сол тақырыпты оқушыға жеткізудің, түсіндірудің мұғалім тарапынан ең тиімді тәсілі[6. с.103].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үдерісті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Мұғалім оқыту үдерісін тиімді өткізіп, оқушылардың белсенділігін тудыру үшін сабаққа қойылатын төмендегі талаптарды ескереді:

а) дидактикалық талаптың (сабақтың тақырыбы, мақсаты, мазмұнының бағдарламаға сайлығын игерілетін іскерлік дағдыларының айқындығы, қабылдауға әзірлеу, түсіну, ой елегінен өткізу);

ә) дамытушылық талаптың (дамытушылық мақсатының айқындығы, танымдық қызығушылығының, бастамшылдығын, өздігінен іздену, білімін толықтыру, ой еңбегінің мәдениеті мен іскерлік, дағдысын қалыптастыру, ақыл-ойын дамыту);

б) тәрбиелік талаптың (тәрбиелік мақсатының нақтылығы, білім мазмұны арқылы көзқарасын, эстетикалық сезімі мен адамгершілік қасиеттерін, жүйелі еңбегін қалыптастыру, мамандығына сүйспеншілігін арттыру, т.б.);

в) гигиеналық талаптың (сыныптың тазалығы, желдетілуі, оқу-құралдарының, тақтаның, бордың яғни сабақтың жабдықталуын, жарық мөлшерінің сақталуын, оқушылардың сыртқы көрінісі; көрнекі құралдарға, дәптерге, жазуға қойылатын талаптар) сақталуын ескеру;

г) психологиялық талаптың (білімге ынталандыру), танымдық белсенділігін арттыру, эмоциялық көңіл-күйін тудыру, қабылдау, зейінін (ойлауын қамтамасыз ету) ескерілуі;

ғ) ұйымдастырушылық талаптың ескерілуі. Ол екі кезеңнен тұрады:

І кезеңі: сабаққа алдын ала дайындық. Күнтізбелік жоспар негізгі және қосымша әдебиеттерді, әдістемелік және көркем шығармалар, педагогикалық басылымдармен жұмыс істеу.

ІІ кезең: пән бойынша тақырыптық сабақ жоспарын жасау. Онда сабақтың білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатын, оған сай нақты білім көлемін анықтау, әдіс-тәсілдерін таңдау сабақтың типін, құрылымын белгілеу, сабақ кезеңдерінің логикалық байланысын, өздігінен істейтін жұмыстарды, т.б. ескеру.

Әдістемелік талапқа аталған барлық талаптардың жиынтығы жатады. Мұғалім оқытудың әдіс-тәсілдерін біліп қана қоймай, тиімді пайдаланғанда ғана оқушылардың білімге құштарлығын тудырып, терең түсінігін қамтамасыз етеді. Оқыту әдісін таңдау үлкен шеберлікті керек етеді. Айталық, өткенді қайталау, қорытындылау, жаңамен байланыстыру, жадыда бекітуге арналған жаттығулар мен педагогикалық есептер жүйесін ойластыру, уақытты дұрыс пайдалану, сабақта оқушылардың жұмыс түрлерін тыңдау, талдау, жазу, жаттығу, іздену жұмысын ұйымдастыру, сабақтың темпін, ритмін өзгертіп отыру мұғалімнің шеберлігі мен жұмыс стиліне (педагогикалықептілігі, икемділігі, шамамен сезе білуі, әдептілігі, тапқырлығы, мәдениеттілігі, оқушының жеке басын сыйлауы, талап қоя білуі, жылы қарым – қатынасы) байланысты шешілетін мәселелер.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасып, ескі мазмұнның орнын жаңасы басуда. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру үдерісінің жағдайын, нәтижесін, сондай – ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасуы және даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегә жастарды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әртүрлі көрсеткіштерінің жиынтығы, яғни білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері бойынша анықталады. Сондықтан педагогика

ғылымының ерекшілігі де – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруы болып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Поташник М.М., Моисеев А. М. Управление современной школой (В вопросах и ответах). М.: Новая школа, 1997.

2. Шамова Т. И., Третьяков П. И., Капустин Н. П. Управление образе вательными системами: Учеб. пособие для студ. высш. учеб, заведений / Под ред. Т. И. Шамовой. М.: ВЛАДОС, 2001

3. Махмудов.М. Мектепте проблемалы оқытуды ұйымдастыру. Алматы., 1999

4.Щуркова Н. Е. Педагогическая технология. М., 2002. С. 12.

5.В.М.Монахов. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. Волгоград. 1995.

6. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық.-Алматы: 2014.-360 бет

ОӘЖ 376

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН ОҚУШЫЛАРМЕН ПРАКТИКА БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кужагулова Гулнар Есеновна
п.ғ.к., аға оқытушы
Музыкалық білім кафедрасы
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-і

Аннотация: В представленной статье рассматриваются особенности формирования духовно-нравственных отношений студентов во время практики со школьниками с нарушением зрения. В настоящее время проблема формирования духовно-нравственных отношений детей и подростков очень актуальна. Формирование духовно-нравственных отношений студентов со слабовидящими школьниками в процессе практики - учит будущего специалиста уметь реализовывать свою практику в сфере инклюзивного образования в соответствии с современными требованиями и уметь использовать чудесные секреты мир музыки на уроках музыки.

Abstract: The presented article discusses the features of the formation of spiritual and moral relations of students during practice with schoolchildren with visual impairments. Currently, the problem of forming spiritual and moral relations of children and adolescents is very relevant. Formation of spiritual and moral relationships between students and visually impaired schoolchildren in the process of practice teaches the future specialist to be able to implement his practice in the field of inclusive education in accordance with modern requirements and to be able to use the wonderful secrets of the world of music in music lessons.

Аңдатпа: Ұсынылып отырған мақалада көру қабілеті бұзылған оқушылармен практика барысында студенттердің рухани-адамгершілік қарым-қатынасын қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылған. Қазіргі таңда балалар мен жасөспірімдердің рухани-адамгершілік қарым-қатынасын қалыптастыру мәселесі өте өзекті. Көру қабілеті бұзылған оқушылармен студенттердің рухани-адамгершілік қарым-қатынасын қалыптастыруды практика барысында жүзеге асыру – болашақ маманның инклюзивті білім беру саласындағы іс-тәжірибесін жаңа заман талабына сай жүзеге асыра білуге және музыка әлеміндегі ғажайып сырларды музыка сабағында қолдана білуге үйретеді.

Тірек сөздер: рухани-адамгершілік қарым-қатынас, студенттер, көру қабілеті бұзылған оқушылар, мектеп, жоғары мектеп, практика, музыка сабағы.

Қазіргі білім беру жүйесі жаңартылған реформалар жағдайында екендігі бәрімізге мәлім. Жыл өткен сайын әлемдік деңгейдегі білім беру мазмұны жаңарып, жедел өркендеу үстінде. Пайда болып жатқан жаңа мәселелердің көптігі сонша кейбіреулерін шешу мүмкін еместігі де айқын болып отыр. Солардың ішінен ерекше қажеттіліктері бар баланы оқыту мен тәрбиелеудің дамуы да қарқынды болып келеді. Осы мәселелерді шешу барысында еліміздің өскелең ұрпағын рухани-адамгершілік қатынаста тәрбиелеу мәселесі маңызды. Бұл мәселенің басты себебі – жалпы қоғамның рухани деңгейінің төмендеуі, соның салдарынан идеологиялық бағдарлардың өзгерістерге ұшырауы - зорлық-зомбылық, өзімшілдік және алдаудың көбеюі.

Заман талабы бойынша білім берудің басым бағыты психикалық және физикалық дені сау, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын азамат, патриот және гуманист еңбекқор тұлға тәрбиелеу. Мұндай бағытты жүзеге асыру үшін жоғары сапалы білім беру мекемесі мен ата-ананың және болашақ мамандардың бірлескен жұмысы арқылы қол жеткізуге болады. Ешқандай мемлекет өз халқының рухани-адамгершілік санасынсыз

лайықты деңгейде өмір сүре алмайды. Кез келген қоғамның дамуы мен табысты гүлденуі әрбір жеке адамның азаматтық ұстанымына, оның табысты өмірі мен рухани құндылықтарына, адамгершілік нанымдары мен өмірдегі басымдықтарына байланысты. Рухани-адамгершілік тәрбие өте ауқымды құбылыс, өйткені оның негізі мектепке дейінгі кезеңде қаланады. Кез келген адамның ең алғашқы рухани болмысын қалыптастыру балалық шақтан бастау алады [1].

Дамыған тұлғаның тұрақтылыққа қажеттілігі адамгершілік құндылықтар жүйесі арқылы өзін-өзі жетілдіру мен адамның руханилығы ретінде анықталады. Сондықтан да бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған басты мәселе - көру патологиялары бар балаға ерекше көзқарас пен қарым-қатынастың қажеттілігі. Бізді қоршаған әлемді түсінуде табиғи құбылыстар маңызды рөл атқарады, өйткені, адам ақпаратты шамамен 70% өз көзімен қабылдайды. Сонымен қатар, әлеуметтік құбылыстарды да көру үшін көру аппаратының маңызы зор, баланың көру қабілеті нашарлағанда құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуі қиындай бастайды. Сол себептен де осы мәселелерді шешу үшін мұғаліммен бірлесе істеген жұмыс ата-аналардан да қосымша көмекті талап етеді. Атап айтқанда, көруі нашар балаларға ерекше қарым-қатынас пен рухани мейірімділіктің болуы. Педагогикалық тәжірибе барысында студенттер көруі нашар балалармен жұмыс істеуге белсенділік танытады және қолдарынан келгенше рухани-адамгершілік қарым-қатынас жасауға бейім келеді. Мұндай қызмет түрі студенттерден үлкен рухани-адамгершілікті, сенім мен мейірімділікті қажет етеді және көруі нашар балаларға әлемдегі сұлулықты көрмесе де сезіне білуге рухани күш береді. Студенттерді көруі нашар балалармен жұмыс істеу барысында рухани-адамгершілік қатынасқа тәрбиелеу мәселесі қазіргі қоғамда алдыңғы орында болу керек десек, қателеспеген болар едік. Қазіргі кезде қатыгездік, зорлық-зомбылық және әділетсіздік басым болып бара жатыр. Көшеде көруі нашар балалар кездессе, оларға рухани және әлеуметтік көмек көрсету кез келген адамның қолынан келетін іс.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да көруі нашар және мүлде көрмейтін зағип студенттер білім алуда. Мұндай студенттердің өмірге деген құштарлығы, әр нәрсені білсем деген талпынысы ерекше. Отбасы, мектеп, жоғары оқу орны бірлесіп жұмыс жасаған жағдайда саналы, қоғамдағы ересек өмірге дайын, еңбекке белсене араласатын адам тәрбиелеу жеңілірек болады. Көру қабілеті бұзылған балаға берілетін білім де әдістемелік жағынан өзгеше болады. Бұл тұлғаның адекватты жауап беруінің қажетті шарты өмірлік мәселелер мен белгілі бір арнайы білім беру әдістерінің жүзеге асырылуымен тығыз байланысты. Мектеп мұғалімдері мен жоғары мектеп оқытушылары көруі нашар және мүлде көрмейтін зағип балаларды дамытуға мүмкіндік беретін компенсаторлық процестерді қалыптастырумен қатар баланың психикалық қасиеттерін де негізге алады. Көру қабілеті бұзылған баланы тәрбиелеу мен дамытуда ең маңыздысы әрқашан баламен бірге болу, көмектесу, оның ниетімен санасу, айналасындағы әлемді түсінуде кішкене кездесетін қиындықтарды жеңе білуге көмектесу. Бірақ мектеп мұғалімдері мен жоғары мектеп оқытушылары көруі нашар және мүлде көрмейтін зағип балаларды дамытуға қанша күш салса да отбасының төмендігі, ата-аналар тарапынан қайталанатын сенімсіздік баланың өз кемшілігін мойындап, өмірде өзінің физикалық жағынан әлсіздігін мойындауына әкеледі. Отбасындағы, мектеп пен жоғары мектептегі қарым-қатынастар табиғи жүйеде болуы керек, бала үлкендер тарапынан беріліп жатқан көмекті жаны ашығандықтан емес, табиғи қарым-қатынас ретінде қабылдауы керек.

Педагогикалық тәжірибе барысында студенттерде рухани-адамгершілік тәрбиесінің төмен болуы көру қабілеті нашар балаларда сенімсіздіктің қалыптасуына әкеледі және баланың бүкіл әлемге, ата-анаға, басқа да ересек адамдардың іс-әрекетіне өшпенділігін тудырады. Көру қабілеті нашар балалардың назарын әр адамның өмірінде болатын маңызды адамгершілік пен шынайылық, мейірімділік және ізгі ниетті ғибратты ертегілер мен әңгімелер арқылы сенімділік тудырса, олардың болашаққа деген сенімі, айналасындағы адамдарға деген достық сезімі қалыптаса бастайды. Әр баланың мінез-құлқы мен қабылдау қабілеті әртүрлі. Сондықтан алдымен көру қабілеті бұзылған баланы тәрбиелеу кезінде мүмкін болатын қиындықтарды анықтау қажет. Қарым-қатынас кезінде көру қабілеті нашар балалардың

ақпаратты дұрыс қабылдамауы ересек адамдардың берген мәліметтерінің жеткіліксіз деңгейде жетуіне де байланысты. Көру қабілеті бұзылған бала қоршаған ортадағы өзін қызықтырған ақпаратты көзі көрмесе де өзі көріп отырған деңгейде қабылдаса, баланың қызығушылығы артып, сол өзін қызықтырған әлемге еніп отырғандай күй кешеді. Сыртқы әлеммен дұрыс қарым-қатынас жасау, үлкендерді құрметтеу, өзін әдемі сезіну сезімдері арта түседі. Сапалы әрі жемісті жүргізілген жұмыстар балалардың жағымды қасиеттерін тудырып, өнердің әртүрлі түрлеріне бейімділік пен қызығушылықтарын арттырады, ойлау және сөйлеу мүмкіндіктері мен ұсақ мотрикаңың дамуына септігін тигізеді [2].

Көру қабілеті бұзылған балаларға білім беруде де қажет ақпаратты берудің белгілі бір әдістері мен тәсілдерін, стилін іздеу және қолдану маңызды болып табылады. Ерекше қолдауды қажет ететін баламен байланыс орнату мейірімділікті, көпшіл және жанашыр болуды талап етеді. Жеке тәжірибеден немесе ата-ананың, мұғалімдердің тәжірибесінен басқа, бала жиі тыңдайтын сүйікті кітап кейіпкерлерінің көмегімен де жағымды іс-әрекеттер туралы білім беруге болады. Сапасыз оқылған мәтін көру қабілеті бұзылған балада кемшілік сезімін арттыруға, әлемге сенімсіздік және өз күшіне сене алмаушылық сезіміне әкеледі. Көзі нашар көретін бала да қоғамның ұйымдасқан бір мүшесі, ол да тәрбиелеу мен оқыту ережелеріне бағынуға қабілетті, білім берудің талаптары мен стандарттарына сай өз іс-әрекеттерін дұрыс үйлестіре алуға толық құқылы. Көру қабілеті бұзылған оқушыларды үнемі назарда ұстаған жөн. Көру қабілеті бұзылған бала бойындағы кемшілік оларға айналадағы жағымды көріністерді білуге және еліктеуге толық мүмкіндік бермейді, өйткені олар жақсы көрмейді. Сондай-ақ, көру қабілеті бұзылған оқушылар құрбыларының, ата-аналардың, мұғалімдердің жағымды және жағымсыз эмоцияларын тез қабылдайды, жағымсыз эмоциялар толығымен оларды жек көруге, жиі наразылық тудыруға, қаттылық пен қырсықтыққа әкелсе, жағымды эмоциялар мейірімділік пен сүйіспеншілікке, рухани қарым-қатынасқа жетелейді. Бірақ, кез келген бала дами алады және белгілі бір моральдық ұғымдар мен құндылықтарды бойына сіңіре алады. Тұрақты ұзақ және мақсатты жүргізілген жұмыс ойдағыдай дамып, баланы рухани және адамгершілік қасиеттерге тәрбиелей алады. Баланың адамгершілігі оның дағдылар мен әдеттерді, моральдық нұсқаулар мен ережелерді дұрыс қабылауларына, талаптарды сақтауымен тығыз байланысты. Көру қабілеті бұзылған оқушылармен студенттер практика барысында рухани-адамгершілік пен жағымды мінез-құлық ережелерін неғұрлым сезімталдықпен және сауаттылықпен үйрете алса, соғұрлым жүргізілген жұмыс та өзінің жақсы нәтижесін береді. Практика кезінде студенттердің рухани-адамгершілікке бағытталған өнер түрлерін, ойлау және сөйлеу мүмкіндіктерін, музыка өнерін дамытуға арналған материалдарды позитивті пайдалануы - көру қабілеті бұзылған балаларда бейімділік пен қызығушылықты, қозғалыс дағдыларындағы жылдамдықты арттыруға септігін тигізеді. Қазіргі заманғы мәселелер заманауи технологиялар мен оларды дұрыс қолдану жолдарын талап етеді және мұғалімге белсенді, жауапты, шығармашылық, мақсатты және оң түпкі нәтижеге бағытталған жауапкершілікті жүктейді. Мұның бәрі адамның өзі шығармашыл және қабілетті болса, оның өзін-өзі дамыту мүмкіндігінің жоғары көрсеткішінің дәлелі.

Қазіргі қоғамдағы рухани-адамгершілік тәрбиесі оқушылар мен студенттер үшін білім беру үдерісіндегі ең маңызды бағыт болып табылады. Рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі қызметі - оқушылар мен студенттерде дұрыс рухани құндылықтарды және олардың бойында тұрақты моральдық мінез-құлық, салауатты өмір салтын, белсенді өмірлік ұстанымды, әлсіз адамның іс-әрекетіне және көзқарасына назар аудара білу әдеттерін ортақ парыз сезімі ретінде қалыптастыру. Практика барысында студенттер көру қабілеті бұзылған оқушылармен әртүрлі көркем материалдар мен шығармашылық әдістерді пайдалана отырып, өзін-өзі танумен қатар көп қырлы, шығармашылық, жеке тұлғаның даралығын сезінуді өздеріне басты мақсат етіп қойды. Ол үшін көру қабілеті бұзылған оқушылардың дамуына жағдай жасауда бастамашылдық, тапқырлық, ойлау икемділігін қолдану дағдыларын жүзеге асыру маңызды. Сонымен қатар практика кезінде көру қабілеті бұзылған оқушыларды шығармашылық дағдылар және патриотизмге тәрбиелеу, мәдениет тарихын белсенді білу және халықтардың дәстүрлерін ажырата білу, өз денсаулығына құндылық көзқарасын қалыптастыру, ұжымда

саналы достық орнату, қоршаған ортаға деген құндылық көзқарасы мен сұлулыққа деген сезімнің құндылық қатынасын қалыптастыру, әнді қабылдау арқылы табиғат сұлулығын түсіне білу міндеттері де негізге алынды. Студенттердің мұғалім ретінде өз сабақтарында ойын түрлерін қолдануы, музыкалық жағдаяттарды шешуі, музыкалық-дидактикалық ойындар ойнатуы, шығармашылық ұжымдық жұмыс оқушылардың қызығушылықтарын арттырды. Практика барысында әрқашан есте сақтау, меңгеру, кез келген материалды нақтылау және бекіту баланың рухани-адамгершілік дамуына, оның рухани жан-дүниесін арттыруға елеулі өзгерістер әкелді. Сабақ кезінде музыканы үйретудің дәстүрлі емес тәсілдеріне балалардың қызығушылығын ояту, қоршаған әлем туралы ауызша ақпарат беру, негізінен, рухани-адамгершілік тәрбиесі мектептегі сабақ процесінде ерекше жүзеге асады. Сабақ - бұл жаңа пайдалы білім алу ғана емес, сонымен бірге ол әртүрлі ұжымдық тәжірибелер, әрекеттер және маңызды материалдарды жинақтау мен моральдық қарым-қатынас тәжірибесі. Сыныптағы іс-әрекет барысында балалар жеке, жұптық, топтық жұмыстарды үйренеді және өз пікірін білдіру үшін ойын ашық айта алады. Сабақта балалар қуаныш, толқу және ризалық сезімдерді сезінуге үйренеді, сондай-ақ уақытша болса да көңілсіздіктер мен алғашқы сәтсіздіктері туралы ойлардан арылады.

